

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы, 1 том

АБА – жылқы терісінен, түгін сыртына қарата тігілген, киімнің сыртына киетін, жауын-шашын, суықтан, ызғарлы желден қорғайтын күләпаралы жамылғы. Аба тек ғана жамылғы ғана емес, жатса төсеніш ретінде де қолданылған, кей жағдайда алыс жолдан терлеп келген атты суытқанда сауырына түк жағын қарата жабатын болған. Аба малшы, аңшы, жауынгер үшін де қазақ жерінің экологиялық ерекшеліктеріне орай жасалған әмбебап қызметі бар бұйым. Қазақ тұрмысында абаның жасалу техникасы мен технологиясы белгілі қолөнерші Дәркембай Шоқпарұлының этнографиялық еңбектерінде толық қарастырылған. Шебердің айтуынша, абаны жасау үшін жылқы терісін малмаға салып, жүнін жидітпей, түгін қырмастан жұмсартып илейді. Сәл тобырсытып алған соң, созғылап, әбден жұмсартады. Оған жалғастыра шығарылған күләпара ішке қарай бүгіліп тігіледі. Басқа бөлігін көктеп тікпейді. Пұшпақтары ғана өбістіріледі. Аба жағасыз, жеңсіз болады. Екі бүйірдің шынтақ тұсынан киімнің жеңі сиятындай етіп, ұзындығы бір қарыс мөлшерде қиғаш тілік тілінеді.

Түгі сыртына қаратылып, түктің ығы төмен қарай жығылып жататындықтан су өткізбейді. Аба қажет болмаған кезде шиыршықтап бүктеп, қанжығаға байлап алып жүреді. Аба өткен ғасырлардың өзінде-ақ қолданыстан шығып, ұмыт болған материалдық мәдениет артефактілер бірі болып саналады. Ал, С. Қасимановтың еңбегіндегі қарастырылған өбістірме абаның жергілікті атауы деуге болады.

АБАДАН – қасқырдың топбастары, ең азулы арланы. Қасқырдың еркегін арлан, ұрғашысын шулан дейді. Абадан көбіне арланнан шығады. Абадан тобында арлан, шулан, жас бөрі болады, олардың соңынан еріп ересек бөлтіріктері жүреді. Абадан – солардың ішінде ең азулы, ең күшті, айлакері, жанкештісі. Аңшылық әңгімелерде қасқыр соғушылар ең алдымен бөрінің абаданын соғып алуды көздейді. Өйткені, абаданынан айырылған қасқыр тобы бет-бетімен бытырап, жан-жаққа қашып тоз-тоз болады.

Міне, дала қасқырының абаданымен байланысты этнос санасында қалыптасқан бұл танымы жаугершілікте қол бастайтын ержүрек тұлғаның тұрақты бейнесіне айналған. Ондай тұлғаны «мықты», «жасағын жауға алдырмайтын», «күшті», «айлалы» деп жатпай-ақ объектінің эралуан сипатын жинақтап бір ғана абадан атауына сыйғызып беру халық шығармашылығындағы ерекше тәсілдің бірі.

Байырғы ақын-жыраулар топ бастап жауға шабатын ержүрек тұлғаны абаданға теңеген. Қазтуған жырау (XV ғасыр) толғауында:

Ау бөрілер, бөрілер,
Бөрімін деп жүрерлер.
Һәр бірінің баласы,
Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар.
Абаданынан айрылса,
Олардың һәр біреуі
Һәрбір итке жем болар, –

дейді.

Сонымен қатар абадан атауы Мөңке би, шеркеш Түрке би, тана Нүрке би айтты деген шешендік сөз үлгілерінде де кездеседі. Осылайша табиғат кеңістігіне тән объекті метафоралану жолымен қоғамдық қатынастар субъектісі болған. Сөйтіп, бір семантикалық кеңістіктен екінші бір семантикалық кеңістікке өріс аударуы арқылы абадан атауы әскери-демократиялық қоғамның идеологемасына айналған.

АБАЖА – ағаш тақтайшалардан құрастырылып жасалған, бет жағы әшекейленген қаңылтырмен, немесе былғарымен, кейде киізбен қапталған көлемді, сүйегі ауыр үй жиһазы. Абажаның екі жақ бүйірінде қос құлақшасы, құлып салынатын құрсаулы қақпағы болады. Абажа жүкаяқтың үстіне қойылады. Абажаға көбіне біркиер киімдер, қымбат маталардың кездемесі, басқа да тәуір дейтін бұйымдар салынады.

Дәстүрлі үй тұрмысында абажа тек қана материалдық мәдениеттің артефактісі ғана емес. Сонымен қатар, мәдени семантикалық өрісте абажа ғұрыппен, наным-сеніммен байланысты мәнділіктерге ие объектілердің бірі болып табылады. Жасы үлкен қарт адамдардың үйіндегі абажада иман киіз, ақырет кебін, дәрет құман, жұпар, хош иісті сабын т.б. заттар салынады.

Ә. Диваевтің өз кезінде Перовск уезінің қазағы Шахмұрадовтан жазып алған деректерінде үй жиһазымен байланысты наным-сенімдер бар: абажаны түнде ашпайды, аса қажет болған жағдайда «абажаның ішіне жылан кірді» деген магиялық мәндегі сөз айтылған соң ғана ашуға болады. Бұның себебін біреу өледі деген қауіппен түсіндіреді. Сонымен бірге әйел толғатып, босана алмай қиналып жатқанда үй ішіндегі абажа, кебеже, сандық, жағлан тәрізді заттардың бәрінің қақпағын ашып тастайды [Бұл ырым Жетісу қазақтарында да бар – ред.].

Диваев аталмыш ырымның себебін өмірде мәжбүрлейтін үш түрлі жағдаймен байланысты екенін көрсетеді:

- сандықтағы, абажадағы бір зат аса қажет болғанда;
- көші-қонға;
- жерлеу рәсіміне байланысты.

Әуелде үй жиһаздарымен байланысты тұрмыс-тіршілік жағдайындағы абыр-сабыр, ашық-шашық, осы бір көрініс стереоптитік мағынаға айналып, жоғарыда айтылғандай наным-сенімдердің қалыптасуына ықпал еткен. Сонымен, этностың дәстүрлі дүниетаным мен наным-сенімі, тіршілік циклінде атқарылатын ғұрыптар мен жосын-жоралғы, ырым-тыйымдар жүйесінде абажаның өзіндік орны болғанын айқын байқауға болады.

АБАЖА / АБАЖА ҚАҚПАН – ескілікті аңшылық кәсіпте аю ұстауға арналып, шарбақтан жасалған құрылғы. Аюдың із жолына құрылатын абажа – абақтың аса көлемді түрі. Абақтың бұл түрі көлемі жағынан тым үлкен және үй жиһазы абажаға ұқсас болғандықтан осылай аталған. Байырғы қазақ этнографтарының бірі С.Қасиманов абажа атауының мағынасын «аюға құратын үлкен шарбақ» деп көрсеткен. Аңшылық кәсіпте аюға құратын абажа жас талдан тоқылатынын, төрт бұрышты болып келетінін, бір бүйірінен аң кіретіндей етіп жасалатынын, тиектеліп жіппен байланатын түспелі есігі

болатынын, абажаның (абақтың) түпкі жақ бөлігінде аң қызығатын жемі жататынын сипаттап көрсеткен. Сөйтіп, абажаға кірген аң жемге ауыз сала бергенде тиек ағытылып, есік бекітіліп қалады дейді. Сондай-ақ аюға салатын қақпанды да абажа қақпан деп атайды деген дерек бар.

АБАЙМА / ШЕНТЕМІР – арбаның ағаштан жасалған дөңгелегінің сыртынан айналдыра кигізіліп бекітілген шеңбер түріндегі тұтас темір құрсау. Абайма дөңгелектің ағаш доғасын тозудан сақтайды, әрі күпшек пен кегейге (шабаққа) түсетін салмақты біркелкі бөліп отыратын функция атқарады. Этносаралық байланыстар барысында орыс шеберлері дайындап, қазақтарға көбірек сатылуына байланысты оның абайма деп аталуы да кіріккен сөз ретінде (мысалы, мылтықтың оқшантайы), яғни орысша «обод» атауының қазақша баламасы ретінде қолданысқа енді. Абайманың ішкі жағына ағаштан доғаланып жасалған бірнеше табан қимасын қатарластырып өбістірген соң олардың түйіскен жерінің ішкі жағына білезік тәрізді темір құрсау киіледі де, алдын ала дайындалған тесікке ұшы айыр, қалп шеге кигізіледі. Шегенің шыққан айыр ұшын екі жаққа майырып, ағашқа сіңіре қағып тастайды. Құрсау мен абайма ұзынша шеге тәрізді темірмен осылайша тойтарып бекітіледі. Кейбір өңірлерде күпшекке киілетін абайманың дәстүрлі атауы шентемір.

АБАҚ¹ – балық аулайтын құрылымы күрделі аудың бөлігі. Аудың орта тұсындағы аузы тарлау келген қуыс «қалтасы» әуелде абақ деп аталды. Абақ ішіне кірген балық қайта шыға алмайтын етіп үлкен қап пішінінде жасалады. Суға құрылған аудың қазанына жиналған балықтар аудың қанаттарына соғылып, ошарылып барып абаққа кіреді.

Мұндайда жиналған балықтар арасындағы аққайран, ақ шабақ сияқты момын балықтар қатарласқан жыртқыш балықтардан қорғану үшін өздігінен абаққа қарай енеді. Абаққа кірген балықтардың кері шығуы екіталай.

АБАҚ² – балық аулайтын ау түрі – жылымның екі арасын керіп тұрған ағаш. Ол жылымның арқаны оралмауы үшін байланады. Мұндай абақты Каспий балықшылары кіләш деп атайды.

АБАҚТЫ – қылмысты адамды қамайтын арнаулы орын, түрме. Халық тілінде лабақты деп те аталады. Қылмыстыны қауымнан оқшаулаудың абақты, түрме деген түрлері бұрынғы көшпелілер тұрмысында болмаған, қазақ жеріне орыс отаршылдығымен бірге келген. Ал байырғы қазақ тұрмысында қылмысты, жазалы адамды уақытша қоғамнан оқшаулау қажет болғанда алдымен қылмыскердің әлеуметтік мәртебесінен (статусынан) айыру үшін оның кісе белдігін, баскиімін шешіп, қамшысын және басқа қаруларын алып, қолын артына байлап, тізерлетіп, бетіне күйе жағып, киіз үйдің керегесіне немесе үлкен арбаның доңғалағына таңып тастайды. Қасына күзетші қояды. Сондай-ақ, ел ішінде уақытша оқшаулаудың киіз туырлыққа орап, таңып тастау тәрізді түрлері де болған.

Қылмыстыны қамап, елден оқшаулаудың тағы бір байырғы түрі отырықшы, кентті жерлерде ортамға отырғызу деп аталады. Ел ішінде «Жігіттің жақсысы ортамда сыналады, аттың жақсысы арбада сыналады», – деген мақал бар. Жақын жерлерден терең етіп қазылған, жан-жағы айналдыра кам кірпішпен қоршалған орынды ортам деп атаған. Қылмыскердің аяқ-қолын

байлап ортамға салып қояды. Айыпты адамды қоғамнан оқшаулап ұстайтын арнаулы орын шығыс елдерінде зындан деп аталған.

Абақты деп аталатын қамау орны, айыптыны тек қана оқшаулау ғана емес, онда әртүрлі ұрып-соғу, дүре салу сияқты ауыр жазалар қолданылған. Орыс отаршылдығымен бірге келген абақты, түрме сияқты қамау орнын қазақтар тым тосын көрген. Бұл жайтты жазықсыз жапа шегіп, патша үкіметінің Атбасар, Қарқаралы, Семей, Омбы абақтыларында қамалған Арқадағы арқалы әнші, композитор Мәди Бәпиұлының (1880-1921):

Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жақсы-жаман толады екен,
Ішіне сол шіркіннің кіріп барсаң,
Көңілің су сепкендей болады екен, –
деген өлеңінен байқауға болады.

АБАҚТЫ КЕСУ – айыптыға белгіленетін жазаның бір түрі. Жазаның бұл түрі дәстүрлі әдеттік құқықтың кіші жинақтары деп аталатын ережелерде көрсетілген. Билердің төтенше съездері заңдастырылған ереже бойынша айыпкердің айыбын дәстүрлі жаза түрлерімен өтеуге жағдайы болмаса немесе айыпкер оны өтеуге құлықты болмаса да бас тартуға ерік берілгендіктен, өз ықтияры бойынша абақтыға отырғызған. Мысалы, егер біреу әке-шешесін ренжітсе әке-шешесінің қалауымен 1885 жылғы Қарамола ережесіне сәйкес қазақ ғұрпы жосынымен жаза тағайындалады. Егер молданы немесе басқа да құрметті кісілерді ренжітсе ат-шапан айып немесе тіпті атан бастатқан тоғызға дейін айып төледі. Сондай-ақ, біреуді қол жұмсағаны үшін айыпкерге бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып салынған; егер айыпкер кесілген айыпты алмаймын десе, айыпкер белгілі бір мерзімге (мысалы, бір айға) абақтыға отырғызылады. Ал ұрыс, төбелес шығарғандар билердің үкімімен ат-шапаннан бастап, үш тоғызға дейін сұраушының пайдасына айып төлейді. Бірақ, ұрыс-төбелесті бастаушы өзге серіктерінен гөрі айыпты артығырақ төлейтін болған. Бұзықтық шығарған адамдар болыстың шешімімен (приговор) немесе ереже бойынша билердің ұйғарымымен ақшалай болмаса абақтыға отырғызуға жазаланды.

АБДЫРА / ӘБДІРЕ – кебеженің үлкен түріне жататын, құрылымы ерекше үй жиһазы. Халықтық ортада абдыра бағалы заттарды киім-кешектерді сақтауға пайдаланылатын. Абдыраның ұзына бойы ортасынан жалпақ тақтаймен бөлінеді. Оның үстіңгі бөлігі тегіс қақпақпен жабылып, қақпағы үстіге қаратыла ашылады. Алдыңғы бетінің ортасында құлып салуға арналған тетік баспа, баспа темір, айдаршық, кекіл деп аталатын шығыршық орнатылады. Астыңғы бөлігінде бірнеше қобдишалары, яғни суырмалары болады. Мұндай суырмалар бет жағына (алдына) және екі жақ бүйіріне (жанына) де орнатылады. Абдыраның беті ою-өрнекпен, сүйекпен, әлеуметтік жағдайға байланысты күміс шытыралармен әшекейленген.

Абдыраның өзіне тән тағы бір ерекшелігі төрт аяғы. Аяғы сұрықсыздау болып көрініп тұрмау үшін, алдыңғы бетіндегі екі аяғының арасын сүргіленген тақтайдан, мүйізден жасалған бөлікті желімдеп жабыстыру арқылы әшекейлеген. Абдыраның бетімен екі бүйірін оймыштап, түрлі өрнек,

бедер салып әшекейлейді. Үлкен Абдыраның ұзындығы шамамен бір құлаш, ені мен биіктігі жарты құлаш шамасында болған.

Жергілікті тілдік ерекшеліктерге байланысты абдыраны әбдіре деп атау үрдісі қалыптасқан. Сондай-ақ, халық арасында кеңінен қолданылған абдыраға ұқсас қымбат-бағалы заттарды, асыл бұйымдарды сақтауға арналған үлкен сандықтың тағы бір түрі абажа деп аталған. Бірақ, оның абдырадан айырмашылығы беті дөңестеу болып келген.

АБЫЗ – ертеде дәстүрлі ортада елдің тәу ету жосын-жоралғыларына басшылық жасайтын, әрі жаугершілік жағдайында санкция іспеттес «жол болсын» бата да беретін, жорамал, болжау да жасайтын және ежелден орныққан әлеуметтік тәртіптің ілкімді нормалары мен принциптерін жетік меңгерген беделді тұлға. Абыздың ел басқару жүйесіндегі және тіршілік цикліне байланысты сан алуан салттар, ғұрыптар, наным-сенімдер, жосын-жоралғыларды атқару саласындағы айырықша рөлі оны қоғамның барлық саласындағы аса беделді әлеуметтік тұлға етті. Сондай-ақ, абыз әскери жорықтарда ұрыс барысына әсер ету, оған құдіретті күш дарыту және қарсы жақтың күшін әлсіретуге бағытталған арнайы магиялық шараларды атқарды. Деректерге қарағанда, абыз жеке-дара әлеуметтік-діни категория ретінде ерте орта ғасырда қалыптасқан сияқты. Алайда, қазақы ортада абыздың функциясына ұқсас міндеттерді бақсы, жырау, жауырыншы, жадашы атқара беретін болған. Фольклоршы Е.Тұрсынов байырғы әскери болжаушы-абыз қызметін кейіннен жырау типі алмастырған дейді. Қазақтағы абыздың қызметі аса күрделі синкретті сипатта болды. Бұл жайлы Абайдың төмендегі сипаттамасы да дәлелдейді: «Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде бұлар мұсылман болдық депті. Сөйтсе де, бұрыннан бақсы-балгерлерге иланып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламды тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісісі болса, оны «абыз» дейді екен. Ол абыз демек, әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен».

Ежелгі бақсы-жыраулардың бір тобы абыз деп аталған дейді академик Ә.Х.Марғұлан (Нысан абыз, Құрманбай абыз, Сабырбай абыз, тағы басқалар). Абыздың ерекшелігі ескі заманның хаттарын, жазылған сөздерін тани білген, тасқа, ағашқа, теріге түсірген жазуларын оқи білген. Далада тасқа түсірген жазулар кездесе, ол жердің қазақтары оны пәлен абызға көрсет деп отыратын болған.

Қазақта «киіз кітап» дейтін ұғым толығымен абыз аттарымен байланысты. «Абыздар бір жерде отырмайды, ылғи тау-тасты аралап, тасқа жазу түсіріп, ескі жазуларды оқып жүреді, жирен атқа мініп ел қыдырып, қобыз тартып, сарын айтып, сәуегейлік құрып жүретін болған. Қазақ абыздарының бір ерекшелігі олар сахарада әр заманда үстем болған салт-сананы біріктіріп (тәңірі, будда діні, мани), олардың аралас (синкретті) түрін қолданған», – деп жазды Ә. Марғұлан. Бұрынғы-соңғы абыздардың негізгі қызметі – ханның, қолбасшының төңірегінде болып сәуегейлік, болжаушылық жасау.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинаған дерегінде әйгілі Наурызбай төреге Иман абыз айтты дейтін төмендегідей жыр жолдары қалған:

Арқаны жүзі сары орыс алар,
Қудалап қара топырақ қоныс алар.
Сары қазы, сары қымыз, нан орнына,
Картоп жеп қатын бала бір қуанар.
Бұзау-торпақ, тайыншаға,
Жүк артылар деп еді.
Қарап тұрған жігітке,
Қыз артылар деп еді.
Көкек айы болғанда,
Кемпір күйлер деп еді.
Егіншінің қатыны,
Байын билер деп еді.
«Тоған басы мұрап» – деп,
Арық шығар деп еді.
Сол арықтың ішінен,
Ыңғайы жоқ жаманның,
Пышағы мен шақпағы,
Қалып шығар деп еді.
Бес қойға алған өгізді,
Тегін дерсің деп еді.
Жалаңаяқ сарттарды,
«Бегім!» дерсің деп еді.

Ал, Ш. Құдайбердіұлының бертінгі Нысан абызды төмендегідей суреттеуі қазақы ортадағы абыз әлеуметтік-рухани болмысы мен рөлін дәл бере алғандығымен ерекшеленеді:

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын дәулескер бақсының өзі нағыз.
Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз.

М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Нысан абыз қобыз тартатын әулие, көріпкел ретінде сипатталады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының суреттеуіндегі сол кезеңдегі абыздың образы өзінің дәлдігімен ерекшеленеді: «Біздің бала күнімізде Иманқұл молда осы сөзді сөйлеп отырушы еді: «Оспанқұл әшдүрден сексен төрт бала оқыған едік. Ол кісіден сабақ алғанның бәрі абыз атанды», – деуші еді. Өтеміс абыз, Елен абыз, Мәстек абыз, Керей-Жанай абыз, Керейіт-Шонай абыз, Ақкөл абыз. Ол күндегі абыздарды айта берсе, ұшы-қиыры жоқ. Сонда қожаның оқытатұғын оқуы, абыздардың бар үйренген сабағы бес Құран, намаз сабағы. Абыз атанғанның мәнісі бес Құранды жатқа біліп, бес намазды артынан әдет қылып оқығандығы».

Қазақ даласына ислам дінінің орнығуына байланысты халық арасында Құран Кәрімді жатқа білетін және бақсылықтың ұшқыны бар сәуегей, көріпкел, білгір адамды да абыз деп атаған. М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің

тарихы» деген әйгілі еңбегінде абыз сөзінің арғы тегі «хафиз» деген араб сөзінен енгенін, бұл ұғымның бақсылық құлдырағанда пайда болған синкретті түсінік екенін атап өткен. «Кей уақытта мұсылманшылық пен ескіліктің бітім қылған да жері бар. Ел әуелгі кезде мұсылманшылықты ұстаса да, мұсылманның молдасынан өзінің бақсысын артық көрген. Бақсыда үлкен қуат болып, елдің ықыласын өзіне тартып, билеп отырған. Сондықтан кей жерлерде бақсыға мұсылман әулиелерінің сипатын алып келіп, жамағаны бар. Мысалы, ескі замандарда абыз дегендер болған. Абыз деген сөз арапша «хапыз» деп шығады. Ізгі, әулие деген сөз. Бақсы өзі әулие орнында күтулі болады. Мінеки, бұл ескілік пен жаңаның жасаған бітімі», – деген еді М. Әуезов. Расында да, қазақтағы абыз ұғымы арабтың «хафиз» деген сөзінің түрленген нұсқасы. Хафиз (арабша حافظ – Нафез, көпше түрі حفاظ – Ноффаз), ал, парсы тілінде сақтаушы, еске жаттау қабілеті жоғары жан, өлең мен Құран Кәрімді жатқа айтушы деген мағынаны білдіреді. Ондай білімпаз адамдар Құранды жатқа айтып, даңққа бөленген.

АБЫЛАЙ АСПАС САРЫ БЕЛ [АСУ] – Абылай аспайтын асу, баспайтын бел, алмайтын қамал, жеңбейтін жау жоқ дегеннің «кері» мағынадағы метафоралық баламасы. Яғни оның қазақтың даңқты жеңімпаз ханы болғандығын білдіретін аллегориялық формула іспеттес ұғым. Фольклорлық дәстүрде хан Абылайдың жорықтарда талай тайғақ асудан төте жол тапқан асау өзеннен көпір салғызып ауыр қол өткізіп, жауды ту сыртынан тұтқиылдан соғып жеңіске жеткені айтылады. Сонда, «Абылай аспас сары бел» (немесе «Абылай аспас асу») адам баласының құдіреті де, әлеуеті де, мүмкіншілігі де жетпейтін тіршіліктегі нелер бір қиыншылықтың ең жоғарғы шегі бар екендігін айғақтайтын метафора болып шығады.

Прецеденттік формула-фразеологизмге айналған ұғымды Абылай ханның қырғыздармен соғысқан жері – Қарабалта, Соқылыққа қарсы Сарыбел деп аталатын асумен байланыстырылады. Хан Абылай қырғыздарға жорық барысында Сарыбелді аса алмауының себептерін ауызша деректерде салқын күз түсіп, асудың мұзды болуымен түсіндірген екен. Ал, Мәшһүр Жүсіп Абылай ханның Сарыбелді ала алмауының себебін қазақ-қырғыз өзара бітім жасасып, қазақ ханы қырғыздан аманат алып, Қарабалта, Соқылықтан аспаймын деп уәде беруімен байланыстырады. Хан Абылай қырғыздан аманат алып, Тілеуберді Жамансартұлы бастаған екінші қырғыз елшілігімен қырғыз-қазақ шекарасы бойынша келісімге келуі «Абылай аспас сарыбел» тарихын аша түседі.

Кейін екі халық арасындағы болған тарихи оқиғалар қазақ ханының бітімге келуін «аса алмадым» деген ұғымға балағандығын айғақтайды. Бітімге келу дегеннің бір мәні даудың шешілуі дегенді білдіретіні түсінікті, – деп топшылайды зерттеуші А.Ш.Махаева. Яғни «Абылай аспас сарыбел» ұғымы келістім деген мағынада қолданылып, осынау айтулы оқиға халық жадында парема-прецеденттік нұсқада сақталып қалды. Орайы келген соң айта кету керек, Абылайдың «Бекболаттан аса алмадым» деген атышулы сөзі де өзара келісім арқылы еларалық дауды шештім деген мағынаны білдірсе керек.

Аталмыш ұғымға қатысты аңыздың басқаша нұсқасы бар. «Абылай хан қалмаққа жорыққа аттанып бара жатып, жолда Қаз дауысты Қазыбек бидің елінде бір ұлы жиынға кез болады. Сол аста Шаншар деген елдің қалжыңбас жас жігіттері: «Анау тұрған ханның басындағы бөркін қағып түсіргенде не қылар екен?» десіпті жезде деп ойнағанға меңзеп. Сонда Қаз дауысты Қазыбектің інісі, «мөр таңдайлы Балапан» арт жағынан барып, ханның артында тұрып, аңдаусызда шыбықпен басындағы бөркін қағып түсіреді. Алайда хан ештеңе демейді. «Жерге түскен бөрікті қайтып алып киюге жарамайды, жерде қала берсін» деп, бөрікті жерден алдырмайды. Сөйтіп, бөрік жерде қала береді, хан да үнсіз кете береді. Біраз уақыт өткен соң Қызылжарда жәрмеңке болады. Сол жәрмеңкеге базарлап барғандардың ішінен Төртуылдан Ботақанды, Қаракесектен Жанайды Абылайдың адамдары байлап алып қалады. Абылай хан Ботақанды тірілей көрге салдырып, үйіне келгенде ханымы «Ойбай, Орта жүзбен жауласпаңыз, шығара көріңіз», – дейді. Абылай ханымының сөзіне тоқтап, бір кісіні жіберіп, Ботақанға «көрден шықсын!» – дейді. Бірақ Ботақан, «үйге кірген құр шықпайды, көрге кірген тірі шықпайды» – деп, сіресіп жатып алыпты. Сонда Абылайдың өзі келіп, Ботақанды иінінен тартып, «шық» – дегенде, Ботақан өзінен-өзі долданып, жарылып өлген екен. «Абылай Ботақанды өлтіріпті, Жанайды байлап алып қалыпты!» – деп естіп, ел-жұрт намыстанады, Бес Мейрам болып аттанып, Абылайды шаппақшы болады. Ол кезде Бекболаттың алпыс бестегі күні екен, ал Едігенің жиырма бестегі күні екен. Екеуі жаздың шығуын күтпей, қыс ішінде атқа мінеді. Жаңабатыр биге кісі жібереді. Сонда Жаңабатыр: «Мен қартайдым, өмір бойы отырған жұртыма өрт салып, көшкенім жарамайды! Мен бармаймын, сен бар!» – деп, баласы Жаңақты жібереді. Бекболат пен Едігеге сәлем де! «Ханын жаулаған қара оңбайды! Абылаймен ұрыс, соғыс қылмасын, бітім сөйлесіп, жарассын» – деген екен. Сонда Бекболат пен Едігеге еріп келген Көтеш ақын Абылайға былай деген екен:

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер, жазығы жоқ, неге өлтірдің?!
Хан басың қарашаңмен даулы болып,
Үстіне ақ орданның қол келтірдің!
Абылай, күйіп кетті салған қалаң,
Мейрамға не дейсің жапқан жалаң!
Жанайды дәл бүгін босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң!

Бекболат пен Едіге осы сөзге тоқталып, екі жақ бітімге келісіпті. Хан баяғы хан, қарашы бұрынғы қарашы болып, масайрап қайтысыпты. Сол оқиғадан кейін осы оқиға өткен жер «Абылай аспаған сары бел» деп аталып кеткен екен» (Мәшһүр Жүсіп Көпей).

АБЫЛАЙДЫҢ АСЫНДА ШАППАҒАНДА, АТАҢНЫҢ БАСЫНДА ШАБАСЫҢ БА! Абылай ханның қамкөңіл ел билеуші, шебер қолбасы, жаужүрек батыр, асқан дипломат ретінде, әсіресе, өз елінің арасында орасан зор беделге ие болғаны белгілі. Ханның есімі көзі тірісінде-ақ отан

сүйгіштік пен даналықтың, ерлік пен мәрттіктің символына айналды, сан алуан жыр жолдары мен аңыздардың басты кейіпкері болды. 1781 жылы Қызылжар өңірі Қараой деген жерде Абылай ханның аруағына бағышталып өткізілген дүбірлі ас беру халықаралық деңгейге көтерілді. Оған орыс, қырғыз, қытай, қалмақ, қарақалпақ сияқты көрші жұрттардың игі жақсылары қатысты. Осынау ұлы жиын қазақ елінің бар ғұмырын халқының тәуелсіздігі жолына жұмсаған өзінің кемеңгер де, жаужүрек оғланына деген риясыз құрметінің ерекше символы болды. Ас беру барысында Уәлидің ақ киізге көтеріліп хан сайлануы ұлы ханның беделінің өз елінің арасында ғана емес, халықаралық деңгейде де ерекше болғандығын айғақтайды. Деректерге қарағанда, ат жалын тартып мінген әрбір қазақ баласы Абылай ханның аруағына бағыштап ас беруге қатысуды өзіне парыз санаған. Ас беру үрдісінің апогейі – бәйгеге ат қосу ұлы ханның аруағына тәу етудің ең үлкен белгісі болды. Абылай ханға деген бүкіл халықтық риясыз сүйіспеншіліктің және мәрттіктің символына айналған «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба!», – деген әйгілі тәмсіл сөз осыдан қалған.

АБЫЛАЙ ЖОЛЫ / ХАН ЖОЛЫ / АБЫЛАЙДЫҢ ҚАРА ЖОЛЫ – Талас және Шу бойын Бетпақдала арқылы Сарыарқамен жалғап жатқан байырғы күре жолдың атауы. Батпақдала оазисіне жүргізілген тарихи-топографиялық зерттеулер нәтижесінде ертеде бұл өңірде бірнеше магистралды жолдардың түйіскенін, оңтүстіктен солтүстік бағытқа қарай жол өткені айғақталған. Ертедегі жолдың байырғы халықтың қолданысында болғанын, жол бекеттерін жалғап жатқан, кейін тастап кеткен құдықтар, бейіттер мен оның басына қойылған құтпытастар (ертеде жолда қайтыс болған адамды, ағайын-туғандарының ұйғарымына қарай жолда жерлеген, басына белгі қойған) да айғақтайды.

Жолдың байырғы аты белгісіз. Шығыстанушы В.В.Бартольд араб және парсы деректеріне сүйене отырып: «Ислам дінін қабылдаған оңтүстік өңірден солтүстік шығысқа қарай екі жол даланы кесіп өтеді. Бір жол – Сырдарияның төменгі жағалауларынан басталса, екінші жол – Талас өңірінен бастау алады. Бұл екі жол да Ертістің солтүстігіндегі қимақ даласына апарады, қимақтардан аң терілерін тұзға айырбастап отырған. Сырдарияны кесіп өтетін керуен жолының Ферғана шекарасынан бастап қимақтар мекеніне дейінгі қашықтығы 30 күн», – деген. Ерте және ортағасырлардағы «Ұлы Жібек жолының» бір сүрлеуінің осы жолға сәйкес келетінін ескерсек, бұл жолмен ертеде Талас пен Шу аймағын Ертіс өңірімен, Батыс Сібір аймақтарымен жалғастырып жатқан сауда керуендері жүрген деуге болады. Түркістан өлкесінен шыққан керуен жолы Ұлытауға келіп түйіскеннен кейін бірнеше тармаққа бөлініп, тарайтын болған. Соның бірі – Қараөткел арқылы өткен. Қараөткел өңірі – «Хан жолының» күре тамыры болған.

Кейін бұл жолды Талас және Шу бойын мекен еткен қазақтары Бетпақдала арқылы жаз жайлауға көшуге қолданған. Байырғы керуен жолдары жаугершілікте жорық жолдары, көш жолдары ретінде қызмет еткені белгілі, дегенмен де керуен жолдары толығымен көш жолын қамтыған жоқ.

Көшпелілер мал қамы үшін керуен жолдарынан шығып кетіп жайылымы мол жерлерге қарай түсіп отырған.

Қыстаудан жайлауға қарай бағыт алған көш жолдары жайында бірнеше карама-қайшылықты пікір бар. Мысалы, әскери-шығыстанушы Г.С.Загряжский өзінің «Очерки Перовского уезда» атты мақаласында: «көш жолдары керуен жолдарымен байланысты емес, көшпелі қазақтар білетін, өз алдына бөлек жол», – дей отырып, көш жолдарын қалыптастыруда немесе таңдауда малдың қамымен байланысты болғандығын айтады. Авторлардың негізгі дені, керуен жолдары кейін көш жолдары ретінде қызмет еткен, – дейді. Ал, В.В. Бартольдтың Сырдария және Талас өзендерін кесіп өтетін керуен жолдарына қатысты дерегіне сүйене отырып, Ә.Марғұлан: «Қазақстанның Оңтүстігі мен шөлейтінің арасындағы Бетпақдаланы көшпелі шаруаның кесіп өтуі өте қиын. Көшпелі шаруа одан өткенде жазғұтұрым қар суының мол кезінде немесе күзгі бірінші ақша қар түскен кезде ғана өтетін. Осы тәрізді жаз шыға шөлейтке (Орталық Қазақстанға) барып қысқа қарсы Оңтүстікке көшіп келіп, мал шаруасын күшейтудің нәтижесінде, Бетпақдаланың бойынан бірнеше көш-керуен жолы түседі», – деп көш жолдарымен керуен жолдарын бірге қарастырған.

В.В. Бартольд көрсетіп отырған бірінші жол Перовск уезінің шығыс аңғарында Сырдария өзенін кесіп өтіп солтүстікпен оңтүстікті жалғап жатса, ал екіншісі тарихта «Хан жолы» деген атпен белгілі. Екінші жол «Хан жолы» атауын, Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарын басын қосу мақсатында осы жолмен «Абылай хан» жүріп өткеннен кейін алған. Бұл жолдың тарихи стратегиялық маңызы жағынан Қазақ хандығы құрылғаннан кейін өркендеп, Абылай дәуірі мен Ресей патшалығының тұсында ең негізгі стратегиялық күре жолға айналған.

Хан жолының бір бөлігі кейін Сырдың орта ағысы бойындағы тайпалардың, бір бөлігі Шу тайпалырының көшу жолын қамтамасыз еткен.

Абылай жолының жүру бағыты төмендегідей: Арқа өңірі – Мамай көлі – Итемген көлі – Моншақты таулары – Ертіс өзені – Ақмола – Майбалық көлі – Нұра өзені – Құлан өлмес – Алқалық таулары – Ескеней таулары – Сары су өзені – Манақ өзені – Ақтас – Егінбұлақ құдығы – Төлеген құдығы – Дубашы сор – Бұлан таулары – Қатын су құдығы – Бөртке тіккен құдығы – Ажар құдығы – Тасжарған құдығы – Байғара таулары – Бетпақдала – Құрманның құмдары – Шу өзені – Талас өзені – Хантау. Тарихи дерек бойынша осы Хантауға Абылай хан 1753 жылы келген. Бірақ «Хантау» атауы «Хан жолы» атымен байланысты емес. Шу-Іле тауларының Хантау сілемдерінің атауы Қазақ хандығының негізін қалаған қалаған Керей мен Жәнібек Шу өзенінің төменгі ағысы бойындағы осы жерде қыстап, осы жерде Керейді халық ақ киізге салып хан көтеруімен байланысты. Хантауы қыстауында 2-3 тастақтың Хан тағы деп аталуы да, осы жерді Керейдің «Хан ордасы» етуімен байланысты. Аңыз бойынша Керей хан осы Хантау етегінде жерленген.

Бұл жолдардың оңтүстік өлкедегі тайпалардың Ертіс бойын, Батыс Сібір аймағымен байланыстырып, сол өңірдегі жергілікті тайпалармен қарым-қатынасын күшейтуде маңызы өте зор болды. Хан жолына Ақмола уезі мен

Қарқара уезі шекарасынан Шу өңірінен бастау алатын Шағайлы жолы түйісіп, одан әрі бір жолды құраған.

Кейін бұл жолдың бір бөлігі Шу бойындағы тайпалардың Арқаға қарай жайлауға көшу жолын қамтамасыз етіп, XX ғасырдың бас кезіне дейін қолданыста болған. Нақты айтқанда, Шу, Талас бойын мекен еткен Ұлы Жүз тайпалары жайлауға алысқа көшпеген, олар Қаратау етегіндегі шұрайлы жерлерге қарай көтерілген. Ал, Шу, Талас бойындағы Кіші жүздің тама руы «Хан жолының» бір бөлігі арқылы «Жетіқоңыр жолына» түсіп, Арқадағы Жетіқоңыр жайлауына барған. Зерттеулер бойынша, XVIII ғасырда Батыс Сібірді (Ертіс) Оңтүстік және Орта Азия қалаларымен сауда қатынасын дамытуда маңызды роль атқарған «Қарқара жолының» бір бөлігі осы Хан жолымен түйіскен.

Ә.Марғұлан, қазақ жерінің оңтүстік өңірінен Бетпақдала арқылы өтетін «Хан жолы», «Қарқаралы жолы», «Уанас жолы», «Жетіқоңыр жолы», «Сарысу жолы» сияқты керуен жолдарын атай отырып, бұлардың бәріде бұрын Оңтүстік өлкелермен Орталық Қазақстанды, Ертіс бойын, Күнбатыс Сібірді байланыстырып, олардың арасында сауда қарым-қатынасын күшейтуде зор маңызы болған жолдар, сондай жолдың бірі Сырдария өлкесінен Торғай бойына, Оңтүстік Оралға дейін созылып жататын, – деген. Бұл жолдардың оңтүстік өлкедегі тайпаларды Ертіс бойы, Батыс Сібір аймағы тайпаларымен байланыстырып, қарым-қатынасын күшейтуде маңызы өте зор болды.

АБЫЛАЙША / АБЫЛАЙҚОС / АБЫЛАЙДЫҢ ҚАРА ҚОСЫ – жорықта жүрген кезде, көштің ұзақ жолында дамылдауға қолайлы жеңіл қос түрі. Мұндай оңай тігілетін қос түрін көбінесе жолаушы, жорықшы және малшы-бақташылар пайдаланған. Негізі былайша қазақтың дәстүрлі, барынша жетілдірілген, тез тігіліп, тез жығылатын, жеңіл тұрғын жайы болып саналатын киіз үйдің сүйегі мен жабын киіздерінен құрастырылған – ақ қос, жабасалма, жаппа, жоламай, жолма үй, жолым үй, жорық үй, жұлым үй, итарқа, күрке, қос, қоспа сияқты уақытша тұрақтауға арналған баспаналарының қатарына жатады.

Абылайшаның айырмашылығы – уық орнына иілмеген түзу сырықтар пайдаланылады. Сырықтар ұзын болғандықтан, еңсесі биік, шаңырақ тоғынының шеңбері мен көлемі де үлкен болып келеді. Абылайшаны тіккенде кереге қолданылмайды, уықтардың орнына түзу сырықтар пайдаланылады, оның жуантық жағын жерге қадап, қаламдарын шаңыраққа шаншиды, ал киіз жабыны түндік пен үзіктен құралады, есігі киіз есікпен жабылады. Абылайша шаңырағының тағы бір ерекшелігі – уық өткізілетін тоғынындағы қаламдық тесігі тым қиғаш келеді. Уықтың (сырықтың) жерге қадалатын басы түзу, иінделмеген (қарын), әрі жуантық келеді, ал сүйір басында ұшталған төртқырлы қаламы болады.

Этнограф Х. Арғынбаев: «Абылайша қосы 30-35 уық, шеңбері (1 м) шағын шаңырақтан ғана тұрады деген. Ал уықтың ұзындығы – 3 м, төменгі, жерге қадалатын басы жуан келеді (шамамен 5 см), көбінесе жеңіл болуы үшін қарағай мен шырша ағаштарынан жасалады. Киіз жабыны екі үзік пен түндіктен ғана тұрады», – деген.

Тарихшы Ө. Жәнібеков Абылайшаның екі түрін сипаттайды. Біріншісі – керегесіз, шаңырағы түзу, иінсіз (қарынсыз) сырықтармен көтерілген болса, екіншісі: «...жорық кезінде баспана етуге ыңғайластырылған абылайшаның тағы бір нұскасы қысқа уықтар қадалатын кішкене шаңырағы бар, үш қанатты киіз үй түрінде болған...» және жолым үйді – «...жолама үй (жол үй) немесе абылайша шағын, үш-төрт керегеден, кішкене шаңырақтан тұратын киіз үйдің көшпелі түрі болады...», – деп көрсеткен.

Алайда, алғашында Абылайша қосты тіккенде киіз үйдің шаңырағы мен уықтарын, ал киіз жабуларынан үзік, түндік және киіз есігін қолданған көрінеді. Ұлт қолөнерін зерттеуші С. Қасиманов өз еңбегінде осы жайлы «... Жорықта, не үдере көшкенде уықпен шаңырақтан тіге салып, үзікпен жабады...», – деген. Мұндай, салмағы жеңіл, әрі тігілуі мен жығылуы тез қос түрі Абылай хан тұсындағы жаугершілікпен байланысты тұрмысқа енген баспананың қайта жаңғыртылған түрі «Абылай қос», «Абылайдың қара қосы» кейіннен «Абылайша» деп аталған көрінеді. Жорық кезінде осындай қосты сардарлар мен әскер басылары уақытша баспана ретінде қолданған деседі. Айтар болсақ, жиһангер, әлде кез келген жолаушы мұндай баспананың қарасын көргенде, үйдің иесі болсын-болмасын, «иткірмес» ергенегін ашып кіріп, кебежедегі азықтан дәм тату немесе дамылдап алу қазақы ортада ежелден бері қалыптасқан дәстүр.

Мұндай кезде «Абылай тіккен қара қос, Абылайдың қосын аттамайық» – деп міндетті түрде бұрылып ат басын тіреп, сәлем беріп ас-суынан ауыз тиген соң өзінің қоржынындағы жол азығынан сыбаға қалдыру салты да болған.

Ал, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Абылайша қосы сияқты баспаналар біртіндеп ұмытыла бастағанымен, мал шаруашылығының экстенсивті түрімен шұғылданатын қазақтар арасында ішінара сақталды. Осы ретте, белгілі халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің қазақ этносының тұрмыс-тіршілігін бейнелеген бірқатар туындыларынан Абылайша қосы сынды құрылғының ұшырасатынын алға тартуға болады және бұл маңызды дәйек көзі болып табылады.

АБЫРОЙ – ар-ұят, адалдық, әділдік, адамгершілік тәрізді адами қасиеттердің жиынтық атауы. Ар алдында биік, адалдықтан аттамаған, әділдіктен таймаған тұлға абыройы жағынан өзгелерге үлгі-өнеге болып, айналасына оң әсерін тигізеді. Сондықтан зерттеушілер абыройды моральдық-этикалық категория деп таниды. Сондай-ақ, абырой, бір есептен, жеке адамның ғана емес, әлеуметтік-психикалық ортаның да рухани тазалығы іспетті деуге болады.

Этностың мәдени-тілдік кеңістігінде ар-ұят, бедел, атақ-даңқ т.б. ұғымдар мағына-мазмұн жағынан семантикалық бір өріске кіреді. Ар-ұят адам бойында ата-баба жолына негізделген тәлім-тәрбие жолымен қалыптаса келіп, абырой категориясының тұрақты бір компонентіне айналған. Абырой, ар-ұят дерексіз ұғымдар санатына жатады. Алайда көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайтын бұндай дерексіз ұғымдар, сигнификаттар халықтық дәстүрде заттанып, абырой «беттің суы» (аб «су», рой «бет», «жүз»), ұят «беттің қызылы» делінеді. Қатты ұялған адамның беті қызаруын ұяты бетіне шықты дейді.

Сөйтіп, абырой да, ұят та бет, жүз соматизмімен байланысты болып келеді. Бірақ мәдени-тілдік кеңістікте бұл атаулар семантикалық жақтан бір өріске жатқанымен, бірі екіншісінің өтеуіне жүре бермейді. Мысалы, абыройы бетіне шықты демейді, ұяты бетіне шықты дейді.

Мәдени-тілдік кеңістікте семантикалық жақтан абырой мен бедел атаулары бір өрісте болғанмен, бедел атауы абыройдың өтеуі бола алмайды. Дәстүрлі ортада өз ісінің жауапкершілігін сезінген адам қиын сәтте «Иә Алла, абырой бере гөр!» деп тілейді, «беделінді бере гөр» демейді. Сонымен бірге беделде «күш» болады. Оны бет беделі дейді. Белгілі бір істі қолға аларда, дегенін өзгелерге өткізу үшін абырой иесі бет беделін салады. Сонымен бірге, әдеп-иба, жауапкершілік тәрізді ұғымдар адам абыройын бекіте түсетін қасиеттердің бірінен саналады.

Абырой категориясының құрылымына енетін ұғымдардың этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаевтың пайымдауынша, мазмұны бір-бірімен изоморфтық қатынаста болады. Мысалы, осы категорияның мазмұн құрылымындағы адалдық, мәрттік, ерлік, ізгілік, шыншылдық тәрізді ұғымдардың әрқайсысы «шегі» мен «шегарасы» бар дербес сипатта болып келеді. Этностың мәдени-тілдік кеңістігіндегі абырой категориясына қатысты ұғымдардың изоморфтық сипатын схема түрінде былай көрсетуге болады: ар-ұят, намыс, әділдік, мәрттік, ізгілік, адалдық, ерлік, шыншылдық.

Жайшылықта байқала бермейтін абырой көбіне сын сағатта көрінеді. Адамның бірте-бірте жинаған абыройын құрайтын компоненттердің бірі (схемада көрсетілген) сынға түседі. Бұндайда «абыройыңнан айыра көрме!» деп, субъект тәуекелге бел байлайды. Қиындық көріп қасірет шегетінін сезсе де, ар-ұятын, намысын жоғары қояды, «бас кессе де тіл кеспек жоқ», – деп шыншылдық қалпынан аумайды; немесе төніп тұрған қатерге басын тігіп ерекше ерлік көрсетеді; мал-мүлкін аямай, аш-жалаңаш елді аштықтан аман алып қалып, мәрттік жасайды. Абырой, осылайша, ерекше жағдайда ақиқатқа айналады. Сын сағаттан сүрінбей өткен тұлғаны айналасы, ел-жұрты абыройлы азамат атандырып әлеуметтік баға береді. Ал субъект ешуақытта өзіне-өзі баға бермейді.

Сондай-ақ, халық түсінігінде абырой қасықтап жиналады. Қоғам мүшесі айналасына тигізер пайдалы, өнегелі, жақсы ісімен абырой жинайды. Жақсы атақ-даңқымен абыройын асқақтата түседі. Халық жадында Абылай хан Сабалақ атанып жүрген шағында жауға жалғыз шапқан жүректілігімен ерліктің символына айналса, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер қара қылды қақ жарған турашылдығымен әділдіктің символы іспетті болды. Ал Ахмет Байтұрсынұлын зиялы қауым кезінде халықтың ар-ұжданы деп атады. Бауыржан Момышұлы; Желтоқсан қаһарманы Қ. Рысқұлбеков халықтық ортада намысты ердің символы деп танылды. Халықтық дәстүрдегі аңыз-әпсаналарда Атымтай жомарттықтың, ал Наушаруан әділдіктің көркем бейнесі ретінде қазақ қоғамында үлгі-өнегеге айналған. Осылайша абырой категориясының мазмұндық құрылымына енетін едәуір ұғымдар дәстүрлі қазақ мәдениетінде символдық мағынаға, көркем бейнеге ие болған.

Қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетінде қыз абыройына да ерекше мән берген, яғни қазақ қызы өзінің болашақ жарына пәктігімен қосылған. Ал қосылғанға дейін абыройынан айырылған қыз ағайын-туыстары, ауыл-аймағы үшін бетке шіркеу болған.

АБЫРОЙ-АТАҚ – ел-жұртқа тигізген пайдалы, өнегелі іс-әрекетіне, сіңірген еңбегіне орай жеке тұлғаның ие болған қоғамдық беделі. Бұның ең қарапайым алғы шарты – қазақ ұғымында жақсы атану, жаман аттан аулақ жүріп, ел мақтаған атаққа ие болу. Дәстүрлі ортада қалыптасқан үрдіс бойынша жөн-жосықты, қалыпты нормаларды ұстана отырып, қысылтаяң қиындықта, қиын-қыстау шақта қажыр-қайратымен, ақыл-парасатымен ел мүддесіне аянбай қызмет етіп, ерекше еңбек сіңірген тұлға абырой-атаққа бөленіп, әлеуметтік бағаға ие болады. Сөйтіп, ел жадында сақталған, абырой-атаққа бөленген небір тұлғалардың аты аңызға айналып, халық дәстүрінде атқарған ісі ұрпақтан ұрпаққа өнеге болып тарайды.

АБЫСЫН – қазақы ортадағы ағайынды адамдар әйелдерінің бір-біріне жақындық қатынасын білдіретін туыстық атау. Абысындардың өз арасында қалыптасқан этикалық нормалары бар: абысынның кішісі өзінен жасы мен жолы үлкен абысын оның күйеуін, яғни қайынағасын сыйлағандай құрметтеп, ізет пен ілтипат көрсететін әдептілік дәстүрлі қазақ қоғамында стереотипке айналған. Абысындардың өзара сыйластығы, жақындығы, қайсібір жайтты ақылдасып, кеңесіп шешіп отыруға, сондай-ақ, ауыл-аймақтың бірлігіне ұйытқы іспетті болған. Олар бір-бірінің өкпе-назын, әзіл-қалжыңын кек тұтпайды. Сондай-ақ, ертеде жайлау, қыстауда бір-бірімен қанаттас, қоңсы-көршілес болып қоныстанған қазақ ауылдары, әлбетте, туыстық принцип бойынша жүйеленген шаруашылықты жүргізу барысында тек экономикалық мүдделестік қана емес, туыстық қатынастар да белгілі дәрежеде рөл атқарған деуге болады.

Абысындар тату болса ағайындардың да ауызбірлігі, ауыл, рудың да берекесі туыстық қарым-қатынасы нығая түседі. Дәстүрлі ортада отбасылық, рулық, туыстық қарым-қатынас нормаларының ішінде, әсіресе ағайынды, туыс, аталас адамдар әйелдерінің тату-тәтті болуына ерекше мән беріліп, қадағаланып отырылуы іргелі мәнге ие болған. Демек бір ата деңгейінде, арысы жеті атаға дейінгі ұрпақаралық қатынасты реттеуде абысындар сыйластығының өзіндік рөлі ерекше болған. Бір атаның арасындағы татулық-бірлікке байланысты жайттарды, сонымен қатар күрмеуі қиын мәселелерді шешуде абысындар мәмілегер, бітістіруші орнында жүрген. Олар қайсібір қиындықтарды оңды, оңтайлы шешілуіне мұрындық бола білген. Осыған байланысты «Абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп» деген мақал қауым бірлігінің арқауында абысындар міндетінің ерекше екендігін меңзейді. Демек, абысындар этномәдени тағылымда сыйластық, татулық, бірлік, ынтымақтың белгісі саналған.

АБЫСЫН ШАЙ – ауылдың үлкен кісілері мен ерлері басқа ауылға қонаққа кетіп, не әртүлі себеппен ауылда болмаған кезде ауыл-үйдегі әйелдердің бірігіп шай ішуі. Абысын шайға бірге туған абысындар ғана емес, бір ауылда тұрып жатқан келіншектер жиналған. Күнделікті тұрмыс-

тіршіліктің тығыздығына байланысты қазақы ортада әйелдердің қолы көп босай бермеген. Сондықтан мұндай мүмкіндік болған кезде, қолы жұмыстан сәл босаған келіншектер бір үйге жиналып, өзара сырласып шай ішкен. Абысын шайға көбінесе сыйлас абысындар жиналған. Ол әдетте күндізгі уақытта өткен.

Кейде жергілікті ерекшеліктерге байланысты абысын асы деп атау үрдісі де қалыптасқан. Абысын шайдың қынамендеден өзгешелігі – ол алдын ала жоспарланып, арнайы ұйымдастырылмайды және сауық құрып, өлең айтып, ұзақ көңіл көтеруге уақыттың қысқалығы мұрсат бермейді.

АҒА – бірге туған, ағайынды, туысқан, аталас, рулас ер адамдардың әке (патролиния) жағынан жасы үлкені. Ана жағынан (матрилиния) туысса, бұл атауға нағашы сөзі қосылып, нағашы аға деп айтылады. Аға ұғымы жалпылама мәнде жұмсалғанмен, оны айтушы «эго» бірге туған аға, туысқан аға, аталас аға, рулас аға дегендерді ретімен қандық жағынан алыс-жақындығына қарай ажыратады. Сондай-ақ дәстүрлі ортада туыстық байланысы болмаса да өзінен жасы үлкен ер адамның барлығын аға тұту моральдық-этикалық нормалардың қатарынан орын алған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында елеулі орын алатын аға мен іні сыйластығы – этностың қорғаныс механизмінің қалыпты, әрі ырғақты қызмет атқаруын қамтамасыз ететін әдеп нормалары және моральдық құндылықтар қатарында ағаның жөні де, жолы да үлкен деп есептеледі. Қазақ тәрбиесінде інінің қашан да өзінен жасы үлкен ағасын сыйлап, ақылын тыңдап, әдепті ілтипатты, ізетті болуы талап етіледі. Ағасы болса інісіне көмектесіп, қамқорлық көрсетіп жүреді. Ағалы-інілі адамдардың арасындағы қатынастың мұндай әлеуметтік ерекше мәні Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар; Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без, аға тұрып, іні сөйлегеннен без; Ағаға қарап іні өсер, апаға қарап сіңілі өсер; ағаның үйі ақжайлау; Жеңім жаман болса да, жағам жақсы, өзім жаман болсам да, ағам жақсы; Көп ақымақтың ағасы болғанша, бір ақылдының інісі бол; Өз ағасын ағалай алмаған кісі ағасын жағалай алмайды т.б. мақал-мәтелдерден де аңғарылады. Бұл мақалдар туысқандар арасындағы өнегелі қарым-қатынасты, үлкенді-кішілі адамдардың өзара сыйластығы, қайырымдылық пен адалдығының нормалары тәрізді. Аға – жасы кішілер үшін айбар, қорған, сүйеніш әрі мақтаныш. Қазақта өзінен үлкен деп сыйлап, құрметтеуге байланысты аға тұтты деп айту қалыптасқан. Әдеп (этикет) бойынша өзінің туған ағасына немесе ағасымен тұстас, жақсы көретін адамын құрметтеу мәнінде ағай, ағажан, ағажай, ағатай сияқты атауыш қаратпалар қолданылады. Сондай-ақ, және ағаны тәте деп те атайтын жергілікті ерекшеліктер ұшырасады.

АҒА СҰЛТАН – қазақ даласында хандық билік жойылғаннан кейін Ресей патшалығының отарлау саясатының жаңа қарқын алып, күшеюіне байланысты саяси-әкімшілік жүйесіне өзгеріс, жаңартулар енгізу мақсатында 1822 жылы қабылдаған «Сібір қырғыздары туралы жарғысы» негізінде құрған әкімшілік-аймақтық округті басқарушы лауазымының бірі. Алғашында аға сұлтан қазақ жеріндегі Орта жүз аумағында құрылған сегіз жаңа әкімшілік бірлік болып саналған дуанды басқаратын алқалы басқару органы – дуанбасының (орысша

«окружные приказы») құрамына енді. Дуанбасына аға сұлтан төрағалық етсе, оған қосымша дуанбасына арнайы тағайындалған екі орыс заседателі және сайланған екі қазақ енді.

Аға сұлтанның маңайында негізгі өзекті мәселені қарастырғанда сонда қоныстанған казактар отрядының командирі де қатыса алды. Бастапқыда аға сұлтандар міндетті түрде Жошы ұрпақтарынан, яғни сұлтандардан тағайындалса, патша үкіметі жасалған жаңа ережелердің негізінде қараша халықтың арасындағы айырықша беделді тұлғалардың аға сұлтандыққа сайлануына рұқсат берді. Аға сұлтан округтерді формальды түрде басқарды. Оларды болыс басқарушылары үш жылға сайлап отырды. Аға сұлтанның жергілікті жерде біріншіден Патшалықтың билігінің ықпалын арттыру, елден алым-салық жинату, ел ішінде ағартушылықтың таралуын қамтамасыз ету, шаруашылықтың дамуына септігін тигізу, ұрлық пен барымташылықты жоюға, сауда керуендерінің қауіпсіздігін сақтауға, біреуге қиянат істегендер болса өзінің қызмет дәрежесін пайдалана отырып, оларға іс қозғап, тергеу жүргізуіне, егерде далада толқу бола қалған жағдайда шағын әскери жасақ ұйымдастырып, оны басуға (бірақ та тек полицияның өкілеттігімен) талап етілді. Дегенмен, бұйрық шешімдерін қарастыруда алқалық тәртіп патша әкімшілігіне кең мүмкіндік берді, бұл жағдай аға сұлтан билігін шектеді. Аға сұлтан қызмет бабында майор шеніне (VIII кластық шен) ие болды және жергілікті биліктің басына тағайындалған шенеунікке жатқызылды. Ақсүйектен шыққан аға сұлтандарға үш жылдан кейін Ресей армиясының майоры шені берілсе, үздіксіз он жылдық қызметі үшін дворян атағына ие болды. Қарадан шыққан аға сұлтандар болса кіші офицерлік хорунжий шенімен ғана шектелді. Аға сұлтандар Ресей үкіметі тарапынан еңбекақы алып жұмыс істеді. Ол жұмыстан мүлдем шыққан жағдайда немесе шұғыл басқа қызметке ауыстырылса да құрметті сұлтандардың қатарында қалды.

I-ші Николай патшаның 1854 жылы қабылдаған жаңа реформасына сәйкес округтер таратылды. Соған байланысты аға сұлтандық лауазымы да жойылды.

АҒА ҰРПАҚ [БУЫН] – ер адамдар қауымында жас айырмашылығына қарай бөлінетін генерациялық буынның белгілі бір тобы. Қазақ ұғымында салыстырмалы түрде алғанда бір-бірінен 20-25 жас айырмасы бар ер адамдар өзінен кейінгілерге аға буын (ұрпақ) болып саналады. Алайда қазақы ортада орта жастан асқан соң деп айтылады, яғни аға ұрпақтың қоғамдағы орны нақтылана түседі. Осыған сәйкес аға буынның өзіне тән әлеуметтік міндеттері арта түседі. Бұл кезде көрген-түйгені молайып, тәжірибесі толығып, өмірдің мәніне тереңірек үңіледі, ұрпақ болашағының баянды болуына қажетті шараларды берік ұстана отырып, оны жіті қадағалайды. Қоғамдағы рөлі мен міндеті артқан сайын аға буынның ұрпақ өзінен кейінгілерге үлгі-өнеге көрсетіп, өздерінің қадірін біліп, жастардың орынды істерін, оң пікірлерін қолдап-қуаттап, қателерін түзетіп, ақыл-кеңес беріп, жөн сілтейді. Кейінгі ұрпақ аға буынның озық өнегесін сақтап, одан ғибрат алып, өз өмір тәжірибесінде ілгері дамытып, өз кезегінде кейінгі буынға жеткізіп отыруға ерекше мән береді. Абайдың «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер»

деген өлең жолдары аға ұрпақ пен жас ұрпақтың арасындағы мәдени сабақтастықтың этнос өміріндегі маңызын аңғартады. Сонымен, аға ұрпақ ұғымы дәстүрлі рулық-туыстық қатынастар жүйесінде үйлестіруші және реттеуші сияқты аса маңызды институционалдық функция атқарды.

АҒАЙЫН БОЛУ, АҒАЙЫНДАСУ – туыстасу, жақындасу, бауырласу. Қандық жағынан туыстығы болмаса да, бір-біріне өте жақын адамдардай араласып, туысқан адамдарша «торқалы той мен топырақты өлімде» ауыртпалықты бірге көтерісетін жандар. Әлбетте, дәстүрлі ортада ондай адамдардың өмір сүретін кеңістігі, шаруашылық қарекеті ортақ немесе жақын, селбестік пен жәрдемдесуді талап ететін жүйе болғандықтан бір-біріне «тәуелді» тіршілік еткен. Көбінесе шаруашылық қарекетінде селбесіп, көмектеседі, бір-біріне сеніммен, сыйластықпен қарайласады. Ағайын болудың арнайы қалыптасқан жора-жосыны жоқ. Осыған ұқсас салт тамыр болысу ер адамдар арасында ғана және мекені шалғай жандар арасында болады және бұл қарым-қатынас түрінде ер азаматтар ғана емес әйелдер, бала-шағалары да ағайын тәрізді болып кеткен отбасымен етене жақын араласады, қатынас нормаларын бекем ұстанады.

АҒАЙЫНДЫЛАР – бір ата-анадан немесе ағалы-інілілерден тараған туыстығы жақын адамдар. Туысқандықты білдіретін және туыстық қарым-қатынас нормаларын реттейтін бұл ұғымның көшпелі шаруашылық-мәдени қатынастарында атқаратын өзіндік «қызметі» бар. Олар жасына қарай бір-біріне аға-іні, әпке-сіңлі болып есептеледі. Соның айғағындай әкесінің аға-інілерін «үлкен әкем немесе кіші әкем» деп атау қалыптасқан. Этикет бойынша дастарқан басында отырғанда ағайындылардың жасы үлкені жоғары, кішілері төменірек отырады. Ағайындылардың балалары азамат жасына жеткендері олжа, сыбаға бөліссе, онда жол жасы кіші болса да аға баласына тиеді. Мұны қазақ жолы үлкен (әкесі үлкен) дейді. Айталық, этикеттік бұл норма бұзыла қалса, ағайындар арасында реніш туғызады.

Іні-қарындастар, ағаларымен коммуникативтік қатынас кезінде олардың (ағаларының) есіміне құрметтеу нышаны мен аға сөзін қосып айту қазақ дәстүрінде этикеттік нормаға айналған: Ахмет аға, Мұрат аға, Темірбек аға т.б.

Ал ағалары жақсы көру, ерекелету, жақын тарту нышанымен іні-қарындастарының есімін Серікжан, Нұржантай, Данажан, Алматай деп түрлендіріп айтады. Бұндай тілдік тәсілдер арқылы, бейтарап реңктегі атаулар «жақын тарту», «жақсы көру» сияқты бедерлі реңкке көшеді. Осы тәрізді қаратпа атауыштар туыстық қарым-қатынаста реттеуіштік қызмет (функция) атқарады.

Егер ағайындылардың біреуінің әке-шешесінің біреуі балалары есейген кезде дүние салса, онда ағайындары оған жан-жақты жәрдем етуге міндеттейді. Жыласуға туысқан жақсы, сыйласуға жат жақсы; Ағайынды жігіттің кере қарыс жалы бар, жалғыз басты жігіттің шығар-шықпас жаны бар, – деген мақал-мәтелдер ағайындылардың татулықта, бірлікте болу керектігін меңзейді. Ағайын-туыс адамдар, дәстүрлі ортада «ауылы аралас, қойы қоралас», бір-біріне жақын ауылдас, қоңсылас болып тіршілік кешкен.

АҒАЙЫН-АНЖЫ – құрамында жат тұқым ұшырасатын ағайындастық деген ұғымды білдіретін туыстық термин. Байырғы қазақ қоғамының құрамында құлдар әлеуметтік жіктің ең төменгі санатында болған. Ш. Уәлихановтың «қазақтар құлдардың соғыста қолға түскенін олжаласқан құл немесе жесір деп, ал сатып алған я болмаса өзге жолмен келген құлды жетім деп атаған» деген дерегіне сүйене отырып, академик Р.Сыздық жесір – «тұтқын» және «тұтқынға түскен» деген мағынадағы арабтың есир деген сөзінің қазақшаланған тұлғасы» деп көрсеткен. Сонымен бірге «Қыз Жібек» жырында кездесетін:

Сексен нарды толтырып, жасау артып

Бас жетім, алтын отау берді, дейді –

деген жолдарда кездесетін жетімді ғалым «ұзатылған қыздың жасауына қосып беретін құл» деп айтатынына тоқталған.

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» авторларының бірі Н. Асқаров «Ілгеріде қазақ халқында ұзатқан қызға қызметшілер қосып ілестіріп жіберген. Олар да анжы аталған. Анжылар барған еліне сіңіп, жақындасып кеткен. Ағайын-анжы деген сөз осыны меңзейді» дейді. Бұл жерде автордың “ұзатқан қызға қызметшілер қосып жібереді” деп отырғаны жетім болса керек. Қазақтар арасында қыз жасауына қосып берген жетімді (құлды) үйлендіріп жіберетін және үш атадан кейін басына азаттық беретін кездерде болған. «Батыр болдың бұлдық жоқ, үш атадан кейін құлдық жоқ» деген мәтелден де осы жайтты аңғаруға болады. Әуелде жетім болып келгендер ендігі жерде олай аталмай, «барған еліне сіңіп, жақындасып кеткен» соң анжы, ағайын-анжы деген туыстық терминмен аталған. Моңғол тілінде анз (anjі) Б. Базылханның көрсетуінше, «айып-анжы», «айып-қиып» мағынасында қолданылған.

АҒАЙЫН-ЖҰРТТЫ АРАЛАУ / АҒАЙЫН-ЖҰРТПЕН ҚОШТАСУ – қазақы ортаның қатынас нормаларынан туындаған ғұрып түрі. Ол – алыс сапарға аттанарда, басқа жаққа қоныс аударар алдында, ал ұзатылатын қыз ұзату тойы болмас бұрын өз ағайын-туғандарын, туысқандарын аралау, ағайынның шаңырағына бас сұғып, дидарласу, «от жаққан жерінен» дәм тату ғұрпы. Ертеде ата-анасы ұзатылар қыздың жанына бірнеше қыз, бір-екі жеңге, ат бағатын бір жігітті қосып, ағайын-туыспен қоштасуға жіберетін болған.

Олар бір-бірін өсиет, үлгі-өнегелі ғибраттарын айтысып, өкпе-реніштері болса кешірісіп, «көзіндей» көріп жүретін бағалы жеке дүниелері мен өз қолынан жасаған сәнді әдемі бұйымын ескерткіш ретінде алмасады. Бұл ғұрып көшпелі қазақы ортада ағайынның арасындағы бірлікті ұйыстыратын, қауымның берекесі мен ынтымағын арттыратын қатынас қағидасы ретінде қалыптасты.

АҒАЙЫН-ТУЫС – бір ауыл, қауым болып, шаруашылық қарекеттерін бірлесе жүргізетін, бір-біріне қолдау жасайтын, қандастық жағынан жақын туыс, аталас адамдар немесе солардан өрбіген ұрпақтар. Мұны «сыйласқанға жат жақсы, жылысқанға ағайын артық» деген парема да айғақтайды. Қазақта екі туыстық байланыс бар: бірі «бірге күліп, бірге жыласатын» тіршіліктегі қуаныш пен қайғыны бірге көтерісетін әке жағынан туыстық, екіншісі материалдық қарым-қатынаспен байланысқан құдалар мен тамырлар деп

бөледі А.М.Балаубаева-Голяховская еңбегінде. Ағайын-туыстар қиын сәтте бір-біріне қол ұшын береді, сондай-ақ, жиын-тойларды, торқалы той, топырақты өлімді өткізуді бірге ұйымдастырады, ауыртпалығын бірге көтеріседі. Ағайын бір өліде, бір тіріде деген қағида осыны меңзейді. Әсіресе, адамның тіршілік циклына қатысты ғұрыптар мен салттардың атқарылуында бірлік пен ынтамақтастықтың орны ерекше. Туысы бірдің уысы бір, бөлінгенді бөрі жейді деп, арадағы ұсақ-түйек дау-шар, өкпе-назды елемеуді ескертеді. Қандастық жақындықты сезінуде ел бірлігін, қоғам тұтастығын сақтауда ағайын-туыстық ұғымының орны айрықша болған. Ағайын-туыстар жеті атаға дейін туыстықты үзбейді және қыз алыспайды. Қазақы ортадағы бұл қағиданың генетикалық жағынан алғанда дұрыстығы анықталып отыр. Жеті атаға толғаннан кейін ру ақсақалдары жиылып, жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық деп боз бие шалып, баталасып, бәтуаласып қыз алысып, қыз беруге рұқсат етеді.

АҒАЛАП ШЫҒУ [КЕЛУ] – ұлттық спорт түрлерінен өтетін жарыстарда ойыншының айқын басымдылықпен жеңіске жетуі, қарсыласын жығуы, озық шығуы, бас бәйгеге (жүлдеге) ие болуы. Омбының циркінде өнер көрсеткен Қажымұқанның жұлдызды кезеңін «Омбы циркінде ағалап келген алыптың бірі» деп сипаттаған. Шетелдегі қазақтар арасында той, жарыстарда балуан күресі, сайыстарда бас жүлдеге ие болғандар жігіттерді «ағалаған балуан (жігіт)» атап, оған үлкен сый, құрмет көрсетеді. М.Әуезов «Абай жолы» романында тоғызқұмалақшылардың өзара сайысын сипаттаған тұста үш-төрт ойыншының ағалап шыққанын (озғанын) айтады. Ағалау сөзі туыстық қатынасты білдірмейді. Мысалы: алдын ағалау; алдына шығу, озу. Жақсы киімдерін киіп шықса, бұл кісі көптің алдын ағалайды. Мұнда алға шығу, ерекшелену деген мағынада қолданылып тұр. Ағалау сөзі көбінесе жарыс, сайыста озып шыққандарға көрсететін құрметтің бір түрі ретінде қолданылады.

АҒАРТҚЫ – күмісті тазалауда қолданылатын қоспаның атауы. Дәстүрлі қазақы ортаның зергерлері ашудағы суға араластыру арқылы ағартқы деп аталатын қоспаны дайындаған. Оны көп жағдайда күміс бұйымдарды тазалауда қолданған. Айталық, қарайған, ескірген, өңі кеткен күміс бұйымдарды аталмыш қоспаға салып белгілі бір уақыт аралығында қайнатқан. Ағартқыда қайнаған бұйымды алған соң, дымқыл киіздің бетіндегі күлге ауық-ауық ысқылығында бұйым тазарып, жалтырап бұрынғы қалпына келетін болған.

АҒАШ – тамыры терең, діні сүректі, бұтақтары жапырақ жайып, биік болып өсетін өсімдік. Ағаш адамдардың күнкөріс қарекеті мен рухани өмірінде ерекше орын алатын табиғат нысандарының бірі.

Ағаштың тұрмыс пен шаруашылық өмірде алатын орны. Ертеде дәстүрлі ортада ағаштың тұрмыс пен шаруашылыққа жарамдылығына қарай отындық ағаш және кәделік ағаш деп екі топқа бөлген. Ал, ағаштардың өсу, даму сатысына байланысты да екі түрге бөледі: жас ағаш және тіршілік циклы аяқталуы жақын кәрі ағаш. Балғын жас ағашты кесуге қазақтар «көктей соласың» деп тыйым салады. Сондықтан жас, толық өсіп жетілмеген ағашты

кажетіне қарай ғана кеседі. Өсіп жетілген ағашты шірімей, құрт жемей тұрып қажетке жаратады. Кәрі қуарған ағашты жығып, шауып отынға пайдаланған.

Кез келген ағаш сүрегіндегі шеңберлердің саны оның жасының бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Ағаштың таудың теріскей беткейіне өскен ағаш діңінің көлеңке (солтүстік) жағындағысын «ұрғашы ағаш» атайды. Ондай ағаштардың бұтағы жоқ, жылдық сақиналары жиі, шайыры аз болғандықтан «шешен», яғни акустикалық сипаты, яғни дыбыс өткізгіштік қасиеті жоғары болады дейді шеберлер. Саз аспаптарының құлағын ырғай, тобылғы т.б. қатты ағаштардан әзірлейді. Ағаш шеберлері тәжірибе жүзінде кез келген ағаштың түп жағы берік болады деп санайды.

Ағаштан бұйым жасағанда қазақ шеберлері әр ағашқа тән ерекшеліктері, атап айтсақ ағаштың қаттылығы, салмағы, тығыздығы, иілгіштігі, серпімділігі, түсі, тұтқырлығы, жарылғыштығы, шайырлығы, дыбыс өткізгіштігі т.б. қасиеттерін басты назарда ұстайды. Сүрегі біркелкі ақ түсті, қатты ағаш қайыңнан үй ағашын, жиһаз, ер, ал оның безінен ыдыс, түрлі ұсақ бұйымдар жасайды. Ол күнге қаңсымайды, ыстық-суыққа төзімді болады. Қайыңның тозын ыдыс, құты жасауға, саз аспаптарын әсемдеуге пайдаланады. Өте қатты, тығыз, берік ағаш емен сүрегінің түсі сарғыш қоңыр болып келеді. Тез жарылғыш келетіндіктен баппен кептірмесе, өзегін қуалай шытынап, жарылып кетеді. Еменнен жасалған саз аспабы уақыт өте табиғи өрнектері ашылып, жалтырай түседі. Сүрегі ақ түсті, жұмсақ ағаш терек бабымен кепсе жарылмайды, кепкен сайын киізденіп қатая түседі. Одан бұйым жасағанда өткір сайманмен өңдеп қана қояды. Иілгіш, сүрегі ақ түсті, жұмсақ ағаш саналатын тал кебе келе қатайып, жеңілдейді. Сондықтан шеберлер: «тал шағында бүкпесең, таяқ шағында иілмес», – дейді. Өзекті, сәмбі талдан киіз үйдің ағашына таптырмайтын ең қолайлы шикізат деп саналады. Тұт ағашын негізінде жібек құртын өсіруге пайдаланатындықтан «тұт еккенің – құт еккенің» деп бағалаған. Ол саз аспаптарын әзірлеуге ең тиімді ағашқа айналады. Ұзақ уақыт, тіптен бірнеше ғасыр өседі делінетін тұт ағашын шаппайды, тек бұтақтарының тармағын орақпен кесіп алады. Қатты әрі тығыз ағаш үйеңкінің сүрегі біртекті ақ сарғыш түсті болып келеді. Домбыраны үйеңкіден тұтас шауып немесе құрап әзірлеу өте қолайлы. Алма, алмұрт, алхоры, жиде, шие, долана, өрік т.б. жеміс ағаштары қатты, тығыз, жылтыр болып келетіндіктен, кәделік ағашқа саналып бұйым жасауға жарамды деп саналады. Ағаштың жапырақтары мен қабығы, шайыры жүн, тері бояуға, тері илеуге, қабықтыруға пайдаланылған. Қайыңның жапырағы, емен мен анар ағашының қабығы, таулы өңірден талдың қабығынан алынған бояулар ертеде кең пайдаланылған. Дәстүрлі қазақы ортада аймақтың экологиялық жағдайына байланысты күнделікті тіршілік ретінде қарекетіне ағаш отын пайдаланылған. Ағаштан отын дайындаудың салынды жинау, бұтақ теру, ағаш шабу, құлату тәрізді жолдары бар.

Қарабұта теріскей бетте, күнгедейде теріскен, жирен, жусан, сарытабан, ал биік суық жерде қарағай, қайың, шөлейт пен құмды өңірде сексеуіл отынға жиі пайдаланылады. Шетен, жыңғыл, сексеуілдің қызуы мол, бұта-шілік, балғын,

баялыш, тал тамызыққа ғана, қызуы мол делінетін қарағаш, қарағай, қайың, емен, терек қыста үй жылытуға пайдаланылады.

Жыңғылды балтамен шауып алады. Ал, сексеуілді қатты томармен отындық сексеуілді ұрып сындырып дайындайды. Жыңғыл мен сексеуілді күздің аяғында, қыстың басында мол етіп жинайды. Басқа уақытта жинаса құмдағы тіршілік иелеріне обал деп ырымдайды. Қураған ағаш, сынып түскен бұтақты тереді. Көктемде тау өзендерінің кенересінен асып тасыған кезде ағыстан жағаға қарай шығып қалған қураған, сынған бұтақтарды салынды деп атайды. Аз уақытта өздігінен кепкен салындыны жайлауға шыққан кезде жолай жинап алады. Осыған ұқсас орман, тоғайда қурап түскен, шабылған бұтақтарды теріп алуға арнайы барып «бұтақ тереді». Қураған ақсөңке аршаның түрін жинап алады.

Орман-тоғайы аз жерлерде де ағашты үнемдеп, көбінесе тамызыққа пайдаланады. Ағашы мол жерлерде қыстыгүні тұтынуға ағаш-отын дайындайды. Тау қойнауында өскен шетен, қарағаш, жыңғылдың қурап, бұтақтары өспей қартайған қу ағаштарды жүзі өткір балтамен шауып, жинап буып, сүйреткімен (аттың мойнына қамыт салып құлақ бауымен байлап), аздан-аздан атпен тақымдап сүйреп етекке түсіреді. Биік өскен қарағайдың діңінен жан-жаққа салаланған ұшаларына өрмелеп шыққан отыншы құлап кетпес үшін қарағайға белінен арқан байлап бекітіп, өткір балтасымен қураған бұтақтарын шабады. Толық шабатындай болса, бұтақтары ауыңқы (басым), құлауға бейім жақтарын балтамен ортасына дейін бұтайды да, қарсы жағынан арамен аздап кесіп, ағаштың өз салмағын пайдаланып құлатады.

Биік өскен ағашты құлатып, сүйреп етекке түсіреді. Сүйреуге ыңғайлы етіп қысқалап кескен соң, «мұрындықтап» тесіп, оған арқан байлап, жарты құлаштан кейін көлденеңінен бәлек ағаш байлайды да, оның екі ұшынан екі бірнеше құлаш арқанды байлап оны қамыттың құлақбауына бекітіп сүйрейді. Қамыт болмаса арқанды белдемелеп, яғни аттың ерінен асырып келіп, төсіне орап байлау тәсілімен тартып сүйрейді. Кәделік ағашты өңдеп үй ағаш, жиһаз, бұйым жасаған кезде түскен жаңқа, қабық, шөмшектері мен қалдықтарын отынға пайдаланады.

«Отын – олжа, су – тозақ» деген қазақтар дәстүрлі ортада отын жинап сатумен айналысқан адамдар болған және «отыншы» деп атаған. Әсіресе, шөл, шөлейт өлкелерде бұл үрдіс кең белең алған. Олар арнайы маманданған кәсіп ретінде, пайда табудың көзі ретінде қараған. Айталық, қазақ даласына жүрілген санақ мәліметтері бойынша, бір ғана 1911 жылы Қазалы уезінде 179 адам ресми отыншы ретінде тіркелген. Отыншылардың негізгі бөлігі Қалымбас, Заңғар, Құрғаншы болыстарында тұрған. Олардың кейбірі отын жинаумен Қуандария және Жаңадарияда айналысты. Отыншылардың көпшілігі сексеуіл шабуға сексеуіл тығыз өсетін Қызылқұмға кеткен. Сыр өңірінен шабылған отындар Әмудария бөліміне, Хиуа және Бұқараға дейін жөнелтіліп отырған. 1 пұт отынның құны Қазалыда 30-40 тиынға, Хиуа және Амударияда 50-60 тиынға бағаланды. 1892 жылы отын шауып сатудан Перовск қазақтары 1251,40 тиын, Қазалы қазақтары 724,84 тиын пайда тапқан.

Ағаш жөнінде байырғы мифтер мен наным сенімдер. Анимистік дүниетанымға байланысты туындаған наным-сенімдер бойынша ағаштарда жаны бар «тіршілік иесі». Әлемнің көптеген халықтары ағашты қастерлеп, табынған. Саян-Алтайдағы түрік халықтары ағашқа құрбандық шалып, сан түрлі жора-жосындар атқарады. Олардың ағашты ерекше қастерлеуі орманды өлкенің тұрғындары болғандығымен байланысты болса керек. Мысалы, ирkit руы өздерінің «әкесі ырғай, анасы қайың» деп санайды. Ал қазақта қыпшақ руының арғы тегі ағашпен байланысты айтылатыны белгілі.

Иенде өскен жалғыз ағашты қасиетті ағаш, шығыс қазақтары сетер ағаш немесе көбіне тал кездесетіндіктен сетер тал деп атайды. Қазақ наным-сенімі бойынша әулие адамның табаны тиген жерде өскен немесе әулиенің көлеңкесі түскен ағаш қасиетті ағашқа айналады екен. Қазақ жапан далада жалғыз өскен ағашты киелі ағаш немесе әулие ағаш деп санап, оны кеспейді, зақым келтірмейді, тіптен саясына барып, ұйықтамайды. Әйтпесе сол ағаштай сопиып жалғыз қаласың, ал дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ, жанның құлазуынан асқан қорлық жоқ деседі. Жалғыз ағаш жалғыз қалудың нышаны деп қарайды. Топырақ үйілген төбешіктер, құла түздегі жалғыз ағаш, шөл мекен далада бұтақтары тарбиып өскен бұталар да қасиетті делінеді. Сол жерлерде түнейді, шүберек байлайды. Әулие жатқан жер деп танып, мал сойып, тілеу тілейді.

Қазақ дәстүрінде жаңа шыққан көкті жұлмайды, ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты, көк өркенді сындырмайды. Өйткені жас өркеннің бәрі бақыттың бастамасы, барлық тірліктің қайнар көзі деп біледі. Көк жұлсаң көктей соласың деп ырымдалады. Сондай-ақ қазақ дәстүрінде қосарланып өскен, қатар біткен ағашты кеспейді. Себебі қосағыннан айырыласың, қанатыннан қырқыласың деп тыйым еткен. Яғни, дүние түгел егізден жаралған, ал егіздің сыңарын құлатқан оңбайды, көңілі қапаланып, зарығып өтеді деп қатты ырымдайды.

Ағашқа қатысты тағы бір тыйым далада жатқан, шала жанған ағашты үйге кіргізбейді. Өйткені, «күйелі ағаштай» адамға пәле жұққыш үйірсек болып кетеді деп ырымдаған. Яғни көңіл шаладай бықсып, үй ішінде алауыздық туады, тіптен қорадағы қой, өрістегі жылқы, қотандағы сиыр, даладағы түйе шала туып, шығын көбейеді деп ырымдайды. Береке кетіп, бақ сөнеді, адам өледі деп қорқады.

Дәстүрлі қазақы ортада отынға байланысты сан алуан ырымдар мен тыйымдар қалыптасқан. Ә.Диваевтың дерегіне сүйенсек, қазақы ұғым бойынша «әйел ошақтың үш бұтының үстінен асырып отынды жинап қоймайды, әйтпесе оның күйеуі басқа әйелге үйленеді-мыс». Сондай-ақ, қазақта үйге кіргізілген отынның артылғаны далаға қайта шығарылып тасталмайды, әйтпесе, үйден өлік шығады деп тыйым еткен. Себебі ортасы үнемі от жағуға қалдырылатын киіз үйде төсеніш аз төселеді. Тек бір жағдайда ғана бұл үйде өлік болғанда ғана үйде от жағылмайды.

Малды қу шыбықпен немесе қабықсыз ағашпен, әсіресе жыңғылмен айдатқызбайды. Қазақ ырымында жыңғыл қатты жынысты болғандықтан онымен мал айдау жамандық нышаны делінеді. Бұл тыйым «Кендірменен мал

байлама, жыңғылменен мал айдама, Жыңғылменен айдасаң, мал бітер деп ойлама» деген сөз орамында көрініс береді.

Қазақ мифологиясында бәйтерек космос ағашы ретінде рәмізделеді. Бәйтеректің шағын модель-үлгілері бақан, адалбақан, таяқ, асатаяқ, қамшы ғұрыптық жосындарды атқаратын киелі құрал қызметін атқарады. Бәйтерек – үш әлемді байланыстырушы дәнекер ретінде әспеттелінеді. Қазақ арасында кең тараған адамның жаны киелі теректе сақталады деген ұғым бәлкім осы жайтқа байланысты қалыптасқан сияқты. Ол туралы мынадай миф бар: «Рух адамның тәнін өлерден қырық күн бұрын тастайды. Сөйтіп, құсқа (көгершінге) айналып, ұшып барып бәйтеректің жапырағында өз адамының есімі жазылған бұтаға қонады. Мұнда адамның аты жазылған қисапсыз жапырақтар көктеп-солып, алма-кезек ауысып тұрады. Жан адам өлгенде шыбын бейнесінде денеден шығып, үй ішінде ұшып жүреді. Тек қырық күннен кейін барып, үйді біржолата тастайды. Бәйтеректің дінгегі арқылы әлгі жан жерге түсіп, не жерге шығып жүреді де, мезгілі болғанда әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп, жаңа өмір пайда болады. Жануарлар да, өсімдіктер де дәл осылай өмірге қайта келеді».

Жапырағына жан орналасқан осынау киелі терек туралы миф түркі халықтарына кең таралған. Қазақта басқаша бір нұсқасы тағы бар. Онда «Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартайды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды» дейді. Бұл сюжеттерде әлем ағашы, яғни ғаламның вегетативті моделі көрініс тапқан.

Қазақ халқы өзінің өмір-салтын, тұрмыс-тіршілігін, кейбір әрекетін ағашқа теліп, ағаштарды адам бейнесіне енгізіп, сан түрлі аңыз-әңгіме шығарған. Мәселен, мынадай бір мифке жесір дауы өзек болғанға ұқсайды: «Бір-екі үйлі жан бір-біріне жақын тұрыпты. Бірі Сексеуіл, оның ұлы Баялыш, енді бірі Қарағай, оның қызы Арша болыпты. Алғаш солар көрші болып, жақсы тұрыпты. Баялыш Аршаға қалың беруге ойланғанша, Арша Баялышты бек сүймепті, түсі қара болған соң һәм разылық бермепті. Сонда әкелері ұрысып, Тобылғы келіп татуластырса да болмапты. Сол уақытта Сексеуіл мен Баялыш тұрудың қиын болғанын көріп, Тобылғыға қосылып оңтүстікке кетуді ойлапты. Солар кеткен соң Қарағай тәкаппарланып, басын жоғары көтеріп, мейлінше созылыпты. Сексеуіл қайғыдан бүкірейіп кетіп, тобылғы, сексеуіл мен қарағайды татуластыра алмағанына ұялып, қызарып кетіпті. Сонан соң бірталайға шейін Қарағайдың қызынан хабар болмапты. Сондықтан да болар Арша тасқа ғашық болып, шешесінен қашып барып, осы күнге шейін таспенен бірге тұратыны».

Бұл мифтік сюжеттер қазақтың байырғы өмір салтының метафоралық образы іспеттес. Расында да, ағаштардың сыртқы түр-тұрпаты, өсетін

мекенінің ерекшелігі қазақтың ежелгі тіршілігін еске түсіреді. Ұзын қарағай тәкаппар адам, мықшиған сексеуіл жазықсыз жапа шегуші, қара түсті баялыш сиықсыз, таста өсетін арша тасбауыр, қызыл тобылғы ұялшақ кейіпкерлер ретінде сомдалып, халқымыздың қалыңмал төлеп неке салтының көріністері айқын бейнеленеді.

Осындай мифтік түсініктен туған ағаштардың араздығы мен татулығы, құдаласу сарыны «Ағаш өлең» деп аталатын кейбір халық өлеңдері мен жұмбақ айтысқа да жиі арқау болады. Мысалы,

Тобылғы қарағанның қызын алып,
Ұялғаннан қалыпты қызыл болып.
Тобылғы шегіршіннің қызы екен ғой,
Сондықтан да бұралып түзге біткен.

Тағы бір аңыз бойынша сексеуіл мен балқарағай туысқан, әрі бойлары бірдей болған екен. Ал тобылғы болса сексеуілді баялыш бұтасымен атастыруға әрекет жасайды. Сексеуіл мұндай әрекеттен қорқып, тығылып қалмаққа құмды алапқа қарай қашып барып сонда орын теуіп қалады. Сонан сексеуілдің діңі қыңыр қисық болыпты. Сексеуілдің қайда тығылып қалғандығын бақылауға тауға шыққан қарағай мойынын созып, сонан бойшаң ұзын болған. Баялыш ашуға булығып сонан тікенекті бұтаға айналған екен. Мұның бәріне айыпкер тобылғы ұяттан қызарғандықтан оның қабы қызыл түске айналып кетіпті. Соған байланысты мынадай өлең жолы шыққан дейді.

Қарағай Сексеуіл құда болған,
Бойлай-бойлай қарағай ұзын болған.
Елшілікке Тобылғы жүремін деп,
Бітіре алмай ұялғаннан қызыл болған (ТС).

Әйткенмен қуаң далада мал өсірумен айналысатын көшпелі халықтары тек қана өз өлкесінде өсетін белгілі ағаштар мен шөптерді аңызға қосып, ерекше ардақтайтыны байқалады. Шынтуайтында, оларда жер емген диқаншы халықтардағыдай өсімдіктер туралы «өлу қайта тірілу» желісіне құрылған мифтер мен маусым сайын атқарылатын ғұрыптар қалыптаспаған. Сонымен, ағашқа байланысты қазақ фольклорындағы сан алуан аңыздар мен мифтердің антропоморфтық желіске құрылғандығын аңғаруға болады. Яғни антропоморфтық принципті аталмыш фольклорлық жанрлардың архитектурасының құрылым және сюжет құраушы іргелі принципі деуге болады.

АҒАШ БАЛҒА – басы мен сабы ағаштан жасалған балға. Оның ағаш тоқпақ, қияңқы деген атауы бар. Ағаш балғаның сабы ұзын әрі жұмыр, басы төрт бұрышты немесе екі басы түзу жұмыр пішінде болып келеді. Ол қайың, емен сияқты қатты ағаштан жасалады. Бұны қаңылтырды түзету, июге; ағашты қашағанда қашаудың дүмінен ұру сияқты жұмыстарға шеберлер пайдаланады. Сонымен қатар ағаш балға пима басуда оның пішінін бір қалыпқа келтіру үшін, тарамыстан жіп дайындауда оның талшықтарын тарқатуда тоқпақтап ұру үшін де қолданылатын болған.

АҒАШ ЖЫҒУ / ҚҰЛАТУ – ағашты, әдетте, шаруашылықта туындап отыратын түрлі қажеттілікке байланысты ғана жығады. Негізі, құрылысқа

немесе отынға пайдаланатын болсын ағашты жазда немесе күзде түбінен кесіп құлатады. Кейде, қалың орман-тоғайларда белгілі бір алаңды ағаштан тазартып шығу қажет болса, ағаштың әрқайсысын түп тамырымен тұтас жығады. Ағашты өткір балтамен шауып қос тұтқалы арамен кесіп құлатады. Таңдалған ағашты жығу үшін құлайтын жағының түбінен шамалы тіліп, кереғар жағынан құлағанша арамен көлбеулей кеседі, сонда ағаш діттеген бағытқа қарай құлайды. Жығылған ағаштың бұтақтары «бұталаған» соң, кептіру үшін оның қабығын аршып (сыдырып) тастайды. Жығылған, бұтақталған, қабығы аршылған ағашты көлікке тиеуге ыңғайлап, бөренені ұзындығы 3-5 м мөлшерлеп кеседі. Тауда өскен ағашты (шырша, қарағай т.б.) жығып, биіктен етекке қарай сүйменмен екі жақтап – екі адам қозғап ылдимен сырғытып жібереді, мұны ағашты «ағызу» деп атайды. Тау етегіне түскен ағашты көлікпен сүйреп тиісті жерге жеткізеді. Ағашты шабуға кіріскенде: «Бисмилла, Орманшы ата, қолдай гөр» деп тілек тілейді. «Ағашты шектен тыс көп шапса және сәтсіз күндері шықса, балапан ағаштарға тиіссе, ағаштың пірінің қаһарына ұшырайды, оны шапқан адамның өзіне, отбасы мүшелеріне жамандық келеді» деп ырымдаған. Сейсенбі, жұма ағаш жығуға сәтсіз ауыр күн деген түсінік те бар. Ағашты сүйреу үшін үш жағы үшкірлеп соғылған, ұзындығы 15-20 см тәшком деп аталатын шығыршықты темір қолданылады. Ал Жетісудың шығыс жағының тұрғындары ағаш сүйрейтін мұндай құралды – мыскоп дейді. Мыскоп – басына шығыршық бекітілген, төртқырлы үшкір жуан темір шеге іспеттес келеді.

Ағаш тасымалдаудың тағы бір амалы – бөрененің жуан басы жағынан мұрындық теседі. Бөрененің бірнешеуін қосақтап, біріктіріп, қыл арқанды аталмыш мұрындықтан шалып байлайды да жегін атпен сүйретіп тартады.

Қазақ жерінде өсетін, барынша кең таралған ағаштың бірі – қайың ағашы. Бұл үйшіге – киіз үй қаңқасының бөліктерін, арбашыға – арба, әсіресе оның доңғалақтарын жасап ұқсатуға және күнделікті тұрмыста қолданылатын әралуан бұйымдар жасауға ыңғайлы материал болып саналады.

АҒАШ КӨМІР – шала жанған кеуектелген ағаш. Көбінесе, ұсталықпен, зергерлікте көрікте темір қыздыру үшін пайдаланатын отын түрі. Ағаш көмір негізінен, шырғанақ, алма, өрік сынды жеміс ағаштарынан, қызуы өткір сексеуіл, ырғай, жыңғыл, таулы жерде өсетін қарағай, емен, қайың сияқты ағаштардан алынады. Керегінше ұра қазып, оның ішіне ірілі-ұсақты етіп жарылған ағаш бөліктерін, қалап от қойып лаулатып жағады. Барынша қызып жанған кезде үстіне жас бұтақ, жапырақ тастап жалыны шықпайтындай етіп тұмшалайды. Көміршілер оттың лаулап жанбауын қадағалап, жалын шыққан жерін саз балшықпен сылап, жалынды басып отырады. Ауасыз кеңістікте жалыны шықпай бықсып шала жанған ағаш (ауасыз ортада құрғақ айдау үрдісі тәрізді) күлге айналмай «көмірленіп» кетеді. Ағаш көмір түсі қап-қара, салмағы жеңіл, қапқа салып алып жүргенге қолайлы, көрікке салып жаққанда әп-сәтте от алып, қатты қызатын қасиеті бар. Әдетте, мал жарақаттарын ағаш көмірін (арша, қайың көмірі) ұнтақтап сеуіп немесе ысқылап емдейді. Көзі ауырған адамға да ағаш көмір ұнтағын суға, сүтке араластырып алып бүркіп емдейтіні белгілі.

Қазақ аңшылары ағаш көмірін оқ-дәрі даярлағанда қоспа ретінде қолданған. Ал ғалым Ш. Ш. Уәлиханов шығармаларының бірінде «...көмір алу үшін тек тал ағашын қолданған», – деп жазады.

Ертеректе ағаштан көмір жасауды арнайы кәсіп еткен және бұл іспен шұғылданған адамды «көмірші» деп атаған.

АҒАШ МАЙЫ – ағаштан арнайы тәсілмен алынған өнімнің атауы. Ағашты көмірге айналдыру арқылы ағаш майын өндіру – XIX ғасырдың екінші жартысында таулы және орманды өңірлерді мекендеген қазақтар ортасында кәсіпке айналғаны белгілі. Ағаш майын ағаштың қай түрінен алынатындығына қарай қайың майы (қарамай – деготь), қарағай қылқанынан және жас шыбықтарынан алынғанын қарағай майы, аршадан – арша майы, шаған ағашынан – шаған майы (эфир майы) деп атайды. Ал, балқарағай, майқарағайдың қылқанынан (эфир майы) және балқарағай, самырсын жаңғағының дәнінен алынған май ем-домға пайдаланылған. Әдетте, самырсын жаңғағының майын жанши (пресс) отырып өндірген.

Ағаш майын алу жолы – ұсақталған ағаш жаңқаларын қолданыстан шығып қалған қазанға немесе түбі арнайы тесілген қазанға салады. Тесіктің астына ыдыс қойып ошақта маздатып от жағады. Оттың қызуымен ағаш көмірге айналады да ағаштың құрамындағы шайыр балқып қазан түбіндегі тесік арқылы ыдысқа құйылады. Алынған ағаш майын малдың қотыр, көнтек дегендей, тері ауруларына қарсы қолданған. Сондай-ақ, арбаның дөңгелегін бабында ұстау үшін де ағаш майы (қарамай) қолданылды.

Ен даланың сай-саласында өсетін тобылғыдан алынған майды (тобылғы майы) ожау, қасыққа жинап алып, жылы күйінде адамның тері ауруына қарсы пайдаланған, теміреткіге жағып, дауалаған.

АҒАШ СЫРЫҚ – жуандығы үш-төрт елідей түзу, ұзын ағаш. Оны тал, қайың сияқты берік ағаштан даярлайды. Ағаш сырықты қазақы ортада күнделікті тұрмыста, шаруашылықта қолданған: сырықты адам көбінесе сақтық – мысалы, жүргенде қолына ұстап таяну, жаңа қатқан мұз үстінен өткенде таймау, ми батпақ, сазды жердің тереңдігін байқау үшін ұстайды. Мысалы, жаяу жолаушы сырықты иыққа салып жолға алған жүгін көтеріп жүруге пайдаланады.

Елге әйгілі, беделді адамның зиратының немесе әулие-әмбие мазарының басына түп-түзу, қайық желкенінің діңгегі сияқты ұзын ағаш сырықты шаншып, ұшар басына жылқының қылын немесе шүберек – ақтық, дыбыс шығару үшін дабыл – қоңырау байлап қоятын болған. Мұндай мола басына шаншылған оқтай түзу сырықты – «сайғақ» деп те атайды. Жаугершілік заманында қазақтың соғысқа, аң соғуға қолданатын қаруы сондай-ақ, жылқышының қорғаныс құралы болып табылатын ағаш сырықты «сойыл» дейді. Оның бірнеше атауы бар (ақ сойыл, ақтабан сойыл, қақ сойыл). Бұлардың қатты ағаштан жасалған түрін де – сайғақ деп атаған.

Әдетте, ағаш сырықты киіз үйдің түндігін тіреуге және оны ашып-жабуға пайдаланған. Ал сүзек, шешек ауруы шыққан немесе адам қайтыс болған үйге аза белгісі ретінде ұшына мата байланған (біріншісінде – қызыл, екіншісінде – қара түсті) ағаш сырық орнататын болған.

Қазақ халқы өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ағаш сырықты иіп қолданған. Ағаш сырықты жылқышы – құрық, ұста-үйші – киіз үй қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, аша бақан), арбашы – арба-шанаға «арыс» (қос жетек, тәрте) жасауға пайдаланған. Ағаш сырықты басқа да шаруашылық қажеттілігіне қолданып отырған.

Қазақтың ғұрыптық салт-жоралғысының бірі – жаздыгүні құрғақшылық кезінде «жаңбыр шақыру», «тасаттық» рәсімі атқарылып, арнайы мал сойылып садақа беріледі. Бұл күні биіктеу төбешікке ағаш сырықты шаншиды да оған теке немесе серкені байлап, жанына ағаш сырыққа байланған малдың мүйізіне жаңбыр тамшысының тамуын бақылау үшін руластардың бірі жайғасқан дегендей, мәліметтер бар.

АҒАШ ТАРАҚ¹ – қазақ қолөнерінде жүн өңдеу, кендірді өңдеуде қолданылатын құрал түрі. Ағаштан дүздерін қажетіне қарай алыс-жақын етіп, ортасында қолға ұстайтын сап шығарып жасайды, сабы ұзынды-қысқалы болады. ҚР МОМ қорында сондай бір ағаш тарақтың (КП10546/2) ұзындығы 23 см, биіктігі 15 см, сабының қалыңдығы, дүзінің қалыңдығы ұшында, дүзінің тереңдігі см.

АҒАШ ТАРАҚ² – сабаға пісіп алынған майды қыл-қыбырдан тазарту үшін қолданылатын ағаштан жасалған тарақ тәрізді жіңішке дүзді арнаулы бұйым. Ағаш тарақпен май «қылшықтайды», яғни дәстүрлі сарымай дайындау тәсілінде сабадан (күбіден) астауға немесе тегенеге қолмен алып жинаған майдан іркітті қолмен сығып, «шынықтырмай» тұрып, оның арасында кеткен қыл-қыбырдан тазартады.

Ағаш тарақты алдымен бір бағытта тарап, дүзіне ілінген қыл-қыбырды алып тастайды да, онан кейін оған көлденең бағытта тарайды. Ағаш тарақ болмаған жағдайда майды кішілеу пышақтың сыртымен, жетесімен (дүзімен емес) атқарады.

АҒАШ ТӨСЕК – жатып бой жазып, ұйықтауға арналған көне заманнан бері пайдаланып келген қазақтың дәстүрлі үй жиһазының бірі. Ел арасында кең тараған атауы төсекағаш, төсағаш немесе кереует деп те аталады. Ағаш төсек көш амалына лайықталып, оңай құрастырылатын және жылдам ажыратылып жиналатын (трансформер) жиһаз. Ағаш төсектің қасбет жағы жазық бедерлі ою-өрнекпен оймышталып, күмістеледі немесе сүйектеліп безендіріледі. Ағаш төсектің екі жақ басы қайқы шалқақ, ортасы тегіс келген, төрт, алты, сегіз аяқты түрлері кездеседі. Дәстүрлі қазақы ортада ағаш төсекті отбасындағы бойжеткен қыз баланың жатуына арнап жасатады. Ағаш төсектің маңдай алдына шымылдық құрылады және күндізгі уақытта оған жүк (құстөсек, көрпе-жастық, т.б.) жинап бетін арнайы төсекжапқышпен жабады. Қыз ұзатылғанда ағаш төсек оның жасауына қосып жібереді. Белгілі этнограф Х. Арғынбаев, осы төсекағаштың жеті түрі болғанын, әрі олардың жергілікті және әлеуметтік ерекшеліктерін жіктеп көрсетеді. Ал әсем көркемделіп безендірілуіне қарай сырлы төсек, оюлы төсек, күмістелген төсек, сүйектелген төсек, жай ағаш төсек және т.б. деп атала береді деген.

АҒАШ ҰҚСАТУ – ағашты жығып, бұталап, тасымалдап алғаннан кейін, оны кәдеге жаратудың енді бір жолы – ұқсатып өңдеу. Бұл ағашты кептіру,

өңдеу, сүргілеу, оймыштау, бояу тәрізді бірнеше сатыдан тұратын күрделі іс. Ағаштан жасалатын зат сапалы, берік, төзімді болуы үшін оның ерекшеліктерін ескере отырып, бабын тауып кептіру керек. Осылайша, ағаштан ыдыс-аяқ, үй бұйымдары мен жиһаз, киіз үй сүйегі, саз аспаптары, түрлі құрал-сайман, қару-жарақ, әбзел және т.б. күнделікті тұрмысқа қажетті заттар жасалады. Ағаш ұқсату ертеде-ақ қазақ ортасында арнайы кәсіп ретінде жолға қойылған. Көшпелі ортаға лайықталған үй-тұрмыс бұйымдары, баспана, ер, мал шаруашылығында пайдаланылатын түрлі әбзелдер жасаушы, яғни ағаш ұқсату кәсібімен шұғылданған ісмер адам – балташы, ағаш ұстасы немесе ағаш шебері, ерші, үйші деп аталады. Малды қыстаудан жайлауға, одан қайта қайту көшіру – көшпелі және жартылай отырықшы шаруашылық жағдайында, жер өңдеумен айналысатын ортада ағаш шеберлерінің арнайы ағаш ұқсату кәсібі дамыды. Негізінде, қазақы ортада ағаш ұқсатушылар құрылыс ісі және қолөнеріне қайың, қызыл қайың (ол шірімейді, құрт түспейді), арша, терек, ақ терек, көк терек, қара терек, үйеңкі, тал, тораңғы, тұт, тобылғы, темір ағаш, шаған, емен, жөке, ырғай және басқа да кәдеге жарамды ағаштарды жиі пайдаланған. Ал таулы, орманды өңірге мекендеген қазақтар аталған ағаш түрлеріне қоса қылқан жапырақты ағаштарды да ежелден кәдеге жарата білген. Шеберлер ағаштың түп жағы немесе безі берік келеді деп ағаштың осы бөлігінен түрлі ыдыс-аяқ, саз аспаптарын жасап шығарған. Әдетте, шеберлер саз аспаптарын жасауға дыбысты жақсы өткізетін қарағайды «шешен ағаш» деп домбыраның бет тақтайына, яғни қақпағына пайдаланады.

Жетісу өңірінде ағаш ұсталары сандық, кебеже, асадал сияқты үй жиһаздарын алма, жаңғақ, бүрген ағаштарынан ұқсатқан. Саз аспаптарын мысалы, қобызды сырғалы талдың түп тамырынан шауып жасаған. Сыр бойының ағашшылары ағаш ұқсату ісіне – шынар, жаңғақ, алмұрт, қараған ағаштарын пайдаланған.

Ағаш кептіру – жығып кесілген ағашты ағаш ұқсатушылар қалыптасқан технологиялық тәсілдерді қолдана отырып кептіреді. Кәделік ағаштың ылғалдылығы төмендеп, әбден кепкенше баптап құрғатады. Жығылған, ылғал, қабығы аршылмаған ағашты құрғату үшін арнайы кептіру орнында біраз уақыт дегдітеді. Бұл әрекет, ағаштың беріктігін арттыру, салмағын жеңілдету, сапасын арттыру, жарылмауын қамтамасыз ету және өңдеуге икемдеу амалы болып табылады. Күн көзі ағашқа тура түссе, ағаш жарылып іске жарамсыз болып қалады. Егер ағаш діңінің қалыңдығы сынық сүйемдей болса, құрғақ лапастың астына түп жағын жоғары қарата тігінен тұрғызып қойып кептіреді. Көлденең кесіндісіне сыр жағып, кесілген жерінен бір-екі елідей шегіне сымтемірмен буып, бұрап қояды. Ылғал ағаштың қабығын аршып, өн-бойын тұтас сиырдың жапасымен сылап, көлеңке жерде кептіру немесе қабығы аршылған ағаш діңін көңнің арасына көміп құрғату тәсіл де қолданылған. Сол сияқты, қазақ шеберлері ағаш дайындамасын құрғақ құм, топырақ, ағаш үгіндісі мен құрғақ жапыраққа көміп қойып та кептіреді. Байырғы шеберлер ағаш неғұрлым ұзақ кептірілсе, соғұрлым сапасы жоғары болады деп санаған. Қабығы аталғымен (қолорақ) сыдырып алынған ағаштың беті шырышты, тайғақ болады. Бұдан кейін де құрғату үдерісі жалғастырыла береді. Ал үй

сүйегіне жарамды ағаш бір жыл бұрын даярланып, екі-үш ай бойы кептіріледі. Кәделік ағаш қурап қалмай бірқалыпты кебу үшін ара-тұра су бүркіп ылғалдандырып отырады. Бірқалыпты кепкен ағашты «қақсал» деп атайды.

Ағаш өңдеу – ағаштан жасалған бұйымды арнайы өңдеп кәдеге жарату жолдары. Дайындалатын заттың бетін тегістеу, оймыштап бедер салу, бояу, ағаш бетін қыздырылған металлмен қару, біздің ұшымен қарып өрнек, жазу түсіру, т.б. тәсілдер жатады. Аталған тәсілдерді ағаштан үй жиһазы (көбіне ыдыс-аяқ түрінің сыртын өңдеуде), саз аспаптарын; үй, зәулім ғимарат құрылысында – дінгек, дінгекше, ұстын, есік, дарбаза қақпасын және т.б. жасауда қолданған. Ол үшін әшекейленетін ағаш бетіне өрнектің нобайын біз тәрізді өткір аспаппен немесе үшкір, сапталған қыздырылған арнайы иненің ұшымен батыра сызып алып түрлі мәнерде иілген теміртек (металл) қалыптарды отқа қыздырып, өрнектің бойын қуалай, қарып (күйдіріп) шығады. Қарағай, самырсын, шырша тәрізді шайырлы ағаштардан жасалған бұйымдардағы ағаштың табиғи өрнегін (текстурасын) айқындай түсу үшін өңделген бұйымды оттың жалынына шарпытып алса ағаш талшықтарының шайырлы жерлері сақталып, шайыры жоқ тұстары күйіп қарақоңыр түске еніп, жолақты табиғи өрнек пайда болады. Ағаш өңдеуде кейбір шеберлер қолтумаларына ру таңбасын және ою-өрнек түрлерін қарып та түсірген. Ағаш бөліктерін қатарластыра қари отырып шеберлер сарғыш қоңырдан шымқай кара түс аралығындағы реңдерді шығарды. Ұқсатылған ағаштың бетін алдымен сүргімен, одан кейін түрпімен соңында зімпарамен өңдейді. Қазақ елінің әр өңірін аралаған саяхатшылар өз жазбаларында қазақ халқы арасында ағашты көркемдеп өңдеу өнері барынша дамығандығын көрсетеді.

Ағаш оймыштау / ою – кәделік ағаштың бетін ұңғитын, оятын аспаптардың көмегімен ағашты кертіп, қырнап, ұңғып, өрнекті бедер салу тәсілі. Ағаш ою қазақтың дәстүрлі қолөнерінде ең көне тәсілдің бірі болып табылады. Ағаш шеберлері өз туындыларын сүргілеу, өңдеу, майдалау, тесу, қашау, ұңғуырлау және т.б. жолдармен ойып, оймыштап бедерлеген. Оймыштауда ағаштың сүрегі мен жылдық сақиналарының бағыты ескеріледі: егер оймыштау бағыты ағаш талшықтарымен бір бағытта болса ұзын сүрек түседі.

Ағаш оймыштаудың бірнеше түрі бар: бірі үш қырлы ою. Ағаш бетінде бірдей көлбеулікте, тігінен ойылады. Өрнектің нобайы белгіленгеннен кейін қырларының тұсынан тігінен кертіп тілінеді де өрнектің сыртқы контурының аралығы көлбеулей қырналады. Бұл тәсіл кесеқап, сандық бетін безендіруде жиі қолданылады. Ағаш оймыштаудың кең тараған түрі – жазық бедерлі оюдың құрылымы күрделі болып келеді. Ағаш бетіне өрнек нобайы салынып, имекбас қашаумен ойылады да, өрнектердің аралығы фонға дейін қашаумен алынып тегістеледі. Қиып салынған оймыштау тәсілін қолданғанда ағаштың әр жерінен бәрбімен тесіп, пышқымен аралап алады.

Осы тәсілімен түсірілген өрнекті саптыаяқтың сабы, төсағаш, сандық, жүкаяқтың жақтауларынан көруге болады. Көбінесе кебеже, сандық пен абдыра беттерін екі көлбеу жақты оймыштау тәсілімен безендіреді. Ондайда, өрнектің контурынан фонға, бұдан кейін керісінше көлбеулеп ояды да қырын

тегістейді. Бедер анық ойысты шығады. Ағашты көркем өңдеуде оймыштау тәсілдерінің бірнеше түрі қатар қолданылады. Түрлі әдістердің астасуы көркем форманы жандандырып композицияны байытады. Негізі қазақтың маңғал ісмерлері ағаш оймыштау ісінде – сұлбалау, тегіс бедерлеу және үшқырлы оймалау сынды қашап оюдың тәсілдерін жетік меңгергендігін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорында сақталған ағаш бұйымдарынан аңғаруға болады. Ағаш оймыштау Қазақстанның барлық өңірлерінде, әсіресе солтүстік орманды аудандарда жақсы қалыптасқан.

Ағашты бояу – ағаштан жасалған затты ертеде қазақ шеберлері көбіне табиғи бояулармен көркейткен. Егер музыка аспабының бетіне майлы бояу жақса, бояу ағашқа сіңіп аспаптың дыбысына нұқсан келтіреді. Үйшілер киіз үй қаңқасын әсемдеу үшін көбіне сарғыш түсті топырақтан алынған жоса бояғышын (краситель) қолданған. Ағаш томарынан қайнатылып алынған бояуды – томар бояу дейді. Әдетте шеберлер қына, рауғаш, сары ағаш, шырғанақ сияқты түздік өсімдіктердің тамырынан да түрлі бояғыштар әзірлеген.

Сондай-ақ, халық ісмерлері емен, тал, терек сияқты ағаштардың қабығын қайнатып, ермен мен жусанның бүрінен, жеміс ағаштарының сарғайған жапырақтарынан, пияз қабығынан да түрлі-түсті бояу дайындаған. Қолөнер шеберлері бояу алу үшін өсімдіктердің тамыры, ағаштың қабығы мен жапырағын кептіріп алып ұсақтайды да ұнтақты қазанға салып ұзақ қайнатады. Қайнатылып жатқан бояғышқа ас тұзын, ашудас қосып, оның тұнбасын сүзіп алған соң сұйықтықты суытпай тұрып ағашқа бұлғауышпен жағу керек. Бояудың бұйымға біркелкі сіңуі үшін бұйымға алдын ала су бүркіп ылғалдандырады.

Ағаш шеберлері үй жиһаздарын сүйек, темір шытыралармен әшекейлеп безендірумен қатар түрлі-түсті бояумен әсемдеп, бұйымның реңкін ашу тәсілін мейлінше терең меңгерді.

АҒАШ ШЕБЕРІ / АҒАШШЫ – ағаштан түрлі тұтыну бұйымдары мен үй жиһаздарын жасауға машықтанған ісмер адам. Ауызекі тілімізде он саусағынан өнер тамған маңғал шебер туралы «ағаштан түйін (түйме) түйеді» дейтін бейнелі сөз тіркесі ата-бабамыздан құлағымызға сіңген деуге болады.

Осындай ағаштан түйін түйетін шеберлерді атқаратын ісінің түріне қарай: балташы – бөренелерді қиюластыра үй салу, арба, шана, есік, терезе жақтауларын т.б.; жиһазшы – абажа, асадал, әбдіре, кебеже, сандық, жастықағаш, төсеқағаш, жүкаяқ, адалбақан, қобдиша, бесік, келі-келісап және басқа үй жабдықтарын; ерші – ашамай, ердің қаңқасын; оюшы – үй жиһаздарын, саз аспаптарын оюмен безендіру; үйші – киіз үй сүйегін жасауға лайықтап дайындалған ағаштан кереге, уық, аша, бақан, сықырлауық, маңдайша, табалдырық, босаға, таяныш, адалбақан; шаңырақшы – шаңырақ жасау; тоқушы – тал (ақ тал, көк тал, сырға тал, үйеңгі тал), үйеңкі, шетен шыбықтарынан өріп себет, кәшә, құсқода, ергенек, қорап іспеттес тұрмыстық бұйымдар тоқумен айналысады дегендей, төрт топқа бөлуге болады. Күнделікті тұтынатын ас-су жабдығы: тостаған, аяқ, табақ, сапты аяқ, ожау,

калақ, шелек, күбі, астау, піспек, келі-келісап; ат әбзелдерін, т.б. әралуан көркем дүние ағаш шебері қолынан шығады.

Ағаштан жасалған төзімді, әрі жеңіл бұйымдар көшпелі қазақ тұрмысында қолдануға барынша оңтайлы екендігі түсінікті. Ағаш тасымалдауға ыңғайлы болғандықтан ағаш шебері өз үй-жайын (баспана, ұстақана, дүкен) орманға жақын жерге салған. Ағашшылықпен айналысатын шеберлер қайың, арша, қарағай, тораңғы сияқты ағаштарды таңдап алып, көлеңкелі, әрі құрғақ жерде кептіріп, жонып сүргілейді. Шебер ағашты кесу, тесу, ою, ыңғырулау, өңдеуден соң бояу, оюлау, бедер салуға кіріседі.

Ағаш үйдің уығын морлап ию, керегені қырып көктеу, шаңырақ ию, есік үйлестіру сияқты тәсілдер де кең қолданылды. Ағаш шебері өзі өмір сүрген табиғи ортадан керегін тауып, таңдап қажетті дүниенің бәрін дерлік жасай білген. Ағаш шебері ағаш желімін де қолдан қайнатып дайындады. Осылайша, шеберлер өз қолдарынан шыққан бұйымды сатып немесе мал, азық-түлікке айырбастап кәсіпшілігімен күн көрген.

Ағаш шеберлік аспаптары – ағаш ұқсату, өңдеу жұмысына қажетті саймандар. Кез келген жұмысты бастар алдында шебер өз құрал-сайманын сайлап алады. Ағашты өңдеу, ұқсату құрал-саймандары – кесу, шабу, қию, жону, керту, ою, оймыштау, қырнау, қыру, тесу, сүргілеу, тілу, қару, бояу, жылтырату, сырлау, шегелеу, желімдеу және т.б. істе қолданылды. Ағаш шеберінің негізгі құралдары: балта, балға, ара, шот, сүргі, бұрғы, түрпі, тез, қашау, шапқы, қырғыш, ұңғы, ыңғыру, сыдырғы, егеу, тістеуік, үскі, пышақ түрлері және т.б. Ағаш шебері ағаш балға, шот, атауыз (қысқы), аталғы, пышақ, пәрмі, қолшығыр, тышуыр, балға, ағаш балға, ұртоқпақ (қолағаш), қырғыш, сүмсуір, қаламдықтемір (көзеуіш), ақсақтемір, қайрақ, білеу, қылау, жануыш, сүргі, зімпара, бұлғауыш, қылқалам, қуысқұлақ, белтемір, іскенже, жаңғырық, сына сынды құралдарды да пайдаланады. Бұлардың бірқатары сайманды ұруға (ағаш балға, ұртоқпақ (қолағаш), енді бірі – өлшеуге (ақсақтемір) немесе құрал-сайманды қайрауға, астына тосып салу (жаңғырық, сына) сынды жұмысқа пайдаланылады.

АҒАШ ШЕЛЕК – ағаш ыдыс. Ол бүтін ағаштан ойылып немесе бірнеше ағаш бөліктерден құрастырылып жасалады. Ағаш шелек пішіні әрі сыйымдылығы әртүрлі болып келеді. Оның ең үлкен түрі дүңшелек деп аталады. Ерте кезде ағаш шелекті мал саууға, ақ тағам түрлерін (сүт, қымыз, айран т.б.) сақтауға, су тасуға қолданған. Сонымен қатар шелектің темірден жасалған түрлері де ағаш шелекпен қатар қолданыста болған.

АҒАШАЯҚ¹ – қатты ағаштан (арша, емен, қайың, т.б.) қашау, ұңғылау (ұңғымен), қырнау тәсілімен жасалған, көлемі шағын, ас-су ішетін ыдыс түрі немесе ыдыс-аяқ жиынтығы. Ағаш аяқ қатарына метей, саптаяқ (батыста – әндіген), қоссаптаяқ, тостаған, қол жуатын дағара дегендей, шұңғыл ағаш ыдыстар жатады. Ағаш шебері (қырғышы) Ағаш аяқты ойып қырнау үшін алдын ала қол ара, балта, ағаш балға, қашау, қырғыш, ұңғыру, шаппашот, қуыс құлақ шот, тетір пышақ сынды құрал-сайманын сайлап алады.

АҒАШАЯҚ² – биіктен өнер көрсетуге лайықтала ұзын ағаш сырықтан жасалған, екі аяққа байлап бекітіп алып жүретін зат. Жерден көтеріле жүріп

өнер көрсететін биші, әнші «ағаш аяқтар» екі аяғына ұзын сырық немесе таяқты таңып алып билеп, түрлі қимыл көрсетіп елді күлкіге қарық еткені белгілі. Айтар болсақ, XIX ғасырда Жетісу өңірінде өмір сүрген «қалды-ау, қалды-ау, қыз қалды-ау» деген әнімен ел жадында қалған Рақымберді есімді «ағашаяқ» қатарласа шөгіп жатқан тоғыз түйенің үстінен секіріп, мың бұрала билеп өнер көрсеткені белгілі. 1861-1932 жылдары ел арасында «ағашаяқ» деген атпен танымал болған Семей қазағы – желаяқ Берікбол Көпенұлы да домбырамен ән шырқап, күй шертіп, әзілді де күлдіргі ойынымен жұртты таңдандырды.

Өскемен уезінің тумасы Назаролла Жүндібайұлы деген «ағашаяқ» жастайынан өлең айтып, домбыра тартып серілік құрған, аң-құстың даусын салып, түрлі күлдіргі қимыл-қозғалысқа толы ойын көрсеткен деседі. Париж қаласына барып орындаушылық шеберлігімен талғамы биік француз халқын тамсандырған қазақ елінің «жезтаңдайы» әйгілі Әміре Қашаубаевтың «Ағашаяқ» әні осы Ағашаяқ атанған «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаздарға арналып шығарылса керек.

АҒАШАТ – қайтыс болған кісіні (мәйітті) бейіт басына дейін көтеріп апаруға арналған зембілге ұқсас ағаштан жасалған ғұрыптық құрылғы. Ол ұзындығы екі кезге таяу ұзын екі сырықты арасынан қосып, оған төрт немесе алты аяқ орнатып жасалады. Екі ұзын сырықтың ортасын ағаш тақтайшалар шегеленеді. Ағашат үстіне мәйітті жаназа шығарған кезде әкеліп қояды. Сырықтың екі басындағы төрт ұшы көтеруге лайықталып, жұмырлап жонылады. Сирағының биіктігі адам тізесінен жоғары келетіндей болады.

Дүниеден озғаннан соң марқұм о дүниеге ат мініп барса жұмаққа тез жетеді деген түсінікпен байланысты (қазақта марқұмның науқанына арнап о дүниеде жаяу жүрмесін деген сеніммен ертеде міндетті түрде жылқы соятын ғұрыпты еске алуға болады. Құрылғының атауы атқа теңеуге байланысты қалыптасқанға ұқсайды. Ол туралы Ағаш атқа [ағаш аттың басына] мінгізді, ағаш аттың басына іліп әкетті деген тұрақты тіркес «қайтыс болды, бақилыққа аттанды» деген мағынада қолданылған. XVIII-XIX ғасырлар поэзиясында кездесетін:

Бұл Құданың құдіреті ағаш атқа мінгізді,

Кемеде жүрген жалғызға жеңсіз көйлек кигізді, – деген жолдар осы мағынаны білдіреді. Ағаш атқа мінгізу тіркесі «біреуді ыңғайсыз жағдайда қалдырды, біреуді өсек-аяңға іліктірді» дегенге мензейді:

Болған соң ас беретін ыдыс кірлі,

Әнуар өзі тұрып жуып жүрді.

Жиіркенсе біз шақырып келдік пе деп,

Мінгізді ағаш атқа неше түрлі.

(С.Торайғыров)

Ағашат кейінгі кезде ел арасында табыт деп аталады. Табыттың Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде кең таралған бұл түрі этномәдени байланыс барысында басқа жұрттардан ауысқан сияқты. Мәйітті молаға жеткізуге арналған ағашаттың ерекше бір түрі бесік деп те аталады. Мұндай мәйіт бесігі ағашатқа ұқсас, сәл биіктеу және өзіндік құрылымдық бөлігімен

ерекшеленеді. Ол ағашаттың үстінен жабылатын доғаланып иіліп келген беттақтайы бар. Ағашат бесік тәрізді ғұрыптық бұйымдар өлікті жөнелту науқаны атқарылғаннан кейін зират басында арнайы тұрғызылған лапас бастырмада қалдырылады. Кейбір жерлерде мешітте арнайы орындарда сақталады.

АҒАШТЫҢ БЕЗІ / ҮЙІЛІ / ҰРЫСЫ / ТОШЫНЫ – ағаш діңінде немесе түбірінде пайда болған, әбден қатайып беріш болып қалған бөлігі. Ағаштың діңіндегі шодырайып шыққанын ағаштың ұрысы, бұтақ пен діңнің арасындағы шыныланып қатайып қалған бөлігін ағаштың безі деп ажыратады. Без ағаштың «көзі» бүршік атпай (жарылмай), «бұйыққаннан» пайда болады. Қобызды мадақтағанда «ақ қайыңның безінен қағып алған» дейді. Ағаштың безінен бұйым жасау оның қатты болуына байланысты құрал-сайманның өткірлігін, оюшы шебердің қолының қарымын талап етеді. Ағаштың ұрысынан, безінен жасалған бұйым уақыт өте келе қызыл қоңыр, шұбар түсті табиғи өрнегі (текстурасы) ашыла түсетіндіктен онан құты, саптыаяқ, тостаған, ағаш аяқ сияқты әртүрлі ыдыс түрлерін жасайды. І.Жансүгіров ағаштың безінен жасалған саптыаяқтың мықтылығы туралы «Қабаққа біткен қайыңның, Беріші еді, безі еді», – деген болатын. Шеберлер емен, ырғай, қараағаштың безінен (көзі үйлі, берішінен) ағаш балға, шоқпар, сойыл және т.б. сан алуан құралдар мен бұйымдар да жасаған.

АҒЫН СУ – жоғарыдан төмен жаққа қарай ағып жатқан өзен суы. Ағын сулардың жылдың төрт мезгілінде тұрақты түрде тоқтамай ағатыны және жаздың аптап ыстығында басынан немесе ағып келіп төменгі жақтарынан тартылып қалатыны болады. Бұның барлығы жауын-шашынның мөлшеріне және де жер қыртысының құрлысына байланысты болып табылады. Көктемде еріген қар, жаңбыр суымен дария, өзен сулары арнасынан асып тасиды. Бұл уақытта өткелдердің суы молаятындықтан одан адам мен малдың өтуі қиындап, кедергі келтіреді. Таулы жерлерде ағын су тасығанда жоғарғы жақ жағалауына шашылған қарағай, тал т.б. ағаш бұтақтары төменгі жаққа ағынмен ілесіп келіп жағалауға шығып қалады. Бұны халық тілінде салынды дейді. Оны малшылар жаз жайлауға шыққанда теріп алып отқа жағады.

Суды қастерлеген халық өзен суы ластанбауы үшін қыстауды одан алыс салған немесе жаз жайлауда оның жағасынан алыс отырған. «Ағын судың арамдығы жоқ» деп өзен суын ішуге пайдаланған. Жермен айналысқан шаруалар ағын судан тоғандар тартып суару жұмыстарына пайдаланған.

Судың ағынын халық өз мақсатына пайдаланып өзен бойларына су диірмендерін салған. Бұндай диірменмен диірменшілер елдің ұнын, талқанын тартып беріп отырған.

Ағын судың емдік пайдасы да мол. Мәселен, қан түсіп аяғы ісінген аттың ісігін қайтару үшін ағын суға байлап қойған. Күніне екі-үш сағаттан бірнеше күн суға байланған ат аяғының ісігі біртіндеп қайтатын болған.

АДАЙ ЖҮЗІК – екі, үш, төрт бауырдақты болып келетін, көлемі үлкен, салмақты жүзік. Адай жүзіктің үстіңгі беті тұтас дөңгелек болып келеді. Оның дөңгелек беті төрт саусақты түгел жауып тұрады. Зергерлік бұйым ретінде бетіне қас (тас) қондырып, сірке, қарала салып, әртүрлі ою-орнекпен

безендіріп жасаған. Кіші жүздің адай руының арасында кең таралуына байланысты ел арасында осылай атау қалыптасқан. Адай жүзік көбінесе тұтастай күмістен жасалмайды. Дегенмен салмақты болып келетін себебі дөңгелек тұтас бетінің ішін бор таспен толтырады.

АДАЙ ЖЫЛҚЫСЫ – Қазақстанның батыс өңірінде, негізінен, Маңқыстау, Атырау жерінде өсірілген, салт мініске бейімделген қыр жылқысының (қазақ жылқысының) бір тұқымы.

Адай жылқының басы сыпа, бұланбас емес, томаға көзді, шоқтығы шығыңқы, арқа бітімі түзуірек, сауыры шақпақ етті ғана, аяқтары қызбақай, бірақ сіңірлі, болат тұяқты болып келеді. Міне, бұл жағынан, адай жылқы түрікпеннің ақалтеке жылқысы айғырының кейбір белгілерін айқын байқатады. Ал ыстық пен суыққа төзімділігі, ұзақ жүріске бел бекемділігі, ақалтекедей емес, қоста бағуға көндіккен сапалары жағынан қыр жылқысының қасиетін сақтағанын көрсетеді. Адай жылқының бұл айтылған қайсыбір белгілері ҚСЭ, Ш. Жанәбіловте және А.Тоқтабайда айтылған.

АДАЙ СЫРҒА – сопақ, ұзын келген, жіп байлап шашқа бекітілетін немесе құлаққа ілетін сырға түрі. Мұның сабақ, аяқсыз сабақ, аяқты сабақ деп аталатын түрлері де кездеседі.

АДАЙЛАРДЫҢ КӨШ ЖОЛДАРЫ / АДАЙ ЖОЛЫ – адай тайпасының Үстірттен солтүстікке қарай көшу бағытын қамтыған байырғы көш жолы. Адайлар жайлауға көшу жолдарында су көздерін басты нысанаға алып отырды. Адайлардың көш жолдары Табын жолының батысында, бір-біріне паралель түскен. Адайлардың жолдары мен Табын жолдарының топографиялық қалыптасуы мен бағыттарының ерекшелігі жағынан Сыр бойынан солтүстік-батысқа апаратын көш жолдары Сәтбай жолы мен Тау жолына сәйкес келеді. Көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен адайлар ерте көктемнен бастап-ақ жайлауға қарай бет алған. Жайлауға солтүстікке қарай көтеріліп Ембі, Сағыз, Ойыл және Хобда езендері бойындағы жайлауларды иемденген.

Көшпелі адайлар арасында қалыптасқан өзіндік көш дәстүрі болды. Адайлар жайлауға көшу жолдарында су көздерін басты нысанаға алып отырды. Адайлардың көш жолдарының ұзақтығы оңтүстіктен солтүстікке дейін 900-ден 1000 км жерді алып жатты. Қыстауға қайтар бағытты коса 2200 км жер жүрген. Үстірт адайлары жазда Ембі өзенінің бойын жайлаған. Ә.Бөкейхановтың 1925 жылы жазған дерегі бойынша 1925 жылдары адайлардың жайлауға дейін көшу ұзақтығы 700-900 шақырымды құрады. Бұл мәлімет XX ғасырдың бас кезінде жайылымдық жерлердің тарыла бастағанын нақтылайды. Оның үстіне 1904-1905 жылы болған жұттан табындар мен адайлардың малдарының жартысына жуығы қырылған, мал санының азаюы да адайлардың көшу бағытының тарылуына себеп болған. Адайларының Оңтүстік Үстірттен Ембіге дейін көшу жолдарының бағыты мына жолдар арқылы жүрген: Дахла қ. – Ұзынкүю қ. – Карамола қ. – Табын су қ. – Алан бекінісі – Құлбай – Арғанбай – Қодырбай – Ақтөбе – Бесшыңырау – Тайжан – Жігіт – Сам құмдары – Керкұдық – Каранғұлбұлақ – Шатырлы құмы – Мыңсуалмас – Желтау тауы – Қандарал (Ембі езені бойы), Қарасақал (Ембі

өзені бойы). Бұл жол тарихта «Адай жолы» деген атпен қалған. Үстірттен батысқа дейін созылған «Адай жолы» көшудің «меридиональды» бағытына сәйкес келеді.

Адай жолы мен Табын жолының топографиялық ерекшелігі, жолдың дұрыс және тура бағытпен салынып, көбінесе табиғи су көздері бар, көгалды, жайылымы кең жерлерді басып өтетіндігінде. Адай жолын алғаш картаға антропологиялық экспедиция кезінде зерттеушілер М. Ищенко, И.Козыбеков, И.Ларин, Щелоков түсірген. Адайлар солтүстіктегі жайлауда 2-3 ай тоқтап, күз басталарда кері қарай көшіп Закаспий, Хиуа хандығы жерлеріне дейін келген.

Маңғыстау түбегі адайларының Ембіге көшу жолдарының бағыты: Александровск форты – Ханғабаба – Түбеджік – Теңгезек – Үдек – Тарталы – Ұлан – Жангелдір – Тұщыбек – Шепе – Ажар – Күркіреуті – Өтес (Үстіртте) – Ішкеқырған – Қатиза – Тайте – Қосқұлақ – Мәніш – Күйекел (Үстірт жотасында) – Алақұлаш (Қарақұм құмында), Азнағұл, Қарашұңғыл, Ембі өзені бойы – Боқашы сайы.

Адайлардың Александровск фортынан Орал губерниясына дейінгі көшу жолы: Александровск форты – Ханғабаба – Қышқайық – Үдек – Таушек – Торыш – Қарашыңырау – Ақмыс – Жармыс – Саура – Тамды – Жәңгіреспе – Манат – Буғырұслан – Өтес – Ішкеқырған – Байынты – Уәли – Танке – Қожакамау – Бесболат – Тұздыорпа – Шабайорпа.

Адайлар солтүстіктегі жайлауда 2-3 ай тоқтап, күз басталарда кері қарай көшіп Закаспий, Хиуа хандығы жерлеріне дейін келген. Жылдық 60-120 күнінде адайлар көшіп жүрген.

Қыс кезінде малы кеп адайлар малдырын Хиуа хандығы жеріне қарай айдаған. Қыс кезінде адайлардың Александровск фортынан Хиуа хандығы жеріне көшу жолдары: Александровск форты – Ханғабаба – Қыштан – Бүрліген – Беке – Бесқұдық – Борлы – Ащыербас – Сұмса – Селек – Бесакты – Сұмқию – Босаға – Қарақұм – Байлар – Қитар – Ұзын – Қипыр – Айбөгір.

Адайлардың бір бөлігінің қыс кезіндегі Александровск фортынан Красноводскіге дейін жүру жолы: Александровск форты – Сақа құдық – Саура – Төлқұм – Қораджашы Қарамола – Ақшұқыр – Қаракөл – Үкерек – Ұлықию – Ақеспе – Сайқию – Қожанияз – Көктас – Кендерлі – Темірбаба – Қосащы – Қарашыңырау – Қарасіңір – Қайбата – Өмірай – Дүлдүлата.

Адайлар Хиуа хандығының жерлерін қысқы жайылымға пайдаланғаны үшін 1 түйеге 10 тиын, бір жылқыға – 5 тиын, бір кой үшін – 2 тиын шөп пұлын төлеген. Көшпелі адай ауылдары қыс қатты болған жылдары оңтүстікке қарай Хиуа хандығының жерлеріне қыстауға көшкен.

Үстірттің оңтүстігіне қарай қоныстанған адайлар мен табындардың көшу жолдары бөлек болды. Үстірттен адайлар мен табындар қонысының шекарасы Салы өзенінің орта бөлігінен оңтүстікке қарай Қартпай-сор шатқалы атқарды. Алғашқы ауыл шаруашылығы санағы кезінде статисттар Үстірт, Маңғыстау қазақтарынан «көшсең мал семіз, көшпей отырсаң қатын семіз» деген мақалды жазып алған.

АДАҚ АРБА – сәби алғаш аяқ басып, жүріп кетуі үшін арнайы жасалған үш аяқты (дөңгелекті) жеңіл ағаш арбасы. Адақ – көне түркі сөзі «аяқ», «адым» «қадам» «аяқ басу» дегенді білдіреді. Сондай-ақ, түркі тілдер этимологиясы бойынша адах, аяқ – бүлдіршіннің алғашқы қадамдары деген мағында. Адақ арба – қарақалпақ, саха сияқты түркі тілдес халықтар қолданатын атаудың бірі.

Негізінде, қаз тұрған нәрестенің аяғы ширақтану үшін пайдаланылатын үш дөңгелекті (үшаяқты) арба, қазақы ортада итарба деп аталады.

АДАЛ – көшпелі ортадағы этикалық мәнді қатынастар жүйесін ұйымдастыратын және реттейтін адал ↔ арам, обал ↔ сауап деп аталатын екі жұптан тұратын төрт іргелі категориялардың бірі. Адал категориясын мәні мен қолданыс аясы тұрғысынан субъектілік және объектілік деп жіктеуге болады. Адал субъектілік қасиет ретінде субъектінің, яғни адамның іс-әрекеті арқылы көрінеді. Адалдың объектілік қасиеті белгілі бір объектінің (мысалы, көшпелі ортада мал, өсімдік және т. б.) қолданыстық маңызды тұрғысынан анықталады. Бірақ объектінің адалдық сипаты түптеп келгенде, субъектінің тиісті әлеуметтік-мәдени (этномәдени) ортаның ежелден қалыптасқан талғамы мен қажеттілігіне сәйкес рухани позициясы мен дүниетанымы арқылы айғақталынады. Яғни соңғылардың ерекшеліктеріне байланысты болады. Демек, субъектінің де, объектінің де адалдығы әлеуметтік ортадағы субъект-субъект, субъект-объект байланыстары жүйесінде ғана және осы байланыстар арқылы ғана көрініс береді. Себебі адал категориясы субъектінің көзқарасының, дүниетанымының іргелі принципі ретінде аталмыш байланыстар жүйесінің ең мәнді және белсенді элементтерінің бірі болып табылады. Айтылғандардан шығатын қорытынды: адал – ең алдымен тұлғалық, субъектілік мәнді категория. Адал тұлғаның қоғамдық қарекеттің субъектісі ретіндегі кісілік болмысының, яғни рухани позициясының ұйытқысы деп атауға болатын ең негізгі қасиетін бейнелейді. Көшпелі ортада да адамның адалдығы оның туыстарына, руластарына, дос-жарандарына байланысты нақты іс-әрекеті арқылы көрініп отырды. Алайда, кез келген көшпелі жанның адалдық қасиеті оның дәстүрлі қоғамдық қатынастардың нормалары мен принциптеріне сәйкестілігіне байланысты болды. Яғни соңғылары тұлғаның адалдығының объективтік этикалық өлшемі іспеттес болды. Адалдықтың қоғамдық өлшемге сәйкестілігі оған кереғар арам деп сипатталатын кейбір адамның бойынан кездесетін жәдігөйлік, озбырлық, екіжүзділік, алаяқтық және т.б. жағымсыз қасиеттерді бейнелейтін категория-принцип тұрғысынан анықталады. Яғни адал, арам категориялары бірін-бірі өзара толықтырып отыратын антитезалар. Олардың өзара байланысы философия тілімен айтқанда, үнемі антиномиялық сипатта болады. Адал категориясы тұлға кісілігінің, адамгершілігінің ең басты этикалық өлшемі ретінде қазақы ортада айырықша қастерленді. Қазақ тарихында әйгілі билер соттарында, ақсақалдар кеңестерінде қабылданған әділ шешімдер мен кесімдерді халық ең алдымен осы билер мен ақсақалдардың басым көпшілігінің адалдығымен байланыстыратындығы сондықтан.

АДАЛ АС – шарифат заңдары бойынша адамның ішіп-жеуіне рұқсат етілген, бұйырылған және таза жарамды ас. Сонымен бірге, таза еңбекпен, маңдай термен келген асты, азық-түлікті де адал ас дейді. Дәстүрлі ортада арнайы семіртіп жетілген малды жініктірмей, қуып, қызылмай етпей, сою талаптары бойынша сойылған мал етін де адалға жатқызады. Мәселен, таңертең өріске шықпаған малды союға алып қалса, бауыздамас бұрын аузына су тамызып, жерден көк жұлып тістетіп, яғни ұғымда «отқа іліндірген соң» ғана союға жарамды санаған. Сол тәрізді кешке өрістен қайтқан мал қорада жусаған соң күйіс қайтарып тұрса, дәстүрлі ырым-жора бойынша, «күйіске ілінгеннен» кейін оны союға болмайды. Адамды ақыл-естен айыратын арақ-шарап тектес ішімдіктер, доңыздың, арам өлген малдың еті, «бисмилла» айтып бауыздалмаған аң, құстың еті, сасып шіріген арам хайуандар мен жәндіктер аузын батырған тағамдар, қан, жын, дәрет тектес нәрселер тамған, ит жалап кеткен азық-түліктер арамға саналады.

АДАЛ ІСІК – мал денесіне шыққан ісік, аса қауіпті емес жара түрі.

АДАЛ ЖАНУАР – дәстүрлі түсінік бойынша етін жеуге болатын хайуанаттар. Қазақтың байырғыдан қалыптасқан дүниетанымында төрт түліктің бәрі де шөпкіндікті болғандықтан адалдар тобына жатады. Төрт түліктің өзін күйіс қайырмайтын тақ тұяқты ақ мал, күйіс қайыратын аша тұяқты қара мал деп екі топқа ажыратып қарайды. Ал ақ малға еті жеуге, сүті ішуге жарамды болғандықтан жылқы түлігін жатқызады. Алайда тақ тұяқты болғанмен, сүті арам, еті де арам деп есекті адалдар санатынан шығарып тастайды.

Қара малға түйе, сиыр (ірі қара), қой-ешкі (уақ мал) жатады. Бұлар – аша тұяқты әрі күйіс малы. Ал шошқа аша тұяқты болғанмен, күйіс қайырмайтын және шөпкіндіктіге жатпайтындықтан харам деп есептеледі.

Түз жануарлары ішінде шөпкіндікті болғандықтан арқар (еркегі құлжа), тау ешкі (еркегі тау теке), киік (еркегі сайғақ), марал (еркегі бұғы), бұлан; тақ тұяқты құлан тәрізді қоңыр аңдар адалдар тобына жатады. Бұлардың қатарына шөпкіндікті болғандықтан, қояндар да жатқызылады.

Түз жануарлары ішінде қасқыр, аю, түлкі, қарсақ, ілбісін, мәлін, сабаншы т.б. еткіндікті болғандықтан, харамдар тобына кіреді. Аңшылардың айтуынша, ін аузына артын беріп жатқандықтан борсықтар адалдар санатына қосылмайды. Ал, шынында, борсық таза шөпкіндікті емес, өсімдік тамыры мен қоса басқа да жәндіктерді қорек етеді.

Құстар халық түсінігінде адал/арам деп қарама-қарсы қойылмайды. Адал деп негізінен қаз, үйрек сияқты су құстарын, дуадақ, қырғауыл, кекілік, ұлар тәрізді қыр құстарын шөпқоректі болғандықтан, еті жарамдылар санатына жатқызады. Қаз-үйрек мырық отымен, қыр құстары шөптің дәні, түйіршіктерімен қоректенеді. Сондықтан бұлардың еті шөпқоректі аса дәмді болады.

Ал бақа-шаян, балық, құрт-құмырсқа, жылан т.б. жәндіктермен қоректенетіндіктен сарала қаз, тырна, бірқазан, шағала тәрізді т.б. құстардың еті дәмсіз, жеуге жарамсыз болады. Сондай-ақ, өлекселермен қоректенетін тазқара, қарға сияқты құстар адалдар санатына енбейді.

Сонымен, қорыта айтқанда, жануарларды адал/арам деп топтастыруда олардың ең алдымен шөпкіндікті немесе еткіндікті болуы негізгі ұстаным (принцип) ретінде алынады. Ал қанаттылар етінің жарамды/жарамсыз деп бөлінуі олардың шөпқоректі/жәндіқоректі болуымен байланысты.

АДАЛБАҚАН – киім, зат ілетін бұтақшалары бар үй жиһазы. Адалбақан металдан, ағаштан және ағаш пен металды біріктіріп те жасалады. Сондай-ақ алтынмен апталып, күміспен күптелген нұсқалары да сирек кездеспейтін. Соған байланысты пішіні, пошымы, өлшемі әр алуан болып келеді. Мұның төменгі бөлігі буынтықталып жоғарыдан төмен қарай түрлі (жасыл, қызыл, сары) бояулармен жолақтана боялады. Бунақтың жоғарғы жағынан күмістелген төрт-бес темір сақина кигізіледі. Сақина араларына үш-үштен құстың басы секілді күмістелген темір ілгектер бекітіледі. Ең жоғарғы төртінші сақинаның үстіңгі жағы жіңішкелене келіп ашаланып күмістелген темір орнатылады. Сол тұсынан уыққа байланады.

ҚР MOM қорында XVIII ғасырдың соңында (1795 жыл) Баянауылда (шебері Б.Тоққарин) ағашқа темірді құймалау, соғу жолымен жасалған, ортасынан бүктелетін адалбақанның ерекше түрі (КП 2167) сақтаулы. Металл бетіне күміспен «күптеп» көгеріс өрнегін салып, ақық қондырып сәнделген. Биіктігі 280 см, төмен қарай жуандау болып келеді. Көшкен кезде қолайлы болу үшін екі бөлік арасынан бір-біріне темір таспамен бекітілген. Адалбақанның басына темірден сақина орнатылып, оған ай тәрізді ілмек бекітілген. Төрт жерден жалпақ сақиналар орналастырылған.

ҚР MOM қорындағы (КП 22452/31) металдан жасалған ою-өрнекті адалбақанның ұзындығы 244 см (екі ашасының аралығы 17 см), өзара киілетін алмалы-салмалы үш бөліктен тұрады. Төрт қырлы етіп соғылған темірдің бет жағына күмістен ою-өрнек бедерленген. Ортадағы темір ұстынға дәнекерленген төрт қатарда мүйіз тәрізді иілген ілгіштердің ұшы доғаланып келген және ағаштың бұтағы тәрізді қос-қостан ілмек орналасқан. Баскиім ілуге арналған басы бәйшешектің қауызы тәрізді етіп жасалған, ал төменгі бөлігіне екі аяқ бекітілген. Халық ұғымында адалбақан қасиетті әрі құнды мүлік болғандықтан ұзатылатын қыздың жасауына енеді және бөгдеге тарту етілмейді. Адалбақанды місекер шеберлерге арнайы ақы беріп тапсырыспен жасатқан. Әшекейленбеген, ас-суға қолданатын бұтақты ашабақанды кейде ел арасында адалбақан деп атау кездеседі.

АДАЛДЫҚ – адамның жан тазалығына тән ерекше қасиеттердің бірі. Бұл қасиеттер адамның жақсы ниет, жақсы сөз, жақсы ісінен көрінеді. Қазақ пайымында адам бойында адалдық, пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керек. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың жол жазбалары мен күнделіктерінде көп айтылады.

Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», – дейді. Адалдық ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал

еңбектенуге байланысты қалыптаса келіп, адамның жеке басы мен адамгершілік тұлғасын танытатын моральдық-этикалық сипатқа айналған.

Шәкәрім қажы Адалдық турасында:

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,

Гибадат пен адалдық ар үшін жи, – деп ақын адалдықтың ар тазалығы мен жан тазалығына байланысты екенін назарға алады. «Адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөледі. Адалдықты қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді» (Т. Шаңбай).

АДАМ ЖАСЫ – адам өмірінің белгілі бір уақытпен байланысты кезеңі. Мысалы, қазақы ортада бала десе, адамның жас екенін, ал қарт десе, адамның едәуір жасқа келгенін білдіреді. Алайда адам жасы деген ұғым кісінің биологиялық уақытымен байланысты күйін, өзгерісін білдірумен шектелмейді, этномәдени категория ретінде қоғамдағы әлеуметтік қатынастар жүйесімен, ондағы этикалық нормалармен, сондай-ақ гендерлік ерекшеліктермен байланысты мәдени семантикалық өріс құрайды.

АДАМ ҚҰНЫ – дәстүрлі ғұрыптық құқықта адамның жазым болған, мертлікке дене мүшелері немесе өлімге душар еткені үшін айыпкер тарапынан төленетін айып мөлшері. Адам құны принциптік және нормалық мәнді әдеттік (адаттық) құқық категориясы болып табылады. Оның мәні мен құқықтық механизмі әдет-ғұрып заңдар жинақтары – Жарғыларда негізделген. Академик Ә.Х. Марғұланның пайымдауы бойынша, Қасым ханның қасқа жолында қылмыс пен әскери іске қатысты жақтарында құн мәселесі арнайы қарастырылған. Ол Есім хан заманында да шарифат қағидаларынан алшақ, билер дәстүрінде сақталған. Жоңғар шапқыншылығы заманында құн дауына қатысты баптар қосылған. Есім хан заманында ердің құны бай-кедей, жас-кәрісіне қарамастан жүз жылқы, алты жақсы деп белгіленген. Адам құнын төлеу кезінде алдымен құн төлетушінің жағынан бірнеше туысқандарын шақырып, оларды төленетін құнмен таныстырып, оны бір немесе бірнеше жылда алуға болатындығы айтылады, мұны сүйек құн деп атаған. Қайтыс болған адамның сүйегі туған-туысқандарының қолына тимесе, сүйек құны талап етілген. Ал, төбелес кезінде аты өлтірілсе, оның белгісі ретінде құн төлеушінің атының құйрығы кесіліп, шолақ ат мінгізілген. Көшпелі ортада, Қара қанды шолақ ат деп аталатын бұл жазаның түрінің құқықтық әсерінен көрі этикалық әсері салмақтырақ болды.

Сондай-ақ, ертеде адам өліміне байланысты қара нар, қара кілем төлемі құнға қосымша берілді. Оның атқарылу жосыны – қара кілем жабылған түйеге өлген адамның мәйіті артылып, жерлеуге апарылды, ал, қазаға жиылған туысқандары жыл бойы қара тон немесе қара киімдер киіп, қаза болған адамның әйелі сары жаулық тақты. Бұл рәсімнің де айыпкер мен оның ортасы үшін моральдық-этикалық ауыртпалығы үлкен болды.

Орыс деректері бойынша 1865 жылы кіші жүзде ер адам құны – 1000 қой немесе 100 жылқы немесе 50 түйеге бағаланды. Бұл құнның түрі алтыжақсы деп аталды. Яғни бұл құнға кез келген мал емес, тек таңдаулы мал ғана алынды. Ал, қара құн деп аталатын құнның өтеуіне мал арнайы таңдалмаған. Кейбір деректерде, қазақ қауымындағы айырықша беделді адамдардың құны

өте жоғары бағаланды. Мысалы, бір фольклорлық дерек бойынша, Жәңгір ханның құны бір миллион мал басына теңестірілген (алайда, төленуге тиісті малдың түрі нақтыланбаған).

Әйел құнын ежелгі қазақтар ер құнының жартысына бағалады. Яғни әйелдің құны 500 қой, 50 жылқы, 25 түйеге тең болды. Сонымен бірге, айып пен құнның мөлшері қарсы жақтың тиісті адамдарының шеккен зардабының сипатына және мөлшеріне байланысты болды. Егер айыпкердің қандай да болсын құн немесе айып төлеуге шамасы келмесе, оны бүкіл ру-қауым болып көтеруге тиіс болды. Мұны ағайыншылық институтына негізделген «У ішсең руыңмен» деп келетін мәтел-принциптің құқықтық қатынас саласындағы көрінісі деуге болады.

АДАМ АТА – Араб тіліндегі көп мағыналы бұл сөздің түбірі «кәдімгі адам» дегенді де білдіреді. Алла тағала Адам атаны топырақтан жаратқан екен. Оның Адам ата аталғандығы тұңғыш адам ретінде жаратылғандығынан болса керек. Адам ата күллі адамзаттың түп атасы әрі бірінші пайғамбар екендігінде оның аталмыш тұңғыш адам болып жаратылғандығымен түсіндіріледі. Діни космогониялық, креационистік концепция бойынша Құдай жерді екі күнде жаратқан екен. Көп хикаялардағы антропогенездік пайымға сәйкес алдымен Құдай өзі жаратқан барлық тіршіліктің иесі етіп өз рухынан жан кіргізген Адам атаға он сегіз мың ғалам туралы ілім-білім үйретіп, таным көзін ашыпты. Өзінің теңдесіз құдіретімен жер-жаһанның, тіршілік иесінің қожайыны болған Адам атаға Жаратушы бүкіл періштелердің қалтқысыз бас иіп, құрмет көрсетуін талап етеді. Бірақ, Ібіліс Хақтың әміріне құлақ аспай, отан жаратылғандығын алға тартып, менмен тәккапарлыққа бой алдырады. Сөйтіп Адам атаны тура жолдан адастыруды көздейді. Адам ата жер бетінде жалғыз жүріп зерікпесін деген ниетпен Рахман ие оның оң жақ қабырғасынан Хауа ананы жаратқан деседі.

Әуелі жұмақта рахат өмір сүрген ерлі-зайыптыларға Жаратушы ондағы жемістерді қалағанынша жеуге рұқсат етеді. Тек бір ағаштың жемісіне тиісулеріне мүлдем болмайды. Адам ата мен Хауа ананың жұмақтағы бейкүнә тамаша өміріне қызғанышпен қараған Ібіліс оларды азғыра бастайды. Ақыры жәдігөйдің әшкере зәлімдігі жүзеге асып, алданған жұбайлар тыйым салынған жемісті жеп тынады. Сөйтіп, Хақтың қатаң ескертуіне қарамастан зор күнәға батып, жұмақтан қуылған Адам ата мен оның ұрпақтарына жер бетінде өз еңбектерімен күнелтіп, бейнетпен тіршілік ету бұйырған екен. Бірақ Алла Тағала оларға: «Пәни дүниеге жөнелтемін, өзара өш боласындар, жерді мекен тұтасындар», – деп Ібіліспен арадағы жаулықтың да сақталатынын айтып, оған еліктеуден сақ болуды, бақилық өмірде жұмаққа қайту мүмкіндігінің бар екенін ескертіпті.

Көктен түскен киелі кітаптардың барлығында бірдей баяндалатын бұл діни хикаяларда Хауа ананың Ібілістің арбауына шырмалғанына Алла қаһарланып, оның жазасына бүкіл әйел затына толғақ кезінде қатты қиналуды жазған деседі. Сондай-ақ, көне қазақ аңыздарының бірінде Адам ата Әзәзілдің уасуасасына ермес үшін Хауа ананы қазақы әпсанада арқадан қамшымен тартып жіберген екен делінеді. «Жүйрік аттың сауырына ти, ұл туар әйелдің

жауырынына ти» деп, өрімші қамшыны сертке өреді екен. Содан қамшының сесінен Ібіліс, жын-шайтан қорқады деседі. Сөйтіп, қазақы мифтік дүниетанымда Адам – Ата, Хауа – Анадан бері қамшы отбасында ер адамның билігін негіздейтін символдық мәнге ие болған. Бірақ, Ібілісті ұрып-соғып құртып жіберсе де, қайта айналып келе берген екен. Ең ақырында Ібілістің баласын қазанға салып қайнатып, Адам ата мен Хауа ана бірге жепті-міс. Сондықтан, Ібіліс адам қанында жүретін болыпты. Осыдан барып бүкіл адам баласы Жаратушының лағнетіне ұшыраған малғұнмен өмір бойы алысып, оның зұлымдығынан сақтанып, жақсылық пен жамандық арасын өздері ажырата білуге мәжбүр болған екен. Кімде-кім өз нәпсісін ауыздықтай алса, сол құлы қор болмай екі дүниеде де Алла Тағаланың жарылқау мейіріміне ілігіп, сансыз нығметке бөлене алады деген діни наным-сенім осылай қалыптасса керек. Адам ата және оған байланысты діни-мистикалық композициялық сюжеттер бүгінгі қазақы ортада этиканың және қазіргі тілмен айтқанда, гендерлік қатынастардың жалпы нобайын беретіндей үлгі болып құрылған. Бұған Шортанбай Қанайұлының:

«Атамыз – Адам пайғамбар,

Топырақтан жаралды...

Сол адамнан таралды,

Ұрлық пенен қорлықтан,

Өтірік, ғайбат, зорлықтан

Бойыңды тартып тек жүрсең,

Көрмессің деген залалды.

Белгісі деген бейіштің

Жазғы салқын самалды.

Тәркі деген тамұқтың...»

деген толғауы мысал бола алады.

Адам ата мен Хауа ана туралы осындай мазмұндағы мифтер әуелде Тәуратта, Забур, Інжілде де кездеседі. Демек, түпнұсқа мазмұны дәстүрлі қазақы ортада пәлендей дерлік өзгеріске ұшырамаған. Негізінен «Адам» ұғымы туралы пайымдаулар иудаизм, христиан, ислам сенімдеріне ортақ түсінік болып табылады.

АДАМГЕРШІЛІК – дәстүрлі түсінік бойынша адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық атауы. Ал жақсы қасиеттер, түптеп келгенде, қоғамдық ортада адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы кезінде байқалатын, гуманистік ұстанымдарға негізделген моральдық-этикалық категорияға саяды. Категорияның моральдық қырларына қоғам мүшелерінің бойындағы шыншылдық, адалдық, әділеттілік, ар-ұят, намыс, қанағат тәрізді т.б. ұстанымдар, ал осы категорияның этикалық қырларына үлкен-кішіні құрметтеу, сенім білдіру, көмек көрсету, төзімділік таныту, қайырымдылық жасау тәрізді т.б. этикалық нормалар жатады.

Адамгершілік категориясы қоғамдағы жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты реттеумен ғана шектелмейді. Рулық қоғамның алыс-жақын туыстық қатынастар жүйесінде адамгершілікке тән қасиеттердің этникалық ерекшеліктері болады. Дәстүрлі қазақ қоғамында үлкенді сыйлау, ақсақалды

құрмет тұту, ананы ардақтау, руласына, ағайын-туғанына қамқорлық жасау т.б. тәрізді этникалық мәнге ие ұғымдар жүйесін құрайды. Рулық қауымдастық мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас этникалық сипаттағы этикалық нормалар арқылы реттеліп отырады.

Сонымен қатар адамгершілік категориясының моральдық қырларының да этнос мәдениетіне тән өзіндік сипаттары болады: Рудың, рулы елдің намысы, рулы елдің ар-ұяты, аруақты сыйлау, ата-бабалар жолын мұрат тұту тәрізді адамгершілікке тән моральдық принциптері рулық, руаралық қатынастарды реттеп отырудың ерекше механизмі болған. Мысалы, Жетімін жылату, жесірін қаңғырту рулық қоғамда адамгершілік қасиеттермен ешбір сыйыспайтын жат қылық және жеке адам емес, рулы елдің намысы болып табылады.

Қазақ қоғамдастығында қалыптасқан адамгершілік ұғымдары жалпы адамзаттың құндылықтарымен үндесіп жатады. Басқа халықтардағы сияқты қазақы ортада да сан ғасырлық ұрпақаралық этникалық тәжірибе (шаруашылық-экономикалық, мәдени, соның ішінде, моральдық-этикалық, танымдық, тіпті, экологиялық), қауым мүшелерін, әсіресе, жас ұрпақтарды адамгершілікке тән құндылықтарға – елді, жұртты сыйлау (көпті жамандаған көмусіз қалады, елді жамандаған елеусіз қалады т.б.), ананы, қызды ардақтау (ананың ақ сүті, Меккеге жеті рет арқалап апарсаң да, анаңның алдындағы парызың өтелмейді; Қызды сөкпе, тұзды төкпе); қарттарды құрметтеу (ақ сақалды, сары тісті бол; кәрілікке жет; ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең т.б.), ұжымшыл болу (жалғыз жүріп жол тапқанша, көшпен жүріп адас, у ішсең руыңмен), досқа адалдық, көршімен сыйластыққа т.б. тәрбиелеудің, яғни әлеуметтендірудің негізі болды.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы отбасы тәрбиесінде атақ-абыройды, бақ-дәулетті, денсаулықты, дабыр-дұбырды (бала-шағаны) өсіп-өнуді және осыған қарама-қарсы атағат-атсыздықты, жоқ-жітікті, ауру-сырқаулықты, өлім-жітімді, Алла тағала адамдарды сынау үшін жібереді деп түсінген және бақ-дәулетті көтере алмай, мастанып кетуден сақтандырып отырған.

Қазақ қауымындағы адамгершілікке байланысты ұстанымдардың ерекшелігі сонда, олар туысқандық байланыстар жүйесінің ілкімді категориялары мен ұғымдары арқылы орнықтырылып және реттелініп отырды. Мысалы, көшпелі этномәдени ортадағы үлкен адам – ақсақалдың, орта жастағы адам – әкенің, ағаның, әйелдердің – бәйбіше, келін, қарындас, әпке, апа сияқты туыстық жүйенің негізгі әлеуметтік мәнді категориялардың қоғамдағы орны мен мән-мағынасы т.б. ұғымдар тек туысқандық жүйенің жай атаулары ғана емес, адамгершілік тұрғысынан олар әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі аталмыш субъектілердің қоғамдағы орындарын, тәртібін айқындайтын, әрі айғақтайтын нормалардың және принциптердің функциясын атқарды. Этнос дүниетанымында адамгершілік қасиеттер жақсы мен жаманды; жақсылық пен жамандықты ажырата білуден бастау алып, этностың когнитивтік санасында бинарлық оппозиция түзеді.

Адалдық – арамдық

Жомарттық – сараңдық

Қанағатшылдық – тойымсыздық

Іскерлік – пысықтық
Батырлық – қорқақтық
Иманды – имансыз
Ұятты – ұятсыз
Шыншыл – өтірікші
Кеңпейілдік – күншілдік
Көргенділік – көргенсіздік
Тектілік – тексіздік
Қарапайымдылық – данғазалық
Жанқұмарлық – тәнқұмарлық
Ұжымшылдық – өзімшілдік
Шыншылдық – екіжүзділік т.б.

Ұлы Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сынды т.б. біртуар тұлғалардың шығармаларында «жақсылық» пен «жамандық» салыстырыла айтылып, адамгершілікке байланысты әралуан қырлары ашыла түскен.

Адамгершілік ұлттық рухтың ұлы тіні. Қазақ елі басынан өткерген қайсыбір кезеңдерде оның тіні әр жерден үзіліп, арқауы босаған кезеңдері де болды. Этнолог ғалым Н. Әлімбаевтың талдауында қазақ елінің Ресей отаршылығы кезінде ел ішінде пысықтар, атқамінерлер, қаланың қаратаяқтары, ақжағалылар сияқтылар шықса, советтік дәуірдің бастапқы кезеңдерінде шолақбелсенділер, шолақетектер шықты. Бұлар адамгершілікке тән дәстүрлі түсінікпен үйлесе бермейтін қоғамдық қатынастың субъектілері болды. Олардың заманы өткенмен, қазіргі кезеңде дәстүрлі мәдениеттен, ана тілінен қол үзген, үлкенді сыйлап құрметтеуді тек аташка, әжешка, апашка, тәтешка, ағашка деп түсінетін мәңгірттер көбейді.

Ал постмодернизм кезеңінде, философ ғалым Т. Ғабитовтың зерделеуінде айтылғандай, прагматизм, технологиялық процестің күшеюі, жаһандандудың етек алуы салдарынан мономәдениет ығыса түсіп, дәстүрлі түсініктегі «Адамгершілік» концептісінің мәдени семантикалық өрісіне кірмеген «ақша» ендігі жерде рухани құндылыққа айнала бастады; «бәсеке», «бәсекелестік» жағымды сипат алды. «Ақсақал» биологиялық қартқа, яғни әлеуметтік жағынан қоғамның кіріптар мүшесіне айналды. Қоғамдық қатынаста индивидуализмнің күшеюімен байланысты «Адамгершілік» концептісінің мәдени семантикалық өрісіндегі ұжымшылдықтың орнын өзімшілдік басты. Ғалым Тұрсын Ғабитовтың сөз ауанымен айтқанда, қазақ қоғамы ұлттық рухтың трансформациялану кезеңін бастан өткеріп жатыр. Сөйтіп, адамгершілік категориясының кейбір дәстүрлі ұғымдық бірліктерінің мазмұны өзгеріске түсті.

АДАМДЫҚ / КІСІЛІК / КЕЛБЕТ – жалпы адам бойындағы ес, ақыл, рухани әлемі, жан дүние туралы көзқарастар жүйесі. Кез келген қоғамдық ортада адамдардың таным-түсінігі, ойлау, талдау жүйесі, ес, ақыл, рухани жан дүниесі және тәлім-тәрбие алу деңгейіне қарай адамдарды есі – ақылы бүтін, рухани жан дүниесі таза және ақыл-есі кембағал, рухани жан дүниесі кінәратті деп үлкен екі топқа бөлінді. Қазақы ортадағы түсінік бойынша, рухани жан дүниесі бүтін, ақылды адамдар – жақсы-жаманды, дұрыс пен бұрысты, арам

мен адалды, обал мен сауапты айқын айыра алатын, соған сай қарекет етіп, сын сағатта дұрыс шешім қабылдай алатын адамдар. Бұлар – кең пейіл, кешірімді, жанашыр, мейірімді, адал, ақкөңіл, әділетті, турашыл адам. Өз нәпсісі мен сезімін тежей алатын, атақ, даңқ, шен-шекпенге буланбай өмірге ой көзімен қарай алатын адам. Адам баласын жатсынбайтын, уәдеге берік, ата-ананы, үлкендер мен білім иелерін құрметтейтін, ел қамын өз қамындай ойлайтын, ләззаттана да, кектене де, кешіре білетін де, ауырғанын, сөйлегенін, ашыққан мен тойынғанын, істегенін айқын айыра алатын адам.

Қоғам дамуы мен заман ауқымына сай идеясы мен көзқарасын жаңалап, адамдық қасиеті мен ұлы идеясынан таймайтын өмірді терең түсінетін, (ерте ме, кеш пе) қара жер қойнына кіретінін анық білетін, жан баласына жамандық жасамайтын, ән-жырдан ләззат алатын, киімді таза, ретті киетін ердің ері, егеудің сынығы екендігін жақсы білетін адам. Өзінің ертеңін, ұрпағының болашағын, ел жұрттың тағдырын ойлайтын, әсемдік пен сұлулыққа жаны құштар, ар-намысты бәрінен жоғары қоятын адамдар.

Адамдық адамның азаматтығына сын деп есептелінді, яғни көшпелі ортадағы әрбір адамның азаматтығының этикалық өлшемі болды. Адамдық категориясы адамдық борыш ұғымымен астасады, әрі оның кепілі іспеттес болды. Адамдық борыш дегеніміз өзіне ғана емес, өзгелерге көрсете алатын қызметі. Халқына қызмет етсең, сенің білімің, кісілігің мол дегенді білдіреді. Ал, адам өзінің жеке басынан аса алмай, күйбең тіршіліктен шыға алмаса, ол өз бойындағы қуатын халқына бере алмаса, ол адам күйзеліске ұшырайды. Халыққа қызмет ету азаматтың кемелденуіне, өрісінің кеңеюіне үлкен әсер етеді. Ал, Шәкәрім қажы адамдық борыш турасында: «Ақ жолдан айнымай, Ар сақта, оны біл», – дейді. Сонда таза ісімен, адал еңбегімен және харекетімен көрінетін адамдар болады, олар өзінің ең басты өмір сүру кеңістігі өз халқына еңбек қылу деп есептейді. Шәкәрім сондай адамдар туралы айтып отыр. Алайда, көшпелі ортада адамдық өзінің функционалдық болмысы жағынан туыстық-рулық байланыстардың іргелі нормалары және принциптерімен біте қайнасып жатқандығын аңғаруға болады. Мысалы, көшпелі ортада қоғамдық қатынасты реттеудің ең ілкімді принциптерінің бірі ағайыншылықтың басты шарты адамдық болды. Яғни адамдықты ұстанған руластардың арасында ғана ағайыншылық жүрмек. «У ішсең руыңмен» деп келетін мәтел сөздің туыстық-рулық қатынастарды ұйымдастырушылық принципі ретіндегі әлеуметтік-институционалдық қауқары адамдықтың сақталуына тығыз байланысты болды.

АДАРҒЫ – өрмек жіптерін екіге (асты-үстіне) бөліп тұратын құрал. Бұл кілем тоқуда қолданылады. Адарғыны шеберлер кепкен ағаштан дайындап алады. Екі жақ шеті жонылып, жүзі шығарылған, ортасы сәл дөңес, ені 20-25 см-дей тақтайдан жасалған өрмек жіптерінің жоғарғы және төменгілерін ауыстырып тұратын құрал. Негізінен, өрмек жіптері екіге бөлінеді: күзудегі жіп жоғары шығып, бос жіп күзудің астында қалады. Яғни екі жіп итіс-тартыс өзара айқас орналасады. Осы екі жіптің арасы 10-15 см қуыс болып келеді. Осы қуысқа қылыш өткізіледі. Содан кейін, жіптердің тиісті мөлшерін қолмен

санап анықтап, алдыңғы жіптерді үстіне шығарып, үстіңгі жіптерді керісінше, жоғары шығарып, екі араға адарғы және онымен бірге бақылау жібі енгізіледі.

Адар сөзі көне түркі тілінде кездеседі. Оның қазақша мәні – айыр, ажырату, бөлу. Ол туралы ауыз әдебиетінде:

Ұршық пенен адарғы,

Киіндірген бабамды,

Бәсең ине, кесте біз,

Келістірген ажарды, – деген жолдар кездеседі.

АДАСТЫРУ – дәстүрлі мифтік сенім бойынша малға, адамға келген індетке, ауруға қарсы жасалатын магиялық ырым, яғни мал емдеудің (сенім-нанымға негізделген емдеу шарасы) магиялық тәсілі. Адастыру жоралғысы лаң, топалаң, кемелек, күл, секіртпе, желінсау тәрізді қауіпті індеттер мал арасында толастамаған кезде жасалады.

Малға келген індетті адастырудың бір жолы ертедегі деректер мен ел аузындағы мәліметтер бойынша мынадай: бұл шара сәтсіз күн деп саналатын сейсенбі, жұмадан басқа күндердің бірінде жасалады. Зерттеуші Б.Хинаяттың айтуынша, алдын ала дайындалған қара бақанның ұшына байланған майлы шүберекті қас қарайып, ай туар алдында тұтатып алып қоралы қойдың алдында көтеріп жүрген адамның артынан ауыл адамдары қорадағы қойларды сыртқа айдап ілестіріп отырады. Мақсаты – қойларға «аспандағы жұлдызды көрсету». Ол үшін айды «қақ маңдайға ұстап», яғни қойларды оңтүстік-шығыс бағытқа қарай айдайды. Осы ретте бүкіл ауыл адамдары қойларды қақпайлай үркітіп айғай-шу шығаруы міндетті болып саналады. Бірақ, адамдарға айға көз салуға үзілді-кесілді тыйым салынатын көрінеді. Осылайша оңтүстік-шығыс бағытқа айдалған малды иектеген ауру атаулыны адастырып жіберуге болады екен. Ал қорадағы адамдар болса қой түнейтін орынды адыраспан, арша сынды дәрумендік қасиеті күшті шөптермен аластап тазартады. Сондай-ақ, малға жабысқан ауру-сырқау, індет атаулыны аталмыш «жорық» түні мылтық атып үркітуге тиісті жосын да атқарылатын. Алайда бұл ырымдық жосын-жоралғы дәстүрлі қазақы ортада кейін орныққан тәрізді.

Адастырудың ертеде кең таралған түрі – ауруды малдың бас сүйегіне «көшіру». Ол үшін әлгі бас сүйекті түрлі-түске бояп, иен далаға төрт жолдың түйілісіне апарып, кез келген қарсы жолыққан адамның аяғына қарай лақтыра салып қашады. Мұндай ғұрыптық үрдісті халықтық ветеринарияда көшірме магиясы деп атайды.

АДЫМ – аяқпен аттап өлшенетін ұзындықтың қазақы атауы. Адым қадам деп те аталады. Арық, егістік жер, қора-қопсы сияқты шаруашылық объектілерінің мөлшері көбінесе аяқты соза басқан адыммен өлшенген. Адым мағынасы мәдени-семантикалық өрісте метафораланып, адымын аштырмады «тырп еткізбеді»; адымы қысқа «өрісі тар», адымын аңдыды «әрбір жүрген ізін аңдып, ілгері бастырмады» тәрізді фразеологиялық мағыналарға ұйтқы болған.

АДЫРА ҚАЛҒЫР / ӘДІРЕ ҚАЛҒЫР – қарғыс ретінде айтылатын сөз тіркесі. Адыра қалғыр тұқымы құрысын, жойылып кетсін деген мәнге саяды. Онтологиялық тұрғыдан алғанда, ру-қауымдағы ең ауыр жаза – күнәһар

адамның елден, жерден аластату үрдісінің паремологиялық когнитивтік образы.

АДЫРАСПАН – сортаңдау ыстық өлкеде кездесетін, басында ащы дәні бар дәрілік өсімдік. Киелі, әрі емдік қасиеті жоғары деп саналатын адыраспанды дәстүрлі ортада жұлардың алдында киесі ұрады деп алдын ала дәрет алып, ерте аттанып барып иіліп сәлем берген:

Ассалаумәләйкум, адыраспан,
Бізді сізге жіберді Омар, Оспан.
Кеселге жеті түрлі ем болсын деп,
Әкім Лұқпан пірлері ақыл қосқан.

Соңынан малдас құрып, Құран аяттарын оқиды. Адыраспанды тек ер адам ғана жинайды, қапқа салып жинап алып, кептіріп қояды. Ертеде әйел босана алмай қиналып жатқанда, зиянды күштерді адыраспан түтінімен қуатын болған. Адыраспанмен баланың бесігін және сырқат адамды да аластайды. Тіл мен көз тигендерді емдегенде адыраспанды түтетіп, тұзды басынан айналдырып, отқа тастайды. Сонда:

Алас-алас, мың бір бәлеңнен қалас,

Тілдінің тілінен, көре алмағанның көзінен сақта! – деп отқа тұз тастайды. Адыраспанмен аластау рәсімі қазіргі күнде де қазақтар арасында кеңінен қолданылады.

Адыраспан қазақ үшін қасиетті шөп болғандықтан бәле-жаладан сақтайды деп үйдің ішіндегі көрнекілеу жерге – кереге басына іліп қояды. Жаңа үйге кірерде босағаға жын-шайтан мүлдем жоламасын деп, адыраспанмен аластаған. Сонымен қатар, бұл өсімдікті иесіз үйді иесі жоқ кезде жайлап алған беймәлім жын-шайтандардан тазарту үшін адыраспанның бір бұтағын отқа салып тұтатып, аластайтын болған. Сондай-ақ, ауыл әйелдері бірігіп текемет басқанда, әзірленіп жатқан текемет, киіздің қасына көз тимесін деп адыраспан және қызыл түсті мата төсейді. Өйткені, ондайда текеметке немесе киізге көз тисе, салынған өрнектер қиғаш немесе қисық түседі-мыс.

«Адыраспан, адыраспан шыққан жерді, сірә, баспан» деп келетін магиялық формула-тіркес адыраспанның дәстүрлі түсінікке сәйкес айырықша қасиетіне байланысты қалыптасса керек. Адыраспанның магиялық киелі қасиетімен бірге, емдік шипалығы да бар. Алайда, адыраспан – улы өсімдік. Қаратау сілемдерінде өсетін адыраспанды ашыққан кезде сиыр мен жылқы жеп, тыныстары тарылып, уланады.

Тұмау тиіп ауырғанда, отбасы мүшелерін адыраспанға тұз қоса отырып аластаудың магиялық функциясымен қатар ем дарытатын қасиеті де бар. Сондай-ақ емшілікте адамның буынын сырқыраудан, аяқ-қолын қақсаудан емдеу үшін адыраспанды қайнатып, сол сумен ауырған мүшені үш мәрте булайды. Жел-күздан қозған буын ауруын емдеу үшін адыраспанның жас сабағын қиып алып, жаншып буынға тарту керек. Суықтан болған ауруға, терісі бөрткен кезде адамды адыраспан суына шомылдырған. Құянмен ауырған адам адыраспанның сабақ, жапырақтарын қайнатып, күніне ұдайы екі жеті қатарынан ішуі керек. Тіс қақсап ауырғанда, адыраспанның шөбімен

ыстағаннан кейін басылады. Ұмытшақтық меңдетсе адыраспанды сабағы мен жапырағын бірге қайнатып ішеді.

Көшпелілер кесіртке тәрізді жәндіктер жараланғанда адыраспанға аунап жазылатынын байқаған. Малдың қотырын адыраспанды қайнатып жуған. Жүн мен қолөнерде қолдананылатын түрлі жіптерді бояу үшін адыраспанды көп мәрте қайнатып, қызылкүрең түсті бояу алады.

АДЫРНА¹ – қол күшімен атылатын қарудың-жарақтың (садақтың) ату қызметін атқаратын негізгі серпінді бөлігі. Қазақ жақтарының адырнасы әртүрлі материалдар қолданылған бес бөліктен (екі иіні, екі басы, белі) құралып жасалды. Адырнаның негізі ағаштан жасалып, бөліктері бір-біріне желімделіп қосылып, қосылған жерлері тарамыспен буылды, серпінді болу үшін иіндеріне іш жағынан мүйіз пластиналар салынып, сырт жағынан тарамыс желімделіп, дымқылдан және құрғаудан сақтау үшін қайыңның тозымен оралды, ал белі сүйекпен күшейтілді. Басы мен иінінің түйіскен тұсында кірісінің соққысын қабылдайтын, сүйектен жасалған тобыршағы болды.

Адырна сыртына қарай қайырылып жасалады, ату үшін оны іш жаққа қарай иіп, екі басына ілінетін, қайыстан, тарамыстан немесе жібек жіптен жасалған керме жіп – кіріс тағады.

Ауыз әдебиетінің деректеріне сүйенсек, жасалуы осындай күрделі болғандықтан, жақтың адырнасы өте қымбат тұрған, адырнаны батырлар бірнеше жылқыға сатып алған.

Алты атқа алған адырна,
Он атқа алған бұхаржа
Кірістен кетсең саған серт.
(«Ер Қосай»).

Жақтың ату қызметін атқаратын басты бөлігі болғандықтан дәстүрлі мәдениетте адырна атауы жақтың өзінің атауының орнына, оның эвфемистік жанама атауы ретінде де қолданылды. Яғни, тілдегі метонимия заңдылығы бойынша бөліктің атауы бүтіннің атауының орнына жұмсалды, бұл көне магиялық түсініктерге байланысты, соғыс ісінде қарудың өз атауларына қолданылған тілдік тыйымнан (лингвистикалық табу) туындаған болатын.

Алты атқа алған адырна
Ата алмасам сағат серт!..
Шым жібектен ескен кірісі
Үзіліп кетсең саған серт!
(«Ер Қосай»).

Адырнасын қолға алып
Жарағын жауға сермеген
(«Асан қайғы, Тоған, Абат»).

Кейбір халық ақындарының шығармаларында жақтың (садақтың) кірісін де кейде адырна деп атау кездеседі.

Ер жүректі Еспембет
Ақбөртеңі баптады.
Сары ырғай садаққа

Терісінен бұғының
Адырнаны таққаны.

(Дулат Бабатайұлы. «Еспембет»).

Жақты (садақты) атқан кезде адыранасына керілген кірістің дірілінен музыкалық аспаптың шегінен шыққандай ерекше дыбыс шығатындықтан жыраулар поэзиясында «адырнасын ала өгіздей мөңіреткен» деген әсерлі теңеуді кездестіруге болады.

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен
(Махамбет).

Музей қорларында қазақтар қолданған жақтардың адырналары бар.

ҚР ОММ қорында XVIII-XIX ғасырларда жасалған жақтың осындай адырнасы сақтаулы (КП 1897). Жалпы ұзындығы 116 см, иіндерінің ұзындығы 51 см, ені 3,8 см. Адырнаның негізі ағаштан жасалып, иіндерінің үстінен тарамыс тартылып, алдыңғы беті тозбен қапталып, қою қызыл түске боялып өрнектелген, екі иініне ішкі жағынан ұзындығы 58 см мүйіз пластиналары салынған. Иінінің басымен және белімен түйіскен тұстары тоздың ақ, қызғылт, қара түске боялған жіңішке таспаларымен оюлап өрнектелген.

Белі қолға тұтар жерінде алды артынан сүйекпен күшейтілген, сыртынан тарамыспен оралып, орта тұсында қайыңның тозымен, екі шетінде иінімен түйіскен тұсында терімен қапталған. Бастары су, дымқыл өтпес үшін жұқа бедерлі терімен оралған. Адырна басының кіріс тағылатын ойығы бар ұшы, берік болу үшін, мүйізден бөлек жасалып орнатылған. Адырнаның бастарының иінмен түйіскен буынында кіріс соққысын қабылдайтын, сүйектен жасалған қорғағыш элемент – тобыршақ орнатылған.

АДЫРНА² – қазақтың дәстүрлі аспаптарының бірі. Көп ішекті, беті көнмен қапталады. Шертіп тартылады, яғни шертпелі аспаптардың қатарына жатады. Зерттеушілер аспаптың атауын садақпен байланыстырады.

Аспаптың корпусы екі бөліктен тұрады: «мүйіз» және «құйрық». Осы екі бөліктің арасына тарамыстан немесе ешкінің ішегінен арнайы жасалған жіптен ішек тағылады.

АЖА – отбасындағы, әулеттегі ең тәжірибелі ақылгөй, сыйлы адам, әже. Әулетте де болсын, ауылда да болсын ажаның пікірімен санасып отырған. Тұрмыстық мәселелерде ажа тіпті, шешуші рөл атқарды. Ажа отбасындағы, әулеттегі әлеуметтік мәселелерді шешіп отырған, айналасындағыларды ұрыс-керіс, дау-жанжалға жібермеуге күш салған, әулеттің билігі ажаның қолында болған. «Ай дер ажа, қой дер қожа жоқ» деген белгілі фразеологизм ажаның көшпелі қоғамдағы өзіндік ерекше беделді рөл атқарғандығын айғақтайды.

АЖАЛ – бірінші діни мағынасында, дәстүрлі түркі-қазақтық дүниетанымда да, мұсылман демонологиясында да Жаббар иенің әмірімен адамның, жалпы тіршілік иелерінің жанын алатын үрейлі, кейде жағымсыз мәндегі тылсым құдірет иесі болып саналса, екінші, ғылыми және тұрмыстық мағынасында адамның биофизиологиялық ғұмырының аяқталғанын білдіретін, болмай қоймайтын ең ақырғы шегі, болмысының жойылуы.

Қазақ-ислам мифологиясында жаналғыш Әзірейіл періште (ғ.с.) бейнесі ажалға алып барушы субъект ретінде сипатталады. Ал исламға дейінгі түсінікте ажал Сұрмерген, кейде Сұржекей бейнесінде болғанын көрсетеді және бұл мифтік бейне ислам мифологиясындағы Әзірейілден әлдеқайда көне болуы ықтимал. Ұрыс-соғыста қауіпті-қатерде «Сұрмерген жолға шықты», «Ажал оғы қайсымызға тиер екен» дейді екен.

Ауру-сырқау адамның да ажалы жақындағанда ажал төнді дейді. Ажал ұғымы адам баласының өмірі алдын ала Құдай құдыретімен белгіленіп қойылған дейтін көне фаталистік сенім-нанымдарды қамтиды. «Тағдыр», «маңдайға жазылған», «жазмыштан озмыш жоқ», «пешенесіне жазылған» деген секілді сөздер осының дәлелі. «Тәуекел ет те тас жұт, Ажал жетпей өлмек жоқ», «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», «Ажалды өле ме, аурулы өле ме», «Ажал жетпесе оқ жетпейді», «Ажал мен ақымаққа дауа жоқ», «Ажал айтып келмейді, өткен қайтып келмейді» деген сөз орамдары мен мақал-мәтелдерде ажалдың кездейсоқтығы, болмай қоймайтындығы, қайтымсыздығы сияқты атрибуттары берілген.

Діни түсініктегі оптимистік сарындар бойынша, ажал жанның тәннен сая таппай тастап шығуы кезінде болатын құбылыс және адам баласының о дүниедегі өмірінің бастамасы деп есептеледі. Құдайдың құдіретімен әуел баста ажал деген маңдайға жазылып қойған жазмыш, яғни белгіленген мезетте ажал жетеді деген наным-сенімдердің жүйесінде оған деген рационалдылық пен көнбістік қатынас байқалады. Тәңірдің «маңдайға жазғаны», «жазмыш» тәрізді сөздер осы түсінікті аңғартады. Мұндай түсінікті байырғы ақын-жыраулардың өлең-жырларынан, мақал-мәтелдерден айқын аңғарылады:

Айғайласып жауға ти!

Тәңірім білер жігіттер,

Ажалымыз қайдан-ды!

(Махамбет).

Жалаңаш бар да жауға ти,

Ажал жетпей өлмейсің

(Мақал).

Қазақы дүниетаным тұрғысынан «ажал» – тіршіліктің болмай қоймас шарты. Мысалы,

Адамды аңдып жүрген ажал дұшпан,

Өлімнің білмейді ешкім ерте-кешін

(Базар жырау).

Адамға ажал тағдыр жақын келсе,

Қызықты қызық дүние қарап қалар

(Бақтыбай ақын).

Ажалға байланысты қалыптасқан ажалдың ісі шықты деген фразеологизм өлім қаупі келді, өлетін уақыт жетті деген мағынаны білдіреді. Бұлар қазақ философиясындағы ажалға деген рационалды-көнбістік қатынас болса, қаралы үйдегі қара жамылу, жоқтау, әйелдердің қырық күн шашын жайып жүруі оның қайғылылық бейнесін ашады да, терістеушілік мәнді жамайды. Ислам сеніміне дейінгі кезеңде түркі-қазақ жұртында ажалға деген

катынастың осы екінші түрі сақталған. Мәселен, Қорқыттың өлімнен қашуы туралы аңыздың сюжетіндегі өлімді терістеушілік, тағдырға мойынсұнбау идеясы жатыр.

Әлемдік психоанализде адам бойында өлімге ұмтылатын инстинкт болады, ол – танатос деп аталса, қазақтарда «өлетін бала молаға қарай жүгіреді», «ажал айдап барды» деген сияқты образды бейнелеулер де кездеседі. Ажал сөзінің синонимі өлім, логикалық предикаттары: о дүниелік болу, бақилық болу, шейіт болу және т.б. Қарама-қарсы ұғымы – өмір, тіршілік.

АЖАРЛАУ – қолөнершіліктегі жасалған бұйымды сәндеу, әрлеу, әдемі етіп құлпырту. Затты көз тартатындай етіп құлпыртудың тәсілдері көп болған. Кең таралған тәсіл ағаш, темір сияқты материалдан жасалған бұйым дайын болғанда, оның бетін зімпармен, егеумен тазалап, ағаш көмірімен, былғарының астар жағымен, киізбен, шұғамен ысқылап жылтырату, өңін ашу т.б. болған. Ағаш пен металл бұйымдарға жұқалап май жағып, жұмсақ матамен ысып, сүртіп алғанда, ол жылтырап әдемі көрінетін болған. Ажарлаудың ендігі бір тәсілі – бұйымның бетін сырлау немесе бояу. Шеберлер сырлау, бояу арқылы бұйымның, мәселен, түсті металдардан жасалған заттардың табиғи түсін әртүрлі (қоңыр, қара, сарғыш қызыл, қара сұр) түске айналдырған. Заттың бетіне белгілі бір түс, рең беру үшін алтынмен аптау, яғни алтынмен булау (алтын жалату), күміспен күптеу (қақталған жұқа күміспен жабу), лажылау, тыныкелеу (көгілдір шыны түстес ерітіндімен бояу) тәрізді тәсілдерді және өсімдік бояуларын да пайдаланған.

Ажарлаудың бір түріне заттың бетіне ою-өрнек жүргізіп әшекейлеу жатады. Ою, өрнек салу – қолөнердің қай саласында болмасын, өте жиі қолданылатын көркемдеу тәсілдерінің бірі. Арнаулы аспаптармен бұйымның бетіне ою-өрнек түсіріп ажарлаудың халық арасында оюлау, нақыштау, шимайлау, бедерлеу, безеулеу, бағдар жүргізу, ою бастыру, шыжбайлау тәрізді атаулары мен түрлері болды.

АЖУА – кекесін, мысқылға құрылған астарлы сөздің ерекше түрі. Ажуаның астарлы кекесін, ащы мысқыл түріндегі сипаты халық шығармашылығында, фольклорлық мұраларда жиі кездеседі. Мысалы, ел ішіндегі дүмше молдаларды ажуалайтын Тазша бала, сараң байдың қылығын ажуа ететін Алдаркөсе бейнесі жалпы халықтық сипат алған.

Демек, ертеде дәстүрлі ортадағы моральдық-этикалық нормалардың сақталуы мен қадағалануында ажуаның атқаратын өзіндік тәрбиелік мәні және реттеуші функциясы болды. Сондықтан ажуаны дәстүрлі қоғамдық қатынастардың мәнді элементтердің бірі ретінде қарастыру маңызды болып саналады. Қазіргі көркем әдеби туындыларда ажуа-сықақ ерекше жанр түрінде қалыптасқан.

АЖЫНА – демонологиялық кейіпкер. Орта Азия халықтарында (тәжік, өзбек, қарақалпақ, қырғызда) және Оңтүстік Қазақстан өңірінде әңгімеленетін қаскөй рух-ие. Бұл түсінік ислам дініндегі жын ұғымымен жергілікті мифологиялық түсініктер (албасты, марту) араластығынан пайда болғаны байқалады. Қазақ наным-сенімінде көрінбейтін, адамдар мен жан-жануарларға

қаскүнем күш иелеріне саналады. Ә.Диваев «Ажыналар бұлар да жындар, бірақ, әйел жыныстылар» деп жазады. Ажына әйел кейпінде көзге елестеп, біртіндеп құбылып алыпқа айналатын тылсым бейне, кейде иенде ешкі бейнесінде кездеседі. Тәжіктердің түсінігінде ол төккен күлдің арасында өмір сүреді. Түрікмендер мен түріктерде және қазақта ажына мен жын ұғымдарының пәлендей айырмасы жоқ деуге болады.

Қазақ бақсысы жын мен ажыналарды қойдың боялған бас сүйегіне магиялық «көшіру» рәсімін жасаған. Бұл туралы Ә. Диваев былай деп жазады: «Кейбір бақсылар айтып сойған малдың бас сүйегін алып, оны қара және қызыл түстерге бояйды, сонан соң ауырған адамның қойнына тығады да, оның астынан бас сүйекті алдап өткізген болып, бас сүйекті лақтырып жіберіп, ауруды сүйрелеп қаша жөнеледі. Ал, аурудың ішінде осы уақытқа дейін отырған жындар мен ажыналар әлгі бас сүйекке ұмтылып, оны кеміре бастайды, олар осы іспен айналысып, сол жерде қалады, ал бақсы сол сәтті пайдаланып, аурумен бірге тез кетіп қалады, жындар мен ажыналардан босаған ауру содан соң сауығып кетеді-мыс». Араб-парсы тілінде «жын» жалпы атау, ал «ажына» жындар деген ұғымды білдіреді.

АЖЫРАСУ – некенің бұзылуы, отбасылық қатынастың тоқтатылуы. Социумның (әулет, ру, тайпа т.б.) әлсіреуіне, ыдырауына соқтыратындықтан, әйелдің күйеуден, күйеудің әйелден ажырасуына байырғы қазақ қоғамы жол бермеуге тырысқан. «Босағаның берік, керегенің кең, шаңырақтың биік» болуын өсіп-өнген жуан ауыл, табаны жалпақ, құрығы ұзын тайпа іргелі елдіктің негізі деп ұққан. Ажырасудың себептері ауылбасы, рубасы, билердің қатысуымен мұқият тексерілген.

Қазақы ортада әдет-ғұрыпқа сай ажырасуға себеп болатын жағдайлар күйеуіне қатысты жағдайлардан туындауы мүмкін: егер күйеужігіт бірге тұруға жарамаса; ол қылмыс жасап, ұзақ уақытқа қамалса; басқа дінді қабылдаса; ұзақ уақыт (3-4 ай) бойы хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен кезде әйелдің ажырасу талабын қоя алатын құқы болды. Бұл жағдайлар созылып кетуі де мүмкін. Мұндай жағдайда әдет-ғұрыптық құқықтың нормалары бойынша немесе Шарифат жолымен ажырасу мәселесі қарастырылады. Мұндай жағдайлардағы қолданылатын ұстанымдар бір-бірін толықтырып отырады. Негізінде, ажырасу әйелдің төркіні тарапынан жасалған талаптарға байланысты немесе әйелдің өзінің ауыл ақсақалдары мен ықпалды адамдарға немесе билерге шағымдануы негізінде қаралады. Егер, әйелі күйеуінің бірге тұруға жарамайды деген шағымы болса, көп жағдайда еріне емделуге, қаралуға үш ай уақыт мұрсат беріледі. Егер ажырасу туралы шағымына себепкер әйелдің мінезі арқау болса, ол шағымды қарастырушылар тарапынан көбіне қабылданбайды, дәлірегі әйелдің «Құдай берген мінезі» ажырасуға себеп бола алмайды.

Ішінара әйелдердің ерлерінен қашып кетуі некен-саяқ болса да, кездескен. Қалыптасқан үрдіс бойынша, ажырасу үшін алдымен, әйелі күйеуінен үш рет қашып шығуы тиіс. Үшінші рет қашып шыққаннан кейін, егер ел әйелдің күйеуінен жәбір көргенін растайтын болса немесе куәгерлер ері әйелін үйден

қуып жіберіп, бірнеше жыл қарамағанын дәлелдейтін болса ғана ажырасуға рұқсат берілді.

Қазақ арасындағы ұстаным бойынша, шарифат ережелеріне сай ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде әйел ажырасуға себеп емес. Қазақы түсінік бойынша, әйел кінәсіз болған жағдайда, оның пайдасына (ортақ) мал мүлкінен арнайы үлес бөлініп берілді. Оған қоса әйелдің күнделікті өмірде пайдаланған тұрмыстық заттары қоса берілген. Ажырасқан кезде кінәсіз деп танылған әйелге тиетін мұндай үлесті ақымар деп атаған. Ақымар малдай, жылжымайтын мүліктей немесе ақшалай да берілген.

Мұсылмандық ортада ері үш рет «талақ» деп айтқаннан кейін неке бұзылады. Егер талақ деп екі рет айтылып келесі некеге дейінгі күтетін мерзімі (ол идда деп аталады әлбетте төрт ай он күн) өтсе, онда қайтадан некесін қиған. Күйеуінің өз әйелін соққыға жығып, бір мүшесін мертіктіріп, басын жарып, көзін шығарса, зақым болған мүшесінің құнын (саусақ құны, көз құны және т.б.) төлеткен. Бұл жайт ажырасуға себеп болуы мүмкін. Ал, әйелдің туыстарын балағаттап, намысына тигендігі дәлелденген жағдайда, сүйек сындырған құны, өнерлі әйелдің өнеріне нұқсан келтірген жағдайда, өнер құны тәрізді мәселелер арнайы қарастырылады. Бірақ, бұл ажырасуға себеп бола алмайды.

АЖЫРАТҚЫШ – қос тұтқалы немесе қол ара тістерінің арасын екі жаққа ашып ажыратуға арналған құрал. Бұл құрал қайралған темір ара тістерінің жүзі мұқалмас үшін қатты ағаштан немесе мүйізден жасалады. Ажыратқыштың жұқалау екі бүйір жағынан ара тістеріне салуға лайықтап бірнеше керттік ойылады. Құралдың сабы іске қолдануға ыңғайлы етіп жасалады.

Ажыратқыштың атқаратын қызыметін былай сипаттауға болады: ағашты кескен кезде араның тістері кесікке қысылмай, кедергісіз ілгері-кейін қозғалуын қамтамасыз етеді. Ажырату жолы: ара тістері біртіндеп, ерсілі-қарсылы ажыратқышпен біршама қайырылады.

АЖЫРҒЫ¹ – тұтқындалған, құлдыққа алынған адамның мойнына және екі қолына кигізіліп бекітілетін жарма тақтай. Негізі ажырғы тұтқынды қашып кетпес үшін және оны азаптау үшін қолданылды. Қазақта «Қолын кісен жеген, мойнын ажырғы жеген құл» деген сөз соған байланысты айтылған. Ажырғының тең ажырғы, аумалы ажырғы деген түрлері болған.

Манж-циндіктердің ықпалында болған Шыңжан, Қобда қазақтарының ортасында болған қазақтар арасынан шыққан ақын Ақтан Бабиұлы ажырғы туралы былай дейді:

Қылмысты жанның орыны,
Аты жаман абақты.
Көзір салып қолына,
Ажырғысын артады.
Арманына жеткізбей,
Бейшараны атады.

Аумалы ажырғы салмағы біржағына ауып, ауған жағына адамның басын қисайтып тартып тұратын ажырғының ең азапты, ауыр түкейде ұясынан шығып мәңгі мүгедек болып қалатын кездері де болады дейді мәлімет

берушілер. Тең ажырғы салмағы екі иыққа тең түсетін, алға-артқа ауып кетпейтін, ойығы мойынды қажамайтындай кеңдеу етіп жасалады. Тең ажырғы өзінің тұтқын екеніне мойынсұнған, бірақ қожайынның сеніміне кірген адамның мойнына салынады. Осыған байланысты төмендегідей сөз орамдары сақталды. Мысалы, аумалы ажырғыда жүрмін деген сөз «жұмысқа енді ғана жалдандым, әлі сенімге кіре қойған жоқпын» дегенді, ал тең ажырғыдамын деген сөз болса «әлі жалданып жүрмін, бірақ қожайынның сеніміне кіріп, азғантай болса да жеңілдедім» дегенді білдіреді.

Ескі Хорезм, Қытай, Иран сияқты ежелгі отырықшы, құл иеленуші елдерде азаптаудың бұл түрі кеңінен қолданылған. Ажырғының жауыры беріш болып адамның тәнінен ғана емес, абыройына да басылған таңбадай болып, мәңгі өшпей тұрады екен. «Мойнына мойын шалмаш ораған әділетті патша» атты қазақтың ескі аңызында алтын тақта мойнына шалғыма орап, берішін жасырған патша әлгіндей азаптан өтіп, әділетті болған адамның бейнесі түрінде сипатталады.

АЖЫРҒЫ² – арқасы кетіп, жауыр болып жарақаттанған жылқының мойнына тағылады. Титықтап, мазасызданған ат мойнын иліктіріп басымен жарасын ушықтырмау үшін жасалған, қамыт іспеттес әбзел. Қазақстанның кейбір аймақтарында ажырғының түрлерін жауыр ағаш, мойынағаш немесе мойынса және кескек деп те атаған.

АЗА – қайтыс болған адамды аза тұтып, о дүниеге жөнелтуге байланысты жасалатын қарекеттер, оның рухы мен құрметіне жасалатын түрлі рәсімдер жүйесі. Аза сан алуан шаралардан тұратын күрделі кешенді ғұрып. Әдетте, қайтыс болған әйелдер мен балаларды аза тұтпайды. Азаға төмендегідей жоралғылар жатады: бой жасаған кезде атқарылатын бақұлдасу, арыздасу, қоштасу, атақты адамдардың өсиет қалдыруы, жерлеу, көрісу, қаралы ту тігу, қара жамылу, марқұм болған адамның атынан жоқтау шығару, ас беру, марқұмды ардақтау, оның адамгершілік қасиеттерін еске түсіру, қаралы үйдің қайғысына ортақ болу және т.б.

Өлім шыққан үйдің сол жағына найза шаншып, қаралы ту (жалау) тігу арқылы аза тұтуға себепкер болған марқұмның қанша жаста екендігінен белгі береді: жас жігіт болса – туға байланған орамалдың түсі қызыл, орта жастағы адам болса – қара, қарт болса – ақ түсті болып келеді. Ежелден келе жатқан салт бойынша, қайғыға душар болған үйдің қайғысына ортақ болып, жақындарына жұбату айтады, етене жақындары, әйелдер жоқтау айтып көріседі. Қайғыға ортастасып, қайырлы болсын айтуға келгендерді бет көріп, жақсы сөз айтуға келгендер деп атап, оларды жылаумен қарсы алады. Келгендер жылай көрісіп, еркектер жағы «ой, бауырымдап!» дауыс шығарады, марқұмның әйел туысқандары (әйелі, қызы, келіні, жеңгесі, қарындасы, апалары және басқа да етене жақындары) жоқтау айтып көріседі. Осы ретте айта кететін жайт – марқұмның әйелі әшекей заттарды тақпауға тиісті. Кейбір деректер бойынша, дәл осындай рәсімді марқұмның апасы, жеңгесі, қарындасы сияқты жақын әйел туысқандары да ұстанған. Марқұмды жерлеген соң айтылатын жоқтау кейде Құран сүрелерінен дұға жасалғанша ұзаққа

созылады. Егер қайтыс болған адам 20-25-терде немесе одан да жас болса, оған да жылына дейін жоқтау айтылған.

Марқұм орта жастағы адам болса, туған-туыс, достары қатты қайғырып, ер азаматтары «ой-бауырымдап», ал әйелдері беттерін тырнап жылаған. Егер бетін тырнамаса, әйел қайғырмады деген сөзге ұшырайтын болған. Сондықтан әйелі бетін тырнап, бетіне дақ түсіріп, қатты аза тұтып отырғандығын білдіретін болған. Қазақстанның барлық аймақтарында күйеуі қайтыс болған әйелдер басына ақ салады. Қаза болған адамды өз үйінің арулау рәсімдерін өткізуге арнайы тігілген киіз үйге орналастыруды оң жаққа салу деп атады. Ондай үйдің түрілген туырлығы қайғыны білдіреді. Ер адамдарға аза тұтуда ат тұлдау, тұл жасау ғұрпы атқарылады және ол жыл уағына дейін жалғасады: марқұмның тұтынған ат әбзелдері, киім-кешегі, қару-жарағы мен бағалы заттары, яғни марқұмның барлық жақсы заттары киіз үйдің ішінде ілулі тұрады. Көшкен кезде тұл атты ерттеп, тұлдың сұлбасын ерге қондырып азалы әйелдер жетектеп жүреді. Қаза болған адам орта жаста болса, онда оның әйелі қара жамылған кимешегінің жағын ашады.

Бұрынғы кезде қазақтарда аза тұтудың маңызды тұсы – қаза болған адамға «тұл» дайындалған. Қоштасу рәсімінің бірқатары марқұмның мініп жүрген атына қара жауып, құйрығын кесіп, тұлдап, сойылғанға дейін құр жібереді.

Қайтыс болған адамның артынан аза тұту үрдісі бір жылға созылып, ас берілуімен бірге аяқталады. Астан кейін ол үйде (ауылда) сеп бұзылып, қаралы ту түсіріліп, азалы күй тоқтатылады. Жесір қалған әйел тек ерінің асын берген соң ғана қайта тұрмысқа шығуға ерікті.

Жай қатардағы адам шыққан үйде қаралы ту тігіп, аза тұту үрдісі болмаған сияқты. Әшекейлік бұйымдарын жесір әйел тұрмысқа қайта шыққанда ғана таққан.

АЗА МАЛЫ – дәстүрлі қазақ қоғамында қайтыс болған адамның үйіне басқа адамдар тарапынан қазаны атқаруға байланысты (ысқат, жерлеу, жетісін, қырқын, жылын атқаруға) кеткен шығындардың орнын толтыруға үлес ретінде берілетін мал мен дүние-мүлік. Аза малына қолғабыс, жәрдем беру сияқты әрекеттер де кірді. Қаралы үйдің шығынын өлген үйдің жанашыр туыстары, құда-жекжаттары, дос-жаран, тамыр-таныстары көптеп көтеріп әкетеді. Ы. Алтынсариннің жазуына қарағанда, қаралы үйге дәулеті мен қайтыс болған адаммен арадағы байланысы мен сыйластығы, туыстығына қарай бата оқуға келгендер екі, үш, жеті, он жылқы немесе соншама түйе әкелді. Алыс-жақында тұратын туған-туыс, жанашыр ағайындары, достары болса, ысқатқа, жерлеуге шыққан шығын орнын толтыру үшін әркім өз мүмкіндігіне қарай бірнеше жылқы немесе түйе береді.

Ертеде азаға атан түйе, көбінесе жылқы беруге шамасы жетпегендер қой беретін. Бірақ, ешкі немесе сиыр малы берілмейді. Кедейлер болса мата берумен шектелетін. Ал, көңіл айтушылар мен қайғыға ортақтасқан көрші, ауылдас, жерлестер тарапынан материалдық көмек берудің бұл түрі мал немесе ақша түрінде болды. Сондай-ақ, осыған қоса ауылдастары аза шарасына байланысты ауыр жұмыстарды бөліп атқарды. Қазіргі кезде

аталмыш ғұрыптық іс-шараларда берілетін мал мен мүліктің орнына көбінесе ақша жүреді. Қазақ қоғамында мейірімділікке, ізгілікке негізделген бұл салттың ағайын-туыс, ел-жұрттың ынтымағын сақтаудағы үлкен әлеуметтік мәні болды.

АЗАН – мұсылман жамағатына намаз уақытының кіргендігін білдіретін ерекше әуезді үнмен хабарлау рәсімі. Азан сөзі араб тілінен аударғанда «намазға шақыру», «хабарлау» деген мағыналарды білдіреді. Азан шақырудың бекітілген өз әдептері мен шарттары бар. Айт және жаназа намаздарында азан айтылмайды. Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннеті бойынша бұл діни рәсім әр намаздың дәл уақыты кірердің алдында орындалуы тиіс. Шарифат бойынша азанды тек балиғатқа жеткен ер адамдардың ғана айтуы құпталынады. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) жеткен хадис шәріптерде: «Ей, иман келтіргендер! Жұмада азан шақырылғанда, дереу Алланы еске алуға асығындар және сауда-саттықты тоқтатындар» делінеді. Яғни азан шақырылысымен дәреті бар мұсылман баласы барлық дүниауи шаруасын тастап, намазға асыққаны жөн саналады. Азан айтылғанда мұсылман баласы азаншының артынан азан сөздерін іштей қайталап отырса үлкен сауапқа кенеледі. Азан бітісімен оның арнайы дұғасы оқылып, мұсылмандар намазға бас қояды.

Ислам дінінің алғашқы жылдары, яғни азан әлі бекітілмей тұрғанда мұсылмандар жамағатпен бірігіп оқылатын намазға бірін-бірі айқайлап шақыратын. Оны біреулері естісе, екіншілері естімей намазға кешігіп келетін. Осындай келеңсіз жағдайлар орын ала берген соң мұсылмандар өзара жиналып, намазға арнайы шақыратын барлығына ортақ рәсімді ойлап табуды ұйғарады. Мәжілісте христиандар сияқты қоңырау соқсақ, яһудилер істегендей сырнай тартсақ деген ұсыныстар айтылады. Бұл пікірлердің ешқайсысы пайғамбарға (с.ғ.с.) жақпағандықтан бір мәмілеге келе алмай тарасады. Сол түні бір сахаба түс көреді. Түсінде бір ақсақал оған күні бүгінге дейін мешіт мұнараларынан айтылып келе жатқан азан сөздерін үйретіп кетеді. Ертеңінде азан сөздері пайғамбар (с.ғ.с.) құлағына жетеді. Алланы ұлықтайтын, намаздың жан рахаты екенін баяндайтын азан сөздері пайғамбарға (с.ғ.с.) қатты ұнайды. Алғашқы азанды Мәдина қаласында сахаба Біләл шақырады. Бұл жерде айта кететін тағы бір жайт пайғамбар (с.ғ.с.) өзінің көңіл-күйі түскен кездерде, не жамағатына айтатын бір сүйінші хабары болғанда жұртты жинау үшін Біләлға арнайы беймезгіл азан шақыртатын.

Дәстүрлі ортада азан сөзі таңертеңгі уақыт және ұрандаған ащы дауыс деген мағынада да қолданылады. Қазақ тіліндегі абыр-сабыр, дауыс қатты шыққан апақ-сабақ кезді «азан-қазан болды» деу осы азан айтуға байланысты айтылса керек.

АЗАН ШАҚЫРЫП АТ ҚОЮ / АЗАН ШАҚЫРЫП, ҚАЗАННЫҢ ҚҰЛАҒЫН ҚАҒЫП АТ ҚОЮ – барлық мұсылман жамағатына ортақ діни ғұрып. Қай халық болмасын жарық дүние есігін жаңа ашқан жас сәбиге арнайы есім қоятыны белгілі. Дін мұсылмандықты ұстанатын ұлыстардың перзенттеріне ат қою салтының өзіне тән әдептері мен ерекшеліктері қалыптасқан. Пайғамбарымыздың (с.а.с) бір хадис шәріпінде: «Сендер қиямет

күні өз есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар. Олай болса балаға әдемі есім қойыңдар» делінеді. Расулдың (с.ғ.с.) айтуы бойынша туылғанына жеті күн толған нәрестенің бір құлағына азан, екінші құлағына камат айтылып жақсы мағыналы ат қойылуы сүннет. Өйткені жақсы есім баланың тағдырына жағымды әсерін тигізбек. Тырнақ шашы алынып, ұл болса сүндеттеліп, оған екі қой, қыз болса бір қой сойылып ақиқасы берілуі және алынған шашының салмағаныдай алтын немесе күмістен садақа таратылуы тиіс. Жаңа туылған өмір иесінің құлағына Алланы ұлықтайтын, намаздың жан рахаты екенін дәріптейтін сөздердің айтылуы жалған дүниеде, бірінші кезекте, өзін жаратқан Құдайын танып, құлшылық қылсын деген ақпейіл ниеттен туындаса керек.

Ежелден бала тәрбиесіне аса мән беретін дәстүрлі ортада берік орныққан бұл сүннет амалы басқаша рең алған. Қазақы орта да қалыптасқан дәстүр бойынша үш күннің ішінде сәбидің есімі қойылып, қалжасы беріліп, кішігірім той-томалақ жасалады. Тырнақ, шашы қырқынан шығарарда алынады. Нәрестеге есімді әдетте, айтулы әулеттің үлкендері (ата-әжесі, әкесі) қойып жатады. Сәбидің басын құбылаға қаратып, оң құлағына азан, сол құлағына камат түсірілгеннен кейін «сенің атың пәленше...» деп үш мәрте айқайлайды. Бала есімін есінде мықтап сақтап қалсын деген мұндай игі ырымнан ел ішінде «пәленшенің азан шақырып қойған аты» деген сөз тіркесі орныққан болса керек. Айтулы рәсімде Алла разылығы үшін аруақтарға дұға оқылып, қуанышты шараны бірге бөліскен ет жақын туыстары, көршілері балаға, оның ата-анасына тілектер айтып, үлкендер жағы ақ батасын береді. Мұндай ескі салт бойынша ат қою рәсіміне жиналғандардың ішінен біреуі қазанның құлағын даңғырлата қағып, балаға қойылған атты үш қайтара қайталап, жұртқа жария етеді. Ертеректе қалыптасқан бұл рәсім әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Көне Түркі халықтарында дүниеге келген нәресте өсіп, ер жетіп, аң аулап немесе қандай да болмасын ерлік көрсеткеннен кейін қойылатын болған сыңайлы. Оған дейін «пәленше ұлы» деп әкесінің атымен атайтын болған. Мұны «Қорқыт ата кітабының» жыр мазмұндары дәлелдейді.

АЗАНШЫ – мұсылмандарды күніне бес уақыт, жетісіне бір келетін жұма намазға шақыратын мешіт қызметкері. Азан араб тілінен аударғанда «намазға шақырушы (мүәззин)», «хабар беруші» деген мағыналарды білдіреді. Азанның негізгі міндеті әр намаздың оқылу уақыты тақалғанда бетін құбыла (Қағба) жаққа бұрып, екі сұқ саусағын құлақтарына әлсін тығып, екі бас бармағымен құлақ сырғалығын қаға ұстап, әуезді мақаммен мұсылман жамағатына намаздың кіргендігі жөнінде хабар беру.

Намаздың оқылатын уақытын дәл анықтау қиын болған ертерек кезеңдерде мешіт мұнарасынан шақырылған азаншының үні жеткен төңіректегі елдің бәрі намазға асығатын. Ол кездерде әр елді-мекендегі мешіттердің тағайындалған өз азаншысы болса, қазіргі заманда ол қызметті мешіт имамдарымен қатар сонда жұмыс істейтін қатардағы мұсылмандар мұнара басына шығып айқайламай-ақ, іште отырып дауыс зорайтқыштары мешіт сыртында орналастырылған микрофондар арқылы атқара алады.

АЗАТ (ЖЕТИМ) ОМЫРТҚА – мойын омыртқа мен сабақты омыртқаның арасындағы омыртқа. Омыртқа желісі қасапшылардың айтуынша, былайша бөлінді: бастан төмен біріншісі ауыз омыртқа (біреу), екіншісі – бауыздау омыртқа (біреу), ары қарай мойыномыртқа (бесеу). Кейде ауыз омыртқа және мойын омыртқаны «алты мойын кесер бас» деп те атайды.

Тегінде, арқаны бір-бірлеп буындап шығару – машақаты көп әрекет. Омыртқалар желісінде не мойын омыртқа тобына, не сабақты омыртқалар тобына жатпайтын болғандықтан, мойыннан кейінгі арқа басталар тұстағысын «азат» немесе «жетім» омыртқа деп атайды. Оны буын жігінен ажырату біраз күшті қажет етеді. Қасапшы арқаны бір-бірлеп үлкен күш жұмсап шығарып, сол еңбегінің арқасында азат омыртқаға (азап арқаға) ие болады. Қасапшы бұл сыбағаны қолкесер үздігі кәдесі ретінде алады. Ыспар қасапшы сараң қожайынның мардымды қолкесер немесе қолүздік бермейтінін сезсе, өзіне бұйыратын азап арқаның етін әдейі молайтып алады. Ол үшін соңғы мойынмен алғашқы арқаның қосындысын үзбей, жалпақ мойын етпен арқаның қалың майлы етін бір-ақ қосып, тұтас күйінде шығарып алады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында мал сою мәдениетіне ерекше көңіл бөлінеді. Қасапшы малды жіліктегенде, мүшелегенде әр сүйектің өздігіне тән еттерін бір-біріне ауыстырып алмай ептілік танытуы қажет.

АЗАТБАС / АЗАТ КЕРЕГЕ – киіз үй керегесінің уық байланбай, бос қалдырылған басы. Егер киіз үйдің керегелерінің қанатын бір-біріне киігізіп кұраған кезде, олардың көктерінің биіктігі бір-бірімен сәйкес келмеудің және кереге қанаттарының орны алмасып кету салдарынан керегенің қоспаларының жоғары жағы қиыспай, қазақы ортадағы архаикалық атау бойынша «еліқауызданып», сирек болса да азатбас пайда болады. Басқаша атауы – азат кереге.

АЗБАН – жылқыда айғыр болып үйірге, түйеде бура болып келеге, қойда қошқар болып күйекке түсіп ұзақ жүрген, кейіннен барып піштірілген еркек мал. Сиыр малында бұқа болып жүріп, кейіннен піштірілген еркегін де азбан дейді. Әдетте, малшы қауым төрт түліктің еркегін екі жастан асқанда піштіреді, өйткені еркек малдың екі ені осы кезден бастап сыртқа біліне бастайды. Бірақ екі ені толық түскен кезден піштірілген еркек малдың жаңа піштірілгенін пішпе дейді, азан демейді. Малшы тілімен айтқанда «бел қызығын әбден көріп барып» піштірілгенін ғана азбан дейді. Тұқымы аза бастаған азымталдарды да ерте піштіреді, алайда ондайларды да азбан деп атамайды.

Айғырлық қылып жүрген еркек малдың енін сылып тастамай-ақ уызын ағызуды ақтату дейді. Бұндай азбанның белі бекем, күшті, мықты болғандықтан мініс көлігі ретінде пайдаланылады. Қазақтың байырғы эпикалық жырларында айтылатын:

Томаға көзді қасқа азбан,
Ертеден салса, кешке озған –

дейтін сипаттау осы мағынаны аңғартады. «Қобыланды батыр» жырында Құртқа сұлу Тайбурылды «Бел қызығын көрсін деп, бес биеге салып», алты жасында ақтатады.

Бураның жараған кезінде шабынып адамға түсетін қызыл көзін піштіріп тастайтын болған.

Мініске көнбіс, белді, һәм ұзаққа шабатын мұндай жылқыны қазақы ортада сартабан деп атаған. Халық тілінде азбан «бұқа», азбан «айғыр», азбан «қошқар» деген тіркесті атаулар кездеседі. Бұндай атаулар еркек малдың піштірілсе де, ұрғашы малға тыныштық бермейтін үйреншікті азбанға дейінгі мінез-құлқына орай айтылған. Бұқа қартайса да, мұрны қартаймайды; Бұқа буға, азбан дұға дейтін сөз орамдары осы жайтпен байланысты қолданылған.

Сонымен қорыта айтқанда, азбан ұғымы малшы қауымның ұзақ жылдардағы өмір тәжірибесінен түйген танымын, жинақтаған білімін аңғартады.

АЗБАНҚҰЛ – еркектік қабілетінен айыру үшін піштірілген басыбайлы құлдар. Азбанқұлдарды ертеде Шығыс, Орта Азия елдерінде патша, хан, сұлтандар әйелдеріне қарауыл немесе күтуші етіп қойған. Қазақы ортада кездеспегенмен, мұндай дәстүр болмағанымен, ауыз әдебиетіндегі мұсылмандық ықпалмен туындаған түрлі жанрларда айтылады.

АЗБАР – мал қамауға арналған қораның атауы. Азбар атауы солтүстік және солтүстік батыс аймақтарда қолданылады. Азбарлар төртбұрышты етіліп қыстау үйлерге жалғастырыла салынады. Азбар соғу үшін жергілікті материалдарды қолданылған: өзеннің жағасында орналасқан ауыл азбар соғуға тал шыбықтары пайдаланылған. Қостанай және Ақтөбе уездерінің қазақтары азбарды ағаштан немесе шикі кірпіш соғып, сыртын қамыспен жауып жасайды. Бұл өңірлерде азбар соғудың кең үрдіске айналуы қыстың қатты болуымен байланысты. Азбардың төбесі ашық етіп салынғанын жалаңаш азбар, ал төбесі жабылғанын бітеу азбар деп атайды. Бай қазақтардың азбарының іші мал түріне қарай бірнеше қораға бөлініп, қора қабырғалары ағаштан соғылады. Оның көлемі мал санына қарай болады: ең үлкен азбарға 1000-2000 бас қойға дейін немесе 100 бас сиыр, 50-бас түйеге дейін сыйған. Кедейлердің азбарының көлемі кішірек болып, бір ғана қорадан тұрды. Қыс мезгілінде мал төлін азбарда қалдырмай үй ішінде ұстады.

АЗҒЫН¹ – моральдық нормаға мүлде жат, қарама-қайшы сипаттағы (моральдық-эстетикалық) ұғым. Қоғамның даму барысында пайда болған дәстүрлі құндылықтарға жат, белгілі ортада, белгілі дәуірде қалыптасқан моральдық-эстетикалық нормалар мен стереотиптерге қарама-қайшы қылықтар, ерсі әдеттердің бой көрсетуі азғындық ретінде бағамдалды. Ұғымның онтологиялық мәні әуелде генетикалық жағынан құлдырау, тұқымның сапалық деңгейінің төмендеуі деген мағынаны білдірсе керек. Кейін моральдық-эстетикалық категорияға айналған. Бұл құбылысты қоғамда болып тұратын сөздердің семантикалық-логикалық контаминациялық түрленісімен түсіндіруге болады.

Алайда, ұғымның ілкі мағынасы – мал, жануардың, адамның арып жүдеп-жадауы, өнімділігімен физиологиялық жағынан кемшіндікке бой ұруы деген

мағынасы сақталған. Байырғы наным-сенім бойынша, әр адамның Жаратқанның адам маңдайына, пешенесіне жазылған жазмыштан бұрылып, қисық жолға түсуін «азу» деп ұққан, ал адамдықтан, кісілік ізгіліктен кеткен адамды азғын деп атаған. Мысал ретінде төмендегідей жыр жолдарын келтіруге болады:

Күзенді жауыздық,
Суырды сараңдық,
Маймылды күндестік аздырыпты.
Асылы жақсы атадан,
Азғын болып туған ит
(Батырлар жыры).

Қазақ қоғамындағы түрлі эмансипациялық құбылыстар (отаршылдық, сауда-саттықтың кең етек алуы, жаңа мизамдағы қоғамдық-техникалық қоғамның дәстүрлілікке кері әсері және т.б.) әсерінен дәстүрлі құндылықтар рухани күйзелістің немесе әлеуметтік дағдарыстың салдарынан қалыпты нормасынан таяды, сол арқылы адамшылықтан айрылған, бұзылған, опасыз адамдар тобы пайда болады. Теріс жолға түсіп бұзылғандық, арам ниеттілік, зинақорлық, нәпсіқұмарлыққа салынушылық, жезөкшелік тәрізді дәстүрлі қоғамның ұстанымдарына қарама-қайшы жат қылықтарды азғындыққа санаған. Мұның сыртында қоғамдық қатынастардың ереже, нормаларына жат, ағайынның алауыздығы, жігерсіздік, рухсыздық, сатқындық, пайдакүнемдік, екіжүзділік, адамгершілікке жат қылықтар да азғындық деп есептелді.

Қазақ ауыз әдебиетінің түрлі жанрларында моральдық-эстетикалық ұстанымдар негізінде қазақ қоғамының мүшелерінің арасындағы құндылықтарды насихаттап, өзіндік норма, ережелер арқылы реттеп отырған. Ауыз әдебиет жанрларының кейіпкерінің іс-әрекеті баяндала отырып, моральдық, имандылық мәселесіне ерекше баға беру, табиғатын ашу арқылы азғындықтың себеп-салдарынан аулақ етеді, одан жиіркендіреді. Әсіресе, «қазақтың діни дастандары халқымыздың рухани әлемінде ерекше орын алған, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде ерекше қызмет атқарған фольклорлық жанр; олар ислам құндылықтарының жалпы адамзаттық моральдық қағидалармен сәйкес келетін тұстарын суреттеуімен құнды», – дейді академик С. Қасқабасов. Беташарларда үгіт-насихат, дәстүрлі қоғамның ұстанымдарын, моральдық қағидаларын тәптіштей түсіндіру, адам келбеті мен мінезіндегі азғындық әрекеттен аулақ болуды уағыздайтын жолдары молынан кездеседі. Ал қара өлеңде, паремаларда адам қоғамындағы барша өмір салтының, салт-дәстүрінің, моральдық-этикалық нормалары мен құндылықтары туралы образдылықпен айтылады. Азғын біткен сыналады.

АЗҒЫН² / АДАМНАН АЗҒАН ХАЙУАНАТТАР – өзінің әуел бастағы кісі кейпінен хайуанға айналған мифологиялық кейпікерлер. Яғни, адам баласының әлеуметтік, рухани, психологиялық, мәдени қырларынан айрылған, тек биологиялық болмысы ғана сақталған әрі адами әрі хайуандық тұрпаттағы аралық буын деген түсінікке жуықтайды. Этимологиясы жағынан «азу», «азғындау» етістігінен туған.

Көне мифтерде қандай бір кінәнің, көбінде күнәнің салдарынан, қауымның этикалық құндылығын бұзған адам кескін-келбеті өзгертіліп, хайуанға айналғаны баяндалады. Мұндай құбылтушы жазаға Тәңір, кейде әулие адам, енді бірде әке қарғысы себепкер болады деп түсінілген. Түрік-моңғол халықтарында тоқылдақ, көкек, байғыз, суыр, құндыз, көртышқан, мәлін және т.б. жағымсыз кейіптегі биологиялық тіршілік иелері бұрын адам болған, кейіннен келбеті өзгерген деген сарын бар.

Кейде құбылушы азғын тау-тасқа да айналып кетеді, кейде олар жағымды мәнге де өтеді. Мысалы, Қырыққыз, Келіншектау және т.б. Мұндай мифтердің пайда болу себебін ғалымдар (Лосев, Кессиди) былайша түсіндіреді: біріншіден, байырғы адам объекті мен субъектіні, зат пен оның мәнін, адам мен хайуанды ажырата бермегендіктен, ондай санада «теңдестіру заңы» қалыптасқан. Соның салдарынан алғашқы қауым мифологиясында әлемнің көптеген халықтарында еш себепсіз адам хайуанға, хайуан адамға айнала беретіні туралы әңгіме-түсініктер кең таралды. Екіншіден, қауымда сақталуы тиіс болып белгіленген имандылық, этикалық ереже, әлеуметтік-психологиялық қағидаларды, табуларды бұзғандардың образы азғындар, яғни аң-құсқа айналғандар ретінде рәмізделеді. Мысалы, қазақта тоқылдақ құсы туралы мынадай миф бар: «Мұса пайғамбардың бір құлы бар еді. Ол суық қолды ұры болды, жымқыруын қоймады, бұны иесі сезбейді деп ойлады. Бұл қылығын тоқтатпаған соң пайғамбар үстіне айғыздап күйе жағып, оны тоқылдаққа айналдырып, ет пен шөп жеуге тыйым сап, құр ағаш жейтін құс етті. Содан бері ол «Тамағым жоқ, түк жоқ» деп ағашты шоқиды да жүреді». Үшіншіден, адамды азғынға айналдырудың магиялық сипаты да болған-мыс. Төртіншіден, демонологиядағы жезтырнақ, шайтан сынды жағымсыз бейнелер кейде басқа тіршілік иелері түрінде көріне алады-мыс деген көне сенімдер де болған.

Жалпы, қазақтың көптеген мифтерінде адамның аң-құсқа айналуын пайғамбар немесе әулие адамның, бақсының қарғыс-жазасының, зиянкестік (қара) магиялық әрекеттерінің салдары ретінде түсіндіреді. Мифтерде құбылтылған тіршілік иесі сол адам қасиеттеріне де сәйкестендіріледі. Мәселен, тоқылдақ басқа азықпен қоректенбей, ұдайы ағаш шоқиды, сондықтан ол сараңға теңдестірілген. Әдетте, мифтерде көбінде қарғыс шешуші мәнге ие және «ұқсастық ұқсастықты тудырады» деген мифопоэтикалық ойлау жүйесінің принциптері де елеулі қызмет атқарды. Айталық, қарау бай қарны ашқан кедейге ағаштың жаңқасын ұсынды, кие ұрды да, керісінше, өзі ағаш шоқып жейтін құсқа айналды.

Мифтің моральдік реттеушілік қызметіне сәйкес, адамнан хайуанға құбылған бұл кейіпкерлердің трагедиялық тағдыры болашақ ұрпаққа қатал сабақ, ескерту ретінде алға тартылады, этиканы сақтаудың императивтеріне айналады.

АЗУ ТІС – адамның, малдың, аңның түпкі жуан, мықты тістері. Малшы қауым қартайған малдың (әсіресе, қойдың, жылқының) жасын азу тісінің мөріне қарап ажыратқан. Себебі, жас ұлғая келе азу тістің мөрі мен шайнар

бетінде қалыпты жағдайдан өзгерістер пайда болады: азу тіс көлемі кішірейеді, аласарады.

Түсінде азу тісінің түсіп қалуын жаман ырымға жориды. Сондықтан ондай түс көрсе садақа беріп, Құран оқытатын болған. Азу шалды деген тұрақты тіркес егде тартты, жасы ұлғайды деген мағынаны білдіреді. Азуы алты/кере қарыс азулы адам деген тіркес, ержүректік, қайсарлық, азуын айға біледі дегені қаһарланып, айбат шегу мағынасын білдіреді.

АЗУ ЖАРДЫ – азу тістері өсіп шыққан жылқы малы құнан немесе дөнен жасында жетіп толысқанының белгісі ретінде азу жарады. Азу жарып болмаған кезде жылқының күші кеміс тартады, арықтайды деп бәйге мен көкпарға қоспайды.

АЗУАҒАШ – арба дөңгелегінің күпшегі мен табан қимасының арасын байланыстыратын, тігінен салынатын тіреме ағаштар. Бұл азуағаш атауынан басқа шабақ, бақай, қадақ, бақалақ, кегей, гагай деп өңірлік ерекшелікпен әртүрлі аталады.

АЗУСЫЗ АТ, ЖИЕКСІЗ ТОН – дәстүрлі әдет-ғұрып құқығындағы айыптың жеңілдетілген түрі. Айыптың бұл түрі кінәнің жеңіл түрі үшін беріледі. Мұндағы азусыз ат «қойды», ал жиексіз тон «кездеме түріндегі мата» дегенді білдіреді. Бұл айып түрін жиексіз тон кейде астарсыз шапан деп те атайды. Әлеуметтік жағынан төмен ғаріп жандардың намысына тиіп, тәлкек қылғаны үшін де аталған айып түрлері белгіленетіндігін 1865 жылы кіші жүз қазақтарында таралған ережеде (бөлім) орын алғандығын Л.Ф. Баллюзек атап көрсетеді.

АЗЫНАУ – ұзақ созылған жағымсыз, қалыптан тыс дыбыс. Ежелгі бақсының қобыз сарындары азынау деп аталған. Қазақтың аспаптық музыкасында «азынау күйлер» деп аталатын сирек кездесетін жанр бар. Сондай-ақ, суық желдің гуілдеп соғуын азынау дейді. Қазақта айғырдың азынауы мен жылқының шұрқырауын, түйенің сарнап бұрқырауын да жамандықтың белгісіне, дәлірек айтсақ, жаугершілік, зілзала, ұрыс болады деп жамандыққа жориды.

АЙ – халықтық күнтізбе жүйесін жасауға, күн райын болжауға (метеорологиялық тәжірибеге) негіз болған, сонымен қатар қазақы ортада тіршілік цикліне байланысты атқарылған салттар, ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесінде ерекше орны мен мәні бар аспан шырақтарының бірі. Халықтық астрономия мен метеорологиялық тәжірибенің ең іргелі саласы Айға қатысты қалыптасқан.

Уақыт есебі және күн райын болжау. Ай мен Үркердің тоғысына негізделіп жасалған халық астрономдарының жасаған қайталамасы жоқ ерекше күнтізбесі (календары) Тоғыс есебі деп аталған. Сондай-ақ, қазақ халқының он екі айдан тұратын Жұлдызға негізделген күнтізбесі болған. Ай және Айға байланысты сан алуан құбылыстарды зерделеу арқылы ауа райын болжау қазақтың халықтық астрономиясы мен метеорологиялық тәжірибесінің ең іргелі бағыттарының бірі болып табылады. Аймен байланысты құбылыстарға, әсіресе, олардың басқа аспан денелерімен байланыстарына есепшілер ерекше мән беріп отырған. Осы арқылы олар бір

жылдағы, бір айдағы немесе алдағы күннің ауа райына болжамдар жасаған. Ай есебі бойынша Айдың көк жүзінде көріну фазаларына байланысты Айдың бірінші жартысын жаңа ай, ал екінші жартысын ескі ай деп екіге бөлген. Халық тілінде ескі Айдың соңымен жаңа Айдың аралығындағы екі күн өліара деп аталады. Ай жүзінің алғашқы жартысын (яғни өліарадан кейін) «туар ай», ал екінші жартысын яғни ескі Айды «батар ай» деп те атайды. Туар ай мен баттар айдың аралығын «ай арасы» деп аталған. Бұл аралықта жауын-шашын болмаса, Ай арасы толас болды дейді. Бұдан кейінгі күндер яғни өліараға дейінгі кез жауын-шашынсыз болады деп болжаған.

Халық тілінде Айдың 15-ші күнін, яғни Айдың толық көрінетін кезін «толған ай» дейді. Анығында, аталмыш толық Ай мерзімі 3-4 тәулікті қамтиды. Айдың он беске қараған кезін Айдың қызыл толымы дейді. Бұл – Ай жүзінің қызарып, шарасынан барынша асқан кезі деген мағынаны білдіреді. Ал Айдың он алтыға қараған кезін Айдың қара толымы деген, Айдың қара толымы Ай жүзіндегі қызылдың бәсеңдеп, шарасына түсе бастады деген мағынаны аңғартады.

Айдың Үркерді басып өтуі тоғыс деп аталған. Тоғыс кезінде Үркер мен Ай бір-бірінен алыс болса, халық тәжірибесінде «бұл екеуі бір-бірінен қырбай болған екен, қырсығы мал мен жанға тимесе игі еді» деп қауіп ететін болған. Егер олай болмай, Үркер мен Ай жақын келсе, «екеуі жараса қалған екен, мал мен жанның жағдайы жаман бола қоймас» деп жақсылыққа жорыған.

Жаңа туған Ай орағы қылдырықтай болып, батыс көкжиектен кеш қараңғысында көрінетіні белгілі. Егер Ай шалқалап туса, күн райы мал баққан шаруаға, шаруашылыққа жайсыз болады деп түсінген. Сондықтан шаруа баққан малшы шалқалап туған Айды жақтырмай, үйелеп қалған малға ұқсатады. Ондайда «жарықтық, жатысың өзіңе жайлы болса да, елге жайсыз» деп кейіс білдірген. Ай тігінен туса, «Ай жайлы туыпты, күн райы шаруаға қолайлы болады», «Ай қырынан туса күн жылы болады» деп жақсылыққа жоритын болған. Сондай-ақ, Ай қораланса, күн райы бұзылып жайсыз болады деп болжаған. Осындай түсінікпен байланысты халық тілінде Ай оңынан туды деген тұрақты сөз орамы және «Айың оңынан тусын!» деген оң мағынадағы әрі тілек, әрі бата сөз орамдары қалыптасқан.

Айға байланысты наным-сенімдер мен ырымдар. Ай – ең алдымен, қазақтардың дін мұсылманшылыққа дейінгі байырғы дүниетанымындағы киелі рух иесі ретінде тәу еткен аспан шырақтарының бірі немесе бірегейі. «Ай көрдім, аман көрдім», – деген тұрақты сөз тіркесіндегі айға тәу ету ғұрпы осы аспан шырағына байланысты ежелгі наным-сенімдер мен атқарылатын ғұрыптардың көрінісі іспетті. Айға сәлем беру ғұрпы туралы Ш. Уәлиханов еңбегінде: «Ертеде қазақтар жаңа туған Айға тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп тау етеді. Жаздыгүні болса, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастайды», – деп жазды. Ғұрыптың мәні – әулетім оттай қаулап өсе берсін, пәле-қазадан аман болайық дегенді білдіреді. Сондай-ақ, Жаңа туған айға қарап:

Ай көрдім, аман көрдім,
Бұрынғыдай заман көрдім,

Жаңа Айда жарылқа,
Ескі Айдай есірке!
Тірілерге жиған бер,
Өлілерге иман бер,
Аллаһу акбар!

немесе:

Аман көрдім, Ай көрдім,
Жұлдызым жоғары болсын, –
деп тілек тілеп, бет сипайды.

Жаңа ай туғанда:

Туған айдай қылып жарылқа,
Шыққан күндей қылып жарылқа.
Басты аман, бауырды бүтін қыл,
Отыңа оралтпа, суыңа сүрінтпе, –

немесе:

Жаңа Айдан жақсылық,
Ауырлығым жерде,

Жеңілдігім менде! – деген жолдар Айға байланысты атқарылатын әртүрлі ғұрыптар мен ырымдардың интерактивтілігін қамтамасыз ететін аса қажетті функционалдық атрибуттары болды. Жалпы адамзатқа ортақ әмбебап түсініктер жүйесі сияқты, қазақтар да жер жаһанға жылылықты, жаңбыр мен қарды, ыстық пен суықты беретін құдірет аспан денелерінің ішіндегі ең киелісі де, құдіреттісі Ай (және Күн) деп танып, оған табынған. Ежелгі түсінік бойынша, ай фазаларының өзгерісі тіршілік дүниесіне әсер еткен. Айталық, толған Айдың сәулесі басы ауыратын, сақинасы бар адамдарға әсер етеді деп сенген. Ай толған кезде адамға қауіпті әсері болады деген наным-сенімге байланысты: жалаңбас далаға шығуға, сыртта ұйықтауға, Айға ұзақ қарауға, жас нәрестенің бетіне Ай сәулесін түсіруге болмайды т.б. тәрізді әртүрлі ырымдар қалыптасты. Мысалы, Ай бетінде кірпік санайтын кемпір бар. Аталмыш тыйымдар сақталмаған жағдайда, әлгі кемпір кесапат әкеледі-міс. Сондай-ақ, Айға қарап дәрет сындыруға тыйым салынды. Себебі, бұл рухты шамдандырады, сөйтіп, тыйымды бұзған адам ұшынады немесе ауру мен кесапатқа тап болады дейді. Сонымен қатар Ай жаңарғанда кейбір ауру түрлері, айталық, теміреткі, жара, қышыма тәрізді тері аурулары жаңғыратынын байқаған.

Айға байланысты түрлі ырымдар қазірге дейін халық ішінде едәуір сақталған. Мысалы, ескі наным бойынша, Күн батқаннан кейін, әсіресе, Айлы түнде үйден сыртқа сүт алып шығуға болмайды. Егер бұл тыйымды амалсыз бұзуға тура келсе, онда сүт құйылған ыдыстың бетін Ай сәулесі түспейтіндей етіп, көлегейлеп жабу керек. Бұл шарт орындалмай, сүтке Ай сәулесі түссе, малдың желіні ісіп кетеді. Сөйтіп, мал желін ауруына шалдығып, «ақболып кетеді» деп сенген. Қазақта Айға байланысты қолданылатын Айды қолыңмен көрсетпе, Ай сәулесін бетіңе түсіртпе, Ай толғанда желі тартпа, жаңа Ай туғанда қойға қошқар жіберме, Ай толғанда көшпе, Ай толғанда қыз ұзатпа,

Ай толғанда үй тікпе деген тыйымдар осы аспан денесіне қатысты наным-сенімдер мен ғұрыптардың өте күрделі болмысын айғақтайды.

Әр Айдың қараңғысында, яғни соңғы фазасында Айдың тіліктей сұлбасына, яғни «кемігеніне» байланысты қазақы ортада ерекше наным-сенімдер қалыптасты. Мысалы, Айдың қорғалануы – Айдың кемігенін немесе кеш туғанын білдіретін ұғым. Осы тұрақты тіркесті түсіндіретін прецедентті мәтін бар. Аңыз бойынша, ерте кезде Күн мен Ай егіз туған сұлу қыздар екен. Күнге қарағанда Ай сұлуырақ болыпты. Күндердің күнінде Ай сұлулығын айтып, Күннің алдында мақтаныпты. Бұл күннің қызғанышын туғызады да, ол Айдың бетін тырнап, бетіне дақ түсіреді. Содан бері күнге жақындап барғанда Ай қорғалап, бетін жасырады. Ал, қашықтағанда Ай толып, Күннің қызғанышын қоздыру үшін бетін түгел көрсетіп, мақтанады-мыс.

Сондай-ақ, тіршіліктің түпқазығы төрт түлік малдың тұяғы мен мүйізін табиғатының өзге құбылыстарынан гөрі, әсіресе Айға теңеуі халықтың айды ерекше құрмет тұтып, оны мал басы амандығының кепілі деп түсінген наным-сеніммен тығыз байланысты деуге болады. Ай тұяқты тұлпарым, Ай мүйізді сиырым, Ай мүйізді қошқарым, Ай мүйізді ақ серкем деп төрт түлік малдың мүйізі мен тұяғын қазақтардың Айға теңеуінің эстетикалық мәні ерекше болғанын аңғартады.

Сонымен қатар, этномәдени ұжымның эстетикалық танымында Ай сұлулықтың эталоны-символы да болды. Фольклорлық дәстүрде нәрестенің немесе сұлу қыздың жүздерін жаңа туған Айға немесе толған Айға балап айту ең көп ұшырайтын дәстүрлі теңеу болып табылады. Мысалы: туған Айдай, туған Айдай иілу, туған Айдай балқу, туған Айдай толқу, он бестегі Айдай, толған Айдай толықсу, Ай дидарлы және т.б.

Сонымен бірге қазақтың Айды «мылқау», Күнді «өсекшіге» теңеуі – түнде адам баласының көп іс-әрекеті қараңғы түскеннен соң жасалатынын, ал оны көктен көретін айғақ жоқ деген ойнақы мәндегі, ал сол сияқты Күнді «өсекшіге» теңеуі – күндіз жарықта барлық құпия әрекет ашық көрінеді деген аллегориялық бейнелеу.

АЙ ЕСЕБІ – жыл аясындағы уақыт бөліктерін есептеудің халықтық астрономияға негізделген жүйелері. Аталмыш бұл жүйелер Айға негізделген күнтізбе жүйесі, ай есебінің жұлдыздық жүйесі және діни-ғұрыптар мен салттарды өткізуге байланысты күнтізбе жүйесі деп үшке бөліп қарастыруға болады.

Ай есебінің Айға негізделген жүйесі. Қазақ есепшілерінің дәстүрлі этномәдени ортада кеңінен қолданған Айға негізделген уақыт есебінің екі түрлі жүйесі болған. Біріншісі – Ай мен Үркердің тоғысы, ал екіншісі – Ай мен Қамбар тоғысы деп аталады.

Ай мен Үркердің тоғысы. Бұл тоғыс есебі – Ай мен Үркердің тоғаюна (кездесуіне), яғни Айдың Үркер шоқ жұлдызын басып өтуіне негізделген уақыт есебі. Аталмыш тоғыс есебі бойынша Ай көк жүзінде Үркермен он екі мәрте тоғысады (кездеседі). Тетелес келген екі тоғыстың арасы, есепшілердің кісесіндегі есеп құмалағы бойынша, 27 тәулік болады. Жыл аясындағы өтетін он екі тоғыстағы тәуліктің саны – 324 болса, оған Үркердің мамырдың

ондарынан (ескі есеп бойынша мамырдың бірінен) маусымның жиырмаларына дейінгі (ескі есеп бойынша маусымның ондарына дейінгі) қырық күн жерде жататыны, басқаша айтқанда Үркердің көк жүзінде қырық күн көрінбейтін уақыты қосылады: $27 \times 12 + 40 = 364$ тәулік болады. Ал, шындығында, ғылыми астрономия бойынша жыл аясындағы күн 365,6 тәулік бар.

Ел ішіндегі көне көз қариялар «естуімізше, есепшілер баяғыда Үркердің батуымен күнді теңестіріп, айды үйлестіріп отырған» дейді. Алайда бұл жөнінде М. Ысқақов пен Х. Әбішев сынды ғалымдардың зерттеулері болмаса, басқадай айтылған нақты деректер жоқтың қасы.

Тоғыс есебі бойынша, жиырма үштегі батар Ай немесе ескі Ай – таң қараңғысында Жерде қырық күн жатып шығыстан жаңа туған Үркермен тоғысады. Бұл, есепшілердің сөзімен айтқанда жиырма үш тоғыс деп аталады. «Тоғыс таққа тоғаяды» – дейді есепшілер. Шаруашылық тоғыс есебі бойынша ұйымдастырылады, сондықтан тоғыс есебін шаруашылық күнтізбесі деп атау әлдеқайда дәлірек.

Тоғыс есебі, біздің ойымызша, жыл маусымдарына, оның аясындағы айларға, ондағы өтетін амалдарға сәйкес келіп отырады. Тоғыс есебі жүйесін айға сәйкестігін (виртуалды түрде) төмендегідей көрсетуге болады.

23 тоғыс – маусым; 21 тоғыс – шілде; 19 тоғыс – тамыз; 17 тоғыс – қыркүйек; 15 тоғыс – қазан; 13 тоғыс – қараша; 11 тоғыс – желтоқсан; 9 тоғыс – қаңтар; 7 тоғыс – ақпан; 5 тоғыс – наурыз; 3 тоғыс – сәуір; 1 тоғыс – мамыр. Алайда, бұл көрсетілген тоғыс айлары қазіргі қолданыстағы азаматтық (декреттік) айлардың бірде басына, бірде ортасына, бірде аяғына сәйкес келіп жылжып отырады. Үркер тоғысы бойынша жаз тоқсан айлары Айдың ескі бөлігіне, яғни батар айдың он бестен былайғы бөлігіне сәйкес келіп отырады. Ал күз тоқсан, қыс тоқсан, жас тоқсан (жазғы тұрым) айлары көбіне туар айдың бірінші бөлігіне, яғни он бесіне дейінгісіне сәйкес келеді.

Бұдан байқалатыны – Ескі Айдың еншісіне тән 23, 21, 19 тоғыстар жаз тоқсанға (жаз айларына), 17, 15 тоғыс қоңыр күзге, ал Жаңа Айдың еншісіндегі 13, 11, 9, 7 тоғыстар қара күзбен қыс тоқсан айларына сәйкес, сондай-ақ 5, 3, 1 тоғыстар жас тоқсанға (көктем айлары) сәйкес түсіп отырады. Осымен байланысты тоғыс есебі негізінен шаруашылық жүргізу ұйымдастыру жұмыстарымен орайлас келіп, малшы, егінші қауымның ерекше күнтізбе жүйесінің санатына жатады. Сөйтіп, шаруашылық жүргізуде оның қолданылатын мынадай түрлерін атап айтуға болады:

Бір тоғыс өткен соң, 23-21 тоғыстың (маусым-шілде) аралығында ел көктеуден жайлауға көшеді, қысырақтың үйірі бөлінеді; айғыр үйірге түседі; қой қырқымы басталады. 21 тоғыста (шілде) қошқарға күйек байланады, 19-17 тоғыста (тамыз-қыркүйек) күзем жүні алынады. 15-13 тоғыс аралығында (қазан-қараша) қошқардан күйек шешіледі; 13 тоғыста (қараша) мал басы іріктеледі «айыпты» малды қазанасқа дайындайды; соғым малы бөлек шығарылады; қыстаудағы қоражай жөнделеді; 11 тоғыста (желтоқсан) ел қыстауда отырады, соғым кезі басталады. 5 тоғыс өте күйек қозы алынады, төл төгіні басталады; 3 тоғыс өте ел қыстаудан көктеуге көше бастайды;

Ай мен Қамбар тоғысы. Көрнекті этноастроном ғалым Х. Әбішевтің оңтүстік өңірден (Талас-Шу, Сарыағаш, Шаян аймағынан) Қамбар жұлдызы жайында ақпарат берушілерден жазып алған деректерін аса құнды деп танымыз. Қамбар сегіз жұлдыздан тұратын «Айға қарсы шабынып тұрған арыстан сияқты» дейді. Қамбардың екі жұлдызы – мұртты, екі жұлдызы – өті, бір жұлдызы – құйрығы іспеттес, қарама-қарсы келген Аймен шабысайын деп тұрған зоонимдік бейнеде көрінетіні айтылған. Сонымен бірге ғалым тізбекті сөзден тұратын аса бағалы дерегінде:

Әр бірде күннің шығысында,
Төртте төбеде,
Әр бесте бесіндікте,
Алтыда арқада,
Жетіде желкеге келеді.
Тоғызда Жер астында,
Онда көл астында, – дейді.

Бұл айтылған тізбекте Қамбардың әр айдағы орындарын аша келіп, ғалым ондағы сөздің мән-мағынасын: «Іңірдегі Қамбар жұлдызы январда күннің шығысында, апрельде төбеде, июньде (егер күншығысқа қарап тұрсақ) арқада, июльде желкеде, сентябрьде жер астында болады, түнгі аспаннан көрінбейді» деп антроморфтық сипатта көрсетеді.

Ал есепшілердің бұл айтылған астрономиялық формуласын зооморфтық тұрғыдан шешуге болады.

Зооморфтық бейнедегі Қамбар – жайылыңқы шокжұлдыз, Үркер сияқты жиылыңқы емес, Қамбардың «басы» терістікке бейім тұрса, құйрығы түстікке бейім, өті мен арқасы – екі аралықта. Бірде Ай Қамбардың «басынан» басып өтсе, келесі бір кездесуде «өтін», тағы бірде «құйрығын» басып өтпек. Аталмыш тізбекті сөзде Айдың Қамбармен бес кездесуі (тоғысуы) айтылған деп жорамалдауға болады.

Ай Қамбармен кеш қараңғысында күннің шығысында ұшырасады. Бұл кездесуді «Әрбірде күннің шығысында» дейді. Жаңа Айдың Қамбармен онбіріндегі кездесуі соған сәйкестеп онбірдің айы деген. Қазіргіше айтқанда онбірдің айы қыркүйекке сәйкес келеді.

Төртте төбеде дейтін екінші кездесуде Айды Қамбардың төбе тұсын ала өтеді. Бұл – Тоғыздың айы. Осы кездегі Жаңа Ай тоғызға (тоғыз күнге) толады. Тоғыздың айы осы күнгіше қазан айына сәйкес болады.

Әр бесте бесіндікте дейтін үшінші ұшырасуда Ай Қамбардың маңдай тұсын маңайлап өтеді. Бұл жетінің айы деп аталады, себебі Жаңа Ай жетіге толады. Жетінің айы қазіргіше – қараша.

Алтыда арқада дейтін төртінші кездесуде бестегі Жаңа Ай Қамбардың арқа маңайынан өтеді. Жаңа Айдың бес жаңасына сәйкес болғандықтан, бестің айы атанған. Бестің айы қазіргіше – Желтоқсан.

Жетіде желкеге келеді дейтін бесінші кездесуде Ай Қамбардың желке тұсында болады. Ай өзінің үш жаңасында Қамбармен ұшырасатындықтан, бұл кез үштің айы деп аталған. Қазіргіше қаңтарға сәйкес.

Тоғызда жер астында дейтін алтыншы кездесуден соң Қамбар көк жүзінен көрінбей жерге түседі.

Онда көл астында дейтін жетінші кездесуде Ай суға шомылып бір жаңасында Қамбарменен ұшырасады. Қазіргіше ақпан айына сәйкес келеді.

Түстік шығыс қазақтарында жаз тоқсан айлары тоғыздың айы, жетінің айы, бестің айы, үштің айы, бірдің айы делінсе, терістік шығыс қазақтарында үштің айы, бірдің айы деп айтылады. Көршілес қырғыз халқының ескілікті ай атаулары, К.К.Юдахиннің көрсетуінше, мына түрде кездеседі:

жалған куран (март)
шын куран (апр.)
бұғы (май)
құлжа (июнь)
теке (июль)
баш оона (август)
аяқ оона (сентябрь)
тоғуздуң айы (окт.)
жетинин айы или майбилек ай (ноябр.)
бешбин айы (декабрь)
үчтин айы (январь)
бірдің айы (февр. кейбір нұсқада январь).

Байқауымызша, бұл атаулар Қамбар тоғысыменен байланысты. Қамбар тоғысында есепшілер жыл мезгілінің шаруа адамы (малшы, егінші, аңшы, балықшы т.б.) үшін аса қолайсыз уақытын баса көрсетуге басымдылық бергені байқалады. Мысалы, тоғыздың айы, жетінің айы қара күзге, бестің айы, үштің айы, бірдің айы қақаған қыс тоқсанға сәйкес келеді. Бұлар Жаңа Айдың еншісіндегі тоғыстар. Ал ескі Айдың еншісіндегі қалған тоғыстар сандық мәнмен емес, бейсандық (сандық емес) атаумен айтылған.

Ай есебінің жұлдыздық жүйесі. Байырғы қазақ қоғамында жыл аясындағы уақытты ай-айға бөлудің жұлдызға негізделген өзіндік жүйесі болған. Бұл жүйе бойынша жыл аясындағы уақыт он екі айға бөлінген, әр айда 30 күн болған. $12 \times 30 = 360$. Есепшілер, алайда бір жыл ішінде 365 күн болатынын білген. Жетпей тұрған 4-5 тәулікті қалыс күн деп, жылдың аяғында немесе жылдың басында жыл есебіне қосып отырған. Жалпы алғанда М. Ысқақов, Х. Әбішев сынды ғалымдардың айтуы осыған саяды. Бірақ бұл жерде нақтылай түсуді керек ететін тұстары бар сияқты. Мысалы есепшілердің күнтізбесі қай Жұлдызға негізделген? Жылдың бас айы қай ай болған? Немесе жыл қай аймен аяқталған?

Жоғарыда айтылғандай, тоғыс есебінде Ай мен Үркер негізге алынған. Ал Жұлдыз негізіндегі күнтізбеде Айдың назарға алынбайтыны белгілі. Бұлай болатын себебі «Жұлдыз есебі бойынша жүргізілетін күнтізбенің ыңғайлығы қай жұлдыз болса да (қыдырма жұлдыздардан басқасы) жыл сайын бір мезгілде туып, бір мезгілде батады» (Х. Әбішев). Қазақ есепшілері де ұлы даланың табиғи ерекшелігіне орайластырып, Жұлдызға негізделген ай есебінің жүйесін жасаған. Бұны Академик В.В.Радловтың, Ш.Ш. Уәлихановтың және

Б.А. Куфтиннің жариялаған ай аттарымен байланысты деректерді салыстыру арқылы байқауға болады.

Ш.Ш. Уәлиханов қазақ ай атаулары мен оның ретін тізе отырып, жылдың бірінші айын отамалы (март) деп көрсеткен:

1. Отамалы (март)
2. Саратан (апрель)
3. Көкек (май)
4. Шілде (июнь)
5. Сарша-тамыз
6. Қыркүйек (август)
7. Қазан (сентябрь)
8. Қараша (октябрь)
9. Тоқсан (ноябрь)
10. Қаңтар (декабрь)
11. Ақпан (январь)
12. Наурыз (февраль).

Бұдан байқалатыны Ш.Ш. Уәлиханов кезінде мәлімет берушіден сол кездегі ай атаулары емес, байырғы кездегі қолданылған ай атауларын сұраған сынайлы. Өйткені мәлімет беруші жыл басын отамалы деп көрсеткен. Бұл айда, есепшілердің концепциясы бойынша, Үркердің батуы ескі жыл мен жаңа жылдың аражігін айқындап тұратын астрономиялық нышан болған. Жыл аясында он екі ай, әр айда отыз күн болады деп есептеген есепшілер жетпей тұрған бес-алты тәулікті қосып, жыл ішіндегі айларды теңестіреді ($30 \times 12 + 5 = 365$). Жыл шығарда қосылатын бұл бес-алты тәулік есепшілердің терминологиясында балақ күн деп аталған.

Мысалы, В. Радлов қазақтардағы Жұлдызға негізделген ай аттарын тізе келіп, жылдың басы отамалы (май) деп көрсеткен.

В.В. Радловтың ай аттарын және жыл ішіндегі он екі айдың бірінші айы отамалы (май) деп көрсеткен дерегі, біздің пайымдауымызша, құнды:

1. Отамалы (май)
2. Шілде (июнь)
3. Сарша-тамыз (июль)
4. Қараша-қауыс (август)
5. Қазан (сентябрь)
6. Мизан немесе қыркүйек (октябрь)
7. Желтоқсан (ноябрь)
8. Қаңтар (декабрь)
9. Ақпан (январь)
10. Наурыз (февраль)
11. Көкек (март)
12. Мамыр (апрель)

Сөйтіп, қазақ есепшілері (халық астрономдары) отамалыда (қазіргіше мамырдың 10-на қарай) бататын Үркер шоқ жұлдызының батыс көкжиектен асып, көрінбей кетуін астрономиялық белгі етіп алған. Үркер жыл сайын айнымастан бір мезгілде батып, бір мезгілде туады. Қазақтың ұланғайыр ұлы

даласында Үркерді еш адам самсаған басқа аспан шырақтарынан шатастырмайды. Есепшілердің Үркерді басты астрономиялық нысан етіп алуы сондықтан.

Ш. Уәлихановтың да, В. Радловтың да көрсеткен бұл деректері отмалы айының жыл басы екенін айқындай түседі.

Ал Б.А. Куфтин қазақша ай атауларының қалай айтылатынына тоқтала келіп, жылдың бірінші айы шілде (июнь) деп көрсеткен.

Б.А. Куфтиннің ай аттары жөніндегі деректерінің өзіндік ерекшеліктері бар (оны қатеге саяды, білместік деп терістеуге бола қоймас). Өйткені халық астрономдары «Ай-Үркер», яғни тоғыс есебі бойынша Үркердің батыс көкжиектен мамыр айының ондарында батуын емес, керісінше, таң қараңғысында маусымның жиырмаларында шығыстан батар аймен (немесе қорғалаған аймен) тоғысуын белгі етіп алған. Расында, Үркер маусымның жиырмаларында туады.

Куфтиннің көрсетуінше қазақ күнтізбесіндегі он үш тоғыс ай болған. Олар:

1. Шілде, (23 тоғыс),
2. Сарша-тамыз (21 тоғыс),
3. Қараша (19 тоғыс),
4. Қыркүйек (17 тоғыс),
5. Қазан (15 тоғыс),
6. Желтоқсан (13 тоғыс),
7. Екіағалайды (11 тоғыс),
8. Қаңтар (9 тоғыс),
9. Ақпан (7 тоғыс),
10. Аласапыран (наурыз) (5 тоғыс),
11. Көкек (3 тоғыс),
12. Мамыр (1 тоғыс),
13. Отамалы немесе маусым (25 тоғыс).

Бұл жерде Б.А. Куфтиннің жазып алған дерегі Ай мен Үркердің тоғамына қатысты. Көрсетілген тізбедегі ай атаулары тоғыстарға сәйкес жұлдыз айларының аттарымен көрсетілген деуге болады. Олай дейтін себебіміз ақпарат беруші тоғыс айларын оларға сәйкес келетін шілде, сарша-тамыз, қараша, қыркүйек, қазан, желтоқсан, қаңтар, ақпан, көкек, мамыр, отамалы (маусым) деп жұлдыз айлары мен амал атаулары (аласапыран, екіағайынды) арқылы түсіндіргенге ұқсайды.

Әрине, бұл жерде тетелес айының реті сарша-тамыздан кейін қыркүйек, қазаннан кейін қараша болуға тиіс. Сонымен бірге аласапыран (наурыз) айындағы амал, ал екіағайынды қаңтардың аяқ шенімен ақпанның бас шенінде өтетін 7-9 күндік амалдың атауы. Ал отамалы мен маусым вариант түрінде берілген, яғни отамалының «маусым» екенін нақтылау үшін көрсетілген. Маусым жаздың басында батыстан келетін жылы ауа ағысы (жел). Күн райындағы бұл құбылыс жаз тоқсанының бірінші айын білдіретін атауға айналған.

Қазақ жерін аралаған орыс зерттеушілері, М. Ысқақовтың айтуынша, мәлімет берушінің деректерін аударып отыратын тілмаштардың көмегін пайдаланған. Ай атауларының ретіне байланысты кейбір жаңсақтықтар содан да кетуі мүмкін.

Халық тілінде кездесетін ай атауларының ұзын саны (корпусы) жетпіс-сексенге дейін жетеді екен. Біріншіден, бұлай болу себебі бұл тұста ай аттарының қатарында амал атаулары ай атауы ретінде көрсетілген. Екіншіден, байырғы қазақ қоғамында ай санатына байланысты реформа болғаны байқалады. Сондықтан реформаға дейінгі жыл аясындағы ай санаты Қарт Наурыз деп аталған. Жоғарыда айтылған Ш.Уәлихановтың, В.В Радловтың ай атауларымен байланысты деректері, біздің ойымызша, Қарт Наурыз санатына жатады. Түркі тілдерінің екі томдық көлемді салыстырма сөздігін (1869, 1871) жасаған лексикограф ғалым Л. Будагов қазақтар арасында үш наурыз болғанын көрсеткен. Біріншісі, Қарт Наурыз, екіншісі, Қазыбектің Наурызы, үшіншісі, Жас Наурыз (немесе Көктастың наурызы).

Қазақтарда 22-март күні тойланатын Жас наурыз, марттың басында тойланатын Қарт Наурыз жайында айта келіп, Қазыбектің Наурызы деп аталатын наурыздың болғаны туралы аса құнды дерек келтіреді. Л. Будаговтың көрсетуінше Қазыбек наурызының Қарт Наурыздан 12-13 күн айырмасы болған (ескі санат бойынша март айының бірлеріне сәйкес келеді; қазіргіше 14 наурыз). Сөздіктегі дерекке қарағанда Қазыбек Кіші жүз, Он екі ата Байұлының Байбақты руының тармағына кіретін Сиықты елінен шыққан. Оның жасаған күн қайыру жүйесі тек қазақтардың арасында ғана емес, күллі Түркістан көлемінде қолданылған дейді (Л. Будагов). Ел ішінде халық астрономы Қазыбек есімі ұмытылмапты. Қазақтың бұрынғы күнқайыру жүйесіндегі көмескі тұсқа жарығын түсіретін осындай байырғы сөздермен бірге ел аузында есімі жалпақ елге танылған есепшілердің аты-жөндері де сақталып қалған. Халқымыздың классик жазушысы, академик Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ әдебиеті» (1977, наурыздың 18-і) газетінде жарияланған мақаласында: «Нұрпейіс Байғаниннен Алматыға қашан келесіз?» деп сұрағанымда «Қазыбек қазаны өткен соң келемін дегені бар еді. Қазыбек қазаны біз білетін қазаннан өзгешелеу болуы мүмкін», – деген сөзі Қазыбек жайындағы дерекке аздап та болса сәулесін түсіргендей...

Діни-ғұрыптар мен салттарды өткізуге байланысты күнтізбе жүйесі. Түркі халықтарының арасына VIII-X ғасырларда тарай бастаған ислам діні қазақ қоғамының салт-санасына, мәдени өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Дінмұсылманшылық өзімен бірге жаңа тұрпаттағы жазу-сызуды ғана емес, күнқайырудың жаңа бір жүйесін де ала келді. Ай есебіне негізделген араб күнқайыруын кейбір түркі халықтары бұрынғы орта ғасырдың өзінде-ақ қолдана бастады. М. Қашғаридың сөздігінде, орта ғасырдағы ресми құжаттарда мысалы, Тоқтамыс ханның жарлықтарында, Қадырғали Жалайыри бидің шежіресінде жұмада элаууел, рабби эл-аууел, ражаб, рамазан, сафар, зұлқыжа т.б. Ай есебі бар. Қадырғали бидің айтуынша, түркілер екі түрлі күнқайыру жүйесін қолданған. Біріншісі – арабша ай есебі, екіншісі – жұлдыз есебі.

Ел ішіндегі дәстүрде марқұм болған адамның жасын шығару салтында осы күнге дейін араб жүйелі күнқайыру қолданылады. Сондай-ақ, ел арасында сапар айында ұзақ жолға шықпайды деген де ырым бар. Байырғы кезде сапар айында сапар қашты ырымы да жасалатын болған.

Ораза айт, Ұлы Құрбан айт мейрамдары, марқұм болған адамның жасын шығару, т.б. діни салт-дәстүрлер арабша ай есебі бойынша өткізілді. Ережеп, Рамазан, Жұмаділ, Шабал, Барат, Әшір тәрізді есімдер сол айда немесе осы айдағы айтулы мезетте (датада) туған балаларға қойылған. Міне, мұндай мысалдар арабша ай есебінен қазақ қоғамында кең түрде әрі жүйелі қолданылғанын көрсетеді. Төменде қазақша ай есбін жүргізу үрдісіне ерекше ықпал еткен арабша ай аттарының кестесі беріліп отыр:

АРАБША АЙ АТТАРЫ.

Ай аттары. Діни мейрамдардың аттары және айтулы мезеттердің атаулары

1. Мухаррам. Ай есебі бойынша жылдың басы – мухаррам айы, бірақ мұсылмандарда мейрам ретінде тойланбайды. Бұл айдың оныншы күні Әшір (ғашура) деп аталады. Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұртқа қайырлаған: Әзірбайжан, Иранда бұл күнді қаралы деп есептейді.

2. Сапар. Сапар айында ұзақ жолға шықпайды.

3. Рәббіл әуел (рабби әл-аууал). Бұл айдың тоғызыншы күні Хижрат деп аталады. Мұхаммед пайғамбардың Мекеден Мединеге қоныс аударған күні. Мәуліт – рәббіл әуел айының он екінші күні – Мұхаммед пайғамбардың туған күні.

4. Рәббіл ақыр (рабби әл-ахир).

5. Жұмәділ әуел (жумада әл-аууал).

6. Жұмәділ ақыр (жумада әл-ахир).

7. Ережеп (рад-жаб). Бұл айдың жиырма жетінші күні Миғраж деп аталады.

8. Шабан (шағбан). Бұл айдың он төртінші күні Барат деп аталады. Тазару, арылу күні.

9. Рамазан. Бұл айдың жиырма жетінші түні Қадыр түні деп аталады. Қасиетті Құранның көктен түскен күні. Бұл түн ауыз бекітудің соңғы түніне сәйкес келеді.

10. Шабал (шаууал). Бұл айдың алғашқы үш күнінде Ораза айт мейрамы өтеді.

11. Зөлқағда.

12. Зөлқижжа. Бұл айдың тоғызыншы күні Әрәпа деп аталады. Зұлқижжаның оныншы-он екінші күндерінде Құрбан айт мейрамы өтеді.

Арабша ай есебімен қатар ел іші, әсіресе ескіше оқыған сауатты адамдар күнделікті тұрмыс-тіршілікте жұлдыз есебін де қолданған. Он екі шоқжұлдыз атауы Грекиядан араб елдеріне, одан түркі халықтарына кең тараған. Он екі шоқжұлдыздың түркіше атауы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында (XI ғасыр) айтылған.

Геоцентристік ілім бойынша Күн Жерді 365 тәулікте айналып шығады. Күннің Жерді айналып шығатын жолында ара қашықтықтары бірдей он екі

шоқжұлдыз орналасқан. Он екі шоқжұлдыздың атаулары кестеге түскен атаулары академик І.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде көрсетілген:

Күн өзінің жылдық жолында осы он екі шоқжұлдызға қонақтап өтеді. Әр шоқжұлдыздың арасы – бір ай. Олардың арабша атауын қазақ есепшілері жақсы білген. Хамал жұлдызының 16-сы Ақырап жұлдызының 27-сі деп уақытты жұлдыз бойынша да есептеген. Кей аймақтарда қыркүйек-мизан, қараша-қауыс, жедді-тоқсан, қаңтар-дәлу деп дәстүрлі ай аттары мен сол айға сәйкес жұлдыз атаулары қосарлана айтылады. Жұлдыз бен дәстүрлі ай аттарын бұлайша қосарлау уақыттың қай күнқайыруы бойынша айтылғанын дәлдеп көрсету үшін қажет болған.

Сөйтіп, қазақ даласына тараған әр түрлі мазмұндағы кітаптар арқылы араб тілінен қазақ тілінің ұлттық сөздік құрамына (корпусына) бір алуан сөз енді. Олардың ішінде ай аттары, он екі шоқжұлдыздың атаулары да болды. Тек кейбір деректерде мәулет, әшір, арапа, арай (ара ай) тәрізді атаулар азаматтық ай аттарының қатарында айтылғаны болмаса, қазақ қоғамында араб жүйелі күнқайыру мен арабша ай аттары, негізінен, діни рәсімдерге байланысты қолданылды. Араб тілінен енген маусым («мезгіл») деген бірер сөз кей аймақтарда белгілі бір себептермен «ығысып» кеткен айдың орнына қолданылған. Бірақ кейбір деректерде (В.В. Радлов, Ш.Уәлиханов, т.б.) маусым ай аты ретінде көрсетілмеген. Шындығында, қазақ тіліндегі маусым – арабтың маусым «мезгіл» («сезон») деген сөзі. Сөйтіп, қазақ қоғамы өзінің сан ғасырлық тарихи көшінде күнқайырудың бірнеше түрі мен санаттарын (стильдерін) қолданған. Бірақ күнқайырудың әр түріне, әрқилы жүйесіне арқау болған ай есімінің жүйесі кейінге дейін сақталып келді. Сонымен бірге күнқайыру жүйесіндегі ай есебі қайсыбір кездерде өз «тұғырынан» ығысып, басқа тілдік атаулармен де алмастырылған. Дегенмен, бұрын-соңды қолданып келген ай аттарының біршама толық құрамы (корпусы) халық тілінде, оның аймақтық нұсқаларында кездесіп отырады.

АЙ КЕРЕК – ересек балалардың ойыны. Аталмыш ойын туралы ең алғашқы мәлімет Н. Мелкованың еңбегінде кездеседі. Бірақ онда бұл ойынның аты мәлке тотай деп аталады. Кейінірек қазақ балаларының ойындарын зерттеген Б. Төтенаев пен Е. Сағындықовтар бұл ойынды айгөлек деген атпен берген. Бір қызығы дәл осы мазмұнды ойын сол Е. Сағындықовта ақтерек және ақ серек пен көк серек деп те берілген.

Жоғарыдағы авторлардың мәліметтері бойынша ай керек топаралық ойын түріне жататындықтан ойыншылар екі топты құрады. Әр топтың жетекшісі болады. Жетекшіні анықтап алған соң екі топ арасы шамамен 20 адым болатындай қашықтықта қарама-қарсы тұрады. Ойыншылардың келісімі бойынша ортаға бір ойыншы шығып екі топтың жетекшілеріне ойынды бастау үшін тас немесе түймемен жеребе тастап, ойынды бастайтын топты анықтайды. Ойын бастаушы топ:

- Ай керек-ау, ай керек,
- Айдың жүзі дөңгелек.
- Күш-қайраты тым ерек,
- Шепті бұзар ер керек, –

дегенде, келесі топ жауап ретінде:

– Ай керек-ау, ай керек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Күш-қайраты тым ерек,

Мұнда бізден кім керек?! –

дегенде, бірінші топтағылар:

– Ай керек-ау, ай керек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Күш-қайраты тым ерек,

Сізден бізге Пәлен керек! –

деп өздеріне керек ойыншының атын айтады. Сонда ойыншы:

– Ай керек-ау, ай керек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Өз тобымнан тез шықтым,

Шеп бұзуға мен шықтым! – деген жолдарды айқайлап айтып екінші топтағы қол ұстасып тұрған ойыншыларға жүгіріп келіп, қолдарын үзіп өтуге тырысады. Үзіп кетсе, өзі қалаған ойыншыны алып кетеді. Ал, үзе алмаса онда сол екінші топта қалуға мәжбүр болады.

Балалар үшін маңызы зор аталмыш ойын туралы айта кететін гәп, бұл ойын қазақ жерінің барлық өңірінде болған. Өйткені, қазақы ортадағы жас-жеткіншектердің айгөлек, ақсерек пен көксерек және мәлке тотай немесе мылқау тотай деп өңірлік ерекшеліктерге байланысты аталған ойындардың барлығының да мазмұны бірдей, тіпті айна қатесіз. Тек олардың аттары ғана өзгеше. Ескерте кететін жайт, бұл ойын қазақы ортада ақсерек пен көксерек деген атпен көбірек танымал.

АЙ ҚАРАҢҒЫ КЕШЕСІ – Айдың шығыстан түн ортасы ауа отырып туғанға дейінгі уағы. Түннің бұл уағын Ай қараңғысы, Ай қараңғы түні, Ай қараңғы кешесі дейді. Бұндағы кеше атауы Р. Сыздық (Р.Ғ. Сыздықова) атап көрсеткендей, «түннің бір бөлігі».

Айдың өткен нешесі,

Ай қараңғы кешесі.

Падишадан кем емес,

Ер Төлеген мүшесі, –

дейді «Қыз Жібек» жырында. Бұл қолданыстағы Ай қараңғы кешесі эпикалық (халықтық), фольклорлық шығармаларда кездесетін көне атаулардың бірі.

АЙ МЕН КҮННІҢ ТҰТЫЛУЫ – байырғы мифологиялық түсінік бойынша Ай мен Күннің қаскөй, зұлым күш иесінің қолына түсіп, тұмшалануы. Аталмыш, мифтік түсініктің онтологиялық негізі «Жарық» пен «Түнектің», яғни «ізгілік» пен «зұлымдықтың» қарама-қарсы күресі дегенге саяды. Ай мен күннің тұтылуынан жаманшылыққа жорып, малдың ақсарбас айтып құрбандық шалған. Дағдыдан тыс табиғаттағы бұндай тосын құбылыс көптеген халықта мифтік сарындағы әртүрлі ертегі-аңыздарға арқау болған. Түркі-моңғол халықтарындағы мифтік ертектердің бірінде Жалмауыздың

колына түскен Ай мен Күнді жартылай хайуан, жартылай адам кейпіндегі мифтік кейіпкер кірпік шешен құтқарады.

АЙ ҚОРАЛАНУ – толған Айдың қызылрайланып мұнартуы. Айға қарап күн райын болжаушылар Ай қораланса, күн суытудың белгісі деп жориды. Сондай-ақ халық тілінде «Ай қораланып туды, Ай тұмшақтанып туды дегендерге сай: Ай қораланса арысынды (арбанды), күн қораланса күрегінді сайла – деген сенім бар» (І. Кеңесбаев). Жаздың соңы мен күздің басында Айдың қоралануы алдағы қыстың қалыпты болатындығының белгісіне саналған.

АЙ СЫРҒА – жарты ай бейнелі сырға. Ай сырға көбінесе ай қалыптарға күмістен құйылып жасалған. Оның бетіне шекіме арқыты түлі бедер өрнектер салынған. Сонымен қатар шытыралармен әшекейленген. Ай сырға негізінен салпыншақсыз болып келеді. Халықтық ортада ай сырға көбінесе анасынан қызына мұралыққа қалып отырған. Сондықтан ондай сырғаға ие болған қыз ай сырғаны анасының көзі деп бағалап, жоғалтпай күтіп ұстауға, өз қызына беруге міндеттенген.

ҚР МОМ қорында XIX ғасырға жататын күмістен жасалған ай сырғалар сақталған. КП 12217 ай сырғаның бетіне жеті жапырақты төрт гүл өрнегі түсірілген. Әр гүл өрнегінің арасында шеңбер оюы салынған. Сырғаның биіктігі 3,5 см, көлденеңінен 2 см, салмағы 6,96 гр. Ал КП 19060 сырғаның айшығының ішкі шенін айналдыра бүршіктермен сіркеленген. Сонымен қатар үшкіл пішінді жеті сіркемен көмкерілген. Құлаққа ілетін ілгегі айшыққа тойнақ арқылы бекітілген. Көлемі 4x4 см, салмағы 6,96 гр.

Ай сырғаның жасалу ерекшелігі мен құлаққа жарасымдығына байланысты ақындар өлеңіне де арқау болған. Осы орайда М. Мақатаев:

Ат суара барғанда жылғаға мен

Ашаң жүзің ашылып бір қарап ең.

Құлағыңда ай сырғаң дір-дір етіп,

Енді үзіліп кетердей тұрған әрең – деп суреттейді.

АЙ ТҮЙРЕУІШ – жаңа туған ай пішінінде жасалған, үстіне көз қондырылып, өрнектер салынып әшекейленген түйреуіш түрі. Ай түйреуіш киімге әшекей ретінде тағылады.

АЙБАЛТА – шабу арқылы зақым салатын жауынгерлік балтаның бір түрі. Айбалтаның жалманы (жүзі) жалпақ, жарты ай түрінде дөңгеленіп келеді. Сондықтан басының пішініне сәйкес бұл балта түрінің атауына «ай» сөзі қосылған. Жауынгерлік балтаның бұл түрінде жүзінің жалпақ, дөңгеленген түрде жасалуы айбалтамен шабу арқылы да, кесу арқылы да зақым салуға мүмкіндік береді.

Айбалтаның жүздерінің ені әдетте 15-20 см дейін жетеді. Айбалта басы болаттан, темірден соғылып, сабына екі бекітпе темірлермен ұстатылады. Сабы ағаштан жасалып, берік болу үшін металмен, терімен қапталады. Қолға ұстау үшін саптың төменгі жағына қайыстан бүлдіргі тағылды. Айбалталардың шүйдесі тегіс және шүйдесі төртбұрышты балға пішінді жасалған немесе домалақ басты балға түріндегі типтері болады. Балға түріндегі шүйдесі айбалтамен қосымша ұру, соғу арқылы зақым салуға да

мүмкіндік береді. Осы мүмкіншіліктеріне байланысты бұл қаруды қазақтар жиі қолданып, ауызша, жазбаша деректерде шабу қаруларының ішінде жауынгерлік балтаның бұл түрі жиі аталады. Жауынгерлер айбалтаны белге байлап, жорыққа шыққанда тебінгінің астына қыстырып алып жүрген. Қазақ айбалталарының жалманы әдетте күміс қақтау, алтынмен және күміспен аптау, қырнау әдістері арқылы көгеріс өрнекпен көркемделді. Айбалта бастарында киелі сөздер немесе арнау сөздер де жазылды. Ал металмен қапталған саптары шекімелеу әдісімен өрнектелді, терімен қапталған саптар металл шытыралармен әшекейленді. Сәнді айбалталардың саптары асыл тастармен де әшекейленді.

Қазақтар айбалтаны жауынгерлік қару ретінде ХІХ ғасырдың аяғына дейін қолданып келді. Басының формасымен, әшекейімен, сабының ұзындығымен ерекшеленетін қазақ айбалталарының көптеген нұсқалары болған. Орташа ұзындықтағы сабы бар айбалталар ат үстінде соғысуға арналса, ұзын сапты айбалталарды хан ордасының күзетшілері ұстады.

Дәстүрлі мәдениетте толыққұнды зат практикалық та, символдық та талаптарға сай келетін көпфункционалды табиғатымен ерекшеленетіндіктен, айбалта әскери құрал ретіндегі утилитарлық қызметінен басқа, түрлі символдық, белгілік және ғұрыптық мақсаттарда да қолданылды. Көне заманда айбалта көп халықтарда оны ұстаушылардың сакральдық рөлін көрсететін символдарының бірі болған. Байырғы өнер ескерткіштерінде айбалта құдайлардың билік атрибуттарының бірі ретінде бейнеленеді. Түркі халықтарының әр замандағы петроглифтерінде де киелі рухтардың қолдарында айбалта бейнеленгенін көруге болады. Жауынгерлік қару ретінде айбалта скиф аңыздарында патшалық биліктің, әскери сословиенің символы ретінде арнайы аспаннан түскен қару ретінде аталады. Осы ерекшелігіне сәйкес қасиетті мүлік, жоғары құндылығы бар зат ретінде айбалта көшпелі қоғамдағы түрлі әлеуметтік және мемлекетаралық қатынастарды белгілейтін әртүрлі ресми сый-сияпат, марапаттарды құрамына кірген. Шығыста патша, хандардың жеке күзетшілері, сарай күзетшілері айбалтаны лауазымдық қару ретінде ұстаған. Айбалта ерте заманнан көшпелі қоғамдағы түрлі әлеуметтік, руаралық қатынасты бекітетін салттарда ғұрыптық құрал ретінде де қолданылды. Көшпелі скифтердің анда болу салтында қан араласқан шарап құйылған ыдысқа айбалтаның жүзін малып ант берген. Көне магиялық сенімдерге сәйкес ерте заманнан айбалтаның зұлым күштерден, рухтардан қорғау, сақтау күші бар деп түсінілді де, апотропеикалық (қорғау, сақтау) магиялық ырымдарда қолданылды. Түркі халықтарында шаман-бақсылар зікір салғанда зұлым рухтармен айқасуға, күресуге көмектестін құралы ретінде айбалтаны пайдаланған. Ерте замандарда айбалта басына салынған ою-өрнек магиялық рөл атқарған. Айбалтаны көп халықтарда билеушілердің күзетшілерінің арнаулы қаруы ретінде қолданылуының мәні де осы қару түрінің магиялық қорғау мүмкіншілігінен туындаған. Айбалтаның қорғау функциясының бір көрінісі ретінде оның ғұрыптық жазалау құралы ретінде қолданылуын атауға болады. Құрбандық шалу ғұрпында көбіне айбалта ғұрыптық қару ретінде қолданылды. Өткен ғасырларда көп халықтарда

айбалта өлімге кесілген адамды жазалауда қолданылатын қару болды. Қазақ ертегілерінде айбалта ертегі кейіпкерлерлерінің жер астының зұлым рухтарынан (жезтырнақ, жермыстаннан) қорғануға, оларды өлтіруге қолданған қаруы ретінде сипатталады.

Көшпелі түркі халықтарының мифологиялық түсініктерінде қару әлемнің мифологиялық моделінің үштігін байланыстырып тұратын «әлем ағашының» алломорфы ретінде түсінілген. Сондықтан балта бастары мен саптарында қолданылатын өрнек түрлері көбіне «әлем ағашы» өрнегінің әртүрлі варианттары болып келеді. Бұл өрнектердің қазақ айбалталарында кейін де қолданылуы балтаның көне замандағы ғұрыптық сипаты қазақтарда көркемдік дәстүр ретінде сақталып келгенін айғақтайды.

ҚР ОММ қорында XIX ғасырда жасалған қазақ айбалтары және оның бастарының бірнеше үлгілері сақтаулы. Сондай бір айбалтаның (КП 14076) жалпы ұзындығы 85 см, басының ұзындығы 17 см, жүзінің ені 13 см. Басы темірден соғылған, жүзі жарты ай түрінде дөңгеленіп келген. Шүйдесі дөңгелек балға түрінде жасалып, жарты сфералы, сегіз жапрақты гүл формасында сомдалған. Жалманы мен ұңғысының қиылысқан тұсында, балтаның екі бетінде шекіме әдіспен өрнектелген жез пластиналар орнатылған, жалманының екі беті күміспен қақтау әдісімен көгеріс өрнек салып әшекейленген. Жүзінің сол жақ бетінде араб әрпімен қырланып жазылған жазу бар. Сабы ағаштан жасалған, жоғарғы жағы 20 см ұзындықта, жез пластинамен қапталған, қаптаудың төменгі жағы иректі сақинамен бітеді. Басы ағаш сапқа алдыңғы және артқы жағынан ұзындығы 20 см қосымша екі бекітпе темірмен ұстатылған. Артқы бекітпе темірге ирек өрнек түрінде күміс қақталған, ал алдыңғы бекітпе темір қарсыластың қаруын кесу үшін өткір жүз түрінде жасалған, олар сапқа бұрандалармен бекітілген.

Айбалтаны 1881 жылы зергер Бекжан (фамилиясы белгісіз) жасаған, Талдықорған (Алматы) облысынан, руы Төре. Музейге 1977 жылы 25-мамырда Болатхан Жаксыбекұлы Бекжановтан (Талдықорған (Алматы) обл, Қапал ауд, Қапал с. тұрғыны) алынған.

АЙБАЛТА СЫРҒА – пошымы айбалта тәрізді сырға. (Айбалда-соғыс қаруы). Айбалта сырғаның алақаны айбалта пішінінде жасалып, оның жоғарғы жағының орта тұсына тойнақ орнатылады. Тойнаққа құлақтың сырғалығындағы тесікке кигізелетін ілгек бау ілінеді.

АЙБАНА¹ – қоғамды ұрлық-қарлықтан тыю үшін қолданылатын жазаның түрлері. Бұрынғы қазақ қоғамының құқықтық әдет жүйесінде ел ішін ұрлық-қарлыққа алдырмауда айбана жазасының маңызы айтарлықтай болған. Біреудің мал-мүлкін ұрлап қылмыс жасаған адамға құқықтық әдет жолымен билер салатын айыптың, жазалаудың бірнеше түрлері болғаны байқалады.

Айбана жазасы бойынша біреудің түйесін ұрлап қылмысты болған кісі бір жетім, яғни соғыста қолға түскен құл береді. А.Левшиннің 1820 жылы кіші жүз қазақтарынан жазып алған деректер бойынша ұрлық жасаға адам ұрланған малды (мүлікті) қайтарудың үстіне үш тоғыз көлемінде айбана төлейтін болған. Үш тоғыз құқықтық норма бойынша жиырма жеті тұяққа (3*3=27) теңгеріледі.

Егер түйе ұрласа, ұрланған малға қоса бір жетім, жылқы ұрласа, оған қоса айбанасына бір түйе; қой ұрласа, оған қоса айбанасына бір жылқы төлейді.

Ұрыға салынатын айбананың тағы бір түрі ұрланған малдың «мойнына қосақ, құйрығына тіркеу» деп аталған.

Ұрлық жасаудың үстінде (кезінде) қылмыскер сойыл, пышақ сияқты қарумен ұсталса, аты тартып алынады да, оған қоса сойыл айбанасын, пышақ айбанасын төлеуге міндетті болған.

Тағы бір атап айтарлық жайт ұрлықтың материалдық шығыны емес, «ұры пәленше рудың», «түгенше деген елдің адамы екен» деген сөздің сол әулеттің, рудың, елдің жалпақ жұртшылық алдындағы қоғамдық беделіне нұқсан тигізетіні. Сондықтан «ұры шыққан», «ұры ұстаған», «ұрысын тыймаған» деген жаманаттан аулақ болу үшін ұрыға аса ауыр жаза кесетін кездер де болған. Ондайда айбананың орнына өлім жазасы немесе құн төлеу жазасы тәрізді ең ауыр жаза кесілетін болған. Мысалы, ұрлық-қарлық жасаған қылмыскерге билер кесетін құн төлеу жазасы қандай жағдайда қолданылуы мүмкін? Ұлы даламыздың біртуар данасы Мәшһүр Жүсіп мұраларынан мынандай аса маңызды деректі кездестіреміз. Қазақ жұртын бірсыпыра көтеріп, берекелендіріп тұрған – осы қой деген мал. Құрты, майы; қыс болғанды, қазақ деген жұрттың отыны-қойдың барлығынан табылады. «Қой дегенше, қоя-ақ қой» дегені. «Ол жарықтықты айтып не қыласың?» – деген сөз. Қойдың жүнінен басылған кигіздің бір қасиетін сөйлейік. Кеше қазақ жұртында Едіге баласы Шоң би жаз күнінде қанша ең жақсы бас қосып, бір кигіз үйде отырғанда, жарқ-жүрқ етіп нажағай ойнап, жаңбыр жауды дейді. Сонда Шоң би отырған үйдің төбе кигізіне қараса, бір саңылау тесік жоқ екен. Қасында отырған әулеттен сұрады:

– Осы үйдің екі үзігін ұрлағанға қандай айып салар едік? – деп, Жұрт дәнеме дей аламады?

Сонда Шоң би өзі айтты дейді:

– Дәл осы үйдің екі үзігін ұрлағанға: «Іші тола отырған жанның құнын төле!» – деп бұйырар едім! – дейді.

Отырған жұрт бұл сөзіне көнбей:

– Бұл екі үзік сатса, пәлен қой. Мұнша құнды, мұнша пұлды болатұғын мұның не артықтығы бар? – дейді.

Сонда Шоң би отырып айтты: – Сендер Құдайдың қай бергенінің қадір-қасиетін білдіңдер? Күн күркіреп жауып тұр, нажағай ойнап, жарқ-жүрқ етіп тұр. Естіген жанда зәре қалды ма? Аспаннан түсетұғын жайдың оғы тесігі жоқ бүтін кигізден тіпті өтпейді. Дәл осы күнде осы үйдің үстінен жайдың оғы кез келсе, өтетұғын жері жоқ, кигіздің жүнінің арасынан бытырап-бытырап сіңіп кетеді. Осынша жанды сақтап қалуға себеп болған соң, бұл екі үзіктің құны үй тола жанның құны болуға қалай жарамайды?! – дейді.

Отырған жұрт жағасын ұстап, таң-тамаша қалды дейді.

Әңгіме айбана бойынша ұрланған заттың әдеттегідей үш еселенген пұлын емес, Шоң бидің үзікті ұрлаған адамға құн төлеу жазасын кесуі ұрлықтың тигізетін зардабының қаншалықты ауыр болатынын уәждеуінің күштілігінде болып тұр. Ә.Диваевтің Сыр өңірінен келтірген дерегінде күйеу жігіттің қалыңдығына (қайын жұртына) ұрын барғанда қайын атасына бір түйе түрінде

беретін сыйы айбана деп аталатыны айтылған. Бірақ бұл айбана құқықтық әдет жүйесіне емес, үйленудегі ғұрыптық салтқа жатады.

АЙБАНА² / АЙЫП АНАСЫ – күйеу жігіттің қалыңдығына ұрын барғанда атасының үйіне апарып беретін кәдесыйы. Ә.Диваевтың мәліметіне қарағанда Сыр қазақтарының неке ғұрпында бұл кәде орнына көбінесе бір түйе жүрген.

АЙБАС – пошымы балтаға ұқсас, жүзі доғал, шүйдесі бұдыр болып келетін аспаздық құрал. Еттен түрлі тағамдар жасау барысында ұсақтап шабуға, шүйдесімен ұрып жентектеуге ыңғайлы болу үшін ықшамдалып жасалады. Сабының ұзындығы 25-30 см. Айбас негізінен сұрпы етті түйгіштеп, жұмсартуға сондай-ақ ет кесектерін ұсақтап шабуға арналған. Айбас осы күнгі осы күнгі ас үйде қолданылатын тұрмыстық бұйымдар қатарына жатады.

АЙГӨЛЕК¹ – балалардың топ болып ойнайтын ойыны. Айгөлек ойыны дәстүрлі қазақы ортадағы жеткіншектердің топтасып ойнайтын айкерек, ақсерек пен көксерек және мылқау тотай немесе мәлке тотай деп аталатын ойындарға ұқсас. Айгөлек ойыны туралы ең алғашқы дерек М.Гуннердің еңбегінде кездеседі. Е. Сағындықов ааталмыш ойынды ақсерек, көксерек деп берген.

Бұл ойында да жоғарыда аталған ойындардағы сияқты екі топқа бөлінген ойыншылар араға 20 қадам тастап қарсы тұрып, төмендегідей жолдар айтылады:

Ақ серек пен көк серек,

Бізден сізге кім керек? –

деп сұрайды. Қарсы топ:

Ай керек-ау, ай керек, айдың жүзі дөңгелек.

Ақ серек пен көк серек, тауып алдым бәйтерек,

Сонау тұрған пәленшенің өзі керек, –

деген сөздерді айтады. Ортаға шыққан бала топты қиып өтіп келеді де, қарсы топтың жайып тұрған алақандарына ұрады. Демек мұнда бұған ұқсас жоғарыдағы ойындардағыдай ұстасқан қолды үзіп өтпейді, тек алақанға соғуға тиіс болады. Соға сала көмбеге тұра қашанды оны қуған ойыншы жете алмаса «тұтқындар» отыратын арнайы сызылған шеңберге қамалады. Ал, ұстап алса онда ол ойыншыны қамайды.

Ойын осылай жалғаса береді де, көп тұтқын жинаған топ жеңіске жетеді. Басым түскен ойыншылар келесі топқа қолқа салады. Оларға ән айтуға немесе би билеуге тура келеді.

АЙГӨЛЕК² – қазақтың кең таралған халық биі. Кейде ол «Қарақұлақ» деп те аталады. Мал күзету әрекетін бейнелейтін Айгөлек биінің музыкалық өлшемі 2/4. «Айгөлек» әнінің ырғағымен жеке немесе көп қыздар қол ұстасып дөңгелене (толған ай келбеті тәрізді) билейді.

АЙҒАҚ – дәстүрлі әдет-ғұрып құқығында айып тағылған адамның «ақ» немесе «қара» екендігін анықтауда қолданылатын зат, факт немесе куәгердің өзі. Айғақ билер сотында өзіндік ережелермен белгіленеді. Айғақтың көрген айғақ, естіген айғақ деген түрі бар. Айғақ берушіні билер соты кез келген

тараптан шақыра алады. Одан сұраққа салу «көрген көз – айғақ, естіген сөз – тайғақ» деген принцип бойынша жүргізіледі. Дәстүрлі қазақы ортада исламның орнығуына байланысты куәлікке жүруші адам билер соты алдында айғағын мұсылмандық жолмен де дәлелдейтін болды. Осыған байланысты енді жан беруші (куәлікке жүруші) қылмыс деп есептелінген іс-әрекетті міндетті түрде Құранды басына қойып айтатын. Мәжбүрлеп айғақ беруге тыйым салынған. Жалған айғақ беруші адамдар жазаланған. Айталық, дәстүрлі сот билігі бойынша, зинақорлық жасады деп айып тағылған кезде төрт куәгердің үшеуі шын, төртіншісі өтірік айғақ болса, онда бәрі бірдей жазланады. Басқа қылмыстық істерді анықтауда екі айғақ беруші жеткілікті саналған. Естіген айғаққа қарағанда көрген айғақ жоғары бағаланады.

АЙҒЫР – жылқы түлігінің аталығы, үйірдің құтпаны. Дәстүрлі қазақы ортадағы жылқышылар тәжірибесінде жылқының жыныс қабілеті тай және құнан кезінде жетіле бастағанымен, оны дөнен болғанда ғана үйірге салады. Өйткені төрт жасқа толмай, яғни дөнен болмайынша оның күш-қуаты толысып, белі толық жетілмейді.

Айғыр жергілікті жағдай мен шаруашылық талабына сай болуы керек. Сол үшін айғыр болатын жылқыны таңдау жылқышар үшін ең басты, әрі жауапты іс саналады. Мықты, күшті айғырлар үйірін әдетте ит-құсқа алдырмайды. Қазақы түсінікте айғыр қашанда аса төзімді, әрі есті мал деп саналды. Үйіріне берілген өте есті мықты айғырлар жылқы санының көбеюіне әрі тұқымының мықты болуында әркез ұйытқы болып отырды.

Дәстүрлі қазақы ортада айғырдың жас ерекшелігі мен айғырлық қасиетіне орай құр айғыр, құтпан айғыр, сәуірік деп өз алдына ажыратылып аталады. Құр айғыр – ұсталмаған, яғни мініске үйретілмеген асау айғыр. Үйіріне берілген, шашау шығармай жылқының басын көбейткен мықты, әрі құтты айғырды құтпан айғыр десе, жаңадан үйірге салынған дөнен айғырды сәуірік дейді. Үйірге айғыр қосқанда таңдаулы тұқымның айғырын ғана салады. Жылқының тұқымын жақсарту мақсатында және биені белгіленген уақытта тоқтатып отыру үшін айғырдың жасы ескеріледі. Тәжірибелі сақа айғырдың үйірінде 20-25 биеден болатындығы сондықтан. Керісінше биеге енді түсіп жүрген айғырдың үйіріндегі биелердің саны әдетте 10-15-тен аспайды.

Қазақы ортаның жылқышылары тәжірибесінде жылқының жабы деп аталатын тұқымынан жылқы санын көйбетуге болғанымен одан айтарлықтай жақсы жылқы тұқымы шықпайтын. Осы жайтқа байланысты қазақы ортада жабыдан айғыр салма жалды екен деп немесе жабыдан айғыр салсаңыз, жауға мінер ат шықпас деп келетін сөз орамдары қалыптасқан.

Егер айғыр шақар, шайнағыш, асау, таласқыш болса ол мал тұқымына әсер етеді деген ұстаным бойынша алмастырып отырған. Ал мінезі нашар болғанымен тұқымы жақсы болса, онда оның кекіліне тоқпақ деген затты байлау арқылы жаман мінезін тежеген. Қыршаңқы, шақар айғырдың кекіліне ағаштан немесе тастан жасалатын аталмыш затты байлап қойғанда ол өзге жылқыларға тиісіп басын жоғары көтеріп немесе төмен салып оқыс қимылдағанда тоқпақ шекесіне тиіп оғаш қылығын тежеп отырады.

Осылайша, біраз уақыт тоқпақпен жүрген айғыр қазымыр мінезін ұмытатын болған.

Қазақы ортада төрт түліктің ішінде аса қадірлі түлікке саналатын жылқының құтпаны айғырға қатысты сан алуан ғұрыптар мен ырымдар дәстүрлі наным-сенімдегі өркендеу идеясына негізделеді. Қазақтың тіршілік циклына қатысты ғұрыптарда айғырдың араласатын тұстары көп. Мәселен, С. Сейфуллин босанатын әйел «марту» басып қиналса толғағын жеңілдету үшін көрші ауылдың айғырын әкеліп көрсететіндігін айтады. Сонымен қатар толғақты жеңілдету үшін үйдің сыртына жылқы үйірін әкеліп иіру, тасырлатып шаптыру және айғырды ұстап, маңдайшасын алған есіктен үйге енгізіп көрсету тәрізді шаралар Алтай қазақтарында ХХ ғасырдың екінші ширегінде де атқарылған. Көптеген түркі халықтарындағыдай қазақтарда бүкіл әулеттің құты үйірдегі айғырдың жалында болады деп сенген. Соған байланысты, қазақта айғырдың жалына қол тигізу шаңырақтың құт-берекесін қашырады деп түсінген. Айғырдың жалын күзесе күші қайтады деп оған қол тигізбеген. Ертеректе аты бүкіл елге тараған ең таңдаулы деген айғырды ауруды емдеуге де пайдаланған. Мәселен, Алматы облысының тұрғыны қаңлы руынан шыққан Ержұма деген бақсының «көтеріліп ауырған» келіншекті айғырға мініп алып айнала жүріп емдегені жайында мәліметтер бар.

Қазақтар жайлауға көшіп келген соң бие байлағанда ырымдап айғырдың сауырына май жағады, ал, қымызмұрындық ғұрпы жасалғанда айғырдың маңдайына қымыз тамызады. Бұл – мал көбейіп, береке мен молшылық болсын деген тілекке саяды.

Қазақы ортаның малшылары мысы басым, мықты айғырды қасқыр аулауда мінген. Өйткені үйірін ит-құсқа алдырмайтын кексе айғырлар басқа жылқылар сияқты емес, қасқырға батыл, әрі өктем келеді. Қасқыр аулауда жараланған немесе қалың қасат қардан қаша алмай қалған қасқырларды жүйрік әрі күшті айғырмен қуып жетіп оңай ұрып алатын болған. Тіпті мұндай айғырлар қасқырға қуып жеткенде алдыңғы екі аяғымен тарпып, теуіп қасқырдың оңай қолға түсуіне себепкер болады.

Қазақта үйіріне мықты айғырдың мекендеген жері кейін сол аты аңызға айналған айғырдың атымен аталып кететін жәйттер көп кездеседі. Мәселен, әйгілі ғалым Ш.Уәлихановтың 1856 жылы 15 майда жазылған жол дәптерінде қазіргі Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданы жеріндегі «Торайғыр» деп аталатын таудың неге олай аталғаны жайлы төмендегідей құнды мәлімет кездеседі:

«Торайғыр – торы айғыр деген сөз; қырғыздың (қазақтың) ертегісінде былай дейді: қырғыздар (қазақтар) осы таудың маңынан қалмақтарды – жоңғарларды қуып шыққан кезде сол таудың басынан бір торы айғыр табылған... Торайғыр – албандардың өте жайлы, ең жақсы қыстауы, онда еш уақытта қар болмайды, ал болған күнде аз жауады да, тез еріп кетеді деседі. Нағыз қатты қыстарда, шөп шықпаған жылдардың өзінде де мал далада жайылып, тас қынасын ғана қорек етеді – бұл жердің шөбі сондай күшті, топырағы асыл келеді. Жұғымды жер.»

Ш. Уәлихановтың жоғарыдағы берген мәліметіндегідей айғырдың атымен аталатын жерлер қазақ жерінің көптеген өңірлерінде кездеседі. Сонымен қатар жайлау мен қыстауларды жирен айғырдың жайлауы немесе күрең айғырдың қыстауы деп атау күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

АЙҒЫР ҚОЮ – жылқының құтпанын аталық ретінде таңдау. Тіршілікқамы мал шаруашылығы болып, үнемі көшіп-қонып жүрген қазақ үшін жылқы малының алатын орны ерекше болды. Өйткені ұлан байтақ жерге иелік етуде осы жылқы малы ерекше рөл атқарды. Сол себепті жер бетінде қазақтай жылқыны танып білетін халық кемде-кем.

Дәстүрлі қазақы ортадағы «Мінсең көлік, жесе ас» деп келетін сөз орамы тікелей жылқы малына қатысты айтылған. Осылайша, тұрмыс-тіршілігі мен өмірі тікелей жылқыға байланысты болған қазақ үшін оның басын көбейту, тұқымын асылдандыру ең басты міндет саналды. Сол себепті үйірге қосатын айғыр таңдау, яғни айғыр қою аса жауапты іс болды.

Айғыр қоюда міндетті түрде жергілікті жағдай ескеріледі. Яғни айғырдың сол өңірді мекендеген жылқылардың тұқымынан болғаны абзал. Айғыр қоюға таңдалған құлынды жас кезінен таңдап, оның жалы, шоқтығы, құйрығына қол тигізбейді, яғни оны күзеп, кеспейді. Қол тигізсе киесі басылады, жал құйрығын күзеп тастаса сұсы қайтады-мыс. Айғыр қоятын құлынның мінезінде де өзіне тән ерекшеліктер болады. Соны ескере білу де маңызды саналады. Мәселен, жақсы айғыр болатын жылқы саяқшыл болады. Яғни олар тай күнінде-ақ үйірдегі басқа құлындар сияқты айғырдың тепкісін жеп жүре бермейді. Керісінше үйірден бөлініп, жеке жүрген аттар мен бойдақ жылқыларға үйірсек келеді. Мұндай мінезді тайлардан қашан да мықты айғыр шыққанын халықтық тәжірибе көрсетіп отыр.

Әуелі, айғыр қоятын құлынды табатын бірнеше биені таңдайды: сыны келіскен жасамыс биеге алыстан басқа бөгденің үйірінен әкеліп салған сыны мен бабы келіскен айғырды әкеліп салады. Ол айғырға қалыптасқан жосын бойынша ақтық байлап, иесіне кәде береді. Реті болса, құлынның енесіне әдейілеп іш тастатып, алдағы қыста қысыр етеді. Ол үшін таңдалған биені қыстың сары аязында терлетіп, суық су мен суарып, таң асырып әдейі құлын тастатады. Келер қысында туған еркек құлындар арасынан таңдалған құлынды арда емізеді немесе басқа биеге телі емізеді. Құнанында жүген құрық тигізбейді, дөненінде көктемде жуасытып үйретіп жібереді. Осылайша, айғыр қоятын құлынды шаңырақ иесінің тән меншік тума еркек құлындардың арасынан таңдап алынады.

Мықты айғыр болатын жылқы оның құлын, тай, құнан кездерінде сыналса да ең ауыр сын мен салмақ оған дөненінде түседі. Өйткені жылқышылар тәжірибесінде ол үйірге осы дөненінен бастап салынады. Құнан кезінде әлсіз және азусыз болғандықтан, яғни күші толысып жетілмегендіктен үйірге толық ие бола алмайды. Кейде мықты айғыр болатын мұндай құнандар 1 ден 3 биеге дейін шығарып жіберетін де кездері болады. Бірақ оны айғыр болды деп есептемейді. Сол себепті жылқы малы тек дөненінде үйірге салынады.

Айғыр қоюда оның сыртқы сымбатына да басты назар аударады: басы етсіз, дене тұрқы тегіс, сіңірлі, бұлшық еті мығым, құйрық-жалы қою, шоқтығы биік, қабырғасы етті, әрі адырайған, шығыңқы, жоны тақтайдай тегіс, алқапты, ұша тұсы сәл бүкіс, сирағы жуантық, бұты талтақ, құрсағы салыңқы болса ол алғашқы сыннан өтеді. Үш шоқысы (шүйде, шоқтық, шонданайы осы үшеуге солай атайды) байлап қойған кезде бір деңгейде жатқан тұзу, ауыз омыртқа шығыңқы, тірсегі төмен, кеуделі, төсі кең, бойшан, жалы міндетті түрде қамшылар жағына жығылған болуы керек.

Айғыр қоятын сәуірік кең маңдайлы, қамыс құлақ (ұзын) танау тесігі кең, сағағы тік, қабағы қалың, кірпігі сояулы ұзын, көз жанары үлкен, тұяғы сом, тісі жуан, терісі кең, ұмасы үлкен, көлемі тең, үйірсек, мініске қолайлы болуы шарт. Толарсағы иілген садақтай болып тұрса, төмендеу келген, яғни бота тірсек болса айғыр қуатты, қайратты деп есептейді. Осы тұста бір ескеретін жайт, айғырдың құйрық түбі жуан болған сайын қайраттылықтың белгісі деп саналған. Керісінше құйрық түбі жіңішке болса әлсіз болады. Осылайша келіскен сымбатты жылқыны айғыр қойып, үйірге салар алдында оған 3 немесе 5 байтал қосады. Мұны «бел қызығын көрсету» деп атайды. Дәл осы тұста жас айғыр бірден өзінің мінезін көрсетеді. Сонымен қатар оның биеге шабуы, үйірді қайтару кезіндегі мінез-құлқы байқалады. Егер ол қызба, күйгелек мінез танытып оғаш қылықтар жасаса айғыр қоймайды. Ал, керісінше үйірді жақсы қайырса, және басқа саяқ жылқылар жібергенде бөтен сәуірікке қарсы тұрып, үйірді қызғанса, ол жақсы айғыр болудың нышанына саналып, үйірге салынады. Осылай сатылап таңдаудан өткен айғырға оны айғыр қою рәсімі өзіндік қалыптасқан ережемен жүріледі: сәуіріктің сауырына сары май жағып, «Иә, жарықтық-ай, бауырың өссін!» деп игі тілек тілеп, шоқтығына дұғалық тұмар, құйрығына жеті тал үкі байлап, үйірге қосады. Айғыр қоярда ел арасына кең тараған төмендегідей бата жолдарын айтады:

Жылқышы ата, жирен сақал,
Айғырыңыз арынды болсын,
Үйірге қайырымды болсын,
Бауыры құт болсын!

Осылай айғыр қойған соң жастау биелер мен қысырақтан кемі бес, арысы он екі-он үштен кем емес етіп топтап, үйір салып, сәуірік айғырдың шабуына мүмкіндік жасайды. Егер үйірде жаңадан қойылған айғырдың өзінің туған енесі немесе бір енеден туған енелес биелер болса, оны бөліп, басқа үйірге қосады. Себебі, айғырдың ерекше инстинкті сол, оны қазақтар бүкіл мал атаулының ішінде өзінің тумасына, енесіне, енелесіне шаппайтын есті жануар деп бағалайды. Қазақы ортадағы «Жақсы айғыр жатырына шаппайды» деген сөз орамы осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Жаңадан салынған үйірге басқа айғыр шапқан бие болмауын қадағалайды. Болған күннің өзінде айғыр оны қуалап, үйірден аластап тастайды. Жақсы айғырдың басты белгісі оны үйірге ең алғаш қосқанда-ақ ол биелерді бірден меңгеріп, билеп, төстеп әкетеді. Мұндай айғырға үйірдегі биелер де бірден бауыр басып кететіндіктен жылқышылар оны «үйір алғыш» деп атайды. Мықты айғыр өз үйірінде

жүргенде жүре жайылып жан-шағын үнемі шолып, үйірін басқа үйірден аулақ ұстайды.

Көшпелі ортада малдың табиғи ортамен үйлесімі, физиологиялық жай-күйі, ауа райы құбылыстарына сезімталдық танытанын ерекшелігі көбіне тұқым қуалаушылыққа негізделеді деп есептейді. «Айғырды неден салсаң үйірді сонан мінесің», «Мал нәсіліне қарай өседі, егін ұрығына қарай бітеді», «Байсалды айғырдың үйірін ат жақтайды», «Айғыр қойсаң үндіден қой, қошқар қойсаң жүндіден қой» деп келетін көптеген паремиологизмдер осыны аңғартады.

АЙҒЫРДЫҢ ЖАЛЫН МАЙЛАУ – жас құлынды алғаш рет желіге байлағанда атқарылатын ғұрып. Құлынды құрықтап, ноқта кигізіп, желіге байларда биебау басына басына жиналып, дастарқанға жайғасқан соң ақсақалдар келіп бата-тілек айтады. Үйірдің «иесі» деп саналатын айғырдың күш-қайраты артып, құлын көбінен еріп, Қамбар ата тұқымы өсе түсуін батаға арқау етеді. Жиналғандарға арасынан малсақ, іске икемді біреуі барып, айғырды шетке қарай ұстап отырғандарға қарай жақындатады. Бата берген ақсақал алақанына сарымайдан көсіп алып жақындап келіп айғырдың жалына, кекілі мен маңдайына жағады. Оның мәні айғырдың жалы күш қуаты мен үй иесінің құт-берекесі айғырдың жалында деген ұғымды білдірсе керек.

АЙҒЫРДЫҢ КЕКІЛІНЕ ТОҚПАҚ [ТАС] БАЙЛАУ – мазасыз, қазымыр айғырдың оғаш қылығын тежеу үшін жасалатын амал. Мінезі сан қырлы болып келетін жылқы малының айғырларының ішінде басқа жылқыларға тыным бермей, қуып, тістеп, шайнап тастайтын, тіпті өз үйіріндегі тай, құнан, байталдарға маза бермейтін тынымсыздары болады. Олар кейде үйірінен бөлек жайылып жүрген мініс аттарын да шауып келіп, қуалап тістеп, теуіп кетеді.

Қазақы ортада мұндай үйірді ұстап отырған құтпан айғырдың тұқымы жақсы болғандықтан, оны үйірден аластап немесе кестірмейді. Тәжірибелі жылқышылар оның бұл әрекетін тежейді. Ол үшін кекіліне тоқпақ деп аталатын затты байлайды. Тоқпақтың ұзындығы шамамен екі тұтамдай, ені төрт елідей болатын ағаш немесе тас болады. Кейде ірі қараның асығын тесіп те жасайды.

Айғыр бойдақ жылқыны қуғанда басын сілкіп, айбат шегеді, сол кезде кекіліне байланған тоқпақ маңдайын ұра бергендіктен басы ауырып оғаш мінезін доғарады. Әуселесі басылған соң тоқпақты шешіп тастайды. Кейде айғырдың арынды, мықтылары айғырдан шыққан биелерге де шауып тыным бермейді. Мұнда да оларға қашқан биенің құлынын ағызып, түсіріп тастамас үшін тоқпақ байланады. Ел арасында осыған байланысты «асауға – тоқпақ, ұры итке – кескек» деген сөз орамы қалыптасқан.

АЙДАР – баланың орайына қойылатын шоқ шаш. Айдар кейде қарын шаштан қалдырылады. Бірақ «қарын шашы қалғанның қарғысы, назасы қатты болады» деп есептелетіндіктен, көбінесе бір қабат шашы түгел алынып тастағаннан кейін де қойыла береді. Айдар баланың айбарын, қоғамдағы, отбасындағы өзіндік артықшылығын аңғартады. Сондықтан дәстүрлі ортада хандар, бай-манаптар өздерінің жақсы көретін ұлдарына айдар қойған.

Сондай-ақ бірыңғай қыздан кейін ұл туғанда, кейде ұзақ уақыт бала көтере алмай жүріп ұл туғанда айдар қойылады. Тіл көзден сақтау мақсатында айдар шашқа маржандар қосып та өріп қоятын болған. Айдарлы ұлың, тұлымды қызың бар ма деген фразеологизм осыны аңғартса керек.

Бірақ дәстүрлі ортада құлдың, күннің балаларына айдар қойғызбаған. Бұл дәстүрдің де өзіндік мәні бар. Төбесінде айдары бар балаларға үлкен кісілер ерекше назар аударып, сүйіспеншілікпен қарап, көрген жерде қастарына шақырып аты-жөнін сұрап, ықылас-баталарын беріп отырады. Жасының ұзақ, денінің сау болуын тілейді. Сонымен, айдарды балаларға «осы балам ел-жұрттың қолдап-қорғауына, үміт-тілегіне ие болса екен» деген жақсы ниетпен ырымдап қояды. Айдар қою – көптеген халықтарға тән дәстүр. Қазақтың халық ауыз әдебиетінде айдарлы (ұл), тұлымды (қыз), алтын айдар, шок белбеу т.б. фразеологиялық тіркестер жиі кездесуі бұл салттың этномәдени өмірде кеңінен таралғанын көрсетеді. Айдардан немесе тұлымнан зорлап айыру оның иелерінің әуелгі әлеуметтік статусынан айырылғандығын, яғни қорланғандығын бейнелейді. «Тұлымдысын тұл қылды, айдарлысын құл қылды», – деп келетін батырлар жырларында көп кездесетін белгілі сөз орамдары жеңілген жақтың жағдайының мүлдем әлсірегендігін білдіреді.

Халық айдарлы адам айбарлы көрінеді, оған тіл-көз тимейді деп есептеген. Қойылған айдарды бала жеті жасқа немесе он үш жасқа келгенше тіл-көздің сұғынан сақтайды деп алғызбаған. Халық дәстүрінде кейінгі кезде оң шекеге ерке, ерекше балаға тіл-көз тимесін, сұқтанған адамның көзі айдарға түсіп алдансын деген сеніммен қояды. Айдар қойған баланың шашын көбінесе сүндетке отырғызғанда ғана алады. Ол үшін құран оқытып, арнайы мал сойып, қан шығарып та жатады.

АЙДАР КӨБЕЙСІН – мал айдап бара жатқан малшыға кездескен жолаушының «мал басы көбейсін» деген мағынадағы этикеттік сөз орама. Оған малшы «әлей болсын!» – деп жауап қатады. Этикеттік норма бойынша аталмыш формуладан соң, амандық-есендік айтысып, бір-бірінен жөн сұрасады. Дәстүрлі мәдени ортада бұндай этикеттік формулалар коммуникативтік қарым-қатынастардың басталуын қамтамасыз етіп, адамдар арасында байланыс (контакт) орнату функциясын атқарады.

АЙДАРЛЫ ТАҚИЯ / КЕПЕШ – төбесінде күлтелі шашақ тағылған, кестемен көмкерілген әшекейлі тақияның бір түрі. Кей аймақтарда тақияның бұл түрін айдарлы кепеш деп те атайды.

Айдарлы немесе күлтелі тақияны көбінесе домбырашы, әнші сал-серілер киген. Күй тартқан домбырашының қимыл-қозғалысымен тақия күлтесі жарасым тауып бір ырғақта паш еткендей болады.

АЙДАУЫЛ – тұтқынға түскен адамдарды, қылмыстылар мен сотталғандарды бір жақтан екінші бір жаққа айдап апаратын арнайы әскери жасақ. Қазақ мемлекетінің хандық дәуірінде хан ордасы жанындағы арнаулы қолдың бір бөлігін айдауыл деп атаған (ҚСЭ). Айдауылдың алдына түспе, аламанның талауына түспе деген халық тіліндегі мақал олардың қатал-қатыгездігін байқатады.

АЙДАҒАР – ескілікті наным-сеніммен байланысты ертегі аңыздарда ұшырасатын үш басты, алып жылан тәрізді адамға қаскөй күш. Айдаһар – әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін кейіпкер. Әсіресе, батырдың айдаһармен соғысу сюжеті мол. В.Я. Пропптың анықтауынша, Айдаһар отырықшы-диқан, қалалық мәдениетте болған халықтарда қалыптасты. Айдаһар қазақ ертегілерінде қауымнан ауыр салықалып тұратын дүлей күш жалмауыз ретінде бейнеледі. Ол «борандатып, дауылдатып» келеді, алдын ала адамдардың дайындап қойған малын, кісісін тірідей жұтады. Әсіресе, қыздарды жалмайды, тіпті патшаның қызын жұтам деп, жұрттың үрейін ұшырады. Онымен шайқасуға бел буған батыр-аңшыны Айдаһар жұтқан кезде, ол қырық құлаш семсерін сертке ұстап ішіне кіріп, қақ жарады да, жұртты азат етеді, Айдаһарды өлтіргенінің белгісі ретінде жонынан таспа тіліп алады. Бұдан қазақтағы Айдаһардың стадиялық даму сатысына сай өзіндік ерекшелікке ие екенін байқаймыз. Қытай, Мысыр, Үндістандықтар тәрізді диқан халықтар Айдаһарды аузынан от шашқан, қанаты, төрт сирағы бар, жаңбыр жауғызып, кейде құрғақшылық жасап, елге апат төндіретін, найзағай ойнататын бейне.

Кейбір қазақ ертегілері мен хикаяларында әйел кейде Айдаһардың етіне жерік болады және ол тотемдік сенімнің қалдығы, ал Айдаһардың адамды жұтуы кәмелеттік сынақ салтының ізі екендігі фольклортану ғылымында анықталып отыр. Қазақтардың төл түсінігінде Айдаһар жыланның алып түрі ғана. Сан қатпарлы осы күрделі бейнені жан-жақты талдаған академик С.А.Қасқабасов: «Айдаһар түптеп келгенде ғаламат алып жылан» деп пайымдайды. Қазақ ертегілерінде Айдаһар «алып жылан» түрінде кей ертеkte, халықаралық сюжеттерде кездесетіндей, сумен қатысты бейнеленеді. Мысалы, әйел бейнесінде құбылып жүріп, жігітке тұрмысқа шығады, шөлге шыдамсыз, түнде тұрып ап, үйдің шаңырағынан мойнын созып, өзеннен су ішкендігі айтылады («Айдаһар»). Кейде ысқырып, аспаннан жаңбыр жауғызады («Айдаһар қатын»). Шөлден қаталап жарылып өлгенде күн бұзылып, жаңбыр жауып кетеді («Арғымерген»). Әлбетте, бұл сарындар диқаншы, отырықшы халықтарда кездеседі. Айдаһарды жауын-шашын, су иесі деген ұғым қазақ этномәдениетіне сыртқы отырықшы жұрттардан ауысып орнықты. Көптеген халықта Айдаһарды ұшатын қанаты бар, аузынан от шашатын, сирағы бар мақұлық кейпінде елестетеді. Кейде ертеке айтушылар жылан, Айдаһар деген атауларды қатар қолдана береді. Айдаһар төменгі өлілер әлемінің күзетшісі, жанды о дүниеге жеткізуші рух-ие. Ежелгі заманда осы тәрізді неше алуан құбыжықтарға малды, тіпті тірі адамды да құрбандыққа шалатын қатігез салттың талай түрі болғандығы көне мәдениет тарихынан белгілі.

АЙКЕЗБЕ – Айдың қызыл толымы кезде кейбір сезімтал адамдардың өз-өзінен мазасынданып, түн ішінде ұйқысырап кезіп жүріп кететін аурудың атауы. Айға байланысты халық жадында сақталған наным-сенім бойынша, айкезбе ай толысқан кезде «құбыжыққа» айналып, ай қайтқанда ол қайтадан қалпына келеді немесе жаңа туған айдың үшінші жаңасында қымбат метал күмістің тәңірісі ретінде адамға күштірек әсер етеді екен деседі. Айкезбе

болған адам дағдылы қимыл-әрекеттерді орындайды, түн мезгілінде өзінен-өзі ұйқылы күйінде жүріп кетеді, кейде өзі білмейтін әртүрлі істер істейді. Ондай сырқатты бақсыға ұшықтатып емдеген. Дәстүрлі наным-сенім бойынша адам ай астында иен далада ұйықтап қалған кезде бетіне айдың сәулесі түссе, айдың шалығы тиіп есі ауып, аузы қисайып қалады деп санаған.

АЙҚАБАҚ – жамбыдан ауыр, көлемі үлкен ай пішіндес құйылған, сом күміс жүлденің атауы. Бұл атау кейін дәстүрлі спорт түрінің атауына айналды. Бұл жарыстың басты шарты – жүлде-нысананы садақпен атып дәл тигізу. Айқабак – жыл сайын өткізіліп тұратын үлкен ру-тайпалық немесе қауымдық деңгейдегі садақ ату сайысының ең жоғарғы түрі.

Нысанаға алтын мен күмістен жасалған әртүрлі пошымдағы жүлделер ілінеді. Бұл жүлде-нысана, жеңімпазға берілетін ең басты жүлде болып табылады.

Қазақ даласында кең таралған бұл ұлттық ойынның көп өңірде, әсіресе, Оңтүстік аймақтарда жиі қолданылатын атауы – алтын қабак. Кейде қысқарта қабак ату деп те атайды.

АЙҚАЙ КЕЗЕҢ – қатты айғай жететін жер, «шақырым» сөзінің ескі атауы. Бұрынғы ескі тілде кейде бір шақырым немесе шақырым дегенді бір айқай кезең немесе екі-үш айқай кезең деп те айтатын болған.

АЙҚАЛЫП – жарты ай бейнесін түсіретін құйма қалып түрі. Мұндай қалыпты көбінесе сырға, шытыра дайындауға қолданған.

Сонымен бірге жаулыққа тағатын, жүгенге, ердің қасына орнататын айшық аталатын әшекейлер де айқалыптар арқылы жасалған.

АЙҚАС – соғыстың басты немесе бір кезеңіндегі мақсатына жетуге бағытталған әскердің ірі күштерінің майдандағы қақтығысы. Айқас әскердің майдандағы тактикалық соғыс әрекетінің негізгі формасы саналады. Бұрынғы замандарда бір айқастың нәтижесінде бір әскердің (армияның) ғана емес, тұтастай бір хандықтың тағдыры шешіліп отырған. Әдетте, айқас әскери әрекеттің немесе оның жекелеген жоспарларының мақсатына жетуге бағытталған бірнеше ұрыстар мен әскери соққылардың жиынтығын құрайды. Көшпелі халықтардың әскери өнерінде айқас көбіне алыс қашықтықтан садақпен атумен басталып, бұл соққыдан жаудың әскері мен аттары шығынға ұшыраған соң, суық қарудың барлық түрлерін қолдана, әскердің тұтастай күшімен немесе жеке бөліктерімен жақын қашықтықта жүргізілетін ұрысқа ауысқан. От қаруы кең қолдана бастағанға дейін айқас негізінен екі жақ әскердің жауынгерлерінің қоян-қолтық ұрысы түрінде өтті. Кейде әскерлердің соғысы батырлардың жеке айқасын өткізумен де басталған. Соғыс әрекетінің көлеміне қарай айқас біреу немесе кейде бір мезгілде кезекпен өтетін бірнешеу болуы да мүмкін. Сондықтан, қазіргі заманда айқас термині бір мақсатқа жұмылдырылған бірнеше ұрыстар мен шайқастар жүйесін қамтитын жалпы ұғым ретінде қолданылады.

АЙҚАС ТІГУ – бір жіптің үстінен екінші жіпті айқастыра бастырып тігетін тігіс түрі. Онымен орамал шаршының шетін әшекейлейді. Жетісудың оңтүстігінде оны «орыс кесте» деп те атайды.

Айқас тігудің үшбасарлап, қосбасарлап және бесбасарлап тігу деген түрлері болады. Қосбасарлап тігу – ол қосу бірінші жіпті көлденең алып, екінші жіпті тік шаншиды. Ол керегекөз тігісіне ұқсас болғанымен, орындалу техникасында өзгешелік бар: тігіннің астындағы жіп шалынып келеді. Оны кесте айшық мәніндегі көркем тігістерге қолданады. Үшбасарлап тігу – қос жіпті көбейту амалының белгісі түрінде (X) тігіп алады да, келесі жіпті қос жіптің үстінен бастырып тіккенде айқыш-ұйқыш жолдар шығады. Бұндай тігіс түрлері көркем тігіс кезінде кеңінен пайдаланылады. Үшбасып тігуден бөлек төрт басып тігу деген тігіс түрі де бар. Тігіншілер оны бесбасарлап тігу деп те атай береді. Тігу техникасы күрделі келген бұл тігіс көркем тігісте басты орын алады.

АЙҚҰЛАҚ – балалардың қойшы, қасқыр және ит болып ойнайтын ойыны. Қазақ балалары жаздыкүндері көбінесе айқұлақ ойын ойнаған. Бұл ойын туралы мәлімет Е.Сағындықовтың еңбегінде кездеседі. Аталмыш ойынның мазмұнына қарап ол – тіршілікқамы малшаруашылығы болған қазақы тұрмыстан алынған деуге болады. Өйткені ойынның кейіпкерлері қойшы, қасқыр және ит.

Ойыншылар араларынан осы үш кейіпкерді таңдап алады. Сосын оларды өзі сомдайтын кейіпкерге ұқсас кейіпке келтіреді. Мысалы, қасқыр деп танылған ойыншы орамалды басына орап оның екі ұшын тікірейтіп қасқырдың құлағы деп, жотасына орамал немесе киімдерді қомпайтып қойып, оны ішіне қарай тартып байлағанда ол шынымен бүкірейген қасқыр кейпіне келеді. Қойшы және ит болатын екі ойыншы да осындай жолмен сомдайтын кейіпкеріне ұқсап киінеді. Ойында осы үшеуінен басқа ойыншылар қой, ешкі және қозы-лақ болады. Оларды қойшы мен ит күзетіп тұрғанда қасқыр қойға шабуылдайды. Кәдімгі тіршілік қарекетімен қойшы мен ит қасқырды қойға жолатпауға тырысады. Яғни, қасқырға ештеңе алдыртпау керек. Ойынның шарты ма, жоқ ойыншылардың ойын барысындағы шешімі ме, әйтеуір осылай алысып жүріп қойшы мен ит соңында бүкіл қойынан айрылып, ойын аяқталады.

Мұнда назар аударатын тұс осы ойынның аяқталуында. Яғни, ойын соңында қасқыр қойшының бүкіл қойын әкететіндігінде. Қазақы ортада қойшылар көрмей, байқамай қалғанда болмаса, қойды қасқырға оңайлықпен бермеген. Бірақ көріп отырғанымыздай, ойында ол керісінше. Яғни, қойшы бүкіл қойын қасқырға жегізеді. Бұдан төмендегідей екі нәтиже шығаруға болады:

Біріншіден, ойын соңында қойшының бүкіл қойынан айрылуы қазақы түсініктегі қасқырдың ерекше күш иесі, яғни көкбөрі тотеміне байланысты деуге болады. Екіншіден, балалар ойын барысында алысып, жүгіріп машықтанып бір жағынан күлкіге қарық болатындықтан, ойын қыза түсуі және ұзаққа созылуы үшін осылай аяқталса керек.

АЙҚЫШТЫ ЖҮГЕН – қайысты бөлмей түйіп жасайтын жүгеннің ерекше түрі. Айқышты жүгеннің түйіндеріне сәндік үшін үш-үштен тойнағы (қарғашасы) бар ай дөңгелек гүл бедерлі металл шытыра қондырылады.

АЙЛЫҚ ЖЕР, АЙШЫЛЫҚ ЖЕР – атпен жүргенде бір ай (30 күн) шамасында жетуге болатын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Байырғы кезде ең алыс қашықтық эталоны ретінде айшылық жер, айшылық алыс жол жиі қолданылған. Сондай-ақ, ит өлген жер, итарқасы қиянда деген тұрақты тіркестер субъективті қабылдаумен байланысты бірде айлық жер, бірде күндік жер деген мағынада да қолданыла береді. Күндік жер атауы, шамамен атпен жүргенде 50-60 шақырым болса, түстік жер 15-20 шақырымдай жер.

АЙНА – заттың кескінін шағылыстырып бейнесін айнытпай көрсететін шыныдан жасалған, күнделікті тұрмыста қолданылатын ғұрыптық мәнге ие бұйым. Атаудың түптөркіні иран тілдерінен енген (тәжікше اйна – «оина») және ертеден бері Орта Азия халықтарынан қазақ даласына сауда-саттықпен көп тараған. Айна әң әуелі, әйелдердің сәндік тұтыныс бұйымы ретінде мәнге ие болды және оны арнайы жасалған айнақалтаға салып ұстады. Әсіресе, қолайна қазақ қыздары үшін әр кездегі серігі болған. Дөңгелек пішінді, үлкендігі қойдың бүйрегіндей бүйрек айнаны ұзын бұрымын тарау, бетіне опа-далап жағу, киімдерін жарасымды ету үшін кеңінен қолданған. Халық тілінде кездесетін «айналы қыз» деген фразеологизм «жасауы дайын қыз» деген мағынаны білдіреді.

Қазақта түнде айнаға қарамайды. Қараса, жарықта жиналған жүзіндегі нұры таяды деп ырымдайды. Адам қайтыс болған кезде оның бетін матамен көлегейлеп жауып қоятын болған. Сондай-ақ, найзағай жарқылдаған кезде Тәңірдің «қамшысынан» шарпылған оттан қашқан шайтан айнаға немесе аттың тұяғына кіріп паналайды екен деген сенімге байланысты айнаның бетін жабады. Осындай тыйымдарға байланысты айна бетін жиі жауып қоюға тура келгендіктен оған арнайы айнажапқыш кестелеп дайындады. Қазақта тілі шықпаған жас сәбиді айнаға қаратса, тілі кеш шығады, ұзақ уақыт бойы дұрыс сөйлей алмай қалады деп тиым еткен.

Атағы алысқа жайылған күшті бақсылардың жындарын шақыруға көмекке келеді деген сеніммен зікір салғанда тартатын қобызының шанағына айна салып, оны көз деп атаған. Оны кейбір деректерге қарағанда, шытынатып шағып қоятын рәсім болды. Бақсылар айнаны белдікке тағылатын қалтаға салып жүрген. Айна – аспан әлемінің – көк тәңірінің символы іспетті болған. Айна арқылы бақсы дүниеде болып жатқанның бәрін көре алады, болашақты болжайды, аурудың себебін ашады. Айнаға қарап бал ашу рәсімі түрікмен пархондарында да кездескен. Көргендердің айтуына қарағанда, Солтан пархон Айнаға қарап отырған кезде оның бет-әлпеті өзгеріп кетіп, көздеріне қан толып, аузынан көбік атыпты деседі.

ҚР МОМ қорындағы (КП 1715) қобыздың (77 см, ені 29 см) шанағында сондай айна кездеседі. Қобыздағы айна әдетте, бақсының желеп жебеуші жын-иелерімен арадағы қатынасын үстемелеп тұрады және басқа әлеммен байланысын арттырады.

АЙНА БЕСІН – нағыз бесін, күннің қақ маңдайға келген тұсы. Түс ауғаннан кейінгі шақ, бесін намазының оқылар шағы. Халық тілінде пешенесіне жазылған, бесенеден белгілі дегенде кездесетін бесін,

пешіне/бешене «маңдай» деген мағынаны білдіреді. Иран тілдерінен адасқан бұл атау (тәжікше пешона) «маңдай» деген мағынада қолданылады. Этностың антропоцентристік түсінігімен байланысты төбе (күн төбеде), маңдай (күн маңдайға түсті), бесін (бесін ауды) тәрізді соматизмдер күндізгі шак атауларының жасалуына негіз болған.

АЙНАҚАП / АЙНАҚАЛТА – опа, айна тәрізді сәнденуге қажетті бұйымдарды салып, шымылдыққа іліп қоятын бұйым. Айнақап төртбұрыш пішінді, тұмарша тәрізді қақпағы жабылатын етіп ақ киізден жасалады.

Шаршы пішінді, мөлшері бір-бір қарыс болып келеді. ҚР МОМ қорындағы (КП 16040) айнақап бет жағы барқытпен қапталып, онда қызыл түсті жіптен гүл тәрізді өрнекпен кестеленген, шеті қара барқытпен әдіптелген. Қалтаның жиектері мен қақпағы қызыл түсті шығыс матасынан тігілген. Көлемі 30x30 см.

АЙНАЛМА – күйіс қайыратын малдың миын жайлайтын жылауық құрттар тудыратын ауру. Айналма ауруын қазақ жерінің оңтүстік-шығыс аймағында миқұрт десе, оңтүстік-батыс өңірінде соңғы атаумен атайды. Мұнан басқа айланпас делінетін аймақтық атау да кездеседі. Б.Хинаяттың кандидаттық диссертациясында айналма ауру туралы төмендегідей құнды мәлімет келтіріледі: «Айналма деп аталатын ауру әсіресе, жас тоқты, торпақ, тайыншада жиі кездеседі. Айналма болған мал болымсыз бірдеңеге елендеп үріккіш келеді. Уақыт өте келе, оғаш қимыл-әрекеттері көбейіп, саяқсып қалады, басын бір жағына қисайтып үйкелейді немесе кегжитіп алып беталды лағып кете береді. Кейде бір орында тулап бір жағына қарай айнала береді. Тентек мал өрісте отпағанда бір жағының ғана шөбін жеу, итше шоңқиып отыру, тісін қайрау сияқты оғаш қылықтарымен белгі береді. Малдың қоңы кетіп, күйі нашарлап ариды, ақыры өлімге соқтырады. Кейбір емшілер тентек ауруының себебін өлі су ішуден іздейді. Расында да, ауру қоздырғыш таспа құрт ит, қасқыр дайрағымен сыртқа шығып, топырақ, су арқылы тарап жұғады». Ауру жұқтыратын құрттар асқазан, ішек арқылы, қан тамырларымен бүкіл ағзадан өтіп миға барғаннан кейін, жұмыртқадай көлемде «жылауыққа» айналады. Айналма төрт сатымен өрбиді. Сыртқа білінетін белгісіне қарай айналманың әрқалай аталуының себебін табуға болады: мысалы, аурудың екінші, яғни жіті сатысында оғаш қимыл көрсетуіне байланысты қазақтар ауруды «тентек» (ғылыми классификацияда церебральды ценуроздың жіті сатысы) деп атайды. Ал ауру әбден асқынған кезде қой жынданған тәрізді сипат көрсететіндіктен «жынды» (ғылымда жұлынды зақымдау сатысы) деп те атаған. Құрт жылауығы мидың маңдай жағына орналасса, мал басын төмен салып, ілгері жүгіреді, шеке мен шықшытта ұяласа, айнала береді, қарақұста болса, басын кекжитіп шегіншектейді, жұлында болса, тәлтіректеп бөксесі бұлғаңдап, итше шоқиып отырады. Х. Арғынбаевтың мәліметі бойынша айналманы қазақ оташылары ертеде түрлі тәсілдермен емдеген: малдың бас сүйегінің қолмен ұстап көргенде былқылдап тұрған тұсын сүйектің жұқарған бөлігі деп сол тұстан тесіп оташылық жасайды. Малды байлап, бас терісін сыдыра тіліп, сүйектен ажыратады да, былқылдап тұрған сүйек бөлігінің дәл ортасынан теседі. Кейбір оташылар бас сүйектің жұқарған бөлігін айналдыра

ойып, арғы жағынан көрінген ми қабығына жабысып тұрған жылауықты ілмек тебеннің ұшымен іліп алады. И. Ибрагимов келтірген деректе Қазақстанның солтүстігінде айналма болған қойдың бас сүйегін бізбен тесіп, алмас ұнтағын салып емдеген. Мажарстандағы қыпшақтар осыған ұқсас технологиялар бойынша тентекке оташылық жасайды. Ол үшін малды шалқасынан жығып, жылауықты біз, тебенмен тесіп, суын ағызады. Алтайдағы қазақтар тентек болған малдың бас сүйегін қуысқұлақпен немесе тебенмен тесіп, ортасы қуыс шимен мидағы жылауықтың суын шығарып, қылтиып тұрған жылауықтың ұшын имек темірмен іліп алады. Қазақтар тентек ауруының басталғанын ерте байқаған жағдайда ыстық шоқ, қозды мидың жылауық орналасқан тұсына басады. Сондай-ақ, Б.Хинаяттың айтуынша, «ыстық тас немесе құрым киізді өртеп басу, қайнаған су құю арқылы жылауық ішіндегі құртты өлтіруге әрекет жасайды». Ертеректе айналманы бәдік өлең айту жолымен аластап, басқа малдарға жұғудан сақтаудың магиялық шараларын жасайтын.

АЙНАЛМА ЖОЛ – тура жолдан басқа белгілі бір жерлерді айналып өтетін қосымша жол. Айналма жол – ғұрыптық мәні бар ұғым. Төте болғанымен, өтуге қиын жерлері бар жолмен жүруге жолаушы үнемі тәуекел етпеген, ұзақтау болса да айналма жолды таңдаған.

Бір жол бар жақын,
Жақын да болса алыс,
Бір жол бар алыс,
Алыс та болса жақын, –

деген жұмбаққа ұқсас сөз тізбегі қауіпті тұсты айналып өту керек дегенге меңзейді. Сонымен қатар, мұндағы жол «тағдыр» деген ұғымды білдіреді. Бал ашуда «жолың ашық» деген тіркес сәттілікті және істің оңға басуын білдіреді.

АЙНАЛМАҚ – сауап үшін жасалатын сирек кездесетін байырғы рәсім. Ш.Уәлихановтың айтуынша, айналмақ рәсімі бойынша өзін құрбандыққа қидым деген адам ауру адамды үш рет айналып шығуы керек. Мысалы, жан дегенде жалғызының беті бері қарамайтыны белгілі болып, демі енді үзілер сәтте әкесі, не анасы Жаратқан иеге жалбарынып, «Жалғызымның орнына өзімді ал, басымды соның жолына құрбандыққа шалдым!» деп иманын айтып, Алла тағалаға құрбандық айтып жалбарынады. Дәстүрлі ортада бұл қайғылы адамның ең соңғы іс-әрекеті, ақырғы амал-қимылы.

Қазақ басқа біреудің үйін айналмайды. Айналса, сол үйдің пәлесі жабысады немесе өзіне қонуға тиісті бақ адасады деп ырымдайды. Отырған адамды айналмаға балаға да, басқаға да рұқсат етпейді. Олай істесе, әлгі адамның ауруы жабысады, соның салдарынан бақытсыздыққа душар болады деп
ырымдайды. Қазақтың адамды айналма, үйді айналма деген тыйым сөзі осы үрдіске байланысты қалыптасса керек.

Қолға құс түсіп қалса, оны да бастан үш рет айналдырып, жөніне жібереді. Бұның астарында ауыруды екінші бір нәрсеге көшіру жатыр. Тарихи жазбаларда Үгедей хан сырқаттанғанда кенже інісі Төле айналмақ рәсімін жасап, соның жолында өзін құрбандыққа шалғаны туралы айтылады.

Этнолог Нұрсан Әлімбаевтың айтуынша, айналып-толғанғанда жиі қолданылатын «айналайын» сөзі – осы рәсімнің, сондай-ақ, бақсының ауруды айналып емдеу үрдісінің семантикалық контаминациялық түрленіске түскен когнитивтік бейнесі.

АЙНАЛСОҚ – арқан, шылбыр, немесе шынжырдың айналған кезінде ширықпауын қамтамасыз ететін бүтіндей өз осінде айналып тұратын темір тетік. Оны қысқалау темірден бір ұшын иіп жіп, шылбыр байланатын шығыршық етіп жасайды. Екінші, негізгі тетігі жалпақтап соғылған темірден жасалып, ортасы тесіледі. Айналсоқтың шығыршықталмаған екінші түзу басын сол тесіктен өткізіп, кері шығып кетпеу үшін басын «қалпақбастап» тойтарып қояды.

Айналсоқ көбінесе ат ноқтасының екі жақтауының түйіскен жеріне, яғни сулығына, иттің қарғыбауы мен шынжырының түйіскен жеріне тағылады. Атты түнде отқа қойғанда, аяғына шідер салуға болмайтын бәйге аттарын күндіз арқандағанда басындағы ноқтасының айналсоғынан қыл арқанды өткізіп, күрмеп байлайды, кейде айналсоғы бар арнайы жасалған қазықты пайдаланады.

АЙНАЛШЫҚ – мал көтенішегінің сыртқа қараған бөлігі, сыртқы жиегі, ернеуі. Дәстүрлі қазақы ортада отбасын айналшықтап шықпай қояды деп ырымдап балаларға айналшық жегізбеген. Қазақта бір нәрсенің төңірегінен айналсоқтап шықпайтын адамды айналшық жегендей деп ұнатпайды.

АЙНЫМАЛ – дәмі бұзылған, дұрыс ашымаған қымыз. Бұндай қымызды татымал деп те айтады. Қымыздың бұлайша айнуы, яғни өзгеше бір дәмнің татуы ыдыстың дұрыс күтімге алынбауынан болады. Қымыз ұстаған адам күбіні немесе сабаны күнара жақсылап жуып-шайып, кептіріп, ішін майлап, ысқа қойып отырады. Бұлайша ыдыстың бабын сақтай біліп, дұрыс піскен жағдайда қымыз дұрыс ашып, өзіндік дәммен тіл үйіреді. Ал, ыдыс пен пісу дұрыс қолға алынбаса қымыздың дәмінің бұзылуына алып келеді. Тіптен дұрыс пісілмеген қымыз іртіккен айналады.

АЙНЫП ТУУ – мал төлінің қалыптан тыс белгілермен тууы. Көшпелі ортада дене бітімі өзгеше, көзі шекесінде орналасқан, 5-6 аяқты, екі басты сияқты бірқатар дағдыдан тыс белгілермен туған төлдерді пәлекет, кесепатқа жорыған. Мұндай жағдайда әртүрлі жолмен айныт туған төлден құтылуға тырысқан.

Мәселен, төрт-түліктің ішінде тек жалқы туатын ірі қара мен жылқы дағдыда жоқ егіз тапса, оны айнып туған деп жақсы нышанға жорымайды. Егер жылқы қосқұлын туса, оның біреуін дереу бауыздайды немесе асып тастайды. Кейде кездейсоқ танымайтын адамға беріп жібереді. Бұл өңірлік ерекшелікке байланысты қазақ жерінің әр аймағында әртүрлі болған. Кей өңірлерде екі баланы жарыстырып озғанына құлынның біреуін беріп жіберген. Сонымен қатар, қазақы ортада мықты айғырдан тұқым алу үшін биеге қосқанда одан туған құлын айғырға тартпаса, айнып кетіпті немесе айнып туыпты деп жатады.

Ал сиыр егіз туған жағдайда бұзаудың сыңарын суға ағызып жіберетін болған. Ол ағып кетсе тіпті жақсы деп, ал өздігінен жағаға шықса бағып алады.

Айта кететін жайт, қазақы ортада артқы тесігі жоқ, бітеу туған төлді керісінше, жақсылықтың нышанына балаған. Оның терісінен қауға жасаған. Сондай-ақ жалғыз көзді немесе танауы бітеу өлі туған бұзаудың терісін сыпырып алып, енесін суалтпай сауып тұру үшін ішіне шөп толтырып тұлып жасайды. Енесін сауғанда оған тұлыпты әкеп иіскетіп, идіріп алатын болған.

Мал төлінің айнып тууы қазіргі кезде де кездесіп жатады. Мұнда жоғарыда айтылған ырымдар өңірлік ерекшеліктерге байланысты атқарылады.

АЙРАН – пісірілген сиыр, қой, ешкі сүтінің жылы кезінде ашытқы (айран, қаймақ) қосып, ұйытып дайындайтын қышқыл дәмді ақ тағам түрі. Айран әрі сусын орнына да жүреді. Ыстықтау болса, сарысуланып іріп, тым салқын болса ұйымай қоятындықтан,

қанжылым етіп алған соң мөлшері бір шелек (қазан) ыдыстағы сүтке шамамен оның

оннан бір бөлігіндей ұйытқыны қосып, баяу араластырып, аузын мықтап жауып, суып қалмас үшін жылылап орап таң асырады. Оны ыдыстан қасықпен, ожаумен құйып алады. Әрі сусын, әрі тамақ болғандықтан жол жүргенде торсыққа құйып алып жүреді.

Айран – Қазақстанда, Орта Азияда, Қырымда, Кавказда кең тараған тағам түрі. Айранның ел ішінде қатық айран – қой-ешкінің қою айраны, кілегей айран – сиырдың сұйық айраны, қойыртпақ – сүтпен сұйылтқан айран, шалап – айранға су қосып дайындаған сусын сияқты түрлері қолданылады. Қоршаған орта, климат жағдайына қарай айранды дайындаудың тәсілдері әртүрлі: ыстық жерлерде айранды көбіне қойыртпақтап, қоймалжың етіп, шалаптап, піспе етіп ішеді. Піспе деп ашып кеткен айранды торсыққа құйып көп піскендіктен көпіршіп, іртігі тараған айранды айтады. Айранды да қыста қатырып сақтауға болады. Айранның сары суын кенепке сүзіп алып, тұздап, қатық жасап қарынға сақтайды.

Айранды көп етіп жинап, сабаға құйып, ашытады. Оны күбіге құйып, пісіп май шайқайды, яғни май алады. Майы алынған соң айран құнары аз, сұйық сусын іркітке айналады. Іркітті қайнатып құрт, жарма алады. Айранның ұйытқысы болмай қалса, ауылдастарынан, көршілерінен «ұйытқы» деп емес айран деп сұрап алатын ырым бар. Өйткені, ұйытқы әр үйдің құты, берекесі саналғандықтан, тікелей аталып берілмейді.

АЙРАУЫҚ – өзен, көл жағаларында, құм топырақты жерде өсетін, биіктігі белуарға жететін, масақшалары қоңырқай күлгін түсті өлең шөп түрі. Айрауықты көбіне гүлдемей тұрып шауып алып, мал азығына пайдаланады.

Жүргенде қараңғыда хан төреміз

Сабағын айрауықтың білте өреміз, –

деген қара өлең жолдары айрауық сабағының да кәдеге жаратылғандығын айғақтайды. Гүлдегеннен кейін айрауықты мал сүйсініп жемейді. Сыр бойында түйелерді айрауық пен батпақты жерде өсетін қарасора өскен жайылымға жібермейді.

АЙРЫЛЫС ҚАЗАН / АЙЫРЫЛЫС АС – ұзақ уақыт қоныстас, ауылдас болған елдің, жұрттың басқа мекенге қоныс аударардың алдында ел-жұртты,

ауыл-аймақты шақырып үлестіретін ғұрыптық ас. Ұзақ жылдар бойы тату-тәтті, аралас-құралас ғұмыр кешкен екі елдің белгілі бір тарихи себептермен, әртүрлі оқиғалармен байланысты бір-бірінен айырылысып, ірге аударғаны жөнінде деректер қазақтың байырғы жырларында кездесіп отырады. «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» жырында Қарабайдың елі:

Балталы, бағаналы ел аман бол!

Бақалы, балдырғанды көл аман бол! – деп елмен, жер-сумен жылап қоштасады. Қоштасудың арты үлкен асқа ұласады. Алтын Орданың ыдырауына байланысты ағайынды қазақ пен ноғай елінің айырылысуы әйгілі «қазақ-ноғай айырылған» күйі мен жырын тудырған деседі:

Жылау да жылау мына күй,

Жылаған зарлы мынау күй,

Қазақ-ноғай айырылды,

Қазақ сыртқа қайырылды.

Қара Қыпшақ Қобыланды

Қара орнынан айырылды.

Қазақ даласындағы ең үлкен трагедиялық тарихи сюжеттердің бірегейі осы оқиға айырылыс қазан ғұрпымен аяқталады. Осындай деректерге қарағанда, айрылыс қазан осы қазақ ру-тайпаларындағы көне заманнан келе жатқан салт деуге болады. Жетіаталық рулық-қауымдық құрылымның демографиялық мөлшері шектен асып, жайылым жерлер таршылық еткен жағдайда келесі ру-қауым бөлініп шығу рәсімінің белді элементтерінің бірі айрылыс қазан болды. Осы құрылыптас басқа да үрдістерде айырылыс ас / айырылыс табақ / айырылыс көжеге шақыру ғұрпы болған. Көрші қонғанда «ерулік» беріп, қыстай немесе жаздай бірге отырған, сыйласқан отбасылар қоныс аударып бөлінген жағдайда арнап берілетін ас «көже» деп шартты түрде сыпайы аталатыны болмаса, әрдайым сый табақтар тартылады. Аталған ғұрыптық асқа қатысушылар бір-біріне ризашылығын білдіріп, «ұрыспай айрылған, ұялмай қосылар» деп тағы да аман-сау қосылуға өзара тілек білдіріседі. Көрші болған үйлер мен ағайын-туыс мал қамымен қоныс аударып, жайлау өзгертіп көшетін болған кезде ет асылып, барлығы сол қазаннан ас ішеді. Көшетін үй иелері әрбір үйден дәм татады. Бұл – семеотикалық мәнді рәсім. Өйткені, қазан береке-бірліктің, «дәм-тұзы жарасқандықтың» символы, ал, бір қазаннан ас ішу береке-бірлікті, татулықты тілеуді бейнелейді. Соңғы кезде түрлі жағдайға байланысты бір ауылда отырған қауымнан бір үй көшіп кетер алдында «айырылысу көжесін» немесе «ажырас аяқ» жасап, оған сол жерде қалып бара жатқан туған-туысқандарын, дос-жарандарын шақыру рәсімі қалыптасты. Оны аталмыш ғұрыптың семантикалық контаминациялық түрленісі деуге болады.

АЙТ – күллі мұсылмандардың ең ұлық діни мерекесі. Дін исламда ораза айт және құрбан айт атты екі мейрам бар. Айт сөзі араб тілінен аударғанда «мейрам», «мереке» деген мағынаны білдіреді. Әрқайсысы үш күнге созылатын ораза және құрбан айт мейрамдары айт намазын оқумен басталады. Мұсылман жыл санауы бойынша ораза айт рамазан айынан соңынан келетін шәууал айының 1-3 күндері аталып өтеді. Ал, құрбан айт зұлхижжа айының

оныншы күні, дәлірек айтқанда ораза айт мейрамынан 70 күн өткеннен кейін атқарылады.

Бұл діни шараның толықтай орындалу рәсімдері бойынша әрбір мұсылман рамазан айы бастала салысымен айт намазына дейін пітір садақа, ал құрбан айтта жай садақа береді. Айттың алғашқы күні бүкіл мұсылман қауымы таңмен тұрып (нақты белгіленген сағаты жоқ), ғұсыл, дәрет алып, жарасымды киімдерін киіп, жұпар иіс суларын сеуіп, жиналып, айт намазына қатысады. Одан соң, айттың үш күнінің ішінде, яғни, соңғы күннің ақшамына дейін әрбір мұсылман баласы материалдық жағдайына байланысты мал сойып, құрбан шалуы тиіс. Құрбан шалудың бекітілген өз әдептері мен шарттары бар. Құрбан шалған адамға мұсылман қауымы «Айт күнгі ізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла Тағала қабыл етсін!» деген мазмұнда игі тілектерін айтатын этикеттер де жиі кездесетін жәйттар.

Айт күндері мұсылмандар сауабы мол амалдар жасауға тырысады. Барлық отбасында барша мұсылман қауымға арнап мерекелік мол дастарқан жайылады, оған шақырусыз қонақтар да келе берулеріне болады. Оларды айтшылар немесе айттаушылар деп атайды. Мерекеге құтты болсын айтып келушілер «Айт мүбәрәк болсын! Айтсын, жақсылығы бірге болсын!» деген мазмұндағы игі тілектерін айтуы ләзім. Айт күндері мүмкіндігі болса бір күннің ішінде бірнеше үйге шақырусыз-ақ қонақ болып баруға болады. Қонақтар шаңыраққа ыстық лебіздерін білдіріп, бір-біріне сәлем-сауқат, сыйсыяпат жасасады. Егер араларында өзара дұрдараздық, ашу-араздық болса татуласып, бір-бірінің қателіктерін кешіреді. Ораза кезінде немесе айт күндері қайтыс болғандар жақсы, иманды адамдар қатарынан саналады. Айт тек діни шара ғана емес, ол мұсылман қауымы арасындағы мейірбандылық пен қайырымдылықты ізгілік пен бауырмалдылықтың нышанына айналған моральдік дәстүр де болып табылады.

АЙТ ЖАНУАР! – малды айдағанда дем беру үшін айтылатын магиялық мәнді тіркес. Әсіресе, атпен жүргенде қиын-қыстау тұста, өткелектен өткенде атына дем беру үшін иесі бұл тіркесті дауыстап айтып, аттың жүрісін жылдамдатып ширықтыра түседі.

АЙТ НАМАЗЫ – айттың алғашқы күні жамағатпен бірге оқылатын екі рәкат намаз. Айт намазын күннің көкжиектен найза бойы көтерілген уақытынан бастап, бесін намазының кіруіне дейін оқуға болады. Дінтанушы М. Исаұлы мен Қ. Жолдыбайұлы еңбектерінде Айт намазы таң намазының парызы сияқты оқылады, тек айырмашылығы әр рәкатта үш-үштен «тәкбір (Алланы ұлықтау)» айтылады. Айт намазына үлгере алмаған адам жеке өзі айт намазын оқи алмайды. Дін исламда екі айт намазы бар. Біреуі ораза айт намазы, екіншісі құрбан айт намазы. Айт намазында азан мен қамат айтылмайды, тек құтба ғана оқылады.

Айт намазы ерлер мен әйелдерге бірдей міндет болып саналады. Ораза айт намазына барарда үйден құрма секілді тағамдардан дәм татып шыққан абзал, ал құрбан айт намазына нәр татпай шыққан дұрыс. Құрбан айт намазын кешіктіруге болмайды. Құрбан айтта «тәшриқ тәкбір» айтылады. Ол құрбан айттан бір күн бұрын болатын арапа күнінің таң намазының парызынан,

құрбан айттың соңғы күнінің намаздыгер уақытына дейін оқылады. Ер адамдар тәкбірді көтеріңкі дауыспен, ал әйел кісілер іштерінен айтады. Дін білгірлерінің жазуына қарағанда айт намазына оқуға келген мұсылман үйіне басқа жолмен қайтқаны жөн. Өйткені ол қайтар жолында кездескен өзге кісілермен амандасып, құттықтау айтса бұл ісі пайғамбардан жеткен ізгі амалдардан болып саналады екен. Ислам тарихында Ораза және Құрбан айт намазы алғаш рет пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдина шаһарына қоныс аударған жылы оқылған.

АЙТАҚ! АЙТАҚ! – ит қосқанда, яғни бөгде итті қаптыру, оларды таластыру, қыздырып, өшіктіру үшін иесі тарапынан айтылатын сөз. Мұндайда иттің атын атаса, оның күші қайтып, мысы басылып, жеңіліске ұшырайды деген сеніммен итінің атын атамауға тырысады.

АЙТИЕК / ҚАУСЫРМА ТИЕК – шертпелі саз аспаптарында қоңыр үн шығаруға мүмкіндік беретін тетік, аспап бөлшегі. Қысқартып тиек деп те атай береді. Қазақтың байырғы домбырасында шанағын үстіңгі бет қақпақтан жұқа етіп көп жағдайда ең төменгі «ля» дыбысын береді, солайша «ля-ре» бұрауына келтіреді де, құр дыбысқа қосымша обертоң дыбыс реңін айтиек көмегімен келтіреді. Ол ішектің тербелісінен үстіңгі қақпақта пайда болған резонанс қаусырылады да, ерекше акустикалық кеңістік пайда болады. Бүгінгі қазақ шеберлері үстіңгі қақпақты барынша жұқартып барып таза тонға ғана қол жеткізеді. Мамандардың пайымдауына қарағанда айтиектің екі мүйізінің арасындағы бұрышты (ол бұрыш әдетте 130-140° болып келеді) азайтып-көбейту арқылы домбыраның тембрін ретке келтіреді.

АЙТҚАНЫҢ КЕЛСІН! / АЙТҚАНЫҢ АҚ БОЛСЫН! – дәстүрлі ортада жағымды, жақсы хабар жеткізгенде; түзу тілек, жақсы ниет білдіргенде; көрген түсті жақсылыққа жорығанда айтылатын сөз орамы. Этноэтикет жүйесіндегі норма бойынша сөйлеуші (адресант) тарапынан айтылған жақсы хабар, жақсы сөзге «жауап» ретінде тыңдаушы (адресат) өз кезегінде аузына май, астына тай, айтқаның айнымай келсін, жақсы сөзіңді періште Алланың дарғаһына жеткізсін; айтқаның періштенің құлағына шалынсын деп, ауызекі этикеттік формалармен жауап қатады.

Аталмыш этикеттік формалар сөйлеуші жақ пен тыңдаушы жақтың арасындағы коммуникатив байланыстың (контактінің) түсіністікпен мазмұнды өтуін қамтамасыз етеді.

АЙТТЫҚ – қазақы ортада ораза, құрбан айт күндері айттаушылардың бір-біріне беретін кәделі сыйы. Ұлық мейрам күндері мұсылман баласы бір-бірінің үйіне «Айт мүбәрак болсын!», «Айт қабыл болсын!» деп ақ тілек айтып кіретіні ертеден белгілі. Тілек айтып келген айттаушылардың бірі: «Айттық сенен болсын!» десе, оған міндетті түрде айттық беріледі. Ел ішінде айттықтың «айттық сый» деген атауы да кездеседі. Айт мерекесі ағайын-жұрт, туған-туысқан арасын жарастыратын татулық пен береке-бірлікті нығайтудың дәнекері болғандықтан бұл күндері ел бір-біріне аса үлкен құрметпен қарайды. Әсіресе, үйге айтшылап сәлем бере келген туыстар, көрші-қолаңның балаларына қант-кәмпит, ойыншықтар, кейде майда ақша да сыйға таратылады. Ұлттық дәстүріміз қайта түлеп жатқан бүгінгі уақытта рәсімдік-

ғұрыптық жоралғы болып табылатын бұл кәдені халық өз арасында мәнін жоғалтпай, әдебін бұзбай сақтауға тырысады.

АЙТТЫРУ – қазақтың некелік қатынас жүйесінің ғұрыптық мәнді компоненттерінің бірі. Жігіт жағының құда түспек ниеттерін білдіріп, қыздың ата-анасына, жақын туыстарына сөз салуын білдіреді. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша ұл баланың 3-10 жасы аралығында қыз айттыра бастайды. Сөйтіп ауылдағы және ауыл арасындағы туыс-туысқандарымен кеңесе келіп әдетте көрші рулардың арасынан ұлына лайықты қалыңдықты іздестіреді. Алайда ұлдың әке-шешесінің, әсіресе, «қолы ұзын» ауқатты адамның алыс рулардың да, тіпті басқа жүздің арасынан да таңдалған қыздың ата-анасымен құдандалы байланысқа түсуі сирек жайт емес-тін. Болашақ қалыңдықты таңдауда екеуінің жас айырмашылығы көп болуы мүмкін. Яғни жас алшақтығына қарамайды, қалыңдықты әкесінің байлығы мен жағдайына байланысты да таңдайды. Алайда, мұны ұлдың әкесі өзінің материалдық жағдайын жөндеу үшін байлықты көксегендігі деп түсінбеу керек, тек екі жақтың тең болуын қалағандықтан қалыптасқан үрдіс.

Жігіт әкесі өзімен теңдес қыз әкесімен құда болуды қалайды. Ондай үйдегі қыздың басы бос болса, жаушы жібереді, кей жағдайда өзі барады. Дәстүрлі қазақы ортада, көбінесе, жігіттің әкесі сыйлас көңіл жетер адамдардың қызы болса, ата-анасымен келісіп өзара сөз байласқан соң, үйдің керегесіне қамшысын алып, белдеуге тәуір бір ат байлап кетеді. Бұл семантикалық мәні ерекше жосын құдандалық байланыстың басталғандығын білдірсе керек. Ел ішінде осы тәрізді «қызыңа таққан үкіміз» деп үкі тағар, кей жерлерде «қызға таққан сырғамыз» деп сырға салар ырымын жасайды. Х.Арғынбаевтың мәліметіне қарағанда, қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді деген қазақы дағды бойынша қызды көріп, құда болу ниетін білдіру үшін келудің еш әбестігі жоқ. Қызды айттыруға жігіт әкесі етжақын туыстарымен кеңесіп, жаушыға кімді жіберетінін айқындайды. Ондай адам әдетте жөн жосыққа жүйрік, сөзге пысық, әзіл-қалжыңға жақын болып келеді. Жаушы жағымды хабар әкеле салысымен, жігіт жағының туыстары кеңесіп, құдалықтың мән-жайын келісуге және қалыңмалдың мөлшерін білуге нақты кімді жіберу қажеттігін анықтап алады. Әдетте, құдалық жігіт әкесінің өзі түседі немесе сенімді ақсақал бастаған адамдар жібереді. Олар қалыңдық тұратын ауылға келген соң, басқа бір үйге тоқтайды. Ертесіне, келген кісілердің біреуі өздерінің келу мақсатын жеткізу үшін қалыңдықтың әкесінің үйіне барады. Егер қыз әкесі өзінің қызын беруге келіссе, онда ол оған өзінің сапарлас жолдастарын осында шақыруын айтады. Қалыңдықтың әкесі қонақтарын төрге отырғызып, әр нәрсені әңгімелей отырып, соңында өз қызы үшін жігіт жағынан алғысы келетін малдың санын айтады; әдетте, байлар алпыс-жетпіске дейін, тіпті, оданда көп мал санын сұрайды. Бұл төлем халық арасында қалыңмал деп аталады. Қалыңмал міндетті түрде жылқы және түйе сынды бағалы түлік болып саналатын малдан құралады. Алайда, әсіресе, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыңмал құрамына сиыр мен қой түлігінің үлесі арта түскендігі байқалады.

Айттырудан кейін жастардың некелесуіне дейінгі аралық мүмкіндігінше көп уақытқа созылғанын жөн көрген. Өйткені, бұл аралықта түрлі-түрлі қызықтар өтеді: екі жақтың бір-біріне сыйлықтар жасауы, тойға әзірлік, той; екі жастың өмір бойы естерінде қалатын алғашқы кездесулері, мысалы күйеу жігіттің «ұрын баруы» деген сияқты. Ата-анасы қызының тұрмыс құруына дейін оның үй шаруасына жәрдемдесуін және өз қалауынша еркін өмір сүргенін қалайды. Неғұрлым осы уақыт ұзаққа созылған сайын, соғұрлым қыздың әке-шешесі, әсіресе, шешесі риза болады. Айттырылған қыз белгілі бір жасқа келгенде, салт бойынша кәмелетке толғанда, яғни он үш жасында, күйеу жігіттің әкесі не өзі қалың малдың бір бөлігін, жартысын немесе $\frac{2}{3}$ бөлігін төлеген соң қыз ұзатылады. Егер қыз жағы уағдасында тұрмаса, қыздың ата-аналары жігітке қалың малды қайтарып, салт-дәстүр бойынша, түйе бастатқан тоғыздан айыппұл төлеген.

1868 жылы қабылданған «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарына бағынышты далалық облыстарды басқару жөніндегі Уақытша Ереже» бойынша, қазақ қыздарына, өз қалауы болмаса, бұрыннан айттырылып қойған жігітке шықпауға ерік берілді. Сондай-ақ 16 жасқа толмаған қызды ұзатуға тыйым салынды. Алайда, дәстүрлі қазақы ортада бұл тыйым орындала бермейтін.

АЙТҰЯҚ¹ – жылқы түлігінің дәріптелген символдық бейнесі. Атаудың Аймен сәйкес метафоралық образға айналуы – символдық мән алуы ат тұяғы түспен жердегі іздің жаңа туған айға ұқсатумен байланысты. Эпикалық қаһармандардың, батырлардың мінген тұлпары көбіне айтұяқ деп ерекше дәріптеледі. Жауынгерлік туларда бейнеленген айтұяқ тұлпардың символдық бейнесі деп те түсіндіріледі. В.В.Бартольдтың айтуынша, ортағасыр авторларының жазбаларында мешіттегі айшықтан гөрі әскери тудағы алтынмен безендірілген айшық көбірек сөз болады. Бұл – с.ғ.с. Мұхаммед пайғамбардың жауынгерлік атының тұлға дегенге меңзейді.

Жаңа туған Ай бейнесі болғандықтан кейбір елдерде тағаны жақсылықтың нышанына жорып, жаманшылықтан қорғайды деп, босағаға есіктің маңдайшасына іліп қоятын болған. Бұндай ырым қазақтар арасында да кездеседі.

АЙТҰЯҚ² [БОЗ ҚАСҚА] ШАЛУ – тәңірге жалбарынып, құрбандыққа ерекше нышаны бар жылқы сою. Қазақы этномәдени ортада кез келген жылқыны емес, керісінше айрықша нышаны бар жылқыны құрбандыққа шалу дәстүрі болған. Сондай нышаны бар малды, тәңірге құрбандыққа шалғанда, құрбандық қабыл болады деп түсінген. Тіршілігінің түп қазығы төрт түлік малды ай тұяқ, ай мүйіз деп тұяғы мен мүйізін табиғаттың өзге құбылыстарына емес, тек айға ғана теңеуі қазақ қауымының айды ерекше құрмет тұтып, одан мал басының амандығын тілеп, табынумен байланысты. Мұндай жағдай олардың тыныс-тіршілігінің әр қырынан байқалады. Мәселен, көшпелілер үшін құрбандықтың ең үлкені айтұяқ және боз қасқа. Өзі ақ, тұяғы ай сықылды жылқы төрт түлік малдың ішінде тәңірлерге, ата-бабалар аруағына бағышталып союға ең лайықты деп саналған және бұл дәстүр сонау сақтар мен ғұндар заманынан жалғасып келе жатыр. «Бекет батыр» жырында итжеккенге

айдалған батырды жұбайының іздеп барған соң аман-есен жеткендігінің шүкіршілігі ретінде айтұяқ шалуға бір бие соятындығы айтылады.

АЙТШЫЛАУ / АЙТТАУ – айт мейрамы күндері үй-үйді аралап қыдыру, мерекелеу салты. Дәстүрлі ортада ертеден қалыптасқан бұл рәсім кезінде айттаушылар айт намазы оқып болғаннан кейін «Айт мүбәрак болсын!», «Айт құтты болсын!» деген ақжарқын тілектер айтып, бір-бірінің үйіне барысады. Арнайы жайылған дастарханнан дәм татып, марқұмдарға арнап Құран оқиды. Үш күнге созылатын ұлық мейрамда мұсылман дінін берік ұстанатын көптеген елдер ресми түрде демалады.

АЙТЫС – қазақ халқының ертеден қалыптасқан ауызекі сөз өнерінің өлең (поэзия) түріндегі айрықша бір саласы. Сондай-ақ халық ауыз әдебиетінің жанры түрінде қалыптасқан айтыс өнерін эстетикалық шығармашылық және әлеуметтік институт деуге болады. Өйткені айтыс өзінің өнерге тән эстетикалық болмысынан басқа қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге айрықша ықпал еткен. Айтыстың қай заманда шыққанын тап басып айту қиын. Дегенмен жар-жар, бәдік көшіру, өлі мен тірінің айтысы тәрізді айтыстың тұрмыс-салт түрлері ерте дәуірден бастау алып, ауыздан-ауызға тарап, елдің рухани ел қазынасына айналған деуге болады.

Тұрмыс-салт немесе ғұрыптық айтысқа зерттеушілердің көрсетуінше, «жар-жар», «бәдік айтыс», «өлі мен тірінің айтысы», «қайым айтыс» жатады. Тұрмыс-салт айтысында белгілі бір салттық ғұрыпты, рәсімді атқару мақсатында екі жақ қыз-бозбала болып, хормен алма-кезек дағдылы әуенге салып айтысады. Бұл туралы М. Әуезов: «Бұл алуандас әдет-салт айтысы, көбінесе, өнер жарыстыру айтысы емес, тек дағдылы жолды атқару (жар-жар), ырым, наным бойынша ем-домға арнап айту (бәдік) ретінде ғана орындалады. Ондай айтыстардың өлең сөздері де көбінше ауыздан-ауызға көшіп жүретін жаттанды сөздер болады. Сондықтан, әдет-салт айтыстарында «жеңу», «жеңілу» сияқты қорытындылар болмайды және өзге өнер жарысының айтысындай бір жаққа екінші жақтың жол беруі, бәйге тартуы болмайды», – деп жазды. Жар-жар, бәдік, өлі мен тірінің айтысында ғұрыптық қызмет басым, сол себептен оларды фольклор зерттеушілері айтыс өнерінің ежелгі арналары деп танып, ғұрыптық фольклор жүйесіне жатқызады. Ал қайым айтыста сауық жағы, көңіл көтеру жағы басым болып келеді. Тойтомалақты қызықты етіп атқару қайым айтыстың мақсатына жатады.

Бәдік айтыс. Бәдік айтыс мәтінінде жаттанды өлең жолдары мен қайталаулар жиі ұшырасады. Мысалы, бәдік көшіру айтысында

«Бәдік, бәдік деседі,

Бәдік желдей еседі.

Асқар-асқар таулары,

Айнала соққан құйынға

Әй, көш!» десе, көшеді,

«Әй, көш!» – деп көш сөзін рәсім бойынша қайталап отырады.

Шамандық кезеңдегі политеистік түсінік бойынша, бәдік – малға тиген айналма (жылқыда делбе, қойда тентек, сиырда сумүйіз), ал адамдарда безгек, тазқотыр, қышыма, қарамық, шешек т.б. аурулардың иесі (құдайы). С.

Сейфуллин бәдік атауын аурулардың иесі (құдайы) деп нақтылай көрсеткен. Біз де осы пікірді қолдайтын себебіміз – айтыс өлеңдерде бәдік субъект ретінде көрінеді. Мысалы, айтыс жолдарында бәдікті итере сал, бәдікті ұстап алатын, бәдігімді ұстап бер, тілімді ал бәдік дейді.

Көпшілік болып топтасқан жұрт бәдік айтыс түріндегі өлеңмен бәдікті үркітіп, шошытып, суға, желге, тау асып бара жатқан бұлтқа яғни қайта оралмайтын т.б. объектілерге көшіреді. Бәдік атауы мен көш сөзі «көш, Бәдік, көш!» делініп шумақ, тармақ сайын қайталанады. Ал сөздің сан мәрте қайталануы оның магиялық функция атқаратындығын байқатады.

«Бертін кезде, революцияға шейін мал не адам ауырмай-ақ жастар өз бетімен сауық жасауға жиналып, өзара бәдік айтатын. Сөйтіп, бәдік айтысы кейінде қыз бен бозбаланың жастық әзіліне айналған» (С. Мұқанов). Ел аузындағы сөзге қарағанда, расында солай болған: жастар өзара келісіп, қойдың бір жақ құлағын тығындап тастайды екен. Бұл қой тентек болғандай бір жағына қарай айнала беретін көрінеді. Сөйтіп, «ауру қойды емдеуді» желеу еткен жігіт-желек, қыз-қырқын үлкендердің келісімін алып, бәдік көшіру айтысын өткізетін көрінеді. Айтыстың ғұрыптан гөрі ойын-сауық сипатына айналып кеткенін ондағы әзіл-қалжың сипатындағы сөз тізбектерінен айқын байқауға болады. Мысалы, жігіттер жағы Бәдікке «бар да, жабыс осы қыздың бүйіріне; қыздардың сүрме қойған қолына көш; сұлу қыздың мойнына жабыс та жүр; ұрысқақ бәйбіше мен тоқалға көш, қыздардың мықынына көш, қыздардың жылтыраған бетіне көш, бұратылған кеңдарқан беліне көш десе, қыздар жағы: бар да жабыс жігіттің таңдайына, жігіттің еңкейген беліне көш, жігіттің сайрап тұрған тіліне көш, жігіттің сыртына көш, жігіттің ширатылған мойнына көш дейді.

Жар-Жар. Қыз ұзату ғұрпын атқару мақсатындағы айтыстың көне түрі. «Қызды ұзатар алдындағы той тарқар кезде бозбалалар ұзатылатын қыз отырған үйге келіп, үзіктің жабығын түреді де, өлеңмен қоштасады. Жігіт те, қыз да қызсың, күйеусің туысқандарын бір-бір ауыз өлеңмен атап шығады. Бозбаланың өлеңінде: әкеңнің орнын қайын атаң басады, ағаңның орнын қайын ағаң басады, ініңнің орнын қайның басады, сіңліңнің орнын қайын сіңлің басады, уайым жеме, – деген сөздер айтылады. Қыз бұл жұбатудың бәріне қарсы боп, қайын жұртының ешқайсы да туысқандай болмайтынын айтады». (С. Мұқанов). Айтыста жігіт жағының сөзі де, әуені де көтеріңкі келсе, қыз жағының әуені мұңлы, сөзі шерлі болып келеді. Бұл жерде айтыстың өлеңмен, хормен (көпшілік болып) орындалуында эстетикалық ерекшелігімен қоса ғұрыптық амал басым болады. Олай болатыны топтасып айту, әуенмен айту, қайталау амалдары сөздің магиялық (құдыретін) функциясын күшейте түседі деген ықылым замандағы наным-сеніммен байланысты. Сайып келгенде, жар-жар айтысы жат жерге, жат босағаға кетіп бара жатқан қызды алдағы өмірге иландыру, көндірудің ғұрыптық амалы болып табылады.

Сонымен, тұрмыс-салтқа жататын «бәдік айтысы», «жар-жар» тәрізді ғұрыптық айтыстарда мақсатты қайталаулар мен жаттанды тізбектер эстетикалықтан гөрі магиялық қызмет атқарады. Ал әуен, домбыра үні сияқты

эстетикалық компоненттер айтыстағы сөздің магиялық қасиетін күшейте түседі. Айтыстың бұл түрінде жеңген/жеңілген жақ (субъект) деген болмайды.

Өлі мен тірінің айтысы. Айтыстың ғұрыптық салтпен байланысты ежелгі түрі. Айтыс жұптық қарама-қарсылыққа (бинарлық оппозицияға) құрылған. «Өлі тірінің көзін ашады» деген түсінікке орай аруақты (рухты) қадірлеп, қастерлеп еске алу ғұрпы бойынша «тірі» арнайы «өлінің» қабір басына келеді, оның рухымен «тілдеседі». Бұл жерде «Өлі мен тірі айтысының» екі үлгісіне тоқтала кетуге болады. Бірі «Ақбала мен Боздақ», екіншісі «Аймаңдай мен Бабас». Біріншісінде ұзақ жолға кеткен жігіт, сапардан оралған сәтте сүйген, уәделескен қызы Ақбаланың қайтыс болғанын естиді. Қабір басына келіп, «тірі» мен «өлі» бір-бірімен мұңдасып, шер тарқасады, тіршілікте кешкен күндерін айтады. Жігіт қабір басында құлдық ұрған күйге түседі. Ал, қыз болса, басына қойған тасты, үстін басқан топырақты ауырлап жатқанын білдіреді. Жатқан көрінен тұрғызып алмағанын, ендігі жерде өзінің тіршіліктегі Ақбала емес екенін айтып, мені жалғыз тастама, есіңнен шығарма дегендей мұң-шерін білдіреді. Боздақ болса, мені қайғыға берме, жебей жүр деп, тіршіліктің қамы солай екенін айтады. Бұдан аңғарылатыны айтыстың ғұрыптық мәнділігі. Атап айтқанда, аруақ аттамау, аруақтың алдынан өтіп, яғни бұл дүниедегі «тірінің» о дүниедегі «өлінің» ризалығын алуи дегенге саяды. Сонымен бірге «тірі» қабірдегі «өліні» өлеңмен, әуенмен тербетіп тыныштандыруы керек. Бұл жерде өлең мен әуеннен тұратын эстетикалық екі компонент сөздің әсер-қуатын (магиялық функциясын) күшейте түсетін ғұрыптық тәсіл болып саналады.

Аймаңдай мен Бабастың айтысы да осы сипатта. Аруақтың алдынан өту, аруақ аттамау, өлеңмен аруақ тербетіп тыныштандыру ғұрпы бойынша қыз өзінің сүйген (атастырған) жігітінің басына келіп, мұң-шерін, артында жалғыз қалған зарын айтады.

«Ешкімге тиме десең, тимеймін», «жамбасында жер ауыртып жатыр екен, қызыл тонымды берсем, жастанамысың» деп, өзінің жалғыздығын айтып көз жасын төгеді. Сонда жігіт «Кешегі қайның Қаржас тірі кеткен, сені тең құрбыңнан кем қылмас» деп жұбатады. Сонда қыз «Кешегі қайным Қаржас келсе-дағы жеңге алған жесір қатын атанамын ғой» деп уайым-қайғысын айтады. «Кйдағы қызыл шапанды той тойлай бер, кетейін мен садаға ниетіңнен» деп, «өлі» ризалығын білдіреді.

Сөйтіп, «өлі мен тірі» айтысының дискурсивтік мағына-мазмұны, эстетикалық болмысы (әуен мен өлең) аруақ тербетіп, тынышталдыру, аруақтың алдынан өту, аруақтың ризалығын алу тәрізді ғұрыптық салтты атқару мақсатымен орайлас болып келетіні аңғарылады.

Қайым айтыс. Той-томалақ, ойын-сауық, қынаменде, айт мерекесі үстінде көңіл көтеру мақсатында қыз бен жігіттің өлеңмен әуендетіп, әзіл-қалжың араласқан сөз сайысы. Қайым айтыстың ең қарапайым түрі көбіне төрт тармақты шумақтардан тұратын қара өлең түрінде болады. Айтыстың жұптық қарама-қарсылық негізі бойынша «бастаушысы» және «жауаптасушысы» болады. Қарсыластар төрт тармақты бір шумақ өлеңмен алма-кезек айтысады. Бастаушы айтқан төрт жолдық шумақтың алғашқы екі жолын қайталай

отырып, жауаптасушы қалған екі тармағын өзінше ұйқастырып, уәжді сөзін айт өзінің тапқырлығын көрсетуге тиіс. Айтыста жеңген немесе жеңілген жақа төреші көбіне ауыл-ауылдан тамашаға жиналған жұртшылық болады. Кейде жеңілгенін қарсыластың өзі мойындап, «тоғыз» тарту жоралғысын жасайды. Ондайда күміс сырға, білезік жүзік, сақина, кестелі жібек орамал тәрізділер жол-жоралғыға жүреді. Бұл жерде «тоғыз» символдық мағынаны білдіреді.

Қайым айтыстың қара өлең түрінде эстетикалық талапқа сай келе бермейтін үйреншікті, жаттанды сөз тізбектері, қайталаулар кездесіп отырады. Дегенмен, зерттеушілер қара өлең түріндегі қайымдасудың эстетикалық жағынан гөрі жас талапты ақындық өнерге баулитын мектеп іспетті екенін көрсетіп, оның дәстүрлі мәдениеттегі функционалдық мәнін орынды ашып көрсеткен.

Ақындар айтысы – поэтикалық түйсігі мен танымы аса жоғары, айтыс өнерінің майталмандары атанған, халықтың өзі танып-біліп, бағасын берген ақындардың айтысы. Айтысты тамашалаушы шаршы топтың назары айтыскерлердің тапқыр сөзіне, табан асты тауып айтқан жауабына назары ауады, өнерпаздарға қызу қошемет көрсетіп отырады. Сырт қарағанда, айтыскерлер бір-бірімен сөз сайысына түсіп отырғандай, яғни екі жақ алма-кезек сөз жарастырып жатқандай көрінгенмен, айтылған сөз, тартылған домбыра, әуен, өлең ырғағы үшінші бір жақтың да (тамашалаушылардың да) делебесін қоздыра түседі. Айтыскер екі жақ та, айтысты тамашалаушы үшінші жақ та «бір өрлеп, бір қайтып отыратын дыбыстар толқынының» құшағында болады. Бұл тұста осындай интонациялық құрылымның да эстетикалық компоненттің бірі екенін мойындауымызға тура келеді.

Сонымен, осы аталған үш субъектінің болуы ақындар айтысының дискурсивтік ерекшелігі болып саналады. Шындығында, айтыскерлерге қошамет көрсетіп, өздерінің де делебесі қозып отыратын шаршы топ болмаса, ақындық айтыстың да ерекше өзіндік дискурсивтік шешендік өнер ретінде этностың мәдени-рухани өмірінде еркеше орын алуы неғайбыл болар еді.

Ақындар айтысын арнайы қарастырып, зерттеген академик жазушы М. Әуезов айтысты айтыскер ақындардың өздері түре айтыс және сүре айтыс деп бөліп атайтынын көрсете келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерінің бар екенін атап көрсетеді.

Айтыстың бұл аталған жанрішілік екі түрінде де тіліп айтатын өткір тіл, біліп айтқан тапқыр сөз «от ауызды орақ тілді» айтыскердің жекпе-жектегі қаруы іспеттісі. Сол қарумен қарсыласып «бүгін өлтіріп, ертең тірілетіндей» күйге түсіреді.

Түре айтыста айтыскерлер салған бетте шапшаң, қысқа қайырып, табан астында тапқыр сөзбен қарсыласының қапысын тауып айту, іліп-шалу тәрізді тілдік тәсілді қолданады. Түре айтыста қарсыластар бір-бірінің кескін кейпіндегі, жүріс-тұрысындағы, сөзіндегі, мінезіндегі өзі байқағандарды ілік етіп, мінеп-сынап алады. Түре айтыста қарсыластар сөзді әріден бастап, бір-бірімен ырғасып жатпайды. Сөз ауаны көбіне тұрмыстық аядағы, жеке бастағы жайттарға ойысып отырады.

– қисынды ойды қиыстырып айтқан айтыскердің сөз шеберлігі;

- жаттанды сөздердің, бос қайталаулардың болмауы (болғанмен сирек ұшырауы);
- домбыра, әуеннің, өлең сөздің буын-бунағы, ырғағы мен тармағына үйлесімді болып келуі;
- айтысты тамашалаушы жақтың өздері де қисынды, қиыстыра айтқан өлең сөздің әуені, домбыра үні тәрізді дыбыс толқынында болып, айтыскерлерге қошамет көрсетуі т.б., түптеп келгенде, бүтіндей бір өнер дүниесіне айналуы, міне, бұл түре айтыстың дискурсивтік сипаты болып табылады.

Сүре айтыс – мазмұны жағынан қоғамдық ойға қозғау салып отыратын, елдік, әлеуметтік іргелі мәселелерді тап басып айта білетін ерекшелігімен көрінетін «кәсіби ақындардың ұзақсонар ырғасқан жыр сайысы» (М. Әуезов). Сүре айтыста жаттанды сөздер, қайталаулар бола бермейді. Өткір тіл, тапқыр сөз айтыскердің жекпе-жекке шығатын қаруы іспетті болса, сол қарудың демесіні домбыра, қобыз, әуен болған. Сөзді әріден бастай келіп қарсыласын «бір өлтіріп, бір тірілтетіндей» күйге түсіреді.

Байырғы елдің мәдени-тұрмыс салтында ұйымдастырушылар сүре айтысты көбінесе ас беру сияқты үлкен жиындарда, дүбірлі тойда өткізеді. Аспен тойға қай елден (рудан) қай ақынның келетіні, олардың кіммен айтысатыны жұртшылыққа әуелден-ақ белгілі болып қалады.

Рулы елдің атынан айтысқа түскен ақындардың өзіндік тәсілі мен әдістері болады. «Елдің игі жақсылары кім?», «Ел ішінде қандай жайттар болды?» Жарқырата айтатындай не жақсысы бар? – деп сауал салғандай болып, жаманын қақырата айтады. Елдің қырын кетіп, келіспей тұрған жайттарын қарсыласына көлденең тартып, бетіне басады. «Көбінесе бірінің-бірі басындағы, еліндегі міндерін айтып тоспақшы болады. Айтыстың бұл жағынан әлеумет алдында пайдасы зор. Адамның, елдің жұрттың басындағы келіссіз ғамалдарын, мінездерін айтып көрсету халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тиетін дүние» – деп А. Байтұрсынұлы ақындар айтысының әлеуметтік мәнін жоғары қояды.

М. Әуезов өз зерттеуінде Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Манат, Қаз, Түбек, Сабырбай, Тойбала сынды ақындарды айтыс өнерінің өрен жүйріктері деп бағалаған. Сондай-ақ, М. Әуезовтің көрсетуінше, айтыста ақын сөз таппағаннан жеңілмейді, жүйеге, жолға, қисын мен уәжге тоқтайды. Жеңген ақынның сөздерін жүрген жерінде ретімен, жүйесімен дәл айтып беру жеңілген ақынның міндеті болған. Бұл бір жағынан этикеттік норма болса, екінші жағынан, М. Әуезов көрсеткендей айтыстың ел аузында таралып, сақталуына ықпал еткен жақсы дәстүрлердің бірінен саналған. Мысалы, «Біржан-Сара» айтысын бастырып шығарушы кітабы ақын Әріп Тәңірбергенов айтысты Сараның өз аузынан жазып алған.

Атақты «Сүйінбай ақын» Күнбаладан жеңіліп, тоқтаған жерім осы деп шәкірті Жамбылға өзі айтып, ұғындырғанын М. Әуезов Жамбылдың өз аузынан естіген екен.

Сүре айтыстың дискурсивтік сипаты айтыскерлердің диспозициялық стратегиясымен байланысты болып, тілдік құралдар негізінен:

- сөзді әріден бастау;
- рулы елдің, халықтың атынан сөйлеу;
- қарсыласын жасытып тастау;
- кем-кетігін бетіне басу;
- қарсыласын бопсалау;
- қарсыласын ықтыру;
- әлеуметке арқа сүйеу;
- атақты, беделді тұлғаларды (прецедентті тұлғаларды) арқалану т.б. амал-тәсілдерге қарай құрылады.

Ал айтыста тамашалаушы шаршы топ та өнер жарасынан эстетикалық сезімге бөлене отырып, әлеуметтік, елдік мәселелер толғанған тұста салмақты сөздің әсерінен ой-санасы сәулеленіп, олардың қоғамдық санасына қозғау түседі. Айтысты тек эстетикалық шығарма (мәтін) деп қана пайымдау жеткіліксіз, сондықтан айтыс өнерінің дискурс түрінде, яғни сөз өнерінің «алаң айнасындағы» субъектілік қатынастардың ерекше коммуникативтік түрі ретінде қарастыру этностың мәдени өміріндегі оның орны мен ерекшеліктерін біршама айқындай түседі.

Ақындар айтысының мазмұны жағынан діни айтыс, жұмбақ айтыс, тау, жер-су айтыс деген ерекше тақырыптық түрлері бар. Айтыстың бұл аталған тақырыптық түрлері өлеңмен білім жарыстыру, бір-бірінің сауаты мен біліктілігін байқау мақсатында қалыптаса келіп, ақындық дәстүрге айналған.

Діни айтыс. «XIX ғасырдың аяқ шенінде, XX ғасырдың басында қазақ ақындарының Бұхарада, Ташкентте, Түркістанда, Қазанда оқып келгендері жалпы айтыспен қатар діни айтысты ақындық жарыс салтына енгізген» (М.Әуезов). Діни айтыста ақынның әсіресе сауаттылық, таным-білім деңгейі сынға түседі. Айтыс «Сұрау» – «Жауап» түрінде өтеді. Пайғамбарлар туралы қисса (Қисса үл Әмбие ...), Құл Ходжа Ахмет Ясауи (халыққа кең таралған есімі Әзірет Сұлтан), Сүлеймен Бақырғани тәрізді діни шығармалар көлемінде айтылған жайттар, Аспан мен Жердің жаратылуы, Ай мен Күн, жұлдыздар, хайуанаттар мен нәбәтаттар әлемі, Әулие-әнбиелер санатына жататын прецедентті тұлғалар мен аңыз-әңгімелер діни айтыстың арқау сөзі болған. Бұндайда білім өрісі кең, ой-өресі биік, сөз айшығы ашық айтыскер озық шығып отырады.

М. Әуезов «кейбір ақындар діншілдікпен емес, айтыста алдынан шығарлық жұмбаққа – дін жұмбағына мүдіріп қалмау үшін дін жөнінен шалашарпы білім жиятынын» айта келіп, атығай Тоғжан ақын жасында оқыған діни білімі айтысқа жеткіліксіз болғандықтан мосқалданып келгенде бір жаз бойы молдадан ислам дінінің шарттарын үйренгенін атап көрсетеді.

Айтыскерлердің сөз қолданысында сегіз жұмақ, жеті тозақ, Қияметтің қыл көпірі, Ғарасат майданы, Махшар күні, садақа, зекет, пітір, жалған дүние, бақи дүние тәрізді діни мазмұндағы атаулардың жиі кездесіп отыруы діни айтыстың дискурсивтік ерекшелігі болып саналады. Бір қарағанда, айтыс дінді уағыздау сияқты көрінгенмен, айшықты сөздің эстетикалық сипаты, діни

білім, сауаттылық, сондай-ақ қайырымдылық, әділдік, ізгілік сияқты моральдық-этикалық мәнділіктерімен ұштасып, фәни жалған, бақи дүние жайында айтылғандар тыңдаушы топты бей-жай қалдырмай, ой жетегіне ілестіріп отырады. Діни сөзбен дүниеауи сөз астасып жататын айтыстың жарқын бұл үлгісіне:

Бір таудың жан салмағы тағы кері,
Шыдайды егес жерде ердің ері.
Сыпайы сынық қылмай келтіріп айт,
Болады өлеңнің де оқа-зері.
Сіз Әсет мен Ырысжан әлем білген,
Екеуміз тартысалық әрі-бері, –

деп басталатын «Әсет пен Ырысжанның айтысын» атап айтуға болады. Міне, діни айтыстың дискурсивтік ерекшелігі, түптеп келгенде осыған саяды. Айтыста діни руханият пен дүниеауи руханият бір-біріне «қарама-қарсы» қойылмай, үйлесім тауып, өрбіп жатады. Қазақ фольклортану ғылымында «діни айтыс ақындықтың ерекше бір дәуірі» (С.Мұқанов) деп бағаланады.

Жұмбақ айтыс. Айтыскер ақындардың бірі өлеңмен жұмбақ жасырып, екіншісі өлеңмен сол жұмбақты шешіп отырады. Жұмбақ айтыс ақындар айтысының салтына енген сөз өнерінің ерекше түрі. Айтыскер ақын өлеңмен жасырған жұмбағын, ал қарсыласы табан астында өлеңмен сол жұмбақты шешуі тиіс. Айтысты бастаушының бір нәрсені (затты, құбылысты, уақиғаны) тұспалдай отырып, тосыннан сұрау қояды, ал шешуші кідірместен, сөзден мүдірместен шешуін айтады. Сөзді тұспалдап, аллегориямен сөйлеу, ойды бейнелі сөзбен зерделеу, метафорамен бүркемелеу тәрізді тілдік тәсілдер жұмбақ айтыстың дискурсивтік ерекшелігі болып саналады.

Жұмбақ айтыста, сондай-ақ, белгілі бір ұғымды қарсыласын жаңылдыру үшін санмен «жасыру» тілдік тәсіл ретінде кеңінен қолданылған. Мысалы, Ұлбике мен Күдері қожаның айтысындағы жұмбақ санды осы тәсілдің бір үлгісі деп тануға болады:

Ұлбике:
Қарағай садақ, қырық кез оқ бар белімде,
Сендей ақын жоқ па екен өз елімде.
Екі сексен, бір тоқсан жұмбағым бар,
Жүйрік болсаң соны тап қапелімде.
Күдері қожа:
Қарағай садақ, қырық кез оқ бар белінде,
Ақын мендей қайда әуел өз елінде.
Екі сексен, бір тоқсан жұмбағыңыз,
Есептесем екі жүз елу күн-ді.

Бұл жерде Күдері қожа жұмбақ санды екі жүз елу күн деп, тұспалмен дәл шешіп отыр ($160+90=250$). Ұлбике ақын жұмбақ санмен сегіз айлық баласы бар екенін тұспалдаған. «Қарағай садақ белімде» дегені аяғы ауыр әйелдің метафоралық бейнесі, қырық кез оқ деп босануға бір ай он күн бар екенін меңзеп отыр. Айтыс осымен тоқтап қалмай, әрі қарай жалғаса түседі:

Ұлбике:

Қарағай садақ, қырық сегіз оқ бар белімде
Сендей ақын болмады-ау өз елімде,
Сегіз ойын, сексен бес жұмбағым бар,
Жүйрік болсаң тап соны қапелімде.

Күдері қожа:

Ұлбике, кімге айтасың бұл кебіңді,
Қайдан тауып отырсың өз теңіңді.
Сегіз ойын Ұлбике тал бойында,
Сексен бесі томпайған емшегіңде.

Бұл тұста да «Сегіз ойын, сексен бес» деп тұспалмен айтылған жұмбақ санды Күдері қожа сегіз «ойын баласы», ал сексен бес ($85:12=7$) оғанға дейін яғни 7 жасқа жеткенше «қам сүт (омырау сүт) емген емшек баласы» деп жұмбақ санның жауабын тұспалмен береді. Тұспалмен айтылған жұмбақтың жауабын тұспалмен шешу жұмбақ айтыстың ерекше бір үлгісі деуге болады.

Жұмбақ айтыста ақынның алғырлығы, ой жүйріктігі мен қиял қанаты осылайша сынға түседі. Айтысты қызықтаушы былайғы жұрт тек эстетикалық нәр алып қана қоймай, айтыскерлермен қоса ой-қиял, таным-білім өрісінде жүргендей күй кешеді. Бұл – жұмбақ айтыстың, түптеп, келгенде дискурсивтік ерекшелігі дегенге саяды.

Тау айтыс. «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең» түріндегі ақындық жарыстың бір түрі. Айтыстың бұл түрі байырғы Жетісу өңірінде болғанын айта келіп М. Әуезов: «Айтысушылар өздерінің тауларды қаншалықты көп білетіндіктерін көрсетіп, білім таласына да түседі, «су өлең», «жер өлең» өзен, бұлақ, көл бастаулар, жер қоныстар, қыстау, жайлаулар, өлкелер жайындағы ақындардың өнер білімін танытып жарыс мазмұнды болады», – дейді. Айтыста тау, өзен-көл, жер қоныс жайы негізгі тақырыптың арқауы болған. Айтыскерлер өз жерлеріндегі тауларды рет-ретімен тізіп айта отырып, олардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын, тұрған орындарын сипаттап көрсетеді. «Тау өлең» айтысының (мәлімет беруші Әбігүл Жанкейісқызы, 1906–1907 жылдары) бір үлгісінде:

Тау-таудан Талғар таудың басы биік,
Тұрады Алмалы тау оған тиіп.
Көп тауды көлденең деп өлең қылсам,
Күнгедейде Шұбарағаш күнге күйіп.

Көрінген сонадайдан Лабасы,
Іленің Алтынемел бергі қасы.
Көп тауды көлденеңдеп өлең қылсам,
Быжының Өгізөкірген Үңгіртас.

.....

Жайлауы біздің елдің Сарыжазық
Көпшілік кедейлерге болған азық, –

деп, айтыскер Жетісудың түстік шығысынан терістік шығысына дейінгі тау тізбектерін өлең өрнегіне салады.

Тау өлең, сайып келгенде, әуел баста политеистік түсінік бойынша таудың Иесіне (Құдайына) өлеңмен мадақ айту ғұрпына байланысты болса керек. Кейбір аңыз-әпсаналарда Тау Иесіне деп, ондағы үйілген тастың басына тас қойып, ақтық сияқты зат қалдырып кету ырымы болған. Таутолағай, – мифтік аңыз кейіпкері, – Тау Иесі (Құдайы) болуы мүмкін.

Малшы қауым жайлау қонысынан көшерде «келесі жазға аман-есен жетелік» деген ниетпен таумайлар жаралғасын өткізетін болған. Бұндай жоралға той-томалаққа ұласып, ән-күй базарына айналған. Тау айтыс кез-келген уақытта емес, осындай жоралғыға орай өткізілсе керек.

Сөйтіп, әуелдегі наным-сеніммен байланысты шығу негізі ұмыт болып, тау айтыс айтыскер ақындардың өлең сөз өнеріне айналған.

Жазба айтыс зерттеушілердің айтуынша негізінен бір-бірінен жырақта отырған оқыған ақындар өзара білім дәрежесін сынау, ел өміріндегі қайшылықты мәселені қозғау үшін қолданғанымен айтыстың басты қасиеті суырыпсалмалық сипаттан, ән-әуеннен ада болғандықтан бұл түр халық бұқара арасына аса кең жайыла қоймаған. Әйткенмен С. Торайғыров, М. Дулатұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы секілді ақындар әдеби шығармаларында айтысты көркемдік тәсіл етіп қолданған. Ал мысал айтыс түрінде иесі хайуанмен, немесе ақын домбырасымен айтысады. Мысал айтыста екі ақын жекпе-жекке түспейді, тек бір адам екі кейіпкердің атынан өзі сөйлейді. Әлбетте, бұнда екі кейіпкер бар, екі айтыскер жоқ, яғни айтыс формасы мысал жанрында әдіс ретінде қолданылып отыр, сол себептен бұны ғалымдар шартты түрде ғана айтыс үлгісіне енгізеді. Әдеби зерттеулерде айтыс өнерінің жазбаша түрдегі нұсқаларына «Ырысты мен он алты ақынның айтысы», «Шәкей сал мен алты ақынның айтысы» т.б. айтыстар жатқызылған. Жазба айтыстың бұл түрінің ерекшелігі деп жеке ақынның бірнеше әріптестерімен хат түрінде ой жарыстырып, жауаптасуын атап айтуға болады.

АЙУАН¹ – діни және қоғамдық ғимараттардың ту сыртынан ішке кіретін кіреберіс тұсына жапсарластырып салынады. Көлеңке болуы үшін төбесі жабылып, бір жағы немесе үш жағын да ашық қылып жасалынған қосалқы құрылыс. Аса ыстық болатын оңтүстік аймақтарда баспананы көлеңкелеу үшін ұзына бойы төрт жағын айналдыра жапсарлай бастырмалап айуан тұрғызылады.

Айуанның төбесі бағаналармен тіреліп, негізгі ғимаратқа жапсарластыра тұрғызылған бастырманың бір түрі. Айуанның құрылымы бір немесе бірнеше қатар тізілген діңгектермен тірелген жабын немесе бірнеше күмбезді төбе жабыннан тұрады. Әдетте, айуанның таралу аймағы – қазақ жерінің Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда өңірлері. Мысалы, айуанның негізгі үлгілерінің бірі үйдің кіреберіс жағына жапсарластырылған «пеш-айуан» немесе «алдыңғы айуан». Ол күннің ыстығынан жасырыну, шаң-тозаң, желді дауылдан ықтасын, жауын-шашыннан пана міндетін атқарады. Мәселен шілденің қайнап тұрған ыстығында айуанға сәкі құрып, оның үстіне масахана орнатып, салқын жерде түнде ұйықтауға жағдай жасайды. Кейбір аймақтарда кіреберістегі айуанды ауыз үй, далан деп те атайды.

Орталық Азия және Қазақстанның оңтүстік ыстық, тіпті жел сирек тұратын аймақтарында бірі биік, екіншісі аласалау түрінде қос айуан тұрғызылады. Бұл тәсіл ауаны үйірілтіп, желдетіп (аэрация) алдымен айуандағы ауаны тазартады. Мұны үйдің ауасын тазарту үшін, табиғи желдеткіш ретінде пайдаланады және сол арқылы үй бөлмелерінің ауасын салқындатады. Осылай ғимарат алдын көлеңкелетіп тұру үшін жасалынған айуан түрлері Түркістан ауданындағы Атабай мешіті, Қызылорда қаласынағы Айтбай мешіті, Шымкент қаласындағы жұма мешіті, Созақ қаласындағы мешіт, Шаян мешіт-медресесі, Қарақожа мешіті, Жаркент мешіттерінде кездеседі. Жаркент қаласындағы Уәли бай мешіті жамағатханасын айналдыра, төрт жағына да айуан тұрғызылған. Аталған жамағатхананың қаңқасы және оның Айуаны қызыл жосамен боялған 68 ағаш (бөрене) дінгектерден тұрады.

Мысалы Шаян мешіт-медресесі мен Қарақожа мешіттерінің айуаны негізгі іргесінен бастап, ғимарат қабырғасының ұзына бойы «аркада» (галерея) типінде қызыл кірпіштен тұрғызылған. Мұнда ғимараттардың солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс жақтарына айуанды қаз-қатарланған шомбал кірпіш ұстындармен доғал арка (аркада) арқылы күмбезделіп салынған.

Ислам ғибадатханаларының және бір түрі «Айуандық мешіт». Мұндай мешіттің құбылаға (Меккеге) қаратылған қабырғасы бітеу болады да, сол қабырғаның қақ ортасынан құбыла қуысы «михраб» шығарылады. Айуандық мешіт құрылысының төбесі бірнеше қатарлы ұстындар мен төбені көтеріп тұратын арқалықтар арқылы жабылған. Ғимараттың барлық ағаш ұстындары және арқалықтары оймышталып безендіріледі, сонымен бірге төбе жабындысы «уассы» белағаштармен жабылған және түрлі түсті бояулармен өрнектелінген. Осындай айуандық мешіттер қатарына Тараз қаласының Нәйметбай және Қалижүніс мешіттері жатады. Жоғарыда аталған мешіттер еліміздің тарихи-мәдени мұрасы және құрылыс өнерінің ескерткіштері.

Жалпы құрылыс ісінде бұл бастырма түрін әр халық өзінше атаған: парсы тілінде – айуан, айван; тәжікше және өзбекше – айвон; қырғызша – айван; түрікменше – айван; ұйғырша – айван; үнді халқы – веранда (олардан британдықтарға, сонан соң басқа еуропа халықтарының тілдеріне енген); француздар – терраса, галерея, аркада, колоннада; италияндықтар – лоджия. Осы тұрғыда Н. Ондасынов құрастырған парсыша-қазақша сөздігінде айуанды – веранда, терраса деп көрсеткен.

АЙУАН² – қайтыс болған адамның мәйітін жерлеуге қазылған қабір шұңқыры, оның оңтүстік-батыс бүйірінен шығарылған лақаттың кіре берісі болып табылатын орынының жергілікті аймақтық атауы. Бұның осылай аталуы туралы Оңтүстік Қазақстан өңірінің марқұм болған адамды жерлеу салт-жораларын зерттеген А.Қ.Бекбалақ мәліметі бойынша қабір шұңқырын құдық немесе айуан деп атайды, сонан соң оның батыс жағынан лақат көр шығарылады. Осыған байланысты қазақ халқы «Өлгенде көр үйім болсын» дегенге келтіріп, жергілікті тұрғындар лақатты үй деп, оның кіреберісін айуанмен ұқсататын көрінеді...

АЙУАН³ – адамның адамгершілікке жат қатыгездік, қаскүнемдік, жауыздық, зұлымдық сияқты теріс мінездерін хайуанға теңеген атауы. Ақыл-

ой иесі адамзатқа антиномиялық байланысты қолданылатын ұғым деуге болады.

АЙШЫҚ – мешіт күмбезінің ұшар биігіне, мұсылман зиратындағы қабір басына ай орағына ұқсатып қойылатын белгі. Мұсылман дінінің басты атрибуттарының бірі саналатын Айшық кейбір ауызекі діни ортадағы әңгіме-эпсаналарда рамазан айының соңғы ширегіндегі қасиетті Қадір түнімен байланысты екенін айтылады. Өйткені бұл түн Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызға Құран кәрім аяттарының көк жүзінен алғаш түскен кезі.

Таусылар Айдың таң қараңғысындағы шығыстан батысқа қарайғы Ай орағына ұқсас бейнесі, сөйтіп, дінмұсылманшылықтың нышанына айналған дейді.

Сондай-ақ, ауыз-екі әңгіме-эпсаналарда Айшықтың мұқажырлықпен байланысты айтылатын нұсқасы да кездеседі. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өз жақтастарымен Меккеден Мединеге қоныс аударуға мәжбүр болып, түн ортасы ауғаннан кейін таң қараңғысында мүшріктерден жасырынып, Мединеге бет алады. Бұл кез ескі Айдың таусылып келе жатқан тұсы болса керек. Әдетте, ескі Айдың бітер кездегі орағы шығыстан батысқа қарап тұрады. Таусылар айдың батысқа қарайғы осы фазасы мұсылмандардың діни салт-дәстүрінде белгі ретінде алынып, бейіт басына қойылатын салтқа айналған деседі.

АЙШЫҚ СЫРҒА – пішіні жарты ай тәрізді болып келген сырға түрі. Қазақ зергерлерінің тілінде «айшық» ай бейнелі дегенді білдіреді. Оны айбалта, айбалта сырға, ай қалып деп келетін заттардың да пішінінен байқауға болады. Айшық сырғаны зергерлер күміс немесе алтыннан жасаған. Оның кейбірі ою-өрнекпен, ұсақ маржан тастармен әшекейленетін болған.

АЙШЫЛЫҚ ЖЕР – атпен жүргенде бір ай (30 күн) шамасында жетуге болатын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Байырғы кезде халықтың кеңістік туралы түсінігінде айшылық алыс жер, айшылық алыс жол, айлық жер дегендер алыс қашықтықтың эталоны ретінде қолданылған. Сондай-ақ ит өлген жер, итарқасы қиянда деген тұрақты тіркестер субъективті қабылдаумен байланысты бірде айшылық жер, бірде күндік жер деген мағынада да қолданыла берген. Күндік жер атауы, шамамен, атпен жүргенде 80-90 шақырымдай болады. Атты адам таң біліне жолға шықса, орташа жүріспен түнге қарай, ел орынға отырған шақта көздеген жеріне жетеді. Ал түстік жер таң ата атқа қонған адамның түс қыңбай, көлеңке бауырға кірмей тұрған шақта жететін 35-40 шақырымдай жер.

Сондай-ақ, байырғы қазақ қоғамының мәдени семантикалық кеңістігінде жылқы атаулары (тай шаптырым жер, биесауым уақыт т.б.) қашықтық, уақыт пен байланысты ұғым-түсініктердің қалыптасуына негіз болған.

АЙЫ [АЙ-КҮНІ] ЖЕТТІ [ТОЛДЫ] – екіқабат әйелдің босанатын мезгілі таянғанын, жеткендігін білдіретін атау. Әдетте, жүкті әйел баласын тоғыз ай, тоғыз күн көтереді, осы аталған «тоғыздарға» жақындағанда ай-күні жетті, ай-күні толды дейді. Тұрақты тіркестің бұлай айтылу себебі жүктілікті толған айға ұқсатумен және байырғы көшпелі ортада айды қасиетті киелі деп санаған ұғыммен байланысты. Ай орағының қылдырықтай болып көрініп, бірте-бірте

толуы көне шығыс халықтарында айды әуелде әйел затының тәңірі деп танитын мифологиялық түсінікке негіз болғанға ұқсайды.

АЙЫ ОҢЫНАН ТУДЫ – сәті түсіп, ісі оңғарылды, жолып болып, дегеніне жетті. Аймен байланысты айың оңынан тусын, күнің солыңнан тусын дейтін сөз орамдары эпикалық шығармаларда, байырғы кездегі егде адамдардың бата-тілектерінде де кездеседі. Бұндай тұрақты сөз орамдарының (фразеологизмдердің) түпкі мәні жана Айдың шалқалап тумай, тігінен тууы малға да, жанға да жайлы деген ежелгі түсінікпен байланысты. Тігінен туған Айды «оңынан туған Ай» дейді. Дәстүрлі мәдени ортада адамдардың характері, қолға алған ісі мен шаруасының оңғарылуы, сәті түсуі жана Айдың оңынан тууымен ассоциацияланған.

Қазақта туар Айды артықша көрген. Дала перзенттері аспан әлеміндегі қос шырақтың – Ай мен Күннің, – көк күмбездіндегі жүрер жолын бағдарға алып, бетін түстікке бергенде Айдың оң жақтан туып, шығысқа, Күннің сол жақтан туып, батысқа «жол тартатын» жаратылыс заңына орайластырып, Айың тусын оңынан, күнің тусын солыңнан деген.

Теңдік тиер бізге де күн келер ме?
Бізден соңғы еркін күнді көрер ме?
Адам болмай, осы көрім жансын деп,
Надандықтың жаққан оты сөнер ме?
Оңынан айым, күнім туып сол жақтан
Алашыңа айнадай сәуле берер ме?
(Бернияз Күлеев.)

Сөйтіп табиғаттың үнемі қайталанып отыратын айнымас заңы, – шығар күннен де, туар Айдан да, – бейбіт өмір, мамыражай заманды күткен.

АЙЫЛ – ер, ыңыршақ, ашамай, ершіктің екі қапталына тағылатын немесе үстінен бастырыла салынатын бір басында айылбасы бар, жалпақтығы екі-үш елідей ұзын әбзел. Ол жоғарыда аталған әбзелдердің малдың (жылқы, түйе т.б.) арқасына берік тұруын қамтамасыз етеді. Айыл әдетте әбзелдің екі шетінен келіп малдың бауырын орай тартылады.

Айыл жасалған материалына қарай қайыстан жасалғаны – қайыс айыл, құрдан жасалғаны – құр айыл, өріліп жасалуына қарай – өрме айыл, қайыстан таспа күйінде жасалғаны – таспа айыл деп аталады. Сонымен қатар қызметі мен тартылатын орнына қарай, әбзелді ұстап тұратын негізгі айыл – бас айыл, малдың төсін орай тартылатыны – төс айыл, малдың шабын орай тартылатыны – шап айыл (кер айыл деп те аталады) деп бөлінеді. Төс айылға қарағанда шап айыл ұзындау болады.

Айыл әбзел қапталына бекітілетін болса оның бірі – қысқа, ал бірі – ұзын болып келеді. Қысқа жағы әдетте әбзелдің сол жағына (мінер жақ), ал бір басында айылбасы бар ұзын жағы әбзелдің оң жағына тағылады. Ал айылдың бүтіндей жасалған түрі әбзел үстінен салынады. Әдетте айылдың ұзын жағы малдың бауырын орап келеді. Оны тартарда оралып қалмауы қадағаланады. Оралып қалған жағдайда малдың бауырына батады. Бұл халық тіліндегі: «Төс айылдың батқанын иесі білмес, ат білер, Ағайынның қадірін жақыны білмес, жат білер» деп келетін сөз орамдарынан байқалады.

АЙЫЛБАС / АЙЫЛТОҒА – айылдың, белдіктің т.б. баулардың бір басындағы тілшелі металл тоға. Айылбас қайыс, тоқыма баулардың бір ұшына тағылады. Ал баудың екінші ұшында немесе бөлек жасалған екінші бауда айылбас тілі өтетін тесіктері болады. Бұл бөлік өрілген болса айылбас тілі өтетіндей «көз» қалдырылады. Бау осы тесіктері бар жағы арқылы айылбасқа бекітіледі.

АЙЫЛ-ТҰРМАН – айыл, тартпа, өмілдірік, құйысқан тәрізді ерді аттың үстіне бекітетін әбзелдердің жиынтық атауы. Айыл-тұрмандар негізінен қайыстан тілінген жалпақтау таспадан тігіліп, түйіліп және жіңішке тілінген қайыс таспалардан өріліп жасалады. Осыған орай айыл-тұрман қайыстан жасалғанына байланысты – қайыс айыл-тұрман, қайыстан түйіп жасалуына қарай – түймелі айыл-тұрман, қайыстан өріліп жасалуына байланысты – өрмелі айыл-тұрман делінеді. Айыл-тұрман ішінара құрдан да дайындалады, осыған орай құр айыл-тұрман деп те аталады. Қайыс айыл-тұрманның сәнін арттыру үшін оған былғары пайдаланылған. Осыған сай айыл-тұрманды былғары айыл-тұрман деп атау кездеседі. Сондай-ақ айыл-тұрманның сәнін кіргізуге күміс шытыралар мен күміс құймалар пайдаланылған. Ерекше сәнделген бұндай айыл-тұрмандар күміс айыл-тұрман делінген әрі олар қымбат бағаланған.

Ерте кезде айыл-тұрманды шеберлер арнайы тапсырыс алып өз үйінде немесе тапсырыс берушінің үйінде айлап-апталап жатып жасайтын болған. Ол жасаған әбзелдеріне малдай немесе ақшалай ақы алған.

АЙЫЛША ӨРІМ – ең кемі төрт таспадан жалпақ етіп өрілетін өрім түрі. Өрімнің айылша атауы айылдың ат бауырын қимайтындай жалпақ өрілуімен байланысты қалыптасса керек.

АЙЫП¹ – қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесінде қасақана немесе абайсызда жасаған қылмысты ісі, я болмаса әдет-ғұрыпқа жатпайтын теріс іс-қылықтары үшін айыпкерге тағылатын кінә. Байырғы әдет құқығы жүйесінде айып институты көпдеңгейлі және бір-бірімен иерархиялық қатынастағы кешенді құрылым болып табылады (Н. Айтқұлова).

Қазақтың әдет құқығындағы қисын бойынша субъектінің алдымен айыпты//айыпты емесі қаралады. Айыпты екені анықталса, осыдан кейінгі кезекте қаралатын істің қылмысты іске жата ма, әлде әдет-ғұрып нормасына қайшы келетін теріс қылықты іске жата ма деген жағы айқындалады. Бұдан кейінгі деңгейде қылмыстың немесе теріс қылықты істің қасақана, я болмаса абайсызда жасалғаны анықталады. Келесі кезекте қылмысты, теріс қылықты іс айыптың «ауыр» немесе «жеңіл», «орташа» түріне жатқызылатыны шешіледі.

Міне, осы айтылғандар бетайғақ, сырайғақтар арқылы ақ-қарасы анықталып, сараланғаннан кейін шешуші деңгейде айыпкерге қолданылатын жаза кесіледі.

Қазақтың дәстүрлі әдет құқығында жаза үш түрлі болады: 1) жан жазасы, 2) ар жазасы, 3) мал жазасы.

Жан жазасы айыпкердің шектен шыққан іс-қылығы үшін қолданылатын жазаның ең ауыр түріне жатады. Ондай аруақ атқан айыпкер жан (өлім)

жазасына кесіледі. Халықтық юриспруденция терминологиясында өлім жазасы делінбей, жан жазасы деп аталуының себебі жоқ емес. Бұл жерде академик Р.Сыздықтың қазақтың «өлді» демей, «дүние салды», «көз жұмды» дейтіні өлімді қасиет тұтатын дәстүрлі түсінігіне байланысты дейтін пікірі ойға оралады.

Ар жазасымен ата-баба жолын өрескел бұзып аруаққа шет болған, мысалы, жақын туысына үйленген, ата-анаға тіл тигізген айыпкер жазаланады. Оны қара есекке теріс отырғызып, бетіне күйе жағып, руластары бетіне түкіріп, елден шығарып, ел-жұрттан аластап жібереді. Жан жазасынан да, мал жазасынан да ең ауыр жаза – жан жазасы. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген мақал осыны аңғартады.

Мал жазасына құн төлеу, айбына, айып-қиып жатады.

Құн төлеу жазасы адам өлтіргені немесе оның аса маңызды дене мүшелерін майып еткені (көзін шығарғаны, құлақ-мұрнын кескені, аяқ-қолын сындырғаны) үшін кесілетін малмен өтеу жазасының түрі. Маңызды саналатын дене мүшелерінің әрқайсысының белгіленген құны болған. Құн төлеу жазасы негізінен тоғыз жүйесімен есептеледі. Құн төлеу жазасының жалпы бағдарға алынған мөлшері ер адамды өлтіргені үшін шамамен тоғыз тоғыз (жүз жылқы), әйел адамды өлтіргені үшін шамамен жеті тоғыз (50 жылқы) айып салынады. Нақты жағдайға байланысты төленетін құнның мөлшері бұдан да асып түсуі мүмкін. Мысалы, кісі өлтірген қылмыскер тұщы етіне ащы таяқ тигізіп, адамды азаптап өлтіргені, айдалада көмусіз тастап сүйек (мәйіт) қорлағаны үшін құн төлеу аталмыш мөлшерден әлдеқайда көбейе түседі. Сондай-ақ өнер адамдарын – жүлделі ақын, бәйгелі балуан, байрақты батырын өлтіргені үшін сүйек құны үстіне өнер құнын бөлек төлейтін болған. Сонымен бірге екі қабат әйелдің ішіндегі шарана да құқықтық әдет жолымен қорғалған. Екі қабат әйелдің ішіндегі баласын қанша айлық екеніне байланысты кесілетін айыптың өз мөлшері болған. Байырғы қазақ қоғамында құн төлеу жазасы айыптың ең ауыр түріне жатқан.

Айбына жазасы қоғам мүшелерінің мүлік меншігін құқық жолымен қорғауға негізделген ұрлық-қарлыққа қарсы қолданылатын мал жазасының түрі. Біреудің малына, мүлкіне қол сұғып ұрлаған адам, заттың өзін ғана емес, оның үш еселенген түріндегі айыппұлын төлейді. Бұл – жаза кесуде бағдарға алынатын мөлшер. Ал, шын мәнінде, ұрлықтың тигізетін зардабы, кесір-кесапаты тәрізді қырлары жаза белгілеуде айтылған мөлшерден асып түсіп жатады.

Айып-қиып жазасы қоғам мүшелерінің моральдық-этикалық нормаларын құқықтық әдет жолымен қорғаудың мал жазасына жататын түрі. Қоғамдағы моральдық-этикалық нормаларды бұзып, қоғам мүшесінің беделіне, атақ-абыройына нұқсан келтіріп теріс қылық істеген адамға ат-тон айып; ат-шапан айып; азусыз ат, астарсыз шапан (яғни «бір қой, кездеме») жиексіз тон («кездеме») айыбы (жазасы) кесілген. Бұл малмен өтелетін жазаның жеңіл түрі делінеді.

Сонымен, дәстүрлі қазақ қоғамының ішкі бірлігі мен тұтастығын, тұрақтылығын сақтауды институционалды жолмен реттеуде айып

институтының маңызы ерекше болған. Қоғам мүшелерінің арасындағы құқықтық қарым-қатынастың сан-алуан қырларын заңмен реттеуде ата-баба дәстүрі жолы негізге алынып отырған.

АЙЫП² – қазақтың дәстүрлі құдандалық салтында орын алған көңіл көтеру үшін қарсы тарапқа жасалатын міндеттеме «айып» түрі. Аты айып болғанымен, ешқандай құқықтық сипаты жоқ. И.И. Ибрагимовтың зерттеуіндегі айып туралы жинаған жазбаларынан үзінді келтіретін болсақ, құдалыққа барған құдаларды ауылдың әзілкеш, сауықшыл 7-8 әйелдері қоршап алып, жұмбақ айтады. Егер құдалардың ішінде келбетті, әйелдерге ұнайтындай біреу болса, әйелдер онымен әзілдерін де күшейтеді. Айталық, жұмбаққа жауап бере алмай қалса, әлгі құданы шешіндіріп, киіз үйдің ортасына байлап, түрткілеп, шымшылап, ішектері қатқанша күледі. Егер қарсылық көрсетсе, одан да сұмдығын көрсететінін алға тартады. Енді біреуі, өзіне жүктелген міндетті орындамаған құдаға сәукеле кигізіп, бұқаға теріс қаратып отырғызып, ауылды және көрші ауылды аралап шығатын болған. Егер талапты орындамаса тағы бір айып салады. Мұрыны таңқы, көзі соқыр, ұсқынсыз әйелді алып келіп, құдаларға оның бетінен сүюді талап етеді. Қандай киын айыптарда құдалар тек жақсы сыйлық беру арқылы құтылады.

АЙЫП АНЖЫСЫ / АЙЫП-АНЖЫ – айыпты жақтың жасаған қылмысты ісі үшін төленетін айыптан тыс жұмсалған билік шығындарының жиынтық атауы. Қазақтардың әдет құқығы жөніндегі айып институтын зерттеген ғалым Н.Айтқұлова билік шығынына байланысты деректерді М. Красовский, Л.Ф. Баллюзек, А.И. Мякутин, Н. Гродеков, Г. Загряжский, А.И. Добросмысловтардың материалдарына сүйене отырып, былай деп көрсеткен: хандық (ханлық), билікақы, жасауылақы, кепілақы, сүйінші, қаламақы, даушыға жіпкесер. Сондай-ақ зерттеуші осы аталған бөліктердің қандай жағдайда көлемі қанша мөлшерде болатынын салыстыра отырып талдағанын атап айтуға болады.

Алайда біз сот шығындары дегеннің орнына халықтық юриспруденция терминологиясында қолданылатын айып анжысы (айып-анжы) терминін қолдануды жөн көреміз. Айып анжысы немесе анжы кейбір нақты жағдайға байланысты, деректерде көрсетілгендей, төленетін құнның, айыппұлдың құрамдас бөлігіне кіргізілуі мүмкін. Сонымен қатар билер билігі басталғанға дейінгі қайсыбір шығынды дауласушы жақ бірге бөлісіп төлейтін реті де болған. «Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ереже бойынша, бұған билер түсетін үйді, оның ас-суын әзірлеу жатады. Дегенмен айып анжысының ең басым бөлігін әдет құқығы бойынша, айыпты жақ төлеген.

АЙЫП-ҚИЫП – ел ішінде мәртебелі, сыйлы адамның бет-беделіне нұқсан келтіретіндей немесе ренжітетіндей ісі мен қылығы үшін малмен төленетін жазаның, яғни мал жазасының бір түрі. Бұған ат-шапан айып, ат-тон айып, азусыз ат (бір қой), жиексіз тон (кездеме); азусыз ат, астарсыз шапан (жай кездеме) жатады. Мысалы, дүбірлі той, аста-төк ас-жиында әр тараптан шақырылған елдің мәртебелі, беделді тұлғаларына жұртшылық алдында өз рулары деңгейіне лайық сый-сияпат көрсетіледі. Бұндайда көрсетілген құрмет, жөн-жоралғы оның өз дәрежесіндегідей болмаса, тең атаның баласы теңдікке

тұрса да, кемдікке тұрмайды деген ұстанымға сүйеніп, дау шығарады. Көбінесе бұндай даудың «жібі» кең дастарқан үстінде «қиылып», айыпты жақ ренжулі адамға мынау айыбым деп ат мінгізіп, мынау қиыбым деп үстіне шапан жабады. Бір көңіл аударатын жайт халықтық юриспруденция терминологиясында ат және тон, азусыз ат және астарсыз шапан, азусыз ат және жиексіз тон деп бинарлық жүйемен айтылуының себебі жоқ емес. Бұл жерде даушыға ат-тон (дүние) қызық емес, ата-баба жолын, намысын қорғап, аруақты ризалау, аруақтың бетін қайтармау ұстанымы мал-мүліктен жоғары тұрады. Мінген аты, киген шапанын сол жерде-ақ лайықты деген адамдарға ететіндігі сондықтан.

Қонақты дұрыс күтпегені үшін де үй иесіне ат-тон айып салған. Ел арасында айыптың кейбір жеңіл түрі астарсыз шапанмен (жай кездемемен) шешілген, ондайды «айтуы бар да, алуы жоқ» деп атаған.

АЙЫПКЕР – дәстүрлі қазақы ортада «ата-баба жолына» кереғар «шектен шыққан» деп есептелінетін әлдеқандай одағай қылықтың, іс-әрекеттің соның ішінде қылмыстың субъектісін білдіретін ежелгі құқықтық ұғым. Әдетте айыпкердің құқық бұзушылығы ақсақалдар кеңесі, жүгініс, билер соты алдында айғақталынады. Айғақ берудің тура, жанама, естіген, көрген айғақ деген түрлері бойынша билер соты алдында жауап береді. Айыпкер ісінің ақ екендігін дәлелдеу үшін ант беру, жан беру тәрізді қалыптасқан нормалармен өзін ақтап алуға талпынады. Оны жақтаушылар үлкен қылмыстық істе, ру, қауым мүддесі мен беделі сынға түсетін жағдайда оның дұрыс, әділетті шешілуіне атсалысады.

АЙЫПТЫ (КІНӘЛІ) МАЛ – қыстан шыға алмайтын ақсақ-тоқсақ, кәрі-кұртақ, арық-тұрық, аурушаң малдың бірыңғай ортақ атауы. Еті мен қоңы төмен, шел байланбаған бұндай малды қыстан шыға алмайтындықтан малшы көтерем болмай тұрған кезде, яғни қара күзден қалдырмай, көбік қар түсісімен-ақ күздігүні қазан асқа сойып алатын. Ә.Бөкейхановтың мәліметіне қарағанда, мал арасынан ауруға індетке шалдыққыш малды қазақтар «кінәлі мал» деп те атаған. Осы ретте ескерер жайт – айыпты мал атануы жыл мезгіліне байланысты болған жоқ.

АЙЫР¹ – шабылған шөпті жинауға және маялауға, сондай-ақ қораны малдың жеуінен қалған шөп-шалам мен кәшектен тазартуға қолданылатын шаруашылық құралы. Дәстүрлі қазақы ортада айырдың қолданысы, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ерекше артты. Бұл жайтты қазақтардың отырықшы және жартылай отырықшы тіршілік салтына көшуімен түсіндіруге болады. Айыр жасалған материалына байланысты ағаш айыр, темір айыр деп бөлінеді. Ертеде айыр ағаштың аша келген жерінен сабы мен басы бүтіндей немесе басы бірнеше ағаштан қиюластырыла байланып жасалатын. Айыр сабының ұзындығы қолданысқа байланысты әртүрлі болады. Көлікке шөп тиеуге қолданылатын айырдың сабы ұзын әрі жуандау, ал күнделікті малға шөп салуға пайдаланылатын айырдың сабы қысқа болып келеді.

Айырдың басының қанша тармақтан жасалғанына байланысты ұшақа, төртақа, бесақа, ал қолданысына қарай пішен айыр, сабан айыр, тойтарма айыр

деген атаулары кездеседі. Кейінгі кезде темірден соғылған айыр бастары ағаш айырларды алмастырды. Бұндай айыр ағаштан сап сапталды.

Жолда көленең жатқан айырды аттамайды. Айырды жолға көлденең тастамайды, көлденең жатса тіктеп сүйеп қояды. Себебі адам немесе мал абайсызда жарақаттануы мүмкін.

ҚР МОМ қорында басы бірнеше ағаштан құралып, ағаш сапқа бекітіліп жасалған айырдың бірі (КП 1614) сақтаулы. Оның ұзындығы 160 см, басының ені 43 см.

АЙЫР² – қыс маусымында мұзды ойып балық аулағанда бір ойықтан, екінші ойыққа қарай бөреген немесе нәрел деп те аталатын ұзын сырықты тез жылжытуға арналған ағаш немесе темір сырық.

Мұндай айыр түрін айдау айыр, айдау ағаш деп те атайды.

АЙЫР³ – қос өркешті түйелердің жалпы атауы, таза қанды түйе тұқымы.

АЙЫР КӨМЕЙ, ЖЕЗ ТАҢДАЙ – қазақы ортадағы аса ділмар, жұрттан озған дегенді білдіретін атау. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде сөздің киесі қонған, әділ би, шешен адамды, әннің, жырдың киесі қонған әнші мен жыршыны айыр көмей, жез таңдай деп атайтын болған. Көшпелі қоғамдағы сан алуан қатынастар барысында түрлі таксономиялық деңгейдегі қауымның, атап айтсақ әр ата, ру, тайпа немесе елдің намысы сынға түскен кездерде олардың атынан сайысқа, жарысқа түсетін айыр көмей жез таңдай әнші, шешен, сөзуар, ділмарлар жұрттың алдына шығады. Олар сөз сайыстырып қана қоймайды, оларға жүктелетін міндет онан ауқымдырақ: сөз тапқырлығы мен қазақы жора-жосынды қаншалықты білетін, ұстанатын көшелілігі, көрегендігі, білгірлігі, ел мен жердің тарихын, елдік саясаттағы, қазақы моральдық-этикалық нормаларды, әдет-ғұрып заңдарының нормаларына жетік екендігі және т.б. қасиеттері мен ерекшеліктері сын тезіне түседі. Бұл айтылғандарды шешендік сөзбен, ұйқасты өлеңмен шебер өре отырып, қарсыласының осал тұсын, әңгіме дау-дамай тақырыбына ойысса оның ісінің дұрыстығын немесе бұрыс екендігін дәлелдей білуі қажет.

АЙЫР ҚАЛПАҚ – жұқа етіп басылған киізден тігіліп, шеттері матамен (барқыт, пүліш) әдіптелген баскиім түрі. Ол төрт сайдан, етегінің екі жаны жырық етіп құралып тігіледі. Ол басқа етегі қайырылып киіледі. Сонымен бірге, қазақы ортада айыр қалпақтың қайырма етегі мен төбесі зермен кестеленген, түрлі түсті жібек матамен тысталған, ою-өрнек салынған түрлері де бар. Айыр қалпаққа кейде төбеден төгілдіре шашақты маржан тағылады.

Баскиімнің қайырма етегінің алды-арты жырық болғандықтан айыр қалпақ деп аталған. Айыр қалпақ шибарқыт, шұға сияқты матадан да сырылып та жасалады. Ертеде айыр қалпақтың материалын күзем жүннен түбіт қосып жұқа етіп бастырып, киізден дайындаған. Айыр қалпаққа ұқсайтын, қайырмасы (түрмесі) бітеу келген, дәстүрлі қазақ қоғамында биік мәртебелі хан, сұлтандар киетін ғұрыптық баскиім түрі мұрақтың пошымы, бітімі, символикалық мәні ерекше болды.

ҚР МОМ қорындағы (КП 502) айыр қалпақ талдырма киізден тігілген. Керегесі 22 см, мильық шеңбері 62 см. Баскиім төрт сайдан құралған, төбесі дөңгеленіп біткен. Қара түсті матадан сайлардың қосылған тігісіне сызық

түсірілген және қайырылған жеріне дейін айналдыра ширатылған жіп жиек бастырылып, соның тұсынан тігіс жүргізілген. Баскиімнің қайырмасы кара түсті барқытпен әдіптеліп, матамен астарланған.

АЙЫР ТҮЙЕ – қос өркешті (екі өркешті) түйе тұқымы. Түйенің бұл тұқымы таза қанды айырдан, сондай-ақ айыр мен қоспақ аталатын түйе тұқымдарының арасынан алынады. Айыр түйе жүндес, шудалы болып келеді. Осыған сай ол суыққа төзімді болады. Айыр түйе бес жасқа толғанда қасқа тістері (ортаңғы екі тісі) түсіп, оның орнына екі тіс жаңадан өсіп шығады. Бұдан кейін тісеу жылда қайталанып, қасқа тістердің екі жағындағы тістер бір-бірден түсіп, қайта өсіп отырады. Осылайша айыр түйе сегіз жасқа келгенше барлық тістері түсіп, оның орнына жаңа тістері шығады.

Өркештері бір-біріне шамалас, өркеш арасына екі адам миңгесіп отыра алатындай кең болып келеді. Сондықтан айыр түйе мінуге, жүк артуға қолайлы саналады. Ерте кезден айыр түйе мен нар аталатын жалғыз өркешті түйені будандастыру арқылы жаңа тұқым алынған. Бұл алғашқы тұқым біртуған, бекбатша нар, қолбатша нар, жампоз нар деп аталған.

АЙЫРБАС САРАЙ – ақша, мүлік және малдың айырбасқа түсетін орны. Ертеректе мұндай айырбас сарайлар ірі жәрмеңкелер жұмыс жасаған Қойлық, Сарайшық, Тараз сияқты қалаларда болған. Ол жерде күміс, динар, ділдә сияқты ұсақ ақшалар мен бірге алтын немесе күміс тайтұяқтар айырбас саудаға түсті.

Кейіннен қазақ жеріндегі айырбас сарайлар отарлаушы ел салған бекіністерде ашылды. Мұндағы мақсат – шекаралық аймақтарда қауіпсіз сауданың жүруіне жол ашу. 1756 жылы Өскемен мен Семейде ашылған айырбас сарайларында қазақтар жан-жақтан ағылып келген саудагерлердің заттарына мал өнімдерін айырбастауға мүмкіндік алды.

1759 жылы желтоқсан айында Петропавловск бекінісінде айырбас сарай жұмыс жасап, орыс және сырттан келген саудагерлер күнделікті жұмыс істейтін дүкендерін ашты. Осылайша, отарлаушы елдің қазақ жеріне салған ірі бекіністерінде жан-жақтан саудагерлерді шоғырландырған айырбас сарайлар тұрақты түрде жұмыс жасады. Бұл қазақтың малын орыстар мен сырттан келген саудагерлердің арзанға айырбастап алуына зор мүмкіндік берді. Дәл осы тұста қазақтардың жылқылары мыңдап сыртқа кетіп отырды.

Қорыта айтқанда, арнайы ашылған айырбас сарайларда қазақтар өз малын астық пен қажетті заттарға айырбастап, жоғын түгендегенімен, зор пайданы орыстар мен келімсек саудагерлер көрді.

АЙЫРБАС САУДА – мүлік немесе малды баспа бас айырбастау. Бірқатар тарихи деректер бойынша ертеректе Тараз, Испиджаб, Отырар, Суяб сияқты ірі қалалардағы жәрмеңкелерде тұрақты түрде айырбас сауда жүргізілді. Жетісу өңіріндегі айырбас сауданың өтетін жері Тараз қаласы болды. Деректерде арнайы айырбас сарайы болған Тараз қаласының «Көпестер қаласы» деп аталуы тегін болмаса керек. Мұнда әр елден келген саудагерлер аралас тұрып, жергілікті халықпен айырбас сауда жасады. Бұл кезеңде Суяб және Тараз сияқты қалалардың тұрғындарының басым көпшілігін көпестер мен саудагерлер құрады.

Көшпелі ортада тұрмыстық қажеттілік үшін айырбасқа түсетін оның малы болғандығы сөзсіз. Қазақтар жоғарыда аталған қалалардағы жәрмеңкелерге малдарын әкеліп, қажетті заттарға айырбастап алып отырды. Онда айырбасқа түсетін күнделікті тұрмысқа қажетті заттармен бағалы маталар болды.

XV-XVII ғасырларда Ресейден қазақ жеріне күміс, шұға, атлас, айна, бағалы аң терілері әкелініп айырбас сауда жасалды. Осы кезеңде Мәуреннахр, Түркістан аймағынан, сондай-ақ Қашқар мен Қотаннан әкелінген әртүрлі заттар жергілікті халықпен Сығанақ және Иасы қалаларында айырбас саудаға түсті.

Кейінірек Ресейдің отаршылдығы дендеген тұста Орынбор өлкесі айырбас сауданың дамыған орталығы болды. Мұнда айырбас сауданың ең бастысы астық пен мал болды. Тарихи деректердің мәліметінше қазақтар айырбас сауда үшін әр жылы Орынборға мыңдаған малдарын әкеліп отырған. Олар малдарын алдымен астыққа айырбастаған. Ал мал терілері мен өздері әкелген бағалы аң терілеріне қамқа, мәуіті, барқыт және бағалы жібек маталарға, сондай-ақ әртүрлі орамалдар, кенеп және зерге айырбастады. Кейбір орыс деректерінде қазақтар айырбас сауданы көбінесе қоймен жасағандығы айтылады. Алайда, орыс саудагерлері қазақтармен әсіресе жылқыны айырбастап алуға тырысқан. Өйткені қазақтар қашанда жылқының күйін келтіріп, баптап ұстаған. Айта кететін жайт, аталмыш айырбас сауда кезінде отарлаушы ұлт жағынан көшпелілерге көрсеткен әділетсіздіктер орын алып жатты. Атап айтқанда, орыстардың алғашында сапалы тауарлары сатылғанымен, олар кейіннен сапасыз заттарын айырбас сауда кезінде жоғары бағалап, қазақтың малы құнын жоғалтты. Яғни орыстар түкке тұрғысыз арзан заттарын қазақтарға 1 қойдан бастап айырбастап алып отырды. Бұл жайтты, тарихи деректерде қазақтың малы көп болған соң оның құнын білмеуі десе, кейбірінде бұл орыс саудагерлерінің отаршылық озбырлығы деп түсіндіреді.

Қазақтар қашанда пайда табу үшін емес, тұрмыстық қажеттіліктерін өтеу мақсатында айырбас саудаға барған. Сондықтан көшпелілермен сауда жасап, пайда көздеген бұқарлық, хиуалық, орта азиялықтар, ноғай мен орыс саудагерлерін жатсына қабылды. Олардың әрекетінің қазақ дәстүрлі қоғамының құндылықтары мен нормаларына жат екендігін жақсы білді. Осыған орай, моральдық педагогикалық, дидактикалық әдебиеттерде пайда көздеген сауда туралы төмендегідей мәтел, тұрақты тіркес, прецеденттік мәтіндер қалыптасты: сауда сақал сипағанша; қыз мұраты – кету, сауда мұраты – ұту; саудада достық жоқ; еңбек түбі – қуаныш, сауда түбі – борыш; жақсымен сауда қылсаң керіс болмас, жаманмен сауда қылсаң тегіс болмас.

Қорыта келгенде, қазақтар айырбас сауданы тек тұрмыстық қажеттілік үшін ғана жасаған. Оның үстіне көшпелі ортада малдың ырысы, шаруашылықтың берекесі кетеді деп малды ақшаға сатпаған. Сондықтан, тұрмысқа қажет заттарын алу мақсатында, тек керек уақытында ғана айырбас сауда жасап отырған.

АЙЫРҒАН АЛТЫН – қоспасы жоқ таза алтын. Сынамасы жоғары мұндай алтынды зергерлер әртүрлі әшекей бұйымдар әзірлеуде қолданған.

Эстетикалық мәнділігімен байланысты алтынның сапалы түрін білдіретін айырған алтын атауы халық ауыз әдебиетінде әдеміліктің, сұлулықтың эталоны ретінде қолданылған:

Айырған алтын секілді,
Нұр сәулелі жүздерің.
Қарасам бүгін өзгеріп,
Солғын тартқан өңдерің.

АЙЫРҒАН МАЙ – қайнатылып, тортасынан бөлінген сары май. Майды тортасынан айырып алу үшін арнайы ыдыста ерітіп, отын баяу жағып қайнату керек. Біраз қайнағаннан кейін, майды тұндырып қойса, түбінде қоймалжың зат тұнып қалады. Мұны торта деп атайды. Өңірлік ерекшеліктерге байланысты, шөбеге деп те аталады. Айырған май бұзылмай ұзақ сақталады. Айырған майдың қышқылтым дәмі болатындықтан, көбінесе құр өзін жемегенмен, тәбет ашу мақсатында нанға жағып жейді. Кейде балға араластырып та пайдаланады. Айырған маймен тарыны (сөкті) шылайды. Мұдай тарыны ұзын сары кезіне дейін бүйенге салып сақтауға болады. Ол айырған майды, кей жерлерде қайырған май, күйдірілген май деп те атайды.

АЙЫРҚОМ – аттың жауыры тез жазылуы үшін салынатын ер. Оның аттың шоқтығы мен қыр арқасына келетін белі ашық етіп жасалады.

Айырқомды ерттегенде астына ортасы ойық ішкілік пен тоқым (желқом) тоқылады немесе ердің екі қапталына киіз қалың етіп салынады. Айырқом ерттелген ат арқасы үнемі ашық болады. Ішкілік пен ер белағашы жауырға тиіп қажамайды, жауыр жел қағып тез жазылады.

АЙЫРМА / БІРБИДАЙ – күйіс қайтаратын малдың бақайында кездесетін аурудың атауы. Б.Хинаяттың мәліметіне қарағанда, қыста, көктемде, жаздыгүні сортаң, батпақты жерде жайылған малдың бақайы арасына шөп пен батпақ араласа кіреді. Бақай арасындағы құндыздық теріге шабады. Бақайдың арасы базданып, ірің кеулеп кетеді де, көлемі бидайдай қошқыл дақ көзге шалынады. Ірің бақайдың арасына таралады, оның іші қуыс болады, іргесіне ақ түк көп өседі. Көбеде бидайдай түйір өскені байқалады. Оны айырма немесе бақай арасындағы түйірге байланысты «бірбидай» деп атайды. Сонымен қатар, осы ауруды түйір жара деп атау да кездеседі. Сөйтіп, мал батып ауыртатын «қар ақсақ», «батпақ ақсақ» ауруына ұшырайды.

Ауырған қойды жығып, емшілер оташылық жасайды: өткір кездікпен түйірдің аузын тіліп, ішіндегі түйірді (өзегін) қысқышпен тартып алып тастайды. Ашылған өзектің орнына бірнеше түйір тотайын салып, үстін күйдірілген құрым киізбен орап тастайды.

АЙІЛГЕК – әйелдердің камзол, шапан тәрізді үй киімдері мен сырт киімдеріне тағатын мүйізден әшекейленіп жасалған, ай орағына ұқсас, көлемі баланың саусағындай сүйектен жасалған түйме түрі. Айілгекті малдың, аңның бақалшық, жіліншік сияқты шыны (қатты) сүйектерін тазалап алған соң, сүйекті отқа қыздырып балқыта отырып, иіп, ай орағы пішініне келтіреді. Ұзындығы екі елі шамасында етіп кескеннен соң, екі басын сүйірлеп жіңішкертеді де, қақ ортасынан түйме тағатын тесік шығарады.

Мұндай түймелерді сыртқы киімге қадайды және оған арнайы ысылған баудан үлкен етіп түймелік қадайды. Егер сүйек үлкен болса, металдан тойнақ салып, түймелік етіп жасайды. Балалар мен қыз киіміне арналған айылгек түймелердің басын күміс қақтап безендірген әсем түрлері де бар.

АҚ – даудың әділ шешімі; дау-шарға түскен бір істің дұрыстығы; дұрыс жолдағы адам. Осымен байланысты Аққа Құдай жақ деген сөз орамы қалыптасқан. Даулы мәселеде дауласқан екі жақ та сол дауды шешуге өз ортасынан биін сайлайды. Екі бидің қайсысы тапқырлық, шешендік танытса, сол үстем болады да дау соның ыңғайына қарай шешіліп кетеді. Қазақтың істің ағы білмейді, жігіттің бағы біледі деуі сондықтан.

АҚ АЙЫЛ – көп мінілген мініс аты. Бұндай аттың өзге мініс аттардан ерекшелігі, үнемі үстінен ер түспегендіктен арқасының жауыр болған және айыл-тартпаның қиған орындарында ақ түсті түктері болады. Сондай-ақ ер еттегеннен ығыр болғаны соншалықты тоқым саларда денесі тітірткеніп, белі бүгжеңдеп бір орында тұрмайды. Ақ айыл болған атты ұзақ уақытқа жайылымға жіберіп, күтімге алса оңалып, қалпына келеді. Осындай ерекшелігінің болуына байланысты жылқы малын ақ айыл қара төбел, ақайыл бие деп атау кездеседі.

АҚ АЛЫП ШЫҒУ – ел бірлігі, ынтымақты меңзейтін көшпелі ортада қалыптасқан моральдық этикалық ұғымды білдіретін ғұрып. Қазақы ортада алыс жолда көшіп бара жатқан көш ауыл тұсынан өтіп бара жатқан кезде сусын, дастарқан алып шығу міндетті саналған. Көбіне айран, қымыз немесе шұбат алып шығатындықтан ғұрыптың атауы осылай қалыптасқан. Ағарған беру көңілдің ақтығын, тазалығын білдіреді. Бұл семантикалық таңбаның мазмұны аса кең: ағарған үстінде айтылған ақ тілек қабыл болады, мал төлдеп желіні сүтті болады, сүмесін (сүт өнімдері) мол болады деген сенімнен және Алаштың бөлінбеген еншісі тәрізді ұғыммен байланысты қалыптасқан. Ақ алып шығу дәстүрінде таныс-білістік есепке алынбайды. Егер тұл атты алдыға салған қаралы көш болса, ақ / дәм алып шығушылар сол жерде көңіл айтады, көш бастап келе жатқан жесір жоқтау айтады. Қалыңдық көшіне ақ (дәм) алып шығу оған ақ жол, өміріне бақыт тілеудің нышаны.

АҚ АУЫЗ – тиісті үлесінен, сыбағасынан айрылып, алданып қалған адам. ХІХ ғасырдың 20-30 жылдарында Орталық Қазақстанның тау-кен өнеркәсібінде еңбек ететін жергілікті ұлт өкілдерінің арасында күндік нормасын орындай алмаған шахтерлер ақ ауыз деп аталып, оларға наряд жазылмай, табысынан құр алақан қалатын болған. Сәкен Сейфуллин өз басынан өткен осы жайтқа байланысты жер астындағы конвойда бұрғылайтын нормалары орындалмай қалса, бұрғыланбай қалған бөлікті ақ бормен белгілеп сызып қоятындығын айтады. Жоспарын орындай алмаған күні ақ ауыз болып қалдым дейтін болған, ол күнге еңбекақы жазылмаған. Осымен байланысты ақ ауыз тіркесі қалыптасқан.

АҚ БАЛТА – ақ түсті болаттан жасалған, сабы күміспен әшекейленген ертеректегі айбалта түрі, соғыс қаруы. Халық ауыз әдебиетінде, ХV-ХІХ ғасырларда жыраулар тілінде ақ балта атауы жиі қолданылған.

Толғамалы ақ балта толғап ұстар күн қайда,

Алты құлаш ақ найза, ұсынып шаншар күн қайда,
Садақ толған сайгез оқ масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп созып тартар күн қайда!
(Доспамбет. Алдаспан).

Шеберлер ұстайтын, сапасы жоғары темірден жасалған өткір, жеңіл, ағашты мүсіндейтін балтаны да ақ балта дейді. Ал, отын жару, ағаш шабу т.б. тәрізді үй тұрмысындағы қара жұмысқа пайдаланатын балтаның түрін қара балта деп атайды.

АҚБАЙПАҚ – байырғы кездегі қазақ балаларының ботасын іздеген інген және басқа да ойыншылар болып ойнайтын ұжымдық ойыны. Аталмыш ойынның қалай ойналатынын Ә. Жақып жазған сипаттамадан айқын байқауға болады: Ойыншылар дөңгеленіп жүресінен отырып, орталарына бір ойыншыны «бота» деп, көрсетпей бүркей отырады. Осы кезде боздап, ботасын іздеп, «інген» роліндегі бала келіп, дөңгелене отырғандардың бірінің иығына отырады.

Ойыншы: – Ақ иығымның үстіндегі кім?

«Інген»: – Ақ байпақ.

Ойыншы: – Нең жоқ?

«Інген»: – Ботам жоқ.

Ойыншы: – Ботаң көлге барып, бетін жуып жатыр,

«Інген» 5–6 қадам ілгері жүріп: «бө-ө-ө!» – деп боздайды да – жоқ қой, – деп орнына қайта оралып, әлгі ойыншыны артымен бір түйіп, екінші ойыншының иығына барып, бұрынғысынша сыртын беріп отырады.

Ол да: – ақ иығымдағы кім?

«Інген» – Ақ байпақ...

Әр ойыншы ботаның қайда екенін, бірінің сөзін бірі қайталамай тез және дәлелді, түйе малының тіршілігіне сай сөз тауып айтулары керек («шөпшек теріп жүр, «күлге аунап жатыр» т.б.). Осылайша ойыншылардың иық кезегі біткенде, ойыншылар: «Ботаңа су бердім, нан бердім, қант бердім т.б.» деп кезектесе айтып, жан-жаққа бытырай қашады. «Інген» ботасын олардың орнынан тауып алған болады да: «Кім саған не берді, не қорлық көрсетті?» – деп сұрай бастайды. Соңынан ботаны күтпеген, өкпелеткендер «інгеннің» бұйрығымен жаза үшін өлең не би, не тақпақ айтып беруге тиісті болады (Ә. Жақыпов).

Ойын барысында балалар би билеп, өлең, тақпақ айтып, көңіл көтерумен қатар түйе малына байланысты білгендерін кеңейте түседі. Ойын кезінде бір бала шөпшек бердім десе, келесі кезектегі ойыншы жантаққа жайдым дейді. Басқа бір ойыншы тұз жалаттым десе, одан кейінгі бала құдық басындағы науадын су ішкіздім деп, бірін-бірі қайталамастан толықтырып байыта түседі. Сондай-ақ, балалар ойын барысында түйе малының күтімін; інгеннің ботасын іздеп зар қағуы, ботаның боздауы сияқты жануардың этиологиялық ерекшеліктерін аңғара бастайды. Міне, бұл айтылғандар балалар ойынының мазмұнындағы танымдық сипатқа жатады.

Ойынның ақбайпақ аталу себебі болу керек. Х. Арғынбаевтың зерттеуінде ақбайпақ ірі қарада (сиырда, түйеде) болатын «мәлік індетінің бір

атауы делінген». «Ойда жоқта кенеттен бұрқ ете қалатын ауру болғандықтан, «байпақпен келген тәрізді жүрісін білдірмейді деген ұғымның негізінде оны ақбайпақ атандырған тәрізді» (Х.Арғынбаев). Аталмыш ойынның ақбайпақ аталуы осы айтылған ойға меңзейді. Бұл жерде мәлік індетінің иесі (құдайы) ботасын іздеген ақбайпақ болып келеді; ботаны жасырған ойыншы ақбайпақты «адастырып», көлге, суға, шөпшекке жібереді. Ойынның астырта жатқан мәні осыған саяды. Байырғы қазақы ортада «Ақбайпақ», «Ақ бұзау» түрінде келген Мәлік, Бәдік тәрізді індет құдайларын жастар мен жас жеткіншектер ойынға, ойын-сауыққа тіпті сайқы мазаққа да айналдырып жіберген. Бұның себебі қазақы қоғамда көпқұдайлықты терістейтін дінмұсылманшылықтың ірге тебуіне байланысты болса керек.

АҚ БАСҚҰР – тоқылу барысында түк салынып тоқылған бау түрі, киіз үй баушы.

АҚ БАТА – халық шығармашылығының ауызша түріне жататын кестелі, мазмұны келісті сөз, ізгі тілек.

АҚ БАТАЛЫ ЖЕСІР – қалыңмалын төлеп айттырып қойған, бірақ ұзатып әкелгенше айттырған жігіті дүниеден озған қалыңдық атауы.

АҚ БЕРЕН – жауынгерлік қару-жарақтың кейбір түрлерінің поэтикалық жанама атауы.

АҚ БЕЛБЕУ – сыйлы адам қайтыс болғанда марқұмның жетісін өткізгенге дейін ер адамдардың тағып жүретін белбеуі.

АҚ БЕРУ – күйеужігіт қалыңдықтың әкесінің босағасын аттап тағзым етіп сәлем бергеннен соң, амандық-саулық сұрағаннан кейін оған ұсынатын қымыз. Бұл күйеуге ақ беру деп аталады.

АҚ БИКЕШ – ақталған ірі, көбіне майсөк жасалатын, тағамдық мөлдір дәнді ақ тары. Ақ тарыдан жасалған тағам, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батыс өңірлерінде қазақ дастарқан мәзірінің негізгі элементі болды.

АҚ БОЗ АТ – түгінде ақшыл көк түс басым жылқы түсінің атауы. Дәстүрлі ортада бұл атаудың ғұрыптық мәнге ие болуы бастапқыда ақ түсті қасиетті деп танумен байланысты. Ақ түс негізі күн түсіне баланған. Ертеректе ақшыл түсті жылқы Көк тәңіріне ғана бағышталып құрбандыққа шалынатын мал ретінде ерекше қастерленген. Орта ғасырда ел басқарушылар мен лауазымы жоғары адамдар ақ боз атты мініс көлігі ретінде пайдаланған. Сөйтіп, ақ боз ат өз иесінің атақ-даңқын, лауазымын, әлеуметтік статусын айғақтайтын символдық мәнге ие болған. Көрнекті этнограф ғалым Х.Арғынбаевтың зерделеуінде Құрбандыққа ақ түсті малды шалу екі дүние арасындағы жалғастырушылықты білдірсе, төрт түлік ішінен тек ақ түсті жылқы ғана «өлілер патшалығына» қан шығарып, құрбандық шалушылардың ниетін оңай жеткізуші медиаторлық рөлді атқарушы деп есептелді. Дәстүрлі наным-сенім бойынша, адам ақ боз биенің сүтіне шомылса, бойындағы науқасы, қайғы-қасіретінен тез айығады. «Алпамыс батыр жауды жеңіп, жорықтан қайтып келген соң, тақсірет тартқан ата-анасын боз биенің сүтіне шомылдырады» делінген. Балаға анасының алдындағы өтелмес қарызы барын айтқанда осы

шешенді боз биенің сүтіне шомылдыратын жайың бар ғой, – деген сөзді әлі күнге дейін ел арасынан естуге болады.

Ақ боз түс байырғы этномәдени ұғымда жеңістің нышаны дегенді аңғартады. Алтай мен Шыңжаң қазақтары ақ боз атты көбінесе көк ат деп атайды. Шамасы бұл ертедегі ғұндар мен көне түркілердің көк тәңіріне ақ боз аттарды құрбандыққа шалуынан қалған түсінікпен сәйкес болуы керек. Байырғы қазақтардың боз түсті жылқыларды қадірлеп, ерекше қасиеті бар деп түсінуін әртүрлі әдет-ғұрыптардан, жөн-жоралғылардан аңғаруға болады.

Жалпы Орта Азия халықтары сияқты қазақтар да некелескен қыз ұятты болып шықса, оны масқаралап, бетіне күйе жағып, өгізге теріс отырғызып, тесік қазан мен шүмегі сынған шәугім ұстатып, еліне жөнелтіп қалыңмалын қайтарып алатын. XVIII ғасырдың аяғында Семей жерінде қазақтың екі руының байлары құдандаласқанда қыз ұятты болып шығады. Осындай тығырықтан құтылудың жолы ретінде екі жақтың билері құдандаласқан екі баймен келісе отырып, қызды ақ боз биенің сүтіне шомылдырып, күйеуіне қосады.

Алайда қолданыстық тұрғыдан келгенде, ақ боз жылқының алыс жолға шыдамайтын әлсіз, бәйгеге шауып жарытпайтын төзімсіз екенін көптеген жылқышылар мен атбегілер де бірауыздан мойындайды. Дерек берушілердің айтуынша, Тәуке ханның «Жеті жарғысында» Ақ боз атта құн жоқ деген бап болған. Ақ боз ат ұрланса, құн төлемеген. «Жеті жарғыда» боз жылқыға таза тұрмыстық қырдан қараған, шаруашылықта пайдалануға әлсіз ақ боз ат аса құнды деп бағаланбаған.

АҚ БОЗ АТАН – байырғы қазақы ортада көбіне әсемдік сән-салтанаты үшін өсірілетін түсі ақшылдау түйе түлігі. А.О. Добросмыслов жүк көтеруге әлсіз, суыққа шыдамсыз келетіндіктен қазақтар ақ түйені (атанды) әдейі өсірмейді, ақ түйені әсемдік, салтанат үшін бірлі-жарым атақты байлар ғана пайдаланады деп көрсетеді. Ал қазақ дәстүрінде ақ ботаның, ақ атанның культі ақ боз аттан кем түспейді. Ақ боз атты да көбіне әсемдік, сән-салтанат үшін өсіретін болған.

АҚ БОЗ АТ ШАЛУ – тәңірге жалбарынып, құрбандыққа ақшыл түсті жылқы шалу. Ақ боз ат шалу әсіресе, әлеуметтік мәртебесі аса жоғары уақиғалар кезінде жасалады. Мысалы, боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге отырғызып, ханды көтергенде, ел-жер тағдыры сынға түскен шешуші ұрыстар алдында батырларға, олардың қалың қолына ақ жол тілегенде ақ боз ат сойылады.

Қысылған әскер басының,
Қасына барып тұрғанда.
Ақ боз атты шалғанда,
Мойныңа кісе салғанда
Баба түкті шашты Әзіз,
Содан бата алғанда
Тілеуің қабыл болғанын.
Басына қыдыр қонғанын,
Ұмыттың ба соны, Абылай!

(Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967)

«Қобыланды батыр» жырында Қараманның «Боз ат шалып Құдайға, қырық мың қол алып» Қобыландыға көмекке аттанғаны айтылады. 1726 жылы үш жүздің басы бірігіп, Әбілқайырды бас қолбасшы сайлап, жоңғарға қарсы шыққанда ақ боз ат шалу рәсімі орындалған.

Екі ел арасындағы шапқыншылық тоқтатылып, бітімге келген жағдайда ақ боз бие сойылып, қанына елшілер қолдарының сұқ саусақтарын батырып, енді ешқашан жау болмаймыз деп анттасқан. Ақ боз ат сойып ант беріп, куә болу қазақ салтында ХХ ғасырдың басына дейін жеткен. Бұдан басқа ақ боз атты құрбандыққа шалу рәсімі көптен көріспеген туыс-жегжаты келгенде, жаугершілікте жоғалып кеткен туыс-тумасы табылғанда, табындағы мал өліп, жылқы шығынға ұшырап тоқтамай қойғанда жасалады.

Ал жетіатадан соң дербес ру болып бөлінген кезде құрбандыққа ала жылқы шалынады. Қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі жеті атаға толмай қыз алыспайтын рулас ағайындар ру-қауымның демографиялық мөлшері тым көбейген жағдайда, яғни сегізінші атадан әрі көбейіп, жайылым жер жеткіліксіз сезілгенде, арнайы үлкен жиын өткізіліп, алдын ала дайындалған жылқының құйрығын тараптардың ру басылары өзара кесісіп, арнайы керілген ала арқаннан бөлінетін жақтың игі жақсылары аттайды. Соңынан аруақтарға арнап ала жылқыны құрбандыққа шалып, ру ақсақалдары өз араларында қыз алысуға келісім берген.

Ақ боз биені құрбандыққа шалу себебі – аруақтарды риза қылу. Сонымен бірге, өркендеу идеясының бір ғұрыптық көрінісі деуге болады.

АҚ БОЛУ – сауын малында кездесетін желін ауруының атауы. Ол жаппай тобымен ауыртатын іріңсіз барттанып ісінеді. Малдың сүті су секілді бозарып, көгілдірленіп сұйыла түседі.

АҚ БОЛЫП КЕТТІ – сауын малының мезгілінен ерте суалуы, сүтінің тартылуы. Оның себебі сан алуан желіннің түрлі аурулары (айталық, ақ болу, топжелін және т.б.) дәстүрлі мал шарушылығындағы бағым-күтімнің бұзылуы мен өріс отының азаюы және т.б. Жаңбыр аз болып, жердің шөбі ерте қурап кетсе, немесе көктемесе, аш саулықтар мезгілінен бұрын суалып, ақ болып кетеді. Көбіне қой мен ешкіде жиі кездесетін ақ болып кеткен малды сауған кезде желінде сартылдаған дыбыс естіледі. Өйткені, желін тым қатайып кетеді. Мал ақ болып кетуді халықтық тәжірибе былайша да түсіндіреді: сүтті байқаусызда жерге төгіп алу, басып кету, сүтті қадірлемеуден де болады-мыс. Сондықтан, төгілген сүтке саусағын тиігізіп, тәу етіп өзінің маңдайына жағады. Мұндай ырымды жасамаған адамның малы ерте ақ болып кетеді және оның салдарынан ондай үйге «ақ құтаймайды», яғни сүт іріп, айраны ашып кететін болады. Ақ болуды қазақ жаман нышанға балаған, яғни сол шаңырақтың ырыздығы азаяды деп ырымдаған.

Ақ болған саулық малдың желінін мәйітті жуған шүберекпен сүрткен және қасқырдың бас сүйегіне сүт тамызған. Егер мүмкіндік болса, қасқырдың көмейіне ақ болған малды сауса тез айығып кетеді деп сенген.

АҚ БОРАН – қыс кезінде ұзаққа созылып соққан алай-түлей, түтеген боранның атауы. Ақ боран кейде бір апта, кейде он шақты күнге дейін созылуы

мүмкін. Ақ боранда мал өріске шыға алмайды, тебіндеп жайыла алмай, қолдағы жем-шөпке қарап қалады.

Қыстың аяқ шенінде көбінде ақпан айында болатын бірнеше күнге созылатын күшті боранды Арқа жақта «ақпа» деп атайды.

АҚ БӨЗ – өте қалың емес ақ бұлдан тоқылған арзанқол бұл, кездеме. Жергілікті тілде ақ болатынай, ақ бәтес, ақзоң, ақ бұл т.б. атаулары бар. Бұлдың бұл түрінен көйлек, орамал, көрпе-жастық т.б. тұрмыстық заттар тігіледі. Бұлдың ең қарапайым түріне саналатын бөздің жұқа, сапалы түрін ақырет кебінге жаратқан.

АҚ БҰЗАУ – қазақ балаларының осы ұлттық ойыны туралы мәлімет, әзірше, Ә.Марғұланның архивінде ғана кездеседі. Ғалымның айтуынша, көп бала жиылып ойнайтын оның реті төмендегідей: Бүкіл балалар етпетінен жерге жатып, бір бала жатқан балалардың үстіне шығып тұрады. Сонда астындағы бала: «Бұл кім-ау?» – дейді. Сонда әлгі бала: «Сеңгірбай пұшықпын» – дейді. «Нең жоқ?» – дейді. «Ақбұзауым жоқ» – деп жауап береді. Ол: «Ақбұзауымды көрдің бе?» – дейді. «Жоқ, көрмесем де азан шақырсаң тауып берейін», – дейді. Сонда, азан шақырады:

Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар,

Аяқ сала, аяқ пәле, – дейді. Сонда, әлгі балалар «ақ бұзауыңды мен жедім» деп қашады, «Сеңгірбай пұшық» қуады. Балалар амал қылып, бұзауын жоғалтқан «Сеңгірбай пұшыққа» «мынау бұзауыңның басы» деп, болмаса аяғы деп бірнәрсе әкеп береді. Ол алып кетіп қалады.

АҚ БҰЙРЫҚ[ТЫ] ӨЛІМ – кездейсоқ опат жағдайда емес, жасы жетіп қартайып, өз ажалынан болған қаза. Өйткені. Алланың бұйрығымен болғандықтан, жөнімен келген қаза. Өз ажалымен қайтыс болған «асарын асап, жасарын жасап», артына жақсы өсиет және үлгі-өнеге қалдырып, атаукере, имансуын ішіп, бала-шаға, туыс-туғандарының алдында армансыз көз жұмған жандарға «ақ бұйрықты өлім бұйырған екен» дейді. Яғни ел-жұрт, ауыл-аймағы ішінде құдайдың жіберген ажалы жетіп, дәм-тұзы таусылып өлген өлім дегенді білдіреді.

Ел аузында өлімнің бұл түрі ақ өлім деп те аталады:

Ер жігіт ақ өліммен өлгенінде,

Сыз төсек қара жерге көмгенінде.

Жалғыз-ақ сорлы ананы аяймын мен,

Ойға алып жақындарын тергенімде

(С.Сейфуллин).

Ақ бұйрықты өлім немесе ақ өлім деген сөз орамдары әдеби сөз қолданыстарында жиі ұшырасады. Мысалы, кеселді жалқау, қылжақбас, әзір тамақ, әзір ас болып жүріп тірімін деме, онан да Алла берген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық (Абай).

АҚ ЕГІС – ерте егіліп, кеш жиналатын бидай, арпа, сұлы, дақылдарының жиынтық атауы. Бидай, арпа, сұлы дақылдарының піскен кезде сабағы ақсарғыш тартып тұрады, сондықтан ақ егіс аталған. Бұндай масақты дәнді-дақылдардың ақ егіс аталуы, бір жағынан, олардың сапалылығы, мерзімділігі және басқа дақылдарға қарағанда күтімді көп қажетсінбейтініне байланысты

болса керек. Ақ егіске орақ түскен кезін ақсабанның мезгілі дейді, орақ науқаны аяқталып қырман қызылдағаннан кейін ақ сабанның тойын өткізген.

АҚ ЕЗУ / КӨК ЕЗУ – отарлық жүйе сақарада жаңа құқықтық жүйені қалыптастыра бастаған кезде ХІХ ғасырдың бірінші жартысында пайда болған атау. Дәстүрлі ортада ескі заңды шала-шарпы білетін немесе ұстанбайтын, Ресей заңының өзін дұрыс білмейтін билерге қатысты орынды сөзге тоқтамайтын билерді кемсіту үшін «ақ езу» атап кеткен. Яғни аузы көпіріп, езуінен көбік ағып сөйлей беретін, дауласа беретін адам деген. Ал, қазір ақ езу жалпы даукес немесе мылжың дегенді білдіреді.

АҚ ЖАЙМА – ақ матадан жасалған төсектің үстіне жайып салатын бұйым. Тазалық үшін қолданылады, жиі-жиі жуылып, ауыстырылып тұрады. Кейбір кездерде ақ жайманы төсеніш көрпе бетіне әр жерінен көктеп тігіп те қояды. Бұндай жағдай ұйықтағанда жұмарланып, сырғып кетпесін яки түсіп қалмасын деп (мәселен, төсекағаштағы төсекке төселгенде) жас балалар жататын төсек бетіне қолданылады. Кейін ауыстыруға тура келгенде көктелген ақ жайманы сөгіп алады. Бұйымның атауы оның материалы мен заттың бетіне жайып пайдалануға байланысты қалыптасқан.

АҚ ЖАУЛЫҚ – әйелдердің ақ түсті орамалы. Ақ орамал әйелдерді бас киіміне қарап ажырататын белгі болғандықтан, ақ жаулық атауы «әйел», «жұбай», «қосақ» тәрізді ауыспалы мағынада да жұмсалады. Осыған орай «Бірінші байлық – денсаулық, Екінші байлық – ақ жаулық, Үшінші байлық – он саулық» деп келетін мақал қалыптасқан. Ақ жаулықты балалы болған, кимешек киген келіншектер мен үлкен әйелдер салған. Ел арасында жібектен тоқылған ақ жаулықты ақ желек деп атаған, оны жас келіншектер тартқан. Сонымен бірге ақ түсті матадан тігілген кимешек, күндік, кимешектің жамылғысын да ақ жаулық деп бейнелі түрде атайтындығы кездеседі. Ертеректе ақ жаулық күйеу жігіттің ұрын барғанда қыз аулына апаратын сыйлықтарының бірі болған.

И.И. Ибрагимовтың жазуы бойынша: «Сыйлық шапаннан және ұсақ заттардан болады. Күйеу жігітті күтіп алуға ентіге жүгірген әйелдерге ентікпе деп аталатын сыйлық беріледі. Дәл сол күні күйеужігіт қалыңдығының үйіне әкесіне шапанын, шешесіне ақ жаулық, ақ биязы мата және тағы басқа қалыңмалда келісілген басқа да әкелген өзінің сыйлықтарын жібереді».

Ақ жаулықты таза ұстайды, баскиімнің басқа да түрлері секілді оны аяқасты жерге қоймайды, өзінікін біреуге сыйламайды.

АҚ ЖАУЫП АРУЛАП ҚОЮ (КӨМУ) – марқұмды ақтық сапарға шығарып салар алдында, яғни оны күзетіп болғаннан соң тәнін түгелдей жуыңдырып, денесін ақ кебінге орап жерлейтін қайғылылық сипаттағы, ұжымның қатысуымен орындалатын діни сенімдік және тұрмыстық рәсім. Ақ жауып арулап қою (көму) деген тіркестердегі арулау сөзі түп қазақ тіліндегі «ақ», «пәк», «таза» деген мәндес мағыналарды аңғартатын арығ, ару атауларымен бір түбірден тарап, «бойын ағарту, рухын тазарту» деген ұғымдарды білдіреді. Мұсылмандық ортада пәктік пен тазалықтың атрибуты болып саналатын ақ түстің, яғни ақ матамен орап, ақпен жабу рәсімі полисемантикалық сипатқа ие екендігі ежелден белгілі. Бұл ғұрыптың негізгі

мәні қайтыс болған адамның жаны мен тәні бақилыққа «тазарып» барып аттануы тиіс деген сенімнен туындаса керек. Сондай-ақ, өлікке ақ жабу «анықтың» ғайып болуы, «бардың» жоққа айналуы дегенді меңзейді. Шәкәрім қажы:

«Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,
Ортасы – өмір, жоқтық қой – екібасы
Сағымдай екі жоқтың арасында,
Тіршілік деп аталар біраз жасы», –
деп осы тұста орайлы толғаса керек.

Шариғат бойынша мәйітті арулап болғаннан соң жаназасы шығарылып, соңғы сапарға аттандырылады. Жаназаға қатысқандарға имам «марқұм қандай адам еді, жақсы адам ба еді?», «мойнында қарызы, борышы бар ма?» – деген мәндегі сұрақтар қояды. Егер сондай жағдай болып жатса, о дүниеде қарыз бен борыштың сұрауы өте қиын болатындығын қатаң ескерген марқұмның артында қалған ұрпақтары, ет жақын туыстары оның өтелмеген қарызы мен борышын өз мойындарына алады. Демек, бұл мұсылман пендесінің мәңгілік мекені Рахман иенің құзырына бес күн жалғандағы аяқтай алмай қалған борышынан азда болса «тазарған» күйінде қайтып, жаны қиналмауы үшін шын пейілмен міндетті түрде орындалауы тиіс шарт. Одан соң өлік жерленетін жеріне жеткізіліп, жер қойнауына беру рәсімі орындалады.

Қазақы орта салты бойынша марқұмның жамбасы жерге тиген үш күннен кейін «үші», кейіннен «жетісі», «қырқы», «жылы» (ас беру) сияқты ауқымдылау нәзірлері өткізіледі. Осы рәсімдердің аралығында немесе бірінде қабірдің басы қарайтылып, белгі орнатылады. Бұл жерде, аруақ сыйлаған дәстүрлі орта тірісінде қандай болмасын (ерекше бір жаман адамның өлімінен басқа), өлген кісіге кешіріммен қарап, бар жосын-жоралғыларға сай жөнелтіп, артын күтіп, ол туралы ғайбат айтпауға ерекше көңіл бөлетіндігін айта кеткеніміз жөн.

Ертеректегі жаугершілік заманда, жау қолынан қаза тапқан жағдайда өлік бұлай өз рәсімімен жерленбей қалса, туысқандары аза тұтады да, сүйегін тауып алып келуге тырысады, тіпті ол этикалық парыз саналады. Таба алмаса, «далада сүйегі қурап қалды-ау», «өлімтігі ит-құсқа жем болды-ау», – деп аса қайғыратын болған.

АҚ ЖОЛ – ертеде шайқаста жараланған жауынгерге қатысты жасалатын ем-дом түрі, әрі сирек кездесетін ғұрыптың түрі. Ескі салт бойынша ер жігітке тиген оқты денеден шығару үшін жаралының үстінен әйелдерін үш мәрте аттататын. Бұл ырым бойынша зинақорлық жасамаған, күйеуінің көзіне шөп салмаған әйел оқ тиген жаралы адамның үстінен аттап өтсе, ауру жазылады, егер аттаған әйел зинақор болса, ауру табан астында өледі деп түсінген.

Ақ жол ырымы емнен гөрі әйелдің пәктігін сынауға арналған болуы керек. Ақ жол «емін» төре тұқымының әйел жыныстысын зинақорлықтан сақтау үшін Абылайдың өзі шығарған дейтін де жорамал бар. Ақ жол – ақиқатты, әділетті ұстаған тура жол, дұрыс бағыт; игі дәстүр, бұрыннан

жалғасып келе жатқан салт. Бұрыннан келе жатқан ата салтты, игі дәстүрді жалғастырып, дамыту үнемі қоғамдық назарда болып отырған:

Атаның салған ақ жолы,
Тоқтап қалды кідіріп.
Замана деген желмая,
Қалмасаң халқым жақсы еді,
Желмаядан жығылып
(Кердері Әбубәкір).

АҚ ЖОРҒА – қысқы аязда жоннан ойға қарай соғатын, қарлы бұрқасын, боранның атауы. Алтай, Сауыр, Жетісудың таулы аймақтарында қыс кезінде түрлі амалдар кезінде күшейеді. Арқада осыған ұқсас ақпа деп аталатын күшті боран қыстың соңына ала ақпан кезінде соғады. Осыған ұқсас ақпа аталатын боран түрі Арқада қыста соғады.

АҚ КИІЗГЕ САЛЫП КӨТЕРУ – хандық дәуірде қазақтың хан сайлау дәстүрінің ең шарықтау көрінісі.

АҚ ҚАЙЫҢ – діні жуан, қабығы бозғылт түсті дәстүрлі емшілік пен қолөнерде орны бар ағаш түрінің атауы. Қабығы оңай сыдырылады, жапырағы екіден топтасып өседі, кішкене жаңғақ жемісі қабатталып орналасады. Ағашты кескенде, қайыңтозын сыдырып алып кептіріп, онан ыдыс жасайды және күйдіріп дәрі жасағанда араластырады. Қайынның жапырағы мен шырыны дәрі болады: ақ қайың жапырағы әбден піскенде немесе сарғайған кезде жинап алып қайнатып несеп айдау үшін ішеді. Дене сырқырап ауырғанда ақ қайың жапырағын ыстық суға салып булайды. Ел басына туған «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» заманда, тіпті, совет дәуіріндегі «кіші октябрь» кезеңінде аштықтан қалжыраған халық «қайың сауып» талғажу еткен деседі.

АҚ ҚҰРТ – қой-ешкінің ішегінде кездесетін құрттар тудыратын ауру атауы. Одан сақтандырудың бірден-бір жолы қазақ шопандары тәжірибесінде – малды ащы отқа тойдыра жаю деп санаған. Ащы отқа тойған малдың несесі мен қиынан кермек ащы иіс шығады. Ақ құрттан сақтандыратын жақсы оттарға баялыш, жусан, ермен, қарабатқыл, қызылша, кекіре, итсигек, усойқы, ақмия, ақбас, бұйырғын, таужуа және т.б. қыр шөптері жатады. Мал ішегіне құрт көптеп қаптап кеткені, яғни «құрт жайлағаны» білінсе, жыланды (сарыүйек деп аталатын) өлтіріп жұтқызу, апиынды сүтке езіп ішкізу, жемге күшала, күкірт араластырып беру, тотияйын ертіндісін немесе жылқының сұйық майын ертіп аузына құю қатарлы шаралармен алдын алған.

АҚ ҚҰЮ / АҚ ШАШУ – қазақтың мифологиялық наным-сеніммен астасып жатқан ғұрыптың атауы. Мәні – ақты төгіп алудан, шашудан сақтандыру. Байқаусызда төгіп алса, саусағын батырып, маңдайына жағу ырымын жасаған соң, аяққа басылмас үшін жақсылап тазалайды. Ақ құю немесе ақ шашу ғұрыптық қызмет атқару кезінде ерекше мәнге ие болады. Ақ құю әуел баста шаманизмнің аясында қалыптасса керек. Орталық Азияның көшпелі тіршілік кешкен халықтардың ас-тағам жүйесінде негізгі тіршілікқамы функциясын атқарған сүт – таза пиғыл, ақ тілеудің, жақсылыққа жорудың символы.

Ақ құю ырымының келесі бір мәні төмендегідей сәтте де атқарылады. Бір жылда адамның көптеген арман тілектері орындалып, мақсатына жетіп, табысқа кенелсе, сол жылды құт жылы санап ерекше еске алады. Осы жыл шығарда келесі мүшелде айналып келгенінше құт-береке ортаймасын деген ырыммен сол жылдың атауы болған жануардың басына ақ құйып, ырым жасайды.

Көктемде алғаш күн күркірегенде шөміш сыртын сүтке малып алып, үй айнала «сүт көп, көмір аз», – деп дөдеге тұсынан ұрғылау құт саналатын жауынның мол болып, малдың көп төлдеуін, мал және оның желіні аман болуын ырымдауды білдіреді. Бұл жөнінде Г.Н. Потанин төмендегідей мәліметтер келтіреді: «қазақтар алғаш күн күркірегенде үйдің дөдегесін айналдыра тоқпақтап, «сүт көп, көмір аз» деп шөмішті іргеге қойып, «саумалық, саумалық, құрдық па, құрмадық па жақсылықты, ескі жыл шықты, жаңа жыл келді» деп көктемнің басталуын паш еткен сәтті осылай қарсы алған екен. Ақ тағамды табиғаттың дүлей күштерінің бетін қайтару амалы ретінде де пайдаланды. Оның шарасы сан алуан: қалың өрттің алдына ақ шашады. Үйге қарай құйын келе жатса, ақ шашып «құйын, құйын соқ, пәленбайдың үйін соқ» деген сияқты магиялық мағынадағы сөз айтып, түкіреді және оған қарсы ақшалапты шашатын болған. Өйткені, құйынның ішінде адамға қаскөй зұлым күштер бар-мыс. Кейде жоғарыдағы сөзді айтып құйынды пышақпен оңды-солды осқылай кесіп өтеді

Ақ құйып шығару – үйге кездейсоқ кірген жыланның басына ақ құйып шығару ырымын білдіреді. Өйткені, тіршіліктің қазақы концепциясы бойынша әрбір тіршілік иесінің өмірін ерекше қажеттілік болмаса қиюға тыйым салынады. «Далада жылан көрсе өлтіреді, үйде жылан көрсе жақсы көреді, неге десеңіз, қайсы уақытта періште деген жыланға ұқсап жүрер болар», – деген Ә.Диваевтың мәліметі осы ғұрыптың мәнін аңғартады. Ақ тағам – таза пиғыл, ақ тілеудің, жақсылыққа жорудың символы.

Қазақы ортада бір үйге бас сұққанда, «кұрауыз» шыққан адам ренжіген кезде айтылатын «үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген стереотиптік сөз орамы да аталмыш ғұрыптың айырықша этномәдени мәнін аңғартса керек.

Ақ тамызу – егер отбасынан үйірлі құмырсқа шықса, оны да өлтірмейді. Қайта оған ақ тамызады. Сонда, құмырсқалар ол жерден кетіп қалады. Жоғарыда айтылғандай, өрттің алдына ақ тамызады, су тасыса, оған да ақ тамызады. Сонымен ақ тамызу – қазақ халқының досым түгіл, дұшпаныма да қылдай қиянат жасамаймын, жан баласына жанашырлықпен қараймын деген ізгі ниетін білдіруі. Ақ сүт таза пиғыл, ақ тілеудің, жақсылыққа жорудың символы.

АҚ МАЙ – Қазақстанның әртүрлі аймақтарында және шетел қазақтары арасында сойылған мал етіндегі және күз, қыс айларында сауылған мал сүтінен алынатын майдың атауы. Мәселен, Орал өңірі мен Ресей қазақтарында ақ май – «күз айларында құраған шөп жеген мал сүтінің майы». Жергілікті тұрғындар оны көбіне-көп палау дайындауға қолданады. Сонымен бірге кейінгі уақытта мақтадан алынатын май түрін де ақ май деп те атай береді.

Мысалы ретінде Қызылорда аймағы мен Қарақалпақстан, Түркіменстан қазақтарының мақтадан алынатын майды ақ май деп атайтындығын айтуға болады. Сондай-ақ, бұл атау халық арасында сойылған малдың семіз шыққанын білдіру үшін де қолданылады.

Сан ғасырлық қазақы іс-тәжірибе бойынша ақ май малдың (сиырдың) күзде даладан өзі өзі жейтін, қыста көктемге дейінгі аралықта пішеннен алып салатын құрғақ шөп жегеннен болады. Кейбір информаторлардың айтуынша, ертеректе қойды жаз бойы сауып, сүтін жинап, ұйытып, іркіт піскенде түсетін майды да ақ май деп атаған. Оның дәмі де, иісі де өзгеше болады. Оны жасы егде адамдар шайға қосып ішкен.

АҚ МАЛ, ҚАРА МАЛ – қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығында төрт түліктің физиологиялық ерекшелігі мен бағым-күтіміне қарай топтастырылу жүйесі. Қазақ малшылары алдымен күйіс қайырмайтын малды ақ мал, ал күйіс қайыратын малды қара мал деп бөледі. Сөйтіп, жылқыны ақ мал, түйе, сиыр, қой-ешкіні қара мал деп атаған. Қара малды өз ішінде ірі қара және уақ мал деп екіге жіктеген. Түйе мен сиырды ірі қара десе, қой-ешкіні ұсақ мал деп атайды. Қара мал бағымы мен күтіміне байланысты қыс мезгілінде қоражайда болса, ақ мал ақ қар көк мұзда алыс отардағы қоста бағылады.

АҚ МОНШАҚ – әсемдік үшін қыз-келіншектердің мойнына тағатын, ақ түсті асыл тастардан (інжу-маржан, сутас тәрізді) жасалған әшекей бұйымы.

Ақ моншаққа күмістен тізген моншақтар да жатады. Зергерлер ондай моншақты күмісті қақтап алып, оны шар пішініне келтіріп жасайды. Ақ моншақ тек сән-салтанат үшін емес, тіл-көзден сақтану үшін де тағылады. Кейбір деректерге қарағанда, ақ моншақты қазақ бақсылары да таққан. Ол бақсының магиялық ең мәнді атрибуттарының бірі болған.

АҚ ОРДА – хан-сұлтандар келушілерді қабылдайтын, кеңес, мәслихат өткізетін он екі қанатты (немесе одан да көп) еңселі, салтанатты ақ үй; хан-сұлтанның отбасы тұратын үй ақ үй деп аталады.

Ақ үйдің жанында қонақ түсіретін боз үй болды; таяу жерде қара үй (қараша үй) тігілді. Қараша үй қызметшілер мен күтушілерге арналды. Бай-бағыландар тұратын он екі қанатты (тіпті, одан да көп) еңселі әсем үйлер ақ үй, олардың қонақ күтетін үйі боз үй, ал қызметшілері мен жұмыскерлері тұратын үй мен ас-су дайындайтын киіз үй қара үй деп аталды.

АҚ ОТ – мал жайылымындағы төрт-түлік күнделікті азықтанатын шөптесін өсімдікті жер. Көшпелі орта малшыларының тәжірибесінде мал жайылымдарында өсетін шөптерге қарап оны ақ от және қара от деп бөліп атау қалыптасқан. Өйткені жайылымдар малдың жейтін отына байланысты таңдалды. Ақ от жайылымдағы малға сіңімді, әрі жұғымды шөптесін өсімдіктер. Ал, қара от малдың күйін көтеретін қуаты мол ащы өсімдіктер. Ақ отты төрт түліктің бәрі бірдей жейді. Алайда түйе малы қара от бар жерде ақ отқа көп қарай бермейді. Өйткені ақ оттүйе малын арытып жібереді. Оған көп жайылған түйе малы азып, арықтап кететіндіктен қара оты аздау жерде түйеге көбірек тұз беріп отырады.

Төрт түліктің ішінде жылқы мен ірі қара ақ отты сүйіп жейді. Ал, қой малы ақ отты сүйсініп жегенімен көшпелі орта малшыларының тәжірибесінде

олар тұзсырап кетпеуі және күйін көтеру үшін белгілі бір мезгілде, ауық-ауық қара отқа жайып алып отырған.

Жалпы алғанда ақ отқа қамыс, жоңышқа, ажырық, көде, бетеге, селеу, жауылша, тарлау, жұмырқияқ жатады. Алайда, қазақ жерінің әр өңірінде өсетін шөптерге байланысты ақ отқа жататын шөп атаулары әртүрлі болып келеді. Мәселен, Бетпақдала шөлінде кездесетін, теңіз жағасындағы қамыс арасында өсетін шырмауық, доңыз оты сияқты өсімдіктер ақ отқа жатады.

Жылқы малы тарлау, райыш, қоянқарта, қаяқ, майқара, ебелек, зығыр, ергек, жусан, жүгерік, ақбас, көде өскен ақ отты жерлерге жайылады. Әсіресе, бидайық, бетеге, қоңырбас, ебелек, изен сияқты шөптер жылқы үшін таптырмайтын ақ отты жайылым болып табылады. Мұндай жайылымды жерді – боз от деп те атайды. Ел арасындағы «Бозды жерде жылқы семіреді» деп келетін сөз орамы осы жайтқа байланысты айтылса керек.

Сиыр жусан, боттауық, буын сүйек, селеу, ши, қамыс, көде, бетеге өскен ақ отты алқаптарда жайылады. Қой малының азығының құрамы мейілінше мол. Қой жайылымындағы шайыр, жерен, бозғанақ, қызғалдақ, жауқазын, балқурай, жантақ, көкбек, жуа, жолкөк, қарпан, баялыш, балауса, қараспан, киік оты, майшөп, балықкөз, торғай оты, қара барқын, сары сораң, күштамыр, бұзаубас, тік санар, селеу, шалғын, торлау, жүзген, тоспашағыр, құртқашаш, аққоңырау, шырмауық, қартұяқ, теріскен, өлең, сарысулан, тіксанар, қарабұршақ, ақбұршақ сияқты өсімдіктер қазақ жерінің барлық аймақтарында кездеседі деуге болады.

АҚ ӨЛІМ – дәстүрлі дүниетанымда жасы келген қарт адамдардың Жаратқанның пешенеге жазған бұйрығымен қиналмай, жақындарына ауыртпалық артпай, өз ажалымен бақилық болуы. Дені дұрыс мұсылман баласының ақыретінің қайырлы болып, ақ өліммен өлуді тілейтіні белгілі. Қазақы орта бұған аса мән берген. Сондықтан, қай кезең болмасын иманды, адал, баянды ғұмыр кешіп, яғни асарын асап, жасарын жасап, ет жақын балашағасы, ағайын-туыстарының көз алдында артында қалған мұрасы мен мұратын аманат қылып, бақұлдасып абыроймен өмірден өткендерді «ақ өліммен», «жақсы өліммен» өмірден озды деп өлімге еш қимаса да, іштей «рызалық» танытып, Құдайға шүкірлік етіп, тәуба қылып жатады.

Дәстүрлі түсінікте қасиетті ұғым саналатын жер мен ел және дін мен тіл үшін жанын пида етіп, шейіт болу да «жақсы өлім» қатарына жатқызылады. Бұл жерде, ертеректегі қазақ қоғамында рухы биік жаужүрек батыр бабаларымыздың қан майданда жау қолынан қаза таппай, үйдегі өліміне қатты намыстанған, оған өздерімен қоса жақын ағайын-туыстарының да іштей қайғырған сәттерінің де болғандығын ерекше атап өткеніміз жөн.

Ақ өлімнің қарама-қарсы түсінігі арам өлу. Зор зұлымдық, ауыр қылмыс жасап, иманы үйірілмей, яғни тәубаға түсіп, тілі кәлимаға келмей, күнәһар болып, арам өлу қай заманда болмасын қорлық саналады. Арам өлу ұғымы кенеттен ауырып немесе сыртқы күштердің, қандай да бір табиғи апаттардың салдарынан қаны шықпай, яғни әдейі бауыздалмай жаны шыққан үй жануарларына қатысты қолданылады.

АҚ ПЕН ҚАРАНЫҢ АРАСЫ – таңның енді-енді сыз бере бастаған шағы. Бұл кезде шаруа адамы сауын малдарын өріске шығаруға қамдана бастайды. Жаз тоқсанда таң тез атады. Ақ пен қараның арасында жайылымға шыққан жылқы түлігі күн ұясынан шықпастан таңғы салқында біраз жусап алады.

Байырғы қазақы ортада күйеу жігіт пен қалыңдықтың некесін ақ пен қараның арасынды қияды. Өйткені діни сенім бойынша ақ пен қараның арасында көк қақпасы ашылып, періштелер жерге түсетін қасиетті мезет деп саналады.

Куә, куә куәдірміз,

Куәлікке жүрәдүрміз.

Махшар таңның ақ-қарасында,

Ақ куәлікке жүрәдүрміз, – деп берілген куәлікті періштелер Алланың дарғаһына (табалдырығын) жеткізеді деседі.

АҚ ПЕН ҚЫЗЫЛДЫҢ АРАСЫ – күн ұясына кірген шақ, іңір қараңғысына дейінгі мезет. Байырғы қазақ дәстүрінде жел ұшық, жер ұшық, өкпемен қағу сияқты ем-домдарды ақ пен қызылдың арасында жасайды, іңір қараңғысына қалдырмайды. Сондай-ақ, тәуліктің бұл шағы да қасиетті саналғандықтан қылыш жүзімен серттесу, қасам ішіп, ант-су ішу, баталасу рәсімдері ақ пен қызылдың арасында жасалады деседі.

АҚ САНДЫҚ ПЕН КӨК САНДЫҚ – қазақ балаларының топтасып ойнайтын ойыны. Ойын тәртібі бойынша балалар екі топқа бөлініп, әр топ дүркін-дүркін өз топтарынан ортаға бір-бірден бала шығарады. Ортаға шыққан екі бала арқаларын бір-біріне тигізіп, білектеріне-білектерін іліп мықты қысып тұрып, бір-бірін кезекпен көтереді. Бірінші көтеру кезегін алған бала:

Ақ сандық, көк сандық,

Қазынасы көп сандық.

Ақ сандықта асыл бар,

Көк сандықта айыл бар.

Сен болғанда ақ сандық,

Мен болғанда көк сандық.

Екеуінде біздерге

Керек-керек көп жабдық, –

деп ол арқасындағы баланы әлі жетсе бірнеше көтеріп, бірнеше түсіреді. Көтеріп-түсірген саны қанша көп болып, тақпақты жаңылмай жақсы айту ұтыс әкеледі. Осыған орай, оның қарсыласын қанша көтеріп, әнді қалай айтқанын әр екі топ қалт жібермей санап тұрады да, ойын соңында қорытынды шығарады. Бірінші баланың кезегі біткен соң, оны көтеру кезегі екінші балаға келеді. Екінші бала да қарсыласын басып түсу үшін бар қайратын бойына жиып оны көтеріп, әлгі тақпақты қайталайды. Соңында, олардың бір-бірін көтеру саны мен ән айтуына төрелік айтылып, жеңілген жағы көпшілікке бір өнер көрсетіп береді.

Бұл ойынның «ақ сандық – көк сандық» аталуында үлкен мән бар. Ондағы ақ сандық аналарға қажетті, көк сандық әкелерге қажетті құрал-жабдықтарды салатын заттар. Демек, зерделі де зерек қазақ балаларының өздерінің балғын

қиял, бала тілдерімен сол ата-аналарына қажетті ауыр жүкті көтеруге өздерінің қашан да әзір екендіктерін білдіруі, еңбекшіл, ержүрек, қайсар азамат болуға бел баулулары. Ойын балалардың тілдерін жетілдіріп, сөз тапқыштыққа, шешендікке тәрбиелейді.

АҚ СОРПА – жақсы сіңу үшін майлы сорпаға сүзбе, құрт қосып берілетін, дәмі қышқылтым сорпа. Кейде ақ сорпа дайындау үшін айран қосады. Оны ел арасында кәкәрім сорпа, қымыран (Ембі бойында), құрт езген сорпа деп атайды. Ал құрт, сүзбе қосылмаған, «бас-сирағы қоса асылған арық және аз еттің сорпасы» қара сорпа деп аталады. Ел ішінде сақталған деректерге қарағанда, ертеректе соғымы шүйгін болған үй соғымның майлы сүйектерін тастай салмай, қапқа салып жинап қойған. Сонымен бірге, И.А. Кастаньенің айтуынша, асқа сойылған мал еті сындырылмай, етімен бірге қымыз әкелгендердің ыдыстарына салынған. Оны алған адамдар да сүйекті сындырмаған, отқа тасталмаған. Кейінірек соятын мал етінің сорпалығы жоқ кезде сол сүйектерді әбден қайнатқанда, майлы, түсі ақшыл сорпа пайда болған. Осы сорпа да ақ сорпа деп аталған. Оның майын алып, кейін қара сабын дайындауға пайдаланған. Шеберлер ағаш бұйым жарылмау үшін осындай сорпаға батырып қойған. Бұның өзі – мал шаруашылығын қалдықсыз технологиямен жүргізудің жолға қойылғандығының бір көрінісі.

АҚ СӨЙЛЕ – «жақсылық болсын, жақсы хабар әкелсін, жақсылыққа көрінсін» деген мағынада айтылатын сөз орамы. Қазақ тұрмысында бұл сөзді құмалақшылар, балгерлер қолданады. Сонымен бірге сауысқан шықылықтағанда үлкендер ақ сөйле деп жатады. Өйткені жұрт сауысқанды бекер шықылықтамайды деп біледі. Халықтың ұғымында сауысқан – хабар беретін, сақтандыратын, жарамсақ, ұрлықшы құс. Оның кейде аңшының үстінен ұшып, кейде аңның үстінен ұшып, қыр соңынан қалмай шықылықтап «хабар тарататыны» болады.

Есік алдында, қора маңында, шарбақ-тал үстіне сауысқан қонып шықылықтаса адамдар көбінесе қонақ келе жатыр екен деп жақсылыққа жориды. Сауысқан шықылықтағанда, жақсылыққа көрінсін деген ырыммен Ақ сөйле! Ақ сөйле деп жатады. Кейде үй маңына келіп қарқылдай берген қарғаға да Ақ сөйле! дейтін жайттар кездеседі.

АҚ СҰПЫ / АҚ ДӘЙЕК – жұқа ақ шыттың халықтық атауы. Ақ сұпыдан көбінесе көйлек тігіп киген, кейбір жерлерде одан масахана жасаған. Қазақ елінің батыс аймағы мен Түркістан, Қарақалпақстан, Ауғанстан, Иран елдерінде тұратын қазақтар бұл мата түрін ақсұп, Семей өңірінің қазақтары дәйек деп атайды. Ертеректе аталмыш матаның ақзон, ақсиса тәрізді атаулары кең тараған. Ақ түсті шыт халық арасында қандай атаумен аталса да, ол киім, жапқыш, перде, төсеніш тігетін, ақірет киімге пайдаланатын материал ғана емес, оның түсі тазалықтың, адамдықтың белгісі ретінде танылған. Сондықтан оны қыз бен жігіттің неке түнінде төсектің бетіне салған. Таңертең жеңгелері қарағанда аппақ мата бетіндегі қызыл белгіден қалыңдықтың пәктігін білген.

АҚ СҮТ – ақ түсті саулық малдан сауылып алынған дәмдік, құнарлық, емдік қасиеті жоғары сүттің атауы. Ақ сүт деп аталуы ақ түсті малдан сауылғандықтан осы тағамның құнарлылығы және емдік қасиеті жоғары

болады деген дәстүрлі ортадағы түсінікке байланысты болса керек. Ақ ешкінің сүтін анасының омырауы жарыта алмаған немесе жетім қалған балаларға береді. Дәстүрлі түсінікте ақ сүт көптеген ауруларға қарсы шипа деп саналады: ақ ешкінің сүті баланың ит ауруына, мешелдікке, әлсіздікке; ақ түйе мен ақ биенің сүтін көк жөтелге, кеуде сырылдағанда, жөтелге, өкпе ауруларына қолданылды деген мәлімет бар.

АҚ СҮТІМДІ КӨККЕ САУАМЫН! – қауым, ру-тайпа үшін «бетке салық, сүйекке таңба боларлық» масқара қылыққа барудан баласын тоқтату үшін анасы тарапынан қарғыс түрінде айтылатын магиялық сөз тіркесі. Бұл магиялық формуланың қоғамдағы жас ұрпақтардың девианттық мінез-құлқы мен қылықтарының алдын алуда өзіндік психологиялық әсері болды.

Ана баласынан мүлде үміт үзген кезде өте сирек жағдайда болса да «Ақ сүтімнің киесі атсын, ақ сүтімді көкке саудым!» деп өзінің аналық міндетінен бас тартып, Көк Тәңірден «Ақ сүтімнің киесі атсын!» деген тілекпен туған перзентін тәңір алдында талақ еткенін білдіреді.

Қазақы ортада анасы «омырау сүтін көкке сауды, қарғысқа ұшырады» деген оқиға орын алғандығы туралы дерек кездеспейді. Тек, ел-жұрттан аластап, адам санатына қоспай жалғыз қалдыру ұшырасқан. Қыздың жасаған ауыр күнәсінің жазасын қыздың анасына тапсырған. Соның шешімі бойынша, қыздың бұрымын кесу, күнәсі ауыр болса, тіпті, өлтіру жазасын қолданған. Ал, ұлдың жасаған ауыр күнәсін ел болып шешеді, яғни ақсақалдардың талқысына салып, солардың шешімі бойынша жазаланған. Аталмыш қарғыс-формула қарғыстың ерекше ауыр түрі деп есептелінеді.

АҚ ТАҒАМ / АҚ – төрт түлік малдан алынатын, тағамға пайдаланатын негізгі өнімнің бір түрі – сүттің, сүт тағамдарының жалпы атауы. Мал сауылатын жылы мезгілде, яғни сауын уақытында жазғы тамақтануда сүт тағамдары басым болып келетін мерзімдік ерекшелігі болады. Жаз айларында сүтті пісіріп ішу, шұбат, қымыз ашыту, айран ұйтып ішумен қатар, сүттен түрлі жолдармен қысқы азық қорын дайындайды. Төрт түлік түгел сауылып, сүт, сүттен жасалған түрлі тамақтарды «ақ», «ақ тамақ», «ақ баласы», «ағарған» (соңғысы батыс өлкеге тән) деп атап, оны «ағы бардың бағы бар» деп ерекше қадірлейді. Сүттен жасалған тағамдарды ақ, ағарған деп айту түрікмен, әзірбайжан, қарақалпақ, моңғол, тува сияқты халықтарда да қолданылады.

Қазақтар қой, ешкі, жылқы, сиыр, түйе сүтін түрлі тәсілдермен азыққа жаратады. Әр малдың жазғы уақытта сауылуы көк шыққаннан немесе мал төлдегеннен бастап күзде суалғанша, негізінен орта есеппен 6 айға созылады. Қой, ешкі күніне екі рет түсте және кешке, кей өлкелерде кешке ғана, ал жылқы мен түйе кемінде үш рет, әдетте екі сағат сайын бір рет, яғни 6-8 рет сауылады.

«Сауу мөлшері байланған бие мен інгендер санына байланысты. Әдетте, көп биені кеш байлап ерте ағытатын, өйткені, 3-4 сауынның сүті бір үйдің күнделікті керегін әр уақытта қамтамасыз етеді. Ал, шағын биелі үйлер ерте байлап кеш ағытады да күніне 8-10 рет сауғанда ғана сабасын толтыра алатын» (Х.Арғынбаев). Сүттің қою немесе сұйықтығы және басқа да қасиеттері әр

малда әр түрлі болып келеді – қоң жинауымен және жергілікті жердің шөп құнарының ерекшеліктеріне тығыз байланысты.

Ақ тағам дайындау жолдары сан алуан: сүт өнімдерін пісіру, ұйыту, іріту, ашыту, пісу, сүзу, кептіру жолдарымен алады. Жылқы мен түйе сүтінен және басқа сүттің іркітке арналған белгілі бөлігінен басқасын сауып болған соң, міндетті түрде дереу пісіреді. Алайда, түйе сүтін шұбат етпеген жағдайда пісіріп шайға қатады. Маңғыстау қазақтарының шайға бие сүтін қосып бергенін, шайдан жеміс-көкөністің дәмі шығып, ерекше сергітетінін Р.Карутц тәптіштеп жазды.

Көшпелілер сүтті пісіріп ішуден гөрі, ашытылған, ұйытылған сүт өнімдерін көп пайдаланды. Ашытылған, ұйытылған сүт өнімдерін жасау сүттің өзін ұзақ сақтауға келмейтіндіктен, ашыған сүт өнімдерінің адам организмінде ерекше сіңімді, жұғымды болуы ашытылған ақ тамақ түрлерін дайындаудың ұтымды тәсілдерін қалыптастырды. Көшпелілердің сүтті ашытудың бірнеше тәсілі мен өнім алуды ойлап табуы – дүниежүзі өркениетіне қосқан бағалы үлес болды.

Пісірілген сүтті шайға қатады, көбіне балалар ғана ішеді. Осы пісірілген сүттен келесі сатыдағы өнімдер алу жалғасады: ұйытып айран, оны әрмен қарай сүзіп сүзбе, қатық, қайнап тұрған сүтке айран құйып, ірітіп ақ ірімшік, одан әрмен қайнатса қызыл ірімшік алады. Бие сүтін ашытып қымыз, түйе сүтінен шұбат, пісірілген сиыр сүтін ашытып сиыр қымыз алады. Саба, күбіге жиналған іркітті пісіп сары май алса, одан қалған іркітті қайнатып құрт жасап, кептіріп алады. Құртты қапқа салып сүзіп алған соң қазандағы піскен жылы сүтке қайта салып сүтті жақсылап сіңіріп араластырып алып сүзіп, кептіріп жарма жасайды.

Қызыл ірімшіктен қалған сары суды әрмен қарай қойылғанша қайнатып тәтті сірне алады. Сабаға жиналған іркіттен немесе айраннан қойылғанша қайнатып ежігей алады. Сүттің өзінен гөрі, оның ұйытылған, ашытылған түрлерінің тез қорытылып сіңуі – адам асқазанында дайын ірітіліп барған өнімнің тез, әрі жеңіл қорытылуында болса керек. Осы тұрғыда, қозы мен бұзаудың жұмыршағындағы мәйекті ұйытқы ретінде қолдануы тегін емес.

Ақ төгілсе ақ төккен адам ақтың қасиетінен қорыққандықтан төгілген аққа саусағын тигізіп оны маңдайына жағады, әйел адам оң иығы мен оң жағасына жағады. Төгілсе аруақ дәметіп жатқанының белгісі деп те санайды. Ақты (сүтті, айранды) төксе, малдың желіні кетеді деп қорқады (қол жумай мал саума, желін сескеніп, іседі-мыс). Сүт пісірген ыдысты қырнап жуса, малдың желініне жара шығады-мыс. Сондай-ақ, ақ сауған ыдысты, құрт сүзген кенеп, қапты суға жууға, онымен су алуға болмайды. Суға ырыс ағып кетеді, желіннің ағы қайтады деп, айран ішкен аяқты жумай, жалап тазартуы сондықтан. Байырғы түсінік бойынша, айран ұйытқысын беруге болмайды. Өйткені, ол – ырыс-береке көзі. Ақ тағам сыртта төгілсе аяққа басылмасы деп үстіне құм сеуіп тастайды. Құрт, ірімшік, сүт, май, айран ластанса немесе төгілсе, жемге тастайды немесе отқа салады, я болмаса көміп тастайды. Өреден құрт ұрлап жесе, жауын жауады-мыс.

Халықтық көне наным-сенімдер жүйесімен біте қайнасқан, аққа байланысты ырым-тыйымдар тіршілікқамына қатысты ғұрыптарда да орын алған. Мысалы, бас қосқан екі жастың үйлену тойы кезінде жаңбыр жауса, «қайсың қаспақты көп жеп едің?» деп жаңбырды бала күнінде қазан түбінде сүт пісірген соң қалған қаспақты екі жастың көп жегенмен байланыстыратын символ-ырым бар. Ол – Жаратылыс стихиясындағы От пен Су, қазақ ұғымындағы ақ / сүт / май / құт ұғымдарына байланысты қалыптасқан ғұрыптық жосын.

Ақты қастерлеу. Сүт тағамдарына байланысты халық арасында қалыптасқан түсінік, тәрбие көзі – қазақта басқа халықтар секілді сүт және одан дайындалған түрлі (сүт, айран, қымыз, құрт, ірімшік т.б.) тағамдарды қасиетті, киелі, емдік қасиеті бар деп санаған. Ымырт түскен соң қазақтарда сүтті далаға алып шығуға, ішінде сүті бар ыдыстың бетін ашық қалдыруға тыйым салған. Алып шығуға тура келіп жатса, сүт құйылған ыдысқа ай сәулесі түспесі үшін, оның бетін жабады. Олай жасалынбаса, мал ауруға ұшырайды деп санайды. Сондай-ақ, ағын суға сүт сауатын ыдысты жумау, онымен су тасымау, оның шайындысын да ағын суға төгуге тыйым салынған. Оның астары, «су аяғы құрдыммен» түсінігімен байланысты.

Көшпелі ортада ғана кездесетін сүт тағамын ерекше қастерлеуге байланысты туған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер сияқты сөз тіркестері ерекше мол. Осыған орай, мысалы, біреудің амандығын тілегенде айтылатын «аққа тапсырдым» немесе қарғап-сілегенде «ақ ұрсын», «ернің аққа тимей кеткір» деп келетін тіркестер сүт тағамына байланысты байырғы наным-сенімдер жүйесінің іргелі нормаларын бейнелейді. Сонымен бірге, ежелгі салттар мен ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесі тағамдар жүйесінің құрамында немесе соның қолданыс ерекшелігіне байланысты қалыптасты. Өйткені, тағам – байырғы дүниетанымдар жүйесінің және онымен біте қайнасып жатқан салттар мен ғұрыптар, сан алуан ырымдар және ұстанымдардың семантикалық мәнін айғақтап, әрі күшейтіп тұратын этномәдени категория.

АҚ ТАЙҒАҚ – қой, ешкі және сиыр түлігінде кездесетін індет атауы. Негізгі белгісі – аталмыш түліктердің бәрінде жеген шөбі мен жемі тоқтамай іші өтіп, соңы өлім-жітімге алып келуі мүмкін. Қазақтар ақ тайғақтың себебін малдың жаман шөп яғни улы шөп жеумен байланыстырады. Алайда ақ тайғақ қауіпті аурулар санатына жатқызылмаған. Қой мен ешкінің осындай ауруын Торғай қазақтары «ақ тайғақ», сиыр түлігісіндегісін – «қара сал» («кровяной понос»).

АҚ ТАМЫРЛАР / АҚ БЕЗ – сойылған мал етіндегі алынып тасталатын без бен тамырлар. Ақ без бен сары сулы тамырлар малдың жамбас шұңқырында, асықты жіліктің айдарбасында, бүйрек айналасында және т.б. жерінде кездеседі. Әдетте, оларды мал сойып, мүшелуе барысында-ақ пышақпен сылып алып тастайды. Қазақ салтында ондай без, тамырларды «жеуге» тыйым салады. Қонаққа тартылған еттің адам жемейтін безі болса, ол көргенсіздікке жатады, қонақты сыйламағандық деп саналады...

АҚ ТҮШ, АҚ СИЫРДЫҢ СҮТІН [МАЙЫН] ІШ! – түшкірген адамға айтылатын тілек сөз. Бұл сөздің орнына Аққас, Жәрекім Алла, Аққас, мұңсыз бол деп те айтылады.

АҚ ТҮЯҚ – жылқы тұяғының табанға байланысатын жеріндегі қара мүйізді қыртысы. Ат тағалағанда тұяқ ішіндегі мүшелерін жарақаттап алмау үшін ақ тұяқтың көлемі мен қалыңдығын ескеріп отырған. Дұрыс тағаланбаса, қате қағылған шегенің әсерінен ат жүре алмайды. Информаторлардың айтуынша, ондайда шегені суырып тастап, ем-дом жасайды.

АҚ ТҮЙЕНІҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛДЫ – молшылыққа, қуанышқа, жақсылыққа, үлкен тойға кенелді деген мағынада қолданылатын дағдылы сөз тіркесі – тоқ тіршіліктің тағы бір метафоралық кеңістіктік образы. Қазақ халқы ақ түсті малды, әсіресе, байлықтың өлшеміне саналған түйе малының ақ түстісін ұстау бақыт әкеледі деп санады. Себебі, ақ түйеге қасиетті Халифа Хазірет Әлінің мәйіті артылып келген-мыс. Қазақ ақ түсті аруана, ақ інген, ақ бураларды төрт түлік малдың «басы», «киесі» деп қасиеттеп салтанат пен байлықтың көрсеткіші ретінде бағалаған. Қазақтың қайтыс болған адамның мәйітін о дүниеге жөнелтуге қатысты мифтері мен аңыздарында игі жақсылары мен батырларының жерлейтін жайлы жерін анықтау үшін ақ түсті түйені пайдаланғаны жөнінде мотив мол кездеседі. Атан, боз інген, аруана қай жерге шөксе, сол жерге адам жерлейтіндігі туралы мифологиялық сюжеттер түйенің ақ түстісін сакральды күшке теңеумен байланысты қалыптасты. Оған Райымбек батыр денесі артылған ақ түйе мысал бола алады. Сонымен қатар, хан Абылай туралы тарихи жырларда ақтық шайқас алдында ақ бас атанға байланысты ғұрып атқарылғаны және ұрыстың алдында жануардың жаудың шабуылын да алдын ала сезгіштігі, осыған орай оның мінез-құлқы мен қылығын ескерудің қажеттілігі айтылады:

Ақ бас атан қараған жаққа жүрсен жеңесің.

Қайшы келсең сен оған бақты басқа тебесің, –
немесе:

Ақ бас атан боздаса, от жағатын салт еді.

Жау шабуыл қозғалса, сақ тұратын шарт еді.

Мәшһүр Жүсіп: «Абылайдың киесі сары бурасы екен» дейді. Қазақ дәстүрінде ақ түсті түйені сою өте сирек ұшырасады. Оны құрбандыққа шалу үлкен қоғамдық мәні бар серттескен немесе өте қуанышты жағдайда ғана болды. Сонымен, ақ түйенің қарны жарылды идиомасы көшпелі ортада ақ және ақбоз түсті малды ерекше қастерлеу жосыны мен түсінігіне байланысты қалыптасты. Бұл фразеологизм ең алдымен, әлеуметтік аса мәнді қуанышты оқиғаға немесе құбылысқа байланысты көшпелі ортадағы айырықша күйдің когнитивтік образы деуге болады.

АҚ ҮЙ – қаңқасы (сүйегі) құрастырылып-ажыратылатын ақ реңк беру үшін бор қосып басылған ақбоз киізбен жабылатын жылжымалы тұрғын жайдың көп тараған жетілдірілген нұсқасы. Ақ үй – молшылық пен сәттіліктің белгісі болып есептелген. Ақ үйдің биіктігі 135-140 см-дей 15 басты алты-сегіз канат керегеден, күмбезін құрайтын ұзындығы 240-250 см-дей 80-90 уықтан, диаметрі 180-190 см-дей делінеді зерттеулерде. Шаңырақ, қос қақпақты ағаш

есіктен сықырлауықтан тұрады. Әлбетте, төрт туырлық, екі үзік, түндік, киіз есікпен жабылады. Таңғышы шаңырақтың шеңбері арқылы ішке қарай тартылып байланатын киіз есік үзіктің астымен сықырлауықтың сыртына түсіріледі. Киіз есік күндіз маңдайшаға дейін түріліп байланады.

Ақ үй көбіне үй иесінің мәртебелі қонақты қабылдайтын үйі. Қонақты түсіріп, жатқызатын үйі боз үй, ал қызметші, шаруа адамдар тұратын үй қара үй деп аталады.

АҚ ҮЙЛІ АМАНАТ / АҚ ҮЙ АМАНАТ – қазақ өлкесінде қазақ хандығының дәуірі жүріп тұрған кезеңде халықаралық дипломатиялық қатынастағы қолданылған тәсілдердің бір түрі. Ақ үйлі аманатқа кіретін міндеттемелер: соғыстың шығынын төлеу, бұдан былай қару көтермей, жауласпай, бейбіт отыру. Жаугершілік замандарда екі жақ мәмілеге келіп, іс бітімгершілікпен аяқталғанда, жеңілген жақтың басшысы мал-мүлік жабдықталған, жасаулы ақ үй тігіп, өз ұлын қасындағы адамдарымен бірге топ қыз қосып, аманат ретінде береді. Ежелгі заманда ақ үйлі аманат алу жеңудің зор көрсеткіші болып саналды. Көне түркі тілінде мұндай құқықтық дипломатиялық тәсіл тұнық деп аталған. Ә. Марғұланның еңбектерінде мұндай жағдай өткен ғасырларда қазақ даласында жиі болып отырғаны туралы жазылады. Мысалы, жоңғар қазақ соғыстарында, қытай-қазақ шапқыншылығында, Хиуа хандығы мен қазақ келісімге келген кездер көп болған. Мұндай үлкен іс басында мемлекет ішінде беделді би, батырлар мен шешендер, атақты ақсақалдар, тіпті, хандардың өздері де жүрген.

Тарихта хан Абылай 1779 жылғы қырғыздарға соңғы рет жорық жасап, қырғыздар атынан ақ үйлі етіп (Омбы мұрағаттық деректерінде көп кісіні тұтқындап әкелді деген мәлімет келтірілген), қырғыздың солту руынан шыққан Жамансарттың ұлы Тілеубердіні бас қылып, аманатқа алып, қырғыз руларын Арқаға алып келгендігі айтылады (бір жыл Құдайменде сұлтанның қолында тұрған ол еліне аман-есен оралған деседі). Абылай өз қарамағындағы он бес түтінді құрайтын қырғыздың ықпалды билерінің балаларын (фольклор деректерінде қырық жігіт, қырық қыз делінеді) отауларын екі-үштен Шыңғыс, Бөкей, Тәуке, Әбілпейіс сұлтанға және Болат ханға бөліп жібереді. Хан Абылайдың қырғыздан аманатқа кісі алуының мақсаты қырғыздың басшы адамдарының балаларын алып, қан араластырсақ, жауласпасақ деген ниетінен туды деуге болады. Ақ үйлі аманаттың ескі түрі көне тарихта болған қызмет ететін еншілерімен қоса бекзада қыздарды ұзату ғұрпымен астас жатыр. Ақ үйлі аманат – ант, серт пен келісімнің, татулықтың айғағы. Оны бұзған ел басқа халықтар алдында үлкен кінәлі саналған және одан сырт айналған.

АҚ ШАШТЫ / БАСЫН АҚ [ҚЫРАУ] ШАЛҒАН – қазақы ортадағы дәстүрлі түсінік бойынша жасы «жер ортасынан ауған», шашына ақ кіре бастаған адамға қатысты айтылатын, жас ерекшелігін білдіретін ұғым. Тіршілік заңдылығы бойынша жасы ұлғайған кезде, адамның ақыл-ойы толысып, өмірге парасат пайыммен қарайтын, қазақы тілмен айтқанда «көшелі адамға» айналады. Тіліміздегі ақ шашымен – үлкен басымен, ақ шашты ана – жасы ұлғайған, егде әйел деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, «ақ шаш абыройын

сатты» деген сөз орамы – өмір бойы жинаған қадір-қасиетін, ең бастысы жасын міндет қылды деген.

АҚ ШИ – жүн орамаған, құр шиден өзінен тоқылып жасалған төсеніш немесе киіз үйдің және тұрмыста қолданылатын бұйым. Шидің халық арасына тараған негізгі үш түрінің ішінен (ақ ши, ораулы ши, шым ши) ши өсімдігінен қабығы аршылып тоқылатын ақ шидің сәндік, декорациялық сипатынан гөрі, тұтыныстық жағы басым: ақ шиді киіз басуға, өре жабуға, сүзгіге, шыптаға, мал сойғанда еттің астына салуға арналады.

ҚР МОМ қорында сақтаулы ақ шилердің бірі (КП 20734/35) қарақұс (түп) жағы мен бас (шашақ) жағы кезектесе алмастырылып салынып, жүн жіппен 14 қатар етіп тоқылған. Әлбетте, берік болуы үшін шеткі екі жолақтың арасын қиғаштай үшбұрыш етіп бедер шығарып тоқылады. Ши талдарын қосып тоқыған жіптің ұшы бір-бірімен қосылып ширатылып, шиді байлайтын бауға ұластырылады. Ақ шидің биіктігі 161 см, ұзындығы 820 см.

АҚ ІРІМШІК – сүттен дайындалатын ірімшік түрі. Ірімшіктің қай түрі болса да ақ ірімшік, сары ірімшік, қызыл ірімшік, уыз ірімшік – олардың әрқайсысын дайындаудың өзіндік технологиясы бар. Мәселен, ақ ірімшікті екі түрлі тәсілмен дайындайды: «1. Сүтке айран қосып ірітіп алу арқылы дайындалған ірімшік немесе өздігінен ұйыған сүттің айранынан жасалған ірімшік. 2. Сүтті қолма-қол ірітіп жасалған ірімшік» (Ә.Қайдаров). Көбінесе ақ ірімшік жасау үшін мол етіп алған сүтті (ірімшік дайындауға, әдетте, көктемде сүттің мол кезінде кіріседі) қайнатып, оған ыстық кезінде айран құяды. Айран сүтті ірітеді. Сүтті сары суы бір бөлек болып, іріген бөлігі бір бөлек болып қоюланып, кесек-кесек болып тұрады. Осы кезде қазанды ошақтан алып, сүттің іріген, қоймалжың бөлігін бөз, кенеп қалта-қапқа салып іліп қояды. Іріген сүттің суы әбден ағып, сорғыған соң, қалтадан алып, жаймалап дегдітеді. Бұл әлі кеуіп кетпеген жас ірімшік болып саналады. Оны осы күйінде пайдалана береді.

Ақ ірімшікті ұзақ сақтауға болады. Ол үшін ірімшікті бөліп-бөліп кептіреді. Кейде ірімшікті үгітіп алып та кептіреді.

Кепкен ақ ірімшікті қыстыгүндері шаймен ішеді, сорпаға да қосады. Ірімшіктің кептірілген түрлері ұзақ уақыт сақталатын болғандықтан оны келесі көктемде мал төлдеп, сүт молайғанға дейін пайдалана береді.

АҚАБА – егістікті суарғанда арық-атыздың аяғына дейін жетіп, жиналып қалған, жайылып жатқан іркінді су. Оңтүстік өңірде оны қайрық деп те атаған. Сонымен бірге егін суы жайылған жерді де ақаба дейді. Ақабасы кепкен жерге шыққан шөпті ақабаның шөбі деп атайды. Кейде ақаба егістіктің аяғына жетпей-ақ, суды шамадан көп жібергенде арықтарды қайсыбір жерде жырып кетуінен немесе су жүретін атыздардың шөп-шалам, топырақпен жабылып қалуынан да пайда болады. Бұндай ақаба су егістік жердің аяғында емес, басқа бір жеріне жиналып қалады. Тіпті айдалаға кетуі де мүмкін. Бұны су қашу, қашқан су дейді. Су қашпау үшін сушы әрбір атыздың құлағын тексеріп, суды біркелкі бөліп, аздап жібереді. Сонда су арық-атыздар аяғына жеткенше, егістік те «қанып ішеді». Ыңғайына қарай ысырап етпеу үшін суарудан артылып жатқан ақабаны жақын жатқан егістік алқабын суаруға пайдаланады.

Ақабаның көп болуы, оның ұзақ уақыт тұрып алуы жерді саз-балшыққа айналдырады, яғни жерді «аздырады». Сондықтан егіншілікпен айналысатын кейбір аудандарда оған қарсы шара ретінде терең етіп қашыртқы арықтар қазып қояды. Оны ақаба арық дейді.

Кейінгі уақытта ақаба, ақаба су деп өндіріс орындарында пайдаланылған лас суды да айтады.

АҚАЛАҚШЫ – керуенбасының халықтық атауы. Ақалақшы, негізінде, сауда керуенін басқарған. Кейбір деректер бойынша сауда керуенін басқару кәсіп ретінде қазақтар арасында «19-ғасырда пайда болған. Ол кезде қазақ елінде сауданы кәсіп еткен басқа адамдарды да ақалақшы дей берген. Өкімет орындары сауда-саттық ісін көбінесе ақалақшылар арқылы реттеп, олардан керуеншілердің жүріс-тұрысы, нарықтың өзгеруі, халықтың пиғылы т.б. жайында қажетті мағлұматтар алып отырған. Ақалақшы сол кездегі іскер топтардың өкілі ретінде жалпы жұртқа белгілі, беделді болған. Саудаға байланысты қалыптасқан ақалақшы атауы Қытай қазақтары арасында, біріншіден, «керуенбасы», екіншіден, «ертедегі қазақ ауылдарында ел билеуші, мыңбасы» тәрізді ұғымдарда қолданылған. Шыңжаң мен Қобда қазақтары арасында ел билеуге байланысты төменгі дәрежедегі лауазым ретінде ХХ ғасырдың ортасына дейін қолданыста болған.

АҚАН АУ – қызыл балық түрлерін, әсіресе бекіре аулауға арналған кең көзді ау берік түрі. Ұзындығы 18-20, ені 2,5 м шамасында. Қорытпа балыққа көзі ірі (30 см), 20 м ұзын, ені 5 м келетін ау дайындайды. Қызыл балықтың ірілігіне байланысты ақанның тор көзі өзге ауларға қарағанда кеңдеу болады, ақан аудың бекіренің жонындағы сүйектеріне төтеп беретіндей берік жіптен жасалады. Ақан аудың жүз шақтысын бір жолда құрады, екі ау сайын бір қазыққа бекітіп, бір қалтқы орнатады, қазықпен бекітіледі. Шоқыр, бекіре аулағанда 40-50 ау бірден қатар құрылады. Олардың арасын дөңгелек темір шығыршық жалғастырып тұрады. Ақан ауды балықшылар қыста атшаңғыға салып, мұз үстіне алып келеді. Ақан аумағын балық аулаушыларды ақаншылар деп атайды.

АҚАНДОЗ / ӘКЕНДОЗ – күл шығаруға арналған темір қалақ. Оңтүстік аймақта қолданылатын күлге арналған қалақты кейбір аудандарда экондүз, экандоз, Қарақалпақ қазақтары қож деп атайды. Ақандозды темір ұстасы басын қаңылтырдан шағындау етіп, күл төгілмеу үшін үш жағынан қыр шығарып жасайды да, оған 40-60 см шамасындағы сап орнатады. Ақандоздың сабын ұзындау темір шыбығынан немесе қаңылтырдан қалыңырақ ұзын темірден екі бүктеп жасайды.

Ақандозды ошақтан, пештен күл алумен бірге шайнек яки шәугімді қыздыруға арналған шоқаяққа шоқ салу үшін де қолданады.

АҚБАҚАЙ¹ – жылқы бақайындағы бір бөлек ақ жолақ, бақайдағы ақ түсті түк. Жылқыда жиі кездесе бермейтін бұл белгіні қазақ ерекше көріп, жақсы ырымға жорыған. Жылқы денесіндегі осындай белгісіне орай Көкшолақ, Керкұла, Шалқұйрық, Тайбурыл дейтіні тәрізді кейбір атты Ақбақай деп атаған. Ақбақай деп аталатын ән де бар. Мәлімет берушілердің айтуынша байырғы уақытта қайынжұртына баратын күйеу жігіттер ақ бақай ат мініп

баруға тырысады екен. Сонымен бірге келіннің де түскен жеріне ақ бақай ат мініп келуі мәртебе саналған.

АҚБАҚАЙ² – сиырға жаппай келетін зілді, әрі қауіпті індет мәліктің екінші бір атауы, эвфемизм. Бұл індет қыз, ақбайпақ, ақ, кемпір, Алла жіберген деп те аталады.

АҚБАЛШЫҚ – үйдің іші-сыртын ағартуға қолданылатын әк. Ақбалшықты әкке су құйып дайындайды. Су құйғанда әк тасы бұркылдап қайнап барып басылады. Қоймалжың балшық ыдыс түбіне тұнып қалмау үшін таякпен қозғап, қою немесе сұйықтығын реттейді. Ақбалшық қойылып бара жатса, аздап су құйып отырады. Жеміс ағаштарына құрт-құмырсқа жоламасын, құрт түспесін деп ағаш діңінің төменгі жағын әктеп қояды. Сонымен бірге Оңтүстік аймақта сойылған қойдың қарнын тез әрі оңай тазалау үшін оған ақ балшық қосып жуады. Ақбалшықпен жуған қарынды пышақпен қырғанда бүрі тез алынады. Ақбалшықты абайлап пайдаланбаса, ол қолды ақжем етіп сорып, ойып тастайды. Сондықтан оған қолды тигізбей, бояу жаққыш, шөтке тәрізді құралды пайдаланады.

АҚБАС – жылқының шашасы мен тұяғы арасындағы жіңішке жері – құндыздығына бөртіп немесе тері астынан түйін болып шығатын жара. Мініс көлігінің ақбас ауруы күтімсіздіктен, ыстық-суықтан болады деп саналады. Құндыздыққа шыққан ақ бөрткендер біраздан кейін іріңдей бастайды. Тезірек емдеп жібермесе, ірің тұяқтың ішіне кетеді. Тұяғының ішін ірің кеулеген жылқы қатты ақсайды. Ондай жылқының тұяғы түсіп қалуы да мүмкін. Тұяғы түсіп қалған жағдайды емшілер «қазық аяқ», «қазық аяқ болып қалды» дейді. Сондықтан аурудың алдын алу үшін, дер кезінде емдеу үшін жылқының қимыл-қозғалысын бақылап тұрады. Өйткені құндыздықта түйін, бөрткендер алғаш білінісімен-ақ жылқы аяғын жерге тигізгенде ауырсынатын болады, аяғын басқысы келмейді, жүргенде де ақсап басады.

Ақбас ауруын анықтаудың тағы бір жолы – қолмен жылқының құндыздығын сипап көру. Этнограф Ж.Бабалықұлы құндыздықты қолмен сипап қарағанда сол тұстың ыстық табы білінсе, сол жерді мұқият сипай түскенде терінің астынан бидайдай түйін байқалса, сырттай қарағанда да түйін бар жер талаурап, ісіңкіреп тұрса, ол жылқының ақбас ауруына шалдыққанының белгісі деп көрсетеді.

Халық емшілері ақбасты әртүрлі жолмен емдеген. Айталық, ауру білінісімен «ыстық май басып, әртүрлі ыстық компрестер жасап, емдеуге тырысады. Осы шараларға бой бермей ұлғая берсе, күкірт түтететін. Бұл үшін арнаулы тесігі бар, суға жібітілген қалың көнмен тұяқты көбесіндегі жара тесіктен көрініп тұратындай етіп орайды да, жараға жүгерінің дәніндей күкірт қойып, үстінен қыздырылған темір басады. Бықсып шыжыған күкірт жараға жақсы сіңеді де, жараның тезірек жазылуына әсерін тигізеді».

Кейбір емшілер құндыздықта бүртік алғаш пайда болғанда-ақ оны пышақпен еппен тіліп алып тастаған. Ота жасалған жерге бұршақ көлеміндей уқорғасынды немесе бидайдың үлкендігіндей ақжұмырды тығып қойған. Қайсыбір емшілер қойдың құйрық майы мен тотияйынды пайдаланған. Мал ауруларын жақсы білетін этнографтардың мәліметіне қарағанда «Егер

құндыздықты жаралағысы келмесе, ауру пайда болған жердің дәл үстінен қойдың алақандай құйрық майын қояды да, май үстіне бұршақтай тотияйын талқанын сеуіп, майға ыстық темір басып қыздырады. Тотияйын маймен қосылып, ауырған денеге сіңеді. Сонан соң бірте-бірте сырқаты жазылады».

Емдеу шарасы жүргізілгеннен кейін жылқыны әбден жазылғанша тек құрғақ жерге байлап күткен. Өйткені дымқыл жер, ылғалдың ақбас ауруына кері әсер ететіні, зиян тигізетіні белгілі болған. Емдеу тәсілдері малшылықпен айналысқан қазақ халқының, ел ішінен шыққан емшілердің өсімдіктерді емдеуге қолдануының ғасырлар бойғы бай тәжірибесінен, төрт түлікті күтіп-баптауынан, мал басын азайтпай тиімді пайдалануынан құнды мәлімет береді.

АҚБАС ЖУСАН (*Achillea millefolium*) – түкті, түп-түп болып өсетін, биіктігі тізеден асатын жусанның бір түрі. Ақбас жусан қазақ жерінің барлық өңірлерінде, әсіресе оңтүстікте жиі өседі. Ақбас жусан ондағы тас, құм беткейлерінде, бұта арасында, қора маңында, жол бойларында, егістік алқаптарда өседі. Көктемде көктеп, жаз айларында гүлдейді. Гүлдері ұсақ, майда, түсі ашық көк келген, топтасып тұрады. Мәлімет берушілердің айтуы бойынша, ақбас жуанды жергілікті тұрғындар шаруашылықта түрлі мақсатта пайдаланады. Мысалы, үйге сыпыртқы ретінде қолдану үшін, ақбас жусан жазда түп жағынан шауып алып (себебі, өсімдік сабақтары қатты болғандықтан орып алуға келмейді) қолдиірмен, тас сияқты салмағы ауырлау келген заттардың астына салып тегістеп алады. Ақбас жусанның дәмі ащы болғандықтан, үй ішін сыпырған кезде одан түскен ұсақ дәннің иісінен құмырса тәрізді жәндіктер үйге кірмейді. Сондай-ақ күзге таман киіз үйді жыққан кезде, оның киізіне күйе түспес үшін араларына ақбас жусанды салып жібереді. Ақбас жусанның тағы бір ерекшелігі, шауып алғаннан кейін қанша уақыт өтсе де, тек сабағының түп жағы аздап сарғайғаны болмаса, қалған жері бастапқы түсін сақтайды. Жүн бояу үшін әйелдер ақбас жусан мен боз жусанды қосып қайнатып ашық сары түс бояу алған.

Сонымен қатар, ерте кезден ақбас жусанды емдік мақсатта аққан қанды тоқтатуға, асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартуға, іш өткенді тоқтатуға, тәбет ашуға және т.б. ауру түрлерін емдеуге кеңінен пайдаланылған. Ол үшін ақбас жусан гүлдеп болған соң, оны гүлімен қоса жоғарғы бөлігін жинап алып кептіреді. Жақсы сақталған шөп бірнеше жылға дейін күшін жоймайтындықтан емге қолдана берген. Сонымен қатар, кейбір деректерде жайылым кезінде ақбас жусанды мал жесе ішегіне құрт түсуден сақтайды деп айтылады.

АҚБОЗАТ ПЕН КӨКБОЗАТ – дәстүрлі этноастрономияда айтылатын көк жүзіндегі Темірқазықты айналып жүретін екі жарық жұлдыздың атауы. Қазақ мифологиясындағы осы екі жұлдыз Темірқазыққа арқандалған екі атқа баланады: оның ақшылдауы Ақбозат, көкшілдеуі Көкбозат аталады.

Бұл екі жұлдыз – аспанның солтүстік бөлігіндегі жыл бойы батпайтын жұлдыздардың бірі. Ертеде қазақтар Ақбозатты Темірқазықпен бірге бағыт-бағдар алуға жиі пайдаланған.

Қазақта Жетіқарақшы Ақбозат пен Көкбозатты ұстаған күні ақырзаман болады деген аңыз кездеседі.

АҚБӨКЕН – еті мен терісін, мүйізін пайдалану үшін ауланатын қоңыр аң. Ел арасында оны бөкен, киік деп те атайды. Ақбөкен деп аталуы жүнінің қысқа қарай бозғылт тартып, ағаруына байланысты қалыптасқан. Текесі қайқы мүйізді, ешкісі мүйізсіз. Сарғыш бозғылт түгі қысқа, сирек түбітті, қыста ұзын әрі қалың қылшықты келеді. Көбінесе бидайық, бетеге, жусан, изен өскен және сортаң жерлерде жайылады. Қыс мезгілінде құм немесе құмдауыт аймақтарды қыстап, күн жылына салысымен сулы жерлерге қарай ауысады. Аталмыш жерлерге қайтуы сары күзде басталады. Қарашаның соңында күйленіп, мамырда егіз лақтайды. Көкек айында қардың күрт еруінен туындайтын қолайсыз мерзімді «аласапыран», көкектің орта кезінде алғаш найзағай ойнап, күн күркірейтін кезін оңтүстікте «қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» («қызыр қамшысы» амалы) десе, Маңғыстауда киіктің күйек кезеңіне дәп келетіндіктен «киіктің лақ өргізбесі» деп атайды.

Ақбөкен мүйізінің, тұяғының шипалық қасиеті бар деп есептелінеді. Қазақтар оның мүйізін сусамыр ауруына қарсы дәрумен ретінде пайдаланды. Ал тұяғын күйдіріп, күлін теміреткіден емдеу үшін жағатын.

АҚБҮРКЕЙ – жесір қалған әйелдің күйеуінің жылы толғанға дейін жамылып жүретін үлкен орамалы, жаулығы. Халық тіліндегі жаулықтың бұлай аталуы, біріншіден, оның түсіне байланысты қалыптасқан. Екіншіден, бүркей деп ел ішінде «әйелдердің басқа салатын жамылғысын, орамал түрін» айтады. Жамылғы атауы о баста бүркеуге, бүркеніп жүруге атқаратын қызметіне байланысты шыққан.

Жамылғының бұл түрі басқа салған орамалдың сыртынан бастап, әйелдің екі иығын ала өңірін жауып, бетін көлегейлеп тұрады. Жергілікті тұрғындар арасында ол жесір әйелдің белгісі болған. Ал Қытайдағы қазақтар тұрмысында жас келіннің сәукелесінің сыртынан салатын, желбіреген жамылғысын ақбүркеншек дейді. Ол да бетті көлегейлеу үшін қолданылғанмен, жаңа түскен келін киімінің құрамдас бөлігі ретінде жастықтың белгісі болып саналған.

АҚДАБЫ – шыт тәрізді тығыз тоқылмаған, одан қалындау түкті бөз. Ақдабы арзанқол мата түріне жатады. Бөзді қазақ елінің шығыс аймағы мен Алматы өңірінде ертеректе ақдабы деп атаған. Ақдабыдан кейбір киім түрлері (дамбал, халат) тігілген; мәйітті орайтын кебін ретінде пайдаланған. Сүзбе, құрт, жасау үшін одан айран сүзетін қалта, дорба жасалған.

АҚДӘНЕКЕР – таза күміске мыс қосып қорытқанда қосылатын ұнтақ үгінді. Негізінен медицинада қолданылатын борлы қышқылды қазақтар осылайша атаған (орысша – бура). Күміс бетіне ақдәнекерді сепкеннен кейін белгілі тәртіппен қажетті түрлі өрнек, бедер жасайды, көбінесе сіркелейді, көз орнатады, алтын жалатады.

АҚЖАЛАУ – Қоқан хандарының бейбіт жатқан елді шабатын қосыны. XVII ғасырларда қазақ жерінің Алатау, Қаратау, Шу, Талас өңірі, Ташкент жақтағы қазақтар Қоқан хандығының билігінде болды. Қоқан билеушілері қазақтарды шала мұсылман, тіпті мұсылман емес деген желеумен қосын шығарып малын айдап, мүлкін талан-таражға салған. Бұндай ел шабатын қосын сол кезде ақжалау атанып кеткен. Қосынның ақжалау атануы бастарына желпілденіп ақшалма орағандықтан болса керек. Ақжалау ат үстінде жүргенде

бейбіт жатқан қазақтардың мал-мүлкін, әйел-қыздарына дейін олжалап күндікте ұстаған немесе арғы елдерге құл қылып сатқан. Тіпті, «Қыз салық» сияқты салықтың қисынсыз түрін де шығарған. Қоқан билеушілерінің ат үстінде жүрген ақжалау қосыны істеген бұндай қиян-кескі, зорлық-зомбылықтары ел есінде «Ақжалау барда малым бар деме, Өзірейіл барда жаным бар деме» деген мақал түрінде сақталып қалған.

АҚЖАЛБЫЗ – хош иісті, биіктігі бір метрге дейін жететін, жиегі тісті болып келетін жапырақтары қарама-қарсы біткен дәрілік өсімдік. М. Қанапияұлының көрсетуінше: «Ақжалбыздың жер үсті бөлігі дәріге пайдаланылады. Гүлі толық ашылғанда орып, жас күйінде немесе көлеңкеде кептіріліп жасалады. Дәмі ащы, түсі әдемі, усыз болады. Ақжалбызды жазғы ыстықта күн өтіп ауырғанда ақжалбыз, райхан жалбыз, ақбұршақ деп аталатын үш өсімдікті қосып, суға қайнатып алып ішеді. Асқазан, ішек ауруларын емдеу үшін тек ақжалбыз салып қайнатқан суды пайдаланады.

Кейде жаншып алынған ақжалбыздың шырынын қайнаған суға қосып ішеді. Сол сияқты оның жалбыз, рауғаш, ашудас және т.б. қосып дайындалған сұйық қоспасын алақанның түлеп жарылуын, аяқтың қотырын емдеуге қолданады. Ол үшін ауырған жерді күн сайын ақжалбыз қоспасына 2-3 мәрте батырып отырады».

АҚЖАМШЫ – әйелдер пайдаланатын ұзын жамылғы түрі. Ақжамшы баскиімнің астынан киіледі. Жұқа матадан тігіледі. Шаң-тозаңнан қорғану үшін жамылады.

Б. Камалашұлының айтуы бойынша: «Жамшы дегеніміз жамылғының бір түрі. Жамылғыны киім сыртынан жамылатын жайттар да кездеседі. Оның тамаққа таяу, кеуде тұстан байлап қоятын екі бауы болады. Жамылғыны асыл жұқа бұлдардан және қалыңдау бұлдардан сәндеп істейді. Жұқа жамылғыны үлбіреген әсем өңді асыл бұлдан істейді. Сондай-ақ, сал-серілер, батырлар да шапан, сауыт сыртынан жамылғы жамылады...». Жамылғы түрінің бұл көне атауы «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жырында кездеседі.

АҚЖЕЛЕК – Қытайда тұратын қазақтардың сөйлеу тілінде кездесетін «жесір», «жесір келіншек» деген мағынада қолданылатын сөз. Ауыспалы мағынада қолданылатын ақжелек атауы келіншектердің кимешек сыртынан салатын ақ түсті жұқа матадан жасалған, ақ торғын орамалына байланысты қалыптасқан. Өйткені желбіреп тұрған ақжелек жас әйелдердің киген киімінен көрінетін белгі болған. Желекке ақ түсті материал пайдаланылған. Моңғолияда тұратын қазақтар түсін түстемей-ақ сәукеленің орнына салатын орамалды, Қызылорда өңірінде кимешек сыртынан салатын орамалды, Шығыс Қазақстан, Көкшетеу аймақтарында үлкендеу салы орамалды (шәлі) желек деп атайды.

АҚЖЕМ – жапырақтап турап, инемен пісіп шабақтап, жылы суға бесалты рет шайып, сығып, бар сөлінен арылған, түсі ақ шүберектей етіп өндеген шикі еттің атауы. Мұндай құнарсыз жемді дайындау барысында шандыр мен майдың жіберілмеуі қатаң қадағалынады. Ақжемді көбінесе арық аңның немесе малдың етінен дайындалатындығы сондықтан. «Бап дегеніміз жем, жем дегеніміз бап» деген ұстаным бойынша саят құсын қайыру, баптау кезінде

беріледі. Бұл шара саят құсының барлық түрлерін жарау күйде ұстап тұрудың ең көп тараған тиімді тәсілі болып табылады.

Саят кезінде тоқ болғандықтан аңға түспей қойған кезде де ақжем береді. Ақжемнің өте ұсақ етіп туралған түрін ағарттық атайды.

АҚЖОЛТАЙ – қадамы құтты болған, келуі жақсылыққа жалғасқан адам. Ақжолтай атауы көбінесе, жас балаға, жаңа түскен келінге, келген қонаққа қатысты айтылады. Байырғы қазақ дәстүрінде жолаушы келген түні мал төлдесе, көтен асып, қонақты сыйлайды. Әрі киіт кигізіп, ақ жолтай қонақ деп шығарып салады. Сондай-ақ, жаңадан келін түскен шаңырақта күтпеген жерден жақсылық болса, келіннің аяғы құт әкелді, келін ақжолтай болды деп қуанады. Осыған байланысты «құтты қонақ келсе қой егіз табады, құтсыз қонақ келсе қорадағы қойға қасқыр шабады» деген мәтел қалыптасқан.

АҚ ЖУСАН (*Artemisia lerceana*) – сабақ, жапырақтары түкті, биіктігі тізеге жететін өсімдік. Жусанның бір түрі. Тамыз-қыркүйек айларында гүлдейді. Қазақстанның орталық, оңтүстік-шығыс және батыс бөліктеріндегі сортаң, құмды, шөлейт, далалы жерлерде өседі. Ақ жусан далалық бетеге, көде сияқты өсімдіктермен араласып өсетіндігімен ерекшеленеді. Ақ жусанмен күз, қыс, көктем мезгілдерінде төрт түлік малдан қой-ешкі, жылқы, түйе азықтанады, әсіресе онымен қоректенген қой малы аз уақытта ет алып қоңданады. Бір сөзбен айтқанда, жайылымдағы малды аз уақытта қоң жинап, семіртетін өсімдіктің бірі. Халық медицинасында ақ жусанды тұмау, бауыр, қуық қабыну ауруларына пайдаланады.

АҚЖІГІТ – қамшы, шідер және т.б өретін таспаны ысып, сыптығырлау үшін қолданылатын, мүйізден жасалған құрал. Ақжігіттің қызметі алтын, күміс талшықтарын созып дайындайтын сымтартқыш, сүмсуір деп аталатын құралға ұқсас. Сондықтан ақжігітті сүмсуір, ал пішініне қарай тесікмүйіз деп те атайды. Ел ішінде аталмыш құралдың ақмырза деген атауы да ұшырасады. Ақжігіт жасауға көлемі үлкендеу мүйіз таңдалады. Оған сиыр, арқар, тауешкі, мүйіздері жарайды. Ақжігіт жасау үшін үлкенді-кішілі көлемде мүйізді бірнеше жерінен тесіп көз жасайды. Кішірек көздерінен өрілетін таспаны, ал үлкен көздерінен қамшының өрімін өткізіп, ары-бері тарта отырып сыптығырлайды.

АҚЖІЛІК – жілігі майлы, күйлі, бәйгеге шабатын, көкпарға қосатын немесе дамылсыз жолға мінетін аттың жаратуға болатын күйі, табиғи қоңдылығы. Бұл туралы этнограф Ж.Бабалықұлы: «Қазақ тілінде «жілікті», «жілігі майлы», «жілік майы сорғалап тұр», «кемік майы сорғалап тұр», «жілік майы тоқпақтай» деген сөз тіркестері кездеседі. Бұл жілік майының табиғи қалыбының өзгеріске ұшырамағандығын, яғни «ақжілік» деген ұғымды аңғартады, – дейді. Ал, жілігінде майы жоқ, жілік майы азайған, немесе жілік майы қылдырықтай тәрізді сөз орамдары малдың жем-шөпке жарымағандықтан арық, күйсіз немесе ауру екендігін білдіреді. Күйі кеткен, ауру малды ақжілік ұғымына қарама-қарсы мәнде қанжілік, қанжілік болды деп сипаттайды. Тоқтаусыз ұзақ жүрістен мал, әсіресе семіз жылқы қызылмай болып зорығып, аяқтарын баса алмай бүгежектеп қалады, аяқтары ақсап, мініске жарамай қалады. Осындай сыртқы белгісіне қарап оны қанжілік болды

деп санайды. Қанжілік жұқпалы ауру емес, күтімсіздіктен, зорығудан болатын ауру. Ондай жылқыны сойып қарағанда жілік майы ақ түсті болмай, қызарып, қанталап тұрады.

Сыртқы белгісіне «жүрісіне» қарап анықталған, қанжілік болған аттарды емдеп алмай, бәйгеге қосатын аттардың қатарында баптауға болмайды. Оны жілік майы толғанша, яғни ақжілік болғанға дейін ерекше күтімге алады. Ол үшін күйі төмендеген аттың жанына бір-екі атты қосып бағады. Олардың ешқайсысына жүген-құрық тигізбейді. Бәйге атының жанына қосып жүрген атты құрбан ат дейді. Өйткені біраз уақыт өткен соң қосып жіберген атты сойып, жілігін шағып, майының түсін, аз-көптігін көзбен көріп тексереді. Сойылған жылқының жілігінің майы толық, ақ түсті болса, қасындағы атын ақжілік болды деп, бәйгеге жарата бастаған. Жілігі толмаса, бағып-күтуді әрі қарай жалғастырып, жанындағы келесі атты сойып көрген.

АҚЗОН ТЕМІР – қаңылтыр темірдің ақ түсті түрі. Құрамында мырыш болғандықтан мұндай темірден (қаңылтырдан) шеберлер кірлен (кір+леген), су сақтайтын дүңгіршек, шелек, самаурынның кернейі сияқты ыдыстар мен жабдықтар жасауға қолайлы деп санаған.

АҚИЫҚ – бүркіттің ерекше алғыр саналатын тұқымы. Ақиықтың ғылыми анықтамасы бойынша «түсі қара қоңыр, басы мен желкесі сарғыш, маңдайы мен төбесі қоңыр, иығы ақ сұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар».

Алғыр, бағалы құсқа саналған ақиықтың Орал, Алтай тауларында таралған деседі ауызша деректерде. Академик Ә.Х.Марғұланның жазуына қарағанда, ақиық шөлейт, суық өлкелерде, Орал, Мұғалжар тауларында, күнбатыс Сібірде жүретін бүркіттер тегін ерте кезден Оралдың ақиығы деп атаған. Басқадан тоят алып, азулы аңнан қорықпайтын, аспанда жүріп шабыт көздейтін, түз құсының қайтпас қайраттысы, алғыр қыранның біріне саналған.

XVII-XIX ғасырларда башқұрт аңшылары ақиықты Орал тауынан көп ұстап, Орынбор, Уфа, Троицк қалаларында болатын жәрмеңкеде қазақ саятшыларына өте қымбат бағамен сатады екен.

«Оралдың ақиығының» түсі өзге бүркіттен ерекше қылаң, басы қарақоңыр, иық жүндері жапырақталған ақтеңбіл, сырты, бауыры кертарлан, балақ, саңғуыр жүндері ақтаңдақ кершұбар, қанатының асты қоңыр, қарасы аз болады. Бұл тектінің жүретін өлкелері көбінесе шөлейт болса да қысқа қарсы оңтүстік өлкелерді де кезіп қайтатын дағдысы болды.

АҚҚАЛА – қардан қалап жасаған қора, пана. Аққаланы өрістегі малшылар малға ықтасын жасау үшін соғады. Сонымен бірге қора-қопсы, аласа үйлер қар астында қалмау үшін бекіген қардан аққала соғу солтүстік аймақтарда қолданылған. Көкшетау аймағында «үйдің айналасына қар жиналмау үшін жел жақтан қар кесектерін бірінің үстіне бірін қалап қойып тосқауыл жасауды» аққала соғу деп атайды. Аққала боранды күндерде мал мен малшыға пана болумен бірге мал өрістерінің белгісі болған.

Қыстыгүні қар көп жауатын өңірлерде қардан аққала соғып (қабырға тұрғызып), екі топқа бөлініп қар лақтырысып ойнайды.

АҚҚАЛПАҚ – жұқа басылған ақ киізден тігілетін баскиім түрі. Оны кейде түбіт араластырып, жұқа етіп басылған киізден де дайындайды. Аққалпақтың шеттері қара барқыт немесе қара пүліш матамен әдіптеледі. Төбесі төрт сай болып тігіліп, тігісі қара жібек жіп немесе қара барқыттан шыралжың салынып көмкеріледі. Тіпті, қайырма етегі мен төбесін түрлі-түсті жібек матамен тыстау немесе ою-өрнек салу да кездеседі. Аққалпақтың кейбірінде ғана төбеден төгілдіре шашақ тағылады. Кейде қалпақты ши барқыт, шұға сияқты матадан сырып та жасайды.

ҚР МОМ қорындағы (КП 19434) аққалпақ төрт сайдан құралған, төбесі шошақтау етіп тігілген және онда шашағы бар. Керегесінің биіктігі 23 см, милық шеңбері 53 см.

АҚҚАҢБАҚ (*Gypsophila paniculata*) – қаңбақ өсімдігінің бір түрі. Қазақстанның құмды, сортаң жерлерінде, шөлейтті жерлердегі өзен аңғарларында ұшырасады. Ғылыми анықтамаларда қаңбақтың қаңбақ және аққаңбақ деген сияқты түрлері кездеседі. Қаңбақ (*Salsola Paulsenii*) биіктігі 15-60 см, сабағы түбінен шығып, бұтақты, түгі қалың болса, аққаңбақ (*Gypsophila paniculata*) биіктігі 1 метрге дейін өсіп, тік бұтақты, дара, кейде әлденеше сабақты, гүлінің түсі ақ, шоғырланып тұрады. Аққаңбақ гүлдеген кезінде түйе малы жейді. Шаруашылықта аққаңбақтың тамырынан сабын жасайтын зат алынады, сондай-ақ, тамырын ұсақтап боялатын жүнді жуады. Дәрілік мақсатта аққаңбақ тамырын мал ауруларына пайдаланады. Ел арасында қаңбақтың кеуіп, қатып, түсі ағарып кеткен кезінде, оны аққаңбақ деп атау қалыптасқан. Алайда, мұндай атау белгілі-бір өңірлік ерекшелікке байланысты болуы мүмкін.

АҚҚАПТАЛ – түйенің ақ жүн шыққан екі қапталы. Ақ жүн түйенің арқасы мен қабырғасына, тіпті бүйіріне де шығуы мүмкін. Ол түйенің арбаға көп жегіліп, алайда дұрыс күтім болмағандықтан қажалып, жарақаттанып, кейін жазылғанда сол тұсқа ақ түсті жүн шығуынан болады. Кейде ондай түйенің екі қапталы ақ көн сияқты болып көрінеді. Аққапталға, негізінен, атан түйелер ұшыраған. Бұндай түйені аққаптал түйе, аққаптал атан деп атаған. Жұмыс көлігін жауыр қылуды халық тілінде аққаптал қылу дейді. Кейбір аймақта «білімпаз» немесе «тәжірибелі, көпті көрген» тәрізді мағыналарда қолданылатын аққаптал атауы мен «ығыр қылу», «қажыту» ұғымдарында айтылатын аққаптал қылу тәрізді сөз орамы о бастағы түйенің ұзақ уақыт бойы көлікке жегілуімен, оның күй-жайымен байланысты қалыптасқан.

АҚҚАС! / ЖӘРЕКІМ АЛЛА! / АҚТҰШ! / БЕР ТӘҢІР! – түшкіргенде айтылатын тілек сөз. «Денің сау болсын, ауырма, аман бол!» деген мағынаны білдіреді. Бұл тілектің тағы бір түрі «Аққас!». Этнолог Нұрсан Әлімбайдың айтуынша бұл тілек «Қасың ағарып қартайғанша денің сау болсын, жамандық көрме, қайғы-мұңсыз өмір сүр» деген мағынаны білдіреді. Ал, «Жәрекім Алла, бер Тәңір» деген тілек сөз «Алла жар болсын, тілегінді тәңір берсін» дегенді аңғартады. Ақтұш, ақтүйенің сүтін іш, – деп айту да денсаулық тілеген нышанда айтылады.

АҚҚОЛ АНА – дәстүрлі ортадағы жүкті әйелдерді босандыратын тәжірибелі, жасы үлкен әйел. Аққол ана негізінен ел ішінде көп бала тапқан,

босану мен жүктіліктің қыр-сырын меңгерген әйелдерге жүктеледі. Олар ел ішінде сыйлы, балалы-шағалы, ата-енесінен бата алған аналар болады. Аққол ана әйел босана аламай қиналса қолына келгеннің бәрін жасайды. Бала теріс келген сыңайлы болса, жүкті әйелдің ішін маймен сылай отырып, арнайы ағаш табағымен айналдырып «түзейді». Толғағы жиілеген кезде арнайы керілген арқанға асылып тұрған жүкті әйелдің белін тартады.

АҚҚОЛТЫҚ – бәйбіше, тоқалдан кейін алған жас әйелге қатысты халықтық атау. Алайда, зерттеуші С.Кенжеахметұлы өзінің еңбегінде, қазақы ортада көп әйелі бар ер адамның бәйбіше, тоқал, нақсүйерден кейінгі, яғни төртінші алған әйелін аққолтық деп атағанын көрсетіп кетеді.

Сондай-ақ дәстүрлі ортада аққолтық сөзін жуас, мініске жарамды жылқыға да қолданған.

АҚҚУ – дәстүрлі қазақ қоғамында киелі саналатын құс. Аққудың байырғы түркі халықтарында тотемдік мәні болған. Аққуды киелі құс ретінде қазақтар ежелден қастерлеп, «құс төресіне» оқ атпаған. Оны атқан адамды оның киесі ұрады деп есептеген.

Бақсылар бертінге дейін аққу терісін жамылып, оның қауырсынын тағып келген. Ш. Уәлиханов Досмайыл бақсының қобызбен күй тартқанын, оның «Аққу» деп аталатын күйі болғанын еске салады (қазіргі Алматы облысы, Қарғалы ауылы). Қазақ тілінде аққу құсты символикалық тәсілмен адамға көбірек теңеу, ұқсатудың төркіні және ауыз әдебиетінде де сұлулар сыны аққудың бейнесі арқылы берілуі, оның бір кездері тотемдік мәні болуымен байланысты деуге болады. Қазақ поэзиясында аққу әсемдіктің, сұлулықтың, пәктіктің символы ретінде суреттеледі:

Аққудай тізіліскен ақша қыздар қарайды,
Тамашалап танды мына
(Айтыс).

Сондай-ақ қазақ тілінде Аққудың топшысындай, аққудың үніндей, аққудың көгілдіріндей, аққудың мамығындай, аққудың сылануындай тәрізді сан алуан тұрақты сөз орамдары бар. Қазақтың мифтік аңыз, ертегілерінде аққу терісін жамылған қыз аққуға айналатын сиқыршы қыздар; «Таласбай мерген» атты қазақ ертегісінде ханның үш қызы аққу терісін киіп жүретіні; «Едіге» жырының Ә.Диваев жазып алған нұсқасында пері қыздары аққу күйінде ұшып келуі; әулиенің аққу кебінін ұрлап алуы; халық аңыздарында бақсылардың атасы Қорқыттың аққудан туғаны жөнінде мифтік сарындар жоғарыда айтып өткендей аққудың тотемдік мәні болғанын айғақтай түседі.

АҚҚУ БӨРІК – аққу терісінің тұтас сыдырылған түріндегі және аққу мамығынан тігілген бақсы мен дуананың айрықша белгісін көрсететін баскиім түрі. Аққу бөрікті негізінен бақсы ойнайтын кезде киген. Оны ем-дом жасап, сәуегейлік айтатын дуаналар да пайдаланды. Зерттеуші М.Ғ.Ғұмарованың баспаға даярлаған Әбубәкір Диваевтың нұсқасындағы «Қамбар батыр» жырында аққу бөрік жөнінде төмендегідей мәлімет кездеседі:

«... Патшадан пәрмен болған соң,
Келмембет мінді атына,
Бітеу сойып аққудың

Терісін киді басына,
Жөнеліп кетіп барады
Қырық жігіт ертіп қасына...»

Этнографиялық және фольклорлық деректер бойынша аққу символикасы қазақтың шаман өнеріндегі арнайы дәстүрлі киімнің, сондай-ақ, оның маңыздылығын ашатын негізгі атрибут болып табылады. Қазақ бақсылары шашы ұзын аққу мамықтарынан жасалған қалпақ және жамылғы киген. Зерттеуші Р.Ш. Кукашевтің айтуы бойынша, Алматыға жақын Қарғалы ауылы тұрғынында Досмайыл бақсы қолданған аққу бөрік, қобыз, асай мүсей, қамшы, орақ сақталған. Бұлардың барлығы үй иесінің әкесі Досмайыл бақсыға тиесілі болған, баскиім мен қобыз әкесі күйіктен, оған 18 жасында мұра ретінде қалған. Досмайыл бақсы емшілікпен айналысқан, көбінесе белсіздік, жүйке ауруына шалдыққандарды емдеген. Ұлының айтуы бойынша, соғыстан кейінгі кездегі туыстарынан айрылған немесе соғыста туысқандарынан хат хабар келмегендерге көмек беріп, ем-дом жасаған екен.

АҚҚУ МАМЫҚ ІШІК – кеуде тұсы терісінен тігілген әйел ішігі. Тысы жібек матамен қапталған. Дәстүрлі қазақы ортада аққу терісінен тігілген мұндай ішік өте жоғары бағаланатын.

Осындай аққу терісінен тігілген, бағалы ішік ҚР МОМ қорында 1974 жылдан бері (музейлік тіркеу нөмірі КП 13950) сақтаулы. Мәлімет беруші Б.Қақабаевтың айтуы бойынша, соңғы кезге дейін аталған киім «аққудың мамығынан» тігілген деп жаңсақ айтылып келген болса, этнолог Нұрсан Әлімбаевтің «аққудың кеуде тұсы терісінен» дайындағанын анықтады.

Аталған аққу мамық ішік ХІХ ғасырда Ақмола облысында тігілген. Ішіктің ұзындығы 110 см, жең ұзындығы 76,5 см, екі иіннің аралығы 43 см. Киімнің тысы ақсары барқыттан, қондырма жеңді, белі қынамалы, етегі кең пішілген. Ішіктің өңірі, етегі, жеңі аққу мамығымен жұрындалған. Киім тарихы тереңде жатыр, себебі, бұл ішік қазақтың ғұлама ғалымы Шоқан Уәлихановтың қарындасы Тәжібай Уәлихановаға тиесілі. Кейін, ішік қызы Махрыт Шормановаға өтіп, ол қайын сіңлісі Билалқызы Фариха Шормановаға тарту еткен.

АҚҚҰЙРЫҚ – Ресей патшалығы кезеңіндегі айналымдағы жүз сомдық қағаз ақшаның қазақ жеріндегі халықтық атауы. Заңғар жазушы М.Әуезов әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясында аққұйрық деп қазақтар, қағаз жүз сомдық номиналды айтатындығын жазады. Мысалы, романда ол туралы төмендегідей жолдар бар: «...Бұл кезде полицмейстерден бастап забедейші Смирновка, тергеуші Зенковқа және олар ғана емес, приговорларын беріскен ар жақтың бірнеше имамдарына қат-қат «аққұйрық» дейтін делдал араласып еді». Қазақ арасында аққұйрық деп аталған ІІ Екатерина бейнеленген жүз сомдық қағаз ақша Ресейдің халқы арасында бейресми «катенька», «катеньки», «екатеринки» деп аталған.

Ресей патшасы ІІ Екатерина бейнеленген жүз сомдық ақшаның алғашқысы 1898 жылы, кейінгісі толықтырулармен 1910 жылы шыққан.

ҚР МОМ қорында сақталған аққұйрық, яғни жүз сомдық ақша (КП 7675) 1910 жылы шыққан. Оның ұзындығы 260 мм, ені 122 мм. Ақшаның бет

жағының сол жақ бұрышы тұтастай сарғыш түспен боялып, оның төменгі тұсында банкноттың «МЕ 037648» деген сериясы мен нөмірі, одан төменіректе гүлөрнек ішінде «100» саны көрсетілген. Банкноттың осы беттегі оң жағы түрлі-түсті бояулармен күрделеніп нақышталған. Ортасының жоғарғы тұсы түрлі ағаш жапырақ, бұтақтарымен бедерленіп, екі бүйірі жемістермен нақышталған. Бұлардың жоғарғы жағында екі жерден гүлөрнек ішінде «100» саны көрсетілген. Дәл ортада үш жолда бас әріптермен «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КРЕДИТНЫЙ БИЛЕТЪ СТО РУБЛЕЙ» деп жазылған. Орта бөліктің төменгі тұсында алты жолдан тұратын «Государственный банкъ размениваетъ кредитные билеты на золотую монету безъ ограниченія суммы (1 р. = 1/15 имперіала, содержитъ 17,424 долей чистаго золота)» деген жазу бар. Бұл жазудың төменгі екі шетінде басқарушы (И.Шипов) мен кассирдің қолдары қойылған. Сол жақтың жоғарғы тұсында гүлтәжінің ішінде Ресей империясының елтаңбасы (гербі) берілген. Оның төменгі жағында жиектері нақышталып безендірілген жақтау ішінде:

«1. Размень Государственных кредитныхъ билетовъ на золотую монету обеспечивается всею достояніемъ Государства. 2. Государственные кредитные билеты имеютъ хожденіе по всей Имперіи наравне с золотую монетою. 3. За подделку кредитныхъ билетовъ виновный подвергается лишенію всехъ правъ состоянія и ссылке въ каторжную работу», делінген. Одан төменде ақшаның шыққан уақыты «1910» жыл көрсетілген. Ақшаның оң жақ бұрышының жоғарғы жағында гүлтәжі ішінде II Николай патшаның «Н II» деген вензелі берілген. Оның астында жиектері нақышталып безендірілген жақтау ішінде «100» саны көрсетілген. Одан төменде ақшаның «МЕ 037648» деген сериясы мен нөмірі берілген.

Ақшаның келесі беті де сарғыш түсті. Банкноттың боялған тұсы барокко үлгісіндегі архитектуралық элементтерден тұрады. Ақшаның сол жағында сол қолын кеудесіне қойып, оң қолында қылыш басын төмен қаратып, оның сабына қыса, бір шоқ жапырақты қоса ұстап тұрған, антикалық үлгіде киінген ер адам бейнесі салынған. Банкноттың орта тұсында өрнектелген, доғал келген жақтау ішінде Ресей патшасы II Екатерина портреті бейнеленген. Ақшаның оң жағы түрлі нақыштармен безендірілген. Үш жерден «100» саны және төменде бас әріптермен «РУБЛЕЙ» деп жазылған.

АҚҚҰЙРЫҚ ШАЙ – хош иісті жоғары сапалы көк шай, қазақ дастарқанында өзіндік рәсімі бар сыйлы тағам, кейбір халықтардағыдай шай жалаң өзі берілмейді, оған өрік, мейіз, науат, жент сияқты тоқбасар тағамдар ілесе жүреді. Шай әдетте еттің соңынан беріледі. Әңгіме-дүкен, келелі кеңес көбіне ет үстінде емес, шай дастарқанында айтылады. Мұндайда бабымен әзірленген хош иісті мәміле шай кейде пәміл шай деп те аталады. Мұндай шайдың қасиеті көркем сөз кестесінде бейнеленген. Мысалы:

Хош иісі жадыратып көңіл ашқан,
Аққұйрық мәмілелі шайда жатыр.
Гүл шашақ, жасыл жайлауында,
Көңілім ел қонбаған сайда жатыр
(Біржан сал).

«Түркістан уәлаяты» газетіндегі кейбір дерекке қарағанда, шайдың аққұлақтан басқа да асар есе, қара қамын, кантун, тақта шай тәрізді т.б. түрлері қазақтың шай дастарқанынан орын алған («шай саудасы тәуір болады. Асар кесе, қара қамын, кантун шайының саудасы екі пұты жетпіс алты сом, сексен жеті сом қырық тиынға жетті. Тақта шайының пұты тоқсан сегіз сом сексен тиыннан болды. Көк шайдың ақ құйрық дегені екі жүз жиырма сомнан сандығы сатылды»).

АҚҚҰЛА – қырман қызылдағанда диқанның жоқ-жітік, кедей-кембағал жандарға тегін үлестіретін сыбағасы, бөлігі, кеусен. Ертеде егін егетін елдерде аққұла беру бұлжымас дәстүрі болған. Астық үйіндісінен қожайын жүзін құбылаға бұрып, «Бісіміллә» деп, дән толы ыдысты қолына алып, оны үйіндіден алыстау жерге апарып жерге сепкен. Күзде егін жинағанда қырман ластанып, шаң-тозаң, шөп-шалаң, малдың қиы сияқты нәрселер басып кеткенде шеткері бір жерге 7 күрек бидай, кейде қырманның төрт бұрышына 4 елек бидай қойып қояды, оны аң да, құс та жеген, адамдар да алған.

Тарыны тоғыз қапшыққа салып, шетке шығарып қояды. Ал, қапшықтың тоғыз болуы тоғыз санын киелі деген ұғыммен байланысты. Астықтың үлестіретін бұл бөлігі қазақша аққұла деп аталса, Дж. Кармышеваның айтуынша өзбектер мен тәжіктерде хақула дейді. Бұл атау арабша «Құдайдың несібесі», «Құдайдың сыбағасы» деген мағынаны білдіреді. Аққұла жетім-жесірлерге, қайыршыларға және дін жолындағы адамдарға үлестірілген. Алушы адам аққұланыны берген адамға «Қырман қызылды болсын. Қыдыр дарысын, берекең таси берсін!» деп бата беріп жол-жоралғымен алады екен.

Орта Азияның барлық халықтары сияқты қазақтар да бөлінген «Құдайдың сыбағасын» астықты топтаған кезде малдан сіңген ластарды тазартады деп санаған. Бұршақ тұқымдас дәндерден басқа ақ егіс, көк егіс дақылдарының барлық түрінен аққұла бөлінген. Мұндай егіншілік дәстүрден диқандардың тек өзінің ғана емес, жағдайы төмен кедей-кембағалдарға жылу, әлеуметтік көмек түріне арналған.

АҚҚҰМАН – шай шығаруға арналған, көлемі шайға су қайнататын шәугімнен кіші ыдыс, шайнек. Шай шығару үшін аққұманға шай салардың алдында шәугімдегі қайнаған сумен шайып жібереді. Сосын шай салып, аққұманға аздап қайнаған су құяды да, қақпағын жауып, бұқтырып қояды. Оны шай демдеу дейді. Біраздан соң қақпағын ашып, еселеп ыстық су құйып, пайдалана беруге болады. Аққұманға демделген шай жақсы шығуы үшін кейбір жерлерде шайды алдымен кесеге, одан аққұманға құйып, бірнеше рет қайталайды. Оны шайды қайтару, шайды қайтарып жіберу дейді. Аққұманды кей жерлерде, шай жақсы шықсын деп, шоғаяқтың үстіне біраз уақыт қойып алады. Ал, самаурынға шай қойғанда, шай демделген аққұманды оның кемпірегiнiң (орысша камфорка) үстіне қойып қойса, аққұмандағы шай да жақсы шығады әрі шай суып қалмайды. Аққұман ретінде, негізінде, керамикадан және қытайдан әкелінетін фарфордан жасалған ыдыстарды пайдалануға тырысады, өйткені бұндай ыдысқа демделген шай «құсып кетпейді», түсі күрең қызыл болып, дәмі бұзылмайды. Дегенмен, ел ішінде мыстан жасалған шайнектер де қолданыста болды. Кейбір аймақта ондай

ыдысты шайдоз деп атаған. Оның көлемі үлкендеу болғандықтан су да қайнатқан.

Ертеректе шайды аққұманға демдемей, оған шойыннан жасалған құмғандар да пайдаланылған. Кейбір деректер бойынша орта ғасырларда көп тараған көк шай мен сары шай түрлерін аққұманға демдемей-ақ, су қайнатқан шағын ыдыстың өзіне салып, ондағы сумен бірге қайнатып, шайын шығарған соң сүт қатып та ішкен.

ҚР МОМ қорында (КП 1441) XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында қақтау тәсілімен жасалған, биіктігі 14,5 см, бүйірінің диаметрі 45 см болатын, қызғылт түсті мыстан жасалған аққұман түрі сақтаулы. Оның пішіні шар тәрізді, қырлы тұтқасы шегемен тойтармаланып ұстатылған. Дөңгелек қақпағы тұтқасына шынжыр сыммен бекітілген, ал шүмегі ыдыстың бүйіріне дәнекерлеу тәсілімен орнатылған.

АҚЛАҚ – қаймағы алынбаған қойдың немесе сиырдың сүтіне қатық араластырып қайнатып, одан бөлінген сарысуын төгіп, сарымай салып дайындаған тағам. Ақлақ көбінесе қарттар мен балаларға арналып дайындалады. Ақлақ тез дайындалатын және тез сіңетін тағамға жатады. Осыған ұқсас тағамды халық арасында ақмарқа деп те атайды. Академик Ә. Қайдардың материалы бойынша: «ақмарқа – ұлттық тағам (жаңа сауылған сүт қайнатылып, сонан соң ашытқы құйып, сүт ірігенше 10-15 минут тағы қайнатылады. Сонан соң ірімшік қоймалжыңын алып, оны майға қосып, жылы күйінде жеген). (Әдетте, бұл тағам күз мезгілінде кешкі тамаққа арналып жасалады. Кедейлер оны негізгі тамақ ретінде пайдаланған)».

АҚМАРҚА – жыртқыш балық. Ғылыми әдебиетте ақмарқаны тұқы тұқымдасына жатқызады. Еті майлы әрі ерекше дәмді болып келеді. Көбінесе, Қазақстанның батыс өңірлерінде өзендерде кездеседі. Өзен бойын мекендеген қазақтардың сүйсініп жейтін таңсық асының бірі.

АҚМАРТУ – қазақ мифтік түсінігінде жын атауларының бірі. Ақ сөйле, құлағыңа ақмартуың сыбырлап кетті ғой, ақ сөйле! (М.Әуезов).

АҚМИЯ – иісі өткір шөп. Дәмі қызылмияға қарағанда ащылау болады. Малшылар баққан түлігінің тыныс жолдары таза болсын, сергек сезінсін деп өрістен қайтқанда ақмиялы жерге біраз иіріп алып аялдап өтеді екен. Ащы иісті ақмия малды түшкіртіп, тыныс жолдарын ашып, малдың бойы біраз сергіп қалады.

АҚМҰРТ¹ – аяқкиімнің керсен деп аталатын башпайды ұстап тұрған бөлігінің тұмсық жағына сәндік үшін қондырылған ұзындығы 2-4 елі шамасындағы үшкіл формалы тілше, етік деталі. Етіктің тұмсығын бүлінуден сақтайтын функциясы да бар.

Сонымен бірге, ұлтан мен керсенді өзара біріктіргенде оның арасына басқа түсті теріден салған сызықты да ақмұрт деп атайды. Ол сән берумен бірге табан ұлтанының берік болуына, қайып тігілген тігістің өзара қатты жымдасып, қар мен судың ішке енбеуін сапалы болуын қамтамасыз етеді. Ақмұртты көбіне ер адамның дәстүрлі пішім үлгісінде тігілген қисықтабан, жекей, саптама етіктердің тұмсықтарына көбірек салынады. Түркістан

өңірінде ғана жасалатын, технологиясы ерекше тәсілмен жылқы сауыр терісінен жасалған көксауыр деп аталатын жасыл түсті теріден салынады.

АҚМҰРТ² – ақ тарыдан майын көп салып араластырып дайындалған тағам. Ел арасында белгілі деңгейде піскен тары масағының қылтанақты шашақтарын да ақмұрт деп атайды.

АҚМЫРЗА – қайыс өңдейтін құрал. Алдын ала белгіленген мөлшер бойынша тілінген қайысты ақмырзаға салып өңдейді.

АҚНОҒАЛА / КӨЗГЕ АҚ ТҮСУ / КӨЗГЕ ШЕЛ ҚАПТАУ – адамның көзінің қарашығын айнала шығатын ақ түстік дақтардан болатын ауру атауы. Кейбір өңірлерде ақшел, көздің ағы, көз сүйелі деп те атайды. Бастабында ақ дақпен басталған ауру асқына келе үлкейіп шелге ұласып адамның көз жанарына жұқа ақ май қабыршығы өсіп, көз көруін нашарлатады. Бұл ауру қартайған шақта өршитін адам көзінің қарашығын айнала шығатын көзсақина, көзтағаннан өзгеше. Ертеде дер кезінде байқаса көзінің ішінде қалы, көз айналасында меңі бар қасиеті бар адамға бірнеше күн қатарынан таңертең үрлетсе жазылып кетеді делінген. Қазақ емшілігінде көзін ақноғала шел басқан адамды таңертең ерте ашқарында әйелдер бірінің көзі бірі үш мәрте үрлеп емдеген. Егер ауру асқынып кеткен болса, молданы шақыртып, жеті күн қатарынан кешке күн еңкейіп бара жатқан кезде үрлеп емдеген. Ондайда алдымен 49 түйір қызыл бидай (кейде арпа) дәнін алып, әр күн сайын жеті түйірін қолына алады да, ауырған көзге қаратып отырып, дұғасын айтып үрлеп «сүф, сүф» деп дем салып үрлейді. Әр түйірін оқып болған соң, су құйған табаққа салып отырады. Жеті түйірін бірдей үрлеп біткеннен соң бажайлап қараса көзге жабысқан «пәлені» өзіне жабыстырып алған астық түйірі су бетіне толық қалқып шықпай сәл батып тұрады дейді. Ондайда, қазақтар аурудың беті қайтты деп санайды және емдеуді таңдап алған дән түйірі біткенше жалғастырады. Емделген адамның басын қара түсті орамал немесе жаулықпен жауып жатқызып қояды. Күн батқанша жарыққа шықпаған дұрыс дейді. Мұндай көздің ауруларын емдейтін тәуіптердің ертеде атағы алысқа кетеді және төңіректегі адамдар арнайы келіп немесе алып кетіп ем қабылдаған. Емдеуші тәуіпке ақы ретінде ақтыққа қоса шама-шарқы мен аурудың ауыр-жеңілдігіне қарай сый-сияпат ұсынған.

АҚПА¹ – ұшы сүйір таяқтың атауы. Алғашқы көбік қарда сондай ұшы сүйір таяқты жүгіртіп ойнайды және ойын атауы да солай аталады. Ақпа ойынын кей жерлерде сүмбе, жылмаң деп те атайды.

АҚПА² – Арқа өңірінде қыстың соңына қарай, қаңтардың аяғын ала ақпан айында соғатын қатты боран. Бұндай боранды Орал жағында ақбан-доқбан соғу, Маңғыстау, Атырау аймағында жалпы күшті боранды ақбан-доқ, Жамбыл өңірінде суырынды боран, Жетісуда ақпан-тоқпан деп те атайды. Ал Көкшетау жағының тұрғындары қатты соққан боранға байланысты ақ түтек, түтек деп атайды. Өйткені мұндай боран кезінде айнала ақтүтек болып, жол көрінбейді. Сондықтан қатты боранда сиыр, түйе, қой малын қорада ұстайды, жолға шықпайды.

АҚПА ЖҰЛДЫЗ – қазақтардың дәстүрлі космогониялық наным-сенімі бойынша аспандағы әр жұлдыз жердегі әр адамның жанының кепілі. Яғни

аспанда жұлдыз қанша болса, жердегі адамның саны да сонша болады екен. Ш.Уәлиханов бұл туралы төмендегідей өте құнды пікір білдірген еді: «Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді. Енді біреулердің пікірінше, әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен байланысты, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар «менің жұлдызым жоғары» немесе болып-толған бақытты адамды «жұлдызы жанған».

АҚПАН – қазақ халқының дәстүрлік календарындағы 30 күндік он екінші ай. «Ақпан», «ақ ықпа» (боран) ұғымының семантикалық контаминациясының нәтижесі болып табылады. Кейде «ақ басқын» термині де қолданыла береді. Халықтың метеорологияда «ақ ықпа» мен «ақ басқынды» екі ағайынды деп айтатындығы да аталмыш жайтпен байланыстыруға болады. Сондай-ақ осы айда қатты өтетін амалды да ақпан немесе ақпан-тоқпан және жоғарыда айтылғандай екі ағайынды деп атау үрдісі орын алған. Оның себебін аязды болып келетін айда оған қоса көбінесе алты күн қатты өтетін амалды қосқанға байланысты екі ағайынды деп аталуымен түсіндіруге болады. Бұл жайтты төмендегі фольклорлық жыр жолдары айғақтайды:

Ақпанда, ақпанда, алты күн,
Айқайлап соқсаң жеті күн,
Бойшаң қызда буғақ қалды,
Бой тоқтыда құйрық-ақ қалды,
Қырлан ақпан, қырлан...

Сөйтіп, аязды ай мен амалдың шаруашылық пен адамға әкелетін ауыртпалығын да ескерткен.

Ақпан – үт жұлдыз айына сәйкес келеді. Зерттеушілердің дәлелдемесі бойынша, ақпан дәстүрлі қазақы ортадағы есепшілердің пайымдауында григориан күнтізбесіндегі февраль айымен тұспа-тұс келеді екен. Ал қазіргі ғылыми негіздемеге сәйкес қазақы ақпан айы григориан күнтізбесіндегі февральдың, яғни ақпанның 14 мен наурыздың 16-шы күні аралығын қамтиды.

АҚПАН-ТОҚПАН – ақпан айында болатын амалдың атауы. Ақпан-тоқпан амалы үштен – жеті күндік қатты суық. Амалдың екінші атауы екі ағайынды.

АҚСАБАННЫҢ КЕЗІ – ақ егістің, яғни бидай, арпа, сұлы дақылдарына жапшай орақ түсіп, бастырылып жатқан науқан шағы. Өзге көк егіске, мысалы, тарыға қарағанда ақ егістің сабағы ақшыл сары түсті болып ерекшеленіп тұрады. Осы белгісі аталмыш ұғымның ақсабан аталуының уәжі болған. Екіншілер арасында қарызға тұқымдық бидай, алғаны, қосқа шығып, жер айдағанда күш көлік жалдағына үшін диқандардың өзара алыс-беріс, қарыз-құрыздары болған. Екінші қауым алашық-берешіктерімен ақсабанның кезінде, яғни дәнді дақылдардың түсімі айқын болған кезде есептескен. Халық тілінің паремиологиялық қорында «алашағынды ақсабанда аларсың, не қақсағанда аларсың» деген мәтел бар. Орақ науқаны аяқталып, қырман қызылдағаннан кейін ауыл-үй арасында ақсабанның тойын өткізетін дәстүр болған. Кей жерлерде бұл атау сабантой деп аталған.

АҚСАҚАЛ – байырғы қазақ қоғамындағы ел тағдырын шешу мәселесіне белсене араласқан аса тәжірибелі, жасы үлкен, беделді де ықпалды адам. Ақсақал рубасы, тіпті, би де болған. Бірақ беделімен де біліктілігімен де халықтың шынайы құрметіне ие болған ақсақалдар ресми лауазымды (би және рубасы) иеленбесе де, қоғамдық өмірдегі орны мен рөлі ресми биліктің өкілдерінен кем болған жоқ. Осы тұлғаның ақсақал деп аталуы оның биологиялық ерекшелігін ғана емес, ең алдымен өмір тәжірибесінің тезінен өткен ақылгөй қасиетін әлеуметтік ортаның мойындағаны, һәм бағалағаны.

Ежелден қалыптасқан адам жасын жіктеу дәстүріне сәйкес ақсақалдар қатарына адамның бесінші мүшелге аяқ басқаннан кейінгі, яғни қырық тоғыз жасқа толғандардан бастап кейінгі жастағылар жатқызылады. Алайда, этнографиялық, фольклорлық және жазба деректерге қарағанда алпыс және одан да жоғарғы жастағы адамдар ғана ауыл, ру, тайпа, тіпті, этнос деңгейіндегі сый-лы ақсақал атану құрметіне ие болған. Көне деректерге сүйенсек, ақсақалдар елдің саяси өмірінде көбіне маңызды рөл атқарған, олар араз ағайындар арасын дәнекерлеуші, аталы сөзімен бітім айтушы ретінде құрметке бөленіп, ел-жұртқа қызмет еткен. В.В.Бартольдтың айтуынша, ақсақал – қолында өкілетті билігі жоқ, бірақ, бұрыннан сіңген еңбегі бар, мол тәжірибе, парасатымен үлкен-кішіні аузына қаратқан құрметті адам.

Қауымдар шаруашылығына рубасылармен қатар ақсақалдар да басшылық етті. Қазақы ортадағы ақсақалдың беделінің жоғарылығы соншалықты ауыл аты да ауыл ақсақалы немесе ру ақсақалы атымен аталған. Ақсақал барша ауылдың шаруашылығына басшылық жасап, көш жолдарына бастап, жайылымдық жерді таңдауда да шешім қабылдап отырды. Дәстүрлі қазақ қоғамында ру ақсақалдардың кеңесі және тайпа ақсақалдарының кеңесі сияқты дәстүрлі билік жүйесінің болғандығы белгілі. Бұл билік жүйесінің ру, әулет, ағайын, туыс арасындағы тұрмыстық мәселелердің ауыл арасындағы қарым-қатынастың, жер дауының тиімді шешімін табудағы маңызы ерекше жоғары болды.

Ақсақалдың шешімі билер сотында, әдет-ғұрыптық құқықта маңызды орын алды. Билердің өзі маңызды шешімді ру ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеді. Ақсақалдар жайлаулар мен жайылымдарға байланысты қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды реттеп отыратын беделді тұлға болды.

«Сұлтан Мендәлі Пірәлиев» деп қол қойған «Из Зауральской степи» атты мақалада ақсақал қызметін өз руына қарасты жайлаулар мен жайылымдардың қожайынына теңеуі олардың көшпелі ортадағы айырықша ықпалына байланысты айтылса керек. Тіпті, қазақ социумының әбден әлсіреген уақыты болып табылатын 1928 жылға жататын деректің өзі «мұрагерлік мәселесі қауымның беделді мүшесі молда, ақсақал немесе рубасының қатысуымен шешіліп» отырғандығын айғақтайды. Ақсақалдар ауыл арасындағы күрделі тұрмыстық мәселелерді, этикалық қатынастарды реттеп отырды. Қауым мүшелері үшін ақсақалдар кесіп айтқан шешім міндетті болып саналды. Қазақ ақсақалында ақсақалға құрмет көрсету «кеңес» жүргізгенде, дау шешкенде, олжа бөлгенде, киіз үйдегі төрдегі орындарда отыруда, табақпен ас тартқанда этикеттік норма ретінде қатаң сақталды.

Рубасы болған ақсақалға сол рудың өкілдері би ретінде де жүтінген, оның билігіне этикалық мәнді мойын ұсынумен қатар ол қабылдаған шешімді міндетті түрде орындап отырған. Сондай-ақ ру ақсақалдары билер мен қатар қылмыстық істерді қарауға, құн, айып мөлшерін анықтауға араласып отырған. Яғни билер сотында да ақсақалдардың беделі маңызды рөл атқарды. Рубасшылығы, яғни ақсақал қызметіне өз руынан лайықты, билікке қолайлы адам болмаса, онда басқа рудың адамы сайланды. Сонымен ақсақал адам жасы мөлшерінің ерекше категориясы ғана емес, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру және реттеу институттарының көрнектілерінің бірі болды.

АҚСАҚАЛ ШАПАНЫ – неке салтындағы кәде атауы. Күйеужігіт қалыңдығына алғаш рет ұрын келгеннің ертеңінде оның құрметіне жасалған, тойға шақырылған ақсақалға күйеужігіт тарапынан «ақсақал шапаны» деп аталатын кәде шапаны жабылады. Ертеде бұл кәде батыс қазақтарының арасында болғанға ұқсайды.

АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІ – қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі маңызы жоғары саяси-қоғамдық институционалдық мазмұндағы, басында ел ағалары тұратын халықтық жиын, кеңес. Ол ел ішіндегі түрлі мәселелерді, атап айтқанда дау-жанжал, кикілжіңді реттеу, бітістіру сияқты қалыптасқан т.б. ахуалдарды шешу үшін шақырылады. Ас берудің алдында ел-ағалары, ақсақалдар, марқұмның туған-туыстары бірігіп кеңес өткізеді. Бүкіл елге сауын айтып ас беру мәселесі арнайы алқалы отырыста (ақылдасу кеңесі) арқылы шешіледі. Негізінен марқұмның жетісін берген күні кеңес шақырылады. Алқалы кеңеске ең алдымен марқұмның туыстары мен ел жақсылары, ақсақалдарын жинап, ас беру кеңесіне салып, қанша ел шақыру, қанша мал сою, неше үй тігу, ошақ қай жерге (ас өткізетін орын) орнау керек екенін ақылдасып, уақытын белгілеп сауын айтады. Көптің шешімімен тілге шешен, сөзі өтімді, елге сыйлы, ақылды, байыпты асты басқарушы ер азамат және оған бірнеше көмекшілер тағайындалады. Кеңестің аяғында тамақ тартылып, марқұмға бата бағыштаумен аяқталады. Әулиеата уезінің қазағы Қонақбайдың айтуы бойынша, ақсақалдар кеңесі негізінде немере ағайындар өз арасында, бір-біріне малмен қайтарымсыз көмек береді. Егерде жақын болмай, алыс туыс болған жағдайда және малдың реті келмесе, оның орнына құны арзан бір зат немесе тағам береді. Кеңесті жүргізушінің өзі жұмыстың іске асуын талап ететін, ауылға беделді, аузы дуалы адам болуы керек. Ас беру өткеннен кейін ақсақалдар «ас жақсы ұйымшылдықпен, ысырапсыз өтті, дегенмен астың қалай өтуі кеңесшіге байланысты ғой» деп риза болып жатады. Кеңесшімен қатар, асты қадағалаушы да тағайындалады. Қысқасы, астың қалай өтуі осы екі кісіге байланысты болады.

Қазіргі кезде осылайша жиналып ақылдасуды «кеңес шай» деп атайды.

АҚСАҚТЕМІР – ұшы үшкір қос сирағы бар зергерлердің, ұсталардың құралы. Ақсақтемірдің бір сирағы екіншісінен қысқалау болады. Оның ұзындау сирағын металл бетіне батырып, сабынан бұрағанда оның қысқа бөлігі шеңбер сызып шығады. Батырылған ұзын сирағының орнында ойық пайда болады. Ол да ою-өрнек ретінде қолданылады. Осы нүкте тәрізді ою шеберлердің тілінде балықкөз деп аталады.

Ақсақтемірмен шеберлер сүйектің бетін де өрнектейді. Алайда өрнекті сол күйінде қалдырмайды: «тұт ағашының үгіндісін қаңылтыр ыдысқа салып, мүйіз үгіндісі мен біраз жоса қосып қуырып алады. Содан соң темір келіге салып ұнтақтап алып, желімге шылап, сүйек бетіндегі өрнек түскен ойық жерді толтыра жағады. Желім кепкен соң, сүйектің бетін зімпарамен, егеумен тазалап қырнап, киізбен, шұғамен жылтырата ысады».

Құралдың Ақсақтемір аталуы бір сирағының екінші сирағынан қысқалау болуына байланысты қалыптасқан. Оны геометриялық өрнектермен безендіру үшін қолданған.

АҚСАҢ [СҰРЫП] – көбінесе көйлек, орамал, кимешек, сондай-ақ көрпе-жастықтың тысы тігілетін ақ түсті кездеме бұл. Ертеде күйеуге шыққан жас келіншек самай шашын басқаға, әсіресе еркектерге көрсету күнә дейтін ескі дәстүрге сай аңсаңнан тігілген, кеудеге, иыққа, жон арқасын жауып тұратын жақтауы, өңірі мен тамақ жағы кестеленген кимешек киетін. Ер адамдардың іш киімі де ақсаңнан тігілген. Ол туралы ұлы Абай былай деген екен:

Ойланып, ойға кеттім жүз жылға өткен,
Тон қабаттап кигенім шидем шекпен.
Жейде-дамбал ақсаңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен.

АҚСАРБАС АТАУ / КӨКҚАСҚА АТАУ – көне заманғы наным-сенімге негізделген құрбандық шалу ғұрпы. Ақсарбас атау үш түрлі: бозқасқа, көкқасқа және қызылқасқа мал шалынатындығы туралы ауызекі және жазбаша деректерде айтылады. Мұндағы бозқасқа дегені қой, көкқасқа жылқы, қызылқасқа түс сиырға қатысты. Қазақтар аруақтарға арнап құрбандық шалып, құдайы бергенде өте сирек кездесетін ақ сары бас немесе боз қасқа түстісін союға айырықша мән береді. Өйткені, боз қасқа атау Тәңіріге тілекті тез жеткізеді-мыс. Боз, көк түстер қазақ халқы сыйынған тәңірінің, Көктің символына теңелетін қасиет түске саналады. Бұл жерде құрбандық шалудың қалыптасқан тәртібі байқалады: айталық, құрбандыққа шалынатын қойдың түсі ақ, басы мен мойыны сары болуын жақсы ырымға балайды. Әрі, мал жастау, яғни екі тісті, түсі ақ, тұла бойы түгел қардай аппақ, маңдайы ақжолақ болып келуін жақсылықтың нышанына балап, құрбандық қабыл болады деп ырымдайды. Адамның қауіп-қатерге ұшырағанда, ауырғанда, жаны қысылғанда Алла атымен «ақсарбас» деп үш рет айтуы керек. Аман қалған кісі осыдан кейін ел-жұртты шақырып, құдайы береді. Алыс сапарға кеткен адамның амандығы үшін арналған малды да метафоралық образбен ақсарбас атау атадым дейді. Осындайда «А, Құдай оң жолыңа баста, пәледен сақта, жолыңа ақсарбас айттым!» деп Тәңірге тәу етеді. Халықтың дәстүрлі нанымында адамның жолына айтылған ақсарбас ол ауылдан ұзақта, жырақта, қауіп-қатердің шебінде жүрген кезде «айтылған иесіне тілекші болып, оның амандық-саулығын тілеп жүреді». Жаңа босанған әйелге ақсарбас атау қой сойып, ақ тілеу айтып, қалжа жегізеді. Себебі аяғы ауыр кездегі тері шықпаса, ана мен баланы қырық түрлі қырсық шалады, қалжа жемеген әйелдің баласы ынжық болады деп ырымдайды. Қызға құда түсіп келіп, екі жақ келісімге келіп, «құдандалы» болғанда, қыздың әкесі құдаларына батасын оқытып, ақ

қой сойған. Қазақта «ақ қойдың қаны, ақ бата оқығаны» деген сөз осыны меңзейді. Күйеужігіт тарапы жаңа түскен келіннің «өлі-тірісіне» ақ тоқты апарды. Оның мағынасы дәстүрлі наным-сенімдегі өркендеу идеясынан бастау алады. Қазақтарда қойдың ақ сары басын құрбандыққа шалу – құдайы айтудың жақсылық, қуанышпен аяқталуын тілеу. Беделді адам қайтыс болғанда құрбандыққа қойдан ақсарбас шалынса, қатардағы құрбандыққа қоңыр тоқты мен қара шұнақ лақ сойылғаны белгілі.

АҚСЕРЕК ПЕН КӨКСЕРЕК – жас жеткіншектердің топ құрып ойнайтын қызықты ойындарының бірі. Ойынға ұл және қыз балалар қатысады. Дәстүрлі қазақы ортада аталмыш ойынның айгөлек, ай керек, мылқау тотай немесе мөлке тотай деп аталатын атаулары бар. Айгөлек, ақ терек, ай керек деген атаумен аталғандығы туралы мәліметтер Б.Төтенаев пен Е.Сағындықов еңбектерінде кездеседі. Ал мөлке тотай ойыны туралы ең алғаш мәліметті ел арасынан тауып, жазып алғандардың бірі Н.Мелкова болатын. Ал, М.Гуннер бұл ойынды Айгөлек деп берген. Бұдан шығатыны қолда бар деректер мен мәлімет берушілердің айтқандарына сүйеніп, Ақсерек пен Көксерек ойыны қазақ жерінде өте танымал ойын екендігі, екіншіден, ол әр өңірде әртүрлі аталғандығы, ал үшіншіден, көп өңірде бұл ойын көбнесе осы Ақсерек пен Көксерек деген атаумен тараған деп топшылауға болады.

Бұл топаралық ойын болғандықтан ойыншылар 15-тен кем болмауы керек. Сонымен қатар, жүгіріп ойнайтындықтан ойын өтетін жер де ашық, кең, әрі тегіс болуы тиіс.

Жиналған балалар екі топқа бөлініп, араға шамамен 20 қадам тастап қол ұстасып бір-біріне қарап тұрады. Қол ұстасқанда жәй күнгідей емес, қолдарын өте кермей, созыңқырап берік ұстайды. Ойынның басталуы көп жағдайда екі жақ келісімен болады. Кейде жеребе арқылы да анықталады. Бастаушы топтың ішінен бір ойыншы қарсы топқа қарап:

Ақ серек, Көк серек,

Бізден сізге кім керек? –

деп сұрағанда оны естіген келесі топ ішінен біреуі:

Ақсерек-Көксерек,

Сізден бізге пәленбай керек! – деп бір ойыншының атын атайды. Атын естіген ойыншы қарсы топқа жүгіріп келіп өзі қалаған тұстан ұстасып тұрған қолды бұзып, яғни үзіп өтеді де, үзген жердегі өзі ұнатқан қызды немесе ұлды өзімен бірге тобына алып кетеді. Мұндағы гәп, жүгірген ойыншы тізбекті үзгенде сол үзілген тұстағы бір ойыншыны алып келетіндіктен, өзі қалаған ойыншының қолын үзеді. Сондықтан бар пәрменмен келіп соғады. Ал, ойыншылар қолдарын мықты ұстап үзе алмаса, амал жоқ сол топта қалып қояды. Керісінше, жүгірген ойыншы қарсы топта қалып қойғысы келсе, әсіресе қыз бала болса, үзе алмаған болып сол қалаған тобында қалып қояды. Бір қызығы аты аталған ойыншы қарсы топтағы жолдасын өзімен бірге алып кету үшін де әрекет жасайды. Ол ойыншы тізбекті үзуге тырысқанымен оны алып қалуды көздеген ойыншылар қанша пәрменмен келсе де қолдарын ажыратпауға тырысады.

Ойынның ерекшелігі мен қызық тұсы да осы. Сондықтан екі топтың ішіндегі ширақ, пысық балалар осылай өзара келісу арқылы ойнап, ойынды қыздыра түседі. Бұл басқа ойыншылардың ойынға деген ынтасын арттырады. Өйткені қазақ балаларының топаралық ойындарының ішінде міндетті түрде ойынды қызықты ететін белсенді ойыншылар болады. Ондай ойыншылардың қызықты әрекеттеріне қарап, кейбір тұйық балалар ашылып, көпшілікпен араласуды үйренеді.

Қорыта келгенде, Ақсерек пен Көксерек ойыны балаларға достықтың мәнін түсіндірумен қатар, олардың ой, саналарының дамып жетілуіне ықпал ететін маңызды топаралық ойын болып табылады.

АҚСӨҢКЕ – аршаның күнге қуарған түбірі, отындық ағаш. Ағашы қалың өңірдің қазақтары ақсөңкені негізгі отын ретінде пайдаланатын.

Секірген таудан тасқа таутекелер,

Жаққаны тау елінің ақсөңкелер, –

деп келетін халық әніндегі жолдар осы жайтқа байланысты айтылса керек. Аппақ қудай қуарған ағаш, тіпті, қан-сөлсіз ет мағынасында да қолданыла береді. Қазақта күнқақты болып, әбден аппақ түске енген сүйекті де ақсөңкеге теңейді. Сондықтан мал көп қырылған жұттарды ақсөңке жұт деп атайды. Оның мәні жұттан жаппай қырылған малдың күн көзінде аппақ болып қуарған сүйектерінің соншалықты көптігі көшпелі қазақ қауымы үшін үлкен ауыртпалық болғандығын білдіреді.

АҚСУ – ағыны қатты, тау өзенінің атауы. Тау өзенінің арыны қатты ағындысын тентексу немесе тентек деп атаған. Сол тәрізді көксу суы өте таза, яғни тұщы өзеннің атауы; сарысу – сорлы, тұзды судың атауы, ал қарасу – жерден шығып жатқан судың атауына қатысты айтылады. Бұл атаулар өзен ағыны мен суының сапасына байланысты қолданылады.

АҚСҰҢҚАР (*Falco rusticolus*) – қазақ саятшылығында аңға салатын сұңқар тектес құс. Қолға үйретіліп, аң алатын жыртқыш құстарды сұңқар, қырғи (кейде қаршыға) және бүркіт тектестер деп үш топқа бөледі. Сұңқар тектестерге ителгі, лашын, ақсұңқар, тұрымтай, күйкентай, бидайық, жағалтайды жатқызады. Ақсұңқар аққу, тырна сияқты ірі құстарға салынады.

Саят құстарының түсінің өзгеріп отыруы ауа райы мен жағрафиялық ландшафқа байланысты. Ақсұңқар мен ақтұйғындардың ірілері көбінесе, Сібірдің ормандары мен суық өлкені мекендесе, олардың бұлыңғыр түстілері (қызыл, қоңыр) оңтүстік өлкеде көбірек кездеседі. Бұлардың дене тұрқы шәкене келеді. Жыр-дастандарда ақсұңқар алғыр, өжет қыран екендігі жырланады. Аса сирек кездеседі, жұптасып тіршілік етеді дейді зерттеушілер. Көшпелілерде алғырлық пен тегеурінділіктің символына айналған. Ақсұңқар «әлемнің әміршісі» Шыңғысхан империясының рәмізінде де бейнеленген.

АҚСҮЙЕК¹ – хандық дәуірдегі қазақ қоғамында айрықша құқықтар мен ерекше артықшылықтарға ие болған таңдаулы әулет өкілдері, әлеуметтік жік, төрелер, қожалар мен сейіттер. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы бір-біріне қарама-қарсы, бірінен бірінің экономикалық жағынан гөрі, саяси және құқықтық жағынан айырмасы бар екі түрлі әлеуметтік топқа – ақсүйектер мен қарасүйектерге бөлінген. Ақсүйек рулық қауым өкілдеріне

жатпаған, яғни қарасүйек – қараша халықтан оқшау тұрған. Қазақ қоғамында ақсүйекке Шыңғысхан әулетінен өрбіген төрелер, сондай-ақ Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) ең жақын серіктері төрт халифтен тараған қожалар мен пайғамбардың қызы Фатима мен күйеу баласы Әзірет Әлінің ұрпақтарына сөйіттер жатады.

Шыңғысхан әулетінен тараған төрелердің қайсы бірі мирасқорлық ұстаным бойынша хан, сұлтан маңсабына ие болып, елді, өлке, аймақты билеген. Саяси күш пен биліктің тұтқасын ұстады. Шыңғыс әулетіне жататын кез келген ұрпақ (бала) мал басының, дүние мүлкінің көп-аздығына қарамастан мұраға қалған барлық құқықтарға ие болды. Ал, әйел жағына төрелермен болған некелік туыстық күйеуге немесе одан туған балаға (төре жиендеріне) мұрагерлік құқық немесе артықшылық берілмейді. Яғни, олар енді бұрынғы ақсүйек мәртебесінен айрылғаннан кейін хан тағына үміткер болу құқығын жоғалтты. Шыңғысхан нәсілінен тараған кез келген төре тұқымы хан, сұлтан болуға құқығы болды. Төрелердің бірыңғай таңбасы – «тарақ», ұраны «арқар». Қоғамның басқа мүшелерінен сұлтандардың тағы бір артықшылығы – оларға дүре соғылмайды және билер сотының шешімі жүрмеді. Шыңғыс нәсілінің жазасын тек аға сұлтан немесе ханның өзі ғана бере алатын. Этникалық нормалар бойынша қарадан шыққандарға олардың атын атауға болмайды, тек «тақсыр» деп қана тіл қатады. Сұлтанмен бетпе-бет келіп қалған қараша халық өкілі аттан түсіп, бір тізесін бүге сәлем беретін болған. Сұлтан оның оң иығына қолын салып тұрып «Мал-жан аман ба?» – деп амандасады. Киіз үй ішіне де осы тәртіп сақталған.

Сұлтан мәртебесінің тағы бір белгісі – той-томалақ салтанатты жиындарда тек ақ киіз үстіне отыратын. Сұлтандардың бәрі ақ тыспен қапталған қара түлкіден бас киім киетін. Елдің әлеуметтік-экономикалық құрылысы мен жағдаятарына сұлтандар көп кірісе алмады. Бірақ, мемлекеттік билік жергілікті аймақтық басқару ұлыстық-иелік басқару ісіне араласуға, әскери дипломатиялық іске қатысуға институционалдық құқығы болды. Төре ұғымы ежелгі түркілерде салт (обычай) немесе заң мағынасында қолданыста болған. Мұның ерекше көрнекті мысалы ретінде бидің билік жүргізу ұғымының эквиваленті болып табылатын дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан төрелік айту / төрелік жүргізу / төре беру деп аталатын бірыңғай синонимдік желістен тұратын ұғымды айтуға болады. В.В. Барьтольдтың қисынды пікірі бойынша, ежелгі түркілердің сөзі Моңғол империясындағы негізгі әлеуметтік күші – көшпелілердің Шыңғыс хан есімімен байланыстырылған әдет-ғұрыптық құқығын білдіреді. Бірақ қарапайым тіршілікте адамдардың әлеуметтік қатынас саласында қалыптасып сан алуан институционалдық функция атқаратын. Зерттеушілердің қисыны ден қойдырар пікірінше, ежелгі түркі социумінде салт та, заң да – құдіреті шексіз әрі жасампаз күш иесі Тәңірдің адам баласының хақ жолын ұстануға міндеттейтін (тіпті мәжбүрлейтін) категориялар – ұстанымдар жүйесін құрайды. «Төре» сөзі бірте-бірте аталмыш категория-қағидалардың ежелгі социумінде қатаң сақталуын қамтамасыз еткен арнайы лауазымды адамдардың міндеті мен мәртебесін, кейін әлгі адамдардың Тәңірден берілген

элеуметтік және институционалдық артықшылығын білдіретін семантикалық эволюцияға ұшыраған сыңайлы. Демек, дәстүрлі қазақы ортада ақсүйектер тобының негізгі құрамы болып табылатын Шыңғыс ханның тұқымы – төренің баспақы мәні аталмыш ежелгі түркі сөзінен бастау алады. Орайы келгеннен кейін айта кетер бір гәп – ежелгі түркінің сөзі қазақ үйінің кеңістігіндегі төрдің ерекше қасиетті әрі мәртебелі орынды білдіретін ұғым ретінде қалыптасуына негіз болды. Жоғарыда айтылғандай, сеңгір көк аспан – әмірлерінің әмірі Тәңірдің жердегі пенделеріне жіберген кейін қаған тұқымдарының ерекше элеуметтік институционалдық мәртебесін білдіретін төлтума атауына айналды. ал көшпелілердің үйіндегі қасиетті орын төр «артықша» туған аталмыш төрелер жайғасар орынды білдірсе керек. Демек, төр сөзінің семантикалық эволюциясын төмендегідей желіспен беруге болады: төре – төр.

Хандық билік ыдыраған соң, шамамен XIX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап төрелер қарасүйекпен теңесе бастады, ел ішінде бұрынғы лауазымы мен статусынан айырылған төрелерді «қараман» деп атайтын.

Тарихшы Т.И.Сұлтановтың пайымдауынша, XIV ғасырда Жошы және Шағатай ұлыстарында ислам ресми түрде мемлекеттік дінге айналғаннан кейін Шыңғыс әулетін «текті тұқым» деп таныған қожалар мен сейіттер де ақсүйекке жатқызылады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың қызы Фатима мен Әзірет Әліден (Әлиден) (656-662 жылдары билеген) тараған ұрпақтар сейіттер, әйелдер сеида (әміршім) деп аталған. Сейіттер мұсылман қоғамындағы элеуметтік иерархияда оқшау бір жікті құрап, ежелден айрықша құрметке бөленіп, көптеген артықшылықтарды пайдаланып отырған. Мұсылмандар ұғымында сейіттер көбіне әулиелермен теңестіріледі. Олар мұсылмандықтың діни идеяларын таратушылар деп есептеліп, өлім жазасына бұйырылмайтын. Сейіттердің элеуметтік қауқарының күштілігі соншалықты, олар, тіпті, мұсылман билеушілеріне шындықты айтып, кейде тіпті олардың мінін бетіне басып отырған.

Сейіттер әртүрлі элеуметтік жіктерден қыз алғанымен, өз қыздарын басқаларға бере бермеген. Өйткені сейіт қызынан туған бала, ата-тегіне қарамай, Мұхаммед пайғамбар әулеті сейіттердің барлық құқығы мен артықшылығына ие болып отырған. Сейіт болу құрметі қымбат бағаланғаны, олардың өз қатарына өзгені жолатпауға тырысқаны соншалық, XVIII–XIX ғасырларда тіпті Шыңғыс тұқымына жатпайтын Түркістан билеушілерінің кейбірі өз ұрпақтарының дәрежелері мен құрметті теңеулеріне «сейіт» деген жоғары атақты қосу үшін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар әулетінен зорлықпен қыз алып отырған деп жазады тарихшы Т.И.Сұлтанов.

Қожалар кейбір жорамал бойынша, Мұхаммед пайғамбардың ең жақын серіктері, төрт әулие халифтің (Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли) оның Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың қызы Фатимадан туған балаларынан басқа) ұрпақтары деп саналатын адамдарға берілген. Тағы бір болжамда олар ортаазиялық қосөзен Әмудария мен Сырдария аралығы (Мәуереннахр) мен Оңтүстік Қазақстанды жаулап алған (VIII ғасыр) алғашқы арабтардың ұрпағы деп аталады.

Әлеуметтік пирамиданың үстіңгі қабаттарына шығып, әртүрлі артықшылықтармен пайдаланған. Сонымен, қазақ қоғамының жоғары әлеуметтік жігі болған Шыңғысхан нәсіліне жататын төрелер, оның ішінде хан, сұлтандардың араб нәсілді сейіттер мен қожалардың сауатты білімді болғаны олардың арасында оқымысты адамдардың көп шыққаны жазба деректерден, ауызша тараған әпсаналардан айқын байқалады.

М.Михайлов келтірген дерегі бойынша ақсүйектер, оқып және жаза білген сауатты жоғары топ деп саналған. Сондай-ақ, ақсүйектер жолын жалғастырушы балаларының сауатын ашу мақсатында алдымен молдадан дәріс алған.

Ақсүйектің саяси, әлеуметтік құқығында артықшылықтар болды. Айталық, әдет-ғұрып құқығында ақсүйектердің артықшылықтары арнайы белгіленді: қожаны өлтіргені үшін 3000 қой, ал төрені, сұлтанды өлтіргені үшін 7000 қой құн төленді, ал ханның құны қарапайым жеті қазақтың құнына тең болды. Негізгі уәж – хан жеті рудың немесе жеті ру тармағының әміршісі екендігі.

Ақсүйек өкілдері қазақтың XVIII ғасырға дейін олар қазақ қоғамында хандық билікті иеленіп, қоғамдық-саяси өміріне үстемдік етті. XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ жерін патшалық Ресейдің отарлауына байланысты хандық билік жойылып ақсүйек ұрпақтары қалың бұқарамен етене араласып кетті.

АҚСҮЙЕК² – жаздың айлы түндерінде жастардың мал сүйегін пайдаланып ойнайтын ойыны. «Кешке таман мал қораға келіп, сауындардан кейін қораланып болған соң, малдың түнгі күзеті түрінде ауыл шетіне ойын басталады. Ерте кезде ойынға ірі қараның қураған ақ сөңке жілігін пайдаланған. Күн көзінде ұзақ жатқан сүйектің аппақ болып қурап қалатыны мәлім. Ол далада кез келген жерден табылады. Соған орай ойын да «ақсүйек» деп аталған».

Ақсүйек ойынының шарты – лақтырылған сүйекті тауып алып, қарсыластарына ұстатпай, белгіленген жерге жеткізу. Жастар бұл ойынды екі топқа бөлініп ойнайды. Халық арасында ойынның бірнеше нұсқасы кездеседі. Н. Мелков қазақтың бұрынғы ойындары туралы жазған еңбегінде ойынның екі нұсқасын жазып қалдырған. Оның қысқаша мазмұны төмендегідей. Бірінші нұсқасы бойынша ойынға жас жігіттер мен қыз-келіншектер, балалар жазда қараңғы түскенде ауыл шетінде, ашық жерде ойнайды. Ойынға қатысушылар саны алты адамнан кем болмауы керек. Ойынға малдың жұмыр сүйегі немесе сиыр жүнінен жасалған доп (жүндөп) қолданылады. Басқарушы белгілеу үшін екі адам ұзын таяқты алып, төменнен жоғарыға қарай бірінен кейін бірі тұтамдап ұстап, басына дейін шығады. Бұны ұстасу, тұтамдасу деп атайды. Басқарушы ойыншыларды таңдап алады. Одан кейін екіншісі басқарушы белгіленеді. Екі топқа бөлінген соң, ойынға қатысушылардың бәрі сырткіім, аяқкіім, баскіімдерін екі жерге үйіп қояды. Осыдан кейін ойын бастаушы сүйекті немесе жүндөпты барынша алысқа лақтырады. Қалғандары соған қарай жүгіреді. Бірінші болып тапқан адам ақсүйекті ала сала өзінің тобына қарай

жүгіреді. Қарсылас топ оған кедергі жасауға тырысады. Бірақ сүйекті алып келе жатқан адамның өз тобының мүшелері оған мүмкіндік бермей, бірінен бірі алып сөреге жеткізеді. Жеңген топ қарсыластарының үйіп қойған жерінен белгілі бір киімдерін жүлде ретінде алады. Оны ойын соңында қайтарып береді.

Ойынның екінші нұсқасы бұдан сәл өзгешелеу. Бұнда да екі басқарушы сайланады, ойыншылар екі топқа бөлінеді және қарақшы белгілейді.

Ақсүйек лақтырылғанда оның жерге түскен дыбысы естілгенше бәрі үндемей, қозғалмай тұрады. Ақсүйек жерге түскенде ғана бәрі жүгіріп, тапқан адам қарақшыға қарай жүгіреді. Шарт бойынша ақсүйекті тапқан адам алдымен «Ақсүйек» деп үш рет айқайлап, содан кейін ғана қарақшыға қарай жүгіруі керек. Басқалар қуып жетіп, тартып алса, қарақшыға тартып алған адам жүгіреді. Соған жеткен адам қай топтікі болса, сол топ жеңген болып есептеледі. Одан кейін жеңген топтың адамы ақсүйекті қайтадан лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Қай топ ақсүйекті көп лақтырған болса, сол топ жеңген болып саналады. Айта кету керек, сүйекті қанша ретке дейін лақтыру керектігін алдын ала келісіп қояды. Жеңіске жеткендер «Ал, аттым, қараттым, ақсүйекті жалаттым!» деп алқандарын соғып жеңіліп қалған жақтың ойыншыларын мазақтайды.

Ақсүйек ойналып жатқан маңға ит-құс жоламайды. Бұл малдың түнгі күзетшілеріне аздап болса да сеп болады. Ойын жастардың көру, есту, бағдарлау қабілеттерін дамытып, епті, жылдам қозғалуға тәрбиелейді.

АҚТА¹ – піштірілген мал. Ақта ұғымы түркі тілінің көбінде кездесетін мағынасы кестірілген, піштірілген мал, азбан деген ұғымды білдіреді.

АҚТА² – қойшының асы. Ертеде қойшылар далада қой сауып ақта істеген. Олар сүтті қарынға құйып оның аузынан ауа шығып тұруы үшін екі басын шапқан жілікті әлгі ауыз тұсқа түтік ретінде орналастырады. Содан кейін жерге көміп, үстіне от жағып пісіреді. Тасты ысытып алып сүтке салып дайындалған осыған ұқсас түрі қорықтық деп аталады.

АҚТАБАН АТ – жүрісі елгезек, тыз етпе, еті бірден қызатын жүйрік, яғни қарулы мініс ат. Қысқа шақырым бәйгеге қосуға, қашаған ұстауға, саяқ қайтаруға, асау үйретуге қолайлы. Қара өлеңде жиі айтылатын:

Көшкенде жылқы айдаймын ақтабанмен
(аламенен),

Болмайды жаман жақсы
мақтағанмен, –

деген шумақтағы ақтабан (ат) ұшқыр, елгезек ат жылқы қайыруға жарамды дегенді білдіреді (мұндағы «ала» алақұйынның шапшаң, ұшқыр дегені сияқты ақтабан жылқының да ұшқырлығын, һәм қызбалығын бейнелейді). Ақтабан дегені сірә, жылқы бауырын жаза шапқанда, анда-санда ағарандап қана көрінетін табандарын меңзегені болса керек. Сөйтіп, ақтабан аттың ұшқырлығын да, шапшаңдығын, әрі жүйріктігін айғақтайтын халықтық «жіктеменің» символына айналды.

АҚТАБАН ЕТІК – табанына ақ түсті сапасы төмен ұлтан салынған ер адамның қисық табан аяқкіімнің атауы. Табанындағы ұлтанға байланысты ақтабан етік аталған.

ҚР МОМ қорындағы (КП 26300/7) ақтабан етік қара былғарыдан тігілген қонышы мен өкшесі бірге, ал керсені (басы) жеке пішілген, іші қоңыр терімен астарланған. Қонышының – алды 36,5 см, арты 32,5 см, табанының тұрқы 30 см, ені 9,5-11,5 см, өкшесі аласа. Өкшесінің ішкі жағына сірі қабатталып салынған. Табанына, өкшесінің жербасарына сегіз қабат ұлтан, сондай-ақ темір тақа салынып, шегемен бекітілген.

АҚТАБАН СОЙЫЛ – көп ұсталып, қолдың табы көп түскендіктен ағарып кеткен ұрыс, әрі қорғаныс қаруы есебінде қолданылды. Әдетте, қайың немесе емен сияқты төзімді де, мықты ағаштан жасалынды.

Қамшысы бар білектей,

Айбалтасы күректей,

Сойылы бар ақтабан,

Бәйгесі бар баптаған,

Жылқышыға сенеміз

(С.Қасиманов. Сиқырлы сыбызғы).

Сонымен бірге, ақтабан сойыл мал шаруашылығының барлық салаларында да қолданыс тапты.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығы (1723-1725) салдарынан басынан кешкен ауыр қасіретін, босқыншылыққа ұшыраған кезеңін бейнелейтін ұғым. Осы жаугершілік басталардың алдында қазақ даласында ұзақ уақытқа созылған алапат жұттың экологиялық, экономикалық, саяси, әлеуметтік салдары өте ауыр болды: үш жүздің саяси-әлеуметтік байланысы әлсіреді, халықтың әл-ауқаты төмендеп, өндіріс қатынастары құлдырады. Ішкі алауыздық, билікке деген талас-тартыс қауіпті жаудың бар екендігін ұмыттырды. Ш.Уәлиханов Жоңғар қалмақтарының шапқыншылық жасап, қазақ халқын ақтабан шұбырындыға ұшыратуының бір себебін жеті жылға ұласқан жұттан азып-тозып ашыққан елдің ауыр жайымен байланысты қарастырды. Яғни жұттан жұтап шыққан жұрт ес жинай алмай жатқан кезде, Жоңғар әскерінің жеті түмен ауыр қолының анталаған басқыншылығына тап болды. Жер аздырған жұт пен жұрт тоздырған шапқыншылық қазақ елінің хал-ақуалын мүлде ойсыратып жіберді.

Алапат жеті жылдай не жай қойсын,

Айрылдық ауыр дәулет мың жайсаңнан

немесе:

Қаратау, қош аман бол, ата мүлкі,

Малменен, елмен екен жердің көркі.

Тәңірінің тағдырына көнбейміз бе?

Дәм бітсе, дем сағатта өлмейміз бе?

Баласы үш момынның қоныс ауды,

Қош енді көреміз бе, көрмейміз бе?

Сондай-ақ,

Желектің жібегі еді жігіттері,

Қалтырар қалжаураса иектері.
Шұбырып аш-жалаңаш тозған қазақ,
Қалады қайсы жұртта сүйектері.
Ақ орда артта қалды сарайлары,
Ағарар артын ойлап самайлары.
Қаңғырып жүргенінде көп қазақтың,
Көмусіз қала ма, Алла, талайлары? –

деген өлең жолдары халық жадында сақталған қасіретті кезеңнің қандай болғанын айқын байқатады.

Жоңғар ханы Цеван Рабтан қазақ жеріне найза, садақпен емес, отты қарулар – зеңбірек, мылтық, қаруланған қолымен басып кірді. Жоңғарлар жетілген отты қару жасау, картография өнерін 1715 жылғы орыс-жоңғар соғысы кезінде біраз солдатпен бірге қолға түскен шведтік инженер офицер И.Г.Ренаттан үйренген болатын. Бұл зобалаң тұста қазақтардың жүз мыңдай қолы шығынға ұшырап, ел ұл-қыздарынан айрылып, мал-мүлкі талан-таражға түсті. Атажұрт, атақонысынан ауып, жаппай босқыншылыққа ұшырады. Қазақ тарихындағы бұл ұлы басқыншылық этностың санасында өшпестей сақталып, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген тарихи фразеологизм осылай қалыптасты.

Ұлы жүз, Орта жүз қазақтарының Қаратау асып, Сырдан өтіп, Алқакөлде қырғынға ұшыраған жері «Алқакөл сұлама»; Кіші жүз қазақтарының Қаратаудан Түркістанға келіп, одан Сауранды айналып, Бұхараға бет түзеген шұбырынды көшін «Сауран айналған», ал, Орта жүздің бір бөлігі Қаратаудан Солтүстікке қарай ауған шұбырынды жолы «қайың сауғанда, ел ауғанда» деп келетін фразеологизмдерде көрініс тапты. Негізгі асы ет пен сүт болған босқын қазақтар қайыңның қабығын тіліп, шырынын ішуге, алғыр (ащы өсімдіктің тамыры), қозықұйрық (саңырауқұлақтың түрі) сияқты жеуге жарамды шөптесін өсімдіктерді талғажау етуге дейін мәжбүр болды. Бұл оқиға қазақ тарихындағы ел айырылысқан ауыр шақ қана емес, көршілес қырғыз халқы да жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырап, атақонысынан Гиссарға ауа көшті.

Осы жайтқа байланысты қалыптасқан «Қазақ қайың сауғанда, қырғыз Гиссар ауғанда» деген тарихи фразеологизм аталмыш оқиғаның екі халықтың тағдырына үлкен ауыртпалық әкелгендігін айғақтайды. Сөйтіп, Қазақ хандығы (XV ғасыр) түрінде мемлекеттілігін қалыптастырған қазақ халқына 1723-1725 жылдары елдігінен айырылып тарих бетінен мүлде жоғалып, шағын этностық топқа айналу қаупі төнді. Алайда, экономикалық, саяси, әлеуметтік, демографиялық ауыр дағдарысқа ұшырап, есеңгіреген қазақ елі етек-жеңін тез арада жинап, жаумен шайқас майданына шықты. Ар-намысы аяққа басылып, ақтабан болса да, бірақ қазақтар жағы өзінің елдігін, тұтастығын жоймайды. 1726 жылы Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Наурызбай, Жәнібек, Малайсары және басқа да сұлтандар мен батырлар бастаған қалың ел жоңғарларға қарсы майдан ашып, Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында қалмақтарға қарсы тегеурінді соққы берді. 1727 жылы қазақтар Қаратауды қайтарды.

Хан тауына Орда тігіп, Аңырақай даласында ұлы жеңіске жетті. 1729-1730 жылдары қазақтың қарулы қолы қалмақтарды қатты қырғынға ұшыратып, бас көтертпей тастады. Осындай ұлы күрестің нәтижесінде қазақтар өзінің елдік сипатын, халықтық қасиетін қалпына келтіріп, атажұртын сақтап қалды.

АҚТАЙ ЖОҚТАУ – ұзатылмай қалған қалыңдықтың атастырылған жігіт жағымен арадағы құдалық рәсімдер атқарылғаннан кейін қайтыс болған күйеу жігітін оң жақтағы, яғни өз үйінде отырған, ұзатылмаған қыздың жоқтау ғұрпы. Қалыптасқан дәстүр бойынша күйеуі өлген қалыңдық айттырған елдің заңды жесірі болғандықтан, әменгерлік салтқа бағынуға тиіс. Сирек кездесетін бұл ғұрып бойынша, ертеде құдалық кәделері өтелген қалыңдық қайтыс болған күйеуінің ауылына отауымен көшіп келіп, жылына дейін жоқтап, артын күтіп, атқарысып, әменгерлік салт бойынша қайын жұртында қалуға тиіс. Қаралы келіншектің ұзатылмай қалған арманы айтылатын «ақтай жоқтауында»:

Айдалада қу мола,
Қылды құдай үйімді, –
немесе:

Отауың келді өзің жоқ,
Неге ермедің көшіңе.
Қурап қалған ақ үйдің,
Қуанайын несіне, –

дейтін жолдардағы отау, үй ұғымдарының жайшылықта атқарылатын ғұрыптардан өзгеше мәні бар.

АҚТАЙ ҚҰДА / ЕЖЕҒАБЫЛ – бел құда жорасының жергіліктің атауының бірі. Әдетте, ақтай құда болу екі адамның ара-жақындығын нығайта түсу үшін жасалатын ерте заманда қалыптасқан жоралғы.

АҚТАНА – күмістен жасалған дөңгелек әшекей түйменің түрі, бірақ кәдуілгі түймеден үлкендеу, дөңгелек пішінді, жалтырап тұратын әшекей. Тана көбіне әйел киімдеріне тағылады.

Зергерлер өрнектейді ақ тананы,
Жақсылар өнеріне мақтанады, –

деген айтыс жолдары тананың әшекей бұйымдарының ішіндегі бірегейлердің бірі болғандығын айғақтайды. Ақтананың жасалған материалы мен техникасына қарай алтын тана, ортасында тасы барын көзтана, сүйектана немесе сіркелі тана деп атаған ақтананың бұдан басқа да алуан түрлері болды.

Сонымен бірге, бұл бұйым қазақтың дәстүрлі отбасылық мәдениетінде түрлі ғұрыптық инициациялық рәсімдерді атқарудың қажетті атрибуты болды. Мысалы, отбасылық-неке салтында қалыңдық айттырып, құдандалыққа келісу барысында жігіт жағы қалыңдық қыз жастау болса, сырға орнына ақтана таққан.

Бұл – қыздың жас та болса айттырылып қойғандығын айғақтайтын символ. Қазақы ортада осы әшекейдің эстетикалық әсемдігін жоғары бағалағандығы сонша, қыздың жәудіреген көзін «тана көзге» теңеген.

АҚТАҢЛАҚ – мал денесінде ала-ала болып көрінетін тері ауруының жергілікті атауы. Ел арасындағы мәлімет берушілердің айтуына қарағанда, ақтаңлақ болған малдың жүні сортаңданып барып түсіп қалады. Көбінесе бұзауда кездеседі. Оны қимай немесе қайыңмай жағып дер кезінде алдын алмаса, ақтаңлақ болған жер бөртіп, асқына келе бұзауатаз тәрізді жараға айналуы мүмкін.

АҚТАУ / АҚТАЛАУ – қазақ ұғымында құтпан малды аталық қуатынан қан шығармай айыру, яғни пішу тәсілі. Малдың аталық қуатынан айыратын ақтау тәсілінің тарту, жаншу, мыту, біздеу деген түрлері бар. Бұлар да өз кезегінде бірнеше түрге бөлінеді. Тарту – қозы, лақты пішудің қан шығармай жасалады, яғни ұманың сыртынан ұрық түтігін тартып үзеді. Қозы-лақты пішуге өте ыңғайлы болғанымен, бұл тәсілді ірі малға қолдану қиынға соғады. Аталық бездің ұрық түтігі деп аталатын бау сияқты бөлігін кәнігі мал емшілері сұқ саусақпен өзіне қарай тартып пішіп тастайтын. Сондай-ақ, аталық енді темір қысқашпен жаншып жіберу сияқты еркек малды аталық қуатынан айыру тәсілін қазақтардың қолданғандығын Қазақ төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасындағы мәліметтер дәйектейді. Ал аталық енді қан шығармай пішу тәсілін «біздеу» деп атайды.

АҚТОПАЛАҢ – қойда кездесетін топалаңның халықтық атауы. Кей жерде оны секіртпе деп те атайды. Ел ішінде, әсіресе батыс өңірлерде, бұны шөп ауруы, езілген бүйрек, жыбырлақ деп атау да кездеседі. Бұл ауруға көбінесе буаз қойлар мен жаңа төлдеген қойлар ұшырайды екен. Бұл індетпен ауырған қойдың аузынан көбік ағады, ұлтабары мен ащы ішегі қанталап кетеді, секіріп, қатты тыпырлайды. Ш. Жанәбілов аталмыш жұқпалы ауру ешкіде де болады деп көрсетеді.

АҚТОРЫҚ – патшалық Ресей кезінде Ертіс жағалауындағы әскерилер есебіне берілген жерлеріндегі қазақтар жалға алып пайдаланатын жайылым атауы. Ақторық үшін қазақ ауылдары түгін басына 40-50 тиын мөлшерінде салым төлеп тұрған. Ақторықты қазақтар көктеу-күздеу үшін пайдаланды. Көптеген ауылдар өз жайлауларына жету үшін әскерилер жерлерінен кесіп өтуге мәжбүр болды. Әскерилер жеріне күндіз тоқтап дем алғаны үшін 20 тиыннан алым төлеп отырған.

АҚТҮЙҒЫН – қаршыға тектес алғыр құс. Қазақ елінің көп жерінде аз-аздан ұшырасады. Ұясын ағаш басына, жарқабақтар мен жартастарға салады.

Кейде қарғаның ұясын мекендейді. Оны өте ұшқырлығына, «алғырлық қасиетіне байланысты» қолға үйретіп, құс аулауға пайдаланады.

АҚТҰМСЫҚ ҚАРҒА – қазақтың байырғы наным-сенім жүйесінде өзіндік орны бар, сулы және ағашы мол жерлерді мекендейтін қарға тұқымдасына жататын құс.

АҚТҮЙМЕШ – қауын қағы мен талқанды келіге салып түйіп жасалатын тағам. Жергілікті тілде тарының ақталған түрін, кейбір өңірде тұз салып жасаған құрт түрін де ақтүймеш деп айтады. Көбінесе оңтүстік өңірлерде кең қолданылған тағам.

АҚТЫҚ¹ / АҚТЫҚ БАЙЛАУ – ертеректегі түркі-қазақ халқының сан алуан наным-сенімдері мен дүниетанымдық түсініктері бойынша, киелі

саналатын иен даладағы жалғыз қу ағашқа, бұлақ, арасан басында өскен терек бұталарына арнайы жыртылған шүберек байлайтын ғұрыптық рәсім.

Мистикалық сипатқа ие бұл үрдіске сай адамдар әуелі Құдайға сыйынып, содан кейін ақтық байлау арқылы әулие-әнбиелерге, ата-баба рухына тәу етіп, әртүрлі мазмұндағы игі тілектер тілеп, шүберекті ағаштың бойы жетер биіктеу бұтақтарына байлайды. Әлі күнге сарқыншағы үзілмеген мұндай жерлерде, әдетте, дімкәстар сырқатына шипа, ұрпағы жоқтар бала, сергелдеңге түскендер жолының ашылуын сұрап, ниет етеді.

Айтулы рәсімде көне шамандықтың, тәңіршілдіктің элементтері басым болғанымен, уақыт өте келе ол ислам дінімен кіріктіріліп, сабақтасқан діни салтқа айналды. Ақтық байлау жоралғысын көбіне әйелдер қауымы атқарды, бірақ ер адамдарға да тиым салынбайды. Қазақ халқында кейіннен ақтық байлаудың арнасы бірте-бірте кеңейген сыңайлы, ол тіршілік цикліне қатысты рәсім-жоралғыларда, атап айтқанда, сүндеттелетін баланың мінген аты мен қоржынына, «атқа мінгізу» рәсінде аттың жал-құйрығына, алғаш отау құрған үйдің шаңырағына, жаңа түскен келіннің қайын аталарының үйіне алғаш рет «есік көріп» енгенде есікке байланады. Сондай-ақ үйірге түсетін жас айғырға, бәйгеге шабатын жүйріктің жал-құйрығына, жарысқа шығатын балуанның қолына, пішілген аттың құйрығына, мал пішкен кісінің қолына да ақтық байланады. Бұл жерде, бала сүндеттеген, мал пішкен, ауру-жарадан айықтырған оташы, сынықшы адамға «Қолыңыз жеңіл болсын!» деп көлемі үлкен мата да беретін болғанын ескергенміз жөн.

Ақ молайған көктем мезгілінде сүт сауатын шелектің құлағына, қымыздың сабасына ақ шүберектен ақтық байлау кәделі рәсімдер қатарына жатады. Ертеректегі қазақы ортада алыс-жақын туыстарымен дәм алысып сыйласқанда торсық, сүйретпе, саба тәрізді ыдыстардың құлағына да ақтық байлап жіберетін болған.

Киелі бұлақ басына келушілер дұға оқып, тілек тілеп матаға түйіп ақша байлайтын дәстүр кейбір өңірлерде әлі де болса кездеседі. Мұнда ақшаның аз немесе көп болуы шарт емес, тек ниет түзулігі құпталынады. Бұл рәсімді кейде «нияз байлау» деп те атайды. Байланған ақтықтарды жолы түскен кез келген адам, көпшілік жағдайда, әлеуметтік жағдайы төмен жандар «Тілегің қабыл болсын!» деп дұға оқып, ақтыққа оралған тиын-тебенді алады. Бірақ, оны теріс іс-әрекетке, жағымсыз жайларға, арақ-шарапқа жұмсауға тиым салынады.

Сонымен қатар, қару-жаракқа, құрал-сайманға ақтық байланбаса, онда иесі оларды «аптауға» мәжбүр болады. Ақтық бақсының зікір салғанда қолына ұстайтын құрал сайманының (балта, күрек, қамшы және т.б.) мойнына да байланады.

АҚТЫҚ² – қайтыс болған адамның отбасына берілетін малдың атауы. Ертеде ақтыққа атан түйе, жылқыға шамасы жетпегендер көбінесе қой атаған. Ешкі, сиыр бермейді. Қойды қазаға байланысты науқанға атап береді. Ауқаты аздар болса мата берумен шектеледі. Ақтық пен негізгі атауы аза малы деп аталады.

АҚТЫҚ³ – інгенін қайытқаны немесе биесін шаптырғаны үшін бураның және айғырдың иесіне жасырын берілетін кәде. Оның құны көп болмайды.

АҚТЫҚ⁴ – тыңшылық жасап, өсек-аяң жеткізгені, біреуді сүріндіру, ұтыстыру үшін немесе жағымсыз жасырын қызметі үшін берілетін ақтық. Алайда, ел арасындағы осы жаман әдетке ертеден тыйым салынған. Анықталғандар айып төлеген. Ақтық берушілер де қатал жазаға ұшырайтын.

АҚТЫҚ ДЕМ – қазақ халқының өлімге қатысты мистикалық көзқарастарындағы адамның жаны шығар алдындағы ақырғы демі, соңғы тынысы, бақилыққа өтетін сәт. Ақтық дем тірі пенденің дәм-тұзы таусылған кезде осы өмірмен қош айтысар мезетін бейнелейтін қайғылы құбылыс, әрі өлі мен тірі кезеңнің нақты ара жігін білдіретін өлім шекарасы. Қуатты, ыстық, әрі кеудені қатты керіп шығатын физиологиялық тыныс ретінде түсіндіріледі. Жан тәннен үзілер кезде кеуде арқылы шығады деген қазақы ортада қалыптасқан пайымдау әлемдік мистика мен діндегі адам болмысын жан мен тәнге бөліп қарастыратын түсініктен туындағаны белгілі.

Ақтық демін беріп, өлім аузында арпалысып жатқан пенденің қандай болмасын айтқан тілегі бұлжытпай орындалуы шарт. Рухы қиналмай жай тапсын деген ниетпен маңындағы куәгерлері оған кәлима айтқызып, иманын үйіртуге тырысады. Жан тапсыра сала жағын, қол-аяғын түзеп, сіресіп бүгіліп қалмауын қадағалайды. Көз жұмып, иек қаққан соң адамның бой дәретін алдырып, таза ақ киіз төселіп, кеудесіне қара тас қойылады. «Кеуденді қара тас басқыр!» деген қарғыс сөз осы жосынға байланысты қалыптасса керек.

Дәстүрлі ортада ақтық демге қатысты «демі таусылды», «ақтық сапарға аттанды» деген мәндес ұғымдар да қатар жүреді. Көп жағдайда ауру адамдарға қолданылатын дем салу әрекетін қарама-қарсы түсінік ретінде қолдануға болады.

АҚТЫҚ ҚОЮ – дәстүрлі ортада өлікті жөнелту барысында орындалатын салттың бір түрі. Алтай қазақтарының арасында кең таралған жергілікті ғұрып бойынша бақилық болған марқұмның жылы берілгенде, аруаққа арналып сойылған жылқының басы бүтін күйінде асылады. Нәзірге шақырылған адамдарға табақ тартылған кезде, сүйектің үстіне ақ мата, яғни ақтық жабылады. Мата түріндегі бұл кәделі сый Құран бағыштаған адамға тарту етіледі.

Зерттеушілердің айтуынша, көне түркілердің наным-сенімдері негізінде қалыптасқан бұл жосынның мәні марқұмның тірі күніндегі дүние-мүлкі, соның ішінде, әсіресе, көзі тірісінде мінген аттары, оған ақыретте де қызмет етеді дегенді білдіреді (осы ретте екшеп айтар жайт – қазан төңкерісіне дейінгі кейбір орыс зерттеушілерінің еңбегіндегі мәліметтер сүйенсек, марқұмды, әсіресе, қайтыс болған батырдың мәйітін, атымен қоса жерлеу дәстүрлі қазақы ортада ХІХ ғасырдың бас кезеңіне дейін орын алған сияқты).

Ал, ақ түс көптеген халықтарда пәктік пен тазалықты білдіретіні белгілі. Дастархан басында бас пен ақ матаның қатар тартылуы марқұмның аруағы бақи дүниеде таза жетсін һәм жоғары болсын дегенді білдіретін сынайлы.

АҚТЫЛЫ ҚОЙ, АЛАЛЫ ЖЫЛҚЫ – қазақы салтанат пен байлықты бейнелейтін метафоралық образ, дәстүрлі ұғым.

Шұрқырап жатқан бір жылқы

Тоғай сайын мың жылқы,

Есебі жоқ көп жылқы
Жиделі Байсын даласы.
Өз алдына бір бөлек,
Торысы мен қарасы.
Аңдай болып көрінген,
Бозысы мен аласы, –

деп келетін өлең жолдары қазақы ортадағы байлық жөніндегі дәстүрлі ұғымды метафоралық образбен шебер бейнелейді. Расында да, төрт түліктің ішіндегі қазақтың ең ардақ тұтары – қой мен жылқы. Мыңғырған қой, үйір-үйір жылқы – байлықтың да, бақ-дәулеттің де символы. Ақтылы қой, алалы жылқы деген фразеологизм – осындай молшылықтың, мамыражай тоқ тіршіліктің метафоралық образы. Ақтылы қой сөз тіркесі мол байлыққа байланысты әсіресе, көп қолданылатын фразеологизм. Ол көбінесе, жеке адамның байлығын ғана емес, бүтін бір әулеттің дәулетін, яғни мыңғырған қойлы ауыл дегенді білдіреді.

Қазақы ортада бай адамдар жылқы түлігін әдетте құла, торы, жирен, боз және т.б. деген сияқты түр-түсіне қарай жеке-жеке үйірге бөліп бағатын. Алалы жылқы деген сөз тіркесі осы көріністі бейнелейді. «Қара көктен екі үйір, теңбіл көктен үш үйір, бір үйір боз, бес үйір құла» деген сөз тіркестері де байлықтың салтанаты болып табылатын осындай көрініске байланысты қалыптасса керек.

АҚТІГЕР / АҚТАҒЫР – киіз үйдің үш-төрт қанатты, екі үзікпен ғана жабылатын шағын түрі. Ақтігер үй туралы жыраулар поэзиясында құнды мәлімет мол кездеседі. Мысал ретінде, Шалкиіз жыраудың төмендегідей жыр жолдарын айтуға болады:

Арғымақ ару аттар сескенсе,
Ақтігердің қарсы алдында жусар ма?
Ойда қазақ көп жортса, белдерін
Күміспенен құрсар ма?

Киіз үйдің осы түрін әскери шеру кезінде, алыс жайылымға шыққанда пайдаланатын. Әсіресе, ұзақ көш жолында ақтігер үйдің тіршілікқамы маңызы ерекше болды.

АҚУЫЗ – малдың төлдегеннен кейінгі қою, құнары жоғары алғашқы сүті. Төлдегеннен кейінгі алғашқысы «қара уызды» төліне емізіп оттықтырып алады. Онан кейін бірнеше күн қатарынан сауған кездегі қою, майлы құнарлы сүтті қазақ ақуыз деп атаған. Қалыптасқан дағды бойынша барлық көрші-қолаң, ағайын-туысқа ақуыздан түгел дәм татыратын дәстүр бар. Мұндайда уызға қоса көтенішек қосып асады және ол ғұрыпты көтенасар деп атайды. Оның мәні малдың сүті көп болып, желіні ерте суалмасын, ақ мол болып, молшылыққа кенелсін деген өсіп-өну, өркендеу идеясымен байланысты.

АҚША / АҚША ТҮРЛЕРІ – тауарлардың құнын көрсететін, жалпыға бірдей балама ретінде қолданылатын төлем құралы. Ақша соғу, оны айналымға енгізу ісі және оны белгілі бір қоғамда төлем құралы ретінде пайдалану – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың жоғарғы деңгейге жеткен көрсеткішіне саналады. Ежелгі көшпелілердегі тауар

айналымы айырбас (мал, аң терісі, алтын, күміс кесектері, сәндік және т.б. заттар) түрінде өтті. Көшпелілер мен отырықшы елдер арасында сауда-саттық қатынастары Жібек жолы бойымен айырбас тауар ретінде қарқынды дамыды. Түркі дәуірінің монеталарының аверс бетінде басылған таңбалар, реверс бетінде жыртықш аң бейнеленген. 704-766 жылдары Тараз шаһарында соғылып, айналымға енген қола теңгелер Түргеш мемлекетінің қуаттылығын білдіреді. Қазақ жерінде түргештердің саудалық әрі жәрмеңкелік қалашықтары Суяб пен Тараз сол дәуірлерде қарқындап өркендеді.

ҚР MOM нумизматика қорындағы VII-VIII ғасырға жататын Отырар коллекциясы монеталарының (КП 26962/10) Av бетінде арқа тұсына құйрығын қайырып оң жаққа бет алған арыстан бейнесі, ал Rs астыңғы бетінде адырнасыз садақ бейнелі көне түрік бітік жазуындағы «ат» іспетті таңба бейнеленген.

VIII ғасырдың бірінші жартысына жататын тағы бір (КП 7955) монетаның Av бетінде βυυ twrkys γ'γ'n pny – Түргеш қаған иелігінің фаны (фан-қытай «цянь» тиынының аталуы) деген жартылай курсивті соғды жазуы, Rs бетіне адырнасыз садақ бейнелі көне түрік бітік жазуындағы «ат» іспетті таңба бейнеленген.

Кейін ақша соғу ісі Қарахан әулеті тұсында кеңінен етек алған. Қарахандықтар әулеті ислам дінін ресми қабылдауына байланысты ақша айналымдағы тиындары арабша атады, яғни фулс, динар, дирхем деп аталды. Ішкі нарықта айырбас ақша ретінде адли (қола фельс) монеталары мол болды.

IX-XI ғасырларда Қазақстан көлемінде соғды, саманид фелстері айналымға кең таралды. Сол кезде күміс дирхемдері «исмаили» деп аталатын. Оған қоса ең жоғары қоспалы күміс бұқара-худаттық – мусейяби, аз қоспалы күміс – мухаммади, мыстан немесе арзан металл гитрифи ақшалары және қытайлық тиындары айналымда болды. Қыпшақтар жайлаған Дешті қыпшақ аумағында ғасырдың ортасында-ақ өзінің күміс және мыс ақшалары болған: алғашқысы танга (теңге), екіншісі пул (пұл) деп аталған.

1260-1280 жылдар аралығында Орта Азияның 16-дай қаласында монета соғатын ақша сарайлары жұмыс істегені жазбаларда айтылады. Олардың қатарында Тараз, Кенже, Жент теңге сарайлары ерекшеленеді.

Алтын Орда теңгелерінің алғашқысын Бұлғар қаласында 1257, 1267 жылдары Берке соқтырған. XIV ғасырда Алтын Ордада сауда мен экономика өркендеп, Сарай, Сарайшық, Азақ, Қырым, Гүлстан, Хорезм, Жент, Баршын, Сығанақ қалаларының ақша сарайларында соғылған дирхемдер мен пұлдардың Қазақстанның ежелгі қалаларының сауда айналымындағы маңызы жоғары болды. Сарайшық қаласынан табылған Алтын Орда теңгелерінің аверс және реверс беттерінде арыстан мен сұңқардың, балық суреттері, геометриялық өрнектер, түрлі таңбалар, ислам дінінің суннит ағымының символдары шекілген. Бірқатар дирхемдер мен пұлдарда таразы, шаян сияқты шоқ жұлдыздар, ал бірқатарында тотықұс бейнесі шекілген.

Теңге атауы Алтын Орда тұсында қолданыла бастады. Жібек жолы торабында пени, фулс, дирхем, динар, манат т.б. металл ақша түрлері тарады.

Мұндағы динар алтыннан жасалған, дирхем күмістен жасалған тиынды белгілейді. Сондай-ақ, ділда, алтын күміс ақша жамбы деп те аталды.

Бөлшек, ұсақ саудада XVI-XVII ғасырларда ішкі ғана емес, қала аралық төлем құралы болған мыс ақша пайдаланылды. Бұл кезеңдерде Қазақстанның елді мекендеріндегі ақша айналымы негізінен Темір және Шайбани әулеттері кезінде шығарылған мыс ақшалары арқылы қамтамасыз етілді.

XVI ғасырда Отырардың мыс теңгелері, Иасының (Түркістанның) күміс теңгелері, XVI ғасырдың соңы XVII ғасырдың басында Қазақ хандарының атымен өндірілген мыс теңгелер Қазақстан жерінде және Орта Азияда сауда айналымында кеңінен қолданылды. Бұл ақшалардың шыңдалу шеберлігі жоғары дәрежеде болмағанымен, Қазақ хандығында сауда ісін бір жолға қоюда, халықтың басын біріктіруде үлкен міндет атқарды. XVII ғасырда орта ғасырлық қалалардың құлдырауы себепті ақша соғатын сарайлар, шеберханалар жұмысы құлдырай бастады.

Орталық Азияда орыс және қытай сыртқы сауда байланыстарының ұлғайып ресейлік алтын, күміс монеталары мен қытайлық жамбы ақша айналымында кеңінен орын тебе бастады. XVIII ғасырдан бастаған Ресей патшалығының әкімшілік жүйесі қазақ жеріндегі теңге қатынасына да тісін қатты батырды, жергілікті халықтар сыртқы және ішкі саудада Ресейлік монеталарды қолдана бастады. Қазақтар арасында қағаз ақшаны аққұйрық десе, металл ақшаны қара бақыр, ұсақ метал ақшаны күреш, қара күреш, соқыр, жармақ, шақа, тиын деп те атай берген. Ақша орнына жұмсалған алтын, күміс құймаларды көлемі мен салмағына қарай тайтұяқ, атантұяқ, ботакөз, қойтұяқ деп атаған.

АҚШАЛАП – айранға, іркітке су араластырып дайындаған сусын түрі. Кейде құрт жасайтын сүзбені суға араластырып та жасайды. Ыстық аптапта қою айранды, көбінесе салқын сумен араластырып, шалап жасап ішетін.

АҚШЕЛЕК – түйеде кездесетін жұқпалы, қатерлі індет. Халық арасында ақшелекті қарабез деп те атайды, өйткені ауырған түйенің омырауындағы бездер қарайып, ісіп кетеді. Кейбір деректер бойынша, ақшелек ит пен мысықта да ұшырасады екен. Түйе малында болатын бұл өте зілді індет басқа түліктің бәрінде де кездеседі. Алайда оның жылқыда кездесетін түрін – жамандат, сиырда кездесетін түрін – қараталақ немесе ошақ, қойда ұшырасатын түрін – ылаң, топалаң, ешкі малындағы түрін шекшек деп атайды. Бұл індет жазатайым адамға жұқса оны күйдіргі немесе түйнеме деген. Төрт түліктің бәрінде кездесетін бұл өте зілді, жұқпалы індет адамға да қауіпті болғандықтан оның етін сойып жеуден аулақ болған. Өйткені ауру адамға мал сойғанда қолын абайсызда жарақаттап алуынан жұғатыны белгілі болған. Этнографиялық еңбектерде түйеде кездесетін ақша немесе қарабез індетінің шығу себептерін анықтауға көңіл бөлінеді. Осыған байланысты мал ауруларын зерттеген көрнекті этнограф ғалым Х. Арғынбаев: «Ол әсіресе жаз бойы ылғалды, сазды жерде жайылған жас түйелерде жиі кездеседі дейді тәжірибесі барлар. Түйе мен жылқы жамандатының сипатында да, түрлерінде де халық түсінігі бойынша еш өзгешелік жоқ, тек іштен болғанда көк бауыры ісініп, кейін серпіле ұлғаяды. Мұның себебі сона мен бөгелектен

қорғану үшін көп тебінгендіктен көріп «көкбауыры көтіне кету» деп те атайтын. Шынында қарабез індетін таратушылардың бірі сона екендігі дәлелденген нәрсе. Осыған қарағанда, қазақ халқы жамандаттың (түйедегі ақшелектің – ред.) шығу себебін ғылыми түрде ажыратпағанымен, ол туралы аз да болса хабары болған деуге болады.

Түйедегі қарабез ауруына еш шара қолданылмайтын. Тіпті емдеуге үлгермей де қалатын, өйткені түйе жылқыға қарағанда ауруға осал келеді де, тез өледі», – деп тұжырымдайды.

Қазақ совет энциклопедиясында бұл аурудың суы іркілген, шөбі қалың, маса-сонасы көп жерде байқалатындығы, ауру малдың дене қызуының біресе ысып, біресе суыйтындығы, ерні мен ұрты, қабағының, омырау безінің шошып, ісінетіндігі айтылады.

АҚШЕЛЕКТИҢ МАЙЫНА ШАҚЫРУ – түйе сойған үйдің белгілі бір адамдарды арнайы қонаққа шақыруы. Ел ішінде, Түрікменстан қазақтары тілінде түйенің тоқпан жілігін ақшелек дейді. Түйенің тоқпан жілігі үлкен болғандықтан, одан түсетін жілік май да басқа малдардікіне қарағанда мол болады. Ақшелек деп ертеректе халық тек түйе ауруын ғана емес, оның тоқпан жілігі мен майын да атаса керек. Ақшелек келгір, ақшелек шалғыр (кейде ақшелекке шалынғыр деп те қолданылады) тәрізді қарғыс мәнді фразеологизмдер түйе малының ауруына, ал ақшелегі түскендей ақтарылды бейнелі сөз орамы сау малды сойғанда түскен майдың көптігіне байланысты қалыптасқан. Шынында да ауру малдың етіне қонақ шақырмайды. Қонаққа арнайы сойылатын малдың дені сау болуы керек. Ауру мал түгіл, арық-тұрақ, ақсақ-тоқсақ мал сою да ерсі қылық, қонақты сыйламағандық, сарандық болып саналады. Бұндай жағдайда келіп кеткен қонақ елге жайса, үй иесі абыройынан айырылады. Осыған байланысты ел ішінде неше түрлі эзіл-сықақ әңгімелер сақталған.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, ақшелек деп піскен ет пен жіліктің майын араластырып дайындаған тағамды айтады. Қазақ салтында қонаққа көбінесе қой, кейде құлын-тай сойылғанмен, түйе малы сойылмайды. Батыс өңірлерде түйе малы жайшылықта сойыла бермейді, соғымға сойылады. Соғымға түйе сойылғанда, ет те, май да мол болады. «Соғым басы» деп сыйлас адамдарды қонаққа шақыру салты әлі күнге дейін сақталып отыр. Онда да жақын-туыстық қатынасына, жасы мен дәрежесіне қарай кәделі мүшелер тартылады. Қазақ елінің солтүстігі мен Ресейдің Омбы, Сібір жағының қазақтары соғымға жылқы сойғанда адамдарды қонаққа шақыруды іш майға шақыру дейді. (Қазақ ұғымында май – молшылықтың белгісі; салттың бұлай аталуы осындай ұғыммен байланысты қалыптасқан). Кейбір жердің тұрғындары бұл салтты шекеге шақыру деп айтады. (наурыз тойында және соғым етіне шақырылғандарға қара малдың шекесін тартуға байланысты қолданылады). Аталмыш бейнелі сөз орамы ертеректе соғымға түйе сойғанда мол дастарханнан жақын, сыйлас адамдарға дәм татқызу салтына байланысты шыққан.

АҚШИ – ел кезіп адам емдеумен айналысатын балгердің қазақы атауы.

АҚШОМ – астық алып қайту үшін алыс сапар шегетін түйелі керуен. Қазан төңкерісіне дейін, әсіресе, ХІХ ғасырда көшпелілер арнайы шыққан түйе керуендерін күтіп отырмай, күзгі астық бастыру кезінде алдын ала жасалған келісім бойынша егіншілерге жалданып жұмыс істейтін. Ақысына астық алатын.

Сондай-ақ, малдарын астыққа айырбастайтын. Сөйтіп, түйелеріне астық теңдеп қайтатын. Ақшом деп аталуы ең алдымен түйеге астық арту үшін арнайы жасалған шом деп аталатын құрылғыға байланысты болды. Бұл жерде ақ анықтаушы шомның астыққа, яғни адал азыққа арналғандығын білдіреді. Ал ақ – адал ұғымының синонимі. Осы кәсіппен айналысатын адамды ақшомшы деп атаған.

АҚЫ – қазақы отбасында баланың сауатын ашу үшін медреселерде немесе бөлек киіз үй тігіп, молдаларға ақы төлеп оқытатын болған. Көктем мен жаз айлары кезінде оқытқаны үшін ақысына деп молдалар үш-төрт бас қой алатын. Бұлар, ауыл-ауыл аралап, көшіп-қонып жүрген татарлар болды. Сондай-ақ, мал емдеген емшіге оның ақысын заттай, мысалы, тері-терсек, елтірі, сеңсең, жүн серкеш, тоқты, қой, мата түрінде де ақы беретін. Кейін қазақ тіршілігіне ақша енген кезеңнен бастап ақыны ақшалай бере бастады.

Ақының шаруашылық, ғұрыптық және әдеттік құқық салаларында ежелден қалыптасқан өзіндік түрлері болды.

АҚЫ КИІМ – өлікті жөнелту ғұрпында үлестірілетін кәде киімі. Ақы киімін арулауға, яғни мәйітті жууға қатысқан үш адамға беріледі: басына түскенге тымақ, ортасына түсушіге белбеу, аяқ жағына түсушіге етік беріп, әр қайсысына сырт киімдік пұл немесе дайын шапан, жейде (ақтық пұл) қосады. Төртінші адам мәйітке су құйып берген адамға бір шаршы ақтық беріледі. Бесінші өліктің ақыиесі, яғни жақын жанашыры болғандықтан оған ақы киімі де, ештеңе де берілмейді. Киім, әдетте өліктің жетісіне арналған науқанда аят оқылып таратылады. Қазақы ортада қалыптасқан салт бойынша, ақы киімін марқұмның артындағылар дән-дәулеті мен ауқатына қарай тарататын: қарапайым матадан қымбат кездемеге дейін немесе көн етік былғары, әміркен етіктер де ақы киім берілетін. Алайда, өлік үшін сауапты болады деп ысырапшылыққа ұрынуға жол берілмеген. Мүмкіндігіне қарай дайын киім немесе киімдік материалды (тыстық және іштік мата) немесе киімнің құнына татитын мал, мүлік немесе ақша ақы киімі ретінде үлестірілген. Ертеден келе жатқан салт бойынша, өлікті арулаған (жуған) адамдарға ақы киімі берілмесе, марқұмның мойнына қарыз болып кетеді деп есептеген. Өйткені, ондай қарыз адамды тозақ отына түсуіне себепкер болады екен деседі.

АҚЫИЕ – дәстүрлі қазақ қоғамында әдет-ғұрыптық құқықта қолданылған ұғым, билерге жүгінген зәбір шегушінің ең жақын жанашыр адамының атауы. Ақыие адам зәбір шегуші атынан ауыл ақсақалдарына, билер сотына жүгінуге, айыпкерді жауапқа тартып, оған дұрыс жаза тағайындап, оның айыбын толық өтеуін қадағалайды. Сондай-ақ, зәбірленушінің кешіретіндігін шеше алатын құқығы болды. Ақыиенің мұндай құқығы дәстүрлі қазақ қоғамындағы рулық-туыстық қатынастың негізгі нормалары «у ішсең де руыңмен», «атақ шығарып, сүйек сындыру», «ата-бабаның атына таңба салу», «ар», «намыс»,

«ата-баба жолы», «малым-жанымның садағасы, арым-малымның садағасы», «адам құны» деген сияқты және әйелдің құқықтарына қатысты көптеген қағидаларға негізделді. Сондықтан да, ақыие зәбір шегуші әлеуметтік жағынан төмен жандар мен күйеуінен зәбір көрген әйелдерге қатысты жиі бой көрсетеді. Ондай жандардың зәбір көруі, таяққа, соққыға жығылуы, өлтірілуі кезінде оның ең жақын адамы, аталас ағайыны (ондай адам болмаса руласы) ақыиесі болып саналды. Билер сотындағы дауда жәбірленуші орнына ақыиесіне де құқық берілген. Мұндай ар, намыс сынға түсетін істен дәстүрлі ортада ақыие болудан руластарының ешқайсысы бас тартпаған.

АҚЫҚ [АҚЫҚ ТАС] – қымбат тас, жалтылдап тұратын, түсі әртүрлі (қызғылткүлгін, қызыл, күреңқызыл) түсті асыл тас. Бұл бағалы таспен ақық көзді қапсырма, ақық моншақ, ақықтан көзі бар сырға т.б. зергерлік әшекей бұйымдар жасалады.

Ақықтың түсі қоңыр қызыл немесе ақ пен қоңыр қызыл түстердің кезектесіп түсетін жолақты, ал кейбіреуінің түсі ақшыл болады (орыс тіліндегі агат, сердолик, халцедон деп аталатын тастардың баламасы ретінде қолданылады). Ақықтан моншақ тізіледі, онымен зергерлік бұйымдар мен ертұрман сияқты ат жабдықтары әшекейленеді.

АҚЫЛ – адамның ойлау қабілеті, сана-сезімі, ой-өрісі. Қазақтың шешендік сөз үлгілерінде ақыл интеллектуалдық байлық ретінде бағаланып, ой, мінез, сабыр, білім т.б. тәрізді ұғымдармен байланыстырылады. Осылардың ішінде ақылға білімді жақын қояды. Өмірден көргені мен түйгені көп білімді адамды ақылдылар санатына жатқызып санасы жоғары деп аталады. Адам биік болса, жасар, аласа болса, құрт құмырсқа басар, орта құба төбел болса, ұзақ жасар. Адамға ақыл – аздырмайтын тон, білім – таусылмайтын кен. Адамның басшысы – ақыл, болжамшысы – ой, жетекшісі – талап, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы мінез болса, адам өзін дұрыс ұстай алмақ, – деген қазақтың шешендік сөз үлгілері ақылды көбіне білім, талап, кәсіп, сабыр, мінез тәрізді іргелі ұғымдармен ұштастыра сипаттайды да, осындай қасиеттерге ие тұлғаны ақылды деп үлгі тұтып, материалдық байланыстан гөрі ақыл-ой мәдениетін жоғары қояды.

АҚЫЛ АЗУ / АҚЫЛ ТІС – қазақ ұғымында адамның ақылы ойы толысып, парасат пайымы қалыптасқан кезде өсіп шығатын тіс. Алайда, ақыл азу адамның жеке физиологиялық дамуына қарай бірде ерте, немесе кеш шығады. Қазақ ұғымында кәмелетке толған соң 13-ке келгенде «ақылы кірді, азу тісі шықты» деп айтады.

АҚЫЛЕ – саят құстарында кездесетін буын құрт ауруы. Ақыле болған құстың аяғы мен жіліншіктері немесе саусақтағы буындары ісіп кетеді. Қатты ауырсынған құс жүдеп кетеді. Бұл құрт ауруы асқынғанда кеудеге шауып кетеді. Ақыле болған құстың іскен аяғын жылы сумен жуып, апиынды қою қылып езіп, іскен жеріне жағады. Үш-төрт күннен кейін қайта жағу керек. Екі жұмадай бақылап, ыстығы басылып, ісігі қайтатын болса, алмасты қайраққа езіп жағу керек.

АҚЫМ – мәйітті жерлейтін көрдің қуысы. Ақым шығару үшін алдымен кіндікке дейін тік “құдық” қазғаннан кейін жанынан тағы да ұзындығы адам

бойындай мөлшерде қуыс қазылады. Жетісу қазақтарында қолданылатын осы катакомба көрі құдық, мәйіт жататын камера және аталмыш екі сегментті жалғастыратын қуыстан тұрады. Зерттеушілер С.Әжіғали мен Н.Байғабатованың мәліметі бойынша көрдің құдығы төртбұрышты ұзындығы 1,5х2,30 м, (ұзындығы жағынан солтүстіктен оңтүстікке), тереңдігі 1,5 м болып келеді. Қабірдің тереңдігі әйел адам үшін кеудеге дейін, ал ер адамдікі белге дейін қазылады. Бірақ ақым отырған адамның басы төбеге тимейтіндей қазылуы тиіс. Ақым көбінесе жер қыртысының жынысына (сары, қара топырақты, тасты), бедеріне (жазық, көлбеу немесе беткей) байланысты жасалынады. Әлбетте ақымдау үшін жер керіш болуы керек. Неғұрлым құдығы тереңірек қазылса, ақымы да соғұрлым терең болады. Бұл ақымының төбесі түспейтіндігін ұзақ уақыт қамтамасыз етеді. Кейбір жерлерде жер асты сулары жақын немесе тастақ болып келетіндіктен құдығы және ақымы таяз жасалады. Өліктің жатқан жері жайлы, топырағының жұмсақ болуына да айырықша мән берілді. Бұл жайтты “марқұмның топырағы торқа болсын” дегеннің көрінісі ретінде бағамдауға болады. Құдықтың батысында жарты шеңбер тәрізді сатысы немесе еңістеу етіп жасалған өтпелі қуыс болады, ол құдықтың белдеуіне параллель орнатылған күмбез сияқты ақымға ұштасады. Кей жерлерде ыңғайлы болу үшін құдықтың батыс қабырғасын ала терең емес шұңқыр қазылады.

АҚЫН – өлең-жыр шығарушы өнер иесі. Шығармашылық дәстүрде өлеңді, жырды табан астында қиыстырып айтатын ақындарды халық сөз шеберлігінің биік шыңы деп бағалаған. Олар жыршы ақындар, өлеңші ақындар, әнші ақындар деп сараланады. Жыршы ақындар өз жанынан жыр, дастан шығарумен қатар өзінен бұрынғылардың жырлары мен дастандарын сақтаушы-жинақтаушы (кумуляция), жеткізуші (трансформация), айтып таратушы (трансляция), қайта жаңғыртушы (ретрансляция) ретінде шығармашылық қызмет атқарды. Жыршы ақындар жаңа оқиғаны ғана сөз етіп қоймай, олар ежелгі жырларды да бірде жаңғырта, бірде дәстүрлі түрінде жырлап, ескі мен жаңаны қатар өзінің жадында, репертуарында сақтап жүрді. Сақтап қана қоймай, ақындардың арасында оны өңдеп толықтырып, байытып жырлайтындары бар. Жыршы ақындар шығарған жыр, дастандардың негізгі арқауы ерлік, елдік, әлеуметтік-қоғамдық мәселелер болды. Өз шығармашылығын олар домбыра, қобыз, сырнай, сыбызғы тәрізді аспаптарына қосып орындады. Ақтамберді, Тәтіқара, Бұқар, Дулат, Махамбет, Жамбыл, Нұрпейіс т.б. жыршы ақындықтың аса көрнекті тұлғалары болды.

Өлеңші ақындардың шығармашылығына тұрмыстық жайт, күнделікті өмірдің қатқабат қатпарлары арқау болды. Олар өмір шындығын бейнелеуде зат, нәрсе, құбылыстарды өз атымен атауды шығармашылық тәсіл ретінде қолданды. Шал ақын, Көтеш ақын, Кемпірбай, Шөже сияқты ақындар өлеңші ақындар дәстүрлі мектебіндегі атағы жұртқа жайылған көрнекті өкілдері ретінде танылды.

Әнші ақындардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны ерекше болды. Сөз өнері мен әншілік жанрды дамытып, жоғарғы деңгейге көтерді. Олардың әншілік, орындаушылық, композиторлық шығармашылығы қоғамның

эстетикалық санасы мен халықтың эстетикалық талғамын қалыптастырудағы және синкреттік өнерді дамытудағы рөлі ерекше деп бағаланады. Оның көрнекті өкілдері Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балуан Шолақ, Мәди, Естай, Мәдікожа, Нартай, Кенен және т.б. көптеген әнші ақындар белгілі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтерумен қатар гедеонистік қызметі (жұртшылықтың көңілін көтеру) айрықша болды.

Жыршы, әнші, өлеңші ақындардың ішінде айтыскер ақындар да болды. Айтыскер ақындар көбіне елдің үлгі тұтар тұлғаларын, олардың жақсы қасиеттерін асқақтата айтып, сондай-ақ ел ішіндегі (ру, тайпа, ауыл, аймақтағы) келеңсіздік пен өрескел қылықтарды сынады, айтыс өнеріне арқау етті. Сонымен, қазақ қоғамында дәстүрлі ақындық мектепте жыршы ақындардың шығармашылығында әлеуметтік-идеологиялық сарын; өлеңші ақындардың өлеңдерінде танымдық-тәрбиелік мән; әнші ақындардың ән өлеңдерінде эстетикалық гедеонистік сипат басым болды.

АҚЫР – төрт түлік малға жем-шөп салатын орын. Ақыр әр түліктің бойына шамаланып, қолда бар тақтай, шыбық сияқты материалмен төртбұрышты пішінде, мал тұратын орынның ортасынан немесе бір шеті қора қабырғасына тақалып жасалады. Ішіне мал түспеуі үшін кейбіріне желкебасар ағаш байланады. Ақырға салынған шөп мал аяғына тапталмай таза тұрады, оны малға аударыстырып жегізуге де қолайлы.

Ақыр жайында ерте кездегі «Жүгіре басып Құртқа да ақырда тұрған Бурылды Шығарып ептеп алады... (Қобыланды батыр)»; «Ат байладым тақырға, Жем сап қойдым ақырға. Қанша сұлу болсаң да, Бері таман жақында (Халық әні); «Ат байлаған ақыр тас, Арқама біткен қолаңшаш (Қыз Жібек)» деп келетін жырлар мен халық әндерінің шумақтарында көптеп кездеседі.

АҚЫР ЗАМАН / ЗАМАНАҚЫР – төрткүл дүниенің талқандалуы, Алла Тағала тарапынан орнатылуға бұйырылған діни жүйенің бұзылуы, адамзат баласының азғындайтын уақытының бірте-бірте жақындайтындығы үреймен сипатталынатын, әлемнің көптеген халықтарына ортақ ежелден қалыптасқан түсінік. Мұсылман дүниетанымындағы іргелі ұғымдардың бірі. Құран Кәріммен қатар Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) сүннетінде де жиі айтылып, айқын бейнеленеді. Ислам діні бойынша міндетті түрде орын алатын үдеріс болып есептелетіндіктен барлық мұсылмандар ақыр заманға иман келтіруі шарт. Қашан болатындығы бір Алладан басқа ешкімге беймәлім бұл күн Құдайдан қорқу, пана іздеу қағидаларымен тікелей байланыстырылады.

Ғарасат, ақырет күні, қиямет-қайым ұғымдарымен мәндес ақыр заман түсінігі көптеген ұлттардың фольклорында эсхатологиялық ортақ миф ретінде де қарастырылады. Қарама-қарсы мағынадағы мифтер космогенездік-антропогенездік мазмұнды қамтыса, эсхатологиялық мифте әлемнің күйрейтіндігі от, топан су, індет, жұт сияқты түрлі катаклизмдер түрінде баяндалады. Бұл мифтік сарын кейіннен Жаратқан мен оның ізгі күштерінің бүкіл ғаламға орнатқан қағидаттары мен заңдылықтарының бұзылуы, зұлымдық иелерінің адамзатты азғырып, арбап, тура жолдан тайдыруынан туындаған кесірлі жайттар себеп болатындығы туралы мазмұнды қамтып, әсіресе, авраамдық діни мәтіндерде көрініс тапты. Алла орнатқан әуелгі

ғаламдық үйлесімділік жүйе қирап бұзылады да, хаос (бейберекетсіздік) орнайды, нәтижесінде ібіліс-шайтан бастаған кесірлі күштер жеңіске жетеді. Діни эсхатологиялық мифтерде болашақ осылайша болжанады, алайда ол жан түршігерлік зұлмат түрінде сипат алғанымен түбінде ақыр заманнан кейін де Жаратушы ие бастаған ізгі ниеттілер жеңіп, ақиқат орнайтындығы, күнаһарлар мен зұлым дүлей күштер жер бетінен мүлдем жойылып, әлем мен адам баласы қайта түлейтіндігі туралы құрғақ қиялға құрылған армандар да оптимистік бағытта өрбиді.

Дәстүрлі түсініктегі ақыр заманның белгілері адам баласының азғындалуы, рухани-адами қасиеттердің күрт құлдырауы, заман райының бұзылуы, табиғаттың өзгеруі түрінде көрініс табады.

XIX ғасырлардағы қазақ жерін отарлаушы Ресейдің әкімшіл-әміршілдікке негізделген саяси жүйесінің орнығуы (буржуазиялық-капиталистік экономикасы, сауда-саттық, хандық биліктің жойылуы, шоқындыру және т. б.), жергілікті халық тарапынан алғашында ақыр заман белгілері ретінде қабылданды. Бұл сарын, әсіресе, орыс отаршылдығына қарсы күрескен Шортанбай, Мұрат, Дулат сынды «зарзаман ақындары» деп аталған ойшыл-жыраулардың толғауларында терең баяндалып, болашақтың болжаулы қайғылы күйі бейнеленді. Мысалы, халық жадында сақталаған мына бір өлеңде ақыр заман белгілері төмендегідей көрініс табады:

Ақырзаман болғанда,
Белгісізден би шығар,
Белдеусізден үй шығар.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ.
Ақша деген мал шығар...
Екі аттың бірі жорға болар,
Екі адамның бірі молда болар.
Жаққаны көмір болар,
Мінгені темір болар.
Еркегі қазаншы болар,
Қатыны базаршы болар.

Хандық билік жойылғаннан кейінгі қазақ даласында Патшалық Ресей орнатқан әкімшілік жүйе былайша сыналады:

Ағашты жерге үй салып,
Алды кәпір ауқымдап.
Енді еркіне қоймады,
Қарт бурадай тақымдап.
Дуанбасы, болыс тұр,
Орыстың сөзін мақұлдап.

Отаршыл жүйенің елді діннен, салт-санадан, ата-баба дәстүрінен айырып, ұлттық құндылықтарымызды Еуропалық және ресейлік жат дүниенің бірте-бірте ығыстыра бастауы да ақыр заманның белгісіндей сезілген уақыттар болды:

Құбылаға бақпаған,

Шошқаның етін қақтаған.
Атасының қанындай,
Арақты ас қып сақтаған.
Отыртпаған сүндетке,
Шоқындырған суретке.
Амалың болса, қылшы енді,
Кәлимасыз кәпірге,
Кіріптар қылған күдіретке!

Сондай-ақ халық аңыздарында ақыр заман боларда ғарыш кіндігі саналатын «Темірқазық орнынан ауады, тас бұршақтай жауады», – деп те түсінген. Көріпкелдер қойдың жауырынындағы сызықтар арқылы ақыр заманды былайша болжаған деседі: «Жауырын сүйектің дәл ортасын бөліп тұрған қырлы сүйек бір жағына қарай біртіндеп ауып барады. Заман өткен сайын осы қырлы сүйек жауырынның бір шетіне таяи бермек. Осы сүйек жыл өткен сайын бір бағытта жылжып барады, енді бір замандарда сол сүйек жауырынның бір шетіне жетеді де, жер өз қонағынан тайып, ақырзаман болады».

Әлем халықтарының арасына кең тараған ортақ діни мәтіндер мен әфсаналарда ақыр заман циклды түрде қайтадан жаңарудың алғышарты деп түсінген. Мысалы, әлемдік бейберекетсіздіктен кейін ғалам жаңадан пайда болып, тіршілік қайтадан жалғасын табады деп есептеген. Ал, мұсылмандық түсінік бойынша, мұндай өліара кезеңде «Көктен Қайса (Иса) түсіп, жерден Мәді шығады» делінеді. Бұл жерде, күнәһар пенделер жәһаннамда өртелініп, пәк жандар қайтадан тіріліп, ең бастысы әділеттілік, ізгілік пен жақсылық салтанат құратыны туралы этикалық сарын меңзеледі. Бірақ бұл «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» күннің туатын нақты хронологиялық уақыты мен ұзақтығы белгісіз. Шартты түрде бастапқыда ақыр заманның кіші, соңынан үлкен белгілері байқалатындығы туралы ғана айтылады.

Ақыр заман түсінігін білдіретін грек тілінен енген Апокалипсис (ашылу деген мағынада), Армагеддон сөздері кейіннен христиан дінінің мәтіндерінде көрініс тапты. Катаклизм ұғымы да жер бетіндегі бүкіл тіршілік атаулының қандай-да бір апаттармен жойылатындығын білдіретін түсінік. Жаратылыстану ғылымдарындағы синергетика іліміндегі «хаос-тәртіп» түзілімінде де хаос тәртіптің құрылуының алғышарты, екі құбылыс кезектесіп келіп отыратындығы айтылады.

АҚЫРЕТ / АҚЫРЕТ КЕБІН – өліктің ең соңғы киімі, кебіні. Оған байланысты қазақта «Кебенек киген келеді, Кебін киген келмейді» деген тәмсіл осыны аңғартса керек. Яғни ақырет «ең соңғы» деген мағынаны білдіреді. Ақырет кебін бүктелген матадан жасалып, екі жағы тігілмейді, арқа тұсынан өтетін бір қатар ғана тігісі болады. Кебінді молданың өзі пішіп, кебін тігуге арналған ағаштан жасалған инемен тігеді. Ақырет кебіннің бас, бел және аяқ жағынан баулар шығарылып, мәйітті орап болған соң сол баулармен бас, бел және аяғынан байланады. Өлікке кебінді кигізгеннен кейін үш жерінен, басының астынан, белінен, аяқтың астынан байлайды. Содан соң өлік

табыттан алынып, кілемге оралады. Дәл кебін сыртынан байланғандай кілем сыртынан да үш жерден байланады.

Ақыретті ерлерге екі қабат етіп жасайтындықтан он құлаштай, әйелге үш қабат болғандықтан 12 құлаштай (іш көйлек, орамал, алшалғыш) мата кетеді. Ақырет ерлер үшін: шыт, ит жейде (көйлек), тән жабар (ерлер үшін шаршы шыт, әйел адамға белдемше), үш қабат ораудан тұрады. Ер адамның ақырет киімдері: құба тон, көйлек, жауырынтық, қысқа бешпет, селде деген бөліктерден тұрады. Орайтын «киім» пішкенде бөздің ені кең болса бір енімен үш бой алады. Ені тар болса екі-екі бойдан алынған ендер жалғанады. Өн бойдың ұзындығы өліктің бойына сәйкес, кемінде бір жарым құлаштан астам болады. Бірінші қабаты басынан бастап тізесіне дейін, қалған екі қабаты аяқтан асады. Бас, аяғы буылатындықтан өн бой өлік бойынан екі қарыстан кем емес ұзын пішіледі.

Қайтыс болған әйел адамға бес қабат «киім» кигізіледі: Бірінші қабаты басы мен мойының жабады, екіншісі кеудені, үшіншісі тізеге жетеді. Осылайша мәйіттің беті бес қабат, кеудесі төрт қабат, құрсағы үш, аяғы екі қабат матамен оралады. Қазақ салтында адамның ақыреті өз төркінінен төркіні алыста болса жақын маңайдағы рулас ағайынынан алатын салт бар. Дәстүрлі сенім бойынша, олай етпесе марқұмның туысқандарының мойынына қарыз болып қалады деген. Алысқа ұзатылған қыздарға ертеде бір сандыққа ақырет кебінін де қоса беріп жіберетін болған немесе кейін төркіндеп келген кезде берген. Әйелдер жасы ұлғайған кезде төркініне арнайы келіп бірге туған-туыстарынан, көбіне қара шаңырақта отырған інісінен ақыретін сұрап алатын салт болған. Жаугершілік заманда ұрысқа аттанған ер азаматтар атының қанжығасына ақырет кебінін бірге алып жүру міндеттелген. Кебіннің шын киім деген де аты бар. Ақыретке оралған соң оның күнәларының өтеуі ретінде підия салты атқарылады.

АҚЫРЕТ КҮНІ – діни түсінікте бұл жалған дүниенің түпкілікті жойылып, аяқталатын ең соңғы күні. Ислам дүниетанымындағы іргелі ұғымдардың бірі. Ақырет күні араб тілінен аударғанда бір нәрсенің «шегі», «ақыры», «өлім», «о дүниедегі өмір» деген мәндес мағыналарға ие. Алланың сөзі Кәлам Шәріп пен пайғамбар (с.а.с) сүннетіне сәйкес мұсылман баласы ақырет күніне иман келтіруі шарт. Ақырет күні иудаизм, христиандық сияқты діндер мен басқа да діни сенімдерде де кездесетін жалпыға ортақ түсінік.

Мұсылман халықтарының арасындағы ортақ ұғым бойынша ақырет күні бұл дүниенің күл талқаны шығып қирап, адамзат пен тіршілік атаулы өледі, әмбебап катаклизм орнайды, әлемдік үйлесімділік жойылып, бейберекетсіз хаос жайлайды.

Үдеріс пессимистік сипатта болғанмен, барлық мақұлықаттар махшар майданда қайта тіріліп, істеген жақсы-жаман амалдары үшін Алланың алдында есеп беріп, ең әділ таразыға тартылады деген оптимистік пайыммен тұжырымдалады.

Майлықожа бабамыздың:

«Бұл дүние екі жол:

Бірі оң да, бірі сол.

Бірін тапсаң, бірі жоқ,
Дүние қысқа, ақырет мол»

деген өлең жолдары осы ретте орынды айтылса керек.

Қазақы ортаның онтологиялық-космологиялық түсінігінде «ғарасат күні», «мақшар күні», «ақырзаман», «қиямет-қайым» тіркестері үндес болып келеді. Соған байланысты қимас адамын жерлеген кезде жақындары «Қиямет-қайымда кездесейік!» деп дауыстап айтып о дүниелік болған марқұммен қоштасады. Мола тұсынан өтіп бара жатқан жолаушы ішінен күбірлеп, «Қиямет-қайым жақын» деп үш мәрте дауыстап айтса, аруақтар разы болып жатады-мыс.

АҚЫРЕТ САНДЫҚ – кәрілік жасқа жеткен адамның о дүниелік болғанда тұтынылатын, артын атқаруға қажетті ғұрыптық заттарды салып сақтайтын сандықтың атауы. Онда адамның ақырет кебінін, жыртысқа қажетті матаны, арулауға қажетті дүниелер салынады. Ол тек сандықта емес, абажа, абдырада да сақталуы мүмкін.

Сенімді келіндері мен қыздарына қандай дүниені неге жарату жайын айтып аманаттап қояды. Бөкша деп аталатын адамның артында қалған ұрпақтарына мұраға қалдыратын дүниелерді жинастырып салатын сандықты ақырет сандық деп атау кейбір өңірде ұшырасады. Ертеде дәстүрлі ортада қартайған адамдар өзінің шама-шарқына қарай ақыреттік сапарына дүние-мүлік жинайды; астына төсенер ақ киіз, бет перде, шымылдық, киер кебін, оны тігетін ине-жіп, сабын, қалампыр, таза шәйнек, шыны, арулауға қажетті дүниелер әзірлеп, сандыққа салып сақтау орын алған.

Өйткені, «өлім жарлының артын ашады, байдың малын шашады» деген қазақ өлімнің ерте-кеш, қай сәтте кімге келетінін болжамаса да, соған әркез сай болуға талпынған. Ақырет сандықты биіктеу орынға, жүкке жинайды және оған адам аяғын қаратып жатуға болмайды деп ырымдайды.

АЛА АРҚАН / АЛА ЖІП – ақ пен қара жіптен аралас етіп есілген арқан түрі – ғұрыптық және моральдық-этикалық мәнді бұйым. Оның символикалық мәні тоқтаусыз алмасып келіп отыратын күн мен түннің антиномиялық байланысын бейнелейді. Сонымен бірге магиялық күші бар деп есептелді. Қазақта ала арқан мен ала жіпке қатысты ырымдар-тыйымдар өте көп. Аяғы ауыр әйелге арқан естірмеген және ала арқанды аттап өтуіне тыйым салған. Өйткені, баланың кіндігі мойнына оралып тұншығады-мыс. Сондай-ақ, жасөспірім баланың керіліп тұрған ала арқанның астынан өтуіне тыйым салынған. Себебі, бойы тапал болып, өспей қалады деседі. Малды ауылдағы қотан сыртынан бөріден сақтану үшін арқан керіп қоятын сақтану шарасы – магиялық ырым. Халық ұғымында адам тұтынған заттың (арқанның т.б.) ісін сезген қасқыр арқаннан аттамайды, яғни қорадағы малға шаба алмайды.

Жаз жайлауға көшіп, далада қонғанда айналдыра тасталған ала арқанның ішіне жатса жын-шайтан да, жылан да жоламайды-мыс. Өйткені, жылан ала арқаннан аттамаймын деп серт берген деседі. Ала арқанды ұрлауға болмайды, ұрлаған жағдайда мойнына ала арқан түседі деп ырым еткен. Қыз артынан апарған буылған жасаудың да арқанын кеспейді және қайта әкетпейді. Өйтпесе, ұзатқан қыздың «ырыс, берекесі» кетіп қалады-мыс. Біреуге мал

сатқанда немесе сыйлағанда «малымның құты қашады» деп, басынағы ала жібін алып қалады. Сондай-ақ, жұқпалы індеттің шыққанын білдіру үшін ауылдың және үйдің кіреберісіне ала арқан керіледі.

АЛА АРҚАН ҚИЮ – ала түс, оның редуцияланған лексикалық формасы ала ежелден ерекше қасиетті ұғымға айналды. Ол тіршілік атаулының ақ пен қарадан тұратындығын және осы екі түстің өзара антиномиялық байланысы тіршіліктің диалектикасы болып табылатындығын ежелгі көшпелілер өздерінің сан алуан ырым-тыйымдары мен ұстанымдары арқылы білдірді. Көне түріктердің жазба мұрасы «Ырық бітікте» адамдарға шарапатын тигізетін ала «Атлы иол тәңірі» деп аталынды. Ол әмбебап космогониялық ұғымға сәйкес жоғарғы әлем мен ортаңғы әлемді өзара байланыстырып ұдайы жол үстінде жүреді екен. Ала ұғымына байланысты көне дәстүрдің сілемдері түркі тілдес халықтардың бәрінде дерлік сақталып отыр. Мысалы, төлеуіттердің дәстүрлі ұғымында жолаушыларды желеп-жебейтін қолдаушысы жол тәңірі ала атқа мініп жүреді екен. Ал хакастардың жаңбыр тілеуге байланысты атқарылатын ғұрпы бойынша қайыңға ала жіпті байлайды. Сөйтіп, әлгі ала жіп Жасаған ие мекендейтін жоғарғы әлем мен адамдарды байланыстыратын дәнекер (медиатор) функциясын атқарады. Жалпы ала ат пен ала жіп жолаушы сапарының оң болуының, сәттіліктің символы болып табылады.

Ала арқанды қию немесе ала жіпті кесу рәсімі үш түрлі жағдайда орын алған: біріншіден, ала жіп кесу дауласушы екі жақтың келісімге келіп біткенін білдіреді, екіншіден, ру-қауымның демографиялық мөлшері тым артып, осыған байланысты жер (жайылым) тапшылығы айқын сезілгенде сегізінші атадан ары қарай бөлінетін келесі ру-қауымдық топ пен бөлетін ру-қауымның екі айырылысуын рәсімдейтін ғұрып; үшіншісі – жас баланың жаңадан тәй-тәйлеп жүре бастағанын рәсімдейтін ғұрып – сәбидің аяғына байланған ала жіпті кесу оның тіршілігінде жаңа кезеңнің басталғандығын бейнелейді.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық ғұрпында ала жіп ерекше ғұрыптық мәнге ие. Ел арасында мал, құн, қыз, жесір, жетім, даулары сияқты кикілжің, араздық тудыратын даудың ақ-қарасын анықтап, әділ шешімін беру ауыл ақсақалдарының үлесіне тиетін. Дәстүрлі ортада кез келген дау үлкендердің тоқтамымен түйінделіп, ақсақалдар тарапынан шешімін таппаса, дауласқандар биге жүгінеді. Дау-шарға төрелік айтып, қазылық құру үшін болған отырысты дау жиынына жиналып, өте маңызды болса, бір мал құрбандыққа шалынып, жиналғандар қолдарын қанға малып дұғалар оқылады. Салт бойынша, дау соңында қарсы жақтар ала жіп керіп отырады. Осы ала жіп ортасынан шарт кесіледі. Бұл ғұрыптың орындалуы даудың аяқталуын, қарсы жақтардың мәмілеге келуін, қазылыққа разылығын аңғартады.

Жетіаталық құрылымның демографиялық мөлшерінің, яғни демографиялық оптимумының дағдарыс күйге енуіне және оның территориялық ресурстарының жетімсіздігі байқалуына байланысты келесі сегізінші атадан кейінгі ұрпақтардың демографиялық, шаруашылық экологиялық, институттық-

идеологиялық және т.б. жағынан кемелденген тобы бөлініп отырады (ескере кетер нәрсе – ру-қауымның демографиялық мөлшері он екі, он үш атаға дейін жетуі мүмкін). Шаруашылықты жүргізген ауқатты байлары, басқарар биі, ел қорғаны батыры бар бұл топтың бөліну (еншілеу) рәсіміне шежірелік тұрғыдан негізделген тығыз байланыстағы тайпалық ұлыстың игі жақсылары тегіс ат салысулары тиіс болды. Олар бөлінетін топқа жаз жайлауын күз күзеуін, қыс қыстауын, көктем көктеуін және көш жүретін бағыттар мен жолдарды енші ретінде белгілеп берді. Яғни ру ақсақалдары келісіп руды екіге бөліп, дербес ру ретінде бір-бірін тануды бастауға рұқсат етіп, бекітетін ғұрыптық шара «ала бие сойып, ала арқан кесу» ғұрпы атқарылады. Мұндай шараға барудың экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және т.б. толып жатқан шарттары бар және ол толық қамтамасыз етілуі ескеріледі. Атап айтсақ, ең бастысы рудың адам санының көп болуы; екіге айрылысар рулас ағайынның кемінде жеті атадан әріге ұрпақ аралық буынның алмасуы жеке ру ретінде өмір сүруіне қажетті экономикалық, өндіріс қатынастарының; ғұрыптық құқықтық қатынасты реттейтін саны толық беделді ақсақалдар мен билердің; шаруашылық қатынастарын жүргізуге ықпалды байларының; этномәдени өмірді қамтамасыз ете алатын өнер адамдары, сондай-ақ руаралық қатынаста рудың абыройы мен бет-бейнесі бола алатын шешен, ақын, би сияқты көшелі ел басқаруға араласатын адамдары, батырлары, балуандары сияқты құрамы болуы ескеріледі. Осындай шарттар толық қамтамасыз етілгенде екіге бөлінген ру дербес ру (халық ұғымында ел) ретінде өмір сүруге қабілетті деп танылады.

Рәсімді рудың беделді ақсақалдары өзара келіскен соң елдің шаруасы аз, мамыражай жаз маусымының бір күнінде ру өкілдерін жинап, арнайы рәсім өткізеді. Алдын ала дайындалған ала жылқының құйрығын екі жақтың беделді адамдары кесіседі. Соңынан әлгі жылқыны сойып, екі жақтың адамдары қолын қанға батырады. Мұны айырылысудың бекемделгендігін ғұрыптық-символикалық айғағы деуге болады. Рәсімнің шарықтау (кульминациялық) шегі ала арқанды керіп, бөлінетін рудың беделді өкілдері ала арқаннан ары аттайды да, арқанның екінші ұшын ұстап тұрған кезде, ғұрыптық рәсім ала арқанды кесу ғұрпы атқарылады. Айырылыс қазан асылып, ас ішіледі. Сөйтіп екіге бөлінген адамдар екі бағытқа қарай кетеді. Ана тіліміздегі мүлдем айырылысуды меңзейтін «ат құйрығын кесісу» (бірақ кесу емес) деген фразеологизм осыдан қалса керек. Бұдан кейін бөлінген топ жеке рулық құрылым ретінде өз бетімен тіршілік құрды. Бұл бірлестік аталмыш рәсімнен соң өзі енші алып шыққан румен де қыз алысып, қыз беру құқығына ие болды.

Сан жағынан жеті ұрпақтың мөлшерден асқаннан кейінгі жаңа қауымдық құрылымның бөлініп шығуы, түптеп келгенде көшпелі этноэкосистемадағы табиғи-тарихи теп-теңдікті сақтау үшін адам табиғи және материалдық ресурстарды қайта бөліп отырудың ең тиімді институттанған тәсілі, яғни экосистеманың табиғи және материалдық ресурсын тиімді пайдалануға бағытталған этникалық қауымның өзін-өзі ұйымдастыру тәсілі деп бағалауға болады. Ала арқанды аттау көшпелі ортадағы, қоғамдық ортадағы байланыстың тығыздығын пәрменділігін, қуатылығын қамтамасыз етіп

отыратын, туысқандық-рулық қатынастардың жеті аталық ауқымнан кейін үзілгендігінің айғағы іспеттес. Тілімізде ала арқанның немесе ала жіптің осындай әлеуметтік семантикасына байланысты «біреудің ала жібінен аттама!» немесе «біреудің ала жібін алма!» деген эвфемистік бітімдегі табу-фразеологизм сақталған. Аталмыш рәсімнің «кері» параллелі ретінде апылтапыл жүре бастаған сәбидің аяғын ала жіппен «тұсап» оны ауылдағы «ұлын ұяға, қызын қияға» қондырған ардақты ананың кесу рәсімін айтуға болады. Осы рәсімнен кейін руаралық қатынастың нормалары мен ережелері олардың арасындағы қатынаста үрдіске енеді. Бұл рәсімнің мәні көшпелі ортадағы этникалық-қоғамдық дамудың динамикасын қамтамасыз етуге және экономикалық, демографиялық шарттарын тиімді үйлестіре отырып, түптеп келгенде этностың қорғаныс тетіктерін күшейтуге бағытталған.

АЛА БАЛТА – басы әшекейлі жауынгерлік балта. Айбалта басын ою-өрнекпен әшекейлеу – көшпелі халықтарда көнеден келе жатқан дәстүр. Қазақ ұсталары кейбір балталардың бастарын алтынмен және күміспен булау, алтынмен және күміспен қақтау әдістерімен әшекейлеп жасаған. Бұл дәстүрдің негізінде қаруды мифологиялық космостың зоналарын вертикаль бойынша байланыстырып тұратын мифтік әлем ағашының алломорфы ретінде санайтын діни-магиялық ырым жатыр.

Сондықтан балта басына қолданылатын өрнектің негізгі түрі көне мифологиялық «әлем ағашын» тұспалдайтын өсімдік өрнегінің түрлі варианттары орын алады. Қазақтар әшекейсіз қарапайым балтаны қара балта десе, қара темірге ақ күміс шабылған әшекейлі балтаны – ала балта деп атаған.

АЛА БАСҚҰР– бетіне түрлі ою-өрнек салып аралас теру тәсілімен (түкті, түксіз) тоқылған басқұр. Бұндай ала басқұр негізі ақ түсті иірілген жүн немесе мақта жіптен түксіз тоқылса, ал бетіне терілген ою-өрнегі әр түске боялған жүн жіптен түктеп тоқылып жасалады.

Әдетте, ала басқұрды киіз үйдің үзіндегі дөдегесіне айналдыра тартылады. Сондай-ақ, ала басқұр туырлықтың орта тұсынан бастыра тартылатын белдеу бау ретінде де қолданылады. Бұндай ала басқұр киіз үйдің беріктігін қамтамасыз етумен қатар, үйдің сәнін келтіріп, көрік беріп тұрады.

АЛА ЖІП АЙЫБЫ – қазақтың дәстүрлі ғұрыптық құқығында бидің шешімімен ұры деп танылған адамның төлейтін айыбы. Ала жіп айыбы бір қой немесе бір шапанмен шектелген.

АЛА ЖІПТІ КЕСУ – ғұрыптық құқық дәстүрінде даулы істің шешімін тапқанын білдіретін рәсім. Мұның жалпыхалықтық тілдегі көпшілікке белгілі атауы ала жіпті кесу. Ертеректе билер араздасқан екі адамды татуластырған кезде оларға ала жіп ұстататын, яғни даулы іс біткеннен кейін орындалатын татуластыру ғұрпы атқарылатын. Бұл ғұрып төмендегідей орындалады: араздасушылар арқанды екі жағынан ұстап тұрады да, керіліп тұрған жіпті екі адамға да сыйлы, беделді адам ортасынан қиып жібереді. Мәні егер уәде бұзып бір-бірімізге қайтадан жаулық жасасақ, тәңір жазамызды беріп, осы ала жіптей қиылып қалайық дегенді білдірсе керек. Ала арқан қиған адам бір ат алады. Дәстүрлі қазақ поэзиясында аталмыш рәсім туралы мәліметтер мол кездеседі. Мысал ретінде төмендегідей жыр жолдарын келтіруге болады:

Алып келіп қойылды алтын табақ,
Табакқа тұзға қоса сүт тамызды.
Екеуі оң қолымен жатты жалап.
Екі жақ сол табақтан тегіс тапты,
Біреуіне алаймай бері қарап
Бұл мұрасым дәстүрлі тараған соң,
Отырысты көпшілік қайта тарап.
Алып келді ортаға ала жіпті,
Екі жақ оны ұстап тізе бүкті.
Он қайта қастаспаудың белгісі екен,
Бұл ырым қуандырды көрген жұртты.

Кескен адам «ала жіппен аяқталған осы дауды кім қайтадан бастаса, сол осы арқандай қиылсын» деген ежелден орныққан құқықтық-ғұрыптық мәнді сөз орамын айтады. Демек, ала жіп орындалғаннан кейін біткен дауды қайтадан бастауды дәстүр қоспайды. Кері жағдайда жауапты адам ала жіп кескен адамға шапан немесе басқадай бір бұйым беруі керек. Ала жіп кескен пышақты да ол адам өзіне қалдырады. Егер «ала жіп кесілмей» тарқаса, даугерлер үкімге разы болмағанын, жанжалдың әділ шешімі кейінге қалдырылды дегенді білдіреді. «Ала жіпті» міндетті түрде қара ала киім киген кәрі кемпір кесетін. Көшпелі ортада ала жіпті аяқасты етпей, аттамай, ерекше қастерлеген. «Біреудің ала жібін аттамау» деген идиоманың астарында адам баласына жаманшылық ойламауды һәм қиянат жасамауды алға тартатын моральдық-этикалық принцип жатыр. Ал, тіршілігінде таза, абзал өмір сүрген адамға қатысты «ол өмірде біреудің ала жібін аттамаған» деп әділ бағасын беріп жататын.

АЛА ЖІППЕН ТҰСАУ КЕСУ – тіршілік циклына қатысты ғұрыптың аса көне ұстанымдармен астасқан архаикалық түрі. Қалыптасқан дәстүр бойынша тұсау кесерде пайдаланылатын ғұрыптық жіптің түрі. Дәстүрлі қазақы ортада баланың тұсауын кесу рәсімін үш нәрсемен а) ұрпағы шөптей қаулап өссін деген ырыммен жас шөппен; ә) ауқатты болсын деп қойдың жөргемделген ішегімен; б) алдын ала дайындалған ала жіппен атқаратын. Ғұрыптың алында арнайы тұсау кесер жыры айтылады:

Ала жіпті алайық,
Әжеңе барайық,
Ер жетті деп айтайық,
Шашуын жеп қайтайық...

Ала жіп пен ішекті қосып та байлайды. Ала жіп тіршіліктің мәні күн мен түн, жақсылық пен жамандық, ақ пен қарадан тұрады деген дуалистік ұғымды білдіреді. Яғни, ала жіп – жақсылық пен жамандықтың, бейберекеттік (хаос) пен мамыражай тоқ тіршіліктің (гармония) және о дүние (бақи, яғни мәңгілік дүние) мен бұ дүниенің (жалған дүние) шекарасын бейнелейтін семантикалық мәнді зат. «Біреудің ала жібін аттама» деп келетін тыйым ата-ананың ұрпақтарына жақсылықтан жаманшылыққа озба деген ақ тілеуін білдіреді. Ал, ала жіп концепті және осыған байланысты ұғымдар мен атаулар тиістісінше

ала жіпті қолдануға қатысты сан алуан ғұрыптар мен наным-сенімдердің когнитивтік түзіліс-образдары болып табылады.

АЛА ҚАПТЫҢ АУЗЫН АШТЫ – қуанышқа кенелген сәтте соның белгісі ретінде ас-тағамның сақталған қорын ортаға салды дегенді, яғни той мен қуанышқа, қысылтаяң күндерге деп сақтап отырған құрт-ірімшігі, мейіз-науат, қарын мен бүйендегі май, жент сияқты тәтті-дәмдісін ортаға салды, барын аямады, бәрін төкті, сырын ашты деген мағынаны білдіреді. Қуаныш кезінде, үй иесінің құрдастары қуанышымен құттықтай отырып, «ала қаптың аузын аш!» деп әзілдейді. Бұл үрдіс көптеген поэтикалық шығармалардың мәнді сюжеттерінің біріне айналды. Мысалы:

Ала қаптың аузын аш,
Ішіңе жиып сақтамай,
Белгілі байтақ көп кеңес,
Тосаңсып әлде қалғанба,
Не қылып жатыр қаптамай
(Н.Наушабаев).

Сондай-ақ Ала қаптың аузын ашу ұғымы адамның ерекше қуанышын білдіретін когнитивтік метафоралық образ да.

АЛА ҚОЙДЫ БӨЛЕ ҚЫРЫҚҚАН ЖҮНГЕ ЖАРЫМАЙДЫ – ортақ игілікті бөле жарып пайдалануға болмайтындығын меңзеген тәрбиелік-тағылымдық

мәнге ие сөз орамы. Пареманың түптөркіні ала қойдың жүнін қырқылған соң түсіне қарай бөлек-бөлек жинап алу мүмкін емес екенін, шашылып кететінін білдіреді. Яғни қазақ қауымының тіршілігінің бірден бір кепілі ауызбіршілік екендігін білдіретін метафора.

АЛАБОТА (Atriplex) – дәстүрлі шаруашылықта сақар алуға қолданылатын шөптесін өсімдік. Алабота негізі шөлді, шөлейтті, сор, құмды жерлерде өседі. Қазақ жерінде алаботаның 25 түрі өседі. Шаруашылықта алаботаны шауып алып, кептіреді. Кепкеннен соң, отқа өртеп, күлінен сабын дайындайтын сақар алады. Мал емдеу тәжірибесінде жауыр болған жылқыға алабота күлін сепкен.

Көнекөз қариялардың айтуы бойынша, ертеде жаугершілік кезінде алаботаны тамақ ретінде де пайдаланыпты. Ол үшін, алдымен алаботаның уытын қайтару мақсатында, оны ыдысқа салып, үстіне қайнаған су құйып, түнімен бұқтырып қояды деседі. Ертесіне бір қабат суын төгіп, сүзіп алынған алаботаға қайта су құйып қоймалжың тамақ жасаған көрінеді.

АЛАКҮЛІК – түйе түлігінің өте қатерлі ауруының атауы. Алакүлікке түйе малы, шөл және шөлейтті жайылымдарда болатын улы қоңызды, шөппен араластырып жеудің салдарынан шалдығады. Қазақ малшылары алакүлікті аурулар санатына қосқанымен, шын мәнінде ол түйе түлігінің улануы екенін білген. Осыған байланысты, қоңыздың алакүлік атауы, мал ауруын да алакүлік деп атауға негіз болды.

Алакүлік ауруының екі түрлі формасы болады:

– біріншісі, тез өршитін түрі – жайылым кезінде бұтада үймелеп тұрған қоңыздарды қарбып бірнешеуін жегеннен болады. Ондай да уланған түйе судан қалып, аузынан сілекейі ағып, ұрты, таңдайы улығып, қан тышқақтап 1-3 күннің ішінде өліп кетеді;

– екіншісі, созылмалы түрі – өсімдікте қалған шырышымен бірге, бірең-сараң қоңыз аузына түскеннен болатын түрі. Уланған мал бас кезінде қол-аяғы тартылып, алаңдап еліреді. Біраз уақыт өткеннен соң, селқостанып оттаудан, су ішуден қалып әлсірейді. Әлсіреген малдың, үш-төрт күнге дейін зәрі тоқтамай барып, бүйрегiнiң қабынуынан зәр жүруі нашарлайды. Ас қорыту жолдары уланудың салдарынан бас кезінде қатқақтаған малдың іші біраздан соң қан аралас өте бастайды. Алакүлік уының ағзаға аз мөлшерде түсуіне байланысты және малдың күйіне байланысты ауру ұзаққа созылып, мал 1-1,5 айдың ішінде өледі.

XX ғасырдың 30 жылдарында зерттеу жүргізген ветеринар ғалымдарға дерек берген қазақ малшыларының айтуынша, жайылымда алакүлік қоңызы тым көп болған жағдайда түйе малы жаппай уланып алакүлік ауруы індет формасында болады. Осыған орай, Сырдария өңірінде маусым айының басында алакүліктің жаппай көбеюіне байланысты қазақ малшылары, жаз кезінде аптап ыстық болатындығына қарамастан түйелерін Қарақұмға алып кететін болған.

Алакүліктің (Meloidae) арқасында қара дақтары бар қызыл немесе сары қоңыз. Алакүліктер көбею кезінде құмдақ жерде өсетін бұталы өсімдіктердің басында топтасып жиналады. Осы кезде жайылымдағы түйелер бұта басын шалып алакүлікті қоса жеп қояды. Малды уландыратын алакүлікте болатын химиялық улы зат – кантаридин. Уланған малдың геммарогиялық гастроэнтерит немесе ішек-қарыннан тоқтамай қан кетуімен қоса, бүйректері мен қуығы қабынады. Улану салдарынан алакүлікке ұшыраған мал емдеуге келмей өліп қалады. Айта кететін жайт А.И.Добросмылов “Верблюдоводство в Тургайской области” еңбегінде Торғай уезінде болатын симптомы алакүлікке ұқсас аурулар тобын “қатпа” деп атайтындығын және малдың 2-15 күндей ауырып өліп қалатындығын жазады. Алайда өз еңбегінде А.И.Добросмылов алакүлік терминін қолданбайды және қатпа болған малдың көптеген жағдайда жазылғандығын жазады, осыған қарағанда А.И. Добросмыловтың алакүлікке ұқсас қатпа деп отырған ауруы басқа ауру түрі болса керек.

Осы мәселені XX ғасырдың 30 жылдары зерттеген ғалымдардың еңбектерінде алакүлікпен айыр түйенің нар түйелерге қарағанда көбірек шалдығатынын жазады. Бұл үрдісті қазақ түйешілері “нар түйе алакүлік қоңызын бұталардан сілкіп түсіріп барып жейді” деп түсіндіреді. Ғалымдардың айтуынша, жер-жерлерде Атырау, Маңғыстау, Қызылорда аймақтарында алакүлік ауруын сона, маса, оқыра сияқты жәндіктер тарататын жұқпалы аурулармен шатастырып су ауруы деп те атайды.

Қазақтың дәстүрлі мал емдеу тәсілдері жайында жазған Х.Арғынбаев, Ж.Бабалықұлы сынды ғалымдардың еңбектерінде “алакүлік болған мал семіріп үш айдан кейін күз түскенде өліп қалады” деген халық аузынан

жиналған дерек келтіреді, алайда ғылыми ветеринариялық зерттеулер ол деректердің жаңсақ екенін көрсетеді.

АЛАКҮШІК – жалғыз ойыншы мен топтасқан ойыншылар арасында болатын балалардың ойыны. Е. Сағындықовтың мәліметі бойынша ойыншылар өзара ақылдасып бір баланы алакүшік деп қалғандары жеке топ құрайды. Ойын шарты негізінде алакүшік болған ойыншы топтағы балалардың арасынан біреуін ұстап алуы тиіс. Алакүшік оларға тап бергенде ойыншылар жан-жаққа қашады. Біреуін ұстайын дегенде қайыра топтаса қалады. Ұсталып қалған ойыншы алакүшік болатындықтан олар ұстатпауға тырысады. Алакүшік ойыншылардың арасынан біреуін көздеп, оған жүгіргенде басқа ойыншылар қақпайлап кедергі жасайды. Ойыншылар осылай бірінен-бірі қашып жүгіретіндіктен ашық алаңқай таңдалады.

Өсіп келе жатқан баланың дене тәрбиесіне ықпал ететін бұл ойынның алакүшік аталуы тегін емес сияқты. Өйткені ертеректе қазақы ортада жаудың қолында қалған жесірді «алакүшік» деп атаған. Халық арасындағы «Менің «алакүшік» болған заманымда» деген сөз орамының болуы осы жайтты аңғартса керек.

АЛАҚАН – дәстүрлі түсінікте кез келген заттың кеңейіп, жалпақтау келген бөлігінің атауы. 1. Алқаның кейбір салпыншақтардың шынжырмен, топсамен байланысатын бөлек-бөлек күміс пластинка түріндегі негізгі бөлігі. 2. Қамшының сабы мен өрімінің түйіскен жеріндегі жалпақ қайысы, яғни өрімнің басы. 3. Бұл айылдың ат төсі мен шабын орап тұратын бөлігі. Оның бір басына айылбас, бір басына жырым бекітіледі. Ат денесін қажамау үшін алақан жұмсақ қайыстан немесе ызылған құрдан, сондай-ақ ірі қара терісінен тілінген таспадан өріліп жасалады. Ұшына айылбас (тоға) тағылады

АЛАҚАН ЖАЮ – бата бергенде, Құран оқыған сәтте отырған адамдардың оған назар аударып, тыныштық сақтай отырып, қос қолын жайып, алақанын бір-біріне жақындатып, саусақтарын түйістіріп ұстау жосыны.

Бұл үрдістің мәні бата мен діни құлшылық ниеттері қабыл болсын деген мағынаны белдіреді. Аят немесе бата айтылып құптаған сәтте «әумин» дей отырып, оқылып болған соң «Аллаһу ақбар!» – деп бет сипайды. Қазақтардың дәстүрлі пайымы бойынша қол жайған кезде екі қолдың саусақтарының басы немесе екі алақанның арасы бір-біріне түйісіп тұрғаны абзал. Себебі, дәстүрлі наным-сенім бойынша, ырыс пен береке, жақсылық пен молшылыққа бастайтын құт сол алақанға тұрақтайды.

АЛАҚАН СОҚПАҚ – көбіне жас жігіттер мен қыздар жиылып ойнайтын ұлттық ойын түрі. Н. Мелковтың дерегі бойынша, ойыншылар шеңбер жасай жайғасады да, өз орталарынан бір адамды «хан» сайлап алады. «Хан» қолына арнайы орамалды немесе ұзыншалап ұстаған киімді «арқан» етіп алып, ортаға шығады да, отырған ойыншылардың біреуіне келіп алақанын көрсетуін талап етеді. Қыз немесе жігіт өз алақанын көрсетеді. Сол кезде хан оларды алақанын соғып, «Арқан қайда?» – деп сұрағанда, жігіт өзі ұнатқан қызды көрсетеді. «Хан» көрсеткен адамға келіп, алақанын көрсетуін сұрағанда, ол адам да алақанын көрсетеді «Хан» оны да алақанынан соғып, жоғарыдағы сұрағын қайталайды. Ол өз кезегінде басқа адамды көрсетеді. Сөйтіп ойын ары қарай

жалғаса береді. Кей кездері екі қарсылас бірін-бірі көрсете береді де, «хан» олардың біреуі жеңілгенін мойындағанынша, демек қарсыластың біреуі көрсетуін доғарғанға дейін алақанын кезек-кезек ұра береді.

Бір топ ұлттық ойындарды сипаттап жазған Қ. Толыбаев бұл ойынның жоғарыдағыдай тәртіппен өтетінін айтады. Алайда оның жазуы бойынша: «Бастаушы оның да алақанына сүлгіні тигізіп: – Сүлгі қайда? – деп сұрайды. Әлгі ойыншы бір ауыз өлең айтады. Сонан кейін: – Сүлгі анада, – деп екінші біреуді көрсетеді. Ол да жаңағыдай міндет өтейді. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып, ән салғандарға ұпай жазылады».

Сонымен, алақан соқпақ ойыны жастардың бір-біріне көзқарасын, кім-кімді ұнататынын байқатады (бұрын жастар, әсіресе қыздар, ішкі сезімін ашық білдіре бермеген) және ойын өнерлі болуға, өнерін жетілдіре түсуге тәрбиелеген.

АЛАҚАРАҚ – жылқыда кездесетін тышқаншық, шеміршек, кей жерде жүгірмек деп аталатын аурудың асқынған түрі. Тышқаншық деп, әдетте, жылқы мен сиырдың құлақтарының асты мен сағағында пайда болатын ісікті айтады. Бір ғана аурудың бірде тышқаншық, бірде шеміршек, бірде алақарак деп аталуы жергілікті тұрғындардың аталмыш аурудың қай белгісін негізге алуына байланысты қалыптасқан. Мәселен, тышқаншық дейтін – ісіктің асқынуына, шеміршек деп атау – танаудағы шеміршектің делдиіп ісінуіне, алақарак деп айту – мал көзінің аларып тұруына, жүгірмек деп қолдану жалпы без шошып, бездің одан әрі ісіп кетуіне орай шыққан. Этнографиялық деректердің көрсетуінше, «Мәселен, тышқаншық болған жылқы аунап-тұрып қиналғанда екі танауы делдиіп шыға келеді. Танау алдындағы екі шеміршек сыртқа теуіп, делдиіп шыға келеді. Кейбіреулердің шеміршек деп жүргені осы. Жаны қиналған малдың көзі аларып, алақтап тұрғанын біреулер алақарак атаған». Яғни, бір ғана ауру әртүрлі белгісіне қарай ел ішінде әртүрлі аталып кеткен. Алақарак ауруына ұшыраудың себебі малды қатты айдау, атқа мінген адамның бірден тұра шабуы, алқынып тұрғанда суару және т.б. жағдайлар деп саналады.

Алақаракты емдеу үшін ауру малдың танауын (кеңсірігін) пышақпен тіліп, бізбен түйреп қан ағызған, шықшыттағы безді біз сұғып алып жаншыған, кейде танау ішіне қамшы сабын немесе шыбық жүгіртіп қан ағызады.

АЛАҚҰРТ ЖИЕК – сырмақшылық өнерінде киіз оюын қиюластырғанда, ою шетіне басылған иіріліп ширатылған жиектің тігіс жібінің белінен басып тігілген тігіс түрі. Тігілуі өте қарапайым, кейде оны «кемпір жиек» деп те атайды. Онда жиектің өң түсі басқа, ал тігіс жібі де өзгеше келеді.

Жиекті ою кенересін бастыра ұстап осы тігіс жібін белінен көлденең бастырып тігеді.

АЛАҚҰРТ ӨРНЕГІ – кілемнің жиектерінде өрнектердің арасын бөліп тұру үшін жіңішке су өрнегі деп аталатын ою-өрнек жүргізіледі.

Бұл ою-өрнек ши орауында, төсек-орын бұйымдары сияқты тұрмыстық т.б. жиектерін көмкеруге де қолданылады.

АЛАҚШЫН – қажет болғанда пештің аузына шоқ жаюға арналған аласа қоршау. Өйткені жақсы жанбаған отты көзегенде оның аузынан жерге шоқ

домалап түседі. Бытырап, домалап кеткен шоқ айналадағы затты күйдіреді. Сонымен бірге бір нәрсені қыздыру үшін де пештің аузынан шоқ түсіруі мүмкін. Сондықтан пеш аузындағы шоқ түсетін жерге қоршау жасап қояды. Қоршауды кірпіштен қалап жасайды. Пеш ішіндегі шоқты тартып шығарғанда аузына жиналған шоқ және оттың шаласы жан-жаққа домалап кетпейді де сол қоршау ішінде ғана тұрады. Ол шоқты бір затты жасытуға немесе басқа жердегі күрсіге салуға қолданылуы мүмкін. Көбіне шай шығаратын шайнек қойылады.

Алақшын қарақалпақ халқының тұрмысында киіз үй ішіндегі төсек-орынды оттан сақтау үшін, оттың орнын үш жағынан қоршап қоятын тақтайды білдіреді. Қарақалпақстанда тұратын қазақтар да алақшын деп ошақты қоршаған тақтайды айтады. Кейбір зерттеушілер алақшынның шығу төркінін «от» мағынасындағы алау сөзімен байланыстырады. Демек, алақшын атауының құрамындағы алақ бөлігі алау сөзінің алғашқы нұсқасы деп жорамалауға болатын тәрізді. Ал шын бөлігі үшін шылауының қысқарған варианты болуы мүмкін (салыстырыңыз: құлақшын, шылапшын). Жинақтай айтқанда тұрақты баспанадағы және киіз үйдегі алақшын қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кепілі болған.

АЛАМАН¹ – әлеуметтік құрамы әрқелкі, хан тұқымына жатпайтын қараша халықтың атауы. Яғни аламанның әлеуметтік құрамына көшпелі қоғамның Шыңғыс тектілерінен басқа көшпелілердің бәрі жатады.

АЛАМАН² – бес қаруын асынған басқа бір елді шабуға аттанған бейресми жауынгер топ. Хан ордасы билігіне мойынсұнбайтын, қарсылық көрсеткен қарулы топты да аламан деп атаған. Аламанмен өмір сүру кәсіпшіліктің де бір түрі секілді. Аламан мен барымтаның сыртқы ұқсастықтары болғанымен (атты жорық, жылқы айдау, көзге түсіп батыр атану т.б.) айырмашылығы бар. Барымта ел-жұртқа жария етіліп барып атқарылса, аламан тұтқиылдан ұйымдастырылған әскери жорық болып табылады. Аламанға 10 және 30-40-тан да көп, жақсы қаруланған, әскери дайындығы бар адамдар қатысады. Аламанға қатысушылардың әскери дайындығы ретінде бейбіт күнде той-домалақта, аста өткізілетін сайыс ойынын айтуға болады. Аламан топтың құрамы да аламан бәйгеге қосылатын аттардың жасына, жынысына, тұқымына қарамайтыны секілді, олжадан дәмесі бар, бірақ, қарулы, дайындығы бар жігіттер қатыса алатын. Аламан жасау түркмендерде ерекше орын алғандығы, одан Иран, Хиуа, Бұқара өңірі тұрғындары және қарақалпақтар мен Сыр бойы қазақтарының да көп зардап шеккендігі туралы деректерде айтылады.

Ханның кірген ақ орда,
Бұзауын ойлап кеңестік.
Аламанға жел бердік,
Аса жұртты меңгердік.
(Махамбет).

АЛАМАН АУ – көзі өте ұсақ (8 мм), майшабақ аулауға арналған құрал. Үсті толған қалтқы, төменгі табандық астында шығыршықтар арқылы арқан өткізіледі. Арқанды тартқан кезде доғалана жиналған тордың ішінде

майшабақтар толып қалады. Батыс өңірі қазақтары ежелден қолданған аудың бұл түрі кейін Қазақстанның барлық өңірлеріне тарады.

АЛАМАН БӘЙГЕ – аттың жасы, жынысы мен бабына қарамай-ақ жаппай жарысатын, тай, құнан, дөнен, жуан ат аралас жарысатын ат жарысының түрі. Аламан бәйгеде қатаң ережесі болмайды, мәреден көмбеге дейін шауып жету қажет. Жарыс қашықтықтығы бірнеше ондаған шақырым болады, бірақ ат бәйгесіндей қашық емес. Аламан бәйгенің ережесі бойынша аттар табиғи кедергілері көп, бірақ көбінесе жазық жерде және тура жолда жарыстырылады. Бәйгеге шабатын 8-14 жас аралығындағы атшабар балалар мен үлкен дайындықтан өткен шабандоздармен қатар, атын арнайы баптап, жаратпаған атына сенген адам шауып кете береді.

Тіптен ұрғашы малдар бедеу бие – сойтал, байталдардың қатысуына рұқсат етіледі. Аламан бәйгенің шығу тегі, мақсат-міндеті туралы М.Т.Тәнікеев көшпелі өмір салтына байланысты аттарды ұзақ қашықтықтарды, әсіресе, әскери-жаугершілік уақыты мен жаудың жылқысын қуып алып кету кезінде талмай жүріп өтуге баулудан шыққан дейді. «Аламан» сөзінің төркінін «шапқыншылық, қарақшылық» ұғымымен байланыстырады. Аламан бәйгенің өтуімен астың сән-салтанат бағдарламасы аяқталып, астың ресми жабылуы жария етілетін. Аламан бәйге көршілес өзбек, қырғыздарда да бар.

АЛАМАН ХАН – асықты атып алу арқылы көп асық жинауға тырысатын балалар ойыны. Ойынға бір топ бала қатысады. Олардың санын шектемейді. Балалар келісім бойынша асықтарын ортаға шығарып, әр ойыншы 5-10-нан асық қосады. Кезек белгілейді. Асықтың арасынан біреуін хан деп белгілейді. Кезек белгілейді. Кезегі келген бала асықтарды түгел жинап алады да, оларды қос қолымен иіреді. «Барлық асықты иірген кезде хан көп асықтың арасынан көрінбей қалуы мүмкін, мұндай жағдайда ойнаушылардың барлығы асықты иірушінің «ханды қара басты» деген дауысын естігеннен кейін бас салып асықты атады». Ханмен басқа асықты атқанда мынадай тәртіп сақталады. Мәселен, хан бүк түскенде «онда ханмен бүк түсіп жатқан асықты ату керек, шік түссе, шік жатқан асықты ату керек, тағысын тағы жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша ханмен асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғамау керек. Сөйтіп, ойынның шартын бұзғанша не болмаса ататын асық болмай қалғанға дейін атып, асығын ала береді». Атып алатын асықтар біткенде балалар қайтадан асықтарын ортаға шығарып, ойынды осы тәртіппен жалғастыра береді. Ойын балаларды қашықтық, кеңістікті көзбен мөлшерлей білуге, епті қимылдауға тәрбиелейді.

АЛАӨКПЕ – сиыр түлігінде кездесетін өкпе ауруы. Орысша балама атауы “легочная чахотка”. Өте жұқпалы бұл ауру малдың өкпеснің қанталауымен және кеуде қуысының сары суға толып кететіндігімен ерекшеленеді. Қой-ешкі де ауырады. Торғайда 1895-98 жылдары қызмет еткен мал дәрігерлер рапортында қазақтар қой, ешкіде «ала өкпе», сиырда «өкпе» атаған ауруға біртекті шаралар жасайтындығын айтады (орысша баламасы). Оған сырттақ (бриони) шөбінің түбірін, 3 күн бойы қара мендуана дәнін қатыққа қосып

ішкізген және ашыған қымыз бен мүсәтір берген. Сондай-ақ ауырған малдың бірнеше тамырынан қан алған.

АЛАПА [АЛАПА-ҮЛЕПЕ] – орта ғасырлық түркі-моңғол елдерінде мемлекеттің тұрақты қызметіндегі әскердің ат-көлігін ұстауға қажетті хан, мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат. Бұрынғы кезде хан ордасын күзетуге, қаланы қорғау сияқты мемлекеттік қызметтерді атқаруға тұрақты әскерлер ұсталынған. Олардың азық-түлігі, көліктерінің жемдері мемлекет тарапынан қамтамасыз етіліп, ол үшін «алапа-үлепе» деп аталған белгілі мөлшердегі қаражат төленіп отырды: үлепе деп адамдарға бөлінетін жалақыны, алапа – аттардың азығына бөлінген қаражатты атаған. Пошталық бекеттерде елші, жаушы, хабаршылардың мінген көліктері мен ауыстыратын аттарын ұстауға жұмсалатын қаражат та алапа деп аталған.

Алапа жергілікті халықтан салық түрінде жиналды. Осы мағынада алапа атауы Алтын Орда заманындағы мемлекеттік ресми құжаттарда кездеседі. Мемлекет қызметіндегі адамдардың аттарын күтіп ұстауға бөлінетін қаражат ретінде алапа Қазақ хандығы кезінде де қолданылған. Бұл жайт әйгілі Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған толғауында ерекше айшықпен берілген:

Айбалтасын алтынменен булатқан,
Алапасын арттырып,
Арпалап атын қунатқан.

Яғни алапа деп аталған хан қызметіндегі аттардың азығына мемлекеттен бөлінген қаражат қазақтарда беріде, Абылай заманында да болғанын көрсетеді. Алапа атауы кейде жаудан түскен «олжа, пайда, табыс» әрі «пара, алым, ауыз бастырық» сондай-ақ кәделі сый, тіпті қалыңдық жағынан әйелдердің күйеудің жолдас-жораларынан алатын кәдесі деген мағынада да қолданылады. Айтылған жайттың бірер көрнекі мысал ретінде “Егін жақсы шықса, халыққа үлкен алапа” деген мақалды келтіруге болады.

АЛАПЕС – өте қауіпті созылмалы жұқпалы ауру. Ауру дененің жарақаттанған тұсынан бүкіл ағзаға жұғады. «Алапесті үйге кіргізбе, құйрығын жерге тигізбе» деген әйгілі сөз орамы осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Алапес қазақ ұғымында ем қонбайтын дерт. Ниеті бұзық, пиғылы тар адамдарды да алапеске теңейді.

АЛАРМАН / ШЕШЕКЕ – көгалды жерде ойналатын ұлттық ойын түрі. Бір ойыншы аларман немесе «қасқыр» болып белгіленеді де, қалған ойыншылар тізбектеліп тұрады. Оған 5-20 адамға дейін қатысады.

Ойыншылар бір қатарға бірінің артына бірі тұрып, алдында тұрған ойыншыны белінен қос қолдап ұстайды. Ойыншы бастаушы мен аламан немесе «қасқыр» қарама-қарсы тұрады. «Қасқыр» «қойларды» алмақшы болып тізбектің біресе сол жағына, біресе оң жағына шығып ұстап алуға тырысады. Аламаннан тек қатардың басында тұрған бірінші ойыншы (ол «қойшы» рөлінде) қорғай алады. Аламанға қапыда ұсталып қалған ойыншы аламан орнына тұрады. Ойын осылайша жалғаса береді.

АЛАСАПЫРАН – дәстүрлі фенологиялық күн қайыру жүйесіндегі амал атауы. Григориан күнтізбесі бойынша көкек айында қар күрт еріп, жер лайсаң болып, шаруашылыққа қолайсыз мерзімді аласапыран деп атайды. Амалдың

кейбір жерлерде өзгеше атауы бар. Көкектің орта кезінде алғаш найзағайдың жарқылдап, күн күркіреген кезін оңтүстікте «қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» десе, Маңғыстауда киіктің күйек кезеңіне дөп келетіндіктен «киіктің лак өргізбесі» деп атайды.

АЛАСТАУ – дәстүрлі наным-сенім бойынша, оттың киелілігін кастерлеуге негізделген тазарту тәсілі, ұшықтау түрі. Аластау – адамдарды бәле-жаладан, көз тию, сұқтан сақтауға бағытталған әртүрлі әрекеттер оттың көмегімен атқарылады. Аластау сөзі түбірі алас деген ұғымның рәсімдік іс-әрекетті білдіретін эквиваленті деуге болады. Аластау рәсімі ежелден орныққан отқа табыну жосынынан бастау алатын сынайлы. Ауру-сырқаудың бәрі адамға жын-шайтан, албасты, әзәзіл мен перілердің соғуынан жабысады деп саналғандықтан, әрбір көшкен сайын киіз үйді де, малды да, мүлікті де отпен аластайды. От тұтатып онымен бесікті, босағаны, тағы басқа жерлерді аралата «алас, алас, ауру-сырқадан алас, тіл мен көзден алас» деген сияқты ежелден орныққан магиялық мәнді тұрақты сөз орамдары айтылады. Мұны ауыл арасында өзінің біліктілігімен һәм тазалығымен беделге ие болған адамдар атқаратын. Өйткені, аластаудың өзі тазалық пен амандықтың кепілі ретінде қолданылатын.

Мал індеті шыққан кезде түрлі шаралар жасалған соң арша, адыраспан сияқты өсімдіктерді тұтатып, қораны да аластайтын.

Ә.Диваевтың айтуынша, кешке қарай 10-15 қадам аралықта жерге қағылған екі ұзын қазыққа немесе қадаға ала арқанды астынан қой өтетіндей етіп керіп, оның қасына от жағып қояды. Қойларды ала арқанның астынан айдап өткізген кезде қаданың қасында лаулап жанып жатқан отқа тұз себеді. Сөйтіп, отқа жанған тұз сартылдаған дыбыс шығарады және тұздың әсерімен от та жарқылдап жанады. Бұл аластауды білдіреді. Сондай-ақ, көшке шыққан кезде, мысалы, қыстаудан жайлауға көшкенде көшпелі қазақтар бірінші күні қыстаудың маңынан 5-6 шақырым қашықтау жерге аялдап, жолдың екі жағынан үлкен екі от жағатын. Осы сәтте әйелдердің жасы жағынан үлкені «қабак сынды қайғы кетті» деп дауыстап қабақты сындырады.

Бұл ырым қыстан аман-есен шыққандарына тәубешілікті білдіреді. Содан кейін оттың арасынан жүк тиелген түйелерді өткізеді. Өйткені көшпен ілесіп шыққан қаскүнем рухтар мен жын-шайтан отта қалып қояды-мыс. Сан алуан мәліметтерге қарағанда, әлгі оттан ерлер де, әйелдер де алас, алас деп дауыстап айтып секіріп өтеді. Сөйтіп, бұл үрдіс көшке шыққан адамдардың жаңа жерге отпен тазарып баратындығын білдіреді. Содан кейін мал сойылып, құдайы тамақ беріледі. Малды соярда бата оқылады. Осы жосынның барысында көшпелілер «ескі жұртта есіркедің, жаңа жұртта жарылқа», – деп Жаратқанға тәу етіп, қыстан аман-есен шыққандарына тәубешілік білдіреді.

Келін босаға аттағанда аруақтарға арнап отқа май құяды. Келіннің енесі май құйылған отқа алақанын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды. Бұл келіннің «жүзі жылы, өзімізге ыстық» болсын деген ниетті білдіреді дейді мәлімет берушілер. Баланы бесікке бөлердің алдында егде тартқан әйел бесікті аластайды. Мейлі күндіз, мейлі түн болсын бесікті шақпақ немесе май шам

сияқты жарық шығаратын заттармен бас-аяғын айналдыра үш рет аластап, барып бөлейді:

Алас, алас, баладан алас,
Түрлі-түсті пәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Алас, алас, алас,
Қыла гөр Алла пәлеңнен қалас.

Жын-шайтан, жаман күштерді қуу үшін көптеген аймақтарында арша ағашымен, кейбір аймақтарында адыраспан мен тұзды араластырып аластау кездеседі. Жын-шайтандар жоламасын деп жаңа тіккен үйді де кептірілген адыраспан шөбін тұтатып аластайтын. Ал, бақсы-балгерлер науқасты емдеген кезде жын-шайтандарды отпен қоса пышақ, қанжар, қылыш көмегімен қуалап жүріп, аластаған деседі. Жын-шайтандарды аластап, қуалау үшін алдымен аруақтарын, пірлерін, жындарын көмекке шақырады екен. Ежелгі наным-сенім бойынша, қазақы ортада от үйдің жарылқаушысы, «ошақ басы от қасының» желеп-жебеушісі ретінде айырықша қастерленді.

АЛАШ – ортағасырлық тарихи хроникалар – нарративтік жазбалар мен шежірелік аңыздардың басты кейіпкерлерінің бірі. Бірақ ең алдымен мифопоэтикалық образ болып қалыптасты. Себебі тарихи хроникалардың өзінде алашқа байланысты мәліметтердің бәрі мифологиялық желіске құрылған. Алашқа байланысты шежірелік аңыздарды мотивтік және сюжеттік желіс бойынша үш топқа бөлуге болады. Біріншісінде алаш жалпы қазақтың ортақ ата-тегі ретінде әспеттелінеді. Екінші топтағы сюжеттер бойынша алаш «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін әйгілі Майқы биден тараған Үйсін, Болатқожа, Алшын бастаған үш жүздің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) тұңғыш ханы болған. Үшіншісінде алты алаштың, яғни алты ірі тайпалық бірлестіктің атауы ретінде қарастырылады («алты Алаштың ағасымыз, Қазақбайдың баласымыз» деген фразеологизм осыған байланысты қалыптасқан болса керек). Қазақтың этногенетикалық және этносаяси тарихына байланысты үдерістердің себебі де салдары да мифопоэтикалық айтулы тұлғаның, бұл тұста алаштың іс-әрекетімен және есімімен байланыстырылады. Яғни тарихи үдерістің заңдылықтары фольклорлық дәстүрдің ең ілкімді принципі болып табылатын персонификациялау тәсілімен түсіндіріледі. Кейін тілі, мәдениеті, шаруашылық типі ұқсас тайпалық бірлестіктердің бірыңғай этностену үрдісінің нәтижесінде (принцип этнизации) алаш этнонимдік мәнге ие болды. Сөйтіп, алты алашқа кірген тайпалық одақтардың ортақ атауына айналды. XIII ғасырдың басында моңғол империясы дәуірлеп тұрған кезде Алаш мыңы деген әскери одаққа қыпшақ, алшын, жалайыр, найман, қоңырат сияқты ірі тайпалар кірген.

Кеңесіме құлақ сал,
Ақылды туған Алашым
(Орақ-Мамай).

Қазіргі кезде бұл сөзді тек жырлардан кездестіруге болады. Ғалым Р.Сыздықова бұл сөздің бірнеше мағынасын көрсетеді. Бірі «ел, жұрт, халық»

мағынасында қолданылады. Сонымен бірге, бұл сөз «белгілі бір этникалық құрам (хандық, тайпалық одағы), қауым» мағынасын да білдіреді. Бұл мағына «он сан алаш», «алты алаш» тіркестерінде анық байқалады. Ғалым алаш сөзінің «қазақ» деген сөздің синонимі ретінде қолданылатындығын С.Сейфуллин еңбектерінен және Абайдың қара сөздерінен деректер келтіре отырып дәйектейді. Кейбір зерттеушілер алашты ортағасырлық Алаша ханға теліп жүр. Бұл еш қисынсыз ойдан шығарылған дәйек. Шынтуайтында, Алаша хан – XV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырдың басында алдымен Самарқандты кейін Моғолстанды билеген Сұлтан Ахмет Мирза ханның екінші есімі. Ал Сұлтан Ахмет Мирза хан қазақтарға үлкен ойран әкелген әмірші болғандығы тарихтан белгілі. Оның есімі ел аузында озбырлықтың символы болып қалды. Қазақ фольклорында Алаш сөзінің «жат, жау» мағынасында да қолданылатындығы сондықтан. Әйгілі Бұқар жыраудың:

Өзіңмен бірге туысқан,

Алаштан бетер жат болар, –

деген жыр жолдары осы жайтқа байланысты айтылған. Ш.Уәлиханов бұл атаудың пайда болуын Алаша ханның есімімен байланыстырады: «Алаша хан мен Алаш бидің басшылығымен тәуелсіз жеке ел болу құрметіне және үш жүз батырдың ерен ерлігін есте сақтау мақсатында халқының атын Үш Алаш деп атайды». Кейбір деректе үш жүз тіркесінің ұғымынан гөрі, Алаш лексемасының кеңірек мағына білдіретіні байқалады. Мысал ретінде жоғарыда айтылған «Алты Алаштың ағасымыз, Қазақбайдың баласымыз» деген қазақ елінің этникалық сәйкестілігін (ethnic identity) айғақтайтын ежелден орныққан сөз тіркесін келтіруге болады.

АЛАШТЫҢ БӨЛІНБЕГЕН ЕНШІСІ – қазақы ортада қалыптасқан әлеуметтік әрі моральдық-этикалық мәнді бұл ұғым көшпелі социумдағы генеалогиялық тәсілмен ұйымдастырылған қоғамдық қатынастың болмыс-бітімінің өзіндік ерекшелігін айғақтайды. Көшпелілердің ежелден орныққан генеалогиялық концепциясы алаштың бөлінбеген еншісі жосынын исі қазақтың ортақ тек атасы – Алаша хан ның өзінің қартайған шағында мал-мүлкінің бір бөлігін өзінде қалдырып, қалғанын үш ұлына бөліп берген деген аңызбен байланыстырады. Осы шежірелік сәйкес, кейін үш ұл (Ақарыс – Ұлы жүз, Бекарыс – Орта жүз, Жанарыс – Кіші жүз) қазақтың үш жүздік құрылымының негізін қалаушылар болды. Қазақы ортада ауылға келген кез келген қонақтың өзі түстенген үйден тиесілі үлесі – ішетін тағамы, оған арнайы төсек-орынның дайындалуы және қонақтың көңілін көтеру мен аулауға байланысты әртүрлі шаралар (ойын-сауық, тіпті, үй иесімен бірлесе аңға шығу және т.б.) алаштың бөлінбеген еншісі деп аталады. Осы дәстүр бойынша, келген қонақты немесе қонақтарды олар түстенген үйдің иесі ғана емес, көршілері де мүмкіндігінше күтіп, бабын табуға тырысатын. Бірнеше жыл қатарынан көрші отырғандар бір-бірінің құда-жекжаттарын да осылай күтеді. Алаштың бөлінбеген еншісі атқарылуы дәстүрлі ғұрыптық құқықтың принциптері арқылы реттелініп отырды. Осыған сәйкес, егер, қонақ түстенген үй иесі оны дәстүрге сәйкес күтпесе немесе күте алмаса, әлгі қонақтың биге шағымданып, айып талап етуге құқы болды. Деректерге қарағанда, осындай

жағдайда билердің кесімі, көбінесе, қонақтың пайдасына шешіліп отыратын. Еншінің басқа да түрлері сияқты алаштың бөлінбеген еншісі де, бір жағынан, ішкі рулық-қауымдық қатынастар жүйесін нығайтудағы маңызы ерекше болды. Екінші жағынан, руаралық байланыстарды ұйымдастырудың және реттеудің пәрменді институционалдық компоненттерінің бірі болды.

АЛАША – түрлі-түсті боялған жүннен немесе мақтадан иірілген жіптерден қарапайым құрылғы – өрмекпен (станок) тоқылатын өнімнің енін өзара бір-біріне шендестіріп тігу тәсілімен дайындалатын төсеніштің кең тарған түрі. Осы үрдіс барысында өрнек желісін үзбей бір-бірімен ұштастырып отыру ісмерден ой ұшқырлығын және шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Халық арасында, алашаға қатысты ою-өрнектің түріне, өнім сапасының жоғары бағалануына қарай «Алтынға бергісіз алаша бар» немесе «Кілемге бергісіз алаша бар, Ханға бергісіз қараша бар» деген паремиологиялық сөз тіркестері қалыптасқан. Бұдан пайымдайтынымыз – дәстүрлі қолөнеріміздің ішінде алаша тоқу өнерінің жақсы дамығандығы. Халық өзінің дәстүрлі тұрмысында алашаны үй бұйымдарының бірі ретінде төсеніш және үй қабырғасына ұстау үшін пайдаланған. Уақыт өткен сайын, оны тоқып-тігуді үнемі жетілдіріп, сапасын арттырып отырған. Тағы бір айта кетерлігі, ерте кездері ауқаттылардың қыз жасауының құрамында қалы кілемдермен қатар, көркем тоқылған алашалар да болған. Бұл қыз әкесінің дәулетінің қаншалықты екендігін аңғартады. Сондай-ақ, көркем тоқылған алашаны көші-қон кездерінде көштің сәнін келтіруде түйеге жабу ретінде жапқан. Алаша тоқу үшін түрлі материалдар – түрлі-түске боялған иірілген жүн жіп, мақта жіп, тұсқа ұстауға арналған алашаны әсемдеуде күміс, металдан құйылған шытыралар т.б. пайдаланылады.

Алаша жолақтары қарапайым құрылған еңсіз өрмектің көмегімен тоқылады. Өрмекті құрар алдында оған қажетті адарғы, бақылау жіп, қылыш, мосы, серу ағаш, күзу шыбық, күйеу қазық сынды бірнеше құрал-жабдықтар әзірленеді. Аталған жабдықтардың алаша тоқу барысында атқаратын қызметі тоқталып өтсек:

Адарғы – өрмектің асты-үстіңгі жіптерінің аралығын көтере бөліп тұратын құрал.

Бақылау жіп (бөлік жіп) – екі басын түйіп матайтын жіп.

Күзушыбық (терме ағаш) – өте берік ағаштардың түзу шыбығынан даярланған құрал. Ол терме өрнегінің жіптерін өзге жіптерден бөліп тұру үшін қажет.

Күйеуқазық – өрмектің артқы жағына қағылатын қазықтың атауы.

Құрттауыш (немесе теру ағаш) – тоқу барысында қажетті өріс жіптерін теріп отыруға қолданатын таяқша.

Қылыш – сырт пішіні кәдімгі қылышқа ұқсайтын, қарағай, қайың ағашынан дайындалатын құрал. Оның қызметі, арқау үстіндегі айқасқан жіптердің төменгі және жоғарғысын тығыздап отыру.

Мосы (немесе көтерме) – жіптерді біріктіріп өрмек тоқуға арналған құрал. Күзуағашты биіктетіп, іліп қою үшін өрмектің орта тұсынан қойылған, жоғарғы жағы біріктірілген үш аяқты ағаш.

Серуағаш – өрмек жіптерін тізбектеп байлайтын таяқ. Оның халық арасында кергіш сабау, есептаяқ деген де атаулары бар.

Өрмекті құрып, тоқу барысында өрмек құру, өрмек жүгіру, өрмек шалу, жүгіртпе, арқау, өрмек жіптер, кенере, желі, күзу жіп және т.б. құралдар мен әдіс-тәсілдер қолданылады.

Арқау (арқау жіп) – өрмектің «өрісі» (ерсі) мен «қарсысы» жіптерінің арасынан әрлі-берлі өткізіліп, көлденең түсетін жіп.

Еркек жіп – өрмек жіптерінің жоғарғы жібі. Шеберлер қарсы жіп деп те айтады.

Ұрғашы жіп – өрмек жіптерінің төменгі бой жібі. Шеберлер тілінде жіптің ерсісі деп те айтылады.

Желі – өрмектің негізгі жібі.

Жиек бекіту – тоқылған алашаның екі шеті сөгіліп немесе тарқатылып кетпеуі үшін түсіне сай келетін матамен тігіліп жиектелуі.

Жүгіртпе (арқау шөлмегі) – екі басында ашасы бар арқау жіп оралатын түзу таяқ.

Кенере – өрмектің тоқылған екі шеті, жиегі.

Күзу жіп – күзуағашқа астыңғы жіпті көтеріп байлайтын жіп.

Мәймөңке – өрмек тоқу барысында қолданатын құрал. Ол арқылы желі жіптерден шығаратын өрнекті тізбелеп отырып түрлі өрнек шығарады. Жұмыс кезінде өрмек жіптерін бір-біріне шатастырып немесе үзіп алмау үшін оны еппен пайдаланады.

Өрмек құру – өрмек жүгіртуге төрт адам қатысады. Шөп-шалаңнан тазартылған ашық алаңға үш бұрыш жасай, бүйірлері тең үш қазық және орта тұсынынан күзу ағаш деп аталатын төртінші қазық қағылады. Қазықтардың жалпы ұзындығының қосындысы тоқылатын алаша жолағының көлеміне сай келеді.

Өрмек жүгіру – шеберге көмекші екі адам қолдарына өрмектің ерсі және қарсы домалақталған жіптерін алып, өрістің қазықтарына жіптерді төгу үшін айналып жүруі.

Өрмек жіптер – мақсатына (қандай бұйымға қолдануына) қарай жалаң қабат немесе екі қабатталып иіріледі. Көп түсті және әрқайсысы жеке-жеке домалақталып оралады.

Өрмек шалу – өрмек жібінің бірі күзуге шалынса, келесісі күзуге шалынбай бос қалып отыруы.

Қазақта алашаның қолданылуы, жасалу техникасы және басқа да өзіндік ерекшеліктеріне қарай түрліше атау кездеседі. Ел арасында осыған байланысты тұсалаша, тақыр алаша, тақта алаша, терме алаша, қызыл басқұр алаша, қарала (қара ала) алаша, қақпа алаша деген атауларды ұшыратуға болады.

Қақпа алаша – көп түсті иірілген жіптерді қатарынан жарыстыра жолақтап өрнексіз тоқылған төсеніш жатады.

Қарала (қара ала) алаша – ақ және қара түсті ширатылған жүннен өрнексіз, қақпа әдісімен тоқылған төсеніш.

Қызыл басқұр алаша – тақыр алаша теріп тоқылуы барысында көбіне нақышы қызыл түстен болғандықтан осындай атауға ие.

Тақта алаша – бірнеше қатар жолақтардан құралған тақыр төсеніш.

Тақыр алашалардың құрамына қарай: терме алаша, кежім теру немесе бұқар теру, тақыр тоқу және т.б. түрлері болады.

Терме алашаның желісі көп (қызыл, жасыл, сары, көк және т.б.) түсті жіптерден иіріп жасалынады. Өрнектерді салу әдісі теруге жататындықтан, теру ағашпен өрнектерге қажетті түрлі-түсті жіптерді бөліп алады да, бойынан арқау жібін өткізеді. Нәтижесінде алашаның беткі қабаты мен ішкі жағы тегіс, жатық шығады. Мұндай бұйымдарды терме алаша деп атайды.

Тұсалаша – қабырғаға тұтуға арналған бұйым. Орта тұсы бірнеше жолақтардан біріктіріліп тігіледі де, жиектері II түрінде үш жағынан тұйықталып, төмен бөлігі жиектелмей ашық қалдырылады. Ел ішінде алашакілем деген атауға да ие.

Алаша тоқудағы қолданылатын техникасына байланысты кежім теру, терме теру, жүзтеру және т.с.с. ұғымдар кездеседі.

Кежім теру немесе бұқар теру тәсілімен тоқылған алашаның бір ерекшелігі арқаулық жіп алашаның бетіне түсетін өрнекке арналған түрлі-түсті жіптерді бөліп алып шығады да, өрнекті шығаруға қажетсіз қалған түрлі-түсті жіптерді алмай, астында бос қалдырылады.

Мысалы, Орталық музей қорында осындай кежім теру әдісімен тоқылған алаша (КП 13987) сақтаулы. Алашадағы көп түсті (қызыл, көкшіл-сұр, ақ, сары, қара) жолақтардың бетінде ашамай, балдақ, алақұрт, тұмарша және шанышқы пішінді өрнектер бейнеленген. Жолақтардың аралықтарына ақ-қара түсті ширатпа жолақтар жүргізілген. Алашаның әр жерлерінде «Қанат», «Қасышқан», «1959 ж», «Кұлайша», «Қанткүл» деген жазулар бар. Екі жаны қызыл түсті пүліш матамен көмкерілген. Өлшемі: 170 x 361 см.

Сондай-ақ, кежім теруді қырғыздарда «қаджары (гаджары) немесе бұқары», ал түрікмендерде кокма, қарақалпақтарда қызыл құр, дізбе, деген атаулар қолданылады. Осы кежім теру тәсілімен тоқылған алашаның екінші баламасы бұқар теру деп аталу себебін этнограф М.С. Мұқанов «бұқарлық» деген сияқты сыныптаулар тоқыма өнімдерін тасыған (Бұқар) жерлерге байланысты аталуы мүмкін, немесе іргелес аудандар да өндірілген де Бұқар базары арқылы қазақ даласына енген деп жорамалдайды.

Терме теру – алашаны және басқа да тоқыма бұйымдарын дайындау үшін, жіптерді өзара шалыстырып, өрмекте түрлі өрнектерді безендіре отырып тоқу тәсілі.

Жүзтеру – жүз жіптен түр салып тоқылған терменің атауы. Терме теруде бір шаршы ішінде бір-біріне жалғанып жатқан әлденеше өрнектері («бітпес», «тармақты мүйіз» т.б.) бар және тоқу барысында мұндай күрделі, ұласпалы желілі өрнекті нақыштауға кем дегенде жүз жұп жіп қажеттігімен байланысты.

Алаша бұйымдарының өрнегінің түріне қарай, қашқар алаша, түрікпен алаша, араби алаша, жолақ алаша, омыртқа алаша, өрнекті алаша; ал өрнексіз

тоқылса, жер алаша, қақпа алаша, торсылдақ алаша, орама алаша, жол алаша; материалына, яғни жібіне қарай, мақта алаша, жүн алаша; тоқылу техникасына қарай, жалаң қабат алаша, екі қабат алаша; композициясының шешіміне қарай, қарапайым алаша, өрнекті алаша; жиегіне қарай, жиекті алаша, көмкерулі алаша, шашақты алаша деген сияқты жіктеулерді кездестіреміз.

Алаша тоқуда оның өңін ашатын, әрине оған енгізілетін түрлі өрнектер екенін білеміз. Өрнектерді айтпас бұрын, алдымен оның шығу тарихына қысқаша тоқтала кетуге болады. Ол туралы академик Ә.Х. Марғұлан: «Қазақ оюларының геометриялық элементтерінің пайда болуы біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдыққа тән. Қола дәуірінің көптеген ескерткіштері Қазақстан аумағынан табылды және зерттелді, олардың ішінде қазақтардың кілем өрнектерін еске салатын геометриялық оюлармен әшекейленген керамикалар да бар болатын. Ол сондай-ақ, жартастарда салынған суреттерде және қола бұйымдарында да ұшырасады... – деп, өзінің қазақ халқының қолданбалы өнеріне қатысты еңбегінде ою-өрнектердің шығу бастауларына түсініктеме беріп кетеді.

Алаша бетіне өрнек салудың техникалық тәсілі мынадай әдіспен жүргізіледі: желі жіптері (еркек, ұрғашы) адырғының көмегімен асты-үстіне шығарып алмастырғанда арасына көлденеңінен арқау жіпті өткізеді. Басты ерекшелік – өрнекті белгілейтін жіпті астына түсірместен құрттауыштың көмегімен іліп алып үстіне қалдырады. Алашада өрнек композициясы жасалу ерекшелігіне қарай нақышталады. Түрлі ашамай, балдақ, жүзтеру, ботакөз, қоржын бас, ирек, қошқар мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, сырға, тұмарша, омыртқа, тақта, тарақ, қызғалдақ, табақ гүл, итқұйрық, итта-бақ аштархан теру, қарға тұяқ, шаршы, тоғыз көз, құс тұмсық, тана гүл, қия гүл, самаурын гүл, кесе гүл, шатыргүл, шұбыртпа, шашыратқы гүл, құман бау, таралғы т.б. өрнектер басым бөлігінде өте дәлдікпен теріледі, мысалы терме алашаға қошқар мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, ботакөз, шаршы т.б. өрнектері жүргізіледі. Ал, кежім теруде ашамай, балдақ, алақұрт, тұмарша және шанышқы пішінді өрнектер теріледі. Тіпті, аталған тұмарша, балдақ, тарақ өрнектерін, зерттеуші В.В. Востров 1958 жылы Қызылорда облысына жасаған этнографиялық экспедициясы кезінде Қазалы ауданының шеберлерінің қолынан шыққан алашалардан үнемі кездестіргенін айтады. Алаша тоқуда, сондай-ақ, өрмекке қолданатын су және тіс өрнектері де жиі пайдаланылады. Сонымен кейбір өрнектердің бірнешеуіне тоқталып өтсек:

Аламышөрнек – өрнек бетіне қатарласа қысқа, кейде ұзын сызықтармен жүргізіледі.

Аратіс / Тіс – тістің немесе араның жүзіне ұқсас келетін өрнек атауы. Көбіне, бұйым жиегіне, өрнектер аралығына су ретінде жүргізеді.

Жіліншік – бұл өрнектің бастауы мал жіліншігінің негізінде пайда болған. Алашаға екі қатардан ұзынша келген сызық түрінде салынады.

Көгеріс – өсімдік бөліктеріне (сабағы, гүлі, жапырағы) ұқсатып жасалған өрнектер.

Суөрнек – тоқымада түрлі өрнекті бөліп тұратын жолақтар.

Сынықмүйіз – аты айтып тұрғандай сырт пішіні малдың сынған мүйізі тәрізді келген. Өрнекте шорт сынған тік төрт бұрыш, төрт рет ішке қарай иіліп нақышталады. Алаша тоқуда жиі қолданатын өрнектің бірі.

Таракөрнек – сырт көрінісі кәдімгі шаш тарайтын тараққа ұқсас келген.

Тышқанізі – пішімі тышқанның ізіне ұқсайтын өрнек. Алашадағы негізгі өрнектердің ішкі бөлігіне тереді.

Тікмүйіз – алаша шетін нақыштауда пайдаланады.

Аталған өрнек түрлерімен тоқылған алаша түрлері Орталық музей қорында көптеп кездеседі. Мысалы, музейдегі терме алаша (КП 9647) бес түрлі жолақтан тұрады. Алашада сұр-қызыл аралас шеткі жолақты бойлай қармақ өрнектері алма-кезек айқаса бейнеленген. Жолақтың екінші түрі қызыл мен қара түсті, ортасындағы үлкен «қорада» (шаршыда) аштархан теру, ал кішкентай «қорада» (шаршыда) төрт құлақ өрнектері салынған. Екі өрнектің сыртын айналдыра қармақ өрнегі жүргізілген.

Құралған жолақтың қызыл түстегі үшінші түрінде геометриялық өрнектер – тікмүйіз, қосмүйіз, құмсағат бейнеленген. Төртінші, ақ фонда тұмарша мүйіз, сынықмүйіз өрнектері алмасады. Бесінші, қызғылт түсті жолақтың бетінде қосмүйіз, тұмарша, өрмекші өрнектері бейнеленген. Жоғарыда аталған кейбір жолақтардың арасына су, шетін жиектей алалы қиықша өрнегі жүргізілген. Өлшемі: 125 x 215 см.

АЛАША (АЛАШ) ХАН – кең тараған көп нұсқалы генеологиялық миф бойынша, Алаша хан, бір жағынан, алты Алаштың ортақ ата-тегі, екінші жағынан, ісі қазақтың ата-бабасының персонификацияланған атауы. Оның есімі қазақтың шығу тегін баяндайтын көне аңыздар мен ортағасырлық тарихи хроникаларда кездеседі. Алаша хан ел жадында жауынгер тайпалар көшпелі түркілерді біріктіріп, тұңғыш Алаш (қазақ) мемлекетін құрған ұлы қайраткер ретінде қастерленеді. Алаша хан есімі кейін тілі, мәдениеті, шаруашылық типі ұқсас тайпалық бірлестіктердің бірыңғай этностену үрдісінің нәтижесінде (принцип этнизации) этнонимдік мәнге ие болды. Алаша ханның нақты қай кезеңде өмір сүргендігі жөнінде мәліметтер жоқтың қасы.

Қазіргі зерттеулерде Алаша хан туралы мифтендірілген образдар да жетерлік. Гәп аталмыш мәселені қазіргі әлеуметтік ғылымдар, әсіресе, әлеуметтік және мәдени антропология, тарихи социология, этнология саласындағы қалыптасқан методологиялық жетістіктің қалпымен зерделеуде болып отыр. Ұлытау өңірі Қаракенгір өзенінің бойында XV-XVI ғасырларға жататын «Алаша хан күмбезі» ғимараты қазірге дейін сақталып отыр. Осы Алаша хан күмбезіндегі моланы антрополог О.Смағұлов 1998 жылы қазды. Одан табылған бас сүйекті Москва қаласындағы М.М.Герасимов атындағы пластикалық антропология лабораториясының мамандары жан-жақты зерттеп, сол арқылы жерленген адамның бет-әлпетін қалпына келтірді. Біздің ойымызша аталмыш мазарда жатқан Алаша хан XV ғасырдың екінші жартысында қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі, әрі алғашқы ханы Керей болуы ықтимал.

Мифопоэтикалық ортада бүкіл ұлыс үшін айтулы оқиғаның басында тұрған әрі ұйытқысы болған тұлға әдетте әсірелі ұлықтау жосынына сәйкес

ұлыстың, мемлекеттің, елдің, этностың ата-тегіне айналуы заңды құбылыс. Демек, тұңғыш рет түркі тектес ру-тайпалардың басын қосып, осының негізінде тұңғыш рет қазақ мемлекетін құрып, осыған орай осы мемлекеттің тұңғыш ханы болған Керей ханның есімі бірте-бірте мифопоэтикалық Алаша ханның образына айналуы әбден мүмкін.

АЛБАР – тұрақты баспана – қыстаудың құрамдас бөлігі. Қыста мал ұсталады – малға шөп беруге арналған ашық қора. Албар жабық қораға үйге жалғаса да, кейде, қорадан аулақтау жерге де салынады.

Түлік төлдейтін қора-қопсының жабық бөлігі албар деп аталады. Кейбір өңірде құрал-сайман сақталатын қойманы да албар деп атай береді.

АЛБАСТЫ – байырғы қазақ демонологиясындағы әйел жынысты қаскүнем рухтың атауы. Көбінесе, әйел бейнелі болып келеді. Албасты әсіресе, толғақ үстіндегі әйелдің маңайында жүреді. Сондай-ақ, бейсауат, жалғыз-жарым жүрген адамға үйір. Зираттардан және ораза ұстап, намаз тұтқан адамнан қорқады. «Албасты қабаққа қарап басады» деген қазақтың сөз орамы албастының иманы кеміс адамға үйірсек келетіндігін меңзейді. Қазақта «албасты басты» деген ұғым «тәубасынан жаңылды, иманынан айрылды» дегенді білдіреді. Албастыны «марту» деп те атайды. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы бойынша, ол көбіне аузына әйел өкпесін тістеген түлкі, ұзын емшектері жерге тиген ешкі, басы үлкен мақұлық немесе қаншық ит бейнесінде әрекет етеді-мыс. А.Е. Алекторовтың жазбаларында айтылғандай, ертеде қазақтар әйел босана алмай, толғағы ұзаққа созылып, көп қиналса, оны албасты басты деп есептеген. Сондықтан, әйел бойындағы мартуды қуу керек деп қошқарды әйел жатқан үйге кіргізіп, оны сойғаннан кейін, малдың төс жүнін үйітіп, түтінмен әйелді аластаған. Себебі, албасты түтіннен қорқып, қашады-мыс. Егер, онда да әйел толғағы жеңілдемесе, түрлі шөптен жасалған дәрілер ішкізіп оқытып, албастыны қуатын әрекеттер жасайды. Көпті көрген қарт аналардың айтуынша, әйел босанып болғаннан кейін де оны ұйықтатуға болмайды. Себебі, пәк нәрестеге, жаңа босанған анаға жын-шайтан үйір келеді. Егер әйел ұйықтап қалса, оны албасты басып, жын-қағып кетеді-мыс. «Албасты басқан» әйел өз шашын өзі жұлып, түсініксіз сөздер айтып, сандырақтайды. Мұндайда әйелдің сыртқа шығуына тыйым салады (А.Е. Алекторов). Қазақтардың дәстүрлі демонологиясы бойынша, албастының мартудан басқа толып жатқан түрлері болды. Ш. Уәлиханов ескі қазақ түсінігіндегі албастыны былайша суреттейді: «албасты– әйел босанғанда қастандық қылатын жын. Оларды кейде жезтырнақ деп те атайды. Албастылардың басшылары сөрел деп аталады: оның бойы 3 құлаш, кеудесі тар, аяқтары жіңішке, тұяғы жұқа болады. Сөрел орман адамы, кейбір әңгіме бойынша, ол жезтырнақтың ері (күйеуі); кейбір ертекттер бойынша, ол әртүрлі кейіпте болады. Сөрел мүлгіген қалың орманды мекендейді, түрі адам сияқты. Оның бойы ұзын ағашпен бірдей. Ол адамды қытықтап өлтіреді, орыстың орман адамы тәрізді».

Қазақтарда еркек албасты бар деп сенушілік жайлы да кезінде Ш.Уәлиханов жазған. Сонымен бірге қазақтар албасты тіпті, адам бейнесі түгіл, хайуан кейпінде де көрінеді деп санаған. Албастыны сары албасты және

қара албасты деп, екі топқа бөлінеді екен. Сары албасты өте қу болады, адамды кездескен кезінде «енді саған жоламаймын!» деп алдайды да, өзі қайтадан қастандығын істей береді. Ал, қара албасты әлдеқайда күшті және қауіпті. Оның істеген зұлымдығын жою қиын. Қазақтың «қара бассын!», «қара басқыр!» деп қарғауы я болмаса «не қара басты?» деуі қара албастыға байланысты түсінікке негізделген болу керек. Жын-шайтан сары қыз бейнесіне енеді деп есептеу жоғарыда аталған сары албасты туралы түсінікке байланысты болуы ықтимал. Қазақ дәстүрінде албасты, марту басып ауырған әйелді бақсының көмегімен емдеген. Бақсы қобызын алып, оңды-солды секіріп, ауырған әйелді қамшымен қағып, зікір салады. Сонан соң, Құран дұғаларын оқып дем салынған суды әйелге ішкізеді. Ел ішінде осы бақсы емінен кейін ауруынан айығып кеткендер аз болмаған көрінеді. Ауруынан айыққан әйелді көпке дейін жалғыз қалдырмаған және қайталап ауырмасын деген ниетпен үш жыл бойы құстар келер және қайтар кезде бақсыға дем салдырып, арнайы дем салған суды ішкізіп отырған. Дәстүрлі қазақы ортада кісікиік деп те аталатын албасты кісі пошымында кездеседі екен. Албасты негізінен иен дала мен таулы жерде және ормандарды мекендейді-мыс. Албасты бойы адам бойындай, қос аяқты, тік басып жүреді. Шөпті, етті талғамай жейді. Сонымен албасты атауы «мысы, күші, жыны басып, арқасы ұстайтын, арбап алатын қасиет»; «бір нәрсені үрейлендіріп, қорқытып өзіне бағындырып алған адам»; «сүйкімсіз, сұмпайы, жексұрын, оңбаған адам»; «зұлымдық, жауыздықтың көзі» сияқты мағыналарды білдіреді.

АЛБЫТ / ДЕЛБЕ – жылқыда кездесетін қатерлі ауру. Албыт атауы Қазақстанның шығыс аймағында қолданылады. Албыт кенеттен байқалады. Малдың тынысы тарылып, тілін жалаңдатып, аласұрады, айналасын көрмей, әрнәрсеге соқтығады. Ауруды емдеу үшін жылқының әр жерінен қан алу, және т.б. тәсілдер қолданылған. Осы аурумен ауырған жылқыны шығыс өңірде «албыт тиген ат», «албыт жылқы» дейді.

АЛҒАДАЙ – ертеде жаугершілік заманда жетім қалғандарын жинап, тәрбиелеп, бағып-қағып, соғыс өнеріне, адал қызмет етуге баулып тәрбиелеген жеткіншектер. Алайда, бұл ұғымды тарихи-этнографиялық тұрғыдан дәйектейтіндей қажетті деректер жоқтың қасы.

АЛҒЫС – қуаныш үстінде, жиын, мереке, той-томалақта адамдардың бір-біріне білдіретін игі тілектің этикалық мәнді атауы. Әуелде, көне түркі тілінде алғыс сөзі (алкыш – *algis*) деп аталып, «мадақтау, ізгі тілек айту» мағынасында қолданылған. Сондай-ақ, алкыш алғыс кейбір түркі халықтарында, мысалы, алтайлықтарда өтіну, жалбарыну, сахаларда әртүрлі рух иелеріне арналған мадақтау, жалыныш деген мағынада қолданылады. Мұны, әсіресе, ислам дінін қабылдамаған жұрттың фольклорынан анық байқауға болады. Нұрсан Әлімбайдың пікірінше, алғыстың түп төркіні алас, аластау сөзінен, онтологиялық тұрғыдан келгенде аластау ғұрпынан бастау алады. Аластаудың негізгі мәні жамандық әкелетін жәдігөй немесе озбыр күштердің ықпалынан құтқару екендігі белгілі. Алғыстың да түпкі мәні – ризашылық білдіру арқылы жамандықтан ада болуды тілеу. Демек, алғыс алас сөзінің уақыт келе сан алуан логикалық, морфофонологиялық және фонетикалық контоминациялық

түрленістің нәтижесі болып табылады. Осы жайт алтайлықтардың алқыш деп аталатын фольклорлық жанрында көрініс береді. Бірақ алқыш қазақ тіліндегі алғыс мағынасында емес, бата-тілек ретінде қолданылады. Алайда алқыштың семантикасын алғыс төркінінің алас, аластау ұғымымен генетикалық байланысын айғақтау үшін әбден қолдануға болады. Алтайлықтар аңға шығардың алдында отқа табынып, аластау ғұрпын атқарады екен. Осыған байланысты алқыш айтатын болған:

Алас, алас,
Отыз басты от ене,
Қырық басты қыз ене,
Шикі болса пысырған,
Тоңды болса еріткен,
Ата болып айланып түс,
Ене болып иіліп түс!

Аңшы биік таулардың асуынан асқан сайын тоқтап, сол таудың рух-иесіне бағыштап арша тұтатып, киелі ағашқа ақтық байлап, алқыш айтқан:

Ал тайга асуын берсін,
Ағын су кешуін берсін,
Алтайым аңын аттырсын,
Жорық жеңіл болсын!

Бұл алқыштарда аңшы от пен таудың иесіне жалбарынып, арнайы ырым жасағаны көрініс тапқан. Алтайлықтардың отбасылық-тұрмыста айтылатын тілектері, алқыштары қазақтардағы батаға ұқсайды. Демек, алтай алқышында біздегі тілек, жалбарыну, бата жанрлары бірыңғай көрініс тапқан дейді академик С. Қасқабасов. Алғыс тек «ізгі ниетті» ғана білдірмейді. Қазақта алғыс сөзі, әдетте, үлкен бір істің атқарылып біткен кезінде, яки болмаса жас адамның үлкен қарияға жасаған игілікті іс-әрекетіне қатысты айтылады. Яғни қазақтағы алғыс ежелгі сипатын өзгерткен, ол рух-иеге немесе басқа бір күдіретке жалыну емес. Керісінше, қазақ алғысы ризашылық белгісі, игі іс атқарған адамға деген ерекше қатынасты көрсетеді. Сол себепті қазақ жастары үлкеннің алғысын алуға тырысқан. Мәселен, олар тойда, аста жиналған үлкендердің алдынан шығып, аттарынан қолтықтап түсіріп, үйге енгізеді. Сол кезде риза болған ақсақал «қарағым, ғұмырлы бол!» деп өзінің алғысын айтады. Немесе, үйде жағалай отырған адамдардың қолына су құйып, орамал беріп, қызмет етеді, ал келіндерге үлкендер «көп жаса, шырағым!» деп ризашылық сезімін білдіреді. Сол сияқты жас келін үйге келген кісіге, яки жасы үлкен адамға ізет көрсетіп, сәлем етеді. Оған «қалқам, өркенің өссін» деп, үлкен кісі өзінің ризашылық батасын айтады. Я болмаса жас адам үлкен кісінің әлдеқалай берген тапсырмасын дер кезінде ойдағыдай орындаса, қария оған «жасың ұзақ болсын!» деген сияқты алғыс айтып, екі жақтың да көңілі хош болады. Алғыс тұрмыспен, ғұрыппен тікелей байланысын жоғалтпаса да, ежелгі синкретті сипатын өзгертіп, негізінен, этикалық тұрғыда қолданысқа көшкен. Қазақ алғысы нақты адамға қарата айтылады, сөйтіп, ол екі адамның бір-біріне деген ізгі ықыласын білдіреді. Оның басты мақсаты жақсылық істеген адамға ризашылық білдіру, алғыс алған адамның көңіл қош болып,

ырыс-берекесі арта түседі деп ырымдаған. Қазақта алғысты риза болған адам айтады, оны сұрап алмайды, басқа түркі халықтарындағыдай арнайы алғысшылар болмайды. Сахаларда үлкен тойлар мен қуанышты жиындар басталмас бұрын Алғысшылар әртүрлі рух-иелерге, құдіретке қарата көлемді алғыс айтатын болған. Ондай алғыстардың құрылымы да біршама күрделі: бірталай рух-иені, кереметтерді мадақтаған кіріспеден, содан соң, соларға бағышталған тоғыз түрлі жалыну, жалбарынудан, одан кейін, қорытынды өтініштен тұрады. Алғыс айтылған соң сол құдіреттерге арнап қымыз шашады. Мұндай көнелік белгі қазақ алғысында жоқ. Жалпы, қазақ алғысы өзінің байырғы мән-мағынасын, әлеуметтік-тұрмыстық қызметін жоғалтумен бірге, жеке бір жанр ретінде де қызмет етуден қалған болуы ықтимал. Оның себебі көп: біріншіден, ислам дінін ертерек қабылдаған қазақ халқы бұрынғы алғыс сөзін бата сөзімен алмастырып, алғыстың мән-мағынасын көшірген, сөйтіп, күнделікті өмірде алғыс айтудың орнына «бата беру» орныққан. Байқайтынымыз: алғысты риза болған жақ өзі айтса, батаны екінші жақ көбінесе «Батаңызды беріңіз!» деп сұрап алады. Екіншіден, алғыс ұғымында ризашылық белгісі сақталған, ол туралы қазақ паремасында «Алтын алма, алғыс ал!» деп келетін мәтелде алғыстық сакральды сипатын байқауға болады. Себебі, қазақ ұғымында алғыс алған адамды Тәңір жарылқап, оның құты көбейеді, ырысы артады деп сенген. Алғыстың мазмұны көбіне тілек түріндегі білдіріледі: Алла риза болсын! Көп жаса! Өмір жасың ұзақ болсын! Бақытты бол, Тең құрбыңның алды бол! және т.б. М.Әуезов шығармаларында қазақы алғыстың мынадай түрлері айтылады: Алдыңнан жарылқасын; амандық шаттықпен көрісуге жазсын; аруақ жар болсын; аруақ қолдасын; бақыл бол; жолыңа жұп шырақ; жолың болсын; көрісуге күн жақсы болсын; қадамың құтты болсын; қайырлы болсын; қайыры бірге болсын; қосағыңмен қоса ағар; байлар көбейсін; құдай көңіліңді өсірсін; құсың құтты болсын; қызығың ұзақ болсын; ойнар көбейсін; осы бетіңнен жарылқасын; өмір жасың ұзақ болсын; от анасын жарылқасын; өркенің өссін; садағаң келсін; сауық молайсын; сақтай гөр терістен; тие берсін; тілектерің тап болсын; тілеуің берсін; ұзағынан сүйіндір. Сонымен, дәстүрлі қазақы алғыс белгілі бір жанның жасаған жақсылығына (рухани, материалдық, институционалдық және т.б.) деген ризашылықтың когнитивтік образы болып табылады. Демек, жасалған жақсылықтың рухани қайтарылымы іспеттес алғысты дәстүрлі ортадағы әлеуметтік байланысты нығайтудың ілкімді принциптерінің бірі деуге болады.

АЛДАР КӨСЕ – қазақ сатиралық ертегісінің кейіпкері. Бұл бейне қазақ пен қырғызда бар, сонымен бірге түрікменнің бірен-саран сюжетінде кездеседі. Демек, Алдар көсе қазақ фольклорына тән төлтума бейне деуге негіз бар. Түрік халықтарына ортақ әйгілі кейіпкер Жиренше шешен Жәнібек ханға ақыл айтушы дана би кейпінде ғибратты сипатта көрінеді. Айлакер, қу, әккі Алдар көсе образы хандық билік жойылғаннан кейін қара бұқара арасында әлеуметтік жағдайдың шиеленісе түсуіне байланысты күресуші тип сипатында қалыптасқан. Алайда осы образдың терең қатпарында алғашқы қауымдағы мифологиялық түсініктердің ұшқыны бар екенін С.Қасқабасов пен Е.

Тұрсынов еңбектерінде айтылады. Айталық, Алдар көсенің сайтанмен сапарлас болуы, олармен дауласқанда әлемнің жаратылған мезгілі туралы куәлік айтуы, Жиренше шешенге «Жер ортасы Көк төбе» екенін баян етуі, яғни космостың пайда болу тақырыбы туралы таласқа түсуі осы қаһарманның арғы тегі мифологиядағы трикстер бейнесімен іліктес қалыптасқандығын көрсетеді. Байырғы мифологиядағы жасампаз қаһарман орнатқан тәртіп пен қағидаға қарсы әрекет етуші трикстердің кейбір кереғар мінезі мен қызметтері уақыт өте келе сатиралық ертегінің қаһарманына тасымалданып, әккі, қу, айлакер Алдар көсе бейнесінің түптөркіні ежелгі дүниетаныммен әу баста тіндес қалыптасқандығын айтады.

Әйткенмен, сатиралық ертегінің бас кейіпкері ретінде Алдар көсе бейнесі хандық дәуір ыдырағаннан кейін жаңаша түлеп қалыптасқаны, желілі әңгімелердің арқауына айналғаны аңғарылады. Оның есімі туысқан халықтарда болмауының өзі осы кейіпкердің түрік бірлігі дәуірінде кең тарала қоймағандығын меңзейді. Сатиралық жаңаша тип Алдар көсе әлсіздерді жақтаушы, ел үстінен күн көруге машықтанған жеменқор саудагерлер мен дүмше молдаларды, сараң байларды аямай алдап соғып, әжуалап, келеке етуші ретінде баяндалады. Ол қалтыраған қараулығымен даңқы шыққан Шық бермес Шығайбайдың танауын тасқа тигізеді, өз атын өзіне сойғызады, әлпештеп отырған қызын тегін алып кетеді. Алдар көсе туралы жиынтық әңгімелерде әлсіз халықтың әрдайым уытты күлкіні жуандарға қарсы жұмсайтын өткір құрал еткені анық көрінеді. Алдар көсені кейде оның шәкірті Қу бала жеңіп кетеді, демек бұл бейне өміршең мәнге ие болған, циклденіп, ширай түскен. Тарихта болған әрбір өңірге тән қулар Алдар көсеге еліктеуден, іс-әрекетін жаңғыртудан туған деуге болады. Оларға Тонтай, Битай, Құлақай, Битан, Шитан, Тандайбай секілді қуларды жатқызуға болады.

АЛДАСПАН – жалманы жалпақ болып келген, қынсыз, жалаң ұстайтын ауыр қылыш түрі. Кесу қаруының ауыр түрі болғандықтан алдаспандарды тек мықты батырлар ғана ұстап, оны иыққа қойып не белдікке байлап алып жүрген.

Кейбір иконографиялық деректер басы түзу кесу қаруының ауыр түрі ғұн заманында, мыңжылдықтың басында пайда болғанын көрсетеді. Ал басы қайқы кесу қаруы қылыштың жеке түрі ретінде алдаспан көшпелі түркі халықтарында орта ғасырдың аяғында пайда болғанға ұқсайды. Қарудың бұл түрінің ерекше зақым салу күшіне байланысты қазақ батырлары алдаспанды өте жоғары бағалаған және жауынгерлік қару ретінде XVIII ғасырдың аяғына дейін қолданылған. Қазақ алдаспандарының басы мен сабының формасымен, ұзындығымен айрықшаланатын көптеген нұсқалары болды. Алдаспан ауыр қару болғандықтан негізінен, сауытпен қаруланған ауыр әскерге қарсы қолданылған. От қаруының пайда болуына байланысты ауыр қаруланған атты әскердің маңызы жойылуына байланысты алдаспан XIX ғасырда қолданыстан шыққан.

Жауынгерлік қарудың ерекше түрі ретінде алдаспан қазақтардың дәстүрлі мәдениетінде түрлі символдық, белгілік мәнге ие болды. Қазақтарда алдаспан батырлықтың, ерліктің символына айналған, ал ауыз әдебиетінде

алдаспан батырдың, ханның эпитеті ретінде қолданылады. Киелі символ ретінде алдаспан бейнесі Шығыс халықтарында әскери тулардың желектеріне салынатын бейнелердің бірі болған.

Ерекше қару, бағалы зат ретінде ретінде алдаспан көшпелі қоғамдағы түрлі әлеуметтік және мемлекетаралық қатынастардың деңгейін белгілейтін әртүрлі ресми сыйлардың, жауынгерлік ерлігі үшін әскери марапат ретінде берілетін заттардың құрамына кірген.

АЛДАШЫ – қазақтың дәстүрлі түсінігіндегі жаналғыш бейне. Бұл кейіпкер алтайлықтарда бар. Алдашы есте жоқ ерте заманда адамдардың көзіне көрініп келеді де, ажалы жеткен пендені атына мінгестіріп, о дүниеге апарып тапсыратын болған екен-мыс. Ол заманда адамдар момын, бейуаз, уәдесіне берік болғандықтан маңдайдағы сызығы таусылып, дәм-тұзы біткен соң, Тәңірдің құзырына қайта кете беретін болған деседі. Кейіннен бірін-бірі алдауға үйренген адамдар алдашыға да көне қоймайтын болған. Сол себептен енді алдашы пенденің көзіне көрінбей жасырын келетін болған. Алдашы адам жанын алғалы келіп бауыздағанда керегенің үшінші көгіне дейін қан шашырайды-мыс деген аңыз ел арасына таралған.

АЛДИЯР (араб. алла-йар) – әлеуметтік иерархияға байланысты сәлемдесудің түрі, этикалық ұғым. Әуелгі мағынасы «Алла жар болған адам» немесе «жоғары мәртебелі», құрметті деген мағынаны білдіреді.

Кейбір орыс деректері бойынша алдияр сөзі көпшілікпен амандасу, мен сіздерге назар аудардым, кешіріңіз, өтініш, кешірім етіңіз, сізге көп рахмет, мейірімді болыңыз және т.б. мағынада айтылады делінеді.

Қазақ жерінде, хандық билік кезеңде қарапайым халық сұлтан әулетінен шыққан кез келген адамды көрген кезде қараша халық амандасқанда алдияр сөзін қосып айтпаса, дүре соғылады немесе астарсыз шапан айыбын тартады. Әлеуметтік мәртебесі жағынан жоғары адамдар хан, сұлтандарға қолы кеудесіне қойып, бас иіп сәлемдесе, қараша халық өкілі тізесін бүгіп (көбінесе «Алдияр тақсыр!» деп) сәлем берген. Мысал ретінде Жамбыл ақынның Сыздық сұлтанға айтқан төмендегідей жыр жолдарын келтіруге болады:

Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан...

Сондай-ақ «алсаң міне бас, алмасаң, алдияр, бас» – деген ханнан, сұлтаннан кешірім сұрай келгенде айтылатын дағдылы сөз орамы бар. Ежелгі дәстүр бойынша төрелер әдеттегі амандасудан кейін алдияр сөзін айтқан. Ал осы кезде кейбір төрелер шалқайып, көкірегін көтеріп, менменсіну кейпін көрсеткен жағдайға қараша халық дес бермеген. Ел арасында кездесетін «алдиярға мас болған жаман төре» деген сөз орамы осындай жайтқа байланысты айтылса керек.

АЛДЫ АРТЫҢНАН БІР УЫС ТОПЫРАҚ – қарғыс. Қазақтар қатты ренжіп кетіп бара жатқан адамынан «кетсең кет, қаранды батыр, алды-артыңа бір уыс топырақ!» деп қарғайды. Бұлай деп қарғау оны енді көрмеймін, маған

ол өлген адаммен тең деген мәнді білдіреді, себебі адам өлгенде топыраққа көміледі. Қарғыстың мазмұны осымен байланысты, жаманшылық тілеуден туған.

АЛДЫНАН ШЫҒАР / КҮЙЕУ КӨРДІ (КӨРУ) – дәстүрлі үйлену салтында күйеу жігіт арнайы келген кезде күйеу тарапынан атқарылуға тиісті жосын атауы.

Күйеужігіттің келгенін естіген қалыңдық әпкесі, жеңгесі және ауылдың бойжеткендері күтіп алып, алдынан шығады. Олар қолдарына құрт, май, бауырсақ және т.б. дәм алып шығады. Содан соң күйеу жігіт қолы аяғына жеткенше үш рет иіліп сәлем береді. Сәлемді қабыл алғандар «көп жаса», «жасың ұзақ болсын», «тәңір жарылқасын» деп алғысын білдіреді. Бұл жосынның кең таралған атауы күйеу көру (көрді) деп те аталады.

АЛЖАПҚЫШ / АЛШАЛҒЫШ – алдыға тағылатын омырауы бітеу, қолтығы оймалы қосалқы жұмыс киімі. Қазақы ортада мал сауу, етік тігу, ұсталық сияқты жұмыстарда киім бүлінбес үшін алжапқыш тағады. Алжапқышты зергерлер мен ұсталар тазалықпен қоса, сақтық үшін де тағады. Олардың алжапқыштары қарапайым матадан емес, арнайы теріден немесе көннен, кейде, кенептен де жасалады. Өйткені, жұмыс барысында темір ұнтақтары мен от ұшқындары денені жарақаттап кетуі мүмкін.

Мал саууға қолданылатын алжапқыштың ұзындығы белден байлағанда көйлектің етегінен сәл қысқа тұрады, ені адамның екі санына ілігетіндей, жоғары жағы доғал, етектерінің шетін сүйір етіп пішеді. Ал ұсталардың астар мен өң беті арасына киіз салып қалыңдатып тіккен алжапқышның ұзындығы кейде тізені жауып тұрады. Үй шаруашылығы мен мал саууда қолданылатын әйел адамдардың алжапқыштарының жиектері кейде жеңіл кестеленіп, өрнектеледі. Қазақы ортада алжапқышты шалғыш деп те атай береді.

АЛҚА¹ – бірнеше бөлік асыл тастардан, түрлі-түсті шыны көздер орнатылған бірнеше алақаннан тұратын, топсалы шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі. Алқаны жасөспірім және бойжеткен қыздар, жас келіншектер таққан. Алғашында алқа дөңгелек пошымда, әрі әшекей ретінде тағылғанымен, бертін келе оның түр-сипаты өзгеріп, тұмарша түріне, дәлірек айтсақ, үзбелі салпыншақты пішінге ауысқан. Алқа моншақтан тізген асыл тастардан, алтын мен күмістен соғылып, бетіне асыл тас қондырып, ою-өрнектеп, салпыншақты етіп жасалады. Алқа бірнеше бөліктен тұрады: алақан – бір-бірімен топса арқылы байланысатын жалпақ күміс немесе күмістелген қаңылтыр (оны кей жерде тақта деп те атайды); алақанбау – мойынға байлайтын жібек жіп немесе күміс шынжыр; аяқ – алқаның шынжырлары, салпыншағы; қас – алқа көзіндегі тас; қоза – шар сияқты ұсақ домалақ әшекей; тойнақ бекітілген топса тәрізді тетігі.

Түркітанушы В.В. Радлов алқаның түркі тілдеріне араб тілінен енгендігін, оның дөңгелек, шығыр, шығыршық, сырға, алқа, сақина, білезік сияқты мағынада қолданылғандығын айтады. Оның сөздігінен түркі тілдеріндегі мынадай атауларды оқимыз: мойын алқасы, бармақ алқасы (сақина), білек алқасы (білезік), қапы алқасы (есіктегі құлып). Қазақ тілінде де ертеректе лқа деп сырғаны да атаған. Бірақ, ол бүгінде ұмыт болып отыр.

Алқа өңір әшекейі ретінде әдеби тілде алтын алқа, күміс алқа және т.б. түрінде аталса, жергілікті тілде әйкел, көкірекше, қаза, омырауша, өңіржиек сияқты атаулары кездеседі. Мұндағы атаулар алқаның көлемі мен дененің қай тұсын жауып тұратындығына немесе киімнің қай бөлігіне тағылатындығына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Омырауша – алқаның, өңіржиектің жергілікті аты. Өңжорға – алтын мен күмістен жасалған алқаның көне атауы. Бұрын алқаға қоса шолпыны да онжорға деп атаған. Өңіржиек – алқаның жергілікті жердегі атауы.

Алқа түрлері өте көп: алқатас – жіпке тізген моншақты асыл тас. Алтын алқа – алтын жалатылған өңір-жиек; алтын жамбалы алқа – кесек алтыны бар я сом алтыннан соққан, шоқ орнатқан алқа; бойтұмар алқа – әшекейленген тұмардың өзі; дан алқа – ертеде қызметі, лаузымы жоғары адамдардың мойнына тағатын белгісі. Сондай-ақ, салпыншағы мол, бірнеше шашақты сәнді зер шашақты алқа; көлемі шағын көкірекше алқа; шар тәрізді сылдырмақтармен әшекейленген қозалы алқа; екі қатар етіп алтын-күмістен соққан қос алқ; төрт бұрышты екі алақаннан (пластинкадан) тұратын қос тақта алқалар кездеседі.

ҚР MOM қорында (КП 12509/1,2) сақтаулы күміс алқаның шынжырының ұзындығы 22 см, салпыншақтарының ұзындығы 17 см. Мойынға ілетін шынжырдан төмен қарай аяқ деп аталатын тағы да қысқа шынжырлар бекітілген. Олардың ұштарына сөлкебай деп атаған Патшалық Ресейдің күміс ақшалары мен бес дана ақық тағылған (1860-1896 жылдары сегіз дана сөлкебайдың бесеуі 20 тиындық және 25, 30, 50 тиындық бір-бір сөлкебай бар). Бес дана ақықты металмен қырсаулап, қоза етіп жасаған және үшкіл пішінге келтірілген сіркелеу техникасымен әшекейленген. Жиектерін айналдыра сым жүргізіліп, олардың да іші сіркеленген. Қырсауланған қоза тәрізді ақықтар сөлкебай салпыншақтардың арасына тағылған. Оның біреуі мойынға тағатын шынжырдың ұшы тойнақпен жалғастырылып, шынжырды тұйықтап бекітуге арналған топса салынған. Бұларға қосымша ұзынша собық тәрізді қоза және екі дөңгелек гүл пішінінде перузадан көз салынған шытыра орнатылған.

АЛҚА² – алдыңғы жақ өңірге шалғыш тәрізді етіп шалатын етегі төртбұрыш немесе доғалдау пошымды, мойынды орай желкеден байланатын бауы бар кестеленген әйел киімінің түрі. Алқа әйел адамның кеуде киімінің өңіріне кіріктіріп тігуге немесе кеуделік тәрізді етіп байлауға арналған. Әйелдердің бұл киімі Батыста омырауша, Жетісуда белшалғыш, Арқада өңір деп әр өлкеде әртүрлі аталады. Әйел көйлегінің өңірін жауып тұратын бұл бөліктің ұзындығы әркімнің қалауы мен дене бітіміне сай пішіледі. Ол ертеде Талас, Бөкей ордасы аймағында қалыңдық киімінің құрамдас бөлігіне саналған. Жетісу, шығыс, оңтүстік-шығыс өңірде кең таралған.

ҚР MOM қорындағы (КП 13077/5) алқа доғалдау төртбұрыш пошымды, ұзындығы 36, ені 33 см. Сәнді киімнің бөлігі ретінде дайындалған шағын алқаның оң жақ шетінде мойынды орай желкеден байланатын бау, екінші ұшында түйме қадалған. Жоғарғы жағына ені 2,2 см-лік зерлі оқа бастырылған. Тең ортасында 27x10 см келген таңқурай түсті барқытқа ширатпа зермен рәмізделген гүл өрнегі тігілген және бүртік әшекейлер

кадалған. Оны айналдыра ені 6 см әдіп, ал ту сыртынан 5 см күреңқызыл барқыттан ені 5 см-лік әдіп салған, теңге, күміс түйме, кестелі өрнектермен сәнделген.

АЛҚА³ – белгілі бір әлеуметтік мәселемен байланысты жиналған топ, жиын, жиналыс. Алқа, алқалау сөзінің төркінін академик Р.Сыздықова араб тіліндегі дөңгелек деген мағынадағы хэлха сөзімен байланыстыра отырып, қазақ тілінде «адамдар тобы» деген ауыспалы мәнде қолданылғанын айтады. Этнографтардың айтуына қарағанда, Орта Азияны және Қазақстанды мекендеген халықтардың ислам дәуіріне дейінгі әдет-ғұрпында жылына бір рет өлгендердің бейітіне баратын дәстүр болған. Бейіт басына жиналған әйелдер алқа құрып, қол ұстасып, ауық-ауық алақан соғып, дұға оқып, ортаны айналып жүретін болған. Қазақы ортада алқа ұғымы, бір жағынан, ақсақалдар кеңесі, билер кеңесі, билер соты сияқты арнайы жиындардың ұйымдастырылу бітімін, екінші жағынан, сол институттардың ең шешуші кезеңін, яғни белгілі бір мәселені шешуге байланысты жиынға қатысушылардың арнайы мәжіліс-кеңесін білдіреді.

АЛҚА ҚОТАН¹ – ақсақалдар кеңесі, билер кеңесі, билер соты сияқты алқалы жиындардың көпшіліктің (яғни белгілі бір жиынның күн тәртібіне тікелей қатысы бар адамдардың) қатысуымен болатын өзіндік ұйымдасу тәртібі.

Алқа қотан аталмыш жиындардың белгілі бір өзекті мәселелерді талқылау немесе пысықтау сияқты кезінде кеңейтілген түрлері деп те айтуға болады.

АЛҚА ҚОТАН² / ҚОТАН – қазақ ауылының қоныстану жүйесіндегі ертедегі дөңгелене қоршау құра орналасу тәртібі. Ертеде көшіп жүрген ру немесе ауыл бір жерге аялдағанда тосын жау шабуылынан сақтану үшін, көшпелі үйлерді шеңбер түрінде орналастырып, оларды айналдыра немесе арасына арба мен күймелер қойылып, шеңбердің ортасында рубасының шатыры немесе киіз үйі орналасатын. Қоныста жылжымалы баспана түрлерінің бұлай орналасуы жау шапқыншылығы кезінде олардың тасасында қорғаныс ұрысын жүргізуге мүмкіндік берді. Соғыс жағдайында бір қауым ел бір жерге жиналып, осы әдіспен арбалар мен киіз үйлерді бір-біріне байлап, шеңбер құра орналастырып, қотанның сыртына ор қазып, топырақтан жал салып, қамал құрады. Айдап кетуден сақтау үшін малдар осылайша жасалған жылжымалы бекіністің ішіне кіргізілетін. Жаудың тосын шабуылынан сақтану үшін айналдыра көптеген атты жауынгерлер күзеті орналастыратын.

Қотан көптеген түркі тілдерінде ауыл ортасы, мал жусайтын қора деген мағына береді. Қазақта ауылдың алқа қотан отыру қазақ үйі дөңгеленіп орналасуды білдіреді. Ал адамдардың алқа қотан отыруы дөңгелене отыру және отырыстың бұл түрінде төр жақ, төмен жақ деген ұғым болмайды. Сондықтан, белгілі бір әлеуметтік мәні бар міселені ақылдаса шешуде алқа қотан отырыстың мәні ерекше болды.

АЛҚАУ – дәстүрлі ортада қалыптасқан, халықтың моральдық-эстетикалық, наным-сенімдік ұстанымдарынан туындаған қауым мүшелері арасындағы қатынас нормаларын белгілейтін атау. Мұнда адамдардың әлеуметтік және

экономикалық деңгейіне, қатынас субъектілерінің – тараптардың бір-біріне туысқандық жақындығына байланысты қалыптасқан ұғымдар мен атаулар қолданылады.

Осыған орай, адамдар бір-бірінің атын атамай, өзара еркелету, сыйлау, құрметтеу мағынасындағы сөздерді қолданды. Мысалы, әйелдер күйеуін би аға, мырза аға, отағасы десе, үлкендер кішілерге айнама, күнім, шырағым, жарқыным, айым, жаным, тентегім, балапаным, жарығым, ботақаным және т.б. деген сияқты. Бұл сөздер көбіне әңгіме барысында немесе әңгімені бастау үшін екінші адамға бағытталған қаратпа сөз ретінде айтылады. Әңгіме барысында әйелдерді сынау мақсатында тергеп айту тәсілі де қолданылды. Мақсаты – әйелдердің аталмыш дәстүрге беріктігін сынау. Демек, әйел адамдар өздерін мейлінше абай ұстаулары қажет. Өйткені, абайсызда айтылып кеткен тыйым сөздердің арты жайсыздыққа әкелуі мүмкін.

АЛҚЫМАЗУ – жылқының төрт жасқа шыққанда жарып шығатын ұрт азуының арғы жағынан асты-үстіне үш-үштен орналасқан тістер. Алқымазу жарып шығу жылқының ұрғашысының байтал жасына жеткендігін, еркегінің бесті болғандығын айғақтайды. Мұндай жастағы жылқыларды күші қайтады деп бәйгеге қоспайды және үйірге салмайды.

АЛҚЫМ ШАЛУ – кимешек пен бой киімдерінің алдыңғы өңіріне әшекейлеу үшін салынған сәндік бөлігінің атауы. Кимешектің ойығының жиегін түрлі-түсті жіппен шалып тігуді алқым шалу деп атайды.

ҚР МОМ қорында (КП 16034) кимешек бар. Төбесі 18 см; арқа жағының ұзындығы 108 см; өңірі 83x80x80 см; бет ойығы 2x32x32 см. Алдыңғы өңірі мен күләпара бөлігі тұтас пішілген, артқы бөлігі ортадан біріктірілген екі үшбұрыштан құралған. Өңірі мен күләпара тұсына астар салынған. Алқымын бүрмелеп тіккен. Бет ойығы трапеция пішінді, айналдыра қызыл, күміс, зер жіптермен көгеріс өрнек кестеленген. Маңдай тұсы мен жағындағы өрнектің үстіне ұсақ шытыралар қондырған. Кестені айналдыра жағы мен алқымына төрт, маңдайына екі қатар етіп маржан қадалған. Оған қоса, маңдайына алалы қиықша өрнек пен сәдептен көз салған. Өңіріне екі қатар су (өрнегі) «жүгіртіліп», кереге, сағатбау, етегіне екі қатар су, қосарланған гүл, кереге сияқты көркем тігістер қызыл жіппен сырылған. Күйеуі дүниеден озған соң әйел адам киімнің алқымы, кимешектің жағындағы әшекейді алып тастап, аза жолы ретінде оның қарапайым түріне көшеді. Бұл ғұрыпты жақ бұзу деп атайды.

АЛЛА ЖОЛЫНА КӨЖЕ – ертедегі метеорологиялық магияға қатысты жасалатын рәсім, жаңбыр тілеп тасаттық жасағанда пісірілетін көже түрі. Оңтүстік Қазақстан аймағы тұрғындары жаңбыр шақыру үшін бидайдан, жүгеріден көже пісіреді. Әркімнің пісіріп әкелген көжелері бір қазанға құйылып, біріктіріледі. Рәсім үлкен жолдың бойында жолаушылар көп жүретін жерде өткізіледі.

АЛЛА ТАҒАЛА – дін мұсылманшылықта күллі әлемді, барша дүниені, бүкіл тіршілік атаулыны жаратушы әрі басқарушы шексіз құдырет пен билік иесі. Арабша Алла атауының түбірі «Құдай» дегенді, ал «Тағала» оның «жоғары», «асқақ, биік» деген сипаттарын білдіреді.

Қадым замандарда пайда болған Алла Тағала туралы пайымдау қай кезеңде болмасын ақыл иесі адамзат баласының танымдық қызығушылығын тудыратын, әрі әлі күнге дейін көп толғандыратын өзекті тақырыбы болып саналады. Иләһи ілім бойынша мұсылмандар және ислам дінін қабылдағандар үшін Алла Тағала – жалғыз (серігі жоқ), ешкімге мұқтаж емес, тумаған, туылмаған. Ең басты қағидаға жататын бұл тауһид мәселесі қасиетті Құрандағы Ықылас сүресінде айқын баяндалған. Дінтанушы ғалымдардың ортақ пікірлері бойынша Алла Тағаланы бұл жалғандағы ешкіммен және ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Мұсылмандар Алла Тағаланы баяғыдан бар, мәңгі тірі, барлық материалдық және рухани дүние жоғалғанда да Ол бар болмақ, Қиямет-қайымға дейін бүкіл жаратылыс оның бұйрығына бағынбақ деп ұғынады. Алла Тағаланың нақты бейнесін, мекенін, уақытын ешкім білмейді, әрі Оның сипатын танып білуге адам баласының ақылы, ой-өрісі мен пайым-санасы ешқашан жетпек емес. Сондықтан Жаратушы өзі жаратқан жаратылыс заңдарына еш тәуелді емес. Осыған байланысты күллі мұсылмандар арасында мүміндер Рахман иесін тек хақиқи жүрек көзімен сезініп бойсұнады, мінсіз сипаттарын айғақтайтын 99 көркем есімдері арқылы танып біледі деген орнықты пікір қалыптасқан.

Қазақ халқы – исламды айқас-шайқассыз қабылдаған халықтардың бірі. Бұндай айтулы тарихи кезеңде, әрине, этностың қоғамдық санасында жаңару, жаңғыру болатыны сөзсіз. Осындай тұста салыстыру, салғастыру, саралау болмай қоймайды. Қоғамдық санада «өзінде бары» мен «өзінде жоғы» этностың сұрыптау механизмінен (тетігінен) өтеді. Бұрынғы дәстүрдегі Тәңір, Құдай политеонимдері бірте-бірте монотеонимдік сипат алады. Ендігі жерде бейімделу үрдісі бойынша Тәңір, Құдай ұғымдары ешбір серік қосылмайтын «сансыз мың мадаққа лайық бір ғана Алла Тағаланың» синонимдік атауына айналған. Сондай-ақ, исламдық таным-түсінікпен жанаспайтын төрт түліктің байырғы иелері (құдайлары) теонимдер қатарынан ығыстырылып, Ойсыл қара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан аталар бейімделу үрдісі бойынша «персонафикацияланып агионимдер (әулиелер) санатына көшті» (А.Тоқтабай, Ж. Сейітқұлова).

Құран Кәрімнің сүре мен аяттары, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистері, қазақы ортада кең тараған «Қиссас-үл-әнбия», Сүлеймен Бақырғани шығармалары, діни тақырыптағы қиссалар қоғамның танымдық санасында Алла Тағаланың сипаттары жайында іргелі ұғымдар мен түсініктерді қалыптастырған. Халық ондай ұғым, түсініктерден өзінше ой қорытып, пікір түйіп отырған.

Алла Тағаланың тумайтын, туылмайтын жалғыз екенін, мысалы, Оған еш серік қосуға болмайтынын жалғыздық бір Аллаға жарасқан дейді. Жанашыр жақыны жоқ, бала-шағасы жоқ жан өзінің аянышты күйін «Құдай жалғыз, мен жалғыз» деп білдіреді.

Алла Тағала жоқтан бар жасаушы. «Жоқты жона алмайсың» деген халық сөзінің түпкі, арғы мәні адам жоқтан бар жасай алмайды, жоқтан бар жасайтын күдірет иесі бір ғана Алла Тағала деген түсінікке саяды. Адам баласы тек бардан ғана бар жасайды, бардың өзін ұқсатып, ұлы жетістікке жетсе-дағы

Алла Тағаланың жаратқан нәрсесінен ғана жасайды, яғни «жоқты жона алмайды».

Жақсылықты да, жамандықты да, жаратушы бір ғана Алла Тағаланың өзі. Бірақ Алла Тағала пендесін, Абай айтқандай, «жаман бол деп жаратқан жоқ»; «кедейлікті де, байлықты да жаратқан Алла Тағала, бірақ пендесін кедей бол деп жаратқан жоқ». Кедей болса, Алланың маңдайына берген ризығын (сыйын) орынды ұқсата алмағаны. Алланың әуелде маңдайына жазған несібесін тер төге еңбек етіп, теріп жей алмағаны. Ризықты орнымен жұмсаған адамның; несібесін маңдай терімен тапқан еңбекқор жанның ырысы ешуақытта ортаймақ емес. Ондай адамды ырысы мол, ырысты жан дейді.

Алла Тағала жарылқаушы екендігі этномәдени ұжымның діни санасындағы бұл түсінік Алла Тағаланың шексіз, теңдесі жоқ ешбір өлшем мен мөлшерге сымайтын жомарттығын білдіреді. Жаратушы ие Адамзатты жаратпас бұрын оның таусылмас, түгесілмес игілігін қоса жаратты: жер-су, жел (ауа), нәбататтар мен хайуанаттар, тау мен дала, орман-тоғай, өзен-көл, шөл мен шөлейтті, жерүсті, жерасты, суасты, суүсті т.б. байлықтарын жаратқан. Бұлардың барлығы Алла Тағаланың адам үшін жомарт пейілімен жасаған материалдық, дүниаяуи игіліктері. Сонымен бірге адамға түйсік, ес, ақыл берді. Тіл мен сана-сезімін жаратты. Бұлар Алла Тағаланың адамзатқа берген рухани құндылықтар дүниесі. Табиғаттағы адамға керек дүниенің баршасын, оның бойындағы ақыл, ес, сана-сезім, тіл мен көз, құлағы т.б. санап таусуға болмайтын бәрі мен баршасы Алла Тағаланың нығметі деп аталады.

Алла Тағала бұлардың бәрін игілік үшін пайдалан, бірақ ысырап қылма, ақыл-ойың игілікті іске қызмет етсін деп жаратқан. Ал материалдық нығметі ысырап еткен, рухани нығметті жауыздық пен қулық сұмдыққа пайдаланған ондай адам, Жаратушының кәрі мен қаһарына ұшырайды. Қатыгез адам, қатыгез ел обал-сауапқа қарамайды, қиянат пен жауыздықты үйреншікті, дағдылы іс деп біледі. Ондай елден, ондай адамдардан сақтандыру үшін «Құдайдан қорықпағаннан қорық» дейді халық. Бұндай мақал сөздің түп мәні Алланың жазалаушы сипатымен байланысты.

Алла Тағала кешіруші. Оның мейірімі мен рахымы шексіз. Жаратқан иенің кешірмейтін пендесі жоқ. Пендешілікпен біліп не білмей жасаған теріс істеріне жан-тәнімен қиналып, опынған жан Алланың рахымынан үміт ете алады, тек шайтанның ісі кешірілмейді. Бұл жерде «үмітсіз-шайтан» деген халықтың мәтел сөзін діни санадағы танымның тілдік көрінісі деуге болады.

Алла Тағала бәрін білуші. Пенденің істеген небір құпия істері мен жасырын ойлары Алла Тағалаға мәлім болмай қалмақ емес. Діни санадағы Алла Тағаланың осы сипаты халық тіліндегі «бәрі бір Аллаға аян» деген мәтелдің мәнінен айқын аңғарылады.

Мінсіз Алла Тағала деген діни ұғым Жаратушы иенің ерекше сипатын білдіреді. Бұл ұғым «мінсіз адам болмайды» деген түсінікпен ұштасады. Халық тіліндегі «кірсіз Ай, мінсіз Құдай» дейтін мәтел сөздің мән-мағынасын осы түсінікпен орайлас екені байқалады.

Міне, бұл айтылғандар діни санадағы Алла Тағала сипатының мәдени семантикалық өрістегі тілдік репрезенттері, яғни басқаша айтқанда, діни санадағы танымның сөз орамдары арқылы объективтенуі болып табылады. Алла Тағаланың сипатымен байланысты қалыптасқан діни руханият аясындағы ұғым-түсініктер қазақтардың өмір салтындағы дүниаяуи руханиятпен ұштаса келіп, қоғамның рухани тазалығына, адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастың үйлесімді болуына, моральдық-этикалық нормаларының орнығуына орасан зор ықпал етті.

АЛМАН САЛЫҒЫ – Шыңжаң мен Моңғолиядағы қазақтар арасында ертедегі әкімшілік салығының жергілікті атауы. Алман моңғол тілінен кірген сөз, мағынасы әкімшілік дегенге саяды. Алтайдағы қазақтарда саяси-потестарлық дәстүрге негізделген жүйедегі «төрт орын» (сайланған төрт би) атты билік өкілдері алман салық салудың жолы мен мөлшерін белгілеп отырған.

АЛМАС¹ – қару жасауға қолданатын шынықтырылған асыл болаттың түрі. Алмасты шынықтыру барысында қабылдайтын сапасына байланысты өзіндік өрнегімен, өзіндік түсімен айрықшаланатын бірнеше түрлері болды. Түсіне қарай алмастың ақ алмас, қызыл алмас деп аталатын түрлерін айырады. Алмастың ең жақсы деп – қызыл алмас бағаланған.

Алмастан қазақтар қылыш, семсер, түйреу қаруының бастарын, оқтың ұштарын, сауыт пен дулыға, қалқан түрлерін соққан. Алмас сөзі байырғы түсінікпен байланысты қылыштың, семсердің эвфемистік жанама атауы ретінде жұмсалған. Көбіне қазақ тілінде асыл алмастан жасалған қарудың атауына сол алмастың дәрежесін көрсететін түсінің атауы қосылып айтыла береді. Мысалы, ақ сүңгі, қызыл найза, көк жебе деген сияқты. Қарудың жасалған материалын сипаттайтын бұл атаулар көне магиялық түсініктерге байланысты кәсіби істе заттың өз атауын айтуға тыйым салынғандықтан, қарудың өз атауының орынына қолданылатын магиялық атаулардың бірі болып қалыптасты. Сондықтан ақ алмастан соғылған өткір қылыш, семсер ақ алмас деп те аталған.

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың да, көне наным-сенімі бойынша қасиетті, киелі затты әсіресе қаруды затты өз атымен емес жанама тұспал атаумен атау оны зиянды әсерден қорғайды, қолдануға қолайлы мүмкіндік береді деп санаған. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде алмас ерекше қасиеттеріне байланысты адам мінезінің беріктігінің, асылдықтың, өткірлік сияқты қасиеттерінің, қайсарлықтың символы болды. Осындай қасиеттерге ие болсын деген мақсатпен ырымдап қазақтарда ер балаларға Алмас, Алмасбек т.б. есімдер берген.

АЛМАС² – дәстүрлі қазақы ортада кеңінен қолданылған аса күшті ем түрі. Сынап хлориді немесе сулема деп аталатын күшті химиялық зат. Ертеректе халық емшілігінде асқынған жара түрлері мен «жаман ауру» деп атаған қатерлі ісік түрлерін дауалауға қолданған. Әсіресе, адамда болатын күйдіргі, жылқыдағы жамандат жарасын қыздырған темірмен қарыған соң суға езген алмас ертіндісімен күйдірсе тез жазылады деп есептеген. Адамдағы жаман ауру түрлерін алмастың түтінімен «ыстап» емдеген. Ол үшін жылқының

құмалағының ортасын ойып алмас түйірін салады да, құмалақты тұтатып, оның түтінін дененің ауру бөлігіне қарай жіберген. Сондай-ақ малда кездесетін қыршаңқы, көнтек сияқты тері ауруларын емдеуге қолданған. Сонымен қатар, қой түлігі айналма немесе тентек ауруына шалдыққан кезде қойдың бас сүйегін бізбен тесіп, жара орнына алмас салған. Мал пішу кезінде қысқаш ағашты алмас ерітіндісіне шалып алса, жара асқынбай тез жазылады деп есептеген.

АЛПАУЫТ – қазақы ортада қолында мыңғырған малы мен билігі бар, атақты бай адам. Лауазымы жағынан көбінесе сұлтан, рубасы, би, тіпті, батыр да болуы мүмкін. Дәстүрлі түсінікте алпауыт адамның физиологиялық сәйкестілігіне де ерекше мән беріледі. Яғни алпауыт адам – әрі байлық пен биліктің иесі, әрі тұлғалы қарулы адам. Бұл атау – «алып» және «абыт» сөздерінің кіріге бірігуінен қалыптасқан сөз. Зор денелі, күшті, ауқатты, әрі билік саласында ерекше ықпалды тұлға деген мағынаны да білдіреді.

АЛТАЙЫ ҚЫЗЫЛ БӨРІК – жүні салаланып өскен, қызыл реңкке енген түлкі терісінен немесе оның пұшпағымен жұрындалып жасалған маусымдық баскиім. Қызыл түспен аталатындығы бөріктің алтайы қызыл түлкінің терісінен жасалғандығына байланысты.

АЛТАЙЫ ТҮЛКІ ТЫМАҚ – дәстүрлі ортада жоғары бағаланатын түлкі тұмақ. Тұмақтың атауына негіз болған, таулы өлкеде мекендейтін түсі әдемі түлкі терісі негіз болды. Айта кететін жайт, шөл, шөлейт және далалы өңірде мекендейтін түлкілердің жүні сұйықтау және сұрғылт реңде болады. Таулы өлкеде мекендейтін түлкі терісі қырда мекендейтіндермен салыстырғанда жүні қою, түсі қызылдау болады. Осыған орай, қазақы ортада, Алтай тауында мекендейтін түлкілерді алтайы қызыл түлкі деп ерекше бөліп атайды. Яғни алтайы түлкі тымақтың атауы осы сирек кездесетін алтайы қызыл түлкінің терісінен тігілгендіктен болса керек. Мысалы үшін бөрікке байланысты ерекшеленіп аталатын алтайы қызыл бөрік атауы да осы Алтайы тауында мекендейтін түлкінің терісінен тігілгендіктен қалыптасқан атау екендігін айта кету керек.

ҚР МОМ қорында (КП 11983). Көк помбарқытпен тысталған алтайы түлкі тымақ сақтаулы. Төбесі төрт сайдан құралған, маңдай тұсы қайырылып келген, бидайы кезде сырылып салынған. Түлкі терісі күсілген желкелігі мен құлақшылығы жеке пішіліп біріктелген. Құлақшалар ұшына тыстық матадан ызылған бау тағылған.

АЛТЫ АЙ ЖАЗ, АЛТЫ АЙ ҚЫС – Үркер жұлдызының жылдық қозғалысына қарайғы жыл мезгілінің екіге бөлінген межесі. Халық есепшілерінің алты ай жаз дейтіні мамыр айының ондарында Үркер батыс көкжиекке еңістей келіп, батады. Сөйтіп, жаз басталады. Содан қырық күн «жерде жатып», маусым айының жиырма екісіне қарай шығыстан таң сыз бере туады. Үркердің тууы шілденің басталу межесі болып саналады, яғни маусымның 22-не қырық күн шілде кіреді. Шілде тамыздың 2-4-не қарай шығады. Сонымен әр ай 29 күннен, жаздың үш айы (мамыр, маусым, шілде) өтеді. Ал бұдан былайғы уақыт 19 тоғыстың айы (тамыз), 17 тоғыстың айы

(қыркүйек), 15 тоғыстың айы (қазан) жаздың үш айына жатқызылып алты ай жаз делінеді. Үркердің таң ата шығыстан туып көрінуі жаз мезгіліне жатады.

Алты ай жаз, алты ай қыс деген тіркесті атау халық тілінде ғана емес, фольклорлық шығармалар тілінде де жиі кездеседі. Кезінде В.В. Радлов хатқа түсірген «Кенесары жырынан бірнеше ауыз сөз» деген жырда:

Қыстың бір алты айы өткен соң,
Жаздың бір алты айы өткен соң,
Аспара деген етектен,
Елім бір көшіп өткен соң,
Іргелесіп отырып,
Елу саба толтырып,
Әуелгі жұрттың жақсысын,
Шақырып үйге келтіріп,
Астау-астау ас тартып,
Ақсақалға бас тартып, –
деп елдің жаз жайлауға келген шағын айтқан.

Түн қараңғысында бақылаған адамға Үркер әр тоғыс сайын шығысқа қарай жылжып отырған тәрізді көрінеді. Сөйтіп, 13 тоғыста қазан шыға, немесе қарашаның басында Үркер көз байлана шығыстан көрінеді. Осы кезден, яғни кеш қараңғысында Үркердің шығыстан көрінуі алты ай қыстың басталуы болып табылады. Үркер Үш Арқар – Таразы, Сүмбіле жұлдыздарын бастап батысқа қарай шеру тартады. Алты ай – 13 тоғыс (қараша), 11 тоғыс (желтоқсан), 9 тоғыс (ақпан), 5 тоғыс (наурыз), 3 тоғыс (сәуір/көкек) бойы батыс көкжиекке батқанша жылжып отыруын есепшілер Үркерлі айдың бәрі қыс дейді. Себебі, кеш қараңғысында шығыстан Үркер көрінген мезгілден бастап, жерге, суға, ауаға қыстың зілі түсік бастайды, ал Үркер батысымен жерде, суда, ауада қыстың зілі қалмайды.

АЛТЫ ҚАЗ – жаздың символдық мағынасы. Халықтың байырғы дәстүрлі танымында Үркер жұлдызы батыс көкжиектен батқаннан (мамыр айынан) бастап, шығыс көкжиектен кеш қараңғысында көрінгенге (қазан айына) дейінгі аралық алты ай жаз деген ұғымды білдірген. Халықтық астрономиядағы жаздың осы жұлдыздық белгісі жаз шыға қаздың келуімен күз түсе қаздың қайтуына сәйкес келеді. Сөйтіп осы сәйкестік алты қаздың алты ай жаздың символына айналуына негіз болған. Аталмыш символдық мағына қазақ халқының байырғы эпикалық шығармаларында ұшырасады:

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң бал.
Атайын десем, оғым аз,
Қонар болсаң, жануар,
Міне, майдан, міне, саз
Өлмеген құлға құдая,
Болып қапты елесі жаз
(«Қыз Жібек»).

Алайда, қазақтар жыл мезгілдерін қаздың келуі мен қайтуы; көктің шығуы мен қурауы; қардың түсуі т.б. тәрізді табиғат құбылыстарын меже етіп

алмаған, бұлар тек жанама белгілер ғана. Ал негізгі белгі – Үркер, Сары Жұлдыз (Үлпек сары), Үш Арқар – Таразы, Сүмбіле, Қамбар жұлдызы тәрізді аспан шырақтарын айнымас нышан етіп алған. Мысалы, «батқанда Сары жұлдыз қаз келеді, ілесіп қазбен бірге жаз келеді», – дейді. Бұл жағынан, яғни астрономиялық танымы жағынан басқа да өркениетті ел сияқты мәдени дамудың ілгерінді сатысында тұрған.

Этнолог Нұрсан Әлімбаев аталмыш мәселеге байланысты төмендегідей ден қойдырарлық пікір айтты: «алты қаз алты ай жаздың метафоралық образы болып табылады. Сонымен бірге, тіршілік атаулының да символы. Әйгілі «Қыз Жібек» эпосындағы бас кейіпкердің Төлегеннің Бекежанның қапыда атқан оғынан өлімші болып жараланған сәтінде әуелеп ұшқан алты қазбен қоштасуы, сайып келгенде, оның мына тіршілікпен мәңгілік қоштасуын білдіреді».

АЛТЫ МАЛТА – жаугершілік, жорық-жортуыл тәрізді төтенше жағдайда біркүндік асқа жарайтын тамақ. Махамбет Өтемісұлында:

Алты малта ас болмай,
Атадан туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай, – дейді.

Жорық пен жортуылда жүрген адамның ерте кезде қой сүтінен жасалған малтасы мен жолқазаны (жанқазаны) жанында жүреді. Қажетті жағдайда тасошақ құрып салып, жолқазанына су құйып қайнатып жібереді, оған малтасынан алтауын салып, ыссылай езіп, біркүндік ауқат қылады. Бұл жерде алты саны жолүсті жортуылда жүрген азаматтың біркүндік ауқатының мөлшерін білдіретін эталондық мағына жасауға ұйтқы болған.

АЛТЫ ТАСПА ЖАЛПАҚ ӨРІМ – алты таспадан жалпақ етіп өрілген өрім атауы. Бұны халық шеберлері алтыбасар деп те атайды. Өрім өруге арнайы алты таспа болып тілінген қайыс немесе жіп пайдаланылады. Өрім ортаңғы екі таспадан екі шеткі таспаларға қарай немесе шеткі екі таспадан ортаңғы таспаларға қарай өріледі. Өрім егер ортасынан басталса, ортаңғы екі таспа біріне-бірі айқасады да, айқасқан таспа келесі таспалардың бірінің астынан, бірінің үстінен түсіп отырып екі шетіне шығады. Ал екі шеткі таспадан басталса, шеткі таспалар өзімен қатарлас тұрған ортаңғы таспалардың бірі астынан, ал бірін үстінен ішке қарай бастырылып, келесі таспалардың бірінің астынан, бірінің үстінен айқасып келіп екі жаққа ауысады.

Жалпақ етіп өрілетін осы бір өрімнің өрілуі жайын этнограф Д.Шоқпарұлы келесідей түсіндіреді. Ол үшін қайыс шетінен алты таспа тілініп, таспалардың қырлары сыдырылған. Бұдан кейін таспалар нөмірленген. Өрім алдымен үшінші таспаны төртінші таспаның үстін бастыра, бірінші таспаның астынан шалып, алтыншы таспаны көлденең бастыра ортаңғы жаққа тастаудан басталған. Бұдан ары төртінші таспаны екінші таспаның үстін бастыра, екінші таспаның астынан шалып, екінші таспаның үстін көлденең бастыра, бірінші таспаның астына келтіріп, сол жаққа қарай тастаған. Осындай жолмен қайталай отырып, өрім толықтай өріліп шығатын болған.

АЛТЫ ТАСПА ЖҰМЫР ӨРІМ – алты таспадан жұмыр болып өрілген өрім түрі. Өрімшілер тілінде бұл өрім жыланбауыр немесе бұзаутиіс деп

аталады. Өрім өруге қайыс таспа немесе жіп пайдаланылады. Алты таспамен көбіне қамшы өрімі өрілген. Ұста Д.Шоқпарұлы қолжазбасында өрімнің өрілуі келесідей айтылған. Алдымен қайыс шетінен алақан қалдырыла алты таспа тілініп, таспалар жеке-жеке жұмырланып сыдырылған. Ал өрімді өру шеткі таспаны төртінші таспаның үстінен көлденең бастыра, екінші таспаның астынан шалып, солға қарай қайыру; бесінші таспаны үшінші таспаның астынан өткізіп, сол жаққа қарай қайыру; алтыншы таспаны қалған таспалардың астынан шалып, екінші, төртінші таспаны бірінші, төртінші, алтыншы таспалардың астынан шалып, сол жаққа қарай тарту арқылы жүзеге асқан. Осылай қайталай отырып алты таспа жұмыр өрім өріліп шыққан.

АЛТЫ (ТОҒЫЗ) ҚАТЫН ЖОРТАҚАЙ – дәстүрлі неке салтында күйеу жолдас тарапынан берілетін кәде түрінің атауы. Көрнекті қазақ этнографы, профессор Халел Арғынбаевтың мәліметіне қарағанда, қыз жеңгелерінің күйеу жігіттің қасына еріп келген күйеу жолдастан «жортақайын», яғни кәдесін талап етеді. Күйеу жолдас жортақайын бермесе, алты қатын (шынында онан да көп) жабылып тартып алуға тырысады.

Сонымен бірге, аталмыш ғалымның ден қойдырар дәйекті мәліметі бойынша, Жетісудің кейбір жерлерінде құдандалық салтында ойналатын ойын түрі де алты қатын жортақай түрі де аталады. Осы тектес басқа да ойындардың негізгі мәні кәде алу үшін жасалады. Сондықтан тиісті кәдесін беріп құтылады. Мысалы, келген құдаларын күтуші әйелдер кіші құдаларды әжуалап, бетіне айран, ұн жағу сияқты іс-әрекетке барады. Мұндайда кіші құдалар әйелдерге сыйлықтарын береді. Кәде сыйын бермей бұлтарса, құда жағының біреуін еңбектетіп қойып, алты әйел аттай мінген ишарасын жасайды. Халел Арғынбаевтың пікірі бойынша, Қазақстанның солтүстік өңірлерінде құданы арбаға жегу жосынын аталмыш ғұрыптың параллелі ретінде қарастыруға болады.

АЛТЫАТАР – қазақ балаларының дәстүрлі асық ойыны. Балалар жиылып, үш-үштен деней алады. Бір сақасы болады. Үш денейден толған соң күйт алады, күйттың мағынасы – ұтылған кісіге бір асық береді. Асықты әрбір бала басына бір-бірден тігеді. Белгіленген тақыр жерге сақаларын салады. Бірінші тұрғаны басшы болады, соңғы шыққан бастың арты болады. Сөйтіп, рет-ретімен шыға береді. Ең соңғы қалғаны түп болып қалады. Түп болғанның мағынасы – сақасын денейдің қасына тігіп, әлгі балалар атқан соң, асықты өзі жиып алады және сол шыққан кісі сақасын апарып алты қадам жерге апарып тігеді. Онан соңғы балалар денейдің түбінен үш табан жер өлшеп, бас болған баланың сақасын атады. Тигізсе – өзі бас болады да, өз орнына бұрынғы бас болған баланы қояды. Және асық атқанда, түп қалған баланың сақасын денейдің шетіне тігеді. Арасын төрт елі қылады. Әлгі атып жүрген балалар түпте қалған баланың сақасын атса, асықтың бәрін алады. Бірақ, түп қалған бала сақамай береді. Сақамайдың мағынасы – түп (дүп) қалған балаға сақасын атқаны үшін бір асық береді. Бала асықты атып алса, болмаса үш асығы қолында қалса қатты қуанып: «Өз асығым өзімде, жаман бөркім көзімде», – дейді.

АЛТЫАЯҚ – ертеректегі тұрмыста пайдаланған керегесіз, уық пен шаңырақтан тұрғызылған уақытша қос түрінің атауы.

АЛТЫБАҚАН – жастардың ән-жыр айтып, тербетіліп ойнайтын ұлттық ойын-сауығы. Дәстүрлі қазақы ортада жастар кешқұрым бас қосып көңіл көтеру үшін алтыбақан тепкен. Яғни алтыбақан қазақ жастарының дәстүрлі ұлттық ойын-сауығының бір түрі болған. Қыз-жігіттер алтыбақан тепкенде бір-бірімен жақынырақ танысып, ашық сөйлесуге мүмкіндік туатындықтан, оны көп жағдайда ауылдан аулағырақ жерге құратын.

Алтыбақанды жасау үшін мықты бөрене, арқан және тақтай қажет. Алдымен ұзындығы 3 немесе 4 құлаштай болатын 6 бөрене дайындалады. Сосын үш бөрененің басын біріктіріп, мосы сияқты етіп, берік арқанмен мықтап байлайды. Ал бөренелердің жерге тиетін үш бұтының ұшын қозғалмай тұруы үшін жерді сәл шұқып орнатады. Бұған қарама-қарсы келесі үш бөренені де арасына 5-6 қадым жер тастап дәл осындай әдіспен тұрғызады. Содан соң бұл екеуінің үстіне мықты бір бөренені белағаш тәрізді етіп, көлденең қояды. Оның да екі басын қозғалмас үшін арқанмен байлап тастайды. Осындай жолмен алтыбақанның қаңқасы дайындалған соң төбесіндегі көлденең бөренеге (белағашқа) бір деңгейде екі арқан, екі басынан байланады. Сосын олардың ортасына адам тұратын тақтай байланады. Бұл алтыбақанның әткеншегі деп аталады.

Әткеншекке бір жұп, яғни қыз бен жігіт мініп, бір-біріне қарама-қарсы қарап тұрады. Оны басқа қыздар мен жігіттер тербетеді. Жоғарыда айтқандай алтыбақанды жас жігіттер мен қыздар көңіл көтеру мақсатында тебетіндіктен жұп болып көбінесе бірін-бірі ұнататын жігіт пен қыз шығады. Олар тербетіліп тұрғанда қосылып ән шырқайды. Олардың әніне жанындағы қыз-жігіттер де қосылады.

Қорыта айтқанда, алтыбақан тебу жастардың ойын-сауығы арқылы оның өнерін, эстетикалық танымы мен этикалық қарым-қатынасын қалыптастыруда ерекше тәрбиелік қызмет атқарған деуге болады. Қазіргі таңда ұлттық мерекелік іс-шараларда, сондай-ақ Наурыз мейрамы кезінде құрбы-құрдастар мен қыз-жігіттер жұптасып алтыбақан тебу дәстүрге айналған.

АЛТЫН – дәстүрлі мәдениетте сан алуан мәнге ие, құны жоғары, сары түсті асыл металдардың бірі. Алтын өңдеуге қолайлы әрі сыртқы ортаның әсеріне аса төзімді болғандықтан сәндік заттар жасайды және онымен тиісті бұйымдарды аптайды. Ертеде өңдеуді кәсіп еткен зергерді алтыншы, күмісші, алтын ұстасы, күміс ұстасы деп атаған. Қазақта алтынның сапасы мен көлеміне және өндіру технологиясына қарай, бірнеше түрі бар: таза, қоспасы жоқ алтынды айырған алтын және қарқ алтын атайды. Қарқ сөзі ертеде өңкей бір, қоспасыз деген ұғымды білдірген. Сап алтын (саф алтын), сары алтын, таза алтын деген ұғымды білдіреді. Сонымен бірге зергерлер тілінде ши алтын, шым алтын, шымқай алтын, шын алтын, шора алтын, ұрғашы алтын т.б. атаулар оның сапасы жоғары екендігін аңғартады. Керісінше, қызыл алтын мыс қосылған сапасы төмен алтын дегенді білдіреді. Қазақтар арасында алтынның топ-тобымен жер қыртысының бетінде көшіп жүретін сұйықтау келген сом алтын түрі болады және оны көшпелі алтын деп атайды деген аңыз

ұшырасады. Ондай алтын жердің бетін ыра ойқастап құмда жүрген жылан тәрізді болып, жер қыртысын «талқандай» жосып жүреді деседі ауызша деректерде. Көшпелі алтынды көрген адам сол сәтте өз денесінен (бармағынан) немесе малды бауыздап қан шығарса, көшіп бара жатқан алтын тоқтап қалады-мыс.

Алтын тазартылып, өңделіп дайындалған соң әр түрлі құйма түріне енгізіледі және олардың атауы түрліше болып келеді: үлкендеуін алтын жамбы немесе сом алтын (құйма алтын деп те атаған) десе; жылқының тұяғымен барабар алтын құйманы аттұяқ, онан кішілеуін тай тұяғының үлкендігіндей мөлшерде құйылған тайтұяқ алтын; қой тұяғы көлемінде құйылған кесегі алтын қой тұяқ алтын делінеді. Алтын құйманың ұсақ түрлерінің де атаулары бар: түйменің үлкендігіндей алтын кесегі түйме алтын; қойдың басына ұқсатып құйылған алтын ақша қой бас ділда және т.б.

Ауыз әдебиет үлгілерінде ат басындай алтын деген жиі тіркес кездеседі және оны халықтық өлшем ретінде түсіндіріледі. Мәні – көлемді, үлкен алтын дегенді білдіреді. Ал аттың бас терісінен бітеу сойылып, талыс тәрізді етіп жасалған ыдысқа алтын бұйымдарды салып өлшейтін жуық өлшем ретінде алынады.

Қоспасынан ажыратылмаған, сапасы төмен алтын зергерлер тілінде еркек алтын деп аталады. Бір замандарда алтын ұғымы орнына зер сөзі қолданылған.

Қазақта алтынға байланысты Адамды сөз бұзар, Алтынды жез бұзар; Ақыл айнымас, алтын шірімес; Алтын алма, ақыл ал; Алтын – базарында бағалы; Алтын жерде жатпайды, жаман ұста суын таппайды; Алтын көрсе, періште жолдан таяр; Алтынның қолда барда қадірі жоқ; Алтын отта сыналар, Адам жоқта сыналар; Алтын тас, дақыл ас; Алтын шыққан жерді белден қаз; Алтын шыққан жерінде қадірлі деген сияқты сөз орамдары мен паремалар қалыптасты. Бұлар алтынның дәстүрлі ортадағы этномәдени мән-маңызы, байлық пен молшылық өлшемінің көшпелі ортадағы моральдық-этикалық нормаларда алатын орны туралы ақпарат береді. Алтынды жұмырлап, қалыптан өткізіп алған талшығын кестелеп тоқу өнеріне пайдаланады. Алтынды зергерлікте түрлі тәсілдермен – ширату, сіркелеу, қалыптау, жалату, сымкәптау, аптау сияқты алуан түрлі тәсілдермен ұқсатып пайдаланған. Сонымен бірге, алтын ұғымы эстетикалық және этикалық мәнде де қолданылады. Алтындай деп, бір жағынан, қыздың қас сұлулығын әспеттесе, екінші жағынан, адамның тектілігін айтады. Мысалы, халық арасында жақсы адамның ұрпағын «алтынның сынығы», яғни жақсының көзі деп жатады деген сияқты.

Дәстүрлі наным-сенім бойынша судан өткен кезде алтын бұйым салынған сандық, жүктерге өте абай болуы қажет. Сондықтан, алтын бұйымды киізге орап сандыққа салады. Өйткені, алтын үнемі бостандыққа ұмтылады-мыс.

АЛТЫН АСЫҚ – домбыраның қосалқы тиегі. Жасанды дыбысты (фальш) жою үшін ерте кездегі домбырашылардың ойлап тапқан тетігі. Ол табалдырық тиектің жанында тұрады да, керегінше арлы-берлі жылжытылып отырады.

АЛТЫН АЯҚ – ерте кезде қолданыста болған, этномәдени мәні бар ғұрыптық ыдыс. Уақыт өте келе ыдыстың ғұрыптық мәні көмескіленіп, алтын

аяқ атауы металдан жасалған қымбат аяқ, керсендерге қатысты айтылатын болды.

Алайда алтын аяқтың сакралдық құрамдас бөлігі, қазақы ортада кейбір сөз орамдары мен мәтелдерде астарланып контекст түрінде сақталғанын көруге болады. Мысалы, «өлмеген құл алтын аяқтан су ішеді» деген мәтелде өмірдің құндылығы алтын аяқтың ғұрыптық маңыздылығымен теңеу арқылы берілгендігін байқауға болады. «Иттің басын алтын аяққа салсаң, шоршып түседі» деген мақал да осы құралпылас мәнде айтылса керек.

АЛТЫН БАУЫҢ МЕНДЕ, ҚАЙТА АЙНАЛА ГӨР, КӘ, КӘ! – құсбегі тұз қыранын көріп, ұнатып, тор құрып, ұстамақ болып қызыққанда айтатын жалбарыну сөзі.

АЛТЫН БОСАҒА – адамның өсіп-өнген шаңырағы деген мағына білдіретін метафоралық атау. Атаудың түп төркіні көшпелі ортадағы жылжымалы баспана киіз үйдегі ерекше семантикалық мәнге ие қасиетті орын саналатын босағаны ардақтауға байланысты туған. Туған үй, ержеткен, бойжеткен үй, қыз әкесінің үйінің балама атауы, шыр етіп дүниеге келген, өмірге көз ашқан босаға. Қыздың әке үйіндегі кезінен екі жастың отау құрып кетерінде аттандырып салушылар «алтын босағадан ақ босағаға бара жатырсың» деп басу айтып, қыз көңілін аулап, ақыл-кеңестерін айтады. Құрбанғали Халидидің айтуынша, қос босаға, сонымен бірге, үй иелерін – әке-шешенің де символы болып табылады.

АЛТЫН ИЫҚ ТӨРЕ – патша заманында орыс әкімшілігінің тарапынан арнайы шен-шекпенге ие болған қазақ қоғамындағы билік иелері, лауазымды тұлғалар. Яғни иығына лауазымдық дәрежені білдіретін әскери белгілерге ие болған тұлғаларды алтын иық төре деп атау қалыптасты. Бұл ретте төре тек Шыңғыс тектілерге қатысты ғана емес, қара сүйектен шыққан беделді тұлғаларға да байланысты қолданылған.

АЛТЫН ҚАБАҚ / АЙ ҚАБАҚ – садақшы, мылтықшы мергендердің бәсеке түрінде өткізілетін сайысы және сол сайысқа тігілетін жүлде. Алтын қабақ оңтүстік өңірлерде ай қабақ деп те аталады. Алтын қабақ дүбірлі той, ас беру сияқты Ұлы Жиындарда өткізілген. Ұзындығы төрт-бес құлаштай сырық орнатылып, оның басына жүлдеге алтын, күміс теңгелер салынған қабақ, сондай-ақ қойтұяқ, тайтұяқ жамбы ілінетін болған. Бәсекеге шыққан мергендер ат үстінде шауып бара жатып немесе белгіленген қашықтықта тұрып, тігілген сырық басындағы жүлдеге алтын қабақты атып түсіруге тиіс. Ойынның шарты бойынша кім атып түсірсе, алтын қабақ сонікі. Ат үстінде шауып бара жатып, нысананы дәл көздеген мергенді нағыз қол мерген, ал алыс қашықтықта тұрып, нысанаға дәл тигізген мергенді нағыз көз мерген деп дәріптелген.

Алтын қабақ қазақ сахарасында аса кеңінен тараған. Сондай-ақ ел ішінде айырықша өнерге баланған. Мергеншілік сайысты халықтық спорттың ерекше түрі деуге болады.

АЛТЫН САДАҚ – жақтың (садақтың) алтынмен әшекейленген қабы. Мұндай қап былғары, барқыт, мақпал сияқты материалдан жасалып, беттері бағалы металдармен (алтын, күміс) әшекейленіп, зер, жібек жіптермен

кестеленді. Алтын садақты көбінесе хандар, сұлтандар, қолбасшылар сәнге және салтанатқа таққан.

АЛТЫНДАЛҒАН ЖІП / ЗЕРЛІ ЖІП – дәстүрлі ортада құнды металл жіп талшықтарымен араластырып жасаған жіп түрінің атауы. Бұл тәсіл шығыс елдерінде мәдени алмасу, технология түрлерін шеттен алып пайдалану арқылы көптеген елдерге ортақ игілікке айналды. Алтындалған жіп жасау үшін ең алдымен алтынды мейлінше жұқартып, таптап алған соң құстың қауырсынын бір-біріне үйкеп, өндегеннен кейін (электростатикалық құбылысқа негізделген) алтын пластинканы іліп алады да, оны алмас жүзді өткір кездікпен жіңішке етіп ұзыннан тіледі. Осылайша тілініп дайын болған жұқа алтын пластинка тізбегін жібек жіп талшықтарымен біріктіріп иіріп, алтындалған жіп жасайды.

АЛТЫНДАУ – зергерлік өнердегі тәсілдің атауы. Алтындаудың бірнеше түрлері бар: алтын жалату, аптау, алтынмен әшекейлеу, алтын ерітіндісіне батырып алу немесе заттың бетін түгелдей алтынмен көмкеру деген сияқты. Сондай-ақ, алтыннан сызық жүргізу; алтын бояуын жарыстыра салуды алтын жүргізу деп атайды. Алайда, заттың сап-сары боп жылтырап, әрі таттанбай тұруы үшін оған жұқалап алтын ерітіндісін (суын) жалату, яғни алтынмен бояу ұзаққа шыдамайды. Ол туралы халық арасында «Жалатқан алтын көшер, қара шойын қалар» деп келетін мақал қалыптасты. Алтынды отта балқытып, сұйық күйге келтірген соң ерітіндіге затты малып алғанда, бұйым алтын жалатылған, апталған болып шығады. Алтынды қоспасынан айыру үшін де ерітеді. Алтындау – халық зергерлері арасында өте шеберлікті қажет ететін тәсіл. Осыған орай, халық арасында алтынды еріте білмеген күл етеді, жібекті түте білмеген жүн етеді; алтынды еріте білмеген ірітер, теріні илей білмеген шірітер; алтынды еріткенмен жез болмайды, жібекті жуғанмен бөз болмайды деген нақыл сөздер қалыптасқан.

АЛТЫНМЕН АПТАП, КҮМІСПЕН КҮПТЕУ / АЛТЫНМЕН БУЛАУ – зергерлік тәсілінің атауы. Атаудың түптөркіні парсы тілінде «аб» су деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан деп пайымдайды зерттеушілер. Зергерліктегі бұл техниканың құпиясы «алтынды сынапқа сындыр» деген сөз орамында сақталған: металдардың ішінде сұйық металл сынапқа алтынды сіңіріп, сынық алтын, су алтын деп аталатын (ғылыми атауы амальгама) қоспа алып, оны күміс немесе мыс бұйымның бетіне жағады. Оны көмірдің қозына қыздырғанда, сынап буға айналып, алтын металдың бетіне қалады. «Алтынның буына ұсталған бұйым» деген сөз осы аптау тәсілін білдіреді. Металға алтын жалатуды қазақ зергерлері қысқартып аптау дейді.

Алтынмен аптағанда сынаптың буының улы болуына байланысты өте абайлап жасайды. Кейде аптауда бұйымның бетін түгел аптамай, белгілі жерлеріне ғана жұқалап алтын жалатады және ол үшін бұйымның апталмайтын жеріне «шіркеу» деп аталатын қоспа жағады. Шіркеу дегеніміз 1 өлшем қарағай шайыры, 2 өлшем балауыз, 3 өлшем өсімдік майын қосып қайнатылған қоспа. Шіркеу жағылатын жерге алтын жұқпайды, «бетке шіркеу түсірме», «бетке шіркеу салма» деген сөз тіркесі осыдан шыққан. Ол ар-

ұятына кір келтірме, абыройыңды сақта деген мағынада айтылады. Апаталған бұйымның бетін түртпемен, безеуішпен, нақыш салғыштармен өрнектеп безендіреді.

АЛШЫ¹ – асықтың немесе сақаның иірілген кезде қошқармүйіздене ойық біткен жағымен (тәйкесінің қарсы жағымен) түскен позициясының атауы. Асық, сақа ойындарының ұтысып ойнайтын түрлерінде асықтың алшы түскені басымдылыққа ие болады. Асық, сақаның малдың немесе аңның қай жақ жілігінде екендігіне байланысты оңқай, солақай асық деп бөлінетіндігімен өзіндік сипатқа ие.

Оң жақ сан жіліктің оңқай асығы алшы түсуге өте бейім деп саналады. Алшы түсуге жеңіл болу үшін тегістеп өндеп, қорғасын құяды. Асықты иіріп, бал ашуда алшысынан түссе ол жақсылықтың нышанына баланады. «Асығы алшысынан түсу» – ісінің аяқ астынан оңға басуы, мәселенің кедергісіз шешілуін білдіреді.

АЛШЫ² – асық ойындарының бір түрі. Бұл ойынды ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойын қатысушылар бір сақа бір асық қосады. Осы ойынды арнайы зерттеген Б.Төтенаевтың мәліметіне қарағанда, сақаны иірген кезде алшы түсуіне қарай ойын кезегі белгіленеді, яғни кімнен кейін кім асық ататындығы анықталады. Иірген кезде, – дейді зерттеуші, – кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түскені үшінші, шік түскені одан кейін асық ататын болады. Ойынның басты шарты атқан кезде сақасы мен асығы бірдей позицияда түссе, атқан асығын алады. Сондай-ақ атқан кезде сақасы алшы түссе онда мерейі үстем болып, жеңіске саналады. Егер атқанда сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда ала алмайды. Сонымен бірге, Б.Төтенаевтың айтуынша, екінші ойыншы сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейінгі кезектегі ойыншы көмбеден тұрып, тәйке түскен сақаны атады, ол дөп тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Осылайша бір-бірінің асығын ұтып сайысқаннан кейін ойнаушылар асықтарын қайтадан тігіп, ойындарын жалғастыра береді. Бұл ойында ұту үшін сақасының алшы түсуі ең маңыздысы болғандықтан сақаның табанын тегістеп, бүк жағына қорғасын құйып, ауырлатады.

АЛЫҚ – ертеде соғыста жеңілген елден немесе бағынышты елден үстем болған елдің алатын салық түрі. Қақтығыс, жауласу, соғыста екі жақ бір тоқтамға келіп, пәтуаласады, яғни бітіседі. Бұл жай бітісу, келісу емес, жеңген жақтың өктемдігін, ал, жеңілген жақтың мойынсұнғандығын білдіреді. Жеңген жақ ұрыс зардабын, одан келген шығынның орнын өз пайдасына толтыруға тырысады. Яғни екі елдің сөз ұстар адамдары шешімге келеді. Осында алық мәселесі қаралады: жауласқан екі жақтың жеңгенінің жеңілген елден алатын мал түріндегі алымы алық деп аталады.

АЛЫМ¹ – қазақтың байырғы неке-отбасылық дәстүріндегі, қыз ұзату рәсіміндегі кәде түрі, «қызқашар» рәсімі жасалған үйдің әйеліне берілетін сый. Қалыңмал төлегеннен кейін белгіленген қыз ұзату күні қыздың жеңгелері басқа ауылға алып кеткен қалыңдықты іздеп тауы күйеудің жолдас жігіттері тартыс бастайды, түрлі кәделер береді. Ертедегі деректерге қарағанда, әдетте, біраз уақытқа созылған, «кикілжіңнен» соң жігіт жағы қалыңдықты алып

кетерде қалыңдықтың жеңгелері оны кілемге отырғызып шығарып салады. Жігіт жағы қызқашар жасаған үйдің әйеліне алым кәдесін береді. Алым небәрі бір-екі көйлектік мата ғана.

АЛЫМ² – қазақ отбасыларының патшалық әкімшілікке төлейтін жылдық салығының атауы. Оны шаңырақ алымы деп те атаған. Мөлшері төрт рубль болды. Салық төлеуді ұйымдастыру ауылнайдан (старшын) бастап, аға сұлтанға дейінгі орыс билігінің келісімімен сайланған ресми лауазымды адамдарға жүктелді.

Алым, әсіресе, «қоңыртөбел» күй кешкен отбасыларға ауыр тиді. Ал, мезгілінде алым төлей алмаған кедейлер ұсақ малдарын (қой) саудагерге кепілге қойып, төлеуге мәжбүр болған. Саудагер кепілдік малдың әр басын сексен тиынға ғана бағалады. Сонда төрт рубль ақшаны және уақытында төлей алмағаны үшін айып-өсімді қосқанда, кедей отбасы алымға деп жылына жеті қой шығынға ұшырап отырды. Алымның тағы бір «ішкі» түрі (болыс пен старшынға тиесілі) «қара шығын» (земский сбор) деп аталды. Алымды орыс отаршылдығының әлеуметтік-экономикалық салдары әрі осы кезеңде қазақ даласына дендеп ене бастаған тауарлық ақша қатынастарының элементі ретінде қарастыру қажет.

АЛЫП – бірінші мағынасы зор денелі адам дегенді білдіреді. Екінші мағынасы – алапат күш иесі, батыр ұғымының синонимі. Үшінші мағынасы – көне қазақ мифтері мен аңыздарында және қиял-ғажайып ертегілерінде бет бейнесі анық айтыла бермейтін алып күш иесі, зор денелі образ. Алып жағымды немесе жағымсыз кейіпкер түрінде болады. Оның образдық-функционалдық синонимі – дәу.

Түркі тілдерінде алып сөзі батыр атауының синонимі ретінде қолданылған. Көне түркілердің тастағы жазуларында алып терминінің мол кездесетіндігі сондықтан болса керек. Ерте заманда көне оғыздарда алып сөзі батырлардың, хан-сұлтандардың есіміне ресми титул ретінде қосылып айтылды. Көне оғыздардың батырлары мен хандарының есімдерінде, мысалы, Алп Арслан, Алп Тегин, Алб Ая, Алп – Арслан, Қара – Алп – Арслан, Салор – Қазан Алп деген есімдерде, алып сөзі ер, батыр мағынасында қолданылған. «Алып / алп» сөзінің осы мағынасы қазақтың ауыз әдебиетіндегі эпостық қаһармандардың бірі – Алпамыс батыр есімінде өзгерген түрде сақталған. Қазақ ертегілерінде алып атауы өте зор денелі адам кейпіндегі мифтік кейіпкерлер дәулерге қатысты айтылады.

АЛЫП ҚАРАҚҰС – қазақ мифологиясындағы тылсым күштермен байланысты кейіпкер. Халықтық сенім бойынша, нәресте туғаннан бастап қырқына толғанға дейінгі уақыт аралығында Алып қарақұс оның жанын алып кетуге әрекет етеді. Этнограф Х.Арғынбаевтың экспедициялық материалдарында Алып қарақұстың әсеріне және одан қорғану тәсілдеріне байланысты төмендегідей деректер келтіріледі: «Туған балалары өле беріп, баласы тұрмай жүрген ата-аналар, оның себебін Алып қарақұстан көрген. Алып қарақұстан жаңа туған баланы сақтап қалу үшін жөргекке орап, жіпке байлап тігул тұрған жеті киіз үйдің шаңырағынан, егде тартқан жеті адамның тақымынан өткізеді. Олай ету баланың қай үйден, кімнің баласы

екендігін Алып қаракұс білмесін деп ырымдау және осылай етсе бала көп жасайды деген наным да болған». Х.Арғынбаевтың пайымдауынша, бұл ислам дінін қабылдағанға дейінгі уақыттан қалған наным-сенімдердің сарқыншағы.

Жалпы Алып қаракұстың мифтік бейнесі көптеген ертегі-аңыздарда Бәйтеректің басына ұя салған үш әлемді байланыстырып тұрған медиатор ретінде суреттеледі. Алып қаракұс қазақ ертегілерінде кейде адамзатқа көмегі тиетін жағымды образ ретінде берілсе, кейде зиянды, қаскөй күштер жағында әрекет ететін бейне ретінде көрсетіледі. Мысалы, Алып қаракұс бірде балапандары қорғап қалған кейіпкерге көмектесе, басқа жағдайда тұлпардың құлынын ұрлайтын зиянкес күш ретінде бейнеленеді. Белгілі зерттеуші Серікбол Қондыбай алып қара құстың әрекетіндегі қайшылықты көне дуалистік мифтер жүйесіндегі, оның бірде аспан әлемімен байланысты жарық күштердің, бірде жерасты өлілер әлемінің елшісі ретіндегі әрекеттерімен байланыстырады.

Қазақы дүниетанымда Алып қаракұстың жерасты, өлілер әлемінің қызметшісі ретіндегі бейнесі жаңа туған баланың шетінеуімен байланысты сақталғандығын көруге болады. Мысалы, деректерде Алып қаракұстан баланың өмірін сақтап қалу үшін оны батыр адамның үзеңгі таралғысының астынан өткізу, немесе Алып қаракұстың көңілін аулау үшін терезенің алдына сүт құйылған тостаған қою сияқты шаралар жайында сөз болады. Осы қатардағы әрекеттерге баланы кіндік шешесіне беріп, уақыт өткеннен бір құшақ отын мен қойға «сатып» алуды жатқызады. Бұл аталған әрекеттердің Алып қаракұс бейнесімен байланысты тылсым күштерге қарсы «тұрмыстық дәрежедегі» қолданбалы амалдар деп айтуға болады.

АЛЫПСАТАР – дайын тауарды көтерме сауда бағасымен сатып алып үстеме баға қосып сатып пайда табатын адам. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жерінде Ресей мануфактурасының өнімдері көбейген кезде ірі жәрмеңкелерден сұранысы жоғары зәру заттарды қырға шығарып, үлкен үстеме бағамен сатушылар, яғни алыпсатарлар пайда болды. Алыпсатарлықпен алғашқы кездері, көбінесе, қазақ тілін жақсы меңгерген, қазақ арасында тамыр-таныстары бар өзге ұлт өкілдері айналысты. Уақыт өте келе қазақ арасынан шыққан алыпсатарлар да пайда болды. Алыпсатарлықты кәсіп қылып, пайда табатындарды ел арасында бақалшы, ұзын, қоржын, арбашы деген сияқты атаулары болды. Алыпсатарлар көптеген жағдайда қарызға сатып, өсімқорлық пайызбен саудаға шорқақ қыр қазақтарын қанап, тонаумен айналысқан. Көпе-көрнеу алдауға, бұқара халықты мұқтаждауға негізделген сауда түрі, дәстүрлі қоғамның моральдық, этикалық нормаларына кереғар болғандықтан, көшпелі ортада алыпсатарларға қырын көзқарас қалыптасты. Дей тұрғанмен, тауарлық-қаржылық қатынастардың дамуына байланысты сауда-саттық қатынастар өрісі кеңіп, XX ғасырдың басында алыпсатар ұғымы әлеуетті категориялардың біріне айналды.

АЛЫС АҒАЙЫН [ЖАМАҒАЙЫН] – жеті атадан арғы аталары бірге туысатын және одан таралған ұрпақтардың бір-біріне туыстық қатынасы. Туыстығы алыс болса да түп аталары бірге тарағандықтан, қайғы мен

қуанышта ортақтасып, бір-біріне тілеулес болып жүреді. Ру-қауымаралық қатынастар жүйесінде алыс ағайын институтының өзіндік орны мен рөлі болды. Әсіресе, қазақ даласында болып тұратын руаралық жанжалды реттеуде басқа да дәстүрлі институционалдық тәсілдермен қатар, алыс ағайын да маңызды функция атқарды.

АМАЛ – жылдың әр айлары мен тоқсанында болатын күн райындағы өзгерістер мен тосын құбылыстар және олардың атаулары мен реті. Жыл сайын белгілі бір мезгілде қайталап отыратын күн райындағы құбылыстарды амал деп атай отырып, есепшілер амалдың қай кезде, қалай өтетінін алдын ала есептеп, болжап отырған. Осы есепке сүйене отырып малшы қауым мал төлдету, қыстаудан көктеуге одан жайлауға көшу, қысырақ матау, үйірге айғыр салу, қой қырку, күйек байлау, күзем алу, күздеуге одан қыстауға көшу, күйек шешу тәрізді т.б. шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырған.

Наурыздың 10-17-де күн райы ерекше тосын мінез көрсететін кездері болады. Күн жылынып, жердің қары кетіп немесе күн жылына бері мамыражай болып тұрған күн райы әп-сәтте-ақ бұзылып қар боран соғып, қыс қайта келгендей болады. Есепшілердің айтуынша, бұл қара жерге келген отамалы. Ал кей жылдары тан осы мезгілде күн аяқ астынан күтпеген кезде жылынып, аспан ашылып, қыс бойғы қар еріп, жер қарайып, бусанып жататын шақтары болады. Бұл – қарға келген отамалы амалының қарға келіп, қарды әкеткендігісі. «Қара жерге келсем, қар әкелемін, қарға келсем, қар әкетемін» дейтін отамалының серті бар дейді есепшілер.

Халықтық этимологияда «отамалы от алғанша» деп, оның тосыннан келуін от сөзімен байланыстырады. Шындығында, отамалы хұт («ақпан») және хамал («наурыз») атауларының бірігуінен жасалған халықтық метеорологиялық термин. Іргелес екі ай атауының дыбыстық және мағыналық жағынан кірігуін (контамикациялануын) былайша көрсетуге болады: хұт > үт + хамал > амал > отамал + амалы > отамалы. Жұлдыз жүйесіндегі хұт айын халық тілінде үт деп те атаған. Бұрынғы күнтізбе бойынша отамалы амалы хұт // үт (ақпан) айының аяғындағы 3-5 күн, хамал // амал (наурыз) айының 5-7 күні аралығында, ал қазіргі ресми қолданыстағы күнтізбе бойынша отамалы наурыз айының екінші онкүндігіне қарай өтеді. Көкшетау қазақтары наурыз айын ертеректе отамалы десе, ал Ақтөбе, Маңғыстау қазақтары бұл айды амал деп атаған деген дерек бар.

Қазіргі қолданыстағы күнтізбе бойынша наурыз айының 17-сі мен 22-сі аралығында өтетін амалдың бірі – бесқонақ. Бесқонақ атауының амалдан басқа тағы бір мағынасы – ескі жылдың аяғы мен жаңа жылдың аралығындағы есепке кірмейтін бес балақ күн. Азаматтық айлардың яғни жылдың 30 күннен 12 айға бөлінген нұсқасын, халықтардың өмір тәжірибесіне жақын болғанын айта келіп, ғалым Мыңбай Ысқақов былай деп пікір түйеді.

Байырғы қазақ календарында азаматтық айлар былай аталған:

наурыз, көкек, мамыр,
отамалы, шілде, сарша,
қыркүйек, қазан, қараша,
желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Жыл 12 ай азаматтық айға бөлінген, айларда 30 күннен болған. Жыл аяғында, айлардан тыс, 5-6 күн қосылып отырған. Ол күндер «бес қонақ» деп аталған. Жылда 12 ай болғандығы, айда 30 күн болғандығы даусыз сияқты, оның дәлелдемесіне тоқталмасақ та болады. Алдыңғы тақырыптарда ол жөнінде жеткілікті түрде айтылған. 3 айда 90 күн болатындықтан, үш айлық уақыт «тоқсан» деп аталған, бұл термин «жылдың ширегі», орыс тіліндегі «четверть года», латынша «квартал» ұғымын білдіреді.

Жылдың бірінші айы – наурыз, наурыздың бір үнемі күн мен түннің жазғытұрғы теңелетін күніне келіп отырады. Ол ескі санат бойынша 9 март, жаңа санат бойынша 22 март. Б.з.б. VII ғасырда наурыздың бір марттың біріне дәл келген де, наурыз мартқа сәйкес болған. Сондықтан, ескі дәстүрмен осы күні де наурыз мартқа сәйкес деп айтыла береді.

Ғалымның осы айтылған ойпайымын негізге ала отырып, бесқонақ амалының өтетін мезгілін бөлуге болады. Бесқонақ қазіргіше наурыз айының 17-сі (ескіше 3-тері) мен 22-сі (ескіше 9-ы) аралығында өтетін, яғни ескі жыл бітіп, жаңа жылдың басына дейінгі ай есебіне кірмейтін бес күн ішінде өтетін күн райындағы қарлы, жаңбырлы амал.

Наурыз айының соңғы күндері бірте-бірте жыл құстарының алғашқы тобы ұшып келе бастайды. Бұл мезгілде қара аралас жаңбыр жауып, күн райы салқындай түседі. Екі-үш күндік бұл амалды есепшілер құс қанаты деп те атайды.

Көкек айының бес-ондарына таман жер бусанып, күн қызады, бірақ артынша-ақ жауған жаңбырды рахман жаңбыры, ал найзағайдың жарқылы мен күннің күркірегенін Қоқырдың қамшысы шартылдады қыс кетті дейді. Көкек айының соңғы 2-3 күнінде суық жел соғып, құбыла көреді. Бұл кездегі амал тобылғы бүршік жарған деп аталады. Неге? Неге десеңіз «Өрік, шие, алма ағаштары күннің алғашқы алдамшы ыстығына алданып, бүршік жарып, гүл ашса, тобылғы, қарағайлар олай емес, өздерінің бүршік жаратын кездерінен әсте жаңылмайды», – дейді Назалбек сынды ел ішіндегі күн райының тамыршылары. Құралайдың салқыны / құралайдың суығы / құралайдың күні – мамыр айының өрт шеніне ала кенеттен соғатын 3-4 күндік суық жел. Кей жылдары суық желдің аяғы жаңбыр мен қарға ұласып кетеді. Құралайдың суығы ыстық күнге келсе, суық жел мен жаңбырдың арты бүршаққа да айналып кетеді. Құралай-бөкен, киіктер төлінің жалпылама атауы.

Бұл амалдық құралайдың салқыны деп атау себебі осы кездерде бөкен, киіктер жаппай төлдеп болады да, құралайларын (төлдерін) қыр үстіне шығарып, желдің өтіне ұстап аяқтандырады. Салқын желдің өтіне төл тез ширап, кіндігі тез қатады. Ал қайсы бір жылдары салқын соқпай қалса, құралайдың кіндігі ширамай, ісіне келген қасқырларға, жем болады. Сондықтан болар қыр адамдары итші дүлегей, киікті құралай бүлдірді деп мақалдайды.

Жаз шықты, күн ысыды деп, қойын қырқып, қамсыз отырған малшыны құралайдың салқыны шығындатып кетеді. Сондықтан есепшілермен кеңеспей, малшы қауым қойын қырықпайды.

Мамыр айының ондарына қарай Үркер батыс көкжиектен төмен түсіп, мүлде көрінбей кетеді. Бұны есепшілер Үркер жерге түсті дейді. Есепшілер Үркердің батуын жіті бақылайды. Үркер батқанда күн жаңбырлы болса, «Үркер суға батты, жаз жаңбырлы болады, ал тасқа / жерге батса, жаз құрғақ болады деп болжайды. Содан үркер, есепшілердің сөзімен айтқанда, қырық күн жерде жатып, маусымның 20-ларында таң ата шығыстан туады. Үркердің таң ата туар қарсаңында жауған жаңбырлы күнді Үркердің толғағы деп атайды. Үркердің тууы қырық күн шілденің басталуының белгісі болып саналады, ал тамыз айының 4-6-ларында шілде шықты деп есептеледі. Шілденің ерекше аптапты күндерін шіліңгір шілде дейді.

Тамыз айының аяғында таңғы ауа салқын тартып, күздің алғашқы нышаны біліне бастайды. Есепшілер осы кезеңді Таразының таңмен таласа тууын «Таразы туса таң суыр» деген сөз орамы осы орайда айтылса керек.

Қыркүйек айының ортасы ауа ара-тұра жаңбыр жауып, күн райы салқын тартады, күн ашық кездері таң ата шөп басына шық түсе бастайды. Дегенмен күндіз жылы, шуақты күндер де болады. Бұндай жылы мезгілді мизам шуақ деп атайды. Қыркүйек айының екінші жартысы мен қазан айының бірінші жартысы халық тілінде қоңыр күз, сарала күз деп аталады. Ал қазан айының екінші жартысы мен қараша айының алғашқы жартысы қара күз деп аталады. Есепшілер таразы жұлдызының қазан айының ортасы ауа кешпен таласа көрінуін қара күздің басталу белгісі етіп алған. Осы кезде қазанның қара дауылы, қазанның қара суғы дейді. Қазанның қара дауылы, қазанның қара суығы дегендегі қара сөзі «қарсыз» деген ұғымды білдіреді. Жаз айларында малдың жеуіне жарамсыз қара оттың қазан ұрған соң кейбірінің жағымсыз иісі, кейбірінің уы кетіп, азықтық шөпке айналады.

Қараша айының ортасы ауа өтетін амалды қарашаның қара шайыр қары дейді. Бұл кезде әр жерде ғана ағараңдап азба+ан қорбақ қар жатады. Бұл мезгілді есепшілер қарашаның басында шығатын көз байлана көрінген сүмбіле жұлдызымен белгілейді. Сүмбіле жұлдызы туысымен есепшілер қарашаға дейінгі және қарашада өтетін табиғи, атмосфералық құбылыстардың ерекшеліктерін жинақтап, топтастыра келіп, қыстың жайлы / жайсыз, ұзақ / қысқа болатынын, пайымдайды. «Қыс қалай өтер екен деп сұраған шаруа адамына: «Жеті амал жаман өткен жоқ, қыс қалай боларын қайдам?» - деп жауап береді. «Жеті амал өткен жоқ» деуі есепшінің қыс қысқа, қыс күндері өтетін амалдар да жайсыз болмайды дегені.

Белгілі ғалым-этнолог Х.Әбішев ел ішін кезіп жүріп жинаған деректерінде алғаш рет жеті амал концептісінің мағына-мазмұн құрылымындағы коменттерді былай деп айқындап көрсеткен:

Күннің тоқырауы
Қарашаның қайтуы
Үркердің батуы
Киіктің матауы
Айдың толуы
Тоқсанның кіруі

Жеті амал концептісінің кодқа салынған танымдық ақпараттар энциклопедиясының үшінші томында ашылып көрсетілген.

Қараша айының ортасына таман өтетін амалдың бірі қараша қаздың қайтуы. Қараша қаз ертерек қайтса, биік ұшса қыс ерте түседі, қыста өтетін амалдар қатаңдау болады. Сондай-ақ қараша айының аяғы желтоқсанның басында өтетін қар аралас жауын-шашынды 3-5 күндік амалды теке бұрқақ, бұғының мойын жуары деп атаса, ал желтоқсанның 15-20-ларында өтетін 3-5 күндік амалды киіктің матауы деген. Бұл айтылған амалдардың өту сипаты мен мерзіміне қарап, есепшілер алдағы қыстың қалай болатынын болжаған. Есепшілер қыр мен үй жануарларының үйірге түсуі әдеттегідей ме? Әлде әдеттегіден «ерте ме немесе кеш пе?». Егер киік, арқар, арғал, бұғы әдеттегіден ерте үйір құрса, қыс ерте шығады, ал әдеттегіден кеш үйір құрса, қыстың шығар кезегі мойны ұзарып кетеді деп пайымдаған. Киіктің маталатын кезін жіті бақылай келе, есепшілер мамыр айындағы құралай салқынының қай мезгілде өтетінін дәл анықтаған. Есепшілер қыр жануары киіктің бес айда төлдейтінін сондай – ақ басқа ол ой-қырдағы қоңыр аңға жататын жануарлардың төлдеу мезгілін жақсы білген.

Кей жылдары желтоқсанның басында-ақ қар жиілей түседі. Түнімен жауған қардан соң ертеңіне таң ата бұлт сейіліп, аспан шайдай ашылады. Бірақ іле-шала басталған аяз кешке қарай мыс табақтай қызара батқан күнмен таласа күшейе түседі, алайда аяз аса ұзаққа созылмайды. Бұл амалды есепшілер қырбастық қызылы дейді. Қызыл сөзінің мағынасы «аса ұзаққа созылмайтын демі қатты аяз» дегенді меңзейді. Сондай-ақ екі-үш күннен соң-ақ беті қайтатын қатты аязды қызыл шұнақ аяз, ал 10-12 күндей беті қайтпай тұрып алатын аязды сары аяз (сақылдаған сары аяз) дейді.

Қаңтардың қарлы бораны деп аталатын амал, есепшілердің айтуынша желтоқсанның аяғы, қаңтардың басында өтеді. Желтоқсанның ортасына қарай жатқан қардың үстіне жаңа жауған қар түсіп, қар әбден бекиді. Қысбойы жататын бұндай қарды жолдас қар дейді. Жолдас қар түсісімен, жаппай соғым соғыла бастайды, осы мезгілді соғым айы дейтіні де сондықтан.

Қаңтардың жартысы ауа басы қалың жауған қармен басталып, аяғы алты күндік аязбен өтетін амалды ай мүйізді алты күн, қырына алса, тоғыз күн дейді. Ай мүйізді дегені шалқалап туған жаңа Ай болса керек. Бұл амалды ақпан-тоқпанның аязы деп те атайды.

Ақпан айының ортасы ауа бұлт торлаған қарлы боранды күндер жиілеп, ауа ылғалданып ызғырық күшейген тұста қар жерге сырғақ болып түседі, яғни «мұз қиыршықтанып түседі. Бұндай кезде қасқырдың арланы мен өлекшіні (қаншығы) жұптасады. Сондықтан осы мезгілде өтетін амалды есепшілер бөрісырғақ деп атаған.

Есепшілер жыл мезгілдерін, ондағы амалдарды (атмосфералық тосын құбылыстарды жеке бұрқақ, бұғының мойын жуары, киіктің матауы, бөрісырғақ, құс қанаты, қараша қаздың қайтуы т.б.) тәрізді ұшқан құс жүрген аң әрекетімен байланысты айқындаған; немесе құралайдың салқыны, қазанның қара дауылы, қырбастық қызылы т.б. тәрізді соққан жел, жауған

жаңбыр, түскен қар арқылы білген десек, сондай-ақ тобылғы жарған, қазан қаққан, қазан ұрған сияқты шыққан көк, қураған шөп тәрізді өсімдіктер дүниесі арқылы таныған деп түсінсек, (бір өкініштісі көпшілік қолды ғылыми басылымдарда осындай түсінік басы) пайымдауымыз мүлде қате болар еді.

Қазақ есепшілері жыл мезгілдерін және ондағы атмосфералық тосын құбылыстарды айқындауда алдымен жұлдыздық жүйені тиянақ етіп алған, яғни астрономиялық білімі болған. Астрономиялық танымына, аспан шырақтарын бақылаудың тәжірибелеріне сүйене отырып, жыл мезгілдері мен атмосфералық тосын құбылыстардың өтетін мерзімдерінің ұйымдастыруда, шаруашылық жүргізуге қолданылатын тиімді жүйесін жасаған.

Бұл жүйе бойынша халық астрономдары Күн жолындағы бір мезгілде батып, әр мезгілде туатын, Үркер, Үш Арқар-Таразы, Сүмбіле жұлдыздарының қозғалысына ерекше назар аударып, жіті бақылаған. Шынында, Үркер, Үш Арқар-Таразы, Сүмбіле мамыр айының ондарында батады. Бұл – үш ай жаз тоқсанның жұлдыздық белгісі. Ал туу мезгілі әрбасқа: Үркер маусымның 20-22-лерінде таң біліне шығыстан туады. Жұлдыздың таңғы көрінісін ғылыми астрономияда галлактикалық тууы (галлактический восход звезды) делінеді. Бұл – қырық күн шілде басталуының жұлдыздық белгісі. Малшылар кешіктірмей қошқарға күйек байлайды. Үркердің таңғы тууынан соң, 20 күннен кейін таң ата шығыстан шілденің 12-14-терінде Үш Арқар – Таразы туады. Бұл шілде айының аяғы, тамыздың бас шеніндегі «Таразы туса, таң суыр» деген таңғы қоңыр салқын мезгілдің жұлдыздық белгісі.

Таң салқын болса, күндізгі ыстық тым жайсыз болмайды. Бұдан кейін 20-22 күн өткеннен кейін тамыздың 4-6-ларында таңмен таласып, шығатын Сүмбіле туады. «Сүмбіле туса, су суыр» деген мезгілдің жұлдыздық белгісі. Жан-жануарлар бұл кездегі өзен-көлдің суын мейірлене қанып ішеді.

АМАЛ ДӘПТЕРІ – діни түсінік бойынша мұсылман баласының бұл жалғандағы бүкіл жаман-жақсы амалдары періштелер тарапынан жазылып, бақилық болғанда қайта берілетін сакральді жеке кітабы. Амал сөзі араб тілінен аударғанда «іс», «әрекет», «қылық» деген мағыналарды білдіреді. Құран аяттары мен хадистердің тәпсірі бойынша пенде балиғат жасына толғаннан бастап оның жер бетінде қылған әрбір ісі екі иығындағы «Кирамән кәтибин» атты қос игі періште арқылы тіркеліп отырады. Дәм- тұзы таусылып қайтыс болған марқұм ақырет күні Құдайдың қалауымен қайта тірілгенде бірақ көрсетіледі. Өлгенге дейін оң иықтағы періште тек оң, сол иықтағы періште тегіс теріс амалдарды тізіп отырады. Бақида жақсылығы мол мұсылмандардың амал дәптерлері оң иығынан, ал жамандықтары басымдардыкі сол иығынан беріліп, істеген әрекеттеріне сай бұлтартпас дәлелдер келтіріледі. Шаңның тозаңындай амалдарына дейін өлшенетін әділ сот орнап, бір-біріне куәгер болудан қашатын күн туады. Ешкімнің «есесі» ешкімге кетпейді, тіпті хайуандардың да қақысы бір-біріне қайтарылады деген сипатта түсіндіріледі. Ислам діні бойынша қиямет-қайымға дейін жалғасын табатын үдеріс.

Жалпы, мұсылмандық ортада тірі немесе өлі болсын, пенденің көпшіліктің көзінше айыбын ашпай, қайта жасыру шарифат бойынша құпталынатын іс. Дәстүрлі ортада да қалыптасқан әдеп бойынша адамның тек жақсы қылықтары ғана айтылады. Қауымдасып атқарылатын жетісі, қырқы, жылы, асы сияқты рәсімдерде марқұмдар туралы оң мазмұндағы тілектер айтылып жататындығы сондықтан. Өйткені, кісінің артында қалған үлгілі, өнегелі істерін тілге тиек ету марқұмның о дүниедегі жазасын азда болса жеңілдетеді-мыс деген түсінік орын алған. Кейде, оғаш әрекеттерін еске алуға тура келгенде, «сөзіміз ауыр болмасын», «қара жер хабар бермесін» деп ескертеді. Яғни, бұл бекерден бекерге біреудің күнәсін арқаламайын, қиямет күні куәлікке жүрмейін деген мәнді меңзесе керек. Осы тұста, кім болмасын оның бес күндік жалғанда істеген жақсы-жаман амалдары түптің түбінде өз алдынан шығады деген сенімнің қазақы санада мықтап орныққанын ескергеніміз жөн. Бұл бір қырынан қоғамдағы адамдар арасындағы моральдік қатынастарды реттеп, оларға этикалық талаптарды қатаң сақтауды ескерту, екінші бір қырынан, игі істер мен жақсылықтар жасауға шақыру болып табылады.

АМАНАТ – дәстүрлі ортадағы бір адамның екінші біреуге ақысыз сақтап, кері қайтарып беруі немесе басқа біреуге табыс етуі үшін берген малы, дүниемүлкі, тұрмыстық заттарының жиынтық атауы. Моральдық-этикалық іргелі ұғымдардың бірі. Аманаттың саны мен мөлшері шектелмейді және сақтау уақыты нақты көрсетіле бермейді. Бұл жерде екі тарап бар: аманаттаушы және аманатқа алушы. Осы екі тарап арасындағы үлкен сенім мен зор жауапкершілікті жүктейтін жосын. Яғни құқықтық мәнінен гөрі моральдық-этикалық болмысы басым ұғым – принцип.

Кей жағдайда, адамдарды да аманатқа тапсырған. Ертеде соғысқа, алыс сапарға шығатын немесе өлер алдындағы адам артындағы жанашырсыз қорғансыз қалып бара жатқан отбасы мен мал-мүлкін, басқа да бағалы дүниелерін өте сенімді, шыншыл адал жандарға тапсырып кететін болған. Дәстүрлі ортада қалыптасқан қағида бойынша аманат алушы адам қандайда қиын жағдай болса да аманатқа қиянат жасамауы тиіс, ол Құдай алдында кешірілмес күнә болып есептелінеді. «Аманатқа қиянат жасама» деген қанатты этикалық ұстаным осындай парыздан туындаған. Аманатқа алушы адам, аманатты иесіне аман-есен, сол қалпында тапсырғанша Алла алдында қарыздар адам болып саналатын діни моральмен бекітілген ережелер де бар.

Сондай-ақ, аманат қауым мен еларалық, тіпті жеке тұлғалық қарым-қатынастарда да ынтымақтастық пен достық, сенімділік, татулық пен бітімгершілікті сақтау мен орнықтыру қызметін де атқарған. Бұны халқымыз «Аманат аман сақтайды» деп қысқаша тұжырымдаған. Ертеректе жауласушы екі жақ арасында жеңілген тараптың жеңген жақ алдында қабылдайтын міндеті – ақ үйлі аманат деп аталған. Жауласушы екі ел татуласқан кезде де аманатқа әлеуметтік мәртебесі биік тұлға, мәселен, хан-сұлтандардың, билердің ұлдарын қалдырып кететін болған.

Аманат адамдар арасындағы байланыстардың орнықтылығы мен тұрақтылығын сақтаудың этикасы, қоғамдық қатынастарды бейбіт-тату

жалғастырудың келісімі, ел аралық кикілжіңдерді ретке келтірудің және ынтымақтастықта тіршілік етудің саяси тетіктерін нығайтудың маңызын арттырған көне түркілік дәстүр болды. Әлемдегі басқа халықтарда да аманатқа ұқсайтын салттар кездеседі.

АМАНАТ КӨР – дәстүрлі ортада адамның болашақта өлгеннен кейін жерлеу рәсімдерінің өзі ойлағандай өтуіне сенімсіздікпен қарап, өз бейітін алдын ала салдыру ғұрпы. Кейбір өңірлерде «тірі бейіт» деп те аталады. Байырғы уақыттарда дәстүрлі ортада осындай бейіт көтергендерге салтқа сай белбеу, орамал сияқты бұйымдармен қатар ақша да таратқан көрінеді. Дінмұсылмандық әдетінде күні бұрын көр қазып, зират салдыру ісі қанша құпталынбаса да, жаугершілік заманда жауынгерлердің жаназасын алдын-ала шығаруды шарифат мойындаған кездер болған. Осыған қарағанда ертеректегі ел арасында мұндай жәйттар жиі болмаса да, аракідік орын алғандығын аңғаруға болады.

XX ғасырдағы неміс ойшылы М. Хайдеггердің: «Адам болмысы өлімге ұмтылатын болмыс» деген тұжырымы, Шәкәрімнің: «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы, Ортасы – өмір, жоқтық қой – екі басы, Сағымдай екі жоқтың арасында, Тіршілік деп аталар біраз жасы» деген ойтолғаныстары, Иүгінекидің: «Жоқ едім. Жараттың. Және жоқ қылып...», – деген ойтолғамдары өлімнің түпкілікті хақ екендігін түйіндей түседі. Аманат көрде осы идеяны қуаттай отырып, оның тәжірибелік қырына баса назар аудартады. Ол біріншіден, болмай қоймайтын өлімді үнемі түйсініп, сезініп отыру арқылы өмірдің мағынасын арттыратын қазақи философия, екіншішіден, ұзақ өмір сүрудің ырымы, үшіншіден, өзгелерге «өлім бар, бұл өмір жалған, сондықтан алдамшы дүниеге елікпеңдер» деген сияқты жалпы өмірмәнділік-моральдік идеологиямен сабақтасып жатса керек.

АМАНАТ ҚОЮ – дәстүрлі өлікті жөнелту салтында орын алған мәйітті уақытша жерлеу жосыны. Көшпелі, жартылай көшпелі дәстүрге орай, жаугершілік кезінде соғыста шейіт болғандарды уақыт тығыздығынан жерлеуге мұрша болмаған жағдайда және өзінің туған жерінен шалғайда қайтыс болған атақты адамдарды аманат ретінде уақытша жерлеу салты болды. Сондай-ақ, күн райының қолайсыздығынан – қарлы бұрқасын, қар басу, тоң ерімеген, аязды, боранды кездерде (қыстағы жіті өтетін амалдарда, жұт кездерде) қайтыс болған адамды жер қойнына тапсыруға мүмкін болмаған жағдайда аманат қойылады. Олай істеу үшін марқұмды «Аманат, аманат, аманат» деп үш рет айтып жерлеп, кейіннен өз жеріне, ата-баба қорымына әкететін болған. Кейін, туған жеріне, рулық зиратқа, қайта жерленеді. Мұндай жағдай қазақ арасында бұрын жиі болып тұрған. Мысалы, Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман Алматы қаласындағы зиратқа қойылып, артынан сүйегі еліне әкелінгені белгілі.

Орталық Қазақстанда таралған аманат жерлеудің бір түрі сөрелеп жерлеу. Қайтыс болған адам туған-туыстарымен бақұлдасқан сәтте қойылатын жерін аманат етіп қалдырса және қыс кезінде қайтыс болса көктемге дейін сөреде сақтайтын болған. Қыс кезінде Сарыарқа жерінде дүниеден озған төрелер мен

билерді Түркістанға жеткізу қиын болғандықтан, оларды биік сөрелерде, былғарыға орап сақтаған.

Аманат жерлеуге ұқсас ғұрыптар қайыра жерлеу, сүйегін әкелу сияқты ғұрыптарда мәйітті жер қойнауына береді. Ертеде орын алған және мұндай жағдайда өлік жөнелтуге байланысты барлық жосын, жоралғылар бірінші жерлеу кезінде атқарылады да, екінші жерлеуде орындалмайды.

АМАНАТ МАЛ – кедей туысқандарға көрсетілетін жәрдем түрі, өсімге (молайтып, көбейтіп өсіріп алуға) деп несиеге төл беру жорасы. Бұл үрдіс ХІХ ғасырдың бірінші жартысында іс-тәжірибеге енгендігі туралы Е.Бекмаханов жазады. Несиеге беруші мен оны алушы басқа куәгерлердің қатысуымен аманат малдың шарты туралы келіседі. Несиеге алған төл орнына келесі жылы екі жасар, үшінші жылы үш жасар мал қайтаруды мойнына алады. Несиені қайтармаған жағдайда зардап шегуші биге жүгінеді немесе жұмыс істеп, еңбекпенен қарызды қайтарады. Еңбекпен қарызды өтеуді сауын деп атаған.

АМАНДАСУ / СӘЛЕМДЕСУ – инабаттылық пен әдепке қатысты қатынас нормасы. Байырғы қазақ дәстүрі амандасулардың әлеуметтік тегінен, байлығынан және жалпы өмірдегі алатын орнынан белгі беретін болған. Ертеде хан немесе ірі сұлтандарға төменгі таптағы адам екі қолын кеудесіне қойып және төмен қарай иіلمесе, оларға жақындай алмаған. Ал егер ол қайырым ретінде оған қолын созса, онда ол бір тізерлеп жерге отырып, оның қолын екі қолымен қысады. Әлеуметтік дәрежесі орташа адам өзінің әміршісіне қолын кеудесіне қыспай, бірақ, басын иіп келген. Хан немесе күшті әмірші, өзінің қарауындағылардың сәлеміне жауап ретінде оның иығына қолын қойып, сыйластығы болса қолын қысып амандасатын болған. Егер ханды жолай кезіктірсе, онда жолда тоқтап тұрып, оның өтіп кетуін күтуі керек, әрі басын иіп, қолын кеудесіне қойып дауыстап сәлем беруі шарт. Қараша халық өкілі сұлтандарға сәлемдескенде тізесін бүгіп көбіне «Алдияр тақсыр!» деп сәлем берген. Билігі жоқ төрелер мен сұлтандардың сыртынан болса да ізеттілік көрсету өз дәрежесінде болмағанымен, әмірі күштілер алдында ізеттілік шаралары қатаң сақталды.

Дәрежесі тең, бірақ, жақын таныс емес адамдар бір-бірінің бір қолын алып қана амандасқан; ал таныстар (ер адамдар) бір-біріне екі қолдарын береді және сонан соң, екі жаққа алма кезек иық тірестіріп құшақтасады немесе керісінше бір-бірін кеуделеріне қысып құшақтайды. Мұндай қимылдар кездесу кезінде жасалады. Әйелдер де кездескенде жалпы қабылданған әдетті сақтаулары тиіс. Әлеуметтік жағдайлары тең әйелдер кезіккенде қол алыспайды (еш уақытта сүйіспейді), тек бірі екіншісіне жәй ғана иіледі. Егер аға сұлтанның әйелдерімен қарапайым әйелдер кезігіп қалса, қарапайым әйелдер жанарларын төмен түсіріп, ізет көрсетіп иіледі. Бірақ, ханша немесе белгілі сұлтан әйелін кездестіргенде қараша өкілі жанарын төмен түсіріп, иіліп, бетін сипап сәлемдесуі керек. Жас әйел жасы үлкен туыстарының алдында бір тізесін бүгіп, иіліп сәлем салады.

Қазақтар бір-бірімен жолыққанда бір-бірімен мал-жан аман ба? – деп сұрасқан. Мал аман ба? – деп сұрауы олардың тұрмыс-тіршілігі күнкөріс өзегі, шаруашылық қатынастарының негізгі құралы саналған төрт түлікпен тікелей

қатысты болуына байланысты малды және отбасы туралы жөн сұрасу қалыптасқан нормаға айналған. Осылай сәлемдескенінен кейін ризашылықпен кішіден: «Мал жаның аман ба?», – деп сәлем береді. Оған қалыптасқан дағдылы жауап: «Құдайға шүкір, өзіңіздің мал-жаныңыз аман ба?» – деп жауап береді. Қазақ «Жақсы сөз, жарым ырыс», деп ырымдап, әрқашанда «жақсы» деген. Ерлер арасында мұндай амандасу сөздер әйелдерге қатысты қолданылмайды, оларға тек «Сәлеметсіз бе?», – деп амандасады. Далада бір топ қазақтар екіншісімен ат үстінде кездесіп қалса, «Ассалаумағалейкүм» деп, оң қолын созып амандасып, сол қолын амандасушының оң иығына қояды. «Уағалейкүмсалам» деп аманын қабыл алып, қол алысады. Қазақтар қонаққа барғанда, киіз үйдің жанына жақындағанда аттан түседі, ал үй иесі қолғанат ересек балалары қарсы алып, аман-саулық сұрайды. Осы кезде әйел адамдар үй-ішін реттеп, кілем-сырмақтарын төр көрпешелерін төсейді. Келген мейманның өзі киіз үйге енгенде «Ассалаумағалейкүм» деп жалпыға сәлем беріп кіреді. Тіпті, баспанада адамдар жоқ болса да немесе әйелдер отырған жағдайда да «Ассалаумағалейкүм» деп шаңыраққа сәлем беру әдет қалыптасқан.

Сырдарияның төменгі бойы қазақтарында амандасудың да өзіндік дәстүрге бағынған рәсімі бар. Арал, Қазалы өңірінде ер бала, қыз бала да өзінен үлкендерге дауыстап сәлем бердік дейді. Келіннің беті ашылып, босаға аттаған күннен бастап, келін күйеуінің ағайындарына көрген кезде екі қолын алдына бір-біріне айқастырып қойып «Сәлем бердік», – деп дауыстап, өзі иіледі. Күйеуінің ағайындары жол-жөнекей кездескен күнде де осылай сәлем салады. Үлкендер келіннің сәлеміне «Көп жаса! Бақытты бол!» – деп жауап қайтарады. Бұл дәстүр келіндердің күйеуінің ағайындарына деген ізеттілігін білдіреді. Жаман ырым болып саналғандықтан, ауылға алыстан атпен шауып келуге болмайды. Ауылға қонақ келгенде міндетті түрде аяндап келіп, үй сыртына жақындағанда «сөйлес» деп дауыстайды. Үш қайталаудан кейін жауап болмауы қонақты қабыл алмағандығын білдіреді. Үй иесі немесе үй иесінің әйеліне қонақ «құдайы қонақ» деп жауап береді. Бұдан кейін үй иесінің шақыруымен үйге кіреді және келген қонақ әйел болса үйдің сол жағына, еркек болса оң жағына отырады. Егер, үй иесі өз қонағынан жасы үлкен болса, онда бірінші болып: «Амансыз ба?» деп сәлемдеседі, қонақ сұрағына жауап беріп, үй иесінен «Мал-жаныңыз аман ба?» деп сұрайды. Содан соң қонақ үйде отырғандардың барлығын аралап шығады. Ал әйел адамдарға жұмсағырақ: «Есенсіз бе?» – дейді, бұл «Деніңіз сау ма?» – дегенді білдіреді. Ал қыздарға айтқанда: «Қарағым», «шырағым» – деген сөздерді қосады. Ұзақ уақыт көріспеген жандар немесе ұзақ сапардан келген адамның амандығымен қоса, жөншілігін сұрап, егжей-тегжейлі сұрасады. Алыстан келген адамға «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы адам барып сәлем береді» деген ереже бар. Дегенмен, жасы мен жолы үлкен адамдарға сапардан келген адам өзі әдейілеп барып, сәлем беруі тиіс. Мұндай ізеттіліктің бірі сол әулеттің ертеден келе жатқан қара шаңырағына соғу міндет.

АНА – өмірге бала әкелген әйел қазақы сөз оралымы мен айтқанда «түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүт берген» аяулы адам. Ана бейнесі ежелден жыр,

аңыз желісі болып келеді. Діни наным бойынша Адам Атаның әйелі Хауа Ана адамзаттың анасы делінеді. Хауа Ана есімі қасиетті кітаптарға түскен (хәууа – көне иврит және араб тілдерінде «өмір бастауы», парсыша – «әнам» (кітаби) «адамдар», «адамзат», «қарапайым жандар» деген ұғымды білдіреді).

Ананың көшпелілер қоғамында алатын орнын, бітім-болмысын жан-жақты ашып көрсететін деректерді ерте замандардан көптеп табуға болады. Дәстүрлі түсінікте ұл мен қыз ата-анаға қарыздар, айрықша сыйлауға, құрметтеуге тиіс. Оларға қарсы келуге, ренжітуге, айтқанын орындамауға болмайды. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадисінде «ата-анасын ренжіткендерді Алла тағала жақсы көрмейді» деген. Әсіресе, ананың жолы мүлде бөлек.

Ананың ақ сүті бала үшін аса қасиетті ұғым. Ананың өз балаларына ақ сүтімді ақтады деуі үлкен баға. Керісінше, өзіне зәбір берген балаларына ана ақ сүтін көкке сауып қарғайды. Бала үшін қарғыстың ең жаманы осы. Ана – өмірге адам әкелуші, тәрбиеші, отбасының берекесі, ырысы, ақылшысы. Ана алдында ұрпақтың мәңгілік борышкер екендігін білдіретін, перзенттік жауапкершілікті түсіндіретін ұғым. Өмірге әкеліп, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтін беріп, тауқыметпен өсіріп-жеткізген ананың үмітін, сенімін ұл мен қыздың ақтауы парыз. «Анаңды Меккеге жеті рет арқалап жаяу барсаң да ақ сүтін ақтай алмайсың» деген аңыз бар. Себебі, перзент ананың алдында мәңгі қарыздар деген сөз. Ананың өз балаларына «ақ сүтімді ақтады» деуі – үлкен баға.

Дәстүрлі түсінікте әкені асқар тауға, ананы арынды бұлаққа, баланы жасыл құраққа балаған. Қоғамда ана еркі дәуірі ерте қалыптасқандықтан ананы сыйлау, қастерлеу салты орныққан. Мәселен, бағзыда от иесін ана деп түсінгендіктен отана бейнесі дәріптелген, сол себептен де Ұмай анаға сыйынғанда отқа май салып ырым жасайтын болған. Күлтегін анасын «Ұмай текті ханым» деп ардақтаған екен деседі.

АНА СҮТІНІҢ АТАУЫ – шетінеген емізулі баланың жетісіне сойылатын мал. Халықтық ортада ана сүтінің атауына негізінен ұрғашы, ұсақ мал сойылған. Бала дүниеге келісімен шетінеп кетіп, үй іші дауыс шығарса, онда ол баланың да жетісін беріп, құран оқытады. Дегенмен ел ішінде жас шетінеген баланың жылдығы берілмейді.

АНАЛАС – бірнеше рет тұрмыс құрған әйелден туған балалар. Аналастардың анасы бір, әкелері бөлек болады. Көшпелі қоғамда әмеңгерлік жолмен, өлген ағасынан қалған жеңгесіне үйленген азаматтың балалары сол ағасының балаларымен аналас болады. Жаугершілік заманда, ұрыс-соғыста кісі көп өлетін болғандықтан, ел ішінде – әмеңгерлік неке жиірек кездескен. «Қатын ерден кетсе де, елден кетпейді» деген мақал әмеңгерлікпен байланысты құқықтық қатынасты аңғартады. Яғни әмеңгерлік неке себебінен қазақ арасындағы туыстықтың бір түрі аналастықпен байланысты болып келеді.

АНАР (*Punica granatum*) – дөңгелек пішінді, қызыл, алқызыл түсті, қабығы қалың, қышқылтым дәмді шырыны бар жеміс түрі. Қазақ тіліне «анар»

сөзі парсы тілінен енген. Анар оңтүстікте өседі. Қазақ жерінде анардың мәдени түрлері өсіріледі.

Бұрынғы кездері, қазақы ортада, қолөнермен айналысатын шеберлер анар қабығын суға қайнатып, қызыл түс шығарып, онымен тері, мата, жүн, жіптерді бояуға пайдаланған. Шеберлер тілінде оны нарпостау дейді, ол «қызыл түске бояу» деген мағынаны білдіреді. «Нарпоста» байырғы сөзге жатады, парсының анар және пост (тері) деген сөздерінен құралып, анардың қабығындай, яғни, қызыл түске бояу мағынасындағы анарпоста сөзінің қысқартылған түрі. Емдік мақсатта, анардың жемісін қаны аз адамдарға жегізген. Анар қабығын да емге пайдаланған. Ол үшін қабықты ұсақтап турап, кептіріп, оны суға қайнатып алып, қан түкіргенде, нәжіспен қан келгенде, ішек ауруларына қолданған.

АНДЫЗ (*Asorus calamus*) – саз жерлерде, өзен-көлдің жағалауында өсетін дәрілік қияқ шөп. Андыз тамырынан үлкен қияқ жапырақ болып биіктігі 60-120 см дейін өседі. Дәстүрлі қазақ емшілері адамның тыныс жолдары, ішек, асқазан ауруларын емдеуде андыздың тамыр тұнбасын қолданады. Халықтық ветеринарияда малдың ас қорыту жолдары қабынып ауырғанда (өлі тию, қатқак, тышқак) андыздың тамыр тұнбасы ас қорыту жүйесін орнына келтіретін емдік зат ретінде қолданады.

Андыздың тамырынан жасалған ұнтақты ашық жаралардың бетін зарарсыздандыратын зат ретінде себеді. Андыз түрлі ауруларды емдегенде қолданылатын өсімдіктердің бірі. Нәрестені еркелеткенде айтылатын «Тауға біткен жалбызым, суға біткен андызым» деген мәтелде теңеу ретінде андыз атауының қолданылуы осы өсімдікке деген ерекше көзқарастың куәсі болса керек.

АНЖЫ – аттың жауыр жарасын, түрлі соқталы жарақаттарды емдеуде қолданылатын тәсіл атауы. Асқынған жауыр жарасынан қан, сарысу еркін ағып тұруы үшін тері астына ширатылған қыл өткізіп қойылады. Халық емшілері анжылау тәсілі арқылы жауыр жараның түрлерін тез жазып алатын болған.

АНТ – қоғамдық қатынастар жүйесін реттейтін ілкімді институттардың бірі. Осыған орай анттың құқықтық байланыстар саласындағы атқаратын өзіндік императивтік сипаттағы функциясы болады. Анттың құқықтық принципі ретіндегі ерекшелігі де осында. Сонымен бірге анттың әлеуметтік қатынастар саласындағы реттеушілік орны мен маңызы ерекше болады. Көбінесе тұлға аралық байланыстарды реттейтіндіктен бұл әлеуметтік деңгейдегі анттың функциясы моральдық-этикалық сипатта болды. Бірақ анттың тұлғааралық қатынастағы реттеуші функциясы белгілі бір ахуалға байланысты құқықтық мәнге ие болуы мүмкін. Дәстүрлі этномәдени орта болып табылатын көшпелі социумда анттың ғұрыптық және әлеуметтік функциялары синкреттік сипатта болды. Дегенмен, тұлғааралық қатынас ушыққан жағдайда әдеттік ғұрыптың нормалары мен принциптері қолданылады. Бұл жерде негізгі ілік болатын жайт: тұлғалардың арасындағы қабылданған анттың қандай жағдайға байланысты бұзылуы және оның салдары ескеріледі. Этнографиялық деректерге қарағанда, ант, анттасу рәсімі

көшпелі қоғамның тіршілігінде өзіндік рөл атқарған. Ант берудің, анттасудың көшпелі этномәдени ортаға тән атқарылу реті болды. Сонымен бірге анттасу тәртібінің әртүрлі ахуалға және әрбір әлеуметтік саланың сипатына байланысты түрлері болды. Осыған орай, көшпелі ортада көп қолданылған құқықтық, магиялық, діни, «таза» этикалық, тұлға аралық сипаттағы анттасуды айтуға болады. Ескере кетер нәрсе – көп жағдайда аталмыш анттасудың түрлері бірін бірі өзара толықтырып отыратын синкреттік сипатта болды. Көшпелі ортада ең көп тараған анттасудың түрі ғұрыптық болды. Мысалы, ел өміріндегі қандай бір қысылтаяң елеулі оқиға кезінде екі адам бір-бірі үшін немесе жеке адам (кейде бір топ мүдделес жандармен одақтасып) қауымның игілігі үшін арнайы ғұрыптық рәсімді атқарады. Осы ретте «айтылған сөз – атылған оқ» принципін ұстанған.

Ант берудің ең қасиеттісі де үлкені әрине, жеке тұлғалардың ел-жұрт, ру-қауым, хандар мен билердің алдындағы анты болды. Анттың осы түрі этикалық принцип пен нормаларға негізделіп қана қойған жоқ, ғұрыптық сипат та алды. Бұл ант беру жосынының әлеуметтік пәрменін қамтамасыз етті. Мысалы, бағзы заманда батырлар жауға аттанарда бармағынан қан ағызып, соны ішіп Құран оқып, қара қой сойып, соның қанына найзаларының ұшын, бас бармақтарын батырып, оны мандайына жағып: «Серттен таятын болсақ, қара қойдың қаны ұрсын» деп ант ететін болған. Ант беру салты заман өткен сайын төлтума қалпынан алшақтап, қоғам талабына икемделді. Яғни батырлар бұрынғыдай бармағынан қан ағызу немесе қара қой сойып, қанына найзаның ұшын батыру рәсімін емес, енді семсерін немесе садағының адырнасын сүйіп ант берді, тіпті, кейбір адамдар моланың тасын бастарына көтеріп, қабірді айналып: «Антымыздан қайтсақ, қара тас бассын!» деп серттескендігі жөнінде дерек бар. Анттасқан адамдардың өзара астарына қара тас қойып ант бергені жөнінде де деректер мол кездеседі. Мұнысы егер антты бұзсам қара тастай қатып қалайын дегенді білдіргені. Осыған орай XIX ғасырдың екінші жартысында Семей уезінде болған анттасуға байланысты бір жайтты мысал ретінде айтуға болады. Абайдың інісі Оспан мен оның қарсыласы Жиреншенің арасының ушығуына байланысты соңғысының адамдары өз ортасынан Күнтуды болыстыққа сайлауға әрекет жасайды. Абайдың халықтың арасындағы орасан зор беделінен қорыққан бұл топ өзара ұйымдасады. Ұйымдастырушылардың бірі – Ербол. Болысқа сайлау науқанын өз пайдасына шешу үшін Ербол бастаған Жиреншенің адамдары өзара жасырын анттасады. Топтың атынан сөйлеген Ербол: «– Оның байлауын мен айтайын, тегіс қолымызға тас алайық. Осы уәдеден бұзылмауға, еш адамға ауызымыздан шығармауға сертіміз осы болсын. Кім опасыздық қылса, қара тастай қатайық. Құдай аруаққа шек болайық деп төбемізге қолдағы тасты қояйық. Мен соған тоқтаймын», – дейді.

Көшпелілердің қоғамдық қатынастар жүйесінің ілкімді институттарының бірі – анда болу міндетті түрде екі жақтың анттасу рәсімі негізінде атқарылды. Жоғарыда айтылғандай, қазақы ортадағы ант беру жосынының құқықтық қырынан басқа моральдық-этикалық пәрмені де үлкен болды. Тіпті, анттың сертке ұласуы да болып тұрды. Мұндайда ант-су ішу жосыны атқарылатын

болған. Мәселен, бүгінгі қазақ бір жағдайға куәлік етерде сөзінежұртты нандыру үшін «Көрсем көзім шықсын, естісем құлағым керең болсын!» деп күнделікті тұрмыста да ант берісіп жатады. Бұл да белгілі дәрежеде анттың қарабайыр бір түрі және бұнда айтылған сөз де қарғыспен қабысып жатыр. Уәдеде тұрмайтын пәтуасыз жандарды халық антұрған деп атайды, ондайларды «Ант ұрсын!» деп қарғайды. Фольклорлық зерттеулерде анттың мәтіні қарғыс жанрымен ұқсас делінеді.

АНТ АТҚАН / АНТ ҰРҒАН – ежелгі түсінік бойынша қасиетті антты бұзып, жазаға ұшырап, халық алдында масқараға душар болған опасыз жан. Дәстүрлі қоғамда қандай бір жағдайда ант бермеуге тырысқан. Егер, азамат ант берген жағдайда оны бұлжытпай орындауға тиісті болған. Ал, антын орындамаған адам ауыр жазаға ұшыраған, сол жазаның бір түрі – опасыз, пәтуасыз адам ретінде елден аластатылған. Кейде ондай адамдар антын бұзғаннан кейін бір жамандыққа кез болса, жұрт оны «ант ұрды», «ант атты» дейтін. Кейіннен, тілімізде антұрған ұғымы залым, жаман адам деген мағынаға ие болды.

АНТ МЕЗГІЛІ – Адам өмір сапарының ақырында болатын бұл түйінді кезді ант мезгілі деп атаған. Дүниеден озар алдындағы науқас адамның жақын туыскандарымен қоштасу кезі, басқаша атаумен бақұлдасу, арыздасуы. Дәстүрлі түсінікте адам жанын Жаратушыдан аманатқа алады деп ұғынған. Ажал келгенде пенде Алладан ант беріп аманатқа алған жанды адал ұстап, түпкі иесіне таза қалпында тапсыру қажет деп есептеген.

АНТСҮЙЕК – соғымға сойған мал етінің сақталған ең соңғы кәделі (ақтық) мүшесі. Қазақта, әдетте, соғымның ең ақырғы мүшесі ретінде жамбас сүйек сақталады, мұны қонаққа асу оған үйде еттің жоқ екендігін білдіреді. Осыған орай, ел арасында қонақ айтқан екен деген сөз қалыпты:

Жамбасты асқаны, үй иесінің сасқаны,

Үйінде жоқ болды-ау, жамбастан басқа қосқаны.

АНТ-СУ ІШУ – қандай бір уәдені, сертті, жауапкершілікті адам өз мойнына алу үшін жасалатын рәсім. Байырғы кезде ант берушілер айғақ ретінде адамның, одан кейінірек қара қойдың қанын, ислам діні күшейген соң Құран оқылған суды ішетін болған.

Бастапқыда орыс отаршылардарына қарсы күресте қандай бір іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында ақсақалдар ел азаматтарының бірлігін бекемдеу үшін ант салтын пайдаланып, тиісті тұлғаларға Құран оқып, ант-су ішкізетін болған. Мұны баталасу деп те атаған. Ежелгі қазақтар сөздің қасиетіне сенетіндіктен антты бұзу – өліммен тең деп есептеген. «Ісім қара болса, құдай алдында көрмей, пайғамбардың шапағатынан марқұм болайын, қараңғы түнмен кетейін, дүниенің жарығын көрмеймін», – деген сөздерді дауыстап, көпке естіртіп айтқан. Кейін дәстүрлі қазақ қоғамының қожырауының салдары – қоғамда адамдар жалған ант берушілік пайда болды.

Дәстүрлі ант беру ғұрпының өзінің бастапқы мәні мен маңызын жоғалтқаны соншама, қазақы ортада осыған байланысты «Ант ішкеннің үйіне барма, айрандай жұғады», «Ант ішкен – мың өледі, у ішкен – бір өледі», – деген сияқты сан алуан фразеологизмдер қалыптасты. Дәстүрлі қазақы ортаға

жат осы анайы құбылысты орыс отаршылдығының салдары ретінде түсіндіруге болады.

АҢ ОЛЖАСЫН БАЙЛАУ / ҚАНЖЫҒАҒА БАЙЛАУ – қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастар жүйесінің моральдық-этикалық нормалар мен принциптерге негізделген ілкімді ұстанымдардың бірі. Аңшы аңшылықтан немесе саяттан оралып келе жатқанда, алдынан сыйлы болмаса үлкен адам, тіпті, бөгде адам шыға қалса, аңшы олжасын сыйға тартады.

Бұл «алаштың бөлінбеген еншісінен» туындайды. Аң олжасын байлау жосыны еш бүкпесіз риясыз ниетпен атқарылады. Сондықтан да, қазақта «аңшы байымайды, бай аңшыны көргеніміз жоқ» дейді. Тазымен аң ілгенін көрсе, бейсауат жолыққан адам (кейде аңға шығып бара жатқанда) «майлансын» дейді, аңшы «байлансын» деп олжасынан байлайды.

Аң олжасын бөлісудің өзіндік қағидасы болды: атып алынған аң қалыптасқан жосынға орай, аңшының қасындағы жолдастарының ең үлкеніне байланады; құндыз атып алса, жүн-терісін мергеннің өзі иеленеді де, бауыр терісі жолдастарына бұйырады. Алайда, аң аулауға алғаш рет шыққан мерген немесе жаңа мылтық сатып алған, болмаса жаңадан бапталған құс пен жаңадан үйретілген тазымен шыққан аңшылар олжаларының бауашарын біреуге байламастан, ырым қылып өзі алады. Қоңыр аң олжасын бөлгенде, мергеннің өзі терісін, төсін және оң санын алады. Қалғандарын аңшының жолдастарына байлайды, бірақ, олардың жасы үлкені олжаның көбірегін алады. Мұндай бөлісті «мүше алмақ» дейді. Аңшылар өлтірген аңдарын оң қолымен алып, қанымен мылтықтың дүмін сүртіп, қайырған құсына итіне атқан аңның етінен дәм таттырады. Аңшы үйіне қайтып, үйіне кірерде аңды босағаға ырымдап тастайды. Содан кейін оны керегенің басына іліп қояды. Қақпанға түскен аңды алып, қақпанының жанына «өтеуін қалдырып кететін» болған. Олжаны иесіне немесе артынан қуып келген қуғыншыға байлау, яғни оны қайтарғаны қазақы түсінік бойынша, ішкен асты құсқанмен бірдей. Мұндайда, «Ұры мен барымташы жортуылға алам деп шығады. Ала білген адам, оны сіңіре де білу керек, былғағаннан басқа келтірер пайдасы жоқ», – делінеді.

Аң олжасын өңдеу. Ауланған аңның денесі әбден суыған соң, терісін сойып алады. Себебі, әбден суыған кезде аңның денесіндегі бүрге, кене, бит сияқты арамза жәндіктер түсіп қалады. Қоңыр аңдарды атып алғаннан кейін, ерекше үлкенінің терісін немесе үлкен мүйізін аңшы өзіне қалдырады. Себебі, олар аңшының алғыр екендігінің дәлелі ғана емес – сұқтанған адамның тілі мен көзінен сақтайды-мыс.

Қазақ аңшылары ұстаған аң терілерін тұрмыстың тұтыну қажетіне қарай, көбінесе, теріні бітеу сою, жарып сою сияқты екі түрлі тәсілмен сояды. Қасқыр, түлкі, қарсақ, құндыз, бұлғын, сусар қатарлы аң терілері бітеу сойылады. Бітеу сою – аңның құйрық түбінің ішкі жағынан пышақ салып, артқы екі санының жұқа шабы аралығына дейін тұзу тіледі. Терінің түбін ашып алады да, басына қарай тұтас сыпырып отырып, сирақтарын да тері ішінен бітеулей суырып алады. Пұшпақтарына бақайшық табанының мүйізгектерін қалдырып, онан соң құлақ терісін, иегін, қара тұмсығын, құйрығына дейін теріде қалдырып, тұлыптап сояды. Тұлыптап және бітеу сою

өңдеуге, илеуге қолайлы, әрі осындай жолмен алынған тері иі жаққанда жүнжіп бұзылмайды деп есептейді. Аң терілерін бітеудей мес қылып сою үшін, артқы шатын өткір пышақпен тіліп, теріні басына қарай айналдыра бас терісімен бірге сыпырады. Мұндайда, пышақ тигізбей, саусақпен, жұдырықпен іреп сыпырған дұрыс.

Жарып сою – мал союдан өзгешелеу. Оның екі түрі бар. Біріншісі – тауешкі, бөкен, арқар, бұғы, қарақұйрық қатарлы қоңыр аң бауыздап сойылып, терісі мен еті қатар пайдаланылады. Олардың бас терісінен басқа тері бөлінбей, сол күйінде сойылады. Екінші түрі – бауыздамай жарып сойылатындар – бұл арам еттілер тобындағы аю, жолбарыс қатарлы ерекше үлкен аңдарды сойғанда, бүтін дене тұрқының терісі түгел сыпырылады. Төрт пұшпағы, құйрығы, бас терісі, құлағы мен тұмсық мүйізгегіне дейін теріден бөлінбей бүтін сойылады да, тері түрінің басты мүсінін сақтап, жайылып қойылады. Ал, суыр, борсық сияқты ұсақ аңдардың жон терілерін пайдалану үшін олар бауырынан жарып сойылады.

Сондай-ақ, құтан, қалбағай тұқымдастарының мамығы кәдеге жарамды болғанымен, еті дәмсіз деп саналады және байлануға аса жарамайды. Керісінше, дуадақ, шіл, ұлар, безгелдік, жорға дуадақ, шыңырау, тарғақ, бөдене, бұлдырық, таукүдірет тәрізді қыр құстарын саятшылықта олжалауға тырысады. Аңдардың өті, жүрегі, үлпершегі, тісі, тарамысы қатарлы халық емшілігінде қолданатын бөлігін кесіп, сылып алады. Оның өзіндік қағидалары бар. Жыртқыш аңдардың терісін еппен бүлдірмей алып, соғып алған адам өзіне қалдырады. Күнде кездесе бермейтін сілеусін, жолбарыс, аю және бағалы аңның терісін аңшы өзі алады. Иен түзде соғып алған қасқырды әбден өлтіріп, жаны шыққан соң ғана қанжығасына байлайды.

Аң терілерін илеу және өңдеу. Аң терілерін илеп өңдегенде, терінің ішкі жағына айран немесе сарысуға ұн қосып (қарабидайдың ұны) иі етіп жағып, бір-екі тәулік қалдырады. Қоян, түлкі, қарсақ, бұлғын т.б. аң терілері өте жұқа болғандықтан, иі жылдам қанады. Әбден иі қанған теріні тазартып, уқалап, созғылаған кезде жұмсарып, ішкі беті ақ түске енеді. Содан соң, теріні жылы күйінде тұздап, арнаулы кергішке керіп кептіреді. Бұтағы аша болып өскен ағашты өңдеп, ашасының арасына көлденең кергіш ағаш бекітіліп, кәдімгі А әрпіне ұқсатып жасалған кергіш құралы жануарлардың терісін кигізіп, керіп кептіру үшін қолданылады. Кергішке бітеу сыпырылған (мес) тұздалған аң терілерін кигізіп, қуысына ауа жүретіндей етіп арасына киіз, сабан т.б. заттардан кепіл қойылады.

Аң олжаларын саудалау. XVIII ғасырда қазақтар жыл сайын Орынбор мен Троицк базарына 30-40 мыңдай түлкі, 40-50 мыңдай қарсақ сатуға апарып тұрған көрінеді. Зерттеушілер есебі бойынша, 1890 мен 1900 жылдары аралығында ресми статистика есебі бойынша Жетісуда 21088 қасқыр, 49767 түлкі, 23426 борсық, 28889 күзен, 810 аю терісі тапсырылған. Мұның сыртында айырбас жолымен сауда керуендеріне аң олжасы өте көп мөлшерде сатылған XX ғасырдың басында Жетісу қазақтары жылына 50 мыңдай түлкі терісін өткізіп тұрған. Бір ғана Торғай, Ақмола облыстарына аңшылық кәсібі жыл сайын шамамен 300 мыңнан астам сомның пайдасын әкелген. Онда киік

мүйізімен бірге, құнды олжалар қатарында көкқұтанның қауырсынының әр пұты 200 рубльге тең болды. Себебі, онымен әйелдің баскиімін безендірген. Ертеде қырғауылды қаршыға, сұңқармен аулап, оның ұзын қаламдары мен канат құйрығын сатқан. Оны ауқатты төрелер бір шоқ қылып байлап, артқан түйенің үстіне қайқайтып байлап, «қарқара» деп атаған.

1895 жылы «ДУГ»-да жарияланған мақалада былай дейді: «Орысқа бодан болғаннан бері қазақтар аң аулауды қызық көрген... Бұлардың көбі аңның етін жеп, терісін сатып пайдалана бастаған. Аңшыға терісімен пайда әкелетін аңдар: бөкен, марал, киік, жолбарыс, аю, қасқыр, түлкі, бұлғын, сусар, қырғауыл. Аңшылар көбейгеннен қырдың әр жерінде жүре беретін аңдар күрт құрып кеткен. Құрып кеткен аңдардың бұрын болғандары осы күнгі құрып жоғалып бара жатқан аңдар бөкен, марал, киік қырғауыл болады. Өскеменде Бөкен деген өзен бар ертеде мұнда бөкендер жайылып жүрген дейді. Мұны растайтын дәлел өзен бойында қазылған ұралар көп кезігеді... Апан ұра қазып, бетін далдалап жауып, бөкендерді ұстап алып жүреді».

Бұғының мүйізінен дәрі істеуге таптырмайтын шикізат ретінде бағаланған. Бір бұғының жақсы бұтақты мүйізі қытай жерінде 20 лань күміске бағаланды. Бір лань екі теңгеге тең болуы жылдан жылға бұғы аулайтындарды көбейтіп бұғының санын азайтып жіберген. Ал, Қарқаралы оязының оңтүстік күншығысында топтасқан киік мүйізін алмақ үшін көптеп аулаған. Бір киіктің мүйізі Қояндыда, Ботов жәрмеңкесінде 2-3 теңге тұрған. Бұрынғы кезде бұлғын мен сусар Қалба деген тауларда көп болады екен. Осы уақытта Қалбада бұлғын болмаса, сусар жоқ болып кеткен. Тегі Бавариялық, Тәшкенде ұзақ жылдар бойы қызмет істеген Франц Шварц Түркістан өңірі аң-құсқа бай, әрі арзан екендігін, оны қоныстанған орыстар кәсіп етіп жүргендігін жазады. Аңның арзандығы сондай, қырғауылды жиырма пфенниг, түлкінің сирек кездесетін қара түрі не бәрі екі марка тұрған. Түркістандағы бағалы терілер дайындау жағынан бірінші орынды иеленетін Лепсі уезінен терілерді Ресейдің орталық бөлігінен алып-сатарлар келіп алатын. Ал, балық пен құс олжаларын Семейге Шыңжандағы Шәуешек қаласына марал, ақбөкен мүйізі апарып сатылды.

АҢҚА – тыныс алатын мүшенің атауы, таңдай, көмей, жұтқыншак үшеуінің түйіскен тұсы. Алыс жолға мінілетін немесе бәйгеге қосылатын аттың бабы келіспесе, жолдың ауыртпалығын көтермей өзегі талып, тынысы бітеліп қалады. Бұл құбылысты қазақ «аңқасы кепті» дейді. Осы тәрізді, түйе мұрнының кеуілжірі мен аңқасына арам құрттардың өршіп (бөгелектің жұмыртқасы), ауру туғызуын аңқа ауруы деп атайды. Түйе тынысы тарылып, пысқырып, басын шайқалақтатады. Оған қазақ шопандары малдың майын ерітіп, жылыдай құяды немесе күкірт, ашудас түтінін ішке қарай түтікпен жіберіп емдейді.

АҢСАҚ – аң аулауды сүйетін, аң аулағыш, бірақ, аңшылықты арнайы кәсіп етпейтін адам.

Арғымақ тұрпат, ку сынды,
Ай жүзді сөңгел мүсінді,
Сұңғыла сұңқар аңсағы, –

деген жолдардағы аңсақ сөзі аталмыш мағынада қолданылған.

АҢСАТ ӨЛІМ – жасы үлкен қария адамдардың ауырмай, қиналмай бұл дүниеден жеңіл өтуі. Байырғы кезде жасы ұлғайып, уақыт өткен сайын қариялар «төсек тартып жатып қалмасам, міндетімді кісіге қаратпаса екен» деп, тәңірден аңсат өлім тілеген. Ел ішінде сондай күйде өмірден өткен қарияларды «тілеуі қабыл болды, аңсат өліммен баз кешті» дейді.

АҢШЫ – аң аулайтын адам. Аңшы қазақы ортада ерекше қадірлі адамдардың бірі болды. Осы туралы қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетте төмендегідей сипаттама кездеседі: «қазақтар аң аулағанды айрықша қызық көріп, аң аулаған мезгілінде әрбір жігіт өзінің батырлығын көрсетеді. Бұл себептен бұрынғы заманда қазақтар аңды күн көру үшін ауламаушы еді. Мұның мәнісі осы уақыттардың әдет рәсімінен байқалады. Көбінесе, аңға шыққанда аңшының қасында қаншама кісілер болады».

Аңшылық кәсіптің әртүрлі аңдар мен құстардың ерекшеліктеріне және жергілікті аймақтың табиғи ландшафттық рельефіне, сондай-ақ, флора мен фаунаның құрылымдық сипатына байланысты тәсілдері де сан алуан болды. Ұрпақаралық-этникалық тәжірибенің құрамдас саласы болып табылатын аңшылықтың сан қырлы тәсілдері әкеден балаға беріліп отырды. Бұл үрдіс аңшының кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының басты шарты болды.

Аңшылардың тәжірибесін ату мен аулау сияқты «таза» техникалық әдістермен шектеуге болмайды. Сонымен қатар, кәнігі аңшы болу үшін оған халықтық білімнің барлық саласынан – метрология, метерология, ветеринария және т.б. хабардар болуға тиіс. Деректерде атақты аңшылардың аңшы ретінде ғана емес, аталмыш халықтық білімнің салаларын меңгерген тұлға екендігі айтылады.

Аңшы киімі мен жабдықтары – аңшының саятқа немесе аңға шыққанда киетін арнайы киімі мен қолданатын құрал-жабдықтары (аксессуар) болды. Аңшының киімі қозғалысқа ыңғайлы, әрі ықшам болуы тиіс. Қыстық киім негізінен – саптама етік, қыстық тымақ, жылы ішік, жарғақ шалбар. Ықшам киінген аңшы киімінің етегін шалбарланып алады, ал, кіселі белдігін киімнің ту сыртынан буып тағынады. Тау, тастан таймас үшін өкшесінде нәлі немесе тақасы бар етік киеді. Ал, жаяу аңшы аяққа шақай немесе сүйектен сойшаңғы тағып алады. Аяздың бәсең кездерінде үстіне сырмалы шапан немесе шекпен, аяғына былғары етік, басына күләпара болмаса малақай кейде бөрік киеді.

Аңшы саятқа шығарда өзімен бірге беліне байланған кісеге қынға салынған пышақ, жемқалта (құнарқалта, нәрқалта деп те атайды), оқшантай, дәрі-дәрмек, шақпақ қу, шыжым бау, белқанжыға тағады.

Сонымен бірге, қолында аң соғатын дойыр қамшы, інге кіріп кеткен аңға бұрау салатын таяқ, аң олжасын қанжығаға байлайтын шәңгек ала шығады. Шоқпар, сойылды қажеттілікке қарай алуы мүмкін. Сонарға шыққан аңшылар, көбінесе, арнайы дайындықпен «артынып-тартынып», кішігірім көш тәрізді топ болып жүрді.

Саятта тазыға арналған жүрек жалғар ет және тамақ салып жүретін көлемі үлкендеу жемқалта аңшының жанынан тастамайтын ең басты атрибуттардың қатарына жатады. Аңшы ұшқыр, әрі ұзақ жүріске төзімді ат

таңдап алады. Ердің айылын төстей тартады. Саятшыға қарағанда, бірде өрлеп, бірде құлдилап, сай-сала қуалап көп жүретін болғандықтан, аттың ер-тұрманы жылжымайтын, орнықты болуына қатты көңіл бөлінеді. Осыған байланысты ер-тұрманға қосымша айыл тартылады. Бүркітші саятқашыққанда ең қажетті құрал-сайман және жабдықпен қоса, бүркіттің аяғының қанын тоқтататын бұлғарының еті деп аталатын бұлғарының ішкі бетіндегі ұлпасын бірге алады (саятшылықта, әсіресе, ірі жыртқыш аңға түскен бүркіттің жаралануы – жиі болып тұратын жайт). Аязды күндері бүркіт құндағы, тазыны орайтын жамылғы, кешке тоңғанда киетін дақы, мұйығын ердің қанжығасына байлап бөктеріп алады.

АҢШЫДАН (МЕРГЕН) СЫРАЛҒЫ – аң аулап, құс салып қанжығасы қамданып олжалы оралған аңшыдан ел шетіне келгенде алғашқы кездеке адамның кәдесый сұрау жоралғысы. Аңшылықтан келе жатқан аңшыға ел шетінде жолшыбай жолыққан адам этикет бойынша сәлем беріп, «Қанжығаң майлансын!» деп, тілек білдіреді. Сонда аңшы (мерген): «Сізге байлансын!» деп, жетек атқа артқан олжасынан түлкі, қоян немесе қаз-үйректің бірін оның қанжығасына байлайды. Бұндай жол-жоралғы сыралғы деп аталған. Бұндағы сыралғы «шыр» («май») деген мағынаны білдіреді. Сыралғы атауы тілдік жақтан шыр, сыр және алғы (алу) деген екі сөздің дыбыстық әрі мағыналық кірігуі (контаминациялануы) арқылы жасалған.

Ал этикалық норма тұрғысынан аңшыдан сыралғы алу жоралғысы, түптеп келгенде, адамдардың рушілік, руаралық әлеуметтік қатынастар жүйесіне қатысты қырларын реттеудің өзіндік бір тетігі іспетті болған. Академик І. Кеңесбаев сыралғы атауына тоқтала келіп, оны «бертін келе кей жерлерде аңшыдан (мергеннен) алатын салықтың түріне арналған» дейді.

АҢШЫЛЫҚ – көшпелі ортадағы қосалқы кәсіптің түрі, әлеуметтік орта және кедей топтар үшін күн көрістің бірі болды. Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласқан. Орыс отаршылдығының қазақ даласындағы үстемдігі біржола орнағанына байланысты аңшылықөзінің шаруашылықтың түрі ретіндегі функциясынан бірте-бірте айырылып, қоғамда, көбінесе, қызыққуарлық харекетке айналды.

Қазақ даласында аңшылық жеке адамның кәсібі ретінде де, бүкіл ру-қауым айналысатын кәсіп ретінде де дамыды. Көпшілік болып аң қағу ісінде, әсіресе, аран құру тәсілі көп қолданылды. Аңдарды арандату үшін табиғи ландшафттың қолайлы рельефін пайдаланды. Ол үшін аңдарды қаумалап, ұрандатып, алдын ала белгіленген алдыңғы жағы ғана ашық, аңдар секіріп өте алмайтындай үлкен сай немесе жыраға кіргізіп, оларды шалмамен ұстап немесе садақпен, бертін келе мылтықпен атып алатын болған. Үстіртте қазірге дейін кездесетін жан-жағы аң өте алмайтындай үлкен жыра бұрын аран ретінде қолданылған болуы мүмкін.

Кезінде Ш. Уәлиханов атап кеткен Іле мен Тарбағатай арасындағы ізі анық көрініп жатқан үлкен ұра да сондай аранның функциясын атқарған сияқты. Көп шығынды қажет ететіндіктен, қазақтың бәрі бірдей аң ауламаған. Өйткені, аң аулау үшін жүйрік тазы, берен мылтық, қыран бүркітті табу өз

алдына, оларды ұқсатып ұстау үлкен шығынды қажет етті. Сондықтан, аңшылықпен бай және орташа ауқатты қазақтар айналысты. Олар үшін аң аулау мәртебелі харекет болды.

Қазақы жіктеу бойынша, қару мен сайманның көмегімен аң қағу аңшылық ал, ит пен жыртқыш құстардың көмегімен аң түсіру саятшылық деп аталады. Аңшылықтың тазымен аң қағу, саят, сонар, салбурын деген сияқты түрлері болды.

Ресей отаршылығы күшейген заман да аң ату құралдарының нелер жетілген түрлері кең таралуына байланысты дәстүрлі аңшылықтың біраз түрлері өзінің кәсіптік маңызын жоғалтты. Мысалы, аңшылық ежелгі тәсілдердің бірі құс пен құмай-тазымен аң аулау қызыққуар, ермектік мәні бар ғана харекет болып қалды.

Дәстүрлі аңшылықтың тәсілдері сан алуан: құм қақпан, тас қақпан құру, орға жығу, індету, қысаңға қамап, сойылмен ұру, тұзақ, абақ, шаншу, атқы, баспа, ау, тор, ат үсті нен сойыл-шоқпармен соғу және т.б. қарапайым қолжетімді әдістер деген сияқты. Бұл тәсілдер үнемі толығып, жетілдіріліп отырды. Және бұл қарапайым тәсілдердің біразы күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ.

Мылтық ұстаған аяғына сүйеніп атып алады,

Бүркіт салған қызығына батып алады.

Ит жүргірткен шалқасынан жатып алады,

Қақпан салған сілесіне қатып алады, –

деп келетін өлең жолдары қазақы аң аулаудың өзіндік ерекшеліктерін бейнелейді.

Аңшылық түрлері: бірінші түрі – топ болып аң аулау. Аңшылық маусымында иен далаға ұжым болып аттанып, ондағы барлық аңшылар өздерінің құстарымен, тазыларымен ұзақ уақыт бойы аң аулаған. Аңшы топта тіпті, әнші-күйші, көңіл көтеретін ақын, сайқымазақ, сал мен серілер де аңшылармен бірге сан алуан қызыққуарлық шаралар атқарды. Олармен дабылшы, атшы, ыспар қазаншы және т.б. сияқты қызмет көрсететін адамдар бірге аттанды. Мақсаты – әрі қыстық соғымның қорын көбейту, әрі серуен құрып, көңіл көтеру. Аңшылықтың екінші түрі – жеке аң аулау. Бүркіт, мылтық, иттері бар орта ауқатты қазақтар аңшылықпен қызыққуарлық үшін ғана емес, күн көріс қамы үшін айналысты.

Аңды құрал-сайман көмегімен аулау – аң аулаудағы құрал-саймандар және осыған байланысты қолданылатын тәсілдер. Аң аулау әдісінің түрі көп және аулайтын аңға байланысты өзіндік түрі, тәсілдері және қажетті құрал-саймандардың қолданылуы да әр алуан болып келеді. Аң мен құсқа байқамайтындай етіп құрылатын қарапайым қылтұзақ, қақпан, темір қақпан, қолқақпан, қандыауыз деген құрал түрлері болды. Және қызметі қақпанға ұқсас болғанымен, мүлдем басқа тәсілдерге саналатын тасқақпан, құмқақпан, ағашқақпан, орқақпандармен де аңдарды түсіріп отырды. Таулы өңірде аюға басқы (бастырық, баспа) құрды. Сондай-ақ, улы шөптерден жасалған умен улау немесе у салу ірі жыртқыш аңдарды аулау үшін қолданылды. Жолбарыс аулаудың қауіпті тәсілі – кереге құрып аулау қазақтар арасында тарады. XIX

ғасырдың екінші жартысында қазақы ортада мылтықпен аң аулаудың түрі кең тарағанына қарамастан, садақ пен зақпы мылтық қарапайымдылығына байланысты өзінің қолданыстық маңызын жоғалтқан жоқ.

Аңды ұрып алу – аңшылықтың қарапайым түрі. Тазы ерткен аңшы қолына сойыл, шоқпар, дойыр сияқты ұру құралдарымен қаруланып, жүйрік атқа мінеді. Аң аулауға өрімі жуан дойыр, өзегіне қорғасын қосып өрген сабы ұзын бұзаутиі және дырау қамшылар аса қолайлы болды. Балуан Шолақтың дойыр қамшысы «қашқан қасқырды қуып жетіп, онымен жоннан тартқанда, қабырғаларының көбесі, омыртқалары сөгіліп кетеді екен. Қашаған жылқылардың қандайы болса да, қабырғаларын қуалай тартып өткенде етпетінен түсетін көрінеді», – деп жазды С. Мұқанов. Саятта, ұрыс соғыстарда қамшымен олжа түсірген қамшыгерге өзіне тиесілі олжаның сыртында «қамшы сыбағасы» деген арнайы олжа берілген. Жыртқыш, күшті аңдарға шоқпарды қолданды. Аңшылыққа арналған шоқпарды тасжарған, қайың, терек сияқты берік ағаштан басын домалақтап, сабын қысқалау етіп жонып, малдың майына суарып (қайнатып) дайындайды. Түйе терісімен қаптаған босмойын шоқпар, алты-сегіз қырлы шоқпар, тақымға басатын сапты шоқпар, жең ішінде жүретін жең шоқпар деген түрлері болды.

Берік ағаштан, басын жуандау, сабын ұзын етіп жасаған шоқпардың бұл түрлері аңды қуып жетіп талмау жерінен ұрып түсіруге қолайлы болды. Шоқпардың да, сойылдың да ұзындығы тұтынушының бойынан аспауы тиіс. Реті келсе, терісін бүлдірмеу үшін аңды соққан кезде тұмсығынан ұруға тырысады.

Аң ату – ату құралдарының көмегімен аң-құсты атып алу тәсілі. Қазақтар аң аулауда зақпы, атқы, садақ, мылтық түрлерін қолданған. Осы қаруларды қолдану арқылы қазақтар қоңыр аң деп атаған арқар, құлжа, бұғы, марал, таутеке, тауешкі тәрізді аңдарды және қасқыр, түлкі, аю, ілбіс, сілеусін тәрізді жыртқыштарды аулады. Кәнігі аңшылар аңның тұрағын, ойнағын, суатын, жайылымын, жалағын, жатар орнын, яғни олардың жусайтын және өретін орны мен уақытын дөп басып біліп отырған. Тіпті, аңдардың ізін де, исін де айыра білген. Аң аулауда кең тараған тәсіл тосқауыл жер табу, яғни кезеп ататын орынды дұрыс таңдау аңды жақыннан дәлдеп атуға мүмкіндік берді. Аң атудың ертеден кең тараған түрі – садақ пен зақпыны қолдану. Садақты пайдалану өткен ғасырға дейін кең қолданыста болғанымен, мылтық түрлерінің кең таралуына байланысты оның маңызы төмендеп қалды. Дегенмен, XX ғасырдың басына дейін қолданыстан шыға қойған жоқ.

Аңды мылтықпен аты алу XIX ғасырдың ортасынан үрдіске кең ене бастады. Әсіресе, түлкі, аю, жолбарыс, сілеусін сияқты терісі бағалы аңдарды аулау пайда табудың бір көзіне айналуына байланысты мылтықтың пайда болуы көшпелілердің аң аулау дәстүріндегі кейбірқаруларды ығыстыра бастады. Қазақтар шақпақты және білтелі мылтықты пайдаланды. Мылтықпен аң ату үшін оған байқатпай мейлінше жақындау үшін, түйе сияқты жануардың қалқасына «жасырынып», «оқ тиетіндей» қашықтықтан аңды қарауылға алады. Аңдардың бірнешеуін ату үшін, әуелі бастаушы аталығын тандап, атып

түсіреді. Сонан кейін, бастаушысыз абдырап қалғандарын жеделдетіп атып түсіруге тырысады.

Қару ұстаған аңшының айла-шарғысына қатысты ату тәсілдері бірнеше түрге бөлінеді. Ұлып ату тәсілі – қасқыр жүретін мекендерге жеткен аңшы атын тасаға байлап қойып, қасқыр болып ұлығанда, дауыс шыққан жаққа қарай арсалақтап жеткен қасқырды көздеп атып алады. Бұлғап немесе шақырып ату – көбіне суыр аулағанда қолданатын тәсіл. Аңшы қолына түлкі, қарсақ, қоян немесе қодастың ақ түсті құйрығынан шоқтап жасап, кішкене сапқа байлаған құрал – бұлғауышты қолына ұстап, оңды-солды бұлғақтатып аңды шақырып алдап, қолайлы қашықтықтан нысанаға алады. Осыған ұқсас баспалап аң-құс аулау тәсілі – аң-құстың мінез-құлқын және жердің ыңғайын жақсы білген аңшылар аңды көрінбей ұзақ уақыт тапжылмай отырып аңдиды. Иіс білдірмеу үшін жерден бір шөкім құм алып шашып, желдің бағытымен баспалап, аңға қарай жақындайды.

Аңшының аңды шолуы мен із кесуі. Тәжірибелі аңшылар аңның ізіне қарап қандай аң екенін, оның жүрісінің ерекшелігін және беталысын сабақтап біледі. Қасқыр түлкінің індеріне таяу маңда үнемі қайталап басатын бір жолының – жымның маңына қақпан құрады. Қақпан құрған кезде аңшы із тастамауға тырысады.

Құс топтасып, бірінің ізін бірі баспай, аңыздап жайылған жерге жем шашып, қақпан құрады. Сазға құрылса, бетін шөппен, сулы жерге құрылса, балдырмен жабады. Темір қақпанның шаппа мен жақтауына киіз немесе қайыс орап, аң-құстың аяғын бүлдірмес үшін жұмсақ қақпан қолданады. Түлкі түнде тоғайды сағалап, күндіз иенге шығады. Тазымен таңертең ерте немесе кешке қарай аң жатағына тартқан кезде шығады. Қыс мезгілінде аңның көбі күнге жерді таңдайтындығын білген қазақ аңшылары желдің бағытына қарай аң өретін аңғарды немесе өзекке жақын келетін бағытты таңдайды.

Аң аулаудың маусымы. Дәстүрлі дүниетанымның табиғатты және жануарлар дүниесін қастерлеуге негізделген нормалар мен принциптерге байланысты қазақтар әр аңды аулаудың белгілі бір мерзімін белгілеп отырды. Көктем айларында аң-құс біткен ұрпақтарын өрбітеді. Оның үстіне дәл осы кезде жабайы аң мен құс мейілінше арықтағандықтан еті де, терісі һәм қауырсыны пайдалануға мүлдем жарамсыз болып қалады. Еріген қар суларынан пайда болған ұсақ көлшіктердің суы тартылған сәтте құстар қамыс арасында ұя салып, балапан шығаруға дайындық жасайды. Сондықтан, ұя басар құсты, аналық аңды әсте ауламайды. «Қазақтардың бір азғанасы кәрі шалдар, молдалар жазғытұрым құс жұмыртқаларын басып, балапандарын шығарып, аңдар балаламаған буаз мезгілде атпандар деп өсиет қылады. Жаздыкүні мергеншілер тазы, мылтықпен түлкі, қасқыр, адал аңдарды аулайды. Күздікүні, қыстың күні аңды көбірек аулайды», – деп жазды қазан төңкерісіне дейінгі белгісіз автор осы жайт жөнінде. Осы уақыттан бастап, қаршыға, сұңқар тектес жыртқыш құстар түлекке отырады.

Қазақ аңшыларының шілде мен тамыз айының шендесер уақытында, әсіресе, аңдарды аулайтындығын осы сәтте түз тағысының қоң

жинайтындығымен түсіндіруге болады. Терісі үшін ауланатын аңдарды жабағы жүні кетіп, жаңа жүні жетілген, түбіті толған кезде аулайды. Осы кезде құс аулауды доғара тұрады. Ал, қаз бен үйректі құс келген кезде, ал қаз бен үйректі құс келген сәтте және күзде құс қайтар уақытта ғана аулайды. Өйткені, осы сәтте балапандар өсіп, ұша бастайды. Әсіресе, жыл құстары жылы жаққа қайта бастаған кезде құс аулау қауырт жүреді. Сондай-ақ, алғашқы аяз түсіп, яғни күзгі амал басталып, құстар көлге топ-тобымен жиналған кезде олжа мол түседі. Демек М.Д. Сейтовтің ителгімен жыл бойы аң аулайды, – дегені шындыққа келмейді. Ал, бүркітпен аңға шығу қар түскен аязды шақта басталып, қыстың аяғына дейін жалғасады.

Қазақта аңға сәтсіз күні шығуға тырысады. Себебі, мұндай күндерде аң жаңылып, аңшының олжасына оңай түседі-мыс. Қазақы жосын бойынша, аң-құсты жөн-жосықсыз аулауға жол бермейді: «ұядағы бөлтірікті өлтірсең ұлып қаласың» деген принципті ұстанды. Сондай-ақ, еліктің лағын, бұғының бұзауын және аққуды киелі деп, оларға мүлдем тиіспейді. Құстардың басып жатқан жұмыртқасына немесе жас балапанға тисе олар қарғайды деп есептеген. Осыған байланысты фольклорлық дәстүрде төмендегідей жолдар кездеседі:

Торғай-торғай атым бар,
Бір жапырақ етім бар.
Әкең тауға кеткенде,
Шешең өліп жетім қал!

Ал, балаларға жұмыртқаны жаруға қатаң тыйым салынды, себебі, жұмыртқа жарған баланың беті шұбар, секпіл болып кетеді-мыс.

Аңға қатысты ырымдар мен тыйымдар. Қазақтың саятшылық заңы бойынша, аңға мүлдем салынбаған, яғни бауы ашылмаған бүркітті немесе ауыздандырылмаған тазы итті жазым еткен адам дәл сондай бүркіт немесе тазы күшігін беріп, шығын орнын толтыруы қажет. Бүркіттің құны бір бойдақ қойға тең. Алғыр тазы және қыран бүркіттің құны қымбатқа түскен.

Аңға алғаш шыққан адам олжасын ешкімге байламайды. Жолаушыға айдалада кезіккен аң да киелі саналады. Осыған байланысты «Абыройы асар жігіттің алдына ажалды аң кезігеді» деп, осы жайтты жақсы ырымға жорыған. Ерекше белгілері бар «нысаналы» киелі аң болса (сыңар мүйіз, теңбіл, қалыпты түстен өзгеше аң деген сияқты), оның киесінен қорқып, атуға бармаған.

Құс төресі – аққу мен сары ала қаз, көкек, көккөптер сияқты құстарды аялап, атпайды, ауламайды да. Аңның төлдері мен аналықтарын атпаған. Соңынан жыртқыш қуып келе жатқандарын көрсе, атпай, керісінше, құтқарып жіберіп отырған. Әсіресе, әулиелер жерленген аумақта жүрген жануарларға мүлдем тиісуге болмайды. Мысалы, Маңғыстаудағы Бекет атаның Оғландыдағы мешітінің маңайында жүрген «асыл текті арқар, киік секілді хайуандарға тиіскеннің отбасына жақсылық келмейді» дейді жергілікті халық. Бүркітшінің бүркіті түлкі алғанда, аңшының мылтығы аңға дарығанда, кезіккен жасы үлкен адамға байламай кетіп, ол адам дауласа, аңшы айып тартады. Аңшының біреуге байлаған аңы екінші адамға байланбайды. Сондай-

ақ, жасы үлкен адамға бір рет аң байланса, оған екінші қайта байланбайды. Аспен немесе құспен аң қағу барысында аң кіріп кеткен інге кімнің аты немесе құсы бұрын жетсе де, әлгі аңға тиіспейді. Өйткені, аңды қолға түсіру үйге кіргенмен бірдей деп есептейді. Жараланған жыртқыш аңға жуыуға тым жақындауға болмайды, әсіресе жолбарыс, аю, қасқыр жараланған кезде тиіссе, олар қатты кек сақтайды деп санайды. Кәнігі аңшылар атып алған аңның тұрпатына, күйіне қарап, алдағы маусымға, мысалы, қыстың болашақ райына болжам жасаған. Мысалы, түздің қоңыр аңының бүйрек майы бітеу болса, қыста қар қалың түседі. Түздің қоңыр аңы үйір құрып, сай-саланы паналаса, ауа райы бұзылады. Түздің қоңыр аңы күзде бұлақ сағаласа, қыста қар жұқа түседі. Аңшылыққа байланысты төмендегідей ырымдар жиі қолданыста болды: аңға шығарда қаруы мен қамшысына әйел адамның қол жалғауына болмайды. Өйткені, жолы болмай қалады деп ырымдайды. Сондай-ақ, аңшылар далаға түнесе, өзі жатқан жерді айналдыра шеңбер сызып жатады. Шеңберге бәле-қаза, жыртқыш аң жоламайды-мыс. Аңшы аң атарда:

Бисмиллаһи рахмани рахим,

Ғайыперен, қырық шілтен қайырып бер,

Қайырып берсең, үйірінен айырып бер! –

деп пірлерге сыйынып, медет тілейді. Қанжығасы майлы келе жатқан аңшының алдынан шыққан адам «майлансын» деп сәлем береді. Сол заматта аңшы тілекшіге «байлансын» деп олжа байлайды. Құлыншақ ақынның өлеңдерінде осы аңшылық рәсім туралы төмендегідей жолдар кездеседі:

Ер жігіт тазы қосып, түлкі алады,

Кейбірі қолға үйретіп, құс салады.

Көк атты көк дөненмен кездескенде,

«Майлансын» деп түлкіні байланады.

АҢШЫЛАР МЕН ҚОЯНДАР – шапшаңдыққа тәрбиелейтін балалардың ойыны. Аты айтып тұрғандай бұл ойын «аңшылар» мен «қояндар» деп аталатын екі топтың арасында болады. Ойынның басқа ойындардан басты ерекшелігі кез келген мезгілде ойнала береді. Ойыншылар екі топқа бөлінген соң арасы шамамен 50-60 қадым болатын жерге қос шеңбер сызады. Қыстыгүні болса қарға шеңбер сияқты із, белгі салынады. Бұл қоянның іні деп белгіленеді.

Ойын шарты бойынша аңшы болған топ қояндардың інін қазғанда қояндар келесі інге қашады. Осы тұста аңшылар оңтайлы сәтті пайдаланып қояндарды атады. Жаз мезгілінде доппен ұрса қыста қармен ұрады. Оқ тиген қояндар ойыннан шығып отырады. Екінші інге аман жеткендері інді қазғанда келесі інге қашып, ойын соңғы қоянды атып біткенше жалғасады.

Бұл ойынның Е.Сағындықовтың берген нұсқасында аталмыш ойын «Қоян» деп аталады. Бірақ мазмұны осы ойынмен ұқсас. Онда тек аңшылардың орнын тазы ит басады. Яғни, бір іннен келесі інге қашқан қояндарды тазылар қағуы тиіс болады.

Қорыта айтқанда, бұл ойын дәстүрлі ортадағы атадан балаға жетіп отырған аңшылық пен саятшылық дәстүрінің балалар арасына кеңінен

таралуын, сонымен қатар оларды аңшылыққа жас кезінен баулитын керемет ойын үлгісі болып табылады.

АҢШЫНЫҢ КЕШІККЕНІНЕ СҮЙІН – «аңшының межелі уақытта келе алмай жатқанына қуан» деген мағынаны аңғартатын тұрақты сөз орамы. Аталмыш фразеологизмнің мәдени семантикалық өрістегі астырт мағынасы тілдік семантика мағынасынан басқа наным-сенімге байланысты.

Аңшылық – қиын да, қауіпті кәсіп. Аң-құс әдетте жақын жер, ауыл маңында болмайды, сондықтан аңшы қоңыр аңның соңына түсіп алыс-алыс жерлерге, елсіз, құла дүзге кетеді. Қасқыр, аю, жолбарыс, барыс сияқты қауіпті жыртқыштарды да аулайды. Алайда уақыт межелі күнінен өткен сайын аңшының отбасы, үй ішінде алаңдаушылық болады. Бірақ аңшының кешіккенін ежелгі наным-сенім бойынша жамандыққа жоруға болмайды. Қауіпті сапарда жүргендіктен, ондайға тыйым салынып, аңшының қанжығасы қанды, артынып-тартынған олжасы мол, сондықтан кешуілдеп жатыр деп, жақсылыққа жориды.

АПА – қазақы ортадағы туыстық қатынастар жүйесінің іргелі ұғымдарының бірі. Жасы кіші жақын қандас туыстарға ғана емес, осы шамадағы рулас адамдарға да жасы үлкен әйел апа болып есептеледі. Тіпті, жақын туыстығы жоқ жасы кіші адамдар да үлкен әйелді апа деп атаған. Сонымен бірге, Қазақстанның көп өңірлерінде шешесін, тіпті, әжесін де апа деп атау дәстүр болып қалыптасты. Жетісу өлкесінде апаны әпке, осы өңірдің шығысында – әйе, Шымкент облысында – әпше, қалған өңірлерде – апай деп атау ертеден бастау алады. Жасы үлкен әйелді құрметтеу, еркелеу, іш тарту, оны қастер тұту мақсатында апажан деген. Қазақ дәстүрінде бауырлары, кіші сіңілілері апаның алдына түспеген, апасының сөзіне тоқтаған, оның талабын сөзсіз орындауға тырысқан. Кішілер апаларды ақылшы санады. Оң жақта отырған кезде үлкен қыз өзінен кейінгі бауырларының апасы ретінде оларды тәрбиелеу ісінде үлкен рөл атқарды.

АПАҚ-САПАҚ МЕЗГІЛ – қас қарайып, шам жағар мезгіл, қараңғы түсе бастаған кез. Оны қазақ ақшам немесе екінті деп те атайды.

АПАН¹ – қар суынан, жаңбырдан жар болып ойылған жер, шұңқыр. Көбіне жауын-шашыннан, табиғат құбылыстарынан пайда болады. Табиғи апандарда жиналған суды шөлейт өңірлерде мал суаруға пайдаланған.

АПАН² – аң аулауға қолданылатын шұңқыр-ұралардың атауы. Апанмен қазып аң аулау дәстүрлі аңшылықтың негізгі тәсілдерінің бірі болған. Әдетте, апан аңдардың суатқа баратын жолында қазылып беті бұта-шөп шаламмен бүркеліп тастайтын. Нәтижесінде аң апанға құлап қолға түсетін болған. Апан қазып аң аулау тәсілі ірі жыртқыш аңдарды (аю, қасқыр) және қоңыр аңды аулауға пайдаланылды. Жыртқыш аңды аулағанда беті бүркелген апанның үстіне жемтік қойып аулау тәсілі қолданылған. Қоңыр аңды аулағанда аңның суатқа баратын жолында және маусымдық миграция жолдарындағы тар қысылтаяң жерлерде апан құрылып, үйірленіп қалған аңды үркітіп, үдере қуу арқылы қолға түсіретін болған.

Аңшылықта апанның қолдан қазылған түрлерімен қатар табиғи апандарды да қолданатын болған. Деректерге қарағанда қасқыр аулағанда

апан шұңқырларды омбы қарды қазып, ішіне шөп-шалам жағып қабырғаларына мұз қатырып, апанның ішіне тірі жемтік (қоян, қырғауыл) тастап ұстайтын болған. Ондай апандардың ор, қамба деген жергілікті атаулары кездеседі.

АПАН ҚҰДЫҚ – көшпелі мал шаруашылығы кешенінде малды дер кезінде қандыра суару ең маңызды мәселелердің бірі болғаны белгілі. Қолдағы түліктің құрамына, жыл мезгіліне қарай суаруға қажетті судың көлемі әртүрлі болады. Мысалы, сиыр түлігінен басқа мал қарлайды. Ал сиырды қыста суат ойып суарады. Көктем, күздің салқын күндері жазға қарағанда судың қажеттілігі аздау болады, дегенмен күзде құрғақтау, қара отқа жайылған малдың ағзасы, көктемгі балғын шөпке жайылған жайылымдармен салыстырғанда, суды көбірек қажет етеді. Жазда малды күнделікті суаруға тура келсе, басқа жыл мезгілдерінде ауа райына, жергілікті ерекшеліктерге қарай мал суару жағдайы әртүрлі болатын, яғни күн арадан, арасына екі-үш күн слып суаратын жағдай кездесе беретін.

Жалпы ұланғайыр қазақ даласының географиялық ерекшеліктеріне байланысты мал суару көздері, суаттар әртүрлі болады. Өзен, көл, бұлақ, тұма сияқты су көздері бар жерлерде табиғи ашық суаттар ұйымдастырылатын болған. Дегенмен, тұшы сулы ашық су көздері тапшы мал жайылымдарында қазақ малшылары мал суаруға құдық қазып, жерасты суларын пайдаланды. Қазақ жерінің Батыс, Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-батыс өңірлеріндегі далалық, шөл және шөлейт аймақтарындағы дәстүрлі жайылымдарда ашық су көздері аз, ал көптеген көл суы тұзды болып келеді. Алайда аталған өлкелердегі жайылымдардың құнарлылық, азықтық әлеуеті өте жоғары болғаны белгілі, сайып келгенде қазақтың дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығының негізгі дені осы аталған аймақтарда, (шығыс бойлығының 52–76 градус аралығы мен солтүстік ендігінің 44–50-ші градус аралығы) шоғырланған болатын. Тіпті көшпелі мал шаруашылығының қазақ жеріне тән формасы осы далалық, шөл және шөлейт жерлерді игеру барысында қалыптасты. Бұл Қазақ жерінің климаттық ахуалына бейімделіп қана қоймай, қоршаған ортаны толықтай игеріп, шаруашылық жүргізудің өз уақытындағы прогрессивтік бірегей тәсілі болды. Жайлаудан қыстауға, қыстаудан жайлауға көшкенде қазақ малшылары мыңғырған малды жылына екі рет күйін түсірмей, төлін жоғалтпай, ұзын ырғасы мың шақырымнан артық жер жүріп жаятын болған. Әлбетте, осындай көш барысында малды суатпен қамтамасыз ету, өз шешімін күткен бірден-бір маңызды шаруа болған. Осыған байланысты қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығында жерасты суларын пайдалану өзіндік даму сатысынан өткен, кең өріс алған құбылыс болды. Яғни құдық қазып суат ұйымдастыру мал шаруашылығының бөлінбес технологиялық құрамдас бөлігіне айналды. Ал қазақ жерінің түрлі географиялық аймақтарды алып жатқан үлкендігі, жер қыртысының физикалық қасиетінің әртүрлілігі (тас, керіш, құм, саз т.б.) құдықтардың түрлі типтерінің қалыптасуына себеп болды. Осының бір айғағын «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда құдықтардың қазылуына, жасалуына, тереңдігіне

қарай, яғни қазіргі тілмен айтқанда, негізгі техникалық сипаттамасына негізделіп келтірілген оннан астам атауынан байқауға болады. Құдықтардың эксплуатациялық ерекшеліктерін, судың сапасын, көлемін сипаттайтын атаулар өзінше жеке дербес топты құрайды. Осы қатарда кең тараған тәтті құдық, ақшелек құдық, сүтті құдық, құрдым құдық деген сияқты атауларды айтуға болады. Жоғарыда атап өткендей жер жағдайының ерекшеліктері құдықтардың құрылымдық өзгешеліктеріне негіз болды. Көптеген ғылыми еңбектерде классикалық мысал ретінде келтірілетін Үстірт, Бетпақдала, Қызылқұмдағы тереңдігі 30-40 метрден асатын шыңырау құдықтарды қарастырсақ, ұлутас қабатын, қатты керішті, немесе тастақт ойып қазылатын мұндай құдықтар мамандандырылған құдықшылардың еңбегін, кәсіби тәсіл-айлаларының болғанын көрсетеді. Осыған байланысты, Үстірт, Қызылқұмда қауымның немесе жеке байлардың қаражатымен қазылған шыңырау құдықтар жеке рудың немесе қаздырған адамның меншігі болып, солардың атымен аталатын. Мысалы, Мұқан құдық, Байсейіт құдығы жеке адамның атымен байланысты болса, Баубек қазған құдығы Маңғыстау өңіріндегі байбек руының атымен байланысты.

Нарын, Самқұм, Шу, Балқаш өңірлеріндегі жерасты суының деңгейі жоғары жерлерде таяз құдықтар қазылатын, ондай құдықтарды қазу, әрине, көп еңбекті талап етпейтін де көбінесе жеке қожалықтың мүшелерінің күшімен қазыла беретін. Ондай құдықтардың ел арасында: таяз құдық, орпа құдық, апан құдық деген атаулары қалыптасқан. Топырақ құрамында тұзы көп шөлейт және шөл жерлердегі құдықтардың суының тұшылығы бір маусымнан аспайтын. Көптеген жағдайда, ауыл көшіп кеткеннен соң қолданыста болмаған мұндай құдықтардың суы келесі маусымға дейін борсып, ащыланып кететін. Себебі, біріншіден құдықтағы тұрып қалған су түрлі микроорганизмдердің әсерінен көктеп, иістеніп борсып кетеді, бұл, әсіресе күн сәулесі су бетіне түсетін таяз құдықтарға тән, екіншіден маусым аралығында суы алынып пайдаланып тұрмағандықтан, жер қыртысындағы тұздар шайылып құдықтағы судың құрамындағы тұздардың концентрациясы жоғарылап, ішуге жарамай қалады. Мұндай құбылыс ойпат өңірлердегі шөлейт, сори мен қағы көп жерлерге тән. Әдетте таяз қазылған құдықтар ел көшкенде көміліп, келер жылы жаңа жерден қазылатын болған.

Осы таяз құдықтардың қатарына жататын апан құдық мақаламызға арқау болып отыр. Апан құдық атауы ауызекі тілде, көркем әдебиетте кездескенімен оның сипаттамасы жайлы дерек ғылыми еңбектерде ұшыраспайды, тек құдықтың осындай түрі болғандығы факт ретінде аталып өтеді. Түрлі деректерде апан құдық деп шетінен тұрып суды қауғамен іліп алуға бейімдеп жасалған аумағы кең, шұңқыры едәуір терең суы мол құдықты атайды.

Классик жазушы Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында апан құдықтың төмендегідей сипаттамасы келтірілген: «Аумағы үш қанат үйдей үлкен апанның бетіне екі арбаның арысын жапқан. Астына үш зереден қойып, екі жаққа ұзын екі науа орнатқан. Төрт жігіт екі бөлініп тұрып, төрт қауғамен екі науаны шалпылдапты». Романда апан құдықтан 300 жылқы суарылса да суының лайланбайтыны жайлы сөз болады. Кейіпкер екі науаға

елу шелек су сиятындығын, ол бар болғаны құдықтағы судың 1/8 екенін сөз етеді. Яғни құдықтың сиымдылығы шамамен 800 шелек. Шелектің сиымдылығы шамамен 12-15 литр деп алғанда құдықтағы жиналған судың көлемі 10 м³ астам болады. Ал 300 жылқы суарылғанда суының лайланбауы құдықтың дебитінің өте жоғары екенін көрсетеді. Жоғарыда апан құдық жайлы құжаттамалық нақты тарихи деректердің жоқ екендігін атап кеткенбіз. Ал осыған байланысты көркем әдебиет үлгілерінен апан құдыққа қатысты ақпараттарды іздестірген де, қазақ жазушыларының XX ғасырдың 30-50-жылдары жазылған шығармаларынан деректер кездесті. Солардың қатарында апан құдық жайлы бір жанама деректі қазақтың әйгілі ақыны Сәкен Сейфуллинның «Жемістер» деген әңгімесін ерекше атауға болады. Ішіне жасырынып жатқан он үш адам және олардың аттары сиып кеткен үлкен шұңқырды ақын апан құдықпен теңестіреді. Ақынның апан құдықты метафоралық теңеу ретінде келтіргенін ескерген күннің өзінде, жалпы шұңқырдың пошымы құдықтың қандай болатыны жайлы ақпарат береді.

Сонымен, апан құдық деп аумағы кең, пішіні апан шұңқырға ұқсас, ернеуі шегенделмейтін, суы өте мол құдық болса керек. Шамасы мұндай құдықтар жері жұмсақ, жерасты суының деңгейі жоғары жерден қазылатын болған. XX ғасырда техниканың дамуымен, мал суару жүйесінің технологиясының түбегейлі өзгеруіне байланысты, апан құдық сияқты қолдан жасалатын қарапайым су көздері қолданыстан шығып қалды. Қазіргі уақытта мал суару үшін жер асты суларын бұрғылау арқылы шығарып арнайы су құбырлары жүйесі құрылады. Заманауи технологиялық жетістіктерге байланысты дәстүрлі құдықтардың көбі жойылып кетті, бұл үрдіс әсіресе уақытша қазылатын қарапайым таяз су көздеріне қатысты көбірек орын алды деуге саяды. Яғни суды электр насостың күшімен көтеруге байланысты, қауғамен су көтеруге бейімделген айдыны үлкен, аумақты апан құдық қазудың қажеттілігі болмай қалды. Дей тұрғанымен апан құдық атауы халық жадында, суы тұнық, саны көп мал суаруға жарайтын «берекелі», «сүтті» құдықтардың ерекше бір түрінің атауы ретінде сақталып қалды. Атаудың үлгілерін жоғарыда атап өтілген көркем әдебиет туындыларынан көруге болады.

АПАНАҚ – аюдың бір жастағы баласының атауы. Атаудың мәні аюдың апанда туып, есейетіндігіне байланысты айтылуы ықтимал.

АПИЫН – көкнардан өндірілетін есірткі зат. Апиынды өндіру үшін мезгілі келгенде көкнәрдың қауашақтарының сыртын сәл тіліп, бөлінген сүт тәрізді ақ қоймалжың сұйықтық кеуіп, қоңырқай тартқанын күтеді. Осы қамыр тектес қоңырқай затты апиын дейді. Халық емшілігінде апиын кең қолданылған. Апиынмен жүйке ауруларын, бас ауруды, тыныс ауруларын, қатты ауырсынғанды басу, іш ауырғанда қолданған. Қазақ жерінде XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Жетісу өңірінде көптеп өсірілді. Сол кездегі апиынның рөлін ҚР Мемлекеттік орталық музей қорында сақтаулы, 1918 жылдары Алматы (сол кездегі Верный) қаласында ақша орнына жүрген маркалардан көруге болады. Маркада оның құндылығы қаладағы сақтаулы апиынмен қамтамасыздандырылады деп жазылған. Яғни апиын құндылығы алтынмен пара пар болған десе де болады.

Медицинада апиынның құрамындағы есірткі алкалойдтар түрлі дәрілік препараттарды (морфий, папаверин т.б.) өндіруге қолданылады. Қазіргі таңда апиын құмарлық есірткілердің қатарына жатқызылған, ол героин (есірткі) өндірудегі негізгі шикізат болып табылады. Апиын есірткілік, улы қасиеттері оны дәстүрлі емшілікке еппен қолдануға мәжбүрледі. Апиын уланған адамды сүтпен, асқабақтан арнайы түрде жасалған тағаммен емдеген. Апиын бесауыт пайдалануға қатаң тыйым салынған. Құмарлыққа салынып көкнәр, апиын шеккен адамдарды «апиыншыә, бәңкеш деп атаған.

АПТА – 7 тәуліктен тұратын уақыт өлшемі. 7 күннен тұратын апта айдың толық айналуының 4 фазадан тұратын циклымен байланысты уақыт өлшемі ретінде Ежелгі Шығыс (Вавилон, Египет, Ассирия) елдерінде қалыптасқан. Уақыт өте келе апталық уақыт өлшемі жер жүзіндегі көптеген халыққа кеңінен тараған.

Апта күндерінің атаулары қазақ халқына парсы жұртынан еніп, қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі деп аталған. Апта дүйсенбіден басталып жексенбімен бітеді, алайда орыс патшалығының отаршылдығына дейін қазақтар, әсіресе оңтүстік өңірлерде апта сенбіден басталып жұмамен аяқталатын болған. Уақыт өлшемі ретінде апта атауы халық тілінде күндердің ретіне қарамай да қолданыла беретін. Мысалы, «сәрсенбіден санағанда екі апта өтті»; «Бір жұма өткен соң келерсің» дейді. Яғни, апта атауы бұл жерде бір жетінің циклдық анықтамасы ретінде емес, уақыт өлшемі есебінде қолданылып отырғанын көруге болады.

Сонымен қатар, байырғы кездегі қазақы ортада аптадағы күндерді «сәтті» және «сәтсіз» деп бөлетін түсінік болған. Сәрсенбі сәтті күн болса, сейсенбі ауыр, жаңа істі бастауға, жол жүруге болмайтын күн деп есептелген. Бейсенбіде күн ауған соң әруақтар дәм етеді деп шелпек пісіріп жеті нан таратып, дұға оқыған. Жұма күні үй шаруасымен айналысуға, кір жууға, шаш алып, моншаға түсуге болмайды деп түсінген.

Осы күнгі халықаралық стандарт (USO 2.2.9 бап) бойынша апта: «дүйсенбіден басталып, жексенбімен аяқталатын, 7 күннен тұратын уақыт интервалы». Өзге де өркениетті елдер тәрізді қазақ елі де ресми жағдайда осы стандартты қолданған.

АПТАУ – жер-сумен немесе аңшылық құралдармен серттесу арқылы атқарылатын магиялық іс-шаралар. Бұл жерде аптау рәсімін атқару құралдардың немесе жер-судың өзіндік тылсым күш иелері бар деген нанымға негізделген іс-әрекет деп бағамдауға болады. Белгілі ұста, зерттеуші Д.Шоқпарұлының дерегінде: «Аңшының, балықшының олжасын екіқабат әйелдерге жеуге болмайды. Себебі аңшылар мен саятшылардың, балықшылардың түзу мылтық (садақ, сақпан), қанды қақпан т.б. құрал-саймандарына көз тиеді, «бұзылады» деген наным-сенім сақталған» – дей отырып, «жерік әйел қақпанға түскен, атып алынған аң мен құстың немесе ауға түскен балықтың етін, әлде белгілі мүшесін жеп жерік қандырам десе, аңшының мылтығына, қақпанына ақтық байлайды. Осыны қазақ ақтау дейді. Егер де қару-жаракқа, құрал-сайманға ақтық байланбаса, онда иесі «аптауға»

мәжбүр болады». Автордың көрсетуінше, аптау үшін мылтықты үш рет оқтап, үш мәрте жезді кері шығарып, ішіндегі оқ-дәрісін төгіп, қайта оқтап үш түсті жіпті ширатып қаруға балап, салқын сумен жуу. Сонан соң байлаған жіпті шешеді. Қақпанға да үш түрлі жіпті ширатып байлап, жерге үш рет ұрып, сумен жуып, жібін шешеді немесе жуып тазалап қаруды «түзейді». Аптау кезінде мылтыққа «Аталмасам маған серт, Атылмасаң саған серт, Аңның етін жемеген әйелге серт!» – дейді.

Қақпанды:

Құра алмасам маған серт

Тұра алмасаң саған серт

Аңның етін жеген әйелге серт, –
дейді.

Автордың айтуынша, сонда не қару түзеледі, не иесіне қатер төнеді, не жерік әйел түсік тастайды. Бұл жерде көне магиялық түсінік бойынша, аңшы, оның құралы және жерік әйел үшеуінің серттесуінде болып отыр. Әрине мұндай жағдайда серт «бұзбау» үшін қару, сайман «түзеліп» өзінің негізгі функциясын орындайды деген сенім болып отыр. Ал сертті бекіту, яғни заңдастыру ширатылған үш түсті жіп арқау болып отыр, яғни жіптің үш түсі үш жақты серттескен үш тарапты білдіреді.

Аптаудың малға қатысты түрін этнограф-ғалым Х.Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты еңбегінен көруге болады. Желінсау малды емдеуде қазақтар аптау тәсілін қолданған. Аптау барысында қайтыс болған адамның денесін сүрткен шүберекке «Сен де қайттың қара жер, Мен де қайттым, ем қылмасам маған серт, жазылмаса саған серт!» – деп екі мәрте қайталап, үш рет жерге, үш рет ауру желінге ұру шарасын жасайды.

Сонымен, аптау – адам мен «иесі» немесе «жаны» бар деп есептелетін объектімен серттесу арқылы белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет. Анимистік көзқарастың негізінде атқарылатын аталмыш жосындар көшпелілердің пайымы бойынша, діттеген мақсат-мүддені жүзеге тиімді асырудың кепілі болып табылады.

АР – адамның адамгершілік қасиетін бейнелейтін басқа категориялар және ұғымдармен өзара себеп-салдарлық байланыстағы, яғни құрылым жағынан күрделі этикалық категория. Мазмұны мен қолданыс аясы адамаралық немесе адам және объект арасындағы, басқаша айтқанда, субъектаралық және субъект-объектаралық қатынастардың ахуалдық сипатына байланысты нақтыланып отырады. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп келетін белгілі фразеологизм қазақы ортада ар категориясы кісіліктің ең биік моральдық-этикалық өлшемі болғандығын айғақтайды. Ар ауқымдылығы соншалықты көбінесе ұят, намыс және адамгершіліктің нормалары мен принциптерінің бірыңғай семантикалық баламасы ретінде де қолданыла береді. Сонымен қатар, ар ауыспалы «арнайы» мағынада да қолданылды. Мысалы, Ар ұяттың немесе кісіліктің баламасы ретінде жүрді деген сияқты.

АРА¹ – ағашты көлденең кесуге немесе сүрегін ұзынынан қуалай жарып, тілуге арналған құрал. Оның бірнеше түрі мен соған сай атаулары бар: екі басында қос тұтқасы бар, ағашты көлденең кесуге қолайлысын қос тұтқалы ара; жалғыз қолмен ағашты көлденең, қиғаш, ұзынынан кесіп-тілуге арналғанын қолара; ағашты ұзынынан сүрегін қуалай тілетін түрі кермелі ара немесе садақша ара қазақ шеберлерінің арасында кеңінен тараған. Пышқы деп аталатын араның түрі ағашты мәнерлеп тілуге арналған. Теміртект (металл) түрін мәнерлеп кесуге арналған жүзі өте жиі, кішкене, нәзік ара түрін де пышқы деп атай береді. Араның зергер, темір ұсталарына тән түрлері өзгеше болады.

Араны өткірлеу тәсілі қайрау деп аталады. Егеумен әрбір жүзінің бір қырын бір жағына, екіншісін оған қарсы бағытта қайрап, араның жүзін өткірлейді. Араны шыңау тәсілімен алдын ала дайындалған (арнайы суарылып, шыңдалған) жұқа берік болаттан жасайды. Шыңау – араның жүзін ерсілі-қарсылы ажырату. Ол арнайы аспап ажыратқыш көмегімен жүріледі. Ол үшін көлденең кесуге қолайлы етіп ашасына ағашты қысып қоятын құрал тұғырға орналастырылады.

АРА² – сиыр түлігінде кездесетін жара атауы, ауру түрі. Сиырдың мойны мен қарнына ісік тәрізді кейде қатты, кейде жұмсақ өскін өседі. Біраз күннен соң еш ем-домсыз өздігінен жоғалып кетеді. Ауру себебін қазақтар, әдетте, механикалық әсерлердің салдары деп есептейді. Мысалы, сиыр малының кездейсоқ соққыдан немесе қатты нәрсеге ұрынуынан деген сияқты.

АРА АҒАЙЫН – қазақы дәстүрлі ортада әртүрлі әлеуметтік деңгейдегі – адамдардың арасындағы, топтар арасындағы дұрдараздықтың, сондай-ақ, ауыл және руаралық араздасудың, тіпті, осыдан өршіген шиеленістің шешімін табушы, тараптарды бітістіруші адам немесе бүтіндей үшінші ру. Бітімгерлік жасаушы араздасқан тараптарға туысқандық жағынан бірдей, яғни бейтарап болуы шарт. Араздық немесе шиеленістің сипаты, ауқымы және барысына байланысты ара ағайын функциясын атқаратын субъектілер де әртүрлі болады. Яғни бір ауылдағы екі адамның арасындағы дұрдараздықты, әдетте, үлкен үйдің өкілі – ақсақал немесе ауылдың туыстық жақындығы екі жаққа бірдей сыйлы адамы ара ағайын ретінде шеше берсе, руаралық тым өршіген шиеленісті сый ағайын болып жүрген басқа үшінші ру-қауымның игі жақсылары ара ағайындық жасап, шешіп беріп отырды. Мысалы, тарихтан белгілі тобықтының ішіндегі жігітек руының ұр да жықтары Абайдың ауылына баса-көктеп кіріп, оны соққыға жығуы Абайдың жақтастары мен жігітектің адамдарының арасында қатты шиеленіс туғызады. Осы шиеленісті бүкіл тобықты тайпасына сый ағайын болып жүрген Керей мен Семіз найманның игі жақсылары шешіп берді. Зәбір көрген жақ анықталғаннан кейін, оның моральдық және материалдық шығынының мөлшері белгіленеді. Оның есесін ара ағайынның шешімі бойынша қарсы жақ толтыруға тиіс. Шығынның есесі мал-мүлікпен ғана емес, кейде бітімге әзір тараптардың өзара қыз алып, қыз берісулері арқылы да қайтарылып отырды. Сонымен, ара ағайын ежелден қалыптасқан

институт ретінде ру-қауым, ру-қауымаралық, тіпті, этнос деңгейіндегі әлеуметтік қатынастар жүйесін реттеудің ілкімді принциптерінің (құралдарының) бірі болды.

АРА БИ – кең аумаққа (елге, аймаққа) билік жүргізуші, құзыры мен билігінің артықшылығы бар, ең соңғы шешімді қабылдаушы би атауы. Оның кең таралған басқаша атауы – төбе би.

АРАБ ЖАЗУЫ – әлемдегі мұсылман халықтарының көбі қолданатын көне жазу түрлерінің бірі. Араб жазуы бастауын набатей жазуынан алады. Семит-хамит тілдік тобына жататын набатейлер ертеректе араб тайпаларымен туыстық қарым-қатынаста болды. Ал, набатей жазуының өзі арамей-пальмира жазуының негізінде қалыптасты. Араб әліпбиінде 28 әріп бар.

Ортағасырларда ислам діні мен мәдениетінің Орталық Азия мен Қазақстан аумағына енуіне байланысты араб жазуы кең етек жайды. Қарахан мемлекетінен бері рухани және мәдени мұраларымыз араб жазуы арқылы өрнектелді. Араб әліпбиінің негізінде түркі тілдерінде ортақ жазудың емле ережелері бекіді. Бұл күнде араб әліпбиін жер шарындағы халықтың 10 пайыздан астамы пайдаланады. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері ескеріліп, ықшамдалып жасалған түрін «төте жазу» деп атайды.

АРАБ ЖЫЛҚЫСЫ – ерте заманда Таяу Шығыс, Солтүстік Африканың шөл және шөлейт аймақтарында қалыптасқан жылқы тұқымы. Араб жылқысы, негізінен, салт мінуге бейімделген, сырт пошымы, басқа жылқы тұқымдарының ішінде тұрқының әдемілігімен, жүрдектігімен және ұзақ жолға шыдамдылығымен ерекшеленеді. Араб жылқысы дүние жүзінде тараған осы заманғы көптеген жылқы тұқымдарын шығаруда қолданылды. Атап айтқанда, ағылшын таза қанды жылқысы, тракен, венгр жылқысы, желісті жылқылар тобы, Орлов жылқысы т.б. көптеген жылқы тұқымдарында араб жылқысының қаны бар.

Араб жылқысы қазақы ортада аса ірі байлар мен төре-сұлтандардың қолында бірен-саран болғаны белгілі. Алайда Қазақстанның табиғи-климаттық ерекшеліктеріне және жылқының жыл он екі ай далада, табынды бағу тәсіліне байланысты араб жылқысынан тұқым алып, қазақ жылқысын асылдандыру айтарлықтай нәтиже бермесе керек. Себебі ғылыми селекциялық негіздемесіз жай будандастырудан туған будандар бір-екі буыннан соң азғындап, араб жылқысының тұқымдық ерекшеліктері жойылып кететін болған. Дегенмен, қазақ жеріне араб жылқысы арабы, арабы жылқы деген атаумен белгілі болды.

АРАБЫ КІЛЕМ – төсеніш ретінде пайдаланылатын тақыр кілем түрі. Бұндай кілем түрін тоқу өнері елімізде ислам дінінің енуімен байланыстырылады.

АРАЛА – қазақтың дәстүрлі емшілігінде қолданылатын өсімдіктің атауы. Араларының сипаттамасы және қолдануы жайында деректер әртүрлі, тіпті, ботаникалық тұрғыдан қарама-қайшы болып келеді. Мысалы, С.Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегінде: «Арала бояуға қосатын тамыр. Оны дәрі есебінде қолданады», – деп келтірсе, М.Қанапияұлы «Қазақтың

халық емі» атты еңбегінде: «Арала жапырақ төгетін ағаштың жемісі, көбінесе ыстық үйекте өседі. Араланың шыққан жері Пәкістан», – деген мәлімет келтіреді. 2003 жылы жарияланған Қазақ тілі сөздігінде: «Таулы жерде өсетін, жемісі соп-сопақ, иісі ерекше, тамыры мен дәнін көптеген ауруларға дәрі ретінде пайдаланатын, биіктігі 20-60 см.-дей дәрілік шөп (қурай)», – деген анықтама берілген.

Біздің пайымдауымызша, арала атауы әртүрлі аймақта өсетін емдік қасиеті бар әртүрлі өсімдіктерге қатысы болуы керек. Өкінішке орай, арала жайында басқа деректер табылған жоқ, сондықтан бұл мәселе қосымша дәйектерді қажет етеді.

АРАМ – категориясы да ең алдымен субъектілік, тұлғалық қасиет. Оның объектілік көрінісі де субъектінің белгілі бір этномәдени ортада қалыптасқан көзқарасына, дүниетанымына байланысты болады. Яғни субъектінің рухани және биологиялық қажеттілігіне, сұранысына байланысты объектілердің қолданыстық маңызына қарай олар арам немесе адал болып жіктеледі. Мысалы, қарғаның еті ас ретінде пайдалануға жарамсыз, сондықтан арам, үйректің еті жеуге жарамды болғандықтан – адал деген сияқты. Кейде объектінің әртүрлі қолданыстық сипатына қарай оны адал деп те, арам деп те бағалады. Осыған орай ана тілімізде тұрақты сөз тіркесіне айналған «есектің күші адал, сүті арам» дейтін фразеологизмді мысал ретінде келтіруге болады. Жоғарыда айтылғандай, арам категориясы тұлғалық қасиет ретінде адамның бойындағы нашар қасиеттерді (екіжүзділік, алаяқтық, жалғандық және т.б.) бейнелейді. Қазақы ортада, әсіресе, ежелден орныққан рулық-қауымдық тәртіпке этикалық жағынан мүлдем кереғар опасыздық, зинақорлық (әсіресе, жетіаталық, экзогамиялық өлшемге келмейтін), екіжүзділік, жалқаулық, өсекшілдік сияқты жағымсыз қасиеттер аяусыз сынап-мінелді. Осындай қасиеттері білінген қылмыскерлер аяусыз жазаланды. Арамның бірден-бір этикалық өлшемі оның антитезасы адал категориясы болып табылады. Бұлар функционалдық жағынан бірін бірі үнемі толықтырып отыратын өзара антиномиялық байланыста болады. Яғни бұл екі категория бірі бірінің этикалық болмыс-бітімін айқындайтын, әрі айғақтайтын антиномиялық жұп құрайды.

АРАМ ЖАНУАР / ХАЙУАН – Дәстүрлі қазақ дүниетанымында етқоректі аң-құстар мен құрт-құмырсқалармен қоректенетіндерді «арам еттілер» тобына жатқызады.

АРАМ ҚАТҚЫР – малға айтылатын қарғыс. Төрт түлік малға айтылатын қарғыс сөздер иесінің ренішін, сәттік эмоциясын білдіретін ұрысу түріне жатады. Мұндай қарғыс түрлері дәстүрлі ортада зілсіз қарғыстарға жатқызылып жиі айтыла береді. Ал, «топалаң тигір», «кебенек», «түйнек», «қарасан келгір» деген сияқты мал ауруларына қатысты айтылатын сөз орамдарын, түптеп келгенде, қарғыс ретінде қаралмай, тек жекіру, реніш білдіру санатында қолданылатын.

АРАМ ӨЛІМ – өзіне-өзі қол салған (асылып өлу, суға кету, өзін өртеу, у ішу т.б.) немесе жалғыз өзі қараусыз жүріп, атаукересін ішпей көз жұмған, имансуын алмай, денесі жуылмай қалып қойған жағдайға қатысты

қолданылатын ұғым. Өз-өзіне қол жұмсаған адамның жаназасын шығармай, мұндай адамдардың сүйегін аруақ тебіренеді деп қорымда бөлек бір жерге жерлеген.

АРАМЗА – күйек уақытынан бұрын қашып кеткен ұсақ малдың (қой, ешкі) төлі. Әдетте, қошқар, текелер жаз бойы күйек байлап, ұрғашы малдың ерте қашып кетпеуін қадағалайтын болған. Сондықтан арамза төлдің тууы көбіне кездейсоқтық жағдайлармен байланысты болатын. Зерттеуші этнограф Х.Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты еңбегінде қошқарлыққа қалдырылған еркек тоқтыларға күйек байланбайтын, көптеген жағдай отарда арамзаның көбеюіне ол да бір себеп болды деп көрсетеді. Күйек байлаудан бұрын қашып кеткен саулық немесе ешкі қыс ортасы, аязды мезгілде төлдейтін болған. Ал, төл, әдетте, әлсіз, жүдеу болып суықтың әсерінен нашар жетіледі, олардың күтімі де қиындап әлекке салатын болған. Көптеген жағдайда арамза төл өліп қалатын. Қыстан шыққан арамза өзінің әлжуаздығымен тұқымдыққа да жарай қоймайды. Осыған байланысты оларды қысқа жеткізбей қоңды кезінде сойып алатын болған.

АРАН – аң аулаудың ерекше тәсілі. Тау шатқалдары арасынан ені тарлау істеліп, тас пен ағаштан қоршау жасап, олардың жан-жағына аң кіргеннен кейін шегініп шыға алмайтындай өткір істік қадалар орнатылады. Аңдарды қаумалап үркітіп келіп, аранға, яғни қоршауға енгізген кезде, кірген аң сасқалақтап істік, қадаларға түйреліп қозғала алмай абдырап қалады. Осы сәтте аңшылар аңдарды оңай соғып алады.

Аранға киікті қаумалап кіргізу туралы деректі А.Левшин еңбегінен кездестіруге болады. Суат маңына қамыстан жартылай дөңгелете қоршау жасалады. Қамыстың өткір сүйрік жағы қоршаудың ішкі жағынан шығып тұратындай етіп орнатылады. Торуылдап жасырын отырған аңшылар суатқа келген киіктерді үркітеді. Жануарлар суаттың қоршау жағынан қалдырылған ашық жерге қарай қашып, қоршаудан қарғып өтуге ұмтылған кезде, қамыстың өткір ұшына арандайды. Жараланған киіктерді ұстап алып, қалыптасқан тәсілмен пышақпен бауыздайды.

Аранның бір түрі – бастарын сояу-сояу істіктеп қысқа шабылған қамысты мұздың бетіне орналастырады. Оған қояндар арандалғыш келеді. Қазақтың ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді деуі осыған байланысты айтылса керек.

Иен даладағы арнайы қазылып жаалған аран түрлерін қамба немесе ұра деп те атайды. Ол аң көп жүретін жерлерге тастан, ағаштан, шіліктен қоршау тәрізді етіп жасалынып, оның түйіскен тұсына терең апан немесе ұра қазады.

Аранға қамап аулау түрі – көбінесе жаугершілік заманында қос-қолаңның (сарбаздарды тағаммен, әрі жорық аттарын жем-шөппен қамтамасыз етуші) жиі қолданған тәсілі. Аранды пайдалану аңды көптеп қолға түсіруге мүмкіндік берді. «Араны ашылған» деген сөз тіркесі қомағай, ашқарақ адамға теңеу ретінде айтылады.

АРАН ШАРБАҚ – аңдарды арандатып аулауға негізделген тәсілдердің бірі. Қазақы ортада аң аулаудың өте сирек кездесетін амалдарының қатарына жатады. Деректерге қарағанда, Алтай өңірінің қазақтары қолданған. Қыс қатты болған жылдары Алтайдағы аңшылар бірен-саран қолданатын тәсіл деп

жазады Н.Қазыханқызы өз еңбегінде. Қазақстанның басқа өңірлерінде осы тәсілге байланысты деректер жоқтың қасы. Үлкендігі жапақос көлеміндей, ұлудың қабығы немесе адамның шаш орайының желісі сияқты орамалап тоқылған шарбақтан жасалынады. Қасқыр ғана сиятындай сырттан ішке қарай жол қалдырылады. Аран шарбақтың жас талшыбықтан қиялай өрілген қабырғаларына ішкі жағынан «жатыла» (жатқыза) сояуларын шығарып қояды. Яғни тар жолдың екі қабырғасы кірпінің тікенегіндей сояуларға толып тұрады. Сырттан келетін жолдың ең түкпіріне жалғыз қой байланады. Ол маңырап маңайдағы қасқырды өзіне «шақырады». Қасқыр шарбақты айналып есігінен жолды бойлап ішке енеді.

Сырттан кіргенде жол қабырғасындағы қадау-сояулардың ұшы қасқырдың жүру бағытына қарай жатылап жасалғандықтан, аң әлгі сояу-қадаларды жапырып оңай кіреді. Алайда, орай-шарбақтағы қойға жете алмайды. Шегініп шығайын десе, сояулардың ұшы қарсы келіп, жүруі қиындап, амалсыз қамалып қалады. Сөйтіп, қасқыр олжаға айналады. Алайда, бұл тәсілдің қай кезеңде және қалай пайда болуы жөнінде деректер әзірге табылған жоқ.

АРАПШЫ / ХАРАПШЫ – қызыл тілді әзәзіл, сиқыршы, өсек тасушы, шағылыстырушы, дуашы. «У ішсең руыңмен» деген принципті қатаң ұстанған қазақы орта арапшы адамды әжуалаудың, сынап-мінеудің нысанына айналдырған. Тіпті, арапшының кесірінен біреулер жазатайым зардап шексе, кінәліні әдеттік құқықтың нормалары мен принциптеріне сәйкес тиісті жазаға тартып отырған. «Келіп тұрған бағыма кер бақтырып бөгет болған арапшы сүйреңдемей жап деймін ауызыңды» (А.Бабиұлы).

АРАСАН – емдік қасиеті бар, минералды су көздері. Зерттеушілер арасан көне санскрит тіліндегі рашан атауынан ауысқан деп пайымдайды. Емдік су көздері Кавказ, Орталық Азия, Батыс Сібір мен Моңғолияда халықтарында арашан, аржан, рашан, арасан деген атаулармен аталады. Ол көне «рашан» ұғымының әр халықтың өз тіліне тән фонологиялық бейімделуіне байланысты қалыптасқан варианттары. Жалпы арасандардың емдік қасиетін адамзат ежелгі уақыттан бері пайдаланып келеді. Арасан ұғымының көнеден қалыптасқан көптеген халықтарға ортақ атауы да соны меңзейді.

Қазақ арасандарға жер астынан шығатын минералдық су көздері – бұлақ, тұма, қайнарларды жатқызады. Емдік қасиетін кие тұтқан халық мұндай шипалы су көздерінің атауына әулие, киелі, қасиетті деп қосып қос сөзбен атайтын болған, мысалы ретінде Жамбыл облысындағы Әулие бастау атауын келтіруге болады.

Қазақ халқы арасандарды жүйке, буын, құяң, қышыма, тері аурулары, ішек-асқазан, өкпе ауруларын емдеуде кеңінен қолданған. Сонымен қатар бұндай жердерлердің әулиелік қасиетіне табынып, құдайдан бала тілеген адамдар, босана алмай жүрген әйелдер арасан басына түнеп, суын ішіп, құрбандық жасап, тәу ететін болған.

Әрине мұндайда әртүрлі арасандардың әсері белгілі бір ауруларға қатысты қолданғандығын да айта кету керек. Себебі, арасан сукөздерінің

минералдық құрамы, су температурасы әртүрлі болғандығына байланысты, көп ғасырлық емдік практика негізінде, қолдану тәсілдерінің халықтық «регламенті» әртүрлі болып қалыптасқан.

Көк жөтел, көксау секілді өкпе ауруларын қымыз ішіп емдегенде, қымыздың әсерін күшейту үшін арасан басында 10-15 күн жатып суына түсіп тер шығарып, жас сорпа мен қымызды белгілі бір ретпен ішіп емделетін. Емнің бұл түрінде, қымыз бен арасан суының әсері бірін-бірі күшейтетіндігін ғылыми негіздемесі жасалды. Өз кезегінде, XIX ғасырдың соңында осы тәсілдерді орыс медицинасының ресми қолдана бастауына себеп болды.

Еліміздегі арасан суларының құрамы күкіртті сутек, радон және кальций, магний, йод, хлор, натрий сияқты химиялық элементтерден түзілетін өте үлкен спекторды құрайды. Осыған орай, Қазақстан жеріндегі арасандарда емделетін аурулардың да түрі өте көп. Қазақстанда арасандарда орналасқан Сарыағаш, Алма Арасан, Ақсай, Жаркент арасан, Шонжы арасан, Қапалы арасан, Барлық арасан, Рахман бұлақтары сияқты кешенді емдеу орындары ел арасында үлкен сұранысқа ие екендігін айта кеткен жөн.

АРАША ТҰРУ / ТҮСУ / СҰРАУ – жанжалдасқан екі жақты (адамды) айыру, ажырату және бітімге келтіруді білдіретін моральдық-этикалық мәнді ұғым. Қазақ салтында, екі адам төбелесіп қалса, қасындағы адамдар «Араша, араша! Арашамды беріңдер!» деп, оларды төбелестірмей тиып тастайды. Басу айтып, татулыққа, сабырлыққа шақыру – қазақы ортада қалыптасқан дәстүрлі үрдістердің бірі.

Араша бермей жанжалдасу қазақ әдетінде жоқ және ондай жағымсыз қылыққа байланысты айыпты адам жазаланады. Қалыптасқан дағды бойынша, араша сұрап араға түскен адамды құрметтеу ретінде жанжалдасқандар арашаға тоқтауы тиіс. Бұл ретте «арашаға қоймасаң, арашашыға зар боласың» принципін ұстанады.

АРБА – жылқы, түйе, өгіз т.б. жегін малына жегілетін көлемді және қол күшімен сүйреуге ыңғайлы шағын келген бір, екі, үш немесе төрт дөңгелекті тасымал құралы. Арба кейбір өңірлерде араба деп айтылады. Ерте кезде қазақ жерін мекен еткен тайпаларда арбаның алты дөңгелекті үлкен түрі болғандығы, оның үстіне киіз үй тігілетіндігі, бірнеше малға жегілетіндігі жайында шетел саяхатшыларының жазбаларында кездеседі.

Жегін арбасы бірнеше бөліктерден тұрады. Солардың бірі – жетекағаш. Ол жергілікті тілде жетек, тәрте, терте, дәрте, арыс, октық, оқағаш, ағлоп, ағылөп, ағлөк, ағылөк (аглобля) деп түрлі аталады. Бұл – арба-шананың жегін малын жегетін ұзын бір немесе екі ағашы. Қос ат немесе қос түйе жегілетін көлемі үлкен арбалардың ортасында жуан келген бір ғана жетекағашы болады. Оның екі шетінде бәлек немесе пәрек аталатын құрал арқылы қамыт құлақбауына тағылатын «баулары» болады. Осы баулары арқылы арбаны сүйрейді. Арбамен шұғыл бұрылмай кеңірек бұрылады, шұғыл бұрылған жағдайда жетекағаш мойнына күш түсіп сынып кетуі мүмкін.

Тәжбау – төрт дөңгелекті арбаның алдыңғы екі дөңгелегін бұру үшін жетекағаштың сыртынан тағылатын жетек темір. Ол тәжі деп те айтылады.

Тәжбау болмаса жетекағаштың өзімен дөңгелек бұрылмайды. Бұрылған күннің өзінде жетекағаш мойнына күш түсіп сынып кетеді. Тәжбау жуандығы шынашақтай жұмыр, ұзын темірден арлы-берлі қозғалып тұратындай екі бөлек жасалады. Оның бір басы алдыңғы дөңгелектің сыртқы жағынан келіп, білікке кигізіліп мұрындықтылып бекітіледі. Ал екінші жағы жетекағаштың орта тұсының үстіңгі жағынан қағылған тіс-тіс темір тетіктің тісінің біріне кигізіліп, тураланады. Атқа жегілген арба жетекағашы қай жаққа бұрылса, жетекағаш сыртынан тағылған тәжбау сол жаққа қарай тартылып жетекағашқа күш түспейді, әрі дөңгелек жеңіл бұрылады.

Дөңгелек (доңғалақ) – арбаның жүруін қамтамасыз ететін ортасына шабықтары бар шеңбер пішінді бөлігі. Арба дөңгелегі жергілікті жерлерде тегермеш, тегершік, дігіршік, тоғым, тоғыт, шаңырақ, шақ деп те аталады. Төрт дөңгелекті арбаның алдыңғы екі дөңгелегі кішкене, ал артқы екі дөңгелегі үлкен болып келеді. Дәстүрлі ортада қолданыста болған екі дөңгелекті арба дөңгелектері биіктігі кісі бойындай үлкен болып келген. Ерте кезде арбаның бүкіл бөлігі, соның ішінде аталмыш дөңгелегі қайыңнан жасалатын болған. Дөңгелек арасында бірнеше шабақтары болады. Ортасында білікке киілетін тесігі бар, сыртында шабақтар сұғылатын ойығы бар дөңгелектің ортаңғы бөлігі – күпшек немесе көшер деп аталады. Күпшек білікпен үнемі үйкелісте болып тозатындықтан оның ішкі жағы темірмен қапалады. Сонымен қатар күпшек ағашы жарылып кетпеуі үшін екі шетінен темірмен құрсауланады.

Дөңгелек білікке кигізілерде күпшек ішіне май жағылады. Ал осы күпшек пен табан қимасының арасын жалғастыратын, тігінен салынатын тіреме ағаштар – шабақ, бақай, қадақ, бақалақ, кегей, гагай, азу, азу ағаш деп әр өңірде әртүрлі аталады. Табан қимасы – дөңгелектің сыртқы шеңберін құрап тұрған имек ағаштар. Ол көрік, тоғын, тоғым, табан ағаш, шаңғарын, шаңғарақ, шаңғырақ, тоқ, ұлтан, ұлқат деп жергілікті жерлерде түрлі аталады. Оның сырты шеңбер пішінді жалпақ келген шентемірмен (шымтемір, абайма, табан темір деп те аталады) құрсауланады. Шентемір дөңгелек табан ағашын тозудан сақтайды.

Білік – екі басына дөңгелек кигізілетін жұмыр ағаш не темір. Ерте кезде қолданыста болған арба біліктері қайың, емен ағашынан жасалған. Кейіндеп ағаш орнын темірден жасалған біліктер алмастырған. Темірден жасалған біліктер білік темір, тімір білік, бел темір, шен темір, көшір, өс темір деген атаулармен аталған. Білік темірдің үш жағында дөңгелек шығып кетпеуі үшін құлақ шеге немесе шақа деп аталатын темір немесе ағаш мұрындық өткізілетін тесігі болады. Арба дөңгелектері жеңіл айналуы әрі айналу тетіктері бір-біріне үйкеліп қажалмауы үшін майланып тұрады. Майы таусылып құрғаған дөңгелектен шиқылдап, сықырлаған дыбыс шығады. Сондықтан майы таусылған дөңгелек шығарылып білікке, дөңгелек күпшегіне май жағылып қайта салынады.

Төсағаш – төрт дөңгелекті арбаның алдыңғы білігінің үстіне бекітілетін және арба қорабының астыңғы жағына бекітілетін жастық ағаштар. Төсағаштың білікке бекітілген астыңғы бөлігі арба дөңгелегімен бірге оңға,

солға бұрылып қозғалып тұрады. Бұл бөлік үнемі қозғалыста болып қажалатындықтан олардың арасына бір-біріне беттесіп тұратын екі бөлек дөңгелек пішінді төстемір бекітіледі. Бұлар бір-біріне үстіңгі жағынан сұғылған жұмыр әрі ұзын келген кіндік темір немесе қодық деп аталатын темірмен ұстатылады. Кіндік темірдің жоғарғы басы «қалпақбас», ал екінші ұшы мұрындық өткізілетін тесігі болады. Төсағаштарды түйрей өткен кіндік темірдің астыңғы ұшына белеғашқа қабаттай бекітілген бас жағы ойық темір кигізіліп мұрындықталады. Бұл темір төсағаштың алдыға, артқа қисайып кетпеуін, тік тұруын қамтамасыз етеді.

Белеғаш – арбаның алдыңғы дөңгелегі мен артқы дөңгелегінің жалғап тұратын ұзын жұмыр ағаш. Бұл белдік, оқағаш деп те аталады. Бұның алдыңғы басы алдыңғы жастықағашқа жалғасып жатса, артқы басы артқы білік темірдің үстінен қойылған жастықағашқа бекітіледі. Сонымен қатар артқы жастықағаш арлы-берлі қозғалмай тұрақты тұруы үшін, белеғаштың екі бүйірінен қосымша екі «тірек ағаш» бекітіледі.

Арба қорабы – арбаның жүк басатын және адам отыратын негізгі бөлігі. Ол жергілікті жерлерде қалқан, алап, діребен, деробен деп те айтылады. Арба қорабы жайдақ немесе төрт жағы қоршалған болады. Қорабы тақтайдан, жұмыр сырықтардан немесе талдан тоқылып жасалады. Қораптың екі жанын арбаның төрт бұрышындағы – қазығы (қада, қаламдық, тірек ағаш деп те аталады) ұстап тұрады.

Арба үстінің жайдақ келуіне байланысты жайдақ арба, дүрегі, тәйкі арба деп аталады. Ал, қорабының жәшікке ұқсас болуына байланысты жәшікті арба, науа пішіндес болуына орай науалы арба деген жергілікті атаулар қалыптасқан.

Шөп тасуда арба қорабын кеңіту мақсатында, оның қорабының екі жанынан шығара төрт жұмыр ағашты байластырып «қанат» жасалады. Бұл арбаның қанаты, қос қанаты, қосшақпақ, сатысы, қалқаны, қалқайма, жарандық, жәрәндік, өре т.б. деп әртүрлі айтылады.

Жегілетін малына қарай арбаның атқа жегілетіні – ат арба, түйеге жегілетіні – түйе арба, өгізге жегілетіні – өгіз арба, есекке жегілетіні – есек арба деп аталады. Бұлардың әрқайсысы екі, төрт дөңгелекті болып жасалып, малдың күшіне қарай әртүрлі көлемде келеді. Бірақ ерте кезде арбаның екі дөңгелекті (екі дөңгелекті арба, екі аяқты арба деп те аталады) түрі кеңінен қолданылған. Себебі, төрт дөңгелекті арбаға (төрт аяқты арба) қарағанда екі дөңгелекті арба көші-қон кезінде ойлы-қырлы жерде жүруге қолайлы болған.

Арбалардың қос дөңгелекті түрлері қазақы арба, көтек арба, екі аяқты арба, қоқан арба деп аталады. Ал жүк тасуға арналған, төрт дөңгелекті үлкен түрлері ырдуан, ырадуан, радуан, радбай, ритуан (рыдван), қосаяқ, кедір арба, мажар, можар, дәрбиналы арба делінген.

Сонымен қатар төрт дөңгелекті, үстінде адам отыратын қорабы (күймесі) бар жеңіл арба түрлері күйме, пәуеске, трашпан, трэшпән, трашпенке, тірәшмөңке, трәшмөңке, ләшеңке, пайтон арба, пейтан арба, пейтон арба (фаэтон), дүрешке, брешке, бірішке (бричка), қарындаш арба, қауар, адор, бұрғын, бүрген, порген, паргон (фургон) деп әртүрлі атаулармен аталған.

Бұрынғы уақытта арбаның бұндай түрін ауқатты байлар, бастықтар пайдаланған.

Арбаны атқа жегуге (қосуға) қажетті жабдықтар: ершік, қамыт, доға, белкөтерме, қарымбау, делбе (божы) деп аталады. Ал түйені арбаға жегуде шликке, адыр, омырау қамыт деп әртүрлі аталатын әбзел пайдаланылады.

Арбаны жегерде аттың арқасына ершік салынып, ершік бауы аттың төсінен алынып бекітіледі. Бұдан кейін басынан асырыла ат мойнына қамыт кигізіліп, қамытқа тағылған шілия аттың құймышағына қарай түсіріледі. Осыдан кейін ат екі жетекағаштың ортасына тұрғызылып, алдымен жетекағаштың сол жағы көтеріліп, одан кейін оң жағы көтеріліп доға арқылы қамыт құлақбауына бекітіледі. Артынан қамыт құлақбауы тартылып, белкөтерме жіп ершік үстінен өткізіліп жетекағаштар сәл көтеріліп байланады. Ең соңынан делбе тағылады. Осылайша арбаны жегу аяқталады. Тура осы әдіспен шана да жегіледі.

Арбаны жегетін жегін әбзелдерінің мықты, қауіпсіз болуы, әрі жегін малына дұрыс жегілуі маңызды саналады. Әбзелдердің бауларының тозған, тозбағандығына, бөліктерінің сынған, сынбағандығына үлкен мән беріліп отырылады. Ал тозған жерлері болса ауыстырылады. Себебі, арба жегін малына дұрыс жегілмесе немесе қамыт бауларының, шілия қайысының үзілуі сияқты түрлі себептер арбаның аттың аяғына тиіп шошынуына, арандауға алып келеді.

Сондай-ақ таулы жерлерде жүк басылған арбамен жоғарыдан төмен түскенде де қауіпсіздік жағы ескерілген. Бұндайда арбаның артқы дөңгелектері (бір немесе екеуі) айналмайтындай байланатын болған. Себебі, үстінде жүгі бар салмақты арбаны тежеуге аттың шамасы келмеген. Егер ат арбаны ұстай алмай төмен қарай құлдиласа, соңы аттың арандауына, шошынуына, арбаның сынуына алып келген.

Арба атқа арнайы жегін әбзелдері арқылы жегілумен қатар, жетекағаш бастарын қамыт құлақбауына байлау немесе жетекағаш бастарын жіппен тұйықтап байлап ер үстіне салып сүйреледі.

Көшпелі халықтар жаугершілік заманда жау шабуылынан қорғану үшін арбаларды дөңгелек шеңбер жасап қойып, қорғаныс шебі ретінде пайдаланған. Бұндай тәсіл қорғаныс саласында жақсы нәтиже берген.

Қол арба. Күнделікті үй шаруасына қолданылатын, қолмен сүйреуге арналған шағын арба түрі – қол арба, кәләмүшке, қалтек, ғалдек, тәшке деген сияқты әртүрлі атаулармен аталады. Олардың көлемі, пішіні әртүрлі болып келеді.

Арбаның шаруашылықтағы маңызы халықтың рухани өмірінде түрленіп түрлі мақал-мәтелдердің тууына себеп болды. Оны: «Алыстан арбалағанша жақыннан дорбала», «Олай тартсаң – өгіз өледі, Бұлай тартсаң – арба сынады», «Жаман арба жол бұзар, Жаман адам ел бұзар», «Асықпаған арбамен қоян алады», «Кеменің арбаға мінетін, арбаның кемеге мінетін кездері болған», «Алдыңғы арба қайда жүрсе, Соңғы арба сонда жүрер», «Түйең жаман тоқтамайды, Өзімнің арбам жақсы оттамайды», «Түйе жүктен қашып

құтылмас, Ат арбадан қашып құтылмас» деп келетін мақал-мәтелдерден кеңінен байқауға болады.

АРБАҒА ТАҢУ – ертеде қазақы ортада орын алған масқаралап жазалау түрі. Той-жиынды бұзған содырға, жеңіл-желпі ұрлық жасаған ұрыға және қалыптасқан моральдық-этикалық нормаларды бұзған басқа да айыпкерге ауыл ақсақалдарының ұйғарымымен арбаға таңу жазасы тағайындалған. Айыптыны қол-аяғынан керіп арбаның үстіне немесе дөңгелегіне таңып, шандып байлайды. Бұл айыпкерлердің абыройы жұртшылықтың алдында айрандай төгілгендігін меңзейді.

АРБАКЕШ – ат арбаны жүргізушінің атауы. Дәстүрлі қазақы ортада алыс сапарға ат арбамен шыққанда арабкеш жалдайтын болған. Кейде арабкешті оның ат арбасымен қоса жалдайтын жайттар да кездесетін. Арбаның арабкеш отыратын тақтайын арба зәңгі немесе арба тақтасы деп атайды. Ал, қолына ұстап арбаны айдайтын құралды божы қамшы немесе бишік деп атайды. Ал, адам артқан күйме айдаушының атауы – көшір. Бұл атау – орыстардан ауысып келген «кучер» терминінің қазақ тіліндегі түрленісі.

АРБАУ – болмысы магиялық-мистикалық шарттарға негізделген адамға психикалық тұрғыдан әсер ететін, дұға, дуалық, сиқырлы сөздер т.б. құралдарды және әртүрлі қасиетті деп есептелген заттарды пайдаланатын алғашқы діни наным-сенімнің көрінісі. Бұл – қашан пайда болғандығы белгісіз, алғашқы діни сенім элементтерінің бірі болғандықтан, көне дәуірлерде халық арасында қолданыста болған көне ғұрыптардың қатарына жатады және бүгінгі күнге дейін сарқыншақтары сақталып келе жатқан құбылыс. Арбау жақсылық әкелуге, әртүрлі ауруларды емдеуге байланысты айтылатын ақ арбау және жаманшылық немесе ауру шақыратын қара ниетті арбау деп жіктеледі. Қара ниетті арбау – аты айтып тұрғандай, ойы бұзық, ниеті қара адамдарға тән қасиет. Сонымен бірге, қара ниетті арбауды бақсылар да қолданды. Олар бұл үрдісті өздерінше пиғылы нашар адамдардан сақтану үшін жасалатын шара ретінде түсіндіруге тырысты. Ал түрлі улану немесе зиянкес шаққан уды денеге жайылтпау мақсатында айтылатын ғұрыптық мәнді сөздер ақ арбауға жатады. Арбауды негізінен кезінде шаманизм жиі пайдаланғандықтан, ол бақсының зікірі формасында да көрініс тауып отырған.

Арбау кейде Сүлеймен (ғ.с.), оның ұлы Дәуіт (ғ.с.) сияқты пайғамбарлар рухына да сүйенілген мазмұнда да қолданылады. Арбау барысында айтылатын өлеңдері әртүрлі болып келеді. Ол арбаудың объектісі мен соған байланысты қалыптасқан ахуалдың сипатына байланысты болды. Мысалы, бір жағынан, жылан, бүйі, қарақұрт сияқты улы жәндіктердің уының қайтаруда қолданылатын өлеңдері бір басқа болса, екінші жағынан, малдың әрбір түріне байланысты арбаудың өзінің композициялық және сюжеттік құрылыммен ерекшеленетін өлеңдер де болады. Алайда, арбау өлеңдерінің улы жәндіктердің зиянкестігінен қорғайтын әмбебап түрлері де қолданылды. Яғни, өлеңдердің осындай әмбебап түрлері жоғарыда аталған екі жайтқа да байланысты қолданыла беретін болған. Арбау үрдісі өзінің композициясы мен орындалуы жағынан өте күрделі ғұрыптық шаралардың қатарына жатады. Арбау– арбау сөздерді айтуды ғана емес, ол бақсының зікірін, осыған

байланысты сан құбылған бақсының қимылын да білдіретін, жырларының эмоционалды-экспрессивтік ықпалын көрсететін, психологиялық трансты т.б. өзіндік күрделі жүйе құрайды. Мысалы, бүйіні арбау кезінде зиянкестерді інінен шығара білген олардың иесі Қамбар көмекке шақырылып, бұйыру, алдау, қорқыту сарынында арбау өлеңдері айтылады. Демек, арбау жалаң сөз ғана емес, белгілі іс-әрекетпен бірге орындалады. Арбаудың шарты – айтылған сөздерін дем алмай және үнемі қайталап айтып отыру қажет. Мұндай тәсілдің ауру адамға да, көрушілерге де психологиялық әсері мейлінше күшті болды. Төменде бүйі, жылан, қарақұрт сияқты аса қауіпті улы жәндіктерге байланысты қазақы ортада кең тараған арбауөлеңдерінің үлгілері келтіріліп отыр:

Бүйі-бүйі, бүйі шық!

Бүйі иесі Қамбар шық!

Қамбар болсаң қалмай шық,

Тас төбеден таймай шық,

Май табаннан талмай шық!

немесе:

Кер, кер, кер, жылан.

Құралай таудың басынан

Қуып келген қу жылан

Пайғамбардың демінен

Дегелек келді шық жылдам.

Орман түнінің басынан

Лек-лек келді шық, жылан, –

сондай-ақ:

Қара келді, қой келді,

Аман келді, күн келді.

Күмән келді, шықсын

Сүлейменнен медет келді.

Шық тәңірден парман келді.

Халық мұндай арбау өлеңдерін бақсы улы жәндіктер малды шаққанда айтса, арбаудан әлгі жәндіктер жеңіліп, уыты өздеріне жайылып өледі деп есептеді. Арбау адамның әртүрлі ауруларын емдеу үшін де қолданылды. Ә.Диваев молда Ә.Мақтыбаевтан жазып алған дерекке сүйене отырып, арбаушы арбау арқылы емдеп жазатын аурулардың бірі топалаң (күйдіргі) мен мерез екендігін атап көрсетті. Тіс ауруларын емдеу үшін жасалатын арбау шарасы тістің құртын шақыру деп аталады.

Арбаушы адам улы жәндіктерді – адыраспан, кекіре, жалбыз, қалақай, тікен, кәріқыз сияқты халықтық медицина мен ветеринарияда көп қолданылатын шөп аттарымен немесе белгілі бір жануарлардың аттарын атау арқылы «үрейлендіру» тәсілін қолданған. Соның ішінде, қазақы ортада парсы тілінде тараған жындар мен зиянкестердің атауларын айғайлап айтуды арбау өлеңдерге ұластыру арқылы улы жәндіктерді үркітіп-қорқытуға болады-мыс. Арбаушы зікір кезінде арқасы қозып, өзін-өзі көтермелеп, бейнесін сұсты етіп

көрсетуге тырысады. Оның ең тиімді метафоралық тәсілі – өзін бірде алмас қылыш жүзіне, бірде өткір пышақ ұшына, бірде дәрілік шөптерге теңеу:

Алмас қылыш жүзімін,
Айтулының өзімін,
Адыраспан дәнімін,
Алабота гүлімін,
Өткір пышақ ұшымын.

Сондай-ақ, адамға ғана емес, жануарларға да тән қасиет болып есептеледі: мысалы, жыланның торғай немесе тышқан сияқты ұсақ құстар мен жануарларды ұстауы арбаудың салдары деген түсінік қалыптасқан. Немесе, қасқырдың өткір көзі де тіке қараған адам немесе хайуанаттарды арбап тастайды деген ұғым да бар. Мұндайда адам баласы бейтарап болуы шарт. Әйтпесе, албасты, жын, марту, әруей сияқты қара ниеттілер араласып, мысы басып кетеді-мыс. Мысалы, үй мысығы мен жылан қарсы келгенін көрген адам мысықтың атын атаса, оның күші қайтып, жыланға арбалып мерт болады деп есептеді.

Арбау тек емдеу тұрғысын да ғана емес, табиғат құбылыстарын «реттеу» ісінде де қолданды. Мысалы, бұлт шақырып, жаңбыр жаудырту үшін бақсылар зікір салып, арбау өлеңін оқыған. Мәселен, кезінде халық арасында «Күн жайлату» деп аталатын арбаудың бұл түрінің дәстүрлі астрономиялық және метеорологиялық, сондай-ақ, календарлық дүниетаным мен наным-сенімдер жүйесінде өзіндік орны мен маңызы болды. Арбау өлеңдерінің бақсылық формасы қазір Ресей құрамындағы тыва, якут т.б. түркі халықтарында кездеседі.

Ал күнделікті тұрмыстық мағынасында кейде зиянкестік және жағымсыздық формасында айтылады: «Алдап-арбап», «алдап-азғырып» т.б.

АРБАУШЫ – арбаудың тәсілдерін қолданатын бақсы.

АРБАШЫ – арба жасаушы шебер. Арбаны көбіне ағаш ұсталары жасаған. Арба жасау – ағаш ұсталығы мен темір ұсталығын қатар меңгеруді қажет ететін өнер, кәсіптің түрі. Қазақ жерінде өнер дәрежесіне көтерілген кәсіптің бұл түрі сонау сақтар заманынан бастау алады.

Арбашы жасау үшін ағаш ұсталары сәуір, мамыр айларында қайың ағашының жұмсақ, әрі иілгіш кезінде кесіп алып, тиісті тұстарын иіп, болашақ арбаға қажетті бөлшектерін бөліп-бөліп жинап қояды. Арбаның дөңгелегі үшін қажетті қайыңның иінін әдейі кесіп алады. Ұста жаз бойы арбаларды құрастыруға кіріседі. Сан алуан мәліметтерге, әсіресе, ауылдардан әр кезде жиналған этнографиялық материалдарға қарағанда, қос дөңгелекті арбаның барлық негізгі элементтері ешқандай темір шегесіз-ақ мықты етіп жасалатын.

АРҒЫМАҚ – дене бітімінің сұлулығымен, жүйріктігімен, ұшқырлығымен, бек алысқа сілтер төзімділігімен ерекшеленетін асыл тұқымды жылқының атауы. Айрықша сымбатты арғымақтың шоқтығы биік, белі құмай тазының беліндей иілген, жіңішкелеу жұмыр мойынды, кішкене келген басы етсіз, аяқтары жіңішкелеу болғанымен күшті, әрі ұзын, кішкене тұяқтары құйма болат іспеттес, құйрық-жалы қысқа, жүні тықыр болып келеді. Осы халықтық сипаттама арғымақтың өн бойында шапшаңдық пен

төзімділіктің, жүйріктік пен күштіліктің, һәм сұлулықтың біте қайнаскандығын бейнелейді.

Көшпелі халықтар аласа бойлы, далалық, жабы тұқымдарымен қатар, қолдан сұрыптау, будандастыру жолымен алынған, шабысқа бейімделген жүйрік асыл тұқымды арғымақтарды өте ерте заманнан бастап өсірді. Мұндай жылқылардың қаңқалары ертедегі салт аттылар мәдениетінің өкілдері – сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің ел билеуші көсемдерінің обаларынан табылып отыр. Көне жазбаларда көшпелі ежелгі түркілердің – түркі, оғыз, қыпшақ тайпаларында асыл жылқы тұқымдарын өсірілгендігі туралы айтылады. Арғымақтардың бітімі туралы:

Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес, –
деп жырлайды Доспамбет жырау.

Қазақ арғымақтарының генетикалық негізі таза қанды түркіменнің ақалтеке (текежәуміт) және таза қанды арабы жылқы болды. Бірақ, осындай сан ғасырлық сұрыптау мен будандасудан алынған қазақы арғымақтар қазақ даласының қатаң климатына сәйкес бейімделіп, өсірілгендіктен өзінің төзімділігі жағынан әлгі ата-тектерінен асып түсті. Жақсы күтім мен баптауды және үлкен шығынды қажет ететін арғымақтарды ұстау дала аристократтарының ғана қолынан келді. Алайда, Қ.Ахметжанның пайымдауынша, арғымақ алысқа шапқанымен, соғыстың тауқыметін көтеретін әскери ат болуға онша лайық емес.

АРДА – жылқы төлінің енесін екі жаз бойы еміп, бұла өсу үрдісінің атауы. Арданың қысыр ему деп аталатын түрі де болды. Яғни қысыр қалған биені тайдың екі жасқа дейін емуі де арда емді деп аталады. Демек, арда ему уызға жарыған, тойынып бұла өскен, қыста емуін тоқтатпай, келер жазға дейін енесін емген деген ұғым тек жылқы төліне қатысты айтылады. Кейбір кезде, биені әдейілеп іш тастатып, үлкен төлін арда емізетін болған. Бұл айғыр қоюға лайықты болар деп таңдалған жылқы төліне байланысты жасалатын шара. Арда емудің тағы да бір түрі бар. Қазақы дәстүрлі түсінік бойынша, биелерді тек қана тақ саны принципі бойынша байлайды. Сондықтан, тақ санды байланған биелердің сыртындағы біреуі, әдетте, соңғы құлындағаны, байланбағандықтан, оның құлыны арда емуге көшеді (мысалы, үйірдегі он құлынды биенің тек тоғызы ғана байлауға түскендіктен, «артық қалған» биенің құлыны арда емеді деген сияқты). Осы құбылыс сиыр, қой мен ешкі малдарында да кездескенімен, оны қысыр емген деп қана атайды. Әлбетте, көшпелі мал шаруашылығында енесі іш алған соң, төлді енесінен ажыратады. Ал, қоңыр күзде кенже қалған төл қысыр қалған енесін емуін келер жазға дейін үзбей жалғастыра береді.

АРДА ЕМГЕН ТАЙ СОЮ / ЖАБАҒЫ СОЮ – қазақы ортада сыйлы қонаққа (қонақтарға) деген айырықша құрметтің белгісі – малдың осындай ерекше күтімдісінің атауы. Бұл осындай қонақасыға арналған малдың жас ерекшелігін және ерекше күтімді күйінің атауы ғана емес, үй иесінің келген қонағының мәртебелі әлеуметтік статусына немесе ет жақын туыстығына байланысты риясыз құрметі мен ықыласын бейнелейтін символдық атау.

Расында да, қазақы түсінік бойынша, арда емген ұғымы енесін екі жылдай қатар емген, ақжілік, әрі семіз, сүйегі құлыннан үлкен болса да, еті таза дегенді білдіреді. Яғни арда емгеннің еті дастарқан мәзірінің сәнін келтіретін таза, әрі дәмді ас. Демек, тек ерекше мәртебелі қонақтарға ғана лайық сыбағалы ас. Оның үстіне арда емген тай сою / жабағы сою байлық пен салтанаттың өлшемі жылқыға бай, «шіріген» дәулеттілердің қолынан ғана келетін сый, әрі атақ-даңқтың көрсеткіші ретінде саналатын. Қазақтар еті ерекше құнарлы, әрі дәмді деп есептейтін арда емген тайдың немесе жабағының көбінесе, аса сыйлы қонаққа арнап сойылатындығы сондықтан. Қыста алыс жайылымға кеткен малдан екі жастан аспаған қысыр биелердің біразын алып қалып, ауыл маңына жайып, сыйлы қонақтарға сақтайды. Бұл жосынның дәстүрлі ортадағы осы құралыптас басқа да үрдістер сияқты әр деңгейлі әлеуметтік қатынастардың қалыпты функциясын қамтамасыз етудегі өзіндік орны мен рөлі болды.

АРҚАЛАУ – кішкене баланы арқаға салып көтеріп жүру. Қазақы ортада жас баланы арқаға салып көтеріп жүру әдетте, отбасындағы үлкен балалар мен қыздарға жүктеледі. Бұл үрдістің әлеуметтік-тәрбиелік маңызы ерекше болды. Себебі, осы үрдіс барысында кішілер өзінің ағалары мен әпкелерінен, аналарынан тіршіліктің сан қырлы құпиясын меңгеруге мүмкіндік алды. Демек, ол отбасындағы үлкен мен кішінің, балалар мен аналарының арасындағы әлеуметтік байланысты нығайтудың маңызды факторларының бірі болды. «Сені арқама салып көтеріп, өсіріп едім» деген сөз орамы ана мен аға-апаларының жастарға жасаған жақсылығын ғана емес, қазақы ортадағы туыстық қатынастың моральдық-этикалық мәнді ерекшелігін де бейнелейді.

АРҚАН – жүн мен қылдан, жібектен, кендірден есіліп дайындалған бірнеше (екі одан да көп) тіннен ширатылған, қайыс таспалардан өрілген, жуан келген ұзын жіп. Бұл жіп-шулардың ішіндегі ең ұзыны әрі берігі саналады. Дәстүрлі ортада арқан жасауға негізінен қой жүні, жылқы мен ешкі қылы пайдаланылды. Қой жүніне қыл қосылып ширатылған арқан берік келген. Ал жібектен, кендірден, қайыстан дайындалған арқан кеңінен болмаса да қолданыста болған.

Арқанның қолданылуына (жүк арту, ат арқандау т.б.) және жасалған материалына, түр-түсіне, ұзындығы мен жуандығы сияқты ерекшелігіне қарай оның түрі мен атаулары көптеп кездеседі. Атап айтсақ арқан дайындалған материалына қарай: ақ және қара жүнге қыл қосып ширатылғаны – ала арқан; жылқы жалы мен құйрық қылынан ширатылған арқан – қыл арқан. Қылдан ширатылған арқан өте берік келген; жібек жіптен есілген арқан – жібек арқан. Жібек арқандар сәнді келетіндіктен ерте кезде оны тең, жүк бууға, киіз үй сүйегін бекітуге пайдаланылған; кендір талшықтарын дайындалған арқан – кендір арқан. Кендір қатты болып келетіндіктен мал шаруашылығында аз қолданылған; сиыр, түйе терісінен иленген қайыстан өріліп дайындалған арқан – қайыс арқан. Бұндай арқандар көбіне шалма арқан ретінде пайдаланылған.

Арқан шаруашылықта, үй тұрмысында кеңінен қолданылды. Осыған орай оның түрлі атаулары қалыптасты. Атап айтсақ, арқанның қой-ешкіні қосақтауға арналғаны – қосақ арқан. Ол қой-ешкі мойнын қимас үшін бостау

ширатылатын болған; қозыны көгендеуге арналған арқан – көген; асау малды ұсауға арналған арқан – шалма арқан, бұғалық арқан; шөмеле сүйреуге арналған арқан – сүйретпе арқан; атты арқандауға арналған арқан – ат арқан; ат арқандауға т.б. шаруаға қажеттілігі үшін үнемі ер қанжығасында байлаулы жүретін арқан – жан арқан; түйеге артылған, арба-шанаға басылған жүкті, теңді тартатын ұзын арқан – қом арқан, шом арқан, тарту арқан, шанду арқан т.б. деп аталды.

Арқан киіз үй керегесі мен туырлығының бел ортасынан айналдырыла тартылуына қарай – бел арқан; қатты желді, дауылды кезде киіз үйді бастыра тартып қоятын арқан – жел арқан деп аталатын арқан түрлері бар.

АРҚАН АТТАУ – қазақы ортада кең тараған ұлттық ойынның түрі. Әдетте, ойыншылардың саны он бес-жиырмаға дейін барады. Олардың ішінен «аңшы» (кейбір өңірлерде қойшы) тағайындалады, қалғандары «қасқырлар» болып ойнайды. Екі адам арқан керіп тұрады. Алайда, ойын барысында қалыптасқан әртүрлі ахуалға және «қасқырдың» дене тұрқына байланысты арқан үнемі қозғалып тұруға тиісті (не биіктетіліп, не ширатылып дегендей). Өйткені, арқан «қасқырларға» құрылған тұзақтың функциясын атқарады. Арқанға «тұзақталып» тұтылған «қасқыр» «аңшының» олжасына айналады. Ойын «қасқыр» біткенше жалғасады.

АРҚАНҒА АСЫЛУ – көшпелі ортада жүкті әйелді босандыруда қолданылған тәсіл атауы. Қазақтың акушерлік дәстүрі туралы жазған И.С. Колбасенконың жазуына қарағанда, қазақ әйелдері көбінесе түрегеп тұрып толғату үрдісімен байланысты қалыптасқан тәсіл болуы ықтимал. Айы-күні толып, босанар уақыты жақындаған әйелге көмекке абысын-ажындары мен әйел босандырудың жөн-жосығын білетіндер келеді. Толғақ жиілеген кезде бақанды үйге енгізіп, мықтап орнатып, керегеден жалпақ бау байлайды, жүкті әйелді екі жағынан демеп, керілген ала арқанға (жіпке) асылдырады. Бұл рәсімнің түптамасы дарак ағаштың киелі қасиеті мен ала жіптің киелілігіне байланысты туындаған болуы ықтимал. Жайшылықта шаңыраққа тағылған арқанды құшақтауға «арқанға асылатын көзің қарауытып тұр ма?» деп тыйым салынады.

Жүкті әйел арқанға асылып босану барысында толғақты жеңілдету ырымдары – етегін жыртып қою, «жарысқазан» деп аталатын ғұрыптық мәні бар тағам әзірленеді.

Халық түсінігі бойынша, толғақтың жеңіл немесе ащы болуы ананың күтіміне ғана емес, баланың болашақта қандай азамат болуын да меңзейді.

АРҚАН ЕСУ – арқан жасауға арналған жүн, қыл, кендір, жіп сияқты материалдарды жұмырлап (шүйкелеп) ширатып, пысықтап бұрау үрдісін білдіретін ұғым. Арқан есу жұмысы жүннен шүйке жасаудан басталады. Шүйке – есуге, иіруге арнап түтіліп, шумақтап созылған бір орам, бір шумақ жүн. Шүйке дайындаудың екі түрлі тәсілі болды. Бірі – есуге арналған, екіншісі – иіруге және ши орауға арналған шүйке. Есуге арналғаны арқан шүйкесі деп аталады. Ол бір шүйке қой жүнін жылқы қылымен араластырып жаймалап, одан орамға айналдырып, алақанда қабатталып ширықтырылып және әрбір бір-екі қарыс ұзындықта бүктеліп, жуандау етіп жасалады.

Шүйке дайындау үшін жүнді жұмырлап ширату барысында қолды ыдыстағы суға әлсін-әлсін дымқылдап отырады. Ол шүйкеленетін жүнді шашыратпай алақандауға (алақанмен ширатуға) мүмкіндік береді. Шүйке жасайтын жерге төсеніш тулақ төсейді. Әрбір шүйкенің ұзындығы бір жарым-екі қарыстай болады. Бөлек-бөлек дайындалған шүйкелерді жалғастырып, біріктіріп ескенде, олардың ұштарын созбалай отырып, су салып дымқылдап ширатады. Осылайша шүйкенің екі ұшындағы жүн бір-бірімен тұтасып, кірігіп жалғанады. Бір-бірімен ширатылған шүйкелерді жалғастыруды септеу, септеулердің ұштарын қосып ширатуды селбестіру деп атайды. Септеу деп кейде екі бөлек үзік жіптердің ұштарын тарқатып алып, суға салып сілемдеп отырып есіп жалғауды да айтады. Ал, бір арқанға немесе жіпке септелетін арқан мен жіптің үзігін жалғау деп атайды. Жіп үзігінің немесе шүйкенің бітер ұшын сілем дейді. Арқанға арнап шиыршықтап есілген, бір-бірімен жалғастырылған ұзын шүйкені тін, кейбір жерлерде тіл деп атайды. Есіліп дайын болған тіндер ширатылып, арқанға айналады.

АРҚАН КЕРҮ – дәстүрлі неке-құдандалық үрдісте орындалатын ғұрып – күйеу мен оның жағынан барған құдалар тарапынан үлестіретін кәде беру рәсімінің атауы. Кейбір өңірде, әсіресе Жетісуда күйеу жеке келгенде және құдалар алғаш құдалыққа келген кезде де оларды алдынан күтіп алушы қыз жағы «арқан керіп» күйеу жағынан кәде алады. Бұл жоралғы кей өңірде арқан тартыс деп аталады. Арқан керу жаңа құдалар мен жас келіннің жолы ашық, әрі пәле-жәледен, түрлі кедергілерден аман болсын деген ақ ниеттен туындаған болса керек. Оның екінші бір түрі бойынша, келген құдалардың алдынан желі керіледі немесе бақан тасталады. Мұндағы желі де (мал байлайтын желі), бақан да өсіп-өну, өркендеу идеясын бейнелеуі мүмкін. Сонымен бірге, күйеу қалыңдықты алып бара жатып, қыз ауылына жақын көрші ауылдың тұсынан өткенде алдынан көлденеңнен арқан тартып, әйелдер мен балалар кәде алатын болған.

АРҚАН ТАРТПАҚ / АРҚАН ТАРТЫС – екі топ болып арқан тартып күш сынасуға негізделген спорттық сипаттағы ұлттық ойын. Ойынның негізгі мақсаты қарсылас топты сүйретіп өз жағына тартып алу. Ойын тәртібінің қарапайымдылығы, ұжым болып күш сынасуға, бәсекелесуге негізделгендігі бұл өте ерте де қалыптасқан көптеген халықтарға тән ойын екендігін айғақтайды. Қазақы ортада арқан тартыс ас, жиын-тойларда, мерекелерде өткізілетін болған.

Қалыптасқан жергілікті дәстүр-салттарға, жыл мезгіліне байланысты ойынды жүргізу тәртібінің түрлі варианттары қалыптасқан. Ең көп тараған түрі ортаға меже сызық жасап, жеңген топ қарсыластарын сол сызықтан өзіне қарай сүйреп тартып өткізуге негізделген.

Е. Сағындықов, Ш. Ыбыраев сияқты авторлар арқан тартыс жасөспірімдердің қыста ойнайтын түрін сипаттайды. Онда ортаға аққала тұрғызып, оны бүйірін тесіп арқан өткізіледі. Аумағы алақандай екі тақтайдың ортасын тесіп, арқанның екі ұшынан өткізіп, аққалаға тірелгенше жылжытып, тақтай кері жылжымайтын қылып түйеді. Ойынға қатысушы топ екіге бөлініп

арқанды өзіне қарай тартып додаға түседі. Аққала қай жаққа қарай құласа, яғни күші басым жақ жеңген болып саналады. Арқан тартыс ойыны халықтың жасына, жынысына қарамай ойнала беретін спорттық әмбебап ойын түрлеріне жатады.

Осы күндері наурыз, сабан той сияқты үлкен мерекелерде арқан тартыс жиі өткізілетін ойындар қатарына жатады. Мұндай жиын-тойларда жеңген жағына жүлде беріледі.

АРҚАН ТАРТУ – арқан жасауға арналған тіндерді ширатып, арқан дайындау тәсілі. Шүйкелерді септеп және селбестіре отырып, дайындалған тіндердің екеу-үшеуін босағаға жақын тұстағы кереге көзінен өткізіп, олардың әрқайсысын он-он бес қадамдай жерге созып апарып, ұштарын шөмішке (немесе алдын ала дайындалған ағаш кесіндіге) орайды. Үш адам осылай бекітілген үш тінді қолдарына ұстап (үш тіннің астыңғысы айқастырылып ұсталады), барлығы бір бағытқа қарай тартыңқырап тұрып бұрайды. Арқан тіндері әбден ширыққанша бұрау қажет.

Арқан тіндері әбден ширығуы аяқталған соң, қарулы бір адам үйге еніп, тіндердің айқасқан тұйық түбіне бір-екі тілдей жіп өткізіп алып, өзіне қарай тартып, ширыққан бағытына қарай бұрайды. Арқан тартылған сайын ширығын босатпай, әрі тінін тоқтатпай бұрай беру керек. Тіннің ширыққан ширықпағанын қолмен ұстап байқауға болады. Қол қайтарып, қол батпай тұрса, тіннің ширыққаны. Оны арқанның ширығы жетті, арқанның пысығаны, тілі (тіні) ширады деп атайды. Тінді ұстаған кезде ширық бос болса, оның әлі жеткілікті ширамағандығының белгісі. Арқан сапалы шығу үшін әрбір тін бірдей ширауы керек. Арқан тіндері тым ширығып бара жатса, сол тінді ұстаған адам бұрауын аздап тоқтата тұрады. Сөйтіп, тіндердің біркелкі ширауына көңіл бөлінеді. Үйдің ішінде тұрып арқанның түбін бұрап тартатын адамның қолындағы тіндерді босатып алса, арқан бойында бунақ, түйіртпек пайда болады. Тіннің босауынан түйін, буын пайда болуын тіні жүгініп кетті дейді. Үй ішінде жұмырланып тартылған арқанның ұшын керегенің көзінен сыртқа шығарып, оны бір бала ширатылу бағытына қарай тартып тұрады. Ол баланың қызметін құйрық жеу деп атайды. Арқан тіндері керегеге тақалғанда, шөміштер шешіп алынып, тартылған арқан ұштары түйіп байланады, мата қиындыларымен бекітіп шуда жіппен мықтап тігіледі. Дайын болған арқанды екі қазыққа керіп, орап тастайды. Біраз уақыт өткен соң оны пайдалана беруге болады.

Арқанның жуан-жіңішкелігі, мықтылығы тінінің (тілінің) санына, жасалған материалына байланысты болады. Сондықтан, арқан үнемі үш тіннен емес, мықтырақ әрі жуан болу үшін төрт тіннен де есіледі. Арқан тіндері тартып тұрып бұрау және есу арқылы жасалатындықтан, оны кейбір өңірлерде арқан тарту, арқан бұрау, ал, арқан есушіні арқаншы деп атайды.

АРҚАН ШАЛУ (ТҰЗАҚТАУ) – ұлттық ойын түрі. Арқанның екі ұшын біріктіріп, бір ойыншы ұстап тұрады, келесі тұйық келген шетінен екінші ойыншының жейдесінің ішіне жеңінен өткізіліп ілмек қалдырылады. Екінші ойыншы арқанды кеспей, жейдені шешпей арқаннан арылу керек.

АРҚАР – қуыс-мүйізді қоңыр аң тобына жататын аң. Таулы жерде көгалды шоқыларды мекендейді. Еркегі құлжа, төлін қозықа деп атайды. Құлжаның бұрала иілген мүйізі жарты айды елестетеді. Фольклорлық дәстүрде құлжаны ай мүйізді дейтіндігі сондықтан. Арқардың үйірі он бес, кейде жиырмаға дейін жетеді. Арқар қоңыр аңның ішіндегі ең киелісі деп есептелгендіктен, аңшылар бастаушы құлжаны және буаздарын атпайды. Күздің соңғы айларында құлжа саулыққа түседі. Қозықалауға дейін шамамен жарты жыл уақыт өтеді. Егіз қозықа табу – өте сирек кездесетін жайт. Арқардың ойға түсуіне қарай ертедегі қазақ есепшілері алдағы болатын қыстың ахуалын болжайтын: арқар қырдан ойға түссе, қыс қатаң болады деп, қамсыз отырмау керектігін малшы қауымға ескертетін. Арқардың мүйізін кесіп емдікке, сәндік бұйымдар жасауға пайдаланды. Кейін, орыс отаршылығы қазақ даласына дендеп орнығуына байланысты арқардың мүйізі сауда-саттықтың объектісіне айналды.

АРҚАР МҮЙІЗ – қолөнер бұйымдары – тоқымашылықта, кесте өнерінде, сырмақ сыруда, ағаш ұқсатуда және зергерлік әшекей бұйымдарының бетін өрнектеуде қолданылатын өрнек түрі. Арқар мүйіз өрнегі қошқармүйізге ұқсас, бірақ, оған қарағанда шиыршығы мол, тармағы көбірек болып келеді.

Сондай-ақ, арқар мүйіз оюын мата қиындылығына құрастырылып тігілген құрақ көрпенің бетіне салу үшін де көптеп қолданылады.

АРҚАР ШАҚША – арқардың мүйізінен жасалған насыбай салатын кішкене құты. Ондай шақшаның құны ешкі, сиыр мүйізінен жасалған әдеттегі шақшадан жоғары болады. Арқар шақшаны шеберлер күміспен күптеп, ою-өрнек безеп жасайды. Арқар шақшаны қазақы ортада сал мен серілер және бай-бағландар ұстанды. Арқар шақша тарту-таралғы ретінде де берілді.

АРҚАСЫ КЕТУ – шаруашылықта пайдалану барысында ер-тұрманды дұрыс қолданбаудың салдарынан жылқының арқасының қажалып, зақымдалуы. Әдетте, арқасы кету малдың шоқтығының, арқасының алқымының жүні қырқылып, ісініп, домбығып кетеді. Мұндайда емдеу шаралары жасалмаса, жауырға айналып кетеді. Арқасы кетудің бірнеше себептері бар. Ең басты себеп ерттеу, арба-шанаға жегу кезінде ерді, ыңыршық, ершіктерді дұрыс орнатпау барысында жылжуы, терлік тоқымның буынтықталып қалуы болып табылады. Мұндай арқасы кетуді болдырмау үшін көтерме, айыл-тартпаны жақсылап тартып, жылқының арқасына тиетін терлік, ішпек, тоқымдарды мұқият орналастыру қажет.

Арқасы кетудің екінші себебі – жұмыс істеп қызған малды суытпай жабдығын шешіп алу, отқа қою немесе суару. Яғни, арқасы кету болдырмау үшін көлік, жегін жылқысын жол жүріп, шаруашылық жұмыстарды атқарып болғаннан соң таң асырып, ерді бірден шешіп алмай біраз уақыт жетектеп жүріп суыту, таң асырғанда жабулап немесе терлікпен ұстау сияқты қалыптасқан шараларды орындау қажет.

Аталған шаралардың бірі орындалмаған жағдайда, жоғарыда айтылғандай, малдың жон арқасы, қаптал тұсы, шоқтығы ісініп, жарақаттанады. Арқасы кеткен жылқыны емдеу шаралары жайлы этнограф Х. Арғынбаев өзінің «Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық

очерк» атты еңбегінде былай деп жазады: «Арқасы кеткен жағдайда жылқының ісініп, домбыққан жеріне күнге қураған ескі шүберекті суық суға малып, ісікке тартып, үстін терлікпен басып тартып суық компрес жасайды». Әдетте, арқасы кеткен жері жауырға айналмас үшін малды шаруашылыққа қолданбауға тырысатын. Ондай мүмкіншілік болмаған жағдайда шоқтығы иығының жарақаттанған жерін ашық қалдырып, ерттегенде ерді аздап артқа қарай орналастыратын. Қапталы мен арқасы кеткен жағдайда терліктің зақымданған жерге тиетін тұсын ойып алып тастап, тоқымды жаба ерттейтін. Кейбір деректерде арқасы кеткен жерін жылы сүтпен немесе емен, қарағай қабығы, қарандыз, меңдуана сияқты өсімдіктердің тұнбасымен жуып-шайып антисептикалық амалдар жасайтындығы айтылады.

Арқасы кету жұмыс барысында малдың арқа тұсындағы терісінің зақымдалуының алғашқы басталуы ғана. Дер кезінде жоғарыда аталған амалдарды орындамаған жағдайда арқасы кету жауырға, жалаң жауырға, тіпті жауырдың ауыр түрі лоққыға ауысуы мүмкін. Бұл жайт жауырды емдеудің амалдарын күрделендіреді. Сөйтіп, жұмыс малын істен шығаруға әкеліп соғады.

АРҚАУ / АРҚАУ ЖІП – өрмек тоқу барысында өрмектің үстіңгі және астыңғы жіптерінің арасына көлденеңнен өткізілетін жіп. Арқау жіп өрмектің желі жібі сияқты жуан әрі берік болуы тиіс. Бірақ, желі жіпке қарағанда арқауға арналған жіп боялмайды. Өрмек тоқу барысында ісмер жерге тік немесе көлбеулете құрылған тоқыма өрмегінің көмегімен кілем, басқұр, алаша жолдары сияқты тоқыма бұйымдарды тоқығанда өрмектің әр қатарын тоқыған сайын қылышпен немесе тоқпақпен тығыздап қойып, содан соң, көлденеңнен арқау жіп өткізіп, келесі қатарын тоқып отырады.

АРНАУ / АРНАУ ӨЛЕҢ / АРНАУ СӨЗ – дәстүрлі қазақы этномәдени ортада айырықша беделді тұлғаларға арналған поэтикалық шығарманың ерекше түрі. Қалыптасқан ахуалға және ақын немесе жыраудың шеберлігіне байланысты арнау өлең дәстүрі ауызекі суырып салма және жазбаша түрде қалыптасты. Жалпы, арнау өлең шығару қазақ ақын-жырауларының шығармашылығының төл қасиеті деп айтуға болады. Мысалы, «Біржан-Сара» қиссасын Әріп ақын өңдеп, хатқа түсіріп, болыс Арсланға тарту еткен. Теңсіз некеде отырған С.Тастанбекқызы осылайша Арслан болыстан теңдік алды. Тәттімбеттің «Молқара» күйі Абайдың әжесі Зереге (Тайбалаға) арналған. Сондай-ақ, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Үсен төре, Мұхит, Қайып т.б. халық әншілерінің көптеген күйлері мен әндері кезінде өздерінің пейілі түскен адамдарына сыйға тартқан айтулы өнер туындылары ретінде дүниеге келді. Арнау өлеңнің этникалық функциялары тұрғысынан келгенде, бұл поэтикалық дәстүр қазақы этномәдени ортадағы информациялық байланыс пен информациялық өрістің қажетті деңгейін, сондай-ақ, ұрпақаралық-этникалық тәжірибенің берілісін қамтамасыз ететін пәрменді факторлардың бірі болды.

АРПА (Hordeum) – биіктігі 70-90 см-ге жуық өсетін, сабағы түзу, дәнінің қауызы қалың, жапырағы жіңішке келген дәнді дақыл. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Арпа бидай, тары сияқты дақылдардан бұрынырақ пісетін

әрі, жауын-шашын сирек, күннің аптаған ыстығына, құрғақшылыққа қарамастан мол өнім береді. Арпадан тартылған ұнды арпа ұны, арпадан сұйықтау етіп әзірленген көжені арпакөже деп атайды.

Емдік мақсатта да арпаны байырғы кезден қолданып келеді. Мысалы, әлсіз адамның күш-қуатын арттыру үшін, оған қайнатылған арпа дәнін ішкізген. Сондай-ақ, қайнатылған арпаны бүйрекке тас байланғанда қолданған, қуық жолын емдеуге де пайдаланған. Ал, арпадан қалған сабанын жинап алып малға қорек ретінде берген.

Қазақ фразеологизмінде арпа дақылымен байланысты адамның тамақты комағайлана жеуін «арпадай асады» деген теңеу сөз бар. Сондай-ақ, ел ішінде «арпа, бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деген мақал, «арпа ішінде бір бидай» деген тұрақты сөз тіркесі кездеседі.

АРСА – ет кептіруге арналып тошала мен ет үйде белгілі биіктікте көлденең бекітілген ағаш сырық немесе бөренеден жасалған құрылғының атауы. Соғым етін сақтайтын тошала үйде тігінен бөрене тұрғызылып, оған көлденең сырғауыл бекітеді. Арса тігінен орнатылған бағанға көбіне 2-3 қатар етіп орнатылады. Етті арса сырығына (үлкен ет үшін жіңішке сырғауыл) асып ілген кезде, олардың бөліктері бір-біріне қабаттасып, қалыпты әрі біркелкі сүрленуіне кедергі келтірмеуі тиіс. Ілінген еттің астынан арша немесе тобылғы түтінін жіберіп ыстайды. Ет әбден сүрленіп болған көктем айларының бас кездерінде арсадағы етті түсіріп, қапқа салады.

Осы кезде келген бала-шағаға жөргем беріп, үлкендерге ет асады. Ертеде ет сақтауға киіз үйді де пайдаланды: шағын етіп тігілген үйдің керегелерінің арасынан ұзын бақан немесе сырық ағашты көлденең өткізіп арса жасайды.

АРУ – әйелдің тән сұлулығы мен жан сұлулығын бейнелейтін метафоралық образ. Ару әйел бейнесінің дәстүрлі қазақы стереотипі қалыптасты: Арудың шырайы айға, қимылы һәм мүсіні аққуға мен арғымаққа теңеліп айтылады. Ару әйелдің поэтикалық образын сомдағанда І.Жансүгіров халықтық теңеулерді шебер қолданды:

Айдан ару нәрсе жоқ,
Арғымақ тұрпат, қу сынды.
Сұңғыла сұңқар аңсаған,
Кер құба кәмшат шекеде,
Түнде барда күндіз жоқ.
Ай жүзді сөнгел мүсінді.
Үлпершек үкі, шоқпар шоқ,
Кербез қас кергіш тізеде.

Әйел адамды ару ететін тән сұлулығы ғана емес, ақылының кемелділігі, һәм мінезінің келістілігі де үлкен маңызды рөл атқарды.

АРУАҚ – дәстүрлі ортадағы көне наным-сенім бойынша кеңістік пен уақыттан тыс байырғы бақилық болған ата-тектеріміздің мәңгілік рухының кейінгі ұрпақтарды желеп-жебеп отыратындығына деген сенімнен туған анимизмнің айрықша түрі. Араб тіліндегі рух сөзінің көпше түрі аруақ сөзі қазақша жан деген мағынаны білдіреді. Мұсылмандықтағы тек бір Алладан

басқаға сиынбау керектігі ұстанымына байланысты шарифат бойынша мойындалмайды. Діни орта оны Құдайға серік қосу деп түсінеді.

Тым ежелден бастау алатын аруаққа табыну ғибадаты мындаған жылдардан бері жалғасын тауып келе жатқан сенім. Мысалы, белгілі бір айтулы тұлға кең даланың қай жерінде, қай кезеңде өмірден өткендігіне қарамастан, өзінен кейінгі ғұмыр кешіп жатқан тірі пенделерге де ықпал ете алатындығы, сөйтіп, кие тұту нысанына айналатындығы оның кеңістіктен, уақыттан тәуелсіз екендігін білдіреді. Әуелгіде шамандықтың, тәңіршілдіктің элементтері басым болған аруаққа деген тағзым ету кейіннен мұсылман дінінің ұстанымдарымен сабақтасып, абыз, әулие-әнбие, сопылар сынды ерекше қасиет иелерінің рухына табыну дәстүріне айналды. Бұл жерде, ертеректегі сақтар мен парсылар арасындағы кезекті бір соғыста сақ көсемінің: «Парсылар әуелі біздің ата-бабамыз жатқан қорымдарға тиісіп көрсін. Сол сәтте біз соғысты бастаймыз», – деген бір ауыз сөзінен ата-тек рухына деген зор құрметті аңғаруға болатындығын айта кеткеніміз жөн. Әсіресе, көшпелі қоғамдағы хан-сұлтандар, би-батырлар, діндар әулие-тақуалар, ақсақалдар сияқты ерекше құрмет пен беделге ие мәртебелі тұлғалардың өздері бақилық болса да, аруақтары артында қалған ұрпақтарын жебеп жүреді-міс. Осындай марқұмдардың молалары аруақтарға тәу етіп, ел түнейтін киелі мекенге айналды.

Дәстүрлі дүниетаным бойынша мұсылмандар бейіт жанынан өткенде алақанын жайып дұға қылып, бет сипайды. Үш мәрте «қияметтің күні жақын» деп дауыстап, аруақты «тыныштандыруға» тырысады. Мұндай әрекетті аруақтың тербелмеуін, тыныштығының бұзылмауын қамтамасыз етеді деп есептеген. Басына ауыр күн туып, ата жұртынан ауа көшуге мәжбүр болғандар ата-бабалары жатқан бейіт басынан аруақтың «көзі» – бір уыс топырақты орамалға түйіп ала кететін дәстүр болды. Бұл аруақ қолдап жүрсін деген тілекті білдіретін мистикалық-мифологиялық сенім.

Бүкіл ру-қауым үшін қандай да бір маңызды әлеуметтік жағдайларға байланысты қиын-қыстау заман туғанда, аруақтардан медет тілеу дағды болды. Сондай-ақ, ауру-сырқауларға ем-дом жүргізгенде бақсылар аруақтардың атын арнайы атап, айқайлап шақырып, жындармен байланысқа түсті. Аруақ тек жаугершілік заманда ғана емес, қазақы ортада жиі орын алған руаралық, тайпааралық қақтығыстарда да дем беретін ұранның да қызметін атқарды. Қазақ халқында жауға шапқанда өмірден өткен бұрынғы батыр бабаларының атын атап аруағын шақыру, кейінгі жер бетіндегі ұрпақтарын осы «ата-баба рухы желеп-жебеп отырады» деген ұғымнан туған. Күні бүгінге дейін аруаққа табыну дәстүрлерінің нақты шынайы көріністерінің бірі оның мәйітін аса құрметтеумен байланысып жатыр.

Бала көтермеген әйелдер және созылмалы сырқатқа ұшырағандар бейітке түнеп, аруақтарға сыйынады. Өйткені, дәстүрлі түсінік бойынша, аруақтар – пенделердің тілегін Алла Тағалаға жеткізе алатын бірден бір құпия күш. Сондай-ақ, ант берісу, серттесу барысында уағдаластықтың бірден бір кепілі – аруақ. Осыған орай, сөз байласқандар бейітке бет қаратып, бата оқып, аруақты кепілдікке шақырған. Ал, бата бұзып, ант аттағандарды «Аруақ

атсын, Құдай атсын» деп қарғайтын болған. Осындай қарғыс алғаннан кейін ондай адам қырсыққа ұшырайды деп есептелінді. Қазақы ортада аруаққа байланысты көптеген фразеологизмдер қалыптасты: аруағы басты (мерейі үстем болды, мысы жеңді және т.б.), аруағы қозды (рухтанды, шабыттанды, күшейді), аруаққа шет болды (аруаққа күмән келтірді, ата-бабасының жолынан тайды, біреудің обалына қалды), аруағына сиынды (ата-бабаның рухына бас иді), аруақ аттады, аруақ сындырды (ата-баба рухын қорлады), аруақ сүйесін, аруақтар желеп-жебесін (жар болсын, демесін және т.б.), аруақ қонды (ата-бабаларының біріндегі әулиелік, көріпкелдік қасиеті балаларына дарыды), аруақ қолдады (жолы болды, бағы жанды), Ата-бабаның аруағы атты және т.б. осындай тұрақты сөз тіркестері аруақ феноменінің көп қызметтілігін бейнелейді. Аруақ кейде Рух ұғымы (Ата-баба рухы) ретінде де қолданылады. Кейде аруақ жай ғана бақилықтардың бүгінгі «елесі», қазіргі заманмен байланысты жаны деген сияқты мағынада да қолданылады. Марқұм болған адамның жақсы істері еске алынып, артынан Құран бағышталып жатқан сәттерде «Аруағы бір аунап түскен шығар», «Аруағы бір сілкініп қалған шығар», «Аруағы риза болсын» деген сыңайдағы жақсы тілектер айтылады.

Қазіргі ғылымда, кванттық физика мен кванттық психологияда өткен-бүгін-болашақ бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді тұтас үйлесімділік екендігі дәлелденген. Ендеше, аруаққа табынудың ішкі сыры әзірге әлі ашылмағандықтан тылсымдық, эзотерикалық, халықтық білімдер болып есептеледі.

АРУАҚ ҚОНУ – дәстүрлі түсінікте ата-тектің киелі рухының қасиеттері мен құдіретті тылсым күштерінің ұрпақтарына берілуі. Бойында көріпкелдік, емшілік, сиқыр көрсету (гипноз) сияқты ерекше қабілеттері бар арғы бабалар рухының болашақ буынға даруын білдіретін эзотерикалық құбылыс. Халықтық білім мен тәжірибеде ежелден орныққан іргелі ұғымдардың бірі. Аруақ қону шарифат бойынша құпталынбайтын үрдіс.

Кісі бойына ана құрсағында таңдалып қанмен бітетін немесе өсе келе қонатын бұл құпия үдеріске дәстүрлі дүниетанымда ерекше мән береді және бағзыдағы анимистік түсінікпен тығыз байланыстыра қарастырады. Жыныс таңдамайтын аруақ қону құбылысы генетикалық ұрпақаралық сабақтастық түрінде жалғасын табады. Әдетте, әулеттің алғашқы буынында осындай киеге ие адамдар болса, олар бақилық болғаннан кейін, тіпті бірнеше ұрпақ ауысқаннан соң да оның қасиеттері жаратылысы мен қабілеті бөлек ерекше туған тікелей ұрпағына дариды деп есептелінеді. Адамға аруақ қонбас бұрын түсінде аян беріледі. Қасиет белгілерін түсінбегендер өмірде сергелдеңге түсіп, түрлі кедергілер мен жазылмас сырқатқа ұшырап жататын кездері де болады. Ал, тұла бойындағы айтулы ерекшелікті дер уақытында байқаған адам елге сыйлы, жолы үлкен емшінің батасын алуға тырысады. Кімнің аруағы қонса, соның моласының басына түнеп, тәу етіп, сыйынып тілек тілейді. Бұл жерде, осындай аруақ қонып, айтарлықтай сырға толы құпия «ілімді» меңгергендер көбінесе атағы мен даңқы бүкіл елге мәлім тәуіп-емшілердің бейітін жағалап, мінажат қылып, медет тілейтінін тілге тиек ете кеткеніміз жөн. Сонан соң ғана қасиет толыққанды түрде дариды деп сенген. Қасиет

қонған кісі жан мен тән тазалығын берік сақтап, бүкіл ішкі қайраты мен күш-жігерін, өмірлік пайым ұстанымдарын бір арнаға бағыттайды. Әсіресе өздері сияқты емшілік, сәуегейлік жолын таңдағандарға, дәрігерлерден ешқандай қайыр болмай, ем қонбағандарға, рухани және психологиялық тұрғыдан жүдеп-жадап жүргендерге жәрдем жасап, ауруынан сауықтыру, бал ашып, тағдырын болжау тәрізді амал-тәсілдер жасайды. Бұл негізінен шамандық мен тәңіршілдік сенімінің сарқыншақ элементі болса керек. Артынан ислам діні қазақ даласына енгеннен кейін де аруақ қону мұсылмандық әдет-ғұрыптармен араласып, астасып кетті. Әлемнің көптеген ұлыстарының дәстүрінде кездесетін құбылыс.

АРУАНА – ыстық пен шөлге төзімді, жүні тықырлау, бітеу өркешті асыл тұқымды түйенің ұрғашысы. А.И.Добросмысловтың жазуы бойынша, аруана – айыр бура мен ұрғашы нар арасынан туған түйе. Оның ең таңдаулысы біртуған деп аталады. Аруана тұқымы нардан күштілік пен қайраттылықты, айырдан төзімділік пен тығыз, тықыр жүнді алған дейді. Қазақтар аруананы көбінесе, сауын үшін ұстайды, аруана сүті айыр түйеге қарағанда екі-үш есеге мол, әрі шаруашылыққа төзімді. Торғайда қырық екі жыл өмір сүрген аруаналар кездескен.

Халық аузында «Нар берсеңіз мая бер, үстіне кілем жая бер» деген тілек-бата қазақтардың аруананы аса қастерлегендігінің көрінісі. Аруана ерекшелігі – ауруға шыдамдылығы, ыстыққа төзімділігі. Бірақ, суықта тоңғақ келетіндіктен, үстіне жабу жауып, жылы қорада ұстайды. Дәстүрлі қалыптасқан сенім бойынша, аруананы соғымға соймайды. Егер соғымға соятын болса, бұл әулеттен күш-қуат пен мейірбандық кетеді деп есептейді.

АРУЛАНҒАН ШҮБЕРЕК – қайтыс болған адамның денесін сүрткен шүберектің атауы. Ертеректе, беделді қасиеті бар деген адамдардың аруланған шүберектерін тастамай, сақтап қойып, кейбір мал ауруларына қарсы ұшық, ақтау амалдарын жасауға қолданған. Х.Арғынбаевтың дерегі бойынша аруланған шүберекпен сауын малдың желінсау ауруын аптауға қолданған.

АРУЛАУ / АРУЛАП ЖАУЫП ҚОЮ – өлікті жөнелтуге дайындық шарасы мәйітті жуып, жерлеуге дайындау рәсімі, мәйітті жуу, тазалау үрдісі. Бұл шараның басқаша атауы – сүйекке түсу, жуу, жуындыру. Әсілі, арулау ұғымы эвфемизм болуы ықтимал. Қайтыс болған адамды оң жаққа салғаннан соң, мәйіт жатқан жерге тұтас шымылдық құрылады. Қаралы хабарды естіген алыс-жақынды туыс-жекжаттар марқұмның сүйегін арулап жерлеуге дайындайды. Сүйекке түсетін (жуатын) адамдар рулық, құда-жегжаттық байланыс пен марқұмның көз жұмар алдындағы өсиеті бойынша іріктеледі. Марқұмның сүйегін жуарда, оның қалай атқарылатындығын алдын ала молда түсіндіріп береді және өзі шымылдықтың екінші жағында отырып, марқұмға Құран сүрелерін бағыштайды. Марқұмның ақырет сандығы ашылады. Сүйекті жуындыруға арналған құман, қазан т.б. заттар түгел жаңа болуы тиіс. Су құярда құманның шүмегіне ақ мата байланады. Жуған кезде марқұмның денесіне жалаңаш қол тимеуі үшін сүйекке түсетін адамдар қолына мата орап алады. Қазақ салтында көзі ашық адамдар өз сүйегін кімдерге ұстату (жудыру) және оларға не беріп, не қою ісіне дейін аманат етіп кетеді. Тіпті, кейбір дос-

жар, құрдас адамдар «бұрын өлгеніміздің сүйегін артта қалғанымыз арулап, өз қолымызбен жерлеп, қалған бала-шаға мен мал-мүлікке бас-көз боламыз» деп серттесіп қояды. Өсиет пен уәде-серт болмаса, қалыптасқан дағды бойынша, сүйекке төрт адам түсіруге марқұмның ет жақын ағайындары таңдалады. Мәйітті жуған кезде суды қолының сыртына қарай құяды. Оны ғұсылдандыру деп атайды. Күнделікті тұрмыста сусын, шайды құйған кезде қолының сыртына қарай құюға болмайды деген тыйымның түптөркіні осыған байланысты қалыптасқан. Кейде әйгілі адамдар қайтыс болғанда сүйекке түсеміз деп таласушылар да болады. Ондай жағдайда 9, 11 адамға дейін жол (кәде) береді. Алайда арулаушылардың (сүйек жуушылардың) санын 7 адамнан асырмайды.

Ерлердің сүйегіне ер адамдар, әйелдердің сүйегіне әйел адамдар түседі. Олар дәрет алып тазаланып, діни жосын мен сүйек жуудың жөнін білетін бір адамның жөн сілтеуі бойынша атқарады. Жуған кезде астына су жайылып, жайылған судың аяққа басылмауы үшін мәйітті биіктеу сөре үстіне шалқасынан жатқызып жуады. Жаз күндері салқын су пайдаланылады. Ол дененің босамай ширауына, әрі қалпын бұзбай сақталуына сеп болады. Ал, қыста сүйек жууға арнайы бір қазанмен су жылтылады. Оны арнаулы бір адам сүйек жуушыларға тасып беріп тұрады. Сүйекті арулағанда (жуғанда) ақ кездемеден әзірленген пердешенің бір жағын марқұмның мойнына іліп, екінші жағын бір адам оның тұтас денесі мен абыройын (жыныс мүшелерін) жуушыларға көрсетпей көлегейлеп ұстайды. Сүйекті көлегейлемей ашық-шашық жуу әдепсіздік, ол өлшемге қайшы қылық боп есептеледі. Марқұмның туыстарының бірі сүйекке су құйып береді. Тағы бір адам сүйекті аударысуға көмектеседі. Бір адам құйылған судың астына сабын ұстап езіп беріп тұрады. Кейде оны жуушылар өздері орындайды. Қалыптасқан салт бойынша, сүйек жуушылар жол бойынша бірі сүйектің басына, бірі кеудесіне, бірі аяғына деген сияқты, әрқайсысы белгіленген бөлікті жуады. Сүйекті жуғандарға баскиім, шапан, ішік, етік сияқты заттар үлестіреді. Сүйек жуудың да өзіндік тәртібі болады. Ең алдымен, марқұмның асты дәретін алдырып болып, екі қолын шынтағына дейін үш реттен жуады. Одан соң, бетін құлығымен қоса жуып, басына мәсих (маңдайынан желкесіне қарай бір рет су салу) тартады. Аяғының басынан тобығына дейін үш рет жуған соң, сол жақ қырынан жатқызып, басынан бастап оң жақ денесін аяғының басына дейін үш рет жуады. Содан кейін оң жақ қырынан жатқызып, жуған соң шалқасынан жатқызып қуық үсті, қарынын ақырын басып, бастан-аяқ тазарғанша жуады. Содан соң, қайтадан сол және оң қырынан жатқызып таза сумен шайып шығады да, құрғақ орамалмен сүртіп денені құрғатып, қалампыр талқанын және иіс су сеуіп, кебіннің бас-аяғы және ортасынан дәкеден жыртып алып (кебіндік кездеме) буады. Арулап болған соң, мәйітті жууға су жылытқан қазанды өртеп, төңкеріп тастайды да, оны жұлдыз шыққанша пайдаланбайды. Сондай-ақ, марқұмды арулаған жерді адам мен малдың басуынан қорғап, ол жерге артта қалған ұрпақтары көгеріп-көктесін деген ниетпен арпа, бидай секілді дақылдар шашып, «көгертіп» қояды.

Егер ел жоқ, су жоқ жерде адам қайтыс болса, онда сүйекті таза жер жынысымен, яғни таза құрғақ топырақ немесе таза құммен арулайды. Марқұмды арулап болған соң, жаназасын шығарады, жерлеуге дайындайды.

Өлікті арулау орны діни дәстүр бойынша үйдің оң жағынан арнайы әзірленіп, үсті қарамен жабылады. Бұл орын арулаған жер деп аталады және өлікті арулаған жерге өлікті жерлеген күннен бастап жеті күн күніге кешке қарай шырақ жағады. «Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын!» деп марқұмға тілек айтылады.

АРША – қысы-жазы жасыл күйінде көгеріп тұратын, қылқан жапырақты, хош иісті, мығым және ұзақ жасайтын ағаш.

Аршаның қаңсып жарылмайтын, беріктілігін бағалай отырып, ұста-шеберлер одан қасық, ожау, тостаған, табак, домбыра жасауға пайдаланған. Қазақтар аршадан мәсуек жонып жасаған. Мәсуекпен тісті тазалаған.

Қазақ халқы аршаны қасиетті, киелі ағаш деп, емдік қасиеттерін ерте заманнан білген. Бұл ағаштың иісіне құрт-құмырысқа, шыбын-шіркей жоламайды. Сол себепті үйдің ішін, баланың бесігін аршамен түтетіп немесе көк бұтағын іліп, байлап қойған. Аршамен аластауды бәле-жаладан, жын-сайтаннан, ауру-сырқаудан, тіл-көзден сақтасын деген ниетте жасайтын болған. Тіл-көзден сақтайды деген наным-сенімге байланысты кейбір үйлердің қабырғаларына арша бұтағын ілген. Егер қой топалаң дертіне шалдықса, аршаны тұтатып аластайды. Ал баланың бесігін аршаны түтетіп аластайтынды, ұста Дәркембай Шоқпарұлы және тағы басқа зерттеушілер де жазады.

Аршаның қара-қошқыл, қызғылт-сия түсті ұсақ, домалақ жемісінің емдік қасиеттері барын біліп, оларды күзде піскен соң жинап, теріп алады да кептіреді. Мысалы, суыққа шалдығып тұмауратқан адам арша жемісін емге қолданатын болған. Тағы бір емнің түрі, ол несеп ауруларына қарсы, зәр айдағыш ретінде аршаның жемістерін қайнаған суға бұқтырып барып қолданылады делінген. Қазақ отбасында аршадан алынған көмір, май, күл және т.б. ем ретінде пайдалана білген.

Академик Әбдуали Қайдардың талдауынша, аршаның бүршікті жемісі асқазан ауруына, қан қысымына, сал, шемен ауруларына және де ішек құртын айдап шығару үшін қайнатып ішсе пайдалы деген. Тамақ ауруына дәннің майын, ал тіс ауруын басу үшін жеміске бал қосып, қайнатып алып, ауызды шайған дұрыс. Керең адам арша дәнін күнжіт майына әбден қарайғанша қайнатып құлаққа тамызуына болады. Әйел затының етек кірін жүргізуге, қабыршағынан аршылған арша дәнін балмен араластырып қоспа қайнатқан, сонан соң оны сүзіп алып, таза суына дәкені малып, жатырға басып біршама ұстаған. Сондай-ақ, ол бозаршаны (оны екпе арша деп те атайды) қан қысымы жоғарылау, жүрек шаншуы, ұйқы қашқанда, аршаның бүрін белгілі мөлшерде алып, суға қайнатып ішкен, ал шаштың қайызғағын кетіру үшін, суға қайнатып шашты жуған. Бұл аршаның емдік қасиеттерін көрсетеді. Қазақстанда көп тараған қара аршаның адамға, малға зияндығы да бар деген. Егерде қара аршадан алынған эфир майын адам терісіне жаққанда қатты қыздырады, ал

майын ішкен болса – қан құсуы ықтимал. Мал жесе – уланып қалуы мүмкін дейді Ә. Қайдар.

Құрылыс ісінде арша ағашын байлам ретінде, әсіресе шикі кірпіш қаландысының арасына, берік болу үшін әрбір 1 кез немесе 1 аршын аралықтан кейін салып отырған. Қамал тамын (дуалын) ірі кесекпен соққан кезде де арша байламдарын қаланды қатары аралығына салып отырған. Сондай-ақ, Айша бибі және Бабаша қатын кесенелерінің қабырғалары мен төрт бұрышындағы дінгектерінің мықты әрі мығым болуы үшін аршадан жасалынған байламдарды қолданған, бұл құрылыс нысанының мығымдылығын арттырған – дейді ғалым-сәулетші Т.К. Басенов.

Ғылыми деректер бойынша, Қазақстан жерінде аршаның бірнеше түрі бар делінеді. Арша ағашының түрлері Алтай, Алатау таулары, Сыр, Талас өзендері бойында, Сарыарқа, Жетісу өңірлерінде кең тараған. Бұл ағаштың – түркістан аршасы немесе балғын арша дейтін, сауыр арша, қара арша, ала арша, талас аршасы (кәдімгі арша, ем арша дейді) деп аталатын түрлері бар. Қазақ халқының «арша орман – анасы» дейтін нақыл сөзі бар.

АРШЫН – мөлшері 0,71 см болып келетін, қолданыстан шығып қалған ескі ұзындық өлшем бірлігі. Аршын өлшем бірлігі қазақы ортаға ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс тауарларының көптен келе бастаумен байланысты енді. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша, аршын сөзінің түп төркіні түркі тілдеріне жатқызылғанымен қазақ тіліне өлшем бірлігі ретінде орыстардан енді.

Зерттеуші Қ. Ахметжан аршынның қазақша баламасы кез өлшемі екендігін дәйекті түрде дәлелдеді. Қ. Ахметжанның жазуынша, кездің өлшемі әр жерде әртүрлі, шамамен 0,69-дан 0,89 см аралығында болған. Яғни, аршында, кезде адамның иығынан саусағының ұшына дейінгі аралықты білдіретін өлшем. Адам мүшесімен тікелей байланысты болғандықтан, аршын өлшемінің жеке адамның дене мүшелерінің ерекшелігіне байланысты ұзындығы әртүрлі болған. Осы жайында орыстың «әркім өз аршынымен өлшенбейді» деген мақал куә болады. Метрлік өлшем жүйесі енгізілгеннен кейін аршын өлшемі біртіндеп қолданыстан шығып, сөз тіркес теңеу ретінде қалды. Аршын деп аталатын мата өлшейтін, ұзындығы бір метр ағаш немесе жіптен жасалған құралдың атауы да аршын өлшемінің жаңғырығы іспеттес қалған болуы керек. Себебі Ресей саудагерлері қазақ жерінде кездеме мата сатқанда аршынмен өлшеп сатқаны белгілі, метрлік жүйе енгізген кездің өзінде бір метр матаны бір аршын немесе бір кез деп атай беретін.

Аршын сөзі ауыз әдебиет үлгілерінде әсірелеу, метафоралық мәнде қолданыла беретін. Мысалы:

Тау салсам тас кескен

Кеудеге салсам бас кескен

Алты аршын ақболат

Қанаттан алып суырып

Сонымен, аршын қазақтың құлаш, қарыш, кез, тұтам сияқты халық метрологиясының төл өлшемдерімен қатар қолданысқа еніп кеткен өлшем бірлігі қызметін атқарды деуге болады.

АРЫЗДАСУ – аза тұту ғұрпында ерікті түрде атқарылатын жосын, науқас адамның қайтыс болар алдындағы ел-жұрт, туыс-туғанымен қоштасуы. Қазақ ортасында ұзақ жасаған немесе айықпас ауруға душар болған орта жастағылар, сондай-ақ ел-жұртынан жырақта жүрген адамның өлім алдында арыздасу ғұрпы болғандығы айтылады. Арыздасу өлең түрінде және ұйқасты қара сөз түрінде де айтылады. Арыздасушы өзінің мұң-зарын, артындағыларға қалдырар өсиетін айтады. Мойындағы қарызы болса балаларына немесе емшектес бауырларына қайтаруын сұрайды. Бақұлдасудан айырмашылығы өлім халіндегі адам жиналғандардың алдында өзінің бұ дүниедегі күнәсін кешіруін сұрайды. Арыздасу басқадай атаумен ант мезгілі, өсиет сөз, қоштасу деп те аталады.

Арыздасу өлеңін кейде арманда кеткен адамның атынан басқалар шығарып айтып, тартады. Арыздасып қоштасудың керемет бір үлгісі әнмен тараған Кемпірбай мен Әсеттің қоштасуы. Ақындар арыздасуын өсиет мәніндегі өлең жолдарымен жолдаған. Мысалы, Ақтамберді жырау шығармаларындағы мына жолдарды өсиетнама түрінде айтылған арыздасудың классикалық үлгісі деп айтуға болады:

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет.
Бірлігіңнен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке.
Араз болсаң алты ауыз,
Еліңе кірер әреке.
Бар арманым айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан, қайтейін?!
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын Құдайым!

Ел ішіндегі көптің аузына ілінген көшелі, көреген, беделі мен атағы жұрттан асқан қадірлі адамдардан қауым мүшелерінің сұранысы бойынша араздасу, бақұлдасу сипатындағы өсиет жырын сұрайды. Арыздасудың қарапайым түрі ХХ ғасырда ұлт-азаттық қозғалысы, қуғын-сүргін, онан кейінгі соғыс жылдарындағы азаматтардың ел-жер, туған-туыс, отбасымен арыздасу өлеңдері көптеп туды.

АРЫҚ – дәстүрлі суармалы егіншілік кешенінде, суды табиғи су көздерінен егістікке жеткізуге арналған арналармен жерді қолдан суландыру (ирригация) жүйесіндегі жасанды су тораптарының атауы.

Қазақстан территориясының негізгі дені жауын-шашынның аздығымен (жылына 200-300 мм шамасында), жазғы маусымның ыстықтығымен және атмосфералық ауаның құрғақтығымен ерекшеленетін аридтік зонаға жатады. Экологиялық ахуал бойынша, жаз айларының ыстықтығы, ауаның аса құрғақтығына (Арал, Сыр өңірінде ауа ылғалдылығы 30 %-ға дейін

төмендейді) ылғалдың жерде сақталмай, буланып ұшып кетуіне әкеледі. Мәдени өсімдіктердің негізгі вегетативтік периодына сәйкес келетін жаз айларында, өсуге қажетті табиғи ылғалдың жетіспеушілігі қазақ жерінде суармалы егіншіліктің түрлі формаларының дамуына негіз болды. Осыған байланысты қазақ жерінің әр аймақтарына тән өзіндік агротехникалық және мелиоративтік тәсілдер қалыптасты. Соның ішінде суды егіс алқабына рәсуасыз, уақытылы жеткізу және реттеу арықтар жүйесі кешенінің қалыптасуына себеп болды. Арықтар жүйесі өз кезегінде қолдану мақсатына қарай жіктелген арық түрлерінен және түрлі гидротехникалық құрылығдардан құрылды. Егін түсімінің суарумен тікелей байланыстылығы, ирригация жүйесінің ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе негізінде қалыптасуына және оны үнемі жетілдіріп отыруына негіз болды.

Арық түрлері. Егістікті суару, жалпы суландыру (ирригация) жүйесінде қалыптасқан технология бойынша арықтар Бас арық, Орта арық, Кіші арықтар болып жіктеледі. Осыған байланысты қазақтың дәстүрлі суармалы егін шаруашылығында суландыру жүйесіне қатысты алуан түрлі аймақтық атаулар қалыптасқан. Мысалы, белгілі ғалым Нақысбеков О. «Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында» атты мақаласында тек қана арыққа қатысты қырықтан астам жергілікті атауларды келтіреді. Үлкен канал типтес арықтардың барлық региондарға ортақ бас арық атауымен қатар, Жетісу өңірінде тоған, бас тоған, оман арық; Оңтүстік Қазақстанда оман, әнер, өстен, қазына арық; Ақтөбе, Торғай өңірінде қанау, айғыр жап деген жергілікті атаулары кездеседі. Қазақстанның Оңтүстік, Оңтүстік Шығысындағы таулы өңірлерде бас арықтарды егістікке шығарғанда жондарды қиялап тартатындықтан олардың жон, жонарық, теріс арық деген атаулары қалыптасты.

Бас арықтан кейінгі дәрежеде реттеуші, немесе орташа арықтардың: арық, орта арық, жап, оқ арық, салма, қарық деген атаулары болды. Сонымен бірге суарылатын егіс түріне байланысты бау арық, қауын арық, пая арық деп бөлінетінін Б. Алтаев атап көрсетеді.

Егістік ішінде суды тарататын, реттейтін ұсақ арықтарды атыз, жап, кетпен арық, жанама; қол арық деген сияқты атаулары қолданылды. Егін арасында су жүргізетін ұсақ арықшаларды уат, шөнек, пал деп те атаған.

Егістікті суарғанда сарқынды немесе қашқан суды жыраққа шығару үшін арнайы ақаба арықтар қазылатын. Ақабамен су кетіру, егістік сор болып кетпеу үшін жердің тұзын шаю іс-шараларын атқаруда қолданылатын. Аталған іс шаралар әсіресе суды көп қажет ететін күріш өсіру технологиясында атқарылатын дәстүрлі агротехникалық іс шаралардың маңызды бөлігі болды.

Суармалы егіншілікпен айналысатын өңірлерде арықтар жүйесінің қаншалықты дамығанын қазан төңкерісіне дейінгі уақытта жарық көрген еңбектерде келтірілген деректерден көруге болады. Мысалы Л. Чермак Шу өзені алқабында 616 шаруашылықты 16 тоған сумен қамтамасыз ететінін жазса, Дингельштедт Н., Шымкент уезінде 1891-1892 жылдары ұзындығы

3000 шақырымдай 239 арық; Қазалы уезінде 1300 шақырым 200 арық; ал Перовск уезінде жалпы ұзындығы 1625 шақырым 332 арық болғанын жазады.

Келтірілген деректер дәстүрлі суармалы егіншілікте арықтар жүйесінің ирригациялық жұмыстар кешеніндегі ерекше маңызының көрсеткіші деп бағалауға мүмкіндік береді.

Арық қазу. Магистралдық арықтарды қазу көп қаражатты, ауқымды жұмыс күшін қажет ететін күрделі іс-шара болды. Тарихта аты қалған, тіпті, кейбір өңірлердің негізгі топонимикалық атауларына айналған арықтардың жасалуы жайлы мәліметтер көптеген тарихи деректерде кездеседі. Орта Азиялық феодалдық хандықтар кезінде арық қазу Хан жарлығымен орталықтан басқару арқылы жүргізілген. Мысалы, «Ирригация Узбекистана» атты ғылыми еңбекте 1828 жылы Палван-яб арығын қазуға Хиуаның билеушісі Аллақұш хан 40 мың адам шығарғаны жайлы дерек келтіреді. Осындай жайт қазақтар жайлаған Сырдария өңірінде де орын алғандығын айта кету керек. Қазақ жерінде, көбіне, арық қазу жұмыстарын рулы ел болып немесе егіншілікпен айналысатын көптеген ауыл бірігіп арық ақсақалдарының жетекшілігімен атқарған. Зерттеуші Б. Алтаев Шымкент, Әулиеата өңірлерінде жүргізген экспедициялық материалдар бойынша бас арықтарды рулы ел болып немесе ауқатты жеке адамның қаражаттандыруымен қазғандығы жайлы деректерді келтіреді. Магистралдық үлкен арықтар жұмысты атқарған рудың немесе басқарушы жеке адамның атымен аталатын. Мысалы, Арғын арық, Жолан арық, Тарақты арық, Қоңырат арық атаулары ру атымен байланысты болса, Досалы арық, Бақтыбай арық, әйгілі жырау ақын Майлықожаның жетекшілігімен қазылған Майлы арық атаулары жеке адамдардың атымен аталған. Б.Алтаев өзінің экспедициялық материалдары негізінде ХІХ ғасырдың басында қырғыздардың қазақтың Дулат руының қонысынан жер алып, арық қазып үлкен алқапты суландырғанын айта келіп, Бас арықтың осы күні Қырғыз арық деп аталатынын және ХХ ғасырдың 70 жылдары аталмыш арықтың кеңейтіліп, жетілдіріліп, сол маңдағы 400 гектарға жуық жерді суландырғаны жайлы дерек келтіреді. Бас арықтардың атаулары белгілі бір оқиғаға байланысты да қойлатын. Мысал ретінде, Сайрамсудан тартылған арықтың Нарсойған атауы қазу кезінде шалынған құрбандық малдың атауымен аталса, Сыр өңіріндегі Қуан көлінен тартылған ұзындығы 4 шақырым Жолбарыс арық сол өңірде кездесетін аңмен байланысты қойылған болса керек.

Орташа арықтарды қазу және жөндеу жұмыстарына сол арықтарды пайдаланатын қожалықтар атқаратын болған. Мұндай Орташа арықтар егістік иесінің атымен аталатын, дегенмен ұзындығы шамалы орташа арықтарға жеке атау беріле бермейтін.

Егіс басындағы арықтарды, әдетте, әр жер иесі өз күшімен қазып, қажеттілігіне қарай тазалап, жөндеп отыратын және бұл әр маусымда жер телімінің жағдайына қарай жаңғыртылып отыратын.

Арықтарды жер жағдайына қарай қазу тәсілдері. Арықтың арнасын тиімді жобалауда қазақ шәмшілері түрлі халықтық техникалық тәсілдерді қолданды. Арық қазардың алдында мұраптар мен шәмшілер оның бағыты мен еңістігін

өлшеп анықтап алатын. Арықтың еңістігін шығару үшін, екі қазықтың арасына ұзындығы шамамен 3-4 метр жіп тартып, ұзынша келген астау ыдысқа су толтырып үстіне су төгілмейтіндей жағдайға жеткенше жіптің биіктігін реттеп арнаның еңістігін түзейтін. Екі-үш қазықтан соң кейінгі қазықты бір немесе екі еліге төмендетіп қағып келесі 8-10 метр жерді тегіс қылып тартып отыратын, Н. Дингельштед осылай тартылған арықтың еңістігі 1/2000 немесе 1/2500 болып келетіні айтылады. Тәжірибе негізінде қалыптасқан осы тәсіл су тоқтап қалмайтын ұтымды ағынды қамтамасыз етуімен қатар, ағыс екпіні арықтың арнасын шайып кетпейтейтін тиімді режимды ұстап тұруға мүмкіндік беретін.

Б. Алтаев өз еңбегінде таулы өңірде ойға арық тартуда жүк тиелген есекті жүргізіп, арнаны соның сайды қиялай жүрген ізімен қазғаны жайлы деректі келтіреді, дәл осындай дерек ОМЭЭ экспедициясы барысында Жаркент маңындағы Бабалян арығын Өсек өзенінен шығарғанда тас артқан есектің қиялап жүрген ізімен қазылғандығын және бұл ХХ ғасырдың 20 жылдары жүзеге асырылғаны жайлы деректі жергілікті тұрғындардан алынды. Аталған мысалдарда жүк артқан есектің ойға қарай түскенде инстинктивті түрде жер қыртысының жадағай, жайлы бағытын таңдау қабілетін пайдаланғандығын көруге болады. Ылдиға су жүргізгенде судың екпінін азайту үшін қосымша арналарға бөліп судың көлемін азайту, бұрылыстар мен тоспа мен қосымша шұңқыр жасап судың арықтағы екпінін басу сияқты амалдар қазақ шәмшілерінің тәсілдерінің қатарына жатады. Ұсақ түйек ойпандарды кесе көлденең топырақ шыммен көтеріп толырып, көтерме арық жасап өтетін.

Әр региондағы жер қабатының физикалық жағдайына байланысты арық қазу әртүрлі тәсілдерді қажет ететін. Тастақ, шымы мол немесе керіш жерлерде арықтар жобаланған ені мен тереңдігіне дейін бірден қазылатын. Тастаққа су сіңіп кетуін азайту мақсатымен арықтың табанын саз балшықпен, тұнба қайырмамен бекітетін болған. Сыр өңірінде арық қазғанда судың жүретін бағытымен топырақты екі жағына жал қылып терең қылмай қазып су жіберетін. Ағыстың екпіні жұмсақ құмдақты шайып, өзіне арна жасап алатын болған. Бұл сумен құмдақ жердің физикалық қасиетін ұтымды пайдаланудың үлгісі болса керек. Осылай тартылған магистралдық бас арықтарды кеңейту үшін шәмші, мұраптардың жетекшілігімен арық қазушылар арықтың екі жағын ойып суға тастайтын, осылайша арықтың ені үлкейіп су көлемі ұлғайса, екіншіден ағыс күшімен егістікке жеткен бос топырақ жерді тыңайтатын. Н. Дингельштедтың көрсетуінше қазақ шәмшілері осы тәсілмен бас арықты біртіндеп бірнеше жылдар бойы ұлғайтатын болған.

Амудария, Сыр бойында керіш болып қатақан сарғыш топырақты жерде арықты бірден жобаланған тереңдігі мен еніне жеткізбей алдымен белгілі бір қашықтыққа таяздау қылып қазып, су жіберіп керішті жібітіп алып кеңітетін тәсіл қолданған. Бұл тәсілмен арық тартқанда артылған суды жіберетін сай – жылғалар болуы керек екен, яғни тым тегіс жерлерде қолдану қиынға соққан. Аталған тәсілдер жер қазумен байланысты жұмысты жеңілдету амалдары болғаны белгілі. Әлбетте, осы заманғы техникамен және ғылыми негіздемелерге сүйенген гидротехникалық тәсілдермен тартылған арық,

каналдармен салыстырғанда дәстүрлі тәсілмен қазылған арықтардың өзіндік кемшіліктері болды. Ең бастысы әрине, қол күшімен қазылған дәстүрлі бас арықтар жер бедерін қуалай жүргізілгендіктен иректеліп ұзындығы едәуір болуымен қатар, енді және таяз болып келетін, яғни су айдынының ауаға буланатын аумағы да, жер астына сіңіп кететін көлемі де үлкен болады. Сонымен қоса, кең жайылып аққан судың ағысы баяу болғандықтан табаны қайырланып, арықты тазарту жұмыстарын маусым сайын атқаруға тура келетін. Терең және түзу қазылған каналдармен салыстырғанда белгілі уақыт бірлігінде өтетін су мөлшері де аз болғандығын да айта кеткен жөн. Таулы, қыратты өңірдегі бас арықтардың да өздеріне тән кемшіліктері де болды. Алайда қазақтың дәстүрлі егін шаруашылығын зерттеген Шкапский О. А., Гродеков А., Дингельштед Н., Уәлиханов Ш. сынды ғалымдар жердің физикалық күйін, жер қыртысының ерекшеліктерін тиімді пайдаланудың халықтық тәсілдері ғасырлар бойғы тәжірибе негізінде қалыптасқан гидротехникалық амалдардың бірегей кешені болғандығын жазады.

Арықтың көмейін байлаудың негізгі тәсілдері. Бас арықтың көмейін өзендердің ағысы баяу, суы терең жерлерінен шығаратын болған. Мұндайда жер қабатының жағдайы, өзен арнасының су тасығанда арнасы аумайтын, топырағы тығыз, шымы қалың, бөгет-тоспалар тұрғызуға ыңғайлы жерлері таңдалынатын. Бас арық шығару арық ақсақалдары мен тәжірибелі мұраптардың кеңесімен атқарылатын болған. Далалық, топырағы құмдақ өңірде шәмшілер арық басын өзеннің доғалданып келген тұсының доғаның ішкі жағынан байлайтын, себебі физикалық заңдылыққа сәйкес, өзен бұрылысының доғасының сыртқы бөлігінде ағыс қатты болады да доғаның ішкі жағының ағысы бәсең болады. Осының салдарынан су құрамындағы лай мен құм ағыстың қатты жағымен кетіп ағыс бәсеңдеу жағының суы салыстырмалы түрде тұнықтау болады да арықтың құм, лаймен бітелуі бәсеңдеу болады, сондықтан арық жиі тазалауды қажет етпейді. Бұл эмпирикалық тәжірибе негізінде қалыптасқан гидротехникалық тәсілдің қатарына жатады. Екіншілер арықтың көмейін байлаудың бірнеше тәсілдерін қолданған:

1) Бірнеше кіші көмейлер арқылы бас арыққа су салу. Жағасы құмдақ, ағысы дүлей өзендерде бас арыққа су салу үшін өзен ағысының бойымен бірнеше жерден кіші құлақтар байланатын тәсіл болған. Ұсақ құлақтарда су екпіні аз болғандықтан жағалау шайылмайтын да, бас арыққа қажетті мөлшердегі су біртіндеп алынатын. Бұл тәсіл Сырдария, Әмудария өзендерінде жиі қолданылатын. Ор. Шкапский Амударияның төменгі ағысын қоныстанған қазақ егіншілері арасында осы тәсілдің жиі қолданылғанын атап айтқан.

2) Қарабурамен арықтың көмейін байлау. Сыр өңірінде арықтың көмейін қарабурамен құлақтарды байлау әдісі жағалаудың судың екпінімен шайылуынан сақтап қалатын әмбебап тәсіл ретінде қолданылды. Ол үшін бас арықтың көлеміне сай қарабурамен байланып ағыс екпіні әсер ететін тұсына орнатылатын. Сонан соң қажетті көлемде су салу үшін арықтың көмейі қарабурамен санымен сәйкестендірілетін. Көмей тұсында судың деңгейін

көтеру мақсатында суға қарабуралар тастап, ағыс екпінін тежеу тәсілі қолданылған, мұндай амал көбіне Сыр бойындағы жазықтық өзендерде кездеседі. Қарабуралардың санын, салу тәртібін тиімді қолдану судың деңгейін реттеп, қажетті көлемде су алуға мүмкіндік беретін.

3) Тұма, түкіртімен арық арықтың көмейін байлау. Б. Алтаевтың дерегі бойынша, Оңтүстік-Шығыс таулы аймақтарда бас арықтың көмейін тұма деп аталатын құрылғымен бекітеді. Тау бөктерлеріндегі кішкене өзендерден су тартқанда бөгет жасап әуез құрады. Әуезден арыққа су шығару үшін бірінің үстіне бірі қаланған қыш құбырлар шым топырақпен мықтап бекітіледі. Су тек қана құбыр арқылы жүргендіктен тоспа шайылмайды және әуез жағынан құбырларды шүберек немесе шыммен тығындап, өтетін судың көлемін реттеуге болады. Құбырлар бірінің үстіне бірі қаланып орналасқандықтан арыққа салынатын су әуездегі судың деңгейінің ауытқуына тәуелді болмайды. Суару қажет болмаған кезде тұма оңай бекітіліп әуездегі су қажет мөлшерде жиналады.

Сырдария, Амудария өңіріндегі қазақ егіншілері салманың көмейін байлағанда қолданған қыш немесе кеспелтек бөренені үңгіп жасаған ағаш құбырларды түкірткі деп атаған.

Түкірткі – бас арықтан салма арыққа судың біркелкі келуін қамтамасыз ететін құрылғы. Судың тапшы жағдайында түкірткі егістікке суды мөлшерлеп салудың бірден-бір оңтайлы техникалық шешімі болды. Әр қожалықтың егістік танабының көлеміне қарай сәйкестелінген диаметрлі түкірткі арқылы белгіленген уақытта су жіберілетін. Мысалы, Ор. Шкапскийдің зерттеуінде 150 танап жерді суаруға диаметрі 40 см түкірткі, 40 танап жерді суаруға диаметрі 24 см түкірткі орнатылатындығы айтылады. Құмдауыт жерде түкірткімен байланған құлақтар, біріншіден, шайылып бұзылмайды, екіншіден құбыр арқылы өтетін судың көлемі тұрақты болғандықтан мұраптың әр қожалыққа қажетті су көлемін анықтап, қадағалауына мүмкіндік береді. Амударияның төменгі ағысын қоныстаған қазақтардың егіншілік шаруашылығында түкірткі қолданғаны жайлы дерек қазақтың белгілі тарихшы ғалымы У. Шәлекеновтің еңбегінде де кездеседі.

Түкірткінің қолданысына қарай тік немесе жатқызылып орнатылатын түрлері болған. Жатқызылып салынған түкірткілер бас арықтан салмаға су салғанда қолданылды. Тік орнатылған түкірткілер негізінен арықтан шығырдың әуітіне су салу үшін қолданылды. Шығырмен егін суарғанда, шығыр салмада (су жиналатын әуіт) судың деңгейі біркелкі және суару жұмыстары аяқталғаннан соң салмада су болмауы керек. Себебі шығырдың қасинегінің су көзіне тиіп тұрған жағы суда қалса, қасинек біркелкі кеппей, біржағы қаңсып су тартуға жарамай қалады. Түкірткі салып жасалған бөгеттің ашып жабылуы оңай болуымен қатар салма арықтағы судың деңгейінің ауытқуына байланысты қашқан судың әуітке құйылуынан сақтайды.

4) Ағаш сырықтар және жұқа бөренелермен арықтың көмейін байлау. Қазақстанның шығысының, Жетісудың ағашы мол таулы қыратты өңірлерінде арықтың құлағын ағаш сырықтар мен орташа бөренелерді қолданып жасалған шлюз, бөгеттермен байлайтын. Мұндай тәсілдің ұтымдылығы ағаш

құрылғылар алып салуға ыңғайлы, су деңгейін реттеуге өте қолайлы болуында. Түзу сырықтардан, бөренелерден кесілген кеспелтектер бас арықтың түбіне қағылып, қажетті мөлшерде саңылау қалдыру арқылы реттеліп, қажетті су көлемі арыққа салынады.

Дәстүрлі гидротехникалық құрылғылар. Арық тартқанда халық шәмшілері түрлі гидротехникалық құрылғылар қолданғаны белгілі. Орталық Азия мен Қазақстан жеріне тән бірегей және жиі қолданылатын құрылғылар қатарына қарабура жатады. Қарабураны бұташілік, қоға қамысты жерге төсеп үстіне ұсақ тас пен шымды араластыра жайып ши орағандай етіп орап бума жасайды. Буманы қамыспен көк шөп араластырып есілген жуан арқандармен екі-үш жерінен келептеп байлап тастайды. Қазіргі тілмен айтқанда құрылымы композитты (өсімдіктер, саз топырақ, ұсақты ірілі тастар) қарабура суға салғанда өсімдік тектес материалдар (ши, қоға, қамыс, ағаш бұталары) қабарып ағынмен кірген құм мен қайраң кептеліп цементтеліп қалатыны соншалық, уақыты келгенде қарабурадан қаланған тоспа, бөгеттерді бұзу өте қиынға соғатын. Н. Дингельштедтің жоғарыда аталған, Түркістан аймағының егіншілік пен ирригациясының жай-күйін зерттеуге арналған еңбегінде автор таңдана отырып, қарабураның жасалу тәсіліне және оның ағын суға төтеп беретін қасиетіне, қолданылған материалдарына байланыстыра отырып талдау жасайды. Қарабуралар қолдану мақсатына, өзеннің үлкендігімен, ағынының екпініне қарай түрлі мөлшерде жасалды. Негізі цилиндр пішіндес қарабуралар диаметрі 1,5 метрден аса, ұзындығы 6-8 метрге дейін жететін. Осындай ғаламат үлкендігіне қарамастан жергілікті диқандар қарабураны тез жасап, қатты ағысты ауыздықтауда қолданады дейді. Қарабураларды бұташіліктен, жас қамыстан есілген жуан арқандардың көмегімен жағалауға бекітіп, біртіндеп бірінің үстіне бірін қойып бөгеу негізгі және өте ұтымды тәсіл болған. Қарабураны суға жағалаудан итеріп түсірумен қатар, қайықтан да тастау тәсілін қолданған, өзен ағысының иірім, жылым болып жататынын ескере отырып, қазақ шәмшілері аталған жұмыстарды асқан шеберлікпен орындайтынын көптеген авторлар жазады. Арыс, Бадам сияқты өзендерді осылайша судың тереңдігіне қарай қарабураларды бірінің үстіне бірін қаттап салып толық бөгеп немесе жартылай тоспа жасайтын болған. Сырдария құмдақ өңірде ағатын, арнасын жиі өзгертетін өзендер қатарына жатады, осыған байланысты магистралдық бас арықтардың, өзеннің жағалауды шайып кетуден сақтау үшін ең қолданымды да қолайлы құрылғы қарабура болып табылады. Өзен тұнбалары мен лай, құм қарабураның құрамындағы бұталарға кірігіп уақыт өткен сайын су өткізбейтін берік тоспаға айналып арықтардың да, өзеннің де арнасын берік ұстайтын. Қарабураларды сонымен қатар өзен жағасын жырып кеткен қашқан суды ауыздықтауға, өзендерді жартылай бөгеп су деңгейін көтеруге қолданған. Орташа қарабуралармен бас арықтың көмейін қалап, өзен толқыны ұратын жерлерін бекітетін. Кішірек қарабураларды арықтың көмейін байлайтын шлюз ретінде қолданатын. Қарабуралар, әсіресе, жері құмдақ, арнасы ауытқуға бейім жазықтық өзендерде өте тиімді болды. Себебі топырақты үйіп үлкен дамба немесе ағаш бөренелерден тоспа тұрғызуға мүмкін емес жағдайда қарабура таптырмайтын әмбебап құрылғы

болды. Н. Дингельштедт топырағы сусымалы құмдақ өңірде қарабура ең тиімді құрал болғандығын көрсе отырып, қарабура дайындау салыстырмалы түрде арзанға түсетіндігін айтады. Мысалы, диаметрі 1 сажень (1,2 м.) ұзындығы 3 сажень (3,6 м.) қарабураға материалдарымен еңбекақысын қосқанда 10 рубль 60 тиын кетеді екен, бұл топырақтан бөгет тұрғызуға қарағанда көп арзан болатындығын жазады.

Мұндай тәсіл Бадам, Шаян, Арыс өзендерінің тау бөктеріне жақын тұстарында салынатындығын Б. Алтаев, Н. Дингельштедт өз еңбектерінде атап көрсеткен.

Ағысы қатты, кенері тастақ таулы өзендерден арыққа су салу үшін, өзенді жартылай бөгеп су деңгейін көтерудің өзіндік тәсілдері болған. Соның бірі саржан (орысша – каменно деревянные шипы; өзбек тілінде – сипай) деп аталатын құрылғы. Саржан ағыны қатты өзендерде құрылады. Ол үшін ұзын бөренелердің бас жағын біріктіріп, бұтын мосы тәріздес үш таған қылып, өзен түбіне қағып бекітіп, таспен бастырып қояды. Осылайша ағынға кесе көлденең тізбектеп қойылған бірнеше саржандардың бұты тастармен толтырылады, ағыс жағынан ірі бұталар салынып, саржанға қосымша тастармен бастырылады. Осындай саржан орнатылған өзен суы тастардың арасымен ағып жатқанымен, бөгеттің жоғарғы жағында бөгеттің ернеуі Бас арықтың құлағына жететіндей тоспа пайда болады. Сол тоспалардан тартылған арықтар егістікке қажетті суды жеткізіп тұрады. Саржан бөгетінің су өткізу қабілетін (фльтрациялау) реттеу арқылы алынатын судың көлемі де реттелетін болған. Өзен суы азайып тоспа деңгейі төмендеген жағдайда бөгет тастардың арасына шым, қамыс, құрай тығылып бөгеттің су өткізуін шектейтін. Керісінше су деңгейі жоғарылап кеткенде шым алынып, тас арасымен өтетін су көлемі көбейтіліп отыратын, бұл қазіргі ғылыми терминологиямен айтқанда, арықтағы су көлемін реттейтін қарапайым реттегіш болды. Саржан құрып су бөгеу әдісі Сыр өңірінде көп қолданғаны жайлы дерек Дингельштедтің еңбегінде айтылады.

Тау бөктерлерінде ағатын кішкене өзендерде қойтас қалап тасбөгеттер жасалатын. Бөгеттердің су келетін жағына бұталарды торлап салып бетін шым кесектермен бекітіп арық, тоғандарға су тартатын тоспа-әуіт салынатын. Ағашы мол, орманды өлкеде су деңгейі ағаштан құрылған шлюздермен реттелетін, ондай мүмкіншілік жоқ ормансыз өңірлерде су деңгейі тасбөгеттің қуыстарын шыммен бітеп немесе ашып отыру арқылы реттелетін, бұл тәсілдер көбіне саржан құруды қажет етпейтін, кішігірім тау өзендерінде қолданылатын.

Тасбөгеттермен өзенді жартылай бөгейтін тәсіл болды. Бұл өзен ағынын ірі тастармен бәсеңдетіп судың ағысын бас арыққа бағыттау үшін қолданылатын амалдар қатарына жатады. Жартылай бөгет жер ыңғайына, өзеннің еністігіне қарай ағысқа кесе көлденең немесе қиялай салынатын. Жартылай бөгеттің ерекшелігі ағыс екпінін бас арыққа бағыттап, өзен толықтай бөгелмейтін.

Құлақ байланған тұста, көмейді ағыс шайып кетпеу үшін қарабуралармен бекітілетін. Қарабураның құрамындағы шым аралас құм, бұта мен шіліктің

арасы судың құрамындағы құммен лай-сазға толып кірігіп қалатын. Ондай кедергіні арнайы бұзудың өзі қиынға соғатын, себебі ылғал сіңген бұталар оңайлықпен шабылмайтын және кірігіп қалған қайранды кетпен, кетпен-күрекпен алу, тіпті қиынға соғатын.

Арық тартқанда, әсіресе, тау бөктерлерінде орналасқан егістіктерді суғару үшін ені әртүрлі болып келетін сай, жылғаларды кесіп өту қажеттілігі туындайды. Бұл қиындықты қазақ шәмшілері түрлі техникалық құрылғылар салу арқылы шешетін. Сай, терең жыраларды кесіндісі науа тәрізді, тақтайлардан шегеленіп жасалатын тарнау құрып су өткізетін. Н. Дингельштед Шымкент оязының Қарамұрт болысында Ақсу өзенінің жоғарғы ағысындағы Балдырбек сайын ұзындығы 198 м., биіктігі 17 м. құрайтын екі деңгейлі тарнауды сол болыстықтың тұрғыны Қасымбек Қажыбековтың 1890 жылы салғандығын жазады. Аталған тарнаудың судың салмағына да, ағынның гидродинамикалық әсеріне де төтеп беретін күрделі гидротехникалық құрылғы болған. Тарнаулар кішігірім арықтарды көлденеңінен кесіп өту үшін, үш тақтайды шегелеп біріктірген науа ретінде жасалып пайдаланыла беретін. Күрделі құрылыс қатарына жататын тарнауларды осы күнгі қабылданған терминология бойынша, акведук деп атайды.

Б. Алтаевтың дерегі бойынша, кейбір жағдайда қазақ шәмшілері сайды кесіп өту үшін иіртышқан деп аталатын құрылғы салғандығын жазады. Иір тышқан арықтың бағытына көлденең жатқан сай, жылғаларды жерасты үңгіп кесіп өту үшін салынатын арнайы гидротехникалық құрылғы. Әрине, мұндай құрылғылар күрделі жұмыстар қатарына жататындығы белгілі, сондықтан да өте сирек қолданылған болуы керек. Автордың көрсетуінше, Төле би ауданындағы Жаңакүш елді мекенінде, тау жақтан ағып келетін суды сайдың қарсы бетіне шығару үшін осы халықтық тәсіл қолданған. Иіртышқан салғанда арық келген жерден сайдың екі жағынан құдық қазылып өзара жер асты туннелімен қосылады. Су арықпен бірінші құдыққа толғанда өз ара байланысты «ыдыстар» (закон сообщающихся сосудов) гидростатика заңдылығына сәйкес, екінші құдықта толады. Екінші құдықтан тартылған арықты бойлап егіс алқабына жеткізілетін болған. Өкінішке қарай, автор иіртышқанның құрылымдық ерекшеліктері жайлы дерек келтірмеген.

Дей тұрғанымен, кәріз қазудағы тәсілдерді аналог ретінде алып қарастырсақ, жерасты арығы мен екі құдық қыш құбырлар салынып, немесе қыш кірпішпен құрсауланып жасалған тәрізді. Бір айта кетер жайт иіртышқан атауы осы күндері қолданыстан шығып қалып, заманауи гидротехникада халықаралық дюкер термині қолданылып жүр.

Арықтарды пайдалануға байланысты қазақ егіншілерінің іс-шараларының ерекшеліктері. Арықтарды маусымдық пайдаланудан кейін келесі маусымға дайындау қауым болып атқаратын міндетті жұмыстар қатарына жатқандығы жоғарыда айтылған. Маусымдық жұмыстарды әр қауымдастық өздеріне тиесілі орта арықтарды тазалаудан бастайтын сонан кейін бас арықты тазалауға кірісетін. Арық тазалау жұмыстары арық ақсақалының жетекшілігімен, мұраптардың бақылауында жүргізілетін. Арықтарды тазалау жаз бойы жиналып қалған тұнба лайдан, қараң құмнан

арылтып, су шайып жұқарған жағаларын бекітуден басталатын. Бас арықтарды тазалау ерте көктемде басталып, жер жырту науқанына дейін аяқталатын. Әр өңірдің өзіне тән климаттық жағдайына қарай арықтарды келесі маусымға дайындаудың өзіндік реті болды. Арық тазалау жұмыстары көбінесе асар шақыру түрінде өтетін. Екіншілік өнімі арықтар жүйесінің, оның құрамына кіретін гидротехникалық құралғылардың сапасына тікелей байланысты болғандықтан, екіншілер арық жөндеу жұмыстарына аса зор мән беріп, қауым мүшелері толықтай дерлік қатысуға тырысатын. Түрлі себептермен қара жұмысқа тікелей қатыса алмаған қожалықтар мен отбасылар мал сойып, тамақ жасап қолқабыс жасайтын болған. Айта кететін жайт, құмдауыт өңірлерде жазғы суару барысында арықтардың табанына құм, лай жиналып тұнба қайраңдар пайда болатын, соның салдарынан салма арықтар таязданып су өткізу қабілеті төмендеп кететін, ондай жағдайда тазалау жұмыстарын арық иелері атқаратын. Арықтардың техникалық жай-күйін мұраптар бақылап, аталған жөндеу жұмыстарының уақытылы жүргізілуін қадағалап отыратын.

Арықтардың пайдалану (эксплуатациялық) мерзімін ұзарту, суды егіске ысырапсыз жеткізу мақсатында қазақ мұраптары мен шемшілері түрлі тәсілдер қолданды. Әр өңірдің жер жағдайына қарай атқарылған жұмыстардың өзіндік өзгешеліктері болды. Алайда барлық өңірлерге ортақ бірнеше іс-шараларды атап кетуге болады. Арық жағасын бекіту үшін барлық аймақтарға ортақ іс-шаралар қатарына арық бойына тал, жиде, терек, тораңғы сияқты ағаштар егілетін. Ағаш егу топырағы бос, құмдауыт далалық аймақта арықтардың жағасын бекітудің ең қолайлы да, қосымша жұмысты талап етпейтін де тәсілі болды. Ағаштардың көлеңкесі судың буланып ұшуына да айтарлықтай жол бермейтінін диқандар тәжірибе негізінде анықтаған. Қазақ жерінің екіншілікпен айналысатын өңірлерін зерттеген орыс ғалымдары мен саяхатшылардың жазбаларында ең далада тізбектеліп, ретімен өскен ағаштар, міндетті түрде сол жерден өтетін үлкен арықтардың көзге бірінші болып шалынатын белгісі болғандығы жайлы жазады. Құмдауыт топырақтың су сіңіруін төмендету мақсатында арық табанына, жағалауларына арнайылай төсеп нығыздау, немесе суда жақсы өсетін, яғни ағын судағы тұнба-лайды ұстап қалатын өсімдіктер өсіретін болған. Кейбір жерлерде қамыс төсеп үстін лаймен нығыздайтын. Арықтардың жағасын шым кесектермен, үлкен жыраларды қарабурамен бекітетін. Арықтардың табанын ажырық сияқты суда өсетін өсімдіктер егіп, шөп тамырының топырақты бекітетін қасиетін пайдалану осы күнге дейін қолданылып келе жатқан амалдар қатарына жатады.

Арықты қолдануға байланысты құқықтық қатынастар мен ұстанымдар. Екіншілікпен айналысатын дәстүрлі ортада әлеуметтік және экономикалық қарым-қатынастардың объектісі ретінде арықтың өзіндік ерекше орны болды. Бұл жерде қазақ екіншілерінің көшпелі қоғамда қалыптасқан меншіктік қатынастар жүйесін ұстанғандығын атап кеткен жөн. Осы проблеманы арнайы зерттеген ғалым Л.М.Әуезова: «Қазақ екіншілерінің тұрмыс салттарының отырықшылық мәдениетпен толықтай

байланыстылығына қарамастан көшпелі ортаға тән құқықтық қатынастар сақталды» деп жазады. Жартылай көшпелі қазақ диқандарында жалпы егістік алқапқа қатысты меншіктік құқық рулық деңгейінде болды. Жеке шаруашылықтық дәрежеде меншіктік құқық арық иесінің сол арықпен суландырылған егістіктің көлемімен шектелетін. Яғни жердің құндылығы арықтардың негізінде бағаланып, арық қазуға кеткен еңбек сол жерді иеленудегі негізгі құқықтық аргумент болды. «Аталарымыздың тері төгіліп, еңбегі сіңген жер» деген постулат заңды күші бар шешімдерді қабылдауға билер сотына да, ақсақалдар кеңесіне де негіз болды.

Сонымен, егіншілікпен айналысатын қазақы ортада арықтарға қатысты меншіктік құқық субъектысы арықты қазған ру, ауыл немесе қожалықтар болды. Осының негізінде суландырылатын алқап та солардың иелігінде болады. Бұл қазақ егіншілерінің барлығына дерлік тән ұстаным болған. Л. Чермак өзінің еңбегінде Шу бойында Арғын руының адамдары тоған иесі Жалайырлардың рұқсатымен ғана қоныс теуіп, егін егіп суды пайдаланғандығы жайлы дерек келтіреді. А. Гродеков бас арықтың иелері арықты 20 жылдан астам пайдаланбаса да өзінің арыққа деген құқығын даулап жеңіп алғандығы жайлы дерек келтіреді. Мұндай жағдайда арықтың атауы (яғни кімнің қазағандығы) белгілі болғандықтан, құжаттық дәлелдері болмағандығына қарамастан, «Бабаларымыздың мехнаты, тері төгілген» деген ұстаным иелікті заңдастыруға негіз болғандығын жазады. Арық иесі ру, немесе жеке ауыл түрлі себептермен жерін тастап кетіп, бірнеше жылдан соң қайтып келсе, арықты пайдаланып отырған басқа руға, елге өзінің меншіктік құқықын білдіріп, сол арықпен суландырылған жерді қайтаруын талап ететін. Соңғылары арықты ұлғайтып, жаңалағанын айтып қарсы дау айтқан кезде, есесіне жерден өнім алғандығын уәж ететін. Көптеген жағдайда билер шешімімен екі ел егінді бөлісе егіп, алым-салық сияқты шығындарды бірлесе көтеретін. Ал егістікті уақытша пайдаланып отырған ру немесе қожалық алқапы аманатқа алған болып есептелетін де, өнімі алынған соң жер арық иелеріне қайтарылатын.

Дәстүрлі егіншілік жүйесіндегі көп дау туғызатын бір жайт – әр қожалыққа бөлінетін судың мөлшері болғандығы белгілі. Әдетте көмейге жақын отырған егістікке суды көбірек тиіп, аяқтағы егіске су жетпей қалатын жағдай кездесетін. Қазақтың «Көмейдегі су ішеді, етектегі у ішеді» деген мақалы осыны меңзесе керек. Егістікті суару барысында кезек жасап, суару уақытын белгілеп, қажетті су көлемін анықтау арық ақсақалдары мен мұраптардың міндетінде болды. Әрине, көптеген жағдайда арнайы техникалық критерийлер болмағандықтан дау-дамайсыз болмайтыны белгілі, ондай да төрелік ету билер сотының, немесе орыс әкімшілігі жанында құрылған арық ақсақалдығы кеңестерінің құқығында болды. Аталған қиындықтарды шешуде қазақ егіншілері арықтың геометриялық пошымын, тереңдігі мен ағыс күшін есепке ала отырып егіске қажетті су мөлшерін анықтайтын. Арық Гродеков, Н. Дингельштедт, Г.Н.Чердынцев, Л. Чермак сынды зерттеушілер қазақ егіншілері су көлемін құлақ, диірменсу деп аталатын өлшем бірліктерімен есептегенін жазады. Құлақ, диірменсу әр

өңірдің өзіне тән әртүрлі көлемде болғаны белгілі. Қазақ диқандары су көлемі есепке келетіндей нақты болу үшін түкірткі, немесе арнайы бөгеттер қолданып, белгіленген уақытта, белгілі мөлшерде су өткізетін қондырғы, құрылымдарды пайдаланатын.

Н. Дингельштедт Шымкент, Әулие-Ата, Ташкент өңірлеріндегі егіншілікке қатысты су сервитутына (меншіктік нәрсені пайдалану құқығына шек қою) анализ жасау барысында қазақ егіншілеріне қатысты көптеген қызықты фактілерді келтіреді. Мысалы, Әулие-Ата, Шымкент уездерінде өз жерінен бөтен бас арық өткізу қатардағы жағдай және ол үшін ақы сұрамайтынын жазса, Ташкент уезінде ақылы түрде немесе бас арықтың астында қалған жерден алынатын өнімнің құнын өтеу керектігін жазады. Қаратау уезінде арық өткізу міндетті түрде орындалатын, тек жер иелеріне шығын келтірмеуін ескеру керектігін жазады. Амудария бөлімінде өз жерінен бөтен арық өткізу міндетті түрде ақылы болғандығын жазады. Автордың тұжырымы бойынша, қазақ егіншілері бас арықтардың өз жерінен өткізуге қатысты туындайтын су сервитуты қатынастарында негізінен дәстүрлі құқықтық қатынастардың ұстанымдарын қолданған, дегенмен, әр аймаққа тән өзгешеліктер болғандығын және ол өзгешеліктер кейде билер шешімі негізінде (қазақтар көп қоныстанған ортада) немесе (өзбек, қазақ, тәжік аралас қоныстанған ортада) шариғат негізінде молда, қазылардың шешімі негізінде реттелетін. ХІХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап арыққа деген құқықтық қатынастар орыс әкімшілігі ендірген заңдар мен ережелерге сәйкес атқарыла бастады. Дегенмен тұрғанымен суды пайдалануға қатысты ережелерді енгізу барысында қазақтардың дәстүрлі құқықтық қатынастар жүйесінің негізгі қағидалары сақталып, негізінен метрополияда қабылданған заң жүйесімен әкімшілік басқару жүйесі сәйкестендірілуге бағытталды. Оның қатарына суару жүйесіне қатысты арық ақсақалдығы әкімшілік басқару бірлігін енгізуді атап кетуге болады. Бұл жерде айта кететін жайт, қазан революциясына дейінгі суармалы егіншілік жайлы жазған авторлар отырықшы халықтардың (өзбек, тәжік, қарақалпақ) егіншілікке қатысты құқықтық қатынастар жүйесі мұсылмандық шариғат негізінде атқарылса, қазақы ортада дәстүрлі құқықтық қатынастар негізінде атқарылатындығын ерекше атап кетеді...

Суармалы егіншілікпер айналысатын өңірлерде, экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да алғанда су ең жоғарғы құндылық болды. Өз кезегінде суды егістікке уақытылы, ысырапсыз жеткізу арықтар жүйесінің техникалық ахуалымен тікелей байланысты болды. Олай болса суды әділ бөліп, егінді кезінде суарып дұрыс өнім алудың маңызды шартының бірі суландыру (ирригация) жүйесінің оның ішінде арықтардың сапасы мен толыққанды жұмыс істеуіне тікелей бағынышты болды.

АРЫҚ АҚСАҚАЛЫ – арықты пайдалануға байланысты әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыратын және реттейтін тұлға. Арық ақсақалы міндетін ауылда, тіпті, ру-қауымға сөзі жүретін беделді, әдетте, жасы үлкен адам атқарды. Оның шешімі барлық қауым мүшелері үшін міндетті болды. Ол мұраппен келісе отырып, суарылатын аймақты анықтап, суды пайдалану кезегін белгіледі, мұраппен оның көмекшісі – жасауылдың жұмысын

қадағалап отырды. Арық ақсақалы үш жылға, мұрап пен оның көмекшісі бір жылға сайланды. Мұраптың міндеті – күн сайын тоған жағасын аралап, егіншілердің арасында судың дұрыс пайдалануын қадағалау және тоған ағысының бағытын анықтау. Мұраптың көмекшісі жасауыл суландыру ақысын жинап, салықты басшысына уақытында беруді қадағалап отырды. Жергілікті жерлерде арық үшін ақы төлемінің қаншалықты болғандығы жайындағы мәлімет мардымсыз. Сондықтан, осы ақының мөлшерін тек шамамен ғана айтуға болады.

АРЫС¹ – дәстүрлі этникалық құрылымдағы әртүрлі таксономиялық категорияларға байланысты атаулардың эквиваленттері ретінде қолданыла береді. Мысалы, алты алаш, алты арыс, үш жүздің персонификациялық атаулары – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс, он екі ата байұлы – он екі арыс байұлы, алты арыс арғын деген сияқты. Сондай-ақ, руларды, тіпті, соның ішіндегі шағын патронимиялық құрылымдарды – бір аталарды да эпикалық ортаның жосығына сәйкес маңызын асқақтатып дәріптеу мақсатында арыс деп атайтын. Демек, нақты қолданысы дәйектендірілмеген ұғым. Арысты дәстүрлі этнонимдердің когнитивтік метафоралық образы деп атауға болады.

АРЫС² – өнегелі ісімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, ерлігімен ел арасында айырықша беделге ие болған тұлғалар. Өзінің әлеуметтік сипаты жағынан арыс әртүрлі болды. Деректерге қарағанда, арыс деп аталғандардың ішінде тек атақты билер, болыстар, батырлар немесе сұлтандар ғана емес, жезтаңдай шешендер, арқалы ақындар да болды. Арыс – ресми лауазым да немесе атақ та емес, беделді адамның елге сіңген айырықша еңбегіне деген көпшіліктің құрметінің рәсімделген атауы. Қазақ этносының сан деңгейлі құрылымына байланысты арыс құрметті атағын иеленгендердің де статустық деңгейлері әртүрлі болды (ауылдың, рудың, тайпаның, елдің арысы дегендей). Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – арыс атағына кез келген ресми лауазымы бар тұлғалар ие бола алған жоқ, яғни кез келген рубасы немесе би және т.б. лайықты бола алмады. Арыс атағына лайықты болу үшін, жоғарыда айтылғандай, көпшіліктің риясыз құрметіне бөлену қажет. Деректерге сүйенсек, көпшіліктің осындай құрметі мен қолдауына ие болған лауазымды тұлғалар арысбасы деп аталды. Арыстың қазақы ортадағы басқару жүйесіндегі орны мен рөлін ескере отырып, оны институционалдық мәнді саяси-әлеуметтік категория ретінде бағамдауға болады. Арыс атауы үйдің төбесінің негізгі ауыртпалығын көтеріп тұратын көлденең белағаш – арыстың немесе арба мен шананың ең негізгі элементтерінің бірі – арыс деп аталатын жетек ағашының метафоралық балама-образы болуы мүмкін.

АРЫСБАСЫ – елбасы, елдің иесі, билік жүргізуші дегенді білдіретін метафоралық мәнді символикалық ұғым, тоғанақтың иесі.

АРЫС САЛУ – үлкен астарда өткізілетін балуан бәйгенің Алтай қазақтары арасында қолданылған атауы. Әйгілі бай-шонжарлардың асын бергенде өткізілетін үлкен іс-шаралардың бірі балуандардың күресі болған. Мұндайда күреске түскен балуан өз руының атынан бәсекеге түсіп, намысын қорғайтын болған. Яғни, жеңген балуанның руының даңқы артып, мерейі жоғарылайтын.

Күрестің руаралық бәсеке болғандығын І.Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасында көркем тілмен әсерлі сипаттаған. Мысалы, күрес басталар алдындағы сәтті ақын төмендегідей суреттейді:

Ұқсаған жазғыкүнгі жауқазынға
Тізілді ел Ерейменнің арқасына
Алысып Арғын, Найман күш сынасып
Атып айдын, азаматпен шайқасуға.

Шынтуайтында, балуандардың күресі – руаралық бәсеке жарыс. Ал Арыс атауын этнограф Нұрсан Әлімбайдың пайымдауынша, этникалық құрылымдағы әртүрлі таксономиялық категорияға байланысты атаулардың метафоралық мәнді эквиваленті ретінде қолданыста болды. Сонымен бірге, аталмыш ғалымның пікірінше, арыс «өнегелі ісімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, ерлігімен ел арасында айырықша беделге ие болған тұлғаларға да» қатысты поэтикалық әсірелеу мәнінде қолданылатын атау. Демек, арыс салуды да дәстүрлі қазақы ортада әр рудың өз балуандарының елден ерек ерен екендігін әсірелеп дәріптеу мақсатында қолданған ұғым ретінде қарастыруға әбден болады.

АС / ТАМАҚ / ТАҒАМ – адамның күнделікті тіршілігіне қажетті азық-түліктің кешені. Сайып келгенде, адам баласының іс-әрекетінің дені азық-түлік өндіруге және пайдалануға бағытталады. Мұндағы азық – егістік өнімдерінен, түлік – мал өнімдерінен алынатын тағамдық заттарды білдіреді.

Қазақтың байырғы ұлттық тағамдар жүйесі азық-түлік өндіру, оны дайындау және қабылдаудың биологиялық қырынан басқа көшпелілердің қадым заманнан қоршаған ортаны, табиғатты игеруге байланысты қалыптасқан экологиялық тәжірибесін, сол тәжірибені пайдалану және ұрпаққа мұра ету үрдісіне орай қордаланған этномәдени болмысын бейнелейді. Сонымен бірге, тағамның сан алуан әлеуметтік, идеологиялық қатынастар мен ежелгі дүниетанымдар жүйесімен өзара себеп-салдарлық байланыстылығын аңғаруға болады. «Асың болса беріп жүріп ел таны, атың болса желіп жүріп жер таны» деген белгілі мақал дәстүрлі тағамдар жүйесінің этномәдени айғақты болмысын көрсетсе керек.

Дәстүрлі ас-тағам қонаққа көрсетілер сый-құрметтің басы болып табылады. Сонымен бірге, ас-тағамды тарату мен қабылдау үрдісі қазақы ортадағы ежелден қалыптасқан қоғамдық қатынастардың ілкімді принциптері мен нормаларының мызғымастығын және өміршендігін дәріптейтін арнасы мен құралдары іспеттес. Расында да, осы мақаланың авторларының бірі Нұрсан Әлімбайдың пікірінше, қонақ күту кезінде дастарқан басындағы адамдардың әлеуметтік статустары, жас және жыныстық ерекшеліктеріне байланысты олардың өзара орналасу тәртібі және осыған қатысты басты дастарқан мәзірі – ет тағамының тиісті мүшелерінің таратылу және қабылдану реті көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастар жүйесінің «дастарқандық кеңістіктік моделі» (немесе образы) деуге болады. Дастарқан басынан бірлесе ас қабылдауға байланысты «дәмдес, табақтас болу», «қолынан дәм тату», «дәм тұзы жарасу» және т.б. қатарлы ұғымдар қалыптасты. Бұл когнитивтік түзілістер көшпелі ортадағы мүдделес адамдардың арасындағы жақындықты

білдіреді. Сондай-ақ, «дәмге қарамады, сыйламады», «дастарқан аттады» деп келетін фразеологиялық тіркестері адамдар арасындағы өкпе-реніш немесе тіпті, араздықты бейнелейді. Келтірілген аз ғана мысалдардың өзі ас қабылдау үрдісінің аса маңызды этномәдени функция да атқаратындығын көрсетеді және астың және ас қабылдау ретінің адамдар арасындағы қарым-қатынас өлшемінің көрсеткіші бола алатын дара қасиетін айғақтайды.

Ет тағамдарымен қатар, сүт өнімдерінен жасалған барлық тағам түрлері ерекше бағаланды. Және көшпелілердің аққа деген ерекше құрметі мен көзқарасы сан алуан ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесінде көрініс тапты. Ағы бардың бағы бар, – деген нақыл сөз осыған байланысты айтылса керек.

Түрлері. Көшпелі ортада негізгі тағамның түрлері еттен және сүттен жасалды. Сонау ежелгі салт атты көшпелілер мәдениетінде қалыптасып осы күнге дейін жеткен сан алуан ет пен сүт тағамдарын дайындаудың да сан алуан тәсілдері күні бүгінге дейін жетіп отыр. Сондай-ақ, ет пен сүт тағамдарына қосымша қоршаған ортадағы жеуге жарамды өсімдіктердің де көптеген түрлері пайдаланылды. Төменде аталмыш тағамдардың негізгі түрлерінің сипаттамалары беріліп отыр.

а) Ет. Ет пісіру негізінен үш түрлі жолмен іске асады: қайнату (асу), қақтау және қуыру. Ең кең тарағаны – суға қайнатып пісіру. Тамақ әзірлеудің қақтау мен қуырудан басқа бітеулеп немесе бұқтыра пісіру тәсілдерімен жасалатын ежелгі түрлері де бар. Олар: қуырдақ (қызыл, жоңқа, кісе т.б.), қорықтық (тасқорықтық), сырбаз, сірне (бұқпа, бұжығы, бөкпе, қарынбөртпе т.б.), көмбе (қарынкөмбе, жеркөмбе, сілікпе т.б.), кәуап, жаубүйрек, қақталған төстік т.б. Етті өз май-сөліне қуыра отырып, бұқтырып алып сақтайды және оны түзде жолазық ретінде тұтынады (бүрме). Сондай-ақ қойдың бас-сирағын үйткен соң асып дайындайды. Ал ішек-қарын сияқты малдың мүшелері ежелден қалыптасқан арнайы технологиямен сан түрлі арнайы тағам түрлерін жасауға пайдаланылды. Айырықша ыждаһаттылықпен дайындалған жөргем, қазы, шұжық, әсіп, қимай, қансоқта, қарынбөртпе – деп аталатын тағамдар өзінің дәмділігі жағынан да, құнарлығы тұрғысынан да жеңсік астар қатарына кіреді. Көшпелі ортада мал етін боршалап, жолазық үшін кептіріп те пайдаланды. Кептіріп, ұнтақталған осындай ет тағамдарының борша, түте, қакпыш деген түрлері, әсіресе, жыл он екі ай мал баққан қазақ үшін таптырмайтын азық болды. Қысқы азыққа қор ретінде ет сақтау үшін көп мал сойып соғым, ал сүттен қатырып, кептіріп ақ тағамның неше түрлерін жасап, сақтады.

Етті қайнатып пісіруде әр түлік етінің ерекшеліктеріне мән беріліп, бабын келтіруге байланысты әртүрлі уақыт мөлшері қолданылады. Ең тез пісетіні ешкі еті, одан соң жылқы, қой еті, ал сиыр мен түйе етін алдыңғы мал еттеріне қарағанда едәуір ұзақ қайнатады. Мұндағы дәстүрлі – ет пісірім деген уақыт өлшемі шартты өлшем екендігін айтып өткеніміз жөн, өйткені еттің пісуі бір жарым сағат пен екі-үш сағат уақыт аралығында болады. Етті қазандағы суық суға салған соң, астына от жағып, баппен қайнатады. Қуыруда – етті, қарын-қажак, өкпе-бауырды ұсақ туралған өз майына қуырады.

ә) Сүт тағамдары. Төрт түлік малдан алынатын және тамаққа пайдаланатын негізгі өнімнің екінші бір түрі – сүт пен одан алынатын сүт тағамдары. Көшпелілердің әр отбасында сауын малы болды. Жаз айларында сүт пісіру, шұбат, қымыз және айран дайындалудың болды. Және ежелден қалыптасқан өзіндік технологияның негізінде сүттен әртүрлі тағамдар әзірленді. Яғни пісіру, ұйту, іріту, ашыту, пісу, сүзу, кептіру сияқты тәсілдер қолданылды. Сиыр, қой мен ешкі сүттері сияқты түйе сүтін де қажет болған жағдайда арнайы пісіріліп шайға пайдаланылды.

б) Дәнді дақылдардан жасалатын тағамдар. Дәнді дақылдар да көшпелілер тіршілігінде маңызды рөл атқарды. Дәнді дақылдардан әзірленетін тағамдардың дәстүрлі жасалу тәсілдері әртүрлі болды. Тағамның бұл түрін дайындау технологиясына қарай шартты түрде үшке бөлуге болады. Бірінші, ең көп тараған тәсілі – қуыру. Осы тәсіл арқылы тары, бидай, жүгері сияқты дәнді дақылдардан әртүрлі тағам дайындалды. Бір жағынан, қуырылған дәннің өзі тағам ретінде пайдаланса, екінші жағынан, дақылдың түрлеріне байланысты май, сүт және айран қосып тиісті тағам түрлері әзірленді. Мысалы, тарыны қуырып та, сүт, айран немесе май араластырып та (сары май, жылқының қайнатылған іш майы – шыртылдақ және т.б.) пайдаланды. Екінші тәсілі – дәнді ұнтақтап жарма немесе ұн дайындайды. Сөйтіп, дақылдың түрлеріне байланысты тиісті тағам түрлері әзірленеді. Мысалы, бидайдың ұнынан нан тағамдарын, тарының жармасынан сүтке, айранға немесе майға араластырып, бөктірілген астың түрлерін дайындап, пайдалану – ежелден қалыптасқан үрдіс. Дәнді дақылдардың тағам ретінде пайдаланудың кең тараған үшінші тәсілі – қайнату. Осы тәсіл арқылы әртүрлі көже, ботқа, быламық, ет қамыры сияқты көшпелі ортада кең тараған тағамдардың түрлері дайындалды. Бұлардан басқа дәнді дақылдардан жасалатын тағамдарды дайындаудың қару (табада, қазанда, шоққа көму және т.б.) және буға пісіру сияқты тәсілдері болды.

в) Ет тағамдарын дәмдеу үшін өсімдіктерден жасалатын қосымша тағам түрлері. Қазақтардың дәстүрлі тіршілікке жүйесі көшпелілікке негізделгендіктен, тағамға қажетті өсімдіктерді арнайы өсіргендігі белгілі. Алайда, көшпелілер қоршаған табиғи ортадағы жеуге жарамды өсімдіктер мен олардың дәнін асты, әсіресе, ет тағамдарын дәмдеуге пайдаланды. Соның ішінде, әсіресе, сарымсақтың сан алуан түрлерін (шисарымсақ, усарымсақ, домалақбас сарымсақ т.б.) тағамға бірге қосып пісірді немесе тұздық ретінде де пайдаланды. Сонымен қатар, көктем, жаз және күз айларында қымыздық, жуа, қозықұйрық, сондай-ақ, жабайы жеміс-жидектің барлық түрлерін қосымша азық ретінде пайдаланды. XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласының Ресей, Қытай, Қоқан, Бұхара, Самарқан сияқты отырықшы елдермен қарым-қатынасының дамуының нәтижесінде қазақы ортада көкөніс өнімдері (картоп, қияр, қызанақ және т.б.) және жеміс-жидектің сан алуан түрлері (алма, өрік, мейіз, шабдалы және т.б.) қолданысқа енді. Бірақ, көшпелі өмір салтына ғасырлар бойы дағдыланған қазақтар үшін тағамның бұл түрлері басымдыққа ие бола алмады. Ет тағамдары көбінесе жылдың суық мерзімінде – күз және қыс айларында пайдаланылды. Ерте көктем және жаз айларында

бейнелеп айтқанда жеңіл «ақ диетаға» көшті. Қазақтардың «жазғы диетасын» шведтің белгілі қазақтанушы ғалымдары Линда Бенсон мен Ингвар Сванбергтің сөздерімен айтқанда, «lacta vegetarian» деуге болады: осы кезеңде ет небәрі барлық тағамның 5-10%-ін ғана құрады, яғни бір адамға шаққанда 200 грамм мөлшерінде ғана болды. Көшпелілердің негізгі жаздық асы бауырсақ, құрт, сары май, қымыз, айран, қатық, ірімшік түрлері, сүт қатқан шай, жент сияқты тағамдардан тұрды. Көшпелі өмір салтының ерекшелігіне байланысты қазақтар негізгі асты түскі аптап ыстық қайтқан кезде кешке салым қабылдады.

Тамақтану реті, этикет. Қазақтың күнделікті тамақтану ретін – таңғы ас, түскі ас, кешкі ас деп бөлуге болады. Ал, белгілі ахуалға сәйкес тағам жүйесін үйдегі ас, түздегі ас, жиындық ас деп бөледі. Соның ішінде жиындық астың өзі – күнделікті, той-мерекелік, салттық деп жіктейді. Сондай-ақ, соңғы екі түрін – «ғұрыптық тағам» деп бір топқа да жіктей береді.

Ас / тамақ / тағамға байланысты наным-сенімдер, ғұрыптар мен ырым-тыйымдар. Қазақы ортада белгілі бір жануардың етін азық-түлікке пайдалануға немесе пайдаланбауға байланысты туындаған реттеу, шектеу, яғни ғұрыптар мен ырым-тыйымдар жүйесі қалыптасты. Мұндай үрдістің азық-түлік және оны тұтыну төңірегінде орын алуы заңды құбылыс. Осы орайда, азық дайындауда халқымыз жортқан аң, ұшқан құстың өмір сүру ерекшелігін қатаң ескерді. Ертеректе мұндай таңдау, екшеулерде қалыптасқан наным-сенімнен (әсіресе, еті арам аң-құс, тотемдік жануар және т.б.) туындайтын әртүрлі ғұрыптар мен тыйымдардың және ырымдардың институционалдық, яғни реттеушілік функциясы айырықша маңызы болды.

Бұл жүйе көшпелілердің сан ғасырлық экологиялық білімі мен тәжірибесінің іргелі саласы болып табылады. Дәстүрлі ортада тағамға байланысты наным-сенімді, сан алуан ғұрыптарды және жосын-жоралғыларды, сондай-ақ, этикеттік нормалар мен ережелерді гигиеналық мәні бар этномәдени ұстанымдар жүйесі деуге де болады. Төменде ас-тағамға байланысты көшпелі ортада ежелден қалыптасқан наным-сенімдер және осыған қатысты ғұрыптар мен ырым-тыйымдар, жосын-жоралғылар негізгілері келтіріліп отыр.

Ырымдар мен жосын-жоралғылар:

– садақа немесе құрбандыққа шалғандағы тілек қабыл болу үшін малды құбылаға қаратып, бұйыртып жегіз деп барып бауыздайды;

– қалыптасқан дәстүр бойынша, тамақты сол қолмен жемейді – салдары жаманшылыққа апаруы кәдік. Керісінше, мәйіт арулағанда сол қолмен су құяды, жуады т.б., осыған орай, дәрет алғанда да сол қол пайдаланылады. Өйткені, сол қол шайтанның жаңылдыруына апарады, яғни адамға тән қасиет емес саналып, басқа әлемге, дұрыс емес жағдайда жасалатын жайт-мыс;

– арам өлген малдың, арам аңдар мен құстардың етін жемейді. Себебі әлгі арамдардың арамдығы сияқты жаман қасиеттері дариды деп есептеген;

– түнде тамақтың бетін жауып қояды. Ашық қалса, жаман, зұлым күш қонып, асты дуалап кетеді, оны жеген адам кеселге ұшырап, ұшынып, дерт жабысуы мүмкін;

– алыс жолға шыққан адамдар қара шаңырақтан немесе аруақты үйден дәм татпай аттанбайды. Дәм татқан адам үлкендердің батасын алып, аруақтардың желеп-жебеуіне ие болады;

– «Таңертеңгі асты қалдырма, түскі асқа телмірме, кешкі асты бақпа» – деп келетін тұрақты сөз тіркестері қазақы ортадағы дәстүрлі наным-сенімге негізделген ас қабылдаудың күнделікті тәртібін бейнелейді. «Таңғы ас тәңірден» деген түсінік бойынша, таңғы асты қонақтың отбасы мүшелерімен бірге қабылдауы, тіпті, кездейсоқ кіріп келген адамның үйдегілермен бірге ас ішуі немесе асығыс болса осы астан ауыз тиюі – парыз. Ал соңғы екі ұстанымды түскі және кешкі тамақтанудың үй несібесі мен берекесіне балағандықтан, арнайы және құдайы қонақ болмаса, көрші-қолаң және басқа кездейсоқ келген адамның осы ас мәзірлеріне қатысуын шектейтін, осы арқылы көршілік байланыстарды реттейтін әлеуметтік мәнді жосын деуге болады;

– шашалған адамға «май қап» дейді. Бұл май құт-берекенің бастауы – соған жазсын дегенді білдіргені (осындайда үйге алыстан дәм келе жатыр, бөлісетін бол деп қалжыңдап та жатады. Мұны жоғарыдағы тілектің ойнақы түрі деуге де болады);

– буыны, сүйегі сырқырап ауырған адамға әр ауылдан қырық сирақ жинап әкеліп, қайнатып майын ішкізсе жазылып кетеді деген ырым бар;

– сүйегі сынған адамға «қырық үйдің қылауынан» деп қырық үйден тамақ әкеліп ішкізсе тез жазылады деген ұғым бар. Осыған орай, туыстары, көршілері мертліккен адамға арнайы «мертік ас» әзірлеп әкеліп жегізеді. Осы жосынның тағы бір нұсқасы – жеті үйден ас жесе, жақсыға саналып сынық тез бітеді дейді. Бұл сынған сүйектің осы жиналған дәм-тұз, тағам сияқты тез бірігіп, тұтасып кетуін ырымдағаны болса керек (осы ретте аталмыш ырымның параллелі ретінде екі жастың басы құралып, бірлігінің нығаюын, ұрпақтарының көбеюін, яғни өмірінде барлығының ию-қиюы келіп тұруын «көздейтін» қыз жасауына кіретін құрақ көрпенің берілу жосынын еске түсіруге болады);

– мысыққа тамақ бергенде «о дүниеде ұмытып кетесін» деп маңдайынан шертеді (халық аңызы бойынша мысық о дүниеде «ием маған тамақ бермеді десе, ит «ием мені жақсы бақты» деп араша түседі-мыс). Мысықтың «осы үйде бала болмаса екен, тәтті-дәмдінің бәрін өзім жер едім» дейтін арам тілегі болады-мыс деген түсінікке байланысты мысық тілеу деп аталатын ұғым-теңеу қалыптасты. Пиғылы арам адамды мысық тілеулі дейтіні сондықтан;

– көктемде, күн алғаш күркірегенде «мал сүтті болсын» деп шөмішпен ақ (айран) алып шығып, үйдің жабығына жағады, босағаға төгеді, дөдеге тұсын шөмішпен айналдыра қағып «сүт көп, көмір аз» айтып шығады. Бұл – қыс кетіп, жаз келді, енді жауын мол болып, көк жақсы шығып, осы үйге ырыс, несібе молынан болсын дегенді ырымдағаны. Бұл жерде «сүт көп, көмір аз» сөз тіркесіндегі сүт пен көмір екі стихия – ақ пен қараның арасындағы күрестің

ақтың пайдасына шешілгендігін, яғни тоқшылықтың символы жаздың салтанат құрғандығын бейнелейді;

– «асты (тұзды) теппе (төкпе), қызды сөкпе» деген қағида бойынша ас атаулыны жамандамайды. Кепиет атып, аш қаласың, нанды сол қолмен үзбе, кесірге тап боласың деп ырымдайды.

– кез келген адам жалаңаш немесе жалаңаяқ, сондай-ақ, сыңар аяқкиіммен отырып тамақ ішуге үзілді-кесілді тыйым салынады. Осыған байланысты Ібіліс айтыпты деген тәмсіл бар: «адамға барлық жамандық істі істеу қолымнан келеді, тек қана бір аяқкиімін киіп, екіншісін шешіп, сыңараяқ отырып тамақ ішкізу қолымнан келмейді». Яғни Ібілістің қолынан келмеген сорақылықты адам баласының істеуі оның кісілік кепиеттен айырылғандығы, шектен шыққандығы деген сөз. Аталмыш тыйымның мәні де осында;

– малдың жамбасының шұқыршағындағы етті қонақ жемейді, домалас (тоқбас, тоқпан) жілігін қонаққа ұсынбайды, олар үй иелеріне тиесілі (ортан жілікті тоқатай немесе кіші жілік деп те атайды);

– үйге келген адамдарға дәм таттырмай шығармайды. Дәмнен үлкен нәрсе жоқ, дәм, асты сыйлау қадірлеу, қуыс үйден құр шықпау, тағамды шайнандап шығу керек. Бұл жосынның негізінде дәм бұйырған үйден тоқшылық, һәм молшылық арылмайды деген идея жатыр. Осыған орай, қазақы ортада ас үстіне келген адамға «бізге деген көңілің ақ екен», ал астан кейін келгенге «біз туралы пікірің теріс екен» деп келетін тұрақты сөз тіркестері – фразеологизмдер де қалыптасты;

– нанның қиқымын жеген бала бай болады. Бұл ұстанымның ұрпақты ұқыптылыққа тәрбиелейтін маңызы өз алдына, көшпелі ортада «нан табудың» үлкен еңбекпен болатындығының да рәсімделген көрінісі болса керек. Сондай-ақ, нанды бір қолымен үзбейді. Нан үстіне зат қоймайды деп келетін ұстанымның мәнін де осындай қисынмен түсіндіруге болады;

– тартылған бастың оң құлағы қонақ балаға тиесілі (құлағы түрік болады және сөз тыңдайтын елгезек болып өседі-мыс);

– таңдайды қыз балаға беруі өнерлі болсын дегені. Шешен, ісмер болу (таңдайдағы бедерлерді меңзеп, кестеші болу), таңдай қақтырарлық өз ісінің шебері, жезтандай әнші болу дегенді меңзейді;

– қол тиген нанның үзігін тауысып жеу керек;

– дастарқан оң жағынан жайылады, қос қабатты дастарқан болса, бүктелген тұйық жағын қонаққа қаратып, оң жағымен жаяды. «Дастарқан оң болмай, істе жол болмайды» деген мақал осындайда айтылса керек;

– қыз балаға жүрек береді. Бұл мейірбан болсын дегенді білдіреді;

– сый табакпен қос кәрі жілік бірге тартылса қонақ жақсылыққа жориды. Жолым оң болады, бақ-дәулет қонады деп жіліктерді мұқият мүжіп, өзімен бірге алып кетеді. Сөйтіп, өз үйінің босағасының оң жақ тұсына іліп қояды. Бұл кәрі жілік қорған болады дегені;

– қасқыр шапқанда жағы қарысып қалсын деген ырыммен түйенің мойнына кәрі жілікті іліп қояды;

– пәле-жаладан қорғайды деп кәрі жілікті ердің басына іліп алып жүреді;

– түйенің етін жегеннен кейін мезгілінде толғағы келмей, босану мерзімі ұзап бара жатса, сол үйдің төріне өлген бураның басын іліп қою керек (әйел қиналмай, тез босанады-мыс);

– жауырын таза мүжіліп желінуге тиіс, өйткені, толық мүжілген жауырынның ғана етек тұсы жарылып, ашылады. Бұл – жол ашылсын, жарық болсын, алды тығырыққа тірелмесін дегенді білдіргені;

– балаға жауырын тістетсе жауырыншы болады;

– жаңа түскен келіннің аяғы ауыр екендігі білінсе, енесі төсек той жосынын жасайды. Келгендер келіннің төсегіне қыран құстың тырнағын немесе қанатын іліп, жастығының астына пышақ қояды;

– табақ үстінде ет турауға басқа біреудің пышағын пайдаланғаннан кейін, оны құр қайтармай басына май шаншып қайтарады (май алғысты, сондай-ақ, пышағың үнемі майланып жүрсін дегенді меңзейді);

– әйелге малдың құты дарысын деп өңеш береді;

– соғым сойылған күні тоқпан жілік асылады (тоқшылық, молшылық болсын дегенді білдіреді);

– соғымның, малдың жілік майы толық болса, сол жыл малға, елге жайлы болады, тоқшылыққа, молшылыққа әкеледі;

– қонақ қонған түні мал төлдесе, оған арнап көтен асылады және шапан кигізіледі. Қонақ ақжолтай қонақ аталынады;

– құдаласу барысында табақ тартар алдында араластыра туралған құйрық-бауырдың үстіне айран құйылып, құдаларға кезек-кезек асатады (айран тілектің ақ екендігін, ал құйрық-бауыр құдалар ақ пен қарадай біртұтас араласып кетуді білдіреді);

– судан шошынған адамға жұлын, шеміршек жегізсе, жазылады;

– шөбересінің алақанынан су ішкен қарт жұмаққа барады;

– ұлтабар келіннің несібесі (ұл табады-мыс);

– шілдеханаға арнап сойылған малдың мойын омыртқаларының ішіне тұзу шыбық өткізіп барып, кептіру керек (әйтпесе, баланың мойны қисық бітеді-мыс);

– соғым сойысқандарға қол кесер сыбағасы берілуі тиіс;

– асты тек оң қолмен ғана жеу керек (астың адалдылығының және сіңімділігінің кепілі деп ырымдайды);

– дастарқан басында басқа рудың азаматы отырса, бас соған тартылады;

– бата беру қонаққа немесе жолы үлкен ақсақалға тиесілі;

– тары түйіскендерге келі түбі сыбағасы берілуі тиіс;

– күйеу балаға төс тартылады, арнайы тартылған төсі бар табақты төс табақ немесе күйеу табақ деп атайды;

Шамданған аруақ малға ит-құс жібереді, осындайда аруақтың қаһарына ұшырамас үшін әдейілеп ақ шашады.

– келген қонақтың баласына көгендік беріледі немесе киім алып берілуі тиіс;

– асқан еттің көбігі екі рет алынады: біріншісі – қанды көбік, екіншісі – ащы көбік (әйтпесе, жеген ет харам болып, ауруға сеп болуы мүмкін);

– самауыр шуылдап қайнаса, қонақ келеді;

– ыдыс түбіндегі сұйық ас ыдысқа толып құйылса, иесінің болашақ жары сұлу болады;

– қыз балаға желке жегізеді (шашы ұзын болады-мыс);

– қалжаға сойылған қойдың мойны бітеу мүжілуге тиіс (баланың мойны тез бекиді-мыс);

– әйел екіқабат кезінде жерігі қанбаса одан туған бала әлжуаз болады, әрі аузынан су ағып жүреді және суайт болуы кәдік;

– сәби тоқ екенін білдірсе (кекірсе) тоқшылық болады;

– кесесіне сама (шамба, шәме, шама) түскен адамның үйіне қонақ келеді;

– біреу ықылық атып тұрса, «ұрлап тамақ жегенсің бе» деп әзілдейді.

Қазақы түсінік бойынша, фразеологизмге айналып кеткен бұл әзіл адамның көңіл-күйіне әсер етіп, оның ықылығын қойдырады;

– тамақ ішіп отырған адамның асы, ыдысы қолынан түсіп кетсе, оны шайтан қағып жіберді дейді. Яғни астың бұйырмағаны және бұл жайт болуы мүмкін кейбір оқыс оқиғаның алдындағы ескерту іспетті;

– адамның иегі қышыса, бір жерден дәм бұйырып тұр деп есептелінеді;

– тышқан нанның бет жағын үнгімей, қажап қана жесе, сол жылы астық мол болады;

– үй ішінде құмырсқалар қаптап кетсе, ол үйдің ырысы мол болады;

– өреден құрт ұрлап жесе жауын жауады.

– келіндер төрден қайтқан табаққа сәлем жасайды;

– үй иесі қонақтан бұрын «тамақтанып болдым» демейді;

– қонақжайлық салты бойынша шөлдегенге су бермеген жаман ырым.

«Жолаушының азығы жолда» деген ежелден орныққан ұстанымға берік қазақ үшін бұл үлкен қателік болып есептелінді. Тіпті, қонақасыны дұрыс бермегендерге ілкіде айып салынды;

– жасы үлкен адамнан бұрын тамаққа қол салмайды;

– арақ ішіп өлгенге жаназа шығарылмайды және бөлек жерленеді.

Ырым-тыйымдар:

– жас балаға малдың миын жегізбейді (былжырақ болып өседі). Бұл табу, бәлкім, бастың астың ең кәделі мүшесі екендігіне байланысты қалыптасқан болса керек;

– балаға ортан жіліктің майын жегізбейді (мұрнынан боқ ағып жүреді және ата-анаға қайырымсыз мейірімсіз болады-мыс);

– балаға қаспақ жеуге болмайды (үйленгенде жазда жаңбыр жауады немесе қыста боран болады-мыс);

– бала жұлын жеуге болмайды (әйтпесе, суға кетіп қалады-мыс);

– нанды басуға болмайды;

– нанды бір қолмен үзіп алып жеуге болмайды;

– нанды дастарқанға теріс қарата төңкеріп қоюға болмайды;

– нанды затпен шаншып жеуге болмайды;

– нанға пышақ шаншуға болмайды;

– дастарқанды пышақпен қыруға болмайды;

– балаға айналшық жегізбейді (бала айналып ауылдан шықпай қояды-мыс);

- балаға өкпе-бауыр жегізуге болмайды (жетім қалады-мыс);
- балаға құйымшақ жегізбейді (жеңілтек, үшқалақ болады-мыс);
- балаға малдың бүйенін жегізбейді;
- балаға бүйрек беруге болмайды (аурушаң болады-мыс);
- балаға асық етін мүжітпейді (осыған байланысты алты жыл аш болсаң да асықтың етін мүжіме деген тәмсіл қалыптасты);
- ер балаға кеңірдек жегізбейді (келіншегің жалаңаш келеді-мыс);
- қыз балаға кеңірдек жегізбейді (жалаңаш күйеуге тиеді-мыс);
- қалыңдыққа өлітірісіне арналып сойылған қой етін жеуге болмайды;
- күйеу балаға бас ұстауға болмайды;
- әкесі тірі адамға бас ұстауға болмайды;
- дастарқан үстінде әдепсіз сөз айтуға болмайды;
- суды қарызға беруге болмайды;
- қол жумай, желін ұстауға болмайды;
- ұл балаға кетік шыныға тамақ құйып беруге болмайды;
- уыздан соң, ізінше суық су ішуге болмайды;
- балаға шеміршек жеуге болмайды (нағашысы өледі-мыс);
- балаға бұғана қабырғаны мүжуге болмайды (бойы өспей қалады-мыс);
- асты жерге төгуге болмайды;
- тамақты сораптап ішуге болмайды;
- тамақты тығып ішуге болмайды (жамандыққа апарады-мыс);
- жамбас сүйекке тіс тигізуге болмайды;
- тобықтың етін тастауға болмайды. Осыған байланысты тоғыз жыл тоқ болсаң да, тобық етін тастама деген нақыл сөз қалыптасты;
- келінге қарынға жабысқан ұйқыны жеуге болмайды (әйтпесе кержалқау ұйқышыл болып кетеді-мыс);
- аяғы ауыр әйелге қоян етін жеуге болмайды (баланың ерні жырық болады-мыс);
- аяғы ауыр әйелге түйе етін жеуге болмайды (сәби көтеру ұзаққа созылып кетеді-мыс);
- жаңа туған нәрестеге құтты болсын айтқанда, шикі етті апаруға болмайды (шикі ет өлімнің символы);
- емшектегі баланың аузынан артылған тамақты әкесінің жеуіне болмайды;
- кәрі жілікті әйелге ұсынуға болмайды;
- кәрі жілікті қыз балаға беруге болмайды (отырып қалады немесе болашақ күйеуі кәрі қақсал болып қалады-мыс);
- сүйекті отқа тастауға болмайды;
- соғым малын қуалауға болмайды;
- соғымға сойылған малдың сүйегін далаға шашып тастауға болмайды;
- асқа (тойға) арнайы әкелінген қымыз толы сабаны сарқуға болмайды (азғантай сарқыт қалдырылуы тиіс, әйтпесе қымыз сарқылып, сабаның кеберсуі малдың желінінің семуіне және суалуына алып келеді, үйден құт-береке қашады-мыс);

- саба мен көнекті төңкеруге және бұл ыдыстардың түбін қолмен де, таякпен де қағуға болмайды (ырыс кетеді деп ырымдайды);
- үйде ыдыс-аяқты қатты салдырлатуға болмайды (үйдің ырысы мен құты кашады-мыс);
- ас ішетін ыдысты ит-аяқ деуге болмайды;
- ожаумен итке ас құюға болмайды;
- алыс жол жүргенде тұз бен сары май алып шығуға болмайды (әйтпесе, жол сарғайтып, зарықтырады және тұздай ащы азапқа түседі-мыс);
- дастарқан басында керілуге болмайды;
- дастарқан бұрышы тұсына отыруға болмайды;
- дастарқанды басуға болмайды;
- асқа сойылған малдың етінен үй иесі дәм татпай, қан-жынын итке тастауға болмайды (үйдің несібесі харамдалады-мыс);
- ыстық асты үрлеуге болмайды (үрлеген ас харам болады-мыс);
- төстің сүріншегін тұз адамы еркектің жеуіне болмайды, ол үй адамы әйелге ғана тиесілі;
- қонақтан үйге келген соң үй иесі өзіне тиесілі сыбағаны жеуіне болмайды (әйтпесе әйелі қыз табады-мыс);
- үйге ас шайнап кіруге болмайды (ондайда үй иесі әлгі адамға асты түкіртіп, қан түкір дейді. Дұшпанның үйіне жеп кір, досыңның үйінен жеп шық деген тілек осындайда айтылатын болса керек);
- күйеудің асқа бата жасауына болмайды;
- дастарқан үстіне келген адамдармен қол алысып амандасуға болмайды;
- таңертеңгі ас үстінде ерлі-зайыптыларға ренжісуге болмайды;
- малды басқа малдың көзінше бауыздауға болмайды;
- төлді енесінің көз алдында, сондай-ақ, аналық малды төлінің көзінше бауыздауға болмайды;
- мал төлдеген кезде алғашқы уызын асқа пайдалануға болмайды;
- малдың алғашқы сүтінен алынған майды пайдалануға болмайды (босағаны, үйдің етегін, табалдырықты майлау керек);
- жұтқыншақ жеуге болмайды (жесе, тойымсыз сұраншақ, жұтынып тұратын болады-мыс);
- түнде су алуға баруға болмайды (бара қалған жағдайда: Су иесі Сүлеймен, су алуға рұқсат бер, – деп рұқсат сұрап суға үш рет кесек лақтыру керек);
- мал сауу кезінде иесімен сөйлесуге де және мал сауылып жатқан тұсқа келуге болмайды;
- ақты жерге төгуге және ысыраптауға болмайды, жазатайым төгіле қалса, баланың немесе өзінің маңдайына жағады, ондайда аруақ дәметіп жатыр деп ырымдайды.
- сүтті отқа төгуге болмайды (әйтпесе, малдың желіні қотырға ұшырайды);
- асқа және тойдың барлық түрлеріне арналып сойылған малдың еті үй иелері ауыз тимей, басқаларға таратылмайды;

- малдың өтін, бездерін, жатырын, көз қарашығын, енін (жыныс мүшесін), желінін асқа пайдалануға болмайды;
- әйелге мал бауыздауға болмайды;
- қалжаға сойылған малдың етін ер адамдардың жеуіне болмайды (әйелі қыз табады және шашы түсіп қалады-мыс);
- тұзды жерге шашуға болмайды (дәм шамданады, ас азаяды, ырыс төгіледі және жерге түскен тұз еріп сіңгенше тұз төккен адам тіршіліктің ащы дәмін татады-мыс);
- қазан-ошақты тебуге болмайды;
- қазанның ернеуін босағаға қаратып асуға болмайды (әйтпесе үй иелері дертке шалдығады, қазанның қарасы, ошақтың киесі атады-мыс);
- қазанды бос қалдыруға болмайды, ең болмаса, май тамызып қойылуы тиіс;
- жас адамға ожаумен сусын ішуге болмайды (болашақ жарының мұрны үлкен болады-мыс);
- аяғы ауыр келіншекке толарсақ жеуге болмайды (толғағы қатты болады-мыс);
- көктемде күн күркіремей дала жуасын жеуге болмайды;
- балаға көмекей жеуге болмайды (ұрысқақ болады-мыс);
- мал төлдеп жатқан кезде асық ойнауға болмайды;
- діні жат адамдарға мал бауыздатпайды (харам болады);
- қонаққа шақырылатын адамды оның баласы арқылы шақыруға болмайды;
- беделді адамдарға жауырын, кәрі жілік, мойын сияқты мүшелерді тартуға болмайды.

Аталмыш ғұрыптардың, наным-сенімнің, ырымдардың, тыйымдардың және жосын-жоралғылардың адамдардың социумға жат қылықтары мен іс-әрекетін шектейтін сан алуан функциясы оларды қоғамдық тіршілікті ұйымдастыратын және реттейтін институционалдық қатынастың маңызды элементтері ретінде бағамдауға болатындығын айғақтайды.

Ас / тамақ / тағамға байланысты дәстүрлі өлшемдер. Дәстүрлі қазақы ортада тағамды дайындау және қабылдауға байланысты өзіндік өлшемдер, яғни ұғымдар мен атаулар жүйесі қалыптасты. Қолданыстағы ұғымдар мен атаулардың әрқайсысы тағамның әрбір түріне байланысты өзіндік мөлшерлеу ерекшеліктері бар. Мұның дәлелі ретінде төмендегідей мысалдар келтіруге болады: бір салым тұз, бір қайнатым шай, бір шымшым тұз, бір жұтым қымыз, бір асым ет, бір шыны шай, бір тілім нан, бір жапырақ ет, бір тілім ет, сондай-ақ, бір білем құйрық, бір қарын май, бір табақ ет, бір сөре құрт, бір саба қымыз және т.б. Ескере кетер жайт – бұл ұғымдар мен атаулардағы қолданылатын бір сөзінің сандық мәні болмайды. Осы және осы құралыптас атаулар мен ұғымдарды қазақы ортадағы тағамның дайындау және қабылдау үрдісіндегі мөлшерлеудің ең негізгі эталон-өлшемдері деуге болады. Сондай-ақ, ас-судың молшылығын білдіретін метафоралық образды мөлшерлердің қатарына үйме табақ ет, саба-саба қымыз, жеңді біліктей қазы, астау-астау ет, тегене-тегене

сүт т.б. жатады. Олардың кеңістіктік-образдық, метафоралық сипатын дәстүрлі дүниетанымның ерекшеліктерімен түсіндіруге болады.

АС АТАУ, КӨР КЕБІН – қазақтың дәстүрлі әдеттік құқық жүйесіндегі ережелердің бірі. Ойын немесе аң ату кезінде абайсызда адамды өлтіріп алса, құн мен айып төленбейді. Алайда, ата-анасы мен туысқандарына өз еріктерімен көмек ретінде мал беріледі. Ол әлгі шейіт болған адамды жерлеуге кететін шығындардың орнын толтыру болып табылады. Осы дәстүрді «ас атау, көр кебін» деп атаған.

АС БЕРУ / АС – қазақ этносының тіршілік циклінде марқұм болған адамды бақилыққа шығарып салуға байланысты атқарылатын ең ауқымды ғұрып (ғұрыптың ағылшын тіліндегі баламасы – ritual, орысшасы да – ритуал). Осы тұста ас беру ең ауқымды ғұрып деу оның қазан төңкерісіне дейінгі дәстүрлі қазақы ортаны зерттеген талай орыс ғалымдарын таң-тамаша еткен немесе олардың сырт көздеріне қып-қызыл шығын болып көрінген айырықша ауқымдылығына байланысты ғана емес. Гәп ас беру жосынының қазақы болмыстың бар мәні болып табылатын «ата-баба жолының» іргелі ұстанымдары, принциптері мен нормаларының іс жүзінде сынға түсіретін ерекше соционормативтік функциясында болып отыр. Әлбетте, бұл ретте сынға түсіру дегенді көшпелі социумде «ата-баба жолына» кереғар сан алуан әлеуметтік мәселелердің тиімді шешімін табу және болуы әбден кәдік әртүрлі эксцесс атаулының алдын алу деп ұққан ләзім. Демек, жоғарыда айтылған ас беру жосынының сынға түсіретін соционормативтік функциясы осынау шын мәніндегі ұлы ғұрыптың дәстүрлі қазақ қоғамының жасампаздығының концептуалдық негізі және институционалды-идеологиялық негіздемесі болып табылатын «ата-баба жолының» еш бұлжымастығын барша көшпелілерге мейлінше ұғынықты көрнекі тілмен паш ету функциясы болып шығады.

Осы қисын тұрғысынан ас беру жосынын ғылыми шығармалардағы «дәстүрлі қоғам мүшелерінің бүгінгісі – олардың ата-бабаларының өткен тәжірибесінің қазіргісі» деген қағидаға айналған ой-тұжырымының негізділігін аса көрнекті айғағы деуге болады (бұл қағиданың ағылшыншасы – «for a traditional society the present is just the actual past», орысшасы – «для традиционного общества настоящее – это актуально действующее прошлое»).

Ал, ас термині болса, оны ас беру ұғымының соңғы етістік тұлғасындағы компонентінің «түсіп қалып», вербальды ақпарат алмасу саласындағы қалыптасып кеткен қысқарған нұсқасы ретінде ғана қарастырған жөн. Осы және осы құралыптас басқа да құбылыстарды тілші ғалымдар ауызекі ақпарат алмасу субъектілерінің арасындағы «күш-қуат үнемдеу» деп аталатын заңдылықтың тегеурінді әсері ретінде түсіндіреді. Яғни, ас беру атауының, жоғарыда айтылғандай етістік түріндегі соңғы мүшесінің қысқарып кетуі вербальды коммуникация саласындағы аталмыш «күш-қуат үнемдеу» заңдылығының тікелей нәтижесі болып табылады. Мұны лингвистика ғылымында универбалдану (универбализация) құбылысы деп атайды (мысалы, қосауыз мылтық – қосауыз, қосаяқ тышқан – қосаяқ деген сияқты).

Айтылған қисын тұрғысынан ас терминінің семантикалық өрісі аталмыш ғұрыптың шынайы болмыс-бітімін (онтологиясын) толық қамти алмайтындығы түсінікті жайт болса керек. Осынау эвристикалық аса маңызды гәпті ескермеу қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерін де, одан кейінгі кезеңдердегі тарихнаманың осы мәселеге қалам сілтеген кейбір өкілдерін де ас беру ғұрпының мазмұнын жиналғандардың ас-тағам қабылдап, осы жосында орындалатын әртүрлі шараларды қызықтаумен ғана шектеуге ұрындырғаны, әсіресе, зерделі зерттеуші-ғалымдарға белгілі жайт. Мұндай идеологеманың құрсауына түскен зерттеушілердің аталмыш ғұрыпты «қып-қызыл шығынға» батыратын үдеріс ретінде ғана бағамдағандықтары сондықтан.

Ас берудің түрлері – қазақы ортада қалыптасқан дәстүр бойынша қыршын кеткен жасқа және пайғамбар жасына толмай дүниеден озғандарға ас беру болмаған, тек жылын ғана өткізген. Қарапайым адамдар кішкене ас беру өткізеді және ол бір-ақ күннің ішінде атқарылады. Тек ауыл көлемінде ғана өтетін бұл ас беру келте ас беру деп аталады. Үлкен ас беру деп кем дегенде ру көлемінде, әрісі, жүз, тіпті, бүкіл этнос деңгейінде өтетін және аз дегенде мерзімі үш күннен кем болмайтын асты айтады. Сұр ас беру деп марқұм бақилық болған мерзімнен кейін үш, жеті, тоғыз, он, отыз т.б. жылдан кейін берілетін асты айтады. Ондай ас беру келте де, үлкен де бола береді.

Ас беруге сауын айту – ас беруді өткізу үдерісінің басталуы және ас өткізілетіндігі туралы хабар тарату. Бұл ірілі-ұсақты ас беру үрдісіне ежелден қалыптасқан ортақ жосын. Ас беруге әр елден есімі белгілі ақсақалдар, батырлар, ақындар, палуандар, әнші-жыршылар, көкпаршылар, мергендер арнаулы жіберген адамдар арқылы шақырылады.

Ас өткізілетін орын және мерзімі. Ас өткізуге арналып, негізінен өзен бойына жақын, жазық жерлерге киіз үйлер тігіледі. Таңдалған жердің сулы, әрі нулы, әрі кең жазира болуы – ас берудің басты шарттарының бірі. Өйткені, ең алдымен, қонақтарға да, бәйге аттарына да қолайлы жағдай жасау ас берудің сәтті өтуінің бірден бір кепілі болды. Деректерге қарағанда, бірнеше жүздеген үй тігілген «ауылдың» орны 0,5-1,5 шақырымға дейін аумақты қамтыған. Ас беруді көбінесе мал семірген күз мезгілінде атқарады. Сондықтан, ас беру кейде жыл толмай немесе екі-үш ай өткен соң да ұйымдастырыла береді. Ас берудің басталуы, әдетте, сәтті күн – сәрсенбіге немесе дәстүрлі түсінік бойынша «о дүниенің көк қақпасы ашылып, аруақтар үйге келеді» дейтін бейсенбіге орайластырылды.

Үй тігу. Ас беру үй тігуден басталады. Ел болып жиналып, жан-жақтан келген қонақтарды қарсы алу, күту, ас беретін елдің (рудың) елдігіне үлкен сын. Ас беруді айтарлықтай етіп өткізуге әр ру мүшелері өз үлесін қосады. Қонақтарға тігілген үйлер қазан-ошақтан кемінде 50-100 м қашықтықта, кейде, одан да алыс орнастырылады. Қонақтарға тігілген үйлерге кілемдер төселіп, көрпелер жайылады, шақырылған адамдардың бәрі осы үйлерге келіп орналасады. Вл.Плотниковтың жазуынша, 1860 жылы Кіші жүз жаппас руының басшысы Құламбай дейтін адамның Қаракөл басында өткізілген ас беруге 140 үй, 200 кісі сыятын жібек шатыр тігілген. XIX ғасырдың 90-

жылдарында Сырдария облысының Қазалы мен Перовский уездерінде Кіші жүз руларының арасында берілген бес ас беруге қатысқан И.В. Аничков мынадай қызықты мәліметтер келтіреді: атақты Кәрібайдың асында қонақтар үшін тігілген ақ үйлердің саны 200-ге дейін жеткен. Ал молдалар мен ишандарға Бұхар шатыры тігіліп, әр үйге бір молдадан бекітілген. Бұлардан бөлек жерошақ басынан бірнеше үйлер қатар тігілді.

Қаралы үй ас беру өткізілетін жерге ас беруге 10-15 күн қалғанда салтанатпен әкелініп, басқа үйлерден оқшау тігіледі. Қаралы үйдің ішіне марқұмның өзі тіршілігінде пайдаланған бұйымдары ең көрнекті жерге қойылады. Оларды отаудың батыс жақ бұрышына, кіре берістен сол жақ тұсқа орналастырады. Биіктеу бір төбе басында ас иелері, ауыл ақсақалдары бөлек тұрып келушілерді бақылайды. Әр үйдің дөдегесіне осы үйдің қайсы елдің қонақ үйі екені жазылады. Осы күннен бастап ас өткізетін отбасының туыстары киіз үйлерін тігіп, малдай, қымыз т.б. көмектерін көрсете бастайды. Ақсақалдар жиналып ас өткізу жайын талқылап, шешім қабылдайды.

Қазақ даласында айтыскер ақындарымен, палуандар күресімен, ат бәйгесімен нелер бір дүркіреген астар өткен. Мысалы, үш жүздің баласы шақырылған Бұқарбай батырдың үлкен баласы Көтібардың асында үш жүзге тарта киіз үй тігіліпті. Ү.Қыдыралиннің жинаған дерегінде Маңғыстаудағы ең ірі ас 1750 жылдың шамасында Жем өзенінің бойындағы Ақкиізтоғайда өткен Жанайұлы Қожаназардың асы туралы айтылады. Асты марқұмның Таған атты үлкен ұлы басқарған. Бұл аста бірыңғай ақ киізбен жабылған мыңға тарта киіз үй тігілген. Қонақ өте көп жиналып, мыңға тарта қой сойылған. Бәйгеге елу ат іріктеліп, бас жүлдеге бес жүз жылқы қойылыпты. Бас бәйгені той иесінің Шонты деген ұлының көкбиесі қанжығасына байлапты.

Әсіресе, Маңғыстау қазақтарының асы молшылығымен ерекшеленеді. Құрбан айт сайын шектік шалып, ата-бабаларының аруақтарына арнап Құран бағыштайды, кейде зират басына барады.

Мал сою. Ас беретін жерге, дәлірек айтқанда, жерошақ басына айдалып әкелінген малдың ішінен сойылатын қой мен жылқы таңдалады. Төмендегі деректен осы үрдістің қалай атқарылғандығы туралы көп жайды аңғаруға болады. «Әрқайсысында 70 жерошақтан қазылған екі қатар ошақ (140) қазылып болған соң, молда ошаққа дұға бағыштады, 60 бие таңдалып, оларды екіге бөлді, жақсысы мен нашарлауы екі ошаққа тендей бөлінуі қадағаланды. Әрқайсысына бас-көз болатын көшелі, жөн білетін адам тағайындалды. Ошақтар қасынан етті сақтауға арналған 12 қос дайындалып, жас шөп үстіне ши төселді. Келесіде қолында Құраны бар молда келіп бөлініп алынған жылқылар қасына келіп Құран оқыды. Сойылған мал терісінің бір бөлігі молдаға, қалғаны басқарушыларға бөліп беріліп, сойылған мал еті қазанға салынды. Сойысқа арналған малды қамап қойып, асқа келгендердің өзі қалағанын сойдырған жайттар да болған» (А.С. Плотников).

Ас беруге келу салтанаты. Ас беруге әр ру байырғы дәстүрмен, яғни ақыны, жыршысы, балуаны, жүйрік аты, сойыс малымен және сабасымен келді. Шақырғанда келмей қалу, қатыспау сол руға, тайпаға, елге, елдің билеушісіне қарсылық көрсету болып есептелген. Сауын айтылып, хабар

алған елдер асқа салтанатпен келуге үлкен мән берді. Ас беруге бару жөні және оған баратын топтың құрамы аса ыждағаттылықпен іріктелді. Ас беруге баратын топтың саны әдетте бірнеше жүзге дейін баратын. Ас беруге бару жайын талқылап, топ құрамын белгілеу үшін күллі рудың, аймақтың ел басылары бас қосқан мәжіліс шақырылатын. Ас беруге келетін басқа рудың адамдары, өздерінің дәулетіне қарай, марқұмға жақындығына, тілеулестігіне қарай, ысқатқа, жерлеуге шығарылған шығынның орнын толтыру үшін екі, үш, жеті не он шақты жылқы немесе түйе жетектеп келеді. Бұл «аза» деп аталды.

Қаралы үйдің қасына ер-тұрманы кісі қызығарлықтай, үстіне қара шұға жабылған марқұмның асыл қазынасы ретіндегі ең сүйікті тұлпарын (тұл ат) халықтың көріп тамашалауы үшін қояды. Басқа аттарға ең жақсы деген киім-кешектері, қару-жарақтары, масаты кілемдері артылып, көрмеге қойылады. Көрмеге байланған осы аттардың жанында марқұмның егіліп, жылап-сықтаған әйелдері мен жалшылары қаз-қатар сап түзеп тұрады. Бұл ғұрыптың мақсаты халыққа марқұмның көзі тірісіндегі мәртебесін әйгілеу болып табылады. Асқа келген халық келген бетте қаралы үйге кіріп-шыққаннан кейін, сырттағы байлаулы тұрған тұл атты қолдарымен сипап тәу етеді. Жоқтау айтылып, бата қайырылғаннан кейін «азасына салғанымыз», «азасына қосқаным» деп, марқұмның үй-ішіне өздерімен алып келген тарту-таралғысын табыс ететін. Асқа барудың жай-жапсары туралы сол заманда қазақтардың арасында зерттеу жүргізген И.Ибрагимов былай деп жазды: «Біздер (сұлтандар, төрелер) Батыс Сібір жерінде бұдан 2 жыл бұрын, 1869 жылы қайтыс болған бір байдың асына баратын болдық. Арада 3 күндік ұзақ жол бар, жолсыз жермен жүріп келеміз, жолда арбаға, түйеге, атқа мінген қазақтарды кездестірдік. Содан жүре-жүре айнадай жарқыраған көлдің жағасына келдік. Сол жерде лашын, сұңқар, қаршыға құстармен үйрек-қаз, дала бөденесін аулап жүрген жас жігіттерді көрдік. Қайда барасыздар? Асқа барамыз, асқа барамыз, – деп жауап береді. Сіздер асықпаңыздар, арада екі қонатын ұзақ жол бар. Егер шаршамай, көңілді барамыз десеніздер, бізбен бірге жүріңіздер. Арамызда сал-серілер, ақын-жырауларымыз бар, солардың өлеңдері мен әндерін тыңдап баруларыңызға болады, – деді құндыз бөрікті бір жігіт. Біз бұған келістік. Содан белес-белес, тақия таулардан өтіп, қызыл гүлге оралған жазық далаға шықтық. Бір кезде алдымыздан бір түсті ақ боз атқа мінген, қызыл-жасыл киінген 10 шақты қыз шықты. Олар да асқа бара жатыр екен. Бірінен-бірі өтеді: мандайлары жарқырап, қолаң шаштары тербеліп, бота көздерін төңкеріп қарайды. Байқаймын, біздерді менсінбей, тәкаппарлана қарайды. Бұлар біздерге қосылған соң, қазақ даласы сұлулардың даласына айналып кеткендей көрінді. Мен осы сапарымда білдім: қазақтар табиғатқа, табиғат қазақтарға ұқсайды екен». Қарқаралылық Өтебай сал осы асқа киіп келуге өзіне арнап сәукеле жасатқан. Тоқа Сапақ қызының сәукелесінен және Алтай Алдажұман қызының сәукелесінен де артық болсын деп, жасаған ұсталарға жүз жылқының құнын төлеген. Осы асқа барғанның бәрінен биік боламын деп, сәукелені басына киіп, түйеге мініп барған екен.

Қонақтарды қарсы алу. Деректерге қарағанда келер қонақтарды қозыкөш жерден арнайы сайланған жігіттер «дүниенің төрт тарабына», яғни төртке бөлініп қарсы алған. Қонақтардың ас беретін ауылға беттегенін арнайы жігіттер алдын ала атпен шауып келіп ас беру жосынын басқарушыға хабарлап отырған. Қалыптасқан дәстүр бойынша, келген қонақтардың аттарының тізгінін бір-бірлеп алып, атынан қолтығынан демей түсіріп, көрісетін тәртіп болған. Келушілер алдымен қаралы ту тігілген үйге кіріп көңіл айтып, «бата жасарға» әкелген дүние-мүлік, саба-саба қымызын, айдап әкелген малын жерошақтың маңында арнайы тігілген үйлердің жанында тұрған адамдарға табыстайды. Қарсы алуға тағайындалған жігіттер келушілерді арнайы бөлінген үйлеріне бастап апарып орналастырады.

Ас беру, әдетте, жанжалсыз өтпейді. Себебі, біреу мерт болуы мүмкін, жарақаттануы мүмкін, бәйге дауы немесе екі балуан арасында келіспеушіліктер туындап, оларды ажырату қиынға соғып жатады. Осындайда ас беруді басқарып, қадағалау үшін аса беделді бір адам тағайындалады. Дау туа қалған жағдайда қадағалаушы араласып, екі жақ жанжалға бармай, келісімге келген.

Өткізілу барысы. Жоғарыда айтылғандай, ас беруді көбінесе мал семірген күз мерзімінде береді. Құрбандық ретінде сойылған қой еті тұтас желініп болған соң ғана тұлданған жылқы сойылады. Жылқыны бауыздар алдында оны жетектеп үйді айналдырып шығады. Ас беруге жиналған халық пен оларға таратылар құрбандық ретінде есепсіз көп мал сойылады. Және әртүрлі ұлттық ойындар, аламан бәйге, жамбы ату, сайыс, ақындар айтысы т.б. өткізіледі. Ас беру дәстүрінің жосынының ежелден қалыптасқан өзіндік элементтері мен өткізілу тәртібі және қағидалары (жоқтау, қаралы ту тігу, сеп жию, тұл ат) бар. Яғни бұлар (ақсақалдар кеңесі, сауын айту, ошақ қазу, мал сояр күн, асты басқару, қонақ күтер күн, табақ тарту, асқа салтанатпен келу, аза салу, ұлттық ойындар және т.б.) ежелден қалыптасқан жөн-жосық бойынша атқарылады. Ас берудің аяқталуға жақындағандығын тұл атты сою, сеп бұзу, қаралы туды жығу сияқты ғұрыптық шаралар көрсетеді. Ас берусалтанаты бәйгемен ашылып, бәйгемен жабылады. Яғни ас берудің алғашқы күні ошақ майлар бәйгесі басталса, ас берудің соңғы күні аламан бәйгенің өткізілуі ас берудің сән-салтанатты бөлігінің аяқталғандығын білдіреді. Аламан бәйге орындарының саны мен жеңімпаздарына берілетін жүлделердің көлемі де өте қомақты болып келеді. Бәйгенің жүлдесі жеңімпаздың шыққан ортасы – тұтас бір рудың ортақ игілігі саналады. Сондықтан, бәйгеден аты озып келген адамның құр қол қайтуы жиі кездесетін жайт болды.

Ас берудің ресми жабылуы жарияланып, келген қонақтар тарай бастайды, ал сеп бұзу, қаралы туды сындыру, тұл атты сою ғұрыптарын орындау тек марқұмның туған-туыс, руластарының ғана құзырындағы іс болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, үлкен ас беру, әдетте, үш күннен кем болмаған, тіпті, төрт-бес күнге жалғасты. Ертеректе одан да ұзақ болғанға ұқсайды. Ас берудің өткізілетін уақыты жайында И.В.Аничков: «әдетте ас 4 күнге созылып: сәрсенбі «ошаққазар күн», бейсенбі «мал соятын күн», жұма «табақ тартар күн», ал сенбі, жексенбідегі түрлі ойын жарыстар кезінде киіз үйлер жығыла

бастап, жексенбіде тарқап, көшіп кетеді» – деген дерек келтіреді. М.Шорманов: «Бірінші күні ошақ қазып, үйлер тігіледі, екінші күні мал сойылып, ет асылса, үшінші күні табақ тартылып, ел арасындағы дау-жанжалдар қаралады, төртінші күні ойын-сауық өткізіліп, ат шабады, асқа алыстан келгендердің көпшілігі осы күні тарай бастайды», – деп жазады.

Бес күнге созылған ас беру төмендегідей тәртіппен өткен: бірінші күні – астың сәтті өткізілуі үшін ошақ қазылып жатқан кезде бір-екі мал сойылып, еті осы ошақтарға асылады, оны «кұдайы» деп атайды. Екінші күн – жер ошақты қазар күн және осыған байланысты «ошақ майлар» ат жарысы өткізіледі. Үшінші күн – балуан белдесулері өткізіледі. Төртінші күн – жамбы ату. Бесінші күн – ат шабар күн. Ас берудің жеті күнге созылатыны туралы да мәліметтер бар: 1-күн – асқа келген қонақтарды қарсы алу, үйді-үйге орналастыру. 2-күні садақпен жамбы ату (күміс және алтын ақша) сайысы өткізіледі. 3-күні 20-30 шақырым қашықтыққа құнан жарысы өткізіледі. Оған 9 түрлі бәйге тігіледі. Бірінші бәйгеге – түйе, соңғы бәйгеге – тайтұяқ беріледі. Осы күні қыз куу ойыны да ұйымдастырылады. 4-күні сайыс ойыны өткізіледі. Сонымен қатар, осы күні балуандар күресі де өткізіледі. 5-күні 50 шақырымға дейінгі қашықтыққа дөнен жарысы өткізіледі. 6-күні ертеңгі болатын аламан бәйге барысы анықталады. 7-күні – астың ең маңызды күні аламан бәйге өткізіледі. Бірақ, асты өткізуде аталған шаралардың уақыттық өткізілуінің реттік жүйесі әркез сақтала бермеген. Мысалы, М.Шорманов асының алты күнге созылу себебі ас беруге Павлодар мен Ақмола уездері арасындағы жер дауын шешу үшін арнайы шақырылған төтенше съездің қоса ұйымдастырылуына байланысты болды. Сыпатай батырдың асы сегіз күнге, Ақжолтай Ағыбай батырдың асы тоғыз күнге созылған. Бір жағынан, билер кеңесі ас берудің өн бойында толастамай жүріп, онда жесір дауы жер дауы шешіліп жатса, екінші жағынан, астың сән-салтанатты ойындарымен бірге ақындар айтысы да өткізілген.

Ас беруде өткізілетін ойындардың барлығы көңіл көтеруге арналмаған. Олардың көңіл көтеру үшін емес, ғұрыптық (ритуалдық) функциясы да айырықша болды.

Балуан күресі – күреспен айналысатын қара күш иелерінің ас-тойларда күрестен сайысқа түсуі, күш сынасуы. Күрес ас беруде міндетті түрде өткізілді. Қазақ «балуан (палуан)» деп табиғатынан зор күші бар, сол күшінің арқасында ұлттық күреспен айналысқан адамды атайды. Балуандықпен айналысатын адам ұлттық күрестің айла-тәсілдерін жетік меңгеріп, күшін жетілдіру үшін ауыр салмақтарды көтеріп жаттыққан. Балуандар күрес сайыстарына өз руларының атынан шығып, руының намысы үшін күресті. Жеңістерге жетіп, елінің атын шығарған балуандардың есімі бүкіл халыққа танымал болып, ел құрметіне бөленді. «Күш – елдікі, олжасы – көптікі» дегендей балуан жүлдесі де руластарына үлестірілген. Түйе тарту – ас беруде орындалған ертеден орныққан ғұрыптық мәні бар жосынның бірі. Бұл жосын – «тайлақ тарту», «жез бұйдалы інгеннің биі», «түйе шешу» деген сияқты атаулармен де белгілі.

Әскери-қолданбалы ойындар сияқты ас беру салтанатының бағдарламасына міндетті түрде енгізілетін ойынның бірі – теңге алу (күміс алу). Бұл ойын өте көне әскери-жаугершілік заманынан бастау алады. Асқа келген әр топта «теңге алуға» қатысатын, арнайы дайындалған жас жігіттер болған. Ойынға тек қана көбінесе үйленбеген, он сегіз, жиырманьң үстіндегі ерге тақымы берік, ат құлағында ойнайтын шабандоз жігіттер қатысқан. Ойын ережесі бойынша, белгіленген арақашықтықта үш-төрт жерде шүберекке түйіліп, күміс немесе теңге тасталынады. Шабандоздар кезек алып тізбекке тұрады. Олар келген кезектерімен осы қашықтықта екпіндеп шауып келе жатып, шапқан атты тоқтатпай жолындағы түйілген шүберекті ат үстінен еңкейе отырып алуы керек. Шауып келе жатқан ат басын іркіп қалған жағдайда ойын ережесі бұзылған болып саналады және алынған шүберек есептелінбейді. Жердегі шүберекті алған шабандоз оның ішіндегісін өзіне қалдырады. Ойын осылайша жалғаса береді. «Теңге алу» ойынының дайындығының өз ерекшеліктері бар. Ойынға мінілетін атқа, әдетте, бәйге аттарындай биік, жұлқынып тұратын сәйгүліктер емес, жауырыны аласа, тапалтақ жуас аттар іріктеліп алынған. Кейде кейбір ат құлағында ойнаған шабандоз жігіттер осы ойын үстінде ат үстінде түрегеп шабу, шауып келе жатқан ат үстінен секіріп түсіп қайта міну, ат бауырында ойнау секілді шабандоздық өнердің неше түрін көрсетіп, ел ризашылығына бөленетін.

Аста белгілі жүйе бойынша өтетін ойын түрлерінен басқа таза көңіл көтеруге арналған көңілді ойындар да өткізіліп тұрған. Солардың бірі – тілмен теңге алу. Абайдың атасы Өскенбайдың асында ұйыған қатық толы тайқазанға алтын теңге тасталып, тістеп алып шығу бәсекесі өткізілген. Сондай-ақ, қымыз толы шара ішінен теңге алу ойыны да ұйымдастырылды. Қыз қуу ойыны астағы ойын-сауық тізімдерінің ішінде көп кездесе бермейді. Астарда даңққа бөленген балуан, сайыскер, мерген, шабандоз адамдар есімі ел аузында аңыз болып, күллі елге тараса, қыз қууға қатысушылар туралы мәліметтер жоқтың қасы. Бәлкім, бұл жайтты қыз қуу ойынының функционалдық-семантикалық мәнінің ас берудің ғұрыптық кеңістігінің семантикасына сәйкессіздігімен түсіндіруге де болатын шығар. Бұл ойынның көбінесе неке және басқа да отбасылық немесе рулық мерекелерде өткізілетіндігі сондықтан болса керек.

Тұл атты сою. Тұлданған атты сояр алдында ақтық байланған жүген салып, ер-тұрманымен, әсем жабуымен сәндеп, сырмақ үстіне әкеліп ұстап тұрады. Осы кезде жесір қалған әйел аттың мойнынан құшақтап тұрып, тұл атпен көрісіп, жоқтау айтады (қыздары да қосылады). Басу айтып ажыратса да, қимастықпен аттың жалынан айырылмай күңірене жырлайды. Кейде ұзақ жоқтау айтып жылаған әйелдерді күшпен ажыратқанда, ат жалының қылдарын жұлып кеткендері де болған екен. Аталмыш ғұрып марқұммен тұл ат арқылы жесірдің соңғы қоштасу сәтін бейнелейді. Марқұмның атын тұлдау және оны жылдығында сою сияқты ғұрыптар әлі күнге дейін сақталып отыр.

Қаралы туды сындыру қаралы күн осымен аяқталды деген ұғымды білдіреді. Көне заман адамдарының қабірлерінен сындырылған бұйымдардың шығуын ғалымдар байырғы адамдардың анимизмдік түсінігімен, заттардың «жаны» болады деген сенімімен байланыстырады.

Яғни ертеде меншікті заттарын әдейі сындырғанда, «өлген адамның «жанымен» бірге өліктер еліне жететін заттардың «жанын» да азат етуге көмектесеміз» деген сенім болды. Бұл дәстүр тірілер мен өлілердің арасындағы байланыстың түпкілікті аяқталғанын білдіреді. Мүмкіндігінше бұл істі жесірдің әмеңгеріне тапсырған. Бұл салт «бұдан былай жесірге әмеңгері иелік етеді, өлген күйеуінің орнын сол басады» деген ұғымды білдіреді. Демек, қаралы туды кім көрінгенге сындырта бермеген. М.Ж. Көпеев «Абылай аспаған сары бел» деген тұрақты оралымның мағынасын сол кезеңдегі бір оқиғамен байланыстырады. Бұдан біз өзіміз талдап отырған аста қаралы туды сындырудың бір сипатын байқаймыз. Қазыбек бидің еліне, Шаншар еліндегі ас беруге келген Абылай ханның басындағы бөрігін Қаз дауысты Қазыбектің Мөртаңдайлы Балапан деген баласы хан аңдаусыз отырғанда арт жағынан келіп, шыбықпен қағып түсіріпті. Хан ештеңе демейді, тіпті жерге түскен бөркін басына қайта алып та кимейді. Осыдан кейін дау туып, Төртуылдан Бақаш дегенді, Қаракесектен Жанай дегенді байлап алып қалғаны баяндалады. Үлкен дау кезінде Жәңке батырдың баласы Жанақ Абылайды өлімнен құтқарып қалғаны сөз болады. Жанаққа риза болған Абылай: «Жәңке батырдың босағасына түйе бастатқан тоғыз байлансын және қаралы үйге шаншылған найзаны Жанақ сындырсын, бір атшапан Жанақтың өз жолы болсын», – деп сөзге келмей жарасып, бітімге барып, бітімді билерге кестірген екен. «Абылай аспас Сары бел» деген сөз де осыдан қалған деседі.

Табак тарту. Табак тартуға әдетте ыңғайлы киінген, жөн-жосықты білетін сыпайы жас жігіттер сайланған. Тәртіп бойынша, табак жасауға, табакқа үйдегі қонақтардың дәрежесіне сай мүшелердің салынып тартылуын басқаратын жасы үлкендеу адамдар тағайындалған. Үлкенге, аса құрметтілеріне жамбас, жілік тартылып, екі-үш адамға бір табактан айналған. Жоғарыда айтылғандай, бірнеше жүз үй тігілген ауылдың қашықтығы кейде 0,5-1,5 шақырымға дейін созылған. Ас үйлер әдетте қонақ үйлерден алыстау жерге тігіледі. Қонақ үйлер есіктеріне бір-бір жігіттен қойылып, үйге сырттан адам кіргізбей, іштен шығармай, қонақтардың жайлы отыруын қамтамасыз етіп, үйдегі адам саны қанша, неше табак керектігін бақылап, басқарушы адамға мәлімдеп отырады. Табактардың кіріс-шығысы есептелініп отырады.

Ошақ пен үйлер арасы әжептәуір жер болғандықтан, табакты атпен жүріп тартты. Табакшылар асқа таза, ықшам киініп, атын күміс ертұрманымен сайлап шығады. Табак таратуға бір кісі басшы болады, оның көмекшісін айдаушы деп атайды, ол табактың алдын ала белгіленген бағыт бойынша тартылуын қадағалап отырады. «Ас беру әр халықта бар: сарт ас берсе палау, ноғай ас берсе түрлі тағам, қазақ ас берсе ет пен қымыз, қосымша ерекшелігі ат шаптыру» (Қ.Халид).

Талай мың қонақты күтіп алып, абыроймен шығарып салудың қамындағы елдің қызметін Мұхтар Әуезов: «Табак тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ер-тоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табактан алып, қатар ызғытып жөнелгенде, өлке бойы жайнап кеткендей болды», – деп ас беру

үрдісінің этнографиялық пошымын дәл суреттеді. Осы аса жауапты қызметті мінсіз атқару үшін табақ тартушы жігіттер алдын ала арнайы дайындықтан өтетін. Ол үшін табақ алып қашу немесе мүше алып қашу ойындары өткізілген. Шауып келе жатқан аттың үстінде қолына табақ толы ет көтеріп, оны төкпей-шашпай апаратын жеріне дұрыстап жеткізуді жетік меңгергендер ғана табақ тартуға таңдап алынды. Ақжолтай Ағыбай батырдың ас беруіне жиырма мыңнан аса адам жиналған екен. Ұлы жүз бен Орта жүз және Кіші жүздің игі жақсылары жиналған осы үрдісте жүз табақшы қызмет атқарған. Қонаққа қоғамдағы әлеуметтік мәртебесіне сай, өзіне тиісті жілік мүшесін тартпау немесе шатастырып, ауыстырып жіберу ұят саналған және адамды қорлаудың белгісі болып табылады. Мұндай жаңылыс қонақтардың өкпеленішінің тууына әкеліп соғатын. Сонымен бірге, ас беруге қанша халық келсе де, олардың ешқайсысы ас беру барысында тамақтың тапшылығын сезбеуі тиіс. Бұл дәстүрлі ортада бұлжымас қағида болып орныққан.

Ас берудің тәртібі бойынша асқа тігілген әр үйдің «иесі» болады, солар қонақ күтуші болып саналып, қонақ күтуге қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуді өз мойнына алады. Ас берудің алғашқы күні осы үй иелері жан-жақтан келіп жатқан қонақтарды ас басқарушының бұйрығы бойынша өз үйлерінде қарсы алады. Әдетте, асқа сауын айтуға немесе асқа дайындыққа арналып өткізілген алқалы жиын шешімі арқылы әр ауыл, әр үй өздері қарсы алуға тиісті қонақтардың кім екенін, қайдан келетінін т.б. жай-жапсарларын алдын ала біліп отырады. Соған арнап сый-сыяпат дайындайды. Келген адамдар саны жиырма-жиырма бестей болса, оларды бір үйге түсіреді. Егер де 40 адам болса, екі үйге бөліп орналастырады. Қоғамдағы алатын орнына қарай таңдаулы үйлерге жайғастырылады. Әр үйде бір-бірден күтуші, саба-саба қымыз болады. Даяшылар құзырына тек қана ас тартып, табақ тартып, қымыз-шай құю ғана емес, өз ауылының (үйінің) сән-салтанатын өлең-жырмен әспеттеп көрсету қызметі де кіреді. Асқа келушілердің бас-аяғы жиналып болған соң, табақ тарту басталады. Әр үйдің үлкен-кішілігіне қарай он-он бес табаққа дейін тартылады. Киіз үй ішінде дөңгелене толық отырғаннан кейін, айналдыра қолға су құйылып, қол шайылады. Ортаға шыт немесе бөз мата жайылып, әкелінген, астауға салынған етті үй-үйге тарқата бастайды. Табақтардың алты-жетісіне кәделі, сүбелі мүшесімен, міндетті түрде қой немесе жылқы басы салынып, жалпы 15 табақ болып тартылады. Елге белгілі, ерекше қадір тұтатын адамдар алдына жеке бір табақтан тартылып, қалған 3-4 адамға бір табақтан тартылады. Асқа ешкі, сиыр сойылмайды.

Табақ жасаудың да өзіндік мәні бар. Кімге арналған табақ екенін табақ жасаушы алдын ала біліп отырады. Дәстүр бойынша малдың он екі жілігі және басқа мүшелері адамның қоғамдағы орны мен жолына лайықталып тартылмаса, төрелер, бектер мен билер дереу наразылығын білдіретін болған. Мүшені келістіре таратып, бас табақтарға бас, шеке, жамбас, жая, асық жілік, ортан жіліктер салынады. Бұдан осы мүшелердің бәрі бір табақтан орын алу керек деген ұғым тұмау керек. Табақ сайын әр мүшенің біреуі жүрсе болды, оның жанында басқа етті мүшелер бола береді. Соның өзінде қонаққа тартылатын табақтарға сирақ, ішек-қарын және мойын омыртқа салынбайды.

Ал дәстүр бойынша марқұмның артында қалған жесірінің әмеңгері қаралы туды сындырып, өзінің әдет-ғұрыпқа сай мәртебелік жағдайын бекіткенде, тұл аттың еті тек қана асты өткізуге ерекше еңбегі сіңген ел ардақтыларына ғана таратылған. Осы арқылы қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастар жүйесінің іргелі принциптері мен нормаларының өміршендігі дәріптелінеді.

Ас берудің аяқталуы. Ас берудің басы мен соңы сәтті болуы үшін молда ас өтетін жерде дұға оқиды. Орта есеппен 3-5 күнге жалғасқан астың соңғы күні көпшілік аламан бәйгенің аттары көмбеге келгенше, балуандар күресін тамашалайды. Аламан бәйгенің өтуімен сән-салтанат бағдарламасы аяқталып, астың ресми жабылуы жарияланып, келген қонақтар тарай бастайды. Ас берудің аяқталуы кезінде қаралы ту сындырылып, тұл ат сойылып, тек марқұмның туған-туыс, руластарының қатысуымен сеп бұзылады. Ас беру тарқарда көпшілік атынан елге сыйлы, қадірменді ақсақал қонақасыға бата береді. Қанжығалы Шауыпкел батыр (XIX ғасырдың 80 жылдары Қостанай, Өзенкөлде) асының тарқауында берілген батаның бір үлгісі халық аузында сақталған.

Дұға қабыл, тілегіміз дұрыс болсын.
Бақ қарап, дәулет бітіп, ырыс қонсын.
Мәйітке хақ тағалам рахым қылып,
Қабірі жарық болып нұрға толсын.
Алланың рахматының молын берсін,
Сусынға хауыз кәусар көлін берсін.
Дұғасы көпшіліктің қабыл болып,
Ұжмақтан мәңгі-бақи орын берсін.

Ас беруге жұмсалған шығын және берілетін жүлде. Ас беруге өте мол қаржы, көп мал жұмсалған. Ас беруде ойналатын ойын жеңімпаздарына қомақты бәйге берілген.

1803 жылы берілген Сырым Датұлының асында 2500 қой, 200 жылқы сойылып таратылған, 1000 саба қымыз болып, 5000 шелек қымыз ішілген. Шай, қант пен тоғыз нарға тоқаш артып, шекті Көтібар батырдың өзі келген.

Шөмекей руында өткізілген Кәрібай асы туралы И.В. Аничков асқа 200 қой, 40 жылқы сойылып, 200 пұт күріш даярланғандығын, саба-саба қымыздың көптігі сол – әр үйге бір-бір сабадан қойғанда, оның саны 200-ден артатындығын айтқан.

1860 жылы «Ерден көлінде» Ерден Сандыбайұлына ас берілгенде 500 үй тігіліп, 160 жылқы, 200 қой сойылған. Ат бәйгесі 100 жылқы болған. Ерден байға осындай дәрежеде үш рет ас берілді. Үш астың жалпы шығыны 1860 жылқы, 600 қой, 1000 саба қымызды құраған.

1860 жылы Қаракөл деген жерде өткен жаппас Құламбаевтың әкесіне берген асы туралы жазған В.Плотниковтың есептеуінше, 600 пұтқа дейін ет (бір адамға шаққанда 5 фунт); 50 пұтқа дейін Сорочин жармасы; 150 сабаға дейін қымыз (әр сабада орташа есеппен 10 шелек қымыз деп санағанда 1500 шелекті құрайды); 25 фунтқа дейін шай, 8 пұт қант жұмсалған. Осыған қосымша осы асқа көрші жаппас ауылдарынан шақырылған, шамамен 400 адамнан тұратын қызметшілерге сойылған және берілген мал саны 20 қой мен

8 жылқыны құрап, 8 пұт Сорочин жармасы, 2 бас қант және 4 фунт шай жұмсалған.

1861 жылы өткен Байдәулет Құлбекұлының асында бас бәйгеге 100 жылқы 100 қой, 1 ақ отау, 10 түйе берілген. 1874 жылы Лабақ Қуат баласының асы болған. 300 жылқы, 500 қой сойылып, 700 үй тігілген.

Сағынайдың асына кеткен шығын атақты Тәж-Махал мавзолейіне жұмсалған қаржымен бірдей болған деседі. Сағынай асына 500 ақ үй тігіліп, оған 500 бұқар кілемі ілінген, 5 тонна шай әкелінген, жаңа ыдыс-аяқтар Ташкент пен Қазан қалаларынан алынған. 10 мың көрпе-жастық төселіп, қонақтарды сыйлауға 500 бұқар шапаны келген. Сібірден 500 аң терісі алынған. 20 мың қой, 1000 жылқы сойылған. 500 жігіт атпен табақ тартып, 300 қыз қонақтарға дастарқан жайып, қызмет еткен. Бәйгеге 500 тұлпар қатысқан. Ақанның әйгілі Құлагері осы аста мерт болды.

1894 жылы Жаманбала Құрмановтың асына Қарқаралы, Павлодар және Ақмола уездерінен қонақ шақырылған. Ас Нұра өзенінің бойындағы Қорық деген жерде өтіп, 100 жылқы, 160 қой сойылып, қап-қап қант, шай алынып, бірнеше ондаған қап бауырсақ дайындалған.

Мұса Шормановтың асында 200 жылқы, 300 қой сойылып, 20 мың шелек қымыз ішіліп, жиналғандардың басым көпшілігіне шай, бауырсақ, тоқаш, өрік-мейіз таратылған. Құрметті қонақтар үшін палау дайындалған. «...Әрине мұның барлығы тек марқұмның балаларынан шыққан шығын емес. Көп көмекті бай қазақтар көрсетті», – деп жазды Д.Путинцев аста-төк молшылыққа таңырқап.

Баян-Өлгийде Ұлтарак бай қайтыс болғаннан кейін үшінші жылында ас берілген. Бұл ас беру 1909 жылы күзде Баян-Өлгий аймағының Дайын өлкесінің Жалаңаш, Тастыбұлақ жерінде атқарылды. Ас беруге 2000 жылқыны айдап келіп, шалмаға іліккен 40 жылқыны сойған. Оның ішінде небір жорға, жүйріктері де болған. Үлкендер «бұлай істемендер, тандап сойындар», дегенге «өзіне бұйырмағанда кімге бұйырады» деп, Дүтбай зәңгі бастаған ұлдары көнбей қойған. Алтай, Қобда беті Шүй қазағына (Қосағаш), яки 9 таңбалы найман, 12 абақ-керейге түгел сауын айтылған, үй тігіп, ру-руымен түсірген. Асқа деп күніне қырық жылқы, қосымша қисапсыз қой сойылған. Бір аптаға жалғасқан аста 500 ат бәйгеге шауып бірінші келген атқа 9 жамбы тіккен, ең соңғы келген атқа дәстүрлі «көк бұқа» немесе «көк өгіз» сыйына да 9 тайынша берілген.

Мойынбайұлы Бурылбайдың асына 200 киіз үй тігіліп, 8 жерошаққа тайқазан асылған. 10 күн созылған асқа 200 қой, 80 жылқы сойылып, 300 бие байланған.

М.Леваневский өз жазбаларында өткен ғасырдың ортасында Ырғыз бойында өткен Жүсіп Жолаев деген кісінің асында жүз шақырымға шабылған ат бәйгесінде 9 жүлде белгіленіп, бірінші аттың бәйгесіне – 500 қой, 100 түйе, 40 жылқы, 90 құндыз және бір жетім қыз (күн) берілгендігін келтіреді. И.Аничков пен Ы.Алтынсарин де ХІХ ғасырдың 70-жылдары бәйгеден келген аттың бәйгесіне мал мен т.б. бұйымдарға қоса жетім берілетіндігін де айтып өтеді. І.Жансүгіров осы үрдістің көл-көсір дарқан образын былайша суреттеді:

Осындай болып жатты ұлы жиын,
Жиынның мыңнан бірін айту қиын.
Еті тау, қымызы көл деуге болар,
Айтқанда тартыңқырап астың сыйын.

Жоғарыда айтылғандай, ас беру дәулетті адамдардың, ұйымшыл елдің ғана қолынан келген. Абылай ханның асы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың асы, Қанжығалы Шауыпкел батырдың асы, Керей Сағынайдың асы, Дулат Сыпатай батырдың асы бүкіл елге мәлім болып, аңызға айналған той болды. Дегенмен, ас беру көпшілікпен бірге атқарылар шара болғандықтан, тек бір әулетке немесе бір руға ғана салмақ түсірілмеген. Шақырылғандар да аруаққа деп сойыс малдарын және қымыз толы сабаларын өздерімен бірге әкелетін.

Түйін. Дәстүрлі қазақы орта бақилық болған аса беделді ел ағасының әулетіне түскен ауыртпалық бүкіл ру-қауымның, яғни социумның басына түскен ауыртпалық ретінде қабылдады. Және бұл социумның қожырауына алып келуі әбден мүмкін ауыртпалық еді. Ал социумның қожырау-күйзелісі «ата-баба жолының» ілкімді принциптері мен нормаларының қожырауы деген сөз. Ас беруің басты миссиясы – социумның қожырауына жол бермеу. Ол үшін марқұмның аруағын риза ету қажет. Себебі марқұмның аруағының риза болуы ғана «ата-баба жолының» сақталуының кепілі бола алады. Яғни бақилық болған адамның аруағына «аруақ риза болмай, тірі байымайды» идеологемасына сәйкес, бүкіл ел-жұрт болып құрмет көрсету. Бұл ұстанымды ас беру үрдісінің идеясы да, идеологиясы да деуге болады. Ас беруге дайындық және ас беру барысында атқарылатын сан алуан салттар, ғұрыптар, ырымдар мен жосын-жоралғылар, түптеп келгенде, аталмыш идея мен идеологияны жүзеге асыратын механизмнің өзара себеп-салдарлық байланыстағы «блоктары» болып табылады. Ас беру үрдісі барысында тағы бір ұлы миссия жүзеге асады. Ол – этностың барлық деңгейіндегі тұлғааралық, рулық-қауымдық, руаралық, яғни тайпалық, тайпааралық, яғни жүздік, жүздераралық, яғни жалпыэтникалық қатынастардың ежелден орныққан принциптері мен нормаларының бұлжымастығын және жасампаздығын дәріптеу мен паш ету. Бұл мақсат аталмыш принциптер мен нормаларға негізделген көшпелілердің қатынастар жүйесін ас берудің ғұрыптық кеңістігін ұйымдастыру, яғни «ахуалдық монтаждау» тәсілі арқылы жүзеге асырылады. Әңгіме, ас берудің өзінің көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастар жүйесінің «ахуалдық монтаждalған» моделі екендігінде болып отыр. Сонда, қазан төңкерісіне дейінгі, тіпті, совет дәуіріндегі кейбір еңбектерде айтылғандай, ас беру қисынсыз ысырап емес, қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастар жүйесін дәріптеудің және олардың қожырауының алдын алудың аса тиімді қолданбалы моделі іспеттес болып шығады. Сонымен бірге ас беру үрдісі қазақы ортадағы қоғамдық қатынастар жүйесінің кеңістіктік образы да.

Қазір ғылыми көпшілік басылымдарда айтылып жүргендей осы ұлы салт-дәстүрді марқұмның бақилық болғанына бір жыл толғаннан кейін атқарылатын үрдіспен әсте шектеуге болмайды. Бұл дәстүр кісінің қайтыс болған уақытынан бастап, астың тікелей атқарылу ретін де толық қамтиды.

Осы мерзім ішінде атқарылатын марқұмның үшін беру (кейбір аймақтарда ғана), жетісін, қыркын, жүзін (кіші жүз қазақтарында және өздерін жалайыр тайпасына жатқызатындарда) атқару, сондай-ақ, марқұмның тұтынған киімдерінің, бұйымдарының таратылуы, қаралы ту ілінген найзаны үйдің іргесіне сәл қисайтып орнатылуы, оның көзі тірісінде жақсы көрген атын тұлдап, кекілін түйіп ас берудің тікелей ұйымдастырылуына дейін құр жіберілуі сияқты сан алуан жосын-жоралғылар ас беруге деген дайындықтың семантикалық аса мәнді басқыштары іспеттес. Сонымен бірге аталмыш сан алуан жосын-жоралғылар және олардың атқарылу ретіне байланысты ас беруге қатысушылардың арасындағы ғұрыптық мәнді «ахуалдық» сан салалы, сан деңгейлі байланыстар жүйесі осынау ұлы жосынның ғұрыптық кеңістігін құрайды. Түштеп келгенде, ас беру дәстүрлі қазақы ортадағы марқұмды бақилыққа шығарып салуға байланысты атқарылатын жоғарыдағы ғұрыптардың финалы болып табылады.

Жоғарыда аталған тұл ат пен қаралы ту – байланған найза марқұмның көзі, бірақ, олар енді «ұйымдаспаған» бейберекет о дүниенің (хаос) өкілінің көзі. Сондықтан да, социумға түскен ауыртпалықтың, қожыраудың, яғни хаос дүниенің символдары да. Ал, тұл аттың ас беру кезінде сойылып, пісіріліп, ас беруге жиналған игі жақсыларға ежелден орныққан жосын-жоралғымен мүшелеп таратылуы және қаралы ту байланған найзаның дүйім жұрттың алдында сындырылып, отқа жағылуы әлгі ауыртпалық-бейберекеттікке, социумның қожырауына қарсы қолданылатын ғұрыптық әрекеттердің бірегейі болып табылады.

Сонымен, жалған дүниеден о дүниеге, бақилық «мәңгілік өмірге» «кеткен» адамның артынан атқарылатын көптеген салттық ғұрыптардың ішінде астың алатын орны ерекше. Бағзы заманда, әрісі сақ-үйсін-ғұн, берісі көк түріктер, ежелгі түріктер дәуірінде ел билеушілері – патша, гуңьмо, шаньюй, қаған елдің, этностың, ұлыстың, мемлекеттің тұтастығының, бірлігінің, үйлесімді де қалыпты тыныс-тіршілігінің басты шарты, символы, негізгі тірегі ретінде дәстүрлі дүниетанымда сол кезде барша жұрт риясыз сенген мифологиялық аңыздармен орнықтырылды. Мұндай «қисындар» дүниенің, табиғаттың, қоғамның, адамдардың пайда болуын түсіндіруге тиісті космогониялық және эмбриогониялық мифтер композициясының ажырамас құрамдас бөлігіне айналып отырды (мысал ретінде Күлтегін жазуындағы көксеңгір аспан мен бурыл жердің, ортасында елдің жаратылысы – ұлылардың ұлысы Естеми мен Бумын қағандардың осы елге билік құруымен бірге басталуын бейнелеген асқақ сөздерді еске алуға болады). Патшалар мен қағандардың «көк тіреген» заманында олардың өлімі қоғамның қожырауы, елдің божырауы ретінде қабылданды. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін марқұм патша немесе қағанның құрметіне өткізілетін ас беру рәсімі қожыраған қоғамды қалпына келтіруге, «есеңгіреген» елдің есін жиғызуға бағытталды. Осы үрдістің қазақы материалдар негізінде «анатомиясын» зерделесек, онда оның, яғни астың байырғы «ата-баба жолымен» қалыптасқан дәстүрлі қоғамның монтаждау «тәсілімен» жасалған, мейілінше икемді, мейілінше әмбебеп моделі екендігіне көз жеткізу қиын емес. Жоғарыда айтылғандай, бұл

ретте патшаның, қағанның жансерігі үйлесімді космостың, ел мойындаған әлеуметтік тәртіптің бейне-символы – тұлданған аттың сойылып, мүшеленуі социумның, қоғамның қожырағандығын, ал оның ас ретінде толық желініп, қабылдануы қоғам мүшелерінің арасындағы, социумдағы үйлесімді әлеуметтік байланыстардың қалпына келгендігін, «өлмектің артынан өлмек жоқ» принципі бойынша паш еткендігін бейнелесе керек.

Деректерге қарағанда, ұлы асқа тек қазақ рулары ғана емес, көршілес қырғыз, түрікпен, қарақалпақ, моңғол т.б. халықтардың өкілдері мен ресей және қытай аристократтарының өкілдері де қатысқан. Мұндай ауқымды аста аса маңызды іргелі мәселелер де шешімін тауып отырды. Мысалы, 1781 жылы Абылай асында Цин елшілігі өкілдерінің және қазақ сұлтандардың қатысуымен Уәли ақ киізге көтеріліп, хандыққа сайланды. Сыпатай батырға баласы Ноғай мырза Меркіде ас бергенде, оған қырғыз елінің игі-жақсылары батырға деген риясыз құрметінің белгісі ретінде мол тарту-таралғымен, сәйгүлік, жыршы, балуандарымен келген екен. Тамдының Құлқұдық деген жерінде XIX ғасырдың II жартысы шамасында өткен Тұрабай деген беделді адамның асына бүкіл кіші жүз руларынан басқа, Бұқар мен Хорезм бекзадалары және қарақалпақ халқының белгілі билері мен рубасылары қатысты.

Ас көшпелі қазақ елінің аса ірі саяси, әрі мәдени мәнді форумына айналды: бір жағынан, ішкі этникалық қатынастарды (ішкі ру-қауымдық, ру-қауымаралық, тайпалық, тайпааралық, жүздік және жүздераралық, яғни жалпыэтникалық) ұйымдастыру және реттеу институты (принципі, тәсілі), ретінде қызмет атқарды, екінші жағынан, қазақы ортадағы сан алуан салттардың, ғұрыптардың, ырымдардың, жосын-жоралғылардың және наным-сенімнің реттеуші қауқары мен пәрмені, әсіресе, осынау ұлы ғұрыптың кеңістігінде айырықша көрінді. Үшінші жағынан, айтыс, әншілік, қобыз тарту, домбырашылық, жыр айту сынды сан салалы, сан алуан далалық өнердің дүйім жұртты үйірер бар эстетикалық және этикалық құдіреті ас беру барысында ерекше көрініс берді. Аталмыш харекеттер, түптеп келгенде, этностың тіршілігінің ең басты шарты – ұрпақаралық этникалық байланысты қамтамасыз етіп отырды. Демек, ас беру көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыру мен реттеудің аса көрнекі тәсілдерінің бірі болды. Яғни институционалдық қатынастар жүйесінің ең қауқарлы элементтерінің біріне айналды. Демек, әлеуетті институт ретінде функция атқарды. Ас берудің қазақы ортадағы әлеуметтік-экономикалық жағынан да, мәдени және идеологиялық тұрғыдан да ерекше маңызды институт ретіндегі парқы осында.

Астың өткізілу реті, оның шығыны, жиналатын адам мөлшері XVIII-XIX ғасырлардағы елеулі өзгерістерге түсті. Оның ең негізгі себебі әлеуметтік саяси жағдайға байланысты. 1822 жылғы реформадан бастап қазақ халқының кедейлене бастағаны белгілі. Бұл үрдіс XIX ғасырдың соңында тіпті күшейіп кетті. Осыған байланысты ас беру дәстүрі елеулі өзгерістерге ұшырады. Сонымен бірге, Ресейдің жүргізген саяси реформалары қазақ елінің азаматтық өзін-өзі басқару жүйесіне үлкен соққы берді. Бұл да астың салтанатын, қоғамдық әсерін осалдатты.

АС ҚАЙЫРДЫ – тамақтан соң екі алақанын жайып дастарқанға бата беріп, ізгі тілек айтып бетін сипады.

Қазақ дәстүрі бойынша үлкен ас келгенде немесе ас ішіліп болған соң дастарқан басына жиналғандардың ішіндегі жасы үлкен ер адам немесе сыйлы, елге құрметті беделді адам алақан жайып дұға қылып дастарқанға, асқа жиналғандарға, дастарқан иесіне бата-тілек айтып бет сипайды.

АСА – символдық мәнді бұйым-таяқ: біріншіден, хандар мен төбе билер ұстанды. Екіншіден, деректерге қарағанда, діни ағымның көрнекті өкілдері (дәруіштер, диуаналар, сопылар, балгерлер, пірәдар қажылар, беделді қожалар және т.б.) тұтынған. Мысалы:

Қалқатай сен дегенде қуанамын,
Еңкейіп жез шәйнекпен су аламын.
Кеткенде аулың алыс, беу қалқатай,
Қолында асасы жоқ дуанамын, –

деп келетін қара өлең жолдарынан асаның диуаналар тұтынған атрибут екендігі аңғарылады. Бұл таяқтың практикалық қолданысынан гөрі, иесінің қоғамдағы әлеуметтік статусын айғақтайтын символдық мәні басым болды. Яғни аталмыш әлеуметтік категориялардың статустық образдарының қажетті атрибуттарының бірі деуге болады. Сонымен қатар, дәстүрлі мифопоэтикалық дүниетанымда пайғамбарлар мен әулие-әнбиелердің алып күштерінің және ғажайып сиқырлы қасиеттерінің айғақ-символы, әрі осы қасиеттерді жүзеге асыратын құдіреті бар бұйым. Демек, фольклорлық дәстүрде тиісті сан алуан мифологиялық сюжеттерді құрайтын іргелі концепт-элементтің функциясын да атқарды.

АСАТАЯҚ – көне діни музыкалық аспап. Ертеректе асатаяқ тәңірлік дін өкілдері бақсылардың аксесуарының ең маңызды компоненттерінің бірі болды. Жасалу пошымы әртүрлі болғанымен, функциясы біреу – бақсы «жынының» құдыретін әсірелейтін құрал болды. Расында да, асатаяқтың жоғарғы арнайы жалпақтау етіп жасалған тұсына орнатылған әртүрлі металл бұйымдар әлгі құралды белгілі ырғақпен әрі-бері сілкігенде диапазоны жоғары дыбыс шығарады.

Асатаяқ Совет дәуірінде қазақтың ұлттық аспаптар құрамын толықтырды. Асатаяқтың музыкалық аспап ретінде қалыптасуына көрнекті музыкатанушы, профессор Б.Сарыбаев айрықша еңбек сіңірді.

АСАБА – халықтық ортада қонақ күту ғұрпын басқарып, жиын-тойларды, астарды ұйымдастырушы адам. Өткізілетін іс-шараның дұрыс, жақсы өтуі негізінен асабаға байланысты. Сондықтан асаба халықтың жосын-жоралғыларын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихын терең меңгерген, білімді, шешен адам сайланған.

АСАДАЛ – ыдыс-аяқ және азық-түлік сақтауға, қоюға арналған ағаш жиһаз. Ол кебеже сандықтарға қарағанда биік болып келеді. Екі немесе үш қабат сөрелеріне күмістелген, сүйектелген қақпақтар орнатылады. Асадалды Ақтөбе тұрғындары сапаяқ, Көкшетау жақта бөгіребас деп атайды.

ҚР МОМ қорында (КП 5946) биіктігі 118 см, ені 58 см келген асадал сақтаулы. Төрт ағаш жақтау өзара көлденең ағаштармен бекітілген. Осылай

бекітілген ағаш жақтаулар асадалдың сұлбасы деп аталады. Осы сұлбаның әр бетіне тұтастырылып, ұстатылған ағаштар асадалдың қабырғалары немесе жақтары болып табылады. Тік орнатылған төрт жақтау ағаштарының асадалдың жабылған астыңғы жақтарынан кейінгі жалғасы оның аяқтары деп аталады. Асадалдың алдыңғы жағынан көлденеңінен екі сегментке бөлінген. Асадалдың үстіңгі бөліміне бір тартпа орнатылған.

Астыңғы бөліміне екі қатар ағаш сөре қойылған, сыртынан екі бөліктен тұратын жарма есік орнатылған. Асадалдың алдыңғы жағы ою-өрнекті сүйек және металл пластиналармен безендірген, пластиналар қалпақты әшекей шегелермен бекітілген.

АСАЙМҰСА¹ – дәруіш, сопылардың асатаяғының атауларының бірі. Асаймұса атау Мұса пайғамбардың есімімен тікелей байланысты қалыптасқан. Ислам дінінде Мұса ұлық пайғамбарлардың бірі. Өз елін Перғауынның қыспағынан құтқару жолында Мұса пайғамбар көптеген кереметтерді Алла Тағаладан түскен асаның көмегімен атқарғаны (теңізді қақ жарып елін аман өткізу, түртіп қалып жартастан су шығару т.б.) белгілі. Мұса пайғамбардың асасының қасиеті дарыған деп есептелетін сопы, дәруіш бақсылардың асаймұса деп аталатын ерекше асалары болды. Қазақы ортада асаймұса атауымен тек діндарлар дәруіш, сопылардың ғана емес билік атрибуты болып саналатын скипетрлерді де атаған. Яғни, жай асаға қарағанда асаймұса киелі, қасиеті бар Мұса пайғамбардың рақымына бөленген құрал аспап.

Қызырдың алып батасы
Мұсаның тұттым асасын
Шарапат бар бұйымда
Пәлекет шайтан қашыпты.

Мұндай ерекше қасиеті бар қазақша асаймұса деп аталатын ұшқаттың ерекше түрінен жасалатын. Қазақ совет энциклопедиясында берілген анықтамада: «Асай-мұса ұшқат тұқымдастарына жататын (лат. *Abelia cognobosa*) бұтасын өсімдік. Ағашы өте қатты, түрлі бұйымдар, соның ішінде, аса жасауға қолданылады», – деп көрсетілген. Қорыта келгенде, асаймұса деп сопы-дәруіштердің асасы және осы аса жасалатын өсімдіктің атауы болып табылады.

АСАЙМҰСА² – құрғақтау, сортаң, тастақ сондай-ақ таулы жерлерде де өсе беретін биіктігі бір-екі құлаштай бұтақты өсімдік атауы. Өзегі қатты болғандықтан, асаймұсадан ағаш шеберлері әртүрлі бұйымдар – кәдуілгі таяқ, балдақ, қамшының сабын және т.б. жасаған. Асаймұсаның сүйегі ауыр болғандықтан, суға салса батып кетеді. Дәстүрлі дүниетаным бұл ағаштың қасиеті мен қолданысын Мұса пайғамбардың есімімен байланыстырады. Атауы да осы гәпке байланысты қалыптасса керек.

АСАЙ-МҮСЕЙ – бақсылық құрал-жабдықтардың, киіміне аспаптарына тағылатын аксессуарлардың жиынтық атауы. Түрлі қоңырауша, сылдырмақтар, айна сынықтары, құс қауырсындары мен тырнақтары, аң тістері бақсының асай-мүсейінің құрылымына кіретін. Бақсының экстатикалық күйге еніп науқасты емдеу барысында психологиялық әсер

етуде асай-мүсейдің рөлі өте жоғары болды. Яғни, бақсылық сарын, қобыз үні, сылдырмақ қоңыраушалардың дыбысы ерекше үреймен қоса, дүлей күш пен сиқыр қасиеттерінің иелеріне деген соқыр сенім туғызатын. Бұл бақсылық ойынның әсерін күшейтіп, көптеген жағдайда дұрыс нәтиже беретін.

Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – асай-мүсей сөзінің түп-төркіні Асай Мұса, Мұса пайғамбар асасы ұғымының негізінде қалыптасқан болуы керек. Ал, бақсылыққа қатысты құрал-саймандар мен атрибутты заттар кешені асай-мүсей ұғымын құрайды. Алайда, кейінгі уақытта асай-мүсей деп түрлі кәсіптік бұйымдардың жиынтығын немесе белгілі бір кәсіп иелерінің салып жүретін аспалы дорба-қобдишаларын да атайтын болды.

Бақсының дәстүрлі қазақы орта кәміл сенген тылсым күштер негізінде «жұмыс» істейтін заттар-атрибуттар жиынтығының ерекше сакральды атаулары алғашында қалжың, ирониялық түрде, уақыт өте «сыпайылықпен» түрлі кәсіптер саласындағы арнайы құрал-саймандар жиынтықтарына қатысты қолданылатын болды. Бұл жерде бақсылық «ерекше» кәсіп пен «қарапайым» кәсіптер (етікші, құрылысшы, тігінші т.б.) арасында параллель жүргізу барысында асай-мүсей атауының полисемантикалық ұғымға айналғандығы көруге болады. Мысалы етікшінің, тігіншінің немесе дәрігердің асай-мүсейі, «тракторшы асай мүсейін иығына асып алды» деген сөз орамдары жиі кездеседі. Бұл жайтты сакральдық бұйымдар атауларының уақыт өте профандық (қарапайым) заттар атауларына ұласуының семантикалық эволюциясы барысында асай-мүсей көп мағыналы атауға айналу заңдылығымен түсіндіруге болады.

АСАН ҚАЙҒЫ – фольклорлық образ – дәстүрлі қазақ мәдениетінде елдің қамын, бірлігін, жетістігін ойлайтын қамкөңіл символдық мәнді тұлға. Тарихи әдебиетте Асан Қайғының шын аты – Асан Сәбитұлы делінеді, қазақ халқы дербес мемлекет ретінде жеке отау тіккен замандағы, яғни хандық құрған кезеңдегі беделді мемлекет қайраткері, көрнекті жырау ретінде сипатталынады. Тіпті, А.Сәбитұлы шамамен 1370-80-жылдары Еділ жағасында дүниеге келген деген тұжырым да айтылады. Алайда, бұл пікірдің деректік негізі тым әлсіз болғандықтан, өкінішке қарай, оны тек болжам ретінде ғана қарастыруға тура келеді. Дей тұрғанмен, бұл ұлық тұлға өзінің ел қамқоры қайраткерлігімен, риясыз адалдығымен және айырықша жыраулық өресімен халық жадында Асан Қайғы образымен мәңгілік орнықты.

Асан Қайғы – өзінің композициялық шешімімен де, философиялық фабуласымен де қазақ фольклорында ерекше дара туынды ретінде белгілі «Жерұйық» аңызының бас кейіпкері. Асан Қайғының жоғарыда аталған тұлғалық қадір-қасиеттері оның халықтың мамыражай тоқ тіршілігін көксеген арман-аңсарынан, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманның мәңгілік орнығуын күйттеген іс-әрекеттерінен көрініс береді. Томаzzo Кампонелла (Город солнца) мен Томас Мордың (Утопия) утопиялық шығармаларымен мейлінше үндес «Жерұйық» аңызы фольклорлық туындыларға тән желіске құрылса да, оны өзінің идеясы мен идеологиялық фабуласы жағынан шын мәніндегі халықтық философиялық шығарма ретінде бағамдауға әбден

болады. Асан Қайғының толғауларының дені ел қамын көксеген қамкөңіл сарында болып келеді. Ел болашағы оның ынтымақтастығында, бірлігінде деген абыз жырау, әйтпеген күнде бодандықтың басқа түсер бұғауының сұмдық салдары болуы мүмкіндігін ескертті.

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң түзіп, жаман болар,
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер,
Ұлын, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер?

Әсіресе, солтүстіктен әлекедей жалаңдаған нөпір жаудың беті жаман. Бүйірден шаншудай қадалған жойқын күш мейірімсіз сол жау «елінді алам, елінмен қоса жерінді алам, ұл-қызыңды бодан етем, жақсыңды надан етем» дейді. Соған қам қылмайсың деп ел басқарған хандар мен бектерді сөгеді:

Аңдып жүрген көп дұшпан,
Елге жау боп келеді.
Мұны неге білмейсің?
Арасынан қытай, орыстың,
Қорған сап, тыныш жатырсың,
Өзің, Жәнібек, елден асқан батырсың!
Ертісті өрлеп орыс жүр,
Тіл алсаң, іздеп қоныс көр.
Орыс алар қалаңды,
Шулатар қатын, балаңды.
Осыны көрдім түсімде,
Біл десе де білмейсің.

Ұлы жыраудың ашу-ызаға толы болса да көрегенділікпен айтқан осы және осы құралыптас толғауларындағы болжамдардың бар шындығын кейін тарихтың ащы тәжірибесі айқын дәлелдеді. Расында да, аталмыш ат нөпір жаудың жойқын күші мен қайырымсыз қауқары қазақ елін ұзақ мерзім бойы езгіге түсірді. «Жерұйық» аңызы бәлкім, осынау еңсені басқан езгіге қарсы тұрарлық қайраттың аздығынан туған пұшайман күйдің әсерімен қалыптасуы...!? Рас, солай. Жан-жақтан анталаған жалман жаулардың алдындағы дәрменсіздіктен шарасыздыққа бой ұрған дүйім жұрттың баяғы қаяусыз тыныс-тіршілігі арман-аңсарға айналды. «Жерұйық» атты осынау аласапыран заман туғызған аңыз түрінде. Ал Асан Қайғыдай ұлы тұлғаның, қас жыраудың өзіне жерұйық табуды армандаған ел-жұрттың персонификацияланғаны деуге болатындай. Қалай дегенмен де Асан Қайғы образы ел қамын жеген ойшыл ердің өнегелі үлгісі, эталонына айналды.

АСАР – қауым, ұжым болып көмек ретінде көтеретін іс-шараларды ұйымдастырудың атауы. Әдетте, қора-қопсы, үй салғанда қысқа мерзімде белгілі мөлшердегі жұмысты атқару үшін отбасы асарға шақыратын. Мұны

қазақ асар салу дейді. Яғни, асар дегеніміз ағайын-туыс, ауылдастардың ұжым болып жеке отбасыға көрсеткен көмегі. Қазақстанның Батыс өңірінде асарды Үме деп те атайды. Асар қауымдық көмек жұмысы болғандықтан асарға келген жұртқа істеген жұмысы үшін ақы төленбейді.

Қазақстанның әр өңірлеріне тән түрлі қауымдық жұмыстарды асар деп атау қалыптасқан. Зерттеуші Б.Алтаевтың дерегі бойынша, Оңтүстік өңірде (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары) егіншілікке қатысты қауым болып атқаратын жұмыстарды да асар деп атаған. Арық қазу, арықтарды тазалау, суландыру сынды үлкен, көлемді жұмыстарды қауым болып атқаратын. Ондай жұмыстарды жүргізудің қалыптасқан тәртібі болды. Әдетте, егін салатын әр үйден, қожалықтан еңбекке жарамды мүшелері қатысатын. Жұмысқа тартылғандардың ас-суын ұжым болып көтеретін. Болашақ өнімнің көлемі мен сапасы суару жүйесінің жұмысымен тікелей байланысты болғандықтан, әрбір асарға қатысушы тапсырылған іске жауапкершілікпен қарап, жұмыс өте сапалы орындалатын. Яғни, асаршылар жалдамалы мердігер-жұмысшылардан гөрі жұмысты тыңғылықты атқаратын. Арық қазу, ескі арықтарды тазалау, үлкен құлақтарды байлау сияқты көп күшті талап ететін жұмыстар, көбінесе, қауым мүшелерімен асар түрінде атқарылғандықтары сондықтан. Б.Алтаевтың мәліметі бойынша, мұндай қоғамдық жұмыстарға әр шаңырақтан 16 мен 60 жас аралығындағы бір ер адам қатысатын. Автор өз еңбегінде асар мен мердігерлік жұмыстардың айырмашылығын аша отырып, кейбір мердігерлік жұмыстарды асаршылардың да атқарғанын өз этнографиялық және тарихи деректер арқылы көрсетеді. Бірақ, ол Оңтүстік өңірлерде мердігерлік (жалдамалы) және асар тәсілімен атқарылатын іс-әрекеттің бірте-бірте өзара жымдасып кеткендігінен, кейін осы екі ұғым бір мағынада айтылатынын жазады.

Асар шаруашылық жұмыстың тарихи формасы ретінде аталған өңірдің әлеуметтік өмірінде ерекше маңызды рөл атқарғандығын жазады. Асар жұмыс көлеміне қарай үлкен және кіші асар деп бөлінетін. Үлкен асар тоғандар мен бас арықтарды қазғанда, ретке келтіргенде бір болыс елдің шаруалары қатысатын. Мұндай ауқымды іске автор 200 ден 2000 адамға дейін қатысқандығы, тіпті, Майлықент болысында 9500 адамға дейін асарға шыққандығы жайлы деректер келтіреді. Кіші асар деп көлемі кішкене бір ауылдың адамдарының күшімен атқарылатын ұжымдық іс-әрекетті атайтын.

Сонымен, асар ауқымды (үй салу, қора тұрғызу т.б.) жұмыс орындау үшін берісі ағайын-туыс, әрісі ауылдастарды, тіпті, бүкіл руластарын көмекке тарту дәстүрі болып табылады. Демек, асарды қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың ежелден орныққан институционалдық тәсілі деуге әбден болады. Яғни, асар шаруашылық және ғұрыптық іс-әрекет саласындағы институттардың бірегейі ретінде ұйымдастырушылық және реттеушілік функция атқарды.

АСАТУ – дәстүрлі ас-тағам мәдениетінде жолы үлкен адамның жасы кішілерге табақтағы еттің сыбағалы мүшесінен дәм таттыру арқылы өзінің ілтипатын білдіретін этикалық рәсім. Ас қабылдау аяқталуға жақындаған сәтте қонақтардың жасы үлкені сый табактан уысын толтыра ет алып, басқаларға өз

қолымен асатады. Кішілер қалыптасқан әдет бойынша, асату рәсімінен бас тартпайды, етті асар кезінде ер адамдар «құлдық» деп айтады. Бұл өзінен үлкенге құрмет көрсеткені, рахмет айтқаны болып есептеледі. Ал келіндерге «асатқаным» деп, үлкен табақтан ене-абысындарының бірі сыбаға бөліп береді. Келін орнынан тұрып, жілік ұсынған (асатқан) адамға арнап сәлем салады. Сондай-ақ, табақтағы еттен қарттар жас балаларға да, өзінің атқосшы немесе жолсеріктеріне де ет асату рәсімін жасайды. Асату адамдардың арасындағы өзара көрсетілетін құрмет іспеттес. Мәні жағынан сыбаға беруге ұқсас жосын.

Деректерге қарағанда, XIX ғасырдың соңына дейін (кейбір өңірлерде қазірге дейін сақталған) Шығыс өңірінде келген мейманның етті үш түйірден қатарласа асату дәстүрі болған. Егер үш түйір етті бірден асай алмаса, қонақтың ренжу жайты да болып тұрды.

АСАУ ҚЫМЫЗ – бес күннен артық ұсталған қымыз. Құрамында спирты басқа қымыз түрлеріне қарағанда көбірек болады. Ұдайы пісіп отырмаса, аса қымыздың дәмі бұзылып ащыланып кетеді. Сондықтан асау қымызды үнемі пісіп, кейде қазының майын салып баптап дайындайды. Әдетте, асау қымыз сыйлы қонақтарға алдын ала арнайы дайындайтын болған.

Асау қымыз өзінің күші мен сапасы жағынан көне деректерден келіп жеткен қара қымыз ұғымымен үндес деп қарауға болады. Қара қымыз жайында дерек ортағасырлық Ульям де Рубруктың «Шығыс елдерге саяхат» атты еңбекте кездеседі.

АСАУ МӘСТЕК – ұлттық ойын түрі. Ойын жазық алаңда өтеді. Ойынды өткізу үшін күні бұрын арасы үш-төрт қадам, биіктігі бір құлаштай жерге қағылған екі бөренені үш-төрт мәрте айналдыра тартып арқан керіп, «асау мәстек» деп аталатын «құрал» жасалады, жерге бір-екі тақия тасталынады. Арқан үстіне көрпеше төселіп, кез келген ойыншыны құрылған асау мәстекке мінгізеді. Асау мәстекке атша мініп отырған ойыншы ишара берілгеннен кейін, жердегі тақияны алуға тырысады. Ойыншы ережені бұзбай, тақияны жерден көп мәрте көтеріп алса, сол ойыншы жеңімпаз атанады.

Ойынды жүргізетін бір адам белгіленіп, ол ортаға балалардың біреуін ортаға шақырғанда тақпақтап отырып шақырады:

Әй, ер екенің білейін,

Ешкі сойып берейін.

Тақия алсаң еңкейіп,

Құламасаң теңкейіп,

Ерлігіңе сенейін!

Өзінің ептілігін көрсеткісі келген ойыншы:

Асау мәстек бұл болса,

Үйретейін көріңіз,

Маған таяқ беріңіз, –

деп ортаға шыққанда, ойынды жүргізуші таяқты беріп тұрып:

Міне, саған таяқ,

Үшке дейін санақ,

Бір, екі, үш .., –

деп санай бастайды.

Егер ойыншы жерден тақияны көтере алмай қалса, айыпты болады, егер көтеріп алса, ойынды жүргізуші айыбын өтейді. Айыпты ойнаушылардың өздері белгілейді. Көбіне өлең айту, ән салу, қораз болып шақыру, бота болып боздау сияқты өнермен айыбын өтейді.

АСАУ ҮЙРЕТУ – жылқы түлігін шаруашылыққа қолдану үшін салт мінуге немесе арба-шанаға жегуге үйрету. Негізі жылқыны тайынан үйретеді. Мұндайда жасөспірім балалар ауыл арасына анда-санда қинамай мініп үйрететін. Бұл малдың аяғы кетіп, қолау болып қалмас үшін істелетін амал. Осылай жастайынан қолға үйретілген жылқы құнан, байтал кезінде толықтай шаруашылыққа, мініске пайдаланыла беретін. Халел Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты еңбегінде жылқысы мол ірі байлар асауды 4-5, тіпті, 8-10 жасында үйретілетінін және бұл жылқы тұқымын жақсарту мақсатында қалыптасқан үрдіс екендігін жазады. Ондай ту асауларды үйретудің өзіндік тәсілдері болған. Алайда, асау үйрету негізгі тәсілі шу асау, бұғалық тимеген жылқыны титықтатып, шаршатып салт жүруге «көндіру» болды.

Асау жылқыны ұстаудың құрық салу, шалма тастау, бұғалық салу, тұзақ құру сияқты тәсілдерін қолданған. Құрықты жылқыны қуалап жүріп ұрымтал жерден мойнына салып бауын сағалдырық тұсына келтіріп бұрай тартып тоқтататын. Бұғалық салу, шалма тастау, тұзақ құру тәсілдері арнайы есілген немесе қайыстан жасалған арқандардың көмегімен атқарылатын. Ол үшін әуелі арқанның бір ұшын күрмеп байлап, одан екінші үшін өткізіп жылжымалы тұзақ жасайтын. Шалма тастағанда арқанды шумақтап ұстап ыңғайлап алып үйірілген жылқыны жанай жүріп белгіленген малдың мойнына тастап бірнеше кісі тартып жығатын. Тұзақты тұщылайтын жерге, немесе суат маңына құрып қашаған еңкейіп басы тұзаққа дәл келгенде тартып ұстайтын. Бұғалық салғанда арқанның тұзақталған тұсын құрықтың басына сыпырылып қалатындай етіп іліп, жылқы мойнына құрықтың көмегімен іліп алғаннан соң құрықты тастай салып, бұғалықты қос қолдап тартып жылқыны тоқтататын болған.

Бұғалық, шалма, құрық, тұзақ жылқының қылта мойнына түскенде қылғындырып тартып күш алдырмай тоқтатады. Асау мал буынып талықсып жығылуға айналғанда, тұзақты сәл босатып есін жиғызбай тұралап қарулы жылқышылар қос құлағынан басын тырп еткізбей жүгендейді. Содан соң дереу ерттейді. Ерттеген аттың сулығынан арқан өткізіп байлап бір салт атты жылқышы жетекке алады. Асауға тәжірибелі жылқышы мініп біреуі мөңкіген атты жетекке алып тарта жөнеледі де келесі біреуі оны орында тұрғызбай қамшылап қуа жөнеледі. Біраз мөңкіген жылқы жетекке еріп, біраз шапқылатып, титықтатып шаршатады. Аптығы басылған асау тізгінді тыңдап, адам ырқына көне бастайды. Осы кезде жетекті босатып, шабандоз үйретуші атты өз еркімен басқарып мөңкігенін қойғанша 2-3 сағат шауып жүріп, әбден шаршатып жуасығанда таң асырады. Осылайша бірнеше күн қатарынан үйретілген жылқы адамның ырқына көніп, салт жүруге үйреніп кететін болған.

Кейбір жерлерде жылқыны мөңкуіне кедергі жасау үшін ердің үстіне жабулап үлкен киіз немесе кілем жабатын. Ол жылқының қимылын тежеп аса қатты мөңкуіне жол бермейтін.

Асау үйретуде жылқының денсаулығына зиян келтірмес үшін тым зорықтырмай, бекер шошытпай, мертiктiрмей таң асырып, суытып барып жемдеп, суарып қызыл май болмауын, аяғына қан түспеуін қадағалап баппен атқару бұлжымайтын тәртіп болған.

Тағы бір дерек бойынша, шу асау жылқының үстіне құм толтырылған қап байлап әбден тулағаны басылғанша екі жағынан жетекке алып қуалай шаршатып, шалқалап құлауын тоқтатқанша шапқылатып содан кейін ғана асау үйретуші мінетін. Бұл көрсетілген амалдар асау үйрету адамның қауіпсіздігін сақтау үшін атқарылатын.

Арба-шанаға үйрету де өзінің қалыптасқан тәсілімен атқарылатын, әдетте, жегінге салт мініліп жүрген 4-5 жасар малды үйрететіндіктен, оны асау үйрету санатына жатқызбайтын. Дей тұрғанмен де, арбаға жегуге үйретуші малды шошытпау керектігін мықтап қадағалап отыратын. Себебі, тәртеден шошыған мал жегінге тіптен жарамай үркек, шошыншақ, көткеншек болып кету қаупі өте үлкен.

Үйретілген малды шаруашылыққа, ауыл маңында ұстау үшін де өзіндік тәсілдер қолданатын, олардың қатарында арқандап бағуға үйрету, тұсау, әсіресе, шiдерге үйрету өте маңызды болды. Себебі шiдерге үйренбеген мал шаба жөнелем деп мертiгуi әбден мүмкiн едi. Ауыл маңындағы арқандаған да, шiдерлеп тұсағанда барлық амалдары аттың аттанар жағынан атқарылады, себебі қазақ жылқыны ерттеу, міну сияқты амалдардың барлығы аттанар жағынан атқаратын да, асау да соған толығымен үйренуі шарт болатын. Осылайша, дұрыс үйретілген асау ауыл маңындағы у-шуға, иттер мен бала-шағаға үйреніп үрікпейтін.

АСАУКӨК – ұлттық ойын түрі. Бұл ойынды түрлі басқосуларда үлкен-кіші, кәрі-жас демей түгел ойнай береді. Алдымен жуан арқанды жерден тізеге жетерліктей биіктікте жалаң керіп, әрбір ойнаушы қолына жарты құлаштай бір-бір таяқ алып, керген арқанның үстіне малдасын құрып отырады да:

– Өне, кетті асау көк,

Міне, кетті асау көк.

Үйретпесек болмайды,

Жылқымызда асау көп, –

деп арқанның астынан қолындағы таяғын оңнан-солға, солдан-оңға қарай алма-кезек өткізіп отырады. Арқанның астынан таяқты жығылмай отырып кім көп өткізіп алса, сол жеңімпаз болады. Ал жығылып қалғандар ән айтып, би билеп өнерін көрсетіп береді.

АСЖАУЛЫҚ – дастарханның, астың бетіне жабатын матадан тігілген бұйымның атауы. Мөлшері қолданысына қарай әртүрлі болып келеді. Ас жаулықтың тағам салынған ыдыстың бетін жабуға арналған түрі күбі, шелек, тегене, табақтың бетін толығымен жабатындай етіліп жасалса, дастархан ретінде қолданылатын үлгісі көлемі едәуір үлкен болып келеді. М.Әуезовтың

«Абай жолы» романында ас жаулық сөзі күбі шелектің бетін жапқан шүберек орамалдың да, дастарханның да атауы ретінде қолданылған.

АСҚА БАТА – дәстүрлі ас-тағам мәдениетіндегі этикет түрі, әдетте, кәделі ас келгенде жасалатын рәсімнің атауы, дастарқан басында отырған жасы үлкен құрметті қонақтың тілек айтып, бата беруі. Асты қабылдаудың алдында жасы үлкен құрметті адам немесе өзіне кәделі сыбаға арналған адам асқа бата жасайды. Сонымен қатар ас желініп болған соң дастарқаннан кәделі табақты келін сәлем салып алар алдында сыйлы қонақ немесе жасы үлкен адамдардан ас иесіне, отағасына, оның отбасына арналған жылы лебіз, ыстық ықылас, жақсы ниет, ізгі тілекті айтқызу мақсатында қауым тарапынан бата сұралады. Көбінесе үйдің кенжесі «бата беріңіз» деп, төрде отырған үлкендерге қарап, қол жайып, ишарат білдіреді. Мұны астан кейін айтылатын бата болғандықтан, шартты түрде ас қайыру деп атайды. Бата тілек ұйқасты, мазмұнды сөзбен айтылады. Ас қайырғанда дастарқан басында отырғандар түгелімен қолын жайып, бата тілекке қосылады. Сол кезде төрдегі қария:

Кетпес ырыс, кең пейіл берсін.

Кеткенін келтірсін,

Кемтігін толтырсын.

Мал аман, бас түгел болсын.

Тілегі қабыл, мұраты асыл болсын!...

Ас бергенге бас берсін,

Өмірі ұзақ жас берсін.

Кетпес дәулет, кең пейіл,

Қайырымды дос берсін! –

деген сияқты ұйқасты тіркестерді шұбыртып, тақпақтап бата береді. Мұны үй иесіне ілтипат көрсету ғана емес, дәм-тұзды құрметтеудің үлкен нышаны деуге болады.

Шаңырақ иесінің нені аңсап, нені көксейтінін аңғарған бата беруші кестелі сөзбен жиналған жиынның мақсатын, үй иесінің арманын дөп басып, ойына алған ісінің оңғарылуына тілеулестік айтады. Дәстүрлі этномәдени ортада батаның мазмұны көбінесе, мал мен бастың амандығы, ырыздықтың мол болуын тілеу тәрізді жалпы тілекпен қоса, үй иелерінің сапарға шықса жолы болуына, жас отауға жан басының өсуіне, келіннің аяғы ауыр болса, аман-есен босанып, ұл-қызды болуына игі ниет білдіру түрінде болып келеді.

Дастарқан жайып, дәм татқызып отырған үйдің үйленгелі жүрген азамат ұлдары болса, солар тілге тиек болып, бата сөздің желісіне айналады. Қазақ ортасында астан кейін ас қайырылып, үлкен адам табақты дастарқаннан алып келінге ұсынады, ол сәлем етіп алады. Кейбір өңірлерде дастарқаннан табақты алып кеткен соң ғана ас қайырылады. Мұндайда үй иесі мен оның бала-шағалары босағада тізіліп тұрып, қол жайып, батаның қабыл болуына тілектестік білдіріп, бет сипасады. Дастарқан басында отырған адамдардың ас қайырылмай орындарынан тұрып кетуі әдепсіздік болып танылады. Діни сарынды, этикалық мәнді баталардың сан алуан түрлері бар.

АСМАЛДЫҚ – сән, салтанат кезінде түйелерге жабылатын сәнді жабу түрі. Асмалдықты көбіне көшкенде немесе той-думандарда пайдаланған.

Асмалдық оюланып, әшекейленіп жасалады. Мойнына асатын немесе басына қадайтын жібек шашақты ызба түрлері болады.

Арғынбаев Х. «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» атты еңбегінде асмалдықтың Аспалдақ деген атауын келтіреді де, оны түйенің мойнына асатын әшекей безендіру аспаларды атайды деп көрсетеді. Жақып Ә. «Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі» еңбегінде асмалдық пен аспалдақ бір бұйымның атауы деген тұжырым жасайды. Яғни, жабу түрі де мойнына асатын безендіру ызбаларының да жалпы атауы асмалдық деп қорытады.

ҚР МОМ қорында (КП 25496-4) көк түсті пүліштен істелген асмалдық сақтаулы. Көлемі 212x207 см. Оның орта тұсынан қос өркеші сыятындай етіп, екі тілік тесік шығарылған. Ортасына қоңыр түсті барқыттан төрт құлақты тұлға мүйіз, ал асмалдықтың жиегін айналдыра сыңар өкше өрнегі қиыстырылып тігілген. Шетін айналдыра иірілген мақта жіптен шашақ төгілген.

АСМАН – тек Орталық Азия мен Қазақстанның Оңтүстігі мен Шығысындағы таулы аймақтардағы өзен-көлдерде мекендейтін балық. Қазақстанда асман шығысы Алакөл бассейнінің өзендері, батысы Шу-Талас өзендерінде мекендейді. Балқаш көліне құятын ең ірі өзендерде, Іледе, Ыстықкөлде кездеседі. Асманның қазақша жергілікті атаулары көкбас, ақбалық, Алтын балық, қабыршақты көкбас, қырғыз тілінде асманды алабұға, көктар деп атайды.

Асманның өзенде мекендейтін түрлері негізінен суы суық және өте таза таулы өзендерде мекендеуге бейімделген. Көлде мекен ететін түрлері Балқашта және Ыстықкөлде кездеседі.

Асман салмағы 100-400 гр арасындағы ұсақ балық. Қоңырқай сарғыш түсті, жотасының теңбілі бар. Асман көлді жердің асмандарының салмағы 3 кг.-ға дейін жетеді. Еті дәмді жұмсақ, қылқаны аз. Өндірістік маңызы жоқ, аз балықтар қатарына жатады. Асманның және бір ерекшелігі, оның іш құрылысы, ішкі жағындағы қара түсті пленкасы, уылдырықтары және желбезегі улы болып келеді. Сондықтан, балықты дайындағанда оны мұқият тазалап, ішіндегі қара пленкасын алып тастамаса, адам уланып қалады.

Қазақы ортада бала-шаға, жасөспірімдердің ермегі ретінде ауланғаны болмаса, дәстүрлі азық түрлеріне жатады деген дерек кездеспейді.

АСПА БАУ – уықтың иінінен жоғары тұстан сәндік үшін байлап, ұшын шашақтап түсіріп қоятын бау түрі, киіз үй жабдықтарының сәндік түріне жатады.

Түр салып тоқылған баудан немесе ызылған жылқы қылынан жасалатын төрт жерден шашағын төгілдіріп, әсемдік үшін тағылатын құр. Аспа баулар адамның бойы жетпейтіндей биіктікте байланады. Өйткені, ырым бойынша, аспа баудың ұшындағы шоғы адамның төбесіне тиіп кетсе, сол адам жаманшылыққа ұрынуы мүмкін. Ондай адамның жолы болмай, бақ құсы тұрақтамай, бағы қайтады дейді.

АСПА ТҰЗАҚ – шіл, құр, саңырау құр сияқты орман құстарын аулауға арналған қыл тұзақтың атауы. Аспа тұзақ тек қана қысқы маусымда

қолданылады. Аспа тұзақты 4-12 тал қылды есіп жасайды, неғұрлым аң-құс күшті, екпіні қатты болса тұзақтың жібі қалыңдау болып келеді.

Аспа тұзақ құру үшін орманның алаңқай жерінде жеке тік өскен бұтаның жоғарғы ұшына тұзақты байлап, төмен тұқыртып серіппе қылып негізгі дінгекке қосымша қылмен шүріппе арқылы бекітіледі, бүлдіргіленген тұзақ еркін салбырап тұруы шарт. Шүріппенің ұшына шетен бүлдіргендерін қыстырып қояды. Құс бүлдіргенді шоқып тартқан мезетте шүріппе орнынан босап бұта серпіле жазылып құс мойнынан тұзаққа түсіп буынып қалады. Әдетте, мұндай аспа тұзақты қырғауыл, құр, шіл, саңырау құр секілді құстарға құрады.

Ал қоян аулағанда аспа тұзақты қоянның жүретін сүрлеу жымдарына маңайда өскен бұта шілікті қолданып құрады. Мұндай да тұзақ кеңдеу етіліп, қоянның екпіндеп келіп кіруін есептеп жасалады. Тұзақтың бір басына кеспелтек ағаш байланады немесе бұталардың өзіне бекітеді де тұзақ басын жымды көмкеріп құрып қояды.

Осылайша ұсақ аңдарға, желбесін құстарға құрылатын аспа тұзақтардың жұмыс істеу принципіне қарай екі түрін қолданады. Біреуі маңындағы өскен ағаш, бұталарды иіп серіппе жасап, аң түскенде серіппе босатылып, яғни аң тұзаққа ілініп қалатын түрі болса, екіншісі түскен аң құтыламын деп жұлқынғанда тартылып қалатын түрі. Ел арасында жер жағдайына қарай аталған аспа тұзақ екі түрі де қолданылады. Қырғауыл, құр, шіл сияқты құстарға құрылған тұзақтарда, көбінесе, жем, жеміс қыстырып ұстайды, ал күзен, қоян, ақкіс сияқты ұсақ аңдардың қыстың күндері сүрлеулеріне құрып, жүру барысында тартылатын тұзақтармен ұстайды.

АСПАҚАНЫ ҚЫЛЫШ – қылыштың аса тандаулы түрі. Аспақаны қылыш – қылыштың жасалған жеріне байланысты қойылған атау. 1889 жылы шыққан қазақ мақалдары жинағында «Қатын алсаң қызылбастан ал, Қылыш алсаң Аспақаннан ал, ат алсаң арабстаннан ал» деген мақал бар. Жинақты құрастырушы қызылбасты – «парсы», Аспақанды – «Дағыстан» деп көрсеткен.

АСПАҢҒА ҰШСАМ, ҚАНАТЫМ ТАЛАДЫ, ЖЕРГЕ ТҮССЕМ, ЖАЛАЙЫР ШОРА АЛАДЫ – қайда барсаң да құтқармайды, қолға түсіреді деген мағынадағы сөз орамы. Аңызда Жалайыр Шора – қыран құстың «тілін» білген, түз бүркіттерді қолға түсіріп, баптаған асқан шеберлігімен аты аңызға айналған құсбегі.

АСПАҚТАУ – байырғы ортада қолданылған жазалау әдісі. Бірінші түрі – ауыр қылмыс істеп жазалы болған адамдарды (екі адамды) шөгерілген атан түйенің екі жағына мойнынан тұзақтап байлаған. Түйе тұрған кезде адам аяғы жерге жетпей асылып жан тәсілім еткен. Екінші түрі – шөгерілген екі түйенің ортасына өркеш тұсынан көлденең ағаш бекітіледі. Екі қолы артына қайырылып кісенделген қылмыскерді мойнынан тұзақтап, арқанды ағашқа байлайды. Түйелерді тұрғызғанда қылмыскер асылып қалады.

Есімдері ауыз әдебиетінің қайғылы образдарына айналған Қодар мен Қамқа рулық тәртіптің (шежірелік жосынның) ежелден қалыптасқан нормалары мен принциптерін өрескел бұзғандары үшін рубасылары мен билердің ұйғарымымен осындай тәсілмен өлтірілгені тарихтан белгілі.

АСПАП – адамның тіршілікқамымен байланысты қолданатын құрал-саймандар, құрылғылардың жалпы атауы. Қазақы тұрмыста, шаруашылықта аспап атаулы атқарылатын жұмыстың қызметі мен кәсіби ерекшеліктеріне қарай жіктеледі. Сондай-ақ, адамның рухани дамуына үлес қосатын музыка әлеміне қатысты бұйымдарды да аспап деп атайды. Мысалы, күрек, шалғы, орақ, сойыл, құрық сынды құралдарды шаруашылық аспаптар, халық емшілері қолданған қандауыр, үскі біз, сорғыш, қолаба, мүйіз түтік, қуыс түтік, орауыш сынды құралдарды емшілік аспаптар, таразы, төс, сымтартқыш, балға, қысқаш, көрік, қорытқыш ұсталық-зергерлік аспаптар деп кәсіби һәм шаруашылық қолданысына қарай жіктеуге болады.

Дегенмен, қолданыстағы аспаптардың «қолданушы» адамның кәсіби қызметіне қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, емшінің қандауыры мен қасапшының пышағы жалпы кесу құралына тән болғанымен, қолданыстағы мақсаты мүлдем өзге деуге болады.

Бүгінгі таңда адамзаттың техникалық жетістіктеріне байланысты терминологияда құрылымы күрделі құралдар мен өлшеу құрылғыларында аспап деп атау қалыптасты. Бұдан шығатын қорытынды, уақыт ағымына байланысты адамзаттың жетістіктеріне қарай өзгеріске түскен немесе жаңадан пайда болатын құрал-сайман атаулыны да аспап деп атай береді.

АСТАР – киім-кешектің матадан тігілген үй бұйымдарының ішінен тысына беттестіріп тігілген немесе сырылған материалының атауы. Киім-кешектің астары, әдетте, жұмсақ жұқа арзан бөз, сиса мақта-маталар қолданылатын болған. Көрпе, бөстек сияқты қабатталып тігілетін бұйымдардың астары беткі жағымен салыстырғанда қарапайымдау арзан маталар қолданылды. Мысалы, көрпенің беткі жағын декоративтік мәнді әдемі матадан немесе құрақ қылып жасайтын болса, астары бөз, сәтен, сиса маталардан тігілетін.

Маусымдық киім-кешектер жылу сақтау үшін, әдетте, арасына мақта, жүней, бидайы салынатындықтан өң беті мен астары өзара сырылатын. Күпі, шапан, кәзекей, бешпент сияқты астарлы киім-кешек тіккенде киімнің бөліктерінің (етегі, жеңі, алды т.б.) астары қоса пішіліп, бидайысымен сырылып дайындалып, тігу барысында біріктіріледі. Бас киімдердің бидайысымен қоса бөлек тігіліп соңынан бас киімге қондырылады.

Жалпы қазақ даласының климаттық ерекшеліктеріне байланысты матадан тігілген жылытылған сырт киім, бас киім түрлері көп болды. Осыған байланысты кез келген аталған киімдер астары тігілетін болған. Жеңіл маусым аралық сырт киім – жадағай, шекпен, жеңіл камзолдар мен бешпенттердің астары өңіне сырып, қабылмай тігілетін.

Көрпе, төсеніштер, көпшіктердің астарлап тігу, арасына жүн, мақта салып сырып, бедерлі ою-өрнек түсіру немесе өң бетіне құрақ салып тігу жергілікті экологиялық ахуалмен де, дәстүрлі эстетикалық талғамдармен де тікелей байланысты. Сыру тәсілі бидайының орнықты болуын қамтамасыз ететіні дәнекерлік ролін атқарумен қатар әсемдік, эстетикалық мәнге де ие болды. Көрпе, көпшік төселгенде, сырт киім киілгенде астар көрінбейтіндігі қазақы ортада мән-мағынасы көзге бірден шалынбайтын жағдайда «Астарлап

сөйлеу», «Мәселенің астары» деген сияқты сөз орамдарын береді. Бұл жерде астар көзге бірден түспесе де, тым құпия емес, біраздан соң ашылатын сыр бар деген мағынаны білдіру үшін қолданылады. Яғни, астардың киімді шешкенде немесе көрпені аударғанда көрінетіндігі негіз болса керек.

АСТАУ – ағаштан жасалатын үлкен ыдыстың және шаруашылыққа қолданылатын ұзынша келген бұйымның атауы. Тұтас ағаштан ойылып жасалатын астау дастарқанға ет салатын негізгі үлкен ыдыстың бірі болған. Әдетте ондай астау ені 40-60 см, ұзындығы 1,20 см-ге дейін жететін, шапа шотпен ойып жасалатын. Дәулетті отауларда ондай астаулар күміс шытырамен, сүйекпен безендіріліп, ою-өрнек салынып жасалатын, мұндай астаулар қонақ келгенде құрметті ыдыс ретінде пайдаланылды. Ерте кезде сопақша келген қарапайым ағаш кең қолданыста болды, кейінірек өндірістік түрде жасалатын түрлі металл табақтардың көбейуіне байланысты қолданыс аясы тарылып ұмыт бола бастады. Дей тұрғанмен, қазіргі уақытта халық шеберлері жасаған сәнді астаулар престиждік ыдыс ретінде қолданылып жүр. Ондай астауларды қолданбалы өнер туындысы ретінде жоғары бағаланады.

Ал, астау атауымен белгілі екінші бұйым шаруашылықта малға жем-тұз салуға, суаруға қолданылады. Мұндай астаулар ағаш, металл, тастан жасала береді. Әдетте, астау науадан қысқалау болып келеді, жалпы астаумен науаның қолданыс аясы жақын болады. Құмтастан қашап жасалатын астаулар батыс өңірде ХХ ғасырдың 50-ші жылдарына дейін жасалып келді, кейінгі кезде ондай астауларды бетоннан жасайтын болды.

Кейбір зерттеушілердің көрсетуінше, Үстірттегі кейбір шыңырау құдықтардың басында бірден жетіге дейін тас астаулар болған. Күнделікті тұрмыста мал суаруға арналған қарапайым астаулар үш тақтайды өзара қабыстырып екі жағынан су кетпейтіндей бекітіп жасалады. Ұзындығы 1,5-2 м. мұндай астаулар қажет жерге жылжытуға ыңғайлы жеңіл болады. Ұсақ малға жем, тұз беретін астауларға аяқ жасап, жерден 50-60 см. жоғары жасайды. Бұл астауға салынған жем-тұз тапталып аяқ асты болдырмау үшін істеледі.

АСТАУША ОЮ – сырмақ тігуде кездесетін ою. Атау ою түрінің астау пішіндес болуынан қалыптасқан болу керек. Әдетте, астауша ою сұлама желілерден құралады. Бұл оюдың идиоэтикалық семантикасы астаудың тоқшылық символы ретінде қабылданумен байланысты болса керек. Жалпы қазақ халқының ою-өрнекке қатысты эстетикалық жүйесінде түрлі артефактілер пішіндес оюлар көптен кездеседі. Зерттеушілердің пайымдауынша бұлар тиісті табиғи немесе антропогендік объектілердің магиялық қасиеті бар деген көзқарастың негізінде қалыптасса (мысалы, «тұмарша ою»), кейбіреулері – тоқшылық, молшылық (мысалы, «құман бау»), әдемілік, эстетикалық (мысалы, «сырға», «балдақ») ұғымдарының символдары болып табылатын тиісті табиғи және антропогендік объектілердің көшпелілердің шығармашылығындағы ою-өрнекпен берілген образдары. Осы қисын тұрғысынан сырмақтағы астауша ою иесіне құт, береке һәм тоқшылыққа байланысты ежелгі ырым мәнді ақ тілеудің материалданған метафоралық образ-эквиваленті болып табылады.

АСТЫҚ – дәнді дақылдардың жалпы атауы. Астық термині, әдетте, диқан еңбегінің нәтижесінде пісіп жетіліп жинауға, оруға дайын және орылып жиналған дәнді дақылдардың ортақ атауы болып табылады. Қазақ тілінде астықты алқап, астық ору, астық бастыру, астық кептіру, астық тарту, астық қоймасы, астық баулау деген сияқты астыққа қатысты іс-әрекетті білдіретін көптеген сөз тіркестері қалыптасқан. Демек, астық – бидай, күріш, арпа, тары сияқты дәнді дақылдардың пісіп жетілгеннен кейінгі жинап-сақтауға дайын күйін білдіретін атау. Қазақ тілінде егу процесі нақты дақыл түрімен байланысты болғандықтан, диқан тары егу, күріш егу, күрішке су салу деп анықтап атайтын. Жоғарыда айтылғандай, дәнді дақылдардың пісіп жетілгеннен кейін астық деп аталады. Ал, астық қору, астық ору, астық баулау, астық бастыру, астық майқандау, астық қоймалау, астық баулу сияқты шаруашылық іс-әрекеттер астықты игерудің дәстүрлі диқаншылық технологиясының тиісті циклдерін білдіреді.

Астықты қору – егін өсіп шыққаннан бастап орып алғанға дейінгі уақыт аралығындағы науқан. Егіншілікпен, мал шаруашылығымен қатар айналысқан өңірлерде егінге мал, жабайы аң түсіп кетуден қорғау үшін ор қазып, шырғалақтан қоршау тұрғызатын. Сырдың қазақтары астығын жабайы қабаннан түні бойы от жағып, даңғыра қағып, ит салып қорғайтын.

Астық қорудың өте маңызды түрі астықты дәнді дақылдармен қоректенетін ұсақ жыл құстарынан қорғау болып табылады. Шілденің ортасынан бастап қара торғай, торғай, кептер, ұзақ қарға сияқты топтасып, тіршілік ететін құстар балапандарын қанаттандырып, ұша бастағанда астықты алқапқа жаппай түсіп үлкен зиян келтіреді. Мұндайда диқан ауылы ел болып жаппай астықты қоруға шығады. Құстарды үркіту үшін дауыс шығаратын зырылдауық, балақпан сияқты құралдармен қоса, сақпанмен кесек атып, егістік жиегіне ескі-құсқы киімнен қарақшылар тұрғызатын болған.

Астық ору – піскен астықты қауызынан түспей тұрған кезінде шашау шығармай жинап алу. Дәстүрлі егіншілікте астықты қол орақпен орып немесе шалғымен шауып алатын. Уақыттың қауырттығына байланысты болғандықтан, астық ору науқанын шаруалар бірігіп асар, үме жасап, сыбай көмек жасау арқылы ұжым болып атқаратын. Ал, егіс алқабы үлкен ауқатты егіншілер астық ору кезінде арнайы орақшыларды жалдап ақы беріп орғызатын.

Астық баулау – астықты ретімен жинап, дәнін төктірмей, қырманға рәсуасыз жеткізуге мүмкіндік беретін амал.

Орақшы баулағанда құшаққа сиятындай мөлшерде жиналған баудағы дақылдың дәнін төмен қаратып, дәл ортасынан дақылдың сабағымен шүйкелеп байлайды. Осылайша жасалған баудың бастарын төмен қаратып біріне бірін сүйеп қалдырып кете беретін. Егер қырман жақын болған жағдайда баулар сол күйі сүйреткіге салынып қырманға жеткізілетін. Астық алқабы үлкен, бітімі жақсы болған жағдайда баулар дақыл түріне қарай әртүрлі көлемде қаланып ортасы қуысталған «көрсөғым» деп аталатын шөмелелерде уақытша жиналатын. Көрсөғымның ортасынан қуыс қалдырылады. Бұл баулардың базданып қызып кетуінен сақтайды. Соңынан

әлгі бауларды арбаға немесе көліктің басқа түріне артып, қырман басына жеткізеді.

Сөйтіп, оңтайлылығымен ерекшеленетін осындай шаруашылық циклді атқару бауланған астықты шығынсыз (дәні төгілмей) қырманға жеткізуге мүмкіндік беретін. Ал, егін нашар шығып астық өнімі аз, пісуі ала-құла болған жағдайда астық бауланбастан шөмеленіп көлікке жай салынатын. Себебі сирек шыққан астықты баулау көп уақыт алатын. Яғни, жұмсалған еңбекке татымайтын тиімсіз іс-әрекет болып табылады.

Астық бастыру – бауланған астық қырманға жеткізілгеннен соң, қырман басына біркелкі ретпен төселінетін де, үстіне қырман ортасына орнатылған дінгекке байланған малды айналдыра жүргізу арқылы дәні қауызынан ажыратылады. Астық бастыруға қазақ диқандары жылқы, түйе, өгіз сияқты салмақты ірі малды қолданатын. Үлкен қырымдарда төрт-бес өгіз, жылқыны қатар байлап, үстіне ересек баланы отырғызып дінгекті айналдыра жүргізілетін.

Астықты уал, малатаспен бастыратын тәсіл де кеңінен қолданылған. Жегін әбзелдерін қолданып, жылқы, түйе, өгіздерге малатас немесе үлкен бөренеден жасалған уалға жегіліп астықты бастыратын. Асты жақсы етіліп тегістеліп, топырағы шықпайтындай тапталған тегіс қырманда уал, малатаспен бастыру тиімді болды.

Этнограф Дж. Кармышева қазақтардың егіншілікпен байланысты әдет-ғұрыптары жайлы жазылған еңбегінде астық басқан малдың үстінде отырған жасөспірімдердің осындайда айтатын төмендегідей өлең жолдарын келтіреді:

Оптыр майда, осы майда
Майда болмай болмайды
Сабағы саған пайда
Дәні маған пайда –

Әрі қарай автор астық бастыруға келген тілектес адамдардың «қырман тассын, обы ассын» деп сәлемдесетінін айта келе, «оп» сөзінің екі мағынасын келтіреді. Біріншісінде оп – жұптасқан дән бастырып жатқан малдың атауы; екінші мысалда «оп» сөзі сол дән басқан жылқы, өгіздерді байлау үшін қырманның ортасына орнатылған дінгектің атауы.

Астық бастыру барысында дән қауызынан ажырап төмен түседі де, бетінде сабаны қалады. Топан аралас дәнді қазақ майқан деп атайды.

Астық майқандау – бастырылып болғаннан соң сабаннан ажыратылған астық қауыз-топаны, шөп-шаламы, шаң-топырағы аралас күнінде қырманның шетіне жал болып жиылады. Майқан деп аталатын мұндай астықтың дәндерінің ылғалдығы жоғары болады. Астықты шөп-шалам, топаннан ажыратып, ұшырып, аударыстырып ылғалдығын төмендету, кептіру жұмыстарының кешенін астық майқандау деп атайды.

Астық бастыру барысында босатылған майқан арнайы жерге жиылып, ағаш күрекпен араластырыла отырып көтере лақтырылады. Бұл астық дәннің ылғалдығын төмендетіп, астыңғы қабаттағы дәнді жоғары шығарып, астықтың күннің көзінде тез кебуін қамтамасыз етеді. Астық майқандау процесінде күннің ашық болуы да, аздаған желдің есіп тұруы да өте маңызды рөл

атқарады. Желдің өтінде жеңіл топан, қауыздар ұшып дән тез тазаланатын болған. Астық майқандау дән толықтай тазаланып, құрғағанша жүргізіле беретін жұмыс. Дәнді арнайы себеттермен немесе шелекпен бірнеше дүркін ұшырып, толық кепкенше атқарыла береді. Дәнді желдің көмегімен тазалау дән ұшыру деп аталады.

Айта кететін жайт, XIX ғасырдың соңғы кезеңінде астықты майқандауға қазақ егіншілері механикаландырылған «веялка» деп аталатын құралдарды кеңінен қолдана бастады. Осы және басқа да өндірістік түрде жасалған құрал-қондырғылардың сатылымға көптеп түсе бастауы жұмыс өнімділігін әлденеше рет арттырып, қазақ диқандарына өндірістік көлемде астық өндіріп, сыртқы сатылымға шығаруға мүмкіндік берді.

Толық кептіріліп, тазаланған астық бөлініп, қамбаларға салынады. Оны қазақ қырман көтеру деп атайды.

Астықты бөлу – ұжым болып егілген астықты ору, қырман басындағы жұмыстар аяқталып, дән жиналып, түсімі саналғаннан соң әрбір ұжым мүшесіне тиесілі бөлігін шығару үрдісінің атауы. Сондай-ақ, астық бөлудің қырман көтеру деген атауы да кездеседі.

Астық бөлу үрдісі түрлі жосын-жоралғылармен, ғұрыптық іс-әрекеттер астасып жатады. Қазақ диқандары астық бөлуді ымырт үйірілген кезде бастайды. Бұл келелі істі бастағанда тіл-көзден сақтану шараларымен байланысты болса керек. Астық бөлуге адам дәрет алып, кешкі намазын оқығаннан соң келетін. Астықты бөлу беделді, сыйлы адамның қолына күрек алып астық үйіндісінің орта тұсынан «бисмиллә» деп сызық жүргізіп оңға қарай айналдырып шығудан басталатын. Астықты белбеулеу деп аталатын бұл ырым Диқан бабаның батасын алып, шапағатын бөлесін дегенді білдіреді. Қазақ диқаншыларының наным-сенімі бойынша, Диқан баба егіншілік іс-әрекеттерімен байланысты атқарылатын барлық үдерістерде қорғаушы, желеп-жебеуші ретінде үлкен рөл атқарады.

Астық бөлу барысында қырман басында құрбан шалынып дәннен әлімботқа пісіріліп елге таратылатын. Әлімботқаға қырман иесінің әйелі жаңа жиналған астықтың дәнінен пісіріп, көрші-қолаңды дәм татуға арнайы шақырылатын. Жиналған жұрт дәм татқаннан соң, Құран оқылып, пірлерге дұға бағыштап, игі іске батасын беретін. Қырман басына келген адамдар «қырман толсын», «Қыдыр қонсын», «қырман тассын, обына ассын» деген сияқты ізгі ниетті білдіретін бата-тілектерін айтып, келген басқа адамдарға кеусен деп аталатын сыбаға таратылатын дәстүр болды. Мұндай Аққұла деп аталатын садақа тек астықтан емес, егіншілік түсімнің барлық түрінен таратылатын. Аққұла дәстүрлі ортада жағдайы төмендерге көрсетілетін әлеуметтік көмек ретінде де қабылданатын. Астық бөлініп болғаннан соң әр қожайын алынған түсімнен үшір, ғұшыр деп аталатын салық төлейтін. Үшірдің мөлшері шарифатқа сай өнімнің 1/10 бөлігін құрайтын.

Астық қоймалау – барлық салық төлемдері мен садақа, сыбағалар таратылып болғаннан соң, кейінгі атқарылатын үлкен жұмыс – астық қоймалау. Астықты ысырапсыз көгертіп, шірітпей, кеміргіштерге тиістірмей сақтап қалу өте көп еңбекпен ыждаһаттылықты талап ететін іс-әрекеттер

қатарына жатады. Ертеректе қазақ егіншілері астықты су жиналмайтын биіктеу жерден шұқыр, ұра қазып қабырғаларын дүмпуішпен ұрып тығыздап алып, қыштың беріктігіндей жағдайға жеткізе от жағып қыздыратын. Оттың қызуымен түрлі жәндіктер мен өсімдік тамырлары жойылып, ұра көп уақыт астық сақтауға жарайтын. Астықты ұраға бос салып, үстіне қалындап сабан төсеп, оның үстіне лай салып, сылап бекітіп тастайтын. Осындай жерден ұра қазып жасалған қамбаларда тары, бидай секілді дәнді дақылдар бір-екі жыл бойы бұзылмай сақталатын.

XIX ғасырдың соңында бидай егу деңгейі күрт өсіп, егіншілік алғаш өндірістік салаға ұласа бастаған кезде, астық қоймалаудың түрлі прогрессивтік формалары енгізіле бастады. Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта астық қоймалау дербес өндірістік салаға айналып, қазақ жерінде түрлі элеваторлар мен арнайы технологиялық қондырғылармен жасақталған астық қоймалары қолданысқа енгізілді.

Сонымен, жоғарыда келтірілген мәліметтерден-ақ, астықтың қазақтың дәстүрлі тіршілікқамаы жүйесінде де, малды азықтандыруда да аса көрнекті орын алғандығын айқын аңғаруға болады. Астық өндіру өте көнеден дамыған кәсіп болғандықтан, оны өсіру, өңдеу, сақтау және азық ретінде тұтыну әрекеттері міндетті түрде түрлі жосын-жоралғылар мен ғұрыптармен астасып жатады. Мұндай жосын-жоралғылар дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік-шаруашылық қатынастың үйлесімділігін әрі астық өндірудің табиғи-экологиялық, технологиялық дәстүрлі нормаларын бұлжытпай орындауды қамтамасыз етудің институционалдық һәм идеологиялық негіздемесі функциясын атқарды.

АСЫҚ ОЙЫНДАРЫ – қазақ халқының қойдың асығымен ойналатын кең тараған ең әйгілі ойындар топтамасының атауы. Асық ойыны мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі ортаға тән бірегей ойындар қатарына жатады.

Асықтың түрлері. Асық ойындарына, әдетте, қойдың және ешкінің асығы қолданылады. Сиректе болса кездесетін балалар арасында ерекше бағаланатын асықтың түрі – арқардың немесе таутекенің асығы. Қой асығынан ірілеу болып келетін құлжа, қолқар деп аталатын бұл қоңыр аңның асықтары өзінің салмағымен ерекшеленеді. Осыған байланысты құлжа, қолқар сақа ретінде қолданылады. Ешкінің асығын қазақ балалары ешкімек (өкіршік) деп атайды да, олар онша бағалана бермейді. Киіктің асығы шүкейт деп аталады. Шүкейт де қой асығымен шендес болғанымен, одан салмақтылау келеді. Жоғарыда аталған құлжа, қолқар және шүкейттің ату асығы ретінде қолданылатындығы сондықтан. Қозы-лақтың, тоқты-тушалардың кішкентай асықтары кентай асық деп аталады. Балалар ойынына сиырдың, түйенің асықтары да қолданылатын, алайда олар асық ойынымен тікелей байланысты бола бермейді. Асықтың бұл түрлерін әр жерде сомпа, сақа, топай деп атайды.

Сақа иірген кезде алшысынан түсуге бейім болсын деген мақсатпен кейде балалар асықтың тәйке жақ қырын егеп тегістейді. Сақаның салмағын арттыру үшін шіге жақ шұңқырына тесік жасап қорғасын құяды. Кейде қорғасында асықтың алды-артын белдеулетте ойық жасап қорғасын құяды. Мұндай асықты

мойнақ сақа дейді. Әшекейлеудің кең тараған бір түрі асықтарды бояу. Ауыл балалары шешелері жүн бояп жатқанда, қазандағы бояуға асықтарын салып жіберіп, боятып алады. Асық ойындарында мұндай боялған асықтар әлбетте бағалырақ болады.

Асықтың қырларының атауы. Асықтың ойыстау беті – алшы, кері жақтағы жазықтау келген жері – тәйке, ойыс беті – шік, дөңестеу келген екінші беті – бүк, жілікпен тұстасып тұрған қыры – омп, толарсақпен байланысатын доғал басы шомпа деп аталады. Ал, Жетісу қазақтары омпаны оңқай, ал шомпаны солақай деп атайды.

Сонымен бірге, оң аяқтың асығын да оңқай, сол аяқтың асығын солақай деген атау да кездеседі. Адам баласының көбі іс-әрекетін оң қолымен атқаратындықтан, оңқай асық ойыншылар арасында жоғарырақ бағаланады.

Асық ойындарын бастар алдында кезекті асық иіру арқылы анықтайтын болғандықтан асық қырларының жатуының да әртүрлі дәрежелік мәнісі бар. Асық иіргенде бірінші орында иірген асықтың алшы түсуі, екінші орында тәйке, үшінші орында бүк, төртінші орында шік түсуі болады. Асықтың алшы түсуі ең ұтымды болып есептеледі. Бұл жайт, тіпті, адамның табысқа жеткендігінің, белгілі бір жағымды оқиғаға байланысты қуанышқа кенелгендігінің, сондай-ақ, шынайы бата-тілектің символына айналды. Мысал ретінде ана тілімізде жиі айтылатын «асығы алшысынан түсті», «асығың алшысынан түссін» деген фразеологизмге айналған сөз орамдарын айтуға болады.

Кейбір жағдайда асық қырымен жантайып түссе қынжы, жантай түсті дейді.

Асық ойындарының түрлері. Төменде аталмыш ойын түрлері осы мәселені дендеп зерттеген Б.Төтенаевтың және басқа да авторлардың материалдары бойынша беріліп отыр.

Алшы – ойыншылар алдын ала келісім бойынша асықтарын қатарлап тігеді. Тігілген асықты сақамен атқанда, сақа асықты қағып өзі алшысынан түссе ойыншы қағылған асықты алады. Асық пен сақаның жатуы бір-біріне сәйкес болса (екеуіде тәйке, бүк, шік, алшы түссе) қағылған асық алынады. Егер де сақа мен асықтың түсуі бір-біріне сәйкес болмаса, асық алынбайды, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын тігілген асықтар таусылғанша ойналады.

Оңқа – асықтар жоғарыда көрсетілгендей тігіледі де, ортасындағы бір асық оңқа тұрғызылады. Ойыншылар кезектесіп тізілген асықтарды ата бастайды. Ойынның мақсаты – сақа мен оңқа тұрған асықты қағу. Сақа мен оңқаға тиген жағдайда тігілген асықтардың бәрі сол ойыншыға тиеді. Сақа оңқа асыққа тимей жанындағы асықтарды қаққан жағдайда ойыншы сол қағылған асықтарын алады. Ойын көнге тігілген асықтар таусылғанша ойнайды.

Асық ату – екі-үш қадамдай шеңбер сызылып ортасына асықтар тігіледі. Әр ойыншының көнге қоятын асықтар саны алдын-ала келісіп алады. Әр ойыншы шеңбердің ортасына сызық жүргізіп асықтар сол сызыққа тігіледі. Б.Төтенаевтың айтуынша, сақаларын үйіру арқылы ойын кезегі

анықталғаннан соң он қадамдай жерден кезектесіп «тігілген асықтарды сақамен ата бастайды». Шеңбердің сыртына шыққан асықтан ойыншы алып отырады. Тігілген топтан шығып қолға, бірақ шеңбердің сыртынан асықпен атын шеңберден шығарып салуы тиіс. Шеңберден шықпай қалған асық қайта тігіледі де, кезек келесі ойыншыға өтеді. Ойын тігілген асықтар біткенше ойналады.

Хан – ойын басталғанда әр ойыншы бес-алтыдан асықты ортаға шығарады. Түсі өзгешелеу бір асықты «хан» сайлайды. Осындай кемі ортадағы барлық асықты уыстап алып иіреді. Асықтар жерге түскенде кезегі келген ойыншы «хан» асықтарды атады. Асық ату шарты бойынша атылатын асықтар «хан» түсуімен бірдей болуы керек, мысалы, «хан» алшы түссе тек алшы жатқан асықтар атылады, бүк түссе бүк түскен асықтар атылады. Осы ретте, асық ойынын зерттеген ғалымдардың ішінде Б.Төтенаевтың мәліметі өзінің дәйектілігімен ден қойдырады. Бұл зерттеуші өзінің басқа әріптестеріндей емес, ойыншының алдын ала келісілген шарт бойынша, «атылған асықтың басқа асықтарды қозғамау керектігін» нақтылап айтады. Олай болмаған жағдайда, – дейді зерттеуші, әлгі тәртіп бұзған ойыншының кезегі келесі ойыншыға өтуі тиіс. Осылайша асықтар азайған сайын асықтарды қағу оңайлай береді. Ортадағы асықтар таусылғанша ойнала береді. Сондай-ақ, аталмыш зерттеушінің тағы бір ерекше назар аударарлық мәліметіне сәйкес, «хан» ойының және бір шарты бойынша, бірінші рет асықтарды топтастырып иірген кезде «хан» басқа асықтарды астында қалып көрінбей қалса «ханды» қара басты «хан» болды деп, ойыншылар жерде жатқан асықтарды таласып-тармасып әр ойыншы өзіне алуға тырысады». Бұл «хан талапай» деп аталады. Асық азайған кезде, «ханмен» ататын асық болмай қалса ойын жаңадан басталады.

Төменде «Хан» ойының бір нұсқасы Ә. Марғұланның архивтік жазбаларынан М.Бүркітбайұлы деген автордың «Дала уәлаяты» газетінде басылған мақаласының негізінде беріліп отыр.

Ойынның шарты бойынша, бала басы асықтарын шығарады, қызыл түсті бір асықты «хан» сайлайды. «Хан» асықты иіреді, ол алшы түскен жағдайда ортадағы асықтар талапайға түседі. Мұны да «хан талапай» деп атайды. Ал басқаша түскен жағдайда (тәйке, бүге, шіге) «хан» асықты жеке қойып қояды. Содан соң балалар кезектесіп өз сақаларын иіреді. Кімнің сақасы «ханның» тұрғанына (тәйке, бүге, шіге) сәйкес келсе, кезекті сол алады. Кезек алған бала сақаның жатысына сәйкес асықтарды қағады. Мысалы, сақа тәйкі түссе жердегі асықтардың тәйке түскенін басқа асықтарға тигізбей қағу керек. Сақа немесе қағылған асық басқа асыққа тисе ойын кезегі келесі балаға өтеді. Ойын осылайша көндегі асықтар таусылғанша жалғаса береді. Ойын соңында ұпай саналады. Ұпай асықтардың санына және түсуіне қарай есептеледі. Мұндайда алшы төрт ұпай, тәйке үш ұпай, бүк екі ұпай, шік бір ұпай деп алынады. Ұпайы көп бала ұтқан болып саналады. Жеңілген немесе ойыннан бас тартқан ойыншыға шіге дүп салады. Шіге дүп дегеніміз – айыпқа тартылған баланың шекесіне асықты қойып жұдырықпен ұрады немесе асықты ұртына тығып сыртынан шертпек салады.

Үш табан – асықтар бір сызық бойынша тізіліп қойылады. Тізілген асықтардан бір жағына қарай үш табан өлшеніп, сол бойынша шеңбер сызылады. Содан соң, сақа иіру арқылы ойын кезегі анықталады. Ойын шарты бойынша ойыншы тізілген асықтарды сақасымен атып шеңбердің сыртына шығару керек. Асық шеңберден шықпай қалған жағдайда кезек келесі ойыншыға келеді. Келесі ойыншы, алдымен, шеңберден шықпай қалған асықты сақамен иіре соғып, шеңберден шығарады. Содан кейін тізіліп тұрған асықтарды атып шеңберден шығаруға тырысады. Ойын барлық асық қағылғанша жалғаса береді.

Екеу ара ойналатын асық ойындары. Асық иіру (бұл ойынды ересек адамдар да ойнай береді) – екі адам қатар сақаларын иіреді. Кімнің сақасы алшы түссе сол ұтқан болып есептеледі. Есеп айыру асықпенен саналады. Әр ұтысқа бір асықтан салынады. Бұл ойынның түрінде сақаның сапасы өте үлкен рөл атқарады, яғни, асық иіру ойынында құлжа, қолқар сақалар, егеліп қорғасын салынған сақалар ойыншыға артық мүмкіндік береді. Айта кететін жайт, бұл ойын құмар ойындармен ұштасып жатады, яғни ересектер арасында ұпай саны ақшамен есептелуі де мүмкін.

Құмар – бұл негізінен ересектер ойнайтын ойын түрі. Құмар көбіне көнге ақша тігіліп ойналатын ойын. Бұл жерде де ұпай саны асықтардың алшы, тәйке, бүк, шік түсуіменен есептеледі. Төрт асық бірдей алшы түссе төрт ұпай, төрт асық бірдей тәйке, бүк, шік түссе екі ұпай саналады. Асықтар әртүрлі түскен жағдайда ұпай саналмайды. Құмар ойынында сақаны иіру кезегі және қанша рет иірілетіні алдын ала келісіледі. Бірінші кезекте ойынды, әлбетте сақасы алшы түскен ойыншы бастайды.

Балалар арасында асық ойыны, әдетте көктем шығып, жер қарайғаннан бастап жаздың соңына дейін ойнайтын. Бұл дәстүрлі көшпелі өмір салтының циклдық ерекшеліктерімен байланысты туындаған қажеттілік. Бұл көктеу, күзеу кезінде көштің бір орында көп тұрақтамауы және бала-шағаның қолы шаруашылықтан босамауынан болған болса керек. Ел жайлауға қонғанда қол босап, балалардың асық ойнауға уақыты көбейеді. Дей тұрғанмен, дана халық «Асық ойнаған озар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып көтен жеген озар» деген мақалменен өскелен жастарға адамға негізгі құндылық еңбек екенін ескеріп отырған.

Асық ойыны өте көнеден қалыптасқан дәстүрлі ойындар қатарына жататындықтан, асыққа байланысты түрлі ғұрып, ырым-тыйымдар қалыптасқан. Мысалы, мал төлдеп жатқанда балалардың асық ойнауына тыйым салынады. Бұл мал иелері (Қамбар ата, Шопан ата, Шекшек ата, Ойсыл кара, Зеңгі баба) шамданады деген наным-сенімге негізделеді.

Яғни, мезгілсіз ойналған асық ойыны төлдің шығын болуына себепші болады екен деседі. Сондай-ақ, дәстүрлі қазақы ортада асықтың етін мүжу қуаншылық пен жұт шақырады деп санайтын. Бұл ырым-тыйым «алты жыл аш болсаң да асық мүжіме, тоқ болсаң да тобық мүже» деген мәтелдің қалыптасуына себепкер болды. Далада жатқан қу асықты ойынға қолданбайды. Өйткені, қу сүйек, қазақы пайым бойынша, жансыздықтың һәм өлім-жітімнің символы болып табылады.

АСЫҚТЫ ЖІЛІК – малдың санының (артқы аяғының) орта тұсында орналасқан жілік, дәстүрлі ас-тағам мәдениетіндегі ғұрыптық мәнге ие кәделі мүше. Қойдың асықты жілігі күйеу мен жас келіннің кәделі сыбағасы болып табылады. Бұл жайтты асық жіліктің дәстүрлі наным-сенімдегі өсіп-өну, өркендеу идеясымен сабақтастығымен байланысты түсіндіруге болады. Жас малдың асықты жілігін өңдеп бесіктегі балаға арналған несепағар – шүмек жасайды. Аңның және жас малдың асықты жілігі ұзын, әрі жіңішке келеді. Құсбегілікте оны өңдеп, бүркіттің ішін тазалайтын және қоясын түсіретін түтік жасайды.

Асықты жілік әлбетте асығымен бірге қосылып асылады. Қазанға салынарда асығын буын тұсынан бөліп алып салады. Ет турайтын адам асық жіліктің етінің жартысына жуығын немесе үштен (төрттен) бірін дастарқан басында дәстүрлі тәртіп бойынша үлестіргеннен кейін жілікті кәделі сыбаға ретінде жас келінге ұсынады. Қыздың төркініне келген күйеу балаға да асықты жілік тартылады. Осыған байланысты асықты жілік келін және күйеу балаға арналған табаққа салынады. Жіліктің етін жеген соң, асықты жіліктен ажыратып, жілікті пышақтың көмегімен тазалап мүжиді. Алайда, жіліктің асығын тазалап мүжімейді. Оны тек үй иесі ғана пышақпен қырып тазалайды. Осыған орай қазақы ортада аш болсаң да асық мүжіме, тоқ болсаң да тобық мүжі деген тұрақты сөз орамы қалыптасты. Бірақ, сүйекті, соның ішінде асықты мүжіят тазалау асқа кепиет, мал төркініне обал болмасын деген ұстанымға байланысты болса керек.

АСЫҚТЫ ЖІЛІК ҰСТАТУ – бала асырап алу рәсімінде атқарылатын ғұрып. Кіндігінен баласы жоқ адамды қазақ қауымы «кубас» атап, үлкен орны толмас кемістік қатарына жатқызылған. Осындай жағдайда ересек баланы асырап алу кезінде оған асықты жілік беру – асырап алушы мен берушінің арасындағы ризашылығымен қоса құқықтық мәнді символдық функция атқарды. Яғни, екеуара келісімді білдіретін. Басқаша айтқанда, жілік ұстатушы мен жілікті алған баланың ара қатынасы осыдан былай заңды түрде әке-бала деп саналатындығын құптайтын өзіндік «акт» болып табылады. Кейбір жағдайда дау-дамай туындап, туған әкесі баласын қайтарып алуға ниет білдірген жағдайда асырап алған әкесі «оң қолына жілік ұстатып едім ғой» деп қарсы дау айтуға құқылы болған. Х.Арғынбаевтың дерегінде, әдетте, 5-6 жасар ұл баланы асырап алғанда асықты жілік ұстату рәсімімен қоса ашамайға мінгізу жорасын жасайтын. Мұны бала жана отаудың мүшесі, осы үйден атқа отырды дегенді білдіретін қосалқы рәсім деуге болады.

Дәстүрлі қоғамда ұл бала асырап алу сәтінде асықты жілік ұстату жосыны кең тараған өзара анттасуды білдіретін үрдіс болған деп тұжырымдауға болады. Ы.Алтынсариннің еңбегінде «Тазша бала» ертегісіндегі асықты жілік ұстату рәсімі туралы төмендегідей сюжет келтірілген: бай: «балам, сен біздікінде қал, маған бала бол. Бір құнан қойды сойып, асық жілігін етімен өзің жеп той». Сюжеттің қисыны, әлбетте, әлгі байдың тазша баланы асырап алу ниетін білдіруге саяды.

Көбінесе асықты жілік ұстату рәсімі көпшіліктің алдында, куәгерлердің көзінше атқарылатын. Бұл жілік беруші ге де, жілікті ұстаушыға да

жауапкершілікті міндеттейтіндігін білдіреді. Сонымен, асық жілік ұстату естияр ұл баланы асырап алуды ғұрыптық жосынмен заңдастырудың тәсілі ретінде қарастыруға болады.

АСЫЛ ТАС / КӨЗТАС – зергерлік бұйымдарды, тұрмыстық заттарды, қолөнер бұйымдарын әшекейлеу үшін қолданылатын түрлі-түсті табиғи тастар. Қазақ зергерлері асыл тас қатарына жартылай асыл тастарды да жатқызады. Бірақ, соңғысының бағалануы асыл тасқа қарағанда, әрине, төмен болды. Дәстүрлі қолөнерде асыл және жартылай асыл тастардың төмендегідей түрлері қолданылды: айтас, жақұт (яхонат), жарқырауық, ақық (сердолик), лағыл (рубин), қыстас, інжу (жемчуг), маржан (коралл), дүр маржан, ләйлік тас, гауһар (жауһар), жұмсақ көріктас, құбылтас (александрит), сутас (хрусталь), седеп (перламутр), көктас (малахит), меруерт, зұбаржат (хризолит), асфар (топаз), опал, березе немесе көктас (бирюза), санбадат, зүмірт (изюмурд), тас моншақ, зертас (яшма) және т.б.

Асыл тастардың сәулені шағылыстыру қасиеті, жылтырақтығы, қырларының ерекшелігін қазақ зергерлері де кәдеге жаратқан, зергерлік бұйымдарға «көз» (көзтас) ретінде салған. Оларды қырлап, өндеген және оңдай жағдайда көзі өткір болып, ешбір ақауларсыз тегіс майда болуы қадағаланған. Асыл тастарды әуелі ұсақ ара егеумен өткір кескіш құралмен кесіп алған соң, қажетінше тегістеп тесіп жылтыратқан. Ең соңында қырлап, ұяшықтарға бекіттіп орнатқан, түрлі желіммен бекітіп тістермен құрсауланған. Әшекей бұйымдарға өңделіп, белгілі бір формаға келтірілгеннен кейін салынатын әртүрлі табиғи асыл тастарды халық «көз» деп те атайды. Тастардың бұлай аталуы тегін емес. Өйткені әшекейге салынған әрбір тас бәрін көріп, бағып тұрған сиқырлы күш ретінде түсінілген. Қазақтар інжу көзге түскен ақты, кәріптас немесе жақұт жемсауды емдейді десе, маржан тіл-көз тиюден сақтайды, сәдеп қарғыстан қорғайды, березе бақыт әкеледі деп сенген. Зейнет пен қуаныш тасы деп танылған ақыққа қай уақытта да сұраныс мол болған. Сондай-ақ, гауһар, лағыл, сутас, сыңғыр, меруерт сияқты бағалы тастар да қолданылды.

Асыл тастардың түсі жастық ерекшеліктің айырымдық белгісі ретінде де қолданылған. Мысалы, жас қыздардың бұйымдары қызыл тастармен көбірек әшекейленген. Мұсылмандық күшейе бастаған кезде таспиықтарды қымбат тастардан жасау орын алған.

Асыл тастардың көпшілігін зергерлер сатып алып отырған, ал кейбірі қазақ даласынан да табылып жатты. Түсті шыны салу, көгілдір тынеке жүргізу арқылы да жасалған әшекейлер көптеп кездеседі. Кей зергерлер түсті шынылар болмай қалған уақытта, түссіз шынының астына қызылды-жасылды мата төсеп немесе шыныны бояп салған. Әшекей бұйымдарға көз көбіне тіл-көзден сақтану мақсатында қондырылған. Дәстүрлі қазақ тұрмысында тастарға деген оң көзқарас бүгінге дейін сақталып отыр және қазіргі заманғы зергерлер арасында да тастар кеңінен қолданылады.

АСЫРАП АЛУ – баласы жоқ адамдардың басқа адамдардың баласын асырап алу салты. Перзент сүймеген жандар, әдетте, баласы жоқ отбасы, тұқым үзілмесін, аты өшпесін деген мақсатпен жақын ағайындарының, тіпті,

болмаса жамағайын немесе басқа рудың адамдарының баласын асырап алатын. Баланы асырап алу рәсімі көптеген жосын-жоралғыларды атқару негізінде орындалатын. Ондай жосынның негізгі дені асырап алу барысында екі тараптың (асырап алушы және беруші) іс-әрекетін заңдастыру, баланың құқын қорғау бағытында атқарылатынын атап кету керек. Асырап алу салты тек қана туысаралық емес, кез келген жетімді, соғыста қолға түскен балаларға қатысты да атқарылатын.

Жетімді асырап алу үрдісі көптеген қазақ ертегілерінің желісіне арқау болады. Мысалы, «Тазша бала» ертегісінде жетім тазшаны бай асырап алып, қолына асықты жілік ұстатады. Жалпы көптеген ертегілерде жетімдердің біреуге бала болуы жиі кездесетін сюжет.

АТ¹ – бес жастан асқан піштірілген жылқы. Піштірілмеген, алты жасар жылқыны қазақ айғыр деп атайды. Бес жасар айғырды дөнен айғыр, үйірге қосылмаған жас айғырды сәуірік дейді. Қазақ алты жасқа дейінгі еркек жылқыны жасына қарай құлын, тай, құнан, дөнен, бесті деп жіктейді. Жылқы малы бестісінде жетіліп, кемеліне келеді, бестен асқан еркек жылқының жасын анықтамай айғыр, ат деп атау заңды құбылыс. Қазақ малшылары жылқыны шаруашылықта қолдануға байланысты іріктеу әрекеттерін төрт, бес жасынан бастап атқаратын. Бес жасар, үйірге салынған айғырды бесті айғыр деп атау осы ағымдағы нәрсе деп тануға болады. Х.Арғынбаевтың көрсетуінше, алты жастан асып, түрлі себептермен (бел кету, ауыру, мертігу т.т), айғырында піштірілген жылқыны қазақ азбан деп атайды. Дөненінде немесе бестісінде піштірілуі жылқының денсаулығына, күш-қуатына нұқсан келтірмейтін, қайта ақта етілген мал тез ет алып семіріп, жыныс бездерінен айрылғандықтан мінез құлқы жайлы, оғаштық танытпай тез жуаситын болады. Осы себептерге байланысты, бір жылы туған еркек жылқының ішінен айғыр таңдалып алынғаннан соң, басқалары піштіріліп (ақталып) қолданыс аясына қарай салт мінуге, арба-шанаға жегуге үйретіледі. Әдетте, аттарды мінез-құлқына, төзімділігі мен күшіне, жүйріктігі мен жүрісінің жайлылығына қарай қолдану бағытын таңдайды. Салт мінуге аяңшыл, ұзақ жүріске шыдайтын, желісі жайлысы таңдалынатын, жорға болса, тіпті, ерекше құндылық ретінде бағаланатын.

Шабан ат көбінесе қой бағуға, кәрі-құртаң, бәйбішелер мен бала-шаға ауыл арасы шарушылыққа қолданатын болған. Қашаған қуғанда, асауды ұстағанда жылқышылар ұшқыр, сезімтал, мінезі елгезек аттарды арнайы үйретіп мінетін болған. Көптеген жағдайда осы мақсатта ерен ұшқыр, жылқышының еркіне көнетін епті, жүйрік биелерді құлындатпай, бедеу қылып ұстайтын болған. Арқасы мықты, кеуделі, күшті, ұзақ жолда талмай жүретін шомбал аттарды ертеректе әскери мақсатта, жорыққа шыққанда қолданатын болған, ондай атты «ерте шапса кешке озған», «арыстан жалды», «жал құйрығы тоқпақтай» деп күтіп, бабында ұстап, қызылмай қылмай мінуге тырысатын. Кіре тартуға, арба-шанаға жегуге төзімді, үрікпейтін, сабырлы мінезді, шомбал, кесек біткен күшті аттар іріктеліп, арнайы үйретуден өтетін.

Қазақ тілінде кең мағынада жылқы сөзі іс-әрекетпен байланыссыз байлық, құндылық деген мағынада қолданылады: «жылқылы бай»,

«мыңғырған жылқы», «бір көлден сексен мың жылқы суарған», ал іс-әрекетпен байланысты жағдайда көбінесе ат сөзі қосылып қолданылады. Мысалы, «атты әскер», «жорыққа аттану», «ат басын тіреді» және т.б. Осы заңдылыққа байланысты «аты көп бай» немесе «жылқылы әскер» деп айтылмайды.

Мысалы, салт атты ұғымында негізгі объект атқа салт мінген адам, сондықтан да жылқының жасы мен жынысын айқындамай ат деп қана айтылады. Мысал ретінде, ат міну, ат басын бұру, ат ерттеу, ат арқандау, ат әкелу сияқты көптеген атаулар мен ұғымдарды айтуға болады. Ал жеке, белгілі бір жылқы жайында сөз болған жағдайда аталған әрекеттер сол жылқының жыныстық, жастық және түсінің ерекшелігін нақты атап көрсету арқылы айтылады (мысалы, бурыл айғырға міну, торыны ерттеу, жирен биені арқандау деген сияқты). Қазақы ортада ат атауымен тығыз байланысты көптеген өлшемдер мен мөлшерді білдіретін ұғымдар тобы бар. Мысал ретінде ат шаптырым, ат аяғы жетер жер, ат бойы, ат арытты, ат төбеліндей деген сынды атауларды айтуға болады.

Шаруашылық құралдардың жылқы малына қатысты қолдануына қарай атаулары да ат сөзі қоса айтылады (мысалы, ат арба, ат шана, ат арқан, ат жабу, ат әбзелдер, атпен жер жырту, ат дорба және т.б.)

Дәстүрлі ортада түрлі салт, рәсім, ғұрыптардың ат сөзімен байланысты үлкен тобы бар. Құқықтық қатынастар, ғұрыптық жосын-жоралғыларды атқаруда (қалың мал, айып пұл, сый-сияпат, алым, құн т.б.) берілетін жылқының негізгі бөлігін жылқы құрайтын. Осыған орай жылқымен байланысты іс-әрекеттердің, ырым, ғұрыптардың атауларында да ат сөзі қосылып айтылуы заңды құбылыс болып табылады (ат мінгізу (сый-сияпат, тарту түрі), ат бастатқан тоғыз (құнның, сыйдың, жүлденің көлемін білдіретін шартты өлшем), ат байлар, ат құйрығына таңу (жаза түрі), ат тұлдау, ат құйрығын кесісу сияқты ұғымдар мен категориялардың атауларының барлығында ат сөзі қосылып айтылады).

Жылқы қазақтың дәстүрлі дүниетанымында, шаруашылығында ерекше орын алатын тұлға. Қазақ халқы байлық, бақытты, береке, молшылықты жылқы тұлғамен тікелей байланыстырып отырды (өйткені, көшпелі өмір салты жағдайында жылқының мінсе көлік, жесе азық хәм құт-берекенің символы болуы көпшілікке белгілі жайт болса керек). Жылқы тұлғамен дәстүрлі қазақ тіршілігіндегі піштірілген жылқының өзіндік орны мен рөлі, әсіресе, өлшеусіз болды. Дәстүрлі қазақы ортада ұрғашы мал, соның ішінде ұрғашы жылқы төлі өсімге қалдырылып еркек малдың негізгі дені піштірілетіндігі сондықтан. Мал төлдегенде еркек және ұрғашы төлдердің үлесі шамамен тең болатындығы белгілі. Айғыр болуға жарайтын жылқылар іріктеліп алынғаннан соң, қалған еркек жылқылар піштірілетін. Піштірілген жылқы шаруашылықта да, тұрмыста да, тіршілік циклінде атқарылатын сан алуан ғұрыптар желісінде де негізгі «тетік – құрал» болды. Ақта (піштірілген) етілген еркек жылқылардың шаруашылықта қолдану аясының кеңдігі, қоғамдық, әлеуметтік қатынастарға байланысты әрекеттерде материалдық құндылық ретінде қолданылатындығы дәстүрлі қазақы ортада ат атауын,

қолданбалы мағынада, жалпы жылқы атауының орнына қолданылуына негіз болды.

АТ / АТ-АТАҚ / АТАҚ – адамға ерекше қасиетіне қарай халықтың ат беруі, лақап аты. Мысалы: Асан қайғы, Ақсақ Темір, Балуан Шолақ, Ақан Сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай және т.с.с. Абылай ханның азан шақырып қойған аты Әбілмансұр. Жас кезінде жүріс-тұрысы, сыртқы бейнесі, түйе бағып, кір-кожалақ болуына байланысты Сабалақ, ұлғайған шағында «Абылайлап» ұран салуына байланысты Абылай атанған. Ал, Бәйдібек атаның жары Нұриша шапшаңдығы, ептілігі, елгезектігі арқасында Домалақ Ана атанған. Ел арасында асқан батырлығымен де, қолбасшылық шеберлігімен де айырықша беделге ие болған ұлық тұлғалар өзі шыққан руының атымен қоса аталған. Мысал ретінде Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек сынды есімдері аңызға айналған оғландарды айтуға болады. Әлеуметтік және этикалық мәнді ұстаным ретінде дәстүрлі әлеуметтік қатынастарды реттеудің ілкімді принциптерінің бірі болды.

АТ ҚОЮ – тіршілік циклі ғұрыптарындағы отбасылық, әулеттік жора, дүниеге келген сәбиге ат қою, есім беру рәсімі. Дүниеге келген нәрестеге ат қою ғұрпының ұстанымдары мен атқарылуы бағзы замандардан бері қалыптасып келе жатқан анимистік, тотемдік, магиялық наным-сенімдермен тікелей байланысты жүргізілді.

Қазақта қалыптасқан салт бойынша, балаға ат қою – ауылдың абыройлы ақсақалына немесе құдайы не құрметті қонаққа бұйыратын құрмет. Бұл рәсім баланы бесікке салардың алдында орындалады: мал сойылып ағайын-туыс, көрші-көлем шақырылады, ет желініп болған соң, құндақтаулы баланы ақсақалдың қолына береді. Ақсақал баланың құлағына жақын «Сенің атың Пәленбай» деп, үш мәрте қайталайды. Баланың атын қойған ақсақалға шапан жабылып, құрмет көрсетіледі. Жиналған меймандар «Атыңа затың сай болсын, ел азаматы бол!» деп, балаға тілектерін айтып, бата беріледі. Ертеде нәресте ұл болса, дәулетті отбасылар шағын бәйге, тіпті балуан күресі де өткізіледі, кейде қызықты болсын деп, әйелдерді жарыстырып «жаяу бәйге» ұйымдастырған. Байырғы кезде, әсіресе, жаугершілік заманда, ер бала туа салысымен азан шақырып ат қоймаған. Мысалы, бала көбіне шартты атпен жүрген. Балаға Итжемес, Итбай, Күшікбай, Құлыншақ, Көжек, Көшек, Қойбағар т.б. тәрізді елеусіздеу есім берген. Мұндай жосынды дәстүрлі сақтандыру магиясының ықпалымен түсіндіруге болады. Баланың шын аты жаугершілікте, аңшылықта бірінші көрсеткен ерлігіне сәйкес қойылатын болған деген ауызша мәліметтер бар. Баланың атын қоярда ырымдарға, тілектерге мән беріліп, ескеріледі. Әрине, ата-анасы баласының атының көркем, мағыналы есім болғанын қалайды. Қазақы отбасында ат қою жағдайларға байланысты таңдалынады. Айталық, бала жаңбырлы күні дүниеге келсе – Жаңбырбай, ауыл көшіп бара жатқанда туса – Көшербай, ораза кезінде туса – Оразбай деп қояды. Мұндағы бай сөзі бала бай, дәулетті болсын деген ниеттен туса керек. Егер алдыңғы балалары шетінеп кеткен жағдайлар болса, нәрестеге Тұрсын, Құдайберген, Төлепберген, Тұрсынбай, Жүзжасар, Жүзбай, Майлықөт, Тезек, Боқбас, Боқтыбай, Көтібар деген

сияқты эфемистік аттар қояды. А.Н.Самойлович: «Қазақтарда балалары өле берген жағдайда ұлға Тұрсын, қызға Жетер деп ат қойған немесе баласын Италмас деп атаған, бұл ит жоламаған жерге шайтан да жоламайды дегенді білдіреді», – деп жазады. Ал қатарынан бірнеше қыз тапса, келесі баласы ұл болсын деп соңғы қызының атын Үзілдік, Ұлболсын, Ұлмекен деп, ырымдап қойған, ел ішінде мұндай ырымдардың іске асатын кездері де болады.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүрген қазақтар көбіне бала атын дәстүрлі және қосалқы шаруашылықтарымен байланыстырып қойған. Осыған орай Түйебай, Жылқыбай, Сиырбай, Қойлыбай, Қозыбай, Лақбай, Күшікбай, Итбай, Қарсақбай, Бүркітбай, Шортанбай, Сазанбай, Қосым, Боранбай, Қыстау, Күздеу, Жайлау т.б. аттар кездеседі. Ғұмыры ұзақ болсын деп Өмірбай, темірдей берік болып тұрып қалсын деп Темірбай, Темірхан қойған.

Баланың денесінде қалы, мені бар болып туылса, Қалдыбай, Қалдан, Қалдыкүл, ал егер дене мүшесінде кемтарлық белгі болса, атын Нышан, Нышанкүл, Нышанбай деп қойған. Қыздар қатарынан туылған жағдайда Оңбер, Оғылту, Ұлтуар, Ұлмекен деген аттар, балаға көз тимесін, ғұмыры ұзақ болсын деген ниетпен Ұзақбай, Қартай, Тірлікбай деп қойған. Баланың дүниеге келген жеріне қарай жер-су аттарын қою дәстүрі болған. Мысалы, Аралбай, Сырлыбай, Тоқабай, Құндызбек т.б.

Байырғы қазақ қоғамының ақсүйектері адам аттарына хан, сұлтан, бай, бек, би сөздерін жалғаған. Орта ғасырларда, түркілер дәуірінде туылған балаға Естемі, Күлтегін, Тонькөк, Бумын, Қорқыт, Кетбұға, Мойыншора, Күлшора т.б. деп қойылса, ислам дінінің енуіне байланысты орта ғасырлардан бастап, мұсылман елдері аттары қойыла бастаған. П.И. Пашино Перовск қазақтарында көш жолында немесе қырда туған балаларға мұсылман аттары сирек қойылатындығын жазған. Балаға ат қою рәсіміне баланың атасы мен әжесі, яғни қара шаңырақтың үлкені ие болған. Қазақтардың нанымы бойынша адамның есімі оның болашағына игі әсерін тигізеді. Ырым етіп бұрынғы батырлар мен ақындар, шешендердің де атын қойған. Ал балаға ауыр болады деп қасиетті әулие-әнбиелер мен ұлы адамдар есімін қоюға сақ болған. Сонымен бірге, бала есімін белгілі, беделді кісілерге қойғызып, батасын алуды да ұмытпаған. Мәселен, Қаныштың әкесі туғанда атасы Сәтбай Сегіз серіні әдейі шақырып, баласының атын қойғызған.

Баланың атын қою үшін молда шақырылады. Ол баланың атын азан шақырып қояды.

АТ АЙДАУШЫ – ат жарыс, бәйге кезінде жарыс ережелерін сақтау, мәреге жету, бәйгеден озғандардың орнын анықтау сияқты ұйымдастыру жұмыстарына бас болатын адамдар. Ат айдаушыға жер қыртысын, жарыс жолын, ат жарыстың шарттары мен ережелерін, салт-дәстүрлерді жетік білетін сыйлы адамдар сайланатын. Бәйгеге түскен аттардың санына, жүретін жолдың ұзақтығына қарай ат айдаушыға да көмекшілер тағайындалады.

Ат айдаушы аттың бәйге жолын дұрыс өткендігін, мәреге келу ретін анықтайтын негізгі төреші болды.

Ақан Серінің:

Жел соқса қамыс басы майда деймін
Ат қостым, ат айдаушы қайда деймін
Алдыңғы ат қылаң болмай барам болды
Жығылмаса Құлагер қайда деймін,

– деп басталатын әйгілі «Құлагер» әнінің жолдары ат айдаушының төрелігіне жүгініп куәлікке шақырғандай болып тұрғаны оның бәйге кезіндегі атқаратын қызметінің маңызына меңзейтінін көрсетеді.

Сонымен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, кірешілерге, көшірлерге, кәсіби жүк тартатын арбакештерге қатысты ат айдаушы деген атаудың қолданылғанын айта кету керек.

АТ АРҚАН – жорытқанда, жол жүріп түзде түнегенде атты арқандауға арналған, қанжығаға байланып жүретін жіңішкелеу қылып есілген мықты арқанның атауы. Ат арқан, әдетте, 6-8 құлаш, жылқының қылына жүн-түбіт араластырып сыптығар жіңішке етіліп есіледі.

Күнделікті тұрмыста ауылдағы шаруа малын арқандауға арналған арқанды да ат арқан деп атайды. Мұндай арқандардың ұзындығы едәуір болады және бір жағында айналсоқ арқылы бекітілген арнайы қазығы болады. Арқанның бұл түрі күнделікті қолданылатын шаруашылық құралдары қатарына жатады.

АТ АРҚАНДАУ – көлік атын арқандап бағу тәсілі. Ат арқандағанда оты жақсы, шалғын, арқан оралып қалатын бұта-қурайлары жоқ жер таңдалады. Арқандалған ат таң атқанша отығып алуы үшін арқанның ұзындығы белгілі бір шаршы жерді қамтитындай ұзын болуы керек. Арқан қазыққа айналсоқ арқылы жалғанып, екінші ұшы нөқтаға немесе аттың аяғына шашасынан төменірек күрмеп байланады.

Ат арқандау тәсілі шаруашылыққа қолдануға сырттан әкелінген жылқыны жерсіндіру мақсатында да қолданылады. Жаңа ортаға үйренген ат уақыт өте тұсатылып немесе шідерленіп жіберілетін болған. Әдетте, ат арқандау ауылдағы мініс, жегін мал санаулы ғана болған жағдайда қолданылады, жылқы саны көбейгенде түнге бағатын адамдар шығарылып (әдетте, жас бозбалалар) бағылатын.

Ат арқандау тұсап, шідерлеп жіберу тәсілдерімен қатар күнделікті шаруашылықта пайдаланылатын аттарды түнгі отқа қоюдың тәсілі. Осы күндері егін шаруашылығы дамыған аймақтарда, мал ауыл маңындағы егістікке түсіп кетуін болдырмау үшін арқандалып бағылады.

АТ АРҚАН ЖЕР – радиусы арқанның ұзындығымен шектелетін аумақты білдіретін қолданбалы халықтық өлшем. Арқанның ұзындығы шамамен 8-12 м. деп алғанда ат арқан жердің аумағы шамамен 200-300 шаршы метрді құрайды. Күнделікті тұрмыста ат арқан жер өлшемі мал арқандайтын жердің, ашық қоралардың немесе аула аумағының мөлшерін тұспалдап айтуда қолданады. Ат арқан жер Ат шаптырым, Ат төбеліндей, Ат басындай, Қозы көш деген сияқты шартты (анық мөлшерленбеген) өлшемдер қатарына жатады. Аталған өлшемдер малдың дене мүшелерін, жүрісін немесе басқа мінездемелерін шартты өлшем бірлік ретінде қолдану арқылы сандық немесе сапалық көрсеткіштерді нобайлап айқындауға бағытталған ұғымдар қатарына

жатады. Мысал ретінде Ат төбеліндей аз ел, Ат шаптырым жер, Қозы көш жер, бие сауым деген сияқты түрлі өлшемдік категорияларды білдіретін төрт түлікпен байланысты зооморфтық ұғымдарды келтіруге болады.

АТ АРҚАСЫН СУЫТУ / АТТЫҢ БЕЛІН СУЫТУ / АТ СУЫТУ – жол жүріп, бусанып келген аттың терін басып, демін алдыру тәсілі. Ежелден жылқы өсірумен, негізгі күш-көлік ретінде жылқыны пайдаланған қазақ халқы ат суытуға ерекше мән берген. Мініс жегін атты пайдаланғанда ат суыту міндетті түрде орындалатын іс-шара болды. Терлеп келген атты суытпастан әбзелі алмаған, немесе отқа қойылған жылқы аяғына қан түсіп, арқасын жел көтеріп, денесіне жарақат, жауыр түсуге бейім болады.

Арқасы суытылмаған, яғни тері басылмастан ер-тоқымы алынып, суарылып, жем берілген аттардың аяғына қан түсіп немесе арқасы жел ұстап ауырып жауыр, ақайыл болу қаупі халықтық тәжірибе негізінде ат суытудың өзіндік ереже, тәсілдерінің қалыптасуына әкелді. Ат суытуға, әсіресе, бәйге аттарын жарату, баптауда, жылқышылардың астындағы аттарды үнемі жарау күйінде ұстауда ерекше мән беріледі. Енді мініс атына қатысты күнделікті қолданылатын ат суытудың амалдарына тоқталайық. Бусанып келген аттың ерін алып, тоқымымен тері басылғанша қаңтарып қояды. Суық маусымда қора ішінде тер бастырып, үстіне жабу салып қоятын болған. Егер ат жол жүріп терлеп, ендіккен болса, бірер сағат жетекке алып, ендігін басып барып, қаңтарып, таң асырғаннан соң ғана жем-суын беретін. Ат суытудың мәні, әсіресе, бәйгеге қосылған көкпар тартуға қатысқан аттарды қалыпты жағдайына келтіруде өте зор болды. Мұндайда шабыстан қызып келген атты бірден тоқтатпай әбден ендігі басылғанша ұзақ уақыт жеке шоқытып, біртіндеп аяңға түсіретін. Бұл ат аяғына қан ұйып қалмау үшін жасалатын, олай істемеген жағдайда жылқының аяғына қан түсіп, кемтар болып қалу қаупі туындайтын. Ат аяғын суытқаннан соң жабулап қаңтарып, таң асырып барып ертеңіне ғана түгін тарап, қатқан көбік терін кетіріп, су беріп, аздап жемдейтін.

Сонымен, ат суыту немесе ат арқасын суыту, ат белін суыту үрдісі денесі қызған жылқы малын біртіндеп тынықтыратын тәсілдердің кешені болып табылады. Ат суыту жылқының күйін сақтап, денсаулығына зақым келтірмеудің әмбебап амалдары қатарына жатады.

АТ ӘБЗЕЛДЕРІ – жылқыны мініс пен шаруашылыққа пайдалануда қолданылатын құрал-жабдық түрлері. Қазақтың ат әбзеліне ер, тоқым, өмілдірік, құйысқан, үзеңгі, айыл, пыстан, жүген, ноқта, көпшік, шылбыр, қамшы және т.б. жатады. Сондай-ақ, аттың айылы ердің қаңқасына тағылатын, көбінесе, қайыстан жасалған ат арқасына ерді берік бекітетін жабдықтар айыл-тұрман тобын құрайды. Айыл-тұрман жасалу ерекшелігіне қарай қайыстан жасалған өрмелі, берік матадан жасалған ызбалы сияқты түрлерге бөлінеді. Ат әбзелдерінің түрлерінің сан алуандығы ертедегі қазақтардың әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық жағдайымен тікелей байланысты болды. Ауқатты байлар, ел басқарған хандар, сұлтандар мен билер ат әбзелдерінің түрлі асыл тастар мен бағалы металдармен әшекейлеп

жасаған қымбат түрлерін қолданды. Ат әбзелдерінің қатарына сан алуан камшы түрлері де жатқызылады.

АТ БАЙЛАР¹ – үйленуге қатысты іс-шаралар кешенінің аясында өткізілетін, жігіттің қалыңдығымен танысуға бірінші рет ұрын бару рәсіміне байланысты берілетін кәде атауы. Ат байлар жайында деректер жоқтың қасы деп айтуға болады, бұл кәде жайында ең толық дерек И.И. Ибрагимовтың «Этнографические очерки киргизского народа» атты 1872 жылы жарық көрген мақаласында берілген. XX ғасырдағы қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде кездесетін бірлі жарымды деректер осы аталған еңбекке сілтеме жасай отырып берілгенін атап кету керек. Ат байлар аталған мақаланың негізінде беріліп отыр. И.И. Ибрагимов очерк Ұлы жүз қазақтарының салт-дәстүрлері жайында жазылғандығын және олардың кейбір салттары мен рәсім-кәделерінің Орта және Кіші жүз қазақтарында кездеспейтінін ерекше атап кетеді. Қазақстанның басқа өңірлері жайлы жазылған еңбектерде ат байлар жайлы деректердің кездеспейтіндігін ескерсек, ат байлар тек Ұлы жүз қазақтарында ғана орын алған кәде деп топшылауға болады. Үйлену, үй болуға қатысты ел арасында Ат байлар атты мән мағынасы басқашалау ырым, рәсімдер барын айта кету керек. Ол рәсімдер бойынша бірде жаңа құрылған отаудың босағасына ағайын-туыс жақындары сауын сиыр, қой, жылқы байлап көрсеткен көмегін ырымдаса, бірде бойжеткен қызды астарлап, жанама атау да «ат байлар» деп аталатын.

Күйеу жігіт бірінші рет ұрын келгенде жақсы ат мініп, қалың малдың аяқ жақсы деп аталатын бөлігін және қарсы алушы қалыңдықтың туған-туысқандарына, ауылдағы жеңгетайлыққа жүрген әйелдерге деген түрлі кәдесыйларын алып келетін соның қатарында ат байлар болады. Ауылға ширек шақырымдай қалғанда күйеу жігіт аттан түсіп, жанындағы жолдастары қыздың ауылына атты жетектеп келетін. Ауылға келген соң аттың тізгінін қалыңдықтың әпкесіне, әпкесі болмаған жағдайда жақын туыс күйеуге шықпаған қызға ұстататын. Ол кісі атты мамағашқа байлап «ат байлар» кәдесін сұрайтын. Ат байлар кәдесі күйеу баланы қарсы алу шаралары аяқталып, ол еліне қайтарда немесе келесі келгенде берілетін. Әдетте, ат байларға аң терісінен тігілген бағалы ішік немесе түкті кілем тартылатын. Күйеу жігіт келесі жолы ұрын келгенде де ауылдың сыртында аттан түсіп, атын ауылға жетектетіп жіберетін, бірақ ат байлар кәдесі берілмейтін. Ат байлар кәдесінің орындалу мерзімі, басқа ұсақ-түйек кәделерге қарағанда құндылығы (бағалы ішік, түкті кілем), күйеу жігіттің атынан түсіп, жаяу қалу ғұрпына ерекше мән берілгенін топшылауға негіз болса керек.

1895 жылы «Журнал Конозаводства» журналында «Туркестан и туркестанские породы лошадей» атты жарияланымда И.И. Ибрагимовтың мақаласын келтіре отырып, күйеу жігіттің ауылдың сыртында атынан түсіп қалып, оны жетектетіп жіберуі және аттың тізгінін күйеуге шықпаған қызға ұстатуы жайлы талдау түсініктеме берілген. Мақала авторы В. Фирсов «ертеде түркі халықтарында қабылданған дәстүр бойынша хан ордасына жақындаған елшілер аттарынан түсіп қарсы алушылардың жіберген аттарына мінетін болған. Елшілердің аттарын тек сыйлы, әйгілі

жауынгерлер ғана жетекке алатын, олай болмаған жағдайда елшілер және олардың елінің мәртебесін кемсіту деп танитын». Осы ғұрыпқа параллель жүргізе отырып, автор күйеу жігіттің атынан жаяу қалуы және оның атының тізгінін жақын туыс бойжеткенге ұстатуы, ықылым заманнан қалған дәстүрдің бейбіт өмірдегі поэтикалық түрде сақталған көрінісі дей келе, елшінің атын сеніп тапсырылған ерен жауынгерлердің рөлі күйеуге шықпаған қыздарға тапсырылуы, күйеу балаға деген ерекше ықыласты білдіреді деп түйіндейді.

Бұл жерде ат жетектетіп жіберуге байланысты автордың параллель жүргізуінің негізгі идеясы шет елге келген елші де, жат жұртқа ұрын келген күйеу бала да өз өмірін «бөтен» елге сеніп тапсыруында болып отыр. Салт аттылар мәдениетінде жаяу адам дәрменсіз күй кешеді деген постулатты ескерсек, астындағы атын беруі, оны ауылдың бойжеткен аруларының мама ағашқа байлауы, кезінде өте үлкен символикалық мәнге ие салт болса керек. Осыған орай қазақтың «атаңа нәлеттен кісі өлмейді, атынан айрылған өледі», – деген мақалын келтіруге болады.

Ұрын келуге берілетін ұсак-түйек кәделер қарсы алушылардың талабына қарай қолма-қол үлестірілсе, ат байлар салыстырмалы түрде бағалы бұйыммен (аң терісінен тігілген қымбат ішік, түкті кілем) қайтарда ғана берілетін.

АТ БАЙЛАР² – шаңырақ көтерген отауға ағайын-туыс, жақындарының тарапынан малдай берілетін сый-көмектерінің атауы. Жас отауды босағасын аттағанда жақындары қолынан келгенше қаржылай немесе материалдық көмек көрсететін, қазақ оны немеурін дейді. Ат байлар осы аталған көмектің малдай берілетін бөлігі «Шай қатықтық сүт болсын» деп сиыр берсе, біреулері «көлік болсын» деп жылқы атап, кейбіреулері қой-ешкісін беріп жатады. Бұл қауым болып жаңа көтерілген жас отауға әлеуметтік қолдау көрсетудің түрі болып табылады.

Ғұрыптық атау үйленген жас жұбайларға берілетін «босағаға (мама ағашқа) ат байлансын», «қораға мал толсын», «қазан босамасын» деп келетін бата-тілектердің материалданған баламасы деп пайымдауға болады. Қазақта қастерлі мал болғандықтан, ырзық берекесінің өлшем бірлігі ретінде жылқы айтылатыны заңды құбылыс.

АТ БАСТАТҚАН ТОҒЫЗ – байырғы ортада қалыптасқан, айып, құнның, қалың мал, бәйге, жарыстардың жүлде-төлемдерінің мал санымен айқындалатын мөлшерлік өлшем бірлігі. Қазақ халқы негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан әуел баста өлшемдер мал санымен айқындалатын болған. Алайда кейін тоғыз санының ішіне малмен қатар түрлі бағалы заттарда кіретін болды. «Тоғыздың» саны себеп болған іс-шараның үлкен-кішілігіне қарай он үшке дейін барады, дей тұрғанымен, негізгі тоғыздың саны үшеу болатын, олар:

Бас тоғыз немесе түйе бастаған тоғыз;

Орта тоғыз немесе ат бастатқан тоғыз;

Аяқ тоғыз немесе өгіз бастатқан тоғыз

Ат бастатқан тоғыздың құрамына құлынды бие, тай, бұзаулы сиыр мен тайынша, қозылы қой мен тоқты, небары тоғыз мал кіретін. Ат бастатқан

тоғыздың зат араласқан құрамына басы ат сонан соң басқа түлік пен бағалы заттар кіреді. Жалпы саны тоғыз болуы шарты міндетті түрде сақталатын. Мысалы, құлынды бие, тай, бұзаулы сиыр, жағалы киім, тұзу мылтық, кездеме, немесе санын ұсақ малмен толтыра беретін болған.

Жалпы ат бастатқан тоғыздың құрамы, құндылығы Қазақстанның әр өңірлерінің өзіне тән ерекшеліктері болғаны белгілі. Негізгі принцип – берілетін төлем, жүлденің саны тоғыз және оның басында түйе немесе жылқы болуы керек. Құндылық жағынан ат бастатқан тоғыздан түйе бастаған тоғыз жоғары тұрды. Ат бастатқан тоғызды жүйрік ат, жорға, бесті бастаса ол ерекше құнды болып саналатын. Қатардағы ат бастатқан тоғызға бие, байтал, құнан бастату дәстүрі де болды. Жалпы тоғыз беру ара қатынастарды реттеуге қатысты іс-шараларға байланысты мәні зор ғұрыптық салт болды. Ат бастатқан тоғыз үш тоғыздың маңызды құрамдас бөлігі болды.

Үш тоғыз өлшем ретінде өте ертеде қалыптасқан категория болса керек, оны бір көрінісін А. Левшин, Г. Спаский, Шүкіралиев сынды авторлардың Тәуке ханның Жеті жарғысы жайында берілген мағлұматтарынан көруге болады: ұрлық жасаған адам ұрланған мал түрінен үш тоғыз төлейтін және оны айбана деп атайтын. Түйе ұрлаған адам әр біреуіне үш тоғыз, түйе, бір құл; жылқы ұрлаған адам әр біреуіне ат бастатқан үш тоғыз және бір түйе; ірі қара ұрлаған адам әр біреуіне үш тоғыз ірі қара және бір түйе төлеттіретін.

АТ БАСЫНДАЙ АЛТЫН – қазақ фольклорында кездесетін алтынның мөлшерін, үлкендігін айқындайтын теңеу. Қазақ ертегілерінде ат басындай алтын көл-көсір байлықты, аяқ астынан табылған олжаның қаншалықты үлкен екендігін білдіру үшін қолданылған метафоралық теңеу. «Ат басындай алтын тапты» немесе «ат басындай алтын берді» деген теңеулер ауызекі тілде стереотиптік сөз тіркесі ретінде жиі қолданылады.

АТ БЕКІТУ – жол жүргенде, жорықта, күнделікті шаруашылықтағы қолданыстағы жылқы ұзап кетпеу үшін, жүрісін шектеу тәсілдері. Ат бекіту, әсіресе, алыс жолда, атқа да, адамға да таныс емес жерде түнегенде, мал әлдеқандай үркіп немесе жақсы от, су іздеп ауып кетпеу үшін қажет нәрсе. Ат бекіту құралдарының тұсау, тұсамыс, шідер, арқан, кісен деп аталатын тобы бар.

Ат арқан – атын белгілі бір жерде арқандап бағу үшін қолданылады. Әдетте, мал аса бір асау, үркек болмаса, арқан нөқтаға немесе бір аяғына байланып арқандалады. Асау, үркек ат кейде тұсауымен қоса арқандалады.

Тұсау, тұсамыс – аттың алдыңғы екі аяғын бекітуге арналған құралдар. Олар арқан жіптен немесе былғарыдан жасалады.

Әйгілі жорға немесе жүйрік аттарды кісендеп бекітетін тәсіл жиі кездесетін. Әдетте, кісенді қара металдан шынжырлап, құлыппен жабылатындай етіп жасайтын. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорында осындай кісендердің ХХ ғасырдың басында соғылған үлгілері сақтаулы.

Шідер – аттың үш аяғына салынатын ат бекіту құралдар тобы. Шідер арқан, қайыстан арнайы жасалады. Айта кетер жайт – ерте кезде, әсіресе,

әскери жорықтарда ат тоқтаған жерден ұзап кетпеу үшін шідерлеп бекітілетін. Далада атынан айрылып жаяу қалған адам өлгенмен тең деп есептеген халық шідерге аса зор, тіпті, сакральдық мән берген болса керек.

Қазақ әскері дамылдағанда атты шідерлеп бекітетіндігінің бір көрінісі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының келтірген Есім хан жайындағы ескі өлеңде әскердің түнде аттарын шідерлеп қойғаны жайлы төмендегідей жолдар кездеседі:

Мінгені Есім ханның алабелді
Бойында Шідертiнiң қара көрдi
Көрiнген сол қараны кертағы деп
Аттарын шiдер салып қоя бердi

Ал әйгілі Біржан сал Қожағұлұлының «Ләйлім шырақ» әнінде шідер өлеңнің негізгі мотиві:

Ләйлім шырақ дегенде, Ләйлім шырақ,
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ.
Қайыс болсын, жіп болсын өзіме бер,
Шідерімнің бағасы – қырық қысырақ.
Өзіме бер шідерім тауып алсаң,
Өте қымбат бағасы тілге нансаң.
Жерде шіріп қалса да өзіме бер,
Шыбын жаным қиылсын бітім алсам

– дейтін өлең жолдары метафоралық түрде болса да, шідердің салт аттылар мәдениетіндегі ерекше орнын көрсетеді. Осы тектес мысал ретінде бір шідердің құнын үш бестіге бағалаған Төле бидің төрелігін келтіруге болады.

Шідерленген ат тұсалған атқа қарағанда, тым ұзамай қойған жерінде оттайды. Жоғарыда айтқандай, алыс жолда жүргенде шідердің орны ерекше болды:

Тұсау атты босы
Шідер көңіл қошы
Шідерге де кісен сал
Бекіту деген осы.

Шідер арқанға қарағанда көп орын алмайды және орман-тоғайлы, бұталы-шілікті жайылымдағы атқа шідері кедергі жасамайды. ҚР МОМ қорында шідердің таспалы, өрмелі, қайыс, шідерлер сақтаулы (КП 961; КП 24451).

Жалпы көшпелі өмірде, әсіресе, жаугершілік уақытта ат бекіту маңызы өте жоғары болды. Осыған орай қазақта «тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды» деген мақал бар. Әз Тәукенің Жеті жарғысының: «өреде тұрған ат, тұсаулы жүрген сәйгүлік ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын», – деген 5-бабы батырдың, жауынгердің тұсалған немесе шідерленген аты ерекше құқықтық қорғауда болғандығын айғақтайды.

АТ ЕРТТЕУ – атқа салт мінуге арналған ер-тұрманды орналастыру. Көшпелі қауымда негізгі көлік ат болғаны белгілі, осыған орай қазақы ортада ат ерттеудің принциптері мен тәсілдері қалыптасып уақыт өте өзіндік нормативтік ұстанымдарға айналды. Сайып келгенде, ат ерттеу тәсілдері мен реті, біріншіден, ер-тоқым, әбзелдер атқа зақым келтірмей, арқаға түсетін

салмақтың біркелкі және тепе-тең түсуін қамтамасыз етуге, екіншіден, ұзақ уақыт ат үстінде отырған адам ат жүрісіне шаршамай жайлы отыруын қамтамасыз етуге бағытталады.

Ер-тоқым кешені шауып жасалған тұтас ерлер немесе жеке бөлшектерден құралып жасалатын құранды ерлер мен әбзелдердің құрылымы жылқы малының анатомиялық ерекшеліктеріне бейімделе ыңғайланып жасалуы шарт. Айыл-тартпа, өмілдірік, құйысқанның малдың денесіне тиетін жағы жұмсақ, таспалардың ені белгілі дәрежеде жалпақ болуы керек. Терлік, тоқымдардың астары бүгіліп, жиырылып қалмайтындай тығыз, сонымен бірге, жұмсақ болуы керек.

Ат ерттеу барысында да қалыптасқан өзіндік ретпен орындалатын шарттар болды. Ең әуелі жылқының түгі тер қатып, кірленіп ұйысқан болса, міндетті түрде тазаланып, түгі жатыңқы жағына қарай біркелкі жатуы қадағаланады. Терлікті шоқтығынан сауырына қарай түктің жатысына бағыттап сырғыта орналастырады. Ер сәл артқа жылжытылып құйысқанын бекіткеннен соң алдына қарай жылжытылып өмілдірікті бекітеді. Айыл, тартпаларды тартып, бекіткенде тым қатты немесе бос тартылмауын қадағалау керек. Айыл бос тартылса ер-тоқым жылжығыш болып аттың арқасын соғады, тым қатты тартылған жағдайда аттың бауырын қажап, жарақаттап ақайыл болуы мүмкін. Соңынан таралғы, қанжыға баулардың бұралып кетпей біркелкі жатуы қадағаланады. Таралғы дұрыс жатпаса аттың бүйірін қажап, тебінгенде ат жүрісінен жаңылып, бүйір түктері қырқылып зақымдалады. Көптеген жағдайда таралғы мен үзеңгі аттың бүйірін соқпас үшін ер-тоқымның құрамына тебінгі қосылады. Тағы да бір айта кететін жайт – қазақ ершілері ерді оқпан мен шоқтықтың арасында қуыс қалатындай етіп жасайды. Мұндай ер аттың шоқтығының соғылып жарақаттамауын қамтамасыз етеді.

Ерттелген атқа мінерде шап айыл мен төс айылдың тартылуын тексеріп, ердің аттанар жаққа ауытқымауын қадағалап, реттейтін. Салт атты біраз жүргеннен соң айыл-тартпаларды және бір тартып ер-тоқымнан ат арқасында қонымды отыратындығын тексеріп қарайды, себебі жүріс барысында айылбас тартпалар босап ер орнынан жылжып ат арқасын ұрып тастауы мүмкін. Аттан түскенде айыл-тартпалар сәл босатылып малға қолайлы жағдай жасалады да, мінерде қайтадан тартылып қоятын болған. Осылайша ат ерттеу реті мен тәсілдері атқа мінген адамның да, аттың да жайлылық жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер кешені болып табылады.

АТ ЖАРЫС¹ – көшпелі ортадағы үлкен жиын, ас, тойларда өткізілетін ат ойынының негізгі түрі. Ат жарыста бүкіл қауымның мәртебесі мен салтанаты сынға түседі. Қазақы ортада аламан бәйгемен бірге тай, құнан, жорға жарысы өткізу ертеден-ақ үрдіске айналған. Ертеректе аламан бәйге күндік жерден салынатын болған. Ол үшін аттар таң сәреден айдалып, ат шабар бала сусын, айран-шалабын ала жүретін болған. Қалыптасқан дағды бойынша, әрбір үлкен жарыс, той, астарда оны ұйымдастыратын арнайы топ алдын ала сайланады және оған әр рудан, атадан өкілдер енгізіледі. Бәйге кезінде қарақұрық болмауы үшін білікті бірнеше адам жарыстың әділ өтуін қадағалайды. Сайыстың билігі сыйлы деген екі ақсақалға жүктеледі және оның бірі көмбеге,

екіншісі мәреде міндетті жауапкершілігін атқарады. Тағайындалған адамдардың басшысы – кіреші бас төрешінің рөлін атқарған. Бәйге атын мінетін баланы атшабар бала немесе шабандоз, сәйгүліктерді айдап, реттілікті сақтатып, мәреден жерден біркелкі жіберушіні ат айдаушы, ұстаушыларды даяғашы дейді. Жарыстың басталатын межесін ат жіберетін жер немесе мәре, ал жарыс аяқталатын, яғни ат ұсталатын межені көмбе деп атайды. Көмбеге ат тосуға ыңғайлы, айнала толық көрінетін биіктеу төбе, қырат, төскей жер таңдалады. Ат жарыс басталар алдында қолдарына, басына қызыл орамал байланған, бақан ұстаған, ат айдаушылар айқайлап, жар салады және мұны ат шығару деп атайды. Бәйгеге қосылатын аттар келіп тізіліп өткеннен кейін, бәйгеге жауап беруші төреші ақсақал қанша ат жиналғанын, бәйгеге тігілген сыйлық мөлшерін, бәйге қашықтығын т.б. хабарлайды. Сол жер көмбе, сөре деп белгіленіп оған қарақшы тәрізді етіп қарауыл тігіледі. Ат жиналып, есепке алынған кейін ат айдаушы барлық сәйгүлік аттарды жиналғандардың алдынан бастап ертіп өтеді. Бәйгенің басталар орнына аттарды шашау шығармай жайлап айдап апарады. Бұл үрдісті ат айдау деп атайды. Аламан бәйгелерде шабандоздар мәреге бәйгеден бір күн бұрын кешкі салқынмен жіберіледі. Олар жол-жөнекей аяқ суытып түстеніп, асықпай жетеді. Аттарды мәреге жеткен соң ат айдаушы шабандоздарды бір сызықтың бойына қатарластырады. Берілген белгіден кейін олар көмбеге қарай лап қойып, шаба жөнеледі. XIX ғасырда орыс зерттеушілерінің жазуына ден қойсақ, аттар көмбеге шауып келгенше, күрес және т.б. ойын-сауық өткізіледі.

Ат жарыста шауып келе жатқан аттың атшабар шабандозын руластары мен бапкерлері кikuлап дем беріп ұран тастап айқайлап, егер алдын ала келісілген ережеде рұқсат етілсе атының жеңіске жетуіне жәрдемдеседі, яғни басып жетектеп, атпен тартып, мәреге сүйрейді. Н.И.Гродековтың жазуына қарағанда, көмбеге жеткен бала басындағы бөрігін, орамалын көмбеде тұрған төрешіге лақтырады. Ат үстіндегі бала қарауылдан өткенде әрқашан рудың ұранын шақырып атойлап өткен. Төрешінің саны бәйгеге тағайындалған жүлденің санына тең болды. Олардың әрқайсысы меженің (көмбе, сөре, қарақшы, қарауыл төбе, бәйге төбе) тұсында өздерінің жүлдегер сәйгүліктерін: бірінші – бірінші бәйгенің, екінші – екінші бәйгенің, үшіншісі – үшінші бәйге дегендей ретпен аттарды көмбеге келген ретімен ұстап отырады.

АТ ЖАРЫС² / АТ ЖАРЫСТЫРЫП ОЙНАУ – дәстүрлі асық ойынының бір түрі. Ойыншылар көп асықты алшысынан тұрғызып бірінің артынан бірін тізіп, ұзын тізбек жасайды. Бұл ат жарысындағы «жолды» меңзейді және ұпай алған кезде ұпай санына қарай алға жылжып отыруына меже болады. Әрбір ойыншы өзіне ұнаған, боялған асықты бәйгеге қосқан «аты» ретінде таңдап, тізбектің соңында алшысынан қатарластырып қояды.

Бұл – аттардың мәреде тұрған қалыбы. Ойнаушылар кезекпен төрт асықты (кейде құлжаны немесе сақаны) иіріп тастайды. Иірген кезде түсуіне қарай алдын ала жасалған келісім бойынша ұпай саналады: әрбір түскен алшы «атты» бір ұпаймен алға жылжытады. Сондай-ақ, төрт асық тегіс тәйке немесе бүге немесе шіге түскен құмар түсті жасаған ойыншы екі ұпай ұтқанға

саналып, «аты» екі асық мөлшерінде алға жылжиды. Төртеуі төрт түрлі түссе, оны да құмар түсті деп атайды.

Ол үш ұпайға ие болады. Сөйтіп «аты» үш асық мөлшерінде алға жылжиды. Асық оңқы (омпа), шоңқы (шомпа) түссе, ол алдына ала жасалған келісімге сәйкес бестен он ұпайға дейін ұтыс алады. Асықтың бір бүйіріне қисаюы, яғни қынжы немесе жантай түсуі дау туғызатындықтан, әлгі асықты саусақпен шертіп, оның әрі қарай қандай позицияға келетіндігі анықталады. Осылайша ойнағанда тізілген асықтың басына немесе көмбеге ең алдымен «аты» жеткен адам бәйгеде озып келген саналады.

АТ КЕКІЛІНЕ (ҚҰЙРЫҒЫНА) ҮКІ ТАҒУ – жүйрік ат, жақсы жорғаны сұқ көзден, тілден қорғау үшін жасалатын шара. Байырғы түсініктер жүйесінде үкі ең киелі құстар қатарына жататын. Осыған байланысты үкінің қауырсыны тіл-көзден сақтайтын қасиеті бар деп қазақ халқы кеңінен қолданды. Әдетте, үкіні баланың бас киіміне, қыз баланың тақиясына, домбыраның басына, жас отаудың шымылдығына, қалыңдықтың сәукелесіне, бесікке тағатын болған. Ат кекіліне үкі тағу осы құралыптас ырымдар қатарына жатады. Бітімі сымбатты, жүрісі әсем немесе ел танитын жүйрік, жорға аттарды кекіліне, құйрығына үкінің қауырсынын ел жиналған ас, тойларға барғанда тағатын. Оның басты себебі көп жиналған жерде көзінің сұғы бар адамдардың көзінен, тілінен сақтау үшін жасалатын.

Жас келін мінген аттың, қайын жұртына барған күйеу баланың атының, ұзатылып бара жатқан қыздың аттың кекіліне үкі тағу ғұрыптық қорғаныс функциясымен қатар, аталған адамдар іс-шаралардың негізгі орындаушылары дегенді білдіретін салтанатты маркерлік белгі рөлін де атқарған.

АТ КЕКІЛІН КЕСУ – қазақы ортадағы әдеттік құқықтық қатынасты реттейтін ғұрыптық мәні бар үрдістің атауы. Адамаралық, тіпті, руаралық қатынастар мүлдем үзілді дегенді білдіретін ғұрыптық шара. Бұндай құбылысқа бірден-бір себепкер адам өлімі болды. Құныкер (кісі өлтіруші) жақ пен құн талап етуші (кісісі өлген) жақтың ешбір бітімге, тоқтамға келе алмаса, тараптар екі араларына ұзын ала арқан тастап, бір шетке өлген жігіттің мінген атын әлеміштеп, тұлдап әкеліп байлайды. Егер құн талап етуші жақ құныкердің төлеген құнына келісе алмаса, ат кекілін кесу арқылы «жанға-жан, қанға-қан» деген кек алуға көшкендігі туралы белгі береді. Ол үшін кекілі кесілген аттың шолақ кекілін шоқтап, түбінен буып тастайды. Ат кекілін кесудің тағы бір түрі – ағайын-туыс, құда-жегжат, дос-жаран арасында «бетке салық, сүйекке таңба» түссе немесе бір біріне «кешпес жамандық» жасаса, кінәлаушы – уәжі орынды жақ қарсы жақтың ішіндегі айыпкердің мініп жүрген атының кекілін кесіп әкетеді.

АТ ҚОРА – жылқыны жауын-шашын, суықтан қорғайтын арнайы қораның атауы. Ат қора, көбінесе, отырықшы, жартылай көшпелі қазақтарға тән құрылым болды. Көшпелі ортада арнайы қора сиыр, қой түлігіне салынатын да ат көбіне төбесі ғана жабық лапас түрінде болып, оның өзінде мініс аттарын жауын-шашынға алдырмай таң асыру үшін қолданылатын. ХІХ ғасырда асыл тұқымды арғымақ ұстаған байлар ат қора салдыратын болған. Ат қора басқа түлікке арналған қораларға қарағанда биіктеу есігі кең етіліп

салынатын. Ат қора ішінде жем салатын ақырлар, әбзелдерді жинастыратын орындары болды. Ат қора жергілікті қолда бар материалдардан салынатын, әдетте, ағаш, қамыс, кішірек кірпіш, саман, саз балшықтан салатын болған.

АТ ҚҰЙРЫҒЫН КЕСІСУ / ҮЗУ – бұрын жақын сыйластық, достық, кейбір жағдайда, тіпті, туысқандық қатынастағы адамдардың арасындағы байланыстың ерекше себептермен мүлдем үзілгендігін білдіретін ұғым. Осыған байланысты, тіпті, ат құйрығын кесісу деп келетін тұрақты сөз тіркесі – фразеологизм қалыптасты. Ат құйрығын кесісудің ат кекілін кесу деп аталатын үрдістен айырмашылығы – мұнда бір- бірін айыпқа жығу немесе құн даулау мақсаты қойылмайды. Өйткені, ат құйрығын кесісуге себепкер факторлар көбінесе, моральдық-этикалық сипатта болып келеді. Қарсы тараптар ауылдың, кейбір жағдайда, бүкіл ру-қауымның игі жақсыларының алдында өзінің уәжін айтады. Яғни арадағы бітіспес дауға айналған реніштің нақты себептері айғақталынады. Бірақ ол себептердің моральдық-этикалық салдары ауырлығын баса көрсетуге тырысады. Айыптаудың түпкі мәні – айыпталушының ата-баба жолының принциптері мен нормаларынан мүлдем ауытқығандығын дәлелдеу. Айыптаушының уәжінің көшпелі ортада айырықша қастерленетін ата-баба жолының принциптері мен нормаларына негізделуі – ең әсерлі, ең мықты аргумент (өйткені, ата-баба жолы – дәстүрлі өмір салтының идеологиялық тірегі, әрі моральдық-этикалық негізі). Тараптар бітімге келе алмай, араздық тым ушықса немесе тым қатты кетіссе, олар жерден топырақ уыстап алып «алды-артыңнан бір уыс топырақ» деп бір-бірінің артынан шашады. Мұндайда, тіпті, «қараң батсын, жерге кір!» немесе «туғаныңда қуансам да, өлгеніңде жыламаймын» деген ауыр сөздер айтылуы да мүмкін. Уәжі орынды адам өзін жәбірледі деп тапса, ол отбасымен басқа жаққа көшіп кетеді. Тіпті, осындайда басқа руға кірме болып сіңіп кететін жағдайлар да ұшырасты. Тараптардың бір бірінен іргесін мүлдем аулаққа салу үрдісін ат құйрығын кесісу деп атайды. Осындай жайтқа байланысты ара ағайын ортаға араласып, қарсы жақтарды бітістіруге, татуластыруға тырысады. Деректерге қарағанда, ара ағайынның көп күш салуының нәтижесінде араздасқандардың басым көпшілігі өзар тіл табысып, татуласып отырған. Фразеологизмге айналған ат құйрығын кесісу ұғымының онтологиялық негізі белгілі бір ру-қауымның демографиялық шегінің мөлшерден тым асқынуына, осыған байланысты жайылым және т.б. табиғи ресурстардың тапшылығы себепті әлгі ру-қауымнан келесі этникалық ұжымның енші алып бөлек шығу үрдісінде атқарылатын ат құйрығын кесісу ғұрпынан бастау алады.

АТ ҚҰЙРЫҒЫНА ТАҢУ / АТ КӨТІНЕ БАЙЛАУ/ТАҒУ – байырғы дәстүрлі құқықтық жазаның ең ауыр түрі, ауыр қылмыс жасаған айыпты деп танылған адамды ат құйырығына байлап өлтіру. Ертеректе мұндай жазаға дәстүрлі ортада қауымның (ру, әулет, ата) абыройына нұқсан келтірген, дәстүрлі қатынас нормаларына жат, өрескел әрекетке барған айыпкерлер кесілді. Мұндай жаза билер сотының шешімімен жүзеге асты. Яғни, ат құйрығына байлап өлтіруге бұйырылған. Осы жазаға сәйкес қылмыскер аяқ-қолы байланып асау аттың құйрығына байланды. Жаза мейлінше ауыр

болғанымен, ата-баба жолының ілкімді принциптері мен нормаларының сақтаудың әдеттік құқықтық тиімді тәсілдердің бірі болды.

АТ МАЙЛАУ – мініс атын және ер-тұрман жабдықтарын алыс жолға, суыт жүруге, саят құруға дайындау амалдарының атауы. Ат майлау көбіне барымташылар, ұрылар, саятшылар мінетін аттары сайлы, ер-тұрман жабдықтарының ыңғайлы болуы үшін ат майлау амалдарын жасайтын. Кейінгі кезде атын жалға беруді кәсіп еткен, қала маңының қазақтары да ат майлап, бабына келтіріп, әбзелдерін қамдап жол жүруге үнемі дайындықта болатын. Мұндай атының майын беріп, жалға беріп күнкөріс қылған адамдарды бержебай деп атаған. Ілияс Жансүгіровтің «Біздің күз» атты өлең жолдарынан ат майлау туралы қысқаша мәліметтерді кездестіруге болады:

Ат майлап мініп Әлі жүр

Мал тапқыш, асқан ұрысып.

АТ МІНГІЗІП, ШАПАН ЖАБУ – дәстүрлі әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі сыйлы адамдарға тарту ететін ерекше қадірлі сый-сияпат. Ел бітістірген билерді, жұлде алған палуанды, айтыста жеңген ақындарды, батыр, сұлтандарды, аузы дуалы ақсақалдарды марапаттау, сияпаттау барысында ат мінгізіп, шапан жабатын болған.

Ағайын бар, жақын бар

Айтысуға қақың бар

Бір сөз үшін ат мініп,

Шапан киген ақындар

– деп Қадыр Мырзаәлі ақын жырлағандай ат мінгізіп шапан жабу аса қадірлі адамдарға берілген сый-сияпаттың метафоралық атауы болып кетті.

Сый-сияпат болуымен қатар қазақтың дәстүрлі құқықтық қатынастар институтында ұсақ-түйек қылмыс жасағандар, кінәсін мойындағандар, сөзден ұтылған, өрескел қылығы үшін айыпты болған адамдар қарымтасына ат мінгізіп, шапан жапқан. Мұндай жағдайда ат мінгізіп, шапан жабудың формулировкасы сәл өзгертіліп, ат-шапан айыбы деп аталатын. Алайда қуанышпен де, назамен де берілетін сый мен айыптың мөлшері шартты түрде бір жылқымен бір шапан деп алынғандықтан ат-шапан айыптың да, ат мінгізіп шапан жабуда материалдық құндылығы шамалас болған болуы керек.

АТ ОЙНАТУ – қазақ ауылға екпіндеп, шауып келгенді жаман ырымға балап, үлкен әбестік санаған. Тіпті, ауыл ішінде тай-құнанға мініп шапқылаған бала-шағаға ұрсып, тыйып тастайтын. Әдетте, екпіндеп шауып, атойлап келуді қазақ суық хабар немесе ұрыс-жанжал шығарудың, сес көрсетудің белгісі деп қабылдайтын.

Ертеде жау шауып, малға ұры тигенде, қаралы хабар жеткізгенде хабаршы, жаушы еріксіз елге шауып келіп хабар беретіні белгілі. Осыған орай суыт жүрген, мезгілсіз келген адамға: «Жау шапты ма?», «Тыныштық па?» – деп сұрауды осы күнге дейін байқауға болады.

Ат ойнату – дегеніміз осы қатардағы ауылға атойлап кіріп әлек салу әрекеттері болып табылады. Ат ойнатумен көбіне қоқан-лоққы көрсетіп, діттеген мақсаттарын зорлық-зомбылықпен жетуге бағытталған, тіпті, соққымен байланысты болғандықтан, арты үлкен лаңға ұласып, ел мен ел

жауласып, істі билер кеңесі шешетін болған. Ат ойнату жеке адамға немесе бүкіл ауылға қарсы бағытталуы да мүмкін болғандықтан үлкен әлеуметтік салмағы болды. Тіпті кейбір жағдайда басты себеп, не үшін ат ойнатылды деген сұрақ ұмытылып, ат ойнату фактісінің жеке өзі дау-шардың себебі болып кететін.

Ат ойнату қазақы ортада қалыптасқан этикалық нормаларды өрескел бұзатын, оғаш қылықтар қатарына жатқызылып, заң бұзушылық, қылмыс ретінде қабылданатын. Қалай болған жағдайда да ат ойнату фактісі айып тағуға себеп болып, ат шапан айыбы немесе ат бастатқан тоғыз кесетін. Ат ойнату салдарынан біреулерге соққы тиіп, мүлік таланған жағдайда билер соты айып, құнды келтірілген нұқсанның көлеміне сай кесетін болған.

АТ ОЙЫНДАРЫ – атқа мінген ойыншылардың қатысуымен өтетін ұлттық ойын түрлері. Ат ойындарына ат жарыстыру (бәйге түрлері бірнешеу), жорға жарыстыру, қыз қуар, көкпар тарту, аударыспақ, ат үстінде садақ тарту (жамбы ату), теңге ілу, ат омырауластыру, атты ордан қарғыту, мүше алып қашу, жорға жарыс, тай жарыс, құнан жарыс, тоқбәйге жатады.

Қазақтар тойларда өткізілетін әртүрлі ойын-сауықтарда ат үстінде сан алуан өнер көрсеткен. Ат құлағында ойнаған көшпелілерде жылқы негізгі көлік және түрлі шикізат көзі болғандықтан, жеке мініс аты жоқ, жылқысы жоқ адам болмаған. Сондықтан, ер қанаты ат демекші, жақсы ат жеті қазынаның біріне саналып, көшпелі өмірде аса маңызды орынға ие болды. Шабандоздардың қимыл-қозғалысынан-ақ иесінің ниетін дәл сезетін арнайы көкпар аттары болды. Ал жүйрік пен жорға ұстау үлкен мәртебеге саналды.

АТ ОЙЫНШЫҚ – тастан қашап жасалған бала ойыншығы. Р.Карутц еңбегінде ертеректе қазақ балаларының жұмсақ тастың бір кесегін жылқы пошымына келтіріп, қашап ойып жасайтыны туралы баяндалады.

Ат ойыншықты саз балшық пен сүйектен де жасаған. Оның артқы тұсына аттың құйрығына ұқсатып бірнеше қылды топтастырып, ықшамдап бекітеді. Үстіне атжабу сияқты мата жабылғанда кәдімгі мініс атына ұқсап шыға келеді.

АТ ОМЫРАУЛАСТЫРУ – атқа мінген ойыншылар арасында өтетін ұлттық ойын түрі. Аталмыш ойынға 5-тен 15 адамға дейін қатысады. Ойын арнайы сайланған жетекшінің белгісімен басталады. Ойын талабы бойынша ойыншы қарсыласын сызылған алаңның сыртына шығаруға тырысады.

Ойын барысында қамшы ұстауға, қарсыласын аттан құлатуға, атты ұруға, жүгенінен тартуға тыйым салынады. Осы тыйымдарды бұзғандар ойыннан шығады. Егер ойыншы атының екі аяғы алаңның сызылған шекарасынан шықса, жеңілген болады.

АТ ӨТТІ ЕТУ – қазақы ортада айырықша маңызды оқиғаның (мысалы, болыс сайлауы науқаны) басталатындығын, оған мұқият болу қажеттілігін ескерту. Бұл дәстүр қоғамдық қатынасты ежелгі ұстанымдар мен нормаларға сәйкес реттеудің ілкімді тәсілдерінің бірі болды.

АТ САУЫТЫ – соғыста жауынгерлік аттарды жаудың қаруынан қорғауға арналып, аттың денесіне киілетін қорғаныс жарағы. Қару жасаушы шеберлер аттың денесін қорғайтын сауыттарды жасағанда да жауынгерлерге арналған

сауытарда қолданылатын технологиялар мен материалдарды пайдаланып жасады. Пайдаланған материалдарына байланысты бұл қорғаныс жарағын ауыр сауыттар және жеңіл сауыттар деп екі топқа бөлуге болады. Ауыр сауыттар металдан (қоладан, темірден, болаттан), қатты теріден, сүйектен жасалды. Жеңіл сауыттарды жасауға жұмсақ материалдар: әр түрлі маталар, киіз пайдаланылды.

Алғашқы аттың денесін қорғауға арналған қорғаныс жарағы Шығыста б.э. дейін X ғасырда қолданыла бастады. Көшпелі халықтарда атты қарудан қорғауға арналған алғашқы жарақ түрлерін б.э. дейінгі VI-V ғасырларда сақ-скифтерде кездестіреміз. Скифтер аттың басын қорғауға қола немесе алтындалған маңдайлықтар қолданған. Ал аттың кеудесіне тері немесе киіз кеуделіктер жауып, кейде оны қосымша қола қалқаншалармен күшейтті. Шығыстағы сақтардың да аттары кеуде тұсында қорғаныс жарағымен қорғалды. Көне грек тарихшысы Геродот өз кітабында: «Олар (массагеттер) аттарына да мыстан кеудені жауып тұратын сауыт кигізеді, ал жүгендерін, шылбырын алтынмен әшекейлейді», – деп жазады. Ғұндардың жауынгерлері де (б.э. дейінгі II ғасыр) өз аттарының басын қола маңдайлықтармен, аттың кеудесін аттың қылынан тізілген кеуделік жабумен қорғады. Бұл қорғаныс әдістері атты алдыңғы жақтан келетін қару соққысынан қорғауға ғана арналған болатын, ал аттың бүйірі, сауыры қорғаныссыз болды. Сондықтан бұл қорғаныс жарақтары әлі толық ат сауыты болған жоқ.

Жазба және бейнелік дереккөздері аттың денесін түгелдей қорғайтын ат сауыты көшпелі халықтарда II-IV ғасырларда қолданысқа енгенін дәлелдейді. Осы кезеңдегі сарматтардың ауыр қаруланған атты әскері – катафрактарийлар өз жауынгерлік аттарын оның бүкіл денесін қорғайтын сауытпен жарақтаған. Аттың басын темір томаға, бүкіл денесін жыланкөбе немес пластиналы көбе сауыттар жауып тұрды. Кейде сауыттың кеуделік бөлігі қосымша дөңгелек тақтамен күшейтілді. Аттың денесін түгелдей қорғайтын осындай ат сауыты III-V ғасырларда Сібірді мекен еткен көшпелі тайпаларда да қолданыста болды. VI-VIII ғасырларда көне түркі қағанының ауыр қаруланған жеке гвардиясының түркі әскерінің басты соққы беруші күші болған «бөрілердің» жауынгерлік аттарының қорғаныс жарағы темір тіліктерден теріліп жасалған ауыр ат сауыты болды. Сауыттың жеке бөліктері бір-бірімен қайысбаулар арқылы байланды. Түркілердің жеңіл қаруланған жауынгерлерінің аттары жұмсақ материалдардан жасалған жеңіл ат сауытымен жарақталды. Бұл сауыттар әдетте жібектен бірнеше қабаттап тігіліп, арасына жүн, мақта салып сырылды. Аттардың басын темір томағалар қорғады. Аттың бүкіл денесін қорғайтын бұл ат жарақтары түркілердің тастағы суреттерінде бейнеленген. «Қорқыт ата» кітабында көшпелі оғыздарда да ат сауыты болғанын көрсететін дерек кездеседі. Мысалы, Оғыз – Қаңлы баласы Қан-Төрәлі жайындағы жырда Сейілжан сұлу «Қан-Төрәлінің атының сауытын алып өз атына кигізді, өзі де сауыт киіп алды» – деп айтылады. Монғол шапқыншылығы кезіндегі монғолдардың ауыр қаруланған әскерінің ат сауыты да осындай болды. Монғолдардың ат сауытын жасау әдісін сипаттап жазып кеткен Плано Карпини ат сауытының бес бөліктен тұратынын, сауыт жіңішке темір немесе

тері тіліктерінен жасалатып, өзара қайыс баулармен байланатынын жазады. «Ат жарағы бес бөліктен құралады. Атты құйрығынан басына дейін жауып тұратын, бір жағында бір бөлігі, екінші жағында екінші бөлігі болып, олар ердің тұсындай байланады. Аттың мойнына, сауырына бір-бір бөліктен салынады да, олар аттың екі бүйіріндегі бөліктеріне байланып бекітіледі. Сауырындағы бөлігіне аттың құйрығы өткізілетін тесік жасалынады. Кеуде тұсына тағы бір бөлік салынады. Барлық бөліктер тізеге дейін түсіп тұрады.

Аттың маңдайына темір тақталар салынып екі жағынан бағанағы айтылған бөліктермен байланыстырылады...». Алтын Орда және оның ыдырауы барысында пайда болған көшпелі түркі мемлекеттерінде XIV-XV ғасырларда кіреукелі және кіреукелі-пластиналы ат сауыттары қолданысқа енді. Әдетте ауыр сауыттың астынан аттың денесіне жұмсақ жабу салынып, оның шеті шашақталып сауыттан төмен түсіп тұрды. Бұл кезеңдегі кейбір жеңіл ат жарағы жұмсақ матадан қабаттап тігіліп, бірнеше жерлерден дөңгелек метал тақталармен күшейтілген жабу түрінде болды. Аттың металл сауыты да батырлардың сауыты сияқты аттың жабуларын осылайша түрлі әдіспен күшейтуден пайда болған. Сондықтан ат жарағының жалпы формасы, оның бөліктері жабудың формасын, бөліктерін қайталайды. Ат сауытының да жиектерінде шашақтары болады, сауытты шашақтармен әшекейлеу де ат жабуынан ауысқан. Бұл кезеңде де аттың бастарын металл томағалар жауып тұрды.

Көшпелі халықтардың ат сауыттарының барлық түрі жоғарыда айтылған негізгі бес бөліктен құралды. Құрамдас бөліктерінің қолданылуына байланысты бұл қорғаныс жарағын толық және толық емес ат сауыттары деп бөлуге болады. Толық сауыт аттың барлық денесін қорғап тұрды. Толық емес сауыттарда аттың кейбір дене бөліктерін ғана қорғайтын жеке жабдықтары қолданылды, ал аттың басын тек маңдайлық қана қорғады. Әрине тұлпарларын толық ауыр ат сауытымен жарақтауға жауынгерлердің бәрінің мүмкіндігі бола бермегенін айта кету керек. Мұндай сауыттар соғыста жауға негізгі соққы беретін атақты батырлардың аттарында ғана болды. Олар әдетте әскери шептің алдыңғы қатарында тұратын. Жауынгерлердің біразы аттарын толық емес сауытпен жарақтады, негізінен аттың кеудесін, басын ғана қорғады. Жауынгерлердің көпшілігінде әрине ат сауыты болған жоқ.

Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі (XV-XVI ғасырлар) қазақтың атақты батырлары мінген жауынгерлік аттарының сауыты да Алтын Орда дәстүрін жалғастырды. Бастауын Ноғайлы заманынан алатын қазақ батырлар жырындағы кейбір жыр жолдарынан, Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде, қазақ батырлары да өз аттарына сауыт, басына темір томаға кигізгенін түсінуге болады. Мысалы «Ер Тарғын» жырында:

Бұл әскерді көрген соң
Сарала туы салбырап,
Сауытының шашағы
Тұс-тұсынан саудырап.
Томаға көзді тарланды
Жауға қарай тебініп,

Жалмауыздай емініп,
Толып жатқан әскерге
Келді Тарғын желігіп. –

деген жолдарда жиегі шашақталған ат сауыты мен аттың басына кигізілген томаға мензеліп тұр. Ал «Қобланды батыр» жырындағы мына жолдарда да аттың басын қорғайтын томаға айтылған.

Ылдидан шапса, төске өзған,
Ертеден шапса, кешке озған,
Томағалы қасқа азбан
Сол мінер деп қорқамын.

Кейін XVI ғасырдан бастап отты қарудың қолданысқа кеңінен енуімен, ауыр қаруланған атты әскердің қажеттілігі болмай, қазақ жауынгерлері аттарын кіреукелі жеңіл сауыттармен қорғай бастады. XIX ғасырдағы орыс авторы А.К.Гейнс өзінің «Кигиз-кайсаки» деген еңбегінде қазақтардың кіреуке сауыттары бар екенін, кіреуке сауытпен аттарын да қорғағанын жазады.

Қазақ тілінде алтындалған, түрлі әшекей салынған ат жабуын «кежім» деп атайды. Ал кейбір түркі халықтарының тілінде «кежім/ кедім/кеджим/кижим» сөздері бұрынғы кезде аттың сауытын мағыналады. Көне түркі тілінде де «кедім» (кежім) сөзі осы мағынада қолданылған. Күлтегінге арналған тас жазуында былай делінеді: «Үшінші йечін Сіліг бегің кедімліг торық ат бiніп тегді. Ол ат анта өлті (Үшіншіде иегін Сілік бектің кежімді (суытты) атын мініп шапты. Ол ат сонда өлді)». Қазақ тілінде де сауыт, дулығалардың «тон», «телпек», «қалпақ» деп аталғаны сияқты «кежім» сөзі ат сауытының да атауы болған болу керек.

АТ СҮЙЕК БЕРУ – көшпелілердің соғыс тактикасындағы жауынгерлік салт, әскери доктринада қалыптасқан моральдық-этикалық ұғым. Қазақ хандығы дәуірінен бергі деректерде ұрыс шебінде аты жарақаттанған немесе оққа ұшқан жолы үлкен қолбасшыны, сардарды, жауынгер сарбазды жауға бермес үшін алдын ала дайындалған қосалқы атқа арту немесе өңгеріп әкету сынды дәстүр болғандығын айғақтайды. Майданда аты өлген сарбаздарды жауда қалдырмай алып шығатын тәртіп әскери доктринада берік орын алған және ру мен ұлыстың намысына сын есебінде болды. Өйткені соғыста жолдасын жауға қалдыру жауынгер үшін өліммен тең деп есептелген. Мәрт жауынгерлер өз атын түсіп бергені туралы ауызша мәліметтерде айтылады. Айталық, қалмақ-қазақ соғысында аты жығылған Абылай ханға Жанқұтты бидің әкесі Ботандай батыр өз атын түсіп берген; табын Бұқарбай батыр Наурызбай батырға өз атын тартқан.

Мұндай деректер тарихи нарративтерде ғана емес, әсіресе фольклорлық шығармаларда мол кездеседі.

АТ ТАҒАЛАУ – шаруашылық қажеттілікке пайдалану барысында аттың тұяғына зақым келтірмеу үшін жасалатын іс-шара. Ат тағалау барысында аттың тұяғына таға шегеленіп бекітіледі де, тұяқты түрлі механикалы әсерден сақтайды. Ат тағалау, әсіресе, таулы өңірлерде көп қолданылады, себебі қиыршық тас жүк тасығанда немесе салт атты отырған жылқының тұяғын

зақымдап тасырқауға әкелетін. Алыс жорықтарға шыққанда да ат тағаланатын болған. Себебі арқасына үнемі салмақ түсетіндіктен жылқы тұяғының табиғи төзімділігі шектеліп, тұяғы жарылып, көбесі кетіп қалатын болған.

Дәстүрлі шаруашылықта жылқыларды маусымдық тағалау да болды. Қыс мезгілінде, мұзда, қатқақта тайғанақтамау үшін арнайы тағалармен тағалаған. Қысқа арналған маусымдық тағаның емшектері, бүрлері мұзда таймайтындай етіп үшкірлеу етіп жасалады. Маусымдық ат тағалау қыста жүк тартатын кірешілердің арасында кеңінен қолданылғандығын айта кету керек.

Ат тағалау үрдісі қазақ арасында жүк тартатын жегін аттарға қатысты маусымына, тағаның қажалып тозуына қарай уақтылы орындалып отыратын. Әдетте, таға жұмсақ темірден соғылып арнайы соғылған қырлы шегемен тұяққа сегіз жерден бекітіледі.

Ат тағалау барысына тұяқ шотпен және арнайы пышақпен, егеумен жонылып, қырғышпен тазаланып дайындалады. Тағаның шегелері тұяқтың ішкі жұмсақ жағына тимейтіндей етіліп, сәл ішке қарай имектеле соғылады. Шеге тұяқтың құрамын, яғни жұмсақ қабатына тиетін болса жылқы ауырсынып ақсап, арты жараға айналып кетуі мүмкін.

Жылқының артқы және алдыңғы тұяқтарының өзгешелігіне қарай тағалар да артқы (сопақшалау) және алдыңғы (дөңгелектеу) болып ерекшеленеді. Жылқыны жығып және түрегеп тұрғанда тағалайтын болған. Дегенмен кәсіби ұсталар жылқыны жықпай тағалайтын, әдетте, таға артқы аяғынан бастап бекітілетін. Ат тағалау барысында көмекші адам шашасынан қайыс таспамен байлап малдың аяғын көтеріп қимылын шектеп тағалайтын. Мұндайда жылқыны тұяғын ұстап тұрған көмекшісінің рөлі маңызды болды. «Тағашы тағашы емес, ұстаушы тағашы» деген мәтел осыны меңзесе керек. Тағалаушы ұста әр тағаны 8 шегемен бекітіп, шегенің шығып тұрған ұшын, тістеуікпен қиып тастап, егеумен тұяқтың бетімен бет қылып егеп тастайтын болған. Ат тағаланып болған соң жетектеп жүргізіп, ауырсынбағанын байқап көретін.

Зерттеуші А. Тоқтабай «Қазақ жылқысының тарихы» атты еңбегінде қазақтардың ат тұяғын арқардың мүйізімен тағалады деген дерек келтіреді. Алайда ат тағалау ондай тәсілі жайлы мәлімет басқа жазба деректерде кездеспейтінін атап өту керек. Сондықтан арқар мүйіз тағаның болғандығы күмән тудырады.

АТ ТЕРГЕУ – байырғы қазақ тұрмысында әйелдердің қайын жұртының адамдары мен дүниеден озып кеткен ата-бабаларының есімдерін тура атамай, тұспалдап атау дәстүрі. Сондай-ақ қыз алыспайтын қауымның, рудың көрнекті адамдарының атынан бастап өзі келін болып түскенге дейін туған балалардың да атын да тура атамаған. Бұл ғұрыптың түптамыры ертедегі сөз магиясы, бабалар культі мен анимистік сенімдер, аруақтан медет тілеу тәрізді ұғымдардан бастау алады. Дәлірек айтқанда, табудың (тыйымның) бұл түрі, Ш.Уәлиханов жазғандай, адам жаны өзі дүниеден озғаннан кейін жоғарғы әлемге жетеді және жердегі адамдарды желеп-жебейді деген аруақ культімен байланысты қалыптасқан. Осындай наным-сенімдерге байланысты қалыптасқан ат тергеу дәстүрі әйелдер тіліндегі тыйым салынатын сөзге

айналып, сол арқылы қауым мүшелері арасындағы моральдық-этикалық нормалардың біріне айналған.

Жаңа түскен келін көбінесе өзінен бұрын түскен абысындары қойған атпен атаған, тапқыр, пысық келіндер өздері-ақ ат қойып алатын болған. Егер жас келін түскен үйдің қайын атасы тірі болмаса, қайын атасының өзінен кейінгі інісін ата, сондай-ақ, қайын атасы да оның інілері де тірі болмаса, онда күйеуінің үлкен ағасын ата деген. Күйеуінен үлкен барлық ерлерді әйелдер қайын аға деген; егер ер адам қайын атасымен құрдас немесе одан үлкен болса, онда келін өзінің қайын атасы сияқты ата деп атаған. Ер адам күйеуінен біраз жас үлкен, бірақ қайынатасынан жас болса, онда келін би аға деп, атасының үлкен ұлын, яғни күйеуінен жас жағынан үлкенін мырза аға; одан кейінгілерін ортаншы аға деп, туысқан қайнағаларын атқаратын қызметіне қарай ауылнай аға, мырза аға, би қайын аға деген сияқты ат қойған.

Күйеуінен үлкен әйел адамдарды шешей деп, енесінен жасы үлкен әйелдерді келін өзінің енесі сияқты ене деп атаған. Осы аталғандардың ешқайсысының әйелі тірі болмаса жас келін күйеуінің үлкен ағасының әйелін ене атаған. Егер қайын енесі тірі болмаса, қайын атасының өзінен кейінгі інісінің әйелін енесімен тең санап шешей деген. Күйеуінің үлкен қыз апасын келін көбінесе апа деген. Қайындары мен қайынсіңлілеріне жасына қарай ортаншым; кенже ұлын кішкенем, кенжетай, кенже бала, қыз болса кенже қыз, бөпежан, еншіге берген қайнысын еншілес деп атаған. Қайын ағаларының ұлдарын да атымен атамай, оларға төрем, аппағым, ақ жарқын, айдарлым, шырақ, бөпежан т.б. аттар берген. Қайынсіңлілеріне бикеш, ортаншы қыз, кішкене қыз деп немесе түр-сипатына қарай шырайлым, сұлуым, ботакөз, көз жақсым, қара көз, айдарлым деп ат қойған. Әдепті келін тіпті күйеуінің інісінің әйелі өзінен бұрын келін болып түссе және атасын немесе енесін тірі кезінде көрсе, егер өзі түскенде олар тірі болмаса, онда оның да атын атамаған. Бұндай жағдайда оның өз атының орнына «келіншек» деп атау қолданылады. Әйелі күйеуінің де атын атамай отағасы, біздің мырза, біздің кісі деп атайды. Әйел күйеуінің құрдастарын «құрдас», ал күйеуінің аттастарын «аттас» деп атайды. Күйеуі туралы айтқысы келсе, балаларына әкелерің, қайын, қайын сіңлілеріне біздің үйдегі ағаларың, көкелерің, – деген.

Қазақ әйелдері қалжыңы жарасатын қайныларын, құрдастарын кейде ерекше белгісіне қарай бадырақкөз, көккөз, төртбақ, торпақ, айыр сақал, таңқы мұрын, қалқанқұлақ, тазша, домбырашы, шешен деп атаған. Келіндер үшін атауға болмайтын адам атына, сол адамның сыртқы келбетіне ұқсас немесе мінез-құлқына ұқсас бөтен адамның аты берілетін жағдай да кездеседі. Келіндер сондай-ақ туыс болмаса да біреудің аты күйеуінің ағайынымен аттас болса, оны «атам аттас», «қайнаға аттас», «мырза аға аттас» деген. Ат тергеуші әйел тіпті ол кісі қайтыс болып кетсе де сол үрдісінен таймауы тиіс. Н.И. Ильминский: «Егер күйеуінің туыстары ішінде аты бір заттың атымен аталатын болса, онда келін бұл заттың атын атамай, басқалар түсінетіндей етіп, оған балама бір сөз ойлап тапқан», – деген еді. М.Шоқайдың академик А.Н. Самойловичке берген дерегінде қазақ келіндерінің ат тергеу дәстүріне қатысты мынадай мәлімет айтылады: «Мұстафа Шоқайдың атасының

атындағы «торғай» сөзі Сыр өңіріндегі торы руының әйелдері арасында шымшық, шөже, жау шөже сөздерімен ауыстырылған. Жылқыайдар деп аталатын атаның жылқы сөзін мінгіш немесе тушар деп айтады. Күйеуінің туысының бірінің аты Сары аталса, әйелдер тілінде Сарысу өзенінің аты Шикілсу болып ауыстырылады. Бір қазақтың әйелін молда оқуына бергендігі жөнінде қызықты әңгіме бар. Құранды оқып отырған кезінде «Кәусар» сүресіне келген кезде, әйел осы сүренің бірінші қатарындағы араб тіліндегі каусар сөзіндегі сар сөзін айтудан бас тартқан, себебі сар сөзі оған айтуға болмайтын «сары» сөзін еске түсірген, сондықтан оны каушикіл», – деп айтқан екен. А.Н. Самойловичтің жазып алуы бойынша, әйелдер күйеуінің туыстарының атында кездесетін заттарды келесідегідей жанама сөздермен ауыстырып айтқан: боқ сөзі орнына – қыш, тезек, ақ шаңқан, қара боран, сары – шикіл, мамық төсек – жүн-төсек, көш – жөнеу, қой – маңырама, қошқар – азбан, алты – бестен бір артық, базар – сауда, айдар – төбе шаш, пышақ – еткесер, балға – соғар, тоқпақ – қолағаш, айна – беткөргіш, бұқара – ұлы кент, бүркіт – үлкен құс, қораз – айғыр тауық, тышқан – қаптесер, қоян – есекқұлақ, тоқты – кішкене қой және т.б.

Ат тергеу жосынының классикалық үлгісі ретінде ел арасында кең тараған төмендегі әңгімені мысал ретінде келтіруге болады. Қазақ әйелі судың жағасында қойға шапқан қасқырды көріп, су, қамыс, қой, қасқыр, пышақ, қайрақ сөздері күйеуінің туыстарының аттары болғандықтан әлгі оқиғаны төмендегідей жеткізген екен деседі: «Ата, ата, сарқыраманың арғы жағында, сылдыраманың бергі жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Жаныманы байламаға байлап алып келіп көріңіз».

Өз аттары орнына келіндердің берген жанама аттары ру немесе қауым ішінде адамдардың өмірінің аяғына дейін сақталды. Тіпті, өз аты ұмытылып, ауыл адамдары да оны келіндер қойған атпен атап кеткен жағдайлар болған. Мысалы, Кіші жүздің Әлімұлы тайпалық бірлестігінің шежіресі бойынша Әлімнің бір атасы Айнықтың қалың қара сақалды болуына байланысты әйелдер берген Қарасақал аты кеңінен тарап, одан тараған ұрпақтар Қарасақал тайпасын құраған. Өзінің негізгі аты бірте-бірте қолданыстан шығып қалған.

Қазақ әйелдері кейде тыйым салынған есімдерді тергеп айтуға мүмкін болмаған жағдайда есімдердің бір дыбысын өзгертіп қолданған. Мәселен, Әлиді Сәли, Тұрсынды Мұрсын, Ахметті Сахмет деп бұзып айту да эвфемистік есімдер жасаудың бір тәсілі болып табылады.

Әлихан Бөкейханов өзінің «Безправность киргизских молодых» атты мақаласында: «Жаппас руының А. деген сұлуы Б. атты қыпшақ жігітіне ұзатылады. Су құйып тұрған күні құманмен байқаусызда келіншектің басына ұрып алады, қорыққан күн келіншектің енесінің үйіне барып тығылады. Ашу үстіндегі келіншек, «мен сені С.-ның үйіне емес, құдай үйіне тығылсаң да тауып аламын», – деп енесінің атын айтып қояды. Сол күні келіншек енесінің тапсырмасымен тұншықтырылып өлтірілген», – деген оқиғаны жазған. Бұл дерек қазақ қоғамында әйел тәртібінің межеден асып кетпеуіне қатты көңіл бөлгендігін, сонымен қатар қазақтар арасында ат тергеу дәстүрінің берік

сақталғандығын көрсетеді (Ескерту: Ә.Бөкейхановтың бұл мақаласы «Таңдамалы шығармаларына» енбей қалған).

Ат тергеу көшпелі ортадағы туыстық-рулық қатынастарды ұйымдастырушы және реттеуші институттардың бірі ретінде функция атқарды. Яғни институционалдық қатынастар жүйесінің ең қауқарлы элементтерінің бірі болды.

АТ ТҰЛДАУ – дәстүрлі аза ғұрпындағы өліктің артын күтуге байланысты атқарылатын салт, дүниеден озған ер адамның мінген атының жал-құйрығын шорт кесіп күзеп тастау рәсімі. Ат тұлдау марқұмның жетісінде, кейде қырқында атқарылады. Кекілін төбесіне түйіп, ноқта, жүгенін сыпырып, құрықтан азат етіп «жануар, о дүниедегі иеннің жолына құрбандыққа шалын!» деп қоя береді. Мұндай жылқыны «тұл ат» дейді.

Осы жолдардың авторы ат тұлдау ғұрпының мән-мағынасы туралы төмендегідей ой түйген еді: «...Марқұмның көзі тірісінде өте қастерлеген атын тұлдау, марқұмның сұлбасының жасалынуы, қаралы ту көтеру, өлік шыққан үйде қырық күнге шейін шырақ жағылып, оң жаққа төселген ақ киізге бір тостаған қымыз қойылуы және т.б. байырғы жосындар, түптеп келгенде, о дүниенің «өкілдері» – аруақтардың, рухтардың «көңілін аулауға бағытталған рәсімдер. Сонымен бірге марқұмның көзі – «тұл ат», оның бес қаруы, кісесі және т.б. о дүниенің «өкілдерімен» ата-баба дәстүрі қалдырған тәртіп бойынша байланыс жасап отырудың символдық арналары іспеттес. Алайда, бұлар өзіндік байланыс «торабы» ретіндегі қызметтер өлікті жөнелтуге байланысты салттық жосын-жоралғы циклы аяқталған сәтіне дейін ғана атқарады».

Құйрық-жалы кесіліп тұлданған ат алыстан-ақ андағайлап көрініп тұратындықтан ондай атқа барымташы да, ұры да тимейді. Тұл аттың ер-тоқымын ешкім пайдаланбайды. Көшкенде ауылдың қыздары сол жал-құйрығы кесілген атқа қара түсті кежім немесе жабу жауып, иесінің ертұрманымен ерін теріс қарай ерттеп, оның үстіне марқұмның жақсы киімдерін жауып, ердің қасына тұмағын кигізіп, өздері де тымақтарын теріс қаратып киіп, қараны қолға алып, тұлданған атты жетектеп көштің ең алдында жүріп отырады. Мұның мәні ат та иесінің өліміне бірге қайғыруы тиіс деген ырым деп түсіндіреді. Жолда ауыл көрсе, яки қонар жерге келсе, дауыс қылады. Жолдағы ауылдардан әйелдер бұларға сусын береді, көңіл айтады. Ежелгі дәуірлерде қазақ даласын мекен еткен тайпаларда осы жылқыны бірге көму (құрбандыққа шалу) дәстүрімен тікелей байланысты. Қазақтардағы марқұмның сүйікті атын оған құрбандыққа атап «тұлдау» салтын ертеден келе жатқан осы аруаққа арналып жылқы малын шалудың эволюциялық түрленген жалғасы деуге болады. Аза тұтудың шарықтау шегіне саналатын ас беру жиынының үшінші күні Құран оқылып, тұл ат сойылады. Қаралы ту байланған найзаны, профессор Ә.Төлеубаевтың айтуынша, жесірдің әмеңгерлері, болмаса туыстарының бірі сыртқа алып шығып, сындырады да әдейі жағылған отқа тастайды.

АТ ТҰМАР – тіл-көзден сақтау үшін жүйрік аттың мойнына тағылатын тұмар түрі. Ат тұмарды құран аяттары жазылған қағазды үшкіл пішінді

қымбат матаның немесе былғарының ішіне тігіп жасайды да, ұзындау бау тағып қояды. Кейде құран аяттарының орнына «тұмарқаптың» ішіне жеті түрлі зат салынған. Осындай ат тұмарға шашақ тағып, күміс шытыралармен әшекейлеген. Ертеректе атқа арналған тұмарды қақтап жасалған күміс құты-қорапшаның ішіне салған. Олардың кейбіреуі алтынмен апталған. Қымбат тұратын бұндай тұмар туралы көне жырдың бірі – «Алпамыс батыр» жырында төмендегідей жолдар кездеседі:

Айт, жануар, Шұбарым,
Мойында алтын тұмарың.
Тасып, толып тарқасын
Бүгінгі күні құмарым.

Этнографиялық деректерге қарағанда, ат тұмарды жиын-тойға барған кезде жүйрік аттың мойнына яки жүгеннің маңдай тұсындағы кекілдігіне, сағалдырыққа, өмілдірікке таққан. Байырғы уақытта ат тұмардың сәнді түрлері әйкел, алтын әйкел деп аталған. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген ер-тұрман, ат-тұрман және т.б. қос сөздер тәрізді жинақтауыш ұғымда әйкел-тұрман атауы да қолданылған. Яғни, әйкел деп аталған тұмар ат әбзелінің құрамдас бөлігі болған. Ат тұмардың байырғы қазақ тұрмысында қаншалықты орын алғанын жоғарыда аталған сөздер мен «Жүйрікке – тұмар» тәрізді мақал нақтылай түседі.

АТТЫҢ АРТҚЫ АЯҒЫНАН ГӨРІ АЛДЫҢҒЫ АЯҒЫНЫҢ АҚСАҒАНЫ ЖЕҢІЛ – халық тілінде өлім-қазаммен байланысты көңіл айтуда қолданылатын тұрақты сөз орамы. Бұндағы мәдени семантикалық кодты ашатын болсақ алдыңғы аяқ деп жасы келген, көп жасаған адамдардың қазасын тұспалдап айтқаны. Ал артқы аяқ дегені оның артындағы балаларын, немерелерін меңзегені. Жасы келіп, көп жасаған адамдар әдетте стереотип бойынша артым (балапаным, немерелерім) аман болсын, қаза кезегімен кәріге келсін деп отырады. Ал баласы өліп, кәрі адамның өзі қалса, аттың артқы аяқтан ақсағаны дейді. Бұндай қаза әдетте жасы келген, кәрі адамдарға ауыр тиеді. Сондықтан аттың артқы аяғынан гөрі алдыңғы аяғынан ақсағаны жеңіл дейді. Сөйтіп, жылқы малындағы табиғи күйді тұрақты сөз орамдары арқылы қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданады.

АТШОҚАЙ – қоға тәрізді ұзын, сабақты, бүршікті, тамыржемісті өсімдік. Атшоқай өзен, көл жағаларында, көктемде су мол жиналып, кейінірек құрғап қалатын сайларда өседі. Атшоқай деп осы өсімдіктің тамырын да атайды. Жергілікті халық күзге қарай пісіп жетілген атшоқайды қазып алып, жеуге пайдаланған. «Суы тартылып, сабағы кеуіп кеткеннен кейін жергілікті тұрғындар күрекпен қазып алып, тазалап, қазанда ысыған құмға қуырады. Сыртындағы қылшықты қабығы сыпырылып түсіп қалғаннан кейінгі ішіндегі бөртіп, білеуленген дәмі тәтті, кіртілдек аппақ собығын келіге түйіп, талқанға айналдырады да, оны қаймаққа араластырып, не сүтке салып жейді. Одан быламық та, қамыр да пісіреді».

Атшоқайды Ұлытау маңындағы тұрғындар буылдық де атайды. Қызылорда өңірінде атшоқай – құс жейтін, саңырауқұлақ тәрізді өсімдіктің атауы. Ол аймақта өсетін атшоқайды адамдардың жеуге пайдаланғаны туралы

мәлімет жоқ. Айта кету керек, Ақтөбе аймағында өзен, көл жағаларында өсетін сабақты, бүршікті өсімдікті атшоңқай дейді. Ол малға жұғымды өсімдік деп саналады. Алайда диалектолог-ғалымдардың жинаған материалдары бойынша қиыншылық жылдары атшоңқайды Арал өңірінде тамақ ретінде пайдаланған көрінеді. Соған қарағанда ел ішіндегі атшоңқай деген өсімдік атауы қазақ елінің Оңтүстік өңірлерінде өсетін атшоқайдың халықтық атауларының бірі болуы мүмкін.

АТ ТҰЯҒЫН ТАЗАЛАҒЫШ – ат тұяғын тазалайтын темір құрал. Оның тұяқты кесетін, шұқып, қырнап тазалайтын түрлері қолданылады. Ел ішінде тұяқ тазалайтын құралдың сынтараш, сымтараш тәрізді атаулары сақталған.

Аттың тұяғы әсіресе көктемде және күзге қарай жиі тазаланады. Тазалау кезінде жарақаты білінсе немесе аяғы ауырған ат тұяғын тазалағанда, тиісті ем қолданады.

АТ ҰСТАР – қазақ отбасындағы шаңыраққа ие болатын ұл балаға қатысты айтылатын теңеу.

АТ ШАНА – қыстыгүні атқа жегіп, қар бетімен сырғанайтын құрал, көлік түрі. Ат шанамен қыста көбінесе пішен, отын-су тасылады. Сүйегі берік болу үшін қайың тәрізді мықты ағаш кесінділерінен құрастырылады. Оны арба жасайтын ұсталар жасайды. Ат шана шаруашылық жұмыстарына арналатындықтан, үстін үлкен және қоршаусыз, жайдақ етіп жасайды. Ат шананың екі табаны темірмен құрсауланады. Сондай-ақ құрастырылған басқа ағаш бөліктері де кейде беріктік үшін темірмен бекітіледі. Ат шананың алдына ат жегетін екі арысы (ағаш) болады. Оған тек бір ат жегіледі. Қар қалың немесе жол ұзақ, жүк ауыр болса, ортаңғы аттың жанына қосалқы ат жегіледі. Жолда ортаңғы атты қосалқы атпен ауыстырады. Кейде ортаңғы аттың екі жанына екі ат та жегіледі. Кейбір аймақтарда қолданылатын бір аттық шана, қос аттық шана тәрізді шана түрлері осындай жағдайға байланысты қалыптасқан. Ат шананың қыс айларында малды қажетті жемшөппен қамтамасыз етіп, мал басын аман алып шығуда маңызы ерекше болды.

АТ ШАПТЫРУ – маңызды хабарды шұғыл жеткізу үшін немесе тез хабар алу үшін жарау, жүйрік атпен кісі жұмсау, хабаршы жіберу. Атпен хабарлауға жіберілген адам ел ішінде хабаршы, шабарман, шапқыншы, жаршы деп әртүрлі аталған. Алайда, тарихи тұрғыдан алғанда, бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, шабарман – «көбінесе ел билеушілерінің тапсырмаларын орындайтын, хабар айтатын шапқыншыға», шапқыншы – «болған істі, оқиғаны жеткізетін, айтатын хабаршыға», хабаршы – «ертедегі қазақ тұрмысында екі ел, екі ауыл, ру арасына қатысты оқиғаларды жеткізуші адам, хабар әкелуші, хабар беруші, хабарлаушыға», ал жаршы хан-сұлтанның және т.б. ел билеушілерінің бұйрығын немесе қандай да бір «халықтық шаралар туралы ақпаратты ел арасына жеткізуші, жиылған топқа дауыстап айтып берушіге» байланысты айтылған.

Жердің алыс-жақындығына қарай хабаршы бір немесе қос атпен жіберілген. Байырғы қазақ түсінігіндегі ат шаптырым жерге (20-25 шақырым) хабаршыны салт атпен (бір атпен), ал одан ұзақ, ат өксітіп (атты шаршатып), атқақты болып шаршап-шалдығып жететін, тіпті «ат үстінен

ұйқы алатын» ұзақ жолға мүмкіндігінше ат шалдырмай жетіп бару үшін жолда ат үстінен ауысып мінетін қос атпен аттандырылады. Шапқан аттың қатарында одан қалмай, бірдей шауып отыратын атты қосар ат, ал ат шаптырғанда екі атты бірдей пайдалануды атты қосарға алу дейді.

Ертеде ат шаптыру шұғыл хабар алмасудың классикалық тәсілі болды. Атпен хабарласуды халық арасында ат салу деп те айтқан. Дегенмен, ат салу көбінесе астыртын кісі жіберіп, сөз салып байқауға байланысты айтылады.

Сонымен бірге күнделікті тұрмыста ат шаптыру «той қылып, ат жарыстырды, бәйге жариялады, ат қосты» деген ұғымда да қолданылған.

АТ-ШАПАН АЙЫП / АТ-ТОН АЙЫП – дәстүрлі әдет-ғұрып заңында жәбірленуші, жапа шегушіге айыпты деп танылған жақтан мал-мүлік (материалдық) түрде төленетін кең тараған айып түрлерінің бірі. Айып көбінесе біреудің ар-намысына тіл тигізу, қалыптасқан моральдық-этикалық және құқықтық нормаларды өрескел бұзғандығы үшін айыпкерден алынады.

Біреуді орынсыз балағаттау, жеке басына немесе бүкіл ру-қауымның намысына тиетін сөз айту, ақсүйектерге қалыптасқан дағды бойынша сәлем беру нормасына қайшы әрекет жасау, дәстүрлі этикетті сақтамау сияқты жағдайларда айыптың жеңіл түріне саналған аталған ат шапан айып салынады. Алаштың бөлінбеген еншісінен қонақасы сыбағасын бермегендер де осы айып түріне кесілген. Мұндай айып ұрлықтың жеңіл түріне қатысты да белгіленді (бірнеше қой немесе ат ұрлағандарға). Әдеттік ғұрыптың қағидаларына сәйкес, қонақтың босағаға байланған аты біреуді теуіп өлтірсе бүтін құн, үйдің жапсарына байлаған ат теуіп өлтірсе жарты құн, ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе тек ат шапан айып тартады.

Отбасылық неке қатынастарындағы екі тараптың міндеттемелерін орындамағандарға ат шапан айып белгіленеді. Күйеу жағы айттырған соң алдын ала жасалған келісімді орындамаса немесе қалыңмалды толық бермей, қалыңдықты алып қашса ат шапан айыпқа бұйырылады. Ат шапан айып байланысты шешімді ақсақалдар кеңесі немесе билер соты белгілеген. Оның үстіне айып-анжы төленеді. Және негізгі міндеттемені орындамағаны үшін күйеу жағына басқа айып түрі қосымша тағайындалады. Айып атының жасы 3 жастан кем болмауы керек және сау ат болса болғаны.

Қазақтың ғұрыптық салтында адамдар бір-бірін балағаттаса, ат шапан айыпқа тартылған. Алайда, айыпталушының әлеуметтік жағдайы ескерілген. Ақсүйектер мен билердің және басқа да билік иелерінің жеке басына нұқсан келтірген жағдайда ат шапан айып қалыпты нормадан анағұрлым жоғары белгіленген – кінәліні екі-үш ат шапан айыпқа бұйырды. Әлеуметтік статусы тең дәрежедегі адамдардың бірін-бірі балағаттаса, алдымен кінәлі жақ жұрт алдында кешірім сұрауы тиіс. Егер жәбірленуші кешірім бергісі келмесе, ат шапан айып алуына болады. Айыптың бұл түрі біреудің қорығына немесе бау-бақшасына рұқсатсыз мал жайғандарға да кесілген. Ал, барымта жасағандардың айыбының мөлшері тек ат-тон айып деңгейінде ғана болды. Түйелі ауылдарда ат шапан айыптың ішіне түйе кіреді. Яғни аттың орнын түйемен ауыстырады. Оны «бір түйе, бір шапан айып» деп атайды. Айып

неғұрлым ауырлаған сайын айыптың құрамы «бір түйе» немесе «бір атқа» көбейе береді.

АТҚА МІНГЕСУ – бір атқа екі адамның мініп жол жүру тәсілінің атауы. Атқа мінгесу, көлік күші жетіспегенде, екінші адамның аттың сауырына жайдақ міну арқылы атқарылады. Яғни, негізгі тізгін ұстаған адам ерде отырады да, мінгескен адам ерден тыс аттың сауыр тұсына отырады. Атқа мінгесу, көбіне, жау шапқанда, табиғи апаттан қашу сияқты қауырт оқиғаларға байланысты, аяқ асты атқа қонуға тура келгенде қолданылады. Жайшылықта қыз-қырқын, бала-шағаға мініс көлігі жетіспеген жағдайда атқа мінгесе беретін, бұл үрдіс ауыл арасы той-томалаққа барғанда немесе көш кезінде болатын.

Ересек адамдардың атқа мінгесуі әбес қылықтардың санатына жатқызылып, келеңсіздік саналады. Атқа мінгесу беделге нұқсан келтіретін, жұрдай тақыр кедейліктің белгісі ретінде қабылданатындықтан ересектер арасында кездесе бермейді. Ересек адамның жас баланы алдына алып жүруі атқа мінгесу жатқызылмайды және әбестік саналмайды, қайта жасы үлкеннің бүлдіршінге деген ықыласын білдіретін шара ретінде қабылдайтын болған. Бір атқа екі адам отырудың және бір түрі «өңгеру» деп аталады. Әдетте, салт атты алдына бас бостандығынан айрылған тұтқынды немесе қылмыскерді өңгеріп алып жүретін. Күнделікті тұрмыста, жайшылықта адам адамды өңгеріп алып жүрмейтін. Малды өңгеріп алып жүру тәсілі кең қолданылатын. Алдыңғы, артқы аяқтарын буып қой-ешкіні өңгеріп алу, олардың ішін кептірмей көздеген жерге апарудың кең тараған тәсілі болды.

АТҚА МІНУ – атқа салт мінуді білдіретін атау. Атқа мінудің жайдақ және ерттеп мінеді. Ауыл арасы жұмыстарға, шаруашылық қажеттілікпен асығыс жақын араға бару үшін көбіне атқа жайдақ мініп жүре беретін болған. Ары кеткенде ат арқасына көпшік, тоқым салып мінілетін. Көпшілік жағдайда ауыл баласы, жастар мал қайырғанда, суатқа барғанда, қозы-лақ қайырғанда атақ жайдақ мініп жүре беретін.

Алысты-жақынды сапарға сайланып шыққанда, малды күні бойы баққанда міндетті түрде атқа ерттеп мінетін. Ат ерттеудің ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік реті мен ережелері болды. Бұл салт мінетін жылқыларды қандай жағдайда болсын сескендірмей, белгілі бір тәртіппен ерттеуге дағдыландыратын. Қазақ атқа сол жағынан мінеді, мұны аттанар немесе мінер жағы деп атайды. Аттың оң жақ бүйірі, салт аттының оң қол жағы, қамшылар жағы деп аталады. Бұлай аталуға салт аттының тізгінді сол қолымен, қамшыны оң қолында ұстауы себеп болды. Осыған орай қазақ жылқының оң (қамшылар) жағын сол жақ деп, сол (аттанар) жағын оң жақ деп атауы қалыптасқан.

Көшпелі өмір салты қазақ халқын толықтай салт аттылыққа бейімдегені тарихи қажеттілік болғаны белгілі, XIX-XX ғасырдағы қазақтар жайында жазылған еңбектердің бәрінде дерлік қазақтардың салт мінудегі шеберлігін, ұзақ уақыт салт жүрудегі төзімділігін ерекше аталады. Қазақ халқы, негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан жылқы малымен біте қайнасып, атқа мінудің асқан шебері болуы заңды құбылыс деп тануға болады. Дей тұрғанымен ел арасында атқа мінудің асқан шеберлері, ерекше епті «ат

құлағында ойнайтын» шабандоздар болды. Әдетте, ондай адамдар асау үйретуде, қашаған ұстауда, көкпар тартуда ерекше көзге түсіп елдің құрмет-қошеметіне ие болатын. Шабандоз, атқа отырудың шеберлерін қазақ «қайыс тақым», көкпаршы, ерге жабысып туған, тақымы желді деп дәріптесе, атқа мінуде қолапайсыздық көрсеткендерді тақым бос деп мұқата сынайтын болған.

Қазақ атқа мінгенде сол қолымен тізгін, шылбырды шоқтықтың жалымен қосақтап ұстап, сол аяғын үзеңгіге кигізіп, оң қолымен ердің артқы қасынан ұстап тұрып мінеді. Жүрген кезде шоқтықты босатып тек тізгінді ғана қолына ұстап отырады. Қазақ атқа міну мәнерінде үзеңгі адамның тізесі сәл бүгіліп отыратындай биіктікте орнатылып үзеңгі баумен реттеледі. Бұл адамның салмағы ат арқасына ер арқылы ғана емес аяқтың көмегімен үзеңгі арқылы түсуін, яғни жүріс барысында салмақтың тепе-тең түсуін аяқпен реттеп отыру үшін жасалады. Ойлы-қырлы жерлерде, жоғары төмен жүргенде қазақ салтаттылары үзеңгіге салмақ түсіре отырып тепе-теңдік ұстайтын, сол арқылы ердің ауытқуын ат арқасын соқпауын қамтамасыз ететін болған. Бұл ұзақ уақыт аттан түспей жүру қажеттілігінен туындаған тәсілдер деп айтуға болады. Ал үзеңгі бау ұзын болған жағдайда, адам салмағының ауытқуы жамбас арқылы ерге беріліп, салмақ аттың шоқтығына, арқасына түсіп, аттың арқасы кетуіне себеп болады.

Қазақтың атқа міну мәнері жайында А.Э. Брем төмендегідей сипаттайды: «қазақтар ер-тоқымның үстінде тепе-теңдікті сақтау үшін тізесін ердің алдыңғы жағына қарай тақап үзеңгіге аяғын тіреп, арты ерге тиер-тимес күйде бүкіл денесінің аттың мойнына қарай еңкейтіп ұстайды. Ал ат жай желіске түскенде бойын тіке ұстап отырады». Яғни салт атты өз бойының тепе-теңдігін аттың жүрісімен үйлестіріп отыратын, осыған байланысты ат арқасы да кетпейді, салт атты да күн ұзақ жүріске денесі жолсоқты болмай, шаршап шалдықпай жол жүреді.

АТҚҰЛАҚ – 1. Таулы жерде, су бойында өте биік болып өсетін өсімдік. Биіктігі кісі бойындай, басын көтеріп тұрған ат құлағына жетерліктей болғандықтан атқұлақ аталса керек. Үлкен-үлкен жапырақтары екі рет қар жауғанша қурамай тұрады. Қол буындарына сарысу пайда болғанда, атқұлақтың жапырағын мыжып-мыжып ауырған жерге тартып байлап қойса, сарысудан тез айығып кетеді.

2. Қазақ жерінің Оңтүстік, Батыс, Алматы, Жамбыл өңірлерінде қырға, сортаң жерге шығатын өсімдік. Оны томарбояу деп те атайды. Өйткені оны күзде қазып алып, тамырын тері бояуға (Оңтүстік Қазақстанда), тері илеуге (Орал өңірінде) қолданады.

Атқұлақты кей жерде (Алматы облысында) шайқурай деп атайды. Өйткені оның басындағы бүрін шай ретінде пайдаланған.

АТА – дәстүрлі туыстық қатынаста қолданылатын атау. Жеті атадан санағанда ру ішіндегі қандастық жігінде, үшінші буындағы тектің аталауы. Адам атадан Хауа анадан бері туыстық қандастық жік болып табылады. Ру тармақтарының басы. Әкенің әкесі. Ерлі зайыптылардың қайын әкесі. Көпшілік қауым тарапынан ақсақал деп ерекше қадірленеді. Дәстүрлі ортада

мұндай кісілерге төрден орын беріп, әрдайым құрмет көрсеткен. Қазақта «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең», «Аталы ел – баталы», – деген мақал бар. Ата сөзі қария, қарт, ақсақал деген сөз қолданысында да кездеседі. Ұрпақ үшін ол әрқашан ата дәрежесінде бола береді.

АТА БИ – жасының ұлғаюына байланысты биліктен қайтқан, алайда іс-тәжірбиесінің молдығымен, билік шешімдерінің әділдігімен елге танымал болған қарт бидің халықтық атауы. Ата би ресми билік құрмаса да, ізбасар жастау билерге ақыл-кеңесін беріп, тіпті ұстаз ретінде қазақтың салт-ғұрыптарының, ата заңдарының қыр-сырларының ерекшеліктеріне түсініктеме беріп үйрететін. Қорыта келгенде, ата би дегеніміз ресми билік құрмағаныменен өз ортасында сыйлы, беделді, данагөй адамның халық қойған атауы. Ата би берген батаның мысалы ретінде жас кезінде ақыл сұрай келгенде Шақшақұлы Жәнібекке Төле бидің: «...досыңа өтірік айтпа – сенімің кетеді, дұшпаныңа сырыңды айтпа – түбіңе жетер...» даналық сөздерін келтіруге болады.

АТА ЖАУ – дәстүрлі ортадағы әлеуметтік, эконо-микалық, рухани өмірінде орын алған қайшылықтар барысында пайда болып, кейінгі ұрпаққа жалғасқан өшпенділік, кегі бар, жау дұшпан саналған адамдар. Бұл құбылыс бір-бір әлеуметтік топқа жататын адамдар арасында және билеуші мен бұқара халық арасында орын алды. Дәстүрлі ортадағы құндылықтардың қожырап, ел мүддесі сын тезіне түскен кезден бастап ағайындар арасынан жауласу өріс ала бастады. Мысал ретінде Махамбеттің төмендегі әйгілі жыр жолдарын келтіруге болады:

Хан баласы ақсүйек,
Ежелден табан аңдысқан.
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім...

Ақ патшаның жер реформасынан кейін жер-судан алшақтатылған қазақтар арасында кек қуу, жауласу көрінісі басқаша реңге көшті. Дәстүрлі құқық мен билік орнына аға сұлтандық және билер соты жүйесі енгеннен кейін бұл құбылыс үйреншікті көрініске айналды. Мұны орыс отаршылдығының салдары деуге болады.

АТА ЖОЛЫ – қазақтың өлікті жөнелту ғұрпында орын алған рәсім, жерлеуге қатысушы ру өкілдеріне немесе үш жүздің үш өкіліне бір-бірден шапан үлестірілу дәстүрінің атауы. Жетісу қазақтарында бұл рәсім марқұмның отбасының жағдайына байланысты шапан, кездеме мата түрінде немесе әртүрлі заттар таратумен атқарылатын. Бүгінгі күнде ата жолы рәсімі кейбір қазақ ауылдарында әлі де болса сақталып отыр.

АТА КЕГІ – біреудің қолынан өлген әкенің, атаның өшін алу, құнын қайтару деген “қанға-қан” (талион) принципі бойынша атқарылатын іс-әрекетті білдіретін ұғым. Ата кегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын. Бұл үрдіс көп жағдайда руаралық ымырасыз қайшылыққа ұласып та отырады. Тіпті, ертеде батырлар әулетінде жау қолынан өлген әкесінің кегін қуу батырдың жауынгерлік парызына айналады. Әдетте жас батыр өзінің батырлық жолын соғыста өлген әкесінің кегін қуумен бастайтын. Аталмыш

“қанға-қан” принципіне әз-Тәуке ханның (1698-1715/18 жылдары) бастамасымен және үш жүздің төбе билері Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің тікелей ұйымдастыруымен қабылданған “Жеті Жарғының” тиісті бабымен тыйым салынды. Енді кісі өлтіруші құн төлейтін болды. Сөйтіп, ер адамды өлтіруші мың қой, әйелді өлтіргені үшін жарты құн (500 қой), сұлтан мен қожаны өлтіргені үшін жеті адамның құнын төлейтін болды. Егер өлтірушінің құн төлеуге шамасы келмесе немесе туыстары құн төлеуден бас тартса, оны өлген адамның туыстары өлтірген немесе құлдыққа алған. Бүкіл рулы ел мен бөгде халық пен арадағы кекті мәмілегерлікпен шешу үшін «ақ үйлі аманат» жосыны қолданылған.

АТА САҚАЛ – ер адамның төменгі ернінің астын ала тебіндеп шыққан шөкімдей ғана түк. Халық тілінде ата сақал атауы ата сөзінің көпмағыналылық (семантикалық) өрісімен байланысты қалыптасқан. Мысалы, ата жұрт, ата қоныс, ата жау, атам заман деген деген тіркесті атаулардың құрамындағы ата «байырғы», «ежелгі», «ең алғашқы», «бұрыннан келе жатқан» деген мағыналарды білдіреді. Осы тәрізді ата сақал дегендегі ата «алғашқы», «ең бірінші», «бұрынырақтағы» деген мән-мағынаны білдірген. Ата сақал ер адамның кемел жасқа келген кезінде шыға бастайды. Осыған орай ата сақал ер адам кемелдігінің әлеуметтік нышаны ретінде танылады. Кемел жастағы ондай адамнан ақыл-кеңес айта алатындай парасаттылық күтеді. Ал кемел жасқа келгенше мәселенің мән-жайына, істің байыбына бара бермейтін, парасаттылық таныта білмейтін адамға қарата «ата сақалы аузына түскенше бұнысы несі», «ата сақал ауызға біткенше бұл неғылғаны» деген кейіс сөз айтады.

АТА-БАБА – категориясының қазақ этносының дәстүрлі құрылымдық-функционалдық төрт деңгейіне сәйкес төрт түрлі мағынасы бар. Бірінші мағынасы – жеті аталық ру-қауым деңгейінде жеті буын рулық-туыстық қатынастар жүйесіне кіретін барлық руластардың ортақ ата тегінің, яғни жетінші атаның атауы. Алайда, бұл ұғым кейде жеті атадан тарайтын бақилық болған ұрпақтардың жалпы атауы ретінде де қолданылды. Екіншісі – туыстық-рулық қатынастардың іргелі принциптері мен нормалары бойынша белгілі бір тайпалық құрылымға кіретін жеті аталық рулардың ортақ ата тектерінің атауы. Үшіншісі – әрбір жүздің ата тектерінің атауы. Төртіншісі – қазақтардың (этнос ретіндегі) ортақ ата тектерінің атауы ретінде қолданылды. Ата-баба көшпелі этностағы көбінесе информациялық идеологиялық сипатты болып келетін вертикалды байланысты қамтамасыз ететін пәрменді институт болды. Сонымен бірге, бұл институт бүкіл этностың ауқымында ру-қауымаралық байланыстарды, ру-қауымаралық байланыстар арқылы ішкі тайпалық және тайпааралық байланыстарды, осы байланыстар арқылы жүздік және жүзаралық байланыстарды, яғни жалпы этникалық байланыстарды қамтамасыз ететін әлеуеттік күшке айналды. Аталмыш ішкі этникалық байланыстардың (горизонтальды) қажетті информациялық өрісі, тығыздығы мен динамикасы сан алуан шежірелік аңыздар, мифтермен, сондай-ақ, жеті аталық экзогамиялық отбасылық некелік қатынастар, ру-қауымаралық, тайпааралық, жүзаралық ұйымдастыру, басқару және реттеу институттары

арқылы қамтамасыз етіліп отырды. Информациалық байланыс («инфосвязь») пен информациялық өріс («информационное поле») мәні және олардың институционалды-идеологиялық функциялары жөнінде мына еңбекте зерттелінеді.

АТА-БАБА ЖОЛЫ – қазақтың дәстүрлі дүниетаны-мында ата-баба жолы – көшпелілердің ежелден орныққан өмір салты, оның ілкімді принциптері мен нормаларының бірегей жүйесі. Ата-баба жолының когнитивтік бейнесі немесе кеңістіктік образ-моделі – «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман». Яғни «ақ түйенің қарны жарылған» дейтіндей молшылық заман. Сондықтан да адам баласының тіршілік атаулысының ішіндегі жанға жайлысы. Демек, үлгілісі. Осынау «дәулеті асқан, бағы жанған, бақыт қонған» заманның ең басты жасампаз күші, әрине, ата-бабаларымыз. Өйткені олар – тәңірі жарылқағандар, аруақ қолдағандар (аруақтылар). Бүгінгі тіршіліктің де баянды болуы осынау ұлы дәстүр – бабалар дәстүрі ата-баба жолын ұстануда жатыр, – дегенге саяды әр нұсқалық шежірелік сентенцияның түпкі мәні. Осы себепті көшпелі өмір салтын кешкен жан үшін өткен уақыт, бұрынғы заман, баяғы, бүгінгі заман, қазір ұғымдарының мән-мағынасы ата-баба жолы категориясымен байланысты ғана айқындалады. Яғни олар салыстырмалы мәнді категориялар ғана.

Ата-баба жолының пайда болған мерзімін ешкім дәп басып айта алмайтын, баяғыда орныққан, еш өзгермеген, яғни мәңгі жасап келе жатқан және мәңгі жасай беретін тіршілік-кеңістік те. Көшпелілер ұғымында бұл абсолюттік ақиқат. Және осы абсолюттік ақиқаттың қашан қалыптасқандығының дәл уақытын анықтауға ешкім мұқтаж болған жоқ. Өйткені, көшпелілердің қазіргі тыныс-тіршілігі – өткендегінің жалғасы ғана емес, ең алдымен мәңгі жасампаз өткендегінің уақыт пен кеңістікті көктей өтіп жеткен бүгінгісі. Ал, болашақ – көшпелі ортада қалыптасқан түсінік бойынша, мәңгі үлгі тұтар, сондықтан да өзгеруге тиісті емес, әлгі өткендегінің алдағы сан ұрпақтардың тіршілігіндегі бола беретін және бола беруге тиісті мәңгілік шеруі.

Сонымен, дәстүрлі түсінік бойынша, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда» адамдардың арасындағы, һәм адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз еткен ата-баба жолы. Олардың мамыражай тоқ тіршілігінің себебі де, салдары да ата-баба жолы болды.

Ата-баба жолын ұстанудың идеологиялық және тарихнамалық негізі шежірелік дәстүр болды. Шежіренің архитектурникасының осы екі мақсатқа негізделуінің себебі де осында. Бір жағынан (тарихнамалық), шежіре осынау мамыражай тоқ тіршіліктің бүгіндері бақилық болған жасампаз күші – ата-бабаның ерлік істері мен ұлы өсиеттерін дәріптеді. Екінші жағынан (идеологиялық), ата-бабаның аруағын үнемі құрметтеу жосынының бұлжымас ұстаным екендігін негіздеді.

Түптеп келгенде, көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастар жүйесінің барлық салалары мен барлық деңгейлерін реттейтін ілкімді нормалардан, принциптерден, басқару тетіктерінен және сан алуан ғұрыптар мен салттардан, ырымдардан тұратын институционалды қатынастардың негізгі

функциясы ежелден қалыптасқан әлеуметтік тәртіптің, яғни «ата-баба жолының» қатаң сақталуын қамтамасыз ету болды. Тіпті, көшпелілердің тіршілік циклінде атқарылатын сан алуан салттардан, ғұрыптардан, ырымдар мен жосын-жоралғылардан бастап, әртүрлі әулие-әнбиелерге, әсіресе, аруақтарға тәу етудің түпкі мәні, леймотиві өткендегіні дәріптеуге, сол арқылы өткендегінің өзгермей «аруақ қолдаған» бүгінгісін әспеттеуге саяды. Дәстүрлі әлеуметтік ортадағы тұлғаның пайымдауынша, көсегесі көгерген өткендегі, яғни «ата-бабалар жолы» деп аталатын ұлы дәстүр қай кезеңде ғұмыр кешкен ұрпақ болсын қасиетті үлгі-ұстаным болды. Өйткені, «ата-бабалар жолын» айрықша қастерлеу әрі қатаң ұстану ғана көшпелі қауым-социумның ежелден үйреншікті өмір салтын ілкі қалпында сақтаудың басты кепілі еді. Демек, көшпелілер үшін осы ұстаныммен жүру ең ұлы мұрат болды.

АТАҒАШ¹ / МАМА АҒАШ – ат байлау үшін жерге арнайы орнатылған мықты діңгек, мама ағаш. Атағаш атауы Орал аймағы мен Ресей қазақтары арасында қолданылады. Атағаш қазықтан әлдеқайда биік болады. Биіктігі шамамен адам бойына жетеді. Батыс өңір қазақтарының сөйлеу тілінде қолданылатын атағаштай жігіт (ұзын, арық жігіт туралы) тәрізді тенеу сөз осыған байланысты қалыптасқан.

АТАҒАШ² – биікте жұмыс істеу үшін үстіне шығып тұруға арналған құрылыс құралы. Атағаш үй салғанда қабырғасын сылау, төбесін жабу, ақтау және т.б. құрылыс жұмыстары кезінде адам қолы еркін жету үшін қолданылады. Халық арасында аталмыш құралдың есек деген атауы да кездеседі. Ағаштың, тақтайдың табылуына қарай атағаш әртүрлі пішінде, әртүрлі көлемде қолдан жасалады. Мәселен, оның бір түрі биік стол түрінде бірнеше сырық пен тақтайлардан құрастырылады. Үстіне шығу үшін бір жағындағы екі аяғына көлденең ағаштар қағылып, саты жасалады. Аяқтары берік болуы үшін айқыш-ұйқыш ағаш не тақтайлар қағылады.

Құрылыс жұмыстарында атағаштың қабырғаға сүйеп қоятын саты тәрізді, басында адам еркін тұрып жұмыс істеуге қолайлы текшесі бар түрлері де қолданылады. Сондай-ақ астына тіреу қойып, үстіңгі бөлігін қабырғаның жоғарғы жағына сүйеп бекітетін атағаштар да кездеседі.

АТАЖҰРТ – этникалық ұжымның (ру, тайпа, тайпалық одақ, елдің) байырғы ата-бабадан ұрпақтарына мирас болып қалған ежелден өсіп-өнген, өрбіген, ел болып қалыптасқан тарихи мекені. Қоғамдық-әлеуметтік корпоративтік қатынастардың, жер-суға байланысты ұжымдық меншіктің, ру, тайпаралық құқықтық инстиуционалдық қатынастардың негізінде қалыптасқан бұл институттың этникалық қауымдастықтың бірегейлену үрдісінде ықпалы ерекше болды. Қазақтар өзінің іргелі ел, қабырғалы халық болып қалыптасуын ең алдымен «кеңістікпен» (атажұртпен), белгілі бір «уақытпен» (заманмен), көрнекті «тұлғалармен» байланыстырады. Сондықтан ел болып құрылған уақытын қой үстіне бозторғай жұмыртқаланған заманға, ал байырғы жұртын алтын бесікке балайды. Атажұрттан соғыс, шапқыншылық, қуаңшылық т.б. себептерге байланысты ауғанда жер-сумен жылап қоштасу, оның аққан бұлағын, өзен-көлдерін, тау-тасын, жан-жануарларын, ел-жұртын

жырға қосып айту салты болған. Қазтуған жыраудың Еділден ел ауғандағы қоштасу жырында былай деген екен:

Алаң да, алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Ашамыз біздің бұ сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мына Қазтуған
Батыр болып туған жұрт.

Бұл жырды этникалық санадағы атажұрт ұғымының поэтикалық репрезентациясы деуге де болады.

Атажұртпен қоштасу – түрлі тарихи жағдайларға байланысты елге, жерге деген махаббат, әр замандағы оқиғаларды арқау еткен ғибратқа толы жыр айту рәсімі. Елді, жерді сүюге тәрбиелейтін өнегелік жақтары бар қоштасуда ел мен жердің салтанатты, берекелі кезеңін суреттейді. Бұл отаршылық басталардағы «зар заман ақындарының» шығармаларында басты тақырыпқа айналған. М.Әуезов атажұртпен қоштасу жырын мағыналық жағынан үшке бөледі: жермен қоштасу, елмен қоштасу, өтіп бара жатқан заманмен қоштасу. Кейде осы үрдісті арыздасу деп те атайды. Онда көшпелі қоғамның моральдық нормалары, ерліктің өресі биік ұстанымдары арқау болады. С.Сейфулин «Қарқаралыдан ауғанда ақын Күдері қожаның баласы Құлет ақын айтты» деген қоштасу жырында ел-жұртпен, туған жермен қоштасу сәтін былай суреттейді:

Әкем күйеу болған жер,
Шешем бір келін болған жер.
Ақ бүркеншік салынып,
Ала берен киген тау.
Кетейін деп кетпедім,
Төңірегім толған жау,
Шулап тұрған бәрің мал.
Қош, есен бол, туған жер,
Кіндік кірім, туған жер!

XX ғасырдың қуғын-сүргін зобалаңы кезінде шетке қарай аууға мәжбүр болған қазақтар арасында бұл дәстүр жалғастығын тапқан. Атажұртпен қоштасар сәтте жердің, қоныстың, ата-баба зиратының бір уыс топырағын, арша, адыраспан, жабайы сарымсақ қатарлы қасиетті саналатын хош иісті өсімдік шөптерді шүберекке түйіп алады. Қоштасу жырында жер мен елдің асыл қасиеттерін сипаттап, оны қастерлеудің шексіз парыз екендігін және осы кір жуып, кіндік қаны тамған қасиетті атажұртпен шарасыздықтан қол үзіп бара жатқандығын айтады, жұрттағы қалып бара жатқан туыстарына, дос-жарандарына береке тілейді.

АТАҚОНЫС / АТАМЕКЕН – ең алдымен жетіаталық рулық-қауымдық территория. Себебі дәстүрлі қазақы ортада көшпелі қоғамның осы деңгейінде ғана жер мен су адамның биологиялық және материалдық қажеттілігін

қамтамасыз ететін табиғи объект ретінде игерілді. Яғни көшпелілер тіршілігінің бірден бір табиғи субстанциясы болды. Көшпелі шаруашылықтың қисынына қарай ежелден қалыптасқан қоныстану тәртібі; қыстау, көктеу, жайлау, күзеу деп аталатын мерзімдік территориялық сегменттер жүйесі; осы сегменттерді байланыстыратын көш бағыттары мен жолдары; сондай-ақ рулық зираттар («ата-баба жатқан жер»); аса киелі саналған кейбір тау мен дала, өзен мен көл сияқты антропогендік және табиғи мнемоникалық объектілер территорияның белгілі бір ру-қауымның табиғи-тарихи негізделген меншігі екендігінің айғақтары болды. Территорияның ата-бабадан қалған ұлы мұра екендігі, яғни төл меншігі екендігі сан алуан мифтер, аңыздар мен жырлар арқылы дәйектендірілді, шежірелік жосынмен (тарихнамамен) негізделінді.

Рулық-қауымдық территорияның тұтастығы және оның атадан балаға жеткен әуелден орныққан шекарасы «ата-баба жері – басқа рудың (рулардың) жері» сынды антиномиялық принцип негізінде реттелініп отырды. Себебі бұл принцип көшпелі ортада ру-қауымның өз территориясының да, басқа рулардың территорияларының да шекараларын ешкімнің бұзуға құқығы жоқ екендігін бейнелейтін бұлжымас қағида болды.

Рулық-қауымдық территория қазақы ортада атадан балаға мирас болып қалдырылатын ең үлкен құндылық болып есептелінді. Әрбір көшпелі жан үшін рулық-қауымдық территориядан тыс тіршілік кешуді елестетудің өзі мүмкін емес. Өйткені, «кір жуып, кіндік қаны тамған жер» – оның тіршілігінің мәні, өмір салтының бар жаратылысының табиғи болмысы, әрі айғағы. Қазақтардың туған жермен айырықша байланысын А.И. Левшин былай деп суреттейді: «Осы сөзіміздің қорытындысында қырғыздардың (қазақтардың) өз отанына, нақтырақ айтқанда өз жеріне деген сүйіспеншілік туралы айтпақпыз. Олардың ішіндегі ақыл тоқтатқан кісілердің барлығы да өздері туып-өскен жер мен тіршілік тұрағын тастап кеткеннен гөрі, қандай азапқа болса да төзіп, өз отанында қала бергенді жөн көреді. Рас, сан мыңдаған шаңырақ сайын даласын тастап, Ресей аумағына біржола өтуге мәжбүр болды. Көптеген кедейлер немесе байғұстар қазір де біздің жаққа өтіп жатыр, алайда олардың көпшілігі мұндағы тыныш өмірге, тіпті байлыққа да қарамастан өз отандарына оралуды аңсайды. Башқұрттардың ортасына орналасқандары тоқтаусыз қашып кетіп жатыр, орыстарға жалданғандары да аз-кем дүние жинап алған соң, ордадағы туған-туысқандарына жетуге асығады. Астрахан губерниясына орналасқан 7-8 мыңдай шаңырақтың шамамен үштен бірі 1820 жылы бұрынғы қоныстарына қайтып кетті. Міне, осы соңғы ларының Ора лөзенінен өтіп, өз ата-мекендеріне табаны тиген кезде қуаныштан бөркін аспанға атып, жата қалып қара жерді құшақтап сүйгендерін көргенде, таңдай қақпауға шарамыз қалмады. Бұрынғы Хиуа ханы Қайыптың баласы, Кіші орданың сұлтаны Шерғазы ұзақ жыл Петербургте тұрды, орыс әскерінің майоры шенін алды, бірнеше жылдар бойы Екатерина II-нің ең жақын нөкерлерінің бірінің қамқоршысы болды, ақылға салып қарасақ, еуропалық өмірдің рақатын сезініп, пайдасын білуге тиісті еді. Бірақ, осының бәріне қарамай, ол да ордаға

қайта оралып, ата салтын сақтап, туған жерінде нағыз қырғыздарша көз жұмды».

Көшпелі этномәдени ортаның адамы өзінің туған жермен ажырамас біртұтастығын оның ата-бабадан қалған мұра екендігімен, әсіресе, онда ата-бабалары мәңгілік мекен тапқандығымен (ата-бабаларының зираттары) түсіндіреді. Осыған орай, совет заманында ұлы М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» атты атақты повестінің желісімен жасалған фильмдегі фабуласы айырықша бір эпизод еріксіз ойға оралады. Эпизод бойынша басына түскен қырсықтан құтылу үшін Жараспай болысқа қаражат қажет болады. Ақша, әрине, орыс оязға пара беру үшін. Тығырықтан шығудың бірден бір жолы ретінде болысқа ата қонысын сатуға кеңес береді. Кеңес беруші – орыс отаршылдығының уытты уысындағы қазақ социумының азған-тозған күйінің тұлғалық символы – ояздың «барып кел, алып кел» шабарманы, атқамінер алаяқ Тоқпаев атты өзіміздің қазақ! Күні бітуге жақындаса да, қазақы жолды берік ұстанған, бірақ дәурені өтіп бара жатқан осы дәстүрдің тұлғалық түзіліс-символы Жараспай болыс мұндай арсыз ұсынысқа бүкіл жан-тәнімен қарсы. Аргумент-ұстанымы: ата-бабам жатқан жерді қалай сатамын, – дейді ол күңірене. Расында да, ата-бабаның ұлы мұрасы – жерді сату, ата-бабаның жолының мәңгілік құрдымға кетуі еді. Ақыры осынау шиыршық атқан шиеленіс фильмде өте сәтті шешімін табады – Бақтығұлдың Жараспай болысты атып өлтіруімен шешіледі. Мылтық кезенген Бақтығұлға еш сескенбестен қарсы тұра шапқан Жараспай болыс сол кезеңдегі «дәм-тұзы таусылуға» жақындаған қазақ социумының символы да, кек көксеген Бақтығұлды сол кезде-ақ қылаң берген қызыл заманның символы деуге болады. Бірақ, екеуінің де дәстүрлі қазақы ортаға тән емес бұл күйі, тағдыр талайы, бұрыннан ағайын-туыстық қатынаста болып келген екеуінің арасындағы бітіспес қайшылық орыс отаршылдығының сұмдық салдары болды.

АТАЛА – ұннан немесе талқаннан дайындалған көже тәрізді сұйық тағам, ұн көже. Аталаны дайындау үшін алдымен аз мөлшердегі қой майын қазанға шырғарып, қой майының үстіне ұн салып, оны қызарғанша қуырып алған. Оның үстіне аздап су құйып, баяу қайнатқан. Су құйылған соң оны қайта-қайта араластырып отырады. Аталаны су орнына сүт құйып дайындауға да болады. Ұлттық энциклопедияда «атала кедей адамның күнделікті асы болған. Аталаның шипалық та қасиеті бар. Ауырып, әлсіреген адамға күшті тамақ берудің алдында атала ішкізген. Сондай-ақ атала жас босанған әйелдерге де беріледі», – деп жазылады. Сондай-ақ аталаны тамақты шайнап жеуден қалып, талмап жейтін қарт кісілерге дайындап берген. Аталмыш тағам түрі қырғыз, өзбек, ұйғыр халықтарында да кездеседі. Қазақ елінің кейбір аймақтарында атала деп айран қатқан сорпаны айтады.

АТАЛАС – бір атадан тараған, өзара қыз алыспайтын қауым, ру тармағы, ру аталарының ұрпақтары. Қазақта жеті атаға дейін аталас туысқан саналып, отбасы құруға рұқсат етілмеген. Бұның түйіні тағы да «адамның ана сүйегін, әке қанын, Тәңірі жанын береді» деген өзіндік философиядан туған. Солай дей тұра «қыздан туғанның қиығы жоқ» деп жиенді де өзіне икемдеген болады.

«Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген мақалдың астарында «тегі бір емес, қанша бауырға тартсаң да, қысылшанда өз аталасының сойылын соғады» деген мән жатыр. Осыған орай төмендегідей мысалдар келтіруге болады: Сыр өңірінде шөмішті-табынның Есенбай ру тармағынан тараған Көшей, Жақап, Өміркүл, Жәмөңтік, Дуана, Қырық рулары бір-бірімен аталас саналғандықтан қыз алыспайды. Ал қыпшақтардан бұлтың, күсілбас, жасыбай аталары өзара қыз алыспайды; қоңыраттардан саңғыл мен маңғытай қыз алыспайды, осыған орай «саңғыл мен маңғытай бір туған, жетімдерді кім туған» деген тәмсіл тараған. Теке табындардан бөдік пен тоқберлілер де қыз алыспайды. Шежірелік жосынмен негізделген аталас институты ру-қауым ішіндегі және руаралық қатынастар жүйесін реттеудің ең тиімді тәсілдерінің (құралдарының) бірі болды.

АТАЛҒЫ – үйші, ерші тәрізді ағаш шеберлерінің ағаштың қабығын аршуға, кедір-бұдырын жонуға қолданатын құралы. Сондықтан оны кейбір шеберлер жонғы деп те атайды. Аталғыны имектеу етіп ұзынша темірден соғады.

Екі басын үшкірлеп, ағаш сапқа сұғатын екі жете жасайды. Екі жетесінің арасындағы бөліктің бір жағынан суару, төске таптау тәсілдерін қолдана отырып өткір жүз шығарады. Кейде аталғыны сом темірден соғып жатпай-ақ қолорақтан да жасап алған. Бірақ онда да екі басына ағаштан сап орнатады. Жұмыс істегенде аталғының екі басындағы сабынан ұстап, қос қолмен өзіне қарай тартады. Жүзі мұқалғанда, егеумен, қайрақпен өткірлеп отырады.

Аталғының жүзінде өрнек салатын ойықтары бар түрі сарнауық деп аталады. Кей жерде шапашотты аталғы деп атау кездеседі. Ершілер оны ағаш қабығын сыдыруға емес, ер қасын, қапталын шабуға қолданады.

АТАЛЫҚ / АТАБЕК – Орталық Азиядағы хандық басқару жүйесіне негізделген билік құрылымындағы лауазымды тұлға. Ауызша деректерге қарағанда аталық көбінесе нағашы жұртынан немесе тағайынан (үлкен нағашысынан) таңдалған көрінеді. Аталықтың қызметі хан тағының мұрагеріне билік технологиясын және әскери өнерді үйретумен шектелген жоқ. Құрбанғали Халидидің мәліметіне қарағанда, оның билік құзыры қатардағы уәзірден жоғары болған. Тіпті, оның жарлыққа хан құқығындай мөр қоюға да құзыры болды. Демек, аталық ханның аса ықпалды жақын кеңесшілерінің бірі болса керек. Өкінішке орай, қазақ хандарына қатысты аталмыш тұлға жөнінде деректер жоқтың қасы.

АТАЛЫҚ МАЛ – төрт түліктің басын көбейтуге, будандастыруға, асылдандыруға таңдап қойылған, піштірілмеген еркек мал. Қазақ шаруалары үйірге салатын айғырды, келеге түсетін, інгенді қайытатын бураны, сиырды қашыратын бұқаны, қой-ешкіні қашыратын қошқар мен текені жинақтап аталық мал дейді. Халық арасында аталық, ата тәрізді сөздер малға да, құсқа да қатысты қолданыла береді. Мәселен, Ресей қазақтары ата қазды (қаздың еркегі) аталық десе, Монғолия қазақтары жалпы еркек малды ата мал деп қолданады.

Мал шаруашылығы негізгі шаруашылық болғандықтан, мал басын көбейтумен бірге оның тұқымын жақсартуға, тұқымдыққа қоятын түліктің

қасиеттерін анықтауға ертеден көңіл бөлінген. Жас кезінде таңдап қойылған. Аталық малды өсе келе малдың құты, құтпан деп санап, оларды қастерлейтін салт болған. «Қошқар болар қозының маңдай жағы дөң болар», «Айғырды неден салсаң, атты содан мінерсің» тәрізді мақалдар аталық малды таңдауға байланысты шыққан.

Аталық мал әр түліктен ұрғашы малдың санына байланысты жуық шамамен есептеліп қалдырылады да, қалған еркек төлді келешекте семірту үшін немесе көлік ретінде пайдалану үшін жыл сайын белгілі бір жасқа келгенде піштіріп тастайды. Аталық малдың қай түрі болса да одан жақсы тұқым алу үшін аса семіртпей, зорықтырмай, бірқалыпты күйін төмендетпей, баппен бағады. Соның нәтижесінде жасы мен күйлілігіне қарай бір қошқар 20-30-дан бастап 50-60 қойға дейін қашырады. Ш.Жанәбіловтің айтуынша, «50-100 саулыққа 1 қошқар жіберіледі... Үлек 30 аруанаға дейін шағылысып қайытады. Нар бураның жақсылары он сегіз, жиырма екі жасқа дейін шөуге жарайды... Айғырдың үйірінде 10-нан 30-ға дейін бие болады...»

Қазақ совет энциклопедиясында табынға қосып жіберген бір бұқаның еркіндікте жүргенде 50-70, қолдан шағылыстырғанда 100-120 сиырды тоқтата алатындығы айтылады. Әрине, келтірілген сандар аталық және ұрғашы малдың арақатынасының шамамен алғандағы орташа мөлшері. Халық тәжірибесінен өткен ұрғашы мал санына қарай аталық малды мөлшерлеп қалдырудың және сұрыптаудың арқасында мал басы артып, әр аймақтың ауа райына бейімделген жергілікті тұқымдары қалыптасты. Айта кету керек, мал басын арттыруға ғана емес, түліктің тұқымын асылдандыру ісінде де аталық малдың орны ерекше болды. Мал шаруашылығын арнайы қарастырған белгілі этнограф ғалым Х. Арғынбаев: «Ал, мал басын құр көбейте беруден гөрі асыл жылқыны бағалай білген, ел мүддесін ойлаған азамат бұл іске басқаша қарады, жылқы тұқымын асылдандыруды арман етті, аңыз-әңгіме, өлең-жыр толғауларында шертті. Мысалы, Бұхар жырау:

Жал-құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салсаңыз
Жауға мінер ат тумас», – деген», –

деп жазады.

Өріске шыққанда, аталық мал алдындағы малға «иелік етеді», мәселен, жақсы айғырлар үйіріндегі биелерді шашау шығармай, қайырмалап топқа қосып, ит-құстан қорғайды, жол бастайды және т.б. аталық мал бойындағы бұндай қасиеттер жылқыдан басқа түлік түрлеріне де қатысты. Олар туралы деректер қазақтың ертегі, аңыздарында, ескілікті жырларында кездеседі. Құтпан айғыр, қошқар, буралар қиял-ғажайып ертегілерінің басты бейнелерінің бірі болып келеді.

АТАН – піштірілген сақа айыр (қос өркешті түйе), нар. Түйе өсіретін кейбір аймақта, мәселен Қызылорда өңірінде, атан деп «күш көлігі» ретінде пайдалану және бордақылау үшін ақта етілген (піштірілген) бес жастағы және одан да сақа қос өркешті түйені» айтады. Алайда, атан сөзі нарға (жалғыз өркешті түйеге) қатысты да қолданылады. Өйткені, Айыр түйеге қарағанда, нар қуатты да шөлге шыдамды. Сондықтан да болар, бұны анықтай түсетін

қазақтың мына мақалдары тегін айтылмаса керек: «Нар жолында жүк қалмас», «қабырғалы қара нар қабырғасын сөксең де бақ етпес». Халық арасында қиындықты мойымай жеңетін, төзімді, күшті адамдарды да нарға теңейді. Нар сонымен қоса өте жүрдек келеді. Нардың желісін халық желмен теңеп, жүрдек нарларды «Желмая» атаған.

Түйенің аталығын 3-4 жасында қайытуға қосады. Түйенің аталық будандарын тарттырып тастайды. Бұл процесс негізгі төрт жасында, екі өркешті түйені дөнен кезінде жасап, оны «атан» десе, нардың тарттырылғанын «ақта нар» деп атайды, – деп жазды этнографтар А. Тоқтабай мен Ж.Сейтқұлова. Әр түліктің еркек төлін белгілі бір жасқа келгенде ғана піштірген. Оның себебі мен мақсатын белгілі этнограф Х.Арғынбаев былай деп түсіндіреді: «ірі қараны бір жасында (тайынша) кессе, жылқы мен түйені үш жасында піштірген. «Жылқы мен түйені, негізінде, көлік ретінде пайдаланатындықтан, бұла болып өсуі көзделетін де, үш жасқа дейін піштірілмейтін, өйткені одан ерте пішсе, малдың сүйегі толмай, әлсіздеу болады. Сөйтіп, еркек малды піштіру ісін қазақ халқы олардың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілетін. «Осыған орай піштірілген (ақта етілген) түйенің екі жастан асақан еркегі «құнан атан, атанша, дөнен атан, бесті атан атанатын да, төрт жастан жоғары, піштірілгені буыршын, бура, үлек (нардың бурасы) делінетін».

Түйе шаруашылығында жасына қарай қалыптасқан атан атаулары көп кездеседі. Зерттеуші Ә.Жақыповтың еңбегінде ақта етілген айыр түйелердің, яғни айыр атандардың түрлері көбірек ұшырасады. Мәселен, 2-3 жас аралығында ақта етілген айыр түйе – құнан шығар атанша, оның үш жасқа толғаны құнан атан, 3-4 жас аралығындағы ақта етілген айыр түйе – дөнен шығар атан, атанша; төрт жастағы – дөнен атан, бес-алты жас аралығындағы ақта етілген – бесті атан, деп аталады. Сонымен бірге бес жастан бастап ары қарай айыр түйелердің піштірілгендері жампоз атан, құр атан, сары атан, соқыр атан деп аталатыны да бар (Ә. Жақыпов). Зерттеуші Ш. Жанәбілов нар түйенің атандарына көбірек тоқталады. Піштірілген нарлар (бір өркешті түйелер) жалпылама түрде ақта нар деп айтылғанмен, жасына қарай әртүрлі аталады. Солардың кейбіреулері мынандай: атанша нар – бес жастан асқан піштірілген түйе; оның жеті – он жас арасындағылары атан нар, оны кейде нар атан деп те атайды; атан нардың бос жіберілгенде әбден қомданып, семіргендерін құр атан нар дейді. Жалпы «күш көлігі болған ақта түйенің бос жүріп семіруінен төс пен алдыңғы аяқтарының қолтықтарын май басып, тез терлейтіндігіне байланысты» оны майқолтық түйе дейді. Бұндай түйе көш жүгін артуға жарамсыз деп саналады. Кейде бұндай семіз атанды жардай нар атан деп бейнелеп айтады. Кейбір деректердің көрсетуінше, ақта нар атауы шатыс нар түйеге байланысты қолданылады. Ал, халық арасында нардың таза қанды еркегін үлек, лөк дейді. Соған орай піштірілген таза қанды нар түйені ақта үлек деп ажыратады. Айта кету керек, халық арасында ертеректе ақта нарды мықтылығы мен көнбістігіне байланысты қара нар деп атаған. Бұл туралы түйе атауларын зерттеуші Ә.Жақыпов: «Қара нар – күш көлігі ретінде

пайдаланылатын ақта етілген ең мықты біртума түйенің атауы. Махамбет батырдың мақтаулы «қара нары», халқымыздың «Нар жолында жүк қалмас» дейтіні – осы,» – деп түсіндіреді. Түйешілер арасында атанды жасына ғана емес, тұқымына, күй-жайына, қандай да бір ерекшеліктеріне байланысты нақтылай түсетін атаулар мол сақталған. Бұл ретте жел атан (ұшқыр, желдей есетін жампоздың бір түрі), ығыр атан (жұмысқа әбден жегіліп шаршағандығын білдіру үшін ыңылдай беретін атан, оның тағы бір атауы – ызбай атан), ақбас атан (ақбас ауруымен ауырған соң басының қылшығы ағарып кеткен немесе қартайғандықтан бас жүні ағара бастаған атан), жарбай атан (жарбай тұқымды азғын буданнан туған еркек түйенің піштірілгені), сетік атан (шаруға көп пайдаланылған атанның мұрындығы ұзақ уақыт жыра бергендіктен, кеуілжірі сетік болған атан; оны жырық атан деп те атайды), сары атан (толысқан, жүні сарғыш тарта бастаған айыр атан), аққаптал атан (арбаға көп жегіліп екі қапталы қажалып, кейін сол тұсы ақ көн тәрізді болып қалған яки сол жерге ақ түсті жүн шыққан атан) тәрізді атан түйелерді келтіруге болады.

Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығында бұқалыққа қоятын бұзаулардан басқа еркек бұзауларды, өсіп жетілгенде күш-көлікке пайдалану үшін, әдетте, жасына толтырып, тайынша күнінде піштіріп тастайды. Себебі: «Еркек бұзауды жасқа толмай піштірсе, көтере алмай жүдеу болып қыстан шықпауы да мүмкін. Бір жастан әрі жібермеу себебі – олар тайынша күннен-ақ бұқалық құрып, көкжонданып, жуырманда оңалмайды». Кейін оларды өгіз деп атайды. Мықты, ірі болсын деп күш-көлікке ұсталатын сиырдың кейбір еркегін әдейі кеш пішеді. Күш-көлік үшін 6-7 жасында піштірілгенін азбан өгіз дейді. Сол сияқты әбден жетіліп толысқан, 5-6 жасында піштірілген үлкен бұқаны атан өгіз деп атайды. Үлкен бұқаның піштірілгенін осылай атау атан түйенің үлкендігі мен күштілігіне салыстырудан шықса керек.

«Түйе – жүк көлігі. Көшпелілердің, олардың ішінде қазақтың ғасырлар бойы көбінесе жүгін көтерген мал – осы түйе. Оның ішінде ең төзімдісі, әрі мықтысы – жалғыз өркешті нар. «Қазақтың» нар жолында жүк қалмайды» деуі содан. ... Жақын жерлерге көшкенде жеңіл жүктерді сиырға да артатын болған. Ертеде салтанатты көшті, әдетте, байдың, бидің т.б. беделділердің бәйбішесі бастайтын болған. Шоқан Уалиханов көне жырдың біреуінде:

Иір – иір көшуге,
Ирек атан болмаса.
Жетектеуге атанды,
Қоян қолтық, көрме қас.
Бәйбішелер болсашы, – деп жазады.

Немесе:

Алты атасы бай өткен,
Алты атанға жүк артқан.
Жеті атасы бай өткен,
Жеті атанға жүк артқан, –
деп келеді жоқтау өлеңдерінің бірінде.

Сол сияқты адамды жерлеу кезінде де түйені қолданудың өзіндік ерекшелігі болған. «Түйе ертеректегі негізгі көлік ретінде есептеліп, оған өлікті арту ежелден-ақ қолданылып келген. Түйеге өлікті артудың да өзіндік ғұрпы бар. Егер де қазақтар ер кісі өлсе, оның денесін атан түйеге, яғни түйенің аталығына, ал әйел кісі өлсе, оның сүйегін інгенге артқан. Өліктің сүйегі артылатын түйенің құлағы жақсылап бітеліп, аяқтарына ақтық байлайды. Информаторлардың айтуынша, өлік артатын түйені жақсылап қомдайды, үстіне жайлы етіп табыт қояды да, сол табыттың үстіне марқұмның аяғын түйенің бас жағына қаратып жатқызып апарады.»

Қазақтың аңыз-әңгімелерінде елге қадірлі, атақты адамдардың жерленетін орнын белгілеуге атандардың қатысы болғандығы туралы айтылады. Мәселен: «Соңғы шайқаста ауыр жараланған Райымбек батыр (жасы сексенге тақаған кез) еліне: «Мені ана тұрған ақ атанға отырғызып, көштің басын Хан тәңіріге түзендер. Жете алмасақ, дәмнің таусылғаны. Ақ атан шөккен жерге елді қондырып, менің де сүйегімді сол жерге табыс етіндер», – депті.

Бәрі қария батыр айтқандай болады. Ел көшін тауға түзейді. Ұзақ жол жүріп, көш қазіргі Алматы қаласы, Ташкент көшесі бойындағы Орталық зират орналасқан жерге түсіп, тоқтайды. Сол арада атан түйе шөгіп, ел жүгін жығып, қоныстанады. Көп ұзамай осы арада Райымбек батыр дүние салады. Батырдың зираты сол жерде қаланды. Халық қазір де батыр зиратына мінәжат етіп тұрады.

Бұндай аңыз Домалақ анаға байланысты да айтылады. Ескілікті деректерден жорыққа аттанарда жолы болу-болмауын бураның немесе атанның шөккен жері мен жатқандағы түріне қарап анықтағандығын, ерекше құрбандық атағанда еркек малдан бура, айғыр, өгіз, қошқар союмен бірге атан сойылғандығын кездестіруге болады.

Мал шаруашылығына байланысты этномәдени деректер атанның бұрынғы көшіп-қонғанда да, басқа жағдайларда да ең алдымен жүк көлігі ретінде қолданылғандығын аңғартады. Байырғы тұрмыста ас, той сияқты үлкен жиындарда ат бәйгесімен қатар атан жарыс та өткізілген. Оны атан жарыс деп атаған. Кейінгі уақытта түйе жарыс деп те қолданыла бастады. «Түйе жарыс деген сөз 1970 жылдары атан жарыс ұмытылғаннан кейін айтылып, баспасөзден орын алды. Бұрыннан сақталған қазақ әдеби тілінің үлгісі «ат жарыс», «атан жарыс», «жаяу жарыс». Бұрынғы уақытта түйелі байлар тіл-көз тиеді деп түйесінің нақты санын айтпаған. Қазақ мақалында «түйені жүгендемейді, көп малды түгендемейді», – дейді. Алайда, түйесі көп байдың өз есебі дәлірек болу үшін әрбір жүзінші түйенің оң көзін әдейі ағызып тастаған, яғни үш жүз түйесі болса, үш түйесі соқыр болады. Сұраған адамға мал иесі «бір соқырым бар десе», оның жүз түйесінің болғаны. Әрбір жүзінші түйенің қай көзін ағызғандығы туралы деректер, пікірлер әртүрлі. Көрнекті жазушы С. Мұқановтың «Халық мұрасы» атты еңбегінде: «... қазіргі Ақтөбе облысының сортаңды, шақатты жерінде өткен ғасырда Қара есімді бай болып, оған «отыз соқыр» аталған түйе табыны біткен. «Соқыр» дейтіні есебінен жаңылмау үшін, әрбір жүзінші түйенің сол жақ көзін шығарады екен. Сондай

соқырлар, қарада отыз болған, яғни үш мың түйесі болған», – деп жазылған. Зерттеуші Ә.Жақыпов ол туралы: «Октябрь революциясынан бұрын түйелі байлар келесіне көз тимесін деп әрбір жүзінші түйенің сол көзін әдейі ағызып қоятын болған», – дейді. Қазақ ертегілерінде оң көзі соқыр түйе туралы айтылады. О баста ұзақ жыл жүк тартып қартайған, арып-шаршаған атан түйені енді пайдаланбау үшін басқаларынан ерекшелеп, оң көзін ағызып, келеге қосып еркіндікке жіберсе керек. Өйткені ондай түйені ары қарай пайдалануды обал деп санайды. Жоғарыдағы зерттеушілер сол көзі ағызылған дегенді, Н. Уәлидің концепциясы бойынша, антропоморфтық тұрғыдан айтса керек. Зооморфтық тұрғыдан алғанда атанның оң көзі – оның мінер жағы. Өйткені халықтық танымда күш-көліктің оң жағы деп аттанар жағын, сол жағы деп қамшылар жағын айтады.

Сонымен, көшпелі тұрмыста атан түйелер ең алдымен көші-қонның жүк артатын көлігі, сонымен бірге мініс көлігі және арба-шанаға жегілетін жегін көлігі ретінде қолданылған. Жүк көлігі ретінде алыстан тұз, астық тасуда, сауда керуенінде айшылық жолға арымай («түйе алпыс күн аштыққа, отыз күн шөлге шыдайды» – қазақ мақалы), жүк астында қартайғанша («Атан түйе жүк астында қартайар» – қазақ мақалы) қазақ шаруашылығының табыс көзі болған. Алыс жердің хабарын жеткізетін, ел мен елдің арасында сауда – экономикалық және тарихи-мәдени байланыстарды дамытқан Ұлы Жібек жолының керуендері жол қиындығы мен ауыр жүкті көтеретін атандардан құрылған. Қазақ шаруашылығындағы орны мен жеке қасиеті, бітіміне байланысты атан қазақ түсінігінде зор күштің, төзімділіктің, қайсарлықтың, алып дене, іріліктің символына айналған.

АТАНДЫ БОСАҒАҒА БАЙЛАУ – енші бөлу дәстүрінде орын алған рәсім атауы. Ата-анасынан енші алып шыққан ұл балалары отау болып шығар кезде еншіге наразы болмаса, онда үлкен қара шаңыраққа, кемпір-шалдың батасын алып, алған еншісінен таңдаулы ат немесе атанды босағаға байлап шығуы тиіс. Алған еншісінің көлеміне қарай аты мен атаны болмаса, кілем немесе шапан сияқты бұйымдар қалдырып кеткен.

АТАНТҰЯҚ ЖАМБЫ – көлемі үлкен құйма күміс. Бұл аттұяқ аталатын жамбыдан үлкен болады. Зерттеушілердің айтуынша ертеректегі белгілі бір пішінде құйылған күмістер сауда-саттыққа байланысты басқа елдерден, атап айтқанда, қытайдан ауысып келген. Әртүрлі көлемдегі жамбылар алыс-беріске, сауда-саттыққа, сый-сыяпат көрсетуге қолданылған.

АТАРМАН – соғыста садақпен немесе мылтықпен атыс жүргізу арқылы әрекет ететін жауынгер. Көшпелі халықтардың әскерінде әр заманда садақпен, кейін мылтықпен қаруланған жауынгерлерден құралған, арнаулы әскер қосындары – атқыштар бөліктері болды. Айқас кезінде бұл атқыштар қосындары ұрысты бірінші болып бастап, жау әскеріне алыстан оқ жаудырды. Жаппай атылған оқтан жау әскері, олардың аттары біраз шығынға ұшырағаннан кейін ұрысты суық қарулармен қаруланған жауынгерлер жалғастырды.

Мұндай әскери бөліктер көшпелі халықтарда хан жасағында да құрылып, ханның түрлі жарлықтарын, әскери тапсырмаларын орындады. Сондықтан

осы күні атарман сөзінің тікелей мағынасы көмескіленіп «біреудің жарлығын орындаушы, жазалаушы» деген ауыспалы мағынаны білдіретін атарман-шабарман қос сөзінің құрамында ғана сақталған.

АТАСТЫРУ – ертеде қазақ қоғамында орын алған жеке отбасылық дәстүр, құдандалық салты ұл мен қыз жас кезінде, тіпті бесіктегі кезінде ұл мен қыздың ата-аналары өзара құда болуға келісуі, уағдаласуы. Ата-аналардың уағдаластығы баталасу жолымен бекіп, қыз бен бала атастырылған болып саналады. Ертеде атастыру дәстүрі бойынша ұл әкесі, қыз әкесінің алдына барғанда үлкендер үйленгенде жасалатын салт-жоралғының бәрін де жасайды. Атастырылған балалардың үйлену тойының мерзімі алдын ала шамамен белгіленіп қояды. Төленетін қалыңмал мөлшері мал басымен, көбінесе жылқы санымен белгіленеді.

Қыз бой жетіп, ұл ержеткенге дейін қалыңмалы алдын ала төлене береді. Ал қыз жағы қыз жасауын жастайынан дайындауды қатар жүргізеді. Жасынан атастырылғандар бұрынғы дәстүр бойынша есейгенде ерлі-зайыпты болуы міндетті болатын. Тіпті, дос-жар, көңілі жақын адамдар әлі тумаған балаларын да сізден қыз, бізден ұл туса құда болайық деп атастыра берген. Кейбір деректерде, бесік жасынан қалыңдық атастыру, көбінесе қалыңмалды біртіндеп жинау үшін кедейлерге тән болған дейді. Атастырылған қыз тұрмысқа шыққанға дейін немесе үйленгеннен кейін күйеу жігіті қайтыс болса қайнына немесе қайынағасына атастырылады. Ал, қалыңдық қайтыс болса онда балдыз қалың беріп, балдыздарының біріне үйленеді.

АТАУКЕРЕ – дүниеден озуға жақындаған адамның ең соңғы тартар дәмі. Қазақстанның шығыс аймақтарында атаукере деп айтылса, ал басқа өңірлерде атау, атау суы немесе кере деп атай береді. Адамның жантәсілім етер алдында «бой жасау» деп аталатын азғана бір сәтке сергіген кезінде арыздасып, бақұлдасқан соң атаукере шартты түрде аталған дәм, сусын беруді білдіреді. Мұндай дәмнің дайындалуын анықтаудың сәті түспеді. Ең жақын туысы жантәсілім етер адамның аузына көбінесе су немесе сұйық тағам тамызады. «Атаукерең болсын», «атаукереңді ішкір» деген сияқты т.б. соңғы дәм дегенді білдіретін қарғыс мәніндегі сөз орамы осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Өлім жазасына кесілген қылмыскерге берілетін тағам да атаукерек деп аталған кейбір дерек берушілердің мәліметі дәйекті деуге болады. Демек, атаукере – ғұрыптық мәнді “соңғы дәм”. Ал, қиналып жатқан жантәсілім етуге жақын қалған адамға иман айту, тілді кәлимаға келтіру кезінде оның ақтық демі шықпас бұрын аузына тамызатын діни ғұрыпқа байланысты туындаған арнайы су имансу деп аталады.

АТАУЫЗ/ ҚЫСҚЫ – ағашты жонып-сүргілегенде, кескенде қысып қоятын құрал. Оны темір ұсталары да қолданады. Аспаптың бұл түрі затты қысатын бас жағының аттың аузына ұқсастығына әрі ірі тісті болып келетіндігіне байланысты атауыз деп аталған. Ағаш ұсталары арасында атауыздың аяқпен басып, тіреп қысатын тепкішекті, жетілдірілген түрі де кездеседі. Тепкішекті аяқпен басып қысқанда шебердің екі қолы бос болып, ағашты өңдеу жұмысы жеңілдейді.

Атауыздың қолға ұстап қысатын кішкене түрін іскенже деп атайды. Ал, қазақ елінің батыс өңірінде, Қызылорда аймағында, Түркіменстан қазақтары арасында атауыз деп шеге суыратын тістеуікті атайды. Монғолия қазақтары басы аттың тісі сияқты пішінде жасалған тістеуікті атауыз тістеуік дейді.

АТБАҚЫЛ / КӨТЕРІСПЕК – дәстүрлі балалар ойыны. Ойынға екі бала қатысады, әрқайсысында сиырдың сампайы болуы керек. Ойыншылардың өзара келісімі бойынша біреуі сампайын алысырақ лақтырады, екіншісі – сол сампайды көздеп атады. Егер дәл тисе, онда қарсыласы атқан баланы сампай жатқан жерге дейін арқалап апарды. Ойын тәртібі осы ретпен жалғасады.

АТБӘЙГЕ – ат жарысында озып келген атқа берілетін сыйлықтың, жүлденің, марапаттың ең кәделі түрі. Дәстүрлі ортада ат жарысында озып келген бірнеше (ондаған) атқа және көмбеге дейін шапқан ең соңғы атқа (оны көктайынша деп атаған) бәйге берілген. Бәйгеге қатысушылардың барлығы көмбеге келіп жиналғаннан кейін, бәйгенің жүлде бөлісі басталады. Жүлделер ақшалай да, мал басымен есептелген мөлшермен де, ер қаруы бес қару түрінде де, қымбат кілемдер түрінде де, шапан түрінде де берілді. Үлкен астарда ұйымдастырылатын аламан бәйгеде озып келген аттың иесіне бас бәйге деп тоғыз тарту, ал кейбір шағындау ас пен басқа да жиын-тойларда атан түйе немесе ат берілген. Атбәйгенің мөлшері басқа ұлттық ойындарға берілетін жүлделерге қарағанда қомақты болып келеді. Н. Рычковтың айтуынша, үлкен астардағы аламан жарыста бірінші бас бәйгеге тігілген күң бастатқан «жанды тоғыз» деп аталатын қомақты мал-мүлік тарту етілген. Содан кейінгі жүлделерге сауыт-сайман, түйе, ер-тұрманымен ат белгіленді. Атағы алашқа жайылған үлкен астарда атбәйгесіне аса қомақты жүлделер тігілген. Мысалы, 1860 жылы руы жаппас Құламбаевтың әкесіне ұйымдастырылған ас беруде аламан бәйгеден озып келген 13 аттың иелеріне тоғыз тарту берілгені туралы В.Н. Плотников өз еңбегінде ерекше айтып кетеді. Кейін орыс отаршылдығының қыспағына түскен қазақ социумының әлсіреуіне байланысты атбәйгенің көлемі азайып, мазмұны сұйылды. А.Бремнің 1894 жылы келтірген дерегі бойынша, атбәйгенің бірінші жүлдесі екі-үш мың сомдық күміс ақша көлеміндей болды. Ал ауқатты байлар жүздеген жылқы тіккен.

АТБЕГІ – бәйге атын жаратып, баптай білетін адам. Атбегілер жылқылы елдегі атқұмар, аттың қадір-қасиетін білетін адамдар арасынан шығады. Бұл атау көне түркі тіліндегі ат (жылқы) және бек («басқарушы», «көсем», «бек», «князь», «мырза», «ұлық», «әкім») сөздерінен қалыптасқан. М. Қашқари өз заманында бек сөзінің бәг түрінде де қолданылуын көрсетіп, «Бәгдә қиық жоқ» деген түркі халықтарының мақалын келтіреді. М. Қашқари мақалдың мәнін былай түсіндіреді: «Бекте қайту жоқ. Бұл мақал бектердің айтқан сөздері мен ойына алған істерін орындамай қоймайтын мінездерін марапаттап айтылады». Ертеде хан-сұлтандардың аңшылыққа, жорыққа мінетін және жүйрік аттарын топтап, оларды әрқайсысының ерекшелігіне орай бағып күтетін, баптайтын және аңшы құстарын күтіп-баптайтын арнаулы адамдары және олардың үстінен қарайтын басқарушысы болған. Қазақ тұрмысындағы атбегі, құсбегі тәрізді кәсіп, мамандық, шеберлікті білдіретін байырғы атаулар

осымен байланысты қалыптасқан. Кәсіби деңгейге көтерілген еңбек түрі мен атаудың шығуын Қазақ совет энциклопедиясы: «Ежелгі түркі халықтарының жазба ескерткіштерінде бек «ұлық», «көсем», «әкім» деген ұғымды білдірсе, бертін келе жеке істі жете білетін кісіні де соның бегі деп атаған. Осыдан атбегі, құсбегі шыққан», – деп түсіндіреді. Атбегілік басқа түркі халықтарында да жақсы дамыған. Мәселен, қазіргі Әзірбайжан тілінде осыған байланысты атбаз атауы қолданылады. Атбегілікті Әзірбайжандар атбазлыг деп атайды. Зерттеуші А. Тоқтабай атбегінің қазақ арасында әртүрлі аталып жүргенін көрсетеді. Атбегіні Қостанай өңірінде – атпаз, Семей өңірінде – атпазшы, Қызылорда аймағында – атсейіс, атсайыс, Оңтүстік Қазақстанда атпыраш деп атайды. Сонымен бірге бапкер тәрізді атау да қолданылады. Бұның өзі қазақ елінің әрбір өңірінде бәйге атын жаратудың әдіс-тәсілдері дамығанын, өзіндік ерекшеліктерін, бұл іспен адамдардың белгілі бір топтарының айналысқанын, яғни қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелісін көрсетеді. Атбегілік қазақта өнер деп саналады. Атбегіліктің өнер дәрежесіне көтерілуін осымен байланысты түсіндіруге болады.

Атбегі деп халық арасында атсыншыны да атайтыны кездеседі. Алайда, атсыншылар, негізінде, ат жаратумен айналыспайды. Оларды ел ішінде сыншы деп атаған. Олар – бәйгеге қосылатын жүйріктердің бабын, күй-жайын көзбен көріп тұрып дәл айтып бере алатын, айтқаны келетін ерекше қабілет иелері. Халық арасында атақты сыншылар аз болмаған. Олардың кейбіреулерінің есімдері бүгінгі күнге дейін ел есінде сақталып келе жатыр. Атбегінің «сыншы» ұғымында қолданылуының себебі жоқ емес. Өйткені атты жарату, баптау өнері атбегілерден жылқының шыққан тұқымынан бастап, оның дене бітіміндегі мінез-құлқындағы ерекшеліктерді, ол ерекшеліктердің нені аңғартатынын, жер жағдайын, экологиялық факторларды және т.б. жан-жақты білуді талап етеді.

Қысқасы, атты баптау мен оның күй-жайын тани білу бір-бірімен тығыз байланысты. Сол себептен де халық арасында атбегі, атпыраш, атсейіс тәрізді атаулар бірде «атсыншы, атсыншысы, жылқы сыншысы» деген мағыналарда қолданылып келеді.

Сонымен, қазақ халқының жылқыға, оның ішінде жүйрік атқа деген ерекше көзқарасы, ыстық ықыласы, оларды қымбат бағалайтындығы, ас пен тойдың ат бәйгесінсіз өтпейтіндігі, оған сауын айтудың себептері аңыз әңгіме, ән-күйлерде ғана сақталып қоймай, күні бүгінге дейін атбегілердің күнделікті еңбегінен көрініп келе жатыр.

АТБЕСІК – жерленген адамның басына ұзындау пішінде текшелеп үйілген топырақ немесе тастан текшелеп, биіктеу етіп қойылған ескерткіш. Атбесік атауы «Алпамыс» тәрізді көне жырларда осындай ұғымда кездеседі: Жырда «Атбесік салып басына Қабірін бұлар түзеді» деген жолдар сақталған. Бүгінгі күнде Қытайда тұратын қазақтардың тілінде атбесік – «қабір басына орнатылған моланың бір түрі» деген мағынада қолданылады. Бүгінгі күнде сирек айтылады.

АТБІЛЕЗІК¹ – сал-серілердің аттарының аяғына тағатын білезік. Атбілезік күмістен соғылып, аттың алдыңғы екі аяғына салынған. Сал-

серілердің өнерлі болуына орай олардың киіну, мінген атын әшекейлі жабдықтарымен сәндеу салты да ерекше болған.

Бұл туралы К. Әзірбаевтың «Аңыздар сыры» атты еңбегінде: «Дәурен салдың даңқын естіп, оны бір кезде алты сал іздеп келеді. Олар қай ел, қай рудан екенін айтпайды. Аттарының алдыңғы екі аяғын күміспен білезіктеп алған дейді. Алтауының киген киімдері бірдей, ер-тұрман, әбзелдері де бірдей, бастарындағы бөріктері жанатпен тысталған, құлпырып тұрады, құндыз байпақ, шайыдан шұлғаулары болады. Көк мәуіті берен белбеулері аттарының тірсегіне шұбатылады. Күрең тобылғы сапты қамшыларына жез оралған дейді, – деп суреттеледі. Иесіне сай мүсіні көз тартатын аттың аяғына күміс білезік салу, біріншіден, тіл-көзден сақтау шарасы болса, екіншіден, сән-салтанатын асыру үшін қолданылған; сол арқылы адамдардың қоғамдағы орнын, әлеуметтік ерекшелігін білдірген.

АТБІЛЕЗІК² – көлемі үлкен, салмағы ауыр, қомақты келген құйма білезік түрі. Қыз жасауына, зарыға күтіп «Тәңірден тілеген» баласының екі аяғына бала тоқтасын, пәледен аман, тіл-сұқтан ада болсын деген ырыммен салған.

Атбілезік деп аталуы осы білезік түрінің ертеректе бай адамдар мен салдар және серілер өздерінің мініс атына салатын білезікке пошымы жағынан да, жасалу тәсілі тұрғысынан да ұқсас болуына байланысты болса керек. Ауыз әдебиетіндегі мәліметтер осыны меңзейді.

АТДОРБА – атқа жем беру үшін қалың материалдан тігілген, бауы бар қалта. Ішіне арпа, сұлы тәрізді жем салынған атдорбаны аттың басына іліп қояды. Маңғыстау өңірі қазақтарының сөйлеу тілінде атдобыра деп қолданылады.

АТЖАБУ / ЖАБУЛЫҚ – ертеректе ерекше қоғамдық-әлеуметтік статустың, байлық пен барлықтың белгісіне саналған жылқы әбзелі, жамылғы түрі. Дәстүрлі ортада «қолы жеткен адам», беделді, ауқаттылар аттарына аңның терісінен де жабу салған. Жолбарыс, албарыс (ілбіс), сілеусін, терісінен жабу салу ерекше мәртебенің көрінісі болған. Соған байланысты қылқұйрық жабу, құндыз құйрық жабу деген атаулар қалыптасқан. Шетін жалпақтау етіп әдіштеген. Жабудың басқа әбзелдерден айырмашылығы оған түрлі аңдардың жылқының құйрығы тағылатын болған. Жаугершілік заманда жеңілген жақтың «Байрағыңды жабу» еттім, «туыңды жабу еттім» деген сөз орамдары осыған байланысты қалыптасты. Атжабу жібек, мақпал, қыжым, биқасап, барқыт, қатипа сияқты қалың да, қымбат маталардан тігілетін немесе кілемдерден – арабы кілем, түкті кілем, алашадан әдейілеп пішіліп жасалған.

Көз бен тіл тиюден сақтайды деп жарысқа қосылатын аттарды толық қымтауға жететін, яғни мойнынан бастап құйрық түбіне дейін жететін кежім деп аталатын көлемді атжабу түрі матадан жасалып, беті ою-өрнекпен әшекейленіп, жиегіне түрлі-түсті жіптерден айнала шашақ төгіліп жасалады.

Атжабудың әлеуметтік дәрежені білдіретін символикалық мәнімен қатар, атты тіл-көзден сақтайтын ғұрыптық функция да атқарды. Сонымен бірге, атжабу суық маусымда, әсіресе бәйге, көкпар және аңшылық пен саятшылыққа арналған аттарды жаратқан кезде де қолданыстық маңызы үлкен болды.

Осындай атжабудың ұзындығы шоқтықтан құйрық түбіне дейін жетті, ені екі бүйірін жабатындай көлемде болды, ұштары бір-біріне баумен бекітілді. Атжабудың атты бәйгеге жарату, тер алу, қаражарыс сияқты ауқымды да күрделі шара кезінде тер қатудан және суық тиюден сақтайтын киізден жасалған қалың түрі болды.

Сондай бір атжабу түрі ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 27007). Оның көлемі аттың шоқтығынан сауырына дейін толық жететіндей жасалған. Яғни ұзындығы 2, ені 1,20 м көлемде тұтастай пішілген атжабудың өңі матадан, астары киізден жасалған. Сауырына келетін тұсы доғалданып пішілген. Жиіктері ою-өрнекпен әшекейленіп шашақталған.

ҚР MOM қорындағы (КП 21068) киізден жасалып, кестеленген атжабуының ерекше сауырша деп аталатын түрі сақтаулы. Көлемі кішіректеу келген (107x124 см), алдыңғы жағы доғалдана біткен. Жиігі тартылып әдіптелгендіктен өңі дөңестеу болып келген. Артқы жағы трапеция тәрізді пішілген. Жиігі айналдыра жүн жіппен көмкеріліп, ортасына сыңар мүйіз, алдыңғы жағы зооморфтық өрнек кестеленген.

Ат иесі тіл, көз тиюден сақтану үшін аттарының жал-құйрығын өріп, кекілі мен құйрығына шоқ үкі байлап, үстіне кежім, жабу жауып қояды екен. Мысалы, «Қорысбайдың асына Омбы дуанынан бәсентіін Қазанғап жіберген боз арғымақтың үстін жабулап, жер бастырмай арбаға мінгізіп әлпештеп әкелген», – деседі. Бұл жосынның мәні атқа тіл-көз тимесін дегенге саяды.

АТЖАЛ – жыртылмай қалған жер мен орылмай қалып кеткен егін бөлігі. Сондай-ақ, шабындықтың орылмай қалған тұсын да атжал деп атай береді. Қарағанды, Көкшетау өңірлерінде атжал атауы «тырмамен жинаған шөп үйіндігі» мағынасында қолданылады. Бұндай жерлердің сырт көрінісі аттың жалына ұқсағандықтан атжал деп аталған. Ысырап болмау үшін егістікте, шабындықта орылмай, атжал болып қалған жерлерін қайта орып алады. Оның үстіне таза орылған ашық жер зиянды жәндіктердің көбейіп кетпеуіне себін тигізеді.

АТЖӘМШІ – ертеректе қазақ даласында жүк тасуға, лауазымды адамдарды тиісті жеріне дейін жеткізіп салуға, хат-хабар (пошта) тасуға арналған арнаулы арбалардың аттарын айдаушы, делбеші. Атжәмшілер арбаға жегілген аттардың күтіміне де жауап берген.

Күш-көлікке, жол қатынасына байланысты хандық дәуірде атжәмші деген атаудан басқа да жәмшік, лау, лаушы, жәмшіктік, лаушылық, көшір, арбакеш тәрізді атаулар мен жәмшік тарту, лау тарту сияқты кәсіп, қызмет түрлері қолданылған. Бұның өзі қазақтардың бұрынғы тұрмысында мамандандырылған жол қатынасы құралдарының болғанын білдіреді. Алайда, бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болды. Айталық, атжәмші немесе жәмшік деп ертеде қазақтар «пошта, жүк, жолаушы таситын арбаны» және сол көлік құралын айдайтын «көшір, арба айдаушы, делбешіні» атаған. Жүк тартуды жәмшік тарту деген. Жол қатынасы құралының бұл атауының мағынасы бүгінде күңгірттеніп, сирек қолданылатын болды. Оны тек тарихи еңбектерден, ауыз әдебиеті үлгілері мен көркемшығармалардан ғана кездестіреміз.

Аталмыш көлік түрі түркі халықтарынан орыс тұрмысына да ауысқан. Тарихи деректер бойынша: «Қазақ жерінде 12-13 ғасырларда сауда жолында тұрған керуен сарайлары мен кіре тартатын аттарды «йам» деп атаған. Түркі тілдерінің кейбіреулерінде «и» дыбысының «ж» дыбысымен алмасуына байланысты қазақ тілінде «йам» сөзі «жам» («жәм») болып айтылып кеткен. Орыс тіліндегі «ямщик» те осы «йам» сөзімен түбірлес. «Жегілген аттарды айдаушы» деген мағынаны білдіретін ертедегі «жам» («жәм, «йам») сөзінен жәмші атауы қалыптасқан».

Атжәмшілік о баста қазақ жеріне моңғолдардан ауысып келген. Қазіргі моңғол тілінде зам, ертеректегі жазба тіліндегі жам сөзі «жол» деген ұғымды білдіреді. Алтын орда тұсында орыс жерінде пошта бекеттері және жол қатынасына қызмет ететін қоныстар пайда болды. Оларды орыс тілінде ям деп атаған.

Тарихи-этнографиялық деректерге қарағанда, ХІХ ғасырда қазақ жерінде қызмет бабымен жолға шыққан лауазымды адамдарды бекеттен бекетке жеткізіп тұруға мамандандырылған арнайы күш-көлік түрлері мен адамдар тобы пайда болды. Бұлар шәмшіктер тәрізді жүк тасыған жоқ, тек қызметтегі адамдарды тасымалдаға қызмет етті. Ондай күш-көлікті – (нақты айтқанда аттарды) лау, ал көлік айдаушыны лаушы деп атады. Олар бір бекеттен екінші бекетке дейін ғана қызмет етті. Ары қарай жолаушылар басқа лауға ауысып мінген. Лау ретінде салт аттар мен күйме тәрізді жеңіл арбалар, кәшауа сияқты шаналар пайдаланылған. Бекетте лау дайын болмай қалғанда, оны күтуге тура келген. Ресей отаршылдығы кезінде үкілі пошта деп аталатын ресми жеделхат, тапсырма, бұйрықтар да лау арқылы жіберілген, кейде жедел байланыс жасаудың ел ішіндегі дәстүрлі ат шаптыру деп аталатын тәсілі де қолданылған.

Жүк тасумен арбакеш деп аталатын адамдар тобы да айналысты. Арбакештер отырықшы жерлерде жаз айларында шаһар мен ауылдың немесе жақын ауылдардың арасында мақта, отын, пішен, азық-түлік, жүн, тері және т.б. жүктерді тасыған. Алайда, бұлардың атқаратын қызметі атжәмшілер мен лаушылардың қызметінен мүлдем бөлек болды.

Жинақтай айтқанда, атжәмшілік қызмет қазақ даласында жол қатынасының ертеден жолға қойылған, елішілік және халықаралық үлкен жолдар мен жол қатынасына байланысты мамандандырылған арнайы күш-көлік құралдары мен түрлерінің болғанын және онда жолдарды және жер жағдайы мен күн райын жақсы білетін адамдар тобының тұрақты, ресми түрде қызмет еткенін көрсетеді.

АТКӨПШІК – ішіне жүн, қыл, кейде мақта тәрізді жұмсақ заттар салып, қалың матадан тігілетін, атқа ерттелген ердің үстіне салынатын шағын жастықша. Аتكөпшіктің көлемі ердің екі қасының арасына сыятын мөлшерде пішіліп тігіледі. Аتكөпшікті атқа мінген адамға ер батпау үшін салады. Оны ерге пыстанмен бекітіп қояды. Ел ішінде аткөпшіктің былғарыдан, жұмсақ теріден тігілген түрлері де кездеседі. Аталмыш бұйым халық тілінде қолданылатын көпшік сөзімен байланысты қалыптасқан. Мәселен, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Түркіменстан, Қарақалпақстан,

Өзбекстан, Ресей қазақтары тілінде көпшік деп бір кісілік жастықты айтады. Ал, кейбір аймақтарда (Қостанай, Жезқазған) екі кісілік үлкен жастықты да көпшік дейді. Көпшік атауы ат сөзімен бірігіп айтылғанда «атқа мінгенде жұмсақ болу үшін ерге салатын көпшік, жастық» деген мағынада қолданылады. Аتكөпшіктің ұзындау пішінде тігілген түрі аткөрпе деп аталады.

ҚР MOM қорында (КП 22399) қара пүліштен тігілген аткөпшік сақтаулы. Көлемі 48x43 см. Аتكөпшік екі қабаты бірдей өлшемде пішіліп, жиегіне қызыл түсті матадан бұлық салынып тігілген. Көлемі ердің аттығымен бірдей. Аتكөпшіктің екі қасы арасына келетін тұсы ішке қарай ойылып пішілген. Аتكөпшіктің бір шетіндегі арнайы жасалған тесігінен оның ішіне жүн салынған.

АТКӨРПЕ – атқа салт мінгенде жайлы, жұмсақ болу үшін ердің үстіне салатын сәнді бұйым, қолдан тіккен көрпеше. Аتكөрпені кейде көпшік үстінен де салады. Аتكөрпені, әдетте, егде адамдар, әйелдер, атқамінерлер алыс жолға шыққанда пайдаланады. Аتكөрпе орнықты тұру үшін тартпамен бекітеді. Жамбыл өңірінің тұрғындары аткөрпені аткөпшік деп қолданады.

ҚР MOM қорында аткөрпе (КП 9704) сақтаулы. Көлемі 124x60 см. Аتكөрпе қара түсті мауытыдан тігілген. Оның ортасы мен жиегіне сары түсті жіптен екі қатар су өрнегі жүргізілген. Екі су өрнегінің ортасына гүл өрнектері кестеленген.

АТҚА МІНГІЗУ – тіршілік циклы ғұрыптарындағы жора, ұл баланың сәбилік шақтан балалық шаққа өтуін айғақтайтын рәсім.

АТҚАМІНЕР – орыс отаршылдық басқару жүйесінің әсерімен қалыптасқан жаңа әлеуметтік-саяси тұлға. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында жүргізілген әкімшілік-саяси реформаның нәтижесінде қалыптасқан басқару жүйесінің өкілі. Атқамінерлердің қатарына жаңа қалыптасқан басқару жүйесінің ұсақ шенеуніктері жатқызылады. Олар әдетте, қазақ арасынан сайланды. Қазақы орта үшін бұрын мүлдем болмаған жат құбылыс, яғни маргинал тұлға болды. Патшалық режимнің жергілікті өкілдері – орыс шенеуніктері атқамінер институтын өзінің мүдделері үшін шебер пайдалана білді. Расында да, атқамінерлер қазақ даласында патшалық тәртіптің орнығуына өзіндік үлес қосты. Орыс шенеуніктерінің қамқорлығындағы атқамінерлердің қазақ ауылдарына тигізген зорлық-зомбылықтары аз болған жоқ. Атқамінер ұғымының қазақы ортада жек көрінішті мағынада қолданылғандығы сондықтан. Оның мәні итаршы ұғымының мағынасымен төркіндес.

Ә.Диваевтың мәліметіне қарағанда, атқамінер төмендегідей қызметтер атқарды: а) болыстық сайлау науқанында патшалық режимнің көздеген адамының пайдасына үгіт-насихат жұмысын жүргізді; ә) патшалық тәртіптің жергілікті әкімшілігі мен қазақтар арасында орыс шенеуніктерінің сойылын соғар делдалдық шаралар жүргізді; б) қазақ ауылдары арасында алым-салық жинауды ұйымдастырушылардың бірі болды. Сонымен бірге, болыстық лауазымға сайлануға ұмтылған қазақ байларының орыс шенеуніктеріне пара беруін ұйымдастырған.

Совет дәуірінде, әсіресе, XX ғасырдың атқамінерлердің шолақ етек, шолақ белсенді сияқты жаңа типтері қалыптасты. Мұндай жаңадан қалыптасқан ұғымдар мен атауларды жаңа этнографизмдер деп атауға болады.

АТҚА САРПАСТАУ – ауыр қылмыс, күнә жасаған адамды асау аттың бауырына таңып жіберіп өлтіретін байырғы жазалау түрлерінің бірі. Атқа сарпастау – ертеректегі ат құйрығына байлап өлтіру тәрізді жазаның ең ауыр түрі болған. Атқа сарпасталған адам тірі қалмайды. Сарпастау сөзінің мағынасы бүгінде көпшілікке түсініксіз. Бұл көне атау тек Моңғолия қазақтарының тілінде «аттың астына керіп байлап тастау» мағынасында сақталып қалған. Жазалаудың бұл түрі бойынша қылмыскердің екі аяғы мен қолын аттың бауырына төрт жаққа керіп, үстіне қарай жіппен тартып байлап, асау атты үркітіп айдалаға қоя берген.

АТҚАУМА / АТҚУМА – қазақ балаларының дәстүрлі ойынының атауы. Бір топ бала жиналып, ортаға екі ойыншы шығып, бір-бірінің білегін айқастырып ұстайды. Үшінші баланы айқасқан білекке, аяғын салбыратып отырғызады. Әрлі-берлі көтеріп жүрген балалар:

Атқума, атқума,

Асқар атқан ақ тау ма?

Көк тау ма, көк тау болса, көп тау ма?

Ал тастадық бұл тауға, –

деп кенеттен баланы тастап жібереді. Бала құламауға тырысу керек. Ойын осы ретпен жалғаса береді.

АТҚОСШЫ – дәстүрлі ортада ұшырасқан дәулетті адамдар алыс сапар мен жорыққа шыққанда қасына еріп жүріп, қадірлі адам мен оның аттарының бағым-күтіміне жауап беретін көмекшінің атауы. Оған жылқының бағым-күтімі туралы арнайы тәжірибесі бар, қырағы, әрі ұрыс-сайыстан хабардар, ел мен жердің жайын білетін, кәнігі тісқаққан адам таңдалады. Атқосшы болу көшпелі ортадағы ел басқару ісіне араласудың және тіпті, әскери өнерге де дайындық мектебі іспеттес. Жолаушы топтың санына қарай атқосшы саны бірнешеу болуы мүмкін.

АТҚЫ – аңшылықта қолданылатын құрал, өзінен-өзі атылатын садаққа ұқсас арнаулы садақ пен жебеден тұратын құрылғы. Атқыны ірі аңдар жүретін жолдарға қаратып, аңның қос өкпе, кеудесіне тиетіндей етіп құрып қояды. Аң жіпті кеудесімен соққанда, оқ атылып аңға қадалады. Атқының садақтан өзгешелігі адамсыз өздігінен атылады және садақтан үлкен серпімі қатты болады. Атқы серіппесі (ағашы), серіппе бауы (қайыс), кергіш ағаш, тиек (бүлдіргелі), жебе, сақина жіп, шыжым және алдыңғы, артқы тіреуіш, қазық қатарлы бөлектерден құралады.

Атқы ағашының ұзындығы бір құлаштай серіппелі ағаштан жасалады. Серіппесіне түйенің жон терісінен тілінген ұзындығы бір құлаштай таспа бау тағылады. Садақ жебені, мылтықтың құндақ ағашы тәрізді ағашқа отырғызып, орналастырып, жіппен тартып қояды. Жебенің мойынына таяу жерінің астында өте сырғанақ қаға берісі жоқ төсеніші болады. Үш сүйемдей кергіш ағаш жасалып, оның үстіңгі бетінде сәл ойылған науашаға бойлай орналастырады. Күшті-әлсіздігін белгілейтін бөлегі кергіштің бір ұшын тіреп

тартып отырып, енді бір қол мен тиектің бүлдіргесін кергіш кертiгiне iлiп, тиекті серiппе бауының үстiне айналдырып әкелiп, тиек түбiн серiппе бауына басып тұрып, онан соң тиек үшiн сақина жiбiне iлiндiрiп бекiтедi. Осылай керiлiп тұрған атқыны екi тiреуiш қазықтың үстiне қояды: алдыңғысы атқы қаңқасын көтерiп тұрса, артқысы тепе-теңдiгiн сақтап тұрады.

Жолдың келесi жағына тартылған «кеуде соғар шыжымның» ұшын сақина жiпке тисе болды сақина жiп тиектің басынан сыпырылып, жебе атылады.

Атқының ортаңғы доғасының астына жерге қойғанда тепе-теңдiгiн сақтайтын етiп екi үш аяқты тұғыр бекiтедi. Атқыны аң-құстар бармайтын жерге, ауа райының борансыз кезiнде өте ептiлiкпен құрады. Атқының құрылу әдiсi аңның түрiне және мiнез-құлқына байланысты болды.

АТМАЙЫ¹ – әдеттiк құқық жүйесiндегi билер сотының шешiмiмен айыпты деп танылған тараптың iстi ұйымдастыру қызметi үшiн төлейтiн төлемi.

АТМАЙЫ² – дәстүрлi қазақы ортада ағайынды адамдардың арасындағы шаруашылық байланыстың ең мәндi компоненттерiнiң бiрi, институт. Материалдық жай-күйi төмен адамның ауқатты ауылдасынан жалдаған “аттың майы” деп қосымша төлейтiн ақысының атауы. Жазатайым жалға алған жылқы мертiксе немесе өлiп кетсе, алдын ала жасалған ауызекi шарт бойынша орнына тиiстi құнын төлейтiн немесе басқа ат қайтаратын. Бұл ретте аталмыш ауызекi келiсiмшарттың “уәде Құдайдың аты” деген принципке негiзделгендiгiн ерекше екшеп айтқан ләзiм. Сонымен бiрге қайтарылған жылқының арық-тұрық күйi есепке алынбайтын. Гәп ат жалдаушының атмайын төлеп отырғандығында ғана емес, қазақ жылқысының тез ет алып, күйлi болып кететiндiгiнде де болса керек. Шынтуайтында, шаруашылықты тиiмдi ұйымдастырудың өзiндiк тәсiлi болған атмайы көшпелi ортадағы институционалдық қатынастың тиiмдi элементтерiнiң бiрi ретiнде қызмет атқарды.

АТОЙ САЛУ – белгi беру, дабыл қағу, қорқыныш бiлдiрудiң атауы. Елге, ауылға қауiптi жағдай төнiп тұрғанда немесе малға жыртықш аң шапқанда, сондай-ақ, төтенше жағдайларда жұртты сақтандыру әрi ұйымдастыру үшiн қолданылатын тәсiл деуге болады.

АТПЕН ТАБАҚ ТАСУ / ТАРТУ – үлкен астың немесе жиын-тойлардың сән-салтанатын көрсету, әрi еңбектi жеңiлдету үшiн жасалатын ғұрыптық және символикалық мәндi шара. Әсем ер-тұрман ерттелген жорға, жүйрiктерге мiнген, сәндi киiнген атқа мығым жiгiттер арнайы қазылған жерошақ басына тiгiлген ас үйден сыйлы қонақтар түскен үйлерге қарай сыбағалы табақтарды қолына ұстап жеткiзетiн. Мұндайда ас, жиын-той өткiзушi адамның немесе бүкiл ру-қауымның беделi мен байлығы сынға түседi. Табақты бiр қолмен алақанына салып көтерiп, екiншi қолымен тiзгiндi ұстайды. Мұндай қызмет көрсетуге «табақшылар» деп аталатын шабандоз, пысық, ыспар жiгiттер таңдалады. Олар қонақтар орналасқан үйге келiп, табақты «аяқшы» жiгiттерге ұсынады. Бұл үрдісті асаба ұйымдастыратын.

АТПА – егінге су шығару үшін ағаштан жасалған күрек, іші ойыс қалақ, ожау тәрізді қарапайым құрал. Атпамен өзен, көл, тоғаннан биікте орналасқан арыққа суды қолмен атып шығарады. Оны атпа ату дейді. Атпа ату машақатты іс болған. Оны аздап болса да жеңілдету үшін үш ағаштан құрастырылған мосыға тең етіп сырық байлап, бір басына үлкен ағаш шелек, екінші басына ауыр зат байлайды. Оны қолмен демеп, қозғалысқа келтіріп, арыққа су жібереді. Зерттеуші Б.Алтаев атпа әдісін төмендегідей таратады: «Атпа – сабы үш аяқты аспаға ілінген ағаш ожау. Ожаумен арнаулы тоғанға жиналған немесе құйылған су егіс алқабына жіберілетін. Мұндай атпа әдісі қарақалпақтарда кездесетін «сепма» әдісіне ұқсас болып келеді. Сепма әдісінде екі дінгектің үстінен жалғанған бөренеге ожау байланады да, қолмен қозғалысқа келтіріле береді. Атпада мосыға екі жағын тең етіп сырық орнатылады да, оның бір басына күбі – шелек, екінші басына ауыр нәрселер (зат) байланады. Ауыр нәрсе байланған жағы жоғары көтерілгенде, күбі – шелек төмен түсіп, оған су толады. Ал ауыр зат төмен түскенде, яғни басылғанда шелек жоғары көтеріліп, ішіндегі су арыққа төгіледі».

Халық тілінде атпа қолқауға, қолсамар, атпасамар деп те аталған. Шығыр болмаған жерде атпа тәрізді қарапайым құрал суды жоғарыға шығарып, егін суаратын гидротехникалық құрылғы ретінде ХХ ғасыр басына дейін қолданылып келді.

АТПАЗ – бәйгеге қосатын атты жарататын адам, атбегі. Атпаз – бәйге атын жақсы баптай білетін атбегінің жергілікті, халықтық атауы. Қостанай, Семей аймақтарында жиі қолданылады. Қазақ жерінің басқа аймақтарында атсейіс, атпыраш, сайыпкер тәрізді баламалары қолданылады. Кейбір өңірде жылқы түлігін жорға шығарумен айналысатын атбегілерді де атпаз деп атаған. Атпаздар жарауы жеткен атқа мініп, бәйгеге шабатын балаға аттың бабы мен күйі, мінез-құлқы туралы өзінің байқап білгендерін айтып, бәйге жолында атты және өзін қалай ұстау керектігі жөнінде кеңес беріп отырған. Ал, күнделікті салт мініске пайдаланатын, арба-шанаға, соқаға жегілетін аттарды бағуға, күтуге бөлінген адамды атшы деп атайды.

АТСАЛҒЫШ – жүзі көлбеу, алтын, күміс бұйымның бетіне сызық, түрлі таңба түсіретін, кісінің есімі мен жазу жазатын зергерлік құрал. Ыңғайлы болу үшін сабы бұранда пішінінде жасалады.

Сонымен бірге ұсталардың дайын таңба-бедері, жазуы бар нақыш салғышының бір түрі де атсалғыш деп аталады. «Атсалғыш деп аталатын себебі, ұсталар осындай құралдың бетіне өз аттарын ойып жазады. Бұйымның бетіне соққан кезде жазу бедерленіп түседі. Кейде осындай құралмен ру таңбасын да салады» (Д. Шоқпарұлы).

АТСЕЙІС – аттың дене бітіміне, бәйге атының жарауына қарай сынап, бәйгеде алатын орнына болжам жасайтын адамның халық тіліндегі атауы. Атсейіс бәйгеге жаратылған аттың нешінші болып келетінін басқа жүйріктерді көріп барып, солармен салыстырып айтады. Халық арасында «атты сынаушы адам» мағынасында атсейіс атауынан басқа атпыраш, атпаз тәрізді атаулар да қолданылады. Ел ішінде атсейістер ерекше құрметке бөленген. Аңыз-әңгімелер мен жазба мұра, көркем шығармаларда ел ішіне даңқы жайылған

сыншылар (немесе ат сыншылары жылқы сыншылары) туралы деректер молынан сақталған. Бәйге атын көбінесе ат иесінің өтініші бойынша сынаған. Кейде сыншылар өзбетімен аттарды аралап көріп, пікір түйген. Сондықтан кейбіреулер алдын ала әңгіме болмасын деп, сақтық жасап, бәйгеге әкелген атын көзге көп түсірсе бергісі келмеген. Ауызекі және жазба деректерге қарағанда, бәйге атын сынау үшін аттың тісін ашып көрген, сағағы мен төсіне қараған, көзін ашып байқаған, көз үстіндегі шұңқырына бармаған батырып, шабына қол жүгірткен, шашасын көтеріп сіңірлігін сипап көрген және т.б. Сонымен бірге сын айту үшін аттың тұрған тұрысы, кескін-кейпі, айналасындағыларға даусымен, қимыл-қозғалысымен «жауап беруі» сияқты белгі-қасиеттері, шыққан тегі мен жасы ескерілген. Ел ішінде Сыр өңірінің Толыбай сыншысы, Арқаның Күреңбай сыншысы, Шөкей Шоңқаев және т.б. ат сыншылары туралы аңыз әңгімелер күні бүгінге дейін сақталып келеді. Халық арасында жүйрік атты, болашақ тұлпарды құлын кезінен танитын сыншылар да болған.

АТТАН / АТТАНДАУ / АТТАН САЛУ – жаугершілік заманда тұтқиылдан жау шапқанда дауыстап дабыл беру, яғни елді жауға қарсы дайындалсын деген белгі беру. Сондай-ақ суыт хабарды білдіру үшін айтылатын «атқа мін», «атқа қон» дегенді білдіретін одағай сөз. Бұл көне заманнан келе жатқан, сөзбен айтылатын, дауыспен берілетін әскери дабыл түрі саналған. Жаугершілік заманда, тұтқиылдан жау тигенде, жұртқа хабар беру үшін ұрмалы музыкалық аспаптармен берілетін түрлі дыбыстық дабыл беру құралдарымен бірге, осылай дауыспен айғайлап белгі дабыл түрі ретінде қалыптасты. Осындай төтенше жағдайда ғана айтылатын «белгіні» естіген ер адамдар бөгелместен жедел түрде қару-жарағын асынып, атқа қонып, жауға қарсы шығуға дайын болуы міндеттелген. Барымташы немесе ұрылар мал мен жанның тыныштығын бұзып жылқы қуалаған кезде малшы-қосшылар «Аттан, Аттан» деп, айқайлап ауылдағы азаматтарды көмекке шақырған.

АТТАРАҚ – аттың түгін, құйрық-жалын тарап, терісіндегі кеуіп қалған сор мен шаң-тозаңын тазалау үшін қолданылатын құрал. Аттаракты, әдетте, жүйрік атты бәйгеге қосуға баптап жүрген кезде жиі пайдаланады. Өйткені атбегі-бапкерлер бәйге атына жабу жауып қатты желу арқылы ащы терін таң атқанша қаңтарып қояды. Ащы терден бөлінген тұз таң асырылғанда, аттың түгі сор болып кеуіп тұрады. Осы кезде ат түгіндегі кепкен сорды үгіп түсіруге аттарак қолданылады.

Аттаракты шеберлер сүйек, мүйіз, металдан арнайы дайындаған. Белгілі шеберлердің айтуынша, «ондай аттарактар жасау үшін жылқының тұяғын жазып жіберіп немесе жіліншік сүйекті қақ жарып, ағаштың аша бұтағына шегелейді де, егеумен қырлы қапталына бедерлеп жүз (тіс) салады. Тарак тісінің тереңдігі пышақ сыртындай (3-5 мм) болуы шарт». Аттарак тісінің ұсақ, қысқа болуына орай оны кей жерлерде қырғыш дейді. Ертеде аттаракты пұшты деп атаған. Аталмыш бұйым бапкерлердің атты баптап-күтетін құралдардың қолайлы әрі сапалы болуына ерекше мән беріп, тапсырыспен арнайы жасатқанын да аңғартады.

АТТАУ – ыдыстағы қаймақты бұлғап, шайқап май алатын, сабы қысқа піспек түрі. Аттаудың сабы қысқа болғандықтан, күбіден басқа шелек, тегене, шара тәрізді шұңғыл ыдыстарға құйылған қаймаққа малып бұлғап, май шайқауға қолданылады. Бұл тәсіл жергілікті халық тілінде аттаумен шайқау, аттаумен шайқап май алу деп қолданылады. Ал, Қарақалпақстан қазақтары аттау деп құралды емес, сүттің қаймағын айыру процессін атайды. Май түсіру үшін аттаудың сабынан ұстап, ыдыс ішіндегі қаймақты айналдыра бұлғап қозғайды немесе оның сабын екі алақанның арасына қысып, ысқылап айналдырады. Үлкен, терең ыдыстарға жиналған іркіттен май шайқау үшін піспекті пайдаланады. Аттау бүгінгі тұрмыста сирек ұшырасады.

Аттауды бірнеше бұтағы бір жерден айыр-айыр болып шыққан көп ашалы ағаштан немесе сиырдың мүйізін екі жағынан кесіп, ортасын тесіп, ағаш сап орнатып жасаған. Аталмыш құралға байланысты май шайқағанда түскен майдың мөлшерін білдіретін аттау басындай (май) тәрізді өлшем мәнді бейнелі сөз тіркесі қалыптасқан.

АТТҰЯҚ – жылқы тұяғы көлеміндей алтын яки күміс құймасы. Халық тілінде аттұяқ алтын, аттұяқ жамбы деп те қолданылған. Аттұяқты қалыпқа құйып дайындаған. Аттұяқтың көлемі мен пішініне байланысты ат тұяғындай алтын тәрізді бейнелі сөз тіркесі қалыптасқан. Ертеректе аттұяқты саудасаттыққа, сый-сыяпат көрсетуге, алыс-беріске қолданған. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, аттұяқтар о баста Қытайдан, Монғолиядан саудасаттықпен байланысты ауысып келген тәрізді. Бұл туралы С. Мұқановтың еңбегінде төмендегідей мәліметтер келтіріледі: «Сол сапарында ол қытайлардан және монғолдардан «қойтұяқ», «тайтұяқ», «аттұяқ» аталатын алтын жентектеріне қоржынның бір басын толтырып қайтқан». Аттұяқтың кішілеу түрлері тайтұяқ, тайтұяқ алтын, тайтұяқ жамбы деп аталады. Құйма алтын-күмістің бұндай түрлері қазіргі көркем шығармаларда кәдеге жүрген қымбат зат ретінде кездеседі:

– Осыдан он жыл бұрын Алшынбай ауылына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділданы Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп Алшынбай ауылы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді. (М.Әуезов. Шығармалар. 4-том. Алматы: Жазушы, 1968, 242-бет). Құйма алтынның түріне байланысты бұндай атаулар басқа түркі халықтарында да ұшырасады. Мәселен, өзбек тілінде ат тұяғы пішінде құйылған алтын яки күмісті оттуёқ ёмпи деп атайды.

АТТЫ ӘСКЕР – әскери әрекеттерге қатысатын, ат үстінде айқас жүргізетін салт атты әскер түрі. Өте жылдам қозғалатын икемді де, әбжіл әрі қуатты соққысымен атты әскер шайқаста шешуші рөл атқарған. Ал бар өмірі ат үстінде өтетін көшпелі халықтарда атты әскер негізгі қарулы күш болды. Алыс қашықтыққа аз уақытта жету, жаудың тылы мен қанаттарында күтпеген уақытта пайда болу, шабуылда тез қимылдау, ат үстінде де, жаяу да соғысу мүмкіншілігі атты әскерге түрлі тактикалық және стратегиялық мақсаттарды нәтижелі шешуге мүмкіндік берді. Сондықтан атты әскер ХІХ ғасырдың аяғына дейін әрбір армияның негізгі құрамдық бөлігі болатын.

Атты әскер ауыр және жеңіл қаруланған әскерге бөлінді. Ауыр қаруланған атты әскердің басты қаруы жақ, қылыш, найза, балта және шоқпар болды. Алыстан жақпен атысып, жақын қашықтықта найза мен сүнгіні қолданып соққы беріп, қоян қолтық айқаста балта, қылыш пен шоқпар қолданылды. Жеңіл қаруланған атты әскердің жауынгерлерінің қаруы жақ пен оқ, қылыш болды.

Түркі қағанаты кезінде (VI-VIII ғасырлар) өзі де, аты да бақайшағына дейін сауытпен жарақтанған ауыр қаруланған атты әскер түрі пайда болды. Олар қағанның жеке гвардиясы болған «бөрілер» («фули») болатын. Шыңғыс хан құрған армияның (XIII-XIV ғасырлар) құрамында ауыр қаруланған, орташа қаруланған және жеңіл қаруланған атты әскер түрлері болды. Атты әскер қосындары шолғыншылық және барлаушылық қызметке де қолданылды. Осындай атты әскер құрылымдары Моңғол империясының ыдырауымен пайда болған болған Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Ақ орда мемлекеттерінде де сақталды.

Қазақтарда да атты әскер негізгі әскер түрі болды. Қазақтар соғыс әрекеттерін саны көп атты әскерді қолдану арқылы жүргізді. Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы кезеңінде қазақ әскерінің құрамында ауыр қаруланған және жеңіл қаруланған әскерлер болды. Кейін орташа және жеңіл қаруланған атты әскер түрі ғана қалды. Ұйымдастырылу тұрғысынан қазақ әскер ондық жүйені сақтады. Қазақ әскері жекелеген ру-тайпалардың өздері шығарған халықтық жасағынан құралды. Отты қару аз қолданылғандықтан жеңіл атты әскер түрі қазақтарда XX ғасырдың басына дейін қолданылып келді.

АТТЫ ЖЫҒЫП БАЙЛАУ – кейбір ауруларды емдеуге немесе мертліккен (сүйегі сынған, бірақ емдеуге келмейтін) атты арам өлмесін деп бауыздауға тура келгенде, сондай-ақ жылқы сойғанда оны жерге құлатып, аяқтарын бекіту.

Оған, әдетте бүтін арқан қолданылады. Ол үшін алдымен аттың алдыңғы екі аяғын тұсағандай етіп шалып алады да, арқанның екінші ұшынан алып, аттың қамшылар жақ артқы аяғының шідерлігінен шалып, оны қайтадан алдыңғы екі аяқтың ортасынан (тұсау түріндегі арқан үстінен) өткізіп, мінер жағына қарай тартады. Сол кезде аттың жіп шалған үш аяғы бір-біріне тартылып, ат жығылады. Жығылған аттың бос қалған төртінші аяғын да осы арқанмен орап тартып, төрт аяғын бір-біріне қысып байлайды.

Атты жығып байлау тәсілі мінезі шәлкес, бос жіберіліп асаусып қалған кейбір мініс көліктерін тағалағанда және жылқы түлігіне қызған темірмен таңба басқанда да қолданылған. Бұл тәсіл ат тағалаушы мен таңба басушының қауіпсіздігін сақтау шарасы болды. Қорыта айтқанда, атты жығып байлау мал шаруашылығын өркендетуде, мініс және жегін көлігін тиімді пайдалануда, жұмыс барысында мал мен адамның қауіпсіздігін сақтауда тиімді тәсілдердің бірі ретінде қолданылды.

АТТЫ ТАРТУ деп ат бәйгесі барысында шалдыққан атты көмбеге таяғанда ердің екі қасынан болмаса шылбырынан немесе қанжығасынан, тіпті, тоқымның екі жағынан демеп көмектесуді айтады. Ат бәйгесі басталардан

бұрын бұл рәсімге байланысты шартты алдымен келісіп алады: көмбеге бір шақырым қалғанда, жердің рельефінің ыңғайсыздығына байланысты ат тартуға рұқсат етіледі. Оны ат айдаушылар белгілейді. Келісім бойынша, атты тартатын кісілер бәйгеге көлденеңнен қосыла кетіп, аттың шылбырын қолдарына алады немесе екі атты кісі қанжығаны екі жағынан тартып, атқа демеу көрсетеді. Кейде ат тартуға рұқсат берілмеуі мүмкін. Ондайда ат тарту жасырын жасалып та жатады. Ұсталған адамдар айыпты деп саналып, бәйгеден шығып қалады немесе бәйгедегі шауып келе жатқан аттың реті кейін шегеріледі.

АТТЫҚ – ердің адам отыратын жері, екі қастың арасы мен екі қапталының үсті. Кейде оны кісілік деп те атайды. Ершілер екі қас пен екі қапталды біріктіргенде осы бөліктердің арасы ашық қалмау үшін ойық жерге тең етіп кесіп алған ағаш бекітеді. Оны ершілер белағаш, ортанбел ағаш дейді. Кейін ер сүйегі әбден құрастырылып болған соң сырты көнделеді немесе сіңірленеді. Ал, қозықұйрық тәрізді ер (Маңғыстау, Ембі бойы) ортанбел ағашсыз қосылады. Ер қосушы мұндайда ортанбел ағаштың орнына көн тартып, мықпен (ағаш шеге) немесе тарамыспен бекітеді. Бұндай ер жеңіл әрі оның көлемі де шағын болады.

АТШАБАР – дәстүрлі қазақы ортада ханның, сұлтанның, билер мен болыстардың жарлығын, нұсқауын, талабын халыққа жеткізіп отыратын әртүрлі байланыс қызметін атқаратын адамның атауы. Оның қоғамдағы орны мен функциясының артқандығы соншалықты, атшабар бірте-бірте институционалдық мәнді лауазымға айналды. Қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты XIX ғасырдың екінші жартысында, Ресей әкімшілік жүйесі орныққан кезде, қазақтан шыққан атшабарларды алыс қашықтықтағы қалалар арасына (Орынбор, Ташкент, Семей Омбы т.б.) бекет (пошта) қызметіне тартылды. Сонымен қатар, қазақтар даласына жаңа мизамдағы әкімшілік билік жүйесінің қалыптасуы кезеңінде билік тарапынан сайланған шенеуніктерге қызмет еткен жәрдемші, хабар жеткізетін адамды да атшабар деп атайтын. Бұл лауазымның осы кезеңдегі кең таралған тағы бір атауы – шабарман. Отарлаушы орыс әкімшілігінің қазақтың ата заңдарына кереғар, әділетсіз үкім, шешімдерін елге жеткізіп, құлақдар ету атшабардың қызметтік құзырында болды. Лауазымдық қызметтің төменгі сатысында тұрған атшабарлар әкімшіліктің үкім-жарлықтарын халыққа жеткізуші болып қана қоймай, көптеген жағдайда, ылау, алым, жылу жинаумен де айналысатын.

Жай жүргенде бір күні,
Атшабар келді лепілдеп,
“Ояз шықты, сияз бар”

“Ылау” деп, “үй” деп дікілдеп. – деген ұлы Абайдың әйгілі өлең жолдары осы жайтқа байланысты жазылса керек.

Пысықай атшабарлар даулы істі оңтайлап береміз деген желеумен пара алатын жағдайлар да жиі кездесетін. Осыған байланысты ел арасында әкімшіліктің сойылын соғатын жандайшап, итарашысы деген пікір қалыптасты.

АУ ҚАЙЫҚ – теңіз жағалауларында, өзендерде балық аулайтын, ескекпен есетін және желкенмен жүзетін қайықтардың жалпылама атауы. 1950 жылдары диалектолог Ж. Досқараевтың балықшылар аузынан жазып алған «Өзенде» деген әңгімесінде ау қайықтың қолданылатын орны мен ерекшелігі және оның кәсіби тілде жылым қайық деп те аталғаны баяндалады: «Біздер ау қайыққа отырдық өзенді жақсы білетін кәрі жылымшы рульді қолға алды. Төрт ескекші суды есуге кірісті. Қайық өзеннің бойлап іркілмей зырғып келеді. Көп ұзамай – ақ, жаңғырыққан қорқынышты сарын естідік. Су астында жатқан үлкен тастарды, шоңғалдарды басып долданып ағып жатыр.

Қайығымыз қайнап, тасып жатқан сумен зымырап ағып келеді. Судың сарыны бірте – бірте күшейе түсті. Біз шоңғалдардың ішіндегі ең қауыпты біреуіне жақындап келеміз. Шоңғалдардың жанында сынған үлкен қайық көрінеді. Ол тасқа соқтығып, ортасынан қақ жарылып, быт – шыты шыққан.

Міне, өте қауыпты жерге де келіп қалдық. Су тасқа келіп соғып, ақбас толқын көбіктерін шашып жатыр. Жүрістің қатты екпінінен жүрегің аузыңа тығылады.

Жылымшы – барлық ынтасын салып алдынан көз жазбай отыр. Қайық жаңқадай-ақ бір жақтан екінші жаққа толқып келеді. Бір уақытта бір нәрсенің қатты соққанын сездік. Жылым қайық су астындағы тасқа соғып өтті. Бізді жұтып қоятындай-ақ судың ақбас толқыны ашуланып келіп қайықтың артынан соқты. Дәл осы мезгілде жылымшы орнынан ұшып тұрып, бар денесімен рульге күшін салды. Қайық қайтадан алға қарай жөней берді. Қауып артта қалды. Ау қайықты Арал балықшылары желкенді қайық дейді. Оны екі балықшы жүргізеді. Балқаш, Іле балықшылары ау қайықтың желкенді түрін жел қайық дейді. Балық аулайтын және тасымалдайтын қайық пен кеме ертеректе жергілікті халық тілінде ыдыс деп аталған.

Ау қайықтың екі желкенмен жүзетін үлкен түрін балықшылар арасында қысаубай, ал ескекпен жүзетін қайықтың кішкене түрін қодыран, қодыран қайық, оның көбінесе қарасу мен көлдерде қолданылатын түрін қабадан қайық, еспелі қайық деп атау кездеседі.

XIX-XX ғасырда Арал, Каспий, Балқаш, Зайсан бойында балық шаруашылығының пайда болуы мен дамуына байланысты бірсыпыра қайық атаулары пайда болды. Ол туралы зерттеуші Ж. Досқараев кезінде «Қазіргі уақытта балықшы колхоздарында балық аулайтын қайықтың түрлері көп. Соның бірі – жылым қайық (жылыммен балық аулайтын қайық). Жылым қайықтың шылауында көмекші қайық болады. Оны Арал балықшылары қосалқы қайық немесе партал қайық деп айтады. Қосалқы қайықтың міндеті – жылымның арқанына, торына іліккен шөп-шалаңды тазалау, шығару үшін қолданылады. Ауға түскен балықты қабылдайтын жерге әкеледі т.б.» – деп атап көрсетеді. Осындай соңғы уақыттарда пайда болған қайық түрлеріне реюшка (теңізде балық аулайтын үлкен қайық), басқарма қайық (кеңес заманында «колхоз председателі я оның орынбасары мінетін қайық»), марқас (желкенді қайықтың бір түрі), жекпер (бір адамдық қайық) және т.б. түрлерінің қолданылғанын келтіруге болады.

АУ ПЫШАҚ – аудың тоқып жыртылған жерлерін кесіп тастап, қайта бүтіндегенде қолданылатын пышақ түрі.

АУ САЛУ / ШАБУ – балықты арнайы тоқылған құрылғы көмегімен аулау тәсілі. Ау саларда біртегіс қолайлы және балықтардың көбірек шоғырланатын жері таңдалып, ондай ауды салатын, тартатын жер, жағалықорын Каспийде тартым, Аралда майлық деп аталады. Өзеннің еңсіз тар тұсы – қылта деп аталатын жерге кішкене тоспа ауларды салады. Көлде қамыс қоғаның су түбіндегі қалдықтары, яғни келегі көп жерде балық көп болады деп саналады. Ондайда балықшылар жағада тұрып, үлкен аудың екі жағындағы арқаннан тартып, су жағасының дәл ортасынан шығарып алады.

Үлкен аудың су беті жағындағы жиегіне торды суға батырмас үшін жүзбелер жасап, астыңғы жиегіне ауыр тас, қорғасындар – ауыртпалықтар байлайды. Тордың екі шетіне ұзын сырықты тірей, сырықтың бас жағын шалқайта зырғытып жүргізеді. Қорытпа ауының астыңғы көңгей арқанына үш-төрт құлаш сайын ауыртпалық орнына салма тас байлап салады. Үлкен аулардың астыңғы, үстіңгі арқандарын қосып айқастырып тартады және оны «бәймендеп» тарту, ал екі жақ арқанды бір-бірімен қоса тартуды өптестіре тарту дейді.

Аудың күрделі құрылымды түрінің бірінде аудың орта тұсындағы тарлау қуысын абақ деп атағанымен осындай қалталы ауды да абақ деп атай береді. Қалтаға түскен балықты кішкене сүзгімен, яғни сақпен (Балқашта қауға, нәресте деп атайды) сүзіп алады. Қорытпа тәрізді ірі балықтар аудың қалтасын жыртып немесе керегесін үзіп кетпес үшін сүйменмен ұрып алады. Балықшы екі қолына ау жазатын қармақ темір ұстайды. Алабұғаның үстіңгі тарағы (қанаты), жайынның әр жерлеріндегі кішкене қалаштары ауды бүлдіріп кетпеуін қадағалайды.

Ауды немесе қармақты салғанда «Су иесі Сүлейменнен» медет тілеп, мынадай жолдарды айтады:

Ал балық, ал балық,
Қабандай қап балық,
Қармағымды, ауымды,
Аузыңа сап тарт балық.
Өгіздей зор балық,
Өлең шөптей мол балық,
Қырға шығып жат балық.

Ауға түскен шабақтарды шығанаққа құрылған шарбаққа жібереді. Үлкен балықтарды уақытша қамайтын қоршауды жазушы С.Мұқанов сүзек деп атайтынын жазады. Ауға балық көп түсуін балықшылар жылым майланды, ау майланды дейді. Балықшыларға жолыққан жолаушы «Ау майлы болсын (майлансын)!» деген тілек айтады. Біраз уақыт ауға балық түспесе «ау қырсықты» деп аудың басына әйелдің дамбалын байлап салып «қырсық шығарып» магиялық ырым жасаған. Ол өсу, өну, көбею ырымымен байланысты атқарылатын ежелгі ғұрып. Балық аулау аяқталған соң, балықшылар арнайы құрылғыға ауды тараштап реттеп жазып қояды.

АУ ТОҚУ – жібек, кендір т.б. жіптен, сондай ақ жылқы қылынан торшалап ау дайындау тәсілі. Ау тоқығанда төртбұрыш қалып ағашты араларына салып отырып көзін біркелкі етіп тоқиды. Зерттеуші Қ. Айтазиннің сипаттауына қарағанда ауды тоқу, жамауға инелік, иінағаш деп аталатын тілшелі тарақ тәрізді ағаш құралды пайдаланады. Ол – ағаштан жасалған басы сүйір, оған жақын жерде ойып жасалған тілі бар, соңғы жағы қиық құрал. Оны балықшылар қолдан жасаған. Өндірісте тоқылған ауды қазақтар көкіл деп атап, оны үшке бөліп, асты-үстіне сарөшек орнатып, көңге жіппен (пасадка) бекітіп, үш шағын ау жасайды. «Бүтін ау бір ауылды асырар» немесе «саңырау балықшыға сәлем берсең, «ау жамап жатырмын! – дер» деген халық мәтелдері үлкен аудың балықшылар қауымы үшін ерекше маңызды болғандығын аңғартады.

АУА РАЙЫН БОЛЖАУ / КҮН РАЙЫН БОЛЖАУ – этностың өмір сүру барысында пайда болған шаруашылықты ұйымдастыруда және жүргізуде аса маңызды орын алатын халық білімінің бір саласы, дәстүрлі тіршілік қамы мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Ауа райын болжау этностың шаруашылық істері мен тіршілікқамы жүйесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

АУДАРЫСПАҚ – салт аттылар арасындағы күш пен шеберлікті танытатын әскери-қолданбалы мәні бар ат ойындарының бірі. Аударыспақ ас беру мен үлкен жиындарда ойналады. Ертедегі астар мен дүбірлі жиындарда бәйге аттары көмбеге шауып келгенге дейін, жиналған жұрт салт аттылардың аударыспағын және балуандар күресін тамашалаған. Аударыспаққа мінілетін аттар арнайы үйретілген, яғни үстіндегі адамның ыңғайына бейімделген болып келеді. Аударыспақ ойынының ережесі бойынша белгіленген уақыт ішінде қарсыластар бірін-бірі аттан аударып тастау керек немесе атынан жұлып алып өңгеріп әкетуіне де болады.

Ойында қарсыласын ұрып-соғу, тұншықтыру, оның аяқ-қолын, мойынын бұрау, қайыру сияқты қарау іс-әрекетке қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ белбеуден басқа, әсіресе, төмен тұстағы киімнен ұстап жүлқылауға да болмайды. Егер қарсыластар бірін-бірі жеңе алмаса, онда ортаға келесі ойыншылар шығады. Ал жеңіске жетсе, ойын тәртібі бойынша келесі жеңімпазбен сайысқа түседі. Осы тәртіппен ойын соңғы жеңімпаз анықталғанша жалғаса береді. Ойында білектің күші ғана емес, атты да шебер игере алу талап етіледі. Аударыспақ ойынында жеңіске жеткен сайыскердің жүлдесі тым қомақты болмаған. Деректерге қарағанда ат-шапан, түрлі кәде, сый тарту-таралғымен ғана шектелген. Оған мысал, Көктөбе деген жерде өткен аста қырғыздың аты мәлім Шәбден манаптың алып келген Тістеуік деген әрі сайыскер, әрі балуан адамы қазақтың Шарын атты балуанымен аударыспаққа шығып, Шарын жеңіске жетіп, бәйгесіне ат-шапан жеңіп алған. Шарын ол шапанды әйгілі Ноғайбайдың үстіне жауып, атын белдеуіне байлапты деседі.

АУДАРМАБАС ЕТІК – ұлтаны тозғанымен басы мен қонышы бүтін етіктің ұлтанының ауыстырылып, жаңартылып тігілген түрі. Етіктің аудармабас етік деп аталуының себебі: етіктің қонышын қалдырып, басын

сыртына аударып, оған жаңа ұлтан салып тіккен соң оны оң бетіне қайта аударады. Ал оны бұрынғы етіктің дайын бөліктеріне ұлтан салып тіккендіктен ұлтарма етік деп атау қалыптасқан. Бұрын аудармабас етік жиі кездескен, өйткені кез келген етіктің басы мен қонышына басқа ұлтан салып тіккен көнелеу етікті, көбінесе күнделікті жұмысқа киген. Монғолия қазақтары бұндай етікті аударма деп атайды.

АУЖАР – қыз ұзату тойында жөн-жоралғылар аяқталып, қыз аттанар кезде айтылатын өлең түрі. Әлбетте қыз аужар айтып жылап қоштасқанымен, оның мәні қайғы емес, керісінше қимастық пен қуаныштың белгісі болды. Аужарда қыз ауылының жігіттері мен қыздары өздерінің қимастық көңілдерін, жақсы ниетін, достық сезімдерін өлең-жырда үстемелей айтып жеткізеді. Аужардың сөзі мен әні біресе «ау-жар», біресе «ай-ау», біресе, «бике-ау», біресе «үкі-ау» деген секілді сөздермен ойнақыланып айтылады. Қазақ фольклорында аужардың мынадай үлгілері бар:

Буынғаным беліме кісе ме еді, ау-жар-ау,
Бекем бусам белімнен түсер ме еді, ау-жар-ау.
Әкең барып шешенді ап келмесе, ау-жар-ау,
Мұндай азап басыңа түсер ме еді, ау-жар-ау!

Мінген де атың боз ғана, бике-ау,
Күйеуің сенің бозбала, бике-ау.
Өксігің сенің басылмас бике-ау,
Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау.

Мінгенде атың жиренше, үкі-ау,
Тықыршып тұрар мінгенше, үкі-ау.
Қыз көңілі басылмас, үкі-ау,
Әлдилеп бөпе сүйгенше, үкі-ау!

Кеттің, кеттің деуші едің, кеттім, апа, ай-ау,
Ерттеп қойған атыңа жеттім, апа, ай-ау.
Шымылдығын желпе сал, көрсін апам, ай-ау,
Көзінің жасын қойнына, төксін апам, ай-ау!

Қалыптасқан дәстүр бойынша ол той үстінде де, той тарап, адам аяғы саябырлаған кезде де, тіпті қыз аттанар сәттерде де айтыла береді.

АУЗЫ АҚҚА ТИДІ – ақ түрлері молайды, елдің ішіп-жемі молықты дегенді білдіретін сөз орамы. Мал жаппай төлдеп, сүттен жасалған уыз, айран, қатық, ірімшік сияқты т.б тағам түрлері молайған шақта айтылады. Себебі, қыс кезінде көбінесе мал буаз болып, сауын мал азаятындықтан ақтың мөлшері де шектеулі болған.

АУЗЫ КӨККЕ ТИДІ / МАЛДЫҢ АУЗЫ КӨККЕ ТИДІ – қыстың суығынан титықтап, арыған малдың көктемде қылтиып шыққан көкке аузы ілініп, тойына бастауы. Көктемде төрт түлік қыс қысымшылығынан ажырап, жасығы жібіп, серги бастайды. Халық күнтізбесі бойынша малдың көкке тойынып, қаракөбдене бастауы Үркердің төмендеген кезіне сәйкес келеді.

АУЗЫНА ТҮКІРТУ – байырғы контагиозды магиялық жосыннан туындаған қазақы ортада таралған рәсім. Беделді тұлғалардың жақсы қасиеттері жас балаға жұғысты болсын деген ырыммен жас баланың аузына түкірту жосынын жасайды. Оның мәні – жасы үлкен, ел сыйлаған, атағы шыққан, мінезі жайсаң елге танымал, ұлылардың жақсылығы жұқсын, сол адамға ұқсап беделді, танымал болсын дегені. Баланың аузына түкіру ырымын жасаған адам баланың ата-анасына ризалық білдіріп, батасын береді. Бұл рәсімді жасауды өтініш еткен жандар әлгі адамға кәде жасайды, сый-сияпат көрсетеді. Сондай-ақ, атақты адамның қонған төсегіне нәрестені аунатып алу үрдісін аузына түкіру ғұрпының бір түрі деп айтуға болады.

АУЗЫНЫҢ САЛЫМЫ БАР – жақсы іс, несібе бұйырған адамға қаратыла айтылатын қолдап-қолпаштау сөз орамы. Көбінесе тамақ дайын болып қалғанда, тамаққа енді отыра бергенде, тамақ ішіп отырғанда келген ауыл үй адамына айтылады. Үй иесі әдетте ондай адамға «мақтап жүреді екенсіз» деп дәмдес болуға шақырады. Сонымен бірге жаңадан мал сойылып жатқан кезде келген қонаққа, жігіт ел ішіндегі мақтаулы қызды алса аузының салымы бар екен деп айтыла береді. Аузының салымы бар деген сөз орамы «несібесі мол екен, несібесіне бұйырып тұр екен» деген мән-мағынаны аңғартады.

АУЗЫҢА МАЙ, АСТЫҢА ТАЙ! – жақсы хабар жеткізген, сүйінші сұраған адамға қарата айтылатын этикеттік сөз орамы. Жақсы сөз – жарым ырыс – бойынша жақсы лебіз білдірген, байқаусыз, жаңылып болса да құттықтау айтып, шүйінші сұрағанға жұғысты болсын деп осы сөз орамын айтады. Керісінше, жаман сөз айтса – жағыңа жылан жұмыртқаласын дейді.

АУРУ / НАУҚАС / ДЕРТ / СЫРҚАТ – адам мен жан-жануарлар ағзасының тіршілік етуінің қалыпты жағдайдан ауытқуы, денсаулығының бұзылуы. Дәстүрлі түсінік бойынша ауру-сырқау, кесел-кінәрат – жел-құздан, астан, ас-тағамды дұрыс пайдаланбаудан, тазалық сақтамаудан (настықтан) деп білген. Мұны «Ауру астан, дау қарындастан» сияқты паремалардан аңғаруға болады. Халық «Ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады» деген. Яғни дәстүрлі түсінікте ауру бірден адам бойын жайлап, егер одан дер кезінде айықпаса дерті өршіп, айығу қиынға түседі. Яғни аурудың зілділігі кеселге шалдыққан адамның жанын қинап, тіпті төсек тартып жатып қалуға дейін жеткізеді. Ауру пайда болу себептеріне қарай туа біткен ауру және жүре біткен ауру болып ажыратылады. Туа біткен ауру тұқым қуалаудан, яки баланың пайда болған кезеңіндегі әртүрлі кінәраттардан пайда болады. Жүре біткен ауруға кейіннен пайда болған сырқаттар жатады. Дәстүрлі түсінікте қазақтар жүре біткен ауруларды жұғатын және жұқпайтын ауру деп, жұқпайтын ауруларды сыртқы ауру, ішкі ауру деп екі үлкен топқа бөліп қараған. Сыртқы ауруларға жарақат, сынық, жара, буын таю тәрізді көзге көрінетін, белгі беретін ауруларды жатқызған. Торғайдағы қазақтардың 200-ден аса аурудың атауы мен оның белгілерін нақты ажырата білгендігі туралы деректер В.Васильев жазбаларында кездеседі. Сыртқы ауру түрлерін ұшырасуына қарай бірнеше түрге бөледі: балалар ауруы – балаларда кездесетін ұшпа шешек, қызылша, көкжөтел, мешел сияқты аурулар; қандай мүшеде кездесетіндігіне қарай бас ауруы, тіс ауруы, көз аурулары. Ішкі ауруларға

жүрек, асқазан, бауыр, бүйрек, ішек пен қарында кездесетін құрттардан пайда болатын ішекқұрт сырқатын; сезім жүйесі ауруларына қояншық, талма, күйез және т.б. ұстамалы ауруларды, ал жұқпалы ауруларға жыныс жолдарындағы – жіңішке; өкпедегі – құрт ауруын; бауырдағы – сары ауруды, терідегі – қотыр, қышыманы жатқызады. Дауасы жоқ ауруларды жаман ауру деп эвфемизммен атаған. Оған қылтамақ сырқатын жатқызған.

Ересек адамдарда көбінесе тері бөртпесі, көз аурулары, шешек, бездің қабынуы сияқты аурулар кездескен. Р. Карутц өз жазбаларында Маңғыстау қазақтарында мұндай аурулардың өте сирек кездесетіндігін, оларда көз ауруының мүлде болмайтындығын, адамдардың бет-әлпеттерінің өте ажарлы болатындығын көрсетеді. Қазақтарда көбінесе құлағы ауырлау, дәрет жүрмеу, жүйкесі сыр беру сияқты сырқаттар кездескен, бұл ұзақ уақытын көшіп-қонып далада өткізудің салдарынан болатын сияқты деп топшылайды. Бақылау мен тәжірибелерге сүйенген халықтық емдеудің түрлері сан алуан. Ауруларды емдеу, онымен күресу үшін адам олардың пайда болу, жұғу, асқыну, созылу себеп-салдарын, сырын, онан айығу, жазылу, оңалу жолдарын анықтап, оның өршу жөні, емдеу ерекшелігін, жолын, оған лайықты ем туралы ілім қалыптастырған.

Халық дәрігерлері (емшілер) науқас адамның сыртқы пішініне, жүрісіне, өңіне, реңіне көз сала отырып, оның денесіндегі ерекшеліктерді байқаған. Науқастың ауыратын жерлерін саусақтың ұшымен баса отырып, дәл анықтаған. Ауру адамның тамырын ұстау арқылы жүрек қағысын білген және көбінесе адамның қалай терлейтіндігіне мән берген. Дәрет пен зәрдің шығу мөлшерін, олардың иісі мен түріне назар аудара отырып, қазіргі дәрігерлерше анықтап, науқаспен сұрақ-жауап арқылы тілдесе отырып ауыратын жерін дәл айтқан. Ауру емшінің әрбір сөзіне құлақ қойып тындап, емін бүкіл ықыласымен қабылдаған.

Қазақтың халық медицинасында ауруды емдеудің жолдары сан алуан: тылсымға сүйену жолымен емдеу, эмпирикалық бақылау арқылы емдеу. Жел-күз ұстаған, суық тиген адамға тері бұлау, құм бұлау жасалады; тері ауруларын тұзды, сорлы көлдерге, тұзды ыстық арасандарға шомылдырады. Қан айналысы бұзылудың бірден-бір емі барлау тамырлары мен қанды сарысу жиналған тұстан қандауырлау және сүлік салып емдеу болған. Іріңді, соқталы жараларды тіліп, оташылық жасап дауалаған. Сынған, мерткікен майып болған адамға арнайы маманданған қолында ерекше қасиеті бар, ата-бабасынан бері келе жатқан сынықшыларды шақыртып дауа жасатқан.

Қазақтардың ауруды емдеу практикасында көне түркілік элемент басым. Әсіресе, қоршаған ортаның өсімдіктерін, табиғаттан тұз, сор т.б. объектілердің емдеу практикасына жарату дәстүрі үлкен орын алған. Ертеде көптеген аурудың пайда болу себептерін адам көзіне көрінбейтін ауру тудыратын тылсым күштер туралы мифологиялық түсініктермен байланысты деп түсінген және өз заманындағы қоғамдық сана мен талғамға, дәстүрлі таным-түсінікке қарай ауру сырқатқа қарсы шаралар жасап келген. Қазақтар сенімінде адамдар Жаратқанды ұмытқан кезде олардың қаріне ұшырап, жер бетінде індет өршиді деген және індетті тіссіз, шашы дудыраған қаскөй

мыстан әкеледі деп түсінген. Мұндай анимистік қағидалар элементтері халықтың мифтік демонологиялық аңыз әлемімен астарласып жатады. Мәселен мейірімді рақымсыз қаскөй рухтар әрекетінен түрлі ауру, сырқатқа тек қана адамда ғана емес, мал түлігі де ұшырайды деп түсінген. Айталық, мифтік демонологиялық кейіпкерлердің барлығы дерлік қаскөй болып саналады деген және ондай ауру тудыратын қаскөй, зиянкес персонажлар жын, шайтан, сөрел, үббе, жезтырнақ, пері, албасты, жалмауыз, күлдіргіш, марту сияқтыларды жатқызған. Халық сенімінде, түнде қораға қаскөй кемпір екі қызымен келіп көңілді әнге басса, оба індеті шығады деп сенген. Ондай кездерде аса қауіпті ауру, індет атын атауға тыйым салып, тұспалдап атаған. Мысалы, обаны сыйпар, ақбайпақ, кемпір, қыз пәле деген тұспал атаулармен алмастырған.

Мұндай қауіпті індет, жұқпалы ауруларды қуу, аластау жолымен, яғни бақсы ойыны арқылы айықтыруға күш салған. Мұндайда бақсылар құрбандыққа шалынған малдың қанын бақсы дауыл аспабына жағып оны даңғырлата ұрғылап, қаскөй жындарды байлап тастайтын. Дерт көшіру қаскөй күштерден құтылудың жалпы амалы болса, бәдік – емдік магияның жалқы әдістерінің бірі. Фольклортанушылар бәдікті вербальді магия үлгісіне жатқызуға болады деп тұжырымдайды. Қазақтар түсінігінде бәдікті жын-шайтан бейнесіндегі жанды қаскөй күшке балап, олар қараңғы үйіріле жиналған кезінде айқай-шудың көмегі мен сөз құдіретімен үркітіп көшірмек болған. Ғұрыпты атқарушылар қолына қару ұстап әрлі-берлі сермеп қорқытып шулап өлең айтқан. Ә. Диваев «бәдікті» қотыр, безгек, сыздауық тәрізді адам ауруларын емдеу мен шаққан жәндіктің уын қайтару үшін де қолданды деп жазды.

АУРУДЫ МАЛҒА КӨШІРУ – магия мен мистикаға негізделген көнеден жеткен бірнеше элементтерден тұратын емдеу тәсілі. Ол үшін адастыру және ауырған адамға мал айналдыру сияқты магиялық амалдар қолданылды. Аурдуды малға көшіру жөнінде жазба деректер жоқтың қасы. Сондықтан аталмыш мәселеге байланысты мәліметтерді көбінесе, этнографиялық экспедиция барысында жинауға тура келеді. Моңғолиядағы қазақтар көп шоғырланған Баян-Өлгий аймағына ұйымдастырылған экспедициялардың бірінде ауруды малға көшіру қолданыс ерекшелігі жөнінде төмендегідей мәліметті жазып алудың сәті түсті: «Мен «ұшынып» жабысқан талма ауруынан малға көшіру жолымен емделіп, айықтым. 1978 жылдың жаз ортасында Сулысай жайлауында отырған кезде ауырдым: үш адам далада отыр едік мен «ұшынып» құладым және күн сайын бірнеше рет есімнен танатын болдым. Құрманғали деген молда қарап, «перінің көлеңкесі емес қанаты тиген екен» дегенді айтып, оны емдеу үшін «пері түсіріп» оқимын деді. Ол үшін үйді саңылау шығармай тұмшалап жауып, төрт жағынан салма салындар, малды бір жаққа қарай ықтырып жіберіңдер деді. Күйеуім Жұмабай «өлсе бір қатын өлер, тайпа елді қырмай кет» деді. Дем салып ұшықтап жеті күн емдеген соң аяғымнан тұрдым.

Бірақ емделгеннен кейін де толық айықпай қайта-қайта есімнен танып жығылып қала бердім. Ақыры сол өңірде атағы көпке жайылған көреген

сәуегей, құшнаш Әйең кемпірге барып көріндім. Ол кісі жеті күн қатарынан ұшықтады. Ақыры болмаған соң меңсіз қара серкешті сойдырып етін маған бермей, басқаларға жегізіп, терісін де әлгілердің біреуіне бергізді. Ертесінде өзі ала жіпті есіп алып екінші бір қара серкештің аяғын байлап, Құран аяттарын оқып, серкештің белуарынан ала жіппен байлап, көтеріп тұрып белімнен жеті, басымнан жеті рет айналдырды. Онан соң екі адамға 40 шақырым жердегі кентке апарып адастырып жіберуге жұмсады.

Сол күні құшнаш үйдің сол жағында Құран оқып, маған арнап оң жаққа ауыстырып төсек салдырып, үстіме жеті түрлі зат қойдырып күнде ұшықтап тұрды. Күн батуға жақындап «күн таласқан» кезде киіз үйдің артына апарып, батар күнге қарсы қаратып қойып, кеседегі тұз араластырылған суды бетіме бүркіп, құрым киізбен қағып ұшықтады. Сонан бастап денсаулығым оңала бастады. Кейін төркінімнен өң-түсін белгілеп, бір қой алдырып соған «табындырды», қолымнан тұз бергізіп, төсімді иіскетті. Бұл әдетті күн сайын кешке мал қораға келген кезде қайталап жүрдім. Сөйтіп кесірлі ауруымнан толық айығып жазылып кеттім. Табынған қойым азып, жүдеп, арықтап кетті. Екі жылдан кейін ол қойды сойып, елге таратып жібердік». Келтірілген мәліметтің құндылығы сонда, ол ауруды малға көшіру қолданыс ерекшелігі жөнінде біршама толыққанды түсінік алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыз әдебиетінің деректеріне қарағанда, ауруды малға көшіру тағы бір кең тараған әдісі болған. Бұл әдіс бойынша адамның ауруын арнайы жасалған қуыршақтарға сан алуан арбау, дұға оқу, ұшықтау амалдарымен көшірген. Осыған орай қуыршақтарды көшірме деп атаған. Бұл ауру көшкен дегенді білдіреді.

АУРУДЫҢ КӨҢІЛІН СҰРАУ – дәстүрлі этикалық норма бойынша ұзаққа созылған аурудан төсек тартып жатып қалған науқастың жағдайын, халін сұрай бару. Көңіл сұраушы адам науқастың көңіліне медеу болатын «хал-жағдайыңыз қалай?», «шикі ет ауырмаққа, сауығып кетіңіз!», «ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады», «ауырып тұрды не, аунап тұрды не» деген сияқты сөздермен аурудың көңілін аулайды. Анда, сыйлас құда, аталас ағайындар немесе алыс туысқандар және әлеуметтік мәртебесі биік жандар ауру-сырқауға ұшыраған жағдайда олардың қал-жағдайын міндетті түрде сұрайды. Яғни бұл жосынды этикалық мәнді тәсіл деуге болады. Көңілін сұрай келген адам науқасты сергітер әңгіме айтады, бұрынғылардан қалған нақыл, өсиет сөздерді, прецедентті жайттарды еске салып, адамды сабырлы болуға шақырады. Көңіл сұраудың, науқас адамның көңілін аулаудың қазақы классикалық үлгілерінің бірі ретінде әйгілі Байдалы бидің науқастанып қалған Уәли ханға қарата айтқан төмендегідей сөздерін келтіруге болады:

Ауру көңілін кім ашар?

Хал сұраған тең ашар.

Ер жігіт көңілін кім ашар?

Көркем сүмбіл, сұлу шаш,

Қара көзді имек қас,

Жарқырып тұрған жар ашар

Баланың көңілін кім ашар?

Алдындағы қаттасы, Артындағы панасы,
Ата менен ана ашар.
Аттың көңілін кім ашар?
Күніне жеті қараған.
Баптап мінген ер ашар
Жақсылық пен жамандық,
Бәрі хақтан болған соң,
Шүкіршілік қылған жарасар.

Аурудың көңілін сұрау қазақы ортадағы этикалық мәнді әлеуметтік байланыстың ілкімді принциптері мен нормаларының бірі болды.

АУСЫЛ – жылқыдан басқа түліктің барлығында кездесетін қатерлі індет түрі. Аусыл болған малдың көзі жасаурап, аузынан сілекей ағады, жұқа тері тұстары күлдіреп, сары суланып, іріңдей бастайды. Нәтижесінде мал шөп пен судан қалып күйісінен жаңылады. Екі-үш тәуліктен соң тілі күлдіреп салбырайды. Әрі сілекейі тоқтаусыз аға бастайды. Сөйтіп азып-тозып кетеді.

Аусылды емдеудің төмендегідей әдістері зерттеуші Б.Хинаяттың кандидаттық диссертациясында төмендегідей таратылған: ауруды емдеу үшін малды «тұзды ...көлдерге шомылдырады, күлдіреген бөрткен жараға сор балшық тартады, ыстық қарамай құяды немесе қуырған қара тұзға қара күйе, тотияйын, арша көмірінің ұнтағын араластырып аузын қан аққанша үйкелеп ысады. Ал оңтүстіктегі қазақтар тілдің астындағы көк тамыр мен таңдайды жуан бізбен шабақтап қанататын. Аяғына шыққан аусыл жарасына «қотыр майын» (карбол қышқылын қазақ арасындағы атауы) жағады. Аусылдың түйеде «қағын» және «теңге» деген түрі бар. «Теңге» тиген малдың тілінде дөңгелек, қызыл жаралар пайда болып, жұтқыншаққа қарай шабады. Ондайда мал аузын тұз араласқан шайырмен (деготь) ысқылап, сиырдың шикі сүтін тамызады. Түйе аусылы Торғай облысының Ақтөбе, Николаевск уездерінде жиірек, Ырғыз бен Торғайда аз кездесетін себебін жергілікті қазақтар соңғы уезд аумағында ащы оттың басым екендігімен байланыстырған. Аусылдан сақтану үшін ауырған сиыр сілекейін ыдысқа жинап алып, сумен сұйылтып, жас торпақтардың аузына жағу арқылы індет зілін жеңілдетуге жағдай жасайды».

АУШАДИЯР – қыз ұзату тойының соңын ала қызға қарата айтылатын фольклорлық жанр түрінде атқарылатын ғұрып. Фольклорлық жанр болып табылады. Төменде аушадиярдың өзіндік атқарылу ерекшеліктері Ә. Қайдар, Б.Уақатов, У. Қыдырханов, К. Ісләмжанұлы сынды зерттеушілердің еңбектері негізінде көрсетіліп отыр. Аушадияр қыз ұзату тойында қыз аттанар сәтте айтылады. Аушадиярды танымал ақын, ақылгөй адам айтады. Жырға негізінен алтын босаға, туған ел-жұрттан кетудің, жат босағаны аттаудың қиындығы сияқты жайттар арқау болады. Аушадиярдың желісі санамалап айтуға құрылады. Бірақ әрбір сан аушадияр сөзімен басталып, бір шумақпен түйінделеді.

Аушадияр бір болар,
Жаманның көңілі кір болар.
Ата-анасын сыйлаған,

Ақ салмалы би болар.
Аушадияр екі дер,
Ержеткенің осы дер.
Әдеп-иба, ар-ұят –
Қыз баланың көркі дер.

Аушадияр бір жағынан, қандай ел, қандай жұртқа барамын деп; тағы бір жағынан, туған жер, өскен елін қимай көңіл-күйі ойпыл-тойпыл болып отырған қыздың күпті көңілін көтеріп, рухын сергітіп, жігерін шыңдайды.

...Аушадияр түк емес,
Жүзге шөкім сан екен.
Қаласаңыз, хан ием,
Құлағыңды сала гөр,
Саусақ бүгіп, ой салып,
Керегіңді ала бер.
Жеткізіп жүзге жырласам,
Бір жасап мына қалады ел, –

Яғни аушадиярды жүзге дейін жеткізе санамалап айтады. Аушадияр мәтіндері де астарлы мағына, терең ой, көркем желіге құрыла бермейді. Ой қысқа қайырылып, тақпақ тақылеттес тұжырымдарға құрылады. Аушадияр үнемі қара өлең түріндегі төрт тармақты өлең шумағымен өріле бермейді.

Аушадияр бір дейді,
Бұрыннан қалған жыр дейді.
Арық мал ауқат болмаған,
Семізін сатсаң, пұл дейді.
Мамыр туса, мал өсіп,
Жердің беті гүлдейді.
Ниеті қара, көр көңіл
Жақсылықты білмейді.
Барды жоқ деп жалтарса,
Көңіл содан кірлейді.
Оңбайтын туыс белгісі
Бірін-бірі күндейді.
Көргенсіз келін белгісі
Енесін «қақпас», «күн» дейді.
Ибалы қыздың белгісі
Беталды сөйлеп, күлмейді.
Көргенсіз жастың белгісі
Үлкенді көзге ілмейді.
Адасатын ақымақ
Ақылға айтқан кірмейді.
Адам болар қыз-жігіт
Қисық жолмен жүрмейді, –

деп шұбырта жырлайды. Аушадияр алыстан қайыратын терме тәріздес шумақтар түрінде де кездеседі. Аушадиярды қазақтың дәстүрлі тіршілік

цикліне байланысты атқарылатын салттар мен ғұрыптардың біріне жатқызуға болады.

АУЫЗ БЕКІТУ – ораза тұтушының таң намазы уақытынан бұрын тамақтанып, ауыз бекітуге ниет еткен діни сүннеті. Ауыз бекітуге байланысты қабылданатын осы таңғы асты сәре, сәре асы, сәресі деп атайды. Ауызашар сияқты ауыз бекітудің атқарылуы да сүннет болып есептелінеді. Адам ұйықтап қалып сәресі ішу уақытын абайсызда өткізіп алса кешіріледі. Сондай-ақ, түнде жатар алдында ниет етіп тамақ ішіп, ауыз бекітіп жатса да ораза қабыл болады. Алайда таң намазын өтеу парыз болғандықтан, оның алдында тұрып сәресі ішу міндетті болып есептелінеді.

АУЫЗ КЕРГІШ – емдеу кезінде малдың аузын ашып, керіп тұруға арналған құрал. Ауыз кергіш – ті ұстаға темірден соқтырған. Ауыз кергішті ұстаға темірден соқтырған. Темір ұстасы ауыз кергішті жұмыр темірден иіп, арасына екі жерден темір шыбығын көлденеңінен салып, олардың ұштарын дәнекерлеп жасаған.

Дерек берушілердің айтуынша ауыз кергіш малдың ауыз қуысын емдегенде, сондай-ақ таңдайы мен көмейіне шөп пен бұтаның үшкір бөлігі яки басқа бір зат қадалып қалған малдың аузын керіп ашып тұрып, алып тастау үшін қолданылған.

АУЫЗ ОМЫРТҚА – малдың бас сүйегімен жалғасатын бірінші омыртқаның атауы. Жылқының ауыз омыртқасы шығыңқы болса, ондай ат, жүйрік болады деп ырымдаған.

Дәстүрлі ас-тағам жүйесінде ауыз омыртқа кәделі мүшеге саналмайды, сирақ, бауыр тәрізді мүшелермен бірге тартылады.

АУЫЗ СЫРНАЙ – дәстүрлі үрмелі музыкалық аспап. Бұл аспап алғашында ұсақ малдың, жыртқыш аңдардың жіліншік сүйегі немесе қатты ағаш сияқты материалдардан жасалған. Қостанай облысындағы археологиялық қазбадан табылған орта ғасырға жататын алты тал қуыс сүйектен біріктіріліп жасалған ауыз сырнайдың алғашқы үлгісі осыны дәлелдейді. Ауыз сырнайдың пайда болуы мен жасалу әдісі қайың ағашының тозынан жасалатын ел ішінде тоз сырнай немесе қайың ысқырық деп аталатын аспаптарға ұқсас. Ол туралы белгілі зерттеуші ұста Д.Шоқпарұлы: «Ертедегі бұл әдіс уақыт өте келе халық шеберлері қолданатын музыкалық аспаптардың күрделі үлгісінің қалыптасуына әсер етті», – деген болатын.

Ауыз сырнай жасау үшін алдымен қайыңның сырты қатқыл қабығын аршып, дініне таяу жеріндегі биязы тозын алып, үлкендігі бас бармақтай етіп пішіндеп, сонан кейін оны екі бүктеп, доғашалайды. Сонымен бірге шеберлер ауыз сырнайдың екі жақтауын қатты жынысты ағаштан жұқалап жонып, ортасына кереге көз ойықтар салып, үрлеген кезде дірілмен сазды үн шығаратын темір немесе жез тілшелер орнатып, сыртын ұлттық үлгідегі оюлармен әшекейлеп жасаған. Әдетте оның ұзындығы 15 см, ені 5 см, қалыңдығы 3-4 см шамасында болған. Сырнайшы оны екі қолымен тең ұстап, кесілген жағын ернімен қыса, оңды-солды жылжытып, ауыздан шыққан лепті сыртқа үрлеп, ішке тарту арқылы алуан түрлі әуенге салады. Еуропалықтарда ауыз сырнай ұқсас аспап гармоника деген атпен белгілі.

АУЫЗ УЫЛУ – ауыз қуысының кілегейлі қабатының қабынып, қызыл иектің күлдіреп, ауыз ішінде пайда болған бөртпешіктердің іріңдеуінен тамақ ішу қиындай түсетін ауру. Ауыз уылу жас балада да, үлкен адамда да кездеседі. «ауыз уылу тазалық ережелерінің дұрыс сақталмауынан және асқазан, бауыр т.б. органдарының сырқатқа шалдығуынан болады». Ауыз уылғанда, әдетте, ашудас жалайды, ауызды ашудастың ұнтағымен ысады, тұзды сумен шаяды. Сондай-ақ Алтай аймағында таудағы тастардың арасында ақжол деп аталатын сорды ашудас пен можыға араластырып, суға езіп, сол сумен ауызды шайқаған.

АУЫЗ ҮЙ – қоржын үй, соқпа там сияқты қыстық үйдің кіреберіс (ауызғы) бөлмесі. Ауыз үйде күнделікті қажетті жұмыс киімі мен құралдары сақталады. Ауыз үй қазандық деп аталатын ас үйге, әрі қарай төргі үй деп аталатын жатын әрі қонақ күтетін бөлмеге ұласады.

Ең кедей отбасының өзі ауыз үй мен төр үйден тұратын екі бөлмелі үй соғатын. Мұндай үйдің қосымша шағын ауласы болған. Бірақ бір бөлменің ас үй мен қазандық (ас үй) ретінде пайдаланылуы сирек жайт болмайтын. Сан алуан мәліметке қарағанда, қыстық үйдегі бөлмелер саны ауқатты отбасылардың материалдық жай-күйіне байланысты үштен беске дейін жететін. Ауыз үйде ерте туған арамза төлді немесе әлжуаз тоқты-торымды аязды күндері уақытша ұстауға да пайдаланған.

АУЫЗАШАР – қасиетті рамазан айында орындалатын бес парыздың бірі – отыз күн оразада мұсылмандарға тамақтануға рұқсат берілген кешкі мезгіл. Ауызашар («ифтар») араб тілінен аударғанда «ауызашар», «бір күнгі оразаның біткенін жариялау» деген ұғымды білдіреді. Оразаның шарты бойынша ауыз бекіткен мұсылман баласы таң атар мезгілде сәресін ішіп, күні бойы астан тыйылып, ақшам уақыты болғанда ауыз ашуы тиіс. Жазылар сауабы бол бұл екі игі рәсімнің дәл уақытында орындалғаны жөн саналады. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) жеткен бір хадис шәріпте: «Кімде-кім рамазан айында аузы берік бір адамға ауызашар берсе, күнәлары кешіріледі. Алла Тағала оны жәһаннам отынан азат етеді. Ауыз бекіткен адамаға берілген сауаптай оған да сондай сауап жазылады» делінеді. Рамазан рахым мен мейірім айы болғандықтан, әсіресе дәулетті жандардың тұрмысы нашарларға ауызашар беруі салихалы іс болып табылады. Ауызашар күн ұясына батқаннан кейін дереу басталып, өзінің әр күнге бекітілген уақытынан мүлдем кешіктірілмеуі керек. Намаздан бұрын ауыз ашып алған абзал. Сүннет бойынша алдымен ауызашардың арнайы дұғасын оқылады. Ауызды тәтті тағамдармен ашу құпталынады.

Дәстүрлі ортада да ауызды қасиетті деп саналатын құрма, тұз және су сияқты ас-тағамдармен ашады. Ораза тұтқандарды ауызашарға шақырып, түрлі ас мәзірін ұсынып, құрметтеу пайғамбар (с.ғ.с.) сүннеті болғандықтан қазақы орта дастарханды қайыстырып, молынан жаяуға тырысады. Яғни ауызашарға шақырылғандардың үлкендеріне сойылған малдың кәделі мүшелері, әйел қауымы мен жастарға тиісті өз сыбағалары үлестіріледі. Ас артынан ағайын-жұртқа дін төңірегінде уағыз-насихат айтылып, марқұмдарға арналып Құран бағышталады.

АУЫЗБАСТЫРЫҚ – байқаусызда жіберіп алған қате-кемшілігін, оғаш қылықтары мен күлкіге ұшыратар істерін жұртқа жайып жібермеу мақсатында куә болған адам немесе адамдарға берілетін сыйдың атауы. Ауызбастырық алған адам кем-кетік пен сырды елге жайып жібермеуге «міндеттенеді». Яғни ауызбастырық алу ант берумен бірдей деп есептелінеді. Көп жағдайда елге беделді, сыйлы адамдарды танымай қалып, қонағасын дұрыстап бере алмаған, лайықты сый-құрмет көрсете алмаған, яғни сөзден ұтылған адам өз кінәсін, оғаш қылықтарын мойындап, орынды уәжге тоқтағанда, кемшілігін елге таратпау үшін ауызбастырық береді. Ауызбастырық адамның айыбының үлкен-кішілігіне қарай ұсақ-түйек заттардан бастап, қой, тіпті, ат сияқты мал түрлеріне дейінгі деңгейде болады.

АУЫЗДАНДЫРУ¹ – жаңа туған жас нәрестені алғаш рет емуге үйрету.

АУЫЗДАНДЫРУ² / ТӨЛДІ АУЫЗДАНДЫРУ – жаңа туған төлді қолмен көтеріп енесінің бауырына салып емізу. Дәстүрлі ортада мал туа салысымен (егер оны көрген адам болса) төл тұншығып қалмас үшін ауызы-мұрнындағы шарананы қолмен сыпырып, ауызынан, құлағынан үрлейді. Онан кейін енесінің алдына қойып, оның мекіреніп, шаранасын жалауын күтеді. Сәлден кейін төл аяғымен тұруға талпынып, емшек іздей бастайды. Сол уақытта енесінің үрпін сауып, ауыздандырып алуға болады. Егер төл өрісте туып ауарайы қолайсыз, жер дымқыл болған жағдайда шопандар ат қанжығасындағы кереқапқа салып алып жүрген.

АУЫЗДЫҚ¹ – екі сулықтың арасын жалғастырып тұратын, аттың аузына салынатын жүгеннің бөлшегі. Ауыздық ортасы бір-біріне кигізіліп, қозғалып тұратын екі бөлек темірден құрастырылады. Екі басын сулыққа бекіту үшін шығыршықтап жасайды. Жүген тек ауыздықпен салынады, ал ноқтада ауыздық болмайды. Тарихи тұрғыдан алғанда «алдымен ноқта шығып, кейін оған ауыздық салудың нәтижесінде жүген қалыптасқан». Ауыздық атты тежеуге, тоқтатуға, оң-солға бұруға, бір сөзбен айтқанда, мініс атын салтаттының еркіне көндіру үшін қолданылады. Ол үшін жүгеннің тізгінін тартып, жіберіп қозғап отырады.

«Тізгінсіз, сағалдырықсыз, кеңсіріксіз, шаужайсыз жүген болуы мүмкін, бірақ ауыздықсыз жүген болмайды», – дей келіп, Ж. Бабалықов – «Ауыздықсыз атпен мал қайырылмайды, қашаған қуылмайды, қасқыр, түлкі соғылмайды, лақ тартып додаға түспейді. Қашқанда, қуғанда, ауыздықсыз ат мінбейді. Ауыздықсыз атпен жолаушы жолға шықпайды, сарбаздар жорыққа шықпайды, соғысқа кірмейді. Аттың ер-тұрманы ішінде артық тұрған, қажетсіз тұрған бөлшек жоқ дерлік. Соның бірі – ауыздық», – деп, жүгеннің негізгі бөлшегінің қызметі мен маңызын осылай тұжырымдайды.

Ауыздықтың қызметіне байланысты халық тәжірибесі мен ұғым-түсініктер ауыздықпен алысты (жараған аттың жұлқынып, бой бермеуі туралы), ауыздық салды (тежеу, дегеніне көндіру туралы), ауыздықпен су ішті («қиын, ауыр күндерді басынан өткізді») тәрізді фразеологизмдерде сақталған. Әдетте, асығыс кезде болмаса, атты ауыздығын алмай суармайды.

«Суғарып ауыздықпен арғымағын

Келеді көз ілеспей жүргеніне»

тәрізді жыр жолдарында ауыздықпен суарудың себебі көрініс табады. Ертеректегі наным бойынша ауыздықты ауыздағы жараны емдеуге қолданған.

АУЫЗДЫҚ² – адамның езуінде пайда болатын жара түрі. Дәстүрлі қазақы ортада ауыздық шыққан адамды жүген ауыздығын бірнеше күн тілініп тұрған езуіне тигізіп, арлы-берлі ептеп ысып емдейді.

Осындай тәсілмен ауыздықты емдеудің екі мәні бар. Біріншісі – жылқының ауыздығын жараға тигізу ауруды тоқтатуды ырымдағаны. Екіншісі – халықтық медициналық және мал емдеу тәжірибесіне негізделген. Расында да, жылқы жейтін бетеге және қара андыз тәрізді т.б. өсімдіктердің адам ағзасына пайдалы антисептикалық қасиеті мол болғандықтан, жылқының ауыздығының да шипалық әсері болған сияқты.

АУЫЗСУ САҚТАУ – ауызсу тапшы жерлерде жазғытұрым уақытта су қорын жинаудың тәсілі және қар суын кәдеге жарату амалы. Ертеде көшпелі ортада қыс бойы жауған қарды шұңқырлау жерге үю арқылы ауызсу мен мал суаратын су мәселесін шешіп отырған. Әуелі ауызсу сақтауға лайық, қолайлы жер таңдалады: қалың саз қабатты, тығыз жерде суды сақтау өте тиімді. Себебі су ұзақ сақталады. Су сақтайтын орынды орманнан алыс, жазық далада таңдаған. Құмдауыт жерде сақталған қар мен су тек маусым айына дейін ғана жетті.

Ауылға жақын маңдағы желдің жиі соғатын бағытына қарсы дөңес, шоқы жерлерге жел үрлесінің әсерінен жиналған қарға жақын келесі бетіндегі шұңқырлау жерге қыс бойы шанамен қарды тасып үйеді. Қар үйіндісіне қарап, қысқы желдің бағытын анықтауға болады. Егер қар үйіндісі батысқа қарай жиналса, басты желдің шығыстан соққаны, ал солтүстік-батысқа қарай болса, желдің оңтүстік-шығыстан болғаны. Борап соққан жел қарды үйінді етеді. Қар ери бастаған шақта қарды домалатып үйіп, үстемелей түседі. Көлемі мая пішінінде немесе киіз үй тәрізді үйілген қардың үстін күн көзінен тасалап, қамыс, бұта, шілікпен жауып қояды. Ойдың ішкі жағына қамыс төсейді, бұл желдің өтпеуіне, қардың еріп кетпеуіне әсер етеді. Күн жылынған уақытта, наурыз айында қар толығымен жауып болғаннан кейін, үстіне сабанды төсеп, оның үстіне топырақ тәрізді үйіндіге айналған шымды салады. Шым қабаттың қалыңдығы адам етігімен басқанда, қардың сықыры естілмейтіндей қалың болуы қажет. 4-5 адам немесе екі атпен шымды нығыздап басады. Осылай тапталған қар біраз уақытқа дейін, кемінде бір-екі ай ауызсумен қамтамасыз етуге және мал суаруға мүмкіндік берген.

АУЫЛ – дәстүрлі қазақ қоғамында байырғы заманнан қалыптасқан қауымдастық, көшпелі қауымның этникалық, мәдени-рухани бірігуінің негізі болып табылатын әлеуметтік-экономикалық құрылым. Әр қазақ баласы, әсіресе жасы үлкен ұрпақ өкілдері үшін ауыл ерекше қастерлі де, қасиетті ұғым. Ауыл қазақы тіршіліктің қайнаған ортасы, көшпелілердің өмір салтының, этномәдени кеңістігінің бейнесі деуге болады. Демек, ауыл – өзінің құрамы жағынан мейлінше күрделі, функционалдық сипаты тұрғысынан сан-салалы құрылым.

Біріншіден және ең алдымен ауыл әрине, көшпелілердің ең басты және әмбебап қоныстану жүйесі болып табылады. Бұл құрылым, бәлкім, сонау ерте

темір дәуірінде тіршілік кешкен салт атты көшпелілердің тіршілікқамы жүйесінің негізгі ұйымдық (институционалдық) формасы ретінде қалыптасқан болуы керек. Негізі алғашқы көшпелілер дәуірінен бастау алатын қоныстанудың осы жүйесі өзінің толық мәнді болмысы мен бітімін, һәм өміршеңдігін ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарының аяғына дейін көрсетті. Ауыл қоныстанудың тек көшпелі өмір салтына ғана тән жүйесі ретінде адам мен табиғаттың үйлесімдігін қамтамасыз етудің, яғни табиғи ортаны тиімді игерудің өзіндік технологиясы болып табылады. Тіпті, оны көшпелі ортада табиғи игіліктерді игеру мен пайдалану стратегиясының ең басты механизмі деуге болады.

Екіншіден, қоныстанудың осынау бірегей жүйесін көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастардың негізгі салаларының тоғысқан торабы немесе түзіліс кеңістігі ретінде де қарастыруға болады.

Үшіншіден, ауыл – көшпелі ортадағы негізгі шаруашылық-экономикалық бірлік. Өйткені көшпелілердің күнделікті тіршілігіне қажетті материалдық игіліктердің дені ауылда өндірілді. Демек, ауыл осы материалдық игілікті өндіруге бағытталған күллі қарекет атаулының және осыған байланысты қалыптасқан әлеуметтік қатынастардың бірден бір корпоративтік субъектісі болды.

Төртіншіден, ауыл көшпелі ортадағы рухани және идеологиялық қарекеттің де ортасы, әрі басты корпоративтік субъектісі болып табылады. Мысалы, көшпелі социумның барлық салаларында айырықша ұйымдастырушы және реттеуші функция атқарған шежіренің институт және әсері айырықша идеологиялық-тарихнамалық дәстүр ретіндегі қауқарын осы құрылым қамтамасыз етті. Расында да, әке жағынан екі-үш қандас туыс ұрпақтардан тұратын туысқандық-рулық қатынастардың ұйытқысы іспеттес осы агнаттық құрылым шежірелік дәстүрдің сақталуын да, идеологиялық ықпалын да ұдайы қамтамасыз етіп отыратын басты институционалдық механизм болды.

Бесіншіден, ауыл белгілі бір жетіталық құрылым – ру-қауым деңгейіндегі қатынастарды ұйымдастырушы және реттеуші институт болды. Яғни ауыларалық немесе ру-қауымның социумдық болмысы да, бітімі де болып табылатын қатынастардың негізгі субъектісі ретінде функция атқарды. Демек, ауыл рулық-қауымдық қатынастардың ең негізгі және бірден бір институционалдық компоненті болды. Айтылғандардан шығатын қорытынды: ауыл көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастардың барлық деңгейінде және барлық салаларында айырықша ұйымдастырушы, әрі реттеуші институционалдық функция атқарды. Яғни әлеуетті институт болды.

Ауылдың тарихи-экономикалық сипаты. Қазақ даласында ауылдық мекендердің қалыптасуы көне дәуірлердегі көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы мен қалыптасуы кезеңінен бастау алады. Қазақ даласының табиғи-географиялық ерекшелігіне қарай қалыптасқан мал шаруашылығының формаларына байланысты көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы ауылдар болды. Отырықшы мал шаруашылығымен айналысатын ауылдар ертеден егіншілік дамыған Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың

күнгейіндегі өзендер аңғарында ұшырасқан. Қазақстанның оңтүстігіндегі ауылдардың дені отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылығын ұштастыра жүргізді. Ал көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын Маңғыстау, Үстірттің шөлді аймағындағы және Арал маңы мен Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы ауылдар жыл бойына жайылымнан жайылымға үздіксіз көшіп жүрді. Жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауылдық қоныстану жүйесі қазақ жерінің көптеген аймағында, Батыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстанда, Жетісу, Шығыс Қазақстанда қалыптасты. Бұл ауылдар мал өсірумен қатар ішінара егіншілікпен, мал азығын дайындаумен айналысты, егістік, шабындық жерлері қыстау маңында болды.

Көшпелі ауылдар көбінесе жайлауға солтүстік бағытқа қарай, ал қыстауға оңтүстік бағытқа қарай көшіп отырды. Вильгельм де Рубрук 1253 жылы қазан айында Сарысу арқылы Ұлытау етегімен жүріп өткен кезінде сол жердегі рулардың қыстауға оңтүстікке көшетіндігін суреттеді. Байырғы көшпелі ауылдардың оңтүстіктен солтүстікке, солтүстіктен оңтүстікке көшіп-қону жолдарының негізгі бағыттары мен ерекшеліктерін кеңінен қамтыған автор Ибн Рузбехан былай деп жазды: «Қазақ халқы даланың шет аймақтары мен қиыр шалғайларын мекендейді. Қисапсыз көп малдарына жайылымдар іздеп, олар бүкіл далаға түгелдей дерлік қоныстанады, олардың әрбір сұлтанының қарамағында далалы аймақтың белгілі бір аумағы болады. Мал табындарының, қой мен сиыр, үйір-үйір жылқыларының санын бір құдайдан басқа ешкім білмейді. Күз түсіп, ауа-райы қатты салқындап, қалың қар жауысымен қазақтар далалы аймақтан қысқы тұрақтарына қарай көше бастайды. Олардың көші-қоны жоғарыда айтып кеткендей /Қыпшақтың/ далалы аймағы мен Итиль аталатын Еділ /Адил/ өзенінің алқабынан өтіп, екі айдай жол жүре отырып, қысқы тұрақ қыстауға келіп жеткен. Олардың қысқы тұрағы Сыр өзені аталатын Сейхун өзенінің жағалаулары болды». Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойы аңғарына көшпелілердің ерекше құмар болуы қысқы жайылымның мол болуына байланысты. Осы автордың мәліметіне қарағанда, жазғы ауылдар қысқы ауылдарға қарағанда жиі орналасқан. Қыстыгүні көшпелі қазақ ауылдары маңайында мал өрісінің жеткілікті болуы үшін кеңірек жайғасатын, қысқы тұрақтар арасындағы қашықтық шамамен 15 күндік жер болған. XVI ғасырда қазақ көшпелілері қыс кезінде киіз үйдің іргесін тереңдете қазылған ойпанды жерлерге тіккен, оны екі қабат киізбен жапқан, етегін құммен бастырып, сыртынан қамыспен қоршаған. Киіз үйдің ортасындағы ошақта үнемі от жанып тұрған.

Ибн Рузбехан, И. Барбаро деректері бойынша XVI ғ.-да дала көшпелілері арбалар үстіне тігілген жылжымалы киіз үйлермен көшкен. Көшпелілердің арба-үйлері туралы соңғы деректер XVII ғасырдың бас кезіне жатады. Кейінгі деректерде қос доңғалақты арбалардың болғаны ғана айтылады. Арба-үйлермен көшуден жиналмалы киіз үйлермен көшуге ауысу көшпелілер тұрмысында ірі бетбұрыс болды. Оның себептерін сол кезеңде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдаймен, яғни көшпелі шаруашылықтағы мал санының күрт азаюымен және жайылымдық жерлердің тарылуымен

түсіндіруге болады. Кейінгі ортағасырда көшпелі ауыл экономикасының әлсіреуі ойраттардың, қалмақ-жоңғарлармен кескілескен шайқастардың салдарына байланысты болды. Көшпелі ортада атадан балаға қалдырылып отыратын ең басты, әрі ең құнды мирас деп есептелінетін әрбір территорияның бірден бір иесі бүкіл жетіталық экзогамиялық құрылым – ру-қауым болды. Яғни ру-қауым өзіне тиесілі территорияның меншіктену құқығының экономикалық, идеологиялық, әлеуметтік, институционалдық, шежірелік, тіпті, саяси жағынан жан-жақты негізделген бірден бір монополиялық корпоративтік субъектісі болды. Оған ру-қауымның тіршілік кеңістігіндегі ұйымдастыру, басқару, жазалау, мәжбүрлеу сияқты функциялардың бірден бір монополиялық субъектісі ретіндегі жоғары институционалдық мәртебесі мүмкіндік берді. Түптеп келгенде, ру-қауымдағы тіршілікті басқару мен реттеп отырудың қажеттілігінен туындаған әртүрлі саяси, идеологиялық, ғұрыптық институттар, нормалар мен принциптердің функциялары ру-қауымның социум ретіндегі басқару, ұйымдастыру, жазалау, мәжбүрлеу және т.с.с. функциялары болып табылады. Ал бірталық принципке негізделген қандас туысқандық агнаттық құрылым – ауыл жер мен суды пайдалану құқығының ғана субъектісі болды. Көшпелі әлеуметтік ортада, бір жағынан, ру-қауымның тиісті жер мен судың (территорияның) толық мәнді иесі, яғни осы объектілерді меншіктеуге қауқарлы, әрі меншіктенген бірден бір субъект болуы, екінші жағынан, осы құрылымның бірден бір өндіруші күштері – негізгі компоненттері – бір аталардың рулық-қауымдық территорияның тиісті бөліктерін тек пайдаланудың ғана субъектілері болуы ру-қауымның құрылымдық және функционалдық тұтастығын экономикалық тұрғыдан қамтамасыз етті. Көшпелі ортада жер мен суды игеру қатынастарының осы екі принципінің – ұжымдық монополиялық принципі мен бірталық (яғни ауылдық) пайдалану принципі арасындағы өзара себеп-салдарлық байланыстар аталмыш қатынастарды жүзеге асырудың механизмі болып табылады. Расында да, егер ұжымдық монополиялық принцип жер-су қатынастарының негізгі субъектілері – бір аталардың арасындағы бытыраңқылыққа жол бермесе, яғни олардың арасындағы әрісі экономикалық, берісі мәдени, идеологиялық үйлесімді байланысты қамтамасыз етсе, бірталық (ауылдық) пайдалану принципін осы қатынастарды ұйымдастыру мен реттеудің экономикалық, идеологиялық, экологиялық және институционалдық тұрғыдан мейлінше ойластырылған тәсілі деуге болады.

Ауылдың көші-қоны. Жайлауға көшер уақытта бірнеше ауыл төрт-бес аталық туыстық принцип бойынша бір қауымға бірікті. Малшылардың сөзімен айтқанда көктеуде отырған ауыл төл төгіні аяқталып, жас төл отыға бастаған шақта, ауылдың алды жайлауға көше бастайды.

Қазақтың дәстүрлі көш салтанаты, көш сәні халықтың мынадай қара өлең жолдарында әдемі айтылған:

Сағым сүйген селеуін сары беткей,
Жатады саздау жердің қары кетпей.
Қызылыңның барында қиғаштай бас,
Қиялап қырдан асқан сәнді көштей.

Ауыл көші бірнеше шақырымға созылды, тек қауіпті, қиын жолдарда ғана қауым мүшелері бір-біріне жақын жүреді. Көш көлігі қызметін түйе, ат, өгіз атқарды. Ауылдағы бай отбасының көшуі үшін жүк санына қарай 10-12 түйе, әлеуметтік жағдайы орта отбасы үшін 4-6 жүккөлігі, шаңырақтағы адам санына қарай 2-6 мініс көлігі қажет болған. Қазақ ауылдарының типіне, орналасқан жерінің табиғи-географиялық ерекшелігіне қарай көшіп-қону өрісі түрліше болды, малы көп, әсіресе түйе мен жылқыға бай малшылар алысқа көше алды. Отырықшы мал шаруашылығы мен айналысатын, сиыр түлігі басым ауылдар, сиырдың тұяғы алыс жолға шыдамайтындықтан жақын қашықтыққа ғана көшкен. Ірі рулар мен олардың аталарының қоныстары негізінен алғанда бір аумақта орналасты.

Әрбір ру немесе ауыл ата-бабасынан белгілі дәстүрлі қалыптасқан көш жолдарымен жүріп отырған. Көшу жолдары мен көшу типтері көшпелілер қоныстанған аймақтардың табиғатына байланысты қалыптасты. Көш жолдарының ұзақтығы әр өңірде, әр тайпаның дәстүрлі шаруашылығына қарай, мал санының көп-аздығына қарай әртүрлі болды. Маңғыстау, Үстірт, Торғай, Шу, Сырдың төменгі ағысында қоныстанған рулар бойлық бойлап көшу (меридиональды) көшу бағытын ұстанды. Мысалы, Қызылқұм, Сырдария, Іңкәрдария, Қуаңдария, Жаңадария көшпелілері ерте көктемнен солтүстікке қарай көтеріліп, Қарақұм, Торғай жерінде көктеуде болып, жайлауға Қостанайға және одан әрі қарай барған. Олар көктем түсерден, жас шөп шығардан жайлауға қарай жылжып, жайлауда шөп қоры азайған уақытта басқа жайылымға қарай көшті. Ал Шу қазақтары Қазақстанның орталығындағы Жетіқоңыр жайлауына жету үшін Бетпақдаланы кесіп өткен. Шөл даланы кесіп өтетін көш суат басына тоқтаған кезде малды қанғанша суарып алып келесі суатқа жету үшін «үдере көшіп» отырды.

Үдере көшу деп түйенің теңін шешпей, қомын шешуді, яғни аз-кем аялдай отырып көшуді айтады. Ал малды жая отырып, үш-төрт күн қона-түнөп, демала отырып көшуді ерулеп көшу дейді. Көшу қашықтығы көш жолдарының бағытына қарай әртүрлі болды. Жартылай отырықшы және отырықшы мал шаруашылығымен айналысатын ауылдар қыстаудан жақын маңдағы жайлауға қарай өте қысқа қашықтыққа көшіп, 50-100 шақырым жол жүрген. Статист топографтардың есептеуінше Сыр қазақтарының тек бір бағытқа көшуі 1000, 1500 шақырымды құраған. А.К.Гейнстің мәліметі бойынша Сыр қазақтарының көші Троицк және онан әріге дейін жеткен. Орта есеппен бір бағыттағы көші 600-800 шақырым болған. А.И. Добросмысловтың айтуынша Сырдағы көшпелі тайпалар Қостанай өңіріндегі жайлауға жету үшін орта есеппен 800-1000 шақырымға дейін жол жүрген. Ол жазда Торғай облысы жеріне көшетін Перовск және Қазалы қазақтары қыстаудан жайлауға дейін 600-1000 шақырым, тіпті одан да көп жер жүрді. С.П. Поляков та: Сыр көшпелілерінің бір бағытқа қарай көшу қашықтығының кемі 800 шақырымнан асып отырған, – дейді. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Ырғызда қоныстанған телеу руы Қостанай жеріндегі Үшбала жайлауына жету үшін 500 шақырым жол жүрген. Ал Жетісу, Алтай сияқты таулы аймақтардағы жолдың ойлы-қырлы

болып келуіне байланысты көшпелілер тау шатқалдарын бойлай көшті. Етекте орналасқан жайлау ой жайлау, одан биіктегісі бөктер жайлау, бөктерден жоғарғысы төр жайлау, ең биіктегісі кер жайлау деп аталады. Жайлаудың соңғы түрі ауасы салқын, суы мөлдір, шөбі шүйгін ең биіктегі жайлау болғандықтан кер жайлау деп аталған. Қарқара өңірі және Шығыс Қазақстан, ішінара Орталық Қазақстан көшпелілері арасында көшудің «тасымал» деген түрі қалыптасты. Себебі ауылдың бір бөлігі бірінші көшіп, белгілі жайлауға келіп қонған соң, жүк көліктерін қайта қайтарып, ауылдың қалған бөлігін көшірді. Тасымал көші 3-4 қатынауға дейін созылды. Көштің бұл түрі қысқа жолға көшушілер арасында немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар арасында қолданылды. Ал Жетісу мен қазақ жерінің шығысында жайылымдық жерлер шұрайлы, табиғи су көздері мол болғандықтан көшудің тасымал әдісі қолданылған жоқ. Ауыл көшінің жүгін жинастыру, тең буу, үй тігіп, оны жығу сияқты жұмыстар әйелдердің мойнында болды. Мұндай істерге басшылықты да тәжірибелі әйелдер атқарды. Көш кешке қарай тоқтатылып, шағын жолым үй, қос немесе уықсыз тек керегеден жаппа тігілді. Осы жерде кейде 2-3 күн отырған. Қонғыда отыру мерзімі сол жердің отына байланысты болды. Жайлауға келіп қону қазақ үшін ең жақсы кезең – қыстан жүдеу шыққан мал осы жайлаудан қоң жинады. Әйелдерге үй шаруашылығын, үй кәсіпшіліктерін жүргізуге де жайлау қолайлы кезең болды. Үй жанына өрмектер қондырылып, ши, кілем тоқу, киіз басу т.б. істерімен айналысты.

Ауылдың саяси-әкімшілік құрылымы. XIX ғасырдағы қазақ ауылдарының әкімшілік құрылымы байырғы қазақ ауылынан өзгеше болды. Территориялық құрылым және отарлық билікті күшейту мақсатында басты міндеттерінің бірі 1822 жылы қабылданған «Орынбор қазақтары туралы Жарғының» қазақтардың дәстүрлі саяси басқару институтын жою отарлау саясаты ең басты міндеттерінің бірі еді. Осы құжатқа сәйкес кіші жүз қазақтарының территориясы батыс, орта, шығыс аймаққа бөлініп, «Орынбор өлкесінің қазақтары» деген жаңа атқа ие болды. Әр аймақ әкімшілік ауылдарға бөлінді. Әкімшілік билікке жоғарыдан бекітіліп қойылған, аға сұлтандар келді, ал ауылды старшындар биледі, осылайша қазақ ауылын басқарудың жаңа жүйесі пайда болды. 1844 жылы «Орынбор қазақтарын басқарудың ережесінің» жаңа жобасы қабылданды. 1831 және 1839 жылдар аралығында енгізілген дистанциялық басқару 1860 жылдарға дейін жүрді. Осындай әкімшілік ережелерге сәйкес облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар әкімшілік ауылдарға, ал әкімшілік ауылдар шаруашылық ауылдарға бөлінді. Яғни округтердің құрылу барысында көшпелі қазақтар 50-70 шаңырақтан құралған әкімшілік ауылдарға бөлінді, 10-15 әкімшілік ауыл бір болысқа біріктірілді, ал 15-20 болыс бір округті немесе уезді құрады, ал әкімшілік ауылға 50-70 шаңырақ бірігіп, ауылдық қауымды құраған. Әрбір әкімшілік ауылды уездік басқарма бекіткен 3 жылға сайланған ауыл старшинасы, ал болыстарды мұрагерлік бойынша сайланған немесе сұлтандардың өз арасынан 3 жылға сайланған сұлтан, уездік басқарманы аға сұлтан басқарды. Уездік басқармада немесе дуан басында облыс бастығы бекіткен екі орыс шенеунігі

старшындар мен билер және 2 жылға сайлаған екі қазақ отырды. Сұлтандардың рулар қауымдастығында бас басшы болуы мұрагерлік тұрғыда жүзеге асып, сұлтандық билік XIX ғасырдың екінші жартысына дейін жалғасын тапты. Бұл әкімшілік органдар қазақ ауылын дәстүрлі басқару жүйесіндегі ғасырлар бойына қалыптасқан далалық билік жүйесін бірте-бірте ығыстырды. Әрбір болыстық басындағы болыс 50 үйден бір сайлаушы қатысатын елубасылардың сиазына (съезінде) 3 жыл мерзімге сайланып, оларды әскери губернатор бекітіп отырған. Болыстар немесе сұлтандар өз қарамағындағы әкімшілік аймаққа билік жүргізіп, патша үкіметінің жарлықтары мен сот үкімдерінің орындалуын қадағалады, ауылдарға жайылымдық шабындық жерлер бөліп беру, жер дауы, салық салу, салық жинау мәселелерін шешіп отырды. Сондықтан да сайлауға әр ру-тайпа болыс қызметіне өз адамын өткізу үшін барынша жанталасқан. Болыс қызметі кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында әкімшілік-саяси өзгерістерге байланысты жойылды. Ауыл старшиндары, яғни «ағамандар» сайлаушылар съезінде 3 жыл мерзімге сайланып, олар болыс билігіне бағынған. Старшын лауазымын уезд бастығы бекіткен. Старшын әдетте ауыл ішінде беделді, ауқатты адамдар арасынан қойылған. Атқаратын міндетіне ауыл шаруашылық қарекетін басқару, маусымдық көшіп-қонуды ұйымдастыру, ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешу, халықтан алым-салықты жинауды ұйымдастыру, болыстық сайлауға қатысушы адамдарды шақыру жүктелді. Ауыл старшындары ел арасында ауылнай деп аталған. Бұл лауазымдар Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жойылды. XIX ғасырдағы әкімшілік ережелерге сәйкес қазақ ауылдарын басқару, біріктіру жүйесінде өзгерістердің көшпелі ауылдардың байырғы көші-қон жерлерін мейілінше тарылтқаны белгілі. Дегенмен бұл кезеңде қазақ ауылдары дәстүрлі қазақ қоғамында шаруашылықтың көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы түрлеріне сәйкес келетін ауыл типтерін сақтап қалды. 1920 жылы жүргізілген санақ та қазақ ауылдарын үш типке бөліп қарастырды. Мысалы Сырдария облысының Ташкент уезі отырықшы ауылды; Түркістан, Шымкент, Әулиеата уездері жартылай көшпелі мал шаруашылығы ауылдарын; ал Ақмешіт, Қазалы уездері көшпелі мал шаруашылығы ауылдарын құраған. 1924-1925 жылдары ВКП (б) Казрайкомының тапсырмасы бойынша Қазақстанның Орталық Статистикалық басқармасы қазақ ауылдарына зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде В.Г. Соколовскийдің «Казахский аул» атты еңбегі жарияланды. Онда қазақ ауылдарының мынадай типтерін көрсетеді:

а) Тұрақты қыстауы жоқ, жыл бойына көшіп жүретін көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл көшпелі ауыл жыл бойына киіз үйде тұрған. Мал үшін төбесі ашық қоралар соққан. Жыл бойына көшіп жүргеніне қарамастан, ауылдар бір-бірінен алыс кетпей, бір-біріне жақын жүрді. Осылайша, бұл елді мекендер жылжымалы болса да, өзіндік елді мекенді қалыптастырды.

ә) Тұрақты қыстауы бар көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауыл Қыстауда қара күзден ерте көктемге дейін отырады. Ашық қорамен қатар жабық мал қоралары да болды, әрі әрбір шаруашылықтың киіз үйі болды.

Көшпелі ауылдың бұл түрі жыл бойына қалыптасқан тұрақты көш жолдарымен жүрді, көш жолында бір-бірінен алысқа ұзамаған.

б) Отырықшы мал шаруашылығын кәсіп ететін ауылдар. Шартты түрде отырықшы деп аталғанымен қолда бар малымен жатақ ауылдар қыстауға жақын маңдағы 15-30 шақырым жердегі жайлауға көшті. Қолда бар малының қамы үшін жайлау орын ауыстырып, бір жайлаудан екінші бір жайлауға көшіп жүріп, күзде қыстауға қайтып оралды. Кейбір ауылдар қыстаудан алыс кетпей 4 шақырым жерге көшті. Бұл ауылдарда отырықшы мал шаруашылығына қарағанда көшпелі мал шаруашылығының белгілері басым болды.

г) Мал шаруашылығымен де, егін шаруашылығымен де айналысуды кәсіп еткен аралас ауыл көктем түсе «жатақтар» ауылға жақын маңға, ал малшылар алысқа көше бастады. Күздің соңында ауыл мүшелері қыстауға жиналды. Б.В. Андрианов көшпелі ауылды тұрақты жері, қыстауы жоқ, мал қора соқпайтын жыл бойына көшетін ауылдар; егістік жері тұрақты емес көшпелі ауылдар; тұрақты қыстауы бар мал қора соғатын көшпелі ауылдар деп үш типке, ал жартылай көшпелі ауылдарды отырықшы-көшпелі, көшпелі-отырықшы қауымына біріктіріп қарастырған. Кейбір өңірлерде қазақ ауылының төрт типінің қалыптасуы жергілікті жердің табиғи-экологиялық жағдайына байланысты туындаған. Көшпеліліктен отырықшылыққа өту үрдісі осы кезеңде қарқынды жүзеге асқанымен Сыр қазақтарының қолда бар малын жайлаулық жайылымы болмаған қыстаулық жайылымдық жерде жайлауға қалуы оңайлықпен келген жоқ. Бұл үрдіс сатылы түрде бірте-бірте жүзеге асты. Осыған орай, көшпелі-отырықшы сипатындағы қыстау ауылдар түрі қалыптасты. Қазақ ауылына Ф. Щербина экспедициясының статистері шаруашылық ауыл деген термин қолданды. Қазақ ауылы орташа 5-15 шаңырақтан тұрды. Ал 20-30 шаңырақтан тұратын ауыл қауым деп аталды. Ал, қыстау-ауылдар жәй елді мекенді ғана емес, бір атадан тараған ұрпақтар қоныстанған берік рулық құрылымды құрайды. В.Г. Соколовский: «Қыстау ауылды бір атадан тараған әулетті құрады. Ауыл мүшелері өз ата-тектерін ғана емес, бір рудан тараған көрші ауылдар қауымдарының ата-тектерін 15-20 атаға дейін, тіпті 30 атаға дейін тарқатып айтып бере алады», – дейді. Е.А. Полочанскийдің мәліметі бойынша: 1926 жылы қыстау-ауылдар Сырдария, Талас, Шу, Қаратал, Ақсу өзендері бойындағы қамысты, тоғайлы алқаптарда шоғырланған. Әр ауыл сол ауылдың беделді адамының – ауыл ақсақалының (ру ақсақалы) атымен аталды. Ауылдың басшысы ретінде ақсақал барша ауылдың шаруашылығына басшылық жасап, көшіп-қонуды ұйымдастырды, көш жолдарында уақытша қоныс пен жайылымдық жерді тандауға байланысты шешім қабылдап отырды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ру ақсақалдардың кеңесі, тайпа ақсақалдарының кеңесі, ақсақалдар соты сияқты саяси-потестарлық билік жүйесі ру, әулет, ағайын, туыс арасындағы байланыстардан туындайтын әртүрлі дау, әсіресе жер дауына қатысты мәселелерді шешіп отырды. Ауыл ақсақалдарының шешімі билер сотында, әдеттік құқықта маңызды орын алды. Ру ақсақалдар кеңесі жайлаулар мен жайылымдарды үйлестіруші, реттеуші міндетін атқарды деуге болады. Ауылдағы барлық шаруашылық билігі байдың

қолында болды. Әрбір ауыл өз меншігіндегі жайылымдық, шабындық, егістік жерлерді пайдаланды. Кедей отбасыларын бай ағайындары көбінесе қалдырмай өздерімен бірге алып көшкен немесе көмектесіп отырған. Ауыл адамдарының басым бөлігі немесе тұтастай бір атадан тарағандардан тұрды. Сондықтан ауылды патрилокалдық немесе агнаттық құрылым деуге болады. Белгілі бір жағдайларда басқа рудың өкілдері көшіп келіп, қоңсы отырып, кейін ауылға кірме болып сіңіп кетіп отырды.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығындағы еңбек үрдісі оңай болған жоқ. Малды жаю, бағу, үйірге салу, оны төлдету, өнімдерін алу, сұрыптау, тұқымын жақсарту, түлікті сан түрлі ауру-індет пен қауіп-қатерден сақтау үшін көп күш жігер жұмсауына тура келді. Табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейіт өңірлерде құдық қазып, оны қалыпты жағдайда ұстауы, жыл сайын жол бойындағы құдықтарды тазалап отыруы – малды шөлден аман алып қалудың ең басты кепілі болды. Кеңес үкіметінің орнауы мен қазақ жерінде орыс билігінің орнығуының салдары көшпелі шаруашылық жүйесінің ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі ырғағының әдеуір бұзылуына әкеп соқты. Жайық, Елек, Қобда, Сырдария бойындағы рулардың көпшілігі мал санының азаюы, жайылымның тарылуына байланысты егіншілікпен айналыса бастады. Сөйтіп көшпелі ауылдар бірте-бірте отырықшы ауылдарға ауыса бастаған. Қазақ ауылдарының көшпеліліктен, рулық қауымдастықтан қол үзуі де көп сатылы формада жүзеге асты. Жекеленген аймақтарда ауылдарда көшпелілік XX ғасырдың 1928-ші жылдарға дейін жалғасты.

Ауылдың этномәдени сипаты. Қазақ ауылы – дәстүрлі қазақ қоғамында ежелгі кезден қалыптасқан көшпелі қауымның негізі болды. Себебі ауыл жоғарыда айтылғандай көшпелі ортадағы материалдық және рухани игіліктің бірден бір өндіруші күш болды. Алайда үлкен еңбек операцияларын атқаруға байланысты (қырқым, үй, қора-қопсы салу және т.б.) осы агнаттық құрылымдар өзара қатынасқа түсті. Яғни күш біріктірді. Кем дегенде бес-алты шаңырақ бірігіп көшкенде ғана малды жайғастыра алды. Қыста әрбір ауылдың өзінің белгілі қыстау орны болды. Батыс және оңтүстік өңірдегі кейбір көшпелілер қыс бойына да киіз үйде отыра берген. Қыстау маңында әрбір ауыл мүшелерінің егістік, шабындық жерлері, қыстық өрістері болды. Қыстаулар суы ішуге жарамды табиғи су көздерінің бойында, қыстауға қолайлы елді мекендерде орналасты. Ауыл үйлері алқа қотан тәртібімен орналасты. Мал қоралау үшін оның бір жақ шеті ашық қалдырылды. Үлкен үй әдетте жоғары жақта, ең қолайлы деп саналған жерге тігіледі. Алалы жылқы, шұрқыраған құлын-тай, ойнақтаған бота, жусап жатқан қой, маңыраған қозы, лақ, желідегі тізілген ноқталы құлын, ағып жатқан бастау, бұлақ, бетегелі белі немесе үй жанынан қазылған құдық оның бойындағы қауға, абажадай ағаш науа т.б. Ауыл өмірінің тіршілігі, оның табиғатпен үйлесім тауып тұратын реңін бейнелейді. Ауылдың отырған орнын, мал өрістететін жерін қоныс деп атайды. Ауыл аты ондағы ауыл иесінің аты-жөнімен аталса, қоныс атаулары ономастикалық мәдени дәстүр бойынша кісі есімімен аталмаған, сол жердің табиғаты, экологиясы, географиялық ерекшеліктерімен байланысты қойылған. Мысалы, Ақтекше, Көкбастау,

Сарыбастау, Ақбастау, Майқұйрық, Өрежимас, Қопалы, Миялы, Көксала, Қияқты және т.б. Қазақ отбасында ер жеткен баланы балалы-шағалы болған соң еншісін беріп, бөлек шығарған, олар өз алдына отау үй болып, өз ауылында немесе көрші ауылда қоныстанды. Осылайша бір ауылдан жеке үй-отбасы бөлек шықты. Бұл үрдіс жалғаса келе жаңа ауылдың пайда болуына алып келді. Отау үй бөлініп шыққанда әкесі енші ретінде мал-мүлік бөліп берді. Еншіленіп бөлінген отбасылар бір ауылға бірігіп, ру-қауымның жайылым жерінің тиесілі бөлігіне ие болды. Бөлек шыққан отау алғашында қарашаңырақ – әкесінің шабындығын пайдаланды. Кейін шабындық та бөліске түсті. Шабындық немесе жайылым жер жетіспеген жағдайда бөлінген отауға туыстары қарайласып отырды. Ал шабындық және жайылым жер мүлдем жетпеген жағдайда бөлек отаудың иесі ақсақалдардың рұқсатымен ру-қауымның территориясынан жер бөліп алуға құқылы болды. Жер қатынасында болып тұратын дау-дамайды ақсақалдар кеңесі немесе билер соты арқылы шешіп отырды.

Перовск уезінде болған статистер ауыл ақсақалдары шабындық жерді жеребе табыстау арқылы бөлген деп жазады. Жеребені ағаш сынығынан жасаған. Жер көлемін адыммен, арқанмен немесе көз мөлшермен («көзбен») өлшеп бөлген. Шабындық жерлерді иемдену алдымен жартылай отырықшылық басым болған ауылдарда жүзеге асқан. Жиі орын алып тұрған жұттардың салдарынан көшпелі қазақтар ХХ ғасырдың бас кезінен бастап қыстық мал азығын даярлау мақсатында шабындықтарды жаппай иелену үрдісіне көше бастады.

Ауылдың әлеуметтік сипаты – этникалық жақтан байырғы ауылдың әлеуметтік құрылымы әкелестік, аталастық жақындығына қарай түзілген. Ат алсаң ауылыңмен дейтін мәтел сөздің мағынасы туыстық жақындықты аңғартады. Аталас-туыстық ауылдың түп қазығы болғанмен, ауылдың әлеуметтік сипаты бірте-бірте өзгерістерге ұшырады. Сөйтіп оның құрамына жекжат-жұрағат, жамағайын деп аталатын бейаталас жаңа әлеуметтік категориялар кірді. Бұлар бірте-бірте кірігіп, ынтымағы жарасқан жаңа әлеуметтік құрылымға айналды. Сөйтіп бұрынғы қандас туыстық принцип енді шаруашылық-экономикалық және рухани мүдделердің үйлесімділігіне негізделген әлеуметтік байланыстың жаңа ұстанымына ұласты. Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын деген белгілі мақал ауылдың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістермен байланысты айтылса керек.

Қарашаңырақтың иесі отырған ауыл үлкен ауыл, ал қарашаңырақ иесінің үйі үлкен үй болып саналады. Үлкен үйдің иесі отырған үй ақ үй, мәртебелі қонақтарды қабылдайтын үй боз үй, ас-су әзірленетін, тағамдық заттар тұратын үй қара үй делінеді. Бұдан басқа керек-жарак тұратын ұранқайлар мен қостары болды. Үлкен үйдің жанында екі-үш атадан қосылатын етжақын туыстарының үйлері орналасты. Кең қонысты, шұрайлы жерді иемденген, осыған сай мыңғырған малы, биі мен батыры, темір илеген ұсталары мен зергерлері, ағаш шеберлері, тәуібі, құсбегілері мен аңшылары, һәм бала оқытатын мектебі мен молдалары бар ауылды жуан ауыл немесе сүбелі ауыл деп аталған.

Ауылдың рухани сипаты. Ас беру, ат жарыс, күрес, шілдеhana өткізу, күйеу келтіріп, қыз ұзату тәрізді ғұрыптық шаралардың өтетін жері де ауыл болды. Осымен байланысты ауыл шырқалған әннің, күмбірлеген күйдің, өлең мен төгілген жырдың, ақындар сайысының, шешендік өнердің сыналатын нағыз дала «сахнасы» іспетті болды. Тіпті ауылға түскен келін бір үйдің емес, ауылдың келіні аталды. Ауылда бұдан да басқа әртүрлі жол-жоралғылар көптеп саналады. Мысалы, Ауыл кәде – ат арылтып келген қонаққа ойын-сауық түрінде көрсетілетін құрметтеудің, өзге де сый-сияпаттың түрі; Ауылдың алты ауызы – қонақ кәдеден бұрын ауыл адамдарының ән бастап беруі; Көрген жерде ауыл бар – жолаушының дәм бұйырып тағы да келіп қалдық деген мағынада айтатын сөзі, яғни екінші мәрте келіп қонақ болуы; Ауыл көрімдік немесе ауыл айбаты – қалыңдықтың ауылына тұңғыш келгенде күйеу жігіттің қыз жеңгесіне беретін сыйлығы; Қызды ауыл – оң жақта отырған тәрбиелі өнегелі қыз өсірген ауыл; Қызды ауылдың иті жатпайды; Қызды ауылдың жеңгесі сүйкімді; Қатыны өлген қызды ауылға қарап жылайды деген т.б. паремиологизмдер ауылдың қалыпты тіршілігін мейлінше образды бейнелейді. Белгілі бір ауылда өткізілген әртүрлі этномәдени шаралар мен ғұрыптық салттарда тек сол ауылдың адамдары ғана емес, ауылы аралас, қойы қоралас көрші ауылдың да адамдары мен өнерпаздары белсене қатысты. Сондай-ақ көрші ауылдардың қатысуымен шөп шабу егін егу, қора қопсы салу, егін жинау, тоған, арық қазу т.б. ұжымдық жұмыстарды ауыл-ауыл болып қауымдаса атқарды. Мұндай жайт ауылдың томаға тұйық емес, интеграцияланған әлеуметтік әрі рухани бірлігі күшті құрылым болғандығын байқатады. Тек ауылда ғана атқарылатын әртүрлі ғұрыптық салттың, мәдени дәстүрлердің этносты бірегейлендіретін, ұлтты ұйыстыратын этномәдени маңызы аса зор болды. Сондықтан ұлттың рухани дамуының, елдің мәдени өркендеуінің бастауында ауыл тұрды. «Ауыл түбі бірлік, қауым түбі тірлік» деген мақал тек ауыл ішіндегі адамдардың ғана емес, көрші ауылдар арасындағы ынтымақтың, этностық тұтастықтың, түптеп келгенде рухани, этникалық, әлеуметтік-экономикалық ортаны қалыптастырудың негізі ауыл екенін көрсетеді.

АУЫЛ АҒАСЫ – туысқандардың, ағайынның, ауылдың арасынан шыққан дау-жанжалды бітістіріп, төрелік айтып отыратын отағасы, қосағасы. Ауыл ағасының әлеуметтік мәртебесі мен беделі үлкенін ел ағасы деп те атайды. Осылардың ішінде үкімінің заңды күші бар, кесіп айтатындары билер дәрежесіне көтерілді. Түптеп келгенде, ауыл ағасы қазақы ортадағы әлеуетті әлеуметтік институт ретінде де қарастыруға болады. Себебі ауыл ағасы әлеуметтік қатынастарды реттеудің қауқарлы институционалдық тетіктерінің бірі болды.

АУЫЛДАС – белгілі бір аумақта бір-біріне жақын, қоңсылас қоныстанған, тіршілікқамы мүдделері ортақ қауымның «ауылдық» бөлігі. Ауылдастардың өріс, қонысы – жаз жайлауы, қыс қыстауы жапсарлас болғандықтан, күнделікті шаруашылық, тіршілік қарекеті барысында бір-бірімен қоян-қолтық араласып, жәрдемдесіп, қолғабыс жасап, қажетті

дүниесімен алмасып тұрған. Шаруашылықты тиімді жүргізудің талаптары бір жерден тоғысатындықтан, малдың немесе егін салатын жердің ортақ, іргелес болуы, өндіріс құралдарын (су, өріс, қонысты) кезекпен пайдалануға мүмкіндік берді. Сондай-ақ шағын топтың күші келмейтін істері мен шаруашылық қарекеттерін, айталық мал қырқу, пішен әзірлеу, киіз басу, мал пішу және т.б. ұжымдасып атқарды. Сонымен бірге дәстүрлі ортада адами факторға негізделген өмірдегі қым-қуыт тіршілікқамы ғұрыптары мен салт жоралғыларды ауылдастардың бірге атқаруы заңды. Әсіресе, баланың дүниеге келуі, шілдехана, келін түсіру, қыз ұзату, тұсаукесер, ашамайға мінгізу, сүндет той, өлікті жөнелту сияқты этностың тіршілік циклына байланысты атқарылатын сан алуан салттар, ғұрыптар, жосын-жоралғы үрдістеріне ауылдастар тегіс атсалысады. Аталмыш шаралар және осы құралыптас жосындар қазақы ортадағы әлеуметтік қатынасты реттеп отырудың және нығайтудың механизмі іспеттес болды. Сондықтан ауылдастардың бірлігі мен ынтымағын арттыратын шараларға ерекше мән беріліп, оны ауылдың көшелі ақсақалдары мен жөн білетін беделді адамдары ұйымдастырып отырады.

АУЫЛДЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ – қонақ күткенде, тамақтан кейін көңіл көтеріп отыру үшін отбасы мүшесінің немесе ауыл адамының өзі бастап ән салып беру кәдесі. Қазақта бірер сөзді немесе азын-аулақ сөзді алты ауыз сөз дейді. Ауылдың алты ауызы деген де «алты ауыз өлең», яғни бірер өлең дегенді білдіреді. Ауыл адамы қонақтар алдында бірер ән салып, «жол ашып» береді. Мұнда әнші болу шарт емес, әркім өз дауысының шамасына қарай ән салады. Кейде қасындағы ауыл адамы да жалғастырып ән салып береді. «Әу демейтін қазақ жоқ» деген сөз осындайға байланысты айтылса керек. Сонымен бірге әннің орнына домбырамен күй тартып та өнер көрсеткен. Одан әрі қарай кезек қонақтарға келеді. Олар да шама-шарқынша ән айтып, домбыра тартып береді. Адам көп болса, домбыра қолдан-қолға өтіп, отырыс қыза түседі.

Ауылдың алты ауызы қонақ келгенде ғана емес, құдалықта, тойда, ойын-сауықта келген адамдардан қонақкәде сұрап, олардың өнерін тамашалау үшін, жақын тартып, жақсырақ біле түсу үшін де айтылады, яғни ол адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының өзіндік бір технологиясы да болады. Ауылдың алты ауызының әні мен өлеңі (мәтіні) сол өңірге кең таралған әндерден, сонымен бірге айтушының өз жанынан шығарғаны болуы да мүмкін. Ауыл адамдары қонақкәдеге кезек тигенде олардан жаңа, жақсы әндер мен күйлерді үйреніп қалғысы келеді. «Ауылдың алты ауызы өнерді дамытуға, әнші, домбырашылардың талантын көрсетуге зор қызмет еткен. Дала өнерін дамытқан, өрістеткен. Жастарды өнерпаздыққа баулыған».

АУЫЛНАЙ – отаршылдық кезеңдегі қазақ ауылдарын басқару мәселесімен айналысқан жергілікті билік иесі, биліктің ең төменгі сатысы – ауылбасы. Ауылнай ауыл деңгейіндегі саяси, шаруашылық және мәдени шараларды ұйымдастыру мен реттеу мәселелерімен айналысты. Патшалық режимнің жергілікті өкілдері ауылнайға салық жинау ісін дұрыс

ұйымдастыруға байланысты үлкен құқық берді. Ауылнай лауазымына XIX ғасырдың басында патша үкіметінің «Сібір қазақтары туралы жарғысы» бойынша ашық дауыспен үш жылға сайланып отырған.

Ауылнайға сайлану халықтың арасында дау-жанжал тудырған. Ауылнайды уезд бастығы бекітіп, тікелей болысқа бағынған. Сондықтан ауылнайлыққа үміткер қазақ тікелей болыстың көңілінен шығуға тырысты. Н.Асқаровтың мәліметіне қарағанда, совет өкіметінің алғашқы жылдары ауылнай лауазымы ресми жойылғанымен, бұл атау ауылдық кеңестің төрағаларының ауызекі синонимі ретінде қолданыла берді. Ауылнайдың басқаша аталуы – старшын.

АУЫРҒАН АДАМҒА МАЛ АЙНАЛДЫРУ – науқастанған адамның ауруын малға аудару магиялық жосыны. Атқарылу реті: малды (қой немесе ешкі) көтеріп алып, отырған науқасты солдан оңға қарай үш мәрте айналдырып өтеді. Содан кейін «ауыру көшкен» малды ауыл арасында сойып, таратады. Адам ауруын емдеуге бағытталған бұл шара байырғы магиялық, мистикалық ұғымдарға байланысты қалыптасқан. Яғни адамға түрлі сырқат пен ауруды әр алуан қаскөй күштер мен адам көзіне көрінбейтін тылсым қасиет иелері алып келеді деп түсінген. Осындай қаскөй, зиянкес күштердің әсерінен пайда болған адам ауруларын түрлі жолдармен малға «көшіріп», оны құрбандыққа шалу науқасты ауруынан ада қылады-мыс. Бұл ғұрып әр өңірде қалыптасқан мәдени үрдістерге байланысты әрқалай аталады. Мысалы, осы жосынды кейбір өңірлерде малға табыну деп атайды. Сондай-ақ кейбір деректерде ауруды құрбандыққа шалынған малдың бас сүйегіне көшіріп, тоғыз жолдың торабына апарып тастайтындары туралы мәліметтер де кездеседі. Ауырған адамға мал айналдыру тағы бір түрі – бас сүйектің ішіне зиянкес күштердің бейнесінің эквиваленті ретінде саналатын матадан жасалған «көшірме» деп аталатын қуыршақтар жасап, солардың көмегімен ауруды емдеуге әрекет жасаған.

АУЫРТПАЛЫҚ – қортпа (кәсіптік маңызы бар ірі балық) аулағанда алты желіні жинақтап сүре деп атайтын желілердің арасына жіппен байлап, теңіз түбіне тастайтын ауырлау тас. Тастың салмағы көбінесе 15-20 килограмдай болады. Ауыртпалықты байлайтын жіп балықшылар тілінде шөктірме деп аталады. Шөктірмемен ауыртпалық су түбіне тасталғанда желілер толқынмен қозғалып, ығып кетпей, бір орында тұрады. Ал жоғарыдағы желілер су түбіне батып кетпеу үшін әр жеріне балберкі деп аталатын ағаш қалтқылар байланады. Қортпа ауға бүйек деп аталатын қалтқылар тобы қолданылады. Өйткені бірер балберкі желінің (арқанның) салмағын көтеріп тұра алмайды. Сонымен бірге салмақты тас қорта аулайтын аудың енін керіп тұру үшін де қолданылады. Ол үшін салмақты тас көңгей деп аталатын аудың астыңғы жібіне әрбір 4-5 метр сайын байланады. Алайда бұндай тас – етек тас деп аталады. Ауыртпалық балықшылық кәсібінде ірі балықтарға арналған ауды дұрыс құрудың және сол арқылы мол өнім алудың әдіс-тәсілін көрсетеді.

АУЫТ – нарға жүк арту, немесе салт міну үшін қолданылатын ағаштан жасалған, екі немесе бір қасты ершікке ұқсас түйе әбзелі.

Ауыттың бірінші түрі – түйенің бүйіріне ыңғайлап дөңестеліп шабылған екі қастан және оларды өзара жалғастыратын төрт тақтайшадан құралып жасалғаны. Ауыттың бұл түрі жазының үстіне орнатылып, жазы ағашқа қоса байланған айылмен бекітіледі. Ауыттың екі қасының ағаштарының бас жағы қайыс таспамен өзара айқастырыла байланады. Бұл жұмсақ байланыс, ауыт жүк артатын түйенің бүйірінің үлкен, кішілігіне қарай бүйіріне ыңғайланып, біркелкі жатуын қамтамасыз ету үшін жасалады.

Ауыттың екінші түрі – өркештің алдыңғы жағына орналастырылатын қастан, төрт сабау шыбықтан және арасына қамыс салып, арнайы пішіліп тігілген бірнеше қабат киізден тұратын жазыдан және құйысқаннан тұрады. Бұл жазының басқа жазы түрлерінен айырмашылығы өркештің артқы жағына келетін тұсы тұйықталып артқы қастың рөлін атқарады. Ауыттың орнықтылығын екі жағынан қойылған, төрт шыбықтан тұратын жаз ағаштар мен құйысқан қамтамасыз етеді.

Жазының арасына қамыс салып немесе бірнеше қабат киізден тігілуі, жүктің түйенің арқасын қажандан сақтандыру үшін жасалады.

Ауыттың осы түрімен ерттеу үшін алдымен жазыны айыл тартпасын тартып орнықтырады. Келесі ретте ағаш қасты орнатып төрт шыбықтың және құйысқанның көмегімен жазыға бекітеді. Бұл жерде жазының өркештің артқы жағына келетін шығыңқы тұсы артқы қастың орнына жүреді де жүктің орнықты болып ауып кетпеуін қамтамасыз етеді. Қазақтың дәстүрлі түйе шаруашылығында ауыттың екі түрі де қолданыста болды. Екі қасты ауыт Қазақстанның батыс өңірлеріне тән болса, ал бір қасты ауыт көбінесе Оңтүстік өңірлерде қолданылды. Түйе әбзелінің құрылымы жағынан ауытқа жақын кәтеп деп аталатын түрі Қазақстанның батыс өңірлерінде қолданылады.

АХУН – мұсылмандық ортада дінге баулитын мәртебелі, беделді тұлға. Ахун парсы тілінен аударғанда «үйретуші», «ұстаз» деген мағынаны білдіреді. Ахун сөзі діни лауазым ретінде XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам дінін ұстанатын Орталық Азия мен Қазақстан аумағында кең қолданыста болды.

Дәстүрлі ортада мешіт-медреселерде ағартушылықпен айналысқан ахундардың білімі барынша жоғары болғандықтан, жас балалардың мұсылманша сауатын ашып, тәлім-тербие беріп, шәкірт дайындады. Ресми түрде халыққа уағыз-насихат жүргізіп, шарифат қағидалары мен ғибадат-құлшылықтардың жөн-жосығын үйретті. Сөзге шешен, рухани биік парасаттылығымен танылған ахундар діннен де басқа түрлі қоғамдық мәселелерге араласып, ақылшы ретінде ел игілігіне қызмет етті.

АҺМАР – шарифат бойынша ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде әйелдің пайдасына бөлінетін мал-мүлік және өзі күнделікті өмірде пайдаланып жүрген тұрмыстық заттары мен жеке басының мүлкі. Бұл атау этнограф Ә. Диваевта маһр деп аталған. Маһр араб сөзі «некеселер кезде қалыңдыққа берілетін жасауды белгілеу». Осы атаудың арабша көпше түрі әмһар. Аһмар малдай, жылжымайтын мүлік немесе ақша түрінде де берілген. Күйеу аһмарды өзінің дүние-мүлкінен басқасын халықтың алдында жазылған тізімсіз бөліп берген. Күйеуі өлген жесір әйел, күйеуінің туыстарымен жақсы қарым-қатынаста

болса, «балалы үйрек судан кетпес, балалы әйел елден кетпес» деген ұстаным бойынша аһмар орнын алмастыратын мал-мүлік және басқа құнды нәрселер сыйға берілген. Егер күйеуі мен әйелінің арасы мүлдем ушығып кетсе, ол жас әйел алып, бұрынғы әйеліне аһмарымен қоса, баласына енші ретінде үстеме дүние-мүлік беріп, өзінің ағайын-туысының маңына бөлек шығарған. Ал әйел төркін жағына кеткісі келсе, ұл баланы алып қалып, аһмармен қоса жеке басының мүліктерін өзіне беретін болған. Сондай-ақ халық алдында мүлікті бөліскенде әйел қолхат алмайды. Бұл – әйелдің отбасылық құқығын материалдық қолдау болып саналған.

АШ ҚАСҚЫР – ертеден келе жатқан балалардың ойыны. Бұл ойын түрі мазмұны жағынан айқұлақ деп аталатын ойынға өте ұқсас. Аш қасқыр ойыны туралы мәліметті Е. Сағындықов береді. Ойын тартысты өтуі үшін балалар саны көп болады. Алдымен ойыншылар ойынның басты кейіпкерлерін таңдайды. Олар бір ойыншыны жүргізуші, екіншісін «аш қасқыр» сайлайды. Сосын өздері тұрған алаңқайдың шетіне қарай шеңбер сызып, оны қасқырдың апаны дейді.

Бұл ойында да айқұлақ ойынындағы сияқты қасқыр жүргізуші бастап тұрған топқа тарпа бас салады. Жүргізуші оны қойларға, яғни басқа ойыншыларға жолатпауға тырысады. Егер қасқыр айналасын асырып, бір ойыншыны ұстап алса, оны апанына алып кетеді де қайта оралып қайыра шабуылдайды.

Дәл осы тәртіппен ойын бүкіл ойыншылар қасқырдың қолына түскенше ойналады. Аш қасқыр ойыны да жастардың қызығып ойнайтын, шапшаңдыққа тәрбиелейтін ойын түрі болып саналады.

АШ ТИЮ – көзі өткір, көзі тигіш назаргерде адамның жас балаға тіл-көзі тиюі. Аш тиген (тіл-көз тиген) бала шырылдап жылап, ұйқысы бұзылып, мазасы кетеді. Егер де балаға аш тиген болса, аштайтын адам есінеп-құсынап мазасы қаша бастайды. Аш тиген баланы көбінесе жасы үлкен әйел аштау жасап, емдейді.

АША¹/ АҚА – шөп, сабан жинап дестелеуге, маялауға, көлікке артуға, пішенді түйреп алып малға таратып жаюға арналған ағаш айырдың халық тіліндегі атауы. Басындағы тармағының санына қарай Шығыс Қазақстан аймағында ұшақа, ұшаша, төрташа, Сыр өңірінің кей жерінде ұшақа, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының қайсыбір жерлерінде ұшақа, төртақа, бесақа деп те қолданылады. Оңтүстік аймақта айырды тармағының санына қарамай-ақ, бесақа деп атай береді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың отырықшылыққа көше бастауына, соған орай қысқы мал азығын – пішен дайындауға байланысты аталмыш құралдың жер-жерде шаруашылық маңызы арта түсті. Қазақ шаруалары айырды басы ашалы ағаштан дайындап алса, кейінірек бірте-бірте ұзын ағаш сап орнатуға арналған ұңғысы бар, басы үш, төрт, бес тармақты темір айырлар шықты.

АША² – ашабақаннан кішілеу, тек қана басында ашасы бар, бақанға ұқсас жіңішке сырық түрі. Ашаны жаңбыр көп жауатын орман-тоғайлы жерде,

жауынды күндері киіз үйдің түндігін тіреп қоюға арнап, арнайы ұзын етіп дайындаған.

АШАБАҚАН – көлемі қарабақаннан кіші, аша сырықтан үлкен, басы ашалы, онан төменде бірлі жарымды бұтағы бар, бақаннан жуан емес, сидам келген тұрмыс бұйымы. Ашабақанның көшпелі ортада қолданысы ауқымды: оны жауынды күндері киіз үйдің ішінен көлденең сырықты тіреу етіп салады; мал сойғанда ашалы басын уықтың қарына байлап, онан төменгі бұтағына немесе тұйық жіпке қойды іліп, ішек-қарынын шығарады, бұтарлап жіліктерді бұзады, оң жақ босағаға қадап мал әбзелдері мен жабдықтарын іліп қояды, қазан жаққа ашабақанды тіреп байлап оған қымыз, май сабалардың бауын жоғары тартып байлайды.

Мұндай ашабақанның өн бойында азық-түлік, ыдыс ілуге ыңғайлы бұтақша салалары болады. Ашабақанның қызметі – уыққа таяныш ретінде оның майысып немесе сынбауын қамтамасыз ету, әрі ілгіш ретінде қолданылды. Төрт ашабақанды шұңқыр қазып, үйдің маңына орнатып олардың басындағы ашасына көлденең сырық салып үстіне ши төсеп өре жасайды. Қарабақан болмаған жағдайда ашабақанмен шаңырақ көтереді, жауынды күндері ашабақанның сидам жағымен түндікті тіреп ашып қоюға пайдаланады. Ашабақан бақанның орнына қолданыла беретіндіктен, бақанға байланысты ырым-тыйым оған да қатысты болды.

АШАҚАЙ – мал тілінің арт жағындағы, шықшытқа ұласар тұсындағы аша сүйек. Ертеректе бұл сүйекті балалардың ойыншық – ермегіне пайдаланған. Дерек берушілердің айтуынша, ет желініп, сүйек мүжілген соң үлкендердің бірі ашақайдың екі ашасының бірін – әке, бірін ана деп іштей белгілеп, баладан «қайсысын жақсы көресің?» – деп сұрап алады да, біреуін ұстауын талап етеді.

Бала «ана» деп белгіленген жақты алдымен ұстаса, онда шешенді жақсы көреді екенсің дейді, керісінше болса, әкенді жақсы көреді екенсің деп мақтайды. Бұл ырым-жораның наным-сенімдік қыры туралы әзірге дерек жоқ. Дегенмен, оның тәрбиелік мәнін жоққа шығаруға болмайды.

АШАМАЙ¹ – жүк артатын нарға, кейде айыр түйеге салатын қарапайым ер тәрізді әбзел.

Зерттеуші Ә. Жақыпов түйе шаруашылығы туралы жазған түсіндірме сөздігінде Ғұламқайыр Себеповтің құнды мақаласын негізге ала отырып, ашамай туралы мынадай дерек келтіреді: – Бұл сөздің түсіндірмесін түйе туралы жазылған еңбектерден толық табуға болады: «Ашамай – нардың немесе нарға жақын қоспақ түйенің (нар қоспақ) өркешіне жүк салмағын түсірмей тұратын ағаш. Сом ағаштан шауып істелген екі жақтау, ол екі жақтаудың басын бір-біріне қашап айқастырады да шегелейді. Мұны ашамайдың басы дейді. Ашамайдың артқы басы да осындай екі ағаштан айқастырылып жасалады. Алдыңғы баста екі-екіден төрт жерден, артқы баста да екі-екіден төрт жерден тесілген шабақ орны бар, оған төрт шабақ өткізіледі; шабақтардың ұзындығы жарты метр шамасы, нар түйенің өркешінің тұрқымен шамалас болады. Ашамайды нардың өркешінің үстіне бастыра, аттың ері сияқтандырып кигізген кезде ашамайдың алқымы

жазының екі жақ шыбығын қабады; ердің оқпаны сияқты ашамайдың оқпаны да нардың өркешіне тимей, арасына қол сыятын боп тұрады. Түйенің үстіне артқан жүк салмағы ашамайға түсіп, жазы шыбығының салмағы жабдықпен қалыңдатылған күйде түйенің жонына көлбей түсік, түйенің (нардың) өркешіне түк салмақ сезілмейді». Демек, ашамай ағаштан айқастырылып жасалады. Сондықтан оның алдыңғы басы да (алдыңғы қас), артқы басы да (артқы қас), қос тармақталып, яғни аша, айыр болып көрінеді. Әбзелдің атауы осымен байланысты шыққан.

Ашамайдың алдыңғы және артқы қасы екі қапталынан төрт шыбықпен байланыстырылады. Бұның өзі нарға жүк артқанда ғана емес, оны атқа салып, кішкентай баланы отырғызып қоюға да қолайлы болатындығы байқалады. Осымен байланысты о баста түйеге жүк артқанда қолданылатын «бұл сөз кейін халық арасында сирек кездесіп, «ер баланы мініске үйрету үшін атқа салатын ер» мағынасында қолданылатын болды». Алайда ашамайдың о бастағы қызметіне байланысты атауы мүлдем ұмытылып кеткен жоқ. Нар түйеге жүк артуға байланысты қолданылатын ашамай атауы қазақ елінің шығысында (Семей аймағында ашамай – «жауыр түйеге арнап жасалған ер сияқты әбзел») сақталып қалса, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Түрікменстан мен Қарақалпақстан қазақтары тілінде осы қарапайым ер тәрізді құралдың ауыт деген атауы қолданылады. Айта кету керек, ауыт деген атаудан басқа батыс аймақта кәтеп сөзі қолданылады. Ал, Жамбыл өңірінде жүк артуға арналған ердің ашамая тәрізді атауы кездеседі. Алайда ол «өгізге жүк арту үшін жасалған ер» деген мағынада айтылады.

Қорыта айтқанда, халық тұрмысында жүк артуға бейімделіп жасалған ердің көшіп-қонуда, жүк тасымалдауда, ақшом, кіре тартуда үлкен қызмет атқарған жүк немесе жегін көлігінің түріне қарай ауыт, ашамай, ершік, ашамая, ыңыршақ тәрізді түрлері қалыптасқан.

Түйеге – ауыт, ашамай («Нарға – ашамай, қоспаққа – жазы; Нар сәулеті – ашамай» тәрізді мақалдар әбзелдің бастапқыда түйеге байланысты қолданылғанын аңғартады), арбаға жегілген атқа – ершік (екі жетекағашын көтеріп тұруға арналған темір ер, ершік), өгізге ашамая, ыңыршақ (кейде ыңыршақ жүк артатын атқа да ерттелген) салынған. Осылардың ішінен ашамай жүк көлігі – түйе әбзелінен мініс көлігі – ат әбзеліне айналып, жас балалар отыратын қарапайым ағаш ер түрі пайда болған.

АШАМАЙ² – нар және басқа да бір өркешті түйелерді ерттейтін әбзелдің атауы. Мұндай түйенің жалғыз өркешіне ауырлық түспес үшін қомының үстіне салады. Ол сом ағаштан жасалады. Пошымы ыңыршаққа ұқсас. Ашамайды жасау үшін алдымен оның негізгі қаңқасын құрайтын төрт «мүшесі» дайындалады. Бұлар ашамайдың алдыңғы және артқы қасы деп аталатын екі жұпқа бөлінеді. Бұл жұптардың әрқайсысының басы екі жаққа иіліп жасалынады. Осылайша дайындалған әр жұп бір-біріне айқастырыла қиыстырылады. Ал осы қиысқан тұстары қажеттінше тесіліп, өткізілген мықты қайыспен бекітіледі. Соңынан әлгі жұптардың әр жағына төрт-төрттен ағаш шабақ көлденеңінен өткізіледі. Мұндай шабақтардың әрқайсысы жарты

құлаштай, яғни нар түйенің өркешінің ұзындығымен шамалас болады. Нардың арқасына қондырған кезде ашамайдың алқымы жазының екі шабағын қаба отырып, өркештің ұшына тимей, ердің оқпаны тәрізденіп ашық тұрады.

Артылған жүктің салмағы ашамайға, соның ішінде жазының шыбығына теңдей түседі. Түйенің өркеші тегіс жазымен жабылғандықтан, жануардың артқасына ауыртпалық түспейді әрі жарақаттамайды.

Сонымен бірге, суретте көрсетілгендей, ашамай аттың еріне ұқсас түрі де болады. Оның жоғарыда айтылған ашамайдың түрінен өзгешелігі қасының аттың ерінің қасына ұқсас етіп жасалуында ғана. Бірақ ашамайдың бұл түрінің қасы аттың ерінің қасындай тұтас шабылып жасалмайды. Олардың қастарының әр жұбы бір-біріне шендестіріліп, мықты қайыспен бекітіледі.

АШАМАЙ КЕСТЕ – сырмақ сыру өнерінде ашамай оюының қалыңдау матаға кестемен түсірілгені. Әртүрлі жіппен кестелеу тәсілі сырмақ дайындағанда да қолданылады. Кестелі сырмақ, баспа кестелі сырмақ, біз кестелі сырмақ тәрізді атаулар осыған байланысты қалыптасқан. Алайда, сырмақты кестелеп көркемдеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, баспа кесте сырмаққа арналған киіздің өзіне тігілсе, ашамай кесте алдымен матаға тігіліп, одан кейін киізге қапталады. Сырмақ бетіне қондырылатын ашамай кестені кәнуа кесте деп те атайды.

АШАМАЙҒА МІНГІЗУ – қазақы ортада жастық-жыныстық жіктелуді айғақтайтын этностың тіршілік цикліне қатысты ғұрыптардың бірі. Қазақ салтында сәбилер балалық шақтың бірінші сатысына жеткен кезде ер бала мен қыз бала ретінде алғаш рет жыныстық жағынан жіктеледі: қыз балаға тұлым қою, құлақ тесу рәсімдері өткізіліп, қызша киіндіріледі. Сондай-ақ, ер балаларды сүндетке отырғызып, айдар қойған, соның ішінде алғаш рет жеке атқа мінгізу рәсімін өткізген. Бұл рәсімде өткізілетін шараны ашамайға мінгізу немесе «Ашамай тойы» деп атаған. Бұл бала үшін де, ата-ана туысқандары үшін де ерекше оқиға, үлкен қуанышқа саналатындықтан ауқаттылар той жасап, ат шаптырып, көкпар тартқызған.

Жас бала есі кіріп 4-5 жасқа келгенде оған бәсіре тай тарту етіледі. Егер балаға арналған бәсіре аты үйретіліп, мінуге жарап тұрса, онда баланы соған мінгізеді. Салтанатты түрде үйретілген бәсіре тайға ашамай ерттелінеді. Кейде бәсіре тай белгілі бір себептерге байланысты мінуге жарамаса, баланың өзімен шамалас жуас, жүрісі жайлы, әрі сыр-сымбаты жарасқан құнан не дөнен ат таңдалады. Баланың ашамайға мінгізілуі оның өмірінде тіршіліктің жаңа кезеңі басталғандығын білдіреді. Баланың ашамайға мінгізу рәсіміне ауыл адамдары жиналып, бала мінген аттың жал-құйрығына, баланың шапанына және баскиіміне шоқтап үкі тағады. Бұл «үкінің қасиеті – жын-шайтаннан қағады» дегенді білдіреді. Баланы атқа мінгізу құрметі шабандоз, желтақым, саңлақ жігіттерге жүктеледі.

Баланы атқа мінгізіп, аяғын тепкішекке сұғып, белін айналдыра жұқа көрпешеммен орап, қолтырмаш ағаштармен денесін ауыртпайтындай етіп тартып таңады. Осы тұста:

Мықтап тарт ашамайдың қолтырмашын,

Жас бала жол үстінде болдырмасын, –

деген өлең түрінде ескертпе бата айтылады. Ат үстіндегі бала алақанын жайып, ауылдың батагөй ақсақалдарынан бата сұрайды. Ондайда ауыл ақсақалдары төмендегідей бата береді:

Ал, ақ тілек, ақ тілек,
Атқа тоқым сал білек,
Атқа да жақсы шаба біл,
Жасыңнан малды баға біл,
Өнеге, өнер таба біл,
Аймағыңа жаға біл,
Атқа міндің, ақ жол болсын, –
немесе:

Асқар-асқар таудан өт,
Ағыны қатты судан өт.
Ит тұмсығы батпайтын,
Іргесі биік нудан өт.
Айдын-шалқар көлден өт,
Жеті ықылым елден өт.
Құс қанатын талдырған,
Қу мекиен шөлден өт!
Жолсыз жерде жол баста,
Жаугерлік болса қол баста.
Сәйгүлігің сай болсын,
Тілегім осы әу баста
Әмин, аллоһу әкпар!

Бата берілген соң, баланың қолына аттың тізгінін, оң қолына қамшы ұстатады, аналар шашу шашып, тілектер айтады. Баланы атқа мінгізген жігіт атты ерттеп, көрші-қолаң, ауылды аралатады. Есігінің алдына ашамайға мінгізу рәсімін өткізген бала келген үйдің бәрі шашу шашып, баланың киіміне үкі, шашақ, теңге, моншақ қадайды. Бала шаршады-ау деген кезде үсті-басы әлем-жәлемге, әшекейге толып ауылға қайтып оралады.

Сол күні мал сойылып, ат шаптырылып, той жасалады. Ашамайға баланы мінгізіп, аттың басын жетектеген жігітке, бата берген ақсақалға әке-шешесі сыйлық береді. Бірте-бірте атпен баланың өзі жүреді, бір-екі күннен соң аяғын байламайды, сонымен бір жеті ішінде ашамайды тастап ерге отырады. Байлар ашамайға мінген балаларын көштің алдынан салтанатпен жүргізген.

АШАТЕМІР – төстің бетінде төрт қырлы ұяға қондырылған арнайы құрылғы. Ашатемір қызған металды екі ашаның арасына салып июге және бұрауға қолданылады.

Бұл құралды қазақ ұсталары тұрмыстық бұйымдар мен еңбек құралдарын жасауға пайдаланды.

АШАТҰЯҚ – күйіс қайыратын малдардың жалпы атауы. Қазақта қой, ешкі, сиыр сияқты күйіс қайтаратын малдарды ашатұяққа, жылқы түлігін айтұяққа жатқызады. Сонымен қатар, ашатұяққа қоңыр аңдар да (арқар, елік, бұғы) кіреді.

АШҚҰРСАҚ – малдың артқы санының жамбас тұсындағы ойыстау келген тұсы. Ашқұрсақ әсіресе сиыр мен жылқыда жақсы байқалады. Жайылымда жем-шөпке тойған малды ашқұрсағы толып тұр деп мал жайған шопанға қошемет көрсетіледі. Мал тойынып семірген кезде ашқұрсағы толып, білінбей кетеді. Жылқыны, әсіресе сиырды сояр алдында бір күн ашықтырып, ашқұрсағы ойыстанып білінген кезде «жын-тоғы» басылды деп санап союға кіріседі. Сонда еті жінікпейді, дәмді болады деп есептейді. Халықтық ветеринарияда ашқұрсағы арқылы уланған малдың месқарынын бізбен тесетін тұсын анықтайды.

АШЫМЫҚ – ұннан, талқаннан және дәнді дақылдардан тұз салып, айран қосып ашытқан сусын. Әрі көже орнына да жүре береді. Оны қойдың қарнына құйып, топыраққа көміп сақтайды.

АШУ СҰРАУ – араздасқан адамдарды бітімге шақыру рәсімі. Араздасқан адамдар, тіпті, жақын ағайын-туыстар да болуы мүмкін. Осы орайда, ауылдың беделді адамдары «Бір жолғы ашуларыңызды маған беріңіздер!» деп ұрыс-керісті ушықтырмай басып тастайды. Қазақ салтында «ашуыңызды маған беріңіз» деп бір адам араша сұрағанда, оған дереу көніп, ашуынан қайту – этикалық мәнді принцип. Өйткені, ашу сұрағанда райдан қайтпау өте жағымсыз, жаман қылық саналады. Ашуланған адам қатты қызынып, оғаш қылықтарға барса, араша түседі.

АШЫМАЛ / АЙРАН КӨЖЕ – бидай, тары, күріш, жүгері, арпа, тәрізді дақылдардан қайнатылған көжеге айран қосып ашытып дайындалатын ұлттық тағам түрі. Суға салынған дән жарылып піскен соң суытып барып, ағарған қосады. Жылы жерде тұрып бір-екі күнде ашып, «ашыған көже» дайын болады. Айран мен дәнді дақыл қосылып аши келе жағымды қышқыл дәм береді. Оны ашымал деп атайды. Ашымал ішкен кезде шөл қандыратын сусын, әрі тоқ басатын тағам. Ішіліп азая бастағанда жарманы суға қайнатып, тұзын татып, суыған соң айран қосып үстемелеп отырады. Осылайша үстемелеп отырмаса екі-үш күннің ішінде тым ашып кетеді. Ашымал құнарлы болуы үшін оған ұн қосып та жасайды. Ақ қоспай суға ұн сеуіп дайындалған түрін қара көже дейді. Көжені ішер алдында піспекпен, шөмішпен жақсылап араластырады. Ыдысын арша, тобылғы, қайың қабығымен ыстап отырмаса, күбінің ағаш дәмі шығып кетеді. Ыстың иісі мен дәмі көжеге «шауып», көженің сусындық маңызы күшейе түседі. Ашымалды түрлі жұмыс басына апарып қойып, сусын әрі жеңіл тамақ ретінде пайдаланады. Кейбір өңірлерде мұны айран көже, ашымық, ашытпа, ашыған деп түрліше айтады.

АШЫТҚЫ – нанды және т.б. тағамды ашытып дайындауға арнайы сақталған қамыр қоры. Нан, бауырсақ, шелпек пісірер алдында келесі жолы ұн илеуге деп ашыған қамырдан жұдырықтайын алып, шұңғыл үлкен кесеге аз ғана жылы су қосып сақтап қояды. Ашытқыны ұн илейтін жылы суға езіп пайдаланады. Ашытқы болмай қалса көршілерден сұрап алады; ондайда ыдысымен береді. Қамыры ашыған соң ыдысына ашыған қамырынан салып қайтарады, құр қайтаруға болмайды, сақтаулы қамыр әбден ашып, тасып барып, томпайған сыртқы беті кеуіп тұрады. Оңтүстікте ашытқыны қамыртұрыш деп те атайды. Қор жоқ болған жағдайда, ұн илегенде аздаған

айран, қымыз қосып ашытқы орнына пайдаланады. Ол жоқ болса нанды суға салып қойып, әбден жібiгенде қамырға қосып илеп те ашытуға болады.

АЩЫ – жер бетiне шығып жатқан сордың – тұзды сор топырақ аралас минералдың атауы. Организмде қажеттi минералдық заттар жетiспеген мал (қой, сиыр, ешкi) ащыны аңсайды.

Малды ащыға жаюды ащылату деп атайды. Оны малды көптеген аурулардан сақтаудың қамы, әрi қондандырудың алғышарттарының бiрi деуге болады.

АЩЫ ОТ / АЩЫ ШӨП – құрамында күштi әсер ететiн минералдық заттары мол, ащы, кермек дәмi бар, мал аңсап жейтiн шөптердiң ерекше түрлерi. Ащы отқа қазақтар баялыш, жусан, ермен, қарабатқыл, қызылша, кекiре, итсигек, усойқы, ақ мия, ақбас, бұйырғын, қоянот, жуа, қымыздық, сексеуiл, қара барқын, қара сораң, жантақ, күйреуiк, жыңғыл, тал, жиде, тораңғы, торғай оты, балық көз, кекiре, ала бота, боз бота, жалмаңқұлақ, бозды бас, көкпек, шыртылдақ, шытыр, қызғалдақ, терiскен, дүзген, ақ бас, текесақал, бөргек, шайыр, шағыр, құрғаш сияқты өсiмдiктердi жатқызған. Ащы оттар негiзiнен шөлейiт, шөлдi жерлерде көп өседi. Өсiмдiктер әлемiнiң жергiлiктi жағдайына сай жантақ, шеңгел, жусан сияқты ащы от өскен жайылымды түйе түлiгi ұнатады. Қой және жылқы ащы отты өрiсте жайылса қоң жинап, семiредi. «Жылқың болса суға сал, сиыр болса шымға сал, қой мен түйендi құмға сал» деген қағида әр малдың қандай жайылымды қалайтындығын меңзейдi.

АЩЫ ТОЛҒАҚ – аяғы ауыр әйелдiң босанар алдындағы толғақтың ауыр, жанға бататын түрi. Екiқабат әйел белi қақсап, ашығандай болады. Бiраздан кейiн бұл белгi ауық-ауық қайталана бередi. Ащы толғақтың басталғанда қазақы ырымда ащы толғақ «белден кемiрiп жеп» (қатты ауыруы), қуықтың басына қарай тартып ауыртса ұл табады деп ырымдайды. Ал бала қыз боларда толғақ керiсiнше, төменнен басталып белге қарай ауысады деп топшылаған.

АЩЫЛАТУ / СОРҒА ЖАЮ – дәстүрлi мал шаруашылығындағы мал бағымына қажеттi технологиялық шара – малды семiрту, қоңын сақтау үшiн сорлы, тұзды жайылымға жаю. Жайылымдық шөптер өлең, жасық (ақ от) болса, малдың семiрiп қоңдылық алуы төмендейтiндi. Сондықтан ащы немесе табиғи тұз шығып жатқан жерлерге малды жiберiп алады, яғни ащылатады. Ащылатпастан бұрын малды алдымен суарып алады. Ащысы аз жерлерде малшылар табиғи тұз шығатын жерден «тұздық» тасып әкелiп, ащы науа мен ақырға салып бередi.

Малды арнайы айдап апарып ащылату кезiнде өте абай болу ескерiледi: үнемі ащыламайтын (тұз жаламайтын) мал бiрден көп уақыт ащылса өлiп кетуi де мүмкiн. Сондықтан алдымен малды суарып жайып барып, ащыға апарған дұрыс деп саналады. Ел iшiндегi ауызша мәлiметтерге қарағанда, ащылауды әр айда бiр мәрте қайталап тұрған жөн саналады. Ал жаздың соңы мен күздiң бас кезiнде мал қонданып, етейiп, шүйленген шақта айына екi-үш мәрте ащылатады. Бұл малдың әбден шүйленуiне сеп болады. Жұт жылдары жайылымға жақын жерде ащы, сорлы жер болса жиiрек ащылатып тұрады. Жұт қатты болған кезде ащылаған қоңыр аңдар ауылға жақын жерге келiп ащы науаға салынған сор, тұз, ащыдан жалайтын болған.

АЩЫЛАУ / АШТАУ – тіл-көз тиген баланы емдеу тәсілінің бірі. Магиялық наным-сенімдерге байланысты туындаған бұл шараны күл, тұз, жұмыртқа, кебек немесе нан сияқты заттар арқылы атқарылады. Балаға көз тиген жағдайда оның іші өтіп, дене қызуы көтеріліп, әлсін-әлсін құса бастайды. Осыған байланысты кесеге толтыра жылылау күл салып, оның үстіне кішкене нан және бір шымшым тұз қосып, бетін орамалмен жауып, түбін бунай төңкеріп ұстап, баланың басынан аяғына дейін аударып-төңкеріп «аш-аш!» деп денесінің әр жеріне тигізеді. Әбден болғаннан кейін аштаушы әйел балаға қарап «тфу-тфу, жаман!» деп түкіру ишарасын жасайды. Сонан соң кесе бетін ашып ішіндегі күлді көреді. Егер балаға аш тиген болса, күл шеті әжептәуір «ойсырап» төмен түсіп ойылып қалады. Емшілер кебекті бір кесеге салып, үстіне үш шымшым тұз қосады. Зерттеуші М.Қ.Есімболованың дәйегінше, аталмыш заттардың «бәрін орамалмен орап:

Баламды бер, ащыңды ал.

Ащың асқар-асқар таумен кетсін,

Ұшқан желмен кетсін,

Аққан сумен кетсін, –

деп үш рет денесін қалдырмай «аштау», яғни баланың басынан бақайына дейін дене мүшелерінің бәрін ащылайды. Содан соң баланың басынан айналдырып «Алас, алас, пәлекеттен қалас, тілдегеннің көзіне!» және «бисмилла» деп оны не итке, не құсқа, не малға береді болмаса адам аяғы баспайтын жерге апарып төгеді.

АЩЫ НАУА – тұз салып қоятын, шұңғылдау етіп ағаштан ойылып жасалған, ұзынша келген науа. Малды ащылауға қолданылады.

АЩЫСУ – ішімдік арақ түрлерінің тұспалдап айтатын атауы. Қазақы ортаға «Жез ауыз желдендірер» деген айдарға ие болған алкогольдік ішімдіктер сонау ХІХ ғасырда орыс отаршылдығының салдары ретінде пайда болды. Аталмыш фразеологизм осы жағымсыз қылыққа деген қазақы ортаның қарсылығын бейнелейді. Ащысу жындысу, тентексу сондай-ақ ақмойын, көкмойын деп те аталады.

АЮ – қазақтың байырғы сенім-наным, ырым-тыйымдар жүйесінде өзіндік орны бар жыртқыш аң. Таулы өңірде тұратын қазақтар арасында аюға байланысты аңыз-әңгімелер көп. Аю алып кеткен әйелдің белін жалап-жалап бүкір еткені, содан кейін әйелдің денесіне түк шығыпты дейді. Ол әйелді туыстары тауып үйіне алып келсе:

Үңгір-үңгір, үңгір-ай,

Үңгір де болса үйім-ай,

Аю, аю, аю-ай,

Аю да болса байым-ай, –

деп жоқтаған екен деген аңыздар сақталған. Қайратты, күшті адамды аюға теңейді (мысалы, аюдай ақыру; аюдайын айбатты, арыстандай қайратты; аю тырнақ және т.б.).

Аюдың кейбір өнімдері халықтық медицинасында қолданылады. Аюдың өтін кептіріп алып, суға аздап езіп ішкізсе, адамның көптеген ауруларына дауа деп есептеледі. Мұндай ем түрі ыстықты түсіреді, жараны

тез жазады, көкжөтелге, шикан, сыздауық шыққанға, бала денесіне шыққан бөртпеге және сары ауруға қарсы ем ретінде саналады. Мәлімет берушілердің айтуына қарағанда, аю етін асқазан қыжылдау, кекіру сияқты ауруларға қарсы ем ретінде де қолданылады. Оны көбірек жесе денені қыздырып, қан қысымын көтереді. Аюдың қыртыс майын боршалап, желкүздан болған буын ауруына, саусақтардың арасына шыққан қиғаққа (теміреткі тәрізді) қыздырып тартады. Ұйқысы қашып жүрген адам иленген теріні жамылып жатса тыныштанады. Аю терісінің үстіне бір ұйықтап тұрса ұйқысы аюдікіндей болады деп ырымдайды.

Хайуанаттардың күштісіне саналатын аюды қолға түсірудің басқы құру, аю қақпан құру тәрізді тәсілдері болған. Аю өте иіс сезгіш болғандықтан, оны аулауға шыққан аңшы тер сіңген киімдерін шешіп, жуынып, таза киімдерін киеді. Жемтігін борсытып, көміп жейтін аюдың шалғынды жапырған ізін шамалап, барлағаннан кейін ғана қақпан құрады.

АЮ БИІ – аюдың қимыл-әрекеттерін ишаралайтын, домбыра сазымен сүйемелденетін көне би түрі. Көне дәуірлердегі тотемдік наным-сенімге байланысты қалыптасқан аюды бейнелеп билеу аңшылық ғұрыптарына байланысты туындаған. Онда аюдың іннен шығуы, жан-жағына қарауы, бал жалауы сияқты қимылдардан, жатқан қыздың қасына келіп, басын сипалап, олжаға қуанған келбетін ишаралау сияқты, сондай-ақ, қызды айнала қорбандап билей жүріп соңында қызды қолтығына қысып алып кетуі тәрізді сюжеттерден құралады. Билегенде тымақ, ішік немесе тонның жүнін сыртына қарата айналдырып киеді. Аузына екі-екіден төрт ши тістеп аюдың азу тісін бейнелейді. Қабақтың асты мен үстінің арасына ши немесе шырпы «тіреп» қояды. 1949 жылы Бүкілодақтық халық шығармашылығы үйінің балетмейстрі Я.В.Романовский Моңғолиядағы қазақтар арасынан «Аю биінің» бір түрін қағаз бетіне түсірген. Кейінірек осы негізде сахналық күлдіргі биде аңшының аюды қалай алдағаны, ақырында қалжырап шаршаған аюға аңшының мініп алып жүргені көрініс тапқан. Қазіргі мәдени антропологияда айтылатын аю культі мен жосын-жоралғылар тек орман халықтарына ғана тән деген пікір қайта қарауды қажет етеді.

АЮ ҚАҚПАН / ТӨСЕК ҚАҚПАН – аю ұстауға арналған көлемі үлкен қақпан түрі. Аю қақпанының тісі екі түрлі: бірі – ара тісті, екіншісі – айқаспалы қабан тісті. Мұндай қақпанның серперіне айналсоқ салынып, шығырығына шынжыр, ұшына үлкен тоқпақ байланады. Өр Алтайда тұратын аңшы Қ.Өзденбайұлы туралы деректі хикаяда аюға қақпан құруды былай суреттейді: «Құрастыру үшін, алдымен бір жақ серперге шынжыр іліп, онан соң серпердің ұңғылы басын шаппа жақтауына кигізіп тұрып, жақтаудың тесігінен бақай қарғашасының іш жағына салып мұрындықтап, онан соң мұрындықтың басын мықты етіп тойтарып тастайды. Серпер басының жақтауға киіліп тұрған шығырықша ұңғысы қақпан құрылып шапқанда іркіліссіз жоғары-төмен сырғитын болады. Ең соңғы мұрындық бекітілген соң қақпан құрастырылып болды деген сөз».

Аю қақпанын құрған кезде қауіпсіздік үшін құлып деп аталатын қосымша құрылғыны пайдаланады. Ол құлыпқа онша ұқсамайды, керісінше, сабы және

ұңғысы бар. Серпер бүктелген кезде құлыптың ұңғысын сыртынан кигізіп, серпердің түбіне дейін сыналап апарады. Содан кейін тиекті әбден бекітіп, қақпанды құрып алғаннан кейін ғана құлыпты серперден алып тастайды. Аю қақпанды аю ізі түскен жерге апарып құрады. Аю ұстаған аңын қашықтау жерге апарып көміп, үстіне бастырып, жан-жағын шөп-шаламмен көміп ізін жасыратын әдеті бар. Ондайда қақпан құратын аңшы алдымен жемтіктің үстіне қарағай бұтақтарынан күркеше жасайды. Жығылған ағашты қақпанның шынжырын байлайтын тоқпақ етіп бекітеді. Алыстан бақылағанда күркеше бұзылса қақпанға аю түскенін білдіреді. Қақпанды сүйретіп кетеді де, көбінесе әлсіреген кезде қақпанның шынжырлы тоқпағы өсіп тұрған ағаштарға ілінеді. Кейде, қақпанды сүйретіп, жығылған ағаштың жерге тиген бауырына шынжыры қыстырылып, арқандалып қалады. Бұрын қақпанға түсіп құтылған аю болса темірдің исін және қақпанның шабылатынын біліп, серперінен ұстап сырғытып қоятындары да болады дейді мәлімет беруші аңшылар. Қақпанға түскен аю маңайындағы ағаш, шілік, шөптің барлығын жапырып тастайды. Аю қақпанға түскенін анықтаған соң оншақты мықты жігіт жиналып, қолына мылтық немесе сойыл мен балта ұстап, соғуға барады. Мұндайда, аю айбар көрсетіп, тік шапшып, адамды көрген кезде ашуланып бұлқынып, шынжырындағы тоқпақты аю өзі тартып суырып алып, адамдарға қарсы ұмтылуы да мүмкін. Бір-бірлеп оңтайлы бір жерді таңдап алып, аюға жақындап, қарсы ұмтылып тұрған аюдy сойылмен ұрып, өткір айбалтамен шауып жібереді. Осылайша құлаған аюдy сойып, ет, майын бөліп алады.

АЮБАСҚЫ / АЮБАСТЫРЫҚ – аю аулаудағы сирек кездесетін амал-айлалардың бірі. Алтай, Тарбағатай, Жоңғар, Іле Алтауында көп кездесетін аю алудағы қауіпті тәсіліне саналады, әрі оның әлегіде көп болады. Басқы құру күздің соңында немесе қар түсе бастаған шақта иесіз жұртқа немесе аю апандарының маңына құрылады. Себебі азықсыраған аю иесіз жұртты төңіректейді. Басқы құру үшін көп бөрене, бірнеше ауыр дөңбек дайындап, биіктігі кісі бойындай үйшік тәрізді етіп кішігірім үй қалайды. Босағаға екі мықты діңгек тұрғызылып, оған құлаштай бөрененің бір жақ басын түйістіріп қалайды. Ал үйшіктің түкпіріне қарай көлденең тиек ілгіш тақтай сала отырып, үйшіктің екі қабырғасы тұрғызылады. Оған сүймен тәрізді етіп тиек міндетін атқаратын ағашты өбістіріп, оның төменгі жағы (тиек ілгіш дейді) тақтайға, жоғарғы жағы сүйменнің тіліне ілінеді. Сүймен үйшік үстіне көлденең қойылған берік мәткелердің үстіне келеді. Сүйменнің екінші басының үстіне екі үш бөрене салынады. Үйшіктің аузында тағы бір қос есік пішінді қақпа орнатылып, табалдырық жасалады, босағасына екі ағаш сүйеледі.

Басқы құру үшін бөренелерді шынжырмен байлап, жалған қалқа жасап, басын ортасындағы дөңбекке өбістіріп тұрғызады. Ал баспаның тиегіне, яғни дөңбектердің біріне шырға немесе «алдамшы жем» байлайды. Шырғаға аю жақсы көретін, иістеніп, борси бастаған малдың өлексесі, өкпе-бауыры шаншылады.

Алтай өңірінде осы тәсілмен бірнеше аю соққан кәнігі аңшы Н.Қазыханның айтуына қарағанда: «Аю үйшіктің ішіне басын сұғып тиекке

байланған жемді тартқанда тиек ағытылып, сүйменнің басы шығып кетеді де үстіндегі бос бөренелер екпінмен құлап, қақпа мен үйшік босағасының арасына түседі, яғни астындағы табалдырық ағаштың үстіне түседі. Аю осы табалдырық пен үстінен құлаған ағаштың арасында белінен жаншылады».

АЮҚҰЛАҚ – ұлттық ойын түрі. Халық арасындағы балама аты – айқұлақ.

АЯҒЫ АУЫР ӘЙЕЛ – құрсағына бала біткен әйел. Аяғы ауыр әйел – эвфемизм. Яғни аяғы ауыр әйелдің күйін тура атауға тыйым салынғанды білдіреді. Бұл ұғымның екіқабат, жүкті, аяғы ауыр, құрсақ көтерді, іші білінді, көжеге тойды деген балама атаулары бар. Дәстүрлі ортада аяғы ауыр әйелге қатысты сан алуан тыйым, ырым, ұстанымдар қалыптасты.

АЯҚ – қатты ағаштан ұңғуырман, қырғымен ойып жасалған, ас, сусын ішуге арналған шағын ыдыс. Көлемі шай кеседен үлкен және шұңғыл болады. Сыйымдылығы бір литрдей, оны пошымы мен өңделуіне қарай сапты аяқ, сырлы аяқ, қолдануына қарай кесеаяқ, қымызаяқ деп атай береді. Оның түбі орнықты, жиегі тік, жұқа болады. Көбінесе қымыз, шұбат құйылып, сыйлы кісілерге ұсынады. Сыртын оюлап түрлі-түсті сырмен сырлайды. Балаларға лайықталған шағын түрін тостаған дейді.

Шеберлер ағаш ыдыстарын көбінесе қайыңнан, аршадан жасаған. Аршадан жасалған ыдысқа шыбын-шіркей әуес болмайды дейді. Бұрын ағаштан ойып аяқ жасаушыларды ел ішінде қырғышы деп атаған. Бұл атау ыдысты ағаштан қырып жасайтынын білдіреді. Ерекше бір түрі қымыз ішуге арналған қымызаяқ, оған қосымша қымызожау, қымыз тегене, керсен сияқты ыдыстар қымыз ыдысының кешенін құрайды.

ҚР МОМ қорындағы аяқ (КПД 279) қайыңның тошынынан тұтас ойылып жасалған. Іші шұңғыл, ернеуі сәл қайқы, мұқият өңделген.

Сыртын айналдыра қобылау тәсілімен белдеу жүргізіп, қара түске бояған. Ернеуіне қара түсті бояумен көгеріс өрнегі салынып, мыс шегелермен безендірілген.

Ал қымыз кешені құрамындағы (КП 21950/3) аяқтар кішілеу, бірақ тостағаннан үлкен. Тұтас ағаш кескіндісінен ұңғып, ойылған. Ернеуі сыртына шалқақ, сыртына оймыштап көгеріс өрнегі салынған.

АЯҚ БІЛЕЗІК – буын-буыны ауыратын адамның аяғына салып жүретін білезігі. Аяқ білезікті зергерге арнайы тапсырыспен күмістен соқтырады. Сонымен бірге баласы тұрмай жүрген ата-аналар да тіл-көз тимесін деген ниетпен жас баланың да аяғына білезік салады.

АЯҚ ЖҮГІРТУ – күйеу жігіттің аттан түсіп, жаяулатып келгенде қыз жеңгелеріне дәм татқызғаны үшін беретін кәдесі. Ауылға бір шақырымдай қалғанда күйеу баланы қалдырып, ауылға келген атқосшылардан күйеу келгенін естіген қыздың жеңгелері дәм салынған табақпен алдынан шығып күтіп алған. Күйеудің қасына келген әйелдер ас салынған табақты оған үш рет ұсынып, үш рет кері тартып алғаннан соң, тек төртінші ретте дәм татқызған. Ас-түз әкеліп, күтіп алғандарына риза болған күйеу әкелген кәдесін әйелдерге таратып беру рәсімін істейді. Қыздың үйіне келгеннен кейін де қымыз құйып беріп отырған әйел қолын жеңіне тығып алып, жігіт

ыдысты ала бергенде тартып қалады. Осылайша үш рет қайталайды. Үшінші мәрте ұсынғанда ғана ыдысты ұстатады. Бұл үшін де жігіт «аяқ жүгіртер» кәдесін береді.

АЯҚ КӨРІК – ұстаның арнаулы тетікті (педаль) аяқпен басып іске қосатын көрігі. Аяқ көрікке жел беру үшін ұста Д. Шоқпарұлының айтуынша: «дөңгелек маховиктің иінді білігіне жалғасқан педальді басып отырса болғаны. Жұмыс істеу принципі аяқ машинасынікіндей. Маховиктің жетек құры көріктің сыртқы қаңылтырмен қоршалған желдеткіш ебелегін айналдырады. Ебелекті қоршауымен қосып «ұлу» деп атайды».

АЯҚ САЛҒАН КҮҢ – бәйбішесінен бала көрмей жүрген байдан есігінде жүрген қызметші әйелдің бала көтеріп, әлеуметтік статусының өзгеру үрдісін білдіретін ұғым. Бала тапқан күн арнайы рәсімнен кейін аяқ салған күн деген баяғы кемшін атаудан арылады. Яғни байдың басқа әйелдерімен терезесі тең әлеуметтік тұлғаға айналады.

АЯҚ САЛУ – дәстүрлі ортада бір перзентке зар болып жүрген дәулетті адамның есігінде жүрген күнмен көңілдес болуы. Осыған байланысты деректер қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінде сақталған: Сол күнде құлтайының аяқ салған Тезекші таза күннен бір ұл туды (Алпамыс батыр). Мұндай сирек кездесетін көңілместік некелі әйелі ұзақ уақыт бала көтермей жүрген жағдайда кездескен. Бай күннен бала сүйсе, әйелдің күн аты жойылып, әлеуметтік мәртебесі басқа әйелдермен теңестіріледі.

АЯҚБАУ¹ – уықты керегеге бекітіп байлайтын жіптің немесе әшекейленген жіңішке таспаның атауы. Сондай-ақ аяқбау көшкен кезде уықтың «аяқтарын» бір-біріне қосып, буып байлау үшін де қолданылады. Үйдегі уыққа байланған аяқбауға адамның басы тимеу керек. Әйтпесе адамның жолы кесіледі, жамандыққа ұшырайды-мыс.

АЯҚБАУ² – аңға салатын құстың аяғын байлап қоюға арналған жіп. Аяқбауды жұмсақ таспадан немесе матадан өріп жасайды. Кейде ол балақбау деп аталады. Оны құсты қолда ұстап баулап-баптағанда, тұғырға отырғызғанда, алып жүргенде қолданады.

АЯҚБАУ³ – балық аулағанда аудың етек тастарының әрбіреуін бөлек-бөлек байлап бекітуге арналған бау.

АЯҚБАУ⁴ – дінгекті қайыққа мықтап бекітуге қолданылатын арқан; дінгекті байлайтын арқанның төменгі тұсы. Аяқбаумен дұрыстап байламаса, дінгек босап, ары-бері қозғала береді. Мықты болып, орнықты тұруы үшін дінгекті бекітуге бірнеше аяқ бау пайдаланылады.

АЯҚЖАҚСЫ – тоғыздың құрамына кіретін кәделі мал. Қазақта айыпқа, сыйға, қалыңмалға, бәйгеге, балуан күреске және т.б. берілген сыйдың жанды тоғыз, жансыз тоғыз, түйе бастаған тоғыз, жамбы, бие бастаған тоғыз тәрізді тоғыздың бас жақсысына сәйкес аяқжақсы әрқалай болып келеді. Мысалы, тоғыздың басжақсысы күн болса, аяқжақсысы құлынды бие, ал басжақсысы түйе болса, аяқжақсысы қымбат шапан болады. Демек аяқжақсының таңдалуы басжақсыға байланысты болады. Қазақтың неке салтында күйеу жігіт қалыңдықтың ауылына алғашқы рет келгенде аяқжақсы алып келген.

АЯҚЖОЛ – орда есігінің алдына төселетін төсеніштің ұзын түрі. Аяқжолды төрелер мен бай-билердің келін түсіру, қыз ұзату тойларына арнап та жасаған. Келін отауына дейінгі аралыққа, тіпті, одан да ұзақ қашықтыққа торғын-торқа, жібек кездемелерден жасалған. Аяқжол оюлы, кестелі болып келеді.

АЯҚКИІМ – аяққа киетін киімнің жалпы атауы. Аяқкиім түрлері олардың жасалған материалына, тұтынушысының жасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына байланысты жасалады. Аяқкиімнің өңделуі мен әшекейленуі жоғарыда аталған жайттарға байланысты болады. Аяқкиімнің қыстық, жаздық, еркектер мен әйелдерге, балаларға, жұмысқа, салтанатты шараларға, қарттарға, жастарға арналған түрлері болады. Дәстүрлі ортада аяқкиім тігумен тері, қайыс өңдеумен айналысқан маманданған адамдар айналысқан. Олардың атадан балаға беріліп отыратын өзіндік технологиясы, яғни тәсілдер жүйесі болды.

Ертеректе қазақ аяқкиімдері түзу табан етіп тігілді. Сондықтан оң аяқ пен сол аяққа бірдей киіле беретін. Яғни көбінесе қайқы тұмсықты, биік өкшелі болып келетін ескі пішімдегі аяқкиім түрлері оң аяққа, сол аяққа деп жіктелмеді. Оң және сол аяққа бейімдеп, қисық табан етіп тігу ресейлік технологияның әсеріне байланысты пайда болды. Аяқкиім дер өкшелі, өкшесіз болып бөлінеді. Өкшесіз аяқкиімдерге мәсі, пима, жатады. Мәсінің сірісін намаздық кейде күлшін деп атайды. Тіліміздегі өте шыдамды, төзімді адам туралы айтылатын «жаны сірі» деген тұрақты тіркес осыған байланысты қалыптасқан. Сәби үшін өкшесі жоқ, иленген теріден жүні ішіне қаратылып тігілген тері етік қолданылады.

Жүні ішіне қараған, қойдың және аңның иленген терілерінен жүн бетін ішіне, иленген бетін сыртына қаратып, етік сыртынан сиятындай етіп жасалған байпақ тәрізді мұйық (солтүстік қазақтарында ұйық аталады) етік сыртынан жылылыққа киіледі. Оны көбінесе жылқышылар, отардағы малшылар, шанамен жолға шыққан жолаушы жылы аяқкиімінің сыртынан киеді.

Өкшелі аяқкиімдерге саптама етік, мөкі (киіз қонышты саптама), сырма киіз етік тәрізді өкшесі әртүрлі пішінді етіктер жатады. Әйел мен еркектер киюіне ыңғайластырылып тігіледі. Оларды өкшесіне қарай жуан өкше, қазық өкше, биік өкше, жез (тойнақпен қапталған) өкше, шоңқайма, мықшима деген түрлерге де бөледі. Жергілікті тілде жұмыс аяқкиімдерінің бір сұқпай (шәркей), көн шабата (кебіс орнына киетін аяқкиім), қайыс етік (шоқай, шарық), қалың, қатты көннен тігілген шоқай – сірі шоқай, шапаты, шәркей, шәпшөр, шәрке, шепік, мөкі кебіс (кебістің шарық сияқты түрі) секілді жеңіл түрлерінің атаулары кездеседі. Былғарыдан етік киюге шамасы келмейтіндер, әсіресе, жасы үлкендер жазда, қыста сірімен қаптаған киіз байпақпен жүрген. Көн шабата, шабата, көн шарық, көн шоқай жазда киетін жұмыс аяқкиіміне жатады.

Дәстүрлі қазақы ортада аяқкиімдердің мынадай негізгі түрі таралған: етік, кебіс, мәсі, саптама, байпақ, шоқай және т.б. Кебіс пен мәсінің сан алуан ыңғайлы да, әдемі түрлері тігілген. Кебіс көбінесе малдың сауыр терісінен тігіліп, қалыпқа қатырылады.

Аяқкиімге байланысты ырымдар. Қазақ аяқкиімінің табанына қарамайды. Өйткені оның бармайтын жері, баспайтын тауы «қалмағандықтан» былғанышты болады дейді. Оны көрген адамның көзі ұшынады-мыс. Ал аяқкиімінің табанына жазатайым көзі түссе, табанға үш мәрте түкіру керек. Яғни көзім ұшынбасын, аяғым ақсамасын деп ырымдағаны. Аяқкиімді төңкеріп қоймайды. Шешкеннен кейін қатарлап қояды. Төңкеріліп қалса, қайтадан оңдап орналастырады. Бытыратып шашып тастауға да болмайды. Аяқкиім төңкеріліп қалса иесі қайғыға ұшырайды, шашылып жатса жолы кесіледі деп санаған. Аяқкиімді сол аяқтан бастап кимейді. Қазақта басқа кісілерге қаратып аяқкиім шешпейді. Әйелдер аяқкиімді тасаланып киеді немесе шешеді. Иен түзде, жаугершіліктен босып-көшкенде немесе түрлі жағдайларға байланысты түнде ұйықтаған кезде басына жастанатын ештеңе болмаса аяқкиімді жастануға рұқсат етілген. Ол туралы қазақта «етік жолға бастайды, шалбар сорға бастайды» деп етікті жастануға болады дейді. Ал шалбарды жастануға мүлдем тыйым салынады. Аяқ киімнің табанына салынатын ұлтаракты маңдайынан тіліп қояды. Мұны ұлтарактың жолын ашу дейді.

АЯҚКӨПІР – жаяу адам өту үшін үлкен арықтың, өзеннің жіңішке тұсының үстіне көлденең салынған жуан бір не екі ағаш. Аяқкөпір – мал өткізуге арналмаған, тек адам өтетін көпірдің ең қарапайым түрі. Аяқ басуға ыңғайлы болу үшін бетін жонып қояды. Қос бөрене салынатын болса, олардың бетімен бірге, бір-біріне қатарласатын тұстары да балтамен шабылып тегістеліп, ағаштардың жымдасып жатуы көзделеді.

Кейде көпірдің екі басына қолмен ұстап, қорықпай өту үшін жуан арқан керіп, мықты қазықағаштарға бекітіледі.

Бұл көпір еңсіз, жалғызаяқ жол сияқты болғандықтан аяқкөпір деп аталған. Халық тілінде оның паяпыл деген атауы да қолданылады. Аяқкөпірден басқа өзен-сулы жерлерде мал, көлік өтетін ені кең көпірлер де аз болмаған.

АЯҚҚА ЖЕМ ТҮСУ – мініс атында кездесетін, пайдалану ережесі бұзылудан, күтімі дұрыс болмағандықтан, аяғына ыстық-суықтан сарысу жиналу. Аяғына жем түскен ат ақсап, сылтып басып, мініске жарамай қалады. Оны аяғына қан түсу деп те атайды. Аяққа жем түсуді әртүрлі жолдармен емдеген.

АЯҚҚА ЖЫҒЫЛУ – дәстүрлі ортада қалыптасқан моральдық, этикалық қатынасты реттеуде қолданылатын жоралғы, кешірім сұраудың, яғни «кішіреюдің» ең жоғарғы түрі. Дәстүрлі әдет-ғұрыптық құқықта айыпты болған адам жанына беделді адамдарды ертіп, тиісті үйге барып кешірім сұрайды. Кешірім өтіне келген тараптың бас адамы отағасының аяғын құшу ишарасын жасап, басын иеді. Көбінесе, қарсы жақ ондай жағдайға кешірім беретін сыңайлы болса, кешірім сұраған адамды басын тізеге дейін еңкейтпей көтеріп алады да, кешірім беретінін айтады.

Егер іс қиындап кетсе, айыпкер қарсы адамның алдына жығылып, аяғын құшып, жылап кешірім сұрауы мүмкін. Кешірім сұраудың ең шегі – кінәлі адам баскиімін қарсы жақтың кінәласқан адамның аяғына тастайды. Алдыңа

келсе атаңның құнын кеш дегендей мұндайда кешірім етіледі. Аяққа жығылу да жазамен бірдей болып есептеледі. Ел ішінде қыз алып қашып кеткен жігіттің ағайын-туғандары қыз төркініне кешірім сұрай келген кезде, оның әке-шешесі ренжіп, кейде қатты ашуға басса, келгендердің бас көтерер адамы баскиімін алып құданың аяғының астына тастайды. Құда көнбесе жігіт жағынан әкесі бас болып елшілер келіп, құдаларының аяғына жығылады, яғни кешірім өтінеді, бітім сұрайды. Оның аяғы татулыққа ұласады.

АЯҚҚА ҚАН ТҮСУ – қатты болдырған атты терін баспай, суытпай ыстықтай байлау сияқты себептерден болатын аяқтағы ауру түрі. Қазақы тәжірибеге сәйкес шауып келген атты сағат жарым уақыт бойы желге қарсы жетелеп, терін әбден кептіріп, еңтігін басқан соң байлау қажет. Бұл үрдісті кездіру немесе ат аяғын суыту деп атайды. Аяққа қан түсумен аттың аяқтарында мынадай белгі болады: буындары ісініп, қан тамыры одырайып тұрады, салмағын алма-кезек оң, сол аяғына салады. Жүргенде сылтиды. Біраз жер жүріп денесі қызғаннан кейін ұйыған қан тарап аяғының сылтуы басылады. Тұяқтың қыртысын және табанын ұстап көргенде ыстық табы білінеді, әрі ауырсынып тұрады. Аурудың асқынған түрі тобанаяқ деп аталады. Мұндай жағдайда ат аяғынан айырылады. Қазақтың мал емдеу тәжірибесінде аяғына қан түскен атты бауырына дейін келетін ағын суға байлап, күн таластырады, яғни түскі аптап басылғаннан кеш батқанға дейін қояды. Сосын аяғын сорбақта (тұзды қара шай) сіңірген шүберекпен орап тастайды. Соңынан ысқылап, уқалайды. Б.Хинаяттың айтуынша, аттың тобығының екі жағындағы тамыр мен шашаның барлау тамырынан өткір бәкімен шауып едәуір мөлшерде (1-2 шыны кеседей) қан ағызады. Егер артқы аяғына қан түскені белгілі болса, толарсақ басынан төрт елі төмен оны бойлай қиғаш кеткен тамырға қандауырды жарты елідей сұғып, сәл-пәл қан шығарады. Бұл тәсілді толарсақ басын қанату деп атайды. Аяққа қан түсу оңай жазылады.

АЯҚҚАП¹ – көшпелі тұрмыс талаптарына икемделген, киізден шашақтап, әшекейлеп жасалған ыдыс-аяқ сақтауға арналған үй мүлкі. Аяққаптың тері мен былғарыдан жасалған түрін кесеқап деп атайды және ол көбінесе цилиндр пішінді болады. Аяққаптың қамыстан тоқылатын түрі де бар. Аяққапты көбінесе киізден немесе алаша қиығынан жасап, ішін матамен астарлайды, сыртын оюмен, кестемен әшекейлейді. Аяққапты аяқ салатындай лайықтап, үлкенді-кішілі көлемде дөңгелек етіп жасайды, үстіңгі жағында жабылатын қақпағы болады. Кереге басына іліп қою үшін екі бүйіріне ызбалы немесе өрмелі бау тағылады. Аяққапқа салған кесе бірі-біріне соғылып ернеулері сынбас үшін араларына орап салатын арнайы орамалы қоса жүреді. Көшпелі ортада шай ішу үрдісі орнығуына байланысты шыны, кәрлен ыдыстар кең қолданыла бастады. Осыған орай аяққапты әдейілеп әшекейлеп жасау кең орын алған.

Астабақ, оқтау, тақтай сияқты тұрмыстық бұйымдар салуға арналып киізден жасалған аяққаптың түрі ҚР МОМ қорында сақтаулы (КП 924).

Мөлшері 65x50 см. Екі бүйірі мен төменгі жағы екі бөлек киіз кесіндісін беттестіріп дөңгелене жасалған. Сыртқы пошымы дорбаға ұқсас. Өң бетіне, түрлі түсті жіптерден қолкесте тәсілімен геометриялық өрнектер салынған.

Тең ортасында айқас кесте, оны айналдыра ирек құртқаша салынған. Олар өзара сумен ажыратылған. Үш қатар айнала алақұрт жиек бастырылған. Аяққаптың жиегі шілтер тәрізді тоқылып кестеленген шашақтармен көмкерілген. Ауыз тұсының екі жағына ілуге арналған ызылған бау тағылған.

АЯҚҚАП² – сонар, салбурында аяз, суықтан бүркіттің саусақтарын тоңу мен мұздаудан, аңға түскенде жарақаттанудан сақтайтын, аң, мал терісінен тігілген бүркіт жабдығы. Әсіресе тәжірибесіз бүркіт ұшып барып аң ілгенде, қарсылық көрсеткен (көбінесе түлкі, қасқыр) әккі, айлалы аңнан саусақтарын жарақаттаудан қорғайды. Әдетте, ұядан алынған тәжірибесі аз, жас қолбала бүркітке алғашқы жылы аяққап кигізеді.

Аяққапты тысы аязда суға қатпайтын, әрі жылылық сақтайтын бұғының иленген жұқа терісінен (күдері), жарғақтан бүркіттің төрт саусағына шақтап пішіп, жиектерін жіппен торлап, ішкі жағын қалыңдау матамен астарлап тігеді. Оны кейде әр саусаққа жеке – жеке киілетіндей етіп немесе төрт саусаққа біртұтас киіліп, табан бұжырына дейін жауыр тұратындай етіп қолғап пішіндес үлгімен тігеді. Дегенмен, көбінесе саусақтарының ұшынан тұяқ шығып тұратын тесік шығарып, жіңішке бау өткізеді. Аяққаптың алақаны, табан жағы ашық болады. Тұяғын шайнатып немесе суыртып алса оның орнына жезтұяқ кигізеді.

АЯҚҚҰР – киіз үйдің құрылымдық бөлшектерін ұстап тұратын сүйемел таңғыш бау. Екінші жағынан аяққұр үйдің ішкі интерьеріне сән береді, эстетикалық қызмет атқарады. Жіңішке, әрі жұқа етіп жасалған құрдың ерекше сәнді түрі уықтың аяғына қарай тағылатындықтан оны ерекшелеп аяққұр деп атаған.

Аяққұр – киіз үйдің басқұр, таңғыш, уық баулары және т.б. бау-шулар сияқты керегелер мен шаңырақтың беріктігін қамтамасыз етеді, әрі үй ішіне сән беріп тұрады.

АЯҚСЫЗ СЫРҒА – салпыншағы, үзбесі жоқ сырға түрі.

АЯҚТАБАҚ – ас, той сияқты үлкен жиындарда қонақтарға тартылатын ең соңғы сыйтабақ. Кейбір жерде сыйлы табақтардың соңғысы саналатын аяқтабаққа кәріжіліктен бастап, қатын омыртқа, бұғана, бір жауырын салынады.

АЯҚТОҒЫЗ – әдеттік құқықтағы айып төлемінің атауы. Сондай-ақ, ас-жиындарда тартылатын «тоғыздардың» соңғы тоғыздың атауы да. Әдет-ғұрып құқығында ақсақалдар мен билер соты жеңіл деп таныған қылмыс үшін аяқтоғыз айыпқа кескен. Оның мөлшері шамамен 7-8 қойға тең болды. Оны кейбір деректер бойынша қасқа тоғыз деп атаған. Айып үшін бірнеше тоғыз «кессе», әдетте бас тоғыз бен аяқтоғыз анық көрсетілу керек. Үлкен ас-жиындарда белгіленген сый-тарту, бәйгелер бірнеше атқа, балуанға, ақындарға берілетін бәйге немесе «тоғыздың» төменгі шегі, «тоғыз» заттан тұрады және ондағы аяқтоғыздың көлемі бас тоғыздың сипатына байланысты анықталады.

АЯҚТЫ МАЛ – қыста тебіндеп өздігінен жайылатын, алысқа айдауға жарайтын жылқы түлігінің атауы. Сондай-ақ жылқыны айтұяқ (күйіс қайыратын малды ашатұяқ дейді) деп те атайды. Қыста өздігінен тебіндеп

жайылатын қой, ешкі, тәрізді түлік түрлерін де оңтүстік өңірлерде аяқты малға санайды. Басқа өңірлерде аяқты малға жылқыны жатқызады. Аяқты мал туралы М.Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» романында төмендегідей жолдар бар: «Байланған байлауын көп ырғап, көп көпсіте бермейтін Құнанбай сол жерде баратын кісілер жайын, апаратын аяқты мал, жыртқыс жайын, ақша пұл, күміс қазына жайын кесіп-кесіп, өзі айта бастады».

АЯҚТЫ СЫРҒА – бірнеше үлкен салпыншақтары бар сырғаның түрі.

Аяқты сырға салпыншақтарының санына қарай екі аяқ, үш аяқ, төрт аяқ, бес аяқ сырға деп жіктейді. Салпыншағы көп болса, оны қырық буынды сырға дейді.

АЯҚШЫ – үй толы қонақтарға қымыз құйып таратушы. Аяқшы қолға су құю, кеселерін жаңалау, қымыз сапыру, сусын әперу сияқты қызмет атқарады. Әдетте, үлкен жиын-той дастарқанының басына қызмет ету үшін бір-бірден аяқшы ретінде жасөспірімдер мен жас жігіттер белгіленген. Сонымен бірге халық арасында тамақ құюшы, ас тасушы адамды да аяқшы деп атаған.

АЯТ – исі мұсылманның қасиетті кітабы Құран сүрелерін құрайтын әріп, сөз тіркестері, кейде бүтін сөйлемдерден тұратын Алланың сөзі. Араб тілінен аударғанда «белгі», «нышан», «көрініс», «керемет» деген мағыналарды білдіреді. Көптеген дін ғалымдарының пікірінше Құранда 114 сүре, 6236 аят бар делінеді. Бірақ аят сандарына қатысты әр алуан пікір қалыптасқан. Сүрелердің қысқа және ұзын болып екіге жіктелуіне қарай аяттар да солай бөлінеді. Өз алдына жеке бір сөйлем бола алатын аяттар да кездеседі. Бірнеше аят жиналып бір сүрені қалыптастырады. Ғалақ сүресінің «Жаратқан раббыңның атымен оқы!» деген ең бірінші аяты Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) Нұр тауындағы Һира үңгірінде алғаш уәһи етіледі. Аяттардың ішінде ең ұлығы «Аят-үл-Күрси» болып саналады.

Жаратқанның кәламы болып табылатын қасиетті Құран аяттары дәстүрлі ортада барлық мұсылмандарда қалыптасқан ортақ қағида бойынша әуезді үнмен нақышына келтіріліп оқылады. Шарифат бойынша әйел қауымының аятты дауыстап оқуы құпталынбайды. Мола басында, адамы қайтқан отбасында, жұма және айт күндері Құран аяттарын білетін мұсылман баласы аруақтарға арнап аят оқиды.

ӘБДЕСТЕ – жез құманның атауы. Гигиеналық әрі ғұрыптық мәнді ыдыстың түрі. Ұзынша келген мойынды. Ашылып-жабылатын қақпағы күмбез тәрізді, сондай-ақ, мойын тұсынан бүйір тұсына дейінгі аралыққа қазмойын пішінді тұтқа бекітілген. Әбдесте беті-қол жууда, дәрет алуда қолданылады. Кейде сәндік мүлік ретінде де жүреді. Әбдесте, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс өңірлері қазақтары үшін тұрмыстық және ғұрыптық маңызы ерекше болды.

ҚР МОМ қорында (КП 3159) мыс және жезден жасалған әбдестелер сақтаулы. Биіктігі 32 см, қазмойын тәрізді иіліп келген шүмегі 22 см. Шығыңқы бүйірінің диаметрі 15 см. Дөңгелек пішінді жез қаңылтыр түпаяғы әбдестенің түбіне дәнекерленген. Оның диаметрі 12 см, биіктігі 3 см, іші қуыс. Мөлшері 22 см тұтқаға күмбез пішінді қақпақ қоса бекітілген. Әбдестенің аузы

6 см. Қазақ жеріне әбдестелер сауда-саттық арқылы Бұқара, Самарқан, Үндістан, Иран және т.б. елдерінен келген.

ӘБДІРЕ – киім-кешек пен түрлі бұйымдар, тұрмыстық заттарды салып сақтайтын, сырты ою-өрнектермен әшекейленген үлкен сандық түрінің атауы. Кейбір өңірлерде әбдіре аталған бұл бұйымның кең таралған атауы – абдыра.

ӘБЕСТІК – адамның әлеуметтік ортада ерсі көрінетін әрекеті. Әбдестік дәстүрлі этикалық норманы бұзу болып есептеледі. Сондықтан әбдестікке ауыл ортасы ерекше сын көзбен қарады. Әбдестік жасаған адам руластарының табалауына ұшырап отырды. Осындай жаппай табалаудың өзі әбдестік жасаған адам үшін моральдық тұрғыдан әжептеуір жаза болды. Және басқалар үшін де сабаққа айналды. Ауыл адамдары әдетте әбдестікке жол бермеуге тырысты, абайкөздік танытып отырды. Әсіресе, этностың тіршілік циклына байланысты атқарылатын сан алуан ғұрыптар мен жосын-жоралғыларда әбдестікке мейлінше абай болу қатты ескерілді. Мысалы, жаңа түскен келіннің күйеу жұртында ат тергеу дәстүрі барысында өзіне өзі өте абай болуы керек деген сияқты. Қазақы ортада ауылдастар өзара жақын ағайын-туыстық қатынаста болғандықтан, әдетте әбдестікке кешіріммен қараған. Осындайда «бір әбестік болыпты, білместігін кешірейік» дейді. Бұл жайт адамның беделін түсірмейік деген ниетке байланысты болды. Әбдестікке байланысты қолданылатын шараларды қоғамдық қатынастарды реттеудің бір тетігі ретінде қарастыруға болады.

ӘБЖЫЛАН – ертедегі аңыздарда, жырларда кездесетін мифологиялық образ. Ежелгі дәуірде жылан тотем болып саналған. Яғни ғажайып тылсым қасиеттердің иесі. Сондықтан жылан қазақы ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың және наным-сенімдердің негізгі объектілердің бірі болды. Әсіресе, қазақтың фольклорлық дәстүрінде әбжылан жағымды мифопоэтикалық образға айналды. Мысалы, «жылан қабықты жігіт» қиял-ғажайып ертегісінде сәби жылан киімінде туады да, алапат күшке, сиқыршылыққа ие болады. Сондай-ақ, батырдың кереметтігін, әйелдің таңғажайып сұлулығын да әбжыланға теңеген тұрақты теңеулер мен сөз орамдары эпикалық жырларда жиі кездеседі. Мысалы,

Әбжыландай толғанып,
Шұбарға қарғып мінеді
(Алпамыс).

Алтында қамшы қолға алып,
Әбжыландай толғанып,
Бұралып кетіп барады
(Қыз Жібек).

Түркі халықтарының дәстүрлі мифологиялық түсінігінде жылан төменгі әлемнің өкілі болып саналады, ол алтынды қорып күзетеді, темір мен ұсталық кәсіпті жебеуші рух-ие. Ертөстік ертегісінде бас кейіпкер жылан Бапыханның еліне саяхат шегеді, оның қызына үйленеді. Жер астындағы жылан патшалығын Шаһмаранның елі деп те атайды. Арбауда мары-мары жылан деген сөз бар, мұндағы мары парсыша «жылан» деген мағынаны береді. Ал әбжылан «үлкен алып жылан» дегенді аңғартады. Сонымен бірге аңыздар мен

мифтік әңгімелерде жердің белдеуін әбжылан орап тұрады деген түсінік бар. Тотемдік танымның көмескіленуіне байланысты кейінгі замандарда әбжылан «қаскөй күш» ретінде көрінеді.

ӘБЗЕЛ – дәстүрлі тіршілікқамы жүйесінің әрбір саласына байланысты әбзел түрлері болады. Мысалы, киіз үй әбзелі, ат әбзелі, жегін әбзелі, сондай-ақ, қолөнер саласына байланысты зергерлік, ұсталық, ершілік және т.б. әбзелдер деген сияқты. Әбзелдер әдетте, малдан алынатын шикізаттардан, темірден, бағалы металлдан, асыл тастардан және осыған қосымша материалдар ретінде қолданылатын ағаштан жасалады. XIX ғасырда қазақ даласына басқа елдердің әсіресе Ресейдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени әсерінің ерекше күшеюіне байланысты әбзел жасайтын материалдардың құрамы ұлғайды. Осыған орай, зығырдан, кендірден жасалған әбзел түрлері пайда болды. Дегенмен, осындай материалдардан жасалған әбзелдер қазақы ортада үлкен қолданысқа ие болған жоқ. «Жыңғылменен айдама, кендірмен байласаң мал бітер деп ойлама» деген тәмсіл сөз осы жайтқа байланысты айтылған. Әбзелдердің жоғарыда аталған түрлері өз кезегінде қолданысына байланысты іштей жіктеледі. Мысалы, мініс пен жегін әбзелдері ат әбзелі немесе ер-тұрман әбзелі, түйе әбзелі, байлау әбзелі де-ген топтарға бөлінеді.

Әбзелдің қарапайым және алтын, күміспен әшекейленген қымбат та, сәнді түрлері де болады. Байырғы ортадағы әлеуметтік алшақтыққа байланысты малшы, жалшы, қойшылар күнделікті кәсібіне қажетті әбзелдердің қарапайым түрін пайдаланса, бай-бағландар, бек-сұлтандар байлығын, сән-салтанатын көрсету мақсатында әбзелдерін алтынмен аптаған, күміспен күштеген, әртүрлі әшекейлермен безендірген.

Қазақы ортадағы әлеуметтік және тұрмыс қажеттілікке түйе түлігінің мініс, жүк арту, керуен тарту, әсіресе, жегін көлігі ретінде кең қолданылуына байланысты оның әбзелдерінің өзіндік ерекше түрлері болды. Олар әбзелге тән кең таралған материал қайыстан ғана емес, басқа тәсілмен де жасалды. Түйе әбзелдерінің қатарына ауыт, ашамай, белдік, бұйда-мұрындық, сілбі, жазы (жады), жабу, жондық, желдік, кәтеп, қомша, өркештік, шом және т.б. жатады.

Мініс малын айдауға, бас білдіруге, басқаруға қажетті әбзелдер: бұйда-мұрындық – жел бұйдаға жалғастырып байланатын түйенің жетек жібі; сілбі – түйенің мұрыннан өткізілетін жіңішке қайыс немесе қыл әбзел.

ӘБЗЕЛХАНА – әбзелхананың екі түрі болды. Біріншісі, жазда, ерте күзде және көктемде көші-қонда пайдаланатын арнайы киіз үйден жасалған түрі. Екіншісі – қыстаулар мен жатақ ауылда шағын етіп жасалған бастырма түріндегі орынжай. Әбзелхана күнделікті тұрмыста қолданатын әбзелдер мен құрал-саймандарды сақтауға арналған.

Бастырма түрінде жасалған орынжайдың төбесі жабық, есігінен басқа жағындағы қабырғалары бітеу болып келеді. Оның ішіне әбзелдерді ілетін және қоятын арнайы сөре, ілгіш, ашабақан, арса, тұғыр орнатылады.

ӘБЗЕЛШІ – төрт түлік малға қатысты әбзел-жабдықтарды жасаумен айналысатын шебер. Дәстүрлі ортада әбзелші деп көбінесе қайыстан немесе теріден малды айдау, байлау, бекіту, арқандау, жетектеу, ұстауға арналған

құралдар мен жабдықтарды жасаумен айналысатын адамдарды атаған. Ертедегі малшылар өздеріне қажетті әбзелдерді өз қалауынша дайындап алатын болған. Еңбек бөлінісінің жіктелуі және сауда-саттық үрдісінің дамуына байланысты мал шаруашылығына қажетті тұрман, жабдық, құрал, әбзелдерді дайындау, жасау ісімен арнайы шұғылданатын кәсіп иесі – әбзелшілер пайда болды. Әбзелші әбзел жасауға қажетті қайыс, тері, көн, былғары сияқты материалдарды өзі дайындап, терінің түгін жидіту, иге салып өңдеу, оны ұқсату секілді жұмыстарын өзі атқарған. Кейбір материалды арнайы тапсырыс беріп, құрымшы, ишіге жасатып та алатын болған.

ӘБІЛЕТ – жың, сайтан, марту, албасты тәрізді зиянды күш иесі. Мұндай зиянды күш иелері байырғы қазақ қоғамында қара деген жалпы атаумен аталған. Мысалы, әбілет басты, әбілет басқыр дегеннің орнына қара басты, қара басқыр деген қарғыс сөздер қолданыла береді. Байырғы мифологиялық санада әбілет, албасты, марту т.б. сыртқы күш иелері көбіне басты, ұрды, соқты деген әрекеттермен байланысты айтылады.

ӘБІЛХАЯТ – мәңгі өмір дарытатын қасиетті су. Мұндағы әб – су, хаят – өмір деген мағынаны білдіреді. Оны Қызыр пайғамбар тапқан, ол суды ішкендіктен, мәңгі өмір сүреді деген әпсана бар. Осылай кие дарыған Қызыр пайғамбар елсіз шөл далада қиындыққа душар болған жолаушыны желеп-жебеп жүреді. Әсіресе байырғы өлең жырларда Қызыр мен Ілияс аталардың аты қатар аталады. Әдетте Қызыр-Ілияс деп қатар қолданылғанымен, Қызыр құрлықта, Ілияс теңіз сапарында жүрген жолаушыларды қолдап, жебеп жүреді деген сенім бар. Сондай-ақ, ел арасында мынандай әпсана бар: Ескендір патша тірі суды іздейді. Оған перілер көмектесіп, аңсаған арманы орындалады. Патша өмір суын ішпес бұрын ойға кетеді. «Егер мұны ішсем мың жасайды екенмін, болашақта мені не күтіп тұрғаны да бұлдыр, одан да құдайдың өзі берген жасын жасап, өлшеулі күнін кешейін деп бас тартады да, қасиетті су толтырылған торсықты балқарағайдың бұтағына іле салады. Сол торсықты қарға шоқып, тесіп жібереді. Содан қарға мен әлгі балқарағай ағашы мың жасайтын болған екен деседі. Бұл мифтің тағы бір нұсқасында Ескендір патша тірі суды торсыққа құйып әкеле жатып, қарағайдың түбінде демалып жатқанда құзғын шоқып, тесіп жібереді де, киелі су қарағайға, аршаға төгілгендіктен ол ағаштар жап-жасыл болып, мәңгі жасайтын болады. Судың жердегі қалдығын түлкі жалап, жүні ағарғанша, тұмсығы тиіп құзғын да ұзақ жасайтын болғандығы айтылады. Жалпы түркі-моңғол халықтары, соның ішінде қазақтар мәңгі суды Тәңірдің сыйы, адамның жанын мәңгілік жасарту үшін жасалған шипалы су деп ұғады. Мәңгі су ұғымымен мәндес зәмзәм (Меккеде), кәусар (Жұмақта) деп аталатын қасиетті сулар бар.

ӘДЕП – жеке немесе қоғамдық қарым-қатынаста адамдардың мінез-құлық мәдениетіне қойылатын этикалық талаптардың жалпы атауы. Бұл атау халық тілінде әдеп-иба деп те айтылады. Дәстүрлі қазақ қоғамында әдеп атауының мән-мағынасы «жайлыңқы» болып, ізгілік, адамгершілік, ар-ұят тәрізді моральдық-этикалық ұғымдармен астасып жатады.

Әдеп белгілеріне сынық сөз (сөз этикасы), биязы мінез, жылы шырай, сыпайылық сақтау, ізет, құрмет білдіру т.б. қоғамның дәстүрлі тәрбие

жолымен, ал социум мүшелерінің киім-киісі, жүріс-тұрыс мәдениеті дәстүрлі ортаның эстетикалық талғам-талаптарына сәйкес қалыптасып, ұлттық ерекшелік нышандарын айқындап тұрады.

1877 жылы қазақ жерін аралаған белгілі табиғаттаушы, саяхатшы А.Э. Брем (1829-1884) қазақтардың тұрмыстық және отбасылық өмірі туралы мақаласында әдепке байланысты қазақтарға тән ұлттық ерекшеліктерді айқын аңғартқан: «Қазақтар әдепті, өзінен жоғары тұрғандарға құрметпен қараса да жағымпаз емес, ал бағынышты адамдарға менменсіп емес, қалтқысыз әрі кемсінпей қарауға әдеттенген. Ол өзіне қойылған сауалға біраз ойланып барып, анық та дәл жауап қайтарады, ал оның қатқыл дауысы жауабына айрықша маңызбен мән-мағына бергендей. Қазақ жұрттың бәрімен де жайдары қарым-қатынаста болады, бірақ бұл пайда табу емес, қошемет пен ризашылықты сезінуден туып жатады», – дейді [Бұл аударма «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары» деген кітаптан алынды. Ред].

Дөрекілік, бейпіл сөз, ұятты қылық тәрізді теріс мінез-құлық қазақы қоғамда заңмен емес, әдептен аттау, әдептен озу делініп, қоғамдық цензура арқылы қалыптасқан әдеп жолымен реттеліп отырған.

Атап айтарлық бір жайт – қоғам мүшелерінің әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай ұстанатын өз әдеп жолы болған. Мысалы, жасы егде адамдардың сөз әдебі, киім-киісі, жүріс-тұрысы т.б. басқалардан өзгешелеу болған. Сол тәрізді әйел мен ер адамдардың әдеп нормаларындағы айырмашылық гендерлік ерекшелікпен байланысты екені айқын байқалып тұрған. Ерлер қауымынан гөрі әйелдер қауымы әлдеқайда ибалы, сыпайы, ізетті, ұятты болып келуі олардың табиғи қасиеті деп танылған.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде ғұрыптық салтпен байланысты күйеу жігіт әдебі, келін әдебі дейтін аса қатаң талап қойылатын әдеп нормалары болған.

Күйеу жігіт әдебі бойынша қалыңдығының аулына келген күйеу жігіт келісілген қалыңмалдың тиісті бөлігі берілгенше қыз әке-шешесінің, жасы үлкен ағайын-туыстарының көзіне түспеуге тырысады. Қыз жеңгелері мен келіншектерді көргенде күйеу жігіт этикет бойынша оларға бас иіп, қолы жерге жеткенше тәжім ету міндетті түрде орындалуға тиіс императив нормаға айналған.

Келін әдебі қазақы қоғамда көпсубъектілі қатынасқа құрылғандығымен ерекшеленіп тұрады. Ел аузында кең тараған әдеп сөздің бірінде: «Ата, ата сарқыманың арғы жағында, сылдыраманың бергі жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Жаныманы білемеге білеп-білеп, ала келіңіз», – дейді қазақ келіні. Тосын сәттеде Өзембай, Қамысбай, Қойлыбай, Бөрібай, Кездікбай, Қайрақбай деген қайын ата, қайын аға, қайын інілерінің атын атауға болмайтын тыйымдардың бірде-бірін аузына алмай қазақ келіні айтқан бұл сөз эвфемизмнің классикалық үлгісі деп танылады. Бұл жерде қазақ келінінің тапқырлығына тәнті болу өз алдына, мәселе осы арада келіннің когнитивтік санасындағы көпсубъектілі туыстық қатынас жүйесінің эвфемистік қолданыс арқылы объективтенуінде болып отыр.

Келіннің коммуникативтік әдебі бойынша ол күйеуінің әке, шешесінің атын атамауға тиіс, өйткені келіннің қайын атасы мен енесі туыстық жүйеде

ерекше қасиет тұтуға тиіс қарым-қатынас субъектісі ретінде ұғынылады. Сондай-ақ қайын ата қайын ежелердің де келін алдында өзді-өзіне тән әдептерін ұстанады: артық ауыз сөз айтылмайды, эмоциясы тежеулі болады; келінді болған «ененің қолы ұзарғанмен, тілі қысқарады» дейді.

Сонымен бірге келін ізет көрсетіп, құрмет тұтуға тиіс қарым-қатынас субъектілеріне күйеуінің үлкен ағалары жатады. Оларға Биаға, Мырза аға, Жақсы аға тәрізді құрмет нышанын танытатын ат қояды, сәлем салғанда оларға тура қарамай, тізе бүгіп бет-жүзін оң қолының жеңімен көлегейлей сипап ерекше ізет жасайды.

Күйеудің іні-қарындастары келін ізет білдіруге тиіс көпсубъектілі қатынастың ерекше мүшелері болып саналады. Олар атын атамай, этикеттік формула бойынша жағымды нышан байқататын Қызтөре, Кенжеш, Мырзажан т.б. аттар қояды.

Сонымен, әдеп, әдеп-иба социум мүшелерінің қоғамдық санада ұнамды деп танылған мінез-құлық мәдениеті нормаларының стереотипке айналған көрінісі болып саналады. Сондықтан дәстүрлі мәдениетте жұртшылық қабылдаған бұндай әдеп нормалары жеке адам, ата-әулет, ру, қауым деңгейіндегі көпсубъектілік қатынастың реттеуіш тетігі ретінде қызмет атқарған мәдени-тарихи категория деп танылады.

ӘДЕП-ИБА – қазақы дәстүрлі ортада тұрақтанып қалыптасқан моралдық нормалар мен ережелерден туындайтын қауым мүшелерінің мінез-құлқына қойылатын этикалық талап. Ол бағзыдағы адамдардың дүниетанымдық пайымдаулары мен дәстүрлі ортадағы рухани, моральдік құндылықтарынан туындап, тарихи-мәдени даму барысында орныққан қоғам мүшелері арасындағы (түрлі деңгейдегі – жеке адам, ата, ру, қауым, этнос) қатынас нормаларын реттеу қызметін атқарады, яғни, тіршілік қамы мәдениетінде өзіндік реттеуші «тетік» ретінде қарастырылады.

Қазақы түсінікте әдеп-иба сақтау адамның жеке басының моральдік қасиеттерін таныта білуі ғана емес, оның қоғамдағы орнын, абыройы мен беделінің көрінісі. Әсіресе әдептілік, ибалық қасиет қазақ әйелінің, жастардың табиғатына тән, олардың санасында берік қалыптасуы, оның ізгі, яғни, жағымды деп қабылданған дәстүрлі құндылықтарға сай болуы талап етіледі. Қазақ әйелдері үлкеннің алдын кесіп өтпеу, дауыс көтеріп сөйлемей, қайын жұртындағы үлкен, әрі сыйлы адамдардың атын атамау, ат тергеу сияқты әдептілікке қатысты ережелерді қатаң сақтаған.

ӘДЕТ – көшпелі ортадағы адамдардың әлеуметтік тәртібінің негізі болып табылатын тарихи қалыптасқан тұрақты әлеуметтік нормалар мен ұстанымдар. Әдет вертикальды ұрпақаралық-этникалық байланыстар арқылы, яғни әкеден балаға әлеуметтік ортада қалыптасқан сан алуан механизмдер арқылы беріліп отырады. Бұл нормалар мен ұстанымдар көшпелі социумның барлық мүшелеріне ортақ, үйреншікті, әрі дағдылы болғандықтан әлеуметтік қарекетті реттейтін маңызды функция атқарды. Сонымен бірге әдеттің өзі де дәстүрдің ұрпақаралық-этникалық беріліс үдерісінің ең маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. Қалыптасқан жалпыға ортақ әдетті сақтау дәстүрлі социумның қалыпты тіршілігінің негізгі факторларының бірі болды.

Сондықтан көшпелілер әдеттің ежелден орныққан нормалары мен ұстанымдарының бұлжымастығын қамтамасыз етуге айырықша мән берді. Әдетті қалыптастыратын және сақтайтын ең басты этномәдени орта, әрине, отбасы болды. Түптеп келгенде, отбасында атқарылатын сан алуан салттар, ғұрыптар, ырым-тыйымдар, жосын-жоралғылар әдеттің ілкімді нормалары мен принциптерінің қолданысын қамтамасыз ететін механизм болып табылады. Және аталмыш үрдістердің өздерінің де әдеттің нормалары мен ұстанымдарына сәйкестілігі олардың дәстүрлі тәртіппен атқарылуының кепілі болып табылады. Яғни олар өзара себеп-салдарлық байланыста болды. Бұл ретте, әлбетте, отбасы иелерінің – ата-ананың, жақын ағайын-туыстардың, жекжат-жұраттардың, әрісі руластардың кісілік қасиеттері мен әрекеттері маңызды рөл атқарды. Осы ретте шежірелік жосынға негізделген және осы жосынмен реттелетін туыстық-рулық қатынастар жүйесінің ерекше маңызды рөл атқарғандығын айтуға болады. Дәстүрлі ортадағы адамаралық байланыстар – үлкен мен кішінің, әйел мен ер адамның, әйелдер арасындағы және ер адамдардың қарым-қатынасындағы ұстанымдар мен нормалардың әдеттік қалпы бүкіл социумның тіршілігінің бірден бір кепілі болды. Бұл жерде әдеттік қалпы деген сөз тіркесі ата-баба жолының принциптері мен нормаларының қалыпты күйін білдіреді. Сайып келгенде, бүкіл қоғам мүшелері мойындаған әдеттегі нормалар мен ұстанымдар қоғамдық сипатта болды. Ал қоғамдағы әдеттен тыс деп аталатын әрекеттер мен қылықтар әдепсіздік ретінде бағаланды. Осындай әдеттен тыс әрекеттер мен мінез-құлықтардың субъектілері социумның, яғни руластардың қатал сынына ұшырап отырды. Шектен шыққандары болса, тіпті, әдеттік құқықтың принциптері мен нормаларына сәйкес жазаланатын. Демек, әдеттен тыс – жағымсыз мінез-құлықтар мен әрекеттер субъектілік сипатта, яғни жеке адамдарға ғана тән қасиет болды. Жалпы алғанда, әдеттің нормалары мен ұстанымдары қоғамдық қатынастардың институттары, нормалары мен принциптері арқылы қамтамасыз етіліп отырды. Әсіресе, әдеттік құқық пен осы институттың нормалары мен принциптерін жүзеге асыратын механизм – билер соты мен оның шешімдерінің жүзеге асырылу тәсілдері айырықша рөл атқарды.

ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ / ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ ҚҰҚЫҚ / ҚҰҚЫҚ – дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық қатынастың мазмұнын, оның институттарының құрылымдық және функционалдық табиғатын, сондай-ақ осы қатынастың жүзеге асырылу тәртібін (үрдісін) білдіретін категориялар (ұғымдар). Әлбетте олардың кейбіреулерінің қолданыс мәні мен қолданыс аясы бірдей емес.

Терминологиялық мәселе. Дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық мәдениеттің этникалық мәнді институционалдық ерекшелігін көрсету үшін зерттеулерде, көбінесе халық соты, билер соты сияқты процессуалдық механизмді бейнелейтін категориялар ғана қолданылып жүр. Алайда, аталмыш тақырыпқа байланысты әр кезеңде диссертациялық зерттеулер немесе монография және мақала түріндегі ғылыми туындыларда әдет-ғұрыптық құқықтың (әдеттік құқық) іс-тәжірибесінде билер кеңесі / жүгініс / билік / бидің билігі / билік айту / билік жүргізу / төрелік айту / төрелік жүргізу

/ би кесімі / іс кесу сияқты ежелден орныққан төлтума ұғымдардың қолданыла бермейтіндігі аңғарылады (осы ретте, қазақы төлтума ұғымдардың аталмыш әртүрлілігі көшпелі ортадағы сан алуан тәртіп бұзушылық пен қылмыстарды әдет-ғұрыптық құқық жолымен реттеу жосынының (тиісті жазаға немесе айыпқа кесу, шешімді орындау, бітістіру және т.б.) әр деңгейлік құрылымдық сипатына және функционалдық алуандығына тікелей байланысты болғандығын ерекше екшеп айту керек).

Тарихи және семантикалық жіктеме. Аталмыш когнитивтік бірліктерді олардың әрқайсысының генезисі, қолданысының тарихи контекстісі, аясы тұрғысынан эндокогнитивтік (ежелден орныққан өзіндік төлтума) және экзокогнитивтік (сырттан таңылған, сыртқы саяси факторлардың тегеуірінді әсерімен қалыптасқан) категорияларға жіктеу қажет: билер кеңесі, жүгініс, бидің билігі, билік, билік айту, билік жүргізу, төрелік айту, төрелік жүргізу, би кесімі, іс кесу, қақы / құқы – эндокогнитивтік, яғни көшпелі ортада ежелден қолданыста болған төлтума ұғымдар. Ал құқық, әдет-ғұрыптық құқық, әдеттік құқық, билер соты, халық соты сияқты ұғымдар, жоғарыда айтылғандай, сыртқы саяси факторлардың әсерімен орныққан экзокогнитивтік бірліктер болып табылады.

Сонымен бірге аталмыш бірліктерді семантикалық тұрғыдан да төмендегідей топтарға жіктеуге болады:

- құқық;
- әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық;
- билер соты / халық соты;
- билер кеңесі / жүгініс / билік / бидің билігі / билік айту / билік жүргізу / төрелік айту / төрелік жүргізу / би кесімі / іс кесу;
- қақы / құқы.

Осы ретте бірінші топты құрайтын құқық, әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық категорияларының онтологиялық та, эпистемологиялық та (гносеологиялық), логикалық та жағынан әмбебаптық мәнді екендігін ерекше ескерген ләзім. Өйткені аталмыш категориялар дәстүрлі құқықтық қатынасты зерттеу барысында оның жоғарыда аталған эндокогнитивтік және экзокогнитивтік бірліктеріне, сондай-ақ басқа да аспектілеріне байланысты онтологиялық, эпистемологиялық және логикалық негіздемелері функциясын атқарады. Яғни парадигмалық (методологиялық) ұстанымның қажетті өресі мен өрісін һәм бағытын қалыптастырушы, әрі пысықтаушы ең басты категориялық-ұғымдық арқау болып табылады. Сонымен бірге, совет дәуірінде ғылыми айналысқа енгізілген құқық экзокатегориядан басқа әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық синоним категориялары көшпелі ортадағы құқықтық мәдениеттің субъектілік, объектілік, субъект-объектілік һәм институционалдық құрылымын және аталмыш мәдениет нормаларының жүзеге асуының институционалдық механизмін бейнелейді. Екінші топты билер соты / халық соты деп аталатын процессуалдық терминдер құрайды. Алайда, бұлар – экзоұғымдар, яғни, экзокогнитивтік бірліктер (бұл жайында сәл кейінірек айтылады).

Үшінші топқа жататын билер кеңесі / жүгініс / билік / бидің билігі / билік айту / билік жүргізу / төрелік айту / төрелік жүргізу / би кесімі / іс кесу терминдері әдет-ғұрыптық құқықтың саласындағы процессуалдық үрдісті бейнелейтін ұғымдар болып табылады. Семантикалық өрісі жағынан бұлар жеке синонимдік желісті құрайды. Ал, төртінші топқа кіретін қақы / құқы категория-синоним – субъектілердің ғана ерік-жігерін, мүддесін білдіреді. Бұл синонимдік категорияның мәні мен функциясы субъектаралық және объект-объектаралық байланыстар саласында көрінеді. Осы ретте, қақы / құқы көшпелі қауым мүшелерінің мінез-құлқы, қылығы, іс-әрекеттерінің нормалары мен принциптері ретінде моральдық-этикалық мәнді парыз һәм қарыз, сондай-ақ, ұят сияқты соционормативтік этикалық функция атқаратын категориялармен өзара себеп-салдарлық байланыста болатындығын ерекше екшеп айту керек. Өйткені, бұл себеп-салдарлық байланыс жүйесі аталмыш категориялардың әрқайсысының, соның ішінде, қақы / құқының функциясының механизмі іспеттес.

Сонымен, жоғарыда жіктелген ұғымдар дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық мәдениеттің қисыны тұрғысынан өз алдына төрт синонимдік қатарды (немесе желісті) құрайды. Дегенмен, осы синонимдік желістерге жататын ұғымдар мен құқық категориясы мән-мағыналық жағынан өзара байланысты болып келеді. Осы ретте ерекше екшеп айтарлық жайт – бұл байланыс осы ұғымдардың бір-бірінің қолданыс мәні мен қолданыс аясын пысықтайтын әрі дәйектейтін семантикалық функция атқарады. Демек, аталмыш мән-мағыналы байланыс осы ұғымдардың семантикалық бірыңғай өрісін құрайды. Себебі, бұл ұғымдардың бәрінің қолданыс объектілері мен субъектілері ортақ (құқықтық қатынас, осы қатынастың субъектілері мен объектілері, оның нормалары мен принциптері һәм процессуалдық тәртібі (механизмі) және т.с.с.). Сонымен бірге, құқық пен синонимдік желістерді құрайтын ұғымдардың өзара қолданыстық және мағыналық айырмашылықтары да бар: құқық пен әрбір синоним құқықтық қатынас пен оның процессуалдық-нормативтік механизмінің өздеріне «тиесілі» қыр-сырын ғана білдіреді. Мысалы ретінде қақы мен құқы синонимдік ұғымдардың, жоғарыда айтылғандай, көшпелі ортадағы құқықтық қатынастың тек тұлғалық субъектілеріне ғана қатысты қолданылатындығын айтуға болады.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған категориялар мен ұғымдардың әрқайсысының толықмәнді семиотикалық мәртебесі (статусы) тек ол үшін табиғи-тарихи онтологиялық кеңістік болып табылатын тиісті когнитологиялық құрылымның аясында ғана (экзокогнитивтік немесе эндокогнитивтік) көрінеді. Мысалы, бидің билігінің дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан құқықтық ұғым ретіндегі бар мән-мағынасы, қолданыс ерекшелігі, онтологиялық функциясы тек эндокогнитивтік құрылымда, яғни төлтума категория-ұғымдармен өзара себеп-салдарлық байланыс аясында ғана ашылмақ. Өйткені әрбір когнитивтік бірлік өзі кіретін тиісті когнитивтік құрылымдағы (эндокогнитивтік немесе экзокогнитивтік) басқа да бірліктермен өзара мән-мағыналық байланысты болып келеді. Бұл байланыс осы бірліктердің әрқайсысының қолданыс мәнін, ерекшелігін һәм қолданыс

аясын пысықтайтын, әрі дәйектейтін семантикалық функция атқарады. Мысал ретінде, жоғарыда аталған бидің билігі мен билер кеңесі (және жүгініс) ұғымдарының арасындағы өзара себеп-салдарлық байланысты айтуға болады. Егер бидің билігі дәстүрлі қазақы ортада «шектен шықты» деп есептелінген адам жазасының мөлшерін айғақтау және айқындау, тағайындау, әрі орындалу тәртібін, сондай-ақ осы процессуалдық үдерістің басты ұйымдастырушы субъектісі (субъектілері) – бидің (билердің) құқықтық-процессуалдық функциясын ашатын ұғым болса, билер кеңесі осы үдерістің, яғни бидің билігінің ұйымдық формасы немесе ұйымдық болмыс-бітімі екендігін білдіретін ұғым болып табылады. Демек, бұл екі ұғымның арасындағы өзара байланыс – олардың әрқайсысының институционалдық (құқықтық) болмыс-бітімін һәм функциясын дәйектейтін, әрі пысықтайтын байланыс. Бұл байланысты құрылымдық-функционалдық байланыс ретінде қарастырған жөн. Расында да, билер кеңесі (немесе жүгініс) бидің билігінің ұйымдық формасы немесе ұйымдық құрылымы болса (ұйымдық құрылымның сол ұйымға жататын өзара себеп-салдарлық байланыстардың кешені екендігін қаперге саламыз), бидің билігі өз кезегінде билер кеңесінің функциясын білдіретін ұғым болып табылады.

Ал осы екі ұғымның бірі – бидің билігі ұғымы мен ежелгі ұғым билер кеңесінің орнына ХІХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап орыс әкімшілігінің өктемдігімен қолданысқа енгізілген халық соты ұғымының арасындағы жоғарыда айтылған тиісті құрылымдық-функционалдық байланыстың мүлдем болмағандығына көз жеткізу қиын емес. Өйткені бидің билігі көшпелі ортадағы құқықтық қатынастың процессуалдық-нормативтік механизмін білдіретін негізгі төлтума ұғым (сондықтан да эндокогнитивтік құрылымның құрамдас бөлігі), ал халық соты аталмыш құқықтық қатынастың табиғатына кереғар сырттан таңылған ұғым болып табылады (сондықтан да ол экзокогнитивтік құрылымға жатқызылады). Сонымен бірге, осы ұғымдардың әрқайсысы құқықтық қатынас пен оның процессуалдық-нормативтік механизмінің өздеріне «тиесілі» қыр-сырын ғана білдіреді. Мысалы ретінде қақы мен құқы синонимдік ұғымдардың көшпелі ортадағы құқықтық қатынастың тек тұлғалық субъектілеріне ғана қатысты қолданылатындығын айтуға болады.

Құқық және әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық. Жоғарыда аталған ұғымдардың ішінен құқық, әдет-ғұрыптық құқық / әдеттік құқық категориялары, сөз жоқ, өздерінің қолданыстық мәні мен қолданыс аясының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Осы ретте құқық категориясы жөнінде бірер сөз. Біріншіден, бұл термин, біздің анықтауымызша, алғаш рет ХХ ғасырдың басы мен осы ғасырдың 30-жылдары аралығында жарық көрген қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің қоғамдық-саяси публицистикалық еңбектері мен қазақ жазушыларының шығармаларында ең алдымен қазақ жұртының һәм жеке тұлғаның (тұлғалардың) құқықтық міндетін, парызын, мүмкіндігін, еркін білдіретін ұғым ретінде қолданыс тапты (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Т. Шонанов, М. Шоқай, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин және т.б.). Алайда, бұл ұғымның аталмыш мағынада қалыптасуының тарихи контекстісі,

логикасы, семантикалық эволюциясы, сөз жоқ, арнайы когнитологиялық зерделеуді қажет етеді.

Екіншіден, құқық термині отандық тарихи юриспруденция мен ішінара этнография (этнология) ғылымында дәстүрлі қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің болмыс-бітімін білдіретін әрі осы қоғамдағы құқықтық қатынасты және оның институттарының табиғатын зерттеу үшін де сирек те болса қолданылатын категория ретінде орнықты. Бұл тұрғыдан алғанда құқық термині әдет-ғұрыптық құқық немесе әдеттік құқық синонимдерінің ұғымдық эквиваленті болып табылады.

Үшіншіден, бұл термин советтік Қазақстан мен тәуелсіз Қазақстандағы құқықтық жүйелердің құрылымын, функционалдық табиғатын және қоғамдық қатынастың әртүрлі субъектілері үшін мемлекет пен қоғам алдында міндетті болып табылатын заң нормалары мен принциптерін білдіреді. Орайы келгеннен соң айта кету керек, құқықты ұлттық заңнама термині ретінде (оның жоғарыда көрсетілген қолданыстық мәнінде) ХХ ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде ұсынған белгілі қоғам қайраткері Әбдуали Қарағұлов еді. Осыдан кейін бұл термин қазақ тіліндегі заңдық іс-тәжірибеде де, отандық заңтану ғылымында да әрі практикалық мәнді (онтологиялық), әрі зерттеудің эпистемологиялық «құралы» ретінде орнықты. Демек, құқық категориясы әдет-ғұрыптық құқық немесе әдеттік құқыққа қарағанда әмбебаптық мәнді категория болып табылады. Осы жайтқа байланысты құқық категориясы көшпелі қоғамдағы құқықтық мәселелерді зерттеуге жеке дара қолданыла бермейді.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне арналған қазақ тілді зерттеулерде орныққан басты категория – әдет-ғұрыптық құқық немесе әдеттік құқық. Алайда, бұл синонимдер құқық термині сияқты таза ғылыми категория болып табылады. Бұл терминнің ғылыми категория ретінде орнығуы қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетін зерттейтін отандық тарихи юриспруденцияның және этнология (этнография) ғылымының қалыптасуымен және дамуымен тікелей байланысты болды. Алдымен, патшалық Ресей, соңынан Совет одағының қоғамдық ғылымдарының, соның ішінде тарихи заңтану және этнография салаларының тегеуірінді ықпалымен қалыптасқан қазақ тілді зерттеулерде орныққан әдет-ғұрыптық құқық немесе әдеттік құқық синонимдері – орыс тілді ғылыми еңбектердегі «обычное право» ұғымының қазақша баламасы екендігін айтқан жөн. Дегенмен, аталмыш синонимдер қазақ қоғамындағы құқықтық мәдениеттің синкреттік табиғатын дәл білдіретін онтологиялық мәнді категория болып табылады. Оның дәстүрлі құқықтық мәдениетті зерттеу ісіндегі эвристикалық пәрмені мол бірден-бір эпистемологиялық категория ретінде де қолданылатындығы сондықтан.

Билер соты мен халық соты. Бұл ұғымдар да дәстүрлі қазақы орта үшін жасанды, өйткені сырттан таңылған терминдер болды. Сондықтан да көшпелі социумдағы қатынастардың институционалдық құрылымы ретінде ежелден орныққан құқықтық жүйеге, оның процессуалдық-нормативтік механизмінің төлтума табиғатына кереғар терминдер болды десек асырып айтқандық болмайды. Расында да, деректер, соның ішінде сан алуан этнографиялық

мәліметтер билер соты мен халық соты терминдері орыс тіліндегі «суд биев» және «народный судья» немесе «народный суд» атауларының қазақша баламалары ғана екендігін айғақтайды. Яғни, қазақы ортадағы құқықтық қатынас пен олардың институттарының төл табиғатын білдіретін ұғымдар емес. Осы айтылған уәждің ең ілкімді дәлелі ретінде орыс тілінен ауысқан осы екі терминнің әлдеқайда бертін – совет дәуірінде ғана ішінара болса да қазақ тілінде жарық көре бастаған тарихи юриспруденция және нормативтік этнологиялық бағыттағы еңбектерде қажетті эмпирикалық материалдарды зерттейтін категория ретінде қолданыс тапқандығын айтуға болады (өкінішке орай, біраз еңбектерде аталмыш терминдер дәстүрлі қазақы құқықтық жүйенің болмыс-бітімін білдіретін ұғымдар ретінде де пайдаланылып жүр). Бұл түсінікті де: XIX ғасыр – XX ғасырдың 20-жылдары қазақтың өзіндік құқықтық жүйесіне қатысты еңбектердің барлығы дерлік орыс тілінде жазылды. Ал билер соты мен халық соты терминдері дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық іс-тәжірибенің төлтума табиғатын һәм функционалдық ерекшеліктерін, жоғарыда айтылғандай, дәл беруге семантикалық дәрменсіз болғандықтан орныға алмады. Дәйекті мысал ретінде қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының тарихи этнографиясына байланысты қазақ тілінде жазылған әзірше бірден-бір қолжазба дерек – әйгілі Саққұлақ биден қалған мәтінді және 1885 жылы мамыр айында Семей уезіне қарасты Қарамола елдімекенінде қабылданған белгілі Қарамола Ережесінің сол кезде хатқа түскен қазақша нұсқасындағы тиісті мәліметтерді келтіруге болады. Екі мәтінде де билер соты мен халық соты деген атаулар мүлдем кездеспейді. Есесіне, осы ереженің мазмұны (осы құжат қабылданған кезеңде қазақ қоғамының ежелгі құқықтық жүйесінің құрылымы да, функциясы да үлкен өзгеріске ұшырағанына қарамастан) билік, билік айту, бидің билігі, жан беру, күмән ұстау, салауат, береке-бітім сияқты сан алуан құқықтық мәнді ұғымдарға толы.

Осы ретте айта кетер жайт – қазан революциясына дейінгі әртүрлі ресми құжаттар, орыс шенеуніктерінің және зерттеушілерінің сан алуан жазбалары мен еңбектерінде кездесетін «народный судья» термині де қоғамдық іс-тәжірибеде шамамен XIX ғасырдың 80-жылдары басында орныға бастаған сыңайлы. Бірақ, бұл терминнің қазақша баламасы – халық соты термині жоғарыда айтылған жайтқа байланысты қазақы орта мүлдем қабылдамай қойды. Аталмыш Қарамола Ережесінің орысша нұсқасында «народный судья» термині бар болғанымен, оның осы ереженің қазақша мәтінінде ұшыраспауы сондықтан. Дәл осындай дәйектемені аталмыш кезеңде құқықтық мәселеге байланысты жарық көрген қазақ тіліндегі материалдарға, мысалы 1886 жылы 16 тамызда Семей мен Өскемен уездерінде өткен билер съезінде қабылданған Шар Күшік Ережесіне байланысты да айтуға болады. Осы қисынға қатысты ерекше назар аударар гәп – аталмыш Ереженің қазақша мәтінінде де халық соты терминінің орысша түпнұсқасымен «народный судья» деп берілуі айтылған уәждің тағы бір дәйекті дәлелі бола алады.

Дегенмен, билер соты мен халық сотының орысша түпнұсқалары болып табылатын «суд биев» және «народный судья» немесе «народный суд» терминдері тарихта «Сперанскийдің Жарғысы» деген «авторлық» атаумен

белгілі «Сібір қырғыздары [қазақтары] туралы Жарғыдан» бастау алатын XIX ғасыр бойы қазақ өлкесінде әлденеше рет жүргізілген әртүрлі саяси-әкімшілік, әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде түбегейлі өзгеріске ұшыраған қазақ социумының құқықтық жүйесінің, соның ішінде, әсіресе, үкім-кесім шығару үрдісінің жаңа институционалдық болмысы мен бітімін дәл білдіретіндігін ерекше екшеп айтқан жөн. Осы қисын тұрғысынан, «суд биев» және «народный судья» немесе «народный суд» терминдерінің қазақ өлкесін Ресей басқару жүйесінде орнығу үрдісін аталмыш кезеңде Ресей империясының аса тегеуірінді ықпалына түскен дәстүрлі қазақы құқықтық жүйенің құрылымдық және функционалдық өзгерісінің когнитивтік проекциясы ретінде қарастыру қажет. Демек, аталмыш терминдерді ғылыми ізденістің эпистемологиялық категориялары, яғни, когнитивтік құралдары ретінде, жоғарыда айтылғандай, тек Ресей империясы тарапынан күшпен таңылған саяси-әкімшілік факторлардың әсерінен болған дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық жүйесінің өзгерісін зерделеу үшін ғана қолданылуы тиіс. Сонда ғана олардың әрқайсысын қажетті зерттеу объектісінің, нысанының (предмет) танымдық кеңістігі мен уақытын һәм контекстісін дәл айқындайтын әрі зерделейтін зерттеу құралы (тәсіл) ретінде пайдалануға болады. Бұл мәселені мүмкіндігінше егжей-тегжейлі тәпшіштеуіміздің себебі сонда, жоғарыда ішінара айтылғандай, отандық тарихи юриспруденция, әсіресе, нормативтік этнологиялық бағытта жазылған біраз еңбектерде аталмыш терминдер қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесі мен оның институттарының төл болмыс-бітімін дәл білдіретін ұғымдар ретінде жосықсыз қолданылып жүр.

Билік / бидің билігі / билік айту / билік жүргізу. Дәстүрлі қазақ социумінде билік, бидің билігі, билік айту немесе билік жүргізу адамның қылмысын (немесе күнәсін) айқындау, айғақтау, осыған байланысты тиісті жазаға кесу және оның орындалу тәртібі білдіретін әуелден орныққан синонимдік ұғымдар болып табылады. Бұл атаулар көшпелі ортадағы әртүрлі қылмыстық және қоғамдық тәртіп бұзушылықтың субъектілерін тиісінше жазаға кесетін бірден-бір тұлға (тұлғалар) би (билер) мен оның құқықтық функциясына байланысты қалыптасты. Алайда, семантикалық өрісі бір бұл төрт синоним атаулардың қолданыс аясы айтылған жайттан әлдеқайда кең: олардың әрқайсысы, жоғарыда айтылғандай, бидің (билердің) құқықтық мәртебесі мен қызметін ғана емес, дәстүрлі сот пен оның шешімін жүзеге асыру жосынын да білдіреді. Бидің билігі ұғымының тағы бір мағынасы – бидің билік жүргізгені үшін алатын ақысының атауы. Мөлшері кесілген күн немесе айыптың 1/10 бөлігіне тең болды.

Төрелік айту / төрелік жүргізу. Сан алуан тарихи-этнографиялық деректерге қарағанда, бұл атаулардың төрелік айту немесе төрелік жүргізу деген ұғымдық эквиваленттері де қолданыста болған. Осы ретте ескере кетер жайт – қазақ тарихының хан билігі жүрген кезеңінде тақ иесінің Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы болғандықтан, оның билігінің шәк келтірмес әділдігінің әрі хан жарлықтарының қабылдану үрдісін білдіретін ұғым ретінде орнықса керек. Төрелік жүргізу немесе төрелік айту синонимдерінің мән-

мағынасын дәл айқындау үшін ежелгі түркілік жазба материалдарда және осы кезеңге қатысты сан алуан деректердегі тиісті мәліметтердің маңызы ерекше. Осыған орай 1969 жылы жарық көрген «Древнетюркский словарь» атты сөздіктегі төре ұғымына қатысты мәліметтер ерекше ден қойдырады. Онда қазақтың төре сөзінің көне түркілік бірнеше фонетикалық нұсқасы және тиісті мағынасы сипатталған:

а) *törü* сөзі киіз үйдегі ең құрметті орынды, яғни қазақша төр деген ұғымды және заң мен ғұрып дегенді білдіреді (айта кетер жайт – осы сөздікте төр сөзінің фонетикалық және мағыналық жағынан айнақатесіз эквиваленті *tör* сөзі де берілген);

ә) *tügü* сөзінің қарастырылып отырған мәселеге байланысты алғашқы екі мағынасы (бұл термин барлығы төрт мағынада қолданылған) назар аудартады: тәртіп, ереже, заң, ғұрып.

Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының дәурені жүріп тұрған заманда, академик В.В.Бартольд айтпақшы, заң, тәртіп, ғұрып (үйдегі ең құрметті орында да) білдіретін *tügü* ең алдымен көшпелілердің әдет-ғұрып құқығының атауы болды. Кейін аса көрнекті қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин ғылыми жан-жақты негіздеген шыңғысизм (чингизизм) идеологиясы мен әлеуметтік тәжірибесінің қағидаларына сәйкес осы ұғым Орталық Азиядағы ортағасырлық көшпелі ұлыстар мен көшпелі этномәдени ортада орныққан көзқарас бойынша әділдіктің, мәрттіктің, жомарттықтың, тектіліктің символы болған Ұлы қағанның ұрпақтарының сословиелік атауына айналды. Алайда, бұл ұғымды және осы ұғыммен семантикалық тектамырлас төрелік айту немесе төрелік жүргізу синонимдерін тек Шыңғыс хан ұрпақтарының әлеуметтік мәртебесі мен олардың көшпелі ортадағы билік қатынасы жүйесіндегі саяси артықшылығымен ғана байланыстыруға әсте болмас. Сан алуан этнографиялық, этнолингвистикалық және фольклорлық деректерге қарағанда дәстүрлі қазақы ортада төре сөзі әділдік, әділ билік, әділ билік жүргізу, әділ шешім шығару сияқты мағынада да қолданыла берді. Көшпелі тіршілік салтының дәурені жүріп тұрған кезеңде қоғамдағы әртүрлі кикілжіндер мен шиеленіс атаулының әділ шешімін табуды білдіретін, сондай-ақ, осындай жайтқа байланысты күні бүгінге дейін сирек те болса аға буын қазақтар арасында айтылып қалатын төрелігін айту, беделді тұлғаға жүгінгенде айтылатын төрелігін өзің айт дейтін сөз тіркестері жоғарғыдағы уәждің тағы бір дәйекті дәлелі десе де болады. Қазақ социуміндегі ханның ерекше мәртебесі мен билігін айғақтайтын, сондықтан да дәстүрлі қазақы орта айырықша қастер тұтқан төрелік айту / төрелік жүргізу атау-синонимдері кейін хандық биліктің әлсіреуі мен жойылуына байланысты бірте-бірте билердің құқықтық мәртебесі мен құқықтық функциясын, сондай-ақ, билік айту және осы жосынның нәтижесін білдіретін ұғымға ұласқан сыңайлы (әлбетте, бұл ұғымның аталмыш семантикалық эволюциясы – арнайы когнитологиялық зерттеудің еншісі – Н.Ә.).

Би кесімі / іс кесу. Сонымен бірге тарихи-этнографиялық деректерде би кесімі және іс кесу деген терминдер арақідік болса да кездесіп қалады. Бұлардың мағынасы мен қолданыс аясы билік, бидің билігі, билік айту, билік

жүргізу, төрелік айту, төрелік жүргізу терминдерімен бірдей. Демек, соңғыларымен бірге бірыңғай синонимдік желісті құрайды.

Қақы / құқы. Қарастырылып отырған ұғымдардың ішінде тағы бір ерекше ден қойдыратын сөздер, сөз жоқ, синонимдер болып табылатын қақы және құқы терминдері. Осы синонимдердің дәстүрлі қазақы ортадағы әуелгі төл мағынасы адамның парызы, кісілік міндеті, кісілік қарызы дегенді білдірсе керек. Яғни, көшпелі қоғамдық қатынастар жүйесіндегі тұлғалық субьектаралық байланыста іргелі моральдық-этикалық принцип (әрі норма) ретінде реттеуші және үйлестіруші функция атқарды. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – осы ұғым-норма (әрі принцип) субьектаралық қатынас жүйесіндегі белсенді субьектінің (субьектілердің) «қабылдаушы», яғни пассив субьектіге (субьектілерге) байланысты қақысы есебінде жүзеге асырылып отырды. Себебі қақы / құқы бұл тұста әлгі пассив субьектіні (субьектілерді) белсенді субьектіге (субьектілерге) қатысты парызын «ата-баба жолының» ежелден орныққан ұстанымдары мен қағидаларына сәйкес орындауға міндеттейді. Мысал ретінде дәстүрлі қазақы ортада қадым заманнан бұлжымас қағида ретінде жасап келе жатқан кез келген жолаушыны қонақ ретінде күтіп, тиісті сый-сияпатты көрсету үрдісін айтуға болады. Яғни жолаушы дәстүр бойынша «құдайы қонақ» ретінде өзінің «бөлінбеген еншісін» алуға қақылы. Бұл тұста жолаушының «құдайы қонақ» (немесе «қырықтың бірі Қыдыр») мәртебесі оның «қонақтық» қақысының орындалуының көшпелілер үшін әлеуметтік-психологиялық әсері ерекше әлеуетті символикалық тәсілі болып табылады. Демек, қақы / құқы (және осы құралыптас басқа да дәстүрлі когнитивтік түзілістер) көшпелі ортада императивті, әрі нормативті, бірақ этикалық мәні үстем функция атқарып отырды. Кейін дәстүрлі қазақ қоғамына орыстың саяси-әкімшілік, идеологиялық, құқықтық және экономикалық әсерінің, әсіресе, ХІХ ғасырдың соңғы он жылдығынан бастап айырықша күшеюіне байланысты аталмыш синонимдер енді мүмкіндік, еріктілік, міндеттілік, жауапкершілік деген сияқты императивтік қауқары басым құқықтық мәнге ие болды.

Аталмыш мәселе аясында тағы бір назар аударарлық гәп – ХІХ ғасырдың аяқ шеніне дейінгі фольклорлық мәтіндердің мазмұны және әр түрлі этнографиялық мәліметтер қақы ұғымының құқы сөзіне қарағанда әлдеқайда басым қолданыста болғандығын айғақтайды. Осы уәждің дәйекті дәлелдерінің бірі ретінде паремологиялық формулалар болып табылатын «кісі қақысы», «көрші қақысы» деп келетін осындай және қақы ұғымына қатысты басқа да белгілі сөз тіркестерін айтуға болады. Егер кез келген паремологиялық сөз орамы өзінің лексикалық, грамматикалық, синтаксистік, морфологиялық әлбетте семасологиялық сияқты іргелі параметрлері тұрғысынан этностың сан ғасырлық тәжірибесінің сұрыптауынан өтіп барып қана қалыптасатындығын ескерсек, онда осы ретте негізгі семантикалық өріс құрайтын қақы сөзінің фонетикалық бітімінің қазақы ортада ежелден орныққандығын бажайлау қиын емес (өйткені, кез келген пареманың (тұрақты сөз тіркесі) өзі де, оның құрамындағы семантикалық өрістің негізі болып табылатын сөз де (сөздер де) вербальдық байланыс жүйесінің ұрпақаралық этникалық информацияны

қабылдаушы, тіркеуші әрі таратушы механизмінің когнитивтік тетіктерінің бірі болып табылады).

Дәстүрлі қазақы ортада қақы сөзінің қолданыс аясын, семантикалық өрісін айқындайтын әрі айғақтайтын төмендегідей паремологиялық сөз орамдары (жоғарыда келтірілген екі пареманы қосып алғанда) кездеседі:

- көрші қақысы;
- кісі қақысы;
- мүсәпірдің қақысы.
- қазақтың төреде қақысы бар;
- қазақтың қазақта қақысы бар.

Белгілі лексиколог ғалым, профессор Нұргелді Уәли аталмыш сөз тіркестерінің төмендегідей нұсқаларын ұсынады:

- көршінің көршіде қақысы бар;
- қазақтың төреде қақысы бар;
- қазақтың қазақта қақысы бар;
- мұсылманның мұсылманда қақысы бар.

Бірінші сөз орамдары мен Нұргелді Уәли нұсқаларындағы тиісті параллелдердің арасында ешқандай мағыналық айырмашылық жоқ. Айырмашылық жоғарыда және кейінгі келтірілген сөз орамдарының құрамын өзара салыстырғанда ғана айқындалады. Біріншісінде Нұргелді Уәли нұсқаларында кездеспейтін кісі қақысы және мүсәпірдің қақысы деген формулдық тіркестер бар. Ал соңғы Нұргелді Уәли нұсқаларындағы мұсылманның мұсылманда қақысы бар деген сөз орамы, біздің ойымызша, біріншісінде де, екіншісінде де берілген қазақтың қазақта қақысы бар деп келетін тіркестің «исламдық» түрленген нұсқасы ғана. Мұндай семантикалық түрленуді қазақ даласындағы исламдық фактордың әсерімен түсіндіруге болады. Рас, мұсылман ұғымының қазақ сөзіне қарағанда тарихи-мәдени-этникалық «географиясы» һәм қолданыс аясы кең болып көрінеді. Бірақ, осы ретте қазақы ортада ислам әсерінің күшейген заманында мұсылман ұғымы қазақ ұғымының, керісінше қазақ ұғымы мұсылман ұғымының орнына қолданыла бергендігін ерекше ескерген ләзім. Алайда, бұл гәпті қазақтың этникалық болмыс-бітімінің исламдануы деп қабылдауға болмайды. Өйткені, дәстүрлі қазақы ортадағы бірнеше деңгейден тұратын жалпыэтникалық айғақтылық (ethnic of identity – идентичность) бүкіл этностың әлеуметтік энергиясының негізгі көздерінің (әрі арқауларының) бірі һәм оны жұмылдыратын қуатты институционалдық механизм – туыстық қатынасқа негізделді. Ал бұл қатынас қазақтың бөтен жұрттардан этномәдени «оқшаулығын» қамтамасыз еткен басты механизм болды. Сан алуан этнографиялық және тарихи деректер ислам факторы қазақ қоғамының дәстүрлі болмысы мен бітімін өзгерте алмағандығын айғақтайды. Керісінше, исламның ілкімді нормалары мен принциптерінің өздері дәстүрлі қазақы ортаның сан ғасырдан жалғасып келе жатқан талғамына икемделгені соншалықты, олар этностену үрдісіне ұшырап (бөтен этникалық элементтердің жаңа ортада этностену принципі бойынша), көшпелі социумдағы әлеуметтік қатынас жүйесінің құрамдас элементтеріне айналып

кетті. Енді мұсылманшылық көшпелілердің тағы бір моральдық-этикалық қадыр-қасиеті ретінде дәстүрлі қазақ қоғамының идеологиялық тұғыры әрі негіздемесі болып табылатын «ата-баба жолының» да тегеуірінді бір нормасына (принципіне) айналды. Осындай жаңа ұстанымға сәйкес «ата-бабажолынан» таймаған қазақ баласы нағыз мұсылман санатында болды, керісінше, мұсылман қазақ «ата-баба жолын» берік ұстанған нағыз қазақ болып есептелінді. Айтылған қисын тұрғысынан «мұсылманның мұсылманда қақысы бар» деген тіркестегі мұсылман сөзін исламның әсеріне ұшыраған дәстүрлі қазақы ортаның қазақ деп қабылдағандығын парықтау әсте қиындық туғызбайды. Өйткені, қазақтың мұсылманшылығы көшпелі ортаның сан ғасырлық тіршілікқамы тәжірибесінің талап-талғамына бейімделген, сіңісті болған қазақыланған ұстаным еді. Бұл жайтты жоғарыда ішінара айтылған бөтен жұрттардан енген әртүрлі мәдени-рухани құбылыстар мен материалдық элементтердің қабылдаушы этномәдени ортадағы этностену үрдісімен (механизмімен, принципімен) түсіндіруге болады. Ал, этностену үрдісі, түптеп келгенде, сырттан енген бөтен этномәдени құбылыстар мен элемент атаулыны жаңа этникалық ортаның өз талғамына сәйкес бейімдеуі ғана емес, әлгі қабылдаушы этностың өзінің де айналасындағы сан алуан сыртқы әсерлерге де (саяси, мәдени, экономикалық және т.б.) бейімделуін білдіреді. Демек, мұсылман конфессиялық атауы мен қазақ этнонимінің өзара мағыналық эквивалентті ұғымдарға айналуын көшпелі ортаның сырттан келген исламдық тегеуірінді жосындарды әрі бейімдеу әрі оларға бейімделу стратегиясының бір қыры ретінде бағамдаған ләзім.

Енді қақы ұғымының қолданыстық мән-мағынасы жөнінде. Ең алдымен қақының жоғарыда айтылғандай тек тұлғалық субъектаралық байланыс жүйесінде ғана моральдық-этикалық норма (принцип) ретінде функция атқарғандығын, бұл принцип әлдебір себептермен бұзылған жағдайда ғана құқықтық мәнге ие болатындығын ерекше екшеп айту қажет. Осы ретте айырықша ескерер жайт – қақы, қазақы пайым бойынша, қоғам (ең алдымен ру-қауым) мүшелерінің бір-бірінің алдындағы моральдық-этикалық мәнді кісілік қарызын, кісілік борышын, кісілік парызын, осылардан туындайтын кісілік міндеті мен кісілік жауапкершілігін білдіреді (бұл жерде кісілік сөзінің әрбір тіркесте қайталануын оның тұлғалық-субъектілік, яғни адам деген мағынасында емес, көшпелі ортада орныққан кісілік концепциясына сәйкес ең алдымен адамгершілік қадір-қасиет атаулыны білдіретін іргелі этикалық категория болып табылатындығымен түсіндіруге болады). Қақының әлгіндей принциптерін ұстану әрбір көшпелі жан үшін шәк келтірмес тіршілік қағидасы болды. Өйткені бұл принциптер түптеп келгенде «ата-баба жолының» басты өсиетіне сәйкес қазақы орта қатаң ұстанған туыстардың арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін принциптер еді. Өз кезегінде қақының әлгіндегі принциптерін исі қазақтың бек ұстануының түпкі мақсаты туыстық-рулық қатынастың ілкімді нормалары мен принциптерін сақтау және дәріптеу болды. Ал шежірелік жосынмен әрі тарихнамалық әрі идеологиялық негізделген туыстық-рулық қатынастың нормалары мен қағидалары көшпелі ортадағы тіршіліктің институционалдық алғышарты, мәйегі және механизмі

функциясын атқарды. Егер, туыстық-рулық қатынастың ұйымдастырушы, үйлестіруші, реттеуші функциялары ең алдымен жеті аталық экзогамиялық құрылым – ру-қауым, яғни социум ауқымында ғана жүзеге асырылатындығын ескерсек, онда осы ру-қауымның қақы нормасының (принципінің) негізгі институционалдық (функционалдық) кеңістігі болғандығына көз жеткізу қиын емес. Көшпелі ортадағы адамдардың бір-біріне деген жоғарыда аталған бес қақысы ең алдымен ру-қауым мүшелерінің бір-бірінің алдындағы моральдық-этикалық қарызын, борышын, парызын һәм міндеті мен жауапкершілігін білдіретіндігі сондықтан.

Қақының міндетті түрде орындалу императив-парадигмасы бойынша қақылық байланысқа түскен субъектілердің әлеуметтік болмыс-бітіміне және институционалдық мәртебесіне қарай осы ұстанымның (категория, принцип, қағида) атқарылу жосыны мен механизмінің өзіндік ерекшеліктері болды.

Көрші қақысы. Дәстүрлі қазақы ортада көршінің а) іргелес көрші немесе жақын көрші; ә) арасында екі-үш үй аралайтын сыбай көрші деген түрлері болды. Сондай-ақ, бүкіл ауыл адамдары әуелден орныққан дәстүр бойынша көрші-қолаң болып есептелінді. Демек, көрші қақысы қағидасы ауылдағы «от басы ошақ қасы» иелерінің бәріне жүрді. Ал көрші ауыл деген ұғым, атынан көрініп тұрғандай, іргелес қоныстанған ауылдардың бәріне қатысты қолданылды. Мұндай іргелес қоныс тепкен ауылдардың ара қашықтығы әдетте әрбір ауылдағы малдың түрлері мен санына қарай анықталатын жайылымдардың көлеміне қарай қалыптасты. Ал жайылымдардың көлемі жылдың төрт мезгілінде әрқалай болғандықтан іргелес көрші ауылдардың да ара қашықтығының мезгілдік мөлшері болды. Мысалы, қыс мезгілінде арасы 5-10 шақырым, далалық өңірлерде тіпті бұдан да үлкен қашықтықта орналасқан он шақты ауылдар (орыс отаршылығына дейінгі кезеңде 20-30 ауыл шамасында) жаздың көгі көтерілген сәтте бірігіп үлкен ауылға айналып отырды. Алайда, аталмыш мезгілдік ерекшеліктерге қарамастан ауыл ішінде және ауыл арасында қақының «нормативтік» қолданысы жоғарыда аталған іргелес (жақын) көрші, сыбай көрші және көрші ауыл сияқты ежелден орныққан жіктеуге негізделді. Дәстүрлі қазақы ортада көршілер, әсіресе, іргелес көршілер мен сыбай көршілер бір-бірін «құдай қосқан көрші» деп топырақты өлім, торқалы той кезіндегі жосын-жоралғыларды және мерекелік шараларды бірлесе атқарысты. Ауылдастар, тіпті іргелес ауылдағылар міндетті түрде рулас, көп жағдайда жақын аталас туыс болып келетіндіктен көрші қақысының атқарылуы туыстық-рулық байланыстың категориялары мен принциптеріне негізделінді (мысалы, ауылдағы немесе көрші ауылдағы үлкен үйдің жолы, көрші үйдің отағасының жолы, оның бәйбішесінің жолы, одан бөлек шыққан балаларының әрқайсысының жасына қарай анықталатын жолы, әр келіннің жолы, қызының (қыздарының) жолы деген сияқты). Сондай-ақ, кез келген ауыл адамының өз басы немесе отбасы кешкен қиын-қыстау сәттерде оған жылу, немеурін, қызыл көтеру, асар ұйымдастыру сияқты ғұрыптық және шаруашылық-тұрмыстық мәнді көп болып көмек көрсету көрші қақысы қағидасы жүктейтін кез келген көршінің әрі кісілік борышы, әрі кісілік парызы, әрі кісілік міндеті, әрі кісілік жауапкершілігі болып саналды.

Айтылғандардан шығатын қорытынды: көрші қақысы қағидасының түпкі мәні ауыл ішіндегі және іргелес ауыл тұрғындары арасындағы көп болып атқарылатын әртүрлі салттар, ғұрыптар, жосын- жоралғылар және сан алуан институттар арқылы социумдегі «ата-баба жолының» ілкімді нормалары мен принциптерінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге саяды. Сонымен бірге, аталмыш жосындардың ауыл ішінде немесе іргелес ауылдар арасында «ата-баба жолының» ежелден жалғасып келе жатқан талабына сай атқарылуы көрші қақысы қағидасының орындалуының ең басты кепілі болды.

Кісі қақысы. Жоғарыда ішінара айтылғандай, көшпелілердің кісілік концепциясы бойынша кісі ұғымы, ең алдымен, жағымды қасиеттерімен ерекшеленетін, ел арасында өзгелерге жасаған жақсылығымен һәм өнегелі ісімен бедел жинаған жанға қатысты қолданылды. Ондай адамды кісілігі мол, кісі ғой, нағыз кісі, тіпті, кісі адам немесе кісілігі бар адам деп бағалап айырықша құрмет тұтты. Яғни, кісі – адамға тән ізгі қасиеттермен дараланатын және тағылымды атымтай жомарт істерімен көрінетін белсенді субъект. Осы тұрғыдан алғанда кісі ұғымы жақсы адам мағынасында қолданылды (және қазір де қолданылып жүр). Ал кісілік – көшпелі ортада адамның бойындағы адалдық, мәрттік, іскерлік сияқты қасиеттер кіретін «ата-баба жолын» берік ұстанған қазақшылық болмыс-бітімді де, осындай қадір-қасиеттердің кісінің іс-әрекетіндегі көрінісін де білдіретін этикалық мәнді категория (өйткені, дәстүрлі кісілік концепциясы бойынша ата-баба жолына берік жандарға ғана мәрттік, адалдық, іскерлік, атымтайжомарттық сынды ізгіліктер тән).

Алайда, дәстүрлі қазақы пайым бойынша кісі – ең алдымен қазақ баласына қатысты ғана қолданылатын ұғым. Мұндай түсінік шежірелік жосынмен үйлестірілген бірнеше деңгейлік туыстық қатынас жүйесінің (бірата → жетіата → ру-тайпа → жүз → ел-этнос) идеологиясы мен концепциясына сәйкес теката Алаштан (кейбір шежірелік нұсқалар бойынша – қазақ) тарайтын «керегесі ағаш, ұраны Алаш» балаларының бәрі – бір атаның ұрпақтары болғандықтан қазақтар. Сонымен бірге, қазақ баласы тыныс-тіршілігінің бірден-бір алғышарты әрі кепілі – осы туыстық қатынас мамыражай тоқ тіршіліктің, яғни, көшпелі өмір салтының себебі де, салдары да болып табылатын «ата-баба жолын» берік ұстанғанда ғана баянды болмақ. Ал «ата-баба жолынан» таймай, өзге туыстарды да (қазақтарды да) адастырмай осы қақ жолымен жүру – шынайы кісілік болып табылатын қазақшылықтың нағыз өзі. Демек, қазақшылық жолы – «ата-баба жолы» – кісілік жолы.

Жоғарыда айтылған кісілік концепциясының басты қағидасы бойынша шынайы кісілік болып табылатын туыстыққа берік болу, түптеп келгенде, дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың ең алдымен, «ата-баба жолы» өсиеттеген моралдық-этикалық мәнді нормалары мен принциптерін қатаң ұстануды білдіреді. Яғни, шынайы қазақшылықтың (сондықтан да кісіліктің) ілкімді қағидаларын. Сонда, қазақшылыққа берік болу кісілік жолды ұстану, керісінше кісілікті ұстану қазақшылықты ұстану болып табылады. Қазақтың қазақшылық қадір-қасиетін айғақтайтын кісілігі осында,

– дегенге саяды шежірелік тарихнамамен және идеологиямен негізделген әрі «ата-баба жолының» сан ғасырлық ұлы тәжірибесімен дәйектелінген кісілік концепциясының түпкі мәні. Демек, кісі қақысы қағидасы жоғарыда аталған кісілік (немесе қазақшылық) ұстанымға сәйкес дәстүрлі қазақы ортада адамдардың тіршіліктегі бір-бірінің алдындағы кісілік парызын, кісілік қарызын, кісілік міндетін һәм кісілік жауапкершілігін өтеуді жүктейтін іргелі этикалық принцип болып табылады.

Мүсәпірдің қақысы. Көшпелі ортада ең алдымен ауыл ішіндегі тұрмысы төмен жандарға көп болып материалдық (мал-мүлік) көмек көрсетуді және әртүрлі қолғабыс жасап отыруды білдіретін іргелі ұстанымдардың бірі. Осы ретте ең алдымен деп пысықтап отырудың себебі – мүсәпір жанның аталмыш қақысынан басқа дәстүр бойынша ауылда көрші, одан тыс жерде кісі және қазақ ретінде де қақылары болды. Сондай-ақ, мүсәпір жан жолаушылағанда жол-жөнекей қоныстанған үй иесінен құдайы қонақ ретінде тиесілі бөлінбеген еншіге – сый-сияпатқа қақысы жүрді.

Қазақтың төреде қақысы бар. Ең алдымен осы қағиданың қисынының бөлектеу көрінетін мән-мағынасы жөнінде бірер сөз. Бұл гәптің парқын бажайлау үшін ең алдымен төре деген жалпы сословиелік атаумен беріліп отырған көшпелі ортадағы жоғарғы саяси билік субъектілерінің – хандармен сұлтандардың басқару объектісі жеке тұлға емес, жоғарыда аталған жеті аталық экзогамиялық құрылым – ру-қауымдар болғандығын ерекше ескерген ләзім. Өйткені, көшпелі тіршілік атаулының табиғи субстанциясы – жерге байланысты меншік қатынасының бірден-бір корпоративтік (институционалдық) субъектісі, түптеп келгенде, осы ру-қауым болды. Ал жетіаталық ру-қауым көшпелі ортадағы материалдық және рухани игілік атаулыны өндіретін бірден-бір субъектілер – «бірата» деп аталатын патронимиялық құрылымдардан тұрды (патронимиялық құрылымға екі-үш ұрпақ ауқымында үш-төрт отбасы «бір атаның баласы» принципі бойынша ұйымдасты. Бұл құрылымның «бірата», кейбір өңірлерде «ата балалары» аталуы сондықтан. Этнология ғылымында мұндай құрылымды «үлкен отбасы» («большая семья») деп атау қалыптасқан). Сонда жетіаталық бірлестік-социумға ұйымдасқан бірталалардың арасындағы сан салалы және сан деңгейлі байланыстары, түптеп келгенде, осы ру-қауымның институционалдық, әлеуметтік, экономикалық құрылымы (немесе жүйесі) болып шығады. Өз кезегінде бұл байланыс-қатынастар көшпелі ортадағы тіршілікті ұйымдастыратын да, реттейтін де негізгі қоғамдық механизм ретінде функция атқарды. Демек, жетіаталық құрылым-социум осы байланыс қатынастардың ең негізгі ұйымдық (институционалдық) формасы болып табылады. Жетіаталық жүйенің, жоғарыда айтылғандай, көшпелі ортадағы адам тұтынысына қажетті игіліктердің бірден-бір өндірушілері – бірталалардың және олардың мүшелері адамдар тіршілігінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани, институционалдық, тіпті экологиялық та кеңістігі болғандығы сондықтан. Осы қысқаша болса да айтылған қисын жетіаталық ру-қауымның социумдық болмыс-бітімін айғақтайды.

Шынтуайтында, руаралық, ру-тайпааралық, жүзаралық қатынас атаулы ең алдымен осы жетіатаның, яғни ру-қауымның мүшелері болып табылатын ырыс ұстағандар мен игі жақсылар деп аталатын билер, ақсақалдар, рубасылар, батырлар кіретін билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі, бидің билігі, тіпті, хан кеңесі сынды институттар арқылы үйлестіріліп және реттелініп отырылды (кез келген көшпелі ең алдымен жетіаталық құрылымның мүшесі болғандығын қаперге саламыз). Бұл жайт жетіаталық құрылым-социумның көшпелі ортада айырықша үйлестіруші рөл атқарғандығын айғақтаса керек. Аталмыш руаралық, ру-тайпааралық, жүзаралық сынды сан деңгейлі және сан салалы институционалдық қатынастар жүйесіндегі жетіатаның осындай негізгі ұйымдастырушылық миссиясын оның көшпелілердің тіршілік кеңістігіндегі жоғарыда ішінара сипатталған жасампаз субъектілік функциясымен, яғни экономикалық және институционалдық дербестілігі һәм қауқарлылығымен түсіндіруге болады. Осы қисыннан хандар мен сұлтандардың ең алдымен жетіаталық ру-қауымдар арқылы жоғарыда аталған институционалдық қатынастар жүйесін үйлестіріп және реттеп отырғандығын бажайлауға болады. Бұл жайт хандар мен сұлтандар билігі объектісінің ең бастысы жетіаталық ру-қауым болғандығын айғақтайды. Осыған орай, сөз болып отырған «қазақтың төреде қақысы бар» деген тіркестегі қазақ жеке тұлға емес, әрбір көшпелі қазақтың жоғарыда айтылғандай ең басты және бірден-бір тіршілік кеңістігі болып табылатын жетіаталық ру-қауымның «тұлғаландырылған» метафоралық образы деуге болады. Демек, аталмыш сөз тіркесінің мәні төренің рулардың алдындағы моральдық-этикалық парызың қарызы, борышы, міндеті, жауапкершілігі дегенді білдірсе керек.

Қазақтың қазақта қақысы бар. Бұл тіркестің мағынасы қақының басқа субъектаралық байланыстағы қолданысы мен жүзеге асырылу жосындарымен салыстырғанда неғұрлым жалпы мәнді болып келеді. Өйткені, осы тіркестегі қазақ сөзі қақы ұғымының қолданыс субъектілерінің болмыс-бітіміне қарай көршіні немесе кісіні немесе төрені немесе мүсәпірді білдіруі мүмкін. Шынтуайтында, «қазақтың қазақта қақысы бар» қағидасы жоғарыда аталған «көрші қақысы», «кісі қақысы», «мүсәпірдің қақысы» және «қазақтың төреде қақысы бар» атты ұстанымдардың әрқайсысы арқылы жүзеге асырылды. Бұл тіркестегі қазақ ұғымын аталмыш қағида-ұстанымдардың әрқайсысының шежірелік жосынының «қарға тамырлы қазақ» парадигмасына сәйкес «этноцентристік» негіздемесі ретінде қарастыруға болатындай.

Сонымен жоғарыда қысқаша болса да айтылған сипаттамалардан қақының аталмыш қағидаларының дәстүрлі қоғамдық қатынастың барлық деңгейлері мен салаларындағы субъектаралық байланыс жүйесін жұмылдырушы, ұйымдастырушы, үйлестіруші функция атқарғандығын парықтауға болады. Осы субъектаралық байланыстың қоғамдық қатынастың құрылымдық және функционалдық үйлесімділігін қамтамасыз еткен ең басты механизм екендігін ескерсек аталмыш қақы қағидаларының қазақ социуміндегі институционалдық рөлінің айырықша болғандығына көз жеткізу қиын емес. Расында да, жоғарыда айтылған қисындардың өзі-ақ қақы

қағидаларының көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың этикалық және ғұрыптық мәнді дағдылы нормалары мен принциптерінің әр көшпелі жан үшін міндетті екендігінің әрі императивтік-идеологиялық негіздемесі әрі кепілдемесі ретінде функция атқарғандығын көрсетеді. Демек, қақы қағидаларын аталмыш нормалар мен принциптерді ұйымдастырушы әрі үйлестіруші институттар ретінде де қарастыруға болады. Қақы қағидаларының кез келгенінің жоғарғыда айтылған кісілік борыш, кісілік парыз, кісілік қарыз, кісілік міндет, кісілік жауапкершілік сынды принциптерінің әлдебір себептерімен бұрмалануы немесе бұзылуы оның құқық мәнді функциясының «іске қосылуына» алып келді. Бұл жайттың мәнісі – қақысы бұрмаланған немесе орындалмаған кез келген адам оның себепкері болған адамнан әлгі қақының ежелден орныққан барлық шарттарын орындауға талап етуге құқылы болды. Бұл талабы орындалмаған жағдайда ол дәстүр бойынша ауыл ақсақалына немесе биге шағымдана алды. Сан алуан этнографиялық деректер, соның ішінде әдеттік құқыққа байланысты мәліметтер дәстүрлі қазақы ортаның қақының аталмыш қағидаларының қатаң сақталуына ерекше мән бергендігін көрсетеді. Осындай жайтқа байланысты арнайы шақырылған жүгініс пен билер кеңесі кінәлі адамдарды тиісті айыпқа кесіп отырды. Қарастырып отырған термин-категориялардың ішіндегі дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққаны және қолданылғаны, жоғарыда айтылғандай, билік, билік айту, билік жүргізу, бидің билігі болды. Алма-кезек қолданыста болған осы қазақы төлтума терминдердің әрқайсысы дәстүрлі құқықтық жүйенің ең басты ұйымдық (институционалдық) негізі әрі формасы – сот пен оны ұйымдастыру, жүргізу, тиісті үкім-кесім шығару үрдісін білдіреді. Бұлардың арасында ешқандай мән-мағыналық, осыған байланысты қолданыстық ерекшеліктер жоқ. Сондықтан да олар бірыңғай синонимдік (қатарды) құрайды (қажетті материалды ықшам әрі қисынды ұқсатып беру мақсатында бұдан әрі билік жүргізу термині ғана қолданылады).

Қақы қағидаларының жоғарыда сипатталған мән-мағынасы мен билік жүргізу категориясының семантикалық өрісі олардың дәстүрлі құқықтық жүйенің құрылымын да, функционалдық табиғатын да толық білдіретіндіктерін айғақтайды. Біздіңше, көшпелілердің құқықтық жүйесін зерттеу ісінде осы категорияларды эпистемологиялық тұрғыдан өзара үйлестіре (шендестіре) танымдық тағылымы өте нәтижелі болар еді. Әсіресе, қазақ социумінде сан алуан тәртіпсіздіктер мен қылмыстық істер орын алған сәттерде әлеуметтік қатынастың тиісті дағдылы нормалары мен принциптерінің құқықтық функциясын «іске қосылу» механизмін бажайлауға мүмкіндік береді (осы «іске қосылу» механизмі жөнінде сәл төменірек айтылады).

Билер кеңесі, жүгініс. Көшпелілердің институционалдық қатынасы жүйесінде жүгініс пен билер кеңесінің ХІХ ғасырдың 60-шы, кейбір өңірлерде 70-ші жылдарға дейін сақталып келгендігін сол кезеңдегі осы жайттың тарихи контекстімен – қазақ социумының әлі де болса қауқарлы күйде болғандығымен негіздеуге болады. Сонымен бірге, қазақ социумының тыныс-тіршілігінің осындай күйін қамтамасыз етіп отырған дәстүрлі институттардың

бірегейлері, әрине, билік жүргізудің аталмыш түрлері – жүгініс пен билер кеңесі еді. Өйткені, жүгініс те, билер кеңесі де көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің үйлесімді қызметінің ең әлеуетті институционалдық факторлары болды.

Деректер жүгіністің құқықтық құзырының ру-қауым (жетіата) ішінде де, руаралық деңгейде де жүргендігін, ал билер кеңесінің руаралық және жүзаралық (яғни, бүкіл этностық) институционалдық қатынас жүйесінің ең негізгі құқықтық институты ретінде функция атқарғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, билер кеңесінің ру-қауым ауқымында да тиісті билік жүргізгендігі жөнінде мәлімет кездеседі. Демек, жүгініс ру-қауымдағы қатынас жүйесінде де, руаралық байланыс саласында да билік функциясын атқарған қос деңгейлі құрылым болды. Билер кеңесі ру-қауымнан бастап бүкіл ел-жұрт деңгейінде құқықтық функция атқарды. Расында да, сан алуан деректер, сондай-ақ, билік жүргізудің қазақ социумының құрылымдық және функционалдық табиғатынан туындайтын қисыны (логикасы) билер кеңесінің: а) ру-қауым; ә) руаралық; б) жүзаралық сынды үш деңгейлік институт болғандығын көрсетеді.

Билік жүргізу: ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және жүзеге асу жосыны. Әртүрлі тарихи, этнографиялық және фольклорлық деректер қазақ социумінде билік жүргізудің жүгініс және билер кеңесі деп аталатын негізгі екі ұйымдық түрлері болғандығын көрсетеді. Қазақ хандығы дәуірінде билік жүргізудің аталмыш түрлерінен басқа хан билігі деген ең жоғарғы ұйымдық формасы да болды. Хан билігі терминінің хандық билік деп аталатын синонимі де қолданыста болған сыңайлы. Хан билігін исі қазақ арасында, жоғарыда айтылғандай, төрелік айту немесе төрелік жүргізу деп те атады. Сонымен бірге, ханның тиісті құқықтық істің шешімін шығаруға байланысты атқарған билігінің ел арасында тараған тағы бір атауы – хан байлаған іс. Бірақ, хан байлаған іс ұғымының өткен шақ әрі императивтік райда берілуіне байланысты оны хан кесімі немесе хан шешімі мағынасында ғана қабылдауға әсте болмайды. Яғни, бұл ұғымдар синонимдер емес. Өйткені, хан байлаған іс хан билігі ұғымы сияқты ханның құқықтық үкім-кесім шығару жосынының ұйымдастырылуын да, тиісті шешімнің қабылдану үрдісін де білдіреді. Хан билігі немесе хан байлаған іс дәстүрлі қазақы ортада берекесіздік, іріткі туғызуы әбден кәдік шектен шықты немесе шектен шыққан деп есептелінетін әртүрлі қылмыстық істерді сараптап, тиісті үкім-кесім қабылдайтын құқықтық институт болды. Оның функциясы әдетте бүкіл елдің ырыс ұстағандары мен игі жақсыларының аса көрнекті өкілдері – билері, ақсақалдары, батырлары, сондай-ақ, сұлтандар бас қосатын хан кеңесі арқылы жүзеге асырылып отырылды. Әлбетте, хан билігі (хан байлаған іс) аталмыш құқықтық функциямен шектелген жоқ. Бұл ұғым хан құзырындағы жоғарыда аталған құқықтық саладан басқа ел-жұртты басқарудың ежелден орныққан жөн-жосығын да білдіреді. Бұл гәпті көшпелі қоғамдық құрылымның, соның ішінде, институционалдық жүйенің синкреттік табиғатымен түсіндірген жөн (классикалық мысал ретінде көшпелі ортада әлеуметтік қатынастың сан алуан дағдылы нормалары мен принциптерінің әлдебір себептерімен бұрмаланғандығына байланысты қажетінше құқықтық функция атқара

бергендігін, сондықтан да, осы қоғамның құқықтық жүйесінің өзіндік дербес нормативтік және процессуалдық кодификацияланған заңдар жүйесінің, осыған сәйкес, мамандандырылған жазалау және мәжбүрлеу институттары сияқты мемлекеттік ресми рәсімделген атрибуттарының болмағандығын айтуға болады). Тарихи юриспруденция мен нормативтік этнологияда (немесе құқық антропологиясы) дәстүрлі қоғамдағы, соның ішінде, көшпелі ортадағы құқықтың әдеттік құқық (әдет-ғұрыптық құқық) деп аталуы сондықтан.

Хандық биліктің орыс әкімшілігінің тегеуірінді отаршылдық идеологиясы мен практикасының тікелей әсерімен біржола келмеске кетуімен байланысты, жоғарыда атап айтылғандай биліктің немесе билік жүргізу көшпелі ортадағы сот ретінде функция атқарған бірден-бір институт болып қалды. Рас, хан билігінің көшпелілердің қоғамдық өміріндегі атқарған өзіндік рөлі мен маңызын ескергендіктен болар, Ресей империясының отаршылдық әкімшілігі 1806 жылы Кіші жүз қазақтары хандарына билік жүргізу, яғни, соттың құзырын берді. Ал 1824 жылы «Сібір қырғыздары [қазақтары] туралы Жарғысына» сәйкес қазақ өлкесінде хандық басқару жүйесінің мүлдем жойылуына байланысты дәл осындай билік жүргізу құзіреті енді жаңадан қалыптасқан институт – сұлтан-правительдерге берілді. Алайда, қазақ жұртын сес қатырмай отарлаудың саяси экспериментін жүргізетін объектіге айналдырып жіберген Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз болып шықты. Өйткені, патша әкімшілігі Қазақ хандығы дәуіріндегі хан билігі мен билік жүргізу құқықтық институттарының арасында сан ғасырдан бері орнаққан иррархиялық үйлесімділікті елемеді. Сонымен бірге, отаршылдық жағдайда орыс әкімшілігі тарапынан ғана тағайындалған хандардың, кейінірек сұлтан-правительдердің қолдан жасалған соттық құзіреті дәстүрлі қазақы ортада ежелден жалғасып келе жатқан билік жүргізу институтының алдында мүлдем қауқарсыз екендігін парықтай алмады. «Мұнан егер де хан мен би екі бөлініп таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашан да би жағына отыратындығы көрінеді», – деген өзінің мағыналы пікірін Қ.И. Сәтпаев осы жайтқа байланысты айтса керек. Ал көшпелілердің институционалдық қатынасы жүйесінде жүгініс пен билер кеңесінің XIX ғасырдың 60-шы, кейбір өңірлерде 70-ші жылдарға дейін сақталып келгендігін сол кезеңдегі осы жайттың тарихи контекстімен – қазақ социумының әлі де болса қауқарлы күйде болғандығымен негіздеуге болады. Сонымен бірге, қазақ социумының тыныс-тіршілігінің осындай күйін қамтамасыз етіп отырған дәстүрлі институттардың бірегейлері, әрине, билік жүргізудің аталмыш түрлері – жүгініс пен билер кеңесі еді. Өйткені, жүгініс те, билер кеңесі де көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің үйлесімді қызметінің ең әлеуетті институционалдық факторлары болды.

Деректер жүгіністің құқықтық құзырының ру-қауым (жетіата) ішінде де, руаралық деңгейде де жүргендігін, ал билер кеңесінің руаралық және жүзаралық (яғни, бүкіл этностық) институционалдық қатынас жүйесінің ең негізгі құқықтық институты ретінде функция атқарғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, билер кеңесінің ру-қауым ауқымында да тиісті билік жүргізгендігі жөнінде мәлімет кездеседі. Демек, жүгініс ру-қауымдағы қатынас жүйесінде

де, руаралық байланыс саласында да билік функциясын атқарған қос деңгейлі құрылым болды. Билер кеңесі ру-қауымнан бастап бүкіл ел-жұрт деңгейінде құқықтық функция атқарды. Расында да, сан алуан деректер, сондай-ақ, билік жүргізудің қазақ социумының құрылымдық және функционалдық табиғатынан туындайтын қисыны (логикасы) билер кеңесінің: а) ру-қауым; ә) руаралық; б) жүзаралық сынды үш деңгейлік институт болғандығын көрсетеді. Ал осы деңгейлердің ішінде «қалыс» қалған сияқты болып көрінетін тайпалық деңгей, шынтуайтында, қазіргі кейбір зерттеушілер мен тарихты әуес көретіндердің санасында ғана орын тепкен эфемерлік ұғым ғана. Өйткені, тайпаның өзі, түптеп келгенде, бірнеше рудың (жетіатаның) өздерін біратаның балаларымыз деген көзқарасын білдіретін әрі уағыздайтын идеология ғана болып табылады. Сан алуан мәліметтер, тіпті, жүздердің арасындағы күрделі деген даулы мәселенің өзін осы жүздердің тиісті руларының өзара келісімі бойынша ұйымдастырылған билер кеңесі ғана исі қазақ мойынсұнған дағдылы нормалар мен принциптерге сәйкес, яғни, «ата-баба жолымен» шешіп отырғандығын айғақтайды. Осы ретте, ерекше ден қойдырар жайт – тараптар тек өз руларының мүддесі тұрғысынан ғана құқықтық қатынасқа түсіп отырды. Тіпті, жүзаралық деңгейде шақырылған билер кеңесінде де қарастырылғаны белгілі бір рудың немесе рулардың мүдделеріне кереғар, яғни, руаралық дау-дамай болды. Бірақ, осы ретте «көп тоқтаған аталы сөз» – тиісті үкім-кесімді үш жүздің төбе билері шығарып отырды. Ал осы үш бидің ішінде төбе басы деп аталатын құқықтық мәртебе, әдетте, шежірелік жосынмен негізделген аға жолы немесе аға баласы принципі бойынша Ұлы жүздің төбе биіне тиесілі болды. Бірақ, бұл қисыннан аталмыш жүзаралық деңгейдегі билер кеңесін басқарып отыру жосыны генеалогиялық категория аға-іні деп келетін шежірелік желіске ғана негізделді деген жаңсақ пікір тумаса керек. Мұндай деңгейдегі билер кеңесінің діттеген мақсат-мүддесі әлгі руаралық дау-дамайдың тиімді құқықтық шешімін табу арқылы ел-жұрттың бірлігін қамтамасыз ету еді. Қарастырылып отырған руаралық даулы істің неғұрлым тиімді үкім-кесімін шығару мақсатында үш жүздің төбе билері өзара келісіп арасынан әлгі істің мән-жайына мейлінше қанық биді төбе басы сайлап отырғандықтары сондықтан.

Сонымен, билік жүргізудің жүгініс пен билер кеңесі институттарының арасындағы құрылымдық және функционалдық айырмашылықтары төмендегідей: – ең алдымен осы екі институттың әрқайсысының құзыретіндегі даулы істердің ауқымы мен күрделілігі әртүрлі болды. Билер кеңесі қызметінің объектісі кісі өлтіру, ел тонау, қарақшылық, ұрлық-қарлық, жесір дауы, жер дауы, көші-қон тонау сияқты қазақы орта шектен шықты, шектен шыққан деп бағалаған күрделі қылмыстық істерден тұрды. Ал жүгіністің функциясы жазаның айып деп аталатын түрлеріне кесілетін даулы істерді реттеумен шектелді;

– жүгініс пен билер кеңесінің арасында руаралық дау-дамайды қамту жағынан да үлкен айырмашылықтар болды: билік жүргізудің бірінші түрі тек бір жүздің ішіндегі ғана руаралық мәселелер деп қарастырған болса, екіншісі

– билер кеңесі бір жүздің деңгейіндегі де, жүзаралық қатынастағы да руаралық даулы істерді реттеп отырды. Мұндай функционалдык айырмашылықты жүгініс пен билер кеңесінің әрқайсысы қарастыратын даулы істердің жоғарыда айтылға ауқымдылығы һәм күрделілігімен түсіндіруге болады;

– жүгіністің құрамындағы билердің саны билер кеңесіне қарағанда біршама шектеулі болды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың билік жүргізу дәстүрін зерттеген ғалымдар мен орыстың отарлық әкімшілігі шенеуніктердің еңбектерінде жүгініс пен билер кеңесінің құрамына кірген билердің санына байланысты әртүрлі пікірлер айтылады. Ш.Ш. Уәлихановтың қазақ өлкесінде патшалық режим тарапынан жүргізілген сот реформасының отаршылдық идеологиясы мен нәтижесін терең сипаттаған Ресей әкімшілігіне жолдаған әйгілі жазбасында дәстүрлі қазақы ортада билік жүргізуге қатысатын билердің санына шектеу болмағандығын ерекше атап көрсетті. Дәл осындай пікір Д.Андре атты орыс әкімшілігінің қазақ өлкесіндегі ерекше тапсырмалар жөніндегі өкілінің көшпелілердің әдеттік құқыққа байланысты жинаған материалында да бар. Ал ХІХ ғасырдың 30-шы жылдарына дейінгі кезеңде жазылған Д.Я. Самоквасов пен С.Б.Броневскийдің еңбектеріндегі мәлімет бойынша билік жүргізудің құрамындағы билердің саны даугердің қалауымен, жауапкердің келісімімен таңдалған бас биді есептемегенде 6-ға дейін жетті. Сонымен бірге, С.Б. Броневский билердің аталмыш саны қылмыстық істердің аса күрделігіне байланысты, мысалы, қазақ бекзадаларының біреуі әлдебір себептермен кісі қолынан қаза тапқан жағдайда, билік жүргізудің құрамындағы билер санының көбейтілетіндігін атап өтті. Бірақ, осы автор да, жоғарыда аталған басқа зерттеушілердің бірде-біреуі де билік жүргізудің түрін нақты дәйектемеді. Сондықтан, олардың еңбектерінен жүгініс немесе билер кеңесінің құрамы жөнінен толықмәнді түсінік алу мүмкін емес. Ресейдің көрнекті зерттеушілерінің бірі Л.А.Словоохотовтың Кіші жүз қазақтарының әдеттік құқығына байланысты жинаған мәліметіне қарағанда орыс отаршылдығының қазақы ортаға әсері соншалықты дендей қоймаған кезеңде жүгіністің құрамында 6-7-ге дейін би болса, билер кеңесінің құрамында 8-24 биге дейін болған екен. Дәл осындай мәліметті Орта жүз қазақтарының құқықтық жүйесін зерттеген Н.И. Красовскийдің еңбегінде де кездеседі.

Жүгіністің де, билер кеңесінің де ұйымдастырылуының ежелден орныққан жөн-жосықтары бірдей болды. Айырмашылықтары – билер кеңесі құрамы жағынан ғана емес, ел-жұрттың тартылуы тұрғысынан да ауқымды ұйымдастырылды. Билік жүргізудің осы екі түрінің де ұйымдастырылуы ең алдымен даугердің негізгі биді таңдауына, онымен қарсы жақтың – жауапкердің келісіміне негізделді. Осындай жолмен таңдалған би тағы да даугер мен жауапкердің өзара келісімімен осы тараптардың әр жағынан беделді деген билерді билік жүргізуге шақырды. Сөйтіп, билік жүргізудің қажетті құрамы тегіс жиналған соң әлгі билер өзара кеңесіп, арасынан төбе би мен ара билерді сайлап алды. Төбе би болып әдетте алғашқы таңдалған би, қалғандары ара би болып сайланды. Бұл ретте ескерер бір гәп – даугер мен жауапкердің билерге толық сенуі билік жүргізудің тиімділігінің басты

шарттарының бірі болды. Осыған байланысты қазақтың әдет құқығын зерттеуге елеулі үлес қосқан Ақмола уезінің статистика комитетінің қызметкері И.А. Козловтың төмендегі мәліметі ерекше ден қойдырады: Орынбор қазақтарында тандалған билердің алдына даугер мен жауапкердің қамшыларын тастайтын ежелден жасап келе жатқан көне әдет кездеседі. Бұл әдет, – автордың қисынды пікірінше, – әлгі тараптардың билерге кәміл сенетіндіктерін, өздерін билердің құзырына тапсырғандықтарын әрі олардың қандай да болсын үкім-кесіміне толық мойынсұнатындықтарын білдіреді. Осы мазмұндас материал Кіші жүз қазақтарының әдеттік құқығының өткендегісі мен оның орыс отаршылдығының дендеп орныққан кезеңіндегі күйін сол уақыттағы Ресейдің ресми тарихнамасының идеологиясы тұрғысынан тәпшітеп зерттеген Л.А. Словохотовтың еңбегінде де берілген. Шынтуайтында, билік жүргізетін билердің алдына қамшы тастау әдеті қазақ өлкесінің барлық аймақтарына тән үрдіс еді. Бұл әдет әлгі дау қуушылардың билерге қана емес, билік жүргізу үрдісін жіті бақылап отырған дүйім жұртқа да берілген идеологиялық әсері үлкен серт іспеттес болды. Дәстүрлі қазақы ортада би атану айырықша адалдық пен шешендікті, ұйымдастырушылық қабілетті бек біліктілікті қажет еткен аса тауқыметті үрдіс болды. Өйткені, болашақ би мейлінше объективті әрі қауқарлы сұрыптау механизмі болып табылатын халық таңдауынан сүрінбей өтуі тиіс еді. Сонда ғана үміткер тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ және сөз ұстаған, яғни, от ауызды, орақ тілді шешен, сондай-ақ, ел ерткен ер немесе ел ұстасы сынды паремологиялық формулалармен берілген ел-жұрттың ежелден жасап келе жатқан талғам-талабына әбден сай би деген мәртебеге ие бола алды. Осы айтылған қадір-қасиеттермен бірге болашақ бидің халықтың ежелден орныққан сан алуан салтын, ғұрпын, жосын-жоралғыларын әлбетте жөн-жосығын (тарихын) білуі ерекше бағаланды. Би әкеден балаға ауысып отыратын лауазым да, атақ та емес, ең алдымен, тума дарын мен жүре дарыған жоғарыда аталған қасиеттердің бидің сөзінде де, іс-әрекетінде де үйлесім тапқандығын білдіретін категория болып табылады. Сондықтан да, би – көшпелілердің қайнаған ортасында шындалып, халық таңдауымен суырылып шыққан бірегей әлеуметтік тұлға. Дәстүрлі қазақы ортада ата-бабаларынан бастап би болып келген әулеттер де аз болған жоқ. Ондай әулетті аталмыш ортада шынжыры үзілмеген шынжырқатар үрім-бұтақ деп атады.

Билік жүргізу үшін даугердің қалауымен, жауапкердің ықтиярымен есептескен билер әлгі дауласушы тараптардың бірінің руластары қоныс тепкен аймақтан арнайы ауыл белгіледі. Мұндайда әдетте бай ауыл таңдалатын. Билік жүргізу сол ауылдың маңайындағы ең көрікті деген төбеде өтті. Сан алуан этнографиялық деректер жүгіністің, әсіресе, билер кеңесінің салтанатты көрініс болғандығын көрсетеді. Көңіл аударарлық жайт – билік жүргізу үрдісінде қарастырылатын даулы мәселе неғұрлым күрделі әрі ауқымды болса, осы үрдістің салтанаты да соғұрлым келісті болды. Төбенің бетіне бір-біріне жалғастырыла төселген кілемдерге, текеметтерге, сырмақтарға жаңа туған жарты ай тәрізді малдас құрып тізіліп отырған билер, олардың малынып киінген қымбат киімдері, билердің алдында жүгініп отырған даугер мен

жауапкер және билік жүргізу үрдісін айырықша ыждаһаттылықпен баққан жұртшылық, ауыл ішінде билер мен басқа қонақтарға ас әзірлеу қамымен қарбаласқан әйелдер мен ер адамдар..., расында да, бұл көрініс кімнің де болса, әсіресе, бөтен жұрттан келіп қалған адамдардың ынтызарын туғызар далалықтарға ғана тән сұлу сцена еді. Эстетикасы ерекше бұл сцена, сонымен бірге, көшпелі қазақтың ежелден жасап келе жатқан мәдениетінің «уақытын аялдатқан» кеңістігінің бар болмысы мен бітімінің жарқын көрінісі десе де болғандай. Мұндай салтанат билік жүргізуге ерекше қажетті психологиялық ахуал туғызды. Яғни, қарастырылатын даулы мәселенің «ата-баба жолының» ілкімді қағидаларына сай оңтайлы құқықтық шешім шығарудың мейлінше әсерлі психологиялық факторы болды. Расында да, билік жүргізудің осындай салтанатты ұйымдастырылуының түпкі мән-мақсаты екі рудің арасындағы даулы істің тікелей субъектілерін әлгі істі насырға шаптырмай, шежірелік жөн-жосықпен негізделген ағайыншылық принципімен бітістіру, тіпті болмаса, салауат жолымен ымыраға келтіру еді. Әртүрлі деректер сән-салтанаты келіскен билік жүргізудің ақыры тараптардың билердің үкім-кесіміне ризашылық білдіріп, бітімге келулерімен аяқталып отырғандығын айғақтайды. Қарсы тараптар әртүрлі себептермен бітімге келе алмаған жағдайларда да билік жүргізудің осындай салтанатты ұйымдастырылуы олардың бір-біріне қараулық жасап, озбырлыққа баруына психологиялық тұрғыдан мүмкіндік те, мұрша да бермеді.

Әлбетте, дауласушыларды, ең алдымен, екі руды ымыраластырудың бірден-бір жолы, билік жүргізудің әділетті шешімі болғаны сөзсіз. Бұл үшін әлгі үкім-кесімнің әділдігін жәбірленуші мен жәбірлеуші ғана емес, осы үрдісті «сырт көз» болып жіті бақылап отыратын рубасылар, ақсақалдар, батырлар сынды ел-жұрттың игі жақсыларының да даусыз мойындаулары қажет еді. Себебі, билердің тиісті үкім-кесіміне игі жақсылардың мойынсұнуы, түптеп келгенде, дауға түскен субъектілердің, ең алдымен, әрине, жәбір көрсетушінің руластарының мойынсұнуы болып табылады. Бұдан аталмыш игі жақсылардың билер кеңесінің ісіне араласты деген жаңсақ ұғым тумаса керек. Оған билік жүргізудің ежелден орныққан этикасы да, «процессуалдық-нормативтік» жөн-жосығы да жібермеді. Бірақ, билік жүргізу үрдісінің өзіндік қисыны тұрғысынан көшпелі ортада «сырт көз» деп есептелінген әлгі игі жақсылардың осы үрдістің барысын жіті қадағалап отыруының өзі билердің тиісті үкім-кесімінің «ата-баба жолынан» ауытқымауының тегеуірінді әлеуметтік кепілі әрі факторы болды. Басты гәп, игі жақсылардың қазақ социуміндегі айырықша беделінде болып отыр. Игі жақсылардың билік жүргізудің барысын қалтқысыз бақылап отыруын дауласушылар мен оның руластырының әлгі үкім-кесімінің әділдігінің еш күмәнсіз айғағы ретінде қабылдағандықтары сондықтан. Реті келген соң айта кету керек, билік жүргізудің салтанатты ұйымдастырылуына игі жақсылар айырықша ықпал жасады. Деректер олардың билік жүргізудің дәстүр қосқан сән-салтанатын келістіріп ұйымдастыруына өздерінің мал-мүлкімен де үлкен үлес қосып отырғандығын айғақтайды. Демек, билік жүргізу үрдісінің ұйымдастырылуына игі жақсылардың белсенді араласуы осы үрдістің

әлеуметтік тиімділігінің маңызды факторларының бірі әрі көрсеткіші болды. Оларды билік жүргізу үрдісінің белсенді субъектілерінің бірі ретінде қарастырудың қажеттілігі осында.

Сан алуан тарихи, этнографиялық, фольклорлық деректер, әсіресе, билер кеңесінің дені руаралық, жүзаралық және жалпыэтникалық деңгейде ұйымдастырылған көшпелі ортаның ең ұлы дәстүрі – ас беру барысында өтіп отырғандығын көрсетеді. Шынтуайтында, көшпелі ортада ешбір ас беру жосыны билік жүргізусіз (билер кеңесі) өткен де емес. Сондықтан да, билік жүргізуді ас беру үрдісінің ең маңызды институционалдық компоненті ретінде бағамдаған жөн. Осы қисынның өзі-ақ қазақ социумының «қолданбалы» моделі іспеттес ас беру жосынының көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастың барлық салалары мен деңгейлерінің үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырған қоғамдық қауқарын айғақтаса керек.

Сонымен, билік жүргізудің, әсіресе, қоғамдағы аса күрделі руаралық даулы істерді қарастыратын билер кеңесінің салтанатты күйде ұйымдастырылуын көшпелі ортада руаралық (яғни, қауымаралық) қатынастың үйлесімділігіне айырықша мән берілгендігімен түсіндіруге болады. Өйткені, «ата-баба жолының» ең іргелі принциптерінің бірі болып табылатын мұндай үйлесімділік қазақ социумының ежелгі тіршілік ырғағын қамтамасыз етіп отыратын ерекше қауқарлы институционалдық механизм еді. Расында да, дәстүрлі қазақы ортада материалдық және рухани игілік атаулыны өндіретін бірден-бір корпоративтік субъектілер – жетіталық экзогамиялық ру-қауымдардың әрқайсысының дағдылы тіршілігінің ең басты тірегі әрі факторы, түптеп келгенде, осы руаралық қатынас жүйесі болды. Яғни, осы руаралық қатынас жүйесінің үйлесімді функциясы әрбір ру-қауымның үйлесімді тыныс-тіршілігінің себепкері де, салдары да болып табылады. Жүгіністе де, билер кеңесінде де көшпелі ортадағы ең шиеленісті деңгейдегі даулы мәселенің өзін «қарға тамырлы қазақ» деген шежірелік жосынмен негізделген принцип бойынша тек билер ғана емес, билік жүргізуге екі тараптан жиналған жұрт та мүдделі болғандығы сондықтан. Билік жүргізу жосынында қолданылған береке-бітім, жар болу, қарындас болу, екі рудың арасындағы ушыққан істі де бітістіруге тиісті салауат айту немесе салауатқа шақыру және т.б. сынды этикалық мәнді тәсілдер, шынтуайтында, аталмыш даулы істерді шешудің құқықтық механизмінің шынайы әдет-ғұрыптық табиғатын да, ерекшелігін де көрсетеді.

Осы ретте ерекше назар аударарлық жайт – даушыларды береке-бітімге шақыру және пәтуаға келтіру, осы арқылы олардың руластарын ымыраластыру үрдісі жүгіністің немесе билер кеңесінің алдында бұрынырақ жүргізіліп отырды. Ол үшін дауласушы тараптарға бейтарап үшінші рудың ең беделді деген ақсақалдары, билері, батырлары ара ағайындыққа, даулы іс өршіген жағдайда, тіпті, сый ағайындыққа жүрді. Ежелден орныққан бұл жосын бойынша ара ағайындық пен сый ағайындыққа жүргендер әлгі тараптарды береке-бітімге келуге шақырды. Мұндайда жауапкердің арнайы дайындалған үйінде дауласушы тараптардың игі жақсыларының өздері алдын ала сайлаған ең көрнекті өкілдеріне атап мал сойылып, дастархан жайылатын.

Л.А. Словохотовтың материалына қарағанда, ас үстінде ара ағайындыққа немесе сый ағайындыққа жүргендер әлгі дауға түскендерді «төреге барып, төбеге шықпайық» десіп, даулы істің алдын ала есептелінген шығынын жәбірленуші жаққа өтеуді жауапкердің беделді адамдарынан сұрайтын болған. Сонымен бірге, жәбірленуші тарапқа да «алдыңа келсе атаңның құнын кеш» деген қазақы орта ерекше дес көретін этикалық қағиданы қадап айтып, қарсы тарапқа кешірім жасауды өтінді. Осындайда, дәстүрлі қазақы орта үшін ең қисынды әрі ұрымтал уәждердің бірі «керегеміз ағаш, тегіміз Алаштан тараған қазақ баласымыз» (кейбір шежірелік нұсқаларда «керегеміз ағаш, ұранымыз Алаш» – ред.) деген формула, яғни, шежірелік жосынмен негізделген туыстық қатынастың ең іргелі принципі алға тартылды. Сөйтіп, тараптар ымыраға келуге (береке-бітімге, пәтуаласуға) шақырылды.

Айтылған қисынның жалғасы ретінде айта кетер гәп – деректер аталмыш бітімгершілікке шақыру жосыны тіпті ауыр қылмыс жасалған жағдайларда да атқарылып отырғандығын айғақтайды. Алайда, бұл жосын орыс отаршылдығы дендеп орныққанға дейінгі кезеңде көші-қон тонау, әйел затын зорлау, ауылды тонау, бір рудың мал-мүлкін шауып, алып кету, айуандықпен қасақана кісі өлтіру сияқты көшпелі ортада кешірім жасалмайтын қылмыстардың субъектілеріне жүрмеді. Олар әдетте билер кеңесінің үкім-кесімімен өлім жазасына бұйырылып отырылды. Тек, жоғарыда аталған «Сібір қырғыздары [қазақтары] туралы Жарғы» ережелерінің 1824 жылдан бастап жүзеге асырыла бастауына байланысты, әсіресе, XIX ғасырдың 40-шы жылдарынан кейінгі кезеңде қазақ өлкесінде үдетіле жүргізілген саяси-әкімшілік, соның ішінде, сот реформаларының нәтижесінде аталмыш және басқа да ауыр қылмыстардың субъектілерін өлім жазасына кесу көп жағдайда құн төлеп өтеу жазасына алмастырылды.

Жоғарыда айтылғандай, дауласушы тараптарды бітімге шақырып отыру билік жүргізудің де ең басты құқықтық функцияларының бірі болды. Алайда, әлгі тараптарды береке-бітімге келтіру үшін билер даулы істің мән-жайын және себеп-салдарын өз қал-қадерінше әбден саралап-сараптап алатын. Бұл көшпелі ортада билік жүргізудің ертеден орныққан тәртібі еді. Егер, билік жүргізудің қарсаңында және осы үрдістің басында дауға түскен тараптарды ымыраға келтірудің барлық амалдары нәтиже бермесе, төбе би (төбе басы) жиналғандарға даулы істің мән-жайын түсіндіріп, ара билермен бірге әлгі істі сараптап, тиісті үкім-кесім шығару үрдісіне кірісті.

Қазан төңкерісіне дейінгі әртүрлі этнографиялық мәліметтерге қарағанда, ең алдымен жәбірленушіге сөз берілді. Ол өзінің көрген зәбірін, зорлық-зомбылығын және жауапкер тарапынан келген шығынның мөлшерін егжей-тегжейлі баяндап, дәйек ретінде куәлерін алға тартты. Одан кейін сөз алған жауапкер де өз дәлелдемелерін келтіріп, бірге келген куәлерінің көрген-білгендеріне жүгінді. Жоғарыда аталған және басқа да деректер тараптардың әрқайсысының айтқандарын билер де, қоршаған жұртшылық та бөлмей мұқият тыңдағандарын ерекше атап өтеді. Соңынан екі дауласушы жақтың айтар уәжі аяқталғаннан кейін олардың әрқайсысы және куәлікке жүргендер алдымен билердің сұрағына алынды. Әсіресе, жиналған жұртшылықтың жәбір

көруші мен жауапкерге, әсіресе, олардың әрқайсысының куәлеріне беретін сұрақтары ерекше мол болатын. Қарсы сұрақ деп аталатын бұл сұрақтың мән-мақсаты жәбірленуші мен жауапкерді де, олардың куәлерін де мүмкіндігінше састырып, даулы істің ақиқатын айғақтау еді. Әлбетте, тараптарға сұрақ билердің ең алдымен төбе бидің (төбе басы) рұқсатымен ғана беріліп отырды. Сөзден жаңылып, келтірілген айғақтары дәлелді болмаған жәбірленуші жеңіліс тауып жататын. Көшпелі ортада көпшіліктің алдында сындарлы әрі қисынды да дәйекті айтылған сөздің ерекше бағаланғаны соншалықты, кейде жәбірленушінің және оның көз көрген деген куәлерінің көзілікті айғақтарының өзі (мысалы, ұрланған малдың ескіре қоймаған ізі немесе малдың терісінің күдікті адамның үйінен табылуы деген сияқты) есепке алына бермейтін. Дегенмен, жасалған қиянаттың, ұрлық-қарлықтың, зорлық-зомбылықтың қай түрі болсын жерде жатпайды, «ел құлағы елу» деген емес пе, ерте ме, кеш пе бәрібір әшкереленетіні айдан анық деген сияқты қисынның күдіретін сөзсіз мойындаған көшпелі ортада орын алған тәртіпсіздіктер мен қылмыс атаулының дені ашылып, айыптылар әдеттік құқықтың жосынына сәйкес тиісті жазаға кесіліп отырылды. Оның бер жағында, әсіресе, билік жүргізу үрдісінде міндетті түрде қолданылатын ант беру әдеті шешуші рөл атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақтың құқықтық мәдениетін зерттеген орыс ғалымдары мен шенеуніктерінің еңбектерінде жан беру үрдісін билік жүргізудің ең басты қозғаушы күші деп атауы осы жайтқа байланысты болса керек.

Ант беруді дәстүрлі билік жүргізу терминологиясы бойынша жан беру, ал ант берушіні жанға ұстанған деп атады. Жан беру ұғымы, қазіргі қазақ терминологиясының қалыбымен айтқанда, арын кепілге салу, ал жанға ұстанған арын кепілге ұстанған кісі дегенді білдіреді (дәстүрлі қазақы ортада жан ұғымы ар мағынасында да қолданылды -ред.). Жан беру жосынын дауға түскендердің куәлері атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде жанға беруді дәлелдеу және тазарту (доказательная (подтвердительная) присяга и очистительная присяга) деп жіктеді. Сонымен бірге Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзектің қазақтың әдет-ғұрыптық құқығы туралы 1871 жылы жарияланған еңбегінде жан берудің куәгердің анты (свидетельская присяга) деген үшінші түрі де аталған. Алайда, жан берудің аталмыш автор ұсынған бұл түрі жасанды деп айтуға әбден болады. Себебі, жоғарыда аталған дәлелдеу және тазарту деген жан берудің екі түрінде де осы жосынды, түптеп келгенде, тараптардың куәлері ғана атқарды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында айтылатын жанға берудің дәлелдеу мен тазарту деген түрлері болса, біздің ойымызша, бұлар таза ғылыми жіктеме ғана. Ал көшпелі ортада жан беру үрдісі функционалдық ерекшелігіне қарай жіктелген емес. Өйткені, билік жүргізудің дәстүрлі іс тәжірибесі мұндай жіктеуге мұқтаж бола қойған жоқ.

Осы ретте ерекше нақтылауды қажет ететін гәп – билік жүргізу үрдісінде екі жаққа да куәлікке жүргендерді екі топқа бөліп қарастыру қажет. Бірінші топ – даулы істің көз көрген болып есептелген куәгерлері екі тарапқа да жақын

туыстар болмауы да мүмкін. Олардың, тіпті, басқа рудың немесе бірнеше рулардың өкілдері болуы да сирек кездескен құбылыс емес еді. Осыған байланысты билік жүргізудің дәстүрлі жөн-жосығына сәйкес төмендегідей жайт мұқият ескеріліп отырды:

– сұлтан мен қожа сынды ақсүйектер тұқымына жататын әлеуметтік категория өкілдерінің куәліктері жан беру рәсімінсіз-ақ шынайы айғақ ретінде қабылданды;

– билер, ақсақалдар мен ел-жұрттың арасында кіршіксіз бедел жинаған көрнекті тұлғалар да жан берген жоқ. Олардың куәліктері де дәлелді қажет етпейтін айғақ болып есептелінді;

– куәлікке жүргендер қарапайым адамдар қатарынан болса, олардың арасынан біреуі ғана куәгер бола алды. Бірақ, оның берген куәлігінің ақиқатына билер мен жиналған жұртшылықты кәміл сендіру үшін әлгі куәгердің жақын бір туысы міндетті түрде жан беру рәсімін атқаруы тиіс.

Алайда, деректерге қарағанда, даулы істің шиеленісті өтуіне байланысты тараптардың уәждерінің растығын немесе жалғандығын дәйектеу мақсатында куәлікке тартылатындардың саны билер кеңесінің ұйғарымы бойынша өсуі де мүмкін болды. Мысалы, орыс әкімшілігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі өкілі Д' Андренің Кіші жүз, ішінара Орта жүз қазақтары арасынан 1846 жылы әдет-ғұрыптық құқыққа байланысты жинаған материалында ойнастық жасаған немесе әйел затын зорлау сияқты аса күрделі жайттар бойынша істі қарастыру үшін куәгерлердің саны 4 адам болуы қажет екендігі айтылған.

Жоғарыда айтылғандай, билер мен жұртшылық тарапынан қалың сұрақтың астында қалып, көп жағдайда тығырыққа тап болған жәбірленуші үшін «жанға медет, көңілге демеу» болған осы жан беру жосыны болды. Ол, билік жүргізудің ежелден орныққан жөн-жосығына сәйкес билерден жан беруді сұрады. Бұл жосын теңдік немесе теңдік сұрау деп аталған. Жан беретін адам болып билердің пәрменімен, жәбірленушінің қалауымен міндетті түрде өзінің жақын туыстарының бірі тағайындалды. Бұл жан берудің дәлелдеу немесе құптау түрі болып табылады. Жан берудің осы түрін атқару барысында жәбірленушінің тарапынан келтірілген дәлелдемелер билер мен жұртшылыққа дәйексіздеу немесе мүлдем негізсіз көрінсе, ол жауапкер тарапынан да жан беруді талап етуге құқылы болды. Осыған орай жәбірленуші жауапкердің жақын туыстарының бірін билердің келісімі бойынша жан беретін адам ретінде таңдады. Жан берудің бұл түрі жоғарыда көрсетілгендей тазарту антына жатты. Өте-мөте шиеленісті дау-дамайда осындай жан берушіні жәбірленушінің куәлерінің арасынан таңдау мүмкіндігі жауапкерге де беріліп отырылды. Ескере кетер жайт – әдет-ғұрыптық құқықтың қағидаларына сәйкес осы куәлер де міндетті түрде жәбірленушінің жақын туыстары болуға тиіс. Осы ретте билер және жиналған жұртшылық жан беретіндердің, яғни, жанға ұстанғандардың тазалығына ерекше мән бергендігін атап өту қажет. Ата-баба жолының ұстанымдарына сәйкес жан беруге тек ел арасында таза әрі беделді адамдарға ғана рұқсат етілді. Мұндай адамды көшпелі ортада дұрыс адам деп атаған. Сонымен бірге әйел адамдарды, кәмелет жасқа, яғни, 13-ке

толмағандарды (жоғарыда аталған және басқа да орыс зерттеушілерінің еңбектерінде қазақы ортадағы кәмелеттік жастың мөлшері 14 немесе 15 жас деп те көрсетілген), бөтен жұрттың өкілдерін, ақыл-есі кемтарларды және үй қызметшілері мен жалшыларды жан беруге дәстүр қоспады.

Жоғарыда айтылған қисынға орай төмендегідей түйткіл бір жайт жөнінде айтпай кетпеске болмайды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты жарияланған орыс авторларының еңбектерінің кейбіреулерінде көшпелі ортада жан берудің дәлелдеу немесе құптау түрі ғана жан айғақтың тазасынан деп аталғаны айтылған. Біздіңше, дәстүрлі ортада жан айғақтың тазасынан деп жан берудің осы екі түрін де атаған сыңайлы. Өйткені, дәлелдеу (құптау) және тазарту анттарын беру рәсімдерінің атқарылу реті, мазмұны және «идеологиясы» мүлдем бірдей десе де болады.

Жан беру жанға ұстанғандар үшін моральдық-психологиялық тұрғыдан мейлінше ауыр жосын болды. Өйткені, бұл үрдіс бойынша (яғни, көшпелі ортада қалыптасқан дүниенің жаратылысы туралы концепцияға сәйкес) жанға ұстанғандар жан беру жосыны кезінде аруақтар мен құдайдың сынағынан өтеді. Олардың куәлігі жалған болса, өздері де, отбасы да міндетті түрде аруақтар мен құдайдың кәріне ілігіп, бәле-жалаға ұшырайды. Осындай наным-сенімнің тегеуірінді ықпалындағы жан берушілер, жоғарыда аталған және басқа да орыс шенеуніктері мен зерттеушілері ерекше атап өткендей, жалған куәлікке жүре бермеген. Л.Ф. Баллюзектің жоғарыда аталған еңбегіндегі мәліметке қарағанда жан берудің төмендегідей түрлері болды:

– жанға ұстанған адам билер мен жиналған жұртшылықтың алдында: «егер өтірік айтсам құдай атсын, о дүниеде иманым бұйырмасын, бұ дүниеде мал-басымның игілігін көрмей кетейін» деген сияқты психологиялық әсері мейлінше қуатты ант сөздерін айту керек;

– мылтықтың ұңғысын үнсіз сүюі тиіс;

– ата-бабасының моласын үнсіз үш рет айналып өтуі қажет;

– үйдің ішінде шымылдықпен арнайы қоршалған тұста ақырет киімін киюі тиіс болды.

Әлбетте, билік жүргізу барысында жан берудің аталмыш түрлерінің біреуі ғана таңдалды. Билердің құзырында болған мұндай таңдау елдің (ауылдың, рудың, жүздің) шырқын бұзу деп есептелінген әртүрлі тәртіпсіздіктің немесе шектен шыққандыққа жатқызылатын қылмыстардың себеп-салдарына тығыз байланысты болды. Кейін исламның қазақ тіршілігі жүйесінде дендеп орныға бастауына байланысты дәстүрлі билік жүргізу үрдісінде құранмен де жан беру рәсімі қалыптасты.

Жан берудің жоғарыда келтірілген түрлерінің шарттарының қай-қайсысы болсын өзінің көшпелі ортаның «ата-баба жолын» ұстанған, яғни, құдайдың құдіретіне сөзсіз мойынсұнған, аруақтарға риясыз табынып өскен адамы үшін айырықша ауыр сын болды. Сондықтан да болар, жанға ұстанғандарға билердің шешімі бойынша жан беру үшін әжептәуір уақыт та белгіленетін. Л.Ф.Баллюзектің мәліметіне сүйенсек, мұндай уақыттың мөлшері жан берушінің тұрағының қашықтығына байланысты болды. Ал

біздегі қолда бар деректер бойынша, жан берушіге берілетін мерзім аталмыш жайтпен қатар даулы істің күрделілігі мен ауқымына қарай да нақтыланды. Л.Ф.Баллюзектің еңбегінде келтірілген қазақы ортада кең тараған «жан бергенге жай бер» деген мақал айтылған қисынның мейлінше дәл берілген паремологиялық проекциясы деуге болады.

Жан беру шарттарының бар моральдық-психологиялық ауыртпалығы мен жамандыққа апаруы кәдік салдарын сезінгендіктен жанға ұстанған кісі өзі куәлендіруі тиіс дауға түскен адамның әлдебір қараулығын сезіп қалса немесе оның ісінің ақ-қарасына көз жетпесе ант беруден жан садаға деп аталатын айып-қиыбын төлеп дереу құтылуға тырысатын. Мұндайда, билер кеңесі куәгері жан беруден бас тартқан адамның өзінен жан беруді талап етті. Бірақ, осындай жайтта да әлгі адамның ар тазалығы қатаң ескеріліп отырылды. Егер, мұндай әрекеттен еш нәтиже шықпаса, әлгі тарап жеңілген болып саналып, тиісті жазаға кесілді. Екі тараптан да алынатын жан беру рәсімінің аяқталуы билік жүргізудің келесі соңғы сатысы даулы істің субъектілерінің дәйектемелерін талқылау және тиісті үкім-кесім шығару үрдісінің басталғандығын білдірді. Билік жүргізудің ежелден жалғасқан тәртібіне сәйкес мұндайда ара билердің әрқайсысы өз пікірлерін ортаға салатын. Айтылған пікірлерді талқылау өте тартысты жағдайда өтуі осы жосынның ең басты функционалдық ерекшелігі болып табылады. Шешуші үкім-кесімді ара билермен келісе отырып төбе би шығаратын. Осы ретте тағы бір ерекше екшеп айтар жайт – билер кеңесінің ұйымдастырылуының институционалдық деңгейі мен құрамы даулы істің күрделілігі мен ауқымына ғана емес, әлгі істің субъектілерінің әлеуметтік мәртебесіне де тікелей байланысты болды. Егер, даулы істің субъектілері сұлтан немесе қожа сынды ақсүйектер категориясынан болса, хан билігі жүріп тұрған кезеңде мұндай істі үш жүздің игі жақсылары мен ырыс ұстағандарының деңгейінде ең көрнекті өкілдері сұлтандар, билер, рубасылар, батырлар қатысатын хан кеңесі қарастырып отырды. Кейін, хан билігі әлсіреген заманда мұндай істің үкім-кесімін енді үш-жүздің деңгейінде ұйымдастырылған билер кеңесі шығарды. Мысал ретінде жоғарыда аталған автор Л.Ф. Баллюзектің еңбегінде, ішінара П.Е. Маковецкийдің зерттеуінде сипатталынған қазақ тарихындағы төтенше оқиғалардың бірін айтуға болады: Орта жүздің батыры Сырымбеттің Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтіруіне байланысты үш жүздің төбе билері, көрнекті рубасылары, ақсақалдары, батырлары бас қосқан кеңейтілген билер кеңесі шақырылды. Кеңесте төбе би болып әйгілі Төле би сайланды. Әлгі даулы істі талқылау әжептәуір уақытқа созылғанға ұқсайды. Жоғарыдағы авторлардың еңбектерінде келтірілген аталмыш мәліметтің өрбітілу қисынына (логикасына) қарағанда, билер кеңесі ханды өлтірген Сырымбет батыр мен оның руластарына шейіт болған Әбілқайыр ханның баласы Ералы сұлтанның пайдасына деп 7 күн төлеуге үкім-кесім шығарған (өйткені, қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының қағидалары бойынша ханды өлтіргені үшін құныкер мен оның туыстары қараша халықтың құнынан 7 есе артық құн төлеуі тиіс. Ал қараша халықтың өкілінің құны 1000 қойға немесе 100 жылқыға немесе 50 түйеге тең болды. Сонда Ералы сұлтан құныкерден 7000 қой немесе 700

жылқы, түйе басына шаққанда 350 түйе алуы тиіс еді). Бірақ, Ералы сұлтан билер кеңесінен өзіне тиесілі 7 құнның бірінің орнына көшпелі ортада ежелден орныққан «қанға қан» принципі бойынша Сырымбет батырды өлтіруге мұрсат сұраған тәрізді. Л.Ф. Баллюзек келтірген мәліметтің қисынына ілессек, билер кеңесі Ералы сұлтанның бұл өтінішін қанағаттандырған сыңайлы. Сөйтіп, төбе би Төле бидің үкім-кесімімен Ералы сұлтан әкесін марқұм қылған Сырымбет батырды өз қолымен өлтіріп, үстіне қосымша 2 құн алған соң, қалған 4 құнды кешірді. Л.Ф. Баллюзек өзінің осы сипаттамасын айтылып отырған оқиғаның дәйегі де, дерегі де жеткілікті деп аяқтады.

Шыңғыс ханның істі болған ұрпақтарын жазаға кесуге тек ең жоғарғы әлеуметтік-саяси деңгейдегі билік жүргізу институттары ғана құқылы болғандығы осы ұлы қағанның билік құрған заманынан бастау алған жосын сыңайлы. Расында да, хан билігінің дәурені жүріп тұрған кезеңде де, тіпті, осы биліктің әлсіреген заманында да әлеуметтік-саяси әуселесі әлі де қауқарлы болған Шыңғыс хан ұрпақтарының дауға түскен істерін, әсіресе, жоғарыда айтылған ханның кісі қолынан қаза тапқандығына байланысты аса күрделі істі руаралық деңгейдегі билер кеңесінің ғана қарастыруының институционалдық және моральдық-психологиялық мүмкіндігін елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл дәстүрді Қазақстанның аса көрнекті шығыстанушысы В.П. Юдин теориялық тұрғыдан да, деректік жағынан да қисынды негіздеген шыңғысизм идеологиясы мен практикасының ең басты элементі ретінде де қарастыруға болады.

Билер кеңесінің, әсіресе, кеңестің төбе биінің билік жүргізу үрдісіндегі шешуші рөлі осы мәселені арнайы зерделеген қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерінде айырықша аталынып отырылды. Сан алуан құқықтық істерді, әсіресе, кісі өлімі, ұрлық-қарлық, жесір дауы, жер дауы сияқты шиеленісті мәселелерге байланысты билердің арасындағы даулы айтысты билік жүргізу дәстүрінде жиі кездесетін жайттардың бірегейі десе де болады. Бидің біліктілігінің де, кісілігінің де, «сөз ұстаған» шешендігінің де дүйім жұрттың алдында ерекше айғақталынатыны дәл осы сәт болды. Осы ретте, әсіресе, билік жүргізудің тек дәстүрлі қазақ қоғамына ғана тән процессуалдық түрі – билер айтысы болғандығын ерекше атап өткен ләзім. Бұл жосын билік жүргізудің әділ шешім шығаруының ең ілкімді кепілдерінің бірі болды. Осы кезеңде қазақ өлкесінде мұндай сан көріністің куәсі болған орыс зерттеушілерінің билер айтысын дәстүрлі қазақы ортадағы билік жүргізудің өзіндік процессуалдық болмысы әрі артықшылығы екендігін үнемі атап өтулері сондықтан болса керек. Мысалы, Кіші жүз қазақтарының әдет-ғұрыптық құқығын өз заманының методологиялық талғамына сәйкес дендеп зерттегендердің бірі Л.А. Словохотов билік жүргізу барысында айтысқа түскен билердің өздерін ерекше еркін ұстайтындығын, шындықтың шынайы жаршысы болған олардың сұлу сөздері ағын судай төгіліп жататындығын тамсана суреттеді. Осы автордың айтуынша, қазақ билері даулы істерге байланысты мәліметтерді өздері жинап жатпаған. Бірақ, олар дауға түскендердің айтқандарын қалт жібермей өздерінің сан жылғы іс-тәжірибесі мен біліктілігінің тезінен бірден өткізіп, жұртшылыққа асқақ поэтикалық

тілмен, әсерлі эстетикалық нақышпен жеткізуге тиіс болды. Оның үстіне бұл үрдістің билердің өзара айтыс түрінде өтуі, жоғарыда айтылғандай, олардың әрқайсысының сан жылғы әлеуметтік беделінің халық алдында сынға түсуі еді. Мұндайда, әрине, билердің үкім-кесімінің шындық болып шығатындығы көшпелі орта үшін айқын жайт болғандығы сондықтан. Төменде жазушылық шеберлігімен қатар, қазақ этнографиясына да әрдайым айырықша көңіл бөлген М.Әуезовтың «Әдебиет тарихы» атты еңбегіндегі билер айтысына арналған бөлімнің тиісті үзіндісін келтіруді жөн көрдік. Еңбек таза академиялық-ғылыми қалыппен емес, көпшілік әдебиеттің әсерлі тілімен жазылса да, өзінің тарихи-этнографиялық нақтылығымен де, дәйектілігімен де ден қойдырады.

«Билер айтысының қазірде барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша ғана жіктеу және ылғи ішкі мағынасына ғана қарап жасалған жіктер болады. Осы бетпен қарастырғанда билік айтыстары: бірінші, дау мен билікті қоса айтып, ру жігінің бетімен сөйлейтіндері болады. Мысалы Бұқар жыраудың Керейге айтқан тақпағы:

«Керей қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп.
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.
Ақ мырзамды өлтірдің,
Ақ сойылмен төбелеп,
Мен арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен – бұзау терісі шөншіксің,
Мен – өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында бітіссең
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында бітпесең
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа,
Көш соңына жете алмай,
Есің шығар сол шақта.
Жар басына қонарсың,
Жарты лашық тігерсің,
Ауызыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер,
Бұл қылығың қоймасаң
Сонау кеудедегі дулығыдан бас кетер».

Екінші, екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері. Мысалы, Ақтайлақ, Солтабай билігі.

Ақтайлақ:

Бай қонысын сұрасаң,

Батпақ сулы даласы.

Қой қонысын сұрасаң,

Кекірелі Жантық шорашы.

Құйсадағы таусылмас,

Қыдырлы байдың сабасы.

Сірә да ұшпақ көрер-ау,

О сыны тапқан анасы, –

деп өзінің кеудесін түртіп:

Сен төрт кісі күмән ұстатсаң,

Мен тоқсан түйе құн кестім,

Сөзімнің болса расы.

Бүгін керей өлгенде,

Ертең найман өлмей ме,

Өлімді жанның мұрасы, – дейді.

Бұл сөзді Солтабай ұнатпағанда, тағы: Ақтайлақ:

Әуелі бағыра ашылса,

Аққу шомар көлдерге.

Туысқаны кімнің көп болса

Үлкен медеу белдерге.

Қырық кез торғын жатыр ғой,

Ақ сандықтың түбінде.

Бәрін айт та бірін айт,

Сұлтанжан-ау, сар қасқа ам тұр ғой белдеуде,

– дейді.

Үшінші, арбасып, ырғасып жұмбақпен, тұспалмен айтысатын талас билік, – мысалы, Қараменде мен Кеңгірбай билігі. Дадан руы Боқты деген кісінің бір ағайынынан, тобықтының мырза деген руы бір қысырақ ұрлап, қырып алыпты. Қуғыншы келгенде, мырза танып, әлденеше жерде сөз болып, аяғы Қабекең мен Қарамендеге барып, екеуі біріне-бірі сөзін айтып, арасына қайта-қайта кісі жүріпті. Нағыз жарыққа түсетін екі куә болмай, ішек-қарын аршыған қатыннан шыққан сөз деп, Жұмағұл болып жабыла танған соң, күмәнға салайық десе Боқты көнбей, әбден ысқаяқ дауға айналған. Сол тақырыпты Қабекең Байғара Кенбайды Қарамендеге жұмсардың алдында, сендер Қарамендеге: «Шын болса желдеген тайы шығар. Өтірік болса қазақтың баяғы жала жапқан жайы шығар. Батыр айғақ, бай шүгелі болмаған даудың жайы қалай болатынын Қараменде өзі айтсын» – деп айтындар. Сонда Қараменде айтар: «Бұл Қарекеннің күмән ал дегені ме, не басқа жүзден келген дау емес. Тым болмаса өзге орта жүз дауы емес. Қараменде мен Кеңгірбай тобықтының бес тайын таба алмай, күмәнға салыныпты дегенге жанның бәрі күлмей ме. Онан да Қабекем өзі қақында, не бар, не жоқ қылсын, мен сөзімді сол кісіге билеттім» дер. Сонда сен ойланғаның отыр да: «Япыр-ай, бұрын да

шатасқан антұрған дау еді. Енді екеуінің аранда жүріп, осы бес тай үшін өміріміз өте ме?». Бұл сөзіңізді айтқанда, Қабекең: «Қараменденің мұнысына рахмет, берді деп жұта салғаным лайық емес қой, мен өзіне бергенім десе тағы қайта келем бе. Бітімін айтып жіберсеңіз болмай ма. Қабекең сізге ғой» дедер. Сонда Қараменде айтар:

«Кеңгірбай бұл сөзді маған біржолата беріп отырған жоқ, онысын сөз қосып, құйрығынан ұстай беріп, отырғанынан білмеймісің, оның қасында көп жүріп, сырлас болып едің ғой: «Құйрығын ұстап мал берсе, Қолыма тиді деменіз, Алақанын жаймай ас берсе, Асатты ғой, деменіз», – деп, Құттыбай би айтқан жоқ па. Бұл сөзді мені қыстамай-ақ өзі айтсын, бірақ:

«Қоңырды қағу кімге жөн, Өмірді қағу кімге жөн Осынымды айт», – дер. Сонда сен: «Бұл соңғы сөзіңді Қабекеңе айтып бармаймын. Мұныңыз Қабекеңнің өзін күмәнға ұстаған болмай ма? де де, ол сөз айтқанша: «Айтқандайын, баяғыда Қазыбек би Әнет бабаңнан шарифатпен ескі қазақ жолын үйренемін деп, көшіп келіп, бір жаз үйреніп, күз қайта көшерінде:

«Табан ақыңды айт, бата бер» дегенде, бабаң не деп еді. Соны ұмытып қалыппын, сұрай кел, осы сөзге не айтса да ұмытпай кел деп еді-ау», – дейді.

Кенбай Қарамендеге келіп, Қабекең сөзін айтса, дәл Қабекемнің айтады дегенін айтыпты. Үйретінді сөздерге дәл айтқандай шығыпты да: «Соңғы сөзіңді айтпаймын, бабаң Қазыбекке не деп еді?» дегенде, Қараменде: «Ә» деп тұра қалып: «Мен адасып отыр екенмін ғой. Бұл сөз Кенбайшаның сөзі емес, Кеңгірбайшаның сөзі екен ғой, жауласқан жатқа айтатын бітімсіз сөзін маған айтқаны екен ғой:

Көбік ауыз боқты көнбес,
Көк ауру мырза бермес,
Кеңгірбай сөзі бұл болса,
Бұл ара қоныс болмас.

Кеңгірбайға сәлем де, бұл сөзді маған берсе, мен бес тайды салауат қылдым. Ол үлкен болып қоныс алсын, мен отау болып өріс алайын.

Күндердің күнінде
Көрісерге күн жақсы болсын.
Алыстан іздемесін,
Кезең астындағы кең қақтан табар, –
депті, Әнет бабаң.
Қазақ жолы қанағат,
О да жолдан адаспас,
Қасаңдау емі шарифат,
Оған ешкім таласпас, –
деген екен.

Төртінші, дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер. Мысалы Сабырбайдың Солтабай төреге айтқан өлеңі:

Алдияр біздің ауыл Берікқарада,
Белге соққан жыландай екі арада
Тобықты күнде тиіп жылқы алады,
Иесіз иен елде ерік бола ма.

Шұбарым, арғымағым, арыстаным,
Сөзге бай ауыздыққа алысқаным,
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,
Болаттың суын тапқан, данышпаным,
Шұбарым, арғымағым, кермаралым,
Өз заңынша полковник, жандаралым.
Кәпір қаулан болғанда мұсылман аз,
Қайрандап қазы құрттай жан қаларым.
Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,
Арқауылдың жонындай күн шалғаным.
Асусыз тау, өткелсіз су келгенде,
Құйқылжып құларыңдай жол салғаным.
Шұбарым, арғымағым, сары жілік,
Арғын, найман арасы болды бүлік,
Ежел, тышқан қыстайды Құндыздыны
Иен тұр бабаң қонған қызыл шілік.
Солтеке, сеніменен қай төре тең,
Төрені ақыл, қараны қайратпен жең.
Жалды жылқы, құйрықты қой жемеген,
Хан ием-ай сол мінезің Жайықтан кең.
Сотекем бесбайыстың қарағындай, Әлібек,
Айтақ қыстайды қара құмды-ай,
Қолына отты шала ұстап туған,
Жат бауыр қыла көрме Барағымдай-ай».

Бұл айтыстарда екі жақтың бірдей айтуы шарт емес, затына дау мен талас, тартыс үстінде шыққан сөздер болғандықтан жалғыз бір-ақ жақтың сөздері өлеңмен айтылған болса да, билер айтысының мысалына аламыз».

Әлбетте, М.О. Әуезовтың аталмыш еңбегінің осы тұсы атауынан көрініп тұрғандай, әдет-ғұрыптық құқықтың қисыны тұрғысынан жазылмағандықтан, билер айтысының процессуалдық функциясының біраз қырларын қамтымайды. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, ұлы жазушы ғана емес, аса көрнекті ғалымның бұл сипаттаулары көшпелі ортадағы билік жүргізудің тарихи-этнографиялық образын мейлінше дәл бергендігімен құнды. Деректерге қарағанда, кісі өлтіру, әйел затын зорлау, көші-қон тонау, қарақшылық, біреудің әйелін оның келісімінсіз зорлықпен алып қашып кету және басқа да осы сияқты қазақ қоғамында кешірілмес ауыр күнә болып есептелінген қылмысты істерге қатысты билік жүргізу айтыс түрінде өтпеген сыңайлы.

Енді билік жүргізудің дәстүрлі категориялық-ұғымдық негіздемесі жөнінде бірер сөз. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – дәстүрлі қазақы ортаның социумдегі сан алуан тәртіпсіздіктер мен тәртіп бұзушыларды һәм қылмыстар мен қылмыскерлерді түр-түрге жіктеген ежелден жалғасып келген өзіндік когнитологиялық классификациясы болды. Осы когнитологиялық классификацияның билік жүргізу үрдісіндегі қолданыс қисынын түсіну үшін тиісті категориялар, ұғымдар мен атауларды субъектілік, функционалдық

және пысықтауыш деп шартты түрде үш топқа жіктеу қажет. Мысал ретінде ұры, ұрлық немесе ұрлық-қарлық, осылардың мазмұнын және жат әрекет ретіндегі салдарын білдіретін ұры мұндар, ұрының арты ашық, ұрлық түбі қорлық, ұрының беті күйсін деген сияқты және осы мәндес басқа да ұғымдарды айтуға болады. Мұнда ұры қылмысты істің субъектісі, яғни, субъектілік ұғым. Ұрлық немесе ұрлық-қарлық әлгі қылмыстың болмысын білдіретіндіктен функционалдық мәнді ұғымдар болып табылады. Ал паремологиялық формуламен берілген қалған ұғымдар ұры мен ұрлық немесе ұрлық-қарлықтың ата-баба жолының ұстанымдарына мүлдем жат «шектен шыққан» іс екендігін білдіретін пысықтауыш мәнді ұғымдар. Сан алуан этнографиялық, әсіресе, фольклорлық деректердің қисынына қарағанда, билік жүргізудің іс тәжірибесінде осы және осы мәндес басқа да категориялар, ұғымдар мен атаулар көшпелі ортаға тән өзіндік силлогистік тәсілмен қолданылып отырды. Мысалы, қазіргі ғылыми қисынға салып шамалап айтқанда, ұрлық жасаған адам ұры, сондықтан да, ол – осындай жат іс-әрекетімен ата-бабаның жолына қарсы шыққан ұры мұндар, жаман адам деген сияқты.

Сонымен бірге, жаман іс, жаман адам, нашар адам, қаскүнем, жәдігөй, құлқынының құлы, қастық, залым, арам сияқты ата-баба жолының этикалық қағидалары бойынша адам баласының бойындағы ең жағымсыз қасиеттерді білдіретін жалпы мәнді ұғымдар да билік жүргізудің іс-тәжірибесінде қылмыс атаулыға қатысты (соның ішінде, ұрлық немесе ұрлық-қарлыққа да) субъектілік және функционалдық ұғымдарды пысықтайтын функция атқарды. Рас, билік жүргізу тәжірибесі қоғамдағы «ата-баба жолын» бұзғандар мен бұзушылықтың дәл осындай когнитологиялық жіктелуіне мұқтаж болған емес. Бірақ, адамдардың бойындағы «ата-баба жолына» мүлдем жат қасиеттерін, қылықтары мен шектен шыққан деп саналатын қылмыстық істерін білдіретін сан алуан категориялар, ұғымдар мен атаулар, яғни этнокогнитологиялық бірліктер, сөз жоқ, билік жүргізудің өзіндік «процессуалдық-нормативтік» матрицасы іспеттес болды.

Сонымен, билер даулы істің ақ-қарасын жоғарыда сипатталған жосын арқылы анықтағаннан кейін тиісті үкім-кесім шығаруға кірісті. Бұл билердің арасындағы даудың аяқталып, бәрінің пікірі ортақ шешімге айналғандығын білдірді. Бірақ, төбе бидің тоқтаған шешімі осы үкім-кесімнің негізіне алынды. Билік жүргізудің дәстүрлі жөн-жосығына сәйкес, үкім-кесімді міндетті түрде төбе би ғана жариялайтын.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың әдет-ғұрыптық құқығын зерттеген орыс ғалымдары мен шенеуніктердің жарық көрген материалдарында, әсіресе, П.Е. Маковецкий мен Л.А. Словохотовтың еңбектерінде көшпелі ортада қылмыстық немесе бұзақылық істердің адамнан емес, оны азғырған шайтаннан, нәпсіден немесе Құдайдың жазмышынан көреді деп дәл айтылған. Яғни, авторлардың қисыны ден қойдырар пікірінше, қазақтар қылмыс пен бұзақылық атаулыны оны жасаған адамдардың шайтанға алдануымен немесе нәпсіге берілуімен байланыстырды. Дегенмен, авторлардың аталмыш гәп қылмыскерлердің жауапкершілігін төмендетеді дегендері болмаса, оны билік

жүргізудің үкім-кесімінің ежелгі тәсілдері мен қолданатын жазаның мән-мақсатымен байланыстыра алмады. Расында да, көшпелілердің дүниенің жаратылысы, соның ішінде, кісілік концепциясы бойынша (мұны антропологиялық концепция десе де болады), адам баласының бұрынғы, қазіргі және болашақтағы болуы тиіс бүкіл іс-әрекеті Жаратқанның бұйрығымен алдын ала жазылып қойылады екен. «Жазмыштан озмыш жоқ» немесе «пешенеңе не жазса соны көресің» деген сияқты футурологиялық мәнді паремологиялық формулалар осындай жайтқа байланысты қалыптасқаны даусыз. Сонымен бірге, Жаратқанның жарылқауына, аруақтар мен әулие-әнбиелердің қолдауына ие болғандар ғана ата-баба жолын ұстануға лайық. Ал жын-шайтан иектегендер – әлгі ата-баба жолынан ауытқығандар. Демек, адамның жаман іс, жат қылыққа, яғни, қылмыстық іс пен бұзақылыққа барғандығының бірден-бір себепкері, – аталмыш орыс зерттеушілері дәл айтқандай, – оны иектеген әлгі жын-шайтандар. Енді, осы айтылғандар билік жүргізудің үкім-кесімінің мән-мақсаты мен құқықтық салдарына қатысы жөнінде. Шынтуайтында, жоғарыда қысқаша да болса сипатталған көшпелілердің кісілік концепциясы билік жүргізудің кінәлі немесе күнәһар деп есептелінген адамға шығарылған үкім-кесімінің мәнін де, қолданылған жазасының мақсатын да түсінуге шексіз мүмкіндік береді. Ең алдымен бұл концепция дәстүрлі қазақы ортада адам кез келген бұзақылық пен қылмыстық істің неліктен тікелей субъектісі ретінде саналмағандығының идеологиялық-көзқарастық түсініктемесі әрі құқықтық негіздемесі болып табылады. Осы концепцияның қисыны тұрғысынан сұмдық атаулының бар гәбі – қылмыс пен бұзақылық істеген адамда емес, осындай жаман іске апарған оның қаскүнемдігінде, залымдығында, қанішерлігінде және т.с.с., яғни, жын-шайтаннан келген зұлымдық қасиеттерінде. Сондықтан, билік жүргізу жосынында, түптеп келгенде, жазаға кесілетін және кесілген бұзақылықтың тікелей субъектісі адам емес, ең алдымен оның жаман іс-әрекеті мен осы іс-әрекеттен көрінген ата-баба жолына мүлдем кереғар қасиеттері һәм қылықтары. Тіпті, шектен шыққан деп саналатын қылмыс жасаған адам да билердің үкімімен ең алдымен осы қылмыстың тікелей субъектілік себепкері, яғни, субъектісі ретінде емес, жын-шайтан, албасты, марту сияқты зұлымдықтың иелері әбден иектеген азғын ретінде кесілді. Осы айтылған уәждің ілкімді дәйегі ретінде көшпелі ортада ауыр қылмыс атаулының субъектілерінің ортақ атауы қылмыскер емес, құныкер екендігін, бұл атау, түптеп келгенде, кез келген қылмыстың, мысалы, кісі өлімінің тікелей себепкері адам еместігін білдіретіндігін айтуға болады. Өйткені, осы және осы құралыптас басқа да қылмысты жайттар, жоғарыда айтылған «жазмыштан озмыш жоқ» немесе «маңдайыңа не жазса соны көресің» деген футурологиялық парадигмаларға сәйкес Құдайдың ісі болып табылады (бұл дәстүрлі «түсініктеменің» албасты басты, әруақ атты, Құдай атты, Құдай қарғады, Шайтан иектеді, шайтанның ісі, нәпсіге ерді, нәпсіқұмар және т.с.с. сияқты басқа да толып жатқан нұсқалары кездеседі). Жоғарыда көшпелі ортада адамды қылмыс немесе тәртіп бұзушылық атаулының тікелей субъектісі ретінде есептеген емес деуіміздің мәнісі осында. Дәстүрлі билік

жүргізу іс-тәжірибесінде жазаның басымен тартатын жаза және малымен тартатын жаза деген екі түрі қолданыста болды. Бірақ, сан алуан тарихи-этнографиялық және фольклорлық деректерде көшпелі ортада қылмыскер (шектен шыққан) немесе бұзақы (жиын бұзған тентек, елдің шырқын алған тентек және т.с.с.) деп саналған адамдарды жазалаудың дәстүрлі жіктемесі жөнінде зәредей болса да мәлімет жоқтың қасы. Ал әйгілі Саққұлақ бидің ұрпақтары академик С.С. Зимановқа тапсырған қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты әзірше белгілі бірден-бір жазба ескерткіш деп есептелінетін қолжазбасында жазаның дәстүрлі жіктемесі қайшылықты берілген. Мысалы, қолжазбаның «қылмыстарға берілетін жаза» деп аталатын IV-бабында өлім жазасы мен масқаралау жазасы басымен тартатын жазаның қатарына жатқызылса, үкім деген жеке тараушада өлім жазасы енді дербес жан жазасы деп берілген. Ал масқаралау, яғни, бетіне күйе жағылып, сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіліп, мойнына құрым ілінген айыпкерді ауылды, кейде, жәбірленушінің өзін айналдыру рәсімі керісінше жеке ар жазасы ретінде көрсетілген. Бұл мәселеге қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесіне байланысты арнайы материал жинаған және оны зерттеген қазан төңкерісіне дейінгі орыс шенеуніктері мен ғалымдары да мандымды көңіл бөлмеген. Мысалы, әдет-ғұрыптық құқыққа байланысты ең құнды дерек болып есептелінетін Өз Тәуке ханның Жеті Жарғысының орыс зерттеушілері Г.Гавердовский, Шүкірәлиев-Спасский, А.И. Левшиннің нұсқаларында да (этнолог Нұрсан Әлімбаевтың Жеті Жарғы атты мақаласында жасалған классификация бойынша) билік жүргізудің үкім-кесімімен белгіленетін жазаның дәстүрлі қазақы жіктемесі мүлдем қарастырылмаған. Ал А.И. Левшиннен кейінгі кезеңде жарық көрген қазақтың әдет-ғұрыптық құқығына байланысты әртүрлі деңгейде жазылған еңбектер мен материалдарда аталмыш мәселенің кейбір аспектілері «жол-жөнекей» әрі жүйесіз сипатталған.

Советтік кезең мен тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жарық көрген еңбектерде дәстүрлі қазақы ортада қолданылған жаза құн және айып деген ежелгі атаулармен екі категорияға жіктелінеді. Оларды тиістісінше кейде құнмен өтеу жазасы және айыппен өтеу жазасы деп те атайды. Сондай-ақ, аталмыш екі жазаның мал-мүлікпен өтеу немесе мал-мүлікке кесу деген жалпы атауы да кездеседі. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазақ өлкесіне орыс отаршылдығы орныға бастауына дейінгі кезеңнің өзінде-ақ дәстүрлі жазалау жүйесінде құн жазасы қолданыста болмаған. Яғни, құн жазасы – қазақ жерінде орныға бастаған орыстың саяси-әкімшілік жүйесінің ықпалымен қалыптасқан соны құқықтық жосын. Біздіңше, бұл – советтік тарихнамада орныққан «Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы» деп аталған сол кезеңде зәредей шәк келтірмес бағдарлаушы-бағыттаушы тақырыптың идеологиялық тегеуірінді ықпалымен қалыптасқан көзқарас. Әлбетте, дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған өлім жазасының жоғарыда айтылған отаршылдық «орыс факторының» әсерімен билік жүргізудің іс-тәжірибесінен бірте-бірте ығыстырылуын жоққа шығаруға болмас. Шынтуайтында, көшпелі қазақ социуміне және осы құралыптас басқа да әлем халықтарының дәстүрлі қоғамдық құрылымдарына байланысты сан алуан

тарихи, этнографиялық және фольклорлық материалдардың өзара шендестіріле зерттелген қисындары дәстүрлі қазақы ортада (әлбетте, орыс отаршылдығына дейінгі дәуірде) жазаның кінәлі адамды тиістісінше өлімге кесу және айыпқа кесу деп аталған түрлерімен қатар, құнмен өтеу жазасының немесе құн жазасының да қолданыста болғандығын көрсетеді. Демек, жазаның соңғы құнмен өтеу түрі де қазақтың дәстүрлі билік жүргізу іс-тәжірибесінде ежелден орныққан құқықтық жосындардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған орыс зерттеушілері мен шенеуніктерінің материалдарында көшпелі ортада қылмыс жасаған (мысалы, ұры) немесе бұзақылық іске барған адамдарды (мысалы, елдің шырқын алған тентек) билер кеңесінің үкім-кесімімен арнай жасалған ұраға қамау, масқаралау, дүрелеу, ел-жұрттан аластау (етегін кесіп, елден қуу), табанын тілу сияқты жазалау түрлерінің де қолданыста болғандығы жөнінде үстірттеу болса да мәлімет келтіріледі. Деректерге қарағанда, осы жаза түрлерінің ішінде, әсіресе, дүрелеу немесе дүре салу жазасы кең қолданыста болғанға ұқсайды. Осы ретте этнографиялық тұрғыдан ерекше ден қойдырар жайт ретінде тиісті қылмыстық істердің (көбінесе ұрлық-қарлықтың) және бұзақылықтың (жиын бұзған тентектің) субъектілерін дүрелеу жазасының көшпелі ортада билердің үкім-кесімімен жүзеге асырылатын «қазақы» және мұсылмандық түрлерінің қатар қолданылғандығын айтуға болады. Г.Загряжскийдің еңбегіндегі мәліметке қарағанда, жазаға кесілген адамға қамшымен дүре салу жұртшылықтың алдында үйден тыс жерде іске асырылып отырылды. Егер, жазаны мұсылмандық тәртіппен қожа немесе қазі тағайындаса, дүре алдын ала жатқызылған адамға салынды. Ал билердің үкім-кесімі бойынша, күнәлі деп саналған адамды белуарына дейін жалаңаштап тұрғызып қойып, арқасына дүре салған. Дүрелеудің осы қазақы түрі тазғыр деп аталады.

Сонымен, әзірге қолжетімді материалдардың қисынын негізге ала отырып, көшпелі ортада қылмысты (шектен шыққан) және бұзақы деп есептелінген адамдарды жазалаудың түрлерін басымен тарту жазасы мен малымен тарту жазасы деп аталатын екі үлкен категорияға жіктелінді деп айтуға болады. Басымен тартатын жазаға қылмыс атаулының және бұзақы істердің субъектілерінің тікелей өздері жазаланатындығын білдіретін төмендегідей түрлері жатады:

- өлім жазасы;
- ел-жұрттан аластау («етегін кесіп, елден қуу»)
- қамшымен дүре салу;
- қанға қан, жанға жан принципі бойынша қылмыскер жәбірленуші адамның денесінің мүшелеріне қандай зақым келтірсе, оған дәл сондай зақым жасалуы тиіс (мысалы, қолын сындырса, қолын, құлағын кессе, құлағын деген сияқты);
- масқаралау;
- сирек те болса қолданылған табан тілу;

Сонымен қатар, деректер аталмыш жазаның кейбіреулерінің бір-біріне ұласып қолданылғандығын да айғақтайды. Осыған орай төменде

этнографиялық тұрғыдан да, әдет-ғұрыптық құқық жағынан да аса көрнекі бір жайтты мысал ретінде келтіруге болады: бір рудың (жетіата) ататектерінің шежірелік желісі жетіатадан әрі аса қоймаған жыныстық қатынасқа түскен қыз бен жігіт ата-баба жолы бойынша қазақ тіршілігінде орыс отаршылдығының тәртібі орныққанға дейінгі дәуірде билер кеңесінің үкім-кесімімен міндетті түрде өлім жазасына кесіліп отырды. Осы жазаның орындалуына дейін олар масқаралау жазасын өтеді: әшкере болған қыздың өрімі шорт кесілді. Бұл үрдіс оның ел-жұрттың алдында қарабет деген қас масқара атаққа ілінгендігін білдірді. Қарабет атауының жүзіқара деген синонимдік нұсқасы да кездеседі. Ал жігіттің мініс атының құйрығының құйымшақ тұсынан бастап шорт кесілуі әлгі жігіттің, бір жағынан, қас масқараға ұшырағандығының, екінші жағынан оның өскен ортамен, ел-жұртпен байланысының біржола үзілгендігінің айғағы іспеттес болды. Шынтуайтында, қас масқара болған қыздың бұрымының да, жігіттің мініс атының құйрығының да кесілуі олардың енді бұ дүниелік емес екендігінің символдық жосынымен білдірілгендігі болса керек.

Жазалаудың келесі малымен тарту жазасы деп аталатын екінші категориясына билер кеңесінің үкім-кесімімен кінәлі деп табылған субъектілер өздерінің қылмыстарын немесе бұзақылық істерін мал-мүлікпен өтейтіндігін білдіретін құн және айып деп аталатын түрлері кіреді. Осы ретте ескере кетер жайт – құн жазасының мәні тек кісі өлтіргені үшін қылмыскер тарапынан төленетін мал басымен ғана шектелмейді. Өйткені, құн жазасына, деректерге қарағанда, үшінші рет ұрлық жасаған баукеспе аталған ұры да, кісі өлтірген қылмыскерді жасырған немесе оның қашып кетуіне себепкер болған адам да кесіліп отырылған. Д.Я. Самоквасовтың 1824 жылы Орта жүз қазақтарының арасынан жинаған мәліметіне қарағанда, әлгі кісі өлтіргенді жасырған немесе оны қашырып жіберген адам билер кеңесінің үкім-кесімімен кісі өлтірушінің көмекшісі болып есептелініп, кісісі қаза болған тарапқа (руластарына, туыстарына) төрт түліктен тұратын жалпы саны 100 бас мал, екі тұтқын қалмақ, қосымша екі түйе және екі сауыт мөлшерінде құн төлеуге тиіс болды (дәстүрлі билік жүргізудің іс-тәжірибесі бойынша көмекші деп аталатын ұры-қарының серігі де ауыр қылмыстың субъектісі болып есептелінді). Билік жүргізудің үкім-кесімімен өзінің қылмыстық ісін құнмен төлейтін субъектілердің ортақ атауы – құныкер. Құн жазасын өтеу үрдісіне осы қылмыстық қатынастың тікелей тұлғалық субъектілері ғана емес, олардың руластары кейде, бір жүздің бүкіл игі жақсылары мен ырыс ұстағандары да тартылды. Құнның мөлшері өте мол болғандықтан оны өтеуге қылмыскердің руластары да өз үлестерін қосты. Бұл үлестің мөлшері қылмыскердің ру ішіндегі туыстық қатынастар жүйесіндегі шежірелік мәртебесіне де (мысалы, әлгі қылмыскер ауыл ішінде ерекше сыйлы әулет болып есептелінетін үлкен үйдің баласы деген сияқты), құн төлейтін руластарының ағайындылығының алыс немесе жақындығына да тығыз байланысты болды. Яғни, құнды ру ішінде бөлісіп төлеудің осындай жосыны ежелден қалыптасқан туыстық қатынастың ілкімді нормалары және принциптері арқылы ұйымдастырылып отырылды. Құнды өтеуге қатысқан қылмыскердің туған-туыстарының, руластарының ежелден орныққан ортақ атауы – құндас. Сонымен бірге, құн өзінің дәстүрлі

өтеліну тәртібі мен ретіне байланысты негізгі құн, сүйек құны, өнер құны және қара құн деген түрлерге жіктелінді. Бұлардың функциясы, түптеп келгенде, руаралық қақтығысқа, тіпті осы оқыс жайттың бүкіл ішкі этникалық шиеленіс пен дағдарысқа ұласуына себепкер болуы әбден мүмкін теріс факторлардың алдын алу, сөйтіп, руаралық қатынастың ежелгі үйлесімділігін сақтауға бағытталды. Демек, билік жүргізу іс-тәжірибесіндегі нормативтік-процессуалдық тұрғыдан да, жүзеге асырылуы тәсілі жағынан да күрделі жосын болып табылатын құн жазасы көшпелі ортада руаралық қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттеп отыратын аса маңызды құқықтық функция атқарды.

Малмен тарту жазасының келесі түрі айып жазасына жоғарыда аталған және басқа да көшпелі ортада шектен шыққан деп саналаған ауыр қылмыстан өзге жаман іске барған субъектілер кесіліп отырылды. Айып жазасының жүзеге асырылу үрдісі құн жазасының атқару жосынымен бірдей десе де болады. Айырмашылығы – айыптың кез келгені болсын жәбірленушіге және оның руластарына төленуге тиісті мал-мүліктің мөлшері құнға қарағанда әлдеқайда аз болды. Сан алуан деректерде айып жазасын кіші құн деп те аталатындығы сондықтан. Дәстүрлі қазақы ортада айып жазасының ең ауыры мал ұрлаудың субъектісіне тағайындалды. Мұндайда әшкере болған ұры мен оның жақтастары (руластары) жәбірленуші тарапқа үш тоғызға дейін, яғни, төрт түліктен тұратын барлығы 27 мал басын төлеу жазасына кесілді. Айып жазасының осы түрінің көшпелі ортада ежелден қалыптасқан атауы – айбана. Ал ең төменгі айыптың мөлшері бір қой мен бір кез бұл (мата) ғана болды. Мұндай айыптың «азусыз ат, жиексіз шапан» (кейбір деректерде – жиексіз тон деп те аталынады) деп аталуы сондықтан. Мұндағы азусыз ат деп отырғаны – қой, жиексіз шапан – бір кез бұл. Аса ірі ұрлық жасаған ұры мен оның сыбайластары аталған үш тоғыз айыпқа кесілумен қатар, билер кеңесінің ұйғарымымен бүкіл мал-мүлкінен де айырылу жазасына кесілді. Айыптың бұл түрі шау алу деп аталынды.

Аталмыш құн жазасы мен айып жазасының үрдісінде билік жүргізуді ұйымдастырғандарға және ұйымдастыруға қатысқандарға хандық, бидің билігі, жасауыл ақы, сырт айғаққа – билерге немесе жәбірленуші тарапқа жасырын куәлік беретін субъектіге (субъектілерге) және бет айғақ деп аталатын ашық куәлікке жүретін субъектіге (субъектілерге) тиесілі сүйінші, сондай-ақ, жасауыл ақы сияқты арнайы ақылар төленді. Бұл ақыларды айыптың түрлері ретінде атай береді. Хан билігінің дәурені жүріп тұрған заманда хандық ақысы ханның ел арасындағы бүкіл этникалық деңгейге ұласқан аса ірі даулы істі бітістіргені үшін берілетін сыйақының атауы болса керек. Хан билігі жойылғаннан кейін бұл ақы енді сұлтандарға тиесілі болды. Осы ретте айта кетер жайт – хандық құн жазасының кез келген түрінің жүзеге асырылу үрдісінің қажетті элементі болды. Бірақ, айып жазасының ең ауқымды әрі күрделісінде ғана төленіп отырылды. Деректерге қарағанда, егер айыпқа аталған тоғыздың құрамы түйеден басталса, хандыққа деп 1 түйе, әлгі тоғыздың басы жылқы болса – 1 ат аталынды. Бидің билігі ақысы хандықтың жартысына – шамамен құнға немесе айыпқа арналған мал басының 1/10-не тең

болды. Жасауыл ақы – билік жүргізу үрдісіне куәгерлердің немесе күдікті деп саналған адамдардың тікелей қатысуын қамтамасыз еткені үшін жасауылдың тиісті жазаның өтеуіне аталған мал басынан алатын ақысының атауы. Оны көт майы немесе ат майы деп те атаған. Деректерде, жасауыл ақының мөлшері жөніндегі мәлімет әрқалай берілген, яғни, нақты дәйектелінбеген. Дегенмен, аталмыш мәліметтерді өзара шендестіру және салыстырудан туындайтын қисынға қарағанда, оның орыс отаршылдығына дейінгі мөлшері 1 жылқы мен 1 шапанның шамасында болған сыңайлы. Қазақ социумі отарлық жүйенің тәртіп-қалыбымен тіршілік құра бастағаннан кейінгі заманда жасауыл ақының мөлшері 1 қойға дейін төмендеді. Сонымен бірге, жоғарыда айтылған сырт айғақ пен бет айғақ деп аталатын қылмыстық істің куәгерлеріне берілетін сүйінші ақысы жәбірленуші тарапынан билік жүргізудің араласуынсыз да, билердің үкім-кесімімен де тағайындалды. Куәгерлердің осы категориясының куәлігі айғақталынса, ол қылмыскердің жазасын өтеуіне аталған мал басының 1/4-не дейін алатын. Ал даулы істің мүлдем аяқталып, тараптардың береке-бітімге келгендігін айғақтайтын даушыға жіп кесер ақысы әлгі даулы істің ауқымы мен күрделілігіне, сондай-ақ, жазаны өтеуге аталған мал басының санына да байланысты болды. Бұл ақының мөлшері әдетте 1 қой мен 1 шапаннан аспайтын. Осы құқықтық ғұрып бойынша, даулы істің тікелей тұлға-субъектілері алдын ала дайындалған ала жіпті керіп ұстап тұрды. Билердің үкім-кесіміне сәйкес, ол жіптің ортасынан кесу рәсімін атқару міндетті түрде ел-жұртқа сыйлы адал адамға ғана тапсырылды. Сан алуан тарихи-этнографиялық пен фольклорлық мәліметтер осы рәсімнің хан билігі жүріп тұрған кезеңдерде басқаша – көшпелі ортада ежелден орныққан жосын бойынша атқарылып отырғандығын айғақтайды. Яғни, әлгі ала жіп қылмыскердің немесе бұзақының аяғына тұсалып байланатын. Бұл кінәлі адамның (немесе күнәһардың) билік жүргізудің үкім-кесімі жүзеге асқанға дейін жаман ой, арам пиғылдан арыла қоймағандығын, кесілген жазасының өтелмегенін білдірсе керек. Ала жіптің билердің және ел-жұрттың алдында кесілуі тараптардың арасындағы даудың енді мүлдем аяқталғандығының символы болды.

Дәстүрлі билік жүргізу үрдісінде ала жіп кесу рәсіміне дейін тараптардың арасындағы аса даулы істі бітістіруге (пәтуаға келтіруге) байланысты атқарылатын салауат немесе салауат шақыру деп аталатын әдет-ғұрыптық институттың орны мен рөлі айырықша болғандығын ерекше атаған ләзім. Бұл жосынды атқаруға (билер кеңесі арқылы), әсіресе, руаралық деңгейдегі ұзақ уақытқа созылған текетірес дауды реттеу үрдісіне ел-жұрттың (аса қат жағдайда үш жүздің де) бетке ұстар игі жақсылары мен ырыс ұстағандарының аса көрнекті өкілдері қатысатын. Олардың бүкіл жұртшылық мойындаған беделі көшпелі ортадағы ушыққан істің өзінің дауға түскен тараптардың әрқайсысы үшін қолайлы шешімін табуға мүмкіндік беріп отырды.

Алайда, билік жүргізудің үкім-кесімін әлдебір себептермен тиісті жазаға кесілген тараптың орындамау жайты сирек те болса кездесіп отырды. Мұндайда арнайы қайта шақырылған билер кеңесі жәбірленуші тарапқа

көшпелі ортада ежелден жасап келген мәжбүрлеу тәсілі – барымта ұйымдастыруға рұқсат берді. Ата-бабаның жолы бойынша билер барымталанатын малдың мөлшерін және барымтаның атқарылатын уақытын белгіледі. Әдет-ғұрыптық құқықтың ежелгі жосыны бойынша, билер кеңесі белгілеген уақыттан бұрын немесе кейін барымта жасауға, әсіресе, аталған мөлшерден артық мал олжалауға қатаң тыйым салынды. Мұндайда артық мал алу жайты ұрлық-қарлық деп есептелініп, кінәлі барымташылар, ең алдымен оның басты ұйымдастырушысы әдет-ғұрыптық құқықтың осы қылмысқа байланысты қағидалары бойынша тиісті жазаға кесілді. Демек, барымтаны орыс отаршылдығы орныққанға дейінгі кезеңде дәстүрлі қазақы ортада руаралық (ру-қауым аралық) қатынасты мәжбүрлеу тәсілімен реттейтін құқықтық институттардың бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл институттың осындай реттеушілік функциясы Ресей империясының саяси-әкімшілік, экономикалық және территориялық тәртібінің көшпелі ортада орнығуына байланысты мүлдем өзгеріп кетті. Сөйтіп, барымта қазақ социумының тіршілік кеңістігінің ерекше тарылуына байланысты, оның үстіне орыс әкімшілігінің тікелей арандатушылығының нәтижесінде, әсіресе, XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап күшейе түскен руаралық қақтығыстың себебіне де, салдарына да айналды. Барымтаның шынайы институционалдық байыбына бойлай алмаған зерттеушілердің оны зорлық-зомбылық құралы ретінде қарастырғандықтары, өкінішке орай, әлі де қарастырып жүргендіктері сондықтан. Дәстүрлі әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптері – билік жүргізу жосынының идеологиялық әрі концептуалдық негіздемесі. Олардың «іске қосылуының» құқықтық механизмі. Қазақ социумының тыныс-тіршілігін ұдайы үйлестіріп және ұйымдастырып отыратын институционалдық қатынастар жүйесі болып табылады. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – бұл жүйенің салт, әдет-ғұрып, жосын-жоралғы сияқты компоненттерінің басты функциясы, сайып келгенде, этностың әлеуметтік энергиясын социумдағы қатынастарды нығайта түсуге жұмылдыру болды. Ол үшін дағдылы нормалар мен принциптердің (ұстанымдардың) ата-бабадан жалғасып келе жатқан мызғымас тіршілік қағидалары екендігі, олардың жасампаз миссиясы сан алуан салттар, әдет-ғұрыптар мен жосын-жоралғылардың (мысалы, ас беру жосынының) көпшілікке ежелден үйреншікті де, аса көрнекі «тілімен» паш етіліп отырылды.

Ал институционалдық қатынастардың жоғарыда айтылған құқықтық мәнді нормалар мен принциптер деп аталатын элементтерінің функционалдық ерекшелігі сонда, олар көшпелі ортадағы сан деңгейлі, сан салалы әлеуметтік қатынас жүйесінің қалыпты қызметін субъектаралық шиеленістерді жазалау, айыпқа кесу, мәжбүрлеу, бітістіру сияқты құқықтық тәсілдермен «жөнге салу» арқылы қамтамасыз етіп отырды. Яғни, билік жүргізудің ұйымдастырылу және оның шешімінің жүзеге асырылуы үрдісінде дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың ежелден дағдылы нормалары мен принциптерінің (ұстанымдардың) институттанған құқықтық болмысы мен бітімі ерекше көрінді. Расында да, аталмыш дағдылы ұстанымдар қоғамдағы алуан түрлі субъектаралық кикілжіңдер

мен қылмыстық істерді билік жүргізу жолымен шешіп отыру үрдісінің өзіндік нормативтік-процессуалдық негіздемесі рөлін атқарды. Осы қисын тұрғысынан, аталмыш нормалар мен принциптерді қоғамдық дағдарысқа ұласуы әбден кәдік субъектаралық шиеленістерді құқықтық жолмен реттеу билік жүргізу) жосынының концептуалдық әрі идеологиялық матрицасы ретінде де қарастыруға болады. Демек, институционалдық қатынастар жүйесінің құрылымдық және функционалдық әлеуетін (қалыпты қызметін) қамтамасыз етуші басты механизм – құқықтық мәнге (ахуалды) ие болған нормалар мен принциптер. Түптеп келгенде, институционалдық қатынастар құрылымының реттеуші негізі (тетігі) осындай құқықтық мәнді нормалар мен принциптерден тұрады. Әдет-ғұрыптық құқықтың қоғам (қауым) мүшелерін «ата-баба жолынан» ауытқымауын қамтамасыз ететін, жөнге салып отыратын, реттейтін айырықша институционалдық қауқары да осында.

Жоғарыда билік жүргізу жосыны көшпелі ортадағы дағдылы нормалар мен принциптердің институттанған болмысы мен бітімін білдіреді деуіміздің мәнісі мынада: дәстүрлі құқықтың функциясы әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі субъектаралық ахуалдық дағдарыс пен шиеленіс атаулыны институционалдық-императивтік жолмен (қазақы ортада билік, билік айту, билік жүргізу, іс кесу деген сияқты әртүрлі аталатын институт арқылы) реттеу болып табылады. Яғни, ахуалдық құқықтық қатынасқа түскен субъектілердің (тұлғалар, ауыл, рулар, ру-тайпалар және т.с.с.) арасындағы дау-дамай, жанжал, шектен шыққан деп бағаланатын шиеліністің, қылмыс атаулының себеп-салдары, ауқымы мен зардабына қарай бидің (билердің) билік жүргізуі және осындай іс кесуді (шешімді) жүзеге асыру арқылы. Алайда, әдет-ғұрыптық құқықтың осындай реттеуші («жөнге салу») функциясы аталмыш дағдылы нормалар мен принциптерді осындай билік жүргізу деп аталатын қоғамдық маңызы айырықша ахуалдық сәтте «іске қосу» жолымен атқарылып отырды. Яғни, белгілі бір тәртіп бұзушылықтың (мысалы, қонақты дұрыс күтпеу, оны ренжіту) немесе шектен шыққандық деп есептелетін белгілі бір қылмыстың (мысалы, біреудің малын ұрлау) субъектілеріне билік жүргізуге негіз болатын қазақы ортадағы тиісті (қажетті) дағдылы нормалар мен принциптер міндетті түрде басшылыққа алынды. Осы қисынның көрнекі мысалы ретінде жесір дауының кез келген түрінің көшпелі орта үшін бірден-бір әділ шешімі болып табылатын әменгерлік пен мұрагерлік принциптерін мейлінше қатаң сақтау болғандығын айтуға болады.

Жоғарыда дәстүрлі әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі осындай және осы құралыптас басқа да кикілжіндерді билік жүргізу жолымен реттеу үрдісінде «іске қосылатын» дағдылы ұстанымдарды құқықтық мәнге ие болған нормалар мен принциптер деп қарастырудың қисыны осында.

Шынтуайтында, көшпелі ортадағы құқықтық қатынастың өзі де ахуалдық сипатта болды. Өйткені, біріншіден, осы қатынастың субъектілері де (билер кеңесі, би (билер), ақсақалдар кеңесі, ақсақал (ақсақалдар), рубасы, жүгініс, айыптаушы (айыптаушылар), айыпкер (айыпкерлер) немесе қылмыскер (қылмыскерлер), құныкер (құныкерлер), куәгерлер, жан беруші

(жан берушілер) және т.с.с.) аталмыш ахуалдық сәтте билік жүргізу кезінде ғана өздерінің тиісті субъектілік құқықтық функциясын атқарды, яғни, ахуалдық құқықтық қатынасқа түсіп отырды. Екіншіден, субъектілердің осындай ахуалдық құқықтық байланыстары жоғарыда айтылған ахуалдық үрдісте «іске қосылған» дағдылы нормалар мен принциптерге негізделді.

Көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастың салалары мен деңгейлері қаншалықты болса, билік жүргізу жосындарының да соншалықты «салалық» түрлері мен деңгейлері болды (мысалы, жесір дауына, жер дауына, мал мен мүлік дауына, кісі өлтіру, әйел затын зорлау сияқты шектен шыққандық деп есептелінетін тағы да басқа қылмыстарға, әртүрлі руаралық, ру-тайпааралық шиеленістерге байланысты тиістісінше өткізілетін жүгініс, ақсақалдар кеңесі, билер соты деп аталатын «билік айтудың» түрлері мен деңгейлері және т.б. Демек, дағдылы ұстанымдардың (нормалар мен принциптердің) тиістілері қоғамдық қажеттілікке байланысты билік жүргізу кезінде, жоғарыда айтылғандай, міндетті түрде «іске қосылып» отырды. Яғни, дәстүрлі қазақ социумінде ұдайы болып тұратын сан деңгейлі, сан алуан құқықтық жосын кезінде дағдылы нормалар мен принциптердің қажеттілері тиісті құқықтық функция атқарды.

Билік жүргізу үрдісі «іске қосылған» нормалар мен принциптерді ғана емес, осы арқылы басқа да ұстанымдардың қатаң сақталуын қамтамасыз етті. Демек, билік жүргізу үрдісінде «іске қосылған» нормалар мен принциптерді көшпелілердің күнделікті тіршілігіндегі өзара себеп-салдарлық байланыстағы басқа да дағдылы ұстанымдарының қалыпты функциясын қамтамасыз етуші құқықтық механизм ретінде қарастыруға болады. Олай болса, көшпелі ортадағы дағдылы нормалар мен принциптерді әдет-ғұрыптық құқықтың процессуалдық-нормативтік негізі әрі концептуалдық (идеологиялық) негіздемесі ретінде қарастырған ләзім. Айтылғандардан шығатын қорытынды:

– жоғарыда екшеп көрсетілгендей, дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың дағдылы нормалары мен принциптерінің билік жүргізу үрдісінің нормативтік-процессуалдық негізі әрі концептуалдық (идеологиялық) негіздемесі функциясын атқаруы әдет-ғұрыптық құқықтың дербес институт ретінде қалыптаса қоймағандығын айғақтайды;

– билік жүргізу және оның шешімінің («іс кесу») орындалу үрдісін (жазалау, айыпқа кесу, мәжбүрлеу, бітістіру және т.с.с.) әдет-ғұрыптық (дағдылы) нормалар мен принциптердің социумдегі субъектаралық шиеленіс атаулыны реттеуге бағытталған институционалдық-императивтік функциясы ретінде қарастырған ләзім. Бұл үрдісті дағдылы ұстанымдардың қоғамдық қажеттілікке байланысты атқаратын құқықтық функциясын қамтамасыз еткен бірден-бір институционалдық жүйе немесе субъектаралық шиеленістерді құқықтық жолмен реттеуші функциясының дәстүрлі қазақы ортаға тән бірегей институционалдық формасы деп те бағалауға болады.

Сонымен, билік жүргізу жосынының (институтының) түпкі мақсаты дәстүрлі қазақ қоғамының концептуалдық негіздемесі әрі идеологиясы әрі идеясы болып табылатын «ата-баба жолының», яғни әлеуметтік қатынастың

ежелден жалғасып келе жатқан дағдылы нормалары мен принциптерінің (ұстанымдарының) қатаң сақталуын қамтамасыз ету болды.

Жоғарыда келтірілген әрқилы мәліметтер, осы мәліметтерге негізделіп айтылған пікірлердің, ой-тұжырымдардың, сондай-ақ, болжамдық мәнді көзқарастың бірыңғай орайластырылған қисыны билік жүргізудің дәстүрлі қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың ұстанымдарының құқықтық функциясын социумдегі даулы істерді реттеу қажеттілігіне байланысты «іске қосып» отыратын бірден-бір институт болғандығын дәлелдейді. Көшпелі қоғам жағдайында билік жүргізу бүкіл құқықтық жүйенің ең басты институционалдық негізі әрі функционалдық механизмі болды. Билік жүргізудің көшпелі ортадағы ежелден жалғасқан дәстүрлі ұйымдық құрылымы мен функционалдық күйі шамамен XIX ғасырдың 50-жылдарының басына дейін сақталынып келді. Осы кезеңнен кейін, әсіресе, аталмыш ғасырдың 60-90-жылдары қазақ өлкесінде Ресей империясы тарапынан күшпен жүргізілген әкімшілік-саяси реформалар дәстүрлі билік жүргізу тәртібін түбегейлі өзгертіп жіберді. Осы ретте, ең алдымен, дәстүрлі қазақы ортада билік жүргізу жүйесінің құрылымдық және функционалдық қалпы мен күйін қамтамасыз еткен ең басты әрі бірден-бір фактор билердің көшпелілердің өздері таңдайтын ежелгі жосынының жойылғандығын ерекше екшеп айту қажет. Бұл көшпелі социум үшін зардап-залалы айырықша мол жайт қазақы ортадағы қоғамдық қатынастың әртүрлі деңгейлері мен салаларының өзара үйлесімділігін қамтамасыз еткен дәстүрлі институционалдық жүйенің тағы бір аса қауқарлы компоненті – билік жүргізудің өзінің ежелгі реттеушілік функциясынан мүлдем айырылғандығын айғақтайды. Орыстың отаршылдық саясатын қазақ өлкесінде жан-жақты, тереңдете әрі үдете жүзеге асыруға бағытталған аталмыш жылдардағы реформалардың нәтижесінде көшпелі ортадағы даулы істің 300 рубльге дейінгі есептелінгендері ғана бидің қарауында болды. Осы сомадан жоғарғылары орыс әкімшілігі тарапынан сайланған болыстық билер соты мен ояздық соттың құзырына өтті. Орныққан жаңа құқықтық жүйе және соттау тәсілдері, түптеп келгенде, көшпелі қоғам үшін мейлінше тосын әрі жат институционалдық үрдістер болды. Өйткені, бұлар Ресей империясының құқықтық жүйесінің қазақ өлкесіндегі отаршылдық саясаттың институционалдық құралы ретінде ғана функция атқарды. Осы ретте ерекше атап өтер жайт орыс әкімшілігі тарапынан зорлық-зомбылықпен енгізілген билерді сайлау тәртібі және осы билердің кандидатураларының тек орыстың лауазымды шенеуніктерінің келісімен ғана бекітілуі дәстүрлі қазақы ортада бұрын мүлдем құбылыс парақорлықтың пайда болуына алып келді. Әлбетте, пара бергендер – билік сайлауына түскен қазақтар, параны алғандар орыс әкімшілігінің жауапты қызметкерлері болды. Шынтуайтында, қазақ өлкесіндегі орыстың отаршылдық жүйесін қазақтарды парақорлық сияқты сұмдық қасиетке баулыған өзгеше институционалдық механизм ретінде де қарастыруға болады.

Аталмыш реформалардың қазақ социумінің табиғатына мүлдем кереғар екендігін бірден түсінген Ш.Уәлиханов және Абай сынды қазақ

зиялыларының бірегей өкілдері қал-қадерінше әлгі реформаларға қарсылық көрсетті. Тіпті, қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесін арнайы зерттеген В.В.Григорьев, Л.А. Словохотов, И.И. Крафт сияқты орыс шенеуніктері мен ғалымдары да өздерінің еңбектерінде жоғарыда аталған реформалардың көшпелі қоғамның мүддесіне мүлдем жат өзгерістер (мысалы, паракорлық пен әділетсіздік) алып келгендігіне қынжылыс білдірді.

Осындай жайтқа байланысты билік жүргізудің және оның нормативтік-процессуалдық қағидаларының орыс отаршылдығының жаңадан қалыптасқан саяси-әкімшілік тәртібіне бейімделген нұсқаларын қолданысқа енгізуге ХІХ ғасырдың 80-90-жылдары бірталай әрекеттер жасалынды. Ереже деп аталынған әдет-ғұрыптық заң нормаларының осы нұсқаларын жүйелеп жасақтауға қазақтың әдет-ғұрпын, салтын, жосын-жоралғысын һәм ежелгі дүниетанымын терең білетін білікті адамдар мен әйгілі билер және орыс әкімшілігінің жергілікті өкілдері қатысты. Бұл Ережелердің ғылыми-танымдық тағылымы өлшеусіз десек асырып айтқандық болмайды: олардың әрқайсысының нормативтік құрылымы мен мазмұны ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ социумінің әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымдарының, әсіресе, институционалдық жүйесінің жаңа отаршылдық ахуалға бейімделу үрдісін және деңгейін мейлінше дәл білдіреді. Сонымен бірге, сан алуан экономикалық, саяси, мәдени және техногендік сыртқы факторлардың тегеуірінді ықпалына түскен көшпелі қоғамның бұрынғы қауқарынан айырыла бастағандығының да тарихи айғағы болып табылады. Осы айтылған қисынға орай төменде 1885 жылы мамыр айында Семей облысының Қарамола деген елдімекенінде заманында ұлық би атанған Абайдың өзі қатысқан арнайы шақырылған төтенше съезде қабылданған барлығы 73 баптан тұратын әйгілі Қарамола Ережесінің мәтіні беріліп отыр. Бұл мәтін алғаш рет «Абай» журналының 1990 жылғы І-нөмірінде жарияланды. Осы ретте айтар кетер гәп, аталмыш жарияланым Қарамола Ережесінің 1886 жылы Қазан университетінде басылып шыққан татар тілі аралас мәтінінің қазақшаланған нұсқасы болып табылады:

1-бап. Болыстық съезде даулар үлкендігіне қарай, сомасына қарай бітіледі. Төтенше съездерде ұлықтардың әмірі бойынша бір ояз бір оязбен кезектесіп бітіледі, әр ояздың барша билерімен емес.

2-бап. Дауласқан әр екі тарап қалаған билерін тандап алады. Бірақ би есебін Ереже бойынша ұлықтар шығарады. Сұраймыз, әр тараптан үш биден артық болмаса екен. Би шешімін шығармас бұрын үштік бимен жарасады. Егер даугерлер үштік би бітімімен бітпеймін десе һәм бітім болмаса, сонда жоғарыда айтылмыш бойынша билер тандап шығарады. Екі жағының билері таласып, жұп болса, төменде айтылмыш рет бойынша бітіреді. Әр ояздың халқы орталарынан бір төбе басы би шығарады. Бұған қызметтегі һәм қызметсіз де құрметті кісілер сайлануға мүмкін. Егер билердің бітімі талас болса, сайланғандар екі төбе би шығартып алады, тиісті ояз халқынан. Егер бұлардың арасында талас болса, қалған ояздардың төбе басына жеребе салынып, шыққан кісі бітімдеріне араласып, сол кісінің ауған жағының бітімі

орнығып, мақұл болады. Осы рет бойынша ояздық төтенше съездерде екі жағы тең талас болса, төбе басы би бір жағына ауып, тоқтатады.

3-бап. Жауапкерлердің шақыру бойынша келмегендіктерін старшын мен болыстар куәландырып, келмегендігінің мақұл яки емесін билер тексереді. Егерде келмеген себебі тексеру бойынша сыйымды болса, билік айтылмайды, кейінге қалса керек. Егер келмегендігі сыйымсыз болса, сыртынан билік шығарылады.

Бір бидің яки съездегі билердің сыртынан қылған биліктері тағайынсыз болмақ. Билік көшірмесі старшындар яки болыс арқылы мағлұмданады. Егер де жауапкер разы болса, билік тағайынды болып, бұзылмайды. Егер де разы болмаса, екі жұма арасында алғаш билік айтқан биге қайтадан арыз қылады. Сонда би жауапкердің хұзарына қайтадан билік айтады. Егер де жауапкер тексерілу бойынша ағарса яки болыстық съезге тыңдатса, съез билерінің билігін ұнатпаса, сонда айыпты жағын шығынын қайтаруға міндетті қылып һәм жаза бұйырылады. Жалған айтқаны үшін жоғарыда айтылмыш рет бойынша болыстық съезд сырттай билік құрады. Разы болмаған төтенше съезге билігін сынатады. Әр төтенше съездің шешімі ақырғы болып табылады.

4-бап. Егер даугер шақырылған күнінде келмесе, сұралмыш дауын бос қалдырады. Сонда жауапкер арыз етсе, билердің ықтияры бойынша жауапкердің шығынын даугер бұйырып береді. Бірақ даугер ықтиярлы дауын қайтадан сұрамаққа сол дауы билердің тексеруі бойынша жалған шықса, даудың сомасына қарай һәм жауапкердің қадіріне қарай шығынын тартады.

5-бап. Бір старшын елдің ішінде даугер, жауапкерлердің барша жанжал, сұрау, дауларын сол старшын елінің биі бітірмекке міндетті. Бірақ би өзін мынадай жағдайда билік айтудан босатады: егер, дауласқан жағынан бірі туысқан жақыны болса, қайсыбірі ата-анасы, бір тума аға-інісі, әкесінің бір тума аға-інісі, жиені, немере баласы және туған құдасы һәм дұшпан, өштес адамдары, қайсыбірінің дұшпандықтары бұрын биге түсісіп, мойнына жаза салынып, анықталған болса, сыйымды болады.

6-бап. Әр старшын, болыс, ояз араларында болатын барша дауларды даугер болысқа айтуға тиісті. Сонда болыс даугер, жауапкерді алдына шақырып, жауапкерге ереже бойынша ықтияр береді. Бір болыс елден разы болмаған екі биін шығармаққа онан қалған билерден даугер бірін тыңдап, биліке түсіп, сол би билік айтады. Болыстық съезде билердің барлығы түгел болып билік айтады. Билік шығаруға мүмкін емес болған жағдайда төтенше съездің би саны ұлық ықтиярында болады, һәм билік шығарылмайды.

7-бап. Береке бітім салауат бітім қылуға мүмкін, салауат даудың уақытына қарай болады. Береке бітім һәм салауат съездерде жасалғандай болса, келесі уақытта қайтадан сөз қозғау мүмкін емес. Әмме даугер мен жауапкер бөтен ояздікі болса, екеуінің арасында уағда қылуға мүмкін елге барып бітпекке, бірақ бұл уағданы қызмет иелері куәландыруы керек.

8-бап. Бидің биліктерін болыстар орнына келтіруге міндетті болған себептен съез біткен соң биліктің көшірмелерін тиісті болысқа мағлұм қылады. Егер де даугер жауапкерлердің ықтияры бойынша, екі ел арасында

кесім малдарын ойластыруға уағда кылса, сол уағда съез басымен бірлесе шешіледі.

9-бап. Бір би һәм съез биі биліктерін айғақ куәлігіне қарай бітіреді. Егер билер айғақ куәлігін мақұл көрмесе, онда оларды шақырмай-ақ істерді күмәнға салады. Яғни би куәні шақырып, тиісті жауабын алса, онда дауды күмәнға салуға мүмкін емес. Куәларды шақырудан бұрын куәліктен анықтауы керек. Куә болуға жарамайды: ақылынан адасқандар, 18 жасқа толмағандар, әр жастағы әйелдер, жақын-туғандар, құдалар һәм өштес, дұшпан кісілер. Куәлердің сыйымды, сыйымсызын билер шақыртпай, бұрын айыруы керек. Дұшпандық тұрғыдан, бос айтылған сөз қабыл алынбайды. Жұртқа белгілі дұшпандық мақұл көруге мүмкін, онан артық айыруға болмайды. Дауласушылардың куәлары бір болыстас болса, олардың куәлігі сыйымды-сыйымсызын би тексереді.

10-бап. Егерде көрсеткен куәға кісіні толымды кермесе, сонда куәға айғақ орнына көруге мүмкін, егер жауапкер адам айғақтың сөзін қабыл көрмесе, айғақ сөзінің растығына дау сомасына қарай елі ара түсіп, бір кісі жан берсе керек. Қазақша айғақ жазасы деген дау аяғы күмәнмен тоқталады. Күмән өтпесе жауапкер күйеді, күмән өтсе ағарады. Жауапкер адам айғақ өтірік айтқаны үшін үстінен арыз беруіне болады.

11-бап. Қазақ рәсімінде сүйінші алуға болады; бірақ сүйінші алған кісі куәлікке жарамайды, айғақ болуға мүмкін.

12-бап. Күмәнші растығын тексермекке һәм күмәншінің өтпек жерінің алыс, жуықтығына қарай, күмәннің құнын билер кеседі.

13-бап. Күмәннің саны – ер құнына төрт кісі, әйел құнын екі кісі, өзге даулардың һәммәсіне бір кісі. Күмәнға дау сомасына қарай ел түседі. Бір түйеге екі елу басыдан, бір қараның дауына бір елу басыдан күмән ұсталады. Қанша қара болса, сонша елу басынан ұсталады. Дау сомасы қанша көп болса, сонша ел елу басынан ұсталады. Дау сомасы қанша көп болса да, бір болыс елден күмән аспас күмәншіні даугер таңдайды. Күмәнға салатын бір елу басы яки бір болыс үшін жауапкер көрсетеді.

14-бап. Күмән жауапкердің елінің болыстық молдасының құранмен кесім айтылады.

15-бап. Күмән етілген уақытта даугердің көз болуы міндетті емес, бірақ молда даугердің келмегендегісін кітапқа жазып қойса керек.

16-бап. Күмәннің уақыты сол уағдалы күннің күн батуына дейін.

17-бап. Күмәнға ұсталмайды: молда, ел билеушілер, билер, қажылар, 18 жасқа жетпегендер, алшыс үштен асқандар. Төре қазақ үшін және қазақ төре үшін күмәнға жарамайды.

18-бап. Жауапкердің ықтиярында: күмәнға өз елін ұстата ма яки рулас елін ұстата ма?

19-бап. Күмәншіні күмәннен шығаруға болады, егер дұшпандығы халыққа мағлұм болып, бимен бірге күтілген болса.

20-бап. Әр күмән болыстың, молданың құзырында болады. Молданың каталдығы, зұлымдығы болса, жұрт тексереді.

21-бап. Жалған күмән еткен кісіге айып салынады – түйе бастатқан бір тоғыз.

22-бап. Күмән етпесе, қанша нәрсе, қанша мал бұйырады, күмәнға кім ұсталған – барлығын толық етіп, билігінде анық етіп жазуға би міндетті.

23-бап. Күмәннің күнін ұзартуға сыйымды себебі болса, болыс яки өз елінің бір биінің куәландыруы бойынша мүмкін болады.

24-бап. Күмәнші жаншы, төреші болып даугердің ықтияры бойынша билік айтады. Мұның билігін жауапкер бұза алмайды. Бұл билік көшірменің сыртына жазылады.

25-бап. Құн, жесір даулары жиырма жылдан арғылары салауат. Өзге даулар он жылдан арғылары салауат. Билік айтқан күнге дейінгі төрт жылға созылған даулардың, анықталған малдардың толық басы қайтады. Шығынымен одан арғы үш жылдағы даулардың анықталған молданың үш бөлігінің екі бөлігі тиеді. Қалған үш жылдағы даулардың анықталған малынан үш бөлігі тиеді. 75 жыл һәм одан арғы болған даулардың барлығы салауат. Осы сияқты болып құнның малы да алынады. Жиырма жылдық құн малы үшке бөлінеді – бір бөлігі билік айтқан күнге жуық жеті жылдағы дауға, екінші бөлігі одан арғы жетім жылдағы дауға, үшінші бөлігі қалған алты жылға.

26-бап. Ойланып жүріп өлтірілген ердің құны жүз түйе болады. Мұның 25-і тайлақ, 25-і құнан атан, 25-і дөнен атан, 25-і бесті атан және ойланбай басқа себеппен өлтірілсе, оған 50 түйе құн. Мұның 25-і құнан атан, 25-і бесті атан.

Әйелдің құны – ер құнының жартысы. Қателікпен, оқыстан өлтірілген кісіге құн жоқ және ері әйелін өлтірсе яки әйелі ерін өлтірсе оған құн жоқ.

27-бап. Барымташыға һәм ұрыға, өлсе құн жоқ.

28-бап. Адам мүшесі мерткісе, үкімі шарифат бойынша айтылады. Шарифат айыруының қателігі болмасын деп сұраймыз. Бұл сөзді айырмаққа тапсырылса екен. Семейдегі Ахмед Уәли Мұнасиф ұлына һәм Өскемен молдасы Мырзағали Ғаббас ұлына. Олардың айырып берген Шарифаты осы ережеге тіркеліп жазылса екен.

29-бап. Бәлиғатқа толмаған қызды зорласа, айыпқа лайықты қалыңмалының үш бөлігінің бір бөлігін береді. Бәлиғатқа толған қызды зорласа, ат-шапаннан түйе бастатқан тоғызға дейін айып береді. Күйеудегі әйелді зорлағанға бір тоғыздан үш тоғызға дейін. Ойнас қылған еркек, әйелге екеуіне де дүре соғылсын, айып жоқ. Мұндай істер тексеріледі; егер әйелдің күйеуі яки әйелдің өзі, яки туысқаны, яки әке-шешесі арызданса, осы баптың басында жазылған екі дауды съезд билері бітіреді.

30-бап. Күйеуі бар әйелді біреу алып қашса яки өзі ойнасымен бірге қашса, ондай әйел өз елінің съезд билеріне тура қайтарылады. Билер әйел мен күйеуін жарастырады. Егер күйеуі әйелдің өзін алса, ал алып қашушы жігіттен бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып салынады. Егер күйеуі әйелін алмаймын десе, әйел ойнасында қалады, бірақ алып қашушы әйелдің күйеуі төлеген толық қалыңмалын қайтарып береді. Әйел мөрден құр қалады. Егерде біреу біреудің айттырған жесірін алып қашса, алып қашушы қыз әкесіне толық қалыңмалын береді: елу жыртис сот ақысымен. Егерде де әкесі жасау беруге

ықтияр болмаса, қыз жасаусыз қалады және қыз әкесі бұрынғы күйеуінен алған қалыңмалын қайтарып, үстіне бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді.

31-бап. Егер де біреу әке-шешесін ренжітсе, әке-шешесінің ықтияры бойынша қазақ ғұрпына қарай жаза берілсін, егер молданы яки құрметті кісілерді ренжітсе, ат-шапанын, атан бастатқан тоғызға дейін айып береді. Тағы біреуді қол жұмсап ренжітсе, бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді; егер айып алушы кесілген айыпты алмаймын десе, бір айға абақтыға отырғызады.

32-бап. Ұрыс, төбелес шығарғандар билердің билігі бойынша ат-шапаннан үш тоғызға дейін сұраушының пайдасына айып төлейді. Бірақ ұрыс-төбелестің басшысы өзге жолдастарынан гөрі айыпты артығырақ төлейді. Бұзықтық шығарған адамдар болыстың приговорымен яки ереже бойынша билердің билігінше ақшамен яки қаталашкамен абақтымен жазаланады.

33-бап. Қызмет уақытында старшиналардың тілін алмаса, билердің хүкімі бойынша бес теңге айып яки жеті күн абақтыға отырғызып жазаланады. Болыс старшиналардың ықтияры бойынша жалдаған шабарманның тілін алмаса, жоғарыда айтылмыш жазаға кіріптар болады. Егер болыс старшиналарының ықтиярынсыз жалдаған шабарманның тілін алмаса, тіл алмағанның жазасы болыстың өз хүкімінде болады. Егерде біреу болыстың тілін алмаған болса, ояздың ықтияры бойынша, бір болыс елдің съезінің тексеруіне береді. Хүкім айтқан уақытта бір биге яки съезд билеріне дәрекілік еткенде хақарат әлгі айтылмыш бойынша съез биі арқылы жаза беріледі.

34-бап. Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боран һәм суықта сол сияқты түрлі себептерде болысып, көмек етпегендер бас тоғызбен айыпталады.

35-бап. Мал өлімін тоқтатпақ үшін жасалған хүкімдер бойынша жаһат қылмағандарға болыстың үкімі бойынша 3 теңге айып жаза болады. Көрші елінде мал өлімі болған уақытта жаһат етпегендерге жаза көбейеді, жеті күннен бір айға дейін абақты бұйырылады. Арық бұзғандарға, көпір, құдық бұзғандарға, өзге біреудің өз еңбегімен жасаған ибарларын бұзғандарға шығынынан басқа айып бұйырылады. Ат-шапан яки ақша бойынша 15 теңге.

36-бап. Қазақ арасындағы ұрлық үшін ұрлаған малын қайтарып, айып береді, мойнына қосақ, көтіне (артына) тіркеу, қанды ат, билік атымен, мойнына, артына тіркеу мал бағасымен бірдей болады. Жүйрік жорғаныкі орта атпен бірдей болады. Мал иесіне тиісті; һәм ұрының астындағы қанды аты әр ұрыдан алынып беріледі, билік ат ұры басы сайын алынып, билік айтқан билерге беріледі.

37-бап. Мал төлегеннен басқа ұрыларға жаза бұйырылады. Бір айға дейін абақты, алпыс шыбыққа дейін дүре. Билер бұл жазаны хүкім айтқанда бұйырмаққа міндетті. Немере яки жиен болса, нағашысынан, ата, ағасынан мал алып қашса, оған жаза жоқ және алып қашқан малы қайтарылмайды; Екінші мәрте алып қашса, би арқылы нағашысы, ата, ағасының сұрауы бойынша жаза беріледі. Бұл үкім әйел жағынан жиенге және немереге тиісті.

38-бап. Жылқы құйрығын кескендер бір шапанан бір түйеге дейін айыпталады.

39-бап. Ұрлыққа жаһат еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады. Бірақ дүре, абақты серік болған уақытты кісілерге бұйыруға көбінесе тиісті.

40-бап. Жиырма жылқыдан артық барымта қылған кісілерден ұры басы бір қанды ат, бір билік аттан уә һәм үш тоғыз айып баршасынан алынады. Жиырма жылқыдан кем болса, жоғарыда айтылмыш 37-бапта мағлұмдүр. Жылқы басына бөлек.

41-бап. Қазақ рәсімі бойынша күйеуден әйелді айыруға болады. Күйеуі белсіз болса яки астының жазылмас ауруы болса. Мұндай науқастары болмаса, күйеуінің ықтияры бойынша шығады. Қалыңдық пен күйеуін айыруға мүмкін болады. Күйеу қыздан жиырма бес жас үлкен болса, яки бір мүшесі кем болса, қыз күйеуден тоғыз жас үлкен болса тағы да.

42-бап. Барша жесір турасындағы даулар некелілердің арасында күйеуінің елінде бітіседі. Некесі қиылмағандардың арасындағы даулар қыздың елінде бітіседі. Осы жоғарғы екі себепте съезд билері бітім айтады. Қазақ рәсімі бойынша анық неке молда алдында қиылған дұрыс болады. Волосной управительдің қолындағы кітаптан кесіліп берілген квитансия әйелі күйеуіне тиісті екендігіне куәлікке жарамайды.

43-бап. Егер күйеуі қалыңмалын төлеп бітірмей тұрып қалыңдығын алып қашса, қалған малын беріп һәм қайын атасына келіп кеңшілік сұрауға тиісті. Егер күйеуі қалыңмалын төлеп бітіргеннен кейін қалыңдығын алып қашса һәм әке-шешесі қызын себепсіз бермей, көп ұстап тұрған болса, алып қашқан күйеу айыпсыз һәм жасау сұрауға рұқсат. Егер қыздың әке-шешесі той жабдығымен ұзатуын лайықты жақсы қылып жөнелтемін деп кешіктірген себебі болса, күйеу айыпты болады, қайын атасын ұятты қылған себепті. Әрдайым мұндай жесір даулар зиян көрген жағынан арыз бойынша түседі.

44-бап. Ұзатқан қыз барған жерінде бала таппай өлсе, төркініне мінген ат, ер-тұрманы, артқан бір түйе сәукелесімен қайтарады.

45-бап. Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалыңмалын қыз әкесі күйеуіне қайтып береді.

46-бап. Күйеуі өлген жесір әйелі сүйсе, күйеуінің бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егер де сүймесе, ықтияры өзінде.

47-бап. Егерде біреу құдалықты бұзса: қыз әкесі бұзса, күйеуден алған қалыңмалын айтарып береді, һәм дауласқан қалыңмалдың ғұрпына қарай айып береді. Батасы қырық жеті байтал яки артық болса, бас тоғыздан үш тоғыз айып береді. Отыз жеті болса, екі тоғыз, жиырма жеті болса, бір аяқ тоғыз береді. Он жеті болса, бір ат-шапан береді. Егер де күйеудің әкесі яки өзі құдалықты бұзса, берген қалыңмалынан үш тоғызды қалдырып, қалған малын алады, егер де қалыңмалы қырық жеті болса, отыз жеті болса – екі тоғыз, жиырма жеті болса – бір тоғыз, он жеті болса – бір ат-шапан.

48-бап. Барша қарсы құда турасындағы дауларды билер бітірсе керек және келесі уақытта қарсы құда болынбасын. Яғни бұл ереже мағлұм етілгеннен кейін егер де құда болса, молда некесін қимасын.

49-бап. Құдалық уағдасы бекітіледі – құда түсіп, құйрық-бауыр жеген күннен кейін.

50-бап. Егер күйеуі өлген әйел баласы жоқ болса да, бар болса да күйеуге тимей отырса, күйеуінен қалған барша малға ие болып, билеп тұрады. Егер де күйеуі өлген әйел күйеуге тиемін, шығамын десе, барлық күйеуінен қалған малынан, баласы болса сегізден бірін, баласыз болса, алтыдан бірін алады. Киген киім, төсек-орнынан басқа қалған еркек балалары, қалған барша малымен әкесінің балаларына беріледі. Олар өз арасынан біріне ие қылып, баланы малымен сақтатады. Сол ие болған кісі қағазбен есеп беруге міндетті емес. Егер де малын орынсыз шашты деген дау сөз болса, сонда би арқылы барша туғандарының көрсетуі бойынша тексеріледі. Қыз бала қалса, әр уақытта анасына тиісті, анасы күйеуге беріп, қалыңмалын өзі алады. Қыз күйеуге тиекеш, үлкен атасының бауырларына, яғни қалған малды сақтап тұрушыға төркіндеп барып, әкесінің қалған малынан лайықты есе алады. Егер де әйел күйеуге тимей, өлген күйеуінің малына ие болып, бұзық тұрса яки малын шашса, өлген күйеуінің туысқанының біреуі ие болып сыртынан қарап тұрады. Ол ие болған кісі әйелді ие қылған малды ауылына яки үйіне кіргізіп алмайды. Лекин бұл әйелдің ауылында басқарып тұрады. Тұл әйел күйеуге тисе, екінші қалыңмал алынбайды. Егерде жесір қалған үш қатыны болса, сонда сегізден бірін бәріне бірдей бөліп береді. Егер үш әйелдің біреуі күйеуге тиемін десе, төсек-орын, киген киімінен басқа жиырма төрттен бірін алады. Егерде екі жесір әйелдің бірі болса, он алтыдан бірін алады.

51-бап. Сойыс, қонағасы қазақ рәсімінде бар. Бермеген кісі бір атшапаннан бір түйеге дейін айыпты болады. Лекинде бұлардың ішінен шығарылады һәм тракті жол үстінде, жәрмеңке қасында, қайық аузында һәм съезд мекенінде, қала қасында тұрушылар.

52-бап. Екі тамыр айырылысса, билердің тексеруі бойынша артығын алысар. Бір-бірінен айып жоқ.

53-бап. Қызметтегі адамдардың үстінен жала қылғандар билердің билігі бойынша шықса, анығын қайтарып береді. Мұндай жалаларды тоқтатарға бір себеп көрсетеміз. Сондай жалған арыздар, әсіресе, сайлау уақытында көп болады. Оның хақында сұраймыз ұлықтарда мұндай арыз тұрғысында істейтін анықтаманы жасатқанша, болыстың яки төтенше съездің билеріне тексермекке берілсе екен.

54-бап. Біреудің жерін жеген дауларды билер жері пәленшенікі деген елу басылардың куәлігіне қарай тексереді. Тексерген уақытта жерді билер өздері көреді яки сенімді кісінің куәлігі бойынша жеген жерінің сомасына қарай билік айтады. Шығынын қайтарып, үстіне һәм айып салады.

55-бап. Қонған ауылда қонақтың аты жоғалса ауыл күймейді, сенбесе, ат иесі ауылдан шарифат алады.

56-бап. Тоғыз деген айыптың малға шыққан саны мынау:

Бірінші – бас тоғыз түйе бастатқан. 1 түйе, 2 құлын, 2 бие, 2 құнан, 2 тай.

Екінші – орта тоғыз, яғни ат бастатқан тоғыз, 1 жуан ат, 2 тай, 2 тайынша, 4 бойдақ қой.

Үшінші – аяқ тоғыз – 1 дөнен өгіз, 2 тайынша, 3 бойдақ қой, 3 тоқты, тоқал тоғыз болмайды.

57-бап. Мал басын былайша бағалаймыз: Маңдай түйе – 3 ат және отыз қой.

Орта түйе – 3 бесті.

Дөнен атан – 2 бесті, бір тай. Құнан атан – 2 бесті.

Тайлақ – құлынды бие 12 қойлық. Бота – бір бесті.

Бәйге ат – орта бір түйеден бес түйеге дейін. Жорға ат – құлынды биеден төрт түйеге шейін. Жақсы ат – құлынды биеден бір түйеге шейін. Айғыр – құлынды биеден екі бестіге шейін. Бие құлындысы – он қой. Бие құлынсызы – он тоқты.

Ат – тоғыз қой.

Бесті – жетіден сегіз қойға шейін. Дөнен – бес қойдан алты қойға шейін. Құнан – төрт қойдан бес қойға шейін. Тай – үш қойдан төрт қойға шейін. Құлын – екі қойға шейін. Атан егіз – 12 қой.

Бесті һәм дөнен егіз – 4 қойдан 8 қойға шейін. Тайынша – 2 қой.

58-бап. Үй, кілет бұзып, қастық ниетімен істесе, ұрлаған нәрсесінен басқа бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді. Қора, кілет бұзбаған ұрлыққа ат-шапан айып береді. Ол аз, онан үлкен айып ұрлаған сомасына қарай.

59-бап. Билердің билігі бойынша кесілген қалып қалыбынша алып беріледі. Егерде жауапкер ықтиярымен бұйырылған малды бермесе яки шақыруына келмесе, мал алып беруші ауылдастарынан куә алдырып, сол куәлардан мал алушы бір қалыс кісіні таңдап алып осы жоғарыда айтылмыш баға бойынша алып беретін малды бағалайды. Егерде мал беруші кісі бермеймін деп қарсылық қылса, байлап қойып алып беруге де болады. Билік бойынша мал алып беруге ешбір қазақ рәсімінше үлгі жоқ.

60-бап. Ұрлық үшін кесілген мал алынып беріледі, ұрының өзінен һәм оған серік болған жолдасынан. Ұрының серік жолдасы болады ат беріп аттандырған, бірге ұрлыққа барып ептескен, ұрлаған жылқыны жасырған, істелген ұрлықты біле тұрып жасырғандар. Бұл кісілердің малы жоқ болса, мал төленуіне міндетті. Ұрланған атты біле тұрып сатып алғандар, егерде сатып алушылар ұрымен бір болыста болса, одан сол мал алынып беріледі. Сол ұрлықты қылған уақытта ауыл иесінің соның да малы жоқ болса, мал алушы даугер бөтен ояздыкі болса, сонда қызметте тұрушы адамдар һәм жұрты төлейді, старшын елі күйеді. Мал алушы бөтен болыстікі болып, бір дуандас болса, елу басы халқы күйеді. Даугер бір болыстікі болып, өзге старшындікі болса да, мал алушы мен мал беруші бір старшындікі болса, он басы халқы күйеді. Бұл қылған ынтымағымыз ұрлықты тыймақ үшін һәм мал иесінің малы түгел тиіп, ризалыққа жетпек үшін жасадық. Яғни шығын орнына кесілмеш айыптарды алмақ хақында тағы да осы ынтымағымызды жасадық. Үш жылға шақ уақыт қойып яғни ұрлық тыйылғанша қызметтегі адамдарды мал төлеуден шығармаған себебіміз сол халықтың ішіндегі жамағат адамы болған хұқында халықтың мал төлейтін райы болады. Жоғарғы айтылмыш адамдардың малы жоқ болған уақытта, егер билер малы жоқтығына көздері жетіп айырған болса, жұртқа түсетін мұның қақындағы

малды билер тексеріп біледі. Мұнан басқа ынтымақ қыламыз, елдегі барша ұрыларды һәм сенімсіз адамдарды түгендеп, сенімді адамдарға кепілге бермекке, кейбіреулеріне кепілге алмаймын деуі мүмкін емес, кепілге беруге тиісті. Басшы кісілерге, ауыл ақсақалдарына һәм оның ішінен қызмет иелеріне шығармаймыз. Сол кепіл кісілер ауыл иелерімен жұртқа тартқызбай тұрып, әуелі өздері күйсе керек. Ұры үшін кепілдікке тұрған адамдарға билік берілмесін. Мал алушыға ұрының қыстауындағы артық жері төлеуге алып беріледі. Уа, һәм билерге міндетті билік айтқан уақытта ұрыға жапат қылған бай адамдарға дүре мен абақты бұйырмаққа: үш мәртебе ұрлығы мойнына қойылып, тыйылмағандарды жұрт үкім жасап, өз арасынан мүлде айдатса керек. Егер үкім бермеймін деген адам болса, сол ұры үшін міндетті. Ұрыға түскен барлық малды тартса керек.

61-бап. Сотта жесір турасынан һәм басқа даулар бойынша жоғарғы айтылмыш рәуішше мал алып берерге болмайды. Әркім өзі үшін өзі күйеді. Малы жоқ деген сөз алынбасын. Бірақ құн турасындағы дауларда мал тартады, өлтірісіп серік болғандар.

62-бап. Қазынаға һәм даугер адамға кесілген айып, өзге кісіден күйдіріп алынбайды. Кескен адамның малы жоқ болса, айып орнына абақты бұйырылады.

63-бап. Жалғыз бидің болыстық һәм төтенше съездерінің көрсетілміш копия кесілетін кітаптың үлгісін бек ұнатамыз.

64-бап. Күмәннің етуі болыстық молданың тексеруінде. Молданың зұлымдығы халықтың тексеруіне тиісті. Күмәншінің уақытты күнінде күмән еткендігі жазарға бізге көрсетілген кітаптың үлгісін ұнатамыз. Сол кітапты молда алып жүрмей үйінде сақтаса екен. Қалай даугер сақтаса мені алғаннан соң молдаға барып кітабына тіркетсе керек. Егер даугер осылайша етпесе, ілгері уақытта күмән өтпеді деп арыз айтуға тиісті емес. Күмәнші уақытты күнінде молда үйінде бар болса да, жоқ болса да келгенін мәлім етіп, кітапқа жаздырса керек. Яғни молда күмәннің айтылмыш уақытты күнінде ләкин қадірінше үйінде отырса керек. Молда күмәннің еткендігін яки етпегендігін көшірменің сыртына жазумен куәландырып тұрсын. Осы баптағы айтылғандарды толық істемеу үшін билер билігінде күмәншінің атын, жөнін һәм уақытты күнін жазуға міндетті.

65-бап. Мүмкін болса метрический кінәгалар болыстық молданың қолында жүрсе екен. Бірақ кінәгәнің жазылуы көрсетілміш үлгімен мұсылманша жазылса екен. Егерде ұлықтар бұрынғыдай метрический кінәганы тілмашқа жаздыруға тиісті көрсе, сонда болыстық молданы біз міндетті қыламыз, қиылған некені кесілміш кінәгадан квитанцияның сыртына жазып, куәландырмаққа ләкин жалғыз тілмаштың кінәғаға тіркегені неке болмайды. Әйел мен еркек арасында моламен қиылса неке тахиық болады.

66-бап. Егерде бір үлгілі кінәгалар берілсе, сонда жалған көшірме беруге орны келмес, осыдан бұрын берілміш көшірмелер бидің мөрі яки қолы қойылса сыйымды болады. Екі бидің мөрі басылған көшірмелерде болыс яки съез бастығының жазылмыш куәлігі болмаса, съез – биінің көшірмесі деп сенуге мүмкін емес.

67-бап. Егер даугер биге тура арыз айтса, би жауапкерді шақыртып, керек қылса сонда ауылнай старшина айтылмыш жауапкерді жеткізіп берсін. Егер билігінде һәм көшірмесінде кесілген малдарды анықтап жазуға міндетті. Күмән етпесе де.

68-бап. Ұрлық хақында кесілміш билік аттан басқа өзге даулардан қиылған билік үшін оннан бірін алады. Билер кесілген өздеріне тиіс билік қақысын өз қолдарымен алса, зорлық һүкімінде болады. Билік қылған жерінде қақысы алып берілсін. Әр съезде билер бір қалыс кісіні билік қақысын жимаққа сайлайды.

Сол сайламыш кісі болыс, старшын арқылы билік қақысын жиып алып, би басына бірдей бөліп береді.

69-бап. Съезге шақырылған барша қызмет иелерінің ұстаған шығындары жұрт үстінен салынады. Сол шығындарды ел арасында старшын сиюшы болады... Кімде-кім тиісті түскен шығынын бермесе, билердің тексеруіне беріледі.

70-бап. Қазақтың өз арасында болынмыш дауларға орыстан яки ноғайдан уәкілдік алып кіріспесін. Дәбернай боларға мүмкін өзімен ояздас қазақ адамға.

71-бап. Билердің билік бітімін орнына келтірмек уағда күні көшірмені болысқа яки старшинаға мағлұм еткен күннен есептеледі. Жалғыз бидің билігін орнына келтірмекке старшын міндетті. Съезд билерінікін болыс міндетті. Бір бидің билігінің орнына келтірмек уағдасы үш күннен жеті күнге шейін. Съезд билерінікі жеті күннен жиырма күнге шейін. Төтенше съездің билігін бір айға шейін.

72-бап. Егер жетім қызды ата-анасының тірісінде атастырған болса, біреуге әке-шешесі өлгеннен кейін құдалығын бұзған болса, алған күйеуі қалыңмалын айыбымен қайтарады. Егерде қыз бұрынғы атастырған күйеуіне тисе, сонда ешкім тиісті әкесінен қалған жасауын һәм мирасын алмаққа тоқтау қылмасын.

73-бап. Осы ережедегі айтылмыш барша сөздер қазіргі съезге міндетті. Бөлек постановлениедегі жазылмыш сөздерден басқасы, ешбір тоқтатпайынша бітірмекке міндетті.

Бұл ереже мағлұм етілген соң, барша билерге съездерге, болыстарға, старшиналарға жаңадан ереже жасалғанға шейін, осы ереже жасалмай тұрып жазылған көшірмелер 67-бапта айтылған рәуіш бойынша сыйымды болады. Ләкин оның үшін осы 73-бапты ережені біздер жасадық. Қазақ рәсімінше, таза көңіліміз һәм әділетімізбен уа һәм бастығына сендіреміз. Павлодар оязының биі Жүсіп Бәтішұлы, би Иса Бердіәліұлы, би Молдабай Сәрсенұлы, би Мұқатай Келдібекұлы, би Санияз Бабайұлы, би Смағұл Шоқпарұлы қолдарын қойды. Би Серғазы Тайсарыұлы, би Жалалиддин Рамазанұлы мөрлерін басты. Қарқаралы оязының биі Хакім Құдаймендеұлы, би Абай Майқыұлы, би Бөкеш Сыбанұлы, би Елеубай Қашқынбайұлы, би Билебай Тұманбайұлы, Абралы болысының кандидаты Шәкірұлы мөрлерін басты, би Оспан Атақозыұлы, би Баймұхамед Алдабергенұлы қолдарын қойды. Би Иса Шонтыұлы таңбасын басты. Семейполат оязының құрметті қазақтары

Ибрагим Құнанбайұлы, Құдайберген Тастамбекұлы, Ибрагим Нұркенұлы, билер Бектоғай Ботабайұлы, Иса Сүтжанұлы, Айтқазы Бисенбайұлы, би Жұмақан Жарқымбайұлы қолдарын қойды. Би Сүйіндік Шақабайұлы, би Әлжан Назарұлы мөрлерін басты. Өскемен оязының болысы, хорунжа Сіләм Әлжанұлы, құрметті қазақ Құрманғали Жақыпұлы, би Жанкөдей Қотайоғлы, би Ережеп Ноқайұлы қолдарын қойды. Болыс Иса Көнбасұлы, болыс Қабанбай Қошқарұлы, би Үсен Қалабайұлы мөрлерін басты. Құрметті қазақ Қалматай Есенқожаұлы таңбасын басты. Би Қаумен Аманұлы қолын қойды. Зайсан дуанының баласы Бөкеш Шаянбайұлы, болыс Билеуші Босқымбайұлы, би Жұмахан Қисықұлы, би Қоқаш Есенкелдіұлы қолдарын қойды. Болыс Ақшал Қожанбергенұлы, болыс Тәркімбай Жақсыбайұлы, би Жайсанбай Елемісұлы, би Батбақбай Тілеуліұлы, би Қайрамбай Құлындыұлы мөрлерін басты. Съез бастығы, Өскемен оязы Маевский қолын қойды. Семей оязының лауазымын ада қылушы Казанцев Зайсан приставаның помещигі Нарбут, Қарқаралы оязының старший помощнигінің лауазымын ада қылушы Атбакин қолдарын қойды һәм военный губернатор Шиклинский қолын қойды».

Мұндай әдет-ғұрыптық құқық ұстанымдарының ереже деп аталған жаңа нұсқаларының қабылдануын, жоғарыда айтылғандай, ең алдымен қазақ социумінің орыстың отаршылдық жүйесінің тәртібіне бейімделуінің институционалдық стратегиясының бірі ретінде қарастыруға болады. Алайда, осы және осы құралыптас әдет-ғұрыптық құқық қағидаларының отаршылдық ахуалға бейімделген сан алуан нұсқаларының қоғамдық іс-тәжірибеде қолданысы қажетті институционалдық механизмнің қауқарсыздығына байланысты жоғарыда аталған сыртқы факторлардың уытты уысына мықтап түскен көшпелі қоғамның тағдыр-талайына араша бола алмады.

ӘДІП – киімнің етек-жеңіне, өңіріне, қалпақ қайырмасының кенересіне түсті матадан бастырып тіккен көмкерме. Әдетте көйлек, жейде сияқты киімдердің етек-жеңі, өңірі және жағасының жиектері зер немесе жібек жіптермен де әдіптеледі. Шапан, кәжекей сияқты сырт киімдердің жиектері мен шалбардың балақ ұшы және екі жаны батсайы, қара барқыт сияқты матамен әдіптеледі. Матамен әдіптеу киімге әрі сән, әрі киіс береді. Өйткені киімнің әдіптелген тұсы тез тозбайды және киімнің эстетикасы да ерекше болып көрінеді.

Теріден тігілген киімдердің етек-жеңдері мен өңірлері де матамен, кейде қозы, лақ терілерімен көмкеріледі. Қозы, лақ, құндыз тәрізді жұқа терілерден тігілген әдіпті жұрын дейді. Мата салып тіккен әдіптердің ені 2-4 елі шамасында болады. Сәндік қасиетін арттыра түсу үшін әдіпті бүрмелеп те тіккен. Оны бүрмелі әдіп деп атаған. Астардың да ішкі бетіне қалыңдығы 3-4 елідей етіп басқа түсті берік матадан әдіп дайындайды. Ол астардың жиегін тез тозудан сақтайды.

ӘДІРӘМ ҚАЛҒЫР – қазақ әйелдерінің сөз саптауында ренжіген кезде айтылатын кейіс сөз. Негізгі сөз әдірәм адыра сөзінен бастау алады. Оның мәні бос, құр бекер дегенді білдіреді. Адырам қалғыр қолданыстық түрі негізінен қарғыс мәнінде айтылған. Бұл ноғайлы ақындары шығармаларында көптеп

қолданылады. Сонымен қатар әдірәм қалғыр зілсіз әжуа немесе ойын-қалжың түрінде де қолданыла береді.

ӘЖЕ – баланың әкесі мен шешесінің анасының атауы. Генеалогиялық желіс бойынша әке-шешенің аналары да әже деп атала береді. Қазақ отбасындағы әже орны ерекше әрі қадірлі. Әже – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі.

Қазақ қоғамында әдетте жас отау иелерінің тұңғыш баласын әжесі бауырына салады. Бала ата-әженің кенжесі саналып, немерені әжесі тәрбиелеп, бағып-қағады. Әже мен немере арасындағы туыстық байланыс өте нәзік әрі берік. Балажан қазақ үшін ата мен әжеге жас сәби жай ғана ермек емес, тәрбиеленуші ерекше субъект. Тарихта күллі рулы елге ана болып саналған Айпара әже, Домалақ ене, Зере, Айғаным секілді әжелердің бейнесі аңыз-әңгімелерде, әдеби шығармаларда сомдалған.

Алдымен әже тәрбиесі арқылы бала жақсы-жаманды ажыратып, үлкен-кішіні тани бастайды. Мінез-құлық, тіл тәрбиесі қалыптасып, бала үй шаруасына бейім, елгезек, тілалғыш, мейірімді болып өседі. Әженің алдын көрген балаға былайғы жұрт тәрбиелі бала деп баға береді. Әже тәрбиесі көбіне «олай істеме, былай істе», «бүйтсең жаман, өйтсең жақсы» деген вербалды сипатта, ақылгөйлік мазмұнда болып, әженің мейірімі мен жүрек жылуына бөленіп өседі. Осылайша жас бала қазақы ортадағы моральдық-этикалық нормалармен таныса отырып, адами тұлғаның қалыптасуына ғана емес, дәстүрлі ырым-тыйымдар жүйесінің қағидаттарын біртіндеп бойына сіңіре бастайды.

Жеті-тоғыз жастан әрі қарай тұңғыш немере ұлдың тәрбиесі атасының қолына өтеді. Ал қыз немеренің негізгі тәрбиесі әженің қарамағында болады. Бұл кездегі тәрбиенің мазмұны атаға ілесе жүріп, көрген-білгенін көңілге тоқудан құралады. Атасына ілескен бала алыс жерлерді, ел жақсыларын, сыйлы ауылдарды көріп, жиын-тойға т.б. қатысып, соларды ұғынуға, білуге тырысады. Атаның «визуалды» тәрбиесінен өткен баланы былайғы жұрт көргенді бала деп атайды. Қазақ паремеологизмі Атың бар да жер таны желіп жүріп, атаң барда ел таны еріп жүріп деп кеңес береді. Ел тану, жер тану көргенділікке жатады. Қазақтың дәстүрлі бала тәрбиесінде көргенділік тәрбиенің ең жоғарғы формасы болып табылады. Әже мен атадан тәлім алған немеренің рухани жағынан тәрбиелі, көргенді азамат болып, ержетуінің, елдің аузына ілігер көшелі азамат болып қалыптасуының негізі осылайша қаланады.

ӘЖЕТКЕ ЖАРАУ – баланың қолқабыс етуге, кішігірім шаруаға жұмсауға жарап қалған шағы. Әдетте қазақ отбасында баланы 6 жасынан бастап қолға су құю, қозы-лақ қайыру, бесік тербету сияқты ұсақ-түйек жұмысқа баули бастайды. Баланың көмек беріп, қолқабыс тигізуі әжетке жарап қалғандығы болып саналады. Сондай-ақ, бала ғана емес, ересектер арасындағы қарым-қатынаста да бір-біріне септігі, жәрдемі тиген жағдайда бір әжетке жарадың деген этикет арқылы ризашылығын білдіреді. Қазақы ортада категориялық сипаты бар бұл ұғым көбіне ұл балаларға қатысты айтыла отырып, дәстүрлі сенім-нанымға байланысты туындайтын ғұрыптарда көрініс

береді. Атап айтсақ, көшпелі тірліктің қым-қуат қарекетімен көшіп-қону, жаугершілікте босу кезінде үйде, ауылда ересек ер адамдар болмаса ұл баланы еркек кіндікті ретінде «мал бауыздатқан»: ұл баланың қолына пышақ ұстатып әйел адам оның ту сыртынан қабаттай ұстап, бауыздау қанын шығарған. Ұл баланың әжетке жарап, елін қорғауы қауымның мүддесін қорғайтындығын ескере отырып жаугершілікте, ашаршылық кезеңдерінде ұл балаларды сақтап қалғандығы ауыз әдебиеті мен аңыздарда молынан ұшырасады.

ӘЖҮ – көне соғыс қаруы, салмағы ауыр шоқпар түрінің атауы.

ӘЖІ – жердің бір қабат астынан қазып алған ерекше құмнан жасалатын лай, балшық. Лай жасайтын бұл құмды Түрікменстан қазақтары (ақ түсті бос құмды) бозінген-сахар деп атаған.

Әжінің жабысқыш қасиеті, беріктігі қазіргі цементтен кем түспейтін тәрізді. Сондықтан әжіні тас, кірпішті қалағанда олардың арасын байланыстыру үшін қолданған. Әжіні дайындаудың өзіндік тәсілі болған. Ол үшін қазып алған ақ түсті борпылдақ құмды от жағып өртейді. Одан күл тәрізді ұнтақ пайда болады. Осы күлге су қосып, лай жасайды. Жергілікті тұрғындар бұндай ерекше лайды моланың басына там салған кезде қолданған. Қабырғасын, күмбезін әжімен байланыстырып өріп шыққан тас ескерткіштер жауын-шашыннан мүжілмей, ұзақ уақыттар бойы сақталып келеді. Зауыттан шыққан цементтің қолданылуына байланысты әжі дайындау және оны пайдалану күнделікті тұрмыстан шығып қалады.

Ерекше лай түрінің бұл атауы о баста парсы тілінен енген. Парсы тілінде ол «әк» (известь) деген мағынада қолданылады.

ӘЖІ ЖЕУ – адам денесінің кейбір жерін жейтін құрт ауруының түрі. Құрт түскен дене мүшесінің еті түгел ағып, сүйек пен тері ғана қалады. Ел аузында Мақсұт деген барымташы адамның өкшесін әжі жеген деген сөз бар.

ӘЗ – байырғы қазақ қоғамында қазақ мемлекетінің негізін қалауда, саяси құрылымдарын жетілдіруде, сыртқы жаудан қорғауда, мәмілегерлік (дипломатиялық) қатынастар орнатуда айырықша еңбегі сіңген мәртебелі тұлғаларға халық таңған ерекше құрметті атақ. «Әз» деп атануға Жәнібек хан мен Тәуке хан ғана лайық болған. Олар әз-Жәнібек және әз-Тәуке деген атпен тарихқа енді. Әз сөзі «ізгі қасиетті, ардақты, аяулы, ғазиз, сыйлы» деген ұғымды білдіреді. Әз-Жәнібек хан мен әз-Тәуке ханға әз құрметті атауы билер кеңесінің, хандық немесе әскери кеңестің ұйғаруымен берілуі мүмкін.

«Дастарқаныңа береке берсін,

Бақ-дәулетің өсе берсін,

Әз-Жәнібектей көсем бол,

Жиреншедей шешен бол», –

деген сөз орамдары бата-тілектерде молынан кездеседі.

Сондай-ақ, сыйлы, ардақты, құрметті адамдарға әз аға деп қолдану адамдар арасындағы сыйластықтың көрінісі болып табылады, ал әз тұтты сөз тіркесі қадір тұтты, ардақтады, сыйлады деген мағынада қолданылады.

ӘЗ НАУРЫЗ – халық күнтізбесі бойынша жыл басы болып табылатын наурыз айының 22-24 аралығындағы ерекше қасиетті деп саналатын күн. Бұл

тұста өз сөзі ғұрыптық мәнді наурыз мерекесіне деген бүкіл халықтық құрметті білдіреді.

ӘЗӘЗІЛ – дінмұсылмандық түсінік бойынша адамдарды азғыру, арбау, алдау, қызықтыру, қызғанту, құмарту сынды нәпсіге тез бой алдыратын сезімдерін ояту арқылы тура жолдан тайдырушы, үнемі күнәлі істер жасауға құштар қылатын жәдігөй. Құран ілімі бойынша оттың жалынынан жаратылған қара ниетті Әзәзіл адам баласына әрдайым кесірін тигізетін зұлым күштердің барлығының атасы, бұрынырақ білім иесі періште болған Ібілістің балама атауы.

Әлқисса, бұл жерде, Әзәзілдің ең алғаш жылан кейпіне еніп, мыстан пиғылмен Адам ата мен Хауа ананы иландырып, Құдай тиым салған жемісті жегізгендігі туралы оқиға желісінің монетеистік діндердің барлығында дерлік баяндалатынын ерекше айта кеткеніміз жөн. Бойын күншілдік пен тәкаппарлық билеген Әзәзіл Алланың әміріне құлақ аспай, Адам атаға сәжде қылудан (құрмет көрсету) бас тартады. Ақыры Алланың лағнетіне ұшырап, жәннаттан мүлдем мақұрым қалады. Жаратушыдан ақырет күніне дейін тірі жүре тұруға мүрсат алған ол адам ұрпақтарына үнемі қастандық жасауды өзінің сүйікті ісіне айналдырады.

Араб, түркі-иран халықтарының мифологиясы мен демонологиясы мотивтерінде Әзәзіл жын-пері, албасты сияқты зұлымдық әрекеттерді жасайтын зиянкес рух, кейде мүйізі ұзын, тырнағы әрі тұяғы бар жануар бейнесінде суреттеледі. Кейбір діни аңыз-әпсана, ертегі сюжеттерінде жер бетінде бүлік шығарған перілерді жою үшін жіберілгендігі айтылады. Мұсылмандық ортада иманы әлсіз пенделердің ізгілікке сенбей маскүнемдік, зинақорлық, жауыздыққа бейімделіп, теріс жолға түсуінің себебі «періште» кейпіне енген Әзәзілдің айла-амалы ретінде түсіндіріледі. Дәстүрлі ортада Әзәзіл ұғымы алаяқ, өсекші, арандатушы, екіжүзді пиғылдағы ісі нашар жаман адамдарға қарата қолданылады. Яғни «теріс» рендегі этикалық мәнді категория болып белгіленген.

ӘЗБАРАҚ – борсықтың баласының атауы. Қазақтарда ешқандай қолданыстық маңызы болған жоқ. Өйткені, ересек борсықтың майын емдікке пайдаланғанымен, әзбарақты өлтіруге қазақы дәстүр қоспайды. Мұндай ұстаным, бәлкім, борсықтың баласының атауына да негіз болуы. Себебі қасиетті тіршілік иесін қазақ әдетте барақ сөзін қосып атайды. Борсықтың баласының әзбарақ деп аталуына қарағанда қазақы ортада оның әлдебір тылсым қасиеттің иесі ретінде қастерленуі де мүмкін. Алайда айтылған уәжді дәйектейтіндей материалдар жоқтың қасы.

ӘЗЕТ-ҚАҚПЫШ – малдың етін майымен қоса кесек қалпын сақтап, кептіріп, сүрлеу тәсілінің атауы. Мұндай еттің немесе майдың түрі сүйексіз болып келеді. Мұны сұрпы немесе сүбе деп атай береді.

ӘЗІЛ – дәстүрлі қазақ қоғамында аралас-құралас немесе жақын адамдар арасында орынды саналатын өзара сөз сынасу, сын айту, қалжыңдасуға негізделген ойды жеткізу формасының, қарым-қатынастың ерекше бір түрі.

Әзіл болмысқа, құбылысқа, нақты дерекке, оқиғаға қатысты көзқарасты білдірудің, баға берудің өзіндік бір үлгісі іспеттес. Сөз қадірін түсінген қазақы

ортада өз пікірін күлкілі сөз, қалжың түрінде жеткізу жақсы көрініс тапқан. Дәстүрлі ортаның «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген тұрақты сөз қолданысының мәні әзілдің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Мұның астарында дұрыс әзіл, ұнасымды тапқыр сөзбен кімге болса да орайында айтылған сөздің әбестігі жоқ деген ұғым жатыр. Дегенмен әзілдесу, қалжыңдасу адамның жас ерекшелігіне байланысты әртүрлі деңгейде көрініс табады.

Керісінше, «Аузында әзілі жоқтың, қолында шоқпары жүреді» деген мақал орынсыз әзіл орға жығатынын, көлденең келген көк аттымен әзілдесем деп опық жеп қалмау қажеттігін, әркім сөз көтерер құрбысымен немесе дәстүрлі ортада қалыптасқан туыстық негізге сүйеніп қалжыңдасу керектігін түспалдағандай. Әзіл сөзді моральдық-этникалық тұрғыда дәстүрлі ортаның туыстық, замандастық қарым-қатынастарын белгілейтін сөз үлгілеріне жатқызуға болады. Дәстүрлі ортада, әсіресе тең құрбылар арасында, нағашы мен жиен, жеңге мен қайны, балдыз бен жезде арасында сөз қағысып, әзілдесу кең өріс алған. Сөз мәйегін түсінетін, әзіл айтуға шебер сөз тапқыштардың ойын орынды қалжыңмен, тапқырлықпен жеткізе білуі, сондай-ақ, әзілмен айтылған зілсіз қалжыңға қисынды жауап айтып, әзілге әзілмен жауап бере білуі шешендік өнердің маңызын көрсетеді. Қазақы ортада әзілдің айтылуына қарай бірнеше түрі бар. Мәселен, достық әзіл, жарасты әзіл, жеңіл әзіл, қисынсыз әзіл, өткір әзіл, шымшыма әзіл және т.б. Кемшілікті дөп басып, шындықты жасырмай күлдіргі түрде жеткізетін астарлы сөз өткір әзіл болып табылады. Мұндай өткір әзіл жас айырмашылығы алшақ адамдардың арасында жиі кездеседі. Ал адамның ішкі жан дүниесі мен мінез-құлқын немесе келбет-бейнесін дәл ұқсастықпен күлкілі әрі нанымды етіп әсірелеп бейнелеп әзілдесу достық әзілдің түрі. Сондай-ақ, дос-жарандар, құрбы-құрдастар, тетелес адамдар шымшыма әзілінде қалжыңдасады. Әзіл-қалжың түріндегі шымшыма сөз кез келген ортада, отбасында, ошақ қасында, той-томалақтар мен әртүрлі отырыстарда айтылады. Өрескел, оғаш, дөрекі айтылған қалжың сөздер тұрпайы әзіл болып есептелінеді, ал әзілдесуші екі жаққа да, ортаға да ұнасымды, қонымды, жарасымды қалжыңмен ойын сөздер арқылы күлдіріп жеткізу жарасты әзіл болып табылады.

Әзілде де сынап-мінеу, іліп-шалып, тәлкек ету ниеті жатады, бірақ ондай ниет жүрекке ауыр тимейтіндей оспақпен, қалжыңға сүйеу арқылы жүзеге асады. Сондықтан да қазақтар мұны әзіл-оспақ, әзіл-қалжың деп қосарлап атайды. Бұлай аталуының себебі адамның айтайын деген ойын немесе пікірін бір жағынан әзілге жыға айтса, екінші жағынан ащы шындықты астарлай отырып жеткізетіндігінде. Әзілдей білу де – тапқырлықтың бір көрінісі.

ӘЗІРЕЙІЛ – дінмұсылмандықта бұл жалғандағы дәм-тұзы таусылып, Алла Тағаланың бұйрығымен бақи дүниеге аттанар адамның жанын алушы періште. Теологиялық әдебиеттерде «қаза періштесі» деп те аталады. Жаратушыға жақын төрт мұхаррам періштенің бірі. Қазақы тұрмыстық таным-түсінікте Әзірейіл (ғ.с.) өліммен байланысты қорқыныш, үрей тудыратын, қайғы алып келетін, кенеттен пайда болатын, ешкімнен жеңілмейтін, бет-бейнесі айқын емес, әлдеқандай бір қатерлі тылсым күш деген мағыналарды да жамайды.

Аты мен қызметі монотеистік діндер жамағатының барлығына мәлім Өзірейіл (ғ.с.) туралы хикаялар жер бетіндегі басқа да ұлыстар арасында жиі ұшырасады. Өлім періштесі Өзірейіл (ғ.с.) күнәсі ауыр, зұлым адамдардың жанын алғанда сұсты, қаһарлы кейіпте көрінсе, күнәдан пәк, ізгілікті пенделерге келгенде түр-түсі жылы шырайда болады екен. Сондай-ақ, төрт періштенің ішінде ол Алланың үкімін мұқият орындаған делінеді. Себебі, Адам атаны жарату үшін Алла Тағала жерден топырақ әкелуге жұмсаған басқа періштелер пәрменді орындай алмайды. Мұның мәнісі Адамды жаратуға қажетті топырақты Жер беруден бас тартады, өйткені болашақта адам күнәһарлық пен қатыгездікке барып, Жерді бүлдіріп, табиғатқа зардабын тигізетінін сезген деседі. Сол кезде басқа періштелер Жердің айтқан уәжіне көніп, Жерден топырақ алмай қайтқан, тек қана Өзірейіл (ғ.с.) Алланың пәрменін бұлжытпай орындаған, сондықтан осы қаталдығына байланысты Алла Өзірейілге (ғ.с.) «жаналғыш боласың» дейді. Қазақтың байырғы ертегі, аңыздарында Өзірейілге (ғ.с.) ұқсас кейіпкерді Жаналғыш, кейде Алдашы (Алашы) деп те атайды.

Қорқыт ата кітабындағы «Доқа Қожаұлы Дели Домрул әңгімесінің баяны» жырында ержүрек Домрул Өзірейілге (ғ.с.) берілгісі келмей, жеңіліс табатындығы, ақыр соңында Өзірейіл (ғ.с.) оның ата-анасының жанын алып кететіндігі туралы оқиға да көркемдік тілмен жеткізілген діни мәтіннің мифологиялық көрінісі болып табылады.

ӨЗІРЕТ ӘЛІ / ХАЗРЕТ АЛИ – Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) рулас туысқан ағасы Әбу Тәліптің кіндігінен тараған үзеңгілес немере інісі, бәйбішесі Қадиша анамыздан туған қызы Фатиманың ері, яғни күйеу баласы, сахабасы, төрт әділ халифаның төртіншісі төртіншісі. Исламды өз еркімен қабылдап, мұсылмандықты таратуда аянбай күрескен, мүшіріктермен (пұтқа табынушылар) болған түрлі соғыстарға қатысқан алғашқы мүміндердің бірегейі. Жаратылысынан әрі батыр, әрі әділ Өзірет Әлі өз заманында асқан құрмет пен зор беделге ие болған мәртебелі тарихи тұлға. Григориан жыл санауы бойынша 599 жылы дүниеге келген хазірет дін жауларының қолынан 661 жылы 61 жасынан асқан шағында қастандықпен өлтіріледі. Кейіннен пайда болған шиіттер ағымының 12 имамының біріншісі ретінде де дәріптеледі.

Мұсылман дінін қабылдаған көптеген ұлыстардың ауыз әдебиеті мен аңыз-әңгімелерінде елеулі орын алатын Өзірет Әлінің кейпі шығыс бейнелеу өнерінде басын айналдыра қоршаған жалынмен, қолындағы Мұхаммед пайғамбардан (с.ғ.с.) мұраға қалған ұшы айыр қылыш – Зұлпықармен, жауынгерлік аты – Дүлдүлімен бірге суреттеледі. Дін жолында істеген ерен ерліктеріне байланысты мұсылман мифологиясының қаһарман кейіпкеріне айналған Өзірет Әлі қазақ батырларының қолдаушы киелі пірі ретінде де сипатталады. Бұл жерде, батыр бабаларымыздың жаумен шайқасар алдындағы жекпе-жектерге шыққанда басқа пірлерімен бірге Өзірет Әлінің де есімін атап, сыйынып қолдау сұраған сәттерінің де аз болмағанын айта кеткеніміз жөн. Өзірет Әлінің Зұлпықары халық арасында Алланың қаһарлы жеңімпаз қылышы түрінде рәмізделіп, ал Дүлдүлі баһадүр тұлпарының эпитеті ретінде

қолданылады. Өзірет Әлінің ісі қазақтың халық ауыз әдебиетінде «Алланың Шері», «Арыстан», «Шер Әлі», «Әлі Шер» деген бірнеше лақап аттарымен де мадақталады. Хадис шәріптер мен діни қисса-дастандарда Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) көзі тірісінде Әліні сәби күнінен өте жақсы көріп, бауырына басып, бек қадірлеген делінеді. Дәстүрлі ортада ежелден орныққан «Пайғамбарда күйеу баласын сыйлаған» деген аталы сөз осы орайда айтылса керек.

ӨЗІРЕТ ЖАЛМАН – астық жинау кезінде көрінетін орақ пен орақшының желеп-жебеушісі. Өзірет жалманның пайғамбар салық деген ұғымға қатысы бар. Егін орып, қырман бастырып жатқан кезде Діқанбаба әртүрлі кейіпте, мәселен, жылан, жалман, кедей-кепшік бейнесінде көрінуі мүмкін. Сол себептен де жылан үйілген бидайдың астына кіріп кетсе, жақсылыққа балап, тығылған жыланға ақ құйып шығарып салған. Халық жыланды ырыс, байлық әкелуші деп есептеген. Осындай әртүрлі нышандарды ескеріп, Діқан баба немесе Қыдыр қырманға келеді деп жорыған.

ӨЗІРЕТ СҰЛТАН – бүкіл түркі дүниесіне таралған сопылық ілімнің негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауидің халық қойған ұлағатты есімі. XII ғасырда Сайрамда дүниеге келіп, Түркістанда өмір сүрген ғұламаның тегі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сүйікті күйеу баласы, ісі мұсылманның пірі болған Өзірет Әліден тарайтын ақсүйек қожалар.

Жастайынан дін ғұламаларынан білім нәрімен сусындап һәм мұстақим тәлім-тәрбие алған Өзірет сұлтан ислам негіздерін сопылық тариқатпен ұштастырып, өзінің түркі тіліндегі «Диуани хикмет (Даналық кітабы)» атты мәшһүр еңбегін жазып шығады. Жер бетіндегі санаулы ғұмырын Хақты тек шынайы махаббатпен тануға, ізгілік пен парасаттылықты таратуға арнаған ол 63 жасқа жеткенде бұл жалғанды тәрк етіп, жер астынан мешіт, яғни қылуат салып, Аллаға деген құлшылығын жалғастырған деседі. Әулиенің ілімін сыйлап, аруағын құрметтеген әйгілі жиһангер Әмір Темір оның басына кесене (XIV ғасыр) тұрғызады. Бүгінгі күні Қожа Ахмет Ясауидің артында қалған баға жетпес құнды мұрасы күллі түркі-мұсылман әлеміне ортақ дүние болып табылады.

ӘЙЕЛ ЗАТЫ – адам заттың ұрғашы жыныстыларына тән ортақ атауы, ер адамның зайыбы. Отбасындағы және жалпы қоғамдағы орнының гендерлік ерекшеліктерімен байланысты әйел затының әлеуметтік жағдайы мен жасына, қандастық, некелік туыстыққа қатысты ғұрыптық атаулар халық тілінің лексикалық қорында аса мол кездеседі: әже, ана, шеше, ене, (қайын ене), қыз, абысын, шешей, жеңге, апа, қарындас, сіңілі, қайын сіңілі, балдыз, бөле, келін, келіншек, нағашы әже, нағашы апа, нағашы жеңге, нағашы қарындас, жиен апа, жиен қарындас, құдағи, құдаша, өкіл шеше, өгей шеше, кіндік шеше, бойжеткен, қалыңдық, бәйбіше, тоқал, жар, жұбай, зайып, жесір, қатын, тамыр, күндес, кемпір, кейуана т.б.

Бұлар некелік туыстықпен байланысты жай ғана атаулар (терминдер) ғана емес, қазақ әйелінің көпсубъектілік әлеуметтік қатынас жүйесін алатын орнын, оның ерекше субъектісі екенін байқататын мәдени семантикалық өріске тән айрықша құрылымдар.

Қазақ әйелі күйеу жұртындағы туыстарының атын тура атамай, олардың еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін құрмет, әдеп нышанын білдіретіндей ат тергеуі тиіс және олардың әрқайсысымен қарым-қатынаста қалыптасқан этикеттік норманы сақтауға міндетті болып саналады.

Жас келін болып түскен әйел уақыт өте келе бірте-бірте өзі де әлеуметтік мәртебеге ие қарым-қатынас субъектісіне айналып, ауылдастарының, айналасындағылардың ілтипатына бөленеді.

Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қалыптасқан стереотип бойынша қазақ әйелі әдепті, мейірімді, қамқоршы болуы тиіс, күйеуін әркез сыйлап, оған қарсы сөйлемеуі керек. Сондай-ақ, ол тек қана күйеуін емес, жалпы қайын жұртындағы адамдарға құрмет көрсетіп, қабақ шытпай, иіліп тұруы қажет. Белгілі бір рулық қауымның мүшесі ретінде әйел күйеуінің жақындарымен, яғни күйеу жұртындағы өз адамы ретінде әлеуметтік, күнделікті тұрмыстық қатынаста қат-қабат байланыста болады және оның көшпелі ортада қалыптасқан ұстанымдары мен өзіндік этикалық нормаларын сақтауға міндетті. Атап айтқанда: қайын ата – күйеуінің әкесі; қайын ене – күйеуінің шешесі, қайын аға – күйеуінің ағасы (жақын ағалары); қайын бике – күйеуінің әпкесі (жақын әпкелері); қайын інісі – күйеуінің інісі (жақын інілері); қайын сіңілі – күйеуінің қарындасы (жақын қарындастары); абысын – қайын ағасы мен қайын інісінің әйелдері; жезде аға – қайын бикесінің күйеуі; күйеу – қарындасының күйеуі сияқты күйеуінің етене жақын туысқандарымен бірге сол ауылға, әрісі сол төңіректегі қауымға келін болып саналады. Дәстүрлі ортада қалыптасқан моральдық-этикалық нормаларға сай келін жасы мен жолы үлкен көзі тірі туысқандарын ғана емес, дүниеден озған аталарының (кейде әжелерінің) атын атамауға тиіс, олардың атын тергеп, ат қояды. Қазақ әйелдері ертеде күйеулерінің атын тура атамай мырза, отағасы, деп бағалауш мәнді сөздермен атаған.

Әйелдің отбасындағы орны. Қазақ әйелдерінің шаруашылыққа араласуы бала кезінен, жеті-сегіз жасынан басталған. Бұл жасқа келген қыз бала отын-суға араласып, шөпшек жинап, бесік тербетіп, шелекпен су тасыған. 8-9 жасынан кесте тігіп, кілем тоқыған. Ұзатыларда берілетін жасауын дайындауға қатыса бастаған, қоржын, бау тоқыған, үй жабдықтарын өрнектеген. Қыз баланың ұзатыларға дейінгі орны оң жақ болған.

«Қыз өссе, елдің көркі» деп қарайтын қазақ ұлы ержете бастағаннан-ақ ел аралап жүрген жерінде қызы бар үйге де көз қиығын сала жүреді. Көрген бетте қыздың жасын сұрамайды. Керегенің үш көгіне жетіп қалған қызы бар екен деп, оның жасын керегенің көгімен шамалайды.

Қазақтар арасында қыз балаға ерекше көзқарас қалыптасқан, сондай-ақ, бойжеткен қызға сол әулеттің тең құқықты мүшесі ретінде қарап құрметтеген. Қыздың күйеуге шыққаннан кейінгі әлеуметтік орны мен оған деген көзқарас ерекше мәнге ие болады, яғни, ол бүкіл үй ішіндегі жұмысқа жауапты әйел, бала тәрбиесімен айналысатын шешеге айналады. Қазақ қыздары 15-16 жасында-ақ күйеуге шыққан. Қазақтар қыздарын ерте күйеуге беруін «тұзды көп сақтама су бұзар, қызды көп сақтама сөз бұзар» деген ел арасында тараған мақалмен пайымдайды.

Қазақ қызының басында ерік жоқ, әкенің ұйғарған адамына тұрмысқа шығатын болған деу біржақты түсінікке саяды. Қыздың өз қалауымен ұнатқан адамымен тұрмыс құруына ерік берген жайттар ел ішінде аз болмаған. Бұл жайында деректер де, аңыз-эпсаналар да жиі кездеседі. Түптеп келгенде, эпикалық жырларда айтылғандай, Қыз Жібек сынды қыздар жігітті өздері таңдаған. Теңін тапса, тегін бер деген мақал қазақ тұрмысында қағидатқа айналған кезін де жоққа шығаруға болмайды.

Осындай қағидатқа сай эпсаналардың бірінде қыз айттыра келген жақтың баласына қыз әкесінің көңілі толмай, «қызымның өз билігі өзінде» деп, қашырта жауап бергендей болады. «Әкем қарсы болмаса, мен көндім» деген қызының жауабын іштей құптамаған әке «қызым мақұл көрген екен, бет-алдынан жарылқасын» деп, жасау ретінде алдарына қырық сиыр салып, айдатады.

Бұлар отау тігіп, үй болған соң, көп ұзамай базар шығып, қырық сиырды пұл етпек болады да, әйелі оны-мұнысын дайындап отағасысын алыс жолға аттандырады. Ауыл-елінен қыр асып біраз жерге жеткенде базаршы сәйгүлікті қосарлап жеккен сән-салтанаты келіскен күймені көріп, таң-тамаша болады. Бұны байқап қалған күймелі жігіт: «Ей сиыршы, қаласаң, күймені сен ал да, қырық сиырыңды маған бер», – дейді.

Сөйтіп, базаршы күйме мініп біраз жерге жеткенде, ер-тұрманы күмістелген, келісті қазанат мінген, атына өзі сай, аты өзіне сай жігітті ұшыратады. Сонда оның қызықтап, қызығып тұрғанын байқаған жігіт:

– Қыр жолына күйме мініп қайтесің, қаласаң мына ат сенікі, – дейді. Сөйтіп, базаршы қосар сәйгүлік жеккен күймесін, қазанатқа айырбастайды.

Базарға кіре бергенде базаршы көздің жауын алғандай құндыз бөрікті көріп, бәсін сұрайды. «Бөріктің бәсі андағы қазан атыңнан кем түспейді» деген соң, қазан атын бөрікке айырбастап, содан жаяу-жалпы ауыл еліне қайтады. Ел шетіне біршама қалғанда қатты дауыл тұрып, нөсерлі жаңбырда қалады. Кешу бермей тасып жатқан судан өте бергенде, жел тұрып, бөркі суға кетіп, өзі өліп-талып жағаға шығады.

Содан базаршы үйге кіріп жайласқан соң, хал сұраған әйеліне болған жайды айта бастайды.

– Базарда не жоқ дейсің, қосар ат жеккен сәні келісті күймені көріп, қырық сиырды соған айырбастап жібердім.

– Е, дұрыс екен, жарасты болсын!

– Ой, тұра тұр, ол күймесі бар болғырды қарап жүрмей, ер-тұрманы күмісті қазан атқа айырбастап едім..

– Е келісті болсын. Ер азамттың қанаты қазан ат қой!

– Ой қоя тұршы, базардан қайта берген кезде тамаша бір бөрікке көзім түскені. Киіп көріп едім, қона кетті. Қазан атымды беріп, сол бөрікті алдым.

– Бұл ісің де жақсы екен. Дос басқа қарайды деген, басына бақ қонсын!

– Әй, тұра тұршы, эттегенайым тағы бар. Ауылға бір қыр қалғанда қатты жел тұрып, нөсерлі жаңбырдың астында қалдым. Әлгі бөркімді жел қағып, тасыған сумен кетті.

– Е, ештеме етпес, бастағы бәле сонымен кетсін. Бас аман болса, киетін бөрік табылар. Шайынды ішіп, тыныстап алғын!

Бұлардың сөзін үй сыртынан естіп тұрған үш жігіт таң-тамаша қалып: – «мына әйел қандай сабаз еді. Бұның орнында басқа болса, беттен алып, төске шабар еді. Жақсы әйел жаман еркектің есіктегі басын төрге шығарады деген осы екен-ау. Қырық сиырымен қоса, алдап алған заттарымызды қайтарып берейік,» – деседі.

«Бұл қандай әйел?» деп өзара бәстіккен үш жігіттің бірі «ақылды», бірі «текті» дейді, ал, үшіншісі «бәрінен де рухы күшті екен» деседі ел аузындағы әпсанада. Аса көрнекті ақын Жүмекен Нәжмеденов өз кезінде бұл әпсананың бір нұсқасын өлеңмен өрнектеп, дастан етіп жазған болатын.

Әйелге ерлер тарапынан «қалыңмалын төлеп алғанмын» деген де көзқарастың болғаны рас. Көп әйелі бар үйлерде бәйбішенің орны тоқалға қарағанда салмақтырақ болған. Бәйбішенің үйі ерінің үйімен бір саналған. Бәйбіше үйіне тоқал тек шақырумен кірген және рұқсатымен отырған. Көп әйел болғанда бәйбіше үй шаруасының басшысы саналған, үй шаруасы тоқалдың мойнына артылған. Тоқал үйі бәйбіше үйінен 2-3 үйден кейін тігілген. Егер бәйбіше қызғаншақ, шайпау болған жағдайда тоқал үйі 15 шақырымдай ілгері жерден тігілетін. Үй ішінің көптеген тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Үй іші мәселесінде өздерін еркін ұстайтын, өзбетімен жұмыстарын атқарды. Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі өз отбасының атына нұсқан келтірмей, қайта намысын қорғап, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін. Ертедегі шаруаның негізі мал өсіру, егін салу болғандықтан осыған қатысты сыртқы жұмыстарды ер адамдар атқарса, тамақ дайындау, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп алаша, кілем тоқу тәрізді әртүрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар әйел қолыменен әзірленген (Х.Арғынбаев). Әйелдердің киім тігу, кесте тоқу, ою-өрнектер жасаудағы шеберліктерін көрсететін дәстүрлі салалық қолөнер түрлері болған.

Мал сауу, кір жуып үй жинау, көшіп қонған кезде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу және жас балалар мен қартайған ана-енесіне қарау сияқты үй ішінің ұсақ-түйек шаруасы түгелдей дерлік әйелдер мойнында болды. Әсіресе, ақылды, парасатты, тәрбиесі жоғары әйел тек еріне ғана емес, сонымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізген. Ері үйде жоқ кезде есті әйел оны жоқтатпай, үй шаруасына өзі басшылық ететін.

Әйелдердің қоғамдағы орны. Дәстүрлі дала мәдениетінде қазақ әйелдері өздерінің отбасылық қана емес, қоғам мүшесі ретіндегі әлеуетін өнер-білім саласында, сондай-ақ, қоғам қайраткерлері ретінде көрсетіп, өзін-өзі дамытуға мүмкіндігі болды. Қазақы ортада қарақан бастан гөрі отбасылық мүдденің жоғары тұруы әйелдердің қоғамдық-әлеуметтік белсенділігіне кедергі болған жоқ: өнер саласында атағы жалпақ жұртқа жайылған белгілі әншілер, ақындар, майталман күйшілер болды. Тарихта болған Болған ана, Домалақ ана, Дарабоз ана, Қарқабат ана, Қызай ана, Найман ана, Ұлпан аналар – рулы елдің бүтіндігіне қызмет еткен қайраткер тұлғалар болса, Қарқабат, Абақ, Қызай т.б. аналар рулы елдің ұранына айналып (Ғ.Мүсірепов), сол рудың атына негіз

болды. Бәйдібек биге тұрмысқа шыққан Нұрила өзінің әдептілігі, ізеттілігі, даналығымен ерекше көзге түсіп ел анасы аталған. Қара Хайдар деген кісі оны «Диннат мама» (парсы сөзі, қазақ тілінде Әулие ана дегенді білдіреді) деп атапты. Уақыт өте келе «Диннат мама» дыбыс өзгерісіне ұшырап «Домалак ана» деп аталып кеткен. Ру-тайпа бірлігін, ел тұтастығын сақтаған Баршын атымен Сыр бойындағы қала Баршынкент (Қыз қала) деп аталған; Сарысу бойында Болған ана, Белең ана, Жұбан аналарға күмбез орнатылған (Ә. Марғұлан).

Сонымен бірге қазақ даласында әскер басқару, қол жию, майданда қан төгу қазақ қыздарының бойына біткен қасиет болса керек. Отаршылдық дәуірде Көктемір деген лақап атқа ие болған Сапар қол бастады. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа Кенесарының қарындасы Сәмеке ханның жары Бопай өзінің 6 ұлын ертіп барып қосылады. Оның қозғалыс кезінде 600 адамдық жасақты басқарып, Аманқарағай дуанына шабуыл жасаған. Азамат соғысында Айғыз Көшкімбайқызы Аякөз шебінде соғысып, Колчак әскері қолынан қаза тапты. Сондай-ақ, ақылды әйелдің тоқтамды сөзіне ерлер де тоқтаған. «Айман-Шолпан» оқиғасында Айманның ғашығы Әлібектің Көтібардың елін шауып, араз болғандығы аян. Кейін Айманның: «екеуің екі елдің батырысындар, ер шекіспей бекіспейді, бір-біріңе шапқан малдарыңды қайтарып, енді дос болыңдар», – деген сөзіне тоқтап, Көтібар Айманды Әлібекке өз қызындай ұзатып салып, той жасап берген.

Байырғы қазақ қоғамында қазақ әйелінің әлеуметтік еркіндігі де болды. Қазақ әйелдері ұзын жең, кең етекте көйлек киіп денелерін жасырғанымен, бет-жүзін ашық ұстаған. «Қазақ әйелі», «қазақ қызы» деген ұғымның мазмұны қазақы болмыс, қазақы тұрмыстың көрінісі, ежелден қалыптасқан салт-дәстүрі т.б жайттарды қамтиды.

Әйел әдебіне дәстүрлі қоғамда үлкенді сыйлау, сәлем салу, қонақ күту мен аттандыру, ат тергеу және т.б ғұрыптық-салттық жосындар жатады. Қазақтар арасында үлкенді сыйлау әдебінің маңызы ерекше. Сонымен қатар дастарқан басында алты жасар ұл бала отырса да әйел адам ас қайырмайды. Бұл – қазақтың ер адамды сыйлаудағы маңызды ғұрыптық дәстүрі болып табылады. Әйел адам ешқашан үлкендердің сондай-ақ, өтіп бара жатқан адамның жолын кесіп өтпейді, мұндай тәрбиелік мәні бар жосынды қазақтар балаларына жас кезден үйретеді. Қазақ әйелдері үйге кіргенде міндетті түрде шаңыраққа сәлем беріп кіреді.

Ертеде әйелдер ат тергеу мәселесіне өте абай болған, егер қайыната, қайынаға, қайынене, қайынапасымен аттас, көрші-қолаң, әріптес, таныс адамдары болса, олардың атын атамай аттеріс көрші, аттеріс бала, аттеріс аға, аттеріс апа деген атауларды жиі пайдаланады. Осыған қатысты қазақтар арасында аттеріс ұғымы кең қолданысқа ие.

Келін ата-енесі тұратын үлкен үйдің төріне шықпаған, төсегіне отырмаған. Қыз күйеуге шыққан соң, енесінің қатал тәртібіне түсіп, ысыла түскен және ене келіннің ақылшысы әрі кеңесшісі болған. Қазақтың «қайын енесінің топырағынан жаралған» деген келінге қатысты сөзінің астарында, ене тәрбиесін жалғастырған келіннің мінез-құлқы жатыр. Келін күйеуінің

туыстарының үлкен-кішісіне қарамай, ат тергеп, аттарын атамаған, тіпті күйеуінің де атын атамаған. Абысын-ажындарын шешей деп сыйлап өткен. Ері үйіне кіріп келгенде, әйел орнынан тұруы керек, қонақпен бірге отырып дамылдауды білмей, ошақ басында тамақтың бабында болуын қадағалап, ыдыс-аяқты реттеп отырған. Ата-енесінің көзінше өзінің күйеуіне қарсы қарап отырмай, бір қырындап отырған, бетіне тік қарамаған. Күйеуінің еліне әбден сіңіп кеткенше келін төркініне бара алмаған, сондай-ақ, жас келін атасының көзіне түспеуге тырысқан. Қазақ әйелдері, қыздары ер адамдардың алдын кесіп өтпеген.

Әйел затымен байланысты наным-сенімдер. Қазақтар ырым-тыйымға қатты мән берген және оған қатысты ғұрыптық наным-сенімдер ел арасында кеңінен орын алған. Мысалы, қазақ әйеліне қатысты төмендегідей байырғы ырымдарды кездестіруге болады. Қазақ халқы үш әйел тастаған ер адамды ұнатпайды. Жамандығы бастарына келеді деп, оның қолынан балаларына дәм татырмайды. Сондай-ақ, қайтыс болған ер адамның сүйегіне ерлер, әйел адамның сүйегіне әйелдер түседі. Өлген адамды жоқтап жылағанда, әйел адамдар шашын жайып жіберіп жылайды, бұл тек шер тарқату ғана емес, аруақты ризалаудың семеотикалық таңбасы іспетті.

Бала емізгенде де бөгде көзге көрсетпей, көздің сұғынан сақтанып, төсін бүркемелеп, етегін қымтап отырып емізетін болған.

Қазақ әйелдері өзінің басына салып жүрген жаулығын басқаларға бермейді. Олай етсе, басындағы бақ басқаға көшеді деп ырымдайды. Сонымен қатар әйел адам кешке, қараңғы түскеннен кейін сыртқа жалаңбас шықпайды, өйткені қараңғы түскен кезде жын-шайтандар әйел адамның шашына жабысып, үйге бірге келеді деп ырымдаған. Жерік болған әйел жерік асын жеуі керек. Жерігі қанбаған әйелдің баласы су ауыз болып туылады, ондай бала суайт болады деген ырым бар. Жаңа босанған әйел үйге кірген итке шық демейді. Бұлай істесе әйелдің тісі түсіп қалады, бойынан қайраты кетеді деп біледі.

Әйелдердің пірі Бибі Бәтима мен Бибі Зухраны баланы сылағанда, жаңа іс бастағанда, пір тұтып солардың атымен бастаған. Мәселен, баланы төмендегідей ғұрыптық жырды айтып барып майлап сылаған:

Тәу, тәу, тәу
Сыламақ менен
Мықты болмақ сенен
Менің қолым емес
Бибі Бәтима, Бибі Зухра қолы,
Ұмай ана, Қамбар ана қолы
Тастай қыл
Темірдей қыл
Сүттей қыл
Дерт үйге кірмесін.
Балаға тимесін,
Өс, өс, өс.

Дәстүрлі дала мәдениетінде әулие-әнбиелерге сыйынып, пір тұту, дұға, құран бағыштау сияқты наным-сенімнен туған ғұрыптық дәстүрлер ел ішінде сирек те болса кездесіп отырады.

Қазақтың байырғы наным бойынша Май Ана (Ұмай Ана), Бибі Бәтима, Палуан қыз, Қарлығаш Ана әйелдердің сиынатын пірлері болған. Бұндай желеп-жебеушілер әсіресе эпикалық жырларда жиі ұшырасатыны байқалады:

Алпыста анам аналық
Бибі Бәтимаға тапсырдым
Шырағым сені Қарлығаш
Қарашаш ханымға тапсырдым
(Қобыланды батыр).

Әйелдердің киім-кешегі. Ғұрыптық салтқа негізделген, ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен әшекейленген, әлеуметтік дәрежені көрсететін әйелдердің киімдері. Қазақ әйелдердің киім-кешегі көшпелі тұрмыс пен ауа райына бейімделіп, шаруашылық пен мәдени ғұрыптық негізде болған. Әйел киімдерінің қазақ елінің бәріне мәлім ортақ түрлері: көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәзекей, кебіс, мәсі, көкірекше сияқты киімдер. Сондай-ақ, әшекей, ажар жағынан қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері деп жас ерекшеліктеріне қарай тігіледі. Қазақ қолөнер шеберлері киімге қатысты әртүрлі әшекейді зерделей білген. Маусымдық, өлкелік, әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне байланысты, сонымен қатар күнделікті тұрмыстық және сән-салтанатты киім-кешек түрлерін тігуде мата, басқа да қажетті заттарға үлкен мән берілген. Қазақтың ұлттық киімін сипатына қарай іштік, сырттық, сулық, бір киер, сәндік және кейбірінде салтанат ғұрып киімі деп бөледі. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиын-топтарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атайды. Әйелдердің іштік киімдеріне көйлек, дамбал, желетке, қамзол, кәзекей; сырттық киімдеріне шапан, күпі, кеудеше, тон, шидем; сулық киімдеріне қаптал шапан, кебенек, кенеп, сырттық жатады.

Мереке, той-думандарда, аста, дүбірлі жиындарда әжелер бастарына ақ кимешек, шылауыш, күндіктерін салып, үстілеріне ақ шағидан жалбырлы көйлек, жалаң бешпет, сыртынан оқалы шапан, түлкі ішіктерін киіп, белін жібек белбеумен буып, оюлы кебіс мәсі киіп төрден орын алған. Ал келіншектер, әйелдер бастарына кестелі кимешек шылауыш, түйреуіштерін тағып, сәукеле, қызыл желектерін салады, үстілеріне желбір көйлек, кестелі көйлек, кәзекей кестелі жекет, кестелі кәмзол, жанат ішіктерін киеді, жібек, кемер белбеу тағынады, құлақтарына алтын сырға, мойындарына алтын-күміс алқа тағып, білегіне білезік, саусақтарына жүзік салып, кестелі тізе қап, биік өкшелі көксауыр етік, қызыл етік, шеттік етік киеді. Сондай-ақ, қазақ қыздары мен бойжеткендері шаштарына шашбау тағып, құлаққа сырға, қолға білезік, сақина салып, мойындарына алтын-күміс алқалар тағып, қос етекті алты қиық, төрт қиық көйлектерін киіп, кестелі тізе қап, аяқтарына оюлы қызыл, көк, қара былғары етік киген.

Қазақ әйелдерінің бас киімдері өзіндік ерекшеліктерімен өзгешеленеді және жасалуының өзіндік ғұрыптық, салттық негізі бар. Әйелдердің бас киімдері: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, қарқара, сәукеле, тақия, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар) қасаба, бүркеніш, шылауыш және т.б. Қазақ әйелдерінің бас киімдері олардың жасы мен отбасыдағы жағдайына байланысты ерекшеленеді. Жаздыгүні қыздар түрлі-түсті жібек, барқыт, мақпалдан тігілген, төбесі жайпақ дөңгелек тақия (тебетей) кесе, қыс маусымында ауқаттылар камшат бөрік киген. Бойжеткендер мен қыздар зере, тақия, төбетай, қарқара бөріктерінің төбесіне үкі таққан, себебі қазақ наным-сенімінде үкі құсы киелі саналады. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл, т.б. бір түсті шұға, барқыт, мауыты сияқты кездемелерден, өнді маталардан қабатталып сырылып тігіледі. Әйелдер мен қыз-келіншектердің аяқкиімдері сырлы былғарыдан (әміркен етік, әміркен кебіс, былғары етік, құмырсқа бел, қызыл етік), аң, тай терісінен (жарғақ мәсі), ешкі терісінен (көзел етік) тігілген. Қыз-келіншектер биік өкше етік, жез өкше етік (өкшесі жезбен әшекейленген етік), жібек етік (қонышы жібекпен кестеленген етік), қызыл етік (қызыл түсті былғарыдан тігілген етік) секілді етік түрлерін киген. Сондай-ақ, әйелдердің кәкімә етік дейтін биік өкшелі етік түрі бар.

Әйел құқығы. Қазақтың байырғы әдет-ғұрыптық заңы бойынша әйел адамның әлеуметтік ортадағы орны мен міндетін білдіретін және мүліктік меншікті иеленудегі үлесін білдіретін құқықтық нормалар жиынтығы. Байырғы заңдар жүйесі бойынша, ер азаматтың бірнеше әйелі болса, ең бірінші әйелі бәйбіше деп аталған. Отағасы оны сыйлауға міндетті, алайда қанша әйелі болса да барлығы бірдей бәйбішеге бағынған. Әйелдердің жасауларының араласып кетуіне жол берілмейді, бұл анасының мүлкі тек балаларына тиесілі болсын деген түсініктен шыққан. Дәстүрлі ортаның әйел құны мен құқығы жайлы ұстанымдарында отбасы мүшелерін материалдық игілікпен қамтамасыз ету ер адамға жүктелгендіктен, әйел адамға құқықтық, материалдық артық міндеттеме жүктемейді. Этномәдени дәстүрдегі талап пен діни ұстанымдарға байланысты социумның санасындағы түсінік бойынша әйелдің міндеті – дүниеге ұрпақ әкелу, ұрпақ тәрбиелеу.

Л.Фукстың деректері бойынша, байырғы ортада қазақ әйелдері үй шаруашылығын толық басқарған және төркінінен келген барлық мал-мүлік, тұрмыстық заттарды өз қарауына алып, шаруашылығын көбейтіп, оны күнделікті әлеуметтік қажеттілігіне жаратып отырған. Ертеде қазақ байлары бірнеше әйел алғандықтан, әр әйелдің өзіндік құқығы мен атқаратын міндеті болған. Сондай-ақ, бәйбіше күйеуінің әйелдеріне қалай көңіл бөлетіндігіне байланысты күйеуінің малынан тоқалдарға енші бөліп берген, ал бәйбішеде еншіленген шаруашылық болмайды, себебі оған күйеуінің малын басқаруға, күйеуімен бірдей дәрежеде құқық берілгендіктен, бәйбіше де мал-мүліктің толық иесі болып саналған.

Қазақ арасында көп әйел алудың бірнеше жолдары болған. Байырғы ортада байлыққа мастанған байлар төсек жаңғырту мақсатымен әйел үстіне қалыңмалын төлеп қыз айттыру арқылы бірнеше әйел алған. Халықтың

ғұрыптық салты бойынша әйел саны шектелмеген, ал шарифат заңы бойынша төрт әйел алуға ғана рұқсат етілген. Орыс зерттеушісі Н. Гродековтың деректері бойынша төрт әйелден артық әйелі бар ерлер соңғы төртеуімен ғана ерлі-зайыптылық ғұрпымен тұруға құқылы болған, ал қалған әйелдері софылық жолға түсіп, шарифат бойынша ерлерімен ажырасқан. Қазақ отбасында әйел құқығы болмаған деген біржақты пікір тұрауы керек. Әйел ақылды болса, бағына орай ері де ақылды, сабырлы болар болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізген. Н.Израдецтің деректері бойынша қазақтардың ғұрыптық дәстүрінде күйеуі қайтыс болып, артында кәмелет жасына толмаған балалары қалса, әйел қайтадан тұрмысқа шықпаған жағдайда күйеуінен қалған барлық мүлікке иелік еткен. Ертеде қазақтардың бірнеше әйелі болғандықтан, мүлікті бөлісу кезінде алдымен бәйбішеден туған балаларына, ал одан кейін ғана тоқалдан туған балаларына үлестері берілген. Сонымен қатар қазақтың әдет-ғұрыптық заңы бойынша бәйбішеден бала болмаған жағдайда мүлік бірден тоқалдан туған балаларына еншіленген. Байырғы ортада ерлі-зайыпты адамдардың ажырасуы некен-саяқ болған, алайда ер азамат белсіз болған жағдайда, оның сырқаты толық нақты дәлелдермен анықталғаннан кейін ғана ажырасуға рұқсат берілген.

Әйел құны. Дәстүрлі ғұрыптық құқықтағы әдеттік құқық пен шарифат белгілеп берген ереже-қағидаларға сәйкес «әйел құны, ерлер құнының жартысына тең» болды (ер адамның құны өлімі үшін 100 жылқы, төмендегідей бес жақсы: құл мен күң, қаранар, ақсауыт, тұзу мылтық, қарашолақ ат, қалы кілем берілді). Ал әйел құны осының жартысы: елу жылқы, қара нар, қара шолақ ат, қалы кілем. 50 жылқының үшеуі ілуге, яғни, жағалы киімге ауыстырылып, 47 бас төленді. Сондай-ақ, әйелдің қолын, аяғын сындырған, көзін ағызған жағдайда да ер адамға төленетін құнның жартысы төленеді. Әйелді өлтірген адамға жаза тағайындауда ол өнерлі болса, еркекпен бірдей тең дәрежеде өнер құны қарастырылады, алайда байырғы ортада өнер құны әйел мен еркекке бірдей саналады. Әйелдің төркінінің жақындарын келеке қылса, ондай еркекті айыпты деп санап, басқа айыптарының үстіне қосымша түрде әдет-ғұрыптық құқықта сүйек сындырған құнын белгілеген.

Егер жазым болған немесе қасақана өлтірілген әйел өнерлі, атақ даңқы шыққан адам болса ондай жағдайда билер соты аталған өнер құнын артықша белгілейді. М.Ж. Көпейдің жазбаларында ақын Ұлбикені өлтірген күйеуі Бойтан серіні халықтық сотқа салып, билердің ақылдасуынан («қанға қан дейтін») билер соты ескірген, орыс соты жарамайды деп мұсылмандық жолмен жазалайды) кейін, Ұлбикенің өкпесін алып көрсе, өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен, Мұны көрген билер Жаратқаннан ақындық берілген Ұлбикеге өнер құнын тағайындау орынды деп тауып, өнер құнына елу жылқы, алты жақсы тағайындайды, Бойтан серіні бас жетім (айыптың ең жоғарғысы) құнына беріпті. Қара құны үшін тоқал құн деп тоғыз жақсы беріпті (М.Ж. Көпейұлы).

Ежелгі әдет-ғұрыптық құқық бойынша әйел құнын бірнеше жолдармен төлеп отырған. Мәселен, егер күйеуі әйелін басынан ұрып, есінен тандырып екесті күйге шалдықтырса, айыпкер шарифат бойынша 100 түйе айып төлеген,

сондай-ақ, әйелдің екі кеудесі үшін 100 түйе, ал бір кеудесіне 50 түйе құн төлеген. Егер жүкті әйелді ұрғаннан баласы өліп қалса, 100 сом, егер бала тірі туып біраз уақыттан кейін қайтыс болса, онда 100 түйе құн, ал бала өліп, кейін анасы қайтқан жағдайда 100 түйе және 100 сом төлеген. Кейде әр адам басына 200 түйеден төлеттірген. Осындай құн төлемдері билердің алқа шешімімен бұйырылған. Қазақтың жеті жарғысында әйел құны туралы былай делінген. Егер әйелі ерін өлтірсе, өлім жазасына кесіледі, (егер ағайындары кешірім жасаса, құн төлеумен ғана құтылады, ал мұндай қылмысты екі қабат әйел жасаса жазадан босатылады), егер ері әйелін өлтірсе, ол әйелінің құнын төлейді. Сондай-ақ, екі қабат әйелді атты кісі қағып кетіп, одан өлі бала туса, бес айлық бала үшін бес ат, бес айдан тоғыз айға дейінгі балаға әр айына бір түйеден жүз түйе, үш жүз атқа немесе мың қойға тең құн төлейді. Әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып табылады. Мұндай қылмыс үшін еріне немесе қыздың ата-анасына құн төлеуге тиіс, егер жігіт өзі зорлаған қызға қалың төлеп үйленсе, жазадан босатылады. Әйелі ерінің көзіне шөп салу үстінде ұсталса, ері оны өлтіруге құқылы, бірақ қылмысты сол кезінде жария етуге тиіс, алайда әйелінен сезіктенген еркектің сөзін төрт сенімді адам дәлелдеп олар теріске шығарса, әйел жазадан босатылады. Сондай-ақ, біреудің әйелін күйеуінен алып қашқан адам өлімге бұйырылады немесе ердің құнын төлейді, егер әйелдің келісімімен әкетсе, күйеуіне қалың төлеп, қосымшасына қалыңсыз қыз беруге тиіс, әйелді ренжіткен одан кешірім сұрамаса, арсыздығы үшін айып салынады.

Әйел сәні. Әйелдердің әшекей бұйымдары – әйелдің бой түзеп, сән-салтанатпен жүруі үшін қолданылатын сәндік заттар. Қазақ әйелдері ежелден киімнің тәуірін киіп, әшекейдің асылын таққан. Орыс зерттеушісі И.Г. Андреев былай деп жазады: «Қазақ әйелдері әшекейлерді кеудесіне де тағады. Бастарына жаулық салып, оның үстінен маңдайға дейін түсетін жамылғы киеді де, оған жіпке тізілген маржан, інжу қадап қояды. Оның үстінен ақ жаулық салады. Арқа жағындағы жаулықтың ұшы жерге тие жаздап тұрады. Кейбіреулері мұрнына кішкентай күміс сырға тағып жүреді, осы арқылы әкесінің ең сүйікті қызы екенін аңғарасың. Саусақтарына жүзікті молынан салады; ал құлақтарына көбіне інжу қадаған ұзынша сырғалар тағады». Қыз бала 4-5 жасынан бастап-ақ сәнмен бой түзеп, қолына бала білезіктер, құлағына сырға, камзолына жиектей күміс құймалар таққан. Әйел әшекейлері тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, наным-сенімге де тікелей қатысты болғандықтан, кез келген әлеуметтік ортаның өкілі өз хал-қадірінше әртүрлі әшекейлер тағуға тырысқан. Сондай-ақ, таққан әшекейіне қарай әйелдің жасын, әлеуметтік тобын, қай аймақтан екендігін ажыратуға болады. Мәселен, ауқатты отбасынан шыққан әйелде бағалы тастардан көз салынған, алтынмен апталған әшекейлер мол болады. Олар күрделі көркемдік шеберлікпен, техникалық жағынан мінсіз орындалуымен ерекшеленеді.

Қазақтың бай әйелдері зергерге бірыңғай нақышта жасалған әшекей бұйымдарының толық жинағына тапсырыс берген және ауқатты отбасынан шыққан қыздар салмағы үш келіден кем түспейтін күміс шолпылар таққан. Зергерлік әшекейлердің саны мен сипаты әйел жасына орайлас келеді.

Мәселен, пішіні жағынан кіші, қарапайым әшекейлерді жасөспірім қыздар тақса, ал қыз бойжеткен сайын ол таққан әшекейлер өзгеріп, көркемдік нақыштары күрделене, көбейе түскен. Ал тұрмысқа шыққаннан кейін әйел әшекейі біртіндеп азайып, жасына қарай басқа нақыштарға ауысады. Қазақ қыз-келіншектері жүзік, сақина, балдақ, құстұмсық жүзік, отау жүзік, білезік, жұмыр білезік, сырға, шекелік, шашқап, шолпы, шашбау сияқты әшекей бұйымдарын таққан. Мұндай әшекей бұйымдардың әйелдер үшін тәрбиелік мәні зор. Күміс немесе алтын теңгелер, тиындар қадалған шашбауды шолпы деп те атайды. Мәселен, шолпыны сән-әшекей ретінде, әрі оның салмағынан шаш ұзын болып өседі деп таққан. Кеудесіне өңіржиек, шашына шолпы таққан қыздың мойны құрықтай болып өскен, бойын тік ұстаған дене бітіміне көңіл бөлген.

Қазақы ортадағы қыз тәрбиесінде шолпының маңызы зор. Алайда, анасы қашанда қызына қатты жүгірме, оқыс қозғалма, шолпың қатты сыңғырласа сені әдепсіз қыз дейді – деп отырған. Сондай-ақ, қазақтар арасында шашқа тағатын әшекей бұйымдарға қатысты көптеген наным-сенімдер бар. Шашқапты бойжеткен қыздар мен келіншектер үй шаруасын істеген кезде киген, ол бұрымды шаң-тозаңнан, күн көзінен қорғайтын арнайы тігілген сәнді бұйым. Оны жас келіндер жүн сабау, киіз басу, ши тарту, мал сауу т.б. жұмыстарға араласқан кезде, тазалық сақтау мақсатында да киген. Ол мақпал, шұға, барқыт, мауыты сияқты көк, қызыл, қара түсті маталардан тігіліп, желкеден белге жететін етіп бұрымның жуандығына қарай пішіліп тігіледі, кестеленеді. Жоғары және төменгі жағынан ою-өрнекпен безендіріліп, зер, оқа, моншақпен әшекейленеді.

Бір-біріне ұқсас болғанымен өзіндік айырмашылықтары бар: асыл тастардан көз қондырылғанын жүзік деп, тасы жоқ тек алтын, күмістің өзінен ғана көз шығарғанын сақина, көзі жоқ шығыр түріндегісін балдақ деп атайды. Сақина мен жүзіктердің киелілігі мен қасиетін бағалауға қатысты қазақтар арасында кең тараған түсініктер жиі кездеседі.

Р. Шойбековтің зерттеулерінде ертеде қазақтар әйелдің қолында не жүзігі, не сақинасы болуы керек деп санаған, ол болмаған жағдайда дайындаған тағамын арам деп білген. Күмістен сақина, жүзік салған әйел қолынан ішкен сусынды қонақ адал деп, сүйсініп ішкен. Қазақта жүзіктің жасалу мәнеріне қарай немесе көздеріндегі тастардың материалы мен түр-түсіне қарай құдағи жүзік, құстұмсық жүзік, күмбезді жүзік, шытыралы жүзік, алтын жүзік, күміс жүзік десе, сақиналар құсмұрын, түйетабан, тасты, кавказ, құсмұрын, ырғақ, моншақты, бұрамалы, топсалы, жүрекше көзді жүзік т.б. түрлерге бөлінеді. Қазақ дәстүрінде келін болып түскен қызға енесі арнайы тіккен отауың биік болсын, деп отау жүзік соқтырған. Бойжеткен қыздар таққан құстұмсық жүзік бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі саналған. Әсіресе жүзік арқылы түрлі этномәдени ақпараттар беріліп отырған: топсалы жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған.

Қазақ әйелдердің киім-кешегінің сәнді кешеніне әртүрлі тана, моншақ, түйме, түйреуіш, опадалап салатын сәнді бөгіре т.б. әшекей түрлері жатады.

Моншак – мойынға тағылатын сәнді бұйым. Моншак ұсақ, түрлі түсті. Өртүрлі пішінде (шар тәрізді, сопақша қырлы) болады. Әйелдердің сәндік үшін киіміне тағатын әшекейдің бір түрі – тана. Тананы сәндік үшін жағаға, бас киімге, омырауға тағады. Алайда, тана түйме сияқты, бірақ одан үлкендеу, дөңгелек пішінді, жалтырап тұратын әшекей. Әрі әшекей, әрі киімнің алдын, өңірін айқастырып жабу үшін қолданылатын әшекейдің бірі – түйме. Ертеде түйме тұмардың қызметін атқарған және кемпірлер омырау әшекейі ретінде таққан. Әйелдер үшін зергерлердің көп жасайтын әшекейлерінің бірі үлкенді-кішілі түймелер. Оны көбінесе ішін қуыстап, әртүрлі кескін беретін күмістен жасайды, сыртына зер салады. Мұндай түймелерді торсылдақ түймелер деп атайды.

Қазақ әйелдерінің мойнына, омырауына тағатын әшекейлі, сәнді бұйым – алқа. Алғашында алқа дөңгелек әшекей ретінде тағылғанымен бертін келе оның түр-сипаты өзгеріп, тұмарша түрінде, әртүрлі үзбелі салпыншақты кейіпке ауысқан. Ол кейде меруерт, маржан, үзбелі моншақтар тізбегі тігілген асыл тастардан кейде алтын, күмістен соғылып, бетіне асыл тас қондырылып, ою-өрнектелініп, салпыншақты етіп жасалынады.

Алқаның жергілікті тілде әйкел, көкірекше, қаза, омырауша, өңіржиек т.б. атаулары да кездеседі. Мойынға салатын зергерлік әшекей бұйымның бір түрі – тұмар. Тұмар көбінесе үшбұрыш, төртбұрыш етіп жасалады, ішіне молданың қағазға жазған дұғасы, ұлутас, үкі қауырсыны, сондай-ақ, киелі деп есептелетін заттар салынады. Тұмар тек әшекей ретінде ғана емес, пәле-жаладан, ауру-сырқаудан, көз тиюден сақтайды деген наным-сенімге қатысты да тағылады. Қазақтың жасы егде әйелдері кимешек шылауыштың бүктемесі ажырап кетпес үшін түйреуіш таққан. Оның ай түйреуіш, құсмұрын түйреуіш, шашақты ай түйреуіш, тас жүгіртілген ұзыншақ (төртбұрыш, сопақ) түйреуіш, төбеге тағатын шолпылы түйреуіш деген түрлері бар. Білезік – әйелдердің білек буынына тағатын әшекейлі, сәнді бұйым. Білезік сөзінің шығу төркіні – білек және жүзік сөздерінен құралады (білекжүзік – біле жүзік – біле үзік – білезік). Білезіктің көлемі, пішіні, әшекейі әр алуан болады, асыл тастардан көз орнатылады, алтын немесе күміс жалатып, лажылап, эмаль бағдарлап та соғады. Арзан білезіктер мыс, қола, жез, мельхиордан жасалады.

Әйелдердің сәндік әрлеуіш (косметикалық) заттары. Қазақ әйелдерінің сәндік мақсатта қолданатын әрлеуіш заттары мен тұтыныс бұйымдарының жиынтығы. Байырғы ортада қазақ қыз-келіншектері сәндену, әдемілену үшін опа, далап, қына, әтір, еңлік, сүрме сияқты әрлеуіш заттарын пайдаланған және оларды әртүрлі жолдармен жасап, күнделікті тұрмыста қолданған. Кейбір деректер бойынша ертеде қазақ әйелдері бидай мен күріш ұнтағынан опа жасап, беттерін әрлеген, қынамен тырнағын бояған, қатық жағып, шашқа өң кіргізген, осма жағып қасын қарайтқан, сондай-ақ, ләйлік деген қызыл мақта сатып алып, бояуын шығарып, бетінің ұшын қызартқан, сүрмені үгітіп қабаққа жаққан. Алайда кейбір әрлеуіш заттарын Ташкент, Бұқарадан келген саудагерлерден қолма-қол ақшаға немесе айырбас саудамен алып отырған. Орыс деректері бойынша қазақ әйелдері мынадай табиғи әрлеуіш заттарын тұтынған: оспа, опа, далап, еңлік, қына, сүрме т.б. және олардың ел арасында

таралған халықтық атауы – опа-далап. Осы тақырыпта жарияланған мақаласында И. Краузе (1873 жылы) оның жергілікті өсімдіктерден алынатындығын айтқан, ал кейбірін Орта Азиялық елдерден әкелетіндігін жазады. Сондай-ақ, олардың қалыптасқан тұрақты бағасы жоқ, себебі бұл өңірдегі әйелдердің көбіне қажетті опа-далапты өздері дайындап алатындығымен байланысты. Бақта өсетін қара түсті оспаны алып, оның бояуымен қасын бояған. Қыз-келіншектер оспаның жаңа жапырақтарын алып, қысып сөлін шығарып, шыққан сөлге май қосып дайындаған. Сондай-ақ, оспаны барлық жастағы әйелдер пайдаланған. Ал сүрме өсімдігінің ұнтағынан жасалған қара түсті бояуды ертеде қыздар мен келіншектер қас пен кірпігін бояуға қолданған. Сүрмені қыз-келіншектер саудагерлерден алатын болған. Қазақ қыз-келіншектерінің арасында кеңінен тараған сәндік заттың бірі – еңлік. Табиғи бояу беретін еңлік өсімдігі тау жоталарында, қырат-қырқаларда, тастақ, тақырда өседі, оның тамырын қазып алып, қабығын ашып суға шылағанда қызыл бояу шығады. Әйелдер оны бет ұшына жағу арқылы әдемілікті, сұлулықты паш еткен. Мұндай бояуды қыздар сән үшін еріндеріне жақса, ер азаматтар далада аңызак жел өтінде беттері жарылмасын деген мақсатта бетке жаққан. Байырғы ортада қыздардың ерні қызыл болса «еңлік жегенсің бе?» деп әзілдеген. Қазақ әйелдері қынаны тырнақтарын бояу үшін пайдаланған, алдымен қына жапырақтары мен тамырын суға салып, бояу жасайды да, содан кейін тырнағына жағады. Бірнеше сағаттан кейін тырнақтары сары қызыл түсті өңге боялған. Бұлай пайдалану бір жағынан сәндік үшін болса, екінші жағынан тырнақтың сынбауына көмектеседі.

Ертеде қазақ әйелдері шашты нығайту үшін қатықты қолданған, себебі қатықпен жуылған шаш қалың әрі ұзын, жұмсақ болады екен. Байырғы ортада еркектер мен әйелдер қалампыр гүлінен жасалған ұнтаққа хош иісті өсімдік жапырақтарын қосу арқылы әтір жасаған. Сонымен қатар мұндай хош иісті ұнтақты әйелдер сандықтағы киімдерінің арасына да салған.

Сонымен, Х. Арғынбаевтың көрсетуінше «Қазақ отбасында ең алдымен әйел салтанатына көп көңіл бөлген. Әлеуметтік жағдайына қарай отбасында киімнің асылы, алтын-күмістен жасалатын қымбат та, әрі сәнді әшекейлер әйелге арналған, сонымен қатар әдемі, бағалы ер-тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғаларды, сәйгүліктерді әйелдер мінген. Алайда аты аңызға айналған ақылды да, тапқыр аналардың ісін кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде әңгіме-жыр еткен туындылар халық ауыз әдебиетінде өте жиі кездеседі».

Әйел адамның ақырет киімдері – қайтыс болған әйелге кигізілетін кебіннің шартты атауы. Ақырет киімді мәйітті жуындырғаннан кейін кигізеді. Қазақтың ғұрыптық дәстүрі бойынша қайтыс болған әйелдің ақырет киімі бестен жеті қабатқа дейін болған.

Бірінші қабаты басы мен мойының жабады, екіншісі кеудені, үшіншісі тізеге жетеді. Осылайша мәйіттің беті бес қабат, кеудесі төрт қабат, құрсағы үш, аяғы екі қабат матамен оралады. Қазақ салтында адамның ақыреті өз төркінінен төркіні алыста болса жақын маңайдағы рулас ағайынынан алатын салт бар. Дәстүрлі сенім бойынша олай етпесе марқұмның туысқандарының мойынына қарыз болып қалады деген. Алысқа ұзатылған қыздарға ертеде бір

сандыққа ақырет киімін де қоса беріп жіберетін болған немесе кейін төркіндеп келген кезде берген. Әйелдер жасы ұлғайған кезде төркініне арнайы келіп бірге туған-туыстарынан, көбіне қара шаңырақта отырған інісінен ақыретін сұрап алатын салт болған.

ӘЙКЕЛ – алтын не күміспен әшекейленген, қыздар мойнына тағатын алқаның көне атауы. «Төсегі» (негізгі) пүліш (помбарқыт) сияқты материалдың бетіне тігілген әртүрлі күміс пен асыл тастар безендірілген түрі де болады. Жан-жағы зерленген мұндай әйкел қыз-келіншектің омырау тұсына тағылады. Байырғы ортада мұндай әйкелді сәндік үшін және тіл-көз тимесін деген мақсатта таққан. Әйкел үш бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігі мойынға моншақ сияқты етіп тағылатын екі қатар күміс шынжырдан құрастырылған. Екі қатар күміс шынжыр бір-бірімен күміс шығыршықтар мен екі қас арқылы байланысып қатар түзеді. Екі қастың ортасындағы үстіңгі күміс шынжырға он дана кереге көз салпыншақ, ал астыңғы күміс шынжырға сегіз дана кереге көз салпыншақ тағылған. Әйкел табақшасының үстіңгі бөлігі екі шеті екі қастан төмен салбыраған тойнақты күміс шынжырлар мен әйкел күмбезінің төбесіндегі шығыршығы арқылы үстіңгі бөлікпен байланысады. Әйкелдің негізі болып саналатын қақталған күміс тақта алақанының ортасына сіркелі ою-өрнек жүргізілген, сонымен қатар ортасында екі шетінен ашылып-жабылатын, сіркеленген төрт қасты түтік орнатылған. Ашпалы-жаппалы түтіктің ішіне дұға жазылған қағаз, тұмар салынады.

Әйкелдің үшінші бөлігі күміс тақтаның астындағы және күміс түтіктің екі шетіндегі тойнақтармен байланысатын шынжырлы салпыншықтардан тұрады. Күміс салпыншақтар бір-бірімен шынжырлау (ілімектеу) арқылы бедерленген шаршы пішінді шытыралар, төменгі тұсында он төрт дана кереге көз салпыншақ, одан төменірек он бес дана күміс шынжырлы қозалармен әшекейленген.

Бұл атау сол кездегі ақындар өлеңінде, жыр-дастандарда кездесіп отырады. Мәселен:

Ішкен асы асылдың Тамағынан көрінген. Қостан әйкел тағынған, Жүз теңгелік опа-ендік Екі бетке жағынған

Жергілікті тілде алқаның мұндай түрінің әйкел көкірекше, қаза, омырауша, өңіржиек т.б. атаулары кездеседі. Қадірлі атының жалына, ырысым деп білген малының мойнына, мүйізіне бірнеше әйкелден байлап, тағып қою арқылы тіл-көзден сақтануға болады деп түсінген. Оны әйкел-тұрман деп те атаған.

ӘЙКЕЛҚҰДЫҚ – кенересі құламас үшін бетіне ортасы тесік үлкен дөңгелек тас қойылған құдық.

Әбден қазылып болған құдықтың аузына тастан әйкел деп аталатын қақпақ қиып орнатады да, қақпақтардың ортасынан долы сиятындай дөңгелек тесік қалдырылады.

ӘЙКЕЛТҰРМАН – әдетте мата, қымбат матаға күміс, зер шытыраларды қадап әшекейленіп безендірілген ат әбзелінің атауы. Қазақы ортада ақсүйектер мен ауқатты бай адамдардың және олардың ұл-қыздары мінетін атының ер-тұрманы әйкел тәрізді безендіруіне байланысты аталған. Сирек те болса

кездесетін бұл жағдай әйкелтұрман иесінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының көрсеткіші, әрі көшпелі ортада қадір-қасиеті жоғары бағаланған жүйрік атқа құрмет белгі (маркер) болып саналады. Әйкелтұрманның бір құрамдас бөлігі ретінде жүйрік аттың мойнына, маңдайына тұмар қадайды.

ӘЙТЕКЕ БИ – шамамен XVII ғасырдың 40-жылдары – XVIII ғасырдың басында өмір сүрген даңқты би. Асқан біліктілігімен, «қара қылды қақ жарған» әділдігімен, «буынсыз тілді» шешендігімен халықтың арасында ерекше беделге ие болды. Небәрі 30-ға жетер-жетпес шағында кіші жүз қазақтарының бас биі (төбе би) атанды. Ел аузында Әйтеке бидің есіміне байланысты аңыз-әңгімелер мол сақталған. Тарихи деректер жағы мардымсыз. Бірақ аңыз-әңгімелердің тарихи және этнографиялық проекциясы Әйтеке бидің сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өмірінде айырықша рөл атқарғандығын көрсетеді. Тәуке ханның бастамасымен XVII ғасырдың аяғында қабылданған «Жеті жарғыны» жасақтауға әйгілі Төле би мен Қазыбек би сынды ұлық тұлғалармен бірге белсене қатысты. Қазақ мемлекетін нығайтуға бағытталған осы айырықша күрделі де, ауқымды шара барысында Әйтеке бидің қайраткерлігі, тума дарыны мен біліктілігі ерекше білінді. Әйтеке бидің «Жеті жарғы» сияқты саяси маңызды құжаттың негізгі авторларының бірі болуы оның ұлы қайраткерлігін дүйім қазақ жұртының мойындағаны еді. Әйтеке би сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы басқа да айтулы оқиғалардың қайнаған ортасында жүрді. Сонымен бірге, қолбасшылық дарынымен де даңққа бөленген ардагер тұлға. Аз ғана деректердің өзі Әйтеке бидің қазақ даласында ойран ойнатпақ болған жоңғарларға қарсы ірі-ірі әскери жорықтарға тікелей басшылық жасағандығын айғақтайды. Қазір Өзбекстан Республикасына қарасты Нұрата ауданы Сейітқұл қорымында жерленген (ауызша деректер Әйтеке бидің Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы болғандығын дәлелдейді. Демек, Сейітқұл қорымы – Әйтеке би тараған әулеттің қорымы).

ҚР МОМ 2007 жылы Иманғали Тасмағамбетовтың демеушілігімен (сол кезеңдегі Алматы қаласының әкімі) аталмыш қорымға арнайы антропологиялық экспедиция ұйымдастырды. Өзбек ғалымдары қазып алған Әйтеке бидің бас сүйегі әбден бүлінген екен. Оны музей қызметкерлері О.Исмағұлов, К.Сикымбаева және А. Исмағұлова музейдің антропологиялық лабораториясында қалпына келтірді. Соңынан енді бидің әлбетін қалпына келтіру үшін Мәскеу қаласындағы Ресей Ғылым академиясы антропология және этнология Институты жанындағы М.М. Герасимов атындағы пластикалық реконструкция лабораториясына жіберілді. Бидің көзі тірі кезінде пайдаланды-ау деген баскиімінің (мұрақтың астынан киетін) мен шапанының және сақал-мұртының (антуражының) тарихи этнографиялық деректер негізінде үлгісін жасаған этнолог Нұрсан Әлімбаев. Қазір ҚР МОМ қорында Әйтеке бидің антропологиялық бюстінің (авторлары Т.С. Балыева, Е.В. Веселовская) түпнұсқасы және бас сүйегінің жапон ғалымдарының методикасымен дәлме-дәл жасалған көшірмесі сақтаулы.

Әйтеке бидің өмірі мен қызметі жайлы деректердің дені Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Орталық архивінде, сондай-ақ бидің өмір сүрген

уақытында және кейін жазылған нарративтік деректерде шоғырланған. Сонымен бірге Ресей архивтері мен кітапханаларындағы сан алуан мәліметтер жинақталған материалдар күні бүгінге дейін тың күйінде жатыр. Аталмыш материалдарды ғылыми айналымға шығару үшін білік мамандардан, әсіресе, парсы және шағатай тілдеріне жетік шығыстанушылардан жасақталған арнайы экспедициялар ұйымдастыру қажет.

ӘКЕ – тікелей ұрпақ өрбітіп отырған ер адам, отбасының отағасы. Әке туыстық терминдер жүйесіндегі ілік ұғым, өйткені жеті атаға дейін санау дәстүрінде тек тарату қазақы шежірелік желіс бойынша міндетті түрде әкеден басталады. Дәстүрлі қазақы ортада әкенің алатын әлеуметтік орнына ерекше басымдылық беріледі. Олай болатыны отбасын тіршілігін қамтамасыз ету, балаларына шаруашылықтың қыр-сырын үйрету, ұлды үйлендіріп отауын тігіп, еншісін беру, қызды орнықты жерге ұзату, жиендеріне жиенқұрық беру, сондай-ақ, балаларын сауаттандыру, оқытып, білім беруге мүмкіндік жасау т.б. мәдени-әлеуметтік маңызды жайттар әкенің мойнындағы үлкен міндет. Осымен байланысты әкені сыйлау, құрметтеу, оған қарсы келмеу отбасылық этиканың, қарым-қатынастың императивті әлеуметтік нормалары қатарына жатады.

Отбасы тәрбиесінде әке ұл балаға, ана қыз балаға жауапты болады. Сондықтан қазақтар «Ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді» дейді. Алайда тұрмыстық жағдайдағы кейбір ішінара кездесетін ахуалда әке мен баланың арасында келіспеушілік болғанда, тіпті әке жағынан әділетсіздік байқалса да, ол айыпты саналмайды. Ауылдың, әулеттің ақсақалдарының шешімімен баласы ондай әкені жеке үй етіп шығарады.

Баланың туған әкесі емес, асырап алған немесе ерлі-зайыптылардың ажырасып, екінші мәрте үйленуімен немесе тұрмыс құруымен отбасыға ие болған адамды өгей әке деп атаған. Дүниеге келген баланың кіндік шешесі болған әйелдің күйеуі кіндік әке немесе өкіл әке деп аталады. Сондай-ақ, өкіл әкені баланың өз әке-шешесі тағайындайтын жағдай да кездеседі, алайда өкіл әке болған адам балаға өз әкесіндей ақылшы, қамқоршы болады.

ӘКПІШ – екі басына екі шелек іліп, иыққа салып су тасуға арналған ағаш құрал. Әкпішті бір құлаштай шамасындағы ағаштың орта тұсының екі жағын иыққа батпайтындай етіп жалпайта жонып жасайды. Екі басында шығыршыққа бекітіліп, қозғалып тұратын, ұзындығы бірдей ілмекті темірі болады. Әкпішті пайдалану су тасуды жеңілдетеді. Ел арасында әкпішті иыққа (иінге) салып көтеруге байланысты «иінағаш, иықағаш» деп те атайды, ал одан басқа мойынағаш, күйенте, құрамыс тәрізді атаулары да кездеседі.

ҚР МОМ қорындағы (КП 1609) әкпіштің иінді ағашы мен ілмегі қабығы сыдырылған талдан жасалған, иінді ағашының ұзындығы 1 м, 33 см, ал иінағаштың екі басына кендір жіппен бекітілген аша ілмегінің бір жағы – 27 см, ал екінші жағы – 33 см. Иінағаш пен ілмек ағашын байланыстырып тұрған жіп кендірден төрт-төрттен сегіз тін етіліп ширатылған және бір жағы 16 см, екіншісі – 25 см арақашықтықта (иінағаш пен ілмек ағаш арасындағы жіп ұзындығы) қазықбау шалу тәсілімен бекітілген.

ӘКІМҚАРА / ӘКІМҚАРАЛАР – тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан этнографизм. Істің байыбына бара бермейтін және өз ісіне немқұрайлы қарайтын, қарапайым халыққа тікбақайшылық танытатын жергілікті әкімшіліктің басшыларына халықтың берген атауы. Сондай-ақ, ащы кекесін, ажуалы мағынадағы бұл атау мансапқор, жалтақ, кеңсекұмар, менменшіл дегенді де білдіреді. Көбінесе көпше түрінде қолданылады. Бұл атаудың қара деп аталатын қосымшасын кейбір лауазымды адамдардың жоғарыда аталған жағымсыз қасиеттерінің көп кездеседі деген мағынадағы халықтық типологиясы деуге болады. Әкімқара ХХ ғасырдың 20-60-шы жылдары халық арасында кең тараған партия және совет органдарының жергілікті басшыларының шолақбелсенді, шолақетек деген атауларының қазіргі кезеңдегі эквиваленті деуге болады.

ӘЛДИЛЕУ¹ – баланы ән әуенімен жұбату. Баланы жұбатқан кезде, ұйықтатар алдында арнайы мәтін мен қарапайым сазға құрылған әлдилеу өлеңін майдақоңыр әуенмен айтып, баланың көңіл-күйін, сезімін жағымды эмоциялық қалыпқа келтіреді. Нәрестені тербету, жұбату, ұйықтату кезіндегі ананың аялаған әлдиі бала бойына тарап, саналы да салиқалы ұрпақ болып қалыптасуына маңызды үлес қосады деген түсінік дәстүрлі ортада берік орнаған. Ана әлдиімен өскен сәби осы үрдісті болашақ ұрпағына жалғастырушы болып қалыптасады. Ана әлдиі – бала тәрбиесінің маңызды бір бөлігі.

Қазақ халқы бала тәрбиелеуде өзінің асыл ойларын, мол тәжірибелерін көбіне өлеңге, әнге қосып айтып, баланың ой-ықыласын өздеріне тез баурап алуға болатын әдіс-тәсілдер қолданған. Бұл жылы сезім әсерінен туған жақсы тәрбиенің жемісі.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем!
Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін.
Арша ма екен бесігі?
Алар ма екен әкесі?
Өрік пе екен бесігі?
Сүйер ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі?
Жігіт пе екен әкесі?
Әлди-әлди, аппағым.

Осы тәріздес бесік жыры сәбидің көкірек күйін ашады, сезімін сергітеді, көңілін көтереді.

ӘЛДИЛЕУ² – дәстүрлі киіз басу технологиясының бір сатысының атауы. Киіз басудың осы сатысын білектен деп те атайды. Әзірленіп жатқан киізге ыстық су бүркілгеннен кейін, біріктіру мақсатында шиыршықтала оратылады, яғни, әлдилеу арқылы киіз басудың бір сатысы жасалады.

Мұны әйелдер тізерлей отырып, білектерін сыбанып алып жасайды. Сондай-ақ, дәстүрлі қазақы ортада киіз басудағы әлдилеу кезінде «Ақтай Құдай жарылқасын! Киіз жақсы болып шықсын» деп бір қасық сүт немесе айран құяды.

ӘЛЕКЕЙ-ШҮЛЕКЕЙ – дәстүрлі ортадағы үйлесімсіз жасалған, эстетикалық талғамға жат ұсақ-түйек әшекейге қатысты аталатын атау. Этномәдени байланыс барысында көршілес жұрттар ықпалымен қазақ танымына тән емес стильде жеңіл-желпі безендіруді әлекей-шүлекей деп атау қалыптасқан.

ӘЛІМБОТҚА – егінші қазақтар арасында құдайы тамақ беру дәстүрімен байланысты дайындалатын, егіс басында құрбандыққа шалынған малдың етіне тазартылған бидайды қосып жасайтын тағам түрі. Байырғы ортада егіншілікпен айналысқан адамдар Діқан бабаны пір тұтып, егіншілікке байланысты жылдық жұмыстардың маңызды бастамаларында оған үнемі сиынып, жалбарынған. Дәстүр бойынша жаңа астық пен оның пірі – Діқан бабаға арнап, елге дәм татқызып, құрмет көрсетіп, соңында дұға бағыштап отырған. Құрбандық малдың етін қырманның жанында үй иесінің әйелі асқан. Осы жерге көршілері мен ауылдастарын қырман тойынан дәм татуға шақырған.

ӘЛІП / ӘЛІПБИ – белгілі бір тілдің негізгі дыбыстарын таңбалайтын әріптердің жиынтығы мен рет санын білдіретін ұғым. Әліпби сөзі араб алфавитіндегі бірінші әріп – әліп және екінші әріп би атауының бірігуінен жасалған, байырғы қазақтарда «әліпті» таяқ, «нунды» шұқыраяқ деп білмейді деген мәтел хат танымайтын, сауаты жоқ адамдарға қарата айтылған. Сондай-ақ, бұл сөз жөн білмейтін, тәлім-тәрбие көрмеген адам дегенді де білдіреді.

Араб әліпбиі ислам дінімен қатар еніп, Орта Азия халықтары арасында кеңінен таралып, ортағасырлық түркі жазба тілінің графикалық жүйесіне негіз болды. Бұл ортақ жазба тіл шағатай тілі деп аталып кетті. Алайда академик А.Н. Самойлович, Н.Сауранбаев т.б. «Ортаазиялық түркі тілі» деген атауды жөн көрді. Ортаазиялық түркі немесе шағатай тілі ескі өзбек жазба тіліне, ескі ұйғыр жазба тіліне, ескі татар жазба тіліне, ескі қазақ жазба тіліне, ескі қырғыз жазба тіліне негіз болды. Әуелде қазақ қоғамына қызмет еткен шағатай тіліне бірте-бірте халықтық тілдің элементтері дендеп ене бастады. Сөйтіп, оғыз-қыпшақтық байырғы элементтерден, араб-парсылық кірме сөздерден және қазақ халық тілінің құрылымдық бірліктерінен тұратын, орфографиялық .біршама шарттылыққа бағынған ескі қазақ жазба тілі қалыптасты

Қадырғали Жалайыридың «Жамиғат тауарих» атты шығармасын Ә.Марғұлан қазақ жазба тілінің басы деп атады. Зерттеушілердің біразы Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресін», қазақтың хан-сұлтандарының жазысқан хаттарын, дипломатиялық жазбаларын ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп қарастырады. Құрылым жүйесі күрделі ескі қазақ жазба тіліне А.Байтұрсынұлы түбегейлі реформа жасап, қазақ жазуын халықтық арнаға бұрып, ұлттық жазу-сызуға ұлттық сипат берді. Бұл жазу ел ішінде төте жазу деп аталды

Ұлы Абайдың «Қара сөздеріндегі» кейбір тараушаларды ескі қазақ жазба тілінің философиялық-дидактикалық жанрдағы үлгілері деп тануға болады. Абайдың әйгілі «Әліпби» өлеңі ескі қазақ жазба тілінің (ескі кітаби тілдің) көркем жанрдағы көрінісі болып табылады

Әлифдек ай йузіңе ғибрат еттім
.Би бәләи дәртіңа нисбәт еттім
Ти тілімнән шығарып түрлі әбиат
– Си сәнаи мәдхия хұрмәт еттім

,деп, ақын араб әліпіндегі барлық әріптерді өлең өрнектеріне қосып теңеу жасап, көркем ойға негіз етеді, сұлу қыздың қасын мәд (–), кірпігін .тәшдид (–), көзін сүкүн (–) деп, отыз төрт таңбаны өлең жолдарына енгізеді Мұндай дәстүр Абайға дейінгі ақындардың шығармашылығында да ұшырайды. Талас алқабынан шыққан әйгілі Ұлбике (1825-1845) Күдері Қожамен айтысында

,Сен-ақ оқы әліп пен Әбіжатты
Мұрным әліп болғанда қасым мәд-ті
Көкірегім – кітап сөзі, тілім – Құран
– ,Мен сенен үйренбеймін шарифатты
.дейді

Әйелдің әдемілігі әліпбидегі әріптерге теңеліп айтылады. Мұрынның әліптей түзулігі, қастың әліп үстіне қойылатын мәд тәрізді иіліп келген қиғаштығы этномәдени-тілдік ұжымның байырғы санасында әйел әлпетінің сұлулығын танытатын символға ие болған. Мұның өзі әліп дәстүрінің этномәдени семантикалық кеңістіктегі орны ерекше болғанын байқатады Әсіресе іргелі (концептуалды) діни ұғымдар байырғы айтыс өлеңдерде әліпбидегі әріптердің атымен беріледі. Адамның таным-білімділігін өзекті тақырып еткен Ырысжан мен Әсеттің айтысында әріптердің атауын Ырысжан :жұмбақ етеді

,Бір сарай нұрланады жалғыз «мим»-мен
«Ра» мен «нун», «хи» менен «зи» оған ерген.
Бұл бес әріп бес сөздің бесеуінде,
Білдің бе мағынасы қайдан келген?
Бұл әліп жұмбақты Әсет ақын былай деп шешеді:
Бір сарай нұрланады Мекке дүрмен,
Қажы Парыз бай кісіге хақтан келген.
«Нун» – намаз, «ра» – риза, «зи» – зекет,
Парыздың енді бірі иман білген.

Мұндағы «мим» – Мекке, «нун» – намаз, «ра» – ризалық, «зи» – зекет, «хи» – қажылық. Байырғы этномәдени өрісте парыз бен қарыз, жақсылық пен жамандық, жомарттық пен сараңдық, ақыл мен сабырлылық т.б. тәрізді жалпыадамзаттық құндылықтарды танытатын категориялық ұғымдар мен діни түсініктер қатарласа қолданылып, этикалық-моральдық ұстанымдармен сабақтаса айтылды:

Ұлбике:
Сабақ басын сұрасаң «нун» болады,

Жаман сөз жақсы адамға мін болады.
Пайғамбар ат сұрамақ сүннеті екен,
Әкең атын сұраймын кім болады, –
дейді.

Ортағасырлық түркі тілінде (шағатай тілінде хат танып, қалам ұстаған қазақ зиялылары діни мазмұндағы «Сал-Сал», «Зарқұм», «Қиссас ул-әнбиә» және Иасауи, Сүлеймен Бақырғани т.б. көрнекті тұлғалардың кітаптарын оқып, оның мән-мазмұнын былайғы жұртқа таратты. Байырғыша сауаттанған ақын-жыраулар, билер мен сұлтандар, ел ақсақалдары мен ел аналары діни шығармаларды таратуда таза діндарлық мақсатта емес, қазақ қоғамының моральдық-этикалық, құқықтық жағынан жоғары болу жағын көздеді, сөйтіп, тілдік-мәдени ұжымның этникалық бірегейлену, әлеуметтену үрдісінің үздіксіз сипат алуына үлес қосты.

ӘЛІШЫНАР – диқаншылықта қолданылатын шығырдың иесі, мифологиялық образ. Егіншілікпен айналысқан байырғы қазақ қауымында егісті арық қазу арқылы су тартып және жаңбыр суымен суарған. Сонымен қатар су көтерілмейтін биік жерлерге гидротехникалық құралдар күшімен су шығарып суару жүйесін жолға қойған. Осындай биік жерлерді суару үшін шығыр пайдаланылған. Ертедегі қазақтардың танымында шығырды ойлап табушы мифтік тұлға – Әлішынар болып табылады. «Бұл – мың бір бөлек ағаш бөліктерінен құралған, қатар-қатар түзілген, айналатын немесе қозғалатын су көтергіш құрал, қазақтардың айтуынша, есепте жоқ заманда Әлішынар деген бір адам жасап, бұл құралдың іс-қозғалысын бір немесе екі өгіздің күшімен жүзеге асырған» – деген мәліметтер кездеседі. Сондықтан егіс жұмысы басталатын кезінде егіншілер Әлішынар рухына дұға бағыштап, қолдарына кетпен алған. Егістікті өңдеп тұқым сепкеннен кейін, арықты тазалап атпа, қауға, шығырды іске қосады. Онан кейін Жаратушымен диқандардың арасын жалғастырушы Әлішынарға арнап құрбандық шалынған.

Шығырдың шын атасы, Әлішынар,
Шынарға сиынбаса шығыр сынар
Әліге Шынар менен құп сиынсам
Қашан да Тәңірі оңғарып, ісің тынар.

Байырғы дүниетанымдық түсінікте жоғарғы және төменгі әлемді байланыстырушы буын діңгек болып табылады. Діңгек құнарлылық пен мол өнімнің кепілі болмақ. Сөйтіп, жер мен көктің арасында дәнекер болуға көктің нұрын, қуатын Жер-Анаға сіңіруге талпынған. Ежелгі уақытта түріктерде мынадай салт болған. Егер билеуші династияның біреуі ағаштың діңіне ең биік секірсе, оған әскери титул – шад берілетін. М.Қашғари байырғы түріктердің «тәңірісі» ретінде «үлкен дінді» айтатынын хабарлайды. Шығырдың иесі Шынар атаның дүниеге келуі қазақтың осындай дүниетанымдық түсінігінен шықса керек. Өйткені халық ұғымында Шынар ағашы киелі де қасиетті болып табылады.

Шығырдың пайда болуына мифтік мазмұн беруші және оның пірі – Әлішынардың атының өзі, оның шығу тегінің ортаазиялық екенін көрсетеді. Себебі шынар ағашы – Орта Азияда кездесетін ағаш түрі. Сондай-ақ, ертеде

отырықшы халықтар шынар ағашын тек мешіттің күмбездерін, үйдің бағандарын және оймыш есіктер жасауда ғана пайдаланған.

ӘМБЕБАПШОТ – ағаш шабу, жер өңдеу жұмыстарында қолданылатын шаруашылық құралы. Әмбебапшоттың бір жағы қуысқұлақтанып келген шот тәрізді болса, екінші жағы балғаның рөлін атқарады. Кейде шоттың шүйде жағынан да жүз шығарып, онымен ағаштың қабығын аршып жонуға болатындай етіп қайрап қояды. Оның екінші атауы – керкі.

Қазақтың қолөнер шеберлері әмбебап шот, балта шот сияқты өткір құралдарға талдырып басқан жұқа киізден, былғарыдан немесе қалың кенептен арнаулы қап тігіп, жұмыс істемейтін кезде жүзін соған орап, байлап қояды. Бұл өткір құралдарға арандап қалудан, жүзі бөгде заттарға тиіп мұқалудан сақтайды.

ӘМЕҢГЕР – көшпелі қазақ қоғамындағы некелік-отбасылық қатынас институттарының бірі. Әмеңгер деп қайтыс болған туған ағасының немесе інісінің жесіріне үйленген адамды айтады. Қазақтың ғұрыптық салтында үйленетін адамның жасы мен дәулеті, отбасылық жайы ескеріліп, кейде жесір әйелге таңдау да беріледі. Алайда қайтыс болған жігіттің әкесі келініне әмеңгер бола алмайды.

Көшпелі ортада бұл ғұрыптың өзіндік әлеуметтік және шаруашылық маңызы болды. Расында да, жесір әйел панасыз қалмайды, ал жесірдің баласы шетқақпай көрмей, өз ағайын-туыстарының ортасында өседі, яғни, туысқандарына жат болмайды. Балалы үйрек көлден кетпес, балалы әйел елден кетпес немесе әйел ерден кетсе де, елден кетпейді деген мақалдар осы жайтқа байланысты айтылса керек. Әмеңгер тек дәстүрлі некелік-отбасылық қатынас қана емес, бүкіл туыстық-рулық байланыстар жүйесінің де ілкімді нормаларының бірі болды.

ӘМЕҢГЕРЛІК – күйеуі қайтыс болған әйелдің қайнысына не қайнағасына, яки күйеуінің басқа бір туысына некелесу салты. Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеуі қайтыс болып, оның жесірі жас болса, ерден кетсе де елден кетпек жоқ деген қағидамен, әмеңгерлік жолмен күйеуінің аға не інісінің біреуіне өзінің таңдауы бойынша тұрмысқа шығады. Әйел және оның балалары туыс-туғанынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында тәрбие алады және өмірде, тұрмыста қағажу, қиындық көрмейді. Жесірдің елден кетуі сол елге, руға үлкен мін саналған. Егер әйел тиісті әмеңгеріне шықпай, басқа біреуге шығатын болса, бұрынғы күйеуінің мал-мүлкінен үлес ала алмайды, өз төркінінен келген мүлкімен ғана кете алады. Мұны қазақта іргеден шығару дейді. Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра, ат өлсе – сауыры мұра деген нақыл сөз қазақта ер-азамат өлгенде жесірін қайнағасына не қайнысына қосатын дәстүрді білдіретін, атадан қалған этномәдени мәнді сөз.

«Әмеңгерлік мәселесі ру ақсақалдарының басқаруымен қандас туыстар арасында мұқият талқыланған, ортақ ұйғарыммен шешілген. Әмеңгерлік институтының тек әлеуметтік-құқықтық қана емес, сонымен қатар тәрбиелік-гуманистік мәні де зор болған. Мәселен, көшпелі тұрмыс салтында жесір әйелдің жалғыз өзі күн көруі, сондай-ақ, күйеуінен қалған бала-шағаға, мал-мүлікке ие болуы қиын болған», – дей келіп, зерттеуші С. Өзбекұлы оның

себептерін баяндайды. Себебі көшіп-қонған кезде жүгін артуы, түсіруі, көштен қалмай еріп жүруі сияқты күнделікті тұрмыста кездесетін қым-қиғаш қиын тіршілікте ер азаматқа қатысты жұмысты жалғыз басты әйелдің бір өзі ғана атқаруы қиынға соқса, екінші жағынан, күйеуінен қалған мал-мүлікке бөтен біреу иелік етіп, жетім балаларды нәпақасыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан бұл дәстүрді жесір әйел кім көрінгенге көзтүрткі болып, тұрмыс тауқыметін тартпасын, жетім бала атажұртынан сыртқа кетіп жат болмасын деген жақсы ниеттен, тіршілік талабынан туған деп тану керек.

Алайда әйел «бөгде біреуге күйеуге шығатын болса, әкесінің туыстары мен аталас, қандас жақындары жетім балаларды анасынан ажыратып алып қалуы ықтимал (ҚҰӘ)», мұндайдың ауыр қиянат боларын қазақтар жақсы түсінген. Сондықтан да қазақ қоғамында әмеңгерліктен бас тарту сирек кездескен, ол өзінің туысының жетім қалған балаларына, яғни, өзінің қандас іні-қарындастарына мейірімсіздік, жаныашымастық ретінде бағаланған.

Ағасы өліп, оның артында әйелі, 7-8 жастағы балалары қалса да, күйеуінің інісіне, тіпті ол 10 жаста болса да, жеңгесін әмеңгерлік жолмен қосқан. Ал егер жесірді алатын жас туыстары болмаса, онда ол әйел (жас та болса) жетпіске келген шалға болса да тиюге тиіс. Бірақ бұл үрдіс өте сирек жағдайларда ғана орын алған. Байырғы қазақтарда, неке шарты бойынша, жесір әйелдің екінші ерінен жас айырмашылығы және басқа да дәлелдері ескерілмейді. Күйеу жігіт қайтыс болған жағдайда, айттырылған қалыңдығы марқұм болған жігіттің үйленбеген немесе атастырылмаған інісіне, егер ол атастырылған болса, онда одан кейінгі атастырылмаған, үйленбеген бауырына тиеді. Барлығы атастырылған немесе үйленген болса, онда егіз сыңарына тиесілі. Мұнан кейінгі жол немере, аталас ағайындарға беріледі. 1868 жылы қабылданған Уақытша Ереже бойынша жесір қалған әйелдің өз отбасына жақын туыстарының біріне еріксіз түрде қалдырылуына тыйым салынды. Осы кезден бастап өзінен жас қайын інісінің есеюін күтпестен, көңілі ауған жігітпен қашып кету орын алды және бұл ру, болыс аралық дау-жанжалға ұласатын. Мұндайда орыс шенеуніктері араға түсіп қорғайтын. Ұзақ тартыс жанжалдан соң, жесір әйел ру атына дақ түсірмеудің жолын іздеп, алыс кетпей, сол рудың өзі ұнатқан адамына тұрмысқа шығуға келісетін. Мұның ғылыми атауы – авун-кулат. Орыс жазба деректерінде қазақтардың мұрагерлікті еншілеуде әмеңгерлік (левират) салтына көп көңіл бөлгендігі және енші таратудың өзіндік нормалары болғандығы айтылады. Егер әйел күйеуі қайтыс болғаннан кейін күйеуінің ағасы не інісіне тұрмысқа шықса, қайтқан адам мүлкінің жетіден бір бөлігін алған, ал әйел рұқсатсыз басқа адамға шықса, онда бөлінген мүлік қайтып алынған.

ӘМИЯН – ақша, тиын-тебен салып жүруге арналған шағын қалта, шилан. Әмиянның ішін бір не бірнеше қатпарлы, бөлікті етіп көннен, былғарыдан тігеді. Ашылып-жабылатын аузы қайырмалы немесе қаусырмалы болып келеді. Кейбір әмияндардың аузына темірден жасалған көмкерме бекітіліп, басына домалақ шыртетпе орнатылады. Әмиянды киімнің қалтасына салып жүруге ыңғайлы етіп жасайды, оны жібек матадан да тігіп, бетін өз қалауына қарай кестелеген.

Ертеректе қазақы ортада көпшіліктің көз алдында ақша шығару, санап отыру ерсі қылықтардың біріне жататын. Қазақтардың осындай ерекшелігі туралы орыс зерттеушісі В.И. Даль былай деген екен: «қазақ жеріне өттің екен, әмиянды қалтаңа салып қой. Жылтыраған тиын санап отырғаның – бұл елдің әдет-ғұрпына ерсі. Ал үйіне келдің екен, әрдайым асы дайын, шипалы қымызы және бар».

ӘМІР / ӘМІРЛІК / ӘМІРШІ – шығыс елдеріндегі ең жоғары әскербасының лауазымы. Арабша басқарушы, билеуші, көсем деген сөз. Көне түркі руникасында, М.Х.Дулатидің және Қ.Жалайыридің еңбектерінде кездесетін бек атауымен мағыналық жағынан шендес. Шығыс мемлекеттерінде мыңдық, онмыңдық (түмен) әскерді басқаратын әскербасылар әмір деп аталды. Әмір тек әскери адам ғана емес, ірі меншік иесі де болды. Ортағасырлық деректерде Орта Азияның әмірлерінің меншігіндегі қалалар, ұлыстар жөнінде көптеген мәліметтер келтіріледі. Қазақ даласында әмірлік жүйе орнаған жоқ. Өйткені, қазақтардың көшпелі өмір салты үшін мұндай басқару жүйесі жат болды.

ӘМІРКЕН – лакталған жоғары сапалы былғарының атауы. Ауызекі тілде түбірі орыс тіліндегі «американка» сөзінің өзгеріске ұшырап айтылуы. Ертеде бұл бұйым қазақтарға сауда-саттық жолымен келген және осындай материалдан жасалуына байланысты байырғы ортада әміркен етік, әміркен мәсі, әміркен кебіс, әміркен ұлтан деген аяқкиім атаулары кездеседі. Тігілген бұйымның былғарысы сауда жолымен әкелінетіндіктен, оны байырғы ортада әдеттегі етіктерге қарағанда әлдеқайда жоғары бағалайтын болған.

ӘН – мәтіні және әуезе сазы бар музыкалық шығарма. Байырғы ортаның тұрмыс-тіршілігі, мұң-мұқтажы, болмысы, арман-аңсары ән бойынан көрініс табады. Адам туғаннан бастап, бақи дүниеге аттанар сәтіне дейінгі кезеңі әнмен өрнектеліп, ғұмырындағы үлкенді-кішілі барша құбылыс әнге арқау болады. Қазақтың дарқан жерінің кеңдігімен байланысты әр өңір әнінің де сыр-сипаты, өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақ өнертанушы ғалымдары қазақ әндерін сипатына қарай үлкен-үлкен бес топқа бөліп қарастырады. 1. Қазақ жерінің орталық және солтүстік өңіріне тән әндер; 2. оңтүстік және Жетісу өңірінің ән өнері; 3. Батыс өңір әндері; 4. Сыр бойының ән дәстүрі; 5. Қазақстанның шығыс өңірінің (Шығыс Түркістан, Алтай, Баян Өлке) әндері. Бұл жіктеулер музыкалық дәлелдермен де, талғамымен де, бітім-болмысымен де әрбір өңірдің әуен-сазы мен қайырым-нақышында өзіндік белгілері бар екендігін байқатады. Ән поэтикалық және музыкалық шығармалардың бірлігінен туған, өлең сөзі мен әуені ажырамастай бірлікте қабысқан синкретті жанр. Байырғы ортада белгілі бір адамның өлең мәтініне арнайы ән жазу, әуен шығару дәстүрі болмаған. Көп жағдайларда өлең сөзді шығарушы адам сөзіне қоса әнін де шығарып отырған. Тыңдаушыны баурап алатын да, жан толқынысына түсіретін де ән Жақсы өлеңнің өзі жадағай шыққан әнмен шырқалса, өңі кетіп, сезім күйлерін әсерлендіре алмай, тартымсыз болып тұрады. Ал әні жақсы өлең сөз естіген адамның құлағынан кетпей жаңғырып, әсерлі сезімге бөлейді. Ән – халықтың рухани мәдениетінің көрсеткіші. Халықтың даму, өсіп өркендеуі мен

күлдірауын, талғам-түсінігі мен болмысын, дүниетанымы мен басып өткен тарихи өткелдерін танытатын өнер түрі.

ӘН АЙТЫСУ – қыздар мен жігіттердің екі топқа бөлініп, кезекпен ән айтып жарысып, көңіл көтеруі. Үйлену салтында қалыңдық ойнауға барған жігітке, ере барған жолдастарына дәм таттырған соң келесі рәсімдерге кезек беріледі. Қалыңдықты көрші ауылдың адамдары алып кетіп жасырады. Қыз-келіншектер киіз үй ішінде қалып, жігіттер киіз үйдің сыртына шығып отырып, ән айту сайысына түседі. Кезектесе әнмен айтысып, қарсы топты сүріндіруге барын салады. Дарын мен қарымы сынға түсер сын сағатта суырып салмалық өлең шумақтарының айшықты үлгілері туады.

Жігіт:

Жар бола гөр Жасаған,
Үйір ем қызға жасымнан.
Кездойсоқ тойға келген ем,
Үлгере алмай басынан.

Қыз:

Құдайым, өзің қолдай гөр,
Өйткені сенің құлыңмын.
Жарқырап тәжі тағы тұр,
Шағ-шардан хан ұлының.

Жігіт:

Базарда сатып алған күміс құман,
Ән айтпай мен де босқа қарап тұрман.
Менімен айтысатын қыздар қайда,
Күн сайын бола бермес мұндай думан.

Қыз:

Шаршамай, ауқаттанып келіп пе едің?
Даусыңның жаңылмай-ақ танып тұрмын.
Көрмегелі мен сені айлар өтті.

Жүрсің бе аман-есен, бақ-дәулеттің?

Әдетте күйеу жігіттің жолдастары қалыңдықты жасырып отырған қыздар тобынан жеңілген сыңай танытып, ән айтысуының соңында қыздар тобына сыйлық кәде беріп аяқтайды. Ән айтысу дәстүрлі этномәдени ортаның ең маңызды компоненттерінің бірі болды. Көшпелі социумның қалыпты функциясының алғышарты информациялық байланыс («инфосвязь») пен информациялық өрістің («информационное поле») қажетті тығыздығын қамтамасыз ететін іргелі факторлардың қатарына жатады.

ӘНШІ – әнді нақышына келтіріп, шебер орындайтын адам. Ертеде қазақтар той-томалақтарды әнші-күйшісіз өткізбеген. Сондай-ақ, қазақтың дәстүрлі неке ғұрпындағы рәсімдерге әншілер арнайы шақырылып, астан кейін әншілерге кезек берілген. Нағыз әншінің әншілік өнерінің танылар тұсы да осы сәт. Мысалы, бірде Семей мен Жетісу өңірінің қазақтары жиналып, сайысқа түскенде, Семейдің әншілері қарсыластарының басымдығын байқап, дереу бір атақты әншіге жаушы жіберіп, оны бірнеше жүз шақырым жерден алдыртуға дейін барған екен.

Мұндай шаралар ру, жердің намысы мен беделі үшін жасалған және руаралық қатынастарды реттеуші элемент қана емес, өнер атаулының бағалануы мен алға қарыштауына серпін беретін іс. Екінші жағынан сол халықтың өнерін паш ету, дәріптеудің нақты бір үлгісі болып табылады.

Әнші өнер атадан балаға мирас болып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Байырғы ортада үйге қонақ келсе, адам күтуге байланысты ғұрыптар атқарылып болған соң, ауылдың алты ауызы көбінесе әнмен немесе басқаша бір өнер түрімен орындалатын болған. Кейін қонақтан қонақ кәде сұралып, дәстүрлі ортаға таптаурын болған, ауыларалық, күнделікті әнмен не жай өнер түрімен емес, тосын, естіле бермеген әнмен немесе басқа да өнер түрімен атқарылуын күткен. Бұл арада қонақтың қандай адам екендігі сыналып, асқан әнші, топтан озған дарабоз екендігі осы арада нақты танылып, халық бағасына ие болған. Сол сияқты дәстүрлі ортада ас-той, түрлі жиындар әншісіз өтпеген. Әнші – халық қалаулысы, онсыз ешбір ортаның сәні келмейді.

Қазақта «Әу демейтін қазақ жоқ» деген сөз қолданысы бар. Кез келген қазақтың ән шырқап, сайын даланы әнмен тербететіні жайлы бұрынғы шетелдік саяхатшы-зерттеушілер өз жазбаларында жазып қалдырғаны белгілі. Демек әнші ретінде танылып, суырыла алға шығып даралану үшін асқан дарын, талант қажет. Қатаң сындардан сүрінбей, өзіндік сипатпен өзгешеленуі тиіс. Әнді кең тыныспен, асқақ үнмен, шыңына жеткізе шырқай білу – шеберліктің шырқау биігі, бұл – әншіге қойылатын қатаң талап. Әнші атағын халық берген, қашанда сырт көзбен сыншы болған халық шынайы өнерді бағалағанда лайық көрген өнер иесін әнші деп атаған. Дәстүрлі қазақы ортада атақты әншілердің басым көпшілігі айтулы ақын, әрі шебер домбырашы немесе қобызшы да болған.

ӘҢГЕЛ – ер азаматтың сүйгені, теңі, жары мәнін беретін көне атау. Мұндай атау ертедегі жыр-дастандарда кездеседі. Мәселен:

Мүсәпір екен қаңғыған.

Құлқаныстың әңгелі.

Сүйгенін қара қызының,

Қаламаушы едім өңгені.

ӘҢГЕЛЕК¹ – пішіні домалақтау келген, ерте пісетін кішкене қауынның атауы. Қабығы жұқа болып келеді, дәмі өте тәтті, кішкентай домалақ пішінді, сары, тарғыл көк түсті түрлері бар.

Ылғалдылықты аса қажет ете бермейтін әңгелек әдетте жазы жылы шөлейт аймақта өседі. Қауынның осы түрінің Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінде ерте кезден бастап-ақ өсірілгендігі сондықтан. Оның дәнінен бастап қабығына дейін азық ретінде пайдаланды.

ӘҢГЕЛЕК² – қысқа таяқты лақтырып, шыр көбелек айналдырып ойнайтын таяқ ойыны. Бұл ойында қатысушы бала санына шек қойылмайды, олар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер бойына тұрады. Ойынды жүргізуші ортаға шығып, балаларды реттік санымен ататқызады, кейін ойыншы кез келген санды айтып, (мәселен, төртінші, оныншы, бесінші) таяқты жоғары қарай лақтырады. Осы кезде реттік саны аталған бала таяқты құлатпай ұстауы

керек. Бала жайбасарлық көрсетіп немесе тез жүгіре алмай таяқты құлатып алса, көптің ұйғаруымен өлең айтады не би билеп, домбыра тартып, көпшілік алдында өз өнерін көрсетеді. Егер таяқты құлатпай ұстап алған жағдайда, онда ол ойын жүргізушімен орнын алмастырады.

ӘНГІ – құланның және есектің айғырының атауы. Әңгінің жасқа жіктелуі жылқыға ұқсас. Ауыз әдебиеті деректеріне қарағанда, ертеде аңшылықтың объектісі болды. XVIII-XIX ғасырларда қазақтардың құлан аулағандары жөнінде мәліметтер тым мардымсыз. Әңгі және жалпы құлан фольклорлық дәстүрдің негізгі образдарының бірі болды.

ӘНГІМЕ-ДҮКЕН ҚҰРУ – ауыл арасы немесе ауыларалық аралас-құралас адамдардың ақылдасу түрінде өтетін кішігірім жиыны. Әңгіме-дүкен құрудың қандай деңгейде өтетіні жиынның өзегі болатын мәселенің сипаты мен ауқымына байланысты болды. Әдетте айтулы оқиғаға, жесір дауы, жер дауына, шаруашылықтың сан алуан қат мәселелеріне (көш-қон, жайылым мен шабындық жерлерді және су көздерін ұқсатып пайдалану, қырқым т.с.с.), ғұрыптық және мерекелік шараларды атқаруға байланысты ауылдың беделді адамдарының ұйымдастырылуымен өтеді. Кішігірім дау-шар немесе ошақ қасы от басы дейтіндей мәселелер ауыл ішінде-ақ қарастырыла береді. Ал көш-қон, қырқым, келін түсіру, қыз ұзату сияқты ауқымды мәселелер ауыларалық деңгейдегі әңгіме-дүкен құрудың барысында шешіліп отырылды. Әңгіме-дүкен құру жылдың жылы мезгілдерінде – көктемнің соңғы айында, жаз кезінде және ерте күзде ұйымдастырылды. Әңгіме-дүкен құруға әдетте ауылдың сыртындағы биіктеу келген адамдардың отырып-тұруына ыңғайлы жер таңдалды. Әңгіме-дүкен құруға жастар жағы да жиын барысына тікелей араласпаса да ерекше ықыласпен қатысқан. Әңгіме-дүкен құрудың билер кеңесі немесе ақсақалдар кеңесі сияқты институттардан айырмашылығы сол, мұндағы мәселелердің қаузалуы бейресми сипатта болады. Ондағы мәселелерді талқылауға әркімнің де мүмкіншілігі болды (қазақы ортадағы белгілі бір мәселеге байланысты айтылатын әркімнің де бар таласы деп келетін сөз тіркесі осыған байланысты қалыптасса керек). Ана тілімізде сақталған «әңгіме дүкенін ағытты» және «әңгіме көрігін қыздырды» дейтін белгілі сөз орамдары жиынға қатысушы адамдардың арасындағы қарым-қатынастың, әңгіменің еркін желіске құрылатындығына байланысты айтылған. Әлбетте, дәстүрлі ортада орныққан әлеуметтік қатынастардың беделді адамдардың, үлкеннің, кішінің, әйел затының орны сияқты институттандырылған іргелі этикалық нормалары қатаң сақталынды. Әңгіме-дүкен құрудың ұйымдасқан түрде атқарылып отырғандықтары сондықтан. Әңгіме-дүкен құрудың аяғы әзіл-оспақ, ән салу, күй тарту сияқты көңіл көтеру шараларына ұласып отырды. Қазақы ортада дүкен ұғымы ұсталық кәсіппен байланысты болғандықтан ерекше қасиетті деп есептелінді. Яғни кез келген ахуалға байланысты қолданыла бермеген. Соған қарағанда, қазақы ортада әңгіме-дүкен құру үрдісінің ерекше бейресми институционалдық мәртебесі болды деуге болады. Әңгіме-дүкен құру барысында шешімін таппаған ерекше ауқымды даулы мәселелер билер кеңесі немесе ақсақалдар кеңесі сияқты, тіпті, билер сотына ұсынылып отырды (ескере кетер нәрсе – аталмыш

институттарға жүгінуге жеке тұлғалар да, ауылдық ұжым да құқылы болды). Бірақ, этнографиялық деректерге қарағанда әңгіме-дүкен құру барысында-ақ қаузалған мәселелердің дені «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген принцип бойынша өзінің шешімін тауып отырған. Әңгіме-дүкен құру аталмыш мәселелерді әбжіл әрі тиімді шешудің ерекше тәсілі болды. Сонымен бірге әңгіме-дүкен құру қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастарды нығайтып отырудың да құралына айналды. Әсіресе, жастарды ата-баба жолы рухында тәрбиелеудегі, яғни әлеуметтендірудегі орны мен рөлі айырықша болды. Әңгіме-дүкен құруды дастарқан басында немесе ауыл ішінде жақын адамдар арасында болып тұрған әңгіме-сұхбат сияқты үрдіспен шатастыруға және оған теңеуге болмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамының бұрынғы әлеуметтік қауқары қожырауына байланысты әңгіме-дүкен құру өзінің бастапқы функциясынан айырылды. Қазір дос-жаран адамдардың өзара шүйіркелескісі келетіндігін білдіретін әңгіме-дүкен құрайық дейтін сөз орамы баяғы қайранға айналған қазақы дәстүрдің жаңғырығы ғана іспеттес.

ӘҢГІР – байырғы ортада дабыл ұратын таяқтың атауы. Әңгір дабылдан шығатын «әңгірлеген» дыбысқа байланысты қалыптасса керек.

ӘҢГІРТАЯҚ – қазақы ортада әңгіртаяқ ойнату деген қолданыс адамның қоқан-лоққы көрсетіп, зобалаң тудыруы мәнінде ұғынылады. Сонымен қатар тілдік қолданысына қарай билеп төстеді, үстемдік етті, әлекке түсірді деген мағынада да қолданылады. Осы жайтқа байланысты ана тілімізде әңгіртаяқ ойнату деген тұрақты сөз тіркесі кездеседі. Әңгіртаяқ атауы әңгір терминінен бастау алады.

ӘПКЕ / ӘПЕКЕ – бірге туған, туысқан қыздардың жас жағынан үлкеніне қатысты туыстық атау. Дәстүрлі ортада қыздар туыстық жағынан іні-сіңлісіне әпке, ағасына қарындас, әпкесіне сіңлі болады. Кейбір жергілікті тілдік ерекшеліктерге байланысты әпке сөзінің орнына әпеке, апеке, әпше, тәте, апа деген атаулар да қолданылады.

Сондай-ақ, әпке сөзі ауызекі тілде өзінен жасы үлкен қыздар мен әйелдердің, туыстық қатынасы ескерілмей-ақ, назарын аударту үшін құрметпен айтылатын қаратпа сөз ретінде жиі қолданылады. Туыстас қыздардың балалары бір-біріне бөле болады. Қазақтың туысқандық қарым-қатынасында қыздар ұрпағы жиен, жиеншар болып келеді. Халық дәстүрі бойынша нағашыға жиен батым келеді.

ӘПСАНА – халықтың наным-сенімінен, арман-қиялынан туған прозалық жанрдың бірі, шындық пен қиялдың элементтерін пайдалана отырып, белгілі бір тарихи оқиға немесе атақты тұлға, я болмаса топоним жайында көркемдей баяндайтын әңгімелер. Халық прозасының бұл жанры үш түрге бөлінеді: а) тарихи-мекендік әпсаналар; ә) әлеуметтік-утопиялық әпсаналар; б) діни-кітаби хикаяттар. Аңыз-әңгімелердің мазмұн желісіне уақыт өте арман-қиялдан туған элементтер араласып, әпсанаға айналады. Сондықтан да әпсана кейіпкерлері ерекше жандар ретінде бейнеленіп, небір ғажайып оқиғалардың ортасына түседі. Тарихи-мекендік әпсаналар кей жағдайда ежелгі мифтен де тарайды. Жер-су, мекен тарихын баяндайтын әпсаналардың сюжеті көп жағдайда сол тектес аңыздар сюжетіне ұқсатылып,

қиялдан туады. Мәселен, «Тоқпанның балалары», «Айнақ көл», «Ыстық көл», «Қара жігіт», «Өгіздің терісі», «Қызылкеніш ордасы» сияқты эпсаналар осы негізде пайда болған. Бұлармен салыстырғанда әлеуметтік-утопиялық эпсаналар болмысты, өмірдің көкейкесті мәселелерін молырақ әрі айқынырақ қамтиды. Мұнда халықтың бақыт туралы, жақсы өмір жайлы арман-аңсары анық көрінеді де, кейіпкерлер дәріптеле суреттеледі. Ертеде, есте жоқ кезеңде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман болған деп басталатын мұндай эпсаналарда елдің әлеуметтік қиялы, бақытты ғұмыр жөніндегі түсінігі қоғамның бір тарихи кезеңдерінде жаңғырып отырады да, утопиялық пайымдарға ұласады. Алтын Орда мен Ноғай Ордасы ыдырап, ел күйзелген тұста «Жерұйықты іздеген Асанқайғы» туралы, содан соң XVIII ғасырда Өтегеннің Жиделі Байсынды іздегені жайындағы эпсаналар осының айқын айғағы. Бұл эпсаналарда бас кейіпкер барынша дәріптеліп, құтты қоныс алыста, табылмайтын жұмақ болып бейнеленеді. Эпсананың тақырыптық ерекшеліктерімен өзгешеленетін тағы бір түрі – діни-кітаби хикаяттар. Мұнда исламның ұстанымдары уағыздалып, Құран мен Інжілдің сюжеттері пайдаланылып, пайғамбарлар мен әулиелер жөнінде әңгімеленеді. Мұнда да ескілікті және жаңа исламдық мифологияның белгілері қатар жүреді.

ӘПТИЕК – мұсылманша алғашқы сауат ашуға арналған оқулық түрі. Һәфтиек сөзі парсы тілінен аударғанда «жетіден бір» деген мағынаны білдіреді. Әптиек Құранның жетіден бір бөлігін, яғни соңғы жағын қамтиды. Ескі оқу тәртібі бойынша шәкірттер араб әліппесіндегі 28 қаріпті жекелеп жаттап болып, араб тілінің бастапқы ереже-қағидаларымен танысып, иманшарт оқып, әптиектің сүресін бітіріп барып Құранға түсетін болған.

Ертеректе дәстүрлі ортадағы мұсылмандардың сауат ашу деңгейі әртүрлі және оқыту әдісі күрделі болғандықтан, әптиекті түгел игеру қиыншылық тудырған. Ал, әптиекті түгел түсініп, толық меңгерген шәкірттің Құранды және басқа да діни мәтіндерді танып кету мүмкіндігі жоғары болды. Бұл жерде, Қазан төңкерісіне дейін және одан кейін де жеке кітапша түрінде жарық көрген әптиектің қазақ даласындағы Жетісу жерінде ашылған «Мамания» сияқты мектеп-медреселерде арнайы оқытылған Құран, мұхтасар, мұхаммедия сынды пәндер қатарына енгізілгенін ерекше атап өткеніміз жөн. Әбубәкір Кердері бабамыздың:

«...Тоғызға толғаннан соң молда көрдім,
Атаның күшімен зорға көрдім.
Үйреніп әліп-әбжат, әдеп-әркен
Айналып келесі жылы онға келдім.
Оқуға он жасымда талап қылдым,
Ықыласпен оқыған соң сабақ білдім.
Сол жылы әптиек пен Құран шығып,
Ойыңды қош айтысып талақ қылдым.
Он бір мен он екіде түркі білдім,
Ғылымдық зирек жанның мүлкі білдім.
Шығарған мүсәннәфтар назым қылып,
Түркіні тәмәм тілдің көркі білдім.

Он үште араб көрдім, түркі танып,
Ойландым насихатты жадыма алып.
Молдамыз әр мағынадан жол көрсетіп,
Түсірді мұқтасарға алып барып.
Он төртте мұқтасарды араладым,
Әр баптан дәріс алып шамаладым...»

деген әдемі толғауы осы ретте орынды айтылса керек.

Сондай-ақ, байырғы қазақтар арасында көзі ашық, санды есептей алатын адам әптиек «тауысыпты» деп дәріптелді. Әдетте, халық арасындағы ем-домда жиі қолданылатын арнайы сүрелер мен аяттар, шағын дұғалар осы әптиекте беріліп отырды.

ӘР МҰСАҒА БІР ПЕРҒАУЫН – ел-жұртқа танымал, қадірменді тұлға әйтеуір бір билік басынан қысым көріп, қудалауға түседі деген мағынадағы сөз орамы. Мұса – көне Мысыр елінде Алланың жолын уағыздағаны үшін қудалау көрген пайғамбар.

ӘР ХАННЫҢ ТҰСЫНДА БІР СҰРҚЫЛТАЙ – ел билеген әр басшының тыңдайтын, оған сөзі өтетін кеңесші адамы бар деген мағынадағы сөз орамы.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ертеректе қалыптасқан салт бойынша әрбір ханның қасында шешен, ділмар, ақын-жыраулар арасынан суырылып шыққан ақылшысы, кеңесшісі, сөзін сөйлейтін, сөзін өткізе алатын асқан ділмары болған.

ӘРЕБЕК – мұрынға тағатын сырға, зере деп те аталады. Мұндай әшекей бұйым қазақтарда өте сирек кездеседі. Мұндай атау Оңтүстік өңірлер шекараласатын аймақтармен этномәдени байланыс негізінде тілімізге енген. Әребек жеңіл іші қуыс қозалармен әшекейленіп, мұрынға өткізетін сымның ұшы тиектеледі. Әребектің арабек деген атауы да кездеседі.

ӘРЕДІК КЕСТЕ – матаның әр жерінен бөлек-бөлек өрнек салып, кестелеп тігетін кесте түрі. Әредік кесте тақия, шалбардың балағы, етек, әйелдердің тымағы мен кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрыштарына, киімнің өңірі мен жағасына, етектеріне ою немесе гүл өрнектерімен, әртүрлі кесте тігістерімен бөлек-бөлек тігіліп сәнделеді.

ӘРУЕЙ – қазақтың көне наным-сенімінде әулетті желеп-жебеуші күдіретті де қасиетті күш иесі. Өте сирек кездесетін ұғым. Әруей бір жағынан аруақтың синонимі ретінде қолданылады, екінші жағынан ежелгі жұрттың, елді мекеннің иесі. Әруейді шамырқантуға, ренжітуге болмайды. Әйтпесе, жаманшылық әкеледі-мыс. Әруей жөнінде ілік боларлық этнографиялық мәліметтер мардымсыз.

ӘРІПТЕС – байырғы қазақ қоғамындағы топ алдында суырып салып айтысатын ақындардың атауы. Ертеде екі жақ болып айтысқан кезде айтысушы адам өзінің қасына дауысы жақсы, сергек сезімді ақынды және оған еріп сүйемелдеп, көтермелеп отыратын әншіні ертіп жүрген. Осылайша той-думанда айтысатын ақындардың шабытын шыңдап шарлататын, қысылғанда демеу болар әріптестері болған. Бұларды кейде үзеңгілес, сырлас, сыбайлас деп те атаған. Қызметтес, кәсіптес адамдарды әріптес деп атау кейінгі кезде қолданысқа енген.

ӘРІ-СӘРІ – екі немесе үш-төрт айлық қозы терісінің атауы. Қозы туғаннан кейін екіден төрт ай аралығында сойылған қозының терісі елтірі емес, бірақ ол терінің толық сипатына еніп үлгермеген деген мағынаға саяды. Әрі-сәрі қозының терісінен көбіне ішік тігеді. Осы кезде сойылған терінің жүні ұзынды-қысқалы болғандықтан оны біркелкі қырқып тастап, бөрік тігуге, киім жұрындауға пайдаланады. Әрі-сәрі теріден жасалған ішік жеңіл, жұқа болады, бірақ соншалықты жылы болмайтындықтан ондай ішікті қара суық кездері және сәндік үшін киеді.

ӘСЕМПАЗ – адамның өзіне тартымды көрінетін әр нәрсеге, құбылысқа әуестігін білдіретін ұғым. Әсемпаз адам сыртқы сән-салтанатқа әуестеніп, сұлулықтың ішкі болмысына мән бермеуімен ерекшеленеді. Әсемпаз жанның белгілі бір заттың, құбылыстың сыртқы пішінін ғана бағалайтын бағалайтындары да, ішкі болмысын, эстетикалық сұлулығын да парықтай білетіндері де болады. Әсемпаздықтың болмыс-бітімін тарихи-мәдени контекстің аясында ғана бағамдаған ләзім. Бір кездері қазақ ортасы сал-серілерді де әсемпаз деп атаған. Әсемпаздық арқылы адам бойындағы ерекше қасиеттерді ерекше даралап алуға болады.

ӘСКЕР – мемлекеттің қорғаныс жүйесінің ең басты элементі – әскери құрылым. Әскер сөзі парсы тілінен алғанда ләшкәр, сарбаз, жауынгер, жасақ, қол дегенді білдіреді. Әскер атауы бүкіл қарулы күштерге де, оның құрамдық бөліктеріне де қатысты қолданылады.

Көшпенділер әскері сандық құрылым бойынша бөліктерге бөлінген жүйеге негізделді. Ең кіші әскери бөлік он жауынгерден тұрды да, ол ондық деп аталды. 10 ондықтан жүз жауынгерлік жүздік құралды, 10 жүздіктен мың жауынгерден тұратын мыңдық қол құралса, 10 мыңдықтан он мың жауынгерлік түмен жасақталды. Әдетте көшпенділер әскері халық санына қарай бірнеше түмен қолдан жасақталып, бүкіл әскер оң қанат, сол қанат және орталық (хан жасағы) деп аталатын үш үлкен топқа бөлінді. Әскердің бұл үш тобы майданда құрылатын әскери шептің негізі болды.

Сондай-ақ, әр ондық, жүздіктердің әскери байрақтары, ал мыңдық, түмендердің әскери тулары болған. Байрақ – лауазым, дәреже белгісі болса, ту жауынгерлік рухты белгілейтін қасиетті рәміз болып есептелініп, оларға жауынгерлерге күш беріп, жігерлендіретін халық ұғымындағы киелі белгілер салынған. Әскердің құрамына, түріне және ерекшелігіне қатысты атты әскер, ауыр әскер, жаяу әскер, ондық, жүздік, мыңдық, түмен, жасақ, қосын, қол, лек, аламан, он қанат, сол қанат, шеру, сап, шеп т.б. дәстүрлі әскери атаулар қолданылған. Сондай-ақ, әскерге, жауынгерге байланысты сарбаз, батыр (баһадүр), аламан, сыпай (сипаһ), шора, шерік, жасауыл, сарбаз, жауынгер, т.б. атаулар кездеседі. Ал дәстүрлі әскери лауазымдар: онбасы, жүзбасы, жүзбегі, мыңбасы, мыңбегі, түменбасы, түменбегі, аға батыр, тархан, қолбасы, батырбасы, сардар, бек, беглербегі, әмір-әл умара т.б. деп аталған. Мәселен, ауыр әскер дегеніміз сан мың қолдың немесе көп әскердің көне атауы. Мұндай әскери көне атаулар ертедегі батырлар жырларында көптеп кездеседі.

Қараспан таудың етегіне

Келіп қонған Қараман

Ауыр әскер қолымен

(Қобыланды батыр).

Сонымен қатар жалпы ауыз әдебиетінде әскер түріне қатысты аламан, қылқұйрық деген атаулар да кездеседі. Мәселен, аламан деп басқа елді шауып, олжа түсіру үшін жиналған әскерді айтқан. Елді қалың жау шауып, ел басына күн туғанда кәрі-жас, малшы-қойшы демей жиналып құрылған халық жасағын қылқұйрық деп атаған.

Ертеде әртүрлі әскери дәреже алған батырлар байрақ ұстап, қол басқарғаны мәлім. Батырдың қолына ұстаған байрағы кейін ұрпағына қастерлі мұра болып, ұзақ уақытқа дейін сақталған. Сондай-ақ, ертеде арнаулы әскери форма болмаған тұста шайқас кезінде өз әскерін жау әскерінен айыру үшін жауынгерлер найзаға, дулығаға бір түсті матадан белгі таққан. Оны жалау деп атаған. Осы жалау арқылы қолбасшы әскердің шептерін бақылап, байқап отырған. Көшпенді халықта әскердің қару түрін меңгеру шеберлігіне қарай садақшылар, найзашылар, айбалташылар және т.б. топтарға жіктеп, әскер бөліктерін құрған. Мұндай жеке әскер бөліктерінің жауынгерлерін садақшылар, найзагерлер, қылышкерлер деп атаған.

ӘСКЕРБАСЫ – соғыс кезінде белгілі бір әскер қосынын, әскер бөлігін басқаруға тағайындалған, соғыс ісін жетік меңгерген адам. Көшпенді халықтарда бұл қызметке әскери іспен кәсіби тұрғыда айналысатын кәсіби әскерилер – батырлар (бахадурлар) тағайындалған. Әскербасылық дәрежеге батырлар өзінің жауынгерлік ерлігімен, соғыс өнерін білетін қолбасшылық қабілетімен, соғыс әрекетін жүргізе білу біліктілігімен ие болды. Қарамағындағы әскер санына байланысты әскербасылар онбасы, жүзбасы, мыңбасы, түменбасы, бас қолбасшы болып бөлінді. Мыңбасы, түменбасы лауазымындағы әскербасылар бек (әмір) дәрежесіне, бас қолбасшылыққа тағайындалған әскербасылар беглер-бегі (әмір-әл умара) дәрежесіне ие болды. Қазақ ауыз әдебиетінде барлық көшпелі түркі халықтарына ортақ бұл әскербасылық лауазымдардан басқа өзіндік қызметімен ерекшеленетін әскер қосындарын басқаратын қарауылбасы, тосқауылбасы, мергенбасы, батырбасы деген әскербасылық атақтар айтылады. Қазақтарда хандар мен сұлтандар да әскербасылар болған. Әйгілі Абылай хан, Әбілхайыр хан талай қан төгіс шайқастарда қазақ қосындарын шебер басқарып, аса көрнекті әскербасы ретінде де даңқы шықты.

Жоғары дәрежелі әскербасылыққа тағайындалған адамға әміршілер тарапынан әртүрлі әскери лауазым және дәреже белгілері – жауынгерлік қару, ту, байрақ, дабыл (дауылпаз) тапсырылды. Әдетте әміршілер арнайы жарлықпен жоғары дәрежелі әскербасыларға қаражат көзі ретінде меншігіне елді мекен, ұлыстар немесе одан түсетін алым-салықтарды алу құқын берген. Соның нәтижесінде жоғары дәрежелі Ә.-лыққа жеткен адамдар көшпелі қоғамда ірі меншік иелері болған әскери ақсүйектер әлеуметтік жігін құрады. Шығыс халықтарында әскери ақсүйектер әулетінде кейбір жоғары дәрежелі әскербасылық лауазым әкеден балаға мұрагерлікке қалып отырған, мысалы, әмірлік, тархандық дәрежелер.

ӘСКЕРИ АТАҚ – әскери қызметкердің атқаратын қызметіне, сіңірген еңбегіне, әскери немесе арнайы дайындығына байланысты берілетін атақ. Көшпенді түркі халықтарының әскери атақтарының жүйесі VI ғасырда қалыптасты. Түркі жазба ескерткіштерінен сенун, тұтық, алп, бег, тархан, апатархан сияқты әскербасылық атақтар мен құрметті әскери титулдарды кездестіреміз. Ортағасырлық әскери атақтар жүйесінде әскердің қатардағы мүшесінің жауынгер, шерік деген атақтары, әскербасылардың онбасы, жүзбасы, мыңбасы, түменбасы деген лауазымдары болды. Мыңбасы, түменбасы, қолбасы атақтары жоғары дәрежелі әскери атақ болып, оларға бек мансабы қоса берілген. Әскердің Бас қолбасшысы беглер бегі деп аталды. Түркі халықтарында тікелей әскери қызметке байланысты лауазымдық атақтармен бірге тархан, батыр, баһадүр сияқты құрметті әскери титулдар да болды.

Әр кезеңде кейбір әскери атақтардың мәні, атауы өзгеріп, кейбірі қолданыстан шығып, оның орнына әскери атақтардың жаңа түрлері пайда болып отырды. XV-XVI ғасырларда жоғары дәрежелі әскербасылық атақтар болған бек, беглер-бегі дәрежелерінің орнына араб тілінен енген әмір, әмір әл-умара атақтары қолданылған. Сарбаз, сарәскер (сераскер, серлашкер), сардар т.б. әскери жүйе атақтары қазақ ортасына кейінгі кезеңде парсы тілінен еніп, әскери жүйеде берік қалыптасты. Ерте түркілер дәуірінде ханның оң және сол жағында отыратын кеңесшілері, ұрыс кезінде әскердің оң қолы, сол қолы болып саналғандар майсары немесе маймене деп аталған.

ӘСКЕРИ ТҰРАҚ (ЛАГЕРЬ) – әскердің соғыс, жорық жағдайында тұрақтанған орны. Әскери тұрақ жаудың шабуылына тойтарыс беруге дайындалған және түрлі соғыс мақсаттарын орындауға тірек бекеті болған далалық бекіністердің алғашқы формасы болды.

Көшпелі халықтарда әскери тұрақ әдетте шеңбер түрінде құрылды да, бекініп, тұйықталған қорғаныс түріндегі ұрыс позициясына айналды. Құрылымы мен қолданылуына қарай лагерьлер уақытша (жорықтық) және тұрақты (көп уақытқа арналған) болып бөлінеді. Кейін көп уақытқа арналған лагерьлердің көбінде тұрақты құрылыстар салынып, терең қазылған ормен және балшықтан, тастан жасалған қабырғалармен қоршалып, қамал-қалаға айналды.

ӘСІП – жаңа сойған малдың іш майын, бүйрек т.б. жұмсақ еттерін қарнына немесе бүйенге салып пісіретін ұлттық тағам. Мұндай тағамның еті жұмсақ, сорпасы дәмді болады. Малды бауыздау кезінде аққан қанды таза ыдысқа құйып алады. Қан ұйығаннан кейін, сойылған малдың іш майын турап, сарымсақ, пияз қосып, біраз ұн сеуіп, тұз, бұрыш салып, әбден тазартылып жуылған бүйенге құяды да, аузын байлап, қазандағы суға қайнатып пісіреді. Оңтүстік өңірлерде ішіне күріш салып, бұқтырып пісіреді. Семей өңірінде бұл тағамды соғым сойғанда да дайындайды. Малдың бүкіл іш құрылысы алынып біткен соң, қабырғаларының ортасына жиналған қанды таза ыдысқа құйып алып, ішекке құйып пісіреді.

ӘТКЕНШЕК – тербетіліп ойнайтын ұлттық ойын. Аралығы 2-3 қадам етіп орнатылған екі дінгекке немесе екі ағаштың бұтағына арқан байлап,

табанына қысқа тақтай бекітеді. Екі адам қатар тұрып арқаннан ұстап тербеледі.

Бұл – алтыбақанның үйлестірілген шағын түрі. Жасалуы мен ойналуы карапайым ойынның бұл түрін балалар жас кезінде жақсы меңгереді. Қазақ ортасында әткеншектің асылбақан, ырғақ, әлпеншек деген атаулары да кездеседі.

ӘТТІК – қармақтың тілі. Жем салынған қармақты балық қапқанда, әттік бір жерге ілініп, жемтікті не әрі, не бері жібермей тұрады. Әттік балықтың қармақтан шығып кетпеуі үшін жасалынады.

ӘТІР – хош иісті заттардан жасалған косметикалық бұйым. Әтір хош иісті өсімдік гүлдерінің, түрлі ағаштардың дәндері мен жапырақтарының қоспасынан алынады. Сонымен қатар жануарлардың (жұпар тышқан, кәмшат, жылан т.б.) тері бездерінен бөлінетін қоймалжың қоңырқай түсті ерекше сұйық зат (мускус) өңделіп, тұнба түрінде әтір дайындауда құрамы ретінде пайдаланылады. Жануарлардың осы бездерінен бөлінетін сұйық затты «жұпар», кейде «аңқыма», «құндыз қайыр» деп те атайды. Оларды пайдаланудың негізгі мақсаты әтірдің иісін ұзақ уақыт ұстауға бағытталған.

Жұпар туралы жазба деректер Махмұт Қашқаридің, Әбу Райхан әл-Бирунидің, Жүсіп Баласағұнның т.б. еңбектерінде кездеседі. Дәстүрлі қазақ қоғамында жануарлардың жұпар бездерін алып, кептіріп, сандықта сақтаған және оның кепкен кесіндісін арнайы шүберекке орап, қыз-келіншектер тұмар, торсылдақ, түйме немесе тұмаршалардың ішіне салып тағатын болған. Қазақ арасына иісмай, иіссу түріндегі дайын әтір түрлері сауда-саттық жолымен сырттан да келген.

ӘТІРҚҰТЫ – қош иісті әтірді сақтайтын ыдыс. Әтірқұтының көлемі боқшаға немесе қалтаға салып жүруге ыңғайлы етіп жасалады. Ертедегі сал-серілер күмістен және әртүрлі ою-өрнекпен әшекейлеп жасалған әтірқұты ұстаған.

ҚР МОМ қорындағы (КП 12457) әтірқұты сақтаулы. Бұл әтірқұты шыныдан жасалған, сырты қызыл түсті жүзім жапырақтарының суреттерімен әшекейленген, қақпағы күміспен толық қапталған. Көк және қызыл түсті асыл тастармен айналдыра өрнектеліп, қақпақтың төбесіне қызыл түсті перуза тасы орнатылған.

ӘУДЕМЖЕР – дауыс жететіндей арақашықтықты білдіретін қашықтық өлшем. Жақын жер деп аталатын халықтық мөлшерлеудің қатарына жатады.

ӘУЕТАЯҚ – ертеде балалар қой жаюға шыққанда көктем, күз мезгілдерінде ойнайтын ұлттық ойын түрі. ХХ ғасырдың басында ел арасынан жинаған Н. Мелковтың дерегінде ойын кең, үлкен алаңда ойналады, оған 2 адамнан 10-12 адамға дейін қатысуға болады және ойыншылар жұптасып бөлінеді. Жүргізуші бірінші жұпты шақырып, оларға жұмыр таяқ ұстатады, таяқтың ұзындығы 80 см, диаметрі 2-3 см. Бірінші ойыншы 3-4 метр жерге ұзақтап, таяқты жоғарылата алға қарай лақтырады. Ал екінші ойыншы іле-шала қолындағы таяғын дәлдеп, ауадағы таяқты нысанаға ала лақтырады. Таяқ лақтыруды және оны көздеуді жеребе бойынша жүргізеді. Екі топқа бөлініп

ойнаған ойыншылардың қайсысында дәл тигізгендері көп болса, соған ұпай беріледі де, жеңімпаз болып саналады.

Жеңілген топ белгіленген жерге дейін жүгіреді немесе бірнеше өлең айтып, айыбын өтейді. Кейде жеңген топ жеңілгендерді таякпен ұру арқылы да айып өтеу тәсілін қолданады. Жазық далада, таза ауада ойналатын әуестаяқ ойыны балаларды дәлдік пен шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулиды және дене бітімін шыңдайды. Бұл ойын түрі қазақтар арасында кеңінен таралған.

ӘУКІМ-ӘУКІМ! – бұзауынан жеріген немесе бұзауы өлген сиырға төлді телу немесе иіту шарасын жасағанда айтылады. Сонымен бірге, сиыр түлігіне деген ерекше мейір көңілді білдіретін қаратпа сөз.

ӘУЛЕТ – бір атадан тарайтын үрім-бұтақ, тұқым, зәузат. Әулет сөзі парсы тілінде ұрпақтар деген мағынаны білдіреді. Қ. Толыбаевтың айтуынша, «дәстүрлі қазақ қоғамында қандас-туыстық байланысты айқындауда жеті ата ұстанымы негізге алынған. Туыстық байланыс жеті атаға дейін созылып, одан әрі құдандалық байланысқа ұласады. Әулеттер рулардың қалыптасуының қайнар көзі болды. Жеті атаға толған әрбір әулет рулы елге ұласу рәсімін жасап, толыққанды ру санатына қосылып отырады. Сондай-ақ, Әулеттің өкілдері өзінің жеті атасын білу арқылы көрші рулармен байланысын айқындаған. Ғылыми әдебиеттерде әулет ұғымы елдегі ең жоғары билік лауазымы мұрагерлік жолмен берілген замандардағы билеушілер (қағандар, хандар, шаһтар т.б.) шежіресін тарату үшін де қолданылады. Әулетке қатысты мұрагерлік жолмен таққа отыру салты ежелгі дәуірде, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттік бірлестіктерінде қалыптасқан. Сондай-ақ, түрік, түргеш, қарлұқ, оғыз, қимақ қағанаттарында, Қарахан мен қарақытайлар мемлекеттерінде, қыпшақ, найман, керейт, жалайырларда ең жоғары лауазым жекелеген әулеттердің қолында болды». Демек бір атадан тарап, бірнеше буынға жеткен ұрпақтарды әулет деп атайды.

Әулетке кір келтірмеу, сүйекке таңба түсірмеу қазақ ортасында берік ұстаным болып қалыптасқан. Текті әулетті қазақтар басқа елге, жұртқа үлгі-өнеге ретінде тегі жақсы, текті әулет деп дәріптеп айтып отырды.

Жақсыдан жаман туса да,
Жаманнан жақсы туса да
Тартпай қоймас негізге;
Біреу әулетіне сенеді,
Біреу дәулетіне сенеді;
Жігіт – әулет жалғасы,
Қыз – қырық жеті –

деген даналық сөздер қазақы ортада кеңінен таралған.

ӘУЛИЕ¹ – халық арасына ерекше діндар-тақуалығымен, шипа дарытқан емшілігімен әйгілі болған, керемет қасиетке ие, қауымға рухани тәрбие жүргізуші тұлға. Әулие – уәли деген араб сөзінің көпше түрі, қазақша қасиетті деген мағынаны береді. Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мәнде кездеседі. Ал хадистерде жақын болу деген мағынада, яғни, Уәли Аллаһ – Аллаға жақын,

дос, Алланың мейірі түскен деген ұғымда ұшырасады. Қазақ тілінде әулие-әнбие түрінде қосарланып та айтылады, мұндағы әнбие арабша – нәби, яғни, пайғамбар деген сөздің көпше түрі. Дегенмен бұл қосарлы сөз ел танымында әулие деген мағынаны білдіреді. Әулие туралы ұғым ислам діні тарихының әртүрлі кезеңінде әр қилы мағынаға ие болып, дамып отырған. Сопылық (суфизм) ілімнің ілкі дәуірдегі (IX ғасыр) өкілдерінің бірі – Зүнүн Мысыри (796-859 жылдары) еңбегінде осы термин теософиялық мәнде қолданылады. Одан кейінгі кезеңдегі авторлар әулиені діни практикада кемелденіп толыққан тұлға, Алла туралы ілім-білімге қанық жан ретінде түсіндіріп, оған Жаратушы туралы құпия сырды білуші, Алланың дидарын көрген деген сипаттарды береді. Әсіресе Хаким Термези: «Пайғамбар тек Аллаға ғана емес, әулиенің демеуіне де иек артады, себебі әулие пайғамбардан төмен болғанымен, оның сайрап тұрған қызыл тілі ұдайы Алла тағаланы еске түсіруге қызмет етеді, ал лүпілдеген жүрегі Алланың нұрымен нұрланған» – деп жазады. X ғасырда суфизмде әулие иерархиясы жүйелі тізім тапты: олардың саны 356, кейде 500 деп айтылады, ал рухани көшбасшысы кутб (жарылқаушы) аталды. Бұл құрылымда сопылық пен шейттік арналар тоғысып кеткен. XII-XIV ғасырда сопылық бауырластық күшейгенде, әулиенің қоғамдағы орны мен мән-маңызы, атқаратын қызметі, міндеті еселеніп арта түсті. Зерттеушілер сопылық пен әулие ұғымының қанаттас дамығанын және бұл құбылыстың (суфизм) XIII ғасырда ислам дүниетанымында шешуші мәнге ие болып, зор ықпал жасағанын айтады.

Осындай тарихи-әлеуметтік нақтылы себептерге байланысты қазақ арасында да әулие туралы түсінік ислам дінімен жапсарлас жайылып, киелі сипатқа ие болып, әулиелік туралы аңыз-әпсаналар молынан таралып, бір сөзбен айтқанда, әулие культі ел санасында берік орныққан деуге болады. Ғылымда анықталғандай, әулие культі әсіресе ресми діннің орталығынан шеткерілеу аймақтарда тұрғылықты халықтың байырғы наным-сенімдерімен, салт-дәстүрімен, ырым-жораларымен тығыз сабақтастықта қалыптасатыны – анық жайт. Демек, әулие культінің орнығуына жергілікті халықтың табиғат нысандарына табыну жорасы (Мысалы: көрікті тау-тас, сырлы үңгір, шипалы көл-бұлақ т.б.), шаманистік мифологиясы, аруақтарды ұлықтау рәсімдері өзгеше лепте үндесіп, айырғысыз тұтастықта ұштасып, әбден кірігіп кететіні байқалады. Түптеп келгенде, мұның бәрі халықтық исламның сомдаған төл түсінігі болып табылады, осы ілімге сүйенген ел әулиені таңғажайып керемет иесі (карама), береке-ырыздықтың бастау көзі, тілекті қабыл етіп жарылқаушы, әртүрлі кәсіптің жебеуші иелері, қамқоршысы бейнесінде таниды.

Көзі тірісінде елді рухани тура жолға бастаған әулиелердің қайтыс болғаннан кейін де қадір-қасиеті тағы да арта түседі. Осыған орай олардың қабіріне кесене тұрғызылып, ол қасиетті дүрбе мұсылмандардың тұрақты зиярат ететін киелі мекеніне айналады. Мәселен, Қазақстандағы Баба түкті Шашты Әзіз, Арыстанбап, Ысқақ бап, Шайқы Ибраһим, Иасауи, Әулие ата,

Қоңыр әулие, Бекет ата т.б. әулиелердің сағаналарына халық әлі күнге дейін тәу етеді.

Қазақ арасында ислам дінін таратып, осы жолда өмірін сарп етіп, жанын қиған Арыстанбап, Қожа Ахмет Иасауи, Масат ата, Укаша ата секілді арғы тегі хазірет пайғамбардан таралған әулиелер ерекше ілтипатқа ие. Олардың тұқым-жұрағаттарын халық қожа деген әлеуметтік-статустық тапқа жатқызып, ақсүйек деп ардақтады. Сонымен бірге дінді тарату жолына күш салып, бұқараны имандылыққа үндеген жергілікті халықтан шыққан Әулие ата (Сатық Бұғра Қара хан), Баһауиддин Нақышбанд, Бекет ата, Науан хазірет, Марал ишан, Қалжан ахун, Мәшһүр Жүсіп Көпей, Шәкәрім секілді тұлғалар да әулиелік жолды жалғастырушылар болып есептеледі.

Қазақтың әпсана-мифтерінде әулие кереметті көрсетуші, тылсым сырды шешуші, батырларды жебеуші пір, дін жолында құрбан болушы тұлға ретінде дәріптеледі. Оның мұндай қызметтері, әлбетте, өңірдегі табиғат нысандарымен тікелей байланыста болып келеді. Мәселен, қазақ мифтерінде төмендегідей мотивтер тұрақты кездеседі. Елге белгілі әулиелер (Масат ата, Укаша ата, Түлкібас, Азанұр әулие, Шілтер әулие т.б.) намаз оқып тұрғанда, аңдып жүрген аяр жаулары оған аяқ астынан қастандық жасайды да, олар қаза тапқаннан кейін марқұмның денесінен (қанынан, ізінен, түкірігінен) жергілікті жағырапиялық нысандардың түр-түсі, кескін-келбеті пайда болып қалыптасады. Ал атса оқ өтпейтін қасиетті әулиенің осал тұсын дұшпанға айтып берген опасыз келіні (кейде тоқалы) қарғыстан меңіреу тасқа айналады.

Ертедегі аңыз бойынша Ғайып Ерен (Ирен) Қырық Шілтен әулие намаз оқып тұрғанда, аңдып жүрген жаулары мерт қылады. Сол өңірде біріне-бірі қарама-қарсы үш бұлақ ағып жатыр. Үшеуінің дәмі үш түрлі, емі де үш түрлі. Бірі – іш ауруларына, екіншісі, көз ауруларына, үшіншісі – құлақ ауруларына дәру деседі. Әдетте, мұндай оқиғалардан кейін пайда болған делінетін әулиеге қатысты жағырапиялық нысандар елді емдейтін, сауықтыратын, ақ тілегін қабыл ететін құтты да шипалы орынға айналады. Ондай өлкелер Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Сыр бойында көптеп кездеседі. Мысалы, Укаша әулиенің қаза тапқанда домалаған басы еніп кеткен таудың қуысында киелі құдық пайда болса, Көзата қабірінің қасынан жанарды емдейтін бұлақ ағып шығады. Түлкібас әулие түкіріп қалғанда, он екі қарсыласы езіліп кетеді, сол жерде он екі шипалы бұлақ пайда болған деген аңыз бар.

Бұл мифтерде халықтың ислам дініне дейінгі табынып келген табиғат нысандары туралы ежелден бері айтылып жүрген әпсана-хикаялары енді әулиенің қасиетті өмірбаянымен етене ұштасып, басқа сипатта жаңғырып, киелі өзен-су, тау-тас жаңа діннің күшті насихат құралына лайықталғаны және де соның арқасында осындай көрікті мекендер мұсылмандардың діни жоралғы өтеп, жиі-жиі зиярат ететін орнына айналғаны байқалады.

Әулиенің ерекше кереметтерінің бірі – перзентсіз ата-анаға ұрпақ сыйлайтын қасиеті екендігі қазақ мифтерінде, ертегілерінде, эпостарында тұрақты дәріптеледі. Әсіресе әулиенің шапағатына қатысты пайда болған

қасиетті нысандар мифте өте-мөте иланымды суреттеліп, тіпті сол өлкелер ел жадында бұлтартпас деректермен куәландырылып, бүгінгі ұрпақтың да бағзы заманғы ғажайыпты көруіне бағыт-бағдар нұсқалып, соның нәтижесінде даламыздағы нақты бір өңір өткен мен бүгінгі күнді түйістіретін қуатқа ие, қазір де мұқтаж жандар тәуап ете барып, ғұрыптық жора орындайтын нүктеге айналған деуге әбден болады.

Қаһармандық эпоста перзентсіз ата-ана «Қорасанға қой айтып, әулиеге ат айтып, етегін шеңгел сыдырып, әулие қоймай қыдырып» Құдайдан бала тілейді. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырында перзентсіз ата-анаға әулие былайша бата береді:

«Айналайын, балам-ай,
Күні-түні еңіреп
Келдің бір енді маған-ай.
Сен тіледің біздерден
Біз тіледік Алладан
Қолыңды жай ал, балам,
Берейін бата саған-ай.
Берейін отыз ұл дейді
Көресін мұны, бұ қалай?
Атса мылтық өтпеген,
Шапса қылыш кеспеген,
Қарғаса қарғыс жетпеген,
Суға салса батпаған,
Отқа салса күймеген,
Берейін жалғыз мен деді.
Қайсысын мақұл көресің
Келінжан, енді сен деді».

Перзентке зар кәрі ата-ана «атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» батыр баланы қалайды, ал ол ел үшін еңіреген ердің ері болады. Батырдың өмірге келуіне о баста шапағат жасаған әулие оны алдағы қиын-қыстау ұрыстарда да ұдайы жеңіске жеткізуші жебеуші пірге айналады. Мұндай қаһармандар эпостарда Баба Түкті Шашты Әзіз, «Жеті кәміл пір», «Ғайып ерен, қырық шілтен» бейнесінде де кездеседі.

Қазақ эпосында, әсіресе хандар туралы тарихи жырларда оларды жебеуші пірдің бірі – Нақышбанд Бахауидин (Бәуеддин) әулие. Мәселен, Шәді төре жырлаған Абылайдың тарихы деген жырда Абылайдың пірі – Жалаңаяқ Әздүр диуана ханға Бахауиддин әулиенің тілек сәуесін жеткізеді, сондай-ақ, ол Абылайды өмірге келгеннен бастап қолдап-қоршап жүрген қамқоршы бейнеде суреттеледі. Жырда ол туралы былай дейді:

Абылай жалғыз өзі отыр еді,
Есіктен бір диуана кіріп келді.
Иығына шашы түскен жалаңаяқ,
Иіліп күле қарап сәлем берді.
Абылай диуананың түрін көріп,
Әулие-каландар деп көңіліне еніп.

Сәлемін ап, түрегеп қолын ұстап,
Қасына отырғызды орын беріп.

«Алпамыс батыр» жырының тағы бір нұсқасында перзент тілеген Байбөрінің зиярат еткен әулиелерінің тізімінде Нақышбанд Бахауидин есімі де аталады:

Жалықпай сұрап әркімнен,
Әр әулие намасын.
Бұқараға жол тартты,
Аллаға артып наласын.
Баһауәдин Нақишбәнд
Зиярат қылды моласын.

Ғұрыпта әулиеге барып табынғандар оған аттан түсіп жаяу баруы шарт болған. Бұл жайт «Абылайдың тарихы» деген жырда былайша бейнеленеді:

Абылай хан өз атынан жерге қонып,
Жүрділар әдеп сақтап жаяу болып.
Көзінен жасын төгіп барар еді,
Әулие һақлығына көңіл қойып.
Артынан ханмен еріп келген адам,
Алдынан шыққандардың бәрі тамам.
Хан жаяу болғаннан соң аттан түсіп,
Лажсыз жаяу жүрді қойып қадам.
Ақыры Түркістанға бұлар келді,
Әзіреттің тағзым етіп ішіне енді.
Қабырына жүзін сүртіп бата қылып,
Дұға ғып тікесінен тұрар еді.
Орнына зияратын құп келтіріп,
Пақырға дүние берді қайыр қылып.
Ілгергі айтқан шартын ада қылды,
Қазанын сойған малмен әм толтырып.

Халық әулиені басқыншы жауларға қарсы күресуші қаһарман ретінде де бағалайды. Мұның тарихи негізі де бар. Мәселен, крестшілерге қарсы шазилия, қалмақтарға қарсы нақишбандиа, орыс отаршылдығына қарсы иасауиа мен нақишбандиа тариқаттары соғыс жүргізгені туралы мәлімет бар. Әулиенің ел жадында сақталған тағы бір игілікті ісі шөлден су шығара білетін қасиеті. Айталық, Оңтүстік Қазақстанның Ташкентке жақын Турбат елді мекенінде Хазірет Ысмайыл Ата диқаншылардың тілегі бойынша аса таяғымен жерді түртіп, «шар бұлақ» ағызып берген деседі. Ескі дәстүр қайта жаңғырған, әулиеге табыну, қасиетті жерлерге зиярат етіп сыйыну рәсімдері қазіргі кезде қоғамда көрініс тауып отыр. Мұндай шаралар емшілік-саяхаттық, өлкетанушылық бағытта да әртүрлі қауымдар мен діни ұйымдар тарапынан ұйымдастырылып, рухани қажеттілікке айналды. Қазақта әулиеге қатысты мынандай ырымдарды кездестіруге болады. Мәселен, пұшпағы қанамаған бедеу әйел жуынып-шайынып тазаланып алған соң, әулие адамдардың қабіріне барып тәу етіп жалбарынса, сүйегі жазылып, бала көтереді деп ырымдайды.

ӘУЛИЕ² – адам мен малға бірдей келетін қатерлі індет, шешектің эвфемистік атауы. Мұндай қатерлі індеттің қазақы ортада күл, қонақ, мейман деген атаулары да кездеседі. Көрнекті этнолингвист Ә. Ахметовтың зерттеулеріне сүйенсек, кез келген этнолингвистикалық табу белгілі бір этномәдени себептермен байланысты қалыптасатын жалпы этнографиялық табудың құрамдас өлігі болып табылады. Өйткені кез келген тыйымның сыртында сол тыйымға итермелейтін немесе түрткі болатын белгілі бір этнографиялық немесе этномәдени ұғым тұратыны сияқты, сан қилы себептермен қолдануға әлеуметтік орта тыйым салған сөздердің сыртында да дәл сондай этнографиялық немесе этномәдени ұғымдар, сондай-ақ, тыйым салуға итермелейтін қоғамда қалыптасқан наным-сенімдер, діни мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, ырымдар және қоғамның тіл мәдениетінің даму деңгейімен айланысты қалыптасатын этикалық қағидалар жатқызылады.

ӘУЛИЕ АҒАШ – фетишизм наным-сенімі бойынша қасиетті саналатын тірі немесе қуарған діңі жуан жалғыз ағаш. Көне түркі дәуірі халықтарының дүниетанымында орныққан қастерлі жоралғылардың бірі. Көбінесе иен далада, діндар әулиелер жерленген мола басында, суы шипалы бұлақ қасында өсетін бұл ағаштарды дәстүрлі орта ежелден кие тұтатыны белгілі. Басына барып ырымдап ақтық байлаған, сыйынып тілек тілеген, кейбір уақыттарда түнеген.

Айтулы әулие ағаш ғұрыптық жосыны мифтік түсінікте аспан, жер, жер асты сияқты үш әлемді байланыстырып тұратын дәнекер (медиатор) қызметін атқарады деген көне сенімнен бастау алады. Ол кейде «шамандық ағаш» деп аталатын әлемдік мистериямен де байланысты құпия мағынаны жамайды. Ал кейде ғаламдағы сан алуан құбылыстар мен заттардың шығу тегінің бір негізден таралғандығын бейнелейтін рәмізді білдіреді. Сиреп бара жатқан жоралғылардың бірі болып табылатын әулие ағаш наным-сенімі Сібірдегі шамандық дәстүрді ұстанған ұлттарда белгілі бір деңгейде сақталған. Бүгінгі қазақ даласында да сарқыншағы кездесіп жатады. Қазіргі Астана қаласындағы архитектуралық ескерткіш Бәйтерек те осы ағаштың рәміздік бейнесі.

ӘУЛИЕ-ӘНБИЕ – халық түсінігінде ерекше тылсым қасиет пен күшті иеленген діни тұлғалардың жалпы атауы. Қазақы мұсылман агиологиясында әулие-әнбиелер қатарына Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) серіктері мен үрім-бұтақтары да жатқызылады. Мағыналас ұғымдары: пір, ишан, пері ұстаған немесе теріс оқу оқитын молда, бақсы. Әулие-әнбие тіркесіндегі бірінші әулие сөзі араб тілінен аударғанда «киелі», «қасиетті», ал екінші әнбие «пайғамбарлар» деген мағынаны білдіреді.

Қазақы ортада әулие-әнбиелер этникалық реңкке ие болды. Осы категорияға мұсылман агиологиясында рәсімделген әулие-әнбиелерден басқа мифопоэтикалық образға айналған әулеттің, рудың, тайпаның ата тектері деп саналатын тұлғалар және өзінің қамқор қарекетімен, ерекше өнегелі істерімен және сиқырларымен танымал болып, әулие атанып, ел жадында мәңгі қалған жандар да бар. Қазақ халқының дүниетанымында әулие-әнбиелерге табыну, жалбарыну ежелден сабақтасып келе жатқан дәстүр. Әулие-әнбиелер білімпаздығымен, ізгі қасиеттерімен, сондай-ақ, кейде жындарын пайдалана

отырып, халыққа келетін апаттарды алдын ала болжау, бағдарлауымен, көріпкелдігімен, сәуегейлігімен т.б. магиялық қасиеттерімен ел арасында үлкен беделге ие болған.

Күнге, айға, отқа табыну, ел иесі Көкбөріні қасиет тұту, су иесі Сүлейменге жалбарыну, мал пірлері Қамбар ата, Шопан ата, Ойсылқара, Зеңгі баба, Шекшек атадан жәрдем күту сияқты жосындар әулиеліктің, көріпкелдіктің негізгі атрибуттары болып табылады. Қазақ халқының ислам дінін қабылдауы барысында тәңірлік дүниетанымның, шамандықтың кейбір элементтері мұсылмандық шарттармен біте қайнасып, әулие-әнбиелер ұғымының мазмұны толығы түсті.

Мәселен, кейінгі ислам дінін теріс көрмейтін бақсылар, әдетте, төмендегідей сарын айтқан. Оның мотиві әулие-әнбиелерге сыйынудан басталады:

Мағруптағы әулие,
Машруптағы әулие,
Түркістанда Түмен баб,
Сіздерден медет тілеймін.

Сайрамдағы сансыз баб,
Отырарда отыз баб,
Ең үлкені – Арыстан баб,
Ең кішісі – Алаша қап,
Сіздерден медет тілеймін.

Қазығұрт ата, әулие,
Арғы жақта Қыңырақ бар,
Бергі жақта Қарақ бар,
Сіздерден медет тілеймін.

Қарамұрт ата, әулие,
Бекбау ата, бек ата,
Бегіш ата, қолдай гөр.

Шакпақ ата, әулие,
Қошқар ата, әулие,
Сіздерден медет тіледім.

Тектұрмас ата, әулие,
Қарахан бабам, қолдай гөр,
Шілтен бабам, қолдай гөр.

Айналайын атыңнан,
Тілеуімді оңдай гөр,
Шайқы Борық, әулие,
Аруақты жиын жинаған,
Сайтан көрсе байлаған,
Жина бермен, дәу пірім!

Бақсы өзінің білетін әулие-әнбиелерінен ешкімді қалдырмай түгел атап, ақырында:

Жер жүзіндегі әулие,
Күн көзіндегі әулие,

Ал, сыйындым сіздерге,
Жәрдем бергей біздерге,—
деп түйеді. «Мен оның сөзінен түк те ұққаным жоқ, – дейді А.Янушкевич, – бірақ әртүрлі құдайлардың, әулиелердің ішінде Ысырайыл мен Жебірейіл де болды».

Бақсы әулие-әнбиелерге сыйынып болдым-ау деген кезде сарынын аз-кем тоқтатып, отырғандарға: «Лә Иләһа иллә Алла» (Алладан басқа Құдай жоқ) дендер», – дейді, қатысушылар мұны бір ауыздан қайталайды. Бұдан кейін ол аруақтарды шақыруға кіріседі. Аруақтарды шақырудың бірнеше типі бар.

«ӘУЛИЕГЕ» АТ АЙТТЫ, «ҚОРАСАНҒА» ҚОЙ АЙТТЫ – құрбандық шалып, қан шығарады. Бұндағы «Әулие», «Қорасан» қатерлі шешек ауруының эвфимистік атауы. Байырғы қазақы ортада балаға (адамға) шешек шыққан кезе боз қасқа (ат), ақсарбас (қой) атап Құдайға жалбарынған. Кезінде шешекпен ауырып, гүлі түгел түспей қалған адамның бетінде дақ қалады. Оны бетінде қорасан дағы бар дейді.

ӘУМИН / ӘМИН – мұсылмандық ортада діни ғибадат-құлшылықтардан кейін екі қолды жайып бет сипарда айтылатын дұға сөзі. Әумин сөзінің шығу тегі өте көне болғандықтан барлық монотеистік діндерде кездеседі. Араб тілінен аударғанда «берік», «сенімді», «дұрыс», «қауіпсіз», «аман-есен» деген мағыналарды білдіреді. Намаз оқығанда Фатиха сүресінен кейін «әмин дұғасы» Ханафи мен Мәлики мазһабтары бойынша іштей, Шафиғи мен Ханбали мазһабтары бойынша жария айтылады. Әумин сөзінің іштей және жария түрде айтылуына байланысты әр мазһабтың өз дәлелдері бар.

Дәстүрлі ортада айтылған дұғаның, тілеген тілектің, берілген батаның «қабыл болуын» қуаттай түсетін бұл дұға сөзі тек намазда ғана емес, басқа да дұға-тілектерден кейін қолданыла береді. Әдетте, қазақы ортаның үлкенді-кішілі діни-ғұрыптық мереке күндері, түрлі той-томалақтарда бүтін бір ауылдың, әулеттің аузы дуалы, жасы келген мәртебелі қарияларынан бата тілеп, дұға сұрайтыны белгілі. Бата тілеген адам «әмин» деп дауыстап, екі қолын жайып, ишарат қылады.

ӘУІТ – кішігірім өзен, бұлақ, сай, жылға аңғарларында бөгет салу жолымен жасалған, көлемі бір шаршыдан аспайтын суқойма, яғни, су жиналатын шұңқыр. Қазақ егіншілері егістік жерлерін сумен қарапайым тәсіл арқылы қамтамасыз ететін. Мұнда су көтеретін құрал қолмен жұмыс істеп, жақын жатқан бір арықтан екінші арыққа тасымалданатын, тек өздігінен ағып бара алмайтын жағдайда, осыдан су өз ағысымен егістікке баратын. Осындай жолмен қолмен суару ландшафтық аймағына байланысты бірнеше түрге бөлінді. Торғай өңірінде өзен, көлдерден арық арқылы тартылған су егіске жақын орналасқан әуітке жиналатын. Мұндағы су егістікке қарапайым су көтергіш құрал – күлқауғаның көмегімен жеткізілетін. Онда жіп ұзын сырықтың екінші ұшына байланатын, ал салмақ екінші басында болады. Сырық мынадай жұмыс істеу тәсілімен орналастырылды: төмен түсіргенде шұңқырдағы суды іліп, жоғары көтергенде дайындалған саз астауға құйылады, су егістіктен жоғары орналасқан соң, егіс даласын суғаруға қолайлы атыздарға

бөліп су жібереді. Екіншілікті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, іс-тәжірибелері қандай деген сұрауға жауап ретінде әртүрлі тарихи, археологиялық деректер табуға болады. Бірақ қазылған арық, тартылған тоғандардың іздері көп жағдайда белгі-бедерсіз жоғалып кетіп жатады. Атыз, жап, ыза суы, топырақ суы, қарық суы, орақ суы тәрізді кәсіптік атаулардың қатарында екіншілік ұйымдастыру әдісіне қатысты сөздердің бірі – әуіт. Бұл көне атау жергілікті тілде сақталып қалды. Байырғы Талас өңірінде Шұқырәуіт, Қызыләуіт тәрізді елді мекен аттары бар. Көктемде жиналған қар, жаңбыр, бұлақ суларын үлкен қазан шұңқырға, ойпаңға бөгеп, оны егіндікті, жайылым жер мен шабындықты қолдан суару үшін пайдаланып отырған.

ӘШЕКЕЙ – киімді, тұрмыстық бұйымдарды безендіруге пайдаланылатын, сәндік үшін жасалынатын бұйымдар және зат, бұйымның бетіне салынатын ою-өрнек, түрлі нақыштар. Мұндай әшекей-нақыштар жүн бұйымдарының (текемет, сырмақ, алаша, қоржын т.б.), киіз үйдің бау-басқұрларының, ат жабдықтарының (былғары тоқым, кежім, жабу), құрылыс-сәулет орындарының (есік, маңдайша, ұстын, жақтау, дуал және т.б.), киім-кешектердің, ыдыс-аяқтар мен жиһаздардың, қару-жарақтардың т.б. өн бойында қолданылады.

Қазақта әшекейленбеген зат, бұйым жоқ деуге болады, себебі қазақ қолөнер шеберлері ұлттық нақыштағы әшекейлерді өңдеп, түрлендіріп, жетілдіріп қолданып отырған.

Кәсіби деңгейдегі шеберлер қазақ даласының әр өңірінде болған. Шеберлердің талғампаздығы мен дарындылығы, тудырған дүниесінің жасампаздығы мен жаңалығы жасаған өнімдерінің сұранысынан көрінетін. Қазақ шеберлері технологиялық тәсілдерінің жеңілдігі мен құралдарының қарапайымдылығына қарамастан, зергерлік әшекей бұйымдарының үздік үлгілеріне жататын өнер туындыларын жасаған.

Әшекей тағылатын түрлеріне қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Басқа тағатын әшекей түрлері: шеке, самай, маңдай, құлақ, мұрын, бұрымға тағылатын әшекейлік заттар. Шекеге тағылатын әшекей түрлері: шекелік. Самайға тағылатын түрлері: сырғалық, айшық, жақ моншақ, сырға. Маңдайға тағылатын әшекей түрлері: күміс теңгелер, шырмауық. Құлаққа тағылатын әшекей түрлері: сырға, бет моншақ. Мұрынға тағылатын әшекей түрлері: зер, зерен, зейір, зер. Бұрымға тағылатын әшекей түрлері: шашбау, шашқап, шолпы, шашқа тағатын түйреуіштер, шашмоншақ. Мойынға тағылатын әшекей түрлері: алқа, бойтұмар, моншақ, тұмарша, әйкел, ділда алқа, тұмар. Кеудеге тағылатын әшекей түрлері: өңіржиек, түйреуіш. Қолға тағылатын әшекей түрлері: білезік, мөр, сақина, балдақ, жүзік. Киімге тағылатын әшекей түрлері: түймелер, қапсырмалар, жапсырмалар, белдік, белбеу, тана, танакөз, тал моншақ.

Ертеде қазақтар әшекейленген шытыра, зерен, сырға, зер, тұмар және т.б. зергерлік бұйымдарды мал бойына және ер-тұрмандарына да таққан.

Тас дәуірінен жалғасқан тасшылық өнері қола дәуірінің осы өркениетіне тоғысып, гауһар, жақұт, алмас, қас тасы, меруерт сияқты аса бағалы тастардан көз орнатқан сәндік жабдықтарды, әсемдік бұйымдарды жасау технологиясын

калыптастырды. Мәселен, қазақтар ағашқа, ер-тұрманға асыл тасты не тассыз күміс әшекейлі шытыраны пайдаланған. Ал зейірді қойдың мұрнына өткізілетін зерлі шығыршық ретінде таққан. Ертеде қазақтар тіл-көзден сақтасын деген мақсатта жүйрік аттарының мойнына әйкел таққан. Зергерлер әшекейлеген тұрмыстық бұйымдар алтын аяқ, жағдан, адалбақан, алтын ер, пышақ және т.б. адамдар күнделікті тұрмыста жиі қолданған.

Әшекей түрлері негізінен қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесін айқындайтын қызмет атқарады. Қазақ шеберлері зергерлік бұйымдар жасауға қажетті материалдарға алтын, күміс, бақыр, мыс, жез, темір, қалайы, қорғасын, ақық, березе, алмас, гауһар, зуһра, көк тас, лағыл, маржан, меруерт, інжу сияқты асыл тастарды пайдаланған.

Қазақ зергерлері алтынмен аптау, алтынмен булау, алтын шабу, күміспен күптеу, қақтау, көз орнату, сымға тарту, қара ала жүргізу, сымкәп жүргізу, ою салу сияқты әшекейлеу, өңдеу тәсілдерін жиі қолданған. Әшекейді ерекшелеп, айшықтап ондағы әртүрлі заттарды әдемі, сәнді көрсететін үкі, шок, әдіп, алтын-күміс ілгектер, шытыралар, салпыншақтар, қоңыраушалар сияқты құрамдас бөліктер де бар.

ӘШМӨШКЕ ШАЙ – қадақ шайдың сегізден бір бөлігінің атауы. Әшмүшке деп те аталатын бұл ұғым – орыс тіліндегі «восьмушка» сөзінің қазақы түрленген нұсқасы. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтар арасында шай ішу үрдісі кең тарала бастаған. Әшмөшке қадақ шайды бөлшектеп сатудың ең төменгі мөлшерін білдіреді.

БАБ – дінмұсылмандықты уағыздаушы, таратушы аса білгір ұстаз, мәртебелі діни тұлға. Қазақстанның оңтүстік өлкесінде өмір сүрген бабтар өзінің кіршіксіз адалдығымен, білімдарлығымен халық арасында ерекше үлкен беделге, құрметке ие болды. Х-ХІІ ғасырларда ислам дінінің ықпалындағы дәстүрлі ортада бабтар өзінің орны мен сан алуан функциясы тұрғысынан діни-рухани және идеологиялық институтқа айналды. Фольклорлық дәстүр Арыстан Бабты барлық бабтардың ұстазы, яғни, осы үрдістің негізін қалаушысы ретінде әспеттейді. Арыстан Бабтың көп шәкірттерінің бірі – Ахмет Ясауи айтқан екен: «Сайрамда бар сансыз баб, Түркістанда түмен баб, Бабтардың бабы – Арыстан баб». Халық арасында бабтардың рухани және діни беделінің артқандығы сонша олар бірте-бірте өзінің статусы жағынан әулие-әнбиелерге теңестірілді. Бақсы-балгерлердің сарынында олардың есімі мен қасиеттері әулиелермен қатар айтылатын болды.

Осыған орай бақсының сарынынан төмендегі үзіндіні мысал ретінде келтіруге болады:

Мағруптағы әулие,
Машруптағы әулие,
Түркістанда Түмен баб,
Сіздерден медет тілеймін.
Сайрамдағы сансыз баб,
Отырарда отыз баб,
Ең үлкені – Арыстан баб,

Ең кішісі – Алаша баб,
Сіздерден медет тілеймін...

БАБА – баланың әкесінің атасы, яғни бабасы – арғы атасына қатысты туыстық атау. Дәстүрлі ортада қолданылатын баба сөзі өзінің түпкі мағынасы – туыстық қатынасты білдіретін атау ауқымынан кеңейіп, туыс болмаса да, ақыл-парасатымен ел құрметіне бөленген, ақылшы болған, ұрпаққа жақсы үлгі-өнеге қалдырған үлкен жастағы данагөй қарияларды да баба деп атау дәстүрге айналған. Ондай жандарды бүкіл әулет, ұрпақ, ауыл-аймақ ардақ тұтады. Алыс сапарға аттанарда арнайы барып батасын алып, есен-сау оралған кездерде сәлем беріп, қошемет көрсетеді. Көп жасаған, көрген-түйгені мол қария адамдар – ел қазынасы. Оларды жазулы мұрағатына, сын сағаттарда жол көрсетіп, жөн сілтер ел серкесіне, ақыл-кеңес берер ақылгөйіне балап, елдің бірлігі мен қауым ішіндегі және қауымаралық қатынастардың ырғақты қызметін үйлестіруші, оның нормалары мен дәстүрлі қалыптарының бұзылмауына кепіл бере алатын «тұлға» ретінде санаған. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең; Үй сыртында төбең болса, ерттеп қойған атпен тең»; «Бабалар сөзі – ақылдың көзі» деген тұрақты тіркестер қазақ қоғамында бабалардың әлеуметтік мәртебесінің жоғары бағаланғандығының бір айғағы іспеттес.

Жетіата ішінде баладан санағанда 3-буын ата деп аталса, одан арғы буындардың әрқайсысы баба деп атала береді. Алайда 5-ші буыннан арғысы ұлы баба деп те аталады. Сонымен бірге осы арғы буындардың жалпы атауы – ата-баба. Төменде жетіаталық шежірелік желісте қолданылатын тек тарату және ұрпақ тарату жосынының схемалары беріліп отыр:

Тек тарату – ата-баба – баба – ата – әке – өзі

Ұрпақ тарату – өзі – бала – немере – шөбере – шөпшек – немене – туажат

Дәстүрлі қазақ ортада өзінің арғы тегін кие тұту, яғни, бабалар аруағына тәу ету көшпелілердің наным-сенімдерінің ең басты ерекшелігі болды. Тіпті, баба желеп-жебеуші пір ретінде де сыйынудың объектісі болды. Фольклорлық дәстүрде баба бірде ұлы аруақ, бірде пір образында әспеттелінді. Мысалы, Қыдыр баба, Баба Түкті Шашты Әзіз адамды қиындықта қолдаушы аруақ, әрі желеп-жебеуші пір деген сияқты.

БАБА ТҮКТІ ШАШТЫ ӘЗІЗ – қиындықтар мен түрлі кедергі-кесепаттарға тап болған адамды қолдаушы, батырларды желеп-жебеуші, баласы жоқтардың тілегін қабыл етуші, аян беруші әулие. Фольклорлық дәстүрде Баба түкті шашты Әзіз бірде Ахмет Иасауидың түп бабасы, бірде Едіге батырдың бабасы ретінде дәріптеледі. Баба түкті шашты Әзіз туралы шығармалардың алуан үлгіде кездесетіндігі сондықтан.

Ислам дінінің қазақ арасына тарап, дәстүрлі ортада мұсылмандық шарттары атқарыла бастаған тұста да, қазақ ежелгі наным-сенімінен арыла қойған жоқ. Керісінше, мұсылман мифологиясының кейіпкерлері болған тұлғаларды бұрынғы таным бойынша әулие, сопы, пірлердің қатарына енгізіп, оларға да сыйынатын болды.

Мысалы, Баба түкті шашты Әзіз – қазақ батырларының жебеушісі болды. Қазақ фольклорында ол мифтік бейне ретінде қалыптасып, кейіпкерлер

қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Сонымен қатар Баба түкті шашты Өзізге әулие ретінде де, пір ретінде де сыйынады.

Бақсылардың зікірінде Баба түкті шашты Өзіз сыйынудың негізгі объектісі болды. Ол ауырғандардың немесе Жаратқан иеден бала сұрағандардың түсінде бірде олардың бабаларының бейнесінде, бірде диуана бейнесінде аян береді. Мысалы, «Алпамыс батырда» бәйбішесі Аналықпен бірге кезіп әулиеден бала сұраған Байбөрінің түсіне енген есекке мінген диуана кейпіндегі Баба түкті шашты Өзіз бүй дейді:

Ей, бишара мүгедек,
Жаныңызға не керек?
Дейсің ғой маған ұл керек.
Әулиені қыдырдың,
Жердің жүзін сыдырдың
Маңдайыңа төбелеп,
Әрқайсысының әртүрлі
Мәртебесі бір бөлек.
Сен үшін бәрі қиналды,
Бір жерге тегіс жиналды
«Бір ұл бер» деп осыған
Бір жаратқан құданың
(Тура өзіне) жылады.
Мен де тұрдым ішінде...
Жаратушы жалғыз-ақ
Дергейіне ұнады.
Ұнағанын сонан біл
Бір қыз қосып сыйлады.
Сексен сегіз сәрулар,
Тоқсан тоғыз мың машайық
Бәрінің көңілін қимады.
Менің атым Шашты Өзіз,
Қыламын десең ықылас,
Жарылқады жаратқан,
Ей, бишара көзіңді аш!
Ұлыңның аты Алпамыс,
Қызыңның аты Қарлығаш...

Бұдан былайғы кезде Баба түкті шашты Өзіз Алпамыс қиналған уақытта оның пірі, һәм желеп-жебеушісі болды. Сонымен бірге Баба түкті шашты Өзіз басқа да фольклорлық образға айналған әйгілі хандар мен батырлардың да піріне айналды. Қазақтар ежелден Баба түкті шашты Өзіздің қабірі Қазақстанның – Қаратаудың солтүстік-шығыс жағында, Қызылкөлдiң жағасында, бұрынғы Құмкент қаласының оңтүстігіне қарай бір шақырымдай жерде орналасқан деп есептейді (ҚСЭ. Т.2.). Бабата күмбезі Баба түкті шашты Өзіз қабірінің басына салынған. Үлкен қорымға кейінгі дәуірлерде бейіттер қосылып, үлкен өлі қалаға айналған. Алайда Баба түкті шашты Өзіздің тарихта болғандығы туралы нақты ғылыми дерек жоқ.

БАБТАР БАБЫ АРЫСТАН БАБ – Орта Азия жерінде, Сыр өңірінде, ислам дінін уағыздаушы бабтардың ең жоғарғысы және құрметтісі. Арыстан баб VII-VIII ғасырларда өмір сүрген. Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы, пірі болған қазақ даласына дін таратуға келгендердің ішіндегі ең құрметтісі, ежелгі Отырар қаласы маңындағы қабірінің басына кесенесі салынған.

БАҒАН¹ – керегенің қоспасына байлайтын, жазылған керегенің бойынан сәл биіктеу келген сыптығыр (жіңішке) түзу сырық. Баған ретінде кейде бірнеше бұтақты түзу ағаш пайдаланылған. Оның сәнделген, әшекейленген түрі де кездеседі. Көшпелі тұрмыста баған киіз үй ағашының беріктігін қамтамасыз ету үшін қолданылды.

БАҒАН² – ат байлайтын дінгек. Мұндай мақсатты дінгекті қазіргі кезде мамағаш деп те атайды. Бірақ, мамағаш ұғымының дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан семантикалық өрісі һәм ғұрыптық кеңістігі тұрғысынан аталмыш дінгекті мамағаш деуге келмейді.

БАҒАН ӨРНЕК / БАҒАНА ӨРНЕК – киіз үй есігінің жақтауларына және адалбақан, кебеже мен асадал сияқты үй жиһаздарының сирақтарына сондай-ақ, піспектің сабы сияқты шаруашылық және тұрмыстық бұйымдардың бойына тігінен бойлай оймыштап салынатын ою-өрнектер желісі. Баған өрнек/бағана өрнек бір-біріне тізбектеле жалғасқан біртекті немесе әртүрлі (аралас) мотивтерден тұрады.

Яғни бұйымның қолданыстық ерекшелігіне байланысты баған өрнек зооморфтық немесе көгерістік (біртекті), сондай-ақ, әртүрлі (зооморфтық пен көгерістік мотивтер өзара жалғаса салынады) болуы мүмкін.

БАҒАНА – тұрақты баспананың төбеге жабылған ағашын тіреп тұратын ұстын дінгек. Қазақ түсінігінде үй тіреусіз, бағанасыз болмауы керек. Яғни бағана ғұрыптық функция да атқарады. «Тіреусіз үй – көр» деген тұрақты сөз тіркесі осыған байланысты қалыптасса керек. Сондықтан қысқы тұрақты баспана салған қазақтар үйдің төбе жабынына қарай арқалықтың бір жерінен ағаштан тіреу қойған және оны бақанға ұқсатып бағана деп атаған.

Бағанаға жақын тұстан төбеден жарық түсу үшін терезе қойылған. Соңғы уақытта құрылыс, сәулет өнерінде қолданылатын дінгек те бағана деп аталып жүр. Бірақ бұл бағана тек ағаштан ғана емес, тас, бетон, темірбетон, болат сияқты материалдардан жасалады. Ол ғимарат бөліктерінің салмағын көтеріп тұрады. Мұндай бағаналар сәндік үшін де орнатылады, яғни эстетикалық функция да атқарады.

БАҒАРА – қолдан суарылмай, жаңбыр суымен өскен дақыл, жемістерге қатысты айтылатын атау. Бағара – сөзінің төркіні парсының богар сөзінен шыққан, орыс тіліне де «богарное земледелие» болып енген. Халық тәжірибесінде сусыз жерлерде топырақ қыртысының дымқылымен дақылдар өсіру жолдары болған. Яғни көктемгі жаңбыр суымен өсіп жетіліп, күзге дейін пісіп үлгеретін немесе ертерек пісетін бақша дақылдарын пайдаланды. Осындай жолмен алынған өнімге бағара сөзін қосып айтады. Мысалы, бағара қауын, бағара қарбыз, бағара егін және т.б.

БАҒАР КӨБЕЙСІН – мал басы көбейіп, өсе берсін, бағатын мал мол болсын деген мағынада малшыларға қарата айтылатын тілек. Қазақы салт

бойынша өрісте мал бағып жүрген малшымен кездескен кезде бағар көбейсін деп амандасу, сонымен қатар бата беруде бағар көбейсін деп айту игі тілектен туған. Диқанмен амандасқанда Қырман тасысын! Қыдыр дарысын! дейтіні сияқты бұл да малшымен амандасу салтында орныққан тілекті сөз басы.

БАҒБАН – жеміс ағаштары мен гүл өсіретін, оларды күтіп-баптайтын адам. Бағбанның жұмыс істейтін жерін бақ, бау, бақша, бау-бақша, бақшалық деп, оңтүстік аймақта оларды басым түріне қарай алма бау, алма бақ, жүзім бау деп нақтылап атау да қолданылады. Бағбан баудағы жеміс ағаштарын уақытында суарып, түбін қопсытып, арамшөптерін жұлып, көктем және күз мезгілінде артық бұтақтарын кесіп сиретіп, ағаштың дұрыс өсіп, мол жеміс беруіне көңіл бөледі. Жеміс ағашы жақсы өнім беруі үшін оның жеміс беретін яки бермейтін бұтақтарын дұрыс ажыратып, қажетсіз бұтақтарын кесіп тастаудың айтарлықтай мәні бар. Өйткені дұрыс кесілмеген ағаш жақсы өнім бермейді.

Жеміс ағаштарын күтіп-баптауға бағбан қолара, бағбан пышақ, бауқайшы, кетпен, шот, тырма тәрізді құралдарды қолданады. Бағбанның айналысатын кәсібін бағбандық дейді. Бағбандық қазақ жерінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерінде кең тараған.

БАҒБАН ПЫШАҚ – бау-бақшада жұмыс істеуге арналған шаруашылық құралы. Бағбан пышақтың сабы ағаштан жасалады, бас жағы аздап қайқылау келеді.

Пышақтың ұшы бұрышталып тұйықталады. Нағыз шебердің қолынан шыққан бағбан пышақ сабының бас және төменгі жағы ою-өрнектеліп жасалады. Сабының ортаңғы бөлігі тегіс, қолға ұстауға ыңғайлы етіп жасалады.

БАҒДАР – әшекей бұйымдарға қара түсті қорытпа бояумен салынатын ою-өрнек. Зергерлер тілінде бедер салатын қорытпаны да бағдар деп атап, осындай тәсілмен өрнектеуді бағдар жүргізу дейді. Бағдар салатын қорытпа күміс, мыс, қорғасын, күкірт қоспасынан әзірленеді. Оны алтыннан, күмістен жасалған бұйымның оймышталған бетіне жалатып, өрнектеп әшекейлейді. Қорытпаны пайдаланып, зергерлік бұйымдарды әшекейлеп безендіру тәсілін бағдар жүргізу, бағдарлау, қарала жүргізу, кавказдау деп атайды.

БАҒЗАМА – жуылған кір суының атауы. Кір суы кез келген жерге төгілмейді. Ол үшін үйден аулағырақ жерден су төгуге арналған шұңқыр қазылады. Бұл кір суы төгілген жер лас және ондай жерге жын-шайтан үйір болады деген түсінікпен байланысты. Сондықтан кір суы төгілген шұңқырдың маңайында бала-шағаның ойнауына және кешқұрым әйел адамға қайталай кір суын төгуге тыйым салынған. Дәстүрлі орта ұғымында әйел адам кешқұрым кір суын төксе және түн мезгілінде кір жайса, оған күл-қоқыс, лас жерлерде жүретін жын-перінің салқыны тиеді-мыс.

БАҒЛАН – марқадан үлкен, кепеден кіші қой төлі. Бағлан, бағлан қозы деп, әдетте, ерте туған, күтімі жақсы болып тез жетілген әрі семіз қозыға қатысты айтылады. Бұндай қозы етінің дәмі ерекше болады. Сондықтан оны қонақ келгенде союға жарап қалған деп санайды.

БАҒЫМШЫ – той күтушісінің немесе той қызметшісінің атауы. Үлкен той өткізу үшін бірер күн бұрын ауыл адамдары шақырылып, мәслихат

өткізілген. Сол мәслихатта тойдың басталар, аяқталар уақыты, қонақтарды күтудің тәртібі, тойға сойылар мал саны, қонаққа қанша үй дайындалатындығы, шақырушылар, хабаршылар, соның ішінде бағымшы тағайындау сияқты мәселелер егжей-тегжейіне дейін ойластырылып белгіленеді. Бағымшылар күтіп алушылар, қонақ көліктерін күтушілер, ошақ қазушылар, отыншылар, табақ тасушылар, қолға су құюшылар деген категорияларға бөлінеді.

БАҒЫТ – күндіз жер бедеріне, күннің жүрісіне, түнде айға, жұлдызға қарап жүрер жолдың бағытын анықтайды. Аталмыш жер бедері, аспан денелерінің қозғалысының белгілі бір уақыт мөлшеріндегі ерекшеліктері бағдар болып табылады. Түнде негізінен солтүстіктен ғана көрінетін жолаушы жұлдызы деп аталатын Темірқазықты бағыт-бағдар ретінде ұстанады. Халықтық білім бойынша, күнгеі (оңтүстік), теріскей (солтүстік), күнбатыс және күншығыс бағыттары негізгі бағдар болып табылады.

БАДАЛ – таулы өлкелерде өсетін дәні улы өсімдік. Уының күші күшәлә, меңдуана, күймескүл сияқты шөптермен шамалас. Қазақстанның оңтүстігінде бадал өскен жерге мал жаймайды, бала-шағаны жолатпайды. Ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін Адырда өскен бадал ма, мал жаныңыз аман ба? деген жолдар оның дәнінің мал мен жанға қатерлі болатынын ескертеді. Ауызекі деректерге қарағанда, бадалдың дәнін тек қарасайрақ деп аталатын торғай ғана құмарлана жейтін көрінеді.

БАДАНА¹ – жерге түйнектеп өсетін жабайы өсімдіктің пиязшығы. Таулы жердің өзен бойларында, тастақты жерлерде болады. Оны мал бағып жүрген ауыл балалары тауып алып, әуес көріп, қытырлатып жей береді. Дәмі ащы емес, пиязға аздап келіңкірейді. Дәнді дақылдардың әбден толысып піскен ірі дәнін өсімдіктің баданасына ұқсатып, бадана бас деп сипаттайды.

БАДАНА² – отырықшы жерлерде бақшада өсірілетін дәнді дақылдың бір түрі. Бұршақ тұқымдас, биіктігі 50-60 см-ге дейін өсетін екпе дақыл – бадананың ел арасында қан құрамын жақсартатын, несеп айдайтын қасиеттері белгілі болған. Халық емшілігіне байланысты кейбір еңбектердің авторларының айтуынша, (М. Қанапияұлы) бадана – түрлі ауруларды емдеуге пайдаланған. Мәселен, оны ұйқы безі қабынғанда қаражидекпен қосып пайдаланған. Дәнін тері ауруларын, ауыз уылуын, ішек-қарын ауруларын емдеуге қолданса, жүйке жүйесін тыныштандыратын дәрі ретінде бадананың майын пайдаланған.

БАДАНА³ – жаңғақ жемісті өсімдіктерге жататын жеміс ағашы, бұта және сол ағаштың жемісі. Бадана тау беткейлерінде өседі. Бадананың жемісі ірі, етті, ішінде сүйегі болады. Шыбық күйінде отырғызылған бадананың күтімі жақсы болса, 5-6 жылда биіктігі 2 м-ге дейін жететін ағаш болып жетіледі. Бадананың жемісін жеуге болады, ал тамырынан бұрынғы кезде бояу алған. Бадана жемісінің үлкендігіне байланысты дөңгелек үлкен көзді адамды бадана көз, үлкен «көзді» (қасты) жүзікті бадана көз жүзік, ал кейбір тұрмыстық тұтыныс заттардың көлеміне байланысты оларды баданадай деген анықтауыш арқылы сипаттаған. Мысалы, баданадай бұршақ, баданадай жүгері деген сияқты.

БАДАНА⁴ – ірі темір шығыршықтардан тоқылған кіреуке, сауыт түрі.

БАДЫНАҚ – көбінесе жүгерінің кейде арпа-бидайдың қазанға қуырылған дәндері.

Бадынақты көбіне-көп егіншілікпен айналысатын өңірлерде дайындайды. Ол үшін қауызынан тазартылған жүгеріні немесе арпа-бидайды қауызын ұшырып, елеп тазартып алады да тұзды суға шайып, матаның үстіне жайып дегдітіп барып әбден қыздырылған үлкен қазанға салып қуырады. Қуырылған жүгерінің немесе бидайдың көлемі үлкейіп, жарылып-жарылып піседі. Ел арасында бадынақты баданақ, бадырақ деп те атайды. Дәстүрлі ортада қарт әже, аналар көзі көргіш болады деп жас балаларға бадынақты қуырып берген.

БАДЫРАҚ – жүгері дәнінің қуырылғанда жарылған түрінің атауы. Дәстүрлі ортада бадырақ дайындау үшін жүгері дәніне ұсақ тас немесе таза құм қосып қуырады.

БАЖ – мемлекеттің жерін, өріс-жайылымын пайдаланғаны үшін төлейтін алымның байырғы түрі. Ерте кезеңде сауда керуендері бағыт алған жеріне жету үшін қазақ жерін басып, көпірін, жолын пайдаланып отырған. Соған орай саудагерлер, көпестер қазақ иеліктерінен өтерде елдің қазынасына тиісті баж салығын төлеген. Алым алған иелік керуенді шөлді аймақтар мен өткелдерден өткізіп, жүктерінің талан-таражға ұшырамауын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мойнына алып, керуенге жол көрсетіп қызмет еткен. С.И. Руденконың еңбегінде қазақ жерінің шығысын қоныстанған керейлер Қытай жеріне мал отарлатуға барып, жайылымын пайдаланғаны үшін төлеміне мың малдан он қой немесе бір жылқыны баж салығы ретінде Қытай өкіметіне беріп отырғандығы айтылады.

БАЖА – бір әкеден туған немесе ағалы-інілі кісілердің, сондай-ақ аталас, рулас адамдардың қыздарына үйленіп, сол елге күйеу болған ер-азаматтардың бір-біріне туыстық қатынасын білдіретін атау. Бір үйдің немесе әулеттің қыздарын алып отырғандықтан ғана емес, қазақы ортада сол қыздардың бір-біріне деген ықыласының арқасында бажалардың да айрықша жақын болатындығы «екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату» деген мақалда көрініс тапқан. Сондай-ақ, «бажа бажаны көрсе, басы қышиды» деген мәтел бажалар арасындағы қатынастың өзіндік ерекшелігін (әзіл-оспақтық сипатын) бейнелейді. Әдетте, бір елден немесе бір өңірдің қыздарына үйленген ер-азаматтар да бірін-бірі бажа, бажеке деп туыс боп жататын жайттар да кездеседі. Алайда бажа деп тек қандас туыстық негізінде қалыптасқан жаңа туыстық байланысты ғана айтады.

БАЗАР – сауда-саттық, жасауға арналған орын. Базарда басқа қалалар мен алыс-жақын жерлерден әкелінген тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылыққа қажетті заттар, мал, мал өнімдері, ауылшаруашылық өнімдері, шеберлердің жасаған түрлі бұйым заттары және т.б. сатылады. Базар саудаға түскен тауар түріне және олардың сатылатын орнына қарай мал базары, жайма базар, дән базары, және т.б. деп аталады. Өйткені базардағы тауарлар бір-біріне араластырылмай, бөлек-бөлек орындарда сатылады.

Базар саудасы отырықшы халықтар арасында мықтап дамыған. Базар табыс көзі болғандықтан, ел билеген билеушілер базарлы, қалалы жерлерге

иелік етуге тырысқандығы тарихтан мәлім. Қазақ жерінде Түркістан, Сайрам секілді үлкен қалаларда базар саудасы кеңінен өріс алған. Бізге жеткен тарихи деректерде Түркістан базарында бұхаралықтар, қоқандықтар және қырғыздардың астықтан дайындалған тағамының түр-түрін, жеміс-жидек, көкөніс, мал және балық сатумен айналысқандығы, орыс тауарларын орыс татарлары алып келгендігі, Азия және Ресей тауарларымен қатар Бұхара арқылы Мешхедтен әкелінген ағылшын тауарларының да базарға салынғандығы айтылады. Көшпелі елдің базарға барып базарлауға аяғы жете бермегендіктен, сауда-саттық негізінен айырбас түрінде жүрген.

Мәселен, тәжік, өзбек саудагерлері қазақтың мал өнімдерін (жүн, тері т.б.) және қазақ шеберлерінің қолынан шыққан әшекей бұйымдарын қант, күріш, матаға айырбастап отырған. Саудагерлер қазақ ауылдарын аралап, түйе жүнінен тоқылған жылы шекпенге, ешкі түбітінен тоқылған шәлі түрлеріне және балаларға, үлкендерге арналған былғарыдан тігілетін аяқкиімдерге тапсырыс беріп және өздерінің тапсырыстарына сай көшпелілердің ұсыныстарын қабылдады. Кейде айырбастың эквиваленті ретінде көшпелілерге күміс немесе алтын теңгелер берген.

Дәстүрлі ортада мал сатуға байланысты ырым-тыйымдар мен жоралғылар қалыптасқан. Сатпақ малын базарға шығарған мал иесі сауда ойдағыдай болу үшін құтпан малдың маңдайын сипап ырым жасайды. Сондай-ақ құптан малды нөқта-жүгенімен сатпайды; айғыр сатар болса, жылқының өз сілекейіне жалының бір-екі қылын жұқтырып, ырымдап орап сақтап қояды. Онысы сатылған малмен бірге ырыс-береке бірге кетіп қалмасын дегені.

Сауда жасап тұрған адамға, әдетте, «сауда күсет болсын!» («сауда жақсы жүрсін, табысты болсын» деген мағынада) деп тілек айтады. Ел ішінде саудаға байланысты бұндай тілектің «саудаңыз құшат болсын», «саудаңыз құлат болсын» тәрізді нұсқалары да сақталған.

БАЗАРЛЫҚ – алыс сапарға, сауда жолына шыққан адамдардың үйіне, көрші-қолаң, сыйлас адамдарына, жас балаларға әкелетін ірілі-ұсақты сыйлықтары, тарту таралғысы. Базарлық әдетте, өз елінде сирек кездесетін таңсық зат, бұйым түрінде болады.

Дәстүрлі ортада базардан келе жатқан кісіден базарлық сұрау салты болған. Ескеріп базарлық әкелу – жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі. Оны қауым мүшелерінің арасындағы дәнекер, әлеуметтік, моральдық қатынастарды жүзеге асырудың бір тетігі ретінде де бағамдауға болады.

БАЗАРНАЙ – базар бастығы. Ертеректе оны базарқан деп те атаған. Базарнайдың міндеті базардағы тәртіпке, сауда-саттыққа, тазалыққа, сатушылардың орналастырылуына, олардың тауарларының сақталуына бақылау орнату, яғни базар жұмысын толық қадағалау кіреді.

БАЗАРШЫ – зат, бұйым, киім-кешек және т.б. керек-жарағын алу үшін базарға сауда жасауға келген адам. Халықтың сөйлеу тілінде базаркеш деп те аталған. Көшпелі тіршілік салтын ұстанған қазақтар әредік қалалар мен уақытша ашылатын базар, жәрмеңкелерге келіп, тұтынуға қажетті керек-жарағын сатып алып тұрған. Мұны дәстүрлі ортада базарлай келу, ал базарлаушы адамды базаршы деп атаған. Базаршы сауда-саттық жасауды кәсіп

етпейді, пайда табуды көздемейді. Өзінің және ауылдастарының өндірген шаруашылық өнімдерін керекті бұйымдарға айырбастап, қажетін өтейді. Қазақта базаршыдан базарлық алу салты бар. «Базаршыдан базарлық» тәрізді сөз орамы осыған байланысты қалыптасқан.

БАЗАРШЫДАН БАЗАРЛЫҚ – алыс жолдан базарлап қайтқан адамның алдынан шығып, жас-желендердің кәдесый сұрау жоралғысы. Базардан артынып-тарпынып олжалы келген жолаушы базарлық сұраған ауылдастарына қоржын қалталарынан алып кәдесыйын үлестінеді. Ел ішінде стереотипке айналған бұл жоралғы ауыл адамдарының арасындағы сыйластық, жылы шырайға себеп болатындай этикеттік мән алған.

БАЙ¹ – әйелдің некеленіп қосылған ері, күйеуі деген сөздің орнына қолданылатын ежелгі атау. Ертедегі қазақ қоғамында отбасыны асырап-сақтау, қажетін өтеу, ырыздығын арттыру қара қазан, сары баланың қамы үшін нәпақа табу ер адамның міндеті болды. Яғни үйленген ер адам бас табыскер, отбасы берекесінің, ырысының һәм дәулетінің басы – символы ретінде бай атанған болуы керек.

БАЙ² – байырғы қазақ қоғамындағы дәулетті адам; қоғамда айтарлықтай орны бар, төрт түлік мал жиған, жекеменшіктің, ауқатты шаруашылықтың иесі әрі ұйымдастырушысы. Байлар шаруашылығында мал отарының көлеміне қарай түйеші, жылқышы, бақташы, шопан сияқты малшылар қызмет еткен. Мал иесі малшыға тамағы мен киімін беріп, ақысын малмен өтеген. Байдың үйі қой сойған жағдайда мойын еті мен қабырғасынан қойшыға сыбаға қалдырған. Малшылардың әйелдері бай үйінің шаруашылығына көмектесе, бала-шағасы қозы бағу сияқты шаруаларға араласқан. «Бай» ұғымы ауқатты адамдарға байланысты қолданылады. Барлық шаруашылық байдың қолында болады. Бай шаруашылықты өзінің мол тәжірибесіне сүйеніп, маңайындағы басқа ауыл ақсақалдарымен кеңесе отырып жүргізді. Дау-дамай, соғыс-қақтығыс кезінде қолдау табу мақсатында маңайына туған-туыстарын жинауға тырысқан.

Байлардың қоғамдағы орны көшпенді шаруашылық-экономикалық жүйедегі материалдық, жай-күйіне, институционалдық әлеуетіне байланысты болды. Көш кезінде бірнеше қазақ ауылы бірігіп, үлкен бір қауымды құрайтын. Бай сол қауымның шаруашылығын көші-қонын ұйымдастырып, жайылым орындарын реттеп, ауыл көшін бастап отырды және қауымдық шаруашылыққа басшылық жасай отырып, ауылдағы өндіріс тетігін, ауыл билігінің тізгінін өз қолында ұстады. Байлардың әлеуеті олардың тұрмыс-тіршілігінен де көрінеді. Байдың киіз үйі де өзгелерден ерекше болып, үй жиһаздары сүйек, күміспен әшекейленген.

Байлар дәстүрлі қазақ қоғамында қазақ даласының өзіндік элитасын, зиялы қауымын қалыптастырды. Қазақ даласындағы дәстүрлі құрылымды басқаруда ерекше рөл атқарып, қазақ даласында мектеп-медреселер ашуға, қазақ-зиялыларына «Қазақ», «Айқап» сияқты газет-журналдар шығаруға қаржылай көмек көрсетіп, демеушілік жасап отырған. Мысалы, Абайдың әкесі Құнанбай Меккеге қажылыққа барған сапарында қажылыққа барған қазақтар тоқтайтын тақия (қонакүй) салдырған. XIX ғасырдың II жартысында

Жетісудағы Маман бай, Батыс өлкедегі Мақан, Аппаз, Мырқы, Бірғыздағы Қуан бай, Арқадағы Қорамса, Хасен, Ахмет, шығыстағы Әбдікерім, Ұлтарак байлар қазақтың рухани өрістеуіне зор үлестерін қосып, халық үшін игі істер жасаған. Қажылық сапарға барып, қазақ даласында мешіт салдырып, ислам дінінің кеңінен қанат жаюына атсалысқан.

Меншігіндегі малының санына және құрамына байланысты байлар шіріген бай (мыңғырған ақтылы қой, есепсіз алалы жылқы айдаған, яғни дәулеті асып-тасыған), дәулетті немесе ауқатты бай (шамамен 1-3 мыңға дейін қой, жүздеген жылқы айдаған) сияқты категорияларға бөлінді. Алайда байларды осындай әлеуметтік категорияларға жіктеу әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысы, яғни орыс отаршылдығының қазақ даласына дендеп енген кезеңі үшін тым шартты. Себебі жері тарылған, малы кеміген осы кезеңде қазақ байларының санының күрт азаюы өз алдына, олардың бұрынғыдай ең шіріген дегендерінің өздеріндегі байлықтың символдары болып есептелінген жылқы мен қойдың басы бұрынғы орташа байдың меншігіндегі мал басының санына шамалас болып қалды.

ХХ ғасырдың 30-жылдарында жан-жақты жүргізілген «кеңестік қызыл қырғын» кезінде қазақ байлары жаппай қудалауға ұшырап, жекеменшігіндегі малдан айырылып, жер аударылып, қатты күйзеліске түсті. Осының салдарынан ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі құрылымның іргесі сөгіліп, қазақ шаруашылығын ұйымдастыруды жетік меңгерген басшы қазақтар күшпен жойылды.

Қазақ байларының бірсыпырасы бас сауғалап, өз атамекендерінен ауа көшті. Байлардың қазақ қоғамындағы әлеуметтік топ ретіндегі мәні өзгеріске ұшырап, қазақ даласындағы шаруашылық құлдырауға түсіп, соның салдарынан дәстүрлі мал шаруашылығы орасан зор шығынға ұшырады. Көшпелі шаруашылықтың дәстүрлі ырғағы түбегейлі бұзылды. Қазақ жерінде аштық жайлауының да бір себебі осыған байланысты. Кеңестік саясат қазақ байларының байырғы қазақ қоғамындағы ел экономикасының негізгі базасын қалыптастырушы ретіндегі қызметіне қанаушы тап деген теріс көзқарас қалыптастырған еді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жаңаша көзқарастағы тарихи соңғы пайымдаулар бай ұғымының ежелгі сипатын тануды қайта қалыптастырды.

БАЙ ПҰЛЫ – патша режимінің жаңа низамы бойынша болыс билігі үшін жиналатын ХІХ ғасырдағы салық түрінің халықтық атауы. Ә. Диваев бұл жөнінде: «көшпелілерден қандай салық төлейтіндігін сұрағанымызда «түтін», «жер», «жол», «әскер ұстауға», «киіз үй көрмесіне» және «болыс шығыны» деген т.б. салықтарды тізбеледі. «Неге соншалықты көп?» дегенімізде оның сыртында «бай пұлын» да алады ғой деп жауап берді». Сонымен қатар ол атқамінерлердің кедейлерден салықты артығымен алып, жейтінін халық біледі, білген соң осылай аталған» деген мәлімет береді. Әрі қарай Ә. Диваев: «Бұл іс осымен де тынбайды – салық жинаушылар квитанция бермей, халықты бір алдаса, кейін ауылнай квитанциясы жоқтардан тағы да 50 копейка немесе 1 рубльден сыпырып алады. Салық жинаушылардың кейбір артық алғанын жасыру үшін «пәленнің пәлен жылғы салығы түгелімен төленді» деп қана

жазылған квитанция береді екен», – дейді. Ол замандағы (XIX ғасырдың соңы) орташа салық мөлшері 7 мен 12 рубль арасында, отбасылы жалшылар үшін 2-4 рубль болған. Тақыр кедейлер салықтан босатылған болса, байлар 15-40 рубль аралығында төлеп отырған.

БАЙБАТША – байырғы қазақ қоғамындағы байлардың дәулетін, қоғамдағы әлеуметтік орнын, мәртебесін күшейту мақсатында, дәстүрлі билік жүйесіндегі сөзінің өтімдігіне байланысты айтылатын теңеу сөз. Осыған орай, қазақта бай баласы байбатша деген атау қалыптасқан. Яғни байбатша – көшпелі аристократтардың атауының метафоралық когнитивтік образы.

БАЙҒАЗЫ – жас балалардың, жастардың жаңа киімі, жаңа бұйымдары үшін берілетін ақшалай, заттай сый, көрімдік (мысалы, қамшы, шана, ертоқым т.б). Кейде балалар жаңа бір киім кигенде ерекше шаттанып, әжелері мен апаларына, аға-жеңгелеріне көрсетіп мақтанады. Сонда қыз бала болса, киімдерінің алдыңғы өңіріне құтты болсын деген тілектерін білдіріп, маржан, моншақ, түйме, тана, үкі қауырсынын, сөлкебай тақса, ұл балаларға қамшы, жүген-ноқта береді немесе қой-қозы сыйлайды. Дәм үзілмесін деп қолдарына ірімшік, бауырсақ, тәтті ұстатады. Шешелері мен жеңгелері ұл балаға «байғазыға байдың қызы», қыз балаға «байғазыға байдың ұлы» деп ырымдап, қыздардың түймесін жігіттердің шапанының ішкі жағына тағып береді (бұл байғазы таққан жігіттің артына қыз ереді деп ырымдағаны). Байғазы алу балалардың басқалардан тұңғыш сыйлық алып, көңілі қуанышқа толып, мақтанышқа бөленуі. Байғазы – балалар мен жасөспірімдердің көңілін аулауға, мерейін өсіруге негізделген, жақсы тілек тілеген ықыласын білдірудің дәстүрге айналған жолы. Мәселен, байғазы сұрай келген балаларға үлкендер «Киімің тоза берсін, өмірің оза берсін», «Киімің бос болсын, жаның берік болсын» деген дағдылы тілектерді айтады. Мұндай тұрақты тіркестері «киім-өмір», «киім жан», «тозу-озу», «бос-берік» деген қарама-қайшы ұғымдарды өзара шендестіру арқылы баланы тіл-сұқтан қорғауға бағытталған өзіндік магиялық функция атқарады. Байғазының шатыр байғазы деген түрі бар.

Күйеу жігіт қалыңдықтың ауылына келгенде бірден қыздың әкесінің үйіне түспейді. Күйеу жігітке арналып, ауылдың шетіне киіз үй немесе шатыр тігіледі. Кейін күйеу жігіт неке қияр рәсімінен кейін тігілген жас отауға кірген сәтте әлгі отауды тұрғызған (отау тіккен) жеңгелерге шатыр байғазы деп аталатын сыйлық-кәде атайды.

БАЙҒЫЗ – жапалақ тәрізді, түнде тіршілік ететін құс. Ұясын жар мен жартастардағы үңгірлерге салады.

Дәстүрлі ортада байғыздың шақыруын жаман ырымға балаған, сондықтан да осы құсқа байланысты әртүрлі ырым-жоралғылар қалыптасқан. Қазақ этнографтарының жазбаларына қарағанда, қазақтар үйдің шаңырағына байғыз қонса, ол үйдің орнын ауыстырып, басқа жерге тіккен, тіпті жамандыққа жорып, сол шаңырақты дереу отқа жағып жіберген немесе отпен аластаған. Түн құстарынан сақтану үрдісі әлемнің көптеген халықтарында бар. Кейбір елдерде жапалақты «сайтан құсы» десе, енді бірі үкі көрінсе қатты шошынады. Бұл тылсым табиғаттың құпия жұмбақтарының қыр-сырларының әлі ашылмаған кезеңдерінен қалған әдет болса керек. Қазақ арасында, әсіресе,

Түркістан, Жаңақорған, Сырдың төменгі ағысындағы тұрғындар кейде оны байғыз демей, Мұраталы дейді. Ол жөнінде аңызда былай айтылады. Ертеде, Қаратаудың ойында, Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде бір бай болыпты. Балаға зар болыпты. Етегі жасқа толып жүріп көрген жалғыз ұлына, құдай мұратқа жеткізді ғой деп, Мұраталы деп ат қойыпты. Ол өте ерке болып өседі. Еркелік пен есерліктің арасы тым жақын екен, өсе келе үлкенді үлкен, кішіні кіші демей, беталды сөйлейтін болыпты. Қаралы жиында қарқылдай күліп, той-томалақты төбелессіз таратпапты. Сөйтіп жүріп Ұмай анаға тіл тигізіпті. «Ұмай, Ұмай дейді, Ұмайы кім десем, көп қатынның бірі екен» депті бірде. Мұны естіген ел төмен қарап, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайды. Сөйтіп Ұмай ананың қарғысына ұшыраған Мұраталы бір түнде жұдырықтай құсқа айналып, тоғайға сіңіп жоғалады.

Түнімен сұңқылдап жылап шығатыны өткен іске өкініші екен деседі. Жұрт жаман тамның басында жарбиып отырған кішкентай құсты көрген сайын «е, мынау әлгі Ұмай ананың қарғысы атқан құс қой, яки байқұс, байғыз болды ғой», – деп аяйды екен. Мұны естіген Мұраталы «Мені мазақтаған мендей болсын», «Байғыз» десең, «екі бетің айғыз» деп қарғайтын көрінеді. Ал енді «Мұраталы, ассалаумағалейкүм» десең, мәз болып «мұратыңа жет» деп тілеп, сұңқылын қойып, билей береді екен» дейді. Қазақтардың аянышты сезіммен айтатын «е, байғұс-ай» деген сөзі осымен байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ байғызға байланысты тағы бір аңыз бар. Аңыз бойынша, ертеде дәулеті асқан бір байдың қызы қарапайым ортадан шыққан, бірақ ақылы мен көркі тал бойында жарастық тапқан бір жігітпен көңіл қосып жүреді. Екі ғашық мәңгілік тағдыр қосуға анттасады. Бірақ тағдырдың тауқыметімен байдың қызы әкесінің өктем шешімімен басқа бір байдың баласына ұзатылып кете барады. Қатты құсалықтан әлгі қыз құсқа айналып кеткен екен дейді. Іңір қараңғысы басталғанда сұңқылдағаны оның сүйгенін жоқтағаны дейді. Байғыз деген атау байдың қызы дегенді білдіреді екен деседі. Кейбір қазақ ертегілерінде ол басқа сипатта суреттеледі. Мәселен, «Сүлеймен патша мен байғыз туралы» ертегіде байғыз мұрны тесіліп, қаһарлы патшаның дүниеқоңыз әйелінің құрбанына айналғалы тұрған құстарды ақылының арқасында құтқарып қалады.

«Кейбір қазақ сюжетінде байғыз жалмауыз патшаны шешендігімен жеңіп, тәубасына келтіреді. Моңғол халқында байғыздың орнына жапалақ мадақталады. Ал қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінде жапалақ керісінше, аталас үкі мен байғазыға опасыздық жасаған, Сүлеймен патшаның жеңдетіне байғызды ұстап беруші сатқын ретінде жағымсыз типті құс болып көрсетіледі. Түркі-моңғолда кездесетін осындай ортақ сюжеттерде байғыз жарқанат, жапалақ, үкі секілді аталас құстардың басқаға ұқсамайтын дене-мүшесі, мінез-кұлқы, тұратын орны, өмір сүру ерекшелігіне түсінік беріліп, белгілі мөлшерде ғаламды үйлестіруші қызмет атқаратындығы айтылады. Бұлардың бойында «жартылай құс, жартылай адам» қасиеттері бар. Осы факт бұл сюжеттердің архаикалық мифологиямен төркіндес, замандас екендігін көрсетеді.

БАЙҚҰТАН – қой күзететін жүндес, барақы қазақы иттің атауы. «Иттің құлы – байқұтан» мәтелі малшылар арасында жиі айтылады. Мұндай иттерді қотаншыл немесе барақ иттер деп те атайды. Қотаншыл деп аталуы қой қотанына әбден үйренген ит болғандықтан болса керек. Қазақы ортада байқұтанды бесік жырына да қосады.

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін,
Жылама бөпем, жылама.

БАЙЛАМА – аңды арнайы тығырыққа қуалап әкеліп қамап, атып алатын аңшылық құрылғы. Ілкі дәуірлерде байлама салуға жан-жағы құлама жар болып келетін, аузы тар, одан ары көлемі ұлғайып жатқан аран тектес жер таңдалады. Кіреберісінде аң өтетіндей қысаңы бар, жан-жағы доғалана салынған қамал ерекшелігіне сай байлама аталса керек. Қалыңдығы 4 метрге дейін, биіктігі 2-ден 3,5 м-ге дейін, ұзындығы 50 м-ден 1 км-ге дейін болатын байлама қабырғасының сыртында орналасқан биіктігі 2-3 метрлік дөңгелек пішінді мұнара тектес құрылғыдағы атқыштарға қоршаудағы аң алақанға салғандай көрініп тұрады. Бұл аңшыға қажетті аңды жынысына, жасына, қоңына байланысты таңдап атып алуға мүмкіндік берді. Жем бойындағы осындай бір құрылыс Киік байлама деп аталады. Биіктігі 3,5 м болатын Қырықкөшек, Қарлыбас байламаларының құлан, тарпаң сияқты ірі аңдарды аулауға пайдаланылғаны байқалады. Байламаны жалпақ тақта тастардан да жасаған.

Сондай-ақ оған көлемі 20x40x80 см-ге дейін болатын өңделген үлкен тастарды да пайдаланған. Салынуында нақтылық пен көркемдік жағы ескерілгенін мұнараларының дөп-дөңгелек пішінде жасалуынан байқауға болады. Байлама негізінен артқы беті оңтүстік-батысқа қаратыла салынған. Ол аңшылардың аңға күнгей жағынан қарауының тиімділігін ескергеннен туған тәжірибе болса керек.

Көптеген байламаларда жергілікті тайпалардың таңбасы салынғанына қарағанда, байламалар белгілі бір рудың меншігіндегі иелікке ұқсайды. Оғыз-қыпшақ тайпаларының таңбаларын зерделеу және климатологиялық зерттеулер аталмыш құрылыстардың IX-XVI ғасырларда салынғандығын дәлелдейді. Табиғи ортамен үндестікте өмір сүру жүйесін меңгерген көшпелілердің аңды жылдың белгілі мерзімінде ғана аулау, табындағы аңның жас-жыныс ерекшелігін, ауланатын аң санын ескеру сияқты ғасырлар бойы қалыптасқан мол тәжірибесі байламаларды пайдаланудан айқын көрінеді.

БАЙЛАНСЫН – аңшылықта сәлем, ізгі тілек ретінде айтылатын сөз, стереотипті формула. Аңшылар ортасында ежелден қалыптасқан мұндай «аңшылық заңы» бүгінгі күнде де аңшылар арасында жалғастығын тауып отыр. Мысалы, этнограф С.Қасиманов шығыс қазақстандық әйгілі құсбегі Мүсілім Бибалановтың аңға шыққан сәтін былайша суреттейді: «– Бәтима, мына «Құмай мен Бөрібасарды» мықтап байла, шешіліп кетіп жүрмесін, – деп «Құс ата» бәйбішесіне әмір беріп жатты. – Әдейілеп аңға бара жатып алғыр

тазыларды неге қалдырамыз, ата? – Құспен аңға шыққанда ит ертпес болар балам. – Ата, оныңыз ескі ырым ғой. – Ырым емес, шыным. Барқын – қолбала құс. Итке алаңдай береді, жайы келсе түсіп қалуы да ықтимал. Екінші бір шатағы – ит ізді шатастырады. Орағытып жүріп, түлкіні үркітеді. Ауылдан бес-алты шақырым шыққан соң: – Тоқтандар. Бәрің мені тындандар, аңшылықтың заңын үйретем, – деді қарт. – Біріншіден, айқайлап сөйлеспейсіңдер. Сөздің бәрі ыммен болады. Оны біліп алу керек. Мысалы, «шап», «тоқта», «оң жағыңда», «сол жағыңда», «қайт», «мені сол орнында тос», «әне кетті», «адасып қалдым» деген сөздердің тымақпен, қолмен ымдау белгілері мынау, – деді де олардың түрлерін ұқтырды. Екіншіден, менен басқаларың бүркітті шақырмаңдар, түлкіні айырмаңдар. Үшіншіден, бәрің де тұғырда тұрған менің белгілерімді байқап жүресіңдер. Төртіншіден, бөгде кісімен кездесе қалсаңдар «Байлансын-ақ» дейсіңдер немесе «Байлансын-ақ» деп ол бұрын айтса, сендер «Майлы шұжық айлансын-ақ» деп тілектестік білдіресіңдер. Бесіншіден, қазақ жол-жорасында олжаны ең жасы үлкеніне байлайды. Бірақ үлкендердің ішінде жастар болса, онда ең жасы кішісіне байлайдың. Бұндай аңшылық қағидаларынан біз аңшылықтағы ырым-жырымдардың практикалық іс-шаралармен тығыз сабақтасып жататындығын байқаймыз. «Қанжығаң майлансын», «майлы шұжық айналсын» деген тілектер сөз қуатына сенуден тамыр тартып, бүгінге ұласқан. Магиялық байлау әрекеттері мен байлау сөзінің байланыстылығын мамандар дәлелдеген. Бұл сөздің «киелі» қуатына сенген бүгінгі аңшылар да кездейсоқ кезіккен жолаушыға «байлансын-ақ» деп бірінші боп амандаса кетеді. Көптен күткен қансонарға шыққанда жолай кезіккен адамның тіл-көзі қолындағы бүркітке тимей аулақ болуын тілеген бүркітші басқа сөзбен емес, «байлансын-ақ» деп айқай сала амандасып, қаскөй рухтарды осы құдіретті сөзбен «матап» тастауға тырысатын. Сондай-ақ осы сөз арқылы аң да буылып, шырмалып қалады-мыс.

БАЙЛАУ¹ – адам қолынан қаза болған кісінің құнын малмен өтеу жосынының бір атауы. Қазақ халқының әдеттік құқығында кісі құны малмен өлшенген, мысалы ер адамның құны 1000 қой немесе 100 жылқы немесе 50 түйе болса, әйелдің құны соның жартысына тең болған. Адам құны ретінде босағаға мал байлау туралы мына деректер назар аудартады: «...ертеде Өскенбайдың тұсында Тобықты руының Көкше деп аталатын тармағынан шыққан бір жігіт барымтада Керейдің бір жігітін өлтіреді. Көкше жағынан билікті Бопы жүргізеді, ал Керейлер Найманның ішіндегі Садыр деп аталатын тармағынан шыққан Ақтайлақ биге жүгінеді. Ақтайлақ би Бопының пара алғандығын естиді... Өскенбай: «Билікті кім айтады?» дегенде, Ақтайлақ Бопыға қарап: «Сен баста, Бопы би, ақсүйек төресің ғой», – дейді. Сонда Бопы бидің «Керей Тобықтыдан төрт кісі күмән ұстасын» деген шешіміне Керейден шыққан Биболат би риза болмай: «Ақтайлақ сөйлесін, Ақтайлақтың қандай шешіміне де риза боламын», – деген екен. Сонда Ақтайлақ былай дейді: «Биболат, өзің адал болсаң, Тәңірдің өзі саған жақтасар, некесізден би қойсаң, екі көзін парадан айырмас, Бопыеке-ау, көңіліңде иманың болса, әділдігін айт, менің шешімім жүз түйе құн кесемін», – деген екен. Бопы би Ақтайлақтың «некесізден би қойсаң» деп отырғаны «төрәні – құл, қожаны – сарт» дегені ғой

деп ашуланып қалады. Сонда Ақтайлақ би: «Ер құнын параға сатып отырған Бопы, сен түбінде оңбассың, ертеңгі күні ұл ержетер, қыз бойжетер, өлген кісінің құнын төлемей құнсыз жіберсең, ұрпақ арасында кек қалар» дегенге келтіріп жырлай жөнеледі. «Менің шешімім: «ер жігіттің құны екі елумен жүз түйе байладым, Керейдің алдына елу түйе салынсын, онын Өскенбайдың, онын Бопының, онын осы отырған билердің, онын Көкшенің, онын Найманның шаңырағына байладым», – деп кесіп айтады. Сол кезден бастап Ақтайлақ бидің аталы сөздері ұрпаққа нұсқа боп қалыпты». Байлау өлген кісінің малмен өтелетін құнының шартты метафоралық образдық атауы болып табылады.

БАЙЛАУ²/ ТҮЮ – шаруашылықта, қолөнерде және күнделікті тұрмыста қолданылатын жіпті, арқанды түю, байлау, бекіту тәсілдері.

Қазақы ортада көшпелі шаруашылық пен болмыстың ерекшеліктеріне байланысты байлап-түюдің бірнеше түрлері бар: күрмеу, қазықбау шалу (қалмақша байлау), тұзақтап байлау, тиектеп байлау, өткермелеп байлау, шалып байлау, орап байлау, шанду, шырмалап байлау, орау, жалаң түю, шорт түю немесе шиелеп байлау (қатын шалу деп те аталады) және т.б. Шаруашылықта ең жиі қолданылатын, әрі берік, әрі шешуге қолайлы, малды қылғынып қалудан сақтайтын байлау түрі – күрмеп байлау. Байлаудың бұл түрі ХІІІ ғасырда Еуропаға қоныстанған құман-қыпшақтар арқылы «құманша (қыпшақша) байлау» деген атпен тарап, кейін Америка ковбойларының арасында да кең өріс алып, қолданысқа ие болған.

Байлаудың бірінші сатысы – шалу. Жіп байланатын заттың, жіптің (арқанның) екінші ұшына қарама-қарсы бағытта бір орап, жіп ұшын ораудың астыңғы жағынан шығарып тұйықтау. Шалып байлау әдісі уықтарды, бауларды, таңғыштарды байлап бекітуде және буып-түюдің барлық түрінде пайдаланылады.

Шорт байлау жіп ұштарын біріне-бірін айқастырып шалып алып (оң қолдағы ұшын сол қолдағы ұшының үстіне салып, оны үстінен астына қарай орап), сол және оң екі ұшын екі қолмен ұстап, қатты тартып байлау. Егер бұл арқан, жіпті жалғау үшін жасалатын болса, ұш жағынан аз ғана шығарып, түп жақ ұшын қатты тартып, байлаудың түйіншегі бекітіледі. Қайта шешілетін етіп байлау үшін ұзын шалудан шығарып алмай бүктеп, ұшының ілмегін шығарып, ұш қалдырылады. Шешкенде ілмектің ұшынан тартса шешіледі. Ілмектеу жіпті шалған тұйығынан бір ұшын тұйықтап тарту. Ілмектеу оңай шешілу үшін қолданылады.

Қазықбау шалып байлау (қалмақ шалу деп те аталады) тұрмыста жиі қолданылады. Қазықбау шалу қазыққа арқан ұшын бір шалып, екінші рет осы шалу жіп ұшының бағыты бойынша тағы бір рет шалынып, ұзын арқанның түп жағына қарама-қарсы бағытта шалынған жерден айқастырып шығарылады. Қазықбау шалынған арқан ұшы қатты тартылады. Оңай шешу үшін арқан түбінің үстінен астына қарай айналдырғандағы шыққан тұйық шеңбер ішінен жіпті ұзын бүктеп тартып шығарып алып ілмектейді. Бірақ бұл байлаудың ұшы оңай сусиды, сондықтан, арқанның түп қазықбау шалынғаннан асқан ұшы жағынан қайта шалып ілмектеп тартып, шығарылған ілмек ұшын

казықбаудың түбіне тақап, қатты тарту керек. Шешерде ілмектің ұшынан тартып шешеді.

Түйіп байлау арқанның (жіптің) екі ұшын теңеп, осы ұшты арқанның өзінен бір шалып шығарып қатты тарту арқылы екі арқанды немесе жіпті бір-біріне жалғап тұйықтау.

Күрмеп байлау жіптің, арқанның ұшын оң қолдың саусақтарымен ұстап тұрып арқанның жалғасын осы саусақтарды кең бір орап, бас бармақ үстіне әкелгеннен кейін орам тағы бір рет қайталанады, осы тұйық орамды астыңғы саусақтармен тартып тұрып, бас бармақты орамнан суырып алып, жіптің қысқа ұшын осы тұйыққа ілмектеп кіргізіп, ұзын ұшты тартады. Бұл байлау берік болады. Малдың мойнына тағатын арқан, жіптер осылай күрмеп байланады. Ат арқандағанда қазықбау шалып байлаумен қатар, осы байлау да қолданылады. Ілмектеп өткізіп шалып байлау арқан немесе жіп ұшын қайырып бүктеп ілмек шығарып алып, екінші арқан немесе жіп ұшын осы ілмектен өткізіп, оны осы ілмек жасап тұрған ұшты қабаттай орап шалып байлау арқанның, жіптің екі жағын тартып, байламды беріктейді. Қазақ шеберлері шиесі болып қатып қалған түйінді шешу үшін киіктің, еліктің мүйізінен жасалған құрал – түйін шешкішті пайдаланған. Мал байлауға әр түрлі бау мен жіптерді пайдаланған. Олар кендірден, шудадан, қылдан, қайыстан есіледі.

БАЙЛАУ³ – ертедегі аңшылық дәстүрінде олжа бөлісу жосыны. Соғып алған аңды кездескен кісіге сыйлау, олжаны, тауып алған дүниені (затты) жанындағы адамға байлау. Байлау қазақтың мәрттік, мырзалық, азаматтық қасиетін білдіретін ежелгі аңшылық дәуірде қалыптасқан және бұлжытпай орындауға тиісті салттарының бірі. Бұрын бұл дәстүрді бұзған адам дәстүрлі тәртіпті бұзған адаммен бірдей саналған. Аңшы аңды алғанда өз арасындағы сыйлы, үлкен адамға немесе бөгде бір адам кездесіп қалса, олжасын сол адамға сыйға тартады, яғни аңды «қанжығасына байлайды». Аңшы олжасын кездейсоқ кезіккен бөтен адамға байлағанда, төрт пұшпағын кесіп алып жүре беруге тиіс. Аулаған аңының бір санын немесе тері-терсегін бірге жүрген жолдасына тарту етеді. Бұны сыралғы деп атайды. «Батырдан олжа, аңшыдан сыралғы» деген сөз мәні осыны айғақтайды. Аңды тұтас сыйласа олжа байлау дейді. «Атқанның аңын жатқан байланар», «еркекті олжа, қатынды қалжа айырады» деген тұрақты тіркестер осы жоралғыдан шыққан. Аңшы аңын қанжығасына байлап қойған соң жолыққан жолаушы олжа сұраса, әбестік болады. Алғысы келіп қызықса, аңшы олжаны үйіне енгізген соң ғана жолжорасын жасап, сұрауға болады.

Аң терісін аңшы сойып болған соң кәделі адамға байлайды. Теріні қолға алып «үйірімен үш тоғыз» деп жерге үш дүркін ұрып, содан соң оң қанжығасына байлайды. Сыйды алған адам рақметін білдіріп, «қанжығаңыз майлана берсін» деп тілек айтады. Ауылға немесе қосқа қайтқан соң қасындағы адамдарға дастарқан жайып, сый-сияпат көрсетеді. Олжаны байлаған адам қарымтасын қайтаруға асықпайды, реті келген кезде ілтипатын білдіреді. Аң олжасы атам заманнан қауымға ортақ несібе саналады. Оны қызғанса, аңшы зауалға тап болады деп ырымдайды. Бұл наным жекеменшік

калыптаса қоймаған рулық қоғамнан қалған қалдық болса керек. Адамның алғашқы олжасы болса немесе үйретілген тазының не бапталған қыранның алғашқы алған аңы, яғни «тырнақалдысы» болса, яғни сол саят маусымындағы алғашқы олжасы «бауашары» болса, ол «байланбайды», ал жұрт оған «құтты болсын» айтатын болған. Аңшылықтағы ырым-тыйымдарға байланысты айталық, аң олжасы киелі, нысаналы (ақ түлкі, көкшулан қасқыр және т.б.) болса, оны да байламай аңшы өзінде қалдырады. Байлау ғұрпында қоян терісінің «күн сүймейтіндігіне» байланысты байлау салтында бәлендей мәнге ие емес. Сондықтан қоян аң олжасы ретінде байланбайды. 1895 жылы «Дала уалаятының газетінде» жарияланған «Қазақтардың аң аулауы» атты мақалада қанжығаға байлау туралы: «Қазақтар аң аулағанды айрықша қызық көріп, аң аулаған мезгілінде әрбір жігіт өзінің батырлығын көрсетеді. Бұл себептен бұрынғы заманда қазақтар аңды күн көру үшін ауламаушы еді. Мұның мәнісі осы уақыттардың әдет рәсімінен байқалады. Көбінесе аңға шыққанда аңшының қасында қаншама кісілер болады. Егерде бір аңды атып алса, өздерінің рәсімдеріне қарай, қасындағы жолдастарының ең үлкеніне «байлайды», «күндыз атып алса жүн-терісін мергеннің өзі иеленеді, бауыр терісін жолдастары иеленеді», «аң аулауға алғаш рет шыққан мерген немесе жаңа мылтық сатып алған, жаңадан бапталған құс, жаңадан үйретілген тазымен шыққан аңшылар алған аңдарын біреуге байламастан, ырым қылып өзі алады», – деп жазылған. Аталмыш жосын басқа да дәстүрлер сияқты көшпелі ортадағы әлеуметтік байланысты нығайтып отырудың тек көшпелі өмір салтына тән тетіктерінің бірі болды.

БАЙЛАУ⁴ – адамға әртүрлі жәндіктер мен хайуандардан болуы мүмкін зиянкестің «жолын кесу» мақсатында атқарылатын арбау рәсімінің атауы. Яғни әлгі зиянкестің иелерінің еркі мен қуатын байлау. Байлау рәсімі кезінде дағдылы арбау тиісті әрекетпен қатар атқарылады. Дәстүрлі ортадағы адамдардың ұғымында, мысалы, түкіру, топырақшашу, аластау, айналу сияқты әрекеттердің магиялық қуаты қаншалықты күшті болса, байлау, түйю әсері де соншалықты күдіретті саналған. Мысалы, қара құртқа қарсы айтылатын:

Мен түйдім,
Жеті қабат мерт түйдім,
Мұхаммед расул Алла,
Тура қара құрттың аузын байладым –

деген сөздер осы зиянкес жәндіктің қуатын байлайды-мыс. Ертеректе мал қораға келмей далаға түнеп қалса, «қасқырдың жағын байлау» рәсімін жасау үшін «Түнемедегі маңыраманы аман сақта, Құдайым, ұлыманың аузын будым!» деген сөздерді айтып, қайшының аузын жіппен байлап, босағаның оң жақ керегесіне іліп қоятын ырым болған. Осы жерде магиялық қорғану мақсатында жіп байлау мен оның түйінін шешу арбау үрдісі кезінде орындалатын ырымдық іс-әрекетке жатады. Мұндай іс-әрекет арбаудың психологиялық әсерін күшейтуге бағытталды. Сондай-ақ халық арасында кеңінен танымал төмендегідей арбау сөздер міндетті түрде тиісті іс-әрекеттермен, мысалы зікір салу арқылы күшейтіліп отырған:

Мерт байладым, шарт байладым,
Тура жыланның аузын байладым, –
немесе:

Айда меге, жайда меге, сәнді меге,
Егер байла, мегер басқа, шаян,
Құрт-қоңыз! Байлан, байлан!
Ерке сарай, құм сарай, асты-үсті,
Жоқатен біз байлаймыз.
Өте алмай бөгеттен,
Ары жат, бері жат, шырмал бәнт-бәнт.

А.Е. Алекторовтың мәліметіне қарағанда Шығыс Қазақстан өңірінде өзінің асқан «жынымен» және зиянкестерді байлап тастайтын құдіретімен аты шыққан Шерубай бақсы өзінің арбау сөздерін белгілі іс-әрекетпен мейлінше шебер байланыстыра білген. Мысалы, осы бақсы бедеу әйелді емдеу үшін төмендегідей арбау сөзін әлгі әйелдің белін арқанмен жеті рет буып тұрып айтқан екен:

О, Шолағым қайдасың?
Арқан ұшын шеше гөр.
Белде жатқан көп дерттің,
Түйіншегін шеше гөр.
Баба Түкті Шашты Әзіз,
Күнәсі болса кеше гөр...

Емдеу «сеансы» аяқталғанда белдегі арқанды шешіп ап, өртеп жіберген деседі.

БАЙЛЫҚ – жеке адамның, қоғамның материалдық немесе материалдық емес игіліктері мен құндылықтарының категориялық мәні бар ортақ атауы. Қазақтың дәстүрлі танымында байлық аса күрделі категория ретінде үштүрлі ұғымды – 1) денсаулық, яғни дене мәдениеті; 2) заттық байлық, яғни материалдық мәдениет 3) ақыл-ой байлығы, яғни рухани мәдениетті қамтиды. Белгілі бір қоғамның мал-мүлік сияқты материалдық, заттық байлық мөлшері қоғамның жан басына шаққандағы жағдаймен айқындалады. Бұл ұғымың қарама-қарсы антиномиялық сыңары – кедейшілік. Дәстүрлі мәдениетте бірінші байлық денсаулық деп деннің саулығын материалдық байлықтан жоғары қояды. Адамның төрт мүшесі түгел, он екі мүшесі сау болып, ешкімнен сұрамай, тіленбей, еңбек етіп керегінше мал-мүлік табуына қоғамдық қатынаста ерекше мән берілді. Деннің саулығы болмаса байлықты мәнсіз деп таныды. Сондықтан, «бірінші байлық денсаулық, екінші байлық ақжаулық, үшінші байлық он саулық» дейді қазақ мақалында. Мұнда балашағаны жеткізу үшін мал жинаудың да маңызды екендігі және жинап қана қоймай, керегінше ұқсатуды үлкен білім, ақыл-оймен ұштастырады. Мақалдың – екінші байлық ақжаулық – деген сыңарында қарақан қара басқа мал құтаймайды, бас екеу болмай мал екеу болмайды – деп, материалдық, рухани байлықтың алғышарты отау тігіп, отбасын құрудан басталады деп пайымдайды. Қазақы түсінікте байлықтың негізі отбасының ынтымағында, мал-дүниені табатын ер адам болса, оны жарастыратын, құрастыратыны да

әйел деген ойды – мал таппайтын еркек болмайды, құрарын айт, бала таппайтын әйел болмайды, тұрарын айт, – деген мақалдан аңғаруға болады. Байырғы кезде де көпбалалы үйдің иесіне, тұрмысы қоңырқай болса да, «бәрекелді бай екенсің» – дейді. Мұндай сөзден – бала болашақ еңбек күші, – деген мәнді аңғаруға болады.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде рухани байлыққа ақыл-ой, білім тәрізді ұғымдық категориялар жатады: білімдінің аты арып, тоны тозбайды; өнерлінің өрісі кең; алтын алма, ақыл ал т.б. паремиологизмдер халық танымында заттық байлықтың шегі, мөлшері болатынын, оның кейде түгесіліп қалатынын, ал рухани байлықтың сарқылмай ұдайы жаңғырып, қоғамды ілгерілетіп отыратын ерекше күш деп бағаланады. Сондай-ақ, материалдық, рухани игіліктерді жасаудың негізгі көзі еңбек пен ақыл-ой, өнер мен кәсіпшілік деп таниды: еңбек түбі – зейнет; еңбек ет те, міндет ет; кәсібі бардың нәсібі бар т.б. Табан ақы, маңдай термен байлықты жоғары бағалап, адал еңбектің қатарына жатқызады, ал еңбексіз тапқан дүние-мүлікті арам мал, арам дүние деп моральдық тұрғыдан баға береді. Сөйтіп, рухани байлық туралы таным этностың барлық тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, наным-сенімімен астасып жатады.

Ертеде дәстүрлі ортадан шыққан байлар заттық байлық санатына мыңдаған жылқысы мен мыңғырған қойын жатқызып, кейде оған да көңілі толмай жылқыны түр-түсіне қарап, «өңшең жирен», «өңшең құла», «өңшең қара» деп бөлек-бөлек топтастырып ұстауды да байлыққа балаған. Халық нақылы байлық қолдың кірі; бай бір жұттық; байлық қолға ұстаған мұз емес пе, бақыт тойға еріп келген қыз емес пе, бала артында қалған іземес пе, – деу арқылы дүние, байлықтың соңынан қуып, дүниеқоңыздыққа түсіп кетпеді әрдайым есте ұстауды дәріптейді.

БАЙМӨҢКЕ – ұшында қуыс өзегі бар, ағаш кәсіпшілігінде қолданылатын құрал. Ағашқа қағылған шегенің келесі жағына өтіп кеткен ұшын тойтара қайырып жұмырлау үшін пайдаланады.

Баймөңкені кей жерде мәймөңке немесе бүркеншек деп те атайды.

БАЙПАҚ – биязы, жұмсақ жүннен тоқылып немесе киіз тәрізді басылып жасалатын, етіктің ішінен киетін, жылу сақтайтын аяқкиім. Саптама етіктің ішінен киілетін ақ киізден жасалған байпақты қыстың суық, боранды күндерінде алыс жолға шыққанда киеді.

Қыста киетін байпақтың киізі қалың, жазда киетін байпақтың киізі жұқа болады. Байпақ дайындауда тігу тәсілі де қолданылады. Байпақ тігудің екі тәсілі бар: табанын бөлек салып ұлтарып тігу, тұтастай қуысырып тігу. Жүннен тоқылатын байпақтардың қоншы қысқа болады. Аяққа батпас үшін тігісі сыртынан түседі. Ел арасында байпақтың іш байпақ, сырма байпақ, мәсі байпақ, етік байпақ, киіз байпақ, шәркелі байпақ сияқты түрлерінің атаулары кездеседі.

Мысалы, киіз байпақ – киізден жасалған, етік ішінен киілетін байпақ; шәркелі байпақ – ішінен байпақ киілетін көннен тігілген шәркей; байпақ етік – байпақтың жүннен басылған, қоншы ұзын түрі, пима және т.б.

Байпақ басудың өзіндік тәсілі болған. Ол үшін майдалап түткен жүнді шиге жұқалап жайып, үстінен ыстық су құйып, жүннің қопсуын басады да, жалаңаш білекпен ысқылап пісіреді. Бұған нағыз шеберлік керек. Нобаймен ысқыланса, кеуегі бітеліп, жүн жабысып қалады. Сондықтан әр қимыл мұқият жасалып, жасау әдісінен ауытқымау керек. Байпақ басу ісі дамып жетіліп, пима басу кәсіпшілігіне ұласқан. Балаларға аяғына шақтап, кішкене етіп, тысы мен ішкілігін матадан салып, жүн, түбіт, жабағы, мақта тәрізді материалдармен жылылап қауып, сырып тігеді.

БАЙРАҚ¹ – ағаш сапқа, аттың басына, қару-жараққа, тағы басқа заттарға тағылатын арнайы айыру белгі. Бұл арнайы рәміздік белгінің түркі тілдеріндегі «байрақ» «мунджук» («мунчук», «бунчук») атауларында оның қолданылу ерекшелігі – байлануы, аттың мойнына тағылу әдісі көрініс тапқан. Типологиялық тұрғыдан алғанда байрақ құдайлық, патшалық және әскербасылық билік атрибуты, дәреже және лауазым белгісі, әскери рәміз және тұрмыстық жағдайда қолданылатын арнайы айыру белгі сияқты бірнеше түрлерге бөлінеді. Арнайы айыру белгі ретінде байрақ көшпелі халықтарда б.з. дейінгі I-мыңжылдықта қолданыла бастады. Байрақ жібектен немесе аттың, қодастың құйрығының қылынан жасалған шашақ, қабыланның (барыстың) құйрығы және түсті матадан тігілген бау түрінде жасалып, ағаш сапқа немесе найзаның басына жеке немесе қосарланып тағылды. Белгінің қосарлануы байрақ дәрежесінің жоғарылығын білдірді. Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің үлкен қазандық бөлмесінде кезінде осындай қос белгі – шашақ және мата бау тағылған тоғыз қазақ байрағы сақтаулы болатын. Қыл, жібек шашақ, мата бау түріндегі байрақтар тудың дәрежесінің жоғарылығын білдіретін белгілер ретінде әскери тудың басына да тағылып, тудың бір құрамдас элементі ретінде де қолданылды. Байрақ элементтерінің саны кейде өте көп те болуы мүмкін. Мысалы, жазба деректерде Шыңғыс ханның тоғыз құйрықты байрағы айтылады. Айыру белгісі болғандықтан байрақта шашақ пен мата баудың түсі де маңызды болды, көзге бірден көріну үшін әдетте байрақта шаңқай қызыл, ақ, қара жасыл, көк, сары түсте пайдаланылды.

Әскери билік, лауазым, дәреже белгісі болған байрақтардың бастары киелі символдармен, бейнелермен әшекейленді. Археологиялық материалдарда табылған сақ, скифтердің әскери көсемдерінің байрақтарының бастарында тотемдік жануарлар мүсіндері, ғұн-сармат байрақтарында айдаһар бастары бейнеленсе, түркілердің байрақтарында олардың мифтік ата тегі саналатын бөрінің басы орнатылды. Орта ғасырда мұсылман дінін қабылдауымен түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың да әскери байрақтарының бастарында исламдық рәміз – жарты ай бейнесі салынып, Алла есімі, Құранның аяттары жазыла бастады. Бірақ көне дәстүрден келе жатқан айдаһар бастарының бейнелері де сақталды. Түркі халықтарының әскери ұйымдарында ағаш сапқа, немесе найза басына тағылған байрақ әдетте әскер қосындарындағы ондық, жүздік бөліктерінің әскери белгісі болды. Осы әскери бірліктерді басқаруға әскербасылық қызметке тағайындалған батырларға, әскербасыларға лауазым белгісі, әскери билік белгісі ретінде байрақ тапсырылған. Шайқаста әскерді басқару барысында әскербасы

байрақты түрліше қозғау – сілтеу, айналдыру, бұлғау арқылы әскерге түрлі дыбыссыз сигналдар беру үшін де пайдаланды.

Қазақтарда жауынгерлік байрақ арнайы әскери рәміз ретінде ХІХ ғасырдың аяғына дейін қолданылып келді. Фольклорлық деректер қазақтың кейбір руларының байрақтарының бастарында түркілерге тән бөрінің басы да бейнеленгенін куәлейді. Мысалы, халық ақындарының туындыларында Ұлы жүз ішіндегі Шапырашты руының «бөрілі байрағы» айтылады. Рулық байрақтар рудың айыру белгісі ғана емес, ру мүшелерінің бірлігінің, тұтастығының да символы болды. Әскербасы болып, байрақ иеленген қазақ батырларының ұрпақтарында олардың байрақтарының жұрнақтары киелі мүлік ретінде бүгін де сақтаулы. Байрақ көшпелі түркі-монғол халықтарында тумен бірге, хандық биліктің, мемлекеттік биліктің белгілерінің де бірі болды. Хан жүрген жерде ресми рәміз ретінде оның алдында ханның дәрежелік атрибуттарын – байрақтары мен туларын алып жүрген. Әдетте салтанатты рәсімдерде, шеруде, жорықта мемлекеттік, хандық, әскербасылық билік белгілері болған байрақтарды ұстап жүруге арнайы адам – «байрақшы» («байрақдар») тағайындалған.

Көшпелі түркі-монғол халықтарының көне және ортағасырлық өнер ескерткіштерінде байрақ құдайлардың, тәңірлердің атрибуттары ретінде де бейнеленеді. Киелі атрибут ретінде байрақ олардың патшалық және әскери билігін белгіледі. Хандық немесе әскербасылық статусқа ие болған адам байрақты дәреже белгісі ретінде өзінің атының мойнына, қаруына, киіміне де таққан. Даму барысында әскери билік, әскери лауазымның айыру белгісі кейін тек киімде, әскери униформада ғана көрсетілуіне байланысты, ХІХ ғасырдан бастап ағаш сапқа тағылған жауынгерлік байрақ әскери қолданыстан шығып кетті.

Байрақтың ғұрыптық және шаруашылық мақсатта қолданылғандығының мысалы ретінде қазақтардың түрлі тойларда өткізілетін бәйгенің мәрелерін, әртүрлі мақсаттарда иелікке бөлінген жерлердің межелерін байрақпен белгілеуін атауға болады. Қазақ тілінде «байрақты батыр», «байрақты жер» сөз тіркестері бүгінде де «ерекше белгі иеленген адам», «ерекше белгіленген жер» деген ұғымды бейнелейді.

БАЙРАҚ² – ат жарыс, палуан күрес, ақындар айтысында оза шыққандарға берілетін жүлде, тігілген бәйге. Байрақ атауының бастапқы кездегі «ерекше айырым белгі» деген әскери қоғамдық-саяси саладағы мағынасы семантикалық «жылжудың» барысында кеңейе түскен. Сөйтіп, этномәдени семантикалық кеңістікте әртүрлі жарыстарда, әсіресе ақындар айтысында оза шыққандарға берілетін «жұлде», «сыйлық» мағынасын білдірген.

Мен – байрақты жерде жүгірген,

Жүйрік едім тұмарлы, –

дейді Абыл ақын немесе Сәттіғұл ақындағы:

Байрағы айтайын,

Бір ат пенен бір шапан, – дегендегі байрақ «жұлде» «сыйлық» мағынасын аңғартады.

БАЙРАҚБАСЫ / СҮЛДЕ – байрақ сабының металдан жасалған ең жоғарғы бөлігі. Байрақбасы – әскербасының символы. Ежелгі түркілердің байрақбасында тотемдік функция атқарған көкбөрінің басы көрініс тапқандығы белгілі. Қазақ жерінде ислам дінінің орнығуына байланысты байрақбасының жарты ай пошымындағы жоғарғы тұсына Құранның аяттарынан үзінділер жазылу дәстүрі қалыптасты.

БАЙРАҚДАР – қолбасының байрағын көтеріп жүретін батыр, әскери атақ. Шығыстың, соның ішінде көшпелілердің әскери басқару жүйесінде ерекше беделді тұлғалардың бірі болды.

БАЙЛАМША – жас жігіттердің басына байлайтын шыт, орамал түрі. Орамалды қабаттап, төрт бес елі етіп бүктеген соң адамның басын маңдайынан орай келіп қарақұс тұсынан шарт түйіп байлайды. Байламша түрлі сайыс пен жарыстарда айырым белгісі орнында жүреді.

БАЙСА / ПАЙСА / ПАЙЗЫ – көшпелі халықтардың қағаны тарапынан билік иелері бектерге, әмірлерге, мәмілегер билерге, елшілерге, саудагер керуенбасыларға, үкімет адамдарына берілетін арнайы құқықтық белгі. Байса көбінде алтын, күміс секілді бағалы металдан жасалып, оған иесінің шеніне сәйкес әртүрлі хайуанаттардың (лашын, жолбарыс т.б.) суреттері салынатын болған. Байса – қытай-манжұр тілінде белгі деген сөз. Осы белгімен жүрген үкімет адамдары басқа елдердің шекарасына еш кедергісіз өтуге құқылы болып, азық-түлік, мініс-көлікпен қамтамасыз етілетін. Бұл дәстүр әлемдік дипломатияның тарихында үлкен қызмет атқарған, қазіргі халықаралық заңнамадағы виза деген ұғым осы негізден қалыптасқан.

Байсалардың лауазымдық айырмасы болған, мәселен жүздік, мыңдық ұлығына арыстан басты, күн, ай бейнесі бедерленген байса, түмендік ұлығына арыстан басты байса, мыңдық ұлығына алтын сары байса, өлке билеушісіне сұңқар суреті салынған алтын байса берілген. Ресей музейлерінде Алтын орда ханы Өзбектің, Абдулланың, Келдібектің байсалары сақталып отыр.

Қой дегенде бір шапқан,

Құястан жап-жас қана Жұмай бар.

Балаңқылар батпаған,

Байсасы тудай Мәмбет бар –

деп жырлаған Шалкиіздің «Ер Шобан» жырынан байсаның Ноғайлы дәуірінде де қолданыста болғанын аңғаруға болады.

БАЙТАБА – түйе немесе қой жүнінен тоқылған қалың шұлғау. Көшпелі қазақ үшін ең қажетті киімнің түрі болған. Өйткені түйе жүнінен тоқылған байтаба қақаған аязда да суыққа бой бермейді. Байтабаны қонышты етікті немесе киіз байпақты кигенде аяқты орау үшін қолданатын. Байтабаны аяққа ораудың да өзіндік тәсілі бар: алдымен аяқтың ұшын байтабаның шет тұсына сәл жетпейтіндей етіп салып, оның бір шетімен аяқтың ұшын ішке немесе сыртқа қарай орап, аяқтың қалған бөлігін қаусырып орайды. Байтабаны қажет жағдайда үлкен-кіші демей тегіс пайдаланатын. Байтабаны пайдалану айрықша ұқыптылықты және күтімді қажет етеді. Дер кезінде тазалап, су болғанда отқа тым жақындатпай кептіріп отырмаса, киіз болып тұтасып, пайдалануға жарамсыз болып қалады.

БАЙТАБА ҚАП – түйе жүнінен тоқылған көлемі үлкен алты пұттық қап. Көбінесе кіре тартқанда немесе көшке пайдаланылды. Дәстүрлі ортада байтаба қапты қазақ әйелдері қолдан тоқып жасады. Кейін көршілес елдермен, әсіресе, Ресеймен сауда-саттық байланыс нығайған кезде арнайы тапсырыспен сыртта жасатылды немесе сатылып алынып отырды.

БАЙТАҚ – байырғы дәуірдегі белгілі бір хандыққа қарасты этникалық-территориялық тұтастық, ел-жұрт ұғымның атауы ретіндегі қоғамдық саяси термин. Едіге жырында Тоқтамысқа қыр көрсетіп, кегімді бір алармын деп бара жатқан Едігеге Тоқтамыс ханның жұмсауымен соңынан қуып жеткен Жанбай батыр:

Байтақ бөліп береді,

Патсалықты құр сана, –

деп, Тоқтамыс ханның уәдесін айтып, қайтармақ болады. Ер Тарғын жырында кездесетін байтақ атауы «батыр, бек-сұлтанға қарасты ауыл ел, ауыл-аймақ» деген ұғымды білдірген:

Бес жүз ауыл береді,

Өз алдыңа сұлтан боп,

Сүйген жерің жайлашы,

Неғыласың бір қызды!?

«Алпамыс батырда»:

Байсын деген өз еліс

Жиделі байтақ қаламыз, –

дегендей Байтақ бар орталыққа қарасты этникалық-территориялық жұптастық ұғымын аңғартады. Көптеген ру-тайпадан, ел-жұрт болып құралып, бір хандыққа қараған этнотерриториялық тұтастық байтақ аталып, қоғамдық-саяси терминге айналған.

Кейіннен бұл атаудың тілдік-мәдени семантикасы бірте-бірте мағыналық жылжуға түсіп, ұлан байтақ, ұлан дала, ұлан асар-той тәрізді поэтизммен ұласып кетті.

БАЙТАЛ¹ – үш жасқа толған ұрғашы жылқы малы. Жалпы төрт жасқа шыққан жылқының еркегі дөнен, ал ұрғашысы дөнежін, дөнежін бие немесе дөнежін байтал аталады. Дәстүрлі ортада жыныстық жағынан толық жетіліп, әбден толысқан соң байталды айғырға қосады немесе таңдаулыларынан қысырақ матайды. Қазақ ұрғашы жылқыны бәйгеге қоспаған, «Байтал шауып бәйге алмас, құнан шауып құр қалмас» деген мәтел осыдан қалса керек.

БАЙТАЛ² – қалыңмал беру кезінде негізге алынатын өлшем түрі, байталдың өлшемге алынуы оның өсімтал ұрғашы мал ретінде бағалануымен байланысты. Яғни қазақтар «басы айырдан көті айыр артық» деп еркек құнанды емес, өсіп-өнетін ұрғашы малды – байталды өлшемге негіз етіп алған. Құдалық сөйлескенде қалыңмал көлемі келісіліп, оны байталмен мөлшерлейді. Жетісу қазақтары арасында дүниеге бала келгенде «қойшы ма?», «жылқышы ма?» деп сұрайтын салт бар. Бұл көз тимесін деген ниетпен «ұл ма?», «қыз ба?» деген сұраудың астарлап айтылған түрі, яғни эвфемизм сөз. Мұндағы қойшы – ұл, яғни қой бағатын ұл деген мағынада болса, жылқышы – қыз бала. Қыздың қалыңмалына бұрыннан қалыптасқан ғұрып

бойынша 47 немесе 37 байтал немесе 27 (әрі қарай 17, 9 болып жалғаса береді) жылқы беріледі. Сонда қыз бала әке-шешесіне жылқы әкелетін жылқышы болып шығады. Бізге жеткен деректерге сүйенсек, қызға берілетін қалыңмал негізінен 7, 17, 27, 37, 47 байтал бірлігімен өлшенген. Соның ішінде, ең көп таралғаны – 47 байтал төлемі. Ал ауқаттылар арасында қалыңмал саны 67, 77, 100 байталға дейін барады. Саудамен айналысқан немесе қолында малдан басқа дәулеті бар адамдар қалыңның бір бөлігін ақшалай, күмістей, алтындай беруге де уағдаласқан. Бір кездері қара халық қыздары үшін қалыңмал көлемі 40-тан 100 бас малға дейін, төре қызы үшін 200 бас малға дейін баратын. Байтал – алым, төлем түрлеріне қолданылатын шартты өлшем бірлігі ретінде мынадай эквивалентте есептеледі: ертеде қазақы ортада атан түйе 5-10 байталға, боталы түйе 10, жақсы ат 5-10 байтал, жүйрік ат 10-15 байтал, жүйрік дүлдүл 25 байталға бағаланған, 100 қой 25 байталға, бір жамбы 15 байталға немесе бір жорғаға, 1 кесек киіз 3-5 байталға теңестіріліп есептелген. Бір байталдың құны бір сиырға тең болған. Бұл шартты түрде белгіленген өлшем болғанымен, келісілген байтал санына осы аталғандар түгел кірмесе де, «барымен базар» принципі бойынша толықтырып өтейді. Кіші жүз қазақтарында байталмен есептелетін қалыңмал өлшемі жиырмамен белгіленіп, бірден алты жиырмаға дейін жететін.

БАЙТАЛ МАТАУ – дәстүрлі шаруашылықта сәуікті үйірге қосу. Қысырақ байталдардың ұрықтануы үшін бес-он байталдан бөлектеп алып, оларға жас сәуік айғырды әкеліп қосу қаракеті. Дәстүрлі ортада кең таралған атауы – қысырақ матау.

БАЙТЕСЕ¹ – шаңырақтың тоғынын иіп, шеңбер қалпына келтіруге арналған үйшінің ағаш қалыбы. Байтесе жасауға жуан ағаштың иіліңкі тұсын пайдаланады. Таңдап алынған ағашты беттеп шауып, тегістеп алған соң оның екі жиегін айналдыра бірнеше жерден теседі. Ол тесіктерге ағаштан дайындаған қысқа қазықшалар қадалады. Кейде екі, үш бөліктен құралатын шаңырақ тоғынының (шеңберінің) әрбіреуі байтесеге ұзынынан салынып, имек жарты шеңбер пішініне келтіріледі. Шаңырақтың тоғыны жақсы иіліп, ойдағыдай шеңберленіп шығу үшін, шеберлер (үйшілер), көбінесе, жас қайың ағаштың түзу кесіндісін пайдаланады. Және олар шаңырақ тоғынын бір кесіндіден тұтас шығаруға тырысатын. Өйткені, қазақ үйшілері құрама тоғынды өте сирек жасайтын.

Қазақ этнографиясына зор еңбегімен танымал болған ғалымдар академик Ә. Марғұлан мен этнограф Х. Арғынбаевтардың талдауынша бұл құралды «байтес – шаңырақ жасауға арналған дөңгелек құрал» деген, ал қолөнер зерттеушісі Ә. Тәжімұратов мұндай шаңырақ жасауға қолданылатын арнаулы қалыпты «он екі шабақты қалып» деп көрсетеді.

Кейбір үйшілер, байтесе қалыпты, жасалынатын шаңырақ тоғынының шеңбері көлеміне лайықтап, қызыл кірпіштен өріп қалайды.

БАЙТЕСЕ² – ұзын сапты, шот іспеттес көлденеңінен сапталған, жүзі тегіс балта. Бел бүкпей түрегеп тұрып, сабынан қос қолдап ұстап, құлаштап шабуға арналған байтесемен бөренені ұзына бойы қырлап шауып, төртбұрышты пішінге келтіруге және әрбір қырын тегістеп, түзулеуге

қолданатын. Байтесемен жуан бөрене кесіндісінен тұтас шауып астау, науа тәрізді шаруашылық бұйымдарды жасайтын. Үйшілер үлкен ағашты өңдеумен бірге, байтесені шаңырақ тоғынын жасайтын қалыпқа арналған, ағаштың бетін тегістеп шабуға да пайдаланатын.

Ағаш шеберлері тұтынатын тесе шот іспеттес құралдың жүзі тегіс немесе қуыс та бола береді. Бұл тесе шот түрін ел арасында байтесе, байтеше, белшот деп те атайды дейді қолөнер зерттеушілері.

БАЙШӨГЕЛ – мағыналық қасиеті қою, белгілі ұғымдардың басын қосып тұратын, билер қолданатын көнеден жеткен түйінді сөздің атауы. Байшөгелі айтылмай, дау-дамай дұрыс шешілмеген. Әр би түйін сөзін өзінше топшылап құрған. Байшөгел ұғымы дәйегі, дәлелі жоқ қасаң дауды білдірген деп тұспалдауға негіз бар.

БАЙШКЕШ – мал-мүлкі, әл-ауқаты орташа, байсымақ адамға қатысты айтылатын сөз. Қазақта байшікештену, байсымақтану деген сөз бар. Қоңыртөбел дәулеті болса да соны алға тартып, жөнсіз мақтану дегенді білдіреді. Байшікештердің малшы-жалшы ұстай алатындай орта дәулеті болған.

БАЙЫРҚАЛАТУ – жылқының бағымы мен мінез-әрекетіне қатысты атау, жусатуға дайындау, қайырып тоқтату дегенді білдіреді. Жаңа қоныс пен өріске келген жылқы толық көндігіп бейімделмейінше, «жатырқап» тұрақтап байыз таппай кетеген, қашаған болып тұрады. Сол тәрізді таңертеңгісін құлынын байлауға айдап келген кезде биебауға және ұстап саууға толық көндікпеген жылқының биебау басына тиянақтап, тұрақтауын, яғни жылқышылар тілімен айтқанда, «байырқалауын» күтеді. Байырқалатқан соң құлынды қаумалап, үркітіп шошытпай ұстай ноқталап, желіге байлайды. Бұлай жасамаса жылқы мінезіне кесірін тигізіп, биелер исіншек, құлындар қашаған болып кетеді.

БАҚ¹ / БАҚ-ДӘУЛЕТ – дәстүрлі мәдениетте жеке адамның, әулеттің, қоғамның материалдық игілігі жөнінде түсініктер мен ұғымдар жүйесін қамтитын категория. Бақ пен дәулет, бақ-дәреже, бақ-береке туралы түсінік бір-бірімен өзара байланысты айтылып, байлық ұғымымен астасып жатады. Алайда байлық ұғымының мазмұн ауқымы кең: байлық тек заттық игіліктердің (мал, дүние-мүлік, қазына т.б), молшылығын ғана емес, денсаулық, ақыл, білім, өнер т.б. тәрізді абстракты ұғымдар жүйесін қамтиды. Этномәдени ұжымның когнитивтік санасында бақ, дәулет, бақ-дәулет ұғымы құс кейпінде метафораланып, бақ құсы, дәулет құсы деген орнитониммен объективтеледі. Қазақ мақал-мәтелінде «Бақ, керек десе, батпаққа да қонады», «Бақ пұшықтың мұрнына да қонады»; «Бақ / дәулет құсы Қыдырдың (Қызырдың) көзі кездейсоқ түскен адамға да қонады» дейді. Бұдан бақтың, дәулеттің (бақ-дәулеттің) адам таңдамайтынын, тіпті кез келген адамға қонатынын, үріксе, бастан ұшып кететін киелі нәрсе түрінде ұғынылғаны аңғарылады.

Қазақтың бақ / дәулет туралы дүниетанымдық пайымдауын «Қыдыр, Бақ, Ақыл» туралы байырғы ертегіден айқын аңғаруға болады. Бірде «Қыдыр», «Бақ», «Ақыл» бірге жолаушылап келе жатып «қайсысының

күшті» екеніне таласып қалады. Сөйтіп, жер жыртып жүрген бір бейшара, жынды адамды көреді де күш сынаспақ болады. Алдымен әлгі жындыға Қыдырдың назары түсіп, жыртқан жерлері кесек алтынға толып кетеді. Шөліркеген жынды алыста кетіп бара жатқан керуеннен су сұрап ішпек болады. Керуеннің итінен қауіптеніп үлкен бір кесекті қолына ала жүреді, кесектің алтын екеніне мән бермей, керуенге келіп су ішіп, үрген итке кесек алтын лақтырып жібереді. Таң қалған керуеншілерге жыртқан жерінде кесегімен алтын жатқанын айтады. Керуеншілер жігіттің ешнәрсенің қадірін білмейтін, парықсыз екенін білсе де, әйтеуір, бір керекке жарар деп, өздерімен ала жүреді. Сонымен «Қыдырдың» сынағы аяқталып, ендігі кезек «Баққа» келеді. Бір кезде керуен келіп кірген шаһарды тұтқиылдан жау шабады. Жындының мінген аты өзінен-өзі анталаған жауға қарай шабады. Қорыққаннан жол шетінде өсіп тұрған ағаштан ұстай алып, түсіп қалмақшы болғанда алып ағаш түбірімен қопарылып, жындының қолында кете барады. Анталаған жау мұны көріп бет-бетіне қаша жөнеледі. Сөйтіп, жауды қашырған жігітке хан қызын, дүние-мүлкімен береді. Бірақ ештеменің парқын білмейтін жынды қызды теуіп, тісін сындырады. Мұны көрген хан жындыны аспақ болып дарға әкелдіреді. «Бақтың» күші осымен аяқталады. Дәл осы ажал алқымға алған сәтте жындыға «Ақыл» келіп қонады да қызды тепкені «арам еті барлығынан», ал тісін сындырғаны «арам сүт емгеннен» деп себебін айтады. Сөйтіп, жігітті ажалдан тек «Ақыл» арашалап қалады. Сонымен, халық өзінің дүниетанымдық пайымдауында ақылды бәрінен жоғары қояды да және ақыл болмаса, бақ та, дәулет те адамның сорына айналады деп ескертеді. Шындығында, өмір тәжірибесінде адамның ақылсыздығынан басқа қонған бақтың сорға айналғандығы аз кездеспейді.

БАҚ² – жеміс ағаштары өсірілген жер. Бақтың ішіне су жинайтын әуіз (қауыз) жасалады. Сонымен қатар бақ деп жеміс ағаштары ғана емес, дем алуға арналған орындар да қолдан өсірілген түрлі ағаштардың жиынтығын да айтады. Кеңес төңкерісіне дейін бақ Қазақстанның оңтүстік өлкелерінде болмаса, басқа өңірлерде экологиялық жағдайға байланысты болған жоқ.

БАҚ ЖҰЛДЫЗЫ – қазақтардың сәттілікті аспан әлемімен байланыстыруына орай қалыптасқан ұғым. Ел арасында «бақ жұлдызы» деген түсінік болған. Ол бір орында тұрмайды. Ай күнтізбесі бойынша әр айдың 2, 12, 22-і күндері шығыстан шықса, 3, 13, 23-і күндері оңтүстік-шығыстан шығады. 4, 14, 24-і күндері оңтүстікте пайда болса, 5, 15, 25-і күндері оңтүстік-батыста, 6, 16, 26-і күндері батыста, 7, 17, 27-і күндері солтүстік-батыста, 8, 18, 28-і күндері Термірқазық жұлдызы төңірегінде пайда болады. Ал 9, 19, 29 және 10, 20, 30-ы күндері белгісіз. Жұлдыздың шығуы белгісіз күндері, әсіресе 9 санына аяқталатын күндері жолға шығуға мүлдем болмайды. Дәстүрлі ортада қалыптасқан түсінік бойынша, осы жұлдызға қарсы бағытта жүруге болмайды, себебі ол бақытсыздық әкелуі мүмкін, ал айдың 10-күндері жұлдыздың әсері жоқ деген наным бар. Айдың, аптаның кейбір күндерін сәтті немесе қырсық шалатын күндерге бөліп, тергейтін әдет әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

БАҚА ТҮЙМЕ – ең кішкентай түйме. Халық арасында түйменің үлкендері баспа, бастырма, торсылдақ түйме, тана деп түрліше атаса, ұсақ, кішкене түрі бақа түйме деп аталған. Бақа түйме атауы бақа сөзінің ел ішінде қолданылатын «тапал», «аласа», «шағын», «қысқа», «кішкентай» тәрізді мағыналарына байланысты қалыптасса керек. Бақа атауының «шағын», «кішкене», мағынасы басқа заттарға қатысты да қолданылады. Мәселен, Қостанай өңірінде ең кішкене инені бақа ине деп атайды. Бақа түймені зергерлерге тапсырыс беріп жасатумен бірге қазақ ауылдарын аралап жүріп уақ-түйек сатумен айналысқан бақалшылардан да алып отырды.

БАҚАЛАҚ¹ – шаңырақ күлдіреуішіне көлденең бекітілген ағаш. Бақалақ күлдіреуіштің қозғалмай тұруы үшін қолданылады. Кей жерлерде оны қарқаша, бақал ағаш, күлдіреуіштің бақал ағашы деп те айтады. Сонымен бірге бақалақ Ақтөбе аймағында «шананың шабағы» (шананың табаны мен жақтауын біріктіретін қысқа ағаш) деген мағынаны білдіреді. Оны шананың бақалақтары дейді.

БАҚАЛШЫ / БАҚАЛШЫ САУДАГЕР – қазан төңкерісіне дейін ауыл-ауылға шет жақтан кішігірім бұйымдар әкеліп сатумен айналысқан ұсақ саудагер. Қазақтарда ақша аз болғандықтан бақалшылар өз тауарларын мал өнімдеріне немесе малға айырбастап отырды. Бақалшының ел ішінде сирек ұшырасатын бақал тәрізді көнерген атауы, аттерші тәрізді жергілікті атауы кездеседі. Саудагердің оңтүстік аймақта қолданылған бұндай атауларының бірі Майлықожаның өлендерінде сақталған: «Жаман қатын қаптағы Жүніңді тауысар күйбендеп. Аттершіден алғаны Айна, тарақ, ірең боп (Майлықожа).

Бақалшы атауы бақал сөзінің «ұсақ», «қысқа», «төмен», тәрізді мағыналарына байланысты қалыптасса керек. Ел ішінде ұсақ-түйек сауданы бақал сауда деп атайды.

БАҚАН – киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндікті көтеріп жабуға пайдаланылатын ұзындау келген ағаш. Басынан ұшына қарай бірте-бірте жіңішкеріп келген, бір ұшы (жоғарғы) екі аша етіп жасалады. Бақанның ашалы жағы басы, үшкіл келген жерге тірелетін жағы аяғы немесе ұшы деп аталады. Ұзындығы 2-3 құлаш. Жуандығы қос тұтам ағашты шала кептіріп, жұмырлап жонып, тезге салып түзетіп дайындайды. Бақан әдетте майыспайтын, мықты, түзу қайың, тал ағаштан жасалады. Бақан шаңырақты көтеріп тұруға арналған уық қаламын шаңырақ қаламдығына енгізіп, екінші төменгі ұшын керегенің басына қосып байлаған кезде қолданылады. Үй ішінің адам қолы жетпейтін тұстарын реттеп, жөндеп отыруға, таңертеңгісін түндікті ашуға, түнге қарай жауып қоюға пайдаланады. Кішкене түрін бақанша деп атайды.

ҚР МОМ қорында сақталған екі бақанның (КП 16333/127, 128) бірінің ұзындығы 3,93 см, жуандығы 21 см.; екіншісінің – 3,33 см. x 16 см. Оның бірінің басында ағаштың өз бұтағынан шыққан табиғи ашасы, бірінде темірден жасалып қондырған ашасы бар. Темірден орнатылған V пішінді аша жоғары қаратыла орналастырылған, ашаның бірі екіншісінен сәл ұзын. Әдетте бақан ашаларының салмақ түсер дәл ортасы – бұтақтың ұрысы тегістеле өңделіп, оған ағаштың шайыры жағылады немесе темірмен қапталады.

Киіз үйді баспана еткен көшпелі қазақтарда бақанды таңдау мен жасаудың өзіндік дәстүрі бар: оған көп ретте берік, әрі қабығының, жоңқасының иісі ерекше болатын ең таңдаулы ағаш – қайыңды қолайлы көреді. Бақан кейбір өңірлерде талдан жасалса, ағашсыз жерлерде морт сынатын болса да қарағайдан дайындалады. Сондай-ақ тобылғы, қайың, тал, терек сияқты ағаштар да жарай береді.

Қазақта бақан түрлері бірнешеу: аша бақан – ат әбзелдерін ілуге және малды жоғары іліп сойғанда пайдаланылады; тіреу бақан немесе белбақан – жел күшті тұрғанда көлденең ағашқа сыптығыр түзу ағаш салып тірейтін бақанның ашалы түрі; адалбақан – киім, қамшы, ат әбзелдерін, кейде тұтқалы ыдыс-аяқ ілетін бұтақтары бар, ағаштан жонып немесе темірден ілгіш салынатын, күміс құймалармен әшекейленетін, көбінесе бұталы арша ағашынан кесіп жасалынатын бақан түрі; желбақан немесе балуан бақан қатты дауылда шаңыраққа тіреуге және үйді тігіп, жыққанда шаңырақ көтеруге ғана қолданылады. Бақанның ең үлкен түрі – қарабақан. Жуантық келген және ұзақ қолданыста болған бақанның бұл үлкен түрін басына шүберек байлап, «ту еткен», киелі санаған.

Бақанға қатысты ырымдар және жосын-жоралғылар. Бақан киіз үй жабдықтарының ішіндегі ең қадірлі, қасиетті атрибут саналады. Отбасының ырыс-берекесі, құты бақанда тұрақтайды деген наным болған. Сондықтан отбасылық және шаруашылыққа (әсіресе, төрт түлікке) байланысты ғұрыптың шешуші сәттері бақанмен атқарылады.

Ертеде бай-манаптардың керегесі биік, уығы ұзын үйлерінің шаңырағын қарулы жігіттер ат үстінде тұрып бақанмен көтерген екен. Алғаш отау тіккенде және басқа үйлердің шаңырағын, ырым етіп, үлкен үйдің бақанымен көтерген. Байырғы ортада бақан үстінен аттамаған, отқа жақпаған. Ескірген бақанға ақтық байлап, май жағып құз жартасқа апарып тастайды немесе таза жерге қояды. Сиыр ошақ (ауру түрі) болып ауырса, бақанмен түрткен. Бақан әлем ағашы қызметін де атқарады: шаңыраққа бақанды тірегенде жел тұратын бағытқа қарама-қарсы бағытта тіреді; үйдің орнықтылығын, ішкі әсемдігін қамтамасыз ету үшін шаңырақты ұзын сырық – бақанмен тіреген; бір шаңырақты бір ғана бақанмен тіреді. Бақанды үйден сүт тамызып шығарған. «Бақан аттаған байымайды» дейтін қазақтар бақанның үстінен аттамайды, айналып жүреді. Ертедегі түсінік бойынша «баланың кіндігі бұралып қалмау» үшін әйел екіқабат кезінде бақан, арқан аттамау керек. Бақанды жерге көлденеңінен тастауға болмайды; бақанмен кісі ұрмайды. Жаугершілік кезеңде ғана бақан қару орнына жүрген. Бақанның (сондай-ақ уықтың қарын бауының шашағы) басқа тиюі – жаман ырым.

Мұндай жағдайда адамның періштесі қашады-мыс. Бақанды киіз үйге басымен (ашасымен) кіргізіп, аяғымен шығарады. Түнде бақанды үйден сыртқа шығармайды. Көшкенде бақанның айырын қомға (артына) қаратып қыстырады. Баланың бақанды құшақтауына, сүйенуіне, болмайды. Дәстүрлі ортада жетім қалған, сүйеніші жоқ, ата-анасыз бала ғана бақан құшақтайды деп тыйым жасаған. Босанатын әйел бағанға асылады; жайшылықта бағанға асылған, сүйенген адамға «бақанға сүйенетіндей көзің қарауытып тұр ма?»

деп, яғни «босанатын әйелдің күйіне түсесің» деген түсінікпен тыйым айтылады. Үй иесі өлгенде киіз үйге бақанын тірмейді, үйдің сүйеніші құлады ұғымды білдіреді. Отыққан төлді өріске алғаш шығарарда және отарға малды айдарда қой-ешкіні бақанның үстінен секіртеді (амандығын тілеп бір мал сойып таратады). Малдың құрсағының астынан бақан салып көтереді. Әсіресе ірі қара мал туа алмай жатса, бақанды астына өткізіп көтеріп қояды. Ғылымда мұны «шефер тәсілі» деп атайды.

Қазақы түсінік бойынша бақанның емдік киелі қасиеті де бар. Ауырған үлкен қойдың екі тірсегін байланыстырып алған соң бақанның басына іліп, жоғары көтеріп екі кісі бақанды бірнеше қайтара ақырындап жерге түймештейтін де, қойды босатып жіберетін; егіз баланың сыңары ауырса екіншісі ауырмасын деп (көз тисе, қарықса, сырқаттанса) аша бақанды сау баланың кіндігіне тигізіп, үшкіріп кіндікті айыру, ажырату ем-домын жасайды. Мұны әдетте бақсы атқарды. Бақайқұрт болған қой, сарып болған сиырдың тұяғын бақанмен түртеді. Індет және басқа да себептермен шығын тым көп болса, қораның ортасына бақан қойып, малды астынан өткізеді; малды домдағанда, індеттен айықпай қойса, бақанның (бақаннан басқадай сырық, аша, жай ағаш жарамайды) басына шүберек байлап, майлап тұтатады да малды артына ертіп ауруды адастырады; кемтар төл көп туса, қошқардың сауырына, күйегіне бақанды тигізіп «кет, пәлекет кет!» деп қуады.

Бөгдеге малын сатқан кезде бас жіп, нокта, жүгенін шешіп алады да, мал сатқан үйдің бақанын сатылған малдың жал, құйырығына тигізіп алады. Онысы «мал басы сенде кетсе де, байлық ырысы өзімде қалсын» деп ырымдағаны; Отау көтеру кезінде тұз, қайрақ, дәм, шайды дорбаға салып, бақанның кесек ашасына іліп, екінші ашасына бір жапырақ құйрықмай шаншиды да, жоғары көтеріп, шаңырақтың әр күлдіреуішіне тигізіп алады. Бақанның ашасындағы әлгі бір жапырақ майды кішкене ұл балаға тістетіп алдырады, ал дорбадағы дәнді алып сақтап қояды. Сонымен қатар атауында бақан аты сақталып қалған немесе бақанның өзін тікелей араластырып атқарылатын салт түрлері бар. Отбасы ғұрпында үйленген кезде қалыңдығын көруге келген күйеу (кейде құда-құдағилар келгенде) «бақан аттар» жасайды. Ол күйеудің бөгде ортаға кірігу нышанын белгілейтін кәде берумен аяқталады. Кейін күйеу есік аша келгенде қайын жұрт жағының адамдары күйеудің жатқан үйінің түңлігін түргені үшін «бақан салды» аталатын кәде талап етеді.

Сырдың бойындағы қазақтарда ертеде барымтаға ұшыраған ауыл ортасына басына қызыл шүберек байланған бақан қадап қою ырымы болған. Бұл осы ауыл малының қолды болғанын білдірген. Үй иесі қайтыс болғанда бақан ашасының үш жеріне қара шүберек жыртындысын байлап, шаңырақтан шығарып, шай қайнатым уақыт көтереді; ұл туса бақанға ақ шүберек яғни ақтық байлап көтереді.

Бақанның этномәдени қызметі мен бағзыда атқарған әлеуметтік статусына қарай тілімізде қалыптасқан Бақан ала қуу деген тұрақты тіркесі зәрін төккен, ашуға берілген адамның іс-әрекетін бейнелесе, «әпербақан» деген сөз ұрда-жық, сөзге тоқтамайтын мінезді адамдарға қатысты қолданылады. «Бақан тірес, ит тартыс» бақастық, тым-тырағай айтысу,

жұлқысу мағынасында айтылады. Бақандау қатты ұрып-соғу әрекетін, бақандай сын есімі білдей, дырдай, үлкен деген мағыналарды білдіреді.

БАҚАН АТТАР – қалыңдығын алып қайтуға келген күйеуге бағышталған жосын-жоралғының атауы. Бұл ғұрыпты кіші тойда, яғни күйеу есік аша келгенде жасайды. Күйеу баланың келетінін білген жеңгелер киіз үй есігінің алдына бақан тастайды, бақанды аттауға болмайтынын жақсы білетін күйеу жігіт жеңгелеріне бақан кәдесін беріп, бақанды алдыртып, сонан соң ғана «бисмиллә» деп табалдырықты аттайды.

БАҚАН МІНШІ МАЛ БАУЫЗДАУ – дәстүрлі ортаның көне дүниетанымдық ұстанымдарға және өсіп-өну магиясы мен ер азаматты пір тұтуға байланысты қалыптасқан ғұрпы. Үйде еркек кіндікті болмаған жағдайда, әйел адамның бақанға мініп тұрып мал бауыздау үрдісінің атауы. Мал бауыздау қазақ әйелі үшін әбес іс, ер азаматтың жолына, қолына таласқандық болып саналады. Осы тыйымнан аса алмайтын әйел аса бір мұқтаждық туындағанда, «бисмиллә» деп бақанды мініп тұрып, малды бауыздай беретін болған. Мұндай жолмен сойылған мал да адал деп танылып, әйел де кінәлі болып табылмайды. Егер үйде ер адам атаулыдан төрт-бес жастағы ұл ғана болса, оның қолына пышақты ұстатып, оның қолының сыртынан өзі (әйел) ұстап ырымын жасап, малды әйел адамның бауыздауына болады. Мұндай жағдайлар көбінесе жаугершілік, қуғын-сүргін, соғыс кездерінде орын алған.

БАҚАН САЛУ – киіз басқанда тізгін жіптің орнына жүнге тигізбей шидің басына екі басынан шығып тұратын бақанды салып, орап шиыршықтау. Шабакталып, жүн тартылып, су себіліп, бақан салынып шиыршықталған жүнді ыспалау үшін шиді сыртынан буып, шиден шығып тұрған бақанның екі басын жіппен байлайды. Бақан салу Ә. Ысқаққызының түсіндіруі бойынша: «Бұл, біріншіден, ішкі қатарының сыртқа сусып шығып кетпеуін, екіншіден бұл шиді атқа, түйеге, өгізге жегуді жеңілдетеді. Көлікке жегу үшін бақанның (сырықтың) екі басына екі үзеңгі кіргізіледі де, үзеңгібауға арқанның екі ұшын байлап, көліктің еріне салады. Көлік ілгері жүрген сайын ши шаңтасша айналып, домалап отырады».

Оралған шиді аяқпен теуіп, немесе көлік жегіп домалату яки ыспалау жұмысы ши сыртына қылшық шыға бастағанға дейін жалғасады. Жүннің қылшығы шыға бастасымен, домалатуды тоқтатады. Әйтпесе жүн шиге жабысып, байланып қалады да, оны шиден ажыратып алу қиын болады. Ерте тоқтатылса да, жұмыс дұрыс орындалмаған болып шығады. Домалатуды ерте тоқтатып қойса, жүн бірікпей қалады. Бірікпегенінің белгісі – жүн қылшығының әлі ши сыртына шықпауы, көзге көрінбеуі. Сондықтан шиден қылшық шыққан кезде, жүннің біріккенін біліп, талдырмаға айналған киізді шиден шығарады да білектеуге кіріседі.

БАҚАНТҮРТЕР – күйеу жағынан келген құдалардың қайтатын уақыты болып үйден шығарғанда жасалатын ғұрып. Мұны екі әйел орындайды. Олар қолдарына бақан алып, құданың бірінің мойнына бақанның ашасын сәл тақаңқырап «Бақантүртерімді бер» деген дәстүрлі сөзді айтып, тиісті кәдесін

талап етеді. Бұл ғұрыпты жақсы білетін құдалар бақан ұстап жақындаған әйелдерді көргеннен айтқызбай-ақ кәдесін ұсына бастайды.

БАҚАН ҰСТАТАР / ТҮНДІК АШАР – күйеу мен қалыңдықтың жүздесуі алдында істелер рәсімдердің барлығы атқарылып біткен соң, күйеу үйге кірген бетте қолына бақан ұстатып, түн ортасында отаудың жабулы тұрған түндігін ашқызу дәстүрі. «Жеке отау болдың, өз түндігіңді өзің ашып, отынды жақ, отбасыңды жылыт» деген мәнді білдіретін жосын.

БАҚАНА – түйенің аяғын зақымдайтын ауру. Бақана ауруының жылқыда болатыны ақбас, басқа малдардағысы сарып деп аталады. Бақана болған түйе ақсап, оның бақайы айыр жерінен ісінеді. Оны қариялар ырымдап аша бақанның ұшымен түртіп, ем жасайды. Ерте кезде көбінесе бақайының астынан, 2-3 нүктеден шабақтап қан ағызып емдейтін болған. Ауру қанның ағуымен жүре-жүре басылады. Шабақталған түйеге ауыр жүк артпай, ыстық-суыққа салмай, қалпына келгенше баптайды.

БАҚАУЫЛ – көшпелі түркі-моңғол мемлекеттеріндегі басқару жүйесінің ең саяси беделді ұйымдастырушы тұлға, әрі жоғарғы әскери лауазым. Бұл атаудың түбірі «бақ» (бағу, бақылау) сөзі, яғни «бақылаушы адам» деген сөз. Көшпелі халықтардың көне салты бойынша, хан сарайындағы қабылдауда және басқа да маңызды үлкен жиын-тойларда әр ру-тайпалардың, қоғамдағы әлеуметтік топтар өкілдерінің дәрежесі бойынша отыратын тиісті орны белгіленіп, ертеден бекітілген дәстүр бойынша оларға тойға сойылған малдың өздеріне тиесілі мүшелері тартылып, оның дұрыс орындалуы қатаң қадағаланған.

Мұндай астың маңызды ғұрыптық және әлеуметтік мәні болғандықтан, табақтың, мүшенің дұрыс таратылмауы үлкен жанжалға соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты хан иенің әмірімен ата-баба дәстүріне жүйрік әрі шебер ұйымдастырушы һәм ел-жұрт арасында беделі жүріп тұрған тұлға бақауыл сайланатын. Бақауыл кәдімгідей мансап есебінде жүрді. Көшпелі халықтарда мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуымен бірге хан сарайында бақауыл қызметі тұрақты қызметке айналды.

Жазба деректер бақауыл лауазымының XIII ғасырдан, Шыңғыс хан заманынан бастап енгізілгенін көрсетеді. Бірақ бұл мансаптың түрікше аталуы оның бұдан да ерте заманда қалыптасқандығын көрсетеді. Бақауыл лауазымы Алтын Орда мемлекетінде де, кейін оның мұрагерлері болған көшпелі түркі халықтары мемлекеттерінде де сақталды. Алтын Орда хандарының жарлықтарында жоғарғы лауазымдар арасында бақауылдар да айтылады.

Сондай-ақ «аз асқа бақауыл болғанша, көп асқа қарауыл бол» деген мақалға айналған сөз орамы аталмыш қызмет-лауазымының қазақ хандығы кезінде де болғандығын айғақтаса керек. Сонымен бірге бақауыл атты әскери лауазым да болды. Бақауыл соғыс кезінде әскердің мемлекеттен тағайындалған қаражатын бөліп, әскердің азық-түлікпен, қажетті соғыс жабдықтарымен дұрыс жабдықталуын бақылап, көшпелілер салты бойынша соғыстан кейін түскен әскери олжаны дұрыс бөліп, таратумен айналысқан.

Сонымен бірге бақауыл хан мен армияның азық-түлікпен қамтамасыз ету және осы үрдістің қауіпсіздігін қадағалау міндетін де атқарып отырды. Бұл

салада әмірлер мен түменбасы, мыңбасылар бақауылға бағынуға тиісті болды. Көшпелі халықтарда әскердің әр түменінде өз бақауылдары болды. Оған арнаулы адам тағайындалды.

БАҚБАҚ – гүлі жалғыз болып жапырақсыз сабағының ұшында өсетін жабайы өсімдік. Бақбақ сабағының сырты тақыр, іші қуыс болады. Тықыр сабағын қысқанда, ішінен аздап сүт шығады. Бақбақтың биіктігі 4-5 см-ден 30 см-ге дейін жетеді. Бақбақ егістік араларында, жол бойында, сай-салада, өзен, бастау жағаларында өседі.

Жас балалар бақбақтың сабағын жұлып алып, аузына салып шайнайды. Дәмі кермек татып тұрады. Балалар жұлып алған бақбақ сабағының басын екіге не төртке жарып, аузына салады да, «Қошқармүйіз бақ-бақ ...» деп немесе «бақ,бақ,бақ,бақ» деп бірнеше рет қайталайды. Неғұрлым «бақылдаған» сайын бақбақтың басы жарылған ұшы мүйіз тәрізді иіліп, соңында дөп-дөңгелек болып қалады. Одан кейін басқасын алып, тағы да осылай ойнап ермек етеді. Қыз балалар бақбақтың сабағын гүлімен қосып өріп, шашына байлап «сәнденеді». Информаторлардың дерегі бойынша, бақбақтың сары гүлін қояндар жақсы жейді екен.

Бақбақ – сабағы мен тамырының емдік қасиеті бар өсімдік. Халық медицинасына байланысты кейбір еңбектерде (М. Қанапияұлы, А. Әнуарұлы) бақбақты емге қолданудың төмендегідей жолдары айтылады. Ертеректе бақбақты жемісі (жеміс дәнек түрінде болады) пісуден бұрын қазып алып кептірген. Кепкен бақбақты ұнтақтап, оны суға қайнатып тұнба жасаған. Тұнбаны баспа (ангина) ауруын емдеу үшін ішкізген. Сонымен бірге көз ауырғанда, теріскен шыққанда бақбақтың бір рет қайнатқанын ішуге, екінші рет қайнатқанын көзді жууға, сүртуге қолданған. Халық емшілігінде бақбақ тұнбасын сонымен бірге асқазан, жүрек, бүйрек, бауыр және т.б. ауруларға қарсы қолданған.

БАҚИ ДҮНИЕ / **БАҚИ** – дәстүрлі қазақы дүниетаным бойынша, аруақтардың мәңгілік мекені, яғни о дүние. Осы ретте ерекше ескерер жайт – күнделікті тілдік байланыста бақи сөзі қолданыла бергенімен негізгі категориялық мәнді ұғым – бақи дүние. Бақи сөзінің тұрмыста жиі қолданыла беретіндігін тілдік үдерістегі редуцианизм заңдылығымен түсіндіруге болады. Демек бақи сөзі – бақи дүние ұғымының қолданысқа оңтайландырылып, қысқартылған нұсқасы. Бақи ұғымының синонимдері – о дүние және мәңгілік дүние. Күнделікті тіршілікте ана тілімізде жиі кездесетін «мәңгі бақи» сөз тіркесі «бұ дүние – о дүние» немесе «жалған дүние – мәңгілік дүние» деп келетін өзара антиномиялық байланыста жұптасқан ұғымдардағы жалған дүниенің немесе бұ дүниенің өтпелілігін (өткінші дүние), яғни жалғандығын дәлелдеуге қолданатын концепт рөлін атқарады (о дүниенің мәңгілігін тікелей дәлелдеуді қазақ дәстүрі қоспайды). Негізгі аргумент-уәж: бұ дүние адамдардан тұрады. Ондағы әрбір жанның ғұмыры қамшының сабындай қысқа – өте шығады.

Адамның бұ дүниедегі тіршілігі – өте шығатын күйкі тіршілік, яғни пендешілік. Сондықтан оның субъектісі – адам бұ дүниеде уақытша қонақтап қана кететін пенде ғана. Бұ дүниенің жалған, өткінші дүние болатындығы

сондықтан. Демек әрбір пенденің мәңгілік тұрағы, мекені – бақи дүние, мәңгілік дүние. Сонда бұ дүниенің жалғандығын дәлелдеу, түптеп келгенде, бақи дүниенің мәңгілігін, яғни абсолюттік ақиқат екендігін әспеттеуге саяды. Қазақтардың дүниетанымында о дүние мен бұ дүниенің қаншалықты маңызды орын алғандығы жөнінде ел аузындағы төмендегідей аңыз іспеттес әңгімені мысал ретінде келтіруге болады. «Қазақ даласын аралап жүрген орыс әкімшілігінің өкілі бірде өзінің бұрыннан танысы қазақтан: Сендердің үйлерің қарапайым, әрі жұпыны, бірақ, молаға тұрғызған күмбездер мен кесенелерің сән-салтанаты тым ерекше ғой. Бұның себебі неліктен? – деп сұрайды. Сонда қазақ қысқа ғана жауап берген екен дейді: Қазіргі біздің және сенің де тіршілігің өткінші жаңбыр сияқты. Өтеді де кетеді. Яғни бұ дүниеңіз – өткінші, алдамшы, жалған дүние. Нағыз мәңгілік өмір о дүниеде басталады. Қазіргі тіршілігіміз о дүниеге жүруге дайындық қана. Анау тұрған молалар, оның басындағы салтанатты сарайдай күмбездер о дүниеге кірер есік. Қазақтардың молаларға айырықша ден қоятындықтары сондықтан». Жоғарыда айтылғандай, антиномиялық байланыстағы бақилық дүние мен бұ дүние концептілері қазақы ортада ата-баба жолын ұстануда айрықша рөл атқарады.

БАҚСЫ – халықтың дінмұсылманшылыққа дейінгі байырғы түсінігінде аруақ қонған адам, сол аруақтың құдыретімен жын-перілер әлемімен байланысып ауру-сырқауларды емдеуші, болашақты болжап, сәуегей жасаушы тұлға. Осындай түсінікке қарағанда бақсылар синкретті өнер иелері, психикалық жаратылысы ерекше жандар болып табылады. Ел ішінде, әйгілі жырау бақсылар да болған.

Бақсылар өзіне қонған аруақтың (рухтың) құдыретімен қобыз тартып, жын-перілерін шақырып, ойын салып есі ауысқандарды, талма, қояншық ауруы, бет-аузы қисайып дертке шалдыққандарды және жылан, қарақұрт шаққандарды емдеген, сондай-ақ толғағы аса қиын әйелдерді бақсылық жасап, босандыратын да болған. Дәуірім бақсылардың жыр айтып, сәуегейлік жасайтындарын ел ішінде абыз деп атаған. Бақсы жыраулар қобызға қосып күй де шығарған (Ә. Марғұлан). Ел арасында кей аймақта әйел бақсыны елті деген. «Рухы бар жоталы әйелдерді елті деп атайды, оларды да бақсы деген» (Ш. Уәлиханов). Ер адамдардан болған бақсыларға қарағанда елтілер сирек кездеседі деседі.

Бақсылықтың қонуы. Бақсылық қасиет өздігінен келіп қонады. Ол біреуге ерте, біреуге кеш қонады. Бақсылықтың уақытша ғана қонатын немесе кездейсоқ қонатын кездері де болған. Бақсылықты ұстаған адамдар көп жағдайда бұрынғы өткен аталары түсіне еніп, «бақсылық қасиетті жалғастырасың немесе өзіңнің бір мүшең кем болады, әлде отбасың бір қиындыққа тап болады, ұрпақсыз қаласың» деп аян бергендігін және соған байланыста бақсы жолға бет бұрғандығын айтады. Яғни ата-бабаларының бірінде болған бақсылық қасиет ұрпақтарының біреуіне келіп қонады, немесе кейбір мәліметтерде айтылғандай, аталас адамдарға бақсылық бірдей қонып, олар қатар бақсылық етуі мүмкін. Мысалы, Керей ішінде Қайса, Сәбден деген немере ағайынды адамдар қатар бақсы болып, аттары шыққан екен

(Б.Абылқасымов). Бұндайда әруақ пен адам арасында байланыс болмаса, ол ауруға душар болады. Егер әруақ болып түсіне енген бақсы бабасының жындарына «ие», «басшы», «әмірші» болып науқастарды емдеумен айналыса бастаса, ауруынан айығады дейді. Сөйтіп, Б.Абылқасымов тұжырымдағандай, «бақсы дегеніміз қатардағы, жай адам емес, «қайта туған адам», яки пірлер, жындар дүниесімен араласуға лайықталып, «қайта жасалған» адам». Бақсылық қонған адам бойын таза ұстап, жағымсыз қылықтардан аулақ болады.

Бақсының жын-перілері – бақсының ойын кезінде шақыратын, жай адамдардың көзіне көрінбейтін тылсым күш иелері. Оларды жындар мен перілер деп атаған. Бақсы жын-перілерін қобызға қосылып сарын айтып шақыратын болған. Бақсы неғұрлым әлеуетті болған сайын оның жын-перілері де көп болады. Қазақ мифологиясында Шарабас, Қорабай, Көкаман, ер Домбай, Досыбай, Жирентай және т.б. көптеген жын аттары аталады (Ә.Төлеубаев); сондай-ақ, Жұмақыз, Хадиша, Балбике (В. Басилов) ұрғашы жындар да кездеседі. Шарабас жынның басы үлкен, бойы ұзын, зор денелі болып сипатталады. Оны кейбір бақсылар Қорабай деп шақырған. Ал Көкаман жиі кездесетін жын аты.

...Қобызды көтеріп,
Қойқаптан келші Шарабас.
Тоқсан қойдың терісі,
Тон шықпаған Шарабас.
Сексен қойдың терісі
Бөрік шықпаған Шарабас...
немесе:

...Ай, ер Домбай, ер Домбай,
Шақырғанда кел Домбай.
Мұңлы менен шерлінің,
Брымын шегіп бер Домбай.
...Жынның басы Досыбай,
Жын шақырдым осындай
Жын әулие келе ме
Бір-біріне қосылмай...

тағы да:

...Жын атасы Қараман,
Енді қайда барамын.
Айтқанымда келмесең,
Алдыңа сірә түспеймін –

деген сияқты өлең жолдарын айта отырып, белгілі бір жынды шақырған.

Профессор Ә.Т. Төлеубаев А.Е. Алекторовтың мәліметіне сүйене отырып бақсы жынының төмендегідей түрлері мен функциясына тоқталады: «Еркөбен – айна тәрізді адамның ішіндегі ауруын анықтап береді, әрі көріпкел. Есдәулет – жындардың басшысы, желіккен, жынданған адамның бойынан шайтанды қуып шығады. Ол Ақмарал деген жынмен бірге әрекет етіп,

зиянкестерден адам бойын арылтады. Ол екеуінің шамасы келмесе Қазманбет деген қалың қолы бар жын шақырылады екен».

Ә. Диваевтың мәліметінде қаскөй жындар түрлі кейіпте бақсыға ғана көрінген. Олар көбіне иығына отын арқалаған шайтан жас жігіт бейнесінде болып келеді. Қ.Қостанаевтың келтірген дерегінде әйелдің толғағы қысып, өлімші халде жатқан сәтін қазақтардың «албасты басып жатыр» деп түсінетіндігі жазылған. Осындай сәтте көмекке шақырылған бақсы үйге жақындасымен-ақ «әй, шық!» деп, айғайға басады, албастыны қуалап, қамшысымен киіз үйдің ішін сабалаған. Мылтық алып, киіз үйдің үстіне қарай атады. Албасты-марту «жұқпалы» болады деп ырымдағандықтан, әйел толғатып жатқан үйге, әсіресе жас келіншектерді кіргізбеген.

Мифтік танымда жәндіктердің тілін жетік білген Сүлеймен пайғамбар мен оның әкесі Дәуіт пайғамбарды, сондай-ақ әртүрлі зиянкестерді інінен шығара алатын Қамбарды қазақ бақсылары көмекке шақырған. Адамға зиянкестік жасаған улы жәндік пен ауру-сырқат тудырған жын, қаскөй күштерді бақсылар өз сарындарына сүйене отырып, бұйыру, алдау, қорқыту, мақтау сияқты «тәсілдермен» арбайды.

Бақсы ойыны. Бақсы қазақ жерінде тәңіршілдік жүріп тұрған кезеңдегідей емес, ислам канондарының тегеурінді әсеріне байланысты енді ойын саларда мұсылманшылықтың жолымен алдымен Алла Тағалаға сыйынып, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан бастап, Әбубәкір, Омар, Оспан, Әзіреті Әлиден басқа да сақаба, әулиелерден медет сұрайды. Сөйтіп,

Қобыз алдым Алла деп,

Ары-бері толғайын,

Өтірікші болмайын, –

деп бастай келіп, бұдан кейін ұлы бақсы, бақсылардың пірі деп есептелінетін Қорқыттың аруағына сыйынады. Мұнысы жынын көмекке шақырудың әрекеті болса керек. Зерттеулерде бұл дәстүр әсіресе Сыр өңірінде кең таралған дейді. Осы жайттың жай-жапсары туралы көп ғалымдар жиі жүгінетін Дала уалаяты газетінде берілген төмендегідей аңызды келтірелік: «Бәрінен де бұрын бақсылар Қорқыттың күйін үйреніп алады. Бұл Қорқыт бақсылардың заманында, бақсылардың сиынатұғын әулиесі еді. Таңғалса да болады, бақсылар Қорқыттың күйін есітіп орнында тыныш тауып отыра алмайды. Қорқыттың күйі тартылғанда бақсылардың денесін құрыстырады. Қорқыттың күйін үйренген соң бақсылар өзге атақты бақсылардың жын шақыратұғын күйлерін үйрене бастайды» (Дала уалаяты. 1894. № 36).

Сан алуан әпсана-аңыздарға қарағанда әйгілі Қойлыбай бақсы да кейінгі бақсылардың піріне айналды. Өйткені, ол Қорқыттың қобызы мен оның сарынын мирас еткен деседі.

Көрнекті фольклортанушы – ғалым Б. Абылқасымовтың айтуына қарағанда, жоғарыдағы «беташар» дайындықтан кейін «бақсылар әулиелерге һәм аруақтарға сыйынып алып, өзі пір тұтқан атақты бақсылардың, атақты хан, батыр, би, байлардың аруағын, сондай-ақ тікелей ата-баба аруағын шақырады».

Уақ атасы Ер Көкше,

Ерлігінің белгісі
Садағына келген сан кісі,
Мылтығына келген мың кісі.
Сарыбай, Сарыш, Өтеулі,
Үш жүзге сексен ат
Бәйгеге қосқан Көрпебай.
Арғы атасы Қарақожа,
Ханда Абылай,
Қарада Қазыбек,
Төрт ұлды Торайғыр,
Жағалбайлы, Түнғат,
Қаракерей Қабанбай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Қаракерей Мұрында Қандыбай,
Шакшақұлы Жәнібек,
Тобықтыда Дөненбай,
Ішіндегі Доғалбай,
Өте шықты заманында Құнанбай,
Таздың арғы атасы Шойынқара,
Қара, Сары, Қондыбай...

Бақсы ойыны – бірнеше жосын, салттар, ғұрыптар және ырым-тыйымдар жүйесінен тұратын күрделі сеанс. Бақсы ойынында қобыз, даңғыра сияқты аспаптардың сүйемелімен ғұрыптық «өлең» айтылады немесе қамшы, аса таяқтың көмегімен ойын салады. Жынын шақыру үшін орындалатын ғұрыптық өлеңнің «сарын» деп аталатынын алғаш рет Ш.Уәлиханов атап көрсете келіп, кез келген бақсының Қорқыт сарынына сүйенетіндігін айтады. Қорқыттың әкесі Қара бақсы VI-VII ғасырларда өмір сүріп, өз заманының дәуіріміз бақсысы атанған дейді. Б. Абылқасымовтың тұжырымдауынша «бақсы сарыны ең алдымен белгілі бір ғұрыптық функцияларға негізделеді. Оның сөз өнеріне қатыстылығы ертегіден немесе батырлық жырдан мүлде бөлек».

Бақсы ойынында жүйелілік, бірізділік және композициялық тұтастық айқын байқалады. Түрлі рәсімдер бірінен соң бірі ретпен атқарылады.

Бақсылық емінің кең тараған түрлері – ауру тудырған қаскөй жандарды қайырымды жандардың көмегімен қуу, солармен байлау, сондай-ақ адастыру, көшіру, дарымдау, шошыту (өткір жүзді суық қарулармен және қыздырылған темір құралдармен) және ұшықтау (кетпен ұшық) және т.б. тәсілдер. Ауру тудырушы бейнелердің сұлбасын қуыршақ түрінде жасап, оны малдың бас сүйегіне көшіру кең таралған.

Бақсы ойыны, әдетте іңір қараңғысында түнге қарай басталады, «өйткені жандар әркез адамзат өміріне қарама-қайшы бағытта жүреді, яғни кешке қарай қимыл-қозғалысқа түсіп, адамдарға деген қастандық әрекетін іске асырады деп түсінген» (Б. Абылқасымов). Бақсы ойынына жұрт жиналып болған соң үйдің есігі жабылып, тұтқасы жіппен байланады. Бұл бақсыны жандары қысқан кезде қаскөй зиянкестер сырқаттың жанын есіктен ала

кашуы мүмкін деген нанымға қатысты орныққан. Бақсы ойынына қатысуға келгендер үй ішін айнала отыратын, ішке сыймағандары жабықтан сығалап қарайтын болған. Ортадағы ошаққа от жағады. Онан түскен көмескі сәуледен басқадай жарық болмайды, отқа кетпен, балта, күрек сияқты темір заттарды көміп, қыздыратын болған. Ал емделуші адамның үстіне мата жауып, аяғын отқа қарата ортаға жатқызып немесе отырғызып қояды. Бақсы оған қарама-қарсы кілем немесе сырмақ үстіне отырады.

Бақсының жындарын шақыруы. Бақсының сарын айтып, науқасты емдеу «ойыны» кезінде көмекке келетін жындардың сырт пішіні әртүрлі кейіпте болады. Олар көбінесе – «шегіркөзді» қыран құс, азулы аң (бөрі, қабылан, жолбарыс т.б.), құтпан аталық (құла айғыр, қара бура), алашұбар (қызылшұбар) айдаһар сияқты зооморфтық бейнеде айтылып, ересек күшті білдіретін символдық мәнге ие болады. Аталған жындарды бақсы белгілі «тәртіппен» шақырады. Алдымен болжаушы, кеңесші жындар шақырылып, олар ауру себебін анықтауға көмектеседі:

Ал, шақырдым, жын-дағы,
Жынды қылған Құдайым,
Кел бермен, жын мұндары,
Сенімен кеңес құрайын,
Атаңның аузын ұрайын.
Шақырайын көк Қабан,
Басқан жері он табан,
Ал, шақырдым, Шойтабан.
Қара қасқа ат мінген,
Жал-құйрығын шарт түйген.
Ал, шақырдым, Темірқан,
Болжа деймін сендерге.
Ақ сөйлесең керек-ті,
Қара басты, қабақтым,
Лақа шортан тамақтым,
Ал, шақырдым, Қараман,
Бұл ауруға не қылған?
Ішіндегі бүйрек деп,
Кеудедегі жүрек деп,
Өкпе менен бауырдан,
Қай жерінен ауырған?
Қарашы ондап Тәңір ұрған,
Он екі түрлі Балқия,
Шақырайын, Наркүміс,
Алма мойын, ақ шұбар,
Әлгі менің Әтпенім,
Тінтуші, қара Жіпбике,
Болжа бір деймін сендерге!
немесе:
Жын үлкені, Ер Шойлан,

Кідірмей бермен кел, Шойлан,
Өтірік айтпа, жын, ойлан.

Ешмұхамед бақсының сарынында Көгаман, Жоламан, Темір Шойын, Сораман, Қараман, Тамасалар сияқты жындар бастаған қалың қол қаскөй жындарды үрейлендіріп қуады. Өйткені ол жындар:

Арқасында алты көз,
Желкесінде жеті көз.
Маңдайында жалғыз көз,
Жын келеді алақтап,
Қызыл тілі салақтап, –

деген қорқынышты бейнеде сипатталады. Мұндай көмекші жындарын бақсы ауру, кесір-кесепат тудырып, адамға зиян жасаған қаскөй жындарды және шайтандарды қууға «жұмсайды». Жындарын жеке-жеке атап шақырған кезде бақсы даңғыра, қағып, асатаяқпен жер түйгіштеп, қамшысымен осқылап, азан-қазан етеді. Бақсы жыны келе бастағаннан-ақ өз денесін өзі тістелей бастайды, көзі шарасынан шығып кетеді. Бақсының Жарғыш, Тілгіш деген жындары келген кезде киіз үйдің туырлығы тілініп, тұрған заттар жарылып кеткен дейді. Жындары қасына «келіп», олармен байланыс жасаған сәтінде бақсының бет-аузының қисайып, аузынан ақ көбік ағып, «талып» экстаздық күйге енеді, трансқа түседі. Кейбір бақсылар аузынан ақ көбік атқылап, жылқыша кісінеп, бура болып шабынып, әртүрлі жануарлардың дауысын салған. Екі қылыштың жүздерін жоғары қаратып қойып, жүзінде тұрған, жұмсарған аяғын науқас денесіне қайта басқан. Бақсы ойынына қуә болған Л. Бергтің айтуынша бақсы өзін арқанмен байлап, екі жақтан екі кісінің тартып қысуын өтінген. Арқан қатты буған бақсы тұншығып, көздері аларып қанға толған. Үй ішіне қалың тегіс тақтайды кіргіздіртіп, басы жарылатындай етіп ұрғызған.

Бақсы ойнау – бақсының шақырған жыны бойына еніп, ем, көріпкелдік жасайтын бабына келуі. Бақсы әбден жынына мінгенде әртүрлі хайуандардың дыбысын шығарады. Бұл бақсының хайуандар кейпіндегі жындарының дауысы деп есептеген. Бақсы ойынының шарықтау шегі (кульминациясы) күйіп тұрған темірді тілімен жалап, қылыштың қырында немесе жалаңаяқ отта жүріп небір ғажап кереметтер жасаған. И.Кастаньенің материалдарында бақсының қыздырған темірді тілімен жалау және қаскөй жындарды қорқытып қуу жолымен; П. Комаровтың жазбасында әйелдің ішін жарып, бедеулікке себеп болып тұрған тас пен сары су жиналған қалтаны алып тастау арқылы емдейтіні туралы; ал Ш.Уәлихановтың және И.Ибрагимов жазбасында бақсы толғақ қысқан әйелге келген қаскөй албастыны қамшымен қуатыны туралы айтылады. Ә.Диваевтың мәліметіне қарағанда бақсылар улы жәндіктер шаққан адам немесе малды жындарын шақырып, арбау жолымен қарақұрт, сарышаян, бүйі, жылан сияқты улы жәндіктердің уытын қайтарған. Сондай-ақ бақсы күйдіргі мен мерез жарасын қойдың қырық құмалағын алып, дұға оқып ауруға лақтыру жолымен аурудың бетін қайтарған дейді. Сарынын аяқтаған бақсы пышақты алып, ауруды шалқасынан жатқызып, ішін пышақпен жарып, қолын сұғып, ақ май алып шығады. Жарған жерін жібекпен тігеді.

Ә. Диваевтың мәліметіне қарағанда, бақсы қобызының ысқысын өзінің қабырғасының арасына кіргізіп шығарған дейді. Өзін-өзі және науқасты, болмаса қатысып отырған басқа адамдарды қамшымен, шоқпармен ұрғылайды. «Шалдыққан», «көтеріліп ауырған», «пері қаққан» деп аталатын науқасты емдеген бақсы ойынын аяқтаған соң аяқ-қолы байлаулы жатқан әлгі адамды босатады. Жынын қаққан ауру кісі басылып жуасып қалады.

Жын қайтару – бақсы ойынының «қорытынды» бөлімі деуге болады. Бақсының «саф болды!» немесе «Бәрекелді» деуі көмекші жындардың жеңіп, зиянкес жындардың қашқандығын білдіреді. Содан соң бақсы қобызын тартып былай дейтін:

Айналайын, дәулерім,
Айналайын, беклерім.
Бәрекелде, дәулерім.
Айдашы, Қара, айдап қайт.
Қол-аяғын байлап қайт.
Шашау шығып қалмасын,
Бәрін алып, жинап қайт,
Үлкен-кіші аға бар,
Бесікте жатқан бала бар,
Жан-жағыңа бармай, қайт.
Түндігі ашық бейбақ бар,
Назар көзін салмай, қайт,
Әскеріңді аралап,
Жаралы бір қалмасын,
Тастамай бәрін алып қайт! –

деп көмекші жындарға разылығын айтып, кері қайтарады. Жыны кеткен соң естен танып қалатын бақсылар бір күнге дейін қимылсыз жатып барып тұратын болған.

Бақсы зікірі – емдік сеанстарда исламдық дұғаларды қайталап ұзақ айту арқылы экстаз күйге жету түрі. Қазақстанның оңтүстігі мен батыс аймағындағы бақсылардың ойыны кейде сопылық зікір сипатында өткен. Бақсыға емделуге келген сырқат естен танғанша «Аллаһу» деген сөзді айтып, талып түсетін жағдайлар көп кездесетін болған. Сонымен қатар аурудың барлық түріне жын шақырып ойнай бермейді. Бақсы жеңіл-желпі ауруларды үшкіру, ұшықтау, қақтыру, көшіру, отпен аластау, иесін шақыру арқылы да емдейтін болған.

Бақсы киімі – аң-құстың бітеу сойылған терілерінен арнайы жасалған ғұрыптық киімнің бір түрі – Ә. Марғұланның келтірген деректерінде айтылғандай, аққу терісінен жасалған баскиім. Бақсылардың Аққу терісін киюі, қобыздарының аққуға ұқсас етіп жасалуы аққуды қасиет тұтатын символдық мәнге ие. Бақсылар сарыала киім киіп, сары ат мініп, сарыала қамшы ұстайды. Олар көбінесе шолақжең қысқа шапан, оның сыртынан жай ұзын шапан киіп жүрген.

Фольклортанушы ғалым Б. Абылқасымовтың зерттеуінде былай дейді: «кейінгі замандардағы қазақ бақсыларының сыртқы бейнесі былайғы жұрттан

көп ерекшеленбейтін. Г.М. Броневскийдің жазуына қарағанда, олар ақ жолақты, қысқа көйлек киген. А. Левшин көрген бақсылардың қалыптағыдай ұзын көйлек кесе, енді бірі әбден тозығы жеткен алба-жұлба киіммен жүрген. Онда тағылатын сан алуан сүйектен, тастан, әртүрлі металдан жасалған «әшекейлерді» асай-мүсей деп атаған. И. Кастаньенің көрсетуінше, қолына үкі қауырсынымен әшекейленген аса ұстайды. Кейбір қазақ бақсысы алғаш жын қонып, «ойнап» үйренген кезінде уақытша әйелдің киімін киген деген дерек бар».

Бақсы атрибуттары. Бақсылар көбінесе қобыз тартып ойнайтын болған. Бақсы қобызына жын-шайтандарды қуу үшін айна орнатылған. Қазақтың көне аңыздарындағы бақсылардың қобызын бәйгеге қосуы – оның бақсылардың «көлігі» деген ескі сенімдердің жаңғырығы болып табылады. Ал аса, асатаяқ, даңғыра сияқты аспаптарды қаскөй жындарды үркіту, қуалау мақсатында қолданылған. Пышақ, қанжар, айбалта, сарыала қамшы тәрізді өткір жүзді құралдар бақсылықтағы кең таралған атрибутына саналған. Сонымен қатар қажетті жағдайда шалғы, кетпен, шот, төс, көрік, балға, балта, күрек сияқты шаруашылық құралдары да қолданылған.

* * *

Сонымен, фольклор деректері мен кейбір мәліметтерге сүйене отырып, Б. Абылқасымов «...бақсы ойыны сырқатқа ғана емес, оған қатысып отырған көрермендерге де әсер етеді. Бақсы өзін де, өзгені де трансқа түсіре алатын қабілет иесі. Ол сырқаттың жан-дүниесін көз байлау (гипноз) арқылы да басқарады. Яғни ерекше психологиялық ем қолданады. Сендіру – бақсы ойынының басты мақсаты. Бақсының емі жүйке жүйесінің және жан дүниесінің ауруына ұшырағандарға көбірек дауа болатыны да сондықтан. Бақсылық ем сеанстары кезінде бақсы өзімен-өзі ойнайды, жын болып ойнайды, сиқыр көрсетіп ойнайды т.б.

Ойын өткізудің де, кісі емдеудің де жалпы бақсыларға ортақ, нақты ғұрыптарға негізделген тәртібі бар. Бақсы ойыны кезінде атқарылатын рәсімдер мен жоралғылар белгілі бір ғұрыптар төңірегіне шоғырланған. Дегенмен әрбір бақсының өзіне тән ойын өрнектері, емдеу тәсілдері болған», деп тұжырымдайды.

Лұғаттық мақалаға қосымша

Бақсы жыраулар. Бақсы Абыздар.

Баба-Саудани / Жауари (Ә. Марғұлан)

Жиренше / Сары Абыз (Г. Потанин; Ә. Марғұлан)

Қара бақсы (Ә. Марғұлан)

Қорқыт (Ш. Уәлиханов; Ә. Марғұлан; Ә. Қоңыратбаев)

Сақи Жапар (Ә. Науаи; Ә. Марғұлан)

Соқыр абыз (Ә. Марғұлан)

Бақсы күйшілер

Беренде бақсы (Рашидаддин, Ә. Марғұлан)
Бексейіт бақсы (XIX ғасыр) (Ә. Марғұлан)
Берікбай бақсы (Ә. Марғұлан)
Дәулет бақсы (XIX ғасыр) (Ә. Марғұлан)
Жарық бақсы (Ә. Марғұлан)
Кет-Бұға. XIII ғасыр (Ә. Марғұлан)
Көкем бақсы (Ә. Марғұлан)
Қарамырза бақсы (XIX ғасыр) (Ә. Марғұлан)
Мешітбай қобызшы (XIX ғасыр) (Ә. Марғұлан)
Нұрғали бақсы (Ә. Марғұлан)
Табынбай қобызшы (XIX ғасыр) (Ә. Марғұлан)

Ел арасында танымал болған бақсылар
Айберген («Бабалар сөзі»)
Арғын Досмырза бақсы (С.Сейфуллин)
Аяпберген бақсы («Бабалар сөзі»)
Балбике (В. Басилов)
Балақай бақсы (Ә. Марғұлан)
Бала бақсы («Бабалар сөзі»)
Бекбай бақсы («Бабалар сөзі»)
Бексейіт Мәнкішев (Ә. Диваев)
Беркімбай Бекниязұлы (Ә. Төлеубаев)
Берікбай бақсы (С. Сейфуллин, Б. Абылқасымов)
Бөшекей (Ә. Төлеубаев)
Дүйсенбі бақсы (М.Мироппиев)
Ешмұхамед бақсы (Б. Абылқасымов)
Жаман-сарт бақсы (Ә. Марғұлан)
Жұмақыз (В. Басилов)
Қара бақсы («Бабалар сөзі»)
Қарақыз (Ә. Төлеубаев)
Қарамырза бақсы (Ә. Марғұлан)
Қойлыбай / Бағаналы Қойлыбай бақсы (Ш. Уәлиханов)
Меңсебай бақсы («Бабалар сөзі»)
Нәзипа (Ә. Төлеубаев)
Ноғайбай бақсы («Бабалар сөзі»)
Оңлыбала (Н.Уәли)
Садуақас бақсы (Ә. Төлеубаев)
Сейітқазы Күнтуұлы (Ә. Төлеубаев)
Сүйменбай (В. Радлов; Б. Абылқасымов)
Сіләмбек Беркімбайұлы (Б. Абылқасымов; Ә. Төлеубаев)
Танабай бақсы (Д. Щетенин)
Тілеуімбек бақсы («Бабалар сөзі»)
Тіней бақсы («Бабалар сөзі»)
Ұқсынбай бақсы (Б. Абылқасымов)
Үйсін Балықбек бақсы («Бабалар сөзі»)

Хадиша (В. Башилов)
Шақар бақсы («Бабалар сөзі»)
Шалқар бақсы («Бабалар сөзі»)
Шүмен бақсы (Ә. Марғұлан)

Атақты бақсылардың жын-перілері
Ақмарал (Алекторов)
Ақтөбет (А. Тоқтабай)
Апат (Б. Абылқасымов)
Дауылбай (А. Тоқтабай)
Досыбай (А. Тоқтабай)
Ер Шойлан (Ш. Уәлиханов; Ә. Марғұлан)
Еркөбен (Алекторов)
Ерсары (Б. Абылқасымов)
Ертіс/Ертөс (Ә. Марғұлан)
Есдәулет (Алекторов)
Жирентай пері (А. Байтурсинов)
Жоламан (Б. Абылқасымов)
Жын атасы Барлыбай (С. Сейфуллин)
Жын атасы Ерқоян (С. Сейфуллин)
Кемпір жын (Б. Абылқасымов)
Кержылан (Б. Абылқасымов)
Көзмамбет (Б. Абылқасымов)
Көкаман (Ш. Уәлиханов; Ә. Марғұлан)
Қазманбет (Алекторов)
Қарала (Б. Абылқасымов)
Қараман (Б. Абылқасымов)
Қарашұбар Қабылан (А. Тоқтабай)
Қорабай (Б. Абылқасымов)
Құпарлан (Б. Абылқасымов)
Қырғы (Б. Абылқасымов)
Манат (Б. Абылқасымов)
Надыр-Шолақ (Ш. Уәлиханов; Ә. Марғұлан)
Нартай (Б. Абылқасымов)
Обыр (И. Кастанье; Б. Абылқасымов)
Сақтөбет (А. Тоқтабай)
Сары орыс (Б. Абылқасымов)
Сарықыз пері (С. Сейфуллин)
Сораман (Б. Абылқасымов)
Тамасалар (Б. Абылқасымов)
Телқоңыр (Б. Абылқасымов)
Темір (Б. Абылқасымов)
Теңгетай пері (А. Байтурсинов)
Шарабас (А. Байтурсинов)
Шойын (Б. Абылқасымов)

Шойынқұлақ (С. Сейфуллин)

БАҚСЫЛЫҚ – халықтың наным-сенімі бойынша құдіретті рухтың күшімен ауру-сырқауларды емдеушілік, тәуіпшілдік, жауырынмен, құмалақпен бал ашып, жұлдызға қарап, сәуегейлік жасаушылық. Ал шын мәнінде бақсылық (шамандық) – адам мен табиғат; адам мен аруақтар; адамдар мен көк тәңірі арасындағы әралуан қатынастарды реттеушілік және сол қатынастардың қағидаларын, жосын-жоралғыларын (ережелерін) түзушілік болып табылады. Бұдан бақсылықтың балаңдық дәуірден бастау алатын синкретті сипаттағы ерекше наным-сенім екені айқын байқалады. Бақсылықтың қайсыбір осындай ерекшеліктері халықтың аңыз әңгімелері, ертегілері, байырғы өлең-жырларында сақталған деуге болады. Ш.Уәлиханов бақсылықты табиғат әсерімен тығыз байланысты қарайды. Ғалымның концептуалды идеясы бойынша адамның табиғат әлеміне ондағы өзен-суға, тау мен тасқа, өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесіне, аспан әлеміндегі Күн мен Айға, жұлдыздарға таң-тамаша қалуы, солардан сыр іздеп, таңдануы бақсылықтың (шаманизмнің) негізгі бастау көзі болып саналады. Жаңағыдай табиғат объектілеріне таңдана отырып, бақсылар олардың иелері (қорғаушы құдайлары) болатынын ойлап шығаруға мәжбүр болды. Мысалы, Тау иесі, Шөл иесі, Төрт түліктің иелері, Қоңыр андардың иелері т.б. бақсылық қағидалары адамдарды сол иелермен қайшылықта болмай дұрыс қатынаста болуға үйретті.

Сондай-ақ найғазай ойнаған ауыр бұлт, нөсерлі жаңбыр мен бұршақ, ересен дауыл, жер сілкінуі, су тасуы, індет жайлауы, құрғақшылық т.б. тосын құбылыстардың себептерін іздеп, құдірет иесі Көк тәңірін табиғат аясынан іздеп табуға мәжбүр болды. Табиғатпен байланысты орасан апаттардың арғы себебін адамдардың табиғат пен тіл табыса алмағаны, сол себептен Көк тәңірінің қаһарына ұшырау деп таныды. Сөйтіп, бақсылық танымда адамдардың кінәсын материалдық шығынмен өтеу, яғни құрбандық шалу, жосын-жоралғысы пайда болады.

Бақсылық наным-сенімге негізделген түсінікте адамдар мен аруақтар арасындағы қарым-қатынас ерекше орын алады. Өлгендерді түрлі жосан-жоралғылармен шығарып салу, аруақты құрметтеу болып саналады. Өлгендерге тиісті құрмет көрсетілмесе, бұ дүниедегі адамды бақытсыздыққа, қайғы-қасіретке ұшыратады деген байырғы дүниетанымдық түсінік осы күнге дейін сақталған. Халықтық қағидатқа айналған мақал сөзінде «өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді.

Өлген адамдардың моласына түнеу, мінажат ету, ұлы адамдар мен мықты тұлғалардың әруағына бас иіп, жатқан жерлеріне барып, бала тілеуі тәрізділер халықтың эпикалық туындыларында жиі кездеседі (Ә. Марғұлан). Дінмұсылманшылықтың қазақ елінде ірге тебуі бақсылық наным-сенімді діни санадан ығыстыра бастады. Дегенмен, өздерінің миссиясы аяқталар кезеңде бақсылар бақсылық жасау жоралғысында Алла тағаладан, пайғамбарлардан, сахабалардан, әулиелерден, Түркістандағы түмен баптардан, Саурандағы сансыз баптардан медет тілеуі, бақсылықтың исламға бейімделу әрекеті болып саналады. Мұндай әрекеттер әртүрлі деректерде ұшырасып отырады. Ислам

діні енгеннен кейін де бақсылыққа оның ықпалы болмай қалған жоқ. Адамның науқастан арылуы, сәуегейліктің шынға айналуы бірінші Алланың, одан соң әулие-әнбиелердің, аруақтардың қолдауымен жүзеге асады деген түсінікке қарай біртіндеп ойыса түсті.

БАҚТАШЫЛЫҚ – малшылық кәсіптің жалпы атауы, малды бағу, қарау деген сөзден шыққан. Бақташылар кәсібіне қарай жылқышы, қойшы (шопан), түйеші болып бөлінеді. Кейін бақташылық сөзі тек сиыр табынын бағуды кәсіп етушілікке байланысты ғана айтылды. Сиыр табынын негізінен отырықшылар өсірген, сиыр тұяғы алыс жолға жарамайтын, жүрісі жай мал болғандықтан, осыған орай тым көп күтімді қажет еткендіктен көшпелілер қолға көп ұстамаған. Бақташылыққа күнкөріс қамы үшін кедей отбасынан шыққан ер адамдар жалданған. Сиыр табыны егістік алқапқа түспес үшін ауыл тұрғындары қолда бар сиырларын кезекпен өріске айдап, бақташыға бақтырған. Оңтүстік қазақтары сиыр бақташысын падашы деп те айтады.

БАҚҰЛ БОЛ – марқұмды жерлеген соң зират басында қалған етене жақын адамдардың, ұрпақтарының (еркек кіндіктілер) марқұммен қоштасуы ретінде айтатын тілек сөзі. Осы сөз тіркесіндегі бақұл сөзі мәңгілік о дүниенің атауы бақи ұғымынан бастау алады. Сонда бақұл бол деген соңғы тілек мәңгілік бол, о дүниелік бол дегенді білдіреді. Бақи ұғымының бақұл ұғымына ұласуын тілдік жүйедегі контоминациялық түрленіс үрдісімен түсіндіруге болады.

БАҚҰЛДАСУ – адамның дүниеден озар алдында жақын туысқандарымен қоштасу рәсімі. Төсек тартқан адамның соңғы сәттері жақындаған кезін байқаған туысқандары оның қал-жағдайын сұрап, көңілін аулайды. Ал бақилық боларын сезген адам бауыр-туған, дос-жаран, бала-шағасын шақыртып, тірлікте араз болған, ренжіткен жайлары болса кешірім сұрап, жақындары мен балаларына өсиет қалдырып, біреуден алар алашағын, біреуге берер берешегін, тірлікте құпия ретінде сақтап келген, ерекше арнайы тапсыратын жайттарын айтады. Адамның ақырғы демі үзілгенге дейін оның көңіліне келеді деп кейінге шегеріліп, жасырылып келген біраз жайттардың басы ашылады. Бақұлдасушы адамнан қайда, қалай жерлеу, жаназаға, жуындыруға кімдер қатысуы керектігі, ғұрыптарды қалай өткізу, зиратты қалай көтеру туралы сұрайды. Халық ауыз әдебиеті нұсқаларында ақынжанды жандардың өлеңмен бақұлдасқан үлгілері де кездеседі. Одан ары оның артын қалай атқаруды, жерлеу, арулауға сайлайтын адамдарын, біреуге берешегі мен біреуден алашағын айтып, аманаттап тапсырады.

О дүниенің алдында баз кешкен ауқатты, қолы ұзын адамдар араздасқан адамы алыста болса да, арнайы ат-көлік жіберіп алдырып, кешірім сұрайды. Жақын ағайын мен көрші-қолаңнан осы жалған тіршілікте артық-ауыс кеткен қылықтары үшін кешірім жасауын өтінеді. Кешірген адам үш мәрте кештім деп бақұлдасушы жанның көзінше дауыстап айтады. Бақылдасу ғұрпының қазақы ортадағы айрықша әлеуметтік мәні бар. Бақылдасу бұ дүниеде қалған адамдарға ежелден қалыптасқан этикалық нормалар мен ұстанымдарды сақтап отырудың қажеттілігін ескертеді. Қазақы бақұлдасудың классикалық үлгісі ретінде әйгілі Әсет пен

Кемпірбайдың «айтысын» айтуға болады. Бақи дүниеге аттанайын деп жатқан Кемпірбай ақын өзінің үзеңгілес, әрі сырлас жан досы Әсет ақынмен және Әсет арқылы ел-жұртпен, ағайын-туыспен былайша бақұлдасады. Әсет:

Ассалаумағалейкүм, нар Кемпірбай,
Насихат аузында сөз бар Кемпірбай,
Сырқат деп Сарыарқадан естіп келдім,
Жақсы ма, қандай боп тұр хал, Кемпірбай?

Аспанда айнала ұшқан сұңқар едің,
Кез болдың жайған торға бүгін мұндай.

Науқасың меңдеу тартты дегеннен соң,
Жыладым бәйіт айтып үш күн ұдай.

Дауысымды танимысың, атым – Әсет,
Мен келдім әдейі іздеп көңілің сұрай.

Апырай жауап қатпай кеткенің бе
Алашқа атың шыққан қыраным-ай!
Сәлем ал, басың көтер, кешуіңді айт,
Адамның бірі емессің әншейін жай...

Кемпірбай:

Көңілді Әсет келді-ау көтергелі,
Болмайды кеуде шіркін жөтелгелі,
Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,
Басымды жастықпенен көтер бері.

Өлсем де «Көккөптерге» бір басайын,
Қу тақтай қос ішекті әпер бері,
Аузыма өлерімде сөз салмасаң,
Қонғанын өлең шіркін бекер ме еді?!

... Ей Әсет осы аурудан өлем білем,
Алланың аманатын берем білем,
Кеудемнен көк ала үйрек «қош!» деп ұшты,
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.

Кеудемде біраз тұрды қимай тоқтап,
Кете алмай бөтен жаққа айналсоқтап,
«Серігім, қош-аман бол, Кемпірбай» деп
Жылады бұрыңғы өткен күнді жоқтап.

... Сәлем де Арқадағы хан, қараға
Қара Ертіс, Қарқаралы жандараға,
Атығай, қарауыл мен өрдегі үйсін,
Қараөткел таныс едім екі араға.

Семейде топырағым қалды менің,
Дұға қыл Кемпірбайдай бейшараға, –

деп Кемпірбай ақын көз жұмыпты деседі. Бұл жерде ақынның өлең деп отырғаны оның шығар жаны, ал ұшқалы отырған көкала үйрек өлең-жанның символы іспеттес.

БАҚША – әртүрлі ағаштар мен гүлдер, дәнді дақылдар егілген арнаулы жер, алаң. Бақшада күнделікті пайдаланылатын көкөністер өсіріледі.

Бұларды бақша дақылдары дейді. Бақша дақылдары өсірілетін жер бақшалық деп те аталады. Негізінен сулы жерлерде, өзен бойларында өрістейтін бақша өсіру кәсібімен отырықшы қазақтар ертеден айналысқан. XIX ғасырда қазақ даласы туралы жазған Л.Мейердің еңбегінде 1847 жылы Сыр қазақтарының бау-бақша өсіргендігі, әсіресе терек, тұт ағаштарынан басқа өрік, алқоры, жүзім тәрізді ағаштардың жақсы өсірілгендігі туралы айтылады.

Бақшалық өсірілетін жерде ауыспалы егіс тәсілі қолданылады. Бірінші жылы бақшалық өсімдіктері өсірілген жерге екінші және үшінші жылдары бидай мен арпа, төртінші жылы қайтадан бақша өсімдіктері өсіріледі. Көкөністердің алуан түрі өсірілетін бақшалықта әрбір бақша өсімдігінің тұқымдары да сараланып егіледі.

Жетісу мен Сырдария өңірінің тұрғындары бау-бақша өсіруді ертеден-ақ меңгерген. Бақша дақылдарын өсіру ісі жақсы дамыған Сыр өңірінде қауынның күләбі, қант қауын, әміре, әңгелек, қара қауын, торлама, сары қауын, анар, тұрмалы, ақұрық, көкше сияқты түрлері өсірілген. Қарбыздың үлкендеу қара күңгірт түрі мен қабығы қалың, көлемі аса үлкен болмайтын теңбіл қабықты түрі өсірілген. Бақша өнімдерін әрбір көкөністі тұтыну ерекшелігіне қарай көктей, шикідей, қайнатылған немесе тұздалған, кептірілген түрде пайдалана береді. Мысалы, қауыннан қауынқак, қауынбал, қауынқұрт деп аталатын өңделген тағам түрлері дайындалады. Бізге жеткен мәліметтерде отырықшы, дәстүрлі ортада жатақ аталатын қазақтардың жаз мезгілінде тұтынатын негізгі тағамы бақша дақылдары болғандығы айтылады. Жазда тағамға молынан пайдаланылатын бақша дақылдарын қазақтар «көкше байлық» деп атаған. «Көкше байлық үш айлық, үш айдан содан шошайдық» деген сөз бақша өнімдерінің мезгілдік тағам екендігін тұспалдайды. Кейінгі дәуірлерде бау-бақша өсіру ісі кәсіпке айналып, кең ауқымда дами бастады. Отырықшы болған қазақ шаруалары өздері өндірген бау-бақшалық өнімдерін жайылым қуып, мал бағатын ағайындарының малына айырбастап, нәпақаларын айырып отырған.

БАҚЫР¹ – ұсақ сауда жасауға пайдаланылатын мыстан, күмістен соғылған тиынның жалпы атауы. Тиынның мыстан жасалған түрін қарабақыр деп атайды.

Бақырдың сауда-саттықтың негізгі объектісі сан алуан тауарлардың эквиваленті ретіндегі рөлі қазақ жеріне Ресейдің ықпалымен тауарлық-ақша қатынастарының орныға бастаған кезінде күшейді. Қазақ ауылдарында орыс бақырлары ғана қолданыста болды.

БАҚЫР² – ертеде мыстан жасалған, асып қоюға арналған бауы бар, ас пісіруге қолданылған шағын қазан. Бақыр түзде жүрген адамдар үшін қолайлы болған. Оны шағын ыдыс болғандықтан жаугершілік заманда сарбаздар, күндерін үнемі желдің өтінде, ашық аспан астында өткізетін жылқышылар, аңшылар, кейде барымташылар жол-жөнекей ас дайындап ішу үшін өздерімен бірге алып жүрген. Әсіресе жылқышылардың қосы бақырсыз болмаған. «Бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағымыз» тәрізді көне мақал осындай жайтқа байланысты қалыптасса керек.

Аталмыш заттың атауы жасалған материалына байланысты қалыптасқан. Соның белгісіндей болып тілімізде бақыр қазан, бақыр қазандай тәрізді бейнелі сөз орамдары сақталып қалған. Бақыр атауы көне түркі тілінде «мыс (медь) деген мағынада қолданылған. Көне түркі заманынан бүгінгі күнге «Бар-бақыр, жоқ-алтын» деген мақал келіп жетті. Сонымен бірге бақыр көне түркі тілінде «мыстан жасалған ақша», «ақша бірлігі, «салмақ өлшемі (4 грамнан да аз)» тәрізді мағыналарда жұмсалған. Айналысатын іс, кәсіпке байланысты бақыршы, бақыршылық атаулары Бақыр сөзінің о бастағы мағынасына орай пайда болған.

Бірте-бірте бақыр атауының «материал» ұғымы көнеріп, ұмытылып, оның зат, бұйым ретінде кең түрде қолданылуы қазақ жерінің түрлі аймақтарында сақталған. Мәселен, Қостанай, Қызылорда, Жамбыл, Шығыс Қазақстан (Семей) аймақтарында бақыр – «шелек», Маңғыстау, Атырау, Семей өңірі мен Түркіменстан, Монғолия қазақтары арасында бақыр – «үлкен ожау», «бақыраш», Көкшетауда – «үлкен қазан», Алматы облысында «ұсақ тиын» дегенді білдіреді.

Этнографиялық, диалектологиялық экспедиция материалдарына сүйенсек, бақыр сөзі материал атауы ретінде Алматы облысында ғана «қаңылтыр» мағынасында сақталған. Бұлардан өзге аты жасалған материалына қатысты пайда болған зат, бұйымдар қатарына қылдыбақыр (шелек), қарабақыр (ожау), бақыраш (ожау) тәрізді ыдыстарды жатқызуға болады.

Ертеде ожау түріндегі бақырды отқа май құю ырымын жасағанда қолданған. Ол жөнінде қазақ ертегілерінде: «Мен бақыр алып, күйеу ырымын жасап, отқа май құйдым» тәрізді этномәдени дерек кездеседі.

БАҚЫР ШАЙҚАУ – құрамында алтыны бар кенді бақырға салып шайқау. Алтын кенін бақырға салған соң, оған су құйып, ұн елеген сияқты елеп, шайқап, жайлап суын төгіп отырады.

Кенді осылай сумен бірнеше рет шайып алғанда, төгілген сумен бірге ұсақ құм т.б. сыртқа шығады да, одан ірірегі, әрі ауыр алтынды түйіршіктер (шлихтар) ыдыс түбіне шөгіп қалады. Бұл тәсілді қазақ арасынан шыққан алтын іздеушілер ертеректе алтын кендері мол жерлерді анықтау үшін де қолданған.

БАҚЫРАШ – ожау, шөміш тәрізді сабы бар құрал. Кейбір аймақтарда шағын, жеңіл қазанды да бақыраш деп атаған. Бақырашты күнделікті үй тұрмысында сұйық ас-тағамдарды құюға, су, сусын ішуге, балықшылар қайық ішіне жиналған суды төгуге қолданған. Кейде оны азын-аулақ ас-тағамды ысытуға, қайнатуға, май шыжғыруға, бидай қуыруға да пайдаланған. Бақырашқа салып қазақ ұсталары мен зергерлері металл қорытқан. Зергерлер оны оқбақыр деп атаған. Аталмыш ыдыстың көлеміне байланысты бір бақыраш су, бір бақыраш май секілді өлшем мәнді сөз тіркестері қалыптасқан.

Шағын ыдыс атауы ертеректе «қаңылтыр» мағынасында да жұмсалған. Бақыраш атауының бұл мағынасы М. Өтемісұлының шығармаларында кездеседі: «Бағаналы терек жарылса, Бақыраш жаман болар ма». Ал, Алматы аймағында жергілікті тұрғындар қаңылтырды бақыр деп те атаған.

БАҚЫРШЫ¹ – мыстан әртүрлі заттар, ұсақ-түйек бұйымдар жасайтын адам, мыскер. Кейде темір ұсталарын да бақыршы деп атағандығы туралы деректер ұшырасады. Темірден, мыстан ұсақ-түйек жасаумен айналысуды бақыршылық деп атаған. Бақыршы көбінесе отырықшы, кентті жерлерде жұмыс істеп, майда-шүйде тауарларын базарға шығарып отырған. Бақыршылар нағыз ұста, зергерлерден шеберлік деңгейі төмен кәсіп иелері болған.

БАҚЫРШЫ² – қос басында бақырға тамақ асып, жылқышылардың ас-суын дайындайтын адам. Сондай-ақ науқандық жұмыс кезінде далалы жерде ас дайындайтын адамды да бақыршы деп атаған. Жылқышылардың қостарында ертеректе от жағып қосты жылытып, жылы су дайындап, ас-су әзірлеп отыруға жасөспірім балаларды үйреткен. Олар отын жинаған, су дайындаған, қарындары ашып, тоңып келетін жылқышыларға ет асып қойған. Жылқышыларға көмектесетін осындай баланы бақыршы бала дейді. Бақыршы балалар қолы боста жылқыларға бас-көз болған, жылқышыларға еріп, мал бағуды үйренген.

Ел арасында бақыршыны қазаншы деп те атаған. Ал, балықшылар қайықпен теңізге шыққанда жағада қалып, оларға тамақ дайындап отыратын ересек баланы қазаншы бала деп атаған. Олар да ас дайындаумен бірге балықшылық кәсібінің қыр-сырын меңгерген.

БАҚЫТ – дәстүрлі түсінік бойынша жаратушының жеке адамға берген ерекше мүмкіндігі, сыйы. Адамның мақсат-мұратының іске асуы, дәулетке кенелуі. Сондай-ақ бақытқа кенелгендігін білдіретін ерекше қуаныш сезімі. Қазақы дүниетанымда бақыттың баянды болуы ең алдымен (бақтың да) ақылға байланысты.

БАЛ – омарташылардың қолдан өсіретін арадан алатын азықтық өнімі. Балды оңтүстік өңірлерде әсел деп атайды. Дәстүрлі ортада балды қымыз ашытуға қолданған, дәмі үйіретіндей болу үшін қосымша өрік-мейіз қосып дайындалған қымызды бал қымыз деп атаған.

Байырғы қазақ қоғамы балдың тек тағамдық құндылығын ғана емес, ауруға дәру болар шипалы қасиеттерін де бағалай білген. Мәселен, сынған сүйектің тез бекуіне, сәбидің аузы уылғанда балмен ем жасайды.

БАЛ АШУ – қазақы ортада тіршіліктің сан қырларына, адам болмысы мен тағдырына т.б. алдағы уақытта қалай болатындығына жорамал жасау, болжау. Бал ашумен ертеде көріпкел, әулие-әнбие, балшы, құмалақшы, жауырыншы сияқты ерекше қасиетке ие деп танылған адамдар айналысқан. Бал ашушылар құмалақ салып, жауырынға қарап, сондай-ақ қасиетті діни жұлдызнама кітаптарының көмегімен бал ашқан. Кейбір балшылар адамның тамырын ұстап сәуегейлік жасаған.

Байырғы кезде бал ашатын жауырыншылар, балгерлік қасиетке ие сынықшылар бал ашуға қолданатын жауырынды тіс тигізбей мүжіп тазалап, арнайы қалтаға салып керегенің басына іліп қойған немесе сандықта сақтаған. Мұндай жауырындар атадан балаға беріліп отырады, яғни мұндай балгерліктің мұрагерлік сипаты болған.

Әулие-әнбиелер ел басына төнер нәубет пен алда болар қауіп-қатерді, ауыртпалықтар мен қиындықтарды Жаратушыдан берілер аян арқылы болжап біліп, жұртты алдын ала сақтандырып, мал-жанның орасан зор шығын шекпеуіне ықпалын тигізіп отырған. Осындай болжампаздық қасиетке ие бейнелер халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде кең көрініс тапқан. Әулие-әнбиелер арнайы бал ашуды кәсіп етпеген. Қазақтар арасында кең тараған құмалақ ашуда құмалақ саны «қырық бір» болу керек. Егер құмалақ саны одан көп не аз болса, «құмалақ ақ сөйлемейді» деген сенім де болған. Шартты түрде құмалақ деп аталғанымен, бал ашуға бадам дәні немесе таудың адам аяғы баспаған таза жерінен не өзеннен терілген тарғыл, ақшыл түсті, үлкендігі бұршақ дәніндей тастар да таңдап алынған. Құмалақтар таза жерде сақталады, ақ шүберекке түйілген құмалақтарды бал ашарда да таза мата үстіне шашып, тастардың түсу қалпына қарай болжау айтылады.

Байырғы кезде құмалақшылар құмалақ ашар алдында мынадай жыр бастайды екен:

Қырық бір шөптің басы едің,
Пайғамбар ашқан бал едің.
Алла қабыл ете гөр,
Куәсі боп ақ сөздің.
Хабарын бер нақ сөздің,
Уа, жаратқан, Хақ ием –
Пенденді өзің кешіргін!

Балгерлер құмалақ ашу арқылы адамның болашақ өмірін болжаған. Жоғалған заттың қайда екенін, қалай жоғалғанын және қолды болса, ұрының кім екенін дәл сипаттайтын балгерлер болған. Осындай болжамдар арқылы тіпті, баукеспелердің тұрағы анықталады екен. Дәстүрлі ортада мұндай баукеспелер өтемақы өтейді немесе ауыл ақсақалдары қамшымен дүре соғуды бұйырады, кейде елден аластатылады. Бал аштырған адам балгерге арнайы төлем – балбасын береді.

БАЛА – перзент, ұрпақ. Ұрпақ таратудың жетіаталық принципі бойынша бірінші буынға жатады. Ұл-қыздың жарық дүниеге келген сәтінен бастап кәмелетке толғанға дейінгі кезеңі бала ұғымымен беріледі. «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» дейтін дәстүрлі ортада бала санына шек қойылмаған, әр бала өзінің несібесімен келеді, «Қой егіз туса, бір түп жусан артық шығады» деп пайымдап, «Байлық қолға ұстаған мұз емес пе, бақыт тойға келген қыз емес пе, бала артыңда қалған із емес пе» деп баланың ұрпақ жалғастығы болатынына да баса мән берген.

Жалғыз ұлы бар кісінің,
Шығар-шықпас жаны бар.
Екі ұлы бар кісінің,
Өкпе, бауыр, жалы бар.
Үш ұлы бар кісінің,
Бұқарада бұты бар,
Қорасанда қолы бар.
Төрт ұлы бар кісінің

Төскей толы малы бар.

Дәстүрлі қазақы ортада кез келген әулеттің жан санының өсуі басты құндылық болып саналған. Ұрпақтарын ата-бабаларымыз «ізбасарым», «мұрагерім», «қолғанатым», «азаматым», «көз қуанышым», «бақытым» деп еркелеткен.

Бала қарызы / Баланың ата-ана алдындағы парызы. Баланың қарым-қатынас нормалары мен атқаратын міндеттері. Баланы ел қатарлы бағып-қағып, сүндеттеу; оқыту, өнер-білім беріп, үлгі-тағылым көрсету; есейгенде үйлендіріп, басына отау тігіп беру – әрбір ата-ананың парызы. Осы үш парызды орындаған соң, ата-ана ұрпағы алдындағы барлық қарыз-парызынан құтылады да, сол күннен бастап ата-ананы бағып-қағу міндетін перзенттері арқалайды. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, қарызынан құтылмайсың», «Ананың сүтін ақта, жүрегіне күйе жақпа», «Ана хақы – Құдай хақы» деген мақалдар баланың ата-ана алдындағы жауапкершілігін меңзеп қана қоймай, әке-шешені сыйлап, құрметтеуге үндейді. Балалары ата-анасымен бірге, мейлі бөлек тұрсын, үнемі ата-аналарының хал-жайларын сұрап, амандығын біліп тұруы, ренжітпей бағып-қағуы шарт. Қазақ тәлімінде ата-анаға шапағатты болу, қандай қиын жағдайда да тіл және қол тигізуден аулақ болу мұқият ұғындырылады, ата-ананың бұйырған ісінен орынсыз бас тарту, ренжіту, бетінен алу сияқты қылықтардың адамгершілікке жат, өте жаман екендігі егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Ал ата-анаға қарсы шығу – Жаратқан иеге қарсы шыққанмен тең жиіркенішті қылық; оларға тіл және қол тигізу – кешіруге болмайтын ауыр қылмыс, шектен шыққан бұзақылық деп саналады. «Ата-анасына опа қылмағаннан жақсылық күтпе» деп ата-анасын сыйламаған, құрметтемеген ұрпақтарға халық жирене қарайды.

Ата дәстүрі бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, солардың алдында борышын өтеу кейінгі ұрпақтардың міндеті. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қалтқысыз орындау болып табылады. Бір бала бар жасық туады деп, халық «жасық» туған баланы тәрбиелеп қатарға қосады, «асып туған» баланың іс-әрекетін қуаттап, оны уағыздайды. Ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ, ең азы жетінші ата-бабасына дейін аталарының аты-жөнін, олардың жақсы қасиеттерін, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі-өнеге тұтуға тиіс.

Бала киімі. Ұлттық киім түрлерінің ішінде бала киімі пошымы мен мезгілдік қолданысы жағынан ересектер киімінен соншалықты ерекшелігі жоқ. Тек нәрестенің, сәбидің киімдерінде наным-сенімге байланысты, тігісінде қайырып тігу болмайды, жалпы бала киіміне үшкіл, шабу салу сияқты артық қосымша қиықтар жалғанбайды.

Бала туған сәтте кигізілген жейдесі әбден тозығы жеткенше киіледі. Дәстүрлі орта өмірінен тәжірибесі мол қариялардың айтуынша, баланың жейдесін тастауға немесе біреуге беруге болмайды, әбден тозығы жетсе, оны өртеп жіберу керек. Кейде балалы ана өзіне жақын туыс саналатын құрсақ көтере алмай жүрген келініне (сіңлісі, әпкесі, жеңгесі) баласының ескі

жейдесін ырымдап береді. Ал ол баланың ескі жейдесін жастығының астына жастап жататын болған.

Баланың жейдесіне тағылған үкі қауырсыны, үкіаяқ, жыланбас (қаури), Құран аяттары жазылған тұмарлар мен тағылған көзтастар, таналар; мойнына, білегіне таққан маржандар мен білезіктер жас сәбиді көз сұғының зиянды әсерінен қорғайды деп сенген. Ұл баласы тоқтамаған адам зиянкес күштерді адастыру түсінігімен ұлын қыз тәрізді киіндіріп, баланың аман-есен қарақұлақтанып ержетуін қамтамасыз еткен.

Кейін шираған соң сәбидің денесіне жұмсақ қыстық, жаздық тақия, төпеш құлақша, күрдекше, сым, іш киім, көкірекше, кебенекше және т.б. кигізеді.

Төпеш – екі, төрт, алты қиықтармен сүйір шошақ төбелі етіп жасайтын нәрестелердің баскиімі; шалғыш – нәрестенің бой киімі сыртынан алдыңғы өңірін тұтас жауып тұратын тазалық киімі; тұйық – сәбидің бойына шақталып, аяғынан бастап екі жеңі мен кеуделік жағы бітеу тігілетін сырттан киілетін киім.

Жұқа кездеме, торғын сияқты кездемелерден тігілетін бала жейдесі тік және қайырма жағалы, ұзынжеңді, қысқа жеңді болады, етегі ұзындау мықыннан төмен озып тұрады. Айқарма жағалы бала жейдесінің кеуделігінде тілігі болады, оған қос қабат қақпақша салынады.

Қыз бала көйлегінің тігілуінің өзіндік ерекшелігі бар: кеуделігі кебенекше ойылады да, белдемшесі кеуделікке бүрмеленіп қондырылады, етегі кең болып келеді.

Көбінесе ұзын жеңді болып келетін көйлек, жейделердің жең ұшы бүрмеленіп түймеленеді немесе бүрмеленбей кең әдіптеледі. Ал жаға, кеуде, өңір, жеңі түрлі-түсті жібек жіптермен кестеленеді.

Бала кәзекейі – жейденің сыртынан киілетін, жағасы мен жеңі жоқ, етегі қысқа, қаусырынатын жеңіл киім. Астарлы жаздық кәзекейлерді түрлі кездемелерден жалаңқабат етіп, жанқалтасыз, омырауынан екі-үш түймелік қадап тігеді. Жағалығынан тартып, өңір етегін айналдыра ирек өрнек, көгеріс жүргізіледі.

Бала тақиясы – баланың басына қарай дөңгелек, жалпақ төбелі етіп, астарының арасына жұқа киізден немесе кездемеден қатырма салып сырып тігетін баскиім. Оның төбесіне үкі, айналасына маржан, тас сияқтыларды тағып қояды. Бала бөркінің төбесін шошақ немесе тегіс етіп, екі не төрт сайлы қылып, көбінесе ақ, қоңыр терілермен түлкі пұшпағынан қайырма етек, астар арасына жүн, мақта, киізден қатырма салып, түрлі кездемелермен тыстап, төбесіне үкі тағылып тігеді.

Киізден немесе қозының елтірісінен, аңдардың бас немесе пұшпақ терілерінен маңдай, құлақ шығарып, түрлі кездемелермен тыстап, астар ішіне жүн, мақта немесе жұқа киіз салып, сырып қатырмалап, түрлі үлгімен тігілетін балалардың құлақшыны; балақтары беттестірілген мата бөлшектерінен тігілген, ау салынбай, ышқырының және балақтарының жиектері бүгіліп тігілген бала шалбары балалар киімдерінің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Қазақы ортада бала жүруге талпынып, үй-ішін жағалай бастағанда арнайы бала байпағын ішіне мақта салып мақта матадан, шытпен астарлап, сыртын сырып тігеді. Тобықтан жоғары келетін тұсында екі басы біріктіріліп байланатын бауы бар.

Балаға жаңадан киім кигізгенде де айтылатын тілек бар. Ол былай айтылады:

Жағаң құтты болсын,
Етегің асыққа толсын.
Киімің тоза берсін,
Өмірің оза берсін.

Бала тәрбиесі. Қазақ халқы «Балалы үй базар» деп өздерінің бақытын балаға теңеген. Баланың дүниеге келуі мен оны тәрбиелеу ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып және салт-дәстүрлермен тығыз байланысты. Баланы тәрбиелеу жүйесінің жосын-жоралғылары нәрестенің ана құрсағында пайда болғанынан бастап басталады. «Құрсақ тойы» немесе «құрсақ шашу», «жарыс қазан», «бел тартудан» бастау алатын ғұрыптар, аяғы ауыр әйелдерді зиянды күштерден сақтандыратын әртүрлі ырым-жоралар мен тыйымдар осының нақты дәлелі.

Ата-ана өз балаларын тәрбиелі, өнегелі, өнерлі, саналы, білімді етіп өсіруге міндетті. Халқымыз бала тәрбиесіне жете көңіл бөліп, ұрпағын ұлттық салт-дәстүр, наным-сенім негізінде тәрбиелеген. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп пайымдайтын қазақ өмірлік ереженің жібін сабақтап, әрі қарай жалғастырып әкетуді ұрпақтың борышы деп есептейді. Өнегесі жоқ, тәлім көрмеген баланың жұртқа себеі де тимейді. Ізгі мұрат әкеге қарап ұлдың, шешеге қарап қыздың өсуімен ұштасып жатады. Сондықтан, ең алдымен әке мен шешенің өздері ұрпақтарына өнеге болып саналады. Саналылық та, даналық та адам бойына отбасының тәлімі арқылы дариды да, өзгермес қасиетке айналады. Сондай игі мақсатпен әр отбасының иесі өз ұрпағының болашағы үшін қам жейді. Жеткіншегіне жол нұсқайды, адамдық парасатты, пәк адалдықты үйретеді. Бұл – қазақы өмір салтының заңы. Қазақ ұрпағын сақтаған – осы жол, қазақ баласы осы қағидамен тәрбие көрсе, бақытқа кенеледі.

Дәстүрлі ортада «Ұлыңа бес жасқа дейін патшаңдай қара, он бес жасқа дейін қосшыңдай қара, он бестен асқан соң досыңа бала» деген ғибратты қағида бар.

Қазақ халқы бірінші туған баланы «тұңғышым», одан кейінгілерін «ортаншы», ең соңғы туғанын «сүт кенже» деп атайды. Тұңғыш перзентіне ерекше мән беріп, «отымның басы, суымның тұнығы» деп те атайды. Балалар ержетіп, өскен кезде ата-ана тұңғыштары мен ортаншыларын үйлендіріп, жеке отау тігіп, енші беріп бөлек шығарады да, кенжесі өз қолында қалады. Ол әке-шешесін асырауға, бағып-күтуге міндетті. Әке мұрасы сол кенже ұлға қалады. Оның үйі «қара шаңырақ» (үлкен үй) деп аталады. Сол себептен де қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде кенже бала ең ақылды да қайратты бейне ретінде дәріптеледі. Басқа балалар ол шаңырақты құрметтеп, қарайласып, әке-шешесінің сыбағасын беруді де

ұмытпауы қажет. Балалар ата-аналарын төбесіне көтеріп асырауға, сыйлауға, құрметтеуге тиіс. Баланы төрт бес жасында тайға бала ершігін салып, атқа мінуді үйрете бастайды. Жеті жастағы бала атқа шауып, шабандоздықты меңгеріп алады, енді мал бағуды үйрене бастайды. Қыз балалар да жастайынан үй шаруасына араласып, кесте тігуді үйрене бастайды. Ауқатты адамдар ұлдарын діни сауат ашуға береді.

БАЛА АРҚАЛАП ЖАРЫСУ – ұлттық ойындардың бірі. Ойынның негізі желісі «ат жарысына» еліктеуге құрылған. Ойынға қатысу үшін үлкен, ересек балалар мен кішірек балалар топтасады. Үлкен балалар кішкентай балаларды арқаларына мінгізіп, белгіленген мәреге дейін жарысады. Бәрінен озып бірінші болып келген жұп ойынның жеңімпазы аталады. Ойын балаларды бәсекелестікке баулиды.

БАЛА АСЫРАП АЛУ – өз кіндігінен баласы жоқ адамдар жақын туыстарының, ағайындарының баласын бауырына салып, өзіне бала ету жосынының атауы. Кейде жақындығы жоқ кісілерден де бала асырап алатын жағдайлар кездеседі. Бала асырап алғанда бірнеше куәгер адамдар қатысады және сол асырап алған бала мұрагер болып қалуы да мүмкін. Егер ақсүйек адам қарапайым отбасының баласын асырап алса, ол ақсүйек болып есептелмейді.

Адамның артында мұрагері болмаса, өзі өлгеннен кейін тіршілікте жиған-тергені әркімнің қолында кетеді, оның өзімен бірге ошағы сөніп, шаңырағы жойылады, тұқымы үзіліп бітеді. Сондықтан, түрлі себептермен ұрпақ көре алмағандар «атымды өшірмеймін, түтінімді үзбеймін» деп бала асырап алып, өз шаңырағының отын сөндірмеуге үлкен мән береді. Әдетте өз кіндігінен баласы барлар да бала асырап алады. Қайсы біреулер шаруашылықты жүргізуде өз балаларына серік етуге, екіншілері балалы ағайындардан қысым көрмеу ниетімен немесе жетім қалған ағайын-туыстарының жас балаларына шын мәнінде әкелік қамқорлық жасау мақсатымен де бала асырап алады. Сондай-ақ жақын туысқандар арасында бір-бірімен туыстық қатынастарын күшейте түсу мақсатымен бірінің баласын бірі бауырына басады. Байырғы ортада біреудің баласын бауырына салу ғұрпы табысу, сыйластық тұрақты болсын деген ниеттен туындаған. Мұның да жөн-жоралғылары бар. Бала асырап алғысы келетін адам бала берушінің үйіне арнайы қыдыра барып, өз жағдайын түсіндіріп, олардың баласынан бір баланы бағып, асырап алмақшы екенін айтады. Баланың әкешесі қарсы болмаса, ризашылықтарын білдіреді. Кейбір адамдардың ұлы болғанымен қызы, қызы болғанымен ұлы жоқ болса, ұл мен қызға тең ие болу үшін басқа туған-туыстарынан өз қажеттеріне сәйкес бала асырап алады. Көпшілікті куә етіп, ер балаға асық жілік, қыз балаға тоқпан жілік ұстатуы бала асырап алатын әке мен шешенің жұрт алдында оларды шеттетпеймін деп уәде беруі, ант етуі болып саналады. Сонымен қатар жұрт алдында жілік ұстату салты екі жақтың да бала алу, бала беру ісіне ризашылығын білдіреді. Ол бала сол күннен бастап асырап алған әке атымен аталады. Кейде баланың өз әкешесі балаға таласқан жағдайда, асыраушы әке мен шеше оң қолына асықты жілік ұстатып едім ғой деп дауласады. Бұл үлкен дәлел, куәлік есебінде

жүрген. Егер баланың ит жейдесі болса, асырап алушыға оны да қоса береді. Әйтпесе баланың ит жейдесі үйде тұрса, үйге келгісі келе береді, жат жерге бауыр баспай қояды деп ырымдайды. Ол балаларға жасалатын барлық қамқорлық әке-шешенің мойнында. Асырап алған әкесі заңды мұрагерім деп танығандықтан өзі тірі кезінде ұлға қалың беріп әйел әперуге, керек болған жағдайда енші беріп бөлек шығаруға, асырап алған қыз бала үшін қалыңмал алып, жасауын толық етіп беруге міндетті болады.

Әке ер баласыз өтіп, артында жас қыздармен қалған жесірі бұдан былай күйеуге шықпай, күйеуінің түтінін түтетіп отырам десе, оған зорлық жасалмайды. Ондайда күйеуінің ең жақын туыстарының бір жас баласын бауырына әйелдің бауырына салып, жоғарыда айтылған ырымдарды жасап, өлген туыстың баласы атандырады. Ол бала сол шаңырақ иесі болып саналады. Бұл – бала асыраудың бір түрі.

Қазақтың «бала тапқандікі емес, баққандікі» деген мақалы баланы табу қиын емес, қиыны – қатарынан кем қылмай, тарықтырмай қажетін өтеп бағу, ежелден келе жатқан халықтық тәрбиені бойына сіңіріп тәлім-тәрбие беру екендігін білдіреді. Әдетте сәбидің мінез-кұлқы, әдеті баққан адамдарға тартып, сол отбасының өзіндік ішкі қағидаларын меңгереді. Асырап алған баланың тегі бөтен рудан болса, әкесі өлген соң басқа балалармен бірдей мұрадан үлесін алып, өз еліне кетуіне болады. Өз туыстарынан алынған бала болса, өзі заңды түрде мұрагерлік етеді.

Асырап алған бала өлгенде өз әке-шешесінің атын айтып жаназа шақырады. Ал жаугершілікте панасыз жетім қалған нәрестені асырап алу – баланы басты байлық санаған қазақта орныққан қатардағы салт. Қазақтың ежелгі заңы бойынша баланы туыт үстінде алатын болса, бала асырап алушы баланы шаранасымен қоса етегіне салып алады, баланың атын өзі қояды. Алайда бала қайтыс болған жағдайда, жаназада оның туған әке-шешесінің атын айтып «шақырады». Дәстүрлі ортада ата-әже өзінің бірінші немересін бауырына салу салты бар. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды. П.Е.Маковецкийдің мәліметіне қарағанда некеден тыс туған баланы асырап алмаған. Ертеде күннен туған баланы қара халық асырап ала берген, ал сұлтандар төлеңгіттен туған баланы ғана асырап алған.

БАЛА ЖОЛДАСЫ – анасының құрсағында жатқан баланың тыныс алуын, қозғалуын қамтамасыз ететін ұрыққап. Дәстүрлі ортада бала жолдасын тастамай, екі асық қосып, киіз үйдің табалдырығының астына көмеді. Бұл асық ойнайтын бала жалғассын деген тілектен туған ырым. Тіл-көз тимеу үшін босағаға 7 түрлі шүберек байлайды немесе жүрек, ожау пішінінде тігілген инешаншарға инелерді шаншып босағаға іліп қояды. Бала тоқтамаған жағдайда бала жолдасын киізге орап, молдаларға оқытып, күлдіреуішке (шаңырақ ортасына) бала жеті жасқа келгенше іліп қояды. Бала жетіге толған соң «садақасын» беріп, бала жолдасы салынған киізді ұлы жолдың бойына апарып тастап ырым жасайды.

Бала жолдасын суға ағызса бала тоқтамай қояды деп суға ағызуды тыйым салған. Мәлімет берушілердің айтуынша, ел арасында күндестікпен жаңа

туған бала жолдасын суға ағызып жіберген жағдай болған. Нәтижесінде бала шетінеп, кейін ол келіншек ешқашан бала көтере алмаған.

Қазақы ортада денесі қабымен туған шақалақтар болған. Оларды перделі бала, тоңды бала, бүркеншікті бала т.б. деп атау қалыптасқан. Олар ерекше қасиеттерге ие болады деген наным бар.

БАЛА КҮТІМІ – жаңа туған нәрестені қырқынан шыққанша бағып-қағу күтімі. Баланы қырық күнге дейін мүмкіндігінше шомылдырып отырған абзал. Нәрестені кіндігі түскеннен кейін кезек-кезек тұзды су мен сабын суда шомылдырады. Шомылдырып болған соң анасы қойдың майымен аз мөлшерде ғана қолын шылап алып, белгілі бір тәртіппен баланың аяқ-қолын созып, сылап-сипайды. Ал тұзды суға шомылдырардың алдында баланы емізбей, шомылдырғаннан кейін бірден жылы орап, емізіп ұйықтатса бала денесін тұз жақсы қуырады. Бала бір ұйықтап тұрғаннан кейін майлайды.

Бала кейде шырқырап жылап, шалқақтай берсе арқасына сұйық май жағып, қолды қатты батырмай ұзақ сипаласа қолдың ұшына тікендер батады. Бұл кішкентай қара тікендер ет пен терінің арасында тұрады екен. Осы бала дегесіне батып, ауысырдырады. Әбден шығарып алғаннан кейін саусақтың ұшымен жұлып-жұлып алып тастайды.

Егер баланың жауырыны жабысса, бала шыңғырып жылап, ұйықтай алмайды. Мұндайда қолы епті әжелер ем жасап, баланың жабысқан жауырынын ажыратады. Нәрестенің (қыз, ұл) омырауына жиналған сары суды сығып шығарады. Тәжірибелі әжелердің айтуынша, осы сары су сығылмай денесіне тарап кетсе, бала ересек болғанда бойынан қолаңса иіс шығады. Сондықтан баланы шомылдырғанда міндетті түрде осы әдетті қайталап отырады. Бұл кезде бала қатты жылайды, кейде баланың бұлай жылауы да баланың тыныс мүшелеріне және миының демалуына жақсы әсер етеді. Бала есейе келе оны ұзақ уақыт күлдіріп ойнатқанның да дәл осындай пайдасы бар екенін байырғы орта ескеріп отырған.

БАЛА «САТЫП АЛУ» – баласы тоқтамаған адамдардың баласын сатып, өзі қайтадан сатып алу рәсімі. Туған баланың шетінеп кете беруі ата-ана үшін үлкен қасірет. Сондықтан олар өлімді адастыру мақсатында бала сатып алу ғұрпын жасайды. Бала сатып алу ғұрпы есік ауыстыру деп те аталады. Ол үшін бір кемпір бесікке мініп, қамшыланып:

Жайық бойынан келеміз,

Жалпағынан су кешіп.

Еділ бойынан келеміз,

Етікпенен су кешіп, –

деп әндетіп, «бала сатасыңдар ма?» деп сұрап, айқайлайды. Келесі бір түрі бойынша, сатып алу ырымын жасау үшін бір құшынаш кемпірмен келіседі. Кемпір келісім бойынша баласы тоқтамай жүрген үйді сырттай біліп алады да, бір күні:

«Осындағы екі ұры қайда!

Көрейін мен ол пәтшағарларды?»

Ой, ой, ойдан келген, он қожам-ау!

Ой, ой, қырдан келген қырық қожам-ей!

Иә, Алла, Алла! О, о, пәруардігерім,
Таптым, таптым мен ұрыларды.
Алып бер, баламды! –

деп, киіз үйдің сыртында тұрып зіркілдейді. Үстіне ала-құла киім киінген, қолында асатаяғы бар, киім-кешегі қоңырауға, бүркіт пен үкінің тұяғына т.б. шылдырмақтарға толы бұл құшынаш көрер көзге де үрейлі болады. «Тақсыр-ай, ой, әулием-ай, бұл бала сіздікі екен ғой. Бізді қара басыпты. Мінеки, балаңыз. Аз уақытта бұл да өліп қалады-ау» деп, әке мен шеше ауырып жатқан баланы құшынышқа керегенің астынан алып береді. Баланың жылағанына қарамай құшынаш ауылдың итін бір қауым жерге дейін үргізіп, көзден ғайып болады. Бұлар көбінесе түнді, қараңғыны бетке алып келеді. Арада бірер ай өткен соң баланың әке-шешесі ешкім танымайтындай ғып қай-қайдағы ескі-құсқыны киіп, баспанасы жоқ адамдай мосы, шәугімдерін алып, бір арқа отын арқалап құшынаштікіне қайыршы болып барады. Айдап барған үш-төрт ұсағы, бір асымдай еті, бір салымдай тұзы болады.

– Қаңғырып жүрген қайыршы едік, сізден бір қайыр-сақауат бола ма деп келдік. Бізге жар болатын алдымен Алла, онан соң өзіңіз! – дейді үй сыртында тұрып.

Құшынаш: – Менде бары осы, – деп, бұл екеуін өмірі көрмеген адамдай түсін суытып, сынық қарма алып шығады. «Қайыршылар» қарманы алмайды.

– Ой кезбелер-ау, ой, міскіндер-ау, қоламтаға көміп пісірген күп-күрең қармадан артық не керек сендерге? – деп кемпір өршелене түседі.

– Бала, бала...– деп мінгірлейді екеуі.

– Шарифатта ғаріп-міскінге қарайласпайтынды кәпірге жатқызады. Шын міскін болсаңдар!..

– Шын, шын, – деп шырылдай жөнеледі екеуі.

– Онда, алдымен менде тонда туған біреуі бар еді, бердім, – деп сырттағыларға баланың басын еңкейтіп, өзі алғандағыдай керегенің астынан береді. Қазақ салтында өлген адамды жуындырған соң, жерлеуге алып шығар алдында киіз үйден аяқ жағын есікке қаратып шығарады. Мұнысы бала ана құрсағынан шыққанда дүниеге басымен шығатындығымен байланысты. Сондықтан қазақтар адамды дүниеге басымен келіп, аяғымен кетеді дейді. Мұнда баланың басын еңкейтіп алдымен шығаруы өмірге бет алсын дегенді тілеп ырымдағаны. Баланы алып кеткен әке-шеше айдап барған малын құшынаштікіне тастап кетеді. Апарған астары да қалады. Мұнысы дәм-тұзымыз үзілмесін дегені.

Егер одан кейін де бала шетінеп кетсе артынан бала ерсін деп ырымдап бала асырап алады. Көбінесе, бір абысындары босанған күні шарананы етектеріне салып алып, бауырларына басып алады. Кейде омыраудан шыққанша әкеліп емізіп тұрады. Халық арасында асырап алған баласын өзі емізген жағдайлар да болған. Баласын берген туыс ол баланы өмір бойы өзіміздікі демейді. Тіпті асырап алған адамдар баланы көрсетпеу үшін жер ауыстырып басқа жаққа көшіп те кетеді.

Сондай-ақ бала тоқтамаған жағдайда баланың жолдасын киізге тігіп, молдаларға оқытып, күлдіреуішке (шаңырақ ортасына) бала жеті жасқа келгенше іліп қояды. Бала жетіге толған соң «садақасын» беріп, жолдасы салынған киізді ұлы жолдың бойына апарып тастайды. Кейде нәрестеге неше түрлі есім (Өмірұзақ, Тоқтасын, Ұзақбай, Боқтыбай, Шылғаубай, Итбай т.б.) қойып, темір бесікке бөлейді, кіндігін балтамен, таспен кесіп, шөппен байлайды. Өмірі ұзақ болсын деп үш немесе жеті кемпірдің екі аяғының арасынан өткізіп алады да Үшкемпір, Жетікемпір, Жетікөт сияқты ат қояды. Кейбір өңірлерде жаңа туған баланы төрт кемпір мен шалдың екі бұтының арасынан өткізіп, осыған орай әлгі балаға Төрткен деген есім береді. Атақты Кенен ақынның Төрткен есімді қызы дәл осындай ғұрыптарды атқарғаннан кейін осы атқа ие болған екен. Бұл кешенді рәсім бала тоқтамай қырсық шалған үйден баланы алшақтату арқылы өлімді жаңылдыру, адастыру мәнінде жасалатын магиялық ғұрып болып табылады.

БАЛА ТАБАҚ – ас-той, үлкен жиындарда балаларға тартылатын арнайы сыбағалы табақ. Оған асық жілік, жауырын, ортан жілік, арқа, белдеме, тіл-жақ, қабырға салынады. Баланы бақытқа балайтын қазақ олардың рухани өсіп-жетілуіне де ерекше мән береді. Қонақ болып келген баланы қомсынбай қабылдап, бала табақ тартып ас, дәм сыйлайды.

БАЛА ТІЛЕУ – баласы жоқ, не ұзақ уақыт бала көтере алмай жүрген ерлі-зайыптылардың әулиелердің басына барып түнеп, зиярат етіп, ұрпақ тілеуі. Негізінен, бала сүйюге зарыққан ата-аналар әулиенің басына мал атап, қан шығарып, құдайы тамақ береді. Байырғы эпостық жырларда ата-анасының осындай әулие-әнбиелердің басына, қорасанға қой атап, сыйынып жалбарынудың нәтижесінде ел қорғаны болған батырлардың, еңселі ерлердің дүниеге келгендігі баяндалады.

Халықтық ортада көбінесе зиярат еткен ананың түсіне кіріп, аян беріп, кейде болашақ баланың есімін айтады. Сол балаға аян беріп қойылған есім берілуі керек деп есептеледі. Елі ішінде халық қасиетті-киелі санап, басына барып түнейтін әулиелі орындар, арасандар аз емес. Дегенмен зиярат етуші адам үлкен сеніммен, шын ықыласпен барған дұрыс.

Қызылорда облысындағы экспедициялық ізденіс барысында төмендегідей мәліметті кездестірдік. Жаңақорған ауданындағы Қорасан ата бейітінің басында түнеген бір әйелдің түсінде сақалды, ақ киімді шал келіп үстіне құндыз шапан жауып кеткен. Көп ұзамай, бір ұлды, бір қызды болып, үй-іші берекеге толған деседі.

БАЛАҒА АТ ҚОЮ / ЕСІМ БЕРУ – дүниеге келген нәрестеге ат қою рәсімі. Ел ішінде балаға дұрыс ат қоюға жіті көңіл бөлінген. Баланың тағдыры оның атына байланысты деп есептелетін қазақы ортада ырымдап батыр, данышпан, елге сыйлы болсын деп батырлардың, атақты адамдардың аттарын қойған. Көбінесе атты жасы үлкен ата-әжелерге, елге сыйлы кісілерге қойғызған. Дегенмен әртүрлі отбасылық жағдайға байланысты баласы тоқтамай шетіней берсе балаға Қоқым, Көтібар, Боқбасар, Тұрсын сияқты есімдер берген. Ал бір отбасында ұл тумай ылғи қыз туса, Ұлжалғас, Ұлтуған, Жаңылсын т.б. атаған. Ал туа бітті ерекшеліктері бар балаларды Қалдыбек,

Меңдігүл деп атаған. Халықтық сенім бойынша осылайша атау арқылы қалдың өсуі тежеледі. Сонымен қатар балаларға қоғамдағы түрлі саяси-мәдени жағдайларға байланысты да есімдер беріліп отырады.

Ертеде балаға ат қойғанда қазанның құлағын қағып қоятын болса, мұсылмандық күшейген кезде азан шақырып ат қою қалыптасқан. Сондай-ақ, ислам дінінің келуімен қазақ балаларына діни аттар көптеп беріле бастаған. Нәрестеге тек қырқынан шығарғанда ат қойылған. Азан шақырып ат қойғаннан кейін баланың құлағы ашылып, барлық дыбыстарды ести бастайды деген түсінікке орай кейде бала қырқынан шыққанын күтпей ат қойдыра береді.

Көбінесе баланың атын үлкендер жиналатын шілдехана тойында қойып жатады. Баланы әкесінің қолына ұстатып, оң құлағына азан шақырып, сол құлағына баланың атын дауыстап үш рет айтады. Бұз азан шақырып ат қою деп аталады.

Сондай-ақ байырғы кезде асқан ерлігімен атақ-даңққа бөленген ұлы батырлар өзінің азан қойып шақырған есіміне қосымша құрметті атқа ие болған. Қосымша есім халықтың өзінің батыр оғланына деген айырықша құрметінің белгісі болып табылады.

БАЛАҒАТ СӨЗ / БОҚТАУ / БОҚТЫҚ СӨЗ – күнделікті тіршілікте қолдануға қатаң тыйым салынатын жаман сөз. Мұндай әдептен тыс жағымсыз сөздің жат көрінетіндігі соншалықты, оны адамның үлкен дәретінің атымен атайды. Мұндай сөз орамдарын дәстүрлі ортада шару сөз, боғауыз сөз, әбес сөз деп те атайды. Біреуге боғауыз сөз немесе балағаттау ащы, зәрлі, тұрпайы сөздермен қатар, ұятты іске және адам денесінің ұятты жерлеріне қатысты сөздермен де жеткізіледі. Халық балағат сөзді зиянды әсері бар деп есептейді. Дәстүрлі ортада орныққан әлеуметтік қатынастардың қағидаларына сәйкес балағат сөздің да өзіндік «тәртібі» қалыптасқан. Яғни балағат сөз бағытталған адамның жас және жыныстық ерекшелігі ескеріледі. Мысалы, балағат сөз бағытталған адамның әкесі балағатшы адамның әкесінен кіші болуы керек деген сияқты. Осы «тәртіп» сақталмай қалған жағдайда «дұрыс» балағат сөз айтпаған адам ат-тон айыпқа жығылатын болған. Сондай-ақ, жақын аталас ағайынды әкеден де, шешеден де «бірақ тартып» балағат сөз айтуға болмайды. Тек алыс ағайындарға және туысқандық жағынан одан да тыс басқаларға қарата балағат сөз айтуға болады. Ескерер нәрсе – жоғарыда айтылған туыс адамдарды шешеден боқтайтын болса алыс ағайыннан келетін жеңгесін боқтағаны деп есептелінеді. Яғни қазақ дәстүрі бойынша осындайда айтылатын балағат сөздің әбестігі жоқ деген сөз. Дегенмен, барлық жағдайда да айтылған үлкен-кішілік қағидасы сақталуы қажет.

Балағат сөздің жыныс айырмашылығына байланысты айтылатын жергілікті ерекшеліктері де қалыптасқан. Қазақ арасына ең көп тараған түрі «әкеден» балағат болғандықтан, осы ретте шешеден боқтау айырықша ауыр сөз болып есептелінеді. Ал қазақ жерінің Оңтүстік өңірі (Жамбыл және Шымкент облыстары) мен Сыр өңірінде «шешеден» боқтау үрдісі кездеседі. Осы аймақтарда керісінше, әкеден боқтау қорлауға саналады. Оңтүстік

өңірлердегі шешеден боқтау үрдісі көрші өзбек пен тәжіктерден ауысқан «тәжірибе» болып табылады.

Алайда қазақы ортада жосықсыз балағат сөз айтып, адамды немесе адамдарды қорлағандар әдеттік заңның нормалары мен принциптеріне сәйкес жазаланып отырды. Тәуке хан (1678-1718) тұсында қабылданған, қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдар жинағы «Жеті жарғының» бесінші жарлығында «Кәмелетке жеткен баланы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қол тигізбесе) қара сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды айналдыру керек» деп жаза белгіленген. Осы заңдар жинағында діни сенімге байланысты қылмыстың екі түріне, біріншісі – Құдайға тіл тигізуге де жаза белгіленді (келесісі құдайға сенбеу). Онда «жеті кісі куәлік етсе, Құдайға тіл тигізушіні таспен атып өлтіреді. Кәпір болған адамның бүкіл мал-мүлкі оның туған-туыстарының қарамағына өтеді. Сұлтанға не қожаға тіл тигізсе, ол адам бір тоғыз, яғни тоғыз мал айып төлейді, ал сабаса, яғни қол жұмсаса үш тоғыз, яғни 27 мал төлейді» деп көрсетілген.

Сонымен бірге балағат сөздің әзіл-қалжың, оспақ түрінде айтылатын жеңіл түрлері де бар. Мұндайда дәрекі балағат сөзге әсте жол берілмейді. Қазақтың неке тойындағы «рәсімдік күлкі» тегі ескі заманнан бастау алады және бертінге дейін сақталған. Ол ғұрыптық фольклордың табиғатына да әсер еткен. Мәселен, құдалар айтысында өткір әзіл, қалжың өте көп. Тіпті мұндай айтыстардың «бәдік айтысқа» (боғауыз айтысқа) ұласып кететін кездері де болады. Сол сияқты беташар мазмұнында да осындай әжуа таныстырулар кездесіп отырады. Жеңіл әзіл бесік жыры мен балалар өлеңдерінде де жетерлік.

Балағат сөздің осындай түрі және осындай үрдісте айтылуы зиянкес күштерді аластайды-мыс. Мысалы, жоғарыда айтылған бәдік айтысының негізгі функциясы ауырған адамды немесе малды сол ауруларды тудырған кесапат күштің иелерін алдарқатуға болмаса аластатуға бағытталған.

БАЛАЛАР АУРУЫ – нәрестелер мен жас балалардың арасында табиғи жағдай мен этностың өзіндік генетикалық жаратылысының ерекшелігіне байланысты жиі кездесетін сырқат, ауру түрлері. Дәстүрлі ортада ұрпақтың өркен жайып, өсіп-өнуіне ерекше мән берген. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі этномәдениетке және салт-дәстүрге байланысты пайымдаулардан көп балалы болу – қауым мүшелерінің мұраты болғандығы байқалады. Жас жұбайларға «көген көздерің оншақты болсын, көгендерің бұршақты болсын», деп бата беруі, беташар жырында «алдыңғы етегіңді бала бассын, артқы етегіңді мал бассын» деп келінге игі тілек білдіруі осының нақты айғағы.

Қазақ қоғамында ересектердің денсаулығы мықты, төзімді болатыны, ауруға аз шалдығатыны туралы саяхатшылар мен зерттеушілердің еңбектерінде аз айтылмаған. Алайда нәрестелер мен жас балалардың арасында тіршілік жағдайына байланысты туындайтын ауру түрлері жиі бой көрсетіп тұрған. Балалар ауруын емдеу шараларын негізінен баланың күтімі мен тәрбиесіне жауапты ата-анасы мен жақындары, соның ішінде көп бала өсірген әйел адамдар жүргізген. Ал аурудың сипаты мен ауырлығына қарай

емдеу шараларын емсек, тәуіп, оташы, сынықшы, бақсы сияқты «мамандандырылған» адамдар жасаған. Баланы дауалаудағы кейбір шаралар екінші жағынан сақтандыру сипатында болады және түрлі емдеу жолдары мен тәсілдерін ұштастыра кешенді түрде жүргізіледі. Жас нәрестеде жиі кездесетін ауру түрлерін халықтық эмпирикалық тәсілдермен дауалаған. Айталық, баланың құлағына суық тиіп ауырғанда, тары қуырып, қуырылған тарыны ыстық күйінде мақта матадан тігілген кішкене қалтаға салып, құлағына тартады; баланың тамағы ауырса, саусағын күйеге шылап, тамағын басады; егер іріңдеген болса, саусағын күйелеп іріңді жарады; жарылған ірің ішке кетпей, күйемен бірге сыртқа шығады деп білгендіктен, саусағын күйеге шылаған.

Баланың ауруға жиі шалдығуы шошыну, қорқу, үрейлену сияқты себептерге байланысты пайда болады деп сенген қазақтар ондай ауруларды «қорықтық күй» тәсілімен емдеген. Шошынған баланың ұйқысы қашып, сандырақтап сөйлейді. Ондайда баланың басына орамал жауып, құбылаға қаратып отырғызады. Су құйылған кесені баланың басынан жоғары ұстап тұрып, оған алдын ала ертіп дайындаған қорғасын құяды. Быжылдап шыққан дыбыстан шошынған бала селк етіп, ұйқыдан оянғандай әсерде болады. Кейін баланы қымтап жатқызғанда тыныш ұйықтап қалса, емнің балаға әсер еткені деп біліп, баланың неден шошынғанын қатқан қорғасынға түскен бейнеден көрген. Мысалы, иттен шошынса иттің, мысықтан шошынса мысықтың т.б. бейнесі қатқан қорғасын бедерінен көрінеді екен-мыс.

Егер ауырған баланы тәуіпке көрсетсе, ол алдымен баланың екі шекесіне саусақтарын қойып, тамыр соғысын бақылайды. Бала ауруының негізін анасының сүтінен деп тапса, анасына үш күн бойы тамақ бермей, тек күшала қайнатып берген. Ол үшін күшаланың бұршағын қабығынан тазартып, шәйнекке салып қайнатады да, оған бір қасық сүт қосады. Дәрі балаға анасының омырау сүті арқылы барады деген. Көз тиген баланың денесі мұздап немесе дене қызуы көтеріліп, аузына емшек алмай, шырқырап жылайды. Бала шалқалап жылағаннан талып қалатын кездер де болады. Емші балаға көз тигенін оның маңдай тамырының шодырайып шығып тұрғандығынан және шалқалап жылауынан, тамыр соғысынан біледі. Үлкендердің айтуынша, көз кез келген адамға тие бермей, қаны тұщы адамдарға көз тигіш келеді екен. Балаға көзі тиген күмәнді адам белгісіз болуы да мүмкін. Мұндайда дереу иттің итаяғына жеті жапырақ нан салып, оны итке жегізеді. Ит нанды жеп жатқанда «өзіңнен басқаға ем бола гөр», деп тілейді. «Көз арамнан қашады, адалға үйір» деп, ит итаяқтағы асын ішіп-жеп болған соң, итаяқта қалған суды таза легенге құйып алады да, суды жылытып, қанжылым суға баланы шомылдырып отырып, «көзің тисе көзің шықсын, тілің тисе тілің кесілсін», деп арбау сөздер айтады. Балаға көз тиюді дәстүрлі ортада ит тию деп те атайды.

Баланың анасы көзі тиген күмәнді адамның кім екенін білсе, оның бағалы киімінен өзіне білдірмей қиынды қиып алады да, оған кептірілген адыраспан қосып түтетіп аластайды. Егер адыраспан шатырлап жанса, балаға тиген көздің қайтқаны деп түсінген.

Кейде күмәнді адамды алып келіп, балаға үшкірту арқылы емдейді. Баланы жалаңаштап шешіндіріп, көзі тиген кісінің алдына жатқызып маңдай, бет алдына, етбетінен жатқызып жауырынына үшкіртеді. Бала бақалы көлшікке шомылатын болса, баланың қолына сүйел шығады деген түсінік болған. Сүйелді толған айға қаратып, «сенде мынадай әшекей бар ма, жоқ болса алшы менің әшекейімді» деп, арбау сөздер айта отырып, ақ шүберекпен сүйелді сүртеді. Осылай үш рет қайталайды. Кейде сүйелді сиыр жапасының үстіне жауған жаңбыр суымен де жуады. Емдеудің тағы бірінде сүйелді аттың қылымен оны айналдыра байлап тастайды. Сүйел бірнеше күннен кейін үзіліп түседі.

Сыздауық, шиқан суық тигеннен шығады. Көршиқан – денеге топ-топ болып шығатын шиқан түрі. Шиқан мен сыздауықты қаздың жемсауын тарту арқылы емдейді. Қазды «ем болсын» деп, арнайы сойып, жемсауын бөлек алып, біраз уақыт жылы суға салып қояды. Жемсау әбден жұмсарған кезде оны шиқанның немесе сыздауықтың үстіне тартып, дәкемен орап, таңып тастайды.

Балаға қызылша шығып ауырғанда, баланың денесі түгел бөртіп, тамаққа тәбеті болмайды, дене қызуы көтеріледі. Өмірден түйгені көп әжелер, балалар ауруынан әбден айыққанша, кір жууға мүлдем тыйым салады. Кір жуылса, баланың денесіндегі қызылша бөртпесі кірдің көбігіндей қаптап көбейіп, жазылуы ұзаққа созылады деп түсінген. Мұндайда баланың үстіне қызыл түсті киім кигізеді, терезеге қызыл түсті перде ұстайды, қызыл түсті көрпе жабады. Баланы терлетуге тырысып, ыстық сүт береді.

Балаға қарамық шыққанда да осыған ұқсас, бірақ мұнда қызылшаға қарағанда ірілеу қоңырқай қара түсті бөртпе шығады. Қарамық шыққанда да домбырада күй немесе қобыз сарынын тыңдатқан өте пайдалы. Балалар ауруынан айыға бастағанда қарамықтың беті қотырланып, түсе бастайды. Жазылған қарамық орны ақтандақтанып белгілі болып тұрады, бірте-бірте білінбей кетеді. Көнекөз әжелердің айтуынша, қызылша, қарамық адамға өмірінде міндетті түрде бір рет шығады, біреуге бала кезінде шықса, біреуге ересек болғанда шығады.

Қалампыр немесе пиязды шайнап, баланың бетіне үшкіріп бүрку немесе қара қойдың өкпе-бауырымен қағу да балалар ауруына қарсы жасалатын шаралар қатарында. Кейде баланың кіндігі бүртиіп шығып кетсе, жылқының құмалағын басып жазатын болған. Құмалақты аларда «өзіңнен өзгеге ем бол», деп алады. Баланың аузы уылса, кірпінің инесін күйдіріп, күлін аузына себеді. Баланың кіндігіне суық тисе, кіндігінің түбі аздап суланып, іші торсылдап кеуіп кетеді. Іші кепкен бала мазасызданып, ұйқысы қашады. Мұндайда баланың әжесі бас бармағын суға пісірілген жұмыртқаның сары уызына араластырылған күйемен шылап, баланың кіндігін сағат тілімен солдан оңға қарай бұрайды. «Менің қолым емес, пірім бибі Бәтиманың қолы, шипасын тигізе гөр», деп тілек сөздер айтады. Осылай үш рет қайталайды.

Жаңа туған сәбиді қырқынан шыққанша маймен сылап, денесін уқалай отырып, аяқ-қолын созады. Баланың денесінде болатын майда тікенектен баланың мазасы кетіп, ұйқысы бұзылады, яғни тікенек баланың арқасына

шым-шым батады. Мұндай тікенекті қолының ұшымен сезетін әжелер, баланы ет-бетінен жатқызып, жұқалап маймен сылап, сипалау арқылы тікенекті алады. Тікенектен арылған бала ұзақ ұйықтайды. Баланың құлағына суық тиіп ауырғанда, қазанды ысытып, тарыны қуырады. Қуырылған тарыны ыстық күйінде мақта матадан тігілген кішкене қалтаға салады. Баланың суық тиген құлағын төмен басып жатқызып, тарыны құлағына тартады. Мұндай емдеуді өмірден тәжірибесі мол әжелер атқарады.

Баланың тамағы баспамен ауырса, саусағын күйеге шылап, тамағын басады. Сондықтан ол баспа ауруы деп аталған. Егер іріндеген болса, саусағын күйе шылап іріңді жарады. Күйеге шылайтын себебі, жарылған ірің ішке кетпей, күйемен бірге сыртқа шығады деп есептеген.

БАЛАЛАР ОЙЫНЫ – баланы ептілікке, ұтқырлыққа, ой жүйріктігіне, болашақ тұрмысқа баулитын тәрбиелік мәні басым ұлттық ойын түрлері.

БАЛАКІС – сулы жерді, өзенді мекендейтін бұлғын тәріздес жәндіктің жұмсақ түбітті ұлпасы. Оны аңның түсіне байланысты қаракіс деп те атаған. Бұрынғы кезде ауқатты адамдар кіс ұлпасын жөргек орнына пайдаланған. Осы үрдіс жөнінде халық ауыз әдебиетінде біраз мәліметтер кездеседі. Әйгілі Ш.Уәлиханов нұсқасындағы Едіге жырында балакіске байланысты төмендегідей жолдар бар:

Сен туғанда, Нұрадын,
Қара кіске бөлеттім.
Ал қара кіс батад деп,
Бала кіске бөлеттім.
Алтыннан шүмек ойдырттым,
Күмістен түбек қойдырттым.
Хан қасында туды деп,
Атыңды Нұрадын қойдырттым...
(Едіге жыры)

БАЛАҚ¹ – шалбардың, дамбалдың тізеден төменгі бөлігі. Атқа мініп түскенде қолайлы болу үшін шалбар балағының сыртынан тіліп, аздап екіге айырылып тұратын жырым салады. Оны жырым балақ, айыр балақ деп атайды. Жырым мен балақ аузының жиегі әдіптеледі. Жырым балақ әсемдік үшін де жасалады.

Теріден тігілген шалбардың балақтары кең тігіледі. Сондықтан оның балағы етік қонышының сыртында тұрады. Матадан тігілген шалбар балағы етік қонышының ішіне салынады. Балағы кең шалбарды кей жерде кеңбалақ деп атаған. Ыштанның (жылылық үшін шалбар ішінен киетін дамбал түрі) балағы тарлау болады.

Киім бөлігінің бұл атауы балағына ит жармасты (күншіл адамдардың кедергі келтіруіне байланысты айтылады), балаққа бала оралсын («балалы бол» деген тілек), балақтағы бит басқа шықты (өзінен төмен, нашар адамның басынуына, қорлауына күйінгенде айтылатын сөз), шынжыр балақ, шұбар төс (ата-бабасынан бері «шынжыры үзілмеген», ел билеп келе жатқан болыс, би; шонжар) тәрізді әлеуметтік жағдайы мен қатынастарды сипаттайтын бейнелі сөз оралымдарының жасалуына негіз болған.

БАЛАҚ² – шідердің ат аяғына (алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғына) бекітілетін бөліктері. Шідердің әр балағы алақан, тиек, балақбау тәрізді бөлшектерден тұрады. Халық тілінде шідердің оқтығына (балақтардың арасын қосып тұратын ұзындау қайыс өрмесі) жалғанған жалпақ қайысты да балақ, шідер балағы деп атайды. Сонымен бірге балақ деп ноқтаның, пыстанның салбырап шығып тұратын ұштарын да атаған.

БАЛАҚБАУ / АЯҚБАУ – қыран құстардың жіліншіктеріне тағылатын тері, былғары, жарғақ немесе қыжымнан құстың балағын ұстамай, еркін айналып тұратындай етіп жасалатын білезік (тұсамыс) пішінді арнаулы қайыс бау. Балақбауды бүлдіргеге өткермелеп құс аяғына тағады. Бүркіт балақбауының ұзындығы құстың дене бітіміне, тұлғасына сай бір-бір жарым қарыстай, жалпақтығы екі елі, ал ұсақ құстардың балақбауының білезік тұсының диаметрі екі еліден аспайды, желі бауының ұзындығы бүркіт желі бауының жартысындай ғана болады. Балақбаудың құс жіліншігін орап тұратын тұсын алақан деп атайды. Алақанның жалпақтығы екі елідей, іші жіліншікке батпайтындай астарланып, сырт жағына күміс құйма орнатады. Алақанға тағылған жұмсақ қайыстан өрілген жіңішке шолақ балақбау үнемі қыран құстың аяғында болады. Оның ұшындағы шығыршықта түйісіп, онан бір-екі құлаштай іргебау деп аталатын бау тағылады. Іргебаудың ұшындағы тобыршық (ол сүйек, мүйіз немесе қатты ағаштан жасалады) балақбаудың екі ұшындағы жез шығаршыққа өткізіліп тиектеледі.

Саят кезінде аңға саларда іргебауды тобыршығынан тартып, шығыршықтан оп-оңай әрі жылдам суырып алады. Қолбала құсты аң аулауға баулу кезінде, шырға салғанда құс «қайта көтеріліп» (қашып) ұшып кетпес үшін ұзындығы оншақты құлаш шыжымды іргебауға қосып байлайды. Шыжым көбінесе жаз маусымында үй маңында ұстағанда, асау бүркітті шырғаға түсуге үйреткенде тағылады.

Аттың тұсамысы тәрізді балақбау мен шолақбау құсты тұғырға қондырғанда, атпен алып жүргенде, жем тарттырған кезде құстың аяқтарының еркін қозғалуына, құсбегінің ұстап отыруына жағдай жасайды. Саятқа шыққан кезде іргебауды шешіп алады да, беліне тағады, суық кездері тақымын, етегін буып алады. Аңға жіберген кезде міндетті түрде шешіп алады. Себебі саят құсы аңға шүйліккенде, жер бауырлай ұшқанда жартастың жақпарына, ағаштың айырына ілінсе құс қимылына кедергі жасайды, тіптен оны мерт етуі кәдік. Аңға да осы баумен ұшады, қашып кеткен жағдайда аяғында байланып жүрген балақбау арқылы түз бүркітінен оңай ажыратады және оны қайтадан оңай-ақ ұстап алады.

БАЛАНЫ АТҚА МІНГІЗУ – бала қолғанат болып, атта отыра алатын жасқа келгенде жасалатын жосын. Негізінен, атқа мінгізу жоралғысы бала 5-6 жасқа келгенде жасалады. Баласының жұмсауға жарап, ер жетіп қалғанына қуанған ата-ана алғаш баланы атқа мінгізу рәсіміне арнап той жасаған. Бұл қуанышқа ауыл адамдары түгел жиналып, үлкендер батасын береді.

Дегенмен баланы тіл-көзден сақтау мақсатында баланың баскиіміне, шапанына үкі тағып қояды. Тіпті аттың жал-құйрығына да үкі тағылады. Бала

отыру үшін арнайы ер түрі ашамай ерттеледі. Сондықтан халық арасыда бұл рәсім ашамайға мінгізу деп те аталады.

БАЛАНЫ ЖҰБАТУ / УАТУ – мазасызданған, жылаған нәрестені алдарқатып немесе ұйықтатар алдында әлдилеу. Баланы жұбатуда негізінен халықтық өлең-жырлар, ертегі, санамақтар айтылады. Айтылар әдеби нұсқаның қай-қайсысы да халықтық түсінік-ұғымдармен ұштасып, шаруашылыққа баулу негіздерінен туындап, дәстүрлі ортаның мақсат-мүдделеріне ұласып жатады.

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін,
Жылама бөпем, жылама.

БАЛАНЫ СЫНАУ – баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оның өскенде қандай адам болатынын болжау, жорамалдау; баланың болмысына баға беру. Қазақ адамның адамгершілігін, кісілік мәдениетін оның әрбір іс-қимылынан, емеурінінен байқаған. Адамның жүріс-тұрыс, бет-бейнесі, қимыл-қылығы, аман-сәлемі, әдеп-ибасы, қонақ күтуі т.б. қасиеттеріне қарап, оның қандай адам, қандай ниет-мақсаттағы жан екенін аңғара білген. Тіпті бесікте жатқан сәбилерді бағадарлап, оның болашақта қандай адам болатындықтарына дейін алдын ала жорамалдап, өз бағаларын беріп отырған. Мәселен, емгенде анасының бос емшегін тас қылып ұстап алып емген баланы «есейгенде сараң болады» десе, омырауға жабыспай емген баланы «қолы ашық, жомарт болады» деп жорамалдайды. Ал ұйықтағанда көзін толық жұмбай ұйықтайтын ер балаларды «есейгенде сұлу жар құшады» десе, көзін толық жұмбай ұйықтайтын қыз балалардың «серігі сері болады» деп тұспалдайды. Үнемі жастықтың үстіне шығып алып, жастықты басып ұйықтайтын бала есейгенде «бай-бақытты»; басын бүркеп алып ұйықтайтын баланы «бұйығы, сылбыр, ынжық»; бүк түсіп, қол-аяғын бауырына басып жататын баланы «уайымшыл, тұйық, бір тоға»; етбетінен жататын баланы «қызғаншақ»; қол-аяғын жан-жаққа керіп тастап, шалқалай ұйықтайтын баланы «төрт түлігі сай, ақыл-ойы терең адам» болады деп тұжырымдайды. Ал кейбір сыншылар: «Кісі болар баланы кісесінен білерсің, ат болатын құлынды мүшесінен білерсің» деп балалардың сыртқы кескін-келбетіне қарап та сынай білген. Мәселен, бала дөң жауырынды, сом денелі келсе – батыр, балуан; маңдайы кең болса – білімді, жайдары; құлағы үлкен әрі қалқиған болса – бақ-талайлы, домбырашы; саусақтары сүйрік әрі нәзік болса – ісмер, күйші, биші; маңдайы тар болса – ашушаң, күйгелек, қызғаншақ; аузы мен құлағының арасы жақын болса – аузына сөз тұрмас өсекші, ал алыс болса – сөзге сараң, іске шөгел; желкесі шұңқыр болса – жалқау, жайбасар т.б. деген сияқты болжамдар жасаған.

Балаға қатысты ырым-тыйымдар мен әдет-ғұрыптар. Баланың дүниеге келуін қамтамасыз ету, аман-есен өсіріп, бағып-қағуға байланысты ұстанымдар мәні жағынан тіршілік цикліндегі әлеуметтік мәртебені

айқындаушы әдет-ғұрыптардан құралады. Баланы басты байлық санайтын қазақтың балаға деген ықылас-ниеті, бағым күтімі, жосын-жоралғыларының басы әйел бала көтергеннен басталады. Бала бойға біткеннен басталатын құрсақ той (құрсақ шашу) баланың дүниеге келуі мен өсу кезеңіне, жасына байланысты ғұрыптарға жалғасып, жарыс қазан, көген құру, көтеріп алу, кіндік кесу, құйрық ботқа, сүндеттеу, атқа мінгізу, тоқымқағар сияқты жосын-жоралғылар атқарылады.

Анасына баланы көтеру мерзімі ұзаққа созылады деп түйе етін, баланың ерні қоянжырық болады деп қоянның етін, сақау болады деп балық етін жеуге тыйым салған. Баланың денесіне бөртпе шығады деп кіндігі түспей тұрғанда үйден күл шығармай, қапқа салып отырады. Баланың кіндігін аттай жүйрік болсын деп жылқының жалына байлап қояды. Бала қырқынан шыққанға дейін қасқырдай қайратты болсын деп қасқырдың аузынан өткізу (езуін айналдыра бүтіндей кесіп алып сақтап қояды) рәсімдерін жасаған.

Аяғы ауыр келінге ырымдатып отқа май құйғызғанда, от ағарып ұзын жанса – ұл бала болғаны, қызарып жанса қыз бала болады деп ұғынған. Толғақ жетпей тұрса, май ұзарып жанады. Баланың жолдасына асық ойнайтын бала жалғассын деген тілекпен екі асық қосып, табалдырық астына көмеді. Тіл-көз тимеу үшін босағаға жеті түрлі шүберек байлап, ине шаншып қояды. Толғақ басталғанда есікке, терезеге пышақ, ине шаншып қояды.

Бала туған үйде баланы бесікке салушы әйел бесіктің барлық жабдығын орын-орнына қойып, әбден жасап алған соң, шашуға әкелген құрт, май, бауырсақ, қант-кәмпит, күміс ақшаны уыстап алып бесіктің түбек байланатын тесігінен төмен өткізіп, бесік астынан қолын тосқан әйелдерге береді, жиналған бала-шаға, отырған әйелдер оны өзара үлесіп алады, осылайша тышты ма салтын орындайды. Балалы болғысы келген жас әйелдер, әлі бала таппаған жас келіншектер ырым етіп, үлкен сеніммен шашудан дәм татады. Алматы облысынан жиналған кейбір деректерде кіндікті кейде өздері араласатын, жақсы көретін бала тумаған әйелдерге беретіндігі туралы мәліметтер кездеседі. Х.Арғынбаевтың еңбегінде кейбір ырымшыл кемпірлердің кіндікті етпен қоса қуырып, бала таппай жүрген әйелдерге жегізетіні туралы айтылады. Бала таппай жүрген әйелдерге баланың кіндігін ғана емес, сүндетке отырғызғанда алынатын кесіндіні жегізу (білдіртпей, көрсетпей) Ташкент облысы қазақтарында көптеп кездеседі екен. Баланы қырқынан шығарып ит көйлегін ауыстырғанда оны бойына бала бітпей жүрген әйелдер арнайы сұрап алатын дәстүр бар. Оларға баланың анасы ит көйлекті бүтіндей бере салмай, жыртып береді. Бір ғана бала тісіне және аяғына қатысты жосындардың өзі біршама: шілдехана, ат қою, бесікке салу, шаш алу, қырқынан шығару, тұсау кесер, шідерге енгізу, бала тістей бастағанда түскен тісін кесек ет, май немесе бауырсаққа тығып, тісі иттің тісіндей өткір, мықты болсын деп итке асатады. Сондай-ақ көктей өссін деп жеміс ағашының түбіне көмеді, таудай бол деп тауға қарата лақтырады. Бала тісі періште бұйымы ретінде есіктен кіретін түрлі пәле-жала, қаскөй күштерден қағып тұрады делініп, есік жақтауы арасына да қыстырылады.

Кішкентай бала табаққа аяғын салса – тоқшылық белгісі (қолын салса, керісінше) деп түсініледі. Баланың алғашқы нақтылап айтқан сөзі үшін де сүйінші сұрап, көршілері, дос-жарандары тана тағып, дастарқан жайып, атап өтеді. Еңбектей бастағанда бауырын жерден тез көтерсін деп бауырынан табак өткізіп алу, аяғын апыл-тапыл баса бастаған кезде де жүйрік болсын деп сирақ асып, бұтының арасынан өткізіп алу (бауыр аяқ) сияқты т.б. ырымдар көптеп саналады. Бала отырып бастағанда:

Отырсын, балам отырсын,
Құшағын гүлге толтырсын.

Ұйқысын алып кетеді деп нәрестені бөлеп болғанша үйден кісі шығармайды. Нәрестені тіл-көзден сақтау үшін оның бесігіне, киіміне тұмар ретінде жылан басын, үкі, тоғыз моншақ, күміс тиындарды іліп қояды. Егер көз тиді деп секем алған жағдайда күдіктенген адамының киімінен өзіне білдірмей кішкене қиынды қиып алып түтетеді. Нәрестенің ата-анасы әлдебіреудің нәрестеге сұқтана қарағанын байқап қалса, балаң балпанактай екен деген сөзін көңіліне алған жағдайда, іле-шала оған түкірту ырымын жасатады. «Көзінде қалы бар адамның қарағы тегін жібермейді» деп, үйге осындай белгісі бар адамның келуінен қатты сақтанады. Нәресте сұлқ түсіп, қатты ауырып қалған кезде, осының көзі тиді-ау деген адамды таптырып алып, оған түкіртеді. Басқа сан түрлі ұшықтау ырымдарын жасайды. Нәрестеге жұрттың назары түспеуі үшін оны көзден тасалап, оған көбінесе жаман-жәутік, ескі-құсқы кигізіп, бет-аузына әдейі күйе жағып қояды.

Баланы төрге аунату – ырымның бір түрі. Дәстүрлі ортада бала босағадан кіріп келе жатып, сүрініп кетсе, «олжа келді, олжа келді, олжасын көтере алмай келе жатыр, төрге аунат, олжа төрге жұқсын» деп үлкендер баланы төрге апарып аунатады. Баланы періштеге санайтындықтан үйге баламен бірге құт кірді деп ырымдап, құтты төрге, яғни үйге орнықтыруды меңзейтін магиялық ырым.

Баланың оң аяғын көтеруі – қандай да бір істің орындалар-орындалмасын білу үшін балаға «аяғыңды көтерші» деп сұрап болжам жасау ырымы. Бала айтқан бойда өзінше гуілдеп, күліп, оң аяғын көтере қалса, өтінуші тілегім орындалатын болды деп қуанады, ісім оңынан, асығым алшысынан түсетін болды деп ырымдайды.

Баланың жол қарауы / жол ашуы. Бір-екі жастағы кішкентай баланың екі қолымен жер тіреп, басын еңкейтіп, екі аяғының арасымен қарап тоңқаюы. Баланың осы қимылын жол қарады, қонақ келеді деп ырымдайды.

Баланың тілін шығаруы – сәбидің өздігінен қайта-қайта еркінен тыс тілін шығара беруін алыстан хат не хабар келеді деп ырым қылған.

БАЛАНЫ ҚИЫП ЕМДЕУ – баланың тамырларын күміс теңгемен баса отырып, қиып емдеу. Балаға шыр бітпей, ыстығы біресе көтеріліп, біресе түсіп, іші өтіп мазасызданады. Баланың ұйқысы бұзылғандықтан, тәбеті де нашарлайды. Көз арасындағы, білектеріндегі, алақан, жауырын, беломыртқаларының екі жанындағы, тобық асты және өкше тамырлары нәрестенің нәзік терісінен шодырайып көрініп тұрады. Қазақы ортада

кариялар бұлай ауырған баланы «қой ауруына» шалдыққан деседі. Мұндай ауруға көбінесе бір жас пен үш жас аралығындағы балалар шалдығады.

Дәстүрлі ортада «қой ауруын» жоғарыда айтылғандай, күміс теңгенің көмегімен тамырларды баса отырып, қиып емдейді. Ем жел тимейтіндей жылы үйде, бір жақ қыры аздап егелген күміс теңгенің көмегімен жасалады. Баланы жөргегіне етбетінен жатқызып, жауырын омыртқаларының екі жағын жағалай және өкше тамырларын, содан соң шалқасынан жатқызып, екі көз аралық, алақан, тобық үстіндегі тамырларына күміс теңгені батыра басып шығады. Ем жасалып болғаннан соң, жел тисе жел ауруына ұласуы мүмкін болғандықтан, тез арада жылы орап, терлетуге тырысады. Егер бала терлесе, ауруынан тез айығып кетеді. Баланы қиып емдеу жаз айларында, күннің ыстық кездерінде жасалады. Мұндай емді емшіліктің қыр-сырын жақсы меңгерген, емшілік қасиеті бар дәстүрлі емшілер жасайды

БАЛАНЫ ҚҰНДАҚТАУ – қол-аяғы түзу, қалыпты жетілуі үшін нәрестені шыттан тігілген матамен орау тәсілі. Бала дүниеге келгеннен соң, кіндігі түспей тұрып-ақ, баланы көлемі шамамен бір кездей шыт матадан тігілген жөргекпен құндақтайды. Шыт мата пайдаланатын себебі ол салқын, баланың денесін терлетпейді. Құндақ мойны қатпаған бала мойнын шалқайып кетуден сақтайды. Құндақталған сәби бесікте жатқандай жылы, қол аяғы жинақы жатады. Сондықтан бесікке жатып үйренген бала бесік болмаған жағдайда құндақтағанда көбінесе құндақтағанда тынышталады.

БАЛАНЫ ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ – тіршілік цикліне қатысты атқарылатын рәсімнің бірі. Дәстүрлі ортада бала дүниеге келгеннен қырқынан шыққанға дейінгі алғашқы қырық күндік «өтпелі кезеңді» қауіпті, қатерлі санап, жаңа туған нәрестені шырақ жағып күзетіп, қасынан адам үзілмей бағады. Бала қырқынан шыққанша «сүт тырнағын», «қарын шашын» алмайды. Қырық күннен аман өткен нәрестені «қарақұлақтанды» деп қуанып, «қырқынан шығару» тойын жасайды. Баланы қырқынан шығарарда шомылдыратын ыдыстың түбіне күміс жүзік, күміс білезік, күміс сөлкебай сияқты заттар салып, 40 қасық таза су құяды. Қазақ ұғымында күміс – адалдықтың белгісі, күміс салынған су – ең таза су (арам су, уланған ас құйылса күміс ыдыс қараяды) боп есептелінеді және оған жын-шайтан жоламайды.

Қырық шелпек пісіріп, келген қауымға таратады. Кейбір өңірлерде оның бірнешеуін бесікке тізеді, оны қаскөй кемпір шымшысын деп ырымдайтын болғандықтан, шымшыма нан деп атайды. Баланы қырқынан шығарған әйелдер білезік, сөлкебайларды бөлісіп алады. Баланы шомылдырып болған соң, «қарын шашын» алып, ақ шүберекке түйіп, тұмарша етіп, баланың оң жақ иығына немесе бесігіне қадап қояды, ал «сүт тырнағын» адам баспайтын жерге немесе «ұрпағы көп болсын», – деп жеміс ағашының түбіне көміп тастайды.

Осы күні баланың ит көйлегі шешіледі. Ит көйлегіне әр алуан тәтті түйіп, бір иттің мойнына байлап қоя береді. Ауыл балалары сол итті қуып жүріп ұстап алып, тәттіні бөліп жейді. Баланың ит жейдесін киелі санап, ақсақалдар алыс жолға шыққанда, дауға барғанда қойындарына тығып алып

жүрген. Бала таппаған, үнемі түсік тастаған әйелдер оны басына жастап жатады екен.

Байырғы орта түсінігінде берілетін әшекейлер баланың денсаулығы мен өмірінің ақысы болып саналатындықтан, баланың анасы немесе әжесі «қырқынан шығару» мерекесіне келген әйелдерді, кіндік шешені ренжітпей, риза қылып, қалауын беріп аттандырған.

БАЛАНЫ СЫЛАУ – бала денесіне қой, өсімдік майын жағып сылап-сипау. Баланы сылау үшін пайдаланатын майды сылаумай деп атайды. Сылаумайды әртүрлі жолмен дайындайды. Мысалы, қойдық құйрық майын қуырып не буға ерітіп алуға болады. Қуырып алу үшін ұсақтап турап ыдысқа салып, баяу отта қуырып, шыжығынан ажыратып алады. Майды қуырғанда көптеген қасиеттері жойылып кетеді деп кейде буға ерітіп алу үрдісі де қалыптасқан.

Жаңа туған нәресте құндақта оралып жататындықтан көбінесе шомылдырғаннан кейін аяқ қолын жазып, денесіне май жағып сылайды. Бала қырқынан шыққанша денесіне май жағып, үстіне итжейдесін кигізіп қоятындықтан ит жейдеге май сіңіп қалады. Сондықтан бала қылқынан шыққаннан кейін ит жейдені өртеп жібереді. «Қар қылаумен, бала сылаумен өседі» деп, бала өздігінен талпынып жүргенге дейін ауық-ауық қой майымен сылап отырған.

Нәресте дүниеге келмей тұрып-ақ ана оған қажетті керек-жарақты біртіндеп дайындап қояды. Соның бірі – сылаумай. Тортасынан айырған майды таза ыдысқа құйып, салқын жерге қойып тоңазытады. Одан соң ыдыстың бетін жауып, шаң-тозаң түсірмей сақтайды. Кейде қой құйрығының күнтимес деп аталатын ішкі жағын қуыру арқылы да сылақ майын алады. Ал кейбірде жылқының тұздалмаған қазы майымен де сылайды. Нәрестені сумен жуындырған соң, жылытылған сылақ маймен жайлап сылайды. Май баланың денесіне әбден сіңіп болған соң баланы шалқасынан жатқызып, «менің қолым емес, пірім бибі Бәтима, Ұмай ананың қолы» деп бастап, «мандайың жазық болсын» деп мандайын жоғары қарай, «қасың қалың болсын» деп екі қастың үстінен бас бармағын жүргізе отырып сипайды, «қыр мұрынды, жігіттің сұлтаны бол, құлыным» деп екі көздің арасынан бастап, мұрынның ұшына дейін екі саусағын сипап жүргізеді. Денесінің құрыс-тырысын жазып, дене мүшелерін, мысалы, оң аяғын, оң қолын солға, сол аяқ, сол қолын оңға қарай «өс, өс, балам, өс» – деп, еппен тартып созады. «Бір мойын болмасын» (мойны мен иығы қысыңқы болса, оны бір мойын деп атайды), «мойны ұзын болсын» деп, баласының екі жағының астынан алақанымен ұстайды. Сонан соң етбетінен жатқызып «омыртқаң тік, аяғың түзу болсын» деп омыртқа тұсы мен белінен төмен қарай аяғының ұшына дейін ұзына бойлата сылайды. «Саусақтарың салалы болсын» деп саусақтарын бір-бірлеп сипай отырып сылайды. Бір аяқ және бір қолынан ұстап «өс, өс» деп жайлап созып тартып:

– Өс-өс, өс!

Үйден пәле көш!

Тәу-тәу, тәу!

Сыламақ менен,

Ширақ сенен!
Менің қолым емес,
Бибәтима пірімнің қолы!
Тастай мық бол!
Темірдей төзімді бол!
Сүттен ақ бол!
Судан пәк бол!
Дерт атаулы кірмесін
Ақ бөпеме тимесін!
Өс-өс, өс!
Үйден пәле көш! –
деп игі тілектерін білдіреді. Кейде:
Бет-аузың сопақ болмасын,
Ат жақты бол!
Мұрның қырдай болсын!
Маңдайың жазық болсын!
Мойның құрықтай болсын!
Бойың сырықтай болсын!
Қолдарың салалы болсын!
Құлағың бүрік болмасын, түрік болсын! –
деп тілек білдіреді.
Ал енді бірде әжелер былай дейді:
...Сыламақ менен,
Мықты болмақ сенен!
Жауырының жабыспасын,
Қабырғаң қабыспасын,
Өс-өс, өс!

Кейде екі қолын екі жаққа созып «қаздың қанатын берсін», екі аяғын соза сілкілеп «тырнаның аяғын берсін» деп тілек әрі жұбату айтып, бала денесінің қырыс-тырысын жазып, тамыры мен буын-сіңірін жетілдіріп, биологиялық белсенді нүктелерін оятып сергітеді.

БАЛАНЫ ТАҚЫМНАН ӨТКІЗУ – қырқынан шыққан баланы елге сыйлы аламдар хан, батыр, би-шешен, сал-серілердің үзеңгісінің астынан өткісіп алу рәсімі.

Ол үшін баланың ата-анасы өздері қалаған адамға өтініш білдіреді. Ол кісі оң аяғын үзеңгіден шығарып, атында отырады. Бірақ бала үзеңгіден сыймайтындықтан, үзеңгінің таралғысынан, яғни, үзеңгі баудан өткізіледі. Бұл осы адамның жақсылығы, құты жұғысты болсын деген ырыммен жасалады. Халық арасында «үзеңгіден өткізу» деп те аталады.

Сондай-ақ баласы тоқтамай жүрген жағдайда, көп балалы әйелдерді, әжелерді арнайы қонаққа шақырып, нәрестені олардың тақымының арасынан өткізіп алатын да ғұрып бар.

БАЛАНЫ ҰШЫҚТАУ – баланы емдеудің бір түрі. Ұшықтау дәрі-дәрмексіз атқарылады. Халық арасында белгілі бір заттан ұшынған, суық тиіп, көз тиіп сырқаттанып қалған баланы ұшықтап емдеудің бірқатар түрлері

калыптасқан. Атап айтсақ «үшкіру», «жер ұшық», «сумен ұшықтау», «отпен аластау», «қағу» т.б.

Ұшықтау аурудың ауыр-жеңілдігіне байланысты болады. Адам денесі қалтырап, тамаққа тәбеті болмай әлсіресе, оның бетіне ішіне шым-шым тұз салынған суық су бүркіп ұшықтайды. Болмаса отқа қызған қалақ, көсеуді ауырған жеріне жақындатып, бетіне, денесіне үшкіріп денені шошындырады. Негізі ұшықтаудағы мақсат – ауырған адамды тітіркендіру. Өйткені адам денесі тітіркенгенде, дененің құрысып тұрған жері жазылып кетеді.

Сумен ұшықтаудың тағы бір түрі кесеге су құйып, оның ішіне жеті тал кара бұрыш салып, анасы баланы сыртқа шығарып ұстап тұрады немесе өзі отыра алатын бала болса өзін отырғызады да, баланы айнала жүріп, бұрыш салынған суды ұрттап балаға бүрку арқылы ұшықтайды. Ұшықтай жүріп «көзі тигеннің көзі шықсын, тілі тигеннің тілі кесілсін» деп көзі тиген адамға қарғыс сөздерін бағыштап айта жүреді. Әбден кеседегі су таусылғанша осылай бірнеше қайталап ұшықтап, содан соң «ауруды саттың ба?» деп сұрайды, баланың анасы «саттық, саттық» деп тез арада үйге кіреді. «Ауруын сатты» деп баланы жеңсізінің етегімен қағып-қағып жіберіп, кесені жерге төңкеріп тастайды. Баланы жатқызып үстіне жеті киім жабады. Біраздан соң бала терлеп, ауруынан айығып кетеді.

Халық арасында баланы жер ұшық беріп ұшықтау кеңінен тараған. Жер ұшық таң қылаң беріп атып келе жатқанда және күн ұясына батып бара жатқан кешқұрым уақытта жасалады. Ол үшін баланы адам, мал аяғы баспайтын таза жерге басын батысқа қаратып, ұзыннан жатқызады. Оң иыққа үш рет, сол иыққа үш рет аунатып «О, Қара жер, ауыруымызды көтере алмадық, өзің көтер» деп қайталап отырады. Осыдан кейін баланы көтеріп артына қарамастан үйді айналып шығады. Үйге кіргізіп, үстіне ер адамның киімімен қатар қамшы, пышақ, бас киім сияқты жеті түрлі зат жауып қояды. Бала терлеп, ұйықтап тұрғаннан кейін сауығып кетеді. Сонымен қатар ұшынған баланы әжесі баланы «сәрсенбінің сәтті күні, сәтін бере гөр» деп, баланы таңертең ерте киіндіріп алып шығып, көк шөптің үстінде жүргізеді. Біраз жүргізген соң жерге домалата аунатады. «Жер ана өзің шипа бере гөр, пірім бибі Бәтима» деп тәу ете жүріп, ұшықтауды бірнеше рет қайталайды.

Абайсызда құлаған баланы шошынудан, пәле жабысудан сақтау үшін баланың құлаған жеріне алақанын тигізіп, сонан соң «ұшық, ұшық, тәңірім, бәледен сақтай гөр, көзге көрінер-көрінбес пәледен сақтай гөр» деп, алақанын баланың ауырсынған жеріне тигізеді. Осылай үш рет қайталайды.

БАЛАНЫ ШОМЫЛДЫРУ – қырқынан шыққанша баланы күн сайын суға түсіру дәстүрі. Әу баста шыр етіп дүниеге келген кезде кіндік шешесі баланы жылы суға шомылдырып, құлақ, мұрынын, денесіндегі бала жолдасының шырышынан тазартады. Осы жұмыстар атқарылып болғанша анасы да тазаланып, таза киімдерін киіп, баласын емуге үйретеді. Бала дүниеге келген күннен бастап қырқынан шыққанша күн сайын шомылдырып, сылап-сипайды. Ертеде бала туа салысымен ерніне қойдың құйрық майын жағып, күш-қуат береді, қан толтырады деп қалжаға сойылған қойдың алғашқы қан көбігіне шомылдырған.

Баланы қырқынан шыққанша тұзды және сабынды суға кезек-кезек шомылдырады. Анасы немесе әжесі баланы арқасынан демеп тегенеге отырғызып, баланы жуындыруды маңдайынан бастайды. Көзін жуғанда сұқ саусағының жұмсақ басымен көздің сыртқы қиығынан ішке қарай сипай жуады. Себебі, баланың көзіне жиналған былшық, баланың көз алмасына кедергісін тигізбей, сыртқа тез шығады. Баланы баптауда тәжірибесі мол аналар баланың көзін керісінше, ішінен сыртқы қиығына қаратып жууға тыйым салады. Өйткені, баланың көзіне жиналған былшық көзінің алмасына кедергісін тигізіп, батуы мүмкін. Баланың бетін жуғанда да алақанын сыртқа қарай жүргізеді, яғни, танауының жанынан бастап құлақ тұсына дейін сипай жуады. Әсіресе, баланың танауын, құлағын жуғанда ептілік керек, себебі нәрестенің танау, құлақ шеміршектері өте қатты болады. Танауын екі жағынан қысып жуса, жылап жібереді. Сондықтан баланың танауы бітелсе анасының сүтін тамызу арқылы тазалайды. Баланың қолтығын, шабын, қол-аяғының саусақтарының араларын ашып әбден жуу керек. Себебі, баланың қолтығы, шабы, саусақтарының арасы тез қызарып, қиылғыш келеді. Баланың арқасын жуарда анасы сол қолымен баланың көкірек тұсынан демеп екпеттетеді. Екі тізесімен отырғызып аяқтарын артқа қаратып, аяғының бастарын сыртқа қаратады. Бұлай отырғызу баланың омыртқа және жамбас сүйектеріне өте пайдалы, баланың буындарының, бұлшық еттерінің жақсы жетілуіне септігін тигізеді. Жуындырып болған соң құлағын, кіндігін қайта тазалап, кіндігінің түбіне қойдың майынан аз мөлшерде жағып қояды. Себебі, қойдың майы кіндіктің желденуінен сақтайды. Әбден жуындырып болған соң баланы сылап-сипауға кіріседі. Баланы дұрыс жуындыра, сылай білу, оның дене тұрқының дұрыс, сымбатты болып жетілуіне бірден-бір септігін тигізеді. «Баланы сылау өсіреді, қарды қылау өсіреді» деген мәтел осыдан шыққан.

Бала қырқынан шыққанда қырық қасық суға күміс теңгелер және күміс сөлкебай салып, кей өңірлерде «бала өскенде бай болсын», – деп қойдың кепкен құмалағын, «ұрпағы шөптей көп болсын», – деп көк шөп қосып шомылдырады.

БАЛАНЫҢ ЕКІНШІ ЕСІМГЕ ИЕ БОЛУЫ – бала өз есімімен аталмай, қосымша лақап атпен аталуы. Ежелгі дүниетанымда баланың аты-жөні оның жанымен тікелей байланыста деп түсіндірілген. Егер оның ныспысын қаскөй күштер біліп қойса, оны дуалауы мүмкін деген ұғым болған. Баланың азан шақырып қойған атын айтпай, оны еркелетіп басқаша атау қалыптасқан. Мысалы, Абай – Ибраһим, Қабанбай – Ерасыл, Шоқан – Мұхаммедқанафия, Мұқағали – Мұхаммедқали т.б. Кейде мұндай есімдер баланың бойындағы ерекшеліктерге, өзіндік артықшылықтарға байланысты айтылып, кейін осылай атау қалыптасып кеткен. Кейде бала ержеткеннен кейін де, оған лақап аттар тағылатын болған. Мәселен, Әбілмансұр – Сабалақ деген есіммен ержетеді де, жекпе-жекте Шарышты өлтірген соң Абылай деген мәртебелі есім қойылады.

Адам өмірде қандай екінші есімді иеленсе де, ислам шарифаты бойынша адам қайтыс болғанда оның шын атын айтып, жаназасын шығарған.

БАЛАНЫҢ (ҚАРЫН) ШАШЫН АЛУ – сәбидің ана құрсағында жатқанда шыққан шашын алу дәстүрі. Жас нәрестенің ана құрсағында жатқанда өскен шашын қарын шаш дейді. Баланың қарын шашы көбінесе бала қырқынан шыққанда алынады. Дәстүрлі ортада ата-аналарының ұстанымына байланысты кейде қарын шаш бала бір жасқа толғанда алынған. Ауқатты адамдар, көптен бала көтере алмай жүріп кішкентайлы болғандар, бірнеше қыздан кейін ұлды болғандар көбінесе қарын шашын алу рәсімін ат шаптырып, думанды той жасап та атап өтетін болған. Тойға жиналған үлкен кісілер, ақсақалдар кезекпен баланың шашын қайшымен қиып ырымын жасап, балаға сый-сияпатын берген.

Қарын шашты баланың әкесі немесе сыйлы ақсақалдардың бірі таза, өткір ұстарамен қырып алып, айдар, кекіл немесе тұлым қояды. Маңдай тұсқа қойылған селдір шаш кекіл, екі шекеге қойылатын шоқ тал шаш тұлым, төбеге қойылған шаш айдар деп аталады. Жас баланың алынған шашын аяқастына тастамай, таза жерге көмеді. Кейде алынған шашты екі алақанның ортасына айналдыра отырып, тығыздап орап, бала жайалығының шетінен жыртып алып орап, сақтап қояды.

Халық арасында баланың қарын шашын тегістей алып тастаған дұрыс деп есептеледі. Себебі қарын шашы қалған баланың назасы қатты болады дейді.

БАЛАНЫҢ МОЙНЫ ҚАТУ – қалжаға сойылған мал мойнын тұтастай мүжіп, іліп қою ырымы. Жаңа туған нәрестенің мойны былқ-сылқ етіп тұрады. Сондықтан оның мойнын денесімен қосып, құнтандақтап, қатылап орап қойып, мойны мен шүйдесін алақанға алып ұстауға тырысады. Осыған орай халықтық ортада баланың мойны тез қатсын деп ырымдап мойын қатыру ырымын жасайды. Ол үшін етпен бірге асылған мойын омыртқаны жиналған әйелдер тістерімен емес, қолмен етінен арылтып тазалап, мүжиді. Тесігінен ши не жіңішке бұтақ өткізіп, екі ұшынан жіппен қосып байлап, кіре берістегі есіктің маңдайшасына немесе оң жақтағы керегенің басына іліп қояды. Менде осындай балалы болайын деп ырымдап, қалжаның етінен жас келіншектер, абысындар ауыз тиюге тырысады. Ауыз тие алмай қалғандар ренжіп жататын да жағдайлар болады.

Халық арасында осы мойын неғұрлым тезірек қатса, бала мойны бекиді деген сенім бар. Осы омыртқа нәрестенің мойны қатқанға дейін тұрады. кейде бала өскенше де ілініп тұра береді.

БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫН КЕСУ / ТҰСАУ КЕСУ – сәбидің буыны бекіп, ширап, қаз тұрып, жүруге талпынған кезінде өткізілетін тіршілік цикліне байланысты атқарылатын ғұрыптардың ішіндегі елеулі мәнге ие рәсім.

БАЛАУЫЗ ШАМ – балауыздан құйып жасалатын шырақ. Балауыз шамның жанатын өзегі ширатылған мақта, кендір және зығыр жіптерден жасалады. Балауыз шам күнделікті тұрмыста қолданылатын. Қайтыс болған пенденің бірінші түнінен бастап бас жағына шырақ жағып қоятын. Ол адам жерленгеннен кейін де сол үйде қырық (40) күн бойы, майшам шырағын жағып қою рәсіміне осы балауыз шам пайдаланылған. Жалпы балауыз шам

ежелгі заманнан бері қолданған. Айта кетерлік жайт кейбір әлем діндерінде балауыз шамды ғұрыптық құрал ретінде пайдаланады.

БАЛАШЫҚ – керегелік желінің қысқа түрі. Зерттеушілердің ел арасынан жинаған материалдарына қарағанда, кереге желісінің қысқа түрі бірде балашық, бірде сағанақ деп аталады. Белгілі этнограф Х. Арғынбаев керегелік желінің (кереге жасалатын әрбір ағаш) ең ұзынын – ерісі, қалған ұзынды-қысқаларын сағанақ деп атайды. Зерттеушінің өз сөзімен айтқанда: «Алты қанат киіз үйдің бір тор көз керегесіне жұмсалатын сағаналардың үлкенді-кішісін түгел қосқандағы жалпы саны 42 шыбықтан тұрады. Оның ең ұзын ерісінің саны 18 болса, қалғандары сағанақ атанады да қос-қостан барған сайын қысқара береді. Оның жалпы саны 24-ке жетеді. Кереге ерісінің ұзындығы 2 метр болса, сағанақтың ең ұзындары 1,6 метр, ең қысқалары 30 сантиметр шамасында болады. Әдетте, керегенің бір ерісінен ұзынды-қысқалы екі сағанақ шығады».

Ал, зерттеуші Ә. Тәжімұратовтың айтуынша, «керегелік желінің ең ұзыны – ерісі, одан қысқалауы – балашық, ең кішісі – сағанақ деп аталады. Бір кереге 14 ерісі, 9 балашық, 9 сағанақтан құралады. Мұны кереге немесе қанат деп атайды. Сонда сегіз қанат үйдің керегесіне $8 \times 14 = 112$ ерісі, $8 \times 9 = 72$ балашық, $8 \times 9 = 72$ сағанақ, барлығы 256 керегелік ағаш кетеді...

Сонымен бірге кереге қанатының сағанағы өзінен кесіліп салынатын болса, қырықпа кереге, балашығы өз алдына кесіліп жасалған кереге қанатын балашықты кереге деп те атайды. Сағанақ пен балашық кереге ерісінің екі жағынан, жоғарыдан төмен, төменнен жоғары келесі қанатқа дәл қиысатын болып келеді. Сол себепті жоғарғы жағы бас балашық, төменгі жағы аяқ балашық деп те аталады».

Қысқасы, керегелік желі ұзындығына қарай халық арасында ең ұзыны – ерісі, қысқалары сағанақ деп, кейде қысқаларының өзі – балашық (ерісінен қысқасы, сағанақтан ұзыны), сағанақ (кереге желісінің ең қысқасы) деп ажыратылып, нақтыланып айтылған.

БАЛБАЛ – ежелгі түрік дәуірінде жиі кездесетін тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі. Балбал – көне түркі сөзі. Балбал сөзі бал+бал, яғни соғу, қағу, ұру дегенді білдіретін қос сөзден тұрады. Бірақ бірыңғай мағынаны білдіретін ұғым. Түркологтардың пікірінше, «тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген мағынаны білдіреді. Балбалдың этномәдени жөн-жосығы ежелгі түрік дәуірінде (VI-IX ғасырларда) айрықша болды. Балбал – өліктің аруағына арналған ғұрыптық кешендердің ең семантикалық мәнді компоненттерінің бірі. Ежелгі түркі ғұрыптық кешенінің құрамы арнайы барық-кесенеден, қорғаннан, сандықтастан, мәтін жазылған бітіктастан және оның тұғыртасынан (немесе тасбақасы), сондай-ақ бәдіздер – балбалдардан тұрды (саны 10-600 данадан астамға дейін барады). Ежелгі түркі ғұрыптық кешендерінің көпшілігі қаған, тегін, йабғұ, тархан, чұр, түдүн сынды билік иелерінің және атақты бекзадаларының құрметіне арналып жасалды. Қарапайым халықтарға арналғандары да бар.

Осы кешендерде аза тұту, ас беру немесе аруаққа бағышталған уоуп «жоқтау» сияқты этностың тіршілік циклының аса маңызды ғұрыптық жосындары атқарылған. Өліктің аруағына тағзым ету үшін яғни аруағын жөнелтуге және ас беруге қатысқандар өздерінің ел-жерінен әкелген ұзын тастарды сол өлікке арналған арнайы ғұрыптық кешеннің күншығыс бағытына қарай арасын шамамен біркелкі қашықтықта тізбектеп тігінен орнатқан. Аталмыш ғұрыптық кешенді салуға қатысқандардың әрқайсысы өз ру-тайпасының таңбаларын немесе көне түркі бітік жазуымен өз атын, лауазымдық атақтарын жазды. Бұл ежелгі түркілердегі уоуп – жоқтау рәсімінің маңызды элементтерінің бірі болған болуы керек. Бәлкім осындай белгі қою арқылы осы рәсімге қатысушылар өздерінің өліктің аруағын құрметтегендігін және оны Тәңірі әлеміне шығарып салғандығын білдіргені деп те айтуға болады. Балбал сөзінің «тас тізбек, қадаған тас» деген мағынасы қазіргі қазақ тілінде «адам бейнелі тас мүсін» деген ұғымға ауысып кеткен. Сол себептен бәдізді де (тасмүсінді), тік орнатылған тастарды да балбал немесе сынтас деп атаған. X ғасырдан бастап қазақ даласына ислам дінінің кеңінен таралуына байланысты балбал тастар қашау ісі өз мәнін жоя бастады. Себебі ислам діні адам бейнесін және жануар бейнесін қашауға тыйым салған. Ғалымдардың пайымдауынша, адам бейнесінде қашалған соңғы балбал тастар XII ғасырға жатады. Кейін балбал тастарды сағана тастар ауыстырған. Қазақы ортада сынтасты бұрынғыдан қалған ескінің көзі ретінде бағалады.

БАЛБАСЫ – бал аштырған адамның балшыға берер төлемі. Балбасының нақты бағасы болмайды. Кедей адамдардың білдірген тілегіне де, берген батасына да риза пейілмен, «құдай үшін» деп, ақысыз бал ашып берген.

БАЛБЕРКІ – су түбіне батып кетпеу үшін ауға немесе желіге, кейде қармақтың жібіне байланатын қалтқы. Балберкі пішімі төртбұрышты, ұзындығы 10-15 см, ені 7-8 см жеңіл ағаштан жасалады. Екі шетінде жіп өткізуге арналған тесіктері болады. Балберкі байланбаған ау тереңге батып кетеді. Осыған байланысты балықшылар арасында «Құмсыз жер болмас, балберкісіз ау болмас» деген мақал қалыптасқан. Балберкі әр аймақтағы балықшылардың тілінде әртүрлі аталады. Мәселен, оны шығыс өңірде лапылдауық десе, Арал, Каспий және Торғай мен Ырғыз жағында – қалтқы, Көкшетау аймағында салтқы деп атайды. Аталмыш құралдың диалектологиялық материалдардың арасынан қалқы, қалқан тәрізді атаулары да ұшырасады. Балыққа құрылған аудың көлеміне байланысты, әдетте, бірнеше балберкі қолданылады. Мәселен, 20-дан 40-қа дейінгі балберкінің тобын (жинағын) Арал, Каспий балықтары бүйек, бояқ дейді. Бүйекті ірі балықтарға ау салғанда қолданады.

БАЛГЕР – адамдардың тағдырын, алдағы уақытта не болатынын, қалай болатынын құмалақ ашып, жауырынға қарап, кітап көтеріп бал ашушы, болжаушы. Мәдени семантикалық өрісте балгер гиперонимдік ұғым болса, ал құмалақшы, жауырыншы, жұлдызшы сол ұғымның аясындағы гипонимдер болып саналады. Ескілікті кездегі ел ішінде құмалақпен бал ашатын балгерді құмалақшы, жауырынмен бал ашатын балгерді жауырыншы, кітап ашып

(кітап көтеріп) бал ашатын балгерді жұлдызшы деп атаған. Айтқан болжамы айнымай келетін балгерлерді ел арасында сәуегей, әулие атандырған, бірақ сәуегей, әулиелердің, ішінара болмаса, бәрі бірдей балгер болмаған. Сондай-ақ кейбір тәуіптердің (халық емшілерінің) ішінде де балгерлер болған. Балгер, бал, бал ашушыны Сыр бойы, Оңтүстік аймақтарда пал, палшы, пал ашушы деп атайды. Ел кезіп бал ашатындарды кей аймақтарда ақши деп атаған. Тәжік тілінде фолвин атауы «балгер», «балшы» мағынасын білдіреді. Қазақтың балгер, бал-шы атауының төркіні фол-вин сөзімен байланысты болуы ықтимал деген де пікір бар.

Құмалақ салудың, жауырынға қарап сөйлеудің техникасын, кітап ашудың жолын үйреніп алғанмен, жай адам балгер бола алмайды, себебі ежелгі түсінік бойынша, балгерлер ерекше қасиетке ие, «кітапты», «құмалақты», «жауырынды» ақ сөйлете алатын рухы айрықша таза жандар деп есептелген.

БАЛҒА¹ – қатты заттарды соғуға, металды соғып өңдеуге, шеге қағуға, орақ шыңдауға, уатып бөлшектеуге және т.б. жұмыстарға арналған, темір не шойыннан жасалған салмақты басы бар ағаш сапты құрал. Балғаның соғатын, шекітін бөлігі балғаның басы, ұңғысына сұғылған сабын балғасап деп атайды. Балғасап ағаштан жасалады. Балға басының пішіні мен атқаратын қызметіне қарай (мәселен, шың балғамен шалғы, кетпеннің жүзін құстұмсық төске қойып, үстінен соғып, жүзін жұқартып өткірлейді) жұмырбас балға, шұбар балға, шой балға, қол балға, жез балға, шапқы балға, шың балға, ағаш балға деп аталатын көптеген түрлері қалыптасқан. Өйткені балға ұста-зергерлердің, үйшілердің, ершілердің, етікшілердің, қырғышылардың (ыдыс-аяқ жасаушылардың), тас қашаушылардың, тамшылардың жиі қолданатын құралы. Олардың әрқайсысының өзіне лайықты балғалары болады. Балғауыз – Шың балға; Жұмырбас балға – шұбар балға.

Мәселен, белгілі ұста Д. Шоқпарұлы шой балғаны темір ұсталары қолданатынын айта келіп, онымен жұмыс істеу тәсілін былай түсіндіреді: «Темір ұстасының көрік басып, балға соғып тұратын көмекшісін балғашы деп атайды. Оның тұтылатын балғасының салмағы 2 кг-нан 16-кг-ға дейін болады. Салмағы ауыр болып келетін балғаны ұсталар шой балға дейді. Отқа қызған темірді ұста бір қолындағы қысқышпен қысып ұстайды да, төске төсеп қолындағы орта салмақтағы балғамен ұрып, балғашыға жөн сілтеп отырады. Балғашы ұстаның соққан жеріне шой балғаны дәлдеп ұрады. Ұста қолындағы балғаны қол балға деп атайды. Оның салмағы 0,5 кг-нан 2 кг-ға дейін болады. Шой балғаның сабы кепкен қайың, қарағаш, емен сияқты қатты ағаштан жасалады. Сабының ұзындығы созған қолының алақаны мен қолының арасына сәйкес келуі керек. Шой балғаға ілдіргілі темір сына қағылады». «Сом темірге балға бар, Сомсынғанға Алла бар» деген халық мақалы балғаның осындай қызметіне байланысты қалыптасқан.

Балғаның шұбар балға деп аталатын түрін зергерлер қолданады. Өйткені оның дүмінде (шүйдесінде) айқыш-үйқыш түскен қышыры (бедері) болады. Қышыр салу үшін ұста-зергерлер алдымен балғаны отқа жасытып «жұмсартып алады» да шапқы балға деп аталатын басқа бір балғаның өткір

жүзді басымен (басы шот, қашау тәрізді өте өткір болады) шауып шұбарлайды. Шапқы балға – шойбалға.

Шұбарлап болған соң оны суарады. Суару оның беріктігін арттырады. Бұндай балғаны қазақ зергерлері темір бетіне күміс қақтағанда күмісті кіріктіру үшін қолданады. Ал, шапқы балға – темірдің бетіне, балғаның дүміне, егеуге қышыр (түрпі) салатын балға.

Аталмыш балға түрлері бүгінде ұмыт болды.

Етікшілер бір басы жұмыр, екінші басы жалпақ, қайқы болып келетін балғамен жұмыс істейді. Етікші балғасы жеңіл әрі шағын болады. Ағаш шеберлері мен қаңылтыршылар темір балғамен бірге ағаштан жасалған балғаны пайдаланады. Ағаш балға деп аталатын балға түрінің басы да, сабы да қатты ағаштан жасалады. Ағаш балғамен қашаудың сабынан ұрып отырып ағашты ояды, кеседі, теседі, қысқасы, ағаш өңдеуші шебер оны қашаумен бірге қолданады. Ағаш балғаның басы тегіс болып келетін шеңбер пішінді немесе шаршы пішінді болады. Кейде ағаш балғаның міндетін ағаштың безінен немесе үйілінен басы мен сабын тұтастай шауып жасаған қолтоқпақ атқарған.

Кейбір шеберлердің қолында балғаның бір жағымен соғатын, екінші жағымен шеге суыратын түрі де кездеседі. Оны халық арасында балғауыз деп те атайды. Бұндай балғаның басында шағын жырығы болады. Шегені сол жырыққа іліп тартады.

БАЛҒА² – байырғы ортаның қолөнерінде жиі қолданылатын ою-өрнек түрі.

БАЛДАҚ¹ – қыран құсты салт атпен алып жүруге арналған таяныш – құсбегінің құс қондырған биялай киген қолының білегі сүйенетін құрал. Құс салмағы түскенде қолдың қары талмауына демеу болатын функция атқарады. Балдақ көбінесе ағаштың аша бұтағының басына 4-5 елідей жалпақ қайысты қабаттап, жұмсақ төсеніш етіп салу жолымен жасалады. Балдақтың төменгі ұшына орнықты болу үшін ағаштың тошынынан (безінен) домалақтап тобыршық орнатады, ал одан сәл жоғары тұсынан тесіп байланған қайыс бүлдірге өткізеді. Бүлдірге ердің қамшылар жақ қапталындағы шеттікке байланады. Балдақтың орта тұсынан тесіп өткізілген орта бау ердің алдыңғы қасына арнайы орнатқан шығыршыққа байланады. Бұл баулар саят барысында балдақтың көп қимылдамауын, әрі асығыс кезеңде түсіп қалмауын қамтамасыз етеді.

Ат үстіндегі құсбегі оң қолына биялайын киіп, бүркіттің шолақ бауынан ұстай қондырып, қолын балдақтың ашасына қойып, балдақтың төменгі басын ердің оқпанына тіреп алады. Сол қолымен аттың тізгінін ұстайды әрі құс томағасын тартып отырады. Жайшылықта балдақ үйдегі бүркіттің тұсына, кереге басына ілінеді. Балдақты ағаштан, мүйізден оймыштап, бұрмалап, ширатып жасап, әртүрлі өрнек салып сәндейді. Балдақтар жасалу материалына қарай ақ балдақ, алтын балдақ, күміс балдақ деп бөлінеді.

БАЛДАҚ² – аяғы кем немесе мертіккен адам сүйеніп жүретін таяныш құрал. Балдақтың аяқ жағы бірегей, басы ашалы және ортасында ұстайтын ағаш таянышы болады. Ауру адам жазылғаннан кейін балдақты қайталап ұстанбайды. Керісінше балдақты аулаққа апарып тастайды немесе

мертіккен басқа бір адамға тегін беріледі. Мұнысы – ауру қайталанбасын немесе отбасының мүшелеріне дарымасын деп ырымдағаны.

БАЛДАҚ³ – алтыннан, күмістен соғылған немесе қалыпқа құйылып жасалған, үстіңгі бөлігіне асыл тастан көз салынбаған сақина. Қазақтың парелмиологиялық қорында «Алтын балдақ қол сәні, әшекей кесте тон сәні» тәрізді мақал сақталған. Алайда балдақ сәндік бұйым болумен бірге, адамдардың әлеуметтік статусын айғақтайтын қызмет те атқарған. Ертеректе балдақты, көбіне, ер адамдар салған. Бұндай жағдай басқа халықтарда да кездеседі. Зерттеуші С. Суслованың айтуынша, балдақты қазан татарларында ер адамдар таққан. Ал олардың қыз-келіншектері саусақтарына балдақ салмай, жүзік салуды ұнатқан.

Тұрмыста балдақтың екі түрі қолданылған. Оның бірі – шығыршық пішінде жасалған көзі жоқ сақина. Екіншісі – саусақтың үстіне келетін бөлігіне шаршы, жапырақ, күмбез, үшбұрыш пішінді алақан қондырып жасалған сақина. Зерттеу еңбектерінде «Балдақ – саусаққа салатын алтын, күміс сақина. Ертеде балдақты көбінесе ер адамдар салған, Балдақты жергілікті тілде жүзік, сақина деп атай береді. Бірақ олардың (жүзіктің) бауыры шығыр болып келеді, қолдың сыртына қараған жағына асыл тастан көз салынады. Ал балдақта ондай көз болмайды. Тұтас, жалпақ, дөңгелек болып, кейде ою-өрнек жүргізіледі, кейде алтын, күміс беті сол күйінде қалдырылады. Балдақ қазақ тілінде көп мағыналы сөзге жатады,» – деп көрсетіледі.

Балдақты, негізінде, тек материалына қарай алтын балдақ, күміс балдақ деп ажыратып айту қалыптасқан. Қазақ және басқа түркі тілдес халықтарында балдақ «білезік», «шымылдықтың бау өткізетін шығыршығы», «сақинек, мойнақ (пышақ, қылыштың сағағын бекітетін сақина)», «қылыш», «таянатын аша ағаш», «орындықтың екі жағындағы таянышы» және т.б. зат – бұйымдардың немесе олардың бөлшектерінің атауы ретінде қолданылады. Байқап қарағанда, бұл заттарға ортақ белгі бар. Ол белгі – аталған заттардың яки олардың бөліктерінің дөңгелек, жарты шар пішінді болып келетіндігі.

БАЛДАҚ⁴ – жоғарыға тартылған жіпке өткізіп, ілу және жылжыту үшін перде, шымылдық, кілемнің, тұскиіздің басына бекітілген сары жез шығыршық немесе таспадан, матадан тігілген тұйық ілмек. Балдағы өзімен бірге дайындалған шымылдықты балдақты шымылдық дейді.

Қазақы ортада балдақты перде мен шымылдықтарды, әдетте, көрші елдерден – Ресейден, Бұқардан, Қытайдан әкеліп отырды. Ал кілем, алаша, тұскиіз тәрізді бұйымдарды ілуге арналған балдақты әйелдердің өздері тікті. Қазақтың дәстүрлі тіршілік циклінде атқарылатын салт, ғұрып, жосын-жоралғыларда балдақты шымылдықтың өзіндік орны мен рөлі болды.

БАЛДАҚ⁵ – кесу, қырку, шабу, қию қаруының қолға ұстар бөлігі, тұтқасы. Пышақтың сақинегін де балдақ деп атаған. Соған орай «базары пышық балдақы» деген фразеологизм қалыптасқан. Алтын балдақ тіркесі халық аузы әдебиетінде жиі кездеседі. Балдақ қылыш, балдақ семсер, балдақ қанжарларда адамның қолын қарудан қорғап, жауынгерге қарсыластың қаруын қағып, іліп бұрау арқылы қорғаныс жасауға мүмкіндік беретін қарудың маңызды бөлігі. Қылыш, семсерлердің сабы қолға ұстағанда, ал

болаты (жүзі) қында тұрғанда көрінбей тұрса, балдағы қашан да көрініп тұрады. Сондықтан асыл, бағалы қылыш семсерлерде олардың балдақтарының сәнді, әсем болуы ескеріліп, ұсталар оны көркемдеуге көп көңіл бөлген. Жауынгерлік кесу қаруының сәнді үлгілерінің балдақтарына алтынмен ою жүргізілген немесе тұтастай алтынмен қапталып, кейде оның бетін асыл тастармен әшекейлеген. Археологиялық қазбаларда сақ, ғұн, түрік, қыпшақ жауынгерлері тұтынған әшекейлі, алтын балдақты семсерлер, сапы, қылыштар жиі кездесіп отырады (Қ. Ахметжан).

Қазақтар балдағы алтындалып әшекейленген қылыш, семсерлерді осы сипатына сәйкес «алтын балдақ» деп те атаған. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде бұндай қаруларды ақ балдақ, көк балдақ атағандығы да ұшырасады: Сандықта бар көк балдақ Темір мен тасқа қарымас (Батырлар жыры. 3-том. Алматы, 1964, 41-б.); Аңласаң әңгімеме назар салып, Ақ балдақ тасқа шабар асылдаймын (Айтыс. 2-том, 1966, 320-б).

Мұндай алтын балдақты қылыш, семсерлерді, әдетте, жоғары дәрежелі адамдар, атақты батырлар ұстанған.

Қолыма асынғаным алтын балдақ,

Мен келдім Желкерімді суға жалдап (Махамбет).

Ерте кездегі жоғары дәрежелі ел билеушілердің қолына ұстайтын таяғының (асасының) алтын тұтқасы да алтын балдақ деп аталған.

БАЛДАҚ⁶ – қазақ қолөнерінде қолданылатын өрнек түрі. Жұмыр, кейде жалпақ балдақ іші бос дөңгелек түрінде болады. Кейде балдақтар бірімен-бірі қосыла, шеңбермен шеңбер ілмелене келіп, күрделі өрнек түзейді.

Балдақ өрнегі көбінесе кестеге, ағаштан жасалатын бұйымдарға, айталық, адалбақанға, сандыққа, кебежеге, піспек сабына салынады. Тұмарша өрнегімен аралас келген түрін балдақ тұмарша деп атайды.

БАЛДЫЗ – ер азаматтың әйелінің сінділерінің жалпы атауы. Ел арасында әйелінің інісін де, сіндісін де балдыз деп атау кездеседі. Алайда, көп жерлерде әйелінің інісі қайыніні деп аталады. Жезде мен балдыз арасында өзгеше туыстық жақындық болады. Дәстүрлі ортада жезде мен балдыз арасындағы әзілі-шыны аралас қалжың сөздер мен ойын-оспақтар ерекше сипатқа ие. Балдыздың жақындығы «Балдыз балдан тәтті» деген мақалдан айқын аңғарылады. Қазақы ортадағы туыстық қатынастың ілкімді категорияларының бірі болып табылады.

БАЛДЫЗ АЛУ – бұрынғы дәстүрдегі некелесудің бір түрі, қалыңмалы төленіп қойылған қалыңдық қайтыс болған жағдайда, қалыңдықтың сіндісіне үйленуі. Байырғы ортада мұндай жағдайда құдандалы екі жақтың өзара келісімі және елге қадірлі ақсақалдардың шешімі айырықша рөл атқарды. Бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғы қалыңының үстіне балдыз қалың төлеген. Әйелі қайтыс болған жағдайда да, балаларын өгейсітпеу үшін балдызын алатын дәстүр болған. Некелесудің бұл түрі ғылымда сорорат деп аталады.

БАЛДЫЗ КӨРІМДІК – күйеу жігітке балдызын көрсетіп, таныстырғанда қыз жеңгесіне беретін күйеудің кәдесі. Күйеу жігіт пен болашақ балдыздың арасында кейін ерекше туыстық жақындық қалыптасатындықтан күйеу жігіт

тиісті кәдені ешқандай ың-шыңсыз беретін болған. Балдыз көрімдік неке тойы үрдісінде атқарылатын сан алуан ғұрыптың бірі.

БАЛДЫЗ ҚАЛЫҢ – қалыңмалы төленгеннен соң қалыңдық қайтыс болған жағдайда қазақ дәстүрі бойынша қалыңдықтың сіңлісін (балдызын) алу кезінде төленетін қосымша қалыңмал. Алайда, бұл ақы күйеу қайтыс болған қалыңдығына ұрын барған болса ғана төленеді. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса балдыз қалың төленбейді. Балдыз қалың – күйеудің балдызын алу үшін бұрынғы қалыңмал үстіне түйе бастаған тоғыздан тағы да қалыңмал төлеуінің атауы.

БАЛЖУРАН – таулы жерде өсетін өсімдік. Адам жеуге жарамды. Балжуранның тамырын кептіріп алып, кейінірек тері бояуға қолданған. Жамбыл облысының Мерке ауданында балжуранның тамырын шүкір деп атайды.

Шүкір деп Қызылорда өңірінде құмға, қатқылдау жерге шығатын өсімдікті айтады. Шүкірдің биіктігі 30 см-дей, жуандығы білектей, тамыры қант қызылшасының түбіріне ұқсас болады. Жергілікті тұрғындар шүкірді тамырымен қазып, одан қызыл бояу алған. Сол бояумен тері бояған. Сонымен бірге кептіріп алған шүкірдің ұнтағын күйікті емдеуге қолданған. Шүкір деп аталатын өсімдіктің бояуға қатысты мағынасы Таулы Қошағаш аймағында да сақталған. Ондағы тұрғындар Шүкір деп шөптің бояуын атайды екен. Соған байланысты жергілікті тұрғындар тілінде «Құдадан құттыны киемін деп жүріп шүкірінен айырылыпты» деген мәтел сақталған. Қазақ елінің көпшілік өңірлерінде бояуға қолданатын шүкірді томарбояу деп атайды. Ал халық тіліндегі шүкірдің тағы бір атауы – рауғаш.

БАЛИҒАТҚА ЖЕТУ – кәмелеттік жасқа жету; қыздың бой жетуі; ұлдың ер жетуі. Дәстүрлі ортада қыз бала он үш жаста, ұл бала он төрт – он бес жаста балиғатқа, яғни кәмелетке толады деп есептелген. Қазақтар он үш жасқа толған қыз балаға он үште отау иесі деп бойжеткен ретінде қараған. Сөйтіп қыз баланы күйеуге беру қамына кіріскен.

Қазақ ортасында өлген адамның жаназасын шығарып, дәуір айналдыру, ысхат түсіру балиғатқа толған адамға ғана қатысты орындалады. Балиғатқа жеткен күннен бастап қаза болған намазы, ораза күндері үшін туыстары күнәсін алу рәсімін орындайды.

БАЛҚАЙМАҚ – қаймақты қайнату арқылы дайындалатын, тез әзірленетін тәтті тағамның түрі. Сүт бетіне түскен қаймақты жинап алған соң, қайнату кезінде аздап бал, ұн сеуіп араластыра отырып қоюландырады. Түйелі өңірлерде балқаймақты түйе сүтінен де дайындайды. Ол туралы зерттеуші Ә. Жақыпов: «Балқаймақ жаңа сауылған түйе сүтіне су қоспай, әбден қоюланғанша бірқалыпты жайлап қайнатылып пісірілген тағам», – деп жазады. Балқаймақ – алыс сапарға алып жүруге жарайтын, ұзақ уақытқа дейін бұзылмайтын, нәрлі азық. Сонымен қатар асқазан, өкпе, жөтел т.б. ауруларына да дәрулік қасиеті бар.

БАЛҚАРАҒАЙ (*Larix*) – сүрегі қатты, салмағы ауыр, түсі қызғылт, қылқаны ашық-жасыл түсті болатын, биіктігі шамамен 30-40 метрге дейін өсетін ағаш. Балқарағай мамыр-маусым айларында гүлдеп, қыркүйек айының

бас кезінде бүр жарады. Қазақстанда балқарағай Алтайдың таулы өңірлерінде, Бұқтарма өзенінің бастауында, Марқакөл аңғарында, Тарбағатай, Сауыр жоталарында өседі. Балқарағайдың бүрі мен дәні көптеген жануарларға азық.

Балқарағай ерте кезден шаруашылықта кеңінен қолданылған. Мысалы, балқарағайдың суда шірімей ұзақ сақталатындықтан көпір салғанда, оған дінгек ретінде пайдаланылса, құдықшылар оны құдық қабырғасын тұрғызғанда, ұсталар көріктің ағаш бөлігін жасағанда қолданған. Тіпті, тері өңдеушілер балқарағайдың қабығының өзін тастамай, тиімді пайдаланып, одан тері илеуде қажет илік заттар алып бояу жасаған. Сондай-ақ балқарағайдан қыбықтырған заттар өндіреді. Балқарағай күн райының кез келген жағдайына қарамастан өсе беретін төзімді ағаш. Балқарағай сумен ағызуға келмейді, батып кетеді. Суға батқан балқарағай жыл өткен сайын тастай қатты болып қалады, шірімейді.

Халық арасында балқарағай туралы мифтік әңгімелерде де көрініс тапқан. Фольклортанушы А.Белослюдев балқарағай туралы ел ішінен жазып алған мифтің екі нұсқасын ғалым А.Тойшанұлы өзінің еңбегінде келтіріп өтеді. Онда, өлместің суын іздеген Ескендір патшаға перілер көмектесіп, өмір суын әкеліп береді. Алайда, Ескендір патша өмір суын ішкен соң, мың жыл жасайтынына ойлана келе, одан да құдай берген өлшеулі жасты жасайын деп, суды ішуден бас тартады да, су құйылған торсықты балқарағайдың бұтағына іліп кетеді. Су іздеген қарға балқарағайға ілінген әлгі торсықты шоқып, тесіп жібереді. Тесіктен аққан су балқарағайға да тиеді. Содан қарға мен балқарағай ұзақ жасайтын болған делінеді. Ал, келесі нұсқасында, Ескендір патша өлместің суын торсықпен әкеле жатып, дамылдап алайын деп, қарағай түбіне жатқан кезде, әлгі ыдысты құзғын шоқып теседі де, су сондағы қарағайға, аршаға тамып, нәтижесінде, ол ағаштар жасыл түске еніп, мәңгі жасайтын болады. Сондай-ақ, жерге тамған су қалдығын жалаған түлкі де жүні ағарғанша өмір сүріп, тұмсығы суға тиген құзғын да ұзақ жасайтындығы айтылады.

БАЛҚАШ / САБАТ – көктемде су тасып, өзен-көлдердің маңайындағы ойпаңға су жайылғанда пайда болатын үлкенді-кішілі көлшіктер. Олардың жағасы ну қамыс, қалың қоға, көкорай шалғын болып келеді. Сабат, балқашты көбінесе қобы немесе қобы су деп те атайды. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында Қарабай жетім ұлға қыз бермеймін деп, түйелерге артып келе жатқан сабаларын жарып, қымызын қобы суға ағызып жібереді.

Бір жерде келе жатып бөгеледі,

Өзі ақымақ нәлеті кім көреді?

Тоқсан нарда сабаны жарып тастап,

Бір қобыны қымыз қып жөнеледі.

Қобы, қобы су атауларының дыбыстық өзгеріске түскен тағы бір нұсқасы жыраулар мұраларында кездесіп отырады. XV ғасырларда өмір сүрген Доспамбет жырау:

Қоғалы көлдер, ком сулар,

Қоныстар қонған өкінбес.

Арыстандай екі бұтын алшайтып,

Арғымақ мінген өкінбес, –

дейді. Осындағы қом су тіркесі қобы су дегенмен төркіндес екендігі байқалады.

Қобы, қомы су тәрізді байырғы сөз саха (якут) тілінде де сақталған. Сахаларша хомо шығанақ деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліндегі қобы (су) мен қом (су) дегендердің түбірлес екендігін екі түрлі тарихи дыбыстық құбылыс арқылы түсіндіруге болады. Бұл сөздерде б мен м дыбысы алмасқан. Мұндай алмасулар қазақ тіліндегі кейбір сөздердің дыбыстық құрамында кездесіп отырады: төбешік – төмпешік, топар (тобар) – томар көлшік, құрбандық – құрмалдық, жабылды – жамылды т.б. Екіншіден, ұяң дауыссыздың үндіге алмасуы соңғы буындағы ы дауыстысының көмескіленіп «түсіп қалуына» әсер еткен. Сонымен, қом суы мен қобы судың (ықшамдалған түрі – қобы) шығу негізі, түп-төркіні бір (Ақтөбеде және Баян-Өлгийде Қобда деген өзен бар).

БАЛҚЫТУ – темір, алтын, қорғасын, мыс тәрізді металдарды қатты күйден жұмсақ күйге айналдыру, еріту. Металды балқытуға ағаш шоғының күші жетпегендіктен тек көмірді пайдаланған. «Темірші көміршіге үйір» деген халық мақалы осыны аңғартады. Көмірді ертеде сексеуілді өртеп, кейде өртенген тобылғы тамырынан дайындаған. Сексеуіл өртеп көмір дайындайтын адамдар және арнайы көмір тасмалдайтын керуендер болған. Көмір болмағанда, ұста мен зергерлер сексеуілдің өзін жағып, шоғына темірді қыпқызыл болып жұмсарғанша ұстап, одан әрі шойбалғамен соғып, қамырдай илеген. Ал күміс, мыс, алтын, қорғасындарды оқбақыр деп аталатын ожау тәрізді ыдысқа салып, шокқа ұстап еріткен. Сұйық күйге айналып балқыған металдар темір бұйымдардың бетін қаптауға, аптап-күптеуге, жалатуға, құйма қалыптар т.б. жасауға қолданылған. Балқыту процесі тек металл өңдеуге байланысты емес, ағаш, мүйіз өңдеуге қатысты да қолданылады. Үйшілер тілінде киіз үй сүйегіне қажетті ағаштарды морға салып, мүйізді суға қайнатып жұмсарту тәсілін де балқыту деп атайды. Балқыған ағашты тезге салып, белгілі бір пішінге келтіреді.

БАЛТА¹ – ағаш шабуға, жаруға, өңдеуге қолданатын өткір жүзді, ағаш сапты құрал. Жұмыс түріне, қолданылатын орнына қарай балтаның бірнеше түрі пайда болған. Мәселен, шеберлер балтаны ақ балта және қара балта деп ажыратады. Ғылыми еңбектерде жауынгерлік балта деген термин қолданылады. Ақ балтаны тек ұста, зергер, балташы тәрізді шеберлер ғана ұстайды. Ақ балтаға бір жүзді немесе бір жағы шот, біржағы балта тәрізді немесе жүзі ойыс (қуыс) соғылған, бірақ ұсталар ағаш өңдеуге қолданатын балта түрлері жатады. Екі жүзі екі түрлі қызмет атқаратын, бір жағы – балта, екінші жағы шот тәрізді балта түрі балташот, кейде шотбалта деп, ал жүзі қуысталып соғылған, ағашты оюға, қуыстап шабуға арналған балта түрі қуысбалта деп аталады. Қазақ шеберлері қолданатын балта халық тілінде балта-шот тәрізді жиынтық атаудың қалыптасуына негіз болған. Әдетте, ақ балтаны шеберлер басқа адамдардың пайдалануына бермейді, өйткені «жұмысты сайман істейді» дейді. Үнемі балтамен жұмыс істейтін ағаш шеберлерін балташы деп атайды.

Қара балтаға күнделікті шаруаға пайдаланатын, кез келген адам ұстай беретін балта жатады. Онымен ағаш шабады, отын жарады, қазық қағады және т.б. Қара балтаның жуан ағаш пен дөңбектерді жаруға пайдаланатын түрі шойбалта деп аталады.

Балтаның басын ағашпен саптайды. Сапты балтасап деп атайды. Балтасап балтаның ұңғысынан босап немесе шығып кетпеуі үшін оның басына ағаш сына қағып қояды. Күн ыстықта балтаны суға батырып қойса, балтасабы босап кетпейді. Сонымен бірге балтасап босап кетпеу үшін балтаны күнге қалдырмай, көлеңкелі жерге қояды. Оның үстіне балтаны кез келген жерге тастай салуға болмайды. Ырым бойынша балтаны баспайды. «Бақан аттаған байымайды, Балта басқан жарымайды» деп балтаны басуға тыйым салады.

БАЛТА² – шабу арқылы зақым салатын жауынгерлік қару. Жауынгерлік балта екі функционалдық бөліктен тұрады: қарудың металдан жасалып, жарақат салуға арналған негізгі бөлігі «басы», қолға ұстайтын бөлігі – «сабы». Жауынгерлік балтада жүзінің жалпақтығы орташа болып, жоғары ұшы тіктеу, төменгі ұшы сағағына қарай сәл дөңгеленіп келеді. Алғашқы балталар тас дәуірінде пайда болғанмен, тікелей жауынгерлік қару ретінде жауынгерлік балта көшпелі халықтарда б.з. дейінгі II мыңжылдықтан қолданыла бастаған, бұл кездердегі балта бастары қоладан арнаулы қалыптарда құйылып жасалған. Жауынгерлік балта ерте заманнан ғұрыптық мәнге ие болған, сондықтан көне заманда жауынгерлік балтаның ғұрыптық нұсқалары да жасалып, олардың жүзінің беттері, шүйдесі, сабы әртүрлі өрнекпен, тотемдік жануарлар мен аңдар бейнелерімен көркемделді. Темір рудасын игеру барысында орта ғасырда жауынгерлік балта басының көптеген жаңа түрлері жасалына бастады. Көшпелі түркі-монғол халықтарында жауынгерлік балта салтатты жауынгердің басты қаруының бірі болды, соғыста жауынгерлер балтаны негізінен қоян-қолтық айқаста пайдаланды. Жауынгерлік балта ер қаруы-бес қарудың құрамына кіріп, айқас алдындағы батырлардың жауынгерлік жекпе-жегі мен әртүрлі тойларда өткізілетін сайыстарда басқа жауынгерлік қарулармен бірге балтамен шабысу сайысы да өткізілген. Қазіргі замандағыдай, бұрынғы кездерде де көшпелі халықтардың әскерінің құрамы қару түрлеріне қарай бөлініп, айқаста жауынгерлік балтаны қолдануды жетік меңгерген жауынгерлерден жеке әскери бөліктер, қосындар құрылған.

Қазақтарда балтаны жауынгерлік қару ретінде қолдану XIX ғасырдың аяғына дейін сақталып келді. Жауынгерлік балталардың басы болаттан, темірден соғылып, сабы қатты ағаштан жасалып, шығып кетпес үшін басы сабына қосымша екі темір бекітпелер арқылы ұстатылды. Сыртындағы темір бекітпеге күміспен қақталып ою салынып, ал алдыңғы жағындағы бекітпе қарсыластың қаруын кесуге арналған өткір жүз түрінде жасалды. Кейбір балта саптары берік болу үшін баспалау әдісімен өрнектелген күміс қаңылтырмен, ал кейбірі терімен қапталып, металл жапсырмалармен көркемделді. Кейбір балталардың шүйдесі төртбұрышты немесе дөңгелек келген балға түрінде жасалып, қосымша ұру, соғу арқылы зақым салуға қолданылды.

Қазақ балталарының жүзінің беттері әдетте күміс қақтау, алтынмен, күміспен булау, қырнау әдістері арқылы, ал металмен қапталған саптары баспалау әдісі арқылы өсімдік өрнекпен әшекейленді. Көшпелі түркі халықтарының көне мифологиялық дүниетанымында жауынгерлік қару әлемнің үш сегментін байланыстырып тұратын «әлем ағашының» алломорфы ретінде бейнеленеді. Сондықтан қазақтардың балталарының бастары мен саптарында қолданылатын өрнек түрлері көбінесе «әлем ағашы» өрнегінің әртүрлі варианты болып келеді. Бұл өрнектердің қолданылуы балтаның көне замандағы ғұрыптық сипатының қазақтарда көркемдік дәстүр ретінде сақталып келгенін айғақтайды. Сәнді балталардың саптары асыл тастармен де әшекейленді, кейде балта бастарында киелі сөздер немесе арнау сөздер жазылды.

Қазақтардың жауынгерлік балталары сабының ұзындығына қарай қысқа, орташа және ұзын сапты болып келеді. Қысқа сапты балта (балташық) сиректеу қолданылды да, ең көп қолданылғаны сабы орташа ұзындықты балта, ең аз қолданылған ұзын сапты балта болды.

Дәстүрлі мәдениетте жауынгерлік балта әскери құрал ретіндегі утилитарлық қызметінен басқа түрлі символдық, белгілік және ғұрыптық мақсаттарда да қолданылды. Көне заманда жауынгерлік балта көп халықтарда оны ұстаушылардың сакральдық рөлін көрсететін символдарының бірі болды. Осы ерекшелігіне сәйкес қасиетті мүлік, жоғары құндылығы бар зат ретінде балта көшпелі қоғамдағы түрлі әлеуметтік және мемлекетаралық қатынастарды белгілейтін әртүрлі ресми сыйлардың құрамына кірді.

Көне магиялық сенімдерге сәйкес ерте заманнан айбалтаның зұлым күштерден, рухтардан қорғау, сақтау күші бар деп түсінілді де, апотропеикалық (қорғау, сақтау) магиялық ырымдарда қолданылды. Түркі халықтарында шаман-бақсылардың зұлым рухтармен айқасуға, күресуге көмектестін құралы ретінде балта олардың ғұрыптық қаруларының бірі болған. Қазақ бақсылары да жауынгерлік балтаны зікір салғанда пайдаланды. Батыс Қазақстандағы қазақтардың құлпытастарында, сағанатастарында жауынгерлік символ ретінде бейнеленген әртүрлі жауынгерлік балта бейнелерін көруге болады. Жауынгерлік балтаның символдық, магиялық мәніне байланысты қазақтарда ер адамның есімдері ретінде ер балаларға Балта, Балтабай, Қарабалта деген сияқты есімдер де қойылған.

БАЛТАМ ТАП! – жастар ойнайтын ұлттық ойын. Қазақы ұғымда бір жұмысты аяғына дейін тындырмай, бір-біріне сілтеп, тиянақ таппағанда «балтам тап ойнағандай» деп кейіс білдіретін сөз бар. Балтам тап – жастардың бір-бірін қыжыртып ойнайтын ойыны. Ойынға жиырма-отыз шақты адам қатысады. Ойыншылар малдас құра шеңбер жасап, дөңгелене отырады да, қолдарын артына ұстап, жасырын түрде ұсақ затты (сақина, асық) бір-бірінің қолына береді. Шеңбер ортасындағы ойыншы қолдан-қолға берілген заттың кімде екенін табуы керек. Егер тапса, шеңбер құрған ойыншылардың арасына кіреді де, шеңбер ортасына басқа ойыншы шығады. Балтам тап ойынына ұқсас сақина тастамақ ойыны да бар.

БАЛТАШОТ – балтаның да, шоттың да қызметін атқара алатын екі жүзді құрал. Балташотты, негізінде, шеберлер қолданады. Шеберлер онымен қажет кезінде ағашты шауып қиюға, жаруға, кесіп тастауға немесе оюға пайдалана береді. Балташотты темір ұстасына арнайы жасатып алып, жүзін өткірлеп, қылауын алып қояды. Кейбір шеберлердің оның шот орнына жиірек жұмсалатынын ескеріп шаппашот деп атайтындығы да кездеседі.

БАЛТАШЫ – ағаштан қиып үй, қора-жай салатын, көлік құралдарын, тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасайтын шебер. Этнографиялық зерттеулерге қарағанда «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ ауылдарында тұрғын үй мен күнделікті шаруашылық үшін ағаштан құрылыс орындарын салу айтарлықтай көбейді». Оның себебі қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануымен, қазақтардың бірте-бірте отырықшылыққа бейімделуімен байланысты болса керек.

Зерттеуші Ә. Бекешевтің қазақтың дәстүрлі ағаш ою өнері туралы жазған еңбегінде орыс халқының қазақ жеріне қоныстануымен тұрмысқа және мәдениетке көптеген өзгерістер енгендігі, көшпелі халықтың отырықшылыққа бейімделуі салдарынан «орыс қысқы тұрақтары» ене бастағандығы, тұрғындардың бірте-бірте қыс мезгілінде «орыс үлгідегі» тұрғын үйлерге ауыса бастағандығы айтылады. Балташылардың жасайтын заттары туралы С. Қасиманов: «Балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді,» – деп атап өтеді. Қазақ балташыларының ұзын бөренелерден қиюластырып үй тұрғызуын үй борау деп атаған. Балташылар тұрғын үйді немесе қора-жайларды бастан-аяқ ағаштан қиюластырып жасаған. Балташылық кәсібі қазақ жерінің ағашы мол солтүстік және шығыс өнерлерінде дамыды.

БАЛУАН / ПАЛУАН – күрес өнерін жетік меңгерген алып күш иесі. Көне Иранда палуан (палван, пехлеван) деп ақсүйек әскерилерді атаған, бұл сөз көне түркі тіліндегі «алып» сөзімен мағыналас. Шығыс елдерінде орта ғасырларда балуандар соғыс кезінде басы металдан құйылған ауыр шоқпар күрзімен қаруланып, әскери қосындардың «күрзішілер» бөліктерін құраған.

Күрес өнерімен айналысатын, ас-тойларда сайысқа түсетін зор күш иесін қазақтар «балуан» деп атайды. Балуандықпен айналысатын адам ұлттық күрестің айла-тәсілдерін жетік меңгеріп, күшін жетілдіру үшін ауыр салмақты заттарды көтеріп жаттыққан. Балуандар күрес сайыстарына өз руларының атынан шығып, руының намысы үшін күрескен. Жеңістерге жетіп, елінің атын шығарған балуандардың есімі бүкіл халыққа танымал болып, ел құрметіне бөленген. Балуандар базар, жәрмеңкелерде, ойын алаңдарында жұрт алдында ауыр заттарды, кірдің тастарын көтеріп те өнер көрсеткен. Күш-қайратымен, күрестердегі жеңістерімен есімі бүкіл қазақ қауымына танымал болған, Балуан Шолақ атанып кеткен әнші-композитор Нұрмағамбет Баймырзақұлы (1864-1916), Иманжүсіп Құтпанұлы, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өткізілген әлемдік додаларда кәсіби классикалық күрес жарыстарына қатысып, әлем чемпионы атанған, есімі әлемге әйгілі болған Қажымұқан Мұңайтпасұлы (1871-1948) бар қазақ ардақтаған нар тұлғалы азаматтар.

Балуандық өнермен Абайдың әкесі Құнанбай, ата-бабалары Өскенбай мен Ырғызбай да айналысқан. Әсіресе, Ырғызбай талай нокталы және қоңыраулы дейтін балуандарды жеңіп, үлкен атақ-даңққа ие болған екен.

Қазақы ортада балуандардың бір-бірімен күреске шығуын балуанға түсті деп атайды. Өз қауымының атын шығарып жүрген балуандарды «түйе балуан» деп атаған. Күрес кезінде күші мен әдіс-амалы асқан, жауырыны жерге тимеген балуанды күресетін ортаға ерекше әрекеттермен әкелетін болған. Мысалы, балуанды нокталап әкелу бір жағынан қарсыласының мысын басу үшін қолданылатын психологиялық тәсіл болса, екінші жағынан балуанның асқан жеңімпаз ретіндегі мәртебесін айғақтайтын символдық рөл атқарған. Ең бастысы – балуанның бұлай шығуы көрермендердің делебесін қоздырған.

Балуандар күреске шыққанда шалбар ғана киеді. Шалбардың балағын кара санға дейін түріп, беліне үш қабаттап қайыс арқан байлаған. Күрес ережесі бойынша қарсыласын жеңген балуан келесі балуанды күтіп, алаңның шетіне отырады.

БАЛУАН БӘЙГЕ – қарсыласын жеңген балуанға тағайындалатын сыйлық. Дәстүрлі қазақы ортада дүбірлі той мен ас беру сияқты жиындарда міндетті түрде балуандар күресі болады. Мұнда күресетін балуандар өз руының атынан шығады. Бүкіл қауымның, ел-жұрттың намысын қорғайтындықтан балуан бәйге үшін еларасына атағы жайылған даңқты балуандар белдеседі. Мұндай балуандар күресінде оларға арнайы тоғыз жүлде деп аталатын балуан бәйге тағайындалады. Бұл жөнінде В.Н.Плотников төмендегідей нақты мәлімет келтіреді:

XIX ғасырдың орта шенінде ас беру барысында өткізілетін балуандар бәйгесіне тоғыз жүлде: түйе мен сегіз рубль күміс ақша, екінші, үшіншісіне – жылқы, төртіншіге – шекпен тігетін шұға, бесінші жүлдеге – кәмшәт, алтыншысына – мылтық, жетіншіге – қанжар, сегізіншіге – шапан беріліп, тоғызыншыға – екі рубль күміс ақша тағайындалған.

Айта кетер жайт, өз руының атынан шығып, қарсыласын жеңген балуан өзіне тиесілі балуан бәйгесін өз руластарына сол жерде-ақ таратып береді. Бұл жайында І.Жансүгіровтың әйгілі «Құлагер» поэмасында нақты сипатталған. Поэмада бәйге аттары шауып кеткен соң, аттар келгенше деп әр рудан жиналған қауымның белді балуандары арасында күрес болады. Осы күресте найманның атышулы балуаны арғынның балуанынан жығылып жауырыны жер иіскейді. Сонда арғын жақтан Оқас деген кісі Оязға келіп балуан бәйгені сұрағаны этнографиялық дәлдікпен төмендегідей суреттеледі:

...Оязға Оқас кеп тұр маң-маң басып,
«Беріңіз бәйгемді!» деп баяндасып.
Тоғызды түйе басты үлесті жұрт,
Таласып суыртпаққа жанжалдасып.
Бір тайды бара жатыр біреу алып,
Бір қойды кетіп қалды біреу қағып.
Жұлысып бір шаршыға екі сақал,
Бір-екеу ырылдасты ит сықылданып...

Жоғарыда берілген мәліметтен шығатыны балуан бәйгені жеңген балуан емес, оның руластары өзара бөліске салып, алып кететіндігі. Мұндағы гәп, балуан үшін ең маңызды нәрсе сыйлық емес, өз руының намысы болғандығында.

БАЛУАН КҮРЕС – той-домалақта, ас-жиындарда өткізілетін ұлттық ойын түрі.

БАЛУАНТАС – қазақы ортада балуандардың ерен күші мен қайратын көрсетуде қолданылатын көлемі үлкен, салмағы ауыр тас. Қазақтардың байырғы кезден-ақ тас көтеріп жаттығатыны қазақ даласын аралаған шетелдік саяхатшылар жазбаларында айтылады. Халық аузындағы қара өлеңде ол туралы мынадай жолдар бар:

Қаратаудың басында балуан тас,
Көтере алмай көзімнен шығады жас.
Көтере алмай жүргенде көтеріскен,
Көкейімнен кетпейді құрбы-құрдас.

Ауыз әдебиеті үлгілерінде тау-тасты арқалап, көтеріп, бір орыннан екінші орынға көшірген алыптар жайлы аз айтылмайды. Таусоғар, Толағай сынды мифтік бейнелер орасан алып күшімен ел қажетін өтеп, мақсатына ұмтылушы жақсы адамдарға игі істерімен жәрдем көрсеткен. Демек халық арасында тас көтеріп қайратын көрсету ертеден қалыптасқан деуге болады. Аңыз-әңгімелерге арқау болған, күшімен елдің ықыласына бөленген балуандар бір-бірімен білек күшін сынасу және бәс үшін көлемді, салмақты тасты көтеріп, қайратын көрсеткен. Ал кейде түйе, жылқы, бұқаның аяғын байлап-матап, кейде ұстаның төстемірін бәстесіп көтергендігі туралы да айтылады. Есімі елге жайылған балуандардың көтерген тастары балуантас аталып, оны көтерген күш иесінің аты кейінгі ұрпаққа дәріптеліп, дәстүр жалғастығымен бізге жеткен. Балуан Қажымұқан көтерген тас Павлодар облысы Баянауыл ауданы орталығында Қ.И.Сәтбаев музейінің алдында тұр, салмағы шамамен бір тоннадан артық болса керек. Осы тасты жерлестері әу бастағы орнынан әдейілеп қозғап, адамдардың тамашалауына қолайлы болуы үшін ел-жұрт жиі келетін музейдің алдына әкеліп қойған. Бұл тасты Қажымұқан досы Субек ұста Қуанышбайұлының қалауы бойынша көтерген көрінеді. Тарихи оқиға 1923-інші доңыз жылы болған көрінеді. Субек ұста мен Қажымұқанның кездесуін көзімен көрген Мәшһүр Жүсіп Көпей төмендегідей толғайды:

Шалқасынан жатты да, төсеп төсті,
Кеудесіне қойдырды үш пұт тасты.
Пұт жарымдай бар шығар екі балға,
Ақбота, Субек ұста қандай күшті?!
Кезек-кезек екеуі дүрс-дүрс ұрды,
Жұрт қорқып «Өліп кетер?!» деумен тұрды.
«Өзінің жаны бар ма, жоқ па?» десті,
Бит шаққандай көрмеді, қырау құрлы.
Пұшпағынан тер ақты ұсталардың,
Ақыл-ойын сандалтты миы бардың.

Піл ауыр ма, дегендей зіл ауыр ма,
Көрдiк күшiн сол екi жануардың!

Қазiргi таңдағы Семей өңiрiнiң Таскескен мекенiндегi Малбақ балуан көтерген тас осындай жосынның айғағы. Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы Ұзынкөйтен жайлауында әйгiлi балуан Бақыт Ойнайұлы көтерген ескерткiш тас бар. Бұл тасты балуан 1999 жылы көтерген екен. Ежелден жалғасып келе жатқан ғажайып күш иелерiнiң ауыр тасты қайыс арқанмен байлап, орнынан көтерiп жылжытып, үш тас тағанның үстiне қоятын рәсiмi кейбiр өңiрде бүгiнге дейiн сақталып қалған. Бұндағы үш тұғыр тастың мәнi өткен шақ, осы шақ, болашақтың, яғни ата-әке-бала бiрлiгiн ишаралайды.

БАЛШЫҚ БАСТЫРУ – кiрпiш жасау немесе үй сылау үшiн сары топырақтан лай, батпақ жасау, илеу. Балшық бастыру үшiн су құйылған топыраққа сабан, қурай шөп қосып, кетпенмен араластырып, дайындалған лайды бiрер күн бұрын иiн қандырады. Иiн қандыру үшiн жалаңаяқтанған жiгiттер аяғымен басады, кейде ат пен өгiз күшiн де пайдаланады, яғни лай үстiнде арлы-берлi жүрiп, ат, өгiз тұяғымен балшықты араластырып басады. Сонан соң бiртегiс етiп жаймалай дөңгелектеп, оның кенересiн кетпенмен көтерiңкiреп қояды да, күнге кеуiп, тобарсып қалмау үшiн бетiне су сеуiп бұқтырады. Үстiн сабан не шөппен жауып қояды. Дайын болған батпақты iшiне жұқалап сабанның үгiндiсi немесе құм себiлген қалыпқа құйып, тегiс, құрғақ, дөңес жерге төңкерiп, қалыпты босатып алады. Дайын болған кiрпiш бiрнеше күн кептiрiледi.

БАЛШЫҚ ҮЙ – қазақтың ертедегi дәстүрлi баспанасының бiрi. Балшық үй салудың әртүрлi тәсiлдерi бар. Қабырға қалып жасап, ортасына лай құйып, бiтеу қабырға тұрғызып жасалатын үй түрiн «балшық бiтеу үй» деп атайды. Балшық үйдiң қабырғалары жарылып кетпеу үшiн, құрым киiздi сұйық батпаққа малып, қабырғаларын ысып шығады. Мұндай үйлер жаз мезгiлiнде салқын болып, қыс маусымында жылы болатындығымен ерекшеленедi. Негiзiнде осындай құрылысты қазақтар қыстау, қыстақтарға салған.

Оңтүстiк өңiр қазақтары қазiргi кезде де осы әдiспен балшық үйлер тұрғызу iсiн әлi де жалғастыруда.

БАЛЫҚ – суда тiршiлiк етедi. Адамзат балық аулау iсiмен ерте кезеңдердiң өзiнде-ақ айналысып, балық етiн азық ретiнде пайдаланған, кейiн тiршiлiктiң негiзгi көздерiнiң бiрiне айналды, яғни балық аулау кәсiпшiлiк ретiнде қалыптасты. Балық аулау iсi қазақ қоғамында өзен мен көл маңайында ежелден-ақ жақсы дамыған. Балық етiн асып, қуырып, отқа қақтап, кептiрiп ыстау және т.б. жолдармен өңдеп әртүрлi тағам жасаған. Балықтың тiршiлiктiң көзi ретiндегi азықтық маңызымен қатар, оның ем-дәрулiк қасиеттерi де бар. Сонымен қатар дәстүрлi ортада балықпен байланысты наным-сенiм, осыған орай ғұрыптар мен жосын-жоралғылар қалыптасты. Балық сорпасы – дәмдi астардың бiрi. Қуырдағы, уылдырығы, қармасы байырғы ортаның қалаулы тамағы. Қақталған, тұздалған әрi кепкен балықтар да жеңсiк астың қатарына жатады. Кейбiр балықтардың уылдырықтары, қара уылдырығы, қызыл уылдырығы аса қымбат бағаланады.

Балық өнімдерін тұтынатын қазақ қауымы шортан, сазан сияқты етті, ірі балықтарды асып, нан салып, кәдімгі ет түрінде пісіреді. Қабықсыз, жылан тәріздес балықтарды бұрынғы қазақ жемеген. Шырышсыз балықтарды жеуге жарамайды деп санайды. «Балық жеген тоқ болады, әл-дәрмені жоқ болады» деген оралым балық етінің кенеуінің аз болғандығына байланысты айтылған. «Балықтың батасы жоқ, иттің атасы жоқ» дегендей балықтан жасалған асқа бата жасалмайды. Тек бас сүйегі болғандықтан, сазанның ғана басына Қазақстанның батыс өңірлерінде бата жасалып, қонаққа тартылады. Аяқ ауырса, шортанның сорпасын ішеді. Балықтың сорпасы сүйекті күшейтеді. Балықшылар жылымға көп уақыт балық түспей қойса, жылымның абағына (ұшына) әйелдің дамбалын байлап, балықтың ауға мол түсуін ырымдайды. Осы ырымға байланысты балық түсіп тұрған біреудің жылымының аузындағы қоржынның (шонтайдың) тасын ұрлап әкеліп байлайды екен.

Қыстыгүні су бетіне мұз қатқанда балық қармаққа өте сирек ілінеді, құрылған ауға да аз түседі. Сондықтан балықты мұз қатпай тұрып аулайды. Шығыс өңіріндегі көкпектінің балықшылары қыстыгүні көлге бірінші рет қыс мезгілінің басында, мұз қатпай тұрып немесе мұздың жұқа кезінде, екінші рет қыстың аяғында барады екен. Қазақ жерінің Тобыл, Ембі, Сырдария, Есіл, Ертіс, Іле, Шу өзендерінде, Арал, Каспий теңізінде балық аулау кәсіпшілігі бұрыннан жақсы дамыған. Ташкент темір жолы салынбаған кезде Арал теңізінің солтүстік жағалауы иесіз иен дала болған. Балық көп болса да, балықшы кәсіпкерлер болған жоқ. Соңғы жылдары бұл өңірдегі жағдай мүлдем өзгерді. «Арал теңізі» станциясы балық аулаудың орталығына айналды.

1902 жылы мәлімет бойынша Маңғыстау түбегінде балық аулаудың бес ауданы болды. Балықшы қазақтардың он тұрағы болған. Онда екі жүз қазақ балықшы (орыстар 900) болған және олар аумен, өздері қолдан жасаған қармақ, шанышқы түрлерімен балық аулаған. Ақпан, наурыз және көктем айларында балық көп ауланса, жаз мезгілінен қазан айына дейінгі аралықта саябырсыған. Өткен ғасырларда итбалық майының тауарлық сипатының артуына байланысты қазақ даласында балық аулау кәсіпшілігі кеңінен өріс алып, итбалық аулау да жолға қойылғандығы тарихи құжаттарда айтылады.

Балық түрлері. Қызыл балық деп атаған топқа қазақтар бекіре (осетр), шортан немесе қаламбас (щука), шоқыр (севрюга), қорытпаны (белуга) жатқызады. Қызыл балықтың көбінің етінде қылқан, сүйегі болмайды, тек шеміршектен тұрады, уылдырығы (әсіресе бекіреде) мол болады. Ақбалықтың тікені ірі, бірақ ішінде май сақтайтындықтан, еті дәмді келеді. Еті дәмді балыққа жұмырбалық, бекіре, кефаль, қарабалықты жатқызған. Қызылқанат, арзан, торта, қылышбалық сияқты балықтардың еті онша дәмді емес. Жыланбалық (минога), табанбалық (карась), аққайран (лещ), алабұға (окунь) текті балық түрлері қазақ даласының өзен-суларында көптеп таралған. Балықтың ең кішкене түрлерін: күркін, тыран, көкжандарды әуестік үшін ғана аулаған.

Балық тақырыбын тілдік тұрғыдан зерттеген ғалымдар Ж.Досқараев пен Қ.Айтазин Қазақстанның балықты өңірлерінде кейбір балықтың атын екіншісімен атау немесе мүлдем басқаша атаулары ұшырасатындығын айтады. Кейбірінің

үлкен-кішілігіне қарай түрліше атайды. Мысалы, жайынның орташасын лақа, кішілеуін лашық, сазанның кішкенесін қарабүрге, ұсағын торман, табан балықтың ұсағын жалтай деп атаған.

Торғай бассейнінен қаяз, табан, шортан, алабұға, жайын т.б. балық түрлері, Іледен ақ балық, қаяз, алабұға, жайын, лақа, шабақ, тұқы, мөңке ауланған. Каспий мен Жайық өзенінде кездесетін ең ірі балық – қортпа. Ел аузында наһан, жайын, мекіре, қызыл шортан аталатын азулы балықтар теңіздер мен үлкен көлдерден, ақбалық, алабұға, сазан, табан, аққайрандар өзендер мен кішігірім көлдерден, қашаған қызыл, алақанат қызыл, миты қатарлы балықтар бұлақ суларын ауланған.

Қазақтар балықты бес түрге бөлген: мекіре тектестер – мекіре, құртқа; шортан тектестер: шортан, сулық, сүлікше; аққайран тектестер – ақбалық, аққайран, ақшабақ; қызыл балық тектестер – қызыл, алақанат, қашаған қызыл, миты; табан тектестер – көксерке, сазан, табан.

Қазақ жеріндегі өзен-көлдерде тіршілік ететін балықтың сұрыптары төмендегідей. Жайын – басы жалпақ, ұсақ тісті, мұрты бар үлкен балық. Шортан – денесі ұзыншақ, басы жалпақ келген азулы үлкен балық. Сазан тұқы тұқымдасына жататын балық. Табан Каспий және Арал теңіздеріндегі негізгі кәсіптік маңызы бар балық. Мөңке сазанның кішкене түрі. Қортпа бекіре тұқымдас ірі балық. Қаяз теңізде өсетін, еті тәтті балық. Көксерке алабұға тұқымдасына жататын жыртқыш балық. Алабұға жоны күңгірт жасыл, екі жақ бүйірі көлденең қара жолақты, бауыр жағы ақшыл сары, түсі айналадағы ортаға байланысты өзгеріп отыратын балық. Аққайран басы кішкентай, тағамдық маңызы өте жоғары, етті балық Ақмарқа ірісінің дене тұрқы 80 см, орташа салмағы 2-4 кг, еті майлы, уылдырығы құнды, жыртқыш балық. Қылыш балық төменгі жақ сүйегі үстінгісінен асыңқырап біткен, дене тұрқы ұзын, тұқы тұқымдасына жататын балық. Бекіре дене тұрқы 2 м-ден астам, салмағы 10-30, кейде 80 кг-дай болатын балық. 50 жылға дейін тіршілік етеді. Бекіренің тұмсығы қысқа, доғал не сүйрік, мұрттары тұмсығының ұшына жақын, жотасында 5-19, бүйірінде 24-30, ал бауырында 6-14 қырлы сүйектері болады. Бекіре еті дәмді, қара уылдырығы өте құнды бағаланатын балық.

С.Хайдарұлы ауға түскен балықтың қылығы мен мінезі туралы халықтық бақылаудың төмендегідей сипаттамасын береді:

Сазан: – Тайдай тулап, жұлқынамын, – дейді.

Шоқыр: – Барымды салып, бұлқынамын, – дейді.

Табан: – Қалай, қайтіп құтыламын? – дейді.

Қаракөз: – Өне бойы ұтыламын, – дейді.

Қарша: – Жарыққа шықсам, тұтыламын, – дейді.

Батпақай: – Секірсем, оңай сытыламын, – дейді.

Шабақ шортып: – Өлдім! – дейді.

Қызылқанат: – Не болса да, көндім, – дейді.

Қортпа: – Қайық аударар күшім бар! – дейді.

Шортан: – Байқа! Арадай өткір тісім бар! – дейді.

Алабұға: – Инедей зымат жалым бар, – дейді.

Мүңгір: – Шықпаған құр жаным бар, – дейді.

Жайын: – Әлім жеткенді жұтамын, – дейді.

Майшабақ: – Тереңге тайып, зытамын, – дейді.

Қаяз: – Мені адамдар семіз, мұртты дейді.

Ақбалық: – Қаяздан да семіз болғаным,

Тұқымымды әбден құртты-ау! – дейді.

Байырғы қазақтар қыс мезгілінде ауланған балықты жерден қазылған кең, терең апанға, мұз кепеге сақтаған. Мұз кепенің ішіне мұз салып, үстін камыс, топырақпен көміп қоятын болған.

Балыққа қатысты ырым-тыйымдар. Балықшылар балық аулар алдында:

...Су ішінде Сүлеймен,

Судан балық тілеймін.

Алабұға майбас,

Қармағыма жармас,

Қабандай қап балық,

Қармағымды тарт балық, –

деп тілек айтып, іске кірісетін болған. Судан балықты алып шыққанда: «үйіріңмен үш тоғыз» деп, балықтың желкесінен тоқпақпен ұрады. Ал ең қарапайым әдіс – қармақпен балық аулаған балалар сенім негізінде әрі ойын ретінде:

Ақбалық-ау, ақ балық,

Қармағымды қап, балық, –

деп қармағын суға салады екен.

Балықшылар қонаққа балық аспайды. Басқа тағаммен аттандырады. Балық жеп жатқанда келген қонақтың алдына қояды, бірақ «балық же» деп мәзірет жасамайды. Өйткені, балық қылқанына қақалса, обалға қалады деп ырымдайды. Алапес ауруға шалдығу қаупі бар деп, балық жеген соң сүт, айран сияқты ағарған ішпейді. Зайсан балықшыларында ауға ерекше үлкен балық түссе киесі тиеді деп суға жіберген. Сазан пейіш көрген балық, сондықтан оның мың басын мүжісең пейішке барасың деген түсінік болған.

Балыққа бай өзен, су бойында тұратын халық күзге қарай жиналып топпен балық айдау науқанын ұйымдастырған, түскен олжадан жетім-жесірлерге де тең үлес берілген. Мұндайда «балық – судың құрты» деп, артық-ауыс кеткеніне іштарлық жасамайды. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерде балықтың қасиеті, жаратылысы туралы, балыққа қатысты ырым-тыйым, көне нанымның сораптары көбірек байқалады. Мысалы, наһан немесе үлкен шортанның жыртқыштығы туралы халық арасында тараған әңгімеде былай делінеді: қыста мұз қатқан кезде үлкен балықтар қайрандап қалып, жон жағы мұзбен бірге қатып қалады екен. Оның жонын шауып алса да, мұз ерігенде әлгі балық жарақатты елемей тереңге жүзіп кете береді екен.

Ертіс өзенінде балық аулаған бір балықшы жел қайықпен өзен бетінде жүзіп, серемен (кейде атпа, темір ашамен делінеді) қызыл балық аулайды екен. Бір күні ол су түбінен үлкен дөңбекке мініп, екі қолын екі жағына керіп тұрған жалаңаш баланы көреді. Серемен дөңбекті атып, қайықпен жағаға сүйреп шығарса, дөңбек дегені қызыл балық екен де, жалаңаш бала дегені қызылға түскен су бүркіті екен. Су бүркіті тегеурінін қызылдың етінен шығара алмай,

балықтың арқасында кете берген. Жүні жидіп түскен соң бүркіттің екі қанат түбірі қолға, денесі балаға ұқсап қалған екен дейді.

Ертеде Ертіс өзенінен ары-бері малтып өтетін бір сушы адам ауылдағыларға малтыған сайын Суға кеттім! Құтқарыңдар деп, қалжындап айқай салады екен. Бір-екі рет қайталанғаннан кейін оған жұрт сенбейтін болыпты. Бір күні өлдім суға кеттім деген оның айғайын естіген ел баяғы әдеті болар деп құлақ асып елемейді, сол күні сушы адам үйіне қайтпапты. Жұрт өзен жағалап іздесе, әлгі сушы адам жуан шортанмен бірге бір көлденең ағашқа тіреліп су бетінде тұрғанын көреді. Сөйтсе шортан адамның бір аяғын қара санына дейін жұтып, қақалып өлген де, адам шортанның күшімен, су түбіне батып, тұншығып өліп жан тәсілім еткен екен. Адам мен балықтың өлі денесі су бетіне көтеріліп, көлденең жатқан ағашқа ілініп қалыпты деседі.

БАЛЫҚ АЙДАУ – балығы мол өңірлерде көпшілік бірге ұжымдасып атқаратын шаруашылық іс-әрекеті. Көп адамның тізе қосып қимылдауы қажет болатын мұндай әлеуметтік науқан, әдетте балық аулауды кәсіп ететін өңірлерде жыл сайын бір рет, қазан айында ұйымдастырылады. Бұрын Ертістің саласы Қалжыр бойын мекендеген ауылдар бес-оннан бірігетін болған. Балық айдауды ұйымдастырудың өзіндік ережесі бар. Әуелі сәрсенбінің сәтті күні таңдалып, маңайдағы ауылдарға түгел хабарланып, басқарушы адам сайланады. Қолында бар құрал-жабдығын сайлап, еркектер түгел қатысады. Ал әйел қауымы балық айдаған еркектерге өз аулының тұсынан өткен кезде сусын беріп, өзге де қажетті дүниелермен қамтамасыз етіп, көмек көрсетеді. Ол туралы жазушы М.Юсупов былай деген еді «...Әр ауылдан төрт жігітті сал бууға, төртеуін аба тоқуға шығарады. Олар әуелі кепкен қу бөренені су жағасына жеткізіп, жуан, жіңішке бастарын айқастырып тізеді де, кендір арқанмен матап, сал буады. Оны суға түсіріп, арқанмен жағадағы ағашқа таңып қояды. Екінші топ тал мен қаданы дайындап алған соң, айырықтың суын бөгеп, шарбақ тоқиды. Мал қораның шарбағы тәріздес етіп аба салады. Абаның шарбағынан кесек балық тосылып, ұсақ балық бөгелмей өтіп кететін болу керек. Тым тығыз тоқылса, судың алдын да бөгейді. Осылайша дайындық жұмыстары аяқталған соң, «балық айдау басталады. Жігіттер қолдарына ағашпен саптаған сере ұстап, қатарласқан сал үстінде тұрады. Сал екі қатар болып жүреді. Алдыңғы қатардағылар иірімде тығылып жатқан балықтарды үркітіп, алға салып айдаса, екінші қатардағылар жарылып кері қашқан балықты қайырып, топқа қосады. Тіпті қайыру бермей кеткен қашаған балықтарды қайырықшылар тобы иіріп, үйірге айдап тығады не болмаса серемен, шаппа қармақпен шаншып алады. Ал су жағалай ілесе жүрген әйелдер мен балалар қолдарына сере, шаппа қармақ ұстап көмек көрсетіп, темір шелек, легендерін даңғырлатып судағы балықты үркітеді».

БАЛЫҚ АУЛАУ – тіршілік қамымен немесе емдік дәру үшін балық ұстау. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар ертеде балық аулауды арнайы кәсіпке айналдырмағанымен үлкен дария мен теңіз, көл жағасындағылар қарапайым тәсілдермен балық аулағандығы туралы бізге жеткен деректерде айтылады. Олар қарапайым құрал түрлерімен, шаньшқымен, қармақ салу, найзамен түйреу, ілме салу, тоспа, сүзу сияқты

тәсілдермен аулаған. Балық аулауға сере, шанышқы, тартпа (шаппа) сияқты шаншып аулау құралдарын, қармақты пайдаланған. Сонымен қатар ұзын таяққа аттың құйрық қылын бекітіп жасаған ілмені суға салып, балық түсуін асықпай күтіп, ілме қозғалғанда оны тартып алып ұстайтын болған. Қармақтың түрі көп, соған орай құраушы бөлшектері де сан алуан: ине қармақ, әттік, жебе, темелек, жұтпа, шортан қармақ, жалтырауық, топтап салған бір етек қармақ, шаппа қармақ, салма қармақ т.б. Қазақтар орыс қоныстанушыларынан ау құрудың, көл ортасына «ыспамен» жетудің жолдарын үйренген. Балықшылық кәсібіне үйренген қазақтар малға айырбастап қайық сатып ала бастады. Ташкент темір жолы жүргізілген соң балық аулау одан әрі дами түсті.

Балық аулауға сәуір мен маусым аралығы және қыркүйек пен қазан айының бірінші жартысы ыңғайлы деп есептелген. Балықтың уылдырық (тары) шашар кезі су жылып, өзен тасыған маусым-шілде айларында болады. Өзендер тасып арнасынан асқан кезде, жайылма суларға да уылдырық шашады. Бұл кезде балық ауланбайды.

Балық мәселесін арнайы зерттеген Л.С. Бергтің жазуына қарағанда 1930 жылдары Аралда көктем мен күзде құрма, тоспа аулармен, бекіре мен аққайран, сазан, торта, шортан, көксерке, ақмарқа, жайын ауланған. Қаяз бен бекіреге ақан аулар салады. Сүзгі аулармен өзен суларынан ұсақ қаяз, тісті және ақмарқа аулайды. Қазақтар итбалықты еті мен майы үшін қыстыгүні аулаған.

Балық аулаудың күрделі түрі – желі қармақпен балық аулау әдісі. Желі қармақ – ұзындығы 50-60 м кендір арқанның бойына 2 м сайын 20-30 қармақ, бір жерге 40-60 желі қатарынан жалғастырылып құрылатын құрылғы. Жүз елудей қармақ байланған алты кішкене желінің қосындысын балықшылар «сүре» деп атайды. Сүрелердің аралығына байлап, су түбіне тасталатын салмағы 20 кг-дай ауыртпалық желілерді бір орында қозғалтпай ұстап тұрады. Су бетінде жиырма шақты қалтқыдан тұратын көтергі оны батырмай көтеріп тұрады. Ертедегі қарапайым желінің ұзындығы 11-13 құлаш, желі аралары 18 см етіп байланған, бауы қысқалау бір қарыс қана кендірден жасалған. Бекіре, шоқыр, қорытпа аулаудың бір әдісі – қарашағырмаққа кендірден желі жасап, жіптің бойына 8-10 см сайын қара қармақтар байлау.

Балықты қамап аулау – судың арнасын жырып жасаған жасанды айырықтан бөгеу (қарабура) жасап, айырықтың соңына тоғанша істеп, қамалған балықты аулау әдісі. Сондай-ақ иірімдегі балықты атпен, құрал көмегімен таяз қайраңға қаумалап айдап, жондары көрініп қашқан балықты таяқ, сабау, серемен соғып алады.

Балықты қыстыгүні аулау – қыстыгүні балық жиналатын орынды – балық қазанын тауып, самал деп аталатын құралмен мұзын ойып, «үкі жасап», жылымды су түбіне салады (Аралда оны шөгеру деп атайды). Ойылған «үкінің» біріншісінен екіншісіне қарай жылымның қанатын нәрелмен (ұзын сырықпен) айдап отырады. Егер кішілеу ау болса, үкі аралығын сегіз метрдей етіп ояды да, астаумен байланыстырып қойып, ауды бір ойықтан салып, екінші жағынан түскен балықтарды майлық ыдысқа тоғытып ала береді. Мұз ойып,

аумен балық сүзіп алуды «үкі сүзу» деп атайды. Жылымды қыстыгүні мұз астына құлақ / жетек арқанмен тартып жылжытып отырады да, мұз бетіне шығарар кезде айыр ағаш тәпекпен оның екі қанатын қосып, арасынан балық шығып кетуін бөгейді. Аудың қатқан мұзын шаулап қайтадан суға салып отырады. Жылымды тек қыста ғана салып отыратын болса, алты-жеті жылға, ұдайы қолданса екі жыл ғана қолдануға жарайды.

БАЛЫҚ КЕПТІРУ / ЫСТАУ – тұздалған балықты көлеңкеде желге қақтап кептіру. Балық кептіру үшін су құйылған науаға тұзды мол етіп салып, балықты тұзды суда бір күн, салқын жер болса екі күнге салып қояды. Таңдалған балық сазан болса, ішек-қарнын тазалап, ал торталарды сол күйінде салады. Тұз сіңген соң ірі сазан балықтарды арасы жел қағатындай етіп қақтайды, ал торталарды екі-үштен бір-біріне қосып, желбезегінен сым өткізіп тізіп, суын сорғытады.

Суы сорғыған балықтар тез кеуіп қақталады. Көлеңкеде кепкен балықтың майы бүкіл денесіне тарап, дәмі кіреді. Кептірілген балықтарды дәмді болу үшін әрі ұзаққа сақталу үшін түтінге ыстайды. Ыстау үшін жерошақ қазып, үстіне балық ілінген мосыны қойып, ошаққа қамыс немесе ағаш жаңқасын бықсытып жағып, мосы үстінен балық жақсы ысталу үшін ағаш бөшке жауып қойып, түтінге исі сіңгенше ұстайды. Балық кептіру күз уақытында жиі жасалады. Ысталған балықты көлеңке жерде сақтайды.

БАЛЫҚ ҚАЗАНЫ / БАЛЫҚ ЖАТАҒЫ – өзен, көл, теңіздің балық мол жиналатын жері. Арал, Каспий балықшыларының тілінде балықтардың көбірек шоғырланатын жерін жатақ, жатын деп атайды. Балық аулаушылар балықтардың жатағын жақсы біледі Атырау, Маңғыстау аймағында теңіздегі терең жерді жам дейді. Көп балықты осындай жамнан ұстайды. Әдетте, «тымық күндері де жамның беті толқын жатады. Теңізде балықтар жамға жатады да, қыстыгүні өзенге қарай өріп шығады» екен.

Балық қазанына байланысты С. Қаженбаев «Қазақстанның балық байлығын қорғау» атты еңбегінде: «ішкі су балықтары өзен бойларына өтеді. Осы кезде олар бір жерге көп мөлшерде шоғырланады. Ұрық шашып болғаннан кейін жайылып, семіруге қайтадын акваториясы кең көлдер мен теңіздерге шығады. Балықшылар ішкі су балықтарының ұрық шашатын да, жойылатын да жерлерін жақсы біледі. Осының нәтижесінде балықты көп шоғырланған жерлерінде молынан аулап алуға мүмкіндіктері бар. Бірақ бұл жерде мына жағдайды ескерте кеткен жөн: балықты ұрық шашатын кезде, жыл сайын уылдырық шашып үлгермеген балықты ұстау балық қорының біртіндеп кеми беруіне әкеліп соқтырады. Сондықтан да ұрық шашып болып, көл, теңіз бойларына шыққан балықты ғана аулау керек», – деп, балық қорын қорғаудың маңыздылығын атап көрсетеді.

БАЛЫҚ ҚУЫРДАҚ – балық етін қуырып дайындайтын тағам түрі. Дәмді әрі жеңсік ас болатын мұндай тағам тәнге қуат беріп, дертке дауа болады. Балық қуырдағын жеген адамның өңі қарақошқылданып толады, денсаулығы да жақсара түседі. Бұрынғы емшілер жас балаларды балық майымен, ересек адамдардағы кейбір ауру түрлерін балық қуырдағымен де емдеп жазған.

БАЛЫҚ МАЙЫ – ас тағамда және адам ауруларын емдеуде пайдаланылатын тағамның түрі. Балықшылықты кәсіп еткен қазақтар балықты тұрмыстық қажеттеріне жарату үшін балық ішінен шыққан майды жинап шыжғырған немесе балықты асқанда сорпа бетіне шыққан майды сүзіп жинаған. Арнайы жолмен, емші-тәуіптер тілімен айтқанда, «шарты бойынша» алынған балық майын көкжөтелге ем ретінде ішкізген, мертіккен кезде сыныққа, адам денесіндегі жараға, пышақ кесіп кеткен дене жарақатына жаққан, баланы сылауға пайдаланған. Сүйегі сынған адамға балықтың майлы сорпасын ішкізген. Қойдың көнтек жарасын, сиырдың бұзаутаз ауруын, түйенің қысаға ауруларын дауалауға пайдаланған.

БАЛЫҚ ӨЛЕҢ – қайымдасып айтатын жұмбақ айтыстың бір түрі. Айтысушы екі адамның бірі балықтың тегі, түрі, аты туралы өлеңмен сұрақ қойып, екіншісі шешімін табады.

– Айтайын айт дегенің емен екен,
Мен көрдім емен жолы төмен екен.
Көсілген көмекейің ақын болса,
Балықтың ең үлкені немене екен?

– Балықтың ең үлкені жайын екен,
Бір жұрты ер жігіттің қайын екен.
Қылығың ел жұртыңа жағып өтсе,
Алдыңда халал жарың дайын екен.

– Айтайын айт дегенің емен екен,
Мен көрдім емен жолы төмен екен.
Жасыңнан жұмбақ құған дана болсаң,
Балықтың екіншісі немене екен?

– Біреуі онан кейін шортан балық,
Қонады түйелі бай сортаңды алып.
Атадан артық туған асыл болсаң,
Балықты мен ұстаған жүр таңдалық.

Қарсыласының білігін, білімін, тапқырлығын сынау мақсатында берілген балыққа қатысты сан қырлы сұрақтарға екінші ақын өз пайымымен жауап береді, сұрақ-жауап түріндегі өлең осылайша жалғасады.

Халық арасында мал, жан-жануар, табиғат көрінісі сияқты тақырыптар арқау болған тау өлең, су өлең, жер өлең, ағаш өлең тәрізді айтыс түрлері де кездеседі.

БАЛЫҚ СОРПАСЫ – балық етін қайнатып дайындайтын сұйық тамақ. Балық сорпасына пияз, бұрыш қосып ішсе, шаршаған, қалжыраған адамға әл береді, көптеген дертке шипа болады, сүйекті бекітеді, күшейтеді деп саналған. Байырғы қазақ тәжірибесі бойынша аяқ-қолдың буын-буыны сырқырағанда, құркұлақ болып ауырғанда шорттанның сорпасын ем ретінде ішкен. Мешел балаға балықтың майын жалатып, денесін сылаған. Баланың іші өткенде балықтың сұйық сорпасын ішкізген. Балықтың етін жегеннен кейін

айран-сүт ішуден тартынған, өйткені халық түсінігі бойынша ол алапес ауруына ұшыратады екен.

Ертеректе қазақтар үшін балық сорпасы күнделікті тағам емес, жеңсік ас ретінде және емдік тағам ретінде қолданған. Қазақ елінің кейбір аймағында айтылатын «Құданың құдасы – балықтың сорпасы» деген сөз орамы балық сорпасының ем ретінде қолданылатын жеңіл тағам болғанын, мал етінің сорпасынан кенеуі аз екенін білдіреді. Сөз орамындағы құданың құдасы деген оның алыс туыс екендігін көрсетеді. Құданың құдасы қаншалықты алыс туыс болса, балықтың сорпасы да қазақ үшін соншалықты зәру тамақ емес дегенді білдіреді.

БАЛЫҚ ШЫРЫШЫ – балықтың жылбысқы келген терісінің атауы. Мұсылмандық ұстанымда шырышы бар балық жеуге жарамды болмақ. Өйткені, шырышсыз балық бақа-шаян тектес деп саналып, жеуге тыйым салынған, яғни харам деп есептеледі.

БАЛЫҚ УЫЛДЫРЫҒЫ – балықтың ішінен шығатын тары тәрізді ұсақ түйіршіктер. Балқаш, іле балықшылары Балық уылдырығын тары деп атайды. Балықтың уылдырық шашатын уақытын тары шашар уақыты дейді. Іле бойының балықшылар балық уылдырығын бөтеге деп те айтады. Барлық балық түрінің уылдырығы жеуге жарамды болмайды. Кейбір балықтың, мәселен, қарабалық деп аталатын балықтың уылдырығы улы болады. Сондықтан оның уылдырығын алып тастайды.

Балықтың жеуге жарамды уылдырығын ұнға аунатып, қуырып та жейді. Ал қызылбалық, бекіре тәрізді балықтардың уылдырығын тиісті өңдеуден өткізіп, шикілей жей береді.

БАЛЫҚАУЫЗ – затты қысып ұстауға арналған құрал, қысқаш, тістеуік түрі. Балықауыз темірден соғылып, тұмсығы балық аузына ұқсатып жасалады. Ұста, зергерлер жұмыс үстінде балықауызды ұсақ заттарды қысып ұстауға және шеге суыруға қолданады.

БАЛЫҚКӨЗ¹ – сор, шөлейт жерлерде балықтың көзі тәрізді түйме-түйме болып өсетін шөп. Балықкөз – жер бетіне жайыла өсіп, күз айларында пісетін аласа шөп, түйе үшін таптырмас азық. Дәстүрлі ортада басқа жара шыққанда балықкөзбен ұрғашы күшаланың бес не жетеуін қымызға қосып емге пайдаланады.

БАЛЫҚКӨЗ² – дәстүрлі ортада қолөнершілер жиі кескіндейтін өрнек элементтерінің бірі. Балықкөз өрнектің бұл түрі көбінесе зергерлік бұйымдарда, мүйізбен, сүйекпен оймышталған заттарда жиі кездеседі.

Қазақ ұғымында, бұл өрнек өзіндік мағынаға ие, яғни оқу, білім, ғылым деген мәнді білдіреді.

БАЛЫҚТЫ КИЕ ТҰТУ – Балық мифологиялық түсінікте төменгі су әлемінің өкілі болып саналады. Ежелгі түсінік бойынша, жерді балық көтеріп тұрады екен. Байырғы қазақ ортасында балыққа қатысты ырым-тыйымдарды қатаң ұстанған. «Аяғы ауыр әйел балық жесе, мылқау бала туады», «балықтың құйрығын ұстасаң, қармағыңды балық қапайтын болады», «балық же» деп мәзірет жасауға болмайды, олай істесе, айтумен балық жеген адам балық

кылқанына қақалып қалады деседі. Арал өңірінде «сазан пейіш көрген балық, сондықтан оның мың басын мүжісең, пейішке барасың» деген ұғым бар.

Осы өңірде жайын балықтың арқасы неге шұбар болғаны туралы мынадай миф бар. «Адамата мен Хауана пейіштен қуылып жерге түскенде адасып қалып, ұзақ уақыт бір-бірін аңсап, бейнетпен тірлік кешкен деседі. Екеуі бірін-бірі ғаламат сағынады. Бұны жайын балық сезіп, екі мұңлықтың кездесуін тілеп, күтіп жүреді-міс. Суық күннің бірінде, жер бетіндегі судың бәрі қатып жатқан кезде, ақыры екеуі табысып, мұз үстінде қауышып, төс түйістірген деседі. Әйел адамның бөксесі суық болатыны Хауа мұзға шалқайып жатқандықтан, ал еркектің тізесі суық болатыны Адам атаның тізесі алғаш мұзға тигендіктен деседі. Дәл осы сәтте жайын ол екеуінің астына келіп, жонын төсеп тұрады. Сол кезде махаббат нұры мол Адамата мен Хауананың жүрек оты тоң-мұзды ерітіп те жібереді. Ал Адамата тұқымы тасып-төгіліп мұз бетіне шашырап, жайынның жонына жұғып та қалады, содан жайынның арқасы шұбар болып, ол ерекше күшке ие балыққа айналған» деседі.

Асқа, аруаққа арнап сойылған малдың сүйегін толық мүжіп болған соң, түгел қалпында терең суға ағызып жібереді, себебі марқұмның артындағы ұрпағы балықтай молайып, тұқымы жайылады деп түсінген. Міне, осындай ырым-тыйым, мифтерден балықтың киелі екендігі тұспалданады.

БАЛЫҚШЫ ӘУЛИЕ – Оңтүстік Қазақстанның Суындық деген жерінде орналасқан, басында бұлағы бар киелі орын. Созақтың Теріскейінен Түркістанға асатын жол бойында. Бұлағының суы суық, балығы көп. Айналасы тоғай. Бұлақтың балығын ешкім ауламайды. Халықтың ертеден келе жатқан ұғымы бойынша, балығын аулаған адам жаманшылыққа ұшырайды. Сондықтан жақсылықтан ырым етіп келушілер балықтарға жем тастайды. Бұлақтың суы шипалы деп саналады. Балықшы әулие – басына адамдар келіп түнейтін, сыйынатын орын болған.

БАЛЫҚШЫЛАР ПІРІ / ҚАРМАҚШЫ АТА – балықшылардың желеп-жебеушісі. Зерттеушілер А. Тоқтабайдың, Т. Қартаеваның ел аузындағы аңызға сүйеніп айтуы бойынша, шын есімі Жүсіп, кейде Дәулен деп те аталатын әулие кісі ертеде (шамамен 1630-1710 жж.) Сыр өзенінің жағасынан жертөле қазып, сонда тұрыпты. Ол өзеннен қармақпен балық аулап, балықшылықты кәсіп еткен. Аулаған балығымен сол төңіректегі елді асыраған. Оның үстіне аш-жалаңаштарға, жолаушы-жүргіншілерге де өте қайырымды болыпты. Кейінірек оны әулие тұтып, Қармақшы ата деп атап кеткен, балықшылардың пірі деп санаған. Қармақшы ата мал етін жемеген, тек өзі аулаған балық етімен қоректенген. Оның басқалардан ерекшелігі де осында. Қармақшы атаның шапағатына бөленген Қызылорда облысындағы елді мекен кейін осы кісінің атымен Қармақшы ауданы деп аталып кеткен. Әулие қабірінің басына мазар салынып, белгі тұрғызылған, сөйтіп киелі, әулиелі орынға айналған. Сыр бойының балықшылары Қармақшы атаға тәу етеді. Бұның өзі сыр бойында ертеден балықшылық кәсібі болғанын білдіреді.

БАЛЫҚШЫЛЫҚ – өзен-судың бойын мекендейтін елдің айналысатын кәсібі. Балықшылық ертеде қазақтар арасында кең тарамаған, тек балығы мол су бойына жұт не болмаса басқа себептермен көшіп, тіршілік қамымен

тұрақтап қалған жұрттың ғана айналысатын тіршілігі болған. Балық аулау ерте кезеңде қарапайым түрде болды. Әуелі балықты тұйық жерге қуып қамап, қолмен және шанышқы түйреп ұстаса, соңынан қайық пайдаланып, қармақпен аулады. Балықшылар балық аулауға қажет жабдық, аспаптарды жасап алуды үйренді, балық аулаудың тиімді мезгілдерін, орындарын, әдіс-тәсілдерін меңгерді. Қазақ жерінде орыс қоныстанушылары санының өсуіне және Ресеймен сауда-экономикалық байланыстардың кеңінен өрістеуіне байланысты балық және балық өнімдеріне сұраныс өсе бастады, сол себепті балықшылық XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде көптеген адамдардың күнкөріс кәсібіне айналды. Каспий теңізі жағалауында, Шалқар, Имантау, Щучье, Чебачье, Зайсан, Алакөл, Балқаш көлі, Арал теңізі, Жайық, Сырдария, Қара Ертіс, Іле, Шу өзендері жағалауында балықшылықты кәсіп еткен қазақ қауымдары пайда болды. Балықшылықпен негізінен ер адамдар айналысты. Балықшылықпен қазақтар қосалқы кәсіп ретінде айналысты десек те, Сырдың төменгі ағысы бойында XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезінде кәсіптің бір түрі ретінде дамып, Сырдың Арал теңізіне құяр тұсында балықшы ауылдары қалыптасып, өңірде балықшылық кәсібі қазақтардың тіршілігінде айтарлықтар мәнге ие бола бастады. Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы Арал теңізі және Сыр өңірінде балық шаруашылығының одан әрі дамуына әсер етті.

Арал теңізінде балықты «аханша» деп аталатын тормен және ширатылған жіппен тоқылған аумен аулады. Аханшаның ұзындығы 9 сажын, ені 1 сажын, ал аудың ұзындығы 3 сажын болды. Бұл жерде балық түсімі балық аулаумен айналысатын қауымдастықтар бойынша есептелінді. XIX ғасырдың аяғында Аралда балық аулаумен айналысатын 20 қауымдастықтың әрқайсысында 80-нен аханша болған, яғни Арал теңізінің шығыс бөлігінде күніне 800-ге жуық аханша құрылған. Торлар мен аулар бір жіптің бойына керіліп, сырғауылға бекітілді. Балықты күніне үш мезгіл: таңертең, түсқайта, кешке жинап отырған. Ұсталған балықты тұздап, мата үстіне жайып қойып әбден суы ағып болғаннан кейін сатады. Ірі балықтың арқа сіңірін бөлек алып, сығып, күнге кептіреді. Балықшылар баспанасы шалаш деп аталды. Шалаш дарбазалары қамыстан соғылды. Тор, ау, қайықты көбінесе балықшылар өздері даярлады. Балықты кейде орыс көпестеріне ұн, тұз сияқты тағамдарға да айырбастап отырды. Ертедегі қазақтар мал шаруашылығымен қатар қосымша кіріс көзі ретінде тіршілік қамы үшін балықшылықпен де айналыса бастаған. Н.Гаврилов: «Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбегінде Перовск уезіндегі балықшылық жайында былай деп жазды: «балық шаруашылығы қазақтар үшін де, орыстар үшін де маңызды кәсіптің бірі болды. Балық көлдерде мұз қатқан кезде ауланады. Балық сату ісімен алыпсатарлар айналысады. Балық кәсібімен айналысатын отбасылар бір қыста 200-450 сомнан пайда табады».

Балықшылықты кәсіп етуге көшкен қазақтар қыстауларын Сырдария, Қуандария өзендерінің жағасына сала бастады. Балықшы қазақтар негізінен Қазалы уезінің Шыбынды болысында көптеп кездесті. Статистердің зерттеуі бойынша 1910 жылы Қазалы тұрғындарының 34,4%-ы балықшылықты кәсіп

еткен, жалпы саны 5010 балықшы тіркелген. Қазалы уезінде Перовск уезіне қарағанда балықшылық кәсібі жоғары дамыған, бұл жерде балықшылықтың өркендеуі Арал теңізінің жақын болуы, теміржол бекетінің болуы, әрі Орынбор және Ырғыз жақтан балық өніміне сұраныстың көп болуы да әсер етті.

Қазалы қазақтары балықты сүзекі, ау, қармақпен аулаған. Сүзекі ұзын ағашқа бекітіліп жасалды, ұстауға ыңғайлы жеңіл, шортанға салуға ыңғайлы болды. Сүзекімен күз, қыс кезінде де балық аулаған. Балық аулау кезеңі Сырдария суының көтерілуіне де байланысты болды. Дарияның суы көбейсе, өзенге су көп құйылып, балық та көлге көп түседі. Дариядан балық аулау кезеңі сәуірдің соңынан қыркүйекке дейінгі кезде жүзеге асты. Күзгі кезең қазан айынан басталған. Теңізден балық аулауға ау қолданылды. Аханша, тор, қармақ теңізге өте сирек салынған. Теңізден балық аулау сәуір мен маусым аралығында тиімді болды. Көлден балық аулауға қыркүйек пен қазан айының бірінші жартысы тиімді кез саналды.

Жаз мезгіліне қарағанда, қыста ауланған балық табысты көбірек әкелген. Қыста балықты мұзда сақтап, тұздап, түтінге ыстаған. Балық қыс пен жазда екі түрлі бағаланған.

Балық кәсіпшілігінің бағзыдан дамығандығы фольклор нұсқалары мен сенім-нанымға қатысты паремаларда сақталған. Сырдария жағасында тұратын қазақтардың арасында балықшылықтың кәсіп ретінде дамығандығын балықшы пірі Қармақшы атаның мазары сол өңірде болғандығы дәлелдейді. Ноғайлы заманы жырларындағы «балығы тайдай тулаған» немесе «балығының көптігі суға жылқы жаптырмас» деп келетін жыр жолдарынан Арал, Сыр, Жайық бойын мекендеген отырықшы қазақтар арасында ертеден-ақ балық еті мен сорпасы «жеңсік асқа» саналғандығын аңғарамыз.

Балық өнімдерін дайындау, ұқсату. Қызыл балықтың ішінен шығатын жарамсыз қалдығын жалқаяққа араластырмай уылдырығын бөліп алады. Ал көксерке тәрізді жыртқыш балықтардың жұтқынында (қарыны) ұсақ балықтар болса айырып алады. Қазақтар оны уақыт өте келе ұн өнімдерімен араластырып, қарма жасаған.

Жайын тәрізді ірі балықтардың семіз, майлы жон етін бөлек кесіп алады, оны «жаңса» деп, бекіренің жон етін «белкеспе» деп бөлек сақтайды. «Балықтың патшасы» саналатын бекіренің еті өте дәмді, әрі кесімі де үлкен. Кейбір ірі бекірелерді (Ертісте) түйеге теңдегенде оның басы мен құйрығы түйенің шом ағашынан асып тұрады деседі. Қазақтар «балықтың алтыны – қаяз» деп қаяз етін ерекше әспеттеген. Ірі балықтардың жұлын жүйесін – «безегесін» тұтынар алдында алып тастап отырған.

Балық аулау кең өрістеген шақта ұлттық тағам түрлеріне балықты бітеу пісіру, қақтау (көктал), қайнатқан соң етіне араластырып бөкпен, бөрек, қалқы, мипалау, «түйір» (оның қос қайырма, үш қайырма түйір (двойная, тройная уха) деп аталатын жаңаша дәм, тағам түрлері қосыла бастады. Қуырып дайындайтын қарма, майқуырдақ сияқты тамақтар орын алды.

Балықты тұзды суға салып, салқын жерде бір күн қалдырады. Тұздалған балықты шала тобарсыған соң дымқыл бұта-шілік, қарағай, емен,

жаңғақ жаңқаларын бықсытып жағып, оның түтініне исі сіңгенше ыстайды. Онан соң кептіреді. Кептіру үшін көлденең орнатылған сөре немесе арса ағашқа іледі немесе жайып қақтайды. Тұз сіңген ірі балықтарды алып арасы жел қағатындай етіп, ал торталарды екі-үштен бір-біріне қосып, балықты желбезегінен сыммен тесіп өткізіп қояды. Күннің жылуына кепкен балықтың майы бүкіл денесіне тарап, дәмі кіреді. Онан көлеңкеге сақтап айырбас саудаға немесе үлкен қалалардағы жәрмеңкеге апарған.

Балықты тоңазыту тәсілі көп таралмаған. Айталық, 1925 жылы Арал теңізі бекетінен 0,9 пайыз балық тоңазытылған, қалған 99,1 пайызы тұздалған күйде жөнелтілген. Аққайран мен тортаның қарнын тілмей тұздап сегіз күн шаңға салып қояды. Егер кептіру қажет болса 6-8 сағат суға салып шығарып, 6-8 талдан байлап 12-15 күн кептіреді. Ыстау (ағаш мүгінінің түтініне) қажет болса үш күн ғана кептіреді, ондай да салмағының жартысын жоғалтады. Көктемде балыққа тұзды аз салады. Өңделген балықтарды қанар, ағаш ыдыс, түйеқанар, жәшіктерге салып жөнелтеді.

Ертеде түрікмендер орыстардан балықшылықтың түрлі қыр-сырын үйренгенге дейін балықты өз майына қуырып, ішегіне сақтаған «гаурдақты» Хиуаға сатуға апарған. Екі жылға дейін сақталатын мұндай өнімді (А.Джикиев) қазақтардың жасағандығы туралы мәлімет жоқ. Әуелі бұрыннан эмпирикалық практикасынан белгілі балық майын емшілікке (күйік, жара, сынық, денені сылау, ысқылау, ем дәрі түрлеріне араластыру) пайдалана бастайды. Кейін келе балық майын жинап шыжғырып, бауырсақ, тамақ қуыруға пайдаланған. Бір фут қаяз балығынан 4-5 фунт май алынады екен, оны Хиуаның сабын, тері зауыттарына жіберіп тұрған. Пілмай (шип) балықтан ағаш желім алынады, ол өте қымбат бағаланған.

БАЛЫҚШЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ – балық аулауға қажетті құрал-жабдықтар. Қабадан – аудың бір түрі, ағаш шыбықтан жасалған бірнеше шеңбердің сыртын тормен қаптап, түбі бітеу, ауыз жағы ашық етіп үлкен ыдыс кейпінде жасалады. Сылауыш – қайықтың қапталына іліп, шеті суға малынып тұратын жадырасынан істелген қол жуғыш. Абақ – аудың ортасында болатын, кірген балық шыға алмайтын үлкен қанар. Ау – балық ұстау үшін тоқылған тор. Оның қабадан, мардан, жылым, шонтай, қаза сияқты түрлері бар.

Ауды әртүрлі жіптерден тоқиды. Ағаштан да балық аулайтын ау тоқып алатын болған. Талдан, шіліктен тоқып алған шағын ауларды қазақтар шөміш ау деп атап келген. Шөміш аумамен таяз, арнасы қысыңқы сулардан балық аулайды. Балыққа арналған аудың мөлшері әртүрлі, яғни 1-2 құлаштан 8-10 құлашқа дейін барады. Үлкен аудың су беті жағындағы жиегіне торды суға батырмас үшін жүзбелер жасап, астыңғы жиегіне ауыр тас, қорғасындар байлайды. Тордың екі шетіне ұзын сырықты тірей, сырықтың бас жағын шалқайта зырғытып жүргізеді. Аудың тор көздері аулайтын балықтың айқұлағынан ілінетіндей, балықтың басы өтпейтіндей болады. Құрма ау – теңіз ауы; ұз. төрт-бес шақырымға созылатын теңізге құрылатын ау. Сөре – балық аулайтын шанышқы. Шанышқыларды бір қырлап, кейде екі қырлап, қармақ шығарып, темірден соғып, оны ұзын

ағашқа сырыққа бекітіп алады. Сера бір не бірнеше салалы болады. Шыжым таққан серелерді шыжымды сере дейді. Шыжымды серені ірі балықтарға қолданады. Көбінесе ат үстінен лақтырады. Жұтпа қармақ балық жұтатын жем шаншылған қармақ. Балық аулайтын жұтпаны темірден, тебен инеден отқа қыздырып жасытып, қармақ, ілгек шығарып иіп алады да, суға суарып бекітеді. Бұлай жасап алған жұтпаны кейде қармақ деп те атайды. Жұтпаны ұзын жіпке байлап, қармақты суға батырып тұру үшін жұтпадан аздап алып қорғасын тағып, судың тереңіне сай қалтқы тағады. Қалтқыны ағаштан, қабықтан, жеңіл, суға батпайтын заттардан істеп алады. Ол балықтың жұтқанының белгісін береді. Балық жұтатын құралды жұтпа деп атайды. Көбінесе жұтпаға жауынқұрт, қарақұрт, су шаяны, шегіртке, инеліктерді балық жемі ретінде шаншиды.

БАРАҚ – асыл текті ит тұқымының бейнелі атауы. Ілкі дәуірлерге тән археологиялық қазбаларда итті адам мүрдесінің жанына жерлегені мәлім. Бұл итті жеті қазынаға жатқызатын наным-сенімнің көне астауы болса керек. Ежелгі түсінікте барақ пен бөрінің жігі ажыратыла бермеген, екеуі де тотемдік ұғыммен байланысты болғандықтан, көне рәміздерде, нышандық белгілерде ит-қасқыр бейнелері түркі-моңғол халықтарында кеңінен көрініс тапқан. Мәселен, «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғысханның арғы анасы Алунғуаның жатырына түнде шаңырақтан сары нұр түсіп, ол таң бозаландағанда есіктен сары ит рінде сағымданып шығып кеткендігі, содан ананың жүкті болып қалғаны айтылады. Сонымен бірге, қырғыз халқының арғы тегі қыз бен қызыл иттің жұптасуынан таралған деген аңыз бар. Түркі халықтары балаларына Барақ деген атты көп қойған. Батырларын бараққа теңеген Дүрегей деген ит тұқымының еркегі барақ деп аталатыны жөнінде де біршама деректер сақталған.

БАРАН – қоңырқай, күрең, қара сияқты күңгірт түстердің жалпы атауы. Жаратылыстың екіжақты болатындығы жөніндегі түсінік бойынша баран – боз бен қылаңның антонимі, көбінесе мал түсін ажыратуда қолданылады.

БАРАТ ТҮНІ – Құран Кәрімнің Ләухул Мағфуздан дүниенің көгіне түсірілген қасиетті түні, Шағбан айының он бесінші түні. Қасиетті бұл түнде адамның бір жылдық өміріндегі риздығы есептеліп, күнәсына кешірім жасалады. Тозақтағы жандардың азабы жеңілдетіледі. Қол жайып тілек тілеген мұсылман баласының алақанын Алла Тағаланың нұры шалады.

Күллі пайғамбарлардың тәжі мен мөрі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар Барат түні туралы: «Шағбанның он бесінші түні келген кезде түнді ғибадатпен, күндізді оразамен өткіз. Сол түні күн батқаннан кейін Алла Тағала дүниенің көгіне көрініс беріп «Кешірілгісі келген адам жоқ па? Кешірейін. Ризық қалайтын адам жоқ па? Ризық берейін. Басына қиындық келген адам жоқ па? Дереу саулық пен амандық берейін», – дейді. Дінтанушылардың айтуынша, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Қадір түнінен кейінгі көп тоқталған түні – Барат түні.

БАРҚЫТ – оң беті тығыз түкті мата. Түгі қысқа, ұзындау түрлері болады. Қайсысы болса да жұмсақ матаға жатады. Барқыттан әйелдердің көйлегі, ер адамдардың шалбары тігілген, киімнің жағасына салынған. Сонымен бірге

барқытты перде, шымылдык, әртүрлі жапқыштар, көрпе-жастық, тіпті аткөрпелер тігуге дейін пайдаланған. Зергерлер барқыттың қиындыларын қақталған күмістің бетін ыспалап жылтыратуға қолданған.

Барқытты түсіне қарай көк барқыт, қызыл барқыт, қара барқыт, ал түгіне қарай жібек араласқан оюлы түрін панбарқыт немесе помбарқыт, ұзын түкті түрін пүліш барқыт, тоқылған ши бедерлі жол-жол түрін шибарқыт, шиплаш, кеңірдек барқыт деп атайды.

БАРМАҚ – қолдың бірінші саусағы, бас бармақ. Бармақтың пішініне, көлеміне байланысты бармақ басым (шағын, кішкентай, тым аз), бармақ басындай үлкендігі бармақтай ғана; аз, шағын, бармақ батпайтын (тып-тығыз, борпылдақ емес), бармақ елі (қалыңдығы бармақтың еніндей), бармақ қазы (қалыңдығы бармақтай қазы), бармақ мұртты (ұшы қайқайып тұратын мұртты бар (кісі)) тәрізді көлемдік, мөлшерлік, сапалық, қалыңдық ұғымдары және бағалауыштық мәнді білдіретін фразеологизмдер қалыптасқан. Сонымен бірге бармақ атауы халық тілінде «саусақ», «қол» мағынасында да қолданылады. Мәселен, бесік жырында «Бармақтарың майысып, Шебер болар ма екенсің» деген жолдар айтылады. Бармағы бал (тамақты дәмді пісіретін әйел туралы айтылады), бармағы майысқан (қолы шебер, он саусағынан өнері тамған), бармағынан бал тамған (шебер, өнерлі) сияқты бейнелі сөз орамдары да бармақ сөзінің «қол», «саусақ» деген мағыналарына орай пайда болған.

Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта сауатсыз адамдар бармағын, яғни бас бармағын сияға аздап үйкеп алып, құжатты растау үшін қол қойған.

БАРМАҚ БОЛСА, ТЫРНАҒЫ БОЛМАЙ МА? – қарапайым тұрмыстық аяда байырғы жастардың өзара тілдік коммуникациясында ұшырасатын, ер адамның жыныс мүшесімен байланысты айтылатын эвфемистік қолданыс. Әдетте этикеттік норма бойынша адамның жыныс мүшелерінің халық тіліндегі атауын тура айтуға қатаң тыйым салынған. Табуға айналған бұндай атаулар байырғы жастардың өзара коммуникациясында метафораланған басқаша баламасы болғаны байқалады. Бұндай эвфемистік баламалар көбіне күлкі шақыратындай метафораланған атаумен айтылады. Коммуникация субъектілері көбінесе қуақы жігіт, аңғал, аңқауланған қыз болып келеді. Немесе керісінше.

Сондай қуақы жігіттің бірі апалы-сіңлілі жас қыздарға «Кешке қарай ешкім жоқта киіз үйдің түрулі керегесінің сыртынан сендер білмейтін ерекше қызық нәрсе ұстатып көрсетем» деп қызықтырады. Уәделескен уақта оңаша қалған екі қызға көздерінді жұмып тұрындар деп, сыртта тұрып, керегенің көзінен еркектік мүшесін ұстатады. Сонда қыздың біреуі «ибәй, мынау бармақ емес пе? десе, екіншісі ибәй-ау бармақ болса, тырнағы болмай ма?» дейді.

Ертеректегі жастардың қарапайым тұрмыс аясында кездесетін коммуникативтік этикет жүйесінде ойын-күлкі, әзіл-оспақтың өзгеше бір түрі деуге болатын коммуникативтік жүйедегі осыған ұқсастау жайттарды батыс ел ғалымдары күлкі мәдениетінің (культура смеха) ерекше бір түрі деп те қарастырады.

БАРМАҚ ЕЛІ – қалыңдығы бір бармақ (саусақ) мөлшерін білдіретін байырғы өлшем. Бармақ елі атауы бір елі, екі елі, үш елі қазы тәрізді

атаулардан гөрі сирек айтылады. Өлшем аты ұзындықты, қалыңдықты анықтау үшін қолданылады.

БАРМАҚ КӨЖЕ – жайылған қамырды бармақпен баса айналдырып, түйіршіктеп жасаған көже түрі. Оны кей жерде қолдама көже деп те атайды. Егер жайылған қамырды сорпаға қолмен үзіп салса, ол бармақнан деп аталған.

БАРМАҚ ҚАЗЫ – соғымға сойған жылқының бір бармақтың қалыңдығына бара-бар қазысы. Бармақ деп бас бармақты да, басқа саусақтарды да атайды. Демек, бармақ қазы бір елі қазы болып шығады.

БАРМАҚ САҚИНА – сақинаның бармаққа салынуына байланысты қалыптасқан атауы. Сақинаны, әдетте, бас бармаққа салу сирек ұшырасады. Ол туралы деректер тым мардымсыз. Кейде сақинаның үлкенін де бармақ сақина деп атағандығы туралы мәліметтер кездеседі. Оның себебі бармақтың басқа саусақтарға қарағанда жуан болып келетіндігінен болса керек. Соған орай шеңбері кең сақина бармақ сақина. деп те аталуы мүмкін.

БАРМАҒЫН БАСУ¹ – ертеректе хат танымайтын адамның құжатты растау, куәландыру үшін сияға батырылған бас бармағын қағаз бетіне басуы. Ол өз кезінде қазіргі қол қоюмен бірдей болып есептелген. Қазақ арасында бармағын басу Ресейдің қазақ даласындағы жергілікті әкімшілігінің өкілдерімен жасалған әртүрлі ресми құжаттарды куәландыру үшін қолданылды. Бармағын басудың орнына кейбір лауазымы жоқ адамдар өзінің аты-жөні жазылған мөрлі жүзігін басып растаған.

БАРМАҒЫН БАСУ² – ілкіде саудаласқан кезде дәстүрлі шапанның ұзын жеңі ұшынан басқаларға көрсетпей саудагермен қол алысып тұрып, жең ішінен бармақ, саусақтарымен жасырын белгі беру үрдісі. Ол тауарын қаншалықты түсіріп саудалағанын, қаншаға беріп жатқанын тек алушы мен саудагер ғана білуін қамтамасыз етуді білдіреді. Сондай-ақ, тамыр-таныстық немесе пара беру арқылы іс тындыруды да бармақ бастылық жасау деп атаған. Жең ұшынан жалғасу; Бармақ басты, көз қысты ұғымдары «ымы-жымы бір болу» дегенді білдіреді.

БАРМАҒЫН ЖАЛАУ – ықпалды, белді, сыйлы, мәртебелі үлкен адаммен бірге қонаққа ілесіп арып, бірге қонақ болып, дәм татқан дегенді білдіретін метафоралық образды сөз. Бұл атауды тура мағынасында қабылдамау керек. Оны С. Кенжеахметов былай түсіндіреді: Құрметті адамды біреу қонаққа шақырғанда оның жанына шақырылмаса да ере барып, үй иесіне: «Біз пәленшекеннің бармағын жалауға келдік» дейді. Мұның қазақ ғұрпында еш ерсілігі жоқ, керісінше, шақырылған қонақтың құрметін көтере түсу болады. Кейде үй иесі өзінен кіші адамдарға «біздің үйге пәленше келеді, сендер соның бармағын жаландар» дейді. Бұл – арнайы шақырусыз-ақ өзінен кішілермен сыйласудың, құрметтеудің белгісі.

БАРМАСАҢ БАДАЛ! – қарғыс түрі. Бадал оңтүстік өңірлерде таулы өлкеде өсетін дәні өте улы бұталы өсімдік. Уының күші күшәла, меңдуана, күймескүл, илан сияқты шөптермен барабар, оны мал да жемейді. Қазақ әйелдерінің «Бадалғыр-ау, бадалып отырсың ба?» деген сөз қолданысында бадалу қарғысы тиген адам үн-түнсіз бір орында меңірейіп, мелшиіп отыра береді деген түсінік жатыр.

БАРШЫН – қартайып, шау тартқан бүркіт атауы. Қазақ саятшылары жас бүркітті аққұс, сарықұс деп бөле атаған. Себебі, жас бүркіттің қанат күйрығының түп жүні ақала болып келеді де, жасы ұлғайған сайын қоңыр, не қарақоңыр түске еніп, содан әрбір түлеген сайын түстің қылаңдары мүлде азайып, шымқай қара түске ауысады. Бұл құстың баршын тартқан кезі болып саналады.

БАРЫМТА – байырғы уақытта дауласушы жақтың бірі би шешіміне наразы болған жағдайда немесе кінәлі жақ би шешімін орындамаған кезде күшпен кепілдікке айдап алынатын жылқы. Дәстүрлі қазақ қоғамында барымта орынды саналатын, өйткені қазақта жер дауы, жесір дауы сияқты негізгі мәселелерден туындайтын кикілжіңнің аяғы дау-дамайға айналып, соңы барымтамен тынатын да, екі жақ билер билігіне жүгіну арқылы шешетін. Шешімге риза болғанда барымта жасағандар еш құн төлемей, қарсы жақтың малы өзіне қайтарылатын. Бірақ үшінші рет барымтаға шығар болса, кейін құн төленеді т.б. жаза қолданылады. Барымтада алынатын негізгі мал жылқы айдап әкету. Бір-екі жылқы әкетілсе ол барымта емес, 8-10 жылқыдан көп, яки үйірімен әкетсе ғана барымтаға жатады. Малынан айырылған ел қайтадан өз малын немесе соған шамалас малды күшпен қайтарып алса, қарымта аталады. «Барымтаға қарымта бар» деген мәтелдің мазмұны осыны аңғартады. Екі жақтың дауы бітер кезде барымта мен қарымтаның малы есепке алынады да, есепке алынбағаны сырымта болып сіңіп қала береді. «Білсе барымта, білмесе сырымта» деген тұрақты сөз орамы осы салтқа байланысты қалыптасқан. Барымтада мүгедек болып қалатын, кісі өлімі болатын қақтығыстарға дейін ұласқан жайттар ұшырасқан. Барымтаны көбінесе алдын ала жария етіп, ескертіп те жасайтын.

Барымта уақыты – жаз мезгілі. Барымташылықпен ауылдың қарулы жігіттері айналысқан. Барымташы: «жаудан бос қайтқанша жаралы қайт» деп тарамыс жеп, жорыққа дайындалып аттанған. Тарамыс қазақтардың дәстүрлі наным-сенімі бойынша барымташыға күш береді, жолда қауіп-қатерден сақтайды-мыс. Барымташылар құрамы әлеуметтік жағдайы төмен орташа кедейлер еді. Кәнігі барымташылардың ұлдары да өсе келе барымташылыққа үйренді, бір жағынан ерлік көрсетіп, ептілік танытудың бір сәті тәрізді көрінген.

Көшпелілердің еркін өмірі, өзара талас-тартыстары, кек алу, кешірім беру, бұл істерге билердің араласуы сияқты мәселелер осы барымташылық кезінде көрініп отырды. Жылқы барымталау мен жылқы ұрлау екеуі екі бөлек жағдай. Н. Гродековтың түсіндіруі бойынша, біріншіден, барымта алдын ала ескертіліп ашық түрде жасалады; екіншіден, түнде емес, күндіз жасалады; үшіншіден, барымта жасауға негіз керек, мысалы, оның жесірін, қалыңдығын алып қашқан, айыбын төлемеген, ұрлық жасағанда т.б. Сондай-ақ барымта біреу айыпкер болып, би кесіп берген айыпты төлеуден бас тартқан жағдайда да жасалады. Барымта тек жылқының иесіне, кей жағдайда оның рулас туысына, сол әулеттің ақсалына, яғни қарсыласына жасалған шабуыл болып саналады. Н. Гродеков: «Қазақ хандығы тұсында барымта соғыспен тең болды. Қазір де одан кем емес, жау шаптыға теңейді. Барымта қатыгездікке де

ұласқан. Барымталаған ауылдың адамдарының аяғына арқан салған, ағашқа байлаған», – дейді. Белгілі «Айман-Шолпан» оқиғасында Көтібар батыр Маман байдың ауылын барымталағанда, қыздары Айман мен Шолпанды алып кеткен. Барымталасқан екі ауыл мәселесіне билер араласып, бір-біріне барымталасқан малдарын қайтартатын болған. Барымталап әкелген малдан барымташыларға аз ғана үлес тиген. Айталық 200 жылқыдан тек 20-30-ға жуығы ғана барымташыларға қалдырылып, қалғаны сұлтандар мен билерге тиесілі болған. Қазақы ортада барымташылық туралы: «Ол ұрлаған жоқ барымталап алды» деген қағида қалыптасып, барымташылықпен айналысуға өздерінің «заңды» құқықтары бардай сезінген. Барымта қазақы ортада руаралық қатынастар жүйесін реттейтін функция да атқарды. Оның зорлық-зомбылықтың құралына және оспадар түріне айналуы орыс отаршылығының күшейген кезеңінде болды. Себебі жері тарылған, ежелгі басқару жүйесі мүлдем өзгерген қазақ рулары орыс шенеуніктерінің айдап салуымен барымташылықты бір-бірінен жер тартып алу, мал айдап алып кету, сан алуан зорлық-зомбылық көрсету сияқты жағымсыз мақсаттарға қолданды.

БАРЫМТАШЫ – барымтаға қатысушы, барымта жасаушы адам. Аса қарулы, епті шабандоз, айлакер, ізшіл, жылқы, жер-су жайын білетін, түнде жұлдызға қарап жол таба алатын, күн райын ауа райына қарап бақылап, болжай алатын жан-жақты қабілеті бар адам. Барымташылар қолданатын айла-тәсілдер мол тәжірибелер негізінде қалыптасты.

БАРЫС ЖЫЛЫ – байырғы жыл санаудың үшінші жылы. «Қазақ совет энциклопедиясының», «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының» көрсетуі бойынша, барыс жылы «сиыр жылынан кейін, қоян жылынан бұрын келетін мүшел есебінің 3-жылы. Орталық Азия халықтарының (қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, моңғол т.б.) күнтізбелерінде қолданылады. 12 жылда бір рет қайталанып отырады. Барыс сақтардың ұғымында қасиетті аң болған. Қазақ жорамалдарында барыс жылы күрделі бетбұрыстар алдындағы тыныштық жылы болып саналған. Ал, ежелгі түркі тайпалары мүшел есебін біздің жыл санауымыздан мың жылдай бұрын қолдана бастаған». Барыс жылы алдағы уақытта 2022-2023 жылдары, одан кейін 2034-2035 жылдары және ары қарай он екі жылда бір рет қайталанып жалғаса береді.

БАС – сойылған малдың үйітіліп, пісірілген ең кәделі мүшесі. Яғни бас – қадірлі қонаққа тартылатын ең сыйлы кәделі сыбаға. Ірі қараның, түйенің, сиырдың басы түгел асылғанымен, сыйлы қонаққа тек шекесі ғана тартылады. Қазақ дәстүрінде қой, ешкі бастарының мүшелерін: құлақ, таңдай, шеке, көз, құйқасын үлестіру салты бар.

БАС АЛУ – Орта Азия (Бұхара, Хиуа және т.б.) хандықтарында ертеден қалыптасқан өлім жазасына кесілген үкімдерді орындаудың түрі.

Өлім жазасының бұл түрі көбінесе халық көп жиналған базар күндері орындалатын болған. Оның негізгі мақсаты қалың бұқара халыққа жазалаудың осындай тұрпайы түрі арқылы сес көрсету болса керек.

Бас алу үкімінің орындалуын Каттақорған маңында көрген орыс офицері былай деп жазады: «жендет «қатаң кесік алғандардың» бірнешеуін қатарластыра тізе бүктіре отырғызып қойып, бір-бірлеп арттан тізесінің арасына қысып алады

да, өзіне келісті белгі берілген соң, қанды ісіне кіріседі. Ол өлім алдында жалмажан күбірлеп аят оқып жатқан байғұстың басын кері қайырып алып кеңірдек пен мойын омыртқаның екі ортасынан өткір және ұшы ұзын пышақты сұғып осып жібереді де ілгері қарай итеріп тастайды.

Жазаға кесілген қалғандары да осы аянышты халді бастан кешеді. Айта кетерлік жайт, бұл оқиғаның ең сұмдығы, әлгі бақи болғандардың туыстары мен жақын жолдастары жендетке тарту жасайды, себебі пенденің жаны қиналмасын деп жалғыз малын беруге дейін барады екен. Өйткені жендеттің әрекетінен соң кейбір байғұстардың бірнеше сағат, тіпті тәулік бойы жаны үзілмей қиналып жатады екен».

Ертедегі қазақ қоғамында жазалаудың бас алу түрі кездескені жайында деректер жоқ.

БАС АРҚАН – керегесі жайылып, есігі салынған киіз үйдің кереге бастары шалқайып кетпей шеңбер пішінді қалпын сол күйінде сақтап тұруы үшін тартылатын қылдан есілген арқан. Бас арқан есік босағасының тесіктерінен өткізіліп тартылады. Алдымен арқанның бір ұшын босағаның қазан тұратын жағындағы көзінен өткізіп, керегенің ішкі жағынан байлайды. Содан кейін арқанды саумалап тартып, оң жақ босағаның тесігінен өткізіп байлайды. Арқанның бұл ұшы да сырттан ішке қарай өткізіледі. Арқан басқұр келетін тұстан тартылатын болғандықтан халық тілінде басқұр арқан деп те аталады. Бас арқанның ұзындығы алты қанат үйге 13-16 құлаш шамасында есіледі. Бас арқан тартылып байланған соң туырлық пен үзік жабылып, оның сыртынан белдеу арқан деп аталатын арқан тартылады. Бас арқанның жібектен есіп жасалған түрі байлықтың, сән-салтанаттың, биліктің белгісі болған. Оны тек дәулетті адамдар ғана жасата алған. Сондықтан жібектен есілген бас арқан үлкен ордаға, отау үйлерге ғана қолданылған.

БАС АТ – еншігі тиген асыл тұқымды жылқы түлігі. Еншіге атайтын бас атты тай күнінен-ақ белгілеп, оны ерекше күтімге алатыны «Қыз Жібек» жырында айтылады.

Мұрадына жеткізсін
Қарағым, сізді бір құдай.
Көк бұйра жал тұлпар бар
Биыл құнан, былтыр тай.
Қас қылмаса құдайым,
Мінетұғын бас атың
Шырағымғ саған сайма-сай

(«Қыз Жібек». Алматы: Жазушы, 1967, 73-б.).

Бас ат үй иесінің тума малынан таңдалады; біреуден сатып алған, тарту етілген ат бас ат бола алмайды. Жылқы малынан өзге «ең таңдаулы», «асыл тұқымды» деген ұғымда «қойлы бай болсын» деген ырыммен қойылған бас серке тәрізді этнографизмдер де кездеседі. Бұл туралы: «Қоямын деген бас серке Бар еді екі лағы. Сүйкімді көріп суретін Мойнына таққан тұмары», – деп келеді «Алпамыс батыр» жырында (Алпамыс батыр. Алматы; 1961, 171-б.).

БАС БАЛУАН – бірнеше балуанның ішіндегі жеңімпазы, топтағы балуандардың маңдайалдысы. Күрескен адамын үнемі жығатын, ерен күш,

қайрат пен әдіс-айла иесі. Денесі аса ірі балуанды түйе балуан, өгіз палуан деп те дәріптейді. Бас балуан үлкен жиын, астарда ру мен қауымның беделі мен абыройы сынға түсетін шақтарда олардың намысын қорғаушы ретінде саналады. Көршілес халықтармен этномәдени байланыстарда бас балуан үлкен жиындарда елдің, жұрттың, ұлыстың намысы үшін сайысқа түскен. Қазақпен көршілес халықтарда бас балуанды сайысқа шығарарда оның айбынын асыру үшін «ноқталап», арқандап шығару, денесін қайыспен орау, арнайы киім кигізу дәстүрі болған.

БАС ЖІП – сауын сиырын, бұзау, өгіз, бұқаны байлауға, жетектеп алып жүруге арналған жіп. Бас жіптің ұзындығы 2-3 метр шамасында болады.

БАС ИЮ – басын еңкейте ию арқылы жасалатын ғұрыптық ишара. Мифологиялық түсінікте адамның басы аспандағы Тәңір әлеміне жақын тұрған ардақты мүше. Бас қимылдарымен әртүрлі ишарат, тұспалдарды білдіруге мүмкіндік мол. Мысалы, бас изеуден мақұлдау ишаратын аңғарсақ, бір адамнан кешірім сұрағанда, мәселен, қыз алып қашқан жағдайда кешірім сұрап барушы (жаушы) құдаларға барып, тымағын (бөркін) шешіп, ұмсынып жерге қойып, бас иіп, кешірім өтінеді. Сондай-ақ жеңілген жақ тымағын шешіп, тізе бүгіп, басын иіп, жауға берілгендігін мойындайды. Көне түрік жазуындағы «мойны бардың басын игіздім, тобығы бардың тізесін бүктірдім» деген сөздер осыны дәлелдейді. Көшпелілер қылмыскер адамды жазалағанда баскиімін шешіп алатын болған. Демек адамның өз еркімен баскиімін шешуі немесе зорлап шешіндіру, басын июі адамның кінәлі, яғни күнәлі, айыпты екендігін, кейде шарасыз халге түскендігін, кішірейгендігін білдіреді. Сол себептен де дәстүрлі мәдениетте адамның жалаңбас жүруіне тыйым салынды.

Бөріктің көктегі рухтарға жақын рәміз екендігі «Едіге батыр» жырында былай баяндалады: Үлкендер бала Едігеден төрелік сұрап келгенде, келген адамдарды анадай жерге отырғызып қойып, баланың өзі оңаша шығып, таяғын жерге қадап, таяқтың басына бөркін кигізіп, күбір-күбір сөйлеп: «Екеуі болса бірі аға, біреуі болса бөркі аға» деген екен.

БАС ҚҰДА – бір-бірімен қыз алысып, қыз беріскен құдалардың ішіндегі әулеттің үлкені, күйеу жігіттің әкесі, қалыңдық әкесі немесе аталары, яғни құдалардың үлкені. Сондай-ақ сөз тізгінін ұстаушы адамды да бас құда дейді. Кейде құдалық үрдістері барысындағы көп барыс-келістің бірінде келгендердің ішіндегі ең жақын туысы немесе ең үлкені де сол сәтте бас құда болып санала береді. Қазақтың ғұрыптық салтында құда түскенде киіт кигізіледі. Әлеуметтік жағдайына қарай киіт де әртүрлі болады. Бас құдаға ат, түйе берілсе, кейінгі құдаларға да туыстық жақындығына қарай түрлі-түрлі киіт кигізілген. Киіт кигізу құдалықты бекіткеннің белгісі болып табылады.

БАС САУЫМ – биенің таңғы бірінші сауымының атауы.

БАС ТАБАҚ – үйге сыйлы қонақ, ауыл ақсақалы келгенде не оларды арнайы қонаққа шақырғанда тартылатын сыбағалы «төре табақ». Малдың (қойдың) басына жамбас, жауырын, ортан жілігінен және қосымша бауыр, құйрық, белдеме, сүбе қабырға қоса тартылады. Бұған қосымша жал-жая, қазы-қарта және т.б. жеңсік сыбағалар қосылады. Тартылған бастың мандай құйқасы ұзынынан және көлденеңінен айқас тілініп, танауы төрдегі сыйлы

адамға қарата қойылады. Басты кескенде, ықылас бата айтылған соң, қонақ үй иесінің ұйғаруымен пышақпен ұртынан, құйқасынан кесіп, өзінен кейінгі адамдарға, үй иесіне ұсынады. Қойдың тұмсық құйқасынан кесіп алып, отқа салады. Өйткені қой ең алдымен «жер кіндігі» Мекке-Мединеден тараған-мыс. Бір немесе екі құлағын бірдей балаларға немесе қонақтың жас серігіне кесіп берген соң, басты үй иесіне қос қолдап ұсынады.

Басты жамбас кесуші кеспейді. Бас кесетін адам етке бата берген адам, жамбас кесуші бас дастарқандағы екінші сыйлы адам саналады. Егер қой сойылмай, жамбас жілігімен асылса, онда бата істеуші жамбас кеседі.

БАС ТАРТУ – жиын-той, аста, қонақ күткенде сойылған малдың басын қадірлі адамға кәделі, сыйлы мүше ретінде табаққа салып ұсыну. Бас мүшесін дүниенің, жаратылыстың, әлемнің бастаушы күші деген ежелгі наным-сенімге байланысты оны жасы үлкен, сыйлы қонаққа немесе мәртебесі жоғары адамға тарту байырғы ортада ежелден орныққан.

Үйітілген қойдың басын піскен соң маңдайынан айқастыра тіліп, табаққа салып әкеліп тарту ырымы қазақ арасында біркелкі атқарылады. Шығыс Қазақстан, Моңғолия, Қытайдағы қазақтар мұны бастың жолын ашу деп атайды. Онысы тігінен түскен біздің жол, көлденең түскен сіздің жол дегенді ырымдағаны. Бұл қонаққа жасаған құрметтің белгісі болып табылады. Қазақ арасында қой басының құйқасын тілуді қасқалдақтау деп те атайды. Айқас тілу немесе қасқалдақтау (қас таңбасы) ұқыптылықты қажет етеді. Яғни қасқалдақтағанда бас сүйегі құйқа арасынан ырсиып көрінбеуі тиіс.

Бас тартудың аймақтық ерекшеліктері қалыптасқан. Сырдың төменгі ағысы бойындағы Қазалы өңірінде, Арал бойында қазақтар қонаққа бас тарқанда оң жақ құлағын кесіп алып, оны үйдің кішкене баласына береді де, қонаққа оң құлақсыз тартады. Бұл – ырысым, несібем өз үйімде, өз босағамда қалсын деп ырымдағаны. Бұл жоралғы көршілес қарақалпақтарда да дәл солай атқарылады және этномәдени байланыс барысында олардың Қазалы өңіріне ықпалы болғанға ұқсайды. Оң құлақтың орнын жілік толтырады. Яғни басқа асық жілік, ортан жілік сияқты кәделі жілік қосылады. Солтүстік, Орталық және Оңтүстік, Батыс қазақтарында қандай малдың басы болса да, тісі қағылмаған бас тарту «арам» деп саналады. Ал Жетісу, Шығыс, Моңғолия, Қытай қазақтары мал басының тісін қақпай, арасын шимен мұқият тазалап жуып асады. Осы өлкенің қазақтары «бас тартылған қонақ тісіне қарап, жас мал сойылды ма, кәрі мал сойылды ма, соны аңғарады» деп түсіндіреді және малдың тісін қағу, жалпы сүйек шағу мал басын кемітеді деп санайды.

Бас тартылған адам әуелі бастың тұмсығын өзіне қарата ұстап, тұмсық ұшын Меккенің топырағын иіскеген деп кесіп алып отқа салып, одан кейін езуімізден май кетпесін деген ырым бойынша бастың оң жақ езуі құйқасынан бастап кесіп, алдымен өзі ауыз тиіп, табақтастарына құйқадан жағалай ауыз тигізеді. «Құлағың сақ, жақсылыққа үйір болсын» деп құлағын сол үйдің баласы немесе келініне береді. Көзін көзімдей бол деп жақын тартқан адамына, таңдайын сөзге шебер деген адамға немесе дәм татып отырған үйдің қызының алақанына жезтаңдай әнші бол, таңдайын тақылдаған шешен бол

немесе таңдай өрнегіндей кестеші бол деп алақанына ұрып береді. Сосын бас тұмсығын ілгері қарата үй иесіне қайтарады. Ол келесі табаққа ұсынады.

Адамның және малдың басын қадірлеу көшпелі түркі-моңғол халықтарында көптеген ырым-жосындармен айқындалады. Ер баланың жаны, құты, қуаты төбесіндегі орайы мен еңбегінде (баланың туған соң бекитін төбе сүйегінің алдыңғы бөлігі) болады деген ырым бойынша оған қайшы, пышақ, ұстара тигізуге болмайды.

Қонаққа тартылатын бастың төбе құйқасын қазақтар бастың жолын ашу деп қасқалап сара тілсе, моңғол жұрты төбе құйқаны дөңгелектей тіліп, жолаушының жолын ашу тәрізді ырым-жоралғыларымен астастырады. Қазақ арасында қасқалдақтаған құйқаның үстіне екі немесе бір жапырақ майлы ет қойып бас тарту салты әлі орындалып келеді. Меркі өңірінде екі жапырақ еттің бірін бас ұстаған адам үй иесіне немесе бас табақты тартушы жігітке беріп, келесісін өзі жесе, Жаркент өңірінде тілінген құйқа үстіне қойылған бір жапырақ етті табақ тартушыға береді. Мұндағы ас иесіне ұсынудағы мән – ырыс басқаға кетпесін деген ырымнан туындаған. Бас кесуші осы маңдай құйқасынан «маңдайыңнан бақ кетпесін» деген ырыммен табактас біреуіне ұсынады.

Қазақта әкесі тірі адам бас ұстамайды деген ырым бар. Бұл жөнінде Ә.Диваев «...қойдың әрбір сүйегін қызметіне қарай бөлу әдеті қалыптасқан. Осындай бөлініс кезінде бас үлкен адамға тиеді. Әкесі бар адам алдында өз әкесі сияқты үлкен адам болғандықтан, басты пайдалана алмайды», – дейді. Бұл үлкенді сыйлау әдебін көрсетеді, әкең тұрғанда әкеңнен үлкенсіп бас ұстау әдепсіздікті танытады.

БАС-СИРАҚ ҮЙТУ – дәстүрлі ас тағам мәдениетіндегі мал өнімдерін өңдеу, кәдеге жаратуға лайықтау тәсілі. Сойылған мал басын, сирағын жүнінен, қылшық түгінен тазарту үшін от жалынына қақтау. Ол үшін отты шақтап маздатып жағады. Басты арнайы даярланған ағаш таяққа бауыздау өңеш тұсынан түйрей шаншып алып, оттың жалынына ұстай отырып, күйген түктері мен терісінің кездік немесе ағаш жаңқасы сияқты қырлы затпен әлсін-әлсін тазартып, қайталай отқа ұстап отырады. Ал сирақтарын жанып жатқан оттың үстіне тастап, не болмаса темір істікке буын жақ терісінен түйрей шаншып жалынға қақтайды. Сирақ буынынан жоғары қаратып отқа қақтаса, сирақ тұзу қалыпқа енеді. Үйтіп жатқан мезетте бастың мүйізі болған жағдайда мүйізінен (үйтпей тұрып түбінен кесіп немесе от жалынына қызған кезде сыртқы бір қабатын қағып ажыратып), сирақтарды тұяқ қабығынан, қолаңсасы мен оның ортасындағы қылшықтарынан тазартады. Бас, сирақ біркелкі жақсы үйтілу үшін жалынға тым көп ұстап, құйқаның күйіп, жанып, яғни тілініп, айырылып кетпеуін қадағалайды. Үйткен кезде от жалыны дұрыс тимейтін тұстарының түгін отқа қыздырылған істікпен қарып арылтады. Үйтіліп болған бастың екі езуін жақ сүйекке жеткізе тіліп бастан астыңғы жақ сүйекті ажыратып алады да мұқият жуып тазартады. Басты сонымен қатар тандырға (ішіне толтыра сабан, қурай жағып) үйтетін тәсіл де бар. Үйтіліп болған соң сумен жақсылап жуып, қырып тазартылады. Үйтілген қой, ешкі сирағын балалар мен әйелдердің табағына салады.

БАС ТОҒЫЗ – бәйге, қалыңмал және айыпқа байланысты берілетін тоғыздардың ішіндегі ең көрнектісі. Кез келген тоғыздың құрамы, көбінесе бас тоғыздың құрамына байланысты болады. Мысалы, түйе бастаған тоғыз – түйе, құлынды бие, қос ат, жамбы, жағалы киім, тұтас құндыз, қылыш, кіреуке бастаған тоғыздар деген сияқты. Яғни бас тоғыздан кейінгі тоғыздар өзінің құндылығы мен құрамы жағынан төмендей береді. Бас тоғызды кейде қасқа тоғыз деп те атаған.

БАСАР¹ / БАСАР АРҚАН – қатты жел көтеріп кетпеу үшін киіз үйді үстінен бастырып тартатын арқан. Ұзын арқанның тұйығын киіз үйдің керегесінің оң немесе сол жақ босағасынан ішке қарай өткізіп алады да, ұшын үйдің артына қарай асырып, іргеде қағылған қазықтарға байланады. Қазыққа байланған тұсына салма деп аталатын үлкен қапқа салынған ауыр затты (тасты) бастырып қояды. Соған байланысты кей жерлерде оны салма арқан деп те атайды. Жел көп тұратын өңірлердегі ауылдар, әсіресе күзге қарай жел күшейетін уақытында басар арқанын тартып, салма салып қояды.

БАСАР² – эвфемизм, яғни қақпанның тұспал атауы. Аңшылар аңға шыққан кезде қақпан деп тура атамай, оның атауын тұспалдап атамаса аң олжаға ілікпейді деп ырымдайды.

БАСБІЛГІ – түйені бұйдасы, өгізді мұрындығы арқылы әрлі-берлі (оңға-солға) бұрғанда бөгетсіз жүретін, мініске үйренген жуас өгіз немесе түйе, яғни үйретілген мал. Малды алмастыру, сату кезінде қайрат-күшімен бірге, аттың жуас, басбілгі екендігі де ескеріледі.

БАСЖАҚСЫ¹ – бәйгеге тігілетін немесе айыпқа байланысты берілетін «тоғыздың» ішіндегі ең көрнектісі, әрі қымбаты. Сондай-ақ қалыңмал құрамындағы ең кәделі сыйдың атауы – басжақсы. Мұны Л.Ф. Баллюзектің еңбектеріндегі мәліметтер де дәлелдейді. Зерттеуші қазақтардың басжақсы деген ұғымды «ең құнды, ең жақсы» деген мағынада қолданғанын айтады. Басжақсысына қарап, әдетте түйе бастаған тоғыз, жамбы бастаған тоғыз, бие бастаған тоғыз деп отырады, яғни қандай тоғыз аталғанын әрі қарай сұрамай-ақ басжақсыға қарап ажыратады. Үш тоғыздың ішінде бесжақсы болуы шарт. Сол бес жақсыға жанды тоғыздан қара нар, емшегі тұтам бие (не қазанат), жансызда қалы кілем, алмас қылыш (не тұзу мылтық), тәуір киім (қымбат ішік, жібек шапан т.б.) жатады. Құдаласу дәстүрінде қалыңдық алуға берілетін қалыңмалдың ең құнды бөліктерінің бірі ретіндегі басжақсының көлемі қазақ жерінің әр өңірінде және әлеуметтік категориясына қарай әртүрлі мөлшерде болған. Бірақ басжақсының ең көп тараған құрамы төмендегідей: тұзу мылтық, берен сауыт, жүйрік ат, қара нар. Мұның әрқайсысы бес ірі қараға тең саналады. 1865 жылдары Торғайда басжақсының орнына 3-12 мініс аты немесе 100-ден 600 ге дейін, тіптен 1000-ға дейінгі күміс ақша жүрген.

Кейін, шамамен XIX ғасырдың екінші жартысында басжақсының мәні өзгеріп, аталған төрт заттың орнына тұрмысқа қажетті дүниелер берілген. Қ.Қостанаевтың зерттеуі бойынша, қалыңмалдың көлемі күйеу жігіт әкесінің әлеуметтік жағдайына байланысты болған. Бай қазақтар қалыңмалы 47 басты құрады. Соның ішінде басжақсы 9 түйе, 8 құлынды бие, 16 бас мал, 2 жасар 7 бас тай; жанама жақсы 1 жылқы немесе 1 түйе; аяқ жақсы – 1 түйе, 1 жылқы,

1 ірі қара және мылтық. Ал орта тұрмысты адамдың қалыңмал көлемі – 27-ден 37 бас малға дейін болды. Кедейлер тұрмысында қалың мал дөңгелек қалың деп аталып, ол 7-ден 9-ға дейін мал басын құрады. Кейбір жағдайда жылқы орнына бірнеше қой жүрді: 1 бас жылқы 6-8 қойға теңестірілген.

Н.Гродековтың Перовск уезінің биі Мекебай Сұлтанбаевтан жазып алған дерегі бойынша да, қалыңмал төлеудің көлемін үш категорияға жіктеді: біріншісі – байлар арасында, екіншісі, орташалар арасында, үшіншісі, кедейлер арасында. Перовск уезі қазақтары арасында қалыңмал қарамал, бас жақсы, сұтақы, тоймал, ілуден тұрған. Қарамал – қалыңмалдың негізгі бөлігі, бұны қалыңдықтың құны десе де болады, ауқатты байлар – 47 бас, орта ауқаттылар – 37-47 бас, кедейлер – 27-37 бас берген. Перовск уезі қазақтары арасында басжақсыға малмен қатар киіттер де енді.

Қалыңмалдың көлемі ауқаттылар, орташа ауқаттылар, кедейлер арасында көлемі әртүрлі болып, айырмашылықтары мал басынан көрінді. Мысалы, басжақсы ауқаттыларда – 60 тұсақ, орташаларда – 40 тұсақ, кедейлерде – 1 түйе, 1 жылқыны құраған. Шымкент уезі қазақтары арасында басжақсыға ауқаттылар – 1-12 түйеге дейін берсе, кедейлер арасында басжақсыға ат бастаған тоғыздың көлеміне енген. Ертедегі құдаласу дәстүрінде қалыңмал бергенде басжақсы беру күйеу жақтың міндеті саналған.

БАСЖАҚСЫ² – сәукелеге тағылатын әшекейлердің жиынтық атауы. Сәукеленің әшекейлері аса мол болады. Сондықтан оларды табу, дайындау да қымбатқа түседі. Осыған байланысты ертеде күйеу жағы қалыңмалдан бөлек сәукеленің де құнын төлеген. Ол төлемді халық арасында басжақсы деп атаған. Бұл туралы өз заманында Ы. Алтынсарин: «Қалыңмалдың мөлшері жөнінде мынадай бір өзгешеліктер бар: кіші жүзде (бұрынғы Орынбор облысы қазақтарының батыс жағы мен орта жерінде) қалыңмалға 50 жылқы (бес жиырма) беріледі.

Орта дәулетті қазақтар уақ малдарын, мысалы, құлынын, бұзауын, тағы басқаларын қосқанда, 37 қара береді. Оның үстіне, қалыңмалмен қабат, басжақсы туралы да келісіледі. Басжақсыны қалыңдығының сәукелесіне арнап, күйеу беруге тиіс. Ең бай қазақ басжақсыға 500-600 сом береді, орта дәулетті адам – 200-300 сом береді; мұндай кәде, көбінесе, ақшалай төленеді» (Ескерте кету керек, басжақсы атауы осы мәтінде «бесжақсы» деп жазылған. Ы. Алтынсариннің очеркіне берген А.И.Құдайбергенованың түсініктемелерінде «бесжақсы» немесе «басжақсы», белгілі этнограф-зерттеуші Х. Арғынбаевтың еңбегінде «басжақсы» деп беріледі). Х. Арғынбаев Орыс география қоғамының толық мүшесі В.Плотниковтың қалыңмалға байланысты пікірлерін шола келіп: «Бұдан әрі В. Плотников кіші жүздің шеткері қоныстанған адай, таз, табын және шекті руларының арасында қалыңмал мөлшері екі жиырмаға дейін баратынын айта келіп, оның құрамының 40 байтал немесе 150 қой, яки 8 түйеден тұратынын көрсетеді. Мұнымен бірге «басжақсыны сәукеленің құны» деп беру кіші жүз жұртшылығында кездеспейтіндігін де ескертеді. Бұған қарағанда Алтынсариннің басжақсы жайындағы пікірі тек орта жүзге тән болуы керек», – деп тұжырымдайды.

БАСКИИМ – дәстүрлі мәдениеттегі әлеуметтік, экономикалық, аймақтық, жастық, жыныстық және т.б. жағынан айқындауыш, анықтауыш белгі ретінде жүретін әрі тұтастық зат ретінде елеулі этномәдени мәнге ие заттық мәдениет элементі. Баскиімде ұлттық эстетикалық талғам мен табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктері, адамдардың жас және жергілікті, рулық ерекшеліктері көрініс табады. XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік өзгерістерге байланысты мәдени өмірде де үлкен өзгерістер болды.

Киімде географиялық, ру-тайпалық ерекшелігі көбіне баскиім мен шапанда байқалады. М.Әуезов еңбектерінде сегіз сай уақ тымақ, үш құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмалаған алты сай найман тымақ, төрт сай аласа тобықты тымағы деген бір текті баскиімнің сан алуан түрлері аталады. Бұған қоса аймақ ерекшелігіне қарай Жетісу, Арқа, Қоңырат үлгісі деп аталатын тымақтар да ел арасында кездеседі.

I.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясында былай делінген: Батыс қазақтарына тән киімдер Арқа өңірінен басқаша... Бастарына кигендері кеуделеріне дейін жабатын түйе жүн жалбағай, етек жағы айбалтаның жүзіндей қайқайып келген. Әшекейлене кестеленген оқшима қалпақ ... Тымақтары да бөтен. Үстін барқытпен тыстап, етегін терімен көмкерген. Шошайған төбесінің құлақ тұсынан бастап жоғары қарай алты салалы етіп оқа ұстаған. Жарғақ шалбар, түйе жүн шекпен, кең құлаш етік, ақ таңдақ, арша не болмаса тобылғы түстес етіп боялған жұмсақ тонның, шолақ сәнді пешпеттердің етек өңіріне зер салған.

Баскиім әйел, еркек, бала, жасөспірім баскиімі деген түрлерге бөлінеді. Ер адамдардың баскиімдері қолданыстық ерекшелігі, пішімі этномәдени мәніне қарай мынадай түрлерге бөлінеді: а) Кішігірім, тымақ, мұрақ тәрізді қыстық баскиімнің ішінен киілетін матадан тігілген жеңіл тақия; ә) киізден тігілген қалпақ; б) қалың матадан тігілген күләпара (башлық); в) тері қалпында немесе матамен тысталған жылы бөрік; г) қысқы жылы тымақ.

Ерлер баскиімінің түрі онша көп емес: қалпақ, бөрік, тымақ, құлақшын, жалбағай, делбегей, далбай, шыт, кепеш (құстандай, қолкесте, бізкесте түрлерімен кестеленген), үшкүлдір, жекей, жапетер, тақия (зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа және т.б.), бөкебай, күләпара, қырпу (іштік бөрік) және т.б. Ауқаттылар төбесі сүйірлеу келген құндыз немесе сусар бөріктің үстіне барқытпен (көбінесе күрең түсті) қапталған, алтын зерлермен кестеленген биік қалпақ киген. Жас жігіттер ат жарыста, көкпар тартуда бастарына шеті кестеленген байламша (шыт) тартады. Мұндағы шыт ерлердің жаздық баскиім ретінде қолданылады, ол тердің көзге, бетке ағуынан қорғайды. Шытты кездемеден басқа байлауға жетерліктей етіп шетін тігіп дайындайды.

Қазақ әйелдерінің баскиімдері олардың жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бір-бірінен көп ерекшеленеді. Әйелдердің баскиімдері: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, қарқара, сәукеле, тақия, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар), қасаба, бүркеніш, шылауыш және т.б.

Жаздыгүні қыздар түрлі-түсті жібек, барқыт, мақпалдан тігілген, төбесі жайпақ, дөңгелек тақия кесе, қыс маусымында ауқаттылар кәмшат бөрік киген.

Баскиімдерді негізінен үш өңірге (ареал) картографиялауға болады: а) батыс, Бөкей ордасынан Торғайға дейінгі Орынбор даласы мен Солтүстік Арал төңірегіне дейінгі аралық; ә) солтүстік-шығыс Ақмола мен Семей облыстары (Сібір қырғыздары өңірі) және б) оңтүстік өңір және Жетісудан Сырдарияға дейінгі аралық. Олардың әрқайсысының ішінде де ішінара территориялық өзгешеліктерді аңғаруға болады: Мысалы, батыс ареалы құрамындағы Маңғыстау өңірі; Солтүстік шығыс құрамына кіретін Шығыс Қазақстан; ал Сырдарияның төменгі ағысы өңірінің орны алабөтен: бұл өңірде жоғарыда аталған үш өңірге тән ерекшеліктердің дені кездеседі.

Батыс комплексі мынадай айырмашылықтарымен ерекшеленеді: ер және әйел баскиімдері ішіне шетіне тері көмкерілген конус пішінді малақай (төбетай) киіледі. Сондай-ақ бұл өңірде күләпара және тігіні ерекше бұрама жаулық кеңінен таралған.

Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстандағы баскиім комплекстерін батысқа жақындастыратын түрлері – төбетей мен күләпара, бірақ батыста жақтауы тұтас күләпара басым түсіп жатады. Шығыс Қазақстандағы әйелдер баскиімдері әсіресе, кимешек пішінділігімен және шағын жаулықпен ерекшеленеді. Қазақстанның оңтүстік өңірінде төрт қырлы киіз қалпақ тараған. Жетісудың шығысындағы баскиімдер комплексі қатты каркасты ерекше жаулықпен ерекшеленеді.

Деректерге қарағанда Қазалы мен Перовск оязында (қазіргі Қызылорда облысы) баскиімдердің неше түрлі үлгісі болды. Жамылғыш пен кимешектің бірнеше нұсқасы солтүстік шығыс пен оңтүстік ареалдарға да тән, ал жаулықтың бір нұсқасы тек осы өңірде кездеседі – жаулықтар жұмсақ болып келеді. Ер адамдар пошымы солтүстік шығыс ареалға тән күләпара киеді.

Үлкендердің баскиіміне қарағанда жасөспірімдердің баскиімдегі ерекшелік шошақ төбелі тақияда байқалады: оның етегі үш елі болып, төбесі аласа шошақ келеді. Төбесі мен етегіне әртүрлі ою-өрнек салып, кейбіреуіне төрт бүйір өрнегі мен етегіндегі өрнегі қарайлас түсіріледі, кейбіреуінің төбесіне де, етегіне де ұласпалы өрнектер айналдырылады, кестені шым кесте етіп баттастырылмай жіңішкелеп (контурмен) әдемі тігіледі. Түрлі торғын немесе кездемемен астарланады, тақия сәнді болу үшін тыс пен астардың ортасына қатырма салынып сырылады, бұл тақияны ел арасында абай тақиясы деп те атайды.

Байырғы ортада баскиімді әшекейлеу барысында алтын, күміс, гауһар сияқты асыл тастарды құрамдас бөліктер ретінде пайдаланған. Әшекейлер көбінесе сәукеле, тақия, бөрік, кимешек тәрізді баскиім түрлеріне тағылған.

Айшық – жарты ай, жұлдыз бейнесі бар, күмістен соғылатын жарты ай бейнелі күміс әшекейді жаулықтың шекесіне, кимешекке қадайды.

Басжақсы – сәукеленің әшекей бұйымдарының жалпы атауы. Сәукеленің әшекей заттары көп, әрі олар қымбатқа түсетіндіктен, күйеу жағы

калыңмалдан тыс сәукеленің құнын төлеген. Ол төлем сәукеле әшекейлерінің атауымен бас жақсы деп айтылған.

Бетмоншақ – сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ. Оны сәукеленің бетмоншағы деп атайды. Бетмоншақ екі түрлі болады, бірі бірыңғай ірілі-ұсақты моншақтардан түзілсе, екіншісі матадан тігіліп, моншақтар мата бетіне қадалады, екеуінің де арасында күміс қозалар қадалады. Бетмоншақ белге дейін, тіпті одан да төмен түсіп тұрған. Бетмоншақ жас келіннің ұялшақ жүзін жартылай жасырып, бетін бүркемелеп тұрады. Сондықтан «ұялып тұр» деудің орнына «бет моншағы үзіліп тұр» деген. Ертеде сәукелеге жақмоншақ, жақтама, жақтау, жырға, сәукеленің сырғасы деген әшекейлер таққан. Сонымен қатар шытақ – сәукеленің қозасы (қоза – шар сияқты металл әшекейі).

Жақмоншақ – сәукеле, бөрік, бергек, кимешек сияқты әйелдер баскиімдерінің екі жақ самайлығына және маңдайының алдыңғы жиегіне қасқа түсіре, тізбелі шоқ жасап шілтерлеп тағылатын әшекей. Жақ моншақты зергерлер алтын, күміс қозаларын жібек жіптерге тізіп, асыл тастармен бұршақтап, үзбелеп жасайды.

Көзотаға – көбінесе ер адамның баскиіміне қадайтын меруерт, асыл тас. Оны қарапайым кісілер емес, қызмет дәрежесі жоғары, лауазымды, текті адамдар таққан.

Қозалы үкі – бөрікке қадайтын, үкі қауырсынын ораған әшекей әрі әшекей, әрі тұмар ретінде пайдаланылады.

Сәукеленің сырғасы – салпыншағы мол, өзі ұзын да ауыр болғандықтан, тек салтанатты кездерде сәукелеге байлайтын сырға түрі (шекелікке ұқсас). Оны Батыс Қазақстанда сабақ, сабақты сырға деп атаған. Оның мәнісі: ауыр сырғаларға жіп байлап, шашқа, сәукелеге бекітеді (қазақ қолөнерінде сабақ «жіп» деген мағынаны білдіреді).

Талмоншақ – тақияға, сырт киімге бірнеше қатар етіп тағылатын моншақ түрі. Жас балалардың, қыздардың тақиясына тағылады.

Үкіаяқ – жоғары жағына асыл тас орнатып, төменгі жағын күміспен күштеп, баскиімге, бесікке тағатын әшекей. Ертеде үкі киелі құс саналып, оның аяғын, қауырсынын тұмар орнына тұтынған. Үкіаяқ сырғада, сәукеледе, шаштеңгеде құрамдас бөлшек ретінде қолданылады.

Шортас – баскиімге қадайтын асыл тас.

Шоқ – баскиімге тағатын алтын әшекей, асыл тас; алтын шоқ. Эпостық жырларда мұның шоқты деген варианты да ұшырасады. Ал бұрама шоқ, үкілі шоқ асыл тасты баскиім әшекейлерінің күрделі түрлері. Қазақ тұрмысында шоқ белбеу, шоқ қондырған баскиім ертеде тектілікті, лауазымды, дәрежені көрсеткен. Лауазымына қарай асыл тас түрлері, түстері де әртүрлі болған.

Шырмауық – ілгекті оқа, металл ілгекті әйелдердің баскиім әшекейі.

Шытыра – баскиімге, омырауға, аяқкиімге қадайтын, ағашқа, ертұрманға орнататын асыл тасты, не тассыз күміс әшекей. Шытыралар түріне қарай ақ шытыра, алтын шытыра, күміс шытыра, күмбез шытыра, құмырсқа бел шытыра, меруерт шытыра т.б. деп аталады.

Баскиімге қатысты жосын-жоралғылар. Баскиімге қатысты жосын-жоралғылардың түрлері мол әрі олардың дені ертеден келе жатқан мифологиялық түсінікпен, ырымдармен астасып жатады. Айталық, баскиім қасиетті, оны айырбастауға болмайды, аяқасты қылмайды. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Қазақ «бағым ауады» деп баскиімді ешкімге сыйламаған. Баскиімді айырбастамайды, басындағы бағың кетеді немесе біреудің басындағы бәлесі жұғады. Ертеде шала туған сәбиді «тымаққа салып қырқынан шығаратын» ғұрып болған. Шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы әрі бөлеуге, ұстауға ыңғайлы болады және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн бойы керегенің әр басына ілініп қойылады дейді, есеп кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы, қырық күні кем болса, керегенің қырқыншы басынан бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына бірнеше шеге қағылып ілінеді. Бұл да тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі.

Баскиімнің төбесін басып киюге болмайды. Киіп жүрген баскиімді басқа адамға кие тұруға, сыйлауға, сатуға болмайды, жаман ырым деп есептеледі. Баскиімін біреуге сыйға берсе, қыздың, жігіттің тұрмыс құрулары кешігеді, тұрмысы жақсы адамның ырысы шайқалады, адам басы кемиді деген нанымдар қалыптасқан. Сыйлыққа жаңа баскиім беру керек. Сондай-ақ баскиім сатып алып тұрған адам, ол киімді сатушының қолымен басына кидіріп өлшесе, басындағы бағын сол кісіге береді-мыс. Сондықтан баскиімді сатып алушының өз қолымен өлшеуіне назар аударған.

Баскиімді алдына қойып айтысқан ақындар, шешен, даукестер болған. Ойнап жүрген бала екі тымақты үсті үстіне кесе, кейін өсе келе, екі мәрте үйленеді деп жориды. Қыз басына ақ және қара орамал тартпайды. Өйткені ақ орамал әйел адам киетін жаулықтың, ал қара қайғының белгісі болып саналады.

Баскиімнің аңдаусызда немесе қасақана жерге түсірілуі жамандықтың нышаны. Ұл баласы тұрмағандар ырымдап баскиімге әртүрлі ала-құла құрақ салып қиюлайды. Балалардың қалпақтарының төбесіне шоқтап үкі немесе маржан, қызыл-жасыл шашақтар тағатын әдет болған.

Біреуге бас ұрғанда аяғына тымағын тастайтын әдет бар. «Тымақ ұру» немесе «Тымақ тастап кешірім сұрау» – бітімге шақырудың ең үлкен жолы. Айыпкер жағының беделді адамдары мен жасы үлкен, жөн білетін ақсақалдары құныкер ауылындағылардың алдына барып «Құдай кешсе кеш! Білместік, оқыс кездейсоқтық (қасақана емес) іс болды, кешірім!» деп өтінген кезде ортаға ең үлкен ақсақалы баскиімін тастап сөзге, мәмілеге шақырады. Қызды алып қашу үрдісінде, қыз жағының аяғына жығыла барған құдалар да баскиімін жерге, қыздың әке-шешесінің алдына тастау ишарасын жасайды (бірақ тастамайды).

Бөркін аспанға ату деген этнографизмнің шығу тегін анықтаудың сәті түспей келеді. Өйткені баскиімді «кұт кетеді» деп төңкеріп қоймайтын қазақ баскиімін лақтырады (қуанғанда) дегенді қоштаған мәлімет беруші жоқ.

Баскиімге қауырсын байлау дәстүрі. Баскиімге қауырсын тағу барлық халықтардың мифтік нанымы бойынша, жердегі адамның рухтық болмысының аспан әлемімен байланыста екендігін білдіреді. Бұл дәстүр кейін де жалғасқан. Бейнелеу өнері материалдары оның XIII-XIV ғасырларда моңғолдар арасында да сақталғанын көрсетеді.

Баскиімге қауырсын тағу дәстүрінің арғы негізінде діни-ырымдық наным жатқаны өзгермеген күйінде көшпелі түрік халықтарының (тува, алтай, хакас) дін өкілдері, шамандарының (бақсылардың) қауырсын тізген баскиімінде сақталған. Қазақ арасында бұл дәстүр сақталмағанымен, оның сарқыншағын жас бала, келін, сал мен серілердің баскиіміне, дулығасына жыға қадауынан және қарқаралы баскиімінен байқауға болады. Әйткенмен түркі-моңғолдың ежелгі лауазым иелері бөрікке көзтоға (кейде көзотаға, қозатоға, моңғолша «отго / отоғо») деп аталатын асыл тас та тағынған.

Түркі-моңғол тарихына қатысты шығыс (парсы, моңғол, Орта Азия өнері) миниатюраларында хандар мен сарай қызметкерлері көп қауырсынды баскиімімен бейнеленген. Яғни көшпелі халықтарда қауырсынды баскиім киетін адамдарды бейнелеуде қалыптасқан көркемдік канон болғанын білдіреді. Көшпелі халықтарда ерте заманнан бастап өте жоғары лауазым иелерінің баскиімінің маңдай тұсына, бөріктің, қалпақтың жиегіне айналдыра құтан, тырна, тауыс, бүркіт қауырсындарын тағатын. Көшпелілердің тек өзіне тән бұл дәстүр шамамен XIII-XIV ғасырға дейін сақталып, кейін бұл салттың ирандық (парсылық) варианты баскиімнің төбесіне не маңдайына лауазым иелері (бір-екі қауырсынды) тағатын жығамен (джига) ауысқан. Абайдың сатқын, екіжүзді адамдарды сынағанда айтқан:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,

Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда, –

сөздеріндегі жығаның мансап-лауазымның белгісі екендігін аңғартады.

Ерте замандарда шығыста патшалар бастарына матадан (кейде теріден) жасалған таспа (лента) байлаған. Кейін оны металдан жасап, алтын тәті (диадема) патша әміршілердің белгісіне санаған. Ондай тәттілер жұмсақ теріге не матаға бекітіліп, екі ұшына бау тағылып, шашқа, не баскиім сыртына байланған. Құлақты жаппайтын, желкелігі ғана бар мұндай күләпара тәрізді (башлық) қалпақтарды арғысы сақ-скифтер, бергі түркі, моңғолдар киген.

Баскиім пішу. Баскиімдердің тақия, киіз қалпақ, теріден тігілген бөрік пен тымақтар, сәукеле, жаулық тәрізді негізгі түрлері бүкіл қазаққа негізінен ортақ үлгіде болып келеді. Тақиялар тегіс төбелі, шошақ төбелі, тік етек формалы болып, бәрі кестеленген қара, жасыл, күрең т.б. түстегі барқыт, доқабадан тігіледі. Бөріктер биік етіп, бағалы аң терілерінен тігіледі; оқалы бөріктер оқамен сәнделеді, оған да үкі қадалады. Қалпақтар айыр етек, төрт қиықты делбегей етек, екі қиықты, етегі екі жақ шекесінен қайырылатын етек сияқты түрлендіріліп тігіледі.

Төбесі биік, етегі кең пішілген айыр етекті қалпақтың төбесіне, қайырмасына ою-өрнектер тігіледі. Төрт қиықты делегей қалпақтың қайырмасы кең, мол болады, қара, жасыл, күрең түсті доқабә, барқыт, топпен тысталып, төбесі, етек қиюлары ирек өрнекпен кестеленеді.

Төрт сайлы қалпақтың төрт қиық құрауын қара, яки ақ жібек, мақта жіппен кестелеп тігеді. Етегін қара, қоңыр, күрең, жасыл түсті барқыт, доқабалармен қиюлайды. Мұндай қалпақтардың етегі кең, төбесі биіктеу келеді. Кейбіреуінің төбесі шошайыңқы, етегі тарлау болады. Етегінің екі жағынан аз жырық шығарып тігетіндері де, етек қайырмасының арты биік, алды аласа қиюланатын түрлері де кездеседі. Төрт сайлы ақ қалпақ ішінде сайлары мен етектеріне кесте тігілетіндері де, қиюламай сайларының арасына лайықты өрнек салып тігілетіндері де бар.

Жас жігіттер киетін қалпақ екі сайлы, төрт сайлы, кең немесе тар етек, айыр, мүйіз етекті, төбесі биік тігіледі. Жас жігіттер көбінде етек қиюы қара, күрең, жасыл доқаба барқыттармен қиюланған, төбесіне маржандап шашақ таққан, төбесі биік, етегі кеңірек қалпақтарды, кейде төрт сайы мен етек қиюы кестеленген қалпақтарды да, етегі қиюсыз ақ қалпақты да киеді. Мұндай қалпақтарды той-мерекелерде киеді. Қалпақтың етегі мен қиюына ою-өрнектер салынады, етегі қиюлы қалпақтардың етегінің жиектері де шалып тігіледі, сайларына лайықты қошқар мүйіз өрнектері салынады.

Пішін нұсқаларының әртүрлілігі баскиім пішудің жалпы өзгерістеріне жатады. Қыздар бөркінің ер адамдардікінен айырмашылығы шамалы. Бұрынғы биік және үшкір конус тәрізді баскиімдер бірте-бірте аласа, төбесі жалпайыңқы баскиімге ұласып өзгеріске ұшыраған. ХІХ ғасырдың аяғындағы материалдарға қарағанда, қыздардың баскиімі қайырылмаған, яғни тері сынадан пішумен бірге, ХХ ғасырдың басында жаңа бір пошым пайда болады: жеке пішілген цилиндрлі жиектерден және төбесі жалпақ немесе томпақ төрт үшбұрышты тіліктен тұратын баскиім түрі қолданысқа кірді. Бұрын баскиімді терімен мол көмкерсе, енді терімен баскиімнің жиегін ғана көмкеретін болды. Бөрік – киіз, жүн, мақтадан төбелік, етектік маталар салып, түрлі үлгіде төбесі шошақ, дөңгелек, екі сайлы, төрт сайлы етіп, барқыт сияқты қымбат кездемемен тыстап, етек қайырмаларын қозының бұйра елтірісі мен асыл аң терілерімен қаптап тігілетін құлақсыз киім. Ерлер бөркі кәсіпке қарай сарпыс бөрік, түсірме бөрік, тігілуіне қарай жұмыр бүйірлі, тік қайырма етекті үкілі бөрік деп бөлінеді. Жас жігіттер биік қайырмалы бөріктерді көп киеді, жаз жайлауда кейде жағдайға қарай күзде де, қыста да киеді. Ертеде сайлығы биік шошақ төбелі биік бөріктер (биіктігі бір жарым немесе екі қарыс биік) болған деген мәліметтер бар.

БАСҚАҚ¹ – Шыңғыс хан империясының құрамындағы иеліктерден алым-салық жинайтын айрықша құзырлы тұлға. Сонымен бірге басқақтар жауланған жергілікті ұлыстардағы ахуалды да өз бақылауында ұстап отырды. Өлке билеушісі болды. Деректерге қарағанда моңғол үстемдігі дәуірлеген заманда қазақ жері, әсіресе, оңтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүсті-батыс өлкелер басқақтардың билігінде болған. Басқақ атауы 13-ғасырларда орыс тіліне ауысып, «хан ордасының өкілі және алым-салық жинаушы» деген мағынада қолданылған.

БАСҚАҚ² / БАСПАҚ – жем-шөптің аздығынан болатын қой ауруы. Басқақ әсіресе саулық қойда кездеседі. Төлдейтін уақыты жақындағанда қойдың көзі бозарады, жүні түседі. Жайылымға шыққанда да жүні шөп,

бұталарға ілініп қалады. Күтімі болмағандықтан ондай саулықтар көтерем қойға айналады.

БАСҚАЛДАҚ – өзен суына қойылған бөгеттің қамыстан тоқылған түрі. Басқалдаққа балық көп жиналады. Кезінде Сырдарияға басқалдақ құрып, жиналған балықты шөміш аумен сүзіп алған екен. Бір түнде балық жиналған басқалдақтан бір-екі мың аққайран аулаған кездер болған. Сонымен бірге көл, теңіз жағасынан қыста балық аулау үшін үкі (балық аулайтын мұздағы ойық) салуға сайланған орынды да басқалдақ дейді. Мұндай басқалдақты екі-үш түйе қамыс пен топырақты араластырып жасаған. Үкі салатын жерде басқалдақ болмаса, ол жердің иесі жоқ дегенді білдірген. Басқаша айтқанда, басқалдақ балық аулау жұмысын реттеу құралы ретінде де қолданылған.

БАСҚҰР – киіз үйдің керегесі мен уығының біріккен тұсынан сыртын орай тартылатын жалпақ тоқылған ұзын құр. Оның ені бір-бір жарым қарыстай (20-30 см шамасында), ұзындығы құрылған керегелерді сыртынан бір орап шығатын мөлшерде болады. Киіз үйді орап шыққанда артық-кемі болмау үшін басқұрды керегенің санына қарай тоқиды. Басқұрдың екі басы босағаға бекітіледі. Кейде керегенің сыртынан орап тартады, әрі туырлықты қажалып тозудан сақтайды. Оның үстіне басқұрды, әдетте, өрмекпен ою-өрнек салып тоқығандықтан, ол киіз үйдің ішіне сән беріп тұрады. Басқұр болмаса, қозғалтпау үшін құр не арқан қолданылған. Басқұрдың орнына тартылатын арқанды басқұр арқан деп атаған.

Басқұрларды тоқу әдісіне қарай ақ басқұр және ала басқұр деп атайды. Кейде ақ басқұрды түкті басқұр, ал ала басқұрды түксіз басқұр дейді. Оның себебі: ақ басқұр «ақ түсті жіптен» қақпа алаша тоқу әдісімен тоқылған өрмек үстіне түкті кілем тоқу мәнерімен өрнектеледі. Екіншіден, әр өрнек суреті бірін-бірі қайталамайтындай композициялық түрде тоқылады».

Ала басқұрдың өрнегі алаша тәрізді біркелкі тоқылады, яғни оның ою-өрнегі түксіз болады. Сондықтан ала басқұр кейде ел ішінде басқұр алаша деп те аталады, яғни оны алашадан жасалған басқұр» деуге болады. Қысқасы, ақ басқұр тоқуда терме тоқу, ала басқұрда қақпа тоқу әдістері қолданылады.

Ақ басқұр – киіз үйдің ішкі сәнді жабдығы, «киіз үйдегі барлық баушудың төресі», сондықтан оны ала басқұрдың жоғарғы жағынан өз алдына бөлек тартып байлайды. Бұндай сәнді басқұрларды «ақ түсті фонға түрлі түсті – қызыл, сары, көк, жасыл жіптермен термелеп» тоқиды. Сән үшін қолданылатын ақ басқұрдың төсегі ақ қойдың жүнінен иірілген жіптен тоқылады. Сондықтан ол дәулетті адамдардың үйлерінде кездеседі. Оған шебер әйелдер бар өнерін салады. «Таңғажайып бояулы жіптермен тоқығандары кілемге бергісіз» болады, ұзақ жылдарға дейін өңі кетпейді. Сондықтан осындай сәнді басқұрлар халық арасында кілембасқұр, термебасқұр деп аталады. Ал, басқұрдың өзін кейбір аймақта тегеріш деп атайды.

Басқұр тоқуда жүз теру, тегеріш деп аталатын екі түрлі теру тәсілі қолданылады. Жүз теру дейтін себебі: басқұрдың түрі жүз жіптен шығарылады, ал тегеріш теруде өткізбе, қалы тәрізді түрлер салынады.

Басқұрдың ақ басқұр деп аталатын түрінде тұмарша, құсқанат, шаршыгүл, балдақмүйіз, қойтеру, дойбыгүл, тышқаніз, шеттік, қарғатұяқ, қосирек, сыңарирек, жыланбас, түймебас, арқармүйіз, сырмақ өрнек, пәтінісгүл, текшегүл, қобызтіл, керегегүл, шашақ, шетою, әлімою, қоржынгүл және т.б. ою-өрнектер көп кездеседі. Сол тәрізді дәлдікпен, симметриялы етіп салынған қиықшаршы, үшбұрыш, текше тәрізді жиі ұшырасады. Әсіресе ою-өрнектердің арасында ширатылған ұзын гүл сабағы сияқты түрлерін жиі байқауға болады.

ҚР МОМ қорында басқұрдың бірнеше түрі сақтаулы. Соның бірі КПД 321/2 тіркеу нөмірлі Ақ басқұрдың ұзындығы 10 м 70 см, ені 37 см. Ақ, қызыл, қара, сұр түсті жүн жіптерінен термелеу әдісімен тоқылған. Ортасындағы жалпақтау келген жолағының өн бойында геометриялық пішінді өрнектер және шаршы деп аталатын өрнектер үздіксіз бір-бірімен жалғасып, екі жанындағы жіңішке жолағына тұмарша өрнегі терілген.

Ақ басқұрдың аралас тоқу тәсілімен (түкті, түксіз) тоқылған келесі бір түрі КП 826 тіркеу нөмірімен сақтаулы. Оның ұзындығы 15 м, ені 30 см. Термелеу тәсілімен тоқылған ақ түсті негізінің өн бойында ішіне көгеріс өрнегі салынған геометриялық пішін бейнеленіп және қарға ізі, мүйізді балдақ, шаршы, қосмүйіз өрнектері өте дәлдікпен қызыл, сұр түсті жіптерден тоқылған. Екі жанына қызыл түсті жолақ жүргізілген.

Сонымен, басқұр – кереге басын қысып тұратын әрі үйдің сәнін арттыратын, туырлық пен үзікті қажалудан сақтайтын, жылу ұстап тұратын, қолданылатын түріне қарай отбасының тұрмыс деңгейін білдіретін үй бұйымы.

БАСҚЫ АТ – ат бәйгесінде мәреге бірінші болып келген жүйрік. Басқы аттың жүлдесі көпшілікке алдын ала хабарланады. Оған берілетін жүлде бас бәйге деп аталады. Оның мөлшері туралы деректер ел аузында көп сақталған.

Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында

«Мақтауын батыр Тайлақ алғаннан соң

Халқына сауын айтып жөнеледі.

Тыңдаңдар мына сөзді, ей, жарандар,

Құлақ салып афзалдар,

Өтірік айтса, ақынның жаны шықсын

Бақсы аттың бес жүз жылқы бәйгесі бар», – деген жолдар кездеседі.

БАСМАҢҚА – бүркітшінің танау тесігінің қабынуынан болатын ауру. Басмаңқа Ә.Х. Марғұланнның сипаттап жазған деректерінде түгін, шаң, сасық иістен пайда болатын ауру екені айтылғаны. Оның белгісі автордың сипаттама дерегінде «томаға қызарып бөртеді, таңдайы көтеріліп іседі, тілінің тамырлары талаурап қанданады. Тілдің ортасындағы тесігі тарылып іседі, демалысы ауырлайды, көзінің алды кебеді, көзі жасаурап, жұма береді. Мұрны бітіп, пысқыра беретін болады» – делінген.

БАСПА¹ – есіктің қақпағын, жиһаз қақпағын бекітіп қою үшін қолданылатын ілгек, тиектің халық тіліндегі атауы. Ел ішінде есік пен қақпаның бұл тетігі ырғақ (Ақтөбе, Орал аймағында), тиек (Қостанай, Шығыс Қазақстан өңірінде), күршек (Көкшетау, Солтүстік Қазақстан аймағында),

шөтке (Қостанай, Көкшетау маңында), шот (Семей аймағында), тыйғыш (батыс аймақта) және т.б. деп аталады. Үйдің сыртқы есігінің іші мен сыртына, ғимараттың және аула мен қораның қақпасына ағаш және темір баспалар қолданылған.

Ағаш баспа қысқа ағаштан қиылып, екі ұшы үшкірленіп, жұмырланады да, қақ ортасына шеге қағылып жасалады. Есікті бекіту үшін оны қолмен бұрап, көлденең қалыпқа келтіреді. Темірден жасалған баспаның имекбасын шығыршыққа іліп қояды. Жалпақ темірден жасалған баспа ысырмалы болады. Баспаның имекбасын салып қоятын тетікті халық тілінде шығыршық, шың, шыңға деп әртүрлі атайды.

БАСПА² – тамақ ауруының түрі. Баспамен ауырған адамның тамағы қарлығып, жұтынуы да қиын болады. Медицинада мұны «ангина» деп атайды. Байырғы ортада баспа ауруын төмендегідей халықтық ем-дом арқылы емдеген. Кір сабынды, қылқаны алынып тасталған балықтың еті мен қабығын, кебектің, ұнның қара ұнтағын бұқтырып алып тамаққа тартқан, картопты пісіріп ортасын бөліп, соның ыстық буына булаған, көк шай (шалфей, түймедақ) қайнатпасымен, қара тұзбен шайып емдеген. Әбден піскен кезде (іріңдегенде) қазанның күйесіне шыланған саусақпен басып қанды іріңін жарып та ем-дом жасаған.

БАСПА КЕСТЕ – кестелеу өнерінде қолданылатын тігіс түрі. Кестелеу барысында бұндай баспа кесте тігісі түрін таңдағанда, ісмер өзінің ойға алған ою-өрнекті немесе бейнені матаның асты-үстіне бірдей жіп түсіріп отырып, тұтастай шымқай кестелеп түсіреді.

БАСПА ТІГІС – тігістің бір түрі. Бұл тігіс көбінесе өңіржиектің астына астар салып баспалап тіккенде қолданылады. Сондай-ақ кең етекте көйлектің етегі астар салынып бастырмаланып тігілсе, біртегіс және салмақтылау болады да, көйлектің етегі төгіліп, дөңгеленіп тұрады.

Сонымен қатар әжелер жаулықтарының немесе кимешектерінің жағын, өңірін қиғаштап кестелегенде баспа тігіс әдісімен тігеді. Шебер баспа тігіспен іс тігу барысында инені бас бармақ және сұқ саусағының көмегімен ұстай отырып, ортаңғы саусағының бірінші буынына жатқызып, яғни инені оңға қарай аздап қисайта отырып тігеді. Тігістің арасы жиі болғандықтан, мықты да болады.

БАСПАҚ¹ – тұз сақтауға арналған тері ыдыс, дорба. Ел арасында аталмыш ыдыс бастық, тұзбастық деп те айтылады. Баспақ жылқының, кейбір жерлерде түйенің бас терісінен тігіліп аузы бүрмеленеді, кейбіреуінің аузына ағаштан қақпақ орнатылады. Баспақтың қайсыбір аймақтарда бастық деп аталуын белгілі диалектолог ғалым С.Омарбеков: «Бастық (Атырау, Маң., Ақт.) – тұз салатын дорба. Кейде тұз бастық деп айтылады. Бастық жылқының бітеу сойылып алынған бас терісінен жасалады, оның түбірінің бас болуы да осыдан», – деп түсіндіреді. Баспақтың түйенің бас терісінен жасалғаны туралы зерттеуші Ә.Жақыпов былай деп жазды: «Баспақ (бастық) – түйенің бітеу сойылған бас терісінен иленбей (бітеу күйінше), тұз салуға арнап жасалған ыдыс. Ақтөбе облысынан жиналған мәліметтерде «бастық – түйенің бас терісінен жасалатын, тұз салатын дорба делінсе, Маңғыстау мәліметтерінде

бастықтың тұз салатын дорба екенін мақұлдағанмен, оның жылқының бас терісінен жасалғандығын айтады. Сонымен бірге, жергілікті халық тұрмысынан жиналған материалдарда баспақтың сиырдың бас терісінен тігілгені туралы да деректер кездеседі.

Қысқасы, баспақ деп аталатын, тұз салатын тері дорбаның ірі қараның бас терісінен тігіліп келгендігі қолы ұсынақты шеберлердің қалдықсыз технологиямен жұмыс істегенін көрсетеді. Оның дәлелі ретінде баспақтан өзге жылқының сан терісі мен тілерсегінен тігілген бұлқыншақты, түйенің мойын терісінен тігілген қауғаны, серкенің бітеу сыпырылған терісінен тігілген месті, жылқының жон терісінен тігілген сабаны келтіріп, мал терісінің әрбір бөлігі ысырап болмай, кәдеге асқандығын айтуға болады.

БАСПАҚ² – алты айдан бір жасқа дейінгі емуден қалған марка бұзау, торпақ (сиыр төлі). Әлі кемеліне келмегендіктен қауқары аз болады.

БАСПАҚ³ – малдың, әсіресе, қой түлігінің танауындағы ауру атауы. Баспақ кеңірсеке кірген құрттардың да, бөгелек, сона сияқты жәндіктердің шағуынан пайда болып қозады. Ауырған малдың танауы іріндейді. Кесірінен тынышсызданады. Миға шапқан аурудың ақыры, мысалы, қойды тентек немесе айналма деп аталатын кеселге ұшыратады. Мұндайда тәлтіректеген қой бір орында айнала береді. Аурудың айналма деп аталуы осы жайтқа байланысты болса керек. Б.Хинаяттың мәліметіне қарағанда, қазақ емшілері баспақ ауруын тотияйын ертіндісін, у қорғасын қайнатындысын және меңдуана түтінімен бір мезгілде қатар қолданып емдейді. Қыс айларында қорада ұзақ тұрған малды баспаққа жаппай аурудан сақтау үшін көнді ауық-ауық аударып әрі желдетіп отырады.

БАСПАНА – адамның қажетіне қарай қоршаған табиғи ортаға бейімделе құрастырылатын немесе салынатын тұрғылықты жай. Оның киіз үй, жертөле, тас үй, саман үй, кірпіш үй сияқты т.б. түрлері көп. Баспана бастапқыда қалқа, ық түрінде жасалды. Ас әзірлеп оны тұтыну, ұйықтап демалу сияқты адамзатқа тән қажеттіліктің артуына байланысты бірте-бірте кеңейіп, құрылыс үлгілері де өзгеріске түсіп, күрделене бастады. Әлеуметтік жіктелу пайда болған кезеңнен бастап баспананың да сан-салалы түрлері салына бастады. Ол абырой-беделдің көрсеткіші саналды. Әлеуметтік сипатына байланысты орда үй (хан, би, төре, батырлардың кеңес өткізетін, қонақ күтетін, салтанатты, әшекейлі арнайы үйі), үлкен үй (әке мен шеше отыратын немесе қонақ күтетін, салтанатты үй), қара шаңырақ (атадан балаға мирас болып жалғасқан үй), отау үй (жас жұбайлар үйі) т.б. түрлері болған.

Мал шаруашылығын негізгі тіршілік көзі ретінде ұстанған байырғы қазақ қауымы ХІХ ғасырдың соңына дейін негізінен қос қабаттап киіз жапқан киіз үйде, жөртөледе, кепеде қыстап келген. Кейін ағаштан, қам кірпіштен, күйдірілген кірпіштен қыстық баспаналар соғылып, қора-қопсысы жанына жапсарлана салынған қоржын үйлер пайда бола бастады. Мұндай үйлер қыстау деп те аталады. Осындай маусымдық баспаналар ерекшеліктеріне қарай тұрақты, уақытша немесе жылжымалы баспана, шаруашылық баспаналар деп бөлінеді. Киіз үй мен қыстық үй – тұрақты баспанаға жатады.

Қыстық үй – ағаш, кірпіш, тастан салынатын, қыста отыруға лайықты, жылы үй, тұрақты баспана.

Дәстүрлі ортаның жылжымалы баспанасы – киіз үйлер аймақтық, өңірлік табиғи, әлеуметтік сипатына қарай ерекшеленеді. Айталық, Жетісуда жауын-шашынның көп болатындығына байланысты мұндағы киіз үйлердің күмбездері жаңбыр суының тез ағып кетуі үшін шошақ, әрі биік болып келеді. Орталық және Батыс Қазақстан аймақтарында жел өте екпінді болатындықтан, киіз үйлердің күмбездері жалпақтау етіп жасалады.

Баспананың қос, итарқа, жабасалма, жаппа, күрке, қосалқы үй, қоржын немесе қосақ үй, шатыр, тошала үй (шошала) т.б. түрлері уақытша жылжымалы баспанаға жатады. Соның ішінде қос, итарқа, жабасалма, жаппа, күрке сияқтылары уақытша тұрақтау үшін, яғни көші-қон кезінде немесе жорық мақсатында пайдаланылады. Қалғандары ас дайындау және азық-түлікті, тұрмыстық пен шаруашылық бұйымдарды сақтауға арналды.

Қос – жылқышылар, отардағы қойшы, шабындыққа шыққан шөпшілер тұратын уақытша баспана Сырғауыл ағаш, бақан, уықтардың басын қоса буып, киізбен бүркеген баспананы да қос дейді. Жаугершілік кезінде мұндай баспананы абылайша деп те атаған. Киіз үй жанына ас әзірлеу сияқты т.б. шаруашылық қажеттілігі үшін де қос тігеді.

Итарқа – екі керегені жазып, бір-біріне сүйей басын қосып, үстін киізбен бүркемелеген баспана. Бұл да көші-қон кезінде уақытша аялдау, демалу үшін жасалатын баспана түрі.

Басын буған үй – уақытша баспана түрі. Жабасалманы екі керегенің немесе уықтардың басын біріктіріп, үстіне киіз жауып жасаған. Оның пішіні лашық, жаппа секілді келеді. Жабасалманы көші-қон кезінде киіз үй тігіп отырғанға дейін және жорық кезінде уақытша пайдаланған.

Жаппа – жабасалма, итарқа, лашық, күрке тәрізді керегеден, шиден құрастырылған уақытша баспана.

Күрке – сырық, бақан, тіреуіштердің басын буып немесе осы аталғандардың бірнешеуін ағаш, үлкен әрі биік тас сияқты затқа қатарластыра сүйеп, үстін туырлықпен, кесек киізбен, текеметпен жауып уақытша пайдаланатын, саялап көлеңкелеуге, түнеп шығуға пайдаланатын баспана түрі.

Қосалқы үй – дәулетті адамдар ас-суға арнап арнайы тігетін киіз үй. Ол шағын немесе үлкен болып келеді.

Қоржын / қосақ үй – киіз үйдің төр жағындағы керегелерінің сағанағынан келесі бір киіз үйді түйістіре жалғастырып тіккен салтанатты киіз үй түрі (екі бөлмеден тұратын киіз үй). Оңтүстік өңірде ортасындағы дәлізден екі жаққа кіретін екі есігі бар екі бөлмелі, саманнан соғылған, төбесі шатырсыз үйлерді қоржын үй немесе қоржын там деп атайды.

Шатыр – жазғы уақытта маусымдық шаруаларда, жаугершілікте, қолданылатын, екі, төрт қанаттан керілетін, жел, жауын-шашыннан қорғанатын, қалың матамен жабылатын баспана. Ертеде қалыңдығына келген жігіт ауылға тура келмей, шатыр тігіп, хабар күтетін болған.

БАСТАҢҒЫ – үйдің, ауылдың үлкендері (ақсақалдары, ер азаматтары) жол жүріп кеткенде үйде қыз-келіншектердің жеңгелерімен, құрбыларымен

бас қосып, ас-су дайындап сауық құруы. Халық тілінде бастан деп те аталады. Бастанғы болған үйде домбыра шертіліп, ән айтылады, ұлттық ойындар айналады. Өйткені бастанғыны көңілді өткізу үшін кейде өнері бар бозбалалар да шақырылады.

Бастанғыны, негізінде, бой жетіп келе жатқан қыздар жасаған. Ол үшін қыз-келіншектердің басқосуы үлкендердің рұқсатынсыз жасалмайды. Бастанғыға шақырылған қыздар, келіншектер жалғыз бармайды. Ондай жерге не жеңгесімен, не іні, сіңлісімен бірге барады. Бастанғыға дайындалатын тамақ, шай қамдау да алдын ала ойластырылады. Қыздың шешесі асып жеуге ет беріп кетеді, кейде ұсақ мал сойғызуға да рұқсат беріп, оны белгілеп қояды. Сонымен бірге бастанғыға шақырылған қыз-келіншектер үйлерінен құрт, ірімшік, бауырсақ, шай, май, қант-кәмпит тәрізді тәтті-дәмді тағамдарды ала келеді. Кейбір зерттеушілер бастанғы атауы мен оның этнографиялық мәні тыва, алтай тілдеріндегі «ас дайындау, әзірлеу» мағынасында қолданылатын паштапыр сөзімен байланысты екендігін айта келіп, оны түркі халықтарына ортақ байырғы мәдени тұтастықты көрсетеді деп санайды (А. Жилкубаева).

Белгілі бір үлкен әйелдің қадағалауымен өтетін бастанғы бой жетіп келе жатқан қыздарды ас-су дайындауға, дастарқан жаюға, қонақ күтуге, құрбы-құрдастарымен жақынырақ танысуына, тұйық болып қалмай, қалыпты субъектаралық коммуникацияны қалыптастыруға айтарлықтай себін тигізеді. Сондықтан бастанғы жастардың тіршіліктің келесі кезеңіне дайындығының мектебі тәрізді болған. Бастанғыны көшпелі ортадағы үлкен мен кішінің, ер адам мен әйел адамның арасындағы қатынасты ұйымдастыратын және реттейтін, ежелден орныққан әлеуметтік институт ретінде де қарастыруға болады.

БАСТЫРҒЫ – күмістен сығылған түйме тәрізді немесе әртүрлі пішінде құйылған шытыраның халықтық атауы. Бастырғының кісе белбеуге шабылатын (орнатылатын) кейбір түрлері жалпақ, үш елі шамасындай да болады. Аталмыш әшекейді кейбір аймақта бастырма деп те атайды.

БАСТЫРҒЫ АРҚАН – көшіп-қонғанда, күнделікті шаруашылықта қолданылатын арқан. Көлікке артылып арқанмен байланған жүктің үстіне тағы бір бұйымды қойып бастыруға тура келгенде оны бекітіп байлау үшін қосымша бастырғы арқан қолданылады; яғни екінші арқан қабат-қабат жүк артқанда бастыра тартуға пайдаланылады. Жасалуы жағынан бастырғы арқанның басқа арқандардан өзгешелігі болмайды. Бұндай арқан басқа арқандар тәрізді қылдан есіліп жасалады. Өйткені қыл арқан су тиген сайын ширығып қатая түседі. Ал бастырғы арқан босаған кезде оны ширықтыру үшін тоғанақты (қатты ағаштан жасалған ілмекті немесе имек ағаш) қолданады.

БАСТЫРМА¹ – кәжекей мен қамзолдың, көйлектің өңіріне (омырау тұсына), кейде көйлектің етегіне тағылатын күміс әшекей, шытыра. Бастырманы көбінесе күміске алтын жалатып қақтап жасайды. Бастырманың пішіні көбіне-көп сопақ, кейде дөңгелек түрінде күмістен қақталып, астыңғы жағында киімге тігіп қоюға арналған қос тойнағы болады. Қос тойнақ

әшекейді қисайтпай ұстап тұрады. Бастырманың кейбір түрлерін түйме орнына пайдаланған.

Халық тілінде Бастырманы омыраубастырғыш деп те атайды. Сонымен бірге тұрмыстық бұйымдар мен ер-тұрман бөліктеріне әшекей ретінде шабылған шытыралар да бастырма деп аталатыны кездеседі. Аталмыш әшекей атауы киімге бастырып тігуден шыққан және оның қызметі қапсырмадан мүлде бөлек. Алайда Моңғолия қазақтары қапсырманы бастырма деп атайды.

БАСТЫРМА² – есік ашылмай, жабық тұруы үшін немесе есік, қақпаны құлыптау үшін бір басы доға, шығыршық темірге кигізілетін ұзынша тесігі бар баспа темір. Бастырма темірден жалпақтау әрі ұзындау пішінде соғылып, екі басына да тесік жасалады. Бір басындағы көлемі әртүрлі болып келетін (неге арналғанына орай үлкен шегенің жуандығындай мөлшерден бастап қаламның жуандығындай мөлшерге дейін болады) шеңбер пішінді шығыршықтан өткізіліп, ашылып-жабылатын топса қызметін атқарады. Екінші басындағы кеңірек, сопақ пішінді тесігі ағашқа қағылатын име темірден өткізіледі де, бастырманың сыртын бастыра сол име темірге құлып салынады немесе көлденең темір шыбық не ағаш сұғып қояды.

Бастырма есік пен қақпаға ғана емес, оның шағын түрлері сандық, кебеже тәрізді үй жиһаздарының қақпағын құлыптап қоюға да пайдаланылады. Бұндай бастырма жиһаз қақпағы мен беттақтайының орта тұсының жиегіне орнатылған шығыршық пен име темірден өткізіледі, одан кейін есіктегі бастырма тәрізді бекітеді.

БАСТЫРМА³ – үйдің, қора-қопсының маңына тұрғызылған қосалқы құрылыс. Төрт жағы, кейде бір немесе екі, үш жағы ғана ашық болатын, төрт немесе оданда көп діңгектермен тірелген төбе жабын бастырма деп аталады. Бастырма салу ісін бастағанда алдымен, шұңқыр қазып оған төрт немесе бірнеше ағаш бағаналарды (ашалы болса тіпті жақсы) орнатып, сол бағаналарға арқалықтар қондырылып, оның үстіне қатарлата, араларын шамамен 1 кез қалдырып, сырғауылдарды салады, содан кейін тал-қамыс және шөп-шалам төселеді, кейде оның сыртынан шым, болмаса балшықпен бастырады.

Жазды күнгі аптап ыстықта күнқағар, көлеңке ал жауын-шашында пана ретінде, әрі үй тұрмысында қажетті құрылғы болып табылады. Бастырманың астына қазан-ошақ, нан салуға арналған тандыр соғылып, көлеңкелі салқын жерде шай-тамақ ішуге, жалпы таза ауада, дамылдап сергіп алатындай бір жағына сәкі (сыпа, суфа) құрып қоятын болған.

Кейде тұрғын үйдің кіре берісіне жапсарлатып тұрғызылған бастырманы айуан, ауыз үй, немесе дәліз деп те атайды. Ал қора-қопсыға қосалқы тұрғызылатын бастырма астына күн райының қолайсыз мезгілінде малды жауын-шашыннан қорғау үшін соғады. Тіпті қысты күнгі қақаған аязда, қатты жел соғар жақтары жабылған бастырманың астына жылқы байлап қоятын да болған дейтін көне көз қариялар. Қазақтың құрылыс ісінде жертөле, жеркепе, жер үй және сондай қосалқы құрылыстар салу ісін кейбір аймақтарда, бастырма бастырамыз дейді.

Мысалы, Батыс Қазақстан өңірінде қора-қопсының ішінде қыстап шыққан малдан кейін, бастырылып қалған көңнің ойып алынған түрін бастырма, кеспе тезек немесе бастырма тезек деп те атайды.

БАСТЫРЫҚ¹ – арбаға немесе шанаға тиелген шөп сырғып, түсіп қалмауы, ауып кетпеуі үшін оның үстінен ұзыннан тастап, бастыра байлайтын сырғауыл, сырық. Байланатын арқан сусып кетпеу үшін бастырықтың бір басы кертіледі. Бастырықты тек көліктегі шөпті бастырып қою үшін емес, қоралардың төбесіне жиналған шөпті жел, боран ұшырып кетпеу үшін де қолданған. Осыған байланысты тиелген шөпті бастырып тұратын сырықты тартып бекітетін ұзын әрі жуан арқанды да кей жерлерде бастырық арқан деп атайды.

Бастырықты арқанмен тарту тәсілі. Бастырық көліктің алдыңғы жағынан тұйықталып бекітілген арқанға байланып төмен басылғанан кейін, бір ұшы көлік артына бекітілген арқан бастырыққа екі шалынып барып, көлікке бекітілген шығырдан толық өткізіледі. Содан кейін бастырыққа оралған арқан орамынан қайтадан өткізіліп, төмен қарай сығымдала белге салып соза тартылады. Әбден тартылып болған арқан көлік (арба) пен бастырыққа кеткен екі арқанның орта тұсынан бір-біріне қосыла тағы бір сығымда бекітіледі.

БАСТЫРЫҚ² – жел, дауыл қатты соққан күндері сақтық үшін қолданылатын киіз үй жабдығы, арқан. Киіз үй шаңырағының желбау байланатын екі шетінен арқанның екі ұшын байлап әкеліп ортаға түйістіріп, салмақты затпен бастырып қояды немесе ортаға қазық қағып соған байлайды. Бастырыққа салмағы ауыр түрлі заттарды пайдаланған.

Бастырыққа су құйылған қазан байласа, ол ауыр салмағымен жел тұрғанда киіз үйді басып, қозғалтпай тұруына ықпал жасайды, қатты дауылда қазандағы су ғана төгіліп, киіз үйдің аударылып бүлінбеуін қамтамасыз етеді.

Үй салмағы мен жел екпінін мөлшерлеп, кейде бастырық ретінде үлкен тең, қанар, қапқа салынған ұн, астық, тұз тәрізді ауыр заттарды пайдаланған. Оңтүстік Қазақстанның Түркістан ауданында салма киіз деп атаған. Шығыстағы қазақтарда, әсіресе Алтайда мұндай бастырықтың атауын салма десе, оны байлаған арқанды салма арқан деп атайды. Алайда салма деп аталатын арқан киіз үйдің сыртынан бастыра тартылады.

БАСЫ ҚАРАЛЫ – жесір әйел, қазақ әйелдері жоқтау айтқан кезде басым қаралы, бетім жаралы дейді. Бұл сонау ғұндар, көне түркілер заманынан жалғасып келе жатқан салт. Мысалы, қытай деректерінде ғұндардың дәстүрі бойынша Тәңірқұттың алдына бетін тіліп кіретіндігі, тіпті басқа елдің елшілері де бұл дәстүрге мойынсұнбаса, Тәңірқұтқа жолықтырылмайтындығы, бетін тілу жақсы көру, құрметтеудің белгісі екендігі туралы, сол сияқты түріктерде қайтыс болған адамның туыс-туғандары, жақындары түгелдей мәйіт қойылған үйдің қасына жиналып, ас беретіндігі, онан соң мәйіт қойылған киіз үйді жеті рет айналатындығы, айналып есік алдына келген сайын пышақпен беттерін тіліп, қанды жастарын ағыза дауыс салып жылайтындығы жайлы айтылады. Осыған қарап бетін тілу, бетін жырту сонау ғұндар мен көне түркілерден бастау алған, жақсы көру, адалдығын білдіру үшін істелетін дәстүр болғанын болжауға болады.

Бетін жырту салтының қазақ арасында бар екені туралы бертінгі зерттеушілер (Н.И. Гродеков, А.И. Левшин, Ы.Алтынсарин т.б.) еңбектерінде де айтылған.

БАСЫБАЙЛЫ¹ – бас бостандығы, еркіндігі жоқ, біреуге кіріптар (адам). Қазақы ортада, әдетте, жаугершілікте тұтқынға түскендерді басыбайлы құл, құлдықта болуды, құл болып өмір сүруді басыбайлы құлдық деп атаған. Басыбайлы адамдардың ішіндегі ұзақ уақыт адал еңбегімен көзге түскендері, біліктілері бас бостандығын алған. Бас бостандығын алған кейбіреулері беделді тұлғаларға да айналған. Сондықтан басыбайлы атауының мағынасы шартты. Басыбайлы ұғымы қазақ тұрмысында құл емес, алайда байға экономикалық жағынан тәуелді, кіріптар малшы, жалшы тәрізді әлеуметтік топтар мен меншікті мал-мүлікке де қатысты болып келеді.

БАСЫБАЙЛЫ – байырғы жастардың тұрмыстық аядағы өзара тілдік коммуникациясында ер адамның жыныс мүшесінің оспақтап айтылатын эвфемистік атауы. Этикеттік қатаң норма бойынша халық тіліндегі жыныс мүшелер, жыныстық қатынасқа байланысты атауларды турасынан айтуға тыйым салынған. Алайда бұлай тыйым (табу) салынған атаулар коммуникативті этикет жүйесінде метафораланған түрде оспақтап айтылатын жайттары байқалады. Басыбайлы – эвфемизмі де солай, ер адамның сексуалды әрекеті әйелге тәуелді, төсек жағдайында ол әйел сезімінің ырқынан шыға алмайтындай «басыбайлы» күйге түсетіні меңзелген. Осы сияқты этностың коммуникативтік этикет жүйесінде ер адам өзінің еркектік мүшесін малшашар, ал әйелдің жыныс мүшесін малтабар деп те тұспалдап, эвфемизмен айтатын жайттары кездеседі, оспақтап айтылатын бұндай сөздердің нені меңзеп тұрғанын атаудың өзі-ақ «айтып» тұрады.

Әзілкештік, күлдіргілік қоса жүретін тілдік қарым-қатынастың әдеттегіден тыс бұндай типін батыс зерттеушілері күлкі мәдениетімен (культура смеха) байланыстырып, коммуникацияның айырықша бір жүйесі деп қарайды.

БАСЫНА АҚ ТАС ҚОЮ – қайтыс болған адамның моласының басына белгі орнату, ескерткіш қою. Қазақ жерінде өлген адамның қабірінің басына тастан ескерткіш қою көне замандардан басталады. Мәселен, көне түрік заманында қайтыс болған адамның моласының басына тас мүсіндер, егер ол хан болса, оның аты-жөні мен істеген істерін баяндайтын жазуы бар тақтатас орнатылған. Қазақ арасында марқұмның моласының басына тастан белгі қою кейінгі замандарда да үзілмей, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Бұл туралы белгілі этнограф Х. Арғынбаев: «Тас ескерткіштердің орта ғасырлардан бері жасалып, кейбіреулері қазірге дейін қабір басына қойылып келген шағын түрлеріне – құлпытас, үштас, бестас, арқартас, қошқартас, қойтас және сағана жатса, кейінірек пайда болған күрделі архитектуралық ескерткіштер қатарына сағана там (кереге там), төбелі күмбез там сияқты құрылыстар жатады», – деп, бұндай ескерткіштердің Қазақстанның барлық өңіріне тән екендігін атап көрсетеді. Қабір басына құлпытастар мәрмәр, граниттен, Батыс Қазақстанда ескерткіштің түр-түрі кеніште жатқанда арамен кесіп алуға болатын «жұмсақ тастардан», атап айтқанда, ақ бортас,

сұр түсті құмтас, қызғылт түсті қабыршақты ұлутастардан жасалған (Х. Арғынбаев). Каспий бойында бұндай тастардың кенішінің түсіне байланысты қалыптасқан Ақтас деп аталатын жер атауы да кездеседі. Бұл тастар кеніште «жұмсақ» болғанмен, өңделіп, дайын болғаннан кейін күн мен желдің әсерінен қатайып, жүздеген жылдар бойы мызғымай тұра береді. Сонымен бірге бұрынғы тұрмыста құлыптасқа арналған тастарды қазақтар Самарқаннан тапсырыспен алдырып отырған. Сол жақтан алдырған мәрмәр, гранитті ел ішінде самарқан тас деп те атаған.

Кейбір басына марқұмның жылына дейін тастан ескерткіш қою, там салуды ел арасында елеусіздеу етіп басын қарайту, үйін көтеру, зират басын көтеру деп атаса, тас түрін нақтылап көрсету үшін басына ақ тас қойды, басына көк тас қойды деп айтса керек. Кейінірек жалпы «белгі орнатты, ескерткіш қойды» ұғымында қолданыла келе бейнелі сөз орамына айналған. Ауыспалы мағынасында «атын өшірмеді, шаңырағын құлатпады, өмірін әрі қарай жалғастырды» дегенді білдіреді.

БАСЫНА ҚАРА САЛУ – жақын адамы қайтыс болғанда қара жамылып, жыл бойы өлген адамды аза тұту. Аза тұту марқұмның асы берілгенге дейін созылады.

БАСЫНА ТҮНЕУ – «тілегім орындалса екен» деген ниетпен қайтыс болған ата-анасының, туысының немесе атақты, аруақты кісінің, әулиенің зиратына қонып, құрбандық шалып, игі тілек тілеу.

Халық ауыз әдебиетінде перзент көрмей жүрген адамдардың киелі орындарға барып зиярат еткеннен кейін балалы болғандығы туралы көптеп айтылады. Осыған орай Қобланды батыр жырынан төмендегідей жолдар келтіруге болады. Тоқтарбай шал сексенге дейін бала көрмей бармаған жері, баспаған тауы қалмайды:

Сексенге жас келгенше,
Бір бала көрмей Тоқтарбай,
Қайғыменен қан жұтып,
Ақылынан адасқан. ...
Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат қойып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі.
Аналықтай бәйбіше
Қабырғасы майысқан.
Елу жасқа келгенде,
Көзім ашпай дүниеден,
Өтемін бе дегенде
Сонда көрген арыстан.
Бір ұл, бір қыз атадан,
Қыздың аты Қарлығаш,

Қобландыға қарындас...

Осындай оқиғадан кейін Тоқтарбай мен Аналықтың ақ тілегі орындалып, Жасаған ие Қобландыдай ұл, Қарлығаштай қыз сыйлаған екен. Жыр жолдарындағы

Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат қойып,
Қорасанға қой айтып...

дегені шал мен кемпірдің әулие-әнбиелердің басына барып түнеп, құрбандық шалғандығын бейнелейді.

БАТА – ақ тілек, ізгі ниет, береке-молшылық, аман-саулық тілеп, жалбарыну түрінде айтылады. Қазақы ортада ерекше қасиетті саналады. Бата айтулы оқиға, іс-шараның алдында һәм ел-жұрт, жиналған топ, ұжымның, отбасының көңілінен шығатындай атқарылған шаруаның соңында айтылатын оң тілекті білдіреді. Бата бергенде дәм-тұздың болуы шарт. Ерте заманда батаны көптің алдында да, жеке адам алдына да жасайтын болған. Топ алдында батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақал жиналған көпшіліктің атынан үй иесіне немесе той, ас иесіне берген және батаны сондағы қауымға да арнаған. Ал жеке айтылған бата нақты бір адамға беріліп, оған игі тілектер тіленіп, жақсы сөздер айтылған. Дәстүрлі ортаның эпостық жырларында әкенің баласына бата беру сюжеттері айқын көрініс табады.

Бата беру құрметті іс деп саналады және өз жоралғысы бар. Сондықтан бата айтыларда бата тілеуші адам немесе жамағат қос қолдап алақан жайып, «Әмин» деп ишарат білдіреді. Сол кезде бата беруші әуезді де мәнерлі үнімен тақпақтатып бата береді. Бата аяқталғанда жиналған қауым бір ауыздан қуаттап «Әумин. Айтқаныңыз келсін!», – деп бет сипап, ырым қылады.

Сыр, Шу бойы, Маңғыстау қазақтарының тілінде бата бәте, пәте түрінде дыбысталып айтылады. Бұлай аталу себебі Құранның бірінші сүресі «Фатихадан» ауыстырылғандығынан болса керек. Мұны бата мәтіндерінен де аңғаруға болады.

Менің берген Фатихам,
Жаман қатынды алмаңыз деп,
Өтінемін, асылан...
...Алла жар болсын,
Фатихам қабыл болсын.
Кеткенің келіп,
Кемтігің толсын.

Бата да жанр ретінде әу баста сөз магиясына сенуден пайда болған. Бата мазмұнында Жаратушы иеден шарапат күтіп, әулие кісілерден қалауының орындалуына жәрдем сұрап, кесір-кесапаттан сақтап, қорғаныш болуын тілеген сөздер айтылады. Аллаға, пайғамбарға, періштелерге, әулие-әнбиелерге сыйынады. Қыдыр атаға, Қамбар атаға, Шопан атаға т.б. сөзін арнап, қалау білдіреді.

Шәрияр болсын достасың,

Мұхаммед болсын қостасың,
Қыдыр болсын жолдасың,
Лұқпан болсын құрдасың,
Жылқышы ата Қамбар,
Мінгенің жирен шабдар.
Мыңды айдатып, жүзді байлатсаң,
Сенен басқа нем бар?

Бата беруші кейде дәстүрлі ортаның қадір тұтар киелерінің атынан тікелей үн қатып, қалың қауымды үміттендіріп, айтылған барша тілектің қапысыз орындалатынына кепілдік бере сөйлейді:

Бұл бата бізден емес, Құдайдан-ай,
Құтылмас қашқан түлкі құмайдан-ай...
Жарылқа, Құдай, қабыл ет,
Жарылқаудың қамын ет.
Жарылқайын деп келеді,
Кішкене ғана сабыр ет!
Менің берген батам емес,
Бұрынғы пайғамбардың берген батасы:
Оның да болмас қатасы!

Уақыт тұрғысынан қарағанда, бата беруші керемет сөздері арқылы алақан жайып отырған қарапайым халықты ежелгі мифтік дәуірдің өкілдерімен тоғыстырады, оның батасы киелі саналып, өзі де аузы дуалы жанға айналып кетеді.

Менің атым Сарыбай,
Сақалыма сары май.
Таң мезгілі болғанда,
Төсегіңнің басынан,
Жастығыңның астынан,
Бөденедей пырылдап,
Бозторғайдай шырылдап,
Саралақаздай қайқақтап,
Құнан қойдай жайқақтап,
Қыдыр келіп дарығай.....

Асың, асың, асыңа,
Берекет берсін басыңа!
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай құрғалап,
Қыдыр келсін қасыңа!
Осы тұрған боз үйге
Қыдыр ата дарысын.

Қыдыр ата – батада тұрақты кездесетін қасиетті бейнелердің бірі.

Сонымен бірге Зеңгі баба, Қамбар ата, Шопан ата аттары да қазақ батасында көбірек аталып, бата беруші олардан бақ-дәулет дарытуын сұрап, ниет етеді. Мұндай бата түрлерінде халық ұғымындағы осындай қасиетті

пірлердің өзіндік сипаттары да ашылып жатады. Айталық, Зеңгі баба жанарының қасиеті бар екендігі батада көрініс табады:

Шаруаның төрт пірі Зеңгі баба,

Мал беруге ойың болса, маған қара! –

деп тілек етіп бастайды. Байырғы орта түсінігі бойынша сиыр түлігінің пірі – Зеңгі баба жайшылықта ешкімге назар аударма бермейтін болған. Егер оның жанары түссе, сол жанға қисапсыз сиыр бітеді деген наным болған.

Бата осылайша көне танымға табан тіреп тұратындықтан, оның арбаумен, тіпті, қарғыспен жанасатын тұстары бар. Мәселен, бата берушінің Тәңір, әулие-әнбие, аруақтарды жәрдемге шақыруы арбаумен тоқайласып жатады.

Бата ежелде алғыс сезімінен туындаған. Ал алғысты әу баста қарғысқа қарсы айтылған сөздер деп тануға толық негіз бар. Бұған батадағы мына сөздер дәлел:

Е, Жылқышы ата Қамбар,

Төртеуіңнің ынтымағың бір болса,

Қарғайтын кім бар?!

Қастық қылған адамың

Мұратына жетпесін.

Айтса қарғыс, тисе көз,

Дарымасын, өтпесін!

Осылайша кейде бата қарғысқа тура қарсы бағытталады. Ал кейбір мәтіндерінде қарғыстың сөздері де жүреді.

Бермейтұғын сараңның

Екі қолы байлансын.

Сөйтіп, соры қайнасын.

Бермегеннің жаманын

Көр ішінде ойласын...

Бұл үйге қас сағынған адамды

Көтеріп тұрған жер ұрсын.

Аспандағы көк ұрсын...

Қарауды қара тас қылсын,

Сараңның көңілін пәс қылсын.

Шапқан жауды дерт буып

Күннен-күнге асқынсын.

Көлгірсіген көр кеуде

Көмейіне тас тұрсын.

Бұл үйге қастық қылғанды

Тәңірім қара таспен бастырсын!

Батада көшпелі халықтың бақытты да шат-шадыман өмір-тіршілік туралы түсінігі, керемет келешек туралы арман-аңсары, ақ тілегі айтылады, тамаша болашақ туралы ел қиялы, халық мақсаты көрініс табады.

Әумин десең маған,

Бата берейін саған.

Алтыннан болсын жағаң,

Күмістен болсын тағаң.
Күрпілдесін сабаң...
Келелі түйең қаптаған,
Қаратауға сыймасын.
Ақтылы қойың адалдан
Алатауға сыймасын,
Көкалалы көп жылқың
Көкшетауға сыймасын,
Ұл мен қызың тең өсіп,
Ұлытауға сыймасын...
Жасың жетсін жүзге,
Желің кетсін құла түзге...
Құдайдың өзі сүйтіп оңдасын,
Бес жүз саулық қоздасын.
Сексен інген боталап,
Сегіз келін қомдасын.
Айдап келген жылқыңнан,
Алпыс айғыр азынасын,
Жиып келген түйеңнен,
Жетпіс інген боздасын
Өзіңнен байлық озбасын.

Батада әсірелеу тәсілі мол қолданылады. Бақташы халық аттың тағасын еш уақытта күмістен соқпайтыны да белгілі, бірақ «күмістен болсын тағаң» деп сипаттау батаның поэтикасы үшін жарасымды. Сондай-ақ жеке бір адамның мал мен басы өсіп-өніп, асқаралы тауға сыймай қалуы тағы да мүмкін емес. Сонымен қатар «қырық, сексен, сегіз, жүз, мың» сияқты символикалық сандар да батада жиі қолданылып, әсірелеуді күшейтіп тұрады. Халықтың адамгершілік, ізгілік, ар-ұждан туралы ғасырлар бойы жинақталған өсиеті дәріптеліп, тәлім-тәрбие беріледі. Мәселен, батаның төмендегі шумақтары нақылға айналып кеткен деуге болады:

Жүзге жетсін түйеңіз,
Үш жүз болсын биеңіз.
Әлдеріңнен келгенше
Жығылғанды көтеріп,
Сүрінгенді сүйеңіз...
Ақ бөкендей қойлы бол,
Ор қояндай көзді бол,
Адам таппас сөзді бол,
Патшадай ұлды бол!
Құлынында қақпа,
Тай күнінде тартпа,
Құнанында сақта,
Дөненінде бапта,
Бестісінде бәйгеге сал!
Қиындық көрсең мұқалма,

Ауырлық көрсен жұқарма.

Қамқоршы бол кішіге,

Үлкенді үлгі тұт алға!

Түпкі төркіні сөз магиясына барып тірелетін көне алғыс жанры кейін келе ислам дінінің әсерімен бата атанып, өзгеше өрнек тауып, өріс алған. Осы жанрдың жаңа қарқынмен дамып бүгінге жетуіне батагөй тұлғаның қосқан үлесі аз болмаса керек. Дарынды батагөй, шын мәнісінде, ежелгі үлгіні тотыдай қайталаушы емес, ол ескі дәстүрге шабытты шағында ыстық қан құйып, жан бітіруші. Бұған ежелгі жыраулардың, би-шешендердің айтып кеткен баталары айғақ. Мәселен, Жамбыл ақынның:

Құдайым осынау үйге дуа берсін,

Тілдерін дұшпандардың буа берсін.

Келіннің балағынан бала саулап,

Салпы ерінді сары ұлды туа берсін, –

деп Сәбит Мұқановқа берген батасы осы жанрдың нағыз поэтикасын әбден меңгерген майталмандықтың бір үлгісі. Демек бата жанры жаңаша түлеп отыр. Шын батагөй алқалы топтың атынан ежелгі сарындарды сарнап айтқанымен, ол көкейіне келген сәулелі ойды қиюластырып, көне үлгіге қосып жіберетіндігін де ескерген жөн. Сонымен бата фольклор мен ауыз әдебиетін тоғыстырып тұрған ерекше өміршең жанр деуге болады. Атқарылатын ғұрыптың мән-мағынасына орай берілетін батаның бірнеше түрі бар: шілдехана батасы, жол батасы, ас батасы, наурыз батасы және т.б.

Балаға берілетін бата – шілдехана дастарқаны жиылып, ауыл үлкендері қайтар сәтте үлкен кісінің, беделді, аузы дуалы адамның беретін батасы. Бұл – сәбиге үлкендер білдіретін алғашқы тілек. Олардың мазмұны мынадай болып келеді:

Сары тісті болсын,

Ақ шашты болсын.

Өмірі ұзын болсын,

Уайымы аз болсын.

Жас балаға берілетін батаның түрі көп. Мәселен, балаға берілетін батаның соңғы кездегі бір үлгісі:

Әмин десең, міне, бата,

Қолдасын Қыдыр ата.

Қызырың қияласын,

Періштең ұяласын.

Балаға бақ берсін, бас берсін,

Өмірі ұзақ жас берсін.

Кетпес ырыс, кең пейіл берсін.

Ел шеті жаусыз болсын,

Ел іші даусыз болсын.

Баланың өрісі көпті,

Қонысы құтты болсын.

Жұлдызы жарқырап,

Аспаны ашық боп,

Бейбітшілік боп ел іргесі,
Болып жасы, ұзақ көп,
Әрқашан жүрегі қуанышты болсын – деп келеді.
Балаларға берілетін батаның ересектерге берілетін батадан
айырмашылығы мазмұнында. Онда балаға ұзақ та бақытты ғұмыр тіленеді.

Сондай-ақ балаларға арналған батада:

Жұртта қалған тулағы
Тулап келіп, тай болсын.
Тай болсын да туласын,
Бір құрдасы сұрасын.

Сұраса да бермесін – дегендей балалар өміріне етене жақын тіркестер,
әзіл-оспақтар да аралас жүреді.

Тұсау кесер батасының төмендегі түрі сақталған:

Тұсауы кесілді, құламасын
Тізесін жаралап жыламасын
Секірсе құздан сүрінбесін
Шыңға шыққанша бүгілмесін.

Тай үйретіп міну, оны күтіп, бағып-қағу қазақ баласының ең қымбат
ермегі, өлеңде балалық өмірдің осы қыры қамтылған. Кейбір өлеңдерде әзіл-
қалжың бұдан да тереңдеп кетеді.

Жас талапкерге бата – өнер, өмір жолына, жорыққа, ұзақ сапарға аттанар
жас өренге берілетін бата.

Бедеуің белдеуінде байлаулы болсын,
Қазаның ошақтағы қайнаулы болсын.
Есігің, ашық болсын,
Қабағың жазық болсын.

Сонда ағайының кетпес қасыңнан,
Жақыныңа бұрмай төрені түзу бер,
Сонда қаумалаған халық кетпес қасыңнан».

Ас батасы. Алдыға ас келген кезде қонақ немесе жасы үлкен адамдар
тарапынан ас иесіне, отағасына, оның отбасына жылы лебіз, ыстық ықылас,
жақсы ниет білдіріп, ізгі тілекпен айтылатын бата.

Кетпес ырыс, кең пейіл берсін.

Кеткенін келтірсін,
Кемтігін толтырсын.

Мал аман, бас түгел болсын.

Тілегі қабыл, мұраты асыл болсын!

Ас қайыру батасы – ас соңында үй иесіне ілтипат көрсетіп, татқан дәм-
тұзды құрметтеу нышаны ретінде үй иесіне, отбасы мүшелеріне шаңыраққа
жақсы тілек білдіріп айтылатын бата. Асқа, дастарқанға береке тілеп, игі ниет
білдіріледі.

Мына берген басың,
Аман болсын кәрі-жасың.
Мына берген жамбасың,
Аман болсын жолдасың.

Мына берген жілігің,
Аман болсын ілігің.
Мына берген төсің,
Бақ-дәулетің өссін.
Мына берген омыртқа,
Жамандыққа жолықпа.
Мына берген жауырын,
Аман болсын бауырың.
Мына берген қабырға,
Ынтымақ-бірлігіңнен арылма!

Жол батасы – жолаушыға сәтті сапар тілеп айтылатын бата түрі. Жол батасын алып сапарға шығу рәсімі ел ішіндегі аға буын арасында бүгінгі күнге дейін сақталған. Кезінде Жамбыл ақын майданға аттанып бара жатқан халқымыздың батыр ұлы Бауыржанға:

Батырдың жолы болсын,
Самсаған қолы болсын.
Түсі де суық екен,
Ісі де долы болсын, – деп бата берген екен.

Көші-қон батасы:

Көштерің көлікті болсын
Жолдарың көрікті болсын
Қоныстарың құтты болсын
Босағасы мықты болсын
Ару-сырқаудан аман болыңдар
Бастырыңа айырылмас бақ қонсын
Мейірбанды Алла сендерге жақ болсын!

Жаңа айдың батасы. Ай туғанда алақанын жайып, алдағы күндерден жақсылық тілеп, бет сипайды.

Ай көрдім, аман көрдім,
Ақиреттік заман көрдім.
Жаңа айда жарылқа,
Ескі айда есірке!

Айымыз аман, жылымыз түгел болсын – деп бата жасайды.

Соғым батасы – соғым сойылғанда берілетін бата.

Соғым шүйгін болсын

Қазаның тоқ болсын

Уайымың жоқ болсын

Дастарқандарың кең болсын!

Бізге бергеннің есесін берсін!

Есенің де тәңірі, бірнешесін берсін!

Наурыз батасы – ұлыстың ұлы күнінде берілетін бата. «Наурыз көже» пісіріліп, той өткізіліп болған соң, жалпы қауымға, халықты риза қылған жеке адамдарға көпті көрген, көңіліне тоқығаны мол, аузы дуалы ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары, билер қол жайып бата берген. Наурыз батасының мазмұн ауқымы кең. Елдің амандығы, молшылық заман, бейбіт күн тіленеді.

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Ел бақытты болсын,
Төрт түлік ақты болсын,
Қызылды уағымен көрсетсін, –
деп тілек айтылып, үлкен-кішіге:
Жасыңа жас қосыла берсін.
Жасың құтты болсын
дейді.
Мал сүтті болсын,
Жер құтты болсын.
Ақ мол болсын,
Іс оң болсын.
Егін түсімді болсын,
Сауда күсет болсын.
Қарт күтімді болсын,
Жас жұтымды болсын.
Ұлыстың ұлы күні Оң болсын!

немесе:

Тасқа тамыр біткенше,
Таршылық көрме.
Мұзға бидай өнгенше,
Мұңшылық көрме.
Оң жағыңа қарасаң,
Алтыннан дiңгек орнасын.
Сол жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын.
Сексен iнген боталап,
Сегіз келiн қомдасын! – деп тілек бiлдiредi.

Рамазан батасы – үш күнгi ораза айтта айтылатын бата. Iзгi тілек, жақсы ниет бата сөзге арқау болып, «құрбандығың қабыл болсын!», «айт мереке (мүбәрәк) болсын, әумин!» деп бет сипап, бата береді. Рамазан батасының мәтiнi жарапазанға жақын келедi.

Биебау батасы – сауылатын биелердi көктемде алғаш байларда жасалатын, кәде кезiнде берiлетiн бата-тiлек:

А, құдайым қолдасын,
Қызыр атам қолдасын,
Кеткенiңдi келтiрсiн,
Кемтiгiңдi толтырсын,
Биылғы жылы аз байласа,
Келесi жылы мол байлатсын,
Сабасы қаймақты болсын,
Пiспегi салмақты болсын.
Құдалықта айтылатын бата:
....Дастарқаның кең болсын,

Құда-құдағилар тең болсын.
Қарым-қатынас арада
Аққан дария сел болсын.
Мыңжылдық құда деген сөз,
Жалғаны жоқ шын болсын
Жас отау иелеріне арналған бата – жас жұбайларға айтылатын тілек:
Жас келіннің қонған жері,
Құтты қоныс, тұғыр болсын.
Біреуі шал, бірі кемпір,
Қоса ағарған ғұмыр болсын.
Балапанмен, балақанмен,
Бесік іші жыбыр болсын.
Құлын-тайдың асырымен,
Оттың басы дүбір болсын.
Сүйіспендік махаббатпен,
Тәтті күлкі, сыбыр болсын.
Кәрі күліп, бала бағып,
Мол қызықтан ығыр болсын.
Кәрілерге мейірімді,
Келіндерде әдеп болсын.
Ата күту, ана бағу,
Ата жолы әдет болсын!

Өлім шыққан үйге айтылатын бата – қазаға қайғырып отырғандарға көңіл айтып, аруаққа арнап жасалатын бата:

Аттың орнын,
Тай басады.
Атан орнын,
Тайлақ басады.
Ата орнын,
Ұл басады.
Арты қайырлы,
Алды иманды болсын!

Зират басында оқылған дұға соңында айтылатын бата – зират басында оқылатын дұғадан соң айтылатын бата. Дұға оқушы өлгенге иман, тіріге берекет тілеп, бет сипап бата жасайды:

Аруақтарға бағыштадым.
Марқұмдарға иман берсін,
Ұрпақтарына, жақын туыстарына
Қайырлы береке берсін.
Тауфық идиат берсін
Адалдан дәулет берсін,
Бақ пен сәулет берсін,
Денге саулық берсін,
Дұғаға қабылдық берсін!
Аллаһу акбар, Әмин!

Ел арасындағы дау-шараға билік айтып, төрелік беру салмақты да, кемел ойлы адамдардың ғана қолынан келер іс. Биге ауыр міндет жүктеледі. Қалың қауым ойының үдесінен шығып, әділ шешім шығару оңай болмайды. Сондықтан да билік айтушы адам үлкен деңгейге жету үшін алғашқы бастамасында-ақ өзіне деген халық сенімін бекіте түсуі тиіс. Дәстүрлі ортада би болар тұлға ел ағаларынан, ірі би-шешендерден бата алып жолын ашқан. Бата алу рәсімі билер арасында жоғары бағаланып, айнымас тәртіп ретінде қалыптасқан. Ірі билерден бата алмас бұрын ортанқол билердің сынағына түсіп, алдынан өтеді. Халық ауыз әдебиетін зерттеуші Н.Төрешұлының зерттеулерінде Төле бидің бала кезінде әйгілі Жетес би мен Әнет биден бата алғандығы айтылады.

Бата жасау белгілі бір ғұрыптарға сай жасалған халықтық дәстүрдің бір көрінісі.

БАТА АСЫ – қайтыс болған адамды жерлеп келгеннен кейін берілетін ас, тағам. Ер адамдар марқұмды жерлеп келгенде үйде қалған әйелдер дауыс салып жылайды. Адамдар үйге кіріп отырып болған соң марқұмның рухына бағыштап құран оқылады, бата жасалады. Осыдан кейін ғана дастарханға қол созып, астан дәм татады. Бата асына қой, жылқы еті асылады. Марқұмды жерлеуге уақытында келе алмай, «өліге бата, тіріге көңіл айту» үшін кейінірек келген (ол тек жылын бергенге дейін созылады) батоқыршылардың батоқырға деп әкелген малының етінен асылған етті де бата асы деп атайды. Өйткені бата оқи келгендерге мал сойылып, астың алдында құран оқылып, өлік шыққан үйге бата жасалады. Ал марқұмды жерлеуден бұрын берілетін кешкі ас алыстан келіп жатқандарға, қызмет етіп жүргендерге беріледі. Оған арнайы мал сойылады. Бірақ бұл кезде ас алдында құран оқылмайды, өлікке бата жасалмайды. Сондықтан оны қонақасы деп атайды.

БАТА БҰЗУ¹ – дәстүрлі қазақы ортадағы некелік қатынас желісіндегі алабөтен жосын – ата-аналардың құдандалыққа келісіп, қалыңмалы беріліп қойғаннан кейін жастардың бірінің үйленуден бас тартуы. Яғни бұл үрдісті бата бұзу деп атайды. Дегенмен бата бұзу – ежелгі қазақ дәстүрінде өте сирек кездесетін құбылыс.

БАТА БҰЗУ² – өзара ант берісіп, бата оқып, пәтуаласқан екі топтың немесе екі адамның бірінің антты бұзуын бата бұзу деп атайды. Көшпелі ортаның ежелден орныққан ұстанымдарына мүлдем кереғар мұндай іс-әрекеттің субъектілері қатаң жазаланып отырды. Мұндай адам (адамдар) антұрған атанып, билердің үкім-кесімімен, тіпті, елден аластатылатын.

БАТА ОҚЫР – қайтыс болған адамды жерлеген уақытта келе алмаған жақын-жуықтар мен ілік-жұрағаттардың, ауылдас, тамыр-таныстардың артынан арнайы жұбатып келіп көңіл айтуы, бата қылуы, өліктің артынан жақсы сөз айтуы, Құран, дұға оқу рәсімі. Бата оқушылар адамы қайтқан үй иелерімен құшақтаса көрісіп, әйелдер жоқтау айтысады. Бата оқырға келген ер адамдар кейде үндемей отырады. Жоқтау айтқан әйелдерді сырттан келгендер басу айтып, жұбатқан соң, Құран бағышталып, бата қылады. Соңыра сәлем, жөн-сұрау басталып, қазаға «қайырлы болсын» айтысып (қасына бармай, қашықтау отырып), қайғыға ортақ екенін білдіреді.

Алыста тұратын ағайын, дос-жаран, тамыр-таныстар қаза туралы хабарды ести сала келуге тырысады. Келген адамдар жағдайларына және марқұммен жақындығына қарай, Ы. Алтынсариннің айтуынша, екі-үштен кейде жетіден онға дейін жылқы не түйе әкеледі. Жақындары сауын сиыр, байлайтын бие, сойыс малын айдай келіп, өліктің артына салмақ салмай, даяшылық қызметті өздері атқарады. Бұл ысқат пен жерлеуге кеткен малдың орны толсын деген ағайынның көмегі ретінде саналады. Бата оқырға келген топ сойыстың ұсақ мал мен ірі қара, дастарқан дәмі, ас-су, саба қымыз т.б. көмекке деп ала келеді. Мұны иіс деп атайды. Бата оқып, көңіл айтпаған адамды кісісі қайтқан үй адамдары күтіп отырады. Қазақы дәстүрде жақын-жуғы қайтыс болған адамды кездейсоқ кездестіріп қалып көңіл айту ұят саналады, сондықтан арнайы барып көңіл айтуға тырысады.

Қазіргі кезде көңіл айтуға келгендер марқұмның балаларына, әйеліне, жақындарына бата оқырға деп ақша береді. Шығыс Қазақстанның Қатонқарағай ауданында ауылдастарының ақша жинап табыс етуін береке деп атайды. Ал Атырауда бата оқырға келген адам қол алысып амандасады. Құран оқығанда ақша салмай, тек марқұмның жақындарының қолына ақша ұстатады. Атырау облысында, Астраханьда қайыр болсын айтып келгенде молда болмаса алдына ақ шүберек, ақ орамал қойылады. Соның үстіне немесе астыңғы шетіне ақша қыстырады не үстіне қояды. Келген адам сәлем бере келіп отырады (реті болса үндемей келіп). Құран оқылып, бата айтылған соң сәлем, жөн-сұрауды бастап, сонан соң қайтыс болған адамның жақындарына (қасына бармай-ақ) «қайырлы болсын!» айтады.

БАТА СҰРАУ – ас желініп болған соң табақты жинап алудың алдында атқарылатын ғұрып. Әмин деп ас қайыртып дастарқанға береке, шаңыраққа амандық тілеген батаның жасалуы кезінде үйдің жастары, тіпті үлкен адамдары да кейбір аймақта қатарласа түрегеп тұрады. Салт бойынша батадан соң келіндер табак алып, батаға, табак қайтарған үлкенге, дәмге құрмет көрсетіп сәлем салады. Бір адам (келін) екі табак алмайды, күйеуі өлген жесір ғана солай жасайды деп тыйым салады. Қонаққа сойылатын қойға да бата сұралады. Сонымен бірге ұзақ жолға шығатын, өнерге талаптанатын жастар да елге белгілі кісілерден бата сұраған. Мәселен, «Қошқарұлы Жәнібек жас кезінде Қаракерей Соқыр Абыздан бата сұрай барғанда ол кісі былай депті», – деп жазады С. Кенжеахметұлы:

«Бедеуің белдеуінде байлаулы болсын,
Қазаның ошақтағы қайнаулы болсын.
Есігің ашық болсын,
Қабағың жазық болсын».

Бата сұрауға байланысты бұндай деректерді ауыз әдебиеті үлгілерінен кездестіруге болады.

БАТАГӨЙ – көпті көрген, аузы дуалы, ақылға кенен, ел-жұртының тілеуін тілеп отыратын, батасын беріп жақсы істерді қолдап отыратын, елге сыйлы ақсақал, қарт адам. Ондай адамның тілегі қабыл болады, «Батаменен ел көгерер» деп алдына арнайы барып немесе құрметтеп қонаққа шақырып, үлкен-кіші батасын алып отырған.

БАТАҒА – өзен, көл, теңіз жағасына, жақын жерге салынған балықшылар баспанасы. Батаға қамыстан салынады, онда ау тоқылып, кем-кетікті аулар жамап-жасқалады.

Сонымен бірге мұнда балық қақтауға арналған ілгектер мен балық тұздайтын бөшкелер де сақталған. 8-10 адамнан тұратын бұрынғы балықшылар тобының батағалары Еділ, Жайық, Каспий жағалауларында көп болған.

БАТАЯҚ¹ – жігіт әкесінің құда түсуге алдын ала жіберетін (немесе ала баратын) таңдаулы малы. Дәулетіне қарай жігіт жағы батааяққа арнап бір жылқы не бір түйе немесе түліктерді бір-бір тоғызға толтырып береді. Осымен қоса жол-жора құрметіне күйеу жағынан келген бас құда қалыңдыққа арнайы тарту-таралғы және кекіліне үкі тағылған жылқы сыйлаған. Батааяқ алып келген кезде құдалар киітке не берілетіндігі туралы келісіп, қыз әкесі құдалардың киіт алып келу уақытын белгілейді.

Қазақта, дәстүр бойынша, құрбандыққа ғана ақсарбас қой сойылған. Дегенмен, құда түсу тойында құдалардан бата алу үшін ақсарбас шалынады, осы құрбандық арқылы ақ ниетпен басталған істің жақсылықпен аяқталуын тілеп ниет етеді. Құрбандық малдың таза қаны ағаш аяққа (ыдысқа) толтырылады. Екі жақ та (құдалар) аяқтағы қанға оң қолдарын малып, құдалық туралы келісімді антпен бекітеді. Жаугершілік заманда құдаласқан адамдар аяқтағы қанға өздерінің қылышын немесе найзасының ұшын батырып, серт етіскен. Осы салт атқарылғаннан кейін ауылдың үлкен ақсақалдары аяқтағы қанды ұстап тұрып бата берген. Қазақтың «ақ қойдың қаны, ақ бата оқығаны» деген нақыл сөзі осыны білдірсе керек.

БАТАЯҚ² – елге қадірлі, жасы үлкен адамнан бата алу үшін арнайы қонаққа шақырылып сыйлау дәстүрі.

БАТАЯҚҚА ШАҚЫРУ – құдалар қыздың үйіне барып уәделесіп келген соң, қыздың әке-шешесін шақыру дәстүрі. Келген адамның барлығына мініс аты берілген, яғни ат мінгізген, қазір оның орнына киіт беріледі.

БАТҚЫ¹ – аяқкіімнің өкшесіне ту сыртынан бүлдіргі қайыспен байланатын, темірден жасалған тетік. Ол ат үстіндегі адамға, мысалы, аңшы, барымташы, жаушы т.б. жылдам қимылдауға мүмкіндік туғызу мақсатында тағылады.

Үзеңгіге аяқ артқан адам батқыны өкшесіне тағып шабан, шобыр, «мың салса бір баспайтын» «қой торылардың» бүйіріне тебінген кезде ат елпең қағып, жүріске түседі. Батқыны әртүрлі пішінде сүйектен, мүйізден де жасаған.

БАТҚЫ² – нүкте тәрізді ою түсіруге арналған зергерлік құрал. Батқы металдан жасалады. Онымен зергерлер былғары, ағаш, металдан жасалған заттардың бетіне кішкентай нүкте болып көрінетін өрнек салады.

БАТҚЫ³ – ат тағасындағы шеге қағуға арналған ойықтар. Атты тағалағанда тағадағы тесік шегенің басы толық сыятын және тағадан шығып тұрмайтындай етіп жасалады.

Батқының қызметі – тағаның ат тұяғына берік қағылуын қамтамасыз ету.

БАТПАН – ертедегі салмақ өлшемі. Өткен ғасырларда шығыс елдерінде қолданылған ең төменгі салмақ өлшемі мысқал, ал ең үлкен салмақ өлшемі манн немесе батман-батпан болды. Қазақтың ауыз әдебиетінде батпан жалпы заттың ауырлығын бейнелейді. Ортағасырлық шығыс метрологиясы бойынша: батман өлшем бірлігі еселенген мысқалға негізделген.

Канондық мысқал мұсылман елдерінде 4,464 г-ға тең болған, бірақ кейбір елдерде бұдан сәл басқаша салмақ өлшемінде де қолданылды. XIV ғасырда Қыпшақ елінде мысқал салмағы 4,46 г теңелген. Батпан да салмақ бірлігі ретінде, әр елде, әр кезеңде, әртүрлі хандар тұсында түрліше болып отырған. Өлшем ауытқуы 401,78 г басталып, үлкен батмандар (манн-и-шах, падишах батмандары) 6-7 кг болып, кейде 83 кг-ға дейін жететін. XIV-XVIII ғасырда Бұқарада шарифаттық канондық манн 4,8 г-ға тең болған. Дешті Қыпшақта, Алтын Орданың астанасы Сарайда манн 1,953 кг-ға теңеліп, XIX ғасырда Ташкент, Шымкент қаласында бір батпан 10,5 пұт, яғни 171,99 кг, Әулиеатада 12 пұтқа тең болды.

Шағатай кітаби тілінде, түрікмендер, османдықтар, хиуалықтар мен қазандықтар батпан деп «төрт пұтқа тең салмақты» айтқан. Қазандықтар батпанды салмақ өлшемі мен жер мөлшері мәнінде де, яғни «жарты десятина» мағынасында қолданады. Э.Севортян түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде бұл сөздің әр тілде әртүрлі дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрлерін көрсетіп, салмақ, жүк, жер өлшемі мағыналары бар екенін айтады. Қазақтар батпан өлшем бірлігін XIX ғасырдың аяғына дейін қолданып келді. Кейін орыстардың кір тастарының енуімен батпан бірте-бірте қолданыстан шықты.

Батпанның салмақ мөлшері әртүрлі. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасындағы мәліметке қарағанда батпан 10 фунтқа тең. Қазан губерниясына қатысты дерек бойынша батпанның эквивалентті 4,5 пұт астық мөлшерінде болды. Ал көне түрік сөздігінде батпан 180-300 кг бір батпан деп есептелінген. Кейбір жерлерде батпан үшін астық салынған қойманың көлемі де алынған.

Демек батпан, батман, безмен сөздері тарихи генезисі жағынан бірыңғай синонимдік қатарды құрайды.

БАТСАЙЫ – жібектен қалыңдау етіп тоқылған мата немесе кездеме. Батсайыдан қыз-келіншектердің көйлек-көншегі тігіліп, баскиімдер тысталған, киімдердің етек-жеңі көмкерілген. Батсайы ертеректе көбінесе шығыс елдерінен соның ішінде араб, қытай, иран мемлекеттерінен сатып алынып отырды. Батсайыны қазақ аристократтары пайдаланған.

БАТТАМА – отын ретінде пайдаланатын тезектің бір түрі. Баттама жасау үшін жиналған мал қиын жайып, сиырдың жас жапасын, қойдың құмалағын араластырып, үстіне су сеуіп, ат тұяғымен таптап, араластырып болған соң, кішкене дамылдатып, қолмен алып кішігірім табақтың көлеміндей жапырайған қалыпқа келтіреді. Оны кей өңірлерде «боқ жапақтау» деп те атайды.

Күнге кептірген соң кірпіш тәрізді қаластырып, жинап қояды. Халық арасында қолдан жасаған осындай тезекті соқпа тезек, қақтама, жапа және т.б. деп атайды. Жас баттаманы қораның қуыс тесігін бітеп, сылауға да

пайдаланады. Қолмен осындай әдіспен отын дайындаудың экологиялық тепе-теңдікті сақтауға әсері болған. Өйткені байырғы қазақтар ағаш, бұтаны орынсыз шаба бермеген. Ретсіз кесуге, шауып алуға тыйым салып отырған. «Бір тал кессең, он тал ек» деп табиғатқа қамқорлық жасауға үйреткен.

БАТУ – жауынгерлік найзаның көне аты. Әзірше қарудың бұл түрінің толық сипаттамасына байланысты деректер жоқтың қасы.

БАТЫҚ – басы шойыннан құйылған, сабы ағаштан жасалған шокпар. Аталған қару түріне байланысты «сазайынды тарт» деген мағынада айтылатын батық тисін басыңа! тәрізді қарғыс сөз қалыптасқан.

БАТЫР – көшпелі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілі. Адамзат қауымында қоғамдық еңбек бөлісудің нәтижесінде соғыс ісімен, әскери іспен кәсіби деңгейде айналыстан адамдар қоғамдағы жеке әлеуметтік топ болып қалыптасты. Көшпелі түркі-монғол халықтарында кәсіби әскерилерді «батыр (бахадур)» деп атады. Көшпелі халықтар қоғамында батырлар әлеуметтік тобының болуы мемлекеттің тәуелсіздігінің, халықтың амандығының, елдің сыртқы қауіпсіздігінің, ішкі тәртіптің тұрақтылығының кепілі болды.

Бірақ кәсіби әскерилер әулетінен шықса да «батыр» атағына адам соғысқа қатысып, өзінің жеке ерліктерімен көзге түсіп, жауынгерлік қасиеттері арқылы ие болған. Сондықтан «батыр/бахадур» атағы көшпелі-әскери ақсүйектер өкілдеріне берілетін құрметті титулдарының біріне айналды. XVI-XVIII ғасырларда қазақтарда «батыр» атағына, титулына негізінен билеуші тап өкілдері саналған әскери ақсүйектер ғана ие болатын. Бірақ бұл «қара халықтың» ержүрек өкілдерінің де батыр атағын иелену мүмкіндігі болмады деген сөз емес. Қарапайым халық өкілдерінің ішінде де соғыста ерлігімен көзге түсіп, жауынгерлік даңққа ие болып, батыр атанғандар болды. Батырлар айыру белгісі ретінде бас киімге, дулығаға құс қауырсындарынан жасалған «жыға» шаншып, найзалары мен сүңгілеріне өздерінің жеке туларын тағып жүрген.

Батырлардың ерекше әлеуметтік жік ретіндегі басты ерекшелігі – олардың тек қана әскери кәсіппен айналысуы. Әскери қызмет қазақ батырларының қоғамдық монополиясы болды да, басқа кәсіппен шұғылдану олар үшін ар саналды. Әскери кәсіп батырлар әулетінде атадан балаға мұра болып қалатын ата кәсіп болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан жауынгерлікке, батырлыққа дайындалып, соғысқа қатысып, әскери кәсіппен айналысуға міндетті болды. Сондықтан қазақ батырларының бар өмірі соғыста өтті. Көшпелі халықтарда батырлардың әскери мектептен өтуі «нөкерлік» институты арқылы іске асты. Әскери кәсіп жолына түскен жас батыр тәжірибелі батырға нөкер болып, соғыс мектебінен өткен.

Кәсіби жауынгер ретінде батыр ер қаруы бес қарудың барлық түрін жетік меңгеруге тиісті болды. Батырдың жауынгерлік қару-жарақты меңгеру шеберлігі соғыс жағдайында ғана емес, бейбіт мезгілде әртүрлі сайыстарға қатысу арқылы да шыңдалып, жетілді. Батырлар кәсіби жауынгерлер, кәсіби әскерилер ретінде қазақ әскерінің негізін құрады. Соғыс кезінде тәжірибелі батырлар жеке әскери қосындардың, әскер бөліктерінің әскербасылары

қызметіне тағайындалды. Әскербасылық, қолбасылық міндеттерін жетістікпен атқару үшін батырлар көшпелілердің соғыс ісін, әскери өнерін жақсы білуі тиіс еді. Батырлар бұл өнерді ата кәсіппен бірге қабылдап, соғыс кезінде тәжірибе жүзінде де игерді. Батырлар – көшпелілердің көп ғасырлық әскери тәжірибесін жинақтаушы, соғыс ісі дәстүрін сақтаушылар болды.

XVI-XVIII ғасырларда батырлар әскери ұйымда ғана емес, көшпелі қазақ қоғамының саяси-қоғамдық өмірінде де маңызды рөл атқарды. Қазақ батырлары қашанда мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын анықтауға араласып, хан-сұлтандардың саяси және әскери кеңесшілері болып, түрлі мемлекетаралық қатынастарда елшіліктерге жүрген. Қазақ хандығы мен Орыс патшалығының ара қатынасына байланысты архивтік құжаттарда ру басшылары ретінде көптеген батырлардың аттары аталып, қолдары қойылып, мөрлері басылған. Хан-сұлтандар ішкі және сыртқы саяси мәселелерді шешуде батырлардың әскери күші мен көмегіне сүйенді. Қазақ тарихында қашанда әр ханның есімімен бірге оның айналасындағы батырлардың есімдері қоса айтылады.

Хандар мен батырлардың арасындағы әлеуметтік қатынас сюзерендік-вассалдық қатынас түрін қабылдады. Бұл қатынас батырларды ханға әскери қызмет көрсетуге, қажет болғанда оған әскер беруге міндеттеді. Бұл міндет көшпелі халықтарда әміршілерді тұрақты әскер ұстаудан босатты. Қазақ елінде XIX ғасырда хандық биліктің жойылуымен оған кәсіби әскери қызмет атқарған батырлар да қоғамдық жік ретінде бірте-бірте жоғалды.

Хан мен батырлар арасындағы байланыс әлеуметтік нормалармен ғана емес, экономикалық қатынастармен де бекітіліп отырған. Көшпелі түркі-монғол халықтарында билеушілер, хандар өз тарапынан батырларға атқарған әскери қызметі үшін түрлі сый-марапат көрсетуге міндетті болды. Көшпелі мемлекеттерде әміршілер батырларға атқарған әскери қызметі үшін әскери лен ретінде иеліктеріне ұлысты, елді мекенді немесе одан түсетін алым-салықтарды беріп отырған. Батырларға ата кәсіп болған соғыс ісі де олардың табыстарының бір көзі болды. Сондықтан батырлар үстем тап өкілдері ретінде үлкен меншік иелері болатын. Кейбірінде көшпелілердің негізгі байлығы болған малы хандардікінен де көп болған, мысалы Есет батырдың малы Нұралы хандікінен асып түскен, ал Бөкенбай батыр сияқтылардың жеке өзінің нөкерлері болып, ру жасағынан құралған ірі әскер күшін басқарған.

Елдің, халықтың күші, тәуелсіздігі батырларына байланысты болғандықтан, батырларды дәріптеу, оларға табыну, есімдерін рудың ұранына айналдыру, ұстаған заттарын кие тұту халықтық салтқа айналып, ұлттық санамыздың бір бөлігі болып қалыптасты. Көшпелі халықтардың көне замандағы және ортағасырлық өнер мен әдебиет туындыларының көпшілігі осы батырлар аруағына табынудан, олардың аттары аңызға айналған өкілдерін киелеуден туған өнер жәдігерлер болды.

БАТЫРАҚ – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қоғамдағы күрделі саяси-экономикалық реформалар салдарынан қалыптасқан әлеуметтік топ өкілі. Батырақтар ірі байларға жалданып жұмыс істеген, шаруашылық жұмыстарымен айналысқан. Қазан төңкерісінен кейінгі саясат

барысында батырақтар белгілі бір категория ретінде рең алып, жаңа коммунистік саясат идеологиясының құралына айналды. Жаңа идеология қағидалары батырақтарды өткен қоғамның билеуші өкілдеріне және орташа деп саналған әлеуметтік жік өкілдеріне қарсы айдап салып отырды.

БАТЫРБАСЫ – жауынгерлік өнерді жетік меңгерген кәсіби әскерилерден, батырлардан құралған ерекше әскери бөліктің әскербасы. Қазақ қоғамында бұл лауазымға соғыс барысын, жағдайын сараптап, талдау жасап, тиянақты шешім қабылдай білетін, соғыс ісін жете меңгерген тәжірибелі батыр тағайындалған.

БАТЫРҒЫ – теріге, қаңылтырға батырып сызық, өрнек салатын құрал. Шеберлер батырғының екі түрін қолданады. Тері бұйымның бетін бедерлеп өрнек түсіретін батырғы мүйіз бен сүйектен, ал қаңылтырға батырып өрнек салатын батырғы темірден жасалады.

Тері, көн бетіне ою түсіретін сүйек батырғы ірі қараның жіліншегінен жасалады. Ол үшін ұзындығын бір сүйемдей мөлшерде жіліншік сүйекті ұзынынан жарып тіледі. Бір ұшын егеп, қайқылау келетін сүйір пішінге келтіреді. Батырғының мүйізден жасалатын түріне тауешкі, арқардың сүйірлене біткен мүйіздері пайдаланылады. Мүйіздің ұшын жонып, егеп, үшкірлеп қояды. Кейде мүйіз батырғының бірнеше жерінен әртүрлі көлемде және әртүрлі пішінде (шаршы, дөңгелек) тесіктер жасалады. Бұндай батырғының ұшымен торсық, көнек тәрізді көн бұйымдардың бетіне бедер, ою түсірсе, оның тесіктері таспаны өткізіп тарту арқылы сыптығырлап өңдеуге қолданылады. Онымен тіпті, ағаш бетін ысқылап жылтыратады. Мүйіз батырғының бұл түрін кей жерде тесікмүйіз деп атаған. Кейбір шеберлер оны сүмсуір дейді.

Тері бетіне батырғымен өрнек түсіру үшін оны бірнеше рет батыра отырып сырғытады. Жеңіл сырғыту үшін батырғының ұшын майға малып алады. Сонымен бірге батырғыны жүргізгенде тері астына жұмсақ зат қояды. Батырғымен бедерлеу шеберлер тілінде батырма, бедерлеме деп аталады. Халық тіліндегі «жаттанды», «әбден белгілі» деген мағынада қолданылатын таптаурын болды тәрізді фразеологизм шеберлердің көн бетіне батырғымен қайта-қайта батырып із, бедер салуына орай қалыптасқан. Темірден соққан батырғының басы сүйір болады. Кейде батырғының басына айналатын бұдырлы дөңгелек орнатады.

Темірден жасалған, қаңылтыр бетіне батыра сызып бедер түсіретін батырғының жүзі әбден суарылған, асыл болады. Ұшын жылтыратып қояды. Өйткені ұшы жылтыр болса, батырғымен жұмыс істеу жеңіл тиеді. Темірден соққан қысқа шыбық пішінді батырғыға қатты ағаштан немесе сүйектен жонып сап орнатады. Белгілі ұста Д.Шоқпарұлының айтуынша, кейбір батырғының сабын әдейі ұзын етіп жасайды. Ұзын сапты батырғыны көлемді жұмыстарға пайдаланады. Бұндайда шебер батырғының ұзын сабын иыққа тіреп алып итерген кезде екі қолымен батырғының ұшын бағыттап отырады.

БАТЫРДАН САУҒА – батырдан бас амандық сұрады, тіледі. Жекпе-жек айқаста жеңіліп тізе бүккен қарсыласы «Иілген басты қылыш кеспейді» деген ұстаным бойынша батырдан «сауға, батыр! жанымды қи» деп бас амандық

сұрайтын сәттері де болады. «Іілген басты қылыш кеспейді». Бұндағы сауға атауының әуелдегі мағынасы «сыйлық» дегенді білдірген. Олай болатыны сауға, сауқат, сәлем-сауқат мағыналық жақтан семантикалық бір өріске жатады. Иран тілдерінде сауға (тәжікше савға), сауқат (тәжікше савғат) мағыналары бірдей вариант сөздер, алыс жолдан әкелген «сыйлық» деген ұғымды білдіреді.

Алыс жол, ұзақ жорықтан олжалы оралған батыр рулы елдің жол-жоралғысы бойынша олжасын өзі ғана иемденбеген, оны ауыл-елдің қадірменді ақсақалының алдына салатын болған. Олжадан батырдың өзіне тиісті үлесі, өзге де руластарына берілетін үлес рубасы ақсақалдың ұйғаруымен жаратылатын болған. Сөйтіп, батырдың ортаға салған олжасынан ауылдастарының сыйлық дәмеленуі рушілік қатынастың этикалық нормасына айналған. Батыр тіпті «бәрекелдіге» де риза болатын көрінеді. Батырдың олжасынан сауға (сыйлық) алу, сайып келгенде, рулы елдің бірегейлігіне оң ықпал етудің, ондағы әлеуметтік қатынастар жүйесіне қатысты қырларын реттеудің өзіндік тетігі іспетті болған.

БАТЫРШЫЛДЫҚ – көшпелі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер болған батырлар әлеуметтік жігінің кәсіби әскери іске негізделген әлеуметтік институттардың бірі. Батырлардың әлеуметтік жік ретіндегі басты қоғамдық функциясынан туындаған, ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік идеологиясы, өзіне тән әскери салт-дәстүрлері, әскери кәсіптің тәжірибесінен қалыптасқан өзіндік жауынгерлік этикасы, моралдық ережелері, басқа әлеуметтік жіктермен арақатынасын реттейтін әлеуметтік нормалары болды. Бұл әлеуметтік нормалардың институциялануы барысында «Батыршылдық» институты қалыптасып, батырлар көшпелі қоғамдағы әскери жікке айналды. «Батыршылдық» институты патриархалды-рулық құрылым кезеңінде пайда болды. Батыр болып өмір сүрген адам тек әскери іспен ғана айналысуы тиіс болды, оның бар өмірі соғыста өтті, батыр үшін басқа іспен айналысу ар саналды, сондықтан батырлар әулетінде әскери кәсіппен өмір сүру әкеден балаға мұрагерлікке жалғасатын. Батыршылдықта өлімге деген көзқарас өзгеше болып, батыр қашанда өлімді қарсы алуға дайын болуға тәрбиеленетін. Қартайғанша қаруын тастамайтын батырлар үшін соғыста қаза болу қасиетті өлім саналып, үйде төсекте өлу өкініш болды. Олар үшін өзінің жауынгерлік намысы, әскери парызы өлімнен жоғары қойылды. Өлімге мұндай көзқарас қалыптастыру батырлық рухты тәрбилеудің бір бөлігі болатын.

Батыршылдықтың басты мұраттары (идеалдары): ерлік, батылдық, ханға, елге сенімділікпен қызмет ету, адалдық, асылдық, тектілік, осы мұраттар үшін жан қию. Жауынгерлік қаруды қастерлеп, қиелеу, қаруға табыну, қаруға ат қою, айқас алдында қарумен серттесу, қаруды жаман іске жұмсамау, қаруды әртүрлі символға айналдыру сияқты әскери қарумен байланысты салт-дәстүрлер батыршылдық салттың бір бөлігі болған. Батыршылдықта басты өнер – ер қаруы-бес қаруды жетік меңгеріп, шебер қолдана білу. Батырлық эпостарда, батырлар әулетінен шыққан батыр-жыраулар поэзиясында батыршылдықтың осы мұраттары дәріптеледі. Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын толғауы осы

батыршылдықтың гимні (әнұраны) десе болады. Батыршылдық өткен ғасырлардағы ұлттық салт-дәстүрімізде елдің айбыны болған батыршылдық рухты тәрбиелеудің негізі болды.

БАТЫРМА – көннің, былғарының бетіне ою-өрнекті арнаулы құрал – батырғымен түсіру тәсілі. Көн, былғары бетіне бедер түсіру үшін құралды қатты батырып отырып жылжытады. Батырма тәсілі арқылы өңделген теріден жасалған, аттың тоқымына, белбеуге, сондай-ақ жанторсық, көн қорамсақ тәрізді бұйымдарға өрнек салынады. Зерттеуші Х.Арғынбаев тоқымға батырып бедер түсіруге батырғының орнына ағаш қалып қолданылғанын, ол болмаған жағдайда жібітілген былғары бетіне мүйіз аспаппен немесе «темір безеубастармен батыра із түсіру әдісі арқылы да орындалады», – деп жазды. Батырма тәсілімен түсірілген ою-өрнектер бұйым тозғанға дейін сақталған.

БАУ – киім-кешек, тұрмыстық, шаруашылық бұйымдардың бөліктерін, сондай-ақ киіз үй сүйегі мен жабдықтарын бекітуге әрі іші-сыртын сәндеуге және мал мен құсты байлап қоюға арналған жіп, құр.

Бау жүн мен қылдан, мақтадан, жібектен, қайыстан арқан тәрізді есіліп, ызылып, тоқылып дайындалған. Бау байланатын немесе өткізілетін жерді баулық дейді. Қолданыстық қызметіне қарай баудың жіп, құр, арқанға ұқсастығы болғанмен, бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, баудың кейбір түрлері, әдетте, бір зат, бұйымға байлаулы тұрады, яғни баудың бір басы бекітулі болып, екінші басы бос тұрады (мәселен, бесіктің қолбауы, аяқбауы, ердің үзеңгібауы немесе етіктің қонышбауы, киімнің алқымбауы мен түймебауы). Затты бекіту үшін бос тұрған баудың басын тартып байлайды, іледі, тағады... Бау сәндік үшін де тағылады. Сән үшін қолданылғанда бауды салбырата тағып қояды. Ал жіп, құр, арқан тәрізді бұйымдар заттан бөлек, бос тұрады. Оларды қажетті кезінде ғана байлап бекітуге пайдаланады. Қысқасы, бау-байланған немесе байланатын, ал арқан-жіп, құрлар байланатын, жай кезде бос тұратын құралдарға жатады.

Есілген баулар жұмыр болғанмен, оның тоқылған түрлері (құр) жалпақ, екі-үш елі шамасында болады. Жіп, жүн, мақта, кендірден иіріліп, есіліп жасалатындықтан жалпақ емес, жұмыр болады. Жіп, әдетте, жіңішке және жуан болып бөлінеді. Жіңішке жіптер тігу, кестелеу, тоқу, ызу жұмыстарына, жуан жіптер байлауға, буып-түюге қолданылады; сән үшін тағылмайды. Жіп ұзын да, қысқа да бола береді. Жіптің сабақ жіп, жібек жіп, бас жіп, бұйда жіп, күміс жіп тәрізді түрлері мен жіпке тізді, жіп сабақтап көрмеген («өмірінде ешнәрсе істеп көрмеген» адам туралы) тәрізді сөз тіркестері баудың жіптен өзгешелігін нақтырақ көрсетеді.

Баудың есілген түрлері пішіні жағынан арқан тәрізді жұмыр болғанмен, одан әлдеқайда жіңішке болады. Ал арқанның баудан да, жіптен де өзгешелігі: оның жуан әрі ұзын болып есілетіндігі.

Сондықтан ол малшаруашылығында көбірек қолданылады. Арқан да, жіп те көлікке артылған жүкті байлауға, киіз үйді сыртынан орап, желден сақтануға да қолданыла береді. Ондайда халық тілінде арқан-жіпті бау сөзімен ауыстырып, мәселен, желарқанды – желбау, кермеарқанды – кермебау,

белдеуарқанды – ортабау, салмаарқанды – салмабау, ортанбел арқанды – ортабау деп атай беретіндігі кездеседі.

Баудың түрлері. Баудың күнделікті тұрмыста, шаруашылықта қолданылатын түрлері мол. Баудың киімге қолданылатын түрлері де көп. Баудың киімге қолданылатын түрлері оның орналасқан орны мен киім түрлеріне қарай ажыратылады. Мысалы: көйлек, бешпент тәрізді киімдердің алқым тұсындағы бау алқымбау, тымақтың тамақтың астынан байланатын бауы – тамақбау, оның екі құлағына тағылуына қарай құлақбау, етік пен мәсінің қонышын тартып кию үшін тігілген бауды қонышбау, түймелену үшін матадан ызылып, киімге жапсыра тігілген бау түрі түймебау, қолдан тігілген шалбар мен ыштанның бауы ыштанбау деп аталады. Киімнің іштен және сырттан тағатын бауы (немесе құры) болған. Мәселен, белбеу деп аталатын бұйым о баста белді киімнің сыртынан байлайтын баудан шыққан (бел+бау). Қазіргі уақытта ішкіім, шалбардың бау, белдік тағылатын жері мықындық, ышқыр деп аталатыны белгілі. Тарихи тұрғыдан алғанда кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша «Ышқыр екі сөзден құралған. Бастапқысы – іш+құр. Құр сөзі «бау», «белбеу» деген сөз. Дәл осы мағынасында бұл сөз түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі». Киімнің іштен тағатын бауының болғандығы туралы этномәдени дерек тонның ішкі бауындай («өте жақын, өз адамындай» деген мағынада қолданылады) тәрізді фразеологизмде сақталған.

Қазақ тұрмысында дорба, торсық, көнек, саба тәрізді бұйымдарға бау тігіледі.

Тұрмыстық бұйымдардың ішінде, әдетте, бесік баусыз болмайды. Бірі бесіктегі сәбидің кеудесінің тұсынан, екіншісі тізесінің үстінен тартылатын жалпақ бауларды бесікбау деп атайды. Оларды ажыратып, нақылап білдіру үшін халық тілінде қолбау, қолтартпа, аяқбау, аяқтартпа тәрізді атаулар қолданылады. Жаңа туған сәбиге құтты болсын айтқанда «Бауы берік болсын!» деу сәбидің денсаулығына меңзейді, яғни «сәбидің денсаулығы мықты (берік) болсын, өмірі ұзақ болсын» дегенді білдіреді. Баудың бірсыпыра түрлері киіз үйге қолданылады. Киіз үйге қолданылатын баулар оның құрамдас бөліктерінің ішінен, сыртынан байланатын баулар болып жіктеледі. Мысалы етекбау туырлықтың ішкі жағынан тағылып, керегеге байланады, түндікбау түндіктің төр бұрышынан, белбау – туырлықтың сыртынан тағылады. Айта кету керек, бұндай баулардың бір тобы киіз үйге сән беру үшін қолданылады. Киіз үй бауларының уық, кереге, шаңырақ, туырлық, үзік, түндік, ши және есікке тағылатын алуан түрі кездеседі.

Мәселен, бір ғана уыққа байланатын бау түрлері халық тілінде уықбау, балақбау, аспабау, иықбау, аяқбау, желдіме, адырна (уықтың аяқбауының жергілікті атауы), кермебау деп аталады. Осылардың ішінде ең негізгісі – уықбау.

Уықбауды керегенің басына әрбір уықтың алақанын байлап бекіту үшін қолданады. Уықбаудың басты қызметі де осы. Өйткені оның екінші басы – төртқырлап шабылған үшкір басы – шаңырақ қаламдығына сұғылғанда, қозғалмай тұрады. Ал, алақан шығарып, тесік жасап жонылған екінші басы

кереге басына тартып байланады. Бұндай уықбауды кейбір аймақта балақбау дейді (уықтың төменгі жағын байлауға байланысты осылай аталған). Уықбау деп аталатын баудың басқа да қызметі бар. Ә.Ысқаққызының материалына қарағанда «уықбау – уықты жиғанда жіппен буып байлау үшін әрі үйге сән үшін қаламына таяу ортадан байланатын бау». Көшкенде уықтың аяқ жағынан буып қоятын жіп, бауды байланатын орнына қарай аяқбау деп атайды.

Уықтар желден қисаймай, арақашықтығы біркелкі сақталып тұруы үшін тағылатын бауды шықбау дейді. Оны кейбір аймақта шалмабау, кейбір өңірде кермебау деп атайды. Уықтың кейбір бауы сән үшін тағылады. Мәселен, уықтың жоғарғы жағынан сән үшін салбырата тағылған шашақты бау аспабау деп аталады. Шашақты болып келуіне байланысты оны Қызылорда өңірінде аяқбау дейді. Уықты байлауға ара-тұра қолданылатын бау түрі желдіме деп аталады. Желдіме – «уықтың кейбірі шаңырақтағы ұясынан шыға берсе, не қисая берсе, осыны бір-бірімен, көршісімен шалып іліп, байлап қоятын сәнді жіп. Керегі болмаған уақытта шумақталған күйі керегеде ілулі тұра береді». «Бұдан басқа тұскиіз, кілем және басқа да заттарды ілу үшін қазан жақтан бастап уықтарды жағалата шалып, керіп байланатын бауларды «кермебау» деп атайды.

Шаңыраққа байланатын баудың үш түрі кездеседі. Мәселен, әдемілік үшін күлтеленген шашағы бар, шаңырақтан салбыратып байлайтын бауды – шаңырақбау, киіз үйді жел аударып кетуден сақтау үшін шаңырақтан төмен тартып, жерге немесе ауыр затқа бекітетін бауды – желбау, ал шаңырақ күлдіреуішінен алып, есіктің маңдайшасынан байланатын бауды тастамабау дейді. Тастамабау киіз есікті жауып қоюға қолданылады.

Керегеге таңғыш, белдеубау, сіркұр деп аталатын баулар қолданылады. Таңғышты керегелерді жігінен біріктіріп байлауға қолданса (Ә.Тәжімұратов), белдеубауды керегелерді сыртынан, ортасынан айналдыра қысып байлауға, сіркұрды кереге бастарын қосып бекітуге қолданады. Керегеге ши ұсталса, оны кереге байлап бекітетін бауды шибау дейді.

Үзіктің де арнайы тігілген баулары болады. «Үзіктің бір жақ жанында үштен, екі жанында алты бау болады. Үлкен үзіктерге төрттен сегізге дейін, ал үзіктің басқы бауынан кейін 80-20 см аралықтан екінші бау тағылады. Үшінші бау үзік етегінің бұрышынан, сонан соң үлкен үзіктерге етекбауының жоғарғы жағынан үш бау тағылады. Үзікбау ою бастырылып, термеленіп сәндеп жасалады. Күзде тігілетін үйлердің үзігіне ызылған құр тағылады. Үзік, туырлық, түндік баулары тағылатын жерден ілмек шығарылып, бұл баулар тиектеліп тағылады да, олар жиып алып, қайта тағуға өте қолайлы келеді. Аталмыш бау түрі жалпылама түрде үзікбау деп аталғанмен, халық арасында оның құлдырауыш, шетбау тәрізді атаулары кездеседі. Құлдырауыш Атырау, Маңғыстау аймағында «үзіктің етегінен бастырыла жүргізілетін құр, аяқбау», шетбау Талдықорған өңірінде «үзік пен туырлықтың төменгі жағындағы баулары» деген мағынада қолданылады.

Киіз үй шаңырағының үстінен жабылатын түндіктің төрт бұрышына тағылатын бау түндікбау деп аталады. «Түндік баулар көбінесе ақ жүннен

есіледі. Осы баулар арқылы түндіктің үш жағынан белдеуге байлап, төртінші жағын қайыра ашып, ашық жағындағы бауды да сол тұсынан белдеуге іліп қояды».

Туырлыққа тағылатын туырлықбау деп аталатын баудың тұрмыста үш түрі қолданылады. «Туырлықтың жабық бөлігіне, яғни керегеден жоғарырақ келетін уық иіндерінің тұсындағы айқасатын жеріне тағылатын» түрін жабықбау дейді. Бұл бау жіңішке болады. Онымен туырлықтың жабықтарын бекітеді. Туырлықты керегеге бастырып тарту үшін қолданылатын арқан белбау, ал туырлықтың етегінің ішінен алып, керегенің аяғына байлайтын бауды етекбау деп атайды. Етекбау туырлық етегінің желді күндері желпілдеп тұрмауы үшін қолданылады.

Киіз үй есігінің арнаулы бауларын босағатаңғыш, иінбау, тастамабау, иықбау дейді. Босағатаңғышпен есіктің екі босағасын байлайды. Киіз есікке баулар есікті жабу үшін және оның төмен түсіп кетпей, орнықты тұруы үшін тағылады. Атап айтқанда, тастамабау – «киіз есіктің ең ұшынан тағылатын, шаңырақтың күлдіреуіші арасынан тасталып, ағаш есіктің мандайшасынан өткізіп байлау арқылы киіз есікті жабатын бау».

Иықбау есік төмен жылжымау үшін байланады. Ол үшін иықбауды сол тұсқа келетін уықтарға байлайды. Есікті күн ашықта түріп қоюға, үйде адам жоқта киіз есікті жауып қоюға оның орта тұсының сыртынан алып, белдеуге байлайтын бауды кіндікбау дейді.

Күнделікті тұрмыстан басқа малшаруашылығында қамытбау, тамақбау, үзеңгібау, тартпабау, саятшылықта балақбау, аяқбау, балық аулауға байланысты қармақбау тәрізді және т.б. бау-жіп түрлері молынан қолданылған. Жинақтай айтқанда, байырғы тұрмыста баудың алуан түрі қолданылған. Оларды жинақтық атауы ретінде бау-шу, бау-басқұр (көбінесе киіз үйге байланысты), бау-жіп (тұрмыс пен шаруашылыққа байланысты) деп атаған. Қолданылатын орнына қарай қазақ баулары терме әдісімен өте сәнделіп тоқылған. Сондықтан кейбір аймақта сәнді бау түрлерін жалпылама түрде термебау деп те атаған. Өйткені «үйдің ішкі сәнін келтіру үшін уыққа, шаңыраққа, үзікке, туырлыққа тағылатын баулардың бәрін қазақ термебау дейді. Терме дегені – әртүрлі жіптен теріп-сәндеп тоқылады дегені ғой. Әрбір жіпті бір-бірден, есептеп тоқып, өрнек шығару оңай емес. Ертедегі қазақтар отауға апарған осы термебаулары, құрлары арқылы-ақ үйді құлшыртып жібереді». Қорыта келгенде, баудың түр-түрлерін жасау, әсіресе оны тоқып, сәнді бұйымға айналдыру қазақ әйелдерінің тоқу шеберлігін, эстетикалық талғамын көрсетеді. Сондықтан бау-басқұр тоқу қазақ арасында жоғары бағаланған.

БАУ² – баулық шиге байланған астықтың (арпа, бидайдың) атауы.

БАУАШАР – қолға үйретілген қыран құстың (қолбаланың) алғаш рет аң алуға шығуы. Құсбегі қолындағы құстың алғаш рет аңға ұшуын құс аяқтанды деп, ұстаған аңын тырнақалды деп атайды. Бауашардан қайтқан соң арнайы кәде жасалады. Ауыл адамдары қолына құсын қондырған құсбегіні қарсы алып, шашу шашады. Алғашқы бауашарда түскен аң ешкімге байланбайды, өзгеге беру құстың бағын байлау болып саналады.

БАУКЕСПЕ – ұрлықты кәсіп еткен кәнігі ұры. Не нәрсені болса да ешкімге білдірмей ұрлап алатын «сауысқанның күйірігін ауыстырып салатын, жатқанның жамбасын кесетін» ұры адамды дәстүрлі ортада баукеспе деп атайды. Баукеспе ұрлықпен тіршілік етіп, әл-ауқатын осы жолмен көтеруді көздейді. Әдет болып кеткен жымқыру әрекеттері дағдыға айналып, баукеспе адам шау тартқан шағында да де сүйекке сіңген қарекетінен арыла алмайды. Ел аузындағы әңгімелерде қазақ арасында өткен танымал ұрылардың осындай күй кешкені туралы айтылады. Қазақы ортада баукеспелік жасаған адам аса ауыр қылмыскер ретінде қатаң жазаланып отырды.

БАУЛЫҚ¹ – түйменің, шытыраның жіп өткізіп қадауға арналған кішкене мыс шығыршығы, тойнағы. Түйменің, шытыраның баулық өз алдына шығыршық түрінде бөлек жасалып, әшекейге астынан дәнекерленіп бекітіледі. Ал бастырма, қажырма тәрізді бұйымдардың баулық. Олардың шетінде (жиегінде) де бола береді.

БАУЛЫҚ² – киіз үйдің сүйектерін ұстастыруда бау тағылатын жер, уық пен керегені бау өткізіп байланыстыратын тесік. Киіз үйдің баулықтары кереге сүйегін ыстық темірмен көзеу арқылы немесе үскімен тесу арқылы жасалады.

БАУЛЫҚ ШИ – орылған астықты баулауға арналған ши. Баулық ши екі шиді суға салып жұмсартып, айқастыра ширатылып дайындалады. Қолмен орылған астықты баясымен осы баулық шиге салып баулайтын (байлайтын) болған.

БАУСАП – қармаққа байланған ұзын таяқ. Тағы бір атауы – қармақсап. Баусапқа қайың, қарағаш, көктал, емен сияқты ағаштардың жастауы әрі түзуі таңдалады.

БАУТАҒАР – аң олжасын байлаған адамға берілетін сый. Олжа алған адам байлаушыға жанында жүрген бір елеулі деген бұйымын беріп, алғысын айтатын. Баутағар ерекше мән берілетіндігі соншалықты, оны бермеген адам енді қайтып олжа ала алмайды. Осы жайттың идеологиялық негіздемесі іспеттес баутағар бермеген жанның малы шығынға ұшырайды деген ырым да болды.

БАУШАРБАҚ – жылқы қамайтын қаша-қора. Сырғауылдарды ұзынынан әр жерге қағылған қадаларға екі-үш қатар кісі бойындай биіктікте бекітеді. Бұл тәсілді шарбақтап жасау дейді. Баушарбақ атауы осы тәсілге байланысты қалыптасқан. Ауқымы жылқының санына байланысты болады. Баушарбақ әдетте жылдың жылы мезгілдерінде – соңғы көктем, жаз және күздің алғашқы айларында пайдаланылған.

БАУЫЗДАУ – малдың, қоңыр аңның немесе құстың тамағын пышақпен орып кесу үрдісі. Малды бауыздайтын жері бас пен ауыз омыртқаның түйіскен тұсы. Бұл халық тілінде бауыздау, бауыздау жер, бауыздаулық деп аталады. Аталмыш үрдісті атқару азықтық аң-құстың һәм жануардың адалдығының кепілі іспеттес болды. Қазақы ортада малды негізінен ер адам бауыздайды. Бірақ үйде ер кісі болмай қалған жағдайда малды әйел адам бақанға мінген күйде немесе үйдегі кішкене ер балаға пышақ сабынан ұстатып алғаннан кейін бауыздайды. Малды жығып, аяғын байлаған соң, басын құбыла жаққа бұрады. Бауыздайтын адам «Бисмилла, сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ, Аллаһу

акбар!» – деп айтып барып, тамақтың астынан өткір пышақпен орып жібереді. Қан толық ағып болып, жаны шыққаннан кейін, жұлыны үзіледі. Артынша малдың аяқ жібі шешіліп, сойылады. Бауыздағанда аққан қан – бауыздау қан деп аталады.

Қойдың бауыздау қаны тістің «қанжел», «қанқұрт» деп аталатын ауруына ем деп саналады. Емдік үшін малды бауыздап жатқанда, бауыздау қанға ыдыс тосып тұрып құйып алады. Оны ыстық күйінде ауызға ұрттап, бірер уақыт ауызда ұстап тұрып, төгіп, бірнеше рет қайталайды.

Қоңыр аңды бауыздау жолы да малды бауыздаумен бірдей болып келеді. Бұнда тек олардың жабайы болғандығына байланысты атып алғаннан кейін барып бауыздап жатады. Сонымен қатар құсты да пышақпен бауыздайды немесе басын өткір балтамен шабады.

БАУЫЗДАУ ҚАН – бауыздау кезінде ағатын қою қара қан. Бауыздау қан ислам қағидаты бойынша арам саналады, сондықтан оны ислам дінінің әсеріне ұшыраған қазақы ортада азық ретінде тұтынбаған. Кейбір халықтық дәстүрлерде оның ғұрыптық мәні бар. Құдаласу рәсімінде ант берген кезде арнап сойылған қойдың бауыздау қанына құдаласушылар саусақтарын батырысады, бұл туыс, құдандалы болдық деген мәнді білдіреді. Мал союшы бауыздау қанынан кейінгі қанға саусақ ұшын малып, оны тілінің ұшына тигізген соң ғана қан итке беріледі не малдың еті, бауыры қақталып ауыз тиілген соң ғана қан жерге төгіліп, мұқият көміледі. Мұнда алғаш дәм татушы адам – мал иесі ырысым өзімде қалсын деп ырым етіп, өзі бірінші ауыз тиеді.

Алайда көшпелілерде ислам дінінің классикалық канондары толық орнықпағандықтан малдың қанын ас ретінде де емдік мақсатта да пайдалана берген. Тіпті, иттің қанын күйікке тамызып, емдегені жөнінде де мәліметтер кездеседі. Сондай-ақ белгілі бір түсті малдың (мысалы, меңсіз қара қойдың) қанын ауруларға ем болады деп жағады. Ислам діні орныққанға дейін бауыздау қанынан кейінгі қанды және ішек-қарын алынғаннан кейінгі малдың кеуде қуысындағы қанды таза нәрсе ретінде ыдысқа құйып алып, бүйенге ұсақтап турап май қосып, қансоқта немесе шыж-мыж деген тағам әзірлеген. Күні бүгінге дейін қалжаға сойылған қойдың қанын майға араластырып қуырып берсе, жас босанған әйел белін тез көтеріп, тез сақаяды деп санайды. Қой, жылқы қаны түрлі жосын-жоралғыларды атқаруда, айталық анттасу, ала жіпті (арқанды) қию тәрізді ғұрыптарда белгілі маңызға ие болған.

БАУЫЗДАУ ҚҰДА – құдандалық салтында жақындығы жағынан бас құдадан кейінгі құда. Дәстүр бойынша жігіт жағынан қыз айттыра келген, бауыздау құда бастаған құдалық адамдарына арнайы мал сойылып, бауыздау қаны құйылған бата аяққа екі жақтың сөзін сөйлейтін бас құдалар найзаларының ұштарын батырып, қаннан дәм татысқан. Мал бауыздарда бата берген құданың бауыздау құда аталуы осы жайтқа байланысты қалыптасса керек. Келісім берген қыз әкесі құдаларға шеге шапандарын (жағалы киім) жауып аттандырған. Бауыздау қаны құйылған бата аяққа арнап, жігіт әкесі дәулетіне қарай бір жылқы немесе бір тоғызға толтырып ұсақ мал атаған.

БАУЫР¹ – туыстық атау. Дәстүрлі ортада бір әке-шешеден туған, жақын немере, туысқан адамдар бауыр деп аталады. Бір әкеден, бір анадан туған ағайынды адамдарды бірге туған бауыр, бірінен кейін бірі туған бір әкенің балаларын тете бауыр, бір әкеден туған, жастары үлкенді-кішілі адамдарды туған бауыр дейді. Бауырдың кішісі өзінен үлкенге арқа сүйеп еркелесе, үлкені жақсысына сүйініп, жаманына күйінеді, тілегін тілеп, ақыл-кеңес береді. Кейде немере, шөберелер, тіпті рулас адамдар да бірін-бірі бауыр дейді. Қазақтар жақыны қайтқанда «Ой бауырымдап» дауыс салып келеді. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамында бауырдың өте үлкен мәнге ие екендігін білдірсе керек.

Құдалық барысында жақын туыс болғандығын білдіретін «құйрық-бауыр жеу» дәстүрі көне наным-сенімнен туған. Этнотілдік ұжымның сөз қолданысындағы бауыры езілу, жер бауырлап қалу, жерден бауырын көтере алмай қалу сынды тіркестер қатты қапалық пен қайғыға душар болған адамға қатысты айтылатын сөз орамдары. Мұның негізінде ең жақын, етжақын туыс дегенді білдіретін ұғым жатыр. Дәстүрлі ортада бауыр қимас жан, орны ерекше туыс сипатында түсініледі. Ел аузындағы хикаяларда бауырдың жақындығын көрсететін үлгілер көптеп кездеседі. Солардың бірінің мазмұны мынадай. «Ертеде Төлек атты батыр болыпты. Қазақ пен қалмақтың арасындағы бір қақтығыста қазақ жағы жеңіліске ұшырап, Төлек батыр ұлын артына мінгестіріп қашып келе жатса, «ағатай, бізді қалдырма!» деп Есенбай, Құлтан деген інілері алдынан шығыпты. Соңынан дұшпаны өкшелеп, алдынан екі інісі шырқырағанда Төлек батыр:

Көзімнен аққан қанды жас,
Атанды күнде жау қумас.
Әйелдің ұлы аттан түс,
Құдайым ұлсыз қалдырмас.
Емшектес болған қос бауыр,

Төлекке қайтып табылмас! – деп баласын жауға қалдырып, екі інісін құтқарып қалған деседі. Осы тектес бір нұсқада әйел адамның бауыры үшін баласы мен күйеуін өлімге қиғаны туралы айтылады.

БАУЫР² – адамның, жан-жануардың, аң-құстың, малдың ас қорытатын, қан тарататын ішкі мүшесі. Төрт түліктің, соның ішінде қойдың бауыры етпен бірге асып не қуырып жеуге пайдаланылады, құдалық кезінде ғұрыптық ас ретінде қолданылады. «Құйрық-бауыр асатты» деген фразеологизм осыған байланысты қалыптасқан. Басқа түліктерге қарағанда қой бауырының шипалық қасиеті өте күшті деп саналған.

Дәстүрлі ортада бауырды шала пісіріп немесе шала қуырып жесе, көздің нұрын жақсартып, қан толтырады, жас қозы-лақтың беріштенбеген таза бауырынан күніне бір рет жаубүйрек жасап жеген адамның қаны азаймайды, тән мен көру қуаты арта түседі екен деседі. Яғни әлжуаз науқастарға ем болады деп есептеледі. Үйрек, тауық, қаз бауыры да ем үшін көп пайдаланылған. Мал шаруашылығымен айналысқан дәстүрлі ортаға бауырдың қараюы, бауырдың ағаруы, бауыр беріші, бершімек аурулары ертеден белгілі болған. Мұндай ауруға ұшыраған малдың бауырына жылауық деп аталатын

іші суға толған тауықтың жұмыртқасынан сәл кіші мөлдір қапшалар толып кетеді. Мал сойған кезде жылауықтарды жармай, айналасын үлкен етіп ойып алып тастайды. «Бауыр құрт» деп аталатын ауру өзен жағасы мен сазды жайылымды жерлерді жайлаған малдарда жиі ұшырасады, ондай малдың бауыры қатайып, өті толып кетеді. Елек, Жайық, Каспий бойында жиі байқалатын бұл ауру адам арам шөпті жеуден болады. Қазақ емшілері бершімек пен бауыр құртын емдемейді. Мұндай ауру малдың бауыры мен өкпесін азыққа пайдаланбайды.

БАУЫР АЯҚ / БАЛА БАУЫРЫНАН ТАБАҚ АЛУ – сәбиге қатысты жасалатын ғұрыптың бірі. Өсіп, ширап, буыны беки бастаған бала еңбектеуге талпынып, құйрығымен жылжып, қимыл-әрекеті белсенді бола бастаған кезде тез аяқтансын деген мақсатпен туыс-туған, көрші-қоланды шақырып, бауырынан асы бар аяқ өткізеді. Бұл жоралғы кейде мешел балаға арналып та атқарылады. Онда ауылдың белді адамының бірі арнаулы дайындалған бір табақ асты қолына алып, оны талпынып тұрған баланың оң жағынан сол жағына, сол жағынан оң жағына өткізіп:

Балапандай талпын да,
Аршында, бөпем, аршында!
Желмаядай желгек бол,
Қас тұлпардай сергек бол! –

деп игі тілегін білдіреді. Соң жүрісті мал сирағы салынған табақтағы астан алдымен баланың өзіне дәм татқызып, қалған асты жиналған жұрт бөлісіп жеп, балаға ақ баталарын береді. Бала киіміне тана, моншақ, әшекей тағып, жақсылық тілейді.

БАУЫР ЖІП – жүк артылған түйеге қолданылатын қысқалау арқан. Оны төс арқан деп те атайды. Өйткені жүк артылатын түйені шөгергенде алдымен төсінің астынан көлденеңінен арқан тастайды. Жүк артылып болған соң, төстің астынан жіберілген әлгі арқанның екі басын жүктің үстінен бастыра тартып байлайды. Бауыр жіп жүктің ауып кетпеуі үшін қолданылады.

БАУЫР КИІЗ – бауыр жіп түйенің төсіне батпау үшін дәл сол тұсына кигізіп қоятын киіз. Бауыр киіз екі шеті ашық жеңсе пішінінде тігіледі. Қызылорда өңірінде оны қолқа киіз деп атайды. Бауыр киізді қолдану – жүк көлігін күтіп ұстаудың көп тәсілдерінің бірі.

БАУЫРҒА БАСУ – нәрестені анасының оң жақ кеудесінде ұстауы. Бауыр – адамның, жануардың оң жақ кеуде тұсындағы ішкі ағза мүшесі. Қазақтарда, сондай-ақ түркі халықтарының біразында бауыр биологиялық, физиологиялық ұғымды білдіретін соматизм ғана емес, сонымен қатар адамға ең жақын, ең жанашыр туыс атауы да. Алайда ішкі ағза мүшесінің де, туыстың да бауыр деген бір сөзбен аталу себебі неде? Бұл екі басқа құбылыстың арасында қандай байланыстар бар? Әлде шарты байланыс па, әлде себеп-салдарлы (табиғи) байланыс па?

Халық тілінің когнитивтік базасында бауыр атауымен байланысты едәуір лексика-фразеологиялық бірліктердің кездесуі, прецедентті мәтіндердің ұшырасып отыруы омонимдік атаулардың арасында қандай да болмасын бір байланыстың барлығын байқатады.

Ғылыми танымда бауыр – ас қорыту, қан түзу, зат алмасу тәрізді аса маңызды физиологиялық, биохимиялық үрдістермен (процестермен) тығыз байланысты ағза мүшесі делінеді. Сондай-ақ 20 литрдей қан бауырындағы түтікшелерден өтеді екен. Бауыр ғалымдардың айтуынша, қанның депосы іспетті: қан одан шыққанда тазаланып, жарамды болып шығатын көрінеді. Сонымен бірге бауырдың биохимиялық, физиологиялық қызметі өт жолымен де тығыз байланысты дейді. Сонымен қатар, адам денесіндегі жылудың (энергияның) 7/1 бөлігі бауырдан тарайтын көрінеді.

Бауырдың осы тәрізді ғылыми танымдағы кейбір ерекшеліктерімен халықтың байырғы тұрмыстық санасындағы түсініктері де сәйкес түсіп жатады. Солардың бірі – бауырдың «жылу бөлігі» қызметі мен ананың өз қанасынан шыққан баланы оң жақ бауырына алып кеудесіне емірене басуы. Бұл күй нәресте үшін де жанға жайлы ерекше жылылық болғандықтан, бала тез жұбана қояды.

Төле бидің аңыз-әңгімелерде айтылатын төрелігі екі әйелдің балаға таласымен байланысты. Дауды жарқ еткен қылыштың жүзімен шешетін төрелік – сонау тақ Сүлеймен пайғамбар, Наушаруан заманынан келе жатқан көшпелі сюжет. Дауласушы екі әйелге баланы екі қолынан ұстатып, қақ бөліп берем деп алмас қылышты жарқ еткізіп көтергенде, сәбидің шын анасы «қайда жүрсе де тірі болсын» деп, баланың қолын жібере салады.

Ел аузындағы бұл көшпелі сюжет Төле бидің, басқа да билердің төрелігіне байланысты айтылады. Алайда ана мен баланы табыстырған Төле бидің төрелігі туралы байырғы аңыз-әңгіменің ерекше бір нұсқасы бар. Бұл нұсқа өзінің қарапайым, қазақы тұрмысқа, қазақы танымға етене жақындығымен өзгешеленіп тұрады.

Аңыз-әңгімеде былай делінеді: Жаугершілік ойраны тынышталған бір күндері ел-жұрт малын, бала-шағасын іздестіре бастайды. Жұртта қалып кеткен бір кемпір екі-үш айлық нәрестені тауып алып бауырына басып, көш ізімен жүре береді. Сөйтіп, бір ауылға келіп жетеді. Сол арада оны көрген екі әйел балаға таласа кетеді. Жап-жалаңаш бөбекті ешқайсысына бермейді. Екеуін ертіп биге келеді. Төле кемпір құшағында шырқырап жылап жатқан баланы әуелі аққұбаша келіншекке береді. Ол нәрестенің бетінен сүйіп, арқасынан қағады. Бірақ бала жылағанын қоймайды. Енді би баланы қара торы келіншекке ұстатады. Бұл келіншек нәрестені бауырына басып, құйрығын шөпілденіп сүйген кезде бала жылағанын бірден қояды. Бауырыңның жылуы кетпесін, – дейді би сонда қара торы келіншекке.

Осылайша төре беруші Төле би қылыштың жүзімен емес, дауласушы екі әйелге баланы кезекпе-кезек ұстатып, сынау арқылы шынайы ананың кім екеніне визуалды («тілсіз») уәж арқылы жұрттың көзін жеткізеді.

Төле бидің бұл төрелігінде де алдымен білім, уәж, ой қисыны, өрнекті сөз ерекше орын алатыны байқалады. Баласынан көз жазып ет бауыры езілген ананың оны көргенде қандай күйде болатыны санада зерделенген білімге жатады. Баласынан адасқан ана онымен қайта табысқанда «бетінен сүйіп, арқасын сипап» жайбарақат күй кешпейді. Қазақ әйелі алдымен баласын бауырына басып, сағынышын баса алмай, ерекше еміренеді. Ана мен баланың

қазақы санадағы бұл көрінісі (картинасы) төре беру кезінде визуалды уәжге айналған. Санада зерделенген білім, сөйтіп, төрелік кезінде «сыртқа шығып», бұндай тапқырлыққа жұрт тәнті болады. Баланы бауырына басып өсірген ананың бауырынан жылу кетпейді. Әйел затына айтылатын: бауырының жылу кетпесін деген тілек «балалы бола бер» деген мағынаны білдіреді.

Қазақы танымында баланы – бауыр ет десе, бірге туғанын қазақ баласы ет бауырым дейді. Олардан айырылса, адамның ет бауыры езіледі. Ата мен ананың бауырында өскен балаларды бауырлас дейді. Бұлардың бірін-бірі аса жақын тартуында ағза мүшесі бауырмен байланысты генетикалық кодта болуы мүмкін.

Бауыр – ағзаның аса нәзік әрі өте сезімтал мүшесі. Бауырынан айырылған байырғы қазақ ет бауыры езілгендей күй кешеді, «ой бауырымдап» жылайды.

Ауыр қазада жер бауырлап қалады. Өлім-қаза кезінде «тым нали берме, өтің айнып кетеді» деп, ескертеді. Біреуге қатты кейігенде «өтің жарылып кетсе де айтайын!» деп шарасыздық танытады. Бұндай эмоциялық, психологиялық күйді қазақ бауырдың өт жолымен байланысынан деп түсінеді. Ұзақ уақыт бірін-бірі көрмеген ғашық жандардың «сарғайып, сағыныштан уын іштім» деуін де бауырдың өт жолымен байланысынан деп білді.

Қазақтың туыстық қатынас жүйесінде бауыр ерекше орын алады. Бұрынғы қазақы танымда өз кіндігінен туған баласынан да туған бауырдың жақын көрінетіні жайында ел ішіне тараған прецедентті мәтіннің бірінде жаугершілік сүргініне ұшыраған жігіт отбасындағы үшеудің біреуіне ғана, – не он жыл отасқан әйелін, не тұла бойы тұңғышын, немесе жалғыз бауырын, – таңдауына тура келгенде: «қатын елде, бала белде, қатынсыз қалмаспын, баласыз болмаспын, ал бауырды қайдан таппақпын» деп, жалғыз атына мінгестірген екен дейді.

Бұлай болатыны басына қиын іс түссе, байырғы қазақ «бауырым болғанда ғой» деп күйзеледі. Ауыртпалықтың небір түрін бауырымен ғана бөлісе алады. Артындағыларына алаңдамай, «өлсем, бауырым бар ғой» деп дүниеден де өтеді. Қазақтың эпикалық жыры «Қыз Жібекте» Төлегенге Жібек жеңгесін салып, жайын білмекке жал-құйрығы сай ма екен? деп сұратады. Сондағысы «алдында ағасы, артында інісі бар ма?» дегені. Айтылған сөзде айтылмаған ой жатады. Алмағайып заман болса, жесірін жылатпайтын, жетімін қаңғыртпайтын әмеңгерлікке жарар ет жақын бауыры болса, жал-құйрығы сай, орнын жоқтатпайды деп біледі.

Отбасында бірге өскен балаларының бір-біріне деген бауырмалдық сезімі әр халықта кездесетін жалпы адамзаттық ерекшелік. Алайда кейбір этнос тіршілігінде ондай бауырластық сезім адам есейген сайын азая түсуі де мүмкін, бұның себебі тәрбие, дәстүрлі мәдениетпен де байланысты. Ал қазақы ортада социум мүшесі әлеуметтену барысында ата-баба жолын ұстанумен байланысты туыстық жүйеде бауыр ерекше әлеуметтік мән алады. Ата-баба жолындағы ұстанымға сәйкес бірге туған емес руластарын да бауыр деп санайды.

БАУЫРДАҚ¹ – қамшының сабына оралған таспа, қайыс. Бауырдақ қамшының өрімін сапқа қатты бекіту үшін оралады. Кейде қамшы сабының астында тұратын, өрімнен кейінгі алақанның ұзын, таспа тәрізді бөлігі әр жерінен бүркеншікті мыс, күміс шегелермен де бекітіледі. Алайда оның өзі уақыт өте келе босап, шығып кетуі де мүмкін. Сондықтан оның алқымы (сабының түбі, алақанға жетіп тұратын бөлігі) жезбен оралады. Бұның өзі, бір жағынан сәнді, болып көрінеді. Бұндай қамшыларды, әсіресе таспа оралған түрін бауырдақты қамшы деп те атаған.

Оның жезбен оралуына қарай жез бауырдақ қамшы, жез бауырлық қамшы деген. Айтыс өлеңдерінде осыған қатысты «Бір қамшым бар қолымда Жез бауырлық жар-жар-ай», деген жолдар сақталған. Осындай қамшыны кейбір аймақта жезмойын қамшы деп атаған: «Кереге басында сегіз өрім жезмойын қамшысын алып сыртқа шығам дегенше, құлағына тарс-тұрс дыбыс естілді...» (Тоғысбаев Б. Бозжорға // Жұлдыз, 1979, №7, 170-б.). Бауырдақты қамшыны ер адамдар қолданған. Өйткені қамшыласуға тура келгенде тек осындай қамшылар ғана шыдас берген.

БАУЫРДАҚ² – жүзіктің саусақты сұғып киетін шығыршығының және сақина, жүзік, білезіктің шеңберлі бөлігінің бүйірі мен астыңғы жағы, бауыры. Сақина мен білезіктің бауырдағы алтын не күмістен жалпақтау етіп соғылады да, кейде оған ою-өрнек жүргізіледі, кейде ою салынбай сол күйінде қалдырады. Жұмырлап соғылған сақина – білезіктер оларға қарағанда сиректеу кездеседі, өйткені ондай тәсілмен соғылған бауырдаққа материал көп кетеді. Ал жүзіктің бауырдағы тұтас алтын-күмістен соғылумен бірге, оның шілтерлеп жасалған түрлері де ұшырасады.

Ертеректе екі, үш, төрт саусақты бірден сұғып киетін бірнеше бауырдақты, үсті саусақтардың сыртын түгел жауап тұратын үлкен жүзік түрлері болған. Оны кейбір аймақтарда, әсіресе батыс өңірлерінде, бауырдақ, бауырдақ жүзік деп, ал оның екі саусаққа қатар киілетін түрін қос бауырдақ, қос балдақ жүзік (Қызылорда аймағында) деп атаған. Бұндай қос бауырдақты жүзіктер құдағилардың бір-біріне сыйлайтын бұйымдарының бірі болғандықтан, ел ішінде оларды құдағи жүзік деп те атаған.

БАУЫРДАҚ³ – етік өкшесіне қағылатын нәлдің халық тіліндегі атауы; ал қайсыбір өңірлерде тақа деп те қолданылады. Бауырдақ деп атау Атырау, Маңғыстау қазақтарының сөйлеу тіліне тән. Бауырдақты, негізінен, етікшілер ұстаға темірден соқтырып, өкшеге қабаттап қаққан сіртақаның ең соңынан қағады. Етікке бауырдақты өкше тез тозбау үшін қыстыгүндері қақтырған. Сонымен бірге биік өкшелі етіктің өкшесі қисаймау үшін табанға қараған ішкі жағынан жоғарыдан төменге дейін тіреп тұратын темір қағылған. Оны да етікшілер тілінде бауырдақ деп атаған.

БАУЫРДАҚ⁴ – арба-шанаға жалғыз ат жегілгенде арбаның немесе (шананың) арасы (қос жетекағашы, тәртесі) көтеріліп кетпеу үшін аттың бауырынан тартып байлайтын қайыс, төсайыл. Бауырдақтың бір басы жетекағаштың біреуіне байлаулы тұрады. Оның екінші бос тұрған басын жегілген аттың бауырынан алып, екінші жетекағашқа тартып байлайды.

Бауырдақ деп аталатын күш-көлік әбзелі Орал аймағында бауырғалдық, Ақтөбе аймағында бауырқалдық кейде бауыртақ, Қостанай аймағында және Ресей қазақтары арасында бауыртақ деп аталады. Көлікті жеккенде алдымен екі жетекағашты көтеріп тұратын, ершіктен өткізіліп байланатын белкөтерме деп аталатын қайыс-тартпа қолданылады. Белкөтерме байланған соң екі жетек ағашты тартып, жоғары жібермей тұратын бауырдақ пайдаланады. Бауырдақпен бекіту жалғыз атты жегін көлігі ретінде пайдаланудың технологиясын және арба-шананың құрамдас бөліктерін жұмыс барысында сақтай білудің жолын көрсетеді.

БАУЫРДАҚ⁵ – төс айыл немесе ершік айылдың бір атауы.

БАУЫРДАҚ⁶ – күш-көлік жабдығының құрамдас бөлігі ретінде арбаға жеккен аттың ершігін бекіту үшін қолданылатын жалпақ қайыс таспа. Көбінесе сиырдың терісінен немесе өгіз терісі – талыстан жасалған.

БАУЫРКӨППЕ – ағаш зерен, тостаған тәрізді шұңғыл ыдысқа бетімен бірдей етіп салып мөлшерлейтін дән өлшемі. Дәнді дақылдардан тамақ пісіру үшін (көже, ботқа, палау) ыдыстың бетімен бірдей етіп өлшеуді негіз етіп алған. Мәселен, пісіретін асқа екі немесе үш тостаған күріш салынатын болса да ол ыдыстың бетімен бірдей етіп алынған мөлшерде салынуы керек. Бауыркөпмеден бірде аз, бірде көп салынса, қалыптасқан өлшем бұзылады. Ондай жағдайда тамақ та ойдағыдай болып шықпайды. Бауыркөппе тәртібімен өлшеп салу бордақыланатын малға жем бергенде де қолданылады. Өлшемнің бұл атауы бүгінде ұмытыла бастады, ел ішінде сирек қолданылады.

БАУЫРСАҚ – қазақтың ұлттық тағамы. Бауырсақты бидай ұнынан илеп, ашытып та ашытпай да түрлі үлгіде кесіп, майға пісіреді. Ашытпай пісірген бауырсақ ұзаққа шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ тез кеуіп, жеуге жайсыз болады.

Бауырсақтың дәмді де жұмсақ пісірілуіне мұқият көңіл бөлінеді. Жылы тұзды су, ағарған түрлерін (ашыған сүт немесе бетіндегі қаймағы алынбаған сүт, айран, шұбат, қымыз тәрізді) қосып иленген, ашытылған қамырдан пісірілген бауырсақ өте дәмді. Бұл ретте алдымен ұннан ашытқы дайындап алу керек. Ашытқы дайындау тәсілі төмендегідей: бұрынырақ даярланған қамырдың жұдырықтай бөлігін алып, суға бар болса сұйық майға шылап, жылы сүтке езіп, тез көтерілуі үшін жылы жерге қояды. Ашытқы көтерілгеннен кейін оны шұңғыл ыдысқа аударып, жылы су, сүт, тұз бар болса сұйық май қосады. Осы дайындалған сұйықтыққа (ашытқыға), алдын ала еленіп алынған ұннан сеуіп қамыр иленеді. Әбден иінін қандырып иленген нан (қамыр) жақсы ашытылып көтерілуі үшін, оны кең ыдысқа салып, ыдыстың бетін жауып, асты үстін қалың матамен, орамалмен қымтап, жылы жерге қойылады.

Ашымаған қамырдан пісірілген бауырсақ майды көп сіңіріп, біраз уақыттан соң қатайып, қытырлақ болады. Аяқ асты қонақ келіп қалғанда, осы қамырдан бауырсақ пісіріп, оны қатып қалмай тұрғанда, ыстық күйінде дастарқанға тартады. Егерде ашытқы ретінде ашыған сүт және сорпа қосып қамыр илесе, одан пісірілген бауырсақ дәмді болып шығады.

Әдетте, қазақы ортада нан (бауырсақ, шелпек, т.б. майға қалқытып пісіретін) тағамдарын пісіруге тоңмай қолданады. Тоңмайды малдың ішмайын ұсақтап турап, қазанға жақсылап шыжғырған соң, шыжықты бөлек сүзіп алады да, айырылған сұйық майды қатырып, оны түсіріп алу үшін қазанның астын сәл жылытып жібереді. Бауырсақ пісіру үшін илеген қамырды зуалаға кесіп, бөлшектеп молырақ қылып әзірлейді. Зуаланы тауықтың жұмыртқасы іспеттес етіп домалақтап үзіп немесе оқтаумен жұқалап жайып, үшбұрыш, төртбұрыш және басқа да пішінде тіліп, қазанға майды жақсылап қыздырып, тұшытып алып барып пісіреді.

Бауырсақтың түрлері: қамырды оқтаумен жұқалау етіп жайып, сонан соң таяқша пішінде жіңішкелеп тіліп пісірсе, ол ши бауырсақ деп аталады. Әдетте ши бауырсақтың қамыры ашытылмаған болғандықтан қаттырақ болады да, оны жегенде күтірлеген дыбыс шығады. Сол себепті бауырсақтың халық арасында «күтірлек», «қытырлақ» деген атауы да бар. Ал бармақ бауырсақ – қамырды бармақ іспеттес тіліп, жалпақ бауырсақ – ұзынша төртбұрыш пішінде, қиғаш бауырсақ – қиғаштап кесіп, ширатпа бауырсақ – жұқа құр іспеттес қамырды ширатып, бұрама бауырсақ – жалпақ етіп кесілген соң ортасын тіліп, бір ұшын сол тіліктен иіп әкеліп қайыра өткізіп бұрап жасалады. Түйе бауырсақ үлкен дөңгелек пішінде даярлап пісіріледі.

Осылайша пішініне және даярлау тәсіліне қарай бауырсақ – ақ бауырсақ, ашыған бауырсақ, жол бауырсақ, төс бауырсақ, тұш бауырсақ, шеккен бауырсақ деп те аталады. Той бастарға, шашуға, кейде құран қатымға арнайы ұсақ, домалақ бауырсақ пісіріледі. Бауырсақтың бұл түрін нанды ашытып та, ашытпай да әзірлеуге болады. Ақ бауырсақ деп аталу себебі, оны сапасы жоғары ұннан иінін қандырып илейді де, қойдың құйрық майына пісіреді. Жол бауырсақ – ұнға тұзды су қосып илейді де, алақанмен жұқалап соғып, ұзыншалау қалпы үзіп пісіреді. Тұш бауырсақ – нанын илегенде, ұнға бірнеше түрлі қоспа (тұз, май, қант, сүт, жұмыртқа) қосылады да, қамырды ши бауырсақтан да ұсақ-ұсақ кесіп, қызған майға пісіреді. Дайын ыстық Тұш бауырсақты сұйықталған балмен араластырып, жайпақ ыдысқа қолмен нығыздап салады да, қатырып қояды. Оны той-домалаққа, мерекелерге арнап әзірлейді. Мысалы, Шеккен бауырсақ пісіргенде иленген қамырды жіңішкелеп созып, қысқа-қысқа етіп даярлайды.

Мысалы, қарақалпақ халқы және ондағы қазақтар құдаласу салтында күйеу баланың «төс тарту» кәделігі мен бірге төс қалпы түрінде пісірілген «төс бауырсақ» тартылады. Ал келін түсіргенде, оның енесі алдынан шығып, жиде дәнімен қоса «ши бауырсақ» немесе «шашма бауырсақ» шашады.

Көшпелі елдің наным-сенімі бойынша, ата-баба аруағын риза ету үшін «аруақ дәм татсын», «аруақ дәметіп жүр», әрдайым «желеп-жебеп жүрсін», «аруақтардың батасы тие берсін» деп бауырсақ-шелпек пісіріп, яғни «иіс шығару» жасап, соны дәстүрге айналдырған. Бұл жерде, «аруақтың тамағы» дегеніміз пісірілген нанның өзі емес, оны пісірген кезде қыздырылған майдан шыққан иіс – аруаққа берілген дәм деп есептелініп, бұл салт-жоралғыны «иіс шығару» деп атаған. Сондай-ақ, бауырсақ аруаққа арналып пісірілген кезде,

оған қоса шелпек немесе майшелпек, жұқа нан, – жеті нан, жеті шелпек – «иіс нан» деп аталатын нан түрлері де пісіріледі. Осыған қатысты ырымдар, көне заманның жұрын-жұрнағы осы күнге дейін сақталып келеді.

Бұл ғұрыптық маңызы бар, ашытып немесе ашытпаған (тұщы қамыр) күйде өсімдік майына, тоң майға пісірілген дәм түркі-моңғол халықтарының дәстүрлі ұлттық тағамы болып табылады. Бауырсақты: башқұрт – бауырһақ; қазан татары – бавырсақ; қалмақ – борцог; қарақалпақ – бауырсақ; қырғыз боорсок; моңғол – боорцог; өзбек тілінде – боғұрсақ; тәжік – орзук; түрікмен – пишме; тыва – боорзақ деп аталады. Қазақы ортада бауырсақты тоқаш деп те айта береді.

БАУЫРШЫ – ханның ас-суын дайындауға, дастарқан мәзірі мен оның тазалығына, күдіксіз ішіп жеуге болатын сенімділігіне жауап беретін бас аспаз. Бас аспаздың бұл көнерген атауы ертеректе түркі-моңғол халықтарына ортақ болған. Бауыршы туралы «Қазақ совет энциклопедиясы» Рашид ад-Диннің, В.В. Бартольдтің еңбектеріне сүйене отырып мынадай түсінік береді: «Ескі моңғол жазбаларында бағурчи – «аспаз» деген мағынаны білдірген. Бауыршы термині сірә, түркі тілдеріндегі бағыр / бауыр (ет мағынасында) деген сөзге «шы» жұрнағын жалғау арқылы жасалса керек. Кейбір ғалымдардың пікірінше, бауыршы түркі-моңғол халықтарындағы басқа бір қызмет аты – бәкавулмен төркіндес. Наймандар, кейбір басқа халықтар бауыршы мен бақауылдың орнына құнсат / құнджат (қысат / қычат) терминін қолданған. Бауыршы ханның асханасында тағам әзірлеуге немесе оны хан дастарқанына әкелуге басшылық еткен. Ханға қастандық жасалмас үшін бауыршы қызметіне аса сенімді адамдар тағайындалған. Бас аспаз қызметін Шыңғыс ханның өзі қаған лауазымын қабылдағаннан кейін тағайындаған. Кейін ол бауыршы аталып кеткен. Бауыршы қызметі моңғол империясында, кейіннен түркі-моңғол мемлекеттерінде кең тарайды».

Кейінірек қазақ тұрмысында бауыршының орнына бақауыл атауы көбірек қолданылатын болды. «Аз асқа бақауыл болғанша, көп асқа қарауыл бол» деген мақал осымен (осы атаудың жиірек қолданылуымен) байланысты қалыптасса керек.

БАУЫРЫМДАУ / ОЙ, БАУЫРЫМДАП КЕЛУ – қазақтың өлік жөнелту салтындағы аза тұту, қайғыру жосыны. Қайтыс болған адамның жақын туыстарына көңіл айтуға келген ағайын-туыс, ауыл-аймақ, таныс-біліс адамдар үй маңына жеткенде ат-көлігін қалдырып, «ой-бауырымдап!» дауыстай жылап келеді. Қаза қайғысын білдіретін бұл салт жөнінде Ш.Уәлиханов: «кісі қолынан қаза болған марқұмға келушілер ауылға таяғанда аттың басын жіберіп «ой, бауырымдап» шауып келу бар», – деп жазды.

Қазіргі кезде ер адамның бұлайша дауыс қылып келу салты негізінен Оңтүстік және Жетісу өңірінде сақталып отыр. Кейбір жағдайда, «атам-ау, апам-ау» түрінде де айтылады. Мұндай кезде «Сыйласқанға жат жақсы, жоқтасқанға бауыр жақсы» деген дәстүрлі ортада ағайын арасындағы бұрыннан келе жатқан бас араздық, өкпе-наз ұмытылып, қайтыс болған адамды ақтық сапарға шығарып салу жоралғылары бірлесіп атқарылады.

Келген адамдар ер адамдармен далада көрісіп, қайғыға ортақтастығын білдіріп жылап жоқтайды. Әйелдер үй ішіндегі әйелдерге өтіп, жоқтау айтып отырғандармен түгел амандасып, қайғыға ортақтығын білдіреді. Ағайын, тума-туыс, дос-жаран, құрбы-құрдастар адамынан айырылып, қайғы жұтып отырған үйге көңіл айтып, қайғыға ортақтасып рухани, өлікті жөнелту ғұрыптарын атқаруға көмек беріп материалдық қолдау білдіреді.

БАУЫРЫНА САЛУ / БАУЫРЫНА БАСУ – отбасы дәстүріндегі бала асырап алудың бір түрі. Ата-әжелер тұңғыш немересін немесе үйдің үлкен ұлы өзінен кіші бауырының үлкен баласын, сондай-ақ жақын кісілер өз туыстарының баласын қолына алып, асырап бағып, өз баласындай тәрбиелеп өсіреді. «Бауырына салушы адам баланы өз ата-анасынан ажыратпайды, баланы екі үй де тең өсіріп әлпештейді. Әдетте, үлкен кісілер мұндай баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларды өнегелі азамат етіп өсіруге, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге зор ықпал жасайды. Ержеткеннен кейін баланың өз отбасына оралуға немесе бауыр басқан үйінде қалуға еркі бар».

Ата-әженің немерені бауырына басып бала қылып алуы дәстүрлі ортада кеңінен өріс алған. Қолғанат болып, былдыр тілімен ата-әженің көңілін аулайтын бала үлкен кісілердің тағылымынан нәр алып, өсе келе нағыз халықтық тәрбиені бойына сіңірген, өнегелі де тәлімді ұрпақ болып өсіп жетіледі. Бір ғана баласы бар ағайын кейде жалғызыма серік болсын деп жақын туысқанының баласын бауырына салып асырап, өз баласынан кем қылмай өсіреді. Ал баласы тұрақтамай, өмірдің талқысын көріп жүрген кейбір ағайын ақжолтай болсын деп ырым қылып, туыс адамның баласын бауырына салады. Нәсіп қылып, кейін өз балалары болса, «баламның алды, тұңғышым» деп бауырға салған балаға ерекше назар аударып, «майтабаным» деп еркелетіп, қатарының алды қып ұстаған. Бауырына салу – дәстүрлі ортада ағайын-туыстар арасында ғана емес, ру-қауым деңгейіндегі әлеуметтік байланыстарды нығайтатын институционалдық мәнді ғұрып.

БАУЫРЫНТАҚ – жаңа туған әлжуаз ұсақ мал төлінің ішіне жел қармасудан, жатқанда жердің сызынан сақтайтын, төлдің бауырына тартып байлайтын жалпақ шаруашылық бұйымы. Бауырынтақ жұқалап мақта, жүн салынған матадан сырылып тігіледі. Екі басына екі-екіден төрт бау тағылады. Бауырды тұтас жауып тұратын бауырынтақтың бауы тағылатын екі басы төлдің арқасына түйістіріліп, өзінің бауларымен байланады. Еркек төлге байланатын бауырынтақтың орта тұсын тесіп қояды.

Мал шаруашылығында сирек кездесетін бұл бұйым Монғолия қазақтарының тұрмысында қолданылады. Этнографиялық деректер мен диалектологиялық материалдарға қарағанда, Монғолия қазақтарының ауыз екі тілінде бауырынтақ атауы «төлдің бауырын жауып тұратын бұйым» деген мағынаны ғана емес, «мал жабуының астыңғы бауы» деген ұғымды да білдіреді.

БАҒАДҮР – байырғы қоғамдағы әскерилер жігінің өкілі, батыр. Соғыс ісімен, әскери іспен кәсіби деңгейде айналысатын қоғамдағы жеке ерекше әлеуметтік топ. Көшпелі түркі-моңғол халықтарында кәсіби әскерилер баһадүр (батур, батыр) деп аталды. Сондықтан «баһадүр / батыр» атағы

көшпенді әскери ақсүйектер өкілдеріне берілетін иерархиялық құрметті титулдардың бірі саналды. Көшпелі түркі-моңғол халықтарында баһадүр титулын билеушілер арасынан шыққан әскери ақсүйектер ғана емес, соғыста айрықша ерлігімен көзге түсіп, жауынгерлік даңққа бөленген «қара халықтың» ержүрек өкілдері де иемденген. Баһадүрлер айыру белгісі ретінде баскиімге, дулығаға құс қауырсындарынан жасалған «жыға» шаншып, найзалары мен сүнгілеріне өздерінің жеке туларын тағып жүрген.

БАЯ / ПАЯ – өсімдік сабағының халықтық атауы, пая. Халық арасында бая немесе пая деп орылған дәнді дақылдардың жерде қалған сабағын, собығы қайырылған (терілген) жүгерінің, пістесі жиналған күнбағыстың, мақтасы терілген қозаның (мақта өсімдігінің) сабағын айтады. Паяға әсіресе арпа-бидай, тары, жүгері паясына, мал жайған, өйткені ол жерде паядан басқа әртүрлі шөптер де болады.

Дәнді дақылдардың бастырып, дәні ажыратылғаннан кейінгі паясын сабан дейді. Дәнді дақылдардың паясы да, сабаны да жіңішке болады. Оны жинап алып, қыстыгүні жеммен араластырып малға береді. Ал жүгерінің паясын – жүгеріпая, күнбағыстың паясын – пістепая, мақтаның паясын – қозапая дейді. Олардың паясы жуан болады. Сондықтан оларды шауып алып, жинап қояды да, кейін отқа жағуға пайдаланады. Осылардың ішінде жүгеріпаяны қыстыгүні турап, суға жібітіп, жеммен бірге малға да береді.

БАЯЛЫШ (*Salsola arbuscula*) – бұтақтары тарбиған, қабығының түсі ақшыл сұр, тілімделген, жапырағының түсі бозғылт жасыл келген, шөлді-шөлейтті жерлерде өсетін бұта түрі. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді. Баялыш өсетін өңірлер мал жайылымына қолайлы жерлер болып табылады. Баялыш өсетін өңірлердің тұрғындары, оны бауырсақ пісіргенде, жайма нан салған кезде қазанды тез қыздыру үшін жалпылдақ отын ретінде қолданады. Баялыштан тері илейтін зат алынады. Жыл бойы жайылымда баялыш түйеге жақсы азық. Күзгі жаңбыр кезінде баялыштың бойындағы сілтілік заттар шайылып, қосымша азық ретінде қой, жылқы малы да жейді.

БАЯНБАЙДЫҢ МАЛЫ термині әзірше Х.Барданестің «Киргизская, или казацкая хорография» деп аталатын еңбегінде ғана кездеседі. Автор қазақтардың арасындағы осы ұғымға байланысты аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, жергілікті тұрғындардың жабайы жылқыларды Баянбайдың малы деп атайтындығына тоқталады. Х.Барданестің мәліметіне қарағанда, әлгі тағы жылқыларды қазақтар Баянбай есімді бай адамның өзі де, әйелі де қайтыс болғаннан кейін мыңғырған жылқыларының иесіз қалып жабайы болып кеткен тұқымдары деп санайды екен. Сөйтіп, осы жайтқа байланысты аталмыш тағы жылқылар Баянбайдың байы деп аталып кетіпті. Әлбетте, бұл аңыз. Дәстүрлі қазақы ортаға тән мифопоэтикалық топшылау түрінде айтылатын пайымдаманың нәтижесі. Шынтуайтында, бұл жабайы жылқылар қазақы жылқы түрлерінен бітімі мүлдем бөлек – дала жануарлары. Х.Барданестің мәліметіне қарағанда, бұл жылқылар XVIII ғасырдың 70-жылдары (әлбетте, көрсетіліп отырған мерзім автордың қазақ даласында дәл осы кезеңде болғандығына байланысты шарттылықпен айтылып отыр) Тобыл өзенінің бойында, әсіресе, Сырдария өзенінің маңындағы жерде көп

кездесетін. Жоғарыда айтылғандай, Х.Барданес Баянбайдың малы деп аталатын осы жабайы жылқылардың қазақы төл атауы кертағы екендігіне назар аударады.

Сөз болып отырған мәселенің қисыны тұрғысынан қазақ даласына ХІХ ғасырдың екінші жартысында әлденеше рет сапар шеккен Н.М.Пржевальский сынды орыс жиһанкез ғалымының еңбегінде де, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының туындыларында да кездесетін кертағы ұғымы туралы бірер сөз. Бұл ретте ерекше екшеп айтар жайт – осы күнгі монғол тілінде де аталмыш Пржевальск жылқысын «тахь» деп атайды. Ал, осы халықтың «хээр» сөзі болса, ол «ен дала», «сақара» деген ұғымды білдіреді. Бірақ, жоғарыда есімі аталған Х.Барданестің мәліметіне қарағанда, монғолдар тахь сөзін аталмыш жылқының төл атауы ретінде жеке қолданған.

Шынтуайтында, кертағы қазір ғылыми айналысқа Пржевальск жылқысы деген атпен енген бұл жануардың дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан төл атауы болып табылады. Бұл ащы шындықты аталмыш жабайы жылқыны қазақ даласында алғаш кездестіріп, орыс зиялыларының арасына, әрісі бүкіл Еуропа жұртшылығына баян еткен Н.М. Пржевальскийдің өзі де мойындайды. Пржевальск жылқысы деп өзінің аты берілген осы жабайы жылқыны жергілікті қазақтардың кертағы деп атайтындығын жиһанкез ғалым былай деп жеткізеді: «по своей наружности лошадь Пржевальского роста небольшого. Голова сравнительно велика, с ушами, более короткими, нежели у ослов; грива короткая, прямостоячая, темно-бурого цвета, без челки; спинного ремня нет. Хвост на верхней половине мохнатый, но без длинных волос и только в нижней своей половине покрыт черными, длинными, как у лошадей, волосами... Новооткрытая лошадь, [яғни, Пржевальск жылқысы – Н.Ә.] называемая киргизами «кэртаг», а монголами также «тахи»».

Осы ретте тағы бір ерекше ден қояр жайт – қазақ тілінде қоңыр аңдарға қатысты «кербұғы», «кермарал» атаулардағы құрамдас кер сөзі ертеректе «дала» деген мағынада қолданылғандығын ескерсек, «кертағы» сөзі «даланың тағысы» деген ұғымды білдіретін сыңайлы. Көрнекі мысал ретінде адам көрмей далада өскен үй малына қатысты «тағыланып кетіпті» деген сөз тіркесін айтуға болады.

Дәстүрлі қазақы ортада, жоғарыда айтылғандай, қазір Пржевальск жылқысы деп аталып жүрген жабайы жылқының төл атауы кертағы болғандығын айғақтайтын құнды мәліметті Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларынан да кездестіруге болады. Қазақтың ауызша тарихнамасының негізін қалаушы бұл ғұламаның Есім ханның қалмаққа қарсы кезекті бір жорығы жөнінде аңызды айта келе, қазақ әскерлері ат жалына жабысқан жауларды көрмей, олардың аттарын кертағымен шатастырып, өз аттарын шідерлеп жібергендіктен қапы қалғандықтары жөніндегі сюжетті төмендегідей баяндаған еді:

Мінгені Есім ханның Алабел-ді,
Бойында Шідертінің қара көрдің.
Көрінген сол қараны «Кертағы» – деп,
Аттарын шідер салып қоя берді.

Жоғарыда кертағының Баянбайдың малы деп жалпы халықтық атауға ие болуының контекстуалдық қисынына қарағанда, қарастырылып отырған ұғым, ең алдымен, иесіз қалған мал дегенді білдіретіндігін айқын аңғаруға болады. Осыған орай І.Жансүгіровтың әйгілі «Біздің күз» деп аталатын өлеңіндегі төмендегідей жолдарды келтірелік:

...Қора жамап Бекей жүр;
Өзгелерден бүйірсіп,
Ат майлап мініп Әлі жүр
Мал тапқыш, асқан ұрысып;
Қызды ауылда Ержан жүр,
Баямбайдың ұлысып.
Барын жөндеп бақтырмай,
Жоғын жөндеп таптырмай
Әлі менен Ержанды
Иектеп жүр бір қырсық.

БӘДДҰҒА / БӘДДҰҒА ОҚУ – мұсылмандық ортадағы діни түсінікте біреуге теріс дұға жасау деген мағынаны білдіреді. Шарифат бойынша кім-кімге болсын бәддұға оқу, қарғау, лағнет айту, теріс бата беру құпталынбайтын жеккөрінішті амалдардың қатарынан саналады. Десе де, қай замандағы, қай халықтағы дінде болмасын адам баласы осындай жағымсыз әрекеттерге жиі бой алдыратыны белгілі.

Ертеректегі дәстүрлі ортада өз әулетінің атақ-абыройын төгіп, бүтін бір қоғамның шырқын бұзатындай кешірілмес ауыр қылмыс, өрескел қылық жасаған адамға үлкендер жағы қос алақанын сыртқа қарай жайып, теріс бата беретін кездері болған. Бұл дүниеде бәддұға, яғни теріс бата алудан, әсіресе ата-ана қарғысына ұшыраудан асқан зор жаза жоқ. «Әке қарғысы – оқ, ана қарғысы – боқ» деген мақал осы мәнде айтылғанын болса керек. Бұл жерде әке қарғысының қай баласына болса да «дөп» тиетіндігі, ал аналық қарғыстың «әлсіз» келетіндігі, яғни баласының ісі мүлдем дұрыс болмаса да «іштен шыққан шұбар жылан ғой...» деп түпкілікті жамандыққа қимай, мейірімділікпен қарап, тек қатты ренжіп, кейуі ғана меңзеліп отыр. Қазақтың «Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» деген тәмсіл сөзі осы орайда оңтайлы айтылған. Байырғы ортада бәдік ауруына қарсы айтылатын (арбаудан туған) өлең де бәддұға делінеді.

БӘДЕЛ ЖЕРЛЕУ – жаугершілік кезеңде шейіт кеткен адамға қатысты орындалатын ғұрып. Аласапыран заманда қайтыс болған адам сүйегін туған жеріне әкеле алмайтын жағдайда немесе оның денесі жау қолында қалатын қиын-қыстау күн туғанда ардақты тұлғаның бір бармағын кесіп әкеп жерлеген. Кейде оның киімін де бәдел жерлеген.

БӘДЕЛ ҚАЖЫ – бір мұсылманның басқа діндесінің орнына қажылық парызын өтеу ғибадаты. Араб тілінен аударғанда «айырбастау», «алмастыру», «балама» деген мағыналарды білдіреді. Бәдел қажыға арналған әдептер мен шарттардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Шарифаттың қажылыққа байланысты үкімдеріне сай белгілі бір себептермен парызын өтей алмаған мүміндер өз орнына өкіл қажы

тағайындауға құқылы. Бәдел қажы шарттары бойынша денсаулығы нашар қарт, жазылып кету мүмкіндігі неғайбыл ауыру, мүгедек, көмекшісі жоқ ғаріп, бірге баратын күйеуі әрі жақын туысы жоқ әйел немесе мемлекет тарапынан шетел асуға арнайы тиым салынған адамдар қаражаты болса, көзі тірісінде өздерінің орнына өкіл қажылыққа басқа біреуді жібере алады. Өкіл қажы қажылықтың барлық қағидаларын өкіл тағайындаушының атынан атқаруы міндет.

Сондай-ақ бұл дүниеден қайтқан марқұмдардың орнына да бәдел қажы өтеу дін исламда құпталынатын іс. Мысалы, бақилыққа аттанар алдындағы әкесінің өсиет қылуы бойынша артында қалған ұрпақтары оның орнына басқа біреуді жіберу немесе өздері бару арқылы қажылығын өтей алады. Өкіл тағайындаушы кісі қай қажылық түрінің өтелуін қаласа, өкіл сол түрін міндетті түрде орындауы тиіс. Айтулы парыз ғибадатқа жұмсалатын қаражаттың барлығын немесе көп мөлшерін өкіл тағайындаушы немесе оның балалары беруі керек. Ертеректегі дәстүрлі ортада қажылық өтеуші отағасы сапарда қайтыс болса, келісілген мал-мүліктен басқа, өсиет етуші адамның мал-мүлкін отбасы мүшелеріне бөліп беретін. Егер өсиет етуші әйел адам болса, онда оның тек киім-кешегі ғана таратылып берілген.

БӘДІЗ – тастан жасалынған бейне, мүсін. Оны мәрмәр, құмдақ, гранит және т.б. тас түрлерінен арнайы бәдізшілер, тас шеберлері, тас бедерлеушілер жасаған. Атаудың төркіні – bet – бет // bed – бед түбірлері мен «бет, бедер, бейне» деген сөздер ортақ мағыналы болып келеді. Көне түркі тілінде тастан өңделіп қашалған адам не жануардың бейнесін бәдіз деп атаған.

Марқұмға арналған бәдіз оның жерленген орнына жақын орнатылған. Адам мүсінін жасап, бәдіз қашау өліктің аруағына тағзым етуден туып, ас беру сияқты мәнге ие болған. Көне түркі дәуірінен қалған қағандар (Таспар қаған, Білге қаған және т.б.) мен билік иелері (Тұңыкөк, Күлі-чұр және т.б.), қарапайым адамдар бәдіздерінің көркемдігі мен көлемі әртүрлі. Бәдіздерде мұндай айырмашылықтардың болуы тұлғаның әлеуметтік дәрежесіне байланысты болса керек.

Көне түркі дәстүрі бойынша бәдіздер ғұрыптық кешеннің шығыс тарапына, бет жағымен күншығысқа қаратыла орнатылып, одан кейін балбалдар тізбегі қойылған. Қағандарға арналған ғұрыптық кешендерде қағанның малдас құрып отырған бәдізімен қатар оның зайыбының, туған-туыстары мен қызметшілерінің бейнелері бейнеленген, сондай-ақ кешен құрамына арнайы жасалған арыстан, бөрі, киік, қошқар, қой және т.б. жануарлардың тас бейнелері де енген. Ондағы бәдіздер (мүсіндердің) саны өте көп.

Ал билік иелерінің ғұрыптық кешендерінде бір-екі бәдіз ғана қойылған. Қарапайым ғұрыптық кешендерінде бір ғана бәдіз немесе өңделген биік тас тұрғызылған.

Бәдізде адамның бөрік-тымағы, тон-шапаны, сақал-мұрты, шаш-бұрымы, белдік-белбеуі, әшекей-бұйымдары, қару-жарақтары, ыдыс-аяқтары секілді заттары көркем бейнеленеді. Көне түркі дәуіріндегі (VI-VIII ғасырлар) мүсін өнерінің ерекше туындысы саналатын бәдіздер Еуразия даласында кең

таралған. Түркі дәуірінен кейінгі «қыпшақ» (XI-XIII ғасырлар) типті бәдіздердің ұзын саны екі мыңнан астам. Көне түркі дәуіріндегі бәдіз жасау өлікті жөнелту, ата-баба аруағына табыну, оны сыйлау, пір тұту сияқты ғұрыптардан хабар беретін ерекше өнер туындысы болып қалыптасты. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күмбезіндегі бәдіздерді акад. Ә.Х.Марғұлан X ғасыр ескерткіштері қатарына жатқызып, «ислам дінін қабылдауына байланысты қазақтар арасында XVI-XVIII ғасырлар аралығында бұрынғы тас мүсін жасау дәстүрі бүтіндей жойылып, оның орнына арабша жазу түсірген қойтастар, құлпытастар белең ала бастаған» дейді.

Бәдіз түрлерін қазақтар сынтас, кісі тас, тас алып, тас батыр, тасмүсін, мүсінтас, тас ескерткіш деп түрліше атаған. Олар қашалған бәдіздің әртүрлі кезеңдердегі атаулары болса керек. Құлпытас та төрт бұрышты арбақтың не там үйдің күнбатыс-солтүстік жағына қондырылған. «Адам бейнесін тасқа түсіру күнә болып табылатынына қарамастан, тас безеуші шеберлер кейде тасты жалпы адам келбетіне жақындата шауып, оны әрбір рудың таңбаларымен, үлгі өрнегімен, қару-жарақпен, жан-жануарлардың кескінімен, жұлдыз суретімен әшекейлеп отырған...» – деп жазады Ә. Марғұлан. Кейін ислам дінінің қазақы ортада орнығуына байланысты бәдіз жасау өзінің бұрынғы маңызынан айырылды.

БӘДІЗШІ / ТАС ШЕБЕРЛЕРІ – тас қашаушы, тас өрнектеуші, безеуші. Көне түрік сөзінен шыққан. Тас қашау өнерімен айналысатын адамдарды, жалпыға бірдей, ұста (шебер) деп атаған, кейде тасшы деп те атайды. Бәдізшілер сағанатамдарды көркем сәндеуші болған әрі безендірген. Тапсырыстарға байланысты ағаш, металл т.б. материалдармен жұмыс істейтін әуесқойлар да тас қашау ісімен айналыса алған. Әсіресе тастан қолдиірмендерді жасау кеңінен тараған. Үнемі тас өндегендіктен құрал-саймандары жиі мұқалып қалатындықтан, бәдізші міндетті түрде темір ұстасының төсін, балғасын, тістеуігін пайдаланатын болған. Бәдізшілер әрбір ісін бастамас бұрын алтын, күміс өңдеу мен басқа да кәсіптердің (ағаш ұқсату, сүйек, тері өңдеу, т.б.) пірі Дәуіт пайғамбардан медет тілейді. Бәдізшілік мұрагерлік жолмен әкеден балаға, ағадан ініге қарай ауысып отырған.

БӘДІК – байырғы кездегі, дінмұсылманшылыққа дейінгі көпқұдайлық (политеизмдік) түсінік бойынша малға келетін аурулардың Иесі (құдайы). Мифтік таным бойынша малға келген Бәдікті сөз магиясымен басқа бір затқа (объектіге) көшіру жолымен емдейтін ғұрып болған. Бәдікті көшіруге көпшілік болып жиналған, оған көрші ауыл-үйдің жандары да түгелге дерлік қатысқан. Жиналғандар Көш Бәдік! Көш Бәдік! Көш Бәдік! деп бірауыздан одағайлау, улап-шулап, сонымен қатар өлең сөзді екпіндетіп хормен айту тәсілдері сөздің сиқырлы (магиялық) күшін күшейте түседі деген наным ерекше болған.

Алайда дінмұсылманшылықтың қазақ елінде ірге теуіп, орныға түсірумен байланысты Бәдікті көшіру ғұрпы өзінің көпқұдайлық мазмұнынан айырылып, сахна түріндегі күлдіргі ойын-сауыққа айналып кеткен, «Бәдіктің» мазмұн межесі геодинистік мән алып, ал тұрпат межесі жағынан ғана дәстүр бойынша XX ғасырдың басына дейін ел ішінде сақталып қалған.

Қойға келген Бәдік сияқты, түйе түлігіне келген Ақбайпақ (қарасан індетінің эфемистік атауы) сиыр түлігіне келген Ақбұзау (қарасан індетінің эфемистік атауы), әуелде байырғы қазақтардың политеистік пантеонындағы кіші құдайлар санатына жатқан. Кейіннен қазақ балаларының ойынына айналып кеткен. Еуропа халықтарында әртүрлі бұндай кіші құдайлар мысалы, байырғы Грекияда сатирлер ойын-сауық кезінде көрсетілетін сайқымазақ кейіпкерлер қатарына жатқан.

БӘДІК АЙТУ – жыр, өлең түрінде айтылатын магиялық ғұрыптың атауы. Бәдік атауының түп-төркіні парсының «бадхох» «бадху» деген сөзінен шыққан. Тәжікше «бадху» қаскөй деген мағына береді, яғни бәдік «бойға дерт дарытушы қаскөй күш» дегенге саяды. Фольклорлық еңбектерде «бәдік» сөзі екі түрлі ұғымда: мал ауруының аты ретінде; өлең (айтыс) түрі ретінде қолданылады. Байырғы ортада бәдік айту жолымен мал, адам бойындағы дертті қашырған. С. Сейфуллин өз еңбегінде: «Адам ауырса, яки мал ауырса, әйел-еркек жиналып, ауырған малды қамап алып, екі-екіден қосылып, шулап өлең айтады. Өлең айтқанда ауру «иесін» қорқытып, «жын» ойнағандай қылып ойнап айтады... Қыз-қырқын, қатын-қалаш өстіп жиналып, екеу-екеуден жұпталып, бәдік өлеңін айтысып, «ауыздарының дәмдерін алып болған соң», тұрысып, етек-жеңдерін сілкініп, «Біз де көштік, сен де көш!» деп ауырған малды етектерімен ұшықтап кетеді... Тәуіптердің «көшіру, аластау» ырымдары мен «бәдік» айту біртүрлі нанымнан туған зат», – деп жазады.

Фольклортанушы ғалым Б. Абылқасымов өзіне дейінгі көптеген зерттеулердің материалдарын саралай отырып, бәдіктің қазақ және түркі халықтарындағы түрлерін, қызметін, жанрлық ерекшеліктерін, оның бақсы сарындары мен арбаудан өзгешілік жақтарын және т.б. жан-жақты қарастырып, кең түрде талдау жасаған. Бұл тұста зерттеушінің көлемді еңбегі негізге алынып, ықшамдалып берілді.

Ә. Диваевтың атап көрсетуінше, таз-қотыр, сыздауық, безгек сияқты адам ауруларына және тентек, айналма секілді мал ауруларына қарсы, жәндіктердің уын қайтару үшін бәдік айтылған. Қырғыз, қарақалпақ халықтары ауырған адамның үстіне қызыл, өзбектер ақ мата жауып бәдік айтқан. Мұндай мата жабу жоралғысы қазақта да бар:

Не болды бұл бәдікке жасыл жауып,
Біреуін біреуінен асық жауып.
Не болды бұл бәдікке қызыл жауып,
Біреуін біреуінен ұзын жауып.

Мата жабу жоралғысының түпкі сыры еліктеу магиясынан туған. Халық түсінігінде қызыл мата денені басып кеткен жараға ұқсатылса, ақ мата содан құтылу ниетін білдіреді. Тәжіктер мен өзбектерде бұл рәсімді белгілі кәсіби мамандар – бәдікхан, фолбіндер, қырғыздарда бақсы-емшілер жүргізген. Ал қазақ ортасында шулау, сабалау, мата жабумен бәдік өлең жолдарын жеке орындаушылар емес, көпшілік қауым өткізген.

Көшіру – көп тайпаларға, көп халықтарға ортақ көне магиялық ғұрып. Көшіру салты кезінде орындалатын қазақ бәдіктеріндегі көшіру нысаны (бәдік), әдетте, жанды нәрсе ретінде бейнеленеді: «Бәдік кетіп барады

шатқатаман...», «Бәдік кетіп барады өзекпенен...», «Бәдік кетіп барады таудан асып...» деген сияқты өлең жолдарымен айтылады. Кейде оны ұстап алып, күш қолдануға да болатын сияқты:

Бәдік болсаң, мен сені білер едім,
Ернің тесіп, терекке ілер едім.
Ернің тесіп, терекке іліп қойып,
Бір уақ тамашаға күлер едім...
Оған өтініш білдіруге де болатын көрінеді:
Бұрма бәдік дегенде, бұрма бәдік,
Бұралып босағамда тұрма, бәдік.
Бұралып босағамда тұрсаң, бәдік,
Көңліне иесінің келер кәдік.
Сәті түссе, оны жойып жіберуге талпынады:
...Бәдікті Құдай оңдап қолға берсе,
Төбелеп өлтірейік бәдікті біз.

Алайда келтірілген жолдардан бәдіктің нақты не нәрсе екендігі әлі де анық байқалмайды. Бәдікті жын-айтан текті бейнеде тану бәдік мәтіндерінің өз ішінде кездеседі.

Айтайын мен бәдікті бұрынғыдан,
Сайтанның қу бәдік те ізін қуған.
Бәдікті сіз де айтыңыз, біз де айтамыз.
Шайтанды көшірелік айдауменен.
Бәдік бастан, жаным-ау, бәдік бастан,
Жын-шайтан, неше айтамын аулақ қаш деп.

Бәдік бейнесінің жын-шайтанмен байланыстырылуы қаскөй күшке теңеліп жататындығында болса керек. Көне магиялық сенім бойынша, қаскөй күштерді қорқытып, үркітуде айқай-шудың ғұрыптық әсері мол саналған. Бұл «...Шайтанның көшпесіне қоймаймыз ба, Жабылып жан-жағынан шулай берсек» деген жолдардан айқын көрінеді. Бәдікте өтіну, сұрау, қорқыту, үркіту, шошыту сықылды дерт көшіруге тән жалпы сарындар болғанмен, қаскөй күштерден тұра қашу арқылы құтылу жорасы мүлде байқалмайды. Бәдік болмысы «көшіру» ғұрпымен тікелей байланысты. Дерт көшіру қаскөй күштерден құтылудың жалпы амалы болса, бәдік – емдік магияның жалқы әдістерінің бірі. Бәдік айту салтында типологиялық заңдылық сақталады.

Ертеде бәдік іңір қараңғысында басталып, кейде түні бойы айтылып, ертеңге жалғасқан. «Жеті күнге жеткізе айт бәдікті» деп келетін бәдік мәтініндегі өлең жолына қарағанда, бәдік айту бірнеше күнге созылған тәрізді. Көшіру рәсімін түнгі уақытта өткізудің мәні жын-шайтандар қараңғы үйіріле жиналады деген сенімнен туса керек. Тіпті бақсылардың ойыны да іңірде басталатыны сондықтан. Қолға қару (бұтақ, келдек, сойыл, шоқпар) ұстап, оларды әрі-бері сермеп, шауып, ұрар болып қорқытпақшы болған.

Бәдікті біздер ұстап табайық та,
Таба алмасақ, аямастан сабайық та...
немесе:
Бәдігімді ұстап бер қамаласып,

Шығайын шер құмардан сабаласып...

Бәдіктің кейінгі даму сатысында бұл ғұрып біртіндеп ұмытылған. Қолға қанжар, қылыш ұстап, оңды-солды сермеу, дабыл қағу, қамшымен сабау әдеттері біртіндеп бақсылық ойынына ауысқан.

Әлемдік фольклорда көшіру ғұрпы адамға, жан-жануарға, жансыз заттарға көшіру түрінде жолықса, бәдікте соның үшеуі де қатар көрініс тапқан. «Бар дағы, тезден жабыс қу қыздарға...», «Бар да жабыс осы қыздың бүйрегіне...», «Бар да жабыс жігіттің таңдайына...», «Жігіттің еңкейетін беліне көш...», «Қыздардың кесте тіккен қолына көш...», «Жігіттің сайрап тұрған тіліне көш...», «Ұрысқақ бәйбіше мен тоқалға көш...», «молдаға көш...», «байларға көш...», «ұстаға көш...» деген өлең жолдарынан адамға көшіру ғұрпы айқын байқалады.

Жан-жануарға көшіру «бөріге көш», «текеге көш», «нарға көш», «жыланға көш», «марқаға көш», «тұсаққа көш», «інгенге көш», «ұры итке көш» түрінде келсе, жансыз заттарға көшіру «бұлаққа көш», «келіге көш», «Меккеге көш», «аршаға көш», «жидекке көш», «Арқаға көш», «тауларға көш», «инеге көш», «қияға көш», «мияға көш», «бауларға көш», «айнаға көш», «бүргенге көш», «сазға көш», «жұлдызға көш» деп жалғасады.

Бәдікті басқа өлең түрлерінен оқшаулайтын да, өзіндік бет-пердесін ашатын да «көш-көш» сөзінің қайталанып келуі. Мұны көп жағдайда магиялық жораның өзі деп емес, содан қалған белгі деп ұққан абзал. Жалпы көптеген бәдік өлеңдерде әзіл-қалжың сипатты жолдары молынан кездеседі. Кейбір бәдік мазмұнында байырғы, ұмыт боп бара жатқан ескі ғұрып іздері сайрап жатыр. Мәселен, бәдіктегі қыз бен жігіттің қағысы деп бағаланып жүрген:

Қаратауым дегенде, Қаратауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге
Қаптап көшіп келеді біздің ауыл, –
деген шумақтан «Қаптап көшудің» алдында бәдік өткеру салтына шақыру рәсімі болғандығын байқаймыз.

Тойдан қызық аулында бәдігің бар,
Хабар салып тұрмасаң, Құдай табар, –
деген жолдар қаскөй күштерді қууға жан-жаққа хабар салып, ел жию әдеті болғандығын білдіреді.

Кейінгі кездері бәдік кеші жастардың бас қосатын ойын-сауығына, соның жасалуы үшін керекті сылтаудың біріне айналған.

БӘДІК АЙТЫС – ауруды көшіру үшін топтасып орындайтын рәсім. Бәдік айтысты классикалық айтыс түріне жатқызуға болмайды. Демек бәдік айтыс – шартты атау. Зерттеуші Б. Абылқасымовтың көрсеткеніндей бәдік айтысты классикалық айтыс түріне жатқызуға болмайды. Бәдікті аластау кезінде қыз-жігіттер ауру малды, яки адамды қоршап айналып отырып, жаттанды өлеңді диалог ретінде алма-кезек айтысады. Бұл көне магиялық салт келе-келе өз мәнінен айырылып, жастардың кешқұрым бірігіп, көңіл көтеріп ермек үшін айтатын қалжыңына, қайымдасып айтысу ойынына айналған. С.

Сейфуллин бұл диалогтық өлеңдерді бәдік айтыс деп атаған, ал белгілі фольклортанушылар Б. Уахатов, Б. Абылқасымовтар мұның, шын мәнінде айтыс емес, ғұрыптық поэзияның өзгерген түрі деген болатын. Ғалым Б. Уахатов бәдіктің екі түрі бар екенін: бірі – ауруды «көшіру» салтынан туған арғы көне дәуірдегі бәдік те, екіншісі, жастардың бас қосып, көңіл көтеруінен туған бәдік екенін, алдыңғысы – кәдімгі арбау өлеңі секілді бүтін бәдік өлеңі, соңғысы – қыз бен жігіттің «бәдікте» айтысу түрі, яғни алғашқы түрі, формасы, мағына-мазмұны трансформацияға ұшырап өзгеріп, өңделгендігін айтады.

Бәдік кетіп барады өзекпенен,
Өзің тастап ұрарсың кезекпенен.
Бәдікті сіз де айтыңыз, біз де айталық,
Кәпірді көшірелік кезекпенен –
деп келетін қыздар айтатын бәдікке жігіт жағы:
Бәдік кетіп барады айға таман,
Жүген ала жүгірдім тайға таман.
Сіз де айтыңыз бәдікті, біз де айталық,
Итере сал кәпірді сайға таман – деп құптағандық ыңғай білдіреді.

Бәдіктің диалогқа құрылған мәтіндерінде айтыстағыдай қыз, жігіттің есімі аталмайды, табан астында шығарылып айтылмайды, көбінше даяр үлгілер, бұрыннан қалыптасқан шумақтар болады. Айтыс болу үшін екі ақынның бірі екіншісін уәжді сөзбен тоқтатып женуі қажет, ал бәдікте мұндай жоқ. Сол себептен зерттеушілер бәдікті айтыс үлгісі деп санамайды, жаттанды мәтінді топтасып айтатын салттық өлең түріне жатқызып, шартты түрде бәдік айтыс деп айтады.

Бәдіктің бақсы сарынымен ұқсастықтары да, өзіндік ерекшеліктері де бар. Жұртқа белгілі бәдік сөздерін бүтіндей өзгертіп жіберу мүмкін емес және оны қауым болып өткізсе, бақсы сарыны мен арбауды арнайы орындаушылар атқарады. Бақсы сарыны мен арбау да жыр үлгісінде шығарылады, дегенмен бәдіктің стильдік өрнегі мен образ табиғаты бақсы сарыны мен арбаудан басқаша сипатта болады.

БӘЖІ БАСУ – ертедегі жазалау түрі. Шығыс халықтарында құлдардың құйрығына қызған темірмен басып таңба түсіріп жазалаған. Мұны дәстүрлі ортада бәжі басу деп атаған. Жаза түрі ерте дәуірлерде, орта ғасырларда қолданылған. Қазақ ортасында мұндай жаза түрі болғандығы жайлы мардымды дерек жоқ.

БӘЙБІШЕ – байырғы отбасылық дәстүрде қалыптасқан жұбайлық мәртебе, бірнеше әйел алған ер адамның бірінші әйелі. Жасы үлкен әйелге де құрмет ретінде бәйбіше деген атау қолданылады. Ислам дінінде, шарифат заңында ер адамға төрт әйелмен қатар некеге тұруға рұқсат етіледі. Көп әйел алған ер адамның, яғни отағасының бірінші әйелі бәйбіше деп аталып, қалған әйелдері ретіне қарай үлкен тоқал, кіші тоқал, сондай-ақ, кішілік деп аталады. Бірінші әйелі қайтыс болып, ер адам екінші рет үйленсе де, дүниеден өткен бірінші әйелі бәйбіше қалпында аталады.

Көп әйел алмаған ер адамның әйелі дана, елге сыйлы, ағайын-жұрт арасына сөзін жүргізе алатын беделді де ықпалды болса, егде тартқан жасында оны да бәйбіше деп атай береді. Қазақ отбасында бәйбішенің әлеуметтік орны тоқалға қарағанда жоғары әрі салмақтырақ болған. Отбасының ұйытқысы болатын бәйбіше үй шаруашылығын өз қолында ұстап, үй-ішілік мәселелерді ер адамсыз-ақ шешіп отырған. Бәйбішенің үйі үлкен үй аталып, сырттан келер адам бірінші сол үйге түсетін болған. Дәстүрлі қарым-қатынас этикасы бойынша тоқал бәйбішенің атын тура атамай, «шешей» деп атап, бәйбіше нұсқауымен болатын шаруаларды атқарған. Тоқал үйі бөлек тігілген. Дәстүрлі ортаның тәлімін бойына сіңірген, тағылымды, кемеңгер бәйбішелер ел билігіне арласып, түйінді мәселелерді шешуге де араласқан. Үлкен ер адам жоқта ретіне қарай малға, асқа да бата жасай берген. Түз адамы – ердің қамын, бабын табуды мақсат етуші ақылды бәйбіше үшін өз ерінен өрбіген балалардың (тоқалдан туған болса да) жаттығы жоқ. Бәйбішені тоқалдың балалары «шеше» атап, өз шешелеріне көбінесе «жеңеше» деген.

Бәйбіше сөзі түркі-моңғол тілдес халықтардың көпшілігінің тілдік қорында ұшырасады. Осыны негізге алып, бәйбіше сөзінің шығу төркініне, мағыналық сипатына салыстырмалы талдаулар жасаған тілші-ғалымдар сөз нұсқасының «бай» және «бише» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөз екендігін айтып, тұжырым жасайды. Үй иесі, әйелдің күйеуі, бастаушы, рубасы, отбасы дегенді білдіретін «бай» мен әйел адам, қатын, бикеш ұғымын білдіретін «бише» сөздерінің бірігіп, дыбыстық өзгеріске түсіп, бас, басқарушы әйел деген мағынаға ие болғандығын айтады.

Осылайша байырғы қазақ отбасында некелік туыстықпен байланысты этикалық қарым-қатынастың ерекше императивті нормалары қалыптасқан.

БӘЙБІШЕ КЕЛІ – кішкене келі түрі. Бәйбіше келіні науат, шекер, құрт, ірімшік түйіп, тағам түрлерін ұсату, өңдеу үшін пайдаланған. Ағаштан ойылып жасалатын келі аса шұңғыл емес, бүйірі шығыңқы, астыңғы жағы жалпақ, орнықты.

Басқа келілерге қарағанда көлемі шағын, бір қолмен келіні сүйемелдеп, екінші қолмен өзіне сай кішкентай келсабын ұстап жұмыс істеуге өте қолайлы.

БӘЙГЕ¹ / БӘЙГЕГЕ АТ ҚОСУ – дәстүрлі ұлттық ойын түрі, ас-той, үлкен жиындарда ат жарыстыру. Бәйгенің ұзақтығы оған қатысатын аттардың жас шамасына қарай әртүрлі болып келеді. Тай жарысына жақын қашықтық, құнандар мен дөнендер үшін орта қашықтық белгіленеді, ал 5-6 жасар аттарды ұзаққа, алыс қашықтыққа айдаған. Ат жарысының тай бәйге (6-8 шақырым), құнан бәйге (10-15), дөнен бәйге (15-20), ат бәйге (25-30), аламан бәйге (40-100) деген түрлері бар. Бәйгеге қосатын атты баптаудың, жаратудың өз тәсілдері бар. Мұндай іспен ат жайын жақсы білетін білгір мамандар ғана шұғылданған. Жеке бағып, жем-суының өзін талғап беріп, денесінде артық май қалдырмай жаратудың өзіндік қыр-сырына қанық адамдар бәйгеге болардан бірнеше ай бұрын дайындығын бастайды екен. Ащы тері бірнеше мәрте алынған аттарды денесіне салмақ салмай, қысым түсірмей бәйге болар жерге де жабулап, жал-құйрығын тарап, тіл-көзден сақтау үшін жал-кекіліне үкі тағып жеткізеді. Ақжолтай Ағыбай батырдың асына Жаманқат би

Көкшолақ атын жер бастырмай арбаға салып алып келген екен. Кейбір бапкерлер жүйрікті баптауда арнайы үй тіктіріп, атты күн өтпейтіндей жерде сақтайды. Терлетіп, артық майдан арылту үшін, сонымен қатар көлденең жұртқа көрсете бермей, тіл-көз сұғынан сақтану үшін киіз үйде ұстайды. Ұлттық ойын түрлерінің ішінде ең қомақты жүлде осы бәйгеге тігіледі. Елдік, сән-салтанат сынға түсер ас пен той ат бәйгесіз өткізілмеген. Дәстүрлі ортада сауын айтылған асқа өздерінің әл-қадарынша дайындық жасаған қауым бәйгеге қосарға ат алып келмесе, елдігіне мін тағылып, кейін іліп-қашпа сөзге қалатын болған. Бәйге басталарда атшабарлар қызыл орамал байланған ұзын бақан ұстап, жиынды аралай жар салып, хабар қылады. Ат айдаушы жиналған бәйге аттарын ел алдынан өткізіп, мәреге айдап әкетеді. Бәйгеде талас тумау үшін сыйлы екі ақсақалға жүгініп, бірін көмбеге, екіншісін мәреге тұрғызады. Шабандоздар мәреге бәйгеден бір күн бұрын, кешкі салқынмен жіберіледі. Мәреге жеткен бәйге аттарын айдаушы бір сызықтың бойына қаз-қатар тұрғызады. Арнайы белгі берілген кезде олар көмбеге қарай шаба жөнеледі. Бәйгенің тәртібі бойынша қанша атқа бәйге тігілсе сонша даяғашы адам аттың алдынан шығып, баланың басындағы орамалын алады. Олардың әрқайсысы меженің (көмбе, сөре, қарақшы, қарауыл төбе, бәйге төбе) тұсында өздерінің жүлдегер жүйрігін белгілейді.

БӘЙГЕ²/ ЖҮЛДЕ – ұлы тойда, аста, мерекеде ұйымдастырылатын ұлттық ойындарда озып келген жүйрікке, жеңген палуанға, ақынға берілетін сый. Бәйге малмен, заттай, ақшалай беріледі, ертеректе тіптен күн, құл да жүлделер қатарына тігілген. Бәйгенің ең үлкені, әдетте, бас палуан және озып келген жүйрік атқа тағайындалады. Қазақтың дүбірлі жиын, ас-тойларында ат бәйгесіне, балуан күресінде, жамбы атуда жеңіске жеткен мыңнан озғандарға бір тоғыздан үш тоғызға дейін сыйлық берілген. «Тоғыз заттың түрі» – тоғыз тартудың міндетті түрде аталып берілуі дәстүрлі ортада міндетті саналған. Бұл тоғыз санының қасиетті, киелі сан ретінде саналуынан болса керек. Түркі тайпаларының сыйлықты үш тоғыздан бастап беретіні туралы Әбілғазы Баһадүр жазбаларында айтылады: «Оғызханның тойында 9 мың қой, 900 жылқы сойылды, түрік тайпаларында осы тоғыз санынан асқан сый болмайды». Ас-тойдың дәрежесін сондағы өнер сайысына берілетін жүлдеге қарай анықтауға болады. Жиын иесі жүлдені өзінің дәулетіне қарай тағайындаған. Бұл жөнінде Г. Загряжский былай деп жазды: «...Бас бәйгеге түйе, соңғы бәйгеге 2 жастағы құлын тігіледі», – деп атап көрсетіп: «...Жантай батырдың асында бәйгеге 1000 сом, 30 түйе, 100 жылқы, 30 сиыр, 500 қой тігілген. Қажыбектің асында туырлығы жібекпен көмкерілген киіз үй, 500 құнан, 300 жылқы, Ұлы жүз Сүкетайдың асында бәйгеге 100 түйе, 100 жылқы, 100 құнан, 100 аршын шұға, 100 аршын шәйі, 100 аршын мата тігілді. Бәйге үстінде әр рулы елдің шабандоздары талас-тартысқа түсіп, мәреге жетпей, бірін-бірі өлтіретін жағдайлар болған», – деп жазды.

Н.И. Гродековтың жазбаларынан байқағанымыздай «егер де жарысқа қатысқан аттардың саны 20 болса, онда 7-8 атқа жүлде тағайындалады. Егер 100 немесе 200 ат болса, жүлде 20 дан 30 атқа дейін беріледі. М.Шормановқа арнап 1885 жылы шілденің 18-інен 23-іне дейін «Шүршіт қырғыны» сайында

берілген аста 40 шақырымдық бәйгеге 125 қосылып, 15 атқа бәйге берілген. Бас жүлдеге 5 түйе, 100 жылқы. Екінші жүлдеге 2 түйе, 100 қой, үшінші жүлдеге 1 түйе, 100 қой. Он бесінші жүлдеге 1 түйе 100 аршын шұға тігілген. Бес Мейрамның ортасында өткен Қорысбайдың асында 500 ат бәйгеге қосылған, 32 ат айдаушы болған, бас бәйгеге үш тоқсан: тоқсан торы ала ат, тоқсан ақбоз ат, тоқсан қара ала ат берілген. Екінші жүлдеге тоқсан көк шыбық ат пен тоқсан ту бие, қалы кілем жапқан қара нар. Ең соңғы бәйгеге жиырма бесінші аттың бәйгесі тоқсан ақ ауыз қой. Бәйге үлестіруді Сырттанбай мен Лау мырза, Сапақ үшеуі басқарады». 1876 жылы Ерейментауда, Қусақ көлінің жағасында өткен үш жүзден жиналған Сағынайдың асына 323 ат қатысқаны және бәйгенің бас жүлдесіне 8 қанатты киіз үй, 500 жылқы, 1000 қой тігілгендігі айтылады. Н.Рычковтың айтуынша «...бас бәйгеге тігілген тұтқынды (күң), мал-дүниенің жақсысын да осынау дүйім топта мерейі үстем болып, аты бірінші келген адам алады. Екінші жүлделерге сауыт-сайман сыйланады. Үшіншіге түйе, төртіншіге оқалы шекпен мен көздің жауын алатын тымақ (баскиім). Бесіншіге ер-тұрманды ат мінгізіледі. Қалғандары ат, қойды қанағат тұтады».

XIX ғасырдың соңында өткен Сырдария облысындағы Кәрібай асында 163 ат шауып, бірінші бәйгенің өзіне 1000 бұқар теңгесі, 25 жылқы, 25 түйе берілген, ең соңғы 30-шы атқа 10 сом ақша, бір жылқы, бір шапан берілген. 1860 жылы Құланбайдың асында Қаракөл жайлауында бәйгеге қосылған 42 құнанның алғашқы келген тоғызына бәйге тігілген. Баянауыл маңында XIX ғасырдың басында Сүйіндік руы өткізген Мырза Сәти асына берген 3 округтен (Баянаул, Қарқаралы, Ақмола) әйелдерді қоспағанда 11 мың адам шақырылған. Бәйгеге 600 ат қосылған. 21 жүлде тағайындалған. Бас бәйгеге құл мен күң (қалмақтар) тігіліп, осы аста екеуінің некесін қиып, 100 ат, 50 сиыр, 300 қой, 20 түйе беріп, жеке отау ғып шығарған. XIX ғасырдың ортасында Ырғыз бойында Жүсіп Жолаевқа берілген аста 100 шақырымға шапқан ат бәйгесіне 9 жүлде белгіленіп, бас бәйгеге 500 қой, 100 түйе, 40 жылқы, 90 құндыз және 1 жетім қыз (күң) берілгендігін М. Леваневскийдің жазбасынан кездестіреміз. Аты озып бәйге алғандар жүлденің біраз бөлігін бірінші кезекте әруақ жолына, ел ақсақалдарына атаған, қалғанын руластарына бөліп берген. Мәреге дейін шауып келген ең соңғы атқа да жүлде берілген және оны «көктайынша», «көкөгіз» деп атаған. «Жүз қой мен он төрт құр ат, төрт тайтұяқ, Бір жолда әперіп ең ердің құнын» немесе «Он жылқы, екі жамбы алып едім» деген Ақан серінің өлең жолдары бәйгенің қаншалықты мөлшерде болғандығынан дерек береді.

В.Н. Плотников аста аламан бәйгеге қатысқан 137 аттың 13-іне жүлде берілгендігін жаза келе, сол жүлделердің құрамын толық көрсетеді: Бірінші бәйге үш тоғыз берілген. 1-тоғыз: 1 түйе, 8 жылқы; 2-тоғыз: сауыт, 8 жылқы, 3-тоғыз: 1 жамбы, 8 червонец ақша; Екінші де бәйге үш тоғыз сыйлық алған: 1-тоғызға 1 түйе, 8 жылқы, 2-тоғызға жамбы, 8 червонец; 3-тоғызға 1 жылқы, 8 сом күміс; Үшінші бәйге үш тоғыз. 1-тоғыз: 1 түйе, 8 жылқы; 2-тоғыз: жамбы, 8 червонец; 3-тоғыз: күміс кесе, 8 сом күміс; Төртінші бәйге екі тоғыз. 1-тоғыз: 1 түйе, 8 жылқы, 2-тоғыз жамбы, 8 сом күміс; Бесінші бәйге бір тоғыз:

түйе, 7 жылқы, жамбы; Алтыншы бәйге бір тоғыз: түйе, жылқы, камшат құндыз, 6 сом күміс; Жетінші бәйге бір тоғыз: түйе, қам-құндызы, қылыш, 6 сом күміс; Сегізінші бәйге бір тоғыз: түйе, қам-құндыз, мылтық, 6 сом күміс; Тоғызыншы бәйге бір тоғыз: жылқы, қам-құндыз, мылтық, 6 сом күміс; Оныншы бәйге бір тоғыз: жылқы, қам-құндызы, 7 сом күміс; Он бірінші бәйге бір тоғыз: жылқы, 8 сом күміс; Он екінші бәйге: бір жылқы, мылтық; Он үшінші бәйге: бір жылқы. Меркедегі Сыпатай батырдың асында өткен аламан бәйгеде бас бәйгеге өркештері тік 100 атан түйе, барлық мүлкімен 6 қанат ақ үй, 9 құндыз, 9 бесік жамбы, екінші бәйгеге 100 жылқы берілген. Ы.Алтынсарин ХІХ ғасырдың 70-ші жылдарында бәйгеден 1-ші келген аттың жүлдесіне 40 жылқы, 4 түйе берілгендігін айта келіп, бұрынғы кезде ат бәйгесіне малмен т.б. бұйымдарға қоса жетім берілгендігін де жазады. Ұлы жүзде Мерке өзенінің бойында Атабектің әкесіне берген асында В.В. Радлов өзі қатысып, бас бәйгеге 10 сыйлық берілгендігін айтады: «Бірінші жүлдеге ішіндегі ыдыс-аяқ, мүкәмалы бар қырмызы матамен қапталған отау үй тігілді. Осы киіз үйдің алдында сәукеле киіп, сәнді ер-тоқымды атқа мінген қалыңдық тұрды және төрт түліктен барлығы 50 бас мал қойылды. Екінші жүлде 10 күміс жамбы, әр түліктен 10 бас мал тігілді. ...Ең соңғы жүлде 5 жылқы болды», – дейді. Кейде бірінші бәйгенің өзі 100 сомның тауары мен 30 сиыр, 500 қойдан тұрады, болмаса бірінші бәйгеге іші-сырты кілем мен жібек толған киіз үй, 500 құндыз терісі және 300 ат тігілген. Кей реттерде бірінші жүлдеге 100 түйе, 100 жылқы, 100 сиыр, 100 ісек және 100 саулық қой, 100 сом, 100 қоқан (алтын теңгелер), 100 аршын шұға, 100 аршын шай берілген. Яғни бірінші бәйгеге берілетін тоғыздықтың әрқайсысы 100-ден болуы керек. «Народы России: Живописный альбом» жинағында бір айтулы аста бәйгеге 250-350 ат қатысқаны жазылған. Бәйгенің қорытындысында 15 атқа жүлде берілген. 1-ші бәйгеге 30 түйе, 100 жылқы, 500 қой немесе 500 сусар тон, 300 жылқы берілген. Бұрынғы кезде бірінші келе жатқан жүйрік аттың көмбеге жете алмай жолда құлаған сәтінде басын жалма-жан кесіп алып, мәреден өткізіп, «бәйге осы атқа берілуі тиіс» деген желеумен дау туғызған жағдайлар да болғандығы айтылады.

ХІХ ғасырдың І жартысында Кіші жүзде Сыр бойында үш жүздің баласы шақырылып, атақты Көтібар батырдың асы берілген. «Бәйгеден келген ат иесіне бас бәйгеден бөлек менің бәйге күреңімнің жабуы мен өзімнің қара шолақнаркескенімді бер» деген батырдың өсиеті бойынша үш жүз аттан қара үзіп келген ат иесіне – Ақжолтай Ағыбай батырға бас бәйге мен жоғарыдағы айтылғаннан басқа айғыр үйірі қысырақ, масаты кілем жапқан тайтұяқ, жамбы, мойнында тұмары бар қара бұйра нар берген. ХІХ ғасырдың басында ақша қатынастарының жандануына байланысты бәйгеге ақша беру үрдіске ене бастады. 1920 жылы Әулиеата маңында өткен бәйгеде алдыңғы келген атқа 20 мың сом, одан кейінгі атқа 10 мың сом, үшіншіге 5 мың сом берілген. 1922 жылы Шымкент маңында болған бәйгеде бірінші бәйгеге 2 мың сом ақша, 20 ірі қара, екінші бәйгеге 1 мың сом ақша, 10 ірі қара мал, ал үшінші бәйгеге 500 сом, 5 ірі қара мал тігілген. 1923 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданының Билікөл жағасында өткен бәйгеде бірінші орынға 3 мың сом, 20 ірі қара, екінші

орынға 1500 сом, 10 ірі қара, үшінші орынға 750 сом, 5 ірі қара берілген. Бәйгенің тәртібі мен негізгі ережелері жалпы елге ортақ. Бәйгеге шапқан жүйрік жарыс кезінде барлығып өліп кетсе, оның құны ғана төленеді, үстеме айып белгіленбейді. Берілер құнға ат иесі келіспесе, өзінің уәжі мен атының құнды екенін айтып, ант етеді. Егер көмбеге дейін шауып келіп жығылса, билердің шешімімен аттың құнының орнына бәйге жүлдесі берілуі мүмкін. Көп жағдайда жүйрік құнының үстіне оған тиесілі бәйгенің 1/3 немесе 1/4 көлемі берілген. Егер атқа шабу кезінде бала өлсе, жүйріктің иесі баланың ата-анасына бәйгені түгел беріп, жерлеу қаржысын көтереді. Алайда ат иесі жүлдені бергісі келмесе, бала әкесі одан құн талап етеді. Ал бала өзі талап қылып бәйгеге шапқан болса, онда құн сұралмайды. Н.И.Гродеков жазып қалдырған осы деректерді И.Ибрагимов толықтырып, өзі қатысқан 1869 жылғы Шәлдекеге берілген аста үстінде баласы жоқ жүлдеге ілінген атқа жүлде беріліп, жолда аттан құлап, басын тасқа соғып өлген баланың әкесі бала құны ретінде бәйгеден алған 1 түйе, 2 ат, 1 сиыр, 15 қойға риза болмай, билерге жүгінгені туралы жазады. Аталған зерттеушілер осылайша бәйгенің қатал ережесін және әлеуметтік мәселелердің шешілу тәртібін көрсетеді. Байырғы ортада үлкен аламан бәйгеден басқа шағын ғана ат жарыстары болып тұрған. Ошақ қазар күні ат жарысы ұйымдастырылып, озып келген аттарға шағын бәйге берілген. Мұндай бәйгені жерошақ бәйге деп атаған.

БӘЙЕК – көлге, теңізге құрылған аудың нақты орнын көрсетіп тұратын белгі. Белгі ретінде бір құлаштай түзу ағаштың басына көрініп тұратындай мата байлайды. Ағаштың түбін жалпақ тақтайға тігінен бекітіп, тақтай астына жіп бекітеді. Жіптің екінші басына тас байлап, судың түбіне тастайды. Тас су түбінде тартып тұрғандықтан, су бетінде қалқып тұрған бәйек жел екпінімен басқа жаққа кете алмайды. Жалау тәрізді шүберекті – балықшылар алыстан-ақ байқап, аудың сол жерге құрылғанын біледі. Бәйек болмаса, аудың құрылған орнын табу оңай болмайды. Айта кету керек, ертеректе балық ауланатын жерге қойылатын басқа да белгі болған. Ол белгі бәкен деп аталған. Ж.Досқараевтың жинаған материалына сүйенсек: «Бәкен – (ор. бакен) белгі, балық аулайтын жерге қойылған белгі, көрсеткіш. Бұрын байлар бәкен қойылған жерге адам жібермейтін; бәкен тұрған жерді өздері ғана пайдаланып балық аулататын».

Бәйекті әр аймақтың балықшылары әртүрлі атайды. Мәселен, бәйек сөзі Балқаш, Іле балықшылары тілінде қарауыл, Арал балықшылары тілінде жалау деп аталады.

БӘЙТЕМІР – су диірмендегі дәнді дақылдарды ұсақтап тартып, жармаға, ұнға айналдыратын дөңгелек диірментас пен оны қозғалысқа келтіретін, су екпінімен айналдыратын шығырды байланыстыратын білік темір.

БӘЙТЕРЕК – ежелгі мифтік таным бойынша тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы дәстүрлі ортаның мифтік түсінігінде жердің дәл кіндігінде (жер ортасында) өсетін, тамыры жерасты, діңі жерүсті, ұшар басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген мұндай ағаш үлгісі дәстүрлі қауымда мықан ағашы, әулие ағаш, сөтер тал делініп, пішіні мен мәніне қарай

әртүрлі аталған. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), «үлкен», «алғашқы» дегенді, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген мағынаны білдіреді. Демек бәйтерек екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» деген ұғымды танытады.

Бәйтерек туралы ұғым-түсініктер халық мифологиясында ерте заманнан бар. Кейбір халықтардың мифологиясында баяндалғандай, әлем моделі екі түрлі болады. Бірі – тік те, екіншісі, көлденең құрылым. Осының екеуі де қазақ мифологиясында бар. Көлденең модельдің көрінісі дүниенің төрт бұрышын кезген Қорқыт туралы әпсанада кездеседі. Өлімнен құтылу үшін батысқа, шығысқа, оңтүстікке, солтүстікке де барған Қорқыт барлық жерде өзіне қазылып жатқан көрді көріп, ең соңында Сырдарияның қақ ортасына келіп дамылдайды. Сырдария өзені бұл жерде тұтас әлемнің кіндігі болып көрсетіледі де, жартылай көлденең, жартылай тік модельдің бейнесі ретінде суреттеледі.

Ежелгі мифологиялық таным бойынша үлкен өзендер әлем ретінде қабылданады, өзен басы – жоғарғы қабат, ортасы – ортаңғы қабат, аяғы төменгі қабат. Қорқыттың Сырдарияның қақ ортасына келу себебі де осы. Мұндай үш қабат – тұтас әлем туралы мифологиялық түсініктің бізде де сақталғаны жөнінде Ш.Уәлиханов жазып қалдырған.

Әлем халықтарының мифологиясында үш қабаттан тұратын әлемді үлкен зәулім ағаш түрінде суреттеу кең орын алған. Бәйтерек немесе Дарак ағаштары мифтік үш қабатты, яғни аспанды, жерді, жерастын тік бағытта жалғастырып тұрады. Ғылымда оны әлемдік ағаш деп атайды. Бүкіл ғаламның тағдыры осы ағашпен байланыстырылады. Ол – төменгі, ортаңғы, жоғарғы қабатты, бір-бірімен араластырмай, ұстап тұрған тіреу, тұтас әлемді таза ұстауға қызмет атқарады, осы үш қабаттағы тіршілік иелерінің тағдырларына әсер етеді. Зәулім ағаштың түбінде, яғни төменгі қабатта үлкен жылан жатады, ал ұшар басында, яғни жоғарғы қабатта құс патшасы тұрады, бұлардың бәрі – мифтік санада орныққан түсініктер.

Көнеден келе жатқан қазақ мифологиясында бәйтерек – күллі ғалам бейнесі, ол жерастынан өрлеп, жер үстін көктей өтіп, аспанға тіреледі. Байырғы ортаның мифтік санасы көрінетін ауыз әдебиеті нұсқаларында қаһарман әртүрлі себептермен жерастына түседі. Төменгі әлем қараңғы, зұлым күштердің мекені, өлілер патшалығы. Осы әлемге тап болған қаһарман көкке тірелген бәйтерекке келеді. Бәйтеректің түбінде айдаһар, төбесінде Самұрық құстың ұясы, ұяда жұмыртқа немесе жаңа ғана жұмыртқадан шыққан шақа балапандар. Мифтік қаһарман айдаһарды өлтіріп, балапандарды ажалдан құтқарады. Самұрық құс қаһарманға ризалығын білдіріп, бәйтеректі бойлай ұшып, оны төменгі қабаттан ортаңғы қабатқа алып шығады. Әлемнің төменгі қабатына түскен мифтік қаһарманға жарық дүниеге шығатын жол тек бәйтерек арқылы жүзеге асады.

Бәйтерек зұлымдық патшалығының өкілі айдаһарды үстіңгі қабатқа жібермей, қаһарман келгенше төменде жорғалатып қояды, тіпті төбесіндегі балапандарға да жібермейді. Сөйтіп Самұрықтың ұясын да, жоғарғы қабатты

да таза ұстайды, өзі де шайқалмай, тіп-тік күйінде тұрады. Ол – мәңгіліктің символы. Самұрық қаһарманды жер бетіне алып кеткенде де бәйтерек оның ұясын, балапандарын қарауылдап қалады. Бәйтерек тек үш қабатты байланыстырып тұрған дәнекер ғана емес, адамға ізгілік жолын көрсетуші, жақсылық жасаушы. Бәйтерек жай ағаш емес, ол өте үлкен, «үйдің жуандығындай», алты қанат киіз үйді көз алдыңызға елестеді. Мифологиядағы бәйтеректің осыншама ізгілікті қызметі ел танымына ерекше ықпал етіп, керемет ағаш деген ұғым қалыптастырған да, «бәйтерек» сөзі қосымша астарлы мағынаға ие болған. Бәйтерек атауына байланысты тілімізде қолданылатын сөз орамдарынан оның бірнеше мәнде: кәдімгі зәулім ағаш; екіншісі, әлем ағашы; үшіншісі – мықты, зор, күшті мағынасында; төртіншісі, тірек, сүйеніш, қорған, пана мәнінде ұғынылатынын байқаймыз.

БӘЙТОЛЛА – бір Аллаға құлшылық қылатын жер бетіндегі ең алғашқы ғибадатхана. Қағба атауының бірі болып табылатын бәйтолла сөзтіркесі араб тілінен аударғанда «Алланың үйі» деген мағынаны білдіреді. Құран хикаялары бойынша қасиетті Меккедегі құлшылық ғимараты бәйтолла әуелі Адам ата (ғ.с.) тарапынан салынып, Ибраһим пайғамбар (ғ.с.) тұсында жөнделіп, қайта тұрғызылды. Ал, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) кезінде күллі мұсылман жамағатының бет бұрып намаз оқып, қажылық жасайтын киелі орнына айналады. Кейінірек бәйтолланың жан-жағы айналдыра кеңейтіліп, Әл-Харам мешіті (әл-Мәсжид әл-Харам) бой көтерді.

БӘЙШЕШЕК (*Tulipa biebersteiniana*) – қоңырқай түсті жіңішке сабақты, ортасы ақшыл сары келген ақ түсті гүлді өсімдік. Биіктігі шамамен 15-20 см-дей болады. Бәйшешек қар толық кетпей жатып, ерте көктемнен гүлдейді. Бәйшешектің гүлі күннің ашық кезінде ашылып тұрады, ал түнде және бұлтты күндері жабық болады. Бәйшешектің ерекшелігі, одан сабақ өнбейтіндіктен гүл қоршауының ұзын түтігі түйнекпияздан өсіп шығады. Бәйшешек қазақ жерінде Жетісуда, Сарыарқа, Тобыл-Есіл аймағы, Мұғаджар, Торғай және Бетпақдаланың далалы, тоғай, сондай-ақ, шалғындық жерлерінде өседі. Жергілікті жерлерде жауқазын, айдаршөп, сібір хандығы, құртқашаш және желайдарды бәйшешек деп атай береді. Емдік мақсатта жапырағы, тамыры пайдаланылады.

БӘЙІТ – егіз ұйқасқа құрылған қос жолдан тұратын өлең шумағы. Төрт жол өлең екі бәйіттен тұрады. Араб тілінен аударғанда «өлең», «жыр» деген мағыналарды білдіреді. Тілі көркем, өткір, ой толғауы мәнді болып келеді. Ортағасырларда қалыптасқан бәйіт жанры араб, парсы және түркі тілдес халықтардың поэзиясында кең орын алған.

Г. Низами, Ә. Науаи сынды шығыс шайырларының өлеңдері осы бәйіт түрінде өрілгендігі бәрімізге мәлім. Кейінірек пайда болған ғазал, қасида, мәснауи, рубаят сияқты өлең түрлерінің де бастауын бәйіттен алатындығы анық. Бәйіттің қазақ поэзиясының дамуына мол әсерін тигізгенін Абайдың мына өлең жолдарынан анық байқауға болады:

«Пәкизатым шұбарсың,
Өлеңге өзің құмарсың.
Бәйіт жазып берейін,

Жаттайтұғын шығарсың».

БӘКІ – екі бүктелетін, ашпалы-жаппалы шағын пышақ. Бәкі серіппемен ашылып-жабылады. Оны жабық күйінде қалтаға немесе арнайы тігілген қынға салып алып жүреді.

Ел арасында бәкіні шаппа, шаппапышақ, мұштар деп те айтады. ХХ ғасыр басына дейін Ресей зауыттарында жасалған бәкілер забиял бәкі, кондырат деп аталған. Байырғы уақытта ер адамдар (көбінесе ересек, жасы ұлғайған адамдар) өзімен бірге үнемі бәкі алып жүруді әдет қылған. Өйткені оны күнделікті тұрмыста ұсақ-түйек заттарды кесуге, жонуға, тырнақ пен шаш алуға, ұсақ мал мен құс союға, оларды жіліктеуге, тамақ үстінде ет кесіп, сүйек мүжуге пайдаланған. Алайда кейінгі кездерде пышақ алып жүру қару ұстаумен бірдей деп саналатындықтан, бәкі ұстау ауылды жерлерде ақсақалдар арасында ғана сақталған. Бұрын пышақсыз, бәкісіз жүруді кейбір аймақта құржан жүру деп атаған.

БӘЛДЕК АҒАШ – талқыға салынған теріні қайта-қайта басып отырып жұмсартуға қолданылатын жуан ағаш. Талқының кертпегіне (тісіне) салынған теріні орнынан қозғап отырып бәлдек ағашпен нығарлап басқан сайын ол жұмсарып, құрыс-тырысы жазылып, қолмен уқалап илей түсуге бейімделе түседі. Кей жерде бәлдек ағаш талқының тілі деп те аталады.

БӘЛЕК – ат сауырына арқан, жіп тиіп қажамауын қамтамасыз ететін ұзындығы үш қарыстай жұмыр ағаш. Оның тең ортасына арқан байланып, сүйретілетін нысанаға бекітіледі, ал кертілген екі басынан бекітілген арқан ат мойнындағы қамытқа байланады. Сүйретпемен шөмеле тартқанда, қарағай сүйрегенде, ат арба, ат шананың шанағына (ақлобына) күш түспеуін қамтамасыз еткенде т.б. жағдайларда қолданылады.

БӘЛЕКЕЙ – бір беті дөңестеу, екінші беті иіліңкі келген, матаның қыртысын жазуға арналған тұрмыстық ағаш құрал. Бәлекейдің ұзындығы үш-бес, ені бір-бір жарым қарыс шамасында болып келеді. Дөңестеу жағында арасы біркелкі жонылған, жол-жол кертпектері, бір басында қолмен ұстауға ыңғайлап жасалған жұмыр сабы болады. Бәлекей оқтау тәрізді жұмыр ағашқа біркелкі оралған дымқыл матаның қыртысын жазуға, суын сорғытып дегдітеуге қолданылады. Ол үшін әлгі оралған матаның сыртынан бәлекейдің кертпелі жағын көлденеңінен келтіріп, ары-бері батырыңқырап үйкелейді. Ағашқа оралған мата ары-бері домалаған сайын материалдың қырыс-тырысы жазыла түседі. Бәлекей – қазақ ортасына орыстармен этномәдени байланыс барысында келген, алайда қазақ жерінің барлық өңірлеріне кең таралмаған тұрмыс құралы.

ҚР МОМ қорындағы (КП 13188 а) Бәлекей кептірілген тұтас ағаштан жонылып, бір жағы кертіліп, жұмырланып жасалған. Ағаштың орта бөлігі дөңес пішінге келтіріліп, сабынан екінші басына қарай жалпая түскен. Ұзындығы 71 см, сабы 11 см.

БӘЛЕҢГІ – улы жәндік. Белгілі этнограф Ә.Диваев 1891 жылы Шымкент уезіне жасаған кезекті этнографиялық сапарында бір киіз үйдің иесі үй маңындағы бәлеңгінің інінен шошып, арбаушыны арнайы шақыртқаны жөнінде ден қоярлық мәліметті жазып алады. Ғалымның осы мәліметіне

қарағанда, келген арбаушы алдымен Сүлеймен пайғамбардың ұлы Дәуіт пайғамбарды, жылқының пірі Қамбар ата, түйе түлігінің пірі Ойсылқара сынды желеп-жебеушілерді арнайы дұға оқу бағыштау арқылы көмекке шақырады. Қазақтардың ежелгі наным-сенімі бойынша, бұл дұғаның әсерінің күштілігі соншалықты, бәлеңгі өз-өзінен бүрісіп өледі немесе інінен шыға келеді екен. Мұндай арбаудың мәтіні төмендегідей болып келеді:

Келең-келең, келеңгер.
Бауыры шұбар келеңгер,
Үсті шұбар келеңгер,
Тас төбеңнен түсермін
Таң ұрғандай қылармын,
Танауыңды тілермін.
Шатты бұтты қызармын.

Егер мұндай жосын әсер ете қоймаса, бәлеңгіге мақтап-мадақтау сарынындағы сөздер арнауға тура келеді. Сан алуан мәліметтер мен зерттеушілердің еңбегіне қарағанда, бұл арнауда бәлеңгінің жүрісінің асқан жылдамдығын ерекше әсірелеу сөздер айтылады екен. Осындай мақтау-мадақтауға еліккен бәлеңгі інінен шыға келеді екен-мыс.

БӘҢШІ – апиыншы, апиын, наша сияқты еліктіруші заттарға әуестенген адам. «Бәңші мен жамаушы» деген халық ертегісінде азғындыққа түскен бәңшінің масқара халі, кедейлікке душар болғаны, азғындығы қатты сыналады. Қазақы ортада аракідік болса да кездескен шығыс елдерінен ауысқан жағымсыз үрдіс. Қазақ қауымы бәңшіге айналған адамдарды қатаң жазалаған. Абай нәпсісіне ие бола алмай адасушыларды жек көргендіктен, рухани азғындықты да, яғни надандықты да бәңшіге теңейді.

БӘРБІ – ағаш, темір, шойын тесуге арналған бұрғы. Бәрбіні ұстаның өзі жасап алады. Ұсталар қолданатын бәрбінің екі түрі кездеседі.

Оның бірінші түрі – «ұшына төрт қырлы болат үскі орнатылған, арнаулы кергі арқылы ерсілі-қарсылы қимылға келіп, ағашты тесуге арналған құрал. ... екінші түрінің де алғашқысындай ұшында қырлы болат үскісі болады. Бау тағылған көлденең ағашты жоғары-төмен қозғағанда пәрмінің ұшындағы үскі ерсілі-қарсылы қозғалып, ағашты теседі», – деп жазды белгілі ұста Д. Шокпарұлы.

Халық тілінде аталмыш құрал пәрбі, пәрмі деп те аталады. Алматы, Қарағанды аймақтарында бәрбі деп тек шойын тесетін бізді айтады. Ұсталар оны ертеректе қазанды тесіп жамауға (қазан желімдеп жамауға келмейді, оны тесіп алып құрсаулайды) қолданған.

БӘС / БӘС ТІГУ / БӘСТЕСУ – ас пен жиын-тойда, кейбір жағдайда күнделікті өмірде көпшілік жиналып қалған кезде болатын бәсеке, талас, тартыс, жарыс. Бәстің көптеген түрлері бар. Күш сынасу, ауыр тас көтеру, өгізді, түйені көтеру, судан жүзіп өту, бір қойдың етін бір өзі жеп кету, үлкен малдың тобығын жұту, күрес, мергендік сайысы, жаяу жарыс т.б., – дей келіп, С. Кенжеахметов оның түрлеріне біршама тоқталып, деректер келтіреді. Бәс шарты бойынша берілетін бәйге ұтылған жақ немесе ұйымдастырушылар тарапынан тігіледі. Бәс көпшілік алдында өтеді. Жеңімпаздар құрметке

бөленіп, мақтау алады. Оның есімін де жұрт ұмытпай айтып жүреді. Байырғы ортада құлқыны құдықтай обырлар тегене толы етті жеп бәстескен. Мешкейлер алдына таудай ет, көлдей қымыз тартып, «құспай жеп кетсең, тоғыз қара беремін, ал жей алмасаң, сен тоғыз қара бересің» деп бәске түскен. Дәстүрлі ортада белгілі шартпен қой сойып, бәс тігу салты болған. Бәске негізінен 3-5 жас аралығындағы семіз қой тігіледі. Кейде оны әдейі жемдеп семіртеді. Мұндай бәсті көбінесе, бойдақ қойын «қоздатып», оңай олжа табамын деп үміттенген орта шаруалар жасаған. Бұдан құлағдар болып, бәстесіп жеуге бел байлаған жігіттер қойды көріп, оны неше кісінің жеуіне беретінін қойдың иесімен келіседі. Тауысып жеп, сорпасын ішіп кетсе, құны сұралмайды. Тауыса алмаса, алдын ала келіскен шартқа сәйкес, ең кемі, тоқтылы қой немесе кісі басы бір тоқтыдан төлейді. XIX ғасырдың орта кезінде саяхатшы-зерттеуші орыстармен бәстескен Ораз деген кісі Маңғыстаудағы Шерқала атты биік шың басынан секіріп жерге аман түскен. Содан бастап бұл жер «Ораз ұшқан» деп аталады. Осындай бәсте кейде кісі күлерлік жайлар да кездесе береді.

XIX ғасырда Тінет руының Шінтән деген кісісі тірі кесірткені жұтып жіберіп, қымбат жағалы киім-жақы киген. Сол сияқты сары масаға таланып 4 сағат қозғалмай отырғандар, бір қойдың етін бір өзі жегендер, 40 кесе іркіт ішкендер, бір қарын майды бір өзі жеп кеткендер ел ішінде жиі кездескен. Бәске өзіне сенген мықтылар мен күштілер, ерік-жігері мол жігіттер қатысқан. Құдалықта берген асын қалдырмай ішіп-жеу де бәстің бір түрі. Бұл қазақтарда тойдыра алмады деп «мұқату» үшін жасалады. Жастардың тобық тығу ойыны да бәстесуге ұқсайды. Ойын тәртібі бойынша қыз-жігіттер өзара тобық алмасады да, қандай жағдайда, қай жерде болмасын біреуі екіншісінен тобығын сұрай қалғанда алып көрсете қоюы шарт. Тіпті қасақана суға шомылып жатқанда сұрайтындар болған. Сондықтан тобықты әрдайым қасында алып жүруге тырысқан.

БӘСІРЕ – сүндет тойының алдында ұл балаға арнап тай немесе құлын атау рәсімі. Бәсіре атағанда кішігірім той жасалған. Орта жүз бен Кіші жүзде «балаға мал атадық», «балаға ат болсын» деп берер малына ен салады.

Көбінесе бәсіреге деп бала ат жалын тартып міне бастаған 7-8 жас кезінде мүмкіндігіне қарай жүйрік, жорға шыққан тұқымнан құлын таңдалатын. Бәсіре негізінен жылқы малынан аталғанымен, кейбір ретте қозыны да атайтын. Бәсіре малға ен салып, үнемі қадағалап жүреді. Бәсіре малдың басына түскен ауыртпалығы (ауруы, ақсауы, тау-тастан құлауы) арқылы баланың ілгеріде бақытты, бақытсыз боларын жорамалдаған, ырым еткен.

Дәстүрлі наным-сенім бойынша, баланың ендігі болашағы оның бәсіре тайымен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, жекпейді, соймайды, сатпайды. Қайта баламен бірге бұла етіп өсіреді. Өзінің атаулы малымен бірге өскен бала еркін болып, кішкентайынан мал қадірін біліп, шаруаға икемді келеді. Сондай-ақ ұзатылған қыз 1-3 жылдан соң баласын, көбінесе тұңғышын, ертіп төркініне барғанда жиеннің алғаш табалдырығын аттап кіргені үшін

нағашылары бәсіре атайды. Жиен нағашысынан бәсіре алмаса, кейін өскеннен кейін оны өсімімен қоса алуға құқылы болды.

БӘТУА – ымыраға келу. Жаугершілік заманда батырлар мен билердің, шешендер мен сұлтандардың ақылдасқан кеңесінен кейінгі олардың бір шешімге, ымыраға келуі. Төрт Халифаның бірінің шешімімен мұсылман қауымының бір заңы ретінде қалыптасқан қаулы. Соңғы мұсылман заңгерлерінің шарифат атты кітабының үш жинағының бірі Құран мен хадис одан кейін бәтуа.

БӘТІР НАН – қамырды ашытпай, жұқалау етіп жайып, майсыз пісіретін нан. Бәтір нан қазақ даласының әр аймағында әртүрлі айтылады (бәтір, пәтір) және дайындалу тәсілі де түрліше. Д. Оспановтың мәліметіне қарағанда, Қазақстанның шығыс өңірде ашытпай илеп, табаға пісірген нанды, Қырғызстанмен шектес тұратын қазақтар тандырға ашытпай жапқан нанды, Қарақалпақстандағы қазақтар қамырға май құйып илеп, ішіне асқабақ, пияз т.б. қосып, тандырға жауып пісірген нанды бәтір пәтір деп айтады.

БӘУЕДДИН БАБА / БАҒАУӘДИН / БАХАУИДИН ӘУЛИЕ – ислам дінінің сопылық бағытының ел арасына қанат жаюына ғұмырын арнаған, соның ішінде Нақышбандийа тариқатының негізін қалаған әулиенің бірі. Қазақта бұл әулиенің бейнесі халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, наным-сенімде кездеседі. Бәуеддин әулиенің шын аты Нақышбанд Баһауидин бин Бурхан ад-дин Мұхаммад әл-Бұхари (1318-1389). Ол Нақышбанд Ходжа-и бузурук және Шахи-и Нақышбанд деген мәртебелі есімдермен кең танымал болған тұлға, XIV ғасырдағы ортаазиялық сопылық ағымының ірі өкілі. 1544 жылы оның зиратының басына Шибани Абд әл-Әзиз-хан салдырған кесене жұрт тәуап ететін қасиетті орынға айналды. Оның әкесі елге танымал қолөнерші, өте тақуа адам болған, сол себепті есімін Нақышбанд қойған.

Нақышбандийа тариқаты XV ғасырда Иасауи мектебі негізінде қалыптасқан. Олар өзінің рухани бастауын бір жағынан Әбу Бәкірге, екінші жағынан Әли Әбу Талибке әкеп тірейді. Бұл бауырластықтың қуатты бірнеше үрім-бұтақтары Орта Азия, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Анадолы, Үндістан және т.б. өлкелерге таралған. Е.Т. Смирновтың айтуы бойынша, «сарттар мен тәжіктердің түсінігі бойынша Богаэддиннің басына үш рет барып тәу етсе, Меккеге барып қажылық еткенмен тең деп саналады».

Қазақ әулиелері Бұқараны «Бұхари Шәріп» (Бұхар-и-Шариф) деп ардақтап, үнемі ондағы пірлерден қолдау тауып, діни білімін дамытып келгені деректерден белгілі. Мысалы, Қожа Ахмет Иасауи жиырма жеті жасында Бұхараға барып, ұстазы Жүсіп Хамадани деген пірге қол тапсырады. Қазіреті Ысмайыл ата да Бұқараға барып, Сейд Ахмет ата деген пірдің батасын алады.

Демек қазақ мұсылмандарының Нақышбанд тыным тапқан Бұхарамен рухани байланысы осы әулиеге дейін де, одан кейін де жалғастықта, сабақтастықта болған деуге негіз бар. Сол себептен де Нақышбанд әулиенің есімі қазақ халқының салт-санасында ежелден сіңісті болған. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасында перзент тілеген Байбөрі зиярат еткен әулиелердің тізімінде Нақышбанд Бахауидин есімі де аталады:

Бұқараға жол тартты,

Аллаға артып наласын.

Баһауэдин Нақишбэнд

Зиярат қылды моласын.

«Еңсегей бойлы ер Есім» жырында (С.Сәкенов)

Құдайдан бала сұраған қазақтың тілегі Баба Түкті Шашты Әзіз әулиенің басына емес, Бұқарадағы Баһауиддин әулиенің бейітіне зиярат еткен соң, Қашқардағы тірі әулие Аппақ қожаға барған соң орындалған делінеді. Оның бейнесі халық санасында әжептәуір із қалдырған.

Қазақтың магиялық поэзия үлгісінде де Нақышбанд Бахауидин есімі ұшырасып отырады. Мысалы, мал жоғалып кетсе, халық «Бәуеддин айту» ырымын жасаған. Жоғалып кеткен малды табу үшін ешкінің құлағын бұрап, бақыртып:

Ел иесі Бәуеддин,

Мал иесі Бәуеддин,

Керең құлақ саңырау Бәуеддин,

Өне бойы қоңырау Бәуеддин,

Атымды тауып бер Бәуеддин,

Жоғымның жөнін көр Бәуеддин – деп айтқан. «Бұл «ешкі иесі Бәуеддин әулие (Шекшек ата)» деген пайымнан шыққан», – деп жазды белгілі фольклортанушы Б.Уахатов.

БЕДЕ (*Trifolium L.*) – үш немесе бес жапырағы сағағына шыққан шөп. Беде ботаникалық тұрғыдан жоңышқаның бір түріне жатады. Беде парсының бидә деген сөзінен шыққан. Қазақ жерінде беденің 11 түрі өседі. Бұл өсімдік мамыр-тамыз айларында гүлдейді. Қазақстанның кейбір аймақтарында беденің шалғындық, қызылбас, жоңышқа деген атаулары да бар. Тіл білімінің маманы Әсет Болғанбаевтың пікірінше, жоңышқа орыстың клевер деген сөзінің баламасы да, беде люцерна орнына қолданылып, екеуі екі мағынада айтылады.

Беде төрт түлік мал үшін өте құнарлы шөп ретінде қазақы ортада ерекше бағаланды. Төрт түліктің малдың азығы. Дегенмен, жаңадан көктеп шығып келе жатқан, сондай-ақ жаңбырдан соң, әсіресе арық малды беде шабындығына жіберуге болмайды. Себебі, бедені мөлшерден көп жеп қойған малдың іші кеуіп, соның салдарынан мал арам өлуі мүмкін. Ал егерде мал жеп қойып, іші кепкен жағдайда, оны аман алып қалу үшін, малшылар малды ары-бері қуалап ішіндегі желін шығарған. Қуалауға келмей, қозғалмай жатып қалған малдың қарнының шапқа жақын тақыр тұсын пышақтың ұшымен еппен тесіп жіберген. Көп жағдайда ішінен жел шыққан мал көп ұзамай қалпына келетін болған. Этнограф Х.Арғынбаевтың айтуы бойынша, малдың іші жүрмей, кепкен кезде, малшылар құмды қыздырып, малдың екі бүйіріне басқан, құм бұлаған, аузына сүт құйған. Дер кезінде жасалған мұндай шара, малдың бойына шөп уытының тұтастай жайылмауына септігін тигізеді. Мұндай жағдайға төрт түлік малдың ішінде әсіресе ірі қара көбірек зардап шегеді. Халықтық емнің ертеден келе жатқан мұндай тәсілдері қазірде қолданылады. Қорадағы көтерем, ақсақ-тоқсақ, жас малдың аз уақытта

әлденіп, қоң жинауы үшін, жаңа шапқан бедені біраз уақыт желге қақтап, кептіріп барып, басқа шөптермен араластырып берген.

БЕДЕЛ – адамның ауыл-аймағына, елге сіңірген еңбегіне орай алатын жақсы аты, абырой-атағы, адамның қадірі, даңқы тәрізді ұғымдарды білдіретін жинақ атау. Бедел адамның қабілет-қарымына қарай әлеуметтік топтармен араластырып, белгілі бір кәсіп, шаруашылық, өнер, әскери іс, ел қорғау, ел билеу тәрізді ұжымдық істерді атқару барысында біртіндеп қалыптасады. Осындай іс-шараларды орындауға байланысты халық арасында беделі өсті, беделі артты, беделін салды, беделін көтерді сияқты бейнелі сөз орамдары қалыптасқан.

БЕДЕР – теріден, ағаштан, алтын-күмістен жасалған бұйымдар мен әшекей заттарының бетіндегі бұдырмақ, бүршік, безек, ою-өрнек. Бедер материалдың түріне қарай қолданылатын әртүрлі құралдармен түсіріледі. Мәселен, бедер терінің (көн, былғары) бетіне батырғының, күмістің бетіне безеубас, безеуіштің, ағаш бетіне қашау, ұңғуырдың, соқпа қалыптар мен құйма қалыптардың және т.б. құралдардың көмегімен салынады, жүргізіледі.

Бетіндегі бедеріне қарай зат, бұйымдардың сіркелі білезік, жұлдыз сырға, капказ белбеу (капказ – қара ала ою, өрнек), қара ала күміс түйме, қойқұрт қалып (жауынқұрт бейнесі бар соқпа қалып) тәрізді көптеген атаулары қалыптасқан.

БЕДЕРЛЕУ – тұрмыстық, зергерлік бұйымдардың бетіне арнаулы құралмен ою-өрнек, таңба, геометриялық пішін түсіріп әшекейлеу, безеу, безендіру. Этнографиялық және кейбір зерттеу материалдарына қарағанда, бедерлеу деп аталатын көркемдеу тәсілінің атауы қазақ шеберлерінің арасында көбіне-көп тері бұйымдарға және мата бетін кестелеп тігуге байланысты қолданылатын тәрізді. Алайда, тілдік ортада бедерлеу теріге салынатын бедерлеме, батырма, таптаурын, ағашқа қолданылатын оймыштау, күміс бетін әшекейлеуге қолданылатын шеку, қалыптау, қараала жүргізу, сіркелеу, ширатпа, тасқа қолданылатын қашау тәрізді көркемдеудің сан алуан тәсілдерінің жалпылама атауы ретінде де қолданылады.

Тері бұйымның бетін бедерлеудің қыр-сыры туралы зерттеуші ұста Д.Шоқпарұлы былай дейді: «Осы тұста өте мұқият болған жөн, тері дымқыл болса немесе қаудырлап қатты кеуіп кетсе, өрнек түспейді. Сондықтан теріні бабына келтіріп, «қоңыр құрғақ» кезінде өрнек салса, өрнектің бедері айқын әрі терең түседі. Теріге бедерлеп өрнек салу әдісін халық шеберлері «батырма», «бедерлеме», «таптаурын» деп атайды. Өрнек терең әрі бедерлі болу үшін оның өн бойын қуалай батырғышты бірте-бірте тереңірек батырып, бірнеше мәрте қайталау керек. Батырғының ұшы тері бетінде жеңіл сырғу үшін әлсін-әлсін майға батырып алған жөн. Тері ыдысқа өрнек салғанда ыдыстың қарсы қапталындағы бедерлі өрнекке нұқсан келтірмей, астына жұмсақ көпшік қояды. Өрнек бедерлеп болған соң 2-3 тәулік көлеңкеде кептірсе, ыдыс қатайып, көнге айналады. Байқап қарасақ, тіліміздегі «жаттанды, әбден білгілі» тәрізді ауыспалы мағына шеберлердің теріге мүйіз

батырғымен қайта-қайта батыра сызып өрнек салуымен байланысты қалыптасқан.

Этнограф С. Қасимановтың айтуынша, «кестені бедерлеп тіккенде кестеленген материалда әртүрлі ою-өрнек, мәнерлі бұдырлар өрнектеледі. Мұндай тігу түрін орындағанда, әуелі үлгі бойынша сызылып алынған өрнектердің үстіне мақта, мата қиындылары, қағаз, картон салынып, кестенің жіптерін, сол заттарды бастыра шалып тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер бұдырланып бедерленеді. Бедерлеп тігу әдісіне де өрнектің мәнері мен шебердің шешіміне қарай бірнеше түсті жіптер қолданылады. Бедерлеп тіккен кестені көп жуа беруге болмайды. Оларды көп ретте шаңсорғышпен, киім шөткесімен тазалайды. Көптеген шеберлер бедердің астына қағаз, картон салмай, маталардың қиықтарын, мақта, жүн сияқтыларды салып тігіп жүр. Оны ыстық суға салып жуса да бүлінбейді. Бедерлеп тігу әдісімен алма, жүзім, бүлдірген, қарақат, қауын-қарбыз түйнектері сияқты түрлі жемістерді салуға болады.

Ағаш бұйымдардың бетін бедерлеп әшекейлеу шеберлер арасында оймыштау, оймыш түсіру деп аталады. Өйткені өрнекті ағаш бетіне ойып түсіреді. Ағаш бұйымдарды безендіруге дәстүрлі ойма өрнектер, шебердің қиялынан туған сызбапішіндер, оймапішіндер (төрткіл (төртбұрыш), үшкіл (үшбұрыш), қиықшаршы (ромб), керегекөз (ромб) тәрізді жатады).

Металдан жасалған бұйымдардың бетін соқпа қалыптар мен құйма қалыптар, түртпе, безеубас тәрізді нақыштау құралдарымен бедерлейді.

Соқпа қалыптар қадаубас, безеубас деп аталады. Темір шыбығынан жасалатын бұндай қалыптардың бір басында ою-өрнектің бедері болады. Металл бетіне қалыптың бедерлі басын тақап тұрып, екінші басынан балғамен соққанда, қажетті өрнек түседі. Ал, құйма қалыптарда ою-өрнектің дайын үлгі, нұсқасы болады. Ондай қалыптарға металды қорытып құяды. Күмістен жасалған зергерлік бұйымдардың бетін бедерлеуге сызып, түртіп отырып, сызық, жазу түсіретін түртпе, безеубіз, безеуіш деп аталатын құралдар жиі қолданылады.

Бедерлеу тәсіліне байланысты шеберлер арасында бедерлеп тігу, бедерлеп ою, бедерлеп өрнектеу, бедерлі өрнек тәрізді кәсіби сөздер қалыптасқан. Сонымен бірге ою-өрнекпен әшекейлеудің жергілікті ерекшелігіне орай бояулы өрнек, бояумен өрнектеу сияқты атаулар қолданылады. Бояулы ою немесе бояулы өрнектер бедерлі өрнекпен салыстырғанда, айқын бұдырланып (бедерленіп) тұрмайды, біртегіс болып көрінеді. Бояумен өрнектеу көп жерлерде кездеседі. Дегенмен, кейбір еңбектерде атап көрсетілгендей «әсіресе Оңтүстік Қазақстанда жиі кездесетін ағаштан істелген жасаулардың бетіндегі ою-өрнектердің көбінесе бояумен жүргізілетіні белгілі. Ал арнаулы пышақпен безелген оюлар мұнда сирек қолданылады. Әрине, бояу кебеженің және киіз үй есігінің беттеріне жасалынатын оюдың, сондай-ақ түрлі сызаттармен белгіленетін әшекейдің әрін енгізеді. Кейбір ағаш жасаулардың беттерін тек бояумен ғана өрнектеп әшекейлеу де кездеседі; әсіресе шкаф, жүкаяқ, адалбақан сияқты үй мүліктерін көбінесе бояумен әшекейлейді. Олардың бояуы өте ашықтығымен қатар тым

нәзіктігімен де көздің жауын алады. Бедерлеп оюда болсын, бояу өнерінде болсын қазақ өрнегінің негізгі түрі қошқармүйіз өрнегімен өсімдік түрлері және геометриялық фигуралар болып саналады».

БЕДЕРЛЕУІШ – заттың бетін бедерлейтін, бедерлі өрнек түсіруге қолданылатын құралдардың жалпылама атауы. Бедерлеуші нақты бір құралдың атауы ретінде өте сирек қолданылады, «бедерлеуіш құрал» (бедер түсіретін құрал) деген сөз тіркесінің ықшамдалған түрі ретінде жұмсалады. Өйткені бедерлі өрнек түсіретін құралдың түрлері көп. Бедерлі өрнек деп көзге заттың бетімен бірдей немесе теп-тегіс емес, кедір-бұдыр, ойлы-қырлы болып көрінетін ою-өрнектерді айтады. Бедерлі өрнектер тері, ағаш, темір, алтын, күміс бұйымдарда жиі кездеседі. Олар батыру, сызу, шимайлау, ою, қалыпқа құю, қашау, қажетті бөлшекті дәнекерлеу және т.б. тәсілдер арқылы жасалады. Соған орай сан алуан бедерлеу немесе бедерлеуіш дәнекерлеу құралдары пайда болған. Мәселен, тоқымға бедерлі өрнек жүргізетін бедерқалып (бедер түсірілген ағаш қалып), батырғы (теріге батырып ою түсіретін құрал), тетірпышақ (ағашқа өрнек салатын пышақ), ақсақтемір (ағашқа, сүйекке, металға, өрнек салатын қос сирақты құрал), сызупышақ (сурет, пішіннің сұлбасын сызып алатын құрал), ыружонғы (ағашқа сай жүргізетін тісті жонғы), жорғабіз немесе шимайбіз (алтын, күміс бетіне жіңішке сызықтар жүргізетін, шимай салатын өткіз біз), қалып тәрізді және т.б. құралдардың бәрі де бедерлеу барысында жиі қолданылады. Бұның өзі қазақ қолөнерінде көркемдеу тәсілінің мол болуына шеберлер қолданған құрал-саймандардың тигізген ықпалын көрсетеді.

БЕДЕУ – туу, бала көтеруге қабілетсіз әйел. Малға (биеге) да қатысты айтылады. Құлындамайтын биені бедеу бие дейді. Ер адамның бала таптыру қабілетінің болмауын белсіздік деп атайды. Байырғы ортада ұста дүкенінде (шеберханада) түнеп шыққан бедеу әйелдер мен жүйке ауруларына шалдыққан адамдардың дерттен құлантаза айығып кеткені жайлы деректер кездеседі.

Бедеулікті емдеу. Ертеде бала көтермеген әйелді ішірткі беру арқылы емдеген. Бедеу әйелге алғашында емші он күндік ішірткі оқып береді. Он күн ем қабылдап болған соң, тамырын ұстап, әйелдің денсаулығын бақылап, тағы он күнге ішірткі береді. Осылайша он-он күннен бөліп үш рет ішірткі ішкізіп, жалпы отыз күн ем қабылдайды. Осы емделген күндері ерімен қатынас жасауына тыйым салынады. Емді түгел алып болған соң емделуші әйел жуынып-шайынып, ғұсыл дәретімен емшіге қайта келеді. Емші тағы да әйелдің тамырын ұстап, оның тамыр қағысын бақылайды. Емшінің бақылауынша әйелдің денсаулығы жақсы болса, оның ауруын біржолата тазалау үшін қара қойға көшіреді. Емшінің тапсыруымен қажетті заттардың барлығын емделуші әйел алып келеді. Ауруды көшіруге қажетті заттар: қара қой және әйелдің ескі-құсқы киімдері (көйлегі, бір іш киімі, орамалы), пішінін келтіріп қолдан жасалған жеті қуыршақ (екеуі ұл, бесеуі қыз баланың пішінінде болуы тиіс) әкеледі. Ауруды көшіретін күнді белгілеп, жұма күнге сәйкес келмейтіндей етіп келіседі. Аптаның сәрсенбі, бейсенбі және сенбі күндерін ауруды көшіруге өте қолайлы күн деп

есептейді. Ауруды көшіру кешқұрым уақытта жүргізіледі. Емші әйелді ертіп, қолына қойды жетектеп, дайындалған жеті қуыршақты бір уысына ұстап, ауылдың сыртына шығып, үлкен жолдың бойына әйелді отырғызады. Емші әйелдің үстінен қара қойды үш рет өткізіп «дертіңді саттың ба?», – деп үш рет сұрайды. Әйел «саттым», – деп үш қайтара жауап береді. Содан соң жеті қуыршақты өртеп, әйелді аластай бастайды. Қуыршақпен аластағанда да емші үш рет сұрап, әйел тиісінше жауап береді. Қара қоймен көшіріп, қуыршақпен аластап болғаннан соң емделуші әйел артына қарамастан ешқайда соқпай, өз жолымен кетеді. Егер әйел артына қараса, ауру қайта жабысады деген сенім бар. Емделуші әйел емшінің емін ынтасымен жасап, нақ сеніммен қабылдар болса, әйел ауруынан айығып бала көтереді. Осындай емнен кейін ауруынан айығып бала көтерген әйелдер ел арасында жоқ емес.

Бедеу әйелді емдеуді бақсылар, емшілер жүргізген. Маңғыстау жерінде өмір сүріп, 98 жасында дүниеден озған емші Әбіш емін сәтті күн сәрсенбиде бастаған, дұға оқып үшкіріп, содан соң май шырақ арқылы дауалаған. Әбден қураған бұтақтың басына жұқалап мақта орап, оны ешкі немесе сиырдың әбден шыжғырып алынған таза майына шылайды. Бір қарыс шыбықтың түбіне 3 елі мақта орап, бірнеше шырақтар дайындайды. Емдеуді бастайтын алғашқы сәрсенбі күні құм толтырылған ыдысқа екі шырақ, келесі күні үш шырақ, үшінші күні төрт шырақ жағып, осы төртеумен емді он күнге дейін жалғастырады. Емделетін бедеу әйел жалаңаштанып, шырақтың жылуы сыртқа шығып кетпейтіндей көлемді киім бүркеніп, жағылған шырақтың үстіне шырақ жанып біткенше түрегеліп тұрады. Осы он күндік емді қабылдап болғаннан кейін әлгі әйел тағы да тамырын ұстатып, емшіге жағдайын бақылатады.

Сонымен қатар бедеу әйелді емдеу кезінде, әдетте бақсылар ұрғашы түйені бейнелесе, кейде бура болып кісінейді. Мұндай іс-қимыл әрекеттің барлығы өсіп-өну, көбею нышандарын бейнелей білдіреді. Қарауыл руынан тарайтын Жылан бақсы бедеу әйелдерді емдеу барысында мынадай өлең жолдарын айтқан:

Бағың байланған.

Белің байланған,

Дерт жайланған – деген жолдармен емдеу тәсілдерін бастаған.

Этнотілдік ұжымда «Баласыз әйел – байлаусыз бие», «Бедеу қатын – бедерлі түйме», «Бала таппаған әйелден, лақтаған ешкі артық», «Қоспасыз қос бедеу – бір төсектегі екі еркек» деген сөз оралымдары кездеседі. Бедеулік қазақтар арасында сирек кездескен. Бедеуліктен арылу үшін әулие-әнбиелердің басына түнеген, түрлі ем-домдарға жүгінген, емделіп, араға ұзақ жылдар салып балалы болатын жандар да болған.

Баланың кіндігін бедеу әйелге көрсетпей көміп тастайтын болған. Егер бедеу әйелге білдіртпей нәрестенің кіндігін екі-үш тілім етіп кесіп, қуырып, қуырдаққа араластырып жегізсе, бедеулігі босанушы әйелге көшіп, бедеу әйел бала көтереді деген сенім болған. Бұл нәрестенің

жолдасы мен кіндігінде оның жанының бір бөлшегі болады деген сенімнен туындаған ырым болса керек.

Бақсылар бала көтермеген бедеу әйелдерді сарын айтып емдеген. Арғыннан шыққан Қайырбек деген бақсы бедеу әйелдерді сарын айтып ойнап емдегенде, аурудың маңайына жиналған елге мынадай бәдік өлең айтқызады екен:

Би-ағалар, би-ағалар,

Би-ағалардың көтіне сиза қағылар.

Перзентсіздікті көне танымда Тәңірдің қарғысы тигендік деп ұққандықтан, ондай адамдардың әлеуметтік мәртебесі төмен болған. Мәселен, бұрынғы ертегі, жырларда той, жиын үстінде баласы жоқ патшаға немесе байға тіл тиеді де, ол жиынды тастап, Жаратқаннан перзент сұрап, тентіреп кетеді. «Ұлы жоққа отыратұғын орын жоқ, қызы жоққа қымыз жоқ, бұл тойға келмесін!» деп жар салып тойға шақыру дәстүрден тыс қалыпты фольклорлық мотив екені көрінеді.

«Әлібек батыр» ертегісінде баласы жоқ бай әулиелерден бала сұрап жүріп, бір тойға тап болады. Тойға барса, оған: «Ұлдыларға орын бар, қыздыларға қымыз бар, ұлы, қызы жоқтардың бұл жиында несі бар?» дейді. Бай кетіп қалады. Ал, «Қорқыт ата» кітабында былай баяндалады: «Байындыр хан той жасап, аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойғызды. Бір жерге ақ отау, бір жерде қызыл отау, бір жерде қара отау құрғызады: «Кімнің ұлы, қызы жоқ, қара отауға қондырғын, астына қара киіз төсегін, қара қойдың етін тартыңдар, жесе жесін, жемесе тұрып кетсін!» – деді. Ұлы барды ақ отауға, қызы барды қызыл отауға қондырғын. Ұлы, қызы болмағанға Аллаһ Тағаланың қарғысы тиген, біз де қарғауымыз керек, бәрі білсін, – деді. Тойға артынып-тартынып келген Дерсе хан қайтып кетеді».

«Айман-Шолпанда» Маман бай да «тоғыз нарға тоғыз саба артып», он алтын масатыдан кілем жауып, үлкен асқа келеді. Бірақ оны ешкім ұлың жоқ деп сөкпейді, керісінше, Маманға лайық деп, алтынды үйге кіргізеді. Көтібар батыр да «тоғыз нарға тоғанақтан қант пен шайын артып», шалғай жерден келгенде, оны «жадағай киіз үйге» сілтейді. Көтібар намыстанып кірмейді, Маман жатқан алтын үйді талап етеді. Екеуі егесіп, іс насырға шабады. Бір қарағанда, Маман мен Көтібардың ерегесі екі адамның болмашыға таласуы, я болмаса екі рудың тартысы болып көрінуі мүмкін. Шындығында олардың жанжалы халықтың ертеден келе жатқан салтын бұзудың салдарынан туған. Ежелгі салт бойынша, ұлы жоқ адам құрметті қонақ та бола алмайды, үйге де кіргізілмейді. Ал ұлы жоқ Маманның алтын үйге орналасқандығы Көтібардың намысына тиеді. Оның малы да бар, баласы да бар. Ас беріп жатқандар «Баласы аса жұрттың мейман келді, Мамеке-ау, кірген үйің бермейсің бе?» деп, Көтібардың атақты ұлы бар екенін айтып, алтын үйге сол кіруі керек деген ойларын айтады. Бірақ Маман өзінің байлығын айтып, Көтібарды кедей деп қорлайды. Маманның бұл мінезі Көтібарды одан әрі ызаландырады. Алтын үй өзіне тиесілі екенін айтып, Көтібар ата салтын бұзған әрі өзін қорлаған Маманды шауып, екі қызын тұтқынға алады.

Мұндай фольклорлық әдеби мәтіндерден байқайтынымыз халық баланы Тәңірдің ерекше сыйы деп бағалаған да, бедеулікті қорлық санаған. Перзентсіз ата-ананы жексұрын көруінің астарынан халықтық осындай түсінікті байқаймыз.

Кейбір мәлімет берушілер қазақ қариялары балалы бола алмай жүрген келінді емдеу үшін санаға сыймайтын ауыр шартты той-жиында әдейі орындатқан дегенді айтады. Мәселен, кей жағдайда ондай келінге қария «Егер балалы болғың келсе, қазір бұтындағы дамбалыңды шешіп, жұрттың көзінше көрсет» деп шарт қойған. Бұндай ұятты істерді қорланып, жылап жүріп жасаған келін артынан балалы болған деседі. Осындай деректерден перзентсіз бедеулікті емдеудің магиялық шараларының қатарына қорлау, жылату, қудалау, қара үйге отырғызу, қара қой сойып қара ет беру, бет-жүзіне күйе жағу секілді ауыр жазалар жататынын да байқауға болады.

БЕДЕУ АТ / БЕДЕУШЕ – мықты, төзімді, жүрдек, жүйрік болу үшін үйірге салмай немесе «өсімге қоспай» арнайы бағылып, бапталған мініс жылқысы. Тұқымы «асыл» жорыққа мінуге жарайтын қазанаттарды жыныс қабілеті толық жетілгеннен кейін де жас айғырды үйірге салмай, ал байталды айғырға (қысырақ матау) қоспастан, жеке баптап, күтеді. Яғни, жыныстық жағынан жетілгенімен, үйірге қоспай, «бедеу ұстайды». Ұрғашы болса әдейі іш тастады. Еркегін кештеу – алты жасында ақтатады. Оған дейін шауқаты бойына күш қуаты (гормондары) бойына тарқап, физиологиялық жағынан толып жетіледі. Көшпелі мал шаруашылығында бұлайша «бедеу ұстау» деп аталатын сұрыптау тәсілімен жорыққа төзімді, қайратты, арқалы аттарды жыл бойында жорыққа, сапарға дайын ұстайды.

Құлын, тай кезінен қысыр биенің сүтін емізіп, ерекше күтімге алып, бағылып әбден жаратылған жылқы баласын наз бедеу деп ажыратып атайды. Бедеудің ең мықтысы бесті болған кезі. Алпамыс жырында:

Бедеу аттың бестісі-ай

Адамның бар ма естісі ай

Қайда кетіп барасың қарағымның ешкісі-ай, – деп бедеудің бесті кезін ерекше атап айтады.

Сондай-ақ бірнеше мәрте құлын тастатқан соң құлындамайтын қалге жеткен байталды немесе жас биені бедеуше деп атайды. Қазақтың қара өлеңінде ол туралы:

Мінгенім дәйім менің бедеуше еді,

Бедеуше шапқан сайын өрлеуші еді.

Тойда өлең мұнан бұрын айтқаным жоқ,

Өлеңде әу дегенде не деуші еді? – деп бедеушенің қайраты мен жүрдектігін асыра бағалайды.

БЕДЕУ БИЕ – «айғырдан шықпайтын», іш алмайтын бие. Бедеулікті халық танымында туа бітті, мініс пен пайдалану ережесі бұзылудан болған және қартая келе пайда болған деп үш топқа жіктеп қарастырады. Туа бітті немесе «тұқымына тартқан» бедеулік жатыр қызметіне тікелей байланысты болады. Мұндай бедеулік жатыры шемен болу, сондай-ақ жатырды май басу, жатырына кесірлі түйір өсу сияқты ауру салдарынан болады. Саулық малдың

жатыр сабағының ішіне өскен (сынық сүйемге дейін) бұршақтың көлеміндей, бір-екі бүртік, көкшіл түсті, түйін мүйізгек деп аталады. Мүйізгек ауруы інгенде көп кездеседі. Ондай інген өте күйітшіл келеді, көзі жасаурап, аңсары ауып, бура көрсе шөге кетеді дейді мәлімет берушілер. Мұндайда інгеннің ак кірпіктерін жұлып, көз тамырынан қан ағызып «қиып» емдеген. Мүйізгек ауруын биеде қасаң десе, қой, ешкі және сиырда қашақ деп атайды. Ж.Бабалықұлының емшілерден жазып алған дерегі бойынша қасаң ауруына шалдыққан биеге оташылық жасайды. Жатырдағы кесірлі түйірді өткір бізбен түйреп тіліп алып тастайды. Егер түйір тұтастай бөлініп түссе, саулық сырқаттан айығады, саулық мал іш алып кетеді деп санайды.

Бедеуліктің екінші тобындағы түрі малдың жасы ұлғаюына байланысты пайда болатындықтан қазақтар оны шау тартқан бедеу, лақса бедеу деп атайды. Оған қарсы дауа жасалмайды.

Ал үшінші түрі – мініс пен пайдалану ережелері бұзылудан болатын бедеулік. Қазақ шопандары оны мынадай түрлерге бөледі: қысы-жазы мінілетін күйсіздіктен жыл сайын қысыр қалатын «ербедеу» немесе «тоқым бедеу»; қамшы шыбыртқы, соққы зардаптарынан биенің сан, құрсақ тұсына зақым келуден қысырап бедеу қалған қамшыкесті бедеу. Бедеуліктің мұндай түрлеріне ұшыраған малды мініс пен жүктен босатып, биені үйірге, інгенді келеге жіберіп, қонданып семірген соң өздігінен іш алуын күтеді немесе матап, биені айғырға шаптырады, інгенді бураға шөктіреді.

Қайымайтын інгендер мен айғырдан шықпайтын бедеу байталдарды емдеудің тағы бір жолы «көз тамырын қию» деп аталатын тәсіл туралы мәліметтер айтылады. Бірақ оның нендей тамыр, қай тұста екендігі айтылмайды. Оташы, емшілердің пайымдауы бойынша ондай «қиылатын» тамыр – қан тамыры емес, керісінше лимфа, без шоғырларының бірін қандауырмен қанату болуы мүмкін.

БЕДЕУ МАЛ – көшпелі мал шаруашалығында түліктің санын арттыруға шамасы жоқ мал. Бедеулік құтпанға да, саулыққа да ортақ ұғым. Құтпан малдағы бедеулік түрін белсіз немесе шартық деп атап жеке қарастырады. Керісінше, бедеулік ұғымын қазақ шопандары арасында үрдіс бойынша ол көбінесе саулық (ұрғашы) малға қатысты айту қалыптасқан. Түлік ішінде ішінеара ұшырасатын бедеу қой, ешкі, сиырды семіртіп соғымға немесе сойысқа іліндіреді. Ал, бие мен інгеннің бедеу болуы көшпелі мал шаруашылығына экономикалық нұқсан келтіретін құбылыс ретінде оған ерекше ден қойылып, емдеу сауықтыру шараларын жасайды.

БЕЖІН ЕР – былғарымен қапталған алдыңғы және артқы екі қасы шошақтығымен ерекшеленетін ер. Қытай шеберлерінің қолынан шыққан ол Зайсан, Тарбағатай қазақтары пайдаланды. Мұндағы бежін сөзі – қытайдың астанасы Пекин қаласының қазақы өзгеріске ұшыраған нұсқасы. ҚР МОМ қорындағы (КП 17144) бежін ердің үзеңгісі де ағаштан жасалған, алдыңғы қасы биік (28 см), қастың төменгі жағы белағаштан төмен бір қарыстай түсіп тұрады. Артқы қасы жатыңқы. Ердің екі қапталы қастан озбайды. Ердің қаңқасы толықтай қара түсті лакпен боялып, қастың ішкі-сыртқы екі жақ бетіне гүл бедерлі өрнектер салынған. Ағаштан бітеу ойылып жасалған иілген

доға түріндегі ағаш үзеңгі қайыс таралғыға өткізілген. Үзеңгінің аяқ салатын табандығы жалпақ (26 см).

БЕЗ ШОШУ – малдың, адамның денесінде болатын бездің әдеттегідей қабынып, ісінуі. Бездің пайда болуы мен одан әрі ұлғаюы аурудың айырма деп аталатын қойдағы түрінің «алғашқы белгілері құндыздықтан, содан соң екі бақайдың арасы мен сол арадағы «құлық безінен» білінеді. Асқынған кезде шашадан төмен бәрі ісінеді де, тұяқ көбесі дүрдиіп, арасы көтерілген екі бақай екі жаққа алшия түседі...» Сол тәрізді ақбас ауруына ұшыраған жылқының «тұяқ құндыздығын қолмен сипап қарағанда қолға ыстық табы білінеді. Әсіресе аурудың алғашқы пайда болған тұсы ыстығырақ болады. Сол жерді мұқият сипаса, тері астында тұрған бидайдай түйір қолға білінеді. Сол түйір тұрған тұс ісіңкі болады да, талаурап тұрғаны да көрінеді». Басқа түліктердің аурулары да ісініп шыққан бездері арқылы анықталған. Мәселен, қарабез деп аталатын ауруға шалдыққан түйенің «омырау бездері ісіп, аз уақыттың ішінде қарайып кетеді. Сол көрінісіне қарай қарабез атанған». Аурудың осындай белгілеріне қарай қазақ емшілері оташылық тәсілін қолданған.

БЕЗАЯҚ – ағаштан, аққайың безінен жасалынған ыдыс, аяқ (тостаған, саптыаяқ т.б) түрі. Қазақ тұрмысында ерекше мықтылығы үшін жоғары бағаланды.

Безаяқ бірнеше ұрпақтан ауысқан мұра ретінде сақталды. I. Жансүгіровтің «Саптыаяқ» өлеңіндегі:

...ақ қайыңның безі еді,

Әкемнен қалған көз еді.., – деген шумақтар осы жайтқа байланысты айтылса керек.

БЕЗБЕН – қорытпа жасау үшін оның құрамына кіретін бөліктерінің салмағын өлшеуге зергерлер қолданған таразы. Таразының шеберлер тілінде қолданылған бұл атауы парсы тілінен (парсы тілінде бизмән) ауысқан. Безбенді басқа да зергерлік құралдар тәрізді шебердің өзі жасап алған.

Пішіні иінағаш тәрізді, асыл тастар мен металдарды өлшейтін. Безбенді күйентелі таразы деп те атаған. Белгілі ұста, зергер Д. Шоқпарұлы бұл туралы: «Безбеннің қымбат металдарды өлшейтін күйентелі, ыдысқа салынған сусымалы заттарды өлшейтін серіппелі, салмағы 25-кг-ға дейінгі тұтас заттарды өлшейтін иінді т.б. түрлері бар», – деп жазады.

ҚР МОМ қорындағы (КП 25275) безбен металдан жасалған. Екі басында ілгегі бар бел темірге (көлемі 82x52 см) сым, шынжыр, жіппен екі табақша немесе құты байланады. Иінағаш тәрізді бел темірдің дәл ортасына тауар салмағының теңескенін көрсететін тіл орнатылған.

КП 12006 нөмірлі, алтын, күміс тәрізді металдарды өлшейтін безбенді зергер қоладан жасаған. Иінінің ұзындығы 19 см, табақшаларының диаметрі 9,5 см. Иінінің екі ұшында жік арқылы табақшалар бекітілетін екі тесігі бар. Белтемір ортасына тіл орнатылған.

БЕЗГЕК – адамның денесін бір ысытып, бір суытып, қалшылдатып басталатын ауру. Безгек болған адам қызуы көтеріліп, сандырақтап қиналады. Дененің қалшылдауы қатты терлеген соң барып басылады. Безгек – жұқпалы ауру. Ол безгек масасы деп аталатын маса арқылы жұғады. Безгек ұстамалы

ауруға жатады. Безгекпен ауырғанда әбден терлеп, есін жиған адам ауру қайталап ұстағанша өзін сау қалпында сезініп, күнделікті шаруасымен айналыса береді. Қазақ жерінде бұрын безгек сирек ұшырасқан. Ол ну орман-тоғайы, батпағы мал шетелдерден басқа жерлерге тараған. Көп елдерде безгекке қарсы жасалған арнайы дәрілер қолданылады.

Қазақ емшілері безгекпен ауыра қалған жағдайда аққорғасын, құланқурай, таңқурай, маралқұлақ сияқты дәрілік өсімдіктерді пайдаланған. Мәселен, «Қазақтың халық емі» атты еңбектегі деректерге қарағанда халық тілінде тамыр дәрі, маралқұлақ, аққорғасын деп аталатын өсімдік безгекті емдеу үшін қолданылған. «Ол үшін тамырынан үш дана алып, оған тауық жұмыртқасын қосып жаншып, қайнатып пісіреді. Тамырды алып тастап, безгек ұстаудан екі сағат бұрын жейді (жүкті әйелдерге, созылмалы аурулы адамдарға қолдануға болмайды)». Осы тәрізді ауруды емдеуге кейбір өсімдіктердің тамыры, қайсыбір өсімдіктердің гүлі пайдаланылған. Қазіргі кезде қазақ елінде безгек ауруы кездеспейді.

БЕЗЕК – бұйымның, заттың бетіндегі бедер, өрнек; әшекей. Безекті арнаулы құралдармен, қосымша материалдармен жұмсақ жүннен, матадан жасалған заттардың бетіне кестелеп яки сырып, оймыштап, сызып және т.б. тәсілдермен түсіреді. Оны безек түсіру, безек басу деп атайды:

«Қырық құлаш мұнарасы аспанды ашқан,

Бір күмбез ең басында безек басқан.

Порымы қазақ үйше жасатылған

Ақ торғын түндігі бар аспандасқан»

(Ә. Найманбаев, Шығармалары).

Бұйымның бедер-бейнесі мен материалына және заттың түріне қарай оюлы безек (оймыштау тәсілімен жасалған өрнек), күміс безек (бұйымның бетіне қондырылған шытыра, бастырма, түймешік тәрізді күмістен соғылған әшекейлер), безекті мата (гүлді, ою-өрнекті, кестелі мата) тәрізді және т.б. атаулар қолданылады.

БЕЗЕУ – ою-өрнекпен, кестемен, түрлі жапсырмамен, бояумен әшекейлеу, көркемдеу, безендіру. Қолөнеріндегі алтындау (алтын жалату), күмістеу (күміспен қаптау), қаралау (қара ала түсті ою салу), күміс шабу (ағаш, тері, темірге күміс шытыра орнату), қас қондыру (көз орнату), сүйектеу немесе сүйек шабу (ағашқа сүйек ырып әшекейлеу), көксауырлау (жасыл былғарыдан көз салу), кестелеу (кестелеп өрнек салу) және т.б. бәрі де безендіруге жатады. Қысқасы, безеу көркемдеу жұмыстарының жалпылама атауы ретінде қолданылады. Қазіргі тіліміздегі тұмаршалармен безелген, алтынмен безеген, көркем безендірілген, жалаулармен безендірілген, суретпен безелген, жиһаздармен безендірілген, жаңа мәнермен безендірілген тәрізді және т.б. қолданыстар осыны аңғартады. Алайда, зергерлер тілінде безеу деп кейбір ою түрлерін салу үшін оның орнын сызып алуды айтады. Мәселен, ол туралы «қараала жүргізілетін күміс бұйымға түсірілетін оюды алдын ала сызып алып, өткір біз ұшымен безейді, содан кейін оның үстіне қараала жүргізеді», – деп жазады белгілі этнограф Х. Арғынбаев. Сонымен бірге безеу атауы шеберлер тілінде және жергілікті

тілдік қолданыстарда «құрал-сайманды қайрау, өткірлеу», «диірмен тасын қашау» тәрізді мағыналарда да қолданылады.

БЕЗЕУБАС – басында белгілі бір өрнектің нұсқасы бар, күміс бетіне батыра соғып ою түсіретін, пішіні қалам тәрізді темір құрал. Зергерлер безеубасты соқпа қалып ретінде қолданады. Ою-өрнекті, әдетте, безеубасты күміс бетіне тақап тұрып, шүйдесінен балғамен соғып түсіреді. Шеберлер арасында бұл құрал қадаубас деп те аталады. Бедеріне қарай қадаубасты зергерлер өрнекті қадаубас, бедерлі қадаубас, жұмырбас қадаубас деп атайды. Халық тілінде оның нақыс салғыш деп айтылатын атауы да кездеседі.

Жоғарыдағы зергерлік құралдың шеберлер тілінде әртүрлі аталуы, біріншіден, оның бөлшегінің ерекшелігіне (басының бедерлі болуына), екіншіден, құралдың басын қадап тұрып (тақап қойып соғуға) пайдалануға, үшіншіден, құралдың не үшін қолданылатындығына (нақыштау, ою-өрнек салуға) байланысты қалыптасқан.

БЕЗЕУІШ – жүзі қиғаш жасалған, сабы бар өткір біз тәрізді құрал. Шеберлер тілінде безеуішті ырғақ деп те атайды. Өйткені оның жұмыр басын алақанға тіреп алып, бас бармақ пен сұқ қолдың (сұқ саусақ) көмегімен ары бері толғап, ырғап отырып металға өрнек түсіреді. Өрнек түсіру үшін құралды бұйымның бетіне көлбеу етіп ұстайды. Металл бетіне түскен өрнекті кейбір аймақтың шеберлері безеуөрнек деп атаса, кейбір өңірде «мыңғырақ» деп аталады.

Зергерлер арасында безеуіштің аша жүзді түрі де кездеседі. Оны да шеберлер безеуіштің өзінен жасап алады. Ол туралы зергер, ұста Д.Шоқпарұлы: «Зергерлер кейде безеуіштің жүзінің ортасын егеп, екі аша кейіпке келтіреді. Ондай безеуішпен салынған өрнекті «тышқан із» деп те атайды», – деп жазады.

Тіліміздегі тілін безеді («майын тамызып сөйлейді»), тіл мен жағын безеді («тіл мен жағына сүйенді») тәрізді фразеологизмдер зергерлердің безеуішпен күміске өрнек салуына байланысты қалыптасқан.

БЕЙС (бэйс, вэйс) – Қытай мен Моңғолия қазақтары арасында ХХ ғасырдың бас кезіне дейін қолданылған әкімшілік билік дәрежесінің атауы. Манж Чин империясының әміріне бағынған аз санды ұлттар үшін уаң (ван) (губернатор деңгейінде) мансабынан кейін бэйл, онан соң бейс (бэйс), гүң (оның мемлекеттік және көмекші деген екі түрі бар), зәңгі (занги немесе сұмын билеушісі) аталатын лауазымдық дәрежелер болды. Мұнан басқа хэбэй (кеңесші), тайж (тайшы, тэйжі) қазақтардың төре атауымен мағыналас ақсүйек, хан нәсілінен деген мағынада) да (аймақтық кеңес басқарушысы) дәрежелері шығыс өңірдегі шетел қазақтары тілінде ұшырасады. Манж Чин әкімшілік бірлігінің ең кішкентай бөлінісі ондықтан басталады да, 150 түтіннен тұратын сұмын құралып, ол хошунға, хошун аймаққа бағынған.

БЕЙСЕНБІЛІК¹ / БЕЙСЕНБІСІН БЕРУ – дұға бағыштау ғұрпы. Адамы қайтқан үй қазаның артын күтіп, бақилық болған адамның қырқына дейін әр аптаның бейсенбі күні тамақ беріп, дұға бағыштайды. Әсіресе оңтүстік өңірде үлкен маңызға ие болған бұл ғұрыптың өзіндік мәні бар. Ғұрып бейсенбінің түсінен кейінгі мезгіл қасиетті жұма күніне өтеді деген жосын бойынша

атқарылады. Ас тартылар алдында және астан кейін дұға оқылып, Құран бағышталады. Қатысқан жұрт «қабыл болсын» айтысады.

Бейсенбілік дәстүрлі ортаға ислам дінінің дендеп енуімен байланысты қалыптасқан ғұрып. Ел арасында осы атқарылар рәсімге қатысты діни сипаты бар әңгімелер айтылады. Бейсенбі күні бақи дүниедегі барлық қақпа ашылып, жұмақтан орын тепкен рухтармен қатар тозақтағы рухтар да бір сәт босап, осы дүниедегі өз ұрпақтары мен туған-туыс, дос-жарандарын аралап, дұға дәметеді екен. Осы бейсенбі, жұма күндері аттары аталып, дұға оқылып, Құран аяттары бағышталған аруақтар риза болып, тоқ күйінде жұма күні түс ауа бақи дүниедегі мекендеріне қайтатын көрінеді. Тірлігінде көп қиянат жасаған, кісіге зиян істері мол болған кісілер мен ұрпақтары ұмыт қалдырып дұға бағышталмаған аруақтар аш қалып, қоржындары «азық-дұғаға» толы, тоқ қайтқан аруақтардан о дүние қақпасының алдында тұрып тамақ, яғни дұға сұрайды екен делінеді.

Сондықтан байырғы ортада бейсенбі және жұма күндері аруаққа бағыштап Құран оқу салты берік қалыптасқан. Осы күндері үйде кір жуылмайды, басқа да нанымға жат деп табылатын істер атқарылмайды. Кір жуылса, үйге дәмете келген аруақтар кір суын ішіп, бос кетеді дейді. Қазақтың «тірлігінде жақсылық қыл, көпке игі іс жаса» деп атадан балаға өсиет қалдыруының бір мәні осында болса керек. Бұ дүниеде иненің жасуындай болса да жақсылық қылсаң, ертең жақсылығыңды ұмытпаған пенделер артынан дұға оқып, атыңды атап, Құран бағыштайды дейді.

БЕЙСЕНБІЛІК² – дәстүрлі ортада балаларын оқытқанда молдаға ата-ананың бейсенбі күні берер ақысы. Бұл жосын бейсенбілік деп аталатын аруақтарға дұға бағыштау ғұрпымен мағыналық жағынан шендес. Яғни бейсенбі күні мұсылмандар үшін ерекше қасиетті жұма күнге ауысар күн болғаннан кейін оны да қасиетті уақыт деп осы мерзімде әртүрлі ақы беріледі, түрлі дұғалар оқылады.

БЕЙУАҚ – уақыт, мезгіл. Күн қызарып батып, қараңғы түн әлі түсе қоймаған өліара шақ. Оны басқаша күн мен түн таласқан шақ, екі кештің арасы, апақ-сапақ, қызыл іңір, ымырт деп те атайды. Қазақ ұғымында бейуақ қолайсыз мезгіл. Өйткені «іңірде шайтан көшеді», «күндіз жарық сәуледен сескеніп, бұғынып жатқан жамандық атаулы бас көтеріп қозады» деген түсінік қалыптасқан. Әдетте «жамандық аяқ астында» делінсе, бейуақта ол тізеден өрлеп бой көрсетеді деседі. «Қас қарайған, көз байланған шақта сақ болыңдар», – деп қариялар үнемі ескертіп, сақтандырып отырады. Күн ауып, белсенді жарық энергиясы кеткен мезгілде адам ағзасы іңірдегі қараңғылық құрсауына бейімделе алмай жатқан қарбалас шақта әртүрлі сәтсіздіктер (жол-көлік апаты, жығылу-сүріну, түрлі теріс қадамдар т.б.) орын алады. Осыған байланысты қауым арасында орнаған ырым-тыйымдар бар. Бейуақта ұйықтауға, асығыс-үсігіс әртүрлі істер істеуге (балтамен отын жаруға, арамен ағаш кесуге, сапарға аттануға, өткір жүзді құрал-саймандармен іс жасауға, асау үйретуге т.б.) қатаң тыйым салынады. Түн қараңғылығы түскенше мамыражай қалыпта, сабыр сақтап, аялдай тұруы тиіс. Егер үйде ұйықтап жатқан адам болса, оны міндетті түрде ояту керек.

Оятпаған жағдайда оның басы ауырып, шошынуы, жаман түс көруі, шаршауы ықтимал деседі. «Іңірде жатқан ырыссыз қалар» деген сөз оралымы да осыны айғақтайды.

БЕЙІТ – қайтыс болған адам жерленген орын. Бұл атаудың мағыналық төркініне тоқталсақ, бұл араб тілінде «үй», «пәтер», «шатыр», «бөлім», «қалта», дегенді білдіретін, көп мағыналы сөз. Этномәдени ортада зират – белгілі бір қауымға тән меншікті ұжымдық жерлеу орны болса, бейіт – соның ішінде мәйітті қоятын бір «бөлімі», «үйі». Ал қабір – жерден терең етіліп қазылып, мәйітті арулап қоятын орын (көр).

Бейіт – «қабір және оның үстіне қойылатын белгі» – деген мағыналарды қамтитын ұғым. Ал мола атауы көбінесе әртүрлі себептермен жеке дара жерленген адамның көрі мен көр үстіне қойылған белгі немесе топырақ үйіндісі дегенді білдіреді.

Мысалы, сапар үстінде, алыс жолда қайтыс болған адамды зиратқа, қорымға қою мүмкін болмаған кезде топырақ бұйырған жеріне қойып, белгі орнатады.

Кейбір аймақтарда – бейіт, зират, қабір, мола, сына сөздері мәдени семантикалық бір ғана өріске жататын мәндес қолданыс болғанымен, олардың өзді-өзіне тән мағыналық ерекшеліктері бар атау екенін аңғартады. Сонымен бірге қабір үстіне тұрғызылған кесене, сағана, күмбез, көбінесе төртқұлақ т.б. құрылыстар да мәдени семантикалық бір өріске жатады. Ұжымдық жерлеу орнының жоғарыда айтылған бір түрі зират болса, енді оның көне бір түрі – қорым деп аталады.

Қорым – көбінесе соғыста, жаугершілікте қаза болған жауынгерлерді жеке-жеке қабір қазып, арулап көму мүмкін болмаған жағдайда, үлкен етіп қабір тәрізді қазылған орға мәйіттерді топтап қойып, топырақ жауып, үстіне тас үйіп орнатқан, жерлеу орны деген ұғымды білдіретін атау болса керек. Әйгілі хан, сұлтан, би, батыр, әулие сияқты т.б. байырғы элиталық тұлғалардың аруағын ұлықтау мақсатымен, сондай-ақ ел есінде сақтауы, келер ұрпақ ұмытпай қадір тұтып жүруі үшін төрт жолдың торабына, қара жолдың бойына, биіктеу, көрнекі жерлерге жерлеп, басына кесене, күмбез, сағана салып, құлпытас орнатқан.

Байырғы кезде ересек адам бейітіне найза (сындырылғаны да болуы мүмкін), әйел адамның бейітіне бақан, піспек немесе ұршық, қыз бейітіне арқан, уық, ал жас нәресте бейітіне бесік қойылатын әдет-ғұрып кең тараған болатын.

Әдетте, қазақы ортада, ел-жұрт алдында ислам дінін уағыздап жүріп діндар-тақуалығымен аты шыққан, ерекше қасиетке ие болып дүниеден өткен соң әулие атанған тұлғалардың бейіт басына сайғақ қадап, зиярат етуге арнайы келгендер, оның ұшар басына қылдан ту немесе ақтық байлап тағзым еткен. Тассауф жолын қуып өмір кешкен сопының бейітіне де бұл ғұрыптық жоралғысы жасалынып зиярат етіледі.

Сондай-ақ аруақты мазалайды деген түсінікке байланысты бақсылардың моласы зираттан оқшаулау, жалғыз жарым тұрады. Қазақтың мекен еткен

жерлері мен атажұртын, атақонысын мола, зират, сағана, күмбез, қорымдары сияқты дәстүрлі жерлеу ескерткіштерінен білуге болады.

Қазақ жерінде ерте заманнан бері бейіт басына қам кесектен, күйдірілген қызыл кірпіштен салынған құрылыс нысандары күмбез, кесене, төртқұлақ, т.б. іспеттес ескерткіштері жиі кездеседі.

Мысалы, батыс өңірдің қазақтары бейіт басына үштас, бестас, қойтас, құлпытастарды орнатады немесе сандықтас, сағанатам және күмбезді там салады.

Жерлеу орындарының қара жолдың бойында болатын себебі жол-сапар өткен немесе қыстақтан жайлауға көшіп-қонып жүрген қазақ, жол бойында кездескен бейітке ат басын бұрып, жерленген адамның аруағына дұға ету парызын атқарады. Кейде жолаушылар жауын-шашын, боранда ықтасын қылып, түнеп шықсын деп те ойластырған болуы керек.

Әдетте, дәстүрлі ортада зират, мола, т.б. жерлеу ескерткіштері жанынан өткен атты жолаушы тоқтап, аялдамайтын жағдайда оң жақ аяғын үзеңгіден шығарып «жандарың жаннатта, жатқан жерлерің жайлы болсын; қияметтің күні жақын» – деп бет сипап ниет етеді. Аяғын үзеңгіден шығару ырымы «аттан түстім» деген бейвербальды семантиканы білдіреді.

БЕЙІТ ЖАҢҒЫРТУ – құлаған бейіт үстіне мазар, кесене, там, төртқұлақ т.б. салу немесе қалпына келтіру, жаңғырту. Дәстүрлі ортада бейіт жаңғырту ісіне кіріспес бұрын құрбандық шалынып, Құран бағышталып, тиісті ғұрыптық шаралар атқарылады. Атақ-даңқы шыққан адамдардың ғана бейіті жаңғыртылып, көп реттерде аруаққа қозғау салынып, қайта тергеледі деген түсінікпен қарапайым адамдарға бейіт жаңғыртуға жол бере бермеген.

БЕЙІШ – бұ дүниедегі жасаған күнәлары Алла тағала тарапынан кешірілген адамдардың о дүниедегі рахатқа бөленетін мәңгілік мекені. Қазіргі халық тілінде бейіш пен Жұмақ мәндес мағынада қолданыла береді. Бірақ бұлар абсолютті синоним емес. Бейіш ұғымының мазмұны кендеу. Өйткені, діни түсінікте «сегіз жұмақ» дейді, керісінше «сегіз бейіш» деп айтылмайды. Осыған қарағанда жұмақ бейіштің бөлім-бөліктері тәрізді. Демек, бейіштегі жұмақтың саны сегіз: 1. Дарис салам; 2. Дарил қырар; 3. Жаннат-Нағим; 4. Жаннат-Ғадін; 5. Жаннат Алмауи; 6. Дарил қарар; 7. Жаннат Фирдаус; 8. Жаннат нығыметі. Жұмақ пен бейіштің мифологиялық санадағы бейнесін діни мазмұндағы әпсана өлең, әңгімелерде объективтенуінен (жарыққа шығуынан) байқауға болады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің «Хор қыздарының хикаясы» өлеңінде бейіш «жапырағы зор, мәуесі ешуақытта таусылмайтын мол, жемісі бал шырындай тәтті, ағып жатқан төрт кәусар бұлағы бар, нұр-сәулеге бөленген, түбі аспанда, басы төмен иіліп, салбырап тұратын ағаш» кейпінде сипатталады. Бейіштің мифологиялық санадағы бейнесіне фитонимдік ақпарат негіз болған. Бейіш ағашының аты Тоба деп аталады. Бейіштегі жандар сол алып ағаштың мәуесін татып ләззат алады. Сонымен бірге бейіште түрлі гауһармен безендірілген алтын тақ; торғын, атласпен көмкерілген сән-салтанаты жарасқан орынжай да жұмақтағы жанды рақат сезімге бөлейді. Сондай-ақ бейіште шашы жұпар аңқыған, қасы туған айдай иілген, төсі маржан, тілі інжу, екі беті алмадай, гүл жүзді, шырын сөзді бал таңдайлы,

сипаты әліптей, мінезі мүләйім, жүрісі сағымдай көтерілген жеп-жеңіл хор қыздары болады. Олар екеу-екеуден әнге салып, сандуғаштай сайрап, тоқсан түрлендіріп тамылжыта күй шертеді. Хор қыздарының теңдесі жоқ сұлулығынан, тамылжыған үнінен жұмақтағы жан ерекше ләззат алып, рахат сезімге кенеледі. Бұл – жұмақтағы әйелдердің, яғни хор қыздарының мифологиялық бейнесі. Сөйтіп, хор қыздарының діни мифологиялық санадағы бейнесіне антропонимдік, космонимдік, фитонимдік, зоонимдік ақпараттар негіз болған.

Бұдан бақи дүниедегі бейіш пен жұмақтың үш түрлі үйлесімнен тұратыны байқалады: 1) бал шырынды жеміс, кәусар бұлақтар; 2) сән-салтанатты орынжай; 3) хор қыздары. Діни мифологиялық сана бойынша о дүниеде жұмақ есігін ашқан бейкүнә мумин жанды осы үш түрлі үйлесім ләззат пен рақатқа бөлейді екен делінеді. Сонымен діни санада ләззаттың, рахаттың бақи дүниедегі тұрағы үшеу екен. Қазақ паремиологизмдерінің концептуалды мазмұны ләззат пен рахаттың «фәни дүниеде» де қоныс тепкенін көрсетеді. «О дүниеде жұмақ бар деп, бұ дүниенің рахатын ұмытпа, бұ дүниеде рахат бар деп, о дүниенің тозағын ұмытпа» деген сөз орамы «рахат пен ләззат» тек бақи дүниеде ғана емес, «жалған дүниеде» де болатынын аңғартады. Жалған дүниедегі рахат пен ләззат та үш үйлесімнен тұрады: алған жарыңның жақсы болуы, яғни 1) жақсы әйел; 2) ішер асыңның дәмді болуы; 3) үй-жайдың жайлы болуы. Бірақ қазақ мақал-мәтелдері ішер ас, жайлы төсек, жақсы орынның болуы «алғаның жақсы болса», яғни жақсы әйелдің сипатымен байланысты деген санадағы мәнділікті аңғартады.

БЕК¹ – ханнан кейінгі әскери-әкімшілік лауазым иесінің титулы. Билік жүйесінде Түрік қағандығы заманынан бері орын алған. Түркі қоғамында бектердің бір бөлігі сот билігін атқару, салық жинау т.б. саяси-әкімшілік істерін басқарды. Сонымен бірге, бек әртүрлі лауазымды тұлғаларға байланысты қолданылды («аймақ басшысы», рубасы, сардар, қолбасы). Қарахандар мемлекетінде де қағаннан кейінгі билік иелері бектер болды. Түріктер әсіресе әскери билік иелерін дәрежесіне қарай онбегі, жүзбегі, мыңбегі, түменбегі, ұлысбегі деп атайтын. Алайда Шыңғыс хан заманында бек атауы қолданыстан ығысып, жүздік, мыңдық, онмыңдық қолды басқарғандар ноян деп аталған.

Орыс хан дәуірінде Едігенің әкесі Балтышақ беглер бегі деген лауазымға ие болған. Оның бұл титулы ұрпақтарына мұрагерлік жолмен берілген. Төрт ханды отырғызған Едіге солардың тұсында беглер бегі болды. Бұл мансап ханнан кейінгі орындағы «әскери бас қолбасшы, бас уәзір» дегенге саятын. Қазақ хандығы алғашқы кезеңінде әртүрлі деңгейдегі әскербасылар, айтулы батырлар, ақылгөй тұлғалар да бек аталды. Әйгілі Ақтамберді жырау:

Беглерім мінсе шұбарын,

Жұлындай қылып жаратып, – деп жырлайды. Алайда XV ғасырдан бастап бек атауын «би» сөзі ығыстырып шығарды деген де пікір бар.

Ш.Уәлихановтың пікірінше, бий көне түрік сөзі; бек, бей, бий нұсқаларының алғашқы мағынасы – «қазылық». Ал алтай шамандық пантеонында бас кейіпкерлер Ерлик-би, Улген-би деп те аталады. Демек бек

бей, би деген сөздер белгілі бір құзыретке ие билеушінің лауазымы болған. Түркі сөзі бектің араб тіліндегі баламасы эмир, ал моңғол-тұңғыс тілінде ноян деп аталады.

БЕК² – дәстүрлі ас-тағамға қолданылатын тауда өсетін өсімдік. Топырақ астындағы бөлігіндегі түпкі өзегі нәрлі азық болып саналады. Бек Алтай тауының биік беткейлері мен алаңқайларында кездеседі. Бектің тұрқы жатаған – биіктігі бір-екі қарыс мөлшерінде болып келеді. Әр сабағының түбінде жүгері жапырағына ұқсас, бедерсіз, жұмсақ, майда, жиегі тегіс жапырағы бар. Жетілген сабағының басында бармақ басындай үш қырлы түймешігі болады, ішінде кішілеу бидай пішіндес иірілген мұртшасы және бірнеше тал ұрығы болады.

Бек сабағының топыраққа бойлаған түбі жуан болады, кішілеу сәбізге ұқсас ақ өзекшесі, яғни дәні жеуге жарамды. Жетілген кезде адамның саусағындай жуандықта, жарты қарысқа дейін жетеді. Бектің топтасып өскен жерінен оншақты, ал топырағы жұмсақ жерден жиырма шақты бек дәнін алуға болады. Дәнін жарып қарағанда картоп сияқты ақ түсті, морт сынғыш болып келеді. Жұқа қара қоңыр қабығы саусақпен сипап-ақ аршылады. Мамыр айының орта шенінде, тау етегіндегі қар сөгіле бастағанда-ақ өркен жарып, қар кете жауқазын сияқты ол да гүл атады. Жабайы бүлдірген гүлі ашылған соң гүлі ұзақ тұрмай үзіліп түседі де, тұғырынан ұрық түймешігі өседі.

Бек маусымның аяқ шені мен шілденің ортасына таман піседі. Аюлар өткір тырнақтарын бек шоғыры өскен шымға салып, шеңгелдеп топырақты аударып, қазып алып жеп, тойған соң қазған бегін бір жерге үйіп кетеді де, шөп құрап қар түскенге дейін келіп жеп тұрады екен. Ертеде бек қазып жатқан аюларды көрген малшылар сыртынан андып жүріп, аю кеткен соң дайын олжаға ие болады екен.

Бекті арнаулы азық ретінде де, жеңсік ас ретінде де пайдаланады. Сыйлы қонақтарға тартып, сәлем-сауқат ретінде де беріп жібереді.

Бекті қазып алғаннан кейін қабығынан аршып, аз ғана тұз салынған суға сүзіп алып өреге жайып кептіреді. Кептірілген бек солып, мейіздей қатты күйге енеді. Кептірілген бекті жемес бұрын жылы суға біраз уақыт шылап қойса, жұмсарып, әуелгі қалпына келіп бөртіп ағарады. Содан соң сорпаға, сүтке салып қайнатып немесе қуырдаққа қосып қуырады. Қариялардың айтуынша, ертеде Алтайда жайлаудан пішенге түскен азаматтар бір астау кептірілген бек алып барса, бір айлық азығына жарап, ауыр еңбекте жүрсе де арықтамай, қабырға еті қалың күйінде қайтып келеді екен.

Осындай кенеуі күшті тағамдық қасиеті бар бекті аялап қорғайтын дәстүрлі әдеттер де болған. Бек өскен жерді күрекпен, балтамен қазып, бегін теріп алғаннан кейін «аударылған шым орнына түспесе, ат тұяғын қағады және бек қайтадан өспейді» деп шымын қайтадан орнына салып кетеді. Ертеде кедей-кепшіктер «сарана теріп, бек жесек те өлмейміз» деп жаз жайлаудан қалмайды екен. Жерінен ауып алысқа кеткендер «Бегі білектей, саранасы жүректей қайран, Алтай жерім-ай» деп сағынышын білдірген:

Алтайдың бегі азықты,
Азық қып елім қазыпты.

Басына ерік болмайтын,
Қыз бала неден жазықты.

БЕК САУЫТ – болат пластиналарды өзара шығыршықтармен жалғастыру арқылы жасалған сауыт түрі.

БЕКБАТША – бура мен аруанадан туған будан. Дене тұрқының ерекше бітімділігімен һәм күштілігімен дараланады.

БЕКЕТ – негізгі көлік ретінде малдың күшін қолданған кездегі, көлік малының және жолаушылардың аялдап тынығатын орны. Ресей империясы кезінде бекеттер мемлекет қарауындағы арнайы қызмет түріне жататын.

Бекеттер жол бойына, елді мекендерден тыс жерлерде салынатын. Бекеттер арасы жер бедерінің жағдайына қарай әртүрлі болатын. Себебі бекеттердің ара қашықтығы жылқы көлігінің түстік уақытта жүріп өткен жолының ұзындығымен есептелетін. Осыған байланысты таулы-қыратты аймақтағы бекеттердің арасы, жазық, тегіс жердегі бекеттерге қарағанда жақын болатын. Яғни, бекеттердің арасын, көлік малын зорықтырмай, болдырғанда дем алдыру мүмкіншілігін есепке ала отырып анықтайтын.

Пошта қызметі немесе жедел хабар жеткізетін арнайы шабармандардың аттарын бекеттерде ауыстырып отыратын. Яғни, бекеттерде малдың жем-шөбі, ауыстырылатын жылқылар және жолаушыларды тамақтандыратын азық қорлары болды. Тарихи деректерде бекет қызметінің жүйелі түрде жолға қойылуын Алтын Орда дәуіріндегі байланыс қызметінің жұмысымен байланыстырады.

БЕКЗАДА – ежелгі әкімшілік билік жүйесінде бектердің дәурені жүріп тұрған кезде қалыптасқан ұғым болуы керек. Кейін көшпелі қоғамдағы айырықша аристократиялық әлеуметтік категорияның атауына айналды. Бекзада текті, ақсүйек, зиялы т.б. ұғымдарды да білдіреді.

Дәстүрлі ұғымда бекзадалық қасиет ең алдымен текке тартады. Сондай-ақ алған тәрбиесі мен көрген өнегесі асыл тектіліктің негізінде бекзадалыққа ұласады. Бекзада көпшіліктен озық ақыл-парасатымен, мінезіндегі ірілік, дарқандығымен, жүріс-тұрысындағы өзгеше мәнерімен ерекшеленеді. Қазақ ұрпағын бекзадалыққа баулыған. Бектермен қарым-қатынаста болып, асқақ арман, биік мұратпен тәрбиелеген. Мысалы, Ақтанберді жырау былай дейді:

Елден елді аралап,
Текіден текті саралап,
Беглердің қызын айттырсам,
Нұсқасын байқап шамалап.

БЕКІ – жылқыда, есекте кездесетін ауру. Бекі ауруының қоздырғышы ұзындығы 3-7 мм болып келетін паразит жұмыр құрттар. Бекі жылқының шоқтығында, қабырғасында, қолында, кейбір жағдайда сауыр тұсында кездеседі. Тері қабатымен бұлшық еттердің аралығында тіршілік ететін құрт бұршақтың көлеміндей ісік болып білініп тұрады. Жаздың ыстық аптабында ұрғашылары теріні тесіп ұсақ тамырларды зақымдап қанатып, сол қанға жұмыртқаларын салады. Осыған байланысты ыстық күндері жылқының денесінен қан тамшылап тұрады, кешкі салқында жараның аузы жабылып мал

тынышталады. Жылқышылар аурудың қозған кезін «бекі қантастау» деп атайды.

Бекі ауруымен үш жастан асқан жылқы ауырады. Халық емшілері бекіні емдеуде бұршақ тәрізді ісікті жарып қанын ағызып, сары суын шайып, ыстық күл басатын. Ауруды қоздырмау үшін жылқышылар малды күндіз желі бар қырқаларға жусатып, түнде жайылымға шығарып бағу тәрізді халықтық профилактикалық іс-шаралар жасайтын.

БЕКІНІС – қаруды және әскери техниканы қолданудың тиімділігін арттыру, жау шабуылынан қорғану мақсаттарында жасалған қорғаныс. Көшпелі қоғамда құрылымы мен қолданысына қарай тұрақты және жорықтық, далалық жылжымалы бекініс түрлері болды. Тұрақты бекіністер барлық халықтарға тән сыртына тас, кірпіш, балшықтан қорған, қамалдар салынған кент, елді-мекен түрінде болды. Мұндай бекіністерде жақсы қаруланған және ұзақ қоршау жағдайында соғысуға қажет сайман, қарумен жабдықталған тұрақты әскери қосындар орналасты. Жылжымалы бекіністер жорық жағдайында майданда құрылатын қорғаныс түрі.

Жылжымалы бекіністерді жорықта тұтқиылда болатын жау шабуылынан қорғану үшін арба, күймелерді бір-біріне байлап, айналдыра қоршау құрып жасады. Қажет жағдайда қамалдың арнайы қалдырылған арасы ашылып, әскер қарсы шабуылға шыға алатын. Кейде бұл бекіністер сыртынан ор қазылып, тастан, топырақтан үйінді жасалып күшейтілді.

Шабуыл қаупі жоғалған соң мұндай бекіністер қайта жиналып, әскердің алған бағытына қарай жылжуына мүмкіндік беретін. Байырғы орта аңшылығында қолданылатын «байлама» деп аталатын құрылғы бекініс орнына қолданылған. Қазақ даласының Ресей империясымен шекаралас өңірлерінде салынған бекіністер отаршылдық жүйені орнатудың ең тиімді құралдарына айналды.

БЕКІРЕ (лат. – *Acipenser*) – бекіре тұқымдастарына жататын балықтар тобы. Бекіреге шоқыр, бекіре, сүйрік, пілмай, қорытпа сияқты балықтар жатады. Бекіре өндірістік, тағамдық мәні үлкен. Бекіренің басқа балықтардан айырмашылығы сүйексіз, шеміршекті болып келеді. Қазақстанда бекіре негізінен Арал-Каспий өңірінде тараған, екі түрі (сүйрік, бекіре) Ертіс өзенінде кездеседі, сонымен қатар XX ғасырдың 30 жылдары бекіре Балқаш көліне жерсіндірілген, қазіргі таңда бекіренің бұл түрі Іле, Қаратал, Көксу, Лепсі өзендеріне уылдырық шашуға көтерілетіндігі белгілі. Бекіренің қазақ тіліндегі атаулары жайлы деректерді Ж.Досқараевтың «Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдык лексикалық материалдары», Қ.Айтазиннің «Кәсіби лексика мәселелері» көруге болады. Мысалы, қортпа атауының құртпа, қортқа, белуге (ор. белуга) немесе бекіре атауының мекре, метіре сияқты аймақтық вариацияларын келтіре отырып қазақтың әдеби тіл нормаларында бекіре балықтардың бірыңғай атауларының қалыптаспағанын атап өтеді. Ал, Ж.Кейкін «Қазақы атаулар мен байламдар» атты еңбегінде бекіре балықтардың оннан астам атауларын келтіреді.

Бекіре ежелден бағалы құнды балықтар қатарына жатады. Бекіренің етінен, уылдырығынан дайындалған ас-тағамдар өзінің дәмділігімен және жұғымдылығымен ерекшеленіп бағаланады. Бұл жөнінде халық аузында төмендегі мысалды келтіруге болады: қыр қазағына күйеуге шыққан қызын көруге құдаларына келген шешесі қонақ болып, қайтуға жиналғанда: «бекіренің майлы сорпасын менсінбейтін қарағым-ай, қара қойдың етін жеп қор болыпсың-ау», – деп жылаған екен дейді.

БЕЛ¹ – жер бедерінің атауы. Жал, адырлардың асу беретін жайдақ тұстары. Бел деп жалпы дөңес жер бедерінің аласа жерлерін атайды. Көшпелі ортада ауылды белдерге жақын қырқалардың ықтасын жеріне қондыратын болған. Бұл белдің көші-қонға ыңғайлы асу беретіндігімен қатар жал, адырлардың жадағай жері шөбі шүйгін, жайылымға қолайлы болуы да себеп болса керек. Асу беретін белдің ыңғайлылығы «Ауыл маңында бел болса, ерттеулі атпен тең, үйінде қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген мәтелдің туындауына негіз болған сыңайлы.

БЕЛ² – анатомиялық атау, адамның омыртқаларының соңғы бөлігі, яғни аяқ пен бел омыртқаларының түйіскен тұсының жалпы атауы. Қазақ танымында адамның күй-қуатының, яғни, жыныстық тұрғыдағы әлділігін айқындайтын ұғым ретінде қолданылады.

БЕЛ КӨТЕРЕР – дәстүрлі ортадағы ғұрыптық мәні бар ас атауы. Бел көтерер ұзақ жасаған, тісі қаусаған қарияларға құнарлы тағам түрлерін араластырып, ұсақтап, шайнамай-ақ жей (жұта) беруге лайықтап дайындалады. Бел көтерер әдетте, көңіл жақын адамдардың қарияларға арнайы дайындап, алып келетін сый-сияпат асы болған. Бел көтерерге қазы, сары май, жент, ақ ірімшік, бал сияқты тағамдар жатады. Бел көтерерді ұзақ ауруға шалдыққан, мертіккен адамдарға тез сауығуын тілеп, арнайы дайындалып әкелетін. Бұл қазақ халқының қарияларды сыйлап, құрметтеудің, ауырған жақын адамдарының көңілін көтерудің бір көрінісі болса керек. Қазақта осы мағыналас мертік ас, быламық деп аталатын тағам түрлері бар.

БЕЛ ҚҰДА – әйелдері жүкті кезінде әлі тумаған балаларды атастырып, құдандалы болу жосыны. Бұл жақын, дос көңіл адамдардың өзара жақындығын туыстық қатынас орнатып күшейту мақсатында жасалатын ғұрыптық әрекет болса керек. Бел құда болған адамдар құдалығын төс қағысып, серттесу арқылы бекітеді. Кей өңірлерде бұл жораны ежеғабыл құда деп те атайды. Көршілес, жапсарлас отырған көңілжетер дос-тамыр адамдар арасында бел құда болу үрдісі кең өріс алған. Қозы Көрпеш Баян сұлу жырындағы Қарабай мен Сарыбайдың құда болуы – осы жораның көрінісі. Дәстүрлі ортада бел құда болуға серттескен ата-аналардың екеуінен де ұл немесе қыз туған жағдайда, құда болу серті жекжаттыққа айналып, жақындығы сақталып қалған. Қауым арасында осыған ұқсас құдаласудың тағы бір түрі бар. Нәресте дүниеге келгеннен кейін құдаласуға сөз байласса, оны бесік құда деп атаған.

БЕЛІ КЕТУ – түрлі себептермен шаруа малының омыртқасының зақымдалу салдарынан жұмысқа жарамай қалуы. Белі кеткен аттың ақсап басып, кекжиіп сауыры салбырап күйі кетіп қалады. Белі кету бел

омыртқасының зақымдалуымен байланысты болғандықтан малдың қимылы, жүрісі кібіртіктеп төрт аяғын тең баса алмай, координациясы бұзылады. Белі кеткен жылқының құлағына су құйса, басын сілкуге шамасы келмей сұлық тұра береді. Бұл малдың омыртқасына, жұлынына зақым келгенін білдіреді. Белі кетудің себептері зорығу, тым үлкен салмақтың әсері немесе механикалық әсерден болуы мүмкін. Белі кету жұлын, омыртқаға зақым келумен байланысты болғандықтан оны емдеу қиынға түседі. Алайда халық емшілері белі кету себебін анықтап түрлі ем қолданғаны белгілі. Омыртқа тайса жалпақ тақтайша төсеп ағаш балға, дүмпуішпен жайлап басын немесе ұрып омыртқаны орнына келтіретін. Арқа еті домбығып іскен жағдайда қыздыратын компресстер салып ісігін басып емдеуге тырысқан. Негізі белі кету атты шаруаға салмай жылы жерде жемдеп баптап күтетін. Көбінесе аталған шаралар жақсы нәтиже беріп мал оңалып кететін.

Қазақ түйенің белі кетуі деп, жасы келіп жүк көтеруден қалған кезін айтады. Әдетте, ондай малды шаруаға қолданбай, бос ұстайтын болған.

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,

Қара жер құлазиды ел кеткен соң –

деп келетін өлең жолдары осыны меңзесе керек.

Белдеу құрт, арқасы кету сияқты шаруашылыққа қолдану барысында болатын ауруларға қарағанда, белі кету зілді дерт қатарына жатады. Себебі, жоғарыда атап кеткендей белі кету орталық жүйке жүйесінің зақымдалуымен байланысты болып келетіндігінде. Ал емдеуге келмейтіндей дәрежеде омыртқалары зақымдалған малды арықтатпай жемдеп сойып алатын.

Қазақ дүниетанымында бел мықтылықты, қуаттылықты білдіретін ұғымдар қатарына жатады. Осы тұрғыдан алғанда шаруа малына қатысты белі кету дегеніміз – істен шығып шаруаға жарамай қалған малдың күй-ахуалын білдіретін анықтама ұғым деп тануға болады.

БЕЛАҒАШ¹ – ер оқпанының ойығымен тең етіп оя шабылған қисық ағаш.

Екі қапталға екі қас қиылғанда, ашық қалатын ердің бел ортасын жабу үшін қолданылады. Белағашты кей жерлерде арқалық, орта ағаш деп те атайды.

БЕЛАҒАШ² – арбаның алдыңғы және артқы доңғалақтарының арасын жалғастырып тұратын жұмыр келген ұзын ағаштың атауы. Сонымен бірге үйдің төбесіне қырынан салынатын арқалық ағаш та белағаш деп аталады. Оған үй төбесін жабуға арналған тақтайлар бекітіледі.

Білік пен ердің екі басының арасына салынатын қоспа ағашты да белағаш дейді.

БЕЛБАСЫ – өлген адамның рухының бір жылға дейін (асына дейін) орындалған іс-шаралардың (мәйіттің басына мола тұрғызу, ас тарату, құдайы беру) тоқ етері ретінде ақсақалдар мен ел жақсылары жиналып кішігірім ас беріп, үлкен асқа дайындық жасауға кеңесудің атауы. Қ.Халидидің дерегінде белбасы кезінде ас беретін орын сойыс малының саны, өткізілетін уақыты келісіліп, сауын айту реті келісілетін.

БЕЛБЕУ СОҚТЫ – ересек ер адамдар ойнайтын ұлттық ойын түрі. Ойынға жиналғандар бір жерге дөңгелене шеңбер жасап отырып, бір құлаштай таяқты алып, біреуі бір ұшынан, келесісі оның таяқ ұстаған уысының үстінен, одан кейінгілері сол ретпен бірінің үстінен бірі ұстап, таяқтың соңын ұстап қалған адам ойынды бастаушы болып ортаға шығады. Яғни ойынды кім бастау керек екендігі осындай ұстасу жолымен белгіленеді. Ойын бастаушы ортаға шығады. Алқалай отырған қатысушылардың бірі ойын үшін алынған белбеу немесе орамалды алып, ортадағы теріс қарап тұрған адамның арқасынан салып қалады да, қолын артына қайырып отыра қалады. Басқалары да сол сәтте қолдарын қайырып, арт жағына тығып отырады. Ортадағы адам өзін ұрған сәтте белбеуді ұстап қалуға тырысуы керек. Ал ұрған адам белбеуді тез тартып алып, басқа ойыншыға беруі тиіс. Белбеу әрдайым қолдан қолға әр бағытта көшіп отырады. Егер ортадағы ойыншы белбеуді ұстап үлгерсе, онда белбеуді алдырып қойған ойыншымен орын ауыстырады. Егер ала алмай қалса, ойын әрі қарай жалғаса береді. Белбеу соқты ойыны жастардың бас қосқан жиындарында көп ойналатын болған.

БЕЛБЕУ ТАСТАУ / ОРАМАЛ ТАСТАУ – жастар мен балалар ойнайтын ұлттық ойын түрі. Белбеу тастау «белбеу соқты» деп аталатын ойынға ұқсас, алайда өзіндік ерекшеліктері де бар. Шеңбер жасап, дөңгелене отырған ойыншылардың сыртынан айналып жүрген ойын бастаушы есілген белбеуді немесе түйілген орамалды бір ойыншының артына білдірмей тастайды. Ойын шарты бойынша артына бұрылып қарамай отыратын ойыншы белбеу тасталғанын сезсе, белбеуді қолына ала, орнынан тұра сап бастаушыны қуады. Бастаушы отырған адамдарды айнала қашып, ойыншының орнына жетіп үлгеруі керек. Бос орынға жеткенше қуған адамның сілтеген белбеуі денесіне тисе, ұтылған болып саналады да, ойыншы айып тартып, ән, өлең айтады, соң белбеу тастауды әрі қарай жалғастырады.

Ал белбеу ұстаған ойыншы ұрып үлгере алмаса, айыпты саналып, отырғандардың қалауын орындап, өнерін көрсетеді де, өзі белбеу тастауға кіріседі. Артына тасталған белбеуді бастаушы қайта оралғанша сезбеген ойыншы айыпты болумен қатар соққы жейді, яғни белбеумен арқасынан ұрады. Ойын осылайша айыпты болғандардың өнер көрсетуімен (өлең айту, тақпақ айту т.б) жалғаса береді.

Белбеу тастау ойынының келесі бір түрінде ойыншылар екі топқа бөлініп, қарама-қарсы тұрады. Екі топтың дәл ортасына тасталған белбеуді берілген белгі бойынша жүгірген екі жақтың екі ойыншысы келіп алуы тиіс. Белбеуді бұрын келіп алғаны үлгермей қалып, кері қашқан қарсы топтың ойыншысын қуып, қолындағы белбеуімен ұруы керек. Қуып жетіп ұрып тигізсе, ойыншыны «тұтқындап», өз тобына қосады. Осылайша қай топ көп ойыншы жинаса, сол жеңіске жеткендігі болып есептеледі. Ұтылған топ өнер көрсетіп, айып тартатын болған.

БЕЛБЕУМЕН БЕЛІН БУУ – аза тұту кезінде жасалатын рәсім. Марқұмның туыстары басқа түскен қайғыны білдіру үшін белін бекемдеп белбеумен буады. Дегенмен бұл рәсім белгілі бір өңірлерде ғана сақталып қалған. Дәстүрлі ортадағы әйелдер жоқтауында «Белімді бекем буайын, қойдан да жуас болайын...» деп келетін жолдар кездеседі. Бұл метафоралық

образды сөз өзімді өзім ұстайын, қайғымды басайын, басқаларға да басу болсын дегенді білдіреді. Жақынын жоқтап, «ұзақ егіліп жылаған әйелдердің бауыры іседі» деп, сақтық үшін апа-әжелер әйелдің белін будырады. Жетісу өңірінде қайтыс болған адамның жақын туысқандары ақ белбеу буынып жүреді. Алайда, қазан төңкерісіне дейінгі әртүрлі деректерге қарағанда, марқұмның жесірі жыл бойы, яғни, ас беру жосыны аяқталғанға дейін шашын жайып, белбеусіз жүреді екен. Бұл жайт, отағасы о дүниелік болған отбасының және оның айналасының «қожыраған» азалы күйін білдірсе керек.

БЕЛГІ – байырғы ортаның әдет-ғұрыптық заңы бойынша белгіленіп, ру-тайпаның меншігі саналатын жерге, дәлірек айтқанда, мал жайылымына, өрісінің шегіне салынатын белгі. Қалыптасқан үрдіс бойынша, көш кезінде (көбінесе жайлаумен, күзеуде) алдымен барып қоныс алған ауыл жігіттері ауылдың иелігіндегі түліктің санына, өрістің сонылығына қарай жеткілікті деп тапқан межеге белгі орнатады. Белгі ретінде құрық немесе найзаны жерге шаншып, жерге өз руының таңбасын сызып, биіктеу өскен шөптің басын буып белгі етіп қалдырады. Мұндай белгіні өзгертуге немесе белгіленген шептен өтіп кетуге жол берілмейді, бағзыдан қалыптасқан жүйені бұзған тарап құқықтық норма бойынша жауапқа тартылады.

БЕЛДЕМЕ / БЕЛ ОМЫРТҚА – ас-тағам жүйесіндегі кәделі мүшелердің бірі. Белдеме арқа (қабырғалы) омыртқалары мен сегіз көздің ортасында малдың белінің тұсында орналасқан 5-6 омыртқадан құралатын беломыртқадан тұрады. Белдеме еті қалың, майлы болып келеді. Сүбесімен тұтас асылған қойдың белдемесі бас табаққа салынатын кәделі мүшенің қатарына жатады. Ерте кезде қойдың белдемесін жамбас, құйрығымен тұтас алынып ұша деп аталатын ғұрыптық тағам жасалған. Жылқының, ірі қараның белдемесі де жіктеліп кәделі мүше ретінде табаққа тартылады.

Орталық Қазақстанда соғымның етінен дәм татуға ағайын-туыс, көрші-қолаңды шақырғанда «омыртқаға шақыру» деп атайды. Жалпы соғым сою қазақ дәстүрінде қысқы елеулі науқан болғаны белгілі, осыған байланысты көршілес ел бірін-бірі соғым басына шақыру, шекеге шақыру, бас-сираққа шақыру, омыртқа беру деп түрліше аталатын қонаққа шақыру қалыптасқан. Соғымнан түрлі жағдайларға байланысты дәм тата алмаған сыйлы кісілерге, қатынаса алмаған құда-жекжаттарға сыбаға қалдыратын дәстүр болды. Сыбағаның кәделі мүшелер қатарында белдемені қалдырып сақтайтын дәстүр осы күнге дейін бар.

БЕЛДЕМЕ КҮРЕК – құдық тазалап, су шығару ісіне пайдаланылатын, сабы қысқа, шағын да жеңіл күрек.

Маңғыстау, Үстіртті жайлаған елдің ер-азаматтары тіршілік көзі болған малдың жайымен көшіп-қонғанда жанына (белінде) үнемі белдеме күрек алып жүретін болған. Құралдың атауы соған байланысты орныққан деген пікір бар.

БЕЛДЕМЕЛЕП ТАРТУ – атпен ауыр затты сүйреуде қолданылатын тәсіл. Сүйретілетін затқа байланған арқанның екінші ұшын үзеңгі астынан өткізіп, ердің үстінен алып, ат төсін орай бірнеше қабаттап қатты тартып, қайта апарып осы арқанға бекітеді. Бұл тәсіл ер-тоқым мен айыл-тартпаның үзіліп кетпеуін қамтамасыз етеді.

БЕЛДЕМШЕ¹ – қазіргі кезде қолданыстан шығып қалған, әйел киім-кешегінің элементі, белкиім. И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаева сынды қазақ этнографиясының көрнекті зерттеушілері белдемшені ХІХ ғасырдың ортасынан бастап қолданыстан шыға бастаған, өте көне архаикалық киім қатарына жатқызады. Б. Кәмәләшұлы Монғолия қазақтарының арасында таралған белдемшенің мықынша деген атауын келтіреді. Белдемшенің ерте кезде Орталық Азия мен Қазақстанды мекендеген көптеген түркі тілдес халықтарға тән белкиім болғандығын көптеген зерттеушілер жазады.

Белгілі этнограф Лобачева Н.П. қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының этногенезіндегі ортағасырлық қыпшақ этнобірлестігінің басымдылығы жайлы жазғанда, тиянақты дәлелдерінің бірі ретінде осы халықтарға ғана тән белдемше сияқты белкиімнің таралуын мысал ретінде келтіреді.

Белдемшенің қолданыста болғандығы жайлы деректі ХІХ ғасырдың соңында Ертіс өңірінің қазақтарының әлеуметтік, экономикалық ахуалын зерттеген Г. Катанаевтың еңбегінен және 1867 ж. жарық көрген «Указатель русской этнографической выставки 1867» атты көрменің тізімінде қазақ киімі кигізілген манекенде «Бальдемче – род юбки из полушелковый ткани» деген анықтама келтірілген. Белдемше жайлы және бір деректі ҚР Мемлекеттік орталық музей қорындағы ғалым Х. Арғынбаевтың далалық қолжазбаларында келтірілген: 1961 жылғы экспедиция материалдарында Павлодар облысы Баянауыл ауданының 83 жастағы тұрғыны Рақыш Байжанова белдемшені жас кезінде көргендігін және оның етегінің ойығы бар, белге арттан шалып, алдыңғы жағынан байланатын деген дерек бергендігін келтіреді. Яғни, Орталық Қазақстанда белдемше ХІХ екінші жартысында қолданыстан шығып қалған болса керек деп тұжырымдауға болады.

И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаева өз еңбектерінде белдемшелердің күнделікті және салтанатты біркиер түрлерінің болғандығын жазады. Біркиер белдемше қара, қызыл мауыты, шұғадан тігіліп құндыз терісімен жұрындалып, оқа, тана тағылатын, шеті мен ойықтары кестеленетін. Оңтүстік Қазақстанда белдемшенің белдігін күміс шытыралармен оқа, тана тігіп кестемен өрнектейтін болған, ал Жетісу қазақтары белдемшенің белдігін әшекелемейтін, тек қосымша белорамал немесе күміс белдік тағылатын деп жазады. Г. Катанаев еңбегінде матадан тігілген жамбасты жауып тұратын белдемшемен қатар, шекпен матадан немесе былғарыдан тігілген белді толық орап, алдыңғы жағы айқастыра қаусырылған белдемше түрі жайлы сөз етеді. Алайда оны орыс тіліндегі «юбка» атауымен атап, қазақша атауы мен толық сипаттамасын бермейді

Белдемше ұзындығы балтырдың ортасына жететіндей етіліп пішілген, алды ашық қаусыра белге байланатын сырт киім. Белдемше ашық түсті матадан тігілетін, қартаң әйелдердің белдемшесіне қара түсті мата қолданылған. Белдемшенің белдігінің басы тоғамен, қапсырмамен кейде екі-үш қатар тігілген баумен байланылатын етіліп жасалатын. Белдікке қажетті қаттылық пен мықтылық беру үшін өзегіне киіз салып сырылатын. Арасына жүн салып сырылған, матадан тігілген белдемшелерді көбіне үлкен кісілер

белін суықтан сақтау үшін киген. Ондай белдемшелердің әшекейленуі едәуір төмен және қара, қоңыр түсті матадан тігілетін болған.

Қазақстанның әйгілі этнографтары Х. Арғынбаев, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева еңбектерінде белдемше ертеректе жаппай қолданыста болған өзіндік ғұрыптық мәні бар белге шалып алдыңғы жағынан байланатын әйелдердің сырт киімі болғандығы айтылады. Ертеректе жас келіншектің бірінші рет белдемше киюіне байланысты көрші-қолаң әйелдерді шақырып арнайы дастарқан жайып, белдемше кию рәсімін өткізетін болған. Бірінші баласына босанғаннан соң жас келіншекке, түрлі ғұрыптық рәсімер өткізіп, белдемше кигізу ғұрыптық мәні зор салт-жоралғы болғандығы жайлы қазақ, қырғыз халықтарының материалдық мәдениетін зерттеген Лобачева Н.П. жазады.

Зерттеушілердің жазуы бойынша, белдемше құрылымы жағынан үш түрлі болған. Біріншісі, тік бұрышты адамның алдын жаба шалынатын түрі. Екіншісі, трапеция тәріздес етегі кең болып келетін алды айқаса шалынатын түрі. Үшіншісі, ені екі мықынға жететін белге сырттан шалып байланып жамбасты жабатын белдемше түр. Соңғысын, әдетте, жасы үлкен қарт аналар киетін.

Бірінші екеуі алды ашық юбка тәріздес көйлектің сыртынан шалынып, алды қаусырылатын немесе түйісіп тұратын сәндік бір киер бұйым ретінде қолданылған. ҚР МӨМ қорында (КП 602)1938 жылы алынған біркиер сәндік белдемше сақтаулы. Белдемше қара барқыттан шалғайы кең етіліп тігіліп, көгері өрнектерімен кестеленген. Белдігі қара барқыттан жалпақ етіп сырылып, жиегі қоңыр түсті жібек матамен көмкерілген. Шамамен ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басында тігілген.

Белдемше жайындағы аталған деректерді тәптіштеп келтіріп отырғанымыздың себебі, соңғы жылдары шығып жүрген басылымдарда белдемшені алжапқыш, алшалғыштың жергілікті атаулары деп қате беріліп жүргендігі. Түрлі алжапқыш, алшалғыш, шалғыш дегеніміз адамның алдынан шалынып беліне сыртынан байланатын жұмыс киімнің атаулары. Белдемше болса белге сыртынан шалып алдыңғы жақтан байланатын киім. Белдемше көйлектің үстінен киілетін белді суықтан қорғайтын және біркиер сәнді киім қатарына жатады. Белдемше алжапқыш сияқты шаруашылықпен тікелей байланысты болмаған болса керек.

БЕЛДЕМШЕ² – жауынгерлік қорғаныс жарағы. Кәдімгі белдемше сияқты жауынгерлік белдемшелер де белге байланып, адамның белін, санын қорғап тұрады. Тері, металл тіліктерінен тізбектеле жасалып, белбауға тағылады.

БЕЛДЕСУ – күш сынарудың, күрестің бір түрі. Белдесушілер аяқкиімдерін, сырткиімдерін шешіп, беліне белбеу байлап шығады. Белдесудің күрестен өзіндік ерекшелігі бар. Балуандар белдегі белбеуден бір-бірін орай ұстасып, қоян-қолтық күреседі. Білек күшін ғана емес, жамбасқа салу, кейін бұрау, қарсыласын сәл көтеріп үйіріп құлату, оның жамбасқа келер тұсындағы аяғының сыртынан немесе реті келгенде ішінен қырқа шалу сияқты айла-тәсілдерді де ұтымды қолдануды қажет етеді.

Шынтуайтында, қазақша күрес ел ішінде күрес немесе белдесу деп аталады. Соңғы атауды күрестің қарсыластардың әрқайсысының бір-бірінің белбеуінен орап ұстау немесе жай ұстап та басталатындығымен түсіндіруге болады. Алайда белдесу барысында қарсыласының белінен айқара құшақтап саусақтарын құлыптап та күресуі мүмкін. Осы ретте қазақша күрес терминінің ұлтаралық байланыс саласында ғана қолданыс тауып, таралған когнитивтік бірлік ретінде қарастырған ләзім.

БЕЛДЕУ АРҚАН – киіз үйдің құрылған керегесін және оның сыртынан жабылған туырлығының ортан белінен бастыра айналдыра тартуға арналған арқан. Мұндай киіз үй керегесін айналдыра тартылған белдеу арқан құрылған керегені жазылып кетпеу қызметін атқарса, туырлықтың сыртына бастырылған арқан оны желден, дауылдан көтерілмеуін қамтамасыз етеді. Белдеу арқанды берік болуы үшін иірілген қой жүніне жылқының көктемде күзелген жал-құйрығын қосып, еседі. Оның ұзындығы киіз үйді айналдыра жететіндей, яғни 12-14 құлаш, ал жуандығы бір, екі елі көлемінде болады. Әдетте, белдеу арқан киіз үй есігінің сол жақ жақтауына арнайы тесілген тесігінен өткізіліп, оң жақ босағасының жақтауына қарай, айналдырыла тартылып байланады. Кейде, туырлықтың сыртынан бастыра тартылған белдеу арқанның үстінен киіз үйдің ажарын аша түсу үшін бетіне түрлі ою-өрнек салып безендіріліп тоқылған белдеу бау жүргізіледі.

Киіз үйдің ту сыртындағы белдеу арқанға жол жүріп келген жолаушы атын байлайды. Үйдің сырт жағындағы белдеуге байланған ат біреуді жазым ететін болса, үйдің сырт белдеуінде байланып тұрған атты байқамай қасына барғаны үшін жартылай құн төлеткен. Ал киіз үйдің алдыңғы жағындағы белдеуге байланған ат біреуді жазым ететін болса, ат иесі толық құн төлейді.

Халық арасындағы ауызша деректерде ертеде жауласқан жақтар қарсыласының үйінің белдеуін кесіп, туырлығын тіліп өш алғандығы айтылады.

БЕЛДЕУ ҮЙ – ерте көктемде тұрғызылатын баспана түрі. Шығыс өңірде, бұрынғы Павлодар уезінде көптеп салынған. Павлодарлық шаруалар наурыз айының бас кезінде қыстаудан көтеріліп, Ертіс бойына тоқтап, белдеу үйде отырған. Сонымен қатар белдеу үй қара күзде отыратын келте қыстау сияқты болған. Қам кесектен тұрғызылған белдеу үй қыстық баспана ретінде де саналады. Бұрын қазақтар қоныстанушыларға берілген жерлерде орналасқан белдеу үй үшін әрбір түтін 40 тиыннан салық төлеген.

БЕЛДЕУГЕ ҚАСЫҚ ҚЫСТЫРУ – дәстүрлі болжау рәсімі. Біреудің сапардан қашан келетінін яки жоғалған заттың табылу немесе табылмауын болжап білу үшін тілі енді шығып келе баланың қолына ағаш қасық беріп, белдеуге қыстыруын сұрайды. Егер сәби оның сабын төмен қаратып қыстырса, іс оң бағытта болады деп болжайды.

БЕЛДЕУҚҰРТ – мерзімінен тыс, ұзақ қаңтарылып, ашығу салдарынан болатын жылқы ауруының атауы. Міністі болып терлеген жылқыны қазақ қаңтарып қоятын болған, әдетте, кешке келген атты таң асырып барып жайылтатын болған. Түрлі себептермен қаңтару мезгілі созылып кеткен

жағдайда кейбір арық, жұмысқа салып запыс болған аттар, мезгілімен оттықпай, суарылмай қалғанда белдеукұртқа ұшырайтын.

Белдеукұрт болған малды арқандап бағып, уақытылы жемдеп, суарып күтімін арттырса жазылып кетеді.

БЕЛДІК / БЕЛБЕУ – сырт киімді белдің тұсынан орап ұстап тұратын дәстүрлі киімнің бөлігі. Белдік әдетте, шапан, шекпен, камзол сияқты қаусырма киімдердің шалғайын басып тұрады. Белдік мата шалбар, дамбал сияқты төменгі жақтың киімдерін ұстап тұратын деталі. Дәстүрлі ортада белдік ерте заманнан адамның статустық дәрежесін білдіретін символдық мәнге ие болған.

Байырғы ортада белдік белбеу деп те аталады. Алайда белбеуді әйел адамдар мен бойжеткендер, жас балалар тағынады. Белбеу киімнің сыртқы бел тұсынан буынатын, былғарыдан, қайыстан жасалатын, матадан тігілетін киімнің әшекейлі бөлігі. Мата белбеудің кейбірі белге бірнеше оралып буылса, кейбірі ұшындағы шашақтары арқылы байланып буылады. Мата түрлерінен (жібек, сусыма материалынан, қытай жібегі, атластан) және құрдан, баудан жасалған белбеу түрлерін көбінесе жас балалар, бойжеткен қыздар, егде әйелдер буынады.

Белбеу сәндік-әшекей бұйым болғандықтан, жасалу ерекшелігіне, сәнделу үлгісіне қарай мынадай түрлерге бөлінеді: берен белбеу, бота белбеу, зер белбеу, алтын белбеу, алтын кемер белбеу, датқалық белбеу, деңмент белбеу, шоқ белбеу, сарала белбеу.

Берен белбеу қымбат металдан жасалады. Бота белбеу – белбеудің ең сапалы, асыл түрі, неше түрлі көздері және бағдарлары бар күмістелген белбеу (күмістеген бағдарлары ботаның көзіне ұқсас болғандықтан, бота белбеу аталған). Кемер, деңмент белбеулер осыған ұқсас болып келеді. Гауһармен сәнделген белбеу түрлерін гауһар кәмәр немесе гауһар кемер деп атайды.

Дәстүрлі сырт киімдердің (шапан, тон, ішік, күпі, шекпен т.б.) сыртынан шалғайларын айқара қаусырып, белбеу (белдік) буынады. Археологиялық ескерткіштерден, мифтік және эпикалық шығармалардан, жазба деректер мен этнографиялық материалдардан белгілі болғандай, белбеу ең алдымен әр дәуірдің өзінің мәдени ортасына, содан соң жасалған материалына, оның түр-түсіне, көлеміне, әшекей үшін жапсырылған жапсырма құймалар санына, оған пайдаланылған материалдардың әртүрлілігіне, қосалқы бөліктерінің бар-жоғына байланысты бірқатар атрибуттар мен функцияларды атқарып келді. Белбеу мысалы, мифтік-эпикалық шығармаларда және этнографиялық деректерде белбеу зиянкес күштерден қорғайтын магиялық күші бар кеңістіктік шеңбер түрінде бейнеленеді.

Белдіктің тағы бір қыры билік атрибуты болуында. Билік атрибутын көрсететін белбеулерге ру ақсақалдары мен тайпа көсемдері, хандар мен патшалар таққан белбеулер жатады. Әдетте мұндай белбеулер алтынмен апталып, асыл тастармен безендіріліп жасалынады. Этномәдени мәнге ие белбеуге датқалық белбеу, деңмент белбеу түрлерін жатқызуға болады.

Ақ белбеу – сыйлы адам қайтыс болғанда марқұмның жетісін өткізгенге дейін ер адамдардың тағып жүретін белбеуі. Қайтыс болған адамды ардақтау,

кастерлеумен байланысты қалыптасқан ғұрыптардың бұл түрі текшығыс Жетісу өңірінде кездеседі.

Датқалық белбеу – дәстүрлі ортада үлкен дәрежені білдіретін белбеу түрі. Дегмент (деңмент, деңбет) белбеу күміспен қапталып, әшекейленіп жасалады. Маңғыстау қазақтарында дегмент (деңбет) сөзі белбеудің, әрі қылыштың атауын білдіреді. Қарала ою жүргізілген, күміспен қапталған сәнді белбеуді қарала белбеу, кавказ белбеу деп атайды. Кәмшат кемер белбеу алтын, күміс сияқты бағалы металдармен қапталады. Кәмәр немесе кемер белбеу – зерлі, әшекейлі белбеу түрі. Қылышбау – Маңғыстау өңіріндегі күміс белбеудің жергілікті атауы. Сарала белбеу – күміске алтын жалатылған, сарала түсті сәнді белбеу (кей жерде сарала белдік). Әдетте атақты адамдардың әйелдері таққан шашақты, қымбат, айрықша белбеуді шоқ белбеу деп атайды. Кісе – алтынмен, күміспен, жез үзбелермен безеп жасалған қалталы белбеу. Жұмсақ иленген теріден жасалған белбеу түрін күдері белбеу деп атайды.

Белбеуді белге тағуды белбеу буыну дейді, буынудың қынай буыну, шарт буыну, шымқай буыну деген өзіндік ерекше түрлері бар. Қынай буыну деп қатты қысып буынуды айтады. Ал атпен ұзақ жол жүрерде бүйректі солқылдан сақтау үшін матаны жалпақтай орап қатты таңып алады, мұны шарт буыну дейді. Байырғы ортада белбеуге қатысты ырым-тыйымдар көптеп кездеседі. Мәселен, мойынға белбеу мен жіп салмайды. Мұндай жағдайда сайтан есінен тандыра аздырып, адам өзіне-өзі бақылау жасай алмай, буынып өледі деп ырымдайды. Болашақ нәрестенің дүниеге аман-есен келуі үшін босанайын деп жатқан әйелдің мойнына енесінің белбеуін салған. Ауыртпашылық пен қиыншылықта тәңірден мойынға белбеу салып тілек тілеу қауым арасында ежелде қалыптасқан рәсім болып табылады. Күнделікті тұрмыста сырт киімді желбегей жамылып жүруге болмайтыны сияқты, белдіксіз киім киіп жүруге де болмайды деп тыйым салынады.

Белдіктің өн бойына, бетіне ою-өрнек жүргізілген, күмістелген, алтындалған, қарала ою жүргізілген, құймалар, әртүрлі салпыншақтар орнатылған, түрлі тастар, түрлі-түсті шынылар орнатылған, бірнеше күміс бөліктердің өзара ілмек, шынжыр арқылы жалғастырылған түрлері бар. Кейде күмістің өзінен өрмелеп, тоқып, шынжырлап та белдік жасаған. Белбеудің ұзартылып, қысқартылуы үшін айылбасының немесе қапсырмасының бір ұшында іліктемесі бар доғалық темірі болады. Белдіктің айыл тартпаның басына өткізілген темір ілмек, доғабасын айылбас деп те атайды.

«Алтын кемер – белге сән, ақылды жігіт – елге тән» немесе «Кемер белбеу – бел сәні, кемелді жігіт – ел сәні» деп сөз орамдарында айтылатын белбеуге қатысты мәліметтерден ертеде оның сәндік бұйымдардың бірі болғандығын байқаймыз. Әшекейлі белдіктерге, негізінен, жиын-тойларда тағылатын, жалпақтығы 2-4 елі болып, мауыты, барқыт тәрізді қатты, қалың матаға күмістен, алтыннан ою-әшекей орнатып жасалынған белбеу түрлері жатады. Оны әйелдер де, ер адамдар да таққан. Күміс белдік – былғарыға күмістен шытыралар қондырған белдік. Екі ұшы қапсырма арқылы түйісетін белдік түрін қаптырма белдік, оны-мұны байлап қоюға лайықталған

шығыршықтары бар белдік түрін сақиналы белдік, жұмсақ теріден жасалып, алтынмен апталған, белді бірнеше орайтын белдік түрін сарала немесе күдері белдік, әртүрлі салпыншақтар бекітілген белдік түрін салпыншақ белдік деп атайды.

Ертеректе тек сарбаздар, аңшылар және жол жүрген жолаушылар тағатын кіселер XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде өзінің атрибутын жоғалтып, таза сәндік үшін қолданыла бастады. Кісе белдік пышақ, оқ-дәрі, шақпақ тас және оның білтесін салатын қын, оқшантай, дәндәку сияқты заттарды салып жүруге арналған қалталары болғандықтан, жаугершілік заманда көп тағылатын белдік түрі болған. Осы жерде ерекше екшеп айтар нәрсе – оқшантай әдетте екеуден тағылады. Өйткені оқшантай терминінің өзі бұқаның екі бөліктен тұратын аталығының шонтай атауына байланысты қалыптасты. Кісеге екі оқшантай тағылуының мәні өркендеу, өсіп-өну идеясын білдіреді. Байырғы кезде кісеге, сонымен қатар, қанжар мен қылыштың қын-қынабын, садаққап пен қорамсақты іліп алып жүрген. «Кісі болар жігітті кісесінен танырсың» деген этнотілдік тұрақты сөз тіркесі кісе таққан адамның әлеуметтік мәртебесін айқындап тұрғандай. Түркі тілдерінің бірқатарында кісе «белбеудің қалтасы», «дорбасы», «киімнің қалтасы» мәнінде жұмсалады.

ҚР МӨМ қорындағы (КП 3404) кісе белдік былғарыдан жасалып, дөңгелек дөңес шытыралармен күміс шекімелер арқылы өрнектеліп әшекейленген. Оймалау, шекіме, қарала жүргізу тәсілдері қолданылған. Белдікке он дөңгелек және үш жалпақ құйма қондырылған. Екі ұшындағы 5,5x2,5 см көлеміндегі қапсырмалары жалпақ. Ортасына шығыршықтармен дөңгелек жалпақ шытыралы үш қалта бекітілген. Ұзындығы 165 см, ені 3 см кісенің (қалта) өлшемі 20x15 см, кішкене екінші қалташасы 13x8 см. Бұл белдік 1892 жылы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке арналып жасалған.

Белдік – көне заманнан келе жатқан этномәдени бұйым. Дәстүрлі ортада 13 жасқа толған ұлға әкесі белдік сыйлайтын болған дейді. Бұл баланың жақсы-жаманды айыратын жасқа толды, тіршілік қамына араласатын кезеңі келді деген ұғымды білдірсе керек.

«Ер адамның күші белінде болады» деп пайым жасаған қазақ жатқа белдік сыйламаған. Белі кетті деп еркектік қабілетін жоғалтуды айтса, белі көтерілді деп тыңайып, әлденуді айтады. «Қолынан садағы, белінен белдігі түспеген...», «Елі мықтының – белі мықты» деген тұрақты тіркестер белдіктің байырғы ортада үлкен мәнге ие болғандығының көрінісі.

Құймалы, көзді белдікті көбінесе ер азаматтар таққан және ол ер азаматтың бел қайратының белгісі ретінде танылған. Сырт киімді, шалбарды белдіксіз кию үлкен әбестік, өзінің дәрежесін төмендету болып табылған. Қолға түскен тұтқынның, жазаға тартылар адамның, ең алдымен, белдігін шешіп алған.

Еділ қалмақтары салтында ер адамның бөгде адамның алдында белдіксіз көрінуі әдепсіздік болып саналады. Моңғолдарда әйел деген сөз тура мағынасында белдіксіз (бүсгүй) деген ұғымды білдіреді. Яғни ер адамның әйел затынан ерекшелігі белдікпен танылады.

БЕЛҚАНЖЫҒА – жаяу аңшы құралы. Аңшылық кезінде беліне іліп, иығына асып алып, тұзақ, қақпанға түскен қоян, үйрек, қырғауыл т.б. белқанжыға іліп алады. Оны қайыстан бір тұтам қып өріп, таспалардың ұшына теміртектен шығыршық тағып жасайды.

Өрімнің бас жағына бекітілген ілгек аңшының кісе белдігі шығыршығына тағылады. Сол шығыршықтарға таспаның өзін өткізіп, тұзақтап алып, аң немесе құсты сирағынан қыстырып алады. Атқа мінсе, байлай салады.

БЕЛОРАҚ – шөп шабатын құрал. Шөпті түрегеп тұрып шабуға ыңғайлы белорақтың сабы ұзын келеді, ортасында қолмен ұстайтын тұтқасы бар.

Шөп орғанда саптың сыртында тұрып, оң қолмен тұтқадан, сол қолмен саптың басынан ұстап тұрып, солға қарай сілтей шабады. Оны шалғы немесе тартпа деп те атай береді. Ал, солтүстік жақта қырғы деп те атайды.

БЕЛСІЗДІК¹ – ер адамның жыныстық қабілетінің жоқтығы немесе ұрықтандыру қабілетінің жойылуы. Осы аталған себептерге байланысты билер сотының шешімімен әйелі айрылысуды талап ете алатын болған. Баллюзек дерегі бойынша: мұндай жағдайда түрлі тәсілдермен ер адамның белсіздігі дәлелденсе әйелі жасауын өзімен алып кететін.

Егерде балалары болса ер адам ол балаларды өзінікі екенін дәлелдеген жағдайда бала әкесінде қалады. Егер белсіздік о бастан болып, әйел баланы басқадан тапқаны дәлелденсе бала шешесімен кетеді.

Белсіздік аурудың, зақымдалудың салдарынан болған жағдайда билер соты күйеуіне белсіздіктен емделуге 1 жыл уақыт беретін болған. Бір жылда ем қонбаса әйелінің талабы бойынша айырылысатын.

Н.И. Гродеков «Киргии и каракиргизы Сырдарьинской области» атты еңбегінде әйел адамның билер сотына шағымданғанының мысалын келтіреді: Шардара болысының тұрғыны Таламыш (Тілеміс) Қызылбаев Ұлжан атты қызға үйленеді. Өзінің белсіздігі анықталған соң, айрылысып Ұлжанды інісі Мамытқа қосады. Мамытта белсіз болып шыққаннан соң, Ұлжан билер сотына шағымданып айрылысуды қалайды. Билер сотына келген Тілеміс пен Мамыт белсіздігін мойындап Ұлжанға бостандық береді. Ұлжан Серкебай Түкебаевқа тұрмысқа шығып, Серкебай Тілеміс пен Мамытқа қалың малдың өтеуіне жүз қой, бір құнан, бір еркек жылқы береді. Билер шешімді дұрыс қабылдап мөрлерін басыпты. Құрама оязы 1877 жылы болған уақиға.

БЕЛСІЗДІК² – еркек малдың ауру салдарынан ұрықтандыру қабілетінің жойылуы. Белсіздік туа біткен, жарақат салдарынан немесе түрлі аурулардың жыныс бездеріне кері әсерінен болады. Құтпан мал, көбінесе, жыныс мүшелерінің жұқпалы ауруларының нәтижесінде белсіздікке ұшырайды. Мысалы, жылқыда болатын қарақаптал, көптеген жағдайда белсіздікке әкеледі. Туа біткен белсіздік ен түспеу, сыңар ен, шартық малдарға тән.

Құтпан малға, әдетте денсаулығы мықты, физиологиялық қабілеті жақсы, ірі малды таңдайтын. Басқа еркек малдар піштірілетін. Әдетте, бірінші кезекте дүбәрә, әлжуаз, кеміс түліктер піштірілетін. Бұл мал тұқымын азғындап кетпеуі үшін жасалатын халықтық селекция, іріктеу амалдарына жататын. Белсіздіктің және бір түрі құтпан мал шау тартып жас келгенде

жыныстық қабілеті төмендеуімен байланысты. Мұндай малды қазақ малшылары дер кезінде піштіріп, сойысқа дайындайтын. Ондай малды азбан қошқар, азбан айғыр деп азбан сөзін қосып атайды. Әдетте, кезінде піштірілмеген азбан үйірге «иелік» еткенін қоймай жас құтпан малмен бәсекеге түсіп, үйір, табын, отардың берекесін алады. Жыныс бездері алынып тасталған малдың аталық инстинкті жойылып, мінезі орнығып, басқа малдың мазасын алмайтын болатын.

Белсіздіктің кең тараған түрі мертiгу, жыныс мүшелеріне зақым келу және күтімі төмендеген арық малдың қыстың қара суығында үсік шалу салдарынан еніне зақымды дер кезінде емдемеуден болады.

Қорыта келгенде, түрлі себептермен белсіздікке ұшыраған малдың жыныс мүшелерінің ауруы мазасын алып ауырсындырмаса сол қалпында піштірілмей қала беретін. Әрине, қылкүпек, қарақаптал секілді жұқпалы ауруға шалдыққан мал міндетті түрде піштіріледі. Себебі, еркек малдың жыныстық инстинктерінен жою арқылы аурудың тарап кетпеуінің алдын алу болып табылады. Піштірілгеннен кейін барып ауру малға емдеу шаралары жасалатын.

БЕЛТАМЫР – мал союға көмектескен көрші-қолаң, ағайын-туысқа берілетін кәденің атауы. Көшпелі ортада, отырықшы елдердегідей емес, кәсіби қасапшылар болған жоқ. Әдетте, соғым союға қолының икемі бар, сойыс малын жақсы мүшелеп, боршалайтын адамдар көмекке шақырылатын. Көрсеткен көмегі үшін ешкім ақы сұрамайтын, алайда үй иесі рахметін айта отырып көмек көрсеткен адамға сойылған мал етінен кәде сый беретін дәстүр болған. Ондай кәденің белтамыр атауынан басқа қолкесер, аяқ омыртқа деген жергілікті атаулары бар. Белтамыр әдетте, қарын, қабырға, азат омыртқа сияқты мүшелерінен салып беретін. Мал сойылып болғаннан соң өкпе-бауырдан қуырдақ жасалып келген адамдарға дастарқан жайылатын.

БЕЛТЕМІР – қаңылтыршы ұстаның құралы. Ұзындығы құлашқа жуық, қырлы, түзу бір ұшы жалпақ келеді, ал шорт кесілген екінші ұшында бірнеше тесік пен төрт қырлы, үш қырлы т.б. әртүрлі мәнерде жасалған ойықтар болады.

Белтемірмен қаңылтырды тесу, бедерлеу, майыстыру басқа қажетті затқа жапсырмалау, шегелеу сияқты еңбек операцияларын атқару барысында пайдаланады.

БЕЛТІР – етіктің басы мен қонышы аралығындағы үзеңгілік тұсы.

БЕЛТІРЛІК – күн суықта жіліншікті орап байлайтын тартқыш, бау. Белтірлікті матаның ішіне мақта, жүн салып сырып тігеді. Кейде бесіктің тартпасы сияқты етіп жүннен де тоқиды.

БЕРГЕК – сәукеленің төбесіндегі әшекейленген төбелдірік – қатырғы. Алтын мен күміс әшекейлермен безендіріледі. Оған моншақ қадаған жібек желек бекітіледі. Бергекті келіншек бала туғанға дейін (яғни, кимешекке ауысқанға дейін) киеді.

ҚР МОМ қорындағы (КП 3427) бергек сәукелесі конус пішінді, тәжі қызыл мауытыдан тігілген. Тәжге маржан, перуза тастар қондырылып, қатырғы бергек орнатылған. Биіктігі 47 см, милық шеңбері 46 см, төбесі 20 см.

Төбесіне шашақ төгіп, шоқ үкі қадаған. Тәждің белортасын айналдыра бастырған оқаның астына перуза тастан көз салынған күміс құймалар мен тамшы тәрізді қоза салпыншақтар, шытыралар үш қатар етіп айналдырыла қадалған. Одан төменде, маңдай бөлігіне, қызыл маржаннан тізіліп жасалған ені 4,5 см-лік торша тігілген. Сәукеленің екі жақтауындағы оқалы белдеуден төмен перуза, маржан тастар тағылған.

БЕРДЕҢКЕ – оқпаны қырлы ұңғылы, қазынадан оқталып, бір зарядты унитарлық патронмен ататын мылтық түрі.

БЕРЕЗЕ – зергерлік бұйымдарда қолданылатын ақшыл көк түсті асыл тас. Орыс тілінде бирюза деп аталады. Перезе, перуза немесе көктас деп те атайды.

БЕРЕКЕ¹ – ауызбірлікті, ынтымақ, татулықты білдіретін ұғым. Халық санасындағы түсінік бойынша бірлігі мықты, ынтымағы күшті болса, ондай елдің ырыздық-несібесі мол болып, құт қонып, ырыс дариды делінеді. Сондай-ақ, құт-береке, береке-бірлік, береке дару, береке қону, береке берді т.б. түсініктерді білдіретін атаулар берекенің заттық байлықтан да, биліктен де жоғары тұратын құндылық екенін байқатады. Керісінше, берекесі кету, берекесі қашу деген сөз орамдары ынтымақ, ырысы кеткен жағдайды білдіреді.

Бетеге кетсе, бел қалар,

Бектер кетсе, ел қалар,

Берекең кетсе, нең қалар? – деген нақыл сөздер осы жайтқа байланысты айтылса керек.

БЕРЕКЕ² – дәстүрлі ортадағы әлеуметтену үрдісіндегі ғұрып, қазаға көңіл айта барғандардың ақшалай, малдай көмек жәрдемінің жергілікті атауы. Қазақ арасында мал-мүлікпен, ақшалай жәрдемдесу көбінесе бата оқыр, бата малы деп аталады. Ал шығыс аймақ пен Алтай өңірінде береке деп айтылады. Марқұмның туған-туыстарының қосар мал-мүлкі береке деп есептелмейді. Қазақы дүниетанымда ажал айтады екен: «Бардың байлығын шашам, жоқтың артын ашам», – деп. Сондықтан өлім, қаза кезіндегі ауыртпалықты ел-жұрт болып көтеріп, адамынан айырылған үйге салмақ түсірмейді. Береке атауы да соған байланысты шыққан болса керек.

БЕРЕН / БЕРЕҢ – қару-жарақ соғуға қолданылатын асыл болаттың қазақ тіліндегі бір атауы. Дәстүрлі жауынгерлік қару-жарақ түрлерінің кейбірінің атауларына оның жасалған материалының атауы қосылып айтылатындықтан, береннен соғылған қылыш, мылтық, сауыт түрлері берен қылыш, берен мылтық, берен оқ, берен сауыт деп аталған.

Көне магиялық түсініктердің негізінде пайда болған лингвистикалық тыйымдарға (табу) байланысты, көшпелі түркі халықтарында әскери кәсіпте қарудың өз атауының орнына жасалған материалының атауы магиялық құпия атауы ретінде қолданылып, қазақ тілінде берен сөзі осы болаттан соғылған жауынгерлік қару-жарақтың кейбір түрлерінің эвфемистік жанама атауы болып та қалыптасқан. Ақ алмастан (болаттан) соғылған берен қылыш, оқпаны береннен соғылған мылтық, қорғаныс қасиетін қалыптастыратын негізгі конструктивтік элементі – тақтасы береннен соғылып жасалған берен сауыт

фольклорлық деректерде кейде осы эвфемистік жанама атаумен берен, ақ берен деп атала береді. Асылдықты мағыналайтын сөз ретінде халық ауыз әдебиетінде берен сөзі батырдың эпитеті ретінде де қолданылды.

БЕРЕН КЕЖІМ – ат сауыт, кежімнің қосымша болат тақташалар орнатылған түрі. Берек кежім жауынгердің астындағы әскери атын қорғау үшін жасалатын ерекше түрі. Берен кежім былғары немесе тығыз матадан жасалған астарлық жабуға берен тақташаларды тығыз орналастыра тігу арқылы жасалады.

БЕРЕН МЫЛТЫҚ – оқпаны оқ атқанда жарылмас үшін береннен (асыл болаттан) соғылып жасалған мылтық.

БЕРЕН ОҚ – жебесі асыл болаттан соғылған садақ оғы. Берен оқ болат сауытты тесуге арналған сауытбұзар оқтардың бірі. Берен оқты батырлар жекпе-жекте қарсыласының сауытына басқа оқ өтпегенде қолданған. Сауытбұзар оқтардың жебелері үскі сияқты үшкір етіліп, қырланып соғылады.

БЕРЕН САУЫТ – қазақ жауынгерлерінің ерте кезде қолданған қорғаныс жарағы. Берен сауыт металл (берен) тақташаларды тыс пен астардың арасына салып, бекіту арқылы жасалған сауыттың ерекше түрі. Берен сауыт ауыр болғанымен, адамды жақсы қорғайтындықтан жауынгерлік құндылықтардың ішінде бағалы жарақ қатарына жататын.

Берен сауыт атауының беренді сауыт, беренгі сауыт деген варианттары кездеседі. Болат (берен) тақташаларды тығыз орналасуы жауынгердің қимылын тежеуіне байланысты берен сауыт көбіне жеңсіз пішіліп, жасалатын. Осыған байланысты ауыз әдебиет үлгілерінде берен сауытты жеңсіз берен деп атау кездеседі.

БЕРЖЕБАЙ – XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың жаңадан айналысқан кәсіптерінің бірі. Сол кездері жүк таситын орталықтар көлік биржасы деп аталатын. Ал, онда тіркелген арбакештерді «биржевой» дейтін. Олар алыс жолдарға немесе қаланың ішінде ат арбамен кісі, я болмаса жүк тасумен айналысатын. Бержебай осы «биржевой» атауының қазақыланған түрі.

БЕРІКӘЛІ – Мұхаммед пайғамбардың Бадра шайқасында жаудан түсірген қылышы – Зұлпықардың халық тіліндегі бір атауы. Ол кейіннен Әзіреті Әліге мирас болған. Берікәлі атауы байырғы ақын Досжан Сексенбайұлының мына бір өлең жолдарында кездеседі:

Дүниенің білдім жалғанын,
Көтердім басқа салғанын.
Сол болды жалғыз арманым.
Берікәліні шалмадым.

Мұндағы берікәлі сөзінің берік және Әлі сөздерінен бірігуінен жасалғандығын байқауға болады. Сонымен, берікәлі – «Әліге мирас болған зұлпықардың» (бұл сөздің дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқасы-зұлперін) баламасы. Осындай фольклорлық тәсілдерді І.Жансүгіровтің образды сөз өрнегінен ұшыратамыз:

Шалғыны шыңғырлатып жанып-жанып,
Жоңқабай жоңышқаға қалды салып

Әлінің кеуір қырған зұлперіндей,
Үйіріп қырып-жойып кетті жарып.

БЕС ЖАҚСЫ – байырғы кездегі тоғыз беру салтының құрамына кіретін бес тәуір зат.

Үш тоғыздың ішінде бес жақсы болуы шарт. Сол бес жақсыға жанды тоғыздан қара нар, емшегі тұтам бие (не қазанат), жансызда қалы кілем, алмас қылыш (не түзу мылтық), тәуір киім (қымбат ішік, жібек шапан т.б.) жатады. Егер бес жақсы құл мен күң бастаған тоғыз болса, оның бес жақсысы 1) құл мен күң, 2) боталы түйе, 3) қазан от, 4) қалы кілем, 5) құндыз ішек болады; ал бас бақсы боталы түйе болса, оның бес жақсысы 1) боталы түйе, 2) құлынды бие, 3) қалы кілем 4) астарлы шапан, 5) түзу мылтық (алмас қылыш) болады.

БЕС ҚАРУ – қазақтардың дәстүрлі жауынгерлік шабуыл қаруының толық кешені. Батырлардың соғысқа қарулануын білдіретін, «бес қаруын асынды», «бес қаруын сайланды», «бес қаруы бойында» сөз тіркестері халқымыздың ертегі, жырларында жиі кездеседі.

Ер қаруы – бес қару

Бәрін тегіс сайлады.

(«Көкше батыр»)

«Ер қаруы – бес қару» сөз тіркесінде қазақтардың соғысқа қолданылатын жауынгерлік қаруды жіктеудің, топтаудың дәстүрлі халықтық жүйесі көрініс тапқан. Қазақтар «ер қаруы» деп кәсіби әскерилер ғана ұстайтын, соғысқа ғана қолданылатын жауынгерлерлік қару түрлерін атады. Бұл жүйе бойынша «Ер қаруы – бес қаруға» өзіндік зақым салу тәсілімен ерекшеленетін жауынгерлік шабуыл қаруларының негізгі бес тобы жатады: 1) ату қаруы (жақ пен оқ, мылтық), 2) түйреу, шаншу арқылы зақым салатын қару (найза, сүңгі, жыда), 3) кесу арқылы зақым салатын қару (семсер, қылыш, сапы), 4) соғу арқылы зақым салатын қару (шоқпар, күрзі, босмойын), шабу арқылы зақым салатын қару (балта, айбалта, шақан). Шабуыл қаруының бұл бес тобы көшпелі халықтарда б.з. дейінгі I мыңжылдықта пайда болып, қазақтарда ХІХ ғасырға дейін қолданылып келді.

Тарихи даму барысында қазақтарда бес қарудың әр тобының жұмсалыу тәсілімен, соған сәйкес конструктивтік сипатымен, сыртқы пішінімен айырықшаланатын бірнеше түрлері мен типтері қалыптасты. Ату қаруына қолдың күшімен атылатын жақ пен оқ жатады, кейін оны оқдәрінің күшімен атылатын отты қару – мылтық, тапанша ауыстырды. Жақтың зақым салатын снаряды – оқтың сауытсыз қарсыласқа қарсы қолданылатын «қозыжауырын оқ», «доғал оқ», сауытпен жарақтанған қарсыласқа қолданылатын «көбебұзар», «сауытбұзар», «берен оқ» сияқты түрлері болды. Ал мылтықтың оқпандағы дәріге от беру әдісімен айырықшаланатын «пілте мылтық», «жазайыл», «самхал», «шақпақты мылтық», «шиті мылтық», «берденке» сияқты түрлері бар. Ал кесу қаруының басы түзу, екі жүзді «семсер», басы қайқы, бір жүзді «қылыш», басы қайқылау, бір жүзді, балдақсыз «сапы» деп аталтын түрлері бар. Өз кезегінде қылыш «наркескен», «алдаспан», «жатаған қылыш», «зұлпықар» сияқты түрлерге бөлінеді. Ал кесу қаруының «қанжар», «кездік», «пышақ» сияқты қысқа сапты түрлерін жауынгерлер қосалқы қару

ретінде пайдаланды немесе күнделікті ұстанды. Түйреу қаруының сауытсыз қарсыласқа қолданылатын «найза», сауытпен жарақтанған жауға қарсы қолданылатын «сүңгі», лақтырып жұмсалатын «жыда» деп аталатын түрлері бар. Ал шабу қаруы «балта», «айбалта», «шақан» деп аталатын түрлерге бөлінеді. Соғу, ұру арқылы жарақат салатын қарудың «шоқпар», «гүрзі», «босмойын» деп аталтын түрлерін айырады.

Сонымен бірге әр қарудың жасалу материалының сапасына, көлеміне, салмағына, жасалу жеріне, қолға ұстайтын саптарының ұзындығына, әшекейленуіне байланысты көптеген үлгілері мен нұсқалары болды. Ауыз әдебиетінде соған байланысты сарыжа, бұхаржа, сай гез оқ, күшіген жүнді оқ, сырлы жебе, қызыл жебе, асфахан қылыш, алтын қылыш, алмас семсер, болат найза, сала құлаш найза, төрт қырлы сүңгі, берен мылтық, үрім мылтық, ала балта, тас шоқпар, бес батпан күрзі және т.б сол сияқты атауларды кездестіруге болады. Бірақ бұлар кейбір басылымдарда жазылып жүргендей жауынгерлік қарудың жеке түрлері емес, әр нұсқалардың жасалуын, сапасын көрсететін поэтикалық атаулары.

Бұрынғы заманда көне магиялық наным-сенімдерге байланысты соғыс кезінде жауынгерлік қарудың өз атуын айтуға тілдік тыйым (лингвистикалық табу) салынып, оның орнына метонимиялық заңдылық бойынша материалының, бөлігінің немесе зақымдау әрекетінің атауымен жасалған эвфемистік жанама атаулар қолданған. Қазақтар бұл дәстүрді «ат тергеу» деп атайды. Сондықтан ауыз әдебиетінде қылыштың «кесер», «қырқар», «қызыл алмас», «алтын балдақ» деп аталуын, жақтың оғын «жебе», жақты «садақ», қылыш, семсер, мылтықтарды «берен», «ақ берен» деп атауды кездестіруге болады.

Жауға барсаң кесерді ал,
Дауға барсаң шешенді ал.
(Халық мақалы).

Қызыл алмас жанқияр,
Қызыл талға қынаса.
(Ақтамберді жырау)

Мен оқтаулы ақ берен
Серіппеме тидің от алдым.
(«Сырым батыр»)

Кейде бұл эвфемистік атаулар қарудың бір синонимдік атауына айналып кетеді. Мысалы, бүгінде жақты «садақ», оқты «жебе» деп атай береміз.

Соғыс ісінде қолданғанда бес қару бірін-бірі ауыстыра алмайды. Мысалы, кесу қаруы – қылыш түйреу қаруы – найзаны ауыстыра алмайды, ал түйреу қаруы – найзаны шабу қаруы – айбалтаның орнына жұмсай алмайсыз. Сондықтан әскери өнердің талабы бойынша батырлар жауынгерлік шабуыл қаруының осы бес тобын қолдануды түгелдей жетік меңгеруге және мүмкіндігінше олармен түгел қарулануға міндетті болды.

Берік сауыт кигізді,
Садағын сала байланып.
Ер қаруы – бес қару

Бесеуін тамам ілгізді
(«Құбығұл»).

Ал бес қарудың әр тобының өз ішіндегі түрлерін жауынгердің машығына қарай бірінің орнына бірін қолдана беруге болады. Мысалы қылыштың орнына семсерді, немесе сапыны ұстауға болады. Немесе айбалтаның орнына шақанды, гүрзінің орнына босмойын шоқпарды қолдана береді. Фольклорда батырдың бес қаруды бойына асынуы – қарулануы жорыққа шығуды, соғысқа аттануды символдады.

Кәсіби әскерилер – батырлардың соғыстағы жауынгерлік жекпе-жегі мен тойлардағы сайыстары да осы бес қару түрінен (садақ атудан, найзаласудан, қылыштасудан, айбалтамен және шоқпармен соғысудан) өткен. Бес қарудың әрқайсысының жұмсау тәсілінің бір-бірін ауыстыра алмайтын өзіндік ерекшеліктері ер қаруының әр түрімен қаруланған жеке әскер бөліктерін – найзагерлер, қылышкерлер, айбалташылар, садақкерлер қосындарын құруға негіз болды және майдандағы шайқас кезінде қолданылатын әскери тактика да осы бес қаруды нәтижелі пайдалануға негізделді. Көшпелілердің соғыс өнерінде айқас әдетте алыс қашықтықтан садақпен атысудан басталып, адамдары, аттары шығынға ұшыраған жау әскеріне жақын қашықтықта сүңгімен соққы беріп, найзаласумен жалғасып, қоян-қолтық ұрыста қылыш, айбалта, шоқпар қолданылды. Күштің тепе-теңдігі бұзылған жағдайда, қаша ұрыс салып, шауып келе жатып артқа садақ ату әдісін қолдану арқылы жауды шығынға ұшыратып отырды.

Бес қарудың барлық түрі көшпелі қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды белгілейтін символдық атрибуттар, патшалық биліктің, жоғары дәрежелі әскери лауазымдардың дәреже белгісі ретінде қолданылды. Семсер, қылыш хандық, пашалық биліктің дәреже белгісі болды, көшпелі халықтарда ханды таққа отырғызғанда оның билігінің белгісі ретінде беліне қылыш байлады. Гүрзі, бұздыған қолбасшының билік белгісі ретінде қолданылып, әскербасылық лауазымға тағайындалған адамға тумен бірге тапсырылды. Найзаға әскердің киелі белгісі ретінде ту, байрақ, жалаулар тағылған.

Көшпелі халықтарда көне заманнан ер қаруы киелі саналып, қолдану барысында онымен қатынас ғұрыптық сипат қабылдады. Бұрынғы кезде антропоморфизм, анимизм сияқты көне наным-сенімдерге байланысты жауынгерлік қаруды жаны бар, тірі зат деп санап, батырлар өздерінің қаруларына жеке есім беретін болған. Мысалы Абылай ханның мылтығының жеке есімі Күлдір-мамай болды, қырғыздың эпикалық батыры Манастың мылтығының есімі Ақкелте, Хазірет Әлінің қылышының аты Зұлпықар болған.

Сол күнде бір жүйрік мылтық
Бар екен Абылайда Күлдір-Мамай.
(«Қабанбай»)

Караоолу дажал, огу ажал,
Асынып жүрсе Ақкелте.
(«Манас»)

Соғысқа немесе жекпе-жекке шығарда батырлар өз қаруларынан жеңіске жеткізуді сұрап, олармен серттескен.

Алты атқа алған адырна,
Он атқа алған бұхаржа,
Ата алмасам сағат серт!..
Шым жібектен ескен кірісі,
Үзіліп кетсең саған серт!

«Ер Қосай».

Яғни, айқас кезінде ер қаруын қолдану әскери магиялық әрекет, ғұрып түрінде түсініліп, жауынгер айқас алдында өз қаруына мадақ айту, қорқыту, қарудың пірлеріне жүгіну, арбау сөз айту арқылы қаруға нәтижелі әрекет беруге тырысқан. Бұрынғы кезде бес қарудың әрқайсысының белгілі бір қорғаушы, әрекетін бағыттаушы әулие-пірлері бар деп санады. Фольклорда бес қарудың пірлері ретінде Рүстем мен Дастан сияқты парсы, түркі халықтарына ортақ көне мифтік қаһармандармен бірге Дәуіт, Халел-Ибраһим пайғамбарлардың есімдері аталады.

Мынау садақ қалыпты,
Рүстем менен Дастаннан...
Ибраһим – Халелден
Қалған мына найзасы...
Бабаң өткен Ер Дәуіт
Саған кеткен қалдырып,
Сауыт пенен қылышты.

(«Қисса Көрұғлы»)

Байырғы заманда қазақтар «жауынгердің жаны ер қаруында болады» деп те сенген, бұл сенімнің көрінісін қазақтың ертегі-аңыздардан көруге болады. Батырдың жанын сақтаушы ретінде қару батырмен бірге жасап, онымен бірге «өледі» деп түсінілді. Дәстүрлі ортаның жерлеу салтында өлген жауынгердің қаруын сындыру ғұрпы жасалып (қаруды бүлдіру арқылы ондағы адам жаны немесе қарудың өз жаны азат етіледі деп сенген), сынған қару иесімен бірге жерленді. Жауынгердің қаруын моласына қою салты қазақтарда ХІХ ғасырға дейін сақталды.

Қазақтарда бес қару киелі мүлік саналып, атадан балаға мұра болып қалатын. Түрлі әлеуметтік байланыстарда – руаралық қатынастарда, әлеуметтік жіктер өкілдерінің арасындағы туыстық қатынастарда олардың деңгейін символдайтын белгі ретінде де бес қару қалың мал, кіит сияқты ғұрыптық сый-тартулардың құрамына ең бағалы зат болып кірді. Бүгінде атақты батырлардан қалған бес қарудың кейбір түрлері олардың ұрпақтарында қасиетті дүние ретінде осы уақытқа дейін сақталып келеді.

БЕСАСПАП – жан-жақты, шебер адам. Зергерлікті, ағаш ұсталығын, етікшілік, теміршілік, ершілік кәсібін қатар меңгеріп, әрбір кәсіп саласында қолданылатын құрал-саймандармен жұмыс істеу тәсілін толық меңгерген адамды байырғы ортада бесаспап деп атаған. Жергілікті тілде әмбебап, сарамжал атаулары да кездеседі. Дәстүрлі дала мәдениетінде киіз үйді бір өзі ғана жасайтын адамды да бесаспап деген.

БЕСАТАР – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қолданысқа енген, оқсауытына бес оқ салынып атылатын мылтық немесе тапанша түрі.

ҚР MOM қорындағы (КП 16787/13) XX ғасырдың бас кезінде Ижевск қару-жарақ зауытында жасалған бесатардың жалпы ұзындығы 123 см, калибрі 7,62 мм. Төрт иір ойықты ұңғылы оқпаннан, оқпан қорабынан, бекітпеден, құндақтан және магазинді қораптан тұрады. Құндағы мен дүмі қайыңнан, сүмбісі болаттан жасалған. Қазақ арасында аңшылықтың ең тиімді құралы ретінде жоғары бағаланады.

БЕСБАРМАҚ / БЕШБАРМАҚ – қазақтың бас тағамының орыс тілінен ауысып қалыптасқан атауы. XIX ғасырда қазақ арасына орыстарға тілмаш боп келген татар-башқұрттардың қамыр қосып тартқан етті қолмен алып қабылдауын білдіретін «беш бармак» деген атаумен байланысты қалыптасса керек. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде орыс келімсектерінің дәстүрлі қазақы ортадағы қолмен алып тамақтанатын ет тағамына сырттан танған атауы. Сонымен бірге осы атау Ресей империясының билігіндегі кезінде көшпелі тіршілік кешкен этностардың ет тағамына қатысты да қолданылып кетті. Шынтуайтында, бешбармақ – қазақ даласындағы патшалық әкімшіліктің жергілікті шенеуніктерінің ет тағамын кемсітіп атауы. Қазақ өзінің негізі асы ет тағамын ет деп қана атайды.

БЕСБІЛЕЗІК – аралары шынжырмен біріктіріліп жасалған білезік пен сақиналардан тұратын, екі-үш саусаққа қатар киетін сәнді әшекей түрі. Тас қондырылып, түрлі өрнектер бедерленген білезік тойнақпен бекітіліп, оған жалғанған үзбеге шынжырлармен 2-3 сақина байланады. Білезігі жалпақ болады, сақиналары құстұмсық, отау түрлерінде жасалады. Үзбесі қол үстінен өтетіндей. Алдымен сақиналары киіледі. Білезігіне кейде топса салынып, алып-салуға ыңғайлы етіп жасалады.

ҚР MOM қорындағы (КП 3802) бесбілезік күмістен жалпақ етіп соғылып, тойнақпен бекітілетін үш жүзіктен құралған. Жүзіктері бар үш шынжыр қызғалдақ гүл тәрізді алақанға бекітілген, ол білезік ортасындағы ілмекке орнатылған. Білезік пен жүзіктердің беті сопақ, оның жақтауларына беті сіркеленген ақықтан рең берген шыны көздер қондырылып әшекейленген. Беттері геометриялық өрнектермен безендірілген, жиегі бедерлемен көмкерілген. Диаметрі 6,6 см, биіктігі 5,6 см.

БЕСКҮЛ – өрнектің бес бұрышты түрінің атауы. Кілем, тұскиіз, құрақ көрпе, бөстекке салынатын бескүл өрнегінің атауы шартты түрде солай болғанымен, ұштары үшкіл қырлы емес, доғалданып келеді.

Құрылыс өнерінде жиі кездеседі. Керегекөз тәрізді бес элементтің бір ұшы ортада түйісіп, ұштары «бескүлденіп» тұрады.

БЕСҚАЛА – Кіші жүз қазақтарының ортасында қалыптасқан, Әмудария өзенінің төменгі ағысындағы, сол жақ жағалауында орналасқан ірі базарлары бар қалалар тобының ортақ атауы. Атау шамамен XVIII ғасырда қалыптасқан. Қазақстанның Батыс өңірлерінде (Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Орал) мекендейтін Кіші жүз рулары Үстірт арқылы Хиуа хандығымен сауда-саттық қатынастарын орнатқан. Дәстүрлі керуен жолдары Үстірттің шығысында, Әмударияның Арал теңізіне құятын сағасында тоғысатын. Осыған орай

қарақалпақтар мекендейтін Әмударияның сол жақ жағасында Қоңырат, Қойжейлі, Көне Үргеніш, Шават, Хазарасп, Гүрлен қалаларында қыр қазақтарымен саудаға бейімделген үлкен маусымдық базарлар болды. Дереккөздерде XVIII ғасырда қазақтар Хиуа хандығының базарларына 50 мыңнан 100 мыңға дейін қой айдап, 50 мың пұтқа дейін астық алатын деген мәліметтер келтіріледі. Ғалым У.Х. Шәлекенов еңбектерінде Үстірттен түсетін керуен жолдың көмейінде, орналасқан Қоңырат қаласы XVIII ғасырда қазақтармен сауда жасайтын ең үлкен сауда орталығы болған деп жазады.

Жалпы бесқала деп Кіші жүз қазақтары Әмударияның төменгі ағысындағы қарақалпақтар қоныстанған өңірді атаған. Бесқала ұғымына кіретін қалалардың саны мен атаулары өзгеріп тұрған сыңайлы. Бұлай болу себебі кейбір қалалардың экономикалық ахуалы төмендеп, кейбірінікі өсуіне байланысты сауда-саттық мүмкіншіліктері де өзгеріп отырған. Осыған байланысты болса керек бесқала атауымен қамтылатын елді мекендердің атаулары деректерде түрліше келтіріледі. Мысалы, Қазақ Ұлттық энциклопедиясында бесқаланың құрамын Қоңырат, Қойжейлі, Шымбай, Нөкіс, Төрткүл деп берілсе, У.Х. Шәлекенов өз еңбегінде Қоңырат, Көне Үргеніш, Шават, Хазарасы, Гүрлен деп көрсетеді.

Орыс бодандығына енген кезден бастап бесқаланың экономикалық маңызы біртіндеп бәсеңдеп XIX ғасырдың соңында, тіпті жойылып кетті. Олай болуға басты себеп Ресейдің арзан тауарлары мен астық өнімдерінің басымдылығы болды. Айта кететін жайт, Ақтөбе, Маңғыстау, Орал, Атырау өңірінде Қарақалпақстанды бесқала деп атау бертінге дейін сақталды. XX ғасырдың 20-жылдары Арал, Әмудария жаққа қарай ауған қазақтар жайында «Бесқала жаққа ауды» деген сөз тіркесі ақпарат құралдарында кездеседі.

БЕСҚАСТЫ ЖҮЗІК – бетіне бес жерден көз орнатылған батыс өңірге тән дәстүрлі жүзік атауы. Бесқасты жүзік өзіндік этномәдени мәнге ие, отбасы-некелік салтындағы құдалықта тарту орнында жүретін құдағи жүзіктің, сондай-ақ қос бауырдақты жүзіктің, адай жүзіктің ерекше бір түрі. Бесқасты жүзіктің алақаны (саусақтың үстінде тұратын дөңгелек бөлігі) үлкен төрт саусақтың үстін жауып тұратындай көлемде болады. Оның астында екі-үш саусаққа қатар киілетін қос бауырдақ орналасады.

ҚР МОМ қорындағы (КП 19475) қос бауырдақты құдағи жүзік бесқасты етіп күмістен соғылып, алтынмен апталған. Ширатпа, қас қондыру, сіркелеу тәсілдерімен айшықты етіліп жасалған жүзіктің өлшемі 5x7,2 см. Алақаны ортасында дөңгелек көз, оны айнала төрт тарапында жапырақ пішінді кішілеу көздер орнатылған. Көздің айналасы қозамен құрсауланып, ортасына сіркелеу тәсілімен бет-бедер салынып, астына қызыл түсті шыны орнатылған. Алақанның қырына ширатпа салынып сәнделген.

БЕСҚОНАҚ – байырғы жұлдыздық күнтізбе бойынша жылдағы 365 тәулікте 30 күннен тұратын 12 айға бөлгендегі айлардан қалыс қалатын 5 тәулік. Оны қалыс күн деп те атайды М. Ысқақов. Бұл жүйені санмен былайша көрсетуге болады: $30(\text{тәулік}) \times 12 (\text{ай}) + 5(\text{қалыс күн}) = 365(\text{тәулік})$.

Басқаша айтқанда, бесқонақ – ескі жылдың аяғы мен жаңа жылдың басы аралығында ай құрамынан тысқары тұратын 5 тәулік. Есепшілер бір жылдағы

365 тәулікті 12 айға қалдықсыз бөлу үшін айды 30 күннен есептеп, жыл соңында 5 (кібісе жылдары 6) тәулікті қосып жұлдызбен сәйкестендіріп отырған. Объекті ретінде нысанға алынған белгілі бір жұлдыздың батқанынан келесі батқанына дейін 365 күн болатынын есепшілер жақсы білген. Сөйтіп, ескі жылдың шығуы мен жаңа жылдық кіруі аралығына бес күн қосып бесқонақ (қалыс күн) тәсілі арқылы жылдағы айлардың өз тұғырынан жылжып кетпейтіндей етіп күнтізбе жүйесін жасаған. Есепшілердің бесқонақ терминінің функционалдық мәні, міне осыған саяды.

Жылдағы 360 күнді есепшілер 90 күннен жас тоқсан («көктемнің үш айы»), жаз тоқсан («жаздың үш айы»), күз тоқсан («күздің үш айы»), қыс тоқсан («қыстың үш айы») деп төрт тоқсанға топтастырған. Бесқонақ қалыс күн ретінде төрт тоқсаннан тысқары тұрған.

Қазақ халқының фольклорлық мұраларында жылды 30 күннен 12 айға, айды аптаға, ай құрамынан тысқары қалған 5 тәулікті жұмбақ үлгісінде айту кездеседі: Ғалым Мыңбай Ысқақовтың қазақ халқының күнтізбесі жайындағы еңбегінде берілген жұмбақта былай делінген:

Атасы мен анасы,
Үш жүз алпыс бес баласы,
Он екі ауыл шамасы
Отыз дуадақ,
Бес балақ сан
Елу екі қарашы.

Мұндағы атасы мен анасы – Күн мен Ай, 365 баласы – жылдағы 365 күн, 30 ор дуадақ – айдағы 30 күн, бес балақ сан – жылдың аяғында айлардан тыс алынып, жылға қосылатын 5 күн, яғни бесқонақ.

Бесқонақтың тағы бір мағынасы – мамыр айының алғашқы онкүндігінде болатын амал бес күнге созылатын желді, жаңбырлы кейде қарлы суық.

БЕСҚОНАҚ АМАЛЫ – көк айының аяқ шенінде, мамырдың басында бес-жеті күндей болатын амал, жаңбырлы, желді, қарлы боран, суық күн. Бесқонақ амалы, біздің байқауымызша «бес қалыс күн» немесе «бес балақ» деп аталатын күнтізбелік терминмен байланысты. Жылдағы айларға қосылмайтын «бес күн», яғни сәуірдің аяғы мен мамырдың басында ай тысқары тұратын бес қалыс күнде болатын жауын-шашынды, қарлы боранды, суық 5-9 күн. Бес қонақ үркердің батуымен сәйкес келетін амал. Үркердің батуы, байырғы күнтізбе бойынша ескі жылдың аяғы мен жаңа жылдың аралығы болып саналатын жұлдыздық белгі бесқонақ амалы осы аралықта өтеді. Ескі санат бойынша Үркер мамырдың бірлерінде, ал жаңа санат бойынша мамырдың 10-12-лерінде батыс көкжиектен батып кетеді.

Халықтық этимологияда бесқонақ амалының бұлай аталуы «мейман», «қонақ» сөздерінің мағынасына саяды. Бұл жайындағы әңгіме сөзде былай дейді: Түн қатып жолаушы келе жатқан бес адам жолдағы ауыл шетінде кездескен бір үйге қона кетіп, таң қылаң бере асығыс аттанбақшы болады. Алайда таңға жақын мамыражай болып тұрған күн райы күрт өзгеріп, жаңбыр жауып, аяғы көрлеп боранға айналады. Сөйтіп, жаз шықты ғой деп жеңіл жүрген әлгі бес қонақ бір апта бойы қонып жатуға мәжбүр болыпты. «Бесқонақ

өтпей белгілі жаз болмайды» деген осы деседі. Қонақ атауы халық тілінде «тәулік», «күн» деген мағынада қолданылады (Б. Базылхан).

Қазақ диалектологтарының Саратов (Сарытау) аймағынынан жинаған материалдарында «бес ешкі» сәуірдің сегізінен он үшінә дейінгі мезгіл, одан кейін бесқонақ келеді, содан соң «күн жылиды» деп көрсетілген. Бұдан бесқонақ амалының сәуірдің аяғы, мамырдың басы аралығында өтетін амал екенін, оның «бес қалыс» күнмен байланысты екенін аңғаруға болады.

Сондай-ақ диалектологиялық экспедиция материалдарында Түрікменстанның Красноводск аймағындағы қазақтар «наурыздың 14-нен 20-22-сіне дейін соғатын ыстық жел» деп көрсеткен. Біздің байқауымызша, бұл деректе маңызды. Олай дейтініміз – бесқонақта (бес қалыс күнді) есепшілер күнтізбе жүйесінің реформалануымен байланысты жас наурыз күнтізбесіне лайық тағам, яғни (бес қалыс күн), күн райындағы бесқонақ амалы есепшілердің танымында бейімдеу механизмінен өткен. Сөйтіп бесқонақ амалы Арқа, Жетісу аймағындағы отамалы амалының синонимдік атауына айналған. Бұл жерде еске ала кететін жайт ежелгі қазақ күнтізбесінің реформалануын зерттеу этнологияның лингвоэтнологияның болашақта арнайы зерттелуге тиіс екені.

БЕСҚҰЛАҚ – төрт күміс теңгені (тиынды) өзара дәнекерлеп, бекітіп, ортасына күміс шытыра немесе көз орнатып жасалатын әшекей. Бесқұлақ, көбінесе, әйелдердің күміс белдіктерінің бөлшегін һәм қапсырмалар жасағанда қолданылады. Бесқұлақ пошымында киімге тағатын таналар да кездеседі. Бесқұлақтың пішіні төртжапырақты шытыра гүлге ұқсайды. Алтын, күміс ақшаларды байлық, берекенің символына бағалаған Шығыс Европа, Орталық Азия халықтарында зергерлік бұйымдардың құрамдас бөлігі ретінде, қосымша өңдеуден өткізбей пайдалану өте көнеден қалыптасқан.

ҚР МОМ қорында (КП 21733 а, б) екі бесқұлақтан тұратын қапсырма 15, 10 және бесқұлақ күміс тиындардан құрастырылған қапсырманың негізгі бөлігі өзара дәнекерленген 15 тиындық күмістен һәм ортасына орнатылған күміс шытырадан тұрады. 10 тиындық күміс ақша орнатылған, белдікке жалғасатын жақтарынан күміс құлақшалар орнатылған астыңғы жағына салпыншақ тиындар ілуге арналған күміс шығыршықтары бар. Ұсақ екі тиын ілінген салпыншақ бесқұлақ қапсырманың біреуінде сақталған. Бесқұлақ салпыншақтарды құрайтын күміс тиындардағы шығарылған жылдарына қарағанда (1915-1916 жж.) бесқұлақ қапсырма XX ғасырдың басында қазақ зергерлері жасаған деп топшылауға мүмкіндік береді.

БЕСТАҚА ЕТІК – қонышының ұзындығы орташа келген, өкшесі аласа, түзу табан әйел етігі. Табан мен етік басының арасына қабатталып ұлтан тігіледі. Өкшесі қабатталған тасұлтаннан салынып, мық шегемен бекітіледі. Етіктің белтірісі мен оймасына көксауыр теріден екі қатар сыздық жүргізіледі

ҚР МОМ қорындағы (КП 3386) бестақа етік құрым былғарыдан тігілген, тұмсығы үшкірлеу келген, түзу табан, аласа өкшелі. Өкшесі қабатталған тасұлтаннан салынып, мық шегемен бекітілген. Қонышы аузына қарай кеңдеу келген, қылтасында кішкене тілігі бар. Қоныш алды 26,5 см, арты 33 см, тұрқының ұзындығы 23 см, табақ ені 4,5-7,5см, өкшесінің биіктігі 3 см. Етіктің

белтірісі мен оймасына көксауыр теріден екі қатар сыздық жүргізілген. Табан мен етіктің басының арасына ұлтан қабаттап тігілген.

БЕСТАС¹ – балалардың ойыны. Бестас ойынының негізі бес тасты түрі комбинацияда қақпақылдап ойнауға негізделген. Атына сай ойы бес тастың немесе асықтың көмегімен ойналады. Бестас ойынының түрлі әр өңірге тән варианттары бар. Барлық варианттарға тән нәрсе ойын бір тасты жоғары лақтырып қайта қағып алғанға дейінгі мезетте жерде жатқан төрт таспен (асықпен) қарапайымнан күрделене түсетін түрлі ойын әрекеттерін жасау болып табылады. Бестас ойыны жайлы Б. Төтенаев, Е. Сағындықов сынды авторлардың сипаттамасында екі авторға ортақ ойын түрінің жүргізілу сипаты беріледі. Ескерте кететін жайт – Орталық музей экспедициялары барысында жиналған материалдарда ойынның бастапқы қарапайым төрт сатысы көрсетілген авторлардікімен бірдей болса да бесінші сатысынан бастап өзіндік ерекшеліктері бар.

Ойнаушылардың кезегін анықтау үшін балалар бес тасты жоғары лақтырып алақанның сыртымен қағып алады да, қайта лақтырып уысымен тосып алады. Қай ойыншының алақанында тас көп болса сол бірінші болып бастайды. Ойын тәртібі бес тасты қақшып ұстауға негізделген, біртіндеп күрделене беретін бірнеше деңгейлерден тұрады.

Бірінші деңгейде бес тасты жерге тастап, біреуін таңдап алып, оны жоғары тастап қайта тосып алғанға дейінгі мезетте қалған төрт тасты біртіндеп жинап алу керек.

Екінші деңгейде жоғарыда көрсетілгендей тәсілмен жерден бір дегенде екі тастан алу керек.

Үшінші деңгейде бірден үш тасты соңынан қалған бір тасты алу керек.

Төртінші деңгейде бірден төрт тасты алу керек.

Жердегі тастарды қолдағы тасты лақтыру мен қағып алу арасындағы мезетте орындалуы шарт. Жердегі тастарды жинап үлгермеген ойыншы кезегін келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі күрделене түседі. Бесінші деңгейден бастап, ойын тәртібі Орталық музей экспедиция материалдары негізінде беріліп отыр. Бесінші деңгейде ойыншы алақанда тұрған бес тасты жерге түсірмей алақан сыртымен қағып алады да, қайта серпе лақтырып, тастардың бірін де жерге түсірместен түгел алақанымен қағып алады. Келесі кезекте бір тасты әуелетіп лақтырады да, қалған тастарды уысында ұстап тұрған қалпында жерге алақанның сыртын тигізіп, уысындағы тасты түсіріп алмай, лақтырылған тасты қағып алады. Егер уысында тұрған төрт тастың біреуі түсіп кететін болса, келесі ойыншыға кезек беріледі. Келесі деңгейде ойын шарты қиындап, күрделене түседі.

Сол қолының бас бармағы мен ортаңғы саусағын жерге тіреп «хан шатыры» деп аталатын қақпаша жасайды. Содан бір тасты лақтыра отырып, қалған төрт тасты «қақпашадан» бір-бірден өткізуі керек. Хан шатырынан қашықтау түскен тас «нәби» деп аталады және нәбиді ең соңынан өткізеді. Хан шатырынан өткізгенде саусақты және тастарды бір-біріне тигізіп алмау керек. Егер тигізіп алса, ойын кезегі келесі ойыншыға беріледі. Жетінші жүрісі тастарды қаршып алу. Тастың бәрін лақтырып алақанының сыртымен қағып

алады да, алақанының сыртымен қайта серпіп, ыңғайына қарай, айталық екі тасты бір бөлек, үш тасты бір бөлек орап қағып алады. Мұндай тәсілді бестас ойынында «бірін қаршу, бірін сауу» деп атайды. Бестастың соңғы жүрісі – «қарсы қағу». Мұнда бес тасты лақтырып, алақан сыртымен қағып алған кезде алақанға бес тастың барлығының түсуі шарт емес. Алақан сыртына түскен тасты (екі тас немесе үш тас) ыңғайлап, қатар-қатар келетіндей етіп қайта лақтырады. Лақтырылған тастың астыңғы қатарын бір қағып, үстінгі қатарын бір қағып алады. Бірақ алақан үстіне қанша тас түссе, сонша тасты түсірмей түгел «қарсы» қағып алу керек. Барлық тәсілдерді мүлтіксіз өткізген ойыншы өзінің ұпайын екі жолмен белгілейді. Бес тасты жоғары лақтырады да, алақанды жоғарыдан төмен түсіре қақшып, қағып алады. Мұнда да бір тас он ұпай деп белгіленеді. Бес тасты түгел қағып алса, елу ұпай алады. Әр тәсілді орындаған кезде қойылатын шартты бұзған ойыншы кезегін келесі ойыншыға береді де, өзіне қайта кезек келгенше көруші болып отырады.

БЕСТАС² – көлемдері біртіндеп кішірейетін тұтас тас тақталардың бірінің үстіне бірі қойылып баспалдақ тәрізді қалануымен жасалған қабіртас түрі. Тас тақталар үштен алты қатарға дейін сатыланып қаланады. Шартты түрде баспалдақ деп аталатын тақталардың санына қарай мұндай сағана тастар үштас, бестас деп аталады. Жоғарғы жағына сандықша пішіндес кішілеу қабіртас орнатылып, оның бетіне марқұмға арналған рәміздер (қару-жарак тұрмыстық зат, таңба, өрнек) ойылып қашалады.

Мұндай қабіртас түрлерін басқышты қабіртас деп те атайды. Егер де ескерткіш көлемді болса, жіктерін тығыздап, астына құмнан жастық салатын болған. Бестас қою дәстүрі Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Үстірт өңірлерінде таралған.

БЕСТАСПА ЖАЛПАҚ ӨРІМ – бес таспадан жалпақ өрілген өрім түрі. Бұл өрім түрі бес қасқа, құстандай, бестандай деп те аталады. Өрімді өруге қайыс таспа, жіп пайдаланылады. Бұл өрімнің өрілуі жайын ұста Д.Шоқпарұлы келесі мазмұнда жазып қалдырған. Өрім өруге алдымен қайыс шетінен біркелкі жалпақтықты алты таспа тілінген. Алтыншы таспа шетінен қалған таспалардың артқы жағы тұйықтала алақан етіліп тілінген. Осылайша жалпы қайыстан өрім өрілетін қайыс таспалар бөлектеліп кесіліп алынған. Бұдан ары таспалардың қырлары сыдырылған, жұп-жұмыр етіле бір қалыпқа келтірілген.

Кейбірде өрімді үйрету үшін таспаларды алдын ала нөмірлеген. Нөмірленген жағдайда бесінші таспаны төртінші таспа мен үшінші таспаның үстін бастыра, сол жаққа тартып, бірінші таспаны екінші мен бесіншінің үстін бастыра, үшінші таспаның астынан шалып оң жаққа тастап отырған. Бұдан ары төртінші таспаны бірінші таспа мен үшінші таспаның үстін бастыра сол жаққа тастаған. Осындай әдіспен екі жаққа алма кезек бір таспадан ауыстырып өре берсе, алты таспадан өрілген жалпақ өрім шыққан.

БЕСТАСПА ЖҰМЫР ӨРІМ – бес таспадан жұмыр етіп өрілген өрім түрі. Бұл өрім бестемше деп те аталады. Өрімді өруге қайыс таспа немесе кез келген жіп түрі пайдаланылады.

Ұста Д.Шоқпарұлы жазбасы бойынша өрімнің өрілу жолы келесідей. Егер өрім қайыс таспадан өрілетін болса, өрім өруге қажетті қалыңдықта жіңішке алты таспа қайыс шетінен тілінеді. Бұдан кейін тілінген таспалардың артқы жақтары тұйықтала алақан қалдырыла кесіліп алынған. Таспалар жұмырланып, сыптығылана сыдырылған. Егер өрімді, екінші бір адамға үйрететін жағдай болса, алдын ала нөмірлеп алған дұрыс саналған. Егер нөмірленген жағдайды бесінші таспа төртінші таспаның, үшінші таспаның, екінші таспаның астынан шалынып алынып, сол жаққа қарай түскен де, бірінші таспа олардың астынан шалынып, оң жаққа тасталып отырған. Сосын бесінші таспа екінші таспа мен үшінші таспадан шалынып, үстін басып келіп, екінші таспаның астынан шалынып, сол жаққа қойылып отырған. Осындай ретпен өріле берсе, бес таспадан өрілген жұмыр өрім шыққан.

БЕСТІ – малдың бес жасын білдіретін ұғым. Жылқы малында бес жасар айғыр – бесті айғыр, бес жасар ат – бесті ат, ал бес жасар бие – бесті бие деп аталады. Ал түсіне қарай торы бесті, құла бесті, жирен бесті делінеді. Бестісінде жылқы малы әбден толысып, белі қатаяды, азу тістері шығады. Бұл туралы «Байлауы жоқ шешеннен, Үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, Белі жуан бесті артық» – деп келетін мақал-мәтел кездеседі.

Сондай-ақ бес жасар келеге түсетін еркек айыр түйе – бесті бура, ал ақта етілген айыр түйе – бесті атан, ал сиыр малында бес жасар бұқа – бесті бұқа, қойдың бес жасары – бесті қой деп аталады. Жылқы, түйе, сиыр малы болсын «бесті» ұғымы олардың жасымен қатар толысып, өсуін білдіреді. Сондықтан шаруашылығы төрт түлік малмен байланысты қазақ «бесті» сөзін қымыздың бабын білдіретін теңеу ретінде де қолданған. Мәселен, әбден ашып, бабына келген қымыздың бесті қымыз деп атаған.

БЕСТІ ҚЫМЫЗ – бабы мен ашуы жараған қымыз. Қымызды мұндай бабына келтіру үшін күбіні, сабаны күнара жуып тазалап, ішін маймен майлап, тобылғы, бүршік, қайың қабығының түтініне ыстайды. Артынша осы ыдысқа қор мен бие сүтін құйып жиі-жиі піседі. Бұндай қымызды ішкен адамның өнбойы балбырап, масайып қалады.

БЕСІК¹ – жас нәрестені бөлеп жатқызуға арналған арнайы төсек. Сәбилер жатуға арналған бесіктер көптеген елдердің мәдениетіне тән. Дей тұрғанмен, көшпелі өмір салтына бейімделген қазақтың дәстүрлі бесігі, бөлеу тәсіліне, бөленген баланы алып жүруге арналған ерекшеліктеріне байланысты қазақтың материалдық мәдениеттің бірегей үлгісі болып табылады.

Көшіп-қону кезінде алып жүруге ыңғайлы болып жүру үшін бесіктің сүйегі ықшамды етіліп жеңіл ағаштардан жасалады. Бесіктің сүйегі мен құрама бөліктері: Белағаш – бесік арқалығы, бесіктің негізгі екі басы бөген деп аталады. Бөген жас талдан иіп жасалады, оны арқалық ағаш жалғастырып тұрады. Имектеліп келген екі басының төменгі жағы ұзына бойы төртбұрышты қабырғалар арқылы жалғасып, бесіктің түбі сол қабырғалардың астыңғы жағына бекітіледі және оған киіз төселеді. Төрт жақтау ағашы: екі жақтаудың ұзындығы белағашпен бірдей, ал қос бөгеннің аңғарларын керіп тұратын екеуі бесіктің енімен бірдей болады. Ал төрт шабақ ағашты ортасынан жара жонып, сүргілеп, бесіктің екі бөгенінің аяқтарын қосып тұрған

қос оқтауға біркелкі қашықтықта қашалып, көлденең бекітіледі. Екі сабау ағаш бесіктің қос бөгенін қосып тұрған екі жақтауының астына түседі, жорға ағашы бесік бөгендерінің иілген басына қарама-қарсы бекітіледі (оны кейде бесіктің табаны деп те атайды). Бесіктің шабақтарының үстіне шиден тоқылған төсеніш ұзынынан төселеді, онда түбекті орнатуға арналған ойық қалдырылады. Шидің үстіне түбек тұсына ойығы бар мақта немесе жұқа жүн салынып жасалған жұқа көрпеше төселеді, көрпешенің үстіне құс мамығы салынып жасалған жұмсақ төсеніш құс төсек, құс мамығы толтырылған кішкене жастық қойылады. Шыт матадан арасына жұқалап мақта салынған жаздық көрпе және түйе жүні салынып тігілген қыстық жамылғымен, сәбиді орауға арналған жұмсақ матадан тігілген жаялықтармен, сәбидің жамбас тұсы, тізе аралығы қажалмау үшін салынатын кішкене жастықшалармен жабдықталады. Сондай-ақ сәбиді бесікке бөлегенде көкірек тұсынан және тізеліктің үстінен тартып байлайтын тартпа баулары биязы жүннен тоқылып немесе матадан ызылып жасалады. Сәбиді маса-шыбыннан, желден, күн көзінен қорғау үшін бесік үстіне жабылатын, кестелеп тігілген сәнді матаны бесік жапқыш деп атайды. Бесіктің өзіндік ерекшеліктері мен жасалу материалдарына байланысты жел бесік, тал бесік, қайың бесік, қарағай бесік деп аталатын түрлері бар.

Бесік ағашы – бесіктің қаңқа бөлшектерінің жалпы атауы. Бесікті талдан, қарағай, шырша, самырсын сияқты жеңіл ағаштардан жасайды. Мұндай бесік жеңіл, берік, алып жүруге, салт өңгеруге ыңғайлы болады. Арқалықтың әр жерінен ыстық шымшуырмен немесе қыздырылған темірмен қарып, ырым жасайды. Арқалыққа боялған асық, шылдырмақ сияқты баланы алдарқататын жеңіл ойыншық түрлерін, бесік басына бәле-бәтерден сақтау үшін аю, үкі, бүркіттің тұяғын іліп, үкі жүнін тағып, тұмар (дұғалық) қадап қоятын болған.

Бесік пәк нәрестені бөлеуге арналғандықтан, оны жасау процесі қорғау магиясына байланысты түрлі салт жоралғылар орындалады. Бесік жасау алдында шеберлер ата-бабалары мен ұстаздарына сыйынып, Алла Тағаладан жұмыстың сәтті аяқталуын тілейді. Бесікке пайдаланылатын ағаштарды арша түтінімен үш қайтара айналдырып, аластап тазартып алғаннан кейін ғана іске кірісетін.

Бесіктің сәби денсаулығына пайдасы өте зор. Сәбидің бойы таза болады, ыстықтың аптабынан, желдің өтінен, жердің сызынан, суықтан сақтап, сәбидің тез ширауына ықпалын тигізеді. Әсіресе қыс айларында бала жылы жатады. Бесікте жатқан бала денесіне нәжіс, зәр тимей, тәні таза болып, әртүрлі тері ауруларына шалдықпауын арнайы түбек және шүмек қамтамасыз етеді. Нәрестенің нәжісінің иісі шықпас үшін түбектің түбіне күл салынады. Күл салынған түбекті тазалау да оңай. Баланың зәрі қойдың жіңішке жілігінен жасалған шүмек арқылы түбекке ағады. Осыған байланысты баланың жаялығын ауыстырудың қажетілігі болмайды. Бесіктің тербелу ритмы жас баланың тынышталып ұйықтауына өз септігін тигізеді. Бөлеулі баланың тәні кірленбей құрғақ, қымталып жатуы, бесіктің оңай тербетілуі оның анасының үй шаруасында көптеген істерін атқаруға мүмкіндік береді. Халық бесікті өз ұғымдарындағы, наным-сеніміндегі жын-шайтан, албасты, үббе, сияқты т.б.

мифологиялық қауіп иелерінен қорғайтын киелі орын деп ұққан. Сондықтан баланы бесікке салу рәсімі ауылдастар арасында арнайы тойланып, арнайы әдет-ғұрып салттары, ырым жоралғылары жасалады. Қазақ дәстүрінде бесік ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып ауыса беретін. Бесікті ұқыптап, уақытылы жөндеп, қаңсытпай таза ұстайтын. Себебі ұрпақтың ғұмыры бесіктің қирамай сынбай сақтауымен байланысты деп ырымдаған. Бесікте жатқан нәресте қайтыс болған жағдайда бейітінің басына бесігі бірге қойылатын. Қорыта келгенде бесік өсу, өркендеу идеясымен тікелей байланысты ғұрыптық мәні зор ерекше тұрмыстық бұйымдар қатарына жатады.

БЕСІК² – мәйітті бейіт басына жеткізетін зембілге ұқсас ғұрыптық құрылғының атауы, табыт. Бұл ағаш аттың ерекше бір түрі. «Ағаш аттың» үстінен жабылатын дөңестеу келген беттақтайы болғандықтан, бесік деп аталған. Дүниеге келген нәрестені тал бесікке бөлесе, бақилық болған адамды бейітке апарарда жер бесікке бөлейді. Мәйіт жерленіп, өлікке қатысты ғұрыптық жосындар жасалғаннан соң, бесікті зират басында арнайы тұрғызылған бекініске қалдырып кетеді.

БЕСІК ДАЙЫНДАУ – нағашы жұрттың бесік дайындап әкелу салты. Дүниеге келген нәрестеге нағашы жұрты бесік, балаға көрімдік-сүйінші, бала шешесіне ана болғанына орай кимешек пен жейтін қалжа асын, немересіне көйлек-көншек апаратын болған. Кейбір өңірлерде нағашыларынан бесік келгенше баланы бөлемеген. Бұл байырғы аналық дәуірдің неке салтынан сақталған сілем болса керек.

БЕСІК ЖАМБЫ – қазақы ортада қалыптасқан пошымы баланың құндағына ұқсас күміс жамбының атауы. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің білгірі С.Қасимановтың айтуынша, үлкендік мөлшеріне қарай бесік жамбы атбас жамбы, тайтұяқ, қой тұяқ деген атаулар болған. Қытай империясының күміс ақшасы жамбы құймалары сауда-саттық нәтижесінде қазақы ортада тарап, кәде құрамында, сыйға, бәйге жүлдесінде, құдандалық ғұрыптарда тарту-таралғы ретінде қолданылған.

БЕСІК ЖЫРЫ – бесіктегі сәбиді ұйықтату немесе жұбатуға байланысты айтылатын эстетикалық, этикалық, әрі дидактикалық мәнді фольклорлық жанр. Бесік жырында «Әлди, бөпем, әлди-ай» немесе «Жылама, балам, жылама» деп келетін тұрақты сөз тіркесіне айналған сөз орамдарының жиі кездесетіндігі сондықтан. Аталмыш сөз орамдарын өзіндік формула-клише ретінде де қарастыруға болады. Өйткені олар бесік жырының қандай түрі болсын архитектурасының да, сюжеттік желісінің де идеялық бағыт-бағдары функциясын атқарады. Кейбір фольклортанушылар бесік жырын дәстүрлік және суырып салма түрінде айтылатын түрлерге жіктеуді ұсынып жүр. Біздіңше мұндай жіктеу аталмыш жанрдың жалпы фольклорлық мәдениетке тән вариативтілік, формульдық, шарттылық және т.б. сияқты іргелі қасиеттерін (принциптерін) ескермегендіктің нәтижесі болып табылады. Анығында бесік жыры фольклорлық дәстүрдің белгілі заңдылықтары мен принциптеріне сәйкес өзінің ежелден қалыптасқан архитектурасы мен формасын сақтағанымен сюжеттік желісі сан алуан болып келеді. Яғни бесік жыры – көп нұсқалы жанр. Себебі әрбір бесік жырын айтушы әйел (әже немесе ана) міндетті түрде өз

жанынан да қосып айтатын болған. Бесік жыры көп нұсқалық болғанымен олардың архитектуралық және формасы бірдей деуге болады.

Бесік жырын әдетте сәбидің анасы немесе туған әжесі бесік тербеудің біркелкі ырғағымен үйлесімді етіп әндетіп айтатын болған. Бесік жырының ежелден қалыптасқан жалпы этникалық құрылымы мен формасына қарағанда, оның барлық нұсқалары бірыңғай мақаммен айтылған сияқты. Бесік жыры көбінесе айналып, толғану, еркелету түрінде айтылады. Бірақ, ананың өмірлік тәжірибесі – ауыл-аймақ, қоршаған табиғи ортаға байланысты көзқарасы көрініс береді.

Көзімнің ағы қарасы,
Жүрегімнің парасы,
Дүние қамды ойлатпас,
Көңіліңнің данасы,
Әлди, балам, әлди-ай.
Айналайын балам-ай,
Айналсын сенен анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде,
Анаңның болар көңілі жай.
Әлди, балам, әлди-ай!

Сонымен бірге бесік жыры ананың немесе әжесінің сәбидің болашағына ақжол тілеуге құрылған нұсқалары да ерекше мол кездеседі. Мұнда ана өзінің ақтілеу арман-аңсарын нәрестенің жарқын болашағының үлгісі ретінде жырлайды. Бесік жырының осындай үлгісінде көшпелі этномәдени ортада ерекше қастерленген мәрттік, батыршылдық, ізгілік, адалдық, еңбекқорлық сияқты кісілік қасиеттер нәрестенің жарқын болашағының, оның азамат тұлғаға айналуының ілкімді ұстанымдары ретінде әспеттелінеді. Сондықтан бесік жырының осы үлгісінде дидактикалық сарын басым болып келеді.

Әлди, бөпем, әлди-ай,
Қарағай найза қолға алып,
Жауға тиер ме екенсің?
Қашқан жаудың артынан
Тұра қуар ма екенсің?
сондай-ақ:
Әлди, балам, Алла жар,
Армансыз дүние кімде бар?
Біреудің болып көңілі шат
Армандылар аһ ұрар...
немесе:
Құрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Қызмет қылар ма екенсің?
Қолымыздан іс алып,
Бақытымызға, жан балам,
Бізді бағар ма екенсің?

Әдетте, қазақ отбасы көп балалы болатындықтан, бесік жырын балалар кезектесіп айтады. Бірінші бала:

Апаң кетті бел асып,
Беліне белбеу жарасып.

Тезек теріп жүргенде

Кетіп қапты адасып, – десе, екінші бала:

Апасы оның келеді,

Жұмыртқа әкеп береді.

Дәркен оны біледі,

Жыламайды, күледі – дейді.

Ал бесік тербеткен ана төмендегідей қорытынды іспеттес жолдарды айтады:

Әлди, әлди, алайын,

Атқа тоқым салайын

Сенің шешең қыдырмаш

Қайдан іздеп табайын? –

Бесік жырының сондай-ақ, диалогқа құрылған қайымдасып айтатын түрі де кездеседі:

– Менің балам қайда екен?

– Биік әсем тауда екен

– Тауда неғып жүр екен?

– Алма теріп жүр екен

– Алмасынан қанеки?

– Жаңа теріп жүр екен!

Бесік жырының авторлық нұсқалары да жоғарыда айтып өткендей дәстүрлі құрылымнан алшақ кетпейді. Әйгілі Жамбыл ақын шығарған нұсқа осының айқын дәлелі:

... Мамық жүнді жас лақан,

Ұйықтап қырда ботақан.

Алтын жалды құлыншақ,

Жұмып көзін бұзауқан.

Төлдің бәрі ұйықтады,

Ұйықта сен де балақан!

Біздің ойымызша, бесік жырды тек фольклорлық жанр ғана емес, отбасылық қатынас жүйесіндегі ерекше институт ретінде де қарастыруға болады. Себебі бесік жыры ана мен сәбидің арасындағы әлеуметтік байланыс орнату және орнықтыру функциясын атқарды. Осыған байланысты сәбиді алғашқы әлеуметтендірудің эстетикалық, этикалық және дидактикалық сияқты сан алуан функция атқарған пәрменді құралы да болды.

БЕСІК КЕРТУ¹ – отпен аластау ғұрыптарының түрі. Бесік керту баланы бесікке алғаш бөлердің алдында атқарылады. Сондай-ақ бала ұйықтамай, тынышсыздана беретін болса да бесік керту ғұрпы жасалынады. Әдетте бұл ғұрыпты баланың әжесі қыздырылған темірмен бесіктің бала жатар тұсын, арқалығын және басын қари отырып: «Алас, алас, а, құдайым, тіл-көзден сақтай

гөр! Тфә, тфә» – деген аластау, қорғау магиясында қолданылатын сөздерді айтады.

Мұнысы бесіктегі балаға жын-шайтан жоламасын дегенді ырымдағаны. Сондай-ақ бесікті отпен аластаудың төмендегідей бесікті сырықтау деп аталатын түрі бар. Күндіз болсын, түнде болсын бесікке баланы саларда, металл немесе қыш ыдысқа салынған адыраспан, арша, қаражусан т.б. хош иісті өсімдіктердің бірін түтетіп, қас күштерді қуып, бесікті тазалайды. Кейде сіріңке шағып, отпен аластап, зиянкестерден қорғану шараларын жасайды. Аластау кезінде, ыдысты немесе тұтанған отты бесіктің бас-аяғын тегіс айналдыра:

Алас, алас, баладан алас
Бәледен қалас,
Иесі келді, пәлесі көш!
Бәле-жаладан сақта,
Көзі қызыл болмасын,
Көті қызыл болмасын –
деген сөздер айтылады. Немесе:
Алас, алас, алас!
Әр пәлеңнен қалас!
Көзі жаманның көзінен алас!
Тілі жаманның тілінен алас!
Уы жаманның уынан алас!
Қырық қабырғасынан алас,
Отыз омыртқасынан алас!
Алас, алас, алас!
Қыла гөр алла мың пәлеңнен қалас!
сондай-ақ:
Алас, алас, аласы
Келді міне, баласы.
Көш, көш бәлесі
Келді міне иесі.

деп бесікті аластап шығып, онан соң барып баланы бөлеуге кіріседі. Баланы тіл-көз тиюден сақтандыру мақсатында темір мен оттың қорғаушы күші бар деген ежелгі ұғымға байланысты бесікті, шүмекті қыздырылған қысқашпен қарып зиянкес күштерден аластайды. Сондай-ақ отқа «сырық тұз» қыздырылып, бесікті осы тұзбен ысқылайды.

Бала бесікте жатқанда шошымау үшін жастығының астына нан, сарымойын пышақ жастайды, бесік басына үкі, қасқырдың тұяғын қадайды. Балаға тұмар тағады. Бала шоши берсе, ішінде суы бар жез ыдысты баланың басынан жоғары ұстап, суға балқыған қорғасын құйып жібереді. Бұл ырымды қорықтық деп атайды. Ыдыстың түбіндегі қорғасынның сұлбасы бір жануарға, затқа ұқсас болып тұнады. Хайуандарға ұқсаса, содан шошынғандығын анықтап, ем-дом жасайды. Кейде сәбидің маңдайына қазанның түбінен алып, қара күйе жағып та қояды.

Бесікте жатқан баланы емізудің де өзіндік әдістері бар. Мойны бір жағына қисық болмасын деп, баланы екі жағынан кезек-кезек емізеді; бесіктің

арқалығына қолтығын сүйеп, тізерлеп отырып емізеді; баланы қараңғыда емізбейді, емізер алдында шам жағуы шарт.

БЕСІК КЕРТУ² – үрдісі бесік құда деп аталатын құдаласу жосынында атқарылады. Ондайда болашақ құда бесіктен құдаластық деп қыз баланың бесігінің басынан немесе арқалығынан әдейілеп кертіп белгі жасайды. Сол тұсқа теңге немесе сырға кейде қасиетті құстың, мысалы үкінің қауырсынын немесе бүркіттің тұяғын іледі. Қазақ этнографиясында әлі күнге дейін мәні толық ашылмаған жосын-жоралғылардың қатарына жататын бұл ғұрып көнеден бастау алады.

БЕСІК ҚҰДА / БЕСІККЕРТТІ ҚҰДА – бесікте жатқан сәбилеріне құдаласу жоралғысы. Бірінің ұлы, екіншісінің қызы бар, қыз алысуға болатын адамдар, құдаласу салты бойынша, қалыңмалын алдын ала өтеп те қояды. Оны «қарғы бау» деп атайды. Мұнан кейінгі құдандалық жора-жосындар дәстүрлі ортада қалыптасқан норма, қағидаттар бойынша өткізіледі. Жосын барысында бесік керту жоралғысы жасалады. Бесік құданың бесік керту құда деп аталуы сондықтан.

БЕСІККЕ БӨЛЕУ – баланы бесікке бөлеу тәсілі. Дәстүрлі ортада қол-аяғы түзу, қалыпты жетілу үшін баланы шыттан тігілген матамен жөргектеп бесікке бөлейді. Бала дүниеге келген соң, кіндігі түспей тұрып, баланың денесін терлетпей салқындатып тұратын шыт матадан тігілген жөргекпен құндақтайды. Арнайы тігілген екі жөргектің бірі бірінші жөргектің үстіне бір жарым қарыстай жоғары төселеді.

Жоғары шығып тұрған екінші жөргекке баланың маңдайын жауып тұратындай етіп басын, қолын құндақтайды, ол баланың мойны қисаймай тік қалыптасуына негіз болып, құлағын, басын суық тиюден сақтайды. Бала есейіңкіреген кезде оның басын қосып құндақтамай, басына, жыл маусымына қарай, баскиім кигізеді. Бір жарым қарыс төмен төселген бірінші жөргек баланың жамбас бөлігін жауып тұрады. Бала қолын шығарып алмау үшін шынтақ тұсынан бесік баумен байланады. Түбекті қойып, шүмегін салған соң, түбектен төмен төселген жөргекпен баланың аяғын түп-түзу етіп қосып құндақтап, жөргектің екі ұшын айқас шығарып, тізесінің үстінен келтіріп, баланың аяғына батуы мүмкін болғандықтан, екі ұшын байламай кері қайтарып шетіне тығып қояды. Жөргектің аяқ ұшына қараған бөлігі кері қайтарылып жабылып, бесік баумен байланады. Кейде баланың екі аяғын қосып құндақтағанда тізелері мен тобықтарының аралары бір-біріне тиіп қызарып кететін жағдайлар болады. Мұндайда төмен төселген жөргекті кері қайтарғанда тізе және тобық араларына шыт жөргекті қалдыра отырып құндақтайды. Егер қыс мезгілі болса, мақта салынып, сыртынан тысы да, астары да шыттан арнайы тігілген көрпемен жабылады. Жаз мезгілінде құндақталған баланы сыртынан мақта матадан тігілген жөргекпен қымтап жауып жатқызады. Құндақталған бала анасының емізуіне де өте ыңғайлы және бесікке де тез үйреніп кетеді. Егер құндақталмай бос ұсталса, бала бесікке тез үйрене алмай, анасы бір-екі күн қиналады. Құндаққа үйренген бала бос жата алмайды, ол құндақтамайынша немесе бесікке салмайынша ұйықтай алмай, жылап мазасы кетеді. Бос бесіктің арқалығын ыстық шымшуырмен (көсеумен)

үш мәрте қариды. Баланы бесікке бөлер алдында да ыңылдай отырып, ырымдық мәндегі жыр жолдарын айтады:

Мойнымдағы тұмарым
Тарқамайтын құмарым
Құдай берген алсын деп
Ақ бесікке салсын деп
Мойнымдағы маржаным
Қорадағы мал-жаным
Бесігіңе жата ғой
Тәтті ұйқыға бата ғой! –
немесе:

Балам жатсын бесікке
Пәле қалсын есікте.

Сондай-ақ, шешіп аларда да ырымдық сөздер айтады:

Анасы шешіп алсын
Ұйқысы бесікте қалсын.

БЕСІККЕ САЛУ – бала дүниеге келгеннен кейін көп уақыт өтпей атқарылатын отбасылық ғұрып, кішігірім той. Бала туған соң бір апта өткен шамада, кіндігі түсіп, оның орны жазылған кезде атқарылар осы рәсімде мал сойылып, көрші-қолаң, жақын ағайын-туыстар, ауылдың беделді аналары мен келіндері шақырылады. Шақырылған меймандар: «Баланың жасы ұзақ болсын, бесігі құтты болып, соңына іні-қарындастар ерсін» деп шашуларын шашып, жақсы тілектер айта кіреді. Баланы бесікке салу жұртқа сыйлы, үбірлі-шүбірлі, мінезі жайдары, жолы үлкен немесе елдің тәрбиелі, өнегелі, сыйлы әжелеріне, бала-шағалы әйелдерге тапсырылады. Ғұрыпты атқарар алдында:

Алас, алас, түрлі бәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Қырық қабырғасынан алас,

Отыз омыртқасынан алас – деп, бесікті міндетті түрде арша ағашымен немесе адыраспанмен аластайды. Пәле-жала, тіл-көз, жын-шайтанды аластап, бесіктің арқалығын қариды, оған үкі, қасқырдың азуы сияқты заттарды іліп, баланың басына пышақ, қанжар, т.б. заттар жастап қояды. Бұл Орта Азия халықтарының көпшілігіне ортақ ғұрып.

Бесікке салардағы дәстүрге айналған тағы бір ғұрып – «тышты ма» айту. Бесікке нәрестеге арналып тігілген көрпеше, жөргектерін салып болғаннан кейін кішкентай балалардың бәрін жинап, бесіктің тесігіне түбекті салмай тұрып, сол түбектің орнынан неше түрлі тәтті, құрт-ірімшіктерді және бір-бір қос уыс қуырылған тары, бидайды түсіріп отырып, «тышты ма?» деп сұрайды, ал екінші келіншек «тышты, тышты» деп дауыстап айтып, тәттілерді, тары мен бидайды қос алақанымен тосып алып балаларға, әйелдерге таратып береді. Осы рәсім жасалып болған соң бесіктің түбегін қойып, баланы бесікке үнсіз салады. Бұл ырым жаңа дүниеге келген сәбиге құт дарысын, несібелі болсын, артынан байлық саулап жүрсін деген ниетпен істеледі.

Егер баланы бесікке салып жатқанда сөйлеп қойса, жылауық немесе өсекші болады деп ырымдаған. Бөлеген соң «өскенде бай болсын, жоқтық көрмесін» деген ниетпен, бесікке тоғыз торқа жабады. Ол көрпе, қамшы, жүген, шапан, тон, кебенек, шекпен сияқты жеті түрлі қадірлі таза заттан тұрады. Оның символикалық мәні де бар. Жүген мен қамшы ат үстінен түспейтін ер болуын, тон мен шапан бала халықшыл, елшіл, көпшіл болуын мегзесе, кебенек жабу ер мінезді өжет болсын, сәбидің ұйқысы қалың болсын, өскенде дәулетті азамат болсын деген ниеттен туындаған. Осы «жабуларды» әжелердің бірі келген абысын-ажындарына «сатып» үлестіріп береді. «Сатып алушылар» ырымын жасайды. Түбектің ойығынан үш рет дәм өткізіп, жиналғандарға шашу ретінде үлестіреді. Бесікке салған адамға бесікке салар кәдесі беріледі.

БЕСІКТЕГІ БАЛА БЕС ТҮЛЕЙДІ – бесік жасындағы баланың дамуында бес түрлі кезең болады дегенді білдіретін тұрақты сөз орамы. Қазақы тұрмыста нәрестенің бес жасқа дейінгі кезеңін бесік жасы дейді. Көшпелі тұрмыста баланы беске дейін бесіктен шығармайды. Себебі, буыны бекімеген нәрестені құндақтаулы күйде ат-көлікте алып жүру қауіпті. Ал бесікте танулы баланы көш бойы алып жүру қауіпсіз. Отырықшылық тіршілікте баланы бесіктен үш жастан-ақ шығара береді. Осы санды таратып айтсақ, бірінші түлекте бесіктегі нәресте мойны қатып бір түлейді, түлегенде мойны қатқан нәресте басын ұстайтындай күйде болады. Екінші түлегенде нәресте денесін ұстап отыратындай халге келеді. Төртінші түлегенде кеудесін көтеріп, әр нәрсеге сүйеніп тұра бастайды, еңбегі қатады. Бесінші түлегенде қаз басып жүре бастайды. Нәрестенің әр түлеуі (физиологиялық өзгерісі) уақытымен, тіпті уақытынан ертелеу болып жатса, анасының сүті жеңіл болғаны деп біледі.

БЕСІН – күн төбеден ауып ұясына батқанға дейінгі уақыт аралығы. Бесін уақыты өз ішінде бөлініп, ажыратылатын атаулары бар: ұлы бесін – күн төбеден асқан уақыт; кіші бесін – күннің еңкейе бастаған уақыты; құлама бесін – бесіннің үшінші бөлігі күннің еңкейген кездегі уақыты. Бесін келтірілген атаулары шаруашылық атқарудағы уақыт белгілейтін өзіндік мәні бар. Бесін немесе ұлы бесін – мал жусайтын уақыт, кіші бесін – ыстық қайтып мал жайылатын уақыт, шамамен 3-4 сағатқа созылады. Құлама бесін – малды ауылға қайырып, қоралауға кірісетін уақыт кезеңі шамамен 1-2 сағат аралығын білдіреді. Ж. Кейкін өз еңбегінде қатын бесін деген атауды анықтамасыз келтіреді. Өкінішке орай, автор бұл атауды қандай уақыт аралығын білдіретінін көрсетпеген. Дей тұрғанымен, қазақ халқының шаруашылық қажеттілікке байланысты уақыт аралықтарының көптеген қолданбалы атауы болғанын ескерсек, қатын бесін де осы құралыптас атаулардың қатарына жатып, мезгіл көрсеткіші болса керек.

БЕСІН НАМАЗ – бес уақыт намаздың түс мезгілінде келетін түрі. Төрт ракағат сүннет, төрт ракағат парыз және екі ракағат сүннеттен тұрады. Барлығы он ракағат. Араб тілінен аударғанда «Зуһр (талтүс)» деген мағынаны білдіреді. Күн қақ төбеден ауа бастағаннан басталып, барлық нәрсенің көлеңкесі өзінен бір есе ұзарғанға дейін оқылады. Пайғамбар (с.ғ.с.) заманында жаздың шыжыған аптап ыстық күндері екінті намазына дейін, яғни

күн қызуы қайтқанға дейін кешіктірліп оқылатын кездері болған. Бірақ шарифат бойынша әр намаз өзінің бекітілген уақытында оқылғаны құпталынады. Дәстүрлі ортадағы уақыт өлшеміне байланысты «ұлы бесін», «кіші бесін», «бесін әлеті» деген тіркестер осыған орай қалыптасса керек.

БЕТ ЖЫРТУ – дәстүрлі аза тұту ғұрпында істелетін ерекше қайғыруды білдіретін аса көне ғұрып. Қайтыс болған жанның етжақындары о дүниелік болған марқұммен бірлікте екендігін сездіру үшін өздерінің тәнін жарақаттап қан шығарып, қайғысын білдіреді. Бағзы дәуірде қайтыс болған адамның жесірі ғана емес, марқұмның бүкіл жақын-жуығы шашын жұлып, беті мен құлағын жаралағандығы туралы бізге жеткен кейбір дереккөздерде айтылады. Ерте темір дәуірі және ерте орта ғасырлардағы көшпелілер «о дүниеде де өмір бар, аруақтар арғы әлемде тура жер бетіндегідей ғұмыр кешеді, оларға сенімді серіктер, тұлпар, қару-жарақ т.б. бұйымдар керек» деген наным-сенімге байланысты көсем немесе патша өлсе, оның бүкіл бек-уәзірлерін, нөкерлерін, әйелдерін де құрбандықтың ең бастылары ретінде өлтіріп, бірге жерлеген. Осы салт бірте-бірте көмескі тартып, кейін бет жырту әдетіне ұласқан сияқты. Өлген адамның артында қалған жұбайы, бауыр-жақындары беттерін жырттып, қан шығарып, жоқтау айтып, аза тұтып, жылап қайғырады.

Бет жырту ертеде бет тілу деп те аталған. Көне түркілер (мысалы, туюкюлер) өлік жатқан үйге алғаш кірерде, әуелі пышақпен өзінің бетін тіліп, дауысын шығарып, жылап кірген. Беттен аққан қан мен көздің жасы аралас ағады. Тіліміздегі көзіңнен қан ақсын, көзіңнен қан аққыр, бетің тілінгір дейтін қарғыс, сірә, осы осы ғұрыпқа байланысты қалыптасқан болса керек.

Байырғы ортада әйелдердің жоқтау өлеңіндегі «басым қаралы, бетім жаралы» тіркесі де осы ескі ғұрыптан қалған сорап болса керек. Бұл жағдай, әсіресе марқұмды үйден шығарарда айқын көрінетіндігін айтқан Ы.Алтынсарин: «Сүйекті шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып, дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады. Беттерін тырнап, қан қылады. Бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі», – деп сипаттайды. Ал жоқтауда бұл жайт дәлме-дәл суреттеледі:

Бастамасқа шарам не,
Басыма салған қарам не?
Мен жыламай, кім жылар,
Бетімдегі жарам не?!
... Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жияйын,
Қыналы бармақ, жез тырнақ,
Оны да қанға бояйын.
Албыраған ақша бет,
Сүйегіне таяйын.

Киізге оралған өлікті үйден шығара бергенде марқұмның әйел туысқандары дауыстарын бұрынғыдан да қаттырақ шығарып, кейбіреулері беттерін тырнап, ойбай салып жылайды.

БЕТ КӨРІСУ / КӨРІСУ – дәстүрлі ортадағы аза тұту ғұрпының бірі, марқұмның артында қалғандарға ағайынның, құдалардың, жекжат-жұраттардың көңіл айтып, арнайы баруы. Қазақ дәстүрінде егер ағайын-жұрағаттардың бірі марқұмның жаназасына келе алмай қалса, адамы қайтқан үйге жылдығына жетпей бет көрісуге келуі тиіс. Ауыл арасы жақын болса, мүмкін болса, жаназаға қатысқаны, әрі кетсе қайғылы хабар тиген соң-ақ марқұмның жетісі, қырқы тәрізді атқарылатын рәсімдерге дейін барғаны дұрыс деп саналады.

БЕТ СИПАУ – ғибадат соңында тілек айтып бата беруден кейін екі қолдың алақанымен бетті сипау арқылы орындалатын рәсім. Бетке қарсы жайылған қос алақанымен бетті жоғарыдан төмен қарай сипай жүргізу қимылымен жасалады. Дұға қылу, бата жасау дегенді бет сипау деп те атайды.

БЕТАЙҒАҚ – қылмыскерді қоғамға қарсы істермен айналысқандарды ұстаған адамға берілетін сүйінші. Бұрынғы билер кеңесінің тәртібі бойынша, бетайғақ жасаған адамға қылмыскердің іс-әрекетін айғақты заттармен, куәлермен дәлелдеп берген жағдайда малдың, мүліктің, ақшаның бестен бірі беріледі. Мұндай істер елдің билері мен ақсақалдардың қатысуымен шешіледі. Шешім сол сәтте орындалады.

БЕТАШАР – дәстүрлі ортада келін түсіру тойында атқарылатын ғұрып. Топпен (ұзатылған қызды алып келе жатқан ауыл адамдарымен) келе жатқан, ауыл шетіне кірген келіннің алдынан ауылдың қыз-келіншектері шығып, шымылдықпен қоршап, үлкендерге көрсетпей, отау алдына әкеледі. Жас келінді шымылдықпен қоршап оқшаулау, басына шәлі жабу бұлжытпай және міндетті түрде орындалатын рәсім. Мұның үлкен ғұрыптық мәні бар. Жаңа дүниеге тіл-көздің сұғы жылдам түседі деген бағзыдан қалыптасқан наным-сенімге байланысты және жас келінді қымсындырмай жаңа ортаға бірте-бірте икемделсін деген ниетпен жасалатын мұндай шаралар әліге дейін жалғасын тауып келеді. Келінді оқшаулайтын шымылдықты ежелгі заманда көшуге деп атайтынын Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати жазып қалдырған.

Жаңа түскен келін жүзі беташар рәсімі аяқталғанша көрсетілмейді. Басқа салынған желек те жалаңаш қолмен ашылмайды. Ертеректе беташар айтқан жыршы жігіт (сол ауылдың тұрғыны немесе аралас-құраластығы бар, ауыл адамдарын, күйеудің туыстарын жақсы білетін адам) ауыл-аймақты, туған-туысты таныстырып, байырғы ортада қалыптасқан келіннің орны мен міндеттерін тағы да еске салып, насихат сөздерін айтып болған соң, желекті үкілеген қамшымен немесе басына ақ шүберек байланған таяқпен ашқан. Кейінгі кезде домбыраның ұшымен (басымен) ашу үрдіс алған.

Беташар салтының аймақтық ерекшеліктері бар. Сыр өңірінде түсетін келінге арналып міндетті түрде шымылдық құрылады. Түскен келінді келген жеріне бой үйретсін деп үш күн шымылдық ішінде ауыл бойжеткендерімен бірге отырғызған, беташар рәсімі үшінші күні жасалады. Арал, Қазалы өңірінде келіннің басына ақ жаулық салынады, оған қамшы сабына жалғанған ұзындығы 2 м-дей қызыл матаның ұшын түйіп, бет ашушы жыршының көмекшісі тартып ұстап тұрады. Сырдың Теренөзек өңірінде қамшы орнына қызыл матаны қамысқа жалғап байлайды. Мұндағы қызыл мата келінді тіл-

көзден сақтау пайымын білдірсе, қамшы – келіміз өзімізге берік болсын, қамыс – тұқымы жайылып, қаулап өссін дегенді білдіреді. Қамыспен бет ашу Сыр бойын мекендейтін диқаншылықпен шұғылданатын қазақ арасында ғана кездеседі. Жаулықтың ұшына байланған қызыл мата, қамыс, қамшы бөтен рудан келген жас келінді табалдырығын аттағалы тұрған жаңа әулетпен, осы жұрттың ие-киелерімен қауыштырушы дәнекер қызметін атқаруы ықтимал. Қызыл түсті мата қанның, яғни қайнаған тіршіліктің символы іспеттес. Неке салтында орындалатын рәсімдерде екі ру «қанымызға қанымыз, жанымызға жанымыз» қосылды деп, бас құдалары бауыздау құда рәсімін жасасып, құдалар қолдарының ұшын қанға батырып баталасатыны белгілі. Демек қызыл мата және қанмен байланысты аталмыш рәсімдер келін тіршіліктің жаңа кеңістігіне енетіндігін және оның әйел ретінде ұрпақ өрбітетіндігін символдық тілмен жеткізгендігі болса керек. Беташар кезінде сол әулетке бұрын түскен келіндер келіннің екі «қолтығынан сүйеп» ұстап тұрады. Бұл рәсімді сол үйдің туған келіні емес, жақын ағайын келіндері атқарады. Беташарда күйеуінің етжақын туыстарының әрқайсысына арнау өлең айтылған соң келін де, қолтықтап тұрған келіндер де иіліп сәлем салып, тәжім етеді.

Ертеде беташарды өзінің жолы бар, той иесіне сыйлы адам айтқан. Кейін оны ел ішінде ақындығымен, өнерімен танылған, әдет-ғұрып, салт-санаға жетік жігіт ағасы атқарған. Беташарды міндетті түрде жігіт айтады.

Арал өңірінде беташарды әндетпей, домбыраға қоспай, тақпақтап, сарын түрінде айтатын болған. Беташар жыры аяқталған соң, ата-енесі немесе етене жақын туысқандар арасындағы жолы мен мәртебесі үлкен, ескіліктің жолын білетін адам жас келінге бата береді де, келіннің жүзін жасырған желекті жолы үлкен, көп балалы, алды ашық, ұясы түзу бәйбіше ашып, көрімдік алады.

Беташар жырының қай-қайсысы да әуелі жиналған жұртқа қаратыла айтылады. Сөйтіп беташар жыры

Келін-келін келіп тұр,

Келіп үйге еніп тұр.

Қайын жұрты халқына

Иіліп сәлем беріп тұр –

деген арнау өлеңмен басталады. Әрі қарай беташар айтушы шалқыта төмендегідей жыр арнайды:

Қолыма алдым мен қамшы,

Басына жібек байлаған.

Ар жағында жібектің

Ақ жұмыртқа, сары уыз,

Ұядан шығып гүлденген,

Ұшамын деп қомданған,

Ата-анадан тәрбие,

Жақсылардан үлгі алған.

Жақсы атаның данасы,

Көргенді жердің баласы.

«Қарағым» деп өсірген,

Әке менен ананың

Алдында жалғыз шырағы,
Бауыр еті боршасы,
Ботадай ойнаған,
Қолындағы наршасы...

Бірақ мұнда беті ашылып отырған келінге қатысты нақты сипаттар болмайды. Тіпті, оның сұлулығын, көркін, мінезін сипаттаған сәттің өзінде де, «айырған алтын секілді, күміске меңзес өзіңіз», «тал шыбықтай бұралған», «мойның піскен алмадай», «шашың жібек талмадай, бетің аппақ айнадай, етің жұмсақ майдадай, қасың қиғаш қаламдай...» деген сияқты халық әдебиетінде қалыпқа айналған жалпылама теңеулермен сипатталады.

Сондықтан беташар мәтінінде нақты портрет немесе дәл мінездеулер кездеспейді. Беташардың мән-маңызы мен мақсат-мұраты жөнінде М.Әуезов: «...Беташар өлеңінің не мақсаттан туып, не үшін айтылатынын тексерсең, мұнда үлкен мағына бар екенін айыру қиын емес. Беташар беті ашылған жастың бетін ашып, өмір таныту, әрбір елдің өзі қолданған жол-жобасын түсіндіру. Тәжірибесіз жас әйел жаңа өмірге кіріп, жаңа қауымның ортасына келгенде, сол қауымның қадірлі, құрметті үлкендерін тануға керек. Солардың әрқайсысының орнын білу керек. Жаңа қауымның қадірлейтіні кім, ұлық тұтып, сыйлайтыны кім, жастай еркелетіп аялайтыны кім, жас келіннің бұларды топ алдында танып, біліп алуы қажет. Үлкендердің алдында келіннің тәжім қылуы сол жаңа шарттарға көндім, қабыл алдым дегенінің белгісі. Екінші үлкен мағына: беташарда қазақ елі жаңа түскен келінді келешекте ана болуға, қадірлі келін, үлгілі жеңге болуға үйретеді. Бұл өлеңнен қазақ жұртының әйелге жалпы көзқарасы білінеді. Әйел үй ішінің, ауылдың, ағайын ортасының ұйытқысы. Солардың жарастығы, гүлі, берекесі. Күйеудің сүйеніші, тірегі. Дос тауып, туысқан құрып беретін көмекшісі, досы. Өлеңде сол міндеттер толық айтылады», – дейді.

Дәстүрлі халық беташарлары мазмұнында тұрақты өлең жолдарымен келінге жаңа түскен жұртын, қайын атасы мен қайын енесінен бастап, атап-атап таныстыру үлкен орын алады. Бұл таныстырудың өзіндік ғұрыптық мәні бар. Келін алғашқы таныстықтан соң, өзі иіліп сәлем беруге тиісті үлкен сыйлы адамдарды біліп, оларды көрген жерде оң тізесін бүгіп, қолын қусыра сәлем етуі қажет. Таныстыру барысында оның жақын-жуықтығын айта отырып, атақ-абыройы мен бедел-даңқын қоса айтады:

Ордаға салса, олжа алған,
Омырауға салса, төске алған,
Онан да байлық өткен жоқ....
Ана отырған атасы
Қара бір жердің жотасы... –

деп, оның бары мен байлығын айта келіп, келінге көрімдік сұрайды. Дегенмен, бұл таныстыруларда да нақты сол адамға қатысты ерекше сипаттар аз болады. Әр өлең әртүрлі сөз өрнегімен келгенмен де, қайын ата, қайын енеден басталатын туыстарды таныстырудың реті мен мазмұны біркелкі қалыпта болады. Беташар жырдың ішінде қатігез бишікешке, сараң байға, таз кісіге, дүниеқорға, өтірікші-суайтқа арналған сатиралық түрдегі шумақтар да

жиі кездеседі. Онда келеке ететін қылықтың аталмыш адамда болмауы да мүмкін, бет ашушы күлкі туғызу мақсатында өзімен замандас, құрдас немесе нағашы, жезде болып келетін адамдарды әжуа найзасына іліп кетуі – үйреншікті жосын. Мұндайда ашу шақырып, жанжал шығаруға жол жоқ. Той үстіндегі ретімен айтылған әзілге қалай да төзімділік таныту қажет.

БЕТАШАР ТАБАҚ – беташар атқарылғаннан кейін ет тарту сәтінде келінге бөлек тартылатын табақ. Оған үлкендер жағы «ұл тап, төстей қайқайып жүріп қайын жұртыңа қызмет ет, тастай бат, судай сін» деп тілек тілеп, ырымдап, ұлтабар мен төстің басын салып береді. Келін бұл табаққа сәлем салып, тағамды қабылдайды. Халық ұғымынша көк бауырды «жарыңмен ажырасасың» деп ырымдап, келінге бермеген. Қазақтың келін түсіру салтында, келіннің бетін ашқан жігітке арнап сыйлайтын асты да беташар табақ деп атаған. Беташар табаққа тіл-жақ, жүрек-бауыр, ортан жілік, жауырын, белдеме, арқа, қабырға салып, үстіне таңдай қосады. Табақ үстіне әдемі кестелі қолжаулық жабады, болса күміс жүзік, теңге қояды. Бет ашқан жігіт жолдас-жораларымен отырып, теңгені, жүзікті, қолжаулықты бөлісіп алады да, бата жасайды. Өнші жігіт таңдайым тақылдасын деп, алдымен таңдайды алып жейді. Қалған етті даяшы нөкерлерімен бәрі бірігіп бөліседі. Дәстүрлі ортаның табаққа тіл-жақ, таңдай тартуы «шешен, әнші болыңдар, бұлбұлдай сайраңдар, тілдеріңнен бал тамсын, келіннің беті жарық, жолы ашық болсын», жүрек салғаны «жүрек таза, ниет ақ болсын», бауыр салғаны «бауырдай жақын болыңдар, сұмпайы тіл болмасын» деген тілекті ғұрыптық сөзбен білдіргені.

БЕТЕГЕ (*Festusa*) – сабағында жапырағы аз, түсі ашық жасыл, жапырағының астыңғы беті жылтыр келетін қыр оты. Бетегенің қазақ жерінде қойкөде және субетеге деген түрлері кең тараған. Қойкөде көбіне селеу өсетін жерлерге шығады. Аты айтып тұрғандай оған жайылған қой сондай-ақ жылқы малы тез ет алады. Ал субетеге сирек түпті болады. Оның Жайық, Есіл, Тобыл, Ертіс өзендерінің жазық жағалауларында өсетіндігі ғылымға белгілі. Жалпы бетеге далада көде, ақ жусан сияқты өсімдіктермен араласып өседі.

Жалпы бетеге қуаңшылыққа төзімді, жайылымдық қыр оты. Бетегенің бетеге күздің басында әбден пісіп, құнарының бәрі бойында тұрған кезінде жайылымдағы жылқы малы онымен азықтанып, нәтижесінде алдағы қысқа қоң жинап семіреді. Осыған байланысты, ел ішінде жылқы малының мынадай серті бар: Бетегелі белге бітем, найза ұстаған ерге бітем. Бұл сөздің түпкі мәні жылқының өсіп-өнуіне, көбеюіне бетегенің ең жұғымды шөптердің бірі екендігін көрсетеді. Халық танымында бетегеге байланысты мақал-мәтелдер, жыр шумақтары жиі кездеседі. Жүрген ортасында өте сыпайы, тәрбие көрген, кішіпейіл, инабатты адамға қарата: «Бетегеден биік, жусаннан аласа» немесе «бетегеден аласа, қойдан жуас», деп, айтылса, оның екінші тәрбиелік мәні, адамның асып-тасып кетпеуін, үлкенге ізет, кішіге құрметпен қарауын, өз кезегінде ілтипатты, сыпайы болуын меңзейді. Мақал-мәтелден: «Бетеге, жусан – бел көркі, білімді ұл-қыз – ел көркі»; «Бетеге кетсе, бел қалады, бектер кетсе, ел қалады, береке кетсе, не қалады? және т.с.с. Сонымен қатар, ел

арасында, жер танитын адамдардың мал жайылымына қолайлы, мол шөбі бар, отты жерді бетегесі шоңқайған қоянда, деп теңейтін сөз бар.

БЕТЖҮЗДІК – темірден жасалған бұйымның бетіне шабылған жұқа күміс. Темір бетіне шапқымен түсірілген бедерге қақталған күміс пластинаны балғамен ақырын соғу арқылы қабыстырылады. Бұл жағдайда күміс пен темірдің диффузиялық байланысы күмістің темір бұйымға ажырамастай етіп қабысуын қамтамасыз етеді. Көбінесе, бетжүздік күмістелген ер-тұрман жасағанда қолданылған.

БЕТЖҮЗДІК КИІМ – қымбат матадан тігілетін сән-салтанатты киім. Дәстүрлі ортада әлеуметтік жағдайы жоғары бай-сұлтандардың бәйбішелері мен қыздары бетжүздік киімді шебер, ісмер әйелдерге арнайы тапсырыс беру арқылы тіктірген. Тойға, үлкен мерекелерде киілетін бетжүздік киімді жұпар иіс шығаратын заттармен бірге арнайы жасалған сандық, кебежеге салып сақтаған. Сондай-ақ жараған, сирек мінілетін атты да бетжүздік ат деп атайды.

БЕТКЕ КҮЙЕ ЖАҒУ – ғұрыптық жаза түрі. Байырғы ортада кінәлі жандарға істеген ісінің ауыр-жеңіліне қарай жаза тағайындаған. Ондай жазаның бірі бетіне күйе жағып, мойнына құрым киіз іліп, есекке немесе өгізге теріс мінгізіп, ел аралатып қорлау болған. Арына тиіп, ел-жұртқа масқара болардай жазаға ұшыраған адамның сол елде қалуына мүмкіндігі де болмайды.

Дәстүрлі ортада кейде билер шешімімен қылмыстының бетіне күйе жағылып, керегеге таңып, елді жиып, бетіне түкіртіп те жазалаған. Осындай масқаралап жазалау көрінісі «Қыз Жібек» фильмінде Бекежанды жазалауда көрінеді.

БЕТКЕ САЛЫҚ, СҮЙЕККЕ ТАҢБА – салтқа, жөн-жосыққа қатысты императивті этикалық нормалардың бұзылуымен байланысты тұтас бір әулеттің, тіпті рудың ар-намысына дақ түсіретін жағымсыз әрекеттің атауы. Ел ішінде қатаң сақталатын дәстүрді аттаған адамның жүзі қара есептелгендіктен ортадан аластаған белгісі ретінде етегін кесіп, елден қуу, бас құйқасын маңдайдан желкеге, оң самайдан сол самайға қарай қасқалап тілу (қасқалдақтау) сияқты әртүрлі масқаралау әрекеттері жасалған.

БЕТКЕ ТҮКІРУ – адамды қорлаудың, арына дақ түсірудің ауыр түрі. Бетке түкіру қауымдық дәрежеде, ел алдында сорақы қылықпен, қылмыспен кінәланған адамды жазалаудың бір түрі болды. Кінәлі адамға жаза кесу барысында билер үкімімен жазалаудың моральдық тұрғыдан алғанда ең бір ауыр түрі ел болып қылмыстының бетке түкіру болды. Әдетте, бетке түкіру ұрлық-қарлықтан көрі моральдық-этикалық нормаларды бұзған адамдарға қатысты қолданылатын. Бетіне күйе жағу, өгізге теріс мінгізу, мойнына құрым байлау, бұрымын кесу сияқты адамға өмірінде кетпейтін дақ салу әрекеттері қатарына жатады. Мұндай адамдарды ел «жүзіқара», «қарабет» деп ортадан аластатып, тіпті өлім жазасына кесетін. Моральдық тұрғыдан алғанда бетке түкіру дүре соғудан да ауыр жаза болды.

Жеке адамдардың қатынастары дәрежесінде ұрыс, жанжал барысында әлімжеттік зәбірлеуге тойтарыс бере алмаған жақтың, қарсыласының бетіне түкіріп есесін қайтарудың амалы болды. Бетке түкіру моральдық тұрғыдан

адамның арына нұқсан келтіретін, соққыдан ауыр қорлау болып саналатын. Бұл әлбетте дәстүрлі құқықтық қатынастардың жеке адамдар қатынасы дәрежесіндегі көрінісі болды. Осыған байланысты бетіне түкірік тиген адам билер алқасына жүгініп, талап етуіне құқықты болады. Себебі бетіне түкірік тиіп «қарабет» атану тиген таяқтан, жеген жұдырықтан анағұрлым зор зәбірлену болып саналатын. Әдетте, жеке адамдар арасындағы жанжал бетке түкіруден кейін ұласып барып ағайын-туыс, ауылдастардың араласуымен ғана барып бітімшілікпен бітетін.

БЕТКЕ ШЫМЫЛДЫҚ ТҰТЫП ӘКЕЛУ – неке салтындағы рәсім. Ұзатылып келе жатқан қалыңдық күйеуінің елі шегіне жеткенде алдынан жас келіннің абысын-ажындарының бірі жорға мініп шығады да, басына шәлі жауып, алдына шымылдық тұтады. Қалған жастар келін алдынан шымылдықты ұстай жүріп ауылға жаяу апарады.

БЕТМОНШАҚ – әйелдің бас киімінің әшекейі. Сәукеле, қасаба секілді бас киімнің шықшыт тұсынан бірнеше қатар төмен салбырата тағып қоятын моншақтар. Моншақтардың ұзындығы белге жететіндей етіліп жасалатын. Қыз баланың бас киіміндегі бетмоншақ әкесінің дәулетін көрсетеді, яғни бай адамның қызының бетмоншағында моншақтар саны көп болады деген деректі Р.Шойбектің еңбегінде келтіріледі. Қазақ ауыз әдебиет үлгілерінде бетмоншақ бас киімге тағылып, алынатын әшекей болған болса керек.

Сәукеле адыра қалғыр қолына алды,

Бетмоншағын беліне түйіп алды.

Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаның жер атауларының шығу тарихы жайындағы аңыздарды келтіре отырып, «Баян сұлудың домбырасы мен бетмоншағы түсіп қалған жер «Домбыралы», «Бетмоншақты» деп аталған» – деген дерек келтіреді. Яғни, бетмоншақ бас киімге алынып салынатын әшекей дегенге саяды.

Қалыңдық өз үйінен ұзатылып, барар жеріне жүрерде жолда бетмоншақ үзіліп қалмауы үшін кеуде тұстан салпыншақ моншақтарға қалта тігіп қояды, немесе белбеуге бет моншағын түйіп алады. Қазақта жас келіншектік бетмоншақтың үзіліп түсуі үлкен ұят саналған. Құнтсыздықтан болып ыңғайсыз жағдайда қалған қыз-келіншектерге қарата «Бетмоншағы түсті», «Бетмоншағы үзілді» десе, «жас», «ұяң» деген сөздің орнына да «бет моншағы үзілмеген» сияқты сөз орамдары пайдаланылады. Біреудің ыңғайсыз күйге түсуіне байланысты айтылатын бетмоншағың түсіп тұр ма, – деп келетін сөз бетмоншақтың жоғарыда айтылған ғұрыптық мәніне қатысты орнықса керек.

БЕТИН [БЕТИНЕН] ҚАҚПАДЫ – тыйым салмады, еркіне қоя берді деген ұғымды білдіреді. Ертеде баланы, әсіресе шаңырақ иесі сүткенжені өжет болсын деп тым еркелетіп, бетінен қақпай өсірген. Ата-ана баласын «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірдім» деп марқаяды. Қалағанын істетіп еркін өскен азамат ел үмітін түбінде ақтайды, алған бетінен қайтпайтын өр болады, «басына нөқта кимеген, көзіне қамшы тимеген» азамат, айбарлы да өжет тұлға боп өседі деп санаған. Әйткенмен қазақы педагогика бойынша жас бала белгілі дәрежеде «ананың алақанын, әкенің шапалағын» көріп өсуге тиіс болған. Алайда бұдан шапалақ бала тәрбиесінің

негізгі тәсілі деген жаңсақ ұғым тумаса керек. Керісінше қазақ ортада әке ешқашан да баланы бетінен ұрмайтын, тек ерекше жағдайда ғана, яғни бала шектен шықты дегендей ахуалда ғана оның құйрығынан шапалақтап жасқайды. Қазақ ұғымында бетке ұрған шапалақ баланың бақытын ұшырып, жасқаншақ етеді деп есептеген.

БЕШПЕНТ / БЕШМЕТ / МЕШПЕТ – етегі тізеден сәл жоғары келген, астарлы, жағасы ойма немесе тік келетін, көйлектің сыртынан киілетін сырттық жеңіл киім. Бешпенттің жұқа және қалың етіп жасалған түрлері болады. Жылы маусымға арналған бешпентті жұқа шұға, мауыты сияқты түрлі тыстық маталардан тігеді. Тысы мен ішкілігі (астары) арасына бидайы деп аталатын жүннен қабаттап сырылған жұқа қабат салынады. Кестелеп, оюламаса да түрлендіріп жеңінің ұшын әдіптеп, белдікше орнатып түймемен бастырады, өңірі үш түймемен қаусырылады. Бешпенттің суықта киілетін түрлері де болады.

Ондай бешпенттің ішіне астардың орнына елтірі немесе жұқа тері немесе бағалы аң терісі күседі. Солдан оңға қаусырылып, қапсырмамен түймеленеді. Ертеде бешпенттің тысын тайлақтың жүнінен де тоқыған. Ұзындығын тізерлікке жақын етіп, матамен тыстап, астарына жүн салмай тіккен. Жасалған материалдарына қарай бешпент мынадай түрлерге бөлінеді: жібек бешпент, күңгір бешпент, қытайы жібек бешпент, мауыты бешпент, ши барқыт бешпент, күзен бешпент, тиын бешпент, күпі бешпент. Сырттық киім ретінде тұтынылатындықтан, өңірі, етек-жеңі әшекейленіп сәнделеді. Әсіресе әйелдер мен қыздар бешпентінің жағасы, жеңі және екі өңірі оқаланады немесе кестеленеді.

Бешпент әртүрлі пошымда кездеседі. Басты ерекшелігі – жағасы мен жеңінде. Оның тік және қайырма жағалы, жеңінің ұзынды және қысқалы түрлері болады. Алдыңғы өңірінің алқымға ауысқан жағы кеңірдекке дейін ашық, яғни жағадан төмен үшкілденіп түседі. Бешпенттің ішінен киген көйлек пен жейденің алқымы көрініп тұрады. Егер жеңі қысқа шынтақтан келсе – тірсекжең бешпент, ал шынтақтан асып тұрса – шолақжең бешпент аталады. Қалтасының аузы, өңірі, жағасы, етегі айналдырыла әртүрлі өрнектермен сырылады. Мұндай сәнделген бешпенттер жібек тектес асыл маталардан тігіліп, көбінесе бетжүздік киімге саналады. Тірсекжең бешпентті көбінесе орта жастан асқан әйелдер киеді. Егде әйелдерге арналған бешпенттің қайырма жағалы, екі жанқалтасы болады.

Оймажең бешпет жеңсіз, жағасы қайырма, екі жанында қалтасы бар, белі қималы болып келеді. Жағасын, өңірін, етегін айналдыра және қалтасының аузын киетін адамның жас ерекшелігіне сай сырып өрнектейді. Жігіттер бешпентінің төс және жан қалталары сырттан «жапсырылады», өңірі екі-үш түймемен қусырылады. Әйел бешпенті көбінесе пүліш, сәтен, барқыт және т.б бұлдардан тігіледі. Пішімі қынама бел, ойма жағалы, жеңі ұзын болып келеді. Өңірі мен етегі зертаспамен немесе оқамен көмкеріледі.

ҚР МОМ қорында (КП 3389) әйелдің ашық қызыл пүлішпен тысталып, гүлбедерлі шытпен астарланған бешпент сақтаулы. Оның жалпы ұзындығы 96 см, жеңінің ұзындығы 53 см, ені 14-20 см, екі иінінің аралығы 43 см, етегінің

шалғайы 199 см, өңірінің ені (етегінде) 51 см. Пішімі трапеция пошымды, етегінің екі бүйірінен үшкіл шабылған, артқы өңірінің қақ ортасында ұзына бойы қусырған тік тігісі бар. Ойма жағалы, ұзын қондырма жеңді, жеңі астынан қусырылған. Алқымы кеңірдікке дейін ашық, желкеден төмен үшкілденіп келген. Екі бүйірінде қиғаштай салынған ойық қалтасы бар. Жағасы, өңірі, жеңінің аузын, етегін айналдыра екі қатар ақшыл түсті оқа басқан. Өңір мен жең аузына жасыл барқытқа зер жіппен гүл өрнек кестеленген жолақ салынған. Өңіріне ішкі жағынан түймелейтін ілмек қадалған.

Ал әйелдің (КП 9428) оймажең бешпентінің тысы қоңыр барқыттан, астары қызыл күрең жібектен салынған. Пішімі трапеция пошымды, жалпы ұзындығы 108 см, жеңінің ұзындығы 62 см, жеңінің ені 15-31 см, екі иіннің аралығы 40 см, етегінің шалғайы 227 см. Екі бүйіріне шабу салынған. Жағасы тік, күрең түсті барқытпен бұлықтаған. Жеңі ұшына қарай сыптығыр, өңірінде терең етіп ойылған жең ойындысына қондырылған. Бешпенттің жиектерін ширатпазермен көмкерген. Оған жапсарлай зертаспа басқан.

ҚР MOM қорындағы ер адамның бешпенті (КП 8040) тысы жасыл, астары боз түсті сәтеннен тігілген бешпенті сақтаулы. Пішімі трапеция пошымды. Жалпы ұзындығы 110 см, жеңінің ұзындығы 65 см, ені 18-25 см, екі иіннің аралығы 39 см, етегінің шалғайы 186 см, өңірінің ені (етегінде) 45 см. Белі қынай пішілген, жағасы тік, ұзын қондырма жеңді, жең ойындысы таяз, етегінің екі жанына үшкіл салынған. Өңірін, жаға, жең жиегін ішіне қарай бүгіп, қайырып тіккен (емерген). Екі жанында және төсінде екі-екіден жасырын қалтасы бар, қоңыр түсті төрт түйме қадалған. Түймелігі де жасырын, оны екі қабат әдіптің ішкі қабатынан ойып торлап шығарған.

Дәстүрлі ортада балалар да бешпент киген. Бала бешпентінің өзіндік өзгешелігі бар. ҚР MOM қорында (КП 11036/2) баланың тірсек жең бешпенті сақтаулы. Сәбидің тірсек жең бешпенті жасыл түсті пүліш құрақтарынан қиюластырып тігілген, астарсыз киім. Артқы бойы, алдыңғы өңірін жеке пішіп біріктірген. Қайырма жағалы, қондырма жеңді, ала күлгін матадан солақ қиынды екі иығына, арқасына жапсырылып тігілген. Жалпы ұзындығы 30 см, жең ұзындығы 8 см, ені 12-18 см, екі иіннің аралығы 29 см, етегінің шалғайы 57 см, өңірінің ені (етегінде) 16 см. Алдыңғы өңірін ішіне қарай бүгіп әдіптеп, сыртына ені 1,2 см зерлі оқа басқан. Иықтан төмен қарай жағаның шетіне шеңбері 3 см күлгін мата бастырып тігілген. Сол матадан етегін айналдыра ені 7 см әдіп салынған, оның екі жағына жіңішке сары таспа бастырылып әшекейленген.

БИ¹ – дәстүрлі қазақ қоғамының билік жүйесіндегі беделді тұлға, әлеуметтік-институционалдық категория. Би лауазымының нақты қай кезде пайда болғаны белгісіз. Бидің мағыналық төркіні VII-XVI ғасырларда түркі тілдеріндегі бек болуы мүмкін. Билер әлеуметтік қатынастарды әдеттік құқықтың нормалары мен принциптері арқылы ұйымдастыратын, әрі реттейтін функция атқарды. Алайда бидің функциясы тұлғалық функция болған жоқ. Себебі би ең алдымен, көшпелі ортадағы институционалдық қатынастар жүйесінің ең басты компоненті, яғни саяси-потестарлық

институт ретінде қызмет атқарды. Сондықтан көшпелі социумдағы бидің орны мен рөлі дегеніміз, түптеп келгенде, билер сотының орны мен рөлі жөніндегі мәселе болып шығады. Алайда бидің жеке басының кісілік және азаматтық қасиеттері ерекше шешуші рөл атқарды. Яғни біліктілігімен, ұйымдастырушылық дарынымен, әлеуметтік белсенділігімен, әділдігімен, һәм шешендігімен ел арасында айырықша беделге ие болған тұлға ғана би болуға лайықты деп танылды. «Би атану үшін, – деп жазды сол заманның көз көрген білгірі Ш.Уәлиханов, – халық алдында әлденеше рет шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған». Бұл жердегі шешендік сөз зергері дегенді ғана білдірмейді. Сонымен бірге қазақы ортадағы шешен адам – халықтың мұң-мұқтажын терең түсіне білетін, әрі әдеттік құқықтың ежелден орныққан нормалары мен принциптерін жете меңгерген және қауымның, жеке тұлғалардың мүддесін табанды қорғай білетін тұлға. Осындай дара қасиеттерімен қауымның сынынан мүдірмей өткен тұлға халықтың қалауымен би атанды. Деректерге қарағанда би болатын тұлғаның жасына шек қойылмаған. Мысалы иісі қазаққа әйгілі үш жүздің төбе билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би жас кезінен-ақ жесір дауы, жер дауы сияқты көшпелі қауымдағы ірі мәселелерге би ретінде белсене араласқан. Дегенмен би лауазымына әдетте көпті көрген дейтіндей ақсақал жасына жеткен аса тәжірибелі адамдар сайланып отырды. Биге жоғарыда айтылған дара қасиеттерге ие қатардағы тұлғалар ғана емес, тіпті көбінесе беделді ақсақал атанғандар, рубасылары және сирек болса да батырлар арасынан да лайықты дегендері сайланды. Ауыл арасындағы ошақ басы, от қасы дейтіндей тұрмыстық мәселелерді бидің жалғыз өзі-ақ төрелік етіп шеше беретін. Бірақ би міндетті түрде ауылдың игі жақсыларының пікірімен санасып отырды. Ал жоғарыда айтылғандай жесір дауы, жер дауы және ру-қауым аралық, тайпалық бірлестіктер арасындағы, әлбетте бүкіл этнос деңгейіндегі сан алуан саяси, шаруашылық, мәдени, идеологиялық дау-дамай мәселелер тек билер соты арқылы шешілді. Осыған орай ру-қауым деңгейіндегі, тайпалық бірлестік деңгейіндегі және бүкіл этнос деңгейіндегі билер соты қалыптасты. Этнос деңгейіндегі әсіресе, халықаралық маңызды саяси-идеологиялық және экономикалық мәселелер алқа билер, яғни төбе билер кеңесінде қарастырылып, шешімін тауып отырды. Осындай кеңестерге үш жүзге атақ-даңқы шыққан беделді билер, ақсақалдар, батырлар да белсене қатысты.

Билер институты Тәуке хан заманында ең жоғары деңгейге көтерілді. Осы кезеңде ханның жанынан үш жүздің ең беделді билерінің кеңесі, яғни алқа билер кеңесі құрылды. Тіпті, алқа билер кеңесінің беделі хан кеңесінен биік тұрды. Қазақ қоғамындағы билер институтының қызметі үлкен астар мен халық құрылтайларында көрініс тапты.

Ру билері соттың және әкімшілік биліктің міндеттерін қатар атқарды. Егер ру аралық даулар туралы мәселе қаралған болса, сот үкімін сұлтандар, билер кейде бірнеше би «ақсақалдар» кеңесіп отырып үкім шығарған.

Билердің ықпалы олар басқарған рулардың көптігіне және «күшіне», сондай-ақ олардың байырғы шыққан тегі мен беделіне қарап айқындалды.

Ауыл аймақта билікті сол ауылдың белді ақсақалы атқарса, ру-тайпа басында өмірлік тәжірибесі мол ру басылары отырды. Ру басылары белгілі дәрежеде билер ықпалында болған.

Ал халықаралық немесе ұлысаралық мәселелерді хандар мен сұлтандар міндетті түрде әйгілі билер мен рубасылардың көмегімен шешіп отырды. Яғни Шыңғыс хан тұқымдары хандық биліктің беріктігін қамтамасыз ету мақсатында билердің әкімшілік, әлеуметтік-саяси рөлімен санасып, олардың пікірін айырықша ескеретін. Билердің ерекше әлеуметтік жік ретінде тарих сахнасына шығуы қазақ қоғамында қалыптасқан рулық құрылыммен байланысты. Қазақ хандары мемлекеттік маңызы бар құжаттарды билердің қатысуымен жасаған. Мысалы, Тәуке ханның (1698-1715/18 жж.) әйгілі «Жеті жарғысын» жасауға қазақтың үш төбе билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би қатысқандары белгілі. Билер батыр, бай сияқты басқа әлеуметтік жіктерге қарағанда халық арасында ерекше құрметтелген. Бұл жайтты билердің дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастың сан салалы сан деңгейлі мәселелерін реттеудегі шешуші рөлімен түсіндіруге болады. Сондықтан да билер қоғамды басқару ісінде айырықша құқықтық мәртебеге ие болған. «Жеті жарғы» қағидаларына сәйкес билер өзіне бағынышты ру-тайпа ішінде сот және әкімшілік билігін жүргізе алған. Сот төрелігін жүргізу құқығы болғандықтан, билер халықтың әдет-ғұрпын, рәсімдерін жатқа білуге, дауласқан мәселені әділеттілікпен шешуге тиіс болды, билер ру-тайпаның басшысы ретінде «ру басы» қызметін қоса атқарып, өз қауымының тұрмыс-тіршілігін қадағалап, тәртіп-талабына жауапты болды. Осылайша олар билеуші хандардың халық арасындағы сенімді тіректеріне айналды. Саяси беделге ие болған ру басындағы билер сұлтандармен тең құқылы дәрежеде мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге, оны талқылауға қатысқан. Мысалы, Тәуке ханның билігі тұсында аса күрделі құқықтық мәселелерді де реттеп шешіп отырған хан кеңесінің құрамына жоғарыда аталған үш жүздің төбе билері болды. Қазақ қоғамында беделі ерекше жүрген билер, тіпті, ханның ішкі және сыртқы саясатына, әскери доктринасына тікелей ықпал етіп, өзгерістер енгізуге қатысқан. Жаугершілік заманда, батырлармен қатар билер де атқа қонып, жасақ құрып, мемлекет тұтастығын сақтауға ұйытқы болып, елін қорғауға ат салысқан. Руаралық дау-жанжалдарды шешіп, дауласқан екі тайпаның басын қосып, мәмілеге келтіруге тырысқан, ағайын арасында болған араздастықты басқан. Ел бірлігіне, ұлт тұтастығына нұсқан келтірер әрбір дауды ақыл-кеңеспен, данагөйлікпен басқан. Сонымен қатар көрші мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты реттеп, өзара байланыс орнату мақсатында ханның бірден-бір сүйенері билер болды. Би шешендік өнерді меңгерген, әдет жосын-жоралғыларын жатқа білетін, бір ауызбен күн шешіп, бір ауыз уәжбен дау шешкен ділмар, бойында айырықша қасиет қонған адам болды. Би лауазымы мұрагерлікпен берілетін атақ емес. Жоғарыда айтылғандай би лауазымы адамға табиғи талантпен, өмірлік іс-тәжірибемен келген. Дегенмен де, қазақ даласында бір бидің бірнеше ұрпағы халық

арасында билік құрған әулеттер кездескен. Билік тізгінін атадан-балаға жалғап, абырой қонған әулет билігін халық шынжыр қатар, шынжыры үзілмеген деп атаған. Қазақ қоғамындағы билер ғұрыптық құқық пен шарифат белгілеп берген ережесіне сәйкес үкім шығарып отырған. Билердің шығарған адал және әділ, шешімдерін ешкім ешқашан жоққа шығара алмаған, ел ішінде бидің беделі, ықпалы зор болған.

Билер кеңесі – көшпелі қоғамдағы сан алуан әкімшілік-басқару, асқынып, руаралық, тіпті жүзаралық қайшылыққа алып келуі әбден кәдік «жесір дауы, жер дауы», шаруашылықты ұқсатып ұйымдастыру, көш-қон, елдің қорғанысын қамтамасыз ету сияқты іргелі мәселелердің оңтайлы шешімін табумен айналысқан беделді құқықтық институт болып табылады. Ал билер сотын үш деңгейге жіктеледі. Біріншісі, жеке би немесе ауыл ақсақалының билігі, екіншісі, бір немесе екі би, кейде 1-6 дейінгі ауыл ақсақалдар билігі, үшіншісі – ең беделі жоғары сатысы, құрамы 6-дан 24 биге дейін жеткен билер кеңесі. Билер кеңесі дауды шешуге кіріспес бұрын араларынан даудың соңғы нүктесін қойып, шешімін айтатын төбе би сайлаған.

Билер үлкен дауда өз руы немесе тайпасының атынан түскен сөз ұстаушы би, ол жақтаушы немесе айыптаушы, сонымен қатар тергеуші міндетін де атқара береді. Билер үкімін жақтаушы да, қабылдаушы да, сынаушы да халық. Себебі қандай дау болмасын халық алдында ашық өтеді. Көпшілік қауым билер шығарған үкімнің орындалуына «кепіл» болған. Жауапкердің билер сотына келмей қалуы оның туысқандары үшін әбес іс болып саналатындықтан, жауапты адамның бас тартуына болмайды. Кейде дауға түсетін әрбір тарап өз биімен немесе мүддесін қорғай алатын бірнеше бимен қатысады, сырттан кездейсоқ келіп бір тарапты жақтауға рұқсат етілмейді.

Билер кеңесі жылдың бір мезгілінде, әдетте ел жайлауға көшіп болған соң өткізілген. Мұндай кеңеске беделді билерден басқа хан, сұлтандар, көрнекті рубасылар, даңқты батырлар қатысатын. Фольклорлық мәліметтер қазақ өлкесінің оңтүстігіндегі Мәртөбенің, Сыр бойындағы Күлтөбенің, Түркістан төңірегіндегі Битөбенің билер кеңесінің ел жайлауға тегіс көшкеннен кейін, өте қажет жағдайда жайлаудан түсіп болған сәтінде де шақырылып отырғандығын айғақтайды. Ұлттық тұтастыққа іріткі саларлық ірі жанжалдар, руаралық жер дауы, жесір дауы өршіген, ел шетіне жау тиіп, соғыс қаупі төнген кезде, көрші елдермен байланыс жасап, түрлі қарым-қатынас орнатар шақта қордаланған мәселелерді жедел шешу мақсатында төтенше билер кеңесі шақырылатын. Қабылданған шешімді социумның барлық мүшелері сөзсіз мойындауға тиіс болды.

1867-1868 жылдар Ресей империясының әкімшілік-саяси реформаларының нәтижесінде дәстүрлі қазақы ортадағы институционалдық қатынастың барлық элементтері сияқты билер кеңесінің де саяси-құқықтық һәм ұйымдастырушылық функциясы мүлдем әлсіреп кетті. Енді қазақ өлкесінде лауазымды тұлғаларды сайлау жүйесінің енгізілуіне байланысты лауазымды қызметке, билікке дәулетті адамдар ұмтыла бастады. Олар көздеген лауазым мен қызметке қол жеткізу үшін орыс билігінің өкілдеріне

пара беруге мәжбүр болды. Бұл қазақтың дәстүрлі басқару және құқықтық жүйесіндегі дағдарысты күшейтіп жіберді. Дегенмен рулар арасындағы дау-жанжал, талас-тартыстың жиілеуі әр болыстықта билер қызметінің болуын талап етті. Бірақ реформа бойынша қазақ қоғамының билер институты ру деңгейіндегі соттың рөлін ғана атқарып қалды.

Билер 25 жасқа жаңа толған азаматтан 3 жылға сайланып қойылды. Ал, Жетісу облысында цензорлық жағдайға байланысты биге 35 жасқа толғаннан кейін ғана тағайындалды. 1865 жылы қабылданған «Түркістан өлкесін басқарудың уақытша ережесі» билер сотының қарауынан кісі өлтіру мен барымтаға байланысты істердің шешімін шығару өкілеттілігі губернатордың құзырына көшті.

Ал, 1868 жылғы 21 қазанда қабылданған «Далалық облыстарды басқару туралы Ереже» қабылданғаннан кейін би атағы уақытша, тек қызметтік лауазымды атқару барысында ғана берілетін болды. Ереже бойынша ауылдың билері құны 100 сом көлеміндегі ұрлық істерді, болыстық билер құны 1000 сом болатын ұрлық істерді, төтенше билер съезі құны 1000 сомнан асатын ұрлық істерін қарады. Ереженің 203-бабы бойынша азаматтық істе халық сотының шешіміне қанағаттанбаған азамат уездік басқармаға шағынуға құқықты болды. Билер съезі, билердің төтенше съезі уездік басқарманың шешімімен бекітілді. XIX ғасырдың аяғында билер құқығының заң жүзінде шектелуін кейбір болыстардың пайдаланатындықтарынан билер қарайтын істі болыс қарап, билік (бидің пайдасына шешілетін құнның оннан бір бөлігі) пен айыппұлды (штраф) өз пайдаларына шешіп отырған кезі болған. 1891 ж. 25 наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» дәстүрлі қазақ қоғамының институционалдық құрылымын, соның ішінде басқару жүйесін де, құқықтық қатынастың ежелден орныққан нормалары мен принциптерін де жоюға алып келді.

Билер соты – ушыққан дауды шешуге шақырылған бірнеше билерден құралған алқалы топтың отырысы. Билер құрамын белгілеп және істің жүргізілу тәртібін қарастырмас бұрын істің күрделілігі мен екі тараптың ықыласына айрықша мән беріледі. Өте шиеленіскен дауларды шешуде алдымен төбе би сайланады, іс қаралып болған соң соңғы шешімді де осы төбе би жариялайды.

Билер сотының реформадан кейінгі құрылымын Ш.Уәлиханов былайша саралайды:

1. Бидің санына шек қойылмайды. Әрбір округтың (дуанның) мировой судьясы (биі) бірнешеу болуы керек.

2. Биді ресми түрде ешкім сайламайды да, ресми түрде ешкім бекітпейді де... билердің маңызы жеке беделге негізделген. Мировой судьяның сайлауында арнаулы тәртіп, нарық бар.

3. Халық қалағанда ғана би билік жүргізе алады. Оның бедел, лауазымы жүріп тұрғанда ғана оған жүгінеді, бедел жойылғанда билік те дәрежеден айырылады. Ал, мировой судья үш жылға сайланады да, қызмет атқарған мерзімінде тұрақты правосы (құқығы), міндеті болады.

4. Би қазынадан да, халықтан да ешқандай пұл алмайды, бірақ, «биден би ақы» алды, ал мировой судьяға земствоның алым-салығынан белгілі мөлшерде оның тірлігіне, кеңсе шығынына қаражат бөлінеді.

5. Билердің съезі (құрылтай), мезгілсіз кездейсоқ шақырылады, ал мировой судьялардың съезіне белгілі мерзім тағайындалады. Мировой судья істі жалғыз шеше береді, ал билер соты шағым иесі бір рудың адамы болса, әрі өздері бір үйдің билігін қаласа ғана жалғыз жүргізеді.

XIX ғасырдың басында Кіші жүз қазақтарының тұрмыс тіршілігін зерттеген орыс ғалымы: «...қазақ қоғамында «тәртіптілік пен заңдылық» орнаған, әділ билер соты билеген сол кезеңді қазақтар «алтын ғасыр» деп атап, Кіші жүз қазақтары «ол кезде тәртіп болды, ел тыныштықта өмір сүрді» деп аңсап еске алады, – деп жазады. Орыс офицері Аитов 1846 жылы: «...Қазақ билерінің қайсысы ақылды, тәжірибелі екенін ажырату өте қиын, себебі олардың барлығы рулардың барлығына ортақ ережелерді ұстана отырып, ата-бабаларының жолымен істі әділ шешуге тырысады. Қандай қылмыс болса да, ру ішіндегі әділ, шыншыл билер қарап шешеді», – деп жазған. Торғай әскери губернаторы болған, генерал-лейтенант Л.Ф.Баллюзек: «...қазақ билері табиғат берген дарын, ақылдығы мен шешендігінің арқасында әділ сот құра білді. Би атағы тек осындай дарын иелеріне ғана бұйырды. Халықтың заң қабылдаушы заңгерлері – билер мойнында әділ сот міндеті болды» – деп, атап көрсетеді. Билер институтының ішкі құрылымын, оның жұмыс істеу ерекшелігін олардың дәрежесіне және бір-біріне қалай бағынатын, жүгінетін ретінен байқалады.

Төбе би – бір хандықтың, елдің, ұлыстың, аймақтың құзырында билігін жүргізуші әр деңгейдегі билердің үстінен билік айтып, шешімін мақұлдайтын немесе ең соңғы өз шешімін қабылдайтын ең беделді де, білікті би. Төбе би әуелгіде ара би деп аталғанға ұқсайды. Көшпелі социумдағы сан алуан және әр деңгейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси-идеологиялық мәселелерді әдеттік құқықтың нормалары мен принциптеріне сәйкес шешуге байланысты билердің төмендегідей категориялары қалыптасты.

Ара би – дауласушы екі жаққа басу айтып отырушы, төбе бидің шешім шығаруына ықпал етуші би.

Сөз ұстаған би – үлкен дауда өз руы немесе тайпасының атынан түскен би, ол жақтаушы немесе айыптаушы, сонымен қатар тергеуші міндетін де атқара береді.

Алқа би – ел ішіндегі үлкен, әбден шиеленіскен дау-дамайды шешу үшін дауласушы жақтардың басын қосып өткізілетін билердің алқалы мәжілісін басқарушы, мәнсабы жоғары би.

Орда биі – би атағының ең биік деңгейі. Жалпы халықтық мәселелерді шешетін, бөтен елмен қарым-қатынас ісіне тікелей кірісе алатын, елдің ішкі және сыртқы саясатына ықпал ете алатын, ханға ақыл-кеңес беретін, тіпті жауапқа да тартуға хақылы лауазым иесі. Хандық билік осал болған тұста орда билер ел татулығын, бірлігін ұстап тұруды бақылап, қолға ала алады. Осындай аса жауапты міндеттерді атқару үшін билер бойында бірнеше қасиет болуы

шарт еді – әскербасылық, әкімшілік-соттық, әрине дала ақсүйектерінің қасиеттері болуы тиіс-тін.

Байырғы ортада ел ішіндегі беделі мен атақ-абыройына, билік айту кеңесінде уәжінің, дәйегінің мықтылығына, сөз саптауы мен шешендігіне байланысты билерге берілген тұрақты теңеу-эпитет қалыптасқан. Жаугершілік заманда әскери қолбасшы, ұйымдастырушы рөл атқарған ірі билерді қабырғалы би (қабырғадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне даумен қоса жау келсе – қабырғалы биге күш) деп атаса, ел қамын ұдайы алыстан болжап отыратын биді қайғылы қара би дейді. Сондай-ақ, сүбе би, шөгел табан би, байшөгел би, саңлақ би сынды т.б. тұрақты теңеулер би бойынан көрінетін ерекше қасиеттеріне байланысты айтылған. Бұл теңеу-эпитеттердің бәрін әрине билердің нақты функционалдық сипаты ретінде қабылдауға болмайды. Өйткені олар когнитивтік метафоралық образдар ғана. Бірақ бұлар билер институтының, сондай-ақ атақты билердің ел арасында айырықша маңызды рөл атқарғандығын айғақтайды.

Билер айтысы – дау немесе билік айтысып, белгілі бір рудың атынан сөйлейтін немесе екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері. Айталық, Ақтайлақ пен Солтанбай бидің әділдікке таласып айтысқан сөздерін мысалға келтірсек,

Солтанбай:

Бай қонысын сұрасаң,

Батпақ сулы даласы.

Қой қонысын сұрасаң,

Кекірелі жантық шорашы.

Құйсадағы таусылмас,

Қыдырлы байдың сабасы.

Сірә да ұшпақ көрер-ау,

Осыны тапқан анасы, –

деген екен. Сонда Ақтайлақ:

Сен төрт кісі күмән ұстатсаң,

Мен тоқсан түйе құн кестім,

Сөзімнің болса расы.

Бүгін керей өлгенде,

Ертең найман өлмей ме?

Өлімді жанның мұрасы, –

дейді. Бұл сөзді Солтанбайдың ұнатпағанын сезген Ақтайлақ тағы да:

Әуелі бағыра ашылса,

Аққу шомар көлдерге.

Туысқаны кімнің көп болса

Үлкен медеу белдерге.

Қырық кез торғын жатыр ғой,

Ақ сандықтың түбінде.

Бәрін айт та бірін айт,

Сұлтанжан-ау, сар қасқа ат тұр ғой белдеуде, –

дейді.

Би атымен атқарылған, шешімін тапқан дау-дамай, айтыс-тартыстардың, басқадай әлеуметтік мәселелердің қатарына, мәселен: 1) жер дауы; 2) жесір дауы; 3) құн даулау; 4) барымта, қарымта, сырымта мәселелері; 5) ұрлық-қарлық; 6) салт-дәстүрді сақтау; 7) айыптау; 8) алым-салық т. б. осы сияқты мәселелері жатады; өз дәреже-деңгейіне қарай билер қоғамда сан алуан қызмет атқарған. Олар билік айтумен қатар, көші-қонды басқарып, соғыс кезінде әскери қол, жасақтарға да қолбасшылық еткен.

Биге жүгіну – екі жақ өзара даулы мәселені шеше алмаған жағдайда биден билік айтып, дауды шешуін сұрау. Көбінесе тұрмыстық жағдайда орын алған ірілі-ұсақты дауды ауыл ішіндегі ақсақал, ауыл ағаларының төрелігіне тоқтамаған, риза болмаған кезде дауласушылар белгілі, беделді билердің алдына барған.

БИ² – саз ырғағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделі көрсетілетін көне өнер түрі. Адамның сөйлеуі ілкіде ым, ишара қимылдарынан басталып, кейін жекелеген дыбыстардың айтылуы нәтижесінде дамып қалыптасқандығы белгілі. Осылайша адамның алғашқы дыбысы музыканың негізін салды. Ал шартты дағдыға (рефлекс) негізделген дене қимылы бидің алғышартын қалады.

Би – адам денесінің әуенге негізделген түрлі қимылдарының жүйелі түрде ауысып келуі арқылы көркем образдармен айшықтала бейнеленетін, кеңістіктік-уақыттық ауқымы көне заманғы наным-сенімнен бастау алатын өнердің бір түрі. Би ишаралық бейнелеулер арқылы әсерлі көңіл-күйді көрсететін, еңбек үрдістері бейнеленетін халықтық шығармашылық өнер түрі. Ілкі билер ғұрыптық-мифологиялық мәні мен магиялық қызметі бар салттық әрекеттердің құрамдас бөлігі еді. Қоғам дамуының алғашқы сатыларына адам мен кейбір жан-жануарлардың туыстығы болады деген нанымға сай туған тотемдік билер тән еді. Тотемдік билердің негізгі сипаты – тотемге еліктеу. Осыдан келіп жануарлардың қимыл-әрекеттерін бақылаудан туған образдарды бейнелеу мен мифологиялық түсінік түйісе келіп, билеу кезінде аң, құстардың қылықтары көрініс табады. Қазіргі мәдени антропологияда аю культі тек солтүстік халықтарына тән делініп, аюға байланысты барлық жосын-жоралғылар орман халықтарында хакас, тыва, бурят, эвенк, саха сияқты т.б. ғана сақталды деген пікір берік орын алып келеді. Алайда, аю биі қазақ жерінің Алтай бөлігін мекендейтін қазақтар арасында көп тараған. Яғни, осының өзі аюлы болып келетін орманды өлкеге тән мәдени жергілікті ерекшелік деуге болады. Шығыс қазақтары арасында аюға байланысты аңыз-әңгімелер көп таралған.

Байырғы ортаның фольклорлық музыкамен орындалатын Тостаған биі, Келсап биі, Көктүйме биі, Шешеке биі осы күнделікті тұрмыстық көріністерді ырғақты қимылмен бейнелеуден туған. Ал Қара жорға, Аю биі, Жорға аю, Бүркіт биі, Қанжарак (бүркіт биінің бір түрі), Бура биі, Қаз биі аңшылық кәсібімен айналысқан және табиғатқа жіті көз тігіп, айналадағы құбылыстарды байқап бақылаған қауымның санасында жаңғырған көріністері би өрнегіне арқау болған.

Жиын-той кезінде көңіл көтерудің бір формасына айналған, әуен ырғағына негізделетін жекелеген және топтық билер адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа бір қырын ашады.

Халықтың ұлттық ерекшелігіне орай би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әртүрлі болады. Ғалымдардың пайымдауынша, адамның бет-жүзінің әрекет-ишаралары мағынасы жағынан барлық халықтарда бірдей болып келсе де, климаттық және басқадай тұрмыстық жағдайларға, көңіл-күйге, әсерленуге байланысты дене мүшелерінің қимыл-қозғалыстары әр халықта әркелкі пішінде болып келеді.

Бұрынғы билер аңшылық кәсіпті және тұрмыстық көріністерді бейнелейді. Аңшылық кәсіпке қатысты билер тотемге байланысты болып, онда аңға шығуы, алғашқы аңды алуы, жаратушыдан аңшының кешірім сұрап жалбарынуы сияқты көріністер, «Қаз биінде» сұлулықтың, әсемдіктің символы болған қаздың жүрісі, шомылуы, тарануы бейнеленеді.

Би атқарылу мәні мен мағынасына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Қазақтың ғұрыптық-салттық билеріне Айқосақ, Жезтырнақ билері, тұрмыстық биге Өрмек (Өрнек) биі, Айгөлек, аңшылық биге Құсбегі, Дауылпаз, Бүркіт пен қоян, салтанатты және әзіл-қалжыңға негізделген билерге Шалқыма, Айда былпым, Насыбайшы, ал көпшілік қауым биіне Ұтыс би, Алқа қотан билері жатса, Ортеке, Тепеңкөк, Қара жорға, Қаз биі (Қаз қатар) билері жануарлар қимылын салуға еліктеуден туған.

Тұрмыстық билер ожау, тостаған секілді т.б. үй бұйымдарын қолданып атқарылады. Ондай ғұрыптық билерде көбінесе дөңгелек пішінді болып келетін заттар символдық мәнге ие болды. Мәселен, Тостаған және Келсап билеріндегі негізгі объект – домалақ тостаған мен дөңгелек бітімді ұзынша келсап. Бір нәрсені айнала билеу, топты ортадағы шеңбер ішінде билеу сияқты әрекеттерден тіршілік көзі – «күн», жер-ана түсініктері аңғарылады. Ал «Келсап» биінде келсапты әйелі ретінде ойнату арқылы тұрмыстық қалып пен жыныстық айырмашылықтар әсерлі, күлкілі сюжетпен беріледі.

Музыка сатылай даму ретімен, алдымен ыңылдай әндету түрінде, кейін шырқата салу, содан соң саз аспаптарының сүйемелдеуімен әнге ырғақ берілу арқылы өз бетінше дамыды. Музыкалық ырғақ адамның әрқилы сезім-күйін білдіріп, дененің икемді әрі жүйелі қозғалысын қалыптастырып, би негізінің қалануына ықпал етті. Музыка немесе ән бидің ырғағын, көлемін айқындады. Осы кезден бастап адам сезімінің ырғақты көрсеткіші болатын көңіл көтерудің негізі болған нағыз би қалыптасты.

Әр бидің өзінің шығу төркінін, тарихын бағзы кезеңнен жеткен аңыз-әпсаналардан байқап білуге болады. Қара жорға биінің шығуы жөніндегі аңыз алғашқы саз аспабы (қобыздың) пайда болған, жылқы түлігін үй жануары ретінде қолға үйреткен заманға жетелейді. Түз жылқысын шалмалап ұстап алған жігіт оны қолма-қол үйретіп, ауылына мініп келеді. Жылқы қара, әрі жорға екен. Өз табысына қуанып шаттанған әлгі жігіт алдымен атын ойнақтатып, ат үстінде, онан соң жерге түсіп билейді. Осыдан бастап би Қара жорға аталыпты-мыс. Көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ үшін ат – ер қанаты. Бейбіт күнде де, соғыс, жаугершілікте де ат – серік, күш,

көлік. Жылқы иесі Қамбар ата деп жылқыны киелі, қасиетті жануар санады, қазақ тайпаларының ішінде жылқы атымен аталатын рулар да жоқ емес (Керейде – Шұбарайғыр, Қыпшақта – Торыайғыр, Арғында – Жылқышы, Тұлпар, Күлік, Тайкелтір т.б). Шыңжаңның Тасқорғанындағы тәжік, Атүш өлкесін мекендейтін қырғыздар арасында қазаққа кең тараған Қаражорға биінің бір нұсқасы деуге боларлықтай «Жылқы биі» таралған. Ертеде Қаражорға, Бозайғыр, Тепеңкөк, Өрмек т.б. күй аты болатын. Ырғағы буын биіне лайық келгендіктен, кейін би үлгісі шығып, әуен атына сәйкес Қаражорға, Тепеңкөк, Өрмек т.б. аталып кеткен. Осы тәрізді әуені ойнақы келетін, билеуге лайық ән-күйлерге билеу негізінде «Қамажай», «Айжан қыз» билері туып, халық арасына кең тарады.

Ертеде ел ішінде ақын-жыршы, әнші-күйшілермен қатар ежелгі халық билерін орындайтын ортекешілер де болған. Бізге жеткен би нұсқаларында олардың мазмұны, оқиға желісі, әртүрлі кәде-жоралғылармен біте қайнасқан қимыл-тәсілдері ғана сақталған. Мәселен, атақты Шашубай ақын «Ортеке» биін шауып келе жатқан ат үстінде тұрып, секіріп түсіп атты айнала билеп шебер орындайтын болған. Дәстүрлі ортаға «Ағаш аяқ» деген лақаппен танымал болған Рахымберді қатар шөгерілген тоғыз түйенің үстінен секіріп өтіп көрсететін өнеріне би қимылдарын үйлестіріп билегенде, «Қалдау-қалдау, қыз қалды-ау» деп әндеткен кезде әнді қосыла айтқан көрермендер де денелеріне ие бола алмай, бірге ырғатылады екен. 1920 жылдардың бас кезінде Қоянды жәрмеңкесінде Зарубай деген сайқымазақ қоян сияқты киініп алып, үстел үстінде тұрған кеселердің ешқайсысына қол-аяғын тигізбестен қоян сияқты секіріп, шоқырақтап бір сағат бойы күрделі қимылдар жасап билеп өнер көрсеткен екен. Әйгілі Дина Нұрпейісова би күйлерін шерткен кезде, әуенге елтіген ұлы билейтін болған екен.

Заманның ыңғайына, қоғамның қалпына қарай қалыптасатын көзқарастарға байланысты кезінде би өнері де өнердің басқа салалары тәрізді дін тарапынан «жын-шайтан ісі» деген негізбен қудалауға түскен.

БИ БУЫНЫ – қыран құстардың жетім шалғысы мен топшысының арасын қосып тұрған буын. Ұшып-қону, аңға түсу кезінде оқыс қимылмен топшысын қатты ұрып алып, би буын шығып кетсе, жетім шалғы салбырап бос қалады.

БИ-БЕКТЕР КИІМІ – әлеуметтік мәртебені айқын-дайтын ерекше киім түрі. Би-бектер жағасы мен екі өңіріне, етек-шалғайына ою-өрнек кестеленген оқалы шапан, тон киген.

XVII ғасырда өмір сүрген бидің бірі Қуандыққа жиырма жасында бүкіл Жәдік руы жиналып, оқалы тон жауып, тәжді тымақ кигізіп, оқшантайлы белбеу буындырып, би сайлаған. Оқалы тонға айналдыра құндыз ұсталған. Осы тон қазіргі кезде ҚХР буыршын ауданындағы қуандық ұрпағы Сәдуақас отбасында сақтаулы.

БИБІ – ерте кездегі үстем тап өкілдеріне жататын әйел адамдарға қатысты қолданылған атау. Ел ішінде қожа, төрелердің бәйбішелерін, беделді, жасы үлкен әйелдерді бибі деп атау қалыптасқан. Қазақтың дәстүрлі наным-сенім жүйесінде әйелдердің пірін Бибіфатима, Бибі Бәтима, Бибі Батпа, Бибі

Сара, Бибі Пәтима деп атау да осы үрдіс бойынша бірге деген ерекше ілтипатты білдіретін болған.

БИДАЙ¹ – дәні азық ретінде пайдаланылатын астық тұқымдастарға жататын өсімдік. Дәстүрлі ортада бидай ұнынан нанның әртүрлісін пісіреді; қуырылған бидайдан жасалған жарманы майға шылап та, сүтке бөктіріп те пайдаланады. Сонымен бірге, быламық та дайындалады. Ал, дәнінің өзін бөктіріп, көже жасайды. Жасалған көжеге айран қосып, арнайы сусын дайындайды. Қазақ жерінде бидай өте көне кезден өсірілген мәдени дәнді дақылдардың қатарына жатады. XIX ғасырдың орта шенінен бастап агротехникалық жаңа тәсілдер мен құралдардың қолданысқа енуіне байланысты бидай өндірісі ерекше қарқынмен дами бастады. Осы кезден бастап қазақ егіншілері Ресей, Қытай сынды көршілес елдерге бидай сатып, нарықтық қарым-қатынас орната бастады. Егілу ерекшелігіне байланысты бидай күздік және жаздық болып бөлінеді. Күздік бидай күз кезінде егіліп, қыс бойы қар астында жатып, ерте көктемде шығады. Жаздық бидай көктемде егіледі де күзге салым орылады.

Қазақстанда бидайдың қара бидай, қызыл бидай, ақ бидай, ақ құт, тікенек, шаң деген түрлері егіледі. Жетісу өңірінде қара найза, Сырдария өңірінде қара сөл, Көкшетау өңірінің қазақтары арыс бидай түрлерін өсіреді. «Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен» деп, дәнді дақылдарды қадір тұтқан дәстүрлі орта кепиет атады деп, дәнді аяқасты қылып, рәсуа етпеген.

БИДАЙ² – бидай түрінде берілетін садақа түрі. Марқұм болған жанның тірі кезінде балиғатқа жеткен кезінен бастап, қаза қылған намаздарының әрбір күніне 30 қадақ бидай, рамазан айындағы ұсталмаған оразасының әрбір күні үшін 35 қадақ бидай, жалпы 365 күнге 277 пұт, 20 қадақ бидай көлемінде молдаға берілетін ысқат садақа. Берілген бидай ақшаға шағылып, ақша малға айналдырылып, жаназаға қатысқан молдаларға үлестіріледі. Осыған ұқсас мал түрінде берілетін садақа түрі дәлел оқу, дәлел шығару, дәуір айналдыру деп аталады.

БИДАЙ³ – аша тұяқты малдың бақайының арасына шығатын жараның жергілікті атауы. Бидайдың кең тараған атауы ретінде айырма, бірбидай атаулары да қолданылады. Этнограф Х. Арғынбаев бидайдың мамыр деген атауын келтіреді.

БИДАЙ КӨЖЕ – бидайдан жасалатын сусындарға жатады. Сусынның бұл түрін келіге түйіп, кебегі алынып, аздап жармаланған бидайды етпен бірге қайнатып алып, айран қосып, бөлек бұқтырып қойып дайындайды. Ұзақ күн бойы бидай көже сусын ғана емес, азық орнына да жүре береді.

БИДАЙЫ – қыстық киімнің жылылығын сақтау мақсатында астары мен тысының арасына салынатын жүн немесе қалың мақта мата. Сондай-ақ, ұзатылатын қыздың ғұрыптық бас киімі – сәукелеге пішін беріп тұру үшін жұқа әрі нығыз басылған киізден бидайы салған. Сонымен қатар, ерлердің күләпәра, тымақ сияқты маусымдық бас киімдерінің тысының арасына да бидайы салынып тігіледі.

БИДАЙЫҚ¹ (Agropyron) – екі қатарынан сабағын бойлай өскен гүлді масағы бар өсімдік түрі. Қазақ даласының барлық жерінде, әсіресе, ылғалды,

ойпаң тұстарында көбірек өседі. Зерттеулерге жүгінсек, қазақ жерінің өзінде бидайықтың бірнеше түрі өседі. Мысалы, 1934 жылғы зерттеу еңбекте (Гамаюнова және т.б.) бидайықтың 35 түрі өсетіндігі, ал кейінгі зерттеулерде, атап айтқанда, Қазақ Ұлттық энциклопедиясында оның 44 түрі бар екендігі жазылған. Олардың бірнешеуінің атауын мысалға келтіріп өтсек: тарбағатайлық бидайық (*agropyron tarbagataicum*), жатаған бидайық (*agropyron repens*), құмеркек бидайығы (*agropyron fragile*), жолеркек бидайығы (*agropyron desertorum*) және т.б. Бидайықтың кейбірінің биіктігі 1 метрге дейін өседі. Жаз айларында гүлдейді. Бидайық өскен жерлер мал жайылымына қолайлы жерлер болып саналады, әсіресе жылқы малы жайылса, ет алып, қонданады. Ал диқаншылар егістік алқаптардағы дәнді дақылдардың өсуіне бидайық кедергі келтіреді деп, оны арам шөп қатарына жатқызып, шама келсе, жұлып отап отырған.

Қазақ жерінде көктемде еріген қар, сондай-ақ жауын суы жинақталып қалатын ойпат жерлер жиі ұшырасады. Ол жерлер күн ысысымен кеуіп, онда бидайық өсе бастайды. Халық арасында мұндай шұңқыр жерлерді де бидайық деп атау қалыптасқан.

БИДАЙЫҚ² – атауы қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінде көптеп кездеседі. Ақан Серінің «Сырымбет» атты әнінде: «Бидайыққа лайық қарағым-ай, Бөктергіге қор болып барасың ба» және «Бидайыққа лайық дейтін сәулем, Бөктергінің іліндің тырнағына сәулем» деген өлең жолдары бидайық аса текті, асыл тұқымды құс дегенді меңзейді. Осы қатарда халық ақыны К.Әзірбаевтың:

Бұлтқа салған ұясын бидайықтай

Көк қыран аспан қыран самғағаны –

деген де өлең жолдарын келтіруге болады. Алайда, түптеп келгенде, бидайықты осы күні қыран құстардың қайсысы екені толық айқындала қойған жоқ. Бидайықты саятшылықта қолданды деген де деректер кездеспейді. Ж. Бабалықұлы мен А.Тұрдыбаевтың «Қырандар» атты кітабында бидайықты қазіргі кезде «шахин» деп аталып жүрген қыран болса керек деп топшылайды. Сонымен қатар, авторлар қазақ жерінде маусымдық миграция кезінде сирек кездесетін қиыр солтүстіктің тундра лашыны, алеут лашыны немесе кавказ лашыны сияқты қырандардың біреуінің атауы болуы мүмкін деген болжам айтады. Яғни, миграция барысында қолға кездейсоқ, сирек түсетін ерекше аңшылық қасиетімен есте қалған сұңқарлардың ел ішінде сақталып қалған атауы бидайық болса керек. Әрине, сұңқар тектестерге жатқанымен, түр-түсі мен пошымы ерекше құс саятшылардың есінде көпке дейін сақталып дәстүрлі ортада біртіндеп мифтік бейнеге айналуы заңды құбылыс. Осылайша көптеген поэтикалық бейнелерге арқау болған бидайық мифтік санада ерекше қырандықтың, сұлулықтың идеалы ретінде орын алды.

БИЕ – құлындаған ұрғашы жылқы. Бие жасына қарай құнажын бие, дөнежін бие, бесті бие; айғырдан шығуына қарай буаз бие (құрсағында төлі бар), қысыр бие, ту бие (құлын тастаған немесе құлыны өліп қалған), тұмса бие (бірінші рет құлындаған бие), қулық бие (бірінші рет құлындаған бие), кіші қулық бие (тайында айғырдан шығып, құнажынында құлындаған бие),

сақа бие (көп құлындаған бие); түр-түсіне қарай боз бие, тор бие, жирен бие, күйіне қарай бас мама бие (ұрпағы көп өрбіген кексе бие), мама бие (сүті мол, қонды бие), ақтандыр (сүтсіз) бие, көбең бие (қыстан арықтап шыққан яки, көп мініліп титықтағанда жайылымға жіберілген, бойына ет бітіп, қондана бастаған бие), исіншек бие (сауар алдында құлынына жақындап, тез исініп құлынын емізіп жібереді немесе сүті ағып кетеді), мәнерсіз бие (сүті аз бие), нәкүс бие (сүті аз, шабан), саба бие (көп құлындаған қарны үлкен), қасаба бие (жеті-сегіз жастағы бие), семіз бие, тебеген бие (маңына жан жолатпайтын), асау бие (сауылып үйретілмеген бие) т.б. аталады. Ал төрт жас және одан жоғары жастағы құлын тастаған биені сойтал бие деп атайды. Мал баққан қазақ үшін ұрғашы малдың төл тастауы әжептеуір шығын болып есептелінді. Ана тілімізде біреудің іске қырсыздығына байланысты кейігенде айтылатын сойталдай деген теңеу сөз осы жайтқа байланысты қалыптасты.

Бие құлынын 10 ай көтереді. «Құлын жатырына, бала нағашысына тартады» дегендей, жүйрік болар құлын табатын бие кубас, қамыс құлақ келеді. Оның құйрық-жалы сұйық, тұрқы ұзын, шоқтығы биік, бауыры жазық, қарынсау келеді. Еркек құлын табатын бие төсқалдағына дейін ісініп желіндейді.

БИЕ БАЙЛАУ – бие сауып, қымыз ашыту. Дәстүрлі ортаның бие байлап, қымыз сауу маусымында атқарылар еңбекке қатысты дәстүрінің ішіндегі салтанатты салтының осы бірі – бие байлау. Ел жайлауға шыққан кезде сауылатын биелерді бөле бастайды. Алдымен желі тарту үшін қазықтар қағылады, бірінші қазықты жылда арнайы қазық қағып жүрген тоқпақтың сабына ақ мата байлап, үлкен ақсақалдардың бірі қағу ишарасын жасайды. Желі тартқан әрбір бес құлынның ортасына бір қазық қағылады. Желі маңы биебау деп аталады.

Әйелдер сабалар мен көнектерді әбден жуып, желінің басына кептіреді. Малым құт әкелсін деген ниетпен биебаудың үш қазығының, желі арқанның басына, айғырдың жалына, биенің сауырына сары май жағады.

Одан кейін шу асау құлындарды шалма, құрықтың көмегімен ноқталап желіге байлайды. Алғаш байланған құлындардың мойны созылып қалмас үшін үйренгенше үнемі бақылауда ұстайды. Құлындарды желіге байлаған соң, биебаудың шайын дайындайды. Желінің басына шай жасалып, жиналған жұрт құрт, ірімшік, тоқаш т.б. тамағымен келеді. Мұны «шашу шай» дейді. Желі басында жайылған дастарқанға үлкен-кіші, бала-шағалардың барлығы келеді. «Байлар көбейсін» деген игі ниетпен бата-тілектер айтылады.

Бие бау батасы:

Я, Құдай жар болып,

Ұзарта гөр желісін,

Кеңейте гөр өрісін.

Жирен сақал Қамбар ата,

Байталына құлын телісін.

Жазың жауынды болсын,

Биен сауынды болсын.

Жылқың көкке кенелсін,

Құлының сүтке бөгелсін.
Сақа айғырың кіндігінен,
Саба биенің пұшпағынан құт болсын.
Сұрағанға бекер бер,
Сусағанға жеке бер.
Сабаң толы сүт болсын.
Құрығын сүйреткен ұрыңнан сақта,
Құйрығын сүйреткен бөріңнен сақта.
Назары аштың сұғынан сақта,
Сұғанақ көздің оғынан сақта.
Қара тілдіден тіліккеннен сақта,
Қалды көзіден көзіккеннен сақта.
Қабағым деп шіренген байға да,
Тамағым деп тіленген жарлыға да,
Меймілдеп қымызың жетсін.
Қамбар атаға дастарқан жайып,
Биебауға тілеген тілегінді,
Қабыл етсін!

Биебаудан кейін қымыз ашытқан әрбір үй алдымен үлкен кісілерге, көршілерге арнайы әзірлеп, «қымызмұрындыққа» шақырады.

Бие бас сауымнан кейін бір жарым, екі сағат аралатып сауылып тұрады. Бие күн шыға байланып, қас қарая ағытылады. Осындай үрдіспен бие шілденің басынан қоңыр күзге дейін байланады. Қыс мезгілінде қысырақ байлау арнайы жемдеу арқылы жүзеге асады.

БИЕ ҚЫСЫРАМАС – дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізу формаларының өзгеруіне байланысты ұмыт бола бастаған ырым түрі. Бие қысырамас ырымы С. Кенжеахметұлының сипаттауы бойынша беріліп отыр. Той тарқап, келін үйге енгеннен кейін, енесі көрші-қолаң әйелдерді шақырып шәй жасап, келіннің маңдайынан иіскеп, ақ батасын беріп, жиналған әйелдердің алдына «биелерің қысыр қалмасын» деп тілек айтып, жыртысқа ақ мата таратады. Отырғандар матаны жыртыс қылып бөліп алып, әркім ырымдап өз сабасының аузына байлайтын болған. Бие қысырамас дегеніміз жас келінді көрші-қолаңға жете таныстырып, ортаға сіңіру мақсатында берілетін аспен үлестіретін кәденің атауы.

БИЕ САУЫМ – уақытты білдіретін халықтық өлшем. Желілеп сауатын биелерді саууға жұмсалатын уақыт. Әлбетте бір биебауда орта есеппен 8-15 құлын байланады. Бие сауым – осыншама биені саууға кететін уақыт мөлшері. Құлындаған биені құлыны қарақұлақ болған кезден, яғни мамыр-маусым айларынан бастап, екі-үш ай бойы байлап, күніне шамамен 4-6 ретке дейін сауады. Бие көп болса желілеп сауады. Биенің әр сауымының арасындағы бір жарым, екі сағаттай уақыт халықтық уақыттық өлшемге негіз етіліп алынып, бие сауым деп деп аталған.

БИЕБАУ¹ – дәстүрлі қазақы ортада шөбі шүйгін, суы мол жерді жылқы малына арнайтын.

Бұл ретте, әсіресе, жас құлындаған биелерге ерекше көңіл бөлінеді. Яғни, биебау биенің қоңдылығына да, сүтінің жебелеп саууға да, құлынды тойындыруға да оттығы мол жердің метафоралық атауы. Биебау көбінесе құлынды биелерге арналса да, жалпы жылқы малы үшін де пайдаланылатын.

БИЕБАУ² – сәуір айында туған құлындар аяқтанғаннан кейін бие байлап, қымыз сауу үрдісіне байланысты әрбір қазақ үйінің атқаратын жосын-жоралғысы. Мұндайда бие байлаған үйдің маңындағы желіге ауыл болып жиналып, биенің желініне, құлынның құйрығы мен кекіліне һәм желіге және қазық басына май жағып, құтты болсын айтылады. Ал енді осы дәстүрден кейін алғашқы ашытылған қымызға ауыл адамдары қымызмұрындық деп аталатын мереке түрінде ұйымдастырылған рәсімге шақырылады.

БИКЕШ – бойжеткендерге, әрісі жас әйелдерге қарата айтылады. Сыпайылық, құрмет һәм ізеттілік мәнімен қатар, ойнақылық сарында да қолданылады. Әдетте, дәстүрлі қазақы ортада бикеш деп атау тек адресат әйелдің жас шамасы тете ер адамдарға ғана жарасады. Яғни, бұл атауды бойжеткен қыз бен жас келіншекке құрдас немесе жас жағынан жетеғабыл адамдар ғана қолданатын. Үлкендер мен кішілердің бикеш деп атауы әбестік саналады.

БИҚАСАП – ала түсті шағын еңсіз жібек мата. Шапан сияқты бой киімнің сыртын тыстау үшін қолданылады. Кей өңірлерде биқасапты биқасам деп те атайды.

ҚР МОМ қорында (КП 659) түлкі пұшпағынан тігілген ала жолақ (сары және жасыл түсті) жібек бұл – биқасаппен тысталған әйелдің сырт киімі сақтаулы. Кебенекше ойып пішілген, шалғайы кеңдеу келген, бүйіріне шабу салынған. Кебенекше пішілгендіктен иығында тігісі жоқ, жең ұшына қарай сыптығырлау болып келген, жағасы мен етегі және өңірі құндыз терісімен жұрындалған (көмкерілген).

БИЛІК АҚЫ / БИЛІК – қазақ социумының әдет-ғұрыптық жүйесінің іргелі институттарының бірі. Бидің билік жүргізгені үшін, яғни, кінәлі болып есептелген адамды тиісті жазаға кескені немесе ақтағаны үшін оған берілетін ақының атауы. Мөлшері – даудың басы атанған мал немесе мүліктің оннан бірі. Мұндай ақы, әсіресе, ХІХ ғасырдың 40-жылдарынан бастап ақшалай да төлене бастады. Кейбір деректерге қарағанда, аталмыш ақы алтын немесе күмістен жасалған қымбат бағалы бұйымдар да билік ақының орнына жүрді.

БИТ БАСУ – төрт түлік малдың, адамның шамадан тыс биттеп кетуі. Бит басу әсіресе, суық маусымда болады. Ол малдың жүнінің қыста тығыздалуымен, адамдарға қатысты қабаттап жылы киінуімен байланысты болған. Дей тұрғанмен бит басу көбінесе, арық-тұрақ, ауру малда дендеп кетеді. Жазғытұрым жүнінің сиреп түлеуі, қырқылу себепті бит малдың қыртысты жүні қалың жерлеріне, құлақ ішіне, құйрықтың түпкі жағына шоғырланып азаяды. Бит басу әсіресе, қыстың соңында, мал азып арықтағанда өршиді. Бит басқан мал өз денесін қасып, жалап, мазасыздана береді. Үнемі мазасызданып, ұйқыдан, тамақтанудан қашқан мал қатты арықтап кетеді.

Қазіргі ветеринария ғылымы әр түлікке тән биттердің өз түрі болатындығын айқындады. Қазақтар малшылары да, түйе биті, жылқы биті,

кой биті, ешкі биті, сиыр биті деп әрқайсысын айырып, олардың өзіне тән емін қолданған. Ондай іс-шаралар қатарына жүнін тықырлап қыру, улы шөптердің (итсигек, қыр жусан) ұнтағының тұнбаларын пайдалану, керосин мен қара сабынның судағы ерітіндісін, қайың майының судағы ерітіндісімен шаю, бит таракпен тарау, күкірт, тотияын себу сияқты тәсілдерді қолданған. Әдетте, дені сау мал көктемде аузы көкке жетіп қонданғана бастағанда түлеп, қысқы жүні түсіп сирегенде биттен арылып кетеді.

БИТТАРАҚ – шашқа түскен бит, сіркені тазартуға арналған құрал. Биттарақ малдың жауырын, жамбас сияқты жалпақ сүйегінен немесе ағаштан ара тістері жиілетіліп жасалады.

ҚР MOM қорында (КПД 19) сақталған биттарақ мүйізден жасалған. Ұзындығы 12,5 см, ені 5,5 см.

БИШІК – қайыстан өріп жасалған арбаға жегілген малды басқаруға арналған жұмыр өрімдік, ұзын сапты арнайы қамшы. Бишік сөзі орыстың бич атауының қазақшаланған формасы. Бишікті негізінен өгіз жегілген көлік түрлерін айдаған арбакештердің құралы. Әдетте, бишіктің өрімі сабынан екі-үш есе ұзын болады, және алақанынан ұзынына қарай біртіндеп жіңішкеріп соңында екі-үш қарыс жіңішке таспа қайыспен бітеді.

Бишіктің сабы 40-60 см болса, өрімнің ұзындығы 180-240 см шамасында болады. Бишіктің құрылымының осы ерекшелігі оны үйіре тартып сілкіп қалғанда, ұш жағындағы таспа жырым дыбыстан қатты жылдамдықпен қозғалып, шарт еткен дыбыс шығаруға мүмкіншілік береді. Бұл сабан, соди, рыдуан арбаға жегілген бірнеше жұп өгіздерді сартылдаған дыбыспен шошытып басқару үшін жасалады.

БИЯЛАЙ – аңшы құстарды аңға шыққанда қолға қондырып ұстау үшін қолданылатын қолғап. Биялайды ірі малдардың жон терісінен киіз астар салып тігеді. Бүркіттің тұяғының тегеурініне шыдап, аңшының қарын қысып тастамас үшін тері қатты иленген және астар киізі қалың болуы шарт. Биялай бас бармаққа және төрт саусаққа арналған бөліктерден тұрады. Биялай көбінесе, оң қолға арналып тігіледі, себебі аңшы тізгінді сол қолымен ұстайды. Сырт киімнің жеңі биялайға оңай кіріп тұруы үшін етегі кең, қарды толық жабатындай етіліп, ұзындығы 50 см.-ден артық болып тігіледі. Ұсақ аушы құстарға арналған биялайлар үш саусақты қылып тігіледі.

Қазақстанның кейбір жерлерінде түбіттен тоқылған бес саусақты қолғапты биялай деп атайды.

БОҒАТ / БҰҒАТ – ғимараттың және басқа да құрылыстардың төбесі мен қабырғасының түйіскен кенерінің атауы. Төбе жабыны итарқа болып келетін баспана сырғауылдарының қабырғадан біршама шығыңқы тұрған тұсын боғат деп атаған. Көбінесе, мұндай боғаттың үстіне қамыс «дөдеге» салынады. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері санатына жататын, сәулетті көркем ғимараттардың қабырға кенересі тепкішектеліп, қызыл кірпішпен түрлі әдістер қолданып, өріп қаланған ернеуі боғат деп аталады. Оған Торғай өңірі Екідің ауылының зиратынан орын тепкен Батима кесенесінің (Қызтам) боғатын мысалға келтіруге болады. Этнограф Ө. Жәнібеков өзінің ғылыми еңбектерінде архитектуралық ескерткіштердің сыртқы боғатына күйдірілген қыштан

мәнерлеп немесе өрнектелінген кірпіштен қаланған жиектемелерді «бұғаттама құр» деп көрсеткен. Тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің (Әзірет Сұлтан кешені, Түркістан қ.) қабырға кенересіндегі эпиграфикалық белдеуі бұғаттама құр болып табылады.

Кейбір аймақтарда, Шымкент, Қызылқұм өңірлерінде және Өзбекстан қазақтары жауын-шашын шайып кетпес үшін дуалдың (тамның) қамыспен жабылған ернеуін де боғат дейді. Айтар болсақ, олар: – «Тамның боғаттары піскен (күйдірілген) қышпен (кірпіш) өрнектеліпті» – дейді. Бұл жерде «там» дегеніміз дуал, қоршау, қабырға құрылысын білдіреді.

БОҒЖАМА¹ – жүк салуға арналған үлкен тең. Боғжама әр түске боялған жүн жіптерден жерге көлбеулете құрылған тоқыма өрмегінің көмегімен бетіне түрлі ою-өрнек салып тоқылған бірнеше қатар жолдардан құрастырылып тігіледі. Әдетте, боғжаманың ұзындығы 1 м. ені 40-50 см, биіктігі 60-70 см. көлемінде болып келеді. Маусымдық көші-қон барысында көлемі шамалас екі боғжамаға көрпе-жастық, киім-кешек сияқты бұйымдар салынып түйеге теңделіп тасылады. Бұндай бетіне түрлі ою-өрнек салып тоқылған боғжама тасымалдау көші-қонда тасымалдау қызметімен қатар, көштің сәнін де келтірсе, жайшылықта киіз үй төріндегі сандықтың үстіне қойылып, үй ішіне көрік беріп тұрады. Сондай-ақ, бұндай боғжамаға ұзатылған қыздың жасауы салынып беріледі.

ҚР МОМ қорында КП 9883 тіркеу нөмірімен сақталған боғжаманың ұзындығы 109 см, ені 42 см, биіктігі 67 см. Оның қабырғасы тоқыма өрмегінің көмегімен әр түске боялған (қызыл, сары, ақ және сұр) жүн жіптерден бетіне тұмарша, тіс өрнектері теріліп аралас тоқу тәсілімен (түкті, түксіз) тоқылған жолдардан, табаны ақ түсті талдырма киіз кесіндісінен құрастырылып тігілген. Ернеуіне байлауға арналған өрілген құрбау тағылған.

БОҒЖАМА² – ұрын барған күйеу жігітке қалыңдық әкесі тарапынан берілетін сыйлық түрі. Ұрын барып, үш-төрт күннен соң қайтуға жинала бастаған күйеу жігіттің қоржынына қыз әкесі жігіт жолдастары арқылы жоралғысын салып жібереді. Кейде дәулеті мен қыз қалыңмалының мөлшеріне қарай бір жылқы да қосып берген. Күйеумен бірге келген жолдастарына да ат мінгізіп, шапан жауып қайтарған.

БОДАУ – біреудің затын, нәрсесін уақытша пайдаланғаны үшін оның иесіне алушы жақтың өтеуі ретінде берілетін заттай төлемінің түрі. Мысалы, шаруашылық саласында, әсіресе жер жырту, егін егу, астық бастыру тәрізді науқаншылық кезінде туатын қажеттілікпен байланысты егінші мал иесімен өзара келісе отырып, оның күш көлігін уақытша пайдалануға алуы мүмкін. Алған малын иесіне қайтара отырып, пайдаланған күш көлігінің бодауына екеуара белгіленген мөлшерде бидай, арпа немесе тары беретін болған. Сондай-ақ белгілі бір рудың жайылымдық жерін немесе қора-жайын, суатын уақытша пайдаланғаны үшін өзара келісілген мөлшерде бодауына мал беретін болған. Шаруашылық саласындағы экономикалық қатынастың субъектілері («алушы» мен «беруші» жақтардан) арасындағы бұндай сипаттағы байланыс екі жаққа да тиімді болған.

Ат майын беру, мойынсерік немесе жалға беру тәрізді субъектілер арасындағы экономикалық-шаруашылық байланыс тең серіктестік қатынаста болса, ал бодау бодауын беру, бодауға алу өзара еркін көмектестік сипаттағы шаруашылық қарым-қатынас түріне жатады.

БОДЫҚ – түзде, жорықта жасалатын ет тағам. Бодық жасау үшін семіз марқа немесе тушаны бауыздап басын денесінен бөліп алып, терісін бүлдірмей мойын омыртқа, бұғана сүйектерін еппен мойын жағынан шығарады. Сонан соң мойын терісін бүлдірмей ішек-қарын, өкпе-бауырын да түсіріп алады. Босаған қуысқа тас толтырып мойын терісін буып тастаған кезде малдың денесі ісініп кетеді, осы кезде оны тәптіштеп үйітіп, бір-екі сағат отқа қақтайтын болған. Сыртқы оттың, ішіндегі тастың қызуымен ет дайын болды дегенде жайлап қарнын тесіп сөл сорпасын ожаумен құйып алады да, ішін тастардан босатады. Осылайша жасалған мал еті ерекше дәмді болады. Белгілі зерттеуші Б.Базылханның «Моңғолиядағы қазақтардың тілі» атты еңбегінде «бодық» моңғолдың «боғұдық» сөзінің қазақыланған түрі екенін айта келе, бодық моңғол қазақтарының сыйлы қонақтарға арнап жасайтын тәмсіл асы екенін жазады. Негізі бодық аңшылықты кәсіп еткен Моңғол, Бурят сынды халықтардың аңшылық кезінде қалыптасқан ұсақ аңның етін пісіру тәсілі болса керек. Яғни, бодық Моңғолия қазақтарының этнотүйісу негізінде қолданысқа енген асы деп тануға болады. Экспедиция барысында дерек бере алмады, дегенмен Б.Базылханның дерегі бойынша ертеректе моңғолдармен көрші, аралас отырған қазақтар арасында ішінара бодық жасаған, бұл үрдіс Моңғол революциясына дейінгі уақытта кеңірек тараған болуы керек.

БОЖЫ – арба, шанаға жегілген көлікті жүргізіп отыратын ұзын шылбыр. Кей өңірлерде делбе немесе делбеге деген атаулары да кездеседі. Арба, шана айдаушыны божышы деп атайды.

БОЗ – қалың, ашық түстерді білдіретін кешенді ұғым. Боз өсімдіктер әлеміне қатысты ақшыл реңді білдіретін атау ретінде өте көп кездеседі. Мысал ретінде бозқарағай, бозжусан, бозкөде, бозизен сияқты дәстүрлі атауларды келтіруге болады. Даланың ақшыл тартқан шөптесін өсімдіктер топтамасынан тұратын жайылымды қазақ бозот деп атайды. Төрт түлік малға қатысты боз ұғымы анықтауыш ретінде қолданылады. Ақшыл көк түсті малды боз, ақбоз деп, шұбар араласса бозшұбар деп атайды. Сондай-ақ шымқай бозды шаңқанбоз деп, қылында басқа түстер реңкі болса, қылаңбоз деп айтады. Боз немесе қылаңға қарама-қарсы ұғым баран деп аталады. Боз, қылаң реңді мал баранға қарағанда біршама жоғары бағаланады. Байырғы ортада қонаққа сойылатын, құрбандыққа шалынатын, құдайы ретінде садақаға (бозқасқа) берілетін малдың ақ, қылаң түсті болуын ескерген. Яғни мұндай түс киелі рәміздің белгісі ретінде әспеттелген.

Табиғатта мал түгінің түсі жасы мен жыл мезгіліне, сонымен бірге күйіне (арық, семіздігіне) байланысты өзгеріп тұрады. Мәселен, бурыл, шұбар, қаракөк түсті жылқы қартайғанда бозға айналады. Алайда жылқының жас кезіндегі Тайбурыл, Байшұбар және т.б. есімі сол қалпында қалады. Шау тартқан шағында Кемпірбай ақын Боз шапса, боз озбай ма

бурылдан, мен шапсам жер танабы қуырылған... деп, Әсетке өзінің мәртебесі жоғары екендігін білдіріп, дәстүрлі түсінік бойынша бурылдан боздың қасиеті мен құрметі басым екендігін әйгілейді. Дәстүрлі ортада шешен, өмірде көргені мен түйгені мол саңлақ адамдарды кәрібоз деп әспеттейді. Көне наным-сенімге негізделген дәстүрлі түсінік бойынша ақ өң – арғы әлем мен бергі әлемді жалғастырушы, дәнекерші түс боп табылады.

БОЗА – бидайдан, тарыдан ашытылып жасалатын сусын, ішімдік. Дәстүрлі ортада, әсіресе диқаншылықпен шұғылданған қауым арасында дайындалатын мұндай сусын түрін бидай, тарыдан жасау үшін дәнді ет пісірім уақыт жылы суға салып қойып, белгіленген уақытта сүзіп алып, дорбаға салып, жылылау жерге орап тастаған. 3-4 күн ішінде өнген бидайды жуып кептіріп, диірменге тартып ұн, кебек жасайды. Бозаны осы өнген қабық, кебегінен ашытады. Келесі бір тәсілінде бидай ұнын жақсылап иі қанғанша илеген соң, астауға алып, жылы су құйып, ұнның нәрі суға шығып сірнесі қалғанша мыти береді. Сірнесін алып тастап, езілген ұнды күбідегі, ағаш шелектегі жылы судың үстіне құйып, айраннан ашытқы құйып, аузын мықтап бекітіп, 4-5 күнге қалдырады. Қымыз тәрізді ашымық сусын боза осылайша дайындалған.

«Туркестанские ведомости» газетінде «К» деген бүркеншік есіммен жазған автор: «Боза ашытумен күнкөріс қамы үшін көбіне кедейлер айналысты. Бір шелек бозаның бағасы қазақ даласында 20 сом. Боза адамды масайтады. Сайлау уақытында сұлтандар дауыс алу үшін өз есептерінен халықты бозаға тойдыратын кездері болған», – деп жазады. Ал Ә.Диваев болса, боза жөнінде: «Ол – қоректік өнім және мас қылатын ішімдік. Сонымен бірге нан пісіру үшін ашытқы жоқ кезде бозаны да пайдаланады. Боза қайнатуға мұнда әкімшілік жолмен тыйым салынғанымен, оның қазақтар арасында тарағаны сонша, олармен күресу қиын», – деген. Бозаны тері шелекте, күбіде ашытып, дәкемен немесе елеуіш арқылы сүзіп алады. Қазақ бозасын қоныстанушылар да сусын ретінде пайдаланған.

БОЗАНШЫ – төрт ішекті, пернесіз, ысқымен ойналатын ертедегі саз аспабы. Бозаншы жайлы деректі З.С. Жәкішева «Қазақтың музыкалық аспаптары» атты еңбегінде келтіреді. Автордың айтуынша бозаншы мойны ұзын, шанағы шөміш тәріздес ыспалы аспап. Зерттеушінің пайымдауынша, Кіші жүз, Әлім руының Бозаншы тармағы осы музыкалық аспаптың атауымен байланысты болса керек. Алайда ауыз әдебиет үлгілерінде қазақ музыкасына және музыкалық аспаптарды зерттеуге арналған еңбектерде бозаншы жайлы деректер кездеспейді. Тыва халқында «Базаанчи» атты ыспалы музыкалық аспаптың жайлы деректі Б.Сарыбаевтың «Қазақтың музыкалық аспаптары» атты еңбегінен кездестіруге болады. Б.Сарыбаев Базаанчы жайлы айта келе, оның түрі мен жасалуы жағынан моңғолдар мен буряттардың морынхур аспаптарына ұқсас екендігін атап өтеді. Аталған еңбекте базаанчыға түрі ұқсас немесе аттас музыкалық аспаптар жайлы деректердің жоқ екендігін айта кеткен жөн деп санаймыз.

Қорыта келгенде, бұл әлі дәйектеуді, қосымша зерттеуді қажет ететін мәселе деп қарауға болады.

БОЗБАЛА – балалық шақ пен жігіттік аралығындағы ер бала. Әдетте, бозбала деп 12-ден асқан, 16-17-ге тола қоймаған ер адамды атайды.

Дәстүрлі әлеуметтік қатынастар жүйесінде қоғам мүшелерін жынысы мен жасына қарай шартты топтарға жіктейтін болған. Ер адамға қатысты жасына қарай – нәресте, ұл, ұл бала, бозбала, жігіт, жігіт ағасы, қарасақал, ақсақал деп жіктелетін.

Қазақы ортада бала тәрбиесіне зор мән беріліп күнделікті өмірге, өмір сүру ортасына бейімдеп үйрету өте ертеден басталатын. 2-3 жасар баланы ашамайға отырғызып салт жүруге үйрететіндігін зерттеушілердің бәрі дерлік жазады. Ұл бала 7-12 жасқа келген атқа мініп қозы-лақ бағып, көшкенде мал айдап, асау үйретіп шаруашылыққа араласатын. Бұл жөнінде С.Толыбеков «Кочевые общества казахов XVII-XIX вв.» атты еңбегінде: «жас балалар тай үйрететін. Олар үйрететін тайға бір, екі күн мініп босатып жіберетін... Тай, құнан мінген ұл балалар түйе, қозы бағып көшкенде жылқы айдайтын т.т.» деп жазады.

Осы жастағы балалардың атқа салт мінуді толық меңгеретіндігінің ең бір көрнекті белгісі қазақтың дәстүрлі бәйгелерінде шабандоздар 7-12 жасар ұл балалар болғандығы болса керек. Ал көшпелі өмірдің басым көпшілігі ат үстінде өтетінін ескерсек, осы жас аралығындағы ұл балалардың шаруашылықтың негізгі тәсілдерін меңгеретін болған деп толық қанды тұжырымдауға болады. Жасқа байланысты келесі категория 12-16 жас аралығын қамтитын кезең, яғни бозбала.

Бозбала шаруашылықтың қыр-сырын, тәсілдерін меңгерген, жыныстық ерекшеліктері айқындалған қауым мүшесі. Бұл кезде бозбала киімінде ересек адамдарға элементтер пайда болады.

Зерттеуші Н. Шаханованың еңбектерінде бозбаланың әлеуметтік белгілерінің бірі беліне қарапайым белбеу буыну деп көрсетілген. Бозбала кезінен бастап адамның қоғамдық келбеті қалыптаса бастайды. Х.Арғынбаевтың айтуынша, «бозбала шаруашылыққа, еңбекке үйренуімен қатар әңгіме тыңдап, ертегі айтуға, жұмбақ-жаңылтпаш айтуға үйренетін». Осы кездері бозбала қонақпен бірге отырып олардың үлгі-өнеге, нақыл сөздер тыңдап, өнердің басқа да түрлерін үйреніп, қабылдауға дағдыланатын. «Тәуір болатын тай – атқа үйір, тәуір болатын бала – қонаққа үйір» дейтін мақал осыны меңзесе керек.

Сайып келгенде бозбала шағында адам рухани білімі өсіп ересек өмірге қажетті түрлі нормалар мен этикалық құндылықтарды игеретін болған. Осы жас аралығында адамның табиғи қасиеттері айқындалып, белгілі бола бастайды. Қабілетіне қарай отбасы, қауым бозбаланы сол бағытта ары дамуына қолқабыс етеді.

Бозбала кезінде адам албырт, намысқой, өз бойындағы мүмкіншіліктерін сынап көруге бейім болады. Осы кезде бозбала адамның өмірге құштарлығы, әсершілігі ерекше дәрежеде болып бойжеткен құрбыларына көз тастап қыз балалармен жігіттік тұрғыдан қатынас түзу әрекеттері басталады. Қазақы ортада бозбала кезеңге сай көптеген ұлттық ойындар қалыптасқаны осының куәсі. Мысалы, ақсүйек, орамал тастамақ, көрші ойындары негізінен бозбала

мен қыздардың ойыны болып саналады. Ауыл ішіндегі көптеген қызойнақ, бастанғы, алтыбақан сияқты ойын, ғұрыптық думандар осы жас аралығындағы адамдардың бас қосып өзара көңіл хошын көтерумен байланысты. Осыған орай бозбалашылық ұғымын қосаралан тоқайлас «жастық желік», «албырттық», «қызық құмарлық» ұғымдары пайдаланылады.

Есейген сайын, жігіттік жасқа жақындаған сайын бозбала ақыл тоқтатып, үй болып, отау құруды, яғни келесі әлеуметтік топқа өтуді ойлайды. Бұл кезде бозбала «оң-солын таныған» естияр азамат болып қалыптасады. Қазақтың «он бесте отау иесі» деген мәтелі осы бозбаладан жігіттік категорияға ауысатын өтпелі кезеңді білдіреді.

БОЗДАҚ – ботаның жақ жүні немесе түйе түлеген соң жаңадан шығатын сирек, селдір, жұмсақ, ұлпа жүн. Сонымен қатар төлдің алғашқы жылғы жүні де боздақ деп аталады. Ертеде қазақ емшілері тізесі, буыны ауырған адамның аяғына боздақ жүнді тұзды суға салып сорботқа тартқан. Ертеде түйенің боздақ жүнінен ағима шекпен тоқыған.

БОЗДАУ – анасын іздегенде бота-тайлақтың, ботасын іздеген аруана, інгеннің шығаратын үнінің атауы. Келесінен адасып қалған немесе бөтен жерге әкелініп жерсінбеген ұрғашы түйелердің өз келесін іздеп, зарлаған дауысын да боздау деп атайды. Боздау ересек еркек түйелерге тән емес, олардың дауысы бақыру деп аталады. Үздіксіз боздаған түйе түлігінің дауысы қасірет-қайғы, мұңды, зарды, жоқтауды білдіретін сарындарға ұқсастығымен, ассоциялық байланыс дәрежесінде адамның жан дүниесіне әсер етеді. Осыған орай боздау халық түсінігінде орны толмас қайғымен, сарғайған сағынышпен тікелей байланыстырылады. Боздау термині қолданылған көптеген мақал-мәтелдер осының куәсі:

- ботасыз інген боздаса, баласы өлген ананың қайғы-шерін қозғайды;
- жас бота боздаса, жас бала қоса боздайды;
- боталы түйе боздауық;
- ботасы бар түйелер боздамай от жемейді.

Боздау түйе түлігінен дағдылы дыбыс шығаруына жатқанымен, қазақы ұғымда жоқтау, қасірет-қайғымен мағыналас термин болып қалыптасты. Осыған орай көптеген ауыз әдебиет үлгілерінде, ауыз екі сөз орамдарында аталған терминдердің синонимі ретінде қолданылды. Жалпы түйе малының басқа түлікте кездеспейтін ерекшеліктері (екі жылда бір боталауы, ботасын ұзақ жоқтап іздеуі, ботаның ерекше сүйкімділігі, шөлге шыдамдылығы) осы түлікке түрлі адами қасиеттерді телуге әкеліп соқты. Мысалы, әйгілі «Нар идірген» күй-аңызының негізгі идеясы қобыз сарыны ботасы өлген аруананың шерін тарқатып идіруге дегенді білдіреді, яғни аруанаға адами сезімдерді телу болып табылады.

Қорыта келгенде, боздау дегеніміз тек түйе түлігінің үнін білдіретін термин болумен қатар, адам баласының жан дүниесінің күйзеліс, қайғысының тереңдігін де білдіретін ұғым деп тануға болады.

БОЗҚАСҚА АТАУ / ШАЛУ – садақаға мал атау. Басына қиын іс түсіп, аман қалған сәтте бозқасқа, бозқасқа деп құдай жолына құрбандық шалу.

Қасқасы бар боз түсті жылқы малын сойып, ел-жұртқа таратады немесе құдайы жасап, қонақ шақырады. Ал егер ақсарбас айтса, қой сояды.

БОЗОТ – бидайық пен бетегелі, бозды табиғи мал жайылымы. Мамыр, маусым айларында бозоттың құнарлылығы әсіресе молаяды. Бұл малдың тез қоң жинап семіруіне айрықша мүмкіндік ашады. Осыған байланысты мал жаю, соның ішінде жылқы түлігін өрістету ісін кәнігі малшылар мен жылқышылар аталмыш кезеңде ерекше ескеріп, қолға алатын. Дәстүрлі қазақы ортада бозотты қара мал ғана емес, ақ малға жататын жылқының қалап жейтін шөп ретінде ерекше бағалағандығы сондықтан. Бозды жерде жылқы семіреді деген халық нақылы бозоттың осындай қасиетіне байланысты қалыптасса керек.

Әр малдың сүйіп жейтін шөбі болады. Мал шаруашылығының қырсырын толық меңгерген қазақ қай шөптің қандай түлікке жұғымдылығын жақсы білген. Мәселен жылқы ащы шөпті аз жеп, бозды көп жейді, ал түйе керісінше, ащыны көп жеп, бозды аз жейді. Сарыарқаның бетегелі, қауданды, қияқты, бидайықты өлкелерін жылқының жері – боз отты десе, жусанды жайылымды, яғни «қара отты» жерді түйе мен қой түлігіне қолайлы деп санаған. Ал өзен, көл жағасындағы батпақ жерге шығатын шалғын жайылымды – өлеңді жерді сиыр түлігінің өсіп-өнер жері деп біледі. «Өлеңді жерде өгіз семіреді» мәтел осыны меңзейді. Боз деп шөпке де, жерге де байланысты айтылады. Көкшетау өңірінде мал жайылатын жерді, ал Қарақалпақстандағы қазақтар құнарлы, тың жерді боз дейді.

БОЙ ЖАСАУ – ауру адамның бақилық болар алдындағы бір сәтке сергуі. Әл үстінде жатқан жанның басын көтеріп, көңілі өсіп, тілге келіп, тіпті ас-су ішіп, жүріп-тұратын кезін, кейде ауырып жатқан адамдардың сергіген сәтте туысқандарының үйіне қыдырып қайтуын сыртқары адамдар «ақырғы бой жазуы ма екен» деп жатады. Бой жасау – тіршілік шырағы сөнер алдында соңғы қуатын танытатын шолақ сәт.

БОЙ ӨСЕР – 13-14 жас шамасында ер балалардың қолтығының, омырауының, шатының бездерінің шошынуы кезінде болатын физиологиялық ерекшелік. Бұл жыныстық белгілерінің дамып жетілуінің белгісі. Осы жастағы ер баланың қол-аяғының сүйегі сырқыраса, бойы өсіп жатыр деп қызыл жіп байлап қоятын салт бар.

БОЙҒА БАЛА БІТУ – әйелдің жүкті болуы. Бойына бала біткен әйелде жүрегі айну, лоқсу, тамақтың бір түріне аңсары ауып жерік болу тәрізді физиологиялық өзгерістер болады. Мұндайда енелер мен абысындар қалаған асын тауып беруге ерекше көңіл бөледі. Қазақ эпостары мен ертегілерінде һәм сан алуан әпсана-аңыздарында басты кейіпкер әйелдің арыстан, жолбарыс, қасқыр, ілбіс сияқты мәрттік пен күштіліктің, алғырлық пен ептіліктің символдары болып табылатын дала тағыларының, әдетте, жүрегіне жерік болғандығы жөніндегі мотивтер мол кездеседі. Мұндай мотивтердің мәні аталмыш аңдардың жүрегін жеп, жерігін қандырғаннан кейін бойға біткен нәрестенің алып немесе асқан ақылгөй иесі болып туатындығын негіздеуге саяды.

БОЙДАҚ – кәмелет жасына толған, үйленбеген салт басты жігіттің әлеуметтік деңгейін білдіретін атау. Дәстүрлі ортада 16 жастан асып үйленбей

жүргендер де бойдақ қатарына жатқызылады. Байырғы кезде мұндай жігіттің жүрісін «салт басты, сабау қамшылы» деп ерсі санап, дәстүрлі ұстаным бойынша «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» деп, дер кезінде үйленіп, отбасылы болғанын мақұл көрген. Қазақтың «Бойдақ жігіт – жұрт күйеуі», «Бойдақты жаным бар деме, Бұқаны малым бар деме», «Жаман ерден жайдағым жақсы, Жаман қатыннан бойдағым жақсы» деген тұрақты оралымдары қауым арасында бойдақтыққа әбестік ретінде қарағандығын айғақтайды.

БОЙДАҚ МАЛ – үйірге, табын, отарға қосылмайтын еркек мал мен төлі жоқ ұрғашы малдың жиынтық атауы. Іш тастаған, төлі өліп суалып кеткен, бедеу немесе қысыр қалған ұрғашы мал бойдақ мал қатарына жатқызылады. Еркек малдың ішінде бойдақ мал қатарына жас мал мен піштірілген мал жатқызылатын. Малшылар аталған малды (қой, жылқы) жеке топтастырып бағатын және осы топты шартты түрде бойдақ мал деп атайтын болған. Жылқыда бойдақ мал үйір құрмайды, табын құрамына бедеу, қысыр биелер, жабағы, қысыр еркек жылқылар, сәуірік айғырлармен піштірілген дөнен, бестілер кіретін, бұл табында құтпан айғыр болмайды. Құлыны өлген немесе қысыр қалған биелерді үйірге қосып айғырға салатын тұқым беру, құлындау қабілеті бойында сақталған жағдайда үйірге қосып, айғырға салатын. Бойдақ биелерді топтастырып айғыр салып үйір құруды қазақ қысырақ матау деп атайтын. Жалпы төрт түлік малды бойдақ мал деп іріктеудің негізгі мақсаты оларды семіртіп сатылымға, сойысқа дайындау, жылқы, өгіз, түйені болса шаруашылыққа пайдалану болды.

Осыған орай, бойдақ мал бағу үрдісі де бөлектеу болады. Ертеде қазақ қой-ешкіден құралған бойдақ мал ауылдан тысқары, шалғында бағып, оны «бойдақ мал ауылы» деп даралап атайтын. Бойдақ малға қатысты сауын уақытының қажеттілігі болмағандықтан оларды қырда жусатып, қараңғы түскенше бағатын, салдарынан бойдақ мал күйлі болып келетін.

Х. Арғынбаевтың көрсетуінше, бес жастан асқан еркек қойды ақауыз қой немесе бойдақ қой дей беретін. Бұл үрдіс дәстүрлі мал шаруашылығында еркек малды оның ішінде бойдақ мал негізінен сауда-саттық, тауарлық қатынастарда және сойысқа арналған малды жеке отар қылып бағуды өзіндік практикалық мәні болғандығын көрсетеді.

БОЙДАҚ САУЛЫҚ / БОЙЛАҚ САУЛЫҚ – жазғы мал сауыны мезгілінде қой-ешкіні бойдақ және саулық деп жіктеп, бөлек бағу тәсілі. Мұндайда бөлінген қозы-лақты бойдақ малға қосып бөлек бағады, бөлінген мал қосылып кетпес үшін бөлек қоныстанған ауылды да бойлақ-саулық бағатын ауыл дейді. Көбінесе қозы-лақ жетілген күз мезгілінде осылайша бөлініп бағылады.

БОЙЖЕТКЕН – кәмелет жасына толған қыз бала. Дәстүрлі ортада қыз бала 12-13 жаста балиғат жасқа толды, бой түзеді, яғни тұрмысқа шығуына болады деп санаған. Осы кезден бастап қыз бала ерекше әлеуметтік статуска ие болып бойжеткен деп аталатын. Осы кезден қыздың төсегін оң жақтан салып, кейбір жерлерде ауқатына қарай, жеке отау тігіп күтетін. Бұл үрдіс қазақы танымда қызды «ертең жат жұртқа кететін қонақ» деп қараудан

калыптасқан. Осыған орай бойжеткенді еркелетіп, оның қабағына қарап, көңіліне қаяу түсірмей сый-құрметпен қарайтын. Қыз бала бойжеткенді көктемде бүрі ашылған гүлмен теңеліп «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі» – деп, сынына шек келтірмейтін.

Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қыз бала кішкене кезінен әйел затына қатысты этикалық нормалар мен ырым-тыйымдармен танысып, қоғам талабына сай тәрбиеленеді. Үй шаруасына араласып, үлкендерге еліктеу арқылы еңбекке баулынады. Киіз басу, киім тігу, кілем-өрмек тоқу, тері-жүнді жарату, құрт қайнату, май шайқау, сақар қайнату сияқты жұмыстарға жастайынан тартылып, қолқабыс жасау арқылы бойжеткенді арнайы дайындықты қажет ететін осындай шаруашылық түрлерін толықтай игеретін. «Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер»... мәтелі осы бала тәрбиесіне қатысты қалыптасқан қауымдық нормаларды меңзеп айтылған болса керек.

Қыз бойжеткенде жаңа әлеуметтік сатыға көтеріліп, ересектер санатына қосылады, осыған орай оған деген талап, міндеттер де өзгеше болады. Бойжеткеннің киім киісінде, жүріс тұрысында жыныстық белгілер (гендерлік ерекшеліктер) айқындалып өзгереді. Бойжеткеннің киім-кешегі, зергерлік және әшекей бұйымдары балиғатқа толған қыз балаға сай жасақталады. Түрлі алқа-сырға, білезік, моншақтар тағылып, тақиясы үкіленіп, шашбаулары сылдырлап, бешпент-камзолдары шұға мен барқыттан тігіліп, құндыз-кәмшатпен көмкерілетін, яғни бойжеткеннің қызға тән сұлулығын ашуға, әйелдік парқын білдіруге бағытталады. Ауқатты отбасында бойжеткен қызына арнап арнайы күмістелген ер-тұрман соққызып, зергерлік бұйымдар жасалатын. Ел жайлауға көшкенде, астындағы аттарының ер-тоқымы күмістелген, қызылды-жасылды әсем киінген ауылдың бойжеткендері көштің сәнін беретін. Жоғарыда көрсетілгендей, қыз баланың тәрбиесі жастайынан басталатын. Ал бойжеткен деген әлеуметтік статуска ие болғанда, оны болашақ өмірге үйретуде жеңгелер институты ерекше рөл атқарды десек артық болмайды. Себебі шешесі айта алмайтын жайттарды бойжеткен өзімен жасы құралыптас жеңгелерінен естіп біліп, болашақ жар, болашақ келінге тән түрлі моральдық, этикалық нормаларды да жеңгелерінен үйренген. Қазақы ортада жеңгелерін қайын сіңлілеріне «ерқайым», «боташым», «шашбаулым», «күлімкөз» деп еркелетіп жанама ат қойып өмірдің қыр сыры мен адам аралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіріп болашақ тұрмыстық өмірге дайындайтын.

Оң жақта отырған қыздың болашақ жарымен танысу, түсінісу, көңіл қосуына көмектесіп, ықпал жасау жеңгелерінің міндетіне жүктелетін. Яғни, дәстүрлі қазақы ортада күйеу баланың бірінші рет ұрын келуінен бастап қыздың ұзатылғанға дейінгі іс-шаралардың барлығын дерлік жеңгетайлар атқаратын. Таныстыру, ұрын бару толып жатқан сияқты іс-шаралардың қалың ортасында жүргендіктен осылармен байланысты түрлі қарымта, байғазылар да жеңгелердің үлесіне тиетін, бұл жалпы жеңелердің дәнекерлік ақысы болып саналатын болған.

Сайып келгенде бойжеткен болашақ ана, от басының ұйытқысы тіпті рулы елдің анасы болатындықтан оның тәлім-тәрбиесі, адами парқы, жан сұлулығы, шаруаға икемділігі оның өскен ортасына, ата-анасына үлкен міндет артатын парыз болды. Әлбетте мұндай жағдайда, елі мәпелеген қызының мінез-құлқының қыз балаға тән болуына, пәктігіне ерекше көңіл бөліп, тәрбиелейтін. Құда түсетін жақ та «ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады», «шешесін көр де қызын ал» деген принципке сай бойжеткеннің тегіне, шыққан ортасына үлкен мән беретін болған.

Сонымен, қазақы түсінікте бойжеткен дегеніміз ерке мінезді, оң-солын білетін, инабатты, жібек мінезді, үлкен кішіні сыйлайтын балиғатқа толған қыз бала.

БОЙРА – қамыстан ши тәрізді тоқылатын тоқыма бұйым. Бойра үй ішіне уақытша төсеніш ретінде және керегенің сыртынан ши орнына ұсталады. Әр өңірдің ауа райының ерекшелігіне қарай бойраны жаз кезінде туырлықтың орнына қолданса, қыс уақытында қосымша жылу ұстау үшін кереге мен туырлықтың арасына ұсталады. Ондайда бойра тоқитынның шеті екі қабаттап тоқылатын болған.

БОЙТҰМАР¹ – тіл-көзден, бәле-жаладан қорғайтын дұға жазылған қағазды сақтайтын құты, қалта. Шошып оянатын, ұйқысырайтын адамдардың киімінің көзге шалына бермейтін тұсына, жағасының астына немесе қолтық тұсына тігіп қояды немесе мойнына баумен тағады. Зергерлер мен кестешілер түсті маталардан немесе терілерден, үш бұрыштап немесе қиықшалап, ішіне дұғалар мен Құран аяттары жазылған қағазды салып қоярдай қуыс қалдырып, әдемі өрнектермен нақыштап бойтұмарлар жасаған. Сыртын өрнектеп, лажылап, сіркелеп, асыл тастардан көз салып әшекейлеген. Жетісу өңірінде бойтұмарды тастан да жасаған. Жеті ұсақ тасты тұмарша етіп матаға тігіп, қамзолдың ішкі жағына көзге түспестей етіп жапсыра тігіп қояды. Оны көбінесе адамға (әсіресе жас балаға) көздің сұғынан, тілдің уынан сақтайды деп таққан. Осындай тұмарлар адам бойына қуат беріп, көңіліне сенім тудырады деп есептеген. Тұмар рөлін атқарған әдемі алқалар да болған.

Тұмардың бірнеше түрі бар: қиық тұмар – сәндік мақсатта мойынға тағылатын жалтырауық заттардан істелген тұмар; лағыл тұмар – лағыл таспен безелген тұмар; сіркелкі қолтық тұмар – бетіне сіркелеп өрнек салынған тұмар; алтын тұмар – бетіне алтын жалатқан, алтынмен әшекейленген тұмар; жастық тұмар – түсті металдан жасалған төртбұрышты көркем тұмар. Бұл тұмар түрлерінің бәрі адамның бойына тағылады. Бойтұмардың тағы бір түрі тұмарша деп аталады. Оны шебер зергерлер бұрыштап немесе жұмыр түтікше тәріздендіріп күмістен жасайды, мойынға іліп жүретін әсем бау тағады. Пәле-жаладан, тіл-көзден сақтайды және тіл-сұқ осы бұйымға ауады деп, тұмаршалардың «қасиетіне» табынған жұрт оны күмістен жасатып, сыртына неше түрлі зер жүргізіп, алтынмен булатқан. Өңіржиек, сырға, тұмар сияқты бұйымдарға салбырап тұратын салпыншақ әшекей тағылған.

ҚР МОМ қорындағы (КП 24559) бойтұмар үшкілденіп жасалған. Түртпе, сіркелеу техникалары қолданылған. Бойтұмардың ортасына дөңгелек қызыл

түсті ақықтан көз қондырылған, жиегі айналдыра сіркелеумен сәнделген. Сондай-ақ бойтұмардың төменгі бөлігіне үш тойнақ шығыршықпен бекітілген үшбұрышты салпыншақ ілінген. Бойтұмардың мойынға тағатын шынжыры бар.

БОЙТҰМАР² – тұмарлы алқа, әшекейленген тұмар, бойтұмар. Тұмар қорабы алтын жалатылып, күміспен әшекейленеді. Дөңгелек немесе ұзынша келген қораптың ішіне дұға жазылған қағаз салынады.

ҚР MOM қорындағы (КП 26794/18) бойтұмар алқаның ортасында цилиндр пішінді тұмар, дұға салатын ашылып-жабылатын қақпақты түтікшесі бар. Оның екі бүйірі гүл тәрізді сүйірленген. Бойтұмар шынжыр арқылы мойынға тағылады. Оның төменгі жағында жапырақ пішінді жеті салпыншақ шынжырмен жалғасқан. Бойтұмардың жалпы ұзындығы 28 см, түтіктің ұзындығы 11 см, диаметрі 2 см.

БОҚША¹ – қалың матадан, жұмсақ былғарыдан, ешкі терісінен, жұқа киізден тігілетін немесе тоқылып жасалған қолға ұстап жүруге ыңғайлы қалта немесе дорбаша. Мұндай боқшаға қыз-келіншектердің айна-тарағы, опа-далабы т.б. майда-шүйде заттары салынады.

ҚР MOM қорындағы (КП 25118) боқша иленген ешкі терісінен тігілген, ұзындығы 50 см, диаметрі 18 см. Боқшаның ауыз жағына екі бүктеліп көк түсті матадан жиек тігіліп, оған екі ұшы шашақталған қоңыр түсті бау өткізілген. Екі жақ қапталына геометриялық өрнек салынған.

БОҚША² – жасы ұлғайған әйел адамның жинаған қымбат мүліктері, тұтынған заттары, жиған-тергені, қалған мұрасы. Қайтыс болған адамды жерлеп қайтқан соң оның көзі тірісінде жақындары сыйлаған, тартуға алған бұйымдарын көпшілік тарқап кеткен соң, бала-шағалары, келіндері құда-құдағи, көршілері (көбінесе әйелдер), төркін жұрағаты, ағайындары артынан қалып, осы сандықты ашады. Бұрын боқшаны ашу деп аталса, қазір «сандық ашу», «ақырет сандық ашу» деп аталады. Ортаға әкелінген боқшаның (сандықты) құлыбын белгіленген әйел ашады. Ары қарай кемпірдің ең үлкен қызы немесе үлкен келіні ашып көріп, ең әуелі жолы үлкендерден бастап, жағалы киім, орамал, мата, кездеме, шапан, әшекейлер, шай, шақпақ қант, науат секілді жиған-тергенін таратады.

БОЛАТ – дайындалу әдісіне сәйкес өзіндік ерекше құрылымымен, өзіндік өрнегімен, аса беріктігімен және иілгіштігімен ерекшеленетін шынықтырылған құрыш темір. Асыл құрыштың атауы – болат.

Көне заманда болат таза темір руданы графитпен балқыту әдісі арқылы алынды, кейін таза темірді шойынмен бірге балқыту, қайнату жолымен алына бастады. Бұл алынған қоспаны ақырындап суыту процесі кезінде құрыштың табиғи кристаллизациялануы барысында болаттың өзіндік өрнегі қалыптасты да болаттың сапасы оның өрнегінің ерекшелігі бойынша анықталды. Болатты бағалағанда әдетте осы өрнектің формасы, ірілігі, металлдың түсі ескерілді.

Шығыста қару-жарақ өндіруде болаттың табиғи және жасанды түрлері қолданылған. Болаттың табиғи түріне үнділік болат жатады, Шығыста бұл болат түрі гынды/гинду деп аталды, ал жасанды болат түріне құрамында көміртегінің әртүрлі қоспасы бар бірнеше болат таспаларды немесе сымдарды

орап соғу арқылы алынатын «дамашық» болаты жатады. Шығыста осы болат түрін алғашқы өндірілген орны – Сириядағы Дамашық (Шам) қаласының атымен шам деп те атаған. Кейін дамашық болатты соғу көп елдерде игеріліп, ортағасырда суық қару түрлерін өндіруге қолданды. Ортағасырлық жазба деректерде Қазақстан территориясында кен қазылып, қару-жарақ жасалатын Болат деген қала аты кездеседі.

Дамашық болаттың соғу барысында пайда болатын өзіне тән ерекше жалқынды өрнегінің арабша «жауһар» аталуына сәйкес қазақтар өрнекті болатты «жауһарлы болат» деп атап, осындай асыл болаттан соғылған қылыш, семсерлерді «жауһардар» («жауһарлы» деген сөз) деп атаған. Өткендегі қазақ тұрмысында қару-жараққа байланысты ақ болат (қылыш, семсер), болат найза, болат семсер т.б., ал болат түрлеріне байланысты сом болат (тұтас, құйма болат), шар болат (сапасы жоғары болат) тәрізді атаулар қолданылған.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде болат ерекше қасиеттеріне байланысты асылдықтың, беріктіктің символына айналған. Болат ердің беріктігін, мойымас қайсарлығын, өткірлігін символдады. Осындай қасиеттерге ие болсын деген мақсатпен ырымдап қазақтарда әлі күнге дейін ер балаларға Болат, Ерболат (Болатжан, Болатбек, Болатхан т.с.с.) есімдер қойылады. Мифтік аңыздарда, фольклорда жер асты рухтарының дене мүшелері болаттан болып келеді делінеді.

БОЛЫС¹ / БОЛЫСТЫҚ – қазақ жерінің патшалық Ресейге бодан болған кезіндегі аумақтық әкімшілік бөлінісі. Ресей империясы қазақ даласындағы отарлық билікті күшейту мақсатында 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы жарғы» негізінде Ресеймен шекаралас орта жүз қазақтарының қоныстарын ауыл, болыс, округ деп аталатын әкімшілік бірліктерге біріктірілді. 1824 жылы «Орынбор қазақтары туралы Жарғы» қабылдап, бұл жүйе Орынбор өлкесінде де жүзеге асты. Жарғы бойынша ауыл 50-70 түтіннен, болыс 10-15 ауылдан, уезд 15-20 болыстан тұрды. Патша үкіметі жүргізген 1867-1868 жж. реформаға сәйкес болыстардың құрамына әрқайсысы 100-200 түтіннен тұратын шаруашылық ауылдар кірді. Мұндай ауылдардың саны 1000 түтіннен 3000 түтінге дейін барды. Мұндай жаңа жүйе дәстүрлі басқару үрдісін және оның идеологиялық кеңістігін бірте-бірте ығыстырды. Жаңадан орнаған билік жүйесінің басына жоғарыдан патшалық режим сайлаған аға сұлтандар, келесі деңгейде болыстар, ал ауылдық деңгейде старшындар (ауылнай) биледі. Болыстардың әкімшілік аймақ ретіндегі шекарасы қалыптастырылып, халық оның ережелерін сақтап отырды. Болыстық шекарасының сақталуына уезд басшылары аға сұлтандар, болыстар бақылау жасап отырды. XIX ғасырдың соңында Қазақстанда 300 болыс болған, ал әр облыстағы саны бойынша, Орал облысында – 44, Торғайда – 43, Ақмолада – 50, Семейде – 74, Жетісуда – 89 болыс болған. Болыстықтың көлемі ауыл көлеміне қарай әртүрлі болды. Мысалы, 1868 жылы Илеқк уезінде 8 болыс, 41 ауыл, Ырғыз уезінде 7 болыс, 34 ауыл, Николаевск уезінде 8 болыс, 51 ауыл, Торғай уезінде 5 болыс, 23 ауыл т.б.

БОЛЫС² – қызметтік лауазым, болыстықтың басшысы. Болыстар тағайындалған бір сайлаушы дауыс беретін (шар салатын) елубасылар

сьезінде 3 жылға сайланатын. 1918 жылға дейін болыс қызметіне әскери губернатор бекітетін. Болыстар патша үкіметіндегі билік жергілікті (болыстық) дәрежеде жүзеге асырып отырған, яғни жарлық, үкімдердің орындалуын қадағалап, орындау солардың құзырында болды. Сонымен қатар болыстар жер дауы (жайылым, шабындықтардың болуы т.б.), жесір дауы, салықтар мен алымдарды жинауды қамтамасыздандыру сияқты әкімдік жұмыстарды орындайтын.

Патша үкіметінің қазақ жеріндегі әкімдік жүйесі бойынша, әрбір ауылда уездік басқарма бекіткен, 3 жылға сайланған ауыл старшинасы, уездік басқарманы аға сұлтан басқарды; уездік басқарманы облыс бастығы тағайындаған орыс шенеунігі, старшындар мен билер және 2 жылға сайланған қазақ отырды. Болыстық қызмет Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары әкімшілік саяси өзгерістердің енгізілуіне байланысты жойылды.

БОЛЫС ҮЙ – айттырылған қалыңдығына күйеу жігіттің бірінші рет ұрын келгенде өткізілетін басқа ауылда тұратын қалыңдықтың жақын туыстары жастарға арнап ұйымдастыратын ойын-сауық кештің атауы. Әдетте, болыс үй қалыңдықтың бөлек отау болып шыққан туған бауырлары немесе нағашы бауырлары өз мойнына алып ұйымдастыратын болған. Болыс үй күйеу баланың келген күні кешінде көрші ауылда өткізіледі. Ертеңіне қайын атасы ұрын той жасайтын.

Болыс үй жайында деректі М. Бекимовтің авторлығымен 1905 ж. жарияланған «Свадебные обряды киргизов Уральской области» деген еңбегінен көруге болады. Болыс үй атауын ашып көрсетпесе де ұрын той алдында жастардың бөлек үйде сауық-сайран кеш өткізетіндігі жайлы Х.Арғынбаевтың «Қазақ отбасы» атты еңбегінен де көруге болады. Аталған еңбекте алғаш рет ұрын келген күйеуді қарсы алғандағы ырым, дәстүрлер жайлы біршама деректер келтірілген.

Сөйтіп, күйеу жігіт бірінші рет ұрын келгенде ауыл адамдары көптеген салт-жоралғылардан тұратын кешенді рәсімдер өткізетін болған. Соның ішінде кешке көрші ауылда жастарға арнап өткізілетін кештің болыс үй деп аталатын арнайы атауы тек Бекимовтің еңбегінде көрсетілген. Бұл әлі де болса зерделеуді қажет ететін мәселелер қатарына жатады.

БОПАЙ – Қазақ әдеби тілінің сөздігінде жылқы тезегінің атауы ретінде берілген. Дәстүрлі ортада құнан, дөнен шыққан айғырды пішкен кезде «ат бол» деп бопаймен ұратын ырым бар. Сондай-ақ ертетеректе жылқы күйіне, қоңына нұқсан келеді, бие сүті азаяды деген наным-сенімге байланысты биебау басынан бопай алуға тыйым салынған. Бопайдың отын ретінде де маңызы болды.

БОПЫР – қой-ешкінің жатар орнындағы қиы, кепкен құмалағы. Бопырды күрекпен күреп, бір жерге үйіп, мал төлдеген кезде төл астына төсейді. Құрғақ бопыр үстінде жатқан төл астынан тоң, сыз өтпей, бапты өседі. Сонымен қатар бопырды отын ретінде де пайдалануға болады.

БОПЫР ҚОРА – қыстау маңындағы малды күндіз ұстауға арналған ашық қораның атауы. Бопыр қораны салу үшін міндетті түрде күн шуағы мол түсетін ашық алаңқай жер таңдалатын. Бұл малдың асты сыз болмау үшін және

күнделікті бопырды жинап кептіріп кешке қайта төсеуге ыңғайлы болу үшін жасалады. Бопыр қораның бір шетіне ағаш отын мен қи қаланатын. Расында да, қысты күндері мұндай қорада малды ұстау, біріншіден, оның ауру-сырқаудан сақтауға мүмкіндік береді, екіншіден, малды қоңды күйінде ұстауға қажетті жағдай туғызады.

БОПЫШ – сәбиге байпақтың сыртынан кигізетін өкшесіз, жұмсақ әрі жайдақ табанды шолақ қонышты аяқкиім. Бұндай балаға арналған бопышты жұмсақ иленген былғарыдан немесе жұқалап басылған талдырма киізден тіккен.

БОР / БОР ТАС – негізгі құрамы кальций карбонатынан тұратын шөгінді тау жынысы. Бор ақ түсті, жұққыш өте жұмсақ болып келеді. Осы қасиеттеріне байланысты бор үй әктеуге, мектепте тақтаға жазу құралы ретінде қолданады. Ерте кездері ақ киізден жасалған бұйымдарды ағартып, өңін ашу үшін де борды пайдаланған деген деректер бар. Мысалы үйдің сыртына бор жағып ағартатын болған. Біріншіден бор шаңқан ақ түс берсе, екіншіден киіздің тығыздығын арттыратын. Көшпелілердің киіз үйді бормен ағартатыны жайлы көне деректі Плато Карпинидің «Моңғолдар тарихы» атты дерегінде келтіріледі.

БОРАН – ұйытқыш, алай-дүлей соғатын жел. Қазақы ортада боран деп, көбінесе, қысқы желдерді атайды. Негізгі атау боран, қарлы боран деп келеді. Дей тұрғанымен құм топырақты боратып соғатын қатты желді де боран деп атау кездеседі. Қар жатқандағы боранның атаулары ерекшеліктеріне байланысты ақтүтек боран, ақшұнақ боран, аққұйрық боран, алақаншық боран, Жылу борасын, Майлы боран, сырғыма боран, ұйытқыма боран деген сияқты анықтауыш атауларды қосып атайды. Мысалы үшін қатты аязды күні болатын суық боранды – үскірік боран немесе ызғырық боран деп атаса, аласапыран, айналаны көрсетпейтін, қарды аспанға шапшытқан қатты боранды Алай-дүлей боран деп атаған.

Жаз, күз айларында немесе қары аз өңірлердегі құм, топырақты көтеріп соғатын дауылды желдерді де қазақ боран дейді. Мұндай борандарды өзіне тән атаулары болды: құм боран, қара боран, дау боран т.б. Көшпелі, экстенсивтік мал шаруашылығында ауа райының әсері қатты болған. Әсіресе қыстың күнгі мал жайылту тәсілдері ауа райының жағдайымен тікелей байланысты болды. Ауа райының ашық немесе жазық, қардың қалыңдығы жұмсақ немесе қатты болуы, желдің күшті, күннің суық немесе жылы болуы сияқты факторлар есепке алына отырып, жайылым таңдау мен жаю уақыты күнделікті ерекшеленіп отыратын болған.

Малды қыста жайғанда боран күштілігі мен ұзақтығы ұйытқи соғуы сияқты көптеген түрлерінің әсері тіпті ерекше болды.

Белгілі этнограф Х. Арғынбаевтың еңбектерінде қатты боранда ығып кеткен жылқының соңынан кеткен жылқышылар бірнеше күн аттан түспей мал басын аман сақтап қалатындығы жайлы деректі мысалдар келтіреді.

Ал ауа райын болжап, боранның алдын ала қорғану қазақ малшыларының күнделікті атқаратын іс-шаралар қатарына жатқызуға болады.

Қазақ тіліндегі боран түрлерін сипаттайтын атаулардың көптігі де осы ата кәсіп мал бағумен байланысты болса керек.

БОРАННАН МАЛДЫ ҚОРҒАУ – боран ұдайы бірнеше күнге созылған жағдайда істелінетін іс-шаралар кешені. Боран ұзаққа созылады-ау деп болжаған жағдайда малды қамысты, нулы ықтасын жерге кеткізу, жем-шөп дайындау шаралары жасалатын. Малдың желдің бағытымен ығып кетпеуін, ол үшін сай-саладағы ықтасын, қоралардың ығын пайдаланған. Ерте кезде мезгілсіз, тұтқиылдан басталған бораннан қорғану мақсатында қыстаулардың немесе жақын орналасқан киіз үйдің арасына бағананың басын байлап тіреулер жасап, жел жағынан ұзын сырғауылдарды көлденең салып, ескі-кұсқы туырлықпен, қамыс, шилерден пана жасайтын болған.

Бұл әрине желдің өтінен сақтап, малдың ұйығып тұрып қалуына мүмкіншілік беретін. Бұл тәсіл тұтқиылдан болған апаттан сақтану шарасына жататындықтан, малшылардың тәжірибесімен біліктілігіне тікелей байланысты уақытша әрекеттер қатарына жатқызылатын.

БОРАУ – ағаш үй тұрғызу. Ағаш үйді балташылар бөренелерді қиып, жонып, екі бетін тегістеп, екі шетін кертіп ойып, бір-біріне кіріктіріп ұстастыру арқылы тұрғызған. Үй борап біткен соң, еденін тақтайдан салып, қабырғаларына сылақ жүргізіп, әктеп ағартып қояды. Ал соқпа, сазды сабанмен араластырылған материалдан үй тұрғызуды үй салу деп атайды.

БОРЛАТ / БОРДАТ – шыт тәріздес тығыз тоқылған мақта мата. Әдетте борлаттың түсі қызыл болып келеді. Тығыз және жұқа болғандықтан борлатты тұскиіз, басқұр, дөдеге сияқты бұйымдарды ою-өрнекпен әшекейлеуге қолданылады.

БОРСЫҚ – сүтқоректілер тобына жататын, орманды, шалғынды, қамысты беткейлерді мекендейтін жануар. Құрт-құмырсқа, бақа, кесіртке т.б. орман жәндіктерімен, өсімдіктің тамырымен қоректенеді. Қазақ емшілері буын ауырғанда, нәрестенің іші желден кепкенде шетпеге борсықтың майын жағып, терісін қыздырып ауырған жерге таңып, көкжөтелге борсық майын ішкізіп ем жасаған. Борсықтың еркегін борақ деп атайды.

БОРША¹ / ПАРША – етті жұқалап, ұзыншалап кесіп алып тұз, бұрыш сеуіп, темір істікке шаншып, шоққа қақтап пісіретін тағам. Қақтау үстінде кезек-кезек аударып тұрып, біркелкі пісуін қамтамасыз етеді. Піскен кезде түсі қызыл қоңырланады.

БОРША² – қозы-лақтың, үй құстарының етін бүйенге салып, суға қайнатып пісіретін тағам. Әсіп, жаужұмыр, қорықтық, бүкпе сияқты өз сөліне бұқтырылып дайындалатын тағамдардың қатарына жатады. Дайындалу технологиясы дәстүрлі болғанымен көрші елдермен аралас-құралас күшеюіне байланысты бұқтырып пісіретін тағамның құрамы да өзгеріп отырды. Боршаға жоғарыда аталған тауық, үйрек, күріш сияқты бұрын көшпелі ортада таңсық болып келген азық-түліктің түрлерінің қосылуын қазақ даласына шетелдік сыртқы әсерлердің салдары деп айтуға болады.

БОРША³ – күн жылыда борсып кетпеу үшін сұрпы етті жұқалап тіліп, тұздап, ұрғылап қосымша жұқартып кептіру және кепкен етті түйіп ұнтақтап сақтау тәсілдері. Ұнтақтау тәсілі Моңғолия қазақтарының арасында

жаугершілік заманнан сақталып қалған тәсіл болса керек. Жалпы ұнтақталған борша тибет, моңғол халықтарына тән жол азығы. Ұнтақталған етті суға салып бір қайнатқанда дайын болатындығы жорықта немесе алыс сапар шеккенде өте қолайлы болғандығын айта кету керек.

БОРЫҚ¹ – (*Saccharum, spontaneum*) сулы жерде өсетін жұмсақ, ақ сүйрік тамырлы, қамыс тәрізді өсімдік; суда өсетін қамыс тәрізді өсімдіктің тамыры мен сабағының арасындағы шырынды, тәтті болып келетін сабағының түп жақ бөлігі. Қазақстанда борық Сырдария өңірінде кездеседі. Сонымен қатар саси бастаған, борсыған иісті суды да борық деп атайды.

БОРЫҚ² – өзен-көлдерден қыста балық аулағанда қолданылатын арнайы құрылғы. Қазақ балықшылары борықты қыстың күні ау салып балық аулағанда ойықтың үстіне қойып, ау тартуды жеңілдету үшін қолданған.

Бар деректерге қарағанда, борық темір білікке орнатылған кеспелтек ұршық ағаш. Ауды мұз астынан ойық арқылы тартқан кезде ау борықтың ұршығының үсті арқылы өткізіліп тартылады, яғни ұршық ағаш білікте айналып тұруы ауды тартуды жеңілдетуімен қатар, оны үйкелістен сақтап, ау торының үзілмеуін қамтамасыз етеді. Қазақ балықшылары балық толы ауды атпен тартқан кезде борық аудың ойыққа кептелмеуі, оңай сырғып шығуын қамтамасыз ететін негізгі құрылғы болды, балықшылардың қыста ау тартуды «борық тарту» деп атауына негіз болған сыңайлы.

Құланнан аттым қодықты,

Көлден тарттым борықты –

деп келетін өлең жолдары қыстың күнгі балық аулау тәсілін меңзесе керек. Борық жайлы деректер жоқтың қасы, қолдағы материалдарға қарағанда, борықты Зайсан көлінің балықшылары қолданғандығы белгілі. Бұл әлі қосымша зерделеуді қажет ететін мәселе.

БОРЫШ – тұлғаның өзге адамдар мен қоғам алдындағы жауапкершілігі, міндеті, парызы. Профессор Т.Ғабитовтың қисыны келіскен дәйекті пікірінше, әрбір субъектінің өзінің азаматтық һәм кісілік борышын түйсіне білуі оның жаманшылық қадір-қасиетке қарсы тұра білуі деген сөз.

Дәстүрлі түсінік бойынша, баласы дүниеге келгеннен бастап, асырап, өсіріп, тәрбиелеп, оқытып, үйлендіріп, отауын тігіп, еншісін бөліп беру және т.б. әлеуметтік-тұрмыстыққа қажетті міндеттерін атқару әкенің борышы. Ал қартайған шағында әкесін күтіп, бағып-қағу – баланың міндеті, борышы болып есептелінеді.

БОСАҒА – үй есігін ұстап тұратын екі жақтаудың және үй ішіндегі осы бөлік маңындағы кеңістіктің атауы. Аталмыш екі жақтаудың үстіне маңдайша, астыңғы жағына табалдырық бекітіледі. Сол жақтауларға керегенің екі жақтауы бекітіліп байланады. Босаға, маңдайша, табалдырық, уық пен керегеге жалғастырылып байланғаннан кейін үйдің ішіне кіріп-шығатын есік дайын болады.

Киіз үйдің әйел адамның күй тіршілігіне арналған бөлігін сол босаға (сол жақ босаға), ер адамдарға арналған бөлігін оң босаға (оң жақ босаға) дейді. Қазақтар үй кеңістігінің осы бөлігін ерекше қастерлейді. Сондықтан да бата-тілек айтқан кезде «Босағаң берік болсын» деп тілек тілейді. Әлі тұрмыс

құрмаған, үйде отырған қызды оң босағада отырған қыз деп айтады, бұл қыз баланың тұрмыс құрып өзге жұртқа келін болып кететін білдіретін ұғымдармен байланысты.

Босағаның киіз үй кеңістігін сыртқы дүниемен байланыстырып тұратын шекаралық рөл атқаруы дәстүрлі дүниетаным жүйесінде оған ерекше сакральдық мән беруге негіз болды. Осыған орай босағаға қатысты көптеген ғұрыптық ырым-тыйымдармен нормалар қалыптасты. Мысалы, табалдырықты басып тұру, босаға керу кесірлікпен байланысты теріс қылық саналады. Қазақ босағаға сүйенбейді, себебі босағаға сүйенген адам мұңды, шерлі болады деп ырымдайды. Босағаға отырса «тұрмысқа шықпай отырып қалады» деген ырыммен қыз балаға босағаға отыруға тыйым салынады. Жесір әйелді әмеңгерлікпен атастырғанда, неке оқырда үйінің есігінен шығармай, оң жақ керегесін көтеріп шығару – басқа үйлік болдың, басқаның билігіне көштің, шықпаған есіктен енді қайтып кірмейсің дегенді білдіреді. Үйге кірген адам босағада тұрмай жоғары өтуі де шекаралық кеңістікті тез кесіп өтіп, үйдің кеңістігіне толықтай кіру қажеттілігімен байланысты үрдіс болса керек. Шұғыл жүрген, отырмайтын адамның босағадан қайтуы осы үрдіспен байланысты. Аңшылықта, басқа әлемнің қаскөй рухтарын «мазалауға» қатысы бар аңшылық құралдар мылтық пен қақпанды үйреншікті әлемге тазартып кіргізу үшін оларды табалдырыққа тастап, жасы үлкен әйел адамға «аңдаусызда» аттатып «тазалау» ырымы да босағаның шекаралық рөлінің маңызын көрсетеді. Бұл жерде аталмыш ырымның атқарылуы аң аулауға қатысы бар құралдарға өлтірілген аңдардың жұққан қырсығы кетеді дегенді білдірсе керек. Қазақтың ғұрыптық дәстүрінде жаңа түскен келін алғаш үйге кіргенде босағаға соғылмай кіруі керек. Келін босағаға соғылып қалса, үйдің берекесі қашады, келін баянды болмайды деп ырымдалады. Келген адамға босағаға ат байлауға болмайды. Өйткені, мұндай әрекет адамның жаман ниетпен келгендігін білдіреді деп қабылданған. Жас отау құрылғанда жанашыр туыстардың жаңа үйдің босағасын майлау ырымы «шекаралық кеңістіктегі» тылсым күштерден жаңа құрылған отбасына береке-байлық сұраудың көне заманнан сақталып қалған реликті болуы мүмкін деп болжауға болады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандай, дәстүрлі дүниетанымда босаға ұйымдастырылмаған сыртқы әлеммен ұйымдасқан үйреншікті әлемді бөліп тұрған «шекара» болып табылады.

БОСАҒА АТТАР – қазақтың дәстүрлі некелесу жосынында атқарылатын рәсім. Босаға аттар рәсімі қыз ұзату тойы кезінде қалыңдықты алып кетуге келген кезде атқарылады. Құда-құдағилар күйрек-бауыр жеген соң күйеу бала қайын атасының үйіне шақырылып, алғаш рет босағасын аттайды. Содан соң қайын ата, енесіне тәжім етіп, олар батасын беріп, маңдайынан сүйеді. Сойылған малдың етінен арнайы сыбаға – төс пен асық жілік күйеу балаға ұсынылады. Келген құда-құдағилар шымбайлы құданың, яғни қыздың әкесінің үйіне кірерде жолын бөгеген күтуші әйелдерге «табалдырық аттар» кәдесін береді, бірақ, күйеуден қайын атасының үйіне кіргенде ондай кәде талап етілмейді.

БОСАҒА МАЙЛАУ – дәстүрлі неке салтында атқарылатын ғұрып. Жаңа жеке отау құрғанда немесе үйді жаңалап ауыстырған кезде құтты болсын айта келген жақындарының бірі жаңа үйдің босағасына «отау көтерген немесе жаңа салған үйге береке мен құт майдай жұғымды болсын, көптің үйі болсын» деген тілекпен май жағады. Үй иелері тарапынан ол адамға кішігірім кәде сый беріледі.

БОСАҒАҒА ОЛЖА ІЛУ / БАЙЛАУ – аңшының саят үстінде жолай бір ауылға аялдаған кезінде олжасынан «жол бастар болсын» деп беретін үлес-кәде атауы. Әдетте бұл жоралғы аңшы жолай бір ауылға аялдаса немесе қонған жағдайда ғана жасалады.

БОСАҒАҒА ШЕГЕ ҚАҒУ – дәстүрлі өлік жөнелту салтында атқарылатын рәсім. Ер-азаматтың, отағасының мәйіті үйден шығарылған соң, өлікпен бірге үйдің құт-берекесі кетіп қалмасын деген ырыммен өлік шыққан үй есігінің босағасына шеге қағатын болған.

БОСАҒАҒА ІЛУ – дәстүрлі некелік қатынастың қалыптасу барысында атқарылатын ғұрып – кәде атауы. Той тараған соң бір түннен кейін қалыңдық барар еліне аттанғанда, күйеудің жұрттың соңынан қалып, сәл аялдап, қайын атасының үйінің босағасына бір шапан іліп кететін салтын босағаға ілу деп атайды. Мұнда күйеу баланың «осы үйдің осы босағасынан қол үзбеймін», «мен де осы үйдің бір баласымын» деген ишараты бар. Ауқатты адамдар босағаға ілуге үрім-жұрағаты мол болып өссін деген ниетпен бие байлаған. Бұл ғұрып кейбір өңірлерде ілу деп қана аталады.

БОСАНУ / БОСАНДЫРУ – екіқабат әйелдің ай-күні жеткен кезде босануы. Дәстүрлі қазақ ортасында әйел адамды босандыру ісін жете меңгерген аққол аналар, әдетте тіс қаққан тәжірибелі егде тартқан әйелдер атқарған.

Босанатын әйелдің уақыты келгенде ет жақын әйел туысқандары қол көмегін берген. Толғатқан әйелді екі жағынан демей отырып-тұруына көмектеседі. Әйелдің толғағы жиілегенін байқаған олар бақан алдырып керегеге мықтап тіреп, керегеден бақанға жалпақ бау байлаған. Кең таралған бұл тәсілдің атауы арқан керу деп аталады. Осындай қарбалас шақта ырымшыл аналар бақанның киіз үйге қалай кіргеніне де мән береді, егер бақан бас жағынан енгізілсе, дүниеге қыз бала, ал тұйық жағынан болса ұл бала келеді деп есептеген. Толғағы жеткен әйел босанарда тізерлеп тұрып керілген арқан, бауға асылады.

И.С. Колбасенко, А.Левшин, А.К. Белиловский сынды ХІХ ғасыр зерттеушілері жазбаларында халықтық осындай мол тәжірбиенің арқасында қазақ әйелдерінің негізінен өлім-жітімсіз, аман-есен босанғандығы жайында айтылады. Соның ішінде И.С. Колбасенконың деректерінде қазақ әйелдерінің жатып толғатуы өте сирек болатындығы, негізінде екі тізерлеп, алға қарай сәл еңкейіп түрегеп тұрған қалпында босанатындығы, әбден шаршаса да түрегеп тұрып толғатып, нәресте жарыққа шығар кезде ғана тізесін бүтетіндігі айтылған. Сонымен қатар бірнеше рет қазақ әйелін босандырғанын және қазақ әйелін жатып босануға көндіре алмағандығын айтып кетеді. Себебі жатып босанса, «бала артқа қарай жылжып кетеді» деп есептеген дейді.

Қарулы әйелдердің бірі тізерлеп отыра қалады да, толғағы қысқан әйелді қаусырып құшақтап белін басады. Кей жерлерде әйелдің толғағы басталғанын сезген отағасы бақсы шақыртып, толғақты жеңілдетуге көмек сұраған.

Толғақ басталысымен әйелдің жеңіл босануы үшін түрлі ырымдар жасалынған. Бұл ырымдар көбінесе жасалынып жатқан іс-әрекеттің магиялық құдіретіне сенуден туған. Мәселен, пышақты қайрап тамақ дайындау, жарысқазан, толғатқан әйелдің шашын тарқату, үйдегі теңдердің бауын шешіп босату, әбдіре, кебежелердің аузын ашу деген сияқты. Сондай-ақ арша тұтатып аластау, күкірт түтету сияқты әрекеттер толғатқан әйелден әртүрлі жын-шайтан, албастылар аулақ болсын деген ырыммен жасалынады.

Қазақ отбасында аяғы ауыр әйелдер босану кезінде жеңілдігі болады деген ниетпен молдаларға дұғалық оқытып, оны тұмаршаның ішіне салып, мойнына немесе өңірінің ішкі көрінбейтін жағына тағып алады. Кейде тұздан ішірткі жасатып, мойнына тағып жүреді. Толғағы әбден піссе де, әйел қиналғандай жағдай болса, әлгі тұмаршадағы тұзды ерітіп ішсе, әйел жеңіл босанады деп сенген.

Әйел толғатып жатқан үйге сол мезетте кіріп келген қыз баланың көйлегінің етегін сәл жыртады. Бала теріс келген жағдайда толғақ қысқан әйелді «оң ба, теріс пе» деп сырмаққа салып алып, қарулы жігіттер арлы-берлі шайқайды. Әйел босандыруға машықтанған әйел өзінің арнайы табағын әйелдің ішіне төңкеріп, бала дұрыс келсін деп табақты оңға қарай бұрап «дұрыстайды». Баланың жолдасы түспей жатса, босандырған әйел есіктен төрге ерсілі-қарсылы жүріп, «түсті ме, түсті ме» деп келсаппен жерді түйгіштеген.

Қазақ арасында әйел толғағы қатты ұстап, босана алмай қиналғанда жылқымен емдейтін бақсылар сол ауылдың айғыры немесе бір атын алдырып, ем жасаған. Ол туралы Ә. Төлеубаев зерттеуінде былай деп жазады: «әкелінетін жылқы міндетті түрде нысаналы, айтулы айғыр болуы қажет. Ақ жал, шағыр көз, жал-құйрығы төгілген айғырлар жарамды деп есептелінеді. Емдеу шаралары бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен үй сыртынан дүбірлетіп шауып өтеді, одан соң жылқыны үйдің белдеуіне, мама ағашқа байлайды, ақырында үйге кіргізіп, толғата алмай жатқан әйелге жақындатып, жылқының тұмсығын әйелдің көкірегіне тигізеді; айғырды үйден шығарғанда бір жігіт әйелді алдына отырғызып алып, атпен шапқан».

Көш кезінде жолай босанар болса, түйелерді айналдыра шөгеріп, үстін киізбен жауып жылылап, босандыруға жағдай жасайды. Нәрестенің кіндігін кесіп болғаннан кейін, баланың жолдасы жоғалып кетпесін деп кіндікті әйелдің аяғына байлап тастайды. Қазақы ортада бала шыр етіп дүниеге келген бойда бірінші болып баланы кім алып, бауырына басса, баланың мінезі сол адамға тартады деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан бала дүниеге келгеннен соң бірінші жөргекке орап алуды бірнеше құрсақ көтерген, елге сыйлы, мінезі жайлы, көп жасаған әйелге тапсырады.

Әйел толғағы ауыр болған жағдайда қойдың кесек майын отқа тастап, май жанып жатқанда Жаратқанға «әйелдің толғағы жеңіл болсын» деп жалбарынады. Егер босанған әйел есінен танып қалған жағдайда таяқпен киіз

үйді ұрғылайды. Егер одан ештеңе өзгермесе әйелдің бойына кіріп кеткен албастыны шығарамыз деп бірнеше рет әйелді ұрып жібереді. Одан болмаса, жылқы ішінен көзі шегір жылқыны таңдап алып, киіз үйдің есігінен басын кіргізіп, босанып жатқан әйелді иіскетіп, «қаскөй күштерді үркіткен».

Босану қиындап, әйел қиналса бақсы шақырып, дұға оқытады. Бураның қураған бас сүйегіне ақтық байлап, төрге іледі. Кейде бақсы босанатын әйелдің ішін тізесімен тіреп, құлағының жанына жақын келіп қобыз ойнайды. Қобыз сарынына балқып, әйелдің тез босанған сәттері де болған. Осыған қарай кейбір қариялар баланың болашақта кім болатынын да болжаған. Әуенге елтіп туған бала болашақта әнші немесе күйші болады деп есептеген.

Босанған әйел – туып, қол-аяғы жеңілдеген әйел. Әйел босанған соң оның ішін дәкемен қатты тартып таңып, жылы жауып жатқызады. «Босанған әйел жас нәрестедей пәк» болады деп санайтын тәжірибесі мол аналар жыңшайтан жоламасын деген ниетпен оның бас жағына Құран, пышақ қойып, мүмкіндігінше босанған әйелді жалғыз қалдырмай үнемі қасында болады. Босанған әйел ерекше бағым-күтімде болады. Қалжаға қой сойып, сорпалап, әл-қуатын көтеретін күшті тағамдар береді. Егер босанатын әйелдің отбасы ауқатты болса, әлгіндей көмек көрсеткен әйелдерге үлкен сыйлық тарту етеді.

Босанған әйелге қатысты ырым-тыйымдар. Бір ауылда қарайлас босанған әйелдерге балалары қырқынан шықпайынша бірін-бірі көруге тыйым салған. Сыртынан болса да біреуі көрініп қалса, соның баласына «шілде қотыр» шығады деп ырымдайды. Қырқынан шығарған соң, «көттестіру» немесе «көтендестіру» деп аталатын жосын атқарылғанан кейін бір-бірімен бет көрісуіне болады. Босанған әйел абысындары, жақын туыстары мен көрші-қолаң үйіне арнайы дәмге шақырмайынша өз бетімен баруына болмайды. Шақырусыз барса, сол үйге тышқан қаптап кетеді деп ырымдайды. Бұл жерде дәмнің, тағамның қарым-қатынастарды реттеушілік қызмет атқаратынын аңғаруға болады.

БОСКЕСТЕ ҚАЛЫП – соқпа қалыптың бір түрі. Боскесте қалып ұсақ өрнек түсіретін, ұшында өрнектің пошымы егеліп салынған болат қадаубас соқпа қалып. Боскесте қалыпты үлгісі Ә.Тәжімұратовтың «Шебердің қолы ортақ» атты еңбегінде көрсетілген. Боскесте қалыппен ұсақ өрнекті күміс «кестелеп» түсіретін болған. Боскесте қалып нақыш салғыштардың жергілікті атауы болса керек.

БОСМОЙЫН – ағаш сапқа басы шынжыр, қайыс арқылы бекітілген шоқпар, жауынгерлік соғу қаруының бір түрі. Оның сылкетер, сақетер деген атаулары да бар.

ҚР МОМ қорындағы (КП 2028) босмойынның басы домалақ шар пішінде темірден құйылып жасалған, ал сырты терімен қапталып, сабын қайысбаумен бекіткен. Сап ағаштан жасалған. Бұл босмойынның жалпы ұзындығы 85 см, басы 5,2 см.

БОТА АЯҚТАНДЫРУ – түйе малының төлі туғанда өте нәзік болуымен байланысты оны аяқтандырып, шираған уақытқа дейінгі малшылар тарапынан істелетін іс-шаралар кешені. Буаз інген боталар кезде далаға бошалап кететін жағдайлар жиі кездеседі. Осыны болдырмау үшін інген бошалар алдында

ерекше күтім мен бақылауды қажет етеді. Бура атандар жаңа туған ботаны шайнап тастауын болдырмау үшін малшылар боталау жақындаған інгенді жекелеп қорада ұстайды. Түйенің ботасы туғанда жерге алдыңғы аяғымен түседі, түйенің толғатуы ұзақ созылып бота бірден түсе қоймаған жағдайда түйешілер оны аяғынан тартып тез тууына көмектеседі. Жаңа туған ботаның таңдайына күл жағып, тамсандырып аузын-мұрнын тазалап шырышын кетіріп, кеңсірігін ашып, үрлегеннен соң енесінің алдына қояды. Бота өте әлжуаз болып туғандықтан біраз уақыт аяғынан көтеріле алмай жатады, мұндайда ботаны кеудесінен демеп, басын көтеріп, аяғынан тұрып кетуіне көмектесу қажет. Осы кезде ботаның аяғы таймасын, жүрісі нық болсын деп оның табанын тырнау рәсімі жасалады. Жақын ағайын, көрші әйел ботаның құйрығын тістеу ырымын атқарып, оған «кіндік шеше» болады. Осыдан кейін ботаны емізу, жабылау, енесіне телу сияқты әрекеттер атқарылады. Көптеген жағдайда, бота енесінің емшегін таба алмай, шабын түркілей берсе, інген бақырып ботасының құйрығын тістейді. Осыған орай, мал иесі ботаны үш күнге дейін анасының бауырына салып қолдан көтеріп еміздіреді. Бұл үрдіс бота ширап, енесінің сүтін толықтай еміп тауысатын жағдайға келгенге дейін атқарылады. Кейбір жағдайда енесі ботасынан жеріп бауырына жақындатпаса, ботаны енесіне телу әрекеттері жасалады.

Түйе түлігі екі жылда бір боталайтын болғандықтан, ботаның тууы кішігірім отбасылық қуаныш болып иелері көрші-қолаңнан «інген туды» деп сүйінші сұрайтын. Бота аяқтанғаннан соң, мал иесі «үлпершек асып» көрші-қолаңға дастархан жаяды. Інгенді сауып оның уыз сүтін араластыра қайнатып «жылма» деп аталатын тағам дайындайды.

Бота туғанда әлжуаз, нәзік ауруға шалдыққыш суыққа төзімсіз болып келеді. Осыған орай қазақы ортада ботаны тіл-көзден сақтау мақсатында мойнына тұмар тағу, қырық күнге шейін шидің артында ұстап, бөтен адамдарға көрсетпеу сияқты шаралар атқарылатын. Інген туған соң көрші-қолаң, көңіл жетер ағайын-туыстардың әйелдері жиналып ала ноқта есіп дайындайды. Үй иелері де оған қарымта ретінде кәде, сый жасайды.

БОТА БЕЛБЕУ – қымбат белбеудің әртүрлі көзі, бағдары, әшекейі бар күмістелген түрі. Күмістелген бағдарлары ботаның көзіне ұқсас болғандықтан, «бота белбеу» атанған болса керек.

БОТА ЖАБДЫҒЫ – жас ботаны ауа райының әсерінен, тіл-көзден сақтау мақсатында қолданылатын жабдықтар кешені. Бота туғанда өте нәзік болып туады, қазақ қырық күнге дейін ботаны шымылдық құрып, ши тұтып, ықта ұстайды. Бұл, біріншіден, ауа райының әсерінен қорғаса, екіншіден, тіл-көзден таса ұстау амалдары болып табылады. Ботаны суықтан қорғау үшін арасына жүн салып жұмсақ матадан сырып арқасын, шоқтығын, бауыр қабатын жабатын бота жабдығы тігілетін. Кейбір өңірде өркешінің тұсын ойып тіксе, кейде тұтас арқасы, бүйірі мен бауырын жабатын қылып тігетін. Бота жабдығы жұмсақ шүберек жіптер арқылы байланып бекітіледі.

Бота төбелдірігі – жұмсақ киізден жасалатын ботаның төбесі мен маңдайын жауып сағалдырығынан байланатын бота жабдығы. Бұл жабдықтың

төбешік, төбелік деген атаулары кездеседі. Бота төбелдірігіне көзден сақтау үшін үкі тағып, сағалдырығына тұмар байлайтын.

Бота ноқтасы – жұмсақ жүннен иірілген түрлі түсті жіптерден, құр секілді өріліп жасалатын ноқта. Қазақы ортада бота туғанда нәзік, суыққа да сұққа да тез шалдығады деген түсінік болғандықтан, бота ноқтасының функционалдық мәнімен қоса тіл-көзден, сұқтан қорғау қасиетіне ерекше көңіл бөлінген. Осыған байланысты ботаның ноқтасы түрлі-түсті жіптерден белгілі бір магиялық қорғау қасиеті бар өрнектер салып тоқылады. Оған қосымша жыланбас, үкі, көзтас тұмарлар сынды тіл-көзден қорғаныш бұйымдары тағылады.

Жалпы бота өте нәзік түлік қатарына жатқызылатындықтан, бота жабдықтары басқа малдың төліне қарағанда көп және күрделі болды.

ҚР МОМ қорындағы (КП 972) бота ноқтасы қайыстан жасалған, металл шығыршықтар бекітіліп, қоңырау байланған. Сағалдырықтың тұйығына ілінген бүлдіргіге мыс қоңырау байланған. Ноқтаның ұзындығы 54 см, ені 3 см.

БОТА ТЕЛУ – ботаны інгеннің бауырына салып емізу. Кейбір жағдайда боталаған түйе иімей ботасынан безіп, бауырына жолатпайды. Мұндайда түйешілер інгенді ботасына исіндіру іс-шараларын жасайды. Енесі ботасын жолатпай, сүті қайтып кеткен жағдайда ботаны тірі жетім деп басқа сүтті түйеге телитін. Сонымен қатар, енесі өлген жетім ботаны да сүті иуі оңай түйеге емізудің шаралары болған. Бота телу шаралары оңынан орындалған болса телінген боталар тел жетім бота деп аталатын.

Бота телуде інгеннің көзін байлап, өз ботасымен жетім ботаны қатар салып идіру. Боталардың сілекейін араластырып жағып иістерін өзара жақындастыру сияқты рационалдық әдістер қолданылған. Сонымен қатар, жұмсақ сөзбен, сипалап еркелетіп отырып бота салу, магиялық күдіреті бар деп саналатын сөз тіркестер қолдану сияқты амалдар қолданылатын.

Қазақ халқы түйені төрт түліктің ішінде түйсігі жоғары, рухани әсерге сезімтал түлік ретінде қарап, бота телу үрдісінде қобыз, сыбызғы, домбыра сияқты музыкалық аспаптардың сарынымен идіріп, ботаны теліген деген аңыздар кездеседі.

БОТАГӨЗ – қолөнер бұйымдарында қолданылатын ою-өрнектің бір түрі. Ботагөз өрнегі түскесте, жүкжапқыш, орамал сияқты кестелеу өнерінде және кілем, алаша, бау-басқұр сынды тоқыма бұйымдарының бетіне салынады. Сонымен қатар, бұндай өрнекті өңіржиек, білезік, жүзік сияқты зергерлік әшекей заттарының ортасына бедерленіп түсіріледі.

БОТАЛЫ ТҮЙЕ – түйе мен оның төлі ботаны сомдайтын балалардың ойыны. Бұл ойын туралы мәлімет тек Б.Кәмәлашұлында ғана кездеседі. Көшпелі өмір сүріп, тіршілікқамы малшаруашылығы болған қазақы тұрмыстан алынған бұл ойын ботасына жете алмаған түйенің әрекетін бейнелейді. Ойынды бастамас бұрын балалар араларынан бір ойыншыны түйе, екіншісін бота деп, қалғандары өзінше бір топты құрайды. Ойын шарты бойынша топтағылар орталарына ботаны алып, өзара қол ұстасып, шеңбер боп тұрады. Түйе қоршауда қалған ботасына жете алмайды, оған қоршаған топ

кедергі болады. Ботасына жету үшін түйе барын салады да оған жеткенде, кедергі боп тұрған ойыншылар жабылып, түйені күшпен жығады, яғни шөгереді де үстінен кезекпен секіріп өте бастайды. Ойын шарты бойынша түйе оның біреуін ұстап қалуы керек. Егер ұстаса қолға түскен ойыншы түйе болып, ойын осылай жалғаса береді. Бұл ойын ең алғашқы деректі Ә.Диваев берген түйе-түйе деп аталатын ойынға ұқсас. Ол ойында осы ойын сияқты ботасына жете алмаған түйе бейнесі сипатталады.

Дәстүрлі қазақы ортадағы біріне-бірі жете алмаған түйе мен ботаның қайғылы әрекетін көрсететін ойынға айнала қоймаған «ғұрыптық ойындардың» болуы ботасына деген түйенің аналық мейірімінен туындаса керек. Бұлай деуіміздің себебі – түйе малы басқа түліктерге қарағанда өте балажан келеді. Ботасынан айрылған түйенің боздаған даусы өте ащы, зор, әрі аянышты болатыны белгілі. Қазақы ортадағы «ботадай боздады» деген сөз орамы да тегін айтылмаса керек.

БОТАМОЙЫН – қолөнер бұйымдарына салынатын өрнек түрі. Ботамойын өрнегінің тұрқы мойынын алдыға немесе артқа қарай созып, шөгіп жатқан ботаға ұқсас болып келеді. Бұл өрнек қырғыз, қарақалпақ т.б. түрлі халықтардың қолөнерінде жиі кездеседі. Ботамойын өрнегі сақтар заманынан бері келе жатқан өте көне өрнектердің бірі. Әдетте, бұл өрнек кілемнің көліне (ортасына) негізгі өрнек ретінде салынады. Сондай-ақ, тұскиіздердің бетіне өрнектеп кестелеу үшін кеңінен қолданылады. Ботамойын оюы қалы (түкті) және тақыр (түксіз) кілемдердің бетіне негізгі және қосалқы өрнек ретінде теріліп тоқылады. Сондай-ақ, алаша, басқұр сияқты тоқыма бұйымдардың жиегіне су ретінде де жүргізілді. Сонымен қатар, ботамойын өрнегі киім-кешектің алдығы екі өңірін, етегі мен жеңіне кестеленеді. Халық түсінігінде бота – нәзіктік, сұлулық пен пәктіктің, балғын мен жастықтың символы ретінде саналады.

ҚР МОМ қорында КП 23373 тіркеу нөмерімен сақталған түкті кілемнің көліне төрт қатар етіп қара, көк түсті ботамойын өрнегі терілген. Ботамойын өрнегінің ішіне шырша ағашына ұқсас өрнектермен безендірілген. Кілемнің жиегіне аламоншақ өрнегінен екі қатар су жүргізіліп, арасындағы қорғанына көгілдір, сары түсті тісті тұмарша өрнегі салынған. Кілемнің ұзына бойы екі кенересі қоңыр түсті, екі шеті қызыл түсті жүн жіптен түксіз тоқылған. Өлшемі: ұзындығы 276 см., ені 162 см.

БОТАНЫҢ ҚҰЙРЫҒЫН ТІСТЕУ – жаңа туған ботаны аяқтандыру кезінде атқарылатын ғұрыптық жосын. Түйенің жыл өткізіп боталауы, төлінің әлжуаздығы көшпелі ортада ботаға деген ерекше көзқарастың қалыптасуына себеп болды. Қазақтар түйені ұлық мал деп оның ботасын ерекше қастерлеп, жас сәбиді күткендей құрметпен қарайтын. Түйе боталағанда қоныстас жамағайын, көрші әйел шақырылып ботаны құйрығын тістеу рәсімі жасалып, ол кісі ботаның «кіндік шешесі» деп саналатын. Мал иесі «кіндік шешеге» кішігірім сый-сияпатын жасап, жыртас, орамал тартады. Өз кезегінде ботаның құйрығын тістеген «кіндік шеше» бота аяқтанып кеткенше атқарылатын іс-

шараларға ат салысып, ботажабу, төбелдірік сияқты арнайы жабықтарды тігіп әкеледі.

БОТҚА – дәнді дақылдардың дәнінен дайындалатын қою тағамның түрі. Бірнеше дәнді дақыл дәндерін сүтке немесе суға қайнатып, қою етіп пісіріледі. Оңтүстік өңір қазақтары ботқаны күріштен жасайды. Сыр өңірінде ас-тойларда, құдайы тамақ бергенде көпшілікке арнап күріштен ботқа жасап, үстіне жілік тартады. Күнделікті өмірде де күріштен ботқа жасап, үстіне тартылған сары май салып немесе майға ет және түрлі дәмдеуіштер салып қуырып, сұйықтау етіп пісіреді.

БОШАЛАУ – үй малының туар алдында мазасызданып табыннан бөлініп аулаққа кетіп қалуы. Толғағы ұстап, туар алдында төрт түлік малдың барлығының да мазасы кетіп, жем-суға қарамай оңашалануға ұмтылады. Дей тұрғанымен, бошалау инстинкті жылқы, түйе, сиырда ерекше білінеді. Жылқы баласы туғанда ширақ болып, қосымша күтім қажет еткендіктен биенің бошалауы көп қиындық туғызбайды, тек жылқышылар оның алысқа кетпеуін қадағалап байқастағаны жеткілікті. Сиыр мен түйенің төлі нәзік болып туатындықтан, туар уақыты жақындаған мал қораланып жеке қойылып, үнемі бақылап қадағалауды қажет етеді. Әсіресе, түйенің ботасы әлсіз нәзік болып туылып, адамның көмегінсіз аяқталып кете алмайды, осыған байланысты түйенің бошалап кетіп қалмауын малшылар жіті бақылап боталау уақыты жақындағанда жылы, жабық қорада қамап ұстайтын.

Бошалауға, әсіресе, алғаш төлдеген тұмса бейім болады. Бұл құбылыс малдың аналық инстингімен, туған төлін қызғанып және сыртқы жан-жануарлардан қорғаумен байланысты болса керек. Адамға жақсы үйреніп, «бауыр» басып кеткен малда бошалау онымен байланысты оңашалау, қызғану, қорғану инстинктері азда болса көмескіленеді. Осыған байланысты жасы келген сақа інген, сиырлардың бошалауы онша біліне қоймады. Жасына қарамай бошалау қоймаған малды қазақ Бошалақың дейді.

БОЯҒЫШ – бояудың негізгі түсін беретін қоспа. Қазақ халқының дәстүрлі үй шаруашылығында бояу дайындағанда бояғыштар өсімдіктер мен минералдардан алынатын болған. Бояудың тұрақтылығы мен жұққыштық, сақталу қасиетін ашудас, сақар, тұз сияқты қоспалар қамтамасыз етсе, бояғыштық қасиеті мен негізгі түсін бояғыш заттар беретін. Дәстүрлі бояғыш заттарға томар бояу, ойран, қына сияқты жергілікті өсімдіктер мен минералдардан басқа шет жақтан келетін индиго, кошениль сияқты арнайы бояғыш заттар пайдаланылатын. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап арзан анилин бояулар сатылымға ене бастағаннан кейін табиғи бояуларды жасау біртіндеп жойыла бастады. Қазақ қолөнершілері жасалу процесі күрделі жергілікті бояулардан көрі дайын бояуларды қолдана бастады. Осыған орай қолөнер заттары біртіндеп дәстүрлі түстер мен колоритінен айрылып, өзгере бастады. Бұл үрдісті қазақ кілемдері, алашалары жайлы алғаш зерттеулер жүргізген Фалькерзам, С. Дудин сияқты зерттеушілер жазады.

БОЯУ – тұрмыстық бұйымдарға, заттарға түс беріп бояу үшін қолданылатын күрделі құрамды шикізаттар тобы. Дәстүрлі ортада табиғи минералдық және органикалық бояулар қолданылған. Минералдық бояулар

түрлі металл және металл емес шикізаттардың тұздары мен қоспаларынан алынатын бояғыштардың жасалатын. Ал органикалық бояулар жан-жануарлар мен өсімдіктер өнімдерінен өндірілетін. Бояулар өшіп кетпес үшін минералдық немесе органикалық майлар мен өсімдіктерден өндірілетін заттарды қосып қайнату арқылы лак түрлерін, тұздар т.б. алып, қатыратын шикізат ретінде пайдаланған. Өсімдіктердің тамырынан, сабағынан, жапырағынан, гүлінен, тұқымы мен діңінен, қабығынан, ұлпаларынан бояу алатын. Жүн бояумен күз айларында айналысатын. Бояу өндіретін шикізат өсімдіктер мен минералдардан жиналып дайындалатын. Мысалы, өсімдік тамырлары мен сабақтары жиналып кір-қоқыстан тазартылып, қабығы аршылып кептірілетін.

Сондай-ақ, томар бояуы мен қызыл бояу шөптің (марена) тамырлары күздікүні қазып алынып қабығынан арылтады. Егер бояу аса қажет болған жағдайда сол күйінде жуылып қолданылады. Кейінгі уақытқа керек болған жағдайда, жуылып, кептіріліп ұнтақталған тамыры құрғақ күйінде сақталатын.

Әр өсімдік әртүрлі рең береді. Қына қызыл болса, еменнің қабығы қоңыр, сарыағаштың тамыры сары болса, ермен жусанның бүрінен жасыл түс шығады. Көк бояуды ермен, жусан мен қайын жапырағынан, ашық қызылды қынадан, ашық сары атқұлақтан алған.

Бір өсімдікке екінші өсімдік түрін араластырып әр түсті бояу алу тәсілі де дәстүрлі ортада кең қолданылған. Ақбас жусан мен боз жусанды қосып, қайнатпа жасап – ашық сары түс, қоян-қоспа мен дермене қосындысынан – сары түс, күнжіт пен көк шөп қосындысынан – қанық қызыл түс, айбағардың сығындысынан – көк түсті бояу алған.

Матаны қара түске бояйтын қара бояу алу үшін анар ағашының қабығы мен темір ұнтағын алып, жарты тәулік бойы шойын қазанға салып қайнатқан. Үй жиһаздарын бояу үшін жоса, мырыш, қорғасын тотықтарынан өндірілген ақ бояуды қосып пайдаланған. Қышханада өндірілетін мұндай бояуларға жұмыртқаның ағын араластырылатын.

Жиһаздарды, ер-тұрманды жылтырату үшін ыстық майға пісте ағашының шайырын араластырып арнайы қоспа жасайды. Темірге сиякөк, сары, қоңыр-сары, жасыл, көгілдір бояуларды сүргішпен жаққан. Жасыл түсті малғаш атты бояу да тұрмыста кең пайдаланылған. Мыс ұшқындарын суға қосып қайнатып, «қара мыс» атты қара бояу алған. Ертеде тау қырқаларынан уақ, сұрғылт сары тас күйінде кездесетін борды жинап, отқа күйдіріп, суға салып езген. Сонда шыққан бояуды бұйымдарды бояуға пайдаланған.

Ыдыс-аяқ, уық, керегені бояуға түсі қанқызыл жоса бояуын қолданған. Сондай-ақ қоянсүйектің жетіліп сары түсті реңке енген сабағынан, пісіп қоңыр түс тартқан күнбағыс, тал мен қайың қабығынан, қызыл күрең түсті жүзгіннің тамырынан, атқұлақтың дәнінен, адыраспанның қауашағынан әртүрлі тәсілдермен (сығу, қайнату т.б.) бояу өндірген, ал еменнің қабығынан алынған ерітіндімен боялған терінің бояуы кетпейтін болған. Шалбар тігілетін жарғақты немесе теріні иден шығарып илеген соң, шүкір шөбінің тамырынан қайнатылып алынатын сары түспен, қыстық тон, шалбарлық теріні томарбояу мен қаратал қабығының қайнатындысымен бояйды. Таулы жерде су

жағасында өсетін талдың қабығынан да бояу өндірген. Қабығын кептіріп, түйіп ұсақтап суға қайнатқан. Одан соң үлкен науаға құйып, сәл салқындаған соң, талқыда әбден иленіп жұмсарған ірі қара терісін бір айға жуық салып қойған.

Әрбір материалдың өзіндік сапа белгісіне қарай бояу тәсілдері де әртүрлі болады. Ағашты, жүнді, теріні бояудың қалыптасқан дәстүрлі тәсілдері бар. Мәселен, жүнді бояудың бір әдісі төмендегідей. Боялатын жүн міндетті түрде мұздай суға жуылуы тиіс. Сары, қызыл, көк және оларға жақын түстегі бояулармен тек ақ түсті жүн, ал қара және көкшіл түске сұр түсті жүндер ғана боялады. Бояу сұйықтығын жылытып, пісірілген сулы жүнді салып, уақытымен ағаш қасықпен араластырмай аударып тұрып, бір сағат көлемінде қайнатады. Қайнатылған жүнді шамамен бір тәулікке бұқтырып қойып, бояуы әбден сіңгенде судан шығарып алады. Бірнеше рет шайылған жүнді мата үстіне төсеп кептіреді.

Тау жоталарында, қырат-қырқараларда тастақ, тақырларда өсетін еңліктің тамырын қазып алып, қызыл бояу өндіреді. Әйелдер бет-жүзін әрлеу үшін осма, сүрме, опа, ләйлік (әйлік), қолданған. Сүрмені көздің айналасын қаралап сызуға қолданған. Ал опа – бетті ағартуға жағатын ұнтақ. Ләйлік – бет ұшын қызыл шырайландыруға пайдаланылатын, шөпті бұқтыру арқылы алатын тұнба. Осма – шөп сығындысынан алынған қасты қоюлатып, қара көрсету үшін жағатын бояу. Басында жасылдау болатын бояу біраз уақыттан соң қара түске айналады. Осы кезде ши, шырпы ұшына мақта орап сығындыға малып, қасқа жағады. Қазақ әйелдері қына, еңліктен алынатын бояу түрлерін сәнденетін опа-далаптары қатарына әрлеуіш заттар ретінде енгізген.

БОЯУДЫҢ БАСЫРТҚЫСЫ – негізгі бояғыштарға қосылатын қосалқы заттар. Бояудың басыртқысы қосылған бояғыштан әртүрлі реңдер шығаруға болады. Бояудың басыртқысы көмегімен бояуға салынған заттарды «пісіреді». Бояудың басыртқысы жүн, жіп және өсімдік талшықтарын бояуда және реңін сақтау үшін, кейде жаңа бояу заттарынан негізгі реңдерді қолдан жасау үшін қолданылады. Нәтижесінде боялатын заттар бір-біріне ұқсамайтын ерекше реңдерге түседі. Бояу сұйықтығын жасау үшін қолданатын ыдыс сырлы және сыйымды болуы керек. Сұйықтықты жасау барысында өсімдіктерді есептеулі түрде жұмсақ суға қосып (тамырын, қабығын майдалап), бірнеше сағатқа немесе бір түнге бұқтырып қояды, кейін қайнатылады.

БӨГЕЛЕК (лат. Tabanidae) – қансорғыш қос қанатты жәндік. Бөгелек еркегі өсімдік нәрімен, ұрғашысы аң-құстың қанымен қоректенеді. Бөгелек күн ыстықта сулы, қамысты жерлерде малдың мазасын алып, тынымсыздандырады. Бөгелек шаққан жердің қаны ұйымай, көпке дейін қанап тұрады, шаққан жері қатты қышытады. Бөгелек тиген мал басын шұлғып, құйрығымен сабаланып мазалана береді, оны бөгелектеуі деп атайды. Бөгелек тиген жылқы басын желге қарсы қойып шұлғып, құйрығымен сабаланады, қой, ешкі бастарын төмен салып тебініп бірінің бауырына бірі кіріп топтасып үйезденеді.

Бөгелек шаққан жердің қаны тоқтамай басқа шыбын-шіркейдің жиналуына себеп болады. Бұл жараның асқынуына алып келеді. Бөгелек жұқпалы ауруларды таратушы насекомдардың бірі.

БӨГЕН¹ – жылқының тері ауруы. Бөген болған жылқыда құйрықтың терісі қышып, жылқы тісімен жұлқылап немесе көрінген жерге қасып қылын түсіріп құйрығын сымпитып тастайды. Белгілі этнограф Х. Арғынбаев бөген жылқының тік ішегіндегі құрттың жыбырлауынан болатын қышыма ауру деп түсіндіреді. Сыртқы сипатына (терінің қышуы) қарап бөген құйрықта болатын қышыма тері ауруы деп таныған халық емшілері бөгенді құйрықтың ұшынан қан алып, керосинмен жуып оған болмаса құйрығының ұшына мыс шеге кіргізіп қояды немесе сауырына жақын тұсын тіліп жіберіп ет пен терінің арасына тотияйын салатын. Мыс шегенің тотығуы, тотияйын белгілі дәрежеде әсер етіп қышыған қоятын дей келе Х. Арғынбаев дәл бөген ауруына пайдасы тимейтін себебі бөген тік ішектегі құрттардың көбеюімен байланысты өршитін ауру екендігін айтады. Алайда тотияйын мен мыс тотығын (мыс шеге) ем ретінде қолдану халықтық тәжірибеден туындаған.

Сонымен, бөген жылқының құйрығының қышуымен білінетін ішек құрттарының қозуымен байланысты ауру. Бөген емдеудің халықтық тәсілдері қан алу, тотияйын салып немесе жеміне күкірт қосып беру арқылы емдеу болып табылады. Жоғарыда келтірілген авторлардың пайымдауынша, аталған 4-5 түрлі емнің бірі болмаса бірі емделіп кетуге себеп болады, жылқының жал-құйрығы қоюланып өсіп орнына келеді.

БӨГЕН² – түрлі құралдардың жиһаздық ағаштан иіліп жасалған доға тәріздес бөлігі. Бөген деп шананың, қайықтың табанын, бесіктің иілген басын атайды. Әдетте, бөгенді жілігіне тал сияқты ағаштың діңінен жасайды. Ол үшін таңдалып алынған сырғауылдың бір жағын өзегіне дейін кертіп алып тастайды да, морға салып қыздырып иеді. Қайықтың, шанақтың бөгені бірнеше жуан сырғауылдан иіліп, өзара біріктіріліп, ал бесіктің бөгені бір сырғауылдан жасалады. Қайықтың бөгенін түркімен қазақтары боке дейді.

БӨГЕН³ – өзен арнасына салынатын жасанды су қоймасы. Бөген әдетте, жер қыртысының ыңғайына қарай оңтайлы ойпаң жерлерге салынады. Бөгендегі су толық тұйықталмай баяу ағып тұрады. Бөген шаруашылық әрекеттерге қажетті су қорын жинақтау үшін салынады. Қазақстанның таулы өлкелеріндегі өзендерде су көлемінің маусымдық ауытқуының шаруашылыққа кері әсері болады. Судың тартылып қалуы немесе тасуы өзен суын тұрақты қолдануға белгілі бір мөлшерде қиындық туғызады. Бөгендер болса өзендегі су көлемін арнайы жерге жинақтап, ретімен пайдалануға мүмкіншілік беру үшін құрылады. Бөгендегі су деңгейін бір қалыпта, яғни қоймадағы су көлемі тұрақты болуын шлюздер жүйесі реттейді. Бөгендегі суды шаруашылыққа қолдану үшін арықтар жүйесі қолданылады.

Қазақтың дәстүрлі егіншілігінде ұсақ бөгендердің әуіт, тоған деген түрлерін қолданған. Қазіргі уақытта бөген салып суды пайдалану режимін реттеп, тиімді игеру кеңінен қолданылатын тәсілдер қатарына жатады. Әдетте, бөген негізінде электр энергиясын өндіру, балық өсіру, өңірді суландыру

сияқты келелі жұмыстар орындалады. Бүгінгі таңда Қазақстанда жұмыс жасап тұрған Шардара, Бұқтырма, Қапшағай сияқты ірі бөгендерді атауға болады.

Бір айта кететін жайт, су шаруашылығына қатысты терминологиялық сөздікте бөген – водохранилище деп аударылған және бөген сөзімен тіркес көптеген терминдер берілген, алайда бұқаралық ақпарат құралдарында бөгенді осы күнге дейін орыс тілінің «су қоймасы» деген атаумен беріліп жүр, мысалы, Қапшағай су қоймасы, Шардара су қоймасы т.б.

БӨГЕРНАЙ – би, батырлар қол қойған іздеу қағаз, ерекше құжат. XIX ғасырдың I жартысында Сыр бойында өмір сүрген Бұқарбай батыр 11-12 жасында түйенің тірсегін қылышпен шауып алады. Әкесінің зілінен қашып, Жаңадария бойындағы қарақалпақтар қонысына барып жетеді, сол арада бір бай өзіне еншілес етіп алады. Біраз уақыттан соң Бұқарбайға туысы Байқадам батыр қол қойған бөгернай келеді, мұны көрген бай тарту-таралғысымен Бұқарбайды еліне қайтарған.

БӨГЕТ – су ағысын бөгеу, шектеу үшін жасалған тосқауыл. Бөгет өзеннен тоғанға, тоғаннан арыққа, арықтан егістікке суды мөлшерлеп бөлу мақсатында жасалады. Арықтың деңгейі өзен деңгейінен жоғары болса, сондай-ақ ағысы қатты тау өзендерінде бөгет жасауға қойтастарды пайдаланады. Арықтардан егістікке суды мөлшерлеп жіберу кезінде уақытша бөгет жасауды бөгет байлау деп атайды. Бөгет құм, тас, топырақ, ағаш, тал шыбық сияқты табиғи материалдардан жасалады. Мәселен, ағашпен бөгет жасағанда көлбеу бекітілген ағаш дінгекті судың түбіне түсіріліп, оның арасына шым, тас толтырады.

Егіншілікпен айналысатын оңтүстік өңір қазақтары тау өзенін бөгеуде қарабураларды, түбіне тас үйілген үш аяқты тіреулерді, қойтасты пайдаланады. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар ағысы қатты суды қойтастардан бөгет жасап бұратын болған. Ол үшін өзен жағасына үлкен тастарды жылжытып әкеліп, өзеннің кемеріне тастайды да, олардың арасына тал, аршаның қалың бұтақтарын, бұтақты шөптерді қалап, судың ағысын тежеген. Мұндай бөгеттерді жергілікті жерлерде тас бөгет деп те атайды.

БӨГУ – сиырдың ас қорыту жүйесінің бұзылуынан болатын ауру. Бөгіп қалған мал кекіріп, кейде іші кеуіп, оттаудан қалады. Бөгудің себебін халық емшілері шытыр, жоңышқа немесе құрғақ жемді обырланып көп жеп қою салдарынан күйіс қайыруының бұзылуынан болады деп пайымдайды. Дәстүрлі емдеу жүйесінде айран араластырып жылы су ішкізу, қуалап айдап іш жүргізу, жалбыздың қою қайнатпасын ішкізу, аузына бұтаны тістеткізіп күйіс қайтарту сияқты малдың ішін өткізіп, желін шығаруға негізделген ем-шаралар тәуір нәтиже береді.

БӨГІРЕ / БӨГІРЕБАС – ұстауға ыңғайлы, сәнді келген кішкене қолсандық. Мұндай сандықшаға әйелдер айна, тарақ, моншақ, алқа, жүзік сынды әшекей заттарын, сондай-ақ опа-далаптарын салып сақтайды. Ал бөгіренің үлкендеуіне мыжылып қалмас үшін бөрік, тақия сынды заттарды да салып қояды.

ҚР MOM қорындағы (КП 16556/2) бөгіре ағаш тақтайшалардан киюластырып жасалып, сыртына ою бастырылған қоңыр түсті терімен қапталған. Бұрыштары темірмен қапталып, қақпағының ортасына, жиектеріне құйма шытыралар айнала қондырылған. Қақпақ топсаларының бастырмасы үш өрімнен өрілген қайыстан, өткізетін бауы өріліп шашақталған бүлдіргіден жасалған. Оның ұзындығы 31 см, ені 17,5 см, биіктігі 12 см. Табанының төрт бұрышына дөңес өкшелік таған қағылған.

БӨДЕ ҮЙ – ертеректе үйде отырып қалған қызы барлар жасау жабдығы толық жеке үй тігіп қоятын. Бұл ауылда тұрмысқа шығатын қызы бар дегенді білдіретін ишара түрі болған. Қыз айттырған, жар іздеген адамдар сол үйге келіп түсуіне болатын.

БӨДЕНЕ – ақшыл жолақты түсі сұрғылт қоңыр, тауық тұқымдас кішкентай құс. Мекиенінің тамағы ақ, жемсауы мен көкірегі теңбіл болады. Егістікте, қалың шөпті шалғында кездеседі. Өсімдік тұқымымен, өркенімен, жәндіктермен қоректенеді.

Бөдене халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде көптеп кездеседі. Бөдене туралы ел аузында мынадай аңыз да бар. Ертеде құстар тобы жиналып, бір таудан асып өте алмапты. Тіпті небір қыран құстардың да тауы шағылыпты. Құстардың бәрі сыннан өтіп болған соң, бөдене тәуекелге белін буып келіп, тауды көкірегімен соғып, тесіп өтіп, арғы жағынан бір-ақ шығады. Содан бері бөдене жерге аяғымен қонбай, жерді көкірегімен соға қонатын болыпты. Бөдененің құйрығы қырғауылдың құйрығынан да ұзын болған екен, тауды тесіп өткенде құйрығы тау тасының жарығына қысылып, жұлынып қалған екен.

Бөдене қазақ ертегілерінде жуас, момын, алайда қулығы бар құс ретінде көрсетіледі. Тіпті бөденені бата-тілекте де келтіріліп, жақсы сипатымен көрінеді:

Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап
Қыдыр келсін қасыңа.
Басыңа қонған дәулетің
Тепкілесе кетпесін,
Суға салса батпасын....

БӨДЕНЕ АУЛАУ – бөденені тормен ұстау. Бөдене егістік, жоңышқа арасында көп кездеседі. Оны аулауға әртүрлі әдістер қолданған. Мәселен, бөденені тормен аулау үшін тор тәріздендіріп қап тоқиды. Оны торқап деп атайды.

Егістік немесе жоңышқа арасына қонған бөденені итпен үркітіп, құс пыр етіп ұшқан заматта торқапты жаба қояды. Осы әдіспен бір күнде 6-7 бөдене аулауға болады.

Бөдене аулаудың тағы бір түрі мынадай: аңшы үстіне шапан жамылып, жеңін иығына бекітілген ұзын ағашқа кигізеді. Қолына торқапты алып бөдене жүрген жоңышқалыққа келіп, иығындағы ағашты ары-бері сермеп, айналып жүгіреді. Бұл сұңқар тәрізді жыртқыш құс ұшып жүрген сияқты әсер қалдырады. Содан қорыққан бөденелер көтеріліп ұшпай, жоңышқа түбіне жатып қалады екен. Сол кезде аңшы оларды торқаппен

ұстап алады екен. Бөдененің еті құнарлы болады. Соған орай ертеректе Сыр өңірінде «бөдененің бір сатанын жеп күпті болып отырмын» тәрізді фразеологизм қалыптасқан. Жергілікті тұрғындар мен бөдене аулаушылар тілінде сатан «бөдененің сирағы» деген мағынада қолданылған.

БӨДЕСКЕ – арба білігіндегі ұзынша темір. Біліктің мықтылығын қамтамасыз ететін функция атқаратын.

БӨЗ – ерсі-қарсы қарапайым тоқылған жұқа мақта мата. Бөз жұқа, тығыз, ақталған, ақталмаған түрлері болды. Бөз негізінен Орталық Азияда тоқылған маталардың қатарына жатады. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей мануфактуралық тауарларының қазақ даласына енуіне байланысты ең арзан және қолжетімді мата ретінде Орта Азия хандықтарынан келетін қолдан тоқылған маталарды ысырып тастады.

Бөз мақта талшығынан боялмай қайта ақталып тоқылғандықтан атауының түп төркіні түркінің «ақ» сөзін білдіретін бөзі, без сөзінің негізінде қалыптасқан, орыс тіліне «бязь» деген атауымен енген. Қазақ тіліндегі бөз орыс тіліндегі «бязь» атауының өзгеріске ұшыраған түрі болуы керек.

Бөз жеңіл және арзан мата болғандықтан, одан іш киім, жеңіл көйлектер, көрпе, жастықтың тысы, түрлі орамал, сүлгілер тігетін. Қазақтың қара өлеңдерінде кездесетін мына өлең жолдарынан байқауға болады:

Дәйім менің кигенім бөз көйлегім,
Жаман жақсы болса да өз көйлегім
Көрмегелі көп айдың жүзі болды
Аман-есен жүрмісіз көз көргенім
Немесе
Жатыр едім далада пішен шауып,
Бөз көйлегім су болды жаңбыр жауып.

Түрлі ғұрыптық жосын-жоралғылар атқарғанда жыртыс, кебін, ақырет киімдерге, көбінесе, бөз пайдаланатын.

Бөздің жұқа, селдір, тез тозуға бейім болуы қазақ тілінде бөз сөзі жасықтық, ынжықтықтың метафорасы ретінде қолданылды. Мысалы, «қойнынан бөзі, аузынан сөзі» түскен мәтелінде ынжық адамның мінездемесін білдіреді. Немесе: «бөздей ыдырады, бөздей айырылды», – деп заттың сапасыздығын айтады.

БӨКЕ – қайықтың түбінен кемеріне дейін көлденеңінен салынған, бүйір ағаштарын бекітетін келте ағаштар. Қайықтың үлкен-кішілігі бөкенің санына қарай ажыратылады.

Әдетте 8-12 бөке салынып жасалған қайықтар қауіпсіз, берік болады.

БӨКЕБАЙ – әйелдердің қыстық орамалы. Ешкі түбітінен шаршы, үшбұрыш немесе төртбұрыш пішінді етіп тоқылатын бөкебай жылы әрі сәнді, бағалы киімдер қатарынан саналады. Бөкебай тоқудың қарға тұяқ, ирек, айшық, құстандай, бұрама сияқты көптеген түрлері мен үлгілері болады. Жиегіне тоқу арқылы «емшек салып» селдіретіп, жиілеп, тығыздап та тоқиды. Жаңа тоқылған бөкебайды жуып, керіп кептіргенде, үлпілдеген түбіті шығып жұмсақ қалыпқа түседі. Бөкебайды жас әйелдер, егде тартқан бәйбішелер де басқа салады. Бөкебайдың халық арасында шәлі, бөкебай салы, бөкебай

орамал деген атаулары да кездеседі. Сондай-ақ, мойынорауыштың тағы бір атауы – бөкебай.

БӨКЕН – қазақ даласын мекендейтін аша тұяқты аң. Бөкенді қазақ сайғақ, ақбөкен, киік деп те атай береді. Бөкен Еуразияда бөкен тұқымдастарына (антилопа) жататын жалғыз түрі. Бөкен өте сезімтал аңдар қатарына жатады. Бөкеннің басқа ашатұяқты, ай мүйізді қоңыр аңның көзге түсетін айырмашылығы дөңес мұрыны мен басын төмен салып жүргізу мәнері.

XX ғасырдың ортасына дейін бөкен Қазақстан жерінде көп болатындығы соншалықты, 70 жылдары ресми аулау объектісі болды. XX ғасырдың соңында қатарынан бірнеше рет болған індет бөкеннің тұқымын жойып жібере жаздады. Осы күндері бөкен Халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген, елімізде мемлекеттік қорғауға алынған аңдар қатарына жатады. Кезінде жаппай аңшылық объекті болған бөкен ауызекі тілде киік аталып кетті.

Бөкен аулаудың далалық тәсілдерінің түрлерін А. Левшин, С. Мұқанов сынды авторлардың еңбектерінен көруге болады. Үстіртте ерте ортағасырлардан сақталған киік (бөкен, құлан, қарақұйрық) аулауға арналған тастан қаланған стационар арандар сақталған. Бөкендердің басқа киік түрлеріне қарағанда анағұрлым көп болуы негізінде қалыптасып кеткен синонимдік атау болса керек.

Дегенмен қазақы ортада қалыптасқан «обал» ұғымы бөкенге қатысты аяушылық пен қорғауға қатысты біршама тыйымдардың қалыптасуына себеп болды. Осы қатарында құралайға залал келтірмеу, тиіспеу, бөкеннің буаз ешкісін ауламау, қажетсіз аңқұмарлыққа салынып бөкенді шамадан тыс ауламау сияқты бірқатар ырым-тыйымдар бар.

БӨКЕН ЖАРҒАҚ – бөкен, қарақұйрық сынды киіктердің терісінен қыбықтырылып иленген тері және сол теріден тігілген бешпент шапандар. Бөкен жарғақ жасау үшін жүні жидітілген терілерді малмада иі қанғанша ұстайды. Иі қанған теріні жақсылап салқын суға жуып, иін кетіреді де еменнің қабығы, тамыр бояу, ат құлақтың тамыры сияқты құрамында қыбықтырғыш ашудас қосылған заттары бар өсімдіктердің түкбасын жақсылап қыбықтырады. Қыбықтырғыш кермектің терінің бойына толық сіңгенін, шеберлер терінің шетінен тілік жасап байқап отырады.

Шала қыбықтырылған терінің кесіндісінің орта тұсы ағарып тұрады, тері толық қыбыққанда терінің кесіндісі қоңырқай түске енеді. Қыбыққан теріні көлеңкеде дегдігенше отырып кептіреді де, қолмен немесе талқыға салып жұмсақтайды. Киіктің терісінен жасалған жарғақ терілер өте жұмсақ жауын-шашынның, әсіресе төзімді, сонымен қоса өте сәнді материал болып табылады. Әдетте, бөкен жарғақ шекпен, шалбар, бешпент секілді сырткіімдер тігіледі. Сәндік үшін жарғақ киім, көбінесе, кестеленіп, оқаланып әшекейленетін болған. Айта кететін жайт – жарғақ шалбарлар мен шекпендердің бір тобы киік, қарақұйрықтың күдеріленген терісінен де тігілетін. Мұндай киім күдері немесе жарғақ сөзі қосылып аталатын, мысалы күдері шекпен, күдері шалбар немесе жарғақ шалбар, жарғақ шекпен. XVIII ғасырдағы қазақ тұрмысы жайлы сөз еткенде қара халықтың жаз кезінде,

негізінен бөкен жарғақ киетіндігін ерекше атап көрсетеді. Бұл сол кездері бөкеннің қаншалықты көп екендігін көрсетумен қатар, олардың терісінің илеуге, ыстауға, қыбықтыруға оңтайлы екендігінің де белгісі болса керек. Шындығында да бөкеннің терісі, жүні оңай жидітін жұқа, жұмсақ, судың әсеріне төзімді болып келеді. Осыған орай одан түрлі шекпен, сулықтар, шалбар тігілетін болған, соның ішінде ең белгілісі бөкен жарғақ болса керек.

БӨКЕН ЖЕЛІС – жылқы желісі. Бөкен желіс деп жылқының ұзаққа шыдайтын екпінді желісін айтады. Әдетте алыс жолға асығыс шыққанда шабар болса жануар жылдам болдырып қалатындықтан, бөкен желіспен жүреді.

БӨКЕН ЖҮН – мал түлеп, жүн тастағаннан кейін шыққан, әлі ұзарып өсе қоймаған қысқа жүн. Бөкен жүннің сапасы жағынан күзем жүнге қарағанда қылшығы аз, түбіті мол болады. Оны кей жерде ұрғашы жүн, кей жерде сары жүн деп те айтады.

БӨКПЕ / БӨКПЕН – талқанды, ұнды май қосып қуырып, сүтке бөктіріп пісірілген тағам. Бөкпе жас балаларға, бауыры ауырған адамдарға жұғымды, жеңіл тағам ретінде беріледі. Халық арасында күріш ботқаны, балықтың сорпасына нан турап, бөктіріп дайындайтын тамақты да бөкпе деп атайды.

БӨКСЕРШІ – дәстүрлі қоғамда қауымдастық жұмыстарға, асарға қатысушы. Арық, тоғандарды тазалау немесе жеке отбасының құрылыс жұмыстарын ауыл-қауым болып көтеріп кететін. Осындай жұмыстарды орындаушыларды бөксерші деп атайтын болған. Бөксершілер, әдетте, бір күндік қол көмегін көрсететін.

БӨКТЕРГІ – қанжығалықтың бөктермелік тұсының атауы. Бөктертіге қанжыға арқылы қоржын, дорба сияқты заттар байланады.

Салт мінілетін атқа салынған ердің артқы екі қанжығасына бірдей байланған заттар да бөктерме, бөктерінді деп те аталады.

БӨКІ – теріден тігілген кебіс. Иленген түйенің терісінен, қалың көннен тігіледі. Бұл аяқкиімнің шәркей, шақай, шоқай деген де атаулары бар.

БӨКІС – қонышын киізден, бас жағын былғарыдан тігілген етіктің Маңғыстау өңіріндегі жергілікті атауы. Яғни, киіз етік. Бөкістің басы былғарыдан, қонышы киізден тігіледі. Тұтас киіз етіктің басын былғарымен қаптап та дайындаған. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезеңінде қазақ зиялыларының арасында ерекше бағаланды.

XX ғасырдың 20-50 жылдары да үлкен сұранысқа ие болды. С.Сейфуллин, А.Асылбеков, С.Мұқанов сынды қазақ зиялылары осындай етіктің түрін пайдаланған. Қолданыстан XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап шығып қалды.

БӨЛЕ – апалы-сіңлілердің балаларының бір-біріне туыстық қатынасын білдіретін атау. Бірге туған апалы-сіңлі әйелдердің балалары туған бөле, ал туысқан апалы-сіңлі адамдардың балалары бір-біріне қарын бөле болып келеді.

БӨЛЕК / БӨЛЕУ – бүркіттің құндағы. Ағашты ішіне құс денесі сиярлықтай шеңбер тәрізді етіп иіп, киіз, шүберек байлап, жасайды. Мұндай құндақпен ұстаған құстарын «бөлеп» алып жүреді. Құс саяттан соң қалжыраса, тоңса,

ұйықтаса немесе алысқа алып жүретіндей болса, құсты баланы бесікке бөлегендей етіп шүберекке орап, қымтап, сыртынан баумен бос байлап, құндаққа салып қояды.

БӨЛЕК ШЫҒАРУ – үйленген ұлдарына енші беріп, жеке отау етіп шығару. Бөлек шығару – алдағы тіршілігін қамтамасыз ететіндей мал-мүлік бөліп беріп, отбасылық құрылымды тиімді үйлестірудің ғасырлар бойы қалыптасқан тәсілі. Отбасында үйленген үлкен ұлды жеке шаруашылық құрып, бөлек шығарса, кенже ұлы әке шаңырағының, яғни әке дүние-мүлкінің иесі болып қалады. Қазақы ортадағы әлеуметтік қатынасты реттеудің ілкімді институттарының бірі. Сонымен бірге, шаруашылық-экономикалық қатынастарды ұйымдастырудың да тиімді тәсілдерінің бірі болды.

БӨЛТЕК – дәстүрлі егіншілікте аздаған жер көлемін білдіретін тұспалдау өлшем. Бөлтек сандық өлшемге жатпайтын, шамалап анықталатын өлшемдер қатарына жатады. Кейбір өңірлерде бөлтек ұғымы бөлшек және бөлек ұғымдарымен ұштасып жатады, осыған байланысты бөлтек аумағы кішірек, жеке жатқан егістік жерді білдіретін ұғым деп пайымдауға болады. Қазақстанның шығыс өңірлерінде шоқ болып өскен ағаштарды бөлтек ағаштар деп атайды. Дей тұрғанмен, көнеден жеткен ұғымның қолданыс аясы және сандық баламасы анықтала қойған жоқ. Осыған байланысты бөлтек ұғымы әлі де қосымша зерделеуді қажет ететін мәселе деп қарауға болады. Арал балықшыларының арасында бөлтекке ұқсас кішкентай егістік жер бөлшегін құмалақ деген атау кездеседі. Зерттеуші Ж.Досқараевтің жариялаған дерегі бойынша, құмалақ кедей балықшылардың үлесіне құмдауыт сапасыз жерлерден тиген кішкене егістік жер көлемі. Зерттеушінің пайымдауынша құмалақ сөзі құм және алақ деген құрамдас бөліктерден тұрады. Жергілікті говорда алақ сөзі қолайсыз, жағымсыз дегенді білдіреді. Яғни құмалақ сапасыз құмдауыт жердегі кішкентай егістік жер көлемі. Бұл тұрғыдан бөлтек ұғымы құмалақ ұғымымен синоним болып келеді.

БӨЛТІРІК – шоқ-шоқ болып өсетін биіктігі 15-20 см шөп. Сабактарының ұшында ұсақ бүрлері болады. Бөлтірік сортаң шөптер қатарына жатады. Жауын-шашында бүршіктері бөртіп, уыттанады. Осы кезде бөлтірік күйіс қайыратын малға шытыр тәрізді әсер етеді, яғни бөлтірік жеген қой, сиыр, ешкінің іші кеуіп уланып қалады. Емдеу тәсілі сиырды іші қайтқанша қуалап іштегі желін кетіреді, кейбір жағдайда бөлтірік жеген бұзау шорпақтың қалышар жақ бүйірін соңғы екі қабырғасы жағынан тесіп жел шығаратын болған. Бөлтірік көп жеген қой ешкі іші кеуіп өліп те қалады. Қазақ малшылары бөлтірік барын көрсе тез арада жайылымды ауыстырып отырған. Айта кететін жайт бөлтірік қазанның суығы түскен кезде уытынан айырылып, толыққанды жайылым отына айналады.

БӨЛТІРІК МАЙТАБАНЫН СУҒА СОРҒЫЗУ – суық суға тұрғызып қою арқылы табанды майдан арылу. Тәжірбиелі аңшылардың айтуынша, қарақұлақтанып есейіп қалған бөлтіріктерді, тіпті жортуылға әне-міне жарап қалғандарын да арланы мен қаншығы бұлақтың мұздай суына тұрғызып қояды. Бөлтіріктер тілерсегіне дейін мұздай суға тұрып, жалығып, арлан мен

қаншыққа қарап қойып, судан шыққысы келеді. Бірақ судың екі шетінде тұрған «әке-шешесі» міз бақпайды.

Сыртқа шығуға ұмтылған бөлтірікті арланы немесе қаншығы кеудесімен қақпайлап, суға қарай қайта бұрып, түсіріп жібереді. Суға құлап түскен бөлтірік, амалсыз мұздай суда түрегеп тұруға мәжбүр болады. Судан шығып, бой бермей алысқа ұзап кетсе де бөлтірікті енесі желкесінен тістеп алып, сүйрелеп жүріп суға тастайды. Осылайша ата-енесі бөлтіріктерін бұлақтың мұздай суында күні бойы ұстайды.

Қасқырлар бөлтіріктерінің майтабанын суға сорғызу үшін күшіктеген апанының маңайында бұлақ болмаса, қалайда суық суы бар жерге, көбінесе бұлаққа, байпандатып отырып апаруға тырысады.

Бөлтіріктерін суық суға ұзақ уақыт тұрғызып қою жазалау емес, жарату болып саналады. Өйткені жаз бойы тамаққа тойған ашқарақ бөлтіріктер тез өседі әрі семіреді. Олар семіріп кеткендіктен балпаңдап, екі жағына ырғала жүреді, аяқтарын ауыр алады. Бұндай күйдегі бөлтіріктер дұрыстап жүгіре алмайды. Ал қасқырға жүгіру ғана емес, ұзаққа шаба білу керек. Семірген бөлтіріктердің табанына май жиналғандықтан, жүгіргенде табаны тез алынып, шаба алмай қалады. Сондықтан қасқырлар бөлтіріктерін мұздай суға сағаттап тұрғызып қойып, аяушылық көрсетпей табандарының майын сорғызады. Судан шыққаннан кейін бөлтіріктерді ары-бері жүгіреді. Бұл – қасқырлар үшін бұлжытпай орындайтын «заң» болып саналады.

Оны орындамаса олар өмір сүре алмайды. Өйткені «Ер азығы мен бөрі азығы жолда». Жүгіруге, қуып жетуге, аң-құс пен малға шабуға жеткілікті дайындықтан өтпесе, ыстық-суыққа шынықтырылмаса, қасқыр өмір сүре алмайды.

БӨЛІК ЖҮРГІЗУ – көшпелі ортада көбінесе ру-қауым (рулық) территориясындағы жайылымдық пен шабындық жерлерді және су көздерін бірталалардың арасында бөлу жосыны. Бөлік жүргізу руаралық деңгейде де атқарылып отырған. Орыстың отаршылдық жүйесі орнағанға дейінгі кезеңде қазақы ортада жер дауы сирек кездесетін құбылыс еді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында патшалық режим жүргізген әкімшілік-саяси реформалар және қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі деп жариялануының салдары – орыс келімсектерінің қазақ даласының ең шұрайлы жерлерін зорлықпен иемденуі қазақы ортадағы жер мәселесін ушықтырып жіберді. Жер тапшылығы, тіпті, бір рудың ішіндегі ағайынды отбасылардың – бірталалардың арасына да жік түсірді. Осыған байланысты туындаған даудамайды ақсақалдар кеңесі немесе билер сотының шешімімен бөлік жүргізу арқылы реттеп отырды. Кейде бұл мәселе рудағы беделді адамның арағайындық төрелігімен де шешімін тауып отырды. Бөлік жүргізгенде бақталасқан адамдардың жерге байланысты мұрагерлік құқығы нақты айғақтар негізінде жан-жақты зерттелініп, қатаң ескерілді. Осыған орай, көрнекі мысал ретінде ұлы Абайдың Тобықты тайпасының бір тармағы Мамай руының Жамантай мен Көжекбай дейтін ағайынды екі адамының арасындағы әкелері Жамантайдан мұраға қалған жерге таласын бөлік жүргізу тәсілімен шешкендігін айтуға болады. Байып алып, өктемдікке басқан қарау

ойлы айла-шарғысына дес бермеген Абай әлгі ағайынды адамдардың әрқайсысына әкесі Жамантайдың көзі тірісінде бөліп берген жерлердің бұрынғы омақасын (межесін) тауып алып, сол омақа-меже бойынша бөлік жүргізіпті. Сөйтіп, ағайынды адамдардың арасындағы бүкіл ел-жұртты мазалаған жер дауын күллі ру адамдары риза болғандай әділ шешіп берген екен деседі. Бөлік жүргізу көшпелі ортадағы жер мәселесін шешудің ілкімді тәсілі – институттарының бірі болды.

БӨНТІР – талдан тоқылып жасалатын цилиндр тәріздес, бір шетінен балық кіретін тесігі бар екінші жағы конусталып тұйықталған аудың жергілікті атауы. Бөнтір Қазақстанның Солтүстік, Солтүстік-Батыс аймақтарындағы орыстарымен қоныстас отырған өңірлерде тараған. Бөнтір орыс тіліндегі «вентерь» сөзінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сай өзгерген атауы. Талдан тоқып жасалатын құрылымы бөнтірге ұқсас, аздаған өзгешелігі бар ауды қазақ балықшылары қода деп атайды.

Құрылымы бөнтірге ұқсас болып келетін жіптен тоқылып темір шеңберлерге кигізіліп жасалатын ау абақ деп аталады.

БӨПЕ – емшектегі сәби, бір жас пен екі жас аралығындағы нәресте.

БӨРЕНЕ – бұтақтары шабылып, қабығы аршылып, ұзындау етіп кесілген жуан ағаш. Бөренені үй құрылысына, қора-жай салуға пайдаланылады.

Орыс келімсектерінің әсерімен қазақтар да ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап үй, қора-қопсы салу мақсатында бөрене дайындаумен айналысқан.

БӨРТЕ – ақ-қара қанық аралас көк-сұр түстінің атауы. Бөрте мал көпшіл сұр түсті болады. Әдетте, бөрте түсі жылқы мен ешкіге қатысты айтылады. Зерттеуші О. Ошанов бөрте сөзінің түп төркінін қасқырдың көне атауымен байланыстырып, уақыт өте өзгеру салдарынан көкшіл сұр (бөрі түстер) түсті малдың түсінің атауы болды деп түсіндіреді. Қазақ жылқыны негізгі түсі бөрте болып қосымша белгілері болса бөрте сөзін қосып атай береді: бөрте төбел, қасқа бөрте, көкжал бөрте деген атаулар осыны білдіреді.

БӨРТПЕ¹ – дәнді дақылдардың жармасынан, күріштен және пісірілген сөктен сүт қосып қайнатып жасалатын тағамдар тобының атауы. Қою болатын бөртпенің орта тұсын ойып, май салып жейді. Май ерігенде бөртпе дәмі жақсара түседі. Кейде бөртпені арпа, бидайды суға бөктіріп те жасайды. Бөртпені көбінесе егінші ауылдар әзірлейді. Бөртпе күнделікті ас ретінде саналып, қонақтарға ұсыныла бермейді. Сонымен бірге, бөртпе тамақты талғап жейтін, асқазаны ауыратын адамдарға арнайы пісірілетін халықтық диеталық тағамдар қатарына жатады.

БӨРТПЕ² – қан-сөлінен айырған еттен дайындалатын, қыран құсқа берілетін жем түрі. Қыран құсқа берілетін бөртпені етті жұқалап турап, суға салып қойып дайындайды. Бөртпе жас қырандарға беріледі. Кешке бөртпе жеген құс ертеңіне жинақы, сергек болады. Туралған соң үш-төрт рет суға жуылған, жартылай сөлінен айырылған етті сары бөртпе, еттің суық суға одан да молырақ шайылып, әбден бозарып ақшуланған түрін ақ жем деп атайды. Мұндай жемді баптап жүрген құсқа да береді.

БӨРТПЕ ШӘЛІ – бізбен селдір тоқылған, шеті айнала ұзын шашақты болатын төртбұрышты әйел жаулығының түрі. Әдетте арнайы жасалған жібек жіптен тоқылады.

Қазақ әйелдері арасында ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданысқа ие болды. Ауқатты қазақ отбасылары орыс қалаларынан арнайы алдыртып отырған. Өте қымбат бағаланды. Бір бөртпе шәлінің құны орта есеппен 1-3 жылқыға дейін бағаланған.

БӨРІ – халықтың дәстүрлі дүниетанымында айрықша этномәдени мәнге ие қасқырдың эвфемистік атауы. Қазақтарда осы хайуанның киелі саналуы ғұндар мен ежелгі түркілерден бастау алады. Ежелгі түркілердің этногониялық генеологиясы бойынша бөрінің қаншығы алғашқы түркілердің анасы болған. Сондықтан да олар бөрі бейнесін байрағына рәміз етіп, алтын бөрі басты ту көтеріп, көкбөрі деп ұран шақырған.

571-582 жж. аралығында билік құрған, алғашқы түрік қағандарының бірі – Таспар қаған (Құтлық) жасатқан ғұрыптық кешендегі бітіктаста «бөрі» (ашина, ашиде) бейнесі бедерленген. Зерттеушілер осы бітіктастың жоғарғы тұсындағы бөрі (қасқыр) бейнесін «Ашына (Қасқыр)» туралы аңызбен байланыстырады. Қағанды, оның ордасын, қағандық биліктің жоғары лауазымды билік иелерін: йабғұ, шад, тархан, бұйрық, тегіндерді күні-түні қорғаушы, күзетуші әскери жасақтарды да «бөрі» деп атаған. Көк бөрі «Тәңірдің қасқыры» деген ұғымды білдіреді.

Осы дәстүр кейінгі кезге дейін жалғасып, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, жазба деректерде, жыраулар поэзиясында молынан көрініс тапқан. Ертегі, аңыз-эпсаналарда қиналған, қысылып дағдарған негізгі кейіпкерге тосыннан ұшырасқан бөрі көмекке келіп, жол көрсетіп, бастап алып жүреді. Қапыда атынан айырылған басты қаһарманды барар жеріне жеткізеді. Туғандарынан жапа көрген немесе қаза тапқан батырды тірілтіп, кек алуына көмек береді. Батыр туар әйел қасқырдың жүрегіне жерік болады.

Өздерін көк бөрінің ұрпағымыз деп білетін қауым бөріні наным-сенімдерге негіз етіп, ерекше әспеттеген. Дәстүрлі ортада «атын атама, пәлекет келеді» деп ырымдап, атын тура атамай, ит-құс, қарақұлақ, серекқұлақ, ұлыма деп т.б. жанама атаумен атайды. Осылайша қасиетті саналып, елдің тотемдік белгісіне айналған бөрінің атын тура атамай, табу сөздермен атау орын алған. Сырттан, Бөрте, Құртқа, Арлан сияқты бөрінің жынысын, жасын білдіретін атаулардың есім ретінде адамға қойылу үрдісі бөрінің киелі қасиетіне байланысты қалыптасқан қорғаныс магиясына негізделген.

Бөрі еркіндіктің, мәрттіктің, алғырлықтың символы болып саналады. Байырғы ортада батырлардың ішіндегі елден ерек, өзгеше бітімді белдісін көкжал деп атап көтермелейді. Көкжал сөзін батыр ұғымымен синонимдес қолданғанымен, онда салмақты мән бар, яғни батырлардың ішіндегі мықтысы деген мағынаны білдірсе керек. Мәселен, Барақ батырды көкжал Барақ деп атаған.

Оғызнамада кезекті бір жорыққа аттанған Оғызханның алдына түсіп алған көкбөрімен адамша сөйлескені баяндалады. Халық Ер Жәнібекті бастап жүретін екі бөрі болыпты дейді. Ал Сұраншы мен Бұғыбай батырлардың

найзаларының ұшында құймаланып жасалған бөрі басы бейнеленген екен. Көкпар (көкбөрі) тартқанда, ешкімге есе бермей, топты жарған жігітті Көкбөріге балаған.

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім...
Махамбет

Бөрі тектілікті, өрлікті білдірумен бірге магиялық қасиеті бар өсіп-өнгізуші тіршілік иесі (итке де қатысты) ретінде де танылды. Қоралы қойға қасқыр шапса, «көк бөрінің аузы тиді, көк Тәңірі қолдайды, мал басы өседі» деп ырым етеді. Ұрпақты болу үшін жаңа түскен келін итке етегімен дәм берді. Қасқырдың әртүрлі мүшелерін түрлі ем-домдық шараларға пайдаланған, бойтұмар ретінде бойда сақтаған. Сәукеле әшекейіне зиянды күштерден сақтайды деп тұмар ретінде бөрі тісін таққан. Желінсау болып ауырған малды қасқырдың бас сүйегіне сауады; мешел (рахит) баланы бөрінің бас сүйегі салынған суға шомылдырады; көз тиіп ауырған баланы арнайы кептіріп сақтап қойған қасқырдың езуінен өткізіп алып, тіл-сұғын шығаратын магиялық ырым жасайды. Жаңа туған сәбиге алғашында қайнаған суға малған қасқырдың жүнін сорғызып ауыздандырып, содан соң барып емізеді. Бұл, бір жағынан, сәбидің асқазанынан жел шығару әрекеті болса, екінші жағынан бөрі иеге, пірге табынудың жұрнағы болып саналады.

Жаңа туған нәресте көйлегін итжейде немесе иткөйлек деп атайды. Мұның мәні бөрідей (иттей) берік, жаны «сірі» болуын ырымдаудан туған. Сондықтан аяғы ауыр әйелдің итке «кет» деп айтуына тыйым салынады. Тілі жай шыққан балаға итаяқтан су ішкізіп, көз тиген баланы итаяққа шомылдырады. Бөрінің асық сүйегін жол ашады, пәле-жаладан қорғайды деп, ер азаматтар жанына алып жүреді, ырымдап үйде сақтайды.

Көшпелі орта мал далаға түнеп қалса, «қасқырдың жағын байлау» рәсімін жасаған. Ол үшін егер үйде бар болса, бөрінің жақ сүйегін, ол болмаса, көбінесе қайшының аузын, кейде тымақтың немесе дамбалдың сол жақ бауын, баланың жейдесінің жеңін, түндіктің алдыңғы бауын шорт байлап: «Түнемедегі маңыраманы аман сақта, Құдайым, ұлыманың аузын будым!» деп айтатын болған. Түз тағысы бөрі ұғымы мен көшпелі халықтың көсем, басшы, батыр ұғымдары арасындағы өзара сабақтастық семантикалық мәнді байланысты пайымдауға болады. Асқан жаужүрек батырды абадан, арлан, көкжалға теңейтіндігі сондықтан. Сонымен қатар бөрінің күнделікті тұрмыстық ортада, шаруашылық қарекетінде үлкен мәнге ие болғандығын аңғарамыз.

Осы ретте үлкен жиындар мен басқосуларда өткізілетін көкпар мен баскиімнің бір түрі бөріктің атаулары далалықтар ерекше қасиет тұтқан түз тағысы бөрі атауынан бастау алатындығын жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймыз. Мысалы, ерекше қуанғанды білдіретін «Бөрікті аспанға атты» деп келетін фразеологизмдегі бөрік осы үрдіске ерекше мән береді. Себебі бөрік

атауы мағыналық жағынан бөрі атауымен шендес (сөзіміздің дәлелі ретінде қазақ еш уақытта баскиімнің басқа түрлерін, мысалы, тымақты немесе тақияны аспанға атты деп айтпайтындығын келтіруге болады).

БӨРІАУЫЗ – темірді қысып ұстап тұратын аспап. Ұсталық кәсіпте қолданылатын құрал. Негізі асыл темірден жасалады. Ұста дүкенінде темір, ағашты т.б. өңдеу кезінде қозғалмай тұруы үшін бөріауызға қысып, бекітіп қояды. Бөріауыздың қос ернеуі бұранда арқылы қозғалады.

ҚР МОМ қорындағы (КП 3590-2) аспап ағаш дөңбек, тұғырға (биікт. 30 см) тігінен орнатылған. Бұранданың механизмін іске қосу үшін қарапайым ұзын жұмыр тұтқасын қолданады. Бөріауыздың биіктігі – 55 см, табан жағы – 20 см.

Бөріауыз Қарсақпай кенінен алдырылған. Әбдіғаппар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Кейкі батырлар бастаған 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс кезінде сарбаздарға қару-жарақ соққан ұсталар пайдаланған.

БӨРІК – жиегіне теріден әдіп басылған, жұрындалған, жұқа жүн немесе жібек материалмен тысталған құлақсыз маусымдық баскиім. Баскиімнің бөрік аталуы қазақы ортада бөрінің киелі хайуан ретінде қастерленуіне байланысты болу мүмкін. Қазіргі кезде де кавказдықтар қасқыр терісінен тігілген баскиім киіп ғұрыптық ойындарын атқарады. Мұны қазақтың көкпар тартуымен төркіндес деуге де негіз бар.

Бөрік те ілкіде ерекше қызметі бар баскиім түріне саналса керек. Аса қуанышты жағдайды бастан кешкен, естіген, көрген адам сезім күйімен өзін қоярға жер таппай шаттыққа бөленеді. Бұндайды сырттай бақылаған адамдар қуанғаннан бөрік аспанға атты деп жатады. Осы тұрақты оралым да байырғы ортада қалыптасқан көне жосынды білдірсе керек. Қазақ баскиімін шешкенде құт кетеді деп шалқайтып тастамайды, аяқасты қылмай, жоғары іледі, киіп жүрген баскиімін ешкімге бермейді. Ал аспанға атып лақтыру ерекше жағдайда ғана атқарылған болуы мүмкін. Алайда этнографиялық экспедициялар барысында баскиім лақтыру «жосыны» жайлы сұрастырғанымызда қолға ілігердей дерек болмады. Ендеше мұның мәнін ашу, талдау болашақ ізденістер еншісінде.

Байырғы ортада әр рудың өзіндік үлгілер мен нақыштарға толы бөріктері болған. Пішіні, пішілу ерекшелігі қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, татар, ұйғыр, орыс т.б. халықтардың баскиімінің пішініне ұқсас бөріктің тек тілдік аталымы ғана түрліше, қызметі мен мазмұны бірдей, демек этномәдени байланыстың негізінде бір-біріне тараған.

М. Әуезовтің шығармаларында бөріктің ақ қоян бөрік, барқыт пұшпақ бөрік, кәмшат бөрік, қастекі бөрік, жұмыра бөрік, құндыз бөрік лақ тері бөрік, ноғай бөрік, ноғайша бөрік, ноғайша құмыра бөрік, ноғайша құндыз бөрік, пұшпақ бөрік, сусар бөрік үкілі бөрік, үкілі кәмшат бөрік, үкілі құндыз бөрік, шошаң бөрік, бөрікші деген түрлері кездеседі. Бөріктің жазғы және қысқы түрлері болады. Жаздық бөрік аң терісінен жұқа әрі жеңіл етіп тігілсе, қыстық бөріктер астарына жүн, мақта сырып салып, барқыт, пүліш, атлас сияқты маталармен тысталады.

Дәстүрлі ортада жас жігіттер мен сал-серілер, ақындар зерленген, өрнектелген бөріктеріне үкі таққан. Бөріктің негізгі пішіні қазақы ортада бірдей болған, көбінесе төрт бірдей үшбұрышты сайдан біріктіріліп тігіледі. Төбе шетінің конфигурациясы олардың пошымна сай жоғарыдан төмен қарай біртіндеп үшбұрыштанып бітуі әртүрлі болып келеді. Кейін конус пошымды үшкір (XIX ғасырдың басы), шаршылы болып келетін түрге ауысқан. Бөріктің төбесі көбінде төрт сайлы немесе алты сайлы болып келеді. Әр сайдың төбеде түйсетін ұштары үшбұрыш тәрізді, етек жақтары тік төртбұрышты болады. Осы қиындылардың бір бетіне шүберектен астар, екі арасына бидайыға жұқа матадан шүберек салып, жиі етіп сырады. Содан соң жеке-жеке сайларды біріне-бірін өбістіріп, ішінен де сыртынан да жөрмеп тігеді. Оның сыртын асыл матамен тыстайды. Сырты неше сайлы болса, іші сонша сайлы болады. Бұдан кейін бөріктің төбесінің етегі жай матамен астарланып тігіледі де, төменгі жағы төрт елідей терімен (қылшығын сыртына қаратып) жұрындалады. Қыздар киетін бөріктің төбесіне үкі, шашақ тағып, зерлі жіппен кестелеп, меруерт, маржан тізбелер, алтын, күміс түйме қадаған.

Бөріктің жиегін, әдібін жүн немесе мақтаны қалыңдатып салған маталардан көмкеріп тіккен. Киген кезде етегін қайырып алған, сонда жиегі теріден болып келеді, олардың жалпақтығы қаншалықты қайырылғанына байланысты, шетін теріден әдіптеп, тері астына қосымша жүн тығып қойса, әдіп шеті дөңес болып томпайып тұрады. Бөріктің төменгі жағы, етегі жалпақ болып келген немесе жұрыны матамен астарланып кері қайырылып тұрған бөлігін түрме деп атайды. Бөріктің түрмесі кейде жалпақ, кейде жұмыр етіліп жасалады. Шошақ төбелі бөрікті ақын, әнші, сал-серілер мен өнерпаз жастар өте сәнді етіп, үкі тағып киген. Жиегі сусардың терісімен көмкерілген бөріктің түрі сусар бөрік деп аталады.

Бөрікті ерлер де, қыздар да киген, алайда қазақтың «Бөріктіңің намысы бір» деген сөзіне қарағанда бөріктің негізінен еркектерге тән баскиім болғандығы байқалады. Ерлердің ойын-тойға киетін қымбат бағалы бөріктері болады. Қыздарға арналған бөрік сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қалыңдау, қымбат бағалы матамен тысталып тігіледі. Бөрікті әртүрлі үлгіде қозы, қой, түрлі аң терілерінен, пұшпақтан тігеді.

Бөрікті жұрындалған терісіне қарай сан алуан түрге бөліп атайды: алтайы қызыл бөрік, қамқа бөрік, қазақы бөрік, қарқаралы бөрік, құлын бөрік, құндыз бөрік, құрайыш бөрік, құс бөрік, мари бөрік, нар өркеш бөрік, ноғай бөрік, оқалы бөрік, сәукеле бөрік, шеркеш бөрік, шоқты бөрік, шоппаш бөрік және т.б. Жиегі ерекше қымбат аңдар терісінен жасалатын кәмшат бөрік, құндыз бөрік, жанат бөрік қарсақ бөрік сусар бөрік, түлкі бөрік, күзен бөрік және оқалы бөрік деп аталатын бөріктің түрлері ертеде киіп, кәделі сый, жасау қатарынан орын алған.

Бөріктер пішініне қарай да бірнеше түрге бөлінеді. Кең таралған түрі – төрт төбелі бөрік киізден сырылып, үш құлақ тымақтың төбесіне ұқсатып тігілетін бөрік. Бөріктің етегі түріліп, иленген пұшпақ, құндыз, сусар, түлкі, қарсақ, мәлін терілері көмкеріле жұрындала ұстатылады. Төбесінің тысы қара, қаракөк-жасыл болып келеді, үкі қадалмайды. Төрт төбелі бөрікті көбінде орта

жасқа дейінгі адамдар әйел-еркек демей кие берген. Айырмашылығы, ерлер бөрігінің етегі жалпақтау, әйелдер бөрігінің етегі жіңішкелеу келеді. Балалар үкі тағып киген.

ҚР MOM қорындағы (КП 9427) төрт төбелі құндыз бөрік қоңыр барқытпен тысталған, керегесі биік тігілген. Дөңгелене күмбез тәрізді келген төбесі төрт сайдан құралған. Бидайы түйенің жүнінен, керегесінің етегі айналдыра құндыз терісімен жұрындалған. Деректерге жүгінсек бұл бөрікті Шоқан Уәлиханов киген. Ол дүниеден озып, киімін таратқанда Шоқанның қарындасы Уәлиханов Бәдіғұлге берілген. Биіктігі 21 см, мильқ шеңбері 53 см.

Дөңгелек бөріктің төбесі киізден немесе мақтадан тартылып, сырылып, қатырылып, астармен тыс қапталып тігіледі. Дөңгелек бөрікке үкі тағып, қыз балалар ғана киген. Төбесінің тысы ашық өңді болады. Етегі сусар, құндыз, түлкі, қарсақ, мәлін, қоян терілерімен көмкеріліп жұрындалады. Бөріктің етегі жалпақ, төбесінен 2-3 елі төмен болса, жарасымды болады. Қыс, жаз, көктем мезгілдерінде киюге арналады.

ҚР MOM қорындағы (КП 15295) қаракөк түсті барқытпен тысталған, керегесі биік, дөңгелек төбелі пұшпақ бөріктің төбесі төрт сайлы. Сайларының ұшы үшкілдеу етіп пішілген. Түлкі пұшпағымен астарланған, ол етегінен қайырыла шығып, жұрынға ұласқан. Оның биіктігі 22 см, мильқ шеңбері 55 см. Иесі – ұлы Абайдың тете інісі Ықсан.

ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 8044-115) тағы бір дөңгелек құндыз бөрік қызыл барқытпен тысталған, жалпақ төбелі. Әйел адамға арналып тігілген баскиімнің төбесіне шоқ үкі қадалған. Төбесі мен керегесі жымдасып келген. Бүйірі шығыңқы етіп жасалынған, керегесіне құндыз терісі күсілген. Бидайы мақта мен матадан салынған, астары қызыл атластан сырылған.

Жалпақ бөрік төбесіне мақта тартылып, сырылып қатайтылады да, астар-тыс қапталып, етегі қозының елтірісімен, құндыз, қарсақ, сусар т.б. аң терісімен жалпақ көмкеріледі. Көбінде бүліспен қапталады, үкі қадалмайды. Жаз, күз маусымдарында киюге қолайлы. Орта жасқа дейінгі еркектерге арналған.

Қарқаралы бөрік қыздарға арналған төбесі конус тәріздес үшкір, шошақ, етегі қиғаштау етіліп құндыз, түлкі, пұшпақ, сусар т.б. аң терісімен көмкеріліп жұрындалады. Төбесіне үкі немесе аң терісінен шоқ тілше тағады. Маржан тізбелері, түйреуіш, моншақ тағылған бөрікті қыздар киіп, шекелік түсірсе, тіпті ұнасымды, жарасымды болады.

ҚР MOM қорындағы (КП 3422) зерлі бөріктің биіктігі 25 см, мильқ шеңбері 51 см. Бөрік қызыл барқытпен тысталған, үшкір төбелі, қыз балаға арналып тігілген шошақ баскиім. Екі сайдан құралып тігілген, мақта матамен астарланған. Жиі сырылған керегесінің сыртынан ақшыл зертаспаны сайдың бөліктерінің бойынан келтіргендей етіп, тік, көлденең, және доғалдай басып тіккен. Етегі айналдыра құндыз терісімен жұрындалған. Оның жоғары жағына, қаракүс тұсында бармақтай тері қиығы (тілше) тігілген.

ҚР MOM қорындағы (КП 3423) жасөспірім баланың зерлі бөрік қызыл барқытпен тысталған, шошақ төбелі. Керегесіне зер жіппен көгеріс өрнек

кестеленген. Өрнектердің арасына сары түсті бүртіктер қадалған. Бидайы мақтадан, астары мақта матадан. Етегі ондатра терісімен жұрындалған. Зерлі бөріктің биіктігі 19 см, мильқ шеңбері 44 см.

Оқалы бөрік құндызбен жиектеліп, қызыл немесе көк масатымен тысталады. Бөріктің төрт сайына қосылған оқа бастырып тігеді. Сайларының арасы алтын, күміс жіптермен безендіріледі. Қыздар бөрікінің түрмесі көбінесе жалпақ, төбесі төрт сайлы, биіктеу болып келеді. Алтын, күміс теңгелермен, асыл жіптермен безендіріледі, үкі де тағылады. Нар өркеш бөрігі – төбесі нар өркеші тәрізді, алды-арты тікшелеу тігілген елтірі бөрік түрі.

Алтайы қызыл бөрік – жүні салаланып өскен, қызыл реңкке енген түлкі терісінен немесе оның пұшпағымен жұрындалып жасалған маусымдық баскиім. Қызыл түспен аталатындығы бөріктің алтайы қызыл түлкінің терісінен жасалғандығына байланысты. Оның жоғары сапалы болатындығы да сондықтан. Алтайы және қызыл ұғымдары ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болған. Мысалы, Базар жырау:

Дүние қызық көрінді

Алтайыдай алдымда

Соқпаққа көрдім серменіп.

ҚР МОМ қорында ХХ ғасырдың 50 ж. Омбы өңірінде (Ресей) жасалған төбесі шаршы тәрізді алтайы бөрік КІ 12786 нөмірімен сақтаулы. Биіктігі 28 см, мильқ шеңбері 48 см. Аласа келген төбелдірігі қара барқытпен тысталып, дөңгелек пошымды етіп тігілген. Тысы төрт сайдан тұрады, келген. Бидайы мақтадан, астары көк түсті матадан салынып, жиі сырылып тігілген. Керегесінің етегіне түлкі терісімен бастырылған жалпақтау, жұрын жеке бастырылып тігілген

Дәстүрлі қазақ қоғамында бөрікпен ұру, тымақпен ұру, ұрып алу деп таңдап, іріктеп алу сияқты ғұрыптық мәнге ие ұғымдар бар. Қыз таңдағанда тымақпен немесе бөрікпен ұрғандағы «құламай қалғанын алдым» дейтін сөз де көп айтылады. Сондай-ақ Бөрік жасырмақ, Бөрікпен ұру ұлттық ойындарындағы Бөрікті алып қашу, Бөрікке таласу әрекеттері осынау баскиімнің көне заманда ғұрыптық қызмет атқарғандығының бір айғағы болса керек.

БӨРІК ЖАСЫРМАҚ – топтанып ойнайтын балалар ойыны. Бөрік жасырмақ осы күні ұмыт болған ойын, ойынның сипаттамасы А.Диваевтың еңбегінен беріліп отыр. Қатысатын ұл балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтан бір бала шығып, өз тобындағы бір баланың қойнына бөрік жасырып, қарсы топтың бір ойыншысына бөрікті тауып алуға нұсқау береді. Ойыншы бөрікті таба алмаған, балаға айып салады. Айыпты өтеудің жолы да қызық. Айыпты баланың көзін қос алақанымен жауып тұрады да, тобынан бір баланы ишаратпен шақырып, айыпты баланың маңдайынан шерткізеді. «Кім шертті?» деп сұрағанда, айыпты бала шерткен ойыншыны дәл тапса, ойын сол баланың тобына ауысады, ал таба алмаса ойын сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

БӨРІ ҚҰЛАҚ – зергерлік бұйымдарға түсірілетін өрнектің атауы. Қазақ халқының ою-өрнекпен байланысты дәстүрлі композициялық құрылымдар

жүйесінде зооморфтық ою-өрнектер ауқымды өрнек алады. Қазақы ортада зооморфтық өрнектер жан-жануарлардың жекеленген дене мүшесінің атауымен аталады. Бұл үрдісті көне заманда қалыптасқан, жан-жануарлардың символын олардың дене мүшесі арқылы бейнелеу тәсілінің үлгісі деп тану болады. Арғы тегі тотемизммен байланысты, архаикалық дүниетанымның сақталып қалған сарқыншағы, қазақ қолөнеріндегі өрнектер атауларында сақталып қалды. Мысалы, қазақта түйе, ит, үкі немесе қасқыр деген ою-өрнек атаулары кездеспейді. Оның орнына түйе табан, түйе мойнақ, ит құйрық, үкі аяқ, бөрі құлақ сияқты өрнектер атауы қолданылады. Яғни, бөрі құлақ өрнегі дәстүрлі дүниетанымда өзіндік ерекше орны бар бөрінің (қасқырдың) символикалық бейнесінің атауы болса керек.

Бөрі құлақ өрнегі тіл-көзден қорғайтын қасиеті бар өрнек ретінде, көбінесе, білезік, жүзік, алқа сияқты зергерлік бұйымдарда кездеседі.

БӨРІСЫРҒАҚ / КӨПКӨЖЕ – күнқайыру мен ауа райын болжау танымындағы амал атауы. Бұл дәстүрлі күнқайыру жүйесінде Қамбар тоғысы есебі бойынша бірдің айының 20-25-і аралығына дөп келетін амал. Мұндағы бірдің айы – қыстың соңғы айы. Бұл амалдың «бөрісырғақ» деп аталу себебі қасқырдың «жерік айы» деп саналуына байланысты. Бөрісырғақты Арқада үттің айының 17-23 аралығында өтетін амал деп есептейді. Осы амал кезіндегі қатты боран тұратын шақта көкжал мен қаншық жұптасады делінеді. Зерттеуші Н.Уәли күрделі атаудың (бөрісырғақтың) екінші сыңары «сырғақтың» мағынасын бұршақпен, кішкене мұзды қар түйіршіктерімен байланыстырады, көпті көрген көне көздер бұл амалдың «бөрісырғақ» деп аталуы да осыдан шыққанын айтып отыратын дейді.

Бөрісырғақ амалының көпкөже, тілеукөже деген жанама аттары бар. Мұндағы көпкөженің амал болып аталуының себебін халық жаугершілік заманындағы жеңіс сәттерін тойлаумен байланыстырады. Осыған орай мынадай аңызды келтіруге болады: «бұрын қазақтардың өзге көшпелі тайпалармен өріске таласып, үнемі соғысып тұратын заманында бір жолы қарсыластарын жеңіп, жерді тартып алыпты. Жеңісті тойлау үшін қазақтар тілеу (той) жасауға кіріседі, бірақ бұл еттің аз кезі болса керек, сондықтан бұған түтін басы дәм шығаруға тура келеді. Осылай түтін басы түгел тойлау қажетінен бұл мереке көжеге айналыпты».

БӨСТЕК – тері, мата, киізден жасалған жұмсақ төсеніш. Бөстекті иленген мал, анның терісінен немесе киізден астарлап істейді. Бөстек үстіне салынатын жамбас көрпе, жасы үлкен силы адамдарға төселеді. Бөстек жасалуы мен тігілуіне қарай сеңсең бөстек, құрақ бөстек деп бөлінеді. Екі бүктеп салып отыратын кішкентай сырмаққа ұқсайтын түрін кей өңірлерде тізе сырмақ деп те атайды. Сондай-ақ отырғанда тізесіне төсеп отыратын жастыққа ұқсас шағын түрлері де бар. Бөстектің жастықағашқа салынатын үлкенді-кішілі түрлері киіз үйдегі қолайлы тұрмыстық бұйымдардың бірі болып табылады.

ҚР МОМ қорындағы (КП 23891/1) бөстек төртбұрышты жастық пошымдас, көк және қара түсті екі бөлшек матадан тігілген, арасына мақта күсілген. Бөстектің бір жағы «қос мүйіз» өрнегімен кестеленген.

БУЛАУ – зергерлік бұйымға алтын жалату тәсілдерінің атауы. Булау деп алтынның сынаппен қоспасын (амальгамен) отқа қыздыру арқылы зергерлік бұйымдарға алтын жалатуды айтады, бұл өте көнеден қалыптасқан зергерлік тәсілдердің бірі. Алайда қазақы ортада булай сөзі көбіне «алтынмен аптау» сөзі тіркесімен мағыналас қолданылады. Яғни, аптаумен булау бір операцияны білдіреді.

Қазақ зергерлері алтын, күміс жалатудың бірнеше тәсілін меңгерген, булау амальгаманы бұйымға жағып отқа қыздыру негізінде атқарылатын тәсіл болған, бұл тәсіл сынап буларының өте улы болуына байланысты осы күндері қолданыстан шығып, оның орнына электролиздік тәсіл қолданылады. Алайда қалыптасқан дәстүр бойынша оны да булау деп атап кеткен.

БУЛЫҚ – үйдің, қораның ауа алмасу үшін қалдырылатын саңылау, тесік. Булықты әдетте, үйдің немесе қораның қабырғасының жоғарғы жағынан құрылыс кезінде әдейілеп қалдыратын. Булықтың жұмыс істеу принципі жабық бөлмелерде жылы ауаны жоғары көтеріп саңылаудан шығып, орнына сырттан таза ауа кіріп тұруына негізделген.

Қораның булықтары дұрыс есептелмей тар болған жағдайда малдың зәрі, көңінен шыққан иістен қораның ауасы бұзылып кетеді. Булық салу әсіресе суық аймақтарда малды қорада ауруға шалдықтырмай ұстауға септігін тигізетін іс-шаралар қатарына жатады. Булықсыз қораларда мал қапырықтың кесірінен өкпе, тері ауруларына ұшырап, көнтек, қышыма сияқты ауруларға шалдығады.

БУНАҚТАУ – тілінген таспадан қайыс өрімді мықтап бекіту тәсілі. Бунақтау тәсілін қамшы жасағанда қолданады. Қамшының өрімі мен сабын біріктіре шегелейтін бүркеншікті шеге немесе мойнақтайтын металл мойнақ түсетін тұсын шылғи жас кеппеген таспамен тастай етіп орап бекітеді, яғни бірнеше қайтара буып қояды.

Шикі теріден тілінген таспаны ылғалдап бұғандықтан, уақыт өте келе тері тырысып тартылады да, өрім мен сапты ұстап қалады.

БУНАУ – жылқы күзеу тәсілдерінің бірі. Бунау тәсілімен қазақ негізінен байталдарды күзейді, осыған орай кейбір өңірлерде Байтал күзеу деп атайды. Бунауда жылқының құйрығын баспалдақтан үш жерден бунай күзейді де ұшына тимей шынқағар қалдырады. Дәстүрлі ортада жылқының қылы шаруашылықта кеңінен қолданылатын шикізат болды. Қылды арқан есуде, кейбір тоқыма бұйымдардың құрамына қосып пайдаланатын.

БУРА – қос өркешті еркек түйенің келеге түсетін төрт жастан асқаны. Қазақ әдетте бураны бес жасынан бастап келеге түсіреді. Келеге түсу жасына жетпеген жас еркек түйені буыршын деп атайды. Келеге түсетін жарауы жеткен буралар қаңтар-ақпан айларының аязында оттамай, су ішпей тісін қайрап, шабынып, көбік шашып мінез көрсетеді. Бура жарауы мен мінез құлқының өзгеруіне байланысты құтырған бура, жараған бура, жалбыр бура, жампоз бура деп жіктеледі. Шаруашылыққа оңдысы Жампоз бура немесе Жалбыр бура, шудасы қалың жүндес, таза нәсілді, шабынғанымен ешкімге айбат шекпейді.

Кісіге шабатын айбатты бураларды қазақ аю бура, құтырған бура, қаңтардағы бура деп бөледі. «Түйе өсірушілердің түсіндірме сөздігі» атты еңбектің авторы Жақыпов Ә. экспедиция материалдарына сүйеніп, аю бураларда да, құтырған бураларда да будан түйелерге тән мінез болатындығын, әдетте, таза нәсілді бура оғаш мінез көрсетпейтіндігін жазады.

Қазақ халқы жалғыз өркешті нардың келеге түсетін еркегін Үлек дейді де, будан түйелердің келеге түсетін еркектерінің атауына бура сөзін қосып атайды. Ерекше күшті жүк көтеретін, асыл тұқымды бірінші будандарды жағбай бура, нар бура деп жіктейді. Ал азғындаған 7-8 будандардың күлге шөгер бура, белсіз бура, жарбай бура деген атаулары бар.

Жалпы қазақ түйешілері, жоғарыда аталып өткендей, бура жарағанда шабынып, көбік шашып қаһарланады. Таза тұқымды бура қанша қаһарланғаны, шаптыққанымен одан арыға бара қоймайды. Көз көрімдегі қарайғанға шабатын, шайнап немесе таптап тастайтын қатерлі қимылға көбінесе будан бура барады. Ондайда адамға, тіпті, салт аттыға шауып зақым келтіру қаупі туындайды. Бұндай буралар әдетте кісенделіп, тұсалып, аузына тұмылдырық, құрсау кигізілетін. Халық арасында ондай бураларды ұрып, сабауға болмайды. Себебі мұндай құтырған қоспақ буралар кекшіл келеді деп саналады.

Қазақтардың дәстүрлі құқықтық қатынастар жүйесінде жараған бурадан мерт болған адамның, малдың айып-құнының мөлшері билер кеңесінің талқысына түсіп жеке қаралатын болған. Н.И. Гродековтың Сырдария облысы қазақтарының құқықтық қатынастары жөнінде жазылған еңбегінде, жараған бура біреуге зақым келтірсе немесе адамды мерт қылса құн төленбейтінін, жәбір шеккен жаққа бураның өзі берілетінін жазады. Ауылға салт мініп келген түйе ауыл адамдарына зақым келтірген жағдайда, толық құн төленетіндігін жазады. Егерде мал иесі малының шөлкем-шалыс мінезін білмесе, малдың өзін өтеуіне беретін. Бұл жерде «мал не істегенін білмейді» деген принципті ұстанған деседі. Осы тақылеттес бураға қатысты заңнамалық қатынастар жайында «Юридический быт киргизов» атты еңбегінде А.И.Мякутин де жазады.

Ежелгі заманнан мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы бураны ересен күш иесі, қасиетті мал ретінде ерекше құрметтейтін. Түйе түлігімен, оның ішінде бурамен байланысты қалыптасқан көптеген салт-жоралар мен ырымдар осы күнге дейін сақталып отырғандығын да айта кету керек.

Қазақ мифологиясында бура сакралдық қасиетке ие образ болып суреттеледі. Мысал ретінде Абылайдың киелі сары бурасы; Көкшетауды мекендеген тағыланған ақбура, түйенің пірі Ойсылқараны бура түрінде бейнелеу («Ойсылқара – келенің бурасы екен. Буралығын білдірген шудасы екен») деген сияқты бураның сан алуан қасиетін айғақтайтын сөз орамдарын айтуға болады. Тарихи-этнографиялық және фольклорлық мәліметтерге қарағанда, бақсы шақырған ең құдіретті жындар бура түрінде көмекке келеді деседі. Яғни, бураны тылсым күштермен байланыстырылады. Тіпті, кейде бураның өзі де ерекше тылсым күш иесі ретінде дәріптелінеді.

БУРА БИИ – шағын сюжетті халық биі. Би күлдіргі сюжетті мазмұнға құрылған. Ойнақтаған бураның келесінен адасып қалуы, ұрымен кездесуі, ұры мен оның иесінен ұрының жан сауғалап қашуы бейнеленеді.

БУРА ҚАУСЫРЫ – қаңтар-ақпанда келеге түсетін бураның құтырып адамға, малға шауып, шайнап тастауға дейін баратын жағдайлар кездеседі. Осындай бураларға бас білдіріп, тежеу үшін бура қаусыры атты әбзел қолданылады. Бура қаусыры нокта тәрізді етіліп қыл қосылып тоқылған, есілген арқаннан немесе темірден тұмсығына тығыз кигізілетін етіліп жасалады. Кеңсірігі мен астыңғы жағын қысып ұстаған бура қаусыры бураның ауызын кең ашып шайнауға кедергі жасайды.

Бура жараған кезде оттан, судан қалатыны белгілі, сондықтан бура қаусыры інгендердің күйінің қайтып, бура жуасығанға дейін кигізілетін.

Бура қаусырының темірден жасалған түрінің кейбір жерде тұмылдырық деген атауы кездеседі. Қазақ түйешілері құтырған бураға бура қаусырын кигізіп қана қоймай, тұсаулап, шынжыр кісен салыпта қимыл-әрекетін тежейтін. Келеге түсу көбею, өркендеу идеясымен тікелей байланысты болғандықтан, оның сәтті өтуіне қатысты түрлі магиялық іс-шаралар қолданылған. Соның бура қаусырына байланысты көріністерінің бірі салпыншақтар мен қызыл мата байлап әшекейлеу болды.

БУРА ҚОТАН – балалар ойыны. Бұл ойын жайында дерек Ә.Марғұланның архивтік жазбалары бойынша беріліп отыр. Ойын алдында бура және інген тағайындалады. Содан соң балалар қол ұстасып шеңбер құрып тұрады. Ойынның мақсаты бура інгенді қуып жетіп ұстау керек. Бурадан қашқан інген шеңбердің ішіне келіп тығылады. Бура қотанның осы күнгі «тышқан мен мысық» ойынына ұқсастығын атап кеткен жөн. Бура қотан жайында басқа деректер табылған жоқ.

БУРА ПІШУ – бураның жыныстық мүшесін ақтау, кестіру арқылы аталық қабілетін жою. Бура қара күзде немесе наурыздың басында, яғни ыстық түспей тұрған кезде піштіріледі. Бура физиологиялық тұрғыдан кемеліне келген, күш-қуаты толған шағында 3 пен 5 жас аралығында ақталады. Піштірілген (ақталған) түйенің күш-қуаты кемімейді, қайта жыныстық бездері алынған мал адуын мінезінен қайтып көнбіс, жуас күйге енеді де шаруашылыққа қолайлы болады. Піштіру үшін бураны шөгеріп, алдыңғы аяғының тізесіне бүкпе салады. Артқы аяқтарын мойнына қарата тартып, байлап қояды. Сонан соң еппен ұма қалтасын жарып, үлпершегін зақымдамай екі енін шығарады. Ен тамырларын ағаш қысқашпен қатты қысып тұрып екі енін кесіп алады да тамыр түбін тотияйын, алмас сияқты күйдіргіш заттармен қан тоқтату амалдарын жасайды. Кейбір оташылар ен тамырды қыздырылған темірмен қарып алатын. Тамырлар тарамыспен байланып, ен дорбасы, үлпершегі орнына келтіріледі. Сыту әдісін қолданғанда екі енді бөліп шығарғаннан соң арнайы қысқаштармен ен тамырларын қысып тастайды. Ондайда тамырлары 5-6 күнде кеуіп, салақтап жүрген ендері өзі түсіп қалады. Түйе әйеншек, жарақаты тез жазыла қоймайтын мал болғандықтан, бура пішудің маңызды бөлігі жарақаттың тез жазылып кету шараларын қарастыру болды. Құйрығын бұлғап жараға

тигізбеу үшін оны жіппен байлап қоятын болған. Ақталғаннан кейін ен дорбасы ісіп, асқынып кетпеу үшін алабота, итсигек сияқты шөптерді өртеп, ыстық күлді ен тұсына тиетіндей етіп шөгеріп, үстін жабулап тастайды.

БУРА ШӨГЕРУ – інген қайытудың адамдардың қатысуымен атқарылатын тәсілдің атауы. Жайылымда жүрген түйелердің өз бетінше бурадан шығуын қазақ келеге түсу деп атайды. Бура шөгеру көбінесе бірлі жарымды інген, аруанасы бар қожалықтарда қолданылады. Сонымен қатар, нар түйе мен айыр түйенің және қоспақтардың анатомиялық ерекшеліктеріне байланысты, табиғи түрде келеге түсе алмаған жағдайда бура шөгеру қолданылады. Күйі келген ұрғашы түйе бураның шөгуіне қарсылық білдірмей жата береді, содан соң жасы үлкен әйел адам «сідігің алтын болсын, інген тапса сүтті болсын, атан тапса күшті болсын» деп тілеу айтып бураны шөгертетін. Бураны інгенге 2-3 күн қатарынан шөгеріп, ұрық байланғаны анықталған соң ғана доғарады. Оны анықтау үшін қойыған інгенге бір жетіден соң бураны әкеледі, қаныққан інген бурадан қашқақтап, жанына жолатпайды. Қазақ малшылары мүйізгек ауруынан емделіп, сауыққан немесе көз тамыры қиылған інген, аруаналарды қайытуға бура шөгеру тәсілін қолданатын. Әлбетте, ондай жағдайда ұрғашы түйенің ұрықтануы оңайлықпен өтпейтіндіктен бура шөгеру бірнеше дүркін қайталанатын.

Ұрғашы түйе қайылған соң құйрығының түбіне киіз байлап қояды, бұл жайылымда кездесіп қалған буыршындар жанасып, иіскелеп шөккенін бұзудан сақтау үшін жасалатын амал. Келеде жүрген түйелерге киіз байланбайды, себебі әр келені өз үлегі немесе бурасы қорғап басқа еркек түйелерді жолатпайды.

БУРАНЫҢ ЖАРАУЫ – еркек түйенің келеге түсуге дайын, бабына келген күйі. Еркек түйенің ұрғашы түйенің қайытуға дайындығын білдіретін жараған кезінде мінез-құлқы, физиологиялық күйі өзгеріп, оттамай, су ішпей, тісін қайрап, көбігін шашып жүретін қалға түседі.

Бураның жарауы ақпан, қаңтар айларының аяғында шарықтау шегіне жетіп, біртіндеп ұрғашы түйелерді қайытып болуына қарай сәуір айында басылады. Жарауы қайтқан түйе қайтадан момақан қалпына түсіп буырқанып шаптығуын қояды. Бура жарағанда оның жыныстық бездері ерекше күйге еніп, қозып айыр бураның желкесінен күшті иісті шайыр бөлінуімен ерекшеленсе, үлектер маңдай терісі аузынан бір шығып бір тартып тұрады, қазақ оның «өңешін шығару» дейді.

Бураның жарауы кезінде олар желге қарсы қайқайып тұрып оттамай, су ішпей келесін қамалап ешқайда жібермей, басқа бураларды жолатпай тұрып алады. Түйешілер мұндай кезде шағылысу, көбінесе түнде өтетіндігін айтады. Жараған буралар келеге таласып шайнасып бірін-бірі мерткітіруі де осы кезде болады. Үлектер шаптығып шайнасқанда өңешінің үлкендігі оның күйінің келгендігімен қатар, күшінің басымдылығын көрсетеді. Түскен өңешті салыстыра таласу, үлектерге бірін-бірі мерткітірмей «күш сынасуға» мүмкіншілік беретін табиғи амал болып табылады. Бұл жерде жабайы аң-құстар арасында күшінің басымдылығын айдарының, жалының, құйрығының үлкендігімен көрсету кең тараған құбылыс екендігін айта кету керек. Тағы бір

айта кететін жайт, түйе өсіруші мамандар таза нәсілді бура мен үлектер қаншалықты жарап, қаһарланып, көбік шашып буырқанғанымен адамға шапшайтындығын жазады. Адамға басқа түлікке зақым келтіріп, тіпті, өлтіріп тастауға дейін баратын буралар, негізінен 3-5 дәрежедегі будан азған буралар. Ашулы, адам өміріне қауіп туғызатын бураларға итарқа, күлге шөгер, құртпан буралар жатады.

Ә. Жақыпов «Түйе өсірушілердің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде ХХ ғасырдың 40-50 жылдары мал санының азаюына, асыл тұқымды бура, үлектердің орнына құтпандыққа азғын бураларды қалдырумен байланысты адамға шабатын буралардың болғандығын жазады. Кейінгі кезде ондай азғын еркек түйелер сытылып тасталатындықтан құтырған буралардың кездесе бермейтіндігін жазады. Табында жайылатын түйе шаруашылықтарында бураның жарауы кезінде бірін-бірі мертіктірмес үшін бураларға темір қаусыр кигізіп қоятын. Бірлі-жарым түйесі бар қожалықтарда құтырған бураларды кісендеп, тұсап немесе қорада байлап ұстайтын да інгенді қайытуға арнайы уақытта салатын. Аталмыш күйдегі бураның ерекше бітімі һәм мінез-құлқы талай фольклорлық мотивтер мен сюжеттердің арқауы болды. Қазақ тіліндегі «жараған бурадай» деген теңеу сөз – ер адамның күш-қуатының толысқандығын білдіретін метафора.

БУСАНДЫРУ – түрлі ауруларды денені қыздырып, терлету арқылы емдеу тәсілдері. Бусандыру әдетте, суық тиюдің салдарынан болған ауруларды емдеу барысында қолданылатын. Бусандыру тәсілін халық емшілері адамның, малдың ауруларын емдегенде қолданған. Тыныс жолдарының буындарының суықтың салдарынан болған ауруларды емдеу үшін адам ағзасына бусандыру әсері арқылы емдеуде түрлі халықтық тәсілдер қолданылды. Олардың қатарында жақсы нәтиже беретін құм бұлау, ыстық арасанға түсу, тұзды балшықпен емдеу сияқты заманауи медицинада қолданылатын тәсілдермен қатар, теріге түсу, буын сырқаты жаңа сойылған малдың жынына салу сияқты тәсілдер болды. Медициналық тұрғыдан алғанда бұл тәсілдерде жақсы нәтиже беретін жылу мен әсер етудің өзіндік амалдары болды. Адыраспан, жусан, көкмия, жалбыз сияқты өсімдіктердің ыстық тұнбасына түсіріп бусандыру да жақсы нәтиже беретін. Деректерде бұлау әдісімен бусандырудың тас бұлау деп аталатын тәсілі кездеседі. Тас бұлаумен бусандырғанда үлкен тегене, астауға ыстық тастарды салып, ауру адамды астаудың үстіне басын төндіре көрпемен тұмшалап отырғызады да, тасқа су бүркіп ұшқан бумен дем алдырады. Бұл тәсіл, әсіресе, тыныс жолдары аурулары, өкпе қабынғанда қолданылатындығын «Тургайская газета» газетінде Васильев А.Б. деген автор жазады. Сонымен қатар, ыстық шәй, бұрыш қосылған жас сорпа немесе жалбыз, итмұрын, көк мия, таңқурай сияқты дәрілік өсімдіктердің ыстық тұнбасын ішкізіп бусандыру тәсілі осы күнге дейін кеңінен қолданылатын тәсілдер қатарына жатады.

Қазақтың ең құрметті де сүйікті түлігі жылқы. Шаруашылықта ең көп пайдаланылатын да жылқы екені белгілі. Шаруашылық мақсатта қолдану барысында түрлі кінәрат ауруларға ұшырайтын да жылқы болса керек. Осыған байланысты басқа түліктерге қарағанда, бусандыру тәсілі жылқыға қатысты

кеңірек қолданылғаны заңды құбылыс. Әдетте, суытылмаған жылқы түрлі кеселдерге тап болады. Олардың ішінде қан түсу, өкпесі қабыну, жөтелу, арқасы кету сияқты көптеген ауру-сырқауларды айтуға болады. Жылқыны бусандырғанда жабулап желдіріп, шоқытып, шаптырып денесін қыздыруы арқылы байланған суықты шығаруға әрекет ететін. Атты бусандырғанда көбіктендіріп, бұршақтатып, сүйектетіп, ащы терін шығарып малма етін сүйек терін шығарып терлететін. Емшілер аурудың түріне, асқынғанына қарай аталған терлету түрлерімен жылқыны қажетті бусану дәрежесіне жеткізетін. Сонан соң, малды біртіндеп суытып қажетті ем-домын жасайтын. Арқасы кетіп, жауырыны домбыққан атқа қойдың жас өкпесін таңып ісігін кетіретін. Жөтел қысқан малды жабулап қарағай бүрі, аршаның тұнба суын ішкізетін, таңдай, тіл, танауынан қандауырлап қан алатын.

Қорыта келгенде бусандыру халықтық медицина мен ветеринария да өзіндік орны бар, қарапайым атқарылатын емнің кең тараған түрі болды. Бусандырудың негізгі принциптері осы күнгі заманауи медицина мен ветеринария да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

БУЫН ЖАРАҚАТТАРЫ МЕН БУЫН АУРУЛАРЫ – адамның, төрт түліктің түрлі себептермен болатын буындарының сырқат, кінәраттары. Малды шаруашылықта пайдалану барысында алынған жарақаттардың салдарынан буындарына зақым келуі буын жарақаттары деп аталады. Қазақ малшылығында қой мен жылқының буын жарақаттарына емдеу шараларын қолданса, ал сиыр, ешкі, түйеге ондай емдеу жүйесі қолданыла бермейтін. Өйткені, қазақ малшылары аталған түліктерді әйеншек келеді деп санап, сынықты, буындары мерткікен малды емдеп әуреге түспей, қоңы қайтпай тұрғанда сойып алатын.

Буыны шығып кету, көбінесе, мініс жылқысында көбірек кездесетін, оны емдеудің шыққан буынға қарай өзгешеліктері болды. Мысалы, емсек адамдар иығы, ұршығы шыққан жылқының буынын ағаш тоқпақпен ұрып орнына келтіретін. Сырғасы тайған жылқының сау аяғын көтерген кезде түскен салмақтан буыны орнына оңай түсетін. Айта кететін жайт, кей жағдайда буын ойнамалы тайғыш болып қалатын ондай мал, әрине ауыр жұмысқа, алыс жолға шыдамайтын. Ауыртпалық түсіп, суытылмаудың салдарынан болатын буындардың домбығып, ісуін түрлі жылы компрестер жасап, жұмысқа қоспай жылы жерде ұстап емдейтін болған. Қашаған қуғанда, көкпар тартқанда, алысқа шапқанда, оқыстан түсетін ауыртпалықтар оның аяқ буындарының жарақаттануына әкеледі. Осыған орай, буын, көбінесе, мініс жылқыларында кездесетін. Өз кезегінде жылқы түлігінің буын жарақаттарының жиілігі, тәжірибе негізінде ұтымды емдеу тәсілдерінің қалыптасуына себеп болды.

Малдың барлық түрлеріне тән аурулар тобына буын аурулары жатады. Буын аурулары малдың күйі кетіп, суыққа шалдығуынан буындарына сары су жиналып, қаракеміктерінің қабынуынан болады. Жылқыда буын аурулары уа, ал түйеде сүмек деп аталатын буын ауруларының түрі кездеседі. Сүмек – толарсақ буындардың қабынуының асқынған түрі. Оларды емдеу үшін оташылдық тәсілдермен қатар, қуыс құлақпен толарсақ

тұсына жіпке байлап тотияйын, алмас түйіршігін салатын, тіпті, уқорғасын түйіршіктерін суға езіп, компресс жасау арқылы емдейтін.

Дәстүрлі емдеу түріне ауруға шалдыққан буынды самырсын шайырын жағып емдеу, құйрықмайды қыздырып басу сияқты желумен емдейтін тәсілдер де жатады. Маңғыстау өңірінде «көп жорға» деп аталатын түйенің аяғына түсетін ауруды түйеге сарыүйек деп аталатын улы жыланды кешке қарай жұтқызып емдейді деген дерек Х. Арғынбаевтың еңбегінде келтіріледі. Жас төлде кездесетін суық тиюден болатын буын ауруларына буын құрттауы жатады. Буын құртты қазақ емшілері іріңдеп, сарысу жиналған ісікті жарып өлеттелген жерлерін сылып алып, сарысуын ағызып, уқорғасын қосылған жылы сумен шайып, қымтап орап тастайды. Емдеу әрекеті күнара қайталанып буын толық жазылғанша жасалатын. Емшілердің айтуы бойынша, уқорғасынның судағы тұнбасы өте әлсіз болуы керек, тым қою болса жараны күйдіріп кері әсер береді. Ондай жағдайда жылы сүтпен шайып, төлдерге көп мөлшерде сүт беріп, ерітіндісінің уын қайтару қажет. Буын жарақаттары мен буын ауруларына шалдыққан малды емдеу барысында қатты күтіммен жылы жерде ұстауы шарт. Айта кететін жайт, буын жарақаттары мен буын ауруынан емделіп, жазылған малдың буындары алғашқы табиғи қозғалысына жетпейді, яғни, жүріс-тұрысы өзгеріп, ақсап сылти басатын болады.

БУЫРШЫН – ақта етілмеген 3-4 жас аралығындағы түйе. Буыршын жыныстық жағынан кемеліне келе қоймағандығынан, қайытуға күші аздау болады. 4 жастан асқан еркек түйені жас бура дейді. Әдетте, жас бураның шамасы 7-8 інгенді қайытуға келеді. Буыршынның бір ерекшелігі қара тұқайы өткір болатындықтан мұздақ, қатқақта тайғанамайды.

БҰҒАЛЫҚ – қашаған, асау ұстау үшін қайыстан, қыл арқаннан жасалатын құрал. Бұғалықтың ұзындығы 12-15 құлаштан кем болмайды. Арқанның бір ұшын күрмеп байлап тұзақша жасайды да, екінші ұшын содан өткізіп үлкен тұзақ жасап қояды.

Асау жылқы, түйе немесе сиыр малына бұғалық салу үшін шумақталған үлкен тұзақты оң қолға алып асаудың мойнына тастайды, арқанның екінші ұшы сол қолда болады. Қазақ жылқышылары бұғалықты көбінесе құрықтың көмегімен салады.

БҰҒАЛЫҚ САЛУ / БҰҒАЛЫҚТАУ – асау ұстаудың әдісі. Бұғалық салу үшін құрықтың бауын алып тастап, құрықтың ұшына ұзын мықты арқанның бір басын күрмеп байлап, одан екінші ұшын өткізіп асып бекітеді. Епті жылқышылар жылқыны үйіре айдап, қамалап кеп асаудың мойнына құрықтың ұшындағы ілмекті салады. Сонан соң құрықты тастай беріп, арқанды кере тартып жылқыны тоқтатады. Кеңірдегі қысылған асау мал тынысы тарылып есеңгіреп тұрып қалады. Осындайда қарулы қарулы жігіттер асауды тұралап немесе құлағынан мықтап ұстап жүген кигізіп, асауды үйретуге дайындайды.

Бұғалық салуда қолданылатын негізгі құрал – бұғалығы бар ұзын арқан мен құрық. Бұғалық салу өзіндік шеберлікті қажет ететін асау ұстау тәсілі. Бұғалық салу әдетте, ат үстінен де немесе қотан да үйірілген жылқыны жалпап та ұстау үшін де қолданылады. Бұғалық салуды жас жігіттер жабағы, тай ұстап

машықтанып алған соң қырдағы шу асауды да ұшқыр атпен қуалап жүріп салатын болған. Бұғалық салу құрықпен жылқы ұстаудан кейінгі ең көп тараған тәсіл. Құрық қолданбай тек арқан тастап асау ұстауды шалма салу дейді. Шалма салу ерекше ептілікті қажет ететіндіктен бұғалық салу мен құрықтауға қарағанда сирек қолданылады.

БҰҒАНАСЫ ҚАТТЫ – дәстүрлі ұғым бойынша шамамен он жас шамасында баланың бұғанасы қатады деп саналады. Бұғана – адамның жауырыны мен төс сүйегін байланыстыратын қабырғалардың иіліңкі келген ең қысқа сүйегі. Жас баланың шаруашылық қарекетіне араласуына денесі өсіп, толысып, бұғанасы қатқаннан кейін рұқсат ғана етіледі. Бұғанасы қатты ұғымы баланың өмірінде есеюдің жаңа кезеңінің басталғандығын білдіреді. Бойы өспей қалады деп жас балаға қойдың бұғанасын жеуге тыйым салынады.

БҰҒАУ – тұтқынды немесе қылмыскерді кісендеу үшін қолданылатын, темірден соғылған арнайы құрал.

Бұғау екі қолмен, аяқты құрсаулауға арналған темір білезік тектес 4 шеңбер кісеннен және оларды өзара байланыстырған шынжырдан тұрады. Аяқ-қолы кісенделген адамның жүріп-тұру мүмкіншілігі шектеліп, азап шегеді, яғни кісендеу тұтқынның немесе кінәлі қылмыскердің бостандығын шектеумен қатар азаптаудың тәсілі болып табылады.

БҰҒЫ – ашатұяқтылар тобына жататын, күйіс қайыратын аң. Қазақстанның Алатау, Алтай, Орталық Қазақстан таулы аймақтарында мекендейді. XX ғасырдың басына дейін Сырдың бойында тоғай бұғысы деген ерекше түрі болған, өкінішке орай осы күндері кездеспейді, сірә жойылып кеткен болуы керек.

Бұғы өте ірі, салмағы 150-200 кг дейін жететін бұғы аңшылықтың дәстүрлі объектісі болғаны белгілі. Бұғының терісінен жоғары сапалы күдерінің ерекше түрі өндірілетін. Бұғы мүйізі шығыс емшілігінде қолданылатын және өте қымбат бағаланатын болған. Дегенмен қазақтың халықтың дүниетанымдық жүйесінде бұғы киелі аңдар санатына жатқызылатын. Жалпы қазақ халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысуына байланысты аңшылық кәсіп, қосымша табыс көзі ретінде қаралатын болған. Ал кез келген қоңыр аң (тұяқтылар) Құдайдың малын қаралған. Яғни әр аңның өзінің иесі бар, сондықтан оларды нақақтан қыруға, аса бір қажеттіліксіз аулауға болмайды деген көзқарас халық арасында мықтап орын алған. Ал бұғы-маралдың, киіктің ұрғашысын, құралайын, әсіресе, буазын өлтіру тікелей күнә деп қаралған. Осыған орай қазақ фольклорында буаз марал, құралай немесе буаз киікті ату міндетті түрде Алланың қаһарына ұшырап, жаза тартатын болған. Мысалы, Қозы Көрпеш Баян сұлу эпосының сюжеттік желісі, әлқисса осы буаз марады атқаны үшін жаза тартқан Сарыбайдың өлімімен басталады.

Негізінен марал деп бұғының ұрғашысын атағанымен, қазақ тілінде бұғының жалпы атауын марал деп атай береді. Мысалы, Кермарал, еркек марал немесе бұғы-марал деген қосарланған атау кездеседі. Бұғының мүйізінің емдік қасиеті оның бағасын өсіріп, бұғылар табиғатта азая бастаған кезде, яғни XX ғасырдың басында бұғыны қолдан өсіру қолға алынды.

Қазіргі таңда Қазақстанда бұғы өсіретін көптеген шаруашылықтар жұмыс жасап жатыр. Олардың жалпы атауы Марал шаруашылығы, Марал өсіретін қожалықтар деген атаулармен белгілі.

БҰҒЫЗ – диірмен тасындағы тесік. Диірменге тартылатын дәнді еркек тастың үстіндегі ойық – бұғызға түсіріп тұрады.

Ел арасында кетпеннің, күректің сабы кіріп тұратын ұңғыны да бұғыз деп атау кездеседі.

БҰҒЫШАҚ – сиыр мүйізінен жасалатын аңшылық үрмелі аспаптың көне атауы. Бұғышақтың дыбысы күйті келген бұғы бұқасының даусына ұқсас келеді. Ертеде бұғышақты күз айларында күйекке түскен бұғының бұқасын оқ атым жерге келтіру үшін қолданатын.

Себебі жараған бұғының еркектері жекпе жек сайысқа түсіп жеңгені маралдарды үйірлейтін болған. Қазақ аңшылары бұғының осы ерекшелігін пайдаланып бұғышақпен еркек бұғылардың өкірген дауысын салып алдап шақыратын.

БҰЖЫ / БҰЖЫҒЫН / БҰЖБАБАН – ұсақтап туралған жас етті тұзын келтіріп бүйенге, қарынға салып, асып пісіретін тағам. Бұжының қарынды айналдырып ішіне туралған ет, май, көкөніс салып ауызын қамыс түтік салып бекітіп суға пісірілген түрін қарын бөртпе деп атайды. Жалпы бұжы атауының әртүрлі варианттары болғанымен дайындалу тәсілі бір, яғни жас етті бүйен, қарынға салып пісіруге негізделген. Айырмашылығы тек әр елге, аймаққа тән өзіндік дәм-тұзын келтіретін қоспаларымен ерекшеленеді. Бұжының шұжықтан негізгі айырмашылығы жасала салысымен пісірілетін тағам.

БҰЖЫҒЫН / БҰЖҒЫН (лат. Veratum) орысша атауы ченерица – қазіргі Ботаника ғылымында тамыр дәрі деп аталатын шөптің Орталық Қазақстанда таралған жергілікті атауы. Бұжығын көп жылдық улы шөп. Құрамында улы анналоидтар бар. Бұжығын жеген мал уланып қалады. Халықтық ветеринарияда бұжығынның ұнтағын ашық жараларға, құрттаған малдың жарасына себетін болған. ХІХ ғасырдағы қазақ жерінде еңбек еткен орыс ғалымы А.Е. Алекторовтың Тургайская газетада жарық көрген «Корень Бужугун» атты мақаласында қазақтар бұжығынның ұнтағымен мал емдеп қана қоймай, тістің құрт ауруын емдейтіні жайында деректер келтірілген.

БҰЖЫРА – етікші құралы. Етікті тігіп болғаннан кейін етік ішіндегі қалыпты алып шығу үшін үш жағында бұрандасы бар бұжыраны пайдаланған.

БҰЗАУ – сиырдың жас төлінің атауы. Қазақы ортада сиыр түлігіне қатысты атаулар басқа түліктерге қарағанда көп емес. Мұны көшпелі халықтың осы түлік түрін соңғы кезде ғана қолға ұстай бастағандығымен түсіндіруге болатын сияқты. Бұзаудың күйіне, сын-сипатына, туу мезгіліне қатысты қалыптасқан атаулар. Ш.Жанәбіловтың «Қазақы мал атаулары» атты еңбекте келтірілген: «Арамза бұзау – қыста туған бұзау; марка бұзау – қыс айларында туған бұзау, мұндай бұзаулар тайыншадан кіші болады, сәуір айынан бастап туған бұзаудан үлкен болады; қауқа бұзау – күтімсіздіктен сырт жүні іріп, жақ жүндері үрпиген, ерте туған бұзау; барақ бұзау – сабалақ жүнді

келген бұзау; мәйекті бұзау – жасында енесінің сүтіне әбден қандырып, тойғыза еміздірілген бұзау; топал бұзау – екі-үш айдың ішінде мүйізі шықпаған бұзау; шақа бұзау – енесінен өте тықыр болып жүні жетілмей туған бұзау, яғни шала туған бұзау; қылау бұзау – тілінің үсті әр жерінен қызарып бөртіп, іші өтіп, жүдей бастаған бұзау; жетім бұзау – енесі өлген бұзау, мұндай жетім бұзауға емізікпен сүт берген немесе басқа сиырға теліп өсірген».

Бұзаудың бағусыз жүріп, өз бетімен енесіне табысып емуін жамырау дейді. Желідегі байлаулы бұзаудың бас жібінің ұзын болуынан енесіне жанасып еміп қояды, осыдан сиыр исініп кетеді. Жанасып еміп қоятын бұзаудың тұмсығына тұмылдырық кигізеді, танауына шеміршегін тесіп сілбі, шөрік, сірге тағады.

Бұзауды тіл-көзден сақтандыру мақсатында ерекше жора жасалмайды, тек құлағының ұшына қызыл шүберек байлап қояды. Бұзаудың мойнына арнайы есілген ұзындығы екі қарыстан астам мойынтақ тағылады. Бұзаулаған сиырдан бір аптаға дейін қою уыз сауылады. Құнарлы уыз сүті бұзаудың тез жетілуіне жақсы көмектеседі.

Бұзау өздігінен аяқтанады, тек жаңа туған бұзауды суықтан қорғап, шаранасы кепкенше құрғақ жылы жерде ұстайды. Ал өте нашар, шала туған бұзауды толық аяқтанғанша біраз уақыт үйде ұстайды.

БҰЗАУ ЖАБУ – жаңа туған бұзауды суықтан қорғау үшін пайдаланылатын жабын түрінің жергілікті атауы. Бұзау жабуын әдетте, киім-кешек, төсеніш, сырмақтан жасайды.

Жабудың бұрыштарына ұзындығы үш-төрт қарыстай бау тағылады. Бұзаудың жонын, сауырын, екі бүйірін қымтайтын жабу осы баулармен байланады. Жазғытұрымғы шақта аурушаң әлжуаз бұзауларға байлайды. Айта кететін жайт, ескі киімді бұзау жабуға пайдаланғанда дәстүрлі наным-сенімдерге сай киімнің жағасын, жеңін сөгіп алып, қалған жерін ғана іске жаратқан.

БҰЗАУ ТЕЛУ – енесі өліп жетім қалған бұзауды немесе бұзауынан жеріген тұмса сиырдың бұзауын енесіне еміздіру үшін жасалатын іс-шаралар. Бұзау телу тәжірибесі негізінде қалыптасқан прагматикалық тәсілдерден және сөздің, әуеннің көмегімен сиырды бөтен бұзауды бауырына бастыру әрекеттерінен тұрады.

Біріншісі, бұзауды қолабамен телінетін сиырдың бұзауының шаранасын жотасына, бауырына, құйрық тұсына жағып иіс сіңіріп бөтен бұзауды бауырына бастыру, бұзаудың үстіне тұз бүркіп, уыз сүтін шалып жетім бұзаудың бөтен иісін кетіруге тырысатын амалдарды жасайды.

Екіншісі, бұзауды телінетін сиырдың бауырына тартып еміздірген кезде оған арнап ғұрыптың қасында өлең-жыр айту. Жыр қоңыр, баяу ырғақты, біртекті созылыңқы үнмен орындалады, мұнда екіленіп өршелену болмайды. Онда стильдік мәнер жоқтың қасы, бейнелі сөз, мағынасыз қайталаулар жоқ. Жырда хайуанды саналы санап, оған бірде жалынып-жалбарынса, кейде бұйыра сөз айтып, дегенін істеуді талап етеді.

Аухау, аухау, жануар,
Иеңде сенің бағы бар.

Тас емшегін жібіткен,
Тар құрсағың кеңіткен,
Бұзауың сенің тағы бар.
Мекіреніп иіскеші,
Кезің келді сауырлар.
Бұзауың неткен сүйкімді,
Келте танау жағы бар.
Аухау, аухау, жануар.
Өзіңнен туған балаға
Қарамасаң, бола ма ?
Елжіретіп жүректі,
Емізбесең бола ма ?
Саған ақыл айтам деп,
Алып қалдым қораға.
Ақылыма көнбесең,
Дайын тұр киіз қолаба.
Мұндай салсаң қиғылық.
Аталыққа жолама!
Зеңгі бабам аруағы,
Мені салды жораға.
Аухау, аухау, жануар.
Аухау, аухау, сиырым,
Сезімі күшті миының.
Зеңгі бабам ұрпағы-ең,
Төркініңе сиындым.
Шарананды сүртейін,
Былғанса да киімім.
Аухау, аухау, жануар.
(«Мұра» журналынан)

Қырғыздарда алғашқы уыз бен сөздің күшімен арбау ғұрпы бар, торпақты аурудан, ұры мен жыртқыштан қорғап жүреді деп «кылооны» айтып, «мын уйдин башы бол» деп ауылдастарға үлестірген уыздан қалғанын маңдайына шөмішпен жағады. С.М.Абрамзон мал шаруашылығымен айналысқан көшпелілердің «кылоо-кылоо» деп телітін малшылық ырымдарын мал шаруашылығы культіне жатқызады. Телу ғұрпы мал шаруашылығымен айналысқан көшпелілерге ортақ шара.

БҰЗАУ ТҰЛЫП – бұзауы өлген сиырды идіру үшін, өлген бұзаудың терісінен жасалатын тұлып. Өлген бұзауды бітеу сойып ішіне сабан тығып, бұзау өлген сиырды сауған кезде алдына тосады. Сиыр бұзаусыз иіп үйренгенше тұлып салып сауатын болған. «Тұлыпқа мөңіреген сиыр», – деген үмітсіздікке қатысты айтылатын сөз тіркесі осыған байланысты қалыптасқан.

БҰЗАУТІС¹ – өзегіне темір қосып өрген 8, 12 өрім жуан қамшы. Жуан етіп тілінген таспалардан өрілген өрімі сыртынан қарағанда бұзаудың тісіне ұқсап тұратындықтан бұзаутіс қамшы аталған.

Бұзаутіс барымтада, жанжалда кәдімгі қару ретінде қолданылған. Соған сай сабы да ұзын, жуан болады. Халық арасында айтылатын «алты таспа бұзаутіс, былжырамай аттан түс» деген мәтел аталмыш қамшының әлеуетті қару болғандығын аңғартады.

БҰЗАУТІС² – қазақ әйелдерінің қолөнерінде кеңінен таралған ашамай кесте түрі; матадан ойылған оюды киізге, басқа қалың матаға бастырғанда қолданылатын тігіс. Жапсырылатын оюды бойлай инемен кезек-кезек онды-солды қиғаштап алыс шанши, қолдың сыртына қарай тігіледі. Бұзаутіс оюлы сырмаққа және жапсырма кестелі сырмақтарда көп қолданылады. Ол үшін алдымен ашамай кесте тігетін жіппен бір қиғаш сызық түсіріп, иненің ұшын алдыңғы жағындағы нүктеден шығарып, жіпті артқа қарай айқастырып екінші сызық салынады. Екінші сызықтың ұшынан инені астынан кіргізіп, оның алдыңғы жағындағы нүктеден шығып, екінші сызықты бастырып айқастыра қарсы жаққа өтіп, үшінші сызықтың ұшынан бір шаншымнан соң ине үстіне шығып, төртінші сызықты тартады. Осылайша жалғасқан бұзаутіс оюдың оюқырын қалдырмай жағалай отырып, оюды тігіп шығады.

БҰЗАУТІС ҚАЛЫП – бедері қайталанатын, патникалық өрнектер түсіруге арналған соқпа қалып. Бұзаутіс қалып сырт пішіні шапқыға ұқсас, өрнекті соғу арқылы түсіруге арналған. Өрнегі жүзінде болады да, дүмі балғамен ұруға ыңғайланып жасалады.

БҰЗАУШЫҚ – дәстүрлі тәсілмен жасалған сабынның көлемі қос уыстай етілген кесегінің атауы. Ертеде қазақ әйелдері сақар мен майды қайнатып қара сабын дайындайтын болған. Сабын бұлғанып дайын болған кезде кесек-кесек қылып бөлшектеп қатыратын, сол кезде қайын бике, абысындарына арнап әдейі бұзаушық жасайтын болған. Осыған орай І.Жансүгіров былай деген екен:

Сығалама, қарама,
Еркек аулақ, қыз қашық.
Абысын байғұс, қайда жүр,
Алатын болса бұзаушық.

БҰЗБАША – екі мен үш жас аралығындағы айыр түйенің ұрғашысы, құнан шығар інген. Екіге толар толмас, тайлақтан шығар кезіндегісін бүлдіршін деп атайды. Яғни, бұзбашамен бүлдіршін жастары қатар ұрғашы түйелер. Бүлдіршінді қазақ бураға салып қайытпайды. Керісінше, қайта бөлек бағып, жыныстық жетілуін қадағалайтын болған. Бұл физиологиялық тұрғыдан толық жетілген інгеннің төлі де, өзі де мықты, ауруға шалдықпайтын болатындығымен байланысты болды. Дегенмен, бүлдіршін күйі келіп, қайуға дайын болатындығы «Бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді» деген мәтелден көруге болады. Деректерде төмен, орта шаруа қожалықтары бұзбашаны бураға шөгерітіні айтылады. Бұл жерде айтайын дегеніміз өспірім інген бүлдіршінді бураға шөгеру кедейліктен, амалсыздан, тезірек төл алу үшін істелетін де қайыған бүлдіршін бұзбаша атауына ие болатын. Жалпы түйе түлігіне қатысты әдебиетте бұзбаша атауының қайуға байланысты қалыптасуы күңгірттеу айтылып, контекст ретінде білінеді. Мысалы, Ш. Жанәбілов «Қазақша мал атаулары» атты

еңбегінде бұзбаша нар деп қайыған, қайымағаны күмәнді нардың төрт жасқа дейінгі ұрғашысын атайды деп жазады. Екі жағдайда да бұзбаша атауы жас ұрғашы түйенің қайуына қатысты айтылатыны байқалады. Яғни, бұзбаша атауының бүлдіршін атауынан айырмашылығы алғашқысының қайығандығымен байланысты деп пайымдауға болады.

БҰЗДЫҒАН – басы металдан құйылған немесе соғылып жасалған кішкене шоқпар. Бұздығанның жай шоқпардан айырмашылығы басында тілімделген немесе пісіріліп орнатылған қырлары болады. Бұздыған атауы бұл қару түрінің ұру әрекетімен қоса соғылған металл сауыт, қалқандарды қырларымен бұзып жаруға бағытталғандығын меңзейді. Айта кететін жайт Википедия ашық энциклопедиялық сөздігінде бұздыған (ор. Буздыган) қазақ тілінің бұзу етістігінен шыққандығын және осы атаумен Орталық Еуропа, славян елдерінде таралғанын атап көрсетеді.

XIV ғасырда бітеу соғылған сауыттар мен қалқандар қолданысқа ене бастағанда жұмыр басты металл шоқпарлардың әсері күрт төмендеп кетті. Осы кездері шоқпардың әсерін күшейту үшін басына үш бұрышты пластина орната бастаған. Басында пластинасы бар шоқпардың ұрған кезде ұру әсері кішкене ауданға бағытталып, сауытты бұзып жарып жіберетін. Бұздыған ұру кезінде айбалта, қылыш сияқты жарылған сауытта құрсауланып қыстырылып қалмайды және қайрап тазалауды қажет етпейтін жорықта өте тиімді қару болды. Бұздыған Европа елдеріне түркі тілдес елдерден ауысқан қару түрі. Бұздығанның және бір тиімді, эффектілі қару болуының себебі жеке қырлар орнатуға байланысты шоқпардың салмағы едәуір жеңілдеді, әскери ұрыс кезінде бұл да бірден бір тиімді факті болғандығын атап кету керек. Яғни, бұздыған дегеніміз сауыт бұзар әмбебап қару ретінде көшпелі ортада пайда болып бүкіл Еуразия кеңістігіне тарап кетті.

Бұздыған басы 200-700 гр. аралығында қырланған металл. Сабының ұзындығы 50-100 см шамасында, қолға ұстайтын тұсы сақиланапы бедерленген кейбіреуінде бүлдіргі болады. Бұздыған көптеген мемлекеттердің әскерінде әскери лауазымды білдіретін белгі ретінде қолданылды. Мұндай церемониалдық бұздығандар асыл тастар орнатылып, алтын, күміспен апталып жасалатын.

Сонымен, бұздыған XIII-XVI ғасырларда Европа және Шығыс елдерінде кең тараған қару түріне айналды. Қолданудағы ыңғайлылығы мен тиімділігі бұздығанды садақ және қылышпен қатар қолданатын типтік қару ретінде қарастырылды. Ал отты қару ене бастаған кезден, яғни XVII ғасырдан бастап бұздыған церемониалдық, лауазымдық қару түріне айналды. Орыс казактарында бұздығанды «керчаг» деп аталатын түрі полковниктің және кошевой атаманның билік белгісі ретінде қолданылғаны белгілі. Қазақ жауынгерлері қолданған бұздығанның бізге жеткен үлгілері жоқ, алайда 1916 жылғы көтерілісте қолданылған қару ішінде басы қырланған бұздыған тәрізді шоқпарлар кездеседі.

БҰЙДА – түйе, өгіз сияқты мұрындық кигізілетін малдың әбзел бөлігі, жетек жіп. Бұйда мұрындыққа желбұйда арқылы байланады. Бұйда ұзындығы екі құлаш шамасында болып келеді. Әдетте бұйданы қыл аралас

койдың жүнінен есіп жасайды, жуандығы сұқ саусақ шамасында болады. Түйе, өгізді шаруаға қосқанда негізінен бұйдамен басқарады. Бұйда малды адам ырқына көндіруге қолданылатын негізгі құрал.

Осыған орай, қазақы ортада бұйда сөзімен байланысты көптеген сөз орамдары қалыптасқан: ықтиярсыз біреудің еркіне көнгенді – басын бұйдаға сұқты, бұйдаланды десе, бостандық алды немесе бетімен кетті деген ұғымды бұйдасы мойнында, бұйдасыз кетті дейтін.

Ертеректе әдемі, сәнді көшті бастайтын түйеге әсемдік үшін жез бұйда кигізетін. Жетекте немесе жүріс кезінде басын кегжитіп бас бермейтін түйе, өгіз мұрнын жыртып кетпеу үшін әдетте бұйда мұрындыққа жіңішке тартылғанда үзіліп немесе шешіліп қалатындай етіліп жел бұйда арқылы жалғанады. Желбұйда жіңішке қылып есіліп мұрындықтың тесігінен өткізілетін бұйдаға байланады. Керуендегі жүк артқан түйелердің бұйда едәуір ұзын болады. Өгіздің бұйда мұрындық шығыршыққа тікелей байланады.

БҰЙДА ПЫШАҚ – жүзі жалпақ, жетесі қалың, ұзындау келген, сабы жіңішкелеу пышақ. Әдетте, бұйда пышақтың сабы мүйізден, кейде қатты ағаштан жасайды. Бұйда пышақтың сабын мүйізбен саптағанда жұмсартылған мүйізді сапсалғы тәріздес қысқашпен қатты қысып жымдастырып орнатады да, сағағына металл құрсау орнатады да мәймөңкелеп тастайды.

Кейбір бұйда пышақтардың дүміне бүлдіргі тағатындай етіп металл сақиналы құрсау орнатылады.

БҰЙЫМТАЙ – этикалық мәнді ұғым. Қауымның жекеленген мүшелерінің ара қатынасында орын алған этикет, біреуге қолқа салатын шаруа, алғысы келген бұйым немесе өтініш. Дәстүрлі түрдегі бұйымтай айту негізінен төмендегідей сипатта болады: сыйлас кісілер арнайы келіп, сәлемдесіп екі-үш күн қонақ болғаннан кейін, қайтуға қамданған кезде үй иесі қонаққа алғыс айтып, қонақтың бұйымтайын сұрайды. Бұл қонақтың қалағаны немесе нендей шаруасы бар екенін білу деген сөз. Қонақ мұндайда келген шаруасын, яғни бұйымтайын айтады. Қонақ сөзін жерге тастамау, өтінішін орындау – қазақ үшін бұлжымас қағида.

Сонымен қатар дәстүрлі ортада қонақ болып бірнеше күн жатпайтын алыстан арнайы ат басын тіреген адамға қалыптасқан үрдіс бойынша үй иесі дастарқан жайып күтіп, шаруасын сұрап біліп, көңілін қалдырмаған. Ондай арнайы келген адамның айтар бұйымтайы көбінесе жүйрік-жорғаға, алғыр тазыға, қыран бүркітке қатысты болады. Ұзатылған қыздың үш жылдан кейін төркініне келіп жұртынан қалағанын сұрауы – қолқа салудың, бұйымтай айтудың дәстүрлі қалыптасқан түрі. Қайын жұртына күлкі болмасын, «басынбасын» деп бұйымтайын, қалауын беріп аттандырған.

БҰЙРА ЖАПЫРАҚ – Жетісу өңірінің тау етектерінде өсетін, жапырақтары бұйра-бұйра өсімдік. Бұйра жапырақтың үлкендігі қол басындай, бір жағы алақанның тарамындай, жапырақтарының екі жағы бұйра-бұйра, түк-түк болып келеді. Төрт түліктің ішінде бұйра жапырақты түйе сүйсініп жейді. Ертеректе жергілікті тұрғындар бұйра жапырақты тіске үйкелеп, ауызды тазалаған.

БҰЙЫРҒЫН – (anabasis salsa) дәстүрлі мал шаруашылығы жүйесіндегі қоректік мәні зор алабота тұқымдастарына жататын бір және көпжылдық өсімдіктер тобы. Бұйырғын шөл және шөлейт жерлерде өсетін жатаған, тікенекті өсімдіктер. Бұйырғынның сортаң бұйырғын, қу бұйырғын деген түрлері шөлейт жерлердегі түйенің негізгі азықтық өсімдіктері қатарына жатады. Түйе бұйырғынмен жыл бойы қоректенеді. Қазақ малшыларының ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінде бұйырғынды жайылымға қой мен жылқыны күз, қыс кезінде жаяды. Бұйырғынның құрамында тұздардың көптігінен көктем мен жаздың басында бұйырғын жеген қой, ешкі, жылқының іші өтіп, жүдеп кетеді. Қара күзде, қыс кезінде бұйырғын жеген қой қоңданып, семіреді. Бұл өсімдік құрамындағы заттардың маусымдық өзгерістеріне байланысты болса керек. Қазақ малшылары бұйырғынның сортаң дәмді, ащы тұнбаларын малдың ішек құрттарымен байланысты ауруларын емдегенде қолданған. Бұйырғынды сиыр жемейді, жей қалған күнде уланып қалады.

БҰЙЫРЫҢЫЗ! – қымыз ішу ритуалындағы этикет. Ыдыстағы қымыз құйылған соң, қымызаяқ алдымен үй иесіне, одан кейін төрдегі үлкендерге ретімен таратылады да, аяқшы жігіт немесе үй иесі ақсақалдан «бұйырыңыз» деп ықылас сұрайды.

Үй иесі ыдысын қос қолдай ұстап, оң қол жағында отырған ең үлкен ақсақалға ұмсынып, ыдысын түйістіреді. Бұлайша ықылас сұрау топты ортада ғана емес, күнделікті қымыз ішуге бас қосқан кезде де жасалады, үй иесінің үлкеннен немесе сыйлы қонақтан ішуге рұқсат сұрау мезіреті, іше бастауға болады дегенді білдіреді.

БҰҚА – сиыр түлігінің піштірілмеген еркегінің атауы. Әдетте, бұқа төл алу үшін арнайы қалдырылады. Сонымен бірге, кейбір деректерге қарағанда, дене бітімі де, түр-түсі де ерекше бұқа сиыр түлігінің құты ретінде ерекше қастерленетін. Ал піштірілген сиыр түлігінің жетілген еркегін өгіз дейді.

Дәстүрлі қазақы ортада сиыр малының піштірілмеген еркектерін жасына қарай жіктеудің төмендегідей реті қалыптасты: бір жасқа толмағаны – бұқашық; бір жастағысы – тайынша бұқа; екі, үш жастағысы – құнан бұқа; үш пен төрт жастың арасы – дөненшығар; төрт жастағысы – дөнен бұқа; бес жастағысы – бесті бұқа; жеті жастан бастап, әбден бабына келгені – құжбан бұқа. Ал, жасы келіп, тұқым алуға жарамсыз күйге жеткен бұқаны пішіп тастайды. Оны азбан деп атайды. Болашақ мықты құтпан бұқалар құнан және дөненшығардың арасынан дене бітімі ірі, сүйектілерінен таңдалады. Мұндайда таңдалатын бұқалардың енесі мен аталығының физиологиялық қасиеттерімен қатар, енесінің сүттілігі әсіресе ерекше ескеріледі. Ал қалғандарын ақтап тастайды. Жасы ұлғая келе сиырға қосуға жарамсыз болған кезде пішілген бұқаны азбан бұқа деп атайды.

Пішілген бұқа – азбанның күш-қуаты ерекше болады. Сондықтан ол тасымал көлік ретінде де, жер жырту һәм егіншілік ісінің сан алуан үлкен күш-қуаттын қажет ететін операцияларды орындайтын жұмыс күші ретінде де жоғары бағаланатын.

БҰҚА ТАРТЫС – екі адам, мойнына тұйықталып ілінген арқан арқылы, екі жаққа тартысып ойналатын ойын түрі. Бұқа тартыс ойыны жаяу тартыс, мойын арқан деп те аталады.

Бұл ойын ерте кездерде адам көп жиналған жиын-тойларда ойналған. Ойын екі түрлі әдіспен ойналады. Өз күшіне сенген екі жігіт қаумалаған ел ортасына шығып, алдын ала тұйықталып байланған арқанның екі шетінде екі жаққа қарап тұрады. Оны тұйық бастарын ойыншылар бұтының ортасынан алып, басынан асыра мойнына іледі. Бұдан ары бұқа секілді екі жаққа қарап төрт тағандап тұрады. Немесе, арқанның тұйық басын желкеге іліп, екі қолтықтың астынан өтікізеді. Бұндайда алдыңғысындай төрт тағандап тұрмай-ақ, тізесін жерге тигізіп еңбектей тұруына да болған.

Тартысатын арқан ортасына белгі қойылған. Төреші белгісімен әлгі екі адам екі жаққа тартысады. Қай мықтысы алдын ала белгіленген белгіден екіншісін сүйреп өткізіп, жеңімпаз атанады.

БҰҚАР – жылқы терісінен жасалған былғарының атауы. Қазақ жеріне бұқар сауда-саттық жолдарымен Бұхарадан жеткізілетін. Бұқар шикізат ретінде белдік, ат әбзілдері, аяқкиім сияқты тұрмыстық бұйымдар жасауға қолданылған. Дей тұрғанмен, бұқарды қазақы ортада қолданылғаны жайлы деректер жоқтың қасы. Шамасы бұқар атауы оның жасалған жеріне қарай байланысты болса керек. Айтайын дегеніміз қазақы ортада заттың шыққан жерінің атауын қоса айту кең таралған. Мысалы: Бұқар кілем, Қоқан ер, Бұқар қалпақ, т.б.

ҚР МОМ қорында (КП 1077) бұқар теріден жасалған әйелдің көксауыр шоңқайма кебісі сақтаулы. Биік өкшелі, тұмсығы үшкіл тігілген әйел кебісі. Жылқының сауыр терісінен арнайы тәсілмен дайындалған жасыл түсті «көксауыр» деп аталатын теріден жасалған. Өкшесі мүйізден қабаттап салынып, тайқыланып жонылған. Өкшенің алдына металл тіреме бекітілген. Киер аузын айналдыра ақ, қызыл жіптен ширатылған таңдайша өрнегі жүргізілген. Сірөкшесіне қызыл барқыттан сыңармүйіз оюы бастырылған.

БҰҚАР ШАТЫРЫ – аста, үлкен той-думанда тігілетін үлкен шатыр. Кейбір деректерде Жайықтың күншығыс бетінде Құламбаевтың дүниеден өткен әкесіне берген асына өте көп адам жиналғандығы айтылады. Халықтың көптігі соншалық, киіз үйлермен қатар, 200 адам бірден сыйып кететін бұқар шатыры да тігілген.

Шатырдың ішіне кілем төселіп, ортасына, кілеммен жабылған сандықтың үстіне қойылған таза күмістен жасалған 1,5 пұттық астау қымызға толтырылып, қымызды тостағандарға құйып тұру үшін ішіне күміс керсен салынған.

БҰҚАРЖА / БҰҚАРЖАЙ – орта ғасырларда Шығыста қолданылған жақтың түрі. Орта ғасырларда Бұхара қаласы жақсы жақтар жасайтын орталықтардың бірі болды да, онда өндірілген жақтар сыртқа көптеп экспортталды. Жасалған жеріне байланысты бұл жақтар басқа халықтардың тілінде, оның ішінде қазақтарда да «бұхаржак/бұхаржай/бұхаржа» деп аталған. Бұқаржа қазақ батырларының қаруы ретінде қазақ ауыз әдебиетінде жиі айтылуы, Бұхарада жасалынған жақтарды қазақ жауынгерлері де сатып

алып отырғанын куәләйді. Мұндай жақсы жақтардың қаншалықты қымбат тұрғанын батырлар жырларында кездесетін «он атқа алған бұхаржа», «алты атқа алған адырна» сөз тіркестерінен білуге болады.

БҰҚАРЖАҚ – қазақы ортадағы географиялық, топонимикалық ұғым. Батыс өңірі қазақтары Орта Азиядағы ірі қала Бұхар қаласы бетін негізге алып Жайық өзенінің күншығыс бетіндегі өлкені бұқаржақ, Бұқар бет деп атайды. Бұған қарама-қарсы Жайықтың батыс беті Самарбет деп аталады.

БҰҚТЫРМА / БҰҚПА – өз сөліне бұқтырылып пісірілген ет. Орталық Қазақстанда бұқтырылып пісірілген етті тағам түрін бұқтырма деп атайды. Етті мұндай жолмен пісіргенде өте дәмді әрі жұмсақ болатындықтан, қона жатқан қонақтарға кәделі ас ретінде тартқан.

БҰЛ / ПҰЛ – дәстүрлі ортада тұтынылған қымбат, қалың мата түрлерінің жалпы атауы. Бұл (пұл) атауы ертеде аса қымбат жібек түрлерінің айырбас элементі ретінде ақша құралы қызметін атқарғандығына байланысты шыққан. Түркі, парсы тілді халықтарда ақшаны пұл деп атау қолданыста әлі бар. Кейбір өңірлерде атаудың бұл деген мағынада қолданылуы бағасын арттыру мәніндегі «бұлдау, бұлдану» сөздеріне негіз болған.

Қазақ ұғымында бұл атауы мата деген мағынада қолданылады. Киім-кешек тігуге қазақ әуелде Үндістаннан әкелінетін шытты, батсайыны, Қытай, Орта Азия жібегін, барқытты, зерлі, белдері кездемелерді, мауытыны, масатыны, шұғаны пайдаланған. Қазақ жеріне Жібек жолы арқылы келген бұлдарды айырбас жолымен сауда-саттық жасап алып отырған. Бұл түрлері өз ішінде қалың, жұқалығына, құндылығына байланысты бірнеше топқа жіктеледі.

Сырт киімдік бағалы бұлдар: барқыт, тұқаба, берен, бикасап, бұлде, дүрия, қамқа, қойқын, қыжым, мақпал, мауыты, міндала, пайы, баршын, парша, пүліш, саң, тапта, ұштап, тібек, шұға, мана, ләмбөк, манат, масаты, борлат, бояқ, бұйдас, зипуын, дабы, сылаң, қасапдар, қаламы, қымқап.

Жібек бұлдар: баршын, кініпас, кіріс, күлінкөр, күлдірі, қатипа, батсайы, сірпіңке, сіндіп, тапта, торғын, торқа, шәйі, қырмызы, атлас, кінауыз, маңлық, құлпы.

Жұқа бұлдар: зон, ақсұп, борлат, бомази, бояқ, дабы, сыңсыма, сұрып, сәтен, сиса, шағи, бітес, тек, зәріп, саржа, құмаш, орысқол, тайғақ.

Арзанқол бұлдар: ләмбік, діке, үлдірік, ләстік, кенеп, шөжім, шыдаған, сұпы, шыт, бөз, тептік, ақзу, күн-түн, тібен, сәлдебөз, меткетон, тіке.

Қазақы ортада бұлдың әсіресе, көп қолданыста болған түрі – мақпал. Мақпал – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі. Мақпалдың үш түрі бар: қара мақпал – қара барқыт; қой мақпал – түкті пүліш; қырмызы мақпал – қызыл күрең барқыт. Бірақ қазақтар мақпал деп көбінесе біртегіс, түгі тықыр да қара барқытты атаған. «Мақпалдай қара, мақпалдай жұмсақ» дейтін теңеудің мәні осында. Мақпалдан камзол, шалбар, қыз-келіншектердің киімі тігіледі, тұскиіз жасалады, баскиім тысталады.

БҰЛАҚ – бастау, тұма, қайнар сулары мен еріген қар сулары жылғаларының бір арнаға қосылып ағуынан пайда болған ағынды табиғи су көзі. Бұлақтар бір-біріне құйылып, үлкенді-кішілі өзенге айналады. Бұлақ

таулы қыратты жерлерде жиі кездеседі. Жер астынан шығып жатқан су көзін бастау деп атайды. Ал көктемде жерасты суының көтерілуінен пайда болып, құрғақ, ылғалсыз жазда тартылып қалатын арынсыз табиғи су көзі тұма деп аталады. Жер астынан қысыммен шығатын арынды су көзі қайнар деп аталады. Қайнар бұлақтың тұмадан айырмашылығы тау-тасты өңірлерде тереңнен шығады да маусымдық өзгерістерге тәуелді болмайды. Мұндай су көзі тұмаға қарағанда тұрақты болады.

Биік тау басындағы мұзарттың, қардың еруінен пайда болған су көлемі де аз болмайды. Бұлақ суы бастаудың тереңдігіне, жер қыртысындағы табиғи ерекшелігіне байланысты. Кейбір өңірлерде жерден ыстық бұлақ ағады, оны ыстық су, арасан деп атайды. Бұлақ суын тазалықтың белгісі, шипалы дәру ретінде жоғары бағаланды.

БҰЛАН – бұғы тектес шөп қоректі ірі аң. Бұлан орманды өңірде мекендейді, көбіне ағаштың жапырақтарымен, қыста ағаш қабығымен, бұтаның жас өркенін және қына жейді. Еті жеуге жарамды қоңыр аң түрінде жатады. Басқа қоңыр аңдардан ол денесінің ірілігімен, мүйізінің ерекше бітімімен көзге түседі. Оның дене тұрқы (ұзындығы) 3 метрге, биіктігі шоқтығынан алғанда 2 метр 20 сантиметрге дейін жетеді. Салмағы 300-ден 600 килограмға дейін тартады. Мүйіздері салалы болып келеді. Мүйізі тек бұқасында ғана болады. Жалпақ, қалақ тәрізді біткен мүйізі бірнеше салалы болып, екі мүйізінің ұштарының арасы 1,5 метрдей, салмағы 20 килограмм шамасында болады. Бірақ мүйізінен панты алынбайды. Сырт пішіні аздап сиыр малына ұқсайды. Кейбір деректер бойынша бұланды қайсыбір аймақтарда суын деп, бұланның еркегін қандағай деп атаған.

Бұланның түсі жазда қоңырқай, бас-аяғы ақшылдау болса, қыста қара қоңыр түске ауысады. Бұлан күз түсе қыркүйек айында шағылысып, мамыр айында бұзаулайды. Бұлан ерте кездерден қазақ жерінің батыс, солтүстік өңірлерінде ағашты, орманды жерлерде, өзен-көлдер маңында тіршілік еткен.

Бұлан мекендеген жерлерге байланысты Бұланты, Қандағатай, Қалдығайты тәрізді топонимдер пайда болған. Зерттеушілер А.Әбдірахманов, Ғ. Қоңқашбаев, Т.Жанұзақовтың пікірі бойынша, мәселен Қалба тауының бір бөлігі – Қандағатай монғол тілінің қандағай (бұғы) деген сөзінен алынған. Монғол тілінде хандағай – «бұлан, бұғының бір түрі» деген мағынаны білдіреді. Бұл жөнінде проф. Т. Жанұзақов: «А.Әбдірахмановтың пікірінше Қандағатай атауындағы тай (қосымшасы) – осы жануардың барлығын білдіретін монғол тіліндегі көне жұрнақ. Қалдығайты атауы мен Қандағатай атауындағы сәл айырмашылық сөздің басқа буынындағы н/л дыбыстарының алмасу құбылысында. Бұл н/л дыбыстарының алмасу ерекшелігін батыс говорына тән деген пікірді белгілі диалектолог, проф. С.Аманжолов атап келіп, «жамалдат-жамандат», «кандал-канден» сияқты сөздердегі л/н дыбыстарының алмасуын мысал ретінде көрсеткен еді. Ал атаудың соңындағы -ты қосымшасы туынды сын есім жасайтын, бір нәрсенің көп, молдығын білдіретін көне жұрнақ. Демек, Қалдығайты атауының Қалдығай сыңары монғол тіліндегі қандағай – «бұлан, бұғының бір түрі» деген сөздегі л/н

дыбыстарының алмасуының өзгерген түрі, сөз соңындағы -ты қосымша деп білеміз. Атаудың мағынасы: «бұланты, бұлан көп өскен өзенді жер».

Осындай өңірлерде мекендеген бұланның ірілігіне байланысты «Бұланнан үлкен аң болмас, Бұланайдан үлкен тау болмас» деген мақал сақталған. Ертеде өз көзімен көрген байырғы қазақ ұғымында бұлан – ең ірі жануардың, ал Бұланай ең биік таудың эталоны болған. Бұланай деп ертеде қазақтар Гималай тауын атаған. Сөйлеу тілінде бұлан денесінің ірілігі бұлан мойын, бұлан сан, қой-қозысы құландай, Ешкісі бөрте бұландай тәрізді теңеу сөздердің қалыптасуына негіз болған.

Ертеде бұланды қоңыр аңның бірі ретінде аулаған. Ол туралы деректі Ақтамберді жыраудың (1675-1768) жырларынан кездестіруге болады:

Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер.
Сартылдаған сары аяз,
Жылқының мойнын мұз кесер.
Бұлан да, бұлан, бұлан сан,
Бұланның санын оқ тесер.
Бұлаңдап жүрген жігіттің,
Жомарт қолын жоқ кесер.

Бұланды, әдетте, ермек үшін емес, жорық кезінде жауынгерлерді арнайы құлан аулайтыны тәрізді азықпен қамтамасыз ету үшін аулаған. Жорықта көп адамға қазан асып жатудың ыңғайы келмейтіндіктен ірі жануардың етін бұзып, мүшелеп жатпай-ақ, ішек-қарнын алып тастап, мол етін жағылған оттың табына үйітіп, қақтап пісірген.

Ол туралы Шалкиіз жыраудың (1465-1560) ауызша сақталып жеткен жырларында:

Бұз үстіне от жаққан,
Бұздай бұлан пісірген.
Мен иемдің бөрлі ала тасы едім.
Иә, ием, сенің сырың мен білем.
Менім ием би Темірдің әрі өзім
Жау көрген күн жүрегінің басы едім.
Көз үстінде қасы едім! – деп келеді.

Доспамбет жыраудың жырларындағы деректерге сүйенсек, ертеде бұланды өңірде қамшының бүлдіргесі бұлан терісінен жасалған:

Қарағайлы көдік бойында
Қамшым қалды ойында.
Бүлдіргесі бұлан терісі,
Өрімі құнан білдің қайысы,
Шырмауығы алтын, сабы жез,
Бейазының бойында
Күзен, қарсақ жер ме екен!

Көне деректерден аяқкиімді, соның ішінде етікті қара бұлан терісінен тіккендігін байқауға болады:

Айналайын, Ақ Жайық,

Ат салмай өтер күн қайда.
Еңсесі биік боз орда
Еңкейіп кірер күн қайда.
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда!

Қысқасы бұландар ертеде етін жесе – азық, терісін алса – ер құралы, тұрмыстық бұйым, суықтан сақтар киім болған.

БҰЛАУ – дәстүрлі емшіліктегі емдеу тәсілінің бірі, суықты шығару үшін кеңінен қолданылатын халық емі. Көшпелілер буын, сүйек сырқырау, белдің шойырылуы, құяң секілді ауруларды емдеу үшін түрлі жылу және бұлау сияқты тәсілдерді қолданды. Сонымен қатар өз кезегінде бұлаудың төмендегі тәсілдері қолданылды: құмбұлау, тасбұлау, сумен бұлау, теріге түсу және т.б.

Жаз айларында шөлді және шөлейт аймақтарда құм қатты қызған мезгілде киіз үй тігіп, науқас адамды бір апта бойына құмбұлауға түсірген. Құмнан адам бойлайтындай шұңқыр қазып, күн қызуы құмға сіңген уақытта науқасты шұңқыр ішіне түсіріп, денесін мойнына дейін толық көмеді. Алғашқы күні сүт пісірімдей уақыт, біртіндеп бие сауымдай уақытқа жеткізіп құмбұлау жасайды. Бұлаудан кейін киіз үйге жатқызып, сорпа, шай ішкізіп әлдендірген.

Сумен бұлау шарасын денедегі суықты шығару үшін және әртүрлі тері ауруларын емдеу үшін жүргізген. Қайнаған тұзды сумен қышыма ауруын, адыраспан қайнатындысымен бөртпе жараларды бұлап емдеген. Ал су құйылған шелектің немесе легеннің ішіне қыздырылған екі қыш салып, дәреті жүрмей қалған науқастың табанын қышқа бастырып, үстіне көрпеше жауып отырғызып немесе аяғын ыстық суға салып бұлаған. Бала көтере алмай жүрген әйелді құрқылтайдың ұясы салынған ыстық судың буына отырғызған.

Бұлаудың ертедегі қазақтар арасында ең кең тараған түрі – теріге түсіру. Семіз ту серкенің терісін бүтіндей сыпырып, оның ішіне науқас адамды жатқызған. Ал сиыр терісін сыпырып, жылы теріге науқасты орап жатқызған. Теріге түсіруді кейде күн аралатып, екі-үш мәрте қайталаған. А.Башманов теріге түсу оғыз тайпалары арасында кеңінен қолданылғандығын жазған. М.А. Лялина өз еңбегінде жергілікті емшілердің көкжөтелді емдеу үшін шөп сығындылары мен тұнбасын ішкізетіндігін, бұл ем көмектеспесе, жаңа сойылған жылқының жылы терісіне орайтындығын және теріні жиі ауыстыруға тырысатындығын, ал бұл да көмектеспеген жағдайда Жаратқанға құрбандыққа ақ қой атап, сояр алдында қойды жетектеп, ауру адамды үш рет айналдыра «міне, саған, жанға – жан, ауруға өмір бер» деп айтып шалатындығын жазды.

Бұлауға мал терісін ғана емес, оның дене мүшелерін де пайдаланған. Бұлаудың мұндай көне түрін Ә.Диваев Сырдария экспедициясы кезінде жазып алған. «...Қырна ауруын емдеу үшін ошақтан ыстық күл алып, қыш шәйнектің ішіне салып, орамалмен орап, аурудың ішіне басқан немесе қара ешкіні сойып, өкпесін жүрегімен суырып алып, жылылай науқастың жалаңаш денесіне ұзақ уақыт бойы ұрғылаған, науқас терлеп сауыға бастаған..». П.И. Пашино Қазалы уезі қазақтары арасында жаңа сойылған

қой терісіне орау, ауырған жерге қойдың ішкі мүшелерін басып, орап жатқызу кең тарағандығын жазған.

Бұлау әдісінің тағы бір ерекше түрін – қарынға түсуді бала көтере алмай жүрген әйелдерді дауалауға қолданған. Ол үшін жаңа сойылған қойдың жылы қарнына әйелдің екі аяғын салғызып, ыстық шай беріп, үстінен бүркеп тастап терлетеді. Науқастың үстін қымтап орап, отқа қыздырылған тасқа отырғызу арқылы да емдеген. Белі, тізесі сырқырып ауырған адамның беліне, тізесіне қыздырылған тас қойып және қалтаға салып қыздырылған тұзды тартып орап тастау арқылы да дауалау шарасын жүргізген. Бел мен тізе сырқырауына Самарқан саудагерлері әкелетін түйежапырақ шөбін сатып алып таңатын болған.

БҰЛҒАРЫ САДАҚ – жақтың иленіп, өңделген теріден жасалған қабы. Қазақтар оны теріден, матадан жасап, сәнді үлгілерінің беттерін өрнекті металл әшекейлермен (алтын, күміс, жез) әсемдеп, жібек жіптермен кестелеген.

Орта ғасырларда Бұлғар елінде тері өндірісі жақсы дамыған, өңделген тері және теріден жасалған бұйымдар сыртқа көптеп шығарылған. Мұндай жұмсақ өңделген терілерді қазақтар келген елінің атауымен бұлғары (былғары) деп атаған.

БҰЛҒЫН ІШІК – бұлғын терісінен жасалған, аса бағалы сырт киім. Мұндай киім түрі билік иелері арасында сыйлық ретінде жүрген, қыз жасауына салынған, бас құдаларға кәде сый ретінде берілгендігі жайлы көне деректерде кездеседі. Бір ішікке жиырма-отыз бұлғын терісі кетеді. Түркі-моңғол халықтарының тарихында бекзадалар арасында бұлғын ішіктің қадірлі сый ретінде жүргені көп айтылады. Бұлғын қазақ жерінде сирек кездесетіндіктен бұлғын ішік қымбат киім болып саналатын. Бұлғын ішік жайлы дерек көркем әдебиет туындыларында айтылғанымен, осы күнге дейін сақталған үлгілері белгісіз.

БҰЛҚЫНШАҚ – жылқының сан терісінен жасалған, сусын сақтауға, тасымалдауға арналған ыдыс түрі. Дәстүрлі ортада мал бағуға, сапарға шыққанда қымыз, шұбат, айран, шалап, ашыған көже, қойыртпақ т.б. сусындарды бұлқыншаққа құйып алып жүрген. Жылқының (тай, құнан) сан терісінен жасалатындықтан, сыйымдылығы оншақты литр сұйықтықты қамтитындай болады.

Бұлқыншақ жасау үшін тай-құлын сойған кезде артқы санының терісін шашасына дейін бітеу сыпырып, теріні айналдырып, көк еті мен шелінен сылып, қырып тазалайды. Терінің сан жағының арасына шүберектен ұштық салып, тарамыспен қайып тігеді. Жіліншік жағындағы бөлігін ауыз жасап, оған лайық ағаш тығын жонылады. Бұлқыншақты түгін сыртына қаратып жасайды. Бұлқыншақтың ішіне күл, құм толтырып, аузын тығындап кептіріп алған соң, ыстап, кермекке салып пайдалана беруге болады. Бұлқыншаққа қайыс немесе былғары бау тағып, керегенің басына іліп қояды, салт атты адам қанжығаға байлайды, жаяу жолаушы иығына асып алады. Ұста Д.Шоқпарұлы ыдыстың мұндай түрінің бұлқыншақ аталуы оның мойны қайқы болғандықтан және қанжығада

немесе адам иығында асулы кезінде бұлқынып, шайқалып тұратындығына байланысты деп пайымдайды.

БҰЛЫҚ – киім-кешектің, мата бұйымдар мен жабдықтарды әшекейлеу үшін қондырылатын қосымша жиек. Бұлық кестеленген тігіс түрінде немесе түрлі түсті матамен көмкеріліп жасалады. Бұлықтың әртүрлі бұйымға байланысты жекеленген атаулары болады. Көрпенің жиегіне салынатын бұлықты жиек, түтік шырға дейді. Тігісі бойынша салынатын жапсырмалы шалбарды бұлық шалбар деп атайды. Бөстекті, төсек киізді екі жағынан жиегін матамен көмкергенде арасына салынатын матаны да бұлық деп атайды.

ҚР MOM қорындағы (КП 13017) бұлық салынған ақ түсті төсек сырмақтың ұзындығы 1 м 85 см, ені 87 см, трапеция пішінді етіліп, жиегіне қызыл түсті барқыттан көмкерме ұсталған. Арасына қоңыр түсті бұлмен қапталған киізден бұлық салынған.

БҰРАМА¹ – зергерлік қолөнерде бұрау, ширату, есу тәсілін қолданып жасалған бұйымдарды біріктіретін жалпы атау. Зерттеуші Р. Шойбековтің «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі» атты еңбегінде бұрама тәсілмен жасалған бұрама білезік, бұрама жүзік, бұрама сақина атауларын келтіреді. Белгілі ұста Дәркембай Шоқпарұлы зергерлік шынжырдың бұрама деп аталатын түрінің жасалу тәсілін «Қазақтың қолданбалы өнері» атты еңбегінде толықтай суреттейді.

Қорыта келе, бұрама дегеніміз жасалу технологиясының (бұрау, есу, ширату) ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан болса керек.

Жіңішке алтын, күміс сымдарды есіп өрнектің деталі ретінде бұрама деген атаумен қолданылса, жеке шығыршықтардан арнайы тәртіппен иіріп жасалған декоративтік шынжырларды бұрама деген атаумен белгілі. Диаметрі 3-10 мм арасындағы күміс таяқшалардың екеу, үшеуін біріктіріп бұрап (ширатып) жалатаны күміс білезіктер де бұрама білезік деп аталады. Осы сияқты бұрау, иіру, ширату тәсілдерін қолданып жасалған басқа да зергерлік бұйымдар бұрама сөзі қосылып аталатын болған. Бұрама өрнек, бұрама шашбау, бұрама сақина, бұрама жүзік деген атаулар осыны білдіреді.

БҰРАМА² – қазақ қолөнеріндегі қайыс өру тәсілі. Қос таспаны бұрама әдіспен өру үшін қос қасқаны түйгендей етіп түйеміз. Содан соң екінші таспаны бірінші таспамен төртінші таспаның үстін бастыра оң жаққа қайырамыз.

Енді төртінші таспаны үшінші мен бірінші таспаның үстін бастыра солға қарай қайырамыз. Әрі қарай бірінші таспаны төртінші таспаның үстін бастыра, екінші таспаның тұйықталған жерінен өткізіп, солға тастап, өрімді өрбіте береміз.

БҰРМАШӨП – түп-түп болып құмды жерге кісі бойындай биік болып шығатын, боз түсті шөп. Бұрмашөп өскен жерге қой, түйе жаюмен бірге Қызылорда өңірінде оның тамырын ұнтақтап, қазанға салып қайнатып сары түсті бояу алған. Осындай сары бояумен тері бояған.

БҰРАУ – артылған жүкті, желбау, арқандарды шымырлата тартып қою үшін қолданылатын қысқаша келген жұмыр ағаш. Көбіне бұрау түйеге, өгізге жүк артқанда қолданылады. Дәстүрлі көшпелі тіршілікте арқан, жіптер

шаруашылықта өте көп қолданылған. Оларды өзара жалғап байлау, жүктерді бекіту сияқты көптеген операциялар байлауларды неше түрлі типтерін қалыптастырды. Шандып байлап бекіткенде бұраумен нығыздау, ширату тәсілдері қолданылды. Осыған орай бұрау дербес құрал ретінде, әсіресе, керуенші, кірекештер арасында қолданылған.

БҰРАУ САЛУ – ертеде дәстүрлі құқықта қолданылатын жазалау түрі. Қыл арқанмен қатты буып, адам денесінің әр жеріне, санына бұрау салады. Бұрау салу көбінесе айыпкерді мойындату, шындықты айтқызу үшін қолданылған. Сол сияқты асауды үйрету кезінде ерніне шылбырмен немесе құралмен бұрау салған. Ол шұралау деп аталады.

БҰРҒУЫЗ – өрнек, нақыш салатын құрал, нақыш салғыштың жергілікті атауы. Бұрғуыз ағаш сапты, жуан біз түрінде болады, мойнағына темір құрсау орнатылады. Бұрғуызбен өрнекті оңды-солды бұрап түсіреді.

БҰРҒЫ – қатты заттарды (металл, ағаш) үңгіп тесуге арналған сайман. Бұрғының бұранда тектес негізгі ұшы үскір, асыл темірден жасалады. Жуан жағында бұрғылауға ыңғайлы, жеңіл болу үшін көлденең орнатылған ағаш тұтқасы бар.

Ал оның бұрандасы сағат тілінің бағытымен солдан оңға қарай айналады. Сондай-ақ бұрғының кейбір түрлерінің ортасында айналдыруға ыңғайлылық тудыратын бүгілген белі бар қолшығыр деп аталатын түрі болады.

БҰРҚАҚ – қарды ұйтқытып, үйіріп соғатын жел. Мал баққан шаруаларға қиындық тудыратын бұрқак жел қазақ даласының солтүстік өңірлерінде қыс айларында жиі болып тұрады.

БҰРЛЫҒУ / БҰРДЫҒУ – Моңғолияда тұратын қазақтардың берген деректері бойынша, көптен мінілмеген қонды жылқыны қинап, жын-тоғын баспай дінкелетіп пайдаланудан немесе жүйрікті бабына келтірмей бәйгеге қосып зорықтырудан болатын өлі тию тобына жататын ауру. Бұрлығыға шалдыққан жылқының боқ-жыны кетіп, іші босап, екі қазысы бүрісіп біріне қабысады. Ішек-қарынның кілегей қабаты тым жұқарып ас қорыту жүйесі бұзылып, қартасы желге толып қабыну салдарынан мал әлсіреп, қиналған күйге түседі. Бұрлығыға шалдыққан жылқы көзі алақтап, екі бүйірін тістелеп, бұлшықтары дірілдеп, аяғын сермей береді.

Дерек берушілердің айтуы бойынша, бұрлыққан жылқының сауыр, жаясына салқын су бүркіп, тік ішегіне біртіндеп көбейте отырып жылқының жас бопайын, сиырдың жапасын сүтке езіп немесе жаңа сойылған қойдың қан-жынын жұтқызады. Бұл малдың ас қорыту флорасын қалпына келтірудің халықтық амалы болса керек.

Бұрлығы жайлы басқа дерек болмағандықтан бұл мәселе қосымша зерделеуді қажет етеді. Негізгі дерек Моңғолия қазақтарынан алынғандықтан бұрлығы атауының этимологиясын бұрлығы Базылхан құрастырған «Қазақша-моңғолша» пен «Моңғолша-қазақша» сөздіктен қарастырылып отыр. Қазақша-моңғолша сөздікте бұрлығы сөзі ташердах – дінкесі құру, әлі кету және өлсөх – қаталау, сусау деген екі мағынасы келтіріледі. Яғни, бұрлығы атауын аурумен байланыстырмайды. Моңғолша-қазақша сөздікте мерт болу

дегенді білдіретін Бурлэх атауы берілген. Осыған қарағанда аралас отырған моңғол тіліндегі бурлэх атауы қазақы ортада жылқының өлі тию тобына жататын бұрлығы ауруының атауы болып қалыптасуына себеп болды деп топшылауға болады.

БҰРМА – басы майда, биіктігі бір құлашқа жететін теріскен тәрізді, арша тұқымдас өсімдік. Бұрманы құдықты шегендеуге қолданады. Бұрмамен шегенделген құдық көп уақытқа дейін пайдалануға шыдас береді.

БҰРТАШ – ұрғашы түйелерде кездесетін жыныс мүшесі ауруының жергілікті атауы. Бұрташ көбінесе мүйізгек атауымен белгілі. Бұрташ қаймалы, інген жерлерде кездеседі. Бұрташ болған мал бурадан шықпай, қаюы басылмай, бура көрсе көзі жасаурап шөге береді. Емделмесе боталамай үнемі қысыр қала береді. Бұрташ жыныс мүшесінің сүйем қарыстай шыға берісінде бұршақтай болып мүйізденіп тұратын бүртік болып тұрады. Сондықтан да болса керек аурудың негізгі атауы мүйізкөк. Қазақ емшілері бұрташ түйірді сылып тастайтын. Ертеректе інген малдың көз тамырын қиып та емдейтін. С.Санбаевтың «Аруана» романында аруананың көз тамырын қиып барып бураға шөктіргені суреттеледі. Айта кететін бір жайт, бұрташ деген атаумен түйе малының зәрі жүрмей қиналатын ауруы да белгілі. Бұл ауру жөнінде және оны емдеу тәсілі жайлы деректі Бәделхан Қ. «Халықтың мал емдеу тәжірибелерінен» атты еңбекте келтірілген. Бәделхан дерегінде келтірілген бұрташ несеп жолдарының ауруы оны түйенің екінші өркешінің бауырға жақын тұсына ұзындығы 12 см. мыс біз сұғып емдейді делінген. Басқа деректерде бұрташ ұрғашы түйенің жыныстық ауруын зәр жүрмеу ауруымен байланыстырмаса да, екі деректі қатар келтіруді жөн көрдік. Бір атаумен екі түрлі ауру беріліп отыр.

БҰРШАҚ¹ – (лат. Pisum; Vigna; Phaseolas; Cicerarietinum) домалақ, ұзынша ұрықтары қауашақ ішінде орналасатын бұршақ тұқымдастарына жататын бір жылдық өсімдіктер. Ерекше құнарлылығымен, жұғымдылығымен ерекшеленетін бұршақ қазақ халқының ас-тағам жүйесінде XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап ене бастады. Бұл үрдіс, әсіресе, отырықшылыққа көшіп, егіншіліктің дамуымен тікелей байланысты болды. Қазақ жерінде негізінен бұршақтың екі түрі өсіріледі: біріншісі ас бұршақ (латыншасы Pisum; орыс. Горох), екіншісі тас бұршақ, ақ бұршақ, ат бұршақ, үрме бұршақ деп аталатын (латынша Phaseolus; орысша фасоль) тобы. Оңтүстік өңірлерде маш (Vigna sativata), ноқат (Cicer arietinum) деген бұршақ түрлері өсіріледі. Бұршақ дәнін құмалақшылар құмалақ ретінде де қолданады.

БҰРШАҚ² – жүн немесе қылдан есілген, көген бойында бір-бірінен екі-үш қарыстай алшақ түсетін, төл байлайтын (көбінесе, қозы мен лақ) бекітпе ілмекшелер, түйнекті жіп. Кешкі мезгілде қой сауынынан кейін қозы жамыратылады, біраз уақыт енесімен бірге жайылған соң жатар алдында қозылар көгенделеді. Бұршақ қой сауғанда, қозы қырыққанда пайдаланылады. Бұршақтың бір жағы тұйық болса, екінші басында тобыршық тәрізді түйіні болады. Ұзындығы екеуін қосқанда екі қарыстай, яғни қозы-лақтың мойнын айналдыра қабуға жетерлік болады. Кей кезде жеке-жеке дайындап алып, көген желісіне қондырылады.

Көгеннің бұршағы жас төлге қатысты қолданылатын бұйым ғана емес, өркендеу идеясына қатысты магиялық сипаты бар ғұрыптық мәнді де зат. Жас жұбайларға бағытталып, отауда атқарылатын ғұрыптарда берілетін бата мәтіндерінде «Көгендерің бұршақты болсын, көген көздерің оншақты болсын» деген сияқты жолдар жиі кездеседі.

БҰРШАҚ САЛУ / МОЙНЫНА БҰРШАҚ САЛЫП ТІЛЕУ – ертедегі өркендеу идеясына қатысты туындаған жоралғы. Тәңірден өсіп-өнуді, көбеюді тілейтін тілеу рәсімі. Тәңірден мал басын көбейтіп, аман сақтауын тілеген. Кейін келе бұл дәстүр Тәңірден әртүрлі тілектер тілеуге ұласқан. Ақан серінің атасы Жарқынбай көпке дейін немере сүймей, зарығып жүргенде оның бәйбішесі мен тоғыз қызы көгеннің бұршағын мойнына салып, Тәңірден немере тілеген екен. Тілектері қабыл болып, жалғыз ұлы Қорамсаның әйелі Жаңыл жүкті болып, атақты Ақан сері (Ақжігіт) туған екен.

Бұқар жырау Абылай ханға айтқан тоқтау сөзінде бұй дейді:

Ей, Абылай, Абылай

Өкпеңменен қабынба

Өтіңменен жарылма

Орыспенен соғысып

Мойныңа бұршақ сап тілеген

Халқыңа жаулық сағынба

БҰРЫМ – қазақ әйелінің қос немесе бір бұрым етіп шаш өру тәсілі. Қазақы ортада әйелдің шашын кесуге немесе қырқуға үзілді-кесілді тыйым салынды. Тоқпақтай, әрі ұзын бұрым сұлулықтың символы ретінде айырықша әспеттелді. Бұрымды әртүрлі әшекей маржан, лағыл, ақық сияқты асыл және жартылай асыл тастардан, сондай-ақ күміс жіңішке шынжыр салып өреді.

Бұрымға шашбау, шаштеңге, шолпы тағып, айрықша күтімге алған. Гигиеналық талаптарға сай бұрымға, үй тірлігі, шаруа қамымен жүргенде, шаң-тозаңнан сақтайтын шашқап кигізген. Қазақ салтында қыздар шашын бір бұрым немесе көп бұрымды етіп өреді, тұрмысқа шыққан соң қос бұрым етіп өрген. Қыз бала шашын «қырық бұрым» етіп өру – өркендеу, өсіп-өну идеясымен байланысты болуы мүмкін.

БҰТАРТАР – ауыл арасы, шаруаға мініп жүруге жарайтын көлік малының атауы. Бұтартар деп әдетте лажсыздан мінуге тура келген көлік малын да атайды. Бұтартар деп кәрі-құртаң жуас атпен қатар тапал құнан, өгізшені де атай береді. Жоқшылықты, кедейшілікті бағалау категориясы ретінде де қолданылады. Бұтартары жоқ бейшара екен, малдан бұтартар да қалған жоқ, – деген сияқты сөз тіркестері малшылықпен айналысатын қоғамда кедейліктің шегіне жеткен халі деп бағалаумен тең болса керек. Дәстүрлі ортада көлік малы жоқтықтан көштен қалып, жатақ қатарына өткендер кедей әлеуметтік топқа жатқызылатын. Көшпелі қоғам мүшелерінің түсінігі бойынша әр адамның құрығанда бұтартары болуы керек, көліксіз адам көштен қалған, қатардан қалғандарға жатқызылады.

БҮГЕ – асықтың бүгіліңкі, яғни дөңес жағы үстіне қарап жатуы. Асықтың бұндай жатысы бүк деп те аталады. Бұған қарама-қарсы жағы шик деп аталады. Асық ойындарында сақаның, асықтың әртүрлі қалыпта жатуы

бүктен басқа шик, алшы, тәйке, жыңқы, омпы делінеді. Асық ойынында сақаның «алшы» түсуі маңызды саналады. Асықтың бүк түсіп жатуы сияқты адамның аяқ-қолды бауырына алып, бүрісіп етпеттей жатуын «бүк түсіп жату» деп айтады.

БҮГІС ТІГІС – матаның селдіренді шетін жасыру мақсатында, екі матаны ұштастыра отырып, жапсарлап тігу тәсілі. Халықтық ортада бүгіс тігіс негізінен киімдердің алдыңғы өңіріне, етек-жеңіне, алдыңғы және артқы бойына, қалта аузына пайдаланылады.

Ол үшін сол пайдаланылып отырған матадан арнайы жіңішке етіп қосымша мата қиып алады. Маталардың өң жақ бетін бір-біріне қаратып, екі шетін ұштастырып, қисық кеткен жерлері болса қиып тегістеп алады. Шетінен бір елідей қалдыра отырып, көктеп не қайып тігеді. Бұдан кейін матаның өң бетін қайта аударып шеніте бір еліден артық кейде екі елідей қалдырып қайта тепшіп шығады. Сонда ішінен тігілген бір елі тігістен қалған матанның селдіреген ішіне қарай бүге отырып, екінші тігістің астында қалдырады.

Сонымен қатар камзол, шапан сияқты сырт киімдердің алдыңғы өңірлері мен етектеріне, бас киімдердің қайырмасына, шалбарлардың балақтарына, екі жанына басқа қымбат матадан арнайы әдіп салған. Бұл киімнің тез тозып, қайырылған шетін желініп кетуден сақтайды. Тігілу ерекшелігіне байланысты бүгіс тігіс қол тігісіндегі әдіптеп тігу түріне жатады.

БҮЙЕН – малдың ащы ішек пен тоқ ішектің түйіскен жерінің тұйық бөлшегі. Бүйен деп осы ішектен жалатын ыдысты атайды. Бүйен әдетте, қой-ешкінің ішегінен жасалады. Ыдыс жасау үшін бүйенді айналдыра жуып тазалап иісі кеткенше қанық тұзды суға салып қояды. Бір тәулік шамасы өткенде жақсылап жуып, үрлеп ауа толтырып, түбін тұйықтап көлеңкеде кептіреді. Кепкен бүйенді айырған сары май жағып, жұмсартып қояды. Қажет кезінде бүйенге сары май, жент сияқты сақталатын тағамдарды салып, адалбақанға іліп сақтайды. Бүйен құрамындағы ферменттердің әсерінен азық ұзақ уақыт бұзылмай сақталады және тек осы ыдыс түріне тән жағымды дәмге ие болады. Қыстың күні бүйендегі асты сығып алып қолдана береді. Ал жазғытұрым босаған май сіңген бүйен қарындарды отқа қақтап, ауылдың қыз-келіншектері, бала-шағасы дәмді таңсық ас ретінде бастаңғы, тоқым қағар кезінде ошақ басында желінеді. Отқа қақталған, тұз сіңген қарын, бүйеннің құрамы өте дәмді болады.

БҮЙРЕК¹ – дәстүрлі қазақ қоғамында қауымдастықты біріктіруші ілкімді принциптердің бірі азықты қонағы, ағайыны һәм көршісімен бөлісу. Бұл өте көне уақыттан сақталған архаикалық сыбай көмектің көріністерінің сарқыншағы болса керек. Осындай ғұрыптық іс-әрекеттер қатарына неше түрлі сыбағалар (өлі сыбаға, қара сыбаға, төркін сыбаға т.б.), сарқыт қалдыру, қырман қандау сияқты азық-түліктен арнап бөліп беру жатады.

Осы қатардағы ғұрыптық іс-шара қатарына бүйрек тарату салты да жатады. Бүйрек деп жаңа азық-түлік дайындаумен байланысты науқандық іс-шараның басына келген жамағайын, көрші-қолаң, бала-шаға, жетім-жесірге таратылатын кішігірім сыбаға. Егіншілікпен айналысатын ортада қырман қызылдау кезінде қатын-қалаш, бала-шағаға үлестірілетін біретек

шамасындағы астық өнімдерін де бүйрек дейді, ал малшылықпен айналысатын ортада бүйрек деп соғым сою кезіндегі көрші-қолаңның балашағасына, жетім-жесірге бүйрек, жүрек, бауыр сияқты кәдесі төмен мүшелерді ырымдап таратуды атайды.

Бұл түптеп келгенде қауымның әлеуметтік кіші тобына жататын мүшелерін ескерудің бір жолы, яғни бала-шағаның, жетім-жесірдің мерейін өсіріп сыйлап, елеудің бір түрі болса керек. Әлбетте, кәделі мүше мен дәнді дақылдан сый-сияпат беру өз алдына бөлек салт болған.

БҮЙРЕК² – соғым сойылған кезде көрші-қолаңға берілетін шағын сыбаға. Үлкендерге жіберілген сыбағамен қатар таныс, көрші адамдар бір-бірінің балаларына арнап, жүрек, бүйрек араластырып жіберетіндігіне байланысты осылай аталған. Бұл да балалардың мерейін өсіретін, ағайын, туысқа жақындататын мәні бар жоралғылардың бір түрі. Сондай-ақ мал сойғанда жетім-жесірлерге берілетін сыбаға да бүйрек деп аталады.

БҮЙРЕК³ – қамыр ішіне ұсақтап тураған ет, өкпе-бауыр салып пісірген тағам түрі. Онша жұқа емес жаймаланған қамыр үстіне тұздалып, бұрыш пен пияз араластырылып паршаланған етті жаймалап салған соң, оның үстіне тағы да бір қабат жаймаланған қамыр жауып, шеттерін бүріп табаға салып, бетін жауып шоққа пісіреді. Сондай-ақ ұсақ етіп жасалған түрі де болады. Бұл тағамның аты қамырды бүрмелеп жасауына байланысты бүрек/бүйрек аталған.

Орыс тіліндегі пирог тағамының аты да, заты да осы бүйректен бастау алатын болуы керек. Бүріліп жасалатын тұшпара (түркі тілдерінде тушбере/дүшбере т.б.) сөзінің екінші буынындағы пере/бере/бөре/бүре сөзі де бүруді білдіреді. Ал тұш/түш/дүш ашымаған, тұщы қамырдан жасалатындығына байланысты аталған. Осы тағамның бүйрекше, бүйрекше нан деген де атаулары бар.

БҮЙРЕК ОЖАУ – шөміші қосарланып, бүйрек тәрізді жасалған сабы ұзын қымызға арналған ожау түрі. Бүйрек ожаумен әдетте, тегештегі қымызды сапырып, аяқ, тостағандарға құяды. Ожаудың қосбүйірлі болып келуі қымыздың құрамындағы ашу барысында пайда болған газды сапырып шығаруды қамтамасыз етеді. Саба, күбідегі қымызды шара, тегенеге қотарған соң аяққа құйып таратпас бұрын әбден сапыру қажеттілігінің бір қыры осында.

ҚР МОМ қорындағы (КП 16934) бүйрек ожау сабының ұзындығы 51 см, қоңыр түсті. Бүйрек ожау бүтін ағаштан, қымызды «көсіп» алатын шөміш жағы малдың бүйрегіне ұқсатып жасалған. Әр шөміштен салаланып шыққан, сынық сүйемнен (9 см) соң саппен бірлесіп тұтасатын ағашы оймышталып жасалған. Сабының бас жағы жылқы мойны мен басы пішіндес біртұтас шабылып, оймышталып, сүйекпен, ширатылған сыммен және бүркеншік басы бар шегелермен көмкерілген.

ҚР МОМ қорындағы (КП 13846/3) қымыз ожаудың ұзындығы 29 см-лік сабы мен екі бүйірлі басы бүтін ағаштан шабылып, қашалып, тегістеліп жасалған. Ожаудың сабы жұмырлана иіліп, саптың аяғы мен орта тұсынан астына қарай «мүйіз» шығарылған. Бұл «мүйіздер» қымыз құйылған ыдыстың жиегіне ожауды тіреп, сонымен бірге іліп қою үшін жасалса керек. Сап мық

шегелермен әшекейленген. Ал қос бүйірлі қымыз құятын басы «бүйрек» тәрізденіп жасалған, жалпақтығы 12,5 см, ені 8 см. Қос ернеуінің диаметрі 6 см, шөмішінің тереңдігі 4,5 см.

БҮЙРЕКТЕН СИРАҚ ШЫҒАРУ – ер адамның жыныс мүшесіне қатысты айтылатын эвфемистік балама. Орынсыз сөйлеуі, мүлде қисыны келмейтін нәрсені сөз етуді әдетте бүйректен сирақ шығару дейді. Алогизмге құрылған бұл сөз орамындағы «қисынсыздық» (алогизм), лингвистикалық тұрғыдан алғанда, сөз әсерін күшейтудің ерекше тілдік (стильдік) тәсіліне жатады. Шынында, бүйректен сирақ шықпайтыны айтушыға да, тыңдаушыға да, яғни коммуникация субъектілеріне айдан анық нәрсе.

Алайда байырғы қазақ тұрмысында, әсіресе әлеуметтік мәртебесі төмендеу саналатын ортадағы жастардың этикеттік коммуникациясында аталмыш фразеологизм әдеттегі мағынасынан өзгеше болып, бүйрек, сирақ соматизмдері ер адамның жыныс мүшесінің эвфемистік баламасы ретінде жұмсалғаны байқалады. Өйткені этикеттік норма бойынша халық тіліндегі жыныс мүшелерінің және онымен байланысты жыныстық қатынас атауларын тура айтуға қатаң тыйым салынған. Оңашаланған кездесулерінде де жігіт те, қыз да бұндай этикеттік тыйымды бұза алмайды. Алайда сексуалдық жағдайда қыздың сезімі мен қызығушылығын ояту үшін қуақы жігіт қызға «бүйректен сирақ шығарам» дейді. Сонда «қалай шығарасың?» деп, аңғырт, аңқаусыған қызға қуыкеш жігіт «міне, мынау, екі бүйрек, ал мынау бүйректен шыққан сирақ» деп, сөзін оспақтай жеткізеді. Коммуникативтік этикеттің эвфемистік түрінде қоса жүретін күлдіргілік, әзілкештікпен байланысты бұндай ерекшеліктерді батыс елдеріндегі зерттеушілер этностың коммуникативтік жүйесіндегі күлкі мәдениетінің айрықша түрі ретінде де қарастырады.

БҮЙІ – денесін сирек түк басқан, түсі сары улы жәндік. Жаз айларында өте уытты болады, яғни күннің ыстығында олардың уының уыты күшейеді. Бүйіден қорғану үшін ертеде қой жүнінен есілген, жылқы қылы аралас арқанды шұбатып айналдыра тастаған. Орыс саяхатшылары еңбегінде байырғы орта адамы далада аялдағанда, көбінесе түнейтін жағдайда бүйіден қорғану үшін қой жүнінен жасалған ішпек, киіз жастанып, жабағы төсенетіндігі туралы айтылады. Киіз үйдің іргелігін айналдыра қой жүнін, жаңадан сойылған иісі кетпеген қой терісін жайып қояды. Бүйінің уына елітіп құлаған түйеге қой жүнін иіскетсе уыты қайтады дейді.

Адамның бүйі шаққан жеріне қойдың тұмсығын тигізсе, иісін сезген қой барлық уды жалап алады екен. Бірақ қойға у ешқандай әсер етпейді. Ертеде жоғалған үйірді іздеп жүрген жігіттер әбден қалжыраған соң, аттан түсіп демалмақшы болады. Қосағасы жерге ішпек, терлікті төсеніп жата кетеді де, жастау жылқышы бұл ақылға көнбей, ат үстінде мызғып кетеді. Осы кезде оның қолындағы тіреп ұстап тұрған құрығымен өрлеп келген бүйі қолынан шағып алады. Жас жігіт бірнеше күннен соң көз жұмыпты, – деген аңыз кездеседі халық арасында.

Бүйі шаққан жерін залалсыздандырып, уын денеден тезірек шығарып тастауға тырысқан. Ол үшін улы жәндік шаққан жерін пышақпен тез арада тіліп жіберіп қысып, уын шығарып, орнын шокпен күйдіріп тазалаған. Улы

жәндік шаққан малдың бойындағы у уытын арбаушының оқуымен қайтарып, малды аман алып қалуға тырысқан. Түйені бүйі (немесе қаракұрт) шақса, ісініп, аузы көбіктеніп, орнынан тұра алмай қалады. Осындай кезде арбаушыны шақыртып оқытады. Арбаушы жатқан түйе орнын айнала шеңберлеп сызады да, шеңбердің сыртында тұрып, уға қарсы дұға оқиды. Белгілі бір уақыттан кейін түксиіп бүйі шығады да, әлгі шеңберлеп сызылған сызықты жағалай айналып жүреді, арбаушы мұны байқаса да бірнеше рет шеңберді айналып жүріп:

Бүйі, бүйі, бүйі шық!

Бүйі иесі Қамбар шық!

Қамбар болсаң қалмай шық!

Тас төбеден таймай шық!

Май табаннан талмай шық...

Бүйі, бүйі бүйі шық!

Бүйі келді Қамбар шық

Заһарыңды жаймай шық

Отыз омыртқадан, қырық қабырғадан шық! – деп оқуын тоқтатпай жалғастыра береді. Мұнда зиянкестердің иесі, арбаушының пірі Қамбарды көмекке шақырған. Арбаушының дұғасы әсер етсе, бүйі жарылып өледі.

БҮКПЕ – шыдамсыз, беймаза билерді сауған кезде орнынан жылжып кетпеуі үшін тізесін бүгіп кигізілетін арқан немесе қайыс таспа құрсау. Қасиманов С. өз еңбегінде бүкпенің металлдан да жасалатын түрі болатындығын жазады. Бүкпе жылқының тұяқтарын жонып емдегенде де қолданылады. Негізі бүкпе шаруашылық қарекетінде малды уақытша орнынан қозғалтпау үшін қолданылатын құрал. Бүкпе алдыңғы аяқтың шашасы мен жіліншіктің орта тұсына кигізілетіндей етіліп жасалады. Бүкпенің түйеде қолданылатын түрі тізежіп деп аталады.

Қазақ малшылары бүкпені жиі қолданғанда бүкпені салатын биеге, түйеге «дүздер» «көтерт» деп, алдыңғы аяқтың шашасынан қағып, көтеріп шартты рефлекс қалыптастырады.

БҮКПЕЛЕУ – қолөнерде қолданылатын тігіс түрі. Киім бойын жапсаруда, етегін, жең ұштарын, қалтаның аузын және осы сияқты екі шетін қосып бүтетін жағдайда қолданатын тігіс, бүгіп тігу. Бүгіп тігудің киімнің екі шетін ұштастырып үстінен тепшу, етектің, жеңнің шетін бүгу сияқты түрлі-түрлі жолдары бар.

БҮКТЕМЕЛІ СЕМСЕР – ауыз әдебиетіндегі мифтік қаһармандардың ерекше семсері. Қазақтың батырлық ертегілерінде бүктемелі семсер өте иілгіш, бүктеп, жасырып алып жүруге ыңғайлы, жазылғанда өз қалпына қайта келетін, өте ұзын кесу қаруы түрінде сипатталады. Батырлар оны бірнеше рет бүктеп, қолтығының немесе табанының астына салып алып жүреді. Өткен ғасырларда Шығыс халықтарында баскиімге тығып немесе белге орап жасырып алып жүретін, басы солқылдақ иілгіш болып соғылған семсерлер болған, ондай қару түрін қазақтар да қолданған. Ертегілерде айтылатын ғажайып қару түрі – бүктемелі семсерге осындай жасырын алып жүретіндей, болаттан иілгіш етіліп соғылған кесу қаруының ерекше типі негіз болған.

БҮКТЕСІН – киімнің етек-жеңіне екі-үш қатар салынған қатпар. Бүктесін негізінен қосетек деп аталады.

ҚР MOM қорындағы (КП 5933) көйлек қабатталған тұтас матадан пішілген. Артқы бойы тұтас, етегіне дейін жетеді. Алдыңғы бойы белінен үзіледі де, оған етек қондырылған. Иығында шымшып тігілген бүрме тігістері бар. Кеуделігінде иықтан белге дейін төрт қатар бүкпе тігіс түсірілген: оның шеткісі қолтықтың ойындысынан басталып белдің тігісіне қарай доғалданып келген. Беліне бүрмелі етек қондырылып, оның орта тұсына горизонтальды түрде үш бүктесін шығарылған. Артқы бойының қақ ортасында жағаның түбінен төмен қарай екі шеті бүктелген бант тәрізді қатарма (тігіс) түсірілген.

ҚР MOM қорындағы (КП 3388) күрең түсті сәнді көйлек бүкпелеу тігісімен тігілген. Күреңқызыл барқыттан трапеция пошымды етіп тігілген, салтанатты көйлектің алдыңғы бойы тұтас пішілген, иық тігісінен кеудеге қарай 1 см шымшып тігілген бүкпе тігісі бар.

Артқы бойының ортасындағы тігіске параллель ұзындығы 0,8 см бүктесін қатпар түсірген. Жеңі ұзын әрі қондырма, ұзын бойынан екі жерден қусырылған және тігіс бойына қиықтар қосып тігілген.

БҮЛДІРГЕ – салт атты жүргенде қолға ұстайтын құралдар мен қару жарақты білекке, қолдың қарына іліп жүру үшін арналып жасалған қайыс бау. Екінші мағынасы тартқанда тез шешілетін жіп, арқанды байлау тәсілі. Қару-жараққа тағылатын да, қамшыға тағылатын да бүлдіргенің негізгі қызметі қолға ілінген зат түсіп жоғалмауы үшін жасалған болса, екіншіден соғыс, шайқас кезінде сойыл, шоқпар немесе қамшыны қарсыласы жұлқи тартқанда не шешіліп, не үзіліп немесе білектен сырғи шығып кетпеуін қамтамасыз ету үшін бостау және кең етіліп жасалады. Яғни, қарсыласы мықты болып, сойыл, шоқпарды тақымға салып, жұлқи тартып атпен сүйрей жөнелгенде бүлдірге білектен не сусып кетуі, олай болмаған жағдайда, үзіліп, шешіліп кетуі керек. Осыған байланысты бүлдірге басын түюдің де ерекше күш түскенде шешіліп кететін тәсілі болады. Оны бүлдірге түйіс немесе қоқым түйіс деп атайды. Кескек пен мұрындықты бүлдірге арқылы жалғайды. Ол да оңай шешілетін болуы керек.

Сонымен, бүлдірге шоқпар, қамшы, сойыл, босмойын сияқты қолдың қарына іліп алып жүретін құрал-қарулардың бауы және тартқанда оңай шешілетін байлау түрі. Бүлдірге сөзінің бір мағынасы үзіліп, шешіліп қалатын, оңай жоғалып қалатын заттың арзан қол бөлшегі дегенді білдіреді. Қазақтың «бүлінген елден бүлдіргі алма» мақалы да осыны меңзейді. Яғни, талан-таражға түсіп бүлініп жатқан елден ең жарамсыз затына да тиісуге болмайды. Бәледен аулақ бол, – деген мағынада айтылады. Осыған қарағанда бүлдірге оңай шешілетін, тез алмастырылатын бөлшек және тез ағытылатын түйіндердің атауы.

Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,
Айтайын мен бір сөзді күлдіргелі,
Орныңнан әрі отырған бермен отыр,
Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі.

ҚР МОМ қорындағы (КП 9639/2) қолшоқпар бүлдіргесінің ұзындығы 185 см, ені 2,9 см. Өрме сапты қамшы бүлдіргесінің ұзындығы 14,5 см, ені жіңішке (0,9см), қамшы сабы 27 см, өрімі 39 см.

БҮЛДІРГЕН – жер бауырлап түп-түп болып өсетін ұсақ жемісті өсімдіктер тобы. Қазақстанда бүлдіргеннің көптеген түрлері өседі. Бүлдірген орманды, таулы өңірлердің нулы-шұрайлы жерлерінде әсіресе көп кездеседі. Бүлдіргеннің сиыр бүлдірген (ежевика); қой бүлдірген (земляника); тас бүлдірген (костяника); таңқурай (малина); қарақат (смородина) сияқты көпшілікке белгілі түрлері елімізде кеңінен тараған. Бүлдіргеннің жапырақтары, жемісі халық емшілігінде кеңінен қолданылады. Бүлдіргендер құрамында көптеген дәрілік, дәрумендік заттардың болуына байланысты халықтық медицинада кеңінен қолданылады. Мысалы, қарақат пен таңқурайдың жемісінің де, жапырағының да қайнатындысы салқын тиіп ауырғанда шай ретінде қолданылады.

БҮЛДІРШІН¹ – тайлақ жасынан өткен 2,5-3 жас аралығындағы түйе түлігінің ұрғашысы. Бүлдіршін кей аймақта бұзбаша деп те аталады. Түйенің бүлдіршін немесе бұзбаша кезі буыршынға, бұраға қарай бастайтын, ал буыршын жас – 3-4-тегі еркек түйенің келеге түсе қоймаған, бірақ ұрғашы түйеге (бүлдіршін, бұзбашаға) жақындап, жанаса бастайтын шағы. Осы бір табиғи, себеп-салдарлы байланыстан туындаған «бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді» дейтін мәтел «әйел мен ер адамның арасындағы жағымсыз қылықты, оның себебі әйелге байланысты» дегенге меңзейді. Ал халық тіліндегі бүлдіршіндей қыз деген тұрақты теңеу «тұнығы бұзылмаған, енді бойжетіңкіреп қалған қыз» дегенді білдіреді. Ал қазіргі кезде жас балаларды бүлдіршін деп айтуы бұл атаудың дәстүрлі мағынасының трансформациялануы болып саналады. Тілтанушылардың аға буын өкілі көрнекті ғалым Ы. Маманов бұндай қолданысты дәстүрден жөнсіз ауытқу деп таниды.

БҮЛДІРШІН² – сәби шақтан өтіп, жасөспірім шаққа жетпеген бала. Ойын баласы саналатын бүлдіршіндер тәтті қылығымен ата-ананы қызыққа бөлеп, қоршаған ортасын тануға, әр нәрсені білуге талпынып ұмтылады. Бүлдіршін көрген затының атын айтуға қиналса, оның сипатына, түсіне, сыртқы пішініне қарай ұқсас заттармен ауыстырып атап, бал тілімен сүйсіндіреді.

БҮРГЕ – буынаяқтылар тобына жататын ұсақ паразит жәндік. Бүрге қансорғыш жәндіктерге жатады. Бүргелер адам бүргесі, ит, мысық, қой бүргесі деп бөлінеді.

Бүрге басқан мал күрт арықтап, мазасы кетеді. Бүрге қатты басқанда таланған мал, әсіресе, көктемгі арық мал өліп қалу қаупі де бар. Бүрге малдың үстінде тіршілік ететіндіктен малда жыл бойы кездеседі. Қансорғыш, яғни қанмен қоректенетін болғандықтан бүрге жұқпалы аурулардың қоздырғышы болып табылады.

Дәстүрлі мал шаруашылығында бүргеден арылу үшін тоғытып, күс, шайырынан айырады. Жусан, итсигек, қылша сияқты улы, ащы өсімдіктердің

күлі мен жапырақтарынан жасалған тұнбасын қолданады. Бүргеден құтылуды бірден-бір амалы қой қораны кезінде тазалап, қиын ойып, дернәсілдерін жою болып табылады. XX ғасырда бүргемен күресу үшін арнайы инектицидтер қолданыла бастады.

БҮРГЕТІКЕН – пішіні түйме-түйме болып келетін, қозының құмалағы тәрізді, оңтүстік өңірде өсетін тікенді өсімдік. Ертеректе бүргетікенді түйіп, оған аздап су қосып езіп жіберіп жарақаттанған жерге суын тамызып, қанды тоқтатуға қолданған. Кей жерлерде бүргетікенді ошаған деп атайды.

БҮРКЕМЕ – нанның бір түрі. Жаңа піскен ақ ірімшікті қамырға орап, бетіне май жағып, табаға салып, қоламтаға пісіреді.

БҮРКЕНШІК – шоғы сөнбеген самаурынды дастархан басына әкелгенде отын өшіру үшін қолданылатын металл қақпақша.

Қазақстанның өңірлерінде бүркеншіктің от өшіргіш, төбелдірік, булық, төңкерме басқыш деген атаулары да кездеседі.

БҮРКЕНШІКТІ / ТОНДЫ / ПЕРДЕЛІ БАЛА – денесі шырышты қабымен туған нәресте. Мұндай бала ел ішінде тонды немесе перделі бала деп те аталады. Босанып жатқан кезде абысындары «бүркеншікті», «тонды» ырымдап алып кетуге тырысады. Ерекше қастерлі санап, оны үй маңына көміп қояды.

БҮРКІТ¹ – дене тұрқы ірі, бітімі кесек тұлғалы болып келген, қолға үйретуге, баулуға көндігер қыран құстың ерекше түрі. Бүркіттің қасқыр, түлкі, арқар, киік сияқты ірі аңдарға түсе алатын қасиеті оның басты ерекшелігі болып саналады. Бүркіттің қырағылығы айырықша. Ол аспанда қалықтап жүріп көз ұшындағы биіктіктен жердегі саршұнақты айқын көреді.

Бүркіт, құсбегілердің байқауынша, мекеншіл құс. Тоят іздеп жүздеген шақырым жерге кеткен бүркіт ұя басқан жеріне қайта соғып отырады. Саятшылардың айтуынша бүркіт ұясын адам аяғы жете алмайтын жалаң құз жартастарға, сырғыма шағылдарға, қарағай, тоғайлы өңірге, су жайылмасы, сексеуілді жерлерге салады. Бүркіт жылына бір түлейді, әр түлегені бір жасқа саналады. 30-50 жылға дейін жасайды. Баршын тартқан сайын (ұлғайған) қайраты қайтып, әлсірей бастайды. «Қырық түлеген бүркіттей жембасардан айырылды», – деген (Н.Наушабаев) өлең жолдары осыны аңғартады.

Бүркіт түрлері. Қазақ құсбегілері бүркіттің мекеніне қарай құз құсы немесе тау құсы, сондай-ақ ой бүркіт немесе қыр бүркіт деп ажыратады. Кейбірде үш топқа бөледі. Кейде қыр бүркітін шөл бүркіт деп те атайды. «Тау бүркіттеріне қарағанда, шөл бүркіттері сәл де болса, кішілеу келеді. Бірақ мінезі қаталдау. Соған орай ұшымы жылдам, шалт болады. Тау бүркіті жай қозғалады; ол әсіресе, нысанасына биіктен құлағанға құмар сорғалай аққан сәті керемет. Ал шөл бүркіт «бесастам» ... қиядан шалады, ойдан алады. Сондай жеңіл құс» – дейді бүркітші Ж. Сатылғанов. Құз құсының бітімі кесек, кеуделі, яғни ірі, ал ой құсы шағындау келеді. Академик Ә. Марғұланның жүйелеуінде қазақ саятшылары бүркітті таралған өңірі, аң ілу сипаты, бітіміне қарай Оралдың ақиығы, Алтайдың мұзбалағы, шөгелдер деп үлкен үш топқа бөледі. Оралдың ақиығы шөлейт, суық өлкелерде, Орал, Мұғалжар тауларын, күнбатыс Сібір өңірін мекендейді. Басқа бүркіттерге қарағанда түсі қылаң,

басы қара қоңыр, иық жүндері жапырақталған, сырты ақтеңбіл, бауыры кертарлан, балақ, саңғуыр жүндері ақтаңдақ, кер шұбар, қанатының асты қоңыр, қарасы аз болады. Оралдың ақиығы азулы аңнан қаймықпайтын, түз құсының қайтпас қайраттысы, тіпті құлан мен киікті де алады. Алтайдың мұзбалағы – бүркіттердің аса қарулы және ең ірісі. Жалпы түсі қара тарлан болып келеді. Балақ және бауыр жүндері қоңыр түсті. Олар Тарбағатай, Шыңғыстау, Қарқаралы, Балқаш төңірегінде де кездеседі. Шөгелдер бүркіттің тағы бір тобын құрайды. Алатау және Памир тауларын мекендейді. Шөгелдер өз кезегінде екі түрге бөлінеді: мұзбалақ шөгелдің балақ жүні шудаланып, саусағына түсіп тұрады; шашақты шөгелдің желкедегі қара құсы шығыңқы келеді, саусақтары кесек, қалың құж-құж болып тұрады. Шөгелдер де аса қуатты бүркіттердің тобына жатады – арқар, киік, қасқыр сияқты ірі аңдарға түседі. Құсбегілердің этиологиялық танымында түсі суық, өте тәкаппар келеді. Шөгел тұғырда бір аяғын ішіне алып, жалғыз аяқпен ғана отыратындықтан кербез аталған.

Академик Ә. Марғұланның талдауына қарағанда, қазақ саятшылары бүркіттің аталған үш түрін он екі топқа жіктеген. Олар: Қазықтының қарагері (Орал, күнбатыс Сібірде), Құмның қызыл көзі (Сарысу, Шу өзендерінің аяғы, Қаратау, Сырдария), Желектінің жирен тұяғы (Сырдария, Қаратауда), Қарағайдың қоңыраласы (Ертістің күншығыс жағындағы ішкі Сібірге қарай созылып жатқан қарағайды), Есбалақтың есерсоғы (Алатау мен Тарбағатайдың биік тауларын), Өлтірмей бермес Өтеген (орманды жерде), Ертістің сарышолағы (қайың ішіне ұялап өседі), Несібелі байғасқа (аңға қосуда, ерекше бапты қажет етпейтін, көнбіс қыран), Сарықұс, Қарашегір, Сарышегір Дересіннің тұяғы (саятшылар көбірек құмартатын қыран). Жетісулық құсбегі, мәшһүр бүркітші Демболсын Дүзелұлы (1880-1980 жж.) «Дересіннің тау сары шолағы – сарының алды» – дейді.

Бүркіттің ұя салуы. Бүркіт төрт жасында денесі толысып, жыныстық жағынан жетіліп, ұя сала бастайды. Шөл бүркіт (немесе Құм бүркіт) ұясын биікке салмайды. Сардалада еспе құмға өскен жүзгеннің, қалың жабының астына салады (Ж. Сатылғанов). Тау бүркіт (құз бүркіт) ұясын қисыны келер жерде емес, шыңырақ қия жартасты жерлерге салады. Ұядағы балапанды алу үшін ілгек, ашамай, арқанды пайдаланады (Дембосын Дүзелұлы). Бүркіттің күйт ойнағы басқа жыртқыш құстардікіндей өтеді. Бүркітшінің пірі Жалайыр Шораның асқан құсбегілігі жөнінде Ә. Марғұланның былай дейді: бүркітші «... кейде оларды таудың ішіне бос жіберіп жұмыртқалатып, жемді өзі жеткізіп тұрған. Иесіне үйренген құс түз құсындай сескеніп, жұмыртқасын қызғанбайды, қайта жем іздеген кезінде таудың ішін жаңғыртып шу көтеріп, құсбегінің тез жем әкелуін күтеді». Бүркіт еркегін қазақта сарша немесе шәулі, ұрғашысын ұябасар деп атайды. Жұптасқаннан кейін (аққулар сияқты) тіршілігінің соңына дейін бірге жүреді. Әрбір жұп бүркіттің 2-3 ұясы болады, оларды үнемі алмастырып отырады. Бүркіт қаңтарда шағылысып, ақпанда ұя салып, наурыздың басы немесе көкек айының соңына ала көмескілеу қоңыр дақты бір не екі жұмыртқа салады. Оны шәулі мен ұябасар кезектесіп 40-45 күн басады. 1959 жылғы қарашаның 22-де одақтық «Правда» газетіне шыққан

әйгілі бүркітші Алмабай Аязбайұлының айтуынша, «Жалпы бүркітшілер екі жұмыртқа табады. Ұядағы жұмыртқалар қысқы аяздың өткір суығынан шытынап, әр жерінен сызат белгілер беріп жарылады. Сызат тартқан жұмыртқасын белгілі бір мерзімді халге жеткеннен кейін барып бүркіт бауырына басып шайқайды». Жұмыртқадан шыққан балапан бір аптадай құсықпен қоректеніп, кейін ет жемге ауысады. Балапанның осы аралыққа дейінгі кезеңі «ақ үрпек» деп аталады. Балапан қасқыр, түлкі, киік етін жеп дәнiккен соң кейін өсе келе сондай аңдарға құмар болады. Бұл – қазақтың «балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақал сөзінің арқауына айналған. Бүркіт балапанын екі-үш ай баулиды. Қауырсыны өсіп қатайып «қылышы» айқасқан соң ұшуға талпынады. Алғаш ұшқан балапанын бүркіттер қанатымен демеп, сүйемелдеп ұшуға үйретеді.

Бүркіттің бітімі. Ту сыртынан қарағанда, мынадай бөліктерден тұрады: басы, көзі, көк болат тұмсығы, тамақ, жемсау, төссүйек, ерсүйек, бөтеге, сан, тобық (тірсек), сирақ, жіліншік немесе баутағар. Құсбегілер бүркіттің кесек бас, тұмсықты, шүңірек көз болып келуін, қызыл тілінің түбінде қара меңі барлығын қырандықтың белгісі деп біледі (құсбегілер Саман Шыпабаев, Шәкен Ұзақов). Бүркіттің басы жөнінде жыланбас, бақабас, кешкілбас, жырақ езу, қылыш тұмсық, шолақ тұмсық тәрізді сипаттар бар. Ж. Бабалықұлы, А. Тұрдыбаевтың сипаттауынша тұмсықтың көбе, орақ, тұмсық мүйіз, оған жапсарлас иектің екі жағындағы қалқан, оған жапсарлас өткір қиғақ деп аталатын бөліктері бар. Тұмсық мүйізінің езуге жапсарласқан жиегі, астыңғы иектің екі жағын жаба түскен мүйізділеу бөлігі қиғақ делінеді. Бүркіт өткір қиғағымен тістегенін қиып түсіреді. Тұмсық көбесі мен маңдай аралығындағы түксіз, жарғақты келген қасқа маңдайы кең әрі көтеріңкі, ал езуінің асты үстіңгісінен сәл-пәл озыңқы болса, тектіліктің белгісіне саналады. Езуін самқау деп атайды. Ол үлкейген сайын бүркіттің қуаты да күшейе береді. Бүркіттің ұшуын тежеп, кенеттен тоқтауын құйрық шалғы атқарады (қаршыға, түйғын тәрізді құстардың құйрығы ұзынырақ келеді). Құйрық шалғысы 12-ден кем болса, ұшуға олақ, қимылы орашолақ, өзі қорғалақ, ебедейсіз болады дейді.

Бүркіт қаңқасы негізінен арқа омыртқаларынан, төстен және құйымшак сүйектерінен тұрады. Ал басқа сүйектер аталмыш сүйек мүшелерін өзара жалғастырады. Жая, төс сүйектері қатты, әрі кең болады. Төстің қабырғамен астасатын шеті жұмыр, бауыр жағы қырлы келеді. Төс сүйекті арқа омыртқамен байланыстырып тұрған шомбал келген бұғана (қабырға) тұсы төс айшығын құрайды және бүркіттің екпін тегеурінін күшейтетін тетік болып есептелінеді (Ә.Марғұлан).

Қанатында жауырын, тоқпан жілік, қар жілік, жіліншік, саусақ, бақалшық сияқты мүшелер бір-бірімен тұтасып тұрады. Қанаттың иықбелдеуінде жауырын, бұғана, топшы сүйектері бірнеше буынды (иық, керме иық, топшы, би буын) түзеді. Иық тұсынан сыртқа қарай шодырая біткен буынды топшы деп атайды. Жетім шалғы мен топшы арасындағы би буыны аңға түскен кезде шығып кететін жағдай ұшырасады. Ондайда шалғысы салбырап бос қалады. Топшы мен білек сүйектерден салаланып

шыққан қанат шалғылар ұшуда басты міндет атқарады. Бүркіттің жіліншігін құсбегілер баутағар деп атайды. Ал баутағар (жіліншігіндегі) жүні тұяғына дейін түсіп тұратын мұзбалақтардың шудасы арқасына дейін мол түсетіндіктен суыққа төзімді болады.

Бүркіттің тағы бір қасиетін бүркітшілер мен құсбегілер оның жанары мен көзінің аясының ерекшелігінде деп таниды. Көз ұясы аумақты, қабағы шалқақ, алды жазыңқы бітуі көздің жан-жаққа қырағы қарауына қолайлылық тудырады. Көз алдының қабығы (немесе кеңсірік қабығы) күс басқан қарақылшықтанып тұрады және әртүрлі түсті болып келеді. Бүркіт көзінің сыны: жайнаған көз, шатынаған көз, шырадай жанған көз, тоғайлы көз, қанды көз, шүңірек көз, қаракөз, қысық көз, құм көз, тұз көз, қанқызыл көз, ақ шегір, алтын шегір, жезшегір, көк шегір, күрең шегір, кішірек шегір, қан шегір т.б. Бүркітші Дембосын Дүзелұлы «құстың жүрегі көзінен көрінеді» дейді. Көзі мөлдір, жәудіреген, сукөз, мұз көз болса нашар, қарашығы тұнық емес, ажарсыз, күңгірт болса қайратсыз дейді. Көзінен сағым ойнап, түбінен миы көрінген шегір құстар қырағы, тез байқағыш келеді. Соған байланысты қанды көз және қырағы деп те екіге бөледі. Қанды көз қырандар көп қайыру тілемейді, ал қырағысы аспаннан ұсақ-түйекке дейін жіті көреді, бірақ ерекше бабты қажет етеді.

Құсбегілікке қатысты әдебиеттерде, құсбегілер тәжірибесінде жақсы, алғыр бүркіттің сыны мынадай деп сипатталады: үңгірлене біткен биік қабағы, оның астында шоқтай жайнаған, от шашқан, қарасы сұсты жанарлы болады. Жазықтау маңдайлы, мойны жуан, басы етсіз, желкесін қызылшулан түсті қою шуда орап, жотасына қарай құлаған; төс сүйегі жалды, айыршағы кең, иығы шығыңқы, жота мен қабырға жүндері тораңғының жапырағындай жалпақ, ұшы сүйір, алқасынан бауырына қарай біткен мамық жүндерінің түбі тығыз, мамықтың ұшы кер жолақты, саны бір тұтам, төрт еліден үлкен, аяқтарының арасы алыс (талтақ), саусақтары бұйра қышырлы, тұяқтары инедей тұзу әрі өткір, мелжемді. Жақсы бүркіт саңғырығын алысқа қарай тастайды, басын тік ұстап, аяғының арасын тұғырға алыс салады, жебелі құйрығы мен шалғылығын керегедей қомдап отырады. Әйгілі бүркітші Шайқасын Жәңгірұлының сипаттауында «Бүркіттің саусақтарының үстіндегі жүгері дәніне ұқсас домалақ түйір тастарын бүркіт аяғының тасы деп атайды. Егер осы тас төрт саусақтың үстінде теп-тегіс төрттен болса, оның маңдайалды сыны болады немесе ортаңғы саусағының тасы төртеу болып, басқа салалары үштен болса да жаман емес» делінген. Қыран тұяғының болаттай мықты әрі өткірлігі туралы бүркітшілер: «тұяқтарының түбі құдды сиырдың мүйізі сияқты былтығыр, ұшы инедей үшкір болып, әр тұяғының бір жағына жабысып біткен пышақтың жүзіндей табиғи мүйізді тұяқ болатын» дейді. Асқан қыран құс тұяғының осындай пышақтай өткір болаты алған аңының ішін жарып та жіберетін болған. Ондай қыранды ішжарғыш деп те атайды. Кейде бүркіт түлкіге көп түсіп, тұяғының болаты мұқалған болса, құсбегі оны пышақпен қырлап, жонып, өткірлеп қоятын болған. Бұл айтылғандар дарынды құсбегілердің өзіндік орнитологиялық танымының ерекшелігін аңғартады.

Бүркіттің этиологиясын (психологиясын) құсбегілердің, бүркітшілердің айтқан әңгіме аңғарынан байқауға болады. Бүркітші өз бүркітін сезімтал, сергек, ақпейіл, тіпті, есті, ақылды, зерделілердің қатарына қосып та жібереді. Әрине, бүркітші мен құсбегі, Ж. Бабалықұлының зерделеуінше, тепе-тең мағынадағы атаулар емес. Бүркітшілердің бәрі құсбегі емес, ал құсбегілердің бәрі – бүркітші. Құсбегілердің өз тәжірибесінен байқауынша бүркіт түйсікті жануарлар қатарына жатады. Бұл жерде құсбегілердің осы пайымдауына тоқталуға болады. Бүркіт иесін таниды. Дауыстап шақыру белгісін бергенде шақырған иесіне келеді. Тұғырда отырған бүркіт бабы келген кезде денесін көтеріп, иығын керіп, қанатын қомдайды. Көз қырын алысқа жібереді. Бүркіт өз иесінің қолымен жайлап сылап-сипағанын ұнататын көрінеді. Ал оның иесі құс денесінің қай жерлеріне қол тигізгенді ұнататын, қай жерлерге қол тигізуге болмайтынын жақсы біледі. Бұны бүркітшінің «қол терапиясы» деуге болады. Сонымен қатар бүркітке жағымсыз қатты сөйлеуге болмайды. Бүркітші құсын сылап-сипай отырып, жағымды үнмен еркелеткен сыңайлы сөйлейді. Сөйтіп, бүркітші «сөз терапиясына» да айрықша көңіл бөледі. Бүркіт – аса қызғаншақ құс. Алған аңын иесінен де қызғанып, саусақтарын босата қоймайды. Саятшы оның бұл қызғанышын басатындай түрлі амалдар істейтін көрінеді.

Бүркіт тегеуіріні. Құстың аяғы төрт саусақты келеді: өкше жағындағы саусағын тегеурін, ішкі жағындағы саусағын жембасар, ортаңғысын сығым, сыртқы жағындағы шынашағын шеңгел (кей өңірде ілгіш) деп атайды. Құс аяғының күшті болуы ондағы бұлшық ет, тарамыс, сіңірлер сүйекпен бірге байланыса біткендіктен. Әсіресе тегеуірін мен жембасардың тарамысы бауырына ала иректеле бітіп, оның әрбір шодырайған ирегіне буындағы сіңір қыры дәлме-дәл келетіні аталған саусақтарға ерекше күш береді дейді (Ж.Бабалықұлы).

Саусақ тұяқ, пышақ, көбе, без, қожыр табан, табан қышыры, болат, қабыршақ сияқты бөліктерден тұрады. Тұяқтың ойық өзегін жақтаулаған мүйізді өткір, доғалы қыры пышақ деп аталады. Онымен жалғас көбеге дейінгі аралықтағы бунақталып келген бұдырды болат деп атап, оның саны көп болса, оны құсбегілер әлді қыранның белгісіне балайды.

Бүркіт жүндерінің, әсіресе төс, бауыр жүндері ұшында болатын болымсыз ақтандақтарды ақ бұршақ деп атайды және олар ту сыртынан қарағанда шұбар рең береді. Құсбегілер бүркіттің жүні қалың да ұзын болса, суыққа төзімді келеді, егер қоянның жүніндей жұмсақ білініп тұрса, онда ажарсыз, өлқая, жасық екендігінің белгісі деп біледі. Алайда оның жүндері қайратты болғанымен, қабырғасындағы керме жүні (қапталы деп те аталады) алдына қарай қарсы болып бітпей, артына қарай бірыңғай біткен болса, ондай бүркітті түлкіге түспейді деп есептейді.

Бүркіттің қанаты мен құйрығы – құс денесін жауып тұратын және ұшып-қонатын дене мүшесі, жамылғысы. Бүркіттің терминиологиясында қанаттың қауырсындарын – көбесі, қалғандарын жебесі дейді де, бүркіт қанатын ерекшелігіне қарай құсбегілер үшке бөледі: құзғын қанат, құмай қанат және шыл қанат. Құзғын қанат – екі қанатта алтыдан он екі шалғысының ұшы түзу болып, айқасып тұрады; құмай қанат – шалғыларының ұшы орақ пішінде

болып, имектеліп айқасады; шыл қанат дейтін түрі некен-саяқ кезігеді деп түйеді.

Ж. Бабалықұлының талдау жүйесінде сипаттап жазғандай бүркіт қанатының сыңар қаңқасын түзген бүркіттегі 26 тал (оның саны 40-қа дейін барады) қауырсынның түбі құстың топшы, білезік, қар сүйектеріне тұтасып тұрады. Олардың басын басып тұратын жүндерді кіреуке жүн деп атайды. Бір қанаттың өзі үш қатар ұзынды-қысқалы қауырсыннан тұрады: а) шеткі ең ұзын алдыңғы қатардағы топшыдан шыққан 12-14 дана қауырсыны ұзын шалғы, құс қанаттың ең сыртқы бір ғана қауырсынын пышақ шалғы деп атайды. Пышақ шалғының сыртына қараған қырын шалғының қылышы, ұшын сыдырғы дейді. Бүркіт топшысынан пышақ қыры түрмелеріне біткен, би буын саусақтарында жарыса орналасқан ішкі жағындағы шолақтауы жетім шалғы аталады; ә) ортадағылары білезік, қар сүйекте шыққанын тоқ қанат саны бүркітте 28-30 болады, түлеген кезде ең алдымен тоқ қанат түседі, онан кейін шалғылары алмасады; б) түбіне қарай біткені ірге қанаттың ұшуға қатысы аз, тек ұшу қанат пен сыртқы жабынды жүнді байланыстырып тұрады.

Құсбегілердің айтуынша, құйрықтың ортасындағы шыбықтың екі жақ ақ елпінде аздаған шашыранды келген қара ноқат белгілері болса, оны «қара тарлан, жай тарлан» деп одан «сүрімді қыран шықпайды» деп есептейді. Егер құйрықтың елпіндегі шашыранды ноқаттары қызғылтым реңді болып біткен болса, онда «нағыз қызыл тарлан, қан тарлан» деп атап, қыран сынына көңіл толғандық білдіреді. Бұған байланысты «тарлан салған тарықпас» деген сөз де бар. Осал бүркіттердің жүні қарға жүнді, өлгек, ұсақ болады. Мұны қазақ құсбегілері бүркіттің ұя салған жерімен байланыстырады.

Мекеніне қарай құсбегі Д. Дүзелұлы бүркітті ой бүркіті, қыр бүркіті, құз бүркіті деп үш топқа бөле отырып, жалпы қыран тұқымын «алпыс алапан, тоқсан торала – жүз елуден асып жығылады дейді. Құз бүркіті иықты, аңғарлы, мелжемді, кесек тұлғалы ірі болып келеді. Екі иығындағы ақ теңбіл көзге айқын көрініп тұрады. Құз құсына ақиық, көксеңгір, ақсеңгір, қырағы және т.б. түрлері жатады. Ал ой құсы мен қыр құсы ықшам, шебер шапқан ердей жинақы бітімді болады. Оларға мұзбалақ, төрт перен, төртсары дегендер жатады.

Бүркітшілер жұмыртқадан шыққан балапанын өн бойында тақырлау келген ақ мамығы болса, ақүрпек, жұқа былқылдақ қауырсыны шыққан кезін темірқанат, қауырсындарына жебеленіп, еліптері қоңырала түске еніп қарақошқылдана бастаған кезін қарақанат деп атайды. Бүркіт бір жылда бір мәрте түлейді. Көктемде басталған түлек қара күзде аяқталады. Құсбегілер бүркітті сынап, жасын анықтағанда түлек қауырсындарына қарап мөлшерлейді.

Бүркіт жасына байланысты мынадай атаулар кең таралған: бүркіттің 1 жастағысы – балапан, 2 жастағысы – тірнек, 3 жаста – тастүлек (қантүбіт), 4 жаста – ана (ұя салатындығына байланысты), 5 жаста – мұзбалақ, 6 жас – көктүбіт, 7 жас – қана (құмтүлек), 8 жас – жана, 9 жас – майтүбіт (қоңыртүлек), 10 жас – барқын (кәрі түлек), 11 жас – баршын (ақ түлек), 12 жас – шөгел (ақыр түлек).

ҚХР-ғы кәсіби құсбегілердің дерегінде былай делінеді: «Көбінде қартайған құстардың тұмсығына шығарған ирегін санап, жасын межелеушілер де болады. Тағы біреулер тұмсығында 8-9 ирек шығарып, онан өткен соң ол да тоқтап қумүйізге айналады» (Шайқасын Жәңгірұлы).

Бүркіт қартайған кезде ұсақ аңдарға түскіш «тышқаншыл» болып кетеді де, қайраты таусылған соң өзін-өзі биік құздан тастап өлетін көрінеді. Шынымен-ақ, биік құздарда бүркіт өлігін жиі кездестіруге болады деседі.

Бүркіт аурулары. Саятшылардың байқауынша, бүркіттің жем-сауы, тыныс жолдары, бас, көз, тіл, тері, аяқ тәрізді мүшелерінде болатын аурулар жиі кездесетін көрінеді. Мысалы, ақыле, басмаңқы, көкірекмаңқа, қаракұрсақ, құрғатқан, тартынақ тәрізді т.б. аурулар бүркіттің бабы, күтімі, орынжайы, жемінің дұрыс болмауына байланысты дейді (Ә.Х. Марғұлан). Мысалы, түз бүркіттің құсаланып ауырып өлуін іш кеткен дейді. Ондайға жібермес үшін түтікпен суық су береді, мұз жұтқызады, сөйтіп, күйігін басады (бүркітшілер Саман Шыныбаев, Шәкен Ұзақов). Бүркіт ауруларының себебі мен салдарын, белгілерін (симитомдарын) білген кәнігі емші оларды емдеудің жолдары мен тәсілдерін де білген.

Бүркіт жабдықтары – қыран құсты қолға түсіруге, баулуға, қолға үйретуге қолданылатын жабдықтар. Оған томаға, аяққап, құндақ, балдақ, тұғыр, ырғақ, жезтұяқ, балақ бау, шолақ бау, сүзу жіп, шыжым жіп, қайыс, жем сапты аяқ, биялай, жемқалта, тұзақ, құс қақпан, қамыс түтік және т.б. құралдар жатады.

Бүркіт тұғыры – бүркіт күтіміне, отыруына арналған жабдық. Оның құс отыратын үстіңгі жағы текше табан немесе құсқонары деп аталады. Текше табанды тұғырда бүркіттің тұяғы білемдей ұстап, таймай отыратын кемері болады. Алайда бүркіт баршын тартып әбден қартайғанда қалғып, отырған тұғырынан тайып кетіп құлай жаздайды. Дегенмен, баршын тартып, қартайса да тұғырынан таймай аң-құсқа түсетін қауқарынан қайтпаған қыранның күйін, қазақта адамға қарата «әлі тұғырдан тайған жоқ» деп меңзейді.

Бүркіт қос / Тал үйшік – үш қанаттан құрастырылып тігілген орынжай. Ертеде саят дегдарлары аушы құстарын арнайы орынжайға баққан. Бұндай орынжайдың кең тараған түрі – ұранқайлап тігілген бүркіт қосы.

Бүркітті қолға түсіру – түрлі тәсілдер мен амал-айлалар арқылы қыран құсты қолға түсіру. Бұл негізінен екі топқа бөлінеді: бірінші – түз бүркітті қолға түсіру; екінші – ұядан балапан алу.

Түз бүркітті қолға түсіру. Түз бүркіт деп ұядан ұшып, аң-құс алып жүрген бүркітті айтады. Оны шаппа тұзақпен ұстау, қақпан құру, тояттап отырғанда мойын тұзақ салу, көбінесе тор жаю сияқты тәсілдері арқылы ұстайды. Бүркітті қызықтырып торға түсіру үшін қоянның бітеу терісіне шөпті нығап, қоян сияқты кеп жасап, ұзыны қоянның бойымен бірдей, жалпақтығы екі елі келетін жұқа тақтайдың ортасын басбармақ айналатындай тесіп, кептің ішіне кіргізіп орналастырады. Кендір жіптен ширатылған бұл тұзаққа түз бүркіті келіп қонғанда, алдын ала дайындалған нәзік тиек ілмектен ағытылып, тоқпақ лып етіп тез төмен тартып әкетеді. Осы уақытта тұзақ бүркіттің білегіне

түсіп, ағаштың басында аспақталып қалады. Осындай шаппа тұзақпен аулау бүркіт қолға түсірудегі ең қауіпті тәсілдердің бірі болып есептелінеді. Тояттатып ұстау – бүркіт жемтігін алып жеп тояттап отырғанда, бақылап тұрып атпен қуалайды. Әбден етке тойып денесі ауырлап, тынысы тарылған бүркіт үш-бес шақырым ұшқан соң болдырып, жерге түсіп, етпетімен қанатын жая алмай жатып қалады. Артынан жеткен қуғыншы оны ұстап алып шалқасынан жатқызып, жемсаудағы етті дереу сығып, шығарып тастайды. Әйтпесе, бүркіт дертке шалдығады дейді.

Бүркіт балапанын ұядан алу – құсбегілердің бүркіт балапанын ұядан ұшпай тұрып қолға түсіруі. Қазақ құсбегілері балапанды ұядан алудың әртүрлі тәсілдерін қолданған: арқан байлаған керегеге жабыса түсіп қия жартастағы ұядан балапан алу; балапанды үркітіп алу; түнде буалдырықтап ұстау; шырақ жағып ұстау және т.б. Осындай жолмен алынып қолға үйретілген балапан қолбала бүркіт деп аталады. Қолбала бүркітке қарағанда, түзде еркін жүрген бүркіттің қырандық қасиеті басым болып келеді.

Бүркітті баулу – қолға түсірген бүркітті аңшылыққа «тәрбиелеу» жолдары. Ересек түз бүркітін алдымен жуасытады. Содан кейін иесіне, маңайындағы адамдар мен малдарға бойын үйретеді. Түз бүркітті қолға шақыруға үйретеді.

Түз бүркітті жуасыту – бірнеше түлекке отырған еркіндіктегі бүркітті қолға үйрету. Қолға түскен түз бүркітіне ең әуелі томаға кигізіліп, аяқбау тағылады. Егер тәкаппар да, тағы түз бүркіт қыста қолға түссе ішқұсаланып, күйініп өліп қалмас үшін сықпалаған қар, мұз береді, қамыс түтікпен су жұтқызады.

Түз бүркітті ырғаққа отырғызып, ұйқысын алдырып шаршатады. Ырғақта жығылып қалмас үшін бүркіт қарманып, тыртысып отырады да ақырында (асқан асаулары 3-4 күн өткенде) ұйқысы қашып, қалжыраған күйге түседі. Осыдан кейін-ақ қарсыласуын азайтып, жуасып, ырыққа көне бастайды. Аушы құс өте кекшіл келетіндіктен, бүркіттің саусақтарын тарай ашып, шеңгелін қысып отырмауға дағдыландырады. Қолға үйретудің әрекеттеріне төзбей семіздіктен, асаулықтан түтігіп қызылмай болып қалуы, тіпті зорығып өліп кетпеуі үшін, түтікпен аузына аздаған суық су, қара шай құяды немесе мұз жұтқызып, ішін салқындатып отырады.

Бүркіттің қайыруы – құстың аң түсерліктей күйге келуі. Бүркітші құсын баптардың алдында оның тілін байқайды. Бүркіттің тіл реңі қаралау болса, бап талғамайтындар; ал қызғылт болса, орташа бап тілейтіндер; бозаң, ақшылдау түсті болса, бап тілейтін құстар қатарына жатқызады. Бүркітті аңға салып арық-семіздігін тексеріп көреді. Егер бүркіттің еті төмен, арық болса қанаты сөлбендеп, абдырап, түлкіге керенау барады. Түлкіге түссе де, ұстамай орнында қала береді. Оны жаза түскен деп атайды. Кездейсоқ ұстаса да арықтықтың салдарынан әлі жетпей, аңнан айырылып қалады. Ал аса семіз бүркіт түлкіге қарай ұшқанымен, оған түспей ойнап жарысып, жайқап жүріп алады. Ұшқан сайын өреки жоғарылап, қанатын ширақ қағады, жинақы, жеңіл қонады. Бұл етінің семіздігі, я болмаса бұзылғандығы болып есептеледі. Баптаушы құстың семіз-арықтығы мен бабына келген-келмегендігін төс және

сан еттеріне қарап шамалайды. Құс семіз болса, сан, төс еттері саусақ батпастай, тығыз, сыртқа қарай теуіп тұрады. Ал орта етіне келе бастаған болса, құстың сан еті мен төс еті былқылдап босайды. Бабына келген құстың саңғырығы аппақ түске енеді. Ал қайырылуы жетілмесе көгілдірленіп тұрады. Саңғырығы тазарып (аппақ болып), ат үстіне келетін құсты құсбегілер тілімен айтқанда талпынды деп атайды, яғни құс төңіректі шарлап бағып, жиі сілкініп, қауырсындарын сатырлатып отырады.

Әр құс өзіндік қасиеті мен жаратылыс ерекшелігіне қарай бапталады: егер бабына келмесе көмейіне түтік жүгіртіп, семіз құстардың ішін шайып, тазалап, саңғытқызады. Бүркітші осылайша құсын қайыра отырып, оның төс етінің жұқарып, сан етінің сыртына теуіп, жұмсарып тұрғанынан, қолымен сипай отырып байқайды. Бұны қыран құстың бабына, жақсы күйіне келгендігінің белгісі деп таниды. Құсбегі дауысын шығара, көбірек сипалап, құсын ду-дабырға үйретіп, қолда көбірек ұстайды. Қайыру басталғаннан 2-3 күн өткенде қоянның табан терісін сыдырып, жуып тазалап қоя ретінде жұтқызады. Егер қоя көкшіл, сарғыш түске енсе, құсқа бір ұрттам қызыл шай береді. Онан кейін сары бөртпе беріп отырады, шөліркемес үшін салқын су, қар беріп отырады. Бір апта өткен соң қолға алған сайын аузына қант бүркіп отыру керек және тамағы ақ жемге ауыстырылып, ат үстінде алып жүреді.

Бүркітке қоя салу – қыран құстың ішінде байланып қалған қыл-қыбыр, жүн-жыбырды қолдан түсіріп, бабына келтірудің бір тәсілі. Бүркітшілердің өз тәжірибесінен айтқан әңгімелерінде қыран құс өз қорегін қыл-қыбырмен бірге қылғыта салудан болатын іш кінәраты. Бүркітшілер құстың ішінде байланып қалған қоясын қолдан түсірудің әртүрлі амал-тәсілдерін қолданатын көрінеді. Кінәратқа тап болған құстың қоясын түсіру үшін оған, сүйек, қызылша, шөп, күйдірілген мүйізден, тіптен киізден (ағаш, шөп, киіз) қоя дайындап жұтқызады. Кәнігі бүркітшілер қолындағы құстың іш кінәратының ерекшелігіне қарай қояның киіз қоя, зерде (түйенің шудасын орап салынған тұз) және т.б. түрлерін пайдаланады. Қоя тастарда бүркіт иықтарын қомдап, мойынын созып талпына береді. Егер киіз қояның түсі сол қалпында түссе, ішінің тазартандығы, ал сарғайып, көгеріп кетсе әлі де таза еместігін көрсетеді дейді. Мұзды сүйірлеп жонып, мұз қоя және су тамызған сығылған қар – томыртқа береді. Түйе шудасын тұзды суға (сорботқа) орап салатын түрін зерде деп атайды. Бұл – жем сіңбей бөгіп, құстың аңға ұшпай қалған кезінде табанда құстырып ішін тазартатын әдіс. «Зерде деп құстың жеген тамағын ішегінде байланған затты» да айтады. Зердені түсірудің бір шарасы – мүсатыр дейді.

Бүркіттің жемі – қыран бүркіттің қорегі, бабына келтіру, қайыру үшін арнайы берілетін тамағы. Бүркітші, құсбегілермен бірге жүріп әңгімелескен, олардың өмір тәжірибесін көзбен көрген аға буын этнографтардың (Ә.Х.Марғұлан, Ж. Бабалықұлы және Моңғолиядағы зерттеуші этнограф Б.Кәмалашұлы) жазбаларында қыран құстың жемі, оның түрлері, қай кезде, қай уақытта берілетіні жүйеленіп сипатталған. Сондағы деректерге қарағанда бүркіттің негізгі жемі ет екендігі белгілі. Бүркітші құсбегілердің байқауынша, бүркіт тез семіріп, баяу арықтайды. Бап жемін бүркітшілер түлек жемі, қайыру

жемі, зар күйі жемі деп үшке бөледі. Жем қызыл, жылы қан, түлек жемі, сары бөртпе, ақ жем, толарсақ деп, ал жемнің мөлшері тояттату, тойдыру, тарта беру, бөтеге көтеру, орта бөтеге, сынау бөтеге және т.б. аталады.

Қансоқта – мал немесе аңның қаны сорғалаған жылы еті. Әл беретін қуатты жемге саналады. Түлек және саят кезінде беріледі. Сусоқта – бір тәулік суға салып жасытқан семіз ет. Құсты ширықтыру үшін беріледі. Тоят – құстың аузын толтыра асайтындай, ұстаған аңының жас, бір кесек ыстық еті. Аңның сан етінен кесіп алып, құсқа бір екі дүркін жұлғызса, оны да тоят дейді. Қызыл – қан-сөлі бойында, суға шайылмаған түйір-түйір ет. Алажәукім – майы аз ет. Оған көбінесе балықтың еті таңдалады. Ол түлекте отырған құсты дереу түлетеді. Құнар – саятшылық кезінде берілетін алдын ала дайындалған кепкен ет. Аң кезікпей, ала алмай зеріккенде, ашыққанда әлдендіру үшін немесе қиқар мінез танытып, аулаққа ұшқанда шақырып алу үшін беріледі. Тартпа – аңның немесе малдың сіңірлі сөлсіз етінен дайындалған шандырлы жем. Жаңышпа – сүйегімен бірге жаныштап дайындалған ет. Бұлар құстың қоңын көтеру үшін беріледі. Сары бөртпе – туралған соң екі-үш мәрте суға жуылып, сығымдалып, сөлінің жартысынан арылған, түсі бозалаңдап, қызылсары түске енген ет. Бұл да құнарсыз болғандықтан, құсты шымырландырады, азғана ғана күш-қуат береді. Бөртпе – етті суға бір тәулік бойы бөрттіріп, сөл, майынан арылтып, құнары азайтылған жем түрі. Ол құстың іш майын арылтып, қара етін толтырады. Ақ жем – жапырақтап туралып, инемен пісіп шабақталып, жылы суға бес-алты рет шайылып, сығылып, бар сөлінен арылған, түсі ақ шүберектей болған ет. Ақ жемді көбінесе қайырған кезде береді. Саят кезінде тоқ болғандықтан, аңға түспей қойған кезде де береді. Ағарттық – бұл да ақ жем, тек өте ұсақ туралған түрі. Боз өкпе – үрлеп, аязға тоңазытқан мал өкпесі. Құнарсыз жем болғандықтан, тойынып аң аулауға зауқы болмай кеткен құсқа беріледі. Қойдың өкпесін тұтастай бөлектеп алып, кеңірдегі арқылы үрлеп үлкейтіп, ішіне суды толтыра құйып суық жерге іліп тастайды. Біраздан кейін өкпенің ішіндегі қаны суға шайылып, сыртына шығып тамшылап ағып, бозарған құр сірнесі қалады. Мұны қолаба дейді. Қолабаны бүркітке жемаяққа турап, көлкілдетіп мол берсе, іш майы таусылып, қарнын ашырады. Құсты баптау, қайыру кезінде құсбегілер «бап дегеніміз жем, жем дегеніміз бап» дейді. Осы кезеңде құсқа қолаба, сары бөртпе, ақ жем береді. Қайыру кезінде берілетін жемді май, шандыр жібермей, неғұрлым жұқарта жапырақтап турап, саптыаяққа салып, үстіне суық су құйып, бөрттірген соң қанын сығып шығарып, қайта-қайта шайып, қан сөлсіз, құнарсыз жем дайындайды.

Бір аптадай сары бөртпемен тамақтандырады. Әбден сенімді түрде бауыр басқан құсты қолға шақыру басталады. Ол үшін биялайдың алақанына бір кесек ет тастап, «кә-кә». «кәу-кеу» деп жұмсақ үнмен дауыстап, шақырып жегізіп үйретеді. Осы дауысқа әбден үйренсе кейін иесінің дауысын жазбай танитын болады. Бүркітті қолға шақырып жүргенде тұз құсы қашып кетпес үшін оның құйрық қауырсынын сүзіп байлап қою міндетті түрде талап етіледі. Сақа құсбегілердің тәжірибесіне қарағанда үш аптаның ішінде тұз бүркіті жуасиды, қолға үйренеді. Бүркітті тұғырға қондырып үйреткенде сол жақ

аяғының білегінен немесе ортаңғы саусағынан ұстап демеп қондырып үйретеді. Қолға қондыру да осымен бірдей болады. Бүркітті оң қолға қондырып, сол қолмен томағалайды. Саусақтарының буындарын ұстап, ашып жұмып шаппайтын, қыспайтын етіп үйретеді. «Кә-кә, қыраным» деген дауысқа үйретіп, онан соң атқа алып жүруге ауысады. Уақыт өте келе шақыруға үйрету жалғасады. Еті азайып, ашыққан құс жемді місе тұтпайды. Жем көргенде қылмындап тесіле қарап, төзімі кетеді. Сол кезде биялайды қолға киіп, туралған еттен бір кесек алып, алақанға салып жегізіп, дәнiктіреді. Осы әдіспен келе-келе қолдан жемді жұлып жейтін болады. Түз құсына аң алуды үйретудің қажеті шамалы болғандықтан, оған шырғаға тарту, тірілеу үрдістерін жасау артық.

Қолбала бүркітті баулу. Бұл үрдіс түз бүркітін жуасытудан өзгеше болады. Құсбегілер әдетте балапанды ұясынан жетілдіріп, ұшуға таяғанда алғанды жөн көреді. Ал егер балапан өте жас ақүрпек кезінде алынса, ержете келе орнынан тұра алмайтын тілерсек дертіне душар болып қалады. Балапанды ұядан әкелгеннен кейін арнаулы үйшікте (ретіне қарай) бос қойып, алдына су қойып, төбесінен жарық түсетін саңлау шығарып қояды. Балапан қарақанаттанғаннан кейін, екі артқы тегеурініне баулық тағып, темірден айлансоқ байлап, саздауыт жазық жерге шымнан жер тұғыр жасап, ит пен мал бармайтын оңаша жерге ұзын арқанмен мықтап арқандалады. Жоғарыдағы әдістермен асыраған балапан пыштақтамайтын болады. Тұғыр орнатып, қасына табаққа су, сүйегімен ет тастайды. Балапан осылайша өз бетімен жеп-ішіп үйренеді. Күз түскенге дейін балапан бүркіттің аяғындағы бауды оң, сол аяғының саусағына алмастырып отырады. Мұнан кейін жас құсты шырғаға түсіріп үйретеді. Шырға – құсбегілік өнерінің құсқа аң алдыру әдісінің маңызды сатысы.

Түз бүркітті шақыруға үйрету. Ол үшін биялаймен бір-екі рет жем жұлдырып алып, құсты биіктеу жерге отырғызып, аузына жетер-жетпес жерден тақап көрсетеді. Сол кезде бүркіт ұмтылып аузы жетпей, бір аяғын жұмсап, талпынып қолдағы жемге қонады. Шақыру жемін дәмді қылып (аздап қант шайнап бүркіп) отырса, бүркіт тез ұмтылады. Ашыққан құсты шақыруға үйреткенде тәтті сан етін қолға ұстап құсқа көрсетеді. Ең басында құстың тұмсығына тигізе алыстатып дәндетеді, бір-екі жұлғыза-жұлғыза ұзақтан көрсетеді. Ондайда құс адамға қарай ұшып келіп дағдыланады. Ең соңында қызыл көрсе ұшып келетін болады. Ат үстінен шақыруға келсе құстың үйренгені.

Қолбала бүркітті шырғаға үйрету – аң алуға үйрете бастау. Қолбала бүркітті аңға түсуге үйретер алдында шырғаға жіп байлап сүйретеді. Шырға өлі, тірі болуы да мүмкін. Бүркіт шырғаға түскен кезде одан ет жұлдыртып жегізіп, дәнiктіреді. Бүркітшілер бүркіттің шырғаға түскені аңға түскені дейді.

Шырғаны әу баста бүркіттің жанынан, еңістен төменге қарай сүйретіп бастырады. Біртіндеп алыстан сүйретіп шырғаның үстінен жем жұлдырып дәндетіп, алыс-жақында талғамай жетіп келетін, шақырушыл, шырғашыл етіп баулиды. Жақсы дағдыланып, адамға бейілін берген бүркіт аңға ұшырғанда, аң көрмесе әдетте ұзап кетпей, иесіне қарай тартады.

Бүркітті «тіріге» баулу немесе тірілеу – тірі аңды ұстауға баулу. Кейде бүркітшілер түлкіні ұстап алып, оның тірсегін кесіп жібере салады, тірсегі кесілген түлкі шоңқайып жүгіре алмайды, осы кезде бала бүркіт те түлкіге келіп түседі. Түлкіні өлтіртпей, біраз алысқаннан кейін ажыратып алады да, қызыл ет береді. Қызыл ет жеп дәнiккен бүркіт түлкіге түседі. Түлкіге түсіруге баулудың бір амалы бүркітші түлкіні ұстап алып, iнге кіруіне кедергі болатындай етіп, оның аузына көлденең ағаш қояды да, байлап тастайды. Бүркіттен қашқан түлкі iнге кіре алмай әуреленеді. Осындай тәсілмен түлкіге түсуге баулиды.

Шырғаға әбден үйренген соң екінші мәрте тірілеуге шығарады. Алдын ала ұсталған түлкінің аузына тұмылдырық кигізіп (кейде iнге кірмес үшін аузына көлденең ағаш та байлайды), аяғын өрелеп дайындайды. Бұл бүркіт аяғын шайнамасын әрі алысқа қашпасын дегені. Құсбегі атпен биіктеу төбеге шығып тұрып, түлкіні жіберген кезде томағасын сыпырады. Тірі жеп дәнiккен құс тірі түлкіге бірден ұшады. Атпен жылдамдата жетіп, алған аңын тояттата жегізеді. Осылайша екі рет тіріленген бала бүркітті аңға шығаруға, қайыруға келді деп есептейді. Алғашқы жылы түлкіге жақыннан жіберуге тырысады және алған кезде жылдам жетіп көмек жасамаса, тәжірибесі аз болғандықтан, арандап қалуы мүмкін.

Бүркітті баптау – қыс бойы аңға салып, «қалжыраған» бүркітті саят маусымынан кейін табиғи қалпына келтіріп, түлеткеннен кейін қайырып, зар күйіне келтіру үрдісі.

Бүркітті түлекке отырғызу – бүркітті көкек, мамыр айынан күтіп бағып жетілдіру. Жаз айларында көк шалғынды бұлақтардың жағасында бау, томағасын шешіп, екі тегеурінінен айналсоқ тағып арқандайды. Қансоқта жем үзбей беріледі. Аптапта күн көзіне ұзақ отырғызса, қанаты майып қыстыгүнгі сынғыш болады. Сондықтан тас, ағаш тұғыршалар орнатады, жауын-шашын, күн көзінен саялап паналайтын ықтасын жасалады. Түлек кезінде бүркіттің тұяғы тұнық болып, шымырланады. Жілік майлары толып, ақжіліктеніп, қауырсын шалғылары майланып, денесі толысады. Жақсы түлемесе қасқырдың немесе балықтың етін беріп, бірнеше мәрте жақсылап тойдыра жемдесе, жүні кеуіп күрт түлейді. Құс толық түлеп жетілген соң жаздың аяғында қайырылады, яғни жаңа аң маусымына дайындық ретінде бапталады.

Бүркіттің аңға түсуі – бүркіт аңға үш түрлі қаршығаша сыпыра түсу, түйіп түсу, үкіше іліп түсу тәсілмен түседі (Ж.Сатылғанов). Қалың бұталы жерде жоғарыдан шүйіліп түйіп түсу ыңғайлы болса, далалы ашық жерде іліп түседі. Тау қойнауында қаршығаша сыпыра түскен оңтай көреді. Бұл тәсілдерді бүркіт үйрету барысында меңгереді. Айталық, бұталы жерде төбеден түйіп түсуге үйрету үшін шырғаны сүйретпей көрсетеді.

Ал далалы ашық жерде іліп түсуге үйрету үшін құс шырға, далбайға түскен кезде құсты қызықтыра сүйрете бермей, тастай салады. Ал сыпырып түсуге үйрету үшін шырғаны құс ұстаса да тоқтатпай тарта берген. Ал шұғыл еңістен түлкіні алған кезде бүркіт оны іле көтеріп, жұлып түседі.

Бүркітке байланысты ғұрыптар мен жосын-жоралғы ырымдар. Аушы құс көк Тәңірінің елшісі, ол Күннен жаратылған, күннің еркесі, көктің иесі деп көп халықтың көне сенімінде аса жоғары дәріптеледі. Бүркітке табыну күллі жануарлар мен адамзат әлемінен жоғары тұрды. Оны аспан денелерімен шендестірді.

Дәстүрлі ортада қолдағы бүркітке төмендегідей ат қойған. Мәселен: Ақиық, Ақбалапан, Аққанат, Ақбұршақ, Бақабас, Бұқатана, Барқын, Баршын, Қандыбалақ, Қырансары, Құлакер, Кершолақ, Саршолақ, Сөпелексары, Жапырыққара, Мұзбалақ, Алтайдың ақиығы, Қобданың қара кері, Нарының сарысы, Тақыртірек, Мартулы қыран, Шомбалсары, Ішжарғыш, Кәрішөгел және т.б.

Тұғыр үйдің оң жақ босағасына қойылады, қастерленіп, мұрагерлікке қалдырылатын қасиетті бұйым есебінде жүреді. Бүркіттің тұғырына адамның отыруына болмайды. Қазақта «ат өлсе, ер-тоқым үйіледі, құс өлсе тұғыр күйінеді» деген сөз бар. Осыған орай тұғырды бос қоймай, ұдайы қолдану қажет деген қағидамен атаданбалаға мұрагерлікке қалдыратын болған. Ал мұрагерлер ішінде құсбегілікті ұстанғаны болмаса, басқа біреу құс ұстап алып келсе, міндетті түрде соған тарту еткен.

Көп жыл серік болған құсын қариялар қартайса да құрметтеп үй жанында ұстайды. Ал қайраты қайтқан қыранды «құс тебінен қайтты» деп қоя беретін де дәстүр бар. Атақты Әлібек батыр жылына алпыс түлкі, он қарсақ, он екі қасқыр алған құсын Құлагер аты мерт болған жылы ырым етіп, қолынан босатып қоя берген деседі.

Бүркітті сырықтау / ұшығын шығару – ескілікті наным-сенімде де бүркіт аң ала алмай, ауырып мазасызданғанда, тіптен ұшып кетсе де көз тиген деп ырымдайды. Ондайда бүркітті «қырсық шалды» деп, жанып тұрған оттың үстіне тұз шашып, бытырлаған дауыс ырғағымен оңнан солға қарай айналдырып «бисмилла, сырыс-сырыс, сырыс-сырыс!» деп жалбарыну айтып домдайды. Құсбегілікке байланысты барлық құрал-жабдықтарды жинастырып, оларды адыраспан, арша сияқты қасиетті өсімдіктермен аластап, бәле-жаладан тазартады.

Аңға аттанған қыран үшін «Қадалған көздің сұғынан сақта, айнып кетпесін!» деп тілек тілейді. Аңға тура барып түскенін көрген сәтте құсбегі «Иә сәті! Бере гөр Тәңірім» деп ырымдап дауыстайды. Аң олжасын қолына ұстаған аңшы «Істің басы ілгері, сайтанның басы кері, үйірімен үш тоғыз», – деп жерге үш рет ұрады.

Бүркіттің құйрығын майлау – қазақ құсбегілерінің қыран құсты ұстағанда немесе сатып, қалап алғанда бүркіттің құйрық қауырсынына, қанатына май жағып, иығына шоқ үкі тағып жасайтын жоралғы. Бүркітті ауыл ақсақалдары мен кәнігі адамдарға сынатып, «бүркіттің құйрығын майлау» ырымын жасайды, қой сойып, бүркіт торын «қандайды» (торға қан жағады). Бұндай кезде бай, ауқаттылар жағы мал атаса, қарт құсбегілер өздерінің ескі құс жабдықтарын сыйға тартады. Қазақ үйге қыран құс келгенде «Қызыр Бабаның ерекше сыйлығы» деп, сонымен қатар «үйге бақ-береке келді» деп шын жүректен қуанып, жақсылыққа жорыған. Сондай-ақ қазақтарда бөгде

біреу бүркітімен ауылға келсе, құсының иығына үкі тағатын немесе ақ шүберектен ақтық тағатын архаикалық ғұрып бар.

Бүркіт киесімен емдеу – бүркітті ауырған адамның үйіне әкеліп байлау. Қазақ бүркіт жүрген үйге пәле-жала жуымайды деп сенген. «Үйіне бүркіт саңғымаған» деген сөз бар. Бұл киесі жоқ, пәле үйірсек дегені. Шошитын, екіқабат адамы болса, бүркітті әкеп байлайды. Сонда жын, шайтан келмейді деп түсінеді.

Бүркітті арулау – құсбегілердің қыран бүркітті жерлеу салты. Қазақ құсбегілері бүркіті өлгенде қанат, құйрығына май жағып, ақ матаға орап, биік тау құздарына немесе адам аяғы баспайтын жерге арулап жерлейтін болған. Бүркіт иесі: «ат өлсе, ертоқым үйіледі, құс өлсе, тұғыры күйінеді» деген осы екен-ау деп қайғырады.

Бүркітті жоқтау. Қазақ құсбегілерінің қолындағы қыран құсы өлгенде жоқтау айтып, қайғыру ғұрпы. Қазақ құсбегілері қолындағы қыран құсы өлгенде дауыс шығарып жылап, жоқтау айтып қайғысын білдірген. Бүркіт қазақ қоғамында қоғамның бір жанды мүшесіне айналып кеткен. Қапелімде мерт болған немесе ауылда өлген бүркітке «ат өледі, құс қашады, екі қанат бір құйрық табылар, ажалы жетсе бәрі өледі» деп көңіл айтып, иесін сабырлылыққа шақырған.

Бүркіттің пірі – қыран бүркіттің желеп-жебеушісі. Байырғы түпқазак этномәдени ұжымның мифтік санасында төрт түліктің пірлері Жылқышыата (Қамбарата) (жылқы), Ойсылқара (түйе), Шопаната (қой), Шекшеката (ешкі), Зеңгібаба (сиыр) болса, қоңыр аңдардың пірі немесе желеп-жебеушісі Кербұғы, Кертеке, (Ортеке) деп аталған. Ал қыран құстардың, бүркіттің пірі Шегірбаян екені айтылады. Баян деп аталған бұл атау атақты айтыскер Ұлбике (XIX ғасырдың бас кезі) мен Серәлі ақынның айтысында кездеседі:

Ұлбике жақын отыр бері таян,
Тәңірдің жаратқаны маған аян.
Кемақыл сен білмесең мен айтайын,
Құс атасы болады Шегір Баян.

Шегірбаян атауы қазақ тілінің сөз қоймасында жатқан көнеліктердің бірі. Олай дейтін себебіміз бір-бірімен іргелес, аралас-құралас отырған туыстарынан ерте кезде ірге көтеріп (шамамен XIII ғасырдан бұрын), солтүстік шығыс аймаққа қоныс аударған сахалар (якуттар) тілінде аңшы (саятшы), балықшылардың желеп-жебеуші пірі бауянау деп аталады. Азды-көпті дыбыс өзгерісіне ұшырап, мағыналарының тарылуы немесе кеңеюі туыстас тілдердегі ортақ сөздерде бола беретін заңды құбылыс. Шегірбаян атауының құрамындағы баян сөзі бауянаудың дыбыстық жақтан ықшамдалған түрі деп жорамалдауға болады.

Қазақ тіліндегі құс атасы Баян мен саха тіліндегі бауянау сөздерінің түп-төркіні бір. Қазақ саятшылары қыран құстың алғаш ілгенін тырнақалды десе, оның тұңғыш саятқа шығып, ауыздануын бауашар деп атайды. Осындағы бау сөзі баудай түсірді деген тұрақты сөз орамындағы баумен өзара төркіндес.

Әдетте мифологиялық атаулардың қазақ тілінде көбінде тұрақты эпитеті болады. Баянның тұрақты эпитеті – шегір. Құсбегілер қыран құсты көз алмасының түсіне қарай ақ шегір, сары шегір, кер шегір, сондай-ақ сыртқы түріне байланысты көк шегір, құм шегір, ақ шегір атайтыны жиі ұшырасады.

Бүркіт құны – қыран бүркіттің, затқа шаққандағы бағасы. «Жеті Жарғыда» қазақтың аңшылығына ерекше ден қойып, оны бұзғандарды жазаға тарту туралы арнайы бап енгізілген. «Жеті Жарғыда» аңға салатын итті, құсты (бүркітті) өлтірген адамнан олардың иесіне бір құл немесе бір күң беріледі деген. Жақсы бапталған қыран бүркіт Шу мен Сырдарияда 5-6 түйеге, қаршыға мен сұңқар 1-2 түйеге бағаланған. Біреудің қыран құсына көзі түсіп, көңілі ауса оны қалап сұрап алады. Оның қарымтасына беретін кәдені «тұғыр жабар» деп атайды. Оның көлемі ХІХ ғасырдың соңында өте қымбат болған: бүркіттің сайыпқырандығына қарай, аталық түйе бастатқан тоғыздан бастап, 5-6 түйеге дейін берілген.

Қазақтың әдеттік құқығында бүркітке қатысты арнайы ережелер бар. Алтай қазақтарының «Төрт би ереже заңдарында» ол туралы былай делінеді: бүркіт ұясы кімнің жерінде болса, балапан соныкі. Оған ешкім қол сұқпайды. Түз бүркіті қашып кетіп басқа бір адам ұстап алса, тауып алғанына екі апта өтсе, бүркіт екінші ұстап алған адамға тиесілі болады. Екі жеті уақытына жетпесе, бұрынғы иесіне қайтарады. Қол баққан бүркіт (ұядан алынған балапан) қашып кетіп, басқа біреу ұстап алса, ұстағанына бір ай толмаса, бұрынғы иесіне қайтарылады. Егер айдан асып кетсе, бүркіт тауып алған адамдыкі болады. Бүркітшінің елге әйгілі қыран бүркітін біреу қастықпен өлтірсе құны бір атан түйе болып құн төленген.

* * *

Сөз соңында айтарымыз, лұғаттық мақалада академик Ә.Х.Марғұланның бүркітті түр-түрге топтастырып жүйелеуін негізге алынды. Байқауымызша, ғалым ертеректе көптеген деректі бүркітші, құсбегілердің өз аузынан жиған және жинап қана қоймай, ғылыми этнографиялық саралаудан өткізген.

Сондай-ақ аға буын этнографтардың көрнекті өкілдерінің бірі Жағда Бабалықұлының, А. Тұрдыбаевпен бірлесіп жазған деректерге мол қырандар туралы ғылыми этнографиялық очеркін атап айтуға болады. Сонымен бірге баянөлгейлік (МХР) этнограф ғалым Б. Кәмалашұлының зерттеулерінде бүркіт жайында аймақтық деректер де кездеседі.

Жоғарыда айтылған бұл еңбектердегі деректер мен авторлардың кейбір ой тұжырымдары лұғаттық мақаланың тиісті тұстарында қысқаша мазмұндалып берілді. Сонымен қатар журналист қаламгерлер Майты Юсуповтың құсбегілер Саман Шыныбаев, Шәкен Узақовпен, Жақан Бәлшеневтың жетісулық әйгілі саятшы Дембосын Дүзелұлымен, Еркінбай Әкімқұловтың атақты бүркітші Аязбай Алмағанбайұлынан, Көсемәлі Сәттібайұлының мойықұмдық саятшы Жаппар Сатылғанов сынды кәсіби

бүркітшілердің тікелей өз аузынан жазып алып, мерзімді басылымдарда жариялаған корреспонденциялары да назарға алынды.

Сонымен қатар фольклортанушы ғалым Ағеділ Тойшанұлының ҚХР-ғы бүркітші әрі құсбегі Шаяхмет (Шайқасын) Жәңгірұлының бүркітшілік жайындағы жазғандарын түсініктемелермен жариялаған мақаласынан тиісті деректер алынды.

Лұғаттың мақаланы әзірлеу және жазу барысында жинақталған бүркіт жайында халық тілінің паремиялогиялық қорындағы мақал-мәтелдер, фразеологиялық сөз орамдары, сондай-ақ аңыз-әңгімелердің мәдени семантикалық мәні айрықша екені белгілі. Алайда бұндай рухани дүниеліктер лұғаттық мақаладан көлемі көтермегендіктен екшеліп қалды. Бұл айтылған мәні айрықша рухани дүниеліктің болашақта атқарылар істе барынша қамтылуға тиіс.

БҮРКІТ² – бүркіттің қимылын бейнелеу арқылы ойыншы қимыл әрекетінің ептілігін сынауға негізделген ойын түрі. Ойынның шарты бойынша, аласа орындыққа жүрелеп отырған ойыншы екі қолына тіреліп жерден тақияны ауызымен тістеп алу керек. Орындық, сандықша, «тұғырға» жүрелеп отырған ойыншы тұғырдағы бүркітті бейнелейді. Ал жерден тақияны көтеру қомданып отырған құстың қимылын қайталайды. Қимыл әрекеті епті ойыншы тақияны ауызымен тістеп алатын болса, епсіз ойыншы «тұғырдан» құлап ұтылады. Ұтылған ойыншы ән айтып, би билеп «айыбын» өтейді. Тақия көтерген ойыншыға сый-кәде беріледі. Бұл жас жігіттер мен бозбалалар арасында өткізілетін ойындар қатарына жатады.

БҮРКІТ БИИ – бүркіттің қимыл әрекетіне негізделген ер адам билейтін ұлттық би түрі. Ислам дінін қабылдағанға дейінгі кезеңдегі тотемдік наным-сенімдерге байланысты сакралдық мистикалық ғұрыптарды атқару барысында атқарылатын іс-әрекеттерге негізделген архаикалық билердің қатарына жатады деп пайымдауға болатын би түрі.

Көнедегі наным-сенімдер жүйесінде бүркіттің алатын орны ерекше болған, киелі құс ретінде бүркіт қазақ халқының наным-сенім жүйесінде өзіндік ерекше орны бар құс. Мысалы, бала тоқтамаған жағдайда үйде бүркіт ұстау, қарақұстың (бүркіттің) бейнесін, қауырсынын тіл-көзден сақтау құралы ретінде киім-кешек, бас киімге тағу сияқты ырымдар осының куәсі. Яғни, бүркіт биі ерте замандағы ритуалдық ғұрыптардың атқарумен байланысты қалыптасқан билер қатарына уақыт өте келе бидің сакралдық құрамы ұмытылып тек қоғамдық көңіл көтеру, эмоциалық күйінде көрсетуге негізделген бөлігі сақталды деуге болады.

Бүркіт биі құстың қимыл әрекеттерін қайталауға құрылған, буын билер қатарына жатады. Би пантомима арқылы құстың ұшу, қомдану, тояттау сияқты қимылдарын көрсетуге құрылған. Бүркіт биі деректерде Шығыс Қазақстан, Алтай өңірінде, Моңғолияда таралғандығы айтылады. Бидің бір және екі биші орындайтын түрлері болған. Дей тұрғанмен, аты аталғанымен бұл би туралы дерек жоқтың қасы деуге болады. Бидің орындалу мәнері, қандай әуенді қолданып билейтіні жайлы деректер жоқ. Яғни, бүркіт биі әлі арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер қатарына жатады.

БҮРКІТШІ – бүркітті қолға үйретіп, аң қағуға баулитын, әрі баптайтын, сондай-ақ бүркітпен аң аулайтын аңшы. Бүркітшіні саятшы деп те атайды. Бүркітші болу – жан-жақты дайындықты қажет ететін аса күрделі кәсіптің түрі. Яғни, бір жағынан, қыран бүркіттің табиғи болмысын, мінез-құлқын, тіпті биологиялық ерекшелігін терең білетін, екінші жағынан, аңшылықтың дәстүрлі қыр-сырына мейлінше сыралғы, үшінші жағынан, бүркітшіліктің ең негізгі шарттарының бірі саят атының бапкері сияқты қасиеттерді терең меңгерген тұлға болуы шарт. Оның үстіне қазақы ортадағы бүркітші атану дәстүрлі метеорология, ветеринария, астрономия және халықтық медицина сияқты салаларды да терең білуді қажет етеді.

Бүркітші сан алуан тәсілдермен түз бүркітін немесе бүркіт балапанын қолға түсіреді. Балапанды үйрету аса қиындық тудырмайды. Керісінше түз бүркітін жуасыту, қолға үйрету кәнігі бүркітшілердің қолынан ғана келеді. Бүркітші алдымен ол түз бүркітті алақанымен сылап-сипап, денесіндегі қытығын жазып, «кә, кә», «әйт-әйт», «бопым-бопым (попым-попым)» деп, түрлі дыбыстарға үйретіп, жұмсақ мінезбен өзіне үйір етеді. Атқа алып жүрген кезде томағасын алып-салып, артық беталды талпынғанда жібермей, бетін қайтарып торықтырып, икемге келтіреді. Асау бүркіттің үнемі әр мүшесін сылап-сипап, қытығын жазып, жақындап жанасып, жеммен алдап-сулап, томағасын алып-салып, адамға үйір болдыруға көндіктіреді. Әр құстың мінезі, тегі, күйі, жасына қарай және салатын аңына байланысты баптап, икемдеуде, шарғыға үйретуде т.б. шараларды жүзеге асыруда құсбегі бүркітшінің өзіндік тәжірибесін қолданады.

Бұл жайт бүркітшінің сезімтал, құстың күйін, мінез-құлқын жақсы білетін психолог екенін білдіреді. Құсқұмар адамдардың бәрі бірдей бүркітші емес. Нағыз бүркітші бір жағынан кеңпейіл, мейірімді жан. Мұндай қасиеті жоқ, құсқұмар қызықтаушы кейбіреулер бағып, баптау әдістерінен сауатсыз болғандықтан, балапанды үйге немесе үй жанына байлап, жемді өз қолымен береді. Сөйтіп, құс адамның барлық әрекетін көзімен көріп, бойын үйретіп алады. Бұл бүркіттің шабуылдап, жемге таласып, кісіге шауып, пыштақтайтын жаман әдетін қалыптастырады. Бүркіттің еті арықтап, қуаты азайып, жүрегі қарайғанда жемге таласатын, тіпті иесіне ауыз салатын жағдайда құс иелері өте кеңпейіл болып, барынша алдап сылап-сипап, қажетін қанағаттандыру керек. Егер ашу шақырып, зекіп айғайласа, құс баласы аса кекшіл болады. Ол одан әрі бұзылып, аң алғанды қойып, қайта иесіне шабуылдайды. Бұл құбылысты құсбегілер шарқая деп атайды.

Аса зерделі бүркітшілер бір жағынан, құстың қырандық белгісін жазбай танып, әрбір құстың жаратылыс ерекшелігіне қарай отырып, «мынау он бес түлкілік, мынау отыз түлкі алғаннан кейін алымы түгейді, мынау елуден жүз түлкілік болар, мынау өмірінің ақырына дейін алымы қайтпас алғыр қыран екен, мынау төртінші жастан өткенде ұшымы таусылып, ұша алмайтын домалатпақ шобыр болар» деп болжам жасайтын болған. Бүркітшілерді туа бітті эколог деуге болады. Өйткені қартайып, алымы қайтқан қолбала қыранын қараусыз тастамай, тұғырына қондырып, мәпелеп бағып отырған, ал жасы

келген түз бүркітін ырымдап, еркіндікке қоя беретін болған, өлсе арулап көмеді. Бүркіттің ұясын бұзғызбай, бөгде біреулерден қоритын болған.

Бүркітшінің пірі. Құсбегі өнерінің ең бірегей өкілі көзі тірісінде әулие атанған Жалайыр Шораны қазақ құсбегілері бүркітші пірі деп санайды. Ол – ортағасырлық тарихи хроникаларда, мысалы атақты Бабырнамада жиі аталатын сол кезеңдегі саяси оқиғаларда айрықша рөл атқарған атақты құсбегі Жалайыр Хасанның тікелей ұрпағы. Бүркіт ұстар алдында Әулие Шора Атаның әруағына сиынады. Аңызға бойынша Жалайыр Шора құс атаулының «тілін», қырандардың мекені мен шабытты өрісін, қоналқы ұясын, шабыттанып нені алатынын білген екен деседі. Тіптен төбеде ұшып өткен құстың жасын, қырандығын ажырата алған. Құс атаулы «Ұша берсем қанатым талады, Жерге түссем Жалайыр Шора алады» деп зар қағады екен деген аңыз бар ел аузында. Академик Ә.Х.Марғұлан Жалайыр Шораның құсбегілік өнері жөнінде былай деген еді: «Қолға жақсы үйреткен саят құстары өте жайдары, құбылғыш, неше алуан мінезге түсіп тұратын ойнақы келеді. Бұл әсіресе сұңқар, лашын, қаршыға, тұйғын сияқты құстардың мінезі. Түзде өз еркімен жүргенде бұлар жұбайымен мереке құрып, масайрап, бірін-бірі қуып, кейде өздерінен бөтен құс кездесесіп қалса, оларды қудалап тастап отырады. Атақты құсбегі Жалайыр Шора (XVIII ғасыр) қыран құстардың бұл мерекесін бұзбаймын деп, жаз шыға олардың еркегі мен ұябасарын үлкен қапастың ішіне бос жіберіп ұстаған. Кейде оларды таудың ішіне бос жіберіп жұмыртқалатып, жемді өзі жеткізіп тұрған».

БҮРМЕ¹ – етті жас күйінде сақтаудың тәсілі. Қой және ірі малды күздің соңына қарай суық түскен кезде сойып, етін өз терісіне бүріп тастайды. Оған ауа кірмеуі керек. Бүрмені тұздап та, тұздамай да сақтай береді. Күзде жасалған бүрме қыс ортасына немесе соңына дейін жас күйінде сақтау үшін жасалатын қам. Бүрмеге бүрілген етті жіліктеп бөліп те немесе санын сандай, қолын қолдай да тұтас бүре береді. Халық тұрмысында бүрмені ашу, бастау да өзіндік оқиға, жаңалық болып табылады. «Пәленшеке бүрме бастапты» дегеннің өзі иесі үшін мәртебе, көршілер үшін сәтті күн. Одан дәмездің ешқандай ерсілігі жоқ. Оған «құтты болсын» да айтылады, ауыз тигізу де парыз. Мал етін жас қалпында, сүрлемей сақтаудың тағы бір жолы жылқыны бауыздап, ішек-қарнын алады да, қайта тігіп, терісін де алмай қалың жауып тастайды және оны ашпайды. Бүтіндей емес біраз бөлігін, яғни бір санын ғана бүрмелеп сақтау тәсілдері де бар. Оны көкек, наурыз кезінде ашып, жаңа соғым сойғандай жіліктеп алады, осылайша жас ет жегендей болады.

БҮРМЕ² – кесектеп туралған етті өзінің майы мен сөліне бұқтырып дайындайтын (пісірілетін) тағам түрі. Жергілікті жерлерде мұндай тағамды бөртпе, көмбе, қарын бөртпе деп те атайды. Байырғы ортада осындай тәсілмен пісірілген етті суыған соң қарынға салып, тоңазытып қойып, көп ретте сапарға шыққан жолаушылар жолазыққа тұтынған.

БҮРМЕ БАЛАҚ (ШАЛБАР) – балағына бау, резеңке өткізіп бүрмеленген шалбар. Спорттық киім-кешек түріне жатады.

БҮРМЕ ТІГІС – матаның шетін жинай тіккенде қолданылатын тігіс түрі. Мысалы, желбіреуіктерді, қос етектерді, бүрмелі жағаларды тіккенде қолданылады.

Бүрме тігістер екі қатар жүргізіледі, иненің әрбір шаншымы сиректеу келеді де, жіптің бүре тартылуымен жиырыла тігіледі. Бүрілуінің үлкендігіне қарай сиыр тіс, бұзау тіс, қой тіс деген түрлері бар.

БҮРМЕЛІ КИМЕШЕК – кимешек түрі. Бет жағы шаршы келіп, төменгі ұзын ұшы омырауға түсіп, төбесі жинақтала келе түйілетін бүрмелі кимешектің үстіне кейде бөрікше киіледі. Бүрмелі кимешек Сыр өңірі әйелдерінің арасында да кең тараған. Оңтүстік өңірдің әйелдері матаны ұзыннан екіге бүктеп жартылай кесіп, оны қайта жалғай тігіп, тігісін арқасының суағар тұсына келтіреді.

Жетісу келіншектерінің кимешектерінің үлгілері де аса мол, байлау үлгілері де тартымды келеді. Кимешек әшекейсіз болмайды. Әшекей орнына алтын, күміс, лағыл, ақық, шырымтал (слюда), меруерт секілді металл және қымбат бағалы тастар қолданылған. Әрине, олар да әйелдің жас мөлшеріне, әлеуметтік орнына орай тағылған. Кимешек пен оның алдыңғы өңірі ою-өрнексіз болмаған.

БҮРМЕЛІ КӨЙЛЕК – белінен қынамалай тігілген дәстүрлі көйлек түрі. Сәнін арттыра түсу үшін етегіне қатпарлы бүрме қондырма да салынады.

БҮРШІК – алтын, күмістен жасалған бұйымдардың бетіне қондырылған ұсақ түйіршіктер. Бүршікті алдымен ұсақ түйіршік-түйіршік етіп қолдан дайындайды. Оны дайындаудың бірнеше тәсілдері бар. Бақырға бүршік дайындалатын металды балқытып, кең қаңылтыр ыдысқа лықсыта шашады. Шашыраған металл түйіршіктері қатқан кезде бүршіктерге айналады. Суыған соң бүршіктер көлемдеріне қарай іріктеліп жиналады. Бұл тәсілде бүршіктердің көлемі көз мөлшерімен іріктеледі.

Бүршіктердің көлемін біркелкі етіп дайындау үшін екінші әдісті қолданады. Сымды біркелкі қылып ұсақтап кесіп алады да, ағаш көмірдің үстіне жанап қыздырғанда, металл балқып, біркелкі бүршіктер қалыптасады. Бұл тәсілмен біркелкі калибрленген бүршіктер жасалады. Яғни, зергерлік бұйымдарды бүршіктеу сапалы болады.

Зергерлер металл бұйымның бетіне нақыш салғыштың көмегімен бүршік тәрізді өрнектер түсіреді. Бұл «жалған бүршік» деп аталады.

БҮРШІК ТАҒА – жер басар астыңғы жағында үш-төрт жерден шығыңқы етіп келтірген шошақтары бар таға түрі. Саятқа мінілетін ат көбінесе тау-тасты, жыралы жерлерде жүретіндіктен, бүршік тағамен тағаланады.

БҮРШІКТЕУ – зергерлердің алтын, күміс бұйымдардың бетін әсемдеу тәсілі. Зергерлер металл бұйымдардың бетіне ұсақ металл бүршіктерді дәнекерлеу арқылы көздің жауын алатын әсем бұйымдар жасайды. Бүршіктерді дәнекерлеу кезінде оның орнына кейде желім жағады. Кейбір зергерлер бүршіктеу мен ширатпа әдісін қатар қолданады. Бұл әдіс бүршіктеу деп аталады.

БЫЛАМЫҚ – дәнді дақылдардың талқанынан немесе бидай ұнынан суға, сүтке пісіріп жасалатын қарапайым сұйық тағам. Быламық жасаудың әр өңірге жыл мезгіліне сай түрлі тәсілдері болды. Быламықтың қарапайым бірақ құнарлы түрін дайындау үшін талқан немесе ұн, шырғарылған қойдың іш майы, суды қажетті мөлшерде алдын ала дайындап алады. Сосын адамның талғамына қарай қуырылған талқанды немесе ұнды жоғарыда аталған іш майға су қосып араластыра отырып әбден бұққанша пісіреді. Быламық деп жасы жеткен қарттарға, сәбилерге, жас босанған әйелдерге дайындалатын жеңіл тағамды да быламық деп атай береді. Ондай быламыққа құнарлы қоспалар қосып, дәмін келтіріп жасайтын болған.

БЫЛҒАРЫ – мал терілерін илеу арқылы алынатын материал. Химиялық өңдеудің барлық түрлерінен өткен, боялмаған жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі, т.б. терілері ақ тауар болып табылады.

Дәстүрлі ортада былғары ең көп қолданылған материал болды. Былғарыдан аяқ киім, ер-тұрман, сырт киім тігілетін. Былғары сапасына, түріне, қолданылған мал терісіне қарай түрлі атаулары болды. Жылқы, құлан терісінен сауыр, көк сауыр өндірілген, ешкі терісінен жасалған былғары көзел, бұзау терісінен жасалған былғары опаике деп аталатын. Хром тұздарымен өңделген былғары құрым деп, ал одан тігілген етік құрым етік деп аталатын. Ертеректе беті лакталған былғарыдан тігілген аяқ киімді әміркен етік деп атаған. Бұлай аталудың себебі бетіне лак жағылған былғарының саудалық атауы «американская кожа» болды да, оны қазақы ортада әміркен деп атап кетті.

ҚР МОМ қорында былғарыдан жасалған жағлан КП 158119 қоңыр түсті былғарының бетіне қадаубаспен батырып ою өрнек түсірілген. Былғары сонымен бірге күміс шытырашы мен және декоративтік күмістелген шегелермен шегеленетін болған.

БЫЛҒАРЫ САДАҚ – садақ оқтары – жақ салатын қаптың атауы.

БЫЛҚЫЛДАҚ – еміздік. Бие құлындағанда құлынның тіл үстінде, яғни таңдайында үш елідей дөңгелек көк бауыр былқылдақ болады. Құлын туып жатқанда сол еміздігі түседі. Туа түскен құлын еміздігін алып кептіріп алады. Еміздіктің қоректің қасиеті өте жоғары болады деп есептейді халық.

БЫТЫРА – ұңғысы тегіс оқпанды мылтықтан атуға арналған, кішкентай домалақ металл шариктер түріндегі снаряд. Бытыраны көбінесе қорғасыннан құйып жасаған, бірақ сирек те болса темірден кесіп жасалған бытыралар да болды. Бытыралардың көлемі әртүрлі болып келеді және оқпанның калибріне де байланысты болды.

Бытыраны жасау үшін ерітілген қорғасынды мыс немесе темір елек сияқты ыдыстың бірнеше тесіктері арқылы су құйылған ыдысқа құйған. Қазақтар бытыраны кісе белдікке тағылған тері оқшантайға немесе ағаш оқсауыттарға салып алып жүрген. Бытыра тек аңшылықта қолданылып, оқпанының ұңғысы тегіс мылтықтармен ғана атылады. Бытыраны құстарды және ұсақ аңдарды атуға қолданды.

БЫТЫРА ДӘРІ – ұсақ түйіршік дәрілердің пошымына сай халықтық атауы. Грануланған, ұсақ түйіршік дәрілік препараттардың халықтық атауы.

Халық емшілігінде ұнтақ дәрілердің қолдану қажеттілігіне байланысты су сеуіп дымқылдатып, шоқ қылмен, қауырсынмен сипай, араластыра отырып бытыра дәрі жасайтын деген деректер кездеседі.

БІЗ – тері, қайыс, былғары, ағаш бұйымдарды тесіп, таспамен, тарамыспен тігуге, өрнек салуға арналған ұшы өткір құрал.

Біз қолданыс мақсатына қарай пошымы, үлкендігі әртүрлі болып келеді. Жұмыс істеуге ыңғайлы болу үшін жұмырлау келген ағаш сапқа орнатылады. Әдетте, саптық сағақ тұсына метал мойнақ орнатылады. Қолданысына қарай біздердің кәсібиленген атаулары болады. Етікшілердің ілмек тұмсықты біздері – ілмек біз, қармақ біз деп аталса, егеуге арналған біз үскі біз деп аталады. Жай тесік тесуге арналған біздерді – тігіс біз, имек біз деген түрлері бар. Кесте тігуге, тоқуға арналған біздер кесте біз деп аталады. Жалпы қолөнерде, ағаш шабу, етікшілікте, тері бұйымдарын жасауда біз кеңінен қолданылатын әмбебап құрал.

Қармақ біз кәрі жіліктің шыбық сүйегінен, жарып алынған жіліншіктің қыр сүйегінен егеліп істелетін тоқыма құралы. Өрнек салғыш бізді жорға біз деп атайды. Біздің жалманы неғұрлым кішкене, жіңішке ғып кесте ырғағымен түседі. Күміс біз тез мұқалғыш келеді.

Ілмек біз – былғарыдан, қайыстан жасалған бұйымдарды қайып тігетін біз. Кей өңірлерде қаюбіз деп те атайды.

Үскі біз – былғары, қайыс, тері тіккенде қолданылатын, етік тіккенде ағаш шегенің орнын белгілеп тесетін, төрт қырлы біз түрі. Шеге біз деп те атайды.

БІЗ ДЕ! – балалардың зейінін дамытуға, жинақылыққа баулитын ұлттық ойын. Біз де ойыны Е. Сағындықовтың «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабынан беріліп отыр: «Ойынға қатысушылар қаз-қатар отырады. Ойын бастаушы жиналғандардың алдына шығып әңгіме айта бастайды. Егер бастаушы ойыншылар қосылатын сөзайтса, басқалар біз де деп қосылып айтады да, қосылмайтын сөз болса, үндемей қалады. Байқамай қосылып қалған бала айып тартады, яғни ойынға қатысушылардың тілегін орындауы тиіс. Айыптан ән салып, немесе би билеп құтыла алады. Ойынның жүргізілу реті:

Ойын жүргізуші: – Мен көлге барам.

Ойынға қатысушылар: – Біз де!

Ойын жүргізуші: – Онан үйрек ұстап алам.

Ойынға қатысушылар: – Біз де!

Ойын жүргізуші: – Үйректің жартысын күшігіме берем.

Ойынға қатысушылар: – Біз де!

Ойын жүргізуші: – Күшігім жейді.

Осы кезде біреу біз де деп қалса, ойын тоқтап, қателескен бала айып тартады. Сосын ойын қайта басталып, жүргізуші т.б. қитұрқы әңгімені құрастыра береді. Ойын тілді еркін меңгеріп, қисынмен ойлауға жаттықтырады».

БІЗ КЕСТЕ – қармақты біз қолданып кесте тігу. Кесте түсірілетін мата, кергішке керіліп, ою-өрнек салынған соң, қармақ біздің көмегімен кесте түсіріледі. Жіптің жуандығы біркелкі болса, кесте де біркелкі түседі. Ертеректе

біз кесте тәсілімен бітпес кестеленген. Біз кесте тәсілімен кесте тіккенде өрнектің тығыз сиректігіне қарай шым кесте, әредік кесте деп бөледі. Шым кесте дегеніміз өрнек тығыздатып мата көрінбейтін түрін атайды. Әредік кесте деп өрнектің сирек, сызық ретінде түскенін айтады.

Біз кестемен мақпал, барқыт сияқты немесе жұқа киізден шапан, сандыққап, тұскиіз сияқты бұйымдарды кестелегенде шымкесте қолданылады. Ал әредік кесте өңір, жең, балақ сияқты киім-кешек бөлшектерін немесе тақия, бөрікті кестелегенде қолданылады.

БІЗ ӨКШЕ – сүп-сүйір, үп-үшкір өкше. Біз өкше қыз-келіншектердің кебісі мен етіктеріне тән.

БІЗ ШАНШАР – Қазақстанның оңтүстік аймағына тән құда түсу іс-шараларымен байланысты аймақтық рәсім. Қазақ халқы қыз айттырудан бұрын, құдаласатын жақтың келісімін алдын ала алу ниетімен жаушы жіберетін. Жаушылықпен жүрген адам емеурінін білдіру үшін түрлі амалдар қолданған. Соның бірі жаушының шалбарының бір балағы етігінің сыртында, екіншісі қоныштың ішінде болуы, қарастырып отырған біз шаншар – жаушылардың атқаратын рәсімдерінің бірі. Өкінішке орай, біз шаншар жайлы тарихи, ғылыми деректерде кездесе бермейді. Шамасы ұмыт болған, жергілікті рәсімдер қатарына жататын болуы керек. Бұл рәсім жайында түсініктемесі қосылған дерек Ә.Жүнісұлының еңбегінде келтіріледі. Автордың дерегі бойынша жаушы болып келген бір топ адам, қызы бар үйде түстеніп, кешкі асын ішіп бұйымтай айтпастан аттанып кетеді. Олардың келген мақсатын түсінген үй иелері көрпе, бөстектің арасын ақтарып қалдырып кеткен бізді тауып алады, артынша үйдегі бар қайрақтарды түгендейді. Біз табылып, қайрақ жоқ болса келгендердің кім екені белгілі болады. Егерде үй иелері келген жаушылардың соңынан қайрағын жоқтап бармаса, ол қыздың әке-шешесінің қабағы оңға қарауы деп есептелінеді де, қарсы жақ ресми құда түсу әрекетіне кіріседі.

Жоғарыда атап кеткендей біз шаншар рәсімі осы күндері ұмыт болған, сирек аймақтық салт, рәсімдер қатарына жатады. Ол жайында деректің өте сирек екенін атап өтуді жөн көрдік.

БІЗДІЛДІК – метал бетіне өрнек, сызықтарды ырғау, айналдыру арқылы түсіру үшін қолданылатын зергерлік құрал. Бізділдік қашау тәріздес, қалағы жіңішкелеу етіліп жасалады. Әдетте, бізділдікті ою-өрнектің өрісін толтыруға немесе түзу сызықтан тұратын геометриялық өрнектерді түсіруге қолданады. Зерттеуші Р.Шойбековтың пайымдауынша, бізділдік атауы біз және білдік сөздерінің бірігуінен пайда болған. Бұл жерде ұшы ине тәріздес үшкір құрал болса, білдік ұңғыруға ұқсас қашау тәрізді құрал. Осыған байланысты ұшы бізге жақын үшкір, білдік деген сөз болса керек.

БІЗТҮМСЫҚ – тұмсығы сүйір кішкене қысқаш. Бізтұмсық ұсақ бөлшектерді зергерлік бұйымға дәнекерлеп отырғызуда, ию, сымнан өрнек жүргізуде қолданылатын зергерлердің құралы.

БІЛДІК – ағашты ұңғып қыруға арналған құралдың көне атауы. Пошымы осы күнде қолданылатын ұңғыруға ұқсас болып келеді.

БІЛЕЗІК¹ – әйел адамдардың әшекейлі бұйымы. Білезік – әйелдерге арналған әшекейдің ең көп кездесетін әрі күнделікті қолданылатын түрі. Қыз бала 3-4 жасқа келгеннен-ақ, ата-анасы бойын түзеп сән-салтанатта өссін деп бала білезіктер соқтыртқан. Білезіктердің үлкен-кішілігі, жасалу материалы, түрі әркімнің өз қалауынша болады. Білек және жүзік сөздерінің кірігуінен туған сөз.

Білезік түрлері: алтын білезік – алтыннан соғылған білезік; күміс білезік – күмістен соғылған білезік; жіңішке білезік – енсіз жіңішке, жұқа білезік; жалпақ білезік – енді етіліп соғылған білезік; жыланбас білезік – екі ұшы «жыланбас» пошымында соғылған білезік; тасты білезік – тас орнатылған білезік; құйма сом білезік – алтын, күміс сияқты бағалы металдан құйылған сом, ірі білезік; үзбелі білезік – үзбелеп немесе бірнеше тастан көз орнатылған білезік; жұмыр, қобы, шұжық білезік – іші қуыс, үлкендігі әртүрлі жұмыр білезіктер тобы; сіркелі білезік – сіркемен әшекейленген білезік; қоңырау, қақпақ білезік – екі ұшы айқастырыла жасалған білезік; өрме, бұрама білезік – бағалы металдан жасалған сымдарды есіп немесе өріп жасалған білезіктер; топсалы білезік – топсаның көмегімен ашып жабылатын екі басы метал істік арқылы бекітілетін білезік істік жұқа нәзік шынжыршамен білезікке жалғанады; бес білезік – басы бір-біріне бекітілетін шынжыр арқылы қол үстінен өтетін үзбеге бекітілген үш немесе екі сақина орнатылған білезік. Бес білезікті қолға тағарда алдымен сақинасын киіп алады. Бес білезікке асыл тастардан түрлі көздер орнатылып, «ирек», «мүйіз», «құс қанат», «бөрікұлақ» сияқты күрделі оюлар сымкәптеу тәсілі арқылы орнатылады. Бес білезіктің топсалы емес, жалпақ бауырлы түрі де жиі кездеседі; жұмыр білезік – құйма тәсілімен жасалады. Жұмыр білезікке ою-өрнектер сызу және шеку әдістері арқылы түсіріледі. Жұмыр білезіктің жез қосып балқытылған немесе төмен пробалы күмістен жасалған түрлері көптеп кездеседі. Мұндай білезіктер бастың сақинасы ұстаған кезде (мигрень), қан қысымы көтерілген уақытта дененің дауалануына көмектесіп тұрады деп есептеген; қарала білезік – күміс бетіне қара жүргізу әдісімен жасалған білезік түрі, оны «кавказ білезік» деп те атайды. Себебі қарала жүргізу әдісі кавказ халықтары шеберлерінен келген деген мәліметтер бар. Қарала білезіктерге көбінесе «ирек», «гүл», «жапырақ», «бұрыш» өрнектері және «ай», «жұлдыз» сияқты космогониялық өрнектер де салынады. Бұл білезікті де көбінесе орта жастағы және егде тартқан әйелдер таққан; өрме білезік – жуан алтын, күміс сымдардан өріп құрастырылып жасалған білезік түрі. Мұндай білезіктердің екі жақ басы алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақан бетіне «қазтабан», «жүрекше», «қос ырғақ» өрнектері сызу арқылы жүргізіледі. Мұндай білезіктерді жас қыз-келіншектер таққан.

Төменде ҚР MOM қорында сақталған бірнеше білезіктер түріне сипаттамалар беріліп отыр. ҚР MOM қорында сақтаулы (КП 13344/1) Шығыс Қазақстан (Семей) облысында жасалған, XX ғасыр бұйымына тән шұжық білезіктің жұмырлап соғылған күміс бетіне түрлі-түсті тастар қондырылып, шекіме арқылы жұлдызшалар және үшбұрышты геометриялық оюлар түсірілген. Ортасында араб әрпімен жазылған «Тұраш» деген жазуы бар.

Айқаспай біткен екі ұшы тегістеліп біткен. Соғу, шекіме, ойыстыру тәсілдері қолданылған. Диаметрі 6 см, қалыңдығы 1 см.

ҚР МОМ қорында сақтаулы (КП 16255/1,2) Шығыс Қазақстан (Семей) облысынан түскен, XX ғасырға тән бұрама білезік қалың және жіңішке күміс сымдарын ширатып бұрау арқылы жасалған. Қос бұрама білезік түрі. Екі ұшы тегіс болып біткен. Диаметрі 6,5 см, қалыңдығы 0,5 см. Екіншісінің диаметрі 7 см, қалыңдығы 0,5 см.

Музей қорында сақтаулы (КП 23246) Қызылорда облысынан түскен, XX ғасырдың бұйымы – жыланбас білезік жылан тәрізді етіліп күмістен соғылған. Бетінің барлық жері шекіме арқылы қос сызықтармен, нүктелі шеңберлермен геометриялық өрнектермен әшекейленген. Айқаспай келген екі ұшы жыланның басы мен құйрығы тәрізді болып біткен. Соғу, шекіме тәсілдері қолданылып жасалған. Диаметрі 7 см, қалыңдығы 1,5 см.

Білезік сәукеле және т.б. бұйымдар сияқты қыз жасауының құрамына енген. Баланы бесікке салғандарға сақина, жүзік, көйлектік маталармен бірге білезік те берген. Қыз ұзату тойында өлең айтқан жігіттерге қыздар білезік сыйлаған. Тарихи-этнографиялық деректерге сүйенсек, білезік осы күнгідей тек қолға емес, аяққа да салынған. Бұл әдет-ғұрып бойынша баласы тұрмай жүрген ата-аналар жас баланың қолына және аяғына «Темірдей мықты болсын» деп оң тілек айтып, бір-бірден білезік салған. Қазақтар өзі жақсы көретін немесе қорқатын, реті келсе оның күшіне ие болғысы келетін заттарды, тотемдік сипаттағы жан-жануарлар бейнесін білезіктерінің сыртына бейнелеп отырған. Қазақ «білезік» деп бірнеше затты атайды. Қолға тағатын білезіктен басқа қазақ тұрмысында басқа да заттар білезік деп аталған.

БІЛЕЗІК² – баланың аяғына тағатын шығыршық. Көптен күткен, зарығып көрген «Тәңіріден тілеп алған» сәбиінің екі аяғына ата-аналары ырымдап, баланы «тіл-көзден, түрлі пәле-жаладан қорғайды» деп қымбат бағалы металдан білезік соқтырып тағып қояды.

БІЛЕЗІК³ – ертеректе сал-серілер аттарын жабулап мініп, кекіліне үкі, маржан тағып, күмістелген ер-тұрман ерттеп, аттың аяғына «күміс шығыршық» – білезік тағып қойған. Оны дәстүрлі ортада шұжық білезік деп атайды. Мұндай білезік салу үрдісі, бір жағынан, сал мен серінің ерекше әлеуметтік-ғұрыптық статусының айғағы іспеттес болса, екінші жағынан, жан серігі атын тіл-көзден сақтасын дегенді білдіреді.

БІЛЕЗІК⁴ – қыран құстардың аяғына салынатын иесінің аты-жөні жазылған сақина-білезік, әрі жоғалған құсын тауып алуға ілік болады, әрі құсын тіл-көзден сақтасын дегенді білдіреді.

БІЛЕЗІК⁵ – жаугершілік заманда қолға түскен тұтқындар қашып кетпесін деп, қолына бұғау, аяғына кісен салатын. Бұғаудың білекке, кісеннің тілерсекке түсетін топсалы шығыршығын да білезік деп атаған.

БІЛЕЗІК⁶ – ағаш бұйымдардың, құрал саймандардың ағаш сабын құрсаулайтын метал шығыршық. Қымбат заттарды алтын, күміс білезікпен құрсаулайтын.

БІЛЕУ / БІЛЕМ / БІЛЕМЕ / БІЛЕУІТ – ұзынша келген жұқалау қайрақ тас, қайрақ. Білеу егеліп, қайралған бұйымдардың (пышақ, қылыш, шалғы,

орақ, қайшы т.б.) жүзін жанып, білеп өткірлігін арттыру үшін қолданылады. Қазақы ортадан білеу атауымен қатар жануыш, жұмсақ қайрақ деген атаулар қатар қолданыла береді. Табиғи білеулерді тау беткейлерінен теріп алуға болады. Осыған байланысты халық аузында: «Қайрақ тас беткейде, Асыл сөз көкейде» деген сөз бар. Білеуді белгілі пішінге келтіре жонып алып, ағашқа қысып қояды.

Жұмсақ қайрақпен қайрағанда оның бетін сулап немесе сұйық май жағып қояды. Білеумен жетілдіре қайраған сайманның жүзінде қылау болмайды.

БІЛТЕ – түрлі майшам, шырақтардың сәуле беріп, жанатын бөлігі. Білтені қазақтар мақта, кендір, терек, тобылғы қабықтарының талшықтарынан ұзын таспа немесе жіп түрінде жасаған. Сондай-ақ, білтені матадан да ширатып жасайтын. Оны шам жағуда, оқпандағы оқ-дәріге от беру үшін білтелі мылтықтарды атуда қолданатын. Шамға пайдаланатын білтелер тез тұтану үшін жанғыш майға шыланады. Ал, мылтық білтесі оталу үшін оны тұтанғыш дәрімен қаныққанша ысқылайды. Мылтықта қолданылатын білтелерді атармандар мылтықтың дүміндегі тері қалтаға салып алып жүрген. Электр жарығының пайда болуымен және от қаруында капсульді патрондардың қолданысқа енуімен ХХ ғасырдың басында білте қолданыстан шықты.

БІЛТЕ БАСУ – қалың көрпе сияқты бұйымдардың ішіндегі мақта, жүнді сырғытпай тоқтату үшін үстіңгі бетінен шүберектен жасалған түймелерді іліп сыру. Білте орнына қалың шүберек салуды түймелеп салу деп атайды. Сондай-ақ тағы бір түрінде көрпе, тоқым тіккенде тігіннің шеткі емеурініне бөлек бұлдан (матадан) ширатып емеріп тіккенді де білте салып тігу деп атайды. Кейде оны бұлық салу деп те атайды. Бұлық кемерден сәл өзгеше. Бұлықтың ішіне ширатып жүн жіп салып оның көлемі мен жуандығын арттырады, кейбірінің көлемі адамның сұқ саусағына дейін жететіндей ірі көлемде болады.

БІЛТЕ МЫЛТЫҚ / БІЛТЕЛІ МЫЛТЫҚ – оқпандағы оқ-дәріге білтемен от беру арқылы атылатын мылтық түрі.

БІЛТЕ ТАРТҚЫШ – көнге әшекей сызық түсіруге арналған ешкі мүйізінен жасалған құрал.

БІЛТЕ ШАМ – керосинмен немесе сұйық маймен жағылатын шамдардың ортақ атауы. Білте шам аталуына жарық көзінің бір ұшы шамға батырылған білтенің жануына негізделгендігінен болса керек. Қазақстанда электр жарығына қолданға дейінгі кезде кеңінен қолданылды.

БІЛІК¹ – дәстүрлі ортада адамның ой-өрісін, аналитикалық ой жүгірту қабілетін, адами моральдық келбетін айғақтайтын ұғым.

Білік ұғымы осы мағынада ХІ ғасырда өмір сүрген түркі тілдес халықтардың ортақ данасы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде қолданылады. Білікті іс жүзінде қолдану қабілетін немесе белгілі бір салада білім, тәжірибе жинақтап, оны пайдалануды қазақы ортада біліктілік деп жеке категория ретінде қарастырады. Біліктілік адамның алған оқу-білімі ғана емес, көкірегінің ашықтығымен санасына тоқып өмір тәжірибесін жинақтау

негізінде қалыптасады. Білік ұғымына білімділікпен қатар адамның адамгершілік, моральдық келбетінің тазалығы кіреді.

Ақылың асты жұрттан білігіңмен

Кісіні білігі жоқ жігіт демен

(Мұрат Мөңкеұлы).

Сонымен, білік адамның жеке басының білімділігін, тәжірибелілігін, моральдық адамгершілік келбетін сипаттайтын кешенді ұғым. Дәстүрлі ортада білікті адамдардан ел бастаған көсемдер, әділ билер, шешендер шықты. Адамның біліктілігін қазақ даналық, кемеңгерлік деген категориялармен шендестіре айғақтайды. Қазіргі уақытта білік кәсіби шеберліктің өлшемі ретіндегі ұғымға айналды.

БІЛІК² – би жалғыз өзі ғана қылмыскерді тергеп, үкім шығарғанда алатын ақысы. Бидің айып жүктеушіден алатын малдың үштен бірін үкім шығарғаны үшін өзі алатын еркі бар. Билердің «білік» алуы алым-салықтың бір түрі ретінде де белгіленді.

БІЛІК³ – екі ұшына екі доңғалақ кигізіліп, мұрындықталып бекітілетін тесігі бар, ұзындығы арба еніне сай жасалатын жұмыр ағаш немесе темір.

Доңғалақ және білік бірін-бірі қажап, желінбеуі үшін темірмен қаптап, май жағып қоятын болған. Өндірістік қатынас пен сауда-саттық қатынастарының дамуына байланысты зауытта сом темірден жасалған білік түрлері көптеп қолданысқа енді.

БІЛІК⁴ – жүктің арқан баулары түйенің денесін жарақаттамас үшін төселетін жұмсақ төсеніш. Білік, әдетте, жөке, қамыстан, жұмсақ шөп араластыра тоқылып, салынатын болған.

БІЛІК ТӨС – дәстүрлі қазақы ортада ұсталық кәсіпшілікте қаңылтыр өңдеу және одан қажетті өнімдер жасау үшін қолданылған төстің жергілікті атауы. Ұзынша етіп жасалған ол қос тіректі, бір басы жұмыр, екінші басы төрт қырлы әрі қайқы болып келеді.

БІР – халықтық өлшем бірлігіндегі шамалап, долбарлап алынатын өлшем. Ол көпке мәлім қарапайым түсініктерге негізделген орташа шамада алынады. Мұндай шамаларды білдіретін ұғым атаулары сандық және белгісіздік мәні бар бір сөзіне өлшем негізі етіп алынған адам мүшесінің атауының қоса айтылуымен жасалады. Мысалы, бір құлаш, бір уыс, бір шөкім, бір шымшым т.б.

Бір асым – көбінесе етке байланысты қолданылатын өлшем – қосымшаларымен асылатын жамбас, асықты жілік сияқты мүшелер. Жілікке қосымша сүбе және қара қабырғалар міндетті түрде салынатын болса, ретіне қарай омыртқа, белдеме, қар және тоқбан жілік, жауырындар қосылады. Яғни бір асым ет бір жілік (ет) деген өлшеммен де белгіленеді.

Бір қайнатым – бір қайнатуға жарарлық сұйық заттың мөлшерін білдіретін өлшем. Шамамен 2-3 литр мөлшерінде.

Бір құлаш – жазып тұрғандағы екі қол арасының ұзындығындай өлшем. Құлашпен ертеде арқан-жіптердің ұзындығын, шыңырау құдықтардың тереңдігін т.б. ұзындық, биіктік, тереңдік мөлшерін белгілеген.

Бір уыс – қолдың саусақтарын біріктіріп тұрғанда алақан ішіне сыярлықтай мөлшерді білдіретін халықтық өлшем. Екі алақан қосылса, қос уыс деп аталады. Мысалы, бір уыс тұз және т.б..

Бір шөкім – бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақ үшеуімен шөкіп, қысып ұстаған ұнтақтың мөлшеріне қатысты өлшем. Көбінесе шайға байланысты қолданылатын өлшемнің атауы (мысалы, бір шөкім шай). Бұл өлшемнен жоғарылау мөлшердің аталмайтын себебі (мысалы, бір уыс шай) көшпелі ортада шайдың көп таптыра бермейтін және қымбаттылығына байланысты болса керек.

Бір шымшым – бас бармақ және сұқ саусақпен шымшып алған ұнтақтың мөлшеріне қатысты пайдаланылатын өлшемнің атауы. Көбінесе қазақы ортада ерекше қастерленген тұзға байланысты қолданылады.

БІРАТА / АТА БАЛАЛАРЫ – екі-үш ұрпақтан (ата – әке – бала) тұратын патронимиялық құрылым. Төрт ұрпақтан тұратын мұндай агнаттық құрылым сирек те болса кездесетін. Дегенмен, біратаның басым көпшілігі жоғарыда айтылғандай екі-үш ұрпақтан құралды. Біратаны ата балалары деп те атай береді. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында шаруашылық ауыл (хозяйственный ауыл) деген атпен белгілі. Дәстүрлі қазақы ортадағы материалдық және рухани игіліктің басты өндірушілері, яғни экономикалық және рухани (мәдени, ғұрыптық және т.б.) қарекеттің бірден-бір корпоративтік субъектілері болды.

Ауылдың негізгі әлеуметтік ұйытқысы, екі-үш ұрпақтан тұратын әулет болғанымен шаруашылық және институционалдық қажеттілікке байланысты оның құрамына екі немесе үш, кейде төрт-бес атадан қосылатын туыстары да, тіпті, кірмелер де кіретін. Үлкен күшті қажет етпейтін күнделікті шаруашылық, ғұрыптық және тұрмыстық қарекетті атқаруға біратаның әлеуметтік қауқары жеткенмен, ауқымды өндірістік операциялар мен рухани, тіпті, саяси жағынан да аса маңызды, әрі көлемді ғұрыптық немесе мерекелік шараларды бірнеше біраталар бірлесе атқарып отырды (қырқым, қыстау үйлер, қора-қопсы салу, көш-қон ұйымдастыру т.с.с.). Яғни экономикалық жағынан да, институционалдық тұрғыдан да негізделген өзара әлеуметтік қатынастарға түсті. Демографиялық шегі мен әлеуметтік шекарасы экономикалық, экологиялық, саяси-институционалдық тұрғыдан негізделген, шежірелік жосынның жетіталық принципімен дәйектендірілген бұл қатынастардың жүйесі, түптеп келгенде, жетіталық ру-қауымның әлеуметтік-экономикалық және институционалдық құрылымы болып табылады. Демек, жетіата – осы қатынастардың бірден бір ұйымдық формасы.

Біратаның әлеуметтік құрамы мен демографиялық мөлшері оның экономикалық ресурсына байланысты болды. Деректер бай әулеттердің ауылы орта есеппен 9-15, орташалардың – 5-8, кедейлердің – 2-3 шаңырақтардан тұрғандығын көрсетеді. Алайда жылдың жылы мезгілі – жаз айларында жайылымдағы шөптің құнарлылығы мен өсімталдығы ерекше артқан кезеңде бірнеше біраталар уақытша бірігіп, үлкен ауылға айналып отырды. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілері мұндай ауылдағы отбасылардың саны кейде 100, тіпті, 150-ге дейін жететіндігін жазды. Бірақ

бұл көрсеткіштер ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында жүргізілген саяси-әкімшілік реформалардың нәтижесінде, осының тікелей салдары болып табылатын қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі болып жариялануына байланысты күрт өзгерді. Жер тапшылығына байланысты байлардың жаз мерзіміндегі ауылдарының құрамындағы отбасылардың саны енді 50-60-тан асқан жоқ. Бұл тенденция орыс отаршылдығының уақыт өткен сайын күшеюіне байланысты өрши берді.

Жылдың суық мезгілдерінде – қара күз деп аталатын күздің соңғы айында, қыста және ерте көктемде үлкен ауылдар әулеттік (бірата) принцип бойынша әлеуметтік негізі біратадан тұратын шағын ауылдарға бөлініп кетіп отырды. Соңғы кезде кейбір қазақстандық зерттеулерде біратадан тұратын шағын ауылды шағын қауым (минимальная община), ал жоғарыда аталған үлкен ауылды кеңейтілген қауым (расширенная община) ретінде қарастырылып жүр. Шынтуайтында, қазақы ортадағы бірден бір қауым – жетіаталық экзогамиялық құрылым. Жетіаталық ру-қауымның жылдың жылы мезгілдерінде үлкен, ал суық мерзімдерде шағын ауылдарға сегменттелуін оның экологиялық бейімделу стратегиясы деп бағамдаған жөн.

БІР ӘКЕНІҢ БАЛАЛАРЫ – әкелері бір ағайынды адамдар, яғни бір кіндіктен туғандардың арасындағы қатынастың негізгі субъектілері. Аталық басқаруға негізделген дәстүрлі қоғамда бір әкенің балалары – ең жақын туыс адамдар болып есептеледі. Бірнеше әйелден туған балалар да бір әкенің балалары болып саналады

БІРКИЕР – той-мерекеде, құда күткенде, құдалыққа барғанда, яғни салтанатты жағдайда ғана киюге арналған сәнді киім.

БІР ҚАБАТЫН БЕРУ – ұзатылған қыздың артынан жыл уақыты шамасында апарылатын «төсек орын апарудың» тағы бір атауы. Жасауын беріп ұзатқан соң жылға таман уақытта қыздың тағы да бір қабат төсек орнын апарады. Оған аты айтып тұрғандай көрпе, жастық, төсек, төсек сырмақ, шымылдық сынды т.б. заттар кіреді. Бұл аталған заттар бұған дейін де қыз жасауының құрамында болған, алайда жылға жуық мерзімде, сәбилі болуға таяған мезгілде берілетін тағы бір қабат жасау-жабдығы болып табылады. Яғни бір қабатын беру өсіп-өну, көбеюге қатысты атқарылатын екі қабат ұғымына тікелей қатысы бар ғұрыптық шаралардың қатарына жатады.

БІР ҚЫРЫҚҚАН ТҮЙЕ / БІР ҚЫРЫҚҚАН ІНГЕН – тоғыз жасар түйенің жергілікті атауы. Толық бір тісеген, кемел жасындағы түйе.

БІРАТАР – мылтықтың оқ-дәрісін сақтауға қолданылатын дәрі сауытша. Ол мүйіздерден жасалып, жуан жақтарымен ортақ ағаш түпке орнатылған екі шақшадан тұрады. Әр шақшасында бір атуға өлшеніп салынған дәрісі болады. Шақшалардың ағаш түбінде тігінен тесік жасалып, одан мойынға асуға арналған ұзын тері қауысбаудың екі ұшы өткізіліп, ұштары түйіледі. Біратардың шақшаларының ауыздары теріден оралып жасалған тығындармен жабылады. Тығындар иықбауға байланған жіңішке қайысбауларға бекітіледі. Иықбауға тағы бір кішкене жіңішке қайыспен пистон салуға арналған тері сауытша ілінеді. Сауытшаның аузы-басы жартысфера формалы жасалған ағаш тығынмен жабылады. Сауытша ілінген

жіңішке қайыстың бір ұшы оның тығынының ортасынан, ал екінші ұшы сауытшаның бір бүйіріндегі тесіктен өткізіліп байланған. Бұл біратардың әр шақшасында бір атуға өлшеніп салынған дәрі болды. Біратарды қазақтар 19 ғасырда қолданып, мойынға асып алып жүрген. Осындай біратардың бірнешеуін мойнына асып қойған аңшы немесе жауынгер қажет кезінде сәл еңкейіп мылтық таңдайына оқты сала қояды.

ҚР МОМ қорында (КП 1212) XIX ғасырда жасалған біратар сақтаулы. Мүйізден жасалған екі бөліктен тұратын ұзынша шақша жуан жақтарымен ағаш түпке орнатылып кигізілген. Мойынға немесе белдікке ілетін қайыс бауы шақша мен тері тығынды да ортасынан біріктіріп тұр. Біратардың шақшалары ауыздары теріден оралып жасалған тығынмен жабылады. Өлшемдері: ұзындығы 14,3 см, диаметрі 3,5 см. Басындағы тығынының ұзындығы 6 см, ені 1,4 см.

БІРДІҢ АЙЫ – ежелгі халық календарындағы Қамбар тоғысы бойынша жыл басындағы бірінші айдың аты, яғни қыстың соңғы айы.

БІРТУМА / БІРТУҒАН – бура мен аруананың, үлек пен інгеннің таза нәсілді бірінші буданының атауы. Ә.Жақыпов «Түйе өсірушілердің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде көптеген дерек материалдарды сараптай келе біртума, біртуған атауының әртүрлі авторларда және әр регионда мағыналық өзгешелік бар екендігін жазады. Автор «біртума» сөзінің жазба әдебиетте көбірек қолданылатынын алға тартып, біртума / біртуған дублеттерін «біртума» ортақ атауымен алмастыруды ұсынды.

Түйе малының будандасу дәрежесіне қарай жіктелетін атаулары өте көп, себебі будандарды шаруашылық саласы, әр буданның нәсіліне қарай әртүрлі болады. Будандасу барысында қоспақ, будандар біртіндеп азғындап, шаруашылық саласы төмендей береді. Алғашқы, таза нәсілге жақын будандары қоспақ, бекпатша нар, мырза қоспақ, кердері деген атаулармен белгілі біртумалардың ішіндегі ең асылы, жоғары бағаланатыны болып табылады.

Будандастыру үрдісі нәтижесінде ұрпақтар таза нәсілден алыстаған сайын, сапасы төмен азғындаған жөң, итарқа жөң, жарбай, қалбағай сияқты будандар пайда болады.

Азғындау үрдісі таза нәсілді түйелері аз өңірлерге тән құбылыс болған. Себебі жалғыз өркешті түйелер көбіне Түрікменстан, Бұқара жақтан әкелінетін тықыр жүнді суыққа шыдамсыз болғандықтан жеке нәсіл ретінде сақтала бермейтін. Осыған байланысты қос өркешті түйенің де, нардың да қасиеттерін бойына жинаған біртума түйе өсіретін аймақта әрқашанда жоғары бағаланатын.

БІРТҰТАМ – бір қолымен сығымдап ұстағанда төрт еліге тең ұзындық өлшемі. Бұл өлшем тағы басқа да дәстүрлі өлшемдермен қатар қазақтың тіршілікқамы жүйесінің барлық салаларында қолданылды. Мысалы, қамшы сабының ұзындығы екі-үш тұтамнан кем болмау керек, ал, қамшының басы сабынан бір тұтамға ұзын жасалуы керек деген сияқты.

Сондай-ақ қысқа, келте, аласа, пәс деп келетін шағын заттардың немесе құбылыстардың метафоралық эквиваленттері ретінде де қолданылды. Мұның

айқын мысалы ретінде «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деп келетін белгілі мақалды келтіруге болады. Мұнда біртұтам ұғымының қолданысы аллегориялық, метафоралық тәсілі арқылы алдаудың, өтірік айтудың «ғұмырының» тым келте екендігін көрсетіп отыр.

БІТЕУ ЖАРА – малдың денесіне түскен жарақаттың салдарынан пайда болатын жара. Тікен, шөңге немесе метал заттардың денеге дарып жарақаттағанда жараны аузы бітіп кеткенімен, ушығу салдарынан терінің асты іріндеп домбығып ісіп кетуі жиі болатын жайт. Мұндай жағдайда жарақаттанған жер қабынып, сыздап ауырады. Қолмен ұстағанда ірің болған ісік былқылдап, мал ауырсынғанын білдіреді. Бітеу жараны кетіру үшін оның ауызын пышақ, қандауырмен ашып сығымдап іріңін кетіріп, жуып тазалайды.

Бітеу жара тым үлкен болған жағдайда, асты үстінен екі жерден тесік немесе ауыз тұсын ашып кесіп алып тастап, ірің кеулеген жерді жуып тазалаған ашық жараға айналдырады. Ашық жараны күнделікті тазалап ұнтақталған ұлар етін немесе майды қыздырып жағып асептикалық амалдар жасайтын болған. Сонымен бірге уыты қатты шөптердің тұнбасымен шайып немесе құрғақ ұнтағын сеуіп бетін өліеттендіріп, ары қарай іріндетпеу шараларын жасайтын болған. Аталған амалдарды атқару барысында жараға шыбын шіркей қонып, құрттап кетпеу үшін құрым киізбен немесе дәкемен орап тастайтын. Аталған амалдардың уақытылы істеп отырса бітеу жараның ушыққаны басылып тез арада жазылып кететін.

Жара жазыла бастағанда, қышып малды мазалайтыны белгілі мұндай жағдайда қазақ малшылары мал жараны тісімен қасып, аяғымен тарпып ушықтырмау үшін кескек байлап, тұсау, шідер салатын.

БІТЕУ СОЮ – түрлі шаруашылық, ғұрыптық мақсатта малдың, аңның, құстың терісін бүтіндей сылып сою.

Бітеу союғанда бауыздаған соң сирақтарының буын тұсынан терісін кесіп аяқтарын теріден ажыратады. Одан соң артқы жағын ірей отырып тірсектерін босатып алып, оларға жұмыр ағаш өткізеді де бақан, балағашқа асып байлап алады. Келесі кезекте, шел майымен көк етін жібермей пышақпен, қолмен іреп бүтіндей сылып, терінің шел жағын сыртына қарата мойны арқылы түсіріп алады. Тері пышақ тиіп кесіліп кетпес үшін кейде метал пышақ орнына оны жоңылған баламасын қолданатын болған. Түлкі, қарсақ, сусар сияқты аңдардың да тұлыбы да осы тәсілмен сойылады, бір айырмашылығы азыққа пайдаланбайтын аңның терісін бауыздалмай бас терісімен қоса алынатын болған. Түрлі ауру, кемістікпен өлген төлдің терісін тұлып, долық жасау үшін бітеу союғанда да бауыздамай аң терісін сойғандай етіп сыпырып алатын болған. Бітеу союған қоңыр аң мен қой, ешкінің, бұзау, торпақтың терісінен мес, бұлқыншақ, көрік сияқты шаруашылық бұйымдар жасайтын. Туа салып өлген бұзаудың терісін бітеу сойып тұлып жасап, ішін шөп-шаламмен толтырып, бұзауы өлген сиырды игізу үшін қолданатын болған. Көптеген деректерде түркі тілдес елдердің бақсылары, оның ішінде қазақ бақсылары да бітеу сою құс терісін ғұрыптық рәсімдерді атқаратын бас киім тіккендері келтіріледі.

БІТПЕС – ұласпалы желілі үздіксіз жалғаса беретін ою-өрнек түрі. Әдетте, бұндай ою-өрнекті сырмақ сыруда және тұскиіз жасауда сыңар немесе қос тіндіп иірілген жиектен киіздің бетіне сырып тігу арқылы жасалады. Сондай-ақ, киіздің бетіне салынатын бітпес оюы бұлдан қиылып, бастырылып та жасалады. Бұндай жиектен сырылып немесе бұлдан бастырылып жасалған сырмақ немесе тұскиіз ою-өрнегінің атауына қарай «бітпес сырмақ» немесе «бітпес тұскиіз» деп аталады.

ҚР MOM қорында (КП 4611) сақтаулы бітпес тұскиіздің ені 204 см, ұзындығы 610 см. Ол, ақ түсті киіздің төсегіне қызыл және сұр түсті матадан түрлі өрнек бастырылып сырылған бітпес тұскиіз. Табағына сұр түсті матадан тармақтымүйіз өрнегінен ұласпалаы желілі бес шаршы бастырылған. Шаршылардың ішіне қызыл түсті матадан зооморфты мүйіз өрнегі стилденіп бастырылған. Қолтықшаларына аталмыш өрнек түрлері салынған.

Тұскиіздің жиегінің үш жағына көмкермесі және қасы ретінде сұр түсті матадан II түрінде екі қатар етіп тармақтымүйіз өрнегі басылып сырылған. Арасындағы қорған түріндегі жалпақ жолаққа қызыл түсті матадан ұласпалы желілі аталмыш тармақтымүйіз өрнегі салынған. Өрнектердің үстінен қара, қоңыр және қызыл түсті сыңар жиек бастырылып сырылған. Кенересі айналдырыла қызыл-қоңыр түсті барқытпен көмкерілген. Астары кенептен. Бұндай ерекше көлемді және бай әшекейленген тұскиіздің түрлерін әдетте ауқатты отбасылар тұтынған.

БІТУӘНА / БІТУАНА(ЛЫ) – келісімхат, шарт қағаз, кесімді сөз, дегенді білдіретін ұғымға айналды. Қазақы ортада қолданылған араб тілінен ауысқан құжаттамалық категория.

БІТІНӘ – аласа бойлы, шағын денелі, қулығын ішіне бүккен адамға қатысты айтылатын теңеу сөз. Қазақы ортада әдетте аласа бойлы адамдарды қулық-сұмдығы ішінде деп бағамдаған. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген мақал осы жайтқа да байланысты айтылады.

БІТІСТІРУ – қазақтың дәстүрлі әдеттік заңында ел бірлігін көздеген құқықтық ұстанымдардың бірі. Қандай да бір даудың асқынып, ел іші айықпас араздыққа ұласып бара жатса, билер өзара ақылдасып, екі жақты бітімге келуге шақырады. Ондайды бітіспес дауға қалды деп атайды.

Осындай бір істің қалай атқарылғаны жөніндегі төмендегі дерек көп жайдың басын ашады: «Ауыл ішіп отырған көлшік басында балалар суға түсіп жатады. Бір шал айғайлап балаларды қуады. Шалдың астындағы байтал үркек екен, балаларды қуа бергенде тымағы түсіп кетіп, байтал содан үркіп, шалды құлатып кетіп, шал содан өледі екен. Ол заманда ер адамның құны мың қой немесе жүз ірі қара екен. Екі жақ келісе алмай екі-үш жыл жүріпті. Бітісе алмай жүргендерін естіп Сырым: «Билігін маған берсе бітірер едім», – дейді. Ауыл ақсақалдары келісім береді. Сонда Сырым:

Әуелі қаққа шомылған бала тентек

Екінші, оны қуған шал тентек

Үшінші, ұшып түскен бөрік тентек

Төртінші, үркіп жыққан байтал тентек – деп құнның төрттен бірін төлеткен екен деседі.